

17

ҚАЗАҚ
МММАТИКАСЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ
ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ
ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Қ 17 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис.
- Астана, 2002. - 784 бет.

ISBN 9965-571-09-0

“Қазақ грамматикасында” қазіргі қазақ әдеби тілінің грамматикалық және дыбыстық құрылысы сипатталады. Кітап әр түрлі жанрадағы жазба әдебиет үлгілерінен, сондай-ақ әдеби сөйлеу тілінен алынған бай материалдар негізінде жазылды. Тілдік құбылыстардың ғылыми талдамы нормалық және стильдік сипаттамалармен қатар жүріп отырады.

“Қазақ грамматикасы” алғысөзден және Фонетика, Фонетология, Интоналогия, Сөздің морфемалық құрамы, Сөзжасам, Морфология және Синтаксис бөлімдерінен тұрады. Әр бөлім бойынша арнайы әдебиеттер тізімі берілді.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

филология ғылымдарының докторы Ербол ЖАНПЕЙІСОВ
(жауапты редактор),
филология ғылымдарының докторы Көбей ХҰСАЙЫН
филология ғылымдарының докторы Әлімхан ЖҮНІСБЕК
филология ғылымдарының докторы Нұржамал ОРАЛБАЕВА
филология ғылымдарының докторы Сейілбек ИСАЕВ
филология ғылымдарының докторы Айтбай АЙҒАБЫЛҰЛЫ
филология ғылымдарының докторы Мырзатай СЕРҒАЛИЕВ
филология ғылымдарының докторы Рақыш ӘМІР
филология ғылымдарының кандидаты Нүргелді УӘЛИЕВ

ПІКІР ЖАЗҒАНДАР:

әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік
Ұлттық университетінің қазақ филологиясы
кафедрасы. Кафедра меңгерушісі: ф.ғ.д.,
профессор Т. САЙРАМБАЕВ
Абай атындағы Алматы мемлекеттік
университетінің қазақ тілі теориясы мен әдістемесі
кафедрасы. Кафедра меңгерушісі: п.ғ.д.,
профессор Ф.Ш. ОРАЗБАЕВА

АЛҒЫ СӨЗ

“Қазақ грамматикасы” - қазақ тілінің бүкіл грамматикалық құрылысын, бар деңгейін бірге алып қарастырған, бірбүтін тұтас еңбек. Мұндай құрылымды грамматикалар, рас, бұрын да болған. Солардың бірі - П.М.Мелиоранскийдің екі бөлімді (1894 және 1897 жылдары жарияланған) “Краткая грамматика казак-киргизского языка” дейтін кітабы. Ол қазақ грамматикасының жалпы алғашқы тәжірибесі-тін. Бірақ бұл жерде бірден басын ашып алатын мынадай принципті мәселе бар: аталмыш грамматика көп жағдайда *практикалық мақсатта, яғни қазақ тілін үйренушілер мен үйретушілер үшін* жазылғанға ұқсайды. Олай деуге мынадай бірнеше жағдай итермелейді:

1) екі бөлімін қоса алғанда кітаптың бар көлемі 150 беттей ғана; бұған жалғас “Примерный разбор и перевод отрывка в прозе”, “Примерный разбор и перевод отрывка в стихах” және “Глоссарии к разобранным отрывкам” дейтін 23 беттен тұратын *методикалық нұсқама сипатты* үш қосымша берілген;

2) “Краткая грамматика казак-киргизского языка” кітабында шынында негізінен тіл үйрену, тіл үйрету мақсаты көзделгені автордың кіріспедегі “в небольшой грамматике для начинающих”, “при изучении языка с *чисто практической целью*”, “для усвоения себе правильного произношения”, “цель этой второй части грамматики заключается не более в том, чтобы познакомить читателя в сжатой форме с синтаксическим строем казак-киргизского языка и разъяснить на примерах наиболее нужные правила, которым следует руководствоваться *при употреблении* различных форм и *составлении* предложений” дейтін сөздерінен де айқын аңғарылады;

3) жоғарыда айтылғандардың сыртында, Мелиоранский қазақ грамматикасының синтаксис бөлімін дайындау үстінде өзі ұстанған тұрғыбағдары жөнінде кіріспеді былай деп жазады: “При составлении киргизского синтаксиса мне послужила весьма полезным пособием “Грамматика алтайского языка”. Синтаксический строй почти во всех турецких наречий не только в главных чертах, но даже во многих частностях

одинаков, так что, познакомившись, основательно с синтаксисом одного из них, можно уже довольно удовлетворительно разбирать синтаксически турецкую речь вообще... Я пользовался ею и *как планом* (в особенности в I главе), и *как источником* при изложении многих частных синтаксических правил; так например в “учении о падежах” у меня найдется *весьма немного перемен* сравнительно с “Грамматикой алтайского языка”, разве только формулировка некоторых правил несколько иная, а все изложение вообще более сжато... Ни специалисты, ни тем более начинающие туркологи не посетуют на меня, надеюсь, за то, что я таким образом отчасти *повторил* или *парфразировал* “Грамматику алтайского языка” (баса көрсетіп отырған біз - Е.Ж.);

4) П.М.Мелиоранскийдің грамматикасы, атынан да көрініп тұрғандай, шынында да қысқаша грамматика, жоғарыда айтқанымыздай, 23 бет қосымшаны былай қойғанда, бар көлемі не бәрі 150 беттей ғана. Қысқаша грамматика екенін автордың өзі де кіріспеді “сознавая известную неполноту своего труда”, “в небольшой грамматике”, “более сжато”, “в сжатой форме” деп, бір емес, екі емес, үнемі ескертіп отырады;

5) автор өзінің бұл қазақ грамматикасын В.В.Радлов жариялаған әдебиет үлгілерінің тек кейбіріне ғана сүйеніп жазған; шағын көлемді бұл тіл материалы *қазақ тілінің байырғы бай мазмұнын, халықтық қалпын, негізгі сипатты ерекшеліктерін, оның жалпы лингвистикалық табиғатын* неғұрлым терең танып білуге, тілдің грамматикалық құрылысын тұтас бір жүйе ретінде, оның грамматикалық құрылысындағы құбылыстарды, тілдік единицаларды өзара тығыз байланыста алып қарауға, сөз жоқ, аздық қылады.

С.Н.Ивановтың XIX ғасырдағы грамматикалық еңбектердің ішінен түрік тілдері жөніндегі кейінгі зерттеулерге неғұрлым көбірек әсер еткен үш іргелі (“капитальных”) зерттеуді: А.М.Казембектің “Общая грамматика турецко-татарского языка”, О.Н.Бетлингтің “Über die Sprache der Jakuten” және “Грамматика алтайского языка” кітаптарын бола қарайтыны, ал

В.В.Радлов пен “Краткая грамматика казак-киргизского языка” кітабының авторы П.М.Мелиоранскийді бұл “үш китке” қоспай, ол екеуін младограмматикалық концепциялардың өкілдерімен, яғни тілдің грамматикалық құрылысындағы құбылыстарды көбінесе тарихи тұрғыдан түсіндіруге бейім тұратын, тілдік единицаларды әдетте өзара тығыз байланыста емес, бір-бірінен бөлек алып қарастыратын *атомистік лингвистикамен* байланыстыру себебі, біздің ойымызша, сірә осы жоғарыда айтылғандарда жатқан болу керек (Turcologia. К семидесятилетию академика А.Н.Кононова. Л., 1976, С. 5,6.).

Бұл тұрғыдан алғанда Ахмет Байтұрсынұлының “Тіл - құрал” дейтін жалпы атпен 1913-1915 жылдары жарияланған “Дыбыс жүйесі мен түрлері”, “Сөз жүйесі мен түрлері” және “Сөйлем жүйесі мен түрлері” атты зерттеулер сериясын өзінің жазылу мақсаты, міндеті жағынан да, құрылымы мен мазмұн бүтіндігі, жүйе-желісі жөнінен де бөлек, түбірімен мүлде жаңа сапалы еңбек деуге болады. Оның үстіне бұл (П.М.Мелиоранскийдің грамматикасына қарағанда) көлемі жағынан да толық (240 бетке жуық). Қазақ тілі мұнда, жоғарыда айтқанымыздай, алғаш рет өзінің бай төл материалы, бар болым-болмысы негізінде, ең бастысы: бастан аяқ *қазақ менталитеті тұрғысынан* қарастырылған. Оның осындай ғылыми терең негізде жазылған, біртұтас, мүлдем жаңа мазмұнды, бөлек типті грамматика екенін түрколог ғалымдар қазір орынды атап көрсетуде.

А.Байтұрсынұлының сөз болып отырған осы “Тіл - құралы” арқылы тұңғыш қазақ грамматикасының ғылыми негізі қаланғаны туралы белгілі ғалым Ырысалды Құсайын былай деп жазады. “Ахмет Байтұрсынұлы үш бөлімнен тұратын “Тіл - құралымен” қазақ тілінің грамматикасының ғылыми негізделуі дәрежесін аз уақыттың ішінде өзінен көп ғасырлар бұрын бастау алып дамыған, ғылыми тұрғыдан кемелденген басқа тілдер грамматикаларының деңгейіне жеткізді” (Ұлттық рухтың ұлы тіні, 363, 364 беттер). Ал К.Мұсаев А.Байтұрсынұлының тіл құрылымын тұтас бір жүйе ретінде алып қарайтынын және оның бұл еңбегін жазуға жеткілікті ғылыми дайындықпен, *батыс және орыс*

әдебиетін жете біліп барып кіріскенін, сондықтан да “Тіл - құралдың” тек қазақ тілі үшін емес, жалпы түркология көлемінде жоғары бағаланатынын орынды атап көрсетеді. “А.Байтұрсынұлының ғылым саласында көп оқып, батыс әдебиетін, орыс әдебиетін жақсы білгендігі барлық еңбектерінде айқын көрініп тұр... Тілдің құрылымын зерттегенде “Дыбыс заңы”, “Сөз жүйесі”, “Сөйлем жүйесі” деп бөліп, тілге таң қаларлықтай жүйелі түрде қараған, қазіргі лингвистикалық түсініктерді алдын ала болжай білген. А.Байтұрсынұлының қазақ, түркі ғылымы үшін аса бағалы еңбектері - “Тіл - құрал” деп атаған кітаптары. “Тіл - құралдар” тек оқулық емес, ғылыми еңбек дәрежесінде жазылған, өз заманындағы теңдесі жоқ еңбектердің бірі болды” (Ұлттық рухтың ұлы тіні, 136-б.).

А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің “Дыбыс жүйесі мен түрлерін”, “Сөз жүйесі мен түрлерін” және “Сөйлем жүйесі мен түрлерін” зерттеген кітаптар сериясын, “Тіл - құралын” өзге ғалымдар да осылай жоғары бағалайды, осылай қазақ грамматикасының шын мәніндегі “төл басы” санайды. Мысалы, “Тіл - құралын” К.Хұсайын да солай қазақ тіл білімінің іргетасы деп қарайды (Ұлттық рухтың ұлы тіні, 131-бет).

“Қазақ грамматикасы” - қазақ әдеби тілінің грамматикасы. 1980 жылы шыққан “Орыс грамматикасын” да авторлар солай қазіргі орыс әдеби тілінің грамматикасы деп атаған. Онда “қазіргі” сөзі екі түрде - тар мағынада және кең мағынада - түсіндірілген: тар мағынада *қазіргі* деп осы күні өздері сөйлеп жүрген, жазып жүрген, яғни 20-ғасырдың екінші жартысындағы тілді айтқан; және мұндай аядағы синхронияның өзіндік ғылыми негіздері барын, ал қысқаша (краткая) грамматика үшін белгілі артықшылықтары болатынын атап көрсеткен.

“Орыс грамматикасының” кіріспесінде бұдан ары былай деп жазылған: “Однако возможно и другое понимание. Эволюционный характер изменения грамматического строя, стабильность всех его остальных категорий, историчность нормы, сохранение и передача от одного поколения к другому лучших образцов литературной речи в классической и, шире, вообще в художественной литературе - все это делает вполне правомерным и более широкое понимание хроноло-

* Республикалық кітап музейінің директоры Н.Қапалбеков: “Нью-Йорк қалалық кітапханасында Ахмет Байтұрсынұлының 1920 жылы шыққан “Тіл - құрал” кітабы сақтаулы тұр” (Қазақ әдебиеті, 2.02.2001).

гических границ современного русского литературного языка - от Пушкина до наших дней. Такое понимание принято в "Русской грамматике".

"Қазақ грамматикасы" да - қазіргі қазақ әдеби тілінің грамматикасы. Біздің ойымызша, мұндағы *қазір* сөзін де дәл осы мәнде, осы мазмұнда қабылдау керек. Өйткені орыс тіліндегі сияқты қазіргі қазақ тіліндегі грамматикалық құрылыстың барлық негізгі категорияларының солай эволюциялық сипатта өте баяу өзгеруі, әдеби тілдің ең тәуір деген нұсқалары классикалық, кең мағынада алғанда жалпы көркем әдебиетте сақталды, ол ұрпақтан-ұрпаққа сол көркем әдебиет арқылы жетіп отырды - осы айтылғандардың бәрі айналып келгенде қазіргі қазақ әдеби тілінің хронологиялық шекарасын неғұрлым кеңірек түрде, Абайдан бүгінге дейінгі аралықта түсінуге негіз бола алады.

"Қазақ грамматикасында" келтірілетін түрлі иллюстрациялық материалдар мүмкін болғанша Абайдан бүгінгі күнге дейінгі аралықтағы қазіргі және классикалық көркем әдебиет үлгілерінен, қоғамдық-саяси публицистикалық шығармалардан, қоғам және саяси қайраткерлердің сөздері мен мақалаларынан, ғылыми және ғылыми көпшілік әдебиеттерден, эпистолярлық жанр шығармаларынан, газет-журналдардан, күнделікті сойлеу тілі материалдарынан, лингвистикалық зерттеу еңбектерден, әр түрлі сөздіктерден т.б. әдебиет нұсқаларынан алынды.

"Қазақ грамматикасы" - сипаттамалы және нормативті грамматика.

Академиялық грамматикаларды дайындау тәжірибесінде сипаттамалы грамматика деп әдетте жай, тіркемелік бағыттағы сырт сипаттаманы емес, ғылыми сипаттаманы айтады. Және олардағы бұл ғылыми сипаттама міндетті түрде нормативті саралаумен үнемі сабақтасып жатады. Бұл дәстүр мүмкін болғанша "Қазақ грамматикасында" да сақталды: қазақ әдеби тілінің грамматикалық құрылысының сипаттамасы да солай ғылыми негізге құрылды (яғни онда түрлі теориялық мәселелерді шешу, тіл фактілерінің ғылыми жүйеленімі сияқты міндеттер көзделді және грамматиканың жалпы нормативтік бағытта жазылу жағы да ескерілді).

"Қазақ грамматикасында" қазақ әдеби тілінің грамматикалық құрылысының - фонетикасы-

ның, созжасамының, морфологиясының және синтаксисінің қазіргі қалпы сипатталады.

Тіл жүйесінде басы артық, олпы тұрған, оның ішкі даму заңынан тыс жатқан ештеңе жоқ. Ондағының бәрі шетінен және қолмен қойғандай ап-анық, көрінеу де емес. Ең бастысы: тіл өзінің грамматикалық деңгейлерінде вертикаль да, горизонталь да тұрғыдан - қай жағынан да біртұтас, бүтін жаралым. Сондықтан табиғатынан біртұтас оны бұлай қазіргі қалпы деп бөле-жара қараудың белгілі дәрежеде тіпті шартты екендігі жеке грамматикалық категорияларды, тілдің тұтас созжасам деңгейін, оның негізін құрайтын түбірлер мен жұрнақтар құрамын саралап, салалауда үнемі есте болуға тиіс.

Бұл жерде бірақ екі нәрсеге көңіл аударғымыз келеді. Бірінші: созжасам өз алдына дербес тіл деңгейі ретінде тіл білімінде жалпы кейінгі жылдары ғана, дәлірек айтқанда ХХ ғасырдың екінші жартысынан былай қарастырыла басталды. Тіл құрылымының бұлай жеке бір тармағы боларлықтай созжасамның өзіндік қандай ерекшеліктері бар деген мәселеге келгенде ғылымда қазір мынадай дәлел жиі айтылады. Оның, яғни бұл айтылып жүрген дәлел-тіректің қысқаша түйіні, мысалы мынаған саяды. Әдетте сөздердің арасындағы қатынас лексикада-семантикаға, морфологияда - формаға (түрпатқа) келіп тірелсе, созжасамда осының екеуіне де, яғни семантикаға да, формаға да, екі жақтан бірдей келіп тіреледі. Мәселенің өте принципті мәні, шешуші маңызы бөлгендіктен дәйек сөзді сол қазқалпы, толық күйінде келтіргенді жөн көрдік. "Сөздер лексикада - ең алдымен өзара семантикалық қатынаста болады. Егер бұлар ана тілінің өз сөздері болса, олардың көзге көріну қалпы ("физикалық формасы") әдетте сөйлеушінің көңілін өзіне аудара бермейді. Сөздер морфологияда ең алдымен өзара формалық қатынаста болады. Мұндайда грамматикалық категориялардың семантикасын адамдар әдетте сезе бермейді және бақылап та отырмайды. Сөздер - созжасамда формалық-семантикалық қатынаста болады. Мұндайда типтік, созжасамдық мағына арнайы лингвистикалық методикасыз белгісіз болып қалғанымен, форманың (тұлға-түрпаттың) өзгерісі де, сөздің дара өз мағынасы да оңай байқалады. Сонымен, созжасам лексикаға немесе морфологияға кірмейді, олармен қатар тұрады деуге әбден негіз бар. Лексика, морфология және созжасам тіл құрылымының үш аспектісі және оның сөзаралық қатынастардың үш типті

негізінде пайда болған үш дербес механизмі болып табылады. Сондықтан сөзжасам лингвистикалық зерттеудің лексикамен және морфологиямен терезесі тең саласы ретінде танылуға тиіс” (Ф.М.Березин, Б.Н.Головин).

Екінші бір көңіл аударатын нәрсе - қазақ әдеби тілінің грамматикалық құрылысының қазіргі қалпы дегенге байланысты. Тілдегі түрлі иерархиялық деңгей-сатылардың бір-бірінен дараланып саралануы бір жыл, я бір ғасыр емес, талай-талай замандар бойғы, үздіксіз өте ұзақ процестің нәтижесінде барып қана жүзеге асатыны белгілі. Бірақ өзара бұлай қаншалықты бөлектенгенмен, түрлі грамматикалық категориялардың, әр алуан сөз формаларының бірінің орнына бірі қолданылуы сияқты араластығы, яғни олардың бір-бірінен іргесі толық ажырай қоймаған “қозы қоспай” да бір кезі болғаны белгілі дәрежеде В.В.Виноградовтың мына бір теориялық, қағидалық тұжырымының тағы бір дәлел айғағы сияқты көрінеді. “Морфологические формы - это состоявшиеся синтаксические формы. Нет ничего в морфологии, чего нет или прежде не было в синтаксисе и лексике. История морфологических элементов и категорий - это история смешения синтаксических границ, история превращения синтаксических пород в морфологические”. Шынында да, тілде бардың бәрі қолмен қойғандай ап-анық, көрінеу емес. Әр заман ғалымдары онда әлдеқашан “жаралып, жасалып қойған нәрселерді” өз уақытындағы лингвистика ғылымының талап, деңгейі тұрғысынан, Абайша айтқанда “көзбен көріп, ақылмен біліп, сезбекке тиіс”. Енді сондай тілдегі кейбір баяғыда “жаралып, жасалып қойған нәрселерге” қысқаша тоқталып өтейік. Бұл ретте әуелі мына бір тіл деректері көңіл аударарды.

Күйін түс ауа болыс Бақтыгүлді өзінің сегіз қанат аппақ үйінің сыртындағы көгалға шақыртып алды (Әуезов); Бар жазықтан үстін биік төбеде шабытымен өзі болып отырып қалған Абай қуанышты бір мақтаныш сезді (Сонда); Тотыдайын таранған, Сұңқардайын сыланған (Фольклор); Балы тамған жас қамыс, Ормасаңшы көктейін (Абай).

Бұл жерде көңіл аударатын нәрсе - келтірілген мысалдардағы *күйін*, *үстін*, *тотыдайын*, *сұңқардайын*, *көктейін* лексемаларының соңындағы тиянақ *-ын(-ін)* элементі. Осы *-ын(-ін)* тұлғалы сөз формалары түркі тілдерінде жалпы әріден келе жатқан көне құбылыс саналады, мысалы: *kütiin - kütün* днем и ночью, денно

и ночью; *üst* верх, *üstün* верхний (Наджип); *üstün bosaga* верхний косяк (Мукаддимат), *kojin jil* год овцы, *kojin kundā* в день овцы (Истор. разв. лексика тюрк.языков), Вамберише: *кун* < *күйүн* (причастие от глагола *күйі*) горящий, сияющий (Егоров).

Бұл деректерден *күйін* (күйүн) және *үстін* (үстүн) сөздерінің ең алдымен дериваттық сипатын, сол тұста және алдыңғы туылымдағы *-ін/үн* жалғамының етістіктен есімше, ал кейінгі *үстін* (үстүн) туылымындағы *ін/үн* жалғамының енді үстеуден сын есім жасап тұрғандығын көруге болады. Яғни бір дериваттық тұлғаның екі түрлі қызметте жұмсалғандығы байқалады. Осы жерде жоғарыдағы *қойын* (*йыл*), *қойын* (*күн*), *қысы-жазын*, *күнүн-түнүн*, *көктейін* дегендердегі, сондай-ақ “пазуха” ұғымын білдіретін *қойын* (мұның Махмұд Қашқарида *қой* түріндегі лексикалық дублеті де бар) және *сайын* шылауындағы (хакас тілінде бұл дериваттың *сай* түрінде қолданылатыны белгілі), тілдегі жалпы осы құрылымды өзге де сөз формаларындағы *-ын/ін/үн* формантының грамматикалық статусын түсіндірудің қазір едәуір қиындығы бары ойлантанды. Себебі, бұл *-ын/ін/үн* форманты түркологияда көптен “архаический аффикс инструментального падежа” деп түсіндіріліп келеді. Ал Вамбери мұны (*-ын/ін/үн* жалғамын), мысалы *күйүн* дегендегі соңғы *-үн* қосымын (жоғарыда келтірдік) етістіктен есімше жасайтын формант деп қарайды. Бірақ дәл осы форма “Мукаддиматта”, “Гүлстанда” үстеуден сын есім тудыратын жұрнақ ретінде сипатталған. Сөз болып отырған бұл *-ын-ін-үн* формантының грамматикалық статусын тиянақтаудың қиындығы, міне, осы сияқты түрлі пікір алалығынан келіп шығады.

Қысқасы, тілде мұндай бір кезде “жаралып, жасалып қойған” (Абай) “өз ішіндік, өзі үшіндік” бізге жұмық-жұмбақтар, әрине, аз емес. Қай заман ғалымдары да оларды оралып және өте алмайды. Ғылымның жалпы адам ойын үнемі өзіне бұру, тарту қасиетінің, бірден-бір мән-маңызының, мәңгілігінің өзі де, сірә, осында жатса керек.

Бұл арада сәл пысықтай түсетін нәрсе: кейбір басқа тілдердегі сияқты, түркі тілдерінде дағдылы “день” мағынасындағы *кун* сөзі планета мәніндегі *күннен* алынған. Ал соңғы “солнце” ұғымындағы *кун* атауы “жечь, гореть” дегеннен келіп шыққан. Біраз түркі тілдерінде *гүн-гүнеш*, *күн-күнес*, *күн-күнеш*, *күн-күйеш* (қояш) қосары осы солнце мағынасында жарыса қолданылады (В.Г.Егоров). М.Әуезов жоғарыда келтірілген үзіндіде “Қараш-қараш оқиғасында”, *күйін* лексемасын да солай осы “күн” мәнінде, қолданған, яғни *кун түс ауа* дегенді *күйін түс ауа* деп айтқан.

Бұл сияқты лингвистикалық табиғаты әр түрлі дәрежеде күнгірт тартқан ескіліктер тілдің жалпы қай деңгейінен де кездеседі. Мысалы, тіліміздегі бір ғана мына дерекке сәл көңіл қойып көрейік. *Үй сыртында Абай мен Баймағамбет мініп келген трашпенкенің дәртесі қайырулы түр* (Әуезов). Осындағы *дәрте* лексемасының грамматикалық статусы туралы кімнің де болса салған жерден пәлен деп кесімді бір пікір айта қоюы екіталай. Оның сөзжасамға қатысы бар-жоқтығы тіпті ойына да келмейді. Көңілін тек *дәрте* лексемасының заттық сипаты аудары береді. Шын мәнінде, кейбір түркі тілдерінің деректері бұл сөздің лингвистикалық табиғатының тікелей сөзжасам мәселесімен байланысты екенін көрсетеді. Мысалы, мына бір тілдік айғақтар: *турта* - оглобля; уйғ. *тат.*, башк. *тәртә*, кирг. *тарта*, казах. *тәрте* - оглобля. Древнее причастие от *турт* тянуть (В.Г.Егоров).

Келтірілген деректен қазіргі біраз түрік тілдерінде “оглобля” ұғымын білдіретін *турта/тарта/тәртә/тәрте* атауының *турт/тарм/тәрт* етістігіне *-а/ә/е* форманты жалғану арқылы жасалғандығы айқын аңғарылады. Бірақ бұл жерде В.С.Егоровтың оны, яғни *турта/тарта/тәртә/тәрте* формаларын қонне есімше (“древнее причастие”) деп қарайтындығы көңіл аударарды. Көңіл аударатын себебі, аталмыш етістік тұлғалар бұл тілдерде қазір қосемше ретінде сипатталады. Бәрінен де маңыздырағы - осы талданылған тіл деректері тоғысынан, контекстен түрлі ой туындайды: қазіргі кезгі лингвистикалық дәстүрде сөзтүрлемдік формант саналатын *турта/тарта/тәртә/тәрте* дегендердің соңындағы *-а/ә/е* қосымы ертеде сөзжасамдық қызметте қолданылған ба, әлде осы күнгі сөзтүрлем мен сөзжасам форманттарының ара жігі дәл қазіргідей жете ажырай қоймаған, бірінің орнына тіпті бірі жүрген, яғни кейбір сөзтүрлемдік форманың сөзжасамдық қызмет атқарған ауыспалы-аумалы дегендей де бір кезі болған ба? Осы төңіректі ойға, сондай-ақ мына бір тіл деректері де жетелей түседі.

Жалығуды пәледен

Жұрт ұмытты біржола.

Шынымен тамам ел,

Кете ме скен ит бола (*Абай*)

немесе:

Алдымызда көрінген -

Балапаның таулары.

Артымызда көрінген -

Үргеністің аңғары.

Енді бізге күн қайда

Қайтып соған барғалы (*Жүсіпбек пен Ахметбектің айтысы*).

Қолымда бір қамшым бар бүлдіргелі,

Айтайын мен бір сөзді күлдіргелі.

Орнынан әрі отырған, бермен отыр,

Қолымда қармағым жоқ ілдіргелі (*Халық өлеңі*).

Осы үзінділерде көңіл аударғалы отырғанымыз - *Кете ме екен ит бола, Қайтып соған барғалы және қолымда қармағым жоқ ілдіргелі* дейтін өлең жолдары. Бұдан да нақтырағы: *бола, барғалы* мен *ілдіргелі* етістік формалары. Бұлардағы *-а, -ғалы(-гелі)* формалары әдетте қосемшенің қорсеткіші ретінде сипатталады. Бірақ олар бұл келтірген жоғарыдағы өлең жолдарында *-ып, -атын(-етін)* тұлғалары қызметінде қолданылған. Сонда қалай: тілдің алыс, ертерек кезгі даму тарихында кейбір грамматикалық категориялардың әрқайсысының өзіндік статусы жете дараланбаған, сараланбаған болу керек, содан барып олардың бірінің орнына екіншісінің қолданған кезі болған-ау деген ілгерідегі күдік-күмәніміздің шыңдыққа айналғаны ма?

Мұны былай қойғанда, сол іш күдігімізді тағы мына бір тіл дерегі одан әрі тереңдете түседі, яғни жоғарыдағылар тәрізді жеке сөз формаларының өзара алмасуы, мысалы, мына бір үзінділерден де айқын көрінеді. “*Ханым - сен, қарашың - мен*” десем дегідей кісім өзің екенсің (Әуезов). *Абай аға, Қокбай қашса қашқыдай екен* (Сонда). Айтайық деп отырғанымыз мұндағы *десем дегідей, қашса қашқыдай* конструкциялары туралы. Бұл конструкциялар тілімізде қазір тек “десе дегендей”, “қашса қашқыдай” түрінде ғана жұмсалады. Ал Әуезов шығармаларында бұлар қазіргі дағдылы қолданымнан мүлдем өзгеше түрде, яғни аталмыш екі конструкцияның соңғы сынарларындағы *-гі(-қы)* тұлғасы есімшенің осы күнгі үйреншікті *-ған(-ген), -қан(-кен)* қорсеткішінің орнына қолданылған. Бұған қарағанда түркі тілдерінде ертеректе есімшенің қонне *-қы(-кі), -гы(-гі)* форманты болғанға ұқсайды. Осы тұста тағы бір көңіл аударатын нәрсе: жазушы *-ған* тұлғалы есімше қызметіндегі бұл қонне *-қы(-кі), -гы(-гі)* формантын үнемі жоғарыдағы сияқты конструкциялық сөзқолданыстарда ғана емес, сонымен қоса одан тыс жағдайда да алып жұмсайды, мысалы: *Аңғары, Гималайдың сілемі болғыдай*.

Осы күнгі түрлі түркі тілдеріндегі кейбір мұндай дағдылы етістік формаларының генетикалық жақтан ара-тұра, шынында да, қонне есімше формантына барып саятыны түркологтар назарынан да жалпы

сырт қалмаған. Мысалы, Н.А.Баскаков якут тіліндегі етістіктің бұйрықты *бараар* формасындағы *-аар* аффиксін кезінде *-гыр* көрсеткішінен шығарған болатын. Ол және бұл *-гыр* тұлғалығын есімшенің көне формативі (“древний причастный форматив”) деп санаған (Н.Е.Петров).

Осы айтылғандар іспеттес сырт қалпы күнгірт тартқан, көне түрпатты етістік формаларына, сондай-ақ мына бір лексеманы да жатқызуға болады:

Оларға айтарыңыз сол болсын:

Жәмішіден қос айтып,

Жараға мамық тосатып

Келе жата дегейсіз (*Доспамбет*).

Неге *келе жата*, неге *келе жатыр емес*?

Сірә, бұған да жауапты сол тілде бір кезде “жаралып, жасалып қойған”, тілдің “өз ішіндік, өзі үшіндік” әлем-жүйесінен іздеу керек болады.

Жоғарыда айтқанымыздай, тілдегінің бөрі бірдей қолмен қойғандай көрінеу емес. Оның өзіндік бүгінге беймәлім, көлеңкелі тұстары шынында әлі баршылық. Бір ғана мысал: *Енді менің күнелтер жағдайым жоқ, Шығыршықта айналған ақ тиындай* (Мұқағали). Көңіл аударғалы отырғанымыз - осындағы *күнелту* етістігі. Мұның *күн* түбірінен жасалғандығы жай көзге де көрінеу. Оның есесіне оған жалғанған *ел* (*ту*) формантының сөзжасамдық табиғаты тым бұлдыр. Бірақ бұл күнгірттікті П.М.Мелиоранскийдің өзінің “Краткая грамматика казак-киргизского языка” дейтін еңбегінде әлгі *күнел* (*ту*) және осы құрылымдас *жөнел*, *жоғал* етістіктері туралы айтқан мына бір пікірі едәуір сейілте түседі. “Наряду с наращением *ла*, встречается, хотя значительно реже, наращение *ал* (*ел*, *өл*), например, *күн-өл* (жить) от *күн* (день), *джджөнöl* (отправиться) от *джджөн* - путь, *джджогал* (потеряться) от *джджок* небыть”. Ғалым бұл жерде әдетте есім сөзден етістік жасайтын *-ла* (*-ле*) жұрнағының метатезалануы сияқты процесті, яғни оның кейде *-ал* (*ел*) болып та түрлене алатыны туралы айтып отырған сықылды. Бірақ бұл пікірді әлі де жете дәлелдей түсу керек.

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды: тіл деңгейлерінің кейде қазіргі қалпы да қажетіне қарай салыстырма тіл дерегіне сүйенуді талап етеді. Өйткені олар өздерінің барлық іш тұтастығымен, бар болмыс-жүйесімен, ішкі даму заңымен қазіргі қалпынан гөрі қадімгі қалпына көбірек жуық. Өйткені тіл - тарихи категория. Демек тіл деңгейлерінің қазіргі қалпының

қадімгі қалпынсыз толық таныла қоюы кей жағдайда тіпті мүмкін бола қоймайды. Оларды зерттеуде тарихи сипаттағы түрлі тіл деректеріне, тиісті салыстыруларға, яғни *кең мағынадағы динамикалық синхронияға* барудың қажеттігі, міне осындайдан келіп шығады.

Қазақ тілінің грамматикалық құрылысының неғұрлым көбірек зерттелген тұсы - Кенес дәуірі. Бұл жетпіс жылдың ішінде оқулық, оқу құралы, монография, диссертациялық зерттеу түрінде бірқыдыру ғылыми еңбек жарияланды. Солардың ішінен Ахмет Байтұрсынұлының алғаш қазақ тілінің бар деңгейін қамти, жүйелеп жазған үш бөлімді “Тіл - құралымен” құрылымдас, әрі мазмұны жағынан да едәуір үлгілес келетін, әсіресе, ұжымдық екі еңбекті атауға болады. Мысалы, “Қазіргі қазақ тілін” (1954) және екі бөлім болып шыққан “Қазақ тілі грамматикасын” (1967). Алдыңғысы оқу құралы ретінде, лексика, фонетика, грамматика деңгейлерін қарастырса, кейінгі тек морфология мен синтаксисті сипаттауға ғана арналған. Бұл айтылғандардан қазақ тілінің грамматикалық құрылысының біркелкі зерттелмегенін көруге болады. Негізінен мамандарға арналған соңғы “Қазақ тілі грамматикасы” шыққаннан бері де міне отыз бес жылдай уақыт отті. Бұл аралықта жалпы тіл білімінде, грамматикалық ілімде де, әдеби тіліміздің стильдік тармақтары мен қызмет жүйесінде де едәуір алға жылжу, грамматикалық жеке категорияларға қатысты теориялық көп жаңғырулар, ілгерілеулер болды. Соған сәйкес тілдің лингвистикалық табиғаты жөніндегі түсінігіміз де байып, кеңі түсті. Тілдік нормада да белгілі өзгерістер байқалды. Ең бастысы, бұл тұста грамматика ілімі теориялық жақтан едәуір байыды, тілдің грамматикалық құрылысы іштей біршама нақтылана түсті. Мысалы, тіл білімінің қазіргі интонология, морфонология, сөзжасам сияқты салалары өз алдарына осы аралықта дараланып шыға бастады. Грамматика ілімінің дамуындағы осы тәрізді толысулар мен жаңарулар негізінде жаңа мазмұнды, әрі толық академиялық қазақ грамматикасын дайындау және басып шығару қажеттігі келіп туды. Мұндай сипатты “Қазақ грамматикасын” жазуға кіріспес бұрын бірсыпыра іздестіру, жан-жақты дайындық жұмыстары жүргізілді.

Бұл ретте алдымен бұған дейін ғылыми айналымға көп ілінбей келген ауыз әдебиетінің, бірнеше ғасыр бойы қауырт дамыған жыраулық өнер мен елдің ежелгі ақындық мәдениеті үлгілерінен, сондай-ақ күні кешеге дейін ақтан-

дақ болып келген Шөкәрім, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ә.Ермеков, М.Дулатов, Мағжан, Х.Досмұхамедов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин сияқты ұлт зиялыларының тіл тәжірибесінен қыруар дерек материал жинақталды. Сөйтіп “Қазақ грамматикасының” авторлары қазақ тілінің фонетикасын, фонологиялық жүйесін, грамматикалық құрылысын зерттеуде әртарап бай дерек көздерін пайдаланды. Атап айтқанда: халқымыздың қол-көсір қазіргі және классикалық көркем туындыларын, қоғамдық-саяси және публицистикалық, сондай-ақ түрлі ғылыми әдебиет үлгілерін, газет-журналдар мен күнделікті сөйлеу тіл нұсқаларын, Институттағы қазіргі қазақ әдеби тілі сөздіктерінің, терминологиялық орталықтың және “Жаңа создер сериясының” бай картотека қорын. Авторлар сондай-ақ қазақ тілінің грамматикалық құрылысы мен дыбыс жүйесін әр қырынан алып қарастырған грамматикалар мен монографиялық зерттеулерді де кеңінен пайдаланды.

Алайда “Қазақ грамматикасы” сипаттамалы нормативті (академиялық) бағытта жазылғандықтан, онда жолма-жол библиографияға бару (яғни цитаталар келтіру), талдау барысында басқа тіл мамандарының жұмыстарына сілтеме жасап отыру мүмкін болмады. Оның есесіне кітаптың соңында әр бөлік (раздел) бойынша пайдаланылған арнайы әдебиет тізімі берілді. Бұл жерде және бір ескертетін нәрсе: “Орыс грамматикасындағы” сияқты, “Қазақ грамматикасында” да пайдаланылған әдебиеттер тізіміне негізінен монографиялар және солар тұрпатты әрі қарайғы зерттеулерге бағыт-бағдар боларлықтай (монографиялық сипаттағы емес) басылымдар ендірілді. Ал бұларға мақалалар мен диссертацияларды қосу мүмкін болмады (бірақ оларда қол жеткізілген нәтижелер мүмкіндігінше ескеріліп отырды).

“Қазақ грамматикасы” негізінен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының өз күшімен жазылды. Олай дейтініміз: авторлар ұжымына сырттан қосылғандар, атап айтқанда, Р.Әміров, С.Исаев, М.Серғалиев, Н.Оралбаева, Ә.Ибатов, С.Мырзабеков, Б.Қасымова - кезінде алды отыз жылдан аса, арты бес-он жылдан осы Институтта жүргізілген жоспарлы ғылыми-зерт-

теу жұмыстарының негізгі орындаушылары қатарында тұрақты қызмет істеген адамдар. Ал Т.Сайрамбаев осында аспирантурада оқып, диссертация жазған. Олардың осы ғылыми мекемеде жүргізген зерттеулерінің біразы Институттың баспа жоспары бойынша жеке кітап болып та, жарияланып отырды. Жоғарыда аталған авторлардың “Қазақ грамматикасына” жазғандары - сол Институт қабырғасында орындалған жоспарлы жұмыстарының грамматикалық ілімнің қазіргі даму деңгейі тұрғысынан оңделген, толықтырылған нұсқалары.

Жоғарыда айтқанымыздай “Қазақ грамматикасын” жазуға тұтас бір ғылыми ұжым қатысты. Авторлар санының бұл көптігі, олардың кәсіби деңгейі, квалификациясы жағынан әркелкілігі оның құрылымдық жағына, мазмұнына, ара-тұра болса да, әсер етпей, әрине, қойған жоқ. Кей бөлімдерде кездесетін қайталаулар мен артық тәптештеулер, мысалы сондайдан туған. Қазақ тілінің қазіргі грамматикалық құрылысын тек бір адамның лингвистика ғылымының, әсіресе соңғы жетістіктері тұрғысынан бар жағынан қамти жазып шығуының мүмкін еместігін ескерсек, академиялық грамматика сипатындағы мұндай көлемді, ұжымдық үлкен жұмыста кейбір селкеу, кем-кетіктің болуы кешірімді де сияқты. Авторлар бұл қазақ академиялық грамматикасының мазмұн, сапасын алдағы уақытта әрі қарай жақсартуға түсуге бағытталған сын ескертпелерді алғыспен қабыл алады.

“Қазақ грамматикасы” тек тіл танушы мамандарға ғана емес, сонымен қоса жалпы қазақ тіліне ықыласты немесе өзінің ол жөніндегі білімін әрі қарай тереңдеткісі келетін көпшілік қауымға да арналған. Мұнда осындай екі мақсат көзделгенмен, ол осы күнгі арнайы терминология негізінде, ғылыми тілде жазылды. Алайда грамматика авторлары өздерінің талдауларының, баяндауларының маман емес оқушылардың түсінігіне неғұрлым жеңіл болуын ескерді және тар мамандыққа байланысты терминді барынша аз қолдануға тырысты. Ал бірінші рет қолданылып отырған арнайы грамматикалық терминдер мүмкіндігінше түсіндіріліп отырды.

АВТОРЛАР:

Ә.Аблақов - Етістікті сөз тіркестері; **А.Айғабылов** - Морфонология. Есімше. Қимыл есімі. Амалдың оту сипаты; **Р.Әмір** - Синтаксис және оның

объектісі. Бастауыш пен баяндауыштың қиысуы. Номинативті және етістікті сөйлемдер. Жай сөйлемнің типтері. Екі негізді жай сөйлемдер. Іргелес салалас құрмалас сөйлемдер; **З.Базарбаева**

- Интонация; *О. Бекжан* - Жай сөйлем туралы түсінік. Жай сөйлемнің құралымдық ұйысымы. Жай сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Сөйлемнің үйірлі мүшелері. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері; **Қ. Есенов** - Үстеулер созжасамы; *Е. Жанпейісов* - Алғы сөз. Зат есімдер созжасамы. Субстантив зат есімдер. Сын есімдер созжасамы. Модаль сөздер; *Ә. Жүнісбек* - Қазақ тілінің дыбыстары; *Ә. Ибатов, А. Бексейітова* - Есімдік; **С. Исаев** - Сөздің морфемалық құрамы. Сөздің морфологиялық құрылымы. Сөз таптары және олардың құрылымы. Етістік. Сапалық сын есімнің шырай категориясы; *А. Қалыбаева* - Етістіктер созжасамы. Туынды түбір етістіктер; *Б. Қапалбеков* - Көсемше. Сабақтас құрмалас сөйлемдер. Көп компонентті құрмалас сөйлемдер; *Б. Қасым* - Күрделі зат есімдер. Күрделі етістіктер. Құранды етістіктер; *Ж. Манкеева* - Тарихи туынды түбірлер; *С. Мырзабеков* - Дыбыс тіркесі. Буын. Дыбыстық өзгерістер; *С. Омарбекұлы* - Екпін. Зат есім; *Н. Оралбаева* - Созжасам тіл білімінің жеке саласы (Созжасамның тілдің басқа салаларымен байланысы. Созжасам жүйесі. Созжасам тәсілдері. Созжасамдық мағына). Туынды сөздер және олардың түрлері. Күрделі сөздер. Созжа-

самдық единицалар (созжасамдық ұя, созжасамдық жұп, созжасамдық тізбек, созжасамдық тарам, созжасамдық саты). Түрлі ренкті зат есімдер. Күрделі сын есімдер. Сан есімдер созжасамы. Жетекші етістік пен көмекші етістік, олардың ара қатынасы. Көмекші етістік және аналитикалық форма; *Б. Сағындықұлы* - Көп компонентті аралас құрмалас сөйлемдер. Көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер. Көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлемдер; **Қ. Есенов**, *Г. Садырова* - Күрделенген жай сөйлемдер; **Т. Қордабаев**, *Г. Садырова* - Бөгде сөз және оның түрлері; *Т. Сайрамбаев* - Есімді сөз тіркестері; *Ш. Сарыбаев* - Одағайлар; *Ж. Сәдуақас* - Жай сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері. Бір негізді жай сөйлемдер. Жақты сөйлемдер; *М. Серғалиев* - Сөз және сөз тұлғалары - синтаксис нысаны. Синтаксистік байланыс және сөз тіркесі. Күрделі синтаксистік тұтастық. Синтаксистік конструкциялардың синонимдігі; *Ж. Сүлейменова* - Сын есім (шырай категориясынан басқасы). Сан есім. Шақ категориясы. Үстеу. Шылау; *Б. Шалабай* - Құрмалас сөйлемнің грамматикалық табиғаты. Құрмалас сөйлемнің түрлері. Салалас құрмалас сөйлемдер; **А. Бісқақов** - Еліктеуіш сөздер.

ФОНЕТИКА. ЕКПІН. ИНТОНАЦИЯ. МОРФОНОЛОГИЯ

ФОНЕТИКА

1. ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ДЫБЫСТАРЫ

1.1. КІРІСПЕ

Қазақ тілінің фонетикасына арналған зерттеу жұмыстарының басы баршылық. Олар мақала, монография және мектеп пен жоғары оқу орнына арналған оқулықтар түрінде көпке таныс. Олардың бірі фонетиканың жеке бір мәселелеріне арналған болса, енді бірі қазақ тілінің дыбыс жүйесін түгел қамтыған бас-аяғы бүгін еңбектер. Әрине, үлкенді-кішілі осы еңбектердің әрқайсысының өз алдына қойған міндет-мақсаттары болды. Ғылыми бағыттағы еңбектер теориялық мәселелерді шешуге арналса, оқу-әдістеме саласындағы еңбектер сауат ашуға міндеттенді. Қол жеткен нәтижелер өз дәуірінің теория-практикалық деңгейіне лайық болып шығып жатты.

Енді күрделі ғылыми талдау мен таза әдістемелік мүддеден аулақ қазақ тілінің құрылым фонетикасы дайындалып отыр. Ол үшін қолда бар фонетикалық мәліметтер кеңінен пайдаланылды.

Бұл еңбек осыған дейінгі фонетика саласында қол жеткен нәтиже-табыстың қорытындысы іспеттес болғандықтан, бар жетістіктің қалып қоймауын, сондай-ақ әр түрлі себептермен (теория деңгейі, зерттеу әдістерінің жұтандығы, қоғам-элеуметтік т.б.) кеткен кемшіліктердің қайталанбауын қадағалап отыруға тура келді.

Басты мақсат қазақ тілінің төл дыбыс құрамын анықтап, оның ішкі құрылыс жүйесін сипаттап шығу, дыбыс өзгерістерін талдап, әуен түрлерін түгендеу болды. Сонымен қатар фонетикалық және фонологиялық талдау-сипаттамалар жіктеліп, әрқайсысы өз алдына дербес сала ретінде берілді (жасыратыны жоқ, дәстүрлі фонетикамызда оның бәрі араласып кеткен еді).

Сөйтіп, қазақ тілінің дыбыс құрамы мен жүйесі әр тұрғыдан талданып шықты. Атап айтқанда:

- дыбыстың жасалымы (артикуляциясы), яғни дыбыс жасалу тұрғысынан талданып-сипатталды;
- дыбыстың айтылымы (акустикасы), яғни дыбыс айтылу тұрғысынан талданып-сипатталды;
- дыбыстың естілімі (перцепциясы), яғни дыбыс естілу тұрғысынан талданып-сипатталды.

Сонда, әрбір дыбыс төмендегідей тізбек бойынша талданып шықты: дыбыс ауыз қуысында жасалады, сонан соң ауа кеңістігіне шығады, сөйтіп құлаққа келіп жетеді. Оның ретін төмендегідей жолмен көрсетуге болады.



Дыбыстың жасалым, айтылым, естілім сәттерінің әрқайсысының өзіне тән ұғымдары мен атаулары бар. Оларды бір-бірімен араластырмай, жеке-жеке талдап шығу қазақ фонетикасында алғаш рет ұсынылып отыр.

Бұл - фонетикалық талдаудың жолы.

Фонологиялық талдау үндесім (сингармонизм) заңына лайық жүргізілді. Себебі қазақ фонологиясы дегеніміз үндесім фонологиясы болып табылады. Қазақ фонологиясының ақиқат табиғатын тек үндесім фонологиясы тұрғысынан талдағанда ғана дұрыс танымыз. Сондықтан да қазақ тілі дыбыстары үндесім заңы тұрғысынан өз алдына дербес талданды.

Сонымен, кез келген дыбыс үш тұрғыдан қаралады. Әрқайсысының өзіне ғана тән ұғымдары мен атаулары бар.

Дыбыстың жасалымы (артикуляциясы): дыбысты жасауға қатысатын сөйлеу мүшелерінің аты аталып (ерін, тіл ұшы, тіл ортасы, тіл арты, тілшік), орны көрсетіліп, сол сөйлеу мүшелерінің өзара қиысу жолдары (тоғысыңқы, жуысыңқы, діріл, жанама) сипатталады.

Дыбыстың айтылымы (акустикасы): ауыз қуысындағы резонаторлар жүйесінің қалпы аталып (ауыз қуысты, көмей қуысты, жанама қуысты), сойлеу мүшелерінің өзара қиысу күші (лепті тоғысыңқы, босаң тоғысыңқы, бос тоғысыңқы) сипатталады.

Дыбыстың естілімі (перцепциясы): ауыз қуысынан сыртқа шыққан дыбыстың құлаққа жеткен нәтижесі (жуан дыбыс, жіңішке дыбыс, ашық (таза) дыбыс, қою дыбыс) сипатталады.

Осылай кешенді талдаудың нәтижесі қазақ тілінің дыбыс құрамы мен жүйесі жайлы жан-жақты және толық мәлімет береді. Оның үстіне, теориялық және қолданба (қолғанат) тілтанымның (лингвистиканың) сұраныстарын қанағаттандырып, дамуына септігін тигізеді.

Еңбек көпшілік оқырманға арналып отырғандықтан қазіргі фонетикадағы күрделі техникалық талдау мен ұғым-атауларға соқпау жағы қарастырылды.

1.1.1. Қазақ фонетикасында қалыптасқан ұғымдар мен атаулар жүйесіне көптеген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Себебі, осы күнгі ұғым-атаулар “дәстүрлі” үнді-еуропа тілтанымна байланып қалған да, көбінесе қазақ тілі табиғатын не жаңсақ, не жартыкеш түсіндіріп жатады. Оның үстіне өзге тілдерде жоқ қазақ тіліндегі өзіндік құбылыстар ұғым-атау тапшылығынан көзге ілінбей келді. Сондықтан да қазақ фонетикасына тән ұғым-атаулардың жаңа жүйесін құрастырып, оларды түсіндіруге тура келді.

1.1.2. Сонымен “Фонетика” бөлімі бұрынғы көз үйренген үлгісінен көп өзгеше болып шықты. Әсіресе, көптеген дыбыстардың сипаттамасы тиянақталып, қайта жазылды. Оның үстіне дыбыстардың үндесім (сингармонизм) және интонация жүйесі бұрын-соңды болмаған жаңа тарау ретінде қосылып отыр. Тағы бір айта кететін жай - қазақ тілінің төл дыбыстары ешбір қоспасыз өз алдына талданды. Соның нәтижесінде тілімізге жасанды еніп кеткен *ç*; *h* “әріп-дыбыстар” шығарылып тасталды. Ал, орыс тілінен енген дыбыстарды қазақ дыбыстары құрамында қарастырудың өзін жөнсіз деп таптық

(керек болып жатса, олар жайлы мәлімет орыс тілтанымында жеткілікті). Өзімізді де, өзгені де шатастырып келген *и*, *у*, *я*, *ю* әріптері жайлы қосымша мәлімет бергенді жөн көрдік.

Алдымен қазақ тілінің төл дыбыстарының құрамын анықтап, жүйесін сипаттап алған соң барып, кірме дыбыстар жайлы сөз еткен дұрыс болар. Олар қазақ дыбыстарының құрамы мен жүйесінен үндесім орнын тауып сінді ме, жоқ, әлде жапсырма-жамау күйінде қалды ма?

Егер кез келген кірме дыбыс үндесім заңына бағынбаса, онда ол қазақ дыбыстарының құрамына енген жоқ деген сөз.

Қазақ тілінің дыбыс құрамын өз фонологиясы тұрғысынан талдағанда ғана қазіргі кездегі “қазақ тілінде қанша дауысты бар, қанша дауыссыз бар?” деген әрі тарт, бері тарт сұрақтардан арылатын боламыз.

1.1.3. Фонетикалық ұғымдар мен атаулар.

1.1.3.1. Жасалым фонетика (артикуляционная фонетика) - дыбыстың жасалу жолдарын анықтайтын фонетика саласы:

-жасалу орны: ерін (губной), ерін-ерінді (губно-губной), тіл ұшы (альвеолярный), тіл алды (переднеязычный), тіл ортасы (среднеязычный), тіл арты (заднеязычный), тілшік (увулярный);

-жасалу тәсілі: тоғысым (смычка), тоғысыңқы (смычный), жуысым (шелинность), жуысыңқы (щелевой), жинақы жуысыңқы (круглощелевой), жайылыңқы жуысыңқы (плоскощелевой), діріл (дрожажий), жанама (боковой);

-дауыс қатысы: тербеліссіз (дауыс желбезегі қатыспайды, яғни қатаң), тербелінкі (дауыс желбезегі жартылай қатысады, яғни ұяң), тербелімді (дауыс желбезегі мол қатысады, яғни үнді), тербелмелі (дауыс желбезегі толық қатысады, яғни дауысты).

1.1.3.2. Айтылым фонетика (акустическая фонетика) - дыбыстың нақты болмысын анықтайтын фонетика саласы:

-қуыс жүйесі: ауыз қуысы (ртовый резонатор), көмей қуысы (глоточный резонатор);

-айтылым күші: нық (напряженный), босаң (полунапряженный), бос (ненапряженный).

1.1.3.3. Естілім фонетика (перцептивная фонетика) - дыбыстың естілу сипатын анықтайтын фонетика саласы:

-түйсінім түрі: қатаң (глухой), ұяң (звонкий), үнді (сонорный);

-естілім қарқыны: күшті лепті, босаң лепті, бос лепті.

1.1.3.4. Үндесім фонетика (сингармоническая фонетика) - дыбыстың үндестік сипатын

анықтайтын фонетика саласы:

-әуез жүйесі: езу әуез (палатальный тембр), ерін әуез (лабиальный тембр);

-жасалым белгісі: езулік (неогубленный), еріндік (огубленный), ілгерінді (продвинутый), кейінді (отодвинутый);

-айтылым белгісі: ауыз қуысты (ртовый), көмей қуысты (глочный), тұтас қуысты (ртово-глочный);


-естілім белгісі: жуан (твердый), жіңішке (мягкий), езулік (негубной), еріндік (губной).

Фонетикалық атаулардың толық түсіндірме сөздігі өз алдына шығады.

1.2. ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАСАЛЫМ ҚОРЫ

1.2.1. Сөйлеу мүшелері барлық ұлттарға ортақ болғанымен (биологиялық тұрғыдан), әр тілдің өзіне ғана тән жасалым қоры (артикуляционная база) болады. Жасалым қоры дегеніміз дыбыстарды жасауға қатысатын сөйлеу мүшелерінің белгілі бір ұлт тіліне ғана тән қозғалысының жиынтығы. Кез келген сөйлеу мүшесінің, мысалы, тілдің қозғалысы барлық тілде бірдей болмайды. Сол сияқты сөйлеу мүшелерінің дыбыс жасауға топтана қатысы да біркелкі болмайды. Сөйлеу мүшелерінің жеке-жеке қозғалысы, сондай-ақ олардың топтана қатысы бір тілде бір түрлі, екінші тілде екінші түрлі болады.

Сондықтан да алдымен әр тілдің өзіне тән жасалым қорының басын ашып алу керек. Қазақ тілінің жасалым қорының өзіндік ерекшелігі бар. 2-суретте қазақ тілінің жасалым қорының қырынан қарағандағы моделі (үлгісі; пішіні) берілген. Қазақ тілінің жасалым қорында 9 жасалым нүкте бар. Сөйлеу мүшелерінің мүмкін болған қозғалысының көрінісі бейнеленген.



2-сурет. Қазақ тілі жасалым қорының моделі (үлгісі)

Оның біріншісі - ерін (1-нүкте). Қазақ тіліндегі дыбыстардың жасалуына еріннің төрт түрлі қатысымы бар: сүйір жасалым (1-1 жағдай), доғал жасалым (1-2 жағдай), езу жасалым (1-3 жағдай), емеурін жасалым (1-4 жағдай).

Тіл ұшының қатысы (2-нүкте). Қазақ тіліндегі дыбыстардың жасалуына тіл ұшының үш түрлі қатысымы бар: тіл ұшы тоғысымы (2-1 жағдай), тіл ұшы жинақы жуысымы (2-2 жағдай), тіл ұшы жайылыңқы жуысымы (2-3 жағдай).

Тіл ортасының қатысы (3-нүкте). Қазақ тіліндегі дыбыстардың жасалуына тіл ортасының екі түрлі қатысымы бар: тіл ортасының таңдаймен тоғысымы (3-1 жағдай), тіл ортасының таңдаймен жуысымы (3-2 жағдай).

Тілшіктің (кішкене тіл) қатысы (4-нүкте). Қазақ тіліндегі дыбыстардың жасалуына тілшіктің екі түрлі қатысымы бар: тілшіктің тіл түбімен жуысымы (4-1 жағдай), тілшіктің тіл түбімен тоғысымы (4-2 жағдай).

Тілдің көлденең қалпының қатысы (6, 8 - нүктелер). Қазақ тіліндегі дыбыстардың жасалуына тілдің көлденең қалпының екі түрлі қатысымы бар: тілдің ілгері қалпы (6-нүкте), тілдің кейін қалпы (8-нүкте).

Тілдің тік қалпының қатысы (7, 9-нүктелер). Қазақ тіліндегі дыбыстардың жасалуына тілдің тік қалпының екі түрлі қатысы бар: тілдің жоғары қалпы (7-нүкте), тілдің төмен қалпы (9-нүкте).

Дауыс желбезегінің қатысы (5-нүкте). Қазақ тіліндегі дыбыстардың жасалуына дауыс желбезегінің төрт түрлі қатысымы бар: дауыс желбезегі толық тербеледі (5-1 жағдай), мол тербеледі (5-2 жағдай), жартылай тербеледі (5-3 жағдай), тербелмейді (5-4 жағдай) (әрі қарай “нүкте, жағдай” деген сөздер қайталанбай, жасалым нүктелердің сілтеме сандары ғана қалдырылды).

Әрине, бір ғана жасалым нүктесі арқылы жасалатын дыбыс болмайды. Қазақ тілінің дыбыс жүйесінде әрбір дыбыстың жасалуына кем дегенде үш жасалым нүктесі қатысады. Жасалым нүктелерінің әр түрлі араласымынан (комбинациясынан) қазақ тілінің дыбыстары түгел түзіліп шығады.

1.2.2. Қазақ тіліндегі дыбыстардың саны шектеулі болғанымен олардың жасалым варианттарының саны баршылық. Ақиқат (тірек) дыбыстар мен олардың варианттарының жасалым үлгісі осы модельден түгел табылады. Сөйтіп дыбыстардың фонетикалық және фонологиялық

құрамы түгенделеді, дыбыс пен дыбыс арасындағы ортақ және айырым белгілердің басы ашылады. Дыбыстардың **ақиқат** белгілерімен қатар көмескі белгілерінің түрлері анықталады. Осыдан барып дыбыстардың ортақ, айырым және көмескі белгілерінің жүйесі шығады, ол кесте арқылы көрсетіледі.

Қазақ тіліндегі дыбыстардың жасалу жолдары күрделі. Дыбыс сөйлеу мүшелерінің белгілі бір араласуы (комбинациясы) арқылы жасалады. Дыбыстардың нақты санын анықтау үшін сөйлеу мүшелерінің қозғалысының әр түрлі араласуын есептеп шығуға тура келеді. Дыбыстың үйлесім (ассимилятив) және үндесім (сингармонизм) варианттарын тауып, оларды сипаттап шығу үшін одан да күрделі талдау жүргізу қажет. Және де фонетикалық талдау мен фонологиялық талдауды өзара араластырмау, яғни шатастырмау керек. Олардың әрқайсысының ұғымдар мен атаулар жүйесі әр түрлі болады.

Фонетикалық талдаудың нәтижесінде дыбыстың жасалым, айтылым және естілім сипаты анықталады. Ал фонологиялық талдаудың нәтижесінде дыбыстардың үндесім (сингармонизм) сипаты анықталады.

1.2.3. Сөйлеу үстінде құлаққа шалына бермейтін дыбыс белгілері “шексіз” бола береді. Сол тілде сөйлеп тұрған адам дыбыстың бүкіл түрленімін аңғара бермеуі мүмкін. Алайда сөз табиғи естілу үшін дыбыс түрленімінің барлығын сақтап сөйлеу керек. Дыбыс түрленімін тудыратын себептердің қатарына дыбыстың сөз бен сөз тіркесіндегі орны, көрші дыбыстың әсері, логика-экспрессив үстемелер және әуен жатады.

Құлаққа шалына бермейтін көмескі варианттардың негізгі қызметі - сөздің табиғи үлгісін, яғни айтылымын сақтау. Дыбыстардың көмескі белгілері дыбыс пен дыбыс, буын мен буын, сөз бен сөз, сөйлем мен сөйлем арасындағы дәнекер байланыс үшін керек.

Қазақ тілді сөйлерменге (носителю казахского языка) үндесім құбылысының орны ерекше. Санасында үндесім моделі тілі шыға бірге қалыптасатындықтан, ол жеке дыбыстардың үндесім белгілерін аңғара бермейді. Себебі, ол үшін буын мен сөздің үндесім моделі маңызды, яғни үндесім варианттарын буын не сөз деңгейінде ғана аңғарады. Ендеше, дыбыстардың үндесім варианттарын да көмескі белгілер қатарында қарастыруға болады.

Сонымен, дыбыстардың негізгі (ақиқат) жасалымын да, үстеме (көмескі) жасалымын да қазақ тілінің жасалым қорының моделінен тап басып көрсетіп беруге болады.

1.3. ҚАЗАҚ ТІЛІ ДЫБЫСТАРЫ

Дауысты және дауыссыз дыбыстар

Қазақ тілінің дыбыстары дауысты және дауыссыз болып екіге бөлінеді. Олардың томендегідей айырым белгілері бар.

Дауысты дыбыстар:

а) дауысты дыбыстарды айтқанда дауыс желбезегі толық тербеледі;

ә) дауысты дыбыстар буын құрайды;

б) дауысты дыбыстар жасалғанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында кедергіге ұшырамай шығады.

Дауыссыз дыбыстар:

а) дауыссыз дыбыстарды айтқанда дауыс желбезегі кем тербеледі (қатысады) немесе мүлде тербелмейді (қатыспайды);

ә) дауыссыз дыбыстар буын құрамайды;

б) дауыссыз дыбыстар жасалғанда өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында сөйлеу мүшелерінің бірінің кедергісіне ұшырап шығады.

1.3.1. Дауысты дыбыстар

Қазақ тілінің төл дауысты дыбыстарының жүйесі 9 дауысты дыбыстан құралады. Олар: А, Ә, Ы, І, Е, Ұ, Ү, О, Ө.

Дәстүр бойынша дауысты дыбыстардың құрамына қазақ тіліндегі дауыстылардың үндесім түрлерінің (вариант, аллофон) бәрін кіргізіп келеді. Сондықтан да қазақ тілінде 9 дауысты бар деген пікір қалыптасып қалған (бұл жерде қазақ тілтанымындағы дауыстылардың санына байланысты өзге пікірлерді есепке алмаймыз).

Жалпы, қазақ тілінің дыбыс құрамын анықтауда бір жүйелілік жоқ. Мысалы, дауысты дыбыстардың құрамын анықтағанда, жоғарыда айтқандай, олардың үндесім түрлерінің бәрі жинақталады. Ал, дауыссыз дыбыстардың құрамын анықтағанда, керісінше, олардың тірек түрлері ғана жинақталады (бұл туралы кейін үндесім құбылысына арналған бөлімде сөз болады).

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар жалаң (жалқы, монофтонг) және құранды (егізек, дифтонг) болып екі топқа бөлінеді. Жалаң дауыстыларға А, Ә, Ы, І, Ұ, Ү дыбыстары, ал құранды дауыстыларға О, Ө, Е дыбыстары жатады.

Дауысты дыбыстардың жасалым қорындағы орындары алты нүктені қамтиды:

1. Жақтың қатысына қарай - ашық (9) және қысаң (7) дауыстылар болып жіктеледі.

2. Еріннің қатысына қарай - еріндік және езулік (1) дауыстылар болып жіктеледі. Еріндік дауыстылар доғал (1-2) және сүйір (1-1) жасалымды, ал езулік дауыстылар езу (1-3) және емеурін (1-4) жасалымды болып тағы екі-екіге бөлінеді.

3. Жасалу орнына қарай - тіл ортасы (6), тіл арты (8) дауыстылар болып жіктеледі.

4. Дауыс қатысы (5-1 нүкте) барлық дауыстылар үшін ортақ болғандықтан, дауыстылардың жіктелімінде ескерілмейді.

Сонымен дауысты дыбыстардың жасалымы - үш айырым белгісі (жақ қатысы, ерін қатысы және жасалу орны), айтылымы - екі айырым белгісі (ауыз бен көмей қуыстарының өзара қатысы, ауыздың шығар қалпы), естілімі - екі айырым белгісі (үндесім және дауыс сапасы) арқылы сипатталады.


1.3.1.1. Жалаң дауысты дыбыстар

А дауысты дыбысы (3-сурет)

Жасалымы:

1. А дыбысы жақтың кең ашылып, тілдің төмен түсуі арқылы (9) жасалады. Жақтың қатысына қарай ашық дауысты дыбыс болып табылады.

2. А дыбысын айтқанда ерін бейтарап (1-3) қалады. Еріннің қатысына қарай езу дауысты дыбыс болып табылады.



3-сурет. А дауысты дыбысының моделі (үлгісі)

3. А дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының арт жағына (8) орналасады. Тілдің қатысына қарай тіл арты дауысты дыбыс болып табылады.

Дауысты жақ қатысына қарай - ашық, ерін қатысына қарай - езу, жасалу орнына қарай - тіл ортасы дыбыс.

Жасалым белгілері: ашық, езу, тіл арты дауысты дыбыс.

Айтылымы:

1. Тілдің артқы тұсы жұмсақ таңдайға қарай сәл көтеріліп (дөнес тартып), ауыз қуысын екіге бөледі. Ауыз қуысы көмей қуысынан үлкен болады. Тілдің жатысына қарай көмей қуысты дауысты дыбыс болып табылады.

2. Ерін кең ашылып, ауа еркін шығады. Еріннің қалпына қарай кең шығысты дауысты дыбыс болып табылады.

Айтылым белгілері: көмей қуысты, кең шығысты дауысты дыбыс.

Естілімі:

1. А дыбысы жуан үндесім әуезбен (тембр) дыбысталады. Үндесім дыбысталуына қарай жуан әуезді дауысты дыбыс болып табылады.

2. А дыбысы ашық және езу жасалым әуезбен (тембр) дыбысталады. Жасалым дыбысталуына қарай ашық езу әуезді дауысты дыбыс болып табылады.

Естілім белгілері: жуан, ашық езу әуезді дауысты дыбыс.

Ә дауысты дыбысы (4-сурет)

Жасалымы:

1. Ә дыбысы жақтың кең ашылып, тілдің төмен түсуі арқылы (9) жасалады. Жақтың қатысына қарай ашық дауысты дыбыс болып табылады.

2. Ә дыбысын айтқанда ерін (1-3) бейтарап қалады. Еріннің қатысына қарай езу дауысты дыбыс болып табылады.

3. Ә дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының орта тұсына (6) орналасады. Тілдің қатысына қарай тіл ортасы дауысты дыбыс болып табылады.

Дауысты жақ қатысына қарай - ашық, ерін қатысына қарай - езу, жасалу орнына қарай - тіл ортасы дыбыс.

Жасалым белгілері: ашық, езу, тіл ортасы дауысты дыбыс.

Айтылымы:

1. Тілдің орта тұсы қатты таңдайға қарай сәл көтеріліп (дөнес тартып), ауыз қуысын екіге бөледі. Көмей қуысы ауыз қуысынан үлкен болады. Тіл жатысына қарай ауыз қуысты дауысты дыбыс болып табылады.

2. Ерін кең ашылып, ауа еркін шығады. Еріннің қалпына қарай кең шығысты дауысты дыбыс болып табылады.


Айтылым белгілері: ауыз қуысты, кең шығысты дауысты дыбыс.

Естілімі:

1. Ә дыбысы жінішке үндесім әуезбен дыбысталады. Үндесім дыбысталуына қарай жінішке әуезді дауысты дыбыс болып табылады.

2. Ә дыбысы ашық және езу жасалым әуезбен дыбысталады. Жасалым дыбысталуына қарай ашық езу әуезді дауысты дыбыс болып табылады.

Естілім белгілері: жінішке, ашық езу әуезді дауысты дыбыс.



4-сурет. Ә дауысты дыбысының моделі (үлгісі)

Ы дауысты дыбысы (5-сурет)

Жасалымы:

1. Ы дыбысы жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы (7) жасалады. Жақтың қатысына қарай қысаң дауысты дыбыс болып табылады.

2. Ы дыбысын айтқанда ерін (1-3) бейтарап қалады. Еріннің қатысына қарай езу дауысты дыбыс болып табылады.

3. Ы дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының арт жағына (8) орналасады. Тілдің қатысына қарай тіл арты дауысты дыбыс болып табылады.

Дауысты жақ қатысына қарай - қысаң, ерін қатысына қарай - езу, жасалу орнына қарай - тіл арты дыбыс.

Жасалым белгілері: қысаң, езу, тіл арты дауысты дыбыс.

Айтылымы:

1. Тілдің артқы тұсы жұмсақ тандайға қарай жоғары көтеріліп (дөңес тартып), ауыз қуысын екіге бөледі. Ауыз қуысы көмей қуысынан үлкен болады. Тіл жатысына қарай көмей қуысты дауысты дыбыс болып табылады.

2. Ерін қысаң ашылып, ауа екпіндей шығады. Еріннің қалпына қарай қысаң шығысты дауысты дыбыс болып табылады.

Айтылым белгілері: көмей қуысты, қысаң шығысты дауысты дыбыс.

Естілімі:

1. Ы дыбысы жуан үндесім әуезбен дыбысталады. Үндесім дыбысталуына қарай жуан әуезді дауысты дыбыс болып табылады.

2. Ы дыбысы қысаң және езу жасалым әуезбен дыбысталады. Жасалым дыбысталуына қарай қысаң езу әуезді дауысты дыбыс болып табылады.

Естілім белгілері: жуан, қысаң езу әуезді дауысты дыбыс.



5-сурет. Ы дауысты дыбысының моделі (үлгісі)

І дауысты дыбысы (6-сурет)

Жасалымы:

1. І дыбысы жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі (7) арқылы жасалады. Жақтың қатысына қарай қысаң дауысты дыбыс болып табылады.

2. І дыбысын айтқанда ерін (1-3) бейтарап қалады. Еріннің қатысына қарай езу дауысты дыбыс болып табылады.

3. І дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының орта (6) тұсына орналасады. Тілдің қатысына қарай тіл ортасы дауысты дыбыс болып табылады.

Дауысты жақ қатысына қарай - қысаң, ерін қатысына қарай - езу, жасалу орнына қарай - тіл ортасы дыбыс болады.

Жасалым белгілері: қысаң, езу, тіл ортасы дауысты дыбыс.

Айтылымы:

1. Тілдің орта тұсы қатты тандайға қарай жоғары көтеріліп (дөңес тартып), ауыз қуысын екіге бөледі. Көмей қуысы ауыз қуысынан үлкен болады. Тіл жатысына қарай ауыз қуысты дауысты дыбыс болып табылады.

2. Ерін қысаң ашылып, ауа екпіндей шығады. Еріннің қалпына қарай қысаң шығысты дауысты дыбыс болып табылады.


Айтылым белгілері: ауыз қуысты, қысаң шығысты дауысты дыбыс.

Естілімі:


1. І дыбысы жіңішке үндесім әуезбен дыбысталады. Үндесім дыбысталуына қарай жіңішке әуезді дауысты дыбыс болып табылады.

2. І дыбысы қысаң және езу жасалым әуезбен дыбысталады. Жасалым дыбысталуына қарай қысаң езу әуезді дауысты дыбыс болып табылады.

Естілім белгілері: жіңішке, қысаң езу әуезді дауысты дыбыс.



6-сурет. І дауысты дыбысының моделі (үлгісі)



7-сурет. Y дауысты дыбысының моделі (үлгісі)

Айтылым белгілері: көмей қуысты, дөңгелек шығысты дауысты дыбыс.

Естілімі:

1. Y дыбысы жуан үндесім әуезбен дыбысталады. Үндесім дыбысталуына қарай жуан әуезді дауысты дыбыс болып табылады.

2. Y дыбысы қысаң және ерін жасалым әуезбен дыбысталады. Жасалым дыбысталуына қарай қысаң ерін әуезді дауысты дыбыс болып табылады.

Естілім белгілері: жуан, қысаң ерін әуезді дауысты дыбыс.

Y дауысты дыбысы (8-сурет)

Жасалымы:

1. Y дыбысы жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы (7) жасалады. Жақтың қатысына қарай қысаң дауысты дыбыс болып табылады.

Y дауысты дыбысы (7-сурет)

Жасалымы:

1. Y дыбысы жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы (7) жасалады. Жақтың қатысына қарай қысаң дауысты дыбыс болып табылады.

2. Y дыбысын айтқанда ерін доғалданып (1-2) тұрады. Еріннің қатысына қарай доғал ерін дауысты дыбыс болып табылады.

3. Y дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының арт жағына (8) орналасады. Тілдің қатысына қарай тіл арты дауысты дыбыс болып табылады.


Дауысты жақ қатысына қарай - қысаң, ерін қатысына қарай - доғал ерін, жасалу орнына қарай - тіл арты дыбыс.

Жасалым белгілері: қысаң, доғал ерін, тіл арты дауысты дыбыс.

Айтылымы:

1. Тілдің артқы тұсы жұмсақ таңдайға қарай жоғары көтеріліп (дөңес тартып), ауыз қуысын екіге бөледі. Ауыз қуысы көмей қуысынан үлкен болады. Тіл жатысына қарай көмей қуысты дауысты дыбыс болып табылады.

2. Ерін дөңгеленіп бітіп, ауа үйіріліп шығады. Еріннің қалпына қарай дөңгелек шығысты дауысты дыбыс болып табылады.



8-сурет. Y дауысты дыбысының моделі (үлгісі)

2. Ү дыбысын айтқанда ерін (1-2) дөңгеленіп тұрады. Еріннің қатысына қарай доғал ерін дауысты дыбыс болып табылады.

3. Ү дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының орта тұсына (6) орналасады. Тілдің қатысына қарай тіл ортасы дауысты дыбыс болып табылады.

Дауысты жақ қатысына қарай - қысаң, ерін қатысына қарай - доғал ерін, жасалу орнына қарай - тіл ортасы дыбыс.

Жасалым белгілері: қысаң, доғал ерін, тіл ортасы дауысты дыбыс.

Айтылымы:

1. Тілдің орта тұсы қатты таңдайға қарай жоғары көтеріліп (дөңес тартып), ауыз қуысын екіге бөледі. Көмей қуысы ауыз қуысынан үлкен болады. Тіл жатысына қарай ауыз қуысты дауысты дыбыс болып табылады.

2. Ерін дөңгеленіп бітіп, ауа үйіріліп шығады. Еріннің қалпына қарай дөңгелек шығысты дауысты дыбыс болып табылады.

Айтылым белгілері: ауыз қуысты, дөңгелек шығысты дауысты дыбыс.

Естілімі:

1. Ү дыбысы жіңішке үндесім әуезбен дыбысталады. Үндесім дыбысталуына қарай жіңішке әуезді дауысты дыбыс болып табылады.

2. Ү дыбысы қысаң және ерін жасалым әуезбен дыбысталады. Жасалым дыбысталуына қарай қысаң ерін әуезді дауысты дыбыс болып табылады.

Естілім белгілері: жіңішке, қысаң ерін әуезді дауысты дыбыс.

1.3.1.2. Құранды дауысты дыбыстар

О дауысты дыбысы (9-сурет)

Жасалымы:

1. О дауысты дыбысы құранды дыбыс. W тектес үнді дауыссыз дыбыстан (бағынышты сыңары) басталып Ұ тектес (7) қысаң дауысты дыбыспен (басым сыңары) аяқталады.

2. О дауысты дыбысын айтқанда ерін сүйірленіп басталып (1-1), дөңгеленіп (1-2) аяқталады. Еріннің қатысына қарай сүйір ерін дауысты дыбыс болып табылады.

3. О дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының арт жағына (8) орналасады. Тілдің қатысына қарай тіл арты дауысты дыбыс болып табылады.


Дауысты жақ қатысына қарай (екінші сыңары) - қысаң, ерін қатысына қарай - сүйір ерін, жасалу орнына қарай - тіл арты дыбыс.

Жасалым белгілері: ерін, тіл арты, құранды (дифтонг) дауысты дыбыс.

Айтылымы:

1. Тілдің артқы тұсы жұмсақ таңдайға қарай жоғары көтеріліп (дөңес тартып), ауыз қуысын екіге бөледі. Ауыз қуысы көмей қуысынан үлкен болады. Тіл жатысына қарай көмей қуысты дауысты дыбыс болып табылады.

2. Ерін сүйірленіп басталып, дөңгеленіп бітеді, ауа екпіндей үйіріліп шығады. Еріннің қалпына қарай сүйір шығысты дауысты дыбыс болып табылады.



9-сурет. О дауысты дыбысының моделі (үлгісі)

Айтылым белгілері: ауыз қуысты, сүйір шығысты дауысты дыбыс.

Естілімі:

1. О дыбысы жуан үндесім әуезбен дыбысталады. Үндесім дыбысталуына қарай жуан әуезді дауысты дыбыс болып табылады.

2. О дыбысы w-ерін жасалым әуезбен дыбысталады. Жасалым дыбысталуына қарай w-ерін әуезді дауысты дыбыс болып табылады.


Естілім белгілері: жуан, w-ерін әуезді дауысты дыбыс.

Ө дауысты дыбысы (10-сурет)

Жасалымы:

1. Ө дауысты дыбысы құранды дыбыс. W тектес үнді дауыссыз дыбыстан (бағынышты сыңары) басталып Ү тектес қысаң дауысты дыбыспен (басым сыңары) аяқталады (7).

2. Ө дауысты дыбысын айтқанда ерін сүйірленіп басталып (1-1), дөңгеленіп (1-2) аяқталады. Еріннің қатысына қарай сүйір ерін дауысты дыбыс болып табылады.



10-сурет. Ө дауысты дыбысының моделі (үлгісі)

3. Ө дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының орта тұсына (6) орналасады. Тілдің қатысына қарай тіл ортасы дауысты дыбыс болып табылады.

Дауысты жақ қатысына қарай (екінші сыңары) - қысаң, ерін қатысына қарай - сүйір ерін, жасалу орнына қарай - тіл ортасы дыбыс.

Жасалым белгілері: сүйір ерін, тіл ортасы, құранды (дифтонг) дауысты дыбыс.

Айтылымы:

1. Тілдің орта тұсы қатты таңдайға қарай жоғары көтеріліп (дөңес тартып), ауыз қуысын екіге бөледі. Көмей қуысы ауыз қуысынан үлкен болады. Тілдің жатысына қарай ауыз қуысты дауысты дыбыс болып табылады.

2. Ерін сүйірленіп басталып, дөңгеленіп бітеді, ауа екпіндей үйіріліп шығады. Еріннің қалпына қарай сүйір шығысты дауысты дыбыс болып табылады.

Айтылым белгілері: ауыз қуысты, сүйір шығысты дауысты дыбыс.

Естілімі:

1. Ө дыбысы жіңішке үндесім әуезбен дыбысталады. Үндесім дыбысталуына қарай жіңішке әуезді дауысты дыбыс болып табылады.

2. Ө дыбысы w-ерін жасалым әуезбен дыбысталады. Жасалым дыбысталуына қарай w-ерін әуезді дауысты дыбыс болып табылады.

Естілім белгілері: жіңішке, w-ерін әуезді дауысты дыбыс.

Е дауысты дыбысы (11-сурет)

Жасалымы:

1. Е дауысты дыбысы құранды дыбыс. Й тектес үнді дауыссыз дыбыстан (бағынышты сыңары) басталып, I тектес қысаң дауысты дыбыспен (басым сыңары) аяқталады.

2. Е дыбысын айтқанда ерін емеурін (1-4) тартып тұрады. Еріннің қатысына қарай емеурін дауысты дыбыс болып табылады.

3. Е дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының орта тұсына (6) орналасады. Тілдің қатысына қарай тіл ортасы дауысты дыбыс болып табылады.

Дауысты жақ қатысына қарай (екінші сыңары) - қысаң, ерін қатысына қарай - емеурін, жасалу орнына қарай - тіл ортасы дыбыс.

Жасалым белгілері: емеурін, тіл ортасы, құранды (дифтонг) дауысты дыбыс.

Айтылымы:

1. Тілдің орта тұсы қатты таңдайға қарай жоғары көтеріліп (дөңес тартып), ауыз қуысын екіге бөледі. Көмей қуысы ауыз қуысынан үлкен болады. Тіл жатысына қарай ауыз қуысты дауысты дыбыс болып табылады.

2. Ерін емеурін тартылып, ауа екпіндей шығады. Еріннің қалпына қарай емеурін шығысты дауысты дыбыс болып табылады.


Айтылым белгілері: ауыз қуысты, емеурін шығысты дауысты дыбыс.

Естілімі:

1. Е дыбысы жіңішке үндесім әуезбен дыбысталады. Үндесім дыбысталуына қарай жіңішке әуезді дауысты дыбыс болып табылады.

2. Е дыбысы j-езу жасалым әуезбен дыбысталады. Жасалым дыбысталуына қарай j-езу әуезді дауысты дыбыс болып табылады.

Естілім белгілері: жіңішке, j-езу әуезді дауысты дыбыс.



11-сурет. Е дауысты дыбысының моделі (үлгісі)

Сонымен, қазақ тілі дауысты дыбыстарының жинақ жіктелім кестесін (I-кесте) әрі қарай таратып әкетуге болады. Дауыстылар әр жасалым белгілеріне орай топтап талданады.

1. Құрамына қарай:

а) жалаң дауысты дыбыстар бастан-аяқ бірыңғай дыбысталады - А, Ә, Ы, І, Ұ, Ү;

ә) Құранды дауысты дыбыстар бір дыбыстан басталып, екінші дыбыспен аяқталады - О, Ө, Е.

2. Жақ қатысына қарай:

а) ашық дауысты дыбыстар жақтың кең ашылып, тілдің төмен қалпы арқылы жасалады - А, Ә;

ә) қысаң дауысты дыбыстар жақтың тар ашылып, тілдің жоғары қалпы арқылы жасалады - Ы, І, Ұ, Ү.

б) құранды дауысты дыбыстарды екінші басымы сыңарының жасалым белгілеріне лайық, шартты түрде, қысаңдар қатарына жатқызуға болады. Шартты болу себебі құранды дауыстының бірінші бағынышты сыңарының жасалуына да жақтың өзінше қатысы бар.

3. Еріннің қатысына қарай:

а) еріндік дауысты дыбыстар еріннің дөңгеленуі арқылы жасалады - Ұ, Ү, О, Ө (ерін доғал дөңгеленіп жасалса, доғал ерін - Ұ, Ү, сүйір дөңгеленіп жасалса, сүйір ерін дауыстылар - О, Ө болып іштей екіге бөлінеді);

ә) езу дауысты дыбыстар еріннің бейтарап қалпы арқылы жасалады - А, Ә, Ы, І, Е (езумен жасалса, езу - А, Ә, Ы, І, емеурінмен жасалса, емеурін дауысты - Е болып іштей екіге бөлінеді).

4. Жасалу орнына қарай:

а) тіл ортасы дауысты дыбыстар тілдің орта тұсы арқылы жасалады - Ә, І, Ү;

ә) тіл арты дауысты дыбыстар тілдің артқы тұсы арқылы жасалады - А, Ы, Ұ;

б) құранды дауысты дыбыстар екінші басымы сыңарының жасалым белгісіне лайық, шартты түрде, тіл ортасы - Е, Ө, тіл арты - О болып жіктеледі. Мұның да шартты болу себебі: құранды дауыстының бірінші бағынышты сыңарының өз жасалу орны бар.

Құрамы	Жасалымы	Тіл алды		Тіл ортасы		Тіл арты	
		Езу	Ерін	Езу	Ерін	Езу	Ерін
Жалаң	Қысаң			І	Ү	Ы	Ұ
	Ашық			Ә		А	
Құранды				Е	Ө	О	

1-кесте. Дауысты дыбыстардың жасалым жіктелімі

Осы жасалым сипаттамаларды пайдаланып қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың жасалым белгілерінің жиынтық кестесін (2-кесте) жасап көрсетуге болады. Мұнда жалаң дауыстыларды

өз алдына, ал құранды дауыстыларды өз алдына бөліп қарауға да болады. Онда төртінші бағананың қажеті болмайды.

	ашық	езу	тіл арты	жалаң
А	ашық	езу	тіл ортасы	жалаң
Ә	қысаң	езу	тіл арты	жалаң
Ы	қысаң	езу	тіл ортасы	жалаң
І	қысаң	ерін	тіл арты	жалаң
Ұ	қысаң	ерін	тіл ортасы	жалаң
Ү		ерін	тіл арты	құранды
О		ерін	тіл ортасы	құранды
Ө		езу	тіл ортасы	құранды

2-кесте. Дауысты дыбыстардың жасалым белгілері

Дауысты дыбыстардың жасалым белгілерінің жүйесіне (3-кесте) қарап, кез келген екі дауысты дыбыстың ортақ және айырым белгілерін оңай табуға болады. Кестедегі қосу (+) таңбасы белгі дауыстыға тән деген сөз, ал алу (-) таңбасы - тән емес деген сөз.

Екі дауысты дыбыстың арасында ең кем дегенде бір айырым белгі болу керек. Барлық белгілері бірдей екі дауысты дыбыс болмайды және болуы мүмкін емес.

Бұл кестеде де жалаң және құранды дауыстыларды бөлек-бөлек қарауға болады. Онда соңғы “құрамы” деген бағананың қажеті жоқ.

Мысалы:

- А-Ә дауыстыларының екі ортақ (+) (екеуі де ашық және езулік), бір айырым (-) (біріншісі тіл арты, екіншісі тіл ортасы) белгілері бар;

жасалу жолы	жақ қатысы		ерін қатысы		тіл қатысы		құрамы	
	ашық	қысаң	езу	ерін	тіл арты	тіл ортасы	жалаң	құранды
А	+	-	+	-	+	-	+	-
Ә	+	-	+	-	-	+	+	-
Ы	-	+	+	-	+	-	+	-
І	-	+	+	-	-	+	+	-
Ұ	-	+	-	+	+	-	+	-
Ү	-	+	-	+	-	+	+	-
О			-	+	+	-	-	+
Ө			-	+	-	+	-	+
Е			+	-	-	+	-	+

3-кесте. Дауысты дыбыстардың жасалым белгілерінің жүйесі

- А-Ұ дауыстыларының бір ортақ (+) (екеуі де тіл арты), екі айырым (біріншісі ашық және езулік, екіншісі қысаң және еріндік) белгілері бар;

- А-Ү дауыстыларының ортақ (+) белгісі жоқ, оның есесіне үш айырым (-) белгісі (біріншісі - ашық, езулік, тіл арты, екіншісі - қысаң, еріндік, тіл ортасы) бар.

Осы жолмен барлық дауыстыларды бір-бірімен салыстырып шығуға болады.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар құрамына қарай жалаң және құранды болып екі топқа бөлінеді. Жалаң дауыстылар қоспасыз бірыңғай таза дыбысталады. Ал құранды дауыстылардың сапасы күрделі болады. Қазақ тілінің құранды дауыстылары екі сыңардан тұрады. Оның алғашқы сыңары үнді дауыссыз болып басталып, соны толық дауысты дыбысқа айналады. Құранды дауыстылардың сыңарларының жасалым, айтылым және естілім деңгейі де анық аңғарылады.

Қазақ тілінде тіл алды дауысты дыбыстар жоқ.

Кірме әріптер. Қазақ тіліне енген (4-кесте) кірме әріптер жеке дауысты дыбыстардың таңбасы емес. Олар арқылы қазақ тіліндегі қысаң дауыстылар мен үнді Й, У (w) дауыссыздарының тіркесі белгіленеді. Мысалы: ми - мый, сирақ - сыйрақ, сирек - сйрек, бу - бүү, суық - сұуық, сурет - сүурет т.б.

И <	ЫЙ	У <	ҰУ	Я <	ЙА	Ю <	ЙҰУ
	ИЙ		ҮУ		ЙӘ		ЙҮУ

4-кесте. Кірме әріптердің дыбыс құрамы

1.3.2. Дауыссыз дыбыстар

Қазақ тілінің төл дауыссыз дыбыстарының жүйесі 17 дыбыстан құралады. Олар: Б, Д, Ғ-Г, Ж, З, Й, Қ-К, Л, М, Н, Ң, П, Р, С, Т, У(w), Ш. Дәстүр бойынша Қ-К, Ғ-Г дыбыстарының жасалым айырмашылықтарын ескеріп, жеке-жеке дауыссыздар деп есептеп келеді. Бұл жерде олардың бір дауыссыздың үндесім варианты екендігі ескеріліп, керісінше, бір дауыссыз деп қарастырылып отыр (ол туралы “үндесім тарауда” кең айтылады).

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жасалым қорындағы орындары барлық нүктелерді қамтиды.

І. Жасалу орнына қарай:

а) ерін-ерінді дауыссыздар (тоғысыңқы және жуысыңқы) - 1-нүктеде жасалады;

ә) тіл ұшы дауыссыздар (тоғысыңқы және жуысыңқы) - 2 - нүктеде жасалады;

б) тіл ортасы дауыссыздар (тоғысыңқы және жуысыңқы) - 3 - нүктеде жасалады;

в) тілшік дауыссыздар (тоғысыңқы және жуысыңқы) - 4 - нүктеде жасалады.

2. Дауыс қатысына қарай:

а) қатаң дауыссыздар 5-4 нүкте арқылы жасалады, яғни дауыс желбезегі тербелмейді (түзу сызық);

ә) ұян дауыссыздар 5-3 нүкте арқылы жасалады, яғни дауыс желбезегі жартылай тербеледі (төменгі ирек сызық);

б) үнді дауыссыздар 5-2 нүкте арқылы жасалады, яғни дауыс желбезегі мол тербеледі (ортаншы ирек сызық).

Сонымен дауыссыз дыбыстардың жасалымы - үш айырым белгісі (жасалу орны, дауыс қатысы, жасалу тәсілі), айтылымы - екі айырым белгісі (ауыз бен көмей қуысының өзара қатынасы, тоғысым-жуысым күші), естілімі - екі айырым белгісі (тоғысым-жуысым қарқыны, үн қатысы) арқылы сипатталады.

Дауыссыз дыбыстардың басты жіктелім белгісі дауыс қатысы болып табылады. Дауыссыздар дауыс қатысына қарай “қатаң, ұян, үнді” болып бөлінеді. Аталған атаулар жасалым белгілердің қатарына жатпайды, олар дыбыстың естіліміне тікелей қатысты. Алайда, дәстүрлі фонетикада олар жасалым белгілер ретінде қалыптасып қалғандықтан, дәстүрді бұзбай, сол күйінде қалдыруға тура келді. Шындығында дауыс желбезегінің тербелісіне қатысты жасалым белгілер ретінде “бейтербеліңкі немесе тербеліссіз (қатаң), жартылай тербеліңкі немесе тербеліңкі (ұян), мол тербеліңкі немесе тербелімді (үнді)” деген атауларды алған жөн.

Сонымен, дауыссыз дыбыстар алдымен қатаң, ұян, үнді болып үш топқа бөлінеді. Әрі қарай әрбір топтағы дыбыстар іштей жасалу орны мен жасалу тәсіліне жіктеледі (дауыссыз дыбыстардың жасалым моделі “үндесім тарауында” беріледі).

✓ 1.3.2.1. Қатаң дауыссыз дыбыстар

Қазақ тіліндегі қатаң дауыссыз дыбыстардың құрамы төмендегідей: П, Т, Қ-К, С, Ш. Бұлар қазақ тіліне тән төл дауыссыз дыбыстардың қатарына жатады. Қатаң дауыссыз дыбыстардың бәріне ортақ белгі - дауыстың қатыспауы. Басқаша айтқанда, қатаң дауыссыз дыбыс-

тардың жасалуына дауыс желбезегі қатыспай, бейтарап қалады. Қатаң дауыссыздарды ұйыстырып отыратын бірегей белгі осы болып табылады.

П дауыссыз дыбысы

Жасалымы:

1. П дауыссыз дыбысы қос ерін арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай ерін-ерінді дауыссыз болып табылады.

2. П дауыссыз дыбысы қос (астыңғы және үстіңгі) еріннің тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай қатаң (тербеліссіз) дауыссыз дыбыс болып табылады.

3. П дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі тербелмейді, яғни қатыспайды. Дауыс қатысына қарай қатаң (тербеліссіз) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: ерін-ерінді, тоғысыңқы, қатаң дауыссыз дыбыс.

Т дауыссыз дыбысы

Жасалымы:

1. Т дауыссыз дыбысы тіл ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шегарасы арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай тіл ұшы дауыссыз болып табылады.

2. Т дауыссыз дыбысы тіл ұшының күрек тіс-қызыл иек шегарасымен тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай тоғысыңқы дауыссыз дыбыс болып табылады.

3. Т дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі тербелмейді, яғни қатыспайды. Дауыс қатысына қарай қатаң (тербеліссіз) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: тіл ұшы, тоғысыңқы, қатаң дауыссыз дыбыс.

Қ (-К) дауыссыз дыбысы

Жасалымы:

1. Қ дауыссыз дыбысы тіл түбі мен тілшік арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай тілшік дауыссыз болып табылады.

2. Қ дауыссыз дыбысы тіл түбі мен тілшіктің тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай тоғысыңқы дауыссыз дыбыс болып табылады.

3. Қ дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі тербелмейді, яғни қатыспайды. Дауыс қатысына қарай қатаң (тербеліссіз) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: тілшік, тоғысыңқы, қатаң дауыссыз дыбыс.

К дауыссыз дыбысы

Жасалымы:

1. К дауыссыз дыбысы тіл ортасы мен таңдай арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай тіл ортасы дауыссыз болып табылады.

2. К дауыссыз дыбысы тіл ортасы мен таңдайдың тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай тоғысыңқы дауыссыз дыбыс болып табылады.

3. К дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі тербелмейді, яғни қатыспайды. Дауыс қатысына қарай қатаң (тербеліссіз) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: тілшік, тоғысыңқы, қатаң дауыссыз дыбыс.

С дауыссыз дыбысы

Жасалымы:

1. С дауыссыз дыбысы тіл ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шегарасы арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай тіл ұшы дауыссыз болып табылады.

2. С дауыссыз дыбысы тіл ұшының күрек тіс-қызыл иек шегарасымен жинақы жуысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай жинақы жуысыңқы дауыссыз дыбыс болып табылады.

3. С дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі тербелмейді, яғни қатыспайды. Дауыс қатысына қарай қатаң (тербеліссіз) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: тіл ұшы, жинақы жуысыңқы, қатаң дауыссыз дыбыс.

Ш дауыссыз дыбысы

Жасалымы:

1. Ш дауыссыз дыбысы тілдің ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шегарасында жасалады. Жасалу орнына қарай тіл ұшы дауыссыз болып табылады.

2. Ш дауыссыз дыбысы тіл ұшының күрек тіс-қызыл иек шегарасымен жайылыңқы жуысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай жайылыңқы жуысыңқы дауыссыз дыбыс болып табылады.

3. Ш дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі тербелмейді, яғни қатыспайды. Дауыс қатысына қарай қатаң (тербеліссіз) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: тіл ұшы, жайылыңқы жуысыңқы, қатаң дауыссыз дыбыс.

Қазақ тілінің жасалым қорында барлық жасалым нүктелер қатаң дауыссыз дыбыстарға қатысты. Ерін арқылы П, тіл ұшы арқылы Т, С, Ш, тілшік арқылы Қ (тіл ортасы арқылы К) дыбысы жасалады.

Қазақ тілінде тіл арты арқылы жасалатын қатаң дауыссыз дыбыс жоқ.

Қазақ тілінің жасалым қорындағы жасалым тәсілдерінің қатаң дауыссыз дыбыстарға қатысты тоғысыңқы мен жуысыңқы болып шықты. Ерін тоғысымы арқылы П дыбысы, тіл ұшы тоғысымы арқылы Т дыбысы, тілшік тоғысымы арқылы Қ (тіл ортасы тоғысымы арқылы К), тіл ұшы жинақы жуысымы арқылы С, жайылыңқы жуысымы арқылы Ш дыбысы жасалады.

Қатаң дауыссыз дыбыстар бес дыбыстан құралады.

Сонымен қатаң дауыссыз дыбыстар тобына бір ортақ белгі (дауыс қатысы), екі айырым белгі (жасалу орны мен жасалу тәсілі) тән.

1.3.2.2. ✓ Ұяң дауыссыз дыбыстар

Қазақ тіліндегі ұяң дауыссыз дыбыстардың құрамы төмендегідей: Б, Д, Ғ-Г, З, Ж. Бұлар қазақ тіліне тән төл дауыссыз дыбыстардың қатарына жатады. Ұяң дауыссыз дыбыстардың бәріне ортақ белгі - дауыстың жартылай қатысуы. Басқаша айтқанда, ұяң дауыссыз дыбыстардың жасалымына дауыс желбезегі жартылай (тербеліңкі) қатысады, жартылай тербеледі. Ұяң дауыссыздарды ұйыстырып отыратын бірегей белгі осы болып табылады.

Б дауыссыз дыбысы

Жасалымы:

1. Б дауыссыз дыбысы қос ерін арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай ерін-ерінді дауыссыз болып табылады.

2. Б дауыссыз дыбысы қос (астыңғы және үстінгі) еріннің тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай тоғысыңқы дауыссыз дыбыс болып табылады.

3. Б дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі жартылай тербеледі, яғни жартылай қатысады. Дауыс қатысына қарай ұяң (тербеліңкі) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: ерін-ерінді, тоғысыңқы, ұяң дауыссыз дыбыс.

Д дауыссыз дыбысы

Жасалымы:

1. Д дауыссыз дыбысы тіл ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шегарасы арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай тіл ұшы дауыссыз болып табылады.

2. Д дауыссыз дыбысы тіл ұшының күрек тіс-қызыл иек шегарасымен тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай тоғысыңқы дауыссыз дыбыс болып табылады.

3. Д дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі жартылай тербеледі, яғни жартылай қатысады. Дауыс қатысына қарай ұяң (тербеліңкі) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: тіл ұшы, тоғысыңқы, ұяң дауыссыз дыбыс.

Ғ (-Г) дауыссыз дыбысы

Жасалымы:

1. Ғ дауыссыз дыбысы тіл түбі мен тілшік арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай тілшік дауыссыз болып табылады.

2. Ғ дауыссыз дыбысы тіл түбі мен тілшіктің тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай тоғысыңқы дауыссыз дыбыс болып табылады (сөз ортасында жуысыңқы болып жасалады).

3. Ғ дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі жартылай тербеледі, яғни жартылай қатысады. Дауыс қатысына қарай ұяң (тербеліңкі) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: тілшік, тоғысыңқы (жуысыңқы), ұяң дауыссыз дыбыс.

Г дауыссыз дыбысы

Жасалымы:

1. Г дауыссыз дыбысы тіл ортасы мен таңдай арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай тіл ортасы дауыссыз болып табылады.

2. Г дауыссыз дыбысы тіл ортасы мен таңдайдың тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай тоғысыңқы дауыссыз дыбыс болып табылады (сөз ортасында жуысыңқы болып жасалады).

3. Г дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі жартылай тербеледі, яғни жартылай қатысады. Дауыс қатысына қарай ұяң (тербеліңкі) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: тіл ортасы, тоғысыңқы (жуысыңқы), ұяң дауыссыз дыбыс.

З дауыссыз дыбысы

Жасалымы:

1. З дауыссыз дыбысы тіл ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шегарасы арқылы жасалады.

Жасалу орнына қарай тіл ұшы дауыссыз болып табылады.

2. З дауыссыз дыбысы тіл ұшының күрек тіс-қызыл иек шегарасымен жинақы жуысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай жинақы жуысынқы дауыссыз дыбыс болып табылады.

3. З дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі жартылай тербеледі, яғни жартылай қатысады. Дауыс қатысына қарай ұяң (тербелінкі) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: тіл ұшы, жинақы жуысынқы, ұяң дауыссыз дыбыс.

Ж дауыссыз дыбысы

Жасалымы:

1. Ж дауыссыз дыбысы тілдің ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шегарасында жасалады. Жасалу орнына қарай тіл ұшы дауыссыз болып табылады.

2. Ж дауыссыз дыбысы тіл ұшының күрек тіс-қызыл иек шегарасымен жайылыңқы жуысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай жайылыңқы жуысынқы дауыссыз дыбыс болып табылады (сөз басында жабысынқы, яғни аффрикат болып жасалады).

3. Ж дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі жартылай тербеледі, яғни жартылай қатысады. Дауыс қатысына қарай ұяң (тербелінкі) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: тіл ұшы, жайылыңқы жуысынқы, ұяң дауыссыз дыбыс.

Қазақ тілінің жасалым қорындағы барлық жасалым нүктелер ұяң дауыссыз дыбыстарға қатысты. Ерін арқылы Б, тіл ұшы арқылы Д, З, Ж, тілшік арқылы Ғ (тіл ортасы арқылы Г) дыбысы жасалады.

Қазақ тілінде тіл арты арқылы жасалатын ұяң дауыссыз дыбыс жоқ.

Қазақ тілінің жасалым қорындағы жасалым тәсілдерінің ұяң дауыссыз дыбыстарға қатысты тоғысынқы мен жуысынқы болып шықты. Ерін тоғысымы арқылы Б, тіл ұшы тоғысымы арқылы Д, тілшік тоғысымы арқылы Ғ (тіл ортасы тоғысымы арқылы Г), тіл ұшы жинақы жуысымы арқылы З, жайылыңқы жуысымы арқылы Ж дыбысы жасалады. Ал, тіл ортасы жуысымы арқылы Г дыбысының (тілшік жуысымы арқылы Ғ дыбысының) жуысынқы, Ж дыбысының жабысынқы (аффрикат ДЖ) варианттары жасалады.

Ұяң дауыссыздар бес дыбыстан құралады.

Сонымен, ұяң дауыссыз дыбыстар тобына бір ортақ белгі (дауыс қатысы), екі айырым белгі (жасалу орны мен жасалу тәсілі) тән. Жасалу тәсілі іштей тағы түрлене береді.

1.3.2.3. Үнді дауыссыз дыбыстар

Қазақ тіліндегі үнді дауыссыз дыбыстардың құрамы төмендегідей: М, Н, Ң, Р, Л, Й, У. Бұлар қазақ тіліне тән төл дауыссыз дыбыстардың қатарына жатады. Үнді дауыссыз дыбыстардың бәріне ортақ белгі - дауыстың мол қатысуы. Басқаша айтқанда, үнді дауыссыз дыбыстардың жасалуына дауыс желбезегі мол қатысады, мол тербеледі. Үнді дауыссыздарды ұйыстырып отыратын бірегей белгі осы болып табылады.

М дауыссыз дыбысы

Жасалымы:

1. М дауыссыз дыбысы қос ерін арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай ерін-ерінді дауыссыз болып табылады.

2. М дауыссыз дыбысы қос (астыңғы және үстіңгі) еріннің тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай тоғысынқы дауыссыз дыбыс болып табылады.

3. М дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі, яғни мол қатысады. Дауыс қатысына қарай үнді (тербелімді) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: ерін, тоғысынқы, үнді дауыссыз дыбыс.

Н дауыссыз дыбысы

Жасалымы:

1. Н дауыссыз дыбысы тілдің ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шегарасы арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай тіл ұшы дауыссыз болып табылады.

2. Н дауыссыз дыбысы тіл ұшының күрек тіс-қызыл иек шегарасымен тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай тоғысынқы дауыссыз дыбыс болып табылады.

3. Н дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі, яғни мол қатысады. Дауыс қатысына қарай үнді (тербелімді) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: тіл ұшы, тоғысынқы, үнді дауыссыз дыбыс.

Ң дауыссыз дыбысы

Жасалымы:

1. Ң дауыссыз дыбысы тіл арты мен тілшік арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай тілшік дауыссыз болып табылады.

2. Ң дауыссыз дыбысы тіл арты мен тілшіктің тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай тоғысыңқы дауыссыз дыбыс болып табылады.

3. Ң дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі, яғни мол қатысады. Дауыс қатысына қарай үнді (тербелімді) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: тілшік, тоғысыңқы, үнді дауыссыз дыбыс.

Р дауыссыз дыбысы

Жасалымы:

1. Р дауыссыз дыбысы тілдің ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шегарасы арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай тіл ұшы дауыссыз болып табылады.

2. Р дауыссыз дыбысы тіл ұшының күрек тіс-қызыл иек шегарасымен қақтығысуы (тоғысым-жуысымы) арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай діріл дауыссыз дыбыс болып табылады.

3. Р дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі, яғни мол қатысады. Дауыс қатысына қарай үнді (тербелімді) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: тіл ұшы, діріл, үнді дауыссыз дыбыс.

Л дауыссыз дыбысы

Жасалымы:

1. Л дауыссыз дыбысы тілдің ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шегарасында жасалады. Жасалу орнына қарай тіл ұшы дауыссыз болып табылады.

2. Л дауыссыз дыбысын айтқанда тіл ұшының күрек тіс-қызыл иек шегарасымен тоғысып, тілдің екі жаны ашық қалады. Жасалу тәсіліне қарай жанама жуысыңқы дауыссыз дыбыс болып табылады.

3. Л дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі, яғни мол қатысады. Дауыс қатысына қарай үнді (тербелімді) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: тіл ұшы, жанама жуысыңқы үнді дауыссыз дыбыс.

Й дауыссыз дыбысы

Жасалымы:

1. Й дауыссыз дыбысы тіл түбі мен тілшік арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай тілшік дауыссыз болып табылады.

2. Й дауыссыз дыбысы тіл түбі мен тілшіктің

жуысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай жуысыңқы дауыссыз дыбыс болып табылады.

3. Й дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі, яғни мол қатысады. Дауыс қатысына қарай үнді (тербелімді) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: тілшік, жуысыңқы үнді дауыссыз дыбыс.

У (W) дауыссыз дыбысы

Жасалымы:

1. У (w) дауыссыз дыбысы қос ерін арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай ерін-ерінді дауыссыз болып табылады.

2. У (w) дауыссыз дыбысы қос (астыңғы және үстіңгі) еріннің дөңгелене жуысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай жуысыңқы дауыссыз дыбыс болып табылады.

3. У (w) дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі, яғни мол қатысады. Дауыс қатысына қарай үнді (тербелімді) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: ерін-ерінді, жуысыңқы, үнді дауыссыз дыбыс.

Қазақ тілінің жасалым қорындағы барлық жасалым нүктелер үнді дауыссыз дыбыстарға қатысты. Ерін арқылы М, У, тіл ұшы арқылы Н, Р, Л, тілшік арқылы Ң, Й дыбысы жасалады.

Қазақ тілінде тіл арты арқылы жасалатын үнді дауыссыз дыбыс жоқ.

Қазақ тілінің жасалым қорындағы жасалым тәсілдерінің үнді дауыссыз дыбыстарға қатысты тоғысыңқы, жуысыңқы, діріл, жанама болып шығады. Ерін тоғысымы арқылы М, тілшік тоғысымы арқылы Ң, тіл ұшы тоғысымы арқылы Н, тіл ұшы діріл жуысымы арқылы Р, тіл ұшы жанама жуысымы арқылы Л, тілшік жуысымы арқылы Й, ерін-ерін жуысымы арқылы У дыбысы жасалады.

Үнді дауыссыздар жеті дыбыстан құралады.

Сонымен, үнді дауыссыз дыбыстар тобына бір ортақ белгі (дауыс қатысы), екі айырым белгі (жасалу орны мен жасалу тәсілі) тән. Жасалу тәсілі іштей тағы түрлене береді.

Дауыссыз дыбыстардың толық жасалым кестесінде (5-кесте) олардың тілде бар барлық варианттары ескерілді. Ж дауыссызының жабысыңқы ДЖ варианты, Ғ-Г дауыссызының сөз ортасындағы жуысыңқы варианттары, сондай-ақ К, Ғ, дауыссыздарының “дәстүрлі” жіңішке үндесім варианттары К, Г дауыссыздары еніп отыр. Себебі, бұл дыбыстардың бәрі қазіргі қазақ әдеби тілінде өзге дыбыстармен тең жүр.

Жасалу тәсілі		дауыс қатысы	Жасалу орны				
			ерін	тіл ұшы	тіл ортасы	тіл арты	тіл-шік
тоғысыңқы		қатаң	П	Т	К		Қ
		ұяң	Б	Д	Г		Ғ
		үнді	М	Н			Ң
ж у ы	жа-йы-лық	қатаң		Ш			
		ұяң		Ж	Г		Ғ
		үнді					Й
с ы ң	жи-на-қы	қатаң		С			
		ұяң		З			
		үнді	У(w)				
к ы	діріл жанама			Р			
				Л			
жабы-сын-қы		қатаң					
		ұяң		ДЖ			
		үнді					

5-кесте. Дауыссыз дыбыстардың толық жасалым жіктелімі

Енді бірте-бірте вариант дыбыстарды шығарып тастап, дауыссыздардың “фонетикалық” құрамын ғана қалдыру керек. Алдымен Ж дауыссызының сөз басында ғана кездесетін орнығым варианты (позиционный вариант) жабысыңқы “ДЖ” дыбысы, F-Г дауыссызының сөз ортасындағы жуысыңқы орнығым варианты мен Қ, Ғ дауыссыздарының бұл жерде басы артық жіңішке үндесім варианттары К, Г дыбыстары алынып тасталады (олар төмендегі үндесім талдауда басқа дауыссыздардың жіңішке варианттарымен қатар ескеріледі). Сөйтіп қазақ тілі дауыссыз дыбыстарының 17 дыбыстан тұратын құрамы шықты (6-кесте).

Дауыссыз дыбыстардың жасалым кестесін әрі қарай таратып әкетуге болады. Дауыссыздар әр жасалым белгілеріне орай топтап талданады.

1. Дауыс қатысына қарай:

а) қатаң дауыссыз дыбыстар жасалғанда дауыс желбезегі тербелмей, бейтарап қалады: П, Т, Қ-К, С, Ш;

ә) ұяң дауыссыз дыбыстар жасалғанда дауыс желбезегі жартылай тербеледі: Б, Д, Ғ-Г, З, Ж;

б) үнді дауыссыз дыбыстар жасалғанда дауыс желбезегі мол тербеледі: М, Н, Ң, Р, Л, Й, У.

Жасалу тәсілі		дауыс қатысы	Жасалу орны				
			ерін	тіл ұшы	тіл ортасы	тіл арты	тіл-шік
тоғысыңқы		қатаң	П	Т	К		Қ
		ұяң	Б	Д	Г		Ғ
		үнді	М	Н			Ң
ж у ы	жа-йы-лық	қатаң		Ш			
		ұяң		Ж			
		үнді					Й
с ы ң	жи-на-қы	қатаң		С			
		ұяң		З			
		үнді	У(w)				
к ы	діріл жанама			Р			
				Л			

6-кесте. Тірек дауыссыз дыбыстардың жасалым жіктелімі

2. Жасалу орнына қарай:

а) ерін-ерінді дауыссыз дыбыстар ерін мен еріннің тоғысымы (не жуысымы) арқылы жасалады: П, Б, М, У;

ә) тіл ұшы дауыссыз дыбыстар тіл ұшы мен қызыл иектің тоғысымы (не жуысымы) арқылы жасалады: Т, Д, Н, С, З, Р, Ш, Ж, Л;

б) тілшік (тіл ортасы) дауыссыз дыбыстар тілшік (тіл ортасымен) пен тіл түбінің (таңдайдың) тоғысымы (не жуысымы) арқылы жасалады: Қ (-К), Ғ (-Г), Ң, Й.

3. Жасалу тәсіліне қарай:

а) тоғысыңқы дауыссыз дыбыстар сөйлеу мүшелерінің бір-бірімен тоғысымы арқылы жасалады: П, Б, М, Т, Д, Н, К (-К), Ғ (-Г), Ң;

ә) жуысыңқы дауыссыз дыбыстар сөйлеу мүшелерінің бір-бірімен жуысымы арқылы - С, З, Ш, Ж, Й, У (Ғ-Г), діріл жуысымы - Р, жанама жуысымы - Л арқылы жасалады.

Осы жасалым сипаттамаларды пайдаланып қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың жасалым белгілерінің жиынтық кестесін (7-кесте) жасап көрсетуге болады.

ДЫ-БЫСТАР	ДАУЫС ҚАТЫСЫ	ЖАСАЛУ ОРНЫ	ЖАСАЛУ ТӘСІЛІ
П	қатаң	ерін-ерінді	тоғысыңқы
Б	ұяң	ерін-ерінді	тоғысыңқы
М	үнді	ерін-ерінді	тоғысыңқы
Т	қатаң	тіл ұшы	тоғысыңқы
Д	ұяң	тіл ұшы	тоғысыңқы
Н	үнді	тіл ұшы	тоғысыңқы
Қ (-К)	қатаң	тілшік (тіл ортасы)	тоғысыңқы
Ғ (-Г)	ұяң	тілшік (тіл ортасы)	тоғысыңқы
Ң	үнді	тілшік	тоғысыңқы
С	қатаң	тіл ұшы	жинақы жуысыңқы
З	ұяң	тіл ұшы	жинақы жуысыңқы
Р	үнді	тіл ұшы	діріл жуысыңқы
Ш	қатаң	тіл ұшы	жайлық жуысыңқы
Ж	ұяң	тіл ұшы	жайлық жуысыңқы
Л	үнді	тіл ұшы	жанама жуысыңқы
Й	үнді	тілшік	жуысыңқы
У (w)	үнді	ерін-ерінді	жуысыңқы

7-кесте. Дауысты дыбыстардың жасалым белгілері

Дауыссыз дыбыстардың жасалым белгілерінің жүйесіне (8-кесте) қарап, кез-келген екі дауыссыз дыбыстың ортақ және айырым белгілерін оңай табуға болады. Кестедегі қосу (+) таңбасы белгі дауыссызға тән деген сөз, ал алу (-) таңбасы - тән емес деген сөз.

ДАУЫС СЫЗ ДАР	ДАУЫС КАТЫСЫ				ЖАСАЛУ ОРНЫ			ЖАСАЛУ ТӘСІЛІ				
	КА ТА Н	Ү Я Ң	Ү Н Д І	Е Р І Н	Т І Л Ү Ш Ы	О Р Т А С Ы	Т І Л Ш І К	ЖУЫСЫҢҚЫ				
								Т О Ғ Ы С Ы Ң Қ Ы	Ж И Н А Қ Ы	Ж А Й Л Ы Ң Қ Ы	Д І Р І Л	Ж А Н А М А
П	+	-	-	+	-	-	-	+	-	-	-	-
Б	-	+	-	+	-	-	-	+	-	-	-	-
М	-	-	+	+	-	-	-	+	-	-	-	-
Т	+	-	-	-	+	-	-	+	-	-	-	-
Д	-	+	-	-	+	-	-	+	-	-	-	-
Н	-	-	+	-	+	-	-	+	-	-	-	-
К (-К)	+	-	-	-	-	(+)	+	+	-	-	-	-
Ғ (-Ғ)	-	+	-	-	-	(+)	+	+	-	-	-	-
Ң	-	-	+	-	+	-	+	+	-	-	-	-
С	+	-	-	-	+	-	-	-	+	-	-	-
З	-	+	-	-	+	-	-	-	+	-	-	-
Р	-	-	+	-	+	-	-	-	-	-	+	-
Ш	+	-	-	-	+	-	-	-	-	+	-	-
Ж	-	+	-	-	+	-	-	-	-	+	-	-
Л	-	-	+	-	-	-	-	-	-	-	-	+
Й	-	-	+	-	-	-	+	-	-	+	-	-
У (w)	-	-	+	+	-	-	-	-	+	-	-	-

8-кесте. Дауыссыз дыбыстардың жасалым белгілерінің жүйесі

Екі дауыссыз дыбыстың арасында ең кем дегенде бір айырым белгі болу керек. Барлық белгілері бірдей екі дауыссыз дыбыс болмайды және болуы мүмкін емес. Мысалы:

- П-Б дауыссыз дыбыстарының екі ортақ (+) - екеуі де ерін және тоғысыңқы, бір айырым (-) - біріншісі қатаң, екіншісі ұяң белгілері бар;

- П-Д дауыссыз дыбыстарының бір ортақ (+) - екеуі де тоғысыңқы, екі айырым (-) - біріншісі қатаң және ерін, екіншісі ұяң және тіл ұшы белгілері бар;

- П-Й дауыссыз дыбыстарының ортақ белгісі (+) жок, оның есесіне үш айырым (-) - біріншісі қатаң, ерін және тоғысыңқы, екіншісі үнді, тілшік және жуысыңқы белгілері бар.

Осы жолмен барлық дауыссыздарды бір-бірімен салыстырып шығуға болады. Сөйтіп дауыссыз дыбыстардың өз ара екі ортақ, бір айырым немесе бір ортақ, екі айырым немесе үш бірдей айырым белгілері болуы мүмкін.

Дәстүрлі фонетикада дауыссыздардың фонетикалық құрамына кейбір дыбыстардың үндесім варианттарын қосып жіберген. Сондықтан да төл дауыссыздардың санын әркім әр түрлі айтып жүр. Фонетикалық қисынды ұстанатын болса, онда қазақ тілінде 17 дауыссыз дыбыс бар, ал олардың үндесім варианттары үндесім (фонологиялық) талдаудың үлесіне тиеді.

Қазақ тілінің дауыссыз дыбыстары дауыс қатысына қарай қатаң, ұяң, үнді болып үш топқа бөлінеді. Мұның өзі дауыссыздардың дауыс қатысына қарай жіктелімі қазақ тілі үшін актуал құбылыс екенін көрсетеді, әсіресе, морфология деңгейі үшін аса қажет жіктелім. Себебі түбір мен қосымшалардың іргелес үндесімі осы жіктелімге тікелей байланысты.

Дәстүрлі фонетикада бір дыбыстың құлаққа айқын шалынатын екі үндесім вариантын екі дауыссыз дыбыс деп қарау бар (Қ-К, Ғ-Г). Сонымен қатар жасалымы солармен бірдей кейбір дыбыстардың естілімі көмескі үндесім варианттарын аңғармай (ескермей) кету де бар (Ң-Ң, Й-Й). Сонда бұл жерде жіктелім белгі ретінде естілім қисыны ғана алынған: егер екі үндесім варианты құлаққа екі дыбыс болып анық естілсе, екі дауыссыз деп, ал анық естілмесе (жасалым алшақтығына қарамай) бір дыбыс деп таңылған.

Қазақ тіліндегі тіл ұшы жуысыңқы дауыссыздардың жүйесі күрделі болып шықты. Олар үшін “жуысыңқы” белгісі бәріне ортақ. Оның үстіне “тіл ұшы” белгісі де ортақ болып шықты. Ендеше, тіл ұшы жуысыңқы дауыссыздар іштей тағы жіктелу керек. Олардың іштей жіктелім белгілері “жинақы, жайылық, діріл, жанама” болып шықты.

Кейбір дауыссыздардың орнығым варианттары (сөз басында, сөз ортасында) әдеби айтылым ретінде жүргендіктен оның бәрі ескерілді.

Қазақ тілінде дәстүр бойынша сақталып келе жатқан х, һ әріптері бар. Олар бірлі-жарым сөздерде жазылғанымен (хат, халық, қаһар, жиһаз т.б.), айтылуда “к” дыбысының сөз ортасындағы дауысты аралық жуысыңқы варианты ретінде дыбысталады. Сөз басында “х” әрпі тоғысыңқы “к” болып айтылады. Ал “һ” әрпінің қазақша айтылым үлгісі жоқ.

Фонетикалық талдаудың нәтижесі келесі үндесім (фонологиялық) талдаудың бастауы болмақшы.

1.4. ҚАЗАҚ ТІЛІ ҮНДЕСІМ ДЫБЫСТАРЫ

1.4.1. Қазақ тіліндегі үндесім құбылысы

Тіл-тілде сөздің құрамындағы дауысты-дауыссыз дыбыстарды ұйыстырып, бас-аяғы бүтін бір сөз етіп тұратын лингвистикалық құбылыс болады. Ондай құбылыс барлық тілге бірдей ортақ болмайды, бір не туыстас тілдер тобына ғана

тән болады. Қазақ (түркі) тіліне тән мұндай құбылыс - үндесім (сингармонизм) құбылысы немесе үндесім заңы (сингармонизм заңы).

Үндесім заңы дыбыстарды алдымен буынға біріктіреді (егер сөз бір буынды болса), содан соң буындарды сөзге біріктіреді (егер сөз екі не көп буынды болса). Ендеше үндесім құбылысы - буын мен сөзге тән бірлік. Сондықтан да үндесім талдаудың желісі сөзден буынға, буынан дыбысқа қарай тартылады. Оны төмендегідей тізбекпен көрсетуге болады.



Қазақ сөзін (буынын) сөз етіп тұрған үндесім болғандықтан, қазақ тіліндегі дыбыстардың нағыз құрамы (саны) мен жүйесін тек үндесім талдаудың нәтижесінде ғана табуға болады.

Бұған дейінгі фонетикалық талдаудың нәтижесі дыбыстардың ықшамдалған құрамы мен сипаттамасы болып табылады. Басқаша айтқанда, қазақ тіліндегі дыбыстардың жуан езулік үндесім варианттарын ғана, яғни “әліпби” дыбыстар талданды. Бұл айтылған жай дауыссыз дыбыстарға қатысты.

Ал дауысты дыбыстардың керісінше, үндесім құрамы талданады. Олардың жуан-жіңішке, еріндік-езулік үндесім варианттары түгел қамтылды.

Себебі, дәстүрлі қазақ фонетикасы дауысты дыбыстарды үндесім (фонология) тұрғысынан, ал дауыссыздарды “әліпби-дыбыс” (бейүндесім) тұрғысынан қарастырып келеді. Сөйтіп, қазақ дыбыстарының жартысы бір қисынмен, жартысы екінші қисынмен түсіндіріледі. Осыған орай, “қазақ тілінде тек дауыстылар үндеседі, ал дауыссыздар көрші дауыстының ықпалында болады” деген ереженің жаңсақ екенін айта кету керек. Егер қазақ тілділер сөздердің үндесім үлгісін жеңіл және үйреншікті айта беретін болса, ол ана сүтімен қалыптасқан дағды болғандықтан қиналмайды. Оның себебі, дауыстылардың дауыссыздарды икемдеп жатқандығынан емес, сөздің үндесім моделі сөйлермен санасында орнықты тұрғандығынан.

Сондықтан да осыған дейін бұл еңбекте де сол “үйреншікті” дәстүр сақталып, дауыстылардың үндесім құрамы, дауыссыздардың “әліпби” құрамы сипатталып шықты.

Сонымен, буын не сөз құрамындағы дыбыстардың (дауыстылардың да, дауыссыздардың да)

бір әуезбен айтылуын үндесім құбылысы дейді. Ал дыбыстарды (тағы да, дауыстыларды да, дауыссыздарды да) буын не сөзге біріктіріп тұратын (фонологиялық) құрсауды (просодиканы) үндесім (үндестік - ескі атау жүйесі бойынша) заңы дейді. Егер дыбыстардан буын құрап тұрса, буын құрсау (просодика слога) сөз құрап тұрса, сөз құрсау (просодика слова) деп аталады.

Үндесім құбылысы төрт әуездің (жуан, жіңішке, еріндік, езулік) араласымынан (комбинациясынан) пайда болады: жуан езулік; жуан еріндік; жіңішке езулік, жіңішке еріндік.

Буын не сөздің үндесім әуезі сол буын не сөз құрамындағы дыбыстардың жасалымы өзара үйлескен, естілімі өзара үндескен тіркесін құрайды. Қазақ сөздері осы төрт әуездің бірімен айтылады.

Үндесім әуезінің түрлерін белгілеу үшін арнайы дәйекшелер жүйесі қабылданған (дәйекше әріптің оң жақ жоғарғы бұрышына қойылады):

- жуан езулік әуез дәйекшесіз беріледі, яғни дәйекшенің жоқтығы жуан езулік әуезді көрсетеді;
- тік таяқша (¹) жіңішке езулік әуезді көрсетеді;
- дөңгелекше (⁰) жуан еріндік әуезді көрсетеді;
- тік таяқша мен дөңгелекше (¹⁰) жіңішке еріндік әуезді көрсетеді.

1.4.2. Үндесім дауыстылар

1.4.2.1. Үндесім дауыстылардың фонологиялық сипаты

Дауысты дыбыстар өз бетімен буын құрай алатын болғандықтан, олардың үндесім варианттарын дербес айту оңай. Сондықтан да қазіргі қазақ фонетикасында әрқашан дауыстылардың үндесім құрамы сөз болады. Қазақ тілінде 9 дауысты бар дегенде дауыстылардың үндесім варианттарының саны көрсетіледі.

Ендеше, қазақ тіліндегі үндесім дауыстылардың құрамы (саны) белгілі. Енді олардың “әліпби” құрамын табу керек. Ол үшін алдымен дауыстылардың үндесім белгілерінің басы ашуға тиіс. Қазақ тілінде дауысты дыбыстардың жақ қатысына қатысты (ашық-қысаң) үндесімі жоқ. Бұл белгілер әрі қарай есепке алынбайды. Үндесім белгілер тілдің көлденең (ілгері-кейін) қалпы мен ерін қатысынан туындайды. Алайда, үндесім құбылысын сипаттау үшін фонетикалық

атаулар (тіл ортасы, тіл арты, ерін, езу т.б.) жа-
рамайды. Сондықтан үндесім талдау кезінде тек
қана үндесім атаулар жүйесін (жуан, жіңішке,
еріндік, езулік т.б.) пайдалану керек.

Дауысты дыбыстардың үндесім кестесі
үндесім атаулар арқылы ғана түзіледі (9-кесте)

ДАУЫС- ТЫЛАР	ТІЛ ӘУЕЗ		ЕРІН ӘУЕЗ	
	жуан	жіңішке	езулік	еріндік
А	+	-	+	-
Ә	-	+	+	-
Ы	+	-	+	-
І	-	+	+	-
Ұ	+	-	-	+
Ү	-	+	-	+
О	+	-	-	+
Ө	-	+	-	+
Е	-	+	+	-

9-кесте. Дауысты дыбыстардың
үндесім белгілерінің
жүйесі

Кестеден бір әуезбен айтылатын үндесім да-
уыстыларды топтастырып шығуға болады. Мы-
салы:

- А-Ы бір үндесім әуезбен (тембр) “жуан,
езулік” айтылады, өйткені ол белгілер екеуіне де
ортақ. Ендеше олар бір сөздің құрамында кез-
десе береді.

- Ы-І екеуі екі үндесім әуезбен (біріншісі
“жуан”, екіншісі “жіңішке”) айтылады. Ендеше
олар бір сөздің құрамында кездеспейді.

Дауыстылардың үндесім белгілерінің сипат-
тамасы (10 - кесте) өз алдына түзіледі.

Әрі қарай үндесім дауыстылар тіл әуезіне
(жуан-жіңішке) қатысты үндесім топтарға жікте-
леді (11 - кесте). Ол үшін тіл әуезді үндесім бел-
гілері бірдей дауыстылар бірыңғай екшеліп алы-
нады. Бірінші қатарда жуан дауыстылар, екінші
қатарда жіңішке дауыстылар орналасқан.

А	- жуан,	езулік	үндесім дауысты
Ә	- жіңішке,	езулік	үндесім дауысты
Ы	- жуан,	езулік	үндесім дауысты
І	- жіңішке,	езулік	үндесім дауысты
Ұ	- жуан,	еріндік	үндесім дауысты
Ү	- жіңішке,	еріндік	үндесім дауысты
О	- жуан,	еріндік	үндесім дауысты
Ө	- жіңішке,	еріндік	үндесім дауысты
Е	- жіңішке,	езулік	үндесім дауысты

10-кесте. Дауысты дыбыстардың
үндесім белгілері

Енді үндесім дауыстылар ерін әуезіне
(еріндік-езулік) қатысты үндесім топтарға жікте-
леді (12-кесте). Ол үшін ерін әуезді үндесім бел-
гілері бірдей дауыстылар бірыңғай екшеліп алы-
нады. Бірінші қатарда езулік дауыстылар, екінші
қатарда еріндік дауыстылар орналасқан.

А, Ы, Ұ, О - жуан үндесім дауыстылар
Ә, І, Ү, Ө, Е - жіңішке үндесім дауыстылар

11-кесте. Дауысты дыбыстардың
тіл әуез жіктелімі

А, Ә, Ы, І, Е - езулік үндесім дауыстылар
Ұ, Ү, О, Ө - еріндік үндесім дауыстылар

12-кесте. Дауысты дыбыстардың
ерін әуез жіктелімі

Осы күнгі теориялық фонетика мен оқу
әдістеме саласында тек тіл әуезді (жуан, жіңішке)
үндесім белгілерін ғана ескеріп жүр (қазақ жа-
зуында ерін үндесімінің сақталмай келе жатқан
себебі де осы). Енді езу-ерін әуезді үндесім бел-
гілері қосылып, дауыстылар қайта топталады (13-
кесте). Бірінші қатарда жуан езулік, екінші қатар-
да жіңішке езулік, үшінші қатарда жуан еріндік,
төртінші қатарда жіңішке еріндік дауыстылар
орналасқан.

А Ы	- жуан,	езулік	үндесім дауыстылар
Ә І Е	- жіңішке,	еріндік	үндесім дауыстылар
Ұ О	- жуан,	езулік	үндесім дауыстылар
Ү Ө	- жіңішке,	еріндік	үндесім дауыстылар

13-кесте. Дауысты дыбыстардың
тіл-ерін әуез жіктелімі

Қазақ әдеби айтылымында (казахское лите-
ратурное произношение) тіл әуез бен ерін әуез
қатар сақталып келе жатқандықтан еріндік
үндесім дыбыстарды да сипаттап шығу - бүгінгі
фонетика ғылымының міндеті.

Қазақ тіліндегі үндесім дауыстылардың құра-
мы анықталып, жүйесі сипатталып шықты. Енді
қазақ тіліндегі фонетикалық дауыстыларды іздеу
керек.

Егер тіл әуезді үндесім белгілер ескерілетін болса, онда үндесім дауыстылардың құрамы кемиді (14-кесте).

құрамы	жасалымы	тіл алды		тіл ортасы		тіл арты	
		езу	ерін	езу	ерін	езу	ерін
жалаң	қысаң					Ы	Ұ
	ашық					А	
құранды			Е				О

14-кесте. Дауысты дыбыстардың ықшам үндесім жіктелімі (А. Байтұрсын қисыны)

Сонда дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке үндесім түрлері бір дауысты дыбыс деп қарастырылады:

- 1) А тірек дауысты дыбысы екі үндесім дыбыстан (А және Ә);
- 2) Ы тірек дауысты дыбысы екі үндесім дыбыстан (Ы және І);
- 3) Е тірек дауысты дыбысы бір үндесім дыбыстан (жуан сыңары жоқ);
- 4) Ұ тірек дауысты дыбысы екі үндесім дыбыстан (Ұ және Ү);
- 5) О тірек дауысты дыбысы екі үндесім дыбыстан (О және Ө) тұрады.

Егер дауысты дыбыстардың еріндік-езулік үндесім белгілерін ескерсек, қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың құрамы одан әрі ықшамдала түседі. Сөйтіп, дауыстылар құрамы 3 дыбыстан құралады (15-кесте).

құрамы	жасалымы	тіл алды		тіл ортасы		тіл арты	
		езу	ерін	езу	ерін	езу	ерін
жалаң	қысаң					Ы	
	ашық					А	
құранды							О

15-кесте. Дауысты дыбыстардың тірек (жуан) үндесім жіктелімі

Үндесім фонологиясы тұрғысынан қарағанда дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке, еріндік-езулік үндесім түрлері бір дауысты дыбыс болып табылады. Сонда:

- 1) А тірек дауысты дыбысы екі үндесім дыбыстан (А және Ә);
- 2) Ы тірек дауысты дыбысы төрт үндесім дыбыстан (Ы, І, Ұ және Ү);
- 3) О тірек дауысты дыбысы үш үндесім дыбыстан (О, Ө және Е) тұрады.

Бірінші топқа ашық дауыстылар, екінші топқа қысаң дауыстылар, үшінші топқа құранды (дифтонг) дауыстылар жинақталған. Сонымен қазақ тілінде үш дауысты дыбыс бар болып шығады: ашық дауысты (немесе А дауысты); қысаң дауысты (немесе Ы дауысты); құранды дауысты

Қазақ фонологиясы - үндесім (сингармонизм) фонологиясы. Ендеше, қазақ тіліндегі тірек дауыстыларды “үндесім фонема” деп, ал олардың үндесім варианттарын “үндесім аллофон” деп атауға болады. Сонда қазақ тілінде 3 тірек дауысты (фонема) бар. Олар 9 үндесім аллофон ретінде тарайды.

А (немесе, ашық) тірек дауысты екі үндесім аллофоннан (А - негізгі үндесім аллофон, Ә - жай үндесім аллофон) құралады.

Ы үндесім (немесе, қысаң) тірек дауысты төрт үндесім аллофоннан (Ы - негізгі үндесім аллофон, І, Ұ, Ү - жай үндесім аллофондар) құралады.

О (немесе, құранды) тірек дауысты үш үндесім аллофоннан (О - негізгі үндесім аллофон, Ө, Е - жай үндесім аллофондар) құралады.

Негізгі және жай үндесім аллофондарды белгілеудің шартты екенін ескеру керек. Шындығында, үндесім аллофондардың фонологиялық мәртебесі бір-бірімен тепе-тең.



1.4.2.2. Үндесім дауыстылардың фонетикалық (жасалым) сипаты

Үндесім дауыстылардың фонологиялық (абстракт) белгілерінің негізінде сөйлеу мүшелерінің белгілі бір жасалым (нақты) қалпы жатады. Сондықтан оны көрнекі суретпен тиянақтап шығуға болады.

Фонологиялық талдаудың нәтижелері абстрактылы болып келеді. Сондықтан фонологиялық сипаттаманы оймен тоқу керек. Ал фонетикалық талдаудың нәтижелері нақты (оларды есітіп-көруге болады), ендеше фонетикалық сипаттаманы көрнекі етіп жасауға болады.

Фонологиялық талдау мен фонетикалық талдау бірін-бірі толықтырып отырады. Ендеше үндесім дыбыстардың абстракт фонологиялық белгілерін көзге елестету үшін олардың көрнекі фонетикалық жасалым үлгілерін пайдалану керек. Екі үндесім дыбыстың жасалым модельдерін бірінің үстіне бірін қаттаса, олардың айырым және ортақ белгілері бірден көзге түседі.

Ы-І үндесім дауыстыларының жасалым қиылысында (12-сурет) тілдің тік қалпы (7-нүкте) мен ерін қатысы (1-3-нүкте) бірдей. Тіл жоғары, ерін бейтарап жатыр. Тілдің көлденең қалпы екі түрлі (Ы - 8 нүкте, І - 6 нүкте) орналасқан. Жуан-жіңішке үндесім белгілерінің жасалым тиянағы (көрінісі) тілдің ілгерінді-кейінді қалпында жатыр.




Ұ-Ү үндесім дауыстыларының жасалым қиылысында (13-сурет) тілдің тік қалпы (7-нүкте) мен ерін қатысы (1-2 нүкте) бірдей. Тіл жоғары жатыр, ерін дөңгеленіп тұр. Ал тілдің көлденең қалпы екі түрлі (Ұ - 8 нүктеде, Ү - 6 нүктеде) орналасқан. Жуан-жіңішке үндесім белгілерінің жасалым тиянағы (көрінісі) тілдің ілгерінді-кейінді қалпында жатыр.

Ерін-езу үндесім дауыстылардың жасалым қиылысы Ы-Ұ, І-Ү жұбының суретінен көрінеді.

Ы-Ұ үндесім дауыстыларының жасалым қиылысында (14-сурет) тілдің тік қалпы (7-нүкте) мен көлденең қалпы (8-нүкте) бірдей. Тіл жоғары және кейін жатыр. Ал ерін қатысы екі түрлі (Ы-1-3 нүктеде, Ұ - 1-2 нүктеде) орналасқан. Еріндік-езулік үндесім белгілерінің жасалым тиянағы (көрінісі) еріннің еріндік-езулік қалпында жатыр.

І-Ү үндесім дауыстыларының жасалым қиылысында (15-сурет) тілдің тік қалпы (7-нүкте) мен көлденең қалпы (6-нүкте) бірдей. Тіл жоғары және ілгері жатыр. Ал ерін қатысы екі түрлі (І - 1-3 нүкте, Ү - 1-2 нүкте) орналасқан. Еріндік-езулік үндесім белгілерінің жасалым тиянағы (көрінісі) еріннің еріндік-езулік қалпында жатыр.




Дауыстылар арасындағы үш айырым белгінің біреуі (ашық-қысаң) үндесімдік белгіге жатпайды (ол дауысты дыбыстың қосалқы сипаттамасы ретінде енгізілді). Дауыстылар өзара бір ортақ, бір айырым немесе ортақ белгі жоқ, екі айырым белгі арқылы үндесім байланыста болады.

1.4.3. Үндесім дауыссыздар

Дауыссыз дыбыстардың “әліпби” тізімі белгілі. Олар: Б, Д, Ф-Г, Ж, З, Й, Қ-К, Л, М, Н, Ң, П, Р, С, Т, У, Ш. Тірек дауыссыздар (негізгі аллофон) ретінде дауыссыздардың жуан езулік үндесім варианттары алынып келді және солай қалыптасып қалды.

Дәстүрлі фонетикада бір дауыссыз бір дыбыс деп қаралып келді. Сондықтан да олардың сипаттамасы жалаң бір дыбысқа ғана тән болып шықты.

Дауыссыз дыбыстар өз бетімен буын құрай алмайды. Сондықтан олар тек буын және сөз құрамында қарастырылады. Сонда ғана дауыссыздың үндесім үлгісі табылады. Мысалы: ТЫС,



ТІС, ТҰС, ТҮС деген буын-сөздердің дыбыс құрамы бастан-аяқ төрт түрлі естіліп тұр.

Бұл сөздердің құрамындағы дыбыстар (дауыстылар да, дауыссыздар да) төрт түрлі естілу үшін төрт түрлі айтылу керек. Төрт түрлі айтылу үшін төрт түрлі жасалу керек.

Ендеше үндесім дауыссыздардың құрамын анықтап, жүйесін сипаттап шығу үшін дауыссыз дыбыстардың үндесім жасалымын, үндесім айтылымын және үндесім естілімін талдап шығу керек. Егер үндесім заңы ескерілсе, онда әрбір дауыссыздың төрт варианты табылады.

Қазақ тіліндегі үндесім құбылысын сипаттап шығу үшін көне ұғымдар мен атаулар жүйесі жеткіліксіз болып шықты. Үндесімді дауыссыздардың жасалым сипаттамасын беру үшін “ілгерінді-кейінді” және “еріндік-езулік” деген атаулар енгізуге тура келді. “Ілгерінді-кейінді” (продвинутый-отодвинутый) деген бір дауыссыздың жуан-жіңішке үндесім варианттары жасалған кездегі тілдің алға итініп немесе, керісінше, артқа шегініп жатқан қалпын білдіретін ұғымдардың атауы. Ал, “еріндік-езулік” (огубленный-неогубленный; “губной-негубной” емес) деген бір дауыссыздың ерін-езу үндесім варианттары жасалған кездегі еріннің дөңгелек немесе бейтарап қалпын білдіретін ұғымдардың атауы (сөздікті қараңыз).

Үндесім дауыссыздардың ілгерінді-кейінді, еріндік-езулік белгілері құлаққа “шалына” бермейтін белгілердің қатарына жатады. Сондықтан да олар “көмескі белгілер” деп аталады. Себебі, мысалы, Т тіл ұшы дауыссыз дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысының алдында жатады. Енді сол дауыссыздың жіңішке үндесім вариантын айтқанда онсыз да алда жатқан тіл тағы да ілгері жылжиды. Немесе П ерін-ерінді дауыссыз дыбысын айтқанда қос ерін қатысып отыр. Енді сол дауыссыздың ерін үндесім вариантын айтқанда онсыз да ерінмен жасалып тұрған дыбысқа еріндік белгі үстеледі. Сөйтіп ақиқат белгінің үстіне көмескі белгі қосылады.

1.4.3.1. Қатаң дауыссыздар

Қатаң дауыссыздың үндесім варианттарына ортақ жасалым белгілер - дауыс қатысы, жасалу орны және жасалу тәсілі. Ал үндесім варианттарын бір-бірінен бөлектеп тұратын айырым белгілер - тілдің ілгерінді-кейінді, еріннің еріндік-езулік қалпы.

П дауыссыз дыбысының үндесім түрлері

Жуан езулік түрі: АПА, ПЫШАҚ т.б.
(16-1-сурет)

Жасалымы: қос ерін өзара жымдаса тоғысады (1), жасалу орнына қарай ерін-ерінді; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі тербелмейді (5-4), желбезек қатысына қарай тербеліссіз (қатаң); ерін жазылып (езу тартып) барып (1-3) жасалады, ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: Қос ерін өзара нық тоғысады, тоғысым күшіне қарай нық тоғысыңқы; ауыз қуысы мен көмей қуысы қосылып кетеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: Қос еріннің тоғысымы күшті леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай күшті лепті; дауыссыз шуыл дыбысталады, үн қатысына қарай қатаң; әуез қатысына қарай жуан және езу әуезді дауыссыз дыбыс болып табылады.


П жуан езулік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: ерін (ерін-ерінді), тоғысыңқы, кейінді, тербеліссіз (қатаң), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: нық тоғысыңқы, тұтас қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: күшті лепті, қатаң (шуыл), жуан, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: ерін (ерін-ерінді), тоғысыңқы, қатаң, кейінді (жуан), езулік дауыссыз дыбыс.



16-1-сурет. П, Б, М жуан езулік үндесім дауыссыздарының моделі (үлгісі)

Жіңішке езулік түрі: ПІЛ, ӘПЕР т.б. (16-2-сурет)

Жасалымы: қос ерін өзара жымдаса тоғысады (1), жасалу орнына қарай ерін-ерінді; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тіл жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі тербелмейді (5-4), желбезек қатысына қарай тербеліссіз (қатаң); ерін жазылып (езу тартып) барып (1-3) жасалады; ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: қос ерін өзара нық тоғысады, тоғысым күшіне қарай нық тоғысыңқы; ауыз қуысы мен көмей қуысы қосылып кетеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: қос еріннің тоғысымы күшті леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай күшті лепті; дауыссыз шуыл дыбысталады, үн қатысына қарай қатаң; әуез қатысына қарай жіңішке және езу әуенді дыбыс болып табылады.


П¹ жіңішке езулік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: ерін (ерін-ерінді), тоғысыңқы, ілгерінді, тербеліссіз (қатаң), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: нық тоғысыңқы, тұтас қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: күшті лепті, қатаң (шуыл), жіңішке, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: ерін (ерін-ерінді), тоғысыңқы, қатаң, ілгерінді (жіңішке) езулік дауыссыз дыбыс.



Жуан еріндік түрі: ПҰЛ, ПОШТА т.б. (16-3-сурет)

Жасалымы: қос ерін өзара жымдаса тоғысады (1), жасалу орнына қарай ерін-ерінді; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің

жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі тербелмейді (5-4), желбезек қатысына қарай тербеліссіз (қатаң); ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады; ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: қос ерін өзара нық тоғысады, тоғысым күшіне қарай нық тоғысыңқы; ауыз қуысы мен көмей қуысы қосылып кетеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: қос еріннің тоғысымы леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай күшті лепті; дауыссыз шуыл дыбысталады, үн қатысына қарай қатаң; әуез қатысына қарай жуан және ерін әуезді дыбыс болып табылады.


П⁰ жуан еріндік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: ерін (ерін-ерінді), тоғысыңқы, кейінді, тербеліссіз (қатаң), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: нық тоғысыңқы, тұтас қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: күшті лепті, қатаң (шуыл), жуан, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: ерін (ерін-ерінді), тоғысыңқы, қатаң, кейінді (жуан), еріндік дауыссыз дыбыс.



Жіңішке еріндік түрі: ПҰЛШ, ПҰК т.б. (16-4-сурет)

Жасалымы: қос ерін өзара жымдаса тоғысады (1), жасалу орнына қарай ерін-ерінді; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі тербелмейді (5-4), желбезек қатысына қарай тербеліссіз (қатаң); ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: қос ерін өзара нық тоғысады, тоғысым күшіне қарай нық тоғысыңқы; ауыз қуысы мен көмей қуысы қосылып кетеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: қос еріннің тоғысымы күшті леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай күшті лепті; дауыссыз шуыл дыбысталады, үн қатысына қарай қатаң; әуез қатысына қарай жіңішке және ерін әуезді дыбыс болып табылады.

П¹⁰ жіңішке еріндік түрінің айырым белгілері
Жасалым белгілері: ерін (ерін-ерінді), тоғысыңқы, ілгерінді, тербеліссіз (қатаң), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: нық тоғысыңқы, тұтас қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: күшті лепті, қатаң (шуыл), жіңішке, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.


Жалпы сипаттамасы: ерін (ерін-ерінді), тоғысыңқы, қатаң, ілгерінді (жіңішке), еріндік дауыссыз дыбыс.

Т дауыссыз дыбысының үндесім түрлері

Жуан езулік түрі : АТ, ТЫС т.б. (17-1-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жымдаса тоғысады (1-1), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі тербелмейді (5-4), желбезек қатысына қарай тербеліссіз (қатаң); ерін жазылып (езу тартып) барып (1-3) жасалады, ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара нық тоғысады, тоғысым күшіне қарай нық тоғысыңқы; ауыз қуысы үлкейіп, көмей қуысы кішірейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.



16-4-сурет. II, Б, М жіңішке еріндік үндесім дауыссыздарының моделі (үлгісі)

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің тоғысымы күшті леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай күшті лепті; дауыссыз шуыл дыбысталады, үн қатысына қарай қатаң; әуез қатысына қарай жуан және езу әуезді дыбыс болып табылады.


Т жуан езулік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, тоғысыңқы, кейінді, тербеліссіз (қатаң), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: нық тоғысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: күшті лепті, қатаң (шуыл), жуан, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, тоғысыңқы, қатаң, кейінді (жуан), езулік дауыссыз дыбыс.



17-1-сурет. Т, Д, Н жуан езулік үндесім дауыссыздарының моделі (үлгісі)

Жіңішке езулік түрі: ЕТ, ТІС т.б. (17-2-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жымдаса тоғысады (1-1), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі тербелмейді (5-4), желбезек қатысына қарай тербеліссіз (қатаң); ерін жазылып (езу тартып) барып (1-3) жасалады, ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара нық тоғысады, тоғысым күшіне қарай нық тоғысыңқы; ауыз қуысы кішірейіп, көмей қуысы үлкейеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.


Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің тоғысымы күшті леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай күшті лепті; дауыссыз шуыл дыбысталады, үн қатысына қарай қатаң; әуез қатысына қарай жіңішке және езу әуенді дыбыс болып табылады.

Т¹ жінішке езулік түрінің айырым белгілері
Жасалым белгілері: тіл ұшы, тоғысыңқы, ілгерінді, тербеліссіз (қатаң), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: нық тоғысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: күшті лепті, қатаң (шуыл), жінішке, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, тоғысыңқы, қатаң, ілгерінді (жінішке), езулік дауыссыз дыбыс.



17-2-сурет. Т, Д, Н жінішке езулік үндесім дауыссыздарының моделі (үлгісі)

Жуан еріндік түрі: ТҰЗ, ОТ т.б. (17-3-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жымдаса тоғысады (1-1), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі тербелмейді (5-4), желбезек қатысына қарай тербеліссіз (қатаң); ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып жасалады (1-2), ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара нық тоғысады, тоғысым күшіне қарай нық тоғысыңқы; ауыз қуысы үлкейіп, көмей қуысы кішірейді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің тоғысымы күшті леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай күшті лепті; дауыссыз шуыл дыбысталады, үн қатысына қарай қатаң; әуез қатысына қарай жуан және ерін әуезді дыбыс болып табылады.


Т⁰ жуан еріндік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, тоғысыңқы, кейінді, тербеліссіз (қатаң), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: нық тоғысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: күшті лепті, қатаң (шуыл), жуан, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, тоғысыңқы, қатаң, кейінді (жуан), еріндік дауыссыз дыбыс.




17-3-сурет. Т, Д, Н жуан еріндік үндесім дауыссыздарының моделі (үлгісі)

Жінішке еріндік түрі: ТҮС, ӨТ т.б. (17-4-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жымдаса тоғысады (1-1), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі тербелмейді (5-4), желбезек қатысына қарай тербеліссіз (қатаң); ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып жасалады (1-2), ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара нық тоғысады, тоғысым күшіне қарай нық тоғысыңқы; ауыз қуысы кішірейіп, көмей қуысы үлкейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің тоғысымы күшті леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай күшті лепті; дауыссыз шуыл дыбысталады, үн қатысына қарай қатаң; әуез қатысына қарай жінішке және ерін әуезді дыбыс болып табылады.



17-4-сурет. Т, Д, Н жінішке еріндік үндесім дауыссыздарының моделі (үлгісі)

Т¹⁰ жіңішке еріндік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, тоғысыңқы, ілгерінді, тербеліссіз (қатаң), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: нық тоғысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: күшті лепті, қатаң (шуыл), жіңішке, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, тоғысыңқы, қатаң, ілгерінді (жіңішке), еріндік дауыссыз дыбыс.

Қ (-К) дауыссыз дыбысының үндесім түрлері

Жуан езулік түрі: ҚЫС, ҚАР т.б. (18-1-сурет)

Жасалымы: тіл түбі мен тілшік өзара жымдаса тоғысады (4-2), жасалу орнына қарай тілшік; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі тербелмейді (5-4), желбезек қатысына қарай тербеліссіз (қатаң); ерін жазылып (езу тартып) барып жасалады (1-3), еріннің қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл түбі мен тілшік нық тоғысады, тоғысым күшіне қарай нық тоғысыңқы; ауыз қуысы үлкейіп, көмей қуысы кішірейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл арты мен тілшіктің тоғысымы күшті леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай күшті лепті; дауыссыз шуыл дыбысталады, үн қатысына қарай қатаң; әуез қатысына қарай жуан және езу әуезді дыбыс болып табылады.


Қ жуан езулік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тілшік, тоғысыңқы, кейінді, тербеліссіз (қатаң), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: нық тоғысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: күшті лепті, қатаң (шуыл), жуан, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тілшік, тоғысыңқы, қатаң, кейінді (жуан), езулік дыбыс.



18-1-сурет. Қ,Ғ, Ң жуан езулік үндесім дауыссыздарының моделі (үлгісі)

Жіңішке езулік түрі: КІСІ, ӘК т.б. (18-2-сурет)

Жасалымы: тіл ортасы мен таңдай жымдаса тоғысады (3-1), жасалу орнына қарай тіл ортасы; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі тербелмейді (5-4), желбезек қатысына қарай тербеліссіз (қатаң); ерін жазылып (езу тартып) барып жасалады (1-3), еріннің қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ортасы мен таңдай нық тоғысады, тоғысым күшіне қарай нық тоғысыңқы; ауыз қуысы кішірейіп, көмей қуысы үлкейеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ортасы мен таңдайдың тоғысымы күшті леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай күшті лепті; дауыссыз шуыл дыбысталады, үн қатысына қарай қатаң; әуез қатысына қарай жіңішке және езу әуезді дыбыс болып табылады.


К¹ жіңішке езулік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ортасы, тоғысыңқы, ілгерінді, тербеліссіз (қатаң), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: нық тоғысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: күшті лепті, қатаң (шуыл), жіңішке, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ортасы, тоғысыңқы, қатаң, ілгерінді (жіңішке), езулік дауыссыз дыбыс.



Жуан еріндік түрі: ҚОС, ҚҰТ т.б. (18-3-сурет)

Жасалымы: тіл арты мен тілшік жымдаса тоғысады (4-2), жасалу орнына қарай тілшік; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі тербелмейді (5-4), желбезек қатысына қарай тербеліссіз (қатан); ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл арты мен тілшік нық тоғысады, тоғысым күшіне қарай нық тоғысыңқы; ауыз қуысы үлкейіп, көмей қуысы кішірейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл арты мен тілшіктің тоғысымы күшті леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай күшті лепті; дауыссыз шуыл дыбысталады, үн қатысына қарай қатан; әуез қатысына қарай жуан және ерін әуезді дыбыс болып табылады.


Қ⁰ жуан еріндік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тілшік, тоғысыңқы, кейінді, тербеліссіз (қатан), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: нық тоғысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: күшті лепті, қатан (шуыл), жуан, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тілшік, тоғысыңқы, қатан, кейінді (жуан), еріндік дауыссыз дыбыс.




Жінішке еріндік түрі: ҚҮС, ҚҮШ т.б. (18-4-сурет)

Жасалымы: тіл ортасы мен таңдай жымдаса тоғысады (3-1), жасалу орнына қарай тіл ортасы; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тіл жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі тербелмейді (5-4), желбезек қатысына қарай тербеліссіз; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ортасы мен таңдай нық тоғысады, тоғысым күшіне қарай нық тоғысыңқы; ауыз қуысы кішірейіп, көмей қуысы үлкейеді, үстеме жасалу орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ортасы мен таңдайдың тоғысымы күшті леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай күшті лепті; дауыссыз шуыл дыбысталады, үн қатысына қарай қатан; әуез қатысына қарай жінішке және ерін әуезді дыбыс болып табылады.



К¹⁰ жіңішке еріндік түрінің айырым белгілері
Жасалым белгілері: тіл ортасы, тоғысыңқы, ілгерінді, тербеліссіз (қатаң), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: нық тоғысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: күшті лепті, қатаң (шуыл), жіңішке, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ортасы, тоғысыңқы, қатаң, ілгерінді (жіңішке), еріндік дауыссыз дыбыс.

С дауыссыз дыбысының үндесім түрлері

Жуан езулік түрі: САРЫ, СЫЗ т.б. (19-1-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жинақы жуысады (2-2), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі тербелмейді (5-4), желбезек қатысына қарай тербеліссіз; ерін жазылып (езу тартып) барып (1-3) жасалады, ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара нық жуысады, жуысым күшіне қарай нық жуысыңқы; ауыз қуысы үлкейіп, көмей қуысы кішірейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің жуысымы күшті леппен бітеді, жуысым бітіміне қарай күшті лепті; дауыссыз шуыл дыбысталады, үн қатысына қарай қатаң; әуез қатысына қарай жуан және езу әуезді дыбыс болып табылады.


С жуан езулік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, жинақы жуысыңқы, кейінді, тербеліссіз (қатаң), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: нық жуысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: күшті лепті, қатаң (шуыл), жуан, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, жинақы жуысыңқы, қатаң, кейінді (жуан), езулік дауыссыз дыбыс.



19-1-сурет. С, З, Р жуан езулік үндесім дауыссыздарының моделі (үлгісі)

Жіңішке езулік түрі: СІЗ, СЕН т.б. (19-2-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жинақы жуысады (2-2), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі тербелмейді (5-1), желбезек қатысына қарай тербеліссіз; ерін жазылып (езу тартып) барып (1-3) жасалады, ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара күшті леппен жуысады, жуысым күшіне қарай күшті лепті; ауыз қуысы кішірейіп, көмей қуысы үлкейеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің жуысымы күшті леппен бітеді, жуысым бітіміне қарай күшті лепті; дауыссыз шуыл дыбысталады, үн қатысына қарай қатаң; әуез қатысына қарай жіңішке және езу әуезді дыбыс болып табылады.



19-2-сурет. С, З, Р жіңішке езулік үндесім дауыссыздарының моделі (үлгісі)

С¹ жіңішке езулік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, жинақы жуысыңқы, ілгерінді, тербеліссіз (қатаң), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: нық жуысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: күшті лепті, қатаң (шуыл), жіңішке, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, жинақы жуысыңқы, қатаң, ілгерінді (жіңішке), езулік дауыссыз дыбыс.

Жуан еріндік түрі: СОР, СҰР т.б. (19-3-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жинақы жуысады (2-2), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тіл жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі тербелмейді (5-4), желбезек қатысына қарай тербеліссіз; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара нық жуысады, жуысым күшіне қарай нық жуысыңқы; ауыз қуысы үлкейіп, көмей қуысы кішірейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің жуысымы күшті леппен бітеді, жуысым бітіміне қарай лепті жуысыңқы; дауыссыз шуыл дыбысталады, үн қатысына қарай қатаң; әуез қатысына қарай жуан және ерін әуезді дыбыс болып табылады.


С⁰ жуан еріндік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, жинақы жуысыңқы, кейінді, тербеліссіз (қатаң), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: нық жуысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: күшті лепті, қатаң (шуыл), жуан, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, жинақы жуысыңқы, қатаң, кейінді (жуан), еріндік дауыссыз дыбыс.



Жіңішке езулік түрі: СҰТ, ТӨС т.б. (19-4-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жинақы жуысады (2-2), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі тербелмейді (5-4), желбезек қатысына қарай тербеліссіз; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара нық жуысады, жуысым күшіне қарай нық жуысыңқы; ауыз қуысы кішірейіп, көмей қуысы үлкейеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.


Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің жуысымы күшті леппен бітеді, жуысым бітіміне қарай лепті жуысыңқы; дауыссыз шуыл дыбысталады, үн қатысына қарай қатаң; әуез қатысына қарай жіңішке және ерін әуезді дыбыс болып табылады.

С¹⁰ жіңішке еріндік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, жинақы жуысыңқы, ілгерінді, тербеліссіз (қатаң), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: нық жуысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: күшті лепті, қатаң (шуыл), жіңішке, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.



Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, жинақы жуысыңқы, қатаң, ілгерінді (жіңішке), еріндік дауыссыз дыбыс.

Ш дауыссыз дыбысының үндесім түрлері

Жуан езулік түрі: ШАШ, ШЫҚ т.б. (20-1-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жайылыңқы жуысады (2-3), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі тербелмейді (5-4), желбезек қатысына қарай тербеліссіз; ерін жазылып (езу тартып) барып (1-3) жасалады, ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара нық жуысады, жуысым күшіне қарай нық жуысыңқы; ауыз қуысы үлкейіп, көмей қуысы кішірейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің жуысымы күшті леппен бітеді, жуысым бітіміне қарай күшті лепті; дауыссыз шуыл дыбысталады, үн қатысына қарай қатаң; әуез қатысына қарай жуан және езу әуезді дыбыс болып табылады.


Ш жуан езулік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, жайылыңқы жуысыңқы, кейінді, тербеліссіз (қатаң), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: нық жуысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: күшті лепті, қатаң (шуыл), жуан, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, жайылыңқы жуысыңқы, қатаң, кейінді (жуан), езулік дауыссыз дыбыс.




Жіңішке езулік түрі: ШЕШЕН, ШІРКЕЙ т.б. (20-2-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жайылыңқы жуысады (2-3), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі тербелмейді (5-4), желбезек қатысына қарай тербеліссіз; ерін жазылып (езу тартып) барып (1-3) жасалады, ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара нық жуысады, жуысым күшіне қарай нық жуысыңқы; ауыз қуысы кішірейіп, көмей қуысы үлкейеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің жуысымы күшті леппен бітеді, жуысым бітіміне қарай күшті лепті; дауыссыз шуыл дыбысталады, үн қатысына қарай қатаң әуез қатысына қарай жіңішке және езу әуезді дыбыс болып табылады.



Ш! жіңішке езулік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, жайылыңқы жуысыңқы, ілгерінді, тербеліссіз (қатаң), езулік дауыссыз дыбыс.


Айтылым белгілері: нық жуысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: күшті лепті, қатаң (шуыл), жіңішке, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, жайылыңқы жуысыңқы, қатаң, ілгерінді (жіңішке), езулік дауыссыз дыбыс.

Жуан еріндік түрі: ШОРТАН, ШҰҚЫР т.б. (20-3-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жайылыңқы жуысады (2-3), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі тербелмейді (5-4), желбезек қатысына қарай тербеліссіз; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.



20-3-сурет. Ш, Ж, Л жуан еріндік үндесім дауыссыздарының моделі (үлгісі)

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара нық жуысады, жуысым күшіне қарай нық жуысыңқы; ауыз қуысы үлкейіп, көмей қуысы кішірейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің жуысымы күшті леппен бітеді, жуысым бітіміне қарай лепті жуысыңқы; дауыссыз шуыл дыбысталады, үн қатысына қарай қатаң; әуен қатысына қарай жуан және ерін әуезді дыбыс болып табылады.

Ш⁰ жуан еріндік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, жайылыңқы жуысыңқы, кейінді, тербеліссіз (қатаң), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: нық жуысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: күшті лепті, қатаң, жуан, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, жайылыңқы жуысыңқы, қатаң, кейінді (жуан), еріндік дауыссыз дыбыс.


Жіңішке еріндік түрі: КҮШ, ШӨЛ т.б. (20-4-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жайылыңқы жуысады (2-3), жасалу орнына қарай

тіл ұшы; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі тербелмейді (5-4), желбезек қатысына қарай тербеліссіз; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара нық жуысады, жуысым күшіне қарай нық жуысыңқы; ауыз қуысы кішірейіп, көмей қуысы үлкейеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің жуысымы күшті леппен бітеді, жуысым бітіміне қарай лепті жуысыңқы; дауысты шуыл дыбысталады, үн қатысына қарай қатаң; әуез қатысына қарай жіңішке және ерін әуезді дыбыс болып табылады.



20-4-сурет. Ш, Ж, Л жіңішке еріндік үндесім дауыссыздарының моделі (үлгісі)

Ш¹⁰ жіңішке еріндік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, жайылыңқы жуысыңқы, ілгерінді, тербеліссіз (қатаң), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: нық жуысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: күшті лепті, қатаң (шуыл), жіңішке, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, жайылыңқы жуысыңқы, қатаң, ілгерінді (жіңішке), еріндік дауыссыз дыбыс.

4.3.1.6. Сонымен, қатаң дауыссыз дыбыстар жүйелі түрленеді. Әрбір дауыссыз төрт түрлі үндесім әуезбен айтылады. Сонда қатаң дауыссыздардың үндесім варианттары 20 дыбыс болып шығады (16-кесте).

жуан езулік үндесім	П	Т	К	С	Ш
жінішке езулік үндесім	П ¹	Т ¹	К ¹	С ¹	Ш ¹
жуан еріндік үндесім	П ⁰	Т ⁰	Қ ⁰	С ⁰	Ш ⁰
жінішке еріндік үндесім	П ¹⁰	Т ¹⁰	К ¹⁰	С ¹⁰	Ш ¹⁰

16 - кесте. Қатаң дауыссыз дыбыстардың үндесім құрамы

Қатаң үндесім дыбыстардың жасалым белгілері күрделі:

1. Ерін П және тіл ұшы Т, С, Ш дауыссыздарының үндесім варианттарының жасалу орны ортақ, сондықтан олардың ілгерінді-кейінді жасалым белгілері көмескі байқалып, жуан-жінішке естілім белгілері көмескі естіледі.

2. Қ(-К) дауссызының үндесім варианттарының жасалу орны бір-бірінен алшақ: Қ - тілшік, К - тіл ортасы. Сондықтан олардың ілгерінді-кейінді жасалым белгілері айқын байқалып, жуан-жінішке естілім белгілері анық естіледі.

3. Жасалу тәсілі мен дауыс қатысы бір дыбыстың үндесім варианттарының бәріне бірдей ортақ, оларға қатысты жасалым-естілім айырмашылықтар байқалмайды.

1.4.3.2. Ұяң дауыссыздар

Ұяң дауыссыздардың үндесім варианттарына ортақ жасалым белгілер - дауыс қатысы, жасалу орны және жасалу тәсілі. Ал, үндесім варианттарын бір-бірінен бөлектеп тұратын айырым белгілер - тілдің ілгерінді-кейінді, еріннің еріндік-езулік қалпы (суреттер жасалымы үйлес қатаң дыбыстармен бірге берілді).

Б дауыссыз дыбысының үндесім түрлері

Жуан езулік түрі: БЫЛТЫР, ШАЛБАР т.б. (16-1-сурет)

Жасалымы: қос ерін өзара жымдаса тоғысады (1), жасалу орнына қарай ерін-ерінді; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі жартылай тербеледі (5-3), желбезек қатысына қарай тербеліңкі (ұяң); ерін жазылып (езу тартып) барып (1-3) жасалады, ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: қос ерін өзара босаң тоғысады, тоғысым күшіне қарай босаң тоғысыңқы; ауыз қуысы мен көмей қуысы қосылып кетеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: қос еріннің тоғысымы босаң леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай босаң лепті; дауыссыз ызың дыбысталады, үн қатысына қарай ұяң; әуез қатысына қарай жуан және езу әуезді дыбыс болып табылады.

Б жуан езулік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: ерін (ерін-ерінді), тоғысыңқы, кейінді, тербелінкі (ұяң), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: босаң тоғысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: босаң лепті, ұяң (ызың), жуан, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: ерін (ерін-ерінді), тоғысыңқы, ұяң, кейінді (жуан), езулік дауыссыз дыбыс.

Жінішке езулік түрі: БІЗ, БӘЙГЕ т.б. (16-2-сурет)

Жасалымы: қос ерін өзара жымдаса тоғысады (1), жасалу орнына қарай ерін-ерінді; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі жартылай тербеледі (5-3), желбезек қатысына қарай тербелінкі (ұяң); ерін жазылып (езу тартып) барып (1-3) жасалады, ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: қос ерін өзара босаң тоғысады, тоғысым күшіне қарай босаң тоғысыңқы; ауыз қуысы мен көмей қуысы қосылып кетеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: қос еріннің тоғысымы босаң леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай босаң лепті; дауыссыз ызың дыбысталады, үн қатысына қарай ұяң; әуез қатысына қарай жінішке және езу әуезді дыбыс болып табылады.

Б¹ жінішке езулік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: ерін (ерін-ерінді), тоғысыңқы, ілгерінді, тербелінкі (ұяң), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: босаң тоғысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: босаң лепті, ұяң (ызың), жінішке, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: ерін (ерін-ерінді), тоғысыңқы, ұяң, ілгерінді (жінішке), езулік дауыссыз дыбыс.

Жуан еріндік түрі: БҰЛ, БОТА т.б. (16-3 - сурет)

Жасалымы: қос ерін өзара жымдаса тоғысады (1), жасалу орнына қарай ерін-ерінді; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі жартылай тербеледі (5-3), желбезек қатысына қарай тербеліңкі (ұяң); ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: қос ерін өзара босаң тоғысады, тоғысым күшіне қарай босаң тоғысыңқы; ауыз қуысы мен көмей қуысы қосылып кетеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: қос еріннің тоғысымы босаң леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай босаң лепті; дауыссыз ызың дыбысталады, үн қатысына қарай ұяң; әуез қатысына қарай жуан және ерін әуезді дыбыс болып табылады.

Б⁹ жуан еріндік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: ерін (ерін-ерінді), тоғысыңқы, кейінді, тербеліңкі (ұяң), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: босаң тоғысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: босаң лепті, ұяң (ызың), жуан, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: ерін (ерін-ерінді), тоғысыңқы, ұяң, кейінді (жуан), еріндік дауыссыз дыбыс.

Жіңішке еріндік түрі: БҮК, БӨЛЕК т.б. (16-4-сурет)

Жасалымы: қос ерін өзара жымдаса тоғысады (1), жасалу орнына қарай ерін-ерінді; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі жартылай тербеледі (5-3), желбезек қатысына қарай тербеліңкі; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: қос ерін өзара босаң тоғысады, тоғысым күшіне қарай босаң тоғысыңқы; ауыз қуысы мен көмей қуысы қосылып кетеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: қос еріннің тоғысымы босаң леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай босаң лепті; дауыссыз ызың дыбысталады, үн қатысына

қарай ұяң; әуез қатысына қарай жіңішке және ерін әуезді дыбыс болып табылады.

Б¹⁰ жіңішке еріндік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: ерін (ерін-ерінді), тоғысыңқы, ілгерінді, тербеліңкі (ұяң), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: босаң тоғысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: босаң лепті, ұяң (ызың), жіңішке, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: ерін (ерін-ерінді), тоғысыңқы, ұяң, ілгерінді (жуан), еріндік дауыссыз дыбыс.

Д дауыссыз дыбысының үндесім түрлері

Жуан езулік түрі: ДАУЫС, ДЫБЫС т.б. (17-1-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жымдаса тоғысады (1), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі жартылай тербеледі (5-3), желбезек қатысына қарай тербеліңкі; ерін жазылып (езу тартып) барып жасалады (1-3), ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара босаң тоғысады, тоғысым күшіне қарай босаң тоғысыңқы; ауыз қуысы үлкейіп, көмей қуысы кішірейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің тоғысымы босаң леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай босаң лепті; дауыссыз ызың дыбысталады, үн қатысына қарай ұяң; әуез қатысына қарай жуан және езу әуезді дыбыс болып табылады.

Д жуан езулік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, тоғысыңқы, кейінді, тербеліңкі (ұяң), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: босаң тоғысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: босаң лепті, ұяң (ызың), жуан, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, тоғысыңқы, ұяң, кейінді (жуан), езулік дауыссыз дыбыс.

Жіңішке езулік түрі: ДЕНЕ, ДІРІЛ т.б. (17-2-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жымдаса тоғысады (1), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі жартылай тербеледі (5-3), желбезек қатысына қарай тербелінкі; ерін жазылып (езу тартып) барып жасалады (1-3), ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара босаң тоғысады, тоғысым күшіне қарай босаң тоғысыңқы; ауыз қуысы кішірейіп, көмей қуысы үлкейеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің тоғысымы босаң леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай босаң лепті; дауыссыз ызың дыбысталады, үн қатысына қарай ұяң; әуез қатысына қарай жіңішке және езу әуезді дыбыс болып табылады.

D¹ жіңішке езулік түрінің айырым белгілері
Жасалым белгілері: тіл ұшы, тоғысыңқы, ілгерінді, тербелінкі (ұяң), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: босаң тоғысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: босаң лепті, ұяң (ызың), жіңішке, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, тоғысыңқы, ұяң, ілгерінді (жуан), езулік дауыссыз дыбыс.

Жуан еріндік түрі: ДҰРЫС, ДОС т.б. (17-3- сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жымдаса тоғысады (1), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі жартылай тербеледі (5-3), желбезек қатысына қарай тербелінкі; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып жасалады (1-2), ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара босаң тоғысады, тоғысым күшіне қарай босаң тоғысыңқы; ауыз қуысы үлкейіп, көмей қуысы кішірейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің тоғысымы босаң леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай босаң лепті; дауыссыз ызың дыбысталады, үн қатысына қарай ұяң; әуез қатысына қарай жуан және ерін әуезді дыбыс болып табылады.

D⁰ жуан еріндік түрінің айырым белгілері
Жасалым белгілері: тіл ұшы, тоғысыңқы, кейінді, тербелінкі (ұяң), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: босаң тоғысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: босаң лепті, ұяң, жуан, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, тоғысыңқы, ұяң, кейінді (жуан), еріндік дауыссыз дыбыс.

Жіңішке еріндік түрі: ДҮНИЕ, ДӨҢ т.б. (17-4-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жымдаса тоғысады (1), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі жартылай тербеледі (5-3), желбезек қатысына қарай тербелінкі; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара босаң тоғысады, тоғысым күшіне қарай босаң тоғысыңқы; ауыз қуысы кішірейіп, көмей қуысы үлкейеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің тоғысымы босаң леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай босаң лепті; дауыссыз ызың дыбысталады, үн қатысына қарай ұяң; әуез қатысына қарай жіңішке және ерін әуезді дыбыс болып табылады.

D¹⁰ жіңішке еріндік түрінің айырым белгілері
Жасалым белгілері: тіл ұшы, тоғысыңқы, ілгерінді, тербелінкі (ұяң), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: босаң тоғысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: босаң лепті, ұяң, жіңішке, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, тоғысыңқы, ұяң, ілгерінді (жіңішке), еріндік дауыссыз дыбыс.

F (-Г) дауыссыз дыбысының үндесім түрлері

Жуан езулік түрі: БАҒА, ТЫҒЫЗ т.б. (18-1-сурет)

Жасалымы: тіл арты мен тілшік жымдаса (жайылыңқы) тоғысады (жуысады) (3-1,2), жасалу орнына қарай тілшік; тіл ауыз қуысында

кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі жартылай тербеледі (5-3), желбезек қатысына қарай тербелінкі; ерін жазылып (езу тартып) барып (1-3) жасалады, ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл арты мен тілшік босаң тоғысады (жуысады), тоғысым күшіне қарай босаң тоғысыңқы; ауыз қуысы үлкейіп, көмей қуысы кішірейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл арты мен тілшіктің тоғысымы (жуысымы) босаң леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай босаң лепті; дауыссыз ызың дыбысталады, үн қатысына қарай ұяң; әуез қатысына қарай жуан және езу әуезді дыбыс болып табылады.

F жуан езулік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тілшік тоғысыңқы (жуысыңқы), кейінді, тербелінкі (ұяң), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: босаң тоғысыңқы (жуысыңқы), көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: босаң лепті, ұяң, жуан, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тілшік, тоғысыңқы (жуысыңқы), ұяң, кейінді (жуан), езулік дауыссыз дыбыс.

Жіңішке езулік түрі: ЕГІН, ГӘП т.б. (18-2-сурет)

Жасалымы: тіл ортасы мен таңдай жымдаса (жайылыңқы) тоғысады (жуысады) (3-1,2), жасалу орнына қарай тіл ортасы; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі жартылай тербеледі (5-3), желбезек қатысына қарай тербелінкі; ерін жазылып (езу тартып) барып (1-3) жасалады, ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ортасы мен таңдай босаң тоғысады (жуысады), тоғысым күшіне қарай босаң тоғысыңқы; ауыз қуысы кішірейіп, көмей қуысы үлкейеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ортасы мен таңдайдың тоғысымы (жуысымы) босаң леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай босаң лепті; дауыссыз ызың дыбысталады, үн қатысына қарай ұяң; әуез қатысына қарай жіңішке және езу әуезді дыбыс болып табылады.

G¹ жіңішке езулік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ортасы, тоғысыңқы (жуысыңқы), ілгерінді, тербелінкі (ұяң), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: босаң тоғысыңқы (жуысыңқы), ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: босаң лепті, ұяң, жіңішке, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ортасы, тоғысыңқы (жуысыңқы), ұяң, ілгерінді (жіңішке), езулік дауыссыз дыбыс.

Жуан еріндік түрі: FOЙ, FҰЛАМА т.б. (18-3-сурет)

Жасалымы: тіл арты мен тілшік жымдаса (жайылыңқы) тоғысады (жуысады) (4-1,2), жасалу орнына қарай тілшік; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі жартылай тербеледі (5-3), желбезек қатысына қарай тербелінкі; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болады.

Айтылымы: тіл арты мен тілшік босаң тоғысады (жуысады), тоғысым күшіне қарай босаң тоғысыңқы; ауыз қуысы үлкейіп, көмей қуысы кішірейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл арты мен тілшіктің тоғысымы (жуысымы) босаң леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай босаң лепті; дауыссыз ызың дыбысталады, үн қатысына қарай ұяң; әуез қатысына қарай жуан және ерін әуезді дыбыс болып табылады.

F⁰ жуан еріндік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тілшік, тоғысыңқы (жуысыңқы), кейінді, тербелінкі (ұяң), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: босаң тоғысыңқы (жуысыңқы), көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: босаң лепті, ұяң, жуан, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тілшік, тоғысыңқы (жуысыңқы), ұяң, кейінді (жуан), еріндік дауыссыз дыбыс.

Жіңішке еріндік түрі: ГҮЛІ т.б. (18-4-сурет)

Жасалымы: тіл ортасы мен таңдай жымдаса (жайылыңқы) тоғысады (жуысады) (3-1,2), жасалу орнына қарай тіл ортасы; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі

жартылай тербеледі (5-3), желбезек қатысына қарай тербеліңкі; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ортасы мен таңдай нық тоғысады (жуысады), тоғысым күшіне қарай босаң тоғысыңқы; ауыз қуысы кішірейіп, көмей қуысы үлкейеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ортасы мен таңдайдың тоғысымы (жуысымы) босаң леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай босаң лепті; дауыссыз ызың дыбысталады, үн қатысына қарай ұяң; әуез қатысына қарай жіңішке және ерін әуезді дыбыс болып табылады.

Г¹⁰ жіңішке еріндік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ортасы, тоғысыңқы (жуысыңқы), ілгерінді, тербеліңкі (ұяң), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: босаң тоғысыңқы (жуысыңқы), ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: босаң лепті, ұяң, жіңішке, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ортасы, тоғысыңқы (жуысыңқы), ұяң, ілгерінді (жіңішке), еріндік дауыссыз дыбыс.

3 дауыссыз дыбысының үндесім түрлері

Жуан езулік түрі: АЗЫҚ, ЗАТ т.б. (19-1-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жинақы жуысады (2-2), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі жартылай тербеледі (5-3), желбезек қатысына қарай тербеліңкі; ерін жазылып (езу тартып) барып (1-3) жасалады, ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара босаң жуысады, жуысым күшіне қарай босаң жуысыңқы; ауыз қуысы үлкейіп, көмей қуысы кішірейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің жуысымы босаң леппен аяқталады, жуысым бітіміне қарай босаң лепті; дауыссыз ызың дыбысталады, үн қатысына қарай ұяң; әуез қатысына қарай жуан және езу әуезді дыбыс болып табылады.

3 жуан езулік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, жинақы жуысыңқы, кейінді, тербеліңкі (ұяң), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: босаң жуысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: босаң лепті, ұяң, жуан, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, жинақы жуысыңқы, ұяң, кейінді (жуан), езулік дауыссыз дыбыс.

Жіңішке езулік түрі: ЗІЛ, ЗЕРГЕР т.б. (19-2-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жинақы жуысады (2-2), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі жартылай тербеледі (5-3), желбезек қатысына қарай тербеліңкі; ерін жазылып (езу тартып) барып (1-3) жасалады, ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара босаң жуысады, жуысым күшіне қарай босаң жуысыңқы; ауыз қуысы кішірейіп, көмей қуысы үлкейеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің жуысымы босаң леппен аяқталады, жуысым бітіміне қарай босаң лепті; дауыссыз ызың дыбысталады, үн қатысына қарай ұяң; әуез қатысына қарай жіңішке және езу әуезді дыбыс болып табылады.

З¹ жіңішке езулік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, жинақы жуысыңқы, ілгерінді, тербеліңкі (ұяң), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: босаң жуысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: босаң лепті, ұяң, жіңішке, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, жинақы жуысыңқы, ұяң, ілгерінді (жіңішке), езулік дауыссыз дыбыс.

Жуан еріндік түрі: ЗОР, ЗҰЛМАТ т.б. (19-3-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жинақы жуысады (2-2), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады

(8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі жартылай тербеледі (5-3), желбезек қатысына қарай тербелінкі; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара босаң жуысады, жуысым күшіне қарай босаң жуысыңқы; ауыз қуысы үлкейіп, көмей қуысы кішірейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің жуысымы босаң леппен аяқталады, жуысым бітіміне қарай босаң лепті; дауыссыз ызың дыбысталады, үн қатысына қарай ұяң; әуез қатысына қарай жуан және ерін әуезді дыбыс болып табылады.

³⁰ жуан еріндік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, жинақы жуысыңқы, кейінді, тербелінкі (ұяң), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: босаң жуысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: босаң лепті, ұяң (ызың), жуан, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, жинақы жуысыңқы, ұяң, кейінді (жуан), еріндік дауыссыз дыбыс.

Жінішке еріндік түрі: КҮЗ, КӨЗ т.б. (19-4-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жинақы жуысады (2-2), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі жартылай тербеледі (5-3), желбезек қатысына қарай тербелінкі; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара босаң жуысады, жуысым күшіне қарай босаң жуысыңқы; ауыз қуысы кішірейіп, көмей қуысы үлкейеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің жуысымы босаң леппен аяқталады, жуысым бітіміне қарай босаң лепті; дауыссыз ызың дыбысталады, үн қатысына қарай ұяң; әуез қатысына қарай жінішке және ерін әуезді дыбыс болып табылады.

³⁰ жінішке еріндік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, жинақы

жуысыңқы, ілгерінді, тербелінкі (ұяң), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: босаң жуысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: босаң лепті, ұяң, жінішке, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, жинақы жуысыңқы, ұяң, ілгерінді (жінішке), еріндік дауыссыз дыбыс.

Ж дауыссыз дыбысының үндесім түрлері

Жуан езулік түрі: ЖАҚ, ЖЫР т.б. (20-1-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жайылыңқы жуысады (2-3), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі жартылай тербеледі (5-3), желбезек қатысына қарай тербелінкі; ерін жазылып (езу тартып) барып (1-3) жасалады, ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара босаң жуысады, жуысым күшіне қарай босаң жуысыңқы; ауыз қуысы үлкейіп, көмей қуысы кішірейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің жуысымы босаң леппен аяқталады, жуысым бітіміне қарай босаң лепті; дауыссыз ызың дыбысталады, үн қатысына қарай ұяң; әуез қатысына қарай жуан және езу әуезді дыбыс болып табылады.

Ж жуан езулік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, жайылыңқы жуысыңқы, кейінді, тербелінкі (ұяң), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: босаң жуысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: босаң лепті, ұяң (ызың), жуан, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, жайылыңқы жуысыңқы, ұяң, кейінді (жуан), езулік дауыссыз дыбыс.

Жінішке езулік түрі: ЖІЛІК, ЖЕЗ т.б. (20-2-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жайылыңқы жуысады (2-3), жасалу орнына қарай

тіл ұшы; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі жартылай тербеледі (5-3), желбезек қатысына қарай тербеліңкі; ерін жазылып (езу тартып) барып (1-3) жасалады, ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара босаң жуысады, жуысым күшіне қарай босаң жуысыңқы; ауыз қуысы кішірейіп, көмей қуысы үлкейеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің жуысымы босаң леппен аяқталады, жуысым бітіміне қарай босаң лепті; дауыссыз ызын дыбысталады, үн қатысына қарай ұяң; әуез қатысына қарай жіңішке және езу әуезді дыбыс болып табылады.

Ж¹ жіңішке езулік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, жайылыңқы жуысыңқы, ілгерінді, тербеліңкі (ұяң), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: босаң жуысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: босаң лепті, ұяң, жіңішке, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, жинақы жуысыңқы, ұяң, ілгерінді (жіңішке), езулік дауыссыз дыбыс.

Жуан еріндік түрі: ЖҰРТ, ЖОЛ т.б. (20-3-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жайылыңқы жуысады (2-3), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі жартылай тербеледі (5-3), желбезек қатысына қарай тербеліңкі; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара босаң жуысады, жуысым күшіне қарай босаң жуысыңқы; ауыз қуысы үлкейіп, көмей қуысы кішірейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің жуысымы босаң леппен аяқталады, жуысым бітіміне қарай босаң лепті; дауыссыз ызын дыбысталады, үн қатысына қарай ұяң; әуез қатысына қарай жуан және ерін әуезді дыбыс болып табылады.

Ж⁰ жуан еріндік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, жайылыңқы жуысыңқы, кейінді, тербеліңкі (ұяң), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: босаң жуысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: босаң лепті, ұяң, жуан, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, жайылыңқы жуысыңқы, ұяң, кейінді (жуан), еріндік дауыссыз дыбыс.

Жіңішке еріндік түрі: ЖҮЗ, ЖҮРЕК т.б. (20-4-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жайылыңқы жуысады (2-3), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі жартылай тербеледі (5-3), желбезек қатысына қарай тербеліңкі; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара босаң жуысады, жуысым күшіне қарай босаң жуысыңқы; ауыз қуысы кішірейіп, көмей қуысы үлкейеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің жуысымы босаң леппен аяқталады, жуысым күшіне қарай босаң лепті; дауыссыз ызын дыбысталады, үн қатысына қарай ұяң; әуез қатысына қарай жіңішке және ерін әуезді дыбыс болып табылады.

Ж¹⁰ жіңішке еріндік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, жайылыңқы жуысыңқы, ілгерінді, тербеліңкі (ұяң), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: босаң жуысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: босаң лепті, ұяң, жіңішке, еріндік дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, жайылыңқы жуысыңқы, ұяң, ілгерінді (жіңішке), еріндік дауыссыз дыбыс.

Сонымен, ұяң дауыссыз дыбыстар жүйелі түрленеді. Әрбір дауыссыз төрт түрлі үндесім әуезбен айтылады. Сонда ұяң дауыссыздардың үндесім варианттары 20 дыбыс болып шығады (17-кесте).

жуан езулік үндесім	Б	Д	Ғ	З	Ж
жінішке езулік үндесім	Б ¹	Д ¹	Ғ ¹	З ¹	Ж ¹
жуан еріндік үндесім	Б ⁰	Д ⁰	Ғ ⁰	З ⁰	Ж ⁰
жінішке еріндік үндесім	Б ¹⁰	Д ¹⁰	Ғ ¹⁰	З ¹⁰	Ж ¹⁰

17-кесте. Ұяң дауыссыз дыбыстардың үндесім құрамы

Ұяң үндесім дыбыстардың жасалым белгілері күрделі:

1. Ерін Б және тіл ұшы Д, З, Ж дауыссыздарының үндесім варианттарының жасалу орны ортақ, сондықтан олардың ілгерінді-кейінді жасалым белгілері комескі байқалып, жуан-жінішке естілім белгілері комескі естіледі.

2. Ғ(-Ғ) дауыссызының үндесім варианттарының жасалу орны бір-бірінен алшақ: Ғ - тілшік, Ғ - тіл ортасы. Сондықтан олардың ілгерінді-кейінді жасалым белгілері айқын байқалып, жуан-жінішке естілім белгілері анық естіледі.

3. Жасалу тәсілі мен дауыс қатысы бір дыбыстың үндесім варианттарының бәріне бірдей ортақ, оларға қатысты жасалым-естілім айырмашылықтар байқалмайды.

1.4.3.3. Үнді дауыссыздар

Үнді дауыссыздардың үндесім варианттарына ортақ жасалым белгілер - дауыс қатысы, жасалу орны және жасалу тәсілі. Ал үндесім варианттарын бір-бірінен бөлектеп тұратын айырым белгілер - тілдің ілгерінді-кейінді, еріннің еріндік-езулік қалпы (суреттер қатаң дауыссыздардың үйлес сыңарларымен бірге беріледі).

М дауыссыз дыбысының үндесім түрлері

Жуан езулік түрі: МАЛ, МЫС т.б. (16-1-сурет)

Жасалымы: қос ерін өзара жымдаса тоғысады (1), жасалу орнына қарай ерін-ерінді; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің қатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі мол тербеледі (5-2), желбезек қатысына қарай тербелімді; ерін жазылып (езу тартып) барып (1-3) жасалады, ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: қос ерін өзара бос тоғысады, тоғысым күшіне қарай бос тоғысыңқы; ауыз қуысы мен көмей қуысы қосылып кетеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: қос еріннің тоғысымы бос леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай бос лепті; дауыссыз ыңыл дыбысталады, үн қатысына қарай үнді; әуез қатысына қарай жуан және езу әуезді дыбыс болып табылады.

М жуан езулік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: ерін (ерін-ерінді), тоғысыңқы, кейінді, тербелімді (үнді), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: бос тоғысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: бос лепті, үнді (ыңыл), жуан, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: ерін (ерін-ерінді), тоғысыңқы, үнді, кейінді (жуан), езулік дауыссыз дыбыс.

Жінішке езулік түрі: МЕН, МІНЕЗ т.б. (16-2-сурет)

Жасалымы: қос ерін өзара жымдаса тоғысады (1), жасалу орнына қарай ерін-ерінді; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі мол тербеледі (5-2), желбезек қатысына қарай тербелімді; ерін жазылып (езу тартып) барып (1-3) жасалады, ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: қос ерін өзара бос тоғысады, тоғысым күшіне қарай бос тоғысыңқы; ауыз қуысы мен көмей қуысы қосылып кетеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: қос еріннің тоғысымы бос леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай бос лепті; дауыссыз ыңыл дыбысталады, үн қатысына қарай үнді; әуез қатысына қарай жінішке және езу әуезді дыбыс болып табылады.

М¹ жінішке езулік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: ерін (ерін-ерінді), тоғысыңқы, ілгерінді, тербелімді (үнді), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: бос тоғысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: бос лепті, үнді (ыңыл), жінішке, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: ерін (ерін-ерінді),

тоғысыңқы, үнді, ілгерінді (жіңішке), езулік дауыссыз дыбыс.

Жуан еріндік түрі: МҰҢ, МОЛ т.б. (16-3-сурет)

Жасалымы: қос ерін өзара жымдаса тоғысады (1), жасалу орнына қарай ерін-ерінді; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі мол тербеледі (5-2), желбезек қатысына қарай тербелімді; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: қос ерін өзара бос тоғысады, тоғысым күшіне қарай бос тоғысыңқы; ауыз қуысы мен көмей қуысы қосылып кетеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: қос еріннің тоғысымы бос леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай бос лепті; дауыссыз ыңыл дыбысталады, үн қатысына қарай үнді; әуез қатысына қарай жуан және ерін әуезді дыбыс болып табылады.

М⁰ жуан еріндік түрінің айырым белгілері
Жасалым белгілері: ерін (ерін-ерінді), тоғысыңқы, кейінді, тербелінкі (үнді), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: бос тоғысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: бос лепті, үнді (ыңыл), жуан, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: ерін (ерін-ерінді), тоғысыңқы, үнді, кейінді (жуан), еріндік дауыссыз дыбыс.

Жіңішке еріндік түрі: МҮК, МӨР т.б. (16-4-сурет)

Жасалымы: қос ерін өзара жымдаса тоғысады (1), жасалу орнына қарай ерін-ерінді; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі мол тербеледі (5-2), желбезек қатысына қарай тербелімді; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: қос ерін өзара бос тоғысады, тоғысым күшіне қарай бос тоғысыңқы; ауыз қуысы мен көмей қуысы қосылып кетеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: қос еріннің тоғысымы бос леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай бос лепті; дауыссыз ыңыл дыбысталады, үн қатысына қарай үнді; әуез қатысына қарай жіңішке және ерін әуезді дыбыс болып табылады.

М¹⁰ жіңішке еріндік түрінің айырым белгілері
Жасалым белгілері: ерін (ерін-ерінді), тоғысыңқы, ілгерінді, тербелімді (үнді), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: бос тоғысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: бос лепті, үнді (ыңыл), жіңішке, еріндік дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: ерін (ерін-ерінді), тоғысыңқы, үнді, ілгерінді (жіңішке), еріндік дауыссыз дыбыс.

Н дауыссыз дыбысының үндесім түрлері

Жуан езулік түрі: НАН, НЫҚ т.б. (17-1-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жымдаса тоғысады (2-1), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі мол тербеледі (5-2), желбезек қатысына қарай тербелімді; ерін жазылып (езу тартып) барып жасалады (1-3), ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара бос тоғысады, тоғысым күшіне қарай бос тоғысыңқы; ауыз қуысы үлкейіп, көмей қуысы кішірейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің тоғысымы бос леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай бос лепті; дауыссыз ыңыл дыбысталады, үн қатысына қарай үнді; әуез қатысына қарай жуан және езу әуезді дыбыс болып табылады.

Н жуан езулік түрінің айырым белгілері
Жасалым белгілері: тіл ұшы, тоғысыңқы, кейінді, тербелімді (үнді), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: бос тоғысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: бос лепті, үнді (ыңыл), жуан, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, тоғысыңқы, үнді, кейінді (жуан), езулік дауыссыз дыбыс.

Жіңішке езулік түрі: НӘР, НІЛ т.б. (17-2-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жымдаса тоғысады (2-1), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі мол тербеледі (5-2), желбезек қатысына қарай тербелімді; ерін жазылып (езу тартып) барып жасалады (1-3), ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара бос тоғысады, тоғысым күшіне қарай бос тоғысыңқы; ауыз қуысы кішірейіп, көмей қуысы үлкейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің тоғысымы бос леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай бос лепті; дауыссыз ыңыл дыбысталады, үн қатысына қарай үнді; әуез қатысына қарай жіңішке және езу әуезді дыбыс болып табылады.

Н¹ жіңішке езулік түрінің айырым белгілері
Жасалым белгілері: тіл ұшы, тоғысыңқы, ілгерінді, тербелімді (үнді), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: бос тоғысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: бос лепті, үнді (ыңыл), жіңішке, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, тоғысыңқы, үнді, ілгерінді (жіңішке) езулік дауыссыз дыбыс.

Жуан еріндік түрі: НОҚТА, НҰР т.б. (17-3-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жымдаса тоғысады (2-1), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі мол тербеледі (5-2), желбезек қатысына қарай тербелімді; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып жасалады (1-2), ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара бос тоғысады, тоғысым күшіне қарай бос тоғысыңқы; ауыз қуысы үлкейіп, көмей қуысы кішірейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің тоғысымы бос леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай бос лепті; дауыссыз ыңыл дыбысталады, үн қатысына қарай үнді; әуез қатысына қарай жуан және езу әуезді дыбыс болып табылады.

Н⁰ жуан еріндік түрінің айырым белгілері
Жасалым белгілері: тіл ұшы, тоғысыңқы, кейінді, тербелімді (үнді), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: бос тоғысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: бос лепті, үнді (ыңыл), жуан, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, тоғысыңқы, үнді, кейінді (жуан), еріндік дауыссыз дыбыс.

Жіңішке еріндік түрі: НҮКТЕ, НӨКЕР т.б. (17-4-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жымдаса тоғысады (2-1), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі мол тербеледі (5-2), желбезек қатысына қарай тербелімді; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара бос тоғысады, тоғысым күшіне қарай бос тоғысыңқы; ауыз қуысы кішірейіп, көмей қуысы үлкейеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің тоғысымы бос леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай бос лепті; дауыссыз ыңыл дыбысталады, үн қатысына қарай үнді; әуез қатысына қарай жіңішке және ерін әуезді дыбыс болып табылады.

Н⁰ жіңішке еріндік түрінің айырым белгілері
Жасалым белгілері: тіл ұшы, тоғысыңқы, ілгерінді, тербелімді (үнді), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: бос тоғысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: бос лепті, үнді (ыңыл), жіңішке, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, тоғысыңқы, үнді, ілгерінді (жіңішке), еріндік дауыссыз дыбыс.

Н дауыссыз дыбысының үндесім түрлері

Жуан езулік түрі: ТАҢ, ТЫҢ т.б. (18-1-сурет)

Жасалымы: тіл түбі мен тілшік өзара жымдаса тоғысады (4-2), жасалу орнына қарай тілшік; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады

(8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі мол тербеледі (5-2), желбезек қатысына қарай тербелімді; ерін жазылып (езу тартып) барып жасалады (1-3), ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл түбі мен тілшік бос тоғысады, тоғысым күшіне қарай бос тоғысыңқы; ауыз қуысы үлкейіп, көмей қуысы кішірейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл мен тілшіктің тоғысымы бос леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай бос лепті; дауыссыз ыңыл дыбысталады, үн қатысына қарай үнді; әуез қатысына қарай жуан және езу әуезді дыбыс болып табылады.

Ұ жуан езулік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тілшік тоғысыңқы, кейінді, тербелімді (үнді), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: бос тоғысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: бос лепті, үнді, жуан, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тілшік, тоғысыңқы, үнді, кейінді (жуан), езулік дауыссыз дыбыс.

Жіңішке езулік түрі: ТЕҢ, СІҢІР т.б. (18-2-сурет)

Жасалымы: тіл ортасы мен таңдай жымдаса тоғысады (3-1), жасалу орнына қарай тіл ортасы; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі мол тербеледі (5-2), желбезек қатысына қарай тербелімді; ерін жазылып (езу тартып) барып (1-3) жасалады, ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ортасы мен таңдай бос тоғысады, тоғысым күшіне қарай бос тоғысыңқы; ауыз қуысы кішірейіп, көмей қуысы үлкейеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ортасы мен таңдайдың тоғысымы бос леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай бос лепті; дауыссыз ыңыл дыбысталады, үн қатысына қарай үнді; әуез қатысына қарай жіңішке және езу әуезді дыбыс болып табылады.

Ұ¹ жіңішке езулік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ортасы, тоғысыңқы, ілгерінді, тербелімді (үнді), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: бос тоғысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: бос лепті, үнді, жіңішке, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ортасы, тоғысыңқы, үнді, ілгерінді (жіңішке), езулік дауыссыз дыбыс.

Жуан еріндік түрі: ОҢ, МҰҢ т.б. (18-3-сурет)

Жасалымы: тіл түбі мен тілшік жымдаса тоғысады (4-2), жасалу орнына қарай тілшік; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі мол тербеледі (5-2), желбезек қатысына қарай тербелімді; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл түбі мен тілшік бос тоғысады, тоғысым күшіне қарай бос тоғысыңқы; ауыз қуысы үлкейіп, көмей қуысы кішірейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл түбі мен тілшіктің тоғысымы бос леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай бос лепті; дауыссыз ыңыл дыбысталады, үн қатысына қарай үнді; әуез қатысына қарай жуан және ерін әуезді дыбыс болып табылады.

Н⁰ жуан еріндік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тілшік тоғысыңқы, кейінді, тербелімді (үнді), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: бос тоғысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: бос лепті, үнді, жуан, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тілшік, тоғысыңқы, үнді, кейінді (жуан), еріндік дауыссыз дыбыс.

Жіңішке еріндік түрі: ҮҢГІР, ӨҢ т.б. (18-4-сурет)

Жасалымы: тіл ортасы мен таңдай жымдаса тоғысады (3-1), жасалу орнына қарай тіл ортасы; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі мол тербеледі (5-2), желбезек қатысына қарай тербелімді; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ортасы мен таңдай бос тоғысады, тоғысым күшіне қарай бос тоғысыңқы; ауыз қуысы кішірейіп, көмей қуысы үлкейеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ортасы мен таңдайдың тоғысымы бос леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай бос лепті; дауыссыз ыңыл дыбысталады, үн қатысына қарай үнді; әуез қатысына қарай жіңішке және ерін әуезді дыбыс болып табылады.

Н¹⁰ жіңішке еріндік түрінің айырым белгілері
Жасалым белгілері: тіл ортасы, тоғысыңқы, ілгерінді, тербелімді (үнді), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: бос тоғысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: бос лепті, үнді, жіңішке, еріндік дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ортасы, тоғысыңқы, үнді, ілгерінді (жіңішке), еріндік дауыссыз дыбыс.

Р дауыссыз дыбысының үндесім түрлері

Жуан езулік түрі: ҚАР, СЫР т.б. (19-1 -сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара тербеле жуысады (2-2), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі мол тербеледі (5-2), желбезек қатысына қарай тербелімді; ерін жазылып (езу тартып) барып (1-3) жасалады, ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара бос жуысады, жуысым күшіне қарай бос жуысыңқы; ауыз қуысы үлкейіп, көмей қуысы кішірейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің жуысымы бос леппен аяқталады, жуысым өтіміне қарай бос лепті; дауыссыз ыңыл дыбысталады, үн қатысына қарай үнді; әуез қатысына қарай жуан және езу әуезді дыбыс болып табылады.

Р жуан езулік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, діріл жуысыңқы, кейінді, тербелімді (үнді), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: бос жуысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: бос лепті, үнді, жуан, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, діріл жуысыңқы, үнді, кейінді (жуан), езулік дауыссыз дыбыс.

Жіңішке езулік түрі: ЕР, ІРГЕ т.б. (19-2-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара тербеле жуысады (2-2), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі мол тербеледі (5-2), желбезек қатысына қарай тербелімді; ерін жазылып (езу тартып) барып (1-3) жасалады, ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара бос жуысады, жуысым бітіміне қарай бос жуысыңқы; ауыз қуысы кішірейіп, көмей қуысы үлкейеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің жуысымы бос леппен бітеді, жуысым бітіміне қарай бос лепті; дауыссыз ыңыл дыбысталады, үн қатысына қарай үнді; әуез қатысына қарай жіңішке және езу әуезді дыбыс болып табылады.

Р¹ жіңішке езулік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, діріл жуысыңқы, ілгерінді, тербелімді (үнді), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: бос жуысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: бос лепті, үнді (ыңыл), жіңішке, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, діріл жуысыңқы, үнді, ілгерінді (жіңішке), езулік дауыссыз дыбыс.

Жуан еріндік түрі: ҚҰР, СОР т.б. (19-3-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара тербеле жуысады (2-2), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі мол тербеледі (5-2), желбезек қатысына қарай тербелімді; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара бос жуысады, жуысым күшіне қарай бос жуысыңқы; ауыз қуысы үлкейіп, көмей қуысы кішірейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің жуысымы бос леппен бітеді, тоғысым бітіміне қарай бос лепті; дауыссыз ыңыл дыбысталады,

үн қатысына қарай үнді; әуез қатысына қарай жуан және ерін әуезді дыбыс болып табылады.

P^0 жуан еріндік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, діріл жуысыңқы, кейінді, тербелімді (үнді), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: бос жуысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: бос лепті, үнді, жуан, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, діріл жуысыңқы, үнді, кейінді (жуан), еріндік дауыссыз дыбыс.

Жіңішке еріндік түрі: ТҮР, ӨР т.б. (19-4-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара тербеле жуысады (2-2), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі мол тербеледі (5-2), желбезек қатысына қарай тербелімді; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара бос жуысады, жуысым күшіне қарай бос жуысыңқы; ауыз қуысы кішірейіп, көмей қуысы үлкейеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің жуысымы бос леппен аяқталады, жуысым бітіміне қарай бос лепті; дауыссыз ыңыл дыбысталады, үн қатысына қарай үнді; әуез қатысына қарай жіңішке және ерін әуезді дыбыс болып табылады.

P^{10} жіңішке еріндік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, діріл жуысыңқы, ілгерінді, тербелімді (үнді), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: бос жуысыңқы, ауыз қуысты дыбыс.

Естілім белгілері: бос лепті, үнді, жіңішке, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, діріл жуысыңқы, үнді, ілгерінді (жіңішке), еріндік дауыссыз дыбыс.

Л дауыссыз дыбысының үндесім түрлері

Жуан езулік түрі: БАЛ, ЖЫЛ т.б. (20-1-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара

жымдаса тоғысып, екі жаны жуысады (2-1), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі мол тербеледі (5-2), желбезек қатысына қарай тербелімді; ерін жазылып (езу тартып) барып жасалады (1-3), ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара бос тоғысады, тоғысым күшіне қарай бос тоғысымды; ауыз қуысы үлкейіп, көмей қуысы кішірейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің тоғысымы бос леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай бос лепті; дауыссыз ыңыл дыбысталады, үн қатысына қарай үнді; әуез қатысына қарай жуан және езу әуезді дыбыс болып табылады.

Л жуан езулік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, жанама жуысыңқы, кейінді, тербелімді (үнді), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: бос тоғысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: бос лепті, үнді, жуан, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, жанама жуысыңқы, үнді, кейінді (жуан), езулік дауыссыз дыбыс.

Жіңішке езулік түрі: ЕЛ, БІЛ т.б. (20-2-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жымдаса тоғысып, екі жаны жуысады (2-1), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі мол тербеледі (5-2), желбезек қатысына қарай тербелімді; ерін жазылып (езу тартып) барып жасалады (1), ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара бос тоғысады, тоғысым күшіне қарай бос тоғысыңқы; ауыз қуысы кішірейіп, көмей қуысы үлкейеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің тоғысымы бос леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай бос лепті; дауыссыз ыңыл дыбысталады, үн қатысына қарай үнді; әуез қатысына қарай жіңішке және езу әуезді дыбыс болып табылады.

Л¹ жінішке езулік түрінің айырым белгілері
Жасалым белгілері: тіл ұшы, жанама жуысыңқы, ілгерінді, тербелімді (үнді), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: бос тоғысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: бос лепті, үнді, жінішке, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, жанама жуысыңқы, үнді, ілгерінді (жінішке), езулік дауыссыз дыбыс.

Жуан еріндік түрі: БҰЛБҰЛ, ҚОЛ т.б. (20-3-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жымдаса тоғысып, екі жаны жуысады (2-1), жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі мол тербеледі (5-2), желбезек қатысына қарай тербелімді; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып жасалады (1-2), ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара бос тоғысады, тоғысым күшіне қарай бос тоғысыңқы; ауыз қуысы үлкейіп, көмей қуысы кішірейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің тоғысымы бос леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай бос лепті; дауыссыз ыңыл дыбысталады, үн қатысына қарай үнді; әуез қатысына қарай жуан және ерін әуезді дыбыс болып табылады.

Л⁰ жуан еріндік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, жанама жуысыңқы, кейінді, тербелімді (үнді), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: бос тоғысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: бос лепті, үнді, жуан, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, жанама жуысыңқы, үнді, кейінді (жуан), еріндік дауыссыз дыбыс.

Жінішке еріндік түрі: ГҮЛ, ҮЛКЕН т.б. (20-4-сурет)

Жасалымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара жымдаса тоғысып, екі жағы жуысады (2-1),

жасалу орнына қарай тіл ұшы; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі мол тербеледі (5-2), желбезек қатысына қарай тербелімді; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ұшы мен қызыл иек өзара бос тоғысады, тоғысым күшіне қарай бос тоғысыңқы; ауыз қуысы кішірейіп, көмей қуысы үлкейеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ұшы мен қызыл иектің тоғысымы бос леппен аяқталады, тоғысым бітіміне қарай бос лепті; дауыссыз ыңыл дыбысталады, үн қатысына қарай үнді; әуез қатысына қарай жінішке және ерін әуезді дыбыс болып табылады.

Л¹⁰ жінішке еріндік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тіл ұшы, тоғысыңқы, ілгерінді, тербелімді (үнді), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: босаң жанама жуысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: бос лепті, үнді (ыңыл), жінішке, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ұшы, жанама жуысыңқы, үнді, ілгерінді (жінішке), еріндік дауыссыз дыбыс.

Й дауыссыз дыбысының үндесім түрлері

Жуан езулік түрі: АЙ, ТЫЙ т.б. (21-1-сурет)

Жасалымы: тіл түбі мен тілшік жайылыңқы жуысады (4-1), жасалу орнына қарай тілшік; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі мол тербеледі (5-3), желбезек қатысына қарай тербелімді; ерін жазылып (езу тартып) барып (1-3) жасалады, ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл түбі мен тілшік бос жуысады, жуысым күшіне қарай бос жуысыңқы; ауыз қуысы үлкейіп, көмей қуысы кішірейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл түбі мен тілшіктің жуысымы бос леппен аяқталады, жуысым бітіміне қарай бос лепті; дауыссыз ыңыл дыбысталады, үн қатысына қарай үнді; әуез қатысына қарай жуан және езу әуезді дыбыс болып табылады.

Й жуан езулік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: тілшік жуысыңқы, кейінді, тербелімді (үнді), езулік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: бос жуысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: бос лепті, үнді, жуан, езу әуезді дауыссыз дыбыс.


Жалпы сипаттамасы: тілшік, жуысыңқы, үнді, кейінді (жуан), езулік дауыссыз дыбыс.

Жіңішке езулік түрі: ӘЙ, К(І)Й т.б. (21-2-сурет)

Жасалымы: тіл ортасы мен таңдай жайылыңқы жуысады (3-2), жасалу орнына қарай тіл ортасы; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі мол тербеледі (5-2), желбезек қатысына қарай тербелімді; ерін жазылып (езу тартып) барып (1-3) жасалады, ерін қатысына қарай езулік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ортасы мен таңдай бос жуысады, жуысым күшіне қарай бос жуысыңқы; ауыз қуысы кішірейіп, көмей қуысы үлкейеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ортасы мен таңдайдың жуысымы бос леппен аяқталады, жуысым бітіміне қарай бос лепті; дауыссыз ыңыл дыбысталады, үн қатысына қарай үнді; әуез қатысына қарай жіңішке және езу әуезді дыбыс болып табылады.



21-1-сурет. Й жуан езулік үндесім дауыссызының моделі (үлгісі)

Й! жіңішке езулік түрінің айырым белгілері
Жасалым белгілері: тіл ортасы, жуысыңқы, ілгерінді (жіңішке), тербелімді (үнді), езулік дауыссыз дыбыс.


Айтылым белгілері: бос жуысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: бос лепті, үнді, жіңішке, езу әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ортасы, жуысыңқы, үнді, ілгерінді (жіңішке), езулік дауыссыз дыбыс.

Жуан еріндік түрі: ОЙ, СҰЙЫҚ т.б. (21-3-сурет)

Жасалымы: тіл түбі мен тілшік жайылыңқы жуысады (4-1), жасалу орнына қарай тілшік; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі мол тербеледі (5-2), желбезек қатысына қарай тербелімді; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.



21-2-сурет. Й жіңішке езулік үндесім дауыссызының моделі (үлгісі)

Айтылымы: тіл түбі мен тілшік бос жуысады, жуысым күшіне қарай бос жуысыңқы; ауыз қуысы үлкейіп, көмей қуысы кішірейеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.



Естілімі: тіл түбі мен тілшіктің жуысымы бос аяқталады, жуысым бітіміне қарай бос лепті; дауыссыз ыңыл естіледі, үн қатысына қарай үнді; әуез қатысына қарай жуан және ерін әуезді дыбыс болып табылады.

Й⁰ жуан еріндік түрінің айырым белгілері
Жасалым белгілері: тілшік, жуысыңқы, кейінді, тербелімді (үнді), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: бос жуысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: бос лепті, үнді, жуан, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тілшік, жуысыңқы, үнді, кейінді (жуан), еріндік дауыссыз дыбыс.



21-4-сурет. Й жіңішке еріндік үндесім дауыссызының моделі (үлгісі)

Жіңішке еріндік түрі: ҮЙ, КӨЙЛЕК т.б. (21-4-сурет)

Жасалымы: тіл ортасы мен таңдай жайылыңқы жуысады (3-2), жасалу орнына қарай тіл ортасы; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі мол тербеледі (5-2), желбезек қатысына қарай тербелімді; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-2) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: тіл ортасы мен таңдай бос жуысады, жуысым күшіне қарай бос жуысыңқы; ауыз қуысы кішірейіп, көмей қуысы үлкейеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: тіл ортасы мен таңдайдың жуысымы бос леппен аяқталады, жуысым бітіміне қарай бос лепті; дауыссыз ыңыл естіледі, үн қатысына қарай үнді; әуез қатысына қарай жуан және ерін әуезді дыбыс болып табылады.

Й¹⁰ жіңішке еріндік түрінің айырым белгілері
Жасалым белгілері: тіл ортасы, жуысыңқы, ілгерінді, тербелімді (үнді), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: бос жуысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: бос лепті, үнді, жіңішке, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: тіл ортасы, жуысыңқы, үнді, ілгерінді (жіңішке), еріндік дауыссыз дыбыс.

У (W) дауыссыз дыбысының үндесім түрлері

Жуан еріндік түрі: АУА, С(Ұ)У т.б. (22-1-сурет)

Жасалымы: қос ерін өзара жинақы жуысады (1), жасалу орнына қарай ерін-ерінді; тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады (8), тілдің жатысына қарай кейінді; дауыс желбезегі мол тербеледі (5-4), желбезек қатысына қарай тербелімді; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-1) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: қос ерін өзара бос жуысады, жуысым күшіне қарай бос жуысыңқы; ауыз қуысы мен көмей қуысы қосылып кетеді, үстеме жасалым орнына қарай көмей қуысты дыбыс болып табылады.



Естілімі: қос еріннің жуысымы бос леппен аяқталады, жуысым бітіміне қарай бос лепті; дауыссыз ыңыл естіледі, үн қатысына қарай үнді; әуез қатысына қарай жуан және ерін әуезді дыбыс болып табылады.

У жуан еріндік түрінің айырым белгілері
Жасалым белгілері: ерін (ерін-ерінді), жуысыңқы, кейінді, тербелімді (үнді), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: бос жуысыңқы, көмей қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: бос лепті, үнді, жуан, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: ерін (ерін-ерінді), тоғысыңқы, үнді, кейінді (жуан), еріндік дауыссыз дыбыс.



Жіңішке еріндік түрі: ӘУЕ, С(У)УРЕТ т.б. (22-2-сурет)

Жасалымы: қос ерін өзара жинақы жуысады (1), жасалу орнына қарай ерін-ерінді; тіл ауыз қуысында ілгері итініп жатады (6), тілдің жатысына қарай ілгерінді; дауыс желбезегі мол тербеледі (5-2), желбезек қатысына қарай тербелімді; ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып (1-1) жасалады, ерін қатысына қарай еріндік дыбыс болып табылады.

Айтылымы: қос ерін өзара бос жуысады, жуысым күшіне қарай бос жуысыңқы; ауыз қуысы мен көмей қуысы қосылып кетеді, үстеме жасалым орнына қарай ауыз қуысты дыбыс болып табылады.

Естілімі: қос еріннің жуысымы бос леппен аяқталады, жуысым бітіміне қарай бос лепті; дыбыс ыңыл естіледі, үн қатысына қарай үнді; әуез қатысына қарай жіңішке және ерін әуезді дыбыс болып табылады.

У¹ жіңішке еріндік түрінің айырым белгілері

Жасалым белгілері: ерін (ерін-ерінді), жуысыңқы, ілгерінді, тербелімді (үнді), еріндік дауыссыз дыбыс.

Айтылым белгілері: бос жуысыңқы, ауыз қуысты дауыссыз дыбыс.

Естілім белгілері: бос лепті, үнді, жіңішке, ерін әуезді дауыссыз дыбыс.

Жалпы сипаттамасы: ерін (ерін-ерінді), жуысыңқы, үнді, ілгерінді (жіңішке), еріндік дауыссыз дыбыс.

Сонымен, үнді дауыссыз дыбыстар жүйелі түрленеді. Әрбір дауыссыз төрт түрлі (У дауыссызы - екі түрлі) үндесім әуезбен айтылады. Сонда үнді дауыссыздардың үндесім варианттары 26 дыбыс болып шығады (17-кесте).

жуан езулік үндесім	М	Н	Ң	Р	Л	Й
жіңішке езулік үндесім	М ¹	Н ¹	Ң ¹	Р ¹	Л ¹	Й ¹
жуан еріндік үндесім	М ⁰	Н ⁰	Ң ⁰	Р ⁰	Л ⁰	Й ⁰
жіңішке еріндік үндесім	М ¹⁰	Н ¹⁰	Ң ¹⁰	Р ¹⁰	Л ¹⁰	Й ¹⁰

18-кесте. Үнді дауыссыз дыбыстардың үндесім құрамы

Үнді үндесім дыбыстардың жасалым белгілері күрделі:

1. Ерін М, У және тіл ұшы Н, Р, Л дауыссыздарының үндесім варианттарының жасалу орны ортақ, сондықтан олардың ілгерінді-кейінді жасалым белгілері көмескі байқалып, жуан-жіңішке естілім белгілері көмескі естіледі.

2. Ң(-Ң¹), Й(-Й¹) дауыссызының үндесім варианттарының жасалу орны бір-бірінен алшақ: Ң, Й - тілшік, Н¹, Й¹ - тіл ортасы. Алайда, соған қарамай, олардың жуан-жіңішке естілім белгілері көмескі естіледі. Соның салдарынан олардың ілгерінді-кейінді белгісін де көпшілік аңғара бермейді.

3. Дауыс қатысы бәріне бірдей ортақ.

4. Жасалу тәсілінің барлық түрі кездеседі (тоғысыңқы, жуысыңқы, діріл, жанама), айырмашылық мол.

1.4.4. Дауыссыздардың үндесім жүйесі

Дауыссыздардың үндесім белгілерінің жүйесі өзара жұптасып үйлеседі (19-кесте). Олардың ортақ және айырым белгілері кесте мен жасалым модельден айқын көрінеді.

Егер екі дыбыстың жасалым белгілері бірдей болса, онда олар үндес дыбыстар болып табылады да, бір буынның құрамында кездесе береді. Мысалы, П мен Т, Т мен М т.б. үндесім дыбыстарының жасалым белгілері бірдей (екеуі де - кейінді, езулік), ендеше олар бір буын құрамында (ТАП, ТЫМ т.б.) кездеседі. Бір не екі бірдей жасалым белгісі айырым болса, онда олар бір буынның құрамында кездеспейді. Мысалы, С мен С⁰, П мен Т¹ үндесім дыбыстарының бір ортақ белгісі, бір айырым белгісі бар. Қ⁰ мен Н¹, Б мен Б¹⁰ жұптарының екі белгісі де айырым, ортақ белгісі жоқ. Араларында айырым белгі болғандықтан, олар бір буын құрамында кездесе алмайды.

ҮНДЕСІМ ДЫБЫСТАР	ҮНДЕСІМ БЕЛГІЛЕР			
	ілгерінді	кейінді	езулік	еріндік
П Б М	-	+	+	-
П ¹ Б ¹ М ¹	+	-	+	-
П ⁰ Б ⁰ М ⁰	-	+	-	+
П ¹⁰ Б ¹⁰ М ¹⁰	+	-	-	+
Т Д Н	-	+	+	-
Т ¹ Д ¹ Н ¹	+	-	+	-
Т ⁰ Д ⁰ Н ⁰	-	+	-	+
Т ¹⁰ Д ¹⁰ Н ¹⁰	+	-	-	+
Қ Ғ Ң	-	+	+	-
Қ ¹ Ғ ¹ Ң ¹	+	-	+	-
Қ ⁰ Ғ ⁰ Ң ⁰	-	+	-	+
Қ ¹⁰ Ғ ¹⁰ Ң ¹⁰	+	-	-	+
С З Р	-	+	+	-
С ¹ З ¹ Р ¹	+	-	+	-
С ⁰ З ⁰ Р ⁰	-	+	-	+
С ¹⁰ З ¹⁰ Р ¹⁰	+	-	-	+
Ш Ж Л	-	+	+	-
Ш ¹ Ж ¹ Л ¹	+	-	+	-
Ш ⁰ Ж ⁰ Л ⁰	-	+	-	+
Ш ¹⁰ Ж ¹⁰ Л ¹⁰	+	-	-	+
Й	-	+	+	-
Й ¹	+	-	+	-
Й ⁰	-	+	-	+

Й ¹⁰	+	-	-	+
У	-	+	-	+
У ¹	+	-	-	+

19-кесте. Дауыссыз дыбыстардың үндесім белгілерінің жүйесі

Осы жолмен өзге де үндесім дыбыстарды өзара салыстырып шығуға болады.

Сөз деңгейінде жуан еріндік және жуан езулік, сондай-ақ жіңішке еріндік және жіңішке езулік буындар іргелеседі (М: ҚО-РА, ҚҮ-НӘ т.б.). Мұның өзі қазақ тіліндегі үндесім дыбыстардың таралымын буын және сөз деңгейінде бөліп қарау керек екендігін көрсетеді. Ал, жуан және жіңішке үндесім дыбыстар буын деңгейінде де, сөз деңгейінде де бірге кездеспейді.

Кез келген екі үндесім дыбыстың жасалым үлгісін бір-бірімен беттестіріп, олардың ортақ және айырым белгілерін нақты көруге болады. Ортақ белгілер бір жасалым нүктенің үстінде бірін-бірі жауып (не тұстасып) жатады, ал айырым белгілер әр түрлі нүктенің үстінде жатады.

1. Екі ортақ белгісі бар үндесім дыбыстар. Екі үндесім дыбыстың жасалым үлгісін беттестіргенде екі бірдей жасалым нүктесі бір-бірімен дәл келсе, онда олар ортақ әуезді дыбыстар болады да, бір буынның құрамында кездесе береді.

ТЫС сөзіндегі (буынындағы) Т және С дауыссыздарының жасалым үлгісін бір-бірімен беттестіргенде еріннің езу қалпы да (1-3), тілдің кейінді қалпы да (8) бірін-бірі жауып тұр (23-сурет).

ТІС буын-сөзіндегі Т¹ және С¹ дауыссыздарының жасалым үлгісін бір-бірімен беттестіргенде еріннің езу қалпы (1-3) мен тілдің ілгерінді қалпы (6) бірін-бірі жауып жатыр (24-сурет).


ТҰС буын-сөзіндегі Т⁰ және С⁰ дауыссыздарының жасалым үлгісін бір-бірімен беттестіргенде еріннің еріндік қалпы (1-2) мен тілдің кейінді қалпы (8) бірін-бірі жауып жатыр (25-сурет).

ТҮС буын-сөзіндегі Т¹⁰ және С¹⁰ дауыссыздарының жасалым үлгісін бір-бірімен беттестіргенде еріннің еріндік қалпы (1-2) мен тілдің ілгерінді қалпы (6) бірін-бірі жауып тұр (26-сурет).

Сонда осы дыбыстар жұбының жасалу тәсілі өзара бөлек, ал екі жасалым белгісі бірдей болып шықты.



23-сурет. Т-С дауыссыздарының жуан езу үндесім варианттарының беттескен моделі (үлгісі)



26-сурет. Т-С дауыссыздарының жіңішке ерін үндесім моделі (үлгісі)



24-сурет. Т-С дауыссыздарының жіңішке езу үндесім моделі (үлгісі)



25-сурет. Т-С дауыссыздарының жуан ерін үндесім моделі (үлгісі)



27-сурет. Қ дауыссызының езу-ерін үндесім варианттарының беттескен моделі (үлгісі)

2. Бір ортақ, бір айырым белгісі бар үндесім дыбыстар. Екі үндесім дыбыстың жасалым үлгілерін беттестіргенде бір жасалым нүктесі дәл келіп, екінші жасалым нүктесі дәл келмесе, онда олар әртүрлі әуезді дыбыстар болады.

а) Тілдің қалпы ортақ, еріннің қалпы айырым үндесім дыбыстар көп буынды бір сөздің құрамында кездесе береді.

ҚЫРҚУ сөзіндегі Қ және Қ⁰ дауыссыздарының жасалым үлгісін бір-бірімен беттестіргенде тілдің кейінді қалпы (8) бір-бірімен дәл келеді де, еріннің езулік (1-3), еріндік (1-2) қалпы үйлеспейді (27-сурет).


ә) еріннің қалпы ортақ, тілдің қалпы айырым дауыссыздар бір сөздің құрамында кездеспейді.

ОҢДЫ және ӨҢДІ сөздеріндегі Ң мен Ң⁰ дыбыстарының ерін қалпы еріндік (1-2) ортақ, тілдің кейінді (8), ілгерінді (6) қалпы бөлек (28-сурет).


3. Екі айырым белгісі бар үндесім дыбыстар. Екі үндесім дыбыс жасалым үлгілерін беттестіргенде екі белгісі де үйлеспей жатса, онда олар бір сөздің құрамында кездеспейді.

СЫЗ және СУЗ сөздеріндегі З мен З¹⁰ дауыссыздарының ортақ беттес нүктелері жоқ. З дыбысының ерін қалпы езулік (1-3), тіл қалпы кейінді (8), ал З¹⁰ дыбысының ерін қалпы еріндік (1-2), тіл қалпы ілгерінді (6) (29-сурет).

Дауыссыз дыбыстардың бір-бірімен үндесім сиымдылығының реті осындай.



28-сурет. H ерін үндесім дауыссызының жуан-жінішке варианттарының беттескен моделі (үлгісі)




29-сурет. З дауыссызының жуан езулік және жінішке еріндік варианттарының беттескен моделі (үлгісі)

Үндесім дыбыстардың жасалым және естілім белгілері бір-бірімен тығыз байланысты. Үндесім дыбыс кейінді жасалса, жуан естіледі, керісінше, жуан естілсе, кейінді жасалады. Үндесім дыбыс ілгерінді жасалса, жінішке естіледі, керісінше жінішке айтылса, онда ілгерінді жасалады. Ерін қатысы да осы жүйемен жүреді. Үндесім дыбыс

езулік болып жасалса, ашық (таза) естіледі, керісінше, ашық естілсе, езулік болып жасалады. Үндесім дыбыс еріндік боп жасалса, қою естіледі, керісінше, қою естілсе, еріндік болып жасалады.

4.4.4. Бір дауыссыз дыбыстың үндесім варианттарының айқын көрінер жері - тоғысыңқы Қ-Қ¹ (қыр - қір), H-H¹ (мың - мең) дауыссыздарының (30-сурет) және жуысыңқы Й - Й¹ (АЙ - ӘЙ), F - F¹ (аға - еге) дауыссыздарының жасалу орындары. Олардың жуан үндесім варианттары тілшік арқылы (4-нүкте), ал жінішке үндесім варианттары тіл ортасы (3-нүкте) арқылы жасалып тұр. Жасалым орындарының алшақтығына қарамай бір дауыссыздың жуан-жінішке үндесім варианттары болып табылады.



30-сурет. К (К), F (F), H (H) дауыссыздарының жуан-жінішке үндесім варианттарының беттескен моделі (үлгісі)

Бір дауыссыз дыбыстың барлық үндесім варианттарының жасалым айырмашылығын өзара беттестіріп, салыстырып шығуға болады (31-сурет). Т-Т¹ (тыл - тіл, тұр - тұр), Д - Д¹ (дық - дік, дұрыс - дүре), Н - Н¹ (нық - ніл, үн - үн) дауыссыздарының жуан (8-нүкте) және жінішке (6-нүкте) үндесім варианттарының жасалу орны әр жерде орналасқан. Ал енді олардың ерін қатысына қарай айырмашылығы да анық байқалады. Т - Т⁰ (тын - тұн, тін - тұн), Д - Д⁰ (дыбыс - дұрыс, діріл - дүріл), Н - Н⁰ (ным - нұр, ін - үн) дауыссыздарының езу (1-3 нүкте) және ерін (1-2 нүкте) үндесім варианттарының ерін қалпы әр түрлі орналасқан. Осы ретпен барлық дауыссыз дыбыстардың үндесім түрлерінің жасалымы табылады.

Мұның өзі дауыссыз дыбыстар құрамындағы үндесім құбылысының орнықты екенін көрсетеді.



31-сурет. Т дауыссызының жуан-жіңішке еріндік-езулік варианттарының беттескен моделі (үлгісі)

1.5. ҚАЗАҚ ТІЛІ ДЫБЫСТАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН ЖҮЙЕСІ (қорытынды орнына)

Әліпби-дыбыстар

Қазақ тілі дыбыстарының құрамы осы күнге дейін екі түрлі тұрғыдан қарастырылып келді. Дауысты дыбыстар үндесім тұрғысынан талданып, олардың әрбір үндесім варианты (аллофоны) бір дыбыс ретінде тіркеледі. Ал дауыссыз дыбыстар болса, керісінше, бейүндесім тұрғысынан талданып, бір дауыссыз бір дыбыс ретінде тіркеледі. Сонымен, қазақ тілінде 9 дауысты, 17 дауыссыз (К, Г дыбыстарын қосқанда - 19) бар, барлығы - 26 (немесе 28) дыбыс деген пікір қалыптасты. Қазіргі қазақ әліпбиі осы негізде түзілген (20-кесте).

Жуан езулік дыбыстар

Жуан езулік дыбыстар қазақ тілі дыбыстарының негізгі үндесім варианты (аллофоны) ретінде кездеседі. Құрамы - 2 жуан езулік дауысты мен 16 жуан езулік дауыссыз. Барлығы - 18 жуан езулік үндесім дыбыс (21- кесте) бар.

Жіңішке езулік дыбыстар

Жіңішке езулік дыбыстар қазақ тілі дыбыстарының үндесім варианты (аллофоны) ретінде кездеседі. Құрамы - 3 жіңішке езулік дауысты мен 16 жіңішке езулік дауыссыз. Барлығы - 19 жіңішке езулік үндесім дыбыс (22-кесте).

Жуан еріндік дыбыстар

Жуан еріндік дыбыстар қазақ тілі дыбыстарының үндесім варианты (аллофоны) ретінде кездеседі. Құрамы - 2 жуан еріндік дауысты мен 17 жуан еріндік дауыссыз. Барлығы - 19 жуан еріндік үндесім дыбыс (23- кесте).

Жіңішке еріндік дыбыстар

Жіңішке еріндік дыбыстар қазақ тілі дыбыстарының жіңішке еріндік үндесім варианты (аллофоны) ретінде кездеседі. Құрамы - 2 жіңішке еріндік дауысты мен 17 жіңішке еріндік дауыссыз. Барлығы - 19 жіңішке еріндік үндесім дыбыс (24 кесте).

Қазақ тілінің дыбыс құрамы мен жүйесі күрделі. Олар төрт үндесім топқа жіктеледі. Әр топтың құрамындағы дыбыстардың жасалым, айтылым және естілім сапасы әр түрлі.

ӘЛІПБИ-ДЫБЫСТАР

№	дауыс-тылар	аты	катаң-дар	аты	ұяң-дар	аты	үнді-лер	аты
1	А а	а						
2	Ә ә	ә						
3	Ы ы	ы						
4	І і	і						
5	Е е	е						
6	Ұ ұ	ұ						
7	Ү ү	ү						
8	О о	о						
9	Ө ө	ө						
10			П п	пы				
11			Т т	ты				
12			Қ қ	қы				
13			К к	кі				
14			С с	сы				
15			Ш ш	шы				
16					Б б	бы		
17					Д д	ды		
18					Ғ ғ	ғы		
19					Г г	гі		
20					З з	зы		
21					Ж ж	жы		
22							М м	мы
23							Н н	ны
24							Ң ң	ың
25							Р р	ыр
26							Л л	ыл
27							Й й	ый
28							У у	ұу.

20-кесте. Әліпби-дыбыстардың құрамы

Қазақ тілінің нақты дыбыстар саны әліпби-дыбыстардың санынан төрт есе көп.

Қазақ тілінің дыбыс құрамы - үндесім дыбыстар құрамы. Қазақ тілінің дауыссыз дыбыс құрамы тек жуан-жіңішке үндесім әуез негізінде анықталатын болса, онда 9 дауысты, 34 дауыссыз, барлығы 43 дыбыс болады (А.Байтұрсын қисыны). Егер жуан-жіңішке және еріндік-езулік үндесім әуез негізінде анықталатын болса, онда 9 дауысты + 66 дауыссыз, барлығы 75 дыбыс болады. Қазақ тілінде У(W) дыбысының езулік варианты жоқ.

ЖУАН ЕЗУЛІК ДЫБЫСТАР

№	дауыс-тылар	аты	қатаң-дар	аты	ұяң-дар	аты	үнді-лер	аты
1	А а	а						
2	Ы ы	ы						
3			П п	пы				
4			Т т	ты				
5			Қ қ	қы				
6			С с	сы				
7			Ш ш	шы				
8					Б б	бы		
9					Д д	ды		
10					Ғ ғ	ғы		
11					З з	зы		
12					Ж ж	жы		
13							М м	мы
14							Н н	ны
15							Ң н	ың
16							Р р	ыр
17							Л л	ыл
18							Й й	ый

21-кесте. Жуан езулік дыбыстардың құрамы

Қазақ тілі дыбыс құрамының үндесім моделі (25-кесте) оның құрамды бөліктерін көрсетіп тұр. Жуан шаршының ішінде жуан езулік, жіңішке шаршының ішінде жіңішке езулік, жуан шеңбердің ішінде жуан еріндік, жіңішке шеңбердің ішінде жіңішке еріндік дыбыстар орналасқан.

Сонымен, қазақ тілінің дыбыс құрамы мен оның жүйесі екі жолмен талданып, екі түрлі нәтиже алынды.

ЖІҢІШКЕ ЕЗУЛІК ДЫБЫСТАР

№	дауыс-тылар	аты	қатаң-дар	аты	ұяң-дар	аты	үнді-лер	аты
1	Ә ә	ә						
2	І і	і						
3	Е е	е						
4			П п	пі				
5			Т т	ті				
6			Қ қ	кі				
7			С с	сі				
8			Ш ш	ші				
9					Б б	бі		
10					Д д	ді		
11					Г г	гі		
12					З з	зі		
13					Ж ж	жі		
14							М м	мі
15							Н н	ні
16							Ң н	ің
17							Р р	ір
18							Л л	іл
19							Й й	йі


22-кесте. Жіңішке езулік дыбыстардың құрамы

Бірінші, “фонетикалық” талдаудың арқасында қазақ тілі дыбыстары жасалым белгілеріне қарай жіктеледі. Сөйтіп, тірек дыбыстардың (әліпби-дыбыстар) басы ашылды (26-кесте). Екінші, “фонологиялық” талдаудың арқасында қазақ тілі дыбыстары үндесім белгілеріне қарай жіктеледі. Сөйтіп, үндесім дыбыстардың (үндесім аллофондар) басы ашылды (27-кесте). Үндесім дыбыстардың “фонетикалық” сипаттамасы өз алдына жүргізілді.

ЖУАН ЕРІНДІК ДЫБЫСТАР

№	дауыс-тылар	аты	қатаң-дар	аты	ұяң-дар	аты	үнді-лер	аты
1	Ұ ұ	ұ						
2	О о	о						
3			П п	пұ				
4			Т т	тұ				
5			Қ қ	құ				
6			С с	сұ				
7			Ш ш	шұ				
8					Б б	бұ		
9					Д д	дұ		
10					Ғ ғ	ғұ		
11					З з	зұ		
12					Ж ж	жұ		
13							М м	мұ
14							Н н	нұ
15							Ң н	ұң
16							Р р	ұр
17							Л л	ұл
18							Й й	ұй
19							У у	ұу

23-кесте. Жуан еріндік дыбыстардың құрамы



27-кесте. Үндесім дыбыстардың жиынтық жіктелімі

2. ДЫБЫСТАР ТІРКЕСІ

Дыбыстар сөзді, сөздер сөз тіркесін, сөз тіркестері сөйлемдерді құрайды. Осылар арқылы ойды білдіретін болсақ, онда **сөйлеу** дегеніміз дыбыстардың ұзыннан-ұзақ тіркесі болып шығады. Бірақ олар тұтас тіркес емес, түйдек-түйдек тіркес. Жазуда сол түйдектер сөздің ыңғайына қарай іштей болшектеніп кетеді. Әр түйдектегі көрші дыбыстар өзара үндесіп, үйлесіп, кірігіп, тұтасып тұрады. Яғни дыбыстардың қатар тұруында тарихи қалыптасқан тәртіп, жүйе, заңдылық бар деген сөз. Бұдан **дыбыстар тіркесі** фонетиканың өзекті мәселесі деген қорытынды шығады.

Дыбыстар тіркесі - тілдегі дыбыстардың бірімен-бірінің қатар тұру мүмкіндігі, тарихи қалыптасқан орны.

Қазақ тіліндегі негізгі үндестік заңдар дыбыстар тіркесінің нәтижесі болып шығады. Бұл заң бойынша:

1. Бір сөздің құрамында тек жуан дауыстылар немесе жіңішке дауыстылар ғана кездесе алады.
2. Сөз (түбір) ішінде, сөз бен қосымша, сондай-ақ сөз бен сөздің аралығында қатаң дауыссыздардан соң тек қатаңдар ғана тұра алады.
3. Әлгіндей жағдайда ұяндардан соң тек ұяң дауыссыздар тұрады.
4. Үнділерден соң ұяндар, қала берді үнділер келеді. Міне, бұлар - тілдің болмыс, бітімін ай-

қындайтын, өзге тілдерден ерекшелендіріп тұратын, ұзақ дамудың нәтижесінде қалыптасқан, бұлжымас заңдылықтар.

2.1. ДАУЫСТЫЛАРДЫҢ ТІРКЕСІ

Қазақ тілінде дауыстылар сөз ішінде, сөздер аралығында қатар тұра алмайды, қатар келе қалған жағдайда алдыңғысы түсіп қалады.

Қазіргі қазақ тілінде жалаң (бір ғана) дауыссыздан тұратын бірсыпыра қосымша бар: **-й** (ойла-й, сөйле-й, ана-й, жеңсе-й, қасқа-й, қара-й); **-к, -к** (қайра-к, күре-к, барды-к, келді-к); **-м** (ана-м, шеше-м, барды-м, келді-м, болжа-м, сөйле-м); **-н** (бора-н, ойла-н, анасы-н, шешесі-н); **-р** (ойла-р, биле-р, қайғы-р, ескі-р); **-п** (ойла-п, биле-п); **-с** (барма-с, келме-с, ойла-с, сөйле-с, тала-с, тірке-с); **-т** (ойна-т, биле-т, бөге-т, мұнар-т); **-у** (ойла-у).

Дауыссыздарды дауысты тіркемей, жеке өзін айту мүмкін емес. Сөйлеу кезінде буыннан кіші бөлшек болмайды.

Қазақ тілінде морфемалар (түбір, қосымша) буыннан кем болмайды. Яғни дауыстылар жеке тұрып (буын құрай алады) сөз, қосымша болуы мүмкін, ал дауыссыздарда ондай қасиет жоқ. Олай болса, сөзге жалғанатын жоғарыдағы қосымшалардың әрқайсысы дауыстымен тіркесіп айтылған. Дәлірек айтқанда, көсемшенің **-й** жұрнағы мына түрде келген: **-ай** (ойла-ай), **-ей** (биле-ей), **-ой** (сөйле-өй), **-үй** (оқу-үй), **-үй** (үсү-үй), **-ый** (тасы-ый), **-ій** (бекі-ій), енді **-у** жұрнағын зерделеп көрейік: **-ау** (ойла-ау), **-еу** (биле-еу), **-оу** (сөйле-өу), **-ұу** (оқу-ұу, тасы-ұу), **-үу** (үсү-үу, бекі-үу).

Сонда **-й** жеті (**-ай, ей, өй, үй, үй, ый, ій**), **-у** бес (**-ау, еу, оу, ұу, үу**) дауыстымен тіркесіп, үндесе айтылады және мұның өзі өзге жалаң дауыссыз қосымшаларға да тән.

Қазақ тілі **ә, о** дауыстыларын тек сөздің бас буынында ғана айтып, қалыптастырған. Қазіргі қазақ тілінде олар екінші, үшінші буындарда (тіпті қосымшаларда да) жүрсе, ол кірме сөздерді үндестікке кіркітіру үшін алынған. Ал **уу, іу** тіркесі қазақ тілінде жоқ.

Дауыссыздарға аяқталған сөзге қосымша дауыстыдан басталып жалғанатыны - табиғи құбылыс. Ал дауыстыға аяқталған сөзге де қосымша дауыстыдан басталып жалғанатыны - тарихи құбылыс. Бұлай қатар келген дауыстылардың бірі түсіп қалады, ал түсіп қалатыны (айтылмайтыны) алдыңғысы: екеу (екі+еу), алтау (алты+ау), жетеу (жеті+еу).

Сөз ішінде дауыстылардың тіркесе алмауы түркі тілдеріне, әсіресе, қазақ тіліне тән ерекшелік. Сөйлеу мүшелерінің үнемді қызметіне, үндестікке негізделген қазақ тілінде артық буын мен дыбыстар болмайды. Бір бунаққа еніп, бір ырғақ, екпінмен айтылатын сөз бен сөздің арасында да осындай заңдылық кездеседі. Бунақтағы (тіркескен) сөздердің алдыңғысы дауыстыға аяқталып, кейінгісі дауыстыдан басталып жазылады: *ала ат, қара ала, қолға алды, қолы ұзын, басы айналды, аяғы ауырды, игі іс, тірі өлік, алты ай, алты үй, екі ешкі, екі үйрек*. Бұлар: *алат, қарала, қолғалды, қолұзын, басайналды, аяғауырды, игіс, тірөлік, алтай, алтұй, екешкі* түрінде айтылады да, алдыңғы сөздің соңындағы дауысты түсіп қалады. Мұндай жағдайда алдыңғы сөздің соңындағы дауыссыз дыбыс жылысып, келесі сөздің құрамына енеді. Олай болатын себебі, бір бунаққа енген сөздер тұтасып, бір сөз сияқты буындалады, ал буын - сөз басында болмаса, дауыстыдан басталмайды.

Жылысқан дауыссыз жаңадан көрші болып жатқан дауыстылардың ыңғайына қарай әр түрлі реңге (аллофон) ауысады. Мысалы: *ал-тал-ма* (алты алма), *ал-тә-йел* (алты әйел), *ал-теш-кі* (алты ешкі), *ал-то-рақ* (алты орақ), *ал-тө-рүк* (алты өрік), *ал-тұ-рұ* (алты ұры), *ал-тү-кү* (алты үкі), *ал-ты-лақ* (алты лақ), *ал-ті-шік* (алты ішік). Енді осы сөздерді жеті сөзімен тіркестіріп айтып көрейік: *Же-тал-ма, же-тә-йел, же-теш-кі, же-*

то-рақ, же-тө-рүк, же-тұ-рұ, же-тү-кү, же-ты-лақ, же-ті-шік.

Бұл жерде *алты, жеті* сөздерінің құрамындағы **т** фонемасының дыбыстық болмысын кейінгі сөздің бас дауыстысы айқындайды.

Айту (орфоэпия) бұзыла бастаған қазіргі тұста бунақтағы мұндай сөздердің кірікпей, бас-басына айтылуын норма деп қарауға болмайды.

Қазақ тілінде дауыстылар араға дауыссыз дыбыстар салмай, өзара тікелей тіркесе алмайды. Кейде өлеңнің буын саны үшін сөз бен сөздің арасында қатар келген дауыстыларды түсірмей сақтап айту керек болады. Алайда бұл тіркес бола алмайды.

Олай болса, дауыстылардың тіркесі көрші буындардың тіркесі болып шығады да, буындардың өзара үндесуі (**тіл үндестігі, ерін үндестігі**) өз алдына қарастырылады.

2.1.1. Дауысты-дауыссыз тіркесі

Дыбыстар тіркесі туралы айтқанда, алдымен бір буынды сөздердің құрамы жете анықталып, содан соң түбір мен қосымша, сөз бен сөздің жапсарындағы дыбыстардың тіркесу заңдылықтары ескеріледі. Бір буынды сөздегі дауысты-дауыссыз (және керісінше) моделі көп буынды сөздерде де қайталанып жатады.

Дауысты-дауыссыз тіркесінен жасалған бір буынды сөздер тілімізде көп емес. Оны анықтау үшін тіліміздегі 9 дауыстыны 19 дауыссыздың әрқайсысымен айтып шығу жеткілікті. Оның нәтижесін мына кестеден көруге болады.

д-ты	д-сыз	б	г	ғ	д	ж	з	й	к	қ	л	м	н	ң	п	р	с	т	у	ш	сөз саны
а	-	-	-	-	-	-	+	+	-	+	+	+	-	+	+	+	+	+	+	+	12
ә	-	-	-	-	-	-	+	+	+	-	+	+	+	-	+	-	-	+	-	-	8
е	-	-	-	-	-	-	+	+	+	-	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	12
ө	-	-	-	-	-	-	+	+	-	+	+	-	+	+	+	+	+	+	-	-	10
ө	-	-	-	-	-	-	+	+	+	-	+	-	+	+	+	+	+	+	-	+	11
ұ	-	-	-	-	-	-	-	-	-	+	+	-	+	-	+	-	-	+	+	+	7
ү	-	-	-	-	-	-	+	+	+	-	-	+	-	+	+	-	+	+	+	+	9
ы	-	-	-	-	-	-	+	-	-	+	-	+	-	+	+	+	+	+	-	-	7
і	-	-	-	-	-	-	+	+	-	-	+	+	+	-	-	-	+	-	-	+	7

Сонда дауысты-дауыссыз тіркесінен пайда болған барлығы 83 сөз бұл күнде тілімізде қолданыста бар. Олар (алфавит бойынша): *аз, ай, ақ, ал, ан, ап, ар, ас, ат, ау, аш; әз, әй, әк, әл, әм, ән, әр, әу; ез, ей, ек, ел, ем, ен, ең, еп, ер, ес, ет, еш; оз, ой, оқ, ол, он, оң, оп, ор, ос, от; өз, өй, өк, өл, өн, өп, өр, өс, өт, өш; үк, ұл, ұн, ұр, ұт, ұу; үз, үй, үк, үн, үп, үр, ұт, үу, үш; ыз, ык, ым, ын, ыс, ыт; із, ій, іл, ім, ін, іс, іш*.

Кесте дауысты-дауыссыз тіркесін нақты таңуға мүмкіндік береді. Әр дауысты-дауыссыз тіркесінен 19 сөз жасалмайтыны анық болды.

Дауысты **а, е** -нің дауыссыздармен тіркесу мүмкіндігі өзгелерден жоғары әрі бірдей. Ал **з, р, т** дыбыстарының дауыстылардан соң сөз аяқтап тұру дәрежелері ұқсас.

Әсіресе **у** дыбысы ашық **а, ә**, қысаң **ұ, ү** дыбыстарымен ғана тіркеседі.

2.1.2. Дауысты-дауыссыз-дауыссыз тіркесі

Қос дауыссызға аяқталатын (дауысты-дауыссыз-дауыссыз тіркесі) сөздер санаулы ғана: *айт, айт, анқ, арс, арт, әйт, ерт, өрт, ұлт, ұрт, үйт (өйт), ыңқ, ырк, ырс, йт, ірк*. Соның өзінде **айт** тарихи тұрғыдан *ай+ым*, ал **үйт** *олай+ет* екені белгілі.

Сонымен дауысты, дауысты-дауыссыз және дауысты-дауыссыз-дауыссыз дыбыстары түрінде бір буынды сөздерді буынның түріне қарай өрнектесек, мынадай болып шығады:

А (дауысты) буыны - 4 сөз.

АҚ (дауыссыз) буыны - 83 сөз.

АҚҚ буыны - 15 сөз.

Бұдан қазақ тілінде дауыстыдан басталатын бір буынды 100 сөз бар, бұлар көп буынды сөздердің бас буынында ғана кездеседі деген ұғым туалы.

2.1.3. Дауыссыз-дауысты тіркесі

Дауыссыз-дауысты тіркесінен жасалған бір буынды сөздер қазақ тілінде көп емес. Олар: *ба, бе, да, де, жә, же, ма, мә, ме, не, па, пе, та, те, ша.*

Де, же - етістік, қалғандары шылау, одағай сөздер. *Ма, ме, ба, бе, па, пе* жиналып бір сөздің, *да, де, та, те* жиналып бір сөздің түрлі варианттарын құрайтынын ескерсек, ҚА (дауыссыз-дауысты) буынды түбірлердің өте аз екенін көреміз. ҚА буынды түбірлер тілдің даму барысында беріде пайда болған көмекші немесе кірме (жә, ше) сөздер.

2.1.4. Дауыссыз-дауысты-дауыссыз тіркесінен жасалған бір буынды сөздер баршылық. Олар:

Б: *бәж, баз, бай, бақ, бал, бап, бар, бас, бат, бау; бәз, бәс; без, бек, бел, бен, бер, бес, бет, беу; боз, бой, бок, бол, бор, бос; бөз, бөк, бөл, бөс; бұж, бұз, бұқ, бұл, бұр, бұт, бұу; бүк, бүл, бүр; быж, бык; біз, бій, біл, бір, біт;*

Г: *гәп, гәж, гәл, гәр, гәу;*

Ғ: *ғой, ғұн;*

Д: *дақ, дал, дан, дар, дат, дау; дәл, дәм, дән, дәт, дәу; дем, дер, дес; доқ, дом, доп, дос; дөй, дөн, дөп; дұу; дүк, дүм, дүр; дық, дым, дын, дыр; дік, діл, дін, дің, дір, діт;*

Ж: *жаз, жай, жақ, жал, жам, жан, жап, жар, жас, жат, жау; жез, жек, жел, жем, жең, жер, жет; жой, жок, жол, жом, жон; жон; жүк, жүл, жүм, жүп, жүт, жүу; жүз, жүк, жүн, жүр; жый, жык, жыл, жып, жыш, жыт; жік, жіп, жіт;*

З: *зал, зан, зар, зат, зау; зәр; зен, зер; зор; зұу; зын, зып, зыр, зыт; зіл;*

К: *кән, кәр; кез, кей, кек, кел, кем, кең, кер, кес, кет; көз, көк, көл, кол, көн, көң, көр, көс, көт; күж, күз, күй, күл, күн, күң, күп, күр, күс, күт, күш; кій, кіл, кім, кір, кіс;*

Қ: *қаз, қай, қақ, қал, қам, қан, қап, қар, қас, қат, қау, қаш; қож, қоз, қой, қол, қоң, қоп, қор, қос, қош; құж, құз, құй, құк, құл, құн, құп, құр, құс, құт, құу, құш; қыж, қыз, қый, қыл, қын, қың, қып, қыр, қыс, қыш;*

М: *май, мал, маң, мас, мат, мау, маш; мәз, мән; мен, мең, мес; мол; мөр; мұз, мұң; мүк; мый, мык, мың, мыс, мыт; міз, мін, мір;*

Н: *наз, най, нак, нан, нар, нас, нау; нәк, нәл, нән, нәр, нәт; нұр, нұу; нык; ніл;*

П: *пай, пан, пар, паш; пәк, пәс; пен, пеш; пыр, пыс, пыш; піл, пір, піс, піш;*

С: *саз, сай, сак, сал, сам, сан, саң, сап, сар, сас, сат, сау; сәл, сән, сәт; сез, сел, сем, сен, сең, сеп, сес; соз, сой, соқ, сол, сом, соң, сон, сор, сот; сөз, сөк, сөл, сөң; сүк, сұм, сұр, сұс, сұу; сүз, сүй, сүр, сүт; сыз, сый, сык, сыл, сым, сын, сып, сыр; сіз, сій, сік, сің;*

Т: *таз, тай, тақ, тал, там, тан, таң, тап, тар, тас, тат, тау; тәж, тәй, тән, тәу; тез, тек, тел, тең, тең, тер, тес; тоз, той, тоқ, тол, том, тон, тоң, топ, тор, тос, тот; төз, төк, төл, төң, төп, төр, төс; тұз, тұл, тұн, тұр, тұс, тұт, тұу; түз, түй, түк, түн, түп, түр, түс, түт, түу; тыз, тый, тык, тым, тын, тың, тыр, тыс, тыш; тіз, тік, тіл, тін, тіс;*

Ш: *шәж, шай, шак, шал, шам, шан, шаң, шап, шар, шат, шау, шаш; шәк, шәу; шек, шел, шен, шеп, шер, шет, шеш; шой, шоқ, шом, шоп, шор, шот; шок, шөл, шоп; шұу; шүй, шұу; шыж, шық, шым, шын, шың, шып, шыр, шыт; шіп, шік, шіл.*

Қазақ тілінде бір буынды сөздердің негізін осы ҚАҚ (дауыссыз-дауысты-дауыссыз) тіркесі құрайды. Мұндай сөздер - 450.

2.1.5. Дауыссыз-дауысты-дауыссыз-дауыссыз (ҚАҚҚ) тіркесі

Б: *барк, бали, борт; бөрт; бұлт, бұрк, бұрт; бүйт, бұлк; былк, былш, бырк, бырс, бырт, бырш; бийт;*

Г: *гүмп, гүрс;*

Д: *даңк; дерт; дүңк, дүрк, дүрс;*

Ж: *жайт, жалп, жалт, жарк; желп, жент; жорт; жұрт; жылп, жылт, жырк, жырт;*

З: *зырк; зірк;*

К: *кент, керт; күйт, күмп, күнк, күрк, күрс, күрт; кійт, кілк, кілт, кірт, кірш;*

Қ: *қайт, қалт, қант, қанк, қарк, қарт, қарш; қолк, қолп, қорк, қорс; құнт, құрк, құрт; қылк, қырк, қырт, қырш, қылп, қыйк;*

М: *маңк; мерт; морт; мөлт; мұрт; мүлт, мүнк; мырс;*

С: салп, салт, санқ, сарт; серт, селк; сөлк; сүнк; сүрт; сылк, сылл, сымп, сынк, сырт;

Т: танқ, тарқ, тари, тарт, тарс; тәйт; тоңқ, томп; төрт; түрт; тырқ, тыңқ, тыри, тырс;

Ш: шалт, шанқ, шарқ, шарт; шерт; шолп, шорт, шолт; шүрк; шыйқ, шылқ, шылп, шырт; шіңк.

Сонымен, қазақ тіліндегі бір буынды байырғы сөздердің құрамындағы дыбыстардың тіркесу тәртібі, сапалық және сандық жағынан мынадай болып келеді:

1. А -	4
2. АҚ -	83
3. АҚҚ -	15
4. ҚА -	15
5. ҚАҚ -	450
6. ҚАҚҚ -	120
Барлығы -	687

Негізі көне дәуірлерден келе жатқан, дыбыстардың түріне, тіркесу тәртібіне негізделген буынның осы алты түрі дауысты және дауыссыз дыбыстардың өзара берік қиюласып тіркесуінің нәтижесі, тілдегі барша сөздің негізін құрайды.

2.2. Дауыссыздардың тіркесі

Дыбыстар үндестігі бойынша қатан дауыссыздардан соң тек қатандар, ұяндардан соң тек ұяндар, үндінен соң негізінен ұяндар, үнділер ғана тұра алады. Сөздің құрамындағы дауыссыздар дауыстылардың ыңғайына қарай бірыңғай не жуан, не жінішке болып үндесіп айтылады.

Қазіргі тілімізде табиғи дыбыс тіркестерімен қатар, кірме сөздерде ғана кездесетін, жалпы заңдылыққа қайшы келмейтін тіркестер бар. Мәселен, **ғд** (*бағдар, бағдат, дағды, жағдай, тағдыр*) тіркесі байырғы сөздердің түбірінде де, түбір мен қосымша аралығында да ұшырамайды. Тек сөздердің аралығында ғана айтылады: *ағдала (ақ дала), бағдәулет (бақ-дәулет), бағдәреже (бақ-дәреже), тамағдәмі (тамақ дәмі), ағдәрі (ақ дәрі), ағдауыл (ақ дауыл), оғдәрі (оқ-дәрі)*. Сөйте тұра, кірме сөздердің түбірінде қолданылуы, ұяннан соң ұяң дауыссыз келеді дейтін заңға сиып тұр. Дәл осындай ұяндар тіркесі **ғб** екі-ақ сөзде ұшырайды: *бағбан (бақ-бан), қағба*. Байырғы сөздерде мұндай тіркес жоқ. Бұл да дыбыстық заңға қайшы келмейді. Ал *бағлан* сөзіндегі **ғл** олай емес.

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар тіркесін үш тұрғыда (позицияда) қарастыру керек болады:

- 1) түбір (морфема) деңгейінде,
- 2) түбір мен қосымша жігінде (жапсарында),
- 3) сөз бен сөздің аралығында (бунақ ішінде).

Бұлардың бәріне ортақ жалпы заңдылықтар бар да, әр тұрғының (позицияның) өзіне тән тіркесу ерекшеліктері және бар. Мәселен, қатаңнан соң қатаң, ұяннан соң ұяң дауыссыз келеді дейтін заң сөз бен сөздің арасында сақтала бермейді. Мысалы: *үшмың, төртмың, бесмың, сегізмың, жүзмың*.

Үш тұрғыға (позицияға) да тән айнымас заң қатандардың ұяндармен және керісінше, ұяндардың қатандармен қатар тұрып (тіркесіп) айтылуы мүлде жоқ. Ал жазуда бұлар қабаттаса беріледі (әсіресе сөз бен сөздің арасында).

Кез келген дыбыстың тіркесу мүмкіндігін әлгі айтқан үш позицияда мынадай үлгіде қарастыру керек болады:

- кк:** 1. 0 (кездеспейді, жоқ);
2. *тараққа, таққа, таққан, соққы, соққыла;*
3. *аққар, аққайын, аққұс, баққонды, атаққұмар;*

- кк:** 1. 0
2. 0
3. *аққөңіл, аққөйлек, аққелін, бақкетті.*

- қс:** 1. *жақсы, бақсы, тақсыр, ақсақ-тоқсақ;*
2. *бақса, бақсын, бақсыз, жақса, жақсыз.*
3. *ақсандық, ақсауыт, ақсаусак, ақсойле.*

Байырғы қазақ тіліне тән 19 дауыссыз фонеманың өзара тіркесу мүмкіндігі анықталды.

Іштей жіктеуге келмейтін түбірлерді анықтаудың өз қиындығы бар. Бұлар қазіргі тіл тұрғысынан жеке қолданылатын мағыналы сөздер түрінде танылады. Соның өзінде байырғы түбірлер бір буынды болады, көп буынды сөздер түбір мен қосымшаға айрылуға бейім тұрады. Көп буынды бір бүтін түбірлер - негізінен кірме сөздер.

19 дауыссыздың үш түрлі позицияда өзара тіркесу жүйесі бар.

2.2.1. Қатаң-қатаң дауыссыздар тіркесі

Қ+ қатандар:

- кк:** 1. (кездеспейді, жоқ);
2. *таққа, таққан, таққалы, таққыш, таққысы; еңбекқор (еңбекқор);*
3. *аққайын, аққар, аққала, аққұс, аққайнар, аққалпақ, аққұман және осында кк тіркесі=кк: көкқарға, көкқұтан, көкқұнан, текқана, бекқайратты, Бекқали.*

кк: 1. 0

2. 0

3. *аққөйлек, ақкөңіл, ақкелін, бақкелін, сақкелін, ақкүл (ақ гүл).***кп:** 1. *ақпан, ақпар, сақпан, дақпырт, ықпал, сықпым, мақпал;*2. *атақпен, бақпен, бақпа, ақпа, тықпала, шақпақ;*3. *ақпышақ, ақпала (ақ-бала), ақпалта (ақ балта), ақпақай (ақ бақай), бақберген (бақ берген), қақпас (қақбас).***кс:** 1. *бақсы, жақсы, тақсыр, ақса, ұқсау, мақсат, нұқсан, тоқсан, рұқсат;*2. *ақса, ақсын, ақсыз, жақса, жақсыз;*3. *ақсандық, ақсауыт, ақсаусак, ақсары, ақсұр, ақсут.***қт:** 1. *мақта, мақтан, нокта, ықтияр, тақта, тақтай, ықтимал;*2. *оқты, оқтың, оқтан, оқта, оқтық;*3. *ақтайлақ, ақтауық, ақтамақ, ақтұйғын, ақтүлкі, ақтілек.***қш:** 1. *ақша, боқша, шақша, жақша, ықшам, бақша, мақшар, оқшыраю;*2. *оқша, шақша, жақша, ықшам, бақша, мақшар, оқшыраю, сақшы, жақшы, лақша, лақсыз;*3. *ақшабақ, ақшағала, ақшаш, ақши, ақишулан.*1. Орфографиялық сөздік соңы **ак, әк, ок** тіркестеріне біткен сөздерге барыс жалғауы жуан (-**қа** түрде) жалғанатынын көрсетеді. Мысалы: *браққа, бурлаққа, гудокқа, казакқа, катокқа, кәниз-әкқа, тоққа* т.б. Бұларда да **кк** айтуда **кк** болады. Бірақ бұлар ойлануды қажет етеді.2. Сөйлеу тілінде *екі* сөзінің соңындағы **і** түсіп қалып, *екқатар, еққабат, еққыз* түрде айту да ұшырайды.**К+ қатаңдар:****кк:** 1. *әккі, әккіс (диал.);*2. *көкке, текке, түкке, жүккен, үккіз, үккіш, жекпі;*3. *көккөйлек, көккөптер, жеккөрді; шеккелтірді, түккөрмеді, көккүл (көк гүл).***кқ=ққ;****кп:** 1. *өкпе, шекпен, көкпар, кәкпір, секпіл, екпін, жекпе-жек;*2. *өкпе, шелекпен, серікпін, көйлекпен, күрекпен;*3. *көкпөрі (көк бөрі), көкпақа (көк бақа), көкпет (көк беті), көкпурыл (көк бурыл), түкполмады (түк болмады), түкпілмеді (түк білмеді), Бекполат (Бек болат);***кс:** 1. *бөксе, ексім, жексенбі, жексұрын, кексе, көксе, өксі, көксау, сексен, сексеуіл;*2. *бүксе, төксе, түксіз, тексіз, күрексіз, керексіз, бексіз, ексін;*3. *көксағыз, көксары, көксерек, көксандық, көксүңгі, көксұр.***кт:** 1. *мектеп, бөктер;*2. *білектен, білекті, білекте, білектей, кектен, текті, түкті;*3. *көктас, көктікен, көктал, көктерек, көктөбет, көктұман.***кш:** 1. *өкше, өкше, кекшеңдеу, кекши, текше, шекшек, шекши;*2. *көкше, бүкшең-бүкшең, ішекте, төкші, сөкші, жікшіл, кекшіл;*3. *көкшей, көкшандыр, көкшолақ, көкшулан, көкшыбық, көкшыбын.***П+ қатаңдар:****пп:** 1. *тәкпапар;*2. *қаппен, жаппа, көппен, көпте, алыппын, келіппін;*3. *көппұрыш (көп бұрыш), көппала (көп бала), көпполды (көп болды), тапполды (тап болды), шапперді (шап берді), көппайда.***пк:** 1. 02. *қапқа, дөпқа, шапқы, шапқыла, шапқыз, тапқыз, тапқыш, тапқыр, жазыпқой, жепқой, алыпқой, қарапқой, айтыпқал, алыпқаишты, көпқарады, қапқара; көпқалым (көп ғалым).***пк:** 1. 02. *епке, мектепке, тепкі, тепкіз, тепкіле, тепкішек, кәсіпкер;*3. *көпкөрді, алыпкел, көріпкел, жепкөр, көріпкет, көпкүл (көп гүл), тапкелді.***пс:** 1. *бөпса, топса, жіпсі, кепсер, жапсар, қапсағай, тәпсір, апси, нәпсі;*2. *қапсыз, қапса, қапсын, ысырапсыз, көпсі, көпсін, көпсе;*3. *көпсөз, көпсайыс, дөпсалды, дөпсоқты, айтыпсалды, алыпсок, көпсалды.***пт:** 1. *апта, аптық, әптер-тәптер, дәптер, қаптал, шыпта;*2. *қапты, қаптың, қапта, қаптан, қаптай, қаптаған;*3. *көптілді, көптерек, тәп-тәуір, қараптұрды, санаптұрды, біліп тұрды, көптеді (көп деді), жаптеді (жап деді).***пш:** 1. *апшы, тапшы, арапшы, көпшік, қыпша, қыпшак, жөпшиенді, Қапшағай, тапшан, шапшан;*2. *қапшық, қарашы, дөпша, жапшы, шөпшек;*3. *шап-шағын, көпшықты, алыпшықты, қарапшықты.***С+ қатаңдар:****сс:** 1. *қисса, ассаламағалейкум, ыссы;*

2. *ассыз, бассыз, жассын (жассын, жазсын), көссіз (көзсіз), тұссыз (тұзсыз), ессіз;*

3. *бессағат, бессөйлем, ассалды, бассалды, көссалды (көз сал), сөссалды (сөз салды) қоссайыс.*

ск: 1. *асқар, масқара, мосқал, мысқал, Ысқак, оқыр, қасқа, қысқа, құмырсқа;*

2. *асқа, басқан, басқыш, басқа, басқар;*

3. *басқала, басқару, тасқала, босқалды, жасқалым (жас ғалым).*

ск: 1. *Әскер, пәуеске, болыскей, сәске, мүскін, ескін, ескі, кескін, учаске, Мәскеу;*

2. *түске, түскі, төскей, түскен, түскелі, түскісі, қаскөй, қаскүнем;*

3. *бескемпір, бескелі, бескүндік, бескүл (бес гүл), бескелді.*

сп: 1. *аспан, Оспан, Ыспан, қаспақ, баспақ, оспақ, қоспақ, ныспы, таспа;*

2. *қыспа, қыспақ, бөспе, бөспек, түспек, түспе, түспегелі;*

3. *баспайда, беспышақ, баспәйге, (бас бәйге), Тасполатпай (Тас болатбай), жаспала (жас бала), допперді (доп берді).*

ст: 1. *дастан, мыстан, астана, зымыстан, гүлстан, бостандық, бөстек, бөстекі;*

2. *бастын, басты, бастан, асты, астың, аста, астан;*

3. *бастартты, бестеңге, бестиын, жастүлек, жүстеңге (жүз теңге), жүстайлақ (Жүзтайлақ), жестандай (жезтандай), босторғай (бозторғай).*

Т+ қатаңдар:

тг: 1. *қатты, мұттайым, тәтті, әттең, әттеген-ай;*

2. *атты, кетті, атта, аттан, аттың, иттің, итті, иттен;*

3. *төрттал, төрттүлік, төрттаған, аттаңдар, иттіс, иттүйнек, иттартыс, төрттәптер (төрт дәптер), төрттөңгелек (төрт дөңгелек).*

тк: 1. *ботқа, датқа, бытқыл-бытқыл;*

2. *атқа, жатқа, артқы, тасқын, босқын, айтқысы, айтқан, айтқалы;*

3. *төртқап, атқойды, атқора, атқосты, атқұлақ, итқосты, төртқалым (төрт ғалым).*

тк: 1. *жүйткі, жөткір, әткенішек;*

2. *жеткіз, жеткен, жеткелі, жеткісі, өткел, шеткі, шеткері, шеткей;*

3. *төрткітап, төрткөз, шытқойлек, аткелді, беткелбеті, итқойлек, төрткүл (төрт гүл).*

тп: 1. *бетпақ, жетпіс, кетпен, батпан, сатпақ-сатпақ, батпақ;*

2. *атпен, отпен, өтпе, өтпелі, тартпалы, тартпа;*

3. *төртпұрыш (төрт бұрыш), төртпышақ, бетпұрыс (бет бұрыс), атпәйге (ат бәйге) итпалық (ит балық), жатпауыр (жат бауыр).*

Ш+ қатаңдар:

шш: 1. *аишы, тұшышы, кеише;*

2. *аиша (аиша), шеише (шеише), аишын (аишын), шеишін (шеишін);*

3. *үишақырым, үишелек, бешжұлдыз (бес жұлдыз), үишол (үш жол), үишарым (үш жарым).*

шк: 1. *қышқыр, жоңышқа, шошқа, қошқар, тышқан;*

2. *шашқа, шашқыз, шашқан, шашқалы, шанышқы, үшқыш;*

3. *үшқабат, үшқатар, үшқоян, ешқайда, ешқашан, кешқалды.*

шк: 1. *бөшке, мешкей, әшмүшке, әшкере, ешкі, Тәшкент, мөшке, мүшкіл;*

2. *кешкі, кешке, кешкір, кешкілік, үшкіл, үшке, үшкір, шешкіз, шешкен;*

3. *үшкітап, үшкелі, кешкелді, үшкүн, ешкім, үшкемпір.*

шп: 1. *бешпет, баишай, дұшпан, тұшпара, іштек, нұшпақ;*

2. *кеште, пешпен, шашпа, шашпен, күшпен;*

3. *көшпасы (көш басы), үшпұрыш (үш бұрыш), қошпол (қош бол), кешполды (кеш болды), үшпөлек (үш бөлек).*

шт: 1. *қышта, ұштап, ыштан, тұштаңтұштан, тұштақтау, тұштишо;*

2. *шешті, көшті, көштің, көштен, көшпен, күште, қошта;*

3. *үштеңге, үштиын, көштүзелді, ештеме, күштүсті, көштеді, (көш деді), қаштеді (қаш деді).*

тц: 1. *патцайы (патсайы);*

2. *атица (атса), кетце (кетсе), батца (батса), өтице (өтсе), тартица (тартса), сөйлетце (сөйлетсе), етице (етсе), етиціз (етсіз), кетцің (кетсін), айтца, айтціын (айтса, айтсын);*

3. *атцейіс (атсейіс), атицайыс (ат сайыс), атицокты (ат соқты), атицалды (ат салды), етицалды (ет салды), төртицом (төрт сом), төртицауыт (төрт сауыт және төрт зауыт).*

тч: 1. *патча (патиша), пәтчағар (пәтишағар);*

2. *атчы (атишы), кетчі (кетші), атчылық (атишылық), хатчы (хатишы), итчілік (итшілік);*

3. *атчабыс (ат шабыс), атчалдыр (ат шалдыр), атчана (ат шана), етchedi (ет жеді), Айтчан (Айтжан), шетчер (шет жер), итчеккен (ит жеккен), итчығыс (ит жығыс), отчақ (от жақ).*

2.2.2. Қатаң-үяң дауыссыздар тіркесі

сөз бен сөздің жапсарында қатар келгенде:

кб=қп: ақпата (ақ бата), ақпота (ақ бота), ақпала (ақ бала), ақпөне (ақ бөне);

кг=кк: аққұл (ақ гүл), жоққұл (жоқ гүл), қырыққұл (қырық гүл), шоққұл (шоқ гүл);

кғ=қк: аққалым (ақ ғалым), қырыққалым (қырық ғалым), тоққалым (тоқ ғалым), жоққалым (жоқ ғалым);

кд=ғд: ағдала (ақ дала), ағдамбал (ақ дамбал), ағдарифа (ақ дарифа), ағдәптер (ақ дәптер), ағдәрі (ақ дәрі);

кж=ғж: ағжылан (ақ жылан), ағжол (ақ жол) ағжауын (ақ жауын), ағжаулық (ақ жаулық), ағжирен (ақ жирен), Ағжайық (Ақжайық), Ағжан (Ақжан);

кз=ғз: ағзон (ақ зон), бағзаман (бақ заман), ағзал (ақ зал), жоғзат (жоқ зат), қырығзембіл (қырық зембіл), ағзауыт (ақ зауыт), ағзең (ақ зең);

кб=қп: көкпөрі (көк бөрі), көкпайтал (көк байтал), көкпауыр (көк бауыр) көкпет (көк бет), Көкпай (Көкбай);

кг=кк: көккүл (көк гүл) көккәукәр (көккәукәр (көк гауһар), көккүрілдеді (көк гүрілдеді);

кғ=қк: бекқажан (бек ғажан), көкқимарат (көк ғимарат), ойлағаны текқылым (тек ғылым), қарапайым айтуда: екқасыр (екі ғасыр);

кд=ғд: көгдала (көк дала), көгдолы (көк долы), көгдәрі (көк дәрі) көгдәптер, көгдүлей (көк дүлей); Бегділдә (Бекділда);

кж=ғж: көгжылан (көкжылан), көгжарық (көк жарық), көгжал (көк жал), көгжиек (көкжиек), көгжелек (көк желек), көгжөтел (көк жөтел), көгжаулық (көк жаулық);

кз=ғз: әгзауыт (әк зауыт), көгзеңір (көк зеңір), көгзал (көк зал), Бегзада (Бек зада), Бегзат (Бекзат);

пб=пп: көппала (көп бала), көппұрыш (көп бұрыш), тапперді (тап берді), Көпполсын (Көпболсын), Көппай (Көкбай), Көпперген (Көпберген);

пғ=пк: көпкүл (көп гүл), топкүл (топ гүл), бір ғап күл (бір ғап гүл), еңліккүл (еңлік гүл), тікенецкүл (тікенец гүл);

пғ=пк: көпқалым (көп ғалым), алыпқимарат (алып ғимарат), көпқылым (көп ғылым);

пд=бд: көбдәптер (көп дәптер), көбдабырайтпай (көп дабырайтпай), көбдәрі (көп дәрі), кенебдорба (кенеп-дорба), дүб-дұрыс (дүп-дұрыс), дабдайын;

пж=бж: көбжол (көп жол), көбжылқы (көп жылқы), жебжатыр (жеп жатыр), жаб-жақсы (жап-жақсы), Көбжан (Көпжан), Көбжасар (Көпжасар);

пз=бз: көбзауыт (көп зауыт), көбзалым (көпзалым), көбзаман (көп заман), көбзиян (көп зиян);

сб=сп: беспала (бес бала), беспармақ (бес бармақ), деспермеді (дес бермеді), жаспала (жас бала), Еспол (Есбол), Тасполат (Тасболат);

сг=ск: бескүл (бес гүл), Жәніскүл (Жәнісгүл);

сғ=ск: жасқалым (жас ғалым), басқалым (бас ғалым), бесқалым (бес ғалым), жасқұмыр (жас ғұмыр);

сд=ст: бестәптер (бес дәптер), жастәурен (жас дәурен), бастәрігер (бас дәрігер), тастәуір (тас дәуір), Естәулет (Есдәулет);

сж=шш: беишол (бес жол), беишыл (бес жыл), таишол (тас жол), таишүрек (тас жүрек), таишарған (тас жарған), қашшақсы (қас жақсы), Еишан (Есжан), Доишан (Досжан);

сз=сс: бессал (бес зал), бессауыт (бес зауыт), бессембіл (бес зембіл), бессеңбірек (бес зеңбірек);

тб=ғб: төртпала (төрт бала), төртпұрыш (төрт бұрыш), төртпөлік (төрт бөлік), жатполды (жат болды), бетперді (бет берді), Итпай (Итбай), Сәтпай (Сәтбай);

тг=ғг: төрткүл (төрт гүл);

тғ=ғг: төртқалым (төрт ғалым), итқұмыр (ит ғұмыр), төртқимарат (төрт ғимарат);

тд=ғд: төрттәптер (төрт дәптер), құттарыды (құт дарыды), төрттөп (төрт дөп), иттоңыз (ит=доңыз), кеттеді (кет деді), аттеді (ат деді);

тж=ғж: төртчыл (төрт жыл), төртчол (төрт жол), итчанды (ит жанды), итчеккен (ит жеккен), Айтчан (Айтжан), Сәтчан (Сәтжан);

тз=ғз: төртцауыт (төрт зауыт) төртциян (төрт зиян), қантцауыт (қант зауыт);

шб-шп: үшпала (үш бала), үшпет (үш бет), үшпұрыш (үш бұрыш), қошпол (қош бол), кешполды (кеш болды);

шг-шк: үшкүл (үш гүл);

шғ-шк: үшқалым (үш ғалым);

шд-шт: үштәптер (үш дәптер), үштон (үш дөп);

шж-шш: үшишол (үш жол), үшишыл (үш жыл), күшишоқ (күш жоқ), еишоқ (ес жоқ);

шз=сс: үссауыт (үш зауыт), үссембіл (үш зембіл), үссиян (үш зиян).

2.2.3. Қатаң-үнді дауыссыздардың тіркесі сөз бен сөздің жапсарында қатар келгенде:

кй=0, қу=0, қл=0; кр=0, қң=0;

қм-ғм: ағмандай (ақ мандай), ағмақта (ақ мақта), ағмоншақ (ақ моншақ), Ағмарал (Ақмарал), Ағмола (Ақмола), Ағмарқа (Ақмарқа);

қн-ғн: ағнан (ақ нан), ағнар (ақ нар), ағнау-
ат (ақ науат), ағниет (ақ ниет);

кй=0; ку=0, кл=0; кр=0; кң=0;

км-гм: көмайса (көк майса), көми (көк ми),
көгмылжың (көк мылжын), көмүз (көк мүз), Бег-
мырза (Бекмырза), Бегмағамбет (Бекмағамбет);

кн-ғн: көгнайза (көк найза), көгнәр (көкнәр),
көгнан, (көк нан), Бегназар (Бекназар), Бегнияз (Бек-
нияз);

пй=0; пу=0, пл=0, пр=0, пң=0;

пм-бм: көбмал (көп мал), мөб-мөлдiр, көбмаса;
пн-бн: көбнан, көбнесе (көбiнесе), түбнегiзi (түп
негiзi), түбнағашы (түп нағашы);

сй=0, су=0; сл=0, ср=0, сң=0;

см-см: бесмың, жасмал, қосмекендi, тасмейiр,
тасмандай, қосмола, түсмезгiлi, Тасмағамбет,
Досмағамбет, Ысмайыл;

сн-сн: беснан, қоснүкте, беснамаз, беснәрсеге,
баснөкер, жаснар;

тм-тм: төртмың, төртмиллион, итмия, ит-
мұрын, шетмемлекет, Айтмағамбет, Сәтмағам-
бет;

тн-тн: төртнан, төртнәрсе, тортнар;

шм-шм: үшмың, үшмиллион, iшмай, iшмерез,
шашмай, кешмезгiлi, Ешмағамбет, Қошмағамбет;

шн-шн: үшнан, үшнәрсе, үшнар, үшнағашы, кеш-
намазы.

2.2.4. Ұяң-ұяң (б, г, ғ, д, ж, з) дауыссыз дыбыстар тіркесі

бб: 1. жаббар, махаббат, ләббай

2. 0

3. 0

бг=0; бғ=0;

бд: 1. абдыра, әбден, әбдесте, әбдiре, дабды-
ра, жабдық, көбдiк, тәбдiл, Әбдiлдә, Әбдәлi,
Әбдiрақыман, Әбдiжәмiл, Әблез, Әбдiсалам,
Әбдiкәрiм, Әбдiразақ, Әбдiманап

2. 0

3. қ. **пд:** көбдәптер, көбдәурен, көбдәрi, даб-
дайын, дүбдүрыс

бж: 1. абжат (әбжәт), абжаукын, әбжiл, аб-
жылан (әбжылан), Әбжан

2. 0

3. қ. **пж:** көбжол, көбжылқы, көбжыл, жаб-
жақсы, Көбжан, Көбжасар

бз: 1. абзал, әбзел

2. 0

3. қ. **пз:** көбзауыт, көбзал, көбзаман, көбза-
лым

ғб: 1. дегбiр

2. 0

3. 0

ғг=0; ғғ=0;

ғд: 1. бөгде, дегдi, дегдар, егде

2. 0

3. қ. **қд:** көгдәла, көгдәрi, көгдәптер, Бегдiлдә

ғж: 1. жегжат, кегженде, кегжи, бүгжен-
бүгжен, бүгжи (қ. бүкшен, бүкши)

2. 0

3. қ. **қж:** көгжылан, көгжәтел, көгжелек,
көгжиек, Бегжан

ғз: 1. мегзе

2. 0

3. қ. **қз:** әғауыт, көғзал, Бегзада, Бегзат

ғб: 1. бағбан, қағба

2. 0

3. 0

ғғ=0, ғғ=0;

ғд: 1. бағдар, дағдар, дағды, жағдай, тағ-
дыр, уағда, Бағдан, Бағдат

2. 0

3. қ. **қд:** ағдәла, ағдәрi, ағдәптер, Бағдәулет

ғж: 1. бағжи, бағжан, тұғжи, тұғжында
(бұлар сөздікте бақши, бақшан, тұкши, тұкшында
түрде жарысып жүр. Дұрысы, осы қатаң дыбыс-
тар тіркесі), Мағжан

2. 0

3. қ. **қж:** ағжол, ағжылан, ағжауын, ағжар-
қын, Ағжан, Ағжар, Ағжол

ғз: 1. ағза, ағзам, бағзы, мағзұм, тағзым

2. 0

3. қ. **қз:** ағзал, ағзауыт, ағзон, қырығзал

дд: 1. әддi, жеддi, құдды, мүдде, бәддүға

2. 0

3. 0

дб=0, дг=0, дғ=0, дж=0, дз=0;

жб: 1. бажби, божбан, бүжби, жызбайла,
қожбан, құжбан, шыжбай, шыжбанда, шыжбында

2. мұқтажбын, уәжбен, лажбен

3. лажболса, баж-баж, бүж-бүж, шыж-быж,
мыж-тыжболды

жг: 1. 0

2. уәжге, тәжге

3. тәжгеттi, тәжгәнi, уәжгөрдi, тәжгөрдi

жғ: 1. 0

2. лажға, мұқтажға, талан-таражға

3. лажғайда, уәжғайда, мұқтажғылды, та-
лан-таражғылды

жд: 1. аждаһа, ұждан, сәжде, іждағат

2. лажда, уәжден, уәжде, мұқтажды, мұқтаж-
дан

3. уәждайын, мұқтаждедi

жж: 1. 0

2. к. **зж.** қыжжанды, жүжжыл
3. лажжок, уәжжок, мұқтажжок және (к. **зж.**) қыжжок, күжжылы, жұлдыжжок, сіжжок-сыз

жз=0;

зб: 1. азбан, азбар, безбен, ызбақай, ызба, ызбайлан, ызбар

2. жазба, жазбен, мәзбін, сүзбе, қазба

3. жүзбет, жазболды, мәзболды, базбаяғы, бозбала, жүзбасы, Жүзбай

зг: 1. жүзген, мезгіл, безгелдек, ізгі

2. безгек, өзге, күзге, бізге, күзгі, сезген, сезгелі, сезгісі

3. к. **зк.** жүзгүн, күзгелді, көзгөрді, тезгелді, кезгелді

зғ: 1. құзғын, мызғы, ызғар, ызғы

2. жазға, жазған, жазғы, жазғыр, жазғала, жазғысы, азғана

3. к. **зк.** сегізғырлы, жүзғой, қазғайтты, мәзғылды, бозғұнан

зд: 1. баздан, жаздалы, жезде, мазда, тізде, ызди

2. жазда, жазды, жаздың, жаздан

3. жүздәптер, қаздауысты, боздала, аздана, біздайын

зж: 1.

2. 0

3. к. **жж.** божжорға, жүжжылқы, қыжжок, ажжыл, мұжжарғыш, Қыжжібек, Божжан

зз: 1. ғиззат (кіт.), кәззап, ләззат

2. 0

3. жүззауыт, өззаңы, өззаманы, өззаты.

2.2.5. Ұяң-қатаң дауыссыздар тіркесі

бқ=0, бк=0, бп=0, бс=0, бт=0, бш=0;

ғқ=0, ғк=0, ғп=0, ғс=0, ғт=0, ғш=0;

ғк=0, ғк=0, ғп=0, ғс=0, ғт=0, ғш=0;

дқ=0, дк=0, дп=0, дс=0, дт=0, дш=0;

жқ: 1. 0

2. 0

3. к. **жғ:** тәжғайда (тәж қайда), лажғалмады (лаж қалмады), талантаражғылды

жк: 1. 0

2. 0

3. к. **жг.** уәжгерек, тәжгерек

жп: 1. 0

2. 0

3. к. **шп.** тәшпайда

жс: 1. 0

2. к. **шш.** лашшыз, мұқташшыз, тәшшіз, уәшшіз

жт: 1. 0

2. 0

3. к. **шт.** уәштап, тәштап

жш: 1. 0

2. к. **шш.** уәшшіл

зк: 1. 0

2. к. **ск.** қымысқор, қымысқана

3. к. **зғ.** қызғұмар, азғана, қазғайтты, тезғайтты

зк: 1. 0

2. 0

3. к. **зг.** жазгелді, қазгелді, тезгелді, көзгөрді

зп: 1. 0

2. 0

3. к. **сп.** жүспышак, сегісперде, сөспісті, теспісті

және жүзбышак, сөзбісті, тезбісті

зс: 1. 0

2. к. **сс.** көссіз, сөссіз, біссіз, сіссіз

3. к. **сс.** тессөйледі, жүссом, жүссұрақ, сегісері, күссуық, қыссияқты (қыз сияқты)

зт: 1. 0

2. 0

3. к. **ст.** жүстеңге, жестаңдай, тестындырды, босторғай, көстастады, сөстыңдады, Жұстайлак, Қастай

зш: 1.

2. к. **шш.** ташша, қашша, жашша, бошша, бішше

3. жүшшелек, жашшықты, тешшықты, сөшшықты, өшшамасына қарады.

2.2.6. Ұяң-үнді тіркесі:

бй=0, бу=0, бл=0, бң=0, бр=0;

бм: 1. 0

2. 0

3. к. **пм.** көпмал, мөпмөлдір, көпмола, көпмақтады

бн: 1. 0

2. 0

3. к. **пн.** көпнан, көпнесе (көбінесе), түпнегізі, түпнағашы

гй=0, гу=0, гл=0, гң=0, гр=0;

гм: 1. 0

2. 0

3. к. **км.** көкми, көкмайса, көкмылжын, көкмүз, Бекмырза, Бекмағамбет

гн: 1. 0

2. 0

3. к. **кн.** көкнайза, көкнәр, Бекназар, Бекнияз

ғй=0, ғу=0, ғл=0, ғң=0, ғр=0;
ғм: 1. 0
 2. 0
 3. қ. қм. ағмаңдай, қырығмың, ағмоншақ, ағмақта, Ағмола, Ағмарал
ғн: 1. 0
 2. 0
 3. қ. қн. ағнан, ағнар, ағниет
дй=0, ду=0, дл=0, дң=0, др=0, дм=0, дн=0;
жй=0, жу=0, жл=0, жр=0;
жм: 1. 0
 2. 0
 3. тәжменде
жн: 1. 0
 2. 0
 3. лажне? тәжнешеу?
зй=0, зу=0, зл=0, зң=0, зр=0;
зм: 1. 0
 2. жазмыш, озмыш
 3. жүзмын, өзмалым
зн: 1. 0
 2. 0
 3. жүзнан, жүзнар, сегізнан, өзнарым.

2.2.7. Үнді-үнді дауыссыздар тіркесі

йй=0;
йл: 1. айла, айлақ, байла, қайла, ила, илан, шилан
 2. майла, иле, илік, майлық, майлы, сыйлы, сыйлық, шилеуіт
 3. 0
йм: 1. аймақ, маймақ, маймыл, мейман, сайман, иман, қаймана
 2. қойма, қоймақ, қоймас, қима, қимас, қимен, аймен
 3. аймаңдай, байманап, аймүйізді, қоймойын, Баймырза, Баймолда
йн: 1. айна, бейнет, жайнамаз, зинақор, инабат, ине, минарат
 2. жина, қина, жайна, қойна
 3. айнұры, майнан, жайнан, байнағашы, кейнеме, Айнұр, Байназар
йң=0;
йр: 1. айран, байрақ, бұйра, бүйрек, дайра, зират, мейрам, майрыл, сирек, сайра, қайра, үйрек
 2. масайра, жайра
 3. 0
йу=0;
лй=0;
лл: 1. алла, бісмілла, иншалла, күллі, дамолла, иллаһи, піллә

2. 0
 3. 0
лм: 1. алма, қалмақ, қылмаң-қылмаң, жалмаң-жалмаң, жылмаң-жылмаң, шөлмек, үйелмен, үйелмелі-сүйелмелі
 2. алма, бөлме, малмен, балмен
 3. малменікі, гүлмекен, балмекен?, бұлмал, тұлмал, Балмағанбет
лн: 1. ауылнай
 2. 0
 3. бұлнан, балнан, бұлне?, Гүлнәр, Гүлназ, Елнар, Құлнияз
лң=0, лр=0, лу=0;
мй=0, мл=0;
мм: 1. еммат, мүкәммал
 2. адаммен, қаламмен, қадаммен
 3. адаммінді, қ. нм. оммал, оммың
мн: 1. 0
 2. адамның, адамнан
 3. адамнанды, кімнадан? кімнас?
мң=0, мр=0, му=0;
нй=0, нл=0;
нм: 1. 0
 2. қ. нм. наммен, жаммен, жаммын
 3. қ. нм. оммың, оммал, оммилион
нн: 1. жаннат, сүннет, суннит, жаһаннам
 2. наннан, жаннан, Отаннан, ойыннан
 3. оннан, оннар, тоқсаннар
нң=0, нр=0, ну=0;
ңй=0;
ңл: 1. еңлікгүл, саңлақ, сінді, қанды
 2. 0
 3. 0
ңм: 1. өңмен
 2. аңмен, таңмын, таңмен, теңмін
 3. еңмықты, тоңмойын, тоңмай
ңи: 1. 0
 2. таңнан, аңнан, көңнен, теңнен
 3. мыңнан, еңнашар, мыңнар
ңң=0, ңр=0, ңу=0;
рй=0;
рл: 1. арлан, тарлан
 2. қарлы, қырлы, қырлар, зорла, зырла
 3. 0
рм: 1. арман, орман, қырман, зорман, тұрман, бармақ, шырма
 2. қармақ, тырмала, бармақ, арма
 3. бірмың, бірмал, төртмың
рн: 1. арна, жарна, өрнек, ернек
 2. қырна, тырна, керне, жарнама
 3. бірнеше, бірнан, өрне, бірнар, Ернар
рң=0, рр=0, ру=0;

уй=0;

ул: 1. аула, әулет, дәулет, дулат, сәуле, саулық, жаулық, қаулы, тәулік

2. тула, зула, саула, жаула, сулық, қулық, сула

3. 0

ум: 1. думан, нәумез

2. жаума, жаумен, жаумын, жаумысын

3. таумалы, сумай, сумақта

ун: 1. 0

2. ауна, қуна, буна

3. сунан, сунауа, қунәпсі

уң=0;

ур: 1. әуре, дәурен, жаура, сәурік, тәурат

2. тұмаурат, сылтаурат, даурық, қура

3.

уу=0.

2.2.8. Үнді-үяң дауыссыздар тіркесі

йб: 1. айбат, айбар, айбын, бейбіт, айбақ-сайбақ, әйбат, дойбы, зйба, иба, байғазы, байла, байтал

2. 0

3. айбатты, бай-бағылан, бай-бай, байбайла, бай-мырза, тайберді, айбалдырған, жайбасар, Айберген

йг: 1. бәйге, әйгілі, игі, сәйгүлік, шүйгін

2. сүйген, сүйгелі, сүйгісі, биге, үйге

3. к. **йк.** айгөрді, байгелді, жайгелді, сайгелді, Тайгелтір, Әйгерім

йғ: 1. байғазы, байғұс, айғыр, айғыз, қайғы, пайғамбар, пиғыл, сайғақ, ұйғыр, түйғын

2. айға, байға, қойған, қойғалы, қойғыз, қойғыла, қойғысы

3. к. **йқ.** айғарады, айғабак, майғарағай, қойғарады, қайғайдағы, Байғара, Тайғара, Қойғозы

йд: 1. айда, айдын, айдақ-сайдақ, майда-шүйде, айдала, пайда, шидем

2. айда, айдай, үйде, үйдей, тайда, тайды, тайдан, тайдыр, тайдын

3. айдағы, қайдәрі, жайдақпырт, сайдала, дайдай, Байдәулет

йж: 1. 0

2. 0

3. айжарық, айжақсы, байжақсы, жай-жапсар, қайжыл, қайжақ, сайжақ, Байжарқын, Байжол, Айжарық

йз: 1. найза, изе, изен, күйзел, қайзала, қайза, қайзаң-қайзай

2. 0

3. қайзауыт, байзауыт, жайзат, Байзақ, Айзада

лб: 1. албар, албыр, албасты, бұлбұл, далбаса, далба-дұлба, елбекте, шалбар

2. 0

3. молбайлық, төлбасы, елбасы, жылбасы

лг: 1. белгі, ілкі, ілгері, сүлгі, ділгер, жүлге, мүлгі, үлгі

2. әлгі, білгір, білгіш, білген, білгісі, білгелі

3. бұлгүл, қызылгүл, жасылгүл, к. лк. бұлгүн, жылгелді, елгөшті

лғ: 1. алғыс, алғай-шалғай, балдақ, балға, бұлғын, бұлға, былғары, шұлғау

2. талға, шалғы, шалған, шалғалы, шалғысы, алғы

3. бұлғалым, бұлғылым, бұлғұмыр, к. лқ. малғора, малғайтты, талғармады, жолғарады, молғамтыды, желғойды

лд: 1. алда, алда-жалда, балдақ, балдыр, бұлдыр, бүлдірге, бүлдіршін, дүлдүл

2. алда, алдың, малда, малдың, малды, малдан

3. малдайын, желдамылдады, малдалада, желдиірмен

лж: 1. алжы, болжа, бұлжы, былжыр, елжіре, қалжыра, олжа, мылжа

2. 0

3. жылжақсы, елжата, елжұрт, желжетпес, жолжазба, белжазды, гүлжарды, гүлжазира

лз: 1. зілзала, гүлзар

2. 0

3. бұлзаман, бұлзауыт

мб: 1. әмбе, қамба, дамбал, домбыра, жамбы, жамбыл, сүмбе, сүмбіле, зембіл, сымбат

2. тамба, к. **нб.** жамба, жомба, қомба, көмбе, тұмба, тымба

3. қадамбасты, адамболды, тамбасында, к. **нб.** жамбақты, күмбатғыс, омбала, жыламбас, кембайлық, Жамбота, Жамболат

мг: 1.

2. емген, жемге, емге, емгелі, емгісі

3. к. **мк.** қамгөңіл, шөмгөрді, емгерек, жемгелді, мұғалімгелді, адамгерек, Мариямгүл, Мейрамгүл

мғ: 1. замға, самға

2. адамға, тамған, тамғалы, тамғысы

3. к. **мқ.** қамқарекет, емғонбады, емғылды, қамғылды

мд: 1.

2. құмда, жемде, қамда, құмды

3. құмдауыл, құмдала

мж: 1.

2. 0
 3. емжоқ, жымжылас, жымжыр, шамжақ-
 ты, шамжарығы, тымжас, тымжуас
мз: 1. қамзол, зэмзэм, арамза
 2. 0
 3. тымзәулім, тымзілдей, зымзия
нб-мб: 1. 0
 2. жамба, қомба, көмбе, сембе
 3. жамбақты, жамберді, жөмбілейді, көмбет,
 күмбойы, Жамбай, Жамбота, Жамболат
нг-ңг: 1. 0
 2. түңгі, түңге, күңге, күңгей, жөңге, жүңге,
 кеңге
 3. оңгүн, менгелдім, әңгүй, оңгөйлек, кең-
 гөрпе, сенгерексің, жаңгерек, наңгерек
нғ-ңғ: 1. 0
 2. замаңға, жаңға, кеңге, көңге, құлаңға,
 жылаңға, сұраңған, қаңған, жаңған, жаңғалы
 3. оңғалым, жаңғұмар, оңғасыр, оңғой,
 қаңғызыл, жаңғысылды
нд: 1. андыз, әпенді, дандайсы, құндыз, пен-
 де, сандал, шандыр, ындын
 2. жанда, жандан, жанды, жандар
 3. жандауыс, жандалбаса, жандәрмен, жан-
 дүниесі
нж: 1. жанжал, кенже, қанжар, қанжыға,
 болжа, қынжыл, тұнжыр, шонжар, шынжыр,
 ынжық, інжіл, інжу
 2. жүнжі
 3. онжыл, жанжолдасы, жанжары, әнжақ-
 сы, санжыл, қанжылым
нз: 1. 0
 2. 0
 3. онзауыт, онзембіл, ханзада
нб: 1. еңбек, қаңбақ, жаңбыр, таңба, теңбіл,
 шеңбер
 2. тоңба, қыңба, тыңбысын?
 3. еңбірінші, мыңбір, еңбастысы, еңболма-
 са, кеңбол
ңг: 1. әңгелек, діңгек, денгене, мәңгі, дүңгір,
 ләңгі, сүңгі, теңге, шеңгел
 2. жеңген, жеңгелі, жеңгісі, жеңге, **нг.** күңге,
 күңгей, түңге, түңгі, сеңген, сеңгісіз, сеңгелі
 3. мыңгүл, еңгүлді, кеңгөйлек, **нг.** оңгүл,
 сеңгүлсің, **нк.** жаңгешті, еңгөрікті, жаңгірді,
 таңгөрінді
ңғ: 1. аңғал-саңғал, даңғыл, жаңғақ, жаң-
 ғыр, қаңғыр, шаңғы, сұңғыла
 2. аңға, таңға, тыңға, тоңған, тоңғалы, тоң-
 ғысы, тоңғақ, **нғ.** жоңған, жоңғы, жоңғысы,
 жоңғал, жаңған, жаңғалы
 3. **нк.** таңғашы, таңғылды, таңғараңғы, соңғай-

тты, **нк.** қаңғарайды, қаңқызыл, жаңғайғы, жаң-
 ғиды, саңғайты
ңд: 1. маңдай, маңды, меңде, саңдақ, аңда,
 аңды
 2. таңда, аңда, аңды, аңдар, оңда, оңдыр,
 коңды
 3. кеңдала, кеңдүние, еңдұрысы
ңж: 1. 0
 2. 0
 3. мыңжыл, мыңжол, мыңжылқы, тыңжол,
 таңжарық, кеңжол
ңз: 1. меңзе
 2. 0
 3. мең-зең, мыңзауыт, мыңзембіл, еңзыми-
 ян, еңзанды, кеңзал
рб: 1. арба, дарбаза, дорба, дүрбі, барби, бор-
 бай, ерби, жырби, қорби, кірби, қарбыз, тырби,
 шарбы, шарбақ, ырби, сарбаз
 2. мейірбан
 3. бірбала, бірбет, әрбір, әрбала, зарболды,
 тарболды, шарболат
рг: 1. бүрге, кергі, жөргек, жөргем, ірге
 2. жерге, ерге, терге, көрге, бейнеткерге
 3. **рк.** біргүні, біргезде, бірғонақ, әркүні,
 әркезде, зоркелді
рғ: 1. арғымақ, арғын, қарға, қарғы, жорға,
 қырғи, қырғауыл, тарғақ, торғай, шырға
 2. жарға, арға, қарға, торға, зорға
 3. **рк.** бірғазан, бірғатар, әрғайда, әрғашан,
 зарғылды, зорғылды
рд: 1. арда, орда, бырдай, дардай, жұрдай,
 кердең, кердері, керді, мүрде, сардар
 2. жарда, жардай, жардан, жарлын, жерде,
 жердей, жерден, жердегі
 3. бірдәптер, бірдоп, әрдайым, әрдәуір
рж: 1. боржи, быржи, бүржи, кіржи, қаржы,
 қаржас, мыржи, мүржа, саржа, ыржи
 2. 0
 3. біржыл, біржола, біржан, әржерде, әржы-
 лы, әржақты, таржол
рз: 1. арзан, арзы, гүрзі, мырза, перзент, керзі
 2. 0
 3. бірзауыт, бірза, әрзауыт, барзауыт
уб: 1. наубай, тәуба
 2. 0
 3. таубасында, таубаласы, дауболды, даубітті,
 тубайлады, суболды, Таубай
уғ: 1. ауған, қауға, сауғы
 2. ауға, бауға, дауға, суға, буға
 3. **ук.** суғараңғы, суғұйды, тауғалқып, тау-
 ғалқы, жауғайда, сауғайтты
уг: 1. шәугім

2. гуге, деуге, келуге, жүруге, беруге
3. **ук:** сугерек, сугелді, сугешті, жаугетті, дау-
гетті, қугетті

уд: 1. аудан, дудар, жаудыра, қауда, қаудыр,
зәуде, кеуде, кеудірле, сауда, шуда

2. тауда, жауда, бауда, суда, буда, қудала

3. судайын, судәптер, дау-дамай, ду-ду

уж: 1. аужал, қаужаң-қаужаң, кужындау,
шаужаң, шаужай

2. 0

3. даужанжал, сужылан, жаужапақ, сужүрек,
жаужүрек, таужақта

уз: 1. зауза, қауза, қуза, зәузат, кеуде

2.

3. зау-зау, зу-зу, қузалым, узаһар, дәузат,
дәузал.

2.2.9. Үнді-қатаң дауыссыздар тіркесі

йк: 1. айқын, байқа, қайқы, найқал, құйқа,
сойқы, сайқымазақ, тайқар, кикар, ұйқы-тұйқы,
қиқы-жиқы

2. шайқа, тайқы, жайқа, жойқын

3. **йк-йғ:** айғарады, қойғарады

йк: 1. әйкел, күйкентай, жүйке, сүйке, би-
кеш, шүйке, шикі

2. күйкі

3. **йк-йг:** айгөрді, күйгешті

йп: 1. айпап-жайпады, байпақ, сипат, сый-
пақ, жайпақ, тайпақ, сыйпа, шипа

2. ойпаң, ойпат

3. майпалау, майпышақ, қайпышақ, ойпырай

йс: 1. майса, қисап, найсап, сиса, Ойсылқа-
ра, Иса

2. айсыз, байсы, байсыз, жайсыз, жайса, қой-
са, тайса, тайсақ, тайсал, мисыз

3. тайсойды, майсөк, майсасыр, майсүзгі,
ойсана, қойсаналы

йт: 1. айт, қайт, бүйт, өйт, сөйт, ит, бит,
күйт, жайт, тәйт, шәйт, байтаба, шайтан, байтал,
байтақ

2. карайт, сарғайт, ұлғайт, кішірейт, үлкейт,
зорайт, алайт

3. айтолды, күйтартты, ойтолғады, тойтар-
қады

йш: 1. қайшы, ишан, шиша, ишара, ишарат,
ишай

2. айшық, маңдайша, жайша, байшікеш,
үйшік, жайшылық

3. айшықты, ойшамасы, қайшақта, кейшақ-
та, тайшапты, шайшықты

лк: 1. алқа, алқым, алқоры, бұлқын, былқ-

былқ, жалқы, жылқы, қалқа, қалқан, олқы, сал-
қам, шалқан

2. жұлқы, талқы, толқы, балқы, қылқан

3. **лғ:** алғаракөк, алғоңыр, алғызыл

лк: 1. бөлке, өлке, үлкен, кілкі, ілкі, сөлке-
бай, селк, түлкі, сілкі, бүлк

2. күлкі

3. **лг:** малгелді, елгетті, желгелді, елгөрінді

лп: 1. алпыс, алпамыс, алпауыт, әлпеште,
балп, жалпақ, жалп, жалпын, жылпос, елпілде,
қылп, қолп, салп, шалп, шылп

2. шолпы, Зұлпықар

3. бұлпышақ, молпайда, жолпұлы

лт: 1. алтын, алты, балта, балтыр, бөлтірік,
қалта, келте, салтақ, күтелену, салт, бұлт, шалт

2. толтыр, келтір, өлтір, жөнелт

3. балтатиды, желтүрды, желтынды, солтүн-
де, төлтуды, тілтапты

лш: 1. алшы, алшаң, алша, бұлшық, был-
шық, күлше, қалшадай, қалши, қалш, малшын,
мөлшер, өлше, шалшық

2. алшы, келші, болшы, білші, бөлшек

3. желшықты, жолшықты, күлшашты

мк: 1. жымқыр, қамқа, қымқыр, шымқай,
қамқап, сұмқай

2. жемқор, қамқор, молқор, дымқыл

3. **мғ:** тымғызыл, жемғайда, кімғарады, қам-
ғылды

мк: 1. дімкәс, мүмкін, сөмке

2. көмкер

3. **мг:** кемгетік, кімгелді, тымгөп, емгерек,
немгетті

мп: 1. жемпір, кемпір, зімпара, күмп, сым-
пылда, сымпыс, жампоз, омпа

2. сұмпайы, көмпіс

3. кімпішті, кемпішті, **нп.** омпышақ, нампісті,
нампұл, Жампейіс

мс: 1. қамсау, қымсын, жемсер, самса, тұмса,
томсар

2. кемсін, емсіз, емсек, емсе, тамса, жемсіз,
қамсыз

3. құмсағыз, жемсал, тымсуық, кемсалды

мт: 1. тамтық, қамтамасыз, қымты, қым-
тан, қамты, сілімтім

2. жемтік, кемтік, тамтық

3. тымтәуір, жемтасыды, кемтүспеді, емтап-
ты, құмтүсірді, құмтас

мш: 1. қамшат, тұмшалау

2. қомша, тамшы, емші

3. тымшалғай, құмшекер, құмшашқыш, жем-
шашты, шамшырақ

нқ=ңғ, нк=ңг, нп=мп;
нс: 1. мансап, сансыра, мансұқ
 2. жанса, сенсе, сенсіз, қансыра
 3. онсағат, онсаулық, онсөйлем
нт: 1. антала, ентеле, ендік, жұнттай, құнти, ынта, ынтымақ, монтаны, монти, ант, кент, қант, тінт
 2. бусант, ойлант
 3. онтеңге, жанталас, онтай
нш: 1. әншейін, иншалла, моншак, монша, қанша, қаншық, қаншырдай
 2. менше, жынша, сыншы, мінші
 3. оншақты, оншелек, жаншақырды, оншақырым, қаншықты
ңк: 1. аңқай, аңки, маңқа, қаңқа, қоңқи, санқ-сұңқ, маңқ, тоңқай
 2. сәңқой
 3. қ. **ңғ.** аңғұмар, еңғызыл, көңғұмар
ңк: 1. еңк-еңк, еңкей, дөңки, өңкей, өңки, кеңки, мұңк, сәңки, теңки, міңк, шіңк
 2. теңки, дөңки
 3. қ. **ңғ.** еңгүшті, еңгеремет
ңп: 1.
 2.
 3. кенпейіл, еңпысық, мынпарақ
ңс: 1. еңсе, жеңсік, кеңсе, кеңсірік, сеңсең, жаңсақ, қансы, қоңсы, қыңсыла
 2. теңсел, жеңсе, жеңсіз, жеңсін, сіңсе, сіңсін, аңсыз
 3. мыңсөз, кеңсай, таңсамалы
ңт: 1. қаңтар, аңтарыл
 2.
 3. еңтаңдаулы, аңтан, онтүстік
ңш: 1. өңшен, жеңше, жөңшен
 2. кеңшілік, аңша, сеңше, таңшы, аңшы
 3. мыңшелек, еңшырайлы, таңшапағы
рк: 1. арқа, арқар, арқан, барқын, барқыт, жарк-жүрк, сарк-сүрк
 2. торқа, қырқа, сүрқай
 3. қ. **рғ.** ерғашты, әрғашан, бірғанша
рк: 1. беркі, бүрке, бүркіт, еркін, ерке, сірке, күрке, жеркен, серке, күрк-күрк
 2. өркеш, өркен
 3. қ. **рғ.** біргүні, әргім, біргеліншек, біргелі
рп: 1. арпа, көрпе, кірпіш, арпалыс, ұрпақ, көрпеш, серпі, шарпы, борп-борп, арп
 2. өнерпаз, тұрпат (түр)
 3. бірпышак, әрпенде, бірпенде, әрпысық
рс: 1. арсаңда, борсы, бүрсігүні, борсық, қарсақ, қарсы, сарсан, ерсі, торсық
 2. барса, көрсе, көрсет, арсыз, қарсыз
 3. бірсағат, бірсөйлем, әрсөйлемде

рт: 1. арт, ерт, ерте, дерт, терте, ертеқ, карт, сарт, серт, жорт, тарт
 2. бірте-бірте, мұнарт, құмарт, шұбарт
 3. біртеңге, бірталай, әртүрлі, біртуар
рш: 1. аршы, аршын, арша, борша, бұршақ, шырша, мұрша, қарш-қарш, кірш-кірш, ыршы
 2. баршы, берші, барша, қатпаршақ, жұмыршақ, желбіршек, жершіл
 3. біршелек, біршөкім, зоршатыр, әршешімде, әршанада, таршайла
ук: 1. ауқат, науқан, науқас, қауқар, қауқи, қау-қау, қауқылда, сауқат, тауқымет, уқала, жауқазын
 2. қуқыл
 3. қ. **уғ.** суғыл, туғыл, ауғұрды, жауғашты, тауғыраны
ук: 1. әуке, жәукем, жәукемде, кеукерін, кәукеле, шәүкілде, Бәуке, Дәукен, Кәукен, Тәуке
 2. даукес
 3. қ. **уғ.** баугеспе, жаугетті, сугелді, қугетті, кеукеуле
уп: 1. жаупазақ, қаупи, таупық, әуп, әүпілдеу
 2. 0
 3. дәупышак, құпұшық, сүпішен, қаупелек, таупана, әүпірім, дәүпері
ус: 1. аусыл, әуселе, жаусат, жуса, кәусар, кеусен, қауса, қаусыр, маусым, саусак, сусары
 2. суса, сусак, сусыл, сусы, сусыз, жуса, сауса
 3. таусағы, аусалды, таусамалы, сусамыр, кусайтан
ут: 1. жаутаңда, қутың-қутың, таутан, таутанда, тәути
 2. 0
 3. ситорғай, баутақты, сау-сәлемет
уш: 1. куши, кушыкеш, кушық, тәуше, раушан
 2. суша, туша, сушы, жаушы
 3. баушарбақ, даушар, сушаруашылығы, жаушықты, кушеке.

2.2.10. Сөз (буын) соңындағы қос дауыссыз

Бұл негізінен еліктеу, одағай сөздерге тән. Ара-тұра өзге сөз таптарына тән сөздер де кездеседі. Сөз (буын) қос дауыссызға аяқталғанда оның алдыңғысы үнді, соңғысы қатаң болуға тиіс. Бір ескеретін жай, еліктеу сөздер жеке де, қайталанып та, көбіне ет көмекші етістігімен тіркесіп айтылады, оларға жалғанатын қосымша үнемі дауыстыдан басталады, сөйте тұра сөз

(буын) соңындағы қатан **к, к, п** ұянданбай, қалпын сақтап тұрады: *жарқыл, зіркіл, бүлкіл, қылпыл, жарқылда, қылпылда, жалпылда* т.б.

Сөз соңындағы үнді-қатан тіркесі мынадай болып келеді:

рк: *барк, бырк, жарқ-жүрк, зырк, қарк, қырк, сарк-сүрк, бұрк, құрк, жырқ, тарк, шарк, шұрк, ырк;*

рк: *дүрк, зірк, күрк, ірк;*

рп: *барп, борп, арп, күрп, қорп, тарп, тырп, жырп;*

рс: *арс, гүрс, бырс, қорс, дүрс, мырс, тырс, ырс;*

рт: *борт, бырт, күрт, кірт, қырт, морт, сарт-сұрт, сырт, шарт-шұрт, шорт, шырт;*

есім-етістік сөздер: *арт, ерт, жорт, жұрт, жырп, мерп, өрт, ұрт, сарт, серт, сұрт, тарт, тұрт, шарт, сырт, шерт;*

рш: *бырш, кірш, қарш, қырш;*

лк: *былқ, қылқ, қолқ, солқ, шылқ, сылқ;*

лж: *бұлж, желж, күлж, кілж, селж;*

лп: *балп, болп, былп, елп, жалп, желп, жылп, қолп, қылп, салп, сылп;*

лт: *бұлт, жалт-жұлт, жылт, кілт, қалт-құлт, қылт, мөлт, мұлт, селт, шалт, шолт;*

зат есім: *бұлт, кілт, салт, ұлт;*

етістік: *жөнелт, кенелт, ойлант;*

лш: *балш, былш, қалш;*

нқ: *аңқ, қаңқ, маңқ, таңқ, тыңқ, саңқ, сұңқ, тонқ, шаңқ, ыңқ;*

зат есім: *даңқ;*

нж: *еңж, дүңж, кеңж, күңж, мұңж, шінж;*

зат есім: *реңж;*

нт: *зат есім: ант, жент, кент, қант, құнт;*

мп: *күмп, қомп, томп;*

йт: *есім-етістік сөздер: адырайт, бадырайт, бақырайт, айт, бүйт, бит, жсайт, ит, күйт, қайт, өйт, тэйт, едірейт, күдірейт, сүмірейт;*

йк: *қиқ, шиқ;*

уп: *әуп;*

уһ: *уһ (үуһ).*

Сөйтіп, қос дауыссызға аяқталатын сөздер алдымен еліктеуіштер. Етістік сөздердің біразы туынды болып келеді (*жөнел-т, кенел-т, ай-т, сөй-т, бүй-т, едірей-т, сүмірей-т*). Қос дауыссызға аяқталатын зат есімдердің дені кірме сөздер. Олардың қайсыбірі жазу арқылы қалыптасқан. Мәселен: *даңқ, реңк*. Тілде **рең** түрінде қалыптасқан сөз қайтадан араб-парсылық дыбысталу (ранг) үлгісіне көше бастады. Мұның өзі тілімізде **ңқ, нқ** қос дауыссызына аяқталған есім, етістік сөздердің жоқ екенін елемеуден туған.

Соңғы жылдары баспасөзде *түрік* сөзі *түрк* түрінде жазыла бастады. Бұндай (**рк**) тіркес тек еліктеу сөздерге ғана тән.

Ал зат есім *бұлт* түркі тілдерінің бәрінде де екі буынды. Қазақ тілінде де оның *бұлым* (айтылуы *бұлұт*) екені дау тудырмаса керек. Осылай еліктеуішке омоним болып жүрген сөздің бірі - зат есім *кілт*. Парсы тіліндегі айтылуын (калит) ескермегеннің өзінде, ол *кіліт (кіл-ті, кіл-тім)* екені анық.

Қазақ тілінде **и, у** дейтін дауыстылар жоқ, әріп бар. Соңғы буында дауыссыздың алдында жазылатын осы әріптердің дыбыс құрамы мынадай (емле сөздігі бойынша):

йп: *зағыйп (зағип), тәлійп (тәлип),*

йх: *тарыйх (тарих), Шафыйк (Шафих),*

йк: *таспыйк (таспик),*

йп: *аумйп (аумин), Файнеддйп (Файнеддин),*
йпшалла (иншалла),

уз: *махфұуз (махфуз),*

ул: *Расұул (Расул),*

ух: *рұух (рух),*

йф: *Хатійф (Хатиф),*

йб: *Хабійб (Хабиб),*

йд: *Халійд (Халид),*

йл: *Халійл (Халил).*

Артикуляциясы орыс сөздерін айту арқылы қалыптасқан қазіргі оқыған қауым мұндай тіркестерді қиналмай айтады.

2.2.11. Шәлкес тіркестер

Байырғы сөздерде кездеспейтін, қолдан жасалған жасанды тіркестер сөз ішінде, буындар жігінде жетерлік. Оларды **шәлкес тіркестер** дейміз.

Енді емле сөздігіндегі кейбір түбір ішіндегі тіркестерді көрейік:

1. **қатаң-ұяң** тіркестер:

кб: *аллауакбар*

тб: *матбұғат*

хб: *сұхбат, шахбибі*

хз: *шахзада*

һб: *шаһбаз*

2. **қатаң-үнді** тіркестер:

км: *хикмет*

қл: *ғақлия, мақлұқат*

қм: *рақмет, зақмет*

кр: *макрұм*

хм: *рахман, Ахмет, Махмұт*

хн: *мехнат, сахна*

хр: *махраб, михраб*

һр: *баһра*

сл: *ислам, мәслихат*

см: *басмашы, ресми*

шл: *шашлық*

шм: *башмақ, әшмүшке*

шн: *күшнаш*

тр: *кәстрөл*

3. **ұяң-қатаң:**

зһ: *мазһаб*

4. **ұяң-үнді:**

ғл: *бағлан, мағлұм, ұғлан*

ғм: *лағман*

ғн: *яғни*

др: *медресе*

жн: *мәжнүн, күмәжнік*

жр: *хижра*

зл: *мазлұм*

зм: *мазмұн, қызмет, жазмыш*

зн: *кезнесу*

бл: *аблығу, лоблу, облыс*

бр: *ғибрат*

5. **үнді-үнді** тіркестер:

мл: *емле, мемлекет, жүмле*

Дыбыстық тіркестерді зерттеушілердің бәрі де бұларды заңды тіркес түрінде танитыны жоғарыда көрсетілді. Олардың шөлкес тіркестер екенін, біріншіден, фонетикалық заңға бағынбайтынынан көрсек, екіншіден, аздаған мысалдардың өзі-ақ айтып тұр. Бұлар - түп шыққан тілге еліктеп қолдан жасалған тіркестер. Мәселен, *басмашы, башмақ, кәстрөл, шашлық*.

2.2.12. Қайталама дыбыстар

Бір сөздің екі рет қайталануы арқылы қайталама қос сөздер жасалады. Осы үлгімен бір дыбыстың екі рет қайталанып қоданылуын **қайталама дыбыстар** дейміз (гемината). Мысалы, *қатты, тәтті, атты, атта, ашыы (ащы, ашша, асшы), тұшыы (тұщы, тұшыы), текке, баққа, аққар, таппады*. Қайталама дыбыстарды да үш түрлі позицияда қараған жөн: 1) түбір ішінде, 2) түбір мен қосымшаның, 3) сөз бен сөздің аралығында.

2.2.12.1. Сөз бен сөздің аралығында

кк: *аққала, аққұс, баққарады, баққайтты, оққағар, саққұлақ, аққалпақ*, осында: *көкқарға, көкқасқа, көкқұтан, текқана, бекқатты, Бекқали, Бекқара* (**к** айтуда **қ** болады).

кк: *көккөйлек, көккөптер, көккүл, көккітәп.*

пп: *көппала, көпполды, көпперді, алыпперді, жекперді, көппай, көпполсын, шөпперді.*

сс: *бассалды, бессөйлем, бессом, көссалды, сөссарасы, көссүзді, бассағалады, тассалды.*

тт: *төрттеңге, төрттүлік, төрттәсіл, иттiрлік, иттерiсi, аттарақ, шеттiлi.*

шш: *үшишелек, үшишал, бешишелек, бешишал, бешишүлдыз, үшишүз, бешишүз, жашишықты.*

жж: *жүжжжыл, тоғжжжыл, қыжжжанды, қыжжжібек, божжжорға, лажжжөк.*

зз: *жүззауыт, сөззергері, тоғұззаң, өззаңы, теззит, күззәрлі.*

мм: *оммың, оммал, оммәрте, жамменікі, қаммайдан.*

нн: *оннар, оннан, оннәрсе, сеннеге.*

Сөз бен сөздің арасында негізінен қатаң дауыссыздар ғана қайталанып айтылады. Ал ұяңдардан тек **ж** және **з**, үнділерден тек **м**, **н** дыбыстары ғана қайталанады, қалған дауыссыздар қайталанбайды.

2.2.12.2. Сөз бен қосымша аралығында

кк: *санакқа, баққа, таққа, баққан, таққан, қаққан, соққы, соққыла, жоққа.*

кк: *көкке, кекке, текке, бүккен, бөккен, әкке, жікке, сөкке, сөккен, төккен, шеккен.*

пп: *қаппен, баппен, жаппады, кеппеді, теппеді, теппе, шаппа.*

сс: *бассыз, ессіз, түссіз, іссіз, асса, басса, кессе, өссе, тессе, сөссүз (сөзсіз), сессе (сезсе).*

тт: *батты, бетті, бітті, кетті, жатты, қайтты, айтты, сатты.*

шш: *шешиі, кешиі (кесіі), ашыы (асшы), ташиша (тазша), лашишыз (лажсыз).*

мм: *жаммен (жанмен), мамаммен (маманмен), қаммен, шаммен, алғаммын (алғанмын), келгеммін (келгенмін), мамаммын (маманмын), адаммын.*

нн: *нанның, наннан, алғаннан, кеннен, келгеннен, санның, саннан, оннан.*

Бұл пөзидияда да қатаңдар мен үнді **м**, **н** дыбыстары еркін қайталанатын болса, ұяңдар мүлде кездеспейді.

2.2.12.3. Түбір ішінде

Түбірдегі қайталама дыбыстар бөгде тілге еліктеуден туған. Сөйлеу тілінде бұлардың біреуі түсіріліп (*махабат, құды, мүде, әді, кезеп, Физат, мүкэмал, әкіс, жанат, тәжанар, Жапар*), немесе өзге бір дыбыспен алмастырылып айтылады: *күлді (күллі), келде (кәлла), әмбе (эмма), сәлде, сүндет, кейде екеуі де өзгереді (Жаппар, ләппай, Файнеттин).*

Қисса түрде жазып, айтып жүрген сөзіміз қарапайым айтуда *қыса* болып кетеді. Олай болатыны *қыйс-са* сөзінде қайталама (*сс*) дыбыстан өзге, байырғы буында кездеспейтін **йс** тіркесі және бар.

Сондықтан да Алла, Мухаммад қазақ айтуда *алда* (*Алдаберген, Алдажар, алда ғана құдай-ай*), *Мақанбет (Мұқамет, Мәмбет, Мәмет)* болып кетеді.

Осындай қайталама дыбыстар кездесетін араб-парсы сөздері қазақ тілінде біршама, олардың бәрі де өзгеріске ұшыраған. Олар:

олда-білдә (аллаһ-беллаһ)

әуелі (аввали)

тасаттық (тасаддақ)

жалдап (жаллап)

жендет (жаллад)

тажал (дажжал)

сағыз (сақкез)

мадақ (маддақ)

мекер (мәккер)

машақат (машаққат)

әзіл (һәззал)
 ниет (ниййат)
 кезеп (кәззат): Тезек төре, кезеп төре
 делдал (даллал)
 ділда (тилла)
 ізет (ғиззат)
 құжат (хужжат)
 сарап (саррап)
 үде (удда)
 есе (хисса)
 міндет (миннат)
 қисап (қассап)
 молда (молла)
 ниет (ниййат)
 келде (каллә)

Қысқасы, түбір ішінде бір дыбыстың қайталанып қолданылуы қазақ тілінде болмаған.

Орыс тілінен енген сөздерде қайталама дыбыстар мол-ақ. Бір ғаналы тіркесін еске түсірейік: алло, аллея, аллергия, аллегория, баллада, баллон, доллар, каллиграфия, коллектив, коллекция, колледж, роллер т.б.

2.2.13. Үш дыбыстық тіркестер

Дауыссыз үш дыбыстың қатар келіп тіркес құрауы үш позицияда да кездесуі мүмкін, алайда бір буын ішінде ұшырамайды, тек буындар жігінде ғана түйіседі. Мұндай тіркес көбінесе қос дауыссыздарға аяқталған есім, егістік сөздерге қатаңнан басталатын қосымша жалғану арқылы және сол қатандардан (ара-тұра **м, н, ұяңдардан**) басталатын сөздер тіркесу арқылы жасалады (екінші, үшінші позицияда мол кездеседі). Яғни қос дауыссызға аяқталған сөздерге дауыссыздан басталатын қосымша, сөз қосақталу арқылы пайда болады. Ал бірінші позицияда сирек кездеседі. Мәселен, **рск** (құмырсқа), **ртік** (томыртқы, құртқа), **ртік** (күбіртке), **йтк** (жүйткі) сияқты тіркестер.

Үш дыбысты тіркестің бірінші дыбысы үнді **р, л, н, ң, й** екінші, үшінші дыбыстары қатаң болып келеді. Қатандардың тіркесі айқындалғандықтан, үлгі үшін бірер мысал келтірейік.

ртік:

1. томыртқы, шыбыртқы;
2. шартқа, тартқан, тартқыла;
3. мұртқойды, төртқойды, шартқойды.

ртік:

1. күбіртке, шегіртке;
2. сетке, түрткі, түрткіле, күкіртке;

3. төрткісі, қарткісі, өрткетті, жұртқорді.

Енді бір ғана **и** әрпінің салдарынан пайда болған кейбір үш дыбысты шәлкес тіркестерге назар аударайық:

йбр: Ғыйбрат (Ғибрат),
йжр: хыйжра (хижра),
йзз: Ғыйззат (Ғиззат),
йкм: хийкмет (хикмет),
йлл: ийллаһи (иллаһи),
йнш: ийншалла (иншалла),
йсл: ийслам (ислам),
йсс: қыйсса (қисса),
йхр: мийхраб (михраб),
йшш: ийшшай (ишшай).

Бұлар жазудың нәтижесінде пайда болған шәлкес дыбыстық тіркестер.

3. ДЫБЫСТЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАР

Тілден тілге сөз ауысу - заңды құбылыс. Мұның өзі сөз байлығын (лексиканы) еселеп байытудың өнімді жолдарының біріне жатады.

Кірме сөздің әр түрлі позицияларында тілдің қалыптасқан дыбыстық жүйесіне сәйкес келмейтін кейбір жеке дыбыстар мен дыбыс тіркестерінің болуы заңды. Ондай сәйкессіздіктерді реттеу үшін кейде сөздің құрамындағы жеке дыбыстарды түсіруге немесе жаңадан дыбыс қосып айтуға, төл дыбыстармен алмастыруға тура келеді. Тілімізге араб, парсы тілдерінен енген сөздер бұған дәлел. Олардың фонетикалық жақтан игерілгені сонша, көпшілігінің кірмелігі аңғарылмайды.

Мәселен, *бокебай, бөрене, бөтелке, доға, кәмпит, көшір, қамыт, қарындаш, нұт, нүлш, пеш, сәтен, сиса, сот, самауыр, сәтке, үстел, орыс* т.б.

Кірме сөздерді игеру үстінде бұрын бар дауыстыны түсіру, жаңадан қосып айту буын құрамын кемітуге немесе арттыруға мүмкіндік тудырады. Мәселен, қазір күнделікті тілімізде жиі қолданылып жүрген *анкет, газет, контор, минут, нар, секунд, фанер, цифр, шахмат, координат, шпал* т.б. сөздер орыс тілінде *анкета, газета, контора, минута, пара, секунда, фанера, цифра, координата, шпалы* түрінде айтылып, жазылғаны белгілі. Соңғы екпін түспейтін дауыстының біздің тілімізде айтылмауы бір буынның кемуіне әкеліп соқты.

Керісінше, кірме сөздердің буын санының артып кетуі де тілімізде кездесетін құбылыс.

Дыбыстық құбылыстар - сөздің құрамында болатын әр алуан дыбыстық өзгерістер. Мұның бәрі де айтуды жеңілдетуден туады. /

Протеза (грек, prothesis - алдында тұру) - сөздің алдынан басы артық дыбыстың қосылуы. Бұл кірме сөздің айтылуын жеңілдету үшін қажет. Мұндай дыбыс дауысты да, дауыссыз да болуы мүмкін. Қазақ тілінде протеза болатын негізінен қысаң дауыстылар. Олар **л, р** дыбыстарынан басталатын кірме сөздердің алдынан жамалады. Олай болатыны қазақ тілінде *лак, лап, лау, лып, лоқ-лоқ, лүп-лүп* сияқты он шақты еліктеуіш болмаса, байырғы атауыш сөздер бұл дыбыстардан басталмайды.

ы: *лаж, лай, лас, лашын, лау, рас, рақат, разы, рай, рақмет, рақым, радио, разъезд, ранг, рапсодия, рация.*

і: *леген, лекер, леп, рэсуа, рэсім, рэуиш, рет, рениш, ребус, революция, регресс, редукция, рельс, республика, Ресей.*

ү: *рұқсат, рух, ру, Лұқпан, Роза.*

ү: *Рүстем, рөл (роль).*

Қазақ тілінде протезаның күші елеулі, өз алдына буын болып тұрады. Мысалы:

Блайла, ылай оймен тұнығыңды (Абай).

Брас десең, ырас сөз мен айтайын ("Бекболат" дастаны).

О, е бірер сөзде протеза болады: ораза (руза), орамал (румал), ережеп (раждап), орыс (русский).

Екі-үш дауыссыздан басталатын орыс сөздері протезамен айтылады: *(ы)станция, (ы)стакан, (ы)станок, (ы)стаж, (ы)статус, (і)спектр, (і)спирт, (і)штпель, (і)штрек, (і)шжив, (і)шипль, (і)шприц.*

Айтуда да, жазуда да бірден-бір протеза сақталған *орыс, үстөл* сөздері.

Араб-парсы тілдерінде де қос дауыссыздан сөз басталмайды. Парсы сөзі, бізде қосымша - **стан** жазылу үлгісі. Дыбысталуы: **-ыстан** (*Қазағыстан, бағыстан*), **-істан** (*Тәжік-істан*), **-үстан** (*Түрк-үстан, гүл-үстан*), **-ұстан** (*Башқұрт-ұстан*). Дұрысы, // **-ыстан// -істен, -үстан// -үстон** түрде айтылатын қосымша.

Энентеза (гр. epenthesis - қыстырылу) - сөз ішінде дауыссыздардың арасына дауыстының қыстырылуы. Бұл да сөздің айтылуын жеңілдетуге негізделген. Ертеректе тілімізге еніп, айтылуына орай жазылатын *бөрене (бревно), жеребе (жребий), кереует (кровать), кінәз (князь), нүліш (плюш)* сияқты орыс сөздерінің бас буынындағы дауыстылар соның нәтижесі.

Мысалы: *қаса батыр* (қас батыр), *тапа тал түсте* (тап тал түсте), *тұпа-тура* (түп-тура) не-

месе *сазай* (саза), *тақтай* (тақта), *мүлдем* (мүлде).

Элизия (лат. elisio - ығыстыру) - бунақтағы сөздердің арасында қатар келген екі дауыстының алдыңғысының түсіп қалуы. Мысалы: *қарала* (*қара ала*), *алалмады* (*ала алмады*), *айталмады* (*айта алмады*), *жоғаріл* (*жоғары іл*), *жақсөнер* (*жақсы өнер*), *жақсөлең* (*жақсы өлең*), *жыйырмалты* (*жиырма алты*), *екайғыр* (*екі айғыр*), *мынадам* (*мына адам*), *алешкі* (*ала ешкі*).

Афerezис - элизияға қарама-қарсы құбылыс, яғни бунақта қатар келген екі дауыстының кейінгісінің түсуі. Бұл қазақ тілінде сирек кездеседі, оның өзінде алдыңғы сөз бір буынды әрі ашық буынды болу керек. Мұндай сөздер санаулы-ақ: **де, же, бұ(л), о(л), не, шылау - да, де, та, те...**

Не істейін? Не ішесің? дегенді тез айтқанда, *нестейін? нешесің?*-ге жуықтайды. Элизия бойынша, *істейсің, нішесің* болу керек еді. Бұл не сөзінің жойылуына алып барады. Ал *не алдың?* - деген *нелдің, налдың* емес, тек *неалдың* болады. Яғни бір буынды атауыш сөз (не) өз айтылымын сақтайды. Ал шылаудың жөні бөлек. Мәселен, *жазыпталды* (жазып та алды), *тұрыптішті* (тұрып та ішті), *жатыптішті* (жатып та ішті), *мыспекен* (мыс па екен).

Қазақ тілі тұрғысынан редукцияны қысаң дауыстылардың әлсіреп, көмескі айтылуы деп түсіну керек. Орфоэпиялық сөздіктерде ондай дауыстылар түсіріліп (шартты белгімен) жазылады: *дәр'зер, қат'нас, тәж'рибе, аң'зақ, ад'рандау, бад'рак, ед'рендеу, и'рім, қас'рет, жұд'рық, көб'рек, жұм'лу, көк'рек, түк'рік, мәк'рүк, құд'рет* т.б.

Метатеза (гр. орын ауыстыру) - сөз ішіндегі дыбыстардың не буындардың өзара орын ауысуы. Бұл - айтуды жеңілдетуден туатын құбылыс.

Қазақ тілінде қатар келген **пк, пк** дыбыстары **кп, кп** түрде орындарын ауыстырып айтылады. Мәселен, *әпке, тепкі, тепкішек, шапқыла, түпкір, әпкел* түрде жазылатын сөздер айтуда *әкпе, текпі, текпішек, шақпыла, түкпір* түрде де кездеседі. Бұлай айту ауа жолына орналасқан сөйлеу мүшелерінің жұмысын жеңілдетеді. Содан да *өкпе (өпке), өрекпі (өрепкі), секпіл (сепкіл), қақпа (қапка), қақпан (қаққан), қақпақ (қаққак), кәкпір (кәккір)* сөздері айтылуына орай жазылады.

Сондай-ақ, *мегде, меңзе* болып жазылатын сөздер *мезге* түрінде де кездеседі. *Айналу* сөзінің *айлану* болып айтылуы да метатеза құбылысына жатады.

Гаплогогия (гр. *haploos* - жеке, жай-логия) - сөз ішіндегі біркелкі (ұксас), буындардың бірінің түсіп қалуы. Мысалы: *балдар (ба-ла-лар), арластыр (а-ра-лас-тыр)*. Бұл ықшамдаудың нәтижесі.

3.1. ДЫБЫСТЫҚ ҮНЕМ

Тіл-тілдің бәріне ортақ бір заң бар. Ол - үнем, айту, жазуда неғұрлым аз күш жұмсауға тырысу. Қысқарған сөздер - соның нәтижесі.

Қазақ тіліндегі дыбыстар үндестігінің бәрі де осы үнемге негізделген.

Мәселен, тіл үндестігі - тілдің, ерін үндестігі - еріннің үнемді қызметінің нәтижесі. Бір сөзді (мейлі көп буынды болсын) айтқанда, тіл не ерін бір-ақ қимыл жасап, бір деңгейде тұрады. Дыбыстардың алмасуы да дыбыстау мүшелерінің үнемді қимылына негізделеді.

Дыбыстық үнем сөздің құрамындағы жеке дыбысты, дыбыстар тіркесін айтпау, үнемдеу болып табылады, басқаша айтқанда сөзді ықшамдау деген сөз.

Дыбыс, буын санының кемуі - әсіресе байырғы сөздерге тән құбылыс.

Осы күнгі қосымшалардың көпшілігі - бір кездегі толық мағыналы сөздердің дыбыстық, буын жақтан ықшамдалуынан (кемуінен) жасалған. Бұған мысал ретінде **-тын, -тін** жұрнағы мен көмектес септіктің жалғауын айтуға болады.

Кейбір кіріккен сөздердің буын жағынан ықшамдалып жасалғаны айқын: *әкел (алып кел), апар (алып бар), әкет (алып кет), сөйт (солай ет), бүйтін (бұлай етін), қайтін (қалай етін), әрмен (әрі таман), бермен (бері таман)*.

Буындардың кему құбылысы әсіресе сөз бен сөздің, буын мен буынның арасында көбірек ұшырайды. Осы күнгі *сосын* формасы *содан соң* сөздерінің ықшамдалуынан пайда болған.

Осы үлгімен *барғасын* (барғаннан соң), *келгесін* (келгеннен соң) түрде айту жиі кездеседі. *Кітапқұмар* толық айтқанда, *кітапқа құмар*. *Барғанша, келгенше: барғанға шейін, келгенге шейіннен* қысқарған.

Жалғаулардың түсіп айтылуы жиі кездесетін құбылыс. Яғни мұнда да сөздердің буыны кеміп, ықшамдалады. Есімшенің өткен шақ (**-ған, -ген**) және көсемшенің келер шақ (**-а, -е**) формалары жіктіктің жекеше, бірінші жағында айтуда да, жазуда да бір буыны кеміп қалады: *бар-ғам (барғанмын), барам (барамын), келгем (келгенмін), келем (келемін)*.

Сондай-ақ *ал, бол, кел, қал, қыл* етістіктері көсемшенің өткен шақ (**-ып, -іп**) формасында *ап (алып), боп (болып), кеп (келіп), қап (қалып), сап (салып), қып (қылып)* түріндей бір буыны кеміп айтылуы және жазылуы жиі ұшырайды.

Қазақ тілінде сөз ішінде екі дауысты қатар келмейді. Бұл заңдылық бір тіркеске еніп айтылатын күрделі сөздерге де қатысты. Мұндай сөздердің аралығында қос дауысты қатар келгенде айтуда міндетті түрде біреуі түсіп қалады.

Мысалы: *қарағаш (қара ағаш), сарағаш (сары ағаш), өлара (өлі ара), қарала (қара ала), сарала (сары ала), жүралмады (жүре алмады), айталмады (айтаалмады)* т.б.

Сондай-ақ дауыстыдан басталатын қосымша қосылғанда кейбір екі буынды сөздердің екінші буынындағы қысаң дауыстылар түсіп қалады да, буын кемиді: *орын -орна (орын-а), орны (орын-ы), орным (орын-ым), орнық (орын-ық)* т.б.

Қысаң дауыстылардың көмескі айтылуы, түсіп қалуы сөздерде жиі ұшырайды, Мәселен: *кішкене (кіш(і) кене), сарғай (сар(ы)ғай), келсап (келі сап), бөржар (бөрі жар), өшшер (осы жер), ошшақ (осы жақ)* т.б.

Ал сөйлемді аяқтап тұратын үшінші жақ көсемше формалы (**-а, -е, -й**) етістіктің соңындағы дауыстының түсіріліп айтылуы норма деп танылады. Мысалы: *барат (бара-ды), келет (келеді), тұрат (тұра-ды), жетет (жете-ді)*. Өлең жолдарында буынның қажеттілігіне қарай бұл буын түсіріліп те, түсірілмей де айтылады.

Сөздің құрамындағы буындар бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болады да, бірде артып, бірде кеміп отырады. Мұның өзі сөзді, қала берді, тілді оралымды етеді.

4. ДЫБЫСТАРДЫҢ ҮНДЕСУІ

4.1. ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ

Дыбыстардың өзара тіркесуінде әр тілдің өзіне ғана тән белгілі бір қалыптасқан заңдылық, жүйе болады.

Қазіргі қазақ тілінде түбір мен қосымшаның аралығында қатар келген буындар мен дыбыстарға тән, негізгі үндестік заңдар мынадай болып келеді:

1. Түбірдің соңғы буыны жуан болса, оған жалғанатын қосымшалар да жуан буынды болады: *мал-шы-лық-та, ал-ды-рың-дар, институт-тар-дын, қала-лық-тар-ға, республика-мыз-дын, жылқы-лар-ымыз*.

2. Түбірдің соңғы буыны жіңішке болса, оған жалғанатын қосымшалар да жіңішке буынды болып келеді: *мек-теп-тер-ің-ді, кел-тір-ің-дер, университет-ім-ді, пионер-лер-дің, қате-лік-тер-ді, мұғалім-дер-ге*.

3. Түбірдің соңғы дыбысы дауысты не үнді болса, оған жалғанатын қосымшалар ұяң не үндіден басталады: *бала-лар, бала-ға, бала-да, бала-мен, жел-дің, жел-ге, жел-мен*.

4. Түбірдің соңғы дыбысы ұяң болса, қосымша ұяңнан басталады: *қаз-дар, қаз-ға, жез-ге, жез-ді, мұқтаж-дық, уәж-дер, уәж-ге, уәж-ді, уәж-ден*.

5. Түбірдің соңғы дыбысы қатаң болса, қосымша тек қатаңнан басталады: *мақсат-қа, мақсат-тан, мақсат-пен, университет-те, университет-пен*.

Морфемалардың бірыңғай жуан не жіңішке буынды болып және олардың аралығында қатар келген дыбыстардың біріне-бірі акустика-артикуляциялық жақтан бейімделіп, үйлесіп тұруын **дыбыстардың үйлесуі** немесе **үндестік заңы** дейміз.

Дыбыстардың үндесуі немесе үндестік заңы қазақ тілі фонологиясының ең өзекті мәселелерінің біріне жатады. Дыбыстардың акустика-артикуляциялық сипаттарын нақты білгенде ғана бұл заңдылықты жақсы аңғаруға және түсінуге болады.

4.2. ДЫБЫСТАРДЫҢ АЛМАСУЫ

Тілдің ауызша формасында дыбыстар үндестік заңына сәйкес үнемі үйлесіп, жымдасып қолданылады. Егер айтуда осы үндестік сақталмай, бұзылатын болса, мұның өзі айтылуы мен жазылуының арасын парықтай алмаудан туады. Өйткені жазу сөздің айтылуын дәл бере алмайды. Оның үстіне морфологиялық принцип басшылыққа алынатын қазақ жазуында түбірдің соңғы дыбысы көбіне өзгеріссіз жазылады. Мысалы: *жан етістігінен өрбитін жанды, жанбады, жанған (жоқ)* сияқты формаларда түбірдің бастапқы қалпы сақталып жазылады. Алайда осындағы **н** әрпі үш сөз формада үш түрлі дыбысталады.

Егер әлгі сөзформалардың құрамындағы **нб**, **нғ** тіркестерін дәл осылай (жазылуындай) айтатын болсақ, үндестік заңына нұқсан келеді. Бұл заң бойынша **нб**, **нғ** тіркесі дауыс қатысы жағынан сәйкес келгенмен, жасалымы (артикуляциясы) жағынан оралымсыз; сонда қос ерін **б** өзінің алдында тіл алды **н**-ны қос ерін **м**-ға, ал тіл

арты **ғ** тіл арты **ң**-ға икемделеді. Соның нәтижесінде **нб** тіркесі **мб** (*жамбады*), **нғ** тіркесі **ңғ** (*жаңған*) болып айтылады, яғни **н** дыбысы бірде **м**, енді бірде **ң** дыбысымен алмасады. Ал оны алмастырған **м**, **ң** дыбыстарының да осы тұрғысында (*жамбады, жаңған*) ешқандай фонемалық мәні жоқ.

Сондай-ақ: *қарағой (қара қой), ағешкі (ақ ешкі), ағ жүн (ақ жүн), қабы (қап-ы), жаспала (жас бала), тарағы (тарақы)* дегендерді де дыбыс алмасулары деп қарау керек.

Мұндағы алмасулар (**қ - ғ, п - б, б - п**) көрші дыбыстардың бірін-бірі дауыстың (салдырдың) қатысы жағынан игерудің нәтижесінде болып тұр.

Алмасу - (лат. *alternatio*, орысша чередование) - әр түрлі сөзформалардың құрамында кездесетін бір морфеманың бір дыбысының көрші дыбыстың әсерінен басқа дыбысқа өзгеруі.

Мұны былай түсіну керек: *жан, жанбады, жанған* - үш түрлі сөзформа; олардың лексикалық мағыналары бірдей, себебі түбірі (*жан*) ортақ. Сондықтан оның (түбірдің) дыбысталуы да бірдей болса керек еді. Алайда, бірдей емес. Біріншісінде - **н**, екіншісіне - **м**, үшіншісінде - **ң** дыбысына аяқталып тұр. Яғни үш сөзформаның құрамында кездесетін бір морфема (*жан*) үш түрлі дыбысталады.

Сонымен дыбыстық алмасу - фонетикалық жағдайдың (көрші дыбыстардың) нәтижесі. Мұны комбинаторлық (лат. - *combinare* - *біріктіру, тіркестіру*) немесе позициялық (лат. - *positio* - *жағдай, иен*) өзгеріс деп те атайды.

4.3. ТІЛ ҮНДЕСТІГІ

Дауыстылардың тілдің қызметіне орай бір сөз (сөзформа) көлемінде не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып ыңғайласып, үйлесіп келуін **тіл үндестігі** дейді. Түркі тілдерінде, әсіресе қазақ тілінде сингармонизм заңы алдымен тіл үндестігі түрінде танылып келді. Өйткені бұл заң тіліміздегі байырғы сөздерді түгел камтиды, ал ерін үндестігі жазудың негізінде елеусіз қалып келді.

Қазіргі қазақ тіліндегі тіл үндестігін екіге бөліп қарау керек болады: түбір тұрғысынан және түбір мен қосымшалардың ара қатысы тұрғысынан.

Тіліміздегі байырғы сөздер (түбірлер) бірыңғай жуан буынды немесе жіңішке буынды болып келеді.

Ертеректе енген араб-парсы сөздерін айтпағанда, орыс тілінен енген сөздердің өзі де аралас буын қалпынан ажырап, бірыңғай (жуан не жіңішке) буынды болып қалыптасты: *бәтеңке* (ботинка), *бөрене* (бревно), *кәмпит* (конфет), *көшір* (кучер), *нөмір* (номер), *резеңке* (резинка), *сәтен* (сатин).

Бұлай болатыны аралас буынды сөздер тілдің ілгерінді-кейінді қозғалуын қажет етеді, ал тіл үндестігі сол тілдің неғұрлым аз, үнемді және бірқалыпты қозғалысына негізделген. Жеке сөздер тұрмақ, қатар айтылып қалыптасқан (біріккен) әр түрлі буынды сөздер де тілдің қызметі жағынан үндесіп айтылуы қазақ тіліне тән үндестік. Мұндайда көбіне кейінгі сөз алдыңғыға ықпал етіп, өзіне бейімдейді: *бүгін* (бұл күн), *ышқыр* (іш құр), *ыштан* (іш тон), *әкел* (алып кел), *әпер* (алып бер), *әкет* (алып кет), *түрегел* (тұра кел), *өйтін* (олай етіп), *бүйтін* (бұлай етіп), *сөйтін* (солай етіп).

Бұл әсіресе жалқы есімдердің айтылуында жиі кездеседі. *Әйтбек* (Айтбек), *Әйімкүл* (Айымкүл), *Әйкүл*, *Әйсұл* (Айсұл), *Шірінкүл* (Шырынкүл), *Дәнекүл* (Данакүл), *Тәшкен*(т) (*Ташкент*), *Шімгент* (*Шымкент*), *Мәңгент* (*Манкент*), *Жәргент* (*Жаркент*). Сондай-ақ алдыңғы сөздің өзінен соңғы сөзді игеруі де кездеседі. Оған (ілгерінді ықпалға) мысал: *белбеу* (*бел бау*), *сексен* (*сегіз он*), *әрмен* (*әрі таман*), *бермен* (*бері таман*).

Қазақ тілінде осы бір байырғы заңға илікпей жүрген (жазудың әсерінен) біраз сөз бар. Оның ішінде: *құрмет*, *құдірет*, *қошемет*, *мәслихат*, *мейрам*, *рақмет* сияқтылар аралас буын қалпын сақтап айтылса, *қабілет*, *қасірет*, *қауесет*, *қиамет*, *қажет*, *қалет* т.б. сөздерде **а** әрпі **а** және **ә** дыбыстарының аралығында дыбысталуға бейім. Және біраз сөздің екі-үш түрлі айтылатынын (тіпті жазылатынын) байқау қиын емес. Олар *қадір - қадыр-кәдір*; *қазыр - кәзір - қазір*; *кәмшат - қамшат - кәмшәт*; *қаріп - қарып - кәріп*; *қабір-қабыр*; *қауіп - қауып*; *қате - қата - кәте*; *қанден - кәнден*; *іждағат - ыждағат*; *қадім - қадым* т.б. Сондай-ақ: *қасиет - кәсиет*, *қанер - кәнер*, *қатер - кәтер*, *қорек - қорек* түрінде айту да ұшырасады.

Сонымен, тіліміздегі байырғы түбірлер тіл үндестігіне толық бағынады, яғни түбір ішінде жуан дауыстылар бірыңғай, жіңішке дауыстылар өз алдына тіркес құрайды.

√ Қосымшалардың ішінде түбірдің соңғы буынына тәуелді болмай, өз қалпын әрқашан сақтап тұратын қосымшалар да кездеседі. Олар:

-**бан**: *мейір-бан*;

-**гер**: *қалам-гер*, *майдан-гер*, *сауда-гер*;

-**лар**: *есеп-дар*, *білім-дар*, *хабар-дар*, *қарыз-дар*, *жара-дар*, *гүл-дар*;

-**еке**: *ағ(а)-еке*, *ат(а)-еке*, *шеш(е)-еке*, *бас-еке*, *Қас-еке*, *Ас-еке*, *Құн-еке*;

-**жан**: *аға-жан*, *көке-жан*, *бала-жан*, *Сәуле-жан*;

-**кент**: *Құм-кент*, *Сүт-кент*;

-**кар**: *күнә-кар*, *кінә-кар*;

-**кер**, -**гер**: *айла-кер*, *дау-гер*, *қалам-гер*, *сәулет-кер*, *сауда-гер*, *майдан-гер*, *іс-кер*, *қызмет-кер*;

-**кеш**: *арба-кеш*, *түйе-кеш*, *қара-кеш*, *кіре-кеш*;

-**кой**, -**гой**: *ақыл-гөй*, *қас-көй*, *бата-гөй*, *дұға-гөй*, *дәме-гөй*, *жәді-гөй*;

-**күнем**: *мас-күнем*, *пайда-күнем*, *қас-күнем*;

-**қой**: *сән-қой*, *кәсіп-қой*, *әзіл-қой*, *жанжал-қой*, *данк-қой*;

-**қор**: *жем-қор*, *бәле-қор*, *бейнет-қор*, *енбек-қор*, *дүние-қор*, *есеп-қор*, *мансап-қор*, *қам-қор*;

-**мар**: *тіл-мар*, *діл-мар*;

-**маш**: *тіл-маш*;

-**нікі**, -**дікі**, -**тікі**: *бала-нікі*, *мен-ікі*, *со-нікі*, *колхоз-дікі*, *студент-тікі*, *қала-нікі*, *дала-нікі*;

-**паз**: *өнер-паз*, *әсем-паз*, *білім-паз*, *келісім-паз*, *ас-паз*;

-**пен**, -**бен**, -**мен** (қомектес септіктің жалғауы): *ат-пен*, *қағаз-бен*, *қалам-мен*, *дәптер-мен*, *ән-мен*, *жыр-мен*;

-**стан**: *гүл-стан*, *Өзбек-стан*, *Тәжік-стан*, *Түркмен-стан*;

-**тал**: *сезім-тал*, *төзім-тал*, *өсім-тал*;

-**уар**: *сөз-уар*, *тіл-уар*, *қонақ-уар*, *қазақ-уар*;

-**хана**: *кітап-хана*, *дәм-хана*, *ем-хана*, *сүт-хана*.

Сөздің соңғы буынына бағынбайтын бұл қосымшалардың көбі басқа тілдерден енген немесе әлі қосымшаға айналып болмаған (сөз бен қосымшаның аралығындағы) тілдік элементтер.

4.4. ЕРІН ҮНДЕСТІГІ

Дауыстылардың бір сөз көлемінде еріннің қызметі жағынан ыңғайласып, үйлесіп келуін **ерін үндестігі** дейді. Бұл заң бойынша сөздің бірінші буынында еріндік дауысты болса, қалған буындарында да еріндіктер тұруға тиіс. Мысалы, *түйөлөрүмүздүн*, *көбөлөктөрдү*, *түлкүлөрдү*.

Қазақ тілінде ерін үндестігі бар ма, бар болса, неше буынға жетеді дейтін мәселе әлі күнге толық шешімін таба алмай келеді.

Қазіргі қазақ тілінде бірінші буында еріндік дауыстылар (**о, о, ұ, ү**) келіп (оларды жазбасқа мүмкіндік жоқ), екінші буында езулік **е, ы, і** әріптері жазылса, онда олар еріндік (**о, ұ, ү**) болып айтылады.

Фонетика үшін сөздің жазылуы емес, айтылуы, естілуі маңызды екені даусыз. Еріндіктердің орнына езуліктерді жазу - орфографиялық норма, бірізді жазу үшін қажет.

Ерін үндестігін дұрыс түсіну үшін еріндік дауыстылар мен езулік дауыстылардың көрші буындарда қатар тұру мүмкіндіктерін ескеру керек. Сонда екі буынды сөздерде тек ашық **а** езулігінің ғана **о, ү** еріндіктерінен кейін кездеседі: *ора, орак, отан, қола, қора, ұра, ұран, ұзақ, құрақ, құлак, бұта* т.б. Қалған жағдайда еріндіктер мен езуліктер бір сөз ішінде қатар айтылмайды. Әсіресе еріндіктерден кейін езуліктер кездеспейді. Тек *мазмұн, мақұл, мақұлық, марқұм, мәжнүн, күә, күнә, мәжбүр, дәстүр* деген сияқты санаулы ғана кірме сөздерде бұл заңдылық сақталмауы мүмкін.

Сингармонизмнің мәнін құрауға тіл және ерін үндестігі тең қатысады. Ерін үндестігінің күші екі буынмен шектелмейді. Бірінші буында дөңгеленіп, сүйірленіп алған ерін екінші буында (ашық **а** дыбысы болмаса) тез жайылып өз қалпына келмейді және ол үшінші буында да аяқтала қоймайды.

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды: қазақ тілінде ерін үндестігі болған және оның күші санаулы буынмен шектелмейді: алдыңғы буында дауысты **о, о, ұ, ү**, сондай-ақ дауыссыз **у** дыбыстары болса, келесі буындарда жазылған **е, ы, і** әріптері айтуда **о, ұ, ү** еріндіктеріне айналады.

Мысалы:

*қорұтұндұсұ (қорытындысы)
құлұнұмдұ (құлынымды)
өздөрүнүзгө (өздеріңізге)
күлкүлөрүнүздү (күлкілеріңізді)
ауұлұмұздұн (ауылымыздың)
әуөстөндүрүн (әуестендіріп).*

Сонымен, ерін үндестігі де қазақ тілінің бірегей белгісі болып табылады.

4.5. БЕЙІМДЕСТІК

Аккомодация (лат. *accomodatio* - бейімделу) - морфемалар жігінде қатар келген дауысты және дауыссыз дыбыстардың бір-біріне ықпал етіп, бейімделіп айтылуы. Мысалы: **ат, ет, от, өт** деген сөздерде бір ғана **т** фонемасы дауыстылар-

дың әсерінен төрт түрлі реңге ие болатынын білеміз. Бұл - буын ішіндегі ықпал.

Аккомодация құбылысында қазақ тілінде негізінен дауыстылар дауыссыздарды дауыстың қатысы және айтылуы жағынан өзіне бейімдеп тұрады. Мысалы: *тарағы* (тарақ-ы), *ағешкі* (ақ ешкі), *қарақой* (қара қой) дегендерде дауыстылар дауыстың қатысы жағынан дауыссыздарды игеріп тұр.

Ал дауыстылардың артикуляциялық (айтылуы) жақтан әсері дегенде, әсіресе тілдің қалпы жағынан дауыссыздарға етер ықпалын айту керек. Яғни қазақ тілінде дауыссыздардың жуан және жіңішке болып айтылуы көбіне дауыстымен байланысты.

Керісінше, дауыссыздар да дауыстыларға әсер етіп тұрады. Тек **к, ғ** дыбыстары үнемі жуан дауыстылармен, **к, г** жіңішке дауыстылармен тіркеседі.

Морфемалар жігінде дауыстылар мен дауыссыздар және керісінше, дауыссыздар мен дауыстылар қатар келген кезде әрқашан дауыстылар игеріп тұрады да, аккомодациядағы ықпалдың түрі (прогрессивті, регрессивті) дауыстының орын тәртібімен байланысты болады. Сондықтан аккомодацияны екіге бөліп қарауға болады:

1. Дауыстылар мен дауыссыздардың үндесуі (прогрессивті аккомодация).

2. Дауыссыздар мен дауыстылардың үндесуі (регрессивті аккомодация).

4.5.1. Дауыстылар мен дауыссыздардың үндесуі

Сөздің соңғы дыбысы дауысты болса, онда оған жалғанатын қосымша тек дауыссыздардан басталады.

Алайда кейбір оқулықтар мен ереже, зерттеулерде осы аксиомаға қайшы, жаңсақ пікірлер де кездеседі.

Олар:

а) бу, су, ту, ми, ки, ине, биле, у, жуан, уық сөздерінің **у, и** әріптерін дауысты дыбыстар деп қарау. Бұлай болғанда бу-ы, бу-ын, бу-ады, бу-ар болып дауыстылар **уы, уа** түрінде қатар тұрар еді. Тағы қайталап айту керек болады, жеке сөз тұрмақ, сөз бен сөздің аралығында да қатар келген дауыстылардың бірі айтылмайды. Ал біріккен сөздерді *Молдаахмет, Қандыағаш, Сарыағаш, Сарыөзек, қалааралық, өліара* түрінде жазу - орфографиялық норманың ісі.

ә) “**ы, і** дыбыстарына бітетін етістіктерге тұйық райдың у жұрнағы жалғанғанда **ы, і** ды-

быстары түсіріліп жазылады”. (“Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері”).

Әрине, әңгіме әріптер туралы болса, бұл қағидаға келісуге де болар еді. Тұйық етістіктің -у жұрнағы дыбыс емес, әріп. Оның дыбыстық бейнесі -**үу**, -**үү**, -**у** (тау дегенде). Мысалы: *баруу, келуу, ойла-у*.

Ал соңындағы **ы**, **і** әріптері бар сөздерді де екіге бөліп қарау керек.

Бірінші: *аңқы, апишы, ары, байы, балқы, бекі, ары, ері, есті, жары, жасы, зекі, кеңі, қасы, қышы, мыжы, саңғы, сарсы, сасы, серпі, сырғы, тайқы, таны, тасы, телі, шарпы* т.б.

Екінші: *божы, босы, жоры, жосы, жүнжі, қоры, құры, мүжі, мүлгі, нұқы, оқы, өксі, сусы, суы, тоқы, торы, ұлы, үсі, шоқы, шұқы, шошы, шокі* т.б. Сонда бұлардың біріншілерінің соңында тұрған **ы**, **і** дауысты дыбыстар да, екіншілерінің соңында тұрған **ы**, **і** әріптері - **ұ**, **ү** дыбыстарының жазудағы танбасы. Бұл екі топқа да тұйық етістіктің жұрнағы жалаң үнді у дыбысы түрінде жалғанады. Сонда, дұрысы, бұлардың біріншілерінің соңындағы **ы**, **і** қысандары қос ерін у дауыссызының алдында **ұ**, **ү** еріндіктеріне айналады: *аңқы-у - аңқұу (жазылуы - аңқу), апишы-у - апишұу (апишу), бекүү (беку), телүү (телу)*. Ал екінші топтағы етістіктерде, дыбыс тұрғысынан қарағанда, ешқандай да түсу, алмасу болмайды: *оқу-у (оқу), жорұ-у (жору), мүжү-у (мүжу), үсу-у (үсу)*.

Алдыңғы морфеманың (сөздің) соңындағы дауыстылармен көрші тұрып айтыла алатын дауыссыздар мыналар:

а) Үнді дауыссыздар. Әсіресе **л**, **м**, **н**, **ң** үнділерден жалғаулар да, жұрнақтар да басталады және олар дауыстылардан кейін еркін тұра береді: *қала-лар, қала-мыз, қала-ңыз, қала-ны, терезе-лер, терезе-міз, терезе-ңіз, терезе-ні, ойла-н, ал-ма*.

Ал **р**, **й**, **у** үнділерінен тек жұрнақтар ғана басталады: *ала-й, ала-р, қара-у, қара-й, жақсы-рақ, әдемі-рек*. Үнді дауыссыздар дауыстылармен еркін қатар тұрып, айтыла береді және ешқандай алмасуға ұшырамайды. Бұл қасиет олардың құрамында салдырдан гөрі дауыстың (тонның) басым болуымен байланысты.

ә) Ұяндардан тек **ғ**, **г**, **д** дыбыстарынан басталатын қосымшалар ғана дауыстылардан кейін тұра алады: *терезе-ге, терезе-де, жылқы-ға, жылқы-да, жара-дар, қара-ған, де-ген, қала-ды, деді*. Ал сөз басында ұяндар дауыстылардан кейін айтыла береді: *қара белбеу, қара бала, сары гүл, қара дауыл, сары жылан, жаңа заң*.

б) Әдетте дауыстыға біткен сөздерге қатан дауыссыздан басталатын қосымшалар жалғанбайды делінеді. Алайда **с** және **ш** қатандарынан басталатын қосымшалар бұл заңға көнбейді, ретіне қарай дауыстымен көрші тұра береді. Олар:

-**сы**, -**сі** (бала-сы, әже-сі), -**сың**, -**сің** (бала-сың, әже-сің);

-**сыз**, -**сіз** (бала-сыз, әже-сіз), -**с** (қара-с, істе-с), -**са**, -**се** (қара-са, де-се), -**сын**, -**сін** (дана-сын, кісі-сін), -**шы**, -**ші** (жылқы-шы, түйе-ші), -**шы**, -**ші** (қара-шы, де-ші), -**ша**, -**ше** (бала-ша, кісі-ше), -**ш** (сәуле-ш, Айна-ш), -**шық**, -**шік** (қалашық, төбе-шік).

Сондай-ақ **т** қатаңынан басталатын бірер қосымша кездеседі: -**т** (ойна-т, тіле-т), -**тай** (әжетай, әке-тай).

Қатан **с** және **ш** дауыссыздарынан басталатын қосымшаларды *ерме* қосымшалар дейміз. Өйткені бұлар алдыңғы морфеманың соңғы дыбысын талғамай ере береді.

Соңы дауыстыға біткен сөздерге басқы дыбысы қатандардан басталатын қосымшалар жалғанбайды дейтін қағида ең алдымен қатан **к**, **к**, **п** дыбыстарына негізделеді. Шынында да морфемалар жігінде **к**, **к** фонемалары дауыстылармен қатар тұра алмайды, тұра қалғанның өзінде (сөз бен сөздің аралығында) айтуда міндетті түрде ұяндайды: *қарағой (қара қой), алағарға (ала қарға), балағезде (бала кезде), жаңагелді (жаңа келді)*, сондай-ақ *ағешкі (ақ ешкі), тарағы (тарақ-ы), шелегі (шелек-і)*. Ал **п** қатаңының бұлардан бір ерекшелігі кейінгі сөздің басында ұянданбай айтыла береді; “бір пайда - пайда, екі пайда қайда” (мақал); *қара пышақ, өте пысық, қара піл*. Дегенмен: **к**, **к** қатандарының да бірер кірме морфеманың басында дауыстылардың ықпалына илікпейтін кездері бар: *күнә-қар, айла-кер, арба-кеш, түйе-кеш, кіре-кеш, пайда-күнем, бәле-қор, дүние-қор, жала-қор*. Сондай-ақ *Алмакүл, Айнакүл, Балакүл, Зәйкүл, Жұмакүл, Қынакүл, Тәттікүл* сияқты біріккен түбір есімдердің екінші сыңарындағы *күл (гүл)* сөзі де ұянданбай айтылады.

4.5.2. Дауыссыздар мен дауыстылардың үндесуі

Қазіргі қазақ тілінде **б**, **в**, **г**, **ғ**, **д** ұяндарынан басқа дауыссыздардың бәрі де сөзді аяқтап тұра алады және бұларға дауыстылардан басталатын қосымшалар ретіне қарай жалғана береді. Бұған көз жеткізу үшін зат есімдерді тәуелдеп, етістіктерді есімше, әсіресе көсемше формаларында айтып көру жеткілікті: *ас* (зат есім), *ас-ым*,

ас-ын, ас-ы; ас (етістік), *ас-ар, ас-ын, ас-а*. Түбір соңындағы дауыссыздардың ішінде келесі морфеманың басында кездесетін дыбыстың сапасын таңдайтын үш дыбыс бар. Олар **қ, к, п**. Түбір соңындағы қатаң **қ, к, п** дауыстыдан басталатын қосымша жалғанғанда ұяңданып **ғ, г, б** дауыссыздарымен алмасады. Олар түбір мен қосымша аралығында: *тарағы (тарақ-ы), кесегі (кесек-і), қабым (қап-ым), ағып (ақ-ып), ағар (ақ-ар), көгер (көк-ер), төгүп (төк-іп), көгүрек (көк-ірек), ағырақ (ақырақ)* және сөз бен сөздің аралығында: *ағешкі (ақ ешкі), көгала (көк ала), көбадам (көп адам), қабалдым (қап алдым), көбеді (көп еді), ағала (ақ ала), жоғекен (жоқ екен)*.

Осы заңнан ауытқу да ұшырайды. Атап айтқанда:

а) еліктеуіштер бұл заңға илікпейді: *жарқ етті, жарқыл (жарқ-ыл), күңк етті, күңкіл, лап етті, лапыл, қылпыл, бүлкіл, дүңкіл, зіркіл, лыпылт.б.;*

ә) екінші буынындағы қысаң дауыстылар түсіп қалған жағдайда: *үрік, үрк-ер, үрк-е, үрк-іп, үрк-у; бөркі (бөрік), қырқы, еркі, нарқы, халқы.т.б.;*

б) сын есім тудыратын **-ы** жұрнағы жалғанғанда: *қазақы, қалмақы, тозақы;*

в) фамилияға **-ов, -ев** қосылғанда: *Беков, Себенев, Қазақов.т.б.;*

г) тәуелдік жалғауы жалғанғанда екі сөздің соңындағы **п** сақталады: тарапы, сапында.

Бұдан **қ, к, п** қатаңдарының морфемалар жігінде де дауыстылармен ымыраға келіп қатар тұра алатынын байқаймыз. Алайда мұны сөздің мән-мағынасы, дыбыстың ортасымен байланысты деп қарау керек. Сөздің семантикасы, грамматикалық формасы, дыбыстардың белгілі бір тіркесімі фонетикалық заңдылықтардан ауытқуға итермелейді. Мұның өзі артикуляциямыздың да икемділігін аңғартады.

Мәселен: *бөрік, ерік, нарық, халық, ғұрып, қалып* сөздеріне тәуелдік жалғауы жалғанғанда екінші буындағы қысаң дауысты түсіп те (әдеби норма), түспей де қолданылуы мүмкін. Бірінші жағдайда сөз соңындағы қатаңдар ұяңданбайды, екінші жағдайда ұяңданады. Мұның бір себебі **рқ** (бөрік), **рқ** (нарық), **лқ** (халқы), **рп** (ғұрпы), **лп** (қалпы) дыбыс тіркесімдерінде жатыр.

Еліктеу сөздердің бар болмысы, ерекшелігі дыбыстық құрылымына тікелей байланысты. Олардың соңындағы қатаң **қ, к, п** дыбыстары өзгерген жағдайда мәнінен айрылып қалады.

Дауыстылардың регрессивті ықпалынан ұяңдайтын және бір қатаң дауыссыз (**ш**) бар, оның өзінде бір-ақ сөзде кездеседі: *реніш-ренжі*.

Негізгі түбір етістіктердің соңы қатаң **п** дыбысына бітсе, оған көсемшенің **-ып, -іп** жұрнағы жалғанған кезде ол үнді **у** дыбысына айналады: *жауу (жапы-ып), тауу (тап-ып), шауу (шап-ып), қауу (қап-ып), теуу (теп-іп), кеуу (кеп-іп), сеуу (сеп-іп)*. Қатаң **п**-ның өзінің ұяң сыңары **б**-мен алмаспай, үнді **у**-мен алмасуының себебін былай түсіну керек. Бұл үшеуі (**п, б, у**) де қос ерін дауыссыздар, ал: **-ып, -іп** жұрнағындағы дауыстылар (**ы, і**) - езулік. Сонда әлгі сөзформалардың екінші буындары **-бып, -біп** болмай, **-уып, -уіп** (айтылуы **-уүп, -уүп**) болатыны қос еріндіктің (**б** және **п**) арасында езулік дауыстыны айту қиындыққа түседі де, ал **у** езулік қысаң дауыстыларды (**ы, і**) еріндікке айналдырады (жоғарыда айтылды), сөйтіп айтуды жеңілдетеді. Бұған мынадан да көз жеткізуге болады, етістік **оп, өп** көсемше формада *об-үп (оп-ып), өб-үп (өп-іп)* болады да, **п** ұяң **б**-мен алмасады. Өйткені мұнда түбірдегі еріндіктер қосымшадағы қысаңдарды еріндік етеді, сондықтан **у**-дың қажеті жоқ.

Жалпы қазақ тілінде қос еріндіктердің арасында қысаң езулік дауыстылар айтылмайды екен деген ұғым тумауға тиіс. Дұрысы, тілімізде: **бып, біп, пып, піп** тіркесімдері морфемалар жігінде де ұшырайды: *қабы-п, қарбы-п, ілбі-п, жібі-п, шарты-п, тарпы-п, желпі-п, серпі-п*. Мәселе сөз соңындағы **п** және оған **-ып, -іп** жұрнағының жалғануы жайында болып отыр. Егер осы *жап, тап, теп, сеп* етістіктеріне **-ыс, -іс, -ыл, -іл** сияқты соңы **п**-ға аяқталмайтын қосымша қосылса, қалыпты алмасуды көрер едік: *жап - жаб-ыл, жаб-ыс, жаб-ық, жаб-арт.б.*

Сонымен **бып, біп** тіркесіндегі езулік **ы, і** дыбыстары түбірге қатысты болса бір басқа, ал қосымшада болса, екінші бір жағдайды көреміз.

Көсемше (**-ып, -іп, -п**) формалы негізгі етістікке *жібер* көмекші етістігі тіркескенде қатаң **п**-ның ұяңдануы заңды: *жазыбжібер (жазып жібер), айтыбжібер (айтып жібер), санабжібер (санап жібер), оқубжібер (оқып жібер), көрубжібер (көріп жібер), ұрұбжібер (ұрып жібер)*.

Қарапайым сөйлеу тілінде бұдан басқа айту да кездеседі:

а) әлгіндей бунақта қатаң **п** және көмекші етістіктің құрамындағы қысаң **і** дыбысы мүлдем түсіп қалады: *айтыжбер (айтып жібер), оқұжбер (оқып жібер), қаражбер (қарап жібер), санажбер (санап жібер), сауұжбер (сауып жібер), теуұжбер (теуіп жібер);*

ә) негізгі етістік ұяң **з**-ға аяқталса, косемшенің жұрнағы мүлдем түсіп қалады да, **з** регрессивті ықпалға ұшырап **ж**-ға айналады: *жажжбер (жазып жібер), сыжжбер (сызып жібер), ежжбер (ез-іп жібер), бұжжбер (бұзып жібер), сожжберді (созып жіберді);*

б) етістік **с, сы**-ға аяқталса, **с шы**-ға жуықтайды: *кешіжберші (кес-іп жіберші), мешіжбер (тесіп жібер), тошұжберші (тос-ып жіберші), қошұжберші (қос-ып жіберші), қашижберші (қасы-п жіберші), ташижберші (тасы-п жіберші).*

Сондай-ақ сөйлеу тілінде кейбір бунақтың алдыңғы сөзі қысаң дауыстыларға аяқталып, келесі сөз әр түрлі дауыссыздардан басталса, әлгі қысаң дауыстының айтуда түсетін де кезі бар.

Қажғали (Қажығали), Қажмұқан (Қажымұқан), Бөрбасар (Борібасар), Боржар (бөрі жар), Саржайлау (сары жайлау), саржолоқ (сары жолоқ), Сарғожа (сары қожа), саржылан (сары жылан), кертолғау (кері толғау), кертартпа (кері тартпа), кергеткен (кері кеткен), кержәк (кері жәк), қозғұйрық (қозы құйрық), қозғарын (қозы қарын).

Ал *екі* сөзінің қатаң **к, қ**-дан басталатын сөздермен үндесуі өз алдына: *еккүн* (екі күн), *еккелді* (екі келді), *екқабат* (екі қабат), *екқыз* (екі қыз), *екқатар* (екі қатар), *екқол* (екі қол).

4.6. ҰҚСАСТЫҚ

Ассимиляция (лат. *assimilativ* - ұқсау) - морфемалардың жігінде көрші келген дауыссыздардың акустика-артикуляциялық жақтан біріне-бірінің ұқсауы, бейімделуі. Бұлар да бірін-бірі дауыстың қатысы (*ат-ты, ат-қа, қа-ғаз-ға, қар-ға, қан-ды*) және артикуляциясы жағынан игеріп тұрады. Соңғыға мысал: *қаңға (қан-ға), баишы (басшы), жамбады (жан-бады), қаммен (қан-мен)* т.б.

Дауыссыз дыбыстардың бір-біріне ықпалын үшке бөліп қараған жөн.

1. Прогрессивті ассимиляция.
2. Регрессивті ассимиляция.
3. Тоғыспалы ассимиляция.

4.6.1. Прогрессивті ассимиляция

Қазақ тілінде прогрессивті ассимиляция өте күшті. Бұл заң бойынша алдыңғы морфеманың соңғы дауыссыз дыбысы кейінгі морфеманың басқы дауыссыз дыбысына акустикалық (дауыс қатысы) жақтан ықпал етіп, игеріп тұрады. Бұл, әсіресе сөз (түбір) бен қосымшаның аралығында

жақсы сақталады, яғни қосымшаның басқы дыбысы түбірдің соңғы дыбысына толық тәуелді болып тұрады.

Мұның өзі сөз бен сөздің аралығындағы дауыссыздарға да тікелей қатысты. Дауыссыздардың әр түріне байланысты прогрессивті ассимиляция мынадай болады:

1. **Үнді дауыссыздар** сөзді аяқтап тұра алады және бұлар дауыстылар сияқты өзінен кейінгі морфеманың (қосымша, сөз) тек ұяң, үндіден басталуын талап етеді: *мал-дың, мал-ға, мал-мен, ем-ді, ем-нен, аң-мен, ар-лы, ар-мен, ай-дың, ай-лы, ай-ға, тау-лар, тау-ға* т.б.

Қатаң дауыссыздардан ерме **с** және **ш**-дан басталатын қосымшалар: *мал-шы, мал-сыз, мал-сақ, ал-са, ал-сын, ал-шы, ем-ші, ем-сіз, ай-сыз, ар-сызан-ша, жау-са, жау-сын, жап-са, жан-сын* т.б. Өзгелік етістің қатаң **т** жұрнағы да соңы **л, н, р, й** үнділеріне аяқталған туынды етістіктерге жалғана алады: *жөнел-т, айнал-т, қинал-т, ойлан-т, түрлен-т, ағар-т, қызар-т, сарғай-т, қарай-т* т.б.

Ал бунақтағы кейінгі сөздің басқы дыбысы **к, қ** қатаңдарынан басталатын болса, өзінен бұрынғы сөздің соңындағы үнділердің прогрессивті ықпалына ұшырап, ұяңданып кетеді: *мал-ғора (мал қора), кітабымғайда (кітабым қайда), таңғалды (таң қалды), біргүлді (бір күлді), айғарады (ай қарады), тауғайда (тау қайда).*

Бұл заңға бірер кірме қосымшаның басында кездесетін **к, қ** қатаңдары бағынбайды. Олар: *-қор (жем-қор, қам-қор), -қой (сән-қой, әзіл-қой, жанжал-қой), -кент (Шым-кент, Құм-кент, Жар-кент)*. Сондай-ақ әйелдердің есімдерінің құрамында кездесетін күл (гүл) сөзінің басқы дыбысы да ұяңдамайды: *Әйкүл, Базаркүл, Тойкүл, Шірінкүл, Шырынкүл.*

2. Қазақ тілінде **ұяң дауыссыздардан** тек **ж, з** дыбыстары ғана сөз соңында келеді. Оның өзінде **ж** дыбысына аяқталған сөздер санаулы-ақ (*лаж, мұқтаж, уәж*). Әдетте орыс тілінде сөз соңында **ұяң дауыссыздар** айтылмайды.

Бұл ұяңдарға (**ж, з**) біткен сөздерге дауыссыздан басталатын қосымшалар тек ұяң дыбыстардан басталады: *жаз (зат.), жаз-дың, жаз-ға, жазбен; жаз (ет.), жаз-ған, жаз-ды, жаз-ба; қыз (зат.), қыз-бын, қыз-дың, қыз-ға, қыз-бен, қыз-дар; қыз (ет.), қыз-ып, қыз-ған, қыз-ды, газ-ды, газ-ға, газ-бен* т.б.

Бунақта сөз соңындағы ұяңдардың прогрессивті ықпалынан кейінгі сөздің басқы **к** және **қ** қатаңдары ғана ұяңданады: *жазгелді (жаз келді), жазжөрдім (жаз көрдім), қағазғалам (қағаз қалам),*

бізгелдік (біз келдік), стажгерек (стаж керек), блиндажғайда (блиндаж қайда).

Қатаңдардан тек **с, ш** дыбыстарынан басталатын ерме қосымшалар ғана қосыла алады. Оның өзінде сөз соңындағы ұяндар (**ж, з**) регрессивті ассимиляцияға ұшырап, басқа дыбыстармен (**с, ш**) алмасады: *жасса (жаз-са), жаишы (жазышы), жассын (жаз-сын), жажжақсы (жаз жақсы), бише (біше), бисіз (бісіз), көссүз (көзсіз).*

3. Қатаң дауыссыздардың бәрі де сөзді аяқтап тұра алады. Сөз соңындағы қатаңдар өзінен кейінгі морфемалардың тек қатаң дауыссыздардан басталуын талап етеді: *тас-қа, тас-ты, таспен, тас-тай, кес-се, кес-кен, кес-пе, кес-ті.*

Түбір мен қосымша арасында қатаңның прогрессивті ықпалынан пайда болатын бір-ақ алмасу кездеседі. Соны қатаң **ш**-ға аяқталған сөздерге **с** дыбысынан басталатын қосымша жалғанса, **с** дыбысы **ш**-ға алмасады: *ашиша (аш-са), шешише (шеш-се), қашша (қаш-са), кешше (кеш-се), ұшиша (ұш-са), ашшын (аш-сын), шешиін (шеш-сін), кешшін (кеш-сін), қашшын (қаш-сын).*

Бұл екі дыбыс (**ш, с**) дауыстың қатысы жағынан бірдей. Артикуляциясы жағынан да жуық. Ерекшелігі **ш** қос фокусты. Олай болса, бұл жердегі толық игеру (**шш**) артикуляциясымен байланысты.

Бунақта қатар келген **ш, с** дыбыстары алмасуға ұшырамайды: *күшсалды, көшсоңында ішсезді.* Яғни бұлар: *күшшалды, кешшоңында, көшшоңында, ішсезді* түрде айтылмайды.

Сөз жоқ, **шс** тіркесі заңға (қатаңнан соң қатаң) қайшы болмағанмен, айтуға ауыр. Алайда сөз мағынасы соны қалайды. Олай болса, **шс** таза дыбыс тіркесі бола алмайды, өйткені тұтас-тық жоқ.

Әр түрлі позицияда қатар келген **тш** тіркесі айтуға **тч**-ға жуықтайды:

1) *патча (патша).*

2) *қатчы (қатчы, хатшы), айтчы (айтшы), атча (атиша), кетчі (кетші), өтчү (өтші), итче (итше), зытчы (зытшы).*

3) *төртчелек (төрт шелек), төртчалбар (төрт шалбар), әйтчүу (әйт, шүу), атчана (атишана), атчабар (ат шабар).*

Бунақ арасында ұшырайтын **тж** тіркестері де айтуда **тч** болады. Оны былай түсіну керек: **т** қатаңы ұяң **ж**-ға ықпал етіп, алдымен **ш**-ға айналдырады, ал **тш-тч** итчылы (*ит жылы*), *итчанды (ит жанды), итчеккен (ит жеккен), итчер (шет жер), атчарыс (ат жарыс), атчалман*

(*ат жалман*), *шетчақта (шет жақта), отчак (от жақ), атчабу (ат жабу), атчақты (ат жақты), етче (ет же), қатчазды (хат жазды).*

Осыған ұқсас алмасу **тс, тз** тіркестерінің арасында болады да, **тс, тз** **тц**-ға бейім айтылады.

Атца (атса), кетце (кетсе), атиңыз (атсыз), отиңыз (отсыз), атицын (атсын), кетцин (кетсін), өтицин (өтсін), итициз (итсіз), төртцом (төрт сом), атицайыс (ат сайыс), төртцаулық (төрт саулық), төртцағат (төрт сағат), отцу (от-су), өртіңддүргүш (өрт сөндіргіш), сартцарт (сарт-сарт), сартцұрт (сарт-сұрт), төртцауұт (төрт зауұт), төртцалым (төрт залым), кантцауұт (қант зауұт), төртцийан (төрт зиян).

Аффрикат **ц, ч** бөліп-жаруға келмейтін, тұтас бір артикуляциямен айтылатын шұғыл - ызың күрделі дыбыс (**ц-тс, ч-тш**). Бұлардың құрамындағы әнтек **т** шұғыл **т** мен ызың **с, ш** дыбыстарының арасын жымдастырып, дәнекер қызметін атқарады. Яғни олардың бір тұтас артикуляциямен айтылуын қамтамасыз етеді. Сонымен, **тш, тж - тч** немесе **т'ш, тс-тц** немесе **т'с**.

Бұдан қазақ тілінде де **ц, ч** дыбыстары бар екені көрінеді. Алайда олар морфема (түбір, қосымша) ішінде кездеспейді (содан да жергілікті ерекшелік болып табылады), тек морфема жігінде ғана ұшырайды.

Ал бунақтарда қатаңдардың кейбір ұяндарға азды-көпті прогрессивті ықпалы болады. Атап айтқанда:

а) бунақтағы сөздердің алдыңғысы қатаңдарға аяқталып келесі сөз ұяң **б, ғ, г** дыбыстарынан басталса, онда олар қатаңданып айтылады: *кешполды (кеш болды), ешқалым (еш ғалым), ашала (аш бала), ақбота (ақ бота), көкбет (көк бет), көпнала (көп бала), бесбет (бес бет), тасбөгет (тас бөгет), Ақпай, Көкпай, Көппай, Беспай, Тасқолат, жасқалым (жас ғалым), бесқасыр (бес қасыр), ақкүл (ақ гүл), көккүл (көк гүл), көпкүл (көп гүл), жас күл (жас гүл), ұзаққұмыр (ұзақ құмыр);*

б) сондай-ақ **сд, тд, шд** қатар келгенде **д** қатаңданып, **т**-ға жуықтайды: *тасдәуір (тас дәуір), жаттауұс (жат дауыс), бесдыбыс (бес дыбыс), төртдөңгелек (төрт дөңгелек), атторба (ат дорба), үшдөңгелек (үш дөңгелек), төрттоп (төрт доп), үштос (үш дос), тастуал (тас дуал), бесдәптер (бес дәптер), төртдәптер (төрт дәптер), үшдәптер (үш дәптер), жастәурөн (жас дәурен);*

в) қатаң дауыссыздарға аяқталған сөздерден соң **д** көмекші етістігі келгенде **д** қатаңданып

айтылады: *ақте* (ақ де), *көкте* (көк де), *тарақта* (тарақ де), *кітапта* (кітап де).

Тұр алдымнан кет деді,
Кет деген сөзі кекті еді.
(“Алпамыс”)

Мұнда *кет деді* айтуда *кеттеді* болады.

4.6.2. Регрессивті ассимиляция

Прогрессивті ассимиляция кезінде акустика-артикуляциялық жақтан игерілмей қалған дыбыстардың арасындағы сәйкессіздіктерді **регрессивті ассимиляция** кейінгі дыбыстың алдыңғы дыбысқа әсері арқылы реттейді. Өйткені регрессивті ассимиляция сөз соңындағы дауыссыздарға кейінгі морфеманың (қосымша не сөз) басқы дауыссыздарының ықпалы түрінде болады.

І. Үнді дауыссыздар да дауыстылар сияқты басқа дауыссыздарға ықпал етіп тұрады. Регрессивті ассимиляцияға ұшырап алмасатын бір-ақ дыбыс бар. Ол - тіл алды **н**.

Бұл дыбыстың тіл арты **г**, **ғ** үнсіздерінің (**қ**, **к** қатарлары морфема жігінде үнділерден кейін ұяндайтыны белгілі) алдында тұрмайды. Сондықтан да тілімізде ертеректе енген кейбір орыс сөздерінің құрамында кездесетін **нк**, **нг** тіркесіндегі **н** дыбысы біржола **н** дыбысына айналып кеткен: *бәтеңке* (*ботинка*), *кәрзеңке* (*корзинка*), *резеңке* (*резинка*), *сірінке* (*серянка*), *теңге* (*деньги*). Сондай-ақ қос ерін **б**, **м**, **п** дыбыстарының алдында да **н** айтылмайды. Орыс сөзі *кәмпіске* (көркем шығармада, ауызша айтуда) болып, **н** дыбысы қос ерін **м** дыбысына алмасады. Қазақ тілінің байырғы сөздерінің құрамында **нг**, **нғ**, **нб**, **нм**, **нп** дыбыстары тіркесі айтуда ұшырамайды.

Сонымен **н** мынадай жағдайда регрессивті ассимиляцияға ұшырап, алмасады:

а) соңы **н** дыбысына біткен сөздерге тіл арты **г** және **ғ** дыбыстарынан басталатын қосымшалар жалғанған кезде тіл алды **н** тіл арты **ң** дыбысына алмасады: *күңгө* (*күн-ге*), *қаңға* (*қан-ға*), *жаңға* (*жан-ға*), *үлкөңге* (*үлкен-ге*), *жөңгө* (*жөн-ге*), *оңға* (*он-ға*), *бүгүңгі* (*бүгін-гі*), *кейіңгі* (*кейін-гі*), *түңгү* (*түн-гі*), *келгеңге* (*келген-ге*), *жалғанған* (*жалған-ған*), *сеңген* (*сен-ген*), *сеңгеңге* (*сенген-ге*), *сеңгісі* (*сен-гісі*). Мұнда **ғ**, **г** дыбыстары өзінен бұрынғы **н** дыбысын артикуляциялық жақтан игеріп тұр. Орфографиялық норма **бойынша жоңқа** (*жон-қа*), **жоңқала** (*жонқа-ла*), **жоңғы** (*жон-ғы*), **жоңғыш** (*жон-ғыш*), **алдыңғы** (*алдын-ғы*) түрде жазылатын сөздеріндегі **н** дыбысы да осы заңның көрінісі;

ә) соңы **н** дыбысына біткен сөздерге жалғанатын қосымша **б**, **м** дыбыстарынан басталса, онда тіл алды **н** қос ерін **м** дыбысына айналады: *қаммен* (*қан-мен*), *жаммен* (*жан-мен*), *эммен* (*ән-мен*), *жамбайды* (*жан-байды*), *қамбады* (*қан-бады*), *сембеді* (*сен-беді*), *келгеммен* (*келген-мен*), *айтқанмен* (*айтқан-мен*). Мұндай құбылыс сөз бен сөздің аралығында да байқалады: *омбір* (*он бір*), *омбес* (*он бес*), *омбет* (*он бет*), *жамберді* (*жан берді*), *қалмен тер* (*қан мен тер*), *эммен жыр* (*ән мен жыр*), *Жамбота* (*жан бота*), *Жамболат* (*жан болат*).

Алдыңғы **созн** дыбысына аяқталып, кейінгі сөз **п** дыбысынан басталса, тіл алды **н** дыбысы қос ерін **м** дыбысына алмасады: *омпарақ* (*он парақ*), *жампайда* (*жан пайда*), *жампыйда* (*жан пайда*), *жамампыйғыл* (*жаман пиғыл*), *Жампейіс* (*Жанпейіс*), *Күмпейіс* (*Күнпейіс*).

2. Ұяндардан қазақ тілінде **з** және **ж** дыбыстары ғана сөзді аяқтай алады. Оның өзінде **ж** санаулы ғана түбір морфеманың құрамында ұшырайды, ал **з** дыбысы одан әлдеқайда актив. Бұл жіктік (*-сыз*, *-сіз*, *-мыз*, *-міз*, *-быз*, *-біз*, *-ңыз*, *-піз*), тәуелдік (*-ңыз*, *-піз*, *-ыңыз*, *-іңіз*, *-мыз*, *-ымыз*, *-іміз*) жалғауларында да кездеседі.

Орыс тілінде *араб*, *клуб*, *архив*, *актив*, *завод*, *катод*, *газ*, *шлюз*, *гараж*, *тираж* түрінде жазылғанмен, сөз соңында ұяндар айтылмайды. Алайда қазақ тілінде *газ*, *шлюз*, *гараж*, *тираж* сияқты сөздердің соңындағы **з**, **ж** айқын айтылады да, оларға қосымшалар ұяңнан жалғанады: *газ-дың*, *газ-ға*, *газ-бен*.

Алдыңғы морфема **з**, **ж** дыбыстарына бітіп, кейінгі морфема **с**, **ш** және **з**, **ж** дыбыстарынан басталса ілгерінді, кейінді ықпалдың нәтижесінде бірсыпыра дыбыс алмасулары болады. Оның ішіндегі регрессивті ассимиляция мынадай болып келеді.

а) алдыңғы морфема **з** ұяңына бітіп, кейінгі морфема қатаң **с** дыбысынан басталса, онда **з** қатаң **с** дыбысына алмасады: *сөссүз* (*сөз-сіз*), *коссүз* (*көз-сіз*), *қасса* (*қаз-са*), *осса* (*оз-са*), *жүссом* (*жүз сом*), *біссіз* (*біз-сіз*), *сіссіз* (*сіз-сіз*); ал қатаң **т**-ның алдынан келгенде **с**-ға жуықтайды. *Қастай* (*Қазтай*), *Жүстайлақ* (*Жүзтайлақ*), *жүстауық* (*жүз тауық*), *істүссіз* (*із-түссіз*); яғни **зс**-ның орнына **сс** (**с**): тіркесі пайда болады;

ә) кейінгі морфема **ж** дыбысынан басталса, алдыңғы морфеманың соңындағы **з** дыбысы **ж** дыбысына айналады. Бұл сөз бен сөздің арасында ұшырайды. Өйткені **ж** дыбысынан басталатын қосымша жоққа тән. Мысалы: *жүзжмыл* (*жүз*

жыл), *ажжылда* (*аз жылда*), *жүжжаса* (*жүз жаса*), *божжорға* (*боз жорға*), *мүжжарғыш* (*мүз жарғыш*), *көжжүгүрттү* (*көз жүгіртті*). Қарапайым сөйлеу тілінде қатар келген қос **ж**-ның бірі қысқарып, айтылмай қалатын жағдайы да бар: *Қызжібек* (*Қыз Жібек*), *Қызжан* (*Қыз жан*), яғни **жж** айтуда **жж (ж)** болады;

б) кейінгі морфеманың басындағы **ш** дыбысы алдыңғы морфеманың соңындағы **з** ұяның **ш** дыбысымен алмастырады: *сөшішүл* (*сөзішл*), *сөшішең* (*сөзішең*), *таиша* (*тазиша*), *жаишы* (*жазшы*), *біише* (*біз-ше*), *сіише* (*сіз-ше*), *жаишықты* (*жаз шықты*), *жүишақты* (*жүз шақты*), *тешшық* (*тез шық*), *көишалды* (*көз шалды*). Мұндағы алмасудың сырын былай түсіну керек: қатан **ш** дыбысы ұяң **з** дыбысын алдымен салдырдың қатысы жағынан қатан **с** дыбысына айналдырады да, сонан соң артикуляциялық жақтан (қос фокусты) дәл өзіндей етіп толық игереді; яғни **зш** айтуда **шш (ш)** болады;

в) кейінгі морфеманың басындағы **с** қатаны алдыңғы морфеманың соңындағы ұяң **ж** дыбысын қатандандырады: *лаишыз* (*лаж-сыз*), *мүқтаишыз* (*мүқтаж-сыз*), яғни **сж** айтуда **шш (ш)** болады.

3. Қатан дауыссыздардың бәрі де сөзді аяқтап тұра алады. Олардың ішінде регрессивті ассимиляция кезінде алмасуға икемділері **к, к, п, с**.

Сонда:

а) алдыңғы морфема **к, к, п** қатандарына бітіп, кейінгі морфема үнді және ұяң **д, ж, з** дауыссыздардан басталса, онда сөз соңындағы **к, к, п** ұяңданып **ғ, г, б** дыбыстарына алмасады: *ағжауун* (*ақ жауын*), *ағдала* (*ақ дала*), *көгзерен* (*көк зерен*), *жоғзат* (*жоқ зат*), *көбзауыт* (*көп зауыт*), *бегзада* (*бек-зада*), *көбжер* (*көп жер*).

ә) алдыңғы морфема **с** дыбысына бітіп, кейінгі морфема **ш** дыбысынан басталса, **с** дыбысы **ш** дыбысымен алмасады: *жүмүшшү* (*жұмыс-шы*), *аишы* (*ас-шы*), *қошишү* (*қос-шы*), *баишы* (*бас-шы*), *ойлаишы* (*ойлас-шы*), *сөйлөишү* (*сөйлес-ші*), *баишүлғүдү* (*бас шүлғұды*), *жаишақта* (*жас шақта*), *қошеке* (*қос шеке*), *беишелек* (*бес шелек*), *таишөп* (*тас шөп*), *баишайқады* (*бас шайқады*).

Тез айтқан кезде **осы жақ** және **осы шақ**, **ошшақ** болып кетуі де мүмкін.

Сондай-ақ бунақ ішінде қатар келген **кк** тіркесі **ққ**-ға айналады: *көққарға*, *көққұнан*, *көққоян*, *көққұтан*, *теққана*, *бекқайратты*, *еңбекқыл және еққабат* (*екі қабат*), *еққатар*, *еққой* (*екі қой*). Екі сөзінің соңындағы **і** дыбысын түсірмей айту әдеби норма: *екіғатар*, *екіғой*, *екіғабат*.

Тілде **шт** тіркесі айтылып, **тш** тіркесінің болмағаны сияқты, **кк** тіркесі бар да, **ққ** тіркесі жоқ.

4.6.3. Тоғыспалы ассимиляция

Морфемалар аралығында қатар келген дауыссыздардың алдыңғысының өзінен кейінгі дыбысқа акустикалық жақтан, ал кейінгі дыбыстың алдыңғы дыбысқа артикуляциялық жақтан ықпал етуінің нәтижесінде екеуінің де алмасуға ұшырауын **тоғыспалы ассимиляция** дейміз. Яғни тоғыспалы ассимиляция кезінде көрші дауыссыздар әрі прогрессивті, әрі регрессивті ассимиляцияға бірдей ұшырайды. Бұл екі түрлі жағдайда ғана, оның өзінде сөз бен сөздің аралығында кездеседі.

1. Алдыңғы сөз үнді **н** дыбысына бітіп, кейінгі сөз **к** немесе **к** қатандарынан басталса, онда **нк** және **нк** түріндегі дыбыс тіркесі **ңғ**, **ңг** дыбыстарына алмасады. Мұның себебін былай түсіну керек: алдымен прогрессивті ассимиляция заңы бойынша ұяң **н** дыбысы қатан **к**, **к** дыбыстарын ұяң **ғ**, **г** дыбыстарымен алмасуға мәжбүр етеді де, тіл арты **ғ**, **г** тіл алды **н** дыбысына артикуляциялық жақтан регрессивті ықпал етіп, оны тіл арты **ң** дыбысымен алмастырады: *амаңгелді* (*аман келді*), *қаңғзыл* (*қан қызыл*), *қаңғұрт* (*қан құрт*), *қауұңғақ* (*қауын қақ*), *жангешті* (*жан кешті*), *күңгөрді* (*күн көрді*), *ортаңғолдай* (*ортан қолдай*), *оңғап* (*он қап*), *алтынгірпік* (*алтын кірпік*), *бұдаңгейін* (*бұдан кейін*), *сеңгелдің* (*сен келдің*), *қайраңғалды* (*қайран қалды*), *оңгүндік* (*он күндік*), *айдыңгөл* (*айдын көл*).

2. Алдыңғы сөз **с** дыбысына бітіп, кейінгі сөз **ж** дыбысынан басталса, онда бұлардың екеуі де **ш** дыбысымен алмасады. Сонда алдымен **с** қатаны ұяң **ж** дыбысын қатан **ш**-ға айналдырады, керісінше, қос фокусты **ш**, **с** дыбысын толық игеріп **ш**-мен алмастырады: *таишол* (*тас жол*), *баишақта* (*бас жақта*), *баишүлдө* (*бас жүлде*), *таишарған* (*тас жарған*), *беишыл* (*бес жыл*), *қошишорға* (*қос жорға*), *еишоқ* (*ес жоқ*), *күшишолу* (*күс жолы*), *Доишан* (*Досжан*), *Еишан* (*Есжан*), *Қошишан* (*Қосжан*). Қарапайым айтуда: *оишөр* (*осы жер*), *оишолу* (*осы жолы*), *оишақ* (*осы жақ*) болып та кетеді. Яғни **сш-шш (ш)**. Халық тілінде қос **ш** қысқарып та айтылады: *Қошан* (*Қосжан*), *Еишан* (*Есжан*), *Қышан* (*Қысжан*), *Қызжан* (*Қыз жан*).

Сонымен морфемалар аралығында қатар келген дауыссыздардың алдымен алдыңғысы кейінгісін дауыс қатысы жағынан тәуелді етіп

тұрады. Бұл заң бойынша қосымшалардың басқы дыбысы игеріледі. Алайда артикуляциялық жақтан кейбір сәйкессіздіктер қалады. Мұны регрессивті ассимиляция реттейді. Яғни көрші дыбыстар арасында үнемі ілгерінді-кейінді ықпал бір мезгілде болады.

4.7. БЕЙҮНДЕСТІК

Диссимиляция (лат. *dissimilatio* - ұқсамау) дыбыстардың комбинаторлық өзгерістерінің бір түрі. Ассимиляцияда көрші дыбыстар бір-бірімен үндесіп, ұқсап тұратын болса, диссимиляцияда керісінше, сөз ішінде бірдей немесе ұқсас дыбыстардың біреуі ұқсастығы жоқ дыбыспен алмасады. Яғни **диссимиляция** - бір сөз ішінде артикуляциялық ұқсастығы жоқ екі немесе одан да көп дыбыстың келуі. Олар бірімен-бірі қатар (контактті диссимиляция) және араға басқа дыбыстар салып (контактсіз диссимиляция) тұруы мүмкін.

Бұл - әдеби тілде сирек құбылыс, көбіне нормаланбаған тілде (диалект, қарапайым тілде және балалар тілінде) кездеседі. Ассимиляция сияқты бұл да прогрессивті және регрессивті болады. *Коридорды колидор* түрінде айту бар. Бұл регрессивті диссимиляция.

Ал *февральді февраль* түрде айту - прогрессивті диссимиляция.

5. БУЫН

5.1. БУЫННЫҢ СИПАТЫ

Буын - ауаның кілт үзілуінің не кедергіге ұшырауының нәтижесінде пайда болатын жеке (дауысты) дыбыс, не дыбыстар (дауысты, дауыссыз) тобы. Қазақ тілінде буынның маңызы ерекше.

Буынға тән сипаттар:

1. Буын болу үшін оның құрамында дауысты дыбыс болуға тиіс және оның саны біреуден артық болмауға тиіс. Сонда сөздің құрамында қанша дауысты фонема болса, сонша буын болады деген сөз. **Балаларға** дегенде, дұрысы, бірақ дауысты фонема (**а**) бар. Бір фонема бірнеше буынның құрамында қайталанып келе береді.

2. **Буынға мағына болмайды.** Кейбір сөздердің әрбір буыны лексикалық немесе грамматикалық мағынасы бар бөлшектерге (морфемаларға) тура келіп қалады. Мәселен, *ат-тылар-ға* дейтін төрт буынды сөздің 1-буыны (ат) - түбір; 2-буыны (ты) - сын есім тудыратын

жұрнақ, 3-буыны (-лар) - көптік жалғау, ал 4-буыны (-ға) - септік жалғау. Мұны кездейсоқ сәйкестік деп түсіну керек. Буында мағына болуы міндетті емес: *ба-ла-ла-ры-на, а-ты-на, келі-сі-мі-міз, жар-қы-рай-ды* т.б.

3. **Тіліміздегі байырғы сөздер бірыңғай не жуан буынды** (мәселен, *ба-ла-ла-ры-мыз-ды, а-на-ла-ры-мыз-ға, қа-на-ғат-тан-дыр-май-ды*), **не жінішке** буынды (*жі-лін-шік-те-рі-не, бөл-ті-рік-те-рін, кү-мі-сі-міз-ді, -сән-ден-ді-рін, бе-ре-ке-лі*) болып келеді. Егер тілімізде аралас буынды сөздер кездесетін болса, онда олар кірме сөз болғаны, *мұғалім, қабілет, қажет, педагог, методика, параллелипед* т.б. Буынның жуан, жінішкелігі қазақ тілінде дауыстыларға байланысты.

4. Тіліміздегі байырғы сөздер, сондай-ақ **буындар да қос** (екі) **дауыссыздан басталмайды.** Орыс тілінен енген біраз сөздің біздің тілімізде жазылуы соның айғағы: *бөрене (бревно), жеребе (жеребий), кереует (кровать), кінәз (князь), үстел (стол)*. Сондықтан да байырғы сөздерді Смаил, Сқак, Рза, Рсалды түрінде жазу тіліміздің табиғатына сай келмейді. Ертеректе енген *үстел* сөзі (стол) осының айғағы. Ал бергі жерде орыс тілі арқылы енген сөздер (буындар) екі, тіпті үш дауыссыздан да бастала береді: *стиль, спорт, станция, студент, процент, транспорт, спринт, стратегия, структурализм* т.б. Бұларды осылай жазу және айту - әдеби норма түрінде танылады.

5.2. БУЫННЫҢ ТҮРЛЕРІ

Құрамындағы дауысты және дауыссыз дыбыстардың орын тәртібіне қарай қазіргі қазақ тіліндегі буынның екі түрі бар: **ашық буын** және **тұйық буын**. Бұлай бөлу буынның теориялық та, практикалық та мәніне сай келеді.

Буын құрамында кездесетін дауыстыны шартты түрде А, дауыссыздарды В әрпімен таңбалап, буынның түрлерін, оның дыбыстық құрамын былай өрнектеп көрсетуге болады.

1. **Ашық буын** - жеке дауыстыдан тұратын немесе дауыссыздан басталып дауыстыға бітетін буын. Мұның дыбыстық құрамы:

1) **А:** *а, ә, а-на, ә-же, е-не, о-қы, ө-ре, ұ-зак, ү-кі, ы-ды-ра, ы-ды-сы;*

2) **ВА:** *ба-ла-сы, бі-лі-мі, де, не, же-лі, та, -те, -да-ла;*

3) **ВВА:** *ста-нок, ста-кан, сти-мул, гра-нат, гра-фа, пра-во, пла-кат;*

4) **ВВВА:** *стра-тег, стра-тегия, стра-тификация, стра-то-стат, стра-тосфера;*

2. **Тұйық буын** - соңы дауыссызға аяқталатын буын.

Дыбыстық құрамы:

1) **AB:** *ат, ай, ән-детті, ой-ланды, үй, ақ-тар, әл-ден;*

2) **ABB:** *ант, өрт, ұлт, өрт-те, ыңқ-ыңқ, ырсыр, акт;*

3) **BAВ:** *бас-тар, бас-тық, тас-тай, бұл-бұл-дар, так-так;*

4) **BAВВ:** *қант, былқ-былқ, жалт-жұлт, жарқ-жүрқ, қарт;*

5) **BAВВВ:** *пункт, центр, Маркс, фильм, текст;*

6) **ВBAВ:** *шкаф, шлаг, шлем, шлюз, крем, штаб, шпал, стаж, граф, хлор, хорм, стиль;*

7) **ВBAВВ:** *спорт, старт, скетч, трест, стенд, штамп, крест;*

8) **ВBAВВВ:** *спектр;*

9) **ВВBAВ:** *штрек, штраф, штирх, шприц, стрелка, структура.*

Байырғы қазақ сөздері, қала берді бүкіл түркі сөздері негізінен бір буынды болып келеді. Олар құрылымына қарай алты түрде ғана ұшырайды: **A, BA, AB, ABB, BAV, BABB.**

5.3. БУЫН ЖІГІ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛ

Буынның қалай пайда болатынын, жалпы сипатын аңғарғаннан кейін, алдымен анықтап, менгеріп алуды қажет ететін қарапайым да аса маңызды ұғым - сөздің буын жігін табу, немесе **сөзді буынға бөлу.**

Буын жігі дауыстылардың қабатында тұрған дауыссыздардың қай жағына қарап кететініне байланысты.

Қазақ тілінде дауыстыдан басталатын буындар үнемі сөзді бастап тұрады: *а, ә, ас, ант, ұлт, ас-қа, ат-қа, ант-ты, ұлт-тық.* Сондықтан да бірінші буыннан басқа буындар дауыстыдан басталмайды. Оның үстіне қазақ тілінде байырғы буындар қос дауыссыздан басталмайды.

5.4. БУЫННЫҢ ДЫБЫСТЫҚ ҚҰРАМЫ

Қазіргі қазақ тіліндегі буындар дыбыстық құрамы жағынан мынандай болып келеді:

1) бір дыбысты: *а-та, ә-же, і-ні, а-па, а-са, о-қы, а, ә, е, о, о-тыр.* Бір дыбысты буындар тек дауысты болады да, жеке сөз түрінде, не сөз ба-сында ғана кездеседі;

2) екі дыбысты: *ба-ла, қа-ла-да, та-за-ла, жа-ға, ой-на, та-ра, қа-ла-да-ғы-сы, ба-ла-сы, ал, ат, ақ, же, де, не;*

3) үш дыбысты: *бас, бет, сөз, көз, өрт, бөлшек-тер, тас-так, бал-шық, бөлшек-тер, ұлт, ұрт;*

4) төрт дыбысты: *қант, төрт, былқ, жалт, жылт, салт, қарқ-қарқ, күрк-күрк.*

Тіліміздегі байырғы сөздердің дыбыстық

тілі арқылы енген сөздерде буын бес, тіпті алты дыбысты да бола алады:

5) бес дыбысты: *пункт, спорт, текст, скетч, старт, фланг, трест, спирт, стенд;*

6) алты дыбысты: *спектр, спринт.*

5.5. СӨЗДІҢ БУЫН ҚҰРАМЫ

Құрамындағы буынның санына қарай қазіргі қазақ тіліндегі негізгі түбір сөздер (түбір морфемалар) мынадай болып келеді:

1. Бір буынды: *ай, ат, бал, бас, қол, көз, ал, кел, бар, ақ, көк, бір, үш, мен, сен, біз, тез, тарс, жылт, да, де, Ғой;*

2. Екі буынды: *а-на, ә-ке, ба-ла, тү-йе, жылқы, қа-зан, ке-се, қа-ра, қы-зыл, жа-сыл, жа-тыр, о-тыр, ал-ты, е-кі, ке-ше, ер-те, тө-мен, дән-тер, қалам, а-дам;*

3. Үш буынды: *мұ-ға-лім, қа-на-ғат, қа-білет, а-бы-рой, а-йұ-уан, а-лұ-уа, а-рыс-тан, жа-ма-ғат, ді-ір-мен, ин-тер-нат, инс-ти-тут, ин-же-нер, ка-ме-ра, ка-ни-кул, та-би-уғат;*

4. Төрт буынды: *ы-ра-қы-мет (рақмет), і-рә-сү-уә (рәсуә), і-ре-зең-ке (резеңке), і-ре-сі-мій (ресми), рес-пуб-ли-ка, про-фек-ту-ра, про-це-ду-ра, фо-не-ти-ка;*

5. Бес буынды: *у-ни-вер-си-тет, по-лик-ли-ни-ка, пуб-ли-цис-ти-ка.*

Қазақтың байырғы сөздері негізінен бір буынды, қала берді екі буынды болып келеді.

Сөйлеу кезінде бір, екі буынды сөзге (түбірге) әлденеше қосымша үстеле келіп, бес-он буынды сөзформаға айналады:

*ой-лан-дыр-май-сың-дар
қа-на-ғат-тан-ды-рыл-ма-ған-дық-тан
ұ-йым-дас-тыр-ма-ған-дық-тан.*

5.6. ДЫБЫС ЖЫЛЫСУЫ

Қазақ тілінде буындардың белгілі бір тізбегінен сөз құралып, сөздер жымдасып, бунақ құрап айтылады. Сонда бунақ дегеніміз әлденеше буынның тұтасқан шоғыры.

Басқаша айтқанда, сөйлеу кезінде сөздер кейде жеке, көбіне екіден, үштен кірігіп, топ құрап айтылады. Осындай топтарды **бунақ** дейміз. Бір бунаққа енген сөздердің жапсарларында (аралығында) қатар келген буындар (әсіресе дыбыстар) бірімен-бірі үндесіп, кейде сандық, сапалық өзгерістерге ұшырап, кей дыбыстар бір буыннан екінші буынға ауысып (өтіп) кетіп жатады.

Қазақ тіліне тән алты түрлі (A, BA, AB, ABB, BAV, BABB) буын өзара қарым-қатынасқа түскен кезде бастапқы қалпын кейде сақтап, кейде түрін өзгертіп отырады. Ең бастысы, қай буынның да басқы. соңғы дыбыстары көрші буынның дәл

үйлесіп, бунақ арасын дәнекерлеп, кіріктіріп, біріктіріп тұрады.

Дауыссыздан басталатын ашық (ВА), тұйық (ВАВ ВАВВ) үш буын өзінің алдындағы буынға дыбыс та бермей, дыбыс та алмай, дыбыстық құрамын әрқашан сақтап тұратын болса, тек сөздің басында ғана келетін қалған үш буын (А, АВ, АВВ) өзінің алдындағы сөздің (буынның) соңындағы дауыссызды ылғи да өзіне қосып алады: нәтижесінде көрші екі буын да сандық, сапалық өзгеріске ұшырайды, буын құрамы өзгереді.

Түсінікті болуы үшін оларды шартты түрде (А-дауысты, В-дауыссыз) өрнектеп, мысалдармен дәлелдеп көрелік.

1. ВА+А=АВ: сар-ры+а-ла=са-**ра**-ла, са-ры+е=зу=са-**ре**-зу, ал-ты+е-лі=ал-**те**-лі, ал-ты+а-сық=ал-**та**-сық.

2. ВА+АВ=ВАВ: е-кі+еш-кі=е-**кеш**-кі, е-кі+еу=е-**кеу**, ал-ты+ау=ал-тау, е-кі+ал-ма=е-**кал**-ма, е-кі+үй=е-**күй**, е-кі+ай=е-**кай**.

3. ВА+АВВ=ВАВВ: е-кі+айт-ты=е-**кайт**-ты, қа-ра+йт=қа-**рййт**.

4. ВАВ+А=ВАВ-ВА: бес+а-дам=бе-**са**-дам, бар-мак+е-дім=бар-ма-**ге**-дім.

5. ВАВ+АВ=ВА-ВАВ: бес+ал-ма=бе-**сал**-ма, бес+ай=бе-**сай**.

6. ВАВВ+А=ВАВ-ВА: тарт+а=тар-**та**, ерт+е-ер-**те**, қант+ы=қан+**ты**, қант+а-ла-ды=қан-**та**-ла-ды.

7. ВАВВ+АВ ВАВ-ВАВ: тарт+ып=тар-**тып**, ерт+іп=ерт-**тіп**, қант+ым=қан-**тым**, төрт+ай=төр-**тай**, төрт+еш-кі=төр-**теш**-кі.

8. ВАВВ+АВВ=ВАВ-ВАВВ: төрт+айт-ты=төр-**тайт**-ты.

9. АВ+А=А-ВА: ат+ы=а-**ты**, үш+а-сық=ү-**ша**-сық, үш+е-лі-ү-**ше**-лі.

10. АВ+АВ=А-ВАВ: үш+ай=ү-**шай**, үш+үй=ү-**шүй**.

11. АВ+АВВ=А-ВА: үш+айт-ты=ү-**шайт**-ты.

12. АВВ=А=АВ-ВА: ант+ы=ан-**ты**, айт+а=ай-**та**, ант+і-шіп=ан-**ті**-шіп.

13. АВВ=АВ=АВ-ВАВ: ант+ым=ан-**тым**, айт+ып=ай-**тып**, ант+іш-ті=ан-**тіш**-ті.

14. АВВ+АВВ= АВ+ВАВВ: ант+айт-ты=ан-**тайт**-ты.

Бұдан байқайтынымыз, дауыстыдан басталатын буын (сөз) өзінен бұрын тұрған буынның соңындағы дауыссызды өзіне қосып алады. Олай болатын себебі: бір бунаққа енген сөздер күрделі бір сөзге айналады, ал сөз ішінде буын дауыстыдан басталмайтын болғандықтан, алдыңғы буынның соңғы дауыссызын өзіне селбестіріп, қосып айтуға мәжбүр болады.

Мұның өзі бір бунаққа енген сөздер кірігіп, тұтасып, бір ырақпен айтылады, сөз ішінде буын дауыстыдан басталмайды деген тұжырымның ақиқаттығына анық көз жеткізеді.

Бұлардың арасында жылысатын тек дауыссыздар болатындықтан, буын жылысуы **дыбыс жылысуы** болып табылады.

Жылысатын дауыссыз - бунаққа енген әр түрлі сөздердің (буындардың) арасын жымдастыратын, кіріктіретін **дәнекер**. Соның арқасында: *сарала* (сары ала) мен *сарала* (етістік), *алтай* (алты ай) мен *Алтай* (жалқы есім), *сатыбалды* (сатып алды) мен *Сатыбалды* (жалқы есім), *тілебалды* (тілеп алды) мен *Тілебалды* (жалқы есім) айтылуы жағынан аса ұқсап тұрады.

Келесі буынға жылжыған дәнекер дауыссыз бастапқы үнін, реңін (жуан не жіңішке, қатаң-ұяң, еріндік-езулік қалпын) кейде сақтап, көбінесе өзгеріп тұрады. Буындар жігіндегі мұндай дыбыстар фонологиялық қызмет атқарады.

Мәселен: *бі-ре-лі* (бір елі), *е-кі-шек* (екі шек), *ү-шү-кү* (үш үкі), *төр-түй* (төрт үй), *бе-се-се* (бес есе), *ал-тал-ма* (алты алма), *жү-зүш* (жүз үш), *о-най* (он ай), *же-ті-шік* (жеті ішік), *мыңал-ты* (мың алты) бунақтарда (сөз тіркестерінде) келесі буынға жылжыған **р, к, ш, т, с, л, а, н, ң** дауыссыздары бастапқы қалпын сақтап, реңін бермей, екі буынның (дыбыстың) арасын желімдеп, жымдастырып тұр. Соның арқасында жылдам сөйлеуге жағдай жасап, дыбыстау мүшелерінің жұмысын жеңілдетіп, сөздер кідіріссіз бір сөз сияқты айтылады. Тіл, ерін қатысы жағынан бірдей буындар арасында келген бұл дыбыстар фонологиялық қызмет атқарып тұр. Бірақ ылғи да бұлай бола бермейді. Көрші буындар тіл, ерін қатысы жағынан түрліше бөлініп келуі әбден мүмкін. Мәселен: *бі-рай* (бір ай), *бі-рэн* (бір ән), *бі-ре-лі* (бір елі), *бі-ро-рүн* (бір орын), *бір-рө-лөн* (бір өлен), *бі-рү-рү* (бір ұры), *бі-рү-кү* (бір үкі), *бір-ры-лақ* (бір ылақ), *бі-ріс* (бір іс). Дәл осылай айтатын болсақ, бір ғана **р** фонемасы 9 дауыстының ынғайына қарай 9 түрлі реңге ие болады.

Бұдан жеке сөздің (сөзформаның) аралас буынды (жуан-жіңішке және керісінше) болуына төзбейтін біздің тіліміз әр түрлі түбірлерді (буындарды) қатар айта алатынын (бірай, бір-орын, бірұры, бірылақ), жеке сөз тіркестерінің (бунақтың) арасында ұқсастық пен қатар өзіндік ерекшеліктер де болатынын аңғарсақ керек-ті.

Жиі қолданылатын бунақтар (сөз тіркестері) тіл қатысы жағынан үйлесіп кетуі де заңды құбылыс. Мысалы: *Күләш* (гүл аш), *Күләйім* (гүл айым), *Күләй* (гүл ай), *Жүмәділ* (жүма әділ), *бы-рақ* (бір-ақ), *бірээз/быраз* (бір аз).

Енді екі сөзімен айтып көрейік: *е-кай* (екі ай), *е-кэн* (екі ән), *е-ке-лі* (екі елі), *е-ко-рүн* (екі орын), *е-кө-лөн* (екі өлен), *е-кү-рү* (екі ұры), *е-кү-кү* (екі үкі), *е-кы-лақ* (екі ылақ), *е-кійт* (екі іт).

Бұл бунақтардың арасында жат буындар бар. Олар: *кай, кэн, ко, кү, кы*. Мұндағы *кэн* буыны

(екі ән) жазуда ұшырамағанымен, айтуда кездесе береді. Ал қалған *кай, ко, кұ, кы* буындарын ойлану керек болады.

Енді *қырық* сөзімен тіркестіріп айтып көрейік. Бұл сөз дауыстыдан басталатын сөз (қосымша) тіркескенде *қырқ* болып та кететінін ескеру керек. Бұған тек жіңішке дауыстыдан басталатын буындарды (сөздерді) ғана тіркестірейік: *қыры-ғән//қырқан* (қырық ән), *қыры-ғе-кі//қыр-қе-кі* (қырық екі), *қыры-ғө-түрүк//қыр-қө-түрүк* (қырық өтірік), *қыры-ғүш//қыр-күш* (қырық үш), *қыры-ғі-шік//қыры-кі-шік* (қырық ішік) және бірер тіркес: *кө-га-ла* (көк ала), *кө-го-рай* (көк орай), *кө-гұр-сын* (көк ұрсын), *кө-гы-лақ* (көк ылақ).

Сонымен мынадай жақын да жат буындар (дауыссыз - дауысты тіркестері) пайда болды: -кә, -ке, -кұ, -кі, -ғә, -ге, -гі, -ка, -ко, -кұ, -кы, -га, -го, -гү, -гы.

Мұндай буындар орфография үшін тосын емес: *гау-һар, хи-каья, қа-ғі-лез, күнә-кар, аллау-ак-бар, мұба-рак, мұба-ра-ғы, кәнизә-ғы, тә-кап-һар, бло-ғы, бунддеста-ғы, бурла-ғы, галсту-ғы, варя-ғы, верста-ғы, гудо-ғы, значо-ғы, каучу-ғы, ка-за-ғы* т.б. **К** және **к** қатандары тіркескенде, тез айтуда **кк** болып айтылады: *тек-қана* (тек қана), *пәкқой* (пәк қой), *көкқарға* (көк қарға), *түкқылмады* (түк қылмады), *тікқасық* (тік қасық), *еккәбат* (екі қабат), *еккатар* (екі қатар), *еккыз* (екі қыз).

Күні кеше, орыс тілінің ықпалы жүрмей тұрған кезде, құрамында **-га, -го, -гу, -ко, -ку, -ак, -ок, -ук** буындары бар орыс сөздері қазақ тіліне қалай енгені белгілі: *бәтәңке* (ботинка), *бөтелке* (бутылка), *бөшке* (бочка), *кәмпит* (конфета), *көтене* (копна), *кәрзеңке* (корзинка), *резеңке* (резинка), *доға* (дуга), *қалаш* (калач), *қарындаш* (карандаш), *көшір* (кучер), *сіріңке* (сеянка), *шөген* (чугун) т.б.

Осы сөздердің баршасы жоғарыдағы (**ка, ко, га, ку, гу**) жат буындарды жатырқаудан туған дыбыстық өзгерістер екені түсінікті.

Сонда байырғы сөздердің жігіндегі әлгіндей жат буындар қалай айтылу керек? Мәселе - осында.

Айталық, *ақ алма, екі алма, күзгі алма*. Дыбыс жылысуының арқасында *а-ғал-ма, кө-гал-ма, е-кал-ма, күз-гал-ма* болады.

Ендеше, аталған тоң дыбыстар жылысып барған буынымен үндесе алмайтын жағдайда буын құрай алмайтын әлсіз қысаңдармен орайласып айтылады.

Сөйтіп, жат буындар мынадай түрге енді: **-к^ы ә, -к^ы е-, -к^ы ү-, -к^ы і-, -ғ^ы е-, -ғ^ы і-, -к^ы а-, -к^ы о-, -к^ы ү-, -к^ы ы-, -г^ы а-, -г^ы о-, -г^ы ү-, -г^ы ы-**.

Ал **текқана, кокқарға, түкқылмады, тікқасықта кк** тіркесінің **кк**-ға айналуын былай түсінуге болады. **К** - тіл арты жуан, **к** - тіл ортасына бейім, жіңішке. Оның үстіне көрші дыбыстар-

дың ауаның шығу бағытымен айтылғаны ыңғайлы, яғни мұнда акустикалық та, артикуляциялық та ықпал бар.

Қалайда жалпы заңға шәлкес бұл буындар - сөйлеу кезінде тек бунақтар ішінде пайда болатын **уақытша** буындар. Сондықтан да олар өзге буындар сияқты жеке айтыла алмайды.

Қазақ тілінде ұяң **б, ғ, г** дыбыстары сөзді аяқтай алмайды, ал сөз, бунақ ішінде буын соңында тұра алады. Мәселен, сөз ішінде: *аб-дыра, аб-жауқын, аб-зал, ағ-за, ағ-зам* (көне), *дағ-ды, жағ-дай, дег-ді, дег-бір, ег-де*; бунақ ішінде: *көб-жасар, жаб-жаңа, толыб-жатыр, ағ-дала, көг-дөнен*.

Сондай-ақ үнді **й, у, н, р, л** дыбыстарынан сөз басталмайды, ал сөз ішінде буын бастала береді: *а-йы, а-йық, да-уа, да-уыл, жа-на, жа-ра, жа-ла*. Бұдан буын ішінде, олардың арасында түрлі дыбыстық құбылыстар кездесетінін аңғаруға болады.

Сөйтіп, байырғы сөздеріміздің буын құрамы: **А, АВ, ВА, АBB, ВAB, BABB** түрінде ұшырасады, орыс тілінен енген сөздер арқылы бес, алты дыбысты буындар пайда болды.

6. БУНАҚ

Сөйлем сөздерден тұрады. Сөйлеу кезінде сол сөздер кейде жеке тұрып, көбіне екіден, тіпті үш-төрттен топ құрап айтылады. Мысалы, *Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне, шәкірт бала барын салды* (М.Әуезов). Осында: *үш күндік жол, соңғы күн, шәкірт бала, барын салды* дегендер өзара тіркесіп, топ құрап тұр. Сөйлеу кезінде де бұлар жұбын жазбай, әрқайсысы өзіндік ырғаққа ие болады. Тек бастауыш болып тұрған *бала* сөзі өзінің алды-артында тұрған анықтауыш, баяндауышпен *шәкірт бала барын салды* түрде тұтаса айтылуға тиіс. Бұдан сөйлемдегі сөздердің сөйлеу кезінде тұтасып немесе жеке-жеке тұрмай, топ құрап, әрқайсысы өзіндік екпін, ырғақпен айтылатынын аңғаруға болады. Осындай топтар ырғақтық топ делініп жүр. Мұны **синтаксистік тіркес, синтагма** (гр. *syntagma* - *тұтасқан бірдеме*), **фраза** (гр. *phrasis* - *сөз, сөйлеу орамы*) деп те атайды.

Ырғақ - кейбір белгілері жағынан өзара бірдей немесе біршама жуық элементтердің қайталануы. Бұл әсіресе өлең жолдарынан жақсы аңғарылады. Өлеңге тән буын, бунақ, ырғақ сияқты негізгі элементтердің әр тармақ, шумақта қайталануында белгілі бір тәртіп, жүйе болады.

Олай болса, ырғақтық топ деп отырғанымыз - **бунақ**. Сонда сөйлем бунақтарға, бунақ сөздерге, сөздер буындарға, буын дыбыстарға ажырайды. Әрине, қара сөздегі бунақ пен өлеңдегі бунақтың ұқсастығымен қатар өзіндік ерекшелігі де бар.

6. Есімдік тіркестер: *бұлгім (бұл кім), олғайда (ол қайда), санғайдасың (сен қайдасын), сенғандайсың (сен қайдайсың), сенгімсің (сен кімсің), әргезде (әр кезде), әргім (әркім).*

7. Етістік тіркестер: *жазыпполдұ (жазып болды), жазыпжатыр (жазып жатыр), жазыбеді (жазып еді), ойлаботұр (ойлап отыр), ойлабеді (ойлап еді), сөйлөбжатыр (сөйлеп жатыр), сөйлөпполдұ (сөйлеп болды), сөйлөбеді (сөйлеп еді).*

8. Негізгі сөздер мен көмекші сөздердің тіркесі: *үйгөғарай (үйге қарай), үйдүңғасында (үйдің қасында), сенғана (сен ғана), әріғарай (әрі қарай), мағаңғарай (маған қарай), сенембүрүн (сенен бұрын), бұдамбүрүн (бұдан бұрын), бұдаңгейін (бұдан кейін), сеніменбірге (сенімен бірге), соңуменғатар (сонымен қатар), келгеннембері (келгеннен бері), бармастамбұрын (бармастан бұрын), меңғой (мен ғой), бүгүңғана (бүгін ғана), содаңгейін (содан кейін), содамбері (содан бері). Оқшау сөздер тобын құрайтын одағайлар да кейде (өлеңде) өзінен кейінгі сөзбен ырғақтық топ құрап айтылады: *ейғалқам (ей, қалқам), әғұдай (ә, құдай), ожалған (о, жалған), оғұдай (о, құдай), әйғарағым (әй, қарағым).**

Осы күнгі *апыр-ай (а, пір-ай), ойпыр-ай, япыр-ай, әуірім-ай, әттеген-ай, ойбай* сияқты туынды одағайлар о баста бунақ құрап айтылған жеке сөздер екені айқын.

9. Тұрақты тіркестер: *жүрөгжұтқан (жүрек жұтқан), ташишүрөк (тас жүрек), таспауыр (тасбауыр), күнгөрдү (күн көрді), ботагөз (бота көз), құралайгөз (құралай көз), қанғүйлү (қан құйлы), қанғызыл (қан қызыл), қанығара (қаны қара), көғаламылжын (көк ала мылжын), қаспенгөздің арасында (қас пен көздің арасында), айдыңгөл (айдың көл).*

Сөйлеу кезінде жоғарыда көрсетілген бунақтар бір-бірімен өзара қатынасқа түсіп айтылады да, синтаксистік талдау кезінде сөйлем мүшелері түрінде көрінеді. Сонда бастауыш пен баяндауыш, анықтауыш пен анықталатын сөз, толықтауыш пен толықталатын сөз, пысықтауыш пен пысықталатын сөз бір ырғақпен айтылады да, ырғақтық топ құрайды. Соның өзінде олар міндетті түрде іргелес, көрші тұруға тиіс, араларына көбірек сөз енген сайын олар тұтастығынан айрылып, ажырап кетеді. Мысалы: *Асан келді. Асан өткен жылы оқуын бітіріп келді.* Алдыңғы сөйлемде бастауыш пен баяндауыш қатар тұрып бір бунақ (*Асанкелді*) құрайды да, екінші сөйлемде аралары алшақтап, ырғағы жағынан мүлде қабыспайды.

6.2. ЫРҒАҚ

Қазақ тілінде бунақтағы сөздердің жұбын жазбай, араларында қатар келген дыбыстарды үндестіріп, бір ырғақ, екпінмен айтудың маңызы зор. Олай болмаған жағдайда сөздердің байланыс реті бұзылады да, тіл табиғи жарасымынан айрылады, құлаққа жағымсыз естіледі, әрбірден соң, айтылған ой көмескіленіп, тіпті, түсініксіз болып кетуі де қиын емес.

Мәселен, бір бунаққа енетін мынадай тіркестердің басқы сөзін бөліп айтып көрейік:

<i>тас бауыр болды</i>	<i>тас бауырболдұ</i>
<i>тас жүрек еді</i>	<i>тас жүрөгеді</i>
<i>тас кенені көрді</i>	<i>тас кененігөрдү</i>
<i>тау ешкіге жолықты</i>	<i>тау ешкігежолұқтұ</i>
<i>бас бармақсыз қалды</i>	<i>бас бармақсызғалды</i>
<i>жан қалтаға салды</i>	<i>жан қалтағасалды</i>
<i>ат-тонсыз қалды</i>	<i>ат тонсызғалды</i>
<i>үйкүшікке жолықты</i>	<i>үй күшіккежолұқты</i>
<i>ағаш қасықты ұстады</i>	<i>ағаш қасықтыұстады</i>
<i>қол орамалын ұмытты</i>	<i>қол орамалынұмұтты</i>
<i>жыланбасты жинады</i>	<i>жылан бастыжайнады</i>
<i>айыл-тұрманын арқалады</i>	<i>айыл тұрманынарқалады</i>
<i>жел сөзін аяды</i>	<i>жел созунайады</i>

Қалыпты ырғақ, екпіннен айрылған тіркестер мағынасыздыққа ұшырайды.

Айтылар ойдың айқын, түсінікті, көңілге қонымды, құлаққа жағымды болуы көбіне бунақ екпінінің дұрыс қойылуына тікелей байланысты болса, екінші жағынан бұлардың (ырғақ, екпін) өзі айтылар ойға, мағынаға тәуелді болады.

Мәселен, сөз құрамы бірдей мына тіркестерді екі түрлі ырғақпен (екпінмен) айтып, екі түрлі түсінуге болады.

<i>қазақтілінсүйеді</i>	<i>қазақ тілінсүйеді</i>
<i>қазақжерінсағынды</i>	<i>қазақ жерінсағынды</i>
<i>қонағүйгөгірді</i>	<i>қонақ үйгөгірді</i>
<i>малғорадатұр</i>	<i>мал қорадатұр</i>
<i>жұңғантатұр</i>	<i>жүн қаптатұр</i>
<i>ташшолғатөселді</i>	<i>тас жолғатөселді</i>
<i>үйғүшіктіңмекені</i>	<i>үй күшүктүңмекені</i>
<i>ағашүйдөғой</i>	<i>ағаш үйдөғой</i>
<i>алтынғасықпенішті</i>	<i>Алтын қасықпенішті</i>
<i>теміртәртінтісақтады</i>	<i>Темір тәртінтісақтады</i>
<i>әдемалмажеді</i>	<i>Әддемі алмажеді</i>

Бұдан шығатын қорытынды: бунақтар (бунақ екпіні) лексикаға (мағынаға қатысты), грамматикаға (сөз тіркесі, сөйлем мүшесі тұрғысынан), әсіресе фонетикаға тікелей қатысы бар маңызды тілдік фактор.

7. ЕКПІН

Сөзді айтқан кезде сөз ішіндегі барлық буын біркелкі айтылмайды. Екі буыннан не одан көп буыннан тұратын сөздердің құрамына енетін буындардың біреулері солғынырақ, әлсіздеу, келтелеу, енді біреуі басқаларына қарағанда анағұрлым айқынырақ, созылыңқы айтылады. Сөз ішіндегі бір буынның өзге буындардан дауыстың созылыңқылығы, әуезділігі арқылы оқшауланып айтылуын екпін немесе буын екпіні, яки сөз екпіні дейді. Екпін түскен буынды екпінді буын дейді. Қазақ тіліндегі алғашқы буыны мен соңғы буыны дыбыстық құрамы жағынан алғанда бір-біріне айна қатесіз ұқсас болып келетін *баба* (*ата-баба* дегендегі), *шеше* (*әке-шеше* дегендегі), *тете* (*өзіне тете інісі* дегендегі), *шаша* (*су аттың шашасынан келеді* дегендегі), *бұлбұл*, *дүлдүл* тәрізді бірлі-жарым екі буынды сөздер бар. Осылардың әрбіреуінің құрамындағы буындарды өзара салыстырып көретін болсақ, дыбыстық тұрғыдан бір-біріне ұқсастығына қарамастан, олардың алғашқысы мен кейінгісінің айтылуында бір-бірінен елеулі айырма бар екенін айқын аңғарамыз.

Мәселен, *баба* деген сөзді айтқан кезде оның соңғы буынындағы *-ба* бастапқы буындағы *ба*-мен салыстырғанда анағұрлым созылыңқы, анағұрлым нығарлы, көтеріңкі дауыспен айтылады. Оны есту арқылы ғана емес, алғашқы буындағы *а*-мен соңғы буындағы *а*-ны айтқан кездегі адамның жағының ашылу шама-шарқына қарап та аңғаруға болады. Соңғы *а*-ны айтқан кезде жақ алғашқыға қарағанда мейлінше кең ашылады. Мұны байқау үшін осы екі буынды айтудағы үстіңгі ерін мен астыңғы еріннің ара қашықтығын жай көзбен назарлаудың өзі-ақ жеткілікті.

Сөз ішіндегі бір буынның өзге буындардан ерекшеленіп, басым үнмен айтылуы - қазақ сөзінің бойына аса тән фонетикалық заңдылықтың бірі. Демек, бұдан екпін түсетін буын бар жерде, сөз ішінде екпін түспейтін де буындардың болу шарттылығы келіп туындайды. Көп буынды сөздермен қатар қазақ тілінде бір буынды сөздер де баршылық. Кейде біріне-бірі ілес айтылған бір буынды сөздердің екеу ара бір екпінге ие болатын кездері болады. Мәселен, *ол күн де келеді* дегендегі бір буынды сөздер *күн* есімі мен *де* шылауы екеу ара бір екпінге ие, бұл жердегі екпін есім сөзге түсіп тұр. Жалпы дербес мағыналы сөз атаулы екпінсіз айтылмайды.

Дыбыс құрамы бірдей екі буынды бір-бірінен ажыратудың бірден-бір өлшемі - екпінділік пен

екпінсіздік. Дыбыстық тұрғыдан бұларды бір-бірінен ерекшелейтін бұл жерде өзге белгі жоқ. Айталық, *шеше* сөзіндегі *ше-ше* деген ұқсас келетін буындардың арасындағы айырма тек алғашқысының екпінсіз, соңғысының екпінмен айтылуында ғана.

Ал енді дыбыстық құрамы тепе-тең емес, бірақ буындары бір өңкей дауыстылармен келетін сөздердің айтылу ерекшелігіне назар аударар болсақ та, дәл жоғарыда әңгімелеп өткен жай байқалады. Мәселен, *ша-ма-ла* деген етістік сөздің үш буыны да *а* дауыстысының қатысымен жасалған, алайда екпін тұрғысынан бұл буындардың айтылуында біркелкілік жоқ, екпін соңғы *-ла* буынына түскен, сондықтан ол сөздің бірыңғай *а* дауыстысымен келген өзге буындарынан созылыңқы, әрі көтеріңкі дауыспен тегеурінді айтылған.

Буындардың ішіндегі дауыстылардың түрліше болуы да, бірөнкей болуы да әбден ықтимал, бірақ дербес мағыналы сөз атаулы ешқашан екпінсіз айтылмайды. Мысалы: *Қолына қамшысын үнсіз ғана алды да, қасындағы қарашаларына суық қабақпен “әзірлен” деген емеурін білдірді* (Әуезов).

Фонетикалық тұрғыда сөз екпіні **тегеурінді екпін**, **әуезді екпін**, **мөлшерлі екпін** деп аталатын үш түрге бөлінеді.

Фонациялық ауаның күштірек қарқынмен айтылуынан пайда болатын екпінді **тегеурінді екпін** дейді. Екпіннің бұл түрін ғылымда динамикалық, экспирациялы, артикуляциялы немесе интенсив екпін деп түрліше атаушылық бар.

Дауыстың әуенділігіне, дауыс ырғағына (тон) байланысты екпінді **әуезді екпін** дейді. Зерттеулерде, оқулық кітаптарда екпіннің бұл түрінің де бірде музыкалық екпін, бірде мелодиялы, енді бірде тондық (немесе тоникалық) екпін деп әр түрлі аталатын кездері бар.

Мөлшерлі екпін, мұны ғылыми әдебиетте көбіне квантитатив екпін деп атап жүр. Квантитатив деген сөз тура мағынасында “сан” деген ұғымды білдіреді. Екпіннің бұл түрінің “сан” ұғымына байланысты болатын себебі, екпінді буындағы дауыстыны айтқан кезде оның сол сөздің өзге буындарындағы дауыстылардан анағұрлым созылыңқы дыбысталуынан. Осы тұрғыдан алғанда екпіннің бұл түрі *мөлшер екпіні* деп атау арқылы танылатын түсініктің мазмұнына

дөп келеді. Осындағы аталып өткен екпіннің үш түрінің үшеуінің де жеке-жеке алғанда тілдерде қылтықсыз таза күйінде ұшырауы некен-саяқ. Дәлірек айтқанда, екпіні бірыңғай тегеурінді, не болмаса бірыңғай әуезді, я бірыңғай мөлшерлі боп келетін тілдер кемде-кем. Дұрысында, тілдерде екпіннің аталған түрлері бірімен-бірі астас, сабақтас күйінде ұшырайды.

Дегенмен, таразының салмақты жағы қазақ тіліне тегеурінді екпіннің (динамикалық, экспиратор, интенсив) көбірек тән екендігін қолдаушылар жағында жатқандығын айтуымыз керек.

Қазақ тіліндегі тегеурінді екпінді тек фонациялық ауаның қарқынымен сипаттап қана қою жеткіліксіз, өйткені тіліміздегі екпін түскен дауысты қарқындылығының үстіне созылықты айтылады. Тегеурінді екпін сөйлеу мүшелерінің бұлшық еттеріне физикалық күштің молырақ түсуіне байланысты іштен сыртқа тепкен фонациялық ауаның күштірек, әлдірек шығуынан пайда болады. Сондықтан сөз құрамындағы екпін түскен дауысты дыбыс сөздің өзге дауыстыларынан анағұрлым қаттырақ дауыспен айтылып, құлаққа анағұрлым айқынырақ шалынады. Мәселен, буын саны бірдей *барады, қарады* деген етістіктердің екінші буындары ұқсас-ра, -ра дегендерді бір қалыпты дауыспен ауызша алма-кезек айтып көретін болсақ, *барады* дегендегі екпінді *ра* буынының *қарады* дегендегі екпінсіз *ра*-мен салыстырғанда әлдеқайда қарқынды айтылатынын әрі құлаққа қаттырақ естілетінін байқау қиынға соқпайды. Оның есесіне мұндағы *барады* дегендегі соңғы буындағы *ы* дауыстысының *қарады* дегендегі соңғы буындағы *ы*-дан дыбысталуы да, естілуі де анағұрлым солғын, олай болатыны оған бұл жерде екпін түсіп тұрған жоқ. Бұл жай әсіресе сыртқы дыбыстық құрылысы бірдей мына секілді етістіктердің екпін ыңғайын салыстырудан жақсы байқалады: *маған тесіле қарайды - көзінің алды қарайды; ішсен, шөлің қанады - жарақаты қанады*.

Созылықтылық болса, мөлшерлі екпіннің негізгі белгісі. Бұл - қазақ тіліндегі тегеурінді екпінді мөлшерлі екпіннен бөле-жара қарауға болмайды деген сөз. Дұрысында, қазақ екпіні әрі тегеурінді, әрі мөлшерлі. Алайда тегеурінділік - оның басты қасиеті де, мөлшерлілік - оны толықтырушы үстеме қасиет.

Қазақ тілінде дауыстылардың созылықты, келте дауысты боп бөлінуі жоқ. Қазақ дауыстыларының созылықты айтылуы оларға сөз екпінінің түсуімен ғана шарттас.

7.1. ЕКПІННІҢ ҚЫЗМЕТІ

Сөз екпінінің сөйлеу жүйесінде атқаратын қызметі сан қилы. Солардың ішінен зерттеушілер екпін атқаратын қызметтің ең бастысы деп көбіне-көп екпіннің кульминатив, делимитатив, сигнификатив, экспрессив секілді қызметтерін атайды.

Екпіннің барша фонетикалық типіне тән деп оның кульминатив қызметін атауға болады. Бұл қызметтің мәні сөз ішіндегі буындар мен буын құрайтын дыбыстардың басын лебіздік (просодиялық) тұрғыдан біріктіріп, сөзді біртұтас өз алдына дербес құрылым (структура) етіп көрсету.

Екпіннің кульминатив қызметін кейде екінші түрлі атпен оның сөзді ұйымдастыратын қызметі деп те атайды.

Екпіннің бұдан кейінгі маңызды қызметі - сөйлеудегі (сөйлеу ағымындағы) сөздердің тізбегіндегі, бір-бірінен шегін, шекарасын ажырату, мұны екпіннің делимитатив қызметі деп атайды.

Бұл - сөзді сөйлеу тізбегіндегі өзге сөздерден бөліп көрсетудің өлшемі. Бір сөзге бір ғана екпін болатындықтан, екпіннің санына қарай сөйлеу тізбегін, сөздердің санының қаншалықты екенін білуге болады. Тыңдаушы өзі естіп отырған ұзын-сонар әнгіменің ішінде бірінен соң бірі іле-шала айтылып жатқан сөздердің бір-бірінен жігін ажырата алмаса, не естіп, не қойғанын біле де, түсіне де қоймас еді. Мұндайда тыңдаушыға қолғабыс тигізіп, көмекке келетін нәрсе - екпін. Тек осы екпін арқылы ғана тыңдаушы сөйлеу тізбегіндегі бірімен-бірі мидай араласып жатқан сөздердің бір-бірінен ара-жігін айыра, саралай алады.

Әр буында өзге дыбыстардан мойны озық тұратын бір дыбыстың болатыны тәрізді, әр сөздің құрамында өзге буындардан мойны озық тұратын бір буын (*вершинный слог*) болады. Осындай буындардың саны арқылы фраза құрамындағы сөздердің саны анықталады. Екінші сөзбен айтқанда, фраза құрамында қанша осындай буын болса, сонша сөз болғаны. Екпін болмаса, сөз құрамындағы буындардың бәрі біркелкі айтылатын болса, фраза, сөйлем ішіндегі сөздердің аяқталған жерін, олардың жігін ажырату тыңдаушы үшін зор қиындық келтірер еді.

Екпіннің сөздің жігін, шекарасын ажыратудағы қызметін түсіндіруді жеңілдету үшін Қ.Жұбанов мынадай бір методикалық тұрғыдан оңтайлы мысал келтіреді. Сөз буыны сөздің бөліп айтуға келетін бөлшегі болғандықтан, бұл кісі *жас* және *ат* деген бірінен-бірі бөлек тұрған, бірақ былай қарағанда әрі дербес сөз деп ұғарлықтай екі буын алады да, осы екі буын бір сөздің құрамына кірген буын ба, әлде екеуі екі басқа сөздікі ме, соның басын ашып алуымыз керек деген өзіне-өзі сауал қояды. Оған өзі былай деп жауап береді: Егер бұл екеуі екі басқа сөз болатын болса, онда олардың арасын бөле, жапсарын аша сөйлейміз, бұл ыңғайда алып отырған мысалдарымыздан *жас ат* деген жас жылқыны білдіретін түсінік шығады. Ал енді бұл екі буын бір сөздікі болса, олардың жігін жапсарластыра, жымдастыра сөйлейміз, онда алып отырған мысалдарымыз *жасат* деген бір нәрсені істеу мағынасын білдіретін біртұтас сөз болып шығады. Бұл кісінің екпін қызметін түсінуге арналған және бір ұтымды мысалы - *су*,

ал, ма, ған деген қатар тұрған төрт буынға оқушы назарын аударған жері. Біріне-бірі ілес тұрған осы төрт буынның төртеуін екпін ыңғайына қарай төрт деп те, бір сөз деп те, яки екі-үш сөз деп те қабылдауымыз мүмкін дегенді айтады. Егер бір сөз деп ұқсас, олардың бәрі бір екпінге ие болып *суалмаған* (сиыр) деген бір-ақ сөз болып шығады. Егер мұндағы төрт буынның екпіні екеу болса, оны *су алмаған* (құдық) деп, үшеу болса, *су ал маған* деп ұғуымызға болар еді дейді.

Екпіннің грамматикалық формалардың мағынасы мен сөздердің лексикалық (семантика) мағынасын ажырату қабілетіне байланысты қызметін оның сигнификатив қызметі деп атайды. Демек, екпіннің сигнификатив қызметінің екі жағы бар: бірі - грамматикалық формаларды бір-бірінен ажырату, екіншісі - сөздерді лексикалық-семантикалық тұрғыдан бір-бірінен ажырату. Мұның қазақ тілінде байқалатыны - көбіне-көп алғашқысы. Қазақ тіліндегі екпіннің бірқатар грамматикалық формаларды ажырату қабілеті бар.

Сырт көрінісі жағынан бір-бірінен айна қатесіз дөп түсіп жатқанымен, әрқайсысы өз алдына бөлек-бөлек грамматикалық мағынаның, тіптен кейде грамматикалық категорияның көрсеткіші боп табылатын формаларды ажыратуда қазақ тілінде екпіннің атқаратын қызметі елеулі. Мәселен, *біз баламыз - біздің баламыз* деген мысалдардағы *бала* сөзіне жалғанған *мыз* қосымшасының алғашқысы - жіктік жалғауы да, кейінгісі - тәуелдік жалғауы. Осындағы қосымша қабылдап тұрған *баламыз* деген сөзді жеке алып қарайтын болсақ, оның құрамындағы *-мыз*-дың қандай қосымша екенін ажыратуға негіз боларлық бір-ақ дәйек бар, ол - екпін. Егер ол екпінсіз айтылса, жіктік жалғауы болады да, екпінмен айтылса, тәуелдік жалғауы болады. Бұлай болатыны жіктік жалғауы қазақ тілінде екпін қабылдамайтын қосымшалар тобына жатады да, тәуелдік жалғауы керісінше, үнемі екпінмен айтылады!

Қазақ тіліндегі қосымшалардың әр түрінің екпін қабылдау қабілеті әр басқа. Тәуелдік жалғауымен қатар тілімізде екпін қабылдауға бейім тұратын қосымшалар көптік, септік жалғаулары. Бұларға да екпіннің түсу, түспеуі олардың сөз ішінде қай буында келуімен шарттас. Мәселен, *оқушылар* дегендегі көптік жалғауына түсіп тұрған екпін бұл сөзді септеген кезде *оқушылардың, оқушыларға* деген ретпен сөз соңына қарай жылжып кетеді (көмектес септігі екпін қабылдамайды).

Екпін грамматикалық тұлғаларды өзара ажыратып тұрады. *-тын, -тін* қосымшалы өткен шақ есімше (*баратын, көретін*) тұлғасының сөйлемнің анықтаушы мүшесінің қызметінде де, сондай-ақ ешбір тұлғалық өзгеріске түспей сөл бағзы күйінде тұрып жіктіктің үшінші жағында сөйлемнің баяндауыш мүшесінің қызметінде де жұмсалатын кезі бар. Мәселен, *баратын жер* деген мен *ол жыл сайын ауылына баратын* деген мысалдардың алғашқысында анықтауыш, соңғы-

сында баяндауыш қызметін атқарып екеуінде екі түрлі грамматикалық жүк арқалап тұрған бір ғана *баратын* тұлғасын бір-бірінен айыра тануымызға көмектесетін тілдік ишара (языковой знак) екпін.

Жедел өткен шақтық *-ды, -ді* қосымшалы етістіктер жіктік тұлғада айтылған кезде екпін осы қосымшаға түседі. Мысалы: *бардым, бардың, барды; хабарладым, хабарладың, хабарлады; оқыдым, оқыдың, оқыды; көрдім, көрдің, көрді; білдім, білдің, білді*.

Осы қосымшамен сырт қарағанда ұқсас келетін келер шақ мағыналы жіктіктің үшінші жағының *-ды, -ді* қосымшасы әркез екпін қабылдамай айтылады. Жіктелген етістіктердің мұндай түрінде екпін үнемі осы қосымшаның алдына тете тұрған буынға түседі. Мысалы: *барады, істейді, хабарлайды, оқиды, көреді, біледі* т.б.

Тілімізде бірде есім сөз, бірде есімше деп әр тарап танылып жүрген *барушы, келуші* деген тәрізді күрделі *-ушы, -уші* қосымшасының көмегімен жасалатын тұлғаның бар екені мәлім. Осы тұлғаның есім мағынасына ие болатын ыңғайы мен есімше қызметінде жұмсалуда екпін жөнінен айырма бар. *Барушы адам, келуші кісі* деген тіркесте сөз болып отырған тұлға есім мағынасында, анықтауыш қызметінде жұмсалған, екпін бұл жерде соңғы буынға (*-шы, -ші*) түскен, ал *ауылға жиі барушы еді, бізге жиі келуші еді, я болмаса ауылға жиі барушы ең, бізге жиі келуші ең* деген сияқты ретпен бұл тұлғаны есімше қызметінде баяндауыш құрамында қолданатын болсақ, онда екпін екінші буынға ауысады.

Қазақ тіліндегі *-ша-ше* тұлғалы сөздерде екпін (*өгізше-өгізше*) бірін зат есім, екіншісін үстеу ретінде саралаушы қызмет атқарып тұр.

Бірінші жақтағы *қаламын* деген етістік тұлғасының екпіні жіктік жалғауына тауу тұрған буынға түскен. Осы сөзбен сырт пішіні ұқсас *қаламын қолына ұстады* деген сөйлемдегі *қаламын* дегенде екпін сөздің соңғы буынына түскен. Дыбыстық құрамы ұқсас бірі етістік, бірі есім тұлғаларды ажыратуға негіз боп тұрған - екпін.

баласыз-баласыз дегендердің алғашқы сыңарының жіктік тұлға, екіншісінің сын есімнің болымсыздық тұлғасы ретінде саралануы да олардағы екпіннің қызметіне байланысты.

Екпіннің және бір қызметі - *сөзге экспрессиялық өң беру*. Кейбір грамматикалық омоформаларды ажыратудағы екпіннің қызметі оның осы экспрессиялық қызметіне байланысты.

Мәселен, екі буыннан тұратын *қойшы* деген сөздің екпіні бірінші буынға түсірілсе, онда ол экспрессиямен айтылып, етістіктің бұйрық тұлғасы ретінде ұғынылады. Ал екпіні соңғы буында тұрса, ол экспрессиясыз айтылады да, есім сөз болып қабылданады. Мысалы: *Сен осы сөзінді қойшы!; Қойшы көп болса, қой арам өледі* (Мақал).

Осы секілді *салма, кеспе, алма, жарма, көрме, тартпа* деген екпін ыңғайына қарай бірде етістік, бірде есім сөз боп қабылданатын бірқатар омоформалар бар. Бұл сөздер етістік қызметінде

жұмсалып, сөйлеуші тарапынан бұйрық түрінде эмоциялы өңмен қатқыл айтылса, онда екпін олардың бірінші буынына түседі. Мысалы: *Бұл істі сөзбұйдаға салма! Сен тәлкекке салма! Жөлымды кеспе! Ондай сөзді аузыңа алма! Ол турасында тіс жарма! Көрме деген соң көрме! Қолымды тартпа!*

Егер жоғарыдағы сөздерді тағам, жеміс түрлері білдіретін *салма, кеспе, алма, жарма* немесе *көрме, тартпа* сықылды зат есім мағынасында қолданатын болсақ, онда екпін бұл сөздердің соңғы буынына түседі. Мысалы: *Салма әлі ыстық - буы бұрқырап тұр. Қамыр деген жарықтықты бабына келтіріп, шаштай қып кеспе жасаса болмас па еді, түге! Белеңнен асқан жолдарың Бесіктің тартпа бауындай. Егіншіге барсаң жарма жерсін, балықшыға барсаң қарма жерсін.*

Сөз етілген жайлардан қазақ тіліндегі екпіннің бірқатар грамматикалық формаларды бір-бірінен ажыратуда қызметі бар екені айқын көрінеді. Бірақ оның есесіне екпін орнының өзгерісі арқылы бір сөз табына жататын сөздердің лексикалық-семантикалық тұрғыдан құбылуы қазақ тілінде байқалмайды. Бір сөз табына жататын лексикалық омонимдер екпін жөнінен бір-бірінен дараланбайды. Контекстен жырып алынған бір сөз табына жататын омонимдердің лексикалық мәнін олардың екпініне қарап ажырату мүмкін емес, өйткені жеке-жеке алғанда олардың бәрінің екпінді сөздің соңғы буынында тұрады.

балдақ “жүзік” - *балдақ* “аяғы кем адамдардың таянышы”, *шабақ* “майда балық” - *шабақ* “дөңгелектің шабағы”, *тебін* “аяқпен тебуді білдіретін етістік” - *тебін* “жылқының қысқы жайылымы”, *жылауық* “малдың ішіндегі жылауығы” -

жылауық “жылампаз, жылай беретін”, *жылу* “ыстықтық” - *жылу* “көмек, жәрдем” т.б. Мәселен, *көрмес түйені де көрмес* дегендегі бір түбірден жасалған тұлғалардың да екпінді бірдей, бірақ бірі есім, бірі етістік қызметінде жұмсалған. Омонимдер бір-бірінен екпін арқылы дараланбайды, екеуінің де екпінді сөздің соңғы буынында.

7.2. ЕКПІННІҢ ОРНЫ

Екпіннің фонетикалық типтерінен тыс оның сөздің қай буынына орналасу ыңғайына қарай бөлінетін құрылымдық (структуралық) типтері бар. Екпіннің құрылымы фонологиялық және морфологиялық болып екі түрге бөлінеді. Фонологиялық екпін **тұрақты екпін**, **еркін екпін** болып екіге бөлінеді. **Тұрақты екпін** деп сөздің нақтылы бір буынында ғана келетін екпінді айтады. **Еркін екпін** деп сөздің кез келген буынына түсе беретін екпінді атайды.

Қазақ екпіннің жоғарыда айтқанымыздай кей грамматикалық формаларды ажыратуға қатысының болуы - оның сөз ішіндегі орнының анау айтқандай соншалықты тұрақты емес екенін аңғартады. Осы ыңғайда мына бір жайдың басын ашып айта кетуіміз керек. Ол - қазақ тіліндегі екпіннің денірек ұшырайтын орны - сөздің соңғы буыны екендігі. Екпіннің өзге буындар, айталық, аяққы буынға тете тұрған буында байқалуы оның көбіне-көп грамматикалық формаларды ажырату қызметіне байланысты.

Екпіннің қызметіне орай жоғарыда әңгіме етілген бір түбірден, сондай-ақ әр түбірден өрбіген, бірақ дыбыстық құрамы бірдей грамматикалық тұлғалардағы екпін орнын кестемен көрсетуге болады.

Екпінді соңғы буынға түсетін тұлғалар

біздің *баламыз* (тәуелдік жалғау)
көретін (анықтауыш) көз
 , көзі *қарайды* (мағынасы - шаршады)
 тісі *канады* (өткен шақ)
 біздің *қойшы* (зат есім)
өгізше (зат есім) өкірді
қалыңыз (зат есім) қалай
баласыз (сын есім)
ақылсыз (сын есім)
 ол *барғанша* (етістік), сен бар
 ол *келгенше* (етістік), сен күте тұр
барушы (зат есім)
келуші (зат есім)
жазда (жатыс септік) ауылға барам
үйде (жатыс септік) кім бар
жасырғанды (зат есім) жұрт көрмей ме?
 ол *болғанды* (зат есім) ғана айтты
өтіңіз (зат есім) ауырмай ма?
басыңыз (зат есім) ауырмай ма?
атыңыз (зат есім) кім?
ат пенен (шылау) арба
қалалық (сын есім)
қалайық (зат есім)
 қолына *қаламын* (зат есім) ұстады
 оны *айтқан мен* (есімдік)
 ауылшаруашылық *басқарма* (зат есім)
қойма (зат есім)
барлық (мағынасы-молшылық, зат есім)

Екпінді соңғы буыннан өзге буынға түсетін тұлғалар

біз *баламыз* (жіктік жалғау)
 ол жақсы *көретін* (баяндауыш)
 тесіле *қарайды* (мағынасы - назар аударады)
 шөлі *канады* (ауыспалы шақ)
 осындай сөзінді *қойшы* (етістік)
өгізше (үстеу) өкірді
 сіз осында *қалыңыз* (етістік)
 сіз әлі *баласыз* (зат есім)
 сіз бізге *ақылсыз* (зат есім)
 ол үйге *барғанша* (үстеу) тіл қатқан жоқ
 ол *келгенше* (үстеу) тіс жармады
 ол ылғи *барушы* еді (етістік)
 осында ылғи *келуші* ең (етістік)
 міне *жаз да* (атау септік) шықты
 менде *үй де* (атау септік), мал да бар
 ол бәрін *жасырған-ды* (етістік)
 ол осында кеше *болған-ды* (етістік)
 өткелден *өтіңіз* (етістік)
 енді өнге *басыңыз* (етістік)
 садақты *атыңыз* (етістік)
атпенен (көмектес септік) келді
 осында *қалалық* (етістік)
 осында *қалайық* (етістік)
 осында *қаламын* (етістік)
айтқанмен (көмектес септік), ол тыңдаған жоқ
 бұл жұмысты сен *басқарма* (етістік)
 оны бұл жерге *қойма* (етістік)
барлық (есімдік) кісі

Жеке алғанда дыбыс құрамы бірдей, фонологиялық тұрғыдан біріне-бірін қарама-қарсы қойып салыстырып көрсетуге келетін, бірінен-бірі тек екпін арқылы ғана ажыратылатын тұлғалар тілімізде соншалық көп болмаса да барына бар. Жоғарыдағы мысалдар - осының дәлелі. Бұдан қазақ екпінінің фонологиялық қызмет атаулыдан мүлдем құр алақан емес екендігі кәміл байқалады. Жалғамалы тіл болғандықтан түркі тілдердегі қосымша атаулының баршасының әлбетте түбір сөзден кейін келетіні түсінікті. Алайда сөз аяғында келген қосымшаның бәрі бірдей екпінді сытықсыз қабылдай бермейтінін салыстырмалы деректерден айқын көріп отырмыз.

Жоғарыда әңгіме болып өткен жалғыз *салма*, *кеспе* тәрізділерде ғана емес, бұйрық райдың болымсыз түріндегі өзге етістіктерде де екпін сөздің соңғы буынына таяу тұрған буында келе береді. Мысалы: *Олай деп айтпа; көзіме көрінбе; алған бетіңнен қайтпа; басқан ізінді білдірме; шақырса, барма; ешкімге сездірме.*

Болымсыз етістіктер жіктік жалғауын қабылдап, үш буынды сөзге айналған кезде де екпін орны өзгермей, сол бағзы күйінде алғашқы буында қалады. Бұл - бір жағынан болымсыздық -*ма* қосымшасының екпін қабылдау қабілетінің мардымсыздығымен өзектес жай. Мысалы: *айтпаңыз < айтпа, бармаңыз < барма, келмеңіз < келме, кетпеңіз < кетпе.* Осы тұлғаның үстіне енді көптік қосымшасы жалғанатын болса да екпін орны өзгеріске ұшырамайды, бірінші буында тұра береді. Мысалы: *айтпаныздар < айтпаңыз, бармаңыздар < бармаңыз, келмеңіздер < келмеңіз, кетпеңіздер < кетпеңіз.*

Құрамында болымсыз мәнді -*ма* қосымшасы бар етістіктер бірінші жақта қолданылған кезде де екпін осы қосымшаның алдындағы буынға түседі. Мысалы: *бармаймын деген соң бармаймын, айтпаймын деген соң айтпаймын, білмеймін деген соң білмеймін.*

Осындай тұлғадағы екпін экспрессивтілігі мен тұрақтылығының басты бір кілті етістіктің болымсыз түрін жасайтын -*ма* (-*ме*, -*ба*, -*бе*, -*па*, -*пе*) қосымшасында жатыр. Бұл қосымшаның екпін қабылдау қабілеті мардымсыз дегенді тым әсіре ұқпауымыз керек. -*ма* қосымшалы етістік тұлғасы кейде сөйлеушінің бұйрық емес, өтініш, жалыныш тәрізді көңіл күйімен байланысты айтылған жағдайда екпін -*ма* қосымшаның өзіне түседі. Мәселен, *Мұндай сөзді айтпа!* деген сөйлем бұйрық интонациямен айтылса, екпін *айтпа* тұлғасының бірінші буынына түседі

де, өтініш, жалыныш интонациямен айтылса, екпін оның соңғы буынына (-*ма* қосымшасына) түседі. *Мұндай сөзді айтпа!*

Сол секілді -*ма* қосымшалы тұлға арқылы істің, қимылдың болымсыздық мәнісін анықтаңқырай, дәлірек айту қажет болған кезде де екпін осы қосымша тұрған буынға түседі. Мысалы: *Ол жерге сен бармайсың, мен барамын. Оны сен білмейсің, мен білемін. Оны сен айтпадың, мен айттым.*

Сөз ішіндегі екпін орнының осылайша әрқилы құбылуы экспрессия-эмоция реңі бар сөздердің көбіне-ақ тән нәрсе.

Көптік мағынаны білдіретін *әмме*, *барша*, *бүкіл*, *күллі*, *бүткіл*, *барлық*, *бәрі* тәрізді жалпылауыш есімдіктер оларға сөйлеуші тарапынан ерекше мән беріле, назар аударыла айтылған кезде де екпін ол сөздердің бірінші буынына түседі: *барша әлем, әмме жұрт, барлық ел.* Екпіннің мұндай түрін *эмфаза екпіні* деп атайды.

Диалогтарда жауап ретінде айтылатын құптау, келісім мәніндегі *мейлі*, *болды*, *мақұл* секілді сөздердің де екпін көбіне бірінші буында тұрады.

Оңтүстік өңірдің жергілікті халқының тілінде жиі қолданылатын *ботты* (мағынасы - жарайды, құп), *туры* (түп-тура, дәл солай) тәрізді құптау мәні бар сөздердің де екпін ылғи бірінші буында келеді.

Қазақ тіліндегі осы -*ма* сияқты екпін қабылдамайтын қосымшаның бірі - *тенеу*, салыстыру мәнді -*дай* қосымшасы. Бұл қосымша жалғанған сөздердегі екпін де үнемі осы қосымшаға таяу тұрған буынға түседі. Мысалы: *таудай жігіт бол, қаймақтай қою, қардай аппақ.* Бұл қосымша заттың күйін, қалпын білдіретін үстеу мәнді сөздердің құрамында келген кезде де екпінсіз айтылады. Мысалы: *қымызды суықтай іш.*

Қандай, нендей есімдіктерінің құрамында келген -*дай* қосымшасы, егер бұл сөздер сұрау мәнінде жұмсалған болса, екпін қабылдайды, ал таңдану, таңырқау мәнінде жұмсалса, екпінсіз айтылады. Мысалы: *Дәмі қандай екен? Дәмі қандай тамаша! Ол нендей нәрсе? Денесі нендей зор!*

Екпін түспейтін тұлғалардың бірі - көмектес септіктің -*мен*, -*пен* қосымшасымен сыртқы дыбыстық тұлғасы, айтылуы осы қосымшамен бірдей *мен*, *пен* жалғаулық шылауы. Бұларды бірде шылау, бірде көмектес септіктің жалғауы деп тану - бұл құрылымның сөйлемдегі синтаксистік қызметінен барын туындайтын нәрсе. Мысалы:

Көмектес жалғауы қызметіндегі <i>-мен, -пен</i>	Жалғаулық шылау қызметіндегі <i>мен, пен</i>
<i>Қаламмен жазды</i> <i>Асанмен бірге келді.</i> <i>Орақпен орды</i> <i>Алтынмен аптап,</i> <i>күміспен күптеп</i>	<i>Қалам мен қарындаш</i> <i>Асан мен Үсен</i> <i>Орақ пен балға</i> <i>алтын мен күміс</i> <i>күміс пен алтын</i>

-мен, -пен түрінің қазақ тілінде *-менен, -пенен* нұсқалары да бар. Септік жалғауының қызметінде жұмсалған кезде бұларға екпін түспейді. Егер олар сөйлемнің екі бірыңғай мүшесінің

арасын дәнекерлеуші жалғаулық шылау қызметінде жұмсалса, екпін қабылдайды және екпін мұндай жағдайда олардың соңғы буынына түседі. Мысалы:

Көмектес септігі қызметіндегі	Жалғаулық шылау қызметіндегі
<i>-менен, -пенен</i> <i>атпенен келді</i> <i>сеніменен ол ақылдасты ма?</i> <i>ожауменен құй</i> <i>шыбықпенен шытқырт</i>	<i>менен, пенен</i> <i>ат пенен арба</i> <i>сені менен ол</i> <i>ожау менен қасық</i> <i>шыбық пенен шырша</i>

Көмектес септігі жалғауының қарсылықты және мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңарының *барғанмен, келгенмен* (қарсылық мәнді) және *барысымен, келісімен* (мезгіл мәнді) секілді баяндауыш құрамында келсе, ол екпінсіз айтылады. Мысалы: *Сен айтқанмен, ол тыңдаған жоқ. Сен барысымен, ол мында келсін.*

Баяндауыш тұлғалары көмектес жалғауының екі буынды нұсқасымен айтылса, екпін орны өзгеріссіз қалады: *барғанменен, келгенменен; барысыменен, келісіменен.*

Етістікке жалғанып, оның өтініш мәнді тұлғасын жасайтын *-шы, -ші* жұрнағы да екпін қабылдамайтын қосымшалар қатарына жатады. Мысалы: *сөзіме құлақ қойшы, айтқан тілді алышы, сұрағанын берші.*

Сөзге қосымша жалғанған кезде, екпін түсіп тұрған дауыстылардың қазақ тілінде редукцияға ұшырайтын кездері болады. Мұндай жағдайда да екпін сөзге жалғанған қосымшаға ауысады: *мұрын-мұрны, ауыз-аузы, ойын-ойна* т.б.

Ешбір қосымшасыз айтылған сөздерде екпіннің сөздің соңғы буыннан өзге буындарда кездесуін араб, парсы тілдерінен ертерек уақыттарда енген *әлбетте, хатта, әмен, һәммә, бәлки, бәлкім, ләкин* (бірақ) тәрізді бірен-саран сөздердің құрамынан байқаймыз.

Шеттен келген сөздердің ана тіліміздің акцентуациялық табиғатына бейімделуі жайында мағлұмат алғымыз келсе, әдеби тілден гөрі халықтың ауызыекі тілінің дерегіне жүгінгеніміз абзал. Дұрысында, әдеби тіл мұндай құбылыс-

тар жөнінде объектив дерек бере алмайды, өйткені ол шет сөздерінің айтылуы мен жазылуын көбіне белгілі бір заңдастырылған ережелердің өлшеміне салып барып қабылдайды.

Орыс және еуропа тілдерінен енген сөздердің соңындағы екпінсіз айтылған *а* дауыстысы қазақ тілінің өткен бір кезеңдерінде түсіп қалатын заңдылық қалыптасқан: *газет (газета), әптек (аптека), кәмпит (конфета), школ (школа), нар (пара), старшын (старшина), минут (минута), секунд (секунда), кір (сиря), сипыр (цифра), цитат (цитата).*

Жоғарыдағы мысалдарда олардың бастапқы нұсқасының бәрінде де екпіннің кейінгі *а*-ға түспей, соның алдындағы буынға түскен. Ал қосымшасыз айтылған есім сөздердің екпіні қазақ тілінде сөздің аяғында тұрады. Осы тұрғыдан алғанда, аяғы түпнұсқасындағы екпінді буынмен шектелген бұл сөздердің қазақша нұсқасында сөз соңындағы екпінсіз айтылған *а* дауыстысының еленбеуі заңды. Оның үстіне бұл кірмелердің бәрі де зат есімдер.

⟨ Екпінсіз айтылған сөз соңындағы буынның қысқарып түсіп қалуы жоғарыдағылар секілді тек кірме сөздерде ғана емес, ана тіліміздің төл сөздерінің бойынан да байқалатын кездері бар: Етістіктің бірінші жақтық *барғанмын//барғамын, келгенмін//келгемін, барамын, келемін*, үшінші жақтық *барады, келеді* деген сияқты жіктік тұлғасының соңындағы буынның түсіп қалып *барғам, келгем, барам, келем, барат, келет* түрінде қысқаша айтылуы - жиі кездесетін құбылыс. ⟩

ИНТОНАЦИЯ

8. ИНТОНАЦИЯ

Кез келген тілдің фонетикалық жүйесі оның сегменттік бөлшектерінен, яғни сөздердің дыбыстарынан ғана (дауысты, дауыссыз) тұрмайды, ол тілдің күрделі суперсегменттік деңгейін, сөйлемдердің, мәтіннің жалпы интонациялық сипатын да қамтиды.

Әуелде “интонация” термині латынның “intonare” “қатты сөйлеу” деген сөзінен пайда болғанымен, бұл терминнің қазіргі мағынасы әрі күрделі, әрі сан қырлы. Әуен (мелодика), пауза, қарқын (темп), интенсивтілік, екпін, ырғақ, просодикалық тембр интонацияның компоненттері болып табылады. Сонымен, интонация - көп функциялы күрделі құбылыс. Тілдің басқа элементтерімен салыстырғанда интонацияның өзіне ғана тән қасиеттері мен ерекшеліктері бар.

Интонация мен сөйлеу дыбыстарының қайсысы бұрын пайда болғаны жайында әр қилы деректер бар. Интонация мен сөйлеу дыбыстарының адамдардың бір-бірімен қатынас жасауында атқаратын рөлі ерекше. Интонация дыбыстан бұрын пайда болған деп есептеледі. Бұған дәлел ретінде дамуы жоғары саналатын үйірлі хайуанаттардың өзара қатынастарында олардың дауыс интонациясының құбылуының мәні зор екенін айтуға болады. Олар сол дауыс интонациясының өзгерістерін аңдап, өзара қатынастарына, тіршіліктеріне сигнал қабылдайды.

Демек, сөйлеу тілінің пайда болуынан көп бұрын үйірлі хайуанаттардың қарым-қатынасына қызмет еткен интонация деп жорамалдауға болады. Интонацияның адамдардың қарым-қатынасындағы ең алғашқы құрал екендігін онтогенез көрсеткіштері де дәлелдей түседі. Мысалы, бесіктегі сәбилер алдымен үілдеуден бастап қана қоймай, сөз мағынасын түсінбесе де, анасының дауыс ырғағын, сөздің интонациясын ұға бастайды, соған сай әрекет жасайды. Оған біреу қатты сөйлесе, иегін кемсіндетіп жылай бастайды, ал енді біреу жағымды дауыспен “агу-агу”, “кіш-кіш” десе және сол сияқты анасының еркелеткен сөздерін естіп, олардың мағынасын ұқпаса да, қоздырып жауандатып, езу тартып күледі.

Интонация тонының (тональность) адамдардың қарым-қатынасында үлкен орын ала-

тыны мәлім. Бір сөздің айтылу интонациясына қарап, ол сөздің қандай сезіммен айтылып тұрғанын білу адамға қиын емес. Сондықтан интонацияның сөйлеуден, сөзден бұрын пайда болғанын мойындай отырып, оның кейінгі сөйлеу тіліндегі мәнінің зор екенін де баса айту керек.

Интонация сөйлеу тілінде естілуімен қатар жазба тілде (сөйлемде, мәтінде) де оқылады. Мысалы, жазушы жазғанының басқалар оқығанда қалай естілетінін, оның қандай интонациямен айтылатынын ескеріп, тиісті тыныс белгілерін қойып отыруының себебі сонда болса керек.

Сөйлеу тіліндегі интонацияның жазба мәтінде көрініс табуы табиғи нәрсе және жазылған мәтінді мазмұнына қарай дұрыстап, мәнерлеп оқу да оның интонациясына байланысты. Егер мәтіннің интонациясын өзгертіп, яғни қатар тұрған сөздердің ырғақтық топтасуын, сонымен байланысты паузасын жылжытса, оның стилистикалық реңкі ғана емес, сөздерінің грамматикалық мағынасы да өзгеріп кетуі мүмкін. Демек, интонациялық құбылыстар мен грамматикалық құбылыстардың арасындағы байланыс өте күрделі және құбылмалы болып келеді. Күрделі мәтіндердегі интонацияның компоненттерін, оның көріністерін оған мейлінше үңіліп, экспериментті зерттеу арқылы ғана анықтауға болады. Қазақ тілі жүйесіндегі сан алуан синтаксистік- коммуникативтік құрылымдарда интонация және оның единицалары мен компоненттері өзара әр қилы күрделі қатынастарға түсіп отырады. Түрлі синтаксистік құрылымдарда интонациялық компоненттердің алатын орны ерекше. Оның сөйлемдегі сөздерді семантикалық-құрылымдық топтарға бөлуде, оларды бір-бірімен байланыстыруда мәні зор. Күрделі мәтіндердегі сөйлемдердің түрлеріне қарай интонация әр түрлі коммуникативтік, эмоциялық мазмұнға не болып, өзара түрлі қарым-қатынастарға түсіп, мәтіннің жалпы мазмұны мен эмоциялық реңкін түрлендіруде айрықша қызмет атқарады.

Жалпы тіл білімінде интонация сөйлемді сомдайтын ең маңызды универсалды факторлардың бірі саналады, оның компоненттерінің сөйлемнің әр алуан түрлерін түзіп, дифференциялауда және бір-бірінен айырып ажыратуда орны ерекше.

Интонацияға ертеден, көне замандардан көңіл аударылған. Байырғы замандарда интонацияның ерекшеліктеріне мән берген зерттеушілер оны сахна өнерімен, шешендер сөзімен және өлең оқу өнерімен байланысты қарастырған. Интонацияның логикалық және эмоциялық қасиеттерін зерттеудегі ең көне деректер ежелгі Греция мен Римде кездеседі. Онда сөйлеу тіліндегі әуен, пауза, қарқын, ырғақ туралы алғашқы түсініктер берілген.

Сөйлемнің ырғақты құрылымының ерекшеліктері туралы пікірлерді Аристотельдің, Деметрияның, Цицеронның, Трасимахтың еңбектерінде кездестіруге болады. Ырғақ туралы ең толық түсінік Цицеронның “Оратор” деген еңбегінде кездеседі. Онда автор ырғақтың ерекшеліктеріне тоқталып қана қоймай, оны шешендердің сөзіне қалай, қай мөлшерде қолдану керектігін де айта отырады. Сөйлеу тілі интонациясы туралы пікірлер М.В.Ломоносов еңбектерінде де баршылық.

Интонация деген ұғымның жалпы тіл білімінде әр түрлі түсіндірілуі оған ғалымдардың әр қырынан қарауына байланысты болса керек. Басқа сөзбен айтқанда, зерттеушінің оның сыртқы формалық жағына, не мазмұнына, не функциясына ғана көңіл аударғанынан болар. Басқа фонетикалық құбылыстармен салыстырғанда интонация жалпы мазмұнмен өте тығыз байланысты және синтаксистік тұрақты құрылымдарға қарағанда, онда абстрактілік сипат айқынырақ.

Тіл білімінде интонацияны зерттеуде үш түрлі (синтаксистік, фонетикалық және фонологиялық) бағыт бар.

Синтаксистік бағыттағылар интонацияны синтаксис көлемінде ғана қарастыру керек деп санайды. Себебі, олардың пікірінше, интонация - синтаксистік мағынаны, синтаксистік қатынастар мен байланыстарды қамтиды.

Фонетикалық бағытты ұстанғандар интонацияны сөйлеу тілінің жалпы ағысын қамтып, оның сөйлемдерін, синтагма, фразалардың басқа да фонетикалық майда бөлшектерін қалыпқа түсіріп, тиянақтап, оның үстіне олардың бәрінің басын қосып, бөлшектерден тұратын әуенін шашыратпай бір күрделі байламға келтіретін құбылыс деп есептейді.

Ал фонологиялық бағыттың өкілдері интонацияны қарама-қарсы, яғни бір-бірінен айырмашылығы бар бөлек жүйелер ретінде алып қарайды. Егер сегменттік фонологияда

фонемалардың “қарама-қарсылығы” оларда белгілі бір сипатты белгінің бар не жоқ болуына негізделсе, суперсегменттік фонологияда қарама-қарсылықтың, яғни айырмашылықтың механизмі басқаша: жоғарылау-төмендеу, жылдамдық-баяулық, болымды-болымсыз, тағы сондайлар болып келеді.

Түрлі тілдердегі интонация туралы зерттеулерге келетін болсақ, интонацияның оларда тілдің әр түрлі деңгейінде қарастырылатыны байқалады. Мысалы, интонация олардың не “фонетика”, не “синтаксис” бөлімінде сөз болады.

Соңғы кезде интонацияны жалпы тіл жүйесіндегі дербес бір құбылыс ретінде танып, оны өз алдына жеке алып зерттейтін білім саласын *интонология* деп жүр. Интонологияның өзіне тән зерттеу объектісі мен зерттеу әдістері бар. Қайткенде де кейін пайда болған лингвистикалық теорияның интонацияның жаңа қырларын ашып, оның аясын кеңейтіп, жалпы сөйлеу тілін жан-жақты зерттеуде маңызы зор.

Белгілі француз ғалымы Б.Мальмберг просодияның, яғни интонацияның орны - қандай тілдің болсын құрылымының нағыз өзегінде, оны аңғармау, оның маңызын дұрыс түсінбеу - тілдің жалпы табиғатын түсінбеумен барабар дейді. Сондықтан тіл білімінде соңғы кезде пайда болған интонологияның интонацияның тіл жүйесінде алатын орнын, ерекшеліктері мен қасиеттерін анықтауда зор қызмет атқаратыны даусыз.

8.1. ИНТОНАЦИЯНЫҢ БІРЛІКТЕРІ

Тіл жүйесінде дербес бір құбылыс ретінде интонацияның өзіндік спецификалық мағынаға ие болатын бірліктері бар. Қай тілде де олардың саны белгілі бір мөлшерден аспайды. Ол бірліктерді тіл білімінде суперсегменттік фонема, интонациялық конструкция, интогема, интонациялық морфема деп әр түрлі атайды. Себебі интонация өз алдына дербес құбылыс саналғанымен, ол әр тілде әр түрлі өрнектеледі, әр тілдің форма және мазмұн категорияларымен тығыз байланысты болады. Жоғарыда келтірілген атаулардың ең қолайлысы - интогема. Сегменттік бөлшектерді - фонемаларды фонология зерттейтін болса, суперсегменттік бөлшектерді - интогема-ларды интонология зерттейді. Фонема мен интогема арасында принципті айырмашылық бар. Фонемаға қарағанда интогемадың деңгейі жоғары. Өйткені фонема таңба емес, оның бір-ақ қыры (формасы) бар, ал мазмұны

жоқ, интонама - ол таңба, оның формасы да, мазмұны да бар. Интонеманы морфемамен немесе сөзбен салыстыруға болады. Сөйлемнің барлық түрлерінде де интонеманың өзіндік орны, атқаратын қызметі бар. Сөйлемнің қай-қайсысы да интонемасыз сомдала алмайды, олардың әрқайсысының өзіне тән интонациясы бар. Сөйлемнің қай түрінің болса да, сомдалып, аяқталып, коммуникативтік функцияға ие болып тұруы үшін интонеманың мәні ерекше. Бір сөзден тұратын атаулы сөйлемдерді сөйлем етіп тұрған интонация екені белгілі. Мысалы: *Өрт! Көктем!*

Қай тілде де сөйлеушінің жадында сол тілдің негізгі интонемалары сақталады және бұл интонемалар сөйлесудің эталоны болып табылады. Интонемалар фонемалар сияқты өзінің просодикалық өлшемдері және ерекшеліктерімен варианттарында көрініс табады. Ал ол варианттардың қайсысын қолдану-қолданбау сөйлеушінің мақсаты мен еркіне байланысты. Интонеманың да фонема сияқты дифференциялау қасиеті болғандықтан, негізгі қызметі сөйлемдерді ажырату болып табылады. Бейтаныс тілдің сөзін түсінбегенмен, интонемасын аңғарған адам оның интонациясының, әуенінің ерекшеліктерін байқай алады. Интонама әрқашан синтагмада көрініс табады. Синтагма қай тілдің болса да сөйлемдерінің синтаксистік құрылысы мен оның мағынасын терең зерттеп түсінуге көмектеседі. Ең шағын синтаксистік мағыналық сөз, сөз тіркесі және сөйлем синтагма түрінде интонациялық формаға ие болады. Синтагмалар - үлкенді-кішілі паузалармен бөлінетін тілдің интонациялық мазмұндық үзінділері ретінде жай сөйлемде, жайылма сөйлемде, құрмалас сөйлемде, сондай-ақ бір тақырыпты күрделі синтаксистік тұтастықтарда сөзді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді қамтып, оларды бір интонациялық жүйеге бағындырып ұстап тұратын тәсіл. Мәтін ішіндегі синтагмалардың интонациясын құбылтып, түрліше мән беріп оқыса, ондағы сөздердің интонация арқылы түрліше топталуының нәтижесінде шекарасы өзгеріп, басқа бір стильдік мағына алуы мүмкін. Әдетте синтагмада көрінетін интонемалардың түрлерін анықтауда, айыруда интонацияны зерттеудегі белгілі құрылымдық және глобальдық екі әдістің соңғысы, яғни глобальдық әдісі қазақ тіліне лайық. Бұл әдіс интонацияны зерттеуде сөйлемдегі екпіннің орыс тіліндегідей жылжымалы орнына қарамай, сегменттерін бүтіндей алып қарайды. Мұны қазақ

және басқа да түркі тілдерінде сөйлемдегі сөздердің басын қосып тұратын ерекше тәсіл - үндестік заңының болуымен түсіндіруге болады.

8.2. ИНТОНАЦИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Интонациядағы бір басты мәселе оның негізгі қызметімен байланысты. Осы күнге дейін жалпы тіл білімінде интонацияның функцияларына деген көзқарас біркелкі емес. Интонацияның функциясына қатысты неше түрлі пікірлер мен таптастыруларды кездестіруге болады. Бұларда әркім әр түрлі өзгешеліктер мен қасиеттерді негізге алады.

Интонацияға арналған зерттеулердің басым көбінде оның адамдар қарым - қатынасындағы рөлі мойындалып, барлық тілдерге тән универсалды категория екені көрсетіледі.

Дегенмен, интонацияның көрінісі әр тілде әр түрлі. Солай екенін әр тілдегі сөйленісті тыңдап, бірден байқауға болады. Ондағы сөзді түсінбегенмен, сөйлеу мәнеріне, интонациясына қарап, сөйлеп тұрған адамның қытай ма, әлде француз ба, орыс па, жоқ италян ба - кім екенін айыруға әбден болады. Бұл жайт интонацияның барлық тілдерге тән универсалды категория екенін ғана емес, оның әр тілдегі орны мен өзгешеліктерін де көрсетеді.

Интонацияның негізгі бес функциясын атауға болады: 1) сөйлемнің жалпы коммуникативтік түрлерін анықтау, 2) жеке коммуникативтік типтерін ажырату, 3) мазмұнның өзгешеліктерін ажырату, 4) сөйлемдерді, синтагмаларды мәтінде бір бірінен айырып, бөліп алу және 5) әр түрлі эмоцияларды дифференциялау.

Интонацияның бірінші функциясы сөйлемнің жалпы мағынасы мен оның түрлерін ажыратып, олардың не хабарлы, не сұраулы, немесе бұйрықты екенін анықтайды. Бұл функцияны орындауда интонацияның мағынасы бір сөйлем көлемінен анағұрлым кеңейеді, басқа бір жаңа грамматикалық категория - рай категориясымен байланысып, өзгеше деңгейдегі мазмұнға ие болады. Мысалы: *Жазда балалар ауылға барады. Жазда балалар ауылға бара ма? Жазда балалар ауылға барсын!*

Бұл жерде интонация сөйлемдердің коммуникативтік түрлерін анықтауға қатысып, сөйлемдердің құрылымдық-коммуникативтік түрлерін ерекшелейді. Интонация сөйлем құрылысының ерекшеліктерін және сөйлем түрлерін анықтаушы негізгі құралдардың бірі болып табылады.

Сөйлемнің сөйлем болып құралуындағы интонацияның маңызы зор, оны сөйлем түзудегі тұрақты грамматикалық құралдардың бірі деп есептейді.

Сөйлемді түзуде, ажыратуда басқа да жалпы грамматикалық құралдардың бар екенін (мысалы, сұрау есімдігі, сөйлемдегі сөздердің орны, шылау сөздер т.б.), бірақ олардың барлық тілде біркелкі тұрақты еместігін де ескеру керек.

Интонацияның екінші - жеке коммуникативтік типтерді ажырату функциясы - сөйлемнің актуальды мүшеленуіне қатысады. Интонацияның бұл функциясы бір сөйлемнің ғана құрамында қаралады. Мысалы:

Ерке балалар//жұмысқа шыдамсыз деген сөйлем Ерке балалар қандай болады? деген сұраққа жауап беріп тұр. Ал *Жұмысқа шыдамсыз//ерке балалар* деген сөйлем Жұмысқа шыдамсыз кім? деген сұраққа жауап береді.

Бұл сөйлемдердегі екі синтагманың біріншісі - белгілі информацияға ие *тема* да, екіншісі - енді білуге тиіс жаңа информацияны білдіруші *рема* болады. Реманың құрамындағы сұраққа тура жауап беретін сөз акценттеліп, мөл интенсивтілік және ұзақтылықпен ерекшеленеді. Сөйлеудің актуальды мүшеленуінде сөздердің орын тәртібі мен интонациясы зор рөл атқарады.

Интонацияның үшінші функциясына мазмұнның ерекшеліктерін ажыратуы жатады. Сөйлемнің жалпы коммуникативтік мағынасына интонация арқылы басқа үстеме мағына, яғни қосымша мағына берілуі мүмкін. Олар мазмұнына қарай, санамалау интонациясы, қарсылықты интонациясы, біріктіру, жалғастыру интонациясы, қыстырма сөз, сөйлем интонациясы болып бөлінеді. Мысалы: *Абай, // Біржан, // Ербол, // Әйгерімдер тысқа шығып // оларды аттандырды. Сол сәтте, // неге екенін қайдам, // Мендеш есіме түсті. Біз сыртқа шығайық, // бірақ ұзап кетпейік.*

Интонацияның төртінші функциясы мәтіндегі сөйлемдерді бір-бірінен ажыратып, олардың жігін белгілейді. Интонацияның бұл қызметінің маңызы қазіргі замандағы өркендеген радио мен теледидардан сөйлеушілердің сөйлем түрлерін дұрыс мәнерлеп, олардың жіктерін ажыратып, сөздерін анық айтуында мәні зор. Интонация ғана сөйлемді синтагмаларға бөліп, оның ішіндегі сөздерді мағынасына қарай әрбір сөйлем мүшелерінің айналасына топтастырады. Сөйлемдегі пауза арқылы бір бөлек топтасатын сөздердің қай синтагмаға жататындығын, яғни

ол сөйлемді аяқтайтын соңғы синтагма ма, әлде олай емес пе - осының бәрін тек интонация арқылы ғана білуге болады. Мысалы: *Жаңа оқу жылында // 70 мыңнан аса мектеп түлектері // бастауыш және орта кәсіптік білім беру орындарында // бюджеттік негізде // оқуларын жалғастыра алады. // Жаңа заманға сай // мамандық алу үшін // оқу орындарына // құжаттар қабылдау // аяқталып келеді.*

Интонацияның бесінші функциясы, әр түрлі - эмоцияларды айқындау болып табылады. Сөйлемнің коммуникативтік мағынасымен бірге эмоциялық-экспрессивтік түрлерін анықтайды. Бұл функция адамдардың түрлі ой-сезімін, оның құбылуын, өзгеруін білдіреді. Кейде сөйлемнің ренкі ғана өзгеріп қоймай, оның негізгі мағынасы да өзгеріп кетуі әбден мүмкін. Мысалы, *Мен сізді жақсы білемін* деген сөйлем әр түрлі мағынаға ие болуы мүмкін. Бұл сөйлем жағымды, көтеріңкі әуенмен, қуаныш сезімді интонациямен айтылса, ол дұрыс жай-күйді білдіреді де, ал жағымсыз, төмен, созылыңқы интонациямен ерекшеленсе, ол кекесін, жағымсыз мағынаға ие болады. Сондай-ақ, интонация сөйлеп тұрған адамның хал-ахуалы мен оның айтылып тұрған ойға, жағдайға қалай қарайтынын да білдіреді. Мысалы, сөйлеушінің айтылған ойды, жағдайды қолдайтын-қолдамайтыны, оған қуаныш-ренішпен, не мысқыл сезіммен қарайтыны интонация арқылы анықталады. Интонацияның бұл рөлі тілдегі модальдық категориясымен шектесіп жатыр.

Өзара тығыз байланысты болып келетін интонацияның функцияларын ешқашан бір-бірінен ажыратып, бөлек қарауға болмайды. Сөйлеушінің алдына қойған мақсаттарына қарай, сөйлемдегі интонация функциясының қолданылуы да түрленіп тұрады. Ол кейде жай хабарлы коммуникативті мағынаны білдірсе, кейде хабарға үстеме эмоциональды мағынаны, ал кейде фактылар туралы айтылған ойлардың мағыналық ақиқаттығының бір-бірімен сәйкестігін, тағы да басқа сезімге, түйсікке байланысты факторларын айқындап тұрады. Сонымен, интонацияны сөйлемдердің түрлерін түзуде олардың синтагмаларын ажыратып, сөз тізбектерін синтаксистік қызметі мен мазмұнына қарай топтастырып түсінікті ететін, түйіндеп айтқанда, сөйлемдерді адам қоғамының қатынас құралына айналдырып, адамдардың бір-бірімен түсінісуін қамтамасыз ететін негізгі құралдардың бірі деп санауға болады.

8.3. ИНТОНАЦИЯНЫҢ КОМПОНЕНТТЕРІ

Әуен, қарқын, ұзақтылық, пауза, интенсивтілік, тембр интонацияның негізгі компоненттері болып табылады. Интонацияның компоненттері кейде просодикалық тәсілдер деп аталады. Сөйлеу тілінде интонацияның аталған компоненттері бірімен-бірі тығыз байланысты болады. Бірақ олар сөйлемнің барлық түрлерінде әр уақытта бәрі бірдей орын алады және бәрі бірдей тыңдаушыға анық естіледі деп айту қиын. Олар өзара түрлі қарым-қатынасқа түсіп, сөйлемнің әр алуан түрлерін түзуші, оларды бір-бірінен ажыратушы қызмет атқарады.

Барлық тілдердегі интонацияның ең басты да универсалды компоненті *ә у е н*. Себебі қай тілдің болса да басқа тілдерден айырмашылығын білдіруде әуеннің рөлі ерекше және ол тілдің бірден-бір өзгешелік белгісі бола алады. Жалпы әуеннің сөйлемдегі атқаратын қызметі әр алуан. Біріншіден, сөйлеу тілінің ағысын бөлшектерге мүшелеп жіктейтін де, олардың басын қосатын да әуен және онымен қоса пауза. Екіншіден, сөйлемдердің коммуникативтік түрлерін анықтауда, яғни олардың айтылу мақсатына қарай (хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті) бөлінуінде үлкен қызмет атқарады. Үшіншіден, грамматикалық және лексикалық тәсілдермен қосылып сөйлемдердің жалпы мағынасын беруге, оның стильдік ерекшеліктерін анықтауға қатысады. Төртіншіден, соз тізбектерінің синтагмалық акценттелуімен қосылып, сөйлемнің логикалық және эмоциялық мазмұнын жеткізуде мәні зор болып келеді.

Тілдің әуені индивидуалды сөйлеу ерекшеліктеріне қарай құбылуы мүмкін. Бірақ та мұндай жағдайда ол құбылу сол тілдің әуенінің негізгі формаларынан тыс, өзгеше ауытқи алмайды. Өйткені ондай кезде сөйлемнің негізгі мазмұны өзгеріп, тыңдаушыға түсініксіз болып қалуы мүмкін.

Акустикалық жағынан қарағанда, әуен сипаты әр уақытта өзгеріп тұратын *н е г і з г і т о н ж и і л і г і н е* (частота основного тона) сәйкес болады. Сөйлеу тілінің негізгі тон жиілігінің сөйлеу процесінде ұдайы өзгеріп тұруы оның бір өзгешелігі болып табылады. Тілдегі негізгі тонның мазмұны сөйлеушінің дауысының жоғары не төмен болуымен байланысты. Бірақ дауыс аппаратының ерекшеліктерімен байланысты еркектердің жуан, яғни төмен дауысының немесе әйелдердің жіңішке, яғни жоғары

дауысының интонациялық мазмұнының өзара лингвистикалық айырмашылығы жоқ екені анық. Қазақ тіліндегі үндестік заңына бағынатын ашық, жуан дауыстылар мен қысаң, жіңішке дауыстылардың негізгі тон жиілігі арасындағы айырмашылығының елеусіз болуы мұндай интонациялық және лингвистикалық мазмұны шамалы факторлардың тағы бірі ретінде қаралады.

Жоғарыда айтылып кеткен факторлар сөйлеу тіліндегі интонацияның жалпы тоналды контурын айтарлықтай өзгерте алмайды. Қазақ тіліндегі интонацияның жалпы тоналды контурына әсер ететін фактордың бірі - синтагманың ең соңғы логикалық маңызды сөзіне түсетін екпін, басқаша айтқанда, синтагманың соңғы сөзінің акценттелуі, екіншісі - адамның эмоциялық жағдайына, яғни қызулану, әсерленуіне байланысты сөйлемдегі негізгі тон жиілігінің өсуі.

Сөйлеу тіліндегі тоналды контурдың жалпы бағыты түрлі-түрлі болады. Олар көтерілу, бәсеңдеу, көтеріңкі-бәсең, бәсең-көтеріңкі немесе бірқалыпты болуы мүмкін. Тоналды контурдың жалпы бағытынан басқа интонацияны сипаттауда орын алатын ерекшеліктер болып, оның интервалы мен диапазоны саналады. Бұлар ең алдымен интонацияның негізгі тон жиілігімен тығыз байланыстылығының үстіне әуеннің бәсеңдеу не көтерілу мөлшерін де қамтиды. Мысалы, хабарлы сөйлемнің интонациясының негізгі тон жиілігі бұйрықты және лепті сөйлемдердің интонациясының негізгі тон жиілігімен бірдей болып басталады, бірақ олардың төмендеу-ж оғ а р ы л а у д и а п а з о н ы мен интервалының өзгешіліктері бар екені анық байқалады.

Интонацияның тоналды *и н т е р в а л ы* болымды және болымсыз болып екіге бөлінеді. Егерде салыстырмалы өлшемнің біріншісінің интервалы оның екіншісінің интервалынан кем болса, онда тоналды интервал болымды боп есептеледі. Егер керісінше болса, онда - болымсыз болады. Синтаксистік ең маңызды шағын өлшемдер, яғни синтагмалар және сөйлемдер өзіне тән тоналды интервалдармен сипатталады.

Тоналды *д и а п а з о н* - негізгі тон жиілігінің ең үлкен және ең кішкентай мөлшерінің арасындағы айырмашылығы арқылы белгіленеді. Олардың үш түрі бар: көлемді (кең), көлемсіз (тар), орташа. Эмоциялық мағыналы сөйлемдердің тоналды диапазоны көбінесе көлемді мәндермен сипатталады. Бұған лепті сөйлемдердің тоналды диапазоны жатады. Мы-

сал ретінде түрлі ұрандарды келтіруге болады. Синтаксистік өлшемдердің маңыздылығы немесе маңызының шамалылығы оның диапазонының мөлшеріне байланысты: сөйлемнің ішіндегі қыстырма сөз болсын, сөз тіркестері болсын, тіпті үлкен қыстырма конструкциялар да, бәрі бірдей өзінің диапазонының көлемсіздігімен ерекшеленеді. Олар сөйлеу тілінде тез, бірсыдырғы айтылып, олардың мазмұнының қосымша ғана информация беріп тұрғаны айқын байқалады.

Сөйлеу тіліндегі синтаксистік сегменттер - фраза, синтагма, ырғақты топтарды бейнелеуде жоғарыда келтірілген акустикалық ерекшеліктерден басқа оларға тән интонацияның *т о н а л д ы д е н г е й і н і н д е* (тональный уровень) мәні едәуір. Мысалы, бұйрықты сөйлем мен кейбір сұраулы сөйлемдердің *тоналды деңгейі* жоғары болып келеді. Интонациялық контурдың тік не жайпақ болуы, *тоналды деңгейдің* жоғары не төмен түсіп өзгеруінің құбылуының жылдамдығымен байланысты.

Ұзақтылық интонацияның уақытқа байланысты сипаты. Сөйлемнің не сөйлеу тіліндегі басқа да синтаксистік сегменттердің іске асуы үшін олардың уақытпен байланысты болуы ақиқат, яғни олардың тілде орын алуы және тындаушының құлағына жетіп, оған түсінікті болуы үшін біршама уақыт қажет. Осы айтылу-тындау-түсіну процесіне керек уақытты интонацияға байланысты уақыт ұзақтылығы дейді. Әрине, сөйлемнің әр түрлі сегменттерінің өзіне ғана тән уақыт ұзақтылығы болуы және оның неше түрлі факторлармен байланысты екені анық. Синтаксистік сегменттің физикалық ұзақтылығы оның құрамына кіретін дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктерімен байланысты екені дәлелденген. Мысалы, жақтың төмен түсуі арқылы жасалатын ашық дауыстылардың өзіне тән ұзақтылығы мол болады да, тілдің жоғары көтерілуінен пайда болатын қысаң дауыстылардың ұзақтылығы одан кем болатыны белгілі. Сол сияқты дауыссыздардың да артикуляциялық ерекшеліктеріне байланысты ұяң дауыссыздардың, әсіресе ызың дауыссыздардың қатаң дауыссыздармен салыстырғанда ұзақтылығы көбірек болады. Бұл жоғарыда келтірілген дауысты, дауыссыз дыбыстар өз ұзақтылық ерекшеліктерімен сөздерде, сөздерден құралған синтаксистік сегменттерде көрінеді де, солардың интонациялық ұзақтылығын бейнелеуге қатысады.

Интонация компоненттерінің бірі болып саналатын жоғарыда келтірілген ұзақтылығына әсер ететін, дәлірек айтқанда оны молайтатын

фактор ашық дауыстылардың ашық буында тұруы (*ба/ма*) болып табылады. Ал егер ол дауысты дыбыс жабық буында тұрса, оның ұзақтылығы шұғыл кемиді (*бас/нақ*). Сонымен қатар сөздегі дауыстылардың ұзақтылығы сол сөздегі буынның санына кері пропорциялы болады, яғни неғұрлым буынның саны көп болса, соғұрлым олардың ұзақтылығы кемиді. Мысалы, мына екі сөздің ұзақтылығын салыстырып қарауға болады: *ба/ла - ба/ла/лар/ға*. Бұл екі буынды және төрт буынды сөздердің ұзақтылығы бір-бірінен көп алшақ емес. Бір синтагманың ішіндегі сөздердің ұзақтылығына әсер ететін тағы бір фактор - сол синтагмадағы сөздердің біріне түсетін ой екпіні, дәлірек айтқанда сөздердің біреуінің акценттелуі. Ондай ой екпіні түскен, акценттелген сөз ең мол ұзақтылыққа ие болады.

Сөздегі, синтагмадағы, сөйлемдегі, яғни синтаксистік сегменттегі ұзақтылықтардың бәрі жиналып келіп жалпы сөйлеу тілінің *қ а р қ ы н ы н* бейнелеуге қатысады. Қарқынның өзіне тән лингвистикалық мәні бар. Сөйлеу тілінің қарқынына қарап, ондағы мазмұнның қандай екенін, яғни мағынасы зор ма, немесе шамалы ма, соны анықтауға болады. Мысалы, мазмұны зор информация мазмұны болмашы информациямен салыстырғанда баяу да салмақты қарқынмен айтылады. Кез келген ситуациядағы мәні мен қажеттілігі шамалы нәрсемен салыстырғанда, мәні зор, өзі қажетті, жаңа нәрсе уақытты да, еңбекті де көбірек керек ететін әдеттегі универсалды жағдайды алға тартуға болады.

Хабарлы сөйлем мен бұйрықты сөйлемнің қарқынын салыстырып қарасақ, бұйрықты сөйлем баяу да салмақты айтылады. Оның себебі бұйырушы өз сөзінің тындаушыға жетуімен ғана қанағаттанбай, оның орындалуын да керек етеді. Лепті сөйлемдер де баяулау қарқынмен созылық айтылады. Сөйлемдердің қарқыны олардың коммуникативтік түрлерімен, мазмұнымен және эмоциялық реңкімен тығыз байланысты. Мысалы, қуанышты, ашулы жағдайда ол жылдамдаса, ал депрессия жағдайында немесе салтанатты жағдайда баяулайды.

Интонацияның маңызды да белгілі компонентінің бірі - *п а у з а*. Сөз ағысында болатын кідірісті пауза дейді. Пауза мағынасына қарай физиологиялық, эмоциялық, ситуациялық, интеллектілік деген түрлерге бөлінеді. Паузаның лингвистикалық функциясы дегеніміз, оның бір бүтін мәтінді фразаларға, синтагма,

ырғақты топ, сөздерге бөлуі ғана болып қоймай, сонымен бірге интонацияның басқа компоненттерімен қосылып сөйлемдердің түрлі мазмұндық, эмоциялық т.б. қарым-қатынастарын анықтауға қатысуы деп айтуға болады. Паузаның мөлшері сөйлеу тілінің қарқынымен байланысты. Әдетте оның мөлшері сөйлеу қарқынымен тура пропорциялы болады. Фраза мен синтагманың паузалары сөздердің арасындағы паузалардан көлемдірек болады. Паузаның қай тілде болса да, сөйлем мүшелерін және сөздердің функцияларын анықтауда мәні зор.

Сөйлеу тіліндегі интонацияның паузасын синтаксистік сегменттердің арасында пайда болып, тоналды контурды шұғыл өзгертетін алдамшы пауза делінетін кейбір акустикалық компоненттерден ажырату керек.

Сөйлеу тілінде интонацияның нағыз паузасы мен алдамшы паузасынан да басқа хезитациялық вокалданған кідірістер кездеседі. Олар сөйлеушінің алдыңғы фразадан кейін келетін фразаны ойлауы үшін, немесе ол фразаның нәтижесін байқауы үшін қажет. Мұндай вокалданған кідірістердің просодиканың семиологиялық функциясына байланыстылығы дәлелденген. Егер вокалданған кідірістің тоны төмен болса, ол келісушілікті, ал жоғарыдан кенет төмен түссе, ол эмоциялық дәрменсіздік келісімді, керісінше төменнен жоғарыласа, - сұрақ пайда болғанын білдіреді.

Интонация компонентінің бірі *интенсивтілік*. Интенсивтілік басқа компоненттермен бірігіп қана мазмұнға ие болады. Интенсивтілік көбінесе дыбыстардың негізгі тон жиілігімен қосылып, сөйлемдегі сөздердің акценттелуіне қатысады. Сөйлемдегі сөз тізбектерінің бір сегментін акценттеу керек болса, сөйлеуші сол жердегі интенсивтілікті күшейтіп үдетеді. Бірақ интенсивтіліктің күшейтілгені құлаққа көбінесе дауыстың қатты шыққанындай болып естіледі. Дауыстың қатты шығуы тек интенсивтілікпен ғана емес, дауыстың негізгі тоны көтерілуімен де байланысты. Дауысты дыбыстардың интенсивтілігінің абсолюттік мәніне олардың артикуляциялық ерекшеліктері де әсер етеді. Қысаң дауысты дыбыстармен салыстырғанда ашық дауысты дыбыстардың интенсивтілігі мол екені экспериментті әдіспен дәлелденген.

Интенсивтілікке әсер ететін екінші фактор - дауысты дыбыстың синтаксистік сегменттегі орны. Сөйлемнің әр түрлі синтагмаларындағы интенсивтілікті зерттеу барысында мынадай жағ-

дай анықталды. Мысалы, синтагманың аяғындағы дауыстылардың интенсивтілігі оның басындағы дауыстылардың интенсивтілігімен салыстырғанда кем екені байқалады. Дауыстылар неғұрлым синтагманың аяғына жақын тұрса, оның интенсивтілігі соғұрлым азая түседі. Бұл жағдай сөйлемдегі интенсивтіліктің жалпы контурының әдетте жоғарыдан төмендейтінін көрсетеді. Егерде сол жалпы контурдың сызығында акценттелген сөздер болса, олар сонымен байланысты күшейеді. Сондықтан сөздің акценттелуі мен интенсивтілігінің арасында тығыз байланыс бар. Әдетте, логикалық акценттелген сөздің интенсивтілігі де мол болады. Бірақ сөздің логикалық акценттелуін интенсивтілік қана көрсетпейді, мұның басқа да фонетикалық тәсілдері бар. Оларға тонның көтерілуі мен ұзақтылық та жатады.

Сонымен сөйлемдердің немесе қандай да бір синтаксистік сегменттер интонациясының динамикалық контуры сол синтаксистік конструкцияның мазмұндық салмағы жөнінде де хабар бере алатыны анық. Мысалы, сөйлемдегі қыстырма сегменттердің динамикалық деңгейі төмендеу және бірсыдырғы болуы сол сегменттің семантикалық салмағының негізгі мағынаға қосымша ғана қызметін білдіреді. Мысалы: *Сол кезде, неге екенін кім білсін, оның жайдан жай жылағысы келді.*

Сөйлемнің интенсивтілігінің молаюы оның жалпы эмоциялық бояуының қоюлануымен тура пропорциялы болады. Адамның көңіліне жағымды әсер ететін, көңілін қотеретін эмоция әрқашан интонацияның интенсивтілігінің көтеріңкі және мол болуымен сипатталады да, ал көңілге жағымсыз, адамның ұнжырғасын түсіретін эмоция интонацияның интенсивтілігі мен жалпы деңгейінің төмендеуімен сипатталады. Әдетте, бұйрықты сөйлем мен лепті сөйлемнің интонациясының интенсивтілігі мен жалпы деңгейінің көтеріңкі болатыны белгілі. Әсіресе біріншісіндегі бұйыру актысы неғұрлым күшті болса, интенсивтілігі соғұрлым жоғары болады.

Экспериментті-фонетикалық еңбектерде жиірек қолданылатын интонацияның динамикалық өлшемдері көбінесе интенсивтіліктің деңгейі, интенсивтіліктің диапазоны және интенсивтіліктің ең жоғары мәні ретінде үш жақты қарастырылады.

Интонация компоненттерінің бірі *тембр* деп аталады. Тембр адамның әр түрлі көңіл-күйін, эмоциясын білдіретін интонация-

лық тәсіл. Тембр арқылы қуаныш пен реніш, ашу мен ирония, көңілдену мен мейірлену, сықак пен мысқыл т.б. сезімдер беріледі. Интонацияның басқа компоненттерімен салыстырғанда тембр аз зерттелген. Мұның себебі тембрдің сөйлемдегі таза мағыналық рөлінің жоқтың қасы болуымен байланысты. Ол көбінесе сөйлемнің эмоциялық мазмұнын беруге қатысады. Ал акустикалық деңгейде алып қарасак, тембр спектрге сәйкес келеді. Тембрдің лингвистикалық функциясы әлі жете зерттелмегендіктен, оның барлық қызметі толық сараланбаған.

Интонацияның компоненттері тіл-тілдердің бәрінде қолданылатын универсалды просодикалық тәсіл болып табылады. Бұл компоненттер негізінен тілдердің қай-қайсысында да сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай ажыратуға қатысады. Қай тілде болмасын интенсивтіліктің молаюы да, негізгі тон жиілігінің көтерілуі де адамның артикуляциялық аппаратындағы дауыс желбезегіне түсетін физиологиялық әсердің механизмімен автоматты түрде байланысты қаралатыны белгілі. Сондықтан да интонация компоненттерінің барлық тілдерде универсалды болуы - адамдардың сөйлеу аппаратының жалпы физиологиялық қасиеттерінің бірдейлігіне байланысты болса керек. Барлық тілдердегі синтагмалар арасындағы мағыналық қарым-қатынасты білдірудің универсалды әдісі болып интонацияның, яғни просодикалық тәсілдердің әуені, қарқыны, паузасы саналады. Мысалы, синтагманың соңғы сөзіне түсетін тонның бәсеңдеуі, тиянақты әуені барлық тілдерде сөздің аяқталуының белгісі болып табылады, ал фразаның соңындағы тонның көтерілуі аяқталмағандықты, тиянақсыздықты білдіреді. Барлық тілдерде де қарқынның баяу, “байсалды” болуы информацияның маңыздылығынан хабар береді, ал қарқынның жылдам, тез болуы оның маңызы, мәнінің шамалы екенін білдіреді.

Көптеген тілдерде бірдей болып келетін интонацияның қарама-қарсылықты, түсіндіру-анықтауды, санамалауды, логикалық белгілеуді, қыстырмалықты көрсететін просодикалық тәсілдердің бар екені белгілі. Олардың қолданылуында әр тілдің өзіне тән ерекшеліктері де болуы мүмкін.

Интонацияның эмоциялық түрлерінің әуені де тілдердің көбінде біркелкі не ұқсас болатыны белгілі. Бұған мысал ретінде жағымдылық пен жағымсыздықты, қуаныш пен ренішті білдіретін интонацияның әуенін алып қарауға болады.

Қуанышты, жағымды эмоцияның әуені жоғары регистрлі тонды болады да, ал ренішті жағымсыз эмоцияның тоны төмен, “ызғарлы” болып келеді. Бірақ, әрине, әр тілдегі просодикалық тәсілдердің көрінісі сол тілдің интонациясының жалпы ерекшелігіне байланысты болатыны анық. Мысалы, орыс тілі интонациясының әуеніне әсер ететін, оның ерекшелігін түзетін осы тілдегі сөз екпіні екені белгілі. Орыс тілінің бұл әмбеорынды жылжымалы сөз екпінінің сөздердің морфологиялық формаларын ажыратуда ғана емес, олардың негізгі мазмұнын анықтаудағы мәнін айтуға болады.

Ал қазақ тілін алатын болсақ, мұнда әр сөзге түсетін екпін жоқ екені белгілі. Қазақ тілінде, француз тіліндегі сияқты синтагманың соңғы сөзіне түсетін синтагмалық екпін бар екені экспериментті түрде дәлелденген.

Сонымен, түрлі халықтардың сөйлеу тілінде интонацияның компоненттері, басқаша айтқанда просодикалық тәсілдері әр түрлі қатынасқа түседі. Ал қандай жағдайда және қайсы тілде болса да, аталған просодикалық тәсілдердің қайсысы қалай қолданылуы сол тілдің интонациясының ерекшелігіне байланысты.

8.4. ИНТОНАЦИЯНЫҢ СИНТАКСИСКЕ ҚАТЫСЫ

Кез келген тілдегі сөйлемнің барлық түрлерінде оның құрылымының бір компоненті міндетті түрде интонация болуы шарт. Интонацияның көрінісі тек сөйлем мен мәтінге байланысты болғандықтан, интонация сөйлем мен мәтіннен тыс ешбір қажетті өтей алмайды. Таза интонацияны тек екі жағдайда ғана байқауға болады: біріншісі, біз тілін түсінбейтін шетелдіктің сөзін тыңдаған уақытта. Тілін білмегендіктен, сөздерін түсінбегендіктен, біз оның сөйлеген сөзінің интонациясын ғана аңдаймыз, естиміз. Екіншісі, қабырғаның не терезенің арғы жағында сөйлеп тұрған адамның сөздерін толық естімеген, түсінбеген жағдайда. Оның сөйлеген сөздерінің интонациясына, әуеніне қарап жалпы мағынасын жорамалдауға болады.

Жалпы алғанда, интонация сөйлемде, мәтінде көрініс табады. Ал ондағы синтаксистік және интонациялық мағыналардың өзара байланысын анықтау үшін оларға ортақ критерийлерді айқындау керек, мысалы тәуелділік-тәуелсіздік және аяқталу-аяқталмау. Жалпы интонацияның жоғары көтерілетін түрі - мазмұнның бағының-

қылығы мен аяқталмағанын білдіреді де, ал интонацияның төмендейтін түрі - мазмұнның басыңқылығы мен аяқталғанын көрсетеді.

Интонация мен синтаксиске қатысты басты факторлардың бірі ретінде олардың сөйлемдегі сөздердің өзара қарым-қатынастары мен байланысу тәсілдерінде көрінетінін айтуға болады. Жай сөйлемде болсын, құрмалас сөйлемде болсын интонацияға әсер ететін, оны түрлендіретін елеулі факторлардың бірі - синтаксистік бірліктердің бір-бірімен салаластық немесе сабақтастық қатынаста болуы.

Сонымен, сөйлеу тіліндегі синтаксистік конструкциялардың аяқталған-аяқталмағаны, олардың пауза арқылы бөлінуі, осы конструкциялардың интонациясының әуені, қарқыны, ұзақтылығы, тағы басқа компоненттері олардың мазмұнымен байланысты. Синтаксистік конструкция мен интонацияның байланыстылығын дәлелдейтін сөйлеу тіліндегі ең шағын үзінді (сөз бөлігі) - синтагма. Синтагма барлық тілдерге тән интонациялық-синтаксистік универсалды құбылыс. Қай тілде болса да, синтагма сөйлеу тіліндегі сөздердің мазмұны, олардың бір-бірімен логикалық қатынасы және сөйлеушінің ол қатынастарды пайымдап, тұжырымдауы арқылы сипатталады. Интонациялық формаға ие болған әр синтагма пауза арқылы бөлінеді де, бәрі қосылып бір сөйлемде күрделі интонациялық контурды сызады. Егер сөйлемдегі сөз тіркестерінің синтаксистік мазмұны жеткілікті болмаса, олар синтагма бола алмайды. Мысалы: *Біз ертең ауылға кетеміз.* Бұл сөйлем паузамен бөлуге келмейді. Бұл сөйлем бір синтаксистік мазмұнға ие болып, басыңқылықты білдіретін, бәсеңдеп барып аяқталатын интонациямен ерекшеленеді. Егер осы сөйлемге ондағы сөздердің мағынасына байланысты келетін басқа сөздер қосып, оның құрылымын кеңейтсек, бұл құрылымға жаңа сөздер өз мазмұнын да қосатын болғандықтан, сөйлемдегі синтаксистік мазмұнның көлемі ұлғайып, бірнеше жеке синтагмаға жіктеліп, әр синтагма өздеріне тән интонациямен айтылатын болады. Мысалы: *Біз бәріміз // ертең сағат сегізде // өзіміздің ауылға // жаяу кетеміз.*

Бұл - жоғарыда келтірілген бірінші мысалдан жасалған жайылма сөйлемнің әр түрлі байланыстағы сөз тіркестерінен құралған бөліктері әрқайсысы жеке синтагма болып, олардың алдыңғылары бағыныңқылықты, аяқталмаған-

дықты білдіретін, өзінің аяқ жағына қарай көтерілетін интонациямен айтылса, ал соңғысы - баяндауыш құрамы басыңқылықты білдіретін, аяқталатын, бәсеңдейтін интонациямен өрнектеледі.

Сонымен, көтерілетін интонация сөйлемнің басында, ортасында келетін синтагмаға тән болса, бәсеңдейтін интонация сөйлемнің соңында келетін синтагмаға тән болады. Мұндай сөйлемдегі синтаксистік мазмұнмен интонациялық мазмұнның бірдей, яғни барабар болуын синтагманың вариантсыз конструкциясы дейді.

Қазақ тілінің сан алуан синтаксистік-коммуникативтік құрылымдарында интонация және оның бірліктері мен компоненттері тиісті орын алып, олар өзара күрделі де әр түрлі қатынастарға түседі. Интонацияның қазақ тілінің конструктивті-синтаксистік, яғни статикалық - жазба түрінде де, коммуникативті-синтаксистік, яғни динамикалық - ауызша түрінде де өз көріністері мен белгілері бар және олардың алатын орны ерекше екенін айту керек.

Мұны сөйлемнің жазба түрінде ешбір техникалық әдіссіз-ақ көзбен көріп, құлақпен естуге болады. Мысалы, бастауышы да, баяндауышы да қосымшасыз түбір сөздерден жасалған жай сөйлемдердегі есім сөздердің бастауыштық - баяндауыштық функциялары, олардың сөйлемдегі белгілі бір орын тәртібімен ғана (бастауыш - бірінші, баяндауыш - екінші) анықталмайды, ең алдымен бұлардың сөйлем құрап тұрғанын және оның біріншісі - бастауыш, екіншісі - баяндауыш болып тұрғанын осы сөйлемге тән интонация анықтайды. Мысалы: *Ол - студент,* (сөйлемнің құрылымдық схемасы S-P немесе N-N) деген сөйлемді алайық. Бұл сөйлемнің бастауышы (*Ол*) мен баяндауышы (*студент*) пауза арқылы екіге бөлініп, жай хабарлы сөйлемге тән соңына қарай баяу төмендейтін көтеріңкі-бәсең интонациямен айтылып тұр, сондықтан да бұл екі сөзден тұратын жалаң сөйлемнің әр мүшесі бір ырғақты топқа, синтагмаға тенеліп тұрғаны анық. Осы сөйлемнің интонациясының реңкі өзгертіліп айтылса, ол сөз күйінде тұрып, ешбір құрылымдық өзгеріссіз-ақ басқа эмоциялық мағынаға ие болады. Мысалы, *Ол - студент* деген сөйлемнің интонациясын хабарлы жай сөйлемнің соңына қарай баяу төмендейтін көтеріңкі-бәсең түрінде емес, бастауышы мен баяндауышы алғашқыдағыдай паузамен бөлінгенмен, бірақ баяндауышы төмендемей бастауышпен бір деңгейде, жоғары; сондай-ақ баян-

дауышының айтылу ұзақтылығы басымырақ және жоғарырақ келетін жеңіл тонда өрнектесе, онда сөйлемнің эмоциялық мағынасы көтеріңкі болып, мақтанышты, қуанышты білдіреді. Яғни “ол бұрынғыдай мектеп оқушысы емес, енді оның студент” екенін, есейіп, бұрынғыдан жоғары мәртебеге ие болғанын білдіреді. Ал егер *Ол - студент* деген сөйлем тоны төмен, бастауышы мен баяндауышының айтылуы ұзағырақ, тембрі мысқылды интонациямен айтылса, онда оның, яғни субъектінің нақты жағдайда студент болғаны орынсыз (студенттікке лайық емес) екенін көрсетеді.

Енді жоғарыдағы сөйлемнен өзгеше *Ол студент // сабаққа келмей жүр* (S-Vf не N-Vf) деген сөйлемнің айтылу интонациясының ерекшеліктерін қарап көрейік. Бұл екі ырғақты топтан, яғни екі синтагмадан құрылған, бастауышы мен баяндауышы паузамен бөлініп, бастауыш тобы болып тұрған сөз тіркесінің *Ол студент* (есімдік *ол* - анықтауыш, зат есім *студент* - анықталушы сөз) айтылу ұзақтылығы, жалаң сөйлемнің *Ол* деген жалғыз сөзден болған бастауышының айтылу ұзақтылығымен барабар келетін сөйлем болады. Сөйлемнің жалпы интонациясын алып қарасақ, екі ырғақты топтың арасындағы паузасы тым қысқа, шамалы ғана болады. Сондай-ақ, баяндауыш болып тұрған екінші ырғақты топтың басы мен бастауыш болып тұрған ырғақты топтың соңы бір тоналды деңгейде беріліп, баяндауыш болып тұрған ырғақты топ соңына қарай төмендегенмен, бас жағы акценттеліп нық айтылып тұр. Келтірілген сөйлемнің интонациялық сызығы оның жалпы коммуникативтік мағынасының кінәлаушылықты білдіріп тұрғанын көрсетеді.

Ол студент // сабаққа келе алмай жүр деген сөйлемнің екі ырғақты тобының арасындағы паузасы алдыңғы сөйлеммен салыстырғанда ұзағырақ, ал осы алдыңғы сөйлемдегідей үш сөзден емес, төрт сөзден тұратын баяндауыш тобының айтылу ұзақтылығы - алдыңғы сөйлемнің баяндауышымен бірдей берілген және көтеріңкі айтылып акценттелген сөз сөйлемнің аяғына жақын орналасқан. Бұл сөйлемнің интонациясының мағынасы аяу, есіркеуді білдіреді “*келе алмай жүр*”.

Сонымен, интонация компоненттері әртүрлі коммуникативтік, эмоциялық мазмұнға ие болып, сөйлем ішінде өзара қатынастарға түсіп, сөйлемнің жалпы мазмұны мен эмоциялық ренкін түрлендіруде айрықша қызмет атқарады.

Қазақ тілінде бастауышы мен баяндауышы сөйлемнің предикативті өзегін құратын екі

құрамды сөйлемдермен қатар бір ғана тұрлаулы мүшесі бар, яғни не бастауыштан, не баяндауыштан ғана тұратын бір құрамды сөйлемдер де бар екені белгілі. Олар баяндауыш құрамынан болатын жақсыз сөйлем, жалпылама жақты сөйлем дейтіндер және бастауыштан ғана (бастауыш құрамынан) тұратын атаулы сөйлемдер. Егер де олар жеке есім сөздерден, не есімге бағынышты сөз тіркестерінен болып айрықша сөйлемдік интонациямен айтылса, атаулы сөйлем болады. Мысалы: *Көктем. Көкөрай шалғын. Сайраған құстар*. Бұлар “S” не “N” деген формуламен жазылады. Атаулы сөйлемдер әдетте осы шақта тұрып, айналада, өмірде қазіргі ситуацияда болып жатқан объективті құбылыстарды атайды. Бұл атаулы сөйлемдерді сөйлем қатарына қосып тұрған жалпы сөйлемнің үш белгісінің бірі болып табылатын интонация ғана.

Соңғы кезде атаулы сөйлемнің тағы бір түрі деп вокативті сөйлемдер айтылып жүр. Вокативті сөйлем деп өзіне ғана тән тоны, ұзақтылығы, акценттелуі бар айрықша интонациямен айтылатын, екі ара сөйлеушілерге ғана белгілі, ерекше предикативті маңызы бар, қаратпа сөздерді айтады. Мысалы, анасы баласына қарап: *Бұл істеп тұрған ісің дұрыс емес деп, қанша айтамын* деген сөйлемді жалғыз ғана ерекше интонациямен айтылған *Ба-а-ла-ам!* деген қаратпа сөзбен-ақ білдіреді. Бұл жерде *Балам!* - деген қаратпа сөз жоғарыда аталған компоненттерімен бірге айрықша интонация арқылы сөйлем деңгейіне көтеріліп, сөйлем мазмұнына ие болып тұр.

Мұндағы интонация компоненттерінің рөлі мен көрінісі - баса атап кететін жайттардың бірі: *Балам* деген вокативті сөйлем болып тұрған сөздің әр буынының айтылу ерекшелігінің мәні зор, бірінші буын көтеріңкі тонмен интенсивті айтылса, екінші буын нық акценттеліп созылыққы айтылып барып тоқтайды.

Қазақ тілінде бастауышы жоқ, жалғыз баяндауыштан тұратын бір құрамды сөйлемдер де бар. Мысалға жалғыз етістіктен тұратын сөйлемді алып қарайық: *Білеміз* (құрылымдық схемасы Vf₁pl) деген сөйлем (ешбір өзгеріссіз) интонациясына қарай түрлі мағынаға ие болуы мүмкін. Мысалы, бұл сөйлем жай, саябырлы орта деңгейлі тонмен айтылса, хабарлы жай сөйлем болады. Ал жоғары, жеңіл тембрлі, жарқын тонмен айтылса, қуанышты, ризашылықты білдіретін сөйлем болады. Егер де бұл сөйлем созылыққы, ұзағырақ, төмен тонды, зілді тембрмен айтылса, онда жақтырмағандықты, кекесінді, мысқылды білдіреді: “Сенің немесе оның кім екенін білеміз” деген сияқты мағынада қолданылады.

Сонымен, интонацияның тоны, ұзақтылығы, интенсивтілігі, тембрі тағы да басқа компоненттерінің қасиеттері сөйлемнің коммуникативтік, эмоциялық мағынасына зор әсер етіп, оны өзгертіп және түрлі реңкке бояп отырады.

8.5. ЖАЙ СӨЙЛЕМНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ТҮРЛЕРІНІҢ ИНТОНАЦИЯСЫ


Жай сөйлемдер айтылу мақсатына қарай төртке бөлінеді. Олар: хабарлы, сұраулы, бұйрықты және лепті сөйлемдер. Бұл сөйлемдердің құрылымдық ерекшеліктерімен қатар, олардың бір-біріне ұқсамайтын интонациялық көріністері де бар.

8.5.1. Хабарлы сөйлемнің интонациялық ерекшеліктері

Қазақ тілінде де басқа тілдер сияқты хабарлы сөйлемдер (Л.Щербаның пайымдауына сүйенсек) бір мүшелі және екі мүшелі болып екіге бөлінеді. Бір мүшелі хабарлы сөйлем қанша синтагмадан тұрса да, ішкі мазмұнында логикалық қайшылығы жоқ, біртұтас семантикалық, интонациялық бірлік құрайды. Мысалы: *Демалыс күні еді (Мұстафин). Қара қазан үш жерден құрылған (Сонда). Бәрі орындарынан тұра бастады (Әуезов). Күн ұясына кіріп бара жатыр (Мұстафин). Тары әңгімесі ұзаққа созылды (Сонда). Күн қызыл арай шатырынан жаңа ғана шыға бастады (Сонда).*


Келтірілген мысалдардың бәрі дерлік тұрлаулы мүшелері түгел, екі құрамды бір мүшелі хабарлы сөйлемдер. Бұлардың интонациялық әуені басында аздап көтеріліп, негізгі тон жиілігі сөйлемнің мағыналық өзегінде молайып барып, содан кейін жайбарақат төмен түсіп барып тынады. Бір мүшелі хабарлы сөйлемдер көбінесе орта тоналды регистрде айтылады да, тоналды диапазоны мен интервалы шамалы болады. Әуеннің сөйлем соңында бәсеңдеуі де интенсивтіліктің азайып минималды мәнге ие болуымен байланысты. Интенсивтілік пен негізгі тон жиілігінің сызығы да өзара бір-бірімен пропорционалды болады. Бір мүшелі хабарлы сөйлемдер орташа интенсивтілікпен ерекшеленеді. Мұндай сөйлемдердің аяғына қарай қарқынның жылдамдауы мен ұзақтылықтың сәл ғана молаюы байқалады. Ой екпіні түскен сөз басқа сөздермен салыстырғанда молырақ ұзақтылықпен айтылады. Сөйлемнің

айтылу қарқыны олардың көлеміне қатысты. Сөйлем қарқынының жылдамдығы - буындар санының көбеюімен байланысты (1-сурет).



1-сурет. Бір мүшелі хабарлы сөйлемнің интонациялық сызығы

Егер де бір мүшелі сөйлем бірнеше ырғақты топтан тұрса, топ ішіндегі сөздер екпінмен белгіленбей, ырғақты топтың соңғы буыны акценттеліп мол ұзақтылықпен айтылады. Мұндай сөйлемдердің интонациясы біркелкі, жай толқынды әуенмен ерекшеленеді. Ырғақты топтар арасының паузамен бөлінуі міндетті емес (2-сурет).




2-сурет. Бір мүшелі үш ырғақты топтан тұратын хабарлы сөйлемнің интонациялық сызығы

Екі мүшелі хабарлы сөйлемдерде сол екі мүшенің арасында әдетте өзара мазмұндық тайталастық немесе қалайда теңдесуге бағытталған бір бәсекелестік байқалады. Бұл жағдай сөйлемдердің интонациялық сызығынан да көрінеді. Екі мүше өз алдына бір-бір синтагма құрап, алдыңғысы соңына қарай көтеріңкі, кейінгісі соңында төмен айтылып, әрдайым паузамен бөлініп тұрады. Жазуда көбінесе екі мүшенің арасына сызықша қойылады. Кейде екінші, яғни соңғы мүше алдыңғы мүшеге мазмұны жағынан тайталас, бәсекелес болмай, оның мағынасына біраз түсініктеме не анықтама беруі де мүмкін.

Мысалы: *Қара тақтайсыз мұғалім - тебенсіз кемпір ғой (Аймауытов). Қыстай отынала алмай - мектеп азынап тұрды (Сонда). Бес жерде бес - жиырма бес. Оның емтиханды тапсыра алмағандығы - көп ауырғанының салдары. Абай мен Әйгерім өмірге лағнат айтқан адамдар сияқты емес, қайта күйін ұғып, қалын ойлағандай (Әуезов). Мал басын көбейтуге ерінбей еңбек сіңірген кісінің бірі - Жақыпбек еді (Мұстафин). Қарағанды облысы - еліміздегі ең қуатты да құнарлы өңірдің бірі ("Ана тілі" газеті).*

Екі мүшелі хабарлы сөйлемнің ішкі мазмұнының тайталас, бәсекелестігі оның мүшелерінің өзіне тән интонациялық өзгешеліктерінен де көрініп тұрады дедік. Мұндай сөйлемнің әр мүшесі қанша синтагмадан тұрса да, олар әрдайым паузамен бөлінеді. Хабарлы сөйлемнің бұл түрінің екі мүшесі паузамен бөлініп қана қоймай, оның ара жігі едәуір тоналды интервалмен дараланады. Алдыңғы мүше, яғни бірінші синтагма болып тұрған мүшенің интонациясы аяқталмағандықты көрсетіп, интенсивтілігі молаюмен ерекшеленсе, екінші синтагманың тоналды контуры төмендеп, аяқталғанды көрсетіп, баяу қарқынмен қатар, шамалы интенсивтілікпен айтылады (3-сурет).



3-сурет. Екі мүшелі, екі синтагмадан тұратын хабарлы сөйлемнің интонациялық сызығы

Сонымен, хабарлы сөйлемнің бір мүшелісі тиянақты бір интонамамен сипатталса, ал екі мүшелісінің бірінші компоненті тиянақсыз интонама, екінші компоненті тиянақты интонама арқылы айтылады.

8.5.2. Сұраулы сөйлемнің интонациялық ерекшеліктері

Сұраулы сөйлемдер оған қойылатын сұрақтардың мазмұнына қарай әр түрлі болады: ашық сұрақ (тура сұрақ), күмәнді сұрақ, қарсы сұрақ, риторикалық сұрақ.

Сұраулы сөйлемдердің түр-түрлерінің интонациялық ерекшеліктері олардың мазмұнымен және жасалу әдістерімен тығыз байланысты.

1. Ашық сұрақ көбінесе біреудің я бірдеменің жайынан хабар алу үшін, я оның бар-жоқтығын білу үшін диалогтарда қолданылады. Мұндайда сөйлеуші тыңдаушыдан жауап күтеді: *Аман-есен оралдың ба? - Шүкір (Нұрпейісов). Кім болып істейсің? - Ревизормын. (Әлімқұлов) Атың кім? - Қайырғали (Мүсірепов). Соғыста ең қауіпті нәрсе не? - Паника, қазақшалап айтқанда - ала үрей (Ана тілі). Астықтың өнімі қалай? - Жаман емес (Қазақ әдебиеті). Жақсы хабар бар ма? - Бар (Мұстафин).*

2. Күмәнді сұрақ. Белгісіз, күмәнді жағдайды анықтау үшін қойылады. Мұндай әрі сұраулы, әрі күмәнді сөйлемдердің баяндауыштарының құрамында *ма/ме, ба/бе* сияқты шылаулармен қатар *екен, шығар, ау, ә* деген шылаулар болады. *Сол жаққа мен де барсам ба екен? Мына мың болғыр бой бермей кетер ме екен? (Сланов). Ол келе алмай қалған ғой, ә? Мүмкін, біздің тексіздігіміз де осыдан басталған шығар? (Ана тілі). Жалғыз басты болсаңыз жан бағарсыз, ал бала-шағаңызға ол табысыңыз да жете қояр ма екен? (Қазақ әдебиеті). Ол бүгін келер ме екен?*

3. Қарсы сұрақ. Кейде сұраулы сөйлемдерге тура жауап берілмей, сұраққа сұрақ түрінде қолданылған жауап қарсы сұрақты білдіреді. *Біздің ауылға барасың ғой, қызым? - Бармағанда қайтем? (Сәрсенбаев). Сен балаң болуын тілейсің бе? - Баланың керегі не? Біреуге өлтірткізу үшін бе? (Жұмабаев). Сонда ол не дейді? - Шынымен солай деді ме? (Сонда).*


4. Риторикалық сұрақ. Кейбір сұраулы сөйлемдер жауап күту мақсатымен айтылмай, бірдеңенің жайын хабарлау мақсатымен де айтылады. Риторикалық сұраулы сөйлемдер көркем әдебиетте жиі қолданылады.

*Кеш, тәңірім, болса сөзім пендешілік,
Мінекей, айқын зұлым, қайда әділдік?
Соншама кең рақметтен құр тастайтын,
Баласы алты алаштың - біз не қылдық?*

*Бір жауыз сөндірмек пе әлде нұрын?
Үстіңе кигізбек пе қара құрым?
Жоқ әлде қазіргімен жұмысың жоқ,
Қайғыға түсіре ме өткен күнің?*


(Жұмабаев).

Экспериментті зерттеулерге сүйене отырып, (ма/ме, ба/бе, па/пе) шылаулар арқылы жасалған ашық сұраулы сөйлемдердің интонациясын қарасақ, негізгі тонның сол шылау жалғанып, мағыналық өзек болып тұрған баяндауышқа дейін көтерілумен қатар оның тон жиілігі мен интенсивтілігінің де біршама молаятыны байқалады. Сөйлемнің басы мен соңына қарағанда, оның ортасындағы сөз буындарының айтылу қарқыны жылдамырақ болады. Шылаулар арқылы жасалған сұраулы сөйлемдер көбінесе интонацияның негізгі тон жиілігінің орташа регистрінде орта интенсивтілікпен айтылады (4-сурет).




4-сурет. Шылау арқылы жасалған сұраулы сөйлемнің интонациялық сызығы

Сұрау есімдіктері арқылы жасалған сұраулы сөйлемнің интонациясы сол есімдіктердің сөйлемдегі орнына қарай құбылады. Сұрау есімдігі сөйлемнің басында тұрған жағдайда ол сөйлемде екі мағыналық өзек байқалады. Оның біріншісі логикалық акценттелген сұрау есімдігінде болса, екіншісі синтагманың аяғындағы екпін түскен сөзден көрінеді. Сұрау есімдігі арқылы жасалған сөйлемнің интонациясының жалпы контуры аяғына қарай бәсеңдейді де, кең диапазонмен ерекшеленеді. Мұндай ой екпіні сұрау есімдігіне түсетін сөйлемдегі мағыналық өзек әдетте негізгі тонның ең жоғары мәніне ие болады. Сөйлемнің соңындағы оның екінші өзегі мол ұзақтылықпен беріледі. Сөйлемнің жалпы айтылу қарқыны орташа болады (5-сурет).




5-сурет. Есімдік арқылы жасалған сұраулы сөйлемнің интонациялық сызығы

Сұраулы сөйлемдегі негізгі логикалық мазмұнға ие болатын сұрау есімдігінің орны өзгерсе, сөйлемнің интонациялық суреті де өзгеріп кетеді. Егер де сұрау есімдігі сөйлемнің аяғында болса, мұндай сөйлемнің әуені мағыналық өзектегі соңғы буынға дейін көтеріліп барып, шұғыл төмендейді. Мұндай сөйлем кең тоналды диапазонмен жоғары тоналды регистрде айтылады (6-сурет).




6-сурет. Есімдік арқылы жасалған сұраулы сөйлемнің интонациялық сызығы

Күмәнді сұрақтардың интонациясы баяу қарқынға және шамалы интенсивтілікке ие болады. Оның тоналды диапазоны едәуір болып, орташа регистрде айтылады да, жалпы контуры көтеріңкі және көтеріңкі-бәсең тонмен ерекшеленеді. Сөйлемнің басы мен аяғының тоналды интервалы орташа болып келеді, ал сөйлемнің интенсивтілігі тонмен бірге өзгеріп өзара пропорциялы болады (7-сурет).




7-сурет. Күмәнді сұрақтың интонациялық сызығы

Қарсы сұрақтың тоналды контуры аяғына дейін көтеріліп келеді де, соңғы сөздің ақырғы буыны ой екпінімен белгіленеді. Мұндай сөйлемнің тоналды диапазоны мен интервалы кең мәндермен ерекшеленеді. Қарсы сұрақ әдетте жылдам қарқынмен айтылып, орташалық интенсивтілікпен ерекшеленеді (8-сурет).



8-сурет. Карсы сұрақтың интонациялық сызығы

Риторикалық сұрақтардың тоналды контуры әр түрлі болып, әдетте көтеріңкі дауыспен айтылады. Ондай жауап күтуді білдіретін сөздер ой екпінімен белгіленеді. Әдетте, акценттелген сөз баяндауыштың қасында тұрады. Сұраулы шылаулар арқылы жасалған сөйлемдердің тоналды диапазоны және сөйлемнің басы мен аяғының интервалы орта болатыны, ал сұрау есімдіктер арқылы жасалған сөйлемдердің тоналды диапазоны және интервалы кең болатыны анықталды. Риторикалық сұрақтар баяу қарқынмен айтылып, оның интенсивтілігі акценттелген сөздерде молаяды (9-сурет).



9-сурет. Риторикалық сұрақтың интонациялық сызығы

Сонымен, сұраулы сөйлемдер сұраулы шылаулар арқылы және сұраулы есімдіктер арқылы жасалатын үлкен екі топқа бөлінеді. Сұраулы шылаулар мен сұраулы есімдіктер сөйлемдердің предикативтік (мағыналық) өзегіне айналады. Олардың интонациялық ерекшеліктері сұраулы шылаулы сөздер мен сұраулы есімдіктердің функциясы мен орнына байланысты.

Сұраулы сөйлемдердің жоғарыда көрсетілген екі түрінің ең негізгі ерекшелігі - максималды тонының әрқашан интонацияның мағыналық өзегінен көрінуі болып табылады. Интенсивтіліктің де негізгі тонның жиілігімен байланысты молаюы байқалады. Сұраулы сөйлемдердің сұрау шылаулары сөйлемнің соңында қолданылғанда негізгі тонның көтерілуі де сол шылаулармен байланысты болады. Ал сұраулы есімдіктері басында тұратын сұраулы сөйлемдердің тоны да жоғары басталып, соңына қарай бәсеңдейді.

Жоғарыда баяндалған сөйлемдердің интонациясы қазақ тіліндегі сұраулы интонацияның екі инварианты болып табылады. Сұраулы шылаулар арқылы жасалған сөйлемдер мағынасы мен құрылымына қарай жалпы сұрақ интонемасына жатады. Ал сұраулы есімдіктер арқылы жасалған сөйлемдер арнаулы сұрақ интонемасына ие болады.


8.5.3. Бұйрықты сөйлемнің интонациялық ерекшеліктері

Бұйрықты сөйлемдер етістіктің бұйрық және қалау райы арқылы жасалатыны белгілі. 1. Баяндауышы етістіктің бұйрық райының екінші жағында айтылған сөйлемдер көбінесе бұйрық, талап кейде үндеу мәнін білдіреді: *Тарт тілінді! Жоғал көзіме көрінбей! - деп Ысқақ кимелеп кетті (Ерубаев). Құлат мынау үйлерді! (Әуезов). Қалма! Апарып сал! (Сонда). Тысқа шығайық, жүр! (Сонда). Анау шиге қарай тарт! (Мұстафин).* 2. Бұйыруды білдіретін сөйлемдер етістіктерінің бұйрық райындағы баяндаушына -шы/-ші қосымшасын жалғау арқылы тілек, жалыныш не сыпайы түрдегі сөйлем жасауға болады. Мұндай сөйлемдер қалау мағынасында да айтыла береді: *Келші, қалқам, менің қасыма отыршы! Мына жұмысты тезірек бітірші! (Әбішев). Әйгерім, сен бері қарашы! - деді (Әуезов).*

Бұйрықты сөйлемді интонациялық айырмашылықтарына қарай екіге бөлуге болады. Олардың біріншісі - орындалуға тиісті, жалтаруға болмайтын қатал бұйрық болса, екіншісі - тілек, қалау не сыпайы түрде айтылған бұйрық.

Олардың біріншісіне жоғарыда келтірілген бірінші топтағы (1) мысалдар, екіншісіне - екінші топтағы (2) мысалдар жатады. Қатал бұйрықты сөйлемнің интонациялық ерекшелігіне оның көбінесе жоғары тонмен басталып, соңына қарай бәсеңдеуін, ал сыпайы түрде айтылған бұйрықты сөйлемнің ерекшелігіне біркелкі, орташа тоналды деңгейде айтылуын жатқызуға болады. Бұйрықты сөйлемдердің екі түрі де баяу қарқынмен мол интенсивтілікпен ерекшеленеді, ал акценттелген буыны мазмұндық өзек болып максималды тоналды мағынаға ие болады. Қатал бұйрықты сөйлемдердің тоналды диапазоны едәуір мол, тоналды интервалы да көлемді. Қалау не сыпайы түрде айтылған бұйрықты сөйлемдердің тоналды диапазоны мен интервалы орташа болып келеді.

ең соңғысы әрқашан тиянақты интонамаға ие болады. Схема түрінде бірыңғай мүшелердің интонациялық сызығын төмендегідей беруге болады (22-сурет).



22 сурет. Бірыңғай мүшелердің интонациялық схемасы

8.6. СӨЙЛЕМНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ БӨЛШЕКТЕРІ

Сөйлемдегі сөздердің бәрі бірдей үнемі дербес екпінге ие бола бермейді. Мысалы: *Ол жырларды айтатын адам жырышы деп аталады.* Бұл сөйлем үш акцентуациялық топқа бөлінеді: біріншісі - *ол жырларды*, екіншісі - *айтатын адам*, үшіншісі - *жырышы деп аталады.* Осындай мағына жағынан байланысты бір екпінмен айтылатын топ - ырғақты топ деп аталады. Ырғақты екпін бір сөз тобы мен екінші сөз тобының жігін ажыратып тұрады.

Әдетте ырғақты топтар синтагмалармен үйлесіп отырады. Кейде бір синтагма бірнеше ырғақты топқа бөлінеді. Ырғақты топтар ырғақты екпінмен жіктеледі. Ол жіктің арасы негізгі тон жиілігінің, қарқынның, интенсивтіліктің кенет өзгеруімен белгіленуі мүмкін де, олардың арасында әрдайым пауза болуы міндетті емес.

Қазақ тілінде сөйлемнің ырғақты топтарға бөлінуі көбінесе олардың мазмұнымен байланысты. Мысалы:

1. Кеше кешке /қонақ/ үйге келді. 2. Кеше кешке /қонақ үйге келді. Бірінші сөйлем үш ырғақты топқа бөлінеді. Екіншісі - екі ырғақты топтан тұрады. Бірінші сөйлем жақты, екіншісі - жақсыз болып шығады. Бірінші сөйлемде әңгіме қонақ туралы, ал екінші сөйлемде белгісіз біреу туралы. Мұндайда әр ырғақты топ бір-бірінен паузамен бөлініп, ырғақты екпінмен жіктеліп отырады.

Ырғақты екпінмен бірге (бір сөз тобы мен екінші сөз тобының жігін ажырататын) ой екпіні де қолданылады. Ой екпіні сөйлемдегі бір сөздің мәніне айрықша көңіл аударып, оны күшейтіп тұрады. Ой екпіні сөйлемнің мазмұнымен тығыз байланысты. Сөйлемнің мазмұны ой екпіні арқылы өзгеріп тұрады. Мысалы: “*Таңертең оқушылар мектепке кетті*” деген сөйлемді алып қарастырайық. *1. Таңертең мектепке //*

оқушылар кетті (басқа біреу емес, тек оқушылар).
2. Таңертең оқушылар // мектепке кетті (мектепке, басқа мекемеге емес). *3. Мектепке оқушылар // таңертең кетті (кешке емес, таңертең).*


Ой екпіні сөйлемді актуалды мүшелеудегі тема мен рема ұғымдарымен тығыз байланысты. Сөйлемді тема мен ремаға бөлгенде көбінесе сөйлемнің екі тұрлаулы мүшесі өзіне қатысты сөздермен бірге жүреді. Сөйлемнің мақсатына қарай оның кез келген мүшесі актуалды болады. Мысалы:

тема	рема
<i>Ертең біз өзіміздің ауылға</i>	<i>// жаяу барамыз.</i>
<i>Қалай?</i>	
<i>Ертең өзіміздің ауылға жаяу</i>	<i>// біз барамыз.</i>
<i>Кім?</i>	
<i>Біз өзіміздің ауылға жаяу</i>	<i>// ертең барамыз.</i>
<i>Қашан?</i>	

Жоғарыда берілген мысалдарда сөйлемнің бірінші парадигмасындағы рема қалай? деген сұраққа, екінші парадигмасындағы рема - кім?, ал үшінші парадигмасындағы рема - қашан? деген сұрақтарға жауап беріп тұр.

Жаңа информация актуалды мүшелерге бөлінген сөйлемнің ремасында болады. Ал темасындағы мазмұн сөйлеушілерге контекстен белгілі болуы керек. Қойылған сұрақтарға сөйлемнің ремасы жауап беріп, логикалық предикат болып, акценттеліп тұрады. Реманын жаңа мағына беретін акценттелген сөзі сөйлем соңындағы баяндауыштың алдына орналасады. Өзінше жеке синтагма болатын темаға жоғары көтерілетін тиянақсыз интонама тән болса, одан паузамен бөлініп тұрған рема мазмұнның аяқталғанын білдіретін баяу, төмен түсетін тиянақты интонамамен сипатталады.

Жай сөйлемдердің кейбір мүшелерін актуальды логикалық белгілеу кейде сөйлемдегі сөздердің орнын өзгертпей-ақ, интонациялық тәсілдермен жүзеге асырылады. Мұндай жағдайда логикалық белгіленген сөз өте анық акценттеліп, максималды интенсивтілікпен, ұзақтылықпен және ең жоғары негізгі тон жиілігімен ерекшеленеді. Мысалы: *Үміт шіркін кеудеңде шыбын жаның барда үзілмейді екен... Ол да анадан туған (Алпамыс батыр); Өзен! Өзен! Арғы қабақта жоғал жастыр. Ел жақын ғой! (Аймауытов).* *Ақбілек су жиегінде бірталай отырды. Су ағады да жатады, ағады да жатады, бір таусылуы жоқ, қатерді, өлімді білмейді. Еш нәрсені сезбейді (23-сурет).*



23-сурет. Логикалық акценттелген сөзі бар сөйлемнің интонациялық сызығы

Сонымен, қазақ тілінде ой екпіні екі түрлі амалмен белгіленеді: біріншіден, сөйлемдегі сөздердің дағдылы орнын ауыстырумен, яғни инверсиямен, екіншіден, сөйлемдегі сөздердің орнын ауыстырмай, сол қалпында қалдырумен жасалады.

Қорыта келгенде, жай сөйлемнің (хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті) құрылымдық-коммуникативтік түрлерінің, оқшау сөздердің, бірыңғай мүшелердің айтылу ерекшеліктерін көрсетуде және сөйлемді актуальды мүшелерге бөлуде интонацияның және оның компоненттерінің атқаратын рөлінің зор екені анықталды.

Сөйлемнің коммуникативтік түрлеріне байланысты қаралып, экспериментті-фонетикалық талдауға түскен интонация компоненттерінің, дәлірек айтқанда: негізгі тон жиілігі, тоналды диапазон, тоналды деңгей, қарқын, ұзақтылық, интенсивтіліктің - сөйлем мазмұнына тікелей қатысты екені дәлелденді. Неғұрлым сөйлемдегі мазмұн мол да салмақты болса, соғұрлым интонацияның жоғарыда келтірілген компоненттері өзінің максималды күшінде, деңгейінде айқын көрініс табады. Неғұрлым мазмұн шамалы болып немесе көмекші ғана рөл атқарып, тұрлаусыз болса, соғұрлым интонацияның тоналды диапазоны, қарқыны, ұзақтылығы мен интенсивтілігі шамалы, аз да көмескі мәндермен беріледі.

8.7. ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ИНТОНЕМАЛАРЫ

Сөйлемнің әр алуан құрылымдық-коммуникативтік түрлеріне жан-жақты экспериментті-фонетикалық зерттеулер жүргізудің нәтижесінде қазіргі қазақ тілінде 8 түрлі интонама бар екені дәлелденді. Сондай-ақ, 8 инвариант интонаманың бірнеше варианты болып, олардың бүкіл қазақ тіліндегі неше түрлі мазмұнды көрсететін әр алуан үлкенді-кішілі, жай

және күрделі, көп компонентті құрылымдардың интонациясының барлық түрлерін қамтитыны анықталды.

Кестеде сол 8 интонама мен инварианттары олардың варианттарының сызықтары берілген.

1. Екінші (2) тоналды деңгейден басталып, ой аяқталмағанын білдіретін **тиянақсыз интонама** жоғары көтерілетін тоналды сызықпен және орташа тоналды диапазонмен ерекшеленеді.

Мағына жағынан тиянақсыз интонама бірінші мүшесі екіншісіне қарсылас екі мүшелі жай сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдердің, сөйлемнің басында тұратын оқшау сегменттердің және бірыңғай мүшелердің аяқталмағанын білдіреді. Бұл интонаманың варианттары - үшінші (3) кейде төртінші (4) деңгейге дейін көтерілетін дөңес немесе ойыс сызықты тоналды контурлармен белгіленеді. Синтагманың аяқталмағанды білдіретін интонамасы аяғындағы сөздің ең соңғы буыны ырғақты екпінмен ерекшеленіп, созылықты айтылып, ең жоғары тоналды деңгейге ие болады.

2. Аяқталғанды көрсететін **тиянақты интонаманың** дөңес сызығы төмендеп барып бірінші (1) тоналды деңгейге дейін түсіп, орташа диапазонмен сипатталады. Аяқталғанды көрсететін варианттар екінші (2) немесе үшінші (3) тоналды деңгейден басталуы мүмкін. Егер тоналды контуры үшінші (3) деңгейден басталса, ол басында аздап көтерілген сияқты болғанмен, одан кейін төмен түсіп кетеді. Аяқталғанды білдіретін интонамада синтагманың соңы баяу қарқынмен айтылып, негізгі тон жиілігі мен интенсивтілігі ең минималды мағынаға ие болады.

Мағына жағынан тиянақты интонама хабарлы жай сөйлемдерде, екі мүшелі жай сөйлемдердің және құрмалас сөйлемдердің соңғы компонентінде, сонымен қатар сөйлемнің соңында орналасатын оқшау және бірыңғай сегменттерде кездеседі.

3. **Жалпы сұрақ интонамасы** екінші (2) тоналды деңгейден төртінші (4) деңгейге дейін көтеріліп, орташа тоналды диапазонмен ерекшеленеді. Сұраулы сөйлемдердің интонамасына жоғары көтерілетін тоналды контурларда болатын орташа диапазонды екінші (2) және төртінші (4) тоналды деңгейлер тән.

Бұл сөйлемдер интонамасы варианттарының контурлары жоғары көтерілетін дөңес және төмендейтін ойыс сызықтар болуы мүмкін.

Кейде тоналды контурдың соңы ақырындап төмендеуі ықтимал. Мұндай сөйлемдердің қарқыны мен интенсивтілігі сөйлемнің аяғына қарай баяулап, азаятыны байқалады.

4. Арнаулы сұраулы сөйлемнің интонемасының тоналды контуры дөңестен төмендейді және оның тоналды диапазоны едәуір болады. Инварианттың бұл моделінің басы үшінші (3) деңгейден басталып, төртінші (4) деңгейге дейін көтеріледі де, сонан кейін бірінші (1) деңгейге дейін түседі. Бұл модель варианттарының бір-бірінен айырмашылығы олардың тоналды басталу деңгейінде. Сөйлемнің бұл түрінің логикалық өзегі оның сұрау есімдігінде болып, сонымен қатар негізгі тон жиілігі де, ұзақтылығы да, интенсивтілігі де сол есімдікпен байланысты молаяды.

5. Қатал бұйрықтың интонемасына дөңестен шұғыл төмендейтін тоналды контур тән болады. Ол төртінші (4) тоналды деңгейден басталып, содан кейін кенет бірінші (1) тоналды деңгейге дейін түседі. Бұл модельдің тоналды диапазоны көбінесе кең, кейде орташа да болуы мүмкін. Варианттарының өзара айырмашылығы - олардың тоналды контурының басталу деңгейінде. Қатал, бұйрық райында тұрған сөз әрқашан ой екпінімен белгіленеді, оның ұзақтылығы мен интенсивтілігі ең жоғары мағынаға ие болады.

6. Сыпайы бұйрықтың интонемасының инварианты екінші (2) тоналды деңгейден басталып, төртінші (4) деңгейге дейін көтеріліп, соңғы жағы сәл төмендейді. Бұл инварианттың жалпы бағытына жоғары көтерілетін дөңес сызық тән болады, мұның тоналды диапазоны орташа. Сыпайы бұйрық интонемасының варианттарының тоналды контуры аяғына дейін көтеріңкі және көтеріңкі-бәсең болуы мүмкін. Сыпайы бұйрықты білдіретін сөз ой екпінімен белгіленіп, мол негізгі тон жиілігі және ұзақтылығымен ерекшеленеді.







7. Лепті сөйлемдердің интонемасы көтеріңкі-бәсең тоналды сызықтармен өрнектеледі. Олардың тоналды диапазоны орташа, кейде кең бола береді. Бұл модель түрлі-түрлі эмоцияны білдіретін болғандықтан, бұның интонациясы да әр түрлі болуы мүмкін. Бұлар екінші (2) үшінші (3) тоналды деңгейден басталып, төртінші деңгейге дейін көтеріліп, үшінші, екінші, бірінші (3,2,1) деңгейде аяқталуы мүмкін. Лепті сөйлемдердегі түрлі эмоцияны білдіретін сөздер


акценттеліп, мол интенсивтілікпен және ұзақтылықпен ерекшеленеді. Лепті сөйлемдерде тембрдің де атқаратын рөлі аз емес.

8. Қыстырма сегменттердің интонемасына дөңестен төмендейтін тоналды контур мен тар тоналды диапазондар тән болады. Кейбір варианттардың тоналды сызығы түзу контурмен ерекшеленеді. Қыстырма сегменттер шамалы интенсивтілікпен жылдам айтылады.


Анықталған интонемалар қазақ тіліндегі барлық стильдерден келтірілген мәтіндерде орын алады. Кейде сөйлемдердің құрылымдық-коммуникативтік түрлеріне үстемеленетін мазмұн мен эмоцияларға байланысты интонеманың варианттары құбылып, бірінің орнына бірі жүруі мүмкін. Бұл интонация мен грамматика бірліктерінің біріне бірі үнемі тікелей байлаулы болмайтынын көрсетеді.

Қазақ тілінің интонемалары





7-лепті



8-қыстырма сегменттер

8.8. КҮРДЕЛЕНГЕН СӨЙЛЕМ МЕН ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМНІҢ ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ СИНТАКСИСТІК ТҰТАСТЫҚТЫҢ ИНТОНАЦИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ тілінің синтаксисінде құрмалас сөйлемдер: салалас, сабақтас және аралас құрмалас деп бөлінеді. Соңғы кезде жай сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдер аралығында тұрған

үйірлі мүшелер деп аталатын күрделенген сөйлемдер қайсыбір зерттеулерде жай сөйлем құрамында қарастырылса, енді бір зерттеулерде құрмалас сөйлемдердің құрамында қарастырылады.

Ал күрделі синтаксистік тұтастықты алсақ, бұлар бір тақырыпқа байланысты бірнеше дербес жай және құрмалас сөйлемдерден тұратын, көп компонентті құрылымдар болып табылады.

8.8.1. Күрделенген сөйлемдердің интонациялық ерекшеліктері

Күрделенген сөйлем дейтіндердің есім қабыспалы оралымдар, есімше қабыспалы оралымдар және көсемшелі жанаспалы оралымдармен күрделенген үш түрі бар.

1) Аз мөлшерлі оралым, яғни есім қабыспалы оралыммен күрделенген сөйлемдер.

1. *Ішкі сыры берік **Ботагөз**//оған жолықты (Мұқанов).*

2. *Жүзінде әжімі көп **дала**//құтырынбай сұлық жатыр (Мүсірепов).*

3. *Биіктігі екі жарым кез, //көлденеңі төрт-ақ кез//тар **үңгірде**//төрт-ақ адам сыйып//жұмыс істей алады (Сонда).*

4. *Ой да жоқ, //үміт те жоқ, //ерік те жоқ//, билік те жоқ **Сандыбай**//қарғаның тұзын екі қолымен ұстап, //айнаға қарағандай жымыяп отыр (Сонда).*

Бірінші, құрылымы ықшам, есім қабыспалы оралыммен күрделенген екі сөйлем, /1,2/ әрқайсысы пауза арқылы екі синтагмаға бөлініп, өзіне тән көтеріңкі - бәсең толқынды интонациямен өрнектелген. *Пауза бірінші* синтагманы көмкеріп, көтеріңкі тонмен айтылып, есім оралымды өзіне бағындырып тұрған негізгі сөйлемнің бастауышынан (*Ботагөз, дала,*) кейін жасалған. Бастауыштың алдында келіп, онымен қабысу арқылы байланысып тұрған есім оралымына сұрақ қойсақ, ол басқа анықтауыштар сияқты “қандай” деген сұраққа жауап берер еді.

Үшінші, төртінші мысалдарда есім қабыспалы оралым біреу ғана емес, бірнешеу, бірыңғай мүшелер түрінде олар негізгі сөйлемнің зат есімнен болған мүшесіне (*үңгірде,*

Сандыбай) қабыса жалғасып тұр. Бұл мысалдардағы есім қабыспалы оралым бірнешеу және бірыңғай болғандықтан, олардың әрқайсысы жеке синтагма ретінде өзара кішірек паузамен бөлініп, соңғысы ғана негізгі сөйлемнің өзіне қатысты мүшесімен қабыса байланысып тұр. *Үшінші* мысалдағы есім қабыспалы оралымға *үңгірде* деген жатыс септігінде тұрған сөз қатысты болып “мекендік” мағынаны көрсетіп тұр, ал *төртінші* мысалдағы есім оралымға қатысты *Сандыбай* деген сөз, негізгі сөйлемнің бастауышы болғандықтан “кім?” деген сұраққа жауап береді. Бірнеше бірыңғай есім қабыспалы оралыммен күрделенген көп синтагмалы сөйлемдер өзара елеулі кідіріспен бөлініп, көтеріңкі-бәсең бірнеше толқынды интонациямен өрнектеліп, соңына

қарай төмендеп барып тынады. Мұндай бірыңғай есім қабыспалы оралымдармен күрделенген сөйлемдердегі алдыңғы синтагмалардың паузасы да, айтылу тоны да біркелкі, соңғы есімді оралым қабысқан негізгі сөйлемнің мүшесі акценттеліп, жоғары деңгейдегі тонмен айтылып, мол паузамен бөлінеді.

Келтірілген мысалдардағы алдыңғы көтеріңкі тонмен айтылатын сегменттері тиянақсыз және қыстырма интонемалардың варианттарымен

сипатталады, ал соңғы көтеріңкі-бәсең айтылатындары тиянақты интономаға жатады.

2) Күрделенген сөйлемдердің қазақ тілінде ең жиі кездесетіні және ең көлемдісі де - есімшелі қабыспалы оралымдармен күрделенген сөйлемдер.

Жоғарыда қаралған есім қабыспалы оралыммен күрделенген сөйлемдермен салыстырғанда, есімшелі қабыспалы оралыммен күрделенген сөйлемдердің көлемі де мазмұны да молырақ болады. Себебі есімше өзінің маңына мазмұнына қатысты сөздерді үйретіні белгілі. Мысалы:

1. Қолына ұзын құрық ұстаған *Дәрмен*//су бойын жағалай түсіп
тереңдігін өлшеді (Әуезов).

2. Енді міне адам қарарлық ажары қалмаған күміс *самауыр*//, масқара
болып келіп тұр (Мүсірепов).

3. Әдеп пен әдет дегеннің екеуі де//тар қыспаққа айналып кеткен *қазақ*
қызының //беті мен қолынан басқа денесі//көзге көрінген емес... (Сонда).

4. Көзіне тіршілік үміті елестеген *Амантай*//, жанып жатқан сарайдан
сырғып түсіп//,өзенге қарай жүгірді (Мұқанов).

Жоғарыда келтірілген барлық мысалдарда есімшелі қабыспалы оралым қанша көлемді болғанымен, өзі қабысқан акценттелген есімімен бірге бір синтагма құрайды да, соңына қарай көтеріңкі әуенмен орнектеліп, пауза арқылы сөйлемнің басқа мүшелерінен бөлініп тұрады.

Барлық мысалдарда да есімшелі қабыспалы оралыммен күрделенген сөйлемдерде есімшелі оралым өзі қабысқан сөзін анықтап, сипаттап тұр. Сондықтан бұлар анықтауыш - анықталушы мүшелер ретінде біртұтас мағыналық-интонациялық тұлға құрайды.

Есімшелі қабыспалы оралыммен күрделенген сөйлемдердегі осы оралым және оған қабысқан анықталушы сөзді, яғни тұтас бір синтагма құрап, мөлшерлі паузамен бөлініп тұрған сөздерді, сөйлемнің басқа мүшелерінен кейде үтір арқылы бөлу де кездеседі. Келтірілген мысалдардың *екінші* және *төртіншілері* түпнұсқадан өзгертілмей алынған. Бұл синтагмадан кейін үтір қою пунктуацияның ережелеріне сәйкес келмесе де, синтагманың көтеріңкі әуенмен мәнерленіп мөлшерлі паузамен болінуіне кепіл бола алады.

Бұл сөйлемдердің есімшелі қабыспалы оралымы мен оған қатысты акценттелген сөзі біртұтас синтагма құрап, сәл толқынды, соңына қарай көтеріңкі әуенмен айтылып, көлемді пауза арқылы болініп тұрады да, сөйлемнің одан кейінгі сөздері қосылып, арасында азын-аулақ кідірістері бар ырғақты топтар құрайды. Ең соңғы синтагма төмендеп барып саябырлайды.

Үшінші сөйлемнің есімшелі қабыспалы оралымының ішіндегі бірыңғай мүшелер (*әдеп пен әдет дегеннің екеуі де*) синтагма құрап өздеріне тән интонациямен мәнерленіп, азғана паузамен бөлініп барып, басқа сөздермен ұласып, анықталушы сөз тіркесімен (*қазақ қызының*) қабысып, көтеріңкі әуенмен орнектеліп синтагмаға тән мөлшерлі паузамен бөлінеді.

Есімшелі қабыспалы оралымдар да жоғарыда қаралған есім қабыспалы оралымдар сияқты бірыңғай мүшелер түрінде кездесе береді. Мысалы:

1. Қазіргі шақта жасы қырыққа тақалған//, бақ-дәулеті барынша шалқыған *Оспанның*// бір үлкен арманы бар (Әуезов).

2. Жолаушылар қозылары жамыраған//, иттері үріп шулаған//, құлындары шіңгірлеп кісінеген//, көп үнді, даңғаза болған ауылдың//, үстінен шықты (Сонда).

Жоғарыда келтірілген мысалдардың біріншісінде екі бірыңғай оралым, ал екіншісінде төрт бірыңғай оралым бар. Бірыңғай оралымдар анықталушы акценттелген сөздеріне (*Оспанның, ауылдың*) өздерінің ең соңғысының атау есімше формасымен қабысып, бірыңғай мүшелерге тән біркелкі сызықты, біркелкі әуенмен өрнектеліп біркелкі мөлшерлі паузамен айтылып тұр. Бірыңғай мүше түріндегі есімшелі оралымдар бәрі қосылып, өздеріне қатысты акценттелген

жоғарыда көрсетілген есім сөздерді сипаттап, анықтап тұр.

Жоғарыдағы мысалдарда бірыңғай мүшелер бір-бір синтагма құрап тиянақсыз және қыстырма интонемалардың варианттарына жатса, сөйлемнің соңғы синтагмасы тиянақты интонемамен сипатталады.

3) Көсемшелі жанаспалы оралымдармен күрделенген сөйлемдердің интонациялық ерекшеліктерін қарастырайық. Мысалы:

1. Баласының түксіп тұрған түрін көріп//орнынан түрегелді (Есенберлин).

2. Біз жаңбырдан қорғанып,// табалдырықтан ұзай алмадық (Әбдіқадыров).

3. Он шақты кісі жолдас ертіп // Абай Қарамолаға аттанбақ (Әуезов).

4. Баласының қолынан етікті жұлып алып, // есікке қарай лақтырып жіберді (Нұрпейісов).

Жоғарыда келтірілген барлық мысалдардан көретініміз көсемшелі қабыспалы оралым негізгі сөйлемдегі бастауышқа ортақ болып, соның іс-қимылының түрлі сипатын, амалын, себеп-салдарын, мақсатын т.б. көрсетіп тұр.

Бұлардың интонациялық ерекшеліктерін алып қарасақ, көсемшелі оралым көбінесе өзі күрделендірген сөйлемнің басында тұрып, өз алдына интонациялық-мазмұндық топ құрап, яғни бір синтагма болып, сөйлемнің басқа мүшелерінен пауза арқылы бөлініп тұр. Өз алдына бір синтагма болатын көсемшелі қабыспалы оралымның интонациялық сызығы шамалы көтеріліп барып, ең соңында пауза арқылы негізгі сөйлемнің басқа мүшелерінен бөлініп тұрады.

Көсемшелі оралымдары бар мысалдарда көсемшеге аяқталған бірінші синтагма тиянақсыз

интонеманың варианттарымен сипатталады да, соңғы синтагмасы тиянақты интонемаға жатады.

Жалпы қабыспалы, жанаспалы оралымдармен күрделенген сөйлемдердің интонациялық модельдері бір-біріне ұқсас келеді. Көбінесе сөйлемнің басында келетін оралымдардың интонациясы толқынданып келіп синтагманың соңына қарай көтеріліп, паузамен негізгі сөйлемнен бөлінеді де, одан әрі сөйлемнің басқа мүшелері де өзінің толқынды интонациясымен айтылып, соңында төмендеп барып тоқтайды.

Күрделенген сөйлемдердің жалпы интонациялық сызығы, өрнегі ұқсас болғанымен, қабыспалы (есім, есімшелі) оралымдардың жанаспалы (көсемшел) оралымдардан айырмашылығы - есім, есімшелі тіркестер өздері анықтап тұрған акценттелген анықталушы сөзбен қабысып, бірігіп, сонымен ортақ синтагма құрып,


әуені көтеріліп, сөйлемнің басқа мүшелерінен мөлшерлі паузамен бөлініп тұрады.

Тағы бір айта кететін жағдай - ол есімшелі қабыспалы оралымның өзі анықтайтын сөзбен бір синтагма құруы және оның айналасына бағынышты сөздерді үйіру ерекшелігінің басқаларға қарағанда аясының кең болуы. Есімшелі қабыспалы оралымдарда синтагмасы ұзақ болса да, қысқа болса да, оның айтылуына кететін уақыт бірдей болады. Ұзақ синтагманың қарқыны жылдамырақ, ал қысқа синтагманың қарқыны баяулау келеді.

Күрделенген сөйлемдердің құрылымдық-мағыналық түрлерінің интонациясын көбінесе мазмұны жоқ просодемалар ажыратады. Мысалы, есімшелі қабыспалы оралымдары бар сөйлемдердің акценттелетін сөзді қамтитын бірінші сегменті жоғары тоналды деңгейде көтеріңкі әуен мен мөлшерлі паузамен көмкерілсе, көсемшелі жанаспалы оралымдары бар сөйлемдердегі оралымдардың әуенінің көтерілуі мен паузасы шамалы болады.

Сайып келгенде, жоғарыда талданған, жан-жақты қарастырылған түрлі оралымдармен күрделенген сөйлемдердің жалпы интонациялық сызығын, өрнегін алып қарасак, олар бір-біріне ұқсас, бірыңғай болып келеді. Бәрінің де интонациясының сызығы көбінесе 2-ші, 3-ші деңгейде толқынданып, дөңгеленіп, синтагманың соңында ғана 3-ші деңгейден аз ғана асып шағын, паузамен бөлінеді. Ал сөйлемнің кейінгі мүшелерінің интонациясы толқынданып,

соңында 1-ші деңгейге төмендеп барып тынады. Бұл көбінесе біркелкі ирек-ирек болып келетін интонациялық сызық, қазақ тілінің жалпы интонациялық өрнегінің айырмашылығы болып, басқа тілдерден, мысалы сөздік екпінге сүйенетін, әр сөзде жоғарылы-төменді сызықтармен мәнерленетін орыс тілінің интонациясына ұқсамайтын, қазақ тілінің интонациялық ерекшелігін көрсететін модель (24-сурет).



24-сурет. Күрделенген сөйлемнің интонациялық схемасы

8.8.2. Құрмалас сөйлемдердің интонациялық ерекшеліктері

1. Бір-біріне бағынбай, тең дәрежеде салаласып, тиянақты түрде құрмаласқан сөйлемдер салалас құрмалас деп аталады. Олар екі түрге бөлінеді.

1) Құрамына енген жай сөйлемдердің жалғаулықсыз, іргелесіп құрмаласатын түрі.

2) Құрамына енген жай сөйлемдердің жалғаулықтар арқылы құрмаласатын түрі.

Құрамындағы жай сөйлемдер өзара бір-бірімен мағынасына және интонациясына қарай жалғаулықсыз құрмаласқан түріне мысалдар:

1. Құнанбай округті басқаратын приказдың бастығы//, Майбасар оның орынбасары болатын (Әуезов).

2. Кетерде Боржабай маған амандасқан жоқ, // мен оған амандасқан жоқпын (Мұқанов).

3. Күн жауып кетті//, оны елеген ешкім болған жоқ (Ахтанов).

Кейде жалғаулықсыз салаластың алдыңғы компонентінің баяндауыштары *еді, екен, емес* етістіктерін көмекшіге алып тұрады.

1. Сол өзеннің екі жағында//бұрын екі деревня бар *екен*, //қазір біреуінің орнында//екі үйдің мұржасы ғана тұр (Әбішев).


2. Өмірдегі көп күннің бәрі бірдей *емес*//; бір күн елеусіз өте шығады да, //кейбір күн өлгенше есінде қалады (Ерғалиев).

3. Тәңірберген бір рет тіл қатып *еді*, //Еламан үндемеді (Нұрпейісов).

Келтірілген жалғаулықсыз салалас сөйлемдердің бірінші тобы мен екінші (алдыңғы компонентінің баяндауышының көмекшілері бар) тобының айтылу интонацияларында біршама айырмашылық бар.

Бірінші топтағы жалғаулықсыз салаластардың компоненттері ара жігі үзілмей, алдыңғысы жоғары, кейінгісі бәсең айтылады. Бірінші сегменттің соңы көтеріңкі әуенмен өрнектелсе, екінші сегменттің басы да акценттеліп, мол интенсивтілікке ие болады. Екінші топтағы жалғаулықсыз салаластардың бірінші компонентімен екінші компонентінің ара жігінде шамалы пауза сезіледі. Ал, *екен, емес, еді* деген көмекші етістіктер ерген баяндауыштың тоналды деңгейі мен интенсивтілігі төмендеп, оларға кететін уақыт мөлшері көбейеді. Бұл жерде интонацияның компоненті болып табылатын пауза көмекші грамматикалық тәсілдермен бірігіп келіп бірін-бірі қолдап, бір арнада тұрады.

Жоғарыда келтірілген салаластардың жалпы тоналды деңгейлері біркелкі толқындалып, компоненттерінің ара жігінде интонациялық контур болымсыз және болымды тоналды интервалдармен белгіленеді (25-сурет).



25-сурет. Жалғаулықсыз іргелес салаластардың интонациялық схемасы

2) Салалас құрмалас сөйлемдердің компоненттері бір-бірімен жалғаулық шылаулар арқылы байланысса, жалғаулықты салалас сөйлем болады. Салалас құрмалас сөйлемдердің қалыптасқан мынадай түрлері бар: 1) ыңғайлас салалас; 2) қарсылықты салалас; 3) себеп-салдар салалас; 4) талғаулы салалас; 5) кезектес салалас. Мысалы:

1. Сөз осымен *бітті де*, // Алшымбай үйіне қайтты (Әбішев).
2. Қуып жеткен *көккөптер* // қоянды екі-үш рет шалып еді, // **бірақ** қояны құрғыр ауызға түсе қоймады (Мұқанов).
3. Малбағар мұны көрмек түгіл // естімеген еді, // **сондықтан** ол бұған біраз таңданды (Сонда).
4. Қашқалақтап жоламай жүрген өзін, // **әйтпесе** сені де үлде мен бұлдеге орай салудан // ештеңем кетпейді (Сонда).
5. Ел іші сапырлысып жатқан әскер: // **біресе** қызыл келеді, // **біресе** актың әскері келеді (Майлин).

Құрмалас сөйлемдердің қай түрлерінде болса да, оның компоненті саналатын сөйлемдер, мағыналық жағынан өзара тығыз байланысты болып тұрады. Олар бір-бірімен не мезгілдес, не себептес, не қарсылықты (т.б.) мағынада байланысады.

Екі компоненттің арасын байланыстыратын жалғаулықтар олардың мағыналық қатынасын көрсетеді. Ал жалғаулықсыз іргелес салаластардың мағыналық қатынастарын көрсетуде барлық күш олардың интонациялық тәсілдеріне түседі. Мұндайда интонацияның компоненті болып

саналатын қарқын, интенсивтілік, ұзақтылық, әуен сияқтылар қозғалысқа түсіп, әр түрлі қызмет атқарады және А.М.Пешковскийдің өтем заңы (закон компенсации) деген пікірін, яғни жалғаулықтар арқылы жеткізілмейтін мағынаны интонация арқылы жеткізуге болады деген ойын мақұлдайды. Тек қана пауза синтаксистік көмекші тәсілдермен бірігіп интонацияның маңызын үстемелейді.

Ал жалғаулықты салаластарда мағыналық қатынастарды көрсететін жалғаулықтар сөйлемнің қай жерінде болса да акценттеліп, молырақ

интонациялық параметрлермен ерекшеленеді. Әуені, ұзақтылығы, және интенсивтілігі көбінесе өзінің максималды мәндерімен сипатталады. Сондықтан жалғаулықтардың сөйлемнің бірінші компонентінің соңында келетіндері (*да, де, та, те*) оның соңында акценттеліп, ал сөйлемнің екінші компонентінің басында келетіндері (*сондықтан, әйтпесе, бірақ, сөйтсе де*) оның басында акценттеліп, әр компоненттің басында қайталайтындары (*не-не*) әрқайсысы өз орынында акценттеліп, компоненттердің бәрі пауза арқылы синтагмаларға бөлініп тұрады. Салалас сөйлемдерде жалғаулықтарының орналасуына қарай, олардың интонациялық келбеті де құбылады. Келтірілген мысалдардың компоненттерінің интонациясы біркелкі жай толқынданып, синтагмалардың аралары үлкенді-кішілі пауза-

лармен бөлініп, ең соңғы синтагмасы бәсеңдеп барып бітеді.

Сонымен барлық салалас сөйлемдердің соңғы сегменті тиянақты интонамаға ие болады, ал сөйлемнің басында және ортасында келетін сегменттері тиянақты, тиянақсыз және қыстырма интонаемалардың варианттарымен сипатталады.

II. Бірін-бірі бағындыра байланысатын сабақтас құрмалас сөйлемдер басыңқысы мен бағыныңқысының мағыналық қарым-қатынастарына қарай мынадай түрлерге бөлінеді: 1) мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем; 2) себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлем; 3) қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас сөйлем; 4) мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлем; 5) шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем; 6) қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем; 7) салыстырмалы бағыныңқылы сабақтас сөйлем. Мысалы:

1. Абай есікке жақындай бергенде, // оның қарсы алдынан Қазақбай шықты (Әуезов).

2. Алшынбай кірісем деген соң // Майырдың да ектей қоятын жері жоқ (Сонда).

3. Өдек үй ішінің қамын күйеуіне айтпай, // өзі басқарып кетті (Сонда).

4. Жолдасы көріп қалмау үшін // Өтеп басқа бөлмеге барып тасаланды (Әбішев).

5. Асбасшы Хасенді алсақ, // оның он екі пұт салмағы бар (Мүсірепов).

6. Бұл пікірге Масақбай қарсы болғанмен, // басқарманың өзге мүшелері // оны қабылдайды (Мұқанов).

7. Басқалар қандай қуанса, // ол да сондай қуанған еді (Әбішев).

Жоғарыда келтірілген түрлі бағыныңқылы құрмалас сөйлемдердің интонациялық сызығы біркелкі болып тұр: олардың бәрінің бағыныңқысы толқынданып келіп, синтагмаларға бөлініп, соңғы синтагманың аяғында көтеріліп, басыңқыдан паузамен бөлінеді. Басыңқы компонент көлемді болса, ол ырғақты топтарға бөлініп, толқынданып, соңғы ырғақты топтың аяғында төмендеп барып тынады. Сөйлемнің ара жігі болымсыз тоналды интервалмен белгіленеді, ал бағыныңқы сөйлемнің мазмұндық байланысты көрсететін соңғы сөзі

көбінесе акценттеліп, көтеріңкі тонмен, молырақ интенсивтілікпен және ұзақтылықпен ерекшеленеді. Сабақтастардың басым көпшілігі екі компоненті екі синтагма құрап, алдыңғысының интонациясы аяқталмағандықты білдіріп, соңына қарай жоғары деңгейде көтеріңкі айтылып, ал соңғысы ойдың аяқталғандығын білдіретін интонациямен бітеді.

Құрамында бір басыңқы, екі немесе одан да көп бағыныңқылары бар құрмаластар көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас деп аталады. Мұндай құрмалас сөйлемдер компоненттерінің

мағыналық қатынастарына қарай, әсіресе бағыныңқы компоненттерінің басыңқы компонентпен байланысу жолдарына қарай сатылы бағыныңқылы сабақтас және жарыспалы бағыныңқылы сабақтас болып екі түрге бөлінеді.

Сатылы бағыныңқылы сабақтаста әр бағыныңқы компонент басыңқы компонентпен тікелей байланыспай, өзінен кейінгі бағыныңқы компоненттер арқылы сатылап барып байланысады. Мысалы:

Саяхатшылар тақалған сайын, // Көкшенің сұлулығы айқындалып, //

Оқжетпес көзге еркін шалына бастады (Иманжанов).

Бұл сатылы бағыныңқылы сабақтастың компоненттері де әрқайсысы бір синтагма құрап, аз ғана паузамен бөлініп, синтагма соңы көтеріңкі әуенмен өрнектеліп, просодикалық тәсілдер біркелкілікпен ерекшеленеді.

Көп бағыныңқылы сабақтас сөйлемнің әр бағыныңқы компоненті тікелей барып басыңқымен байланысса, көп бағыныңқылығының ондай түрі жарыспалы бағыныңқылы сабақтас сөйлем болады. Мысалы:

Самайына ақ кіріп, // шеңбері кеңіп, // Ушаков толысуға айналған

(Мүсірепов).

Жарыспалы бағыныңқылы сабақтас сөйлемнің әр бағыныңқы компоненті - бір синтагма құрап, әуені соңына қарай көтеріліп, баяндауышы акценттеліп, басыңқысынан пауза арқылы бөлінеді. Бұл мысалдардағы бағыныңқы сыңарларының бәрі тиянақсыз интонамамен сипатталады да, ал басыңқысы тиянақты интонамаға ие болады.

мөлшерлі мәтіндерде және олардың үзінділерінің құрамында болады. Өзара байланысты күрделі ойды кейде күрделенген сөйлемдерде де, құрмалас сөйлемдерде де айтып жеткізу мүмкін емес. Мұндай жағдайда өзіне тән құрылымы мен интонациялық ерекшеліктері бар күрделі синтаксистік тұтастықтар қолданылады.

Жоғырыда келтірілген түрлі құрмалас сөйлемдердің интонациялық көріністері көбінесе біркелкі болып келеді. Демек, синтаксисте ажыратылатын түрлі күрделі мазмұнның интонацияда әрқашанда ажыратылуы міндетті емес. Көбінесе құрмалас сөйлемдердің құрылымдық-мағыналық түрлерін интонемалар емес мазмұны жоқ просодемалар ажыратады. Бұл жағдайда интонемалардың варианттарымен бірге вариациялары да көрініс табады.

Күрделі синтаксистік тұтастықтағы сөйлемдердің өзара мағыналық байланысы олардың лексикалық құрамынан да, өзара грамматикалық байланысынан да, интонациясынан да байқалады. Сондықтан да ортақ тақырып туралы ойдың өрбуін мәтін көлеміндегі, контекстен ғана байқап, көруге болады. Сонымен, күрделі синтаксистік тұтастықтарға енген дербес сөйлемдердің арасындағы тақырыптық-мағыналық қатынасты көрсететін лексика-грамматикалық және интонациялық ерекшеліктер мен тәсілдер бар екені белгілі. Сол тәсілдер мен ерекшеліктеріне қарап күрделі синтаксистік тұтастықтарды үшке бөлуге болады. Олар: 1) ілікпелі байланыс; 2) қатарластық, жарыспалы байланыс; 3) жалғаспалы байланыс.

8.8.3. Күрделі синтаксистік тұтастықтың интонациялық ерекшеліктері

Соңғы кезде тіл білімінде, бірнеше сөйлемнен тұратын мәтіндер зерттеле бастады. Құрмалас сөйлемдер жай сөйлемдер арқылы жасалатын болса, күрделі синтаксистік тұтастықтар бір тақырыпқа байланысты дербес жай және құрмалас сөйлемдерден тұрады.

1) Күрделі синтаксистік тұтастықтағы ілікпелі байланыста тұрған сөйлемдердің мағыналық қатынасын сөйлем ішінде қайталанып тұратын сөздер немесе сол сөздердің баламасы болатын есімдіктер көрсетеді. Мысалы:

Күрделі синтаксистік тұтастық түрлі

1. Қыстаудың қасында// үлкен тоғай болатын. 2. Ол тоғайда
тораңғыл, // жыңғыл, // жиде ағашы // және нар қамыстар өсетін. 3. Көп
жылдық жыңғылдар// үлкен терек ағаштар сияқты жуан//, бұтақтары көп
тармақты, // көлемді болады. 4. Жыңғылды қыста// сексеуіл сияқты//отын
есебінде пайдаланады. 5. Оның жылуы// сексеуілден кем түспейді. // 6. Тоғайда
түрлі жабайы аңдар жүреді. 7. Оның ішінде// жабайы шошқа, // қасқыр, //
қарсақ, // қояндар болатын. 8. Құстардан онда// қырғауыл көп болатын.
9. Қыстың күні тоғайға// аңшылар шығатын.

Бұл 9 дербес сөйлемнен тұратын күрделі синтаксистік тұтастық бір “тоғай” деген тақырыпқа байланысты болып, сол тақырыпты жан-жақты өрбітіп тұр. Мұндағы сөйлемдер өзара ілікпелі байланыс арқылы байланысып тұр. Ілікпелі байланыс сөйлемдердің арасындағы мағыналық қатынастар оларға ортақ сөздердің немесе сол сөздердің орнына айтылып тұрған есімдіктердің (бәрі қара жазумен берілген) қайталанып айтылуынан көрінеді. Келтірілген мысалдағы 9 дербес сөйлемді бір синтаксистік тұтастықта ұстап тұрған - олардың қайталанып тұрған сөздері мен интонациялық ерекшеліктері. Бұл күрделі синтаксистік тұтастық бір абзац құрап тұр.

Ал интонациялық ерекшелігіне келсек, тұтастыққа енген дербес сөйлемдер жай хабарлы сөйлемдердің, бірыңғай мүшелердің интонациялық моделімен айтылып, тиянақсыз және тиянақты интонемаларға ие болады. Тұтастыққа енген жеке сөйлемдердің арасындағы паузалары онша көлемді болмайды да абзацты сияқты соңғы сөйлемнің аяғын да көлемді пауза көмкереді. Ол пауза сөйлемнің бәсеңдейтін просодикалық тәсілдермен бірге тұтастықтың аяқталғанын білдіреді. Күрделі синтаксистік тұтастықтардың бұл компоненттері ортақ семантикалық сөздер арқылы бір-бірімен іліктесіп тұратын түрінің тағы да бір айта кететін басты интонациялық ерекше-

лігі - қайталанып мазмұн байланысын білдіріп тұрған сөздердің сабақтас құрмаластағы семантикалық жалғаулықтар сияқты болып келіп, солар сияқты акценттеліп, молырақ ұзақтылықпен және интенсивтілікпен жоғары деңгейде айтылуы.

Мұндай тұтастықтың бастамасы, тақырып өрбуі және соны болады. Бастамасында - бірінші сөйлемде тақырып жарияланады: үлкен тоғай, одан кейінгі сөйлемдерде (2,3,4,5,6,7,8) тақырып жан-жақты өрбиді, соңында, яғни ең соңғы сөйлемде күрделі синтаксистік тұтастықтың қорытындысы болуы тиіс, немесе қалайда тұтастықтың аяқталғанын білдіретін сөйлем болуы керек. Келтірілген мысалда бұл қыстың күні тоғайға аңшылар шығатын деген (9) сөйлеммен берілген.

2) Күрделі синтаксистік тұтастықтың екінші қатарластық, жарыспалы түрінде бірнеше дербес сөйлемдер жалпы мағыналық қатынаста болып, бір тақырып айналасында өрбиді. Бірақ олардың ішінде ортақ лексикалық элементтердің әр сөйлемде қайталанып тұруы шарт емес. Олардың өзара мағыналық байланысы сөйлемдердің жалпы желісінен және олардың ортақ немесе жақын грамматикалық формаларынан білініп тұрады. Мысалы:

1. Жаз шықты. 2. Күн әбден жылынып, // малшылар жайлауға кетті. 3.
Малдарды өріске шығарып, // ауылдан алыс айдап салады. 4. Бақташылар
өрістегі малды // күні-бойы бағып, // суғарып, // кешке ауылға айдап келеді.
5. Сол уақытта // бұзауын көрген сиырлары мөңіреп, // қозысына телінген
қойлары маңырап, // ауыл даңғазы болады.

Тұтастықтың қатарластық жарыспалы түріне берілген бұл мысалда да тұтастықтың үш мүшелі моделін табуға болады (1 сөйлем- бастама, 2,3,4 сөйлемдерде тақырып өрбуі, 5-сөйлем соңы). Мұнда сөйлемдер бір-бірімен “іліктеспей”, дербес құрылымды болып келген. Бірақ мұндағы сөйлемдердің баяндауыш формалары біркелкі болып (көсемше, есімше, етістік формалары), жарыспалы, қатарластық түрде тұрып, шақтық-модальдық жағынан байланысып, сөйлемдер бірінен кейін бірі келетін оқиғаларды баяндап тұр. Бұл бірлестіктің айтылу интонациясы да, жай хабарлы сөйлемдердің, бірыңғай мүшелердің интонациясының моделіндей, араларындағы паузалары біркелкі болып, көлемді пауза соңғы сөйлемнен кейін келіп тұр. Тұтастықтың сөйлемдері тиянақсыз, қыстырма және тиянақты интонемалармен сипатталады.

Күрделі синтаксистік тұтастықтың қазақ тілінде жиі кездесетін жоғарыда келтірілген түрлерінде тақырыбына қарай олардың құрамындағы дербес сөйлемдердің саны түрлі-түрлі болады. Соған байланысты олардың интонациялық ерекшеліктерінде де бір-бірінен айырмашылық болуы мүмкін.

3) Күрделі синтаксистік тұтастықтың үшінші жалғаспалы байланысты түрі көбінесе диалогта кездеседі. Онда сөйлемдердің мақсатына қарай бөлінетін түрлерінің (хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдер) бәрі кездесе береді, және сол сөйлемдерге тән интонемалармен сипатталады. Бірақ олардың басым көпшілігі толымсыз сөйлемдер болып келеді. Мысалы:

- 1. Бүгін саяжайға барамыз.
- 2. Қай уақытта барамыз?
- 3. Бір сағаттан кейін.
- 4. Қалай барамыз? Автобуспен бе?
- 5. Жоқ, // көршінің машинасымен.
- 6. Сен Маратты тез шақыршы!
- 7. Саяжайда бүгін не істейміз?
- 8. Жеміс ағаштарын, // бақшаны суғарамыз.
- 9. Алма термейміз бе?
- 10. Піскенін тереміз.
- 11. Қияр мен помидорды ше?-
- 12. Олардың да піскенін аламыз.
- 13. Себет пен қалталарды алыңдар да // тез жиналыңдар!
- 14. Кешке бір-ақ келеміз.

Бұл келтірілген жалғаспалы байланысты тұтастықтың құрамына кірген диалогта болатын толымсыз сөйлемдер де бір тақырыптың (саяжайға бару) айналасында өрбіп тұр. Күрделі синтаксистік тұтастықтың бұл түрінде де жалпы тұтастыққа тән үш мүшелі модельді табуға болады. Бастамасы бірінші сөйлемде: *Бүгін саяжайға барамыз*, соңы, қорытындысы, 14-ші сөйлемде - *кешке бір-ақ келеміз*. Екіншісінен он үшіншісіне дейінгі сұраулы, хабарлы, лепті болып келген толымсыз сөйлемдерде тақырыптың өрбуі орын алып тұр.

Біріне-бірі жалғаса айтылған бұл сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай интонациялық ерекшеліктерімен қатар, олардың әрқайсысы көбінесе бір синтагма құрайды. Диалогтағы кейбір сөйлемдердің (мыс.: 5,8,13) құрамында ықшамды бір деңгейдегі жалғаспалы паузалар бар екені көрініп тұр. Ал соңына қарай төмендеп барып тынатын бәсеңді әуен мөлшерлі паузамен көмкеріліп, дем алуға мұрша беріп тұр. Оның алдындағы (тақырып өрбуі) сөйлемдердің интонациялық өрнегі, интонациялық сызығы - желді күні толқындалып, бірінің үстіне бірі келіп килігіп, қайырылып қайтып, жатқан көлдің толқындарын көзге елестетеді. Ең соңындағысы жел саябырланғансын ғана толқындар төмендеп, жайылып барып тынышталатыны сияқты.

Интонацияның барлық тілдердің синтаксисіне, онда қаралатын сөйлемдерге, олардың коммуникативтік-құрылымдық түрлеріне тығыз байланысты екенін және оның сөйлеу тіліндегі сөйлемдерде ғана көрініс табатыны анықталды. Сондықтан қай тілдің болса да интонациясының ерекшеліктерін білу үшін, сол тілдердегі сөйлемдердің алуан түрлерін эксперимент арқылы жан-жақты зерттеп қана білуге болады. Тілдің интонациясының жалпы келбеті ең алдымен оның компоненттерінің қарқыны, интенсивтілігі, тонның көтерілуі және бәсеңдеуі, деңгейі тағы басқаларының сөйлем түрлеріндегі орны мен көріністері, басқаша айтқанда, олардың мінез-құлқымен байланысты. Интонацияның ерекшеліктерін барлық тілдерге тән әмбебап семантикалық-синтаксистік құбылыс болып табылатын синтагмаға байланыстыра қарастырған жөн. Тілдің интонациясының жалпы келбетін, өрнегін зерттеуде синтагмамен қатар, оларды көмкеріп тұратын әмбебап паузалардың да орны ерекше.

8.9. ПОЭЗИЯ ТІЛІНІҢ ИНТОНАЦИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ тіліндегі ырғақты ыңғайластыққа рифмалық ұқсастыққа, яғни буын үйлесіміне құрылған поэзияның үлкенді-кішілі түрлерінің өзіне тән мазмұндық-құрылымдық ерекшеліктерімен қатар интонациялық ерекшеліктері де бар. Синтагма мен ырғақты топ поэзияның кіші формалары болып табылатын мақал-мәтел, нақыл сөздерде және оның көлемді формалары - көп шумақты өлеңдерде де, жырлар, толғауларда да орын алып, өзінің интонациялық ерекшеліктерімен сараланады. Оның үстіне, поэзиядағы ырғақты топтардың түзілуінде, қайталауында, үйлесуінде белгілі тәртіп, жүйе болады. соның бәрі интонацияда көрініс табады.

В.В. Радловтың айтуынша, үндіеуропа тілдеріндегі сөздерді топтастыратын екпіннің қызметін түркі тілдерінде үндестік заңы мен силлабикалық жүйе атқарады. Түркі тілдерінің агглютинативтік құрылымы және үндестік заңы өздерінің қасиеттеріне лайық, сөздердің буындарын бір-бірімен жымдастырып, ешбір шашырауға жол бермейді және буындардың дыбыстарын бірыңғай түсіріп үндестіріп, үйлестіріп тұрады.

Қазақ поэзиясындағы ритмикалық топтарды **бунақ** деп, ал өлең жолдарына **тармақ** деген атауларды берген ХХ ғасырдың 20-шы жылдары қазақтың тіл жүйесін алғаш зерттеп, оның ішінде өлең жүйесін де, өлең өрнектерін де зерттеп, төл еңбектер жазған Ахмет Байтұрсынов болатын. Ахаң шығармаларында өлеңнің кестесі, айшығы оның шумақ, тармақ, бунақ құрылыстары жіті тексеріліп, ондағы ырғақ, интонация ерекшеліктері де әңгіме етіледі. “Өрнекті сөйлемді айтқанда, дауыс көтеріліп, әнше оралып, қайрылып отырады”, - деп интонацияны өте дәл бейнелеген. Қазақ тіліндегі буын екпінінің француз тіліндегі сияқты сөздердің аяғында болатынын айта келіп, Байтұрсынов өлеңдегі сөз ырғақтарының үстіне өлеңнің өз ырғақтары қосылады, - дейді. Өлеңнің өз ырғақтарын **жорғақ** деп атауды ұсынады. Жорғақ буын ұқсастығы мен буынның белгілі ретпенен, белгілі мөлшерде топтасуымен түзілетін өлшем екенін айтады. Дауыс ырғағы сөзді бірдей-бірдей буынға, яғни бунаққа бөледі.

Сонымен **бунақ**, кейін **ырғақты топ** деп аталып жүрген өлеңдегі бірнеше буыннан тұратын өлшем.

Силлабикалық жүйелі ырғақты топтар поэзия тілінің ұқсастық заңдылықтарына икемделіп, сөздерінің буындарының санына дейін реттеліп, гармониялық көркемдікпен ерекше түзіледі. Ырғақты топтардың, бунақтардың арасында дауыс толқынының ырғағымен белгіленген сөз жігі болады. Олар өз ретімен тармақтардың ішінде, аяғында қайталанып отырады. Соның арқасында, шумақтардың, оның ішіндегі тармақтардың өзіне лайық ырғақты- интонациялық келбеті түзілсе керек. Ырғақты топ немесе **бунақ** деп аталатын қазақ өлеңінің ең шағын өлшемімен жалпы тіл білімінде универсалды семантикалық-синтаксистік, интонациялық ең шағын өлшем болып саналатын синтагма кейде бір-біріне тура келеді, кейде келмейді. Сонда да олар бірінің орнына бірі жүретін өлшем деп саналады.

Ырғақты топ болып табылатын **бунақты** алып қарасақ, ол буыннан тұрады да, оның саны поэзияда төрттен аспайды. Бірақ, ол - төрт буынды бір сөз де болуы, екі-екі буыннан тұратын екі сөз де болуы немесе, бір буынды және үш буынды екі сөзден тұруы да мүмкін. Ол бунақтардың арасында жоғарыда айтқандай пауза болуы да, болмауы да мүмкін.

Ал синтагма мазмұндық-синтаксистік, интонациялық өлшем болғандықтан, әр уақытта сөз тіркесінен, сөйлем бөлшектерінен тұрады және бір-бірінен интонациялық меже болып табылатын паузамен бөлінеді.

Бунақ деп аталатын ырғақты топ та, синтагма да қазақ өлеңінің барлық түрлерінде кездесе береді.

Поэзия тілінде көбінесе сөйлем мүшелерінің орны ауысып, кейде олардың біреулері айтылмай, толымды сөйлемдердің орнына толымсыз сөйлем, жалаң сөйлем, не жақсыз сөйлемдер пайда болып ықшамдалады. Мұндай өлеңде болатын құрылымдық өзгерістер, әрине, сөйлемдердің интонациясының түр-әлпетін де өзгертіп отырады.

Қазақ поэзиясында көп қолданылатыны 7-8 буынды және 11 буынды өлеңдер мен тақпақтар. Ал 4-5-6 буынды тақпақтар сиректеу кездеседі. 4-5-6 буынды тақпақтар өлеңнің кіші формасына жататын мақал-мәтел, нақыл сөз, жұмбақтарда жиірек кездеседі. Бұларда екі тармақтан тұратын жарты шумақты, төрт тармақтан тұратын бір шумақты тармақтар және үш тармақтылар кездесе береді.

Тармақ саны аз, кіші формалы тақпақтар мен көп тармақты, көп шумақты өлең, толғау, жырлардағы интонация көріністерінің әрқайсысы бөлек қарастырылады.

8.9.1. Кіші формалы тақпақтардың интонациялық ерекшеліктері

Кіші формалы тақпақтар түріне қазақ ауыз әдебиетінде ежелден орны бар, буын ыңғайластығына, үндесуіне құрылып шебер айтылған ақыл, нақыл, шешендік, насихат сөздер болып табылатын мақал-мәтел, тақпақ сөздері жатады.

Олардың өзіне тән мағынасы және формасымен қатар интонациялық көріністері де бар. Мақал-мәтел, нақыл сөздер жаратылыста, қоғам өмірінде болған өзгеріс, құбылыстар, халықтың тұрмыс-салтына, тіршілік-тілегіне, ұғым-сеніміне, ел-жұрт, батырлық, ақыл-ой, еңбек-кәсіп сияқты түрлі-түрлі тақырыптарға байланысты айтылған, халық даналығынан шыққан ықшам формалы, буын ұйқастығына құрылған сөздер.

Мақал-мәтелдің формасы, сөйлемдік құрылымы ықшам, үйлесімді құрылған 2,4 тармақты санаулы буыннан тұрады. Екі тармақтылардың ішінде де, төрт тармақтылардың ішінде де 4-5 буыннан және 7-8 буыннан тұратындары кездеседі. Олар хабарлы, бұйрықты, сұраулы, толымды, толымсыз, жақсыз, жалаң, жайылма жай сөйлемдер түрінде келе береді. Айтылуына қарай, мақалдарда хабарлы, бұйрықты, сұраулы, лепті сөйлемдер интонемаларының вариаттары кездеседі.

1. Әр тармағы бір-екі бунақ болып, әр бунағы 4-5 буыннан тұратын мақалдарға мысал:

- | | |
|--|--|
| <p>1) $\begin{array}{c} \overset{2}{\text{Ақыл жастан}} // \overset{3}{\text{Асыл тастан.}} \\ \underset{2}{\text{Асыл тастан.}} \quad \underset{1}{\text{Ақыл жастан.}} \end{array}$</p> | <p>2) $\begin{array}{c} \overset{2}{\text{Ел көркі мал}} // \overset{3}{\text{Өзен көркі тал.}} \\ \underset{2}{\text{Өзен көркі тал.}} \quad \underset{1}{\text{Ел көркі мал.}} \end{array}$</p> |
| <p>3) $\begin{array}{c} \overset{2}{\text{Атадан ақыл}} // \overset{3}{\text{Ағадан нақыл.}} \\ \underset{2}{\text{Ағадан нақыл.}} \quad \underset{1}{\text{Атадан ақыл.}} \end{array}$</p> | <p>4) $\begin{array}{c} \overset{1}{\text{Көбікті төкпе}} \quad \overset{3}{\text{Көпті сөкпе.}} \\ \underset{2}{\text{Көпті сөкпе.}} \quad \underset{1}{\text{Көбікті төкпе.}} \end{array}$</p> |

Жоғарыда келтірілген екі тармақты мақалдардың әр тармағы бір-бір жалаң жай сөйлемнен тұратын іргелес салалас сөйлемдер. Алдыңғы үшеуінің тармақтары хабарлы сөйлем де, соңғысының екеуінің тармақтары бұйрықты сөйлем түрінде келіп тұр. Бұл мысалдардағы әрбір тармақ бір-бір бунақ болып, яғни бір-бір ырғақты топ құрып, соңғы буындары ғана емес, алғашқы, ішкі буындары да бір-бірімен ыңғайласып, үйлесіп тұр. Мақалдардың әр тармағы бір бунақты болып, ал әр бунағы екі буынды екі сөзден тұрса да,

құрылымдық жағынан әр тармағы бір жалаң жай сөйлем түрінде келіп, өзара паузамен бөлінеді. Бұл жердегі ырғақты топ синтаксистік-интонациялық өлшем болатын синтагмаға сәйкес.

Бұл екі тармақты мақалдардың өзіне тән интонациялық сызығы бар. Екі тармақтың алдыңғысының соңғы буыны жоғары көтеріліп, мол интенсивтілікпен және ұзақтылықпен, ерекшеленеді, ал екіншісінің соңғы буыны бәсеңдеп келіп, жай интенсивтілікпен сәл созылыңқы айтылады. Әр тармағы тиянақсыз және тиянақты интонемалардың варианттарымен сипатталады.

Соңғы бұйрықты сөйлем түрінде келген мақалдың интонациялық келбетіндегі айырмашылығы - табыс жалғауындағы сөздердің (*көбікті - көпті*) сол жалғауына ой екпінінің түсіп, оның акценттелуі. Осы ой екпіні мен тармақтың соңындағы бұйрық райда тұрған егістіктердің де (*төкпе-сөкпе*) соңғы буыны акценттеліп, бұйрықты білдіріп тұр. Ал бұлардың интонациялық сызығын алып қарасақ, басқа тақпақтардан айырмашылығы шамалы. Мұнда да сол көтеріңкі-бәсең интонация, бірақ бұлар кей сөздердің акценттеліп, кей буындардың созылыңқы, молырақ интенсивтілікпен айтылуымен ерекшеленеді.

Сонымен әрбір мақалдың буын үйлестігіне сүйенген өзіне тән ырғақты - интонациясы бар. Оның сызығы алдыңғы үш мақалдың бірінші тармағының аяғына қарай екінші (2) тоналды деңгейден үшінші (3) тоналды деңгейге көтеріліп паузамен бөлінсе, екінші тармақтың аяғына қарай екінші (2) тоналды деңгейден бір жарым (1,5) және бірінші (1) тоналды деңгейге түсіп барып аяқталады. Ал бұйрықты сөйлем болып келген соңғы мақалдың интонациялық сызығы алдыңғы тармақтары хабарлы сөйлем болып келгендерінен аздап өзгешелеу. Бұйрықты райда тұрған баяндауыштары (*сөкпе, төкпе*) молырақ ұзақтылық және интенсивтілікпен сипатталады. Бұларға бұйрықты сөйлем интонемалары тән.

2. Төрт тармақты, бір бунақты мақал-мәтелдерге мысал:

- | | |
|---|---|
| <p>1) $\begin{array}{c} \overset{2}{\text{Жалғыз ағаш}} // \overset{3}{\text{Жалғыз кірпіш}} // \\ \underset{3}{\text{Жалғыз кірпіш}} \quad \underset{2}{\text{Жалғыз ағаш.}} \end{array}$</p> | <p>2) $\begin{array}{c} \overset{2}{\text{Сөйлей білмеген}} // \overset{3}{\text{Тіге білмеген}} // \\ \underset{3}{\text{Тіге білмеген}} \quad \underset{2}{\text{Сөйлей білмеген.}} \end{array}$</p> |
| <p>Орман болмас, //</p> | <p>Сөзді қор етер, //</p> |
| <p>$\begin{array}{c} \overset{2}{\text{Жалғыз кірпіш}} // \overset{3}{\text{Қорған болмас.}} \\ \underset{2}{\text{Қорған болмас.}} \quad \underset{1}{\text{Жалғыз кірпіш.}} \end{array}$</p> | <p>$\begin{array}{c} \overset{2}{\text{Тіге білмеген}} // \overset{3}{\text{Бөзді қор етер.}} \\ \underset{2}{\text{Бөзді қор етер.}} \quad \underset{1}{\text{Тіге білмеген.}} \end{array}$</p> |

3) $\begin{matrix} 2 & & 3 \\ \text{Жүрместен бұрын} // \\ 3 & & 2 \end{matrix}$
 Жолынды байқа, //

$\begin{matrix} 2 & & 3 \\ \text{Киместен бұрын} // \\ 2 & & 1 \end{matrix}$
 Тонынды байқа.

4) $\begin{matrix} 2 & & 3 \\ \text{Малы жоқ деп} // \\ 3 & & 2 \end{matrix}$
 Ерден түңілме, //

$\begin{matrix} 2 & & 3 \\ \text{Егіні жоқ деп} // \\ 2 & & 1 \end{matrix}$
 Жерден түңілме.

Бұл келтірілген төрт тармақты, бір бунақты мақал-мәтелдердің әр тармағы 4-5 буыннан тұрады. Мысалдардағы буын үйлесуі былайша келеді: бұлардың бірінші тармағының соңғы сөзімен үшінші тармағының соңғы сөзі, екінші тармағы мен төртінші тармағының соңғы сөзі (*болмас - болмас, білмеген - білмеген, қор етер - қор етер, бұрын - бұрын, байқа - байқа, түңілме - түңілме*) бірдей болып, және бір сөз қайталанып тұрады. Сондай-ақ бұл сөздердің алғашқы буындары да үйлесіп қана қоймай, олардың буын сандары да бірдей болып келеді.

Бұл мысалдардағы буын үйлесуі және олардың буын сандарының бірдей болуы, әр мақалды бір шеңберде біркелкі ырғақта ұстап, олардың біркелкі көтеріңкі-бәсең толқынды интонациясын сызады. Бұл жерде Аханның өлең ырғағын “жорғақ” деп атап, ол туралы айтқан сөздері көңілге оралады.

Келтірілген 1,2-мақалда бірінші тармақ пен үшінші тармақ бір ырғақты топты құрап, арасында шағын паузасы бар дара синтагма болып тұр. Екінші, төртінші тармақ та - әрқайсысы бір ырғақты топ болып, дара синтагмаға тең. Бұл жерде келтірілген топтар бірдей дара сөз тіркесінен болған сөйлем мүшелері.

3,4-мақалдар жалпылама жақты бастауышсыз екі сөйлем. Олардың бірінші, үшінші тармақтары пысықтауыш мүшелер тобы, ал екінші, төртінші тармағы баяндауыш тобы болып тұр. Бұл 3,4-мақалдардың да сөйлемнің синтаксистік мүшелері болып табылатын ырғақты топтары бір синтагма құрайды.

4 тармақты-төрт синтагмалы 4-мақалдың интонациясы бірдей, не ұқсас. Бұлардағы 4 синтагма - екі-екіден жалғасып өздеріне тән толқынды интонациямен “жорға жүрісінің тайпалуы” сияқты болып келіп, бірінші екеуінің аяғы сәл көтеріңкі тиянақсыз интонемамен айтылады да, ал үшінші, төртінші синтагма бір-бірімен жалғасып, толқынды интонациямен ерекшеленіп, тиянақты интонемамен бәсеңдеп барып, көлемді паузамен аяқталады.

Төрт тармақты тақпақ болып келетін бұл мақалдардың интонациялық жалпы келбетін алып қарасақ, бірінші, үшінші тармақтары екінші тоналды (2) деңгейден басталып, үшінші (3) деңгейге көтеріледі. Ал екінші және төртінші тармақтар сәл бәсеңдейді. Екінші тармақ үшінші тоналды деңгейден (3) екінші тоналды деңгейге (2) дейін, ал төртінші тармақ екінші тоналды деңгейден (2) бірінші тоналды деңгейге (1) дейін төмендейді. Мақалдың мағынасына қарай тармақтың басындағы, аяғындағы сөздердің кейбір буындары молырақ интенсивтілікпен, созылыңқы айтылады. Әр мақал қанша тармақты болса да, бір көлемді паузамен бөлінетін бір-ақ ойды білдіреді. Бұлардың бәрі тиянақсыз және тиянақты интонемалармен сипатталады.

3. Жеті, сегіз буынды мақалдардың да екі тармақтысы (жарты шумақты) мен төрт тармақтысы (бір шумақты) жиі кездеседі. Мысалы:

1) $\begin{matrix} & & 2,5 & & 3 \\ & & \text{Елдің іші} - / \text{береке,} // \\ & 2 & & & 1 \end{matrix}$

$\begin{matrix} & & 2,5 & & 1 \\ & & \text{Көптің іші} - / \text{мереке.} \\ & 2 & & & 3 \end{matrix}$

2) $\begin{matrix} & & 2 & & 3 & & 2 & & 3 \\ & & \text{Аз да бігер,} // \text{көп те бігер,} // \\ & 2 & & & 1 & & & & 3 \end{matrix}$

$\begin{matrix} & & 2 & & 3 & & 1 \\ & & \text{Татулыққа} / \text{не жетер?} \\ & 2 & & & 1,5 \end{matrix}$

3) $\begin{matrix} & & 2 & & 3 & & 1,5 \\ & & \text{Ерді} - / \text{намыс өлтірер,} // \\ & 2 & & & 2,5 & & 1 \end{matrix}$

$\begin{matrix} & & 2 & & 3 & & 2,5 & & 1,5 \\ & & \text{Қоянды} - / \text{камыс өлтірер.} // \\ & 2 & & & 3 & & 2,5 & & 1,5 \end{matrix}$

4) $\begin{matrix} & & 2 & & 3 & & 2 & & 1 \\ & & \text{Жұрт көргендей,} // \text{қалаң болсын,} // \\ & 2 & & & 3 & & 2 & & 1 \end{matrix}$

$\begin{matrix} & & 2 & & 3 & & 2 & & 1 \\ & & \text{Жұрт білгендей,} // \text{балаң болсын.} \\ & 2 & & & 3 & & 2 & & 1 \end{matrix}$

Бірінші, екінші және төртінші мақалдың әр тармағы қос ырғақты топтан, бір-екі синтагмадан тұрады да, ол ырғақты топтардың төртінші буынынан кейін келетін ара жігінде шағын паузасы бар. Паузалар жазуда тыныс белгілерімен (тире мен үтір) белгіленген. Үшінші мақалдың тармақтары да қос ырғақты топтан тұрады, бірақ олардың ара жігі төртінші буыннан кейін емес, бірінші тармақтың басындағы акценттелген сөздің (*ерді*) екінші буынынан кейін келеді, ал екінші тармақта акценттелген сөздің үшінші буынынан кейін (*қоянды*) келіп, арасы шағын паузамен бөлініп тұр.

Келтірілген мақалдардың бәрінің интонациялық сызығы біркелкі. Бірінші тармағы

толқынданып барып соңы жоғары көтеріліп барып шағын паузамен бөлінсе, екінші тармағы толқынданып келіп, соңы төмендеп барып сөйлемнің аяғында келіп, ойдың аяқталғанын білдіретін, төмен (1) тоналды деңгейдегі көлемді паузамен бітеді. Бұлардың да алдыңғы синтагмасы тиянақсыз интонамаға, соңғысы тиянақты интонамаға жатады. Екінші мақалдың соңғы сұраулы сөйлемі арнаулы сұрақ интонамасына сай.

Екі тармақты мақалдың екі тармағын жазып, бір-біріне жалғастырып, сонан соң оның интонациялық сызығын қарастырсақ, ол бірыңғай толқынды екінші (2), екі жарым (2,5), үшінші (3), бір жарым (1,5) тоналды деңгейдегі, кейбір буындары молырақ интенсивтілікпен және ұзақтылықпен ерекшеленіп, соңында (1-деңгейде) бірақ төмендейтін бір ұзын сызық болар еді. Мысалы:

Жұрт көргендей // қалаң болсын, // Жұрт білгендей // балаң болсын.

Мұнда тиянақсыз және тиянақты интонаемалар толқынды әуенмен ерекшеленеді.

4. Мақалдың 11-12 буындылары көбінесе екі тармақты болады. Мұндай мақалдардың мол көлеміне сай, мағынасы да терең болып келеді. Мысалы :

- 2 _____ 3 2 _____ 3 1.5
1) Шеберді шебер // қолынан таниды //
- 2 _____ 3 2 _____ 3 1
Батырды батыр // жонынан таниды.
- 2 _____ 3 2 _____ 3 1.5
2) Хас сұлуды // қаралысында сынама //
- 2 _____ 3 2 _____ 3 1
Хас батырды // жаралысында сынама.

Бірінші мысалда 11 буыннан тұратын мақалдың екі тармағы да екі-екі синтагмадан тұратын екі жай хабарлы сөйлем. Мұнда 5 буынды бірінші синтагмалар өзара жақын деңгейде толқынданып келіп соңында көтеріліп, тиянақсыз интонамаға ие болса, екінші 6 буыннан тұратын синтагмалар да солай толқынданып барып, төмен түсіп, тиянақты интонамамен сипатталады. Бірақ бұл 6 буынды синтагмалардың алдыңғысынан соңғысының жалпы деңгейі біраз төмендеу болып, көлемді паузамен бітеді.

Екінші 12 буыннан тұратын мақалдың екі тармағы да екі-екі синтагмадан тұратын екі жай бұйрықты сөйлемдер. Бұлардың интонациясының

жалпы сызығы бір-біріне ұқсас. Бірінші 4 буыннан тұратын синтагмалар толқынданып келіп, соңындағы буын (ды) акценттеліп үшінші (3) тоналды деңгейде, молырақ интенсивтілікпен, ұзақтылықпен айтылып, тиянақсыз интонамаға ие болады. Екінші 8 буыннан тұратын синтагмалар да толқынданып келіп, бұйрық райда тұрған баяндауыштарының соңғы буыны (ма) акценттеледі. Екінші сөйлемнің тоналды деңгейі біріншісінен төменірек болады да, ал оның соңғы синтагмасы тиянақты интонамаға сай болып, бірінші деңгейде көлемді паузамен бітеді.

8.9.2. Көлемді формалы өлеңдердің, толғаулардың, жырлардың интонациялық ерекшеліктері

Көлемді формалы тақпақтарға казак поэзиясының көп шумақты (2 шумақтан артық) өлеңдері және көп тармақты толғаулары, жырлары жатқызылады.

Көп шумақты өлеңдер 7-8 буынды немесе 11 буынды да болып келе береді. Көлемді формалы толғаулар мен жырлар негізінен, өлеңнің көне түріне жатқызылады 7-8 буындысынан тұрады. Ал қазіргі көркем әдебиеттегі көп тармақты поэмалар мен толғау, жырлар 7-8 буынды да, 11 буынды да болып, көп шумақты өлеңдер түрінде де кездесе береді. Бұл көп шумақты өлеңдер мен көп тармақты толғаулар, жырлар синтаксистік құрылымы жағынан жай хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдер түрінде де, құрмалас сөйлемдер түрлерінде де, (оның ішінде көп компонентті, көп бағыныңқылы түрлерінде), сондай-ақ бір тақырыпты дербес сөйлемдерден тұратын күрделі синтаксистік тұтастықтар түрінде де кездеседі. Сөйлемнің жоғарыда аталған құрылымдық түрлерінің бәрінің өзіне тән интонациялық ерекшеліктері бар екені анық. Себебі сөйлемдердің интонациясы олардың құрылымымен де, мағынасымен де тығыз байланысты. Сондықтан поэзияда кездесетін түрлі сөйлемдер өзінің құрылымына, мағынасына, мақсатына қарай, интонацияның барлық компоненттерін (әуен, қарқын, интенсивтілік, ұзақтылық, пауза сияқтыларды) бір-бірімен байланыстырып қозғалысқа түсіреді де, олар сол сөйлемдердің интонамасын сызады.

1. 7 буынды бірнеше шумақты өлеңге мысал:
Дала мен қала

2 _____ 3
 Дала менен / қалаға //
 2 _____ 3 1,5
 Ортақ өскен / баламын //
 2 _____ 3
 Менің үшін / бәрібір //
 2 _____ 1
 Шарабың мен / шалабың.

2 _____ 3
 Дала болып / тыныстап, //
 2 _____ 3 1,5
 Маужырап дем / аламын //
 2 _____ 3
 Қала болып / жұмыстан //
 2 _____ 1
 Қалжырап бір / қаламын.

2 _____ 3
 Қала кезде / басшымын //
 2 _____ 3 1,5
 Жұмысшымын / дер едім //
 2 _____ 3
 Дала кезде / ашының //
 2 _____ 1
 Дәмін татып / көремін 3
 2 _____
 Қарыз алсам / біреуден //
 2 _____ 3 1,5
 Қала құсап / аламын //
 2 _____ 3
 Қарыз берсем / біреуге //
 2 _____ 1
 Дала құсап / беремін.

2 _____ 3
 Етек-жеңім / ашылып //
 2 _____ 3 1,5
 Дала құсап / жатам да //
 2 _____ 3
 Ертеменен / асығып //
 2 _____ 1
 Қала құсап / оянам (Қадыр Мырзалиев).


Синтаксистік құрылымы жағынан келтірілген бес шумақты өлеңнің төрт шумағының екі-екі тармағы қосылып бір-бір жай хабарлы сөйлем болып тұр. Ал бесінші шумағы салалас құрмалас сөйлем түрінде келіп, алдыңғы екі тармағы оның бір компоненті болып, соңғы екі тармағы екінші компоненті қызметін атқарып тұр.

Интонациялық ырғақ жағынан бұл 7 буынды 5 шумақты өлеңнің әр тармағы жеке-жеке синтагма болып, бәрі бірдей қос ырғақты топтан, яғни екі-екі бунақтан тұрады. Олардың

дауыс ырғағының өзгеруімен белгіленетін жігі төртінші буыннан кейін келіп, жырлардағы сияқты 4+3 буын болып бөлініп тұр. Олардың ара жігінде пауза жоқ. Ал әр шумақтағы әрбір төрт тармақтың әр қайсысы бір-бір синтагма болғандықтан паузамен бөлінеді. Қазақтың 7 буынды өлеңінің шумақтарындағы әр тармағының соңғы үшінші буыны ғана сан жағынан, дыбыс жағынан үйлесіп (*тыныстап - жұмыстан, ағамын - қаламын* сияқты сөздер) қоймай, олардың алдыңғы сөздері де (*дала-қала*), ортасындағы сөздері де (*болып-болып, алсам-берсем*) көбінесе буын жағынан бірдей болып, бір-бірімен ұйқасып, үйлесіп тұрады. Өлеңді өлең қылып, оның интонациясын “жорғаның тайпалуындай” қылып тұрған, әрине, осы ұйқастар мен үйлесімдер.

Сонымен, келтірілген бес шумақты өлеңнің жай сөйлемі болса да, құрмалас сөйлемі болса да, төрт синтагмадан тұратын, әр шумағының жалпы интонациялық келбетін алып қарағанда, оның әрбір синтагмасы өз алдына интонама - алдыңғысы тиянақсыз, соңғысы тиянақты интонама болып, екі-екіден жұптасып, көтеріңкі-бәсең толқынданып, мағынасына қарай кейбір буындары акценттеліп келіп, алдыңғы үшеуі шамалы паузамен бөлініп, ең соңғысы көлемді паузамен аяқталады. Сонымен, екі-екіден қосылған синтагмалардың алдыңғысының соңы көтеріліп кейінгілері төмендеп барып бітеді.

Бұл суреттелген өлеңнің интонациялық келбеті оның барлық шумақтарында біркелкі болып екінші (2), бір жарым (1,5), үшінші (3) деңгейлерде қайталанып отырады да, 7 буынды көп шумақты өлеңнің жалпы интонациялық өрнегін сызады, схемасы мынандай:



2. 7-8 буынды өлеңге мысал:

3 _____ 4 _____ 1
 3 _____ 4 1
 Ғылым таппай / мақтанба, //
 3 _____ 4 _____ 1
 Орын таппай / баптанба, //
 3 _____ 4 _____ 1
 Құмарланып / шаттанба, //
 2 _____ 1
 Ойнап босқа / күлуге .

³ ⁴ ¹
 Бес нәрседен / қашық бөл, //
³ ⁴ ¹
 Бес нәрсеге / асық бөл //
² ¹
 Адам болам / десеніз.
² ³ ² ³ ^{1.5}
 Тілеуің // өмірің алдыңда, //
² ¹
 Оған қайғы жесеніз.
² ³ ² ³ ² ³
 Өсек // өтірік // мақтаншақ //
² ³ ² ³ ¹
 Бес дұшпаның / білсеңіз.
² ³ ² ³ ² ³
 Талап // еңбек // терсең ой //
² ³ ² ³ ² ³
 Қанағат // рақым // ойлап қой //
² ¹
 Бес асыл іс көнсеңіз (Абай).

Жоғарыда Абайдан келтірілген 7-8 буынды 14 тармақ мағынасына қарай, бес сөйлемге бөлінеді. Оның біріншісінде төрт тармақ қосылып, бір сөйлем құрап, бір ойды білдіріп тұр, екіншісінде үш тармақ қосылып, бір ойды білдіріп тұр, үшіншісінде екі тармақ қосылып, бір сөйлем құрап, бір ойды білдіріп тұр, төртіншісінде де екі тармақ бір сөйлем, бір ойды білдіреді, бесіншісінде үш тармақ бір сөйлем болып бір ойды білдіреді. Бұл сөйлемдердің бәрі бұйрықты, хабарлы сөйлем түрінде келіп, тармақтың әрқайсысы бір-бір синтагма құрап, өз алдына интонама болады. Хабарлы сөйлемнің алдыңғы синтагмалары бірыңғай мүшелер түрінде тиянақсыз және қыстырма интонамаларға жатады да, ал соңғысы тиянақты интонамамен сипатталып, мөлшерлі паузамен тынады.

Бұл жерде синтагмалар бірде сөйлем компоненттеріне тең (бірінші, екінші шумақта), бірде сөйлем мүшелеріне (бірыңғай мүшелері) тең болып келеді (төртінші, бесінші шумақта). Келтірілген өлеңнің әр шумағының синтагмалары көтеріңкі-бәсең толқынды интонациямен өрнектеліп, шағын паузамен бөлініп, ең соңғы көлемді пауза тиянақты интонамадан кейін шумақты көмкеріп тұр.

Талданған шумақтарда да сөздердің, буындардың акценттелуі олардың мағынасымен тығыз байланысты. Мысалы, бірінші шумақтағы бұйрық райдағы етістіктен болып тұрған баяндауыштардың (*мақтанба, баптанба, шаттанба*) ортаншы буынына ой екпіні түсіп, молырақ интенсивтілікпен созылықы да нық

айтылып тұр. Шумақтардың тармағының саны да әр түрлі (төрт, үш, екі) болуы ойдың біту-бітпеуімен байланысты.

Кейде өлеңнің мағынасына қарай тармақтары шумаққа бөлінбейтіні де кездеседі. Оны ендігі 7-8 буынды 10 тармақты мысалдан көрінеді:

² ⁴ ³
 Балалық өлді / білдің бе? //
² ⁴ ³
 Жігіттікке / келдің бе? //
² ⁴ ³
 Жігіттік өтті / көрдің бе? //
² ⁴ ³
 Кәрілікке / көндің бе? //
⁴ ² ² ²
 Кім біледі // сен кәпір //
² ⁴ ³
 Баяндыдан / сөңдің бе? //
² ⁴ ³
 Баянсызға / төңлің бе? //
² ³ ⁴ ²
 Әлде айналып // кім білер, //
² ³
 Боталы түйе / секілді //
² ⁴ ³
 Қорадан шықпай / өлдің бе? (Абай).

Бұл өленде де жоғарыда келтірілген 7 буынды өлең сияқты әр тармағы екі-екі бунақтан тұратын, біркелкі жеке-жеке синтагма құрап, синтагмасының бәрі дерлік бір-бір сұраулы сөйлем болып тұр. Тек қана бесінші тармақта қаратпа сөз бар (*сен кәпір*) және сегізінші, оныншы сұраулы сөйлем болып тұрған тармақтар екі синтагмаға бөлінеді. Бір-бір синтагмаға тең сұраулы сөйлемдер жалпы сұрақ интонамасымен, ал бесінші, сегізінші *кім* есімдігі бар сөйлем арнаулы сұрақ интонамасымен сипатталады. Сұраулы сөйлемдердің баяндауыштары (*білдің, келдің, көрдің, көндің...*) және *кім* деген сұраулы есімдік акценттеледі. Өлеңнің көлемді паузасы ең соңындағы сұраулы сөйлемнен кейін келіп тұр.

3. Интонациясы біркелкі толқынды болып, оның сызығы қайталанып, Ахаң айтқандай, нағыз “кілемнің басына түсетін өрнек сияқты” болып келетіні не, төрт тармақты бірнеше шумақты өлендерді жайқызуға болады. Мысалы:

² ³
 Әсемпаз болма / әрнеге //
² ^{1.5}
 Өнерпаз болсаң, / арқалан //
² ³
 Сен де бір кірпіш / дүниеге //
² ¹
 Тетігін тап та, / бар қалан! //

2 _____ 3
Қайрат пен ақыл / жол табар, //

2 _____ 1,5
Қашқанға да / қуғанға, //

2 _____ 1,5
Әділет, шапқат / кімде бар, //

2 _____ 1
Сол жарасар / туғанға //

2 _____ 3
Бастапқы екеу / соңғысыз, //

2 _____ 1,5
Біте қалса / қазаққа //

2 _____ 3
Алдың - жалын / артың - мұз, //

2 _____ 1
Барар едің / қай жаққа? //

2 _____ 3
Ақырын жүріп, // анық бас, //

2 _____ 1,5
Еңбегің кетпес / далаға, //


2 _____ 3
Ұстаздық қылған / жалықпас //

2 _____ 1
Үйретуден балаға. (Абай).

Абайдың бұл төрт тармақты төрт шумақты өлеңінде сөз, буын үйлесімі, яғни “жорғағы” өте келісті келіп, барлық төрт тармақты шумақтарының интонациялық өрнегі біркелкі толқынданып қайталанып отырады. Осы өлеңдегі әр тармақ екі-екі бунактан тұрып, жеке-жеке синтагма болып аралары шағын паузамен бөлінеді. Әр шумақ дербес ойды білдіретін болғасын, көлемді пауза әр шумақтың соңында, төртінші тармақтан кейін келіп тұр.

Синтаксистік құрылымын алып қарасақ, әр шумақта мағына жағынан байланысты екі-екі сөйлем қосылып, бір күрделі ойды білдіріп тұр. Сондықтан екі-екі синтагмадан тұратын сөйлемдердің интонациясы толқынданып келіп біріншісінің аяғы көтеріліп қайрылып, үшінші деңгейге жетеді, екінші синтагманың аяғы бірінші деңгейге жетпей төмендейді (1,5), ал ең төмен бірінші деңгейдегі (1) көлемді пауза төртінші синтагмадан кейін шумақтың ең соңында келіп тұр. Бұнда тиянақты, тиянақсыз және арнаулы сұрақтың интонаемалары кездеседі.

Өлеңнің соңғы екі шумағы төмендегідей өрнекті сызады:



4. 7-8 буынды ескі жырлар әдетте шумаққа бөлінбейді. Бірақ сөйлемдердің шекарасы көрініп тұрады да, онда тыныс белгілері болады. Мұндай көптармақты жырлар кейде құрмалас сөйлемдер түрінде де келе береді. Оның ішінде көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер көбірек кездеседі.

Бірнеше дербес жай және құрмалас сөйлемдерден болған бір тақырып айналасында өрбитін сөйлемдері бар жырларды күрделі синтаксистік тұтастықтарға жатқызуға болады. Синтаксистік құрылымына қарай осындай жырлардың өзіне лайықты интонациялық өрнегі болады. Көп тармақты күрделі синтаксистік тұтастыққа жататын жырға мысал:

- 2 _____ 3
1) Асыл туған / Ақжүніс //
- 2 _____ 1,5
2) Күнді бұлт / құрсайды.
- 2 _____ 3
3) Күнді байқап / қарасам. //
- 2 _____ 1,5
4) Күн жауарға / ұқсайды.
- 2 _____ 3
5) Айды бұлт / құрсайды.
- 2 _____ 1,5
6) Айды байқап / қарасам, //
- 2 _____ 3
7) Гүн туарға / ұқсайды.
- 2 _____ 1,5
8) Көңілдерін / еріткен //
- 2 _____ 3
9) Көлдегі қулар / шулайды.
- 2 _____ 3
10) Шулағанға / қарасам. //
- 2 _____ 1,5
11) Көкпен сұңқар / суылдап, //
- 2 _____ 3
12) Соғылғанға / ұқсайды.
- 2 _____ 3
13) Бойды байқап / қарасам, //
- 2 _____ 3
14) Қол-аяғым / созылып, //
- 2 _____ 3
15) Аузы-мұрным / суынып. //
- 2 _____ 3
16) Қақтың маған / бұйрығы //
- 2 _____ 1
17) Таянғанға / ұқсайды (Ер Тарғын).


Келтірілген 17 тармақтан тұратын жырдың әр тармағы екі-екі бунаққа (4+3 буын) бөлініп, жеке-жеке синтагма құрайды. Бұл жырдың ырғағы мен интонациясының сызығы буындардың, сөздердің ұйқасымен және кей сөздердің қайталануымен өрнектеліп тұр.

Бұл жеті дербес сөйлемнен тұратын күрделі синтаксистік тұтастыққа жататын жырдың синтагмаларының интонациясы толқынданып келіп, соны көтеріліп, кейбір сөздер мағынасына қарай акценттеліп, кейбір синтагмалар төмендеп барып паузамен бөлінеді. Бір-біріне ұқсас интонация өрнегі жырдың аяғына дейін бірнеше рет қайталанып, оның жалпы интонациялық келбетін сызады.

Осындай жырлар немесе жалпы өлеңдердің интонациясын қарастырғанда айта кететін жағдай - жыр не өлеңдерді артистер сахнадан, немесе дикторлар радиодан мәнерлеп оқығанда, бұлардағы сөздер, бунақтар, олардың әр буыны айқын, қатты, созылыңқы айтылатын болғандықтан, ондағы әр сөз тыңдаушыға анық естіліп, өте әсерлі болады.

Мәнерлеп, созып оқығанда, жай кезде дауыс әуенінің көтеріңкі-бәсең өзгеруімен белгіленетін бунақтардың ара жігінде синтагмалардың араларындағыдай шамалы паузалар пайда болатыны байқалады. Ол паузалардың ерекшелігі - кез келген сөздер арасында емес, тек қана бунақтардың арасында пайда болатындығы. Бұл бунақтардың құрылымының өзара тығыз тұтаса байланысу заңдылығын көрсетіп тұр.

Келтірілген жырдың интонациялық сызығын жазсақ, біркелкі жоғарылы-төменді 17 иінді өрнек болар еді:




Көп бағыныңқылы сабақтас сөйлем түріндегі жырға Махамбеттің белгілі өлеңін келтіруге болады:

- 1) Ереуіл атқа / ер салмай //
- 2) Егеулі найза / қолға алмай //
- 3) Еңку-еңку / жер шалмай //
- 4) Қоңыр салқын / төске алмай //
- 5) Тебінді терге / шірімей //
- 6) Терлігі майдай / ірімей //
- 7) Алты малта / ас болмай //
- 8) Өзіннен туған / жас бала //
- 9) Сақалы шығып / жат болмай //

- 10) Ат үстінде / күн көрмей //
- 11) Арып-ашып / шөл көрмей //
- 12) Ер төсектен / безінбей //
- 13) Ұлы төске / ұрынбай //
- 14) Түн қатып жүріп, / түс қашпай //
- 15) Тебінгі теріс / тағынбай //
- 16) Темір жастық / жастанбай //
- 17) Қу толағай / бастанбай //
- 18) Ерлердің ісі / бітер ме?! (Махамбет).

Осы Махамбеттің 7-8 буынды жыры буын саны, сөзінің біркелкі үндесуі, бунағының біркелкі “жорғағы” жағынан да, көркемдік, мазмұн, бейнелеу жағынан да жыр біткеннің асқақ үлгісі.

Әрқайсысы жеке-жеке синтагма болатын 18 тармақтан тұратын жырдың өзіне лайық ерекше интонациялық өрнегі бар. 18 тармақтың 17 тармағы бірыңғай шартты бағыныңқы сөйлем болса, ал ең соңғы 18 тармақ басыңқы сөйлем болып тұр. Сондықтан 17 синтагманың бәрі біркелкі динамикамен толқынданып, соңғы жағы көтеріліп қайрылып, бірыңғай шамалы паузамен бөлінеді де, ең соңғы синтагманың аяқ жағы мөлшерлі паузамен бітеді. Бұл сұраулы сөйлем жырдың аяғындағы “Ерлердің ісі бітер ме?!” деген көп компонентті құрмаластың басыңқысының соңына қойылған тыныс белгілері (!) семантикалық-синтаксистік мағынаны дұрыс көрсетіп тұр. Бұл жырдың интонациялық сызығын жазып көрсетсек, төмендегідей біркелкі өрнек болар еді:



5. 7-8 буынды жырдың көп тармақты болып, бір тақырыпқа байланысты өрбитін бірнеше жай және құрмалас сөйлемдерден тұратын, бірнеше күрделі синтаксистік тұтастыққа төмендегі мысал:

- Мұны көріп / Қамбардың //
- Жоқшылық / кірді есіне.
- Қымызы бар деп / ақ үйдің //

²_____ ⁴_____ ¹_____ ³_____
 Түсемін барып / несіне?
²_____ ³_____ //
 Қырындап өтіп / барады //
²_____ ^{4,5}_____ //
 Сұңқарын тұтып / бетіне.
²_____ ³_____ //
 Қара қасқа / тұлпары, //
²_____ ³_____ //
 Жерді тарпып / табаны //
²_____ ³_____ //
 Алшаңдап басып / асықпай, //
²_____ ¹_____ //
 Ауылдың шықты / шетіне.
²_____ ³_____ //
 Бұлттан шыққан / айға ұқсап //
²_____ ³_____ //
 Тұр еді Назым / нұрланып //
²_____ ³_____ //
 Атлас көйлек / үстінде //
²_____ ³_____ //
 Көк арбаға / сүйеніп, //
²_____ ^{1,5}_____ //
 Шыбықтай белі / бұралып.
²_____ ³_____ //
 Сүйретіп алтын / шашпауын //
²_____ ³_____ //
 Ордаға барып / кіреді, //
²_____ ^{1,5}_____ //
 Боз жорға аттай / ырғалып.
²_____ ³_____ //
 Аһ ұрғанда / ауызынан //
²_____ ³_____ //
 Түтіні шығып / сұлудың //
²_____ ^{1,5}_____ //
 Жүрегі кетті / от жанып.
²_____ ³_____ //
 “Қара атты Қамбар / карамай, //
²_____ ³_____ //
 Не себептен / кетті”- деп //
²_____ ^{1,5}_____ //
 Ашуы келді / долданып.
²_____ ³_____ //
 “Ақша бетім / қарайып //
²_____ ^{1,5}_____ //
 Қалды ма, деп, /- апырмай?” //
²_____ ³_____ //
 Шар айнасын / қолға алып, //
²_____ ³_____ //
 Сұңқардай көзі / сүзіліп, //
²_____ ³_____ //
 Жыламай көңлі / бұзылып, //
²_____ ¹_____ //
 Айнаға көзін / тұр салып (Қамбар батыр).

Келтірілген 30 тармақты жырда бір тақырыпқа байланысты бірнеше сөйлемнен


тұратын екі күрделі синтаксистік тұтастық бар. Оның біріншісі (10 тармақтан тұратын) Қамбар батыр туралы да, екіншісі (20 тармақтан тұратын) Назым сұлу жайында.

Бұл жырдағы әр тармақ екі-екі бунақтан тұрып, жеке-жеке синтагма болып тұр. Тармақтар екіден, үштен, кейде төрттен қосылып бір ғана ойды білдіретін, бір жай не құрмалас сөйлем түрінде келген.

Бірінші күрделі синтаксистік тұтастық бір тақырыпты өрбітетін (Қамбар батыр туралы) 4 сөйлемге бөлінген 10 тармақтан тұрады. Екінші күрделі синтаксистік тұтастық (Назым сұлу туралы) 20 тармақтан тұрып, 6 сөйлемге бөлініп тұр. Бұл екі күрделі синтаксистік тұтастықтан тұратын жыр қанша көлемді болғанымен сөйлемдердің құрылымы мен мағынасына байланысты өзінің интонациялық келбеті бар. Жырдың интонациясын мәнерлейтін ырғағы мен “жорғағы” буындардың, сөздердің ұйқасымен, сөздердің үйлесуімен бөлініп тұр.

Көп синтагмадан тұратын күрделі синтаксистік тұтастықтардың ең соңғы синтагмаларынан басқасының әуені біркелкі соңына қарай үшінші (3) деңгейге дейін көтеріліп толқынданып өрнектеледі. Ал әрбір күрделі синтаксистік тұтастықтың ең соңғы синтагмасы бірінші деңгейге дейін төмендейтін әуенмен ерекшеленіп соңғы мөлшерлі паузамен көмкеріледі.

10 тармақтан-синтагмадан құрылған тұтастықтың үш сөйлемі екі синтагма және төрт сөйлемі төрт синтагма болып бөлінетін I КСТ-ың интонациялық сызығы төмендегідей болады:



Сөйлемдердің соңғы төмендейтін синтагмасынан басқа алдыңғы синтагмалары бірнешеу болса, олардың мағынасы мен сөйлемдегі функциясына қарай өрнектерінде аздап айырмашылықтар кезеседі. 20 тармақтан-синтагмадан құрылған тұтастықтың бірінші сөйлемі 5 синтагма, екінші, үшінші, төртінші сөйлемі 3 синтагма, бесінші сөйлемі 2 синтагма, алтыншы сөйлемі 4 синтагмадан тұратын II КСТ-ың өрнегі



Жоғарыда келтірілген өрнекте әр синтагма бір сызық болып тұр. Әрбір сөйлемдегі ең соңғысынан басқа алдыңғы мағынасы жағынан

жақын немесе бірыңғай синтагмалардың сызығы ұқсас болып түсіп тұрғанын көруге болады. Өлеңдердің күрделі синтаксистік тұтастық түрінде келетіндерінде интонемалардың түрлерінің көбісі кездеседі.

Күрделі синтаксистік тұтастыққа жататын өлеңдердің тармақтарының ішінде қаратпа сөз, қыстырма сөз не бірыңғай мүшелер болса, олар синтагмаларға бөлініп, оқшауланып не бірыңғайланып, тыныс белгілерімен бөлініп тұрады да, соларға сәйкес интонемалармен сипатталады. Мысалы:

2 _____ 3 2 _____ 3

Әке, // сенің жасыңнан / асып барам, //

1 _____ 3
Кезі-кезі / келгенде / тасып та алам, //

1 _____ 3
Кезі-кезі / келгенде / жасып та алам, //

2 _____ 3 1.5 2 _____ 1
Мына өмірге, / бәрібір, // ғашық балаң.

2 _____ 3
Құр алақан / емеспін / қуаныштан, //

2 _____ 1.5
Қуаныштар / алдымда / құрақ ұшқан //

2 _____ 3
Бір арыстан / өмірден / өткенімен, //

2 _____ 1
Өмір сүріп / келеді / тірі арыстан .

2 _____ 3 1.5 2 _____ 3 1.5
Өкіңбе, әке, // отың бар / сонбейтұғын, //

2 _____ 1.5
Ол мәңгілік / жанады / көрмей тыным//

2 _____ 3 2 _____ 3
Ұрпағың бар, // ел менен / ер намысың, //

2 _____ 3 2 _____ 3 1
Тірі тұрса, // қолыңнан / бермейтұғын.

(М.Мақатаев)

Келтірілген үш шумақты өлеңдегі бірінші шумақтың алдыңғы үш тармағы - бірыңғай іргелес сөйлемдер. Олардың үшеуінің де соңы біркелкі жоғары көтерілетін тиянақсыз интономаға лайық шамалы паузамен бөлінеді де, төртіншісі ғана төмендеп, тиянақты интономаға лайық болып, көлемді паузамен бітеді. Бұл шумақтың бірінші тармағының басындағы “әке” деген қаратпа сөз синтагманы бөліп, өзі жеке синтагма құрап тұр. Төртінші тармақта дауыс ырғағының кенет төмендеуі “бәрібір” деген қыстырма сөзге байланысты да, ол қыстырма интономамен сипатталады. Екінші шумақтағы төрт тармақ - синтагма екі-екіден қосылып, оның бірінші тармағының соңы көтеріліп, екіншісінің соңы төмендеп, паузамен тынады. Үшінші

шумақтағы бірінші, үшінші және төртінші тармақтар екі синтагмаға бөлініп тұр, ал екінші тармақ бір синтагма құрайды. Бірінші тармақтың “әке” деген қаратпа сөзі паузамен бөлініп, өзіне тән интонома құрайды.

Поэзия тілінде буын санына негізделген силлабикалық өлең жүйесі қазақ және басқа түркі тілдерінде қолданылады. Үндіеуропа тілдерінде сөздерді топтастыратын екпіннің қызметін қазақ және басқа да түркі тілдерінде үндестік заңы атқарады. Ұлы бабамыз А.Байтұрсынұлы айтқандай, өлеңнің буындары белгілі мөлшерде топтасып “бунақ” құрап, қайталанып, тұрақты сөз жігімен бөлініп тұрады. Силлабикалық жүйелі бунақтар поэзия тілінің ұқсастық заңдылықтарына икемделіп, сөздерінің буындарының санына дейін реттеліп, гармоникалық көркемдікпен ерекше түзіледі.

Кіші формалы мақал, мәтелдерді алатын болсақ, ойымызға Аханның өлең ырғағын “жорғақ” дегені түседі. Мақал, мәтелдердің буын үйлесуі және олардың мөлшерінің бірдей болуы, әр мақалды бір шеңбердегі біркелкі ырғақта ұстап, олардың біркелкі, көтеріңкі - бәсең “жорға жүрісінің тайпалуы” сияқты толқынды интонациясын сызады.

Көп шумақты өлеңдер мен көп тармақты толғаулар, жырлар синтаксистік құрылымы жағынан жай хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдер түрінде де, құрмалас сөйлемдер түрінде де, күрделі синтаксистік тұтастықтар түрінде де кездеседі. Поэзияда кездесетін сөйлемнің жоғарыда аталған құрылымдық түрлерінде бұрын қорсеткеніміздей, интонациялық модельдердің (интономалар) бәрі көрініс табады. Сөйлемдердің интонациясы эрқашан олардың құрылымы мен мағынасына тығыз байланысты болады. Сондықтан поэзияда кездесетін, сөздерінің буындарының санына дейін реттеліп, дыбыстары үйлесіп, ерекше түзілетін сөйлемдерде олардың мағынасына қарай интонациясы да барлық компоненттерін (әуен, қарқын, интенсивтілік, ұзақтылық, пауза) өзгеше әсемдікпен реттеп, өлеңнің ырғақты кестесін сызады.

Өлең шумақтарының жалпы интонациялық келбеті біркелкі толқындалып келіп, көтеріңкі-бәсең тонмен сипатталып, кейбір сөздер мағынасына қарай акценттеліп, соңы төмендеп барып паузамен бітеді. Шумақтардың бір-біріне ұқсас интонация өрнегі өлеңнің аяғына дейін бірнеше рет қайталанып, оның жалпы интонациялық келбетін сызады. Ұлы бабамыз А.Байтұрсынов айтқандай, бұл кілемнің, сырмақтың басына қайталап түсіп отыратын “өрнегі сияқты болады”.

МОРФОНОЛОГИЯ

9. МОРФОНОЛОГИЯ

9.1. МОРФОНОЛОГИЯ НЫСАНДАРЫ

Морфонология немесе фонеморфология - фонетика мен морфология жігінде пайда болған тіл білімінің бір саласы. Морфонология термині морфофонология сөзінен кірігу (гаплогия) жолымен ықшамдалып жасалған. Морфонология пәні сөз тұлғаларының (морфемаларының) фонологиялық құрылымын зерттейді. Сонымен, морфонологиялық құбылысқа сөз ішінде өзара қиюласып тіркесу барысында пайда болатын түрлі өзгерістер жатады. Ондай өзгерістер сөзжасам және сөзпішінде (сөз формада) пайда болады.

Тұлғалардың өзара қиюласып тіркесу барысында пайда болатын дыбыстық өзгерістер фонетика саласында да ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпалдар арқылы пайда болатыны белгілі. Сондықтан фонетика мен морфонологияның төл нысандарын ажырата білу керек.

Артикуляциялық өзгерістер фонетика еншісінде болады дегенмен, оның да өз ішінде бөле қарайтын мәселелері бар. Артикуляцияға байланысты өзгерістерді бағалағанда, оларды шектеулі ме, жоқ, жарыса қолданылу мүмкіндігі бар ма деп, салыстырып қараған жөн.

Артикуляция жағынан шектеулі және шектеусіз құбылыстарды ғылымда позициялық және позициялық емес өзгерістер деп атайды. Қазіргі қазақ тілі фонетикасы өзінің тіл нысаны ретінде позициялық өзгерістерді бөліп қарастыру жұмысын игеріп жатса, морфонологияның нысаны да айқындала түспек.

Осы сияқты морфология саласында да аралас жүрген морфонологиялық құбылыстар баршылық. Өз орнын таппай жүрген көптеген “жұрнақтардың” сөзге қосып тұрған мағынасы бар ма, қызметі қалай деген сұрақтардың жауабы жоқ.

Мұндай өзгерістер - морфонологиялық құбылыстар. Сондықтан морфонология нысанын фонетика мен морфологиядан ажырату айғақтарын (критерийлерін) табу керек.

9.2. МОРФОНОЛОГИЯНЫҢ ФОНЕТИКАДАН ӨЗГЕШЕЛІГІ

Морфонологиялық құбылыстардың фонетикалық нысандардан өзгешелігі мына мәселелерге байланысты:

1. Дыбыс алмасулардың екі түрі бар. Біріншісі, көрші дыбыстардың әсерінен болатын комбинаторлық өзгерістер. Бұл өзгерістер фонетикалық заңдылықпен түсіндірілетіндіктен бұндағы алмасуларды фонетика ғылымы қарастырады.

Ал морфонологиялық дыбыс алмасулар көрші дыбыстың әсерінсіз жүзеге асатын комбинаторлық емес алмасуларға жатады. Бұл өзгерістер қазақ (түркі) тіл білімінде дыбыстар сәйкестігі деп те аталады. Фонетикалық дыбыс алмасуларда белгілі бір позицияда бір ғана өзгеріс іске асса, морфонологиялық дыбыс алмасуда бір позицияда түрлі өзгерістер пайда болуы мүмкін. Мысалы, бір тұлғаға (морфемаға) жататын *-шік* пен *-тік* және *-шек* пен *-тек* жұрнақтары бір сөзге жарыса жалғанып сөз вариантын жасайды: *бүршік-бүртік*, *бөлшек-бөлтек*.

Фонетикада бұндай бір тұлғаның (морфеманың) түрлі **тұлғашықтары** (морфтары) жарыса жалғана алмайды. Мәселен, *-лар* көптік жалғауы жалғанған сөзге оның өзге *-дар*, *-дер*, *-тар*, *-тер*, *-лер* морфтарының ешқайсысы жалғанбайды.

2. Позициялық дыбыс алмасуда (фонетикалық) ешқашан ауытқу болмайды. Мысалы, **с** дыбысы мен **ш** дыбысы қатар келсе, әрқашан **шш** түрінде дыбысталады. ✓

Ал морфонологиялық дыбыс алмасуда әрқашан ауытқу болады. Мәселен, қазақ тілі фонетикасында үнді дыбысқа аяқталған сөзге жалғанатын қосымша дауыссыз дыбыстан басталатын болса, ол әрқашан үнді не ұяңнан басталады деп түсіндіріледі. Бұл түсінік үнді дыбыстарының басқа дыбыстармен тіркесу мүмкіндігін ескермеуден пайда болған. Қазақ тілінде үнді дыбыстары қатаң, ұяң, үнді дыбыстармен тіркесе береді. Ал көбінесе үнді және ұяң дыбыстармен тіркесетіні тек ұяңдану үрдісі барын білдіреді. Сондықтан қатаң дыбыстармен тіркесу “ауытқу” ретінде байқалады.

Бұл ауытқуларды мына мысалдардан аңғаруға болады.

М: сұмға, сұмның, сұмды, бірақ сұмпайы, тымпи, тамтық, қамты, қымта т.б.

Н: ұндар, ұнның, ұнға, ұнды, ұнда, бірақ ұнтақ, жантай, шүнти, қуант, қансыра т.б.

Ң: аңға, манда, аңды, маңды, шаңда, шаңмен, бірақ аңқай, еңкей, қатыңқы, оңқай т.б.

Р: қырға, жарды, жарда, жардан, қорды, бірақ қырқа, сұрқия, буырқан, шамырқан т.б.

Л: қолға, қолдар, қолда, қолмен, көлде, бірақ қолтық, жұлқы, көлкі, бөлтек, бөлшек т.б.

У: дауға, дауды, даудан, даумен, даулар, бірақ даукес, жауқазын, әуірім т.б.

Й: шайлар, шайдан, шайға, шайда, шайдың, бірақ шайқа, күйкі, ойпат, тайқы, қика т.б.

Бұл мысалдардағы *бірақ* дегеннен кейін тұрған сөздердің бәрі де “ауытқуды” аңғартады.

3. ✓ Фонетикалық дыбыс алмасулар фонетиканың өз термин-ұғымдарымен түсіндірілсе, морфонологиялық құбылыстардың түсінігі фонетика шеңберінен шығып, грамматикалық термин-ұғымдар арқылы ұқтырылады. Мысалы, *тап-тауып, жап-жауып* дегендегі *п-у* алмасуы тек көсемшенің *-ып, -іп* жұрнақтарының жалғану нәтижесі. Демек, грамматикалық ұғымның көмекке келуі бұл алмасудың морфонологиялық құбылысқа жататынын көрсетеді.

4. Фонетикалық дыбыс алмасу нәтижесінде ешқашан сөз варианты жасалмайды. Ал морфонологиялық құбылыстың позиция талғамауы, ауытқып қолданылуы вариант жасау жолы болып табылады.

ЕСКЕРТУ: Жалпы тіл білімінде, оның ішінде қазақ тіл білімінде сөз варианттарының жасалу жолын түсіндіргенде, оның жасалу жолының бірі ретінде фонетикалық варианттың берілуі дәстүрге айналған. Кең тарап, санамызға сіңген осы ұғымның қолданылуы соңғы зерттеу нәтижелерімен қайшы келеді. Себебі фонетикалық заңға бағынудан пайда болған өзгерістер әрқашан ауытқусыз жүзеге асатындықтан, әр түрлі дыбысталу мүмкіндігіне ие бола алмайды. *Басшы* сөзінің *башшы* болып айтылудан басқа жолы жоқ. Сондықтан фонетикалық вариант деп аталатын терминді морфонологиялық вариант деп атау ғылыми тұрғыдан дұрыс болады.

9.3. МОРФОНОЛОГИЯНЫҢ МОРФОЛОГИЯДАН ӨЗГЕШІЛІГІ

Қазақ тілінде морфология ережесімен түсіндіруге көне бермейтін өзгеше, ерекше құбылыстар бар. Бұл құбылыстар морфонологияда қарастырылуы тиіс. Оларды морфонологиядан ажырату үшін мынандай дәйекті есте сақтау керек.

1. Сөздердің тұлғалық ерекшеліктеріне көңіл аударып, морфологиялық талдау жасағанда, түбір мен қосымшаның қосынды мағынасы байқалмайды. Мысалы, *қобдиша, кітапша* деген сөздердегі *қобди* және *-ша, кітап* және *-ша* тұлғаларының мағынасы мен қызметі анық аңғарылып тұрса, *күлше* сөзіндегі *-ше* жұрнағы да *қобдиша, кітапша* дегендегідей кішірейту мағынасын білдіргенмен *күлдің* кішкентайы емес, нанның кішкентайы дегенді білдіреді.

Демек, *күл* түбір сөзінің бұл жерде мағынасы мен атқаратын қызметі сақталмауы да мүмкін екен дегенді аңғартады. Бұл сөздегі *күл* түбірін тұлға (морфема) дегеннен гөрі **тұлғасын** (субморф) деген жөн.

2. Кей сөздердің соңында қосымша жалғанып тұрған сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ олардың жалғанған сөзіне үстеген мағынасы болмайды. Мысалы: *тиіс - тиісті, дәл - дәлді, қызық - қызықты, сауыр - сауырсын, мық-мығым, есті - естіяр* т.б. сияқты варианттардың екінші жұбына жалғанып тұрған *-ті, -ді, -ты, -сын, -ияр* қосымша сияқтанып тұрғанмен *тиіс, дәл, қызық, сауыр, мық, есті* сөздеріне не лексикалық, не грамматикалық мағына үстеп тұрған жоқ.

Сондай-ақ *қойқакта - қойқалақта, иреңде - иреленде, тырғанда - тырғалақта* дегенде екінші жұптағы *-ла, -ле* мағына қосып тұрған жоқ.

3. Морфонологиялық талдау жасағанда сөз бен қосымшаның немесе қосымша мен қосымшаның арасына басы артық дыбыстар қойылатыны байқалады. Мысалы, *мынадай - мына(н)дай, соққыла-соққы(ш)та*. Бұндағы [н], [ш] дыбыстары қыстырма дыбыс болып есептеледі.

4. Кей сөздердің соңында артық дыбыстар кездеседі. Мысалы, *тыяла-нялай, такта-тактай, майса-майсан* т.б. Бұл сөздердегі **й, ң** дыбыстарының да мағынаға қатысы жоқ. Сондықтан бұларды ілеспелі дыбыс деп есептейді.

Кейбір, “қосымшалар” сөз мағынасына қосар үлесі болмаса да, дәнекерлік қызмет атқарып тұрады. Мысалы, *қыдыр(ым)паз, кел(ім)сек* т.б. Бұл “қосымшалардың” жоғарыдағы әңгіме болған дыбыстардан айырмашылығы сөз бен қосымшаны байланыстырушылық қызметіне байланысты. Осы қызметі олардың түсіріліп айтылуына мүмкіндік бермейді.

6. Сөз ішінде кей дыбыстардың көпшілігінің ауысым (метатеза) нәтижесінде тұлға тұрпаты өзгеріп кетеді. Мысалы, *сор+ық - сорық* сөзіндегі *-ық* қосымшасындағы екі дыбыс орын ауысытырып *сорғы* болып айтылады. *Керік-кергі, есіт-есті, сілік-сілкі* сияқты варианттар да осылай жасалған.

7. Кейбір тұлға (морфема) бүтіндей түсіріліп айтылуы мүмкін. Бірақ ол морфеманың мағынасы сақталып қалады. Мысалы, *барған едім - барған е(ді)м, барған едің - барған е(ді)ң* дегендегі жедел өткен шақ жұрнағы *-ді* түскенмен сөз бойында мағынасы сақталып қалады.

8. Кейбір сөз бен қосымша жапсарындағы ұқсас дыбысталатын буын не дыбыстар тізбегінің біреуі түсіп қалуы мүмкін. Мысалы, *барғаннан соң - барған(нан) соң - барған соң* т.б.

Қорыта айтқанда, морфонологиялық құбылыстардың морфология жүйесінен өзгешелігі сөздер мен сөзпішіндердің морфонологиялық құрылымы сәйкессіздігінің (асимметрия) пайда болуына байланысты. Ал морфонологиялық ұлғаю (морфологические нарушения), фонетикалық ықшамдалу сияқты ұғым-терминдер тіл білімінде сирек болса да, орынды қолданылып жүр. Сөз не сөзпішін ұлғайса да, ықшамдалса да, морфонологиялық нысан болып қалады. Сондықтан ондай өзгерістерді “морфонологиялық ұлғаю” немесе “морфонологиялық өскін”, “морфонологиялық ықшамдалу” деу керек.

9.4. МОРФОНОЛОГИЯ БІРЛІКТЕРІ

Ғылымның кез келген жеке саласының бір белгісі - бірліктерінің болуы. Сондықтан морфонологияның жеке сала болуы үшін өзіне тән бірліктерінің болуы шарт. Бірақ морфонологияның фонетика, лексикология, морфология, синтаксис сияқты салалардан айырмашылығы бар. Ол айырмашылық - морфонологияның фонетика мен морфологияның аралығында пайда болатынында жатыр. Демек, морфонологияның жеке базисі жоқ, сондықтан ол (морфонология) фонетика мен морфологияның ұғымдарын ортақ пайдалана береді.

Мәселен, дыбыстардың алмасуы, буын сияқты терминдерді морфонология мен фонетика бірге пайдаланады. Дегенмен морфонологияның жеке еншісі ретінде қарастырылатын ұғымдар да бар. Ол бұрын фонетика саласында әңгіме болып жүрген игерусіз өзгерістер, сөз құрылымының ықшамдалуы мен морфологияда бірлі-жарым айтылып келген сөз құрылымының ұлғаюы - таза морфонология бірлігі. Себебі сөз құрылымында болатын бұл өзгерістер тек морфонологиялық құбылыстарға жатады. Демек, осы бірліктерге байланысты айтылып жүрген *элизия, апокопа, кірігу* (гаплогия), *прокопа, метатеза, синкопа, қыстырма дыбыс, селбеспелі дыбыс, тұлғасын* (субморф) дегендер - морфонология ұғымдарын аңғартатын төл терминдер.

9.5. МОРФОНОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУ ЖОЛДАРЫ

Морфонологиялық құбылыстардың не фонетика, не морфология қағидасымен түсіндіруге көнбейтіндігі олардың тіл білімінде спонтанды, споридикалық, стихиялы өзгеріс деп аталуына себеп болды.

Қазақ тіліндегі морфонологиялық құбылыстардың пайда болу жолы үнем принципіне, қолданылу жиілігі мен әр сөз табының өзгешелігіне, ұқсастыққа (аналогияға) байланысты.

9.5.1. Үнем принципі

Қазақ тілінде ықшамдалу амалы (процесі) мен ұлғаю амалы қатар жүреді. Ол амалдар жолы тіл білімінде белгілі болып, ұғым-терминдері де қалыптасып үлгерген. Ықшамдалу мен ұлғаю амалдары біріне-бірі тең келетін симметрияны көрсететіндіктен, қанша ықшамдалу амалын білдіретін термин болса, сонша ұлғаю амалын білдіретін антонимдес термин қалыптасқан. Олар мыналар:

ұлғаю амалдары

1. протеза-сөз басында келетін артық дыбыс,
 2. эпентеза - сөз ішінде қойылатын артық дыбыс,
 3. эпитеза - сөз соңына қойылатын артық дыбыс;
- ықшамдалу амалдары
1. прокопа - сөз басындағы дыбыстың түсірілуі,
 2. элизия - сөз ішінде түсірілетін дыбыс,
 3. апокопа - сөз соңындағы дыбыстың түсіріліп айтылуы.

Демек, жұп-жұбымен қалыптасқан бұл терминдердің біреуін заң деп есептеп, екіншісін спонтанды өзгеріске жатқызу қисынға келмейді. Сөздердің ұлғаю амалы мен түрлі морфонологиялық дыбыс алмасулары да үнем принципі ретінде түсіндірілуі керек. Үнем принципі ілгерілеу (тіл алдына жылжу) үрдісі, еселеу үрдісі, қатаннан ұянға алмасу үрдісі, тұйық буынмен айту үрдісі, ықшамдау үрдісі болып жіктеледі.

9.5.2. Ұқсату үрдісі

Морфонологиялық құбылыстардың пайда болуына ұқсату үрдісінің де әсері бар. Мысалы: *Өмірі ұзақ* деген күрделі сын есімнің ықшамдалып *Өмірзақ* деген кісі атының жасалуы *Бизақ, Байзақ* деген сияқты есімдердің пайда болуына себеп болды. Сондай-ақ *орта, және* сөздерінің әлдененің ретін білдіру үшін сан есімнің *-ыншы, -інші*

жұрнақтарын қабылдап, *ортаншы, жәнениші* (диал.) сөздерінің жасалуында да дайын үлгіні пайдалану бар.

Ал *сенімді, сенімсіз, өнімді, өнімсіз, білімді, білімсіз* деген сөздердің *сенім, өнім, білім* сияқты етістіктен *-ым, -ім* жұрнақтары арқылы жасалған зат есімге сын есім тудыратын *-лы, -сыз* жұрнақтары жалғанып жасалып тұрғаны белгілі. Ал осы үлгі бойынша, *жағымды, жағымсыз, жарамды, жарамсыз, қонымды, қонымсыз* сияқты сөздер жасалған.

Ұқсату үрдісі сөзпішіндерде де кездеседі. Мысалы: *барғанмын - барғаммын - барғамын* түрінде өзгерген сөздің екінші жақта *барғансын - барғасын* түрінде ықшамдалуы сәйкес келмейді. Себебі бірінші жақтағы *барғанмын* сөзінің кейінді ықпалмен [нм-мм], бірдей екі дыбыстың біреуі түсу арқылы (дегеминация: мм-м) өзгеруі түсінікті болса, *барғасын* сөзін олай айғақтай алмаймыз. Сондықтан *барғамын* сөзпішінінің үлгісімен *барғасын* ықшамдалған пішіні пайда болды деуге болады.

9.5.3. Мағыналық қарсылық

Морфонологиялық құбылыстардың пайда болуына мағыналық қарсылықтың да қатысы бар. Себебі кейде сөздерге жалғанатын қосымшалардың жалғануы өзге сөзбен мағыналас болып келеді де, түсініксіз болмау үшін ауытқу пайда болады. Әсіресе, бұл омонимдес сөздерге қосымшалар жалғанғанда анық байқалады. Мысалы: *қара* сөзі әрі сын есім, әрі етістік мағынасына ие. *Қара* етістігіне *-ла* жұрнағы жалғанғанда *қарала* болып айтылмай *қара-|й|-ла* болып *й* қыстырма дыбысымен қолданылады. Себебі *қарала* деп айту сын есімінен етістік жасауға пайдаланылады.

Сондай-ақ *иі* (емшектің июі) етістігіне өздік етіс жұрнағы [н] жалғанғанда *иін* болып айтылу керек еді. Бірақ *и* (айтылуы *йі*) етістігіне өздік етіс жұрнағына омонимдес етістік зат есім тудыратын *-ін* жұрнағы жалғанып *иін* зат есімі жасалған.

Сондықтан *иін* сөзінің мағыналық қарсылығынан қашып, *иі* етістігі өздік етіс пішінінде араларына [с] қыстырма дыбысын қойып *исін* түрінде айтылатын болды. Немесе *осы жер* тіркесі *осы жер-ос жер-өшер-өшер* түрінде өзгеріп айтылса, ал *осы жақ* тіркесі *осы жақ-ос жақ-ошақ* сөзінде дегеминация жүзеге аспайды. Себебі *ошақ-ошақ* болып өзгерсе ошақ (қазандық) зат есімімен омонимдес болып

шығар еді. Сондықтан мағыналық қарсылық бұл амалдың жүзеге аспауына себеп болған.

Сондай-ақ *түй+ін-түйін* зат есімінің жасалуынан қашып, өздік етіс пішіні *түйін* емес, *түйсін* болып айтылатын болды.

9.5.4. Қолданылу жиілігі

Морфонологиялық құбылыстардың пайда болуына қатысты үрдістер бір сөзге тиісті болса, екінші сөзге әсер етпей жататыны белгілі, сондай үрдістердің, бірі жиі қолданылатын сөздерде байқалады. Мәселен, дауысты дыбыс арасында тұрған **к, к, п** дыбыстарының ұянданып **ғ, г, б** түрінде дыбысталуы тұлғалар жігінде кең таралған. Мысалы, *ек-егін, кек-кегі, тарақ-тарағы, соқ-соғыс, сап-сабы, сен-себеді, теп-тебіс* т.б.

Бірақ бұл өзгерістердің фонетикалық өзгеріс еместігін *қазақ+ы - қазақы, қалмақ+ы - қалмақы, жинақ+ы - жинақы, бүк - бүкір, бүк - бүкіш, тік - тіке, нақ - нақа, бала+пан - балапан, сап - сапы* сияқты санаулы сөздердегі **к, к, п** дыбыстарының ұяндамауынан байқаймыз. *Ере келді, тұра келді, жата қалды* тіркестерінің де ережелді, түрежелді, *жатағалды* болып айтылуындағы ұяңдану амалының шексіз еместігін *қарақат* (қарағат емес), *қожақат* (қожағат емес) сияқты сөздерден көреміз.

Осы мысалдардағы **к, к, п** дыбыстарының ұяңданбауы сөзжасам жолымен жалғанған тұлғаларда (“сапы” сөзінен басқасы) кездесетініне көңіл аудару қажет. Неге жалғаулар мен пішін тудыратын жұрнақтар жалғанғанда ұяңдану үрдісі кең таралады.

Сөзжасамда ұяңданбаған дыбыстардың кездесу себебі: жалғаулар мен пішін тудыратын жұрнақтар өзіне қатысты сөз табының кез келген сөзімен жалғанып жиі қолданылады.

Осы жиілік ұяңдану амалын күшейтеді де, бірте-бірте сөзжасам жолымен тіркескен тұлғаларға да әсер етеді. Бірақ қосымша жалғану арқылы жеке лексикалық мағынаға ие болған бұл сөздердің морфонологиялық тұтастыққа ие болуы және сирек қолданылуы ұяңдану үрдісінің сөзпішіндерге қарағанда баяу қабылдануына себеп болады. **Қ, к, п** дыбыстарының ұяңданбайтын тұстары сөзжасамда сақталуы осы себепке байланысты.

Сондай-ақ жиі қолданудың әсері ықшамдалу амалында да бар. Тіліміздегі *ал, қал, кел, қыл, бол, сал* деген алты етістікке көсемшенің *-ін, -ын* қосымшасы жалғанғанда *алып-ап, қалып-қап,*

келін-кеп, қылып-қып, болып-боп, салып-сап болып ықшамдалуында да жиі қолданылудың әсері анық байқалады. Себебі бұл етістіктерге ұқсас *біл, тол, күл, жел* сияқты л дыбысына аяқталған сөздердің көсемше жұрнағы *-ып, -іп* жалғанғанда ықшамдалмауы - қолданылуы аяларының айырмашылығында. *Ал, қал, кел, қыл, бол, сал* етістіктері әрі толық мағыналы, әрі көмекші мағыналы етістік ретінде қолданылса, соңғы топтағы етістіктер *біл, тол* т.б. тек толық мағыналы сөздер. Тек толық мағыналы сөздерден гөрі әрі толық, әрі көмекші етістіктер жиі қолданылатындықтан ықшамдалу үрдісінің әсері күшті болған.

9.6. MORFOLOGIYAŁYK DYBYS ALMASU

Морфонологиялық дыбыс алмасу құбылысы тілдің эволюциялық даму жолымен сабақтасып жататындықтан, оның қазіргі қазақ тіліндегі көріністері тарихи өзгерістердің жалғасы іспетті болып келеді. Сондықтан морфонологиялық дыбыс алмасулар қай үрдіс (тенденция) арқылы іске асса да, оның бір ұшы тарихи құбылыстармен жалғасып жатады. Мәселен, *у, й* дыбысына аяқталған сөзге ілік септігінің жалғауы *-дың, -дің* түрінде ұяң *д* дыбысынан басталып жалғанады. Бұндағы *н-д* алмасуы (*тауның - таудың, үйнің - үйдің*) қазақ тілі мен өзге түркі тілінің (айталық, өзбек тілінің) өзгешелігі сияқты көрінуі мүмкін.

Шындығында, қазақ тіліндегі *тау-дың, үй-дің* түрінде дыбысталу қатар тұрған үнді дыбыстарының *ун, ын* (*тау-ның, үй-нің*) керігу (диссимиляция) үрдісімен *н-д* алмасуы пайда болғанын көрсетеді.

Олай болса, *тауның, үйнің* деп айтушы тілдерде керігу үрдісі болмаған да, қазақ тілінде жүзеге асқан деп түсінгеніміз абзал.

Бұлай баяндамайынша, морфонологиялық құбылыстарды танып білудің өзі қиын. Осы кезге дейін біз тұлғалардың (морфемалардың) қалай айтылатынын біліп алдық. Ал олардың неге солай айтылатынын білу үшін себеп болған үрдістердің жайын үйрену морфонология міндеті болып отыр.

Ендеше, қазіргі қазақ тіліндегі морфонологиялық дыбыс алмасу жайын сөз еткенде, көне ізімізге де қарайлаймыз, жергілікті сөздерді де оғейсімейміз.

Морфонологиялық дыбыс алмасулар тұлға (морфема) жігінде және тұлға жігінен тыс жүзеге

асуы мүмкін. Мәселен, *ары-әрі* вариантының пайда болуы тіл арты [а] дыбысының тіл алды [ә] дыбысына алмасуы тұлға жігінен тыс жүзеге асса, *арырақ-әрірек* варианттарының *арағырақ-әрегірек* болып айтылуы тұлға жігінде *ы^а* және *і^е* дыбыс алмасуын туғызған.

9.6.1. Дауысты дыбыстардың алмасуы

Дауысты дыбыстардың алмасуы дауысты дыбыстар сәйкестігіне байланысты жүзеге асады. Дыбыс сәйкестігі тіл білімінде кеңінен қолданылып жүргенімен, көрші дыбыстардың әсерімен болған фонетикалық өзгерістен өзгешелігін аңғарту мақсатын ғана өтеді. Ал нақтылап келгенде, сәйкестік жөнінде жеке ғылыми тұжырым жасалған жоқ. Негізінде, сәйкестіктер сөйлеу мүшелеріне тәуелсіз болып келетіндіктен тілімізде сөз варианттарын жасауға себеп бөлады.

Дыбыстар сәйкестігі фонетикалық ұғым ретінде танылып, олар арқылы жасалған варианттарды фонетикалық вариант деп атап келдік. Бірақ дыбыстар сәйкестігінің фонетикалық ұғымнан іргесі аулақ құбылыс екені аңғарыла бастады.

Демек, дыбыстар сәйкестігі дыбыстардың морфонологиялық (дәстүрлі) дыбыс алмасуымен бір ұғым болып шығады.

9.6.1.1. Жуан және жіңішке дыбыстардың алмасуы

Жуан және жіңішке дыбыстардың алмасуы қазақ тілі деректеріне қарағанда, көбінесе, жуаннан жіңішкеге қарай өзгеруі арқылы жүзеге асады. Сондықтан да алмасудың бұл түрін тіл арты дыбыстарының тіл алдына жылжу тенденциясымен (үрдісі) түсіндіру дағдысы қалыптасқан. Шындығында, қазақ тілінде *а-ә, а-е, ы-і, о-ө* дыбыстарының алмасуы осы жәйтті аңғартады.

1. *а-ә* дыбыстарының алмасуы өте жиі кездеседі. Мысалы, *ары-әрі, абиыр-әбүйір, абыржы-әбіржі, ажым-әжім, азар-әзер, залым-зәлім, жай-жәй, шай-шәй, қазыр-кәзір, хал-әл, заһар-зәһәр-зэр, қаһар-кәр* т.б.

А-ә дыбыстарының алмасуына себеп болатын кейбір құбылыстар да бар. Мәселен, *қаһар, заһар, саһар* сөздері ықшамдалу жолымен жіңішке дыбысталады: *қаһар-кәр, заһар-зэр, саһар-сәрі* т.б. Ал араб тілінен енген *сағт* сөзі *сағат* түрінде

жуан айтылуымен бірге ықшамдалып *сәт* түрінде де игерілген.

Сондай-ақ *жай-жәй, шай-шәй* сияқты сөздердегі **а-ә** алмасуын түркітануда тіл алды **ж, ш, й** дауыссыздарының ықпалынан болған деп жазу кездеседі. Бұл себептің шындыққа қатысы бар. Бірақ көрші дыбыстың ықпалы екен деп, оны фонетикалық өзгеріске жатқызуға болмайды. Себебі **ж, ш, й**-лердің ықпалы шексіз емес, бір сөзде әсері болса, екінші сөзде жоқ. Айталық **ж, ш** мен **й** дыбысының арасында келген **а**-ның *жай-жәй, шай-шәй* дегенде **ә**-ге ауысуы заңды құбылыс бола алмайды. Өйткені тілімізде бұрынғы дыбысталу нормасы (*жай, шай*) сақталып отыр. Оның үстіне бұл сөздердің сөзжасамда да, түрленуде де, негізінен жуан сыңары қолданылады. Мысалы, *жайбарақат, жайбасар, жайға, жайғас, жайғыз, жайдық, жайдары, жайқал, жайма-шуақ, жайнаңда* т.б. Ал бұл дыбыстардың арасында келген **о, ұ, ы** дыбыстары тіпті жінішкеріп **ө, ү, ә** түрінде дыбысталмайды. Мәселен, *жой, шойын, сой, сый* сияқты сөздердің жіңішке айтылуы кездеспейді. Демек, бұл құбылыстар сөйлеу барысында қалыптасқан морфонологиялық құбылыстар.

2. Тілімізде **а-е** дыбыстарының алмасуы да кездеседі. Мысалы, *сандалу-сенделу, адырай-едірей, бадырай-бедірей, алаң-елең, ағыл-егіл* т.б.

Бұл дыбыстардың (**а-е**) алмасуы, керсінше **е-а** түрінде де құбылады. Бұл жәйтті *мен, сен* жіктеу есімдіктерінің барыс септігінде *маған, саған* болып түрленуінен көреміз. **А-е** алмасуы көне алмасуға жатады. Соған байланысты *маған, саған* болып түрлену жолы, қазір басқа-басқа лексикалық мағынаға ие болған *ана - ене, ағыл-егіл* сөздері тек қазақ тілінде емес, туыс тілдерде де кездеседі. Ал *секілді* сөзінің (*шәкіл* сөзінен) *сықылды* болып жуандауы да назар аударарлық.

3. **Ы-і** дыбыстарының алмасуы *мына-міне, тырнақ-тірнек, тыйын-тійін* (Жаз ... тиын-тиін), *ыспатты-іспетті, пысу* (диал.) - *пісу, пыш* (пышақ) *піш* (кес деген сөз) сөздерінен аңғарылады.

4. **Ұ-ү** дыбыстарының алмасуы: *ұшыр-үшір, бұйымтай-бүйімтай, мұсатыр-мүсәтір, ұбыр-шұбыр-үбір-шүбір, мұжы-мүжі, шұңғыл-шүңгіл* (шүңгіт көз), *ғұрып-үріп* (үріп-әдет), *құрмет-үрмет* т.б.

О-Ө дыбыстарының алмасуы: *доң* (айбат) - *дөң* (айбат), *доңғалақ-дөңгелек, қоңырсы-көңірсі, шоқым-шөкім* (бұлт), *шоқи-шөқи* сияқты варианттардан байқалады.

9.6.1.2. Ашық - қысаң дауыстылардың алмасуы

Ашық және қысаң дауыстылардың алмасуы себебі лингвистикалық әдебиеттерде сөз болмайды. Шындығында, **а-ы, о-ү** сияқты дыбыстардың алмасуын түсіндіру оңай емес. Солай бола тұра, тіліміздегі деректерге сүйенсек, соншалықты аз кездесетін құбылыс емес. Сондықтан тіліміздегі ашықтың қысаңға алмасуы (атқы-ытқы), қысаң дауыстылардың түсіріліп айтылуы (орыны-орны) фонологиялық жүгі жоқ тұста әлсіреу мәселесіне байланысты болуы мүмкін.

1. **А-ы** дыбыстарының алмасуы - қазақ тілінде жиі кездесетін құбылыс. Бұған көне дәуірде алмасып, қазір жеке мағынаға ие бола бастаған *ағу-ығу, алға* сөзімен *ілгері, ілкі* сөздерінің қолданылысын айғақ етуге болады.

Қазіргі қазақ тілінде **а-ы** дыбысының алмасуы *баттас-батыс, шатас-шатыс, дабыс-дыбыс* сияқты сөздерде кездесумен бірге, *арқалы - арқылы, Асаншала-Асаншыла* дегенде **а-ы** алмасуы жүзеге асса, *сорғы-сорғала, арырақ-арағырақ, жақсы-жақсар, бұзық-бұзақы* сияқты сөздерде **ы-а** алмасуы байқалады.

Алма/ме, ба/бе, па/пе сұраулық шылаулардың өз орындарында (сөз соңында) қолданылу тәртібі өзгеріп, жіктік жалғауынан бұрын тұрса, *ма-мы, ба-бы, па-пы* түрінде өзгереді. Мысалы, Асқарсың ба? - Асқармысың? Жұбансың ба? - Жұбанбысың? Болатсың ба? - Болатпысың, айтасың ба? - айтамысың? келесің бе? - келемісің?

А-ы алмасуының жиі кездесетін тұсы есім сөздерден етістік тудыратын *-ай* жұрнағының қазір жеке қолданудан қалған түбірлерге *-ай* және *-ый* түрінде қосылып айтылуынан көрінеді. Мысалы, *аңқай-аңқый, арбай-арбый, алышай-алышый, қайқай-қайқый, қампай-қампый, қоқай-қоқый, қорбай-қорбый, салпай-салпый, талтай-талтый, томпай-томпый, тырай-тырый, шалқай-шалқый, шоңқай-шоңқый, шоқай-шоқый, ыржай-ыржый, ырбай-ырбый* т.б.

Бұндай алмасу құбылысы басқа жұрнақтарда да бой көрсетіп қалады. Мысалы, *қыл+шақ - қыл+шық, қабыр+шақ - қабыр+шық, ыс+қала - ыс+қыла, тыр+мала - тыр+мышта, жыр+мала - жыр+мышта, қоры+ғала - қоры+ғышта* т.б.

Ескерту: *мала-мышта, ғала-ғышта* жұрнақтары сырттай қарағанда, басқа-басқа құрылымы бөлек жұрнақтар сияктанып көрінуі мүмкін. Шындығында, бұлар бір-бірінен арасына қойылып айтылған [ш] қыстырма дыбысымен гана өзгешеленіп тұр. Бұған кейін тоқталамыз.

Тағы бір жиі байқалатын алмасу тұсы еліктеуіш сөздерде кездеседі. Еліктеуіш сөздердің аңғартар лексикалық мағынасымен дыбыстық құрылымы тығыз сабақтасып жататыны белгілі. Мәселен, *жалт* пен *жылт*, *тарс* пен *тырс* сияқты еліктеуіштердегі **а-ы** алмасуын морфонологиялық дыбыс алмасуға жатқызуға болмайды. Біздің еліктеуіш сөздерден морфонологиялық алмасуға алатынымыз мағынаға ешқандай қатысы жоқ құбылыстар. Мысалы, *ыржаң-ыржың*, *қылжаң-қылжың*, *бұртаң-бұртың*, *қылмаң-қылмың*, *жылмаң-жылмың*, *тыртаң-тыртың* т.б. Сондай-ақ *қиқа=жиқа* - *қиқы=жиқы* сияқты қос сөздермен *бірлі=жарым тола-толы*, *басалқа-босалқы*, *самса-самсы*, *банда-банды* сияқты сөздердің соңында **а-ы** алмасуы байқалады.

Е-і дыбыстарының алмасуы *езгі-ізгі*, *ешкім-ішкім*, *енжу-інжу*, *үлгер-үлгір*, *ілек-ілік*, *бөлек-бөлік*, *түбіртек-түбіртік*, *бүртеқ-бүртік*, *ділгер-ділгір*, *кірбең-кірбін*, *түймеште-түйміште*, *түйтеңде-түйтінде*, *түге-түгі*, *міне-міні*, *қане-қані*, *нешенеші*, *сөре-сөрі*, *бәйге-бәйгі*, *бүйе-бүйі* сияқты сөздерден байқалады.

Мысалдардан байқайтынымыз, **е-і** дыбыстарының алмасуы **а-ы** алмасуына ұқсас болып келеді. Әсіресе, бұл ұқсастық қосымшалардың үндесім (сингармонизм) заңына байланысты түрленген морфтарына ұқсайды. Бірақ нағыз үндесім бойынша қалыптасқан фонетикалық өзгеріс емес. Айталық, *арбай-арбый*, *шоңқай-шоңқый* варианттарындағы **а-ы** алмасуы *ербей-ербый*, *шөмей-шөмей* варианттарындағы **е-і** алмасуы бірін-бірі қайталап тұр. Мұндай жасалу үлгісі жағынан жақындық еліктеуіш сөздерде де кездесе береді. Мысалы, *жылмаң-жылмың* және *түйтеңде-түйтінде* т.б. Сондай-ақ *самса-самсы*, *тола-толы* варианттары мен *түге-түгі*, *бәйге-бәйгі* варианттарының жасалуы да ұқсас болып келеді.

Бұлайша **а-ы** және **е-і** алмасуларының ұқсастығы арнайы зерттеуді қажет ететін жұмбақ сырлы мәселе болуы керек. Өйткені *ма-ме* сұраулық шылауларының қысқандануы да ұқсас. Мысалы: *Есенсің бе?* - *Есенбісің?* *Келесің бе?* - *Келемісің?* *Көресің бе?* - *Көремісің?* т.б.

3. **О-У** дыбыстарының алмасуы **а-ы**, **е-і** алмасуларына қарағанда, әлдеқайда сирек ұшырайды. Бұған *ождан-ұждан*, *оқса-ұқса*, *ойбай-үйбай*, *моржа-мұржа* сияқты варианттарды атауға болады.

О-ы дыбыстары да аз алмасады. Бірақ тіліміздегі *соң* шылауының қосымшаға айналу барысында *сын* түрінде дыбысталатын ерекше өзгеріс байқалады. Бұл жағдай *-ған* тұлғалы есімшеге *соң* шылауы тіркесіп айтылғанда жүзеге асады. Мысалы, *барған соң*, *айтқан соң*, *жазған соң* сияқты тіркестерден пайда болған *барғансын* (немесе *барғасын*), *айтқансын* (немесе *айтқасын*), *қайтқансын* (немесе *қайтқасын*) түрінде варианттар жасалған.

Осы құбылыс *аздан соң*, *көптен соң* сөздерінің *аздасын*, *көптесін* болып айтылуында да байқалады. **О** дыбысының **ы** дыбысымен алмасуы шығыстан енген кісі аттарында да кездеседі. Мысалы, *Қайролла-Қайрылла* (Қайрылла), *Қабдолла-Қабдылда* т.б. Егер кісі аттарының алғашқы буындары жіңішке дыбысталатын болса, **о-і** алмасуы жүзеге асады. Мысалы, *Зейнолла - Зейнілдә*, *Абдолла - Әбділдә* т.б.

Ө-Ү дауысты дыбыстары алмасуынан *өкімет-үкімет*, *өкім-үкім*, *бөгелек-бүгелек*, *бөкең-бүкең*, *бөгежекте-бүгежекте*, *өтек-үтік*, *дөреге* (диал.) - *дүрегей*, *бөкенде - бүкенде*, *төленше-туленше* сияқты варианттар жасалған.

Бұл алмасулар *солай ет*, *олай ет* тіркестерінің ықшамдалып *сөйт-сүйт*, *өйт-үйт*, *өйткені-үйткені* болып айтылуында да кездеседі.

9.6.1.3. Еріндік-езулік дауыстылардың алмасуы

Еріндік-езулік дауысты дыбыстардың алмасуы арқылы жасалатын варианттар жиі кездеспейді. Олардың біразы ашық-қысаң дауыстылардың алмасуында (**о-ы**, **о-і**) айтылады. Сондықтан енді **ұ-ы**, **ү-і** алмасуларына тоқталамыз.

Ұ-Ы дыбыстарының алмасуы арқылы *бұлай-былай*, *бұқтыр-бықтыр*, *бұлға-былға*, *бұлғақта-былғақта*, *бұлау-былау*, *құбыла-қыбыла*, *құрсау-қырсау*, *тұмақ-тымақ*, *тұндыр-тындыр*, *тұштаңда-тыштаңда*, *тұшталанда-тышталанда*, *ұңғырау-ыңғырау* (қашау сияқты) сөз варианттары жасалған.

Ү-І дыбыстарының алмасуы *үндеме-індеме*, *дүбір-дібір*, *шүйе бөрі-шіе бөрі*, *бүйт-бийт* сияқты варианттарда кездеседі.

9.6.2. Дауыссыз дыбыстардың алмасуы

Дауыссыз дыбыстардың морфонологиялық алмасу жолдары дауыссыз дыбыстардың сәйкестігі мен керігу (диссимиляция) құбылысы арқылы жүзеге асады.

Дауыссыз дыбыстардың алмасу жайы қатаңнан ұяңға ауысу, шұғыл дыбыстардың ызыңға ауысу, тіл арты дыбыстарының тіл алдына жылжу үрдістері арқылы пайда болады. Бұл үш үрдіске жеке-жеке тоқталамыз.

9.6.2.1. Ұяңдану үрдісі

П-Б дыбыстарының алмасуы сөз басында және сөз ішінде кездеседі. Мысалы, *полат-болат, нұтақ-бұтақ, Патима-Батима, пенде-бенде, пақыр-бақыр, тапа-таба, шүперек-шүберек, епелекте-ебелекте, епелейсіз-ебедейсіз, жалпаңда-жалбаңда, көпірік-көбік* т.б.

П дыбысының **б**-ға алмасуы тұлғалар жігінде жиі кездеседі. Мысалы: *сап-сабы, көп-көбі, сеп-себеді, жап-жабады, жап-жабық* т.б.

Ескерту: бұл құбылыстың жиі кездесуіне қарап, бірінғай ұяңданатын фонетикалық алмасу деуге болмайды. Себебі [п] дыбысына біткен сөздерге дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанғанда [п] дыбысы үш түрлі болып айтылады.

Біріншіден, бірсыпыра **п**-ға біткен сөзге дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанғанда **п**-ның **б**-ға алмасуы байқалмайды. Мысалы, *сап-сапы* (армия сапында), *кепте-кепеш, теп-тепенде, қопсы-қопар* сияқты сөздермен қатар еліктеуіш сөздерді мысалға алуға болады. Еліктеуіштерде ұяңдану тіпті болмайды: *тап-тапылда, топ-топылда, зып-зыпылда* т.б.

Екіншіден, [п] дыбысы **м**-ға айналады: *опыр-омыр, жап-жамыл* т.б.

Үшіншіден, [п] дыбысы **у**-ға айналады. Мысалы, *жап-жауып, сеп-сеуіп, кеп-кеуіп* т.б. Демек, бұлайша ауытқуларға ие болып отырған бұл құбылыс (**п-б**) фонетика еншісіне жата алмайды.

Т-Д дыбыстарының алмасуына *топ-доп, тән-ден* (дені сау дегенде), *тіллә-ділдә, тілмар-ділмар, тажал-дажал, томалақ* (диал.)-*домалақ, тап-дәп* (*тап өзі - дәп өзі* дегенде), *аттас-адас, аттам-адым* сияқты варианттардың қолданылуын айтуға болады.

Сондай-ақ *тағат, тағам* сөздері ықшамдалып *дәт* (*дәті шыдамады*), *дәм* болып айтылады.

Тұлға жігінде **т-д** дыбыстарының алмасуы *Ұлтай-Ұлдай* (есім), *жуантық-жуандық, өлімтік-өлімдік, мөлтек-мөлдек, кемтік-кемдік, жемтік-жемдік* сияқты сөздерде кездеседі. Әрине, *-тық, -тік* жұрнағы мен *-дық, -дік* жұрнақтарының

мағыналары сараланып басқа-басқа мағына жасауға икемделгендігі анық.

3. Қ-Ғ, К-Г дыбыстарының алмасуы *айқай-айғай, ақа* (диал.) - *аға, тақа-таға, шақа-шаға* (*бала-шаға* дегенде), *бөтеке-бөтеге, бақан-баған, садақа-садаға, қылқын-қылғын, ілкі-ілгері* сияқты сөздердің варианттастығынан анық байқалады. **Қ-Ғ, К-Г** дыбыстарының тұлға жігінде алмасуы мына жағдайда кездеседі.

1. Сөз соңы **Қ, К** дыбыстарына аяқталып, оған жалғанатын қосымша не тіркесетін сөз дауысты дыбыстан басталса, **қ** дыбысы **ғ**, **к** дыбысы **г** болып ұяңданады. Мысалы, *тарақ+ы-тарағы, соқ+ым-соғым, ек+ін-егін, көк+і-көгі, жоқ+ал-жоғал, ақ адам-ағадам, көк ешкі-көгеешкі* т.б. Бірақ бұл құбылыс қазақ тілінде шексіз емес. Ұяңданбай қолданылатын **қ, к** дыбыстарын *қазақ+ы-қазақы, қалмақ+ы-қалмақы, нақ+а-нақа, тік+е-тіке, қырық+ым-қырқым, көрік+ем-көркем* т.б. сөздерден көруге болады.

2. Сөз соңы дауысты дыбысқа бітіп, оған тіркесіп айтылатын сөз **қ, к** дыбысынан басталса, **к, к** дыбысы **ғ, г** болып ұяңданады. Мысалы, *ала қаш-алағаш, бара кел-барагел, көре кет - көрегет* т.б. Бұл жағдайда да ұяңдану амалы бірінғай кездесе бермейді. Мысалы, *қара қат - қарақат* (*қарағат* емес), *бөрі қарақат-бөріқарақат* (*бөріғарағат* емес), *қара қат - қарақат* (қаралы хабар жазылған хат), *әлдекім-әдекім* (*әлдегім* болып та жарысып айтылады) т.б.

3. Сөз соңы үнді дыбыстарға аяқталса, оған жалғанатын қосымшалар **ғ, г** дыбыстарынан басталады. Мысалы, *көлге, көлгіркі, өрге, бірге, жарға, дарға, шамға* т.б. Бірақ үнді дыбысқа аяқталған сөзге **қ, к** дыбысынан басталатын қосымша жалғанып та, сөз тіркесіп те айтыла береді. Мысалы, *қырқа, өркеш, шығыңқы, батыңқы, жауқазын, қаламқас* т.б.

Ш-Ж дыбыстарының алмасуынан *быршы-быржы, боршы-боржы, бақши-бағжи, кекши-кегжи, келемеште-келемежде* т.б. сөз варианттары жасалған.

9.6.2.2. Шұғыл дауыссыздардың ызың дауыссыздармен алмасуы

Шұғыл дауыссыздардың ішінде **қ, к** дыбыстарының **ғ, г** ызың дауыссызбен алмасуы ұяңдану үрдісіне байланысты жоғарыда әңгіме болды (қара: ұяңдану үрдісі). **Қ, К** шұғыл дыбыстарының дауысты дыбыс қоршауында **ғ, г** дыбыстарымен алмасатыны сияқты **п, б** шұғыл дыбыстары да дауысты дыбыс арасында ызың аллофонға ие болады. Бұл жәйт қазақ (түркі)

тілінде **п**, **б** шұғылдарының бірте-бірте у дыбысына айналуына себеп болады. Мысалы, *қабақ-қавақ-қауақ, дабыс-давыс-дауыс, шаңқобыз-шаңқовыз-шаңғауыз, кәпір-кәвір-кәуір* т.б.

Қазіргі қазақ тілінде *тап, жап, кеп, теп* етістіктеріне көсемшенің *-ып, -іп* жұрнағы жалғанғанда **п-у** алмасуы жүзеге асып *тауып, жауып, кеуіп, теуіп* түрінде айтылады. Бұл құбылыс [п] дыбысының дауысты дыбыс қоршауында **п-б-в-у** алмасуларының нәтижесі болу керек.

Мәселен: *жап-жабып-жавып-жауып*
тап-табып-тавып-тауып
кеп-кебіп-кевіп-кеуіп
сеп-себіп-севіп-сеуіп.

Себебі сөйлеу тілінде *себіп* (айтылуы *севіп*), *жабып* (айтылуы *жавып*) варианттары да ауық-ауық кездесіп қалады.

Ал *сап етті-сауетті, лап етті-лауетті* дегендегі **п-у** алмасуын да осылайша түсінген дұрыс.

П, б шұғыл дауыссыздарының [у] дыбысына айналуы дауысты дыбыстарының қоршауында тұрмай-ақ жүзеге асатын кезі болады. Мысалы, *қылапсыз-қылаусыз, шылапшын-шылаушын, сыбдыр-судыр, аблық-аулық, қапсыр-қаусыр, дабдыра-даудыра* т.б. Бұл мысалдардағы **п-у, б-у** алмасуларының екі түрлі жолмен жасалғанын байқауға болады.

Бірінші, *қылапсыз-қылаусыз, қапсыр-қаусыр, шылапшын-шылаушын* дегендегі **п-у** алмасуы жоғарыда әңгіме болған дауысты дыбыс қоршауындағы алмасудың үлгісімен (аналогиясымен) жүзеге асуы мүмкін.

Екінші, *аблық-аулық, сыбдыра-судыра, дабдыра-даудыра* дегендегі **б-у** алмасуы фонетикалық жағдайдан пайда болған. Себебі қазақ тілінде ұяң ызың дыбыстар буын соңында келе берсе (*дағды, дегді, күжбен, көзбен* т.б.), ұяң шұғыл дауыссыздар буын соңында тұра алмайды. Егер келе қалса, олар қатаң дыбысталады. Мысалы, *штаптың* (айтылуы *штаптын*), *Ленинградқа* (айтылуы *Ленинградқа*) т.б.

1. Бұл жерде /В/ таңбасы орыс тілінен енген /В/ дыбысы емес. Техникалық ыңғайлығына қарай шартты түрде алынып отыр. Негізінде /w/ түрінде берілуі керек.

Ал *аблық, сыбдыра, дабдыра* сөздерінде [б] дыбысының буын соңында тұруы қазақ тілі фонетикасының жүйесіне қайшы келеді. Ал осы фонетикалық қайшылық бұл сөздерде қалай сақталған деген сұрақ тууы мүмкін. Бұл сөздердің негізі еліктеуіш сөздер. Олардың әр дыбысы аңғарту мағынасына қызмет ететіндіктен,

сыптыра, даптыра түрінде дыбысталуға икемсіз. Дыбыстық еліктеуіш сөздің мағынасына қажет д дыбысын сақтау үшін *сывдыр-судыр, давдыра-даудыра* варианттары пайда болған. Тек *аблық* сөзінің дыбыстық мағынасы қажет болмағандықтан **б** дыбысын **п** дыбысымен айту мүмкіндігіне ие болып, *аптық* түрінде дыбысталады. Солай бола тұра, *аблық* сөзінің ыңғайсыздығы тек **б-п** алмасуын ғана іске асырмай **п-у** алмасуын да тудырған. Оны былай түсіндіруге болады.

Аблық → аптық (әптік)
↓ → авлық-аулық (әулік, әулекі).

Аблық сөзінің *аптық* болып айтылуы **б** дыбысының буын соңында тұруына байланысты (*штаб-штап* сияқты) болса, *авлық-аулық* варианты қалай қалыптасты? Шұғыл **б** дыбысы буын соңында тұра алмайтынымен қатар **л** дыбысымен тіркесе алмайды. Ол үшін ызың **в** дыбысына айналуы керек. Себебі **в** ызың дыбысы сүзіліп (созылып) барып, **л** дыбысымен тіркесу мүмкіндігіне ие болады. Бірақ *авлық* сол күйінде қалмай **у** дыбысына айналғанда *аулық* болып қалыптасқан.

Буын соңында [б] дыбысы келіп келесі буын [д] дыбысынан басталған сөздерде [б] дыбысының [у]-ға айналуынан басқа өзгерістер де көп. Бұл - [б, д] дыбысының қазақ тіліне тән еместігін көрсетеді. Мысалы, *дабдыра* сөзіндегі д дыбысының түсіп *дабыра* болып айтылуы. Бұл жағдай басқа тілден енген кісі аттарында жиі кездеседі. Мысалы, *Әбділдә-Әбілда, Әбдісамат-Әпсамат* т.б. (Бұл жөнінде кейін толығырақ тоқталамыз). Тіліміздегі **б-м, п-м** дыбыстарының морфонологиялық алмасулары арқылы бірсыпыра варианттар жасалған.

Б-м алмасуынан *бекіре-мекіре, бөлтек-мөлтек, бекем-мекем, бұның-мұның, бұны-мұны, бұнда-мұнда, бұдан-мұнан, бұнша-мұнша, бұндай-мұндай* сияқты сөз басында алмасқан сөздер кездесе, *күбілжі-күмілжі, құбыр-құмыр, құрбан-құрман, ілби-ілми, қарбану-қарману, жебір-жемір, алба-жұлба - алма-жұлма* сияқты варианттарда сөз ішінде алмасады.

Ал **п-м** алмасулары арқылы *пақта-мақта, опыр-омыр, жап-жамыл, жылпылда-жылмында; қылпылда-қылмында, жыпсық-жымсық, байыпта-байымда, жанапайла-жанамайла* сияқты варианттар жасалған.

9.6.2.3. Тіл арты дыбыстарының тіл алдына жылжу үрдісі

Түркітану ғылымында тіл арты дыбыстарының тіл алдына қарай жылжу үрдісі тек дауысты дыбысқа байланысты сөз болды да, дауыссыз дыбыстар жөнінде айтылмай келді. Біз бұл үрдістің дауыссыз дыбысқа да қатысы бар деп есептейміз. Тіл арты дауыссыздардың тіл алдына жылжу үрдісін мына дыбыстардың алмасуынан байқауға болады.

К, к - у дыбыстарының алмасуы: *бақ-бау, қыстақ-қыстау, санақ-санау, бояқ* (диал.)-*бояу, білек-білеу, тірек-тіреу, тілек-тілеу* т.б.

Қ-й дауыссыздарының алмасуы: *тоқ-той, соқ-сой, жоқ-жой, бақ-байла, бек-бей* (жаз.би) т.б.

Ң-й дыбыстарының алмасуы: *барсаңшы-барсайшы, келсеңші-келсейші, жеңше-жейше* (сөйл. тілінде) т.б. Етістіктің шартты рай тұлғасының 2-жақтағы көрсеткіші [ң] жалғауының [й]-мен алмасуы барлық етістікке жалғанғанда кездесетін құбылыс сияқты. Солай бола тұра тек қана *-шы* тұлғасы жалғанғанда ғана вариант түзеді. *Келсең* сөзін *келсей* деп айту тілімізде бар болғанымен бірдей емес. *Келсең, барсаң* дегенде шарттылық мағына сақталса, *келсей, барсай, келсеңші-келсейші* дегенде мағына өзгеріп кетеді.

Ң-у дыбыстарының алмасуы: *аң-ау, аңсар-аусар, аңқау-ауам, аңшы-аушы, көңіл-кеуіл, оңаша-ауаша* (диал.) т.б.

Ң-н дыбыстарының алмасуына етістіктің *-ған -ген* тұлғалы есімшесіне соң шылауы тіркесіп айтылғанда, оның (шылау сөздің) қосымша ретінде сын түрінде айтылуын атауға болады. Мысалы, *барған соң - барғансын, келген соң - келгенсін* т.б.

Ал сөйлеу тілінде *қалың-қалын, біздің-біздің, сіздің-сіздің, шұбалшаң-шұбалшын* сияқты варианттар да байқалады.

Ш-с дыбыстарының алмасуы, негізінен, тіларалық алмасуда жиі айтылып келеді. Ал қазақ тілінің өз ішінде *шәмбе-сәмбе, шодыр-содыр, бағынышты-бағынысты, шекер-секер, қошта-қоста, іле-шала - іле-сала, шайқымазақ-сайқымазақ* сияқты варианттардан көрінеді. Ал *ешек-есек, беш-бес, мышық-мысық* сияқты варианттардың [ш] - мен айтылатындары жергілікті сөзге жатады. Ал тіліміздегі *сүйінші-шүйінші, басқыш-бапқыш* сияқты алмасулардың жөні бөлек. Бұларды алшақ үндесу (дистактілі ассимиляция) немесе сөз сонындағы буында тұрған [ш] дыбысының басқы буындағы [с]-ға

әсері деп түсінеміз. Бірақ бұл үндесім (ассимиляция) фонетикалық өзгеріс емес. Өйткені бұл сөздердегі **ш** дыбысының **с**-ға әсері *асшы*-ның *ашшы* болып айтылуындай артикуляциялық кедергіге тап болып тұрған жоқ. Мұнда тек сөйлеушінің санасындағы кейінгі дыбыстарды айтуға психологиялық дайындық кезінде соған ұқсас дыбысты (ш мен с-ны) алмастырып айту ғана. Сондықтан *сүйінші-шүйінші, басқыш-бапқыш* - вариант ретінде жарыса айтыла береді де морфонологиялық құбылысқа жатады.

7. Ш, С дыбыстарының ұяң жұбы **ж, з** екені белгілі. **Ш-с** алмасулары сияқты **ж-з** дыбыстарының да алмасуы кездеседі. Мысалы, *жыт-зыт, жытыр-зытыр, жәбір-зәбір, зекі-жеккі, зекіру-жекірусияқты* варианттарда сөз басында алмасса, *найжағай-найзағай, қаужа-қауза, тәжім-тәзім* сияқты сөздерде сөз ішінде алмасып отырады. Сөз соңында *қыж-қыж қайнады, қыз-қыз қайнады* деген еліктеуіш сөздерде кездеседі.

8. Қазақ тілінде з-й, ж-й алмасулары ертеде болған тәрізді. Сондықтан бұл дыбыстардың алмасуы арқылы жасалған варианттар қазіргі қазақ тілінде сирек кездеседі. Мысалы, *сөз-сөйле, жаз-жай* (*дастарқан жаз - дастарқан жай*), *жаз-жай* (*жаз-жайла*), *жазыл-жайыл* т.б.

Ал **ж-й** алмасуы *ажырат-айыр, аждаһа-айдаһар, жә-иә, ұжым-ұйым* сияқты сөздерде кездеседі. **Ж-й** немесе **й-ж** алмасулары тіларалық **й-ж** алмасуының бір түрі болуы да мүмкін. *Ожақ-ояқ, бұжақ-бұяқ, ол жер-өжер-ойер* сияқты сөйлеу тілінде кездесетін **ж-й** алмасуларын **й**-мен айтылатын тілдердің әсері дейтін пікірлер жиі кездеседі.

Ж-з дыбыстары **д** дыбысымен де алмасып қолданылады. Мысалы, *ежірей-едірей, бажырай-бадырай, күжірей-күдірей, бұжыр-бұдыр* сөздерінде **ж-д** дыбысы алмасып қолданылса, *бедірей-безірей* дегенде **д-з** дыбыстары алмасып тұр.

Қатаң [с] және [ш] дыбыстары қатаң [т] дыбысымен алмасатын кездері болады. **С-т** дыбыстарының алмасуы *сірес-тірес, саяз-тайыз, сонау-тонау, ыссы-ыстық* (диссим.) дегенде байқалады.

Ал **ш-т** дыбыстарының алмасуымен *шіре-тіре* (*сіре*), *қышық-қылтық, бүршік-бүртік, бөлшек-бөлтек* сөз варианттары жасалған.

Л-н дыбыстарының алмасуы. Қазақ тілінде [л] дыбысының **д, т** дыбыстарының алдында келгенде [н] дыбысымен алмасады. Мысалы, *түгелде-түгенде, соқталдай-соқтандай, шолти-*

шонти т.б. Бірақ бұл бірден-бір заңды алмасу жолы бола алмайды. *Аралдын, Маралды, жағалдау* сияқты сөздерде [лд] тіркесімі [нд] тіркесіміне айналмайды. Сондай-ақ, бұл құбылыстың тілімізде керісінше жүзеге асатын кезі де болады. Мысалы, *құрмандық-құрмалдық, табан-табалдырық* т.б.

Қазіргі қазақ тілінде л-н алмасуы *ол, бұл, сол* сілтеу есімдіктерінің түрлену және сөзжасам амалдарына байланысты ұшырайды. Мәселен, осы есімдіктердің тәуелдену үлгісіне назар аударыңыз.

ОЛ	СОЛ	БҰЛ
1-ж оным	соным	бұным (мұным)
2-ж оның	соның	бұның (мұның)
3-ж онысы	сонысы	бұнысы (мұнысы)

Ал осы есімдіктер жатыс, шығыс септіктерінің жалғауын қабылдағанда осы алмасу қайталанатын.

Жатыс:	онда	сонда	(мұнда)
Көмектес:	онымен	сонымен	бұнда бұнымен (мұнымен)

Аталған есімдіктерге *-сыз, -ша, -лық, -дай* жұрнақтары жалғанғанда л-н алмасуы кездеседі.

онсыз	сонсыз	бұнсыз (мұнсыз)
онша	сонша	бұнша (мұнша)
ондық	сондық	бұндық (мұндық)
ондай	сондай	бұндай (мұндай)

Р-л үнділерінің алмасуы *бұрқан-талқан - бұлқан-талқан, добардай-добалдай, шұңқыр-шұңғыл, зарар-залал, ұрұқсат-ұлықсат* сияқты аздаған сөздерде кездеседі.

9.6.2.4. Тіл арты Қ, К, Ғ, Г дыбыстарының ң дыбысымен алмасуы

Қ, к дыбыстары түбір сөздерде *тақ-тан, қақсы-қаңсы* сияқты сөздерде **ң** дыбысымен алмасады. Бұл құбылыстың жиі кездесетіні *қиқақта-қиқаңда, шалқақта-шалқаңда, талтақта-талтаңда, қайқақта-қайқаңда, жалпақта-жалпаңда, тыртақта-тыртаңда, бөкекте-бөкеңде, дікекте-дікеңде, секекте-секеңде* сияқты еліктеуіш сөздерге етістік тудырушы *-ла, -ле* жұрнағы жалғанғанда байқалады.

Ал **Ғ, г** дыбыстарының [ң] дыбысымен алмасуы *мегзе-меңзе, шоғайна-шоңайна* сияқты бірлі-жарым сөздерде ғана кездеседі. Ал әдеби тілдегі *негіз* сөзінің диалектіде *неңіз, маңыз* сөзінің *мағыз* болып айтылатын жағдайы бар.

9.6.2.5. Керігу (диссимиляция) құбылысы

Керігу құбылысы - өзара ұқсас немесе бірдей дыбыстың қатар келгенде оның біреуінің ұқсас емес басқа дыбыспен алмасуы. Керігу құбылысының морфонологияға жататын себебі ұқсас немесе бірдей дыбыстың қатар келгенде оның біреуінің өзге дыбыспен алмасуы абсолютті заңдылық емес. Мәселен, *алла* сөзі қазақ тілінде әрі *алла*, әрі *алда* болып айтыла береді. Айталық, бұл сөз тура мағынасында, негізінен, *алла* түрінде айтылады да, кісі аттары құрамында *Алдаберген, Алдамұрат* болып, одағай сөз құрамында *алда құдай-ай, алда разы болсын* дегендегі сияқты дыбысталады. Демек, керігу құбылысы белгілі позицияда жүзеге асқанымен позициялық өзгерістер қатарына жатпайды.

Керігу құбылысы түбір (түбір мен қосымшаға бөлінбейтін) сөздерде сирек кездеседі. Олар: **сс-ст** алмасуымен *ыссы-ысты* (ыстық), **шш-шт** алмасуы *аишы-ашты* сияқты бірлі-жарым сөздерде байқалады.

Ал шеттен кірген сөздерде бұл құбылыс әрі айқын, әрі жиілеу. Мысалы, *алла-алда, молла-молда, сәлле-сәлде* дегенде лл-лд алмасуы бар. Сондай-ақ мм-мб алмасуына *Мұқаммет, Мұқамбет, үммэт-үлбет, эмме-эмбе* сөздерін, **нн-нд** алмасуына *сүннэт-сүндет, жынын-жынды* мысалдарын атауға болады.

Керігу құбылысы тұлға (морфема) жігінде жиірек кездеседі.

9.6.2.6. Тұлғалар жігіндегі керігу құбылысы

Тұлғалар жігіндегі керігу құбылысы үнді дыбыстарынан басталатын қосымшалардың жалғануына байланысты пайда болады. Оның басты себебі дыбыстар тіркесіміне байланысты. Айталық дауысты дыбыстар ұяң, үнді, қатаң дыбыстармен тіркесе береді. Мысалы, оны былай байқауға болады:

Дауысты → -ұяң: бала-ға, бала-да, бала-дан
 → -үнді: бала-ның, бала-ны, баламен
 → -қатаң: бала-қай, бала-пан, бала-ша

Демек, дауысты дыбысқа біткен сөзге қосымша фонетикалық заңмен өзгеріске түсіп жалғанбайды. Ұяң дыбысқа аяқталған сөз өзіне жалғанатын қосымшаның бірінші дыбысы дауыссыз болса, ол ұяңнан басталатыны белгілі. *Көз - көздің, көзге, көзді, көз-бен* т.б. Ал үнді дыбыстарға аяқталған сөзге қосымшалардың

жалғануы бірдей емес. Себебі үнді дыбыстарға аяқталған сөзге үнді дыбыстан басталған қосымша жалғанғанда дауысты дыбыстарша қосымшаны өзгертпей де, өзгертіп те қабылдауы мүмкін.

Мәселен, **м, н, ң** үнділеріне аяқталған сөзге ілік септігінің жалғауы дауысты дыбысқа аяқталған сөзге жалғанғанындай өзгеріссіз жалғанса, **л, р, у, й** үнділеріне жалғанғанда **н-д** алмасуы пайда болады.

М: шам-ның, құм-ның, сым-ның т.б.

Н: нан-ның, ұн-ның, сын-ның т.б.

Ң: шаң-ның, аң-ның, көң-нің т.б.

Л: жол-дың, қол-дың, тал-дың т.б.

Р: қар-дың, ар-дың, жыр-дың т.б.

У: тау-дың, сау-дың, ау-дың т.б.

Й: сай-дың, шай-дың, май-дың т.б.

Жеті үнді дыбысының үшеуі (**м, н, ң**) ілік септігінің бірінші дыбысы [**н**] - мен еркін тіркесе, төртеуі (**л, р, у, й**) керігу жолымен **н-д** алмасуы арқылы тіркесіп тұр.

Ал табыс септігінің **-ны, -ні** қосымшасы үнді дыбыспен аяқталған сөзге түгелдей керігу жолымен жалғанады.

М: шам-ды, қом-ды, сым-ды т.б.

Н: нан-ды, ұн-ды, сын-ды т.б.

Ң: шаң-ды, қоң-ды, көң-ді т.б.

Л: жол-ды, қол-ды, көң-ді т.б.

Р: қар-ды, ар-ды, жыр-ды т.б.

У: тау-ды, сау-ды, ау-ды т.б.

Й: сай-ды, шай-ды, май-ды т.б.

Көмектес септігіне үнді дыбыспен аяқталған сөзге түгелдей керігусіз, дауысты дыбысқа аяқталған сөзге жалғанғандай тіркеседі. Үнді дыбыстарына аяқталған сөздерге үнді дыбыстарынан басталатын ілік (**-нын**), табыс (**-ны**), көмектес (**-мен**) қосымшаларының керігу жолымен және керігусіз жалғануы белгілі заңдылықтан емес, сөйлеу барысындағы үрдіс нәтижесі екенін көрсетеді.

Көмектес септігінің **м-дан** басталатын қосымшасы **м-ның** барлық үнді дыбысқа аяқталған сөзге өзгеріссіз жалғануы осыған ұқсас **м-дан** басталатын **-ма, -ме** жұрнақтары мен **ма, ме** сұраулық шылауының жалғануы да бірдей болып келуі керек еді. Бірақ мұнда бірізділік байқалмайды **нм > мб, нм > нб, нм > нб** керігу амалы жүреді.

Салыстырып көрейік.

Көмектес септік	Шылау	Болымсыз етістік
М: шам-мен	шам ба?	көмбе
Н: нан-мен	нан ба?	нанба (нам ба)
Ң: шаң-мен	шаң ба?	сіңбе
Л: қол-мен	қол ма?	ілме
Р: жыр-мен	жыр ма?	тұрма
У: тау-мен	тау ма?	жума
Й: сай-мен	сай ма?	кима

Қазақ тіліндегі **-лар, -лер (-дар, -дер, -тар, -тер)** көптік жалғауы мен **-ла, -ле (-да, -де, -та, -те), -лы, -лі (-ды, -ді, -ты, -ті), -лық, -лік (-дық, -дік, -тық, -тік)** жұрнақтарының жалғауында да керігу амалы кездеседі.

Қазақ тіліндегі **л-дан** басталатын **-лық, -лік (-дық, -дік, -тық, -тік), -ла, -ле (-да, -де, -та, -те), -лы, -лі (-ды, -ді, -ты, -ті)** жұрнақтары мен **-лар (-дар, -дер, -тар, -тер)** көптік жалғаулары **м, н, ң, л** үнді дыбыстарына біткен сөзге жалғанғанда керігу амалы іске асып, **л-д** алмасуы пайда болады.

М, н, ң, л дыбыстарына біткен сөздерге жоғарыда аталған жұрнақ, жалғаулардың жалғану тәртібіндегі **мл>мд, нл>нд, ңл>ңд, лл>лд** амалын былайша көруге болады:

-лық, -лік жұрнағы жалғанғанда:

М: шамлық > шамдық, емлік > емдік

Н: ханлық > хандық, күнлік > күндік

Ң: кеңлік > кеңдік, теңлік > теңдік

Л: саллық > салдық, көллік > көлдік

-ла, -ле жұрнағы жалғанғанда:

М: қомла > қомда, емле > емде

Н: шыңла > шыңда, жүнле > жүнде

Ң: тыңла > тыңда, теңле > теңде

Л: қолла > қолда, желле > желде

-лы, -лі жұрнағы жалғанғанда:

М: құмлы > құмды, тиімлі > тиімді

Н: қанлы > қанды, жүнлі > жүнді

Ң: оңлы > оңды, көңлі > көңді

Л: толлы > толды, көллі > көлді

-лар-лер қосымшасы жалғанғанда:

М: шамлар > шамдар, кімлер > кімдер

Н: қанлар > қандар, күнлер > күндер

Ң: шаңлар > шаңдар, көңлер > көңдер

Л: қоллар > қолдар, көллер > көлдер

Керігу амалына дейінгі нұсқалар ішінен **кеңлік, теңлік, тыңла, теңле, құмлы, оңлы, аңлы, мұңлы** сияқты сөздердің жергілікті сөз ретінде сақталып отырғанын байқауға болады.

9.6.2.7. Ауысым (метатеза)

Ауысым (метатеза) сөйлеу барысында дыбыстарды өзара орын ауыстырып айту арқылы пайда болатын морфонологиялық құбылыс. Ауысым, негізінен сөзді аз күш жұмсап, ыңғайлы дыбыстауға әрекеттену нәтижесінде пайда болады.

Қазақ тілінде ауысымның екі түрі бар. Біріншісі - көрші дыбыстың өзара орын ауысып қолданылуы, екіншісі - алыс тұрған дыбыстардың орын ауысуы.

1. Көрші дыбыстардың орын ауысуында **ПҚ > ҚП, ПҚ > ҚП** түріндегі дыбысталатын сөздер өте жиі кездеседі. Мысалы:

ПҚ>ҚП ауысымы	ПҚ>ҚП ауысымы
қапқак-қақпақ	әпке-әкпе
қапқан-қақпан	тепкішек-теқпішек
сапқан-сақпан	әпкіш-әқпіш
шапқыла-шақпыла	әпкел-әқпел

Түркітану ғылымында **ПҚ>ҚП, ПҚ>ҚП** ауысымы тіл алды дыбыстарынан бұрын тіл арты дыбыстарын айту жеңілдігіне байланысты пайда болған дейтін пікір бар. Олай болса, *антал-атпал, мызғы-мығзы, мезге-мегзе* сияқты ауысымдардың да жайын осы себепке жатқызу керек.

Қазақ тілінде **бж>жб** орын ауысуында айту жеңілдігінен басқа тағы бір себеп бар. Ол *күбжeнде-күжбiнде* дегенде [б] дыбысы буынды аяқтап [п] түрінде айтылуы керек еді.

Келесі буынның ұяң [ж] -дан басталуы бұл екі ұяң дыбыстың тіркесу қиындығын туғызады. Сондықтан **бж>жб** өзгерісінің тағы бір себебі дыбыс тіркесімінің қолайсыздығы болуы әбден мүмкін.

Көрші дыбыстардың орын ауысуы дауысты дыбыс пен дауыссыз дыбыстар арасында да жүреді. Мысалы, *жарықшақ>жарғышақ, бағзыда>бағызда, есіт>есті, еліт>елті, керік>кергі, сорық>сорғы, сілік>сілкі, сіңіл>сіңілі, түрік>түркі, лыпа>ылпа* т.б.

Дауысты және дауыссыз дыбыстардың ауысымы сөзді есітуші мен сөйлеуші арасындағы сезім, түйсікке негізделген. Себебі қашанда хабар салмағы сөз басына түседі. Ал сөз басы ашық буынмен айтылғаннан гөрі жабық буынмен айтылса, тыңдаушыға нақтылы естіледі. Ал *e-cit, ke-pik, co-рық* сөздеріндегі алғашқы ашық буындар дауысты және дауыссыз дыбыстардың ауысымымен *ec-ti, кер-gi, сор-ғы* болып жабық буынға айналуы осы әрекеттен туған болуы керек.

2. Алыс тұрған дыбыстардың орын ауысуына *айналқоста > айналсоқта, селқос > селсоқ, жалаң аяқ > жаңалаяқ, жалаңаш > жаңалаш, айлан > айнал, дарыйа > дайра, топырақ > торпақ, тебірен > тербе* сияқты сөздер жатады.

Алыс тұрған бұл ауысымдық құбылыстарды екі топқа бөліп қараған жөн. *Селқос>селсоқ, айлан>айнал* сияқты сөздердегі [к] мен [л]-ның сөз соңына орын ауыстырып, олардың орнына сөз соңындағы [с] және [н] дыбыстарының келуі олардан бұрын тұрған (бірінші) буынды аяқтап, тұрған [л], [й] дыбыстарына байланысты сияқты.

Өйткені [л] дыбысынан кейін тіл арты [к] дыбысын, [й] дыбысынан кейін [л] дыбысын айтудан гөрі тіл ұшы [с], [н] дыбыстарын айту жеңіл екені белгілі. Демек, ауысымның бұл түрі **пқ>қп** дыбыстарының орын ауысуы сияқты айту жеңілдігіне байланысты пайда болған деуге келеді.

Ал дарыйа-дайра, топырақ-торпақ, тебірен-тербе, добыра-дорба сияқты ауысымдық құбылыстардың табиғаты әрі тіл арты дыбыстарын бұрын айту жеңілдігіне де, әрі ашық буынды жабық буынмен айту үрдісіне де байланысты. Олай дейтін себебіміз **й** дыбысы **р**-дан, **р** дыбысынан [б], [п] дыбыстары тіл алдына жақын. Бұл - бір. Екіншіден, ауысымға дейінгі алғашқы нұсқалар *да-ры-йа, то-ны-рақ, те-бі-рен, до-бы-ра* болып екі, үш ашық буынмен айтылған сөздер **рй>йр, бр>рб, пр>рп** ауысымына байланысты бір дауысты дыбыс сусып, *дай-ра, тор-пақ, тер-бе, дор-бат* түрінде жабық буындар пайда болған.

9.7. СӨЗ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҰЛҒАЮЫ

Сөз құрылымы әңгіме болғанда, түбір және қосымша тұлғаларға (морфемаларға) жіктеледі де, морфология саласында қарастырылады. Бірақ тіліміздегі сөздерді жеке тұлғаларға (морфемаға) жіктегенде барлығы бірдей қалдықсыз боліне бермейлі.

Түбір сөзге жалғанған қосымшалардың сөзге қосар лексикалық, грамматикалық мағынасы, атқаратын қызметі болса, енді бір сыпыра дыбыстар не дыбыстар тобы сөзге ешқандай мағына үстемей-ақ факультативті (қосалқы) күйде қолданылып жүргені байқалады. Сөз және сөзпішін (сөзформа) жасауда бұндай факультативті дыбыстардың мағынасы болмағандықтан, олар түсіріліп айтылса да, сөз не сөзпішін мағынасы өзгермейді. Мысалы: *иемде*

сөзін мағыналы тұлғаларға жіктегенде *ие* және *де* жұрнағына бөлінеді де, /м/ дыбысы мағынасыз бөлшек болып шығады. Сондықтан /м/ дыбысын қолданбай, аталған *ие* түбір сөзімен *де* жұрнағын қосып айтсақ, *ие* болып шығады да, *иемде* деген сөзбен мағыналас болып қолданыла береді.

Демек, сөз ішіндегі факультативті дыбыстардың мағынаға қатысы жоқтығын түсіріп айту жолымен тексеріп шығуға болады екен. Бірақ бұл жол да бірден-бір айғақ бола алмайды. Себебі сөз мағынасына қатысы жоқ дыбыстар тобы барлық уақытта түсіріліп айтуға көне бермейді. Өйткені мағынасы жоқ болғанмен, жалғастырушылық қызметі болуы мүмкін. Ондай жағдайда мағынасыз бөлшектің түспеуі мүмкін. Олай болса, тілдегі мағына мен қызметтің аражігін анықтау керек болады.

Көпшілік жағдайда мағыналы бөлшектердің мағына мен қоса қызметі қатар жүреді. Бірақ барлық уақытта мағына мен қызмет бір емес. Мәселен, *Асан мен Үсен келді* деген сөйлемде *мен* жалғаулық шылауы тұлға /морфема/ болып есептеледі. Ал “*Асан, Үсен келді*” дегенде *мен* жалғаулығының орнына қойылған үтір мағыналы тұлға бола алмайды. Ал бұл екеуінің жалғаулық пен үтірдің қызметтері бірдей. Екеуі де салаласа тіркескен бірінғай мүшелерді байланыстырып тұр. Дәл осы сияқты тұлғалардың бір-бірімен тіркесуіне қызмет ететін мағынасыз дыбыс не дыбыстар тобы болады. Мысалы, *келімсек, жыламсыра* сөздері *кел* және *-сек, жыла* және *-сыра* тұлғаларынан тұрады. Ал *-ім /кел-ім-сек/, -м /жыла-м-сыра/* сөзге қосар не лексикалық, не грамматикалық мағынасы болмағанына қарамай, түсіріп айтуға болмайды. Өйткені, *-сек, -сыра* жұрнақтары етістікке тікелей жалғанбайды.

Демек, түсіріліп айтылатын мағынасыз бөлшектерге қарағанда, түсіріп айтуға болмайтын мағынасыз бөлшектер қолданыстағы тұрақтылығымен де, морфемаларды жалғастыру қызметіне қарай қажеттілігімен де өзгеше көрінуі мүмкін.

Сонда түсіріліп айтылу мүмкіндігі бар мағынасыз бөлшектерді ешқандай тіл үшін пайдасы жоқ дыбыстар деуге бола ма? Әрине, олай есептеуге болмайды. Түсіріліп айтылу мүмкіндігі бар дыбыстардың да аз да болса, өз қызметі бар. Тек тұрақты қолданыста бола бермейді. Бұл мәселеге төменде тоқталамыз.

Ал мағынасыз бөлшектердің өзі сөз басында келуіне қарай қонар дыбыс (протеза), тұлға

жігінде келуіне байланысты қыстырма дыбыс, сөз соңында келуіне байланысты селбеспелі дыбыс, мағыналы бөлшектерге (жұрнақ, жалғауларға) ұқсас болып келуіне қарай тұлғасын (субморф) бөліп төртке бөлінеді.

9.7.1. Сөз басында кездесетін қонар дыбыстар

Қазақ тілінде қонар дыбыстардың (протеза) пайда болуы екіге бөлінеді. Біріншісі, **Л, Р** дыбыстарынан басталған сөздердің алдынан **Ұ, Ү, Ы, І, О** дауысты дыбыстарының қойылып айтылуы. Мысалы, *рұқсат - ұрықсат, лөк - үлек, лай - ылай, рет - ірет, русь - орыс* т.б. Сондай-ақ, басқа тілден ауысқан **ст, шт, шк** сияқты қос дауыссыздан басталатын сөздердің басына да дауысты дыбыс қойып айту бар. Мысалы, *стакан-ыстакан, штаб - ыштаб, шакап - ышкап* т.б. Бұл жағдайды морфонологиядан гөрі фонетика объектісі деп түсінген абзал. Ал, екіншісі, араб-иран тілдерінен енген *вәкил, воқиа, вохит* сөздерінің қазақ тіліндегі нұсқасында (в) дыбысы (у)-ға айналады да, алдына **Ұ, Ү** дыбыстары артық қойылып айтылады. Мысалы, *вәкил-үүәкіл, воқиа-ұуақиға, вазир-үүәзір, вохит-ұуақыт* т.б.

Сондай-ақ қазақ тілінде *алтамсадай* сөзінің алдында /б/ дыбысы қойылып, *балтамсадай* болып айтылады. Екінші топтағы мысалдар басы ашық морфонология нысанына жатады.

9.7.2. Тұлға жігіндегі қыстырма дыбыстар

Тұлға жігінде кездесетін қыстырма дыбыстардың пайда болу себебіне қарай екіге бөлінеді. Біріншісі - морфема жігінде қатар тұрған дауысты дыбыстарды сақтау үшін қойылатын қыстырма дыбыстар; екіншісі - қатар келген ашық буындардың санын азайту үшін қойылатын қыстырма дыбыстар.

9.7.2.1. Дауысты дыбыс арасына қойылатын қыстырма дыбыстар

Тұлға жігінде қатар келген дауысты дыбыстардың біреуі түсіріліп айтылатыны белгілі. Бірақ тұлға жігінде қатар тұрған дауыстылардың бәрі бірдей осылай түсу жолымен реттеле бермейді. Кейде олардың ортасына дауыссыз дыбыс қою арқылы оларды (қатар тұрған дауыстыларды) сақтап қалатын жолдары бар.

а) Тұлға жігіндегі дауысты дыбыстардың әрі түсіп, әрі сақталып айтылуын көрсететін

варианттар: дауысты дыбысқа аяқталған зырылда, қорылда етістіктеріне жалғанып сын есім тудыратын *-ық, -ік* жұрнақтары тіркескенде екі түрлі айтылады. Мысалы: *зырылда+ық - зырылда/ы/қ - зырылдақ, қорылда+ық-қорылда/ы/қ-қорылдақ*. Ал осы сөздердің *зырылда+у+ық-зырылдауық, қорылда+у+ық-қорылдауық* варианттарында /у/ қыстырма дыбысының аркасында /а/ және /ы/ дыбыстары сақталып тұр. Бұндағы /у/ дауыссызының қыстырма дыбыс екеніне күдік тұмау үшін екі мәселені ескеру қажет. Біріншіден, *зырылдақ-зырылдауық, қорылдақ-қыралдауық* болып екі түрлі айтылуда мағына айырмашылығының жоқтығы /у/ дауыссыз дыбысының мағынасыз болшек екенін көрсетеді.

Екіншіден, /у/ қыстырма дыбысы дауыссыз дыбысқа аяқталған сөзге *-ық, -ік* жұрнағы жалғанғанда қажет болмайды. Мысалы, *сын+ық-сынық, жар+ық-жарық, тын+ық-тынық, бұз+ық-бұзық* т.б. Демек, /у/ дыбысы бұл жерде тек дауысты дыбыстарды сақтау қызметін атқарып тұрған мағынасыз қыстырма дыбыс болып шығады. Ескерте кететін бір жәйт: *зырылдақ-зырылдауық* сияқты вариант барлық сөзге тән емес. Бірде ықшамдалған вариант тілімізде орын тепсе, бірде қыстырма дыбысты вариант орнығып қалған сөздер де бар. Мысалы, *ақса+ық-ақсақ, жаса+ық-жасақ, шірі+ік-шірік* сияқтылар ықшамдалу жолымен қалыптасқан.

Бұлардың қыстырма дыбысты варианты тілімізде сақталмаған, ал *жыла + у + ық - жылауық, сызда + у + ық - сыздауық, қақса + у + ық - қақсауық* сөздерінің ықшамдалған варианты кездеспейді. /У/ қыстырма дыбысы *-ыт, -іт* жұрнақтары жалғанғанда да қойылып айтылады. Мысалы, *қара+у+ыт-қарауыт, жайпа+у+ыт-жайпауыт, ойпа+у+ыт-ойпауыт, құмда+у+ыт-құмдауыт, шымда+у+ыт-шымдауыт* т.б.

ә) Дауысты дыбысқа аяқталған зат есімдерге тәуелдік жалғауының 3-жақ көрсеткіші *-ы, -і* жалғауы жалғанғанда, /с/ қыстырма дыбысы қойылады. Мысалы, *бала-с-ы-баласы, дала-с-ы-даласы, дәрі-с-і-дәрісі* т.б.

б) Тәуелдік жалғауының 3-ші жақ жалғауы жалғанған сөз барыс септік жалғауын қабылдағанда арасына /н/ қыстырма дыбысы қойылады. Бұл құбылысты 3-ші жақта тәуелденген сөздің барыс септігіндегі көрінісін салыстырғанда анық байқалады.

1-жақ балам-а	үйім-е
2-жақ балаң-а	үйің-е
3-жақ баласы-/н/-а	үйі-/н/-е

в) Арасына *-ма, -ме (-бе, -бе, -па, -пе)* қосымшасы қосылып айтылатын қайталама қос сөздер дауысты дыбыстан басталатын болса, араларына /м/ қыстырма дыбысы қойылып айтылады. Мысалы, *ауылма-/м/ауыл, айма-/м/ай, үйме-/м/үй, ұшпа-/м/ұш, ізбе-/м/із* т.б. Қайталама қос сөздердің бұл түрі жазу нормасында да, дұрыс айту нормасында да еленбей *ауылма-ауыл, айма-ай, үйме-үй, ұшпа-ұш, ізбе-із* түрінде жазылады. Сондықтан бұлар диалектологтар жазбаларында ғана ескеріліп жүр. Шындығында, қос сөздердің бұл түрі - қос дауысты қатар айтылмайтындығын дәлелдеп тұрған сөз үлгісінің бірі. Қос сөздердің жігінде дауысты дыбыс қатар келгенде /й/ қыстырма дыбысы пайда болуы мүмкін. Бұған *аға-іні* қос сөзінің *ағайын* деген сөзге айналуы мысал бола алады. Бұл амал былай жүзеге асқан: *аға іні, аға/й/ыны > ағайыны > ағайын/ы/*.

г) Қазақ тілінде *ары, бері* үстеуіне *-ырақ, -ірек* жұрнағы жалғанғанда *арырақ, берірек* түрінде ықшамдалып айтылуымен бірге *ара-/ғ/-ырақ, бере-/ғ/-ірек* болып /ғ/, /г/ қыстырма дыбыстары қойылып та дыбысталады.

9.7.2.2. Жабық буынмен айту үрдісіне байланысты пайда болған қыстырма дыбыстар

Қазақ тіліндегі сөздердің айтылу легінде дыбыстардың тіркесіміне қатыссыз қойылып айтылатын қыстырма дыбыстар болады. Олар, негізінен, сөйлеушімен тыңдаушы (қабылдаушы) арасындағы психологиялық жағдайға байланысты. Сөйлеуші өзінің ойын тыңдаушыға жеткізу әрекетімен сөйлесе, тыңдаушы өзіне қажетті хабарды қалт жібермей ұғуға ұмтылады. Осы әрекеттердің нәтижесінде сөйлеушінің ашық буынды жабық буынмен айту үрдісі пайда болады. Себебі ашық буындардың созылыңқы айтылып, босаң естілетіні, жабық буындардың қысқа, нақтылы дыбысталатыны анық. Демек, ашық буындарда сөздердің айтылу легінде жабық буынға айналдырып айту ойды тыңдаушыға нақтылы жеткізуге көмектеседі. Мұның айқын мысалы *қып-қызыл, сап-сары, әп-әдемі* дегендегі *қы, са* буындарының *қып, сап, әп* болып күшейткіш буын жасауынан байқалады.

Ашық буындардың жабық буынмен айтылу үрдісі сөздің дыбыстық құрылымын арттыруға да, ықшамдауға да себеп болады, мысалы, *і-йе-ле* деген үш ашық буынның *і-йем-де* түрінде /м/ дыбысын артық қойып айту арқылы ортадағы бір ашық буын жабық буынға айналып тұр. Ал

о-ры-ны деген сөз *ор-ны* болып /ы/ дыбысының түсуіне байланысты екі буыннан (жабық-ашық буын) тұратын сөз пайда болды.

(Бұл құбылыс ықшамдалуға байланысты кейін толық айтылады). Сонымен жабық буынмен айту үрдісінің пайда болуына сөйлеу дағдысындағы психологиялық әрекет себеп болған деп есептеуге болады. Бұл құбылысты жалпы тіл білімінде айтылып жүрген еселеу принципі (принцип дополнительности) тұрғысынан қарау керек.

Әрине, тіліміздегі ашық буынды сөздердің бәрі сөйлеу кезінде жабық буынға айналып жатқан жоқ. Олай болғанда, тілімізде ашық буынды сөз қалмауы мүмкін еді. Бұл құбылыстың талғамалы жүзеге асып, жабық буын ашық буынға айналып жатуы да мүмкін. Мәселен, *домала, сарала, онеге, кереге* сияқты ыңғай ашық буынды сөздер жабық буынға айналып жатқан жоқ. Сондай-ақ, *бүк, шік, тік, нақ* сияқты жабық буынды сөздердің дыбыстық құрамы ұлғайып *бүге, шіге, тіке, нақа* болып ашық буынды сөзге айналғанда да мағынаны күшейту әрекеті бар. Демек, жабық буынмен айту сөйлеу барысында жүзеге асатын бірден-бір тәсіл деп түсінуге болмайды. Сол үшін де морфонологиялық құбылыстардың ешқашан біркелкі болып келмейтіні, морфонологиялық құбылысқа себеп болатын үрдіс біткен ешқашан заңға айнала алмайтыны жоғарыда ескертілген болатын. Олай болса, жабық буынмен айту әрекеті де біркелкілікті білмейтін, дара құбылыстардың басын құрайтын талғамалы өзгерістер.

Жабық буынмен айту құбылысы қазақ тілінде қандай-қандай жағдайда іске асады? Енді осы сұрақ төңірегіндегі әңгімеге көшейік.

1. Тәуелдік жалғауының 3-жағында тұрған сөздер жатыс септігінде /н/ қыстырма дыбысы арқылы септелетіні белгілі. Сондықтан біз бұл мәселені ашық қалдырып, басқа сөздердің септелу жайына тоқталамыз. Мәселен, осы және *-ныкі (-нікі, -дыкі, -дікі, -тыкі, -тікі)* жұрнағы жалғанған сөздерге тек қана жатыс септігінің жалғауы ғана емес, *-дай, -ша, -сыз* жұрнақтары жалғанғанда да /н/ қыстырма дыбысы қосылып жабық буындар пайда болады. Мысалы:

Осы/н/да	біздікі/н/де
Осы/н/дай	біздікі/н/дей
Осы/н/ша	біздікі/н/ше
Осы/н/сыз	біздікі/н/сіз

Бұл сөздерде осы, *біздікі* дегенде тәуелдік жалғауы атымен жоқ. Демек, *ұрыда, ұрыдай, ұрыша,*

ұрысыз сияқты сөздерге жалғанғандай, *-да* жалғауы мен *-дай, -ша, -сыз* жұрнақтары осы, *біздікі* сөздеріне /н/ дыбысынсыз жалғануы керек еді. Морфонологияға тән талғамалылық анық көрініп тұр.

Ал *әлгі*, жаңағы сөздеріне жатыс септігінің жалғауы және *-дай* жұрнағы жалғанғанда *әлгіде, әлгідей, жаңағыда, жаңағыдай* болып айтылуымен бірге *әлгі/н/де, әлгі/н/дей, жаңағы/н/да, жаңағы/н/дай* болып та айтыла береді.

-дай, -дей жұрнағы дауысты дыбысқа біткен *мына, ана*, не есімдіктеріне жалғанда да /н/ пайда болады. Мысалы, *мынадай -мына/н/дай, анадай -ана/н/дай, недей -не/н/дей*.

2. Тіліміздегі *-ла, -ле* жұрнағы дауысты дыбысқа аяқталған *ие, баға* сөздеріне жалғанғанда /м/ қыстырма дыбыс қойылып, сөз варианты жасалады. Мысалы, *иеле-иемде, бағала-бағамда*.

М қыстырма дыбысы *кінә* сөзіне *-шіл* жұрнағы жалғанғанда да қосылып айтылып, вариант жасайды: *кінәшіл - кінәмшіл*.

3. Аталған жұрнақ (*-ла, -ле*) *епте, қапта, қорға, кара, қазба, қауша* етістіктеріне жалғанғанда /й/ қыстырма дыбысы қосылып, жабық буын пайда болады.

Мысалы, *епте-/й/-ле, қапта-/й/-ла, қорға-/й/-ла, кара-/й/-ла, қазба-/й/-ла* т.б.

Қазір үстеу ретінде қолданылатын *немқұрайды// немқұрайлы* сөзінің құрамында да осы құбылыс бар: *құра/й/лы* (құрайды).

4. Қазақ тілінде сөз бен қосымша арасында қойылып айтылатын қыстырма дыбыстармен қатар қосымшалар арасында қойылатын қыстырма дыбыстар кездеседі. Олар *-ғыла (-гіле, -қыла, -кіле), -мала/-меле* сияқты ашық буындардан тұратын күрделі жұрнақ арасына қойылып айтылады да, бір буын жабық буынға айналады.

Қазіргі қазақ тілінде *-ғыла/-гіле* жұрнағының *-ғышта/-гіште* болып айтылуы жиі кездеседі. Мысалы, *алғышта, айтқышта, бергіште, барғышта, жазғышта, келгіште, көргіште, қарағышта, соққышта, тыққышта, тартқышта, түйгіште, тергіште, үргіште* т.б. *-ғышта* жұрнағының арасына /ш/ қыстырма дыбысы қойылып айтылғанын *соққыла-соққышта, үргіле-үргіште* сияқты варианттардан аңғаруға болады. Ал, *алғыла, айтқыла, бергіле, қарағыла* сияқты сөздер қазіргі тілімізде қолданылмағанымен бұрын айтылғанын, кейін ұмытылғанын басқа түркі тілімен (мәселен, қырғыз) салыстырып отырып көз жеткізуге болады.

ЕСКЕРТУ: *-ғышта, -гіште* күрделі жұрнағын *-ғыш* және *-та* жұрнағынан біріккен деп есептейтін ғалымдар да бар. Бұл көзқараспен келісуге болмайды. Сын есім тудыратын *-ғыш* жұрнағы жалғанған сөзге етістік тудыратын *-ла* (*-ле, -де, -те, -та, -ме*) жұрнағы жалғанбайды. *-ла, -ле* жұрнағы тек сапалық сын есімдерге жалғанады. Сондықтан да *сезгіште, білгіште* деп айта алмаймыз.

Ал *-мала/-меле* күрделі жұрнақтарының арасына қойылып айтылатын */ш/* қыстырма дыбысы жиі кездеспейді. Мысалы, *жырмала-жырмышта, тырмала-тырмышта* т.б. Бірақ бұл жұрнақ арасына */ш/* қыстырма дыбысынан басқа дыбыстар да қойылып айтылу кездеседі: *тізбеле-тізбе/к/те, тартпала-тартпа/к/та, ұйпала-ума/ж/да, түртпеле-түртпе/к/те* т.б.

6. Дауыссыз */т/* дыбысына біткен бір буынды сөздерге етістік тудыратын *-ық, -ік* жұрнақтары жалғанғанда */т/* қыстырма дыбысы пайда болып, созылыңқы (гемината) құбылысы жүзеге асады. Мысалы, *от-ық-от/т/ық-оттық, тот-ық-тот-т/ық-тоттық, жет-ік-жет/т/ік-жеттік, сат-ық-сат/т/ық-саттық* т.б.

7. Дауыссыз */с/* дыбысына аяқталған сөзге *-ық* жұрнағы жалғанғанда тағы бір */с/* қыстырма дыбысы пайда болады. Бірақ бұл құбылыс арқылы пайда болған *сс* дыбыстары (гемината) керігуге (диссимиляция) ұшырап, кейінгі *с* дыбысы */т/* дыбысына айналады. Мысалы, *мас+ық-мас/с/ық-мастық, бас+ық-бас/с/-ық-бастық* т.б.

Мә саған сөзі сезім-күйді білдіріп, одағай қатарына өткенде тіркес арасында тағы бір қыстырма дыбыс пайда болады. Бірақ бұндағы *сс* дыбыстары керігуге ұшырамай, созылыңқы күйде айтылады. Мысалы, *мә саған - мәссаған*.

8. Сөз аяғы */н/, /л/, /з/* дыбыстарына біткен етістіктерге *-ық* жұрнағы жалғанса, */д/* қыстырма дыбысы пайда болады. Мысалы, *көн+ік-көн/д/ік-көндік, шал+ық-шал/д/ық-шалдық, еміз+ік-еміз/д/ік-еміздік, тамыз+ық-тамыздық*. Бірақ қыстырма дыбысты және қыстырма дыбыссыз варианттары жарыса қолданыла береді.

Әңгіме болып отырған жұрнақ етістікке жалғанбай да осы */д/* қыстырма дыбысының пайда болатын кезі болады. Мысалы, *рызык-рыздық*. Араб тілінен енген бұл сөздің арасында */д/* қыстырма дыбысының қойылып айтылуы тек *ы-ры-зык* болып А-БА-БАБ буын үлгісінде сөздің екінші буыны жабық буынға */А-БАБ-БАБ/* айналу амалын көрсетеді. Сондай-ақ *жөн* сөзінен *жөндік* етістігі жасалғанда да */д/*

қыстырма дыбысы бар. Бірақ *жөн* сөзі етістік емес, зат есім. Біздің ойымызша, бұл сөз (*жөндік*) жоғарыдағы мысалдардың аналогиясымен жасалған болуы керек.

9. *-ық/-ік* жұрнағы */й/, /р/* дыбысына аяқталған сөзге жалғанғанда */л/* қыстырма дыбысы пайда болады. Мысалы, *ки+ік-ки/л/-килік, ій-ік-ій/л/ік-илик, шүй+ік-шүй/л/ік-шүйлік, бөр+ік-бөр/л/ік-бөрлік* т.б.

10. */й/* үнді дыбысына біткен етістікке *-ын/-ін* өздік етіс жұрнағы жалғанғанда */с/* қыстырма дыбысы пайда болады. Мысалы, *сүй+ін-сүй/с/ін-сүйсін, түй+ін-түй/с/ін*.

11. Қыстырма дыбыс қою арқылы қатар келген ашық буындардың бірін жабық буынға айналдыру Шығыс диалектісінде дауыссыз дыбысқа біткен үстеу сөздерге *-ырық/-ірек* жұрнағы жалғанғанда жүзеге асады. Үстеу сөздің соңғы дауыссызы қатан болса */т/*, ұяң, үнді болса, */д/* қыстырма дыбыстары келеді. Мысалы, *пәс+ірек-пәс/т/ірек-пәстірек, кеш+рек-кеш/т/рек-кештірек, бұрын+ырақ-бұрын/д/ырақ, төмен+ірек-төмен/д/ірек-төмендірек, былай+ырақ-былай/д/ырақ-былайдырақ* т.б.

9.7.2.3. Үстемелеу принципіне байланысты қойылатын қыстырма дыбыстар

Біз жоғарыда жабық буынмен айту үрдісінде де үстемелеу принципі барын айтқан болатынбыз. Дегенмен жабық буынмен айту үрдісі мен үстемелеу принципі бір емес. Үстемелеу принципі әлдеқайда кең амал. Сондықтан жабық буынмен айту үстемелеу принципінің бір түрі ғана деуге болады. Айталық *мә саған* сөзінің *мәссаған* болып айтылып, одағай сөздердің қатарына өтуінде жабық буын жасау амалы да, *с* дыбысының созылыңқы айтылу арқылы эмфаза жолымен мағынаны күшейтіп жеткізу амалы да бар. Сөз мағынасын үстемелеп айтуда қыстырма дыбыстардың ролі күшті.

Ашық буынды жабық буынға айналдырмай-ақ осылайша басы артық */т/* дыбысын қойып айту *қабырға-қабыртқа, сыырғы-сыыртқы, суырмала-суыртпала* сияқты варианттарда кездеседі. Мүмкін *таты, қату, ашы* сөздерінің *тәтті, қатты, ашыы* (жаз.: ашы) болып айтылып қалыптасуы да мағынаны күшейтіп, үстемелеу жолымен жүзеге асқан болар. *Басы қату болса, аяғы тату болады* деген мақалдың “*Басы қатты болса, аяғы тәтті болады*” дейтін вариантының сақталуы да осы пікірді дәлелдей түсетін сияқты.

Қос сөздердің жасалу барысында да үстемелеу принципі бары анық. Ол туралы әңгіме кейін айтылады. Ал қос сөздердің арасында пайда болатын дауысты және дауыссыз дыбыстар да бар. Мысалы, *тұп-тура* сөзінің *тұпа-тура*, *теп-тең* сөзін *тепе-тең*, *көп-көрнеу*, *тап-тал* түс демей *көпе-көрнеу*, *тана-тал* түс, *ап-ақ* демей аппақ деп бір-бір дыбыс қосып айту да үстемелеу принципі барын айту абзал.

9.7.3 Селбеспелі дыбыстар

Сөз құрылымын ұлғайтуға себеп болатын амалдың бірі - сөз соңынан қосылып айтылатын дыбыстар. Бұндай дыбыстар оқулықтар мен кей әдебиеттерде сөз болып жүрген *банк-банкі*, *киоск-киоскі*, *ромб-ромбы*, *штамп-штампы* сияқты басқа тілден енген сөздерде ғана емес, төл сөздерімізде де жиі кездеседі.

Селбелеспелі дыбыстардың тілімізде пайда болу жолына қарай бөлсек, үстемелеу принципі және жабық буынмен айту үрдістері қайталанады.

I. Үстемелеу принципі көбінесе бір ғана жабық буында айтылатын *жон*, *бук*, *өн*, *шік*, *тік*, *нақ*, *тарс*, *лық*, *сүр* сияқты сөздерге дауысты дыбыс қосылып айтылып, *жоны*, *бүге*, *өне*, *шіге*, *тіке*, *нақа*, *тарса*, *лықа*, *сүрі* түрінде айтылады. Сөз соңында кездесетін **а**, **ы**, **і** сияқты дауысты дыбыстардың сөзге қосар лексикалық немесе грамматикалық мағынасы болмағанымен “кездейсоқ құбылыс” емес сияқты. Оны мына жағдайдан аңғаруға болады: біріншіден, дауысты дыбыс қосылып айтылып жүрген сөздер экспрессивті-эмоционалдық мағыналы сөздерден тұрады. Оларға дауысты дыбыстар қосылып айтылғанда экспрессивті-эмоционалдық мағына күшейіп, айтылғанда сөйлеушінің ойын артығымен ерекшелеп жеткізуге көмектеседі. Мәселен, *тік-тіке*, *нақ-нақа*, *бук-бүге*, *шік-шіге*, *көктем-көктемге*, *дәйім-дәйімі* сияқты жоғарыда айтылған сөздерде осындай мағына күшейткіштік қызмет атқарады.

Екіншіден, дауысты дыбыс қосылып айтылатын сөздердің ішінде бір буынды сөздердің ішінде көбірек кездесуінде де білінер-білінбес сыр жатқан сияқты. *Тік*, *нақ*, *тарс*, *лық*, *жөн* т.б. сөздерді сөйлеуші жабық буынды өзгертпей нықтап айтса да, мағына нақтылығы сақталар еді, бірақ сөйлеуші оны дағдылы айтылысынан өзгертіп созу арқылы ерекше естілу мүмкіндігін жасайды. Ал екі не одан да көп буынды сөздерде дауысты дыбыс қосып айтудың аз кездеспеуі бұл тәсілді (ұлғайтып айтуды) көтере бермейтінін көрсетеді.

Біздің бұл ойымызды жыл мезгілін білдіретін *жаз*, *күз*, *қыс* сөздері бір буынды сөз бола тұрып селбеспелі дыбыссыз айтылып, екі буынды *көктем* сөзіне **е** дыбысының қосылып дыбысталуы қайшы келуі мүмкін. Бірақ бұл қайшылық тек сырттай қарағанда ғана еске алынады. *Көктем* сөзінің ішкі мазмұны (жанға жылылық ұялататын көктем шуағы, масайратып көкке бөленген көркі) экспрессивтік-эмоционалдық мағына жамап, дауысты дыбыс қосып айтуға себеп болған деп есептеуге болады.

2. Жабық буынмен айту үрдісіне байланысты сөз соңына қойылып айтылатын дауыссыз селбеспелі дыбыстардың көпшілігі (Б)АБ+БА буын үлгілеріндегі сөзге жалғанып (Б)АБ+БАБ үлгісінде айтылады. Мысалы, *мүлде-мүлдем*, *бөкпе-бөкпен*, *майса-майсаң*, *тепкі-тепкін*, *тақта-тақтай*, *бәлкі-бәлкім*, *қалқа-қалқан*. Бұл үлгі қос сөздерде де кездеседі. Мысалы, *бірте-бірте-біртін-біртін*, *алқа-салқа-алқам-салқам* т.б.

Сирек болса да үш буынды (Б)А+БА+БА үлгісіндегі сөздерге дауыссыз селдеспелі дыбыстар жалғанып (Б)А+БА-БАБ буын үлгісінде айтылады. Мысалы, *пыйала-пыйалай*, *әуелі-әуелім* *илаһи-илаһим-ылайым*, *көріне-көрінеу/көрнеу* т.б.

9.7.4. Тұлғасындар (субморф) арқылы сөз құрылымының ұлғаюы

Тұлғасындар (субморф) да - қыстырма дыбыстар сияқты мағынасыз бөлшек. Тұлғасынның қыстырма дыбыстан өзгешелігі қосымша тұлғаға (морфемаға) ұқсас болып келеді. Мысалы, *мейір*, *қайыр* сөздеріне *-ым*, *-ім* жалғанып мейірім, қайырым түрінде де айтылады. Бірақ *мейір* мен *мейірімнің*, *қайыр* мен *қайырымның* мағыналық өзгешелігі жоқ. Демек, *мейір*, *қайыр* сөздеріне жалғанып тұрған *-ым*, *-ім* бөлшектері *сал+ым*, *біл+ім* дегендегі етістіктен зат есім тудырып тұрған *-ым*, *-ім*-ге ұқсас болғанымен сөзге қосар лексикалық мағынасы жоқ.

Қазақ тіліндегі тұлғасындардың сөзге қосар ешқандай мағынасы болмағанымен басқа белгілеріне қарай екі топқа бөлінеді. Бірінші топтағы тұлғасындар сөзді күшейтіп, бармағынаны еселеп береді. Ал екінші топтағы тұлғасындар тұлғалар жігінде дәнекерлік қызмет атқарады. Бұл екі тұлғасындардың негізгі айырмашылығы мәтінде қолданылуы міндетті және міндетті емес болып келуіне байланысты. Сондықтан тұлғасындардың өзі еркін және дәнекер тұлғасындар болып бөлінеді.

9.7.4.1. Еркін тұлғасындар

Еркін қолданылатын тұлғасындарға *мейір+ім, қайыр+ым, сауыр+сын, самауыр+ын, есті+яр, көбіне+се, шын+туайт сияқты -ым, -сын, -ын, -ияр, -се, -туайт* бөлшектері жатады. Бұл тұлғасындардың сөз құрамында болу не болмауы сөз мағынасына әсер етпейтіндіктен, тұлғасынды және тұлғасынсыз сөз жарыса қолданыла береді.

Сондықтан да *самауыр - самаурын, сауыр - сауырсын, есті - естияр, көбіне - көбінесе, шын - шынтуайт* сөздері бірінің орнына бірі қолданыла береді.

Тұлғасындардың бұл тобының сөзге жалғану тәртібі төмендегідей болып келеді.

1. Р дыбысына аяқталған зат есімдерге *-ым, -ім, -ын, -ін* тұлғасындар жалғанып айтылады. Мысалы, *самауыр - самауыр+ын, мейір-мейір+ім, қайыр-қайыр+ым.*

Мұндағы *-ым, -ын* тұлғасындары етістіктен зат есім тудыратын *-ым, -ын* (*қыс+ым, шық+ын* дегендегі) жұрнақтары сияқты болып келеді.

2. *Онша, сонша, осынша, мұнша* сияқты үстеулер мен *қанша, неше* сұрау есімдіктеріне *-ма, -ме* тұлғасындары жалғанып, *сонша+ма, осынша+ма, қаншама, нешеме* түрінде қолданылады. Бұндағы *-ма*-ның тұлғасын болу себебі - етістіктен есім сөз тудыратын *-ма* жұрнағынан да (*суыр+ма* дегендегі), болымсыз етістік тудыратын қосымшадан да (*барма, келме*) өзгешелігі бар. Қосылған сөзіне ондай мағына жамап тұрған жоқ. Сондықтан тұлға (морфема) бола алмайды.

3. Аталған үстеулердің (*онша, сонша, осынша, мұнша*) және *қанша сұрау есімдігінің соңына -лық* кейде *-лық+ты* “қосымшалары” жалғанады, бірақ мағына өзгертпейтін тұлғасын қызметін атқарады. Сондықтан да *онша - оншама - оншалық - оншалықты, сонша - соншама - соншалық - соншалықты, осынша - осыншама - осыншалық - осыншалықты, мұнша - мұншама - мұншалық - мұншалықты, қаншама - қаншалық - қаншалықты* түрінде жарыса қолданылатын, әрқайсысы төрт-төрттен варианттарға ие болған.

4. *Қапы* сөзімен бірге *қапия* сөзінің айтылуында *ия* тұлғасыны кездеседі. Ал, осы сөз жатыс септігінде тұрып *қапыда-қапияда-қапыста-қапелімде* болып та айтылады. Сонда *ия* мен бірге *с, лім* тұлғасындары пайда болады.

5. Тіліміздегі *биттей, титтей, құйттай* сөздері *-ым, -ім* тұлғасындары арқылы *битімдей, титімдей, құйтымдай* варианттары жасалған.

Осы сияқты сөз бен қосымша жігінде *-атай* тұлғасыны еркін қолданылып *жазым-жазатайым* варианты пайда болған.

6. Кейбір есім сөздердің соңына *-ес, -ыс, -іс, -іш* тұлғасындары қосылып айтылады. Мысалы, *бел-белес, дөң-дөнес, мән-мәніс, кең-кеңіс, кен-кеніш.*

7. *-дай, -дей, -тай, -тей* жұрнақтары жалғанған зат есімдерге *-ын, -ін* тұлғасындары қосылып айтылып, қимылдың үдемелігін байқатады.

-ын, -ін тұлғасындары сөз бен қосымша арасына қойылып айтылғанда да күшейту мағынасын тудырады. Мысалы, *қалайша, бұлайша, осылайша, барша, әзірше* үстеулері *қалайынша, бұлайынша, осылайынша, барынша, әзірінше* түрінде қолданылып отырады. Бұл топқа *мейлінше* үстеуін қосуға болады.

8. Сын есімдердің қолданысында экспресивтілік жиі кездесетіні белгілі. Бірақ сөйлеуші өз ойын сезімге орап, көңілге дөп тиетіндей етіп айту мақсатында күнделікті қолданылып жүрген сын есімді онан әрі күшейтіп жеткізуге ұмтылады. Сондықтан да тілімізде сын есімнің *-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті* жұрнағы сын есімнің өзіне жалғанып, сапаның күшейтіліп, әсерлі айтылуына себеп болады. Бұндай қолданыстарға *қызық-қызықты, зиян-зиянды, дәл-дәлді, кесір-кесірлі, күпті-күптілі, нақты-нақтылы, лайық-лайықты, ұзақ-ұзақты (ұзақты күн дегенде), шат-шатты (шатты заман)* сияқты сөз варианттарының жасалуын келтіруге болады.

Бұл мысалдардағы *-лы (-лі, -ды, -ді, -ты, -ті)* жұрнақтары өзінің сын есім тудыратын қызметінен айырылған, тек күшейту, әсерлі жеткізу тәсіліне ие болып, тұлғасын ретінде қолданып тұр.

Мұндай қолданыс қатыстық сын есім ретінде қолданылған зат есімнен де байқалады.

-лы тұлғасыны *-дар, -мал, -ман* сияқты сын есім тудыратын шеттен енген жұрнақ үстіне жалғанады. Бұл жағдай күшейту мақсатымен қоса, сөйлеушіге *-дар, -мал, -ман* жұрнақтарының нақты түсінікті болмауына да байланысты қолдануы мүмкін. Мысалы, *мейірбан-мейірбанды, бауырмал-бауырмалды, ақылдар-ақылдарлы, жайдары-жайдарлы* т.б.

Сын есімге *-лы* жұрнағының жалғанып, тұлғасынға айналуы ерте басталған амал сияқты. Қазіргі тілімізде сын есім ретінде қолданылудан қалған *сүйік, оқымыс, үйреніш* сияқты сөздердің *сүйікті, оқымысты, үйренішті* болып қолданылуы осы ойға жетелейді.

9. -лы тұлғасыны қажет, тиіс, керек сияқты модаль сөздерге де жалғанып, қажетті, тиісті, керекті деген варианттар жасайды.

ЕСКЕРТУ: Сын есімдерге жалғанған -лы, -лі жұрнақтарының тұлғасын ретінде қолданылуына оның антонимдес жұрнағы -сыз (-сіз)-дің қатысы жоқ. Мәселен, зиянды, қызықты дегенде -ды, -ты тұлғасын болса, зиянсыз, қызықсыз дегендегі -сыз қосымша морфема (жұрнақ) болып тұр.

10. Кейде -мақ (-бақ, -пақ) пішінді есімшеге -шы, -ші “жұрнағы” жалғанып айтылады. Мысалы, бармақ-бармақшы, алмақ-алмақшы, келмек-келмекші, жетпек-жетпекші т.б. Есімшенің бұл формасында жұрнақ сияқты -шы, -ші элементі ешқандай мағына қоспай, тек тұлғасын ретінде қолданылып келеді. Қазіргі қазақ әдеби тілінде -мақ пішінді есімшеден -мақшы пішінді есімшенің жиі қолданылатыны анық байқалады.

11. Қазіргі қазақ тілінде кеш-кешір, шұба-шұбыр, жекі-жекір, ұза-ұзар, қаңғы-қаңғыр сияқты варианттармен қолданылатын етістіктер кездеседі. Екінші жұптардағы басы артық /P/ дыбысының қосылып айтылуын селбеспелі дыбысқа жатқызуға болар еді. Көп-көпір, ескі-ескір сияқты сын есімнен етістік тударытан -р жұрнағының үлгісімен (аналогиясымен) пайда болған тұлғасын деп есептедік.

12. Барша, ерекше, калайша сөздеріне жалғанып тұрған -ша, -ше өзі омонимдес жұрнақтардың мағынасын бере алмайды. Сондықтан да бұл сөздер -ша, -ше тұлғасына жалғанбаған сөздермен вариант ретінде қолданыла береді.

13. Әне, міне, кәне, мәселен есімдіктері мен сөйлеу тілінде қолданатын әр шылауына шығыс тілінен енген -ки қосымшасы жалғанады. Бірақ ол ешқандай мағына қоспайтындықтан тұлғасын ретінде ғана қолданылады.

14. Қазіргі қазақ тілінде нақ сөзі нағыз, нық сөзі нығыз ретінде де айтылады. Бұндағы ыздың да жалғанған сөзіне қосып тұрғаны мағынасы күшейту ғана.

15. Мық сөзінің мағынасы шеге ұғымын аңғартатыны белгілі. Бірақ осы сөзге -ты жұрнағы жалғанып күшті деген ұғым береді. Ал -ым жалғанып тағы да сол мағынаны береді. Мұндағы мықты (шегелі) сөзінің мағынасы ауыспалы мағынада қолдану арқылы қалыптасса, мығым сөзі тұлғасын арқылы пайда болған.

16. Кейбір тұлғасындар бірлі-жарым сөзге ғана жалғанғанымен сөзбен аңғарылмастай кірігіп қолданылатын дәрежеге жеткен. Мысалы,

көбіне деудің орнына көбінесе, көбінекей деп, есті сөзін естияр деп, күпті сөзін күптігей, зығыры қайнады деудің орнына зығырданы қайнады, құралпы деумен бірге құралтылас деп, шын сөзін шынтуайт, маң сөзін маңай, мәрте сөзін мәртебе, егер сөзін егерде деп -се, -кей, -ияр, -гей, -дан, -лас, -туайт, -ай, -бе, -де тұлғасындарын қолдану ерекше назар аударуды қажет етеді. Осы мысалдардың ішінде көбінекей, күптігей сияқты сөздерді есептегенде, қалғандары түгел әдеби тілде жарыса қолданылатын сөздер.

17. Қазақ тілінде кенет, тосын, тіпті үстеулеріне шығыс септігі жалғанып, бастапқы тұлғасымен вариант жасалады. Мысалы, кенет-кенеттен, тосын-тосыннан, тіпті-тіптен.

1) Бірден үстеуі -ден шығыс септік жалғауының, мағынасы көмескіленіп жасалғаны белгілі. Осы үстеуге шығыс септік жалғауы қайта жалғанып та қолданылады.

Мысалы, бірденнен. Сөйлеу тілінде бұл жағдай барыс септігі көрсеткіштерінде де байқалады. Мысалы, маған-мағанға, саған-сағанға, оған-оғанға т.б.

Сондай-ақ -ған, -ген пішінді есімше құсайды (ұқсайды) сөзімен тіркескенде де барыс септігінің -ға, -ге жалғауы артық қойылып айтылуы кездеседі. Мысалы, барған құсайды - барғанға құсайды, келген құсайды - келгенге құсайды т.б.

Дәл осы сияқты көбісі, қайсысы сияқты сөздерде тәуелдік жалғауы бірінің үстіне бірі жалғанған. Бірақ көбі мен көбісі вариант ретінде қолданылса, қайсы мен қайсысы қазіргі қазақ тілінде мағына жағынан алшақтап, тек соңғысы ғана тәуелдік пішін мағынасын береді.

Ол, бұл, сол есімдіктері тәуелденгенде 3-жақта онысы, бұнысы, мұнысы, сонысы болып айтылуында да екі тәуелдік жалғауы (ы-сы) қатар жалғанып тұрғанын көруге болады.

18. Көптік пішінде тұрған сөздерге көптік жалғауы жалғануын әдетте қате қолданысқа жатқызушылық бар. Бірақ тілде бұл жағдай қолданыста азайған жоқ. Халықтың бұл пішіндерді қолдануының азаймауы еселеу принципін нәтижесі болу керек. Сондықтан бәріңіз деудің орнына бәрілеріңіз, барлығыңыз-барлықтарыңыз, біз деумен бірге біздер деп күшейтіп айту бар құбылыс.

Осы көптік пішін арқылы сөз мағынасын еселеп күшейту қос сөздердің қолданылысында да байқалады. Жоғарыда айтылған бәрі сөзінің қайталама қос сөз ретінде бәрі-бәрі болып айтылуында еселеу принципін басқа

байқалатын мағына жоқ. *Асыға* сөзін *асыға-аптыға*, *асыға-үсіге* сияқты қос сөзбен де беруге болады. *Асыға* сөзінің өзі тұрса да, оның орнына аталған қос сөздер тұрса да жылдам, шапшаң қимылды білдіру бар. Бірақ үніліп оқыған адамға қос сөздер қолданғанда мағына күшейеді, бейнелілік артады.

Қос сөздердің осы қолданыстарына қарап, оны (қос сөздерді) еселеу принципі негізінде қалыптасқан морфонологиялық тәсіл деуге болатын сияқты. Қазақ тіл білімінде қос сөздер күрделі сөз және аналитикалық форма жасаудың ерекше тәсілі ретінде қаралып келгені белгілі. Басқа күрделі сөздердің сыңарлары сабақтасып келсе, қос сөз сыңарлары салаласа байланысады деп қаралады. Шындығында, салаласа байланысқан сөздер заттар мен құбылыстарды, қимыл-әрекетті даралап, санамалап жеткізсе, қос сөздер жинақтап, күшейтіп, дүркінділікті арттырып көрсетеді. Демек, қос сөздің жасалу жолын салаласа байланысу жолынан өзгеше тәсіл деуге толық болады. Айталық, *қара-қара*, *қап-қара*, *шакұр-шұқыр* қос сөздерінің сыңарларын салаласа байланысқан деуге болмайды.

Осындай жағдайда қарағаннан болар жалпы тіл білімінде қайталама қос сөздерді морфонологиялық құбылыс нысанына (объектісіне) жатқызып жүр.

Қос сөздердің жасалу жолы сан алуан, бірақ қай-қайсысы да аңғартатын мағынасын сыңарларының мағынасымен түгелдеп, солардың (сыңарлардың) қосындысынан шығаруға болмайды. *Тау-тас*, *қазан-ошақ* сияқты мағыналы сөздердің қосарлануынан жасалғандарының мағыналары *тау* мен *тасты*, *қазан* мен *ошақты* нақты атап тұрған жоқ. Бірақ бәрінде де жинақтап, күшейтіп, әсерлі жеткізу бар. Сондықтан қос сөздің жасалу жолы сөздердің грамматикалық байланысы арқылы тіркескенін (сабақтасып не салаласып) дәлелдейтіндей жол жоқ. Бұл - бір.

Екіншіден, қос сөздердің сыңарларының дыбыс қосылу, дыбыс түсу, дыбыс алмасу арқылы айтылуына қарай фонетикалық тәсілдің қатысы бары сөз болып жүр. Бірақ сол өзгерістің бәрі де фонетикалық заңға қайшы немесе фонетикалық заңмен түсіндіруге көнбейді. Мысалы, *ет-мет*, *сүт-мүт*, *ат-мат*, *нан-пан*, *қыз-пыз*, *тұз-пұз* сияқты қос сөздердің сыңарлары жігіндегі *тм*, *шп*, *зп* дыбыстарының қатаңнан кейін қатаң дыбыс, ұяң, үнді дыбыстан кейін ұяң не үнді келеді дейтін заңына қайшы. Ал

екінші сыңарлардың бірінші дыбысының бір дыбысқа артуы *ат-мат*, *ет-мет*, немесе *п-п* (*нан-пан*), *к-п* (*қыз-пыз*), *т-п* (*тұз-пұз*) түрінде дыбысталып дыбыс алмасудың жүзеге асуы - фонетикалық заң түсіндіре алмайтын өзгерістер.

Ал қос сөз сыңарлары дыбыс үндестігі (сингармонизм) заңына да бағына бермейді. Мысалы, *айқай-ұйқай*, *оқта-текте*, *асығып-үсігіп*, *ем-дом*, *арық-тұрық*, *жарқ-жұрқ*, *тарс-тұрс*, *жалт-жұлт* т.б. Керісінше сингармонизм заңын “бұзу” арқылы аңғартар мағынасын дәлдеп, нақтылап жеткізуге мүмкіндік алады.

Демек, фонетикалық тәсіл деудің де қисыны келмейді. Сонымен қос сөздердің қосарлама түрі болсын, қайталама түрі болсын жеке сыңарлары жеткізіп айта алмайтын үстеме мағына туғызу үшін қолданылатын морфонологиялық құбылыс болып шығады.

9.7.4.2. Дәнекер тұлғасындар

Дәнекер тұлғасындардың еркін тұлғасындардан айырмашылығы - сөз құрамында міндетті түрде қолданылатындығы және тек морфема жігінде ғана кездесетіндігі. Оның үстіне дәнекер тұлғасын жалғанған сөздер вариант жасай алмайды. Мәселен, *түтімдей* деген сөздегі - *ім*-нің еркін тұлғасын екендігін түсіріп айтуға болатынына қарай білеміз. Ал *келімсек* деген сөзден - *ім*-ді түсіріп айту мүмкіндігі жоқ. Себебі оның (*ім*-нің) дәнекерлігінің кел және -*сек* морфемалары тіркесе алмайды.

Дәнекер тұлғасындар да еркін тұлғасындар сияқты сөз жасап және сөз пішін тудыруға қызмет етеді.

Дәнекер тұлғасындар, негізінен, өзіне ұқсас жұрнақтардың қолданылу үлгісімен жалғанып отырады. Сондықтан да тілімізде етістіктен зат есім тудыратын -*ым*, -*ім*; -*ын*, -*ін*; -*ма*, -*ме* жұрнағымен омонимдес тұлғасындарға тоқталамыз.

1. -*ым*, -*ім* тұлғасындары.

а) -*ым*, -*ім* тұлғасындары, негізінен, түбір не негіз етістіктерге сын есім тудыратын -*паз* (-*лы*, -*лі*, -*ды*, *ді*, -*ты*, -*ті*), -*сыз* (-*сіз*), -*сақ* жұрнақтары жалғанғанда етістік тудыратын -*сыра* (-*сіре*) жұрнақтары тіркескенде дәнекерлік етеді.

1. Сын есім тудыратын -*паз* (-*лы*, -*лі*, -*ды*, -*ты*, -*ті*), -*сыз* (-*сіз*), -*сақ* (-*сек*) жұрнақтары есім сөздерге тікелей жалғанатын болса (*аспаз*, *ойлы*, *жеміссіз*, *малсақ*), етістікке тек -*ым*, -*ім*,

тұлғасындары арқылы жалғанып, сын есім тудырады. Мысалы, *қыдырымпаз, жасампаз, келісімпаз, жағымды, жағымсыз, тартымды, тартымсыз, жұғымды, жұғымсыз, жарамды, жарамсыз, жарамсақ, сұрамсақ, келімсек* сияқты сөз жасалады.

Ескерту: *-ым, -ім* тұлғасындары етістіктен зат есім тудыратын *-ым, -ім, -м* жұрнақтарымен дыбыстық жағынан да, етістікке жалғану тәртібі жағынан да өте ұқсас. Сондықтанда морфология жөнінде жазылған әдебиеттерде (оқулық болсын, монография болсын) бәрі де зат есім тудыратын жұрнақ ретінде аталып келеді.

Шындығында бұларды жұрнақ және тұлғасын ретінде бөлудің қиындығы көп. Мәселен, *білімпаз, өнімді, өнімсіз, сенімді, сенімсіз* деген сөздер мен *қыдырымпаз, тартымды, ұнамды, ұнамсыз* сияқты сөздердің сырттай қарағанда жасалу жолы жағынан ешқандай өзгешелігі жоқ сияқты. Бірақ морфемаға жіктеп көрсек, бұлардың айырмашылығы бірден анық көрінеді. Мәселен, алғашқы топтағы сөздердегі *-паз, -ды, (-ді), -сыз (-сіз)* жұрнақтары білім, өнім, сенім деген зат есімдерге (етістіктерден жасалған зат есімдерге) жалғанып сын есім пайда болған. Ал екінші топтағы сөздерді олай түсіндіру мүмкін емес. Анықтап айтсақ, *қыдырым, тартым, ұнам* сияқты етістіктен жасалған зат есім жоқ. Бізге *қыдыр, тарт, ұна* етістіктері мен *-паз, -ды, -сыз* жұрнақтары ғана белгілі. *Қыдырымпаз, тартымды, ұнамды, тартымсыз, ұнамсыз* сын есімдерінің мағынасы да осы сөздер мен қосымшаның мағыналарының қосындысынан туып тұр. Демек, соңғы топтағы сөз ішінде тұрған *-ым, -ім* сөзге қосатындай мағынасы жоқ тұлғасындар екені белгілі болады.

ә) Етістікке *-ым* тұлғасыны арқылы *-ша, -дік* жұрнағы жалғанып, зат есім жасалады. Мысалы, *қос-ым-ша, көр-ім-дік*. Ал *-шы, -сі* жұрнағы жалғанып сын есім жасалады. Мысалы, *жылы-м-шы, бол-ым-шы, күл-ім-сі* т.б. Кейде *-ым, -ім* тұлғасыны жалғанған етістік зат есім сияқты тәуелденуі де мүмкін.

б) *-ім, -ым* тұлғасындары етістікке *-сыра, (-сіре), -сы, (-сі), -де* жұрнақтары жалғанғанда да дәнекерлік қызмет атқарып, етістіктің пішінін (формасын) жасайды. Мысалы, *жыла-м-сыра, күл-ім-сіре, өл-ім-сіре, қыл-ым-сы, күлімде* т.б. *Өлімсіре* сөзінің құрылымында *өлім* зат есімі бар сияқты болып көрінуі мүмкін. Негізінде *өлімсіре* сөзіндегі *-ім-нің* зат есім жасап тұрмағанын *өлеусіре-өлүсіре* варианттарынан көруге болады.

в) *-ым, -ім* тұлғасындары сөзбен қосымша арасында ғана емес, тіркескен сөздер арасында да кездеседі. *Күлім қақты, күлім көз* сияқты тіркестерде, *күл* етістігі мен *қақ* етістігін, *күл* етістігі мен *көз* зат есімінің тіркесу мүмкіндігін жасап, дәнекерлік қызмет атқарып тұрған *-ім* тұлғасыны.

Ескерту: *Күлім* сөзінің жеке тұрып тіркескеніне қарап, кей ғалымдар оны (*-ім-ді*) зат есім тудырушы жұрнақ деп есептейді. *Күлім* дейтін зат есімнің жоқтығын, оның зат есімдерше түрленбейтініне қарай ажыратуға болады. Мәселен *күлімім, күлімің, күлімі* болып тәуелденбейтінін, *күлімнің, күлімге, күлімді, күлімде, күлімнен, күліммен* болып септелмейтінін есте сақтасақ, зат есім еместігіне көзіміз жетеді.

5. Дәл осы сияқты *бір әудем жер, бір қайнатым шай, бір салым ет, сүт пісірім уақыт, бір үзім нан* сияқты тіркестерді де *әудем қайнатым, салым, пісірім, үзім* сөздері *әуде+м, қайнат+ым, сал+ым, пісір+ім, үз+ім* түрінде жасалған зат есім сияқтанғанмен, шын мәніндегі зат есімнің пайда болмағанын, тұлғасын арқылы тіркескен сөздер екенін жоғарыда айтылған әдіспен тексеріп көз жеткізуге болады.

9.7.4.3. *-ын, -ін, дәнекер тұлғасындары*

-ын, -ін тұлғасындары етістікке сын есім тудыратын *-лы, (-лі, -ды, -ді, -ты, -ті)* және *-ғы (-гі, -қы, -кі)* жұрнақтары жалғанғанда дәнекерлік қызмет атқарады.

-лы/ -лі жұрнағы жалғанғанда келетін *-ын, -ін* тұлғасындарына *жаса-н-ды, таста-н-ды, жуы-н-ды, шай-ын-ды, еріт-/ін/-ді, үй-/ін/-ді, қиын-ды* т.б мысалдарын келтіруге болады.

-ын, -ін тұлғасындары етістіктен *-қы, -кі* жұрнақтары арқылы сын есім жасалғанда қолданылады. Бірақ (н) дыбысы **к, к** дыбысының алдында келіп /ң/-ға айналады. Мысалы, *шық+ын+қы - шығыңқы, бат+ын+қы - батыңқы, жайыл+ын+қы - жайылыңқы* т.б.

-ын, -ін тұлғасындарының қолданылуы етістіктен зат есім тудыратын *-ын, -ін* жұрнағымен омонимдістігіне байланысты. Мәселен, *шық+ын - шығын, тық+ын - тығын* дегенде зат есім жасалса, *тастан, туын, басын* т.б. дегенде зат есім жасалмаған.

Ескерту: Кей әдебиеттерде әңгіме болып отырған *-ын, -ін, -н* тұлғасындарын өздік етіс жұрнағы деп есептейді. *Жасанды, жуынды* сын есімдерін *жасанды, жуынды, шайынды* деген өздік

етістіктің өткен шақ пішінімен салыстыру мүмкін емес. Сондай-ақ өздік етіске сын есім тудыратын *-лы* немесе *-қы* жұрнағы ешқашан жалғанбайды.

9.7.4.4. *-ма, -ме* дәнекер тұлғасындары

-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе тұлғасындары да сын есім тудыратын *-лы, /-лі/* жұрнақтарын етістікке жалғап сын есім тудыру үшін дәнекерлік қызмет етеді. Мысалы, *аш/па/лы, жап/па/лы, көш/пе/лі, өт/пе/лі, ауыс/па/лы, ұр/ме/лі, ұр/ма/лы, жылжы/ма/лы, таңда/ма/лы, салыстыр/ма/лы* т.б.

Бұл сөзжасам үлгісі (моделі) етістіктен зат есім (сын есім) тудыратын *-ма, -ме* жұрнағының қолданылу үлгісімен пайда болған. Мәселен, *бүрмелі (бүр+ме+лі), бөлмелі (бөл+ме+лі), түймелі (түй+ме+лі)* дегенде үш-үш морфемадан тұрса, *көшпелі, ауыспалы, жылжымалы* дегендерден (ма)-ны морфема ретінде бөлу мүмкін емес. Бұл жерде тек тұлғасын ретінде дәнекерлік қызмет атқарып тұр.

Ескерту: Дәнекер тұлғасындардың бәрі де осы кезге дейін құранды жұрнақтардың бір сыңары ретінде саналып, *-ымпаз, -ымды, -ымсақ, -ымсыра, -ынды, -ынқы, -малы* түрінде түсіндіріліп жүргені белгілі. Бірақ осы күрделі жұрнақтар қалай пайда болды немесе дара жұрнақтар қалай бірікті деген сұраққа жауап айтылған жоқ. Бұл сұрақтың жауабын тұлғасындар сөзге қатысты ма қосымшаға қатысты ма? - деген сұраққа жауап іздеу арқылы табуға болады. Тұлғасындардың *-паз, -ды, -сақ, -сыра, -қы* жұрнақтарына өздігінен қосылуы мүмкін емес. Оған ешқандай дәлел жоқ. Ал тұлғасындар сөзге қатысты, оларға жалғанып, сын есім тудыратын жұрнақ жалғануына мүмкіндік жасайды. Ал жұрнаққа қосып, күрделі жұрнақ деп атап кетуіміз тілде тұлғасын туралы түсініктің болмауына, түсініксіз элементті жұрнаққа қоса салуға себеп болған.

9.8. СӨЗ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ЫҚШАМДАЛУЫ

Сөз құрылымының ықшамдалып айтылуы ұлғаю амалына қарағанда, тіл білімінде ерте байқалып, ол үнем принципіне байланысты түсіндірілгені белгілі. Бірақ ықшамдалу амалы, негізінен дыбыстардың түсірілуіне байланысты жүзеге асатынына қарай фонетикалық өзгеріс, фонетикалық ықшамдалу, фонетикалық амал (процесс) деген ұғымдар мен терминдер жиі қолданылды. Бұл терминдердің қолданысы

дыбысқа қатысты мәселенің бәрін фонетикамен байланыстыруға дағдыланған түсініктен туған болатын. Шындығында, ықшамдалудың қандай түрі болса да, фонетиканың жүйесімен, оның заңдарымен түсіндіруге көнбейтін құбылыстар. Сондықтан ықшамдалу амалының себебіне келгенде, түсіндіру жағы қиын болғандықтан, оны (ықшамдалу амалын) сөйлеу тілінің ерекшелігіне, жергілікті ерекшелікке сілтеу басым болды. Мәселен, *болып-бол, алып-ап, қалып-қап* сияқты ықшамдалу қазақ тілінің қай өңіріне де бейтаныс еместігін былай қойғанда, жалпы түркі тіліне ортақ ықшамдалу құбылысы екенін ашып көрсетуден гөрі диалектологтер материалында жиі сөз болды. Негізінде, ықшамдалу процесі де дыбыстардың морфонологиялық алмасуы, орын ауысуы, сөздердің ұлғаюы сияқты сөйлеу барысында (контексте) пайда болатын морфонологиялық өзгерістер. Ықшамдалған сөздер мен қысқарған сөздерді бір қатарда қарауға да болмайды. Қысқарған сөздер жазу мәдениетінде шартты қолданылатын белгілер ғана. Қысқарған сөздер арқылы сөз варианты жасалмайды. Мұнда семантикалық өзгеріс те жоқ. Ал ықшамдалған сөздер бұрынғы толық қалпымен вариант ретінде қолданылып, келе-келе стильдік өң алып, қолданыста өзгешелікке ие болуы да, басқа-басқа мағынаны аңғартатын жеке сөзге айналып кетуі де мүмкін. Мысалы, *заһар* сөзінің ықшамдалған варианты *ээр* сөзінің бірінің орнына бірі қолданылуы да, қолданылмауы да мүмкін. Демек, стильдік қолданыста өзгешелік пайда болды деген сөз. Ал осы *ээр* сөзінің *заһар* сөзінен іргесін аулақтатып, денеден бөлініп шығатын қажетсіз сұйық зат ретінде қолданылуы да бар. Мұндай мағыналық өрістің кеңеюі мен өзгеше ұғымдарды білдіруі қысқарған сөздерде болуы мүмкін емес. Демек, қысқарған сөз шартпен алынған жасанды қолданыс болса, ықшамдалған сөздер тілдің табиғи даму нәтижесінде пайда болған сөз вариантының, жаңа сөзжасам жолының өнімді үлгілері.

Ықшамдалған сөздердің пайда болу жолдары көп. Біз оларды сөз басындағы ықшамдалу, сөз ішіндегі ықшамдалу, сөз соңындағы ықшамдалу деп үш топқа бөліп береміз.

9.8.1. Сөз басындағы ықшамдалу амалдары

Сөз басындағы ықшамдалу амалдары сөз басындағы дыбыстардың түсіріліп айтылуына

байланысты (прокопа) жүзеге асады. Сөз басында дауысты дыбыстар да, дауыссыз дыбыстар да, кейде кірігу (гаплоглогия) жолымен дауысты-дауыссыздан тұратын буын да түсіріліп айтылуы мүмкін. Сондықтан осы үш мәселеге тоқталып өтейік.

1.1. Сөз басындағы дауысты дыбыстардың түсірілуі. Дауысты дыбыстардың түсіріліп айтылуына *ізерле-зерле-зертте, еш әй-шәй (деспеді), іш етік (мәсі) - шетік, ішінара-шінара, ішек-қарын - шек-қарын, ішек-сілесі қатты - шек-сілесі қатты, ысыр-сыр (сырғыт), өшіред* (ор. очередь) - *шірет* сияқты сөздер жатады. Бұлардың ішінде *ізерле* мен *зертте, еш әй* мен *шәй* сөздерінің бірінен бірі ықшамдалып жасалғаны этимологиялық талдау жолымен айқындалса, қалғандары оңай аңғарылатын ықшамдаулар.

1.2. Сөз басындағы дауыссыз дыбыстардың түсірілуі.

Сөз басындағы дауыссыз дыбыстардың түсіріліп айтылуы қазақ тілінде **б, к/к, н, с, ш** дыбыстарына байланысты болып келеді.

а) **Б** дыбысының түсіріліп айтылуына байланысты *бақыр-ақыр, байбалам-айбалам, бажырай-ажырай, бадырай-адырай, бежірей-ежірей* сияқты варианттар жасалған.

ә) **Қ/К** дыбыстарының түсіріліп айтылуына байланысты *қапсағай-апсағай, қаңырай-аңырай, қадым-адым, қажы-әжі, кәзір-әзір, қорық-үрік, кәкірей-әкірей, қарекет-әрекет* т.б. сөздер жасалған. Бұл құбылыс кісі аттарында да жиі кездеседі. Мысалы, *Қажымұқан-Әжімақан, Қажыбай-Әжібай, Қайдар-Айдар, Қабдікәрім-Әптікәрім, Қабдолла-Абдолла* т.б.

б) **Н** дыбысының түсірілуіне байланысты *нәмеңгер-әмеңгер, некен-саяқ-екен саяқ, нажағай-ажағай* (диал.) сияқты варианттар жасалған.

в) **С, Ш** дыбыстарының сөз басында түсірілуі сирек кездесетін құбылыс. Сондықтан біз (с) дыбысының түсуіне *сызыл-ызыл* сөзін, (ш) дыбысының түсуіне *шылғый-ылғый* сөзін, (т) дыбысының түсуіне *тықсыр-ықсыр* сөзін ғана кездестірдік.

9.8.2. Сөз басындағы кірігу (гаплоглогия) құбылысы

Кірігу құбылысы, негізінен, сөз ішінде, сөз аралығында пайда болатын амал. Дегенмен *ұуұста*

(жаз. уыста) - *ұста, ійен* (жаз. иен) - *ен* (дала), *ііесіз* (жаз. иесіз) - *есіз, ійемден* (жаз. иемден) - *емден, ыйлаң/ыйнан* (жаз. илан/инан) - *нан* түрінде ықшамдалған сөздердің бары белгілі. Бұл ықшамдалудың себебі, **у, й** үнділерінің түсіріліп айтылуына байланысты болуы мүмкін. Жалпы алғанда сөз ішінде кездесетін гаплоглогияға өте ұқсас. Келтірілген мысалдардың алғашқысы (*ұуұста-ұста*) қазір вариант ретінде қолданылу кезеңінен өтіп, жеке-жеке лексикалық мағынаға ие болған. Ал қалғандары нағыз варианттар.

9.8.3. Сөз ішінде және сөз жапсарында дыбыстардың түсуі

Сөз ішінде және сөз жапсарында дауысты дыбыстар да, дауыссыз дыбыстар да түседі.

1. Дауысты дыбыстардың түсуі, негізінен, қатар келген дауыстылардың біреуінің түсірілуіне, редукция құбылысына және жұтылу (Абсорация) жағдайына байланысты жүзеге асады.

а) Қатар келген дауысты дыбысқа байланысты ықшамдалу амалы сөзбен қосымша жігінде және бір бунақта айтылатын сөз тіркестері жапсарында байқалады.

Қазақ тілінде *-ыс (-іс, -с), -ық (-ік, -к), -ыт (-іт, -т), -ын (-ін, -н), -ар (-ер, -р), -ұу (-үу, -у)* сияқты әрқайсысы үш тұлғашықтан (морфтан) тұратын жұрнақтар бары белгілі. Осы жұрнақтардың жеке дауыссыз дыбыстан тұратын тұлғашықтары (*-с, -к, -т, -и, -р, -у*) дауысты дыбысқа біткен сөзге жалғану барысында дауысты дыбыспен айтылатын тұлғашықтардың ықшамдалуы арқылы пайда болған. Мысалы, *тара+ыс - тара (ы)с - тарас, зырылда+ық - зырылда(ы)қ - зырылдақ, сөйле+іт - сөйле (і)т - сөйлет, қара-ып - қара(ы)п - қарап, қара+ыр - қара(ы)р - қарар, сына+(ұу) - сына+ұу - сынау* т.б.

Демек, дауыссыз дыбыстан тұратын қосымша тұлғашықтардың бәрі де ықшамдалу жолымен пайда болған деп есептеуге болады.

Ескерту: Қазақ (түркі) тіл білімінде *-с, -к, -к, -т, -н, -р, -у* жұрнақтарын негізгі қосымша деп есептеп, бұлар дауыссыз дыбысқа біткен сөздерге жалғанғанда (ы), (і) дауыстылары қыстырма дыбыс ретінде қосылып айтылған деп, керісінше түсіндіру де бар. Біз бұл жерде “қосымша тұлғалар буын деңгейінен төмен түспейді” -

дейтін Ә.Жүнісбеков қағидасына сүйеніп отырмыз.

ә) Қатар келген дауысты дыбыстардың сөз жапсарында ықшамдалуы анық аңғарылып тұрады. Себебі жазуда толық жазылып, тек айтуда ғана ықшамдалады. Мысалы, *келе алмады*, - (*кел*)*е алмады* - *кел алмады*, *сары ат* - *сар(ы) ат* - *сарат*, *торы ала* - *тор(ы) ала* - *торала* деген сөздерде қатар келген дауыстылардың алғашқысы түсіріліп, ал не істеді - *не(і)стеді* - *нестеді*, *не үшін* - *не(ү)шін* - *нешүн*, *жаңа ыдыс* - *жаңа(ы)дыс* - *жаңадыс* дегенде соңғы дауысты дыбыс түсіріліп тұр. Ал *бара алмады* - *баралмады*, *қара ат* - *қарат*, *не еткен* - *неткен* деген сөздерде (а) және (а), (е) қатар тұрғандықтан оның қайсысы түскені (алғашқысы ма, соңғысы ма?) ескерілмейді.

9.8.4. Дауысты дыбыс редукциясы

Дауысты дыбыстардың түсіріліп айтылуына келгенде ең көп әрі ең жиі кездесетін құбылыс редукцияға байланысты болып келеді.

Дауысты дыбыс редукциясының себебін “дауысты дыбыстан басталатын қосымшаның жалғануына”, “екпінсіз буынның айтылуына” байланыстырған пікірлердің болғаны мәлім.

Негізінде, қазақ тіліндегі дауысты дыбыс редукциясы мына жағдайда жүзеге асады:

а) Дауысты дыбыс редукциялану үшін, біріншіден, сөз құрылымы үш буыннан кем болмауға тиіс; екіншіден, сөз құрылымында кемінде екі ашық буын қатар тұруы керек. Осы екі шарт бойында бар сөздерде ғана дауысты дыбыс редукцияланады. Бұл көріністі, анықтап айтқанда, дауысты дыбысы редукцияланатын сөздің буын үлгісін (Б)А + БА + БА(Б) немесе (Б)А + БА + БА + БА(Б) белгілерімен беруге болады.

Осы буын үлгісіндегі сөздерде дауысты дыбыс редукцияланғанда (Б)АБ + БА(Б) немесе (Б)А + БАБ + БА(Б) буын үлгісіне айналады. Демек бір-бір буын кемиді. Мысалы, *ма+ғы+на* - *мағ+на*, *а+ра+ба* - *ар+ба*, *жо+ға+ры+ғы* - *жо+ғар+ғы* т.б.

Дауысты дыбыс редукциясы түбір сөзде де, қосымша жалғанған сөзде де жүзеге аса береді. Мысалы, *араба*, мағына сөздері түбір сөздер, бірақ

буын үлгісіне байланысты шартқа сәйкес келіп тұр.

Дауысты дыбыс редукциясы қосымша жалғанған сөздерде жиі байқалады. Мұның басты себебі - жалғанған қосымшалардың сөзді жоғарыда айтылған буын үлгісіне сәйкес келтіретіндігі. Мұны мына жағдайдан көруге болады:

а) Дауыссыз дыбысқа аяқталған сөзге дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанғанда қатар тұратын ашық буынды сөздер пайда болады. Мысалы, *орын+ы* - *о+ры+ны*, *ауыз+ы* - *а+уыз+ы*, *мойын+ы* - *мо+йы+ны* т.б. *О+ры+ны* - *ор+ны*, *а+уыз+ы* - *ау+ы*, *мо+йы+ны* - *мой+ны* болып дауысты дыбыстың редукциялануы әрі үш буынға жетуіне, әрі қатар тұрған ашық буындардың пайда болуына байланысты.

Дауыссыз дыбысқа біткен сөзге дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғану арқылы сөздер де жасалады, сөзпішін (сөзформа) де жасалады. Мысалы, *орын+ық* - *орнық*, *ойын+а* - *ойна*, *бұйыр+ек* - *бұйрек*, *дәуір+ен* - *дәурен*, *үрік+ек* - *үркек*, *көрік+ем* - *көркем*, *сарын+а* - *сарна*, *буын+а* - *буна*, *бұйыр+ық* - *бұйрық* дегенде сөз жасалып тұр.

Ал *ірік+ін* - *ірікпін*, *қорық+ып* - *қорқып*, *қарын+ым* - *қарным*, *халық+ым* - *халқым*, *әріп+і* - *әріп*, *құлып+ы* - *құлпы*, *мүлік+і* - *мүлкі* т.б. дегенде сөзпішіндер пайда болған.

Дауыссыз дыбысқа аяқталған сөзге дауысты дыбыстан басталған сөздер тіркесіп, бір бунақта айтылса да қатар тұрған ашық буындар пайда болып, редукция құбылысы жүзеге асады. Мысалы,

қайын аға - *қай(ы)наға* - *қайнаға*
қайын ата - *қай(ы) ната* - *қайната*
қайын ене - *қай(ы)нене* - *қайнене*
зерек еді - *зерек(е)ді* - *зеректі*
барған еді - *барған(е)ді* - *барғанды*
келетін еді - *келетін(е)ді* - *келетінді*

Ескерту: Еді көмекші етістігінің түбірі (е)-нің түсіріліп айтылуы арқылы *зеректі*, *барғанды*, *келетінді* сөзпішіндеріндегі -*ды*, -*ді* өткен шақ жұрнағы өзі жалғанған сөзіне шақтық мағына жамап тұрғанына қарамай, қазіргі қазақ тілінде күшейту мағынасын беретін демеулік шылау деп есептеліп дефис (-) арқылы жазылып жүр.

ә) Дауысты дыбысқа аяқталған сөзге дауыссыз дыбыстан басталған қосымша жалғанғанда да (Б)А + БА + БА(Б) немесе (Б)А + БА + БА + БА(Б) буын үлгілеріндегі сөз не сөзпішін пайда болады да, қосымшадан бұрын тұрған дауысты дыбыс түсіріліп айтылады. Мысалы, *ара+лас - a+p(a)+лас-арлас, әлі+гі-әл(i)гі - әлгі, бері+гі - бер(i)гі - бергі, ұры+ла - ұ+p(ы)+ла - ұрла, қозы+ла - қо+z(ы)+ла - қозда, тірі+лік - ті+p(i)+лік - тірлік, ұры+лық - ұ+p(ы)+лық - ұрлық, жоғары+ғы - жо+ға+p(ы)+ғы - жоғарғы, кенере+ле - ке+не+p(e)+ле - кенерлет.б.*

Дауысты дыбысқа аяқталған сөз бен дауыссыз дыбыстан басталған сөз тіркесіп, бір бунақта айтылғанда да қатар келген ашық буын саны көбейіп, алғашқы сыңардың соңғы дауысты дыбысы редуцияланады.

Мысалы,

*сары май - са+p(ы)+май - сармай
сары дала - са+p(ы)+да+ла - сардала
бөрі жар - бө+p(i)+жар - бөржар
бөрі басар - бө-p(i)+ба+сар - бөрбасар
ары жақ - а+p(ы)+жақ - аржақ
бері жақ - бе+p(i)+жақ бержақ*

Редуция құбылысы туралы түйін ретінде мына мәселеге көңіл аудару қажет. Жоғарыда айтылған буын саны мен қатар келген ашық буындар дауысты дыбыстың түсірілуіне қатаң шарт бола тұра аталған буын үлгілеріндегі сөздердің барлығы редуцияға ұшырауы міндетті емес. Анықтап айтсақ, редуция құбылысы (Б)А + БА + БА(Б), (Б)А + БА + БА + БА(Б) үлгілерінде ғана жүзеге асатын құбылыс. Сондықтан да бұл буын үлгілеріндегі сөздердегі дауысты дыбыс түгел редуцияға ұшырамайды. Бұл жағдайда былай салыстыруға болады.

(Б)А + БА	БА(Б)	(Б)А + БА + БА(Б)
<i>халық+ы - халқы</i>		<i>балық+ы - балығы</i>
<i>қарын+ы - қарны</i>		<i>дарын+ы - дарыны</i>
<i>бұйыр+ық - бұйрық</i>		<i>бұйыр+ыт - бұйырып</i>
<i>қозы+ла - қозда</i>		<i>жазы+ла - жазыла</i>
<i>бөрі жар - бөржар</i>		<i>дәрі бер - дәрібер</i>

Бірінші бағандағы сөздер мен екінші бағандағы сөздердің буын үлгілері бірдей болғанымен дауысты дыбыс редуциясы тек бірінші бағандағы сөздерде жүзеге асуы

морфонологиялық құбылыстардың талғамалылығын көрсетеді.

Дауысты дыбыс редуциясының себебі туралы сөз болғанда, оған үнді дыбыстың көрші тұруын шарт деп есептеушілер де болды. Шындығында редуцияланатын дауысты дыбыстың екі жағында үнді дыбысының тұруы (мысалы, *ор(ы)ны - орны, мой(ы)ны - мойны/*, не алдында келуі */хал(ы)қы - халқы, ау(ы)зы - аузы*) амалдың іске асуына көмектесетіні рас. Өйткені үнді дыбысы көрші дауысты дыбысты бойына сіңіріп, жұтып (обсорбция), келесі дауыссыз дыбыспен тіркесуге икемді келеді. Сондықтан да үнді дыбыспен көрші дауысты дыбыстар басқа дыбыспен көрші тұрғандарына қарағанда редуцияға жиі ұшырайды. Бірақ дауысты дыбыс редуциясы үшін үнді дыбыстың болуын шарт деп есептеуге болмайды. Аталған буын үлгісінде тұрып, басқа дауыссыздардың арасындағы дауыстылар да түсіріліп айтылады. Мысалы, *екі қала - ек(i)қала - екқала, Алматы да - Алмат(ы) да - Алматта, осы жер - ос(ы)жер - өшишер.*

Біз осы жағдайды ескере отырып, өз ерекшелігін аңғарту үшін төменде дауысты дыбыстың жұтылу себебіне жеке тоқталамыз.

9.8.5. Дауысты дыбыстардың жұтылуы

Қазақ тіліндегі үш тұлғашықтардан тұратын қосымша тұлғаның жеке дауыссыз дыбыстан тұратын дауысты дыбысқа аяқталған сөзге жалғанып барып қалыптасқаны жөнінде жоғарыда айтылды. Ал дауыссыз дыбысқа аяқталған сөзге бұл қосымшалар *-ыт, -іт, -ыс, -іс, -ып, -іп* болып жалғануы керек еді. Мысалы, *қақ+ыт - қағыт, жап+ыс - жабыс, бөл+іп - бөліп* т.б. Дегенмен осы жұрнақтардың ішінде *-ыт, -іт* дауыссыз дыбысқа да тек (т) күйінде жалғана береді. Бірақ бұлар барлық дауыссыз дыбыстан кейін емес [р], [н], [л], [й] дыбыстарына жалғанғанда жүзеге асады. Себебі **р, н, л, й** дыбыстарынан кейін келген (ы), (і) дыбыстары жұтылып (т)-ның өзі ғана жалғанғандай болады. Мысалы, *шұбар+ыт, мұнар+ыт* түрінде есім сөзден етістік жасалғанда олар *шұбарт, мұнарт* түрінде дыбысталады. Бірақ *шаң+ыт - шаңыт* дегенде (ы) дыбысы жұтылмайды. Бұл айырмашылық н дыбысының тіл арты, **р** дыбысының тіл ұшы

арқылы жасалуына байланысты. Тіл арты (ң) дыбысынан кейін (т) тіркесе алмайды. Демек *-ыт, -іт* қосымшасы үнді дыбыстардың тек тіл алды дыбысымен қатар келгенде ғана дауысты (ы), (і) жұтылып кетеді екен.

Қазіргі қазақ тілінде *үйіт - үйт, киіт - кит, еліт - елт, бұлыт - бұлт, кіліт - кілт, бөріт - бөрт* сияқты сөздердің әдеби тілде соңғы жұбы қолданылғанмен, сөйлеу тілінде алғашқылары да кездесетіні белгілі. Демек, әдеби тілдегі нұсқалары дауысты дыбыстың жұтылу жолымен ықшамдалып қалыптасқан деуге болады.

Сондай-ақ өзгелік етістің *сөйле+т, жара+т, қара+т* дегендегі [т] жұрнағының *ағыл+т, тарыл+т, жаңыл+т, ағар+т, көгер+т, қашыр+т, қуан+т, өкін+т, қағын+т* түрінде жалғануын да осылай жұтылу амалымен түсінген жөн.

Ал сын есімнің шырай пішінін жасайтын [т] жұрнағының да *қызғыл+т, бозғыл+т* болып жалғануы да [л] дыбысының дауысты дыбысты өзіне сіңіріп жіберуіне байланысты. Үнді дыбыстың дауысты жұту қабілеті тек қосымшалардағы дауыстыны емес, түбірдегі (ы), (і) дауыстылардан кейін келген т дыбысы қатарласқанда да байқалады. Мысалы, *ұйы, йі, қары* етістіктері *ұйыт - ұйт, иіт - ит, қары - қарт* түрінде айтыла береді.

Қазақ тілінде *бұлай ет, солай ет* деген тіркестердің бүйт, сөйт/сүйт, өйт/үйт болып, әрі бірігіп, әрі ықшамдалуында екі амал бар. Біріншісі (л) дыбысының түсуіне байланысты *солай, бұлай, олай* сөздерінің *сөй, бүй, өй/үй* болып дыбысталуы. Ал екіншісі ет көмекші етістігінің жалаң дауыссыз (т)-ға айналуы. Осы *ет >т* ықшамдалу амалын жұтылу жолымен, анықтап айтқанда, өзінен бұрынғы [й] үнді дыбысының әсерімен пайда болғандығын еске алу керек болады.

9.8.6. Сөз ішінде және сөз жапсарында түсетін дауыссыз дыбыстар

Қазіргі қазақ тілінде сөз ішінде және сөз жапсарында түсетін дауыссыз дыбыстар мына жағдайда түсіріліп айтылады:

1. Дауысты дыбыс арасында келген **к, қ, ғ, г, һ, л** дыбыстары түсіріліп, екі жағындағы дауыстының біреуін өзімен бірге ала кетеді, әрі жуан айтылатын сөздер жінішке буынға

айналады. Мысалы, *нақыш - нәш, Мақамбет - Мәмбет, бағасы - бәсі, тұғын-тын* қосымшасы (баратұғын - баратын), *егер - ер, арагідік - әредік, тағат - дәт, рақат - рәт, заһар - зәр, қаһар - қәр, саһар - сәрі, шаһар - шәр, солай ет - сөйт, бұлай ет - бүйт, олай ет - өйт* т.б. **Ж** дыбысы *бара жатыр - баратыр, келе жатыр - келеатыр* деген тіркестерде ғана түседі.

Үнді **р, ң, м, у** дыбыстарынан кейін келген **к, қ, ғ, г** дыбыстары түсіріліп айтылады. Мысалы, *уқала - уала, жиіркен - жирен, тарқа - тара, бірденке - бірдене, ештеңке - ештеңе, емгіз - еміз, тамғыз - тамыз, суғар - суарт* б.

2. Ал, бол, кел, қал, қыл, сал етістіктеріне көсемшенің **-ып, -іп** жұрнағы жалғанғанда, [л] дыбысының түсуіне байланысты *алып - ап, болып - боп, келіп - кеп, қалып - қап, қылып - қып, салып - сап* варианттары пайда болады. Бұл құбылысты диалектологтар жиі әңгіме еткенімен, аймақтық шекарасы жоқ, Қазақстанның барлық облыстарында кездеседі. Сондай-ақ басқа түркі тілдерінде де бар құбылыс. Бұл алты етістіктің *біл, іл, тіл, сыл, тол, төл, жұл, шал*, сол сияқты басқа етістіктерден өзгешеленіп ықшамдалуы, олардың әрі негізгі, әрі көмекші етістік ретінде қолданылуына байланысты. Бұл алты етістіктің осы жағдайы қолданылу жиілігінің артуына қарай ықшамдалу қажеттігі туған болу керек.

Әңгіме болып отырған алты етістікке **-ып, -іп** жұрнағынан басқа қосымшалар жалғанғанда [л] дыбысының түсуі кездеседі, бірақ бұл жағдай аймақтық ерекшелік ретінде ғана қолданылады. Бұған мына қосымшалардың жалғануын мысал ретінде алуға болады.

1) **-са, -се** шартты рай жұрнағы: *алса - аса, болса - боса, келсе - кесе, қалса - қаса, қылса - қыса, салса - сасат* б.

2) **-мақ, -мек**, есімше жұрнағы: *алмақ - амақ, болмақ - бомақ, келмек - кемек, қалмақ - қамақ, қылмақ - қымақ* т.б.

3) **-ған, -ген** есімше жұрнағы: *алған - аған, болған - боған, келген - кеген, қалған - қаған, салған - саған* т.б.

4) Бұйрық райдың екінші жақ көпше формасында: *келіндер - кендер, болындар - бондар, қалындар - қандарт* б.

Л дыбысының түсуі ол, бұл, сол есімдіктеріне көптік жалғауы жалғанғанда да байқалады. Мысалы, *ол+лар - олар, бұл+лар - бұлар, сол+лар - солар*.

Ал осы үш есімдіктің өзге сөзбен тіркесіп бір бунақта айтылған кезінде де [л] дыбысының түсіріліп айтылуы жиі байқалады. Мысалы, *о баста, о дүние, бұ жақта, со жақтат*.б.

5) Бұйрық райдың үшінші жақ жіктік жалғауы: *алсын - асын, болсын - босын, келсін - кесін, қалсын - қасын* т.б.

3. *Мен, сен* жіктеу есімдіктеріне ілік септігі жалғанғанда бір (н) дыбысы түсіп, *менің, сенің* болып айтылады.

4. Ал ілік септігінің жалғауы жалғанған *қыс, жаз, күз* сөздері мен *күні* сөзі тіркесіп айтылғанда және ілік септігіндегі *мен, сен, ол* жіктеу есімдіктеріне көмектес септігі жалғанғанда [ң] дыбысы түсіріліп айтылады. Мысалы, *қыстың күні - қыстыгүні, жаздың күні - жаздыгүні, күздің күні - күздіңгүні, меніңмен - менімен, сеніңмен - сенімен, оныңмен - онымен*.

Бұндағы *қыстың күні - қыстыгүні, жаздың күні - жаздыгүні, күздің күні - күздігүні* дегендер тілімізде жарыса қолданылады. Ал көмектес септігімен келген ілік септікті жіктеу есімдіктерінің екінші ықшамдалған сыңары ғана қолданылып келеді.

5. [н] дыбысы *-ған, -ген* пішінді есімшелерге соң септеулік шылауы тіркесіп айтылғанда түсіріліп айтылады. Мысалы, *барған соң - барғансын - барғасын, келген соң - келгенсін - келгесін* т.б. Бұл жағдай *аздан, көптен, едәуірден* сияқты шығыс септігіндегі сөзге *соң* сөзі тіркескенде де қайталанады. Мысалы, *аздан соң, - аздансын - аздасын, көптен соң - көптенсін - көптесін, едәуірден соң - едәуірденсін - едәуірденсін* т.б. Есімшенің бұл түрі бірінші, екінші жақта жіктелгенде де (н) дыбысы түседі. Мысалы, *барғанмын - барғамын, барғансың - барғасың, келгенмін - келгемін, келгенсің - келгесің* т.б.

Есімшенің *-ған, -ген* пішіндегі бұл түрінің ықшамдалып қолданылуына барғанмын - барғамын түрінде ықшамдалуы себеп болған деуге болады. Себебі *барғанмын, келгенмін* дегенде [н] дыбысы [м] дыбысының әсерімен еріндік [м] дыбысына айналатыны фонетикадан белгілі. Сонымен *барғаммын, келгеммін* болып айтылған

бұл сөз дегеминацияға ұшырап *барғамын, келгемін* болып айтыла бастаған. Ал осы үлгімен (аналогиямен) барғансың - *барғасың, келгенсің - келгесің, барғасын (барған соң) - барғасын, аздансын - аздасын, едәуірденсін - едәуірденсін* түріндегі ықшамдалу пайда болған.

6. Дегеминация жолымен *Махаббат - махабат, Мұқаммед - Мұқамед, Ләззат - Ләзат, құттықта - құтықта, өшшер (осы жер) - өшер, аттас - адас* деген сөздерде [б], [м], [з], [т], [ш] дыбыстары түсіріліп айтылатын болған.

Сөз жігінде *аппар* (алып бар), *аппер* (алып бер), *ап кел* (алып кел) дегенде де дегеминация жолымен бір [п] түсіп, *апар, әпер, әкел* түрінде айтылады.

7. Сөйлеу тілінде *айтып жібер, беріп жібер* деген тіркестер *айтыжбер, беріжбер* болып [п] және [і] дыбысы түсіп қалады. Бұның мәнісі [ж] ұяң, ызың дыбыстың алдында тұрған [п] қатан дыбыс кейінді ықпалмен ызыңға айналып (айтып жібер - айты w жібер), жүре келе ызың /w/ дыбысы түсіп қалатын сияқты. Бұл өзгеріс /ж/ дыбысынан кейінгі /і/ дыбысының редукциялануымен айтыжбер болып айтылған.

8. Сөз ішінде дыбыстардың түсу жайын көрсететін күрделі құбылыс кісі аттарында жиі байқалады.

а) Құрметтеу, сыйлау мақсатымен кісі атына *-ақа, -еке* жұрнақтары жалғанғанда соңғы бір немесе бірнеше буын түсіріліп айтылады. Мысалы, *Өмеке* (Өмірзақ, Омарқұл), *Жәке* (Жамбыл, Жақсыбай), *Мырзеке* (Мырзахан, Мырзабай) т.б.

ә) Кісі аттарына еркелету мағынасымен **н, ш** жұрнақтары жалғанғанда да, бір немесе бірнеше буын түсіп қалады. Мысалы, *Мағрипа - Мәкіш, Мәкен, Сақытжамал - Сақыш, Жұмабек, Жұмағали - Жұмаш, Жұман, Жақсыбай, Жақсылық, Жармағанбет - Жақаш, Жақан, Төлебек, Төлебей - Төлеш, Төлен, Сәдуақас - Сәкеш, Сәкен, Ақпанбет, Ақтамберді - Ақан, Кәкімбек, Кәдірбек - Кәкіш, Кәкен* т.б.

9.8.6.1. Кірігу (гаплогия) жолымен ықшамдалған сөздер

Біз жоғарыда *ійесіз - есіз, ійемден - емден, ійен - ен* сияқты сөз басында кіріккен буындарға

тоқталған едік. Енді осылайша ықшамдалудың сөз ішінде және сөз жапсарында кездесетініне назар аударамыз.

1) Қазіргі қазақ тілінде варианттас деуден гөрі жеке-жеке сөз ретінде қалыптаса бастаған *буылтық - бұлтық (бұлшық), буалдыр - бұлдыр, буырқан - бұрқан* сөздері бар. Бұлардың алғашқы жұбынан кірігу жолымен соңғы жұбының пайда болғанын мағына жағынан да, құрылымы жағынан да аңғару қиын емес.

2) Соң шылауы шығыс септігіндегі сөзбен тіркесіп айтылатыны белгілі. Бірақ *-ған, -ген* пішінді есімшеден кейін шығыс септігінің дыбысталуы да, дыбысталмауы да мүмкін. Мысалы, *барғаннан соң - барған соң, келгеннен соң - келген соң, айтқаннан соң - айтқан соң*. Қазіргі әдеби тілде бұл сөздердің ықшамдалған варианты жиі қолданылуда. Бұл ықшамдалу *-ған+нан, -ген+нен* ұқсас буындардың кірігуіне байланысты іске асқан.

3) Көсемшенің *-ып, -іп, -а, -е, -й* қосымшалы пішіндері жіктелгенде үшінші жақ жіктік жалғауы *-ды, -ді, -ты, -ті* болып келетіні белгілі. Бірақ көсемшенің осы жіктелген түріне сұраулық шылау тіркесіп айтылса, *-ды, -ді* жалғауы түсіп қалады. Мысалы:

<i>барамын ба?</i>	<i>келіпін бе?</i>
<i>барасың ба?</i>	<i>келіпсің бе?</i>
<i>бара(ды) ма?</i>	<i>келіп(ті) ме?</i>

4) Жедел өткен шақ пішінде **е** көмекші етістігі жекеше бірінші, екінші жақты және бірінші жақ көптік пішінде *-ді* жұрнағы түсіп, *едім - е(ді)м - ем, едің - е(ді)ң - ең, едік - е(ді)к - ек* болып ықшамдалады.

5) *Әбділда, Әбдісаттар, Әбдіжаппар, Әбдісалам* сияқты кісі аттарындағы *-ді* тұлғасы түсіп, *Әбілда, Әнсаттар, Әбжаппар, Әнсалам* болып айтылады. Ал *Әбубәкір, Әбутәліп есімі Әбубәкір, Әутәліп* болып ықшамдалуда да жартылай кірігу (гаплогогия) құбылысы бар.

6) Кірігу арқылы ықшамдалу сондай-ақ *дилылан - дилан, әзіз - әз, менен - мен* (шылау, көмектес жалғау) варианттарынан, кешкетұрым *- кешқұрым, түнеуғүгүні - түнеуғүні* тіркестерінің екі түрлі айтылуынан аңғарылады.

9.8.7. Сөз соңындағы дыбыстардың түсірілуі

Сөз соңында дауысты дыбыс та, дауыссыз дабыс та кейде дауысты мен дауыссыз қосарлана

түсетін кезі болады. Сондықтан біз бұл жағдайға жеке-жеке тоқталамыз.

1. Дауысты дыбыстардың түсірілуі қатарласа келген ашық буындарды жабық буынмен айту үрдісіне сәйкес келеді. Мысалы,

а) БА+БА+БА буын үлгісіндегі сөздің соңғы дауысты дыбысы түсіп БА+БАБ буын үлгісіндегі сөз жасалады: *бағана - баған, барады - барат, келеді - келет* т.б.

ә) (Б)АБ+БА+БА буын үлгісі (Б)АБ+БАБ буын үлгісінде айтылады. Мысалы, *ертегі - ертек, алхоры - алхор, шапталы - шаптал, бидайы - бидай*.

б) (Б)АБ+БА+БА+БА буын үлгісі БАБ+БА+БАБ буын үлгісіне айналады: *жаздығүні - жаздыгүн, қыстығүні - қыстыгүн, күздігүні - күздігін* т.б.

в) Кейбір қос сөздер құрылымында да қатар келген ашық буынды болып келгенде соңғы дауысты дыбыс түсіріліп айтылады. Мысалы, *ерсілі-қарсылы - ерсіл-қарсыл, бірді-екілі - бірдекілі - бірдекіл, әрілі-берілі - әріл-беріл, әрі-сәрі - әр-сәр, әрі-беріден соң - әрберден соң* т.б.

г) Кейбір біріккен, тіркескен сөздердің де соңғы буындары ашық болып келгенде дауысты дыбыс сусып қалады. Мысалы, *қайын іні* сөзіндегі (ы) түсіп, *қайыны* (жуандау себебі сингармонизмге байланысты) болып, одан әрі *қайын(ы) - қайны/қайын* болып дыбысталады. *Аға іні* сөзінің арасына (й) қыстырма дыбысы қойылып *ағайыны* болып, одан әрі соңғы дауысты дыбыс сусып ағайын сөзі қалыптасқан. *Ол несі - о несі* сөзі одағай ретінде таңырқау мәнінде айтылғанда *өнес* болып айтылады.

д) *-малы, -мелі* жұрнағы арқылы жасалған *ашпалы, жаппалы, көшпелі* сияқты сын есімдердің ішінде танымалы, тасымалы сөздерінде ғана соңғы дауысты дыбыс түсіріліп, *танымал, тасымал* болып айтылады.

2. Дауыссыз дыбыстардың ішінде сөз соңында **к, к** дыбыстары көбірек түседі. Мысалы, *ұлық - ұлы, толық - толы, лоблық - лоблы, тыншық - тыншы, өршік - өрші, кішік - кіші, мәңгілік - мәңгілі* т.б.

Қ, к дыбыстарының түсіріліп айтылуы қазақ тіліндегі *-лық, -лік* жұрнағы мен *-лы, -лі* жұрнағының мағынасынан да, қолданылу, сөз жасау қабілетімен де бір тұлғаның (морфема) түрлі тұлғашықтары (морфтары) екенін

байқатады. Мәселен, *жерлік, жетерлік, айтарлық* сияқты сөздердің қос сөз ретінде қолданылғанда *есі кірерлі-шығарлы* түрінде айтылуы да, диалектіде кездесетін *баралы* (баралық орнына), *келелі* (келелік орнына) сөздері де осы тұжырымды айғақтайды.

Сөз соңында түсетін дауыссыз дыбыстардың енді бірі шығыс тілдерінен ауысқан сөздердегі [т], [д] дыбыстары. Мысалы, *дост* (пар. *дуст.*) - *дос*, *тахт* - *тақ*, *уақыт* - *уақ*, *бахт* - *бақ* т.б. Сондай-ақ *кент* сөзімен келетін *Ташкент*, *Самарқанд* қалаларының сөйлеу тілінде *Ташкен*,

Самарқан болып айтылуы да осыған жатады.

3. Сөз соңында дауысты және дауыссыз дыбыстардың түсуі *-мын*, *-мін* жіктік жалғауының көсемшенін *-а*, *-е* жұрнағынан және есімшенін *-ған*, *-ген* жұрнағынан кейін *барамын* - *барам(ын)* - *барам*, *көремін* - *көрем(ін)* - *көрем*, *барғанмын* - *барғам*, *келгенмін* - *келгем* түрінде айтылуы кең тараған. Ал шартты рай етістік пен нақтылы (жедел) өткен шақ етістіктер жіктелгенде жіктік жалғауы (*-мын*, *-мін*) тек қана [м] түрінде жалғанып, толық түрі тіпті кездеспейді. Мәселен, *барса-м*, *келсе-м*, *барды-м*, *келді-м* т.б.

СӨЗДІҢ МОРФЕМАЛЫҚ ҚҰРАМЫ. СӨЗЖАСАМ

СӨЗДІҢ МОРФЕМАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

1. СӨЗ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ МОРФЕМАЛАР

1.1. МОРФЕМА ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Қандай да сөз болмасын негізінен белгілі бір дыбыстардың жиынтығынан тұратыны белгілі. Сөздің сыртқы **қабыршағы** - дыбыстар. Демек, сөз құрайтын ең кіші тілдік бөлшек (единица) дыбыстар екен. Бірақ дыбыстар сөзді құрайтын ең кіші тілдік бөлшек бола тұрып, өздері жеке тұрып ешбір мағына, мән (лексикалық та, грамматикалық та) бере алмайды. Сондықтан дыбыстар, олардың жасалуы, қолданылу ерекшеліктері, сипаты т.б. соған байланысты толып жатқан заңдылықтары фонетикада қаралады. Ал, морфологияның объектісі болу үшін тілдік единица жоғарыда көрсетілгендей, белгілі бір грамматикалық мағына білдіріп, сөйлеу процесінде (контексте) белгілі бір қызмет атқарып тұруы керек.

Сөздің қолдану негізінде қалыптасқан көбіне бір ғана лексикалық мағынасы болғанымен, сөйлеу процесінде сөз бір я бірнеше грамматикалық мағына білдіруі мүмкін. Олай болу сөздің сөйлеу процесінде қандай мәнде жұмсалыуымен, басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсу дәрежесімен, соның нәтижесінде көтеріп тұрған семантикалық-стильдік жүгімен және түрлі тұлғада жұмсалыуымен байланысты. Мысалы:

Сүй-е-мін ту-ған тіл-ді, ана-м тіл-і-н,

Бесік-те жат-қан-ым-да - ақ бер-ген біл-ім

(Торайғыров)

дегенді көрсетілген бөлшектерге бөлуге болады, өйткені олардың әрқайсысының контексте білдіретін грамматикалық мағыналары бар, сол жердегі тұрысына байланысты белгілі қызмет атқарып тұр. *Сүйемін* деген сөзде бір лексикалық мағына бар, ол - нақтылы сүю қимылы, оны білдіріп тұрған сөздің *сүй* бөлшегі, ол - тілдің

сөздік құрамына енетін жеке сөз, сөйлеу процесіне түсудің арқасында (лексикалық мағынаның жалпылануы арқасында) бұл сөзде қимылды білдіру сияқты жалпы, яғни грамматикалық мағына қалыптасқан. Сөздің бұл бөлшегінде басқа да грамматикалық мағына бар, ол - сабақтылық мағына, яғни бұл қимылдың тура объектіні талап етуі. Бұл мағынамен бірге осы сөздің басқа бөлшектері (*сүй* дегенге үстелген тұлғалар) сөзге түрлі грамматикалық мағына үстеп отыр: *-е* - қимылдың белгілі мезгілде болуын, яғни шақтық (ауыспалы осы шақ және сөйлемнің модальдылық сипатын белгілеп тұр), *-мін* - қимылдың қандай субъект арқылы іске асуын, яғни жақтық (І жақ, жекеше) мағынаны білдіріп, өзі сол жалғанған сөзін (*сүйе*) предикаттық қатынаста, *мен* деген сөзбен байланыста жұмсалыуға дәнекер болып тұр. *Тілін* деген сөзде де бір лексикалық мағына, нақтылы зат атауы бар, оны білдіріп тұрған - сөздің *тіл* деген негізгі бөлшегі, сөйтіп, грамматикалық тұрғыдан жалпы зат атауын білдіру мағынасы бар. Сонымен бірге бұл бөлшекке *-і* деген қосымша бөлшек қосылу арқылы тәуелдік мағына (жақтық мағына тағы бар) үстелген. Сөйтіп барып, бұл сөз осы *-і* бөлшегі арқылы *анам* сөзімен (ілік септіктің жасырын түрінің қатысуы арқылы: *анам/ның/ тілі*) байланысқа түсіп тұр. Ал *-н* бөлшегі сөзге тура объектілік мағына үстеп, оны *сүйемін* деген сөзбен байланыстырады және бұл сөздің (*тілін*) сөйлемде толықтауыш қызметін атқаруына негіз болады...

Сондай-ақ *сүйемін, тілін...* деген сөздер тілімізде осы түрлерінде ғана қолданылып қоймайды, олардың *сүйікті, сүйкімді, сүйгіш, сүймей, сүйін, тілге, тілші, тілдес* т.б. тәріздес әрі ортақ, әрі бөлек-бөлек тұлғалары бар. Олардың ортақ бөлшек арқылы білдіретін ортақ мағыналарымен бірге бөлек-бөлек бөлшектер үстейтін өзгеше де бірде лексикалық немесе деривациялық, бірде грамматикалық мағыналары бар.

Айт-ыл-ар сөз айт-ыл-ды ... не-ні айт-са-н да, ой-ла-п айт... айт-атын-ың-а айт... сонда айт-па-ғы-ң не... айт-па-са-н айт-па-й-ақ қой... бұл сөзді айт-қыз-ба-ған кім?

Бұл сөйлемдерде *айту* сөзі әр түрлі тұлғаларда қолданылған, олардың бәріне ортақ бөлшек *айт*, соның арқасында мысалдағы барлық сөз сөйлеу мәніндегі нақтылы бір қимылды (сөзді жеткізу мәнін) білдіріп тұр (лексикалық мағына) және оның жалпылануы негізінде жалпы грамматикалық мағына - жалпы қимыл мағынасы қалыптасқан (лексикалық мағынасы негізінде), ол бөлшекке үстелген тұлғалар сол негізгі бөлікке (түбірге) әр түрлі қосымша грамматикалық мағына үстейді. *Айт-ыл-ар*: *-ыл* - қимылдың тура объектіге грамматикалық субъект ретінде қатынасын (яғни қимылдың тура объектісі бұл жерде грамматикалық субъектісіне айналып, етістіктің салт етістікке ауысуын), *-ар* - қимылдың алда (келер шақтық мағына) болатындығын (орын тәртібінің өзгеруі арқылы заттың, сөздің қимылдық сынын білдіріп тұр, бұлай болу - етістіктің есімше формасының ерекшелігі), *айт-ыл-ды*: *-ды* қимылдың сөйлеп тұрған сәттен бұрын орындалғанын (өткен шақтық мағына), *айт-са-н*: *-са* - қимылдың істелу шартын, *-н* - қимылдың қай (екінші) жақ және жекеше, арнайы субъект арқылы орындалуын, *айт*: (ойлап айт) - нольдік форма - бұйрықты және II жақ жекеше, анайы мағынаны білдіреді, басқа сөздер де *айт -атын -ың -а*, *айт -пағ/қ/ -ың*, *айт -на -са -н*, *айт -на -й -ақ*, *айт -қыз -ба -ған* тәрізді бөлшектерден тұрады. Демек, негізгі мағына өзгермейді, сөздің лексикалық мағынасы және оның жалпылануы арқылы пайда болған жалпы грамматикалық мағынасы осы көрсетілген барлық сөз формаларына ортақ болып келеді, өйткені олардың ортақ мәнді бөлшегі - *айт*. Ал көрсетілген тұлғалар арқылы пайда болған категориялық грамматикалық мағыналар түбірдің мәніне негізделеді, соның арқасында бұл сөздер жақын, ұқсас мәнде қолданылып, әр түрлі тұлғалық жамылғыштардың арқасында соған сәйкес әр түрлі қосымша мағына үстеліп, сол сөздер сөйлемде әр түрлі қызмет атқарып тұр.

Басқа сөздерде негіз болатын бөлшек те (*айт*), оған әр түрлі мән-мағына үстеп тұратын бөлшек те (*-ың*, *-ар*...) тіл білімінде морфема деп аталады. Демек, морфема дегеніміз контексте (сөйлеу процесінде) сөздің жалпы грамматикалық (бұны оқулықтарда күні бүгінге дейін лексикалық мағына деп келгені мәлім, сөздің түбір білдіретін

мағынасы, яғни түбір әрі лексикалық мағынаны, әрі жалпы грамматикалық мағынаны білдіреді), я категориялық немесе қатысты грамматикалық (қосымша) мағыналарын білдіре алатын ең кіші бөлшегі. Морфологияның негізгі объектісі және ең кіші бөлшегі морфема (лексикалық я грамматикалық мағына білдіре алатын) деп соңғы лингвистикалық зерттеулерде негізінен осылай айқындалады. Жалпы алғанда мәселенің ұзын-ұрға, мән-жайы осындай. Бірақ морфология тілдің грамматикалық құрылысының (грамматика саласының) бір бөлігі болғандықтан да, оның қарастыратын негізгі объектісі сөздің, тілдің грамматикалық құрылысының грамматикалық сипатын, қасиеттерін көрсететін тілдік элементтер болса керек қой. Осы тұрғыдан келгенде, лексикалық мағына білдіретін түбір деген тілдік құбылыстың морфологиялық сипаты қандай болмақ? Өйткені лексикалық мағыналар фонологияның үлесі емес, морфологияның шеңберінде қаралуға тиісті емес, лексиканың (лексикологияның) үлесі болып табылады. Сонда сөздің түбірі морфема деген ұғымға енбей ме? Бұл жерде мына мәселені айқындап алу қажет. Сөздің түбірі лексикалық мағына білдіретіні үшін морфема деп аталмайды, керісінше грамматикалық мағына білдіретіні үшін морфема деп аталады. Әрине ол (түбір білдіретін) грамматикалық мағына - лексикалық мағынаның жалпылануы арқылы пайда болатын **жалпы грамматикалық мағына**, яғни жасалу түбі, төркіні жағынан лексикалық мағынаға саяды, бірақ бұл жерде түбір білдіретін мағына ретінде ол грамматикалық (лексикалық емес) мағына болып табылады. Сонда *морфема дегеніміз - тілдің грамматикалық мағына білдіре алатын ең кіші бөлшегі болып табылады*. Оның (морфеманың) сипатын анықтауда әрі грамматикалық, әрі лексикалық қасиеттерін араластырып шатастырмай, морфеманың нақты белгілерін (грамматикалық сипатын) айқындау қажеттігі күмән тудырмайды. Бұл - морфема ұғымының принципті сипаты, әрі ерекшелігі. Болмаса оны грамматиканың (тіл білімінің тек грамматика саласының) негізгі объектісі деп тануға болмас еді және сол арқылы сөздердің грамматикалық сипатын толық, жан-жақты айқындауға да болмас еді. Ал грамматикалық элемент ретіндегі түбір морфеманың лексикалық мағыналы сөзбен сәйкес келуі (немесе кейбір тілдерде, мысалы, орыс тілінде сәйкес келмеуі) тілдің құрылымдық ерекшеліктеріне, диалектикалық жүйесіне қатысты сипаттарын анықтайды, өйткені бұл екі құбылыс (лексикалық мағына мен граммати-

калық мағына және сол екеуінің бір грамматикалық құбылысының өзіндік белгісі, мәні болуы) грамматиканың (тілдің грамматикалық құрылысының) бір қатардағы шеңберіне сыймайды. Сондықтан әр нәрсені өз атымен атап, өзіндік сипаты мен шекарасын айқындап, сол арқылы талданып отырған грамматикалық құбылыстың мәнін ашу қажет. Сөйтіп, лексикалық мағына мен жалпы грамматикалық мағына деген ұғымдар, бір жағынан, қаншалықты алшақ болса (бірі лексикология, екіншісі грамматиканың объектісі болып, сөйлеу процесінде көрінсе), екінші жағынан, жақындығы бірінен (лексикалық мағынадан оның жалпылануы арқылы) екіншісінің (жалпы грамматикалық мағынаның) тууы және сырт тұлғасының сәйкес келуі болса, сөздің түбірі (бұл - грамматикалық, яғни морфологиялық ұғым) мен сөз (бұл лексикалық ұғым) деген ұғымдар да мәні жағынан басқа-басқа да, сыртқы тұлғасы жағынан сәйкес келеді. Осындай ерекшеліктердің мәні айқындалмаса, тіл білімінің лексика және грамматика салаларының шеңбері мен шекарасы да анықталмас еді. Сонымен бірге жоғарыда көрсеткеніміздей, әр морфеманың өзіне тән мағынасы (грамматикалық) және сыртқы дыбыстық көрінісі - формасы, тұлғасы болады. Сөйтіп, сөз морфемалардан, морфема дыбыстардан құралады. Кейде сөз бен морфема сәйкес келеді, яғни сөз грамматикалық тұлғаларсыз түбір күйінде жұмсалып, бір-ақ морфемадан тұрады.

Талдан таяқ жас бала таянбайды,

Бала бүркіт түлкіден аянбайды (Халық әні).

Мысалдағы *жас* (бала), *бала* (бүркіт) сөздері түбір тұлғаларында қолданылған. Ал түрі жағынан түбірге сәйкес келетін *таяқ*, *бала* (таянбайды), *бүркіт* (аянбайды) сөздері түбір тұлғада емес, *таяқ* табыс септіктің жасырын түрінде (таяқ-ты таянбайды), *бала* (таянбайды), *бүркіт* (аянбайды) атау септік тұлғасында қолданылған. Бұл жерде түбір тұлғасындағы *жас*, *бала* сөздерінің грамматикалық мағынасы - әлі жетілмеген, жасөспірім, көк деген мағына - өздері анықтап тұрған затпен байланысты (жас бала, бала бүркіт) қатыстық грамматикалық мағына білдіріп тұр. Бұндай сөзбен сәйкес келетін және бірнеше морфеманың қосындысынан тұрып, сырт тұлғасы жағынан ғана сәйкес келетін сөз формаларын түбір тұлға ұғымымен шатастырмау керек. Сонымен бірге кейде морфема мен дыбыс (фонема) та сәйкес келеді: *айтсаң* дегендегі *-ң*, *сүйемін* дегендегі *-е*, *тілін* дегендегі *-і* және *-н* т.б. белгілі

морфемалар, олар бір-бір ғана дыбыстан тұрады. Міне, сөздің құрамы, әсіресе, морфемалық құрамы дегенде, оның морфемалардан тұруын түсінеміз.

Сөздің құрамындағы морфемалар білдіретін мағынасы мен атқаратын қызметі жағынан және тұрған орнына қарай бірдей, біркелкі болмайды. Мысалы, *сүйемін* және *тілін* деген сөздердегі *сүй*, *тіл* және *-е*, *-мін*, *-і*, *-н* морфемаларын салыстырайық. *Сүй*, *тіл* бөліктері сөздегі негізгі лексикалық мағынаны, сол арқылы сөздің қандай тұлғада айтылса да жалпы грамматикалық мағынасын білдіреді, басқа түрлі мағыналы сөз жасауға ұйтқы бола алады және басқа формалар бұларға келіп жалғанады. Ал *-е*, *-мін*, *-і*, *-н* морфемалары жеке тұрып ешбір мән мағына бере алмайды, тек алғашқы морфемаларға қосылғанда ғана барып, оған әр түрлі грамматикалық мағына үстейді және сол алғашқы морфеманың сыртқы дыбыстық ерекшелігіне байланысты құбылып, өзгеріп те отырады. *Айтамын*, *басын* дегендердегі *-а*, *-ы* морфемаларынан *сүйемін*, *тілін* дегендегі *-е*, *-і* морфемаларының мағыналық, қызметтік ешбір айырмашылығы жоқ, айырмашылық тек дыбыстық жағында, яғни бұлар бір қосымшаның жуан және жіңішке варианты болып табылады.

Міне, осындай жақтары мен ерекшеліктерін ескере келгенде, морфема атаулы екі түрге бөлініп қаралып жүр: *түбір морфема* және *қосымша морфема*.

Оқы, оқы және оқы. Кел, балалар, оқылық, оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық. Оқушылардың көбі жақсы оқиды деген сөйлемдердегі оқумен байланысты сөздер мынадай морфемаларға бөлінеді: *оқы* - түбір және ондағы бұйрық райдың жекеше II жак анайы нольдік тұлғасы, *-лық*, *-ған*, *-ды*, *-у*, *-шы*, *-лар*, *-дың*, *-й*, *-ды*. Осындағы *оқы* - түбір морфема, бұйрық райдың 2-жак жекеше, анайы тұлғасы, *сен оқы* - бұдан бөлек, олар түбір мен нольдік тұлғадан тұратын сөз формалары. Сөйлемде *оқы* және *кел* деген етістіктер түбір күйінде емес, бұйрық рай тұлғасында қолданылған, ал түбірі - бұйрық мағынасыз қимылды ғана білдіретін етістік. Бұл сөйлемдердегі *кел*, *бала*, *көңіл*, *ықылас*, *тоқы*, *көп*, *жақсы* дегендер де осы сияқты түбір морфемалар, өйткені оларды бүгінгі тіл даму тұрғысынан әрі қарай бұдан кіші морфологиялық бөлшектерге бөлуге болмайды және осы бөлшектер негізінде құралатын сөздердің негізгі мағынасын білдіріп тұрады. Демек, **түбір морфема құрылысы жағынан да, мағынасы жағынан да сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін мағыналы түпкі бөлшегі, негізі.** Түбір

морфема жаңа сөз жасаудың ұйтқысы болып табылады, түбір морфемасыз сөз жасалмайды. Қандай да жаңа сөз болмасын, оның мағынасы түбір морфемада білдіретін мағынамен байланысты, соған қатысты болып отырады. Түбір морфема қазақ тілінде әдетте сөздің бас позициясында болады. Қазақ тілінде префикс деген тұлға жоқ, *беймаза, бейшара, бейбак, бейқам, бейкүнә, наразы, нақұрыс* т.б. сияқты иран тілдерінен сол күйінде енген сөздердегі *бей /би/, на-* сияқты бөлшектер қазақ тілінде грамматикалық тұлға дәрежесіне көтеріле алмай қалып қойды.

Міне осындай ерекшеліктердің негізінде кейде түбір морфема мен сөз сәйкес келе береді. Ал осы түбір морфемаларсыз қосымша морфемалар өз алдына біреуі болсын, бірнешеуі болсын я жеке тұрып ешбір мағына бере алмайды, немесе өз бетімен қолданылмайды: *ойла, ойлы, тасты, тастардың, үйшік* сияқты сөздердің *-ла, -лы, -ты, -тардың, -шік* бөлігінде еш мән жоқ. Осы жағынан қарағанда, түбір морфемалар ең негізгі морфема болып саналады. Олар жеке тұрып-ақ белгілі бір мағына бере алатындықтан, ешбір қосымша морфемаларсыз-ақ кейде сөйлеу процесінде (сөйлем ішінде) қолданыла береді, белгілі синтаксистік қызмет те атқара алады.

Түбір морфеманың қазақ тілінде, сондай-ақ жалпы түркі тілдерінде, бір жағынан, мағыналы (лексикалық мағына білдіре алатыны) болуы, екінші жағынан, соның арқасында сөйлемде жеке дара қолданыла алуы, сөйтіп, белгілі қызмет атқара алуы көрсетіліп жүргені белгілі. Бірақ бұл жерде мына мәселені ескерген жөн. Грамматикалық тұлғалары мол, әсіресе байланыстырушы тұлғаларға бай сөз таптары көбіне түбір күйінде қолданылмайды немесе ерекше мәнде қолданылады. Сондай сөз таптары - зат есім мен етістік. Ал сөз байланыстырушы, сөз түрлендіруші парадигмалық жүйелері жоқ немесе дамымаған сөз таптары сөйлеу процесінде түбір тұлғаларында қолданыла береді. Мысалы, сын есім, сан есім, үстеулер көбіне түбір тұлғасында жұмсалады (тіпті туынды түбір тұлғасында болса да). Мысалы:

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы (Сейфуллин). *Ерте туып, кеш қалған* сияқты сөйлемдерде *кербез, сұлу* сын есімі, *ерте, кеш* үстеуі өздері қатысты (анықтап, пысықтап тұрған) сөздермен (*Көкшетау, туып, қалған*) түбір тұлғада тікелей орын тәртібі арқылы қабыса байланысқан. Ал зат есім мен етістік түбірлердің жайы басқаша. Зат есім сөйлемде таза заттық мағынада (заттың аты мәнінде) түбір тұлғада қолданылмайды, өзі

тіркескен екінші бір зат есіммен (тас жол, ағаш үй) тіркесіп, оның сындық сипатын, көмекші етістікпен, септеулік шылаулармен тіркесіп, заттың қимылға ауысу процесін (мысалы, *дос болу, сөз етті, әңгіме қылды* т.б.), сондай-ақ мақсаттық, себептік, құралдық, мекен-мезгілдік т.б. мәндерді (мысалы, *ауыл сайын, бала үшін, радио арқылы* т.б.) білдіреді. Оның өзінде де бұл сипатты бүгінгі күн тұрғысынан қарап айтамыз. Тарихи тұрғыдан келгенде ол зат есімдер басқа бір белгілі тұлғада тұрып қолданылып, оның грамматикалық көрсеткіші түсіп қалып, білдіретін грамматикалық мағынасы күнгірттеніп, бірте-бірте бүтіндей жойылып, түбір тұлға ретінде қалыптасуы әбден мүмкін. Мысалы, *бала үшін, үй жөнінде* тәрізді қолданыстарда *бала, үй* деген зат есімдер қазір түбір тұлға деп танылады, ал көне тілде *үшін* шылауы есімдіктермен ілік септік тұлғасында (*менің үшін, оның я аның үшін*) тіркесуі, сондай-ақ *жөнінде* деген сөздің бастапқы түбірі *жөн* болып, одан кейінгі *-і* тәуелдік жалғауының 3-жағы болуы, ал тәуелдік жалғаулы сөз ілік септіктегі сөзбен тіркесуі әбден мүмкін. Зат есім сөйлемде басқа сөздермен септік, тәуелдік, белгілі жағдайда ғана жіктік жалғау тұлғаларында тұрып грамматикалық байланысқа түсе алады. Ал етістік түбір, жоғарыда көрсетілгендей, тікелей жіктелмейді, таза грамматикалық (рай, шақ) тұлғалары үстеліп барып жіктеледі, сондықтан түбір тұлғасында басқа сөздермен тікелей грамматикалық байланысқа түсе алмай, сол түбір күйінде сөйлемде қолданыла алмайды. Түбір морфеманың осындай ерекшелігі сөз табына қатысты болуы олардың грамматикалық сипатының бір көрінісі болып табылады.

Түбір морфема кейде дара дербес түрде де, сөйтіп, қосымша морфеманы жалғап та жұмсала береді. Осымен бірге түбір морфемалар қайғаланып (қора-қора қой, мая-мая шөп), қосарланып (аяқ-табак, жол-жоба), бірігіп те (желбеу, ашудас), бір-бірімен тіркесу арқылы күрделеніп те (он жеті, қара торы, тас бақа, темір жол) жеке сөз ретінде қолданыла береді және оларға тілдің құрылымдық заңы шеңберінде қажетінше қосымша морфема үстеле алады.

Қосымша морфемалар өз алдына жеке тұрып ешбір мағына бере алмайтын, тек түбір морфемаларға қосылып, оған әр түрлі қосымша мағыналар үстейтін морфемалар. Демек, қосымша морфемаларда не мағыналық, не тұлғалық, не қолдануда дербестік болмайды, оның мән-мағынасы, қызметі түбір морфеманың ыңғайында ғана

ашылып, анықталады. Ол тек түбірге жалғанып қолданылатындықтан, түбір морфеманың дыбыстық ерекшелігіне лайық әуеніне еріп, өзгеріп, вариантталып, түрленіп отырады. Сондықтан да қосымша морфеманың бірнеше дыбыстық варианты болады. Мысалы, көптік жалғаудың *-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер* (6 варианты), ал сөйлеу тілде одан да көп *-ерін* үндестігіне байланысты варианттары, I-жақ тәуелдік жалғаудың *-ым, -ім, -м* (3 варианты), сын есім тудыратын деп танылып жүрген қосымшаның *-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті* (6 варианты) варианттары араларында не мағыналық, не қызметтік, не стильдік айырма жоқ.

Сондай-ақ түбір морфема дербестігімен, атап айтқанда, қосымша морфемаға қарағанда, мағыналық, қолданыстық, тұлғалық дербестігі болу арқылы ерекшеленеді. Ол жоғарыда көрсетілгендей, жеке тұрғанның өзінде белгілі бір мағына білдіре алса, қосымша морфема жеке тұрғанда ешбір мағына білдірмейді, тек түбір морфемаға жалғанғанда ғана оған қосымша мән үстейді. Бұл - түбірдің мағыналық дербестігі. Тұлғалық дербестігі де оның дыбыстық өзгеріске түспей, керісінше, оның дыбыстық сипатына қарай қосымша морфеманың құбылып, әр вариантта жалғануы болып табылады. Сондай-ақ түбір морфема осындай дербестігімен бірге жалқылығымен де ерекшеленеді. Ал қосымша морфемада жалқылық болмайды, белгілі бір грамматикалық топқа тәндік байқалып отырады. Мысалы:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін

Жоқ-барды, ертегіні термек үшін (Абай).

Осындағы *жаз-ба-й-мын, өлең-ді, бар-ды, ертегі-ні, тер-мек* сөздері осындай бірнеше морфемадан тұрады. Мұндағы қосымша морфемалар тек осы сөздерге ғана емес, сол тектес басқа да көптеген сөздерге жалғана алады: *жаз-ба-й-мын, қаз-ба-й-мын, бар-май-мын, айт-пай-мын* т.б. *Өлең-ді, сөз-ді, үй-ді* т.б., *тер-мек, бер-мек, сөйле-мек* т.б. Және солардың бәрінде де үстейтін грамматикалық мағыналары сәйкес.

Морфемалардың түр-түрлеріне тән өзіндік ерекшеліктері болады. Ең алдымен түбір морфемалар мен қосымша морфемалардың қосылуында кездейсоқтық болмайды, ол белгілі заңдылыққа сүйенеді де, жүйе құрайды. Бір тектес қосымша морфемалар грамматикалық қасиеттері бірыңғай, біркелкі түбір морфемаларға жалғана алады. Мысалы, болымсыздықты білдіретін *-ма, -ие, -ба, -бе, -па, -пе*, шарттылықты білдіретін *-а, -се*, шақтық мағынаны білдіретін *-ған, -ген, -қан, -кен, -ды, -ді, -ты, -ті* т.б. қосымша морфе-

малар тек қимылды білдіретін сөздерге және қимылды білдіретін сөздердің баршасына (етістіктерге), ал меншіктік - тәуелдікті білдіретін *-ым, -ім, -м, -ын, -ы, -і, -сы, -сі*, тура объектіні білдіретін *-ды, -ді, -ты, -ті, -н* т.б. зат атауын білдіретін заттық ұғымдағы сөздерге және барлық зат есімдерге, тағы сондай заттанған сөздерге ғана жалғана алады. Керісінше жалғанбайды. Өйткені тілдің талай ғасыр даму барысында негізгі сөздің мағыналық топталу ерекшеліктеріне байланысты, олардың өзгеруі, түрлену жүйесі қалыптасып, тұрақталуы, сол жүйелердің көрсеткіштері болып саналатын, грамматикалық мағынаны білдіретін тұлғалар мағыналық жағынан сұрыпталып, белгілі топтағы, грамматикалық қасиеті жағынан бірыңғай, бір тектес сөздерге жалғануға икемделіп қалыптасады.

Негізінен алғанда, түбір морфема жалқы болып келетіндіктен, қанша қосымша морфема оған қосылса да, сыртқы тұлғасын өзгертпейді, ал керісінше қосымша морфема түбірдің тұлғалық ерекшелігіне сай сыртқы дыбыстық түрін өзгертіп отырады: *бар-ған, айт-қан, көр-ген, бала-ның, хат-тың, іні-нің* т.б. Кейінгі ықпал заңы бойынша *қ, к, п* дыбыстарына біткен сөздерге дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанғанда *қ* дыбысы *ғ-ға, к* дыбысы *г-ге, п* *я б-ға, -я* *у-ға* айналып кетуі түбірдің тұлғалық дербестік сипатына, қосымша морфеманың дербестігі жоқтығына нұқсан келтірмейді. Тек кейде тілдің даму барысында негізгі түбірдің өлі түбірге айналуына байланысты кейбір дыбыстық өзгерістер, деформациялар болуы мүмкін, бірақ олардың өзгерісінде қосымша морфемалар тікелей роль атқармайды.

Қосымша морфема қай түбірге және қанша түбірге жалғанса да, олардың әрқайсысына жаңа-жаңа әр түрлі мағына үстемейді, жалпы бір түрлі грамматикалық мағына үстейді: *кел-ді, көр-ді, сөйле-ді, оқы-ды* және *мал-дар, үй-лер, ауыл-дар*. Бұлардың әрқайсысы әр мағынадағы сөз болғанмен және оларға үстелген қосымшалардың дыбыстық ерекшеліктері кейде әр түрлі болғанмен, оларға қосымша бір түрлі грамматикалық мағына үстеген, ол - қимылдың жаңа ғана болуы (шақтық мағына) және заттың көптігі.

Бір түбір морфемаға кейде бір ғана емес бірнеше қосымша морфема қосыла алады. Ондайда сөзге (түбірге) қосымша морфемалардың жалғану тәртібі белгілі қалыптасқан дәстүр бойынша және тілдің тұрақталған белгілі заңдылығы негізінде болады.

Оқы-т-у-шы-лар-ымыз-да-ғы, айт-ыл-ған-дық-тан т.б.

Бұндағы қосымша морфемаларды керісінше етіп тізбектеуге бола бермейді, өйткені бұл мағынаны білдіретін осы сөзді құрауда әрбір қосымша морфемалардың өзіне тиісті мән - мағынасы, алатын орны, кейде атқаратын қызметі бар. Қосымшалардың тұлғалық сипаты келесі тақырыпта арнайы сөз етіледі.

Түбір морфеманың мағынасы нақтылы, ол мағына түбірдің тікелей өз бойында және өзі дербес болса, қосымша морфеманың мағынасы тым жалпы, тек сөздің құрамында ғана анықталады, түбір білдіретін мағынаға ғана негізделеді, олар дербес қолданылмайды. Осымен байланысты тілімізде түбір морфемалар сан жағынан қосымша морфемадан әлдеқайда көп. Тарихи жағынан бұл екеуі де жетіліп отырады, олар көбейіп, өзгеріп те отырады. Кейбір морфемалар тілімізден шығып қалса, кейбір морфемалар екінші бір морфемамен қосылып кетіп, өлі морфемаға айналады: *-уан, -уат, -оят, -оян, -ұзын, -ұзақ, -қызыл, -қыздыр, барғаннан соң, -барған соң, -барғасың, шейін, -ша/-ше* т.б.

Қосымшалар белгілі топтағы сөздерге жалғанады, олардың өз ішінде де мағыналары мен қызметтері бірдей емес. Біразы өздері жалғанған сөздерге жаңа лексикалық немесе сөзжасамдық я деривациялық мағына үстесе (*жылқышы, апта-лық, шеге-ле, біл-ім*), сөйтіп, сөзжасам тәсілінің бір түрі болып танылса, енді біразы сөздің мағынасына ешбір өзгеріс енгізбей, таза грамматикалық мағына үстеп, кейде ол сөзді басқа сөзбен байланыстырып та тұрады. Осындай мағыналары мен қызметтеріне қарай қосымшалар көпшілік грамматикаларда *жұрнақ-жалғау* болып бөлініп жүр. Демек, морфемалық құрамы жағынан *түбір, қосымша*, (жалғау, жұрнақ), *сөз* деген бөліктер мен ұғымдар болады. Бұлардан басқа кейбір еңбектерде сөз, туынды түбір деген ұғымдармен сәйкес келетін *негіз* (сөздің негізі) деген термин де ара-кідік қолданылып жүр. Сондай-ақ мағыналық жағынан қосымша морфемалардың, яғни, қосымшалардың өз ішінде омонимдік, синонимдік, антонимдік, моносемиялық - полисемиялық сипаттары, құрамы жағынан жалаң және күрделі, құрама, шығуы жағынан төл және кірме қосымшалар бар екенін ескерген жөн.

1.2. ҚОСЫМШАЛАР. ҚОСЫМШАЛАРДЫ ЖІКТЕУ

Қазақ тілінде қосымша немесе қосымша морфема ұғымының мәні неде, сипаты қандай?

Қазақ тіл білімінде қосымшалар морфеманың бір түрі ретінде мағыналық ерекшеліктері мен қызметі жағынан жалғау мен жұрнақ болып екіге бөлініп жүргені белгілі. Сөздің морфологиялық құрамды бір бөлігі ретінде және сөздің мағыналы дербес бөлшегі болып табылатын түбірден, бір жағынан, бөлек морфема, екінші жағынан, түбірмен бірлесіп барып сөз құрап, қосымша мән үстеп, бірлікте тұру арқылы және кейде ол сөзді сөйлеу процесінде басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсіріп тұратын морфема ретінде, танылып жүр. Осының негізінде, үшінші жағынан, сөздердің синтетикалық жолмен жасалған, біріншіден, жаңа сөз жасайтын немесе сөзжасам тұлғалары, екіншіден, сөз түрлендіретін немесе форма тудыратын және, үшіншіден, сөз жалғастыратын немесе сөз байланыстыратын тұлғалары деп бөлу дәстүрі бар.

Ал түркологияда қосымша деген ұғым “аффикс” терминімен белгіленеді де, ол көбіне өз ішінде әрі қарай жіктелмей, өте кең мағынада қолданылады, сөйтіп, “аффикс” деген термин, бір жағынан қазақ тілінің грамматикаларында қолданылып жүрген қосымша мәнінде, екінші жағынан, әрі жалғау, әрі жұрнақ мәнінде бірдей жұмсалады. Сондықтан да түркологиялық әдебиеттерде бір жағынан, “аффикс множественного числа” (көптік жалғау), “аффикс падежа” (септік жалғау), “аффикс принадлежности” (тәуелдік жалғау), “аффикс сказуемости” немесе “предикативности” (жіктік жалғау), екінші жағынан, “аффиксы залога” (етіс жұрнақтары), “аффиксы степени сравнения” (шырай жұрнақтары), үшінші жағынан, “аффиксы именного словообразования” (есім тудыратын жұрнақтар) деген күрделі терминдер немесе жеке жалғаулар мен бірге сөз түрлендіретін қосымшалардың да, сөз тудыратын қосымшалардың да әрбір түрін “аффикс” деп көрсету жиі кездеседі. Бұнымен бірге “аффикс” термині мағынасы мен қызметтік ерекшеліктері жағынан кейде сөз түрлендіруші (словоизменятельный), сөз тудырушы (словообразующий), форма тудырушы (формообразующий) болып та бөлініп отырады.

Қайткен күнде де қазақ тіл білімінде қосымшаларды белгілі түрлерге жіктеуге негіз болатын қасиеттері қосымшалардың мәні, мағыналық сыр сипаты, қолданыстық қызметі, жіктеу жүйесі толық айқындалды деуге болмайды. Қосымшалардың қазақ тілі грамматикаларында көрсетіліп жүрген айырым белгілері, мағыналық, қызметтік түрлері оны сөз құрамының бір морфемалық

жоқ болуы, яғни қосымша атаулының түбірге жалғанбай ешбір мән-мағына білдіре алмауы, демек, өз бетімен жеке дара қолданылмауы және түбірдің дыбыстық ыңғайына, әуеніне лайық үндестік заңы негізінде құбылып, вариантталып барып түбірге жалғануы. Және осымен қатар қосымшалар түбірге жалғануы арқылы, біріншіден, жаңа мағына білдіріп, жаңа сөз тудыру немесе, екіншіден, түбір білдіретін негізгі мағынаны өзгертпей, оған әр түрлі қосымша мағына үстеуі болып табылады. Соның нәтижесінде барып қосымшалар белгілі қызмет атқара алады немесе қызметі семантикалық сипатының шеңберінде қалып қояды. Сөйтіп, қосымшалардың *білдіретін және беретін мағынасы* оның ең бірінші басты қасиеті де, *атқаратын қызметі* сол мән-мағынасы арқылы жүзеге асатын екінші қасиеті болып саналады. Сондықтан қосымшаларды жіктегенде, олар өзі жалғанған сөздің лексикалық мағынасын, сонымен бірге жалпыграмматикалық мағынасын өзгертіп, жаңа лексикалық немесе сөзжасамдық (derivациялық) мағына тудыра ма, сол арқылы тілдің сөздік құрамын байыта ма, жоқ түбір сөздің лексикалық және жалпыграмматикалық мағынасына ешбір өзгеріс енгізбей, тек қосымша грамматикалық мағына үстей ме - осыған қарап қосымшаларды *сөз тудырушы және форма тудырушы* немесе *сөз түрлендіруші* деп екі топқа бөліп қараған жөн.

Ал қосымшаларды жіктегенде, ең алдымен, жаңа (лексикалық немесе жалпы грамматикалық) мағыналы сөз тудыра ма, жоқ па, яғни сөздің лексикалық немесе жалпыграмматикалық мағынасын өзгерте ала ма, жоқ па деген қасиетін басты критерий етудің қандай мәні бар?

Сөз тудыратын (сөзжасам) қосымшалар форма тудыратын (сөз түрлендіретін) қосымшалармен сөздің белгілі бір морфемалық құрамды бөлшегі болып, морфема ретінде бір топ құрағанмен, олардан мағыналық, қызметтік жағынан мүлде өзгеше екенін баса айту керек. Сөз тудыратын қосымшалар 1) өзі жағынан түбір сөздің лексикалық мағынасын өзгертіп жіберіп, жаңа мағыналы сөз тудырады, 2) сөйтіп барып, сөз тудыру процесінің бір тәсілі ретінде грамматикалық мәннен гөрі лексика-семантикалық қасиетке ие болып, 3) сөз тудыру қатарындағы белгілі бір үлгі ретінде өнімді-өнімсіздік, құнарлы-құнарсыздық сипатта көрініп отырады. Сол арқылы олар 4) туынды түбірлердің, жаңа сөздердің санын көбейтіп, 5) бұл туындылар жаңа лексикалық единица болып сөздік құрамға енеді,

оны (сөздік құрамды) байытып отырады. Бұндай мағыналық қасиет форма тудырушы қосымшаларда атымен жоқ. Осындай қасиет пен сипаттардың нәтижесінде форма тудырушы қосымшалармен салыстырғанда сөз тудырушы қосымшалардың түбірге (сөзге) жалғану аясы тар. Ал форма тудырушы қосымшалар (қазіргі грамматикаларда сөз түрлендіретін немесе форма тудыратын жұрнақтар және жалғаулар деп аталатын қосымша түрлері), біріншіден, белгілі бір сөз табына немесе оның белгілі бір семантикалық я грамматикалық төбына түгел жалғанып (ондай қасиет, категориялық сипат созжасам қосымшаларына мүлдем тән емес), екіншіден, не жаңа мағыналы сөз тудырмайды, не түбір білдіретін лексикалық мағынасын өзгертіп жібермейді, тек сол бір сөз табы шеңберінде өзі жалғанған түбірге қосымша грамматикалық қана мағына үстейді де, белгілі сөз табының парадигмалық жүйесінің бір көрсеткіші болады. Сондықтан да осындай типті қосымшалардың тұлғалық түрленуі мен мағыналық жиынтығы белгілі грамматикалық категория құрайды. Демек, форма тудырушы қосымшалар категориялық форма тудырады да, бұнда өнімді-өнімсіздік, құнарлы-құнарсыздық сипаттын қажеті болмайды. Ең өнімді әрі құнарлы деген сөз тудырушы қосымша, мысалы, мамандық, бір іске бейімділік, икемділік мәнін білдіретін *-шы, -ші* (қосымшасы) барлық зат есімге бірдей жалғана бермейді: *балықшы, қойшы, жылқышы, сиыршы* т.б. туынды сөздер болғанмен, *шортан-шы, сазан-шы, ешкі-ші, лақ-шы, құлын-шы, тауық-шы* т.б. сияқты сөздер жоқ, демек, бұл жұрнақ зат есімнің бәріне бірдей, мысалы, *шортан, сазан, лақ, құлын, тауық, аспан, достық, білім, аялдама, мінбе, кеспе* тәрізді толып жатқан негізгі, туынды түбір зат есімдерге жалғанбайды. Сөйтіп, форма тудырушы қосымшалар, бір жағынан, белгілі бір сөз табының парадигмалық түрлену жүйесінің тұлғалық көрсеткіші болып саналса, екінші жағынан, сол сөз табын, оны жеке сөз табы ретінде тануға негіз болатын осындай морфологиялық белгілері арқылы басқа сөз таптарынан ерекшелендіретін грамматикалық тұлғалар жүйесі, яғни морфологиялық критерийге негіз болатынын, сөз табының грамматикалық сипатының басты көрінісі екенін ескеру қажет. Осы қасиеттің негізінде, сөз жоқ, форма тудырушы қосымшалардың, біріншіден, сөздің лексикалық мағынасын өзгертпей, оған белгілі категориялық шеңберде грамматикалық мағына үстеуі, сөйтіп, белгілі бір сөз табының грамматикалық формасын

бөлігі ретінде, әсіресе семантикалық мәні мен грамматикалық - тұлғалық, қызметтік дербестігі жоқ, түбірден өзгеше морфема ретіндегі ерекшеліктері қажетті сипаты болып саналғанымен, ол қосымшалардың өз ішіндегі құрылымдық-мағыналық қасиетін, қызметтік-мәндік ерекшеліктерін, соларға байланысты тілдің грамматикалық құрылысын, оның сырын айқындап, соған байланысты жіктелу түрлерін толық таныта алмайды. Өйткені “аффикс” деген термин де, қосымша да мағыналық-құрылымдық жағынан да, қызметтік-қатыстық жағынан да бұл тілдік құбылыстың әр түрлі грамматикалық сипатын, әсіресе оның жіктелуге негіз болатын сипатын саралай алмайды.

“Аффикс” терминін қосымша деп қазақша лап, оны түркологиядағы үлгідей қосымша түрлерінің нақтылы атауларымен қосақтап “жіктік қосымша”, “септік қосымша”, “көптік қосымша”, “гәуелдік қосымша”, “шырай қосымша”, “шақ қосымшасы”, “етіс қосымшасы”, “зат есім тудыратын қосымша”, “сын есім тудыратын қосымша”, “етістік тудыратын қосымша” т.б. деп қолдану мүмкін болғанымен, қазақ тілінің грамматикаларында алынып жүргеніндей қосымшаның өзін мағыналық, қызметтік ерекшеліктеріне қарай түрлерге бөліп, сол бөлінген түрлерінің атауын ғана нақтылы анықтауыштармен қосақтап “септік жалғау”, “шырай жұрнақтары”, “сөз тудырушы жұрнақтар” т.б. сияқты қолданудың ғылыми негізі бар екенін байқаймыз. Бұдан қосымша морфеманың жалпы ерекшеліктерімен бірге оның түрлерінің өзара айырмашылықтарын, әр түрінің мағыналық, қызметтік қасиеттерін, түрленуінің принциптері мен критерийлерін және оның грамматикалық құрылыс жүйесінен алатын орнын айқындай алмаймыз. Әңгіме ол түрлерінің аталуында, терминдерінде емес, негізгі мәнінде, солай бөліп жіктеудің ғылыми негізінде және оның тілдің грамматикалық құрылыс жүйесіндегі сырларын аша алуында.

Қазақ тілі грамматикаларында өздеріне тән “мағыналары мен қызметтеріне қарай сөзден сөз тудыратын қосымшалар (морфемалар) жұрнақтар деп, сөз бен сөзді байланыстыратын қосымшалар (морфемалар) жалғаулар деп” аталады. Сонымен бірге қосымшалар бір ыңғайда жұрнақпен жалғау болып жіктеліп, соның ішінде “мағынасы мен қызметіне қарай жұрнақтарды сөз тудыратын және форма тудыратын жұрнақтар деп екі салаға” бөлу дәстүрі де бар. Тіпті кейде “кейбір жұрнақтар әрі сөз тудыратын, әрі форма

тудыратын синтетикалық морфема есебінде де қызмет ете береді”. Ал мағыналары мен қызметтері, сөздер арасындағы әр түрлі қатынастарды білдіруі жағынан “жалғаулар сөйлем ішіндегі сөздердің араларындағы әр қилы аса жалпы қатынастарды білдіріп, олардың түр-түрлерінің көрсеткіштері есебінде қызмет етсе, жұрнақтар ол қатынастарды білдірмейді, тек өздері жалғанған сөздерге жаңа лексикалық мағыналар үстеумен шектелетіндігі” де көрсетілген. Сонымен бірге қосымшалар кейде “сөз тудыратын морфемалар (қосымшалар), сөз түрлендіретін морфемалар (қосымшалар) және сөз жалғастыратын морфемалар (қосымшалар) болып бөлініп”, соған лайық әрқайсысы “сөз тудырушылар, сөз түрлендірушілер, сөз жалғастырушылар” делініп, осындай жеке терминдерге ие болып жіктелу үлгісі де бар. Қосымшаларды жіктеуде, ең алдымен, қосымшалардың қандай басты белгілерін негізге алуға тиістіміз дегеннің басын ашып алуымыз керек, өйткені қосымшаларды бірде бір түрлі принциппен, екіншіде екінші түрлі принциппен топтасақ, қосымшалар ғылыми негізде жіктелмейді, олардың семантикалық-грамматикалық сипаты ашылмайды. Бұл бір. Екіншіден, қосымшалардың білдіретін мағыналық сипаты, қызметі, олардың өзіндік қасиеті деген ұғымдар бір-бірінен ажыратылмай, сапырылысып кетеді де, олар туралы жаңсақ пікір қалыптасады. Айталық, қосымшалардың жаңа мағыналы сөз тудыруы немесе форма тудыруы олардың қызметі емес, мағыналық мәні болып табылады. Немесе “грамматикалық категорияларға тән тиісті ереже береліктей жүйелі заңдар жұрнақтарда да, әсіресе, сөз тудырушы жұрнақтарда да бар” деу де ғылыми жағынан дәлелсіз, негізсіз. Үшіншіден, қосымшаларды жіктеуде ең алдымен неге сүйену керек, олардың мағыналық ерекшеліктері негізге алынуы керек пе, әлде қызметі негізге алынуы керек пе және осының қайсысы болса да, оның ғылыми негізі неде дегеннің басы ашылмай қалады. Қосымшаларды ешбір даусыз жіктеуге негіз болатын, ғылыми мәнін айқындап ашатын жүйелі белгілері, негізгі ерекшеліктері бар ма?

Қосымшалар морфеманың бір түрі ретінде қандай сипаттары арқылы ерекшеленеді және түбір морфемадан қандай қасиеттері мен белгілері негізінде ажыратылады? Міне осыдан барып қосымшаларды жіктеуге нақты критерий туынд. Осы жағынан келсек, қосымша морфема бірінші және басты семантикалық-грамматикалық белгісі - **мағыналық және тұлғалық д**

тудыруы, екіншіден, сол сөз табына енетін немесе оның белгілі бір тобына тән сөздердің бәріне жалғана алуы, сөйтіп, белгілі бір сөз табының грамматикалық категориясының түрлену жүйесінің тұлғалық көрсеткіші болуы, грамматикалық абстракция жасауы олардың бір-бірімен байланысты, бірінен екіншісі туындайтын мәндік, грамматикалық сипаты болып табылады да, бұндай сипат сөз тудыратын немесе сөзжасам қосымшаларында болмайды.

Ал шынында да, сөзжасам қосымшалары сөзге жалғанғанда грамматикалық мағына үстемей ме? Сөз тудырушы (сөзжасам) қосымшалардың басты қасиеті - өзі жалғанған сөздің лексикалық мағынасын өзгерту, жаңа мағыналы сөз тудыру болып табылады. Сөз тудырушы қосымшалар бір сөз табының шеңберінде парадигмалық жүйе жасай алмайды, бір жағынан, жалпы категориялық мәнге сәйкес ортақ грамматикалық мағына, екінші жағынан, екінші бір грамматикалық форма білдіретін грамматикалық мағынаға белгілі бір грамматикалық категорияның аясында қарама-қайшы келетін (оппозициялық) грамматикалық мағына тудырмайды. Сөзжасам қосымшасы жалғанғаннан кейінгі үстелетін грамматикалық мағына сол қосымша жалғау арқылы пайда болған лексикалық (деривациялық) мағынаның негізінде ғана содан туындайды да, морфема ретіндегі түбірдің грамматикалық мағынасы сияқты мәнде сөз табына тек осы жағынан қатысты болады. Сөзжасам қосымшалары бұл жағынан да сөз тудырудың басқа жолдары (мысалы, лексика-семантикалық, аналитикалық) сияқты қасиетте болып, грамматика тұрғысынан морфологияның шеңберінде қаралуы оның грамматикалық мәні мен сипатынан тумай, тек белгілі сөз табынан болуына ғана байланысты.

Мысалы, *мал-шы*, *біл-ім* деген сөздерді талдап көрейік. Әдетте, бұлардағы *-шы* және *-ім* қосымшаларын зат есімнен зат есім (мал - зат есім, мал-шы - зат есім) және етістіктен зат есім (біл - етістік, білім - зат есім) тудыратын жұрнақ деп анықтап жүрміз. Дұрысында бұл жерде *-шы* қосымшасы мамандыққа, кәсіпке (яғни малды бағуға) байланысты, *-ім* қосымшасы *білу* қимылының нәтижесін білдіретін жаңа сөздер жасаған. Міне, осы мағыналары жаңа сөзжасамдық мағына болып табылады да, сөзжасам қосымшасының мәні осымен шектеледі. Енді *малшы*, *білім* деген сөздер (мамандықтың, кәсіптің иесі, я атауы және білудің нәтижесі, атауы) осындай лексикалық мағынасының жалпылануы, яғни, жалпы

зат атауын білдіру сипатына көшуі нәтижесінде зат есім болып тұр. Бұл сөздердің зат есім болуына бұл қосымшалардың тікелей қатысы жоқ, бұл жерде семантикалық процесті - нақты заттың жалпылануын, сөйтіп, жалпы грамматикалық мағынаның пайда болып, ол зат атауы болғандықтан зат есім деп танылып отыр. Яғни сөз тудыратын қосымшаның белгілі бір сөз табының шеңберінде қаралуы ол қосымшаның ең негізгі қасиеті, басты мәні емес, бұдан ол категориялық сипатқа ие бола алмайды. Өйткені сөз тудырушы қосымшалардың шеңбері сөз таптарының түрлену жүйесімен, грамматикалық категорияның болу-болмауымен айқындалмай, көбіне таза сөз тудыру, лексикалық мағына жасау мәселесіне байланысты болады да, сол шеңберде айқындалады. Сондықтан да қазақ тілінде сан есімнің мағыналық түрлерін жасайтын форма тудыратын қосымшалары болса да, сөз тудыратын қосымшалары жоқ және керісінше, түрленбейтін сөз табы деп танылатын үстеудің грамматикалық форма тудыратын қосымшалар жүйесі болмаса да, кейбір сөзжасам қосымшалары арқылы жасалған сөздер үстеу деп танылады.

Сөйтіп, қосымшаларды сөзжасам қосымшалары және форма тудырушы қосымшалар деп екі үлкен топқа бөлудің ғылыми да, практикалық та мәні бар, өйткені одан, бір жағынан, қосымшалардың басты грамматикалық қасиеттерін, мағыналық ерекшеліктерін айқындау арқылы бұл морфемалардың мәні мен қызметін, тілдік қабаттардан алатын орнын анықтаймыз, екіншіден, соның негізінде сөз тудыру қатарының үлгісі ретінде лексикалық құбылыстың грамматикалық мәнін, олардың ара қатынасын ашып, сөз тудырушы қосымшалардың грамматикалық мәндегі категориялық сипаты жоқ, парадигмалық түрленудің көрінісі емес және сөз формасы бола алмайтынын, ал форма тудырушы қосымшалар, керісінше, сөздің лексикалық мағынасын өзгертпей, оған грамматикалық мағына үстеумен бірге сөз тудырудың тәсілі емес, белгілі бір сөз табына қатысты болып, соның бір грамматикалық категориясының немесе семантикалық түрінің тұлғалық көрсеткіші, демек, сөз формасын тудырудың көрінісі болатынын айқындаймыз. Сондықтан сөз тудыруға байланысты қазақ тілі грамматикаларында беріліп жүргендей *жұрнақ* терминін алмай, оның орнына сөзжасам қосымшалары деп берілген жөн болар еді. Бірақ сөзжасам қосымшаларының ерекшеліктері бұнымен ғана шектелмейді. Ол қосымшалардың құрамдық (жалаң, құранды), мағыналық (моносемиялық, полисеми-

ялық, мағыналас, омоним т.б.) ерекшеліктері мен қолданыстық, тілде өмір сүру (өнімді-өнімсіз, құнарлы-құнарсыз, сондай-ақ төл-кірме, көне-жаңа, тірі-өлі т.б.) сипаттарына байланысты ерекшеліктерімен бірге, бір сөз табының аясында ғана және бір сөз табының шеңберінен шығып кететін грамматикалық қасиеттері мен кейбір функциялық сипатын айта кеткен жөн. Мысалы: *-Шіркін, айтушы мен болғанда, үнемі ұқтырушы сен болсайшы, Абай (Әуезов). Ержан қазір соншылап тұр (Мұстафин). Баласы аталап соңынан қалмады. Жарыста алматылықтар басым түсті* тәрізді сөйлемдердегі *айтушы, ұқтырушы, болсайшы, соншылап, аталап, алматылықтар* дегендерді сырт тұлғасына қарап қосымша арқылы жасалған жаңа сөздер деуге болмайды: *айту-шы, ұқтыру-шы (жазушы сияқты), сон/л/-шыла-п, ата-ла-п, алматы-лық*. Өйткені дәстүрлі грамматика тұрғысынан қарағанда, бұл сөздердің соңғы морфемалары *-шы* - зат есім тудыратын, *-ла* - есім сөзден етістік тудыратын қосымшалар. Бірақ бұл қосымшалы сөздер сырт тұрғысы жағынан болмаса сөзжасам тұрғысынан шын мәнінде жаңа сөздер, туынды сөздер (жана лексемалар) емес. Өйткені бұлар сөздік құрамға енген лексикалық бүтін, демек, сөздіктерде жеке берілетін реестрлік сөз емес, белгілі контексте ғана қолданылатын және сол контексте ғана түсінілетін тұлғалар: олардың жасалу шегін, жұмсалыу шеңберін туынды сөз ретінде айқындауға болмайды. Сондай-ақ *итті қонақ жараспас, сүт пісірім уақыт, бір қайнатым шай, таяқ тастам жер, бір көйлектік матане костюмдік мата* т.б. тіркестердегі *итті, пісірім, қайнатым, тастам, көйлектік, костюмдік* сияқты сөздер қосымша арқылы жасалған туынды сөздер болып қабылданбайды, тілде олар жеке лексикалық бүтін ретінде қалыптаспаған, тек осы және осыған ұқсас шектеулі контексте, белгілі бір сөздің тіркесінде ғана қолданылып, сол аяда ғана өмір сүреді. Бұндай қосымшалардың қатары *-дай, -дей, -тай, -тей, -ша, -ше, -сыз, -сіз*, есімше тұлғасынан кейін жалғанатын *-ғы, -гі* сияқты қосымшалармен толығырақ түседі.

Демек, бұндай қосымшалар жалғанып жұмсалған сөздер, бір жағынан, санамызда жеке тұрып қалыптаспаған, сөздіктердің реестрлік сөзі болып табылатын лексикалық бүтін, туынды сөз емес, екінші жағынан, сөйлеу процесінде туатын, грамматикалық мағына білдіретін сөз формасы да емес. Сөз тудырушы қосымшалардың

бұндай ерекше қолданысы, яғни функциялық (термин Ы.Мамановтікі) мәнде қолданылуы біркелкі емес. Кейбірі сөйлем құрылысына, ой білдіруге қатысты болып келсе, кейбірі белгілі бір конструктивті тіркес шеңберінде ғана қолданылады. Сондай-ақ кейбірінің, жоғарыда көрсетілгендей, сөздерге жалғану мүмкіндігі кең болып, жасалу шегін, жұмсалыу шеңберін айқындау қиын болса, кейбірі - бірлі-жарым сөзге ғана жалғана алады. Мысалы, *итті қонақ, таяқ тастам, сүт пісірім, бір қайнатым* тәрізді туындылардың аясы тар да, олар тұрақты тіркестердің құрамында ғана жұмсалады; ал басқа көрсетілген қосымшалардың ауқымы кең: *-шы, -ші* қосымшасына байланысты тек *айтушы* және *ұқтырушы* ғана емес, *сөйлеуші, орнынан тұрушы, жинаушы, айғайлаушы, сыбырлаушы* т.б. *-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік* қосымшасына қатысты тек *алматылық емес*, кез келген жер, мекен атына байланысты *қаскелеңдік, ақсайлық, орбиталық* т.б. *-лап, -леп, -дап, -деп, -тап, -теп* қосымшасына байланысты туыс атауларына, кісі аттарына қатысты *апалап, аталап, ағалап, інілеп, Абайлап, Әсеттеп* т.б., жатыс септік тұлғасының үстіне қосылатын *-ғы, -гі* тұлғасына байланысты *үйдегі, таудағы, даладағы, ағаш басындағы, үй ішіндегі* т.б. толып жатқан қолданыстар бола беруі мүмкін. Абайдың қара сөздерінің өзінде *ептілік, қырмызылық, сыпайылық, шықпағандық, түзерлік, сақтарлық, сөзді ұғарлық, жақсы көрерлік, тиянақ қыларлық, үйір боларлық, құтқарарлық, мал шашарлық, кәсіп қыларлық, жау жаулағандық, тіленшілік, рақымдылық, мейірбандылық, байлаулық, қайратсыздық, ұятқа терістік, күнәкерлік, масқаралық, естілік, қайғысыздық, мақтаншақтық, надан атанбастық, қорғаушытық, бәйітшілік, суретшілік, туралық, дүниелік, сертке тұрғышытық, білмектік, үйден шықпағандық, мұндайлық, қуанбақтық, арлылық, намыстылық* т.б. толып жатқан сөздер қолданылған.

Сөзжасам қосымшаларының бұндай функциялық қасиеті, олардың қолданылу аясы мен мағыналық шеңбері, жанрлық, стильдік бояуы жеке зерттеуді қажет етеді.

Ал форма тудыратын қосымшалардың басты белгісі, негізгі ерекшелігі өзі жалғанған сөздің лексикалық мағынасын өзгертпей, туынды сөз жасамай, өзі жалғанған сөзге тек қосымша грамматикалық мағына үстеп, жаңа сөз емес, сол сөздің басқа бір грамматикалық формасын жасау арқылы белгілі бір сөз табының грамматикалық категориясының тұлғалық көрсеткіші, парадигмалық түрлену жүйесі немесе семантикалық түрінің көрінісі болып табылуында. Сондықтан да бұл

қосымшаларда лексикалық сипат болмай, олардың ерекшеліктері таза грамматикалық, немесе лексика-грамматикалық қасиеттері арқылы айқындалады. Сөйтіп, форма тудыратын қосымшалардың белгілі бір жиынтығы парадигмалық түрлену жүйесінің сыртқы корінісі мен соған сәйкес ішкі мазмұн жағынан грамматикалық мағына білдіруі арқылы грамматикалық категория құрайды, енді бір тобы белгілі бір сөз табының өз ішінде семантикалық топтарын (түрлерін) жасайды. Қосымшалардың бұл негізгі мәні мен грамматикалық сипаты грамматикаларда форма тудырушы (немесе сөз түрлендіруші) жұрнақтар және жалғаулар деп аталып жүрген қосымша түрлеріне түгел тән болып келеді. Соның арқасында олар қосымшаның бір тобына енеді. Расында да жалғаулар деп аталып жүрген қосымшалар мен есімше, көсемше, шақ, рай т.б. грамматикалық категориялар жасайтын қосымшалардың арасында мағына білдіруі, сөз түрлендіру қасиеті жағынан айырмашылық жоқ, тек жалғаулардың сөзге жалғану өрісі кеңірек, мүмкіндіктері молырақ; өздері белгілі бір сөз табының грамматикалық категориясының көрсеткіші бола тұрса да, басқа сөз тобындағы сөздерге де жалғана береді. Сонымен бірге жалғаулардың басқа форма тудыратын қосымшалардан синтаксистік қызметтік жағынан үлкен айырмашылығы бар, яғни жалғаулар өзі жалғанған сөзге белгілі бір грамматикалық мағына үстей отырып, сөйлем ішінде сөз бен сөзді байланыстырып, олардың сөзге үстейтін грамматикалық мағыналары сол байланысқан сөздер арасындағы қатынастар негізінде айқындалып отырады. Мұндай қызметтік қасиеттер жалғаулардан басқа форма тудыратын қосымшаларға тән емес. Сондықтан форма тудырушы қосымшалардың барлығына “сөздің әр түрлі грамматикалық формаларын тудыру” қасиеті тән екен деп қана септік, тәуелдік, көптік, жіктік формаларын етістіктің есімше, көсемше, рай, сын есімнің шырай формаларымен бір деп қарауға болмайды. Мысалы: *Мен көрдім ұзын қайың құлағанын* (Абай) деген сөйлемдегі сөздердің мынадай өзара байланысы бар: *мен көрдім: мен* сөзі өзінің семантикасы негізінде 2-сөздегі жіктік жалғаудың I-жақ көрсеткіші *-м* арқылы байланысқа

түскен, сондықтан *мен көрдім, я мен көрдік* болмайды, ал *-ді* деген жедел өткен шақ жұрнағы *көру* етістігі білдіретін қимылдың болып кеткенін көрсетіп тұр да, оның басқа сөздермен байланысына қатысы жоқ; *құлағанын көрдім, -н* табыс септік тұлғасы арқылы байланысқа түскен, ал *-ған* есімше тұлғасының осы сөйлемдегі сөз байланысына қатысы жоқ, *қайың /нын/ құлағанын* тіркесі - бірінші сөздегі ілік септіктің тұлғасы (жасырын тұрса да) *мен* екінші сөздегі *-ы* тәуелдік жалғауы арқылы байланысқан; *ұзын қайың* - орын тәртібі арқылы байланысқан. Сөйтіп, бұл сөйлемдегі сөздердің құрамындағы жедел өткен шақ */-ді/* пен есімше */-ған/* тұлғаларының сөздерді байланыстыру қызметін атқара алмайтынын, сөздерді қосымшалар ішінен септік, тәуелдік, жіктік жалғау тұлғалары ғана байланыстыра алатынын байқаймыз. Сондықтан форма тудырушы қосымшалардың сөз байланыстыру қызметін атқаратын түрін *жалғау* деп, сөз байланыстыру қызметін атқара алмайтынын, категориялық грамматикалық мағына ғана тудыратын түрін *жұрнақ* деп беруге болады. Тілдің грамматикалық құрылысында жұрнақтар өзі жалғанған сөзге грамматикалық мағына ғана үстеп, белгілі бір сөз табының грамматикалық категориясының немесе семантикалық тобының тұлғалық көрсеткіші болғанмен, олардың грамматикалық сипаты, парадигмалық түрлену жүйесі, түбірге жалғану аясы, сөйлеу бүтіндері ретінде сөйлемде қолданылу табиғаты бірдей, біркелкі емес. Олардың бір тобы өзі жалғанған сөздердің мағынасын өзгерту қабылеті жағынан, түбірдің грамматикалық сипатын өзгерту-сақтауы жағынан сөзжасам қосымшаларына жақын да, бір тобы жалғауларға жақын. Сондықтан олардың бір түрін модификациялық* немесе лексика-грамматикалық жұрнақтар, екінші түрін таза грамматикалық немесе категориялық жұрнақтар деп бөліп қараған жөн.

Модификациялық жұрнақтар жаңа мағыналы сөз тудырмағанмен, түбірдің лексикалық мағынасын бүтіндей өзгертіп жібермегенмен, түбірге әрі қосымша грамматикалық мағына үстеумен бірге түбір сөздің лексикалық немесе жалпыграмматикалық мағынасына семантикалық реңк қосады да, сөйлеу процесінде қолданылуы жағынан түбірдің грамматикалық сипатын сақтап қалады,

* *Модификациялық* термин грамматикалық тұлғаға байланысты алғаш қолданған - Ы.Маманов. Лексика-грамматикалық қызметтеріне қарай етістік формаларының бір тобын функциялық етістіктер деп атайды. Ол, автордың көрсетуінше, түбірдің лексикалық мағынасын өзгертпей, оған грамматикалық мағына үстейтін етіс, күшейтпелі етістік, сипат категорияларын жасайтын қосымшалы етістіктер болып келеді. (Ы.Маманов. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. Алматы, 1966, 9-10б., 33-6.)

сөйтіп, бір сөз табының шеңберінде жасалатын туынды түбірге ұқсап кетеді. Қазақ тілінде модификациялық қосымшаларға зат есімнің рендік мәнді жұрнақтары, сын есімнің шырай жұрнақтары, реттік сан есімнің жұрнақтары (бұлардың қай-қайсысы да өзі жалғанған түбір сөздің лексикалық мағынасына қосымша рен үстейді: лексикалық мағынасы жағынан *үлкен* мен *үлкенірек* я *үлкендеу*, *бес* пен *бесінші* толық бірдей емес), етістіктің етіс, күшейтпелі етістік, болымсыз етістік жұрнақтары жатады. Бұл жұрнақтар етістіктің белгілі категорияларының көрсеткіші болғанмен, етістік түбірдің грамматикалық сипатын сақтап тұрады. 1) етістік түбірлерше тікелей жіктелмейді; 2) етістік түбірлерше сол күйінде қолданылмайды, басқа сөздермен тіркесе де алмайды; байланысқа да түсе алмайды; 3) сыртқы тұлғасы жағынан етістік түбірлерше бұйрық райдың 2-жақ формасына сәйкес келеді: *сен кел, сен келтірме* т.б. Бұлардың түбірге жалғану тәртібінде де әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар екенін көрсетеді. Етіс, күшейтпелі етістік, болымсыз етістік жұрнақтары түбір етістікке сөзжасам қосымшалары арқылы жасалған туынды түбірге грамматикалық жұрнақтардан (есімше, көсемше, шақ, рай) әрдайым бұрын жалғанады да, етістік одан кейін грамматикалық жұрнақтар үстелу арқылы ғана жіктеле алады: *айт-қыз-дыр-ма-й-ды, жүр-іңкіре-ме-ген-сін. Отыр, тұр, жүр, жатыр* қалып етістіктерінің тікелей жіктелуі бұлардың етістік түбірі емес екенін көрсетеді, *жатырдың* түбірі - *жат*, ол тікелей жіктелмейді. Бұл етістіктердің соңғы *үр/р/* тұлғалары тарихи жағынан етістіктің грамматикалық бір категориясының тұлғасы болған болу керек те, ол тілден шығып қалғанмен, оның грамматикалық сипаты сақталып қалған тәрізді. Сол себепті де бұл төрт етістік тікелей жіктеледі, әрі 2-жақ бұйрық рай тұлғасымен сай келеді, 3-жақта да осы қалпында қолданылады:

ол отыр, тұр, жүр, жатыр
сен отыр, тұр, жүр, жат
мен отыр-мын, біз отыр-мыз
сен отыр-сың, сендер отыр-сыңдар
сіз отыр-сыз, сіздер отыр-сыздар
ол отыр, олар отыр т.б.

Модификациялық жұрнақтардың кейбірінің түбірге жалғану шеңбері шектеліп те қалған. Олар грамматикалық сипаты жағынан категориялық түрлену жүйесінің көрсеткіші болу қасиетінен айрылып, сөзжасам қосымшаларына ауыса бастағанмен, сөздің лексикалық мағынасын бүтіндей

өзгертіп жібермейді. Сондықтан ондай жұрнақтарды сөз тудырушы қосымшалар қатарында қарамай, тілдің даму барысындағы жұрнақтар мен сөзжасам қосымшалары арасындағы тұлғалар деп қараған жөн. Оларға қазіргі қазақ тіліндегі зат есімнің рендік мәнді жұрнақтарын, сын есімнің шырай категориясына ендіріп жүрген *-ғылт*, *-ғылтым*, *-шыл*, *-шылтым*, *-ша*, *-ше* жұрнақтарын жатқызуға болады. 1) Сондықтан да болу керек, модификациялық жұрнақтар арқылы жасалатын категория **лексика-грамматикалық категория** деп аталады.

Ал грамматикалық немесе категориялық жұрнақтар өзі жалғанған түбірге таза грамматикалық мағына үстеп, грамматикалық категория жасайды және ол категорияның грамматикалық сипаты сөздің түбір тұлғасынан өзгеше болады. Мысалы, есімше, көсемше, рай, шақ тұлғалары етістіктің таза грамматикалық категорияларының парадигмалық жұрнақтары болып саналады да, түбір тұлғаларды жіктеуге және етістіктің негізгі қызметі - предикат қызметін атқаруға дәнекер және негіз болып тұрады.

Осы тұрғыдан келгенде зат есімнің көптік категориясының негізгі көрсеткіші деп танылып жүрген көптік жалғауды да жалғау деп тану қиынақ. Өйткені көптік тұлға сөйлемде сөз бен сөзді байланыстыру қызметін атқармайды, өзі жалғанған сөзге көптік ұғым ғана үстейді. Мысалы, *бала отыр, балалар отыр, жақсы бала, жақсы балалар* тәрізді сөз байланыстарына *бала* сөзіндегі көптік *-лар* тұлғасының ешбір қатысы жоқ. Көптік форма тек 2-жақта жіктік жалғаумен қабаттасып келгенде, сөз бен сөзді байланыстыруға қатысады: *сендер келсең-дер (сендер келсең не сен келсеңдер емес), сіз-дер оқыңыздар (сіздер оқыңыз не сіз оқыңыздар емес)* т.б.

Форма тудырушы қосымшалардың жалғаулар тобына тәуелдік, грамматикалық септік, көлемдік септік, жіктік жалғаулар жатады.

Жалғаулардың сөз бен сөзді байланыстыру қызметінде басқа да ерекшеліктері, атап айтқанда, сөйлемде түсіп қалып, жасырын қолданылу, нольдік форма қасиеті бар. Мысалы, атау септіктің 3-жақ жіктік жалғаудың (көсемше формаларынан кейін жалғанғанда және бұйрық райдан басқа) арнайы жалғау тұлғасы жоқ, нольдік форма болып саналады. Ілік, табыс септік жалғауларының түсіп қалып жұмсалуды тілімізде жиі кездесетіні белгілі. Сонымен бірге басқа септік тұлғалары да, жіктік, тәуелдік жалғаулардың да түсіп қолданылуы кездесіп отырады. *Біздің, сіздің,*

СӨЗЖАСАМ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЖЕКЕ САЛАСЫ

2. СӨЗЖАСАМ – ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЖЕКЕ САЛАСЫ

Сөзжасам тілдің атау (номинация) жасау қызметін жүзеге асырады. Атаулардың бәрі сөзжасам арқылы жасалды деген пікірден аулақ бола тұра, көпшілік атаулардың сөзжасам арқылы жасалатынын мойындау керек. Сөзжасам тіл білімінің басқа салаларының ешқайсысы атқара алмайтын қызметті жүзеге асырады. Ол - сөзжасамның туынды сөз, жаңа сөз жасау қызметі. Сондықтан сөзжасам жаңа сөз жасаудың барлық мәселелерін түгел қамтиды. Оған сөзжасамдық бірліктерден бастап, сөзжасамдық ұя сияқты ірі, күрделі сөзжасамдық бірліктерге дейін кіреді. Сөзжасамдық нұсқалардың сөзжасамда атқаратын қызметі, жаңа сөздердің жасалу үлгілері мен тәсілдері, сөзжасамдық нұсқалардың түрлері, қолданылу ерекшеліктері, сөзжасамдық ірі бірліктер болып саналатын сөзжасамдық ұялар, олардың құрылысы, оның мүшелері, сөзжасамдық ұяның құрамындағы мүшелердің қызметі, ерекшелігі сияқты т.б. тек сөзжасамға қатысты заңдылықтар сөзжасамды тілдің басқа салаларынан ерекшелендіреді. Бұл мәселелер тек сөзжасамға ғана қатысты. Олар тілдің басқа ешбір саласында шешілмейді, өйткені ол мәселелер тілдің басқа салаларында қойылмайды да. Өйткені олар тек сөзжасам саласының зерттеу нысанасына жатады.

2.1. СӨЗЖАСАМНЫҢ ТІЛДІҢ БАСҚА САЛАЛАРЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Сөзжасамның тіл білімінің жеке саласы болып танылуы оның тіл білімінің басқа салаларымен байланысын және олардан ерекшелігін анықтауды қажет етеді.

Сөзжасамның тіл білімінің жеке саласы болып танылуы ерекше тілдік құрылымның болуы, тілдің басқа салаларынан ерекшеленетін сөзжасамдық деңгейі, оның өзіндік нұсқалары барына

байланысты. Сөзжасамның өзіндік нұсқаларына сөзжасамдық түр (тип) мен сөзжасамдық үлгілер жатады.

Солай бола тұрса да, сөзжасамның тіл білімінің басқа салаларымен байланысын жоққа шығаруға болмайды. Тіл білімі салаларының қайсысы болсын бір-бірімен тығыз байланысты. Өйткені тіл білімінің барлық саласы сөзді зерттейді, бірақ сөз тіл білімінің әр саласында әр қырынан зерттеледі, бірақ бәрінің де зерттеу нысанасы сөз болғандықтан, оларда байланыс болуы заңды.

Тіл білімінің салаларының ішінен сөзжасамның морфологиямен байланысы ертеден-ақ назарға іліккен. Сондықтан да сөзжасам соңғы кезге дейін көп тілдерде морфологияның құрамында қаралып келді. Бұл екі саланың байланысы болатын себебі екеуі де сөздің ең кішкене болшегі морфемамен байланысты. Тіл білімінің сөзжасам саласы да, морфология саласы да морфеманы зерттейді. Бірақ сөзжасам жаңа сөз жасаушы морфемаларды зерттейді де, морфология грамматикалық тұлғаларды (формаларды) яғни сөз түрлендіруші тұлғаларды зерттейді. Ал сөзжасамдық көрсеткіштер мен сөз тұлғасын жасайтын сөз түрлендіруші көрсеткіштердің ұқсастығы мол.

Қазақ тіл білімінде еркелету, кішірейту, сыйлау мәнін беретін жұрнақтар әлі күнге дейін дау туғызып жүр. Ғалымдардың бір төбы оларды сөзжасамға жатқызса, бір топ ғалымдар оларды сөз түрлендіруші деп дәлелдейді.

Бірсыпыра жұрнақтардың дерексіз (абстракты) мағынасы оларды сөз түрлендіруші, сөз тұлғасын жасаушы жұрнақ деп қарауға себеп болып жүр. Мәселен, сын есімнің *қызғылт, сарғыш, қоқишлт, қоқишлтім, бозан, сарғылым* сияқты туындылардың құрамындағы жұрнақтарды біраз ғалымдар шырай жұрнағы деп қараған. Сол сияқты көптік жалғауын жұрнақ деп санау керек деген де ұсыныстар болған.

Етіс жұрнақтары да бірде сөз тудырушы деп, кейде категорияның тұлғасын жасаушы сөз түрлендіруші деп сипатталып келгені белгілі. Сонымен

бірге кейбір жалғаулар сөз құрамында көнеріп, түбірмен кірігіп, тұтас алғанда, жаңа мағынаға ие болған. Мысалы, *өзе, басқа, шалқасынан, етпетінен, бірге* сияқты қазір үстеуге көшкен сөздер бар, олардың құрамындағы жалғаулар өздерінің сөйлемде сөз бен сөзді байланыстыру қызметінен айрылған, бұлар қазір сөзжасамдық қызметте.

Бұл келтірілген дәлелдердің бәрі сөзжасам мен морфология саласының байланысына толық дәлел бола алады. Сөзжасам да, морфология да сөз құрамын зерттейді. Екеуінде де сөздің құрамы негізгі морфема мен көмекші морфемадан тұрады. Айырмашылық көмекші морфеманың мағынасы мен қызметіне қатысты. Сөзжасамдық жұрнақ сөз мағынасын өзгертіп, жаңа мағына береді, не сөз мағынасына өзгеріс қосады. Мысалы, *етік + ші > етікші* (мамандық), *тау + лы > таулы* (белгі) т.б. Мұнда *етік, етікші, тау, таулы* дегендердің әрқайсысы жеке лексемалар, сөздер. Ал *кітап + қа, кітап + ты, кітап + та, кітап + тар* дегендердің бәрі *кітап* деген бір сөздің сөйлемде қолданылатын түрлі тұлғалары.

Алғашқы мысалдарда түрлі сөздер жасалып, соңғы мысалдарда көмекші морфема, жұрнақ сөз жасау қызметін атқарған. Соңғы мысалдарда қосымша сөздің түрлі тұлғасын жасап, олардың сөйлемдегі басқа сөздермен байланысуына мүмкіндік жасап тұр. Мысалы, *кітапқа қара, кітапты оқы, кітапта білім бар, кітаптар әкелді*. Сөзжасамның да, морфологияның да зерттеу нысанасы көмекші морфема, бұл жағынан ұқсастық бар. Бірақ сөзжасамның нысанасына көмекші морфеманың яғни қосымшаның сөзжасамдық жұрнақ түрі жатады да, морфологияның зерттеу нысанасына қосымшаның жалғаулар түрі мен жұрнақтың грамматикалық категориялардың көрсеткішіне жататын сөз түрлендіретін түрлері жатады.

Сөзжасам тілдегі сөзжасамдық жұрнақтарды толық қамтиды, олардың сөзге тіркесу қабілеті, туынды сөздегі мағынасы, сөзжасамдық қызметі, қай сөз табына қатысты сөзді жасайтыны сияқты тек сөзжасамға қатысты мәселелерді зерттейді.

Морфология сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстыру қызметінде қолданылатын жалғаулардың сөз таптарына қатысын, сөз таптарының категорияларының көрсеткіші екенін, олардың сөзге қосатын грамматикалық мағыналарын зерттейді.

Сөзжасамда да, морфологияда да сөздердің түрлену тарамы (парадигмасы) бар. Сөзжасам-

ның тарамы бір сөзден жасалған бірнеше сөздің бір-бірімен қатысын білдірсе, морфология бір сөздің түрлі тұлғасының арақатысын білдіреді.

Солай бола тұрса да, сөзжасам мен морфологияда көмекші морфеманың сөзге жалғану, қосылу заңдылығы бірдей. Көмекші морфема сөзге фонетика, морфонология заңдылығы бойынша қосылады. Бұл осы екі саланың байланысын байқатады.

Сөзжасамның синтаксиспен байланысы да тілде белгілі орын алады. Сөзжасамның синтаксистік тәсілі арқылы жасалған күрделі сөздер өзінің шығу тегі жағынан сөз тіркестеріне барып тірелетіні жалпы тіл білімінде әбден танылған, даусыз мәселе деп саналады.

Сөз тіркесі мен сөзжасамның арасындағы қатыс өз ізін қалдырып отырған. Күрделі сөздердің құрылысында, сынарларының бір-бірімен байланысу жолында, сынарлардың орналасуында өз ізін қалдырмауы мүмкін емес. Сондықтан қазақ тілінің күрделі сөздерінен сөз тіркесінің көп белгілерін көруге болады. Мысалы, *қара торғай, ақсақал, аққала, кәрі жілік, көкөніс, Қызылорда, кәріқыз* сияқты күрделі сөздерді сынарларының қарым-қатысы жағынан анықтауыштық сөз тіркестерінен ажырату кейде қиынға түседі.

Бұл кездейсоқ мәселе емес. Бұл сияқты күрделі сөздер алғаш осы тіркес түрінен күрделі сөзге ауысып, кейін ол күрделі сөздің жасалуының бір үлгісіне айналған. Сондықтан қазір бұл үлгі бойынша күрделі сөздер жасала береді: *көп танбалы, күздік бидай, күкіртті газ, күкіртті сутегі, кітап әлемі, оқу кітабы, оқу құралы, қабырға газет, мал шаруашылығы, нерв жүйесі, орта білім, омірбаян, қонақ үй, үш бұрыш, үндеу хат* сияқты күрделі сөздер анықтауыштық сөз тіркесі үлгісі бойынша кейіннен қалыптасқан күрделі сөздерге жатады.

Күрделі сөздердің қазіргі жасалу үлгілерінен сөз тіркестерінің бәріне қатысты үлгілерді көруге болады: *атқамінер, қолкесті, қолүздік, бата оқу, бәйге тігу, бедел арту, бел буу, бет жырту, бос жүру, торға түсу, есінен тану, жаны шығу, жер сілкіну, жерге түкіру* т.б.

Осымен байланысты күрделі сөз бен сөз тіркесінің арасында өте үлкен ұқсастық бар. Бұл ұқсастық бірсыпыра күрделі сөздердің танылуына кедергі де келтіреді: *мал қора, қой қора, қара торғай, боз торғай, той бастар, той асы, тоқ ішек, тоң май, сары май, төр үй* сияқты толып жатқан сөздерді бір ғалымдар күрделі сөз де, енді бір ғалымдар сөз тіркесі деп тану да жиі кездеседі.

Бұл жағдай күрделі сөздердің жазылу емлесін дұрыс белгілеуге, орнықтыруға да өз ықпалын тигізіп жүргені белгілі. Сондықтан емледегі екіүштілік, бірде бірге жазу, бірде бөлек жазу сияқты ала-құлалық та осы күрделі сөздерге байланысты кездесіп отырады. Мысалы, *темір жол - теміржолшы, онкүндік - он күндік, адамата - адам ата. Ақсүйек - ақ сүйек, актиін - ақ тиін, дүние жүзі - дүниежүзі, дүниежүзілік - дүние жүзілік* т.б. Мұндай мысалдар баспа бетінде жиі кездеседі¹.

Бұл жағдайлардың бәрі - сөзжасам мен синтаксистің байланысына қатысты мәселелер. Тілде бір-бірімен байланыспайтын мәселелерді кездестіру өте қиын. Сөз дыбыстан тұрады, ал сөз бен дыбыс тіл білімінің түрлі саласына жатады. Сөз жасалады, сөз түрленеді. Сөз жасалым сөзжасамға жатса, сөз түрленім морфологияға жатады, бірақ жасалған сөз дайын күйінде сөйлемде қолданылады, ал сөздің түрленуі оның сөйлемде, сөйлем ішінде қолданылуында іске асады. Бірақ жасалған сөз де, түрленген сөз де сөйлем құрамында қызмет етеді. Сондықтан тілде бірімен-бірі тығыз байланыспайтын ешбір тілдік нұсқа жоқ. Бұл тілдік нұсқалардың тіл білімінің қай саласында зерттелуіне қарамастан, олардың бір-бірімен байланысын дәлелдейді. Сондықтан сөзжасамның тіл білімінің түрлі саласымен байланыстылығы - заңды құбылыс.

Сөзжасамның лексикологиямен байланысы - тілші ғалымдар назарынан тыс қалған емес. Оның негізі бар, негізсіз деуге келмейді.

Сөзжасам тілдің сөздік құрамының толығындағы жаңа сөздердің жасалымын тексереді. Лексикология да жалпы алғанда, сөзді, тілдің сөздік құрамын зерттейтіні белгілі. Бірақ сөзжасам тілдің сөздік құрамының туынды сөздер арқылы толығын зерттесе, лексикология жалғыз туынды сөзбен емес, оның сөздің, түбірдің барлық түрімен толығын зерттейді, оған басқа тілден қабылданған сөздер де кіреді.

Сөзжасам лексикалық нұсқаларды жасағанда, тілдік қарым-қатынасқа қажетті атау жасайды. Ол қажеттік қоғамда туады, атаудың лексикалық жүйеде жоқ екенін лексика білдіреді. Ал жаңа ұғымды қалай атаудың жолын іздеу, сөзжасамның жұмысы, сондықтан ол жоқ атауды тілдің сөзжасамдық нұсқаларының қайсысымен жасауды сөзжасам жүзеге асырады. Сонымен тілдің лексикалық құрамында өмірде пайда болған

ұғымның атауы жоқ екенін тек лексика шешеді, анықтайды екен.

Лексикология сөздердің қолданылу ерекшелігін, мағыналық ерекшелігін, стильдік қызметін, белсенді не бәсең қызметін тексереді. Басқаша айтқанда, лексикологияның зерттеу нысаналары өте кең.

Ана тіліміздің бай сөздік құрамы бірден қалыптаса қалған жоқ. Тілдің бай лексикасы үнемі толығып дамып отырды. Тілдің сөздік құрамының толығып отыруы - үнемі болып отыратын құбылыс. Тілдің лексикасының үздіксіз дамуы тіл білімінен тыс жағдайларға тығыз байланысты. Қоғамның дамуы, адам санасының өсуіне байланысты өмірде жаңа заттар мен ұғымдар пайда болады да, оларды атау қажеттігі туады. Осы қажеттікті өтеу үшін жаңа сөздер жасалады, кейде жаңа сөздер басқа тілдерден де алынады. Бірақ басқа тілден сөз қабылдау тілдің дамуы мен баюында белгілі орын алғанымен, тіліміздің сөздік құрамының баюында негізгі қызметті қазақ тілінің сөзжасам жүйесі атқарады. Қазақ тілінің қалыптасқан сөзжасам жүйесі арқылы тілде жаңа сөздер жасалады да, тіліміздің сөздік қорын үнемі байытып отырады. Тілдің сөздік қорын байытып, оның икемділігін арттыратын, қандай күрделі ой болса да, оны нақтылы, дәл жеткізуге мүмкіншілігі мол құдыретті тіл болып қалыптасудың бір тетігі тілдің сөзжасам жүйесіне байланысты. Осының өзі сөзжасамның тілде атқаратын қызметі мен оның маңызын анық байқатады. Бірақ сөзжасамның нәтижесінде жасалған сөздер тілдің сөздік құрамына барып қосылып жатады. Осыдан келіп сөзжасам мен лексикология саласының байланысы шығады.

Сөзжасам да, лексикология да сөздің мағынасын зерттейді. Бірақ екеуі сөз мағынасын әр түрлі мақсатпен зерттейді, бұл арада екеуінің сөз мағынасын зерттеу мақсатының түрлілігіне қарай олар бір-бірінен бөлінеді.

Сөзжасам сөз мағынасын жалпы лексикалық мағына ретінде емес, сөзжасамдық мағына ретінде қарайды. Анығырақ айтсақ, ол туынды сөздің мағынасының қалай жасалғанын зерттейді. Туынды лексикалық мағынаның қандай негіз сөздің мағынасы арқылы жасалғанын анықтамайынша, сөзжасамдық мағынаны белгілеу мүмкін емес. Мәселен, *ақта* деген туынды сөздің мағынасы оған негіз болған *ақ* деген сөздің мағынасы арқылы дәлелденеді. Сол сияқты *көйлекшең, таулы,*

¹ Осы мысалдардың біразы 1963 және 1798 жылғы орфографиялық сөздіктерден алынды.

өнерпаз сияқты туынды сын есімдердің мағынасы оларға негіз болған *көйлек*, *тау*, *өнер* сөздері арқылы анықталады. Өйткені осы негіз сөздердің мағынасы олардан жасалған *көйлекшең*, *таулы*, *өнерпаз* деген туынды сөздердің мағынасына арқау, негіз болған. Сондықтан *көйлек* пен *көйлекшең*, *тау* мен *таулы*, *өнер* мен *өнерпаз* деген сөздердің мағынасы байланысты. Туынды сөз бен негіз сөздің мағыналық байланысы сөзжасамдық мағынаның негізгі белгісіне жатады.

Туынды сөз жасалғаннан кейін, ол лексикологияның нысанасына айналады, өйткені ол тілдегі басқа сөздер қандай қызмет атқарса, олар да сондай қызмет атқарады. Бұл ретте сөзжасам мен лексикологияның байланысы анық байқалады.

Сөзжасам негіз сөзден туынды сөздердің, анығырақ айтсақ, туынды түбірлердің жасалу жүйесін зерттейді. Ал ол сөзжасамдық ұяда жасалған туынды сөздердің бәрі тілдің сөздік құрамына кірген лексемалар, сөздер. Әр туынды лексема тілдің лексикалық жүйесінен орын алумен бірге, ондағы семантикалық топтарға да қосылып, олардың құрамын кеңітіп отырады. Бірақ лексиканың мағыналық топтарындағы сөздер құрамы жағынан, ондағы сөздердің құрылысы жағынан түрлі-түрлі болады. Олар мағынасы жағынан ұқсас болғанымен, тұлғасы түрлі бола береді.

Сөзжасамда да мағынасы жақын сөздердің топтары бар. Мысалы, *әнші*, *суретші*, *оқытушы*, *жазушы*, *етікші* сияқты сөздер мамандықты білдіретін мағыналық топқа жатады. Бірақ мұнда сөздің мағына жақындығымен бірге, тұлға жақындығы да бар. Ол лексикадағы тұлға түрлілігіне сәйкеспейді.

Туынды сөздер өздерінің мағына ортақтығына қарай бірлеседі, олар мағыналық аумақтың (поле) бір бөлімі (элементі) болып табылады, өйткені мағыналық аумақтың көлемі лексикалық ұядан әлдеқайда кең.

Туынды сөздің сөзжасамдық мағынасы мен лексикалық мағынасы жалпы мен жеке мағынаның қарым-қатысы деп қаралу керек, өйткені әр туынды сөздің, лексикалық мағынасы сөзжасамдық мағынаға кіреді.

Түбірлес сөздердің мағыналық байланысын кей ғалымдар сөзжасамдық ұямен байланысты зерттеген. Олар мағына ортақтығына байланысты бірлесетін түбірлес сөздердің лексикологиядағы мағыналық аумаққа (семантикалық полеге) қатысы барын айта отырып, ол мағыналық

аумақтың бір тармағы (элементі) деп қарайды, өйткені мағыналық аумақ, ұғымы одан әлдеқайда кең деп санайды. Сонымен бірге олардың түрлі мағыналық аумаққа қатысы болуы да мүмкін.

Туынды сөздің жасалуына негіз болған сөз де, негіз сөз арқылы жасалған туынды сөз де лексикология үшін жалпы сөз ретінде оның зерттеу нысанасы болып саналады, олардың тұлғасындағы айырмашылықтың лексикология үшін маңызы жоқ.

Сөзжасам үшін негіз сөз бен туынды сөздің арасында үлкен айырма бар. Негіз сөздің мағынасы, оның туынды сөз жасауға қатысы, оның туынды сөздің құрамында алатын орны, туынды сөздің құрамы, туынды сөз жасаушы жұрнақ оның бәрі сөзжасам үшін маңызды болып саналады. Сонымен байланысты негіз сөз бен туынды сөздің сөзжасамда айырмасы күшті.

Сөзжасамның морфонология саласымен байланысы. Сөзжасамның ең кіші нұсқасы морфема, анығырақ айтсақ, жұрнақ дедік. Ал тіліміздегі жұрнақ атаулының басым көпшілігінің дыбыстық варианты бар. Тілде дыбыстық вариантсыз қолданылатын үнемі бір дыбыстық құрамда қолданылатын жұрнақтар бірлі-жарым ғана. Олар *-хана*, *-қой*, *-паз* сияқты жұрнақтар. Мысалы, *кітапхана*, *дәріхана*, *емхана*, *асқана*, *сәнқой*, *әуесқой*, *өнерпаз*, *әсемпаз* т.б. Бұл жұрнақтардың ерекшелігіне жатады.

Жұрнақтарға тән негізгі заңдылық - жұрнақтардың бірнеше дыбыстық варианттары болу. Тілдегі жұрнақтардың дыбыстық варианттары морфонология саласының заңдылығы арқылы қалыптасқан. Түркі тілдерінде морфонология заңдылығы түрліше қалыптасқан. Кейбір тілдерде қосымшалардың дыбыстық варианттары аз. Мысалы татар тілінде көптік жалғаудың *-лар*, *-лер* түрі ғана болса, қазақ тілінде ол 6 дыбыстық вариантта қолданылады, ал қырғыз тілінде көптік жалғаудың 12 дыбыстық варианты бар. Якут тілінде қосымшалардың дыбыстық варианты өте көп, өйткені бұл тілде ерін үндесуі, сонар дыбыстардың үндесуі де бар. Ол заңдылықтардың бәрі қосымшаның дыбыстық вариантын көбейткен.

Қосымшалардың дыбыстық варианттары фонетикалық заңдылық негізінде қалыптасқан. Оны морфонология саласы зерттейді. Сонымен бұл арада сөзжасам өзінің жұрнақтарының дыбыстық вариантта қолданылуы арқылы тілдің фонетика, морфонология салаларымен байланысатыны анықталды.

Қорыта келгенде, сөзжасам тіл білімінің барлық салаларымен байланысты. Бірақ оған қарап,

ол осы салалардың бәрінің құрамына кіру керек деген қорытынды шығару мүмкін емес. Өйткені тіл білімінің салалары бір-бірімен байланысты бола тұра, өзінің зерттеу нысанасы арқылы бір-бірінен бөлінеді, ерекшеленеді. Олардың әрқайсысы сөзді әр түрлі қырынан зерттейді, өз мақсатына қарай зерттеу жұмысын жүргізеді. Сол арқылы олар бір-бірінен ажыратылады.

2.2. СӨЗЖАСАМ ЖҮЙЕСІ

Қазақ тілінің қазіргі кезде әбден қалыптасқан сөзжасам жүйесі бар, ол-әрине, ұзақ уақыттағы дамудың нәтижесі. Тіліміздің сөзжасам жүйесінің негізі көне түркі тілінен (ең көне жазба ескерткіштер тілі) басталып, содан бері дамып, толығып, күрделеніп, сұрыпталып, екшеле келіп, қазіргі жүйелі дәрежеге жеткен.

Қай тілдің болмасын сөзжасам жүйесі ұзақ уақыттың ішінде қалыптасқан, ол қысқа аз уақытта тез қалыптаса қалатын құбылыс емес. Сондықтан ол түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне де қатысты.

Түркі тілдерінің ең көне жазба ескерткіштерінің тілі бұл мәселеге толық куә бола алады. Көне жазба ескерткіштер тілінде негізгі түбір сөздермен қатар туынды сөздер болғаны белгілі. Олар: туынды түбір, күрделі сөз, бір сөздің бірнеше мағынада қолданылуы түрінде кездеседі. Басқаша айтқанда, көне жазба ескерткіштер тілінде жаңа сөз жұрнақтар арқылы (*тір-іг, біл-іг, ұр-уш, иел-ме, өт-унч*), сөздердің тіркесуі арқылы жасалды (*күнтүз, Темір-қапығ, Қара-құм, Ілтеріс, арқыш-тіркес, секіз он, йеті йуз*), сол сияқты бір сөздің бірнеше мағынада қолданылуы да сол кездің сөзжасам жүйесіне жатады: [*қат*] 1) қабат, қатар, 2) жеміс, 3) жануардың аты, 4) қату, 5) араластыру. Келтірілген мысалдар көне түркі тілінде сөзжасамның морфологиялық, синтаксистік, семантикалық тәсілдері болғанын анық көрсетіп тұр.

Бұл келтірілген мысалдар қазақ тілінің қазіргі сөзжасамдық жүйесінің түп негізі түркі халықтарының ең көне заманынан бастау алғанын көрсетті. Ал түркі тілдерінде қазір көне түркі жазбаларындағы сөзжасам жүйесі сол қалпында қалмағаны түсінікті. Өйткені түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің қазіргі күрделі сөзжасамдық жүйесі көне түркі тілінен бастау алғанымен, содан бері үнемі дамудың нәтижесінде қалыптасқан. Сондықтан қазіргі қазақ тілінің күрделі

сөзжасам жүйесі ұзақ уақытта қалыптасқан, ол тіл дамуының нәтижесі.

Тілдің сөзжасам жүйесі көне құбылыстарға жатады, ол күмән туғызбайды. Өйткені сөз жасаушы тұлғалар, сөз жасаудың тәсілдері, үлгілері күнде құбылатын, күнде жаңаратын құбылыстар емес. Тілдің сөзжасам жүйесі тілдің даму әрекетінен де тыс қала алмайды. Сондықтан сөзжасам жүйесінде де өзгеріс болып тұрады, бірақ ол өте баяу болады және өл, көбіне тілде бар үлгілердің белгілі бір кезеңде белсенді қызмет етуі арқылы, ол қызметтің бәсеңдеуі арқылы, не сөз мағынасының кеңеюі, кейбір сөзжасамдық түрлердің қолданудан шығуы сияқты т.б. өзгерістер ретінде болады. Мысалға көне жазба ескерткіштер тіліндегі туынды сөздер саны мен қазіргі тілдегі туынды сөздер саны бір емес, қазіргі тіл туынды сөздерге өте бай. Тілдің туынды сөздермен толығының тілден тыс жағдайларға қатысын былай қойғанда, оның сөзжасам жүйесіне де тікелей қатысы бар.

Көне жазба ескерткіштер тілінде сөзжасамның морфологиялық тәсілі болды, бірақ әр сөз табының сөз тудырушы жұрнақтары санаулы ғана еді. Ал қазірде морфологиялық тәсіл сөзжасамда үлкен қызмет атқарады, бірақ көне жазба ескерткіштермен салыстырғанда, қазіргі тіл сөз тудырушы жұрнаққа өте бай, сөзжасам құрамы түрлі жұрнақтар арқылы толыққан. Сөзжасамдық жұрнақтардың тілге қосылғанын өте көне жазба ескерткіштер тілі мен қазіргі тілді салыстыру арқылы көру жеңіл, осы екі арада талай ғасырлар өткенін еске алсақ, олардың әр кезеңінің тілдің сөзжасам жүйесінің қалыптасуына да, сөздік қордың баюына да үлесі болғаны анық көрінеді. Сөйтіп, тілдің сөзжасам жүйесінің толығып отыруы, сөзжасамдық заңдылықтардың тілде орнығып қалыптасуы баяу болса да, тіл дамуында үнемі болып отыратын құбылыс екені даусыз. Бірақ ол ерекше жылдамдықпен болатын құбылыстарға жатпайды. Соңғы 40-50 жылдың ішінде қазақ тілінің сөзжасам жүйесіне қосылған жұрнақтар өте мардымсыз. Жаңа жұрнақтар арқылы сөзжасам жүйесінің баюы, толығыуы тез болып тұратын құбылыс емес. Тілімізде - *хана* сияқты жаңа жұрнақтың қосылуы, пайда болуы - өте сирек құбылыс. Алғаш біріккен сөздің бір сынары ретінде қызмет атқарған бұл морфема, кейін жұрнаққа айналғаны белгілі. Бұрын *шайхана, асхана, жатақхана, наубайхана, кітапхана, баспахана* сияқты аздаған сөзде қолданылатын бұл морфема бірте-бірте қолданылу өрісін кеңейтіп, қазір өнімді жұрнаққа айналды. Мысалы, *емхана, дәріха-*

на, дәмхана (закусочная), дәрісхана (аудитория), перзентхана (роддом) т.б. талай сөздің жасалуына қатысты, ол сөзжасамдық белсенді қызметке көшті.

Сөзжасамдық жұрнақтардың толығыуы жұрнақтардың бір-бірімен тұлға, мағына жағынан кірігуі арқылы да болып отырады, оған тілдегі күрделі жұрнақтарды келтіруге болады: *-дас < да + с, -лан < ла + н, -ғанша < ған + ша, -малы < ма + лы, -ушы < у + шы, -дықтан < дық + тан* т.б.

Тілдің сөзжасам жүйесінің күрделенуі, баюы, толығыуы көбіне сөзжасамдық жұрнақтардың мағыналық құрамының кеңеюі арқылы да болады, сөзжасамдық жұрнақтардың ішінде әр түрлі мағына беретін жұрнақтар жиі кездеседі. Мәселен, *-ыс, -іс* жұрнағы зат есім жасайтын жұрнақ саналатыны белгілі. Осы жұрнақ тілде түрлі мағыналы атаулар жасайды. Мысалы *ағыс, тігіс, сөгіс* сияқты туынды сөздер мен *жеңіс, тыныс, шабыс, өзгеріс* деген туындылардың мағынасы бір емес. Бұлардың алғашқыларында нақты заттық ұғым болса, соңғыларында дерексіз заттық ұғым басым. Сол сияқты *қатынас, байланыс, жиналыс* туылымдарының мағынасы олардың бәрінен де бөлек. Ал олардың бәрінде де бір ғана жұрнақ қолданылып тұрғаны анық. Бұл арада бір жұрнақтың мағынасы кеңейгенін көріп тұрмыз. Бұл жағдай тілде қосымшаның қызметін арттырып, оның қолданылу мүмкіндігін күшейтіп тұр.

Қосымшалардың мағына жағынан дамуы өте ерте басталған. Мысалы *-ғы, -қы* қосымшасы ең көне жазба ескерткіш-орхон жазбаларында да әрі заттық мағына, әрі сындық мағына берген. Ал *-ығ, -іг* жұрнағы көне жазба ескерткіштердің өзінде көп мағыналы қосымша болған: ол *біліг* сөзінде дерексіз заттық ұғым жасаса, *уқ* дегенде жанды заттың атын жасаған, яғни ол *құс* деген сөз. Сондай-ақ *бітіг* дегенде жазу, жазба деген ұғым беріп, жоғарыдағы келтірілген мағыналардан да басқа ұғым туғызып тұрғаны көрініп тұр.

Бұдан шығатын қорытынды Орхон жазбалары кезеңінде қосымшалардың семантикалық жағынан дамуы басталған. Бұл құбылыс тілдің даму тарихында үздіксіз жүріп отырған, сондықтан оны тіл дамуына тән негізгі заңдылықтардың бірі ретінде қараған дұрыс. Осы заңдылықтың нәтижесінде тілде көп мағыналы қосымшалардың саны көбейген. Қазіргі тіліміз көп мағыналы қосымшаларға өте бай: *-дық/-дік, -тық/-тік, -лық/-лік* жұрнағы қазақ тілінде екі сөз табына жатады. Олар - зат есім және сын есім.

Осы жұрнақтың екі сөз табына бірдей қатысты болуы оның сөзге заттық мағына беріп, зат есімдер жасауына және заттың сындық белгісін білдіріп, сын есім сөздер жасауына тікелей байланысты. Одан осы қосымшаның мүлдем екі басқа мағына беретін омоним қосымшаға айналғанын көруге болады. Ол *-лық* қосымшасының мұндай дәрежеге жетуі көне дәуірде басталып, үнемі даму үстінде болуымен байланысты. Ал олар қазір екі сөз табының жұрнағы болғанымен, төркіні бір екені - ғылымда дәлелденген мәселе. Бірақ бұл қосымшаның мағынасы мұнымен бітпейді. Зат есімнің өзінде ғана ол - бірнеше түрлі мағына беретін көп мағыналы қосымша: *ауыздық, мұрындық* сияқты сөздерде *-дық* үй малы жабдықтарының, құралдарының атын білдіреді. Ал *орындық, қазандық* дегенде үй бұйымдарының аты жасалған. *Қымыздық, өсімдік* дегендерде өсімдіктерге қатысты атаулар, *егіндік, шабындық* дегенде шаруашылыққа қатысты атаулар, *жазықтық, терістік, оңтүстік* дегендерде географиялық атаулар, *белдік, желдік, түндік* дегендерде киіз үй жабдықтарының атаулары, *тұздық, төстік* дегенде тағам аты, *жемтік, өлімтік, сілімтік* дегендерде тастанды заттың аты, *көрімдік, қалыңдық* дегендерде салтпен байланысты атаулар, *шындық, жастық, шаттық, достық, озбырлық* дегенде дерексіз заттық ұғым атаулары жасалған. Келтірілген аз мысалдардың өзінен бір зат есімнің өзінде бұл жұрнақтың түрлі-түрлі атаулар жасап, талай мағына беретіні көрінді. Мұнда зат есімнің келтірілген жұрнағының мағыналары толық қамтылмағанын да ескерте кету керек. Бұл осы жұрнақтың мағына көлемінің молдығын, көп мағына беру қабілетін анық көрсетіп тұр.

Жазба ескерткіштерде *-лық* жұрнағы заттық және сындық мағына ғана берген. Оның қалған мағыналарының бәрі - кейін қосылған мағыналар.

Тілдің сөзжасамдық жүйесінің дамуының бір жолы болып саналып отырған осы жұрнақ мағынасының кеңуі, бір қосымшаның бірте-бірте түрлі мағынаға ие болуы, тілде бірнеше жұрнақтың қызметін атқаруы тіл дамуындағы жекелеген бірлі жарым құбылысқа жатпайды. Бұл тұрғыдағы тілдік материалдар жеткілікті. Мысалға *-ыс, -іс, -с* жұрнағын алайық. Бұл жұрнақ та қазір екі сөз табына етістік және зат есімге қатысты. Етістікте бұл жұрнақ ортақ етіс жасап, қимылдың бірнеше субъектіге қатыстығын білдіреді. Мысалы, *сен келіс, сөйлес, әңгімелес, түсініс* т.б. Зат есімде етістіктен зат есім жасап, одан заттық мағына туғызады. Мысалы, *өріс, соғыс, күрес, жарыс, айтыс,*

құрылыс, жиналыс, үзіліс т.б. Сөйтіп, екі сөз табында бұл жұрнақ басқа-басқа мағыналар береді, ол қазір омоним қосымша дәрежесінде. Тарихи тұрғыдан алғанда, олардың алғаш бір қосымша екені белгілі. Ортақ етістің жұрнағы өз мағынасының үстіне заттық мағына білдіретін болып, тағы бір мағына қосып алған. Сондықтан оның мағынасы кеңіген, екі сөз табының көрсеткіші дәрежесіне жеткен. Егерде оның мағынасында өзгеріс болмаса, бұрынғы мағынаның үстіне тағы бір мағына қосылып, оның семантикалық жүгі артпаса, ол тілде екі қосымша болып танылмас еді. Сөйтіп, бұл арада *-ыс* морфемасының мағынасының кеңеюі арқылы зат есімнің *-ыс* жұрнағы қалыптасып, тілге ол жаңа қосымша ретінде қосылған. Мұның барлығы синтетикалық тәсілдің күрделеніп отырғанын көрсетеді.

Бұл арада бір сөз табының қосымшасы өз мағынасын кеңітіп, басқа сөз табының көрсеткішіне ауысып, онда сөз жасалым қызметін атқарған. Бұның бәрі олардың тілдің сөзжасамдық көрсеткіштерінің баюына, толығына қызмет атқарған тілдік құбылыс екенін көрсетеді. Бұл - тілдің сөзжасамдық жүйесінің дамуы мен қалыптасуының көрсеткіштері.

Бірсыпыра жұрнақтардың қолданудан шығып қалғаны да белгілі. Оған орхон-енисей жазбаларындағы *-меч* жұрнағын келтіруге болады. Мысалға енисей жазба ескерткіштеріндегі *е* түбірінен *-меч* жұрнағы арқылы жасалған *егмеч* (тәте) сөзін келтіруге болады.

Тілдің өзгерісі үнемі жаңа тілдік нұсқалардың қосылуы арқылы бола бермейтіні белгілі. Сондықтан кейбір сөзжасамдық көрсеткіштердің өз қызметін жойып қолданыстан шығып қалып отыруы да заңды құбылыс.

Тарихи тұрғыдан алып қарағанда, сөзжасамдық жүйенің барлық тәсілдерінің қызметі үнемі артып отырғаны байқалады.

Тілдегі сөз жасаудың көне тәсіліне жататын аналитикалық тәсіл де совет дәуірінде ғылымның, техниканың өсуіне байланысты талай терминдердің жасалуына негіз болып, қызметі артты, белсенді тәсілге айналды. Мысалы: *сірке суы, сірке қышқылы, радиохабар, радиоқабылдағыш, таңдай безі, көркемөнер, радиотехника, сутегі, тамыр жүйесі, үш бұрыш, агрономия, азот қышқылы, халықаралық, социалистік жарыс, оқиша сөздер, зат есім, сын есім* т.б. осылар сияқты талай күрделі сөздер жасалып, тілімізді байытты.

Екі сөздің бір-біріне қосылып, бір атау (номинация) жасауы тілде қай заманда да үлкен қыз-

мет атқарғаны белгілі, сол уақыттың ішінде оның ішкі үлгілері орнығып, әбден қалыптасқан. Сондықтан ол үлгі бойынша күрделі сөздің жасалуы тілде әдеттегі заңды құбылыс болып танылған.

Тек соңғы он шақты жылдың өзінде бұл тәсіл арқылы жасалған күрделі сөздер ерекше көзге түседі: *саябақ* (парк), *пәтер ақы* (квартплата), *мұражай* (музей), *әуежай* (аэропорт), *ашық хат* (открытка), *жағажай* (пляж), *саяжай* (дача), *жинақ қоры* (сбережение), *мүшел той* (юбилей), *жолнұсқа* (путеводитель), *үрмелі аспаптар* (духовые инструменты), *жылыжай* (парник), *жемдік шоп* (кормовые травы), *жедел жөндеу* (срочная работа), *ақжелкен* (редиска), *аскөк* (укроп), *жолқиыс* (перекресток), *жолбасшы* (гид) т.б.

Семантикалық тәсіл де тілдің сөзжасам жүйесінде көне замандардан бар. Бірақ бұл тәсілдің де қызметінің өте белсенділікке көшкен кезеңі бары анық. Қазан төңкерісінен кейінгі алғашқы 40-50 жылдарда тілде бұл тәсілдің атқарған қызметі ерекше. Сөздің дыбыстық құрамын, тұлғасын өзгертпей, оның бұрынғы мағынасының үстіне тағы да жаңа мағына қосу, сол арқылы бір сөзге бірнеше сөздің қызметін атқарту тілде кең өріс алды: *құн, буын, одақ, таңба, тұлға, көрме, негіз, түбір, кіріс, шығыс, дыбыс, тарау, үндеу, әңгіме* т.б. сөздердің де ғылымның түрлі саласында термин сөз қызметіндегі мәні мен мазмұны олардың тілдегі жай сөз ретіндегі мағынасынан өзгеше. Мұндай сөздер тілімізде қазір мол.

Тілдің сөзжасам жүйесі біршама тұрақты болғанымен, ол қатып қалған құбылыс емес. Қазақ тілінде синтаксистік (аналитикалық) тәсілдің көлемі ұлғайды, оған сөздерді қысқарту тәсілі қосылды. Қазан төңкерісінен кейін тілімізде күрделі атаулар көбейді, байыды, оны айтуда, жазуда ықшамдап қысқарту қажеттігі туды. Бұл үшін орыс тілінің сөздерді қысқарту тәжірибесін пайдалануға тура келді. Орыс тілінде кең қолданылып жүрген сөздерді қысқарту тәсілі және оның жолдары қазақ тіліне де кірді. Мысалға *ауылсовет, аунартком, обком, колхоз, совхоз, КПСС, МТС, РТС, партком, мектком, партбюро, сберкасса* т.б. осылар сияқты қысқарған сөздер тілде молынан қолданылатын болды. Тілімізде жиі қолданылатын бұл тәсіл арқылы алғаш қазақтың байырғы сөздері де қысқартылып жүрді, бірақ көбіне орыс тілінен қысқарған қалпында тілге ену күштірек болды.

Рас, қазір олардың бірсыпырасы қолданудан шықты, бірақ кезінде олар - тілде белсенді қолданылған сөздер.

Қазақ тілінде сөз қысқарту тәсілі қазан төңкерісіне дейін мүлдем болмаған деген пікірден аулақпыз. Бұл тәсіл тілде бұрын да болған. Ол адам аттарында қолданылып, оған сый-құрмет, үлкейту, кішірейту, еркелету мәнін қосатын. Ол қазіргі тілде де өте жиі кездеседі: *Жәке, Сәке, Сызан, Сәбе, Айнаш, Жаңаш, Қантай, Жантай* т.б. осы сияқты қолдануларды алайық.

Мұндағы қысқартудың бір ерекшелігі кісі аты тек қана қысқартылып қоймайды, оған *-ке, -еке, -аң, -а, -е, -ш, -тай* сияқты белгілі морфемалар қосылады. Сөйтіп, мұнда да сөздердің белгілі тобы қысқаратыны, қысқаратын сөздің алғашқы буыны сақталатыны және оларға белгілі морфемалардың қосылатыны сияқты белгілі заңдылық бар.

Кісі аттарын қысқартып айту - дүние жүзіндегі тілдердің көбіне тән құбылыс. Көпшілік тілдерде кісі атын қысқартып айту адамның бала кезіне тән. Орыс тілінде де ол - бар құбылыс, бірақ тек бала шаққа емес, жастық кезен деу орынды. Мысалы: *Екатерина - Катя, Елизавета - Лиза, Мария - Маша, Евгения - Женя, Николай - Коля* т.б.

Бұл - қазақ тіліне де тән құбылыс: *Садуақас - Сәкен, Қанания - Қанаш, Жәмила - Жәміш, Қожмахмет - Қожаш* т.б. Осы тәсіл арқылы кісі аттарының мүлдем өзгеріп, қысқарған аты халық есінде қалғаны да бірсыпыра. Оған мысал баршылық. Мысалы, атақты жазушы Сейфуллиннің халыққа Сәкен атымен белгілі екені - тарихи шындық. Ал ақынның нағыз аты Садуақас екенін көпшілік біле бермейді. Ақынның қысқа аты оның нағыз атына айналған. Сол сияқты қазақтың атақты ғалымы Сәтбаев халыққа Қаныш атымен әйгілі. Ал оның толық аты - Ғабдұл-Ғани көпшілікке таныс емес. Оны қысқартып, туыстары Қаныш деп атаса, ол кейін ғалымның негізгі атына айналған.

Халыққа белгілі қоғам қайраткері, ғалым Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты көпшілік Димаш Ахметұлы атайтынын да халық ұмыта қойған жоқ.

Осы айтылғандар тілдердің көбінде кісі аттарын қысқартып қолдану заңдылығы көне замандардан бар құбылыс екенін дәлелдейді. Бірақ кісі атын қысқарту түрлі тілде түрліше қалыптасқан. Қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі бойынша бала, жастар атын қысқартып еркелету мәнін қосумен бірге үлкен адамдар атын қысқартып, оған сый-құрмет мәнін қосу қалыптасқан. Ондай қысқартуға белгілі қосымшалар қосылуы да

тілдерге жат құбылыс емес. Мысалы қытай тілінде кісі атына *-сан* морфемасы қосылып, сый-құрмет мәні қосылатыны белгілі.

Олай болса, кісі атын қысқартып атау - жалпы тіл атаулыда бар құбылыс. Ал оның түрлі тілде өзіндік ерекшелігі бары да заңды. Сондықтан қазақ тілінде кісі атын қысқартып қолдану - тілдегі қалыптасқан заңдылықтардың бірі.

Тілдің сөзжасам жүйесі тілдің жалпы даму заңдылығына бағынады. Тіл бірден өзгеріп, жаңа сапаға көшетін құбылыс емес, ол үнемі даму үстінде қызмет етеді. Тілдің заңдылықтары екшеліп, нығайып, барған сайын орнығып, даму үстінде қалыптасады. Бұл тілдің сөзжасам жүйесіне де тікелей қатысты. Сондықтан да сөзжасам тәсілдері мен көрсеткіштері көне замандарда-ақ белгілі бір жүйеге түсе бастағаны жазба ескерткіштер тілі арқылы белгілі. Бірақ қазіргі тілдің сөзжасам жүйесінің өте, әбден қалыптасқан жүйе екені талассыз.

Тілдегі әр негізгі түбір талай туынды сөздің жасалуына негіз болған. Мысалы, *жел* деген негізгі түбір сөзден 110 туынды түбір жасалған. Олардың бәрі бір түбірден тараған бір сөзжасамдық ұяға жатады. Мұндай сөзжасамдық ұялар тілде жиі кездеседі және олардың құрамы өте күрделі.

Қазіргі тілде бір сөзжасамдық ұяның құрамындағы туынды сөздердің саны жүзден артуы жиі кездесетін құбылыс болса, көне жазба ескерткіштер тілінде ондай жағдай мүлдем кездеспейді. Осының өзі-ақ сөзжасам көрсеткіштерінің өнімділігі күшейгенін, қызметі артқанын анық көрсете алады. Бұл сөзжасамдық жүйенің дамуының нәтижесі. Сонымен бірге қазіргі тілде қызмет етіп жүрген сөзжасамдық көрсеткіштердің негізі көне жазба ескерткіштер тілінде болғанымен, сөзжасамдық көрсеткіштердің ол кезде атқарған қызметі мен қазіргі атқарып отырған қызметінің арасында үлкен айырмашылық бар. Оны сол кездегі туынды сөздер мен қазіргі туынды сөздерді сан жағынан салыстыру арқылы көреміз. Өйткені туынды сөздер - сөзжасамдық тәсілдердің тілде атқарған қызметінің нәтижесі. Бұл сөзжасамдық тәсілдердің тілде атқаратын қызметі барған сайын дамып, орнығып отырғанын, ол тәсілдердің тілде қалыптасып заңдылыққа айналып, үнемі сөзжасамдық қызметі күрделеніп отырғанын дәлелдейді.

Жоғарыда айтылғандардан сөзжасам жүйесін сипаттайтын ірі құбылыстарға сөзжасам тәсілдері жататыны анықталды. Бірақ сөзжасамның әр

тәсілі белгілі тілдік нұсқаларға негізделетінін естен шығаруға болмайды. Олай болса, тілдің сөзжасам жүйесіне сөзжасам нұсқалары да жатады. Тілде сөз жасауға қатысатын нақтылы тілдік нұсқалар бар. Сөз жасау әрекеті тілде бар нұсқалардың негізінде ғана болады.

Сөзжасам единицалары деп сөзжасамды жүзеге асыратын тілдік бірліктер аталады.

Тілдік нұсқаларға сүйенбей, жоқтан ешбір сөз жасалмайды. Ол жөніндегі ғалымдар пікірі бойынша да және түрлі тілдердің сөз жасау тәжірибесінде де жоқтан сөз жасау кездеспейді. Сол сияқты түркі тілдерінің, қазақ тілінің сөз жасау тарихы жаңа сөз тілде бар тілдік нұсқалардың негізінде ғана жасалатынын дәлелдейді.

Қазақ тілінде сөз жасауға қатысатын тілдік нұсқаларға түбір және сөзжасамдық жұрнақ жатады. Түбір сөз тілде түрлі жағынан қаралып жүргенімен, дәл сөз жасаушы негізгі нұсқалардың бірі ретінде толық зерттелді деуге келмейді. Ал түбірсіз ешбір сөз жасалмайды, сондықтан ол - сөз жасамдағы негізгі тұлға.

Түбір сөздің сөзжасам жүйесінде өзіндік белгілі қызметі бар. Алдымен түбірлердің сөз жасаушы негізгі нұсқаның бірі ретінде танылуы оның жаңа сөздің мағынасын белгілеуде атқаратын қызметіне байланысты. Сөзжасам ісіндегі түбірдің негізгі нұсқа болып саналатын себебі түбір сөздің лексикалық мағынасы жаңа сөздің лексикалық мағынасына арқау болады, негіз болады, өйткені тілде бір лексикалық мағына екінші лексикалық мағынаның негізінде жасалады. Сөздің лексикалық мағынасының негізінде туынды сөздің жаңа мағынасы жасалады: *бала-лы, бала-лық, бала-н, бала-жан, бала-пан* т.б. Келтірілген 5 туынды сөздің бәрінің мағынасында байланыстылық бар, себебі олардың бәрінің мағынасының жасалуына *бала* деген бір сөз негіз болып тұр. Міне, ол осы 5 туынды сөздің мағынасына арқау болғандықтан, оларда мағына ұқсастығы, жақындығы бар, олардың мағыналық байланысы көрініп тұр. Сөйтіп, түбір сөздің мағынасы мен ол арқылы жасалған туынды сөздің мағынасы өте тығыз байланысты және ол кездейсоқ құбылыс емес, сөз жасауда үнемі сақталатын заңдылық. Оның сөзжасамда атқаратын қызметі өте күшті. Сөзжасамға түбір сөз ретінде қатысатын сөздердің бәрі лексикалық мағыналы сөздер болғандықтан, оларға тілде дербес сөз түрінде қолданылып жүрген сөздер жатады. Бұл сөзжасамдағы негізгі заңдылыққа жатады.

Өте сирек жағдайда қазіргі тілдің даму сатысының дәрежесінде кейбір туынды түбірлер тілде толық мағынасы жоқ сөздерден жасалғандай болып көрінеді. Өйткені олардың құрамындағы негіз сөздер тілде қазір дербес қолданылмайды. Мұндайда негіз сөздің лексикалық мағынасы байқалмайды. Бірақ бұл тілдің қазіргі кезеңіне, дәуіріне, сатысына байланысты: *ұял, ұят, оян, оят, жұбан, жұбат, шалқала, шалқасынан, шалқалай, момын, момақан* сияқты туынды түбірлерге негіз болып тұрған *ұя, оя, шалқ, жұба, мом* түбірлерінің қазір лексикалық мағынасы анық көрінбейді. Олар қазір тілде жеке лексикалық сөз ретінде қолданылмайды, сөздік қорда ол сөздер сақталмай, қолданудан шығып қалған. Сондықтан олардың лексикалық мағынасы анық көрінбейді, танылмайды, бірақ осы туынды түбірлер жасалған кезде ол негіз сөздердің лексикалық мағынасы болған. Лексикалық мағынасы болмаса, одан туынды түбір жасалмас еді.

Жаңа сөз жасауға тілдегі түбірлердің барлық түрі қатыса алады. Оларды атағанда, мынадай: негізгі түбір, туынды түбір, біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз. Сөзжасамға негіз сөз қызметіне қатысатын бұл түбірлердің көбі (негізгі түбірден басқасы) - сөзжасам әрекетінің нәтижесінде туған туынды сөздер. Сондықтан туынды сөздер де лексикалық мағыналы сөздер ретінде сөзжасамда жаңа сөз жасауға қатыса береді. Туынды сөздер арнайы тоқталуды қажет етеді. Бұл арада туынды сөз жасауға осы түбірлердің негіз сөз қызметінде қолданылуы сөз болып отыр. Алайда аталған түбірлердің сөз жасауға қатысы бірдей дәрежеде емес. Сондықтан тілдің сөзжасам жүйесіндегі түбір сөздердің атқаратын қызметінде де ерекшелік бар.

Мәселен, негізгі түбірлер сөзжасам ісіне ең белсенді қатысатын түбірлер: *бас-тық, кез-де, ақта, жи-ын, біл-ім, тау-лы, өнім* т.б. Туынды түбірлер де сөзжасамға қатысады, бірақ олар негізгі түбірлерден өнімсіз. Ал біріккен сөз, қос сөздер мен қысқарған сөздер жаңа сөз жасауға сирек қатысады, олардың сөзжасамдық қабілеті нашар: *бүгін-гі, биыл-ғы, колхоз-шы, совхоз-шы, бес-алтысыз, алпыс-жетпіссіз, Екібастұз-дық, белбеу-лі* т.б.

Сөз жасау ісіне тілдің сөздік құрамындағы сөз атаулының қатысы да бірдей дәрежеде емес. Тілімізде байырғы сөздермен қатар басқа тілден енген сөздер де өте көп. Осы екі топтағы сөздердің сөзжасамға қатысын салыстырғанда, оларда айырма бар. Байырғы сөздердің сөзжасам әрекетіне қатысы белсенді түрде болса, басқа тілден енген сөздер сөзжасамға одан әлдеқайда бәсең түрде қатысады. Мысалға байырғы сөздерге жататын

негізгі түбірлердің бәрі де туынды сөздердің жасалуында ерекше қызмет атқарған, туынды сөз жасауға қатыспайтын негізгі түбір сөзді тілде кездестіру қиын. Рас, олардың өнімділігі бірдей емес: *kici*, *bas* деген сөздерді алсақ, олардың туынды сөз жасаудағы нәтижесі әр түрлі, *kici* деген сөз 16-17 туынды сөз жасаған, *bas* деген сөзден 140-тан астам туынды сөз жасалған. Ал *жел* деген негізгі түбірден 110 туынды сөз, *күн* деген негізгі түбірден 68 туынды сөз, *түн* деген негізгі түбірден 55 туынды сөз, *бел* деген негізгі түбірден 49 туынды сөз жасалған.

Мұнда тек морфологиялық тәсіл арқылы жасалған туынды сөз ғана есепке алынды.

Сөз таптарының да сөзжасамға қатысу қабілеті әр түрлі. Зат есім, сын есім, етістіктер сөзжасам ісіне басқа сөз таптарынан әлдеқайда белсенді түрде қатысады. Зат есімнен етістіктің, сын есімнің жасалуы, керісінше етістіктен зат есімнің жасалуы, сын есімнен етістіктің, зат есімнің жасалуы ертеден ақ байкалып, барлық оқулықтарда, сөзжасамдық зерттеулерде дәлелденіп жүрген мәселе екені белгілі. Сол сияқты есімдіктен, сан есімнен, үстеуден басқа сөз таптарының жасалуы ғалымдар назарынан тыс қалған емес. Тек үстеудің басқа сөз табынан жасалуы сирек кездескенімен, есімдіктің, сан есімнің басқа сөз таптарынан жасалуы туралы ғылыми дерек кездеспейді.

Бұл келтірілген деректер сөз таптарының сөзжасамға қатысу белсенділігінің түрлі екенін көрсетеді. Сөз таптарының сөзжасамға қатысуы бір сөз табындағы сөздің екінші сөз табына ауысып, көшіп отыратынына дәлел. Бір сөз табының сөзі өз ішінде ғана емес, басқа сөз таптарының да жасалуына негіз болып, олар бірінен-біріне ауысып жатады. Түбір сөздер сөзжасамдық тәсілдердің барлық түріне де қатысады.

Тілдің сөзжасам жүйесінде түбір сөздер басқаша тұрғыда да қызмет атқарады, оны жаңа сөздің синтаксистік тәсіл арқылы жасалуынан көруге болады. Синтаксистік тәсіл бойынша жаңа сөз ең кемі екі түбір сөзден жасалады, яғни бұл тәсілдің сөзжасамдық нұсқалары - түбір сөздер. Мысалы: *үш бұрыш*, *қызыл ала*, *он жеті*, *алып кел*, *келіп кет* т.б. Мысалдардан көрінгендей синтаксистік тәсіл арқылы жаңа атаудың жасалуына лексикалық мағыналы түбір сөздер ғана қатысады. Бұл тәсіл арқылы жаңа сөздің жасалуына түбір сөздерден басқа ешбір тілдік нұсқа қатыспайды. Мұнда жаңа сөздің мағынасы оның жасалуына қатысқан толық мағыналы сөздердің

мағынасы негізінде жасалады. Мысалы, *қара ала*, *торы ала*, *көк ала* деген сындық атаулар түстің түрлілігін білдіруде ол түрлі түсте бел алып тұрған түсті де атап тұр, бірінде қара қатысса екіншісінде торы, үшіншісінде көк қосылған ала түс екенін олар білдіріп тұр.

Сол сияқты төрт *бұрыш*, *үш бұрыш* деген терминдерден олардың бұрыш саны көрінгенімен, ол сол белгідегі геометриялық ұғымның аты болып тұр.

Ал осылардың бәрінде жаңа ұғымның атауын жасауға толық мағыналы дербес сөздер қатысқан. Толық мағыналы дербес сөздер тек қосымша арқылы жасалған туынды сөзге ғана негіз болып қалмай, синтаксистік тәсіл арқылы жасалған күрделі сөзде де сөз жасаушы нұсқа ретінде негізгі орын алады.

Түбір сөздің сөзжасамдық қызметі мұнымен аяқталмайды. Ол семантикалық тәсіл арқылы жаңа сөздің жасалуына негізгі нұсқа ретінде қатысады. Мысалы қазақ тілінде *түбір* деген сөз өсімдікке байланысты қолданылады. Ал тіл білімінде *түбір* - мүлдем басқа мағынадағы термин. Сол сияқты *ақ* - түс, *ақ* - сүттен жасалған тағам (айран, сүт т.б.) *бек*-мықты, *бек*-әкім, *бос* - іші *бос*, *бос* - ақысыз, *бос* - әлсіз, *бір* - сан, *бір* - белгісіздік есімдік, *біреу* - сан есім, *біреу* - белгісіздік есімдік, *жас* - он жаста, *жас* - жас бала түрінде бір сөздің бірнеше мағынаға ие болып, бірнеше сөздің қызметін атқаруы арқылы жаңа ұғымның аталуына да түбір сөздер қатысқан.

Сөйтіп, семантикалық тәсілде де сөзжасамдық нұсқа тек қана түбір сөз екенін (*түбір*, *буын*, *күн* т.б.) қоссақ, тілдің сөзжасам жүйесінде түбір сөздердің қандай орын алатыны анық көрінеді. Тек сөзжасам жүйесінің өзінде түбір сөздердің атқаратын қызметі орасан зор. Бұл жалпы алғанда, ал нақтылы әр негізгі түбір туралы сөз етсек, олардың сөзжасамдық қабілеті түрлі екенін көруге болады. Негізгі түбір сөздердің басым көпшілігінің сөзжасамдық қабілеті күшті екені - ешбір талассыз мәселе. бірақ олардың ішінде де өнімсіз, сөзжасамдық қабілеті өте төмен сөздер кездеседі.

Әр сөз табының сөзжасамдық қабілетінің әртүрлі екенін былай қойғанда, бір сөз табының ішіндегі негізгі түбірлердің қабілеті де - түрлі екені сөзсіз. Тілде бірсыпыра негізгі түбірлер өте күрделі сөзжасамдық ұялар жасаса, ал кейбіреулері екі ғана туынды түбірден тұратын сөзжасамдық ұя жасаған. Бұған мысалдар: бір буынды есім сөздер негізіндегі сөзжасамдық ұялар бойынша “Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұялар сөздігі” атты екі

кітапшаның біріншісінде бір ғана туынды түбірі бар төрт сөзжасамдық ұя кездесті. Олар: *діт - дітте; мәрт - мәрттік; лау - лаушы; мес - местей*, құрамында екі туынды түбірі бар 9 сөзжасамдық ұя бар. Олар: *ез - ездік, езсін; күң - күндік, күншілік; қал - қалды, қалсыз; құр - құрдан, құрша; қыш - қышкер, қышша, мээ - мээден, мээсін; нарт - нартай, нарттан; нас - настан, настық, ну - нулан, нулы*. Ал үш туынды түбірден тұратын не бәрі 5 сөзжасамдық ұя бар. Олар: *дақ - дақты, дақсыз, дақтан; кәр - кәрлен, кәрлі, кәрсіз; нән - нәндік, нәнсі, нәнсін; нәш - нәште, нәштен, нәшті*. Төрт туынды түбірден тұратын не бәрі 3 қана сөзжасамдық ұя бар. Олар *дық, жең, кен* сөздерінің негізінде жасалған сөзжасамдық ұялар.

I-кітапшаға 298 бір буынды есім сөзден жасалған 298 сөзжасамдық ұя кірген. Осыншама сөзжасамдық ұяда бірден төртке дейін туынды сөзі бар 21 ғана сөзжасамдық ұяның болуы туынды сөз жасауда өте құнарсыз бір буынды есім сөздердің тілде аз екеніне толық дәлел.

Тіліміздің сөзжасам жүйесінің тағы бір негізгі нұсқасына қосымша, атап айтқанда, сөз тудырушы жұрнақтар жатады. Сөзжасамдық жұрнақтардың тілді жаңа сөзбен байытуда атқаратын қызметі өте зор. Ол сөзжасам жүйесіндегі морфологиялық тәсілдің шешуші элементіне жатады. Тілімізде сөз тудырушы жұрнақтар өте көп. Бірақ олар сөзжасам тәсілдерінің бір түрінде ғана қызмет етеді. Солай бола тұрса да, оның тілдегі туынды сөздердің басым көпшілігін тілге қосқанын ескерсек, оның сөзжасамда атқаратын қызметі анық байқалады.

Сөзжасам жүйесіндегі жұрнақтардың әрқайсысының өзіндік мағынасы бар. Ол мағына түбір сөзге жалғанғанда ғана көрінеді, жұрнақ жеке тұрып мағына бермейді, сондықтан жеке қолданылмайды, түбір сөздің құрамында ғана қызмет атқарады. Мысалы: *малшы, өлеңші, дәрігер, өнерпаз, майла, қазақша* т.б. Морфологиялық тәсіл жұрнақтың осы ерекшелігіне негізделеді.

Сөзжасам жүйесінің жұрнақтары өзі жалғанған түбір сөздің лексикалық мағынасының негізінде одан басқа лексикалық мағына, басқа сөз жасайды, не оның мағынасын түрлендіреді. Жоғарыда келтірілген мысалдағы *мал* мен *малшы*, *өлең* мен *өлеңші*, *дәрі* мен *дәрігер*, *өнер* мен *өнерпаз*, *май* мен *майла*, *қазақ* пен *қазақша* деген туындылар бір-бірінен лексикалық мағынасы арқылы ажыратылатыны белгілі, бірақ осындағы әр жұп сөздердің мағына байланыстылығы да анық көрініп тұр. Сонда олардағы лексика-

лық мағына өзгешелігі жұрнақ арқылы туып, лексикалық нұсқа жасалса, олардың мағына байланыстылығына түбір сөздің мағынасы негіз болған. Бұл - сөзжасам жүйесіндегі жұрнақтардың негізгі ерекшелігі.

Жұрнақ арқылы сөз жасалу кезінде жаңа туынды сөз бен оған негіз болған сөз болады да, бұл екеуінің қатысынсыз туынды түбір сөз жасалмайды. Сондықтан морфологиялық тәсілмен сөз жасалғанда, негіз бен одан жасалған туынды түбір сөз үнемі жұп құрап тұрады. Басқаша айтқанда, туынды түбір бар жерде негіз сөздің болуы міндетті болып саналады: *өнер - өнерпаз, білім - білімді, ек - егін, сән - сәнқой, бай-байлық, ем-емхана, тілек - тілектес* т.б. Бірақ осы заңдылықты керісінше қолдануға болмайды.

Жалпы алғанда, тілдегі байырғы сөздерге жататын негізгі сөздердің басым көпшілігі туынды түбір жасауға қатысатыны рас, бірақ олардың әрқайсысынан негіз сөз бен туындының жұп болуы нақтылы жағдайға байланысты. Мәселен туынды түбір сөздегі негіз сөз деген ұғым нақты бір туынды түбірмен байланысты қолданылады. Мысалы, әңгіме *жұмысшы* деген туынды түбір туралы болса, оның негізі *жұмыс* деген сөз болатыны сияқты нақтылық керек. Сондықтан да негізгі түбір атаулының бәрі туынды сөздің негізі деп жалпылама атауға болмайды. Негізгі түбірдің қай туынды түбірдің негізі екенін нақтылы атау қажет.

Сөзжасам жүйесіндегі жұрнақтардың ішінде сөзге үстеме мағына беріп, сөзді мағына жағынан түрлендіретін жұрнақтар да бар. Мысалы, *үйшік, кітапша, сарғыш*, т.б. Мұндай жұрнақтар ғылымда талас та туғызып жүргені рас, өйткені мұнда сөз мағынасы мүлдем өзгеріп кетпейді. Бірақ осындағы *үй* мен *үйшік*, *кітап* пен *кітапша*, *сары* мен *сарғыш* деген сөздердің әрқайсысы тілде өзінше лексикалық нұсқа ретінде қолданылады, сондай қызмет атқарады, солай танылады да. Олардың әрқайсысы тілдегі дайын тұрған қалпында сөйлемге енеді. Сондықтан оларды да сөзжасам жүйесінің нұсқалары ретінде қараған дұрыс. Басқа тілдердің тәжірибесінде ол осы тұрғыда қаралып жүргенін де ескеру қажет. Орыс тілінде оларды сөзжасам жүйесіне жатқызған.

Тілдегі сөзжасамдық жұрнақтардың өзіндік бір ерекшелігі - олар әр сөз табына телулі болады. Әр сөз табының сөзжасамдық өз жұрнақтары бар. Зат есім жұрнақтары, сын есім жұрнақтары, етістік жұрнақтары, үстеу жұрнақтары т.б. Әр сөз табына қатысты жұрнақтың сөзжасамдық қыз-

меті өзі қатысты сөз табының құрамын жаңа сөзбен толықтыру болып саналады яғни ол өзі қатысты сөз табына жататын сөздерді, атауларды жасайды. Мәселен, зат есімнің сөзжасамдық жұрнақтары зат есімге жататын атауларды жасайды: *өнім, малшы, дәрігер, кітапхана, бөлім, қатысым* сияқты туынды сөздердің бәрі зат есімнің сөзжасамдық жұрнағы арқылы жасалған. Сын есімнің сөзжасамдық жұрнақтары сындық белгі мағынасын білдіретін сын есім атауларын жасайды. Мысалы *таулы, сәнді, өнерпаз сезгіш, сәнқой, білгіш* сияқты туынды түбір сын есім сөздер сын есімнің сөзжасамдық жұрнақтары арқылы жасалып, сындық белгі мағынасын білдірген.

Осы сияқты басқа сөз таптарының жұрнағы да өзі телулі сөз табына қызмет етеді, оның атауларын жасап, сөздік құрамын толықтырады. Сонымен бірге жұрнақтардың бірнеше сөз табына ортақ болып келуі де кездеседі. Бұл көбінде жұрнақтардың мағыналық жағынан дамуымен байланысты болады. Жұрнақтардың мағынасы кеңіп, бір мағынаның үстіне екінші мағынаны қосып алуы тілде өте жиі кездеседі. Осы жұрнақ мағынасының дамуы, кеңуі нәтижесінде бір сөз табының жұрнағы екінші сөз табының мағынасын қосып алады да, бұрынғы мағынасын сақтай отырып, екі сөз табында да қызмет атқарады. Сөйтіп, бұл жұрнақтардың бірнеше сөз табына ортақтық қасиетін қалыптастыратын жолдың бірі болып саналады.

Жұрнақтардың мағынасының кеңуі тілде омоним жұрнақтардың көбеюіне әсер етеді: *буын, түйін, келін, қорған* деген туынды түбірлердегі зат есім жасайтын *-ын, -ін, -н* жұрнағы мен *жуын, киін, таран* деген өздік етістіктің *-ын, -ін, -н* жұрнағы тұлғасы жағынан бірдей. Бұлардың сөзге қосатын мағынасы да түрлі, сондықтан олар омоним жұрнақтарға жатады. Омоним жұрнақтар тілде аз емес.

Сонымен бірге сөзжасамдық жұрнақтарда синонимдік қасиет те бар: *жұмысшы - жұмыскер, қызметкер - қызметші, ақта - ағарт, дәнде - дәнник, сазар - саздан, қарайт - қарала, өнерпаз - өнершіл, білімпаз - білімді, білгір - білгіш* т.б.

Кейде тілдегі синоним жұрнақтардың мағына жақындығына қарамастан, олардың бірінің орнына екіншісі қолданыла бермейтіні белгілі: *орак, елек, қайрақ, күрек* сөздері - *ақ, -қ, -к* жұрнақтары арқылы жасалған құрал атаулары. Ал дәл осындай мына құралдардың атаулары *өшіргіш, сүзгіш, қырғыш -ғыш, -гіш* жұрнақтары арқылы жасалған. Туынды түбірдің қай үлгі арқылы жа-

салуы тілдің ішкі заңдылығы арқылы шешілгені байқалады. Жұрнақтардың тілде атқаратын қызметі бірдей емес. Олар өте өнімді болып, сөз талғамай белгілі топтағы сөздерге жалғана береді. Мысалы: *малшы, егінші, жазушы, колхозшы, үгітші, әнші, етікші, суретші, қасапшы, биші* т.б. Ал бірсыпыра жұрнақтар сөз талғап, белгілі сөздердің құрамында ғана кездеседі, сөз жасау жағынан өнімсіз болып келеді. Мысалға тілде *көйлекшең, байпақшаң, бешпентшең, мәсішең* сияқты сөздердегі *-шаң, -шең* жұрнағы көйлек, байпақ, бешпент, мәсі киген адам деген ұғымды білдіреді. Осы жұрнақ басқа киім аттарына жалғанбайды, *көйлекшең, бешпентшең* деуге болғанымен, сол сияқты киім аты *шапан, тон* сөздерінен *шапаншаң, тоншаң* сияқты туынды түбір жасалмаған.

Бұдан шығатын қорытынды - жұрнақтардың сөзжасамдық қабілеті бірдей емес. Мысалы, *-шаң, -шең* жұрнағы киім атауларына жалғанып, заттың белгісін білдіру қызметін ерте тоқтатқан. Сондықтан киімнің кейінгі пайда болған түрлерінен бұл жұрнақ арқылы сөз жасалмаған. Мұндай сөзжасамдық жұрнақтар тілде біраз. Мысалы, *белес, дөңес, оңғақ, тоңғақ, жент, киім, бүкір* сияқты туынды түбірлер құрамындағы жұрнақ қазіргі тілде сөзжасамдық қызмет атқарып жүрген жұрнақтар қатарына жатпайды.

Бұл айтылғандар қазақ тілінің сөзжасам жүйесі көне замандардан бастап, күні бүгінге дейін дамып, күрделеніп, екшеліп, толығып қазіргі дәрежеге жеткенін көрсетеді. Осы ұзақ уақыттың ішінде сөзжасамның ішкі заңдылықтары, құрамы, сөзжасамдық нұсқалары, олардың қызметі, мағынасы нақтыланып, тұтас бір күрделі жүйе ретінде қалыптасқан.

2.3. СӨЗЖАСАМ ТӘСІЛДЕРІ

Туынды сөздер арқылы тілдің сөздік қоры байып, үнемі толығып отырады. Көне жазба ескерткіштер тілінің сөздік қоры мен қазіргі түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің сөздік қорының айырмасы жер мен көктей. Өйткені әр заманның өз жаңалығы болады, ол - заттық дүние, ғылым мен техника, сана мен сезім, мәдениет пен әдебиет т.б. өмірдің әр саласына қатысты болатын жаңалықтар. Өмірдегі болып жатқан жаңалықтар жаңа ұғым туғызады, олар тілде жаңа сөздер, атаулар арқылы аталады. Кейде өмірдегі жаңалық өз атауымен бірге басқа халықтан келіп қосылуы да - бар құбылыс. Бірақ ол тілдің сөздік қорының баюының, молығуының негізгі жолы емес.

Тілдің сөздік қорының өсуі тілдің ішкі мүмкіндігіне, туынды сөздің тілдің ішкі заңдылықтарына байланысты жасалуына негізделеді. Туынды сөз ешқашан тілдің ішкі мүмкіндігіне сүйенбей жасала алмайды.

Тілдің ішкі мүмкіндігіне тілде бар сөздер мен сөзжасамдық жұрнақтар, олар арқылы сөз жасаудың тілде қалыптасқан жолдары, заңдылықтары яғни тәсілдері жатады.

Тілде бар сөздер мен сөзжасамдық жұрнақтарды туынды сөз жасау үшін қалай, қандай тәртіпте қолданудың жолдары тілде талай заманнан бері өңделіп, бекіп, түрлі заңдылық ретінде қалыптасқан. Туынды сөздің жасалу жолдары ғылымда сөзжасамдық тәсілдер деп аталады. *Оқырман, көрермен, тәлімгер, жүлдегер, қаламгер, қатпаршақ, ақта, сынық* сияқты туынды сөздер лексикалық мағыналы сөзге *-ман, -мен, -гер, -шақ, -та, -ық* жұрнақтары жалғану арқылы жасалған. *Ал қызыл ала, қиян-кескі, отыз екі, алып кел, асықты жілік* сияқты күрделі туынды сөздер жоғарыда келтірілген, туынды сөздерден басқа жолмен жасалғаны көрініп тұр. Бұларда екі сөздің тіркесуінен жаңа мағына жасалған. Сол сияқты *буын, екпін, туысқан, кіріспе, талдау* сияқты термин сөздердің мағынасы олардың тілдегі байырғы мағынасынан мүлдем басқа. Осы сөздердің терминдік мағынасы туынды сөздің мағынасы болып саналады. Бұл туынды сөздер жоғарыда келтірілген туынды сөздерден басқа жолмен жасалған, бұл сөздердің құрамында сөзжасамдық жұрнақ та жоқ, не оларға басқа сөздер де қосылмаған, бірақ олардың мағынасы өзгерген.

Келтірілген мысалдар тілде туынды сөздің жасалу жолдары түрлі екенін білдіреді. Олар тілдің сөзжасам жүйесінен белгілі орын алады. Сөйтіп туынды сөздер тілдің сөзжасам жүйесінің заңды құбылыстары ретіндегі тәсілдер арқылы жасалады. Сонымен туынды сөздердің жасалуы тілдің сөзжасам жүйесінде қалыптасқан сөзжасамдық тәсілдер арқылы іске асады. Бұл тілдегі туынды сөздер кездейсоқ, әркім өзінше жасай беретін, бейберекет құбылысқа жатпайтынын білдіреді.

Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде көне замандардан бері қарай қолданылып әбден орныққан, қалыптасқан сөзжасамның негізгі үш тәсілі бар:

- 1) синтетикалық тәсіл,
- 2) аналитикалық тәсіл,
- 3) лексика-семантикалық тәсіл.

2.3.1. Синтетикалық тәсілі

Қосымшалы тілдерде синтетикалық тәсіл туынды сөз жасауда негізгі тәсілдер тобына кіреді. Түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі қосымшалы тілдер болғандықтан, синтетикалық тәсіл біздің тілімізде туынды сөз жасауда үлкен қызмет атқарады.

Синтетикалық тәсіл арқылы туынды сөз жасаудың тілде қалыптасқан өзіндік жолы бар. Бұл тәсіл арқылы туынды сөз жасау үшін, оған екі тілдік бірліктің қатысуы керек:

- 1) лексикалық мағыналы сөз,
- 2) сөзжасамдық жұрнақ.

Синтетикалық тәсіл арқылы туынды сөз жасауға қатысатын бұл тілдік бірліктердің әрқайсысының өзінің атқаратын қызметі бар.

Лексикалық бірлік туынды сөздің мағынасына арқау болады, сондықтан да туынды сөз жасауға лексикалық мағыналы сөздер ғана қатысады.

Мысалы, *жүлдегер, ақта, ақылды, бәлеқор* сияқты туынды сөздердің жаңа мағынасы *жүлде, ақ, ақыл, бәле* сөздерінің негізінде жасалған, сондықтан олар негіз сөздер деп аталады. Осы негіз сөздердің мағынасы мен туынды *жүлдегер, ақта, ақылды, бәлеқор* сөздерінің мағынасы байланысты. Ол мағына байланыстылық негіз сөздің мағынасының туынды мағынаға арқау болғандығынан туып тұр. Сонымен туынды сөздің негіз сөзі болатын лексикалық бірліктер туынды мағына жасау үшін қажет.

Туынды сөз жасауға қатысатын лексикалық бірліктерге қойылатын негізгі талап оның лексикалық мағынасы болуы екен. Ал оның тұлғасы мен құрамына ешбір шек қойылмайды, сондықтан туынды сөздің негіз сөзінің қызметін негізгі түбір сөз де, біріккен сөз де, қысқарған сөз де атқара береді.

Мысалы, *көгер, түндік, айлық, өртең* деген туынды сөздерге негізгі түбір сөз негіз болған. Ал *егінші, өнімсіз, білімпаз, сәнқойлық* дегендерге *егін, өнім, білім, сәнқой* деген туынды түбірлер негіз болған. Сондай-ақ *белбеусіз, колхоздас* деген туындыларға біріккен сөз бен қысқарған сөз негіз болған. Осы туынды сөздердің бәрінде негіз сөз қызметін түрлі құрамды, түрлі тұлғалы сөздер атқарған. Бірақ олардың бәрі де - лексикалық мағыналы сөздер яғни туынды сөздерге лексикалық мағыналы сөздер негіз болады, онсыз синтетикалық тәсіл арқылы туынды сөз жасалмайды.

Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды түбірлердің мағынасы оның құрамындағы

негіз сөзге байланысты. Негіз сөз яғни негізгі морфеманың мағынасы туынды түбірдің мағынасына арқау болады. Сондықтан оның мағынасы мен туынды лексикалық мағына байланысты болады. Бұл тек туынды түбірлерге, синтетикалық тәсілге ғана қатысты мәселе емес, ол - жалпы сөзжасамға қатысты қалыптасқан, толық, катал сақталатын заңдылық.

Туынды сөздің жасалуына негіз болған сөз бен одан жасалған туынды сөздің мағына байланыстылығы арқылы туынды түбірдің қай сөзден не арқылы жасалғанын түсіндіруге болады. Мысалы, *өнім* деген туынды түбірдің лексикалық мағынасы өну арқылы шыққан заттың аты.

Ал негізгі түбір сөздердің мағынасының неге олай екенін түсіндіру мүмкін емес: *күн, ай, көк, жел* т.б.

Сонымен сөзжасамдық мағынаны негіз сөз бен туынды түбірдің мағына байланыстылығы арқылы ажыратуға болады.

Негіз сөз дегеніміз - туынды сөзді жасауға негіз болатын лексикалық мағыналы сөз. Мысалы, *дәрігер, аңшы, өнерпаз* деген туынды түбірлердегі негіз сөздер: *дәрі, аң, өнер*. Міне, сонда дәрі мен дәрігер, аң мен аңшы, өнер мен өнерпаз деген сөздердің мағынасы байланысты. Өйткені *дәрігер* деген сөздің жасалуына *дәрі* деген сөз негіз болған, сондықтан ол *дәрігер* деген туынды сөздің мағынасына кірген, сол арқылы *дәрі* мен *дәрігер* деген сөздің мағыналық байланысы туған. Сол сияқты *аң* мен *аңшы* сөзінің мағыналық байланысы *аң* сөзі арқылы туған. *Өнер* мен *өнерпаз* да сол сияқты. Жалпы туынды түбір атаулының бәрінде осы заңдылық сақталады. Орыс тіл білімінде оны “мотивированность значения” деп атайды. Бұл ғылымда әдетте туынды түбірмен байланысты айтылады.

Туынды түбір сөз бен негіз сөздің мағына байланыстылығы, әсіресе, сөзжасамдық ұяда анық көрінеді. Созжасамдық ұяға бір негізгі түбірден өрбіген толып жатқан туынды түбірлер жатады. Мысалы, “Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі” атты 1989 жылғы монографияда *бас* сөзінен (есім, етістік мағынасындағы) 137 туынды түбір жасалғаны келтірілген.

Осы туынды түбірлердің бәрінің мағынасы *бас* сөзімен байланысты. Ол жалғыз осы сөзжасамдық ұяның ерекшелігі емес, жалпы әр сөзжасамдық ұяда қанша туынды түбір болса да, олар бір-бірімен мағына жағынан байланысты болады. Өйткені бір ұядағы туынды түбірлердің бәрінің құрамынан ұяның негіз сөзі орын алады

да, ұядағы туынды түбірлердің мағына байланыстылығын туғызады.

Туынды түбірдің құрамындағы негіз сөздің лексикалық мағыналы сөзден болуы міндетті саналуы оның туынды түбірдің лексикалық мағынасына арқау болуымен байланысты. Туынды түбірлердің құрамында негіз сөздің өзіндік атқаратын қызметі - жаңа лексикалық мағынаға арқау, өзек болу.

Синтетикалық тәсілдегі екінші тұлға, екінші тілдік бірлік сөзжасамдық *жұрнақ*. Синтетикалық сөзжасамда *жұрнақ* негізгі мүше болып саналады, оның қатысынсыз синтетикалық тәсіл арқылы ешбір туынды түбір жасалмайды.

Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер туынды түбір деп аталады. Туынды түбір негіз сөзден сөзжасамдық *жұрнақ* арқылы жасалады.

Мысалы, *байпақ+шаң>байпақшаң, сыр+лы>сырлы, түн+ек>түнек, шүкір+лік>шүкірлік, әсем+паз>әсемпаз, құлын+да>құлында* т.б.

Сонымен туынды түбірлер бір негізгі морфема мен бір көмекші морфемадан тұрады. Мысалы, *өнерпаз* < *өнер* (негізгі морфема) + *паз* (көмекші морфема). Осы сияқты барлық туынды түбірлер негізгі морфема мен көмекші морфемадан яғни *жұрнақтан* тұрады: *төстік* < *төс+тік*, *аспаз* < *ас* + *паз*, *жерлес* < *жер* + *лес*, *куәгер* < *куә* + *гер*, *сынық* < *сын* + *ық*, *сына* < *сын* + *а*, *кемі* < *кем* + *і* т.б.

Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды түбірлердің құрамындағы морфемалардың әрқайсысының орны бар, негізгі морфема бірінші орында тұрады, көмекші морфема яғни *жұрнақ* екінші орында, негізгі морфема яғни лексикалық бірліктің соңында тұрады. Туынды түбірдің құрамындағы морфемалардың орны тұрақты.

Бұл заңдылықтан ауытқу тек басқа тілден кірген кейбір морфемаларда кездеседі. Мысалы, *бисаясат, бейкүнә* т.б. Мұндай жағдай біздің тіліміздің заңдылығына жатпайды.

Туынды түбір жасаушы *жұрнақтың* да атқаратын өзіндік қызметі бар. Оның негізгі қызметі - туынды лексикалық мағына жасау. Сондықтан көпшілік сөзжасамдық *жұрнақтар* лексикалық жаңа мағына жасайды. Мысалы, *ойыншық* туынды түбірін жасаған *-шық* *жұрнағы ойын* негіз сөзінен басқа лексикалық мағына яғни ойынға керек, ойнайтын заттың атын жасаған. Сонда мұндағы *ойын* сөзінің лексикалық мағынасы мен *ойыншық* туынды түбірінің лексикалық мағынасы екі басқа.

тектес емес, қызылмен басқа түс араласқан түс, сондықтан ол қызыл ала аталған. *Топпақ жілік* - жіліктің бір түрінің аты, *суық торғай* - торғайдың бір түрінің аты, *су жылан* - жыланның суда жүретін түрінің аты, *елу бес*, *алты мың отыз бес*, *қырық алты* деген күрделі сөздер 3 түрлі санның аттары.

Тіркестіру арқылы жасалған күрделі сандардың жоғарыдағы мысалдарда құрамдары түрлі болғанына қарамастан, олардың әрқайсысы бір ғана лексикалық мағына беріп, бір сөз болып саналады, бір сөздің қызметін атқарады. Басқа тілдерде мұндай біртұтас мағыналы аталымдар бірге жазылады.

Қысқарту тәсілі бұрын қазақ тілінде кісі аттарымен байланысты ғана қолданылған. Кісі аттарын қысқарту дүние жүзі тілдерінде бар әдіс. Бұл әдіс тілімізде қазір де өнімді. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлы өз кезінде Ақаң аталған, оны бүкіл қазақ халқының бәрі Байтұрсынов деп түсінген. Қазір *Жұмеке*, *Асеке*, *Қанеке* сияқты қысқартулармен қатар *Нұраға*, *Сераға* сияқты қысқарту қолданысы жиі кездеседі. Бір кездерде Серке Қожамқұловты Сераға атағаны сол замандағы адамдарға мәлім. Қазір осы үлгі тарай бастады.

Ал күрделі атауларды қысқартып қолдануда совет дәуірі кезінде тілімізде орыс тілінің үлгісі қабылданылды. Бұл да қазір қолданыста. Мысалы, *теледидар*, *ҚазҰУ* (Қазақ ұлттық университеті), *АлМУ* (Алматы мемлекеттік университеті), *АҚШ* (Америка Құрама Штаттары), *ЕҚЫҰ* (Европадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы) т.б.

2.3.3. Лексика-семантикалық тәсіл

Лексика-семантикалық тәсілде сөздің құрамы, тұлғасы ешбір өзгеріске түспейді, өзгеріс тек сөздің мағынасында ғана болады. Сөз дыбыстық, морфемдік құрамын сақтай отырып, тілдегі бұрынғы қолданылып жүрген мағынасының үстіне жаңа мағына қосып алады, тілде жаңа мағынасында да қолданыла бастайды. Сөздің тек мағынасында өзгеріс болатындықтан, бұл тәсіл лексика-семантикалық тәсіл аталған. Бұл сөзжасамдық тәсіл көне заманнан бері қарай қызмет атқарып келеді.

Тіліміздегі *ақ* деген сөз түсті білдіретін сын есім екені белгілі: *ақ орамал*, *ақ жаулық*, *ақ көйлек* сияқты қолданыстар әбден таныс. Осы *ақ* сөзінің тілде басқа да толып жатқан мағынасы бар:

1) *Ақ* - адал мағынасын береді. Мысалы: *Ақ жүрген адам азбас* (мақал). Барымтамен алдырған әлекімдердің ақ адал малдары болатын (Әуезов).

2) *Ақ* - сүт, айран, қатық, қымыз, шұбат сияқты тағамдар. Мысалы: Ұлжанның күз уақытында Зере мен балаларға әзірлеп отыратын ағы осы болатын (Әуезов).

3) *Ақ* - ақиқат шындық. Мысалы: *Жұмыр басты пендеге - өлім ақ* (Мәтел).

Осы мысалдардағы түс мағынасындағы *ақ* бұл сөздің негізгі мағынасы, *ақ* тілде негізгі мағынасында да қазір қолданыста. Ал осы сөз тілде кейін басқа мағыналарды қосып алғаны мысалардан көрінеді. Олар: “адал,” “тағам аты”, “ақиқат, шындық” деген мағыналар.

Міне, бұл мағыналар тілдегі түрлі қолданыста қалыптасқан. Әр мағынасында олар бір-бірімен омоним жасаған.

Осы сияқты тілдегі қолданыста басқа мағыналарды қосып алып, тағы бір сөздің қызметін атқарып жүрген сөздер өте көп. *Өзі бір безер адам* дегендегі *безер* сын есім. Тілдегі негізгі мағынасында ол - *сен онан безер едің* түрінде қолданылады. Осы екі мағынада ол - екі сөз.

Қанытезер адам, *қимас дос*, *қиыспас дос* деген мысалдардағы *қанытезер*, *қимас*, *қиыспас* сын есімге көшкен сөздер. Түсіндірмелі сөздікте оларды сын есім деп берген.

Лексика-семантикалық тәсіл арқылы зат есімге заттану арқылы көшкен сөздер өте көп: *бүлдірген*, *ағарған*, *қорған*, *қамал*, *айтыс*, *қоршау*, *ақ*, *асыр*, *жетісі*, *қырқы*, *жүзі* т.б.

Зат есім сөздердің ішінде өзіне басқа мағынаны қосып алып, екінші сөздің қызметін атқарып жүрген сөздер де аз емес. Мысалы, *құн* - экономикалық термин, *екпін* - тіл біліміндегі термин, *буын*, *сөз*, *мағына*, *есім*, *шылау*, *одағай*, *үстеу* дегендер де сол сияқты. Мұндай термин мәнін алған сөздер әр ғылымда да баршылық. *Тенеу*, *суреттеу*, *өлең*, *әңгіме* - әдебиет саласындағы терминдер. Ал, *қимыл*, *қозғалыс* сияқты терминдер физикада, *үш бұрыш*, *төрт бұрыш*, *көбейту*, *қосу*, *алу* сияқты терминдер математикада көптен қолданылып келеді.

Адам мүшесіне байланысты терминдер медицинада өте көп. Олар - осы сөздердің жаңа мағынасы.

Лексика-семантикалық тәсіл арқылы сөздің жаңа мағынаға көшуіне байланысты сөз бір сөз табынан екінші сөз табына ауысады, оны ғылымда конверсия деп атайды. Конверсия жолымен жаңа

жасалуы - өте көп тараған тәсіл, оның ішкі ерекшеліктері де бар.

Лексика-семантикалық тәсілде сөз мағынасының өзгеруіне байланысты ол үнемі бір сөз табынан екінші сөз табына ауыса бермейді. Сондықтан лексика-семантикалық тәсілдің іштей айырмасы бар:

1) сөздің жаңа мағына алуына байланысты басқа сөз табына көшуі;

2) сөз жаңа мағына алса да, сөз табын өзгертпей өз сөз табының құрамында қалуы.

Сөздің жаңа мағына алуына байланысты басқа сөз табына көшуі. Ешбір тілдік бірліктің көмегінсіз, сөз дыбыстық құрамын сақтай отырып, сөз мағынасы өзгеріп, басқа сөз табына көшеді. Мысалы, *қорған, айтыс, жарыс, бірге, біреу, басқа, өзге* т.б. Бұл сөздердің дәл осы тұлғада, осы құрамда тілде басқа мағыналары бар және ол мағыналары алғашқы негізгі мағынаға жатады. Олар:

1) *қорған, айтыс, жарыс* - етістік, қимыл, *бірге, біреу* - сан есім, сандық ұғым, *басқа* - сын есім, *өзге* - есімдік.

Жоғарыда осы сөздердің: 1) *қорған, айтыс, жарыс* зат есімге көшкен мағынасы, 2) *біреу* - есімдікке көшкен мағынасы, 3) *бірге, басқа, өзге* - сын есімге көшкен мағынасы келтірілді.

Сөздің жаңа мағынаға ие болуы, сол арқылы басқа сөз табына көшуі түрлі жолмен іске асады. Оның ішінде ғылымда заттану (субстантивация) тілдерге кең тараған түрі. Ал заттану - көбіне ықшамдау заңдылығына байланысты болатын құбылыс. Мысалы, қазіргі тілде *бір жұма, бір жеті* деген тіркестер бір-бірімен мағыналас. Осындағы жеті (апта) сөзінің заттық мағынасы алғаш “жеті күн” мағынасында қолданылып, *күн* сөзінің қолданыста түсіп қалып, ықшамдалуынан оның заттық мағынасы *жеті* сөзіне көшкен, сонда *жеті* сөзінің заттануына күн сөзінің қолданыстан шығуы себеп болған.

Үші, жетісі, қырқы, жүзі, тоқсан (оқу мезгілі) сөздері де осы ретте заттанған. *Соққан, туысқан, суыртпақ, қашаған, туған* сияқты зат атаулары да жоғарыдағы сияқты сөздермен бір жол, тәсіл арқылы заттанған.

Бір, біреу сөздерінің есімдікке көшуі, *бірге, басқа, өзге, кетеген, қашаған* сөздерінің сын есімге көшуі, *бірден, етпетінен, басқа, текке, зорға, бекерге, әреңге, алға, артқа, әзірге, қазірге, күнге, кейде, артта, алда, баяғыда, қапыда, қапелімде, әуелден, ежелден, шетінен, лажсыздан, төтеден, шынымен, жайымен, түйдегімен* т.б. осы сияқты сөздер үстеу-

ге көшуі көнеру арқылы жүзеге асқан. Бұл сөздер тілде осы тұлғада, осы қосымшалармен қолданылып жүріп, бірте-бірте басқа мағынаға ие болып, жаңа мағынасына қарай сөз табын өзгерткен, бұл үрдісте сөйлем (контекст) үлкен қызмет атқарған.

Келтірілген мысалдар тілдің сөздік құрамын байытуда лексика-семантикалық тәсілдің өзіндік орны барын білдіреді.

Сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған туынды сөздердің бәрі сөзжасам процесінің нәтижесіне жатады. Сондықтан туынды сөздер сөзжасам ілімінің зерттеу нысаны болып табылады да, сөзжасам жүйесінде негізгі орын алады.

2.4. СӨЗЖАСАМДЫҚ МАҒЫНА

Сөзжасам өмірде пайда болған жаңа ұғымдарды атау қажеттігін өтеу үшін қызмет етеді. Жаңа аталымар (номинациялар) сөзжасамдық түрлі тәсілдер арқылы жасалатыны белгілі болды. Тәсілдердің түрлілігіне байланысты сөзжасам үрдісіне түрлі сөзжасамдық бірліктер жаңа мағына, жаңа аталымның жасалуына түрлі дәрежеде қатысады. Мысалы, *әнші, жұмысшы, малыш, суретші, жыршы, биші, орманшы, балықшы, саяхатшы, сыбызғышы, қобызшы* т.б. осы типтегі туынды сөздерді алсақ, олардың құрамындағы негізгі морфема да, көмекші морфема да олардың мағынасының жасалуына қатысып тұр. Осы туындылардағы негіз сөз жаңа мағынаның жасалуына арқау болған. Ал осы туынды түбірлердегі *-шы, -ші* жұрнағы оларға мамандық мәнін қосқан. Осының нәтижесінде *әнші* - ән айтатын адам, *жұмысшы* - жұмыс істейтін адам, *малшы* - мал бағатын адам, *суретші* - сурет салатын адам, *жыршы* - жыр айтатын адам, *биші* - би билейтін адам, *орманшы* - орманды бақылайтын адам, *балықшы* - балық аулайтын адам, *саяхатшы* - саяхат жасайтын адам, *сыбызғышы* - сыбызғы тартатын адам, *қобызшы* - қобыз тартатын адам дегенді білдірген. Алғаш осы ұғымды білдіруден туған бұл сөздер кейін мамандық мәніне ие болған.

Бұл туынды түбірлердегі *-шы/-ші* жұрнағы мамандық мәнін беріп тұр, ал негіз сөздер ненін маманы екенін білдірген. Келтірілген туынды түбірлердің құрамындағы сөзжасамдық бірліктер (негіз сөз бен жұрнақ) туынды мағынаны жасауға қызмет еткен. Сондықтан да олар сөзжасамдық бірліктерге жатады.

Мұндай туынды сөздердің қандай негіз сөзден жасалғанын ажырату қиын емес, өйткені туынды

сөздің лексикалық мағынасы мен негіз сөздің мағынасы байланысты болады. Бұл мағыналық байланыс арқылы туынды сөздің қандай негіз сөзден жасалғанын табуға болады. Бұл ерекшелік сөзжасамдық типтерге қатысты.

Алайда сөзжасамдық тәсілдердің түрлілігіне байланысты туынды сөз бен негіз сөздің арасындағы мағыналық байланыс үнемі жоғарыдағыдай бола бермейді.

Сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілінде сөз бір сөз табынан екінші сөз табына өтеді. Мысалы, *айтыс* - етістік, *айтыс* - зат есім. Мұнда етістік мәнді сөз заттық ұғымды білдіріп, зат есімнің грамматикалық көрсеткішітерімен түрленетін болды. Мысалы, *айтысты жалғастыр, айтысқа түс*. Бірақ осы сөздің екеуінің де негізгі лексикалық мәнінде айырма жоқ деуге болады. Келесі бір туынды сөздерде негіз сөздің мағынасы толық сақталып, оған үстеме мағына ғана қосылады. Мысалы, *әкетай, балапан, дөңес, адыршық* т.б.

Алон сегіз, белбеу, әжел, білезік, бозторғай, келін кет сияқты сөздердің мағыналары олардың құрамындағы сөзжасамдық бірліктердің мағыналарының қосындысынан жасалғаны анық байқалып тұр.

Бұл келтірілген мысалдар туынды сөздердің жасалу жолы және сөзжасамдық бірліктері қандай түрлі болса, сөзжасамдық мағына да түрлі екенін көрсетті.

Ғылымда сөзжасамдық мағына туралы ғалымдар пікірі де түрліше. Оларды ғалымдар екіге топтастырып қарап жүр. Олар: жиынтық мағына (суммарное значение), айырма мағына (разностное значение).

Сөзжасамдық айырма мағына деп негіз сөз бен одан жасалған туынды сөздің арасындағы мағыналық айырмашылық аталады.

Жиынтық мағына деген бағыттағы ғалымдар сөзжасамдық мағына деп негіз сөз бен жұрнақтың мағынасының қосындысынан шыққан мағынаны атайды.

Сөзжасамдық мағынаны оны жасауға қатысқан сөзжасамдық бірліктерсіз қарау мүмкін емес. Негіз сөз бен оған қосылған сөзжасамдық жұрнақ не лексикалық екінші сөзден (күрделі сөздерде) туынды сөз жасалатын болса, олар туынды мағынаны жасаушылар, өйткені оларсыз туынды сөз жасалмайды. Сондықтан да олар сөзжасамдық бірліктер болып саналады. Олай болса, туынды мағына да оларсыз жасалмайды. Сондықтан туынды мағынаны сөзжасамдық бірліктердің

мағыналарының жиынтығы деп қараудың ғылыми негізі бар. Туынды сөздің құрамындағы тұлғалар оның мағынасын жасаушылар болғандықтан, оларсыз туынды мағынаны анықтау мүмкін емес. Бірақ туынды сөздің мағынасын негіз сөзбен салыстыру арқылы да дәлелдеуге болады, өйткені салыстыру туынды сөздің мағынасын негіз сөзден басқа екенін көрсетеді, немесе негіз сөзден туынды сөздің мағынасында қандай болса да, бір өзгешелік барын көрсетеді. Сол мағыналық ерекшелік туынды сөздің мағынасы болып табылады. Сондықтан ғалымдар туынды сөздің мағынасын екі түрлі бағытта зерттегенімен, ол екеуі де туынды сөздің мағынасын анықтау үшін қызмет етеді. Сондықтан туынды сөздің мағынасын анықтауға бұл екі бағыттағы зерттеудің екеуін де қолдану қажет. Алдымен негіз сөз бен туынды сөзді салыстырып, ол екеуінің арасындағы айырманы табу қажет. Бұл салыстыруда негіз сөз бен туынды сөздің арасындағы айырмашылыққа қарап, ол екеуінің екі сөз екенін анықтау қажет. Мұнда негіз сөзден екінші сөз жасалғаны белгілі болады.

Содан келіп туынды сөздің құрамындағы негіз сөз бен жұрнақтың сөзжасамдық мағына жасауға қатысы анықталады. Сөзжасамдық мағына туынды сөздің құрамындағы тұлғалардың мағынасының қосындысы деген ұғым бойынша олардың әрқайсысының мағына жасауға қатысы анықталады.

Ал тілдегі сөзжасамдық бірліктер түрлі-түрлі, әсіресе, олардың бір-бірімен қатысы алуан түрлі. Ол жағдай сөзжасамдық мағынаға әсер ететіні сөзсіз. Сондықтан сөзжасамдық бірліктердің қай түрлері қандай жағдайда бір-бірімен қандай қарым қатыста болуын анықтау қажет, ол туынды мағынаны айқындауға көмектеседі.

2.4.1. Мағынаның негізділігі

Жалғамалы, қосымшалы тілдерде синтетикалық сөзжасамдық тәсіл үлкен орын алатыны белгілі. Қазақ тілі әрі қосымшалы, әрі жалғамалы тіл болғандықтан, біздің тілімізде жұрнақ арқылы сөз жасау ең өнімді тәсілдердің бірі екені айтылды. Олай болса, бұл тәсілде негіз сөз бен жұрнақ арасында сөзжасамдық қатыс болады. Осы екі бірліктің сөзжасамдық қатысында екі бірлік екі түрлі қызмет атқарады. Негіз сөз жасалатын туынды сөздің лексикалық мағынасына өзек болады. Осымен байланысты туынды мағына негіз сөздің мағынасымен байланысты болып шығады. Мысалы, *балтала, қарала, жақсыла, тазала*

деген туынды етістіктер *балта, қара, жақсы, таза* деген есім сөздердің туынды сөзге негіз болуы арқылы жасалған. Осы туынды сөздердің бәрінің мағынасы негіз сөздердің мағынасымен байланысты: *балтала* - балта арқылы жасалатын қимылының аты, *қарала* - қараға айналдыру қимылының аты, *жақсыла* - жақсыға айналдыру қимылының аты, *тазала* - тазаға айналдыру қимылының аты. Бұлар - бір сөзжасамдық тип арқылы жасалған туынды сөздер. Сондықтан мұндағы жұрнақ *-ла* есім сөздерге қимыл мағынасын қосып, есім сөздерден етістік жасаған яғни туынды сөздер негіз сөздерден басқа сөз табының сөзіне айналған, олардың сөз табы категориясы өзгерген.

Негіз сөздің лексикалық мағынасының туынды сөздің лексикалық мағынасына арқау, өзек болуы негіз сөз бен туынды сөздің мағыналық байланысын туғызатыны түбірлес сөздерде, сөзжасамдық ұяда, сөзжасамдық жұпта, сөзжасамдық тізбекте анық көрінеді.

Бір негізгі түбірден түрлі мағыналы жұрнақтар арқылы жасалған туынды түбірлер түбірлес сөздер аталады. Мысалы, *сан-сана-санаулы, жи-жиын-жина-жиналыс, ек-егін-егінші-егіншілік* деген сөздерде 3 түрлі түбірлес сөздер бар, олар *сан, жи, ек* негізгі түбірлерден жасалған 3 түрлі түбірлес сөздер. Бұлардың әрқайсысында да түбірлес сөздер толық қамтылмаған. Өйткені олар сөзжасамдық ұяның бір тізбектері ғана. Түбірлес сөздерді сөзжасамдық ұя ғана толық қамтиды. Бір сөзжасамдық ұяда қанша туынды сөз болса, оның бәрі түбірлес сөзге жатады да, ондағы туынды сөздердің бәрінің мағыналары байланысты болады, өйткені олар - бір негізгі түбірден өрбіген, жасалған туынды түбірлер. Түп негіз сөз олардың мағына байланыстылығын туғызады. Ол сөзжасамдық жұптан (*өн-өнім* т.б.) басталып, сөзжасамдық ұяның бірінен-бірі тікелей өрбитін сөзжасамдық тізбектерінің бәріне қатысты, сөзжасамдық ұяның әр сатысында қанша туынды сөз жасалса да, олар да бір-бірімен мағыналық байланыста болады. Сөзжасамдық ұяда мағыналық байланыссыз сөз болмайды. Ол мағыналық байланыс сөзжасамдық ұядағы негіз сөзге, әр жұптағы негіз сөзге сөзжасамдық тізбектегі туынды сөздердің біріне-бірі негіз болып, негіз сөз бен негізді сөзден құралуына байланысты. Бұл мағына негізділігінің мағына байланыстылығын туғызуына тікелей қатысты.

Туынды сөздердің негіз сөздері лексикалық мағынаның жасалуына қызмет етіп, оның негізін

қаласа, жұрнақ ол лексикалық мағынаның сөз табылық категориясын өзгерткен. Чех ғалымы М.Докули сөзжасамдық мағына ономазиологиялық категория деп санап, оны сөзжасамдық көрсеткішпен байланыстырған. Туынды сөздердің мағыналары негіз сөздің мағынасының негізінде туады. Мысалы, *жасар, көгер, бөлме, әсерлі* сияқты туынды түбірлердің мағынасы *жас, көк, бол, әсер* деген негіз сөздердің мағынасының негізінде туған. Сондықтан негіз сөздер мен олардан жасалған туынды түбірлердің мағынасы байланысты болады. Туынды сөздердің мағынасы негіз сөздің мағынасына негізделіп жасалатындықтан, туынды сөздер негізді сөздер деп аталады делінген.

Демек, мұнда туынды сөз мағынасын жасау тек жұрнақтың мағынасымен шектелмей, негіз сөздің туынды сөздің мағынасын жасауда үлкен қызмет атқаратыны байқалды. Ал негіз сөздің мағынасын қалай өзгерту жұрнаққа байланысты. Сондықтан синтетикалық сөзжасамда негіз ғана туынды сөз жасаушы бірден-бір тұлға емес, онда жұрнақтың мағына жасауға қатысатыны сөзсіз. Сондықтан туынды мағына жасауда негіз сөзбен бірге жұрнақ та қызмет атқарады. Осымен байланысты ғалымдардың бір тобы сөзжасамдық мағына туынды сөздің құрамындағы негіз сөз бен қосымшаның мағынасы арқылы жасалатын жыынтық мағына деп санайды. Бұл пікірмен келісу орынды, өйткені жұрнақ негіз сөздің мағынасын өзгертеді, оған үстеме мағына қосады. Яғни негіз сөзге жұрнақ қосылғанда, негіз сөздің мағынасы өзгеріссіз қала алмайды.

Жұрнақтың осы қасиеті ерекше көзге түсіп, ғалымдар көп уақытқа дейін, сөзжасамда негіз сөзді ескермей, тек жұрнаққа ғана мән беруіне бұл себеп болды. Бұл жағдай - синтетикалық сөзжасамда жұрнақтың да қызметі күшті екеніне дәлел, ол сөзжасамда жұрнақ мәселесінің елеусіз қалмауына негіз болды.

Сөзжасамдық жұрнақ туынды мағына жасауда негіз сөзбен қатар, негіз сөзбен бірге қызмет етеді. Негіз сөз бен жұрнақтың қызметтерін бірінен-бірін бөлуге болмайды, олардың екеуінің де туынды мағынаға қосатын үлестері бар. Сондықтан да ғылымда туынды мағына негіз сөздің мағынасы мен жұрнақтың мағынасының қосындысы деген ұғым кең тараған. Алайда, жұрнақ негіз сөзсіз өз қызметін атқара алмайтынын ұмытпау керек.

Сөзжасамдық жұрнақ атаулы сөз таптарымен байланысты, яғни оның мағынасы да белгілі сөз табына қатысты. Бүкіл сөз табына ортақ жұрнақ

жок, жұрнақтар сөз табына байлаулы деуге болады. Бұл жұрнақтың жалпы ерекшелігі.

Жұрнақтардың әрқайсысының әр сөз табына телулі болуы олардың мағынасымен байланысты. Әр сөз табының жұрнағы сол сөз табының мағынасын білдіреді, сондықтан да жұрнақтар сөз табына телулі.

Осымен байланысты негіз сөзге жұрнақ қосылғанда, оған жұрнақ өз мағынасын үстейді де, оны өз сөз табының категориясына не оның ішкі ерекшелігіне көшіреді. Сондықтан да ғалымдар сөзжасамдық мағынаны сөз табылық категория мағынасы тұрғысынан қарастырады. Анығырақ айтқанда, жұрнақ негіздің мағынасына өз мағынасын қосып, басқа сөз табылық категорияға көшіреді. Бір сөз табы болғанда, оның ішкі ерекшелігіне ауыстырады.

Сонымен жұрнақ өз мағынасын негіз сөзбен қосылып, іске асырады. Жұрнақ беретін мағына негіз сөздің туынды мағынаға қатысы арқылы жүзеге асады, негіз сөздің мағынасына сүйенбей, туынды мағына жасалмайды. Бұл туынды сөздің мағынасының негіз сөздің мағынасы негізінде жасалатынын дәлелдейді.

Туынды сөз мағынасы қай тәсілмен жасалса да, онда мағына негізділігі, зандылығы сақталады.

Туынды сөздің мағына негізділігі аналитикалық тәсіл арқылы жасалған күрделі сөздерге де қатысты. Күрделі сөздердің туынды мағынасы оның құрамындағы лексикалық мағыналы сыңарлардың мағынасының негізінде жасалады. Мысалы, *онкүндік*, *шекара*, *орынбасар* сияқты күрделі сөздердің қазіргі мағынасы олар жасалған *он+күндік*, *шек+ара*, *орын+басар* деген сыңарлардың мағынасына негізделіп жасалған.

Сол сияқты *тоқсан* (оқу мерзімі), *қырқы*, *туысқан*, *екпін* (термин) т.б. осы сияқты лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған сөздердің жаңа мағынасы осы сөздердің тілдегі негізгі мағынасы негізінде жасалған. Мұнда туынды сөздің мағынасы негіз сөздің мағынасы арқылы түсіндіріледі.

Демек, туынды сөздің жасалуында туынды мағынаның негізділігі өзекті мәселеге жатады.

2.4.2. Мағынаның түрлендірілуі

Негіз сөз бен туынды сөз арасындағы қарым-қатынасты салыстырғанда, сөзжасамда туынды сөздің лексикалық мағынасында негіз сөздің лексикалық мағынасы толық сақталып, оған тек үстеме мағына қосылады да, туынды

сөз негізгі мағынаның түрленуінен жасалады. Мысалы, *бел-белес*, *қала-қалашық*, *бала-балақан*, *тұмсық-тұмсықша*, *жеңешетай* т.б. Бұларда негіз сөздің лексикалық мағынасы туынды сөзге толық сақталған, бірақ оның үстіне туынды сөзде түрлі мағына қосылған. Бұл орыс тіл білімінде “модификационное значение” деп аталады. Қазақ тілінің сөзжасамында ол зат есім, сан есім сөзжасамдарында орын алады.

2.4.3. Мағынаның көшірілуі

Негіз сөз бен туынды сөздің арасындағы қатыстың үшінші түрінде туынды сөздің мағынасы негіз сөздің мағынасын басқа сөз табына көшіру арқылы жасалады. Мұнда негіз сөздің де туынды сөздің де беретін лексикалық мағынасы бір ұғымды білдіреді. Мысалы, *гүрс-гүрсіл*, *тарс-тарсыл*, *қаңғырма* (етістік) - *қаңғырма* (сын есім), *қанық* (етістік) - *қанық* (сын есім), *қатар* (зат есім) - *қатар* (үстеу).

Осы келтірілген мысалдардың біріншілері - негіз сөздер, екіншілері - туынды сөздер. Олардың лексикалық мағыналары бір ұғымды білдіреді, бірақ сөз таптары басқа-басқа. Негіз сөздің лексикалық мағынасы сақтала отырып, туынды сөздің сөз табы өзгерген. Бір сөз табынан олар басқа сөз табына көшкен, сондықтан бұлар мағынаның басқа сөз табына көшірілуі арқылы жасалған сөздерге жатады. Негіз сөздің мағынасының басқа сөз табына көшірілуі арқылы жасалған сөздер тілде бірсыпыра. Ол зат есім, есімдік, сын есім, үстеу сөз таптарының сөзжасамынан орын алады.

2.4.4. Мағынаның теңбе-теңдік қатысы

Туынды сөздің лексикалық мағынасы негіз сөздің, не сөз тіркесінің мағынасымен тең түсетін де кездері бар. Бұл сөзжасамның қысқарту арқылы жасалған түрлеріне қатысты. Мысалы, БҰҰ - Біріккен Ұлттар Ұйымы, Алматы - Алматы мемлекеттік университеті, ҚазМХТУ - Қазақтың мемлекеттік халықаралық тілдер университеті, ҚазҰУ - Қазақ ұлттық университеті т.б.

Сөзжасамдық мағына туынды сөздің құрамындағы сөзжасамдық бірліктердің түрлі түрлі қарым-қатысқа түсуімен, солардың негізінде жасалатыны анықталды.

Ал сөзжасамдық мағына тек туынды сөздерде ғана болады. Яғни сөзжасамдық мағына - ту-

ынды сөздердің мағынасы. Сондықтан сөзжасамдық мағынаның негізгі түбір сөздерге қатысы жоқ. Мысалы, *ал, бер, көк, он, күн, ай* сияқты негізгі түбір сөздердің мағынасы сөзжасамдық мағынаға жатпайды, сондықтан осы сөздердің негізгі мағынасының қалай жасалғанын түсіндіру, дәлелдеу мүмкін емес.

Сөзжасамдық мағынаның қалай жасалғанын түсіндіруге болады, ол туынды сөздердің құрамына кірген сөзжасамдық бірліктер арқылы дәлелденеді. Сондықтан да туынды сөздердің құрамындағы сөзжасамдық бірліктердің бір-бірімен қандай қарым-қатысқа түскенін білу арқылы сөзжасамдағы туынды мағынаның қалай жасалғанын көруге болады. Анығырақ айтқанда, сөзжасамдық мағына - дәлелді мағына, негізгі түбірдің мағынасы - дәлелсіз мағына.

Сонымен сөзжасамдық бірліктердің бір-бірімен тығыз сөзжасамдық байланысқа түсуінің нәтижесінде солардың мағынасының негізінде жасалған біртұтас лексикалық мағына сөзжасамдық мағына деп аталады.

Сөзжасамдық мағыналы туынды сөздер тілдің сөздік құрамын байытып, лексикалық мағыналы сөздер қатарына қосылады. Сондықтан да бірсыпыра ғалымдар сөзжасамдық мағынаны аталым (номинация) теориясының шығуына байланысты ономазиологиялық тұрғыда қарастырып жүр. Әр сөз белгілі бір ұғымның аталымы, демек туынды сөз де ұғымның аты. Осы ретте туынды сөздің мағынасын ономазиологиялық тұрғыда қарап, туынды сөзді аталым деп қарау орынды.

Туынды сөз түрлі тәсілмен жасалып, түрлі құрамда болып, олардың бір-бірімен түрлі мағыналық қатысқа түсуі туынды сөз мағынасына әсер етеді. Ол сөзжасамдық мағына ерекшелігін туғызады. Олар, әрине, түрліше, дегенмен оларды жинақтап, ірі ерекшеліктерін көрсетуге болады:

1) сөзжасамдық мағынаның дара ұғымға байланысты және

2) күрделі ұғымға байланысты түрлері бар.

Көпшілік туынды сөздер дара ұғымды білдіреді. Мысалы, *дәрігер, егін, сөйле* деген туынды түбірлерді алсақ, олардың әрқайсысы белгілі дара ұғымның аты: *дәрігер* - адамдарды емдейтін мамандықтың аты, *егін* - егілетін зат, *сөйле* - адамдардың сөз арқылы ойын білдіру қимылы.

Ал туынды сөздің бәрі осындай мағынада бола бермейді. Мысалы, *алып кет, кіріп шық, жүз алпыс, отыз бес, елбасы, қызыл ала, қара торы* сияқты аналитикалық тәсіл арқылы жасалған

күрделі сөздердің мағынасы біртұтас лексикалық мағына болғанымен, олар білдіретін ұғым күрделі. Осындағы *алып кет, кіріп шық* күрделі етістіктерінің мағынасын дара етістіктермен салыстыру оны анық көрсетеді. Мысалы, *кел, кет, көр, ал, шық* т.б. осы сияқты дара етістіктердің әрқайсысы қимылдың бір ғана түрін білдіреді яғни дара қимылды білдіреді.

Ал талданып отырған *алып кет, кіріп шық* деген күрделі етістіктер де біртұтас лексикалық мағынаны білдіреді, бірақ олардың білдіретін қимылы жоғарыдағыдай дара қимыл емес, күрделі қимыл: алып кет қимылы екі қимылдың (алу, кету) жымдасуынан, кірігуінен туған. Сондықтан ол - дара қимыл емес, күрделі қимыл. *Кіріп шық* күрделі етістігі де сондай: *үйге кіріп шықсайшы* дегенде, әрине, кір де шық деген дара ұғымдар жоқ, кіріп шық шақыруды білдіреді. Бірақ күрделі қимылда яғни ол екі түрлі қимылдың кірігіп, тұтасуы арқылы біртұтас күрделі қимылдың атын жасаған.

Сол сияқты *жүз алпыс, отыз бес* деген сан атаулары - біртұтас мағыналы сөздер, *жүз алпыс* - бір санның аты, *отыз бес* - бір санның аты. Олар екі түрлі сөздер. Бірақ осы екі түрлі сан атаулары күрделі сандық ұғымды білдіреді. *Жүз алпыс* жеке алғандағы жүз де емес, алпыс та емес, ол үшінші санның аты, *отыз бес* те сондай. Бірақ олар білдіретін сандық ұғым күрделі. Сондықтан бұл сан атаулары күрделі ұғымды білдіреді. Тілімізде не бәрі жиырма шақты сан атаулары ғана дара ұғымды білдіреді. Қалған сан атаулары (миллион, миллиардтарға дейінгі) түгел күрделі ұғымдарды білдіреді.

Елбасы - елді басқаратын адам ұғымын қамтып, күрделі ұғымды білдірсе, *қызыл ала, қара ала* дегендер бірнеше түстен тұратын түсті білдіріп, түстің күрделі ұғымын білдіріп тұр.

Күрделі ұғым күрделі сөздермен байланысты екені келтірілген мысалдардан көрінеді. Күрделі ұғым күрделі сөздердің сыңарларының мағынасынан туады. Күрделі сөздің мағынасы оның құрамындағы сыңарлардың мағыналарының қосындысынан жасалады. Ал күрделі сөздің жасалуы өмірде күрделі ұғымдардың, күрделі құбылыстардың болуымен байланысты.

Келтірілген мысалдар тілдегі сөздердің білдіретін ұғымы дара, күрделі болуына байланысты сөзжасамдық мағынаның да дара мәнді, күрделі мәнді түрлері барын дәлелдейді.

Ғылымда сөзжасамдық мағынаны өзгертілген мағына, түрлендірілген мағына деп екі топқа

бөліп қарастыру қалыптасқан. Ол - қазақ тіліндегі туынды сөздердің мағынасында да бар құбылыс. Сонымен байланысты сөзжасамдық мағынаны өзгертілген (деривациялық) мағына және түрлендірілген (модификацияланған) мағына деп топтастыруға болады.

Өзгертілген сөзжасамдық мағынаны сөзжасамда негізгі мағыналық топ деп санауға болады. Тілдегі туынды сөздердің басым көпшілігінің мағынасы өзгертілген сөзжасамдық мағынаға жатады. Өзгертілген сөзжасамдық мағыналы туынды сөздердің бәрінде негіз сөздің мағынасы өзгеріп, негіз сөз бен одан жасалған негізді сөз яғни туынды сөздің мағыналары басқа-басқа болады. Мысалы, *ек* етістігінен жасалған *егін* сөзінің мағынасы мен *ек* етістігінің мағынасы басқа-басқа.

Өзгертілген сөзжасамдық мағыналы туынды сөздің мағынасын оның негіз сөзімен салыстыру арқылы дәлелдеу керек. Мысалы, *тәлім - тәлімгер, оқыр - оқырман, сана - саналы, суыр - суырмалы, тың - тыңда, хабар - хабарла, тап - тапқыш, қазақ - қазақша, оз - озық* т.б. осы сияқты туынды сөздердің мағынасы негіз сөздің мағынасынан өзгеше. Бұл жағдай күрделі сөздерге де қатысты. Мысалы, *көркемөнер* дегеннің мағынасы жеке тұрғандағы *көркем* сөзінің де, *өнер* сөзінің де мағыналарынан басқа. Сол сияқты *қырық* бес деген санның мағынасы *қырық* санымен де, *бес* санымен де бір емес. Бұл жағдай барлық күрделі туынды сөздің мағынасына қатысты.

Туынды сөздердің мағынасы негіз сөздің мағынасынан басқа, ол мағына өзгертілген мағынаға жатады.

Өзгертілген мағынаға лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздердің мағынасы да жатады. Мысалы, *безер, ағарған, қимас, қиыспас, бүлдірген, қорған, қамал, қоршау, айтыс* сияқты сөздердің тілдегі етістік, қимыл мағынасынан жасалған сындық мағынадағы *безер адам, қимас дос, қиыспас туыс* дегендердің мағынасы мүлдем басқа. Сол сияқты *ағарған, бүлдірген, қорған, қамал, қоршау, айтыс* етістіктері мен олардан жасалған *ағарған* (сүт тектес зат атаулары), *бүлдірген* - жеміс аты, *қорған, қамал, қоршау, айтыс* деген зат атаулары басқа-басқа мағыналы сөздер. Негіз сөзден бұлардың мағыналары басқа болғандықтан, олар өзгертілген сөзжасамдық мағына саналады.

Сөзжасамдық мағына тек өзгертілген мағынадан ғана құралмайды. Сөзжасамдық мағынаның екінші түрі түрлендірілген (модификация-

ланған) мағына. Сөзжасамдағы мағынаның бұл түрінің көлемі өзгертілген мағынадан әлдеқайда аз. Алайда ол сөзжасамда бар құбылыс.

Түрлендірілген сөзжасамдық мағынада негіз сөздің лексикалық мағынасы өзгермей сақталып, оның мағынасының үстіне түрлі мағына қосылды. Мысалы, *кітап - кітапша* (кішірейту мәні қосылған), *аға - ағатай* (жақсы көру мәні қосылған), *бел - белес* (кішірейту мәні қосылған), *жеңеше - жеңешетай* (жақсы көру мәні қосылған), *өзен - өзенсымақ* (қомсыну мәні), *Абай - Абайжан* (жақсы көру, еркелету мәні), *он - ондаған* (болжал мәні), *жеті - жетеу* (жинақтау мәні қосылған), *сегіз - сегізінші* (реттік мән қосылған).

Түрлендірілген сөзжасамдық мағына зат есім, сан есім, сын есім сөзжасамында біраз орын алады. Зат есімде бұлар реңк мәнді туындылар аталады. Зат есімде түрлендірілген мағыналы туынды зат есім жасайтын жиырма шақты жұрнақ бар. Басқа сөз таптарында ол көлемді орын алмайды.

Сөзжасамдық мағына мен жеке сөздің мағынасы - екі түрлі тілдік құбылыс. Сөзжасамдық мағына туынды сөздерге қатысты, ең аз дегенде, бір сөзжасамдық типке қатысты. Мысалға *-гер/-кер* жұрнағы есім сөздерге жалғанып, олардан мамандық атын жасайды. Мысалы, *тәлімгер, жұмыскер, дәрігер, айыпкер, саудагер, күрескер, қайраткер* сияқты туынды сөздер бір сөзжасамдық типке жатады. Бір сөз табына жататын сөздерге жалғанған бір түрлі жұрнақ арқылы олардың бәрінде ортақ бір мағына жасалса, ол сөзжасамдық тип деп аталады. Жоғарыда келтірілген мысалдардың негіз сөзі - зат есім, жұрнақтары *-кер/-гер*, осы туындылардың бәрі мамандық мағынасын білдіреді. Бұл туындылардың бір сөзжасамдық типке жататын себебі олар бір сөз табына жататын сөзге жалғанған бір жұрнақ бір түрлі мағына беріп, сөзжасамдық типтің 3 шартына сай келеді. Ал сөзжасамдық типтің мағынасы - сөзжасамдық мағына. Сөзжасамдық мағынаның жасалатын орны сөзжасамдық тип. Сөзжасамдық типтің нәтижесі, туындысы сөзжасамдық мағына, әр сөзжасамдық тип әр түрлі сөзжасамдық мағына береді.

Тілде сөзжасамдық типтер көп, олардың әрқайсысы әр түрлі мағына береді. Сөзжасамдық типтің көп болатын себебі тіліміз сөзжасамдық жұрнаққа өте бай. Бір жұрнақтың өзі түрлі мағына беріп, түрлі тип жасайтын типтің түрін одан да өсіре түседі. Мұның бәрі сөзжасамдық мағына жасайтын құбылыстар болғандықтан, сөзжасамдық мағынаның тілде алуан түрлі екені анықта-

лады. Әр сөз табындағы саналуан сөзжасамдық типтерге қарап, сөзжасамдық мағынаның молдығын, түрлілігін аңғаруға болады.

Оған сөзжасамдық басқа тәсілдер арқылы жасалған туынды сөздердің сөзжасамдық мағыналары қосылғанда, сөзжасамдық мағынаның аумағы өте кең екені аңғарылады. Бірақ аналитикалық, лексика-семантикалық тәсілдер арқылы жасалған туындылардың сөзжасамдық типке қатысы мүлдем зерттелген жоқ. Тек осы тәсілдер тұрғысынан емес, жалпы тілдегі сөзжасамдық типтердің мағынасы анық деуге әлі ерте.

Мұндай тұрғыда зерттеу жасалмай, тілдегі сөзжасамдық әр мағына туралы пікір айту мүмкін емес. Бұл тілдегі сөзжасамдық мағынаның ішкі құрылымы әзір анық емес дегенді білдіреді. Өйткені тілде қанша сөзжасамдық тип бары анық болмағандықтан, қанша сөзжасамдық мағына бары белгісіз болады. Сондықтан да тілдің сөзжасамдық мағынасының ішкі құрылымын анықтау зерттелуін күтіп тұрған мәселеге жатады.

2.5. ТУЫНДЫ СӨЗДЕР, ОЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Туынды сөздер деген терминнің қолданымға түскеніне көп уақыт болған жоқ. Ол осы еңбекте қолданылатын мағынада “Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі” деген монографиялық еңбекте алғаш рет қолданылған болатын. Бұл монографияға дейін туынды түбір, қос сөз, күрделі сөз, біріккен сөз, қысқарған сөз деген сияқты терминдер қолданылып келді. Ал олардың бәрі - сөзжасам нәтижесінде тілге қосылған сөздердің түрлері. Олар тілдегі алғашқы негізгі түбірлерге қарағанда, кейінгі құбылыстарға жатады. Осы сөзжасам әрекетінің нәтижесінде әр кезеңде тілге қосылып отырған, сөзжасамдық түрлі тәсілдер арқылы түрлі тұлғаға ие болған сөзжасамдық лексикалық нұсқалардың жалпы ортақ термині болған жоқ еді. Сондықтан сөзжасамдық әрекеттің нәтижесінде тілге қосылған лексикалық нұсқалардың бәрін қамтитын туынды сөз деген термин қолданылған болатын.

Осымен байланысты *туынды сөздер* деген термин сөзжасам арқылы жасалған туылымдардың ортақ атауы ретінде қолданылып отыр.

Тілдің сөзжасам саласының зерттейтін негізгі нысанасы - туынды сөздер. Туынды сөздер - тілдің сөзжасамдық тәсілдері арқылы жасалған лексикалық нұсқалар (единицалар). Мысалы, *ағар*, *бітім*, *келісім*, *белдік*, *кәсіптік*, *қаламгер*, *озат*, *сөзшең* сияқты туынды түбірлер сөзжасамның

морфологиялық тәсілі арқылы жасалған туынды сөздер. Ал *баданакөз* (өсімдік), *бірталай*, *жел қақты*, *жолсерік*, *көксөкқан*, *қарашайыр* (өсімдік), *отқасалар*, *торкөз*, *ұзын сонар* т.б. осы сияқты күрделі сөздер сөзжасамның синтаксистік тәсілі бойынша жасалған туынды сөздер. Ал 1) *абзал-құрал*. *Ат қораға барып ат абзалдарының кемшілігін түзей бастады*; 2) *абзал* - қадірлі, құрметті - *Көріскенше қош, сау бол, абзал анам* (Омаров); 3) *абзал* - жөн, дұрыс. *Онда колхозға түгел көшкендерің абзал болар* (Нұртазин) дегендегі *абзал* сөзінің бірнеше мағына беріп, бірнеше сөз қызметін атқаруы сөзжасамның семантикалық тәсілі арқылы жасалған туынды сөз болуына жатады. Сонымен туынды сөздерге қосымша арқылы жасалған туынды түбірлер мен синтаксистік тәсіл арқылы жасалған күрделі сөздер, сөзжасам тәсілінің барлық түрі арқылы жасалған туындылардың бәрі жатады, туынды сөздер - тілдің сөзжасамдық әрекетінің нәтижесі.

Қазақ тілінің сөздік қоры туынды сөздерге өте бай. Егер тілдегі түбір сөз бен туынды сөзді салыстырса, ол екеуінің арасындағы айырмашылық өте зор. Өйткені тіліміздің сөзжасам жүйесі - тым көне замандардан келе жатқан құбылыс, оның барлық кезеңінде тілге туынды сөздер үнемі қосылып отырған. Сондықтан ең көне жазба ескерткіш саналатын орхон жазбаларының өзінде туынды сөздер көптеп кездеседі. Содан бері туынды сөздер тілге үздіксіз қосылып отырған. Туынды сөздердің қазақ тілінің тарихында сөздікке ең мол қосылған кезі - соңғы 70-80 жыл, яғни соңғы кезең. Еліміз егемендік алғанынан бергі кезеңде қоғамдағы жаңалықтармен байланысты жаңа сөздер тілге өте көп қосылып жатыр. Бұл кезеңдерде тілімізге туынды сөздердің қосылу қарқыны өте күшті. Осының нәтижесінде тіліміз туынды сөздермен орасан байыды. Қазір тіліміздегі негізгі түбір сөздермен салыстырғанда, туынды сөздер олардан әлдеқайда көп.

Сөз байлығымыздың осы ең мол тобы болып табылатын туынды сөздер іштей алуан түрлі, оның себебі - туынды сөздер түрлі-түрлі тәсілдермен жасалған. Тілдің сөзжасам жүйесі өте күрделі, ол түрлі-түрлі тәсілдерді қамтиды. Соған орай туынды сөздердің құрамы, құрылысы саналуан. Олардың ортақ белгілері де жеткілікті. Сонымен бірге туынды сөздердің тілдің басқа құбылыстарына ұқсастығы да бар. Мысалға туынды сөздердің сөзформаларға да, сөз тіркестеріне де ұқсастығы бары анық, сондықтан оларды дұрыс ажырату керек. Осы жағдайлардың бәрі туынды сөздердің

өзіндік белгілерін көрсетудің қажеттігін туғызады.

Алдымен *туынды сөз* деген терминнің мәнін ашып алайық. Қазақ тіл білімінде бұл термин кездесіп жүргенімен, ол тұрақты бір мағынада қалыптасты деуге келмейді. Оны кейде *туынды түбір* деген мағынада да қолдануы кездеседі. Шындығында ол екі терминнің мағынасында үлкен айырма бар. Ал *туынды сөз* деген терминнің мағынасы *туынды түбір* деген терминнен әлдеқайда кең. *Туынды түбір* деген термин - *туынды сөздердің бір тобының ғана аты*. *Туынды түбірлерге тек сөзжасамдық жұрнақ арқылы, синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сөздер ғана жатады*. Мысалы, *аталас, аштық, бастық, бейімде, даярла, дүңкіл, жиреніш, жүзгіш, зиянды, зиянкес, келісім, көнбіс, күзгер, қазақуар, қоспа, найзагер, ойлы, сәлемдеме, тәрбиеші, ұғымпаз* т.б.

Туынды сөз деген терминнің көлеміне *туынды түбірлер* оның бір тобы ретінде кіреді, бірақ *туынды сөздерге* олардан да басқа тәсілдер арқылы жасалған түрлі-түрлі *туынды сөздер* жатады. Мысалға *туынды сөздерге туынды түбірлерден басқа тағы да сөзқосым тәсілі арқылы жасалған біріккен, кіріккен, қысқарған сөздер* де жатады.

Мысалы, *адамата, алжапқыш, ауызашар, ауызбірлік, бақажаптырақ, белағаш, беташар, бозторғай, біртума, жайнамаз, жорғатаяқ, жәпіорын, кемпірауыз, тісағаш (құрал), ұшаяқ, ойтолғақ*.

Қосарлау тәсілі арқылы жасалған сөздер де *туынды сөзге* жатады. Мысалы, *азық-түлік, асытсасу, бау-бақша, есік-терезе, жаға-жең, жәбір-жапа, жиын-думан, күндіз-түні, ой-өріс, өңі-түсі, салтсана, сәлем-сауқат* т.б.

Тіркестіру тәсілі арқылы жасалған күрделі сөздер де *туынды сөздерге* жатады. Мысалы, *жағасын ұстау, жаза тарту, жан ұшыру, жек көрінішті, кең пейілді, кер бесті, кіндік иеше, қара түнек, қолы ашық, қос ауыз, қызыл іңір, отқасалар* т.б.

Осы келтірілген мысалдан тілдегі *туынды сөздердің түрлі екенін* аңғару қиын емес. Сонымен бірге осы мысалдардың бір түрі ғана *туынды түбір* екені айтылды. Ал *туынды түбірден басқа туынды сөздердің бәрі туынды сөзге* жатқанымен, *туынды түбірге* жатпайтыны ашық көрінеді.

Тілдегі түрлі сөзжасам тәсілдері арқылы жасалған сөздердің бәрі *туынды сөздерге* жатады, бірақ олардың бәрінің *туынды түбір* болмайтынынан *туынды сөз* деген термин мен *туынды түбір* деген терминнің басқа-басқа мағынада қол-

данылып, алдыңғысының мазмұны соңғысынан әлдеқайда кең саналатыны да жоғарыда келтірілген мысалдардан көрінді. Сөйтіп, тіліміздегі сөзжасам тәсілдері арқылы белгілі сөзжасам үлгілерінің бірі бойынша жасалып, сөздік қорымызға кірген сөздерді *туынды сөздер* дейміз. Мысалы: *бала + лық, үй + лі, өнер + наз, бала + нан, үй + тиік, сары + ала > сары ала, он + сегіз > он сегіз, бұл + күн > бүгін, от + тегі > оттегі, көмір + қышқылы > көмір қышқылы, шек + ара > шекара, коллективное + хозяйство > колхоз, ине + жіп > ине-жіп, ыдыс + аяқ > ыдыс-аяқ, құн > құн* (термин) т.б.

Ономасиология жаңа пайда болған ұғымның алғашқы суреттемелі түрде аталуынан басталып, атауға жеткенге дейінгі әрекетті зерттейді. Мысалға қазақ тіліндегі *Ұлмекен* деген кісі атын алайық. Оның осындай дыбыстық құрамындағы атауға айналуы сол сөздің жасалуының соңғы сатысы. Оның жасалуына *Ұл ма екен?* деген сөз тіркесі негіз болған. Сөйтіп, мұнда алғаш сөз мағынасы туып, оны сөз тіркесі арқылы білдірсе, кейіннен ол мағына белгілі дыбыстық құрам арқылы беріліп, атау пайда болған.

Ономасиология тіл білімінде екі түрлі бағытта қолданылады, оның бірі тар ұғымда, екіншісі кең ұғымда қолданулы. Ономасиология тар ұғымда қолданылғанда, ол атаудың өмірдегі белгілі затты білдіруін қамтиды. Ономасиология кең ұғымда қолданылғанда, ол тілдегі бүкіл атаулардың зерттелуін қамтиды. Ол жалқы атауларды зерттеуден жалпы атауларды зерттеуге, зат атауларын зерттеуден толық мағыналы басқа сөз таптарының атауларын зерттеуге, толық мағыналы белгілерден түрлі құрылымдағы *туынды түбірлерді, күрделі сөздерді, сөз тіркестерін, жаңа сөздің, атаудың жасалуын зерттеуден күрделі жағдайдағы предикативтік құрылымды зерттеуге* жетеді.

Осымен байланысты ономасиологияның зерттеу нысанасы кеңіп, ол лексикология ғана емес, синтаксисті де, сөйлемнің атауға қатысты аспектісін де зерттейтін болды. Сонымен ономасиологиялық талдау мағынадан оны білдіретін амал-тәсілге, тұлғаға қарай бағытталды. Яғни тілдік нұсқалардың тілден тыс затқа қатысын зерттеуге бағытталды. Ал тілдегі қандай атау болмасын сөзжасам арқылы жасалып, ол өмірде пайда болған түрлі ұғымды белгілейді. Осыдан бұл екі саланың тығыз байланысы шығады. Ономасиология да, сөзжасам да өмірде пайда болған заттар мен жаңа ұғымдарға атау беру қызметін атқарады.

Біздің халықтың өмірінде жаңа заттардың, жаңа ұғымдардың пайда болуы *балмұздақ, аялда-*

ма, көрермен, теледидар, оқырман, жанкүйер, барабаншы, жемшөп, жанармай, өнеркәсіп сияқты сөздерді туғызды. Қазір бұл сөздер тілде әбден орнықты. Өмірдегі ең соңғы өзгерістер мен жаңалықтарға байланысты тілге жаңа сөздер топтап кіріп жатыр. Олардың кейбіріне мысал келтірейік: *егемендік, ұшақ, тік ұшақ* (вертолет), *сатылым, қойылым, нарықтық экономика, ақтандақ, ұлтжандылық, жақын шетел, алыс шетел, мердігер, есептеме* (счет), *жолнұсқа* (путеводитель), *жолқиыс* (перекресток), *жекешелендіру* (приватизация), *тұжырымдама* (заклучение), *жедел жөндеу* (срочный ремонт), *өткін* (переход) т.б. жаңа атаулар жасалды. Бұл мысалдар бір жағынан сөзжасамға қатысты, екінші жағынан атау (номинация) ретінде ономазиологияға қатысты.

Осы келтірілген мысалдардың өзі жаңа сөзді өмірдегі жаңалықтар қажет ететінін көрсетеді де, сөзжасамның қызметінің өсуі, дамуы тілден тыс құбылыстарға қатысты екенін білдіреді. Өмірде жаңа заттар мен жаңа ұғымдардың пайда болып отыруы - үздіксіз бөлып тұратын құбылыс. Олай болса, сөзжасам арқылы жаңа атаулардың пайда болуы да - үздіксіз жүріп отыратын құбылыс.

Бұл жағдай тілдегі туынды сөздердің молдығына, байлығына себеп болып саналады. Ал тілдегі бай туынды сөздер сөзжасамдық түрлі тәсілдер арқылы жасалатын болғандықтан, олардың құрамы түрлі болады да, ол туынды сөздердің түрлілігін туғызады. Туынды сөздердің түрлілігі оны ажырата білу - оңай мәселе емес екеніне дәлел. Туынды сөздің жасалуына негіз болған, туынды сөзді жасаған негіз сөздің, яғни туынды сөздің құрамында лексикалық мағыналы сөздің болуы туынды сөздің негізгі белгілерінің біріне жатады. Өйткені туынды сөздегі негіз сөздің мағынасы туынды сөздің мағынасына өзек болады. Мысалы, *дәрі - дәрігер, ем - емхана, дәріс - дәрісхана, зейнет - зейнеткер, әділ - әділет* деген екі - екіден қатар берілген сөздердің алғашқылары - соңғы туынды түбірлердің жасалуына негіз болған дербес мағыналы сөздер. Туынды сөздің жасалуына негіз болған дербес мағыналы сөз туынды сөздің үнемі құрамында болады да, ол туынды сөздің мағынасына арқау болады.

Осымен байланысты негіз сөз бен туынды сөздің мағынасы үнемі байланысты болады. Жоғарыда келтірілген негіз сөз бен туынды сөзден тұратын екі жұп сөздің мағыналары байланысты

екені анық көрініп тұр. Бұл жалғыз жоғарыдағы мысалда ғана емес барлық негіз сөз бен туынды сөзге қатысты. Оны түбірлес сөздерден де анық көруге болады. Мысалы, *біл - білім - білімді - білімділікт.б.*

Негіз сөз бен одан жасалған туынды сөздің мағына байланыстылығы сөзжасамдағы негізгі заңдылықтардың бірі, сондықтан ол туынды сөздің барлық түріне қатысты. Ол туынды сөздердің бір түрі саналатын күрделі сөздерге де қатысты. Туынды сөз күрделі сөз болғанда да, оның құрамындағы сөздер күрделі сөздің мағынасын жасайды. Мысалы, *тік ұшақ* (вертолет) деген атаудың мағынасында тік көтеріліп ұшатын ұшақ (самолет) деген мән бар.

Туынды сөздің құрамындағы негіз сөздің мағынасы арқылы туынды сөздің мағынасы жасалғандықтан, туынды сөз бен оның құрамындағы негіз сөздің мағына байланыстылығы туады. Осымен байланысты туынды сөздің құрамында негіз сөздің болуы туынды сөзді ажырататын белгілерге жатады. Өйткені ол туынды сөздің мағынасының не арқылы, неден жасалғанын көрсетеді. Сонымен бірге туынды сөздің құрамындағы оны жасаған негіз сөз бен негіз сөзден жасалған туынды сөздің мағынасының байланыстылығы да туынды сөздерді ажырататын белгілерге жатады. Ол мағыналық байланыс болмаған сөз туынды сөз бола алмайды.

Келтірілген мысалдар туынды сөздердің құрамының түрлі екенін анық көрсетті. Ал олардың бұл мысалға кірмеген қанша түрлері барын қоса айтсақ, туынды сөздердің түрлілігі одан да көп екенін аңғартады. Олай болса, туынды сөздердің тілдегі басқа құбылыстарға ұқсастығы одан да арта түсетіні сөзсіз. Өйткені туынды сөздер тілге ешбір қатысы жоқ нұсқалардан жасалатын құбылыс емес. Бұл жағдай - туынды сөздің өзіндік белгілерін көрсетуді керек етеді, сол арқылы оларды тілдегі басқа құбылыстардан ажырату қажет.

Туынды сөздер қаншама түрлі болғанымен, олардың бәріне ортақ өзіндік белгілері бар. Негізінен ол туынды сөздердің құрамы мен оның мағынасына байланысты.

Туынды сөздің құрамы бір негізгі, бір көмекші морфемадан құралады немесе екі негізгі морфемадан тұрады. Мысалы, *өскін* (всходы), *тәлімгер* (наставник), *жылытқы* (грелка), *басытқы* (закуска), *базарлық* (сувенир), *есептеме* (счет), *өткін* (переход), *шетелдік* (иностранец), *сәулетші* (архитектор) т.б. Бұл келтірілген мысалдардың

құрамы негізгі және көмекші морфемадан құралған. Ал *жолнұсқа* (путеводитель), *жылыжай* (парник), *медбибі* (медсестра), *аскөк* (укроп), *жолқиыс* (перекресток), *жолбасшы* (гид), *саябақ* (парк), *саяжай* (дача) сияқты туынды сөздерді алсақ, олардың құрамы да екі негізгі морфемадан құралған. Бірақ мұнда екі морфеманың екеуі де негізгі морфемалар, тек *медбибі* дегенде бір негізгі морфема қысқартылып алынған.

Туынды сөздің құрамы екі морфемалы болғанымен, оларда айырма бар екен. Туынды сөз құрамындағы морфемалар негізгі және көмекші морфема болады, не екеуі де негізгі морфема болады. Осымен байланысты туынды сөздер туынды түбір және күрделі сөз деген екі үлкен топқа бөлінеді.

Туынды түбір негізгі және көмекші морфемадан құралғанда, олардың әрқайсысының атқаратын қызметі бар және кез келген көмекші морфема туынды түбір жасай алмайды. Көмекші морфемалардың сөзжасамдық жұрнақтары ғана туынды түбір жасайды. Сол сияқты туынды сөздің құрамындағы негізгі морфемалар да сөзжасамның мағынасына өз үлесін қосу үшін қолданылады.

Бұл айтылғандардан туынды сөз құрамындағы морфемалардың қайсысы болсын сөзжасамдық қызмет атқаратын морфемалар екені анықталады. Осы қызметті атқара алмайтын морфемалар туынды сөз құрамына кіре алмайды. Туынды түбір жасауға қатысқан негіз сөз туынды түбірдің мағынасына өзек болады яғни туынды мағынаның жасалуына негіз болады. Осымен байланысты туынды түбір бір жерде міндетті түрде негіз сөз болады да, туынды түбір мен негіз сөз үнемі жұп болып келеді. Бұл арада біз туынды түбір мен негіз сөзді жұп сөз деп атап отырмыз. Өйткені негіз сөзсіз туынды түбір жасалмайды да, бірі бар жерде екіншісі міндетті түрде болады.

Туынды сөздің жасалуына негіз болған сөзден туынды сөздің құрамы күрделі болады. Мысалы, *әкім - әкімшілік, қатыс - қатысым, егемен - егемендік, жекеше - жекешелендіру, сұхбат - сұхбаттас, шебер - шеберхана, мейрам - мейрамхана*. Бұлардың біріншілерінен екіншілерінің құрамы күрделі екені көрініп тұр, өйткені олардың алғашқылары бір морфемадан, соңғылары екі морфемадан тұрады. Осы сияқты негіз сөз бен одан жасалған туынды сөзді салыстыру туынды сөздің құрамының негіз сөзден күрделі

екенін анық көрсетеді. Өйткені туынды сөздер негіз сөзден сөзжасамдық жұрнақ арқылы не сөз арқылы жасалатындықтан, ол сөзжасамдық көрсеткіш негіз сөзге қосылып туынды сөздің құрамын көбейтеді. Осыдан туынды сөздің құрамы негіз сөзден көп болып шығады. Жалпы алғанда морфологиялық, синтаксистік тәсілдер арқылы жасалған туынды сөздердің құрамы ондағы морфемалардың саны жағынан негізгі сөзден күрделі болып келетіні - ақиқат құбылыс, өл қатан заңдылық, сондықтан оны туынды сөздерді ажырататын бір белгі ретінде алуға болады. Бұл заңдылыққа бағынбайтын туынды сөздердің бір ғана түрі бар. Ол - семантикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер. Олардың морфемдік құрамында өзгеріс бөлмей, жаңа мағына ғана қосылатын болғандықтан, морфемдік құрам бұларға белгі бола алмайды да, семантикалық күрделілік қана белгі болады. Мысалы: *құн* деген сөз экономика ғылымында термин ретінде туынды сөз, өйткені ол бұрынғы мағынасынан басқа жаңа мағынаға ие болады, оның мағынасы күрделенеді, бұрынғы мағынасына қоса тағы бір мағына беретін болады, бірақ тұлғасында өзгеріс жоқ. Мұндай ерекшелік туынды сөздерде көп емес.

Туынды сөздің екі морфемадан құралуы олардың тілдегі екі морфемалы құбылыстармен ұқсастығын туғызады. Туынды сөздерден басқа тілде екі морфемамен қолданылатын сөзтұлғалар (сөзформалар) және сөз тіркестері бар. Бұдан туынды түбірлер мен тілдегі сөзтұлғалардың, күрделі сөздер мен сөз тіркестерінің арасында ұқсастық туады. Сондықтан қазақ тілінің сөзжасамының нәтижесінде тілде пайда болған туынды сөзді бір жағынан сөзтұлғасынан, екінші жағынан сөз тіркесінен ажырату мәселесі шығады. Ол үшін сөзжасамдық талдауда туынды сөздердің өзіндік ерекшеліктеріне, белгілеріне сүйену керек. Ондай белгілердің негізгілеріне ғана тоқталсақ, олар төмендегідей.

Туынды сөзді сөзтұлғадан ажыратуда туынды сөздің тілде лексикалық тілдік нұсқа қызметін атқаруына сүйенген дұрыс. Тілде бір категориялық тарамға (парадигмаға) жататын бір грамматикалық категория көрсеткіштері арқылы түрленген бір сөздің түрлі сөз тұлғалары бар да, бір түбірден тараған түбірлес сөздер бар. Бір түбірден тараған, жасалған түбірлес сөздер түрлі лексикалық мағыналы түрлі сөздер болғандықтан, олардың әрқайсысы сөйлемде түрлі грамматикалық тарамның мүшесі тұлғасында қолданылады. Мысалы, *ақ* деген түбірден жасалған *ақта, ақтық* сияқты сөзжасамдық тарамдағы түбірлес сөздерді

алсақ, алғашқысы қимыл мағынасын беріп, сөйлемде *ақтайды, ақтаған, ақтапты* сияқты шақ категориясының тұлғаларында қолданылады. Ал *ақтық* сөзі *ақтығын дәлелде, ақтығына сен, ақтығыңды білем* деген қолданыста септік категориясының түрлі тұлғасында, септік тарамындағы (парадигмасындағы) бір сөздің түрлі тұлғасы қызметінде тұр. Сөзжасамдық бір тарамдағы сөздердің әрқайсысы тілде түрлі грамматикалық категориялардың түрлі тарамында қолданылуы олардың әрқайсысының жеке сөз қызметіндегі сөз тұлғалары екенін дәлелдейді. Бұдан грамматикалық категорияның бір тарамында түрленген бір сөздің түрлі тұлғасы мен сөзжасамдық тарамдағы түрлі сөздер басқа-басқа тілдік құбылыстар екені анық көрінеді.

Егер бір сөздің түрлі тұлғасында лексикалық мағына біреу ғана болса, сөзжасамдық тарамның мүшелері қанша болса, лексикалық мағына да, лексема да сонша болады. Сонымен бірге сөзжасамдық тарамдағы мүшелердің мағынасындағы өзгеріс сөзжасамдағы негізгі белгілерге саналады.

Туынды сөз бен сөз тұлғасының арасындағы айырмаға олардың сөйлем құрамындағы қызметі де жатады. Сөз түрлендіруші тұлғадағы сөзді сөйлемде өзгертуге болмайды, өйткені ол сөйлем құрылысының қажетіне сай қолданылған. Ал сөзжасам әрекетінің нәтижесінде жасалған туынды сөздің орнына оның мағынасы жақын синонимімен ауыстыруға болады. Мазмұнда өзгеріс болғанымен, ол сөйлем құрылысына өзгеріс кіргізуді талап етпейді. Ондай жағдайда сөйлем құрылысын өзгеріссіз сақтауға болады. Мысалы: *Білімді адаммен сөйлестім* дегеннің орнына, *Білімпаз адаммен сөйлестім* десек, мағынада да, сөйлем құрылысында да өзгеріс жасалмайды, өзгеріс жасауды өзгертілген сөз талап етпейді. Ал *үлкен адамды сыйла* деген сөйлемдегі *адамды* деген табыс септік тұлғасындағы сөзді септік тарамының басқа мүшелерімен ауыстыруға болмайды. Мысалы: *Үлкен адамға сыйла, Үлкен адаммен сыйла* сияқты қолдану мүмкін емес. Мұндағы *адамға, адаммен* деген сөз формалар сөйлемнің басқаша құрылуын қажет етеді. Мысалы, *үлкен адамға сый-құрмет көрсет, үлкен адаммен сыйластықта бол* т.б. Басқаша айтқанда, сөздің түрлі грамматикалық тұлғасы сөйлемнің құрылысымен байланысты. Ал түбірлес сөздерде сөйлем құрылысымен тікелей байланыс жоқ. Сондықтан сөйлемдегі түбірлес сөздерді өзгерту сөйлем құрылысына өзгеріс жасауды талап етеді.

Ол тек мағынаға әсер етеді. Сонымен бірге бұл мысалдардағы *білімді* дегеннің орнына қолданылған *білімпаз* деген сөз мүлдем басқа-басқа сөздер. Олар бір түбірден жасалған түбірлес сөздер, түрлі лексикалық мағыналы сөздер болады, бірақ түбірлес сөздер бір-бірімен мағынасы жағынан байланысты болады. Мысалы, *білім, білгіш, білгір* т.б. Ал *адамды, адамға, адаммен* дегендер - түрлі септік тұлғасындағы бір сөз, бір лексикалық нұсқа.

Алғашқы мысалдарда бір түбірден жасалған 2 түбірлес туынды түбір яғни 2 сөз болса, соңғы мысалда бір сөздің түрлі грамматикалық тұлғасы мысалға келтірілген.

Ал туынды сөздегі өзгеріс, сөзжасамдағы өзгеріс бұдан басқаша. Ол сөздің құрамы мен мағынасында болатын өзгеріске байланысты. Сөздің құрамы мен мағынасындағы өзгерістен сөзжасамда жаңа сөз жасалады. Мысалы, *оқу - оқулық, мал - малшы, сауда - саудагер*. Немесе, сөз басқа сөз табына ауысады. Мысалы, *айтыс* - етістік, *айтыс* - зат есім, *қамал* - етістік, *қамал* - зат есім, *қорған* - етістік, *қорған* - зат есім. Сөзжасамда сөздің мағынасының өзгеруі оның қолданылуы мен түрленуіне де әсер етеді. Жоғарыда келтірілген етістіктер (*айтыс, қамал, қорған*) етістікше түрленіп, баяндауыш қызметінде қолданылып, сөйлемнің соңында тұрып, бастауышпен жақ арқылы қиылысады.

Айтыс, қамал, қорған деген зат есімдер есімдерше түрленіп, есімнің сөйлемде атқаратын қызметін атқаратыны белгілі. Олар атау септікте бастауыш қызметін атқарып, сөйлемнің басында қолданылса, табыс септікте толықтауыш қызметін атқарып, етістік баяндауыштың алдынан келіп, онымен сөз тіркесін жасайды.

Бұл мысалдардан сөзжасам арқылы жасалған туынды сөздердің мағынасы ғана өзгеріп қоймайтынын көреміз.

Олардың сөйлемдегі қызметі, орны, сөз тіркесін жасауы, түрленуі де өзгеретінін байқаймыз.

Күрделі сөздер мен сөз тіркестерінде белгілі дәрежеде ұқсастық бары ғалымдар назарынан тыс қалды деуге болмайды. Ғалымдар ол ұқсастық аналитикалық тілдерде өте күшті деп санайды. Бұл ұқсастық түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде де күшті.

Сондықтан сөзжасамға жататын күрделі сөздер мен синтаксиске жататын сөз тіркестерін ажырату, - қиын мәселелердің бірі. Бұл арада күрделі сөз қанша сыңардан құралса да, біртұтас лексикалық мағына беретіні есте болу керек. Сондықтан күрделі сөздің тұтас мағынасының оның

құрамындағы сыңарлардың мағынасымен қатысына сүйенген дұрыс көрінеді. Күрделі сөздің құрамындағы бір сыңардың мағынасы ескерілмесе, оның жалпы мағынасы ашылмайды. Керісінше келесі сыңардың мағынасы ескерілмей, күрделі сөздің тұтас мағынасы түсіндірілмейді. Мысалы, *он бір, отыз бес* сияқты күрделі сөздің мағынасы - осы күрделі сөздер құрамындағы жеке сыңарлардың мағынасынан құралған жеке сандық ұғымның аты. Мысалы, *он, бір* деген сөздер, екі санның атауы, ал *жүз он бір* деген 3-санның атауы, бұл атау жоғарыдағы 2 сан атауынсыз берілмейді. *Отыз бес* деген дәл сол сияқты. Бұл күрделі сөздердің сыңарларын өзгертсек, мағына өзгереді. Осы ұғымдарды білдіру үшін, оның осы сыңарлары қатысуы міндетті.

Ал сөз тіркесінің құрамындағы сыңарлардың бәрі жиналып, күрделі сөздегідей біртұтас лексикалық мағына бермейді, олар бір атау жасамайды, сөз тіркесінің құрамындағы әр сөз сөйлем құраушы жеке мүше, жеке дербес мағыналы сөздер. Күрделі сөздің құрамында неше сыңар болса да, ол сөйлемнің бір мүшесі ғана болады. Бұл - күрделі сөздер мен сөз тіркесінің өзіндік айырмашылықтары.

Рас, тұрақты тіркес пен күрделі сөзге келгенде, бұл айырма әлсіз болып шығады. Өйткені тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы сөздер, сыңарлар ерікті сөз тіркесіндегідей өз дербестігін сақтамаған. Тұрақты сөз тіркесінің мағынасын оның сыңарларының мағынасы арқылы түсіндіруге болмайтын кездері көп, өйткені олардың мағынасы идиомалану арқылы жасалады. Мысалы, *ит өлген жер* деген тұрақты тіркес “алыс” деген мағынаны білдіреді, ол мағынаның осы тіркестің құрамындағы сыңарлардың мағынасына қазір қатысы жоқ. Ал күрделі сөздің мағынасы оның сыңарларының мағынасына қатысты болады.

Жалпы алғанда, туынды сөздің құрамының бөлуге келуінің белгілік мәні бар. Сөзжасамдық талдауда сөздің құрамының, туынды сөздің жеке бөлімдерден құралуы және туынды сөз бен оған негіз болған сөзге бөлінуіне көңіл бөлу, назар аудару қажет.

Мысалға, *әнші, биші, жұмысшы, жазушы* деген туынды сөздерді алайық. Алғаш осы сөздер жасалғанда, олардың жасалуына *ән, би, жұмыс, жазу* деген сөздер және мамандық мағынасын тудыратын *-шы, -ші* жұрнағы қатысқан. *Ән, би, жұмыс, жазу* деген сөздер мен одан жасалған *әнші, биші, жұмысшы, жазушы* деген сөздердің мағынасы ба-

сқа-басқа *ән, би, жұмыс, жазу* дегендер жансыз заттық ұғымды білдірсе, оларға қосылған *-шы* жұрнағы сол заттармен байланысты мамандықты игерген адам туралы ұғымды білдіреді. Туынды сөз жасауға негіз болып тұрған сөздердің мағынасынан басқа мағына туып, басқа сөз жасалды.

Басқаша айтқанда, туынды сөз бар жерде оның жасалуына негіз болған екінші сөз болады. Сондықтан туынды сөз бен оған негіз болған сөз екеуі жұп сөз құрайды. Әр туынды сөзге қатысты 2 сөздің болуы міндетті белгі саналады. Өйткені туынды сөз білдіретін ұғым туынды сөздің екінші сыңарының мәніне бағынышты, себебі туынды сөздегі мағына екінші сыңардың мағынасынан жасалады. Мысалы, *дәрігер - дәрі, емхана - ем, ауырлық - ауыр, өнім - өн, сыншы - сын* сияқты мысалдарда жұп сөздің екінші сыңарлары туынды сөздің, туынды түбірдің қандай сөзден жасалғанын көрсетіп тұр. Екінші жағынан ол сөздер туынды түбірдің, туынды сөздің мағынасының қай сөздің мағынасының негізінде жасалғанына айғақ.

Өнерпаз, білгіш сөздерін туынды сөздер деп санауға тілдегі *өнер, біл* сөздерінің бары дәлел болады, *өнерпаз, білгіш* деген сөздер тілде *өнер, біл* деген сөздердің барын көрсете алады және солардың негізінде жасалған.

Туынды сөз негіз сөзден кейін жасалғандықтан, оның құрамы екі морфемалы болуы міндетті. Басқаша айтқанда, оның құрамында алғашқы негізгі морфемалы болуы керек және одан туынды сөзді жасаушы тағы бір негізгі морфема немесе қосымша яғни сөзжасамдық жұрнақ болады. Бұл туынды сөздің құрамы екі морфемалы болады деген сөз. Олар: негізгі морфема және сөзжасамдық жұрнақ немесе 2-негізгі морфема (соңғы күрделі сөздерде). Бұл - туынды сөз бір морфемалы бола алмайды деген сөз. Бұл заңдылыққа тек лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер ғана қайшы келеді.

Осымен байланысты мына жағдай есте болуы керек. Екі морфемалы сөз атаулының бәрі туынды сөз бола бермейді. Мысалы, *қалада, қаламмен, кітаптан* сияқты екі морфемалы сөздер сөйлемде көп кездеседі, бірақ олар туынды сөзге жатпайды. Бұл келтірілген мысалдар - морфологиялық талдаудың мәселесі. Морфологиялық талдау сөздің құрамындағы түбір мен жалғауды ажыратып, оның екі морфемалы екенін я көп морфемалы екенін көрсетеді, бірақ олардағы жалғаулар сөйлем ішінде қызмет атқарады. Сөйлемсіз жерде олардың түбір морфемасы ғана қалады.

Бұл сөзжасамдық талдаудың мақсатына сай емес, өйткені сөзжасамдық талдауда туынды сөз болып танылу үшін, оның құрамында сөзжасамдық тілдік нұсқалар болуы шарт. Сөзжасамдық талдау туынды сөздің жасалуына негіз болған сөз бен одан туынды сөз жасаушы сөзжасамдық жұрнақ немесе күрделі сөз болса, екінші негізгі морфеманың, сөздің болуын талап етеді. Сондықтан морфологиялық талдауда сөз құрамындағы морфема атаулыны ажырату керек болса, сөзжасамдық талдауда сөзді жасаушы тілдік көрсеткіштерді яғни сөзжасамдық нұсқаларды ажырату міндеті қойылады. Ол сөзжасамдық қатыстағы морфемаларды ажыратуды керек етеді. Бұл морфологиялық талдау мен сөзжасамдық талдаудың бір емес екенін дәлелдейді.

Туынды сөзді ажырату үшін, туынды сөздің құрамындағы морфемаларды салыстыру арқылы ажырату дұрыс. Салыстыру туынды сөздегі негіз сөздің де, сөзжасамдық жұрнақтың да басқа жағдайда сол мағынада қолданылатынын көрсету керек. Мысалы, *малшы* деген сөздегі морфемалар: *мал* және *-шы*. Мұндағы *мал өсіру, малсыз күнкөріс* сияқты қолданыстармен салыстырып, оның жеке де, басқа туынды сөз құрамында қолданылатыны дәлелденеді. Бұл қолданыстардағы *мал* сөзінің мағынасы *малшы* дегендегі негіз сөздің мағынасымен бірдей. Ол осы сөздің тілде барын, туынды сөздің құрамында тілдегі бар мағынасында қызмет атқарып тұрғанын көрсетеді.

Енді *-шы* жұрнағының тілдегі қызметі *малшы* деген туынды сөздегі мағынамен басқа сөздерде қызмет атқаратынын анықтау қажет. Оны *емші, етікші, оқытушы, суретші* сияқты мысалдармен салыстыру арқылы тілде оның мамандық мағынасындағы туынды түбірлерді жасайтынын, *малшы* деген де осы үлгіге жататыны арқылы туынды сөз екенін айқындауға болады.

Жасалған салыстырулар *мал* деген сөздің *малшы* деген туынды сөздің мағынасына, негіз болып, малды бағуды кәсіп еткен адам мағынасын тудыруға негіз болғанын көрсетті. Ал кәсіп мағынасы *-шы* жұрнағы арқылы жасалғаны жұрнақтың тілде осы қызметті атқаратыны ол арқылы жасалған басқа туынды сөздер арқылы дәлелденді: Мысалы, *әнші, оқытушы, сыншы* т.б.

Туынды сөздің екі морфемалы болуына күрделі сөздер де жатады. Күрделі сөздердің құрамы екі негізгі морфемадан тұрады. Сол арқылы ол негізгі және көмекші морфемадан жасалған, туынды түбірден ерекшеленеді. Күрделі сөздің құрамындағы сөздер бірге жазылса да, бөлек жа-

зылса да, ол бір лексикалық нұсқаның, сөздің қызметін атқаратыны даусыз. Сондықтан да күрделі сөз сөйлемде бір сұраққа жауап береді, сөйлемнің бір мүшесі ғана болады, өйткені оның құрамында қанша сөз болса да, бір ғана мағына береді, өмірдегі бір заттың, бір белгінің, қимылдың атын білдіреді. Мысалы, *Қызыл ала көйлегі өзіне жарасып тұр* дегендегі *қызыл ала* деген күрделі сөз қандай деген сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бір ғана анықтауыш мүшесі болып тұр. Оның құрамындағы сөздер жеке-жеке басқа сөзбен түрлі сөз тіркесін жасай алмайды. Өйткені күрделі сөздің құрамындағы жеке сынарлардың ешқайсысы тұтас күрделі сөздің мағынасын бере алмайды.

Ал сөз тіркесінің құрамындағы мүшелердің әр қайсысы жеке сұраққа жауап беріп, жеке-жеке сөйлем мүшелері болады. Мысалы: *Ол бүгін өз ауылына кетті* деген сөйлемдегі *ауылына кетті* деген сөз тіркесінің мүшелері түрлі сұраққа жауап беріп, түрлі сөйлем мүшесі қызметін атқарады. *Мұндағы ауылына - қайда?* деген сұраққа жауап беріп, сөйлемнің пысықтауыш мүшесі қызметін атқарып тұр. Не істеді деген сұраққа сөз тіркесінің *кетті* деген сыңары жауап беріп, сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарып тұр. Бір сөз тіркесінің құрамындағы екі сөздің түрлі сұраққа жауап беріп, түрлі сөйлем мүшесі қызметін атқаруы олардың екі дербес сөз екенін, әрқайсысының өз мағынасы барын яғни 2 лексикалық нұсқа екенін көрсетеді. Сонымен бірге олардың әрқайсысы сөйлемде басқа-басқа сөз тіркесінің құрамына кіріп, түрлі сөз тіркесін жасай алады. Мысалы, *өз ауылына, ол кетті*. Бұл жағдай *ауылына кетті* деген сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің дербестігіне дәлел. Сөз тіркесі дербес мағыналы сөздерден жасалатындықтан, оның мүшелері сөйлемдегі басқа дербес мағыналы сөздермен тіркесе алады, оны жоғарыдағы мысал дәлелдеді.

Күрделі сөз бен тұрақты сөз тіркесінде мағына жағынан ұқсастық бар. Күрделі сөз біртұтас мағына берсе, тұрақты сөз тіркесі де идиомаланған біртұтас мағына береді. Мысалы, *тік ұшақ* (вертолет), *саяжай* (дача), *зейнетақы* (пенсия), *жақын шетел* (ближнее зарубежье), *алыс шетел* (дальнее зарубежье), *зейнет ақы* (пенсия), *жәрдем ақы* (пособие) сияқты күрделі сөздердің әрқайсысы біртұтас мағына береді. *Ит өлген жер, қас пен көздің арасында* деген сияқты тұрақты сөз тіркестердің әрқайсысы да бір мағына береді, мысалы бұлардың алғашқысы - “алыс”, кейінгісі - “ілезде” деген мағына береді.

Бұл жерде күрделі сөздердің мағыналары оның құрамындағы сөздердің мағынасына негізделетініне ерекше мән беру қажет. Ал тұрақты сөз тіркестері бір мағына бергенімен, ол мағына құрамындағы сөздердің мағынасына қатыссыз бола береді. Жоғарыдағы “алыс”, “ілезде” деген мағыналар, ол тұрақты тіркестердің құрамындағы сөздердің мағынасына қазір қатысы жоқ. Ал күрделі сөздің мағынасының оның құрамындағы сөздерге байланысты болуы - күрделі сөздің, жалпы сөзжасамның негізгі белгілерінің бірі.

Сонымен бірге күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің құрамында да үлкен айырмашылық бар. Күрделі сөздер белгілі үлгі бойынша жасалады. Тұрақты тіркестердің құрамы күрделі сөздің құрамының тұрақты үлгісіне сай емес. Жоғарыда келтірілген *ит өлген жер* де, *қас пен көздің арасында* да құрылысы, құрамындағы сөздердің байланысы жағынан күрделі сөздерге ұқсамайды. Өйткені тұрақты сөз тіркестерінің құрамы түрліше болып келе береді. Оларды бір үлгіге сыйдыруға келмейді. Мысалы, *түйе үстінен сыйрақ үйіткен* деген тұрақты тіркесті жоғарыда келтірілген тіркестермен салыстырсақ, олардың құрамында ұқсастық жоғын көру қиын емес. Бұл тұрақты сөз тіркестерінің бәріне қатысты. Тұрақты сөз тіркестерінің құрамы түрлі-түрлі болуы оның күрделі сөзден басқа құбылыс екеніне куә болады.

Туынды сөздердің тағы бір белгісіне олардың мағыналық ерекшеліктері жатады. Туынды сөздердің мағынасы оның құрамындағы морфемалардың бір-біріне қатысынан шығатыны жоғарыдағы талдаулардан байқалды. Оны жалғыз жоғарыда келтірілген мысалдарға ғана қатысты деп түсінуге болмайды. Ол - туынды сөз атаулының бәріне ортақ қасиет. Олай болса, оны туынды сөздің белгілерінің бірі санауға болады. Сөйтіп, туынды сөздердің мағынасының оның құрамындағы морфемалардың мағынасынан жасалуы оның негізгі белгілерінің бірі деп танылды.

Осы белгіге сүйеніп, туынды сөздерді басқа тілдік құбылыстардан ажыратуға болады. Мысалы, *тәлімгер*, *қойылым* (спектакль), *өткін* (переход) сияқты соңғы кезде қолданысқа кірген жаңа сөздерді алып қарайық. Мұндағы *тәлімгер* деген туынды сөз, *тәлім* деген негіз сөзден *-гер* сөзжасамдық жұрнағы арқылы жасалған. Құрылысы жағынан екі морфемадан құрылған. Негізгі морфема *тәлім* (тәрбие) туынды сөздің жасалуына негіз болып, *тәлімгер* туынды сөзінің лексикалық мағынасына арқау болған. Ал туынды

сөзді жасаушы екінші морфема *-гер тәлім* негіз сөзіне мамандық мағынасын қосқан. Сөйтіп, тәрбиеші мағынасы жасалған. Туынды сөздің мағынасы оның құрамындағы морфемалардың мағынасынан жасалған. Сондықтан да туынды сөздің мағынасы оған негіз болған *тәлім* сөзінің мағынасымен байланысты. Туынды сөз болған жерде негіз сөздің болуы - бұл жұп сөздің мағыналық байланысының куәсі. Сондықтан *тәлімгер* деген сөздің мағынасын білмесек те, оның құрамындағы морфемалардың мағынасына сүйеніп, тәлім, тәрбие беруші адам екенін түсінеміз. Сол сияқты *қойылым*, *өткін* деген жаңа сөздердің мағынасын “қою”, “өту” қимылына байланысты атаулар екенін жорамалдауға болады.

Туынды сөз бен негіз сөздің мағына байланыстылығы туынды сөздің барлық түріне қатысты. Мысалға туынды сөздердің үлкен бір тобы күрделі сөздерді талдап көрейік. Қазіргі тілімізде *жылыжай* (парник), *жолқиыс* (перекресток), *жолбасшы* (гид), *мұражай* (музей) сияқты күрделі сөздер қолданылып жүр. Олардың әрқайсысы екі сыңардан яғни екі сөзден құралған. Осы күрделі сөз құрамындағы сөздер мен күрделі сөздің мағыналары байланысты. Мысалы, *жылыжай* күнделікті өмірдегі мекендік мәні бар заттың аты. Осы атау заттың белгісі болып саналатын *жылы* деген сөздің және “мекен”, “орын” деген мәндегі *жай* сөзінің қатысы арқылы жасалған, яғни өсімдік өсірілетін жылы орын атын жасаған. Бұл мысалдан күрделі сөздің құрамындағы сөздердің мағынасы мен күрделі сөздің мағына байланыстылығы анық көрінді.

Жолқиыс (перекресток) деген күрделі сөздің мағынасы оның құрамындағы *жол* және *қиыс* деген сөздердің мәнімен байланысты. Өйткені *жолқиыс* екі жолдың қиысатын жерін білдіретін орынның атауы. *Жолбасшы* деген күрделі сөз қазір орысша *гид* сөзі мағынасында қолданылады яғни ол жолды бастап, жолда кездесетін гимараттарға, ескерткіштерге т.б. түсінік беретін адамды білдіреді. Ол мағынаға *жол* деген сөздің де, *басшы* деген сөздің де қатысы бар яғни күрделі сөз бен оның құрамындағы сыңарлардың мағына байланыстылығы анық. *Мұражай* күрделі (музей) сөзі бағалы мұралар жиналған, сақталған үй (орын) атауы болып саналады. Оның мағынасы *мұра* сөзімен де, *жай* сөзімен де байланысты. Күрделі сөздің мағынасы мен оның құрамындағы сыңарлардың арасындағы мағыналық байланыста түрлі ерекшеліктер болады, бірақ олардың мағыналық байланысы аңғарылады.

Туынды сөздерге жататын семантикалық тәсіл арқылы жасалған сөздердің басқа туынды сөздерден өзіндік ерекшелігі бар, ол оның құрамына қатысты. Ондай туындылардың құрамында өзгеріс болмайды, бірақ мағына өзгереді, бірақ өзгерген мағына негіз сөздің мағынасымен байланысты болады. Мысалы, *баға* сөзі бұрын да, қазір де заттың бағасы мағынасын береді. Ал білім үшін қойылатын *баға* - оның кейін туған мағынасы, ол мағынаның алғашқы мағынадан басқа екені даусыз. Бірақ бір сөздің осы екі мағынасы бір-бірімен байланысты екені дәлелдеуді қажет етпейді.

Туынды сөздердің түрлерін талдау туынды сөздің мағынасының оның құрамындағы морфемалардың мағынасымен байланыстылығын көрсетеді. Сондықтан ол туынды сөздің негізгі белгілерінің бірі болып саналады. Мұндай мағыналық байланыс жоқ жерде туынды сөз жоқ деп есептеуге болады.

Тілде сөздің құрылысында кездейсоқ ұқсастықтар кездесе береді. Мысалы, *шайқас, болат, арба, қаптал, санат, тайқал, шапан, кексе, қақшан, құлақ* сияқты көптеген сөздер тілдік сезімі қалыптасқан оқушыларға құрамын бөлуге келетін сияқты болып көрінуі ғажап емес, тәжірибеде ол кездесіп те жүр. Бұларды *шай-қас, бол-ат, қап-тал, сан-ат, тай-қал, қақ-шаң, құл-ақ, ар-ба, шап-ан, кексе* сияқты бөлуі мүмкін. Мұндағы *шайқас, болат, қаптал, санат, тайқал, қақшан, құлақ* сөздерінің күрделі сөздің біріккен түріне жатпайтынын, олардың құрамын бөлуге болмайтынын *шай* мен *қас* сөздерінің мағынасының *бол* мен *аттың, қап* пен *таттың, сан* мен *аттың, тай* мен *қалдың, қақ* пен *шаңның, құл* мен *ақтың шайқас, болат, қаптал, санат, тайқал, қақшан, құлақ* сөздерінің мағынасына ешбір байланысы жоқ екені арқылы дәлелденеді. Сол сияқты *арба, шапан, кексе* сөздерінің - туынды түбір емес екені әрі негіз сөз деп алынған сөздің бөлімінің мағынасыз екені арқылы және олар кездейсоқ ұқсас болып тұрған *ар, шап, кек* сөздерінің мағынасының *арба, шапан, кексе* сөздеріне ешбір қатысы жоғы арқылы *-ба, -ан, -се* бөлімін жұрнаққа бөлудің қате екені тілде мұндай мағыналы жұрнақтың жоқ екені арқылы дәлелденеді. Сөйтіп, туынды сөздің мағынасының оның құрамындағы морфемалар мағынасымен байланысын білу тек туынды сөзді тану үшін ғана емес, кездейсоқ ұқсастықтардан шығатын қатеден сақтандыру үшін де қажет.

Туынды сөз өз мағынасының шындық өмірге қатысы арқылы да ажыратылады. Сөздің жаса-

луына негіз болатын негізгі фактордың бірі сыртқы дүниеге қатысы (экстралингвистикалық фактор) болса, ол туынды сөздің танылуында да, ажыратылуында да негізгі белгі бола алады. Туынды сөз шындық өмірдегі белгілі бір құбылысты, затты, оның түрлі белгілерін, қимылын, т.б. ерекшеліктерін білдіреді. Мысалы: *аялдама, балмұздақ, көрермен, оқырман, талапкер, жанкүйер* т.б. Келтірілген туынды сөздер кейінірек соңғы кезде жасалғандықтан, олардың неліктен, қалай жасалғаны көпшіліктің есінде.

Алдымен бұлардың бәрінің шындық өмірде белгілейтін заттары, ұғымдары бар. Оның бәрінің қазақ халқының өмірінде кейінірек қана пайда болғаны да талассыз. Бұрын болмаған осы заттар мен құбылыстардың өмірде пайда болуы оларды атауды талап етті. Сондықтан осы туынды сөздер жасалды. Олардың ешқайсысының тұтас мағынасы құрамындағы морфемалардың жеке мағынасында жоқ. Сөйтіп, жоғарыдағы туынды сөздердің шындық өмірде белгілейтін заттары олардың туынды сөз ретінде танылуына дәлел бола алады.

Ал *көрермен* деген сөздің түп негізін алып, оны *көресін, көрермін* сияқты түрде өзгертсек, олардың бәрінің беретін мағынасы - шындық өмірдегі бір ғана көру қимылы, мұнда жаңа қимылдың аты жасалған жоқ. Өйткені олар туынды сөз емес, сөздің түрлі тұлғалары ғана. Сөз тұлғалары түбір сөздегі лексикалық мағынаны өзгертпейді, оның сөйлемдегі басқа сөздерге қатысын көрсетеді. Сондықтан сөз тұлғаларының әрқайсысының белгілейтін шындық өмірде заты, құбылысы, әрекеті, белгісі болмайды. Бұл айтылғандардың бәрі туынды сөздің шындық өмірдегі түрлі құбылыстарды, заттарды, қимыл-әрекетті белгілеуге қатысын білдіреді.

Туынды сөз тілдегі басқа сөздер сияқты шындық өмірдегі заттар, олардың сан алуан белгілерінің аты болғандықтан, лексикалық нұсқаға (единицаға) жатады да, тілдің сөздік құрамына енеді, оны байытады, туынды сөздер - әр кезінде тілге кірген дайын сөздер. Сондықтан туынды сөз сөйлемге сол дайын қалпында алынады. Басқаша айтқанда, ол сөз тұлға сияқты сөйлем құрылысының қажетіне қарай әр сөйлемде жасалып отырмайды. Туынды сөз тілде бір кезде қалай жасалған болса, қандай сөйлем болмасын, сол бір кезде жасалған дайын қалпында сөйлемге кіреді. Мысалға егін туралы белгілі бір ойды айту керек болғанда, тілде тым ертеде жасалған *егін* деген дайын тұрған туынды сөз қолданылады. Мысалы:

егін салынды, егінді жина, егіннен көп өнім алдық т.б. Бұлардың бәрінде *егін* деген тілге әлдеқашан енген дайын туынды сөзді алдық та, сөйлемде қолдандық, ол әр сөйлемде жасалып отырған жоқ. Әңгіме етік тігетін адам туралы болса, онда тілімізде бір кезде жасалып, сөздік қорымызға енген *етікші* деген сөзді алып, сөйлем арқылы ол туралы ой хабарланады. Мысалы: *Етікші етік тікті. Етікшінің тіккен етігі өте жақсы. Етікшіде жақсы етік бар* т.б.

Келтірілген мысалдарда *егін, етікші* деген туынды сөздер сөйлемге тілдегі дайын қалпында алынып, сөйлем құрылысының қажетіне қарай түрлі тұлғаларда қолданылып тұр. *Егін* деген сөзге жалғанған табыс, шығыс септік жалғаулары, *етікші* деген сөзге жалғанған ілік, жатыс септік жалғаулары оларға сөйлемнің қажет етуіне қарай қосылған.

Сөйтіп, туынды сөз атаулы - әр кезеңде жасалып сөздік қорға еніп отырған дайын лексикалық нұсқалар, сондықтан олар сол қалпында сөйлемге алынады. Бұл ерекшелігі жөнінен оларды негізгі түбір сөздермен бірдей деп қараған жөн. Негізгі түбір сөздер қалай сөйлемге дайын түрінде кірсе, туынды сөздер де сондай дайын қалпында кіреді. Бұның себебі сөйлемге дайын тұрған қалпында кіру жалпы лексикалық нұсқаларға тән ерекшелік, сондықтан туынды сөз болсын, негізгі сөз болсын сөз атаулының бәрі тілдегі дайын тілдік нұсқаларға жатады да, сөйлемде сол дайын қалпында қолданылады. Ал қай туынды сөздің сөйлемде қолданылуы сөйлемде айтылуға тиісті ойға байланысты. Сөйтіп, туынды сөз - сөйлем құрылысына тәуелсіз, қандай сөйлемге де дайын қалпында алынатын лексикалық нұсқа. Бұл белгі туынды сөз атаулының бәріне ортақ. Бұл ерекшеліктер туынды сөз атаулының бәріне қатысты. Сондықтан туынды сөздердің тілдің сөздік құрамында өзіндік орны бар дайын тілдік нұсқа (единица) болуы оның дайын қалпында қолданысқа түсуіне мүмкіндік береді. Сол арқылы ол сөзтұлғалардан ерекшеленеді.

Туынды сөз атаулы тілдің сөзжасам жүйесі арқылы жасалады. Басқаша айтқанда, туынды сөз кездейсоқ, қалай болса, солай жасала бермейді. Ол тілдің сөзжасам заңдылықтары бойынша, тілде қалыптасқан сөзжасам тәсілдерінің бірі арқылы, тілдегі дайын сөзжасам үлгілері бойынша жасалады. Сондықтан туынды сөзді оның қандай тәсіл, қай үлгі арқылы жасалып тұрғанына қарап та ажыратуға болады. Мысалы: *малшы, аңшы, өлеңші, үгітші, суретші, биші* т.б. Мұнда келтіріл-

ген туынды сөздер зат есім сөзжасамының бір сөзжасамдық түріне жататын /з. е+ж/ үлгісі бойынша жасалған. Бұл үлгі тіліміздің морфологиялық сөзжасамының түбір - жұрнақ /т + ж/ үлгісінің ішкі бір тармағы. Ол - өте кең тараған үлгі. Сондықтан жоғарыда келтірілген мысалдардың осы үлгі бойынша жасалғанына қарап-ақ, олардың туынды сөз екенін ажыратуға болады.

Сол сияқты синтаксистік тәсіл арқылы жасалған туынды сөздердің де белгілі үлгілері бар. Ол үлгілерінің синтаксистік тәсілдің түрлеріне байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Бірақ мұнда да олардың бәріне ортақ ірі модель бар, ол үлгі - түбір-түбір /*m+m*/. Сөзжасамның синтаксистік тәсіліне тән осы үлгіде бұл тәсілдің ішкі түрлеріне байланысты аздаған өзгерістер қосылады. Олар сөзқосым, қосарлау, тіркестіру тәсілдерінің ерекшелігінен туады. Синтаксистік тәсілдің ішкі түрлерінің үлгілеріндегі аздаған өзгерістер болғанымен *m+m* үлгісінің морфемдік құрамы олардың бәрінде сақталады. Сондықтан синтаксистік тәсіл арқылы жасалған туынды сөздерді ажыратуда осы үлгіге сүйенуге болады.

Олай болса, туынды сөздерді ажырату белгілерінің бірі олардың жасалған тәсілдері мен үлгілері деп тану керек. Туынды сөздердің бұл белгісі де олардың барлығына ортақ белгіге жатады.

Туынды сөз сөйлемде сөз түрлендіруші, сөзтұлға жасаушы қосымшалармен түрлене береді. Ол қай сөз табына қатысына байланысты. Сөз түрлендіруші көрсеткіштері жоқ сөз табының туынды сөзі болса, ол түрленбей, түбір қалпында да қолданыла береді, Мысалы: *ол қазақша жақсы сөйлейді*. Мұндағы *қазақша* деген үстеу сөйлемде сөз түрлендіруші қосымшасыз тұр, өйткені үстеуде ондай қосымшалар жоқ. Сөз түрлендіруші қосымшалары бар сөз таптарының туынды сөзі болса, соның ішінде қай сөз табына жатса, сол сөз табының сөз түрлендіруші қосымшаларымен қолданылады. Мысалы: *Әнші концерт берді. Әншілерге сыйлық берілді. Әншілерді халық өте сыйлады*.

Осындағы *әнші* деген туынды түбір зат есім болғандықтан, сөйлемде зат есімнің көптік жалғауымен, септік жалғауларымен түрленген. Туынды сөздің сөйлемде түрлі тұлғада қолданылуы оның түбір сөзге жататынын көрсетеді, өйткені түбір сөз ғана сөйлемде түрлене алады. Осындағы сөз түрлендіруші, тұлға көрсеткіштерін бөліп алсақ, туынды түбір ғана қалады. Ол туынды түбір түрлі сөйлемде құрамын сақтап тұр, әр сөйлемде

өзгерген - тек сөз түрлендіруші қосымшалар ғана. Олай болса, сөйлем құрылысына қарай өзгермей, түбірде сақталған қосымша сөз жасаушы қосымша болғаны. Сондықтан ол сөз /*әнші*/ туынды түбірге жатады. Міне, туынды сөздің сөйлемде түрлі тұлғада қолданылуы сөз шегі жағынан оған белгі бола алады.

Сөйтіп, біз туынды сөздердің негізгі ірі белгілерін көрсеттік. Бұл белгілер туынды сөздерді басқа сөзтұлғалардан ажыратуға көмектеседі.

Түбір сөздер деген термин мұнда тілдегі лексикалық мағыналы тілдік нұсқалардың бәрінің ортақ атауы ретінде қолданылып отырғанын ескертуге тура келеді, өйткені қазақ тіл білімінде бұл термин негізгі түбір мағынасында да қолданылып қалатын кездері бары белгілі.

Тілдегі лексикалық мағынасы бар дербес сөз қызметін атқаратын лексикалық нұсқалардың бәрі түбір сөздерге жатады. Мысалы, *жер, адам, кітап, қаламгер, өнерпаз, жеделжәрдем, азық-түлік, колхозшы, жолқыс* (перекресток), *өскін* (всходы), *жолнұсқа* (путеводитель) т.б. Бұл түбір сөздер морфемдік құрамы, жасалу жолы жағынан түрлі екені белгілі, бірақ, бұлардың бәрінің басын қосып, бір терминмен аталуына олардың ортақ белгісі болуы себеп болады. Ал олардың ортақ белгісі - лексикалық мағыналы тілдік нұсқа екені. Сөйтіп, тілдегі лексикалық мағыналы дербес сөз атаулының бәрі түбір сөздер деп аталады.

Бұл еңбекте түбір сөздер деген ортақ термин олардың сөзжасамдағы қызметіне байланысты қажет болды. Түбір сөз атаулының бәрі сөзжасамның негізгі нысаны болып саналады. Өйткені түбір сөздің қатысынсыз ешбір туынды сөз жасалмайды.

Түбір сөздер сөзжасамға негіз болады. Сөз жасаушы негізгі тілдік нұсқа қызметінде сөзжасам әрекетін іске асырады. Мысалы, *әнші, егіндік, ақмолалық* (азамат), *колхозшы* деген түбір сөздерді алсақ, олардың бәрі туынды сөздерге жатады. Ал осы туынды сөздердің жасалуына *әнші* дегенде *ән* деген негізгі түбір қатысқан, *егіндік* деген туынды сөз *егін* деген туынды түбірден, *ақмолалық* - *Ақмола* деген біріккен түбірден, *колхозшы* - *колхоз* деген қысқарған сөзден жасалған.

Бұл келтірілген мысалдар сөз жасаушы тілдік нұсқа қызметінде тілдегі түрлі түбірлердің бәрі қатысатынын дәлелдеді. Сондықтан олардың бәрін қамтитын ортақ термин қажеттігі туады. Осы қажеттікті өтеу үшін, сөзжасамдық негізгі лексикалық нұсқа қызметін атқаратын сөздердің бәрі түбір сөздер деп аталды.

Сөзжасамға түбір сөздің негіз болуы оның лексикалық мағынасының бөлуімен тікелей байланысты. Түбір сөздің лексикалық мағынасы болғандықтан, ол туынды сөздің лексикалық мағынасына арқау бола алады. Мысалға *дәрісхана, күшей* деген туынды түбірлерді алсақ, олардың мағынасы *дәріс, күш* сөздерінің мағыналарының негізінде жасалғандықтан, *дәрісхана* - дәріс берілетін бөлмені, *күшей* - күштің көбеюін, күштің арту мәнін білдіріп тұр. Бұдан туынды сөздің мағынасы оның жасалуына негіз болған түбір сөздің лексикалық мағынасы арқылы жасалғаны анық көрінді.

Бұл айтылғандар түбір сөздің лексикалық мағыналы сөздер екенін дәлелдеді. Олай болса, түбір сөздер тілдегі лексикалық нұсқалар (единицалар) болып табылады, сондықтан олар - тілдің сөздік құрамына жатады, тілдің сөз байлығын құрайды. Түбір сөз атаулының бәрі де дайын сөз болып саналады. Олар сөйлемге сол тілдегі дайын қалпында алынып қолданылады. Олар сөйлем жасаумен бірге жасалып отыратын тілдік құбылыс емес. Түбір сөздер тілдегі дайын тілдік нұсқалар болғандықтан, түрлі сөздіктерден орын алады. Басқаша айтқанда, тұрақты дыбыстық құрамда тұрып, белгілі лексикалық мағынаны білдіретін сөз атаулының тұлғалық ерекшелігіне қатыссыз жалпы аты ретінде түбір сөздер деген термин қолданылып отыр.

Түбір сөздерді морфологиялық тұрғыда алып қарастыруға да болады, сөзжасам мақсатына байланыстыра қарастыруға да болады. Осындай екі тұрғыда қарастыру - тіл білімінде бар тәжірибе.

Түбір сөзді сөзжасам мақсатына лайықты талдағанда, оны екі үлкен топқа бөліп қарастыру пайдалы. Олар: 1) негізгі түбір сөз, 2) туынды сөз.

Негізгі түбір сөз бен туынды сөзді дұрыс анықтау, олардың бір-бірімен байланысын айқындау сөзжасамның негізгі мәселелерінің біріне жатады. Бұл екі топқа жататын сөздердің айырмашылығы да күшті, сонымен бірге байланысы да күшті. Сөзжасамды жақсы түсіну үшін, бұл екі топтың ерекшеліктерін, байланысын жақсы білу керек. Негізгі түбір де, туынды сөз де сөзжасамдық нұсқаға жатады.

Мысалы, *нан, ән, қол, же, кел* сияқты негізгі түбір сөздер мен *саудагер, базарлық, суретші, намысқор, қосақ* сияқты сөздерді алайық. Бұл мысалдардың алғашқылары - негізгі түбір сөздер, соңғылары - туынды сөздер. Мысалға келтірілген *нан, ән, қол, же, кел* деген негізгі түбір сөздерді әрі қарай морфемаларға бөлшектеуге келмейді,

өйткені олар бір ғана морфемадан тұрады яғни олар бөлшектенбейтін сөздер. Негізгі түбір сөздердің бұл ерекшелігі негізгі белгінің бірі болып саналады.

Негізгі түбір әрі қарай бөлшектеуге келмейді, дербес тұрып мағына береді. Негізгі түбір сөздің осы екі белгісінің алғашқысы негізгі түбір сөзді туынды сөзден ажыратуға тірек бола алады. Негізгі түбір сөздің бөлшектеуге келмейтіні ол - бір морфемалы сөз. Негізгі түбір сөздер бір морфемалы болғандықтан, оны әрі қарай бөлшектеуге болмайды, ал туынды сөздер екі морфемалы болғандықтан, оны іштей бөлшектеуге болады. Бұл негізгі түбір сөздің бір белгісіне жатады.

Туынды сөздерді іштей бөлуге болады, өйткені олар екі морфемалы сөздер. Мысалы, *сәулетші, куәлік, әділет, жылыт, орам* сияқты туынды сөздердің құрамында негіз сөз және сөзжасамдық жұрнақ бар, сондықтан олар екі морфемалы сөздер, бұл оларды іштей морфемалар жігі бойынша бөлуге мүмкіндік береді. Бұл қасиет туынды сөз атаулының негізгі тобына қатысты.

Негізгі түбір сөздер лексикалық мағынасы бар, грамматикалық ерекшелігі мен дыбыстық құрамы тұрақты бір бүтін тілдік нұсқалар. Олар осы қасиетін қолданыста сақтайды. Бұл ерекшеліктер туынды сөзде де бар.

Бұл - олардың ұқсас белгілері. Бірақ негізгі түбір сөздің лексикалық мағынасының қайдан, қалай қалыптасқанын дәлелдеуге болмайды. Негізгі түбір сөздердің мағынасы тілде табиғи берілген мағына сияқты болып көрінеді. Ал туынды сөздің мағынасының қалай жасалғанын дәлелдеуге болады, ол анық көрініп тұрады. Мысалы, *саудагер* сөзінің мағынасы *сауда* сөзінен, *базарлық* сөзінің мағынасы *базар* сөзінен, *суретші* сөзінің мағынасы *сурет* сөзінен, *намысқор* сөзінің мағынасы *намыс* сөзінен жасалғанын түсіндіруге, дәлелдеуге болады. Бұл - туынды сөздің мағынасының ерекшелігі, туынды мағына негіз сөздің мағынасынан жасалатыны, негіз сөздің мағынасы туынды сөздің мағынасына арқау, өзек болатыны - сөзжасамның негізгі заңдылықтарының бірі.

Сонымен бірге туынды сөздің мағынасы оның құрамындағы морфемалар арқылы, негіз сөз бен сөзжасамдық жұрнақ арқылы дәлелденеді. Мысалы, *әнші, дәрігер, оқытушы, жазушы, тәлімгер* деген туынды түбірлердің мағынасы жалғыз құрамындағы негіз сөз арқылы ғана дәлелденіп қоймайды, олардың құрамындағы мамандық мағынасын қосып тұрған *-шы /-ші, -гер* жұрнақтары арқылы да дәлелденеді.

Қорыта келгенде, туынды сөздің мағынасы оның құрамындағы морфемалардың мағынасынан жасалады, құралады. Бұл қасиет негізгі түбір сөздерде жоқ.

Туынды сөздердің мағынасы өзі жасалған негізгі түбір сөздің мағынасына байлаулы, бағынышты. Туынды сөз бар жерде міндетті түрде оның жасалуына негіз болған негізгі түбір сөз болады. Мысалы, *мүсінші, қайраткер, қаламгер, мамандық* деген сөздердің туынды сөз болып танылуы тілде олармен қатар қызмет атқарып жүрген *мүсін, қайрат, қалам, маман* деген сөздердің болуына байланысты. Ондай сөздер тілде болмаса, біз аталған сөздердің туынды сөз екенін дәлелдей алмаған болар едік.

Қазақ тіліндегі *құрық* деген сөзді мысалға келтірейік. Бұл сөз қазақ тілінде негізгі түбір болып саналады, өйткені оны әрі қарай морфемаларға бөлшектеуге болмайды. Егер оны *құр-ық* түрінде бөлшектесек, тілде құрық мағынасымен байланысты, оған негіз болған *құр* деген сөз болу керек, ондай мағыналы сөз тілде қазір жоқ. Осы сөзбен омоним *құр* (бос мағынасында) не *құрғақ, құрылық* сияқты сөздердегі *құр* сөзі деп қарауға олардың мағынасының құрық мағынасына ешбір қатысы жоқ. Алайда ғалымдар *құрық* сөзін тарихи тұрғыдан туынды түбір ретінде зерттейді.

Негізгі түбір сөз - сөзжасамның қатысынсыз жасалған сөздер, бұл - негізгі түбір сөзге қатысты жалпы заңдылық. Бірлі-жарым тарихи тұрғыда бір заманда туынды сөз болып кейін негізгі түбірге ауысқан сөздер болатыны жалпы заңдылыққа жатпайды.

Тілдегі байырғы негізгі түбір сөздердің көпшілігі көне замандардан келе жатқан сөздер, оларды түркі тілдерінің көне жазба ескерткіштерінің тілінен кездестіруге болады. Сондықтан да олардың көбі түркі тілдерінің ортақ лексикасына жатады. Туынды сөздерде мұндай ортақтық міндетті емес. Туынды сөздерде түркі тілдерінде ерекшелік кездесе береді, әр тіл өз заңдылығы бойынша туынды сөздер жасайды. Мысалы, қазақ тілінде *рақымсыз, мақсатсыз* деген туынды сөздер бар, өзбек тілінде осы мағыналы сөздер *берахмлик, бемақсад* түрінде жасалған. Сол сияқты *жанжалшыл* деген туынды сөз өзбек тілінде *жанжалкаш* түрінде жасалған. Қазақ тіліндегі *таракты* деген туынды сөз - татарша *тараксыман* түрінде жасалған. Бұл келтірілген мысалдар туыстас тілдерде сөзжасамның әр тілде өзіндік ерекшелігі барын дәлелдейді. Бірақ бұл туыстас тілдерде сөзжасамда ортақ заңдылықтың барын жоққа

шығара алмайды. Сондықтан ұқсастықтар да жеткілікті. Өйткені туыстас тілдердің сөзжасамдық заңдылықтарында ортақ қасиет те күшті.

Негізгі түбір сөздер тілде көне замандардан келе жатқан сөздер болғандықтан, халыққа таныс, белгілі сөздер, сондықтан олар тілдің негізгі сөздік қорына жатады. Негізгі сөздердің басым көпшілігі тілде жиі қолданылады. Олар - күнделік өмірдегі қарым-қатыста да, көркем шығарма стилінде де, басқа стильдерде де қолданылатын сөздер. Негізгі түбір сөздердің қолданылу мүмкіндігі мол, олар белгілі бір стильге байлаулы сөздер емес. Бұл жағдай негізгі түбір сөздердің тілде үлкен қызмет атқаратынын дәлелдейді. Әрине, ол туынды сөздердің тілде негізгі сөздерден қызметі кем деген қорытынды жасауға дәлел бола алмайды. Бірақ негізгі түбір сөздер негізгі сөздік қорға жатады да, туынды сөздерге ол түгел қатысты емес. Туынды сөздердің бірсыпырасы сөздік құрамға кіреді.

Негізгі түбір сөздердің сөзжасамда атқаратын қызметін дәл сондай дәрежеде ешбір сөз атқара алмайды. Негізгі түбір сөздердің сөзжасамдық қабілеті өте күшті. Тілдегі негізгі түбір сөздердің бәрі дерлік сөзжасамға қатысады және олар арқылы жасалған туынды сөздер өте көп. Бір негізгі түбір сөзден 100-ден астам туынды түбір ғана жасалу сирек құбылыс емес, бір негізгі түбірден 50-60 туынды түбір жасалу жиі кездеседі. Мысалы, *бас* деген негізгі түбірден 140-тан астам туынды түбір жасалған. *Жел* деген негізгі түбірден тоқсаннан астам туынды түбір жасалған. Негізгі түбірден 20-30 туынды түбір жасалу өте жиі кездеседі деуге болады. Мысалы, *ай, бап, бет, боз, бой, бос, дәм, ду, жад, жан* деген негізгі түбір сөздерден 22-ден 30-ға дейін туынды түбір жасалған. *Ал ақ, ас, ат, бек, бел, би, бу, дән, ес, жау* деген негізгі түбір сөздердің әрқайсысынан 40 пен 50 арасында туынды түбір жасалған.

Туынды түбірлер, туынды сөздер де сөзжасамға қатысады. Мысалы, *екібастұздық, егінші, жемқор, сәнқойлық, көрімдік* сияқты туынды түбірлердің жасалуына *Екібастұз, егін, жем, сәнқой, көрім* сияқты туынды сөздер негіз болған. Бірақ туынды сөздердің сөзжасамдық қабілеті өте нашар, олар өнімсіз. Сондықтан туынды сөздердің басқа туынды сөзге негіз бөлуын негізгі түбір сөзбен салыстыруға келмейді.

Сонымен бірге негізгі түбірлерде өмонимдік қасиет жиі кездеседі. Мысалы, *ас, ат, өт, көш, кой, жай* негізгі түбірлері әрі зат есім, әрі етістік болып, тілде түрлі мағынада қолданылады. Ал туынды сөздерде ондай қасиет жоқтың қасы.

Қазақ тіліндегі негізгі түбірлердің дыбыстық құрамы, буын саны жағынан өзіндік ерекшеліктері бар. Рас, ол ерекшеліктер түркі туыстас тілдерге ортақ болып келеді. Қазақ тіліндегі негізгі түбір сөздердің көбі - бір буынды сөздер. Мысалы, *ай, көк, нан, ән, әл, ақ, ат, ал, жан, бар, сән, тән, өс, өш, өл, өң, қол, көз, ар, ас, тіл, жас, үй, кош, көл, кел, кет, көн, ақ, бақ, сөн, қаш, қайт, қал, қон, қос, қор, қой, бас, бат, бер, көр, сал, сат, біл, бөл, бек, бет* т.т.

Бір буынды негізгі түбірлердің өзі дыбыстық құрамы жағынан түрлі бөлады. Олар екі дыбыстан (*же, де, ел, ем, ең, от, өш, ал*), үш дыбыстан (*бер, бол, бас, бос, кет, кел*), төрт дыбыстан (*қант, қайт, қарт, сарт*) құралады. Буында дауысты, дауыссыз дыбыстардың орналасуына қарай олар ашық, тұйық, бітеу буынды негізгі түбірлер болып та бөлінеді. Бұл - түркі тілдерінің бәріне ортақ құбылыс. Түбірдің түрлері жағынан алғанда, бір буынды сөздердің ішінде бітеу буынды бір буынды сөздер ең көбі.

Сонымен бірге екі буынды негізгі түбір сөздер де баршылық. Мысалы, *қара, ана, әке, шеше, аяқ, арқа, дала, бала, төмен, жақсы, алтын, ақша, тоқта, шала, қатын, әйел, ағаш, нақыш, серке, тамыр, томар, торғай, жүген, жекет* т.б.

Ал үш буынды негізгі түбір сөздер аз. Мысалы, *азамат, алапат, әдемі, әңгіме, баяғы, бөрне, бөтеге, данышпан, дөрекі, дүние, ежесей, жабағы, жабайы, жіңішке, керемет, көкірек, қабырға, қанағат, қарағай, құмалақ, нәресте, нәтиже, несие, оңаша, өтірік* т.б. Бұл сөздер тілдің қазіргі даму кезеңінде негізгі түбір саналады. Тарихи тұрғыда олардың негізгі түбірге жатпауы да мүмкін. Бірақ мұндай негізгі түбірлер өте аз, басқа тілден енген сөздер есепке кірмейді.

Туынды түбірлерде сөздің буын саны туралы сөз болуы мүмкін емес, өйткені олар екі буынды түбірден бастап, бірнеше буынды болып келе береді. Мысалы, *өнім, білім, жалбарыныштылық, келісімпаздық, мәдениетсіздік* т.б.

Туынды түбірлер тілдің сөз байлығының ең қалың қабаты болып саналады. Тілде туынды сөздің жасалу тәсілдерінің түрлілігіне байланысты туынды сөздердің түрлері де бірсыпыра. Сондықтан оларды таптастырып, әрқайсысына жеке тоқталу дұрыс.

Туынды сөздердің жасалу тәсілінің түрлілігі оның құрамына әсер етеді. Осымен байланысты туынды сөздердің құрамындағы ерекшелікті ескере отырып, олар үлкен екі топқа жіктелді. Олар: 1) туынды түбірлер, 2) күрделі сөздер. Оларға жеке-жеке тоқталайық.

Туынды түбірлердің мағынасы құрамындағы негіз сөздердің мағынасымен байланысты, бірақ негіз сөздің мағынасынан туынды түбірдің мағынасы күрделі. Өйткені негіз сөздің мағынасының үстіне ондағы жұрнақтардың мағынасы қосылады. Сондықтан да негіз сөз бен одан жасалған туынды түбірдің мағынасы байланысты болғанымен, ол екеуінің мағынасы тең бола алмайды. Сонымен туынды түбірдің құрамындағы негіз сөздің мағынасы мен сөзжасамдық жұрнақтың мағынасы қосылып, туынды түбірдің мағынасын жасайды.

Осымен байланысты төмендегідей қорытынды жасауға болады: 1) туынды түбір екі морфемалы сөз, олар: негіз сөз бен сөзжасамдық жұрнақ; 2) туынды түбірдің мағынасы оның құрамындағы негіз сөз бен сөзжасамдық жұрнақтың мағынасынан жасалады; 3) туынды түбірдің құрамындағы негіз сөз бен туынды түбірдің мағынасы байланысты болады. Бұл айтылғандарды туынды түбірді ажырататын белгі ретінде қарауға болады.

Туынды түбірдің бұл белгілеріне сүйеніп, оларды басқа туынды сөздерден ажыратуға болады. Мысалы, *балшық* деген сөзді туынды түбір деушілер кездескенде, қате пікірде екенін туынды түбірлердің белгілеріне сүйеніп дәлелдеуге болады. Мысалы, *балшық* дегенді *бал* және *-шық* деп бөліп, туынды түбір деп түсіну болса, оның қате екенін туынды түбірлердің белгілеріне сүйеніп дәлелдеуге болады. Тілімізде *бал* деген сөздің бар екені рас. Ол жейтін тәтті дәм немесе бал ашу мағынасында қолданылады. *Балшық* деген сөзде ол екі мағынаға ешбір жақындық жоқ. Яғни ол туынды түбірдің мағынасы мен негіз сөздің мағынасы байланысты болады деген белгіге сай емес. Тілде *-шық* деген жұрнақ бары рас, ол көбіне *үйшік*, *көлшік* сияқты түрде қолданылып, кішірейту мағынасын береді. *Балшық* дегенде жұрнақтың бұл мағынасы да жоқ. Бұл туынды сөздің мағынасы оның құрамындағы негіз сөз бен сөзжасамдық жұрнақтың мағынасынан жасалады деген белгіге де сай емес. Осы жағдай *балшық* сөзінің құрамын бөлшектеуге болмайтынын дәлелдейді.

Туынды түбірлер тілдің қазіргі даму сатысына сай танылады. Сондықтан туынды түбірдің құрамындағы морфемалардың жігі анық көрініп тұруы қажет. Мысалы, *кедейлік* < *кедей* + *лік*, *қымызхана* < *қымыз* + *хана*, *көкте* < *көк* + *те*, *намысқор* < *намыс* + *қор*, *тапқыр* < *тап* + *қыр*, *тоттық* < *тот* + *тық*, *тігін* < *тік* + *ін*, *ұшқыш* < *ұш* + *қыш*,

ұшақ < *ұш* + *ақ*. Келтірілген туынды түбірлердің бәрінде олардың құрамындағы морфемалардың жігі анық көрініп тұр. Сондықтан оларды құрамындағы негіз сөздердің тілде дербес қолданылғандағы мағынасына қарап, дәлелдеуге болады. Мысалы, *кедей*, *қымыз*, *көк*, *намыс*, *тап*, *тот*, *тік*, *ұш* деген сөздер тілде дербес қолданылып, туынды сөз құрамындағы мағынаны білдіріп жүрген сөздер: *кедейге көмектес*, *қымызды іш*, *көкке боя*, *намысыңды сақта*, *іздегеніңді тап*, *татты кетір*, *киімді тік*, *алысқа ұшпа* сияқты тілде олар түрлі жағдайда осы мағынада қолданыла береді.

Осы туынды сөздің құрамындағы жұрнақтың әрқайсысы басқа да бірнеше туынды түбір жасап жүргені белгілі. Мысалы, туынды түбір жасалған: *кедейлік* дегендегі *-лік* жұрнағы өте өнімді, талай туынды түбір жасаған: *ақындық*, *әсемдік*, *жылылық*, *тазалық*, *дөрекілік*, *аналық*, *туыстық*, *балалық* т.б. Жоғарыда келтірілген басқа туынды түбірлер құрамындағы жігі анық көрініп тұрған морфемалардың бәрі де осылай дәлелденеді. Өйткені туынды түбір құрамындағы морфемалардың жігі анық болуы олардың әрқайсысының тілде қызмет атқарып жүрген морфемалар екенін де көрсетеді.

Бұл жағдай тарихи тұрғыдағы туынды түбірлерге қатысты емес. Тарихи тұрғыдағы туынды түбірлердің құрамындағы морфемалардың жігі жойылған. Сондықтан олар қазіргі тілдің даму сатысында туынды түбір саналмайды. Мысалы, тюркологтар *жой* - *жоқ*, *той* - *тоқ*, *кел* - *кет* сөздерін көне заманда туынды түбір болған түбірлес сөздер деп дәлелдеген. Қазіргі тілдің даму сатысында бұл сөздер туынды түбірлер ретінде танылмайды, олар негізгі түбірлер саналады. Міне, сондықтан да туынды түбірлердің құрамындағы морфемалардың жігі сақталуы да олардың белгілеріне жатады.

Туынды түбірлердің мағынасы да ерекше назар аударарлық мәселе. Әр туынды сөздің мағынасының оның құрамындағы негіз сөздің мағынасынан лексикалық тұрғыда ерекшелігі болуы керек. Ол мағыналық ерекшелік түрлі болуы мүмкін. Мысалы, *дәрігер*, *саудагер*, *тәлімгер* дегендердің бәрі түрлі кәсіпті машықтанған, кәсіпке маманданған адамдарды білдіреді; *дәрігер* - алғаш дәрімен емдейтін адам, кейін жалпы емдеуші адам, *саудагер* - сауданы кәсіп еткен адам, *тәлімгер* - тәлім, тәрбие беруге маманданған адам. Бұлар да *дәрі*, *сауда*, *тәлім* деген жансыз заттық ұғым атаулары еді, туынды түбірде олардан адамға қатысты атау жасалды. Олар сөз табын сақтағанымен, мағыналарында үлкен өзгеріс болды.

Ал *жақсылық, жамандық, үлкендік, кішілік* деген туынды түбірлерде негіз сөздегі белгі мағынасы туынды түбірде заттық ұғымға ауысты. Бірақ олардың мағынасында өте үлкен айырмашылық бар деу қиын.

Таулы, ақылды, өнерлі сияқты туынды түбірлерде негіз сөздің туынды түбірде сөз табы өзгерді, зат мағынасы белгі мағынасына көшті. Бірақ мағынадағы өзгеріс өте үлкен емес. *Таулы* - тауы бар жер, *ақылды* - ақылы бар адам, *өнерлі* - өнері бар адам дегенді білдіреді.

Мысалға келтірілген туынды түбірлердің бәрінде негіз сөздің мағынасында өзгеріс болған, ол мағыналық өзгеріс әр топта әр түрлі. Бұдан шығатын қорытынды негіз сөзбен салыстырғанда, туынды түбірдің мағынасында қандай болса да, белгілі бір өзгеріс, түрлену болады екен. Сондықтан да негіз сөз бен туынды түбірдің мағынасы бірдей бола алмайды. Бұл туынды түбірдің мағынасында түрлі дәрежеде өзгеріс болатынына дәлел. Олай болса, туынды түбірдің мағынасында өзгеріс болу туынды түбірдің белгілерінің бірі болып саналады, өйткені мағыналық өзгеріс міндетті болып табылады.

Туынды түбірлер белгілі сөз таптарының құрамында болады. Мысалы, *қолөнерші, жазушы, күресші, дорбашық, буынишак, түйін, болжам* деген туынды түбірлер зат есімге жатады. *Өркениетті, білікті, әуесқой, өнерпаз, дүниеқор, бағалы, киімшең* деген туынды түбірлер сын есімге жатады. Ал *тазала, әңгімеле, қолда, жолық, ағар, қысқар, бағала* деген туынды түбірлер етістік екені белгілі.

Туынды түбірлердің сөз таптарына қатысты болатын себебі әр сөз табының өзіне тән сөзжасамдық жұрнақтары бар. Туынды түбір қай сөз табының жұрнағы арқылы жасалса, сол сөз табының туынды түбірі жасалады. Әр сөз табының жұрнағы туынды түбірге өзі тәуелді сөз табының мағынасын қосып, сол сөз табының сөзін жасайды. Сондықтан туынды түбір сөздің бәрі де белгілі бір сөз табының сөзі болып саналады. Осымен байланысты әр сөз табының сөзжасамы бар. Мысалы, зат есімнің сөзжасамы, сын есімнің сөзжасамы, етістіктің сөзжасамы т.б.

2.6. ТАРИХИ ТУЫНДЫ ТҮБІРЛЕР

Жалпы тіл білімінің деректеріне сүйенсек, сөздің құрылымын құрайтын бірліктер жүйесі жаңа өрлеу дәуірінде-ақ қалыптаса бастаған. Морфологияның *түбір* (латынша - *radix*), *қосымша* (латынша - *affixum* “қосылған, жалғанған”) және

журнақ (латынша - *suffixum* “ішіне енгізген”) деген ең маңызды ұғымдары ең алғаш рет 1506 ж. латын тілінде жарық көрген Рейхлиннің ескі-еврей грамматикасында қолданылған.

Түркі тілдерінде сөз құрылымдық тұрғыдан екі морфемадан тұрады. Олар - түбір морфема және қосымша морфема. Біріншісіне түбірлес және тарамдық (парадигмалық) қатардағы сөздерді салыстыру нәтижесінде анықталатын, бірақ синхрондық тұрғыдан жіктеуге келмейтін түбірлер жатады. Екіншісіне соларға жалғанатын тұлғалық бірліктер жатады да, деривациялық қатар құрайды. Соның негізінде түбірдің мағынасы нақтыланады, я ауысуға (транспозицияға) ұшырайды.

Соның нәтижесінде туынды (деривациялық) бірліктер жинақталған лексико-категориялық мәні бар, бірқалыпты құрылым болып саналады. Себебі ол әртүрлі лексикалық материалмен толығып отырады және сөздердің әр түрлі грамматикалық мағынадағы тұлғалық топтарын бірлестіреді.

Демек, деривация құбылысы тілдің тарихи даму барысындағы лексикалық ұғым мен грамматикалық мағынаның байып, жетілуімен тығыз байланысты тілдің ішкі заңдылығынан туады.

Сондықтан қазіргі тілімізде түбірдің құрылымын анықтау - түркітанудағы өзекті мәселелердің бірі. Себебі, түркі тілдеріндегі сөзбен аста-сып жатқан түбірдің қызметін, дамуын, өзгерістерін зерттеп, айқындау өте күрделі жұмыс. Оның басты себебі - морфологиялық құрылымы жағынан жалғамалы (агглютинативті) типке және негізгі сөз тұлғасы жағынан бірбуынды (моносиллабикалы) тілдер қатарына жататын түркі тілдері үшін түбір мәселесі - көп мәселенің түйінін шешуші өзекті проблема.

Қазіргі тілімізде синхрондық тұрғыдан түбір боп саналатын көптеген сөздер диахрондық зерттеудің нәтижесінде бір буынды түбір мен өлі не өнімсіз қосымшаға (аффикске) ажыратылады. Бұл - тіл дамуының бір кезеңінде дербес мағынаға ие болып, туынды сөздерге ұйытқы болған көптеген сөздерге тілдің даму барысында өлі немесе өнімсіз қосымшалардың әбден кірігіп, жігі білінбей жымдасып кетуінің жемісі.

Мысалы: *мақ-та, қыд-ыр, ай-т, са-н, қыз-ыл, т.б.*

Бірақ ол сөзтудырушы үлгілер (модельдер) өнімділігін жойғанмен, өздері жасаған сөздерінің құрамында ұзақ уақыт бойы сақталады. Сондықтан тарихи туынды сөздердің арасында архаизм-

дер ғана емес, сөйлеу үстінде дайын үлгі бойынша қолданыла беретін туынды сөздер де көптеп кездеседі.

Осыған орай қарастырғанда, түркі тілдерінің жалпытүркілік қабаты түбір және диахрондық тұрғыдан тарихи туынды түбірлерден көрінеді. Олардың ата түркі дәуіріндегі жалпытүркілік ежелгі түрін салыстырмалы-тарихи негізде жаңғырту арқылы байырғы қалпына келтіруге болады.

Ататүркі тілінің тұрақтануы оның ыдырауымен аяқталады да, сөз жоқ, үлкен уақыт кеңістігін қамтиды. Және бүкіл осы процесс барысында оны бір текті қалыпта болды деп айтуға болмайды. Бұған базистік лексиканың өзегі дәлел бола алады. Атап айтқанда, қазіргі түркі тілдерінде бірбуынды түбірлердің әртүрлі түрлері Г (дауысты), ГС (дауысты + дауыссыз), СГС (дауыссыз + дауысты + дауыссыз), СГСС (дауыссыз + дауысты + дауыссыз + дауыссыз) т.б. өте көп екендігін ғалымдардың бәрі де мойындайды.

Солардың ішінен түркі тілдерінің қазіргі даму кезінде ең көп кездесетіні - түбірлердің СГС түрі. Бұл - түркі түбірінің бірден бір түрі, ал басқалары соның варианттары.

Әрине, Н.А.Баскаков түркі тілдеріндегі түбірлердің дауыссыз-дауысты (СГ) және дауысты-дауыссыз (ГС) құрамдарын да мойындайды. Бірақ автор оларды алдыңғы, артқы позицияда дауыссыздардың редукцияға ұшырауынан, немесе түсіп қалуынан туған деп тұжырымдайды. Бұл ойына дәлел ретінде чуваш, якут тілдерінде санаулы дауыссыздардың сөз басында түсіп қалуын келтіреді. Бұл фактіні асыра бағалау мен қосымшалардың құрамындағы дауыссыздардың түсіп қалуы жайларын осылай шатастыру Вамбериді де осындай теріс пікірге әкелген болатын. Түбірлерді тарихи тұрғыдан қарау түркі тілдеріндегі алғашқы түбірлердің бір дыбыстан да, екі дыбыстан да, үш дыбыстан да тұратынын көрсетеді. Екі дыбысты, әсіресе үш дыбысты түбірлер көбіне тарихи тұрғыдан құрамды болып шығады. Яғни, онтологиялық (палентологиялық) бірлік (единица) болғандықтан, талай өзгерістерге ұшыраған түбірдің ата тілде әртүрлі хронологиялық деңгейде бір ғана үлгіде (модельдер) өмір сүруі мүмкін емес. Ал, қазіргі туыстас түркі тілдерін ескі түркі ескерткіштерінің материалдарымен салыстыра зерттеу байырғы түбірлердің бірбуындылығына дау туғызбайды. Қазақ тіл білімінде де қазақ тілінің лексикасына негіз бол-

ған толық мағыналы, көп мәнерлі, басқа түркі тілдеріндегі байырғы түбірлерімен мәндес бір буынды байырғы түбірлер деп қаралады. Ал қазіргі тіліміздегі жеке мағынаға ие болып, өзінен көптеген сөздерді өрбітіп, түбірлік сөз қызметін аткарып отырған, көбінесе, тарихи туынды түбірлер. Тілдің даму барысында олардың жігі білінбей кеткендігі сонша, оларды терең тарихи ізденіс нәтижесінде ғана түбір мен қосымшаға ажырата аламыз. Бұл түркі тілдерінің даму барысында морфологиялық элементтердің әбден жымдасып, кірігіп кетуі туралы гиперагглютинация теориясымен ұштасып жатады. Осы теорияның алғаш негізін қалаушы ғалымдардың бірі В.В.Радлов “екібуынды түбірлерді былай қойғанда, кез келген моносиллабтың этимологиялық түбір бола алмайтынын, оларды тарихи аспектіден қарап туынды түбір екенін байқауға болады” деп жазды.

Сондықтан қазіргі оқулықтарымыздағы түбірге берілген анықтама мен ол туралы ұғымымызда шарттылық басым. Біздің ойымызша, бұл - орыс тілі грамматикасының әсері. Орыс тілінде сөздің құрамы түбір морфема және қосымша морфемаға бөлініп талданады. Бұл орыс тілі дамуының ішкі заңдылығынан келіп шығады. Өйткені, бұл тілде түбір морфема бір сөздің құрамында тұрып, сол сөздің мазмұнын білдіргенмен, ол толық сөз емес, сөздің бөлшегі ғана. Тек қосымша морфемамен біріккенде ғана, толық дәрежесіне жетіп лексико-грамматикалық бірлік бола алады. Орыс тілінде зат есімнің тек мужской род тұлғасына жататын *стол, дом, брат* т.б. сияқты сөздер ғана ешқандай морфемаға бөлінбей, осы түбір күйінде тұрып, толық дербес сөз мағынасында қолданылады.

Демек, орыс тіліндегі сөздер грамматикалық формаға енгенде ғана, толық мағыналы дербес сөз болып, сол тілдің сөздік құрамына ене алады.

Ал, түркі тілдеріндегі **түбір** дегеніміз синхрондық тұрғыдан әрі қарай бөлшектеуге келмейтін, сол сөздің реалды мағынасын беретін бөлігі деп саналады. Қазақ тіліндегі әрбір түбір сөз - өз алдына толық мағыналы жеке сөз, лексикалық бірлік. Түбір сөздер сол күйінде түсіндірмелі, екі тілді т.б. сөздіктерге енеді. Олар ешқандай қосымшасыз тіркесе алады. Мысалы: *көк сия, темір пеш* т.б. Алайда, түркі тілдеріндегі түбірлердің негізгі ерекшелігінің бірі ретінде көрсетілетін бұл белгілер түбірлерге емес, **түбірсөзге** (корнеслово) тән қасиет. Ал, қазіргі тіліміздегі түбір сөз деп ұғынылатын көптеген сөздерді жоғарыда айтылғандай тарихи тұрғыдан түбір мен өнімсіз қосымша-

ларға жіктеуге болады. Қосымша морфемасыз ол түбірлер орыс тіліндегі сияқты толық мағына бере алмайды. Мұндай түбірсөздер тек қазақ тілінде ғана емес басқа да түркі тілдерінде көптеп кездеседі. Олардың құрамындағы түбір мен қосымшаның соншама кірігіп, қазірде бөлуге келмейтін түбір сөз деп ұғатындай дәрежеге жеткізген қандай себеп деген сұраққа жауап беру оңай емес.

Біріншіден, бұл жайды түбір ұғымының тарихи сипатымен түсіндіруге болатын сияқты. Мысалы, ерте кезде *-са* (“санау”), *-ба* (“байлау”), *-кыд* (“кыдыру”) т.б. түбір саналу себебі, көптеген түркітанушы ғалымдардың пікірінше, олардың сол кез үшін толық мәнді сөз болғанында. Олар тіл тарихының ерте кезеңінде құрылымы қарапайым, сан жағынан шектеулі, ешқандай қосымшасыз жеке дыбыстардың дыбысталуынан тұрған (С.Е.Малов, В.М.Насилов, Б.М.Юнусалиев, Х.Т.Нигматов, А.Т.Кайдаров, В.И.Асланов т.б.). Қазіргі тілімізде бұл қасиеттер түбірлерде жоқ. Бүгінде олардың көбі (түбірлер) жалаң түбір ретінде жұмсалмайды, тек белгілі бір тұлғада ғана қолданылып, өздерімен түбірлес сөздермен салыстыру арқылы анықталады. Осылайша, көптеген түбірлес сөздердің бөлшектеуге келмейтін, мағыналық жағынан бәріне ұйытқы болған ең түпкі бөлшегін теориялық тұрғыдан табуға болады. Бірақ олар осы қалпында (қосымша морфемасыз) қазіргі тілімізде жеке сөз ретінде қолданылмайды.

Мысалы:

*ан<аң-ға=, аң-да=, аң-ды=, аң-ыр=, аң-қау т.б.

*ел<ел-ті=, ел-ік=, ел-ір=, елгезек=, елжіре=, елп ету т.б.

*қор<қор-ға=, қор-ы=, қор-ша=, құр-са=, құрсау т.б.

*қай<қай-т=, қай-ыр=, қай-ра=, қай=қы, қайсар т.б.

Бұл - түбір морфемасын түбірлес сөздер парадигмасы бойынша талдау әдісі. Осылайша анықталған түбірлер көбінесе қосымшалардың пассивтенуінен “сүрленіп”, қазірде тек салыстырмалы-тарихи әдіс негізінде қалпына келтірілетін, не теориялық жорамал ретінде белгіленетін тарихи түбірлерге айналған.

Демек, **екіншіден**, тарихи түбірлердің пайда болуы сөз жасаудың морфологиялық тәсілінің тууымен, яғни, түркі тілдерінің жалғамалық (агглютинациялық) табиғатымен байланысты. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, бұл тәсіл тіл

дамуының ішкі заңдылығынан келіп туған. Егер ең алғашқы түбірлер лексика-грамматикалық категория ретінде дамымай, сол күйінде қалған болса, тілдің одан әрі баюы мен жетілуі, сөздердің әр алуан топтары, ұғымды білдірудің лексикалық құралдарының қазіргідей байлығы болмаған болар еді. Соның нәтижесінде түркі тілдерінің негізгі сөздік қорының семантикалық көлемі мен сөз топтарын көбейтуде және жаңа сөздер жасауға негіз болған семантикалық тәсіл арқылы түбір сөздердің сөз тудыру мүмкіндігі кеңейе түсті. Тіл дамуының келесі кезеңінде түркі тілдерінің тарихында маңызды роль атқарған синкретті түбірлер мен лексика-грамматикалық омонимдерді жасау үшін бірбуынды түбірлерге жалғанатын оморфты қосымшалардың орнына оған қарағанда, күрделірек тұлғалар жалғану үрдісі қалыптаса бастады. Себебі тіл дамуының лексика-грамматикалық мазмұнының күрделенуі, кеңеюі деривациялық жүйе арқылы түрдің де күрделенуін қажет етті. Түбір сөздер өздері беретін ұғымның ерекшелігі ашылған сайын жаңа мағыналы сөздерге негіз болып, өлі түбірлер ретінде тарихи туынды түбір құрамында қалып қоя берген. Бұл - түбір сөздер дамуының қажетті шарты. Сондықтан қазіргі тілімізде жаңа сөздер жасауға ұйытқы болатын көбінесе “өлі” түбірлер.

Үшіншіден, түбір сөздердің дамуын тіліміздің дыбыстық жүйесінің тарихи өзгерістерінен тыс қарауға болмайды. Үндіевропа тілдерінде түркі тілдерімен салыстырғанда, фузия құбылысының жиі ұшырауын олардың жалғамалы емес табиғатымен түсіндіруге болса, бірақ түркі тілдерінде де флективтіліктің элементтері кездеседі. Кейбір ғалымдар “өлі” (көбіне бірбуынды) түбірлердің құрамындағы түбір мен қосымшаның әбден кірігіп қазір бөлуге келмейтін түбір сөз деп ұғынуы соның нәтижесі деп қарайды. Э.В.Севортян жалғамалылық кезеңіне дейінгі (доагглютинативный период) құрылым, ия, “сөзтудырушы жүйе” деп жалпы атап өтеді. Қазақ тілінің сөз құрамындағы тарихи фонетикалық өзгерістерді зерттеу барысында Б.Сағындықұлы түркі тілдері флексиялық құрылым дәуірін басынан өткізген деп тұжырым жасайды. Оның дәлелі ретінде келтірілген тілдік деректерді ішкі флексия қалдықтары деп қарайды. Қазақ тіл білімінде бұл мәселенің проф. Қ.Жұбановтан басталатыны белгілі. Ғалым түркітанудағы бұл проблеманы агглютинациямен сабақтас қарайды.

Қалай болғанда да, түбір құрылымының сапалық өзгеруіне, қалыптасуына әсер ететін фо-

нетикалық құбылыстар ерекше көңіл бөлуді қажет етеді. Атап айтқанда, метатеза құбылысы, белгілі бір позицияда дауыссыз дыбыстардың түсіп қалуы т.б. фонетикалық құбылыстар, түбір құрамын белгілі дәрежеде деформацияға ұшыратты. Мысалы: *сөз~сөйле, бағ~байла, сау~сақай, сойым~соғым, аудар~ақтар* т.б. Мұндай даму ерекшеліктері қазақ тілінің өзімен ұялас-тектес жеке тілдерден, тілдер тобынан ерекшелену, соның нәтижесінде дербестену жолдары. Оны былай қойғанда, қазақ тілінің фактілерін өзара салыстыру арқылы қазақ тілінің өзінде мынадай дыбыс сәйкестіктерін айқындауға болады: *жаз~жай, бақ~бау, көр~көз, сый~сық, қызыл~қырмызы, қыз~қырқын* т.б. Түбірдің морфонологиялық құрылымын тарихи фонетикамен сабақтас зерттеген проф. М.Томанов бұл процесті былайша түсіндіреді: “Түбірлердің бірсыпырасы өздерінің бұрынғы дыбыстық құрамын сақтап қалды да, жаңа дыбыстар негізінде жаңа варианттар қалыптасты. Бірақ тіл элементтерінің даму процесінің нәтижесінде “ескі” мен “жаңа” варианттар дербес мәнге ие болды да, орнығып қалды”.

Сонымен, қазіргі тілімізде көптеген сөздерді біз шартты түрде **түбір сөз** деп қараймыз. Шын мәнінде, олар - өлі түбір мен қосымшадан тұратын тарихи туынды түбірлер. Ол диахрондық зерттеудің нәтижесінде анықталады.

Осы орайда негізінен бөлінбейтін етістік түбірлер боп саналатын бұйрық рай тұлғасындағы етістіктер ерекше назар аударлады. Ал, бұл түбірлерді диахрондық тұрғыдан қарау олардың көбінің құрамынан сөз тудырушы қосымшаларды ажыратады. Бұл қосымшаларсыз ол түбірлер жаңа сөз жасауға негіз бола алмайды. Демек, түркі сөздерінің байырғы түбір морфемасы бір буынды болғанмен, жалғамалылықтың нәтижесінде оның, көбінесе, екібуындыға айналуы тұрақты құбылысқа айналған. Бірақ екі буынды түбірлердің қалыптасуын беріде болған құбылыс деп қарауға болмайды. Түркі жазу ескерткіштерінің ішіндегі ең ежелгісі болып есептелетін Енисей жазбаларын зерттеушілердің пікірі бойынша, осы жазбаларда екі буынды түбірлер де белсенді қолданылған. Сондықтан тілдің тарихи даму барысындағы көне құбылыс ретінде көптеген тарихи туынды түбірлердің табиғатын айқындауға көмектесетін екібуынды түбірлердің құрылымын синхрондық та, диахрондық тұрғыдан да зерттеудің мәні зор.

Ал, осындай деэтимологизацияға ұшыраған екі буынды түбір сөздерді талдаудың, олардың

құрамындағы “өлі” түбірлерді “тірілтудің” (реконструкция) жолдары мен тәсілдері қандай?

Біріншіден, түбірдің ұзарып, ия морфологиялық элементтерінің кіріккенін анықтау үшін, оның жалаң, ежелгі вариантын табу қажет. Оны ескі-түркі ескерткіштерінің материалдарынан, ескі-түркілік қасиетін көбірек сақтаған алтай, чуваш тілдерінен кездестіреміз. Мысалы, ескітүркі сөздігінде *-са* - (санау), *-қыд* (қыдыр), *-мақ* (мақта) т.б. деп қолданылған. Сол сияқты қазіргі алтай тілінде *-ит* (итер), *-тоз* (тозан), *-тақ* (тақыр) т.б. Чуваш тілінде *-қай* (қайт), *-жал* (жалын) т.б. фактілер сақталған. Бұл тәсіл тіл білімінде **сыртқы қалпына келтіру (реконструкция) тәсілі** деп аталады.

Осы сияқты ешқандай қосымшасыз жеке сөз ретінде қолданылатын жалаң түбірлердің саны ескерткіштерде де, реликтілік құбылыс ретінде кейбір қазіргі тілдерде де көп емес. Оған себеп - бұл жазбалардың өзі ежелгі уақытты бейнелеген ескерткіштер емес екендігі. Бұл ескерткіштердің зерттелуіне үлкен үлес қосқан ғалым С.Е.Малов ең ежелгі деп саналатын Енисей жазбаларының өзін V-ғасырға жатқызады. Мазмұны жағынан басқалармен салыстырғанда, ең байырғы болып саналатын Орхон ескерткіштерінің өзі VIII-ші ғасырға жатады. Қазіргі тіліміздегі бір буынды түбірлер сәл фонетикалық айырмашылығы болмаса, ескерткіштерде сол күйінде кездеседі. Мұның өзі түбір сөздердің морфонологиялық, фонетикалық, семантикалық ыңғайдағы өзгерістері негізінен Енисей, Орхон, ұйғыр ескерткіштерінің жазылу кезеңіне дейін болғанын көрсетеді. Көбінесе, ескерткіштер тілінде түбір екі тұлғасында да (еш қосымшасыз, қарапайым ежелгі түрі, қосымша жалғанған жаңа түрі) берілген: *са-* “санау”, *сан* - “сан”, *сана* - “санау”, *ба-* “байлау”, *бан* - “байлан”, *ө* - “ойлау”, *өг* - “ой” т.б. Бұл екі форманың біразға шейін қатар қолданылғанын көрсетеді.

Екіншіден, осы орайда “өлі” түбірлерді анықтаудан да оған жалғанған қосымшаларды айыру әлдеқайда жеңілрек. Яғни, мұндай түбірлерді тек өздеріне ұқсас сөздердің құрылымы бойынша ортақ сөз тудырушы модельдерін салыстырып теориялық жолмен ғана қалпына келтіруге болады. Ол үшін кез келген үлгідегі, сол арқылы жасалған екі буынды түбір құрамынан өзара ұқсас, тектес әрі мағыналас грамматикалық тұлғалар түбір мен тұлға жалғасқан жігінен бөліп алынады. Бұл әдіс тіл білімінде **морфемасы бойынша талдау (поморфемный анализ) әдісі** деп аталады. Мәселен, *-ыр/-ір* - моделі бойынша жасалған *айыр-, ауыр-*,

есір-, жасыр-, кідір-, құтыр-, асыр-, кашыр-, бітір-, көшір- деген екі буынды етістіктердің құрамынан осы грамматикалық көрсеткіштің өзін бөліп алсақ, *ас-, каш-, біт-, кеш-* деген дербес түбірлермен бір қатарда **ай-, *-ау-, *ес-, *жас, *кід, *құт*, түбірлерінің де сөз тудыруға қатысып отырғанын көреміз. Айырмашылығы - бірінші топтағы түбірлер жеке-дара қолданылады да, екінші топтағылар ондай дербестігінен айрылған, мағынасы біз үшін бүгінде түсініксіз. Бұдан шығатын қорытынды: бұл жай бір үлгі бойынша жасалатын туынды түбірлердің құрамындағы дербес түбірлер секілді “өлі” түбірлер де бір кезде дербес сөз болғандығынан дерек береді. Осылайша тілдік деректерді тәптіштеп тексере келіп, оларды туыстас тілдердің және жазба ескерткіштерінің материалдарымен салғастырып, саралау барысында жоғарыдағы екі әдіспен сабақтас үшінші тәсіл пайдаланылады. Ол **түбір морфемасы бойынша** немесе бір түбірлес сөздерді **топтап талдау әдісі**. Осылай зерттеудің нәтижесінде біз “өлі” түбір деп санайтын элементтер туыстас тілдер мен жазба ескерткіштерді былай қойғанда, ана тіліміздің өзінде, түбірлес сөздердің құрамында өмір сүретіндігін аңғарамыз. Бұл тіл білімінде **ішкі қалпына келтіру (внутренняя реконструкция) тәсілі** деп аталады. Бұл тәсілдің тамаша үлгісін академик Ә.Т.Қайдаровтың қазақ тіліндегі бірбуынды түбірлерді зерттеуге арналған еңбегінен көруге болады. Мысалы: *құрға, құрғақ, құрлық, құрма, құрт* т.б. туынды түбірлері “*құр*” байырғы түбірінен тарағандығын олардың арасындағы мағыналық байланыс дәлелдейді. Бұл пікірімізді салыстырмалы-тарихи зерттеу күшейте түседі. М.Қашқари сөздігінде: *құрыды тон* (киім кепті) ескі өзбек тілінде: *құры - “кебу”*; татар тілінде: *қору - “кебу”*; азербайжан тілінде: *зуру - “құрғақ”* т.с.с. Немесе, *қарғы-, қарма-, қарпы-, қарғын, қарқын* түбір сөздерінің мағыналық ортақтықтары дау туғызбайды. Осы қатар арқылы теориялық тұрғыдан ажыратылып отырған *қар* түбірі қазіргі тілімізде дербес қолданылмағанмен, яғни түбір болмағанмен, орта ғасырда ол қасиетінің болғанын М.Қашқари сөздігінің материалы дәлелдейді: *Сув арықтан қар-ды*.

Тілімізде мұндай мысалдарды тізіп айта беруге болады. Бірақ осы келтірілген дәлелдердің өзі тіл деректерін осылайша салыстыра-салғастыра қараудың нәтижесінде қазірде түбір деп танылып жүрген түбірлердің құрамынан “өлі” түбірлерді табуға болатынын көрсетеді. Олай болса, әрі қарай бөлшектеуге келмейтін, туынды сөз

жасауға мағыналық жағынан ұйытқы болған осындай түбірлерді тарихи туынды сөз ретінде ғана түбір деп тану тіл заңдылығына сай келе ме? Тіліміздің даму заңдылығын үйрету процесінің практикалық мәніне нұқсан келтірмей ме?

Синхрондық тұрғыдан жеке тұрғанда, сөздік қабілетке ие бола алмайтын, тек түбірлес сөздердің құрамында ғана кездесетін, қосымшасыз мағына бере алмайтын түбірлерді тарихи категория ретінде қарау тілдің табиғатына қайшы келмейді. Ал, осындай түбірлердің статусын тарихи тұрғыдан жеке сөз, туынды сөз жасауға негіз болған дербес түбір, морфологиялық құрамы айқын тілдік бірлік деп анықтауға болады. Олай болса, қазақ тілінде түбір атаулының бәрін *ілкі түбір* және *негізгі түбір* деп екі топқа бөліп қараған жөн секілді. Қазақ тіл біліміндегі аға ғалымдарымыздың пікірлері де осыған саяды. Ілкі түбірлерге мағынасы әртүрлі дәрежеде күңгірттенген “өлі” түбірлер жатса, негізгі түбірлерге мағынасы айқын, әрі дербес, базистік лексиканы құрайтын тірі түбірлер жатады. Мысалы: *уз* деген сөз орта ғасырда өмір сүрген Ахмет Югнекидің еңбегінде “Біреудің артынан ілесу” мағынасында жеке қолданылған.

Бұл сөз қазақ тілінде *ұза* түрінде жұмсалады. Екеуі де қазақ тілі үшін түбір сөздер. Бірақ мағына және дербестігіне байланысты бірінші (*ұз*) ілкі түбір де, екіншісі (*ұза*) - негізгі түбір. *Ұз* - тұлғасы қазақ тіліндегі *ұза* -, *ұзын* сөздерінің жасалуына бір заманда негіз болса да, қазір ол біржолата ұмытылған. Ал, *ұза* - түбірін негізгі түбір деп атауымыздың себебі - ол бірнеше (*ұзар-, ұзат, ұзақ* т.б.) жаңа сөздердің жасалуына негіз болып тұр. Бір айта кететін жай: бір тіл үшін ілкі “өлі” түбір болып саналатын сөз екінші бір тіл үшін негізгі түбір қатарында тұруы мүмкін. Мысалы, жоғарыда аталған *-um* = түбірі қазақ тілі үшін “өлі” түбір болғанымен, хакас тілінде [ХРС], якут тілінде - [ЯРС] дербес қолданылатын негізгі түбірлер.

Сол хакас тілінде *im* - түбірінен пайда болған *immir* - (“заставить толкнуть, оттолкнуть”) сөзі екінші дәрежелі түбір болып саналады. *Im* - түбірінің бір заманғы дербес сөз екендігіне көзіміз жеткенімен кейін, қазақ тілінің өзіндегі *imін-, imінде, imne-* (бұйда жібіне іліп алып, асау түйені жүргізіп үйрету үшін жасалған ұшы екі аша сырықша) деген сөздерді түбірлес сөздер деп тануға болады. Бір қызығы: *um* - түбірі ХІ ғасырдағы Махмұд Қашқари “Диванында” жеке-дара қолданылып *ol ani itti* “он еге толқал” [МК], одан *umін-, umіл-* тәрізді етіс формалары жасалып тұрса,

одан әлдеқайда қонне Тұрфан өлкесінен табылған манихей мазмұнды ұйғыр ескерткіштері тілінде =*it* - негізінде пайда болған =*itar* - тұлғасы қолданылған. Осыған қарап, *im* - және *imep* = етістіктерінің бірінен бірі дамуын сонау ерте заманның өзінде-ақ басталған тарихи құбылыс екенін байқауға болады.

Сол сияқты қазақ тіліндегі *жылжы* = *жылы*, *жылға*, *жылыс* = т.б. сөздердің құрамында кездесіп, жалпы ортақ мағынасы түсінікті болғанымен жеке қолданыла алмайтын **жыл* түбірі хакас тілінде -*чыл* [ХРС] якут тілінде *сыыл* [ЯРС] жеке қолданылып жүрген негізгі түбір сөздер.

Яғни, “өлі түбір” деген ұғым, “тарихи туынды” деген атауларда салыстырмалы түрде шарттылық бар. Осыған орай жалпы түркі тілдері бойынша бұл тәрізді тарихи туынды түбірлердің құрамындағы “өлі” түбірлердің саны мен сапасы біркелкі болмауы заңды.

Өлі түбір мәселесінің мәнін осыдан жарты ғасыр бұрын (1936ж.) қазақ тілі тарихи грамматикасының негізін салушы проф. Қ.Жұбанов мектеп мұғалімі Жанғазы Жолаевқа жазған хатында нақты түсіндіріп берген. Ол 1958 ж. “Қазақ тілі мен әдебиеті” журналының 2-ші нөмірінде жарияланған: “...Өлі қосымша, өлі түбір V класқа ауыр соғатын сияқты”, - депсіз. Сенбеймін. Менінше, V класқа түбір мен қосымшаны оқытпасаң бала тұрып, ұят, оян деген сөздердің түбірі қайсысы деп сұраса, не дейсің? Ұят тұтас түбір десең, ұял болғанда, *m*-ның орнын *л*-, оян болғанда *-m* келіп *n*-ның орнын қалай алды демей ме? Сонда, ұят-тың түбірі өлі ұя; *m*- есім жасаушы (*кйт*, *құры-m* сияқты) өлі қосымша; оят-тың түбірі - өлі оя; мұндағы *-m қара-m* дегендегі сияқты өзгелік етістің тірі қосымшасы деп шыныңды айтқан оңай емес пе?”

Бұл пікірдің түркітану саласының кейінгі жетістіктеріне бастау болған Ж.Дени, В.В.Радловтардың түбір құрылымына қатысты пікірлерімен ұштасып жатқанын байқау қиын емес.

Шын мәнінде, “түбір” ұғымына статикалық сипат тән болғанымен, түбірдің одан арғы даму барысын көрсететін аясы - сөзжасамның негізгі арқауы ретінде ол динамикалық категорияға айналады.

Түбірлердің синхрондық тұрғыдан семантикасының сақталып қалуы көп жағдайда сөзжасамдық модельдер арқылы туған деривациялық мағынамен тығыз байланысты. Сондықтан түбірдің табиғатын тануды одан әрі жетілдіру жұмысы морфемалық талдау негізінде және

сөзжасамдық модельдер жүйесінің қызметімен сәйкес қарастырылады.

Себебі, тілімізде синхрондық тұрғыдан түбірлік қызметтегі сөздердің диахрондық тұрғыдан сөзжасаммен тығыз байланысты екенін дәлелдейтін тілдік деректер жетерлік. Мысалы, қазақ тілінде өзінің көнелігімен көзге түсетін *-m* - моделі бойынша көптеген екі буынды етістік жасалған. Басқа модельдерге қарағанда мұны көне деуге себеп - оның етістік жасауға негіз болған түбірлердің көпшілігіне әбден “байланып”, оны “өлі” түбірге айналдырып жіберуінде. Мысалы: **ай* < *айт*, **ар* < *арт*-, **бөр* < *бөрт*-, **жор* < *жорт*-, **қай* < *қайт*-, **кер* < *керт* - т.б. Осындағы түбірлердің бәрі де қазақ тілі үшін өлі элементке айналған. Және барлық грамматикада да солай деп есептеледі. Бірақ жоғарыда келтірілген мысалдардағыдай бұлардың өлі түбірге айналуы тек қазақ тілінің ғана немесе сол сияқты кейбір түркі тілдерінің ғана басындағы жағдай болуы ықтимал. Олай дейтін себебіміз: осы түбірлердің көпшілігі-ақ, атап айтқанда, **ай*-, **жор*-, **қай*-, **кер*- т.б. жазба ескерткіштері мен кейбір жеке түркі тілдерінде жеке-дара қолданылып келе жатқандығы. Мәселен, қазақ тілшілерінің бөлшектеуге келмейтін, біртұтас түбір деп жүрген *айт*-сөзі жоғарыдағы модель бойынша диахрондық тұрғыдан *ай*- және *-m*- тұлғасынан тұратын туынды түбір екендігі түркітанушылар тарапынан әлдеқашан дәлелденген. Атап айтқанда, ол түбір XI ғасырдың белгілі ескерткіші “Құдатғу-білікте”: “говорить, рассказывать, разъяснять, толковать” мағынасында жиі қолданылғаны мәлім.

Осы сияқты құрамынан “өлі” түбірлерді аршып алуға болатын тарихи туынды түбірлердің табиғатын, немесе орыс тіл біліміндегі “байлаулы” түбірлердің (“связанные корни”, яғни жалғанған қосымшалардан тыс қолданылмайтын, сонымен әбден “байланған”) құрылымын анықтауда түбір морфемадан гөрі қосымша морфеманың көмегі ерекше екендігі байқалады. Тілдің даму барысында қосымшаның түбірден ажыратуға келмейтіндей кірігіп, жаңа қосымшаның соның үстіне жалғануын В.В.Радлов гиперагглютинация деп атаса, оны орыс тіл білімінде Винокур Г.О. *байлаулы түбірлер* (негіздер) деп, Н.А.Баскаков сөзжасамның “тұрып қалған тұлғалары” (“застывшие формы словообразования”) деп атаған.

Осы бағыттағы тарихи грамматика ілімінің қол жеткен табыстары негізінде *жақ* =, *жан* =, *жал* = тектес қазіргі тіліміздегі түбір сөздердің де құрамын жіктеуге болатынын Б.М.Юнусалиев те атап

көрсетеді. Бірақ ғалымдардың бәрі бірдей СГС құрылымды түбірдің соңғы дауыссыз дыбысын қосалқы деп есептемейді. Атап айтқанда, *кел-кет, жаз-жай, жой-жоқ* т.б. осы сияқты түбірлерде соңғы дыбысты жалпы мағынаны жіктей түсетін ішкі флексияның көрсеткіші грамматикалық емес, лексикаландырушы қызмет атқарушы тұлға, модификациялық көрсеткіш т.б. түрінде сипатталады.

Осыған орай Г.И.Рамстедт, В.А.Котвич, А.Зайончковский, Б.М.Юнусалиев, Ә.Т.Қайдаров т.б. зерттеушілер Н.А.Баскаковтың түркі тілдеріндегі байырғы түбірдің негізгі түрі деп санайтын СГС түрін тарихи туынды тұлға деп қарайды. Жоғарыда көрсетілгендей, СГС-тың құрамынан ажыратылатын түбір морфема құрылымы қарапайым болғанымен, дыбыстардың жай тіркесі емес, олар ерте кезеңде белгілі бір лексикалық мағынаға ие болған, бірақ семантикалық, дыбыстық, морфологиялық өзгерістер нәтижесінде түрленіп, этимологиясы көмескіленген көне тарихи категория. Осыған сәйкес олардың көбі қазірде жорамал элемент, немесе “өлі түбір” ретінде танылады.

Тек қана түркі тілдерінде ғана емес, басқа да көптеген тілдерде бұйрық рай тұлғасындағы етістіктер негізінен бөлінбейтін түбірлер болып саналады. Сондықтан да бұрыннан келе жатқан дәстүр бойынша бұйрық райдың 2-ші жақ, жекеше формасы етістіктің негізі боп есептеледі.

Бірақ қазақ тілінде бұйрық рай категориясын тудыратын модельдер сонымен қатар мынадай да мағыналар береді: әрекет-қимылдың қарқындылығы, жиілігі, ұзақтығы, қайталануы, үздіксіздігі, ортақтығы, көптігі, өзара қарым-қатынасы, үлкейту-кішірейткіш мағыналары т.б. Мұның барлығы етістікке ғана тән мағыналар. Сондықтан бұл етістіктердің құрамындағы жұрнақтар көп жағдайда тарихи тұрғыдан сөз тудырушы қызмет атқарады. Сөзжасамдық тұлғалар ретінде оны тек қана морфемалық талдау арқылы диахрондық тұрғыдан ғана анықтауға болады. Оны нақты түрде қазақ тіліндегі етістіктердің императив тұлғасындағы 35 модель бойынша көрсетуге болады.

2.6.1 Тарихи туынды етістіктердің сөзтудырушы модельдері

-а-, -е-: ай<айа=; бал<бала=; бөк<бөге=, бөл<бөле, ел<еле=, бұл<бұла=, ұз-ұза=, жар-жара=, тап-тапа=, тақ-тақа=, тар=тара, тон-тона=, күз-күзе=, ор-ора=, от-ота=, түз-түзе=,

тұл-түле= т.б. Түркологиялық әдебиетте -а/-е қосымшасы етістік жасауда ең бір ежелгі, өнімсіз форма ретінде қаралады. Ол, негізінен іс-әрекеттің, процестің атауын, нәтижесін, орнын, бағытын, құралын білдіретін есімдерден етістік туғызып, етістіктің қарқыны мен жиілігінің көрсеткіші ретінде қолданылады. Қазақ тілінде бұл - өнімсіз аффикс. Ол арқылы жасалған 69 тарихи туынды түбірдің 60-ы “өлі” түбір мен осы аффикстен тұрады. Бұл осы форманың өнімсіздігін ғана емес, өткендегі белсенділігін де көрсететін дерек.

Түркітануда бұл жұрнақтың статусы жөнінде біркелкі көзқарас жоқ. Мысалы, Севортян, Левитская -а/-е және -ла/-ле көрсеткіштерінің тарихи тұрғыдан сабақтастығын көрсетсе, Г.Рамстедт, Н.А.Баскаков, Л.Харитонов т.б. -а/-е тұлғасын -ла/-ле тұлғасынан дамыған деп қарайды. Түркітануда -а/-е аффиксін -қа/-ке формасымен салыстырып қарайтын да пікір бар. Яғни, Ә.Севортяның пікірінше гуттуралды қосымшалар ежелгі фонетикалық күйді көрсетеді: *ан-ған; ай-ғай; ы-қы; // -ғы, а-қат*. т.б. Ал Котвич -а/-е жұрнағын әлі бітпеген іс-әрекетті білдіретін д - көмекші етістігімен байланыстырса, Д.М.Насилов оны белгілі бір есімдер класын етістіктер класына ауыстыратын, яғни “етістік” белгіні көрсететін көрсеткіш деп қарайды.

Бірақ, -а/-е аффиксінің генезисі туралы мәселені ашық қалдырып, оның ежелгілігін бәрі де мойындайды. Түркі тілдерінің ең ежелгі жазбалары енисей ескерткіштерін зерттеген И.А.Батманов, З.В.Бабушкин, Г.Ф.Арагачи де енисейкада қолданылып, оны күні бүгінге дейін жеткен үш аффикстің бірі ретінде -а/-е жұрнағын көрсетеді.

-ай/-ей: *қақ-қақай=, қоқ-қоқай=, тыр-тырай=, шоқ-шоқай=, құт-құтай=, сақ-сақай=, сер-серей=, сор-сорай=, сіл-сілей=* т.б.

Біздің ойымызша, -ай/-ей жұрнағын әбден пассивтенген деп қарауға болмайды. Бұл қосымшалы түбірлердің тарихи туынды болуына әсер еткен қосымша морфема емес, түбірдің қазіргі тілімізде семантикасының күнгірттенуі. Қосымша морфемасыз дербестігін жойып, жеке сөз болу қабілетінен айырылған бұл түбір морфемаларды ішкі реконструкция арқылы түбірлес басқа сөздердің құрамынан да тауып, теориялық тұрғыдан жорамал түріндегі ортақ түбірін табуға болады. Мысалы: **сақ* < *сақай*.

Сақ түбірі - қазақ тілінің өзінде қолданылатын *сау* деген дербес сөздің фонетикалық варианты. Қыпшақ тілдеріне тән -у мен оғыз, қар-

лық тілдеріне тән сөз аяғында келетін *-f* дыбыстарының сәйкестігі негізінде пайда болған *caF// -caq//caу* варианттарының біреуі (*caу-caуық-caуығу, саушылық* т.б.), қазақ тілі үшін дербес те, екіншісі (*caқ-caқай*) - өлі түбірге айналып, дербестігін жоғалтқан.

Басқа да жұрнақтар секілді бұл тұлғада да варианттылық бар. Сондықтан, оның генезисі туралы ғалымдарда ортақ пікір жоқ. Мысалы, Рамстедт, Харитонов, Брокельман бұл модельді *ag-ai* деп қараса, Дени - *qai, -qai < ai* деп қарайды. Котвич - *ai* тұлғасын оптативті - потенциалды негіздер тудыратын ерекше жұрнақ деп есептейді.

-al/-el: жәт-жәтел=, кен-кенел=, қақ-қақал=, ом-омал=, шаш-шашал= т.б.

Қазембек оны *эл=* “быть”, “становиться” етістігімен байланыстырса, Дени, Харитонов, Рамстедт оны *-ылаа/-лаа/таа* тұлғаларымен қатар қолданылады деп көрсетеді. Севортян *-al/-el* жұрнағы құрамды деген пікірде. В.Серебрянников *-л* көп қайталанатын қимылды білдіретін көрсеткіш деп қарайды.

-ap//-ep//-p:

Қазақ гліндегі осы модель арқылы жасалған 34 императив тұлғалы етістіктің 17-сі диахрониялық тұрғыдан осы жұрнақ пен “өлі” түбірге жіктеледі. Мысалы: *без-безер=, доғ-доғар=, ит-итер=, кез-кезер=, көт-көтер=, қап-қабар=, қас-қасар=, қоп-қопар=, саз-сазар=, ұз-ұзар=, үд-үдер=*; т.б.

Олардың кейбірінің құрамындағы “өлі” түбірлерді ескерткіштерден, кейбір қазіргі тілдерде сақталып қалған тілдік деректерден табуға болса, ал кейбір түбірлер жалаң күйінде еш жерде кездеспейді. Мысалы, **ит* түбірі “итеру” мағынасында орхон ескерткіштерінде қазіргі алтай тілінде кездесе (ОРС), *көтер* етістігінің жалаң формасы якут тілінде сақталған. Сол сияқты “ұзар” мағынасын **уз* түбірінің өзі-ақ берген т.с.с. Бір буынды бұл түбірлердің “ұзаруы” - тілдің одан әрі сөзжасамдық дамуының нәтижесі. Бұрын етістік мағынасын түбір күйінде-ақ берсе, енді белгілі бір қосымша арқылы айқынырақ көрсетеді. Бұл қосымшаларда “таза” императивті мағынадан гөрі, тілдің етістік=есім болып жіктеле бастаған кезеңіне сай туған етістік тудырушы тұлғалардың мәні бар тәрізді. Мысалы, *без-безер, саз-сазар, көк-көгер* т.б. Бұлардың ортақ мағынасы - белгілі бір затқа тән сапа, белгі. Осындай етістіктердің тарихи құрылымын оның мәнімен байланыстыра зерттеген А.Хасенованың

(Қалыбаева) анықтауынша, олар объектінің бір сападан екінші сапаға өтуін, екінші бір түрге ауысуын білдіреді.

Н.А.Баскаков *-ap/-ep* және *-қар/-кер, -ғар/-гер* жұрнақтарын бір қосымшаның әртүрлі фонетикалық варианттары деп қарайды. Батманов *эр* (быть) етістігімен байланыстырады.

-ac//-ec//-c:

Қазіргі қазақ тілінде бұл тұлға - толық мағыналы түбірлерге жалғанып, ортақ етістің грамматикалық мәнін беретін сөз өзгертуші категория. Бірақ тілімізде құрамынан бұл жұрнақты бөліп алуға келмейтін етістіктер де бар. Мысалы: *ад-адас=, ал/ж/-алжас=, ег-егес=, жар-жарас=, күр-күрес=, тақ-тақас=, тал-талас= ұл-ұлас=, түг-түгес=, шат-шатас=*. Бұл мысалдар “етіс тұлғасы әуелде сөз тудыру қызметін атқарған” деген пікірді дәлелдей түседі.

Оның ежелгілігін көрсеткен тағы бір жай - осы модельде коптеген синкретизмдер кездеседі: *кеңес, егес, күрес, талас* т.б. Мысалы, қазақ тілінде тек қана есім мағынасында қолданылатын “үлес” сөзін алайық. М.Қашқари сөздігінде *il* “бөлу”, “тарату” дегенді білдіретін түбір етістік, ал *ils=* “бөлісу” мәнін білдіретін содан жасалған туынды етістік (МК).

Қазіргі алтай тілінде жоғарыдағы етістік түбірде (*үле* - бөлу) синкретикалық парлар да бар (*үлиш* - бөлек; *үлиш* - бөлісу). Орта түркі ескерткіштерінде де солай *үл* және *- үл/ш=* (А.Ибатов 1974, 225). Ал, қазақ тілінде осы сөздің етістік мағынасы тек *үлестір=* формасында ғана беріледі.

Генезистік жағынан бұл жұрнақ та құрамды болуы мүмкін (*a* етістік тудырушы форма, ал *-c* - интенсивті қозғалыстың көрсеткіші екені белгілі).

-ba/-be: *ар-арба=, жал-жалма=, жөр-жөрме=, көл-көлбе=, күр-күрме=, қар-қарма=, оң-оңба=, сер-серме=, тер-тербе=, шыр-шырма=* т.б.

Қазіргі қазақ тілінде етістік жасаудағы бұл өнімсіз жұрнақтың фонетикалық варианттары *-ma/-me, -na/-ne*.

-da//-de: *ай-айда=, ал-алда=, аң-аңда=, боз-бозда=, дән-дәнде=, ден-денде=, жаз-жазда=, маз-мазда=, мең-менде=, тал-талда=, сыз-сызда=*, т.б. Ол - етістік жасаудағы ең өнімді модель *-ла/-ле* формасының фонетикалық варианты.

-жы//-жі:

Осы модель арқылы жасалған етістік түбірлер тілімізде санаулы-ақ. Олардың бәрі дерлік тіліміздің дамуының қазіргі кезеңінде морфемалық талдауға көнбейді.

Мысалы: абыр-абыржы=, ал-алжы=, жыл-жылжы=, мы-мыжы=, рен-ренжі=, уыл-уылжы=, ыбыл-ыбылжы= т.б.

Өзінің етістік тудырушы қызметіне қарай бұл тұлға *-сы/-сі*, *-шы/-ші* жұрнақтарымен бір мәндес, сонор дауыссыздарға аяқталған түбірлерге жалғанатын варианты.

Негізгі беретін мағынасы - қимылдың созылықтылығы, үздіксіз қозғалыс.

-жи: бақ-бақжи=, кір-кіржи=, қон-қонжи=, қыл-қылжи=, қыр-қыржи=, тыр-тыржи=, ыр-ыржи т.б.

Бұл қосымшалы етістіктер көбіне еліктеуіш сөздерден жасалған. Олардың түбір морфемасының ежелгілігі, өлі түбірлерге айналуы да, мүмкін; содан болар.

-қа// -ке// -ға// -ге.

Бұл модель де қазіргі тілімізде өнімсіз қосымшалар қатарына жатады. Осы қосымшалы етістіктердің бәрі синхрондық тұрғыдан түбір боп саналады. Ал диахрондық зерттеудің нәтижесінде анықталған түбір морфемасының мағынасы қазіргі тілде түсініксіз. Мысалы: бай-байқа=, бұл-бұлға=, бүр-бүрке=, был-былға=, жай-жайқа=, жал-жалға=, жас-жасқа=, жөр-жөрге=, жыр-жырға=, қар-қарға=, қор-қорға=, құр-құрға=, мез-мезге=, нұс-нұсқа=, сам-самға=, сүй-сүйке=, тал-талға=, тар-тарқа=, тол-толға=, тір-тірке=, үй-үйке=, шай-шайқа=, шыр-шырқа=, ыр-ырға=.

Қазақ тілінде осы модель арқылы етістіктен жасалған көптеген есімдер де бар. Мысалы: *қол-қолқа*, *өп-өпке*, *қап-қапқа* (қазіргі қазақ тіліндегі *өкпе*, *қақпа* сөзі тіл дамуы барысындағы метатеза құбылысының нәтижесі), *бәй-бәйге*, *жор-жорға*. Ұйғыр тілінде *үй-үйқа*, *күл-күлкә*.

Бұлардың тілдің даму барысында етістік мәні жоғалған синкретикалық парлардың сыңары болуы да мүмкін.

Рамстедт *-ға* қосымшасын “нағыз” етістіктің мағынасын беретін тұлға деп қарайды. Осы тұлғалы етістіктердің бәрінің сабақтас етістік болуы осы пікірді айқындай түсетін секілді. Л.С. Левитская да *-қа/-ке* сөзтудырушы моделін есімнен жасалған сабақты етістіктердің көрсеткіші деп қарал, сонор дыбыстардан кейін *-а/ға* болып өзгеріске ұшыраған деп жорамалдайды. Оған мынадай фактілерді келтіреді: *bula* - ‘мешать’ / түркм., *bulja* - махать рукой /ноғай/, *ira* - ‘качать’ /түркм./, *irja* - ‘шевелить’, /қырғ./ . Осы пікірді Б.М. Юнусалиев те қостап, қазіргі бурят-монғол тілдерінен фактілер келтіреді. Бұл тілдерде салт

етістіктерге *-а* тұлғасы жалғанады да, сабақты етістіктерге *-ға* түрі жалғанады. Мысалы: *хун-ға* - *сайлау*, *хун-а* - *сайлану*; *сун-у* - *тартылу*, *сун-ға* - *тарту*. Мұның қалдықтары кейбір түркі тілдерінде де сақталған. Мысалы, қырғыз, қазақ тілдеріндегі *тара-тарқа*=, *қоры-қорға*=, *тай-тайқа*=, *шай-шайқа*=, т.б. Бірақ бұл варианттардың мағыналық ерекшеліктері жоқ. Кейде бір варианты бір тілде, екіншісі басқа тілде сақталып қалады. Мысалы, қазақ, қырғыз тілдерінде: *тал*= (талып қалу), алтай тілінде - *талға*=. Немесе, қазақ, алтай т.б. тілдеріндегі *еле*= етістігі қырғыз тілінде - *елге*= түрінде қолданылады.

Сол сияқты қазақ тіліндегі *оян*=, *оят*= императивтерін ескі өзбек тіліндегі *ой-ған*=, *ой-ғат*= варианттарымен салыстыруға болады.

Севортян *-ға/-ғы* аффиксін *-а* мен *-ы* көрсеткішімен байланыстырып оның неғұрлым фонетикасын көне қалпы болуы мүмкін десе, *-а* және *-ға* көрсеткіштерінің жалғастығына К.Фой және Г.Рамстедт арнайы түрде көңіл аударған, екеуін біртұтас форманың тарихи баспалдақтары ретінде алып қараған.

В.В.Радлов *-қа/-ке* жұрнағының түркі тілдерінің шығыс топтарында XI ғ. дейін өнімді болғанын көрсетеді. П.М.Мелиоранский де оны өнімсіз қосымшалар қатарына қосады.

-қай/-кей: аң-аңқай=, ең-еңкей=, қаң-қаңқай=, шал-шалқай=, ұл-ұлғай=, қай-қайқай= қал-қалқай=, қас-қасқай=, қи=қиқай=, мар-марқай=, тоң-тоңқай= т.б. Осы қатардағы етістіктердің құрамындағы қосымша морфемалар императивтік мағына емес, етістік тудырушылық қызмет атқарып тұр.

Мазмұны жағынан *-ай/-ей* етістік тудырушы моделіне жақын бұл жұрнақты соның бір түрі деп қарастыруға болады.

-қар// -кер: ай-айқар=, аң-аңғар=, ат-атқар=, жет-жеткер=, құт-құтқар=, ұл-ұлгер=, ес-ескер=, көм-көмкер=, өз-өзгер=, төң-төңкер=, ұй-ұйғар= т.б.

Бұл *-ар/-ер* моделіне ұқсас сөз тудырушы тұлға деп қарастырылады.

-қи// -ки: дөң-дөңқи=, қал-қалқи=, қас-қасқи=, ки-қиқи=, кей-кейқи=, маң-маңқи=, өң-өңқи=, таң-таңқи=, тең-теңқи=, тың-тыңқи=, шоң-шоңқи= т.б.

Бұл жұрнақ негізінен еліктеуіш түбірлерге жалғанып, бір нәрсеге ұқсату мәнін береді.

-қы// -кі: аң-аңқы=, бал-балқы=, бүр-бүркі=, был-былқы=, бүр-бүркі=, зыр-зырқы=, кер-кергі=, көл-көлкі=, кіл-кілкі=, қар-қарғы=, қал-

қалқы=, қаң-қаңғы=, мөң-мөңкі=, мүл-мүлгі=, мүң-мүңкі=, мыз-мызғы=, ор-орғы=, сар-сарқы=, саң-саңғы=, тол-толқы=, шал-шалқы=, шұл-шұлғы=, шүй-шүйгі=, шыл-шылғы=, үң-үңгі=, ыр-ырғы=, ыт-ытқы=, ір-іркі=, т.б. Етістік түбірлер құрамында лексикаланған бұл жұрнақтарды жоғарыда талданған *-қа/-ке* моделінің дыбыстық түрі деп қарастыруға негіз бар.

-қыр// -кір, -ғыр// -гір: а-ақыр=, аз-азғыр=, ба-бақыр=, жаз-жазғыр=, жаң-жаңғыр=, жым-жымқыр=, қай-қайғыр=, қаң-қаңғыр=, қым-қымқыр=, мың-мыңғыр=, ос-осқыр=, пыс-пысқыр=, ша-шақыр=, шыж-шыжғыр=, үш-үшкір=, ыс-ысқыр= т.б.

Осы қатардағы етістіктердің дені еліктеуіш түбірлерден жасалған. Мағыналық жағынан бұл сөздердің бәрі бір семантикалық топқа жатады. Сонымен қатар бұл қосымшаның еліктеуіш емес, басқа да мағыналы көне, өлі түбірлерге жалғанғанын көреміз. Мысалы: *азғыр=, жазғыр=, жаңғыр=, қаңғыр=*. Дегенмен, шығу төркіні жағынан еліктеуіш түбірлерге жалғануы бұрынырақ тәрізді. Себебі, өлі түбірлерге басқа да қосымшалар жалғанып, түбірлес сөздер туады. Мысалы: *жаң-а, қаң-тар=, қаң-сы=, аз-ғын, қым-та=* т.б.

Ал, еліктеуіш түбірлердің біреуіне де осы қосымшадан басқа тұлға жалғанбайды.

Қазіргі қазақ тілінде және басқа да түркі тілдерінде *-ла/-ле* қосымшасы - етістік тудыруда күні бүгінге шейін ең өнімді тұлға.

Мысалы Л.Н.Харитонов сол тілде - *лаа* қосымшасы арқылы кез-келген зат есімнен етістік жасауға болады деп көрсетеді. *-Ла* жұрнағы кең мағынадағы етістіктің ұғымына тән мағыналардың бәрін береді. Оның есім түбірге жалғануы сол сөзді етістік тобына ауыстырады. Оны синхрондық тұрғыдан да түбір морфемадан ажырату еш қиындық келтірмейді. Мысалы: *ау-ла=, бар-ла=, би-ле=, жау-ла=* т.б.

Сонымен қатар синхрондық тұрғыдан компоненттік талдауға көнбейтін етістіктер де кездеседі. Бұл “өлі” түбірлердің пайда болуы тек қосымшалардың пассивтенуінен ғана емес, түбір морфеманың семантикасының күнгірттенуіне де байланысты екенін дәлелдейді. Мысалы: *бай-байла=, бақ-бақ(ы)ла=, бау-баула=, кеу-кеуле=, қа-қала=, қау-қаула=, сөй-сөйле=, сы-сыла=, сы-дыр=, сыйыр=, т.б.; ту-тула=, тү-түле=, ұр-ұрла= шар-шарла=* т.б.

Күні бүгінге шейін өнімді сөз тудырушы модель бойынша олардың қосымша морфемасын

анықтау қиын емес. Ал, түбір морфемалары қазіргі тілімізде жеке сөздік қасиетін жоғалтқан, мағынасы белгісіз. Олардың кейбіреулерін салыстырмалы-тарихи зерттеу нәтижесінде сол күйінде ескерткіштер тілінен кездестіреміз. Кейде қазіргі тілдерде де сақталып қалуы кездеседі. Мысалы: *қа* - (-қа-ла) - ‘складывать, класть по порядку’, *ти* - (-тү-ле) ‘волосок’, ‘шерсть’, ‘перья’ 399, 594, *бии* - (бі-ле) - ‘острие’, ‘лезвие’.

-Ла, -ле қосымша морфемасының күні бүгінге шейін өнімділігіне қарамастан, ол жалғанған түбір морфемаларының мағыналарының әртүрлі дәрежеде көмескіленіп, кейбіреулерінде мүлде жоғалуы оларды түбір етістік қатарына қосқан. Мұның себептерін толық анықтау қиын. Дегенмен, соған әсер ететін кейбір жайларды атап өтуге болады. Ол негізінен сол туынды етістікке негіз болатын есім сөздің мағынасы мен қызметіне байланысты. Мысалы:

1. Қолданылу өрісінің кеңдігі;
2. Қолданылу өрісінің тарлығы;
3. Қолданылу өрісінің тереңдігі;
4. Қолданылу өрісінің таяздығы;

5. Туынды етістіктің өзінің есім төркінінен қол үзіп, метафора есебінде қолданылуының нәтижесінде делексикалануы;

6. Сөз құрамындағы дыбыстарың деформацияға ұшырауы (сөйле - *söz*, байла - *bag*) т.б.

Қазақ тіліндегі *-ла/-ле* қосымшалы етістіктердің табиғаты проф. А.Қалыбаеваның еңбектерінде арнайы зерттелген. Оның генезисі жөнінде көптеген ғалымдар *-ла* тұлғасын көптік тұлға *-лар* мен байланыстыратын Бетлингтің пікірін қуаттайды.

-на/-не: аз-азына=, жай-жайна=, кер-керне=, қай-қайна=, қат-қат(ы)на=, қи-қина=, ой-ойна=, сар-сарна=, тыр-тырна= т.б. Көріп отырғанымыздай, бұл қосымшалы сөздердің көбі бүгінде түбір сөзге айналған. А.Юлдашев, Гулямов, А.Қалыбаева бұл форманы *-ла* қосымшасының бір варианты деген болжам айтады. Бұл жорамалды негізсіз деуге болмайды. Себебі, туыс шор, якут тілдерінде *-ла/-ле* қосымшасының бір дыбыстың түрі ретінде *-наа, -нээ* қосымшалары жиі қолданылады. *-На/-не* формасы негізінен сонор дауыссыздарға аяқталған түбірлерге және кейбір еліктеуіш түбірлерге жалғанады. Сондықтан санаулы түбірлерге ғана қосылуы оның өнімсіз тұлғаға айналуына әсер еткен болу керек деп болжауға болады.

-ра// -ре: аң-аңыра=, бау-баура=, ең-еңіре=, жад-жадыра=, (жад~жаз~жай), жам-жамыра=,

жай-жайра=, күй-күйре=, қай-қайра=, қаң-қаңыра=, ки-кира=, қу-қура=, маң-маңыра=, мөң-мөңіре=, сай-сайра=, сүй-сүйре=, ту-тура=, үш-ұшыра= т.б.

Қазіргі түркі тілдерінің бәрінде дерлік бұл - өнімсіз қосымша. Сондықтан осы қосымшалы етістіктер морфологиялық жіктеуге келмейді. Э.В.Севортян, Н.К.Дмитриевтердің пікірінше, бұл арада сөз тудырушылық қызметін атқарып тұрған соңғы *-a/-e* дыбыстары, ал *-ыр* бір буынды иммитативтерге жалғанатын модификациялық көрсеткіш. Түркітануда *-pa/-pe* мен *-ла/-ле* формаларын еліктеуіш түбірге жалғанатын дыбыстық варианттар деп қарайтын көзқарастар да бар. Рамстедт *-pa// -pe* қосымшасының этимологиясын *-p, ия, -ap* көрсеткішінің дыбыстық дамуының, ұзаруының нәтижесі деп қорытады.

В.Котвич *-ла/-ле* және *-pa/-pe* формаларын етістік тудырудағы ең ежелгі және әмбебап тұлғалар деп есептейді де, олардың қызметін былайша жіктейді: *-la/-le* - сабақты етістіктерді, *-ra/-re* салт етістіктерді жасайды. Алайда, тілімізде осы модель арқылы еліктеуіш емес түбірлерден жасалған да етістіктер бар. Мұндай етістіктерді Э.В.Севортян да көрсеткен. Мысалы: *аж-ажыра=, бау-баура=, жай-жайра=, жад-жадыра=, күй-күйре=, сай-сайра= т.б.* Бұл етістіктердің түбір морфемасын құрап тұрған бөлігінің мағынасы - күнгірт. Дегенмен, олардың еліктеуіш сөздер емес екендігі анық. Осындай түбірлерді талдау үстінде екі морфеманың арасында түйісіп, деэтимологияға әкеп соқтыратын фонетикалық құбылыстар жете көңіл бөлуді керек етеді (М.А. Бертагаев, 1969, 126). Мысалы, *-pa* қосымшасы қосылуы арқылы *саз* сөзінен, Н.А.Баскаков атап көрсеткендей, *сазда=* етістігімен қатар *сайра=* етістігі де туған. Мұндай құбылыстар тіл дамуының ортатүркі кезеңіне тән.

-ca// -ce, -cy// -сі: аң-анса=, ақ-ақса=, жүжуса=, жұм-жұмса=, көк-көксе=, күй-күйсе=, ұқ-ұқса=, бор-борсы=, бық-бықсы=, жіп-жіпсі=, күп-күпсі=, қаң-қаңсы=, қақ-қақсы=, қоқ-қоқсы=, қоп-қопсы=, өк-өксі=, сар-сарсы=, сың-сыңсы= т.б.

А.Н.Кононов *-ca, -cy* қосымшаларын қалау райдың көрсеткішімен байланыстырады. Себебі бұйрық райдың грамматикалық жалпы мағынасы тек бұйрық ретінде ғана емес, тілеу түрінде де болатыны белгілі. Көптеген ғалымдар шығу төркіні жағынан рай категориясының жіктелмегендігін атап өтеді. Б.Серебренников атап көрсеткен бұл қосымшалы етістіктердің беретін мағы-

насының бірі - ‘сезіну’ (чувствовать себя, испытывать что-либо), ‘бір нәрсеге ұқсату’. Бұл мағыналар оның қалау рай мағынасымен тарихи байланысын көрсетеді. Осы модельдің “бір нәрсеге ұқсату” мағынасымен қатар тунгус тілдерінде жалпы етістіктерге тән кимылдың сипатын беретін мағыналары да бар (многократность, непрерывность, продолжительность действия). Н.А.Баскаков бұл қосымшаның негізгі тұлғасы *-сы* түрі *-ал, -са* - соның тұлғасының қысқарған түрі деп қарайды.

Осы модель арқылы біршама етістіктің жасалуы, олардың семантикалық бірізділігі мен ортақтығы бұл тұлғаның ертеде етістік тудырудағы белсенділігін көрсетсе, ал олардың тарихи туындылығы, түбір морфемасының өлі түбірге айналуы оның көнелігін көрсетеді.

-сыр// -сір: қау-қаусыр=, қап-қапсыр=, қу-қусыр=, тап-тапсыр= т.б.

Тілімізде *-сыр// -сір* қосымшасы арқылы жасалған етістіктер санаулығының өзі оны өнімсіз қосымшалар қатарына қосады. Дегенмен, осындай тұлғаларды талдағанда, мына бір жай ескеруді қажет етеді. Шығу төркіні жағынан бір-біріне жақын, мәндес жұрнақтардың жалғанатын сөздерінің аясында да өзара айырмашылық бар. Бірі жалғанған түбірге екіншісі жалғанбайды. Яғни, талғап жалғанады. Оның себебін, мүмкін, әр түбірдің табиғатынан іздеу керек болар. Мысалы, *-ла// -ле, -та// -те, -да// -де* - есімдерден етістік тудыратын аса құнарлы қосымша. Бірақ бұл жұрнақ есімдердің бәріне бірдей жалғана бермейді. Сондықтан да түбірдің табиғаты терең зерттеуді қажет етеді.

-m-: ай-айт=, бөр-бөрт=, жор-жорт=, жыр-жырт=, кер-керт=, қай-қайт=, құр-құрт=, сұр-сұрт=, тар-тарт=, түр-тұрт=, тін-тінт=, үй-үйт=, шер-шерт= т.б.

Қазақ тілінде *-m-* қосымшасы етістіктің ырықсыз етіс формасы ретінде кеңінен жұмсалады. Бұл арада оның түбірге емес, туынды түбірге жалғанатыны белгілі. Оның орхон-енисей, ескі ұйғыр т.б. ескерткіштердегі, грамматикалық мағынасы да осылай. Бірақ тілдің даму барысында осы қосымша түбірмен әбден кірігіп кеткен біраз етістіктер бар. Олар жоғарыда келтірілді. Түркітануда осы тәріздес түбірлердің қалыптасуын түсіндіретін еңбектер кездеседі. Бұл тарихи туынды етістіктерде бұл күнде императивтік мән жоқ. Оның себебі - “өлі” түбірлерге айналған түбір морфемасына *-m-* көрсеткішінің кірігуі. Түркі тілдеріндегі осындай *-m-* қосымшалы тари-

хи туынды етістіктерді талдау үшін Рамстедт оларды корей тіліндегі ұқсас етістіктермен салыстырады. Мысалы: түркі тілдерінде: *jat* =, *bat* =, *cat* =, болса, корей тілінде: *ca-*, *pa-*, *cha-* т.б.

-ma// -me: ат-атта =, жас-жаста =, жат-жатта =, мақ-мақта =, қақ-қақта =, өр-өрте =, сық-сықта =, сіл-сілте =, тас-таста =, тап-тапта =, ұс-ұста =, сеп-септе =, тоқ-тоқта = т.б.

Бұл тілде *-ла// -ле* - моделінің дыбыстық бір түрі ретінде қалыптасқан тұлға.

-tap// -tep// -dap// -der: ақ-ақтар =, бөк-бөктер =, дағ-дағдар =, қай-қайтар =, қаң-қаңтар =, той-тойтар =, ұл-ұлтар = т.б.

Бұл қосымшаның генезисі жөнінде М.Расянен Э.Карахтың “*t* - каузативтің көрсеткіші, -эр - 2 жақтың көпше түрі” деген пікірін қолдайды. Қазақ тілінің деректері негізінде бұл қосымшаның осылайша “сатылап” консервацияға ұшырауын дәлелдеу қиын. *Қай-м-ар* = етістігінен басқасы мұндай талдауға келмейді. Қазіргі тілімізге грамматикалық императивтік мағына беруде де ол - өнімсіз. Ол жалғанған санаулы түбірлердің бәрі де “өлі” түбірлер. Сондықтан тарихи туынды құрамындағы бұл қосымшаның генезистік қызметін сөзтудырушылық деп қарауға болады.

-ты// -ті, *-ды// -ді*: ел-елті =, ес-есті =, қам-қамты =, мал-малты =, аң-аңды =, дег-дегді =, жижиді = т.б.

Түркітануда *-а// -е* және *-ы// -і* тұлғалары қатар қаралатындықтан (Дени, 1955, 846), *-та// -ме// -да// -де* мен *-ты// -ті// -ды// -ді* модельдерін де вариант деп қарауға негіз бар.

-тый// -тіу// -дйй: бат-баттый =, быр-быртый =, мон-монтый =, шол-шолтый =, ыз-ыздый =, дел-делдйй =, кір-кіртйй =, қыл-қылтый =, сос-состый =, тәл-тәлтйй =, тыр-тыртый =, дүр-дүрдйй =, шүн-шүнтый = т.б.

Бұл - еліктеуіш түбірлерге жалғанып, бірнәрсеге ұқсату мағынасын беретін етістіктер туғызатын модель.

-тыр// -тір, *-дыр// -дір*: бұл-бүлдір =, жақ-жақтыр =, лак-лақтыр = т.б.

Көріп отырғанмыздай, бұл қосымша көбіне толық мағыналы түбір сөздерге жалғанып, өзгелік етіс тұлғасы ретінде кеңінен қолданылады. Ал, түбір морфемасы күңгірттеніп, “өлі” түбірге айналған мысалдарды компоненттік талдау қиынға соғады. В.Шотт, Н.И. Ашмарин, Г.Рамстедт оны “түр” етістігімен байланыстырады.

-ша// -ше: ек-екше =, қор-қорша =, өл-өлше =, шар-шарша = т.б.

Бұл тұлғаны жоғарыда талданған *-ca// -ce* моделінің дыбыстық түрі ретінде қалыптасқан деп қарауға болады. А.Н.Кононов оның генезисі жөнінде екі түрлі пікір ұсынады:

1) шл сәйкестігін ескерсек, *-ша* қосымшасы *-ла* қосымшасының бір дыбыстық варианты;

2) *-ша* > (-и)ш+ -а

Бұл түркітанудағы *-ca* қосымшасына байланысты басқа да пікірлермен үндеседі.

-шы// -ші: ап-апшы =, ар-аршы =, быр-быршы =, жан-жаншы =, қыр-қыршы =, өр-өрші =, шан-шаншы =, шор-шоршы =, шып-шыпшы =, ыр-ыршы = т.б.

А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков, Ж.Дени т.б. ғалымдар *-ca// -ce* және *-сы// -сі* аффикстерін бір қосымшаның әртүрлі көрсеткіші деп қарайды. Сол сияқты *-ша// -ше* және *-шы// -ші* тұлғаларын да сол қалыппен қарастыруға болады.

-ы// -і: ар-ары =, бек-беки =, быж=быжы =, бық-бықы =, дам-дамы =, дар-дары =, ер-ері =, жан-жаны =, жар-жары =, жас-жасы =, жек-жекi =, жер-жері =, жор-жоры =, жос-жосы =, жу-жуы =, жыл-жылы =, жіб-жібі =, кей-кейі =, көк-көкі =, қаж-қажы =, қай-қайы =, қар-қары =, қас-қасы =, қоқ-қоқы =, құр-құры =, мой-мойы =, нұқ-нұқы =, оқ-оқы =, тан-таны =, тас-тасы =, тел-телі =, тоқ-тоқы =, тор-торы =, ұй-ұйы =, ұл-ұлы =, шек-шекi =, шош-шошы =, шұқ-шұқы =, ір-ірі = т.б.

Ж.Дени *-ы// -і* қосымшасы *а// -е* -нің әлсіреген түрі десе, Севортян мен Рамстедттың *-ы// -і* мен *-ғы// -гі*, *-а// -е* мен *-ға// -ге* генезистік байланыста деп қарайтыны жоғарыда көрсетілді.

-а, *-е* тұлғасының тілімізде етістіктер мен есімдер жіктеле бастаған кезде етістіктер жасауда ең өнімді қосымшалардың бірі болғанын, қазіргі тілімізде оның ең ескі, өнімсіз қосымшалардың бірі боп қалғаны да жоғарыда атап өтілген. Осыны оның бір варианты *-ы// -і* қосымшасы туралы да айтуға болады.

-ый// -ій: бұлт-бұлтый =, бұрт-бұртый =, жым-жымый =, күнт-күнтый =, мөл-мөлій = т.б.

Бұл - дені еліктеуіш сөздерден етістік тудыратын өнімсіз модель.

-ық// -ік: ай-айық =, ас-асық =, бүй-бұйық =, дән-дәнік =, ел-елік =, ер-ерік =, жан-жанық =, жал-жалық =, жат-жатық =, жер-жерік =, кер-керік =, қам-қамық =, қор-қорық =, құн-құнық =, қыз-қызық =, мау-мауық =, об-обық =, тұт-тұтық =, тұт-түтік =, ұй-ұйық =, үр-үрік =, ір-ірік = т.б.

Осы форма Енисей ескерткіштерінде есімнен етістік тудыруда ең белсенді формалардың бірі

болған. Қазірде ол өнімділігін жоғалтқанмен, бірақ ол қосымша арқылы жасалған туынды етістіктер біраз. Олардың кейбіреуі оп-оңай морфемаларға жіктелсе, екіншілері зерттей түсуді қажет етеді.

-ыл/-іл: ар-арыл=, ас-асыл=, ек-егіл=, жаң-жаңыл=, жос-жосыл=, құт-құтыл=, ос-осыл=, сап-сабыл=, сар-сарыл=, сей-сейіл=, сүй-сұйыл=, сыт-сытыл=, түң-түңіл=, ұт-ұтыл=, үң-үңіл=, шүй-шүйіл= т.б.

Қазіргі қазақ тілінде *-ыл/-іл* тұлғасы етіс категориясының көрсеткіші ретінде қызмет етеді. Ал, түбір морфемаларының мағыналары көмескіленіп, “өлі” түбірге айналған тарихи туынды етістіктер құрамындағы бұл қосымшаны шығу тегі жағынан сөз тудырушы болуы мүмкін деп ойлауға негіз бар. Оны жоғарыда талданған *-ал/-ел* моделімен варианттас деп те қарауға болады.

-ын/-ін: бақ-бағын=, бұл-бүлін=, ем-емін=, ер-ерін=, жал-жалын=, жүк-жүгін=, жыл-жылын=, күп-күбін=, кіж-кіжін=, қап-қабын=, өк-өкін=, өт-өтін=, сақ-сағын=, сүй-сүйен=, сүр-сүрін=, сый-сыйын=, тап-табын=, ұс-ұсын= т.б.

Г.Рамстедт, Э.В.Севортян бұл форманы да ең ежелгі сөз тудырушы тұлғалардың қатарына жатқызады. “Өлі” түбірге жалғанған қосымшалар онымен әбден жымдасып, тарихи туынды түбір қалыптасқан. Қазіргі тілімізде *-ын/-ін* қосымшасы түгелдей грамматикалық өздік етіс мағынасын береді.

-ыр/-ір: ай-айыр=, аң-аңыр=, ау-ауыр=, бақ-бақыр=, бүй-бұйыр=, ел-елір=, жап-жапыр=, жас-жасыр=, жек-жекір=, жүг-жүгір=, жым-жымыр=, кек-кекір=, көп-көпір=, кід-кідір=, қак-қақыр=, құт-құтыр=, қыд-қыдыр=, май-майыр=, мүд-мүдір=, ом-омыр=, сап-сапыр=, сек-секір=, сем-семір=, сы-сыдыр=, су-суыр=, сып-сыпыр=, сім-сімір=, шұб-шұбыр=, ыс-ысыр=, (ы)с<(ы)с-ыр-сыр (сырып тік), (ы)с-ыр (сырғы=).

Бұл қосымша тіліміздің ерте кезеңінде құрылымы қарпайым түбірлерге, синкретизмдерге тікелей жалғанып, көптеген “таза” етістіктер туғызған. Олардың көбінің түбір морфемасы сол күйінде қазіргі тілде қолданылмайды, түсініксіз. Мысалы: *жасыр*= етістігінің қазіргі тілімізде толық мағыналы кеңінен жұмсалатын етістік екені белгілі. Бірақ ол - тіл дамуы барысындағы кейінгі тұлға. М.Қашқари сөздігіне сүйенсек, XIғ. ортасында *ja s=* дербес сөз ретінде қолданылған: *Ol meni kora jasdi/ Ол мені көріп жасырынды. Жас*

түбірінің “өлі” түбірге айналуы кейінгі осы *жасыр*= тұлғасының тууымен байланысты. Осындай жаңа форманың қалыптасуы алғашқы бірбуынды түбірлерді көбінесе “өлі” түбірлердің қатарына қосады.

Жасыр типтес императивтердің құрылымын қазіргі тілдегі толық мағыналы ‘көшір=’, ‘пісір=’ т.б. салыстыруға болады.

-ыс/-іс: быт-бытыс=, жап-жабыс=, жар-жарыс=, жыл-жылыс=, кер-керіс=, қап-қабыс=, қай-қайыс=, қар-қарыс=, қат-қатыс=, ки-қиыс=, май-майыс=, ой-ойыс=, тыр-тырыс=, ұр-ұрыс=, шат-шатыс= т.б.

Қазақ тілінде /басқа да түркі тілдерінде/ бұл қосымша ортақ етістің тұлғасы ретінде кеңінен қолданылады. Бірақ ол кез келген түбірге қосыла береді деуге болмайды. Жоғарыда келтірілген қатардағы мысалдардан оның ортақ қимылды, көп қайталанатын, интенсивті қимылды білдіретін етістік түбірлерге талғап жалғанатынын көреміз. Сондықтан да көптеген ғалымдар оның тегін көптік мағынамен байланыстырады.

В.Котвичтің ойынша, осы тұлға - қазіргі тунгус-маньжур тілдерінде көптік мағынада қолданылатын *-l* қосымшасының алломорфы. Э.В.Севортян, Л.Н.Харитонов, Х.Т.Нигматов *-ыс/-іс* формасының алғашқы мәні ортақ қимылды білдірген, ал көптік мәні содан туған деп қараса, А.А.Юлдашев, керісінше, ортақтық мағынаның өзі көптік мағынадан туған деп қарайды.

Сонымен қатар, осы модельдің ішінде жоғарыда келтірілген мағыналарды бермейтін де етістіктер бар. Мысалы: бүріс=, жылыс=, ауыс=, қайыс=, қарыс=, майыс= т.б. етістіктерде ортақтық та, көптік те мағына жоқ, қимылдың атауы.

Осы арада *-с* тұлғасының түркітануда интенсивтіліктің көрсеткіші ретінде *s, -is* (действие, труд) түбірімен байланысты деп қарайтын да көзқарастар бар екенін ескерген жөн.

Сонымен, қазақ тілінің базистік лексикасында көптеп кездесетін “өлі” түбірлердің, яғни дыбыстық тұлғасы ғана сақталып, мағынасы күңгірттенген лексика-грамматикалық элементтердің табиғатын танып, сырын ашуда сөз құрамын морфема жігіне /түбір мен тұлға аралығы/ айыратын морфемалық талдау әдісінің орны ерекше. Осының нәтижесінде біз зерттеп отырған екі буынды тарихи тұрғыдан туынды етістіктердің бәріне ортақ ең басты ерекшеліктердің бірі - олардың синхрониялық және диахрониялық даму тұрғысынан алғанда этимологиялық түбір мен шын мәніндегі грамматикалық тұлғадан тұруы екенін көреміз.

2.6.2. Тарихи туынды есімдердің сөзтудырушы модельдері

Тарихи туынды есімдердің құрылымын талдаудың, тарихи қалыптасуын анықтаудың жоғарыда көрсетілген тарихи туынды етістіктерді қарастырудан айырмашылығы жоқ. Дегенмен есімдер сөзтудырушы үлгілерінің түр жағынан да, сан жағынан да көптілігімен ерекшеленеді. Акад. Ә.Т.Қайдаровтың зерттеуінің нәтижесінде анықталған тарихи туынды есімдердің мынадай сөзтудырушы модельдерін көрсетуге болады.

- а, -е: жаз-а, өр-е т.б.
- аз, -ез: тай-аз//тайыз, қай-аз, күй-ез т.б.
- ақ, -ек: құр-ақ (шөп), сұр-ақ т.б.
- ал, -ел: тоқ-ал, сақ-ал, жөт-ел т.б.
- ан, -ен: саз-ан, қой-ан, жыл-ан, құл-ан, қап(б)-ан, бұл-ан, шай-ан, күз-ен т.б.
- аң, -ең: тоз-аң, кер-ең, тер-ең, күр-ең т.б.
- ас, -ес: топ-ас, үл-ес, күр-ес т.б.
- ау, -еу: без-еу, жал-ау, қыр-ау, сұр-ау т.б.
- жың, жің: мыл-жың, қал-жың, тыр-жың т.б.
- қа/-ке, -ға/-ге: жаң-қа, жоң-қа, қаң-қа, қас-қа, маң-қа, жор-ға, сер-ке, сір-ке, бүр-ке, қол-қа, ал-қа т.б.
- қай/-кей, -ғай/-гей: шал-ғай, меш-кей т.б.
- қақ/-кек, -ғақ/-гек: сер-гек, ес-кек, жор-гек, шал-қақ т.б.
- қар/-кер, -ғар/-гер: тай-қар, шал-қар, қый-қар, ас-қар т.б.
- қау/-кеу, -ғау/-геу: аң-қау, жал-қау, мыл-қау, шұл-ғау, сыр-қау т.б.
- қы/-кі, -ғы/-гі: қар-ғы, таң-қы, шал-ғы, еш-кі, жыл-қы, қай-қы т.б.
- қыл/-кіл, -ғыл/-гіл: кош-қыл, үш-кіл, *қыш-қыл, тар-ғыл т.б.
- қын/-кен, -ғын/-ген: сұр-гін, құз-ғын, ай-қын, шал-ғын, бал-ғын т.б.
- пақ/-пек, -мақ/-мек: тай-пақ, пұш-пақ, сат-пақ, шат-пақ, тоқ-пақ т.б.
- пан/-пен, -ман/-мен: сүй-мен, ал-ман, ой-паң, аз-бан т.б.
- сық: тор-сық, қый-сық, қыр-сық, шал-сық, бор-сық т.б.
- сау/-сеу: көк-сеу, құр-сау т.б.
- та/-те, -да/-де: тақ-та, соқ-та, тор-та, ор-та, ор-да, кел-те, қал-та, сәл-де, бүй-да т.б.
- тай/-тей, -дай/-дей: ар-дай, жұр-дай, тыр-дай, ми-дай (дала) т.б.
- ты/-ті: мық-ты, тәт-ті т.б.
- ы/-і: тір-і, ір-і, бөр-і т.б.

-ыз/-із: қау-ыз, ау-ыз, (ұ)у-ыз, аң-ыз, тең-із, қоң-ыз, қым-ыз т.б.

-ық/-ік: ас-ық, тоб-ық, кет-ік, ар-ық т.б.

-ыл/-іл: дау-ыл, көң-іл, қыз-ыл, жең-іл т.б.

-ым/-ім: ұй-ым, жет-ім, бүй-ым т.б.

-ын/-ін: құй-ын, тос-ын, жұл-ын, дай-ын т.б.

-ыр/-ір: көп-ір, шый-ыр, үй-ір, бүй-ір, шай-ыр, бау-ыр, жау-ыр т.б.

-ыс/-іс: қоқ-ыс, ыд-ыс, жұм-ыс, қам-ыс, кеб-іс, қу-ыс т.б.

-ыт/-іт: түб-іт, үм-іт, үг-іт, ки-іт, сау-ыт т.б.

Тарихи даму барысында, атап айтқанда, тілімізде есімдер тобының қалыптасуында түбір морфемамен кірігіп кеткен, қазіргі тілде жіктелмейтін сөзтудырушы модельдердің жоғарыда келтірілген тізімін шектемей, әлі де анықтап, таба беруге болады. Бірақ тарихи туынды түбірлерді морфемалық талдау әдісімен зерттеп айқындау мәселесінің негізгі қағидалары есім және етістік түбірлер үшін бірдей болғандықтан, осы үлгілерді біршама тілдік деректермен көрсету де жеткілікті.

Әсіресе, қосымша морфеманы құрайтын сөзтудырушы тұлғалардың тегі, тектестігі т.б., қалыптасу тарихы да ұқсас. Түбір морфемалардың да сөзтудырудағы уәждеуші негіз ретінде семантикалық өзегі ортақ, ұқсас. Бірақ осы ортақ түбірге жалғанған есім сөзтудырушы қосымшалар арқылы ол нақтылана түсіп, есім сөздер тобына тән мағыналық жіктелу нәтижесінде ерекшелік туады. Оны нақты түрде кейбір тарихи туынды сын есім түбірлерді зерттеп, талдау арқылы көрсетуге болады.

Түркітанушылардың арасында тарихи морфологиялық құрылымына қатысты сын есімді жеке сөз табы деп қарауға керек пе, жоқ па деген де көзқарастар болғаны белгілі. Оның бір себебі - көптеген сын есімдер мен зат есімдердің сөзтудырушы қосымшалары диахрондық тұрғыдан екеуіне де ортақ, немесе бірдей. Олар, негізінен, етістік түбірден сын есім тудырушы қосымшалар. Көптеген сын есімдерге тарихи морфологиялық талдау жасау үстінде олардың дені етістік түбірден жасалғаны көрінеді.

Мысалы: *биік*. Бимәк - “жоғары болу”, “үлкеу” (РСЛ.) Ол етістік осы мағынасында “Құдатғу біліге” де кездеседі.

Жоғарыда көрсетілген морфемалық талдау әдісінің қағидасы бойынша, қазақ тіліндегі *би* (судья), *билік* *етужәне биік* сөздерін бір төркіндес, түбірлес деп қарауға болады.

Ескі түркілік қасиетін көбірек сақтаған тілдердің бірі алтай тілінде *биш Алтай* деген тіркес

кездеседі. *Алтай* - ол халықтың мифологиясында таудың атын ғана емес, жоғары ұғымды, *қорғаушы рух* мәнін береді. Демек, осындағы *биі* сөзін *биік* сөзімен бір тектес, бір түбірден тараған деп қарауға болады.

Жарық. Оның құрамынан тарихи тұрғыдан *жары*=етістігі ажыратылады. Себебі М.Қашқари сөздігінде: “Құдатғу-білігте”, ерте ұйғыр тілінде *жари* - “светиться”, “сиять” деген етістік.

Ол қазіргі алтай (дары=), қырғыз (жары=), тілдерінде сақталған. *-бік*, *-ік* жұрнағы арқылы жасалған сын есім қазақ тілінде көптеп кездеседі. Мысалы, *ашық*, *арық*, *қашық*, *тесік* т.б. Бұл осы жұрнақтың бір кезде өнімді қосымша болғандығын көрсетеді. Қазақ тілінде *жары*=етістігі жеке сақталмағанмен оны көптеген түбірлес сөздердің құрамынан табуға болады. Мысалы: *жарық*, *жарқыра-жарқын*, *жарқ-жұрқ*, *жарқ етті* т.б.

Ұлан. Қазақ тілінде бұл сөз тек *ұлан байтақ дала*, *ұлан асыр той* т.б. тіркестердің құрамында кездеседі.

“*ула*”= - ескерткіштер тілінде - “связывать”, “присоединять” деген етістік. Сонымен бірге *ула-н*=өздік етіс тұлғасында да қолданылады.

Ал, есім түбір түрінде *ула-н* ескерткіштерде кездеспейді. Ол кейінірек “*ула*” етістігінің омонимдес *-н* қосымшасының жалғануы арқылы жасалған болу керек. Қазақ тілінде диалектілік ерекшелік ретінде болмаса *ұла*=етістігі жеке кездеспейді. Түркімен, түрік, алтай, хакас, тува тілдерінде *ұла*-етістігі - күні бүгінге дейін кеңінен қолданылатын етістік. Мағынасы ескерткіш тілдеріндегідей. *Ұлау* - түрік тілінде “жамау” деген сөз болса, қазақ тілінде т.б. тілдерде ұзақ жолда ауыстырылатын көлікті атайды, бірақ жорамал түрінде *ұлан*, *ұласу*, *ұлыс*, *ұлт* т.б. бір түбірден өрбіген деп қарауға болады.

Ілкі. *Іл* - Орхон-Енисей жазбаларында ‘вос-ток, перед, лоб’ деген мән береді. Бұл сөзге қазақ тіліндегі *ілгері* сөзі түбірлес келеді. *-ғары*, *-гері* барыс септігінің көне жалғауы екені белгілі.

Түркі тілінің даму кезеңдерінің ерте кезінде сын есімдер, бір жағынан зат есімдер, екінші жағынан үстеулер деп айқын жіктеліп дербес сөз табы ретінде бөліне алмады. Оның қалдықтары қазіргі тілімізде кездеседі. Соның бірі *-дай*, *-дей*, *-тай*, *-тей* қосымшалары арқылы жасалған кейбір сын есімдер мен үстеулер.

Мұндай сөздерді А.Ысқақов “өлі” түбірлер қатарына жатқызады. Оларды сын есімдер дегенде шартты түрде қолданылған контекстеріне, тіркескен сөздеріне қатысты айтамыз. Әрине біз

бұл арада қосымшалар арқылы жасалып, ол қосымшаларсыз да тілімізде кеңінен қолданылатын сын есімдер мен үстеулерді емес, ол қосымшаларсыз қолданыла алмайтын, оларсыз мәні жоқ сөздерді айтып отырмыз. Мысалы: *нартттай*, *тырдай*, *арыстай*, *көнектей*, *мидай*, *добалдай*, *өрімдей* т.б.

Нарт ескі түркі тілінде және кейбір қазіргі тілдерде қызыл гүлдің атын білдіреді. Қазақ тілінде ол тек *-тай* формасымен біріккенде ғана мәні бар сөз. Бұған түбірлес басқа сөз кездеспейді. Шығу төркіні жағынан *нарт* сөзі түркілік емес. Қазақ тілінде қызыл гүлдің атауы өзінің төл сөздері арқылы беріліп *нарт* сөзі осы *нар-тай* формасында ғана сақталып қалған. Сөйтіп, тілімізде мәні жоқ “өлі” түбірге айналған.

Арыстай (арыстай азамат т.б.). Бұл сөз қазақ тілінде де дербес сөз ретінде қолданылған. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде оның мынадай мағыналары көрсетілген:

1. Арба, шананың көлік жететін қос жетегі, тертесі:

Доңғалақ арба жүре алмас,
Қос арысы сынған соң. (“*Үш Ғасыр*”)

2. Үйдің төбесін жапқан өрімдерді көтеріп тұратын көлденең ағаш.

3. Ру, тайпа, ел, халық.

Арыстай деген сөзге негіз болып тұрған осы мағыналардың қайсысы болуы мүмкін. Әрине, бұл мағыналар бір-бірінен аса алшақтап кетпейді. Арбаның тертесі де, үйдің бел ағашы да бір нәрсенің тірегі, ұстап тұрған негізі. Рас, *арыстың* көне ру, тайпа мағынасы біраз кеңірек.

Арыстай сын есіміне негіз болған *арыс* зат есімінің бірінші және екінші мағыналарынан туған ауыспалы мағынасы болуы керек. Кейде *арыстай* дегенде ұзын, үлкен мәні де болуы мүмкін.

Көнектей (*Көнек* түбірінің тарихи-этимологиялық талдауы “Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінен” алынды).

Монғол тілінде *көнек* - құдыққа қауға ретінде салатын, ағаштан, не теріден жасалған шелекті айтады. Түрікмен тілінде *көнек* - тұз салатын тері қап; өзбек тілінде - қымыз құятын мес. Қазақ тілінде *көнек* сөзі осы күйінде кездеспейді. Бірақ *көн-терісі* деген тіркес бар. Осы *көн*, *көнектей*, *көнек* сөздерін бір түбірлес сөздер ретінде салыстырып қарауға болады. *Көн* сөзі - ойрот, азербайжан, өзбек т.б. тілдерінде *иленген тері* деген мағынада әлі күнге дейін қолданылатын есім сөз.

Сол сияқты ескі түркі тілінде де *көн* сөзі осы мағынада жұмсалған. Ол қазақ тілінде *тері* сөзімен

тіркесіп қолданылады. Осының бәрі *көнектей* сын есімінің түбірін *көн* (*тері*) деп қарауға негіз береді. Бұл арада “*көн* сөзі *тері* деген мағынада қолданылады” дегенде мына жағдай ескеруді қажет етеді. Қазақ тілінде *тері* сөзі *шкура* ұғымында анның сол күйіндегі терісін де, иленген материал ретіндегі (выделанная кожа) ұғымын да береді. Ал ескі түркі тілінде және жоғарыда айтылған түркі тілдерінде (*тері* - *шкура*, *көн* - *выделанная кожа*) екі түрі қолданылған.

Осы тілдерде *көн* сөзінің *иленген терінің* ұғымын беретін мағынасына қарап, оны қазіргі тіліміздегі *көн* =, *көндір* =, *көнбіс* = сөздерімен жақын мағынада “айтқанын тыңдату”, “істету”, “төзімді” сөздерімен мағыналас деп қарауға болады.

Қазақ тіліндегі *көн* түбірі сақталғанмен, ол тек *көн терісі* деген тіркес пен *көнектей* тұлғасының құрамында ғана сақталған. Сондықтан ол тарихи туынды түбірлер қатарына қосылады.

Өрімдей.

Қазақ тіліндегі *үрім-бұтақ* қос сөзінің құрамындағы бірінші компонентті мағына жағынан *өрімдей* сөзімен тектес деп қарауға болады. Қазақ тіліндегі бір сыңары көнеріп мағынасы жоғалған, бірақ басқа тілде сол сөздің толық мағынасы табылатын қос сөздер көптеп кездеседі. Сол сияқты *үрім* сөзінің де осы қос сөздің құрамында және *өрімдей* тұлғасында сақталып қалуы мүмкін. Бірақ оның морфологиялық құрылымының қалыптасуы туралы бұлай деп үзілді-кесілді айтудың өзі қиын. Дегенмен Э.В.Севортян сөздігіндегі тіл аралық морфосемантикалық талдауға негіз болған *ur//or//yr* түбірінің кең түрдегі сөзтудырушы парадигмасына сүйеніп, тіліміздегі *ұрпақ*, *ұрық*, *үрім* (*үрім-бұтақ*), *өрен*, *өріш*, *өріс* сөздерін осы *үрім*, *өрімдей* сөздерімен бір төркіндес, бір түбірлес сөздер деп қарап, ортақ түбірі “*үр//ыр//өр*” деп жорамалдауға болады. Түркі тілінің диалектінде “өр” - *көбею*, *бала туу*. Тіпті қазақ тілінде осы мәнде *өр*, *өрбі* етістігі болуы *өрім* есімі - осы *өр* етістігінен жасалған туынды түбір деп болжауға негіз береді.

Сын есімді өлі түбірлердің көбі негізінен етістік түбірден жасалса, *-дай*, *-дей* қосымшалы “өлі” түбірлер негізінен зат есімдерден жасалады. Осы қосымшалар арқылы ұқсастыру мағынасы іске асады.

Етістік түбірлерден жасалған зат есімдер мен сын есімдердің сөз тудырушы қосымшалары да негізінен ортақ болып келеді. Мысалы: **-к-к**, **-ғ-ғ**, **-қа**, **-ке**, **-ға**, **-ге** т.б.

Оның себебі етістіктен есім тудыру тәсілінің тіліміздің даму барысының ерте кезеңіне сай екендігі. Тілдің осы даму дәрежесінде есімдер мен етістіктердің айқын жіктелмегенін еске алсақ (етістікті-есімді омонимдер), зат есімдер мен сын есімдердің өзара жіктелмегені түсінікті. Сондықтан жоғарыдағы қосымшалы есімдер қолдануына қарай көбіне сын есім де, зат есім де қызметін атқарады. Бұдан зат есім мен сын есімнің ескі түркі тілінде бір бірінен еш айырмашылығы жоқ деген пікір тұмауға тиіс. Тіліміздің өне бойғы даму заңдылығына сай, беретін мағынасына сай сол кездің өзінен бастап, сын есімдер де жеке сөз табы ретінде өзіне тән ерекшеліктері, белгілері негізінде қалыптаса бастайды. Соның бір көрінісін сын есімді өлі түбірлердің зат есімдік өлі түбірлермен салыстырғанда, біраз бөлігінің есім түбірлерден жасалғанынан көруге болады. Мұның өзі сын есімдерге тән негізгі мағына бір заттың сынын, белгісін, қасиетін т.с.с. көрсетуден туған болу керек. Осы белгілер көбіне белгілі бір затқа қимылдың атауына қатысты болады. Сол затқа тән ұқсас белгіні көрсететін сын есімнің негізіне сол зат есім алынады. Мысалы: *үздік*.

Ескі ұйғыр тілінде, қазіргі алтай тілінде *ус* (мастер, искусный) мағынасын береді. Қазақ тіліне аударғанда “шебер”, “он саусағынан өнері тамған адам” деген мағынада. Қазақ тілінде бұл сөзді осы түбір қалпында емес, *үздік* деген туынды тұлғада кездеседі. Шебер адамның қасиетін, өнерін білдіретін осы *үздік* сын есімнің түбірі қазіргі алтай тілінде, ескерткіштерде сақталған осы *-ус* түбірі болуы керек. Қазақ тілінде және басқа да түркі тілдерінде кездесетін *ұста* сөзі де, *ұстаз* да осыған түбірлес сияқты.

Тарихи туынды зат есімдерді де морфемалық әліс арқылы жаңғыртуды нақты түрде кейбір тілдік деректерді талдау негізінде көрсетуге болады.

Мысалы: *тун*. Бұл есімнің түбірі ерте түркі ескерткіштерінде берілген “*tu*” етістігі болуы керек. “*tu*” - ол жазбаларда “закрывать”, “преграждать” деген мәнде қолданылған: *Kogman joli bir etmis tumus* (Дорога на Кегмен она, и она завалена снегом). М.Қашқари сөздігінде осы етістіктің өздік етіс формасы да берілген. *Art tundi*. (Перевал был занесен снегом. *Kok tundi* (небо покрылось тучами). Осыдан “түн” зат есімі “*tun*” етістігінен туындап, “*tun*” формасының етістік мағынасы тіл дамуының барысында кеңейіп, есім мағынасына ауысуы мүмкін деп болжам айтуға болатын тәрізді. Бұл тек осы “түн” сөзіне ғана қатысты кездейсоқ факт емес, ол “-н” қосымша-

лы көптеген зат есімдерді талдағанда кездеседі. Мысалы: *сан* - ерте түркі тілінде - “саналу”, *жалын-жану*, *отын* - алтай, хакас тілдерінде - “от жағу” т.б.

Үгім. Көне түркі тілінде “*og*” сөзі екі мағынада қолданылған. Бірі - есім “*og*” - ‘разум’, ‘мысль’, екіншісі - етістік “*ig*=” ‘хвалить’, ‘превозносить’. Б.М. Юнусалиев *үгім* сөзінің түбірі есім формасындағы “*og*” болуы мүмкін деген болжам айтады.

Қазақ тіліндегі *үйрет*=, *үйрен*= сөздерінің де “үгіт” сөзімен бір төркіндес болуы мүмкін. Ескі ұйғыр тілінде “*orgin*=”, “*orgit*=” болып қолданылған.

Бұл сөздердің түбірі “*og*” болса, “*pe*” - *шашыра*=, *кира*=, *жайра*= т.б. етістіктердің құрамындағы *~pa~* жұрнағымен бірдей өнімсіз қосымша. Ал, *-m*, *-n* - етіс тұлғалары.

Қазақ тіліндегі *үйрен*=, *үйрет*= сөздері жоғарыдағы ескерткіштердегі қолданылуынан дыбыстық өзгеріске ұшырағанымен, кейбір түркі тілдерінде олар сол күйінде сақталған. Мысалы: түрікмен тілінде *өгрэн*=, *өгрет*=.

Мұрын. М.Қашқари сөздігінде, “Құдатғу-білігте” т.б. ерте жазба ескерткіштерінде бұл сөз “*burin*” түрінде берілген. Сол сияқты кейбір қазіргі түркі тілдерінде (азербайжан т.б.) бұл сөз бүгінде де осылай қолданылады. Қазақ тілінде оның “*мұрын*” болып қолданылуы қыпшақ-оғыз тілдер топтарына сәйкес *б~м* дыбыс сәйкестігіне сай занды. Олай болса, бұл сөздің ежелгі түрі “*burin*” деп қарауға болады.

М.Қашқарида “*bur*=” - “пахнуть”, “благоухать” деген етістік бар: *jipar burdi* (‘мускус благоухал’). Бұл сөз “Құдатғу-білігте” де кездеседі. Осы мысалдар *мұрын* сөзінің (*burin*) түбірі *bur*= етістігі деген ой туғызады *bur*= - “иіс шығару”, “хош иістену” деген болса, иіс сезу мүшесінің атауына ол етістіктің негіз болуы таң қаларлық жай емес сияқты.

Егер дене мүшелерінің атауларының жасалуында белгілі бір ортақтық, ұқсастық, сөзтудырушы ортақ модель болады деп қарасақ, қазақ тіліндегі *ерін* сөзін де осы ынғайда талдауға болатын сияқты. Көне түркі тілінде “*er*=” деген етістік кездеседі. Оның беретін мағынасы - “раскалывать”. Олай болса, *мойын*, *қойын*, *жұлын*, *табан*, *жауырын* т.б. атауларды осы үлгі негізінде талдауға болады.

Түркітануда дене мүшелері атауларының құрамындағы “-қ”, “-к”, “-ғ”, “-г”, “-н” кішірейткіш мағынаны, былайша айтсақ, үлкен

дененің кіші денеге қатысын білдіреді деп, оған *біл-білек*, *іш-ішек*, *бой-бойын* (*мойын*) т.б. дәлелдер келтіріледі. Есім түбірлерден жасалған зат есімдердің құрамындағы “н” қосымшасының кішірейткіштік мағынасы туралы басқа да ғалымдар сөз қылған. А.Зайончковский де - /-а/“н” қосымшасы арқылы жасалған зат есімдерге кеңірек тоқталып, әсіресе - /-а/“н” немесе /-е/“н” арқылы жасалған зат есімдерде кішірейткіш мағына бар деп қорытады.

Жоғарыда талданған тарихи тұлғалы түбірлердің сөзтудырушы модельдері немесе қосымша морфемаларын талдау негізінде тілдің даму барысындағы морфологиялық құрылыстың жетілуі мен лексикалық баюы (сөздердің әртүрлі топтары мен жаңа ұғымдарды беретін лексикалық құралдардың көбеюі) түбір морфеманың да құрылымдық дамуына әкелетінін көрсетті. Өзі беретін ұғымның ерекшелігі ашыла түскен сайын түбір сөздер “өлі” түбірлер түрінде “сүрленіп”, жаңа ұғымдарға негіз болып қала береді. Ол түбірлерде (өлі түбірлерде) Э.В.Севортян көрсеткендей, бір гомогендік бірлестікке кіретін сөздердің бәріне ортақ түбірлік сипат бар. Оны түбірлес сөздер ұясындағы ең кіші, ортақ бөлшекті ажырату арқылы жорамал түрінде қалпына келтіруге болады.

Осыған байланысты диахрондық және синхрондық тұрғыдан қарастырылатын түбір ұғымы этимологиялық түбір және тарихи туынды түбір деп ажырата қарауды қажет етеді.

Этимологиялық түбірдің (“өлі” түбір, байлаулы түбір, этимон түбір т.б.) бойында әртүрлі өзгерістерге ұшырап, түрленген, құрылымдық, семантикалық, деривациялық валенттілікті көрсететін “тек” сақталады.

Бірақ әрбір жеке сөзден оның түбірінің нақты мағынасын анықтау мүмкін емес. Әдетте, негізден (туынды түбірден) табылатын оның семантикалық көлемі тарлау болады. Себебі, жалғанған қосымшалар арқылы туынды сөздердің құрылымындағы түбір дәлденіп, нақтылана түседі. Яғни, тілдің даму барысында қосымша және түбір морфемалар бір-бірімен тығыз байланыста болады. Ал, олардың бәріне ортақ кең көлемді мағына бір мәнделі толық сөзжасамдық ұя шеңберінде қарастырылатын түбірлес сөздердің гомогенді қатарынан табылады. Бір сөзжасамдық ұяға бір топтағы сөздердің ортақ мәні мен ортақ түбірінен тұратын сөзжасамдық қатынастарымен байланысты түбірлес сөздер ғана кіреді. Себебі, түбірлес сөздер ұясындағы түбір морфеманың мағына

бірлігі мен тұрақты мағынасының сақталуы “бұл бір морфема ма әлде оның дыбыстық варианттары ма, әлде әртүрлі морфологиялық элементтері ме” деген мәселені шешудің кілтін береді.

Осы семантикалық бірлік негізінде байланысқан сөзтудырушы модельдер арқылы жасалған түбірлес сөздердің құрамындағы тарихи түбірлерді қалпына келтіру барысында ол сөзтудырушы ұялардың қатарына өзек болып, біріктіріп тұрған кең көлемдегі ортақ мағына, уәжді негіз түбір болатыны анықталады.

Яғни туынды сөздердің мазмұндық құрылымында түбір сөздердің уәждеуші қызметі арқасында уәжділік (мотивированность), семантикалық өзек сақталады. Соны ортақ желі, арқау етіп, қалыптасқан сөзжасамдық ұяның (түбірлес сөздердің) әрі қарай жіктелмейтін бөлігі - түбірін теориялық тұрғыдан табуға болады. Ішкі реконструкция әдісі арқылы түбірлес сөздердің құрамынан осы тілдің өзінен, ия болмаса сыртқы реконструкция арқылы туыс тілдер мен түркі ескерткіштерінен түбір мағыналы жалпытүркілік элементтер анықталып қалпына келтіріледі.

Осы тектес түбірлес сөздер - бір ұядан тарайтын жалпы да кешенді мағынаны нақты мағыналарға жіктейтін семантикалық филиацияның көріністері, агглютинативті лексикализация мен сөзжасамдық жүйенің бағыттары ретінде зерттеледі. Демек, белгілі бір сөзге тарихи морфологиялық талдау жасау үшін оны түбірлес туынды тұлғалармен салыстырып қарау, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, олардың ортақ семантикалық өзегін теориялық тұрғыдан анықтауға көмектеседі. Бұл арада семантикалық байланыстарды ашу, негізінен, сөзтудырушылық қатарға сүйенеді. Олар біртұтас лексика-семантикалық кеңістіктің жалпы тізбегіндегі семантикалық түйін тәрізді. Сондықтан да сөздің уәждік байланыстарына қатысты сөзтудырушылық өнімділік сөздің өзегіне байланады. Түбірдің беретін мәні түбірлес сөздердің мағынасын ортақ бір идеяға тоғыстыратын түйін тәрізді екені басқа да көрнекті түркітанушы ғалымдардың еңбектерінде атап көрсетілген.

Осындай түбірлер қазақ тіл білімінде Қ.Жұбанов зерттеулерінен бастап “өлі” түбірлер деп аталып жүр. Бірақ бұл атаудың шарттылығын ескерген жөн. Олардың синхрондық тұрғыдан қосымша морфемамен тіркескенде тілдегі қолданысы сақталған. “Өлі түбірлер” деген ұғымды белгілі дәрежеде “байлаулы түбір” (“связанный корень”) деген ұғыммен салыстыруға болады. Осы

терминді орыс тіл біліміне алғаш енгізген Г.О.Винокур оған былай деп анықтама береді: “... основы, которые всегда даны нам только в соединении с теми или иными аффиксами, можно было бы назвать основами связанными. Ср., например, соотношение слов *при-выкнуть* и *от-выкнуть*, где выделяется первичная основа *-вык*, неизвестная в свободном от аффиксов виде”.

Көріп отырғанымыздай, “байлаулы түбір” - синхрондық талдаудың единицасы. Себебі, ол - сөздің құрамынан сөзтудырушылық морфемаларды біртіндеп ажыратып алудың нәтижесінде қалған қалдық. “Өлі түбір” қосымша морфемасыз синхрондық тұрғыдан қолданыла алмайтын қосымшаға “байлаулы” түбір. Бірақ “өлі” түбірлерде оған қоса тек синхрондық әдіспен байлаулы морфемалары шешіле алмайтын, сондықтан этимологиялық талдау негізінде диахрондық тұрғыдан да қарастыруды қажет ететін өзіне тән белгілері бар.

Сонымен, түбірді диахрондық тұрғыдан сөзжасам процесімен тығыз байланыста қарап, синхрондық тұрғыдан морфемалық бөлуге келмейтін **түбірсөз** немесе **байлаулы түбір** дәрежесіне жеткізген себептерді қысқаша алғанда былай деп көрсетуге болады: а) түбір ұғымының тарихи сипатымен байланысты, ә) жұрнақтық сөзжасамның дамуымен байланысты.

Оның алдында Э.В.Севортян “сөз тудырушы жүйе” деп, И.А.Батманов “ойлаудың тұрақсыз кезеңі” деп атаған синкретизм құбылысы қызмет етті. Бірақ сөзтудырудың бұл әдісі қанша ыңғайлы да ықшам болғанымен, тілдің грамматикалық даму барысының одан әрі жетілуін қажет етті.

б) Түбірлердің құрамындағы дыбыстық жүйенің тарихи өзгерістерімен және дамуымен байланысты. Соның ішінде кейбір бірбуынды “өлі түбірлердің” құрамындағы түбір мен қосымшаның әбден кірігіп, “байланып” қазір бөлуге келмейтін түбір сөз деп ұғынылуы ішкі флексияның нәтижесі болуы мүмкін деген жоғарыда келтірілген пікірлерді ескермеуге болмайды. Жалғамалық тәсілі күш алғанға дейін үндіеуропа тілдеріндегідей толық қызмет етпегенімен, флексияның элементтерінің болғанын тілдік деректер көрсетеді.

Мысалы: *жас-жай, бақ-бау, көр-көз, сый-сық, қызыл-қырмызы, қыз-қырқын* т.б.

Сол сияқты басқа да фонетикалық құбылыстар түбір құрылымының өзгеруіне, қалыптасуына әсер етіп, түбір құрамын белгілі дәрежеде өзгеріске ұшыратады. Мысалы, *сөз - сөй-ле, бағ - байла, сау - сақ-аю, сой - соғым, ау-дар - ақ-тар* т.б.

в) Өлі түбірлердің вариативті сипатымен байланысты.

Мысалы: *ad - az - aj* (айрыл) - *аж* (ажыра) - *аш* (аша) - *ар* (арал); *құй - құз - құл* (құлдыра=құла=) - *құд* (құдық) т.б.

Түркі тілдерінде олар фонетикалық мәнде морфологиялық варианттар түрінде кездеседі. Мысалы, орхон-енисей ескерткіштерінде *-ба* түрінде қолданылған “байлау” мағынасындағы ілкі түбір негізінде, түркі тілдерінде *бай-//бай-//бағ-//бан-* тәрізді мағыналас варианттар пайда болған. Ендігі даму сатысында әрбір түркі тілі осылардан екінші дәрежелі туынды түбір жасаған. Мысалы, қазақ тілінде *бай-* өлі түбірінен *байла*=туындаған да, дербестігін сақтаған *бау-* - “байлауға қажетті жіп” вариантынан *баула*=туынды түбірі пайда болған. Көне *бай*=вариантын сақтаған тілдердің бірі - якут тілі. Онда созылық айтылатын - *баай*=. Кей жағайда бір түбірдің варианттары бір қос сөздің сынарлары ретінде де кездеседі. Мысалы: *жылап-сықта*=. Ескерткіштер мен түркі тілдерінде “*жыла*=” мағынасында *ағла*=//*ығла*=//*йығла*=//*сығла* т.б. варианттары қолданылады. Бұлардың этимологиялық түбірі - *ағ*//*-ығ*//*-йығ*//*-сығ*. Демек, *-сық* түбірі дыбыстық ерекшелігі болғанмен, бір мәндес түбірдің қайталануынан жасалған қос сөз.

Мұндай тілдік даму ерекшеліктері қазақ тілінің өзімен тектес жеке тілдерден, тілдер тобынан ерекшелену, соның нәтижесінде дербестену жолдары. Мұндай дыбыс сәйкестіктерін туыс тілдерді, ескерткіштерді былай қойғанда қазақ тілінің өз ішіндегі тілдік деректерін салыстыру арқылы да табуға болады.

г) Түбірлердің семантикалық даму барысымен және тарылуымен байланысты. Мысалы, түбір мағынасының кеңеюі: *өр* < *өрбі*, *өре*, *өрен*, *өркен*, *өрле*, *өрт*, *өрші*, *өріст* т.б. Немесе, мағынаның тарылуы: *јор* - ескі түркі тілінде - “орау”, ал қазір ол “жөргек”, “жөргем” деген нақты бір орамның түрінің атауына ғана сақталған.

Сонымен, түркітанушылардың дені “түбір” ұғымын беретін бір, екі, кейде тіпті үш буынды этимологиялық түбірлерді әртүрлі дыбыстық (сіңісу, фузия, дыбыс алмасу, ауысу, редукция т.б.), морфологиялық (кірігу, өнімсіз аффикстер жалғануы т.б.), семантикалық (десемантизация) т.б. құбылыстардың негізіндегі құрылымдық және модификациялық өзгерістердің нәтижесі деп атайды. Яғни, қарапайым түрінен күрделіге қарай дамып, соған сай буын саны да өседі. Диахрондық тұрғыдан туынды бола тұра олардың синх-

рондық тұрғыдан түбір болып саналуы түбір морфемасы тетігінің үнемі өзгерісте болуымен, оған әсер етуші аффикстік морфемалардың динамикалық табиғатымен тығыз байланысты.

Мысалы: қазіргі қазақ тіліндегі түбір болып саналатын *үйрен*=деген етістіктің тарихи тұрғыдан туынды екендігін былайша көрсетуге болады: *үйрен // ogren > o “ойлау”, o+g “ой”, og+re* (етістік тудырушы аффикс) + *n* (етіс тұлғасы). Яғни, түбірдің құрылымының өзгеруі оның құрамындағы сөзтудырушы аффикстердің сөзтудырушылық қабілетінің сақталуы мен қатынасуына байланысты.

Сайып келгенде, түбір шегінің өзгеруі “түбір” ұғымының тарихилығында, жалғамалы табиғатында.

Осының бәрі түбір теориясына статикалық емес, динамикалық сипат тән екенін көрсетеді.

Соған сай ол үнемі өзгерістерге ұшырап отыратын онтологиялық единица ретінде түбірдің хронологиялық деңгейіндегі ата түркі тілінде бір ғана үлгідегі түбір ретінде кездесуін жоққа шығарады. Демек, түркітануда түбір құрылымына қатысты көрсетілген СГ, ГС, СГС т.б. үлгілерді әртүрлі хронологиялық деңгейлердегі түбірдің құрылымының даму сипатын, соның ішінде сөзжасамдық қызметін дәлелдейтін тарихи туынды түбірлер деп қараған жөн.

2.7. КҮРДЕЛІ СӨЗДЕР

Күрделі сөздер қазіргі тіл біліміндегі ең күрделі мәселеге жатады, оның анықталмаған мәселелері өте көп. Күрделі сөздер жоқ тілді көрсету өте қиын, бірақ күрделі сөздер, әсіресе, неміс, ағылшын, жапон, хинди, орыс тілдерінде кең дамыған.

Күрделі сөздердің тілдерде алатын орны бірдей емес. Олар тілдердің лексикалық жүйесінен әр келкі орын алады. Кейбір тілдерде сөздерді біріктіру қосымша тәсіл болып, оның нәтижесі елеусіз болады да, сөздіктің периферия бөлімінен орын алады. Келесі бір тілдерде ол өте кең тараған, негізгі тақырыпқа жатады. Соңғы топтағы тілдерге жапон тілі жатады. Лексикадан алатын орнына қарай, жапон тілін тіпті күрделі сөздің тілі деуге де болады.

Осындай күрделі сөздерге бай тілдерге түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі де жатады. Қазақ тіліндегі сөз таптарының қайсысында болсын күрделі сөздер бар. Мысалы, *тасбақа*, *өнеркәсіп*, *қайың бике*, *сым темір* т.б. - зат есімдер; *қара*

күрен, ақ құба, қызыл ала т.б. - сын есімдер; он алты, отыз бес, жүз екі, т.б. - сан есімдер; ешкім, әрқайсысы, әлдекім - есімдіктер; алып кел, кіріп шық, беріп кет - етістіктер; күні ертең, құр босқа, таң сәріде - үстеу.

Ғалымдар күрделі сөздердің түркі тілдерінде жалпы көне құбылыс екенін, олардың орхон жазба ескерткіштерінің тілінде де барын айта келіп, ескерткіштер тіліндегі кісі аттарынан, жер-су аттарынан көптеп мысалдар келтіреді.

Сөйтіп тілімізден белгілі орын алатын, көне замандардан бастап күні бүгінге дейін сөздік қорымызды байытып келе жатқан күрделі сөздер қазір сөздік қорымыздан да қомақты орын алады.

Күрделі сөздер барлық басқа туынды сөздер сияқты сөзжасам әрекетінің нәтижесіне жатады. Анығырақ айтсақ, ол - туынды сөздер тобындағы сөздер, ал туынды сөздер лексикалық бірлік - деп танылатыны белгілі. Олай болса, аналитикалық синтаксистік тәсіл арқылы жасалған күрделі сөздер тілге белгілі бір лексикалық мағынамен қосылады. Сондықтан күрделі сөздердің әрқайсысының өзіндік лексикалық мағынасы болады.

Күрделі сөздер сөзжасамның тілден үлкен орын алатын аналитикалық тәсілі арқылы жасалады. Сөзжасамның ғылымда танылған негізгі тәсілдерінің бірі болып саналатын аналитикалық тәсіл арқылы күрделі сөздер жасалады. Бұл тұрғыда ғылымда пікір алалығы жоқ деуге толық болады.

Сөзжасамның аналитикалық тәсілі ғылымда көне тәсіл саналатыны белгілі. Осы тәсілдің түркі тілдерінде көне замандардан қолданылып келе жатқанын орхон жазба ескерткіштердің тілінде қолданылған *йашыл үгүз - көк өзен, күнтүз - күндіз, беңгу таш - мәңгі тас (жазулы тас), Беш Балық - Бес балық (қала аты), Бес кечен - Бес кешен (жер аты), Бай балық (жер аты), Қадырхан йыш (жер аты), Қазлық көл (көл аты), Қара құм (жер аты), Чуш башы (шың аты), Ыдықбаш (жер аты), Баз қаған (хан аты), Барыс бег (шен аты), Білге қаған (хан аты), Бөгу қаған (хан аты), Істелі қаған (хан аты), Күл білге қаған (хан аты), кули Чор (хан аты), Құны сенүң (кісі аты), Нең сенүк (кісі аты), Оғуз білге (кісі аты), Ынанчы чор (кісі аты), Он оқ (халық аты), Көк түрік тәрізді күрделі сөздерден көруге болады. Осы мысалдар туралы бұл монографияда төмендегідей түсінік берілген: Келтірілген мысалдар күрделі сөздердің көне замандардан бері қолданылып келе жатқаны екіншіден, олардың географиялық атаулар, яғни*

өзен, көл, жер, қала және кісі аттарында жиі кездесетіні айқын көрінеді. Осыған қарап, кейбіреулер аналитикалық тәсіл арқылы сөз жасау тәжірбиесі түркі тілдерінде осы жер-су, кісі аттарынан басталмады ма екен деген де ой айтады.

Бұл дұрыс айтылған пікір, өйткені қазіргі тілде де жер-су атаулары мен кісі аттарында күрделі сөз басым орын алады, оны осы мәселедегі жалғастық үрдісі деп түсініп, бағалау қажет, бірақ ол сөзжасамдық жалғыз тәсіл емес. Басқа да тәсілдер бары белгілі. Қанша ғасыр өтсе де, тілде аналитикалық тәсіл арқылы сөз жасау үзбей жалғасып келе жатуымен байланысты қазақ тілінің сөздік байлығынан күрделі сөздер кең орын алады, ол қазір өзінің қолданылу аясын кеңіткен, сөздік қордың барлық саласынан үлкен орын алады.

Күрделі сөздер тіл атаулыға өте кең тараған құбылыс болғанына қарамастан, бұл - ғылымдағы өте үлкен талас мәселе, осы мәселеде пікір алалығы да күшті, күрделі сөздер - ғылыми шешімін әлі толық таппай, келе жатқан мәселе.

Әртүрлі жүйелі тілдерде күрделі сөздің жасалуында айырма жоқ емес. Бұл жағдайдың күрделі сөз туралы түрлі пікір туғызуы заңды. Бірақ бір жүйеге жататын түрлі туысқан тілдердің өзінде де күрделі сөз туралы тұрақты пікір болмай келеді.

Күрделі сөздер мәселесінің осы жағдайы қазір де өзгеріп кеткен жоқ. Бұл күрделі сөздерді зерттеудің қажеттілігін, өзектілігін көрсетеді.

Күрделі сөздерге ғалымдар түрлі анықтама беріп жүр, күрделі сөзге анықтама беруші ғалым негізінде өз тіліндегі күрделі сөздердің ерекшелігіне көбірек көңіл аударады, сондықтан да күрделі сөздің анықтамасының бірдей болмауы заңды. Алайда, тілдер түрлі болғанымен, күрделі сөз құбылысының көпшілік тілге ортақ қасиеттері де бары сөзсіз. Сондықтан күрделі сөздерге берілген анықтамаларда ол ортақ қасиеттер байқалмай қалмайды. Міне, сондықтан түрлі жүйелі тілдерде күрделі сөзге беріліп жүрген анықтамалардың бәрінде күрделі сөздердің мағына тұтастығы, күрделі құрамы, біртұтас тілдік бірлік екені, бір сөз қызметін атқаратыны үнемі көрсетіліп отырады.

Күрделі сөзге әр ғалым әртүрлі анықтама береді, бірақ солардың бәрінде күрделі сөздердің екі не онан да көп сыңарлардан жасалатынын бәрі де дәлелдейді. Бұл - ғалымдардың бәріне ортақ пікір. Оны қазақ тілі деректері де растайды. Сондықтан күрделі сөздердің негізгі белгісінің біріне оның күрделі құрылымы жатады, сол арқылы ол

дара сөздерден ерекшеленеді. Мысалы, *кара торы, отыз екі, келіп кет, елбасы, қоян жүрек, аққу (құс), теміржол, жер серігі, таужуа, іш ауру, ұшан-теңіз, тун-тотысы, таң намаз, күні кеше, ой-пікір, ата-ана, оқжылан, майшабақ, қожжа-молда* т.б.

Ал дара сөздердің бір сөзден тұратыны белгілі нәрсе: *адам, жер, су, тоғай, шөп, жусан, көл, орман, теңіз, бала, өнер* т.б.

Күрделі сөз бен дара сөздің екеуіне де ортақ қасиет, белгі бар. Бұлардың екеуі де лексикалық мағына береді. Дара сөз қандай лексикалық мағыналы бірлік болса, күрделі сөз де сондай лексикалық бірлік тобына жатады, өйткені олардың әрқайсысының лексикалық мағынасы бар. Осы мәселеде күрделі сөз дара сөздің әр түрімен тең бола алады. Қазақ тілінде дара сөздегі негізгі түбір, туынды түбір сөздер қандай лексикалық мағыналы сөздер болса, күрделі сөздер де сондай лексикалық мағыналы сөздер болып саналады. Тек дара сөздер мен күрделі сөздер құрамы жағынан ғана бір-бірінен ажыратылады. Сөз ретінде дара сөздің де, күрделі сөздің де тілде атқаратын қызметі бірдей, өйткені олардың қайсысы болса да, дербес сөздерге жатады, тілде лексикалық бірлік тобын құрайды.

Күрделі сөз өзінің құрамындағы сыңарлары арқылы жасалады. Күрделі сөздің құрамындағы дербес сөздерден болған сыңарлар сөзжасамдық бірлік қызметін атқарады, өйткені күрделі сөздің құрамындағы сыңарлардан оның мағынасы жасалады. Сөзжасамдық негізгі бірліктердің бір сөз екені айтылған. Туынды сөздің қай түрі де тілде бар сөз негізінде жасалады, сөздің қатысынсыз ешбір сөз жасалмайды. Қазақ тілінде туынды сөз үш тәсіл арқылы жасалады, осы үш тәсілдің үшеуінде де туынды сөз жасауға сөз қатысады және сөз оларда негізгі қызмет атқарады. Шынын айтқанда, аналитикалық, лексика-семантикалық тәсілдерде сөз бірден-бір сөзжасамдық бірлік қызметін атқарады, бұларда басқа сөзжасамдық бірліктер қатыспайды. Тек синтетикалық тәсілде ғана сөзжасамдық бірлік қызметін сөз және жұрнақ атқарады. Бұдан күрделі сөздегі сөзжасамдық бірлік қызметін сөздер атқаратыны анық көрінді.

Күрделі сөз сөзжасамдық бірліктер арқылы жасалып, сөзжасамдық үрдістің нәтижесі болғандықтан, күрделі сөздің мағынасы біртұтас лексикалық мағына болып саналады. Оның сыңарларының жеке тұрғандағы мағынасы осы біртұтас лексикалық мағынаны жасасады.

Күрделі сөздің мағынасын жасайтын оның сыңарлары толық мағыналы дербес сөздерден жа-

салады. Бұл мәселе дүние жүзі тілдерінің басым көпшілігінде танылған, тек түркі тілдерінің кей-бірінде ғана бірлі-жарым жеке пікірлер кездеседі. Бірақ жалпы тіл білімі көлемінде күрделі сөздер толық лексикалық мағыналы дербес сөзден жасалады деп саналады. Осы пікірдің дұрыс екендігін қазақ тілінің деректері де растайды. Мысалға сан есім негізінен күрделі сандардан тұратыны белгілі, қазақ тілінің байырғы сандары жиырма дара негізгі саннан тұрады. Ал оған миллион, миллиард деген 2 кірме сөзді қоссақ, небәрі 22 дара сан бар, осылар арқылы қазір миллиардқа дейінгі сан атаулары жасалған, олардың бәрі күрделі сандар, осыншама күрделі сандардың бәрінің сыңарлары дербес мағыналы сан атауларынан жасалған.

Бұл барлық басқа сөз таптарына да қатысты. Мысалы, *алтыбақан, қайнаға, белбеу, қарлығаш (қара ала құс), бозторғай, ақсақал, жүзбасы, Ақтөбе, Жезқазған, Ақылбай* т.б. ерте заманнан келе жатқан күрделі аталым сөздер. Олардың әрқайсысының құрамы дербес сөздерден жасалғаны ешбір талас туғызбайды.

Сол сияқты күрделі сыңар мен егістіктердің құрамындағы сыңарлар да дербес мағыналы сөздер екенін көру қиын емес. Мысалы, *қара ала, күлгін сары, қызыл күрең, ақ боз, қара көк, алып кет, барып кел, көріп бер, алып қайт, келіп кет* т.б. осы сияқты мысалдардың бәрі де толық мағыналы дербес сөздерден жасалған, сондықтан да күрделі сөздердің мағыналары оның құрамындағы сыңарлардың мағынасымен байланысты болады. Мысалға жоғарыда келтірілген сөздердің қайсысын алсақ та, олардың сыңарларының ізі күрделі сөзден көрініп тұрады. Мәселен, *алтыбақан* ойынының аты оның құрамындағы алты бақанға байланысты шыққаны, аталғаны белгілі, *белбеу* алғаш белді буған баудың атынан, *қызыл күрең түс* қызыл, күрең түстердің қосындысынан туған түстің аты, *алып кет* алу және кету қимылдарынан тұратын күрделі қимылдың атауы екені анық. Күрделі сөздің мағынасы оны жасаушы сөзжасамдық бірліктердің яғни сыңарлардың мағынасынан жасалатын болғандықтан, олармен байланысты болуы заңды құбылыс, сондықтан мағына бере алатын дербес сөздер күрделі сөзге сыңар бола алады.

Қазақ тіл білімінде болсын, басқа тіл білімдерінде болсын күрделі сөзге берілген анықтама-ларда күрделі сөздің құрамындағы сыңарлардың сол сөзді құраушы, жасаушы бірліктер деп атай отырып, ол сыңарлардың мағыналары кірігіп, біртұтас мағынаға көшетінін ерекше атап отырады. Атап айтқанда, күрделі сөздердің әрқайсысы - біртұтас мағыналы сөз.

Сонымен күрделі сөздер бірнеше мағыналы сыңарлардан жасалғанына қарамастан, біртұтас лексикалық мағына береді. Ғылымда ол танылған, ол туралы пікір алалығы жоқ. Сондықтан ол күрделі сөздің негізгі белгілерінің біріне оның құрамындағы сөздердің мағына бірлігі, тұтастығы жатады. Оны күрделі сөздерге ғалымдар берген анықтамалардан көруге болады.

Жалпы тіл білімінде, орыс тіл білімінде, түркологияда, қазақ тіл білімінде де күрделі сөздің мағына бірлігі бір белгі деп саналған.

Күрделі сөздердің мағына тұтастығы туралы ерте кезден бастап, күні бүгінге дейін талас жоғына қарамастан, осы белгіге сүйеніп, тілдегі күрделі сөз атаулыны тану, ажырату оңай емес екені қазір анық байқалып жүр.

Күрделі сөздің мағына тұтастығынан туындайтын басқа белгілерінің біріне оның тілде - бір лексикалық бірлік (единица) болып танылуы жатады. Күрделі сөз тілде бір мағынаны білдіретін бір сөз болып саналады. Мысалы, *ит ала қаз* - шындық өмірдегі бір құстың аты. Бұл күрделі сөз - *үйрек*, *тауық* сияқты өмірдегі затты атайтын сөз. Айырмашылық: *үйрек*, *тауық* деген сөздер дара сөздер, *ит ала қаз* - күрделі сөз.

Күрделі сөздің құрамы екі я онан да көп лексикалық мағыналы сыңарлардан құралуы, сөздің күрделі құрамды болуы оның бір сөз болып танылуына кедергі болмауына, оның біртұтас мағына білдіруіне, бір сөз қызметін атқаруына, тілдегі лексикалық мағыналы басқа сөздер қатарында, тобында болуына байланысты. Тілдегі негізгі түбір сөздер, туынды түбір сөздер, күрделі сөздер дербес сөз ретінде, лексикалық мағыналы сөз ретінде тілде бірдей қызмет атқарады. Бұлардың қайсысы болсын тілдегі дайын лексикалық бірліктегі яғни дайын сөздер. Олар сойлеу кезінде дайын қалпында сойлемге алынады да, сойлеуде қолданыла береді. Атап айтсақ, күрделі сөздер де тілде бір кездерде жасалған, қазір олар - қазақ тілінде сөйлейтін адамдарға таныс сөздер. Сондықтан сойлеуші адам басқа сөздерді сөйлем құрау, ойын жеткізу үшін қалай сөйлемде қолданса, күрделі сөздерді де солай дайын қалпында алып, қолдана береді.

Күрделі сөздердің мағына тұтастығы олардың құрамындағы сыңарларға байланысты. Әр күрделі сөз тілде белгілі құрамда тұрғанда, бір мағына беретін болып қалыптасқан. Сондықтан күрделі сөздің құрамы мен оның білдіретін мағынасы байлаулы деп санау қажет. Мысалы, *ақ құба* деген күрделі сөздің құрамын өзгертсек, бұл

мағына берілмейді: *құба ақ*, *ақ сары*, *боз ақ* түрінде олар *ақ құба* күрделі сын есімнің мағынасын бере алмайды. Бұл - жалғыз күрделі сөз емес, сөз атаулыға тән қасиет. Дара сөздердің мағынасы оның дыбыстық құрамына байланысты. Мысалы, *адам* деген сөз тек осы дыбыстық құрамда тұрғанда ғана өз мағынасын білдіреді, осы дыбыстық құрамды, не оның орналасу тәртібін (*адам* - *атам*, *мада* т.б.) өзгертсек, *адам* сөзінің мағынасы берілмейді. Туынды сөздерде де морфемалар, оның тәртібі өзгермеу керек. Мысалы, *малшы* дегенді *малды* - *ышлам* т.б. етіп өзгертуге болмайды, өйткені ол *малшы* түрінде ғана тілде осы мағынаны беретін болып қалыптасқан. Күрделі сөздер де белгілі құрамда, құрамындағы сыңарлар белгілі тәртіпте тұрғанда, бір мағына беретін болып қалыптасқан, сондықтан ол мағына берілу үшін күрделі сөздің құрамы да, құрамындағы сыңарлардың орналасу тәртібі де сақталуы қажет. Басқаша айтқанда, бұл күрделі сөздердің құрамы тұрақты екенін дәлелдейді. Тұрақты күрделі құрамда ғана күрделі сөз мағынасы қалыптасқан, сондықтан сол құрамда ғана сол мағынаны білдіреді.

Сөзжасамда күрделі сөздің жалпы үш белгісі көрсетіледі, соның бірі-сыңарлардың тұрақты орны болуы. Мысалы, *темір қазық*, *алтыбақан*, *ит ала қаз*, *қара торы*, *ақ шұбар*, *көк теңбіл*, *отыз бес*, *алпыс төрт*, *сексен екі*, *келіп кет*, *алып бар*, *көріп бер*, *күні кеше*, *түнеугүні* т.б. күрделі сөздерді алсақ, осылардың әрқайсысы екі сыңардан құралған. Осы сөздердің құрамындағы сыңарлар жеке қолданылғандағы мағыналық дербестігін сақтап тұр ма деген сұрақ шешуші қызмет атқарады. Күрделі сөздің сыңарлары жай, еркін сөз тіркесіндегі сыңарлардан басқаша. Бұл мәселені анықтамайынша, күрделі сөздің мағынасы толық айтылмайды.

Жай, еркін сөз тіркесін жасаушы сөздердің әрқайсысы дербес мағыналы сөздер, олардың әрқайсысы сөйлемде жеке сұраққа жауап береді, әрқайсысы сөйлем мүшесі қызметін атқарады, олар сөйлемдегі бірнеше сөздермен түрлі сөз тіркесін жасайды. Мысалы, *оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық* (Алтынсарин). Осы сөйлемде төмендегі сөз тіркестері бар: 1) *ықыласпен тоқылық*, 2) *көңілге тоқылық*, 3) *оқығанды тоқылық*. Осы сөйлемде не бәрі 4 сөз бар, олар 3 сөз тіркесін жасап тұр.

Сөз тіркесінің заңы бойынша оның сыңарлары толық мағыналы дербес сөз болу керек, сондықтан сөйлемдегі сөздердің бәрі белгілі сұраққа жауап беретін дербес сөз (оқығанды - нені? көңілге - неге? ықыласпен - қалай? тоқылық - не

істелік?), соған орай олардың әрқайсысы сөйлемдегі сөздермен түрлі сөз тіркесін жасай алады. Жоғарыда келтірілген сөйлемдегі 4 сөз үш сөз тіркесін жасап, сөз тіркесіндегі сөздің құрамы тұрақсыздығын көрсетіп тұр.

Күрделі сөздің біртұтас мағыналы сөз екенінің оның құрамындағы сыңарлардың дербестігін сақтамағанынан да көруге болады. Күрделі сөздің құрамындағы сыңарлардың әрқайсысы сөйлемдегі басқа сөздермен сөз тіркесін жасай алмайды. Күрделі сөз тұтас түрде басқа сөздермен сөз тіркесін жасап, сөз тіркесінің бір ғана мүшесі бола алады, өйткені күрделі сөз қанша сыңардан құралса да, ол - бір сөз. Сондықтан ол бір сөз ретінде сөз тіркесінің бір сыңары, бір мүшесі ғана бола алады. Мысалы: *Ана Темір қазыққа қарашы* десек, осы сөйлемде *ана Темір қазық*, *Темір қазыққа қарашы* деген сөз тіркестерін жасайды.

Жоғарыда келтірілген *темір қазық* деген күрделі сөз - шындық өмірдегі бір жұлдыздың аты, сондықтан ол қандай сөйлемде қолданылса да, осы мағынада тұрып, бір сұраққа жауап беріп, бір сөз қызметін атқарады, сөз тіркесінің бір мүшесі ғана болады. Бұл күрделі сөздің құрамындағы сыңарлардың жеке сөз ретіндегі дербестігін сақтамағанымен байланысты. Күрделі сөздің сыңарлары оның ішкі бөлшектеріне жатады яғни күрделі сөздің сыңарлары сөйлемге жеке сөз ретінде кіріп тұрған жоқ, дербес сөздің яғни күрделі сөздің ішкі морфемасы ретінде кіріп тұр. Сондықтан күрделі сөз тұтас түрінде сөйлемде сөз тіркесін жасауға қатысады да, оның құрамындағы әр сыңар ол қызметті атқара алмайды, олар - күрделі сөз құрамында өз дербестігінен айрылған сөздер.

Сонымен жай сөз тіркесінің құрамы тұрақсыз. Мысалы, *жаңа үйге кел* дегенде *жаңа үйге*, *үйге кел* тіркестерінде *үйге* сөзі түрлі тіркес жасап тұр. Ал күрделі сөздің құрамы тұрақты, оны өзгертуге болмайды. Сондықтан *Темір қазық* деген сөздегі *темір* өзінше, *қазық* өзінше сөз тіркесін жасамайды. Бұл күрделі сөздің мағынасы ғана емес, құрамының да тұтастығын көрсетеді.

Күрделі сөздің құрамының тұрақтылығы барлық сөз атаулыға қатысты. Дара сөздер негізінен белгілі дыбыстық құрамнан тұрады, әр сөздің өзінің дыбыстық құрамы болады. Ол дыбыстық құрамды өзгертуге болмайды, өйткені ол тұрақты, мысалы, *қалам* дегенді дыбыстық құрамын сақтап, бірақ керісінше *малақ* десек, ол қалам мағынасын бермейді. Сол сияқты күрделі

сөздің де құрамын өзгертуге болмайды. Мысалы, *бозторғай*, *бүгін*, *белбеу* дегендерді *торғай боз*, *күн бұл*, *бау бел* деп өзгертсек, алғашқы күрделі сөздердің мағынасы жоғалады. Бұл күрделі сөздердің құрамының ғана тұрақтылығын білдірумен бірге, ондағы сыңарлардың орын тәртібінің беріктігін білдіреді.

Бұл ерекшелік күрделі сөздердің белгілі бір құрамда, құрамындағы сыңарлары белгілі бір тәртіпте тұрғанда, мағынасының жасалғанын көрсетеді. Әр күрделі сөз белгілі құрамда, құрамындағы сыңарлар белгілі тәртіпте тұрғанда, бірте-бірте жаңа мағынаға көшкен, сыңарлардың мағынасы кіріккен, тұтасқан, бір мағынаға ие болған. Сондықтан күрделі сөздің құрамы да, олардың сыңарларының орналасу тәртібі де тұрақты, берік. Ол күрделі сөздердің негізгі белгілерінің біріне жатады.

Тіл білімінде күрделі сөздердің түп төркіні сөз тіркесі саналады. Тілде кейбір жай сөз тіркестері бірте-бірте мағыналық дамуға ұшырап, құрамындағы сыңарларының мағынасы жымдасып, кірігіп бір мағынаға көшкен. Олардың сыңарлары өзінің алғашқы мағынасынан алыстап, өзінің дербестігінен айрылған, сыңарлардың мағынасының бір-бірімен кірігуінің нәтижесінде олар біртұтас сөзге айналып, белгілі бір ұғымды білдіретін сөз болып қалыптасқан. Сондықтан күрделі сөздің мағынасы берілу үшін, күрделі сөздің құрамы, құрамындағы сыңарлардың орын тәртібі ол қалыптасқан кездегі қалпын сақтауы қажет.

Рас, кейін тілде қалыптасқан күрделі сөздердің үлгісі басқа күрделі сөздер жасалу үшін қолданылған. Ондай үлгілер арқылы жаңа күрделі сөздер әр кезеңде жасалып отырған. Қазір де күрделі сөздер үлгі арқылы жасалып жатыр. Мысалы, *әнұран*, *елтанба*, *жалақы*, *зейнетақы*, *елорда*, *елбасы* т.б.

Күрделі сөздің құрамындағы сыңарлар күрделі сөзді жасаушы сөзжасамдық бірліктер қызметін атқарады. Күрделі сөз өзінің сыңарларының мағынасының біртұтас мағынаға кірігіп, бір сөзге көшуінен бастап, ол тілде бір сөздің қызметін атқаратындықтан, бір сөз болып танылатындықтан, ол тілдегі басқа сөздер сияқты дайын тұрған лексемалар болып саналады да, сөйлемге сол дайын тұрған қалпында кіреді. Демек күрделі сөздер сөйлемге дайын тұрған қалпында алынатын лексикалық бірліктер болғандықтан, ол сөйлемде бір сөздің қызметін атқарады, сөйлемнің бір мүшесі болады, бір сұраққа жауап береді.

Күрделі сөз бір кездерде жасалғаннан бастап, ол сөйлемге дайын лексема ретінде алына- тындықтан, ол әр сөйлемде әр түрлі жасалатын, қай тұлғада қолданылуы сөйлемге байланысты сөздің грамматикалық тұлғаларынан да ерекше- ленеді, өйткені күрделі сөз қандай сөйлемде де бір құрамда қолданылады. Мысалы: *Кемпірқосақ өте әдемі. Кемпірқосақ көрінді* сияқты тағы басқа сөйлемдерде бұл күрделі сөз осы құрамда ғана қолданылады, бірақ басқа сөздер сияқты осы құрамда тұрып, түрлі тұлғада тұра береді. Мысалы: *Кемпірқосақта неше түрлі түс бар. Кемпірқосақты көргенмін.*

Күрделі сөз біртұтас мағыналы болғандықтан, белгілі бір сөз табының мағынасын беріп, бір сөз табына қатысты болады. Қай сөз табына қатысты болса, сол сөз табының грамматикалық мәніне, қасиетіне ие болады. Осымен байланысты күрделі сөздер де басқа сөздер сияқты белгілі сөз табына жатады. Мысалы: *Ақмола, Нұрлыбек, ине-жіп, бой жеткен, бой тұмар, бал қаймақ, Құдай- берген, Талдықорған* т.б. осы сияқты күрделі сөздер зат есімге жатады. Бұлардың сыңарлары зат есімнен, сын есімнен, етістіктен жасалғаны оның зат есімге көшуіне кедергі болмаған. Өйткені әр күрделі сөздің сыңарлары қай сөз табынан болғанына қарамастан, олар зат мағынасына, аталымына көшкен. Бұл күрделі сөздің жалпы мағынасына байланысты.

Сол сияқты *қара ала, ал қызыл, ер жүрек, қоян жүрек, ұзын тұра, салпы етек, ал қара көк, жай оғындай, мақпал қара, су қараңғы* сияқты күрделі сөздер сын есімге жатады. Бұл сөздер осы құрамда тұрғанда, сындық мағынаға көшкен, сын есім мағынасына ие болған, күрделі сөздің қалыптасқаннан кейінгі мағынасы сындық мағына болғандықтан, бұлар сын есімге жатады.

Күрделі етістіктер де осы сияқты белгілі құрамда тұрғанда, күрделі қимыл мәнге ие болған, сондықтан олар күрделі етістікке жатады. Мысалы, *келіп кет, қайтып кел, алып бар, жазып бер, келіп көр, сатып ал, кіріп шық* т.б.

Басқа сөз таптарының да күрделі сөздері бар. Мысалы, *күні кеше, ала жаздай, кешіқұрым, он алты, жетпіс бес, шөре-шөре* т.б.

Күрделі сөз дербес сөз, лексикалық бірлік болғандықтан, оның әрқайсысының өзіндік лексикалық мағынасы бар. Әр лексикалық мағыналы сөз белгілі бір сөз табына қатысты болуымен байланысты, күрделі сөздер басқа сөздер сияқты сөз таптарына қатысты. Бұл жағдай да күрделі сөздердің дербестігінен айрылғанын, күрделі

сөздің біртұтас лексикалық мағыналы сөз екенін білдіреді.

Міне, күрделі сөздердің құрамындағы сыңарлар әр түрлі сөз табынан болғанның өзінде әр күрделі сөздің жалпы мағынасы белгілі сөз табының мағынасына қатысты болуы, белгілі бір сөз табының мағынасын білдіруі күрделі сөздің біртұтас дербес сөз екеніне дәлел бола алады. Осы белгісінің өзі оны ұқсас тілдік бірліктерден ажыратады. Күрделі сөздерге ең ұқсас тілдік құбылысқа сөз тіркесі жататыны белгілі. Ал сөз тіркесінің құрамындағы сыңарлар әрқайсысы өзінің дербес мағынасын сақтайды, сондықтан да өз сөз табын да сақтайды. Сөз тіркесіндегі сыңарлар мағынасын, сөз табын, сөз табының грамматикалық ерекшелігін сақтағандықтан, сыңарлардың әрқайсысы сөйлемдегі басқа сөздермен де тіркес жасай береді. Ал бұл қасиет күрделі сөздің құрамындағы сыңарларда жоқ. Күрделі сөздің құрамындағы сыңарлар дербестігінен айрылғандықтан, сөйлемдегі басқа сөздермен байланысқа түсе алмайды, тек күрделі сөз тұтасымен ғана басқа сөздермен байланысқа түседі.

Күрделі сөздердің құрамы айтуда да бөлініп, сыңарларының арасында кідіріс жасалып айтылмайды. Күрделі сөз біртұтас ырғақпен айтылады. Бұл да күрделі сөздің тұтастығын білдіретін белгіге жатады. Ал осымен байланысты күрделі сөздің тағы бір ерекшелігі байқалады. Күрделі сөздің тұтастығын оның сыңарларының арасына ешбір тілдік бірліктерді қосуға болмайтыны да дәлелдейді. Күрделі сөздің құрамындағы сыңарлардың арасына басқа ешбір сөз қосылмайды. Бұл - өте қатал сақталатын заңдылық, ол күрделі сөзде бұзылмайды.

Күрделі сөздердің түрлі белгілері мен өзіндік ерекшеліктері бір күнде қалыптаспаған. Күрделі сөздердің түп негізі сөз тіркесі екені жалпы тіл білімінде, түркологияда, қазақ тіл білімінде әбден дәлелденген. Ғалымдар бұл мәселеде бір пікірде, ол жөнінде талас жоқ. Ал ол - күрделі сөздердің бір құрамда ұзақ қолданылуының нәтижесінде бірте-бірте жаңа мағынаға көшу, сыңарларының мағынасы бір-бірімен кірігіп, жымдасу біртұтас мағынаға көшу нәтижесінде болатын өзгеріс. Мұның бәрі күрделі сөз құрамының тұрақтылығын, біртұтас мағына білдіруін қалыптастырады. Рас, тілде қалыптасқан күрделі сөздердің үлгісімен кейін күрделі сөз жасау тілде бар құбылыс, бірақ ол да жалпы күрделі сөз заңдылығына бағынады.

Күрделі сөзді тану үшін түрлі белгілер негізге алынады. Ол дүние жүзіндегі тілдің ерек-

шелігіне қарай түрлі тілде түрліше қаралып келеді. Мысалы, орыс тілінде күрделі сөздерді біріктіретін арнайы дәнекерлер бар. Мысалы, *самолет, ледоход, пароход* деген сияқты күрделі сөздердің сыңарлары *о* элементі арқылы біріккен, бұл осы тілдің ұлттық ерекшелігі саналып жүр, бірақ ешбір қосымшасыз бірігетін күрделі сөздер де бар. Мысалы, *радиоузел, телевизор, радиостанция* т.б.

Индоевропа, славян, орыс тілдерінде күрделі сөздің бір белгісі ретінде кейде олардың жазылу емлесі, бірге жазылуы, дыбыстық құрамының тұтастығы негізге алынады.

Егер күрделі сөз біріктіру тәсілі арқылы жасалады деп саналатын тілдердің өзінде күрделі сөздер бірге де, дефис арқылы да, бөлек те жазылып жүрсе, онда ол орфографиялық белгінің күрделі сөзді танудағы дәрменсіздігін білдіреді. Олай болса, түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілінің орфографиялық белгіні негіз тұтпай, күрделі сөздің мағына тұтастығын, күрделі сөзді лексикалық бірлік, бір сөз тануын, сөйлемде бір сөздің қызметін атқаруын негізгі белгі деп санап, соған сүйенуін дұрыс деп қабылдап, күрделі сөзді тануда сол белгілерді негізге алу қажет.

Құрамындағы сыңарларының бөлек жазылуы жалғыз қазақ тілінде ғана емес, басқа түркі тілдерінде де күрделі сөздің танылуына кедергі болып саналмайды. Анығырақ айтсақ, түркі тілдерінде орфографиялық белгі күрделі сөздердің танылуында есепке алынбайды.

Түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілінің күрделі сөздің құрамындағы сыңарларының бірге я бөлек жазылуының күрделі сөзді ажыратуда есепке алынбауы дұрыс екені тағы да анықталып отыр.

Түркі тілдерінде емле күрделі сөздің танылуына белгі ретінде қолданылмайды. Бұл түркі тілдеріндегі күрделі сөздердің әр түрлілігіне де байланысты болуы мүмкін. Бүкіл түркі тілдерінде қос сөздер кең орын алады, ол - көне замандардан келе жатқан тілдік құбылыс. Ал қос сөздер бірге жазылмайды, дефис арқылы жазылады, бірақ олар күрделі сөзге жатады. Қос сөздер басқа тілдерде бірлі-жарым кездескені болмаса, түркі тілдеріндегідей орын алмайды.

Сонымен бірге түркі тілдерінде жазу ерте қолданылғанымен, халыққа кең тарамасы. Ал бертін келе кеңес үкіметі кезінде жазу үш рет өзгерді. Осының бәрі күрделі сөздердің жазылуын бір ретке келтіруге мүмкіндік бермеді. Бұл жағдайлардың бәрі орфографияның үстемдік алуына

кедергі болуы да мүмкін. Сондықтан күрделі сөздердің басым тобы бір мағына беріп, бір сөз қызметін атқарып, бір ұғымды білдіріп, халық санасындағы бір ұғымның аты ретінде түсінілсе де, қолданылса да, күрделі сөз болғанға дейінгі сөз тіркесі кезіндегі қалпынша бөлек жазылуы сақталып қалды. Бірақ тілде жазылу емлесі бекімей, түрліше жазылып жүрген күрделі сөздер де жеткілікті. Осымен байланысты бір сөздің түрліше жазылуы тілде өте жиі кездеседі. Мысалы, *ақ құба - аққұба, темір жол - теміржол, бір тұтас - біртұтас, көк айыл - көкайыл, көк жал - көкжал, көк шешек - көкшешек, жел өкпе - желөкпе, не бары - небәрі, боз торғай - бозторғай, электр ара - электрара, теле дидар - теледидар, сары қарын - сарқарын, сары тіс - сартіс* т.б.

Осы сияқты сөздіктерде, кітаптарда түрлі жазылып жүрген күрделі сөздер тілде өте көп. Бұл да күрделі сөздер теориясының қалыптасуына кедергі болатыны сөзсіз. Осымен байланысты күрделі сөзге түркі тілдерінде құрамындағы сыңарларының бірге жазылуы яғни орфографиялық белгі шарт бола алмайды деп саналады.

Осы жағдайлардың бәрі түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде күрделі сөзді тануда емле ескерілмей, күрделі сөздердің бірнеше түрлері танылып жүр.

Күрделі сөздің мағына тұтастығы оның сыңарларының бір мағынаға көшуіне, бір ұғымды білдіруіне байланысты делік. Күрделі сөздің біртұтас мағынасының қалыптасуында оның құрамындағы сыңарлардың атқаратын қызметін анықтау мәселесі қазір өте үлкен қиындық туғызып жүрген теориялық мәселеге жатады. Оның өзіндік себептері де жоқ емес. Солардың бірі тілдегі күрделі сөздердің түрлілігі және олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар.

Ал күрделі сөздердің түрлі болуы оның аналитикалық тәсілдің әр түрімен жасалуына байланысты. Аналитикалық тәсілдің ішкі мынадай түрлері бар: 1) сөзқосым, 2) қосарлау, 3) тіркестіру, 4) қысқарту.

Осы тәсілдердің әрқайсысы тілде әр түрлі күрделі сөз жасайды. Сөзқосым тәсілінің өзі іштей екіге бөлінеді: а) біріктіру (шекара, көкжөтел, орынбасар); ә) кіріктіру (биыл, бүгін, әкел, апар). Осымен байланысты тілде біріккен сөздер және кіріккен сөздер қалыптасқан. Бұл тәсіл дүние жүзіндегі тілдерге кең тараған, сондықтан күрделі сөздер туралы сөз болғанда, көп тілдерде негізінен біріккен сөздер туралы сөз етіледі.

Ал түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде күрделі сөз тек қана сөздерді біріктірумен яғни сөзқосым тәсілімен ғана байланыстырылмайды, күрделі сөздердің түрлілігі оның түрлі аналитикалық тәсілмен жасалатынына байланысты. Солардың бірі - қосарлау тәсілі. Қосарлау тәсілі арқылы қос сөздер (*үлкен - кіші, жақсы - жаман*) жасалады. Ал қысқарту тәсілі арқылы қысқарған сөздер (*АлМУ*- Алматы мемлекеттік университеті) жасалады. Күрделі сөздің бұл түрлері көп талас туғызып жүрген жоқ. Аналитикалық тәсілдің әр түрі күрделі сөздердің де әр түрін жасағаны осы мысалдардан көрініп тұр. Тіліміздегі күрделі сөздердің түрлі түрі бары белгілі нәрсе, олар: 1) **біріккен, кіріккен сөздер**, 2) **қос сөздер**, 3) **тіркесті күрделі сөздер**, 4) **қысқарған сөздер**.

2.7.1. Біріккен және кіріккен күрделі сөздер

Біріккен сөздер дүние жүзіндегі тілдерге өте кең тараған. Олардың аналитикалық тәсіл арқылы жасалатыны да ғылымда әбден танылған.

Біріккен, кіріккен сөздер екі, кейде үш сөздің, мағына және дыбыстық құрамы жағынан біртұтас лексикалық бірлікке көшкен сөздер. Құрамындағы сөзжасамдық бірліктердің бір-бірімен бір дыбыстық құрамға көшіп, тұтасуы жағынан, яғни сыңарларының бірге жазылуы жағынан біріккен, кіріккен сөздер басқа күрделі сөздерден ерекшеленді, өйткені күрделі сөздердің басқа түрлерінің сыңарлары бөлек жазылады. Түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде күрделі сөздің танылуына оның бірге жазылуы кедергі болмайды, бұл тілдерде күрделі сөз бірге жазылуы қажет деген қағида қолданылмайды.

Индоевропа, орыс тілдерінде тек қана біріккен сөздер күрделі сөз саналатыны белгілі. Бұл тілдерде сөздің мағына тұтастығымен бірге, тұлға (дыбыстық құрам) тұтастығы да күрделі сөздің негізгі белгілеріне жатады. Бірақ осы тілдердің өзінде де күрделі сөздердің бірде бірге, бірде бөлек жазылуы бар құбылыс.

Бұған қарағанда, күрделі сөздер бірге жазылады деген осы тілдердегі қағиданың тұрақсыз-

дығы байқалады. Алайда қазақ тілінде бірге жазылып жүрген сөздер ғана біріккен сөздер деп танылады, ол туралы пікір орнықты.

Бір сөздіктің өзінде біріккен сөздердің түрлі берілуі де кездеседі. Орфографиялық сөздіктерде олар бірсыпыра. Мысалы, *темір жол* орфографиялық сөздіктерде бөлек жазылған. Ал осы сөзден жасалған туынды сөз (*теміржолшы*) бірге жазылған. Сол сияқты *алаөкпе* сөзі сөздікте бірге жазылған, *ала өкпе болу* деген тіркесте ол *бөлек* жазылған. Ал *еңбекақы*, *еңбекақылы* дегендердің екеуі де сөздікте бірге жазылған. Баспа бетінде біріккен сөздердің түрлі жазылуына мұндай жағдайлар себеп болатыны сөзсіз.

Бұл айтылғандар біріккен сөздердің жазылу емлесінің әлі де шешілмей келе жатқанын көрсетеді. Ал біріккен сөздер емлесінің дұрыс шешілумен байланысты басқа да бірсыпыра мәселелердің өз шешімін табатыны күмәнсыз.

Біріккен сөздер тілдегі лексикалық бірліктерге жататыны белгілі, бірақ біріккен сөз деп танылып, бірге жазылмаса, олар сөздіктердегі реестр сөз қатарына кірмейді. Бұл тіліміздегі сөз санын белгілеуде кемшілік туғызады, осы жағдай басқа тілдерде күрделі сөз атаулыны біріккен сөз деп тануға себеп болған ба деген ойға келтіреді. Қазір қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде 360-тай ғана біріккен сөз қамтылғаны, ал олардың шын мәнінде бұл мөлшерден әлдеқайда көп екені белгілі болып отыр.

Біріккен сөздердің емлесін дұрыс шешу жазу мәдениетіміздің көрсеткішін арттырады. Біріккен сөздерді толық қамтып бірге жазу арқылы сөздердің түрлі жазылуын, М.Балақаев айтқандай, бірсыпыра жоюға мүмкіндік туады. Жазу мәдениеті күрделі мәселе, оны шешуді ешқашан назардан тыс қалдыруға болмайды, өйткені ол тіл мәдениетінің қомақты бір мәселесі. Олай болса, бірге жазуға болатын біріккен сөздердің емлесін ретке келтіру қажет екені сөзсіз.

Біріккен сөздер де басқа күрделі сөздер сияқты жай сөз тіркестерінен бастау алған, сондықтан оның құрамындағы сыңарлары сөз тіркестерінің құрамындағы сыңарлармен ыңғайлас келеді*.

* Анықтайтын сөз бен анықталатын сөз, толықтайтын сөз бен толықталатын сөз, пысықтайтын сөз бен пысықталатын сөздер өзара бірігетіні байқалады. Мысалы, *қаптесер, алжапқыш, күнбағар* сияқты біріккен сөздердің құрамындағы алдыңғы компоненттері толықтауыш сөздер де, соңғы компоненттері - баяндауыштық ыңғайындағы сөздер. Ал, *түреге, бассалу, айналсоқ* тәрізді біріккен сөздердің бірінші бөлшектері - пысықтайтын сөздер де, кейінгі бөлшектері - пысықталатын сөздер. *Асқазан, белбеу, қолған, биспасоз, шашбау, шикізат* деген біріккен сөздердің бірінші бөлшектері анықтайтын, екінші бөлшектері - анықталатын сөздер. Қазақ тіліндегі біріккен сөздердің ең басым жағы - осы анықтауыш сөз бен анықталатын сөздердің бірігуі.

Біріккен сөздердің де, тіркесті күрделі сөздердің де түп негізі сөз тіркестері деген қағида ғылымда әбден орныққан. Қазіргі тіліміздегі біріккен сөздердің құрамындағы сыңарлардың өзара қарым-қатынасынан олардың алғашқы синтаксистік байланысы анық байқалады.

Кейбір зерттеуде біріккен сөздердің басым көпшілігі изафеттің 1-түрі ретінде саналады. Оларға *қаламұш, шашбау, қолғап* сияқты екі сыңары да қосымшасыз зат есім сыңарлардан жасалған біріккен сөздер жатқызылады.

Осы үлгімен жасалған біріккен сөздер тілімізде өте көп: *абжылан, аброй, адамата, адамзат, адыраспан, айбалта, айдала, айқабақ, айнакөз, айылбас, айырбас, асқабақ, асқазан, атауыз, атқонак, атқосиы, атқұйрық, атқұлақ, аюқұлақ, бақабас, балақыз, балауыз, балбөбек, балықкөз, басалқа, баспана, баспасөз, бәйшешек, бұзаубас, бұзаутас, гүлсерік, дәуқабақ* т.б.

Изафеттік тіркестің барлық түрінен біріккен сөздер жасалған. Изафеттің екінші түрінен жасалған біріккен сөздер де бірталай, мысалы: *отағасы, қолбасы, елубасы, қонақасы, сәресі, оттегі, елбасы, түнеугүні, құсбегі, атбегі, өмірбойы, қазоты, киікоты, бақаоты*. Мұнда бірінші сыңар қосымшасыз болса, екінші сыңардағы тәуелдік жалғау сақталған.

Изафеттік тіркестегі екі сыңардың да қосымшалары сақталған біріккен сөздер де бар, бірақ бұлар аз. Мысалы: *жаздыгүні, қыстыгүні, күздігүні*. Бұл біріккен сөздердің бірінші сыңарындағы ілік септіктің соңғы дыбысы сақталмаған, қысқартқан, бірақ *-ды* буыны сақталған, ал екінші сыңардағы тәуелдік жалғауы толық сақталған.

Сыңарларында анықтауыштық қатынас байқалатын біріккен сөздер тобына бірінші сыңары сын есім, сан есім, есімдік, екінші сыңары зат есім болып келетін біріккен сөздер жатады: *аққайран, аққұлақ, аққұтан, ақшеңгел, қарақұйе, қарақұрт, қарақұс, қаракөз, қараандыз, қарапайыр, қараөкпе, қызылқұйрық, қызылтандай, қызылтамыр, сарбұға, сарқарын, сарыауру, сарыбалақ, сарыбауыр, сарыкүйік, сарымалма, сегізкөз, сарымойын, сарышаған, сарысозақ, сарысопақ, сарытоқаш, сарысадақ, сарышағыл, сарышұнақ, сарышытыр, біраз, біртоға, екібастан, екіқабат, екіталай, Екібастұз, бесжылдық, бесенеден, бүгін, ешкім, ештеңе, әлдекім, биыл, әлдене, бірқазан, бессайысы, сегізаяқ, Бесарық*.

Бұл мысалдар ғалымдар пікірінің дұрыстығына толық дәлел бола алады. Тілімізде анықтауыштық қарым-қатынастағы сөз тіркестерінің мағына тұтастығына көшіп, яғни бір мағынаға

көшуі арқылы, дыбыстық құрамы жағынан да бірігіп, біртұтас сөзге айналған біріккен сөздер өте көп екені белгілі.

Біріккен сөздердің бұл түріне қарағанда, толықтауыштық қатынастағы сөз тіркесінен жасалған біріккен сөздер азырақ. Олар төмендегідей: *алжапқыш, атқамінер, орынбасар, қаптесер, күнбағар, демалыс, итемген, күнбағыс, қанішер, ұлтабар, Ұлтуар, шыңкетер, табиғаттану*.

Бұл біріккен сөздердің түп төркіні *алды + жапқыш, атқа + мінер, орынды + басар, қапты + тесер, күнді + бағар, демді + алыс, итті + емген*, екені талас туғызбайды. Сондықтан бұл біріккен сөздер толықтауыштық қарым-қатынастағы тіркестен қалыптасқан деп санауға болады.

Біріккен сөздердің келесі тобына пысықтауыштық қарым-қатынастағы сөз тіркестері негіз болған. Мысалы, *айналсоқ, аңғалсоқ, кеішқұрым, селқос, селсоқ, тесішыққан* т.б. Біріккен сөздердің бұл тобы да өнімсіз, бірақ ол тілде бар құбылыс.

Біріккен сөздердің бәрі осы үлгілердің бірімен ғана жасалған, қалыптасқан деуге болмайды. Тіл деректері басқа жолдармен қалыптасқан біріккен сөздер барын көрсетеді. Мысалы, *енжар, шекара, жансебіл, жиеншар, өнеркәсіп, жағажай, әуежай, ағатай, Айжан, Нұржан, Нұржамал, Балжан, бекзат, жегжат* сияқты біріккен сөздердің сыңарларынан синтаксистік байланыс байқалмайды, ал *тоқсан, сексен* (тоғыз + он, сегіз + он) сияқты сан есімдердің бірігуі де синтаксистік қатынасты байқатпайды. Бұларға белгісіздік, болымсыздық есімдіктердің жасалуын қоссақ, бұл топ ұлғайып шығатыны сөзсіз. Мысалы, *әлдекім, әлденеше, әлдеқашан, әлдене, әлдеқалай, әлдебір, әркім, әрқашан, әрқалай, әрқайсысы, ешкім, ешқашан, ешқайсысы, ешқайда, бірдене, ешқайдан, ештеме* т.б.

Бұл келтірілген мысалдар біріккен сөз атаулы тек синтаксистік байланыстағы сөз тіркестерінің біртұтас сөзге көшуінің нәтижесі ғана емес екенін көрсетеді. Біріккен сөздердің жасалу жолының дамып, үлгісінің қосылып отыруынан жасалған біріккен сөздер де тілден орын алады. Ол қазір дамып, қанатын кең жайып отырғаны анықталып отыр. Оған мысал ретінде *елорда, әнұран, елбелгі, әуежай, саяжай, елтаңба* сияқты соңғы кезде тілге қосылған біріккен сөздер дәлел бола алады.

Сөйтіп біріккен сөзге төмендегідей анықтама беруге болады: Біріккен сөз деп сыңарлары мағына жағынан да, тұлға жағынан бірігіп, біртұтас мағынаны білдіретін біртұтас дыбыстық құрамдағы, бір екпінмен айтылып, сөйлемнің бір мүшесі қызметін атқаратын сөздерді айтамыз.

Кіріккен сөздер құрамындағы сыңарлары дыбыстық құрамын толық сақтамай, немесе түрлі дыбыстық өзгерістерге ұшырау арқылы бір-бірімен мағына жағынан да кірігіп, ықшамдалып, біртұтас сөзге айналған сөздер. Мысалы, *әкел (алып + кел), әпер (алып + бер), әкет (алып + кет), биыл (бұл + жыл), бүгін (бұл + күн), сәресі (сахар + асы), ағайын (аға + іні), қарлығаш (қара ала құс), білезік (білек + жүзік), сексен (сегіз + он), тоқсан (тоғыз + он), ышқыр (іш + құр), белбеу (бел + бау), қайтіп (қалай + етіп), түрегел (тұра кел), белуардан (бел + буардан), ендігәрі (ендігіден + әрі), ашудас (ашу + тас), сөйтіп (солай + етіп), өйтіп (олай + етіп), бірдеме (бір + неме), біресе (бір + ерсе), қолғанат (қол + қанат)* т.б.

Келтірілген кіріккен сөздердің сыңарлары үлкен өзгеріске ұшыраған, бұлардың ішінде бір сыңардан бір ғана дыбыс қана сақталып, сөздің құрамындағы дыбыстары өте ықшамдалғандары бар. Мысалы, *алып кел* етістігіндегі *алып* сөзінің қысқарғаны сонша, оның алғашқы дауысты дыбысы ғана өзгеріспен сақталған. Осындай қысқару *биыл* кіріккен сөзінің алдыңғы сыңарының алғашқы дауыссыз дыбысы ғана сақталып кіріккен. *Қарлығаш, білезік, сексен, тоқсан, сөйтіп, бүйітіп, өйтіп* сияқты кіріккен сөздердің сыңарлары үлкен өзгеріске түсіп, ықшамдалған. Бірақ кіріккен сөздер үшін сыңарларының дыбысталуы жағынан үндесуі, кейбір дыбыстарының өзгеруі де жеткілікті. Ондай кіріккен сөздер тілде баршылық.

Тілімізде кіріккен сөздер аз емес, бірақ олардың көбінің құрамы қазір сыңарларға ажыратуға келмейтіндей, сыңарларының жігі сақталмағандықтан, оларды кіріккен сөз деп танылмай жүргендері де мол болуы мүмкін. Мысалы, *мұрап, табалдырық, бәрекелді, жаракімалла, о тоба, япырмай, ойпырмай, атырай, әттегенай, былтыр* сияқты кіріккен сөздердің сыңарларын ғалымдардың дәлелдеуі арқылы ғана білеміз. Олардың қазіргі құрамы сыңарларының *мир (амир), аб, табан тұрық, барақа аллаһу (алла саған бақыт берсін), я рақым (бер) алла, истиғфару аллаһу (алла кеірсін) я пірім-ай, ой пірім-ай, а пірім-ай, әйт деген-ай, бір жыл дүр* сөздерінен тұратынын қазір құрамына қарап ажырату мүмкін емес. Бұл кіріккен сөздердің мағынасы бірігіп, сыңарлары өте ықшамдалып, өзгеріп, біртұтас мағына мен біртұтас дыбыстық құрамға көшкенін нақты, анық көрсетеді. Ал осы сияқты үлкен өзгеріске түсіп, сыңарларының жігі сақталмаған, ғылымда анықталмаған, танылмаған кіріккен сөздер көп

болуы да ықтимал, олар келешекте анықталуы мүмкін.

Сонымен, кіріккен сөз деп құрамындағы сыңарлары дыбыстық өзгеріске ұшыраған, қазір біртұтас дыбыстық құрамға көшіп, біртұтас лексикалық мағынаны білдіретін, сөйлемде бір сұраққа жауап беретін, сөйлемнің бір мүшесі қызметін атқаратын, бір екпінмен айтылатын сөзді айтамыз.

Біріккен, кіріккен сөздердің әрқайсысы да тілдегі бір лексикалық бірлік болып саналады. Сондықтан олар сөзді тану үшін қойылатын барлық белгіге сай келеді, барлық басқа сөздер сияқты олар сөйлемге дайын қалпында алынады. Мысалы: *Құлагер бәйгеге қосылды (Жансүгіров). Жамал мен Олжабек қосылғалы он шақты жыл өтті (Мұстафин). Егін жинау жұмысы оңтүстік Көкшетау, Айыртау аудандарында қызу қарқынмен өтті (Мұқанов).*

Осы мысалдардағы *Құлагер, Олжабек, оңтүстік, Көкшетау, Айыртау* деген біріккен сөздер осы сөйлемдерге дайын қалпында алынған, сондықтан олар сөйлемнің қажетіне қарай осы сөйлемдерде ғана осы тұлғада қолданылып тұрған жоқ. Олар дәл осы тұлғада, осы құрамда кез келген басқа сөйлемдерде де қолданыла береді, өйткені олар осы сөйлем құрылысының қажетіне бағынышты емес.

Тілдің сөздік қорындағы мұндай лексикалық бірліктердің құрамында зат есім + зат есім, сын есім + зат есім, зат есім + етістік, сан есім + зат есім, есімдік + есімдік, етістік + етістік т.б. сөз таптары қолданыла береді.

Зат есім + зат есім үлгісімен жасалған біріккен сөздер тілдегі ең үлкен топ. Оның ішкі түрлері де мол. Мысалы, *қаламсап, қасқырмасак, майсоқта, мұздыаяқ, мысыққұйрық, оттегі, өгізшағала, өгейшоң, өлеңқияқ, сабыншоң, елбасы, сутегі, тайтұяқ, еңбекақы, киікоты, ушоң* т.б.

Сын есім + зат есім үлгісі де біріккен сөз жасаудағы өнімді үлгіге жатады. Мысалы, *сарыбуын, сарықұйық, сарысу, ақауыз, ақбас, ақиық, ақкіс, ақселеу, алабұға, алақоржын, көкмайса, көкжөтел, көксағыз, қарақұрт, қараөкпе, қызылқұйрық, қызыл от* т.б.

Зат есім + етістік үлгісінде де біраз біріккен сөздер жасалған. Мысалы, *атқамінер, орынбасар, қаптесер, итемген, итшию, күнбағар, күнбатыс, күнбағыс, күншығыс, қанытесер, қолтума, сусімір, сүлесок, тайсалу, тайталасу, түйесора, түйесіңір* т.б.

Бұл үлгі бойынша кісі аттары да жасалған: *Құдайберген, Тәңірберген, Ертуған, Ұлтуған, Ұлтуар.*

Сан есім + зат есім үлгісі де тілге бірсыпыра біріккен сөздер қосқан. Мысалы, *бірқатар, біртоға, біршама, екібастан, екіқабат, Екібастұз, Жетіқарақишы, қырыққұлақ, қырықаяқ, қырықбуын, мыңбас, мыңтамыр, бесенеден, бесжылдық, сегізкөз* т.б.

Бұл үлгі көбіне кісі аттарында жиі қолданылған. Мысалы, *Қырықбай, Елубай, Алпысбай, Жетпісбай, Сексенбай, Тоқсанбай, Мыңбай* т.б.

Есімдік + есімдік үлгісі өнімсіз болып табылады, бұл үлгімен жасалған біріккен сөздер аз. Мысалы, *ешкім, әлдекім, әркім, әлдеқалай, әлдеқашан, ешқашан, ешқайда, әрқайсысы* т.б.

Етістік + етістік үлгісімен жасалған біріккен, кіріккен сөздер санаулы, бұл өнімсіз үлгі. Мысалы, *өткел, әнер, әкет, апар, түрегел* сияқты сөздер ғана осы үлгімен жасалған.

Біріккен, кіріккен сөздердің жасалу үлгісінде олардың сыңарларының бәрі белгілі бір сөз табына жататын толық мағыналы дербес сөздер екені анықталды. Сонымен бірге біріккен сөздердің сыңары қызметінде тілдегі негізгі атауыш сөздер мен етістік сөздер яғни негізгі сөз таптары қолданылатыны анықталды.

2.7.2. Қосарлы күрделі сөздер

Қос сөздер - түркі туыстас тілдердің бәрінде бар тілдік құбылыс. Қос сөздер ең көне орхон жазба ескерткіштердің тілінде де болған. Мысалы, *арқыш - тіркіш - іркес - тіркес, ішін - ташын - ішін - тысын, бәзләрі - будуны - бектері - халқы, ядағын - ялақын - жаяу - жалпы, өлу - иту - өлу - жіту* т.б. Содан бері қос сөздер түркі тілдерінің бәрінің сөздік қорынан мол орын алып, тілде жиі қолданылатын лексикалық бірліктер қатарында келе жатыр. Сондықтан олар ғылымда әбден танылған, сөздіктерде өзіндік орны бар тілдік құбылысқа жатады. Қос сөздер тілдің аналитикалық тәсілінің қосарлама тәсілі арқылы жасалады. Мысалы, *ойын-сауық, ине-жіп, ыдыс-аяқ, құрал-сайман, қыз-келіншек, жақсы-жаман, ұзынды-қысқалы, үлкен-кіші, ата-ана, әке-шеше, он-он бес, жиырма-отыз, қырық - елу, кеше-бүгін, жоғары-төмен, қызыл-жасыл, кімде-кім, келіп-кетіп, көріп-біліп, айтыс-тартыс* т.б.

Қос сөздің сыңарлары кез келген сөзден бола бермейді. Тілде қос сөздердің жасалуының өзіндік әбден қалыптасқан заңдылықтары бар. Қос сөздердің екі сыңары да бір сөз табының сөзінен болады. Мысалы, *қыз-келіншек, қорпе-жастық, қауып-қатер, қарым-қатынас, тамыр-таныс, жа-*

уын-шашын деген қос сөздердің екі сыңары да зат есімдерден жасалған. Ал *үлкен-кіші, қызылды-жасылды, үлкенді-кішілі, жақсы-жаман, кәрі-жас* деген қос сөздер сын есім сөздерден жасалған. Сол сияқты *алпыс-жетпіс, бес-алты, жеті-сегіз, он бес-он алты, сексен-тоқсан* қос сөздері сан есімдерден жасалған. *Келіп-кетіп, алып-беріп, қоре-көре, ішіп-жеп, қарғап-сілеп, асыға-үсіге* деген қос сөздер етістіктерден жасалған.

Қос сөздердің жасалуындағы бұл заңдылық қос сөздердің мағынасы жақын, арасында белгілі мағыналық байланысы бар сөздерден жасалуына қатысты. Ешбір мағыналық байланысы, бір-біріне қатысы жоқ сөздер бір-бірімен қосылып, қос сөз жасай алмайды. Міне, бұл қос сөздердің жасалуында қатты сақталатын заңдылық. Ал осымен байланысты қос сөздердің сыңарлары көбіне мағыналас, синоним, антоним сөздерден болады. Мысалы, *ыдыс-аяқ, ине-жіп, әке-шеше, аға-іні, аяқ-қол, өкпе-бауыр, етек-жең, соқа-сайман, қазан-ошақ* сияқты қос сөздер өмірде бір-бірімен белгілі байланысы бар заттардың атынан яғни мағыналық қатысы бар сөздерден жасалған. Осы сияқты қос сөздердің көбі *құрал-сайман, шақұр-шұқыр, жалтан-жұлтан, қарғап-сілеп, тамыр-таныс, қауіп-қатер, уайым-қайғы, қырып-жойып, жүн-жүрқа, жән-жоба, күш-қуат, сабыр-тағат, талан-тараж* дегендердегі сияқты синоним сөздерден жасалған. Ал *үлкен-кіші, жақсы-жаман, жоғары-төмен, ақ-қара, үлкенді-кішілі, жақсылы-жаманды* сияқты қос сөздер антоним сөздерден жасалған.

Бұл келтірілген мысалдардың бәрі қазақ тілінде қос сөздердің жасалуы оның сыңарларының белгілі мағыналық қатыстағы сөздер болуын талап ететінін анық көрсетеді. Ол заңдылық ретінде қалыптасқан.

Күрделі сөздердің ішінде қос сөздердің жасалуының өзіндік ерекшелігі бар. Күрделі сөздердің көбі синтаксистік белгілі байланыстағы сөз тіркестерінен бастау алатыны айтылды. Күрделі сөздің құрамындағы сыңарлары қазір ол қызметінен айрылса да, олардың бұрынғы қызметін байқауға болады. Ал солардың ішінде сөз тіркесінен басқа жолмен қалыптасқан күрделі сөздер де бар. Солардың біріне қос сөздер жатады. Тіл білімінде қос сөздер бірыңғай мүшелерден бастау алмады ма екен деген де жорамал да бар. Бірақ бірыңғай мүше түрлі сөйлем мүшесіне қатысты, олар түрлі сөзтұлғада болатыны белгілі. Ал қос сөздердің сыңарлары тек түбір тұлғада ғана болады, егер оны атау тұлға деп санасақ, басқа сөзтұлғалар қос сөздің құрамында кездеспейді. Қос

сөз бірыңғай мүшеден жасалған болса, оның тек бір түрінен ғана қос сөз жасалуы мүмкін емес. Сондықтан қос сөз жасалуының өзіндік ерекшелігі танылу керек. Қос сөздер - мағынасы жақын тең мағыналы екі сөздің қосақталып, бір мағыналы сөзге айналуының нәтижесі.

Қазіргі тілде қос сөздердің кейде бір сыңары, кейде екі сыңары мағынасыз сөз болып келеді. Бұл тілдің қазіргі даму сатысына байланысты, ол жағдай қос сөздердің жасалған кезіне қатысты емес, олардың бәрі алғаш мағыналы сөзден жасалған. Кейін бір сыңары, кейде екі сыңары да тілдік дамудың нәтижесінде лексикалық мағынасы солғындап, не мағынасынан мүлдем айрылып, қазіргі дәрежеге жеткен, оған сөздің дыбыстық өзгеріске ұшырауы да қосылған. Мұндай қос сөздерге төмендегі мысалдарды келтіруге болады: *бала-шаға, жора-жолдас, жүдеу-жадау, жылау-сықтау, әуре-сарсан, шөп-шалам, ым-жым, ың-жың, арық-тұрақ, некен-саяқ, тырым-тырақай, ұйна-тұйна, ту-талақай, әңкі-тәңкі, ірі-тірі, ағыл-тегіл, алба-жұлба, алай-түлей, астан-кестен, аңда-саңда, алда-жалда, әлем-жәлем, быт-шыт, далдың-дұлдың, ығай-сығай, иқы-жиқы* т.б.

Қос сөздердің жасалуында тағы бір заңдылық бар. Ол - қос сөздердің сыңарларының буын санының үндесіп келуі. Тілдегі қос сөздердің 80-90 пайызы буын саны жағынан тең буынды сөздерден, сыңарлардан тұрады. Мысалы, *ән-күй, дәм-тұз, ың-жың, көш-қон, ата-ана, әке-шеше, үлкен-кіші, ыдыс-аяқ, аға-іні, борыш-қарыш, өрен-жаран, жігіт-желең, егіл-тегіл, онер-білім; кәкір-шүкір, жаманды-жақсылы, ұзынды-қысқалы, кіресілі-шығасылы* т.б. Бұл мысалда бір буынды, екі буынды, үш буынды, төрт буынды сөздерден жасалған қос сөздер берілді. Тілде екі буынды сыңарлардан, сөздерден жасалған қос сөздер өте көп, қалғандары аздап ғана кездеседі, әсіресе, 3-4 буынды сөздерден жасалған қос сөздер өте аз.

Буын саны тең сыңарлардан қос сөздің жасалуы олардың айтылуы да үндесімділігін көздеуден туған деуге болады. Өйткені қос сөздердің басым көпшілігінде буын үндестігі яғни сингармонизм сақталады. Мысалы, *ақыл-айла, сауыт-сайман, ауру-сырқау, жауын-шашын, қырып-жойып, азан-қазан, жатса-тұрса, ағал-жағал, азып-тозу, айла-амал, алай-бұлай, алба-далба, алда-жалда, әрлі-берлі, бүгін-ертен, елтең-селтең, жеңіл-желпі, ине-жіп, кейін-кескін, келіп-кетер, көйлек-көншек, көріп-білу, күйініш-сүйініш, күйіп-пісу, күдік-күмән, немере-шөбере, іркес-тіркес* т.б.

Алайда қос сөздердің жасалуындағы бұл заңдылықтарда қайшылықтар жоқ емес, бірақ олар негізгі заңдылықтарға қарағанда, әлдеқайда аз. Алдымен қос сөздердің сыңарларының буын саны тең болмайтындары да бар. Олардың өзінің іштей ерекшеліктері бар: 1) Таза мағыналық байланыстан туған сыңарлардың буын санының теңсіздігі: *қыз-келіншек, ат-шәпан, бау-бақша, ар-ұждан, ар-ұят, бек-сұлтан, бай-патша, бес-алты, есік-терезе, жай-жағдай, жиын-той, той-дұман, жөн-жоба, жын-пері, кір-қожалақ, қас-қабақ* т.б. Мұндай қос сөздер сыңарларының мағына байланысының күштілігі негізінде жасалған.

2) Қос сөздердің бір сыңарының қосымшамен келуі арқылы сыңарларының буын саны теңдігінен айрылады. Мысалы *бетпе-бет, қолма-қол, ауызба-ауыз, оз-өзінен, бірден-бір, үй-үйден, бостан-бос, он-ондап, бес-бестен* т.б.

3) Қос сөздердің жасалуындағы келесі қайшылық буын үндестігіне байланысты. Әдетте, қос сөздердің екі сыңары да не бірыңғай жуан сөздерден, не бірыңғай жіңішке сөздерден жасалады. Осы заңдылықтың да біраз жағдайда бұзылатыны - бар құбылыс. Мысалы, *азық-түлік, үсті-басы, қарғап-сілеп, сүріне-жығыла, іші-сырты, ойнап-күліп, алты-жеті, сексен-тоқсан, буып-түйіп, жүн-жұрка, жөн-жоба, ойын-күлкі, қыз-келіншек, көшіп-қонып, дәм-тұз, көш-қон, ұрыс-керіс, ерсілі-қарсылы, өштік-қастық, үздік-создық, ауыр-жеңіл, жоғары-төмен, окта-текте, сатыр-сүтір, жүдеу-жадау, жаман-жәутік, көрші-қолаң* т.б.

Қос сөздердің сыңарлары буын үндестігіне бағынбай, жуан, жіңішке сөздердің аралас келуі арқылы жасалуы мағынаға тікелей байланысты. Қос сөздердің бұл түрлерінің бәрінде олардың сыңарларының мағына байланысы өте күшті. Мұндай қос сөздер мағыналық байланыс негізінде жасалған. Сөйтіп қос сөздердің сыңарларының мағынасы жақын, мағынасы байланысты сөздерден жасалатыны тағы да өзін дәлелдеп, көрсетіп тұр. Өйткені бұл - қос сөздердің жасалуында негізгі қызмет атқаратын заңдылық.

Қос сөздер тілде екі түрлі тәсіл арқылы жасалады: 1) екі түрлі сөздің қосарлануы арқылы, 2) бір сөздің қайталануы арқылы жасалады. Осымен байланысты қос сөздерді қазақ тіл білімінде екі түрге бөлу қалыптасқан: 1) қосарлама қос сөздер, 2) қайталама қос сөздер. Қос сөздердің бұл түрлері ғылымда танылған және қалыптасқан.

Қосарлама қос сөздер тілде өте көп, олар екі мағынасы жақын сөзден жасалып, біртұтас лексикалық мағына береді. Мысалы, *аяқ-табақ* "ылыс"

деген мағынаны білдірсе, *ине-жип* - іс тігуге қажет заттардың жалпы аты, *туған-туысқан* деген қос сөз туыс деген мағынаны білдіреді, *шай-қант* шай ішуге керек заттардың аты, *қой-ешкі* ұсақ малдың аты, *өрік-мейіз* шайда қолданылатын жеміс атаулының жалпы аты.

Қосарлама қос сөздердің мағынасында жинақтау, жалпылау мән болады, ол жоғарыдағы мысалдардан анық көрінді. Төмендегі мысалдар оны растайды. Мысалы, *ана-қарындас* - әйел туыстың жалпы аты, ол сінліні де, апаны да қарындасты да бәрін қамтиды, *қару-жарақ* деген - қаруға жататын құралдардың (мылтық, қылыш, найза т.б.) бәрінің ортақ, жиынтық аты, *көрпе-жастық* - төсекте қолданылатын заттардың бәрінің аты. Бұл қосарлама қос сөздердің бәріне тән жалпы қасиет.

Қосарлама қос сөздердің сыңарлары екі түрлі сөз болғанымен, олар міндетті түрде бір сөз табына жататын сөздерден болады. Мысалы, *ағани, көйлек-көншек, бас-аяқ, аяқ-қол, өнер-білім, әңкүй* зат есімдерден жасалған, *қызыл-жасыл, ақ-қара, қызылды-жасылды, үлкенді-кішілі, аумалы-төкпелі* сын есімдерден, *үш-төрт, бес-алты, қырық-отыз, елу-алпыс* сан есімдерден, *әне-міне, анау-мынау* есімдіктерден, *келіп-кетіп, көрген-білген, алу-беру, келген-кеткен, алып-беріп* етістіктерден, *бүгін-ертең, жоғары-томен, аңда-саңда, окта-текте, ерте-кеш* үстеулерден, *тарс-тұрс, бұрқ-сарқ, жалт-жұлт, шақыр-шұқыр, сатыр-сұтыр* еліктеуіш сөздерден, *ах-ух, уһ-оһ* одағай сөздерден жасалған.

Келтірілген қос сөздердің екі сыңарлары да бір сөз табынан жасалумен бірге, сол сөз табының аясында қалған. Сонымен бірге осы мысалдар қосарлама қос сөздердің барлық сөз табында бар тілдік құбылыс екенін дәлелдеді. Барлық сөз табының құрамынан белгілі орын алатын, барлық сөз табына қатысты қосарлама қос сөздер тілдің сөздік қорынан да үлкен орын алады, бірақ олар сөздіктерде қазір толық қамтылмай жүр.

Қайталама қос сөздер де тілге кең тараған, жиі қолданылатын сөздер тобына жатады. Қайталама қос сөз бір сөздің екі рет қайталануы арқылы жасалады. Мысалы, *елең-елең, тарс-тарс, бау-бау, қора-қора, қалш-қалш, келе-келе, айтып-айтып, сөйлеп-сөйлеп* т.б.

Тілде қайталама қос сөздер түрлі құрамда кездеседі: 1) түбір қалпында қосымшасыз қайталану: *тау-тау, өркеш-өркеш, қора-қора, жол-жол, мая-мая, үйір-үйір, құшақ-құшақ*, 2) бір сыңары қосымшасыз, бір сыңары қосымшалы қайталама

қос сөздер: *өз-өзінен, бетпе-бет, кімде-кім, қолма-қол*; 3) екі сыңары да қосымшалы: *біріңе-бірің, өзіңнен-өзің, қолдан-қолға, үйден-үйге* т.б.

Түбір сөздің ешбір қосымшасыз қайталануы арқылы жасалған қайталама қос сөздер тілде көп қолданылады. Мысалы, *тау-тау үйілген бидай, қора-қора малы бар, өркеш-өркеш таулар, құшақ-құшақ бумалар, мая-мая шөп* т.б. Осы қос сөздердің ешқайсысы түбір сөздің дара қолданысындағы мағынаны білдіріп тұрған жоқ, бұларда “тау”, “қора”, “өркеш”, “құшақ” мағыналары мүлдем жоқ. Осы сөздерден жасалған қайталама қос сөздердің бәрі олармен тіркескен, *бидай, мал, тау* зат есімдерінің көлемін, аумағын білдіріп тұр. Бұл осы қайталама қос сөздердің сыңарларының негізгі мағынасынан басқа мағынаға көшкенін білдіреді. Осы жағдай мұндай қос сөздердің сөзжасам үрдісінің нәтижесінде басқа мағынаға көшкенін білдіреді.

Қайталама қос сөздердің екінші сыңары белгілі бір дыбыстық өзгеріспен қолдануда тілде жиі кездеседі: Мысалы, *шай-пұй, ет-мет, сүт-мұт, ешкі-мешкі* т.б. Бұл қолданыс та мағынаға әсер етеді. Мысалы, *шай ішейік, ет жейік, сүт бер, ешкі ал* дегенмен *шай-пұй ішейік, ет-мет жейік, сүт-мұт бер, ешкі-мешкі ал* дегендердің мәні бір емес, соңғыларда нағыз “май, ет, сүт, ешкі” мәні сақталып тұрған жоқ, “осылар сияқты бірдеме” деген эмоционалдық мән қосылған. Анық айтсақ, бұларда да мағыналық өзгеріс бар.

Бір сыңары қосымшасыз, бір сыңары қосымшалы қайталама қос сөздер тілде екі түрлі: 1) бірінші сыңары қосымшалы, екінші сыңары қосымшасыз қайталама қос сөздер; 2) бірінші сыңары қосымшасыз, екінші сыңары қосымшалы қайталама қос сөздер; 3) екі сыңары да қосымшалы қос сөздер.

Бірінші сыңары қосымшалы, екінші сыңары қосымшасыз қайталама қос сөздер мыналар: *бетпе-бет, қолма-қол, жүзбе-жүз, көзбе-көз, ауызба-ауыз, үй-үйге, бостан-бос*.

Қайталама қос сөздердің бірінші сыңарына *-ма/-ме* қосымшасы қосылу арқылы қос сөздің жасалуы әбден қалыптасқан тәсілге айналған. Бұл тәсіл арқылы қимыл-әрекеттің екі субъектінің тікелей қатысуы арқылы жасалғаны білдіріледі. Зат есімнен осы тәсіл арқылы жасалған қайталама қос сөздердің мағынасы өзгеріп, үстеуге айналады. Мысалы, *көзбе-көз сөйлесті, қолма-қол тапсырды, жүзбе-жүз кездесті, ауызба-ауыз пікірлесті* т.б. Бұлардың бәрінде қайталама қос сөз қимылдың қалай жасалғанын білдіріп тұр.

Қайталама қос сөздердің бірінші сыңары қосымшасыз, екінші сыңары қосымшалы түріне *бес-бестен, он-оннан, он-ондап, бес-бестен, үй-үйге, үй-үйден* сияқты мысалдар жатады. Бұлардың ішіндегі сан есім қос сөздер есептік саннан топтау санына көшкен, бұл осы қос сөздерде мағыналық өзгеріс болғанын білдіреді. Ал зат есімнен болған қайталама қос сөздердің мағынасы өзгеріссіз қалмаған, онда әр үй деген мән бар.

Екі сыңары да қосымшалы қайталама қос сөздер тілде көп емес. Олар: *қолды-қолына, өзді-өзінен, үйден-үйге, баладан-балаға* т.б. Бұл қос сөздерде де мағыналық өзгеріс бар. Мысалы, *өзді-өзінен сөйлеп отыр, қолды-қолына таратты, үйден-үйге жүгірді*. Осылардың мағынасын мына қолданыспен салыстыруға болады: *өзінше сөйлеп отыр, әр кімнің қолына таратты, әр үйге жүгірді*. Бұл мағына қос сөздің жеке сыңарының мағынасымен тең емес, олай болса, сөз мағынасында өзгеріс бар. Сондықтан бұларды да сөзжасам нәтижесі деп қарау қажет.

Күшейтпелі буынды сын есімнен жасалған қос сөздер де қайталама қос сөздерге жатады, бірақ олар сөзжасам нысанасына жатпайды. Күшейтпелі буынды сын есім қос сөздер сын есімнің шырай категориясына жатады, шырайдың бір түрін жасайды, оның мағынасын білдіреді. Атап айтқанда, олар шырай категориясының грамматикалық мағынасын білдіретін сөз тұлғаларға жатады.

2.7.3. Тіркесті күрделі сөздер

Тіркесті күрделі сөздер құрамы, мағынасы, сөйлемде атқаратын қызметі жағынан біріккен, қос сөздермен тең түседі. Біріккен, қос сөздер сияқты тіркесті күрделі сөздер де екі не онан да көп мағыналы сыңарлардан жасалып, біртұтас лексикалық мағына береді, сөйлемге дайын лексема қызметінде кіріп, бір сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бір мүшесі қызметін атқарады, бір ырақпен арасы бөлінбей айтылады. Тіркесті күрделі сөздердің де құрамы тұрақты, сыңарларының орнын ауыстыруға болмайды. Біріккен қос сөздерден бұл мәселелерде тіркесті күрделі сөздің ешбір айырмасы жоқ. Ал бұл белгілер сөзді тануға қойылатын негізгі белгілер болып саналады. Тек біріккен сөздер бірге жазылса, қос сөздер дефис арқылы жазылса, тіркесті күрделі сөздердің сыңарлары бөлек жазылады.

Тіркесті күрделі сөздер түркі тілдердің бәрінде танылғаны айтылды, өйткені түркі тілде-

рінде емле шартты белгі танылып, оның сөзді ажыратуда түркі тілдерінде қызмет атқара алмайтынын тәжірибенің өзі-ақ дәлелдеді. Алдымен түркі тілдерінде күрделі сөздер бірде біріккен сөз деп, бірде тіркесті күрделі сөз деп танылу бар. Тек бір тілдің өзінде де бір сөз бірде бірге, бірде бөлек жазу бары ақиқат шындық. Бұның өзі біріккен сөздер мен тіркесті күрделі сөздердің айырмасы тек емлеге ғана қатысты екенін көрсетеді.

Тіркесті күрделі сөздер сан алуан. Мысалы, *бала бақша, бал қаймақ, бал қурай, аузы ауыр, ала ауыз, ауыз әдебиеті, ауыл шаруашылық, бел омыртқа, бұзау балық, жалаң аяқ, он бес, отыз екі, жүз елу, екі жүз, алты мың, күні кеше, ала жаздай, жаз бойы, жаз күні, алдын ала, ертең ерте, әлі күнге, таң сәріден, қысы жазы, қара көк, ал қызыл, қызыл күрен, күрең қоңыр, келіп кет, алып бар, айтып бер, көріп кет, алып шық, кіріп шық, тарс етті, құрмет ет, жақсылық қыл, көмек ет* т.б.

Бұлардың ішінде бірзының бұрынғы сөз тіркестік қасиеті байқалып тұратындары бар: *бала бақша, бал қаймақ, жалаң аяқ* сияқтыларды алғаш анықтауыштық қатыстағы сөз тіркестерінің біртұтас лексикалық мағынаға көшкен тіркесті күрделі сөздер екені анық. Бірақ күрделі сөз атаулының бәрі осындай деп қарауға келмейді. Оған мысал ретінде күрделі сан есімдерді келтіруге болады. Күрделі сан есімдердің сыңарлары синтаксистік байланысты көрсетпейді. Күрделі сан есімдердің өзіндік жасалу жолы бар. Ол екі түрлі: 1) сыңарлардың мағыналарының қосылуы арқылы күрделі сан жасалады: он + бір = 11, отыз + бес = 35, қырық + алты = 46 т.б. 2) күрделі сандардың сыңарларының көбейтілуі арқылы күрделі сан атауы жасалады: екі x жүз = 200, бес x жүз = 500, үш x мың = 3000, алты x мың = 6000.

Күрделі сын есімдердің жасалуының да өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, *қара көк, қызыл күрен, күрең қоңыр* сияқты күрделі сындар құрамындағы сыңарларының түсінің қосындысынан шыққан үшінші түсті білдіреді. Бұлардың да күрделі санның жасалуының алғашқы түріне ұқсастық бар. Күрделі үстеулердің жасалуы да осы жолға аздап жақын. Мысалы, *күні кеше, таң сәріден, әлі күнге, ертең ерте, ала жаздай* дегендерде негізгі мағына екінші сыңарда деуге болады. Бірақ екінші сыңардың жеке тұрғандағы мағынасы оның күрделі үстеудегі мағынасымен тең емес екені айдан анық. Олай болса, күрделі үстеулер де сыңарларының мағына қосындысынан жасалған, бірақ олардың сыңарларында синтаксистік байланыстың ізі сақталмаған.

Ал күрделі етістіктер алғаш пысықтауыш сөз бен етістіктің тіркесінен жасалғаны белгілі. Бірақ бұл қазір мүлдем байқалмайды, қазір олар тең етістіктердің тіркесі ретінде тұрып, біртұтас күрделі қимыл ұғымын білдіреді. Сөйтіп күрделі етістіктердің жасалуында өзіндік ерекшелік бар. Ол күрделі етістіктің сыңарларының көсемше жұрнағы арқылы байланысуына да қатысты. Қазақ тілінде күрделі сөздерді байланыстырушы қосымшалар жоқ екені белгілі. Тек күрделі етістіктер құрамында қазір байланыстырушы қызметінде сақталып қалған көсемше жұрнағы күрделі етістіктерді басқа қосымшасыз байланысқан күрделі сөздерден ерекшелендіреді.

Күрделі сөздер тобындағы құранды етістіктердің басқа күрделі сөздерден өзіндік бірсыпыра ерекшелігі бар. Алдымен бұл құранды етістіктердің құрамындағы сыңарларына байланысты. Күрделі сөз атаулы толық мағыналы дербес сөздерден жасалатыны белгілі. Құранды етістіктер қазір негізінен дербес мағыналы есім сөз бен көмекші етістіктен жасалады. Мысалы, *құрмет ет, жәрдем ет, қызмет қыл, жақсылық қыл, көмек ет, телефон соқ* т.б.

Құранды етістіктің құрамындағы көмекші етістіктер есім сөзге қимыл мағынасын қосып, есімнен етістік жасайтын жұрнақтардың қызметін атқарады. Мысалы, *көмек ет* - көмектес, *табыс ет* - тапсыр, *әуре ет* - әуреле, *баян ет* - баянда, *баж ет* - бажылдады, *еңбек ет* - еңбектен, *талап ет* - талаптан, *жарқ-жарқ етті* - жарқылдады, *айғақ ет* - айғақта, *әңгіме ет* - әңгімеле, *қабыл қыл* - қабылда, *мазақ қыл* - мазақта, *жыр қыл* - жырла, *дәме ет* - дәмелен, *қор ет* - қорла, *сылтау қыл* - сылтаула, *талқан қыл* - талқанда, *тамаша қыл* - тамашала, *уәде ет* - уәделес, *үміт ет* - үміттен, *құмар бол* - құмарлан, *алаң бол* - алаңда т.б.

Келтірілген мысалдар бір есім сөзден аналитикалық тәсіл арқылы яғни көмекші етістіктер арқылы етістік жасалғанын, синтетикалық тәсіл арқылы яғни жұрнақ арқылы етістік жасалғанын анық көрсетіп тұр. Жұрнақ есім сөзге қосылғанда, қалай оған қимыл мағынасын қосып, оны етістікке көшірсе, көмекші етістік те сондай есім сөзге қимыл мағынасын қосып, одан етістік жасаған.

Есім сөзге қосылған көмекші етістіктің оған қимыл мағынасын қосып, оны етістікке көшіргенін құранды етістіктің етістікше түрленуінен көруге болады. Мысалы, *қызмет еттім, қызмет етерсің, қызмет еткен, қызмет етпек, қызмет еткісі келеді, қызмет етпейсің, қызмет ет-*

песе, қызмет етесің т.б. Құранды етістік атаулының бәрі де осылай етістік тарамдары, жүйесі бойынша сөйлемде түрленіп қолданылады. Бұл көмекші етістіктердің есім сөзден етістік жасағанының толық дәлелі.

Құранды етістіктер қазір күрделі сөз толық мағыналы дербес сөзден жасалады деген қағидаға қайшы көрінеді. Шындығында бұл құбылыс көмекші етістіктердің толық мағыналы дербес сөз кезінде басталып, кейін олардың етістік сыңары алғашқы мағынасынан айрылып көмекшілікке көшкен. Бара-бара ол есім сөзден етістік жасаудың бір үлгісіне айналып, сол арқылы басқа да құранды етістіктер жасалатын болған.

Алайда бұл тәсіл өнімді емес, құранды етістік жасайтын көмекші етістіктер де санаулы.

Тіркесті күрделі сөздердің құрамындағы сыңарлардың бәрі де сөзжасамдық қызмет атқаратыны белгілі. Дегенмен олардың қызметінде өзіндік айырма бар. Мысалы, *алып кел, беріп кел, көріп кел, біліп кел, айтып кел, қызмет ет, жәрдем ет, адам ет, жақсылық ет* сияқты күрделі етістіктердің бәрінде бірінші сыңар өзгеріп, осы екі топ күрделі етістіктің екінші сыңарлары тұрақты болып тұр. *Сары май, жер май, тоң май, иіс май* дегендерде, *ауыз омыртқа, бел омыртқа* дегендерде, *ал қызыл, қоңыр қызыл, күңгірт қызыл, күрең қызыл* дегендерде де осы ерекшелік бар. *Он бір, он екі, он үш, он төрт, он бес, он алты, он жеті, он сегіз, он тоғыз* деген күрделі сандарда да бір сыңар тұрақты, бір сыңар ауыспалы екені көрініп тұр. Олай болса бұл құбылыс - күрделі сөз атаулыға тән құбылыс, тән ерекшелік. Осымен байланысты күрделі сөздердің құрамы тірек сыңар және ауыспалы сыңар болып бөлінеді.

Тірек сыңар деп түрлі сөздерден күрделі сөз жасаушы қызмет атқаратын сөз танылады. Мысалы, *көріп бер, алып бер, әкеп бер, жинап бер* деген күрделі етістіктерде *бер* деген сыңар түрлі етістікке тіркесіп, одан күрделі сөз жасап тұр. *Қара торғай, боз торғай* дегенде *торғай* сөзі тұрақты сыңар болып, басқа сөздерден күрделі сөз жасап тұр. Бұдан күрделі сөз жасаушы қызмет атқаратын күрделі сөздің құрамында сыңар бары анық көрініп тұр. Бұндай қызмет барлық сөз табындағы күрделі сөздерден анық көрінді.

Тірек сыңардың қызметі түрлі сөзден туынды түбір жасайтын жұрнақтың қызметіне ұқсас. Әр тірек сыңар қандай сөздерден күрделі сөз жасаса да, бәрінде ол бір мағына береді. Осы ерекшелік түрлі туынды түбір жасаушы жұрнақта да бары белгілі. Мысалы, *мал қора, сиыр қора, қой қора* деген түрлі заттың атын жасаған күрделі

сөздердің бәрінде соңғы сыңар мағынасы бірдей. Ал *жұмысшы, етікші, малышы, оқытушы, егінші* деген туынды түбірлердің бәрінде - шы/-ші жұрнағының мағынасы бірдей. Тірек сыңар да, жұрнақ та түрлі сөздерден туынды сөз жасап тұр.

Тірек сыңардың күрделі сөздердегі орны тұрақты, әдетте ол күрделі сөздің екінші сыңары болады. Мысалы, алып *қайт*, келіп *қайт*, көріп *қайт*, тоқпан *жілік*, асықты *жілік*, ортан *жілік*, кара *көк*, күлгін *көк*, ашық *көк*, екі *мың*, үш *мың*, бес *жүз*, сегіз *жүз*, тоғыз *жүз* т.б.

Дегенмен, бұл қағидаға қайшы жағдай да кездеседі. Сан есімнің бірінші жасалу жолында тірек сыңар бірінші орында тұрады. Мысалы, *он бір*, *он екі*, *он үш*, *отыз төрт*, *отыз бес*, *қырық алты*, *қырық жеті* т.б. күрделі сандарда тірек сыңар бірінші сыңарда тұрады.

Күрделі сөздің ауыспалы сыңары - олардан тірек сыңар күрделі сөз жасайтын түрлі сөздер. Ауыспалы сыңарларға тірек сыңар тіркесу арқылы күрделі сөз жасалады. Мысалы, екі + *жүз*, үш + *жүз*, төрт + *жүз*, бес + *жүз* т.б. Тілде күрделі сөздің ауыспалы сыңары қызметіндегі сөздердің саны тірек сыңарлар санынан әлдеқайда көп. Өйткені бір тірек сыңар арқылы түрлі сөздерден бірнеше күрделі сөз жасалады, сондықтан тілдегі ауыспалы сыңар қызметіндегі сөздер мен тірек сыңар қызметіндегі сөздердің саны тең бола алмайды. Бұл туынды түбірдегі негіз бен жұрнақтың санының арасындағы айырмашылық сияқты.

2.7.4. Қысқарған күрделі сөздер

Сөзді қысқартып, ықшамдап, айтуға жеңілдетіп қолдану тілде көне замандардан бар. Бұл тілден кең орын алатын ықшамдау заңдылығымен байланысты. Ол заңдылық дүние жүзіндегі барлық тілдерде де бар, оның түрлері, қатысты салалары да мол. Соның бірі - қысқарған сөздер.

Кеңес дәуіріне дейін сөздерді әдейі қысқарту адам аттарымен байланысты тілден орын алған. Мысалы, Садуақас Сейфуллиннің жасында атын Сәкен деп қысқартқаны елге мәлім, сол қысқартып қолданған Сәкен аты бүкіл өмірінде, одан кейін де сақталып қалғаны әлемге әйгілі.

Қазақ тілінде адам атын қысқартып қолданудың түрлі жолы бар: 1) үлкен адамды сыйлау, құрметтеу мақсатында кісі атын қысқарту: Жұмабай - Жұмеке, Бейсен - Бәке, Өмірзақ - Өмеке, Сәрсен - Сәке, Ақмади - Ақа, Асқар - Асеке т.б. 2) бала атын еркелету ретінде қысқарту. Мысалы, Айнагүл - Айнаш, Қалихан - Қанаш, Қожа-

бек - Қожаш, Сағынғали - Сағынжан, Өмірғали - Өміртай т.б.

Кісі атын қысқарту басқа тілдерде де бар, Екатерина - Катя, Елизавета - Лиза, Виктор - Витя т.б. Адам атын қысқарту - әр тілде ертеден қалыптасқан көне тәсіл.

Қазақ тілінде кісі атын қысқартудың екі жолының өзіндік себебі бар. Мысалы, үлкен адамды сый-құрмет ретінде қысқартудың себебі қазақ халқының дәстүрінде үлкен кісінің атын атап сөйлеу дәрежелі саналады. Еуропа елдерінде ол дағдыға айналған. Атасын да, әкесін де, анасын да атай береді. Қазақ халқының дәстүрінде ол жоқ, сондықтан да ата, енесіне, туған-туысқанына келін басқа ат қояды. Мысалы, Еркежан, Еркебала, Жолдыбай болса, оны соқпақ деп атау, руының аты майлы болса, оны ағарған деп атау сияқты дәстүр үлкен кісі атын, туыс атын атамаудан бастау алған. Ал орыс тілінде өз атын, әкесінің атымен қосып айту (Екатерина Петровна т.б.) сияқты дәстүр - қазақ тілінде бұрын болмаған әдет. Кісі атын атаудың дәрежелі мән алуы үлкен адамды сый-құрмет ретінде қысқартып айту жолын шығарған. Ал өзінен кіші не бала атын қысқартып айту - көп халыққа тән құбылыс. Сондықтан дүние жүзіндегі тілдерде кісі атын қысқартып айту дәстүрі бар екені ешбір күмән қалдырмайды. Тек әр халықта кісі атын қысқартудың өзіндік ерекшелігі де бар. Ол құбылыс қазақ тілінде де ерте заманнан бар және оның түрлі жолы да тілде әбден қалыптасқан, оны танымау мүмкін емес.

Кеңес өкіметі дәуірінде мекемелер көбейді, олардың көбінің аты күрделі болды, ғылымда да күрделі атаулар шықты. Қарым-қатынас күшейген заманда күрделі атаулар ауысып та отырады. Осымен байланысты орыс тілінен қысқарған сөздер біздің тілімізге көптеп кірді, сондықтан орыс тілінен сөздерді қысқарту тәсілі де қазақ тіліне кірді, қазақ тілінен орын алды. Бұрынғы кеңес үкіметі кезінде тілден орын алған *КПСС, партком, партбюро, колхоз, совхоз, СССР, комсомол, компартия* сияқты қысқарған сөздер қазір қолданыстан шығып, архаизм, историзм сөздер қазір қолданыстан шығып, архаизм, историзм сөздер қатарына қосылды.

Алайда қазір қолданыста пайда болған, тілге қосылып жатқан қысқарған сөздер де бар. Мысалы, Еуропарламент (Еуропалық парламент), ҚазААГ (қазақтың ақпарат агенттігі), ТМД (Тәуелсіз мемлекеттер достастығы), Қазгидромет (Қазақ гидро-метеорология мемлекеттік мекемесі),

Ақмолаауылмаш (Ақмола ауылшаруашылық машина акционерлік қоғамы), АлМУ (Алматы мемлекеттік университеті), Еуроазия (Еуропа-Азия), *теледидар* (телевизиялық дидар), *телесериал* (телевизиялық сериал) *Нурбанк* (Нұрлан банк не Нұрболат банк т.б.), ГФР (Германия Федерациялық Республикасы).

Қазіргі қолданылып жүрген қысқарған сөздерде түрлі жүйе орын алған. Кеңес үкіметі кезінде сөздерді қысқарту жолына сай қысқартылған сөздер бар: ГФР, Нурбанк, ҚазААГ, ТМД т.б. Ол кездерде сөздерді қысқарту жолдарына сай келмейтін қысқарған сөздер де бар. Мысалы, *Еуропарламент*, *Ақмолаауылмаш*, *теледидар*, *телесериал* т.б. Бұрын алғашқы сөздің бір буыны келесі сөз түгел алынса (сберкасса, партбюро), бұл қысқарған сөздерде бірінші сөздің екі буын, не бірінші сөз түгел толық алынған. Қазір күрделі сөзді қысқарту еркін жолға түсіп, кім қалай қысқартса, солай кетіп жатқаны байқалады. Бұның түсініксіздікке апаруы да мүмкін. Бұрынғы кезде сөз алғаш қысқартып қолданылғанда оның толық түрі жақша ішінде беріліп, біраз уақыт халыққа таныс болғанша, қатар қолданылатын дағды болған. Қазір дағды ұмытылған. Әркім өзінше қысқартып қолдану байқалады.

Қысқарған сөздерде оның толық түріндегі мағына сақталады, яғни сөзжасамның жаңа мағына тудыруы қысқарған сөздерде жоқ. Дегенмен қысқарған сөздер сөзжасамға жатады. Мұның себебі мынада - қысқарған сөздер күрделі толық атаудың бір варианты ретінде дербес сөз қызметін атқарады. Сөзге қойылатын барлық талапқа жауап береді. Қысқарған сөздердің белгілі мағынасы бар, тілдегі дайын сөз, сөйлемге дайын сөз ретінде кіреді, сөйлемде бір сұраққа жауап береді, бір құрамда қолданылады яғни құрамы тұрақты, сөйлемнің бір мүшесі қызметін атқарады, біртұтас қалыпта жазылады, айтылады, бір екпінмен айтылады. Мұның өзі сөздің белгілері. Олай болса, қысқарған сөздер тілдегі лексикалық бірліктер тобынан жеке сөз ретінде орын алады.

2.8. СӨЗЖАСАМДЫҚ ЕДИНИЦАЛАР

2.8.1. Сөзжасамдық ұя

Синтетикалық сөзжасам қазақ тілінің сөздік қорын байытуда өте үлкен қызмет атқарады. Сондықтан да тілдің сөздік қорында негізгі түбір сөздерден туынды түбір сөздер әлдеқайда көп.

Тіліміздің сөздік қорынан туынды түбір сөздердің кең орын алатынын сөзжасамдық ұялар анық дәлелдейді. Өйткені әр сөзжасамдық ұя бір негізгі түбір сөзден қанша туынды түбір сөз жасалғанын анық, ашық көрсетеді. Мысал бір ғана *бу* деген негізгі түбірден жасалған сөзжасамдық ұяда 44 туынды түбір бар.

Сол сияқты тілдегі әр сөзжасамдық ұяға бір негізгі түбір сөз тірек болып, ал оның әрқайсысынан талай туынды түбірлер жасалғаны тілдегі туынды түбір сөздердің тілдің сөздік құрамынан басым орын алатынына толық дәлел бола алады.

Олай болса, тіліміздің сөздік қорын байытуда ерекше орын алатын туынды түбірлердің жасалуына қандай негізгі түбір сөздер өзек, тірек болғанын, негізгі түбір сөздердің туынды түбір сөз жасаудағы құнарлылығын анықтау, олардан туынды түбір сөздің өрбу жолын көрсету өте маңызды. Осы мәселенің ғылыми негізін анықтауда сөзжасамдық ұяны зерттеу өте қажет. Сөзжасамдық ұя бір сөздің негізінде туынды түбір сөздердің жасалуының барлық жолын, тетігін ашып береді.

Қазақ тіліндегі, сөзжасамдық ұя мәселесін зерттеу 1989 жылғы жарияланған “Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі” атты монографиялық еңбектен басталады.

Сөзжасамдық ұяға берілген анықтама сөзжасамдық ұяның құрамы қандай сөздерден құрала-тынын да аңғартады. Ол әр сөзжасамдық ұя құрамында бір негізгі түбір сөз және одан туған туынды түбірлер болатынын көрсетті. Олай болса, әр сөзжасамдық ұяның құрамында түп негіз сөз яғни негізгі түбір сөз біреу болады да, одан өрбіген туынды түбір сөздер бірнешеу болады. Әр сөзжасамдық ұядағы туынды түбір сөздердің бәрінің құрамында түп негіз сөз үнемі қатысып отырады. Бір сөзжасамдық ұяда қанша туынды түбір сөз болса, соның бәрінің құрамынан алғашқы түп негіз сөз міндетті түрде орын алады. Мысалы, *ән*, *әндет*, *әндеткіз*, *әндеттір*, *әнқой*, *әнқойлық*, *әнсымақ*, *әнші*, *әншілік*, *әншіл*, *әншілдік* деген *ән* негізгі түбірінен тараған сөзжасамдық ұядағы туынды түбір сөздердің бәрінің құрамында *ән* деген негізгі түбір бар. Бір сөзжасамдық ұядағы туынды түбір сөздердің бәрі бір негізгі түбір сөзден өрбігендіктен, олар түбірлес сөздер аталады. Мысалы, *жел* деген негізгі түбір сөзден 105 туынды түбір жасалған: *желбегей*, *желбегейле*, *желбегейлен*, *желбегейлендір*, *желбегейлендірт*, *желбезек*, *желбезексіз*, *желбезектен*, *желбезекті*, *желбей*, *желбен*, *желбенде*, *желбендет*, *желбір*, *желбіре*, *желбірегіш*, *желбі-*

рек, желбіректі, желбірет, желбіреттір, желбіреуік, желбірле, желбірлет, желбірлі, желбірсіз, желде, желдей, желден, желденгіз, желдендір, желдендірт, желдент, желдесін, желдесінде, желдесіндет, желдет, желдеткіз, желдеткіш, желдеттір, желдетіл, желдетіңкіре, желді, желдсіз, желділік, желдік, желдіксіз, желемік, желеміктен, желкек, желкектен, желкексіз, желкекті, желкем, желкемден, желкемдент, желкемдік, желкен, желкенде, желкендет, желкендеткіз, желкендеттір, желкенді, желкенші, желқам, желқамда, желқамдат, желп, желпі, желпігіш, желпіл, желпілде, желпілдет, желпілдек, желпін, желпінгіш, желпіндір, желпіндірт, желпінт, желпіншек, желпіншекті, желпініңкіре, желпініс, желпінкіре, желпіт, желпуіш, желтіс, желдсіз, желтең, желше, желші, желік, желіктір, желіктірт, желігіңкіре, желігіс, желікпе, желікпешілік, желікпелі, желікнелік, желіктен, желікті, желіктір, желіктірт, желіктіруші, желікшіл.

Міне, келтірілген мысалда 105 түбірлес сөз берілді. Олардың бәрі - бір сөзжасамдық ұяның құрамындағы бір негізгі түбірден (*жел*) өрбіген түбірлес туынды сөздер. Келтірілген түбірлес сөздердің бәрінің құрамында ұяға негіз болған негізгі түбір сөз (*жел*) бар. Ол барлық туынды сөзде көрсетілді.

Бұдан түбірлес сөздер бір сөзжасамдық ұяның ғана құрамына қатысты екені анықталды. Олай болса, әр сөзжасамдық ұя әр түрлі түбірлес сөздерден тұрды. Мысалы, *жұрт* негізгі түбірінен жасалған сөзжасамдық ұяны алсақ, ол *жұрттық, жұртша, жұртшылық* деген 3 қана түбірлес сөзден тұрады, олардың да әрқайсысының құрамында негізгі түбір сөз бар, және осы ұядағы түбірлес сөздер алғашқы *жел* түбірінен тараған ұядағы түбірлес сөздерден мүлдем басқа. Бұл түбірлес туынды сөздер ұяға байлаулы екенін, әр ұяның өзінше түбірлес сөздері болатынын көрсетеді. Сөйтіп әр түп негіз сөзден тараған туынды сөздер әр түрлі сөзжасамдық ұяға жататын, әр түрлі түбірлес сөздер болып табылады.

Бұл арада бір сөзжасамдық ұядағы туынды түбір сөздердің бір түбірлес сөздер тобын құрайтынын айта отырып, түбірлес сөздер арасындағы ерекшелікке назар аудару қажет.

Сөзжасамдық ұядағы туынды түбірлердің бәрі бірінен-бірі тікелей жасалған туынды түбір болуы міндетті емес. Тек ұядағы сөзжасамдық тізбекте ғана бірінен-бірі тікелей жасалған, біріне-бірі негіз болатын сөздер болады. Ал бір сөзжасамдық ұяда бірнеше сөзжасамдық тізбек бола

береді де, әр тізбек түп негіз сөзден өрбиді. Ал сөзжасамдық ұядағы туынды сөз атаулының бәрі бірінен-бірі тікелей туындай бермейді. Сондықтан сөзжасамдық ұяға ондай талап қойылмайды, мұнда бір ұядағы сөздердің бәрінің құрамында бір негізгі түбірдің болуы міндетті шарт болып саналады.

Мысалы, *біл* негізгі түбірінен жасалған түбірлес туынды түбір сөзден тұратын ұяда 26 туынды түбір сөз бар, олардың бәрі түбірлес сөздерге жатады. Осы түбірлес сөздердің бірінен-бірі тікелей туындауы 13 сөзжасамдық тізбек ішіне ғана қатысты. Мұны анықтап көрсету үшін, осы сөзжасамдық ұядағы тізбектерді жеке-жеке тізіп көрсету қажет:

1. біл→білім→білімді→білімділік
2. біл→білім→білімсіз→білімсіздік
3. біл→білім→білімдар→білімдарлық
4. біл→білім→білімдар→білімдарсы
5. біл→білім→білімпаз→білімпаздық
6. біл→білім→білімпаз→білімпаздан
7. біл→білік→білікті→біліктілік
8. біл→білік→біліксіз→біліксіздік
9. біл→білгіш→білгіштік
10. біл→білгіш→білгішсі
11. біл→білгір→білгірлік
12. біл→білгір→білгірсі→білгірсің
13. біл→білгі→білгілік→білгілікті
14. біл→білдір→білдірт
15. біл→білгіз→білгіздір→білгіздірт
16. біл→білік→
17. біл→біліс

Осы 17 сөзжасамдық тізбектің әрқайсысы тікелей *біл* түп негіз етістіктен туындаған. Ал әр сөзжасамдық тізбекте қанша туынды түбір болса, солар ғана іштей бір-бірінен тікелей жасалған. Ал осы сөзжасамдық ұядағы 33 туынды түбірдің бәрі бірінен-бірі туындаған сөздер емес екені көрініп тұр, бірақ олардың бәрі *біл* негізгі түбір салт етістіктен туындаған. Сондықтан осы ұядағы 33 туынды түбір сөздің бәрі *біл* түбірінен тараған, туындаған түбірлес сөздер. Сөйтіп түбірлес сөздер деген ұғым жалпы, ғылымда белгілі. Ал әр түбірлес сөздер тобының белгілі бір түп негіз сөзден тараған сөзжасамдық ұяға қатысты екеніне мән беріле бермейді. Сөзжасамдық ұя бір түп негіз сөзден туындаған түбірлес сөздің құрамын толық ашып көрсетеді, өйткені әр сөзжасамдық ұя бір түп негізден тараған, туындаған түбірлес сөздер тобынан құралады. Анығырақ айтсақ, бір сөзжасамдық ұяда бір түбірден тараған, өрбіген бір топ түбірлес сөздер ғана болады да, сөзжасам-

дық ұяға түбірлес емес сөздер қатыспайды. Яғни бір сөзжасамдық ұяда түрлі негізгі түбірден өрбіген бірнеше туынды түбірлес сөздер болмайды, сөзжасамдық ұя тек бір түрлі түбірлес сөздерден ғана тұрады. Өйткені бір сөзжасамдық ұяда бір негізгі түбір болады да, одан өрбіген түбірлес сөздер ғана болады. Басқаша айтқанда, әр сөзжасамдық ұяның өзіне ғана тән түбірлес сөздері болады.

Бұдан шығатын қорытынды: тілде қанша сөзжасамдық ұя болса, сонша түбірлес сөздердің түрлері болады. Сондықтан тілде түбірлес сөздердің түрлері өте көп. Олардың бір-біріне қатысы жоқ. Сөзжасамдық ұя бір түбірлес сөздерден тұратын болғандықтан, сөзжасамдық ұяның бір белгісі ретінде оның құрамының өзіндік түбірлес сөздерден тұратынын таныған дұрыс.

Сөзжасамдық ұядағы түбірлес туынды түбір сөздердің бәрі де сөзжасамдық жұрнақтар арқылы жасалады. Қазір синтетикалық тәсіл арқылы жасалған түбірлес туынды түбірлерден тұратын сөзжасамдық ұя сөз болып отырғандықтан, сөзжасамдық ұядағы түбірлес туынды түбірлердің бәрі сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалған түбірлес туынды түбірлерге жатады.

Сөзжасамдық түрлі ұялардың құрамынан тілдегі сөзжасамдық жұрнақтардың бәрін кездестіруге болады. Әрине, тілдегі сөзжасамдық жұрнақ атаулының бәрі бір сөзжасамдық ұядан орын алуы мүмкін емес, бірақ тілдегі барлық сөзжасамдық ұя оны толық қамтиды. Олай болса, әр сөзжасамдық ұяда қызмет атқаратын сөзжасамдық жұрнақтар көлемі түрі жағынан әр түрлі бола береді, бірақ бұл бірсыпыра жұрнақтардың бірнеше ұяда қолданылуын жоққа шығармайды. Бұл тұрғыда қалыптасқан катал заңдылық жоқ. Оны төменде келтірілген, әр түрлі сөзжасамдық ұяның түбірлес туынды сөздерінің құрамында қолданылып тұрған жұрнақтардан көруге болады. Мысалы:

бөл: *бөлім, бөлме, бөліс, бөлін, бөлдір, бөлгіз;*

көр: *көрім, көрме, көріс, көрін, көргіз;*

өр: *өрім, өрме, өріс, өріл, өргіз;*

қой: *қойма, қойын, қойыл, қойыс, қойдыр, қойғыз.*

Бұл мысалдар 4 сөзжасамдық ұядағы 4 түрлі түбірлес туынды түбір сөздерден келтірілді. Осы мысалдарда *-ім, -ма, -іс, -ін, -дір, -гіз* жұрнақтарының 4 сөзжасамдық ұяда да қолданылып тұрғанын көруге болады. Осы ретте етістіктен етістік тудыратын жұрнақтардың сөзжасамдық ұялардың көбінде қолданылатынын атаған дұрыс.

Сөзжасамдық ұяның құрамындағы туынды сөздер түрлі сөз табына қатысты бола береді. Сондықтан оның құрамында түрлі сөз табының сөзжасамдық жұрнақтары қолданылады. Бұл сөзжасамдық ұяның бір сөз табына байлаулы болмауын туғызады. Атап айтқанда, бір сөзжасамдық ұяда түрлі сөз табына жататын түбірлес туынды түбір сөздер жасалады. Ол әр сөз табының туынды сөздерінің әр түрлі сөзжасамдық ұядан орын алуын туғызады. Ал ол сөз табының жұрнақтары түрлі сөзжасамдық ұяда қолданыла береді дегенді білдіреді, ол жұрнақтардың түрлі сөзжасамдық ұяда қолданылуын туғызады.

Қорыта келгенде, сөзжасамдық ұядағы түбірлес туынды сөздер түрлі сөз табына қатысты бола береді. Ол сөзжасамдық ұяның түп негіз сөзінің қай сөз табынан болуына да қатысты емес. Мысалы, *дөн* деген түп негізден жасалған сөзжасамдық ұяда *дөнбек, дөнгелек, дөнгелекше, дөңес* деген туынды түбір зат есім сөздермен қатар, *дөнбектен, дөнбекші, дөнбекшіт, дөңгеле, дөңгелекте, дөңгелектел, дөңгелектет, дөңгелен, дөңгелент, дөңгелеңкіре, дөңгелес, дөңгелет, дөңден, дөңесте, дөңестел, дөңестен, дөңестендір, дөңки, дөңкит* деген туынды түбір етістіктер бар. Сол сияқты *дөңгіл, дөңдей, дөңді, дөңкиіңкі* тәрізді туынды түбір сын есім сөздер де бар. Міне, бұл құбылыс сөзжасамдық ұя атаулының бәріне де қатысты.

Сонымен сөзжасамдық ұяның құрамы бір негізгі түбір сөз бен түбірлес туынды түбір сөзден тұратыны және ол туынды түбірлерді жасайтын жұрнақтардан тұратыны анықталды.

Бір сөзжасамдық ұяда бір ғана негізгі түбір сөз болып, одан толып жатқан түбірлес туынды түбір сөз жасалатындықтан, сол туынды түбір сөздердің бәрі тікелей негізгі түбір сөзден жасала ма, әлде оның басқаша жасалу жолы бар ма деген орынды сұрақ тууы мүмкін. Бұл сұраққа жауап беру арқылы ұядағы түбірлес туынды түбір сөздердің жасалу жолын аңғартуға болады.

Бұл мәселеде синтетикалық тәсіл арқылы туынды сөздің жасалу үлгісін еске алу қажет. Тілде туынды түбір сөз түбір сөз+сөзжасамдық жұрнақ үлгісі бойынша жасалатыны ғылымда әбден танылған. Сөзжасамдық ұядағы туынды түбір сөздер де сол заңдылыққа бағынады. Сөзжасамдық ұядағы туынды түбірлердің бәрі сөздік қорда орны бар лексикалық бірліктер. Сондықтан олар негізгі түбір қалай туынды түбірдің жасалуына лексикалық бірлік ретінде негіз болса, туынды түбірлер де лексикалық бірлік құқында басқа туынды сөздің жасалуына негіз бола алады. Осымен байланыс-

ты сөзжасамдық ұяда негізгі түбір сөз де, туынды түбір сөз де басқа туынды түбір сөздердің жасалуына лексикалық бірлік ретінде қызмет атқарады. Осыдан келіп бір сөзжасамдық ұяда негізгі түбірден жасалған туынды сөздерден де туынды түбірлерден жасалған туынды түбірлер көп болып шығады. Мысалы, *жол* негізгі түбірінен жасалған сөзжасамдық ұяны алып қарайық. Осы ұяда *жол* түбірінен тікелей жасалған туынды түбірлер мыналар: *жола, жолай, жолақ, жолдас, жолды, жолдық, жолсыз, жолишы, жолишыл, жолық* - барлығы 11 туынды түбір сөз. Осы ұядағы туынды түбірлерден жасалған туынды түбірлерді келтірейік: *жолат, жолатқыз, жолаттыр, жолаушы, жолаушыла, жолаушылат, жолаушылық, жолай, жолайғы, жолақ, жолақсыз, жолақта, жолақтан, жолақты, жолаң, жолаңдық, жолдағыш, жолдама, жолдамалы, жолдамасыз, жолдан, жолдас (ортақ етіс), жолдат, жолдаушы, жолдассыз, жолдассыздық, жолдассын, жолдастық, жолдасша, жолдасшыл, жолдасшылдық, жолсыздық, жолишбай, жолишбайғы, жолишылдық, жолығыс, жолыққыз, жолықтыр, жолықтырыл*, бұлар - 39 туынды сөз. Сонда тікелей негізгі түбірден жасалған туынды түбірлермен салыстырғанда, туынды түбірлерден жасалған туынды түбірлер 3 еседен аса көп болып тұр. Бұл, әрине, барлық сөзжасамдық ұяда олардың ара қатысы дәл осылай бөлады дегенді білдірмейді, ол бірде асып, бірде кем болуы мүмкін. Бірақ бір нәрсе анық, ол - негізгі түбірден тікелей жасалған туынды түбірлерден ұяда туынды түбірлерден жасалған түбірлес туынды түбірлер әлдеқайда көп. Ол - анық мәселе, оған күмән келтіруге болмайды.

Олай болса, тілде негізгі түбір сөз де, туынды түбір сөз де басқа сөздің жасалуына негіз бола береді. Ал туынды түбірден жасалған туынды түбірлердің сөзжасамдық ұяда көп болатын себебі, олардың саны көп, ал негізгі түбір ұяда біреу ғана.

Сөзжасамдық ұядағы туынды түбірге негіз болатын сөздердің түрлілігінен ұядағы туынды түбірлердің морфемдік құрамының түрлілігі келіп шығады. Тікелей түп негіз сөзден жасалған туындылардың құрамы екі морфемадан тұрады, олар: бір негізгі морфема (негізгі түбір) және бір көмекші морфема (жұрнақ). Мысалы, *жол+ық, бөл+ме*. Ал туынды түбірлерден жасалған туынды түбірлердің құрамы морфемалар түріне қарай бір негізгі морфема мен бірнеше көмекші морфемадан тұрады: *жол+ық+тыр, жөн+де+с+тір+т*

т.б. Мұндай туынды түбірлердің құрамында ең кемі екі көмекші морфема болады.

Сөзжасамдағы негізгі түбірден және туынды түбірден жасалған туынды түбірлерді лексикалық бірлік пен сөзжасамдық жұрнақ тұрғысынан талдайтын болсақ, бұл туынды түбірлердің бәрі бір лексикалық бірлік пен одан туынды сөз жасайтын бір жұрнақтан тұрады. Мысалы, *егін* деген туынды сөзде лексикалық бірлік - *ек*, жұрнақ - *ін*. *Егінші* деген туынды сөзде лексикалық бірлік - *егін*, сөзжасамдық жұрнақ - *ші*. *Егіншілік* деген туынды түбір сөзде лексикалық бірлік - *егінші*, сөзжасамдық жұрнақ - *лік*.

Бұл талдау сөзжасамдық ұядағы туынды түбір сөздердің жасалуына негіз болған сөзді білдіреді де, қай туынды түбір сөздің қандай сөздің негізінде жасалғанын білдіреді. Басқаша айтқанда, туынды сөзге негіз болған сөз бен соның негізінде жасалған туынды сөзді білдіреді. Бұл сөзжасамның негізгі заңдылықтарының біріне сай келеді.

Тілдегі туынды сөз атаулының бәрі тілде бар лексикалық бірліктердің негізінде жасалады. Сөз жасауға қатысатын лексикалық бірліктің мағынасы одан басқа лексикалық мағынаның жасалуына арқау болады. Бұл туынды сөздің жасалуына міндетті түрде лексикалық мағынасы бар сөздің қатысуын керек етеді. Лексикалық мағыналы сөз ғана екінші сөздің мағынасына арқау бола алады. Сондықтан негізгі түбір сөз де, туынды түбір сөз де лексикалық мағыналы түбір сөздер болғандықтан, олар басқа сөздің жасалуына негіз бола алады. Міне, бұл сөзжасамдық ұядағы негізгі түбір мен туынды түбірдің бірдей дәрежеде келесі туынды түбірлердің жасалуына негіз болатынына дәлел.

Осы заңдылық туынды сөздің жасалуына толық мағыналы дербес сөздердің негіз болуын туғызған. Өйткені толық мағыналы дербес сөздердің мағынасы ғана басқа сөздің лексикалық мағынасына негіз бола алады. Бұл жағдай туынды сөздердің мағына негізділігі заңдылығын қалыптастырған.

Сөзжасамдық ұяда сөзжасамның бұл заңдылығы ерекше ашық көрінеді. Өйткені сөзжасамдық ұядағы түп негіз сөзден бастап, ондағы туынды сөздердің бәрі бірінен-бірі туындаған, өрбіген. Сонымен бірге барлық туынды түбірлердің құрамында ұяның түп негіз сөзі болады. Мұның бәрі сөзжасамдық ұядағы сөздердің мағына байланыстылығын туғызады. Демек, сөзжасамдық ұядағы сөздердің бәрі мағынасы байланысты сөздерден құралады.

Сөзжасамдық ұядағы түбірлес сөздердің бәрі бір түп негіз сөзден өрбуі оларда мағына байланыстылығын туғызатыны түсінікті. Өйткені бір сөзжасамдық ұяда қанша туынды сөз болса, олардың бәрінің құрамында түп негіз сөз болады. Ал ол мағынаға әсер етпеуі мүмкін емес. Сонымен бірге сөзжасамдық ұядағы туынды түбір сөздер келесі туынды түбірдің жасалуына негіз болады да, бірінен-бірі туындап, өрбіп отырады. Сонда ұядағы туынды түбір алдындағы сөзден жасалады да, өзі келесі туынды сөздің жасалуына негіз болады, туынды мағынаның жасалуына арқау болады. Тек сөзжасамдағы тізбектердің соңғы сөзі ғана алдыңғы туынды сөзден жасалады да, өзі басқа сөздің жасалуына негіз болмайды. Кейінгі бір кездерде ол да басқа сөздің жасалуына негіз болуы мүмкін, бірақ қазіргі кезде оған тізбек аяқталғандықтан, ол негіз сөз қызметін атқармайды. Сондықтан ол ешқашан басқа сөздің жасалуына негіз болмайды деген ұғым шықпайды.

Сонымен, сөзжасамдық ұядағы туынды түбір сөздің бәрі бірінің жасалуына бірі негіз болып, олар туынды мағынаның жасалуына арқау болатындықтан, олар түбірлес сөздер аталады және түбірлес сөздердің бәрінің мағыналары байланысты болады. Мысалы, бал→балшы→балшылық, бал→балдай, бал→балша, бал→балсыз, бал→балды деген бір ұяның түбірлес туындыларын алсақ, олардың бәрінің мағыналарының жасалуына *бал* деген түп негіз сөз қатысуына байланысты, олардың мағыналары байланысты болып тұр. Ал *бал* деген түп негізден *балшы* туынды түбірі жасалғандықтан, *балшы* туынды түбірінің мағынасына *бал* деген сөз арқау болып, *балшы* туынды түбірінің мағынасына ол арқау болған, яғни балмен айналысатын маман аты жасалды. Ал осы *балшы* туынды сөзі *балшылық* деген кәсіп, шаруашылық атауының жасалуына негіз болып, оның мағынасына арқау болған. Сөйтіп осы түбірлес сөздердің бәрі мағыналас болып тұр. Бұл сөзжасамдық ұя атаулыға тән құбылыс, сондықтан оны заңдылық деп тану қажет.

Әр сөзжасамдық ұялар құрамы жағынан түрліше. Өйткені сөзжасамдық ұядағы туынды сөздердің саны әр түрлі. Сондықтан сөзжасамдық ұяның көлемі, құрамы туралы сөз қозғалғанда, әр сөзжасамдық ұя туралы жеке түрде сөз болу керек.

Құрамы жағынан сөзжасамдық ұяның белгілі бір тұрақты көлемі жоқ. Ол үлкен де, кіші де бола береді. Сөзжасамдық ұяның көлемі түп негіз сөздің сөзжасамдық қабілетінің күштілігіне,

құнарлылығына, өнімді-өнімсіздігіне байланысты.

Сөзжасамдық ұялар бір-біріне байланысты, бағынышты құрылымдар емес. Әр сөзжасамдық ұя өзінше бір дербес құрылым, әрқайсысының өзіндік құрамы бар.

Сөзжасамның негізгі заңдылығының бірі - негіз сөз бен одан жасалған туынды сөздің мағына байланыстылығы деп саналады. Бұл туынды сөздің бір белгісіне жатады. Сондықтан туынды сөзді ажырату үшін, оның мағынасын оған негіз болған сөздің мағынасымен салыстыру керек. Егер негіз сөз бен туынды сөздің арасында мағыналық байланыс болса, ол сол негіз сөзден жасалған деуге болады. Егер олардың арасында мағыналық байланыс болмаса, туынды сөз ол негіз сөзден жасалмаған.

Өйткені туынды сөздің мағынасы негіз сөздің мағынасының негізінде жасалады, яғни негіз сөздің мағынасы туынды сөздің мағынасына арқау болады. Ал егер негіз сөз бен туынды сөздің мағыналары арасында мағыналық байланыс болмаса, ол арадан туынды сөзді іздеуге болмайды. Басқаша айтқанда, негіз сөз бен туынды сөздің мағына байланыстылығы міндетті шарттардың біріне жатады. Сондықтан ол туынды сөздің белгісі ретінде қаралады. Мысалы, *көр-ік, біл-ім, түй-ін, бөлме* т.б. Осы келтірілген туынды сөздердің мағыналарынан олардың жасалуына негіз болған *көр, біл, түй* деген сөздердің мағыналары анық көрініп тұр. Басқаша айтқанда, туынды сөздің мағынасы мен оған негіз болған сөздің мағынасы өте байланысты, жаңа мағынаға негіз сөздің мағынасы арқау болып, негіз сөз бен туынды сөздің мағына байланыстылығын туғызып тұр. Мұндай негіз сөз бен туынды сөздің мағына байланыстылығы туынды сөз атаулының бәріне ортақ белгі. Туынды сөз бен оны жасауға қатысатын сынарлардың мағына байланыстылығы туынды сөздердің өте маңызды белгілерінің бірі ретінде қаралу керек.

Ал сөзжасамдық ұяда бір негіз сөзден тараған, өрбіген туынды түбірлес сөздер ғана орын алатын болғандықтан, ондағы туынды түбір сөздердің бәрі бір-бірімен мағыналас болады. Бұны сөзжасамдық ұядағы туынды сөздердің бір белгісі ретінде қарайтынымыз сөзжасамдық ұяның құрамында мағыналық байланысы жоқ сөздердің болмауымен байланысты.

Әр сөзжасамдық ұяның құрамындағы түбірлес туынды сөздердің құрамы әр түрлі. Ол жоғарыда келтірілген мысалдардан көрінді. *Жел* түп негізінен жасалған сөзжасамдық ұяда 105 түбірлес туынды

түбір сөз болды. Ал *біл* түбір етістігінен жасалған сөзжасамды ұяда 33 түбірлес туынды түбір сөз бары көрінді. *Жұрт* деген түп негіз сөзден жасалған сөзжасамдық ұяда небәрі 3 қана түбірлес туынды сөз болды. Бұдан тілдегі сөзжасамдық ұялардың құрамы, көлемі түрлі болатыны анықталды. Бұдан әр сөзжасамдық ұяның өзінше жеке тілдік құбылыс екені, біріне-бірі бағынышты, біріне-бірі байланысты құбылыс емес екені көрінеді. Өйткені әр сөзжасамдық ұя - әртүрлі түп негіз сөзден өрбіген түбірлес туынды сөздердің жиынтығы.

Сөзжасамдық ұяның көлемі, аумағына қарай оларды өте өнімді, өнімсіз сөзжасамдық ұялар деп бөлуге де болады. Бірақ бұндай түрлерін анық көрсету үшін, тілдегі барлық сөзжасамдық ұялар түгел тексерілуі керек. Сонда ғана оларды дәл көрсетуге болады. Қолда бар деректерге сүйеніп, олардың көлемін әзірше былайша көрсетуге болатын сияқты. Өте өнімді сөзжасамдық ұялардың құрамы 60 туындыдан жүз және одан да аса туынды түбірлерден құралады. Өнімді сөзжасамдық ұялар оннан басталып 59-ға дейін, өнімсіз ұялар екі туынды түбірден бастап, тоғызға дейін туынды түбірден құралады. Бірақ бұл шартты топтастыру екені ескертіледі.

Сөзжасамдық ұя сөз табына бағынышты, байлаулы емес. Сондықтан сөзжасамдық ұяны белгілі сөз таптарының құрамына жататын құбылыс ретінде қарауға болмайды. Сөзжасамдық ұялар сөз таптарынан тыс тұратын құбылыс, бірақ ол түрлі сөз таптарының толығына, баюына қызмет етеді. Өйткені бір сөзжасамдық ұяда түрлі сөз табына жататын туынды түбір сөздер бола береді. Мысалы, *ау* деген түп негіз сөзден өрбіген сөзжасамдық ұяда *ауғер, аула, аулағыш, аулан, аулас, аулаушы, аушы, аушыла, аушылық* деген түбірлес туынды түбір сөздер бар. Олар зат есім, етістік, сын есімдерге жатады, яғни бір сөзжасамдық ұяның құрамында түрлі сөз таптарына жататын туынды түбір сөздер бар екені анық көрініп тұр. Бұл осы ұяға ғана қатысты құбылыс емес, ол әр сөзжасамдық ұяда кездесе беретін құбылыс, яғни сөзжасамдық ұяда түрлі сөз таптарына қатысты туынды түбір сөздер жасала береді екен. Міне, бұл сөзжасамдық ұяның ешбір сөз табына байлаулы құбылыс емес екенін білдіреді.

Сөзжасамдық ұяның өзіндік құрылымы бар, өте жүйелі құбылыс. Сөзжасамдық ұяның қалыптасқан өзіндік құрылымы сөзжасамдық ұя атаулының бәріне ортақ және ол бұзылмайды, оны

өзгерту, оның құрамын басқаша құру мүмкін емес. Сөзжасамдық ұяның мүшелері белгілі, олар белгілі тәртіпте қолданылады. Сөзжасамдық ұяның мүшелері ұяға түгел қатысады. Сондықтан алдымен сөзжасамдық ұяның құрылымына кіретін мүшелерді анықтап, сол арқылы сөзжасамдық ұяның құрылымын, олардың орналасу тәртібін анықтап, сөзжасамдық ұяның жүйесін белгілеу керек.

Сөзжасамдық ұяның ең кіші мүшесі сөзжасамдық жұп, ал сөзжасамдық жұп сөзжасамдық тізбектен орын алады. Яғни сөзжасамдық тізбек те сөзжасамдық ұяның негізгі мүшесі. Сөзжасамдық тізбектің мүшелері сөзжасамдық саты арқылы өсіп, көбейіп отырады, сондықтан сөзжасамдық сатысыз сөзжасамдық тізбек, яғни сөзжасамдық ұя болмайды. Ал ұядағы сөзжасамдық тізбектің саны сөзжасамдық тарам (парадигма) арқылы көбейеді, өседі. Олай болса, сөзжасамдық тарам да - сөзжасамдық ұяның құрылымына жататын негізгі мүше. Міне, сөзжасамдық ұяның осы мүшелері оның құрылымын құрайды, сөзжасамдық ұяның жүйесін жасайды. Осы мүшелерсіз сөзжасамдық ұя болуы мүмкін емес, сондықтан сөзжасамдық жұп, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық тарам, сөзжасамдық саты сөзжасамдық ұяны құрайтын негізгі мүшелер болып табылады.

Ал сөзжасамдық ұяның мүшелерінің ешқайсысы кез-келген орында, бірде олай, бірде бұлай сөзжасамдық ұяда орналаса алмайды. Олардың қалыптасқан тәртібі бар, сөзжасамдық ұяда ол тәртіп сақталады. Сондықтан да сөзжасамдық ұяның белгілі құрылымы бар, оны құрайтын тұрақты мүшелері бар, ол мүшелер сөзжасамдық ұяда белгілі бір тәртіпте орналасады, және олар бір-бірімен байланысты, бұл оның жүйелі құбылыс екенін көрсетеді. Сондықтан да оның әрқайсысы жеке-жеке талдануы, сипатталуы керек.

2.8.2. Сөзжасамдық жұп

Сөзжасамдық ұя қанша сөзден құралса да, онда сөзжасамдық жұп болады. Сөзжасамдық ұяның ең кішісінде бір, екі туынды сөз болады деп саналады. Мысалы, *най*→*найшы*, *пән*→*пәндес*, *пән*→*пәндік*, *бық*→*бықтыр*→*бықтырт*→*бықтыртқыз*, *бық*→*быққыз*, Келтірілген мысалдардың ең азында бір сөзжасамдық жұп бар, ол - *най*→*найшы*. *Пән* деген түп негізден тараған ұяда екі жұп бар: *пән*→*пәндес*, *пән*→*пәндік*. Ал *бық* негізінен тараған ұяда 4 жұп бар, олар: *бық*→*бықтыр*, *бықтыр*→*бықтырт*, *бықтырт*→*бықтыртқыз*, *бық*→*бық*

қыз. Бұл мысалдар ең кіші сөзжасамдық ұялардан келтірілді.

Ал сөзжасамдық ұя неғұрлым көп туынды сөзден құралса, онда ұядағы сөзжасамдық жұптың саны да көп болады. Мысалы, *тер* түп негіз сөзден жасалған сөзжасамдық ұяда 12 туынды түбір сөз бар, олар: *терле, терлет, терлеттір, терлеуік, терлік, терлікттей, тершең, тершеңдік, терші, тершіт, тершіл, тершілдік*. Осы ұядағы сөзжасамдық жұптар мыналар: *тер→терле, терле→терлет, терлет→терлеттір, терле→терлеуік, тер→терлік, терлік→терлікттей, тер→тершең, тершең→тершеңдік, тер→терші, терші→тершіл, терші→тершіт, тершіл→тершілдік*.

Келтірілген мысалдар сөзжасамдық ұяның құрамында сөзжасамдық жұптардың саны түрлі болатынын көрсетті. Сөзжасамдық ұяның құрамы, көлемі қандай түрлі болса, сөзжасамдық жұптардың саны да түрлі болатыны анықталды. Сонымен бірге келтірілген мысалдардан сөзжасамдық ұядағы сөзжасамдық жұптардың саны ұядағы туынды сөздердің санымен тең түсетіні байқалды. Анығырақ айтқанда, сөзжасамдық ұяда қанша туынды сөз болса, сонша сөзжасамдық жұп болады. Мұның өзіндік себебі бар.

Туынды сөз болған жерде, ол туынды сөздің жасалуына негіз болған сөз болады. Сөзжасамдық ұяда әр туынды сөздің жасалуына негіз болатын сөз болады да, одан жасалған туынды сөз болады. Негіз сөзсіз туынды түбір сөз жасалмайды, сондықтан сөзжасамдық ұяда туынды сөзді жасайтын сөз бен туынды түбір сөздің саны тең болады.

Сонымен, негізгі сөз бен туынды түбір сөздің жиынтығы сөзжасамдық жұп деп саналады. Сөзжасамдық жұп негіз сөз бен одан жасалған туынды түбір сөзден ғана құралатындықтан, олардың мағынасы байланысты болады. Яғни жұп тек мағынасы байланысты сөздерден құралады. Сөзжасамдық ұядағы түбірлес сөздер мағынасы байланысты сөздер деген заңдылықтың түп негізі сөзжасамдық жұптан басталады.

Сөзжасамдық жұптың сыңарларының мағыналары байланысты болуы бірінен-бірі жасалуынан деп санау қажет. Өйткені сөзжасамдық жұптың бірінші сыңары - туынды сөзді жасаушы, екінші сыңары одан жасалған туынды сөз. Туынды сөздің мағынасы оны жасаушы сөздің мағынасына негізделіп жасалады. Туынды сөзді жасаушы негіз сөздің мағынасы туынды сөзде жойылмайды, сақталады, ол тек белгілі бір дәрежеде өзгеріске түседі. Міне, бұл сөзжасамдық

жұптың құрамындағы сөздердің мағыналары байланысты болуын туғызған. Мысалы, *өн-өнім* деген жұптағы *өнім-өну* қимылының нәтижесінде өнген затты білдіретін ұғымның аты. Ал *ұш-ұшақ* деген жұптарда ұшу қимылын жасайтын заттың *ұшақ* деген аты (самолет) жасалған. *Ұш-ұшқыш* деген жұпта ұшу қимылын жасайтын маманның аты - *ұшқыш* деген сөз жасалған.

Ал бір сөзжасамдық ұядағы жұптардың бәрінің құрамында негіз сөз болады, сондықтан ол негіз сөздің мағынасы одан өрбіген барлық туынды түбірдің мағынасына қатысады. Бірақ бір ұядағы әр жұптың бірінші сыңары ғана сөз тудырушы болады, сондықтан ең жақын мағыналық байланыс жұптың ішіндегі екі сыңардың арасында болады. Бір ұядағы бірнеше туынды түбірдің түп негіздің мағынасына қатысы әр түрлі. Сөзжасамдық ұядағы түп негіз сөзден тікелей жасалған жұптарда түп негіз сөздің мағынасы күшті. Мысалы, *тол-толық, тол-толқы, тол-толтыр, тол-толмас, тол-толғыз, тол-толға, тол-толым*, осы жұптардың бәрі *тол* деген түп негіз сөзден тікелей жасалған жұптарда түп көне сөздің мағынасы күшті.

Осы ұядағы кейбір басқа жұптарды талдап көрейік. Олар: *толық-толықша, толық-толықтыр, толық-толықта, толықта-толықтан* жеті жұптағы туынды сөздерден жасалған. *Толықтан-толықтандыр, толықтыр-толықтырғыш, толықта-толықтал, толық-толықсы, толықсы-толықсыт* т.б. Бұл сөзжасамдық ұяда небәрі 53 туынды түбір сөз бар, яғни бұл ұяда 53 сөзжасамдық жұп бар. Осы сөзжасамдық ұядағы жұптардың жетеуі ғана тікелей түп негіз сөзден жасалған. Олар жоғарыда келтірілді. Келесі сатыда осы жұптардағы туынды сөздердің негізінде басқа туынды сөздер жасалып, олар да өзге туындыларға негіз болады. Бұл осылай тізбектің соңғы сыңарына дейін жалғаса береді. Барған сайын туындылар түп негіз сөзден алыстай береді, жұптардың құрамы да өзгеріп отырады. Бір жұпта туынды болған сөз, келесі жұпта сөз тудырушы негіз сөз қызметін атқарады. Осымен байланысты тізбектегі бір туынды сөз әр жұптың құрамына кіріп, әрқайсысында әр түрлі қызмет атқарады. Тек ұядағы бірінші жұптардың алғашқы сыңары мен тізбектегі соңғы жұптың соңғы сыңары ғана бір қызмет атқарады.

Жұп сыңарларының осы қызметіне қарай ұядағы туынды сөздердің мағынасында түп негіз сөздің мағынасынан ерекшелік күшейеді.

Айталық, сөзжасамдық ұядағы *толқын-толқын*, *толқын-толқында*, *толқында-толқындат*, *толқындат-толқындатқыз* сияқты сөзжасамдық жұптарды алсақ, олардың қайсысының болсын мағынасы түп негіз сөз болған *тол* етістігінен алыстаған. Бірақ оларда түп негіз етістіктің ізі аңғарылады. Мысалға, толудың нәтижесінде толқу болатыны, толқу қимылынан оны атайтын *толқын* сөзі туғанын, *толқын* сөзінен оның қайталанатынын білдіретін *толқында*, ал ол қимылды біреуге жасату мәніндегі *толқындат*, оны тыңдаушыдан бөгде адамға жасатуды білдіретін *толқындатқыз* етістігі жасалғанын түсіндіруге болады. Бірақ осының бәрінде толу емес, толқын мәні күшті екенін аңғармау мүмкін емес. Бұл жағдай бір сөзжасамдық ұядағы сөзжасамдық жұптардың түп негіз сөзге жақын-алыстығына қарай түп негіз сөздің мағынасының оларға ықпалы түрлі болатынын көрсетті.

Сөзжасамдық жұптың құрамындағы сөздердің әрқайсысының өзіндік қызметі бар. Сөзжасамдық жұптың бірінші сыңары сөз тудырушы да, екінші сыңары одан туған туынды сөз. Ол туынды сөз бірінші сыңардан сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалған. Ал сөз тудырушы сыңардың қандай белгілері бар, яғни сөз тудырушы сыңар болу үшін оның қандай қасиеттері, белгілері болу керек екенін анықтау керек.

Сөзжасамдық жұптың бірінші сыңары болу үшін, яғни сөз тудырушы сөз болу үшін, ол сөздің лексикалық мағынасы болу - міндетті шарт. Тұлғасы жағынан ол негізгі түбір де, туынды түбір де бола береді. Ал сөзжасамдық жұптың екінші сыңары міндетті түрде туынды түбір сөз болады. Морфемдік құрамы жағынан сөзжасамдық жұптың бірінші сыңарынан екінші сыңары күрделі болады, яғни екінші сыңардың морфемаларының саны бірінші сыңардан артық болуы міндетті шарт. Сонымен бірге сөзжасамдық жұптың сыңарларының мағынасында да өзгешелік болады. Мысалы, *жүз-жүзгіш*, *жүзгіш-жүзгіштік* деген *жүз* етістігінен жасалған сөзжасамдық ұядағы сөзжасамдық жұптарды алып салыстырайық. Осы жұптардың алғашқысында 1-сыңар - негізгі түбір, 2-сыңар - туынды түбір, яғни түбірдің түрі жағынан сыңарларында айырма бар. Осының бірінші сыңары жүзу қимылын білдірсе, екінші сыңары жүзу қимылына адамның шеберлігін білдіреді, яғни екінші сыңардың мағынасы басқа, және 1-сыңар - бір морфемалы сөз, 2-сыңар - екі морфемалы сөз.

Ал екінші жұптың (жүзгіш-жүзгіштік) екі сыңары да туынды түбір сөздер, бұл тұрғыда оларда айырма жоқ, бұл жұптағы 1-сыңар - *жүзгіш* жүзуге шеберлікті білдірсе, 2-сыңар жүзуге шеберліктің заттық ұғымын білдіреді, яғни мағынада өзгеріс бар. Морфемдік жағынан бұл жұптың да екінші сыңарының морфемалары 1-сыңардан артық.

Осы ерекшеліктер талданып отырған жұптарға ғана қатысты емес, барлық сөзжасамдық жұптарға қатысты. Сондықтан ол жалпы заңдылық болып саналады. Ол - барлық сөзжасамдық жұптарға бірдей қатысты заңдылық.

Сөйтіп сөзжасамдық жұптың құрамы екі сөзден құралады. Олар жоғарыда аталғандай сөз тудырушы негіз және одан жасалған туынды сөз. Сөзжасамдық жұптың құрамының үнемі екі сөзден құралуына байланысты ол сөзжасамдық жұп деп аталған. Термин өзінің мазмұнына сай аталған, сондықтан да сөзжасамдық жұптардың құрамы саны жағынан да, сапасы жағынан да өте тұрақты, оның құрамы екі сөзден артпайды.

Сөзжасамдық жұп алдымен сөзжасамдық ұяның құрамына тән құбылыс бөлсе, яғни сөзжасамдық ұяда ғана қолданылса, оның ішінде өл сөзжасамдық тізбектің құрамынан орын алады. Яғни өл тікелей сөзжасамдық тізбекке қатысты. Мысалы, бір сөзжасамдық ұяда бірнеше сөзжасамдық тізбек бола береді. Мысалы, *дін* сөзінен жасалған сөзжасамдық ұядағы сөзжасамдық тізбектерді мысалға келтірейік: 1) *дін-діндар-діндарлық*, 2) *дін-діндар-діндарсы*, 3) *дін-діндес* 4) *дін-дінді*, 5) *дін-діни-дінишілік*, 6) *дін-дінқор-дінқорлық*, 7) *дін-дінсіз-дінсіздік*, 8) *дін-діншіл-діншілдік*.

Осы келтірілген 8 сөзжасамдық тізбектің әрқайсысының құрамындағы сөзжасамдық жұптар әр түрлі. 1-тізбекте екі сөзжасамдық жұп бар: 1) *дін-діндар*, 2) *діндар-діндарлық*; 2-тізбекте де екі жұп бар: 1) *дін-діндар*, 2) *діндар-діндарсы*; 3-4-тізбектерде бір ғана жұптан бар; 5-6-7-тізбектерде екі жұптан бар: 1) *дін-діни*, 2) *діни-дінишілдік*; 1) *дін-дінқор*, 2) *дінқор-дінқорлық*; 1) *дін-діншіл*, 2) *діншіл-діншілдік*.

Мысалға келтірілген сөзжасамдық ұядағы тізбектерде сөзжасамдық жұптың саны бір, екіден артпайды. Бірақ бұл ұяның тізбектерінің құрамы кіші болуына байланысты. Өйткені тізбектердің құрамында бір не екі ғана туынды түбір сөз бар. Бұл осы ұяның құрылысына ғана қатысты. Басқа сөзжасамдық ұяларда ол түрліше құрамда кездесе береді. Мысалға, *өш* түп негізден жасалған сөзжасамдық ұядағы мына тізбекті алайық: *өш-*

өшір-өшірт-өшірткіз. Бұл тізбекте 3 сөзжасамдық жұп бар: 1) *өші-өшір*, 2) *өшір-өшірт*, 3) *өшірт-өшірткіз*. Ал бу түп негізінен жасалған сөзжасамдық ұяның бір ғана тізбегін мысалға келтіріп көрейік: *бу-була-булан-буландыр-буландырғыш*. Осы сөзжасамдық тізбекте сөзжасамдық жұп бар. Олар: 1) *бу-була*, 2) *була-булан*, 3) *булан-буландыр*, 4) *буландыр-буландырт*, 5) *буландырт-буландыр-тқыз*.

Келтірілген мысалдар сөзжасамдық жұптардың тізбектегі саны түрлі болатынын анық көрсетті. Сонымен бірге сөзжасамдық жұптың орны, жалпы алғанда, сөзжасамдық ұяда болғанымен, тікелей нақты орны сөзжасамдық тізбекте. Оны мына мысалдардан көруге болады: *тер* түп негізден жасалған сөзжасамдық ұядағы *тер-терле-терлет-терлеттір-терлеттірт* тізбегін алсақ, онда 4 сөзжасамдық жұп бар, яғни тізбек 4 сөзжасамдық жұптан құралған, олар: 1) *тер-терле*, 2) *терле-терлет*, 3) *терлет-терлеттір*, 4) *терлеттір-терлеттірт*. Бұл тек осы мысалға келтірілген тізбекке ғана қатысты емес, барлық сөзжасамдық тізбектер сөзжасамдық жұптардан құралады. Сондықтан ол – жалпы заңдылық. Оған кез келген ұядағы сөзжасамдық тізбекті келтіріп, одан осы құбылысты көруге болады. Мысалы, *тың-тыңда-тыңдат-тыңдатқыз*; *тіл-тіле-тілек-тілектес-тілектестік*; *шаш-шаша-шашақ-шашақсыз* сияқты тізбектерді алсақ, олардың бәрі де түрлі сөзжасамдық жұптардан тұратынын аңғару қиын емес: *тың-тыңда*, *тыңда-тыңдат*, *тыңдат-тыңдатқыз*; *тіл-тіле*, *тіле-тілек*, *тілек-тілектес*, *тілектес-тілектестік*; *шаш-шаша*, *шаша-шашақ*, *шашақ-шашақсыз*.

Бұл сөзжасамдық тізбектердің әрқайсысы 3-4 сөзжасамдық жұптардан тұратыны көрінді. Қорыта келгенде, сөзжасамдық жұптардың сөзжасамдық ұядағы нақты орны сөзжасамдық тізбек екені анықталды. Сонымен сөзжасамдық жұп туынды сөздің жасалуына негіз болатын сөз бен одан жасалған туынды сөзден тұратын сөзжасамдық тізбектің ең кіші мүшесі.

2.8.3. Сөзжасамдық тізбек

Сөзжасамдық ұяның мүшелерінің негізгілерінің бірі - сөзжасамдық тізбек. Сөзжасамдық ұя орыс тіл білімінде зерттеле бастағаннан бері оның құрамында сөзжасамдық тізбек те зерттеле бастады. Орыс тіл білімінде сөзжасамдық ұя мәселесі 20-30 жылдан бері өнімді зерттеліп келеді. Онда сөзжасамдық тізбектің анық-

тамасы берілді, сөзжасамдық ұя, оның құрылымы мен мағынасы, сөзжасамдық ұяның мүшелері толық зерттеліп, теориялық негізі қаланды. Сөзжасамдық ұя бойынша үлкен сөздік те жарияланды.

Қазақ тіл білімінде сөзжасамдық тізбек мәселесі тұңғыш рет ілгеріде аталған “Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі” атты монографияда көтерілді, сөзжасамдық тізбек термині ғылыми айналымға алғаш сонда түсті. Бір түбірден тараған, біріне-бірі негіз болатын негізді сөздердің тобы сөзжасамдық тізбек деп аталады.

Сөзжасамдық тізбектің қайсысын алсақ та, оның құрамындағы туынды түбірлер бір түп негіз сөзден бастау алады. Олай болса, тізбек атаулы түп негіз сөзден өрбиді, яғни сөзжасамдық тізбектің құрамында міндетті түрде түп негіз сөз болуы шарт. Түп негіз сөзсіз сөзжасамдық тізбек болмайды, түп негіз сөз сөзжасамдық тізбектің негізгі мүшесі.

Сөзжасамдық тізбектің келесі мүшесі - түп негіз сөзден жасалған туынды түбір сөздер. Тізбектің құрамындағы туынды сөз біреу де, бірнешеу де бола береді. Мысалы, *жұп-жұптық*; *жыр-жырла-жырлас*; *зар-зарла-зарлат-зарлатқыз*. Осы мысалдағы 1-тізбекте бір ғана туынды сөз бар, 2-тізбекте екі туынды түбір, 3-тізбекте үш туынды түбір бар.

Бұл туынды сөздердің санының тізбекте түрлі болатынын көрсетті. Сонда тізбектегі түп негіз сөздің саны тұрақты болады да, туынды сөздің саны тұрақсыз болатыны анықталды. Бұл екеуі де - сөзжасамдық тізбектің негізгі мүшелері.

Сөзжасамдық тізбектегі түп негіз сөз бір морфемалы сөзден болады. Ал туынды сөз екі морфемалы, я одан да көп морфемалы болып келе береді. Мысалы, *ал-алым-алымды*, *бөл-бөлім-бөлімше-бөлімшелі* деген екі тізбектің алғашқысының құрамындағы түп негіз - *ал* бір морфемадан тұрады, ал осы тізбектің туындылары *алым* - екі морфемалы, *алымды* - үш морфемалы сөз. Екінші тізбектегі түп негіз сөз - *бөл* - бір морфемалы сөз, ал осы тізбектегі *бөлім* - екі морфемалы, *бөлімше* - үш морфемалы, *бөлімшелі* - төрт морфемалы сөз.

Бұдан тізбектің бір мүшесі ғана бір морфемалы сөз болып, қалған мүшелері екі не одан да көп морфемалы сөз болатыны анық көрінді. Мұның себебі тізбектің құрамында бір ғана негізгі түбір сөз болады, қалғандары туынды түбір сөздер болады. Ал туынды түбір сөздер жұрнақтар арқылы жасалатындықтан, ол сөз құрамындағы мор-

феманың санын арттырады. Ал тізбекте бір туындыдан екінші туынды жасала беретіндіктен, ондай туындылардың морфемдік саны көбейе береді. Мысалы, *ек-егін-егінші-егіншілік* деген тізбектегі туындылардың морфемдік саны барған сайын артып отырғаны байқалып тұр. Ондағы *егін* - 2 морфемалы, *егінші* - 3 морфемалы, *егіншілік* - 4 морфемалы туынды сөз. Әр туынды сөзді жасаушы жұрнақ туынды сөздің морфемдік құрамын өсіріп отырады, сондықтан туынды сөздердің морфемдік құрамы негіз сөзден көп болады. Бір тізбекте бірнеше туынды сөз болған жағдайда тек негізгі түбір сөзден жасалған туынды түбір сөз ғана екі морфемалы туынды сөз болады да, қалған туындылар көп морфемалы туынды сөздерге жатады.

Туынды сөздердің құрамындағы морфемалар да түрліше. Олар: негізгі морфема және көмекші морфемалар. Тізбектегі туынды түбірлердің құрамындағы негізгі морфема - түп негіз сөз, көмекші морфемалар - жұрнақтар. Анығырақ айтқанда, тізбектегі туынды сөздердің бәрінің құрамында тізбектің түп негіз сөзі үнемі орын алады да, оған түрлі жұрнақтар қосылып отырады. Мысалы, *жи-жиын-жина-жинал-жиналыс* деген тізбекте 4 туынды сөз бар. Сол 4 туынды түбір сөздің құрамына да *жи* түп негіз сөзі қатысқан. Бұл заңдылық барлық сөзжасамдық тізбекке ортақ. Ол осы туынды сөздердің бір түбір сөзден тарағандығын, жасалғандығын білдіреді. Мұндай бір түбір сөзден жасалған туынды түбірлер түбірлес сөздер болып саналады. Олай болса, сөзжасамдық тізбектің құрамындағы туынды сөздер бір түп негіз сөзден жасалғандықтан, олар түбірлес сөздер болып саналады. Сондықтан сөзжасамдық тізбек тек қана түбірлес сөздерден құралады. Бұл белгі сөзжасамдық тізбекке берілген анықтамалардың бәрінде дерлік ескерілген, өйткені бұл - сөзжасамдық тізбектің негізгі белгілерінің бірі.

Сөзжасамдық тізбек - сөзжасамдық ұяның мүшесі, бір бөлігі. Ал сөзжасамдық ұяның құрамында тек қана түбірлес сөздер болады. Өйткені сөзжасамдық ұяда тек қана бір түп негізден жасалған туынды сөздер ғана болады. Олардың бәрі бір түп негіз сөзден жасалғандықтан, сөзжасамдық ұяда тек түбірлес туынды сөздер ғана болатыны түсінікті. Олай болса, сөзжасамдық ұяның құрамындағы тізбектердің бәрі де түбірлес сөздер болатыны анық. Мысалға, *жүн* түп негіз сөзден жасалған сөзжасамдық ұяны келтірейік. Бұл ұяда мынадай түбірлес туынды сөздер бар: *жүндел*,

жүндет, *жүндеткіз*, *жүндеттір*, *жүндеу*, *жүндеуші*, *жүндеусіз*, *жүндес*, *жүндестік*, *жүнді*, *жүнжіт*, *жүнсіз*, *жүнше*. Бір ұядағы осы туынды түбір сөздердің бәрі бір түбірден өрбіген түбірлес сөздер, олардың бәрінің құрамында түп негіз - *жүн* деген сөз бар. Осы туынды сөздердің бәрі бір ғана *жүн* деген сөзден жасалғандықтан, олар түбірлес сөздерге жатады.

Бір сөзжасамдық ұядағы сөздер түбірлес сөздер болса, оның құрамындағы сөзжасамдық тізбек те түбірлес сөздерден құралады. Тізбек бірінен-бірі туындайтын туындылар болса, олардың түбірлес сөздер болмауы мүмкін емес. Сондай-ақ бір сөзжасамдық ұядағы тізбектердің бәрі де түбірлес сөздерден құралады, яғни бір сөзжасамдық ұядағы түрлі тізбектердің құрамындағы туынды түбірлердің бәрі түбірлес сөз болып табылады.

Сөзжасамдық тізбектің құрамында қанша сөз болса да, олардың бәрі бірімен-бірі мағыналық байланысы бар сөздер. Бұл - сөзжасамдық тізбектегі сөздердің бәріне қатысты заңдылық, сондықтан сөзжасамдық тізбектің құрамында мағыналық байланысы жоқ сөз болуы мүмкін емес. Ал оның өзіндік себебі бар, сөзжасамдық тізбектің құрамындағы сөздердің бәрі бір түп негіз сөзден туындаған сөздер, яғни олар түбірлес сөздер. Түбірлес сөздердің бәрінің құрамында түп негіз сөз бар, оның мағынасы басқа туынды сөздердің мағынасына арқау, өзек болған, сондықтан ол мағына өзгеріске түскенімен, оның мағынасы мүлдем жойылмайды. Мысалы, *көр-көрім-көрімдік* деген тізбекте *көр* етістігінен екі туынды зат есім жасалған. Осы туынды зат атаулары *көру* қимылының негізіндегі заттық ұғымды білдіреді. Сондықтан тізбектегі үш сөздің мағынасы байланысты.

Сөзжасамдық тізбек белгілі бір сөзжасамдық ұяның мүшесі, яғни белгілі бір сөзжасамдық ұяның құрамында оның орны бар. Ал сөзжасамдық ұяда тек түбірлес сөздер ғана орын алатындықтан, бір сөзжасамдық ұядағы тізбектердің бәрі бірімен-бірі мағыналас болады. Өйткені сөзжасамдық ұяда тек қана мағыналас сөздер орналасады. Сондықтан бір сөзжасамдық ұяның құрамындағы тізбектер мағыналас болмауы мүмкін емес.

Ал сөзжасамдық тізбектер түрлі сөзжасамдық ұяның мүшесі болса, олар бірімен-бірі мағыналас бола алмайды. Мысалы, *кел-келіс-келісім-келісімді-келісімділік*; *бақ-бақша-бақшалы*; *бал-балгер-балгерлік*. Бұл мысалда 3 сөзжасамдық тізбек берілді. Олар үш түрлі сөзжасамдық ұяға жатады, сондықтан олар бір-бірімен мағыналас емес.

Бірақ әр сөзжасамдық тізбектің құрамындағы сөздер бір-бірімен мағыналас.

Сөзжасамдық тізбектегі туынды түбірлердің бәрі бірінен-бірі туындаған, бірінен-бірі тікелей жасалған туынды түбірлер болатыны жоғарыда келтірілген мысалдарда анық көрініп тұр. Сөзжасамдық тізбектің бұл ерекшелігі осы мысалдарға ғана қатысты деп түсінбеу керек. Ол сөзжасамдық тізбек атаулының бәріне қатысты белгі.

Сөзжасамдық тізбекке берілген анықтаманың көбінде оның құрамындағы туынды түбірлердің бірінен-бірі тікелей өрбитіні, туындайтыны аталып отырғаны байқалды. Сөзжасамдық тізбектің белгілерінің бірі - оның құрамындағы туындылардың бірінен-бірі тікелей туындайтыны. Ол ғылымда танылған мәселе, ол сөзжасамдық тізбекке берілген анықтамалардың бәрінде аталған.

Сөзжасамдық тізбектегі туындылар - бірінен-бірі тікелей жасалған түбірлес туынды түбірлер. Айталық, бір сөзжасамдық ұяда бір түп негізден тараған 10 туынды сөз, не 100 туынды сөз болса, оның бәрі түбірлес сөзге жатады. Бірақ оның бәрінің бір сөзжасамдық тізбекке жатуы міндетті емес. Өйткені олар тікелей бірінен-бірі туындай алмайды, сондықтан олар түрлі тізбекке жатады. Мысалы, *жал* түп негізден жасалған сөзжасамдық ұяда 9 түбірлес туынды сөз бар, соған қарамастан, олар бір сөзжасамдық тізбекке жатпайды, олар: *жал-жалдай*; *жал-жалда-жалдан-жалдандыр-жалдандырт*; *жал-жалдас*; *жал-жалсыз*; *жал-жалсымақ*; *жал-жалша* деген 6 сөзжасамдық тізбекке жатады. Себебі ол 9 туынды сөз бірінен-бірі тікелей туындамаған. Сегіз туынды сөздің бесеуі *жал* сөзінен тікелей жасалған туындылар, бірақ олар тізбекті аяқтап, әрі қарай өрбімеген: *жал-жалдай*, *жал-жалдас*, *жал-жалсыз*, *жал-жалсымақ*, *жал-жалша*. Бұлар - екі сөзден тұратын тізбектер. Бұлардың түрлі тізбекке жататын себебі - бұл туындылар бірінен-бірі тікелей жасалмаған. Бұлардың бәрі негізді сөздер, бірақ олардың ешқайсысы негіз сөздің қызметін атқармайды, өйткені олар бірінен-бірі жасалмаған туынды сөздер, сондықтан олар түрлі тізбек болып тұр.

Осы ұядағы бір тізбек қана (*жал-жалда-жалдан-жалдандыр-жалдандырт*) 5 сөзден құралған, олардың төртеуі - түбірлес туынды түбір сөздер. Осы 4 туынды түбірдің біріншісі ғана түп негіз сөзден жасалған, қалғандары бірінен-бірі жасалған. Яғни 1-туынды түбірден 2-туынды түбір, 2-туынды түбірден 3-туынды түбір, 3-

туынды түбірден 4-туынды түбір жасалған. Сондықтан тізбекте бірінен-бірі тікелей жасалған түбірлес сөздер ғана болады деп саналады. Бұл заңдылықты анығырақ көрсетуге болады. Мысалы, *жал-жалда-жалдан-жалдандыр-жалдандырт* деген тізбекте *жал* деген сөзден тікелей *жалда* деген туынды сөз жасалған, ал *жалда* деген туындыдан келесі *жалдан* деген туынды жасалған, *жалдан* деген туындыдан *жалдандыр*, *жалдандыр* деген туындыдан *жалдандырт* деген туынды сөз жасалған. Міне, осы тізбектегі 4 туынды түбір сөз алғашқы түп негіз сөзден бастап, бірінен-бірі тікелей жасалып отырған. Осымен байланысты сөзжасамдық тізбектің құрамында бірінен-бірі тікелей жасалған туынды сөздер ғана болады деп саналады.

Сөзжасамдық тізбектегі сөздер негізінен екі түрлі қызмет атқарады, туынды сөз жасаушы және одан жасалған туынды сөз. Мысалы, *зер-зергер-зергерлік* деген тізбекті алсақ, мұндағы сөз жасаушы тұлғалар: *зер*, *зергер*, ал олардан жасалған туындылар: *зергер*, *зергерлік*. Сол сияқты *көп-көбей-көбейт-көбейткіш-көбейткіштік* деген тізбекте туынды сөз жасаушы тұлғалар: *көп*, *көбей*, *көбейт*, *көбейткіш*, ал олардан жасалған туындылар: *көбей*, *көбейт*, *көбейткіш*, *көбейткіштік*.

Бұл мысалдардан әрі сөз жасаушы тұлға, әрі туынды түбір қызметін атқаратын, яғни екі қызметті де атқарып тұрған сөздер бары анықталды. Олар - алғашқы тізбекте *зергер* сөзі, соңғы тізбекте - *көбей*, *көбейт*, *көбейткіш* туындылары.

Екі тізбекте де бұл топтан қалып қойған сөздер бар, бірінші тізбекте: *зер*, *зергерлік* сөздері, екінші тізбекте: *көп*, *көбейткіштік* деген сөздер. Бұлардың өзара айырмасы бар. Мұндағы *зер*, *көп* деген сөздер тек сөз жасаушы тұлға қызметін атқарса, *зергерлік*, *көбейткіштік* деген сөздер - алдындағы сөздерден жасалған туынды сөздер қызметін ғана атқарады. Өйткені *зер*, *көп* деген сөздер басқа сөзден жасалмаған негізгі түбір сөздер, сондықтан оларда туынды сөз қызметі жоқ. Ал *зергерлік* пен *көбейткіштік* деген туындылардан басқа туындылар жасалмаған, сондықтан олардың бұл арада сөз тудырушы қызметі жоқ.

Сөзжасамдық тізбектің мүшелерінің осы қызметтері ғылымда сөзжасамның негізділігі (мотивированность) деп аталады. Осы тұрғыдан келгенде, сөзжасамдық тізбек негіз сөздер мен негізді сөздерден тұрады. Жаңа сөздің жасалуына негіз болатын сөз негіз сөз деп аталады. Мысалы, *егін*, *жиын*, *ақта*, *көгер* туындыларына негіз болған сөздер: *ек*, *жи*, *ақ*, *көк*, осы сөздердің негізінде жа-

салған сөздер *егін, жиын, ақта, көгер* негізді сөздерге жатады.

Негіз сөздердің мағынасы негізді сөздердің мағынасының жасалуына негіз болады. Сондықтан да негіз сөз бен одан жасалған туынды сөздің мағынасы байланысты болады. Мысалы, *қант-қантсыз-қантсыздық* деген тізбекті алсақ, түп негіз сөз осы тізбектегі туындылардың бәрінің құрамында бар, олардың мағынасында *қант* сөзінің мағынасы анық байқалып тұр. Ал жеке алсақ, *қант* сөзі негізінде жасалған туынды *қантсыз* деген сөздің мағынасы *қант* сөзінің мағынасымен байланысты. *Қантсыз* сөзінің негізінде жасалған *қантсыздық* сөзінің мағынасы тікелей *қантсыз* сөзінің мағынасымен байланысты.

Сонымен, осы тізбектегі негіз сөздер *қант, қантсыз*, негізді сөздер *қантсыз, қантсыздық*. Негіз сөздердің біреуі негізгі түбір сөз, екіншісі - туынды түбір. Бір тізбекте бір негізгі түбір болуы шарт, ал одан өрбіген, туындаған, одан жасалған туынды түбірлер саны әр түрлі бола береді.

Осымен байланысты сөзжасамдық тізбектің құрамында бір негізгі түбір сөз болады. Ол - түп негіз сөз. Түп негіз сөз ешбір сөзден жасалмағандықтан, ол негізді сөзге жатпайды. Басқаша айтсақ, ол - негізсіз сөз. Негізсіз сөздің қалай жасалғаны түсіндірілмейді, ол тілдің табиғатында солай берілген сөз сияқты болып көрінеді. Кейбір негізгі түбір сөздерді ғана тарихи тұрғыда дәлелдеуге тырысу ғылымда бар. Мәселен, *кел, кет, той, тоқ* сияқты сөздердің негізгі түбір емес екенін А.К.Зайончковский, т.б. ғалымдардың дәлелдегені ғылымда белгілі. Бірақ ол сөздер тілдің қазіргі даму сатысында негізгі түбір деп танылған. Сондықтан ондай сөздер тілдің қазіргі даму кезеңіндегі танылуына сай негізгі түбір ретінде алыну керек.

Сөзжасамдық тізбектің құрамында жалғыз ғана негізсіз сөз болатындықтан, ол сөзжасамдық тізбекте негізсіз сөздің саны шектеулі дегенді білдіреді.

Сөзжасамдық тізбектегі түп негіз сөзден басқа сөздердің бәрі - негізді сөздер. Сөзжасамдық тізбектегі негізді сөздердің санына шек қойылмайды. Ол бірден бастап, 5-6-ға дейін жете береді. Мысалы, *тарт-тартпа* деген тізбекте негізді емес түбір де, негізді түбір де біреуден ғана. *Тарт-тартын-тартыншақ-тартыншақта-тартыншақтан* деген сөзжасамдық тізбекте төрт негізді сөз бар. Мұндай тізбектер тілде жиі кездеседі. Ал *қоз-қозға-қозғал-қозғалақ-қозғалақ-*

та-қозғалақтас-қозғалақтастыр-қозғалақтас-тырт-қозғалақтастыртқыз сияқты сегіз негізді сөзден тұратын тізбектер тілде өте сирек кездеседі.

Сонымен, сөзжасамдық тізбек түп негіз сөз бен негізді сөздерден тұрады. Тізбектегі түп негіз сөздің саны тұрақты, негізді сөздің саны тұрақсыз екені анықталды. Ал тізбектегі түп негіз сөз, яғни негізсіз сөзден басқалары әрі негіз сөз, әрі негізді сөз қызметін атқарады. Мысалы, *тол-толқы-толқын-толқында-толқындат-толқындатқыз*. Осы мысалда *тол толқы* сөзіне, *толқы толқын* сөзіне, *толқын толқында* сөзіне, *толқында толқындат* сөзіне, *толқындат толқындатқыз* сөзіне негіз болған. Тек *толқындатқыз* ешбір сөзге негіз болған жоқ. Ал осындағы *толқы, толқын, толқында, толқындат* сөздері әрі алдындағы негіз сөзден жасалса, әрі өздері басқа сөздердің жасалуына негіз болған: *толқы - толқынның, толқын - толқынданың, толқында - толқындаттың, толқындат - толқындатқыздың* негізі.

Бұл арада тізбектің түп негіз сөзі мен соңғы сөзі ғана бір қызмет атқаратыны анықталды. Олар: *тол* және *толқындатқыз*. *Тол* тек негіз сөз қызметін атқарады, ал *толқындатқыз* тек негізді сөз қызметін атқарады, *толқындатқыз* басқа сөздің тууына негіз бола алмаған, сондықтан ол негіз сөз қызметін атқармайды.

Сөзжасамдық тізбектің бұдан түп негіз деп бастау алатыны және оның аяқтаушы мүшесі болатыны анықталды. Бұл мүшелер сөзжасамдық тізбек атаулының бәріне қатысты, бәрінде бар.

Сондықтан қанша сөзжасамдық тізбек болса, олардың бәрінде тізбек басталатын түп негіз сөз бен оны аяқтаушы сөз болады. Бұл екеуінің өзіндік айырмашылықтары бар. Тізбекті бастаушы сөз негізгі түбір сөз болады және ол бір ұяда қанша тізбек болса, соның бәріне тізбекті бастаушы сөз ортақ болады. Ал тізбекті аяқтаушы сөз туынды түбір сөз болады және туынды түбірден жасалған туынды сөз болады. Сонымен бірге тізбекті аяқтаушы сөз тек бір тізбекке ғана тән сөз, ол басқа тізбектерден орын алмайды, басқа тізбектердің құрамында кездеспейді. Бұл пікірді дәлелдеу үшін мына сөзжасамдық ұяны мысалға келтірейік. Оны *жүз* сөзінен жасалған ұядағы тізбектер арқылы көрсетсек, ол төмендегідей: *жүз → жүздік → жүздікті; жүз → жүздеген; жүз → жүздей; жүз → жүзден; жүз → жүзінің*. Осы ұядағы 5 тізбектің бәрінің құрамында бір негізгі түбір сөз бар, ол тізбекті бастаушы сөз (*жүз*), ол - осы тізбектердің бәріне ортақ, өйткені ол тізбектер бір сөзжасамдық ұяның тізбектері.

Ал тізбектердің бәрінің құрамында оны аяқтаушы сөз бар, олар туынды сөздер. Бірақ әр тізбекті аяқтаушы сөз әр түрлі, тізбекті аяқтаушы сөз тек бір тізбекке ғана қатысты. Мысалы, *біл* → *білім* → *білімді* → *білімділік*; *біл* → *білгір* → *білгірсі* → *білгірсін*; *біл* → *білім* → *білімдар* → *білімдарсы* деген 4 сөзжасамдық тізбекті алайық. Бұлар - бір сөзжасамдық ұяның тізбектері. Сондықтан олардың түп негіз сөзі - *біл* осы тізбектердің бәріне ортақ. 4 тізбектің бәрі *біл* түп негіз сөзден басталған. Бірақ әр тізбекті аяқтайтын сөз әр түрлі. 1 - тізбек *білімділік* туынды сөзіне аяқталған, 2 - тізбек *білгірсін* сөзіне, 3 - тізбек *білімпаздық* сөзіне, 4 - тізбек *білімдарсы* сөзіне аяқталған.

Бұл мысалдар бір сөзжасамдық ұяның тізбектерінің түп негіз сөзі бір болғанда да, олардың аяқтаушы сөзі түрлі болатыны анық дәлелдеп тұр. Ол осы тізбектерге ғана емес, тізбек атаулыға тән заңдылық. Бұл заңдылық бір сөзжасамдық ұяның тізбектеріне де, түрлі сөзжасамдық ұяның тізбектеріне де ортақ заңдылық.

Сөзжасамдық тізбектің құрамындағы туынды түбір сөздер бір сөз табына да, түрлі сөз табына да қатысты бола береді. Әрине, олардың түрлі сөз табына жататын туынды сөздер болуы жиі кездеседі. Мысалы, *өн* → *өнім* → *өнімпаз* → *өнімпаздық* деген тізбекте туынды зат есімдер - *өнім*, *өнімпаздық*, туынды сын есім - *өнімпаз*. Бұл тізбекте туынды зат есім мен туынды сын есім жасалған. Ал *піс* → *пісір* → *пісірт* → *пісірткіз* деген тізбекте тек туынды түбір етістіктер ғана жасалған.

Тілде бар сөзжасамдық жұрнақтардың бәрін сөзжасамдық ұялардан көруге болады, бірақ олар түрлі сөзжасамдық ұяда түрліше құрамда қызмет атқарады. Мысалы, *жан* → *жандан* → *жандандыр* → *жандандырт*; *жан* → *жанды* → *жандылық*; *жан* → *жансыз* → *жансыздан* → *жансыздандыр*; *жар* → *жарғы*; *жат* → *жатақ* → *жатақсыз*, *қыз* → *қыздыр* → *қыздырыс*.

Осы мысалдардағы 1-тізбекте зат есімнен туынды етістік, ал бұдан әрі жаңа туынды жасалған. Келесі тізбекте зат есімнен туынды сын есім жасалған, туынды сын есім сөзден туынды зат есім жасалған. 3 - тізбекте зат есімнен туынды сын есім жасалған, туынды сын есімнен туынды етістіктер жасалған, 4 - тізбекте зат есімнен туынды зат есім жасалған. 6 - тізбекте туынды етістіктер ғана жасалған.

Бұдан шығатын қорытынды сөзжасамдық тізбектің құрамы сөз табы жағынан түрлі болып

келеді. Бұл - сөзжасамдық тізбекте ең көп тараған құбылыс. Сонымен бірге сөзжасамдық тізбектердің бірыңғай бір сөз табына қатысты сөздерден құралуы да кездеседі. Бірақ бұл көп емес, дегенмен тек етістіктерден құралатын тізбектер біраз екені байқалады.

2.8.4. Сөзжасамдық тарам

Сөзжасамдық тарам термині словообразовательная парадигма мәнінде қолданылды. Осы термин орыс тіл білімінде де кейінгі кезде қолданыла бастады.

Бұрын *тарам* термині морфологияда ұзақ уақыт қолданылғаны белгілі, мысалы септік тарамы (парадигмасы), жіктік тарамы (парадигмасы) сияқты қолданыс ғылымда әбден таралған, таныс ұғымға айналған. Бұл термин барлық тіл біліміндік сөздіктердің бәрінде сөз түрлендіру жүйесі мәнінде түсіндірілген.

Соңғы кезде сөзжасамдық тарам (словообразовательная парадигма) термині қолданыла бастады. Морфологиялық тарамда да бір сөз түрлі сөз түрлендіруші қосымшалар арқылы түрленеді. Сөзжасамда да бір сөзден бірнеше түрлі сөз жасалады. Морфологиялық тарамдар жиі қолданылады, сөзжасамдық тарамдар одан әлдеқайда сирегірек қолданылады және сөзжасамдық тарамдағы сөздердің лексикалық мағынасында айырма болса, морфологиялық тарамдағы сөздердің лексикалық мағынасында айырма болмайды да, айырма тек грамматикалық мағынада болады. Мысалы, *үй* → *үйге*, *үйді*, *үйден*, *үйдің* деген септіктегі *үй* сөзінің түрлену тарамын алсақ, олардың бәрінде *үй* деген лексикалық мағынада өзгеріс жоқ, тек оның түрлі тұлғаларына түрлі грамматикалық мағына қосылған. Демек морфологиялық тарам - бір сөздің белгілі жүйе бойынша грамматикалық тұлғаларға түрленуі. Сондықтан морфологиялық тарамда бір лексикалық мағынаның үстіне түрлі грамматикалық мағына ғана қосылады.

Ал сөзжасамдық тарамның құрамында түрлі лексикалық мағыналы туынды сөздер ғана орналасады, бірақ олар - бір сөзден жасалған туынды сөздер. Мысалға, *күй* етістігінен жасалған сөзжасамдық ұядағы *күйік*, *күйін*, *күйіс*, *күйдір* туынды түбір сөздерді алайық. Бұлар бәрі - *күй* етістігінен жасалған туынды сөздер, олардың әрқайсысының өзіндік лексикалық мағынасы бар, әрқайсысы тілде лексикалық бірлік болып саналады. Олай болса, ол морфологиялық тарамға жатпайды. Өйткені морфологиялық тарамда бір лексикалық бірлік

яғни бір лексикалық мағыналы сөз ғана болуы керек. Мысалға келтірілген *күйік, күйін, күйіс, күйдір* деген топта 4 сөз яғни 4 лексикалық бірлік бар. Бұлар бір сөзжасамдық тарам болып саналады, өйткені олардың бәрі бір сөзден яғни *күй* етістігінен жасалған.

Күй етістігінен осы сөзжасамдық ұяда бірнеше сөз жасалған, оның бәрі сөзжасамдық тарамға жатпайды. Сөзжасамдық тарамға солардың ішінен бір сөзжасамдық сатыда бір сөзден жасалған туынды сөздер ғана жатады. Жоғарыда келтірілген 4 туынды сөз *күй* етістігінен бір сатыда жасалған туынды сөздер, сондықтан олар бір сөзжасамдық тарамға жатады. Өйткені бір сөзден бір сатыда түрлі жұрнақтар арқылы жасалған туынды сөздердің жиынтығы сөзжасамдық тарам деп аталады. Мысалы, кет етістігінің негізінде 1-сатыда *кетір, кетіс, кетім, кеткіз, кетіл, кетулі, кетуші* деген 7 туынды сөз жасалған. Міне, бір негізден бір сатыда жасалған осы 7 туынды сөздің жиынтығы бір сөзжасамдық тарамға жатады.

Осы сөзжасамдық ұяның екінші сатысында екі тарам бар:

1) *кетір* негізінен *кетіргіш - кетірін* туындылары жасалып, бір сөзжасамдық тарам болған, 2) *кеткіз* негізінен *кеткіздір - кеткіз* туындылары жасалып, екінші сөзжасамдық тарам жасалған. Бұл сөзжасамдық тарамдардың құрамындағы туынды сөздердің бәрі әр түрлі сөзжасамдық жұрнақтар арқылы жасалған.

Келтірілген мысалдардағы сөзжасамдық тарамдар - сөзжасамдық ұяның түрлі сатысындағы тарамдар. Бұл сөзжасамдық тарамның бір сатыға байлаулы емес екенін білдіреді. Ол ұядағы сөзжасамдық сатының қайсысынан болса да орын ала береді. Мысалы, *аз* түп негізден жасалған ұяда 3 сөзжасамдық саты бар. Осы 3 сатының әрқайсысында да сөзжасамдық тарам бар. 1-сатыда *аз* сөзінен *аздыр, азғын, азғыр, азғыш* туындыларынан тұратын сөзжасамдық тарам жасалған. 2-сатыда осы тарамдағы *аздыр* сөзінен *аздырыл, аздырт, аздырушы, аздырғыш* туындыларынан тұратын сөзжасамдық тарам жасалған. 3-сатыда *азғыр* сөзінен *азғырынды, азғырыл, азғырғыш* туындыларынан құралған сөзжасамдық тарам жасалған.

Бұл мысалдар сөзжасамдық тарамның әр сатыда жасала беретінін толық дәлелдеді, сондықтан мұнда сөзжасамдық тарам бір сатыға ғана қатысты емес деген пікірдің дұрыс екені анықталды.

Бұл келтірілген мысалдан сөзжасамдық тарамның орын талғамайтыны байқалды, оның тұрақты орны жоқ, ұяның түрлі сатысында сөзжасамдық тарамның келе беретіні анықталды.

Сонымен бірге бір сөзжасамдық сатыда бірнеше сөзжасамдық тарам бола береді. Мысалы, *қап* түп негіз сөзден 1-сатыда *қабық, қапсыр, қапта, қапша, қапшық* туындыларынан құралған сөзжасамдық тарам жасалған. 2-сатыда осындағы *қабық, қапсыр, қапта, қапшық* сөздерінен 4 сөзжасамдық тарам жасалған.

1) олар *қабық* сөзінен *қабықта, қабықтай, қабықтан, қабықша*; 2) *қапсыр* сөзінен жасалған: *қапсырма, қапсырушы, қапсырыс, қапсырынқы*, 3) *қапта* сөзінен *қаптағыш, қаптал, қаптама, қаптас, қаптап, қаптаулы, қаптаушы*, 4) *қапшық* сөзінен: *қапшықта, қапшықша* туындылары жасалған.

Бұл мысалдар сөзжасамдық тарамар түрлі сатыда жасалуымен бірге бір сатының ішінде бірнеше тарам жасала беретінін көрсетті. Алайда олардың бәрі сөзжасамдық сатыда орналасқан. Бұл сөзжасамдық тарамның орны сөзжасамдық саты екенін дәлелдеді.

Сөзжасамдық тарам тілдегі ерекше бір құбылыс, оның өзіндік мағыналық ерекшеліктері, құрамы, сөзжасамдық ұяда белгілі орны, тілде атқаратын қызметі бар. Сондықтан ғалымдар сөзжасамдық тарамды тілдік жеке құбылыс ретінде зерттейді.

Алдымен сөзжасамдық тарам - сөзжасамдық ұяның бір құрылымдық мүшесі. Сөзжасамдық ұя бір түп негіз сөзден жүйелі түрде бірінен-бірі туындаған туынды сөздердің жиынтығы болса, сөзжасамдық тарамдағы туынды сөздер де - сөзжасамдық ұядағы туынды сөздердің құрамына кіреді, сөзжасамдық ұядағы туынды сөздердің бір шағын тобын құрайды. Осыған орай сөзжасамдық тарам сөзжасамдық ұяның ішкі бір құрылымдық мүшесі болады. Сөзжасамдық тарамның орны сөзжасамдық ұяда екені осыдан ақ көрінеді. Қай сөзжасамдық тарамды алсақ та, ол белгілі бір сөзжасамдық ұяға қатысты. Бұдан сөзжасамдық тарам сөзжасамдық ұяның құрылымдық мүшесі екені анықталды. Бұл - сөзжасамдық ұясыз сөзжасамдық тарам жоқ деген сөз яғни бұлар бір-бірімен тығыз байланысты тілдік құбылыстар екені ешбір талас туғызбайды.

Сөзжасамдық ұяның бір құрылымдық мүшесі сөзжасамдық тарам болғандықтан, сөзжасамдық тарам сөзжасамдық ұядан құрамы әлдеқайда тар құбылыс болып саналады. Көлемі, құрылысы, құрамы жағынан сөзжасамдық ұя комақты, күрделі

құбылыс болады да, сөзжасамдық тарам одан көп кіші тілдік құбылыс болады. Өйткені, бір сөзжасамдық ұяда бірнеше сөзжасамдық тарам орын ала береді. Мысалы, *жол* түп негіз сөзден жасалған сөзжасамдық ұяда 6 сөзжасамдық тарам бар:

1) 1-сатыда *жолға, жолай, жолақ, жолаң, жолда, жолдас, жолды, жолдық, жолсыз, жолшы, жолшыл, жолық* туындылары *жол* деген сөзден жасалып, бір сөзжасамдық тарам жасалған;

2) 2-сатыда жолақ түбірінен *жолақсыз, жолақта, жолақты* туындыларынан құралған тарам жасалған;

3) 2-сатыда *жолда* сөзінен *жолдағыш, жолдама* туындылары тарам жасаған;

4) 2-сатыда *жолдас* сөзінен *жолдассыз, жолдассын, жолдастық, жолдасша, жолдасшыл* туындыларынан тұратын тарам жасаған;

5) 2-сатыда *жолық* сөзінен *жолығыс, жолыққыз, жолықтыр* туындыларынан құралған тарам жасалған;

6) 3-сатыда *жолат* түбірінен *жолатқыз, жолаттыр* туындыларынан құралған сөзжасамдық тарам жасалған.

Бұл – сөзжасамдық ұяның 1-сатысы мен 2-сатысында және 3-сатысында жасалған сөзжасамдық тарамдар. Осы ұяның 2-сатысында бірден 4 сөзжасамдық тарам жасалған, қалған сатыларда бір тарамнан ғана жасалған. Бұлар бір ұядағы сөзжасамдық тарамдар.

Ал сөзжасамдық ұяның құрамындағы тарамдар саны жағынан әр түрлі. Ол сөзжасамдық ұяның өнімділігі, құрамының қаншалықты күрделілігіне байланысты.

Бір сөзжасамдық тарамнан тұратын да ұялар бар, бірнеше сөзжасамдық тарамнан тұратын да ұялар бар. Олай болса, сөзжасамдық ұялардың өнімсіз, өнімділігіне қарай, күрделілігіне, құрамының шағындығына қарай сөзжасамдық тарамның саны да түрлі болып келеді.

Сөзжасамдық тарам ұяның түрлі сатысынан орын алады. Алайда сөзжасамдық ұялардың 1-сатысы сөзжасамдық тарамның ең жиі кездесетін орны деуге де болады. Қалған сатыларда кейбір ұяларда сөзжасамдық тарам кездеспеуі де мүмкін.

Сөзжасамдық тарамның құрамы да түрлі болып келеді. Сөзжасамдық тарамның ең кішісі 2 туынды сөзден тұрады, ең көбінің құрамы 15-17 туынды сөзге дейін жетеді, одан да көп болуы мүмкін.

Мысалы, 2-сатыда *желдір* туынды сөзінен *желдірт* және *желдірме* деген екі туынды сөзден

тұратын сөзжасамдық тарам жасалған. Осы сияқты екі туынды сөзден тұратын сөзжасамдық тарамдар тілде өте көп.

Екіден бастап сөзжасамдық тарамның құрамындағы туынды сөздердің саны өсе береді. 3 туындыдан, 4 туындыдан, 5 туындыдан тұратын сияқты сөзжасамдық тарамның құрамындағы туынды сөздердің құрамы өсіп отырады. Мысалы, *бас* түп негізден жасалған сөзжасамдық ұяда 17 туынды сөзден құралған сөзжасамдық тарам бар, ол осы ұяның 1-сатысындағы мына туынды сөздерден құралған: *басқар, басқы, бассыз, баста, бастай, бастан, бастас, бастау, бастық, басты, басшы, басында, басындай, басмашы, баспақ, басқа, басым*.

Келтірілген мысалдар сөзжасамдық тарамның құрамы түрлі болатынын көрсетті.

Қорыта келгенде, сөзжасамдық тарамның құрамы түрлі-түрлі болатыны анықталды. Осылардың ішінде тоғыз құрамға дейінгі тарамның жиі кездесетіні байқалды. Сөзжасамдық тарамның құрамы неғұрлым күрделі болса, ол соғұрлым сөзжасамдық ұяның тізбектерін көбейтеді яғни ол сөзжасамдық ұядағы туынды сөздердің көбеюіне қолайлы жағдай болып саналады. Сондықтан құрамы күрделі тарамдар өнімді ұялардан көп орын алады.

Сөзжасамдық тарам сөзжасамдық сатымен тікелей байланысты, өйткені сөзжасамдық тарам белгілі сатылардың бірінде жасалады. Сондықтан сөзжасамдық тарам тек сатының құрамында ғана болады. Ал сөзжасамдық саты тілде түрлі-түрлі, ол бірден төртке, кейде беске дейін жетеді. Сөзжасамдық тарам осы сатылардың қайсысынан болсын орын ала береді.

Сөзжасамдық тарам ұяның барлық сатыларында бола беретін тілдік құбылыс болғанымен, олардағы сөзжасамдық тарамның сапасы бірдей емес. Әсіресе, ол сөзжасамдық тарамның ішкі құрылысы мен көлеміне, аумағына қатысты. Ең ірі сөзжасамдық тарам 1-сатыда болады, 1-сатыдағы тарамның құрамындағы туындылар да алуан түрлі болып келеді.

Сөзжасамдық тарамның ең күрделі құрамды түрі ұяның 1-сатысында орналасады. 2-сатыдан бастап тарамдағы туындылар азая бастайды. Демек, сөзжасамдық тарамның құрамы сатылардың түріне байланысты.

Сонымен сөзжасамдық тарамның құрамының көп, аз туынды сөздерден құралуы оның қай сөзжасамдық сатыда орналасуына байланысты. Тіл деректері құрамы ең мол сөзжасамдық тарамдардың 1-сатыдан орын алатынын көрсетті. Сөзжа-

самдық саты сөзжасамдық тізбектің соңына, аяғына жақындаған сайын сөзжасамдық тарамның көлемі азая береді. Жоғарыда келтірілген 1-сатыдағы 17 туындыдан тұратын сөзжасамдық тарам сияқтылар 2-3-сатыларда мүлдем кездеспейді.

Бұл жағдай негізгі түбір сөз бен туынды түбірдің сөзжасамдық қабілетінің бірдей емес екенін дәлелдейді. Негізгі түбір сөзден жасалған туындылар 1-сатыда орналасады. 1-сатыдағы сөзжасамдық тарамның құрамының басқа сатылармен салыстырғанда, көп туындыдан құралуы негізгі түбір сөзден туынды түбірге қарағанда, сөзжасамдық қабілетінің күштілігіне тікелей байланысты. Сондықтан 1-сатыдағы сөзжасамдық тарамның құрамы туынды сөздерде мол болып келеді де, одан кейінгі сатылардағы сөзжасамдық тарамның құрамы олардан әлдеқайда аз болады.

Сөзжасамдық тарамның өзіндік белгілерінің біріне оның қандай сөзден бастау алуы жатады. Оны сөзжасамдық ұямен салыстырғанда, анық байқауға болады. Сөзжасамдық ұя тек қана негізгі түбір сөзден ғана жасалады, оның түп негізінде негізгі түбір сөз тұрады. Ал сөзжасамдық тарам негізгі түбір сөзден де, туынды түбір сөзден де жасала береді. Мысалы, *жау* түбірінен жасалған ұядағы *жауғыш*, *жауын*, *жауғыз*, *жаудыр* деген туындылардан тұратын сөзжасамдық ұядағы тарам сөзжасамдық 1-сатыда негіз сөзден жасалған. Осы ұядағы *жауынды-жауынсыз-жауынша-жауындат* деген туындылардан тұратын сөзжасамдық тарам 2-сатыда *жауын* деген туынды сөзден жасалған. Келтірілген екі тарамның бірі негізгі түбірден, екіншісі туынды түбірден жасалғаны көрінеді. Сөйтіп бұдан сөзжасамдық тарамның түбір сөздерді тандамайтыны анықталды.

Сөзжасамдық тарамның тағы бір белгісі оның құрамына қатысты. Оны анық аңғару үшін сөзжасамдық ұямен салыстыру қажет. Сөзжасамдық ұяның құрамы ұяға негіз болып тұрған түп негіз сөз бен одан тараған туынды сөздердің жиынтығынан тұрады.

Ал сөзжасамдық тарамның құрамына бір сатыда жасалған туынды сөздер ғана жатады. Мысалы, *ауыт-аудыр-аудар-ауна-ауғыз-ауғыш-аумалы* деген туындылар бір сөзжасамдық тарамға жатады. Ал бұл тарам *ау* етістігінен жасалған, бірақ тарамның құрамына *ау* етістігі кірмейді. Сол сияқты осы ұяның екінші сатысындағы *аударма-аударғыш-аударт-аударыл-аударыс-аударушы* деген туындылардан тұратын сөзжасамдық тарам *аудар* деген туынды сөзден жасалған, бірақ

бұл сөз тарам құрамына қосылмаған. Олай болса, бұл да сөзжасамдық тарам құрамына қатысты бір ерекшелік деп санауға әбден болады.

Сөзжасамдық тарамның құрамында түрлі сөз таптарына қатысты туынды түбір сөздер болады. Мысалы, *тыным - тынық - тыныс - тыныш - тындыр - тынба - тыншы - тыншық* деген туындылардан тұратын сөзжасамдық тарамның құрамындағы туынды сөздерді сөз табына қатысты жағынан талдап қарасак, осы тарамда 3 туынды зат есім бар, олар: *тыным*, *тыныс*, *тынба*. Олар - етістіктен жасалған зат есімдер. Бұл туынды зат есімдер зат есімнің *-ым*, *-ыс*, *-ба* деген сөзжасамдық жұрнақтары арқылы жасалған. Тілімізде бұл жұрнақтардың сөзжасамдық қызметі танылған, олар өнімді жұрнақтар қатарына жатады. Олар арқылы жасалған туынды зат есім сөздер баршылық. Мысалы, *бөлім*, *алым*, *өнім*, *түсім*, *өсім*, *налым*, *жұғым*, *тойым*, *төзім*, *өлім*, *бітім*, *шығым*, *ұғым*, *білім*, *айтыс*, *ұрыс*, *соғыс*, *сөгіс*, *жиналыс*, *төбелес*, *кіріс*, *шығыс*, *өніс*, *тігіс*; *салма*, *кеспе*, *тартпа*, *тұнба*, *шаппа*, *көрме*, *бөлме*, *жарма*, *шығарма*, *көшірме* т.б.

Бұл тарамда бір туынды сын есім сөз бар, ол - *тыныш*. Мысалы, *тыныш күн*, *тыныш үй*, *тыныш бала*, *тыныш қала* т.б.

Осы тарамда 3 туынды етістік сөз бар, олар: *тыншы*, *тынық*, *тындыр*. Бұл туынды етістіктер *-шы*, *-ық*, *-дыр* жұрнақтары арқылы жасалған. Бұлардың алғашқы екеуі өнімсіз жұрнақтарға жатады, соңғы *-дыр* жұрнағы - өнімді жұрнақ.

Сөзжасамдық тарамның құрамы сөз табы жағынан біркелкі болмайды. Ол түрлі ұяда, бір ұяның ішінде сөз табы жағынан түрлі құрамда кездесе береді. Өйткені ол белгілі сөз табының сөзжасамы емес, сондықтан сөзжасамдық тарамда түрлі сөз таптарына жататын туынды сөздер жасала береді. Дегенмен сөзжасамдық тарамда бір заңдылық көзге түседі. Ол заңдылық бойынша бір сөзжасамдық тарамда бір жұрнақ екі рет қайталанбайды яғни бір жұрнақ арқылы екі туынды сөз бір тарамда жасалмайды.

Міне, бұл заңдылық сөзжасамдық тарам атаулының бәріне қатысты және ол бір ұядағы сөзжасамдық тарамдар ғана емес, қай сөзжасамдық ұяның сөзжасамдық тарамы болмасын бәріне де қатысты.

2.8.5. Сөзжасамдық саты

Ғылымда сөзжасамдық саты мәселесі өте аз зерттелген, арнайы зерттеулер жоқтың қасы. Алайда сөзжасамдық ұяны зерттеушілер саты туралы анықтама қысқа түсініктер беріп отырады.

Сөзжасамдық сатыдағы туынды сөздер туынды сөз жасайтын негіз сөз бен одан туынды жасаушы жұрнақтан тұрады.

Жаңа сөздің жасалуына арқау, негіз болушы сөз бен сөз тудырушы жұрнақтан құралған туынды сөз сөзжасамдық сатыны құрайды. Басқаша айтқанда, сөзжасамдық саты туынды түбір сөзден тұрады. Мысалы, *ойла, ойлан, ойландыр* деген туынды түбір сөздерді алсақ, олардың әрқайсысы әр түрлі сатыға жатады. Осы үш туынды түбір - 3 сатының сөздері. Өйткені олардың әрқайсысының құрамында туынды сөз жасауға негіз болған сөз бар, олар: *ой, ойла, ойлан* және олардан туынды түбір жасаушы жұрнақ бар, олар: *-ла, -н, -дыр* жұрнақтары.

Саты негіз сөз бен туынды сөзді жасаушы көрсеткіштен құралатын сөзден тұрса, ол талапқа *ойла, ойлан, ойландыр* туындыларының әрқайсысы толық сәйкес.

Сөзжасамдық саты жалпы алғанда, сөзжасамдық жүйеге жатады. Өйткені сатыда туынды сөз жасалса, ол сөзжасамдық жүйенің мәселесі. Бірақ сөзжасамдық сатыны одан тарырақ ұғымда алу аңығырақ болатыны сөзсіз. Бұл ретте сөзжасамдық сатыға жақын тілдік құбылыс - сөзжасамдық ұя.

Сөзжасамдық саты - сөзжасамдық ұяның бір мүшесі. Сөзжасамдық ұя бір түп негіз сөзден жасалған түбірлес туынды сөздердің жиынтығы болса, сол туынды сөздердің әрқайсысы сөзжасамдық ұяның бір сатысында жасалады. Сондықтан сөзжасамдық саты сөзжасамдық ұяның құрамына кіретін оның мүшесі болып табылады. Мысалы, *боз* → *бозар* → *бозаран* → *бозаранда* → *бозарандат* → *бозарандатқыз* деген туындылар - бір сөзжасамдық тізбектің құрамындағы мүшелер. Ал бұл сөзжасамдық тізбек *боз* сөзінен тараған туындылардың жиынтығынан тұратын сөзжасамдық ұяның құрамына кіреді яғни ол - осы ұяның мүшесі. Осы ұядағы жоғарыда келтірілген сөзжасамдық тізбек бес сатыдан тұрады, 1-сатыда - *бозар*, 2-сатыда - *бозаран*, 3-сатыда - *бозаранда*, 4-сатыда - *бозарандат*, 5-сатыда - *бозарандатқыз* туындылары жасалған.

Бұл келтірілген мысалдан тізбектегі әр сатыда бір ғана туынды сөз жасалатыны анықталды. Олай болса, саты - ұядағы туынды сөздің жасалатын нақты орны яғни туынды сөз сөзжасамдық сатыда жасалады. Ұяда жасалған туынды сөз сөзжасамдық сатыда орналасады.

Демек сөзжасамдық ұядағы барлық туынды сөздер белгілі сатыда жасалған. Ұядағы әр ту-

ынды сөз белгілі сатыға қатысты. Бір сөзжасамдық ұяда қаншама туынды сөз болса, оның бәрі бір сатыда топталып тұрмайды. Олар жасалу ретіне қарай, белгілі жүйеде түрлі сөзжасамдық сатыдан орын алады.

Туынды сөздердің сатыда қандай тәртіпте орналасуы алдымен туынды сөздердің қандай негіз сөзден жасалуына байланысты. Негіз сөздің сөзжасамдық ұядағы орны туынды сөздің сатыдағы орнын белгілейді. Өйткені туынды сөз әрқашан негіз сөзден кейін орналасуға тиісті. Мысалы, *дау* негіз сөзінен *даукес* деген туынды түбір жасалса, *даукес дау* сөзінен кейін тұруға тиісті. Ал *даукес* сөзінен *даукестік* деген туынды түбір жасалса, ол *даукес* сөзінен кейінгі сатыда орналасады. Бұл туынды түбір сөздің сатыдағы орнын белгілейді.

Сөзжасамдық тізбек түп негіз сөзден бастап, бірінен-бірі тікелей жасалған туынды сөздердің тобынан тұрады. Тізбекте бірінен-бірі тікелей жасалатын туындылар жасалу ретін сақтайды. 1-жасалған туынды түбір 1-сатыда орналасады. Ал 1-сатыдағы туындыдан жасалған келесі туынды сөз өзінің негіз сөзінен кейінгі сатыда тұруға тиісті яғни ол 2-сатыдан орын алады. 2-сатыдағы туынды түбір келесі туынды түбірдің жасалуына негіз болса, одан жасалған туынды түбір 3-сатыда тұруға тиісті.

Бұл арада тілде негіз сөзден туынды сөздің кейін жасалуы олардың сатыда орналасуына ықпал ететіні байқалады.

Негіз сөздің туынды сөзден тілде бұрын болуы жалпы заңдылық, өйткені туынды сөздің жасалуына тілде бар сөздер ғана негіз бола алады. Олай болса, негіз сөз одан жасалған туынды сөздің алдында тұруы заңды. Сонымен бірге негіз сөздің сөзжасам әрекетінде негізді сөздің алдында тұруы негізді сөздің қай сөзден жасалғанын білдіреді. Міне, бұл заңдылық сөзжасамдық сатыда берік орын алған.

Ол, әсіресе, сөзжасамдық ұяда, оның ішінде сөзжасамдық тізбекте берік қалыптасқан. Өйткені сөзжасамдық тізбектегі туынды түбірлердің әрқайсысы әр сатыда жасалған. Тізбектегі туындылардың бәрі - бірінен-бірі тікелей жасалған туынды түбірлер. Сондықтан олардың негіз сөздері алда, негізді сөздері одан үнемі кейін орналасқан. Ол саты арқылы көрінеді.

Мысалы, *біл* ұясындағы *біл* → *білік* → *біліксіз* → *біліксіздік* сөздерінен тұратын сөзжасамдық тізбекті алайық. Осындағы *біл-біліктің* негізі, сондықтан *білік білден* кейін тұр. Ал *білік біліксіз* деген туындыға негіз болған, сондықтан *білік* 1-

сатыда, *біліксіз* 2-сатыда тұр. *Біліксіз* деген туынды түбір *біліксіздік* туынды түбіріне негіз болған, сондықтан *біліксіздік* 3-сатыда тұр.

Сонымен тізбектегі бір туындыдан келесі туынды жасалып отырғандықтан, олардың бұрын жасалғаны алдыңғы сатыда, кейін жасалғаны келесі сатыда ретімен орналасып отырады. Бұл сатының ретінің алғашқы түп негізден жасалған туындыдан 2-сатыда орналасуын, 2-сатыдағы туындыдан жасалған келесі туынды 3-сатыда орналасатынын, 3-сатыдағы туындыдан жасалған туынды 4-сатыдан орын алатынын көрсетеді. Ол әрі қарай келесі сатыны жасайтыны сияқты саты саны өсіп отырады.

Бұдан сатының саны бір түп негізден жасалған туындылар әрқайсысының өзінен кейінгі туындыға негіз болып, туындылардың бірінен-бірі тізбектегі жасалуы үзілмей, жалғасып, бір тізбекте қанша туынды жасалуына байланысты. Тізбекте бірінен-бірі тікелей жасалған қанша туынды сөз болса, тізбекте сонша саты болады. Өйткені тізбектегі бір сатыда бір ғана туынды түбір жасалады.

Мәселен, *шаш* → *шашақ* → *шашақта* → *шашақтат* → *шашақтатқыз* деген тізбекте 4 саты бар: 1-саты - *шашақ*, 2-саты - *шашақта*, 3-саты - *шашақтат*, 4-саты - *шашақтатқыз* туындыларынан тұрады. Ал *шоқ* → *шоғыр* → *шоғырла* → *шоғырлан* → *шоғырландыр* → *шоғырландырт* → *шоғырландыртқыз* деген тізбекте 6 саты бар: 1-саты - *шоғыр*, 2-саты - *шоғырла*, 3-саты - *шоғырлан*, 4-саты - *шоғырландыр*, 5-саты - *шоғырландырт*, 6-саты - *шоғырландыртқыз* туындыларынан тұрады.

Келтірілген мысалдар тізбекте яғни тілде сөзжасамдық сатының саны түрлі болатынын көрсетті. Бірақ олардың саны қазақ тілінде 5-6-дан аспайды. Ал осылардың тілде алатын орны әр түрлі. Екі-үш саты тілде өте жиі кездеседі де 5-6 сатыдан тұратын тізбектер тілде сирегірек кездеседі. Ал орыс тілінде сөзжасамдық сатының саны 7-8 дейін жете берелі. Мүмкін ол орыс тілінде сөз алды көрсеткіштердің де сөзжасамдық қызмет атқаруымен де байланысты болуы мүмкін. Қазақ тілінде тек сөз соңы жұрнақтар негізгі орын алады. Сөзжасамдық көрсеткіштердің түрлі болуы саты санына әсер етуі мүмкін.

Сөзжасамдық сатының көп болуы туынды сөздің жасалу мүмкіндігінің молдығын көрсете алады. Өйткені сөзжасамдық сатының саны бірінен-бірі туындаған, өрбіген туынды сөздердің санын көрсетеді. Сонымен бірге олардың сөзжа-

самдық қабілетін, мүмкіндігін де айқындайды. Тізбекте неғұрлым саты саны көп болса, соғұрлым туынды сөз саны да көп. Бұл сөзжасамдық ұяның өнімділігіне әсер етеді. Рас, сөзжасамдық ұяның құрамындағы туындылардың көп-аз болуы ондағы тізбектердің санына да тікелей байланысты. Ұядағы тізбек санының көп болуы және ол тізбектердің көп сатыдан тұруы яғни көп туындыдан құралуы - ұяның өнімділігін қамтамасыз ететін белгілердің бірі.

Әр сөзжасамдық саты бір туынды түбірден тұратын болғандықтан, сөзжасамдық сатыдағы туынды сөздің қалай жасалғаны сол сатының өзінде анықталуға тиісті. Ол үшін сатыдағы туынды сөздің құрамы талданады. Сатыдағы туынды сөздің құрамы негіз сөз бен одан туынды түбір жасаушы сөзжасамдық жұрнақтан құралады. Сондықтан сатыдағы туынды түбірдегі негіз сөзді тауып, одан туынды түбір жасаушы жұрнақты табу керек. Мысалы, *із* → *ізде* → *іздегіш* → *іздегіштік* деген тізбекті алсақ, 1-сатыдағы *ізде* деген туынды түбірдің негіз сөзі - *із*, одан туынды түбірді етістіктің *-де* жұрнағы жасаған. Ал екінші сатыдағы туынды түбір *іздегіш*, оған негіз болған сөз - *ізде*. *Ізде* негізінен туынды түбір жасаған жұрнақ *-гіш*, ол - сын есім тудырушы жұрнақ. 3-сатыдағы туынды түбір сөз *іздегіштік*, оның негізі - *іздегіш* деген сөз, одан туынды сөз жасаушы - *-тік* деген жұрнақ, ол - зат есімнің жұрнағы. Осы 3 сатыдағы туынды сөздердің негіз сөздері дұрыс анықталғанын тексеру керек. Оны анықтауда мына деректерге сүйену керек. 1-сатыдағы туынды сөз барлық жағдайда ұяға негіз болған түп негіз сөзден жасалады. Осы ұядағы түп негіз сөз - *із*, сондықтан 1-сатыдағы туынды сөздің негіз сөзі дұрыс көрсетілген. 2-сатыдағы *іздегіш* деген туынды түбірдің негіз сөзі *ізде* дұрыс белгіленгенін түрліше дәлелдеуге болады. Тізбекте туынды түбірлер бірінен-бірі тікелей жасалатын болғандықтан, 2-сатыдағы туынды түбір оның алдындағы туынды түбірден ғана жасалады, оның алдындағы туынды түбір - *ізде*, сондықтан *іздегіш* тек қана *ізде* түбірінен жасала алады. Мағына арқылы да *ізде* етістігінің *іздегіш* түбіріне негіз болғанын дәлелдеуге болады. Онда *іздегіш* сөзінің іздеу қимылына шеберлікті білдіретінін негізге алу керек. Сонда *іздеу* етістігінің *іздегіш* сынына негіз болғаны дәлелденеді. Сол сияқты *іздегіштік* туындысының алдындағы сатыдағы *іздегіш* деген туынды түбір ғана *іздегіштік* туындысына негіз бола алады. Мағына жағынан келгенде, *іздегіштік* - іздеуге шеберліктің заттық ұғымы, сондықтан негіз сөз - *іздегіш* болады екен.

Қорыта келгенде, алдыңғы сатыдағы сөз үнемі келесі сатыдағы туындының негізі болатыны анықталды. Олай болса, сатыларда кез келген туынды сөз тұра алмайды. Тек өзінің алдындағы сатыдағы сөзден жасалған туынды сөз ғана сатыдан орын алады. Бұл сөзжасамдық сатылардың бір-бірімен байланысын, сатылардағы туынды сөздердің бірінен-бірі жасалатынын білдіреді.

Сөз табы жағынан алғанда, сатыларда түрлі сөз табына жататын туынды түбірлер орын ала береді. Жоғарыда келтірілген мысалда 1-сатыда туынды түбір етістік (*ізде*) тұр, 2-сатыда туынды түбір (*іздегіш*) сын есім орналасқан, 3-сатыда дерексіз мәнді туынды түбір зат есім (*іздегіштік*) орналасқан. Мұнда үш сатыда 3 түрлі сөз табына жататын туынды сөздер жасалған. Бұл сатылардың сөз табына байлаулы емес екенін көрсетеді. Оны басқа тізбектегі сатыларда сөз табы жағынан туынды түбірлердің сатыда түрліше орналасуынан да көруге болады. Мысалы *біл* → *білім* → *білімді* → *білімдісі* деген тізбектің 1-сатысында туынды зат есім сөз, 2-сатысында туынды сын есім сөз, 3-сатысында туынды етістік орналасқанынан да көруге болады.

Алайда осында бір заңдылық ерекше байқалады. Бір тізбектегі сатыларда бір жұрнақ қайталанбайды және әр сатыдағы сөзжасамдық жұрнақ көбіне түрлі сөз табының жұрнағы болып келеді, бірақ ол міндетті емес. Кейде тізбектегі әр сатыда бір сөз табына жататын туындылар да кездеседі. Дегенмен оның туынды етістіктерге қатысы аңғарылады. Мысалы, *ал* → *алдыр* → *алдырт* → *алдыртқыз*.

Осы айтылғандардың бәрі көлденең қатардағы сатыларға қатысты. Ғылымда сөзжасамдық саты екі қатарда қарастырылады.

1) көлденең қатардағы сатылар (горизонтальные ступени)

2) тік қатардағы сатылар (вертикальные ступени).

Енді тік қатардағы сөзжасамдық сатыға тоқталайық. Тік қатардағы сатылар көлденең қатардағы сатылар сияқты бір тізбекке ғана қатысты емес. Тік қатардағы сатылар бір ұядағы тізбек атаулының бәріне қатысты.

Мысалы, *же* етістігінің негізіндегі сөзжасамдық ұяның тік қатардағы 1- сатысында 3 туындыдан тұратын (*жем*, *жегіш*, *жегіз*) бір сөзжасамдық тарам бар. 2- сатысында бір сөзжасамдық тарам (*жемпаз*, *жемді*, *жемсіз*, *жемсау*) және екі жеке туынды бар, оның бірі *жегіштік* 1- саты-

дағы *жегізгіш* негізінен жасалған, екіншісі *жегіздір*, *жегіз* негізінен жасалған. Ал үшінші сатыда сөзжасамдық тарам мүлдем жоқ, әр негізден жасалған 3 туынды сөз бар.

Бұл К.Шарафиддиновтың тік қатардағы сатылар сөзжасамдық тарамдардан құралады деген пікірінің ұшқары екенін дәлелдеді.

Демек тік қатардағы сөзжасамдық саты ұядағы әр сатыда қанша туынды сөз жасалғанын көрсетеді. Ол арқылы бір ұяда қанша туынды сөз жасалғанын анықтауға болады. Тік қатардағы сатының құрамында сөзжасамдық тарам да, жеке туындылар да аралас келе береді, тіпті сөзжасамдық тарамсыз да саты болатыны жоғарыдағы мысалда анықталды. Сондықтан тік қатардағы саты тек сөзжасамдық тарамнан құралады деуге болмайды.

Алайда сөзжасамдық ұяның 1-сатысы негізінен сөзжасамдық тарамнан құралады деуге болады. Сөзжасамдық ұяның 1-сатысында сөзжасамдық тарамы жоқ ұялар да бар, бірақ олар аз екені байқалады, олар, көбіне, өнімсіз ұялар. Мысалы, *дам* сөзі негізіндегі сөзжасамдық ұя 6 туынды түбірден құралады, осы ұяның 1-сатысында *дамта* деген бір ғана туынды сөз жасалған, бірақ оның 2-сатысында *дамтал*, *дамтан*, *дамтас*, *дамтау* туындылары жасалып, олар бір сөзжасамдық тарам жасаған. Осы ұяның 3-сатысында *дамтаушы* деген жалғыз туынды түбір жасалған. Бұл мысал тілдегі сөзжасамдық ұяның 1-сатысында сөзжасамдық тарамның болмауы да мүмкін екенін айқындайды.

Тік қатар негізіндегі сөзжасамдық сатының құрамы түрлі-түрлі. Сөзжасамдық тарам тек 1-сатыға тән құбылыс деген ұғым тұмау керек. Сөзжасамдық тарам барлық сатыда кездесе береді. 1-2 сатыдағы тарамдарға жоғарыда мысал келтірілді. Енді тік қатар бойынша 3-сатыдағы сөзжасамдық тарамға мысал келтірілсе, ол төмендегідей: *без* негізіндегі ұяның 3-сатысында *безектес*, *безектет* деген туындылар жасалған. Бұл екі туындыдан тұратын тарам. Ол 2-сатыдағы *безек* сөзі негізінде жасалған. Сол сияқты (*күй* → *күйін* → *күйініш*) 2-сатыдағы *күйініш* сөзінен 3-сатыда *күйінішті*, *күйінішсіз* туындылары жасалып, олар бір сөзжасамдық тарам жасаған.

Сөзжасамдық тарам 4-сатыда да кездеседі. *Кел* негізіндегі ұяның 4-сатысында 3-сатыдағы *келістір* сөзінен *келістіруші*, *келістіріл* туындылары, *қоз* түбірі негізіндегі ұяның 4-сатысында 3-сатыдағы *қозғалғыш* сөзінен *қозғалғышта*, *қозғалғыштық* туындылары жасалған. Бұлар - екі ұяның 4-сатысындағы тарамдар.

Алайда 5-6 -сатыларда сөзжасамдық тарам кездеспейді.

Қорыта келгенде, тік қатар бойынша сөзжасамдық саты құрамында 1-2-сатыларда сөзжасамдық тарамның жиі кездесетіні анықталды.

Тік қатардағы сатылардағы әр сатыдағы туынды сөздердің саны да түрліше болады. Ең құрамы күрделі, аумағы кең саты - екінші саты деп санауға болады. 60 сөзжасамдық ұяға жасалған талдау 2-сатыда 555 туынды түбір сөз жасалғанын көрсетті. Осы ұялардың 1-сатысында 313 туынды түбір сөз жасалған, 3-сатысында 199 туынды түбір сөз жасалған. Ал төртінші сатыда тек 46 туынды түбір сөз жасалған, 5-сатыда 3 туынды түбір сөз жасалған. 6-саты бұл ұяларда мүлдем болған жоқ.

Бұл талдау ең өнімді саты - екінші саты екенін көрсетті. Екінші орында 1-саты өнімділік көрсетті. Үшінші орынға 3-саты 199 туынды сөзбен шықты. Қалған сатылардың бәрі өнімсіз екені анықталды.

Сөзжасамдық ұялардың екінші және бірінші мен 3-сатылары туынды сөздердің жасалатын негізгі орны екені байқалды. Бұл 60 сөзжасам-

дық ұяның сатыларының көрсеткіші негізіндегі қорытынды. Тілдегі барлық сөзжасамдық ұя тексерілгенде, қандай нәтиже берері белгісіз, бірақ 2-сатының туынды сөз жасаудағы өнімділігі жоғары екені ерекше аңғарылады.

Сөзжасамдық сатының тік қатардағы құрамындағы туынды сөздер негізінен түрлі сөз табына қатысты туынды түбір сөздерден құралады. Мысалы, *аз* деген салт етістік негізіндегі сөзжасамдық ұяны алсақ, оның құрамындағы туынды сөздер зат есім, сын есім, етістік сөз таптарына жаталаы.

Мысалға етістік және есім негізіндегі сөзжасамдық ұялар келтірілді. Екі ұядағы сатылардағы туындылардың түп негізі екі сөз табына қатыстылығына қарамастан, олардан туынды зат есімдер де, туынды етістіктер де, туынды сын есімдер де жасалған. Бұл бір сөзден түрлі сөз табына қатысты туындылардың жасалатынына байланысты. Тілде зат есім сөздерден етістік, сын есім, үстеу сөздер жасала беретіні, сол сияқты етістіктен зат есім, сын есімдер де жасала беретіні белгілі. Ол заңдылықты мысалға келтірілген сөзжасамдық ұялар да анықтады. Олай болса, сөзжасамдық ұя-

1-саты	2-саты	3-саты
<i>аздыр</i> - етістік	<i>аздырыл</i> - етістік <i>аздырт</i> - етістік <i>аздырушы</i> - зат есім	
<i>азғын</i> - сын есім	<i>азғындық</i> - зат есім <i>азғында</i> - етістік	<i>азғындан</i> - етістік <i>азғындат</i> - етістік
<i>азғыр</i> - етістік	<i>азғырушы</i> - зат есім <i>азғырыл</i> - етістік <i>азғырғыш</i> - сын есім	

Келесі мысалға *заң* деген есім түп негізден жасалған сөзжасамдық ұяны келтірейік.

1-саты	2-саты	3-саты
<i>заңгер</i> - зат есім <i>заңдан</i> - етістік <i>заңдас</i> - етістік <i>заңды</i> - сын есім <i>заңдық</i> - сын есім <i>заңқой</i> - сын есім <i>заңсыз</i> - сын есім <i>заңшы</i> - зат есім <i>заңшыл</i> - сын есім	<i>заңгерлік</i> - зат есім <i>заңдандыр</i> - етістік <i>заңдастыр</i> - етістік <i>заңдастырыл</i> - етістік <i>заңдылық</i> - зат есім <i>заңқойлық</i> - зат есім <i>заңсыздан</i> - етістік <i>заңсыздық</i> - зат есім <i>заңшылдық</i> - зат есім	<i>заңдандырушы</i> - зат есім <i>заңдастырушы</i> - зат есім <i>заңсыздандыр</i> - етістік

лардың сатыларында түрлі сөз тобына қатысты туынды түбірлердің жасалуы орынды.

3. ЗАТ ЕСІМДЕР СӨЗЖАСАМЫ*

Зат есімдер сөзжасамы көп жағдайда тұтас сөзжасам жүйесімен астас, негіздес болып келеді. Сондықтан ол әдетте сол тұтас сөзжасам жүйесі тұрғысынан қарастырылады.

Мағынасы мен дыбысталуы басқа біртүбірлес лексемалармен байланысты сөздер сөзжасамның зерттеу объектісі болып табылады. Сөзжасам демек сөз құрылымына тікелей қатысты.

Сөздің құрылымы әдетте оның пайда болуының және содан былайғы жерде ұзақ өмір сүруінің заттық қабықшасы (“материальная оболочка”) болып табылады. Сондықтан ол (сөз құрылымы) сөздің бастапқы қалпының, шығу тегінің, даму ерекшелігінің бүгінге көлеңкелі, көмескі ізін азды-көпті сақтап қалады. Бұл жерде айтайық деп отырғанымыз: сөз құрылымын анықтауға морфологияның да, сөзжасамның да - екеуінің бірдей қатыстылығы. Мәселе сөз құрылымын анықтауда сөзжасам жұрнақтары мен түбірлердің өзара байланыстылығы туралы. Бұдан да нақтырақ айтсақ: сөзжасам жұрнақтары мен түбірлерде бірінің табиғатын бірі ашатын, бір-біріне “сәулесін түсіретін” қабілет, қасиет бар. Яғни түбірдің тілдік табиғатын, сөзжасамдық қызметін анықтау, жалпы түбір мәселесін, оның дәлді құрамын айқындау белгілі дәрежеде оған жалғанатын жұрнақтармен байланысты болса, соңғылардың (жұрнақтардың) нақты өзіндік болмысы керісінше түбірмен тығыз байланыста ашылмақ. Бұл айтылғандардан сөзжасамның бір жағы айналып келіп, тіл білімінде ғылымдық жақтан әлі де болса тереңірек негіздей түсуді керек ететін, әлі де болса нақтылай түсетін біраз тұстары бар сөз таптары мәселесіне соғатынын көруге болады. Ал бұл сөз таптарының өзара жігін, жымын ашып көрсетудің, бір-бірінен ажыратудың, айыра қараудың ең басты, басқы белгісі - жалпы категориялық мағына екені мәлім. Мұны және жеке бір сөздің лексикалық семантикасымен шатастыруға болмайды. Өйткені лингвистикалық әдебиеттерде бұл екі сала мағынаны бір-бірінен даралай, саралай қарайды. Мыса-

лы “сөздің грамматикалық тұлғалар арқылы түрленуі нәтижесінде пайда болатын мағына” жалпы-категориялық мағына деп танылса, лексикалық мағына деп әдетте сөздерді бір-бірінен ажыратып тұратын, яғни сөздің әуелгі тума мағынасын айтады. Жалпы қандай да бір сөздің жұрнақ қабылдау, яғни сөзжасамдық формант тандау, талғау қабілеті көп жағдайда оның осы жеке өзінің лексикалық мағынасына қарай анықталады. Осы жерде бір нақтылай кететін нәрсе, сөзжасамдық жұрнақ мәселесі. Сөзжасамдық формант деп әдетте тұрпаты мен семантикасы жағынан ең кіші сөзжасамдық құралды айтады (бұл мәселе кейін кеңірек сөз болады). Түбір мен жұрнақ, яғни сөзжасамдық формант арасындағы жоғарыда айтылған екі жақты тәуелділік (шарттылық), яғни олардың өзара ортақ сөзжасамдық функциясынан туған, бірін бірі айқындағыштық, бірін бірі танытқыштық ерекшелігі міне осы жерден келіп шығады**.

Тілдің тіркеуіштік және тұрақтандырушы функциясы сөзжасамның өзіндік аса күрделі жүйесіне сәйкес ерекше грамматикалық мағыналарды қалыптастырады. Сөзжасам түрлерінің ішінде дериват мысалы орасан бай аффикстер қорының көмегімен жаңа сөздер қатарын жасақтайтын ең универсал грамматикалық тәсіл болып табылады. Ал өзіне бөлек мұндай сөзжасамдық жұрнақтар жүйесі барлық дерлік сөз таптарына тән. Тіл өзі қаншалықты көне болса, оның сөзжасам жүйесі де өзінің лингвистикалық табиғаты жағынан соншалықты ескілікті құбылыс саналады. Әдетте сөзжасам жұрнақтарының зерттеушіні көп ретте өзінің сол тарихтық тегіне тарта беретіні де сірә содан болу керек.

Түркі тілдерінің жалпы сөзжасам жүйесі бір негізді, тұтастай алғанда өзара ұқсас болып келеді. Олардың бір-бірімен ортақ тұстары өте көп.

Өзге тіл деңгейлеріндегі сияқты, сөзжасамдағы ортақтықтар да олардың сол бір тектілігінде, туыс тілдер екендігінде жатыр. Ондай тілдердің бірінің сөзжасам мәселесін екіншісінің материалынсыз сипаттаудан көп жағдайда едәуір жадағайлық сезіліп тұрады. Жалпы қандай да бір сөзжасам мәселесіне жеке бір ғана тіл аясы “тарлық” қылатындай көрінетіні міне көп жағдайда осы жерден келіп шығады. Бірақ бұл бір қарағанда

* Сөзжасам терминін ұсынған - осы жолдардың авторы.

** “Единственным и истинным объектом лингвистики является язык, рассматриваемый в самом себе и для себя” дегенді Фердинанд де Соссюр, сірә, тіл құбылыстарының бір-бірін тілдің өз ішіндегі осы сипаттағыштық қызметінен шығарып айтқан болу керек. Озінің “Курс общей лингвистики” дейтін атақты еңбегін де ол осылай, осы сөздермен аяқтаған.

дәстүрлі синхрондық талдау талабынан шығып кеткендік сияқты көрінуі мүмкін. Шын мәнінде әсте де олай емес. Жалпы сөзжасамның өзіндік лингвистикалық табиғатына бір сәт тереңірек ден қойып, әрірек үніле түссек әсте де олай болмай шығады. Себебі сөзжасам жалпы өзінің тілдік тіні, жаралысы (генезисі) жағынан синхрониялық “ая-кемерден”, яғни синхрондық “жағадан асық, асып жатқан жүйе”.

Шынында да, сөзжасамның лингвистикалық табиғатын нақты да неғұрлым терең танудың ең негізгі алғы шарты - түбір мен жұрнақтың құрамын анықтау. Мәселе бұл арада сөзжасамның негізгі осы екі компонентінің құрамын нақтылай түсуге, олардың арасындағы өзара тығыз тілдік байланысты, тарихи тамырластықты ескерудің маңыздылығына баса көңіл аудару туралы болып отыр. Дәлірек айтқанда: түбірлер құрамының қаншалықты толық ашылуы сөзжасам жұрнақтарының құрамы қай дәрежеде, қандай көлемде анықтығына тәуелді, керісінше де дәл осылай (яғни сөзжасам жұрнақтарының құрамының нақты анықтық деңгейі түбірлер құрамының анықтық аумағына сәйкес нақтыланады). Демек жеке түбірлер мен жеке жұрнақтар бірінің лингвистикалық табиғатын (яғни өзді-өзінің құрамдық жағын) бірі анықтай алатындай қабілетпен, яғни “өз іш жүйесімен” ерекшеленеді. Рас бұл ретте тек бір тілдің “өз іші” материалдарынан гөрі, өзге туыс тіл материалдары көбірек қолғабыстық қызмет атқарады. Мына бір тіл деректерін салыстырудан мысалы соны аңғаруға болады:

шапшаң (тез, дереу, жылдам) - *шаб* (МК) тез, дарров;

шыбық (прут, пруттик, хворостина) - *чіб* (МК): чибик, инчичка новда (прут);

тамұқ (тозақ: тозақ көрген отпен ойнайды) - *там* (қазіргі моңғол тілінде) ад, преисподняя; *тамшы* (бір тамшы су) - *там* (хакас) капля; *тұңғыш* (бірінші туған бала, тұла бойы тұңғышы) - *тун* первенец, *тун бала* первый ребенок, *тун ипчі* женщина еще не родившая (хакас, қырғыз);

ұлтан (етіктің, жалпы аяқ киімнің қалың табан былғарысы: кісі елінде сұлтан болғанша өз елінде ұлтан бол) - *ул* (моңғол тілінде) подошва, подметка (ССТМЯ);

тұлпар миф. крылатый конь, боевой конь, выдающийся скакун: тұлпар - тұсында, күлік - күнінде (мәтел) - *tul* (чағ., тағы кейбір түркі тілдерінде) конь, снаряженный для боя;

қойын (қуанышы қойнына сыймай) - *кој* пазуха халата (МК);

орын (отырған қыз орын табар) - *ор* (моңғол тілінде) вакансия, место;

қоныш (қолынан келген қонышынан басар - мәтел) - *көн* (leb.) голенище (РСл.);

қатын (қатын алсаң отын ал (мәтел) - тел., куманд., хақ., шор *кат~хат* женщина, баба (РСл, т.б.).

Аңыз (орылған егістік, шабындық орны; жнивьё, стерня) - *аң*: малды аңға жай (диалект);

Кемер: *Қаракемер* (гидроним) - тув. *кем.:* *Қара-кем* черная река; *Жети-Кем* семиречье (тува);

тақыр (шөп шықпаған жалаңаш, тықыр жер) - *тах* голый, *тах чир* голая земля (хакас);

сайын (шылау: Жатқан сайын ұйқыға Дұға оқушы ем, шошынып - Абай.) - *сай* (послелог: каждый, всякий), хакас;

торпақ (бұзау мағынасындағы) - *тор* теле-нок (шағатай тілінде), РСл;

қошқар (қойдың еркегі, производитель) - оғу-дар қойдың мұндай еркегін *қоч* дейді (МК, РСл.)

осек (сплетня) - *өс* молва, толки, пересуды (як.);

талақ: көкбауыр (талағы тарс айырылды) - *тал* селезенка: *tal aғроғ sonir* боль в селезенке затихнет (ДТС);

құрдас (бір жылда туған, жасты адамдар) - *кур*: бир кур балдар дети - сверстники (ЮСл);

көлік (ат, түйе, есек сияқты мініс малы) - *кол* верховое животное (Катанов);

мақтау (марапаттау мәнді сөз) - *мах* хвала (хакас);

мысық~мышық (үй қаюаны) - *mis* (arg musuk кочка) Мукаддимат аль-адаб.

кіндік (адам, мал т.б. ағзасы) - *кі~кін пун* (Мукаддимат аль-адаб).

Мұндай тілдік деректердің әлі де талайын келтіруге болады. Бірақ түбірлер мен сөзжасам жұрнақтарының құрамын анықтауда ұстанған өз тұрғымыздың (позициямыздың) негізділігін көрсетуге осы салыстырулар да жеткілікті деп ойлаймыз. Бұл келтірілген лингвистикалық айғақ-деректер “сөз сөзге жарығын да түсіреді” дейтін

* “Орыс грамматикасы” авторларының “всякая синхрония в языке существует только как условно ограниченный момент развития и соответственно должна рассматриваться как синхрония динамическая” деген пікірлері де оның осы сипатынан келіп шыққан.

пікірдің тағы бір жарқын мысалы бола алады. Өйткені бұл жерде “сөздің сөзге жарығы” түбірлердің нақты құрамын анықтауға септігін тигізіп тұр. Түбірлердің бұлай құрамын анықтау өз кезегінде белгілі дәрежеде сөзжасам жұрнақтарының құрамын анықтау болып табылады. Ал түбірлер мен жұрнақтардың осы тектік жағының, генезисінің неғұрлым толығырақ ашылуы, неғұрлым нақтылана түсуі жалпы сөзжасам жүйесінің өзге тіл деңгейлерімен ара-қатынасын, айырым-белгісін соғұрлым тереңірек танып білуге мүмкіндік береді. Бұлай етпеген жағдайда, яғни сөзжасам жұрнақтары мен түбірлердің құрамын анықтауға жете зер салмайынша сөзжасамның дербес тіл деңгейі ретіндегі өзіндік статусы, лингвистикалық табиғаты жөніндегі ұғым-түсінігіміз қалағанымыздай толық болмай шығады. Осы орайда бір көңіл аударатын нәрсе: түбірлер мен сөзжасам жұрнақтарының құрам-құрылымын бұлай “сөзге сөздің жарығы” арқылы анықтау жоғарыда аталған динамикалық синхрониядан (“синхрония динамическая” дегеннен) еш шалғай кетпейді.

Міне, бұл жерде біз тағы да сол “тілді тілдің өзі арқылы зерттеу” мәселесіне тап болып отырмыз. Түбірлер мен жеке сөзжасам жұрнақтарының құрамын неғұрлым тереңірек танып білуде пайдаланылатын бұл “тілді тілдің өзі арқылы зерттеу” әдісінің жолы бір бұл ғана емес, мысалы мынадай да жолы бар: бірінші бөлігі (бас жағы) немесе аяқ шені дыбыстық жағынан құрамдас, бірдей болып келетін (екі-үштен кем емес) белгілі бір сөздер тобын өзара туыс түркі тілдерінің қай-қайсысынан да, сол қатарда қазақ тілінен де кездестіруге болады. Бұл ретте әуелі мына бір сөйлемге көңіл аударып көрелік.

Қоқан хандығының қолында мерт болған Тәтиді оның елі “халқына тұлға, өзенге жылға, тауға өлке, елге серке болған еді” деп жоқтайды (Қоңыратбаев).

Осындағы *тұлға, жылға, өлке, серке* сөздерінің соңғы бөлігіндегі **қатаң жүйелілік, біркелкілік**, яғни оларды тұйықтап тұрған *-ға, -ке* форманттарының дыбыстық жағынан бір тұрпаттылығы ең алдымен бұл лексемалардың дериваттық жағына, туындылық сипатына меңзейді. Ойымызды нақтылай, тарата түссек: жоғарыдағы соншалықты көрінеу жүйелілік бүгінде тілімізде жеке кездеспегенмен, семантикасы да күнгірт көмескі тартқанымен, аталмыш лексикалық единицалардағы *тұл, жыл, ол, сер* бөліктерінің бір кезде өз алдына түбірлік статусы бар, дербес

қолданымды сөз болғандығына, ал олардың соның ала тұрған тиянақтаушы *-ға, -ке* форманттарының сөзжасамдық қызметтегі арнайы элементтер екендігіне тікелей тұспалдай көрінеді. Әдетте тіл - тілдің қай-қайсысында да аяқ шені бұлай жүйелі түрде біркелкі болып келетін сөздер қатарының азды-көпті орын алуы жалпы заңды құбылыс. Себебі тілдің өз негізінде біртұтас жүйе екені белгілі. Біз сөз етіп отырған жеке сөз бойындағы жүйелілік те сол тіл жүйелілігінен келіп шығады. Сондықтан жалпы сөзжасам проблемасының лингвистикалық табиғатын жете танудың ең бір маңызды мұрындық шарты түбірлер құрамын анықтау болса, біз сөз етіп отырған жеке сөз архитектуроникасына қатысты **жүйелілік** (системность) сол түбірлердің (семантикалық жағының бірсыпыра ретте көмескі болып жататынына қарамастан) құрамын анықтаудағы, “тілді тілдің өзі арқылы зерттеудегі” шешуші факторлардың бірі болып табылады. Бұл жерде тағы мына мәселе есте болу керек: аяқ шені дыбыстық құрамы жағынан бұлай жүйелі түрде біркелкі болып келетін мұндай сөздердің кейбір түбір бөліктерінің семантикасы айқын ашық болып келеді, ал күнгірттік қалған бірен-саранының ғана мағынасынан байқалады. Бұл екі жақты сипатты, мысалы, мына сияқты сөз қатарларынан көруге болады:

<i>қаймал (інген)</i>	<i>бөтеке</i>	<i>шардақ</i>	<i>құтпан</i>
<i>қатамал</i>	<i>бетеге</i>	<i>құндақ</i>	<i>келепан</i>
<i>боймал</i>	<i>көсеге</i>	<i>бойдақ</i>	<i>оқпан</i>
<i>саумал</i>	<i>дөдеге</i>	<i>сойдақ</i>	<i>сақпан</i>
<i>жорамал < жорымал</i>	<i>кежеге</i>	<i>жайдақ</i>	<i>кетпен</i>
<i>түнемел</i>	<i>томаға</i>	<i>Ардақ</i>	<i>сүймен</i>
<i>татымал</i>	<i>босаға</i>	<i>(антр.)</i>	<i>сайман</i>
		<i>санлақ</i>	
		<i>көнтөк</i>	
		<i>тентек</i>	
		<i>жантақ</i>	
		<i>боздақ</i>	

Осы төрт бөлек лексикалық қатардағы сөздердің қай-қайсысы да жүйелі түрде бір келкі дыбыстық құрамда, мысалы, бірінші бағандағы сөздер - *-мал(-мел)*, екінші қатардағылар - *-аға(-еге)*, бұған тете тұрғандар - *-дақ(-дек)*, *-тақ(-тек)*, ал соңғы топтағылар - *-пан(-пен)*, *-ман(-мен)* форманттарына аяқталған. Ілгеріде айтылғандай, бұл жүйелілік, біркелкілік түбірлер мен оларға жалғанатын жұрнақтар арасындағы сөзжасамдық байланыстан, яғни олардың бірін бірі анықтығыштық ара қызметінен келіп шыққан.

Дыбыстық бұл бір типтілік, жүйелілік ең алдымен төрт бағандағы сөздердің жалпы қай-қайсысының да дериваттық сипатын, туындылығын, ең бастысы олардың түбірлік бөлігін анықтайтын бірден-бір шешуші, теориялық негіз болып табылады.

Рас, бұл түбірлік бөліктер өздерінің әуелгі тек-тұрпаты, семантикасы жағынан бір қатарда тұрған жоқ. Іштерінде ұғымы анық, айқындарымен қоса, мағынасы көмескі тартқандары бірқыдыру. Аз сөз енді соңғы тарап түбірлер тұрасында. Мысалы, тіліміздегі *қаймал інген* деген тіркес “Мукалдиматта” “верблюдица, стремившаяся к самцу” деп түсіндірілген. Бұл келтірілген дерекке қосымша ретінде тағы қазақтар арасында түйеге байланысты айтылатын *қаю, қайымау* сөздерін де атауға болады. Әдетте қайыған інген қасына таяп біреу келгенде, үстіне мінгенде бір орында байыз тауып тұра алмайды. Қозғалақтап, лыпыл қағып, бұлтындай береді. (Әдетте теңізде тұрған қайық пен жаңа ғана қайнап піскен сүт бетінде енді-енді тұра бастаған қаймақтың да солай қозғалақшып, қалтылдай беретіні кімге боса да жалпы таныс көрініс). Осы тұрғыдан алғанда *қаймал інген* тіркесіндегі *қаймал* сыңарын *қайық* және *қаймақ* лексемаларымен де түбірлестіруге болатын сияқты. Сол сияқты жоғарыдағы *қатамал* дериваты да “Мукалдиматта” “сушеное” мағынасында түсіндірілген. Ал “*бојмал ат* буйында оқи бор ат лошадь с белой отметиной на шее” (МК. Индекс). Бірінші қатардағы қалған дериваттық түбір бөлігінің семантикасы салыстырма дерексіз-ақ түсінікті. Екінші қатардағылардың кейбірінің түбір бөліктері де солай түсінікті деуге болады. Мысалы *жемсау* сөзімен мәндес *бет(еке), бет(еге), дөд(еге), том(аға)*. Себебі, моңғол тілінде *дээд* “верхний” ұғымын білдіреді, ал *том* түбірі сірә тіліміздегі *тұмсық, тұмылдырық, тұмау* деген-

дермен негіздес болу керек. Ал үшінші, төртінші бағандардағы сөз қатарларының көпшілігінің түбір бөліктері семантикалық жақтан жете анық емес. Бірақ бұл олардың түбірлік статусын жоққа шығара алмайды. Себебі бұл жерде, жоғарыда айтқанымыздай, төрт бағандағы сөздердің қай-қайсысының да түбір бөлігін анықтаудағы (белгілеудегі) негізгі шешуші фактор олардың аяқ бөлігінің дыбыстық құрамы жағынан жүйелі түрдегі біркелкілігі болып табылады. Бұл да міне айналып келіп “тілді тілдің өзі арқылы”, яғни тілдің өз жүйесіне сүйене отырып зерттеудің жалпы қай тілде де түбірлер құрамын тікелей сөзжасамдық жұрнақтар негізінде анықтаудың ең бір сенімді, ұтымды жолы болып табылады.

Сөйтіп, жоғарыдағы шағын талдаудан жеке сөз қатарларының аяқ бөлігінің (жұрнақтық жағының) дыбыстық құрамының жүйелі түрдегі біркелкілігі олардың басқы, түбір бөлігін анықтаудың бір маңызды құралы екенін айқын көруге болады. Дыбыстық құрамы жағынан мұндай біркелкілік, жүйелілік түркі сөздерінің сондай-ақ бас тұсына да тән. Мәселе бұл арада таза сандық көлемі жағынан әртүрлі лексемалар тізбегінің бас бөлігінің дыбыстық біркелкілігі, бір типтілігі арқылы олардың (яғни жеке сөздер тобының) жұрнақтық бөлігінің құрамын анықтауға болатындығы туралы айтылып отыр. Шынында да түркі тілдерінің жалпы қай-қайсысында да тек аяқ шені емес, бас бөлігі де солай дыбыстық жағынан жүйелі түрде біркелкі болып келетін сөздер қатары да аз емес. Сірә, бұл көбінесе тілдің жалғамалылық табиғатынан, яғни жеке түбірлердің сөзжасамдық қызметі мен жұрнақтар жүйесінің сөзжасамдық қызметінің ішкі ара-байланысынан, өзара шарттастығынан туатын ерекшелік болса керек. Бас бөлігі дыбыстық жақтан жүйелі түрде біркелкі мұндай сөздер қатары қазақ тілінде де бірталай. Кейбірі, мысалы, мына сияқтылар:

<i>аңсызда</i>	<i>жұрдай</i>
<i>аңқау</i>	<i>жұрын</i>
<i>аңғал</i>	<i>жұрнақ</i>
<i>аңғар</i>	<i>жұрқа (жүн-жұрқа)</i>
<i>анды</i>	
<i>тиңысы</i>	
<i>аңыру</i>	
<i>аңқшо(аузы)</i>	
<i>жылға</i>	<i>жаңсақ</i>
<i>жылған</i>	<i>жаңылу</i>
<i>жылым</i>	<i>жаңғалақ</i>

<i>киян:</i> ит арқасы қиянда	<i>арық</i>
<i>қиыр:</i> қиыр жайлап, шет қону	<i>арна</i>
	<i>арал</i>
	<i>Арыс (топ)</i>
<i>енку:</i> еңку-еңку жер шалмай	
<i>еңіс</i>	<i>жорға</i>
<i>еңкек</i>	<i>жорту</i>
<i>еңкіш</i>	<i>жорық</i>
<i>еңкей</i>	

Бұл келтірілген сегіз топ сөз қатарларында жүйелі түрдегі дыбыстық біркелкілік ілгерідегідей олардың аяқ тұсынан емес, алдыңғы бөлігінен айқын көрінеді. Жүйелі түрдегі бұл дыбыстық біркелкілік те - тұтастай алғанда ең алдымен әлгі сегіз бағандағы әрбір лексеманың дериваттығына, сонымен қоса басқы *аң, жұр, қый, ар, жыл, жаң, ең, жор* бөліктерінің түбір статусындағы сөз екендіктеріне айғақ, дәлел. Бұл жерде жеке сөздердің осылай түбір бөлігін анықтау арқылы белгілі дәрежеде сөзжасам форманттарының құрамы жайлы ұғым-түсінігіміздің де кенейе түсетіні көңіл аударарды.

Жоғарыда аталған түрлі түбірлер семантикалық жақтан, әрине, бір дәрежеде емес. Кейбірінің мағынасы күнгірт тартқан. Соларды біршама нақтылай және толығырақ аша түсетін салыстырма деректерді тағы да сол, Фердинанд де Соссюрше айтқанда: *өз ішінде және өзі үшін* (“рассматриваемый в самом себе и для себя”) зерттелетін тілдің өз бойынан кездестіруге болады. Мысалы, жоғарыдағы *жұрын* лексемасындағы *жұр* түбірінің лингвистикалық табиғатын тереңірек тануда әсіресе мына бір тіл деректері ерекше көңіл аударарды. *Қазықұрттың басында кеме қалған, Ол әулие болмаса неден қалған? Жұрын тоқты үстінде жатып қалып, Шопаната жануар содан қалған* (Фольклор); *Өзін жұртта қалған бұралқы жұрын күшіктей көріп, көзінің жасы көл болып аға берді, аға берді* (“Ақбілек”); *Жұрын*. Тігілген киімдерден қалған не иленген терінің қиындысы: шап, бақай, мойын терілері. *Жұрын бөрік* - жұрыннан тігілген бөрік; *жұрын ішік* - жұрыннан тігілген ішік (ҚТС, бір томдық). Бұл келтірілген деректерден бірінші бағандағы *жұрын, жұрқа* (*жүн-жұрқа* дегендегі), *жұрнақ* (?), *жұрдай* дериваттарының бәріне тән, ортақ семантикасы “қалдық, қалған” деген мағынаға келіп тіреледі. Осы жерде тілімізде (түркологияда) ертеден айтылып келе жатқан “қазіргі жұрнақтар деп жүргеніміз әуелде толық мәнді, өз алдына дербес сөз болған” деген пікірдің ақиқаттылығына осы *жұрнақ, жұрын, жұрқа, жұрдай* сөздері де біршама көз жеткізе түскендей. Өйткені *жұрнақта, жұрын да, жұрқа да, жұрдай да* әуелі бір тұтас, бүтін заттың “қалдығы, қалындысы” дегенді білдіріп тұрған жоқ па.

Сол сияқты жоғарыдағы *қыйыр* мен *қыйан* (*ит арқасы қыйанда* дегендегі) сөздерінің де өзара ортақ этимонды лексемалар екендігіне, яғни екеуінің де бір *қый* түбірінен тарап, дериваттық сипат алғандығына тек олардың бас бөліктерінің

жүйелі түрдегі дыбыстық біркелкілігі ғана емес, мұның сыртында кейбір өзге түркі тілдерінің деректері де дәлел-айғақ бола алады, мысалы: *як. кыјаар* [ср. кыј] неизвестная даль, окраина; *кыј* [ср. тюрк. кыј] дальный (ПСл.). Сондай-ақ, Махамбеттің “Еңку-еңку жер шалмай” дейтін өлең жолындағы *еңку* сөзінің де солай *еніс, еңкек, еңкіш* лексемаларымен құрылымдас, ортақ түбірлі туылымдар екеніне ноғай тілінің мысалы мына бір дерегі де көз жеткізе түседі: *энькев* покатый, наклонный; *склон, уклон, покатошь*. Осы жерде тағы бірінші бағандағы *аңсыз* дериватына қатысты тіліміздегі мына бір дерек те көңіл аударарды: *Аңсызда ұстап алып өлтіргенің Ісі емес жақсы адамның, мұны да біл* (Тарихи жырлар). Осындағы *аңсызда* лексеманың шынында да дериват сөз екені (*аң* түбірінен жасалғаны) әсіресе ондағы *-сыз* болымсыздық формантының өзінен-ақ жай көзге де соншалықты айқын сезіледі. Бірақ сөзжасам жұрнақтарының бұлай құрам-құрылымын анықтауда сөздің таза сырт тұрпатына, әсіресе әлгідей болымсыздық мәніндегі *-сыз* көрсеткішіне бұлай “күлай кету” кейде ақиқаттан қиыс әкетуі мүмкін. Мысалы, тілімізде жаңағы *аңсыз* дериватымен тұлғалас *жансыз* сияқты да жекелеген сөздер бар. Шын мәнінде соңғы лексемадағы *-сыз* бен жоғарыдағы *-сыз* екеуі екі басқа тіл құбылыстары, яғни бұл жерде екеуінің арасындағы тек сырт ұқсастық қана бар. Түптеп келгенде “шпион, тыңшы” мағынасында қолданылатын бұл *жансыз* лексемасы тіліміздегі бөтен текті кірме сөздер қатарына жататын сияқты. Мына бір деректерден, мысалы, сондай ой туады. Ма. Г'АНСИ ~ *g'анси* (<кит.) шпион; кит. *цзяньси* шпион (ССТМЯ); *жансыз II ар.* соглядатай, шпион, доносчик (ЮСл.).

Сөзжасамның жалпы лингвистикалық табиғатын тану проблемасына тікелей қатысты сөзжасам жұрнақтары арқылы түбірлер құрамын, түбірлер құрамы арқылы сөзжасам жұрнақтарының құрамын неғұрлым нақтырақ, кеңірек ашудың кейбір теориялық алғы шарттары міне осындай. Түбірлер мен дериваттық жұрнақтардың сөзжасамдық арақатынасы мәселесіне байланысты жоғарыдағы лингвистикалық талдауларымыз негізінен “тілді тілдің өзі арқылы зерттеу әдісіне” құрылды. Себебі тілде әлі де Фердинанд де Соссюр айтқан “өз ішілік”, “өз үшіндік”, бізге құпия ақтандақтар аз емес. Бір ғажабы: соларды анықтайтын кілт-жолдың да қадім заманнан тілдің өз жүйесінде жатқаны. Демек, түбірлер мен жұрнақтар құрамының неғұрлым жүйелірек, толығырақ

ашылуы түптеп келгенде тұтас сөзжасамның лингвистикалық табиғатын, тілдің бір иерархиялық деңгейі ретіндегі дербестігін, статусын соғұрлым тереңірек танып, соғұрлым тереңірек аша түсудің бірден-бір маңызды шарты болып табылады. Динамикалық синхронияға барудың қажеттігі міне осы жерден, тіл жүйесінің жалпы іш бірлігінен, тұтастығынан келіп шығады.

Зат есімдер сөзжасамын да синтетикалық, аналитикалық және субстантивация тәсілдері құрайды. Осы жасалу тәсілдеріне қарай оларды негізгі үш түрге бөліп қарауға болады. Мысалы, синтетикалық тәсіл-туынды зат есімдерді, аналитикалық тәсіл - күрделі зат есімдерді, ал субстантивация тәсілі - субстансивті зат есімдерді жасайды. Демек, зат есімдердің құрылымдық сипаты мен олардың жасалу тәсілдері арасында өзара тәуелділік, өзара шарттылық бар. Бұдан да нақтылай түссек: зат есімдердің негізгі құрылымдық типтері олардың жасалу тәсілдерін (немесе жасалу тәсілдері олардың құрылымдық типтерін) анықтайды, белгілейді. Яғни зат есімдер сөзжасамның синтетикалық, аналитикалық және субстантивация тәсілдері бар деп жай санамалап шығудың сыртында олардың құрылымдық типтері (туынды зат есімдер; күрделі зат есімдер, субстансивті зат есімдер) туралы да түсінік жатады, яғни оның (зат есімдер сөзжасамының) осы бір объективтік сипаты ойда тұрады. Бұл жерде бір ескерте кететін нәрсе: субстансивті зат есімдер өзінің құрылымы жөнінен түбір де, туынды да, күрделі де болып келеді.

3.1. ЖҰРНАҚТЫ ЗАТ ЕСІМДЕР

Қазақ тілінде есім негізді зат атаулары, етістік негізді зат атаулары сияқты, жұрнақ арқылы одағайдан өзге сөзтаптарының бәрінен жасалады. Бұл ретте өздерінің сөзжасамдық әлуеті (потенциясы) жағынан, басқа есім тектілерге қарағанда, әсіресе зат атауларына жалғанатын жұрнақтар өте өнімді де және барынша әртарап болып келеді. Айтып отырғанымыз: негіз сөздердің де, сондай-ақ жұрнақтардың да сөзжасамдық қатынасқа түсу, яғни дериваттық дәрежесінің жалпы әркелкі болатыны.

-лық//лік, -дық//дік, -тық//тік. Сөзжасамдық бұл формант түрік тілдерінің жалпы қайқайсысында да ең өнімді жұрнақ саналады. Ғалымдар оны түрліше этимологиялайды: біреулер *іл* етістігінен, ал көп зерттеушілер “лық толы” дегендегі *лық* сөзінен шығарады. Сөзжасамдық

бұл формант әсіресе туа түбір зат атауларына көбірек жалғанады. Ал бұл туа түбір атаулар *семантикалық жақтан* әр тарап болып келеді. Соған байланысты олардан жасалған туынды зат атауларының мағыналары да түрлі-түрлі.

Тіліміздегі туа түбір зат атауларына *-лық//лік, -дық//дік, -тық//тік* форманты жалғану арқылы жасалған туынды түбір зат атауларының бірқыдыруын *этномәдени лексикаға қатысты* сөздер құрайды. Ондай туынды зат атауларына *ақтық* < ақ+тық, *айттық* < айт+тық, *ерулік* < еру+лік, *базарлық* < базар+лық, *көрімдік* < көрім+дік, осылар іспеттес өзге де біраз салттық терминдерді жатқызуға болады. Дәл осы құрылымда қалыптасқан туынды зат атауларының ендігі бір үлкен *семантикалық тобы* халқымыздың байырғы заттық мәдениетімен, өзіндік тұрмыс жағдайымен байланысты. Олар, мысалы мына сияқтылар: *қарықтық* < қарық+тық (халықтық медицинада қан қысымы жоғары адамның басынан қан соратын ескілікті құрал), *қаламдық* < қалам+дық (уықтың жоғары ұшы сұғылатын шанырақ тесіктері), *бауырлық* < бауыр+лық (дәртені көтеріп байлайтын бауыр айыл), *желдік* < жел+дік, *терлік* < тер+лік (терлігі майдай ерімей), *оқтық* < оқ+тық: Аяғына салғаны Оқтығы таза күдерді (фольклор), *асмалдық* < асмал+дық (әшекейлі түйе жабуы, түйе кежімі), *түндік* < түн+дік (=түнлік < түн+лік), *туырлық* < туыр (< тоор)+лық, *еттік* < ет+тік, *отындық* < отын+дық, *жіптік* < жіп+тік, *істік* < іс+тік т.б.

Жоғарыда келтірілген *жіптік* туынды зат атауын зергерлікпен, жалпы қолөнер кәсібімен айналасытан шеберлер жағы болмаса, бүгінде көп адамдар, әсіресе кейінгі буын өкілдері біле бермейді. *Тұрмандарға қақталған күміс өрнектердің су сызықтарына сары жез, қызыл мыс жіптіктер де пайдаланылады* (Қасиманов). Тіліміздегі белгілі *жіптіктей* туынды сын атауы осы *жіптік* туынды зат атауынан жасалған.

Туа түбір зат атауларынан сөзжасамдық осы формант арқылы жасалған туынды зат атауларының түрлі тағам және осімдік түрлерімен, сондай-ақ жәндік, жануарлармен байланысты *дамағыналық* топтары бар: *қорықтық* < қорық+тық, *еңлік* < ең+лік, *қымыздық* < қымыз+дық, *уыздық* < уыз+дық, *инелік* < ине+лік, *жандық* < жан+дық, тағы осы сияқтылар.

Қазақстанның жалпы бар аймағында емес, кейбір өңірінде ғана айтылатын соңғы *жандық* туынды зат атауы мен тіліміздегі белгілі *жәндік* есімі - өзара ортақ эпонимді дериваттар. Екеуінің

де семантикасы “ұсақ” дегенге саяды. *Жандық* деп малдың ұсағын айтса, *жәндік* деп мақұлықтың ұсағын айтады. *Қондыбаев басқаратын фермада бір мың бастай жандық кем шықты* (Шүкіров).

Туа түбір зат атауларынан сөзжасамдық *-лық// -лік, -дық// -дік, -тық// -тік* форманты арқылы жасалған мына бір туынды зат атаулары адамның не малдың белгілі бір дене мүшелерімен, орын, мекен мағынасымен байланысты болып келеді. Мысалы қазақ тілінде ондай біраз сөз бар: *қолтық* < қол+тық, *кекілдік* < кекіл+дік, *иектік* < иек+тік, *шоқтық* < шоқ+тық, *шашалық* < шаша+лық, *бұғалық* < бұғақ+лық, *иықтық* < иық+тық, *иіндік* < иін+дік, *кіндік* < кін+дік, *белдік* < бел+дік, *төстік* < төс+тік, *арқалық* < арқа+лық, *тізелік* < тізе+лік, *қабырғалық* < қабырға+лық, *желкелік* < желке+лік, *жөндік* < жон+дық, *жауырындық* < жауырын+дық, *кеуделік* < кеуде+лік, *омыраулық* < омырау+лық, *жасалық* < жая+лық, *мұрындық* < мұрын+дық, *ауыздық* < ауыз+дық, *еріндік* < ерін+дік, *мойындық* < мойын+дық, *сүбелік* < сүбе+лік: *Сүйіндік сүбелігім елдің көркі, Арқаның көк дулыға болат бөркі* (Қобылан); *Жаңа Қадырбай айтқандай арғыдан бері қарай терсе, елдің үлкен арқалығы осылар сияқты* (Әуезов); Бұл мысалдарда *арқалық* та, *сүбелік* те ауыс “тірек, сүйеніш” мәнінде қолданылған. *Арқалық* туынды зат атауы қазақ тілінде қазір өзінің тура мағынасында мынадай екі түрлі терминдік ұғым білдіреді. Мысалы, ол бір жағы “мәтке (верхняк)” мағынасында қолданылса, сонымен қоса орындықтың (скамейканың) арқасын да осылай арқалық деп атайды.

Адамның не малдың дене мүшелерімен байланысты осы жаңа туылымдарға өздерінің құрылымы жағынан *үзеңгілік, жүгендік, сулық, қосарлық* сияқты туынды зат атаулары да тікелей қатысты. Себебі бұлар да солай туа түбір зат атауынан *-лық// -лік, -дік* форманты арқылы жасалған. Бұлар да солай тұрмыстық жеке термин ретінде номинациялық тиянақтылығы жағынан әбден орныққан дериваттар. *Аттар сабалап жауған бұршаққа шыдай алмай, жата қалысты. Ашылған кезде бұршақтың қалыңдығы аттың қосарлығынан келді* (“Қазақ”: Майлин).

Туа түбір зат атауларынан аталмыш формант арқылы жасалған туынды зат есімдердің ішінде түрлі туыстық қатынасты, жекжаттықты білдіретіндері де едәуір: *аталық, аналық, құдалық, тоқалдық, жиендік, кішілік* т.б. *Шешесі Наурызбай-*

дың ханым еді, Қасым мұны кішілікке алып еді (Көкбай); *Тазша кебін кигізіп Кішілікті қылғызды* (Қозы көрпеш):

Қазақ ескілігінің бір тілдік көрінісі саналатын бұл *кішілік* лексемасы жоғарыдағы мысалдарда “тоқалдық, әйелдік, күндік” мәнінде қолданылғанға ұқсайды. Салыстыр: *боркрук* жена, супруга (Боровков). Сөзжасамдық *-лік* жұрнағы *кішілік* туылымында негіз түбірмен біржола тұтасып, ажырағысыздай боп мүлде кірігіп кеткен. Жоғарыда аталған *істік* лексемасының да туындылық сипаты, түбірінің *іс* сөзі екені бірден қазір байқалмайды. Ол бұл қалпында бұрынырақ кезгі кейбір әдебиет үлгілерінде қолданылған, мысалы: *Төстіктен іске тартып кәуап қылды, Жейін деп оңашада бір сүйініп; Төстіктен қақтап отқа, іске тарттым*. Осы бір өлең жолдарынан Кете ақынның *іс* түбірін шағатай тіліндегі *sis* (*иш*) сөзінің семантикалық бір дублеті ретінде, яғни туралаған шикі етті қатарлап түйрейтін, бір басы үшкір жіңішке істік темір (“вертел”) мағынасында алып қолданғаны айқын аңғарылады. Бұған қарағанда *істік* туынды сөзі әуелде қазіргі *шашлық* лексемасымен мәндес болғанға ұқсайды. Мына бір тіл деректерінен, мысалы, сондай ой келеді:

“МК, как в совр. тур. *şiş* и *sis*; Ибн-М, АЗ *şiş*, откуда *sislik* мясо предназначенное для шашлыка; отсюда и русское “шашлык”; туркм. *ciş* заостренный конец чего-либо, ‘вертел’; *gösime cis gaqilmadi* не смыкал я глаз; *cisle* прокалывать, *cişlik* шашлык” (Наджип). Осы келтірілген түрлі тіл деректері тұрғысынан *şiş~şiş~cis* - негіз, яғни негіздеуші сөз (бір басы үшкір, ұзындығы 40-30 см шамасындағы сым темір атауы), ал *şişlik~шашлык* - осы жіңішке сым темірге қатарлап түйрейтін, туралған ет мағынасын білдіреді.

Жоғарыда талданған *кішілік, істік, шашлық* туынды зат есімдері сияқты еңлік сөзінің де тұлғатұрпы, құрылымдық жігі біршама көрінімді. Себебі бұл сөздердің морфологиялық құрылымы, туындылық сипаты жөнінде таза сырт қалпының өзінен-ақ белгілі бір ой түюге болады. Бірақ олардың соңғы бөліктері дағдылы сөзжасамдық *-лық (-лік)* формантын көбірек еске салғанмен, тілшілер бұл туылымдардың негіздеуші, яғни негіз сөзі қайсы деген мәселеге келгенде үнемі тосыла береді. Көне түркі ескерткіштерінде *englik* (*inlik*) “румяна” мағынасында келтірілген. Осы жерде өзіміздегі мына бір тіл деректері көңіл аударады. Айнамды алып көрейін, *Опа, индік жағайын* (Қамбар батыр). Жырды шығарушылар соңғы өлең

жолындағы *индік* сөзі “далап” ұғымын білдіреді деп түсіндіреді. Сондай-ақ мына бір олең жолдарындағы *енең* сөзі де бояу мағынасындағы осы *еңлік* туылымының өзгерген тұрпаты. Деформацияланған қалпы: *Арғымақ үйірін сағынса Артқы аяғын қағынар. Алғанын бейбақ сағынса, қаннан енең жағынар* (Жоқтау). Солай екеніне мына бір дерек көзінді одан әрі жеткізе түседі. *Бұл шөпті ірі қара сүйсініп жейді. Жеген малдың сүті қызыл тартып тұрады. Еңлік күзгі уақытта өседі. Сол кезде тамырын қазып қарасаң, қызыл түсті сұйық шығады. Ол қызыл бояу. Сол бояумен жас келіндер, бойжеткен қыздар беттерін бояйды* (“Егемен Қазақстан”). Қызыл далап, бояу жасайтын осы гүл атынан *Еңлік* антропонимі қалыптасқан.

Бұл келтірілген деректерден *еңлік* лексемасының қазақ тілінде адамның жалпы бет мүшесіне арналған зат атауын яғни бояу мағынасын білдіретіні аңғарылады. Ал бұл мағынаның оның жоғарыдағы “румяна” мәнімен астастығы, тығыз байланыстығы еш күмән тудырмайды. Сол сияқты *еңлік* сөзінің нақты морфологиялық құрылымын танытатын, дериваттығына меңзейтін айғақ, дәлел де сол тілдің өз бойында сақталған. Мысалы кейбір көне түркі жазбаларында кәдімгі “бет” ұғымын білдіретін *ен* түбірі кездеседі. Демек *еңлік* - туынды сөз: “*eng* шека, лицо... отсюда производное *englik* ‘румяна’” (Наджип). *Еңлік* деп беттік (бетке жағатын) бояуды атайды. Алғаным келін болған жұрт: Ақ бүркеншік салған жұрт, Ал *ендігін* жаққан жұрт (Едіге).

-лық (-дық, -тық) жұрнағының дыбыстық -дақ (-тақ) нұсқасы да бар: *Тау жаңғырып, ән қосып Үрген ит пен айтаққа. Келмен пе едің жол тосыт, Жолығуға аулаққа* (Абай). Осы шағын олең жолдарындағы *аулақ* лексемасын кім-кім де бірден тұтас бір сөз ретінде таниды. Бірақ шын мәнінде олай емес, туынды сөз. Мына бір лексема да дәл сондай туылым: *Бауыртақ* - ершіктің (седелкенің) айылы (Аманжолов). Бұл аталған *аулақ* және *бауыртақ* лексемаларындағы -лақ та, -тақ та, жоғарыдағы *еңлік*, *шапшылық* туынды сөздеріндегі -лық(-лік) жұрнағы сияқты, “мекен” мағынасын, яғни “аң аулайтын, айыл байланатын орын” ұғымын білдіреді. Мысалы, *аулақ* туылымы көне түркі жазба ескерткіштерінде де солай, белгілі бір аң аулайтын орын (“место охоты”) мағынасында қолданылған. Солай екеніне мына бір тіл дерегі айғақ: *Сонына ертіп тазысын, Ау қылып Қамбар шығады... Қыздан да*

зият қылығы Ау қылып шығып жөнөді (Қамбар батыр).

Алайда бұл -лақ жұрнағы өзі жалғанатын негіз сөзге үнемі бұлай “орын” мағынасын үстей бермейді. Мына бір сөзқолданыстар, мысалы, соны аңғартады. *Бір қамшым бар қолымда жез бауырлақ* (Әуезов). *Турегеліп Алшынбай төрге барды, Жез бауырдақ қамшыны қолына алды* (Көпеев). *Қос бауырдақ - екі саусаққа салатын, үсті тұтас жүзік* (Аманжолов). *Бауырдақ - жүзік. Жүзіктің үстіңгі тасы бес саусақты бірдей басып тұрады* (Досқараев). Соңғы екі мысалдағы *бауырдақ* лексемасы дағдылы дөңгелек (шеңбер) пішімді жүзікке емес, қақпақша тәріздес жүзікке және ол тұратын саусақтың астыңғы (бауыр) жақ бетіне қағысты айтылады. Демек, мұндағы -дақ форманты да ілгеріде аталған *аулақ* туылымындағыдай -лық жұрнағымен мағыналас, яғни ол да, бұл да өздері жалғанған негіз сөзге сол “орын” мағынасын үстеп тұр. Сөйтіп “айыл” ұғымын білдіретін ілгерідегі *бауыртақ* туылымы сияқты, соңғы екі мысалдағы *бауырдақ* солай субстанцияланып, заттық мәнде жұмсалған. Ал алдыңғы екі мысалдағы *жез бауырлақ*, *жез бауырдақ* тіркестеріндегі -лақ(-дақ) жұрнағы сын есім жасайтын үйреншікті -лы(-ды) аффиксінің қызметінде қолданылған.

Демек сөзжасамдық -лық/-дық/-тық аффиксі сияқты, -лақ/-дақ/-тақ жұрнағы да өзі жалғанған негіз (туынды) сөзге бірде “мекен, орын” мағынасын үстеп, одан зат есім жасаса, енді бірде “бір нәрсенің тәндігі, молдығы, барлығы” сияқты сапалық қасиет жамап, оны туынды сын есімге айналдырады. Бұл ерекшелік -лық/-дық/-тық, -лақ/-дақ/-тақ және -лы/-ды/-ты жұрнақтарының функционалдық-генетикалық жақтан өзара қатыстылығын көрсетеді.

Сөйтіп, тілдегі жеке сөздердің нақты морфологиялық құрылымын, түбір мен жеке сөз жасам жұрнақтарының ара жігін, шегін ажыратудың бір сенімді жолы айналып келгенде, оның яғни тілдің өз жүйесінде жатады. Сөзжасам жүйесінде жұрнақ пен түбірдің өзді-өзіндік тілдік табиғатын тану, арақатынасын ашу сөз құрылымы мәселесін шешудің бірден-бір теориялық негізі болып табылады. Бірақ тілдің фонема-морфема-сөз-фраза тәріздес түрлі иерархиялық сатыларындағы сияқты әлі де тек “өз ішінде” қалып келе жатқан мәселелер жұрнақ пен түбір арасы, сөз шегі тарапынан да кездеседі. Тілдің осы жай көзден таса “өз іші” мәселелерін айқындауда белгілі дәрежеде талай ғасыр, замандар бойы тағы да сол тілдің өзінде сақталған жеке тіл құбылыстары, “синтак-

систік жыныстардың (породалардың) морфологиялық жыныстарға айналуы” сияқты ескіліктер “қолғабыстық” етеді. Мәселе бұл жерде бір-біріне “сауле-жарығын” түсіретін, сөйтіп бір-бірінің “ішін” ашуға, құрылымын анықтауға жәрдемдесетін түрлі сөз формаларының біраз жағдайда тілдің өз бойынан табылатыны, яғни тілді тілдің өзі арқылы тану мүмкіндігі туралы болып отыр. Шынында да, әр ұрпақ қай заманда да тілдің бұл “өз ішілік” әлемін, не бір жұмбақ қыр-сырын сол немесе туыс өзге бір тілдер дерегі арқылы таниды және өз дәуірінің менталитеті тұрғысынан таразылайды. Сөйтіп, бұл айтқандарымыз да тілдің бір тұтас жүйе екендігінің, ал бұл жүйенің қашанда және қатаң түрде тек өз “тәртібіне” (“своему порядку”) бағынатындығының тағы бір айғақ-дерегі болып табылады.

Сөзжасамдық бұл *-лық// -лік, -дық// -дік, -тық// -тік* формантының қолданымдық та, семантикалық та аясы өте кең. Ол үнемі тек белгілі бір зат атауларымен, ұғымы нақтылы түбірлермен ғана емес, мағынасы дерексіз, жалпылама мәнді сөздермен де осылай сөзжасамдық қатынасқа жиі түседі. Бірер мысал: **Жоқтықтың барлыққа жіберген келгіні біз дегендей шаттана жайнайды** (Әуезов). **Өлең деген тумайды жайшылықта, Өлең деген тулайды қайшылықта** (Мақатаев). **Хұқ құрдастығын алатын өзге жол жоқ** (“Қазақ”).

Тілімізде қазақ даласындағы бұрынғы ел басқару жүйесінің өзіндік ерекшелігіне сәйкес қалыптасқан лауазым атаулары да біраз бар. Олар да осы *-лық// -лік, -дық// -дік, -тық// -тік* форманты мен туа түбір зат атауларының өзара сөзжасамдық қатынасынан пайда болған, мысалы: *ондық, етулік, жүздік, мындық, хандық, сұлтандық, патшалық, билік, болыстық, бектік*. Тілімізде бұрын бұл келтірілген түрлі лауазымдардың жынтық номинациясы ретінде орныққан *ұлықтық, төрелік, әкімдік* сияқты жекелеген туынды зат атаулары да болған.

Белгілі бір кәсіп, мамандық түрімен байланысты туынды зат атаулары өзалдарына бөлек тағы бір мағыналық топ құрайды. Бұлар да осы *-лық// -лік, -дық// -дік, -тық// -тік* формантының қатысуымен туа және туынды түбір зат атауларынан жасалған, мысалы: *кірекештік, қажылық, қазылық, молдалық, бақсылық, балуандық, ғалымдық, ұстаздық*, тағы осы сияқтылар.

Тілде пайда болған түрлі жаңа туылым әдетте ең алдымен, ондағы осы *-лық// -лік, -дық// -дік, -тық// -тік* типтес өнімді сөзжасамдық формант-

тарымен көбірек байланысты болып келеді. Олар бұл ретте тілімізде ежелден бар туа, тума түбірлерге де, сондай-ақ өзге тілдік кірме сөздерге де жалғана береді. Және оның сөзжасамдық өнімділігі осы екі сала лексикалық топтың қай-қайсысымен келгенде де айқын көрінеді. Тіліміздегі кірме түбірлермен *-лық// -лік, -дық// -дік, -тық// -тік* форманты арасындағы сөзжасамдық қатынастан туған мұндай жаңа туынды зат атаулары мына төмендегі сияқтылар болып келеді: *заседательдік, жонгерлік, адвокаттық, офшсерлік, старшындық, кандидаттық, капитандық, кассирлік, драматургтік, министрлік, болыстық* (<болыс < волость < ұлыс) + *тық, управительдік* т.б. Рас, бұл аталған кірме түбірлі жасалымдар өздерінің қазіргі кездегі қолданымы жағынан біркелкі емес. Мысалы, соңғы төрт туылым қазақ тілінде өткен ғасырларда пайда болған. Сондықтан да олар сол ілгерірек уақыттағы, ХХ ғасырдың бас шамасындағы әдебиеттерде жиірек ұшырасады. Қазір тек тарихи тақырыпқа жазылған шығармалардан ғана ара-тұра ұшырасады.

-лық// -лік, -дық// -дік, -тық// -тік форманты мен жеке бір жеміс иә өсімдік атауларының бірігуінен жасалған туынды зат атауларының *ендігі бір семантикалық тобы* кәсіби лексикамен байланысты болып келеді. Мұндай мағыналы дериваттар қатарында *қауындық, жусандық, мақталық, жүзімдік, күріштік, жоңышқалық, жүгерілік, темекілік*, тағы осы сияқтыларды атауға болады. Аталмыш формант бұл кәсіби терминдерде өзі жалғанған негіз - сөзге мекендік мән үстеп тұр. Себебі *жүгерілік* десек те немесе *мақталық* иә *жүзімдік* десек те, ойға бірден *жүгері, мақта, жүзім* өсірілетін жер оралады, яғни олардың қай-қайсысы да сол аталған өсімдік егілген жер мағынасын білдіреді. Бұл форманттың және қайсыбір елді мекен атына жалғанып келу реті тек қазақ тілінде емес, түркі тілдерінің біразында жалпы ертеден бар. Ертеректе кейбір ұлтты (халықты) тіпті оның тұрған жерінің атымен атау дәстүр болған. Мысалы, бұрындары ұйғырлар мен өзбектердің тұрған мекенінің атына *-лық, -тік* формантын жалғап, *қашқарлықтар, тәшкендіктер* деп те аталғаны белгілі. Американдықтар да солай ежелден тұрып келе жатқан жер атымен аталады. Демек, тіліміздегі *қашқарлық, тәшкендік, марғұландық, американдық* дериваттары міне осындай этнонимдік негізде пайда болған. *Алматы қаласындағы орыс, қазақ, ноғай, тараншы, дүнген, қашқарлық, тәшкенттік* болсын, көбінің аузында *Фидлердің аты ұдайы алғыс аралас аталатын*. Әуе-

зов те осындағы *қашқарлық, тәшкенттік* туынды зат атауларын ұйғыр, өзбек деген мағынада алып қолданған.

Жалпы негіз сөздер мен осы *-лық// -лік, -дық// -дік, -тық// -тік* форманты арасындағы сөзжасамдық қатынастың сондай мына бір тұсы да көңіл аударарды. Мысалы *күз, апта, ай, өкіл, от, бұқара, тәлімгер, кепіл, куә, сәске* түбірлерінің қай-қайсысы да қазақ тілі үшін әбден етене болып кеткен, байырғы сөз саналады. Бірақ *-лық// -лік, -дық// -дік, -тық// -тік* форманты арқылы осылардан жасалған туынды зат атауларынан ондай байырғылық, етенелік сезілмейді: *күздік, апталық, айлық, өкілдік, оттық, бұқаралық, тәлімгерлік, кепілдік, куәлік, сәскелік*. Бұл жаңа жасалымдар кеңестік дәуірдегі тіл тәжірибесінің рухына көбірек келіңкірейді. Мысалы *айлық* дериватының семантикасы екі бірдей терминдік ұғыммен байланысты. Бүгінде ол орыс тіліндегі *месячник* лексемасын да, *оклад* (зарплата) сөзінің де баламасы ретінде қолданылады.

Оттық туынды зат атауы да солай әр түрлі мағынада қолданылады: малға шөп салатын орын, яғни “ақыр” мағынасын білдірсе, сонымен қоса *сіріңке* (спички) мәнінде де жұмсалады. Ол - сондай-ақ металлургия өнеркәсібінде *горелка* терминінің баламасы ретінде де әбден орныққан сөз. *Оттық* туынды зат атауының осындай үш бөлек мағынада қолданылуы түркологияда омоним сөздер тұрғысынан түсіндіріледі. Қазақ тілінде *өкілдік* туынды зат атауы да қазір орыс тіліндегі *полномочие, представительство* дейтін екі бірдей терминнің орнына жұмсалады.

-лық// -лік, -дық// -дік, -тық// -тік форманты тілімізде түрлі кірме түбірлерге жалғанып та туынды зат атауларын жасайды. Бірақ олардың тіліміздегі сіңімділік дәрежесі, яғни қазақылану қалпы біркелкі емес. Мысалы, *құрбандық, дұғалық, намаздық, тұмарлық, кәззаттық, кәпірлік, әззілдік, зұлматтық, мұсылмандық, жұмалық, зәбірлік, жендеттік, ғұламалық* сияқты араб-иран сөздерінің “бөтен тектілігі” қандай мәтінде де жалпы айқын сезіліп тұрады. Сондай-ақ, *батырлық, даналық, қателік, құпиялық, балуандық, достық, қастық* дегендердің де түбірлері басқа текті. Бірақ бұл соңғы топ жасалымдардың “бөтен тектілігі” алдыңғылардағыдай ондай көрінімді емес.

Сөзжасамдық *-лық// -лік, -дық// -дік, -тық// -тік* форманты интернационал түбірлерге де жалғанып, туынды зат атауларын түзе алады: *калориялық (калорийность), бодандық* т.б. Адал бо-

дандығына орай сый ретінде сол күнәкар пенденің жер-жайы, мал-мүлкі, қора-қопсысын алады (Магауин); *Тоқты еті калориялығы жөнінен ересек қой етінен кем түспейді* (“Қ.Ә.”).

Туынды зат есімдер бірыңғай тек туа түбір зат атауларынан емес, сонымен қоса тума түбір зат атауларынан да жасалады. Бірақ есім негізді туа түбірлерден қалыптасқан туынды зат атауларына қарағанда, тума есім сөздерден пайда болған туынды зат атаулары сан жағынан едәуір аз болады. Яғни, тума есімдердің жұрнақ қабылдағыштық қабілеті туа түбір есімдердің жұрнақ қабылдағыштық қабілетінен едәуір төмен. Себебі түбірдің туындылық сипат алуы оның әуелгі сөзжасамдық мүмкіндігін, яғни жұрнақпен сөзжасамдық қатынасқа түсу қабілетін біршама шектей түседі. Осыған байланысты туа түбір есімдерден туынды зат атауларын жасайтын жұрнақтар сан жағынан көбірек те, ал тума есімдерден туынды зат атауларын жасайтын жұрнақтар сан жағынан аз болып келеді.

Шынында да, сөзжасамдық *-лық// -лік, -дық// -дік, -тық// -тік* формантының, туа түбірмен салыстырғанда, туынды түбірге жалғанымдығы біраз кем. Бірақ ол сонда да өзінің табиғатынан өнімді әуелгі қалпын сақтап қалады. Бұл жерде көңіл аударатын бір нәрсе: тілімізде туынды түбір зат атауларына *-лық// -лік, -дық// -дік, -тық// -тік* жұрнағы жалғану арқылы орныққан жаңа туылымдар негізінен абстракт мағыналы болып келеді. Бұл сала туынды зат атауларына, мысалы, мына сияқты лексемаларды жатқызуға болады: *басшылық, зерттеушілік, саятшылық, қайыршылық, өрімшілік, аңшылық, малышылық, тыңшылық, әншілік, басқыншылық, қосшылық, көшірмешілік, қарақшылық, жәрдемшілік, балықшылық, жалшылық, жырышылық, жыраулық* т.б. Бұл туылымдар білдіретін мағыналары жағынан жалпы кәсіп түрімен, мамандықпен, адамның бірдеңеге деген бейім-икемімен байланысты. Әлбетте олардың осылай белгілі бір “мағына төңірегіне” топталуына, саралануына негіз сөз қызметіндегі туынды түбір, әсіресе ондағы *-шы// -ші* форманты ұйтқы болып тұр. Сондай-ақ, *дәрігерлік, балгерлік, зергерлік* дегендерді де осылай бір мағына маңына бөліп шығаруға болады. Себебі бұлардағы *-гер* де сол кәсіп мағынасын білдіреді. Жоғарыдағы туылымдардың бәріне тән және бәріне бірдей ортақ өзгешелік: олардың қай-қайсысы да субстантивтену арқылы зат атауына айналған. Алайда мұндай абстракт мағыналы жаңа зат атауларының бәрі бұлай кәсіппен, мамандық түрімен байланысты болып

келе бермейді. Мысалы, *кейістік, бөгеттік, жемтік, өлімтік, жетістік, жиынтық, қиғылық, кірбөндік* сияқты туылымдардан ондай ұғым байқалмайды.

Туынды зат атауларынан *-лық// -лік, -дық// -дік, -тық// -тік* форманты арқылы жасалған жаңа зат атауларының екінші бір үлкен тобы терминдік тұрпаттағы туылымдар. Олар - тілімізде бұрыннан бар үлгі (модель) негізінде кенес дәуірінде жаңадан терминдік мән алған, номинацияланған, қолданымдығы жағынан да толық дербестенген дериваттар: *анықтамалық* (справочник), *тәлімгерлік* (наставничество), *шырындық* (нектарник), *орманшылық* (лесничество), *елшілік* (посольство), *кезекишілік* (дежурство), *мақсаткерлік* (целеустремленность), *отаршылдық* (колониализм), *ішімдік* (алкоголь), *кәсіпшілік* (промысел), *егіндік* (пашня), *егіншілік* (земледелие), *пішендік* (сенаж), *шалғындық* (луг), *жүгерішілік*. Туынды зат атауларына сөзжасамдық осы форманттың қосылуынан пайда болған бұлардан өзге де жаңа жасалымдар бар. Олардың кейбірі жеке ақын, жазушылардың стиль ерекшелігімен байланысты болып келеді. Окказионалдық сипаттағы ондай зат атаулары қатарында мына сияқты туылымдарды атауға болады: *қайраткерлік, жүлдегерлік, кенесшілік, жүкшілік, ұшқыштық, желіскерлік* т.б.

Тіліміздегі туынды зат атаулары сондай-ақ байырғы сын есімдерден де, кірме сын есімдерден де жасалады. Сын есімді негіз сөздерден *-лық// -лік, -дық// -дік, -тық// -тік* форманты арқылы жасалған мына сияқты туынды зат атауларын тілімізден көптеп кездестіруге болады: *жетімдік, кемдік, кеңдік, кербездік, кердеңдік, қағылездік, қатыгездік, өрескелдік, семіздік, тереңдік, кердеңдік, үлкендік, шешендік, даңғазалық, даңғойлық, долылық, жадаулық, жақсылық, ерсілік, есерлік, жүдеулік, жіңішкелік, әсемдік, игілік, кәңгілік, жылылық, жырындылық, керенаулық, кермарлық, тасырлық, қайсарлық, қараулық, қияңқылық, қомағайлық, қоңылтақтық* т.т. Осы туынды зат атауларының барлығы да мағынасы жағынан абстракт ұғым атаулары және бір ғана сөзжасамдық типке жатады. *Кермарлық, тасырлық* сөздерінен басқалары - түгел әдеби нормадағы лексемалар. Ал жоғарыдағы *игілік, жақсылық* жалпы есімдері тілімізде жалқы есім (антропоним) ретінде де қолданылады. Негіздеуші *жетім, шешен* - синкретизмдік сипаттағы лексемалар. Бұл жерде көңіл аударарлық тағы бір нәрсе: жоғарыдағы *әсемдік* дериваты - *әсемпаз* сөзімен, ал *жетім* туылымы - *жетімек* лексемасымен өзара сөзжасамдық қосақ болып табылады. Және бұл қосақтардың

әрқайсысы жеке-жеке сөзжасамдық ұя ретінде сипатталады.

Сөзжасамдық *-лық// -лік, -дық// -дік, -тық// -тік* форманты арқылы сын атауларынан пайда болған туынды зат атауларының қатарында сондай-ақ мына төмендегі сияқты жаңа жасамдарды да (“новообразование”) атауға болады: *ағаттық, ақтық, ақымақтық, ашақтық, алыстық, аңғырттық, аңғалдық, жастық, әбестік, әуестік, беріктік, биіктік, кермектік, нәзіктік, тентектік, шәлкестік, шәргездік* т.б. Бұл келтірілген туылымдардың ішінен өздерімен түбірлес сөздермен бірге сөзжасамдық ұя жасай алатындары - *әуестік* (әуестік - әуесқойлық), *өштік* (өштік - өшпенділік), *тентектік* (тентектік - тентекбастық) лексемалары. Бұлардың ішінен, сондай-ақ *ақтық* дериватының қазақ тілінде жалпы үш түрлі мағына білдіретінін мына мысалдардан көруге болады: *Сырттың тұнып тұрған ақтығын аясын ба?* (Әуезов). Мұндағы *ақтық* туылымы “ақ от” мағынасын білдіріп тұр. *Байлаған ақтығы, тұтатқан оты* (Мағауин). Бұл мысалдағы *ақтық* туынды зат атауы діни ритуал белгісі, “ақ шүберек” ұғымын білдіреді. *Мұның сүйеніші - тек қана әділет, ақтық пен қалың елге деген достық* (Әуезов). Соңғы сөйлемдегі *ақтық* дериваты “ақтық”, “әділдік” мәнінде қолданылған.

Осы формант арқылы сын атауларынан жасалған туынды зат атауларының арасында кейбір жаңа жасамдар да кездеседі. Бұлардың қайсы бірі термин тұрпатты лексемалар. Мысалы, *даралық* (индивидуальность), *дербестік* немесе *егемендік* (суверенитет), *жеңілдік* (льготы), *жиілік* (частотность), *қайшылық* (противоречие) осы сияқты сөздердің терминдік мағынасы кенес өкіметі жылдарында пайда болған.

Ал көркем әдебиетте кейбір жекелеген сөздерге контекстік мағына бере қолдану тенденциясы байқалады. Бұлардың көпшілігі окказионализм сипатты болып келеді. Бұл құбылыс, мысалы, М.Әуезов шығармаларынан жиірек ұшырасады: *басқалық, ескілік, жалқылық, жеңілдік, оңашалық, терістік* т.б. *Баласының басындағы басқалықты Құнанбай да тауып, танып айтты* (Әуезов); *Европа ескілігінен Робин Гуд, Карл Моор... - баршасы да ойына түсті* (Сонда); *Осы оңашалықтан қатты қымсынған* (Сонда); *Біздің кеңселер сақараның жайын білмегендіктен, көп терістік жасайтыны рас* (Сонда); *Құнанбай Ұлжан мінезінен нәзілдік бір жеңілдік аңғарғандай боп, қабағын шытына түсті* (Сонда). Бұл мысалдардағы *басқалық, ескілік* (древность), *оңашалық* (уединение), *терістік* (без-

законие) сөздерінен экстралингвистикалық фактордың әсері сезіледі. “Абай жолындағы” мына будандық сөзінен таза номинативтік сипат айқын аңғарылады: *Әкелері сияқты бұл немере буын да сұлуша келген. Жақсы будандықты білдіреді* (Әуезов).

Тілімізде *-лық// -лік, -дық// -дік, -тық// -тік* форманты арқылы арабтық кірме түбір сын есімдерден де бірқыдыру туынды зат атаулары жасалған. Кейбірі, мысалы, мыналар: *аярлық, қапалық, құмарлық, тақуалық, іңкәрлік, адалдық, бостандық, мұқтаждық, қастандық, әділдік (ғаділдік), жәһілдік, кәмілдік, жайбарақаттық, ғаріптік* т.б. Келтірілген туылымдар дерексіз ұғымды сөздер, бір сөзжасамдық типке жатады. Қазақ тіліндегі бір түбірден өрбіген *қастық, қастандық* сөздері әуел баста бір синонимдік қатар түзгенімен, кейін келе *қастандық* туылымы “покушение” мәнінде қолданыла бастады. *Қастандық, бостандық* дериваттарын мотивациялаушы *қастан, бостан* негіз сөздері тілімізде қазір жеке күйі жалпы қолданылмайды. Тек ескілікті әдебиеттер үлгілерінен, аға буын жазушылардың шығармаларынан ғана кейде ұшырасады. *Құлдықта талайлардың күні кешіп, Байлаулы өткен қолы болмай бостан* (Ахметбеков); *Бұл қастан күштер қатарынан қатты соққыға алған Сармолла құлай берді* (Әуезов). Қазақ тілінде қазір сирек қолданылатын *жәһілдік, кәмілдік* сөздерінің мағыналарын төмендегі екі мысалдан біршама айқын көруге болады: *Деуші едім жәһілдіктің жайы қалай? (Айтыс); Екі жүрек кәмілдікпен қосылып... (Күлеев).*

Жоғарыда аталған *жәһілдік, кәмілдік* сөздері дерексіз ұғым атауыштары ретінде сөзжасамдық бір ғана типке жатады. Ал *жайбарақаттық* туынды зат атауын негіздеуші (мотивациялаушы) *жайбарақат* қосыны екі элементтен (парсының *джай* және арабтың *бәржат* сөздерінен) кіріккен.

Парсы тілінен енген сын мағынасын білдіретін сөздерге *-лық// -лік, -дық// -дік, -тық// -тік* формантын жалғау арқылы жасалған туынды зат атаулары жалпы бірталай: *диуаналық, кіріптарлық, бекерлік, азаттық, жомарттық, достық, мәрттік, зеректік, пәктік* т.б. Бұлар да - абстракт мағыналы туылымдар. *Джеванмәрдтық* *джеванмәрд* терминінен қалыптасқан. Көне Шығыста, сондай-ақ Абайда да негізгі философиялық ұғымдардың бірі осылай, *джеванмәрдтық* деп аталады. Тіліміздегі бүгінгі *азаттық - азаткер - азатшы - азатшыл - азатшылық* туынды сөздері бір сөзжасамдық ұяға кіреді. *Дос - жар - дос - жаран - дос - жора - достас - достық* тарам-

дары да (парадигмалары) солай бір сөзжасамдық ұя ішінде қарастырылуға тиіс. Қазіргі қазақ әдеби тілінде *жомарттық - сараңдық - сарабалдық* туылымдары антонимдік қатынаста жұмсалады және кірме түбірлі бұл жасалымдардың барлығы бір сөзжасамдық типке жатады.

Қазақ тілінде сөзжасамдық *-лық// -лік, -дық// -дік, -тық// -тік* форманты арқылы байырғы сын атауларынан пайда болған туынды зат атаулары да бірталай. Кейбірі мыналар: *алғырлық, ибалылық, қарымдылық, тапқырлық* т.б. Келтірілген туынды зат атауларының дені адам бойындағы түрлі қадір-қасиетті, мінез-құлықты білдіреді және сөзжасамдық тип тұрғысынан да өзара біркелкі. Терминдік сипаттағы туылымдар қатарында - *заңдылық* (законность), *қабаттылық* (слоистность), *қайтымдылық* (обратимость), *тұтқырлық* (вязкость) лексемаларын атауға болады. Ал *ауқымдылық, зайыптылық, жаттандылық, иланымдылық* жасалымдарының бойынан неологизмдік реңк айқын аңғарылады: *Осы үшеуін...өзіне сенімді серік еткен махаббат қана зайыптылық заңына берік болады* (Нұршайықов); *Мұндағы дәлелдердің иланымдылығы мол ғибрат бергенін айтуым керек* (Момышұлы). Неологизмдік сипат сондай-ақ *еттілік* (мясность), *жүндестік, жемістілік* (плодовитость), *жүйелілік* (системность), *кенеуілік* (калорийность), *кірістілік* (доходность), *реттілік* (порядок), *күрделілік* (сложность), *сезімділік, тистілік, тырнақтылық* дериваттарынан да айқын көрінеді. Бұл лексемаларда мысалы орыс тілінің әсер-ықпалы көрінеу: *Қой тұқымын асыландырып, жүндестігін, еттілігін арттыру қажет* (Серікбаев); *Өндірістің кірістілігі артты. Қазір тәртіп пен реттілікті нығайту - үлкен проблема* (“Қ.Ә.”). *Қайта заманның күштісі өзінің тістілік, тырнақтылығын істеді* (Сонда).

Жалпы сөзжасамдық *-лық// -лік, -дық// -дік, -тық// -тік* формантының қазақ тіліндегі ең бір өнімді, соншалықты және қолданымды жұрнақ екенін сондай-ақ мына мысалдардан да көруге болады: *Қаракөк құнан ойнақыып бара жатыр. Үстінің жайлылығы, аяғышының желділігі медеу* (Әлімқұлов); *Екі қолды байламай, жөнділікпен жүрмесің* (“Көрғұлы”); *Жүрістілігі аттан беттер, қара түкті нары бар* (Мұқанов); *Жылан өз иірлігін білмей, түйе мойнын иір дер* (Мақал); *Екі ақынның да түпкі ойы - өмірдің өтпелілігін толғау* (Қ.Ә.). *Бітімділік* М.Әуезов жасаған неологизмдер қатарына жатады. Оның әдеби тілге сіңіп кету мүмкіндігі мол. *Құнанбай тегінде жегіттің денелі, бітімділігін ұнататын* (Әуезов).

Сонымен тілімізде сөзжасамдық *-лық// -лік, -дық// -дік, -тық// -тік* формантының қатысуымен сын атауларынан пайда болған туылымдар ішінен таза неологизм сипатындағы сөздер де, терминдік ыңғайдағы қолданымдар да, окказионализм ренділері де, диалектизм порымдастары да - қай-қайсысы да азды-көпті кездесіп отырады. Мысалы, *келісімпаздық* (согласительство), *салмақсыздық* (невесомость), *саңылаусыздық* (герметичность), *талапшылдық, іздемпаздық, жазықсыздық* (невинность) лексемалардында әрі неологизмдік, әрі терминдік тұрпат айқын болса, *азаматшылық, жолдасшылдық, жырлампаздық, шешімталдық* дегендерде окказионализмдік нышан көрінімдірек. Ал “Мемлекет қаржысын жей берсем! Не деген жойдасыздық” (Алтайбаев) деген мысалдағы *жойдасыздық* дериватынан диалектизмдік реңк айқын сезіледі. Сондай-ақ, *сәйкессіздік* (несоответствие), *ісішлдік* (деловитость) туылымдарында терминдік, неологизмдік белгілер көбірек те, *елсіздік* (безлюдие), *еңбексіздік, еріксіздік* (безволие), *керексіздік, зершілдік* (*кертартпалық, зергерлік* дегендермен салыстырғанда) жасалымдарының окказионализмдік жағы басымырақ.

Жоғарыда келтірілген окказионализмдердің бірсыпырасында стильдік-контекстік реңк айқын сезіледі. Мұндай стильдік-контекстік окказионализмдер, әсіресе Әуезов шығармаларынан жиірек ұшырасады. Сын атауларынан сөзжасамдық *-лық// -лік, -дық// -дік, -тық// -тік* форманты арқылы пайда болған жазушы қолданысындағы ондай окказионализмдік жасалымдардың кейбірі, мысалы, мыналар: *айтқыштық, танығыштық, жұмыртқалағыштық, жұмсарғыштық, жасырғыштық* т.б.

Түбірі араб тілінен кірген туынды сын атауларынан *-лық// -лік, -дық// -дік, -тық// -тік* форманты арқылы жасалған туынды зат атаулары да тілімізде бірталай: *баянсыздық, бейқамдық, фибраттылық, діндарлық, дінқорлық, зауықшылдық* т.б. *Анна Каренинаның басқа еркекті сүйі, меніңше, махаббат емес, зауықшылдық деп салды бір жігіт* (Жұмақанов).

Арабтың кірме сын атауларынан *-лық// -лік* форманты арқылы жасалған туынды зат атаулары қатарына, сондай-ақ *айыптылық, кәсіпкерлік, мемлекеттілік* тәрізді тағы бір топ туылымдарды жатқызуға болады. Сөзжасамдық тип тұрғысынан бұларды да сол адамзаттық және одан тыс жағымды, жағымсыз қасиет атауыштары деп екі салада алып сипаттауға болады. Тілімізде сөзжа-

самдық осы форманттың қатысуымен парсылық кірме сын атауларынан пайда болған, дериват атаулар да бірталай. Олардың кейбірі мыналар: *беймазалық, кербездік, бетпақтық, нақұрыстық* сияқтылар адамның жеке басына тән мінез-құлықпен байланысты болып келеді. Жоғарыдағы *кербездік* туынды зат атауына негіз боп тұрған, яғни оны, мотивациялаушы *кербез* сөзі мен *Карбоз* антропонимі парсы тілінде бір-ақ сөз (*кербоз*), яғни бұл екеуіндегі *-без, -боз* форманттары *-паз* жұрнағының дыбыстық варианттары ретінде ғана сипатталуға тиіс. Парсы тіліндегі *кербоз* лексемасы қазақ тілінде екі тұлғада қалыптасқан: *кербез* және *кәрбоз*. Алғашқысы - сингармонизм заңының нәтижесі.

Әдеби қолданымды сөздердің бірі - *нақұрыстық* дериваты. Бұл парсының *надорост* дегенінен қалыптасқан. Қазіргі қазақ тілінде оның *надұрыс* формасы қолданылады. Бірақ *надұрыстық* дейтін туынды зат атауы кездеспейді. Ал *надұрыс* жасалымы қалайша *нақұрыс* қалпына ауысты - бұл әлі анықталуға тиіс мәселе.

Орыс тілінен кірген сын атаулары, жоғарыдағы тәрізді кірме зат атауларына қарғанда, азырақ. Мысалы, ондағы *-лы// -лі, -ды// -ді, -ты// -ті* тұлғалы сын атауларынан жасалған туылымдар қатарында тіліміздегі *валенттілік, инерттілік, интеллигенттік, принципшілік, идеялылық, кластылық*, тағы кейбір ұғым атауларын келтіруге болады. Сондай-ақ, тілімізде *-сыз// -сіз, -шыл// -шіл* тұлғалы кірме сын атауларынан пайда болған туынды түбір зат атаулары да бірталай. Олардың кейбірі, мысалы, мыналар: *идеясыздық, правосыздық, принципсіздік, цензурасыздық, карташылдық, принципшілдік, прогресшілдік* т.б. Бұлардың барлығы да - орыс тілінде *-ость* қосымшасының қатысуымен жасалған *валентность* сияқты туынды түбір зат атауларының қазақ нұсқасы.

Тілімізде есім негізді туынды зат атауларын қалыптастыруда сан есімдердің үлес салмағы да едәуір. Әсіресе, есептік сан есімдердің жаңа сөз жасау қабілеті күштірек. Солай екенін *бірлік, біріншілік, екілік, үштік, төрттік, бестік, алтылық, жетілік, сегіздік, тоғыздық, ондық, елулік, жүздік, жетісі, қырқытуынды* зат есімдерінен айқын көруге болады. Зат атауларын жасауға, әдетте негіз болатындар - түбір сан атаулары. Ал бұлардың бәрінің де есептік сан атауларына жататыны белгілі. Туынды сан атауларынан жалғыз-ақ сөз зат атауларын жасауға негіз бола алады. Ол - *бірінші* реттік сан атауы. Ал жинақтық, топтық, болжалдық, бөлшектік сан атауларынан зат атаулары жасал-

майды. Тіліміздегі сан атауларының дені - күрделі сан есімдер. Олардан да зат есім жасалмайды.

Бір сан атауынан *-лік* форманты арқылы жасалған *бірлік* туынды зат атауы қазақ тілінде қазір үш түрлі мәнде қолданылады. Мұның алдыңғысы - ана тілінің өз аясында, жалпы халықтық қолданыс нәтижесінде туған төл (“бір-ауыздылық, ұйымшылдық, тұтастық”), байырғы мағына. *Міне, ағайын, ел бірлігінің тілегінен туған менің талабым да, тоқтау сөзім де осы* (Әуезов). *Бірлік болмай - тірлік болмас* (Мақал). Ал *бірлік* туылымының екінші мағынасы - орыс тілінің әсерінен туған жаңа мағына. Ол терминдік ыңғайдағы “единица” дейтін, оқушыларға қойылатын бағаның (оценканың) түрі. *Бірлік* дериватының онға дейінгі жай сандар класының (разрядының) жалпы атауы ретіндегі үшінші мағынасы мына мысалдан анық көрінеді: *Бірлік, ондық, жүздік, мыңдық деп топ-топқа бөліп айтатын сандарды үйрету әуелгі әдістен гөрі оңайға түсуі мүмкін.* (“ҚМ.”). *Бірлік, ондық, жүздік, мыңдық* - семантикалары жақтан бәрі бірыңғай дериваттар. Сондықтан бұл туынды зат атаулары сөзжасамдық бір типке жатады. Ал оның философия термині ретіндегі “единство” мағынасын алғашқы, байырғы мағынаның кеңеюі, нақтылана, түрлене түсуі деп қараса да болады: *Клетканың құрамына кіретін элементтер өлі денелердің құрамындағымен бірдей. Мұның өзі тірі және өлі табиғаттың өзара байланысы мен бірлігін көрсетеді* (Жалпы биология). Қазіргі тілімізде *бірлік* сөзінің байырғы, бірінші мағынасында, онымен кейде жарыса қолданылатын *біршілік* жасалымында окказионалдық сипат айқын сезіледі: *Бауырларың Тұрымбет Біршілік тілеп өмірлік, Қолдарыңа жармасты* (“Ел аузынан”).

Қазіргі қазақ тілінде реттік сан атауынан сөзжасамдық *-лік* форманты арқылы пайда болған жалғыз ғана зат атауы бар. Ол - *біріншілік* туылымы. Бұл - орыс тілінің әсерінен, ондағы *первенство* лексемасын қазақ тіліне калькалау жолымен аударып алу нәтижесінде туған спорт термині: *Волгоградтағы әлем біріншілігінде 16 партия өткізілуі керек* (“СҚ.”).

Бір, екі, үш, төрт, бес есептік сан атауларына *-лік, -тік* форманттарының жалғануы арқылы жасалған *бірлік, екілік, үштік, төрттік, бестік* зат атауларының сөзжасамдық мағынасы да орыс тіліндегі *единица, двойка, тройка, четверка, пятерка* сөздерінің әсерінен туған. Бұлар сөзжасамдық бір ғана типке жатады. Себебі олардың, біріншіден, сөзжасамдық форманттары ортақ, ек-

іншіден, сөзжасамдық мағыналары да (білімге қойылатын баға атаулары) ортақ әрі жүйелі. Бұл жерде бір пысықтай түсетін нәрсе: *үштік, төрттік* жасалымдары кейде тілімізде “баға” ұғымынан басқа да мағына білдіреді: *Оның армиясы үлкен үштіктің келісімі бойынша белгіленген шекарадан аттап өтпеді* (“СҚ”). *Мағаш ат үстінде құныса түсіп, тағы бір төрттіктің алғашқы бір жолын оқыс бастады* (Әуезов). Жоғарыда *үштік, төрттік* дериваттары орыс тіліндегі *тройка, четверостишие* терминдерінің эквиваленті (баламасы) ретінде қолданылған.

Алтылық, жетілік, сегіздік, тоғыздық, ондық жасалымдарының бәріне ортақ мағына - карта атауларымен байланысты. Сөзжасамдық форманты мен сөзжасамдық мағынасы ортақ болғандықтан бұлардың барлығы да сөзжасамдық бір типке жатады. Және мұндағы *тоғыздық* пен *ондық* туылымдарың көп мағыналы лексемалар деп қарау керек. Мысалы, *ондық* дериватының алғашқы мағынасы *бірлік, жүздік, мыңдық* атаулары сияқты сан разрядымен байланысты. Ал екінші мағынасында ол “он басы” терминімен семантикалас, яғни “он басы” ұғымында да қолданыла алады: *Жүнісов, сен ондық болуға да жарайсың, сені өз жүздігіме аламын* (Есенжанов). Үшінші мағынасы орыс тіліндегі *десятка* сөзінің семантикасымен негіздес: *Рысәулет бастаған жігіттер сол ондықтың санатына іліккен еді* (Сәрсенбаев). Ал *тоғыздық* сөзінің спорт саласында “мишеннің бір бөлігі” және “футбол қақпасының үстіңгі он не сол бұрышы” деген мағыналары орыс тілі әсерінен туған. *Жүздік* пен *мыңдық* та, *елулік* те - солай көп мағыналы туылымдар: алдыңғы екеуінің бір мағынасы, мысалы, сан разрядымен байланысты да, екінші мағынасында бұлар әскери лауазым атауы ретінде қолданылады. *Елулік* дериваты өзінің әуелгі мәнінде белгілі әскери құраманың атауы ретінде қолданылады: *Соғыс советі сардарды - командир, сарбазды - жауынгер, елулікті - взвод деп өзгертті.* (Тілеков). *Елулік* жасалымы өзінің екінші мағынасында болыстан, болыстың кандидатынан кейінгі үшінші дәрежелі лауазым атауын білдіреді: *Е, ол әлгі менің болысқа кандидат болып, сенің елулік болып...* (Майлин).

Жүздік туынды сөзі қазақ тілінде кезінде үш түрлі мағынада қолданылған: 1) белгілі бір сан разрядының атауы ретінде (Ол бұл мағынада математикада қазір де қолданылады); 2) белгілі бір әскери құраманың атауы ретінде “сотня” дегенді білдірген: *Жігіт жетеді. Жүздіктен алтауын*

іріктеп қойдық. Әлі талай жүздік құруға болады (Сыланов); 3) Күркілдек пішеншілерді жүздікке жалдайды екен. Жүздік дегеніміз жүз көпене шөп (Мұқанов).

Қазақ тілінде тоқсандық жоспар, тоқсандық есеп, тоқсандық баға, тоқсандық үлгірім сияқты сөз тіркестерінде кездесетін тоқсандық дериваты тоқсан есептік сан атауының тікелей өзінен жасалмаған. Бұл жасалымға тоқсан сан атауынан негізінде лексика-семантикалық тәсіл арқылы туған “квартал, четверть” мағынасы негіз (ұйытқы) болған. Бұған жоғарыда келтірілген сөз тіркестерін орыс тіліне аудару арқылы оңай көз жеткізуге болады: тоқсандық жоспар - кварталный план, тоқсандық есеп - кварталный отчет, тоқсандық баға - четвертная оценка (оценка за четверть), тоқсандық үлгірім - четвертная успеваемость (успеваемость за четверть).

Тілімізде есім негізді туынды зат атаулары қатарында сөзжасамдық -лық//-лік форманты арқылы қимыл есімнен пайда болған туылымдар да кездеседі. Бірақ олар көп емес, тым санаулы. Бұлардың және өзіндік ең бір басты ерекшелігі: бәрі бірыңғай тек терминдік тұрпатта қалыптасқан. Мысалы, оқулық, жалғаулық, демеулік, септеулік, сұраулық (вопросник) т.б. Бұлар және тілімізде тек кеңес дәуірінде пайда болған. Осы жерде ең бір баса көңіл аударатын нәрсе: -лық//-лік, -дық//-дік, -тық//-тік форманты қимыл есімдердің жалпы бәрімен бірдей сөзжасамдық қатынасқа түсе бермейді. Демек терминдік бейімдегі мұндай туынды зат атауына кез келген қимыл есімі негіз (яғни мотивациялаушы) сөз бола алмайды.

Қазақ тілінде үстеу негізді туынды зат атаулары бұлардан да аз, небәрі - екеу-ақ. Олар есте, күнде үстеулеріне -лік форманты жалғану арқылы жасалған. Тіліміздегі бұл күнделік, естелік туылымдары нақты зат атауларын білдіреді, мысалы: Күнделік пен естелік - сезім дүниесінің ісі (Мұқанов).

Есім негізді туынды зат атаулары қазақ тілінде -лық//-лік, -дық//-дік, -тық//-тік форманты арқылы кейбір модальді сөздерден де жасалады. Олар мыналар: мүмкіндік, қажеттік, ықтималдық: “Ықтималдық теориясының негізін салған - А.Эйнштейн”.

-шы//-ші. Түрік тілдерінде, солардың ішінде қазақ тілінде де ендігі бір өнімді сөзжасамдық жұрнақ осы -шы//-ші жұрнағы. Ол әдетте генетикалық жағынан -шық//-шік тұлғалығымен, -са//-се формантымен, қытай-корей тілдерінде

“адам” мағынасында қолданылатын “са” сөзімен байланыстырылады.

Тілімізде туа түбір зат атаулары мен -шы//-ші формантының қосылуынан жасалған туа түбір зат атауларының ең бір мол қабаты - жалпыхалықтық сипаттағылар. Бірақ бұлардың өздері де іштей ерекшеленеді, яғни мағыналық жағынан түрлі топ құрайды. Мысалы, олардың біразы нақтылы бір тұрмыстық зат атаулары негізінде пайда болған: сабанышы, бақырышы, кемеші, қайықышы, садақышы, етікші, қазанышы, қармақышы, аңшы, аушы, бүркітші, қағушы, сушы, отынышы, масақышы, шөпші, пішенші, үйші т.б. Бұлар тәрізді туынды зат атауларының енді бір тобы төрт түлік малмен байланысты болып келеді, мысалы: жылқышы, түйеші, қойшы, қозышы, қотанышы, атышы, сиыршы, айраншы. Тілімізде сөзжасамдық -шы//-ші форманты арқылы кірме түбірлерден де пайда болған біраз туылымдар бар. Олардың кейбірі мыналар: домбырашы, сағатышы, кестеші, қасапшы, табақышы, кенші, зенбірекші, кернейші, кіреші, кетпенші, керуенші, таразышы т.т. Осы құрылымдағы жасалымдардың біразы ертерек кезгі көне салт-санамен, жалпы кейбір қазақ ескілігімен байланысты болып келеді, мысалы: жаршы, жарықшы, жауырыншы т.б. Сақ етер тиді саныма, Сақсырым толды қаныма. Жарықшылар жоқ па екен. Жармай білте саларға (Доспамбет); Жау қалмақ Алтынбасты білген екен, Жауырыншы жауырын жағып көрген екен (“Ел аузынан”). Жаршылар, шығындар кәне! Жар-жар болса, жаршы біз. Жар жақсы деп жаршылар көп айтады, жар-жар (Әуезов).

Тіліміздегі түрлі зат атауларынан аталмыш -шы//-ші форманты арқылы жасалған туынды зат атауларының келесі тобы бүгінде архаизмдік сипат алған. Кейбірі, мысалы, мыналар: қауғашы, дабылшы, бақырышы, қазанышы, жосашы, жалшы, жаушы, қарашы, жұлдызшы, қорашы, қосшы т.б. Тілімізде осы -шы//-ші форманты арқылы пайда болған мына бір туынды сөздер де қазір архаизмге айналған. Бұлар бәрі және кірме түбірлерден жасалған: қазынашы, жәдитші, зекетші, бақалшы, азанышы, дүкенші, Ғазабатшы, зияратшы, исламшы, зікірші, барымташы, мылтықшы, лабкеші, пимашы, қабақышы (<қабақ+шы) т.б. Архаизмдік сипат алған мұндай кейбір туынды зат атауы кейін кеңес өкіметі тұсында мағынасы жаңғырып, термин ретінде қолданылатын болды. Жасақышы (дружинник) туынды зат атауы - мысалы, осындай тіл құбылысы.

Аталмыш -шы//-ші жұрнағының сөзжасамдық қызметі әсіресе тіліміздің терминологиялық

жүйесі қалыптасу барысында, яғни түрлі кәсіп, білім салаларында туынды зат атауларының көптеп көріне бастаған кезінде жан-жақты ашыла түсті. Бұлар бүгінде лексикамыздың, сөз байлығымыздың ең бір қарқынды дамыған және ең бір мол қабатына айналып отыр. Мұндай жаңа сипатты дериваттар қазір жазу тәжірибесінде де, күнделікті сөйлеу машығымызда да, жалпы барлық қарым-қатынас саласында жиі ұшырасады. Мысалы, мыналар: *жүгеріші, күрішіші, жүзіміші, орманышы, жібекші, омарташы, темекіші, балғашы, балташы, тырмашы, ағашшы, көсеуші (кочегар), темірші, сылақшы, сымбатшы, сәулетші, кеңесші, хатишы, қалақшы, жетекші, шаңғышы, алтынышы (золотарь), бастамашы, байланысшы, өртіші, тілші, шарапшы, кезекші, саяхатшы, саясатшы, жолшы (путеец), сарапшы (арбитр, эксперт), сақпанышы* т.б.

Сондай-ақ созжасамдық *-шы// -ші* формантының орыс сөздеріне жалғануы арқылы да пайда болған туынды зат атаулары тілімізде бірқыдыру. Міне бұлар да қазіргі қазақ лексикасының бір мол қабатын құрайды: *скрипкашы, бандурашы, паромшы, арматуришы, самәғонишы, самбошы, звеношы, забойшы, дипломшы, гестапошы, канәзішы, боксшы, карикатурашы, атомшы, зенитші, пошташы, карташы, экскаваторшы, пулеметші, вагоншы (вагонники), автомобильші, автоматшы, прозашы, киношы (кинәчники), десантшы, тенісші, ракеташы, футболшы* т.б.

Тілімізде созжасамдық осы *-шы// -ші* форманты арқылы пайда болған мына бір туынды түбір зат атаулары тікелей этнографиялық лексикаға қатысты. Бірақ олардағы бұл этнографиялық мазмұн бір ғана *-шы// -ші* жұрнағымен байланысты емес, қайта ол көбіне-көп негіз сөздің семантикасынан шығып тұр: *қайысышы, бәдізші (тас қашау шебері), бедерші, кереші, жарапазанышы, жауырынышы, кереші, тоншы, иші, көкпаршы, құмалақшы, тамырышы, бапшы (құс), сынықшы, сүйекші, жамшы* т.б. Жабуы жамшыдай, Құйрығы камшыдай Түйе сойған не сұмдық (Үмбетей). *Жамылшы* (ескерткіштерде *жамшы*) жауында кетін сырт киім (КТДС). Соңғы дерекке қарағанда: *жамшы < жамылшы*.

Туа түбір зат атауларынан *-шы// -ші* форманты арқылы жасалған туынды түбір зат атауларының тағы бір үлкен тобы бар. Ол - абстракт мағыналы негіз сөзден пайда болған туылымдар. Бірақ бұлай абстракт мағыналы түбірге *-шы// -ші* жұрнағы жалғану арқылы жасалған туынды зат атауларының мағынасы оған керісінше болып шығады, яғни біршама нақтылана

түсетін сияқты, мысалы: *күзет-күзетші, тәрбие-тәрбиеші, есеп-есепші, сын-сыншы, тын-тыншы (агент)* т.с.с.

Тілімізде созжасамдық *-шы// -ші* форманты арқылы туа түбір зат атауларынан пайда болған туынды зат атауларының бірқатар жағдайда белгілі бір кәсіп түрімен, мамандықпен, адамның әлдебір икем-бейімімен байланысты болып келетінін жоғарыдағы талдауларымыздан да көрдік. Бірақ осылардың сыртында туа түбір зат атаулары мен *-шы// -ші* формантының бірігуінен жасала тұрғанымен, тілімізде ешқандай кәсіппен де, мамандықпен де байланысы жоқ немесе адамның әлдеқандай бір машық-икеміне де, қабілетіне де бейқатыс туынды зат атаулары және бар. Бұл тағы сан жағынан да едәуір: *базаришы, жәрмеңкеші, қалашы, тойшы, себепші, айғақшы, әмірші, сәлемші, қошеметші, жоқшы, арызышы, ақшомшы, айқайшы*, т.т. *Базаришы, жәрмеңкеші, қалашы, ақшомшы, тойшы* дегендер бұл жерде базарға, жәрмеңкеге, қалаға, ақшомға, тойға кеткендерді, ал *сәлемші* - сәлем бере келген адам, *себепші* - себеп болған нәрсе (адам), *айғақшы* - айғақ беруші (адам), *әмірші* - әмір беруші, әмір жүргізуші, *қошеметші* - қошемет көрсеткен (адам), *арызышы* - арыз берген адам, *жоқшы* - жоқ іздеген, *айғайшы* - басқарған, басқоз болған адам деген мағына білдіреді.

Туа түбір зат атауларына *-шы// -ші* жұрнағы жалғанып барып жасалатын кейбір туынды зат атаулары плеоназм түрінде қолданылады. Плеоназмдық құрылымда келген мұндай туынды зат атауларына қазақ тілінде мысалы мына сияқты дериватты жатқызуға болады: *диқаншы, аспазшы, себепші, мергенші* (стрелок), *шаштаразышы, қарауылшы, қорғанышы, айғақшы, жаугерші, жалақоршы*, тағы осы сияқтылар. Бұлардың плеоназм болатын себебі: *диқан* да, *диқаншы* да - екеуі де айналып келгенде бір-ақ қана кәсіп түрін білдіреді. Созжасамдық *-шы* формантын *диқаншы* туынды зат атаулыдан алып тастағаннан да, сондай-ақ *диқан* түбіріне оны қайта жалғағаннан да ешқандай мағыналық өзгеріс болмайды:

Адамның диқаншысы қырға шықтым,

Көлі жоқ, көғалы жоқ - құрға шықтым (Байтұрсынов).

Жоғарыда келтірілген қалған плеоназмдардың да лингвистикалық табиғатын дәл осылай сипаттауға болады.

-шы// -ші форманты бірыңғай тек туа түбір зат атауларынан ғана емес, сонымен қоса туынды түбір зат атауларынан да жаңа сөз жасайды. Бірақ

тіліміздегі мұндай құрылымды туылымдардың дені абстракт мағыналы болып келеді. Олардың кейбірі, мысалы, мыналар: *шапқыншы, жүрегіңші, қуғыншы, шолғыншы, жортуылшы, жолаушы, көтерілісші, бүлікші, бітімші* т.б. Бүгін жүргіншілер аттанады ғой (Әуезов); Шапқыншы қос атпен келіпті (Сонда); Сатымсақ бітімшілердің жетегінде жүріп сөйлейді (Сонда); Ол ілгеріге шолғыншы аттандырды (Мағауин).

Осы құрылымды дериват зат атауларының ендігі бір тобы кәсіп түрімен, күнкөріс жағдайындағы бейім-қабілетпен, hareketпен байланысты. Мұндай байырғы туылымдар тілімізде қазір де қолданылады: *егінші, пішенші, өрімші, тігінші, орақшы, қоймашы, қарақшы* т.б. Сөзжасамдық *-шы// -ші* форманты арқылы кеңес дәуірінде пайда болған дериваттық зат атаулары да тілімізде бірталай: *тоқымашы, кітапханашы, жылнамашы* (летописец), *шағымшы* (кассатор), *қорғаушы* (защитник), *итермеші* (толкач).

Туынды түбір зат атауларынан осы *-шы// -ші* форманты арқылы жасалған ендігі бір топ зат атаулары көбіне-көп локальдық ыңғайдағы окказионал туылымдар. Олардың қайсы бірі бүгінде қолданудан шығып қалған, тарихизмге айналғандар болса, енді біреулері жеке жазушының өзіндік стилімен, сөз қолданыс ерекшелігімен байланысты болып келеді, мысалы: *кесікші, ұйтқышы, жарлықшы, жаракшы, жүздікші* т.б. *Колхозда кесікші жоқ болғандықтан, тайыншалар әлі пішілмеген* (ҚТДС); *Менен басқалары шөп шабатын жүздікшілер* (Мүсірепов).

-лас// -лес, -дас// -дес, -тас// -тес. Бұл формант өзінің сөзжасамдық табиғаты жөнінен жалпы сын атауларына тиесілі. Ол туынды түбір сын атауларын жасау жағынан және өнімді саналады. Тілімізде сөзжасамдық бұл формант арқылы пайда болған туынды түбір сын атаулары едәуір. Бірақ олардың кейбіреуі, мысалы, *жолдас, қарындас, күндес, замандас, ұялас* сияқтылары тым ерте субстантивтеніп, зат атауы болып кеткен. *Замандасың болмаса, барма тойға; Ит ұяласынан мұқайды.* Қазақ тілінде, сондай-ақ осы формант арқылы туа түбір зат атауынан орыс тілінің ықпалымен кеңес дәуірінде туған жаңа жасамдар бар, мысалы: *эриптес* (коллега), *жерлес* (земляк), *отандас* (соотечественник), *қаламдас, армандас* дегендер - сондай тіл құбылыстары. Бірақ бұлардың бәрін сөздік статусы, сөздікке тән тиянақтылық, яғни реестрлік сөз дәрежесіне жетімдігі жағынан бір тұрғыда алып қарауға болмайды. Сырт қалпы, мағынасы жөнінен сын атауы текті болғанмен, *отандас, жерлес, эриптес* туылымдары сын

атауы болып “өмір сүрген емес”, бірден субстантивтеніп, бірден зат атауы сапасын алған. Бұлардың қазір сын атауыныңтан гөрі зат атауының, яғни терминдік сипаты үстемірек.

-ған// -ген, -қан// -кен. Туынды түбір зат атаулары тілімізде жалпы туа түбір зат атауларына *-ған// -ген, -қан// -кен* жұрнағы жалғанып барып жасалады. Бұл түбір зат атауына жалғанымдығы жағынан өнімсіз жұрнақ саналады. Мұны мен туа түбір зат атауларының бірігуінен пайда болған туынды түбір зат есімдер әдетте белгілі бір терминдік ұғыммен байланысты болып келеді, мысалы: *сазген* (музыкалық аспап), *желкен* (парус), *құмған.* *Сазген* туынды зат атауының түбірі *саз* - парсы тілінен енген, кірме сөз.

-сыз// -сіз. Туа түбір зат есімге *-сыз// -сіз* жұрнағы жалғану арқылы да туынды зат атаулары жасалады. Бірақ бұл *-сыз* жұрнақты дериват зат атауы тілімізде бірді-екілеп қана ұшырасады. Мысалы, *жеңсіз, балақсыз* дегендер - сондай туылымдар. *Мен саған ай сайын бір балақсыз тігіп бере алмаймын, ақ жоқ* (Мүсірепов). *Балақсыз* туынды түбір зат атауы тілімізде “труссы, шорты” мағынасында бертіңде пайда болған. Бұл туынды атау бір қарағанда субстантивтенген зат атауына көбірек келіңкірейді. Шын мәнінде ол субстантивтену процесінен өтіп кеткен, реестр сөз дәрежесіне жеткен. Жазушының бұл жаңа туылымды халық тілінде қадім заманнан бері қолданылып келе жатқан *жеңсіз* туынды түбір зат есімнің ізімен жасағаны көрініп-ақ тұр: *Жағаласса жыртылмас Ерлердің жеңсізден игі тоны болар ма* (Шалкиіз). Бірақ бұл, *балақсыз* туынды түбір зат атауы тілімізде әлі жалпылама қолданысқа ие бола қойған жоқ.

-лақ// -лек, -дақ// -дек, -тақ// -тек. Бұл формант өзінің сөзжасамдық қызметі жағынан *-лық, -лы* жұрнақтарымен сәйкеседі. Ол арқылы туа түбір зат атауларынан жасалған туынды түбір зат есімдер жалпы санаулы ғана және олардың өзі де әдебиеттік сипаты, жалпымәлімдігі жағынан біркелкі емес. Осы ретте, әсіресе *жауырынтақ* туынды зат есімі көңіл аударарды. Ол тілімізде екі түрлі мағынада жұмсалады: *Еркін жүрмей, үнемі байлауда тұратын бұзау жауырынтақ болып ауырады* (Газ.) *Жауырынтақ* туылымы бұл жерде аурудың атауы ретінде қолданылған. Сондай-ақ тілімізде көйлекке салатын “иніш” ұғымын да білдіреді. Ал қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне бұл *жауырынтақ* дериваты осы соңғы мағынасында ғана келтірілген. Тілімізде, сондай-ақ, *мойынтақ*

деген де туынды түбір зат атауы бар. Бірақ бұл да түсіндірме сөздікте келтірілмеген. *Мойынтақ* деп әдетте малдың мойын жібін айтады. Осындай құрылымдағы *теміртек* дериваты да тілімізде сирек қолданылады. *Кездігімді қауынға салып қалғанымда, теміртегі суырылып, қауынның ішіне түсті де кетті* (“Қырық өтірік”); *Жауырынтақ салмаған көйлектің арқасы тез кетеді* (КТТС). Тілімізде және ботаника термині ретінде қалыптасқан *түбіртек* (“донце”) туынды түбір зат есім де бар. *Қазір ағаш-бұта қабықтарынан, түбіртектерінен түрлі дәрі жасалады* (“Ел аузынан”). Қазақ тілінде осындай құрылымды басқа да туынды түбір зат атаулары бар, мысалы: *шаңдақ, мұздақ, тұздақ, қыстақ* т.б. Бұлар - өздерінің құрылымдық және мағыналық жағынан сын атауы текті дериваттар. Бірақ субстантивтеніп, зат атауы статусын алған, яғни реестр сөз дәрежесіне жеткен: *Ақшыл бетте опаның шаңдағы бар* (Жармағамбетов); *Кірпіктерді жабыстырған салқын мұздақ та білінеді* (Әуезов); *Тұздақтың суретінде біраз өзгеріс бар* (Марғұлан). Соңғы сөйлемде *тұздақ* туынды түбір зат атауы - топоним ретінде қолданылған. Осы туылымдардағыдай дербестік *құйқалақ, дірілдек* зат атауларына да тән. *Самал жел таңмен бірге үріп бетке, Айналды судың беті дірілдекке* (Майлин); *Ағылшын самолеті баяу ұшады. Сонысына қарай дірілдегі жоқ* (“Қ.Ә.”); *Жігіттер лақты өздері сойып, отқа құйқалағын пісіріп жесті* (Жансүгіров). Мұндағы *дірілдек* дериваты “зыб”, “вибрация” мағынасын білдіріп тұр. Қазақ тілінде бұлардың сыртында қазір өз алдына дербес қолданылмайтын түбірлерден де біраз туынды түбір зат атаулары жасалған. Мысалы: *кеңірдек, тайлақ, көйлек* (//көңнек), *шынтақ, бордақ, боздақ, бойдақ* жасалымдарындағы *кеңір, тай, көй* (//көн), *шын, бор, боз, бой* негіз сөздері. Бұлардың ешқайсысы тілімізде қазір осы тұрған қалпында қолданылмайды. *Қыс бойы бордаққа байлаған қойдың жас сүбелері де бар* (Әуезов); *Балалардың жақтарынан боздағы шыққан* (Сонда).

-шақ// -шек. Сөзжасамдық бұл жұрнақ түркологияда бірде сан, мөлшер, мезгіл (“в пору”) мағынасындағы *-чак// -шақ* лексемасымен байланыстырылса, кейде ол *-ч(-ш)* және *-ак* элементтеріне мүшеленеді.

Қазақ тілінде бұл өнімсіз жұрнақ. Ол арқылы туа түбір зат атауларынан жасалған туынды түбір зат есім көп емес. Мысалы, “жұмырына жүк болмау” дегендегі *жұмыр* және *желбір* (*еки иығында желбірі бар жеңсіз көк көйлек* - Сокпак-

баев), *дүңгір, қатпар* сөздерінен *-шақ// -шек* форманты арқылы пайда болған *жұмыршақ, қатпаршақ, желбіршек, дүңгіршек* туынды зат есімдері әдетте нақтылы бір зат ұғымын білдіреді. Олардан үнемі номинациялық тиянақтылық айқын сезіледі. *Суыр, қой-ешкінің қарны төрт бөліктен тұрады: таз қарын, жұмыршақ, қатпаршақ және ұлтабар* (Әбішев); *Қос желбіршек салған ақ бәтес көйлек* (Талжанов). Тілімізде *моншақ* туынды зат атауы да осы сөзжасамдық *-шақ* форманты арқылы қалыптасқан: *мойын+шақ>мон+шақ>моншақ*. Бұл жұрнақ туынды түбір зат атауларына жалғанып та жаңа зат атауларын жасайды. Мұндай құрылымды дериваттарға, мысалы, *жарықшақ, бақайшақ, жұтқынишақ, өндіршек, салтынишақ, текпішек, жеткінишек, келінішек, әлпенішек* тәрізді туылымдарды жатқызуға болады. Бұлардың қайсыбірі - бейнақтылы, абстракт мағыналы есімдер. Тіліміздегі *сарқыншақ, ілгешек* дегендер дәл сондай сыпатты туындылар.

-шылық// -шілік. Жалпы сөзжасам жүйесінде әрқайсысы өз алдына дербестенген *-ғар// -гер* және *-шылық// -шілік* жұрнақтары бар. Бұлар жеке-жеке тұрып та, сондай-ақ кейде бірігіп, құрама жұрнақ түрінде де жаңа сөз жасайды, мысалы: *адамгершілік, партиягершілік, барымтагершілік, әурегершілік, жаугершілік*. Осылардағы *-гершілік* - құрама жұрнақ. Себебі *адамгершіл, партиягершіл, барымтагершіл, жаугершіл* дегендер дербес сөз ретінде тілде оншалықты қолданымды емес.

Сондай-ақ, *-шылық// -шілік* те - құрама жұрнақ *-шы// -ші* және *-лық// -лік* сынарларының бірігуінен жасалған. Тілімізде бұл екеуінің де сөзжасамдық қызметі жеке-жеке дербестенген, яғни жеке-жеке тұрып та туынды түбір зат атауын жасай алады. Сонымен қоса кейде жеке-жеке тұрып және мұндай туылым жасай да алмайды. Мұндайда олар тек бірігіп барып қана сөзжасамдық қызметке ие бола алады. Сөзжасамдық бұл *-шы// -ші* мен *-лық// -лік* форманттарының бірде жеке-жеке тұрып, ал енді бірде екеуі қосылып жұмсалғанда ғана жаңа сөз жасайтыны, әлбетте, бұлар жалғанатын негіз, яғни мотивациялаушы сөздің семантикасына байланысты. Мысалы *жұрт, құл, ит, қазақ, жігіт, пенде, шығарма* дегендердің ешқайсысына да *-шы// -ші* форманты дара күйі, яғни бір өзі жеке жалғанылмайды, *-лық// -лік* жұрнағын міндетті түрде өзімен бірге ала жалғанады. Бұдан сөзжасамдық *-шылық// -шілік* формантының осы құрамалық сипатының өзі жалғанатын негіз сөздің семантикасымен өзара шарт-

тастығын, тәуелділігін көреміз, мысалы: *жұртышылық, құлшылық, итшілік, қазақшылық, жігітшілік, пендешілік, шығармашылық* т.б. Бірақ бұл жерде көңіл аударатын нәрсе: жоғарыда келтірілген туынды зат атауларындағы *-шылық// -шілік* құранды жұрнағының екінші *-лық// -лік* бөлігі бұл туылымдардың түбіріне *-шы// -ші* формантын қосарына алмай-ақ, өз бетімен тікелей де жалғана береді. *-шылық// -шілік* құрама жұрнағының өзіндік осы сөзжасамдық табиғатын мына бір мысалдардан-ақ көруге болады: *Шығармашылық - қуат көзі* (“К.Ә.”); *Етегін төсек, жеңін жастық етіп жүретін - жорықшылық* (Қасиманов). Сөзжасамдық осы құрама форманттың көбірек жалғанатын ендігі бір тілдік ортасы - кірме сөздермен байланысты, мысалы: *каріпшілік (кәріпшілік), мүмкіншілік, бейбітшілік, әурешілік, шүкіршілік, адамишылық, диханишылық, әкімшілік* т.б.

-ақ// -ек, -ық// -ік, -к// -к. Бұл форманттың тіліміздегі сөзжасамдық қызметін негізінен онімді деуге болады. Өнімділігі әсіресе туа түбір зат атауларына жалғанғанда айқынырақ көрінеді. Тілімізде бұл құрылымда қалыптасқан бірсыпыра жаңа туылымдар бар. Кейбірі мысалы мыналар: *атақ* (<ат+ақ), *мойнақ* (<мойын+ақ), *шырақ* (<шыра+қ), *түнек* (<түн+ек), *жібек* (<жіп+ек), *көнек* (<көн+ек), *түбек* (<түп+ек), *қымызек* (<қымыз+ек), *кезек* (<кез+ек), *бұтақ* (<бұта+қ), *жолақ* (<жол+ақ), *масақ* <*башақ* (<баш+ақ). *Масақ теріп жүруші ем, Арқаға шығып нан жедім* (Шортанбай).

Осы формант арқылы кейбір өзге есім негізден де, әсіресе қимыл есімді негізден бірсыпыра туынды зат атаулары жасалады. Мысалға әуелі *күйреуік* дейтін ботаника терминін және балалар ойнайтын “змеевик” мағынасындағы *батпырауық* туылымын келтіруге болады. “*Ортасын ойып, балаңа батпырауық жасап бер*” деді *Ораз-Мұхамед* (Мағауин); *Күйреуік пен бұйырғын Жеген малға көп жұғын* (Әзірбаев). Бұл арада мына бір ерекшелік көңіл аударады: *-ық// -ік* жұрнағы арқылы қимыл есімнен жасалатын мұндай жаңа туылымдар әдетте белгілі бір нақты зат атауын білдіреді. Термин ретінде әбден тиянақталған ондай туынды зат атауларына *тістеуік, сыздауық, шырмауық, сықырлауық, зырылдауық, күлбіреуік, жылтырауық, жылауық* іспеттес дериваттарды жатқызуға болады. *Сықырлауық - киіз үйдің ішкі жағынан жабылатын екі бөлек, өрнекті тақтай есік* (Қасиманов); *Торғайды үркітпек болып төрт зырылдауық орнатып қойдым* (Қанахин); *Ценуроз ауруын мида тіршілік*

ететін күлбіреуіктер қоздырады (Қашағанов); *Алтын, күміс, асыл тас сияқты жылтырауықтың ешқайсысын әжем денеме жолатпайтын* (Мұқанов); *Жылауық ішінде жыбырлаған ақ құрт болды* (Арғынбаев); *Жүрегімде жүргені-ай бір қауіптің, Сабағындай шырмайды шырмауықтың* (Мақатаев).

-ық// -ік форманты сондай-ақ еліктеуіш негізді сөзге жалғанып та туынды түбір зат атауын жасайды. Бірақ мұндай негізді туылымдар тілімізде жалпы сирек ұшырасады, мысалы *шыжық* - осындай туылымды дериват. Сөзжасамдық осы *-ақ// -ек* форманты арқылы туынды түбір зат атаулары сондай-ақ бейнелеуіш сөздерден де жасалады, мысалы: *бұлтақ* (<бұлт+ақ), *бүлкек* (<бүлк+ек), *бұрқақ* (<бұрқ+ақ), *желкек* (<желк+ек), *жалбақ* (<жалп+ақ), *қиқақ* (<қиқ+ақ), *қоқақ* (<қоқ+ақ), *салпақ* (<салп+ақ), *қалпақ* (<қалп+ақ) т.б. Сондай-ақ тіліміздегі *желік, тотық* (окись), *ұшық* дегендер де осы сөзжасамдық *-ық// -ік* форманты арқылы пайда болған есім негізді туынды түбір зат есімдер болып табылады.

-ша// -ше, -са// -се. Бұл формант қазақ тілінде қазір сөзжасамдық та, сөзтүрлемдік те қызмет атқарады. Сөзжасамдық қызметі сөзтүрлемдік қызметі негізінде кейін пайда болғанға ұқсайды. Әуелде ол тек “кішірейту, еркелету, сый-құрмет” ұғымын білдірген. Әдетте *-ша// -ше* жұрнағы жалғанған көп түбірлердің мағынасы, сәл жаңғырғаны болмаса, жаңармайды, сол бастапқы түп мәнінен жалпы ажырамайды. Мысалы *кілем* мен *кілемше* сөздерінің арасындағы “мағыналық арақашықтықтың” шамалылығы әсіресе *маңдай* мен *маңдайша* зат атауларының арасындағы “мағыналық арақашықтық” тұрғысынан айқын көрінеді. Демек, *маңдайша* туылымындағы *-ша* қосымы түбірге кішірейту мәнін емес, жаңа мағына үстеп тұр. Дәлірек айтсақ: *кілемше* дериватындағы *-ше* - сөзтүрлемдік формант, ал *маңдайша* туынды түбір зат атауындағы *-ша* - сөзжасамдық формант. Себебі *маңдайша - маңдай* түбірінен мүлде бөлек, реестрлік дәрежедегі жаңа мағыналы туынды сөз. Сондай-ақ *жауырыңша, көкірекше, кеудеше, белдемше* (<белдеме+ше) туылымдарындағы *-ша// -ше* формантын да дәл осындай статуста түсіндіруге болады. Тілімізде туа түбір зат атауына *-ша// -ше* форманты жалғану арқылы пайда болған бұлардан өзге де есім негізді біраз туынды сөздер бар. Олар мыналар: *бөлімше* (“милиция бөлімшесі”, “совхоз бөлімшесі”, “қоғамдық ғылымдар бөлімшесі”), *ханша* (царевна), *шақша, бақша* (бақ-сад, бақша-

огород), *түйнекше* (клубеньки), *жеңсе*, *жіпсе*, *тамырша* (корешок), *жіпше*, *сүйекше* (костяночка), *қалемше*, *қарынша*, *жүрекіше* (предсердьё) т.б. бұлардың бәрі де бүгінде әбден номинацияланған, терминдік тиянақтылық алған дериваттар. Мұндағы *-ша// -ше* қосымы былай қарағанда түбірге кішірейту мәнін үстегенмен, осы кішірейту ұғымының өзі оларды дербес сөзге терминдік атауға айналдырып тұр. Сөйтіп олардың осы терминдік статусы, яғни олардағы мағыналық жылжу *-ша// -ше* аффиксінің әуелгі тұлға өзгертімдік (сөзтүрлемдік) статусын сөзжасамдық статусқа ауыстырған. *-ша// -ше*, *-са// -се* формантының бұл сөзжасамдық қызметі әсіресе контексте, сөйлем ішінде көрінімдірек. *Аталық гүл жіңішке жіпшеден және тозаң қаптан тұрады* (Ажкеев); *Қалемше - белгілі ұзындықты және жұмырлықты көрсететін ұғым* (Мұсақұлов); *Ханымдардың, ханзадалар мен ханшалардың мекен-жайы* (Мағауин); *Жеңсе кигеннің жеңі тозбас* (Қасиманов); *Жіпсе екі тақтайдың қырынан қосқанда үстінен ұстататын көлденең ағаш* (Сонда). Бұл жердегі *жеңсе* “жеңқап” (нарукавник) мағынасында қолданылған. Сондай-ақ тіліміздегі *арша*, *шырша*, *қылша*, *шақша* лексемаларының да туылымдық тұрпаты, сөзжасамдық құрылымы жалпы көрінеу деуге болады. Бірақ бұлардағы *ар*, *шыр*, *қыл*, *шақ* негіз сөздері мен *-ша* форманты бір-бірінен ажырағысыздай “бір бүтін денедей” қабылданады. Олар яғни *-ша* формантынан бөлек қолданылмайды.

-шық// -шік. Бұл аффикс жалпы синтетикалық сөзжасам жүйесіндегі өнімді жұрнақтар қатарында қаралады. Тілімізде мұнымен туа түбір зат атауларынан жасалған туылымдар бірқыдыру. Бұлардың ішінде негіз сөздің жұрнақтан ажырағысыздары да, яғни екеуінің кірігіп, тұтасып кеткендері де және бөліп алып, жеке-жеке қолданылатындары да, басқаша айтқанда негіз сөзі дербестігін сақтағандары да бар. Мысалы *ойыншық*, *қапшық*, *түбірішік*, *айшық*, *кіршік* (*кіршіксіз* дегендегі), *тығыншық* (*тығыншықтай* дегендегі), *бүршік*, *қылшық* сияқты туынды түбір зат атауларының негіздеуші (мотивациялаушы) бөлігін мүшелеп бөліп алып, өз алдына дербес лексикалық единица ретінде қолдануға болады. Ал *талшық*, *қанышқ* (салыстыр: *қанден*, *қандек*), *бұзаушық* (сақардан сабын жасаған адамның жиналғандарға беретін қолүздігі), *тығыршық* (*тығыршықтай*

дегендегі), *бұлшық*, *тобыршық*, *балшық* (салыстыр: *балдыр*, *балқаш*), *қабыршық* жасамдары олай “бөліп-жаруға”, мүшелеуге келе бермейді. Бұлардағы *-шық* бөлігінің жұрнақ екені қаншалықты көрінімді болғанмен, *бал*, *тал*, *қан* түбірлерінің мағынасы соншалықты көмескі, сондықтан жеке қолданылмайды. *Қаладағы атты полктың бір эскадроны кепшік пен барабанды қатар соққылап, қаланы бөрліктіріп, көшеге шықты* (Тілеков). Бұл сөйлемде *кепшік* туынды түбір зат атауы музыкалық аспап мағынасында қолданылған. Қазақ тілінде ол бұдан басқа да мәнде, яғни ыдыс мағынасында жұмсалады, мысалы: *үйде бір кепшік бидай қалған жоқ* (Сәрсенбаев). Тілімізде туа түбір зат атауына сөзжасамдық осы *-шық// -шік* форманты жалғану арқылы пайда болған біреу жаңа дериват та кездеседі. Бұған орыс тіліндегі *приспособление* сөзінің мағынасында алынған *икемшік* туылымы мысал бола алады: *Азотты сұйық тыңайтқыштар егістік жерге арнаулы машиналар немесе культиваторларға орнатылған икемшіктердің көмегімен сіңіріледі* (Ерлепесов). Тілімізде сондай-ақ *жуашық* дейтін де жаңа туылым қалыптасқан. Ол - орыс тіліндегі *луковица* терминінің аударма баламасы. Қазақ тілінде ботаника термині ретінде беріде, кеңес дәуірінде қалыптасты. Тілімізде сөзжасамдық осы *-шық// -шік* форманты арқылы есімдіктен пайда болған бір-ақ қана туынды түбір зат атауы бар, ол *-меншік* дериваты: *Сондықтан да ол жер енді кедейлердің меншігі* (Оразалин).

-дырық// -дірік. Сөзжасамдық бұл формантың түрік тілдерінде *-дирек*, *-дуруқ// -дүрік*, *-тырық// -тирик*, *-туруқ// -түрік* варианттары бар. Мұның құрылымы негізінен мына түрде түсіндіріледі: *көзілдірік* < *көз* (зат атауы) + *-іл* (етістіктің екінші жақ бұйрық райының көрсеткіші) + *-дыр* (өзгелік етіс форманты немесе -түр етістігі) + *-ық// -ік* зат атауын жасайтын жұрнақ. Қазақ тілінде сөзжасамдық *-дырық// -дірік* форманты санаулы-ақ туынды зат есімде кездеседі. Олар мыналар: *кекілдірік*, *көгілдірік* (< *көгіл-синева* + *дірік*), *мойынтұрық* (-*мойынтырық*), *төбелдірік*, *табалдырық*, *сағалдырық*, *өмілдірік*, *тұмылдырық*, *паналдырық*, *уылдырық* (үілдірік). Бұлардың ішінде әсіресе *өмілдірік*, *паналдырық* туылымдарының түбірі құрылымы жағынан да, семантикасы жөніне де көмескі. Ал *уылдырық* (*үйлдірік*) лексемасын тіліміздегі *уылжу* етістігі-

* Кейде сөзжасамдық *-шақ// -шек* формантының дыбыстық жағынан ғана бөлектегіп тұрған жіңішке түрі (“узкая разновидность”) ретінде түсіндіріледі.

мен түбірлестіруге болатын сияқты. *Шауып жатқанымыз үілдірігі әлдеқашан төгіліп қалған қу қамыс* (Сыланов); *Қазының үілдірігін салып, қымыздан құныға ішкен жас жігіт...* (Бегалин).

Осы жерде көңіл аударатын бір нәрсе: *көзіл* де, *табал* да, *сағал* да, *өміл* де, *тұмыл* да, *панал* да, *уыл* (уіл) де жоғарыдағы *кекіл*, *көгіл* сияқты сонар дыбысқа аяқталған. Бұл жағынан оларды бір моделдегі (бір сөзжасамдық үлгідегі) дериваттар деуге болады. Жалғанатын жұрнақтың бәріне ортақтығы, яғни олардың бір ғана жұрнаққа телімді болуы осы бір үлгілестіктен, дыбыстық аяқталымның осы бірдейлігінен келіп шығады. Түркологияда *-дырық* пен *-ылдырық* форманттары ара-тұра өзара вариант ретінде сипатталады. *Паналдырық*, *көгілдірік* дегендер тілімізде қазір сирек ұшырасады. *Киізден паналдырық деп аталатын башлық немесе жамылғы тігілетін болған* (Қазақ ССР тарихы); *Сонау армандай тәтті, алыс көгілдірік астасып жатқан бақ* (Ахтанов).

-ым// -ім. Бұл жұрнақ - өзінің сөзжасамдық табиғаты жөнінен жалпы етістік түбірлерге ғана жалғанымды. Ал қазақ тілінің өзінің байырғы есім сөздерімен сөзжасамдық қатынасқа түспейді. Бірақ тілімізде түбір зат есім мен осы *-ым// -ім* жұрнағының бірігуінен пайда болған туынды зат атаулары мүлде жоқ емес. Бұл ретте мысалы *қайырым*, *мейірім*, *қарым* туылымдарын, тек осы үшеуін ғана атауға болады. Бұлар қазақтың өзінің төл сөзі негізінде жасалмаған. Үшеуін де мотивациялап, яғни негіздеп тұрған - кірме сөздер. Бұл үш дериваттағы *қайыр* - араб сөзі, *мейір* - парсы текті лексема, ал *қар* - моңғол тілі элементі. Қазақтың байырғы есім сөздерінен *-ым// -ім* форманты арқылы туынды сөз жасалмайды дейтініміз міне осы себепті. Өзге түрік тілдерінде де солай.

-нар// -мар. Сөзжасамдық бұл *-нар// -мар* форманты арқылы пайда болған туынды түбір зат атаулары тілімізде жалпы ара-тұралап қана ұшырасады. Олар мысалы *шоқпар*, *тұлпар*, *қатпар* сияқтылар. *Шоқпар* туылымын тіліміздегі *шоғыр*, *шоқтық*, *шоқ терек*, *гүл шоқтары* дегендердегі *шоқ* лексемасымен бір гомогендік негізде алып қарауға болады. Тілімізде сондай-ақ *қатпар* дериватындағы *қат* негізі де өзінің қолданымдық жеке дербестігін сақтаған. *Жеті қат жердің асты*, *қат-қат*, *3 қат*, *4 қат* дегендердегі *қат* пен *қатпар* туылымындағы *қат* екеуі - бір сөз. Бірақ *тұлпар* туынды түбір зат атауындағы *тұл* түбірінен қазақ тілінде мұндай дербестік бай-

қалмайды. Ал ол бұрынырақта кейбір тілде жеке сөз ретінде қолданылған. Мысалы *тұл* түбірі шағатай тілінде “конь, снаряженный для боя” деген мағына білдірген.

Түрік тілдерінде осы *-нар* жұрнағының *-мар// -мер* вариантымен де біраз жаңа сөз жасалған. Бұл ретте азербайжан тіліндегі “катмер ‘складка, слой’”, құмық, қарайым тілдеріндегі “*чокъмар// чокмар* ‘дубинка’ туылымдарын атауға болады. Сөзжасамдық осы *-мар// -мер* форманты арқылы есім негізден пайда болған мұндай жаңа жасамдар қазақ тілінде де бар. Мысалы, *тілмар// ділмар* <тіл//діл+мар, *ісмер* <іс+мер. Бірақ бұлар - туынды сын атаулары. Тілімізде туа түбір зат атауынан осы *-нар* форманты арқылы термин ретінде кейін қалыптасқан бірді-екілі тіпті жаңа туылым да кездеседі. *Күлте жапырақшалары көп осындай гүлдер гүлпар деп аталады* (Ботаника).

-ман// -мен, -пан// -пен. Түрік тілдерінде сөзжасамдық *-ман// -мен* форманты иран тілдеріндегі *-мән// -мәнд// -умәнд* жұрнағынан қалыптасқан. Тілімізде бұл формант арқылы жасалған туынды зат атаулары көп емес. Мысалы *атаман*, *құтпан*, *оқпан* (ствол мағынасындағы) туылымдары. *Абылайдың тұсында құтпан болған Сөйлейтін Баян, Қанай, Жолдыбайдан* (Шал). Бұлардың сыртында *кілтпан*, *сүймен*, *тұрман*, *дойман* сияқты да біраз дериваттар бар, мысалы: *Құрылысқа құм тасып жүрген доймандардың бірі арт жағынан келіп, сүзіп жіберген* (“К.Ә.”); *Мұнда қандай кілтпан барын ешкім айта алмады* (Жұмаділов); *Ерімнің бір тұрманы үзеңгісі, Қыз он бесте келеді түзелгісі* (Шал ақын). Тілімізде осы формант арқылы бірыңғай тек туа түбір зат атауларынан ғана емес, кейбір есім негізді бейнелеуіш сөзден жасалған да жекелеген дериваттар кездеседі. *Салақпан* көне. Атылатын қару түрі. *Апылғытыл салақпанымды қолыма алдым да, толған толған тартып қалдым* (КТДС).

-стан. Қазақ тіліндегі бұл сөзжасамдық формант - иран тілдерінде “ел, жұрт” мағынасында қолданылатын дербес сөз. Ол түрік тілдерінде қазір жұрнақ қызметін атқарады. Мысалы, *Қазақстан*, *Өзбекстан*, *Қырғызстан*, *Түркстан* т.б. туынды жалқы есімдер міне осылай жасалған. Бұлар - көпшілікке кеңінен мәлім, жалпыхалықтық сипат алған туылымдар. Сондай-ақ осы *-стан* формантының қатысуымен белгілі бір стильдік мақсатта жеке жазушылардың тілінде туған да жаңа жасамдар бар. Олар мына сияқтылар: *советстан*, *совстан*, *гүлстан*, *тынстан*, *тілстан*, *гүлбақстан* т.б. Бірақ қайсыбір ақын, жазушылар кейде бұл фор-

мантты өз алдына иран тілдеріндегі сияқты дербес сөз орнына да қолданады: *Ол кезде қазақ-қырғыз бір-ақ стан* (Әзірбаев); *Сен бір бақыт мен үшін Гүлбақстан бақытты елі* (Сонда).

-хана. Бұл да - сол иран тілдерінен ауысқан кірме жұрнақ. Олар да жеке сөз ретінде жұмсалып, “үй” деген мағына білдірген. Ал түрік тілдеріндегі статусы өзгерген, яғни ол жұрнақ сөзжасам жүйесінде қаралады. *-стан* форманты сияқты, *-хана* формантының да фонетикалық варианты жоқ. Жоқ болатыны бұлар тектік сипаты жағынан жеке сөздер қатарына жатады.

-стан сияқты, *-хана* форманты да түрік тілдерінде тек туа түбір зат атауларына жалғанады. Басқа сөз таптарының бірде бірінен туынды түбір зат атауларын жасай алмайды. Қазақ тілінде *-хана* форманты арқылы жасалған туынды түбір зат атауларын таралымы, танымдығы жөнінен бірнеше топқа бөлуге болады. Бірінші - жалпыхалықтық қолданымдағылар: *-асхана, кітапхана, баспахана, жатақхана, мейманхана, аурухана, ұстахана, сырахана, масахана, шайхана*. Екінші топтағылар - орыс тіліндегі түрлі терминдік атаулардың қазақ тіліндегі баламасы ретінде кейін, кеңес дәуірінде пайда болған жаңа туынды түбір зат атаулары: *перзентхана* (роддом), *наубайхана, кофехана* (кофейня), *бояухана* (красильня), *дәріхана* (аптека), *кебепхана* (шашлычная), *сәбіхана* (дом малюток), *көшетхана, қымызхана, сүтхана, бозахана, тауықхана, бажықхана, кірхана* (прачечная), *қоңыраухана* (колокольня), *етхана, шарапхана* (винная), *шашлықхана, ғаріпхана* (дом престарелых), тағысын тағылар.

Тілімізде *-хана* құрамды туынды зат атауларының тағы бір тобы бар. Бұлардың алдыңғы екі топтан айырмашылығы - бүгінде әбден көнеленген, архаизмдік сипат алған. Мысалы *зікірхана, зиратхана, ғибадатхана* дегендер сондай ескілікті тіл коріністері. Бұл туылымдар тілімізге осы тұрған тұтас қалпында келіп кірген.

Ал тіліміздегі *-хана* форманты арқылы жасалған мына бір топ туылымдарды окказионал зат атаулары деуге болады. Олар мыналар: *диухана, жетімхана, қапасхана, жұбапхана* тағы осы сияқтылар. Бұлар ұғымдық жағынан елге соншалықты етене емес, күңгірттеу. Сондықтан әрқайсысын контекстімен келтірейік: *Үкімет оны кішкентай балаларға арналған жетімханаға берген* (Есенберлин); *Келіссөз жұбапхана аталатын жұпыны жайда басталып еді* (Мағауин); *Ата-бабасы көріп білмеген қапасхана осы екенін аңдады* (Сонда); *Әуелі хан сарайлары - диухана мен*

тұрғын үйлерді қоршаған қамал салынуға тиіс (Сонда). Осы формант арқылы жасалған *жындыхана, әжетхана, кеселхана* сияқты туылымдар көбінесе сөйлеу тілінде айтылады.

-нама. Түрік тілдерінде негізінен сөзжасамдық қызметте қолданылатын *-нама* форманты - иран тілдерінде “жазу, кітап, шығарма” мағынасын білдіретін дербес лексема. Ол қазақ жазбаларында жұрнақ ретінде XIX ғасырдың бірінші жартысынан былай көріне бастады. Оның әдебиеттерде кеңірек етек ала түскен кезі - XX ғасырдың жиырмасыншы, отызыншы жылдары. Тілімізде қазір мұнымен жасалған туынды түбір зат атаулары бірқыдыру. Рас бүгінде олардың бәрі бірдей қолданымды емес. Көбінесе тарихи шығармаларда, пафостық (көтеріңкі) стиль үлгісіндегі түрлі жазба нұсқаларда кей-кейде ғана жұмсалыды: *жарнама* (реклама), *жылнама* (летопись), *құбыланама* (компас), *панднама* (хан, сұлтандарға арналған нәсихат кітабы), *сарындама, баяннама, ғарышнама, дәуірнама, ақпарнама, мақалнама, ғарызнама, ғұмырнама* (жизнеописание), *мағлұмнама* (аннотация), *қазанама* (некролог), *өсиетнама* (письменное завещание), *есімнама* (перечень имен), *тарихнама, жұлдызнама* (описание звезд), *таһлилнама* (гороскоп), *сәлемнама*, т.б. Осы келтірілген туынды зат атауларының бәрінде де *-нама* форманты түбірге сол өзінің “жазу, кітап, шығарма” деген тәрізді мағынасын үстеп тұр. Ал құрылымында осы *нама* бар басқа бір туынды зат атауларынан оның бұл мағынасы байқалмайды. Мысалы, *китнама* туылымы ертегілерде “ғажайып кесе” мағынасында кездеседі. *Оның ішінен шәй ішіп отырғанда дүниенің бәрі көрініп тұрады-мыс* (Қасиманов); *Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, тойтамаша қылады екен* (Абай).

Тілімізде, сондай-ақ, *сәлемдеме* деген де туынды есім бар. Бірақ мұнымен жоғарыдағы *сәлемнама* өзара құрылымдас, түбірлес болғанымен, бұлардың семантикасында ондай ортақтық жоқ. *Сәлемнама* - “сәлемхат” тәрізді мәндегі жасалым да, *сәлемдеме* - белгілі бір зат, “сый” ұғымымен байланысты туылым. *Хат жаздым сәлемнама Манатжанға, Бетіне жанның бәрін қаратқанға* (Айттыс); *Ол шешесіне арнаған сәлемдемесін ала кетуді өтінді* (Өмірбеков). *Баяннама* мен *баяндама* да солай сырт қалпы, тұлғасы жағынан бұлардағы *нама* мен *дама* өзара фонетикалық варианттар сияқты көрінеді. Шын мәнінде олай емес. Бұл - жай, сырт қана ұқсастық. *Баяннама* туылымындағы *нама* мен *баяндама* дериватындағы

дама - екеуі екі бөлек құбылыс. Себебі: *баяндама* < *баян* (зат атауы) + *да* (бұйрық рай көрсеткіші) + *ма* (қимыл атауынан зат атауын тудыратын жұрнақ), ал *баяннама* < *баян* (зат атауы) + *-нама* (тілімізде жұрнақ қызметін атқаратын иран тілдерінен ауысқан, кірме сөз). Абай оны ешбір түбірге жалғамай, сол иран тілдеріндегі статусында, яғни дербес сөз ретінде қолданады: *Бұл жазған сұңғатым, Көңіл ашар бір нама*.

Тілімізде *-нама* арқылы жасалған бұл аталғандардан басқа да біраз туылымдар кездеседі. Бірақ олар жоғарыдағылармен деңгейлес емес, яғни жалпыхалықтық сипат ала қоймаған сөздер, мысалы: *қытықнама, құлықнама, зиратнама* дегендер - кейбір жеке авторлардың сөзқолданыс ерекшелігімен байланысты ғана кездесетін, окказионалдық сипаттағы туынды зат атаулары. *Құлықнама* (“Ара”) *мінездеме* дериватының орнына жұмсалған. *Айта берсем, мына “Құтықнама” атты кітабыма тізіліп жатқан кемкетіктің ...* (“К.Ә.”); *Маңғыстаудың ойы мен қырында ол соққан мұнаралар, ымараттар, зиратнамалар баршылық.* (Сонда).

Қазақ тілінде кенес дәуірінде қалыптасқан да бірқыдыру жаңа жасамдар бар. Кейбірі мыналар: *кепілдеме* (свидетельство), *түсініктеме* (объяснение), *деректеме, пішендеме*. Бұлар, құрылымынан көрініп тұрғандай, *кепіл, түсінік, дерек, пішен* түбірлерінен жасалған. Өйткені тілімізде *кепілде, түсінікте, пішенде, деректе* дейтін етістіктер жоқ. Сондықтан бұдардағы *-деме// -теме* - сөзжасамдық формант ретінде тұтас алынып қаралуға тиіс. Және осы *-деме// -теме* мен жоғарыдағы *-дама// -нама* екеуі сырт қалпы, дыбыстық құрамы жағынан өзара вариант сияқты көрінгенімен, бір-бірімен генетикалық байланысы жоқ, бөлек-бөлек форманттар сияқты. *-нама* өзінің түпкі “жазу, кітап, шығарма” мағынасының сыртында кейбір түрік тілдерінде ара-тұра өзге де мәнде қолданылады. Мысалы, ол түрікмен тілінде *шарт* түбіріне жалғанып, *шартнама* терминін жасаса, қазақ тілінде ол жеке кісі атына қосылып, оған “тану” мағынасын үстейтіндей бейім ала бастаған. Мысалы, қазақ тілінде *мұхтартану* дегенмен қоса, кейде *мұхтарнама* да жарыса айтылады. *Қазақ әдебиетінде Мұхтарнама әлі жазыла қойған жоқ* (“Жалын”).

Сөйтіп жоғарыдағы талданған тіл материалдары *-нама* формантының тілімізде сөзжасамдық қызметінің бұрынғыға қарағанда бүгінде біршама кеңі түскенін және соған байланысты

ол арқылы жасалған туынды зат атауларының семантикасының да түрлене түскенін аңғартады.

-зада. Иран тілдерінде *-зада* форманты “тұқым, тек, нәсіл” мағынасын білдіретін дербес сөз. Ал қазақ тілінде жұрнақ орнына қолданылады. Ол қазір көбінесе антропоним құрамында жұмсалады. Тілімізде, мысалы, *Гүлзада, Асылзада, Пәкізат, Бекзат, Бекзада, Шайзада, Ханзада, Айзада, Айзат* тәрізді жалқы есімдер жиі ұшырасады. Сондай-ақ бұлардың сыртында *-зада* құрамды бірер жалпы есімдер де кейде қолданылады: *бекзада, асылзада, патшазада, ханзада* т.б. *-зада* ғана емес, осы келтірілген туылымдардың көбінің түбірі де сол иран тілдеріндік кірмелер. Бұлардың ішінде тек *хан, ай, бек* сыңарлары ғана түрік текті лексемалар.

-паз. Бұл формант қазақ тіліне иран тілдерінен тек бір өзі ғана емес, тұтас сөз құрамында, өзі жалғанған негіз сөзбен қоса кірген. Мысалы, ол әуелде *өнерпаз* (<һүнерпаз), әйелпаз (<ғәйалпаз), *доданап* (<дудепоз) сияқты туылымдар арқылы келіп сіңді: сөз *өнерпазы Лев Толстой* (Байтұрсынов). Кейін келе бұл кірме формант қазақ тілінің өзінің байырғы түбірлеріне де қосылып, сол “өз топырағындағыдай” сөзжасамдық қызмет атқара бастайды. Бірақ ол арқылы жасалған туынды түбір зат атаулары тілімізде көп емес. Олар, мысалы, мына сияқтылар: *аспаз, атпаз* (*Атпаз көрген ат таныр, Ұстаз көрген хат таныр*); *Дүниенің ең бір жазықсыз, аңқау ұнпазы өз жұбайын шақырам деп, кішкене сырғын кең тау-тасқа да наш етеді* (Әуезов).

-дар. Тілімізде сөзжасамдық осы *-дар* форманты арқылы пайда болған біраз жаңа туылымдар бар. Түркологияда бұл *-дар* жұрнағы иран тілдеріндегі “держать, обладать” мағынасындағы *даштэн* сөзімен байланыстырылады. Ол қазақ тіліндегі мына бір түбір зат атауына да дәл сондай “ұстаушы, иеленуші” деген мән үстейтін сияқты: *Қазан мен Хажы-Тархан хандықтарына тұтқадар, құдіретті бас уәзір Борис Годуновтың...* (Мағауин); *Бар байлыққа өзі қожса қазынадар бек біраз алтынның орнын тапты* (Сонда). Бұл екі мысалдан *-дар* формантының қазақ тілінде де сол иран тілдеріндегідей мәнде қолданылатынын, яғни *-шы* жұрнағымен ұғымдастығын көруге болады. Ол кейбір көркем шығармада да осындай мағынада қолданылады, мысалы: *Ел мұндары боп кеткен Абайды...* (Әуезов). Бұл жұрнақ түрікмен тілінде де осылай *-шы* форманты қызметінде жұмсалады. Мысалы, онда шошқа бағушыны (“свинопасты”) *доңузда* дейді.

арқылы пайда болған туынды сөздер тілімізде көп емес. Ол өзі жалғанған негіз тұлғаға белгілі бір кәсіп түрімен байланысты мағына үстейді. Яғни адамның әбден төселген, машықтанған ісін, әлде бір әрекетке деген бейім-қабілетін білдіретін *-шы// -ші* жұрнағымен синонимдеседі. Тіліміздегі түйсекеш, *арбакеш, күрзікеш, тақымкеш, кірекеш* жасамдарынан мысалы сондай мағына аңғарылды. Соңғы туылым қазақ тіліне тұтас тұрған күйінде, түбір мен жұрнақ екеуі бірге кірген.

-қай// -кей. Бұл жұрнақ қазақ тілінде өнімсіз жұрнақ қатарында сипатталады. Бірді-екілі ғана туа түбір есімге жалғанады. Мысалы оны *сілекей, алаңқай* сияқты туынды түбір зат атауларының ғана құрамынан кездестіруге болады. Ол бұларда түбірге кішірейту мәнін үстейді. Бірақ осылармен сырт қалпы ұқсас, тұлғалас *төскей, беткей, теріскей, күңгей, оңқай, солақай* тәрізді де тілімізде біраз туылымдар бар. Бұлардың алдыңғы екеуі субстантивтену процесінен біржолата өтіп, зат атауы ретінде толық дербестенген, яғни әбден зат есімденіп кеткен. *Жолаушылар шыққан жақ биік төскей болатын* (Әуезов); *Абай құм төбешіктің беткейіне жиналған салт атты саудагерлерге тақап келді* (Сонда). Ал жоғарыдағы қалған туылымдардан дәл мұндай зат атауы ретінде дербестену байқалмайды. Бәрі де - сын атауын білдіреді. Бірақ бұл арада көңіл аударатын бір нәрсе: *төскей, беткей, теріскей, күңгей, оңқай, солақай* дегендердегі *-қай// -кей алаңқай, сілекей* туынды түбір зат атауларындағы *-қай// -кей* формантымен бір емес. Соңғы екеуіндегі *-қай// -кей* кішірейту мағынасында қолданылған. Ал алдыңғы алтауындағы *-қай// -кей* “жақ” (сторона) ұғымын білдіретін сияқты. Демек *алаңқай, сілекей* дериваттарындағы *-қай// -кей* - жұрнақ та, *төскей, беткей, теріскей, күңгей, оңқай, солақай* туылымдарындағы *-қай// -кей* дербес жеке сөзге ұқсайды.

-ай// -ей// -й. Бұл формант та - тіліміздің сөзжасам жүйесіндегі ең бір өнімсіз жұрнақ. Ол арқылы туа түбір зат атауларынан жасалған дериваттар саны тілімізде не бәрі төрт-бестей-ақ. Олар мыналар: *баурай* (<бауыр+ай), *шөмелей* (<шөмеле+й), *сазай* (<саза+й), *маңай* (<маң+ай), *малай* (<мал+ай). М.Әуезов *малшы* мен осы, соңғы *малай* лексемаларын қосарлап, қос сөз түрінде қолданады. Жазушының бұларды осылай қосарлап қолдануында да бір мән бар сияқты. Екеуі сірә өзара мағыналас, синонимдес туынды түбір зат атаулары болу керек. Яғни *малай* - лексемасындағы *-ай* формантын *малшы*

дегендегі *-шы* жұрнағымен қызметтес, мәндес сияқты. Ал *баурай, шөмелей, маңай, сазай* дегендердегі *-ай* қосымы бір қарағанда тіпті жұрнақ деуге де келіңкіремейді. Келіңкіремейтін себебі: жұрнақтың әдетте негізгі жұрнақтық белгісі - өзі жалғанған түбірге жаңа мағына, жаңа мазмұн беру, яғни жаңа сөз жасау. Осы тұрғыдан алғанда: *маң* мен *маңай, саза* мен *сазай, бауыр* мен *баурай* арасында ондай мағыналық айырмашылық байқалмайды, қайта олар өзара лексикалық дублетке көбірек ұқсайды. Өйткені *маңай, сазай, баурай, шөмелей* дегендердегі *-ай// -ей// -й маң, саза, бауыр, шөмеле* түбірлеріне ешқандай да жаңа мағына үстеп тұрған жоқ. Міне осы себепті де *маңай, сазай, баурай, шөмелей* дегендердегі *-ай// -ей// -й* мен *малай* туылымындағы *-ай* формантын бірбірінен айыра қарау керек.

-аң// -ең// -ң. Бұл жұрнақтың қатысуымен жасалған туынды түбір зат атаулары да жалпы тілімізде санаулы. Мұның және өзіндік бір ерекшелігі: зат атауына да, сын атауына да - екеуіне жалғанымды, екеуіне де кішірейту мәнін үстейді, мысалы: *бел - белең, бос - босаң, ой - ояң, қат (-ты) - қатаң, сор - сораң*; ал *өртен, тозаң, кезең* лексемаларындағы *-аң// -ең* қосымынан ондай кішірейту мәні сезілмейді, мұнда қайта жұрнақтық сипат басымырақ. *Белең, босаң, ояң (ояң), қатаң* дегендердегі *- аң// -ең* қосымдарынан бұған керісінше, яғни сөзжасамдықтан гөрі сөзтүрлемдік реңк көрінімдірек. Шынында да жоғарыдағы *өрт* туа түбір зат атауына *-ең* форманты ешқандай да кішірейту ұғымын жамап тұрған жоқ. Рас, *өртен* дериваты сөзтаптық тегі жағынан сын атауына көбірек жуық. Бірақ ол бүгінде әбден субстантивтенген, зат атауы ретінде көбірек тиянақтылық алған: *Өртеңнің бауырына қонып отырған Ұлжан аулына Құнанбай екі-үш күндей қонақтады* (Әуезов). Зат атауы ретіндегі дәл осы сияқты тиянақтылық *кезең, тозаң* лексемаларынан да байқалады. Қазақ тілінде *-аң* форманты арқылы жасалған мұндай жаңа туылымдар қатарына сондай-ақ *қайқаң* және *қарсаң* туынды сөздерін де жатқызуға болады (*қайқаң* < *қайқы+аң*, *қарсаң* < *қарсы+аң*). *Аттар қарсаңға мықшия, дем ала өрлеп, жотаға эрең көтерілді* (Мұқанов); *Бір қайқаңның алдындағы тіктеу сайда алты ұры барымташыны алты топқа бөлді* (Әуезов).

Тілімізде туынды түбір зат атаулары сондай-ақ осы аталмыш жұрнақ арқылы кейбір бейнелеуіш сөздерден де жасалады, мысалы: *салтаң* (<салп+аң), *бұлтаң* (<бұлт+аң), *селтең* (<селт+ең), *қалбаң* (<қалп+аң) т.б. *Бір көрмеге тәп-тәтті Қазаны*

мен қалбаңы (Абай); Бұл - көңілінде бұлтаңы жоқ сәби бала (Байтанаев).

-ған// -ген. Қазақ тілінде есім негізді туынды түбір зат атауларын жасайтын жұрнақтардың бірі - осы **-ған// -ген** форманты. Ол арқылы тілімізде жеке есептік сан атауынан жетіген туынды зат атауы қалыптасқан. Жеті тарам қыл ішегі бар музыкалық аспап мағынасын білдіреді. *Болат Сарыбаевтың зерттеуі нәтижесінде... қыл қобыз, жетіген, дауылпаз, көне домбыра үлгілері табылды* (“ҚӘ”). Кейбір аймақта музыкалық аспаптың атауы ретінде айтылатын *жетіған* сөзі де осы *жетіген* жасалымының жергілікті дыбыстық нұсқасы (варианты) болуы мүмкін

-ы// -і, -сы// -сі. Қазақ тілінде үшінші жақ тәуелдік жалғауының **-ы// -і, -сы// -сі** көрсеткіші сөзтүрлемдік қана емес, сонымен қоса сөзжасамдық та қызмет атқарады. Мысалы тіліміздегі “жетісін беру”, “жетісін өткізу”, “жетісі қашан”, “жетісі өткен соң”, “жетісі әлі болған жоқ”, “қырқы өтпей жатып” сияқты сөз орамдарындағы *жетісі, қырқы* дериваттары осы тәуелдік жалғау арқылы есептік *жеті* және *қырық* сан атауларынан жасалған. Әдетте, зат атауының септік, көптік, тәуелдік жалғаулары өздері жалғанған өзге сөз таптарын субстантивтендіреді. Көп жағдайда контекстік субстантив жасайды. Ал *жетісі, қырқы* туынды түбір зат атаулары ол деңгейден әлдеқашан өтіп кеткен, реестрлік сөз дәрежесіне жеткен: *Жоқтау өлеңдері олген адамның қазасы үстінде немесе жетісі, қырқы, жылы деп аталатын кездерде айтылатын* (Фабдуллин). *Қырқы* лексемасы тілімізде, сондай-ақ, кейбір ырым-салт атауына (яғни сәбидің туғанына қырқы күн толуына) байланысты да қолданылады. Мысалы, тіліміздегі “қырқынан шығару”, “қырқынан шығарда”, “қырқынан әлі шығарғамыз жоқ” тәрізді сөзқолданыстар осы этномәдени салттан туған.

-бай. Бұл формант қазақ тілінде негізінен антропонимдік туылымдарда қолданылады. Онда да тек есептік сан атауларының қосарында. Мұндай құрылымды жаңа жасамдарға, мысалы, мына жалқы есімдер жатады: *Бірбай, Екібай, Үшбай, Төртбай, Бесбай, Алтыбай, Жетібай, Сегізбай, Тоғызбай, Онбай, Отызбай, Қырықбай, Елубай, Алысбай, Жетпісбай, Сексенбай, Токсанбай, Жүзбай, Мыңбай.* Бұл жерде көңіл аударатын бір нәрсе **-бай** формантының бірден онға дейінгі есептік сан атауларына сөз тастамай түгел жалғанымдығы. Ал ол ондық атауларының ішінде тек *жиырма* есептік сан атауына ғана қосылмайды. Қазақ

тілінде, сондай-ақ, *Екібай* антропонимінен гөрі *Егізбай* жалқы есімі жиірек ұшырасады. *Екібай* дейтін кісі есімінің орнына көбінесе соңғы, *Егізбай* антропонимі қолданылады. Бұл, сірә, олардағы *екі* және *егіз* негіздерінің (*жалқы* және *жалғыз* деген сияқты) генетикалық жақтан өзара байланыстылығынан болу керек. Осы құрылымды туылымдар қатарына *Түменбай* (-Тұманбай) және *Санбай* (Сәтімжан Санбаев дегендегі) антропонимдерін де жатқызуға болады. Себебі *түмен* - он мың, ал *сан* - миллион деген мағына білдіретін сөздер: “Бірдің кесірі - мыңға, мыңның кесірі - түменге”, “Орманбет хан өлгенде, он сан ноғай бүлгенде” дегендердегі *түмен* мен *сан* сол он мың, миллион мағынасында қолданылған. Кейбір зерттеушілер жоғарыда келтірілген антропонимдердің *бай* бөлігін, әдетте, “богач, богатый” мағынасын білдіретін *бай* лексемасы ретінде алып қарауға бейім. Олай болған жағдайда Жансүгіровтің Сұрпақбайындағы, Майлиннің Мырқымбайындағы, Мүсіреповтың Тымақбайындағы және кейбір көркем әдебиет үлгілерінен кездесетін Желкебай, Сенделбай, Телпекбай іспетті сөзқолданыстардағы *бай* элементін қалай түсіндіру керек, әлде осы “байлардың” бәрі бір нәрсе ме - бұл, әрине, әлі де боса анықтай түсуді қажет етеді.

-ыш// -іш. Есім негіздерден сөзжасамдық **-ыш// -іш** жұрнағы арқылы пайда болған туынды түбір зат атаулары да тілімізде бірқыдыру. Және жалпыхалықтық сипаттағы мұндай типті туылымдар көбінесе құрал мағынасын, атау мәнін білдіреді, мысалы: *керуіш, құрттауыш, қырнауыш, байлауыш, бұлғауыш, елеуіш, бұрғылауыш, бұрауыш, қоруыш, түйреуіш, тіреуіш, тырнауыш, жануыш, бояуыш. Балаға қоруыш болғанның жөні осы деп...* (Соқпақбаев). Есім негізді осындай туынды түбір зат атауларына сондай-ақ лингвистикалық *бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш* терминдерін де жатқызуға болады.

Құрттап кеткен жараны құрттауышпен құрттап әбден арылтады (Арғынбаев); *Қараменденің қолында ұзын жануыш* (Молдағалиев); *Жетіген, керуіштен күй толған* (Хұсайынов). Соңғы мысалда келтірілген *керуіш* туылымындағы **-іш** форманты өзінің сөзжасамдық мағынасы жағынан **-ғыш// -гіш** жұрнағымен адекватты. Себебі етістік негіз бен осы **-ғыш// -гіш** қосымынан пайда болған зат атауы да құралдың атын білдіреді. *Сызық түсірмей сойып алған екі теріні кергішке керіп, құба жонынан бір сипап қалғанда құлтырып сала берді* (Мүсірепов). Жоғарыдағы **-іш** және **-гіш**

форманттары арқылы жасалған екі дериваттын (бірі - музыка аспабының атауы ретінде, ал екіншісі тері керетін құрал мағынасында жұмсалғанымен) бір-бірінен семантикалық еш алшақтығы жоқ. Екеуі де - құралдың атауы. Бұл жағынан олардың (-*гіш* пен -*іш* жұрнактардың) өзара синонимдестігі айқын аңғарылады. Тілімізде сондай-ақ есім негізден осы -*ыш*//*-іш* формантының қатысуымен кенес дәуірінде қалыптасқан туынды түбір зат атаулары да бірталай. Кейбірі мыналар: *қозғауыш, сақтауыш (совхоздың мұз сақтауыштары), өлшеуіш, маялауыш (маялауыштың аспалы тіркемелі түрлері), қармауыш (қармалауыш), қабылдауыш (приемник), желлуіш, деңгейлеуіш, дәмдеуіш (приправа)* т.б. Бұлардың кейбірін енді тұтас контекст көлемінде алып көрейік. *Ыстық тамақ, ащы тұздық, әртүрлі дәмдеуіштер қарын клеткаларының ұлғаяу процестерін жеделдетеді* (Әбисатов); *Оны бір тегіс алаң үстінде деңгейлеуіштің көмегімен орнықтырады* (“Ауыл шаруаш. машиналары”); *Кең бөлменің төр жақ бұрышында қабылдауыш...* (Сыланов); *Өскіншенің алдыңғы жағында қармауыштар түзіледі* (Жалпы биология). Ал сөзжасамдық осы үлгідегі (модельдегі) *безеуіш* туынды түбір зат атауы этнографиялық термин де, *қалауыш* туылымы - диалектизм. Ондай жерлерге арнаулы *безеуіш, безеубас* деген құрал арқылы ою ойылып, күміс сіңіріледі (Қасиманов); *Қыз жасауын артып, қалауыш ортасына қыздың өзін мінгізді* (Нұрпейісов).

-ыл// -іл. Бұл сөзжасамдық жұрнақ арқылы қимыл есімнен қалыптасқан туынды түбір зат атаулары да өздерінің семантикалық құрылымы жағынан нақтылы атаулық мән алған, терминдік деңгейдегі сөздер болып келеді, мысалы: *тосқауыл, шабуыл, жортуыл, кезуіл, торуыл* дегендер, мысалы, сондай дериваттар. *Қағазқой, арызжанды кеңселер мен әкімдерге тосқауыл болатын деректі қағаздар керек* (Әуезов). *Атасы қол бастаған Мамай батыр, Өмірі кезуілде тіккен шатыр* (Бердин). Сондай-ақ *бөгеуіл, аңдуыл, шандуыл* туылымдары да осы үлгідегі дериваттарға жатады. Бірақ соңғы *шандуыл* туынды түбір зат атауы тек жеке жазушының ғана тіл ерекшелігімен, стиль даралығымен ғана байланысты сияқты. *Кедейлерді біріне бірін айдап салып, таластыра берсек, біз аңдуылдан тасалана тұрамыз* (Оразалин); *Бөгеуілді, әдетте, орманды жерлерге ағаштардың бұтақты басын дұшпан жаққа қарата құлатып жасайды* (ҚСЭ.).

Тілімізде осы сөзжасамдық -*ыл*//*-іл* форманты арқылы қалыптасқан туынды түбір зат атау-

ларының біразының негізі елкітеуіш сөздер болып келеді. Мысалы мұндай негізді (мотивациялы) туылымдарға *арсыл, күрсіл, бырқыл, бырыл, былшыл, зүйл, сүріл, дүңкіл, зұыл, зырыл, зыңыл, зіркіл, кенкіл, қанқыл, қарқыл, қорсыл, қорыл, қыңқыл, қырыл, лақыл, лоқыл, мыңқыл, пысыл, саңқыл, сартыл, сылпыл, сынқыл, сырыл, тарсыл, шаңқыл, шарыл, шиқыл, шырыл, ынқыл, ырыл, ысыл*, осылар сияқты тағы талай дериваттарды жатқызуға болады. Бұлардың бәрі де бір буынды түбір еліктеуіш сөздерден жасалған. Яғни барлығы да белгілі бір дыбыс түріне еліктеуден туған. Келтірілген туынды сөздер сол алуан түрлі дыбыстардың тілдік көріністері, атаулары болып табылады. Және жоғарыдағы дериваттардың негізі саналатын еліктеуіш сөздердің бәрі үнемі дауыссыз дыбысқа аяқталып отырады. Бірер мысал: *Көмейіңе тақап тұрған бір күлкілің бар ғой* (Әуезов); *Ақырын ғана көркем сынқыл әсем үнмен Әйгерім күліп қызарады* (Сонда).

Қазақ тілінде осы -*ыл*//*-іл* форманты арқылы бейнелеуіш сөздерден біраз туынды түбір зат атаулары жасалған, мысалы: *бұрқыл, бүлкіл, былқыл, діріл, жалтыл, жарқыл, күлтіл, лапыл, салпыл, лыпыл, селкіл, жылытыл*, тағы осы сияқтылар. *Көмей бүлкіліне салып, құйқылжыта аяқтады да, домбыраны Әмірге ұсынды* (Жармағамбетов); *Бойына тоңазығандай бір діріл пайда болды* (Әуезов); *Көзінің алдындағы осы бір күлтіл көптен бері кетпей қойды* (Ахтанов).

-ыр// -ір. Сөзжасамдық бұл формант тілімізде бірер ғана қимыл есімге жалғанады: *қандауыр* < қандау+ыр, *шымшуыр* < шымшу+ыр, *саңғуыр* < саңғу+ыр. *Қандауыр* туынды зат атауы құрал мағынасын білдіреді, сонымен қоса фитонимдік термин ретінде де қолданылады, мысалы: *Абылғазы құстың төсін, саңғуырын көп ұстап, бақылап шықты* (Әуезов); *Оташылар арнаулы қандауырмен жылқының қолтық тамырынан қан алып, танаудан қарандыз түбірінің кайнатындысын құятын* (Арғынбаев); *Қандауыр - ауыл шаруашылық дақылдарына зиян келтіретін, жартылай паразит өсімдік* (ҚСЭ).

Ал осы -*ыр*//*-ір* жұрнағы арқылы еліктеуіш сөздерден жасалған туынды есімдер тілімізде едәуір. Олардың кейбірі мыналар: *қыңғыр* (<қыңқ+ыр), *күңгір* (<күңқ+ір), *тықыр* (<тық+ыр), *сыбыр* (<сып+ыр), *сыңғыр* (<сыңқ+ыр), *шіңгір* (<шіңқ+ір), *шықыр* (<шық+ыр), *мыңғыр* (<мыңқ+ыр) т.б.

Еліктеуішті негіз сөздерден жасалған туынды түбір зат атаулары қатарында *биттылдық, көкек, қарға, қызғыш, тарғақ, тырна*, осылар сияқты тағы

кейбір атауыш (номинатив) сөздерді келтіруге болады. Бұлардың барлығы да - құс атаулары, бәрі де - осы қанаттылардың дыбысына еліктеуден келіп шыққан жалпы есімдер. Бірақ олар синтетикалық тәсілмен жасалған сөздер емес. Мысалы *көкек* атауы *көк-көк >көккөк >көкек* ретімен, яғни “көк” дыбысының екі рет қайталануынан келіп шыққан. *Қарға* да солай, сондай үлгіде пайда болған: *қарқ-қарқ >қарққарқ* (бұл қосарда екі рет қайталанған -рқ дыбыс тіркесінің соңғысы түсіріліп) *> қарққа* (аттас лексемасындағы екі қатаң -тг дыбыстарының бір ұяң -д дыбысына ауысқаны яғни *адас* болып өзгергені сияқты *ққ >ғ* болып өзгерген) *> қарға*.

Қазақ тілінде туынды түбір зат атаулары етістік негіздерден де жиі жасалады. Яғни осы етістік негіздерге жалғанатын жұрнақтар да тілімізде бірталай. Бірақ бұлар туынды түбір етістіктерден гөрі туа түбір етістіктерге көбірек жалғанымды. Демек соңғы етістік түрімен сөзжасамдық қатынасқа түсетін жұрнақтар сан жағынан да көбірек.

-ашақ// -ешек. Сөзжасамдық бұл форманттың жалғанымдық аясы қазақ тілінде жалпы кең емес. *-ашақ// -ешек* - өзінің лингвистикалық табиғаты, сөз таптық тегі жағынан көбіне-көп сын атаулары жасамына бейім жұрнақ. Тілімізде ол арқылы жасалған кейбір сын атаулары қазір заттық сипат алып (субстантивтеніп), әуелгі атрибутивтік сапасынан ажырай түскен. Мысалы, *болашақ, келешек* дегендер - міне сондай жасалымдар. Екеуін де лексикалық мазмұны дербестігі жағынан әбден сараланған, толық мәнді туынды түбір зат атауы деуге болады. Ал бұлармен салыстырғанда, *берешек, алашақ, көрешек* дегендерден дәл сондай деңгейлі субстантивтену, дәл сондай дәрежедегі заттық тиянақтылық байқалмайды.

Бірақ тіл білімінде сөзжасамдық бұл *-ашақ// -ешек* жұрнағы келер шақ *-ар* формантының ықшамдалған (редукцияланған) *-а// -е* нұсқасы мен кәдімгі “уақыт” мағынасында қолданылатын *шақ* лексемасының қосындысы болып табылады.

-а. Бұл формант қазақ тілінде үш-төрт қана түбір етістікке жалғанып, туынды (жаңа) сөз жасайды. Мысалы ол *жыра* етістігіне қосылып, географиялық *жыра* терминін жасаса, “не жаздым”, “жаздым, жаңылдым” сияқты сөз орамдарындағы *жаз* лексемасы да солай *-а* жұрнағы арқылы “кара” мағынасын білдіретін *жаза* дейтін заң терминіне айналған. Ал *айнал* етістігі осы *-а* формантын қабылдап, *айнала* дейтін белгілі бір

кеңістік ұғымына ие болған да, *аша, таға* (аттың тағасы) туылымы нақтылы зат атауы (аш+а, тақ+а) ретінде қалыптасқан. *Мал-басқа түгел толған айналасы* (Торайғыров).

-шы// -ші. Тілімізде етістік негізден сөзжасамдық осы формант арқылы пайда болған туынды түбір зат атаулары білдіретін мағыналары жағынан әр түрлі. Мысалы туа түбір етістік негізден қалыптасқандары көбінесе нақтылы бір номинациялық мәнмен байланысты болып келеді. Мысалы, *оташы (хирурге), тамшы, жамылшы, баршы* дегендер міне осындай дериваттар. *Жүкті түйелердің екі жағы үлкен қара жамылшыларымен баяу ғана желпіне түседі (Әуезов); Сол сахараның алғашқы елшісі, баршысы боп Алтынсарин өмір кешіпті (Сонда).* Бұл келтірілген мысалдардағы *жамылшы, баршы* туынды түбір зат атаулары өздерінің қолданымдық дәрежесі, әдеби тілдік сипаты жағынан бірдей емес. Алдыңғысы - жалпыхалықтық дериват, ал соңғы *баршы* туылымынан ондай ауқым әзір байқалмайды. Бұл - жеке бір жазушының өзіндік ерекшелігі аясындағы ғана, таза контекстік, стильдік ыңғайдағы, окказионалдық жасам. Себебі *баршы* туынды зат атауына автордың теліп отырған мағынасы көпшілікке шынында тосындау. Жазушы сондықтан шығармасының екінші бір жерінде оны былай түсіндіре отырып қолданады: *Мынау келе жатқан тобынан “ходок” (баршы) болып Жетісуға барып, онда бір жыл тұрып, жердің, кәсіптің бар жағдайымен танысып кеп, осы тобын артынан ертіп, көшіріп келе жатқан өзі (Әуезов).*

-дақ// -дек. Қазақ тілінде, бұл формант та бірер ғана етістікпен сөзжасамдық қызметке түседі. Мұның өзіндік бір ерекшелігі: дауыстыға аяқталған етістік негізге де, сондай-ақ дауыссызға біткен етістік негізге де жалғана береді. Мұндай құрылымды туынды түбір зат атауы, әдетте нақтылы бір зат атауымен байланысты болып келеді, мысалы, *қуырдақ, қидақ: Абайлар осы беттен қосқа, бағанағы арқардың қуырдағын жеуге бейімдеп еді (Әуезов); Матаның ұсақ қидақтарынан көрпеше жасайды (ҚТДС).*

-маш// -меш, -паш// -пеш, -баш// -беш. Бұл форманттың етістік негізден туынды түбір зат атауларын жасайтын реттерін қазақ тілінде жалпы сирек деуге болады. Ол арқылы пайда болған *жаңылтпаш, қуырмаш, кертпеш, түймеш, көмбеш* дериваттары өздерінің лингвистикалық табиғаты жағынан субстантив бейімді туылымға көбірек келіңкірейді. Яғни бұлардан қазір заттық нақтылық, атауыштық (номинациялық) белгілер айқынырақ

байқалады. *Ол ағашты түбінен аздап аралап кеседі де, кертпеш жасап алады* (Әміров); *Жейтінін жеп, көмбешін кесе бердік* (Әзірбаев).

-ам// -ем, -ым// -ім, -м. Бұл формант зат атауларын туа түбір етістікке де, сондай-ақ, туынды түбір етістікке де жалғанып жасай алады. Және мұндай туылымдардың семантикасында заттық нақтылықтан гөрі абстрактылық сипат басым болады. Мысалы: *төзім, шыдам, кесім, жайылым, өлім, өсім, өрім, жітім, жем, тыйым, шақырым, тұтам, алым т.б.* Бұл аталғандар **-ам// -ем, -ым// -ім, -м** форманттары арқылы туа түбір етістіктен пайда болған, қазақ тілінің байырғы өз туылымдары. Бұлардың сыртында, кеңес дәуірінде термин ретінде қалыптасқан жаңа туынды зат атаулары да бірқыдыру. Кейбірі мыналар: *бөлім* (отдел, раздел), *сүрлем, сөйлем, құрылым, құрам, қойылым* (постановка), *қайтарым* (отдача), *сұраным* (спрос), *терім* (набор), *наным, таным, өсім*, тағы осы сияқтылар.

Қазақ тілінде туа түбір кел етістігіне **-ім** форманты арқылы жасалған *келім* дейтін де туынды сөз кездеседі: *Еспембетке ұнады Ақбөртеңің келімі* (Үш ғасыр жырлайды); *Келімі жоқ кер дала* (Бекқожин). Мұндағы *келім* дериватының ілгеріде келтірілген туылымдардан қолданымдығы сәл басқарак. Бұл жалпыхалықтықтан гөрі көркем мәтінге тән, стильдік жасалымға көбірек ұқсайды. Тілімізде сөзжасамдық осы **-ым// -ім** формантынан пайда болған етістік негізді *созым* дериватының да қолданымдық сипаты осындай, мысалы: *Үздікті дауыссыздар үздік-үздік шығады да, созымға келмейді* (Жұбанов). Қазақ тіліндегі кейбір этномәдени терминдер де туа түбір етістік негізден сөзжасамдық осы **-ым// -ім** форманты арқылы қалыптасқан, мысалы: *Жол қылып өз шаманша берім берсең*. Шал ақын бұл өлең жолындағы *берім* туылымын “сый (подарок)” мағынасында қолданған. Қарайым, башқұрт, татар, шуваш сияқты кейбір түрік тілдеріндегі осы *бер* етістігінен жасалған *берне~ берня~ бернэ~ парне* дериваттары да жалпы осындай ұғым (яғни “подарки от невесты жениху и его родным” дегенді) білдіреді. Жоғарыда талданған осы құрылымды туынды сөздер қатарына тіліміздегі сондай-ақ *соғым* дериватын да жатқызуға болады. Бірақ бұл жерде мына бір дерек көңіл аударары: Dsch. сокум лошадь с отрезанным хвостом и гривую (РСл.)

-ан// -ен, -ын// -ін, -н. Сөзжасамдық бұл формант кез келген етістікке жалғана бермейді. Бірақ ол арқылы жасалған *пішен, бөген, қыран*

(<қыр+ан), *қорған, боран, сүрен* тәрізді етістік негізді біраз зат атаулары бар. Соңғы *сүрен* туылымындағы *сур* түбірі де - етістік. Яғни *сүрен* тіліміздегі *сүргі, сүргін* дериваттарымен түбірлес. *Ауылға жете бере суық хабарды жедел білдіру үшін Марқа да сүрен салмақ керек* (Әуезов). Тіліміздегі *мақтан* лексемасын да осылай, етістік негізге (мақта түбіріне) **-н** форманты жалғану арқылы жасалған дериват деуге болады.

Сөзжасамдық бұл **-ан// -ен, -ын// -ін, -н** форманты етістік негізді зат атауларын жасайтын өнімді жұрнақтарға жатады. Ол арқылы мұндай құрылымда жасалған дериваттардың мағынасы нақтылы болып келеді, мысалы: *толқын* (<толқы+н), *серпін* (<серпі+н), *тебін* (<теп+ін), *ағын* (<ақ+ын) дегендер белгілі бір процестің атын білдірсе, *шығын* (<шық+ын), *түйін* (<түй+ін), *жиын* (<жи+ын), *пішін* (<піш+ін), *сауын* (<сау+ын) тәрізді туылымдар белгілі бір іс-әрекеттің статикалық қалпын аңғартады. Тіліміздегі *кісен* лексемасы да жалпы осы құрылымда қалыптасқан, яғни мұндағы етістік негіз *кісе* <көне түркі *kisa* ‘спутывать, связывать’ (ДТС)+ **-н**.

-й. Қазақ тілінде етістік пен осы **-й** формантының өзара сөзжасамдық қатынасынан да туынды түбір зат атаулары жасалады. Бірақ мұндай құрылымды дериваттар тілімізде көп емес, санаулы-ақ: *қақпай* (<қақпа+й), *қурай* (<қура+й), *орай* (<ора+й). Сөзжасамдық бұл **-й** форманты *ора* түбіріне жалғанып, адамның сырт қалпындағы бір табиғи белгіні білдірсе, *қура* туылымына қосылып өсімдік атауын, ботаника терминін жасаған. Сондай-ақ *қақпа* етістігі мен **-й** формантынан пайда болған *қақпай* туынды түбірі де солай атауыштық ұғымды, яғни процестің атын білдіреді. *Орайы нешеу екен, төбесін қарашы* (Мұқанов); *Олардың қалауы мен қақпайына еру - өзін өзі аямау* (Сонда).

-қа// -ке, -ға// -ге. Тілімізде **-қа// -ке, -ға// -ге** форманты арқылы жасалған етістік негізді туынды түбір зат атаулары да онша көп емес. Бірақ олардың барлығы нақтылы бір зат атауы ретінде жұмсалады. Яғни бәрі де толық номинация дәрежесіндегі дериваттар болып табылады. Мысалы, *тұтқа* (<тұт+қа), *жоңқа* (<жоң+қа), *бүрге* (<бүр+ге) туылымдары бүгінде тек зат атауы ретінде қолданылады.

-қын// -кін, -ғын// -гін. Бұл формант қазақ тілінде етістік негізді туынды түбір зат атауларын жасайтын өнімді жұрнақтардың қатарына жатады. Ол көбінесе дауыссыз дыбысқа біткен етістіктерге жалғанып келіп отырады. Етістік негізден

-қын// -кін, -ғын// -гін форманты арқылы жасалған туылымдар адамның бітім-пішінін, келбетін немесе бір затпен, әрекетпен, табиғат құбылысымен байланысты заттық ұғымды білдіреді, мысалы: *Көп ұзамай-ақ қаншама заманнан бергі өскіні кураған қу қамысқа жаңа ұшқын түсті* (Мағауин); *Мұндай ұсақ адамдардың көздейтіні бір ғана жұтқыны* (Бегалин); *Жиырма жылға созылған сүргін кезінде Көшімнің жақын-жұрағаттары жесірге түсіп жататын* (Мағауин). Осы мысалдардағы *өскін*, *ұшқын*, *жұтқын*, *сүргін* туынды зат атаулары сияқты, тілімізде *тасқын* (<тас+қын), *келгін* (“пришелец”) <кел+гін, *тұтқын*, *қашқын* туылымдары да сөзжасамдық осы -қын// -гін форманты арқылы етістік негізден пайда болған.

Бұл арада -қын// -кін, -ғын// -гін жұрнағының мына бір ерекшелігі көңіл аударады. Ол оның - етістік негізден зат атауын да, сын атауын да жасай алатындығы, яғни зат атауы сөзжасамына да (*кескін*, *ұшқын*), сондай-ақ сын атауы сөзжасамына да (*азғын*) жататындығы. Тілімізде сөзжасамдық осы қын// -кін, -ғын// -гін форманты арқылы етістік негізден терминдік нақты атау ретінде соңғы жылдары қалыптасқан да кейбір жаңа жасамдар бар. Қазір орыс тіліндегі *беженцы* лексемасының эквиваленті ретінде қолданылып жүрген *босқын* мен “диаспора” мағынасын білдіретін *ауғын* дегендер - мысалы, сондай туылымдар.

Етістік негізден -қын// -кін, -ғын// -гін форманты арқылы жасалған туынды түбір зат атауларының соңғы бір тобын жеке жазушылардың стиль даралығымен байланысты туған окказионалды сөзқолданыстар құрайды. Олар, мысалы, *келгін*, *соққын*, *опқын*, *жеткін* тәрізді дериваттар. *Жаңа Әууреннің алғашқы келгіні боласындар* (Әуезов); *Қатал күн, суық күз бүгін кешке соққын әкеле жатыр* (Сонда); *Бікқан жылқы алдында жар болса, үлкен опқын болса...* (Сонда); *Жасы он беске толмаған жеткін Арқадағы бар рудың ағасы деп жарияланды* (Мағауин).

Тілімізде жұрттың бәрі айта бермейтін, белгілі бір өңірде ғана ұшырасатын -*пір* жұрнағы бар. Ол өзінің сөзжасамдық мағынасы жағынан етістік негізден туынды зат атауын жасайтын жалпыхалықтық сипаттағы -қын// -кін, -ғын// -гін формантымен сәйкеседі: *Түнімен ұйықтай алмаған басым, кеспірім де өрт соққандай ма немене* (Шәймерденов). Бұл сияқты аймақтық ерекшелік тіліміздегі сөзжасамдық -*кір* жұрнағынан аңғарылады, мысалы: *Кескір деп*

темір кесетін асылды айтады (ҚТДС). *Кескір* туынды түбір зат атауындағы -*кір* форманты тіліміздегі -*ғыш*// -*гіш* жұрнағы орнына қолданылған.

-л. Қазақ тілінде бұл форманттың сөзжасамдық аясы онша кең емес. *Қапта*, *қама*, *құра*, *болжа* іспетті бірер ғана етістікке жалғанады. Тілімізде етістік негізден осы -л жұрнағы арқылы пайда болған туылымдар көбінесе нақтылы бір атау мәнін алған, номинациялануы жағынан әбден орнықты сөздер болып келеді, мысалы: *Басымнан кетпей қамалым*, *Таусылып тұр амалым* (Алпамыс); *Соларды жарақаттайтын құрал тапқанына Сармолла әсіресе сүйсінеді* (Әуезов); *Ең аяғында Абай өзі бір тұспал, болжал жасады* (Сонда). Соңғы мысалдағы *болжал* дериватымен қазақ тілінде жарыса *болжам* туылымы да қолданылады. Бұл екі туылым өзара семантикалық дублеттер болып табылады. Демек -л мен -м жұрнақтарының сөзжасамдық қызметін өзара сәйкес деуге болады.

-*мал*// -*мел*. Бұл формант та жалпы өнімсіз саналады. Ол арқылы етістік негізден не бары үш-төрт-ақ сөз жасалған. Мысалы *орамал*, *тасымал*, *жорамал* сияқтылар. -*мал*// -*мел* форманты өзінің семантикалық құрылымы жағынан шын мәнінде сын атауы жұрнақтарына жатады. Солай екені әсіресе тіліміздегі *танымал*, *түнемел*, *сүйемел*, *саумал*, осылар іспеттес тағы кейбір есімдерден айқын көрінеді. Бұлармен және жоғарыда келтірілген *орамал*, *тасымал*, *жорамал* туылымдары да құрылымдас. Бірақ сындық белгі, соңғы үшеуіне қарағанда, алдыңғы *танымал*, *түнемел*, *сүйемел*, *саумал* дериваттарында әлдеқайда көрінімді. Себебі бұларда субстантивтену процесі бар. Соның нәтижесінде оларда өздерінің әуелгі сындық сапасынан ажырау басым. Әсіресе, бұл *орамал*, *тасымал*, *жорамал* туылымдарынан айқын көрінеді. Мысалы бұлардың да *танымал*, *түнемел* дериваттары сияқты шу баста тек сын ұғымындағы сөз болғаны бүгінде тіпті сезіле бермейді. *Тасымал* туынды зат атауы қазақ тілінде қазір екі түрлі термин қызметінде жұмсалады. Бірінші жағдайда - лингвистикалық термин ретінде (‘перенос’ мағынасында), екінші жағдайда - қоғамдық-экономикалық термин орнында (‘перевозка’ мәнінде): *Тың игеру жылдары тасымал да өсті* (“СҚ”). Қазақ тілінде *жорамал* дериваты да осылай субстантивтенген: туа түбір *жоры* етістігіне -*мал* форманты жалғану арқылы жасалған. Кейін келе -*мал* жұрнағындағы ашық дауысты -*а* дыбысының әсер-ықпалымен *жоры* етістік негізіндегі

қысаң **-ы** формасы да ашық **-а** дыбысына айналған. Содан барып алғашқы *жорымал* нұсқасы қазіргі *жорамал* түріне ауысқан. Бірақ бұл *жорамал* туылымының мағынасынан *тасымал* дериватындағыдай терминдік тиянақтылық, нақтылық үнемі байқала бермейді. Мысалы, ол ресми іс қағаздарының орысша-қазақша сөздігінде *догадка* терминнің қазақша баламасы етіп алынған. *Жорамал* туынды сөзі сондай-ақ жалпы қолданыста да жиі кездесіп отырады. *Кешіккен сайын неше түрлі жорамал, болжау айтысты* (Әуезов). Қазақ тілінде *саумал* сөзі де әуелгі сындық сапасынан бірте-бірте ажырай, кейін келе онда да сол заттық ұғым белең алған. Бүгінде оны *сау* негіз етістігіне сөзжасамдық **-мал** жұрнағының жалғануы арқылы туынды түбір зат атауы мағынасында әбден қалыптасқан деуге болады. Бірақ мұның өзіндік бір ерекшелігі - тым әріде субстантивтенгендігі. Мына бір мақалдан, мысалы, сол аңғарылады: *Байтал мінсең - құлын жоқ, саумал ішсең - қымыз жоқ.*

-пан// -пен. Қазақ тіліндегі өнімсіз жұрнақтардың бірі - осы **-пан// -пен** форманты. Ол бірді-екілі-ақ етістік негізге жалғанады. Мысалы *қақ, шек* түбірлеріне қосылып қана жаңа сөз жасайды: *шек+пен > шекпен, қақ+пан > қақпан > қақпан.* *Бөжей маған қақпан құрғанын қойсын* (Әуезов); *Жеңіл сұр шекпеннің омырауын жарық айға қарсы ашып тастап...* (Сонда). Мұндағы *ішек* түбірі *тарт* етістігімен мәндес. Салыстыр: *темекі шегу - темекі тарту.* *Шек* етістігі кейбір өзге түрік тілінде де осы “тарту (тянуть)” мағынасын білдіреді.

-арман// -ермен. Бұл формант қазақ тілінде тек етістікпен ғана сөзжасамдық қатынасқа түседі. Осы қатынас негізінде пайда болған туынды түбір зат атаулары тілімізде жалпы көп емес, санаулы-ақ, мысалы: *атарман, шабарман.* Бұл екеуінен басқа, осы **-арман// -ермен** форманты арқылы етістік негізден жасалған, кейін бірақ субстантивтеніп, терминдік толық дербестік алған тағы бірер дериват бар. Олар: *оқырман* (читатель), *көрермен* (зритель). Тіліміздегі бірді-екілі мұндай байырғы құрылымды, жалпылықтық сипаттағы туылымдар үлгісімен (моделімен) кейін кейбір стильдік (контекстік) жаңа жасамдар пайда болды. Олардың кейбірін, мысалы, мына үзінділерден көруге болады. *Шабарман емес, сабарман ғой* (Әуезов); *Қылыш қынабында тұрғанда, бәрі де атарман. Бастан жыға қисайса, бәрі де сатарман* (Мағауин); *Пайдасы асып, ішермендер сыймай бара жатқан* (Сонда); *Полктан шығып күн*

бата, Жортуыл шегіп түн қата Жеткен жортар-мандарым Айыртастан аспады (Тілеков). Сөзжасамдық бұл формант-у формалы кимыл есіммен синонимдік қатынаста да жұмсалады. *Салиқа тұрарманға жақын еді* (Әуезов); *Құл-құтанға істейтін зорлықтың атын алдарманға келгенде “еркелік” қойыпты* (Сонда).

-мыс// -міс, -мыш// -міш. Етістік негізден бұл формант арқылы жасалған туынды түбір зат атауларының көпшілігі - тілімізде жалпы ежелден бар, байырғы жасамдар, мысалы: *тарамыс* (<тара+мыс), *тұсамыс* (<тұса+мыс), *жазмыш* (<жаз+мыш), *озмыш* (<оз+мыш): *жазмыштан озмыш жоқ, тұрмыс* (<тұр+мыс), *қылмыс* (<қыл+мыс), *жеміс* (<же+міс), *болмыс* (<бол+мыс), *оймыш* (<ой+мыш), *жырмыш* (<жыр+мыш) т.б. *Оразмұхамедтің ертегілік, ерекше бітісіне күмәнданған жұрттың өзі оның ізгі тумысына да нық сенетін* (Мағауин); *Өзі білген өмір, айнала-сын қоршаған болмыс бас қайғысын ықтан басқандай* (Әуезов). Жоғарыдағы туылымдарға тән осы байырғылық, жалпылық сипат сондай-ақ антропонимдерден де айқын сезіледі. Ал мұндай құрылымды жалқы есімдер қазақ тілінде едәуір: *Өтеміс, Төлеміс, Күсеміс, Тоқтамыс, Бектеміс, Тілеміс, Құрамыс, Тумыш* т.б. Қазақ тілінде сондай-ақ ботаника термині ретінде қолданылатын *жөргеміс* дейтін де туылым бар. Мұндағы *жөрге* етістік негізі “өрілу, оралу, шырмалу” мағынасымен байланысты. Демек *жөргеміс* те сол етістік негізден **-міс** форманты арқылы жасалған туынды түбір зат атауы болып табылады. *Жөргеміс.* Өсе келе бір өсімдікке оралып, содан қоректенетін, күлгін түсті өсімдік (ҚТТС).

-ат// -ет, -ыт// -іт, -т. Бұл формант қазақ тілінде жалпы өнімсіз жұрнақтар қатарында сипатталады. Ол мысалы *сыз* дейтін етістік негізге жалғанып, табиғат құбылысына тән сапалық белгіні, яғни тастың не ағаштың, шынының сәл шатынап жарылуын білдірсе, *көш* түбірімен тұтастып, ботаника терминін жасайды: *Қына басқан, сызаты көп тас* (Әуезов); *Апрельдің аяғында көшеттер отырғызылады* (“Самау”). *Озат* та солай осы **-ат** форманты арқылы *оз* негіз етістігінен қалыптасқан туылым. Бірақ мұның алдыңғы екеуінен (*сызат* және *көшет*) дериваттарынан бір өзгешелігі: мұнда сындық белгі, сындық сапа көрінеу. Ол соған қарамастан кейде субстантивтеніп, атауыштық та (номинативтік те) парық алады, мысалы: *өндіріс озаттары, оқу озаттары* т.б.

-ат// -ет, -ыт// -іт, -т. Қазақ тілінде түбір етістікке **-ыт// -іт, -т** формантының жалғануы

арқылы жасалған туынды түбір зат атаулары бірталай. *Киім*//*kiim* < *ки*+ (*i*) *m*, *ірікім* < *ірік*+*im*, *сарқыт* < *сарық*+*ыт*, *мінім* < *мін*+*im* - бұлар толық атауыштық мән алған дериваттар. Тілімізде, сондай-ақ, *шұбат*, *бөгет*, *сырқат* дегендер де туынды түбір зат атаулары болып табылады. Алдыңғы екеуінің мағынасы нақты, сондықтан бұлар да терминдік деңгейдегі туылымдар ретінде сипатталады. Ал соңғы *сырқат* туынды сөзінен ондай заттық нақтылық байқалмайды. Бірақ мұның термин ретіндегі қолданымдық аясы *шұбат*, *бөгет* дериваттарынікінен кең. Себебі ол тілімізде қазір екі түрлі терминдік мағынада жұмсалады: *сырқат* - *болезнь және сырқат* - “больной” мәнінде. Тіліміздегі осындай құрылымды туылымдар қатарына сондай-ақ *тоят* және *жұрт* лексемаларын да жатқызуға болатын сияқты: *тоят* < *тој*+*ат* (РСл.). Ал соңғы *жұрт* *йурт*//*jurut* < *јур*+*у*+*т* хождение, кочевание, место для кочевания (Кононов).

-у. Тіліміздегі етістік негізден сөзжасамдық -у форманты арқылы пайда болған, терминдік және атауыштық тиянақтылығы әбден айқын туынды түбір зат атаулары негізінен мыналар: *арқау*, *тұсау*, (ұзын арқау - кең тұсау), *тіреу*, *құрсау*, *көсеу*, *жабу*, *қадау*, *бұғау*, *қаттау*, *бөлеу*, *қыстау*, *көктеу*, *жайлау*, *күзеу* (күздеу). *Бүркітті бөлеуіне бөлеп алды* (Шәкәрім); *Кімдерге бұғау салмаған Дүниенің асау белені* (Майлықожа); *Киім кисен қаттау ки*, *Суық келсе панан-ды* (Ахтамберді); *Алпыс жас аяғына тұсау салар* (Шал ақын). Осындай құрылымды туылымдардың енді бірсыпырасы абстракт мағыналы болып келеді. Мысалы, мына сияқты дериваттар: *сұрау* (вопрос мағынасындағы), *тілеу*, *жөктау*, *сайлау*, *тергеу*, *кешу*, *жазу*, *жөрмеу* т.б. *Жөрмеу - қолмен тігу әдісінің бір түрі* (Қасиманов). Тіліміздегі бұл құрылымды кейбір дериваттар кейін түрлі білім саласында терминдік дербестік алып, туынды түбір зат атауы ретінде қолданыла бастайды. Олардың кейбірі, мысалы мыналар: *ұқсастыру* - идентификация (заң термині), *тежеу* - дискриминация (заң термині), *нұсқау* (ресми-кеңсе термині), *беттестіру* - очная ставка (заң термині), *кернеу* - напряжение (физика термині) т.б.

-сын// -сін. Бұл формант қазақ тілінде өнімді жұрнақ саналады. Ол өзінің сөзжасамдық қызметінде тек дауысты дыбысқа аяқталған етістік негізге ғана жалғанады. Етістік негізден бұл формант арқылы жасалған туылымдар әдетте қазақ тілінің өзінің байырғы сөздері болып келеді. Мысалы, *күресін* (<*күре*+*сін*), *кекесін* (<*кеке*+*сін*),

ықтасын (<*ықта*+*сын*), *бөгесін* (<*бөге*+*сін*), *өтесін* (<*өте*+*сін*), *сүйесін*//*сүмесін* (<*сүйе*+*сін*), *борасын* (<*бора*+*сын*) сияқты дериваттардан осы ерекшелік айқын көрінеді. *Шолақ тілектің орайы, өтесініме* (Әуезов); *Мәселенің өзегі - селге қарсы берік бөгесін, плотина тұрғызу* (Жұмақанов); *Дөңестегі қалың шырша тоғайы құрғақ әрі ықтасын* (Мағауин); *Қалтай күресінге таман шығып еді...* (Әуезов). Соңғы мысалдағы *күресін* жасамы қазақ тілінде қазір металлургия өнеркәсібімен байланысты термин ретінде де қолданылады. Ол бұл ретте орыс тіліндегі *отвал* лексемасының мағынасын білдіреді. Тілімізде сөзжасамдық осы -*сын*// -*сін* форманты арқылы пайда болған етістік негізді кейбір окказионализмдер де кездеседі: *Шын демесін артта көрінеді. Путильде қалың әскер жиналып жатыр* (Мағауин); *Қиналса қол беріп, сүрінсе сүйесін тұтардай* (Сонда). Жоғарыдағы мысалда *демесін* туылымы орыс тіліндегі “подкрепление” лексемасына балама ретінде алынған. Ал *сүйесін* туынды түбір зат атауы бұл жерде ‘сүйеніш (опора)’ мәнінде жұмсалған. Қазақ тіліндегі бірқыдыру антропоним де осы құрылымда, яғни сөзжасамдық -*сын*// -*сін* форманты арқылы етістік негізден қалыптасқан. Олар негізінен мыналар: *Тұрсын*, *Токтасын*, *Демесін*, *Жарылқасын*, *Оңғарсын*, *Өтесін*, *Бекбосын*, *Байбосын*, *Ұлбосын*, *Жарбосын*, *Жанбосын*, *Ербосын*. Бұл жерде көңіл аударатын бір нәрсе: келтірілген кісі аттары шын мәнінде етістік негізге -*сын*// -*сін* формантының жалғануынан гөрі, *тұрсын*, *демесін*, *жарылқасын*, *оңғарсын*, *өтесін*, *бай босын*, *жар босын*, *жан босын*, *ер босын*, *ұл босын* сияқты жай, жалпылама мәнді сөз орамдарына жалқы есімдік мән үстелуінен пайда болған.

-ма// -ме, -па// -пе, -ба// -бе. Бұл формант өзінің сөзжасамдық қызметінде туа түбір етістікке де, туынды түбір етістікке де жалғана алады. Ол арқылы етістік негізден жасалған туылымдардың үлкен бір тобы белгілі бір кәсіп пен ғылым саласында терминдік мағынасы әбден тиянақталған сөздер болып келеді, мысалы: *аударма*, *қыстама* (зимовка), *кіріспе*, *үйірме*, *үңгіме* (подкоп), *терме*, *көмбе* (финиш), *баспа* (ангина), *шойырылма* (радикулит), *сызба* (чертеж), *сынама* (проба), *бітеме* (набивка), *шаппа* (рубильник), *соқпа*, *бұрма*, *жөрме*, *серіппе* (пружина), *шығарма*, *көрме*, *қайырма*, *түйме* т.б. *Қабу*, *сыру*, *қусыру*, *бұрма*, *жөрме*, *теңшу*, *тұмарша тігістері дейді* (Қасиманов); *Қыстамаға әзірлік аяқталды* (“ЕК.”); *Енді жалғыз-ақ амал қалып еді. Подкоп-үңгіме* (Мағауин); *Қуандық та ән айтпай, термеге түсті* (Әуезов);

Тамағы қызарған екен, баспа болар (Мағауин); *Белінің шойырылмасын ұмыта бастады* (Әуезов); *Қарат асыл металл қорытпасының сынамасы ретінде пайдаланылады* (ҚСЭ). *Сандырақтан басталған соқпа сүйек сіңді сырқатқа айналды* (Мағауин); *Қазақ зергері соққан, бұрама күміс түймелер* (Әуезов); *Мұхаметжан домбыраға жанағы әннің бас қайырмасын тыңқылдатып көрді* (Сонда).

Осы құрылымдағы мына бір туылымдардан жалпыхалықтық сипат айқынырақ сезіледі. Бұлар және нақтылы бір зат атауы ретінде қалыптасқан. Мысалы *тартпа, қойма, қарма, жұтпа, еспе, түйме, кеспе, керме, кертпе, шалма, жарма* іспетгі етістік негізді туынды түбір зат атаулары тілімізде бірқыдыру. *Кәрі кемпір малма сапсып отыр* (Әуезов); *Әр тұста құлаған шымның кертпелері жатыр* (Сәрсекеев); *Қармақтың бауы үзілді. Жұтпam сабаздың аузында кетті* (Молдағалиев); *Тамақ қылдым ақшабақтың қармасын* (Ахметбеков).

Етістік негізге бұл формант жалғану арқылы тағы бір топ туынды түбір зат атаулары жасалады. Бірақ олар өздерінің тектік сипаты жағынан жоғарыдағы туылымдардан өзгешелеу. *-ма// -ме, -па// -пе, -ба// -бе* әуел баста жалпы сын атаулары жұрнағы болғанға ұқсайды. Ол сын атауларының қайсы біреулері кейін келе субстантивтеніп, зат атауларына айналған сияқты. *Жымқырма, көтерме, құйма, көкіме, қыдырма, көпірме, оппа, қима, соқпа* дегендер, мысалы, сондай жолмен жасалған туынды түбір зат атаулары. *Бір замандағы соқпаның бір бөлмесінде мұғалім...* (Жармағамбетов); *Екі бөлмелі қиманың сыртынан іші жүдеу* (Мағауин); *Тегіс жолдың өзі оппаға айналған* (Сонда); *Құйма түбінде жығылып жатқан* (Әуезов); *Жалғыз үй кірменен сүйек шатыс* (Сонда).

Тілімізде осы формант арқылы жасалған етістік негізді кейбір туынды түбір зат атауларын окказионалдық деңгейде ғана сипаттауға болады. Бірақ контекстік ыңғайдағы ғана дериват болып саналғанмен, бұлар да сол нақтылы бір заттын, процестің атын білдіреді. *Сөзінің арасында шанышпасы да болды* (Әуезов); *Соның бір үлкен бұрмасына түсті де жүре берді* (Сонда); *Пәрмендеп салып жібергенде, имесі суырылып шықты* (Иманбаев); *Біздің әкей мен Қаңтарбай біреудің итермесі мен айтағына да ере қоймайтын адамдар* (Ақышев).

Тілімізде термин сипатындағы туынды түбір зат атаулары негізінен кеңес дәуірінде пайдаланылды, мысалы: *жапсырма* (вкладыш), *мәлімдеме*

(заявление), *көшірме, басқарма* (накладка), *қорытпа* (сплав), *тұндырма* (отсадка), *жалғастырма* (перемычка), *жүктеме* (нагрузка), *анықтама* (дефиниция), *түйіспе* (стык), *жалдама* (наем), *жолдама* (направление), *бастама* (почин), *кескіндеме, тапсырма, желдірме* (музыка жанрының аты) т.б. *Ер-азамат орыс ішіне пайдаға, жалдамаға кетті* (Әуезов); *Қондырмалы кескіндеме саласындағы еңбектерімен көрінеді* (“Парасат”); *Мұғалім жүктемесінің көптігін айтты* (“Қаз.мұғ.”); *Иса бірден өз желдірмесінің желісіне түсіп кетті* (Жармағамбетов); *Жоғарғы ұлықтарға апаратын мәлімдемесі* (Әуезов); *Ол география, тарих және тіл білімі түйіспесінде дамып келеді* (Әбдірахманов).

Қазақ тілінде етістік негіз бен *-ма// -ме, па// -пе, -ба// -бе* жұрнағының сөзжасамдық қатынасынан пайда болған туынды түбір зат атауларының ендігі үлкен саласы байырғы халықтық ұғыммен, халықтың өзіндік тұрмыс жағдайымен этномәдени ерекшелігімен байланысты болып келеді. Мұндай қазақ ескіліктеріне қатысты туынды түбір зат атаулары тілімізде бірталай. Кейбірі, мысалы, мыналар: *сүйретпе, ықтырма, тоңқайма, жаппа, саптама, қаптырма, кездеме, өткізбе, өткерме, толғама, байымдама* т.б. Номинациялық тиянақтылығы жағынан бұларды да жалпы терминдік тіл құбылыстары қатарында, атаулар ретінде алып қарауға болады. *Қарапайым жұрт өткізбесін арзанға түсіріп алам деп жүр* (Абай); *Кей қоныста ұранқай, абылайша, жаппа, итарқа, аласа күркелер тігіледі* (Әуезов); *Тоңқаймалар - үш қанат, төрт қанат үйлер жалп-жалп етеді* (Аймауытов); *Аяғына жаңа қара саптама киіпті* (Әуезов); *Қымызшылар суретпелерді толтырып...* (Сонда); *Неш уруш толғамасыз болмас* (Радлов). “*Тулгама как способ ведения боя...*” (Кляшторный, Султанов). *Әліптеме, байымдама шығарма ішінде аралас келіп отырады* (Байтұрсынов). Ал *өткерме* туынды зат есімі жалпыхалықтық қолданымда кездеспейді. Оны локальдық сипаттағы термин ретінде ғана алып қарауға болады. Бұл дериват Торғай, Қостанай аймағында сақина мағынасында жұмсалады. Онда да “сақина деген әйтеуір аты бар, саусаққа өткізуге жарайтын бірдене” деген сияқты жағымсыз экспрессияда қолданылады, комсынуды білдіреді. Ал біздің сөз етіп отырғанымыз - “өткізетін, сататын” мәніндегі *өткерме* туынды зат атауы. *Қол сауда жасап, азын-аулақ өткермесімен шай-пұйын, ас-ауқатын айырып отырған* (Әуезов). “Сақина” мағынасындағы өткерме сияқты, бұл өткерме де - окказионалдық сипаттағы жасалым. Термин ретінде әбден

тиянақталған туынды зат есімдерге мысалы *қыстырма* (<қыстыр+ма), *жапсырма* (<жапсыр+ма), *жұлқыма* (<жұлқы+ма) т.б. жатады. Сұраққа ... қыстырмасыз, нақты жауап береді (Мағауин); *Ақыры жұлқымадан аман шыққан* (Сонда); *Қабырға атаулыда сылау жоқ, баттастырып жаққан жапсырма бар* (Әуезов). Қазақ тілінде сондай-ақ өзінің тектік сипаты жағынан субстантив екеніне қарамастан, *домбытпа* лексемасының да мағынасы абстракты болып келген. Бірақ ол да өзінің сырт қалпы, тұрпаты жағынан туынды түбір зат атауы статусына толық ие болған. *Ұлық бетінен ықпаңдар, домбытпасы болса сескенбеңдер* (Әуезов).

Шопан қауымының да жай-жапсарын қатар сөз қылған (К.Ахметбеков);

Осы шағын үзіндідегі *қауым* сөзін кім-кім де бірден тұтас бір бүтін сөз ретінде алып қарайды. Бірақ ол шын мәнінде ондай сөз емес. Ондай еместігін тағы да сол тіл деректерінің өздерінен көруге болады. *Жамандықтың белгісі - Қаумаға басы енбеген.* (“Үш ғасыр жырлайды”)

Қауым сөзі сияқты, бұл жерде *қаума* да сол “топ, көпшілік” ұғымын білдіріп тұр. *Қауым* лексемасының нақты құрылымы, яғни туындылығы әсіресе мына деректен айқын аңғарылады: *Ноғайың аз, қалмақ қау, Бір күні келер бетпақ жау* (Қамбар батыр). Бұл мысалдағы *қау* сөзі де сол “көп” мағынасында қолданылған.

-мақ// -мек, -пақ// -пек, -бақ// -бек. Сөзжасамдық **-мақ// -мек** форманты жалпы етістікке жалғанады. Бірақ онымен келген етістік негізді туылымдар өздерінің заттық сипат алуы жағынан біркелкі емес, яғни олардың бәрі бірдей туынды түбір зат атауы дәрежесіне жете бермейді. Бұл формант әдетте дауыссызға біткен етістікпен ғана сөзжасамдық қатынасқа түсе алады. Мұндай құрылымдағы дериваттар көп жағдайда белгілі бір зат атауымен, этномәдени ұғыммен байланысты болып келеді, мысалы: *сырмақ, шақпақ* (огниво), *піспек, суыртпақ, ілмек, кертпек, құймақ, қаймақ, қойыртпақ* (қойылтпақ), *түйіртпек* (түйілтпек) т.б.

Қаймақ туынды түбір зат атауы ондағы *қай* негіз сөзі ілгеріде атап көрсеткеніміздей “плавать” мағынасын білдіреді. Бұл *қаймақ* жасалымын *қайық* дериватымен түбірлестіруге болады, яғни: *қай+мақ > қаймақ, қай+ық > қайық* - екеуі де етістік негізді туылым. Тілімізде таза этнографиялық мәнде жұмсала-

тын да біраз туынды сөздер осылай **-мақ// -мек, -пақ// -пек, -бақ// -бек** жұрнағы мен етістік түбірлердің өзара сөзжасамдық қатынасқа түсуінен пайда болған. Мысалы мына тәрізді дериваттар: *шертпек* (<шерт+пек), *аударыспақ* (<аударыс+пақ), *өрмек* (<өр+мек), *оймақ* (<ой+мақ), *кеспек* (<кес+пек), *батпақ* (<бат+пақ), *жұмбақ* (<жұм+бақ). *Арқалықтағы кертпекке салып ағашты түзеді* (Қасиманов); *Қалтасынан шақпақ алып тас шамды жақты* (Әуезов); *Тойға келгін, жиенім, Шертпегіңді шерте кел* (Әзірбаев); *Он деген оймақ, Он бір қара жұмбақ* (Фолькор).

Етістікке **-мақ// -мек, -пақ// -пек, -бақ// -бек** жұрнағы жалғану арқылы жасалған бұл туынды түбір зат атауларының бәрінің де мағыналары нақтылы болып келген. Ал осы құрылымдағы мына бір топ дериваттардың мағыналарынан ондай нақтылық байқалмайды: *түртпек* (<түрт+пек), *қыспақ* (<қыс+пақ), *салмақ* (<сал+мақ) дегендер, мысалы, сондай жасалымдарға жатады. Соңғы туынды зат атауының өз алдына жеке сөз ретіндегі дербестігі мақал-мәтел құрамында да айқын сезіледі: *алмақтың да салмағы бар*. Атауыштық статусы (тиянақтылығы) жағынан мұндағы *алмақ* компонентінен *салмақ* лексемасындағыдай, яғни реестр сөз боларлықтай дербестік байқалмайды.

Тілімізде *атыспақ, шабыспақ* (атыспақ керек пе, шабыспақ керек пе) дегендердегі сияқты біраз лексемалар бар. Рас, бұлардың заттық тиянақтылығы, дербес сөз ретіндегі статусы “көріспекті тіледі”, “тағы бір айтпағы бар”, “өлтiртпекті серт етті”, “Құдайберлінің болыспағын қажет деп білді” дегендердегі *көріспек, айтпақ, білмек, кетпек, өлтiрмек, болыспақ* дегендерге қарағанда әлдеқайда көрінеу. Бірақ соның өзінде де *алыспақ, шабыспақ, атыспақ* тәрізділердің өз алдына жеке бір лексема ретіндегі дербестігі, белгілі бір заттың не әрекеттің (процестің) атауы боларлықтай тиянақтылығы, яғни сөздік парқы дәл *құймақ, оймақ, сырмақ, шертпек, аударыспақ, түртпек* сияқтылардағыдай деңгейде емес. Демек олар, яғни *атыспақ, шабыспақ, алыспақ* дегендер реестр сөз дәрежесіне әлі көтеріле қоймаған сияқты.

-ғыш// -гіш, -қыш// -кіш, -қаш// -кеш. Сөзжасамдық бұл формант арқылы пайда болған етістік негізді туынды түбір зат атаулары тілімізде негізінен терминденген, яғни көпшілігі кеңес дәуірінде терминдік мән алған сөздер деуге болады. Мұндай құрылымды дериваттардың кейбірі, мы-

салы, мыналар: *шектегіш* (ограничитель), *босатқыш* (пускатель), *тегістегіш* (гладилка), *айықтырғыш* (вырезвитель), *тұндырғыш* (отстойник), *сұрыптағыш* (классификатор), *тыңайтқыш* (удобрение), *амальгамалағыш* (амальгаматор), *кеміргіштер* (грызуны), *кептіргіш* (сушилка), *желімдегіш* (клеяка), *жауындатқыш* (дождевальная) т.б.

Тілімізде сөзжасамдық *-ғыш// -гіш*, *-қыш// -кіш* форманты арқылы етістік негізден пайда болған туынды түбір зат атауларының ендігі бір парасы - жалпыхалықтық қолданымда әбден орныққан, яғни жалпыхалықтық сипаттағы нақты ұғым атаулары. Бұлар - тіліміздің өзінің төл сөзіндей, біржола байырғыланып кеткен дериваттар: *өшіргіш*, *басқыш*, *жуынғыш*, *шалғыш*, *отырғыш*, *қызырғыш*, *жұлғыш*, *кескіш*, *ескерткіш*, *жылытқыш*, *мұздатқыш*, *желдеткіш* т.с.с Соңғы туылым қазақ тілінде кенес дәуірінде орыс тілінің әсерінен кейін пайда болған жасалым. Ол қазір екі түрлі мағынада: вентилятор мәнінде және “форточка” ұғымында қолданылады. Ал осы құрылымдағы өзге туылымдардан мұндай өзгешелік байқалмайды. *Шоп арасына темір жұлғышты сүңгітіп жіберсең* (Жүнісов); *Қасымдағы қобдишада кофе демдейтін ыдыс қыздырғыш, қанткәмпит дап-дайын* (ҚӘ); *Алдарына шалғыш тартқан жұмысшылар қарбаласып жүр* (Жұмаділов); *Жұмыртқадай әпнақ ванналар мен жуынғыштарды жасау - әжептәуеір қиын іс* (Нұрахметов).

Етістік негізге бұл *-ғыш// -гіш* жұрнағы жалғану арқылы жасалған туынды түбір зат атауларының кейбірін окказионализм ретінде парықтауға тура келеді. Мұндай, яғни жалпыхалықтық емес, аймақтық қана сипаттағы туынды түбір зат атаулары қатарында *зорайтқыш* (усилитель мәнін білдіретін), *мінгіш* сияқты құрылымдарды жатқызуға болады. *Қысқа арналған мінгішті шақтап алған* (Әуезов); *Ол жерден күшейтіліп шығып, дыбыс зорайтқышта дыбысқа айналады* (Бекбауов).

Сөзжасамдық бұл *-ғыш// -гіш* және *-ғаш// -қаш* форманттарын өзара вариант жұрнақтар деуге болады. Бірақ осы арада бір атай кететін нәрсе: қазақ тілінде соңғы *-қаш* форманты арқылы жасалған етістік негізді туынды түбір зат атаулары өте аз, бірен-саран-ақ. Бұндай құрылымды жасалым ретінде өзiрге *қысқаш* туынды сөзін ғана атауға болады. Соған қарамастан бұл *қысқаш* туылымының номинациялық (яғни атаулық) сапасы, терминдік деңгейі *қысқыш* дериватынан гөрі едәуір жетіліңкілеу көрінеді. Ал семантикалық жақтан алғанда, екеуі де жалпы “шімшуір” (шип-

цы, пинцет) деген мағына білдіреді. Екеуінің (*қысқаш* пен *қысқыш* лексемаларының) арасында мағыналық пәлендей айырма жоқ.

-ғак// -гек, **-қак// -кек**. Бұл формант түрік тілдерінің жалпы қай-қайсысында да өзінің тектік сипаты, лингвистикалық табиғаты жағынан алғанда сын атаулары сөзжасамына тиесілі. Бірақ ол арқылы етістік негізден пайда болған сын атауларының ішінде белгілі бір зат атауы ыңғайында дербестеніп, біржола термин ретінде тиянақталғандары да бар. Рас, тілімізде мұндайлар онша көп емес. Дегенмен ара-тұралап кездесіп отырады: *жабысқақ* (биттің сіркеден үлкендеу түрі), *ескек* (весло), *кескек*, *тырысқақ* (ауру аты), *тышқақ*, *шанышқақ* (оқыра, сәйгел), *қатқақ*, *тоңғақ* (жаңа туған баланың киі) т.б.

Ораз-Мұхамед қыраулы қатқақта атқа қонады (Мағауин); *Қойдың мойнына кескек байлап қояды* (Арғынбаев); *Жабағы болды жібек шаш, Жабылып жаман жабысқақ* (Жансүгіров).

Осы үзінділерде келтірілген субстантив зат атауларының ішінен *жабысқақ* дериватын бөле айтуға болады. Өйткені бұл да әуелде дағдылы көп сын атауларының бірі-тін. Ол тілімізде осы сындық сапасын сақтай отырып, нақты бір зат атауы орнында да қолданылады. Мысалы, оның (яғни биттің) сіркеден үлкенірек түрі ретіндегі мәнінен шу бастағы тектік сипаты, сын есімдігі онша байқалмайды.

-ар, **-ер**, **-р**. Бұл жұрнақ етістік негізбен сөзжасамдық қатынасқа көп түсе бермейді. Тілімізде ол арқылы жасалған туынды түбір зат атаулары сан жағынан жалпы санаулы деуге болады. Бұл ретте, мысалы, мына бір дериваттар жиі айтылады: *жансар* (<*жабыс*+*ар*), *қосар* (<*қос*+*ар*), *жанар* (<*жан*+*ар*). *Көздерінің жанары қызғылттау ұшқын шашып, танадай жарқырайды* (Мүсірепов); *Алыстан ғашық болып келгенімде, Жансардан сөз сойлейсің мойның созып* (Айтыс); *Қосарына жүйрік ат алмаған жүргінші бірен-саран* (Әуезов).

Ал кесер, ойнар, қырқар, бұзар дегендердің атаулық (яғни номинациялық) дербестігі, заттық тиянақтылығы дәл мұндай емес. Соңғылар мысалы туынды түбір зат атауы деңгейіне субстантивтену жолымен жүре келе кейін жеткен. Бұлар шын мәнінде окказионалдық, яғни белгілі бір аймақтағы тұрғындардың тілінде ғана айтылатын туылымдар: *Жауға барсаң кесерді ал. Дауға барсаң иешенді ал* (Алпамыс); *Өлеңдері сотқар мен бұзарлардың талайын таңбалаған* (Әуезов); *Ойнар көбейсін. (Сонда); Қырқар көбейсін* (Фольклор).

Тілімізде осы *-ар, -ер, -р* форманты арқылы етістік негізден қалыптасқан бірер антропоним де кездеседі. Мысалы *Ойнар, Өсер, Көпжасар, Мыңжасар* (*Ойнаров, Өсеров, Көпжасаров, Мыңжасаров*) түрінде келетін жеке адам аттары (фамилиялар) бар. Бұлардың дериваттық сипат алуы етістік негіз бен сөзжасамдық *-ар(-ер, -р)* формантының өзара жай біріге салуынан гөрі бұл бірліктің жалқы есімдік статус алуымен көбірек байланысты сияқты.

-ғы// -гі, -қы// -кі. Қазақ тіліндегі туынды түбір зат атауларын жасайтын жұрнақтардың көпшілігі өнімді болып келеді. Ондайлардың қатарына *-ғы// -гі, -қы// -кі* формантын да жатқызуға болады. Сөзжасамдық бұл жұрнақ сөз таптарының ішінде әсіресе етістікке жиірек жалғанады. Ол арқылы етістік негізден пайда болған туылымдардың дені тілімізде нақты зат атауларын білдіреді, мысалы: *ішірткі* (<*ішірт+кі*), *тебіңгі* (<*тебің+гі*), *таралғы* (<*тарал+ғы*), *бөктергі* (<*бөктер+гі*), *сытыртқы* (<*сытырт+қы*), *шықбыртқы* (<*шықпырт+қы*), *жоңғы* (<*жоң+ғы*), *сүргі* (<*сүр+гі*), *үскі* (<*үс+кі*), *бұрғы* (<*бұр+ғы*), *шалғы* (<*шал+ғы*), *ашытқы* (<*ашыт+қы*) т.б. *Жасатты ұсталарға жоңғы, қашау* (Тұрманжанов); *Қарасызда жүруші ең қара шалғы* (Мақатаев); *Бөрібай қос торыға шыбыртқы көтерді* (Жармағамбетов); *Үйшінің үскісіндей өткір тілім* (Шернияз); *Қарақұс, ақсары бөктергілер жемтікке үйіле қонып дәніккен* (Әуезов); *Зағип дімкәстің екі тамшы ішірткіден оңалатыны бар* (Мағауин).

Етістік негізбен *-ғы// -гі, қы// -кі* жұрнағының өзара сөзжасамдық қатынасқа түсуінен пайда болған жана жасалымдардың енді бір үлкен тобы жалпыхалықтық сипаттағыдан гөрі белгілі бір кәсіп түрімен, ғылым және өнер-білім салаларымен байланысты пәндік ыңғайдағы терминдер болып келеді, мысалы: *құрылғы* (устройство), *қондырғы* (установка), *басытқы* (подавитель), *сүйреткі* (волынка), *жегі* (<*же-гі*) (волчанка) т.т. *Бет терісіне біткен тері туберкулезін (волчанканы) жегі дейді* (Көшербаев).

Осы құрылымда қалыптасқан туынды түбір зат атауларының ілгеріде аталғандардан басқа тағы бір үлкен саласы бар. Олардың мағыналары жоғарыдағылардікіндей нақты емес. Бұлар түрлі әрекеттің, процестің атауы ретінде қолданылады. Сондықтан мұндай топтағы туынды түбір зат атауларының мағыналары абстрактылы сипат аңғартады, мысалы: *тепкі, кергі, соққы, қашыртқы, ұйытқы, іріткі, күлкі, ұйқы* (*ұйы+қы*), *зеккі* (<*зекі+кі*). *Кергіге түсіп қорланған* (Мүсіре-

пов); *Жанағы сөздің бәрі - тіл емізу, қашыртқы салу* (Әуезов). Бұл туылымдарға қарағанда *-ғы* жұрнағы арқылы түр етістігінен жасалған *тұрғы* дериватының мағынасы біршама нақтылау. Мұның және қолданылу аясы да кең. Ілгеріректе мысалы халықтық қолданыста әсіресе аңшылықпен байланысты жиі айтылған. *Бір тұрғыдан Тұрғанбай томаға тартты* (Әуезов).

Бұл құрылымды жасалымдармен сондай-ақ *тұрғылас* және осы *тұрғыдан алғанда* дегендегі *тұрғы* туынды сөзі де тектеседі. Мұның мағынасы да жоғарыдағылардан өзгешелеу. Мысалы, ол М.Әуезов шығармаларында “қатар, шендес” деген тәрізді ұғым білдіреді. *Байсал да сондай мол ру Көтібақтың тұрғысы*. Тілімізде *түр* етістігінен сөзжасамдық *-ғы* форманты арқылы пайда болған осы туынды түбір зат атауы кейде тіпті “калып (қалпы), денгей, дәреже” сөздерімен де мәнделс келіп қалады. *Романда ескі ауылдың ішкі өмірі, мәдени тұрғысы шеберлікпен суреттеледі* (Жармағамбетов).

Тілімізде дәл осы құрылымда бұрынырақта қалыптасқан, бірақ, кейбір ертерек кезгі әдебиет үлгілерінде болмаса, бүгінде жалпы қолданылмайтын *күзгі, жарғы* сияқты да біраз жасалым бар. *Құрулы тұрған күзгі бар, Күзгіні көр де көзім көр* (Ер Тарғын); *Жеті жарғы Тәуке хан тұсында жасалған* (КСЭ). *Күзгі* туынды сөзіндегі *күз* негізі *көр* етістігінің варианты. “Р>З: “айна” мағынасындағы бұл *күзгі* туылымы кейбір түркі тілінде *көреу* түрінде қолданылады. Ал жоғарыдағы *жарғы* жасалымы көне түркі ескерткіштерінде “судебное разбирательство” деп түсіндіріледі. Талданып отырған дериваттың мағына жағынан осылай көп қырлы болып келуі әрине жеке жазушының стиль ерекшелігімен, сөз қолданыс шеберлігімен байланысты. Сондықтан оның мағыналық бұл әртараптылығын бір жағы контекстік, оқказионалдык аяда түсіндіруге тура келеді.

-ыс// -іс// -с. Етістік негізден *-ыс// -іс// -с* жұрнағы арқылы жасалған туынды түбір зат атаулары өздерінің мағыналары жағынан өте әртарап. Мысалы *ағыс, жыртыс, тігіс, егіс, қоныс, қоқыс, батыс, шығыс, оріс, жайылыс, жүгініс* дегендердің мағынасында нақтылық заттық тиянақтылық айқын. Ал *алғыс* (<*алқа(ға)+с*), *қарғыс* (<*қарға+с*), *женіс, тыныс, қозғалыс, шабыс, өзгеріс* сияқтылардың мағынасында керісінше процестік сипат, абстрактылық көрінеу. Бұл екі топ туынды түбір зат атауларын жалпыхалықтық өң алған жасалымдар деуге болады. Қазақ

тілінде осы *-ыс//іс//-с* жұрнағының көмегімен етістік негізден жасалған бұлардан басқа да біраз дериват бар. Бірақ олар - тілімізде бұрыннан бар ұғым негізінде Кеңес дәуірінде жаңа мән алған, пәндік ыңғайда, терминдік жағынан әбден тиянақталған дериваттар. Мысалы, *тартыс* (*шшеленіс*), *құбылыс*, *байланыс* дегендер қолдануда жалпы бұрыннан келе жатқан, қазақ тілінің өзінің төл сөздері. Осылардың сол дағдылы мағынасы кеңес дәуірінде кеңі түскен: терминдік бейім ала бастайды, яғни белгілі бір пән ерекшелігіне сай өң алады. Мысалы, *қозғалыс* лексемасы кейін келе философиялық мән алады. Даму, өзгеру ұғымын білдіретін термин орнына жүре бастайды. *Жаралыс басы - қозғалыс, қозғауға керек қолғабыс* (Шәкәрім); *Біздің айналамыздағы дүние қозғалыста, өзгерісте болады* (Марксистік философия). Бұл лексема кеңес дәуірінде жоғарыдағы мағыналарынан басқа *ұлт-азаттық қозғалыс* (национально-освободительное движение), *стахановтық қозғалыс* (стахановское движение), *үш мыңшылдар қозғалысы* (движение трехтысячников), *тимуровшылдар қозғалысы* (движение тимуревцев) тәрізді сөз тіркестерінде қолданылып, шу бастағына қарағанда әлдеқайда активтені түсті. Сондай-ақ осы *-ыс//іс//-с* жұрнағы арқылы етістік негізден жасалған *қатынас* (*қатыс*), *байланыс*, *жеңіліс* туылымдары да пәндік термин ретінде орыс тіліндегі *связь, отношение, поражение* лексемаларының баламасы ыңғайында кеңес дәуірінде дербестенді деуге болады. *Қатынас әуелі ауданға жазылды* (Иманжанов); *Бұл жерде бұрын әуе байланысы болмайтын* (Мұқанов); *Ленинград қоршауда. Коктен, жерден қатынас үзілді* (Мәуленов); *Колмуна жеңіліс тапса да...* (Зұлқаров). Ал етістік негіз бен осы *-ыс//іс//-с* жұрнағының өзара сөзжасамдық қатынасқа түсуінен туған мына бір топ туынды түбір зат атауларының терминдік тиянақтылығы тіптен көрінеу. Олар да нақтылы термин ретінде сол кеңес дәуірінде дербестенді, мысалы: *қосылыс* (соединение), *бекініс* (укрепление), *жарылыс* (взрыв), *қорғаныс* (оборона), *отырыс* (заседание), *ұсыныс* (предложение), *сұраныс* (спрос), *сөгіс* (выговор), *дағдарыс* (депрессия, кризис) т.б. *Сұраныстың сырына үңілген жоқ* (ҚӘ); *Біздің ісіміз исполком отырысында қаралатын болды* (Аманшин); *Тағы да іс жайы қорғаныс қамы емес* (Мағауин); *Бүкіл қала халқы таудағы жарылысты күтіп...* (Серғалиев); *Қонарылыс кезінде камалдың бір бұрышы құлағанмен...* (Мағауин); *Абай теріс ұғымға тойтарыс береді* (Жармағамбетов).

Бұл жұрнақ арқылы тілімізде бұрыннан жасалған туынды түбір зат атауларының көпшілігі кеңес дәуірінде осылай мағынасының кенуі нәтижесінде терминдік жаңа статус алып отырады. Мұндай құрылымды туынды түбір зат атауларының бұл тұрғыда өзгеріске ұшырамағандары кемде-кем. Бірақ олардың бастапқы мағынасының негізінде терминдік бейім-бітім алу дәрежесі біркелкі емес. Бәрі тегіс әдеби тілге сіңіп кете бермейді. Кейбіреулерінің терминдік қалпы стильдік, окказионализмдік деңгейде ғана болады. Ал көпшілігі күнделікті тәжірибеде жұмсала келе жалпыхалықтық қолданыс алып кетеді. Етістік негіз бен *-ыс//іс//-с* жұрнағы арасындағы осындай сөзжасамдық қатынастан мынадай бір ой түюге болады: Қазақ тіліндегі бұл *-ыс//іс//-с* жұрнағы етістік негізден жалпы туынды түбір зат атауларын жасау жөнінен ғана емес, сонымен қоса түрлі пәндік және кәсіптік термин жасау тұрғысынан да барынша өнімді жұрнақтар қатарына жатады. Мына туылымдар мысалы солай терминдік статус алып, белгілі бір өнер түріне, білім саласына сәйкес мағынада сараланған, атаулық жағынан да әбден тиянақталған: *сайыс* (бес сайыс дегендегі), *үзіліс, ізденіс* (искание), *көрініс* (*екі әктілі бес көріністі* дегендегі), *жіктеліс* (расслоение), *жаратылыс* (естество), *иіліс* (дуга), *бүлініс* (деморализация) т.б. *Жол оны айналып өтіп, біраз иіліс жасаған* (Жортанов); *Ауыл мен деревняда таптық жіктеліс жүре берді* (Қазақ ССР тарихы); *Бүкіл патша жасағында бүлініс басталды* (Мағауин); *Адамзаттың жаратылыстан алары да көп* (Құсайынов).

Тілімізде бүгінде көп жұрт біле бермейтін *сай* дейтін етістік бар. Ол 'шаншу' мағынасын білдіреді. Мысалға бұрынғырақ кезде айтылған *кереге жайып, уық сайып* деген тіркестерді келтіруге болады. Соңғы тіркестегі *сай* етістігіне *-ыс* жұрнағы жалғану арқылы жасалған *ат сайысы, балуан сайысы* дегендердегі *сайыс* кеңес дәуірінде жаңадан тағы біраз термин құрамында қолданыла бастады: *қос сайыс* (двоеборие), *бес сайыс* (пятиборье), *сайыс* (фехтование).

Тіліміздегі сөзжасамдық бұл *-ыс//іс* формантымен *-ыш//іш* жұрнағы нұсқалас (вариантас). Бұлар өзара дыбыстық, яғни фонетикалық варианттар болып табылады. Бірақ олардың бір-бірінен ерекшеленетін, бір-біріне ұқсамайтын да жері бар. Мысалы *-ыс//іс//-с* тұлғалығының сөзжасамдық аясы *-ыш//іш//іш* форманттеріне қарағанда әлдеқайда кең. Ал *-ыш//іш//іш* аффиксі арқылы етістік негізден жасалған туынды түбір зат атау-

лары ондайлық көп емес, айналасы он-онбестей ғана: *таяныш, сүйеніш, алданыш, қуаныш, жұбаныш, күйініш, сүйініш, уаныш, сағыныш, аяныш, төсеніш, шөміш* т.б.

Соңғы туынды сөз *шомыл* етістігімен түбірлес: *чومیш* ‘черпак, уполовник’ от *чом* ‘купаться’ (ЭСТЯ). *Ыстыққа қол батпаған шөміш батқан* (Шернияз).

-ақ// -ек, -ық// -ік, -к// -к. Тіліміздегі ендігі бір өнімді жұрнақ - *-ақ// -ек, -ық// -ік, -к// -к* форманты. Ол арқылы етістік негізден жасалған туынды түбір зат атауларын мынадай семантикалық топтарға бөліп қарастыруға болады: терминдік жасалымдар (*қорық* < *қоры+қ* - заповедник, *салық* < *сал+ық* - налог, *қадақ* < *қада+қ* - крупозное воспаление легких, *тұрақ* < *тұр+ақ* - жилье, *бұйрық* < *бұйыр+ық*, *жиснақ* < *жисна+қ* - сборник, *санақ* < *сана+қ* - перепись, *жасақ* < *жаса+қ* - отряд, *жатақ* < *жат+ақ* - общежитие т.б.) Бұл келтірілген зат атауы туылымдарының қай-қайсысы да тілімізде жалпы бұрыннан бар сөздер. Бірақ олардың қазіргі терминдік статусы, терминденуі, яғни мағыналарының белгілі бір пәндік бейім алуы кеңес дәуірімен байланысты. Қазіргідей тұрақты бір кәсіптік бейім, терминдік дербестік оларда бұрын болмаған.

Сөзжасамдық осы *-ақ// -ек, -ық// -ік, -к// -к* форманты мен етістік негізден қалыптасқан туынды түбір зат атауларының бұл пәндік, кәсіптік түрде келетіндерінен басқа жалпыхалықтық сипаттағылары да бірталай. Өздерінің мағыналары жағынан бұлар да заттық тиянақтылық алған, яғни белгілі бір заттың не бір нақты процестің атауы ретінде қолданылады, мысалы: *жабық* (киіз үйдің жабығы), *білік, елек, күрек, доңгелек, төсек, білек, тырнақ, қармақ, қосақ, тұяқ, қияқ, ұлтарак* (< *ұлтар+ақ*), *кесек, орақ*, тағы осы сияқтылар. *Шыдай алмай қыз Құртқа жэне де ашты жабықты. Жабықтаң көзін салыпты* (Қобыланды); *Құдай қосқан қосағың Жеңешемді кімге тапсырдың* (Сонда); *Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, Қияғы бүтін сұңқар жоқ* (Әуезов).

Тілімізде мағыналары жағынан номинациялануға бейім бұлардан өзге де туынды түбір зат атаулары баршылық. Жоғарыдағылар сияқты бұлар да - жалпыхалықтық сипаттағы, көпшілік қолды дериваттар: *жүрек, таяқ, еміздік, тамыздық, қарак, ойық, тілік, бұлақ, ұшақ, кертік, күзек, көлік* (< *көл ‘жезу’ + -ік*).

Етістік негізге *-ақ// -ек, -ық// -ік, -к// -к* жұрнағы жалғану арқылы жасалған туынды түбір зат атауларының тағы бір үлкен тобы бар. Бұлар-

дың жоғарыда келтірілген дериваттардан айырмашылығы: мағыналарынан ілгеріде аталғандардағыдай атаулық тиянақтылық байқалмайды. Олар көбінесе белгілі бір әрекеттің (процестің) статикалық қалпымен ғана байланысты болып келеді. Бұл сала туылымдарды процестің, әрекеттің атауы ретінде дербестенген лексемалар қатарында алып қарауға болады: *ойнақ* (< *ойын+ақ*), *өксік* (< *өксі+ік*), *ырғақ* (< *ырға+қ*), *толғақ* (< *толға+қ*), *тілек* (< *тіле+к*), *сезік* (< *сез+ік*), *жазық* (< *жаз+ық*), *қылық* (< *қыл+ық*), *күйік* (< *күй+ік*), *түсінік* (< *түсін+ік*) т.б.

Етістік негізбен осы *-ақ// -ек, -ық// -ік, -к// -к* жұрнағының өзара сөзжасамдық қатынасынан пайда болған зат атауы жасалымдарының енді біразы өздерінің әуелгі тектік сипаты, сырт қалпы, тұлғасы жағынан сын атауымен құрылымдас болып келеді. Олар мағынасы жөнінен де солай. Ал туынды түбір зат атауы статусына субстантивтену жолымен ғана ие бола алады. Ал жоғарыдағы осы құрылымда қалыптасқан туынды түбір зат атауларының барлығы жалпыхалықтық сипаттағылар.

Қазақ тілінде сөзжасамға қатысты *алқа* (*алқы*) деген де форма бар. Ол екі-ақ етістік негізге қосылып жұмсалады: *қоналқа* (қоналқы), *басалқа* (басалқы). Жұрнақ па, жоқ әлде дербес сөз бе - бұл жағы әзір көмескі. *Біз бүгін үшінші қоналқаға Мүсәлім деген бидің аулында едік* (Торайғыров); *Салт атты, түйелі жолаушы ымырт үйірле Қамыскөлдің жағасында қоналқыға тоқтаған* (Аманшин); *Бас қосып, бір біріне басалқы айтып* (Ізтілеуов).

Етістік негізбен сөзжасамдық қатынасқа мұндай сирек түсетін жұрнақтар қатарына сондай-ақ *-тік, -мық* форманттарын да жатқызуға болады: *Менен бір білместік өтті* (Жансүгіров); *...быламық ішейін деген асым ба еді* (“Үш ғасыр жырлайды”); *Біз көл тұсына жете бергенде қыламық түсе бастады* (Жүнісов).

Буламик “болтушка” от *була* “смешивать” (Севортян). *Була* етістігі қазақ тілінде де бар: *жылама, балам, жылама көзің жасың бұлама* (Фольклор). Қазақ тілінде сондай-ақ *қыла* етістігі де қолданылады. Өйткені оған *-у* форманты жалғанып *қылау* дериваты жасалған: *Жұқалаң қырбық қар, не қылау күн сайын болады* (Әуезов).

Демек *қыламық пен қылау* - өзара ортақ түбірлі жасалымдар.

Қазақ тілінде бір-бір етістікке ғана жалғанып туынды түбір зат атауларын жасайтын таусыншық (яғни реликтовый) жұрнақтар да бар.

Мысалы, *-кел, -ғи, -ір, -еш* дегендер - сондай форманттар (*өткел, қырғи, түйір, кертеш*). Рас, мұндағы *өткел* туылымы тіліміздегі *шатқал* лексема-сымен тұрпаттас, құрылымдас сияқты. Олай болған жағдайда олардағы *-қал* мен *-кел* жұрнақтарын өзара фонетикалық вариант ретінде алып қарауға тура келеді. Бірақ солай екенін, *шатқал* сөзінің *шат* түбірінің етістік екенін әлі дәлелдеу керек.

-ынды// -інді. Бұл - сөзжасамдығы едәуір өнімді жұрнақ. Мысалы *інді, шайынды, жуынды, қырынды, қиынды, қайнатынды, қырқынды* дегендер тілімізде жалпы ежелден бар дағдылы сөзжасамдық модель (үлгі) бойынша пайда болған жасалымдар. *Өрмек жіптерінің тоқуға келмей қалғандықтан қырқып алынған жерін қырқынды дейді* (Қасиманов). *Шөп біткен. Қора маңында қыстағы қырқындылар жататын* (Сәрсекеев).

Құранды **-ынды// -інді** жұрнағының сөзжасамдық қызметі кеңес дәуірінде одан әрі етек ала түсті. Мысалы, ол арқылы етістік негізден жасалған *қорытынды* (заклучение, вывод), *ерітінді* (раствор), *туынды* (произведение, создание), *тігінді* (пошивка), *көбейтінді* (произведение), *қосынды* (сумма, сложение), *үйінді* (свалка), *қайнатынды* (настоя), *қалынды* (отход) т.б. *Халық жылқының қырианқысын қылшаның, темекінің қайнатындысымен жуады* (Арғынбаев).

Сондай-ақ етістік негізден туынды түбір зат атауын жасайтын **-ымпаз// -імпаз** құранды аффиксінің де сөзтудырымдық табиғаты ерекшеліу. Қазақ тілінде мұндай құрылымды туылым да санаулы, мысалы: *жеңімпаз* (победитель), *жойымпаз* (ликвидатор), *шақырымпаз* (отзовисты). Бұлар - кеңес дәуірінде пайда болған жасалымдар. Олардың қазақ тілінде бұлай заттық тиянақтылық, терминдік статус алуы орыс тіліндегі сөзтаптық тегімен байланысты. *Бұл кеңес большевиктік партияның жойымпаздарға, шақырымпаздарға қарсы күресте қалай өсіп жетілгенін көрсетті* (Қазыбаев).

Құранды **-ташы** аффиксі *бақташы* (<бақ+ташы) дериватында ғана сақталған. Оның әсіресе **-та** бөлігінің лингвистикалық табиғаты көмескі. Ол бұл жерде дәнекерлік (инфикстік) қызмет атқарып тұрған формант па, жоқ әлде өзге бір көне, таусыншық құбылыс па - бұл арасы әзір беймәлім. Оның үстіне фонетикалық варианты да жоқ.

Сондай-ақ құранды **-палық, -малық** жұрнағы да бірді-екілі-ақ туынды сөз жасайды. *Қара, төре ауырмалықтар арылғандай қып-қызыл бо-*

лып, көзін құйқылжытып отыр (Жансүгіров); *Абай биылғы жұттың ауыртпалығын желілеп сөйледі* (Әуезов).

Сөзжасамдық **-мшы** форманты да солай бірекі-ақ етістікке жалғанады. Мұндай құрылымды жасалымдар тілімізде әдетте субстантивтенген сын атауы ретінде қолданылады, мысалы: *Ауызбен орақ орған алдамшы бар, Жағымпаз, жатып ішер жалдамшы бар* (Әзірбаев).

Ал бізге әзірше етістік негіз бен **-шек** жұрнағының өзара сөзжасамдық қатынасқа түсуінен қазақ тілінде пайда болған не бәрі бір-ақ қана туынды түбір зат атауы белгілі. Ол - *бүркеншек* жасалымы. *Алғайдың құба жонына Жайылған қойым сыймаса. Жүз бүркеншек, жүз қоспен Қатар жүріп жинаса* (Ақтамберді).

Сөзжасамдық **-нда** құранды жұрнағы да солай бір-ақ сөзде кездеседі. Ол *бұра* етістігіне жалғанып, жалпы халықтық сипаттағы *бұранда* терминін жасаған. Осы жерде мына бір дерекке көңіл аударғымыз келеді: *buruntu* ‘колики’ от *bur* ‘крутить, скручивать’ (Э.В.Севортян). Қазақ тіліндегі туынды түбір *бұранда* зат атауы азербайжан тіліндегі осы *buruntu* дериватымен әбден салыстырымды. Бұл туылым қазақ тілінде күрделі термин құрамында да жұмсалады (*цилиндірлі бұранда*). *Кереге ағаштарын бұрандамен бекітеді* (Қасиманов). Қазақ тіліндегі осы *бұранда* жасалымы башқұрт тілінде “*борамта* - извилина” түрінде қолданылады.

ТҮРЛІ РЕНКТІ ЗАТ ЕСІМДЕР

Зат есім сөзжасамы алуан түрлі. Солардың бірі - зат атауларына түрлі реңк мәнін қосу. Адамдар арасындағы түрлі қарым-қатынасқа байланысты туатын сан-алуан мәндегі көңіл-күй, ризалық, үлкенге құрмет, сый, ілтипат білдіру, жақсы көру, кішіні еркелету сияқты адамның ішкі сезімін білдіретін реңк мәнді жұрнақтар зат есім сөздердің өзіне жалғанып, оның лексикалық мағынасын құбылтады. Лексикалық мағынаның құбылуы жалпы тіл білімінде де, орыс тіл білімінде де сөзжасамға жатады. Оны орыс тіл білімінде түрлендірілген (модифицированное значение) сөзжасамдық мағына деп атаған.

Түрлендірілген сөзжасамдық мағына деп негіз сөзде жоқ туынды сөзге үстелетін түрлі реңк аталады. Мысалы, *анатай, ағатай* сөздерінде апасын, ағасын жақсы көру, ілтипат көрсету мәні бар. Ол мағына - *ана, аға* негіз сөздерінде жоқ мағыналар. Анығырақ айтқанда, *ана, аға* сөздерінің лек-

сикалық мағынасының үстіне қосымша мағына қосылып, лексикалық мағына түрлендірілді.

Зат есімнің лексикалық мағыналарын түрлендіруші сөзжасамдық мағыналары басқа сөз топтарында жоқ, олар тек зат есімдерге ғана қатысты. Зат есімнің бұл мағыналарының белгілі құрамы, ол мағыналарды жасаушы белгілі сөзжасамдық жұрнақтар бар. Олар зат есімнің реңк мәнін тудыратын жұрнақтар деп аталады.

Зат есімнің лексикалық мағынасын түрлендіріп, оған түрлі реңк мәнін қосатын жұрнақтар тілде көп емес.

Соңғы зерттеу бойынша зат есімнің лексикалық мағынасын түрлендіретін реңк мәнін қосатын 24 жұрнақ бары анықталды.

Олар төмендегілер:

- 1) =еке, =қа, =ке (Жүмеке, Мұқа, Сәке);
- 2) =й (апай, ағай, әкей, шешей);
- 3) =тай (ағатай, әкетай, көкетай);
- 4) =жан (Ардақжан, көкежан);
- 5) =қан, =ақан (ботақан, қошақан);
- 6) =қай, =кей (балақай, шешекей);
- 7) =шак, =шек (құлыншак, інішек);
- 8) =шық, =шік (қапшық, көпшік);
- 9) =ша, =ше (кітапша, өгізше);
- 10) =ш (Құрмаш, Айнаш);
- 11) =сымақ (көлсымақ, таусымақ);
- 12) =шығаш, =шігеш (байшығаш, ершігеш);
- 13) =жын, =жін (құнажын, дөнежін);
- 14) =ес (белес, дөнес);
- 15) =қа (қырқа);
- 16) =ат (қырат);
- 17) =қал (шатқал);
- 18) =пат (ойпат);
- 19) =пан (балапан);
- 20) =анак (шұқанак);
- 21) =қалақ (шатқалақ);
- 22) =ақай (итақай);
- 23) =ек (жетімеқ);
- 24) =бай (елпекбай)

Бұл жұрнақтардың тілде атқаратын қызметі бірдей емес. Бұлардың ішінде тілде белсенді қызмет атқаратын өнімділері де бар, қызметі тарылған өнімсіздері де бар. Өнімді жұрнақтарға =еке, =қа, =ке, =й, =тай, =жан, =шак, =шек, =шық, =шік, =ш, =сымақ жатады. Бұлар күнделік өмірде жиі қолданылады, өрісі кең жұрнақтар.

Ал өнімсіз жұрнақтарға =шығаш, =шігеш, =ес, =қа, =пат, =пан, =анак, =қалақ, =ақай, =ек, =жын (=жін), =ат, =қал жұрнақтары жатады. Бұл жұрнақтар бірді-екілі сөздердің құрамында кездеседі, басқа сөздерге жалғанбайды. Соған қарап,

олар өзінің сөзжасамдық қызметін тоқтатқаны анықталады.

Бұл жұрнақтардың әрқайсысының мағыналарында да ерекшелік байқалады. Бұлардың көбі бір мағынада қолданылады. Мысалы, *көлшік, үйшік, қапшық, қалашық, кітапша, сандықша, дөнес* сөздеріндегі =шық =шік, *кітапша, сандықшадағы =ша, дөнесітегі =ес, көлсымақтағы =сымақ* жұрнақтары тілде бір дара мағынада қолданылады, яғни олар сөзге кішірейту мағынасын қосады.

Ал *жеңешетай, ағатай, қалқатай* сияқты сөздердегі =тай жұрнағы жақсы көру, ізет көрсету, сыйлау мағыналарын қосып тұр. Сол сияқты *Құрмаш* (Құрманғали) *Жұмаш* (Жұман), *Сәулеш* дегендегі =ш жұрнағы сөзге әрі кішірейту, әрі жақсы көру мағынасын қосқан. Осы жұрнақтардың мағыналары - бір-бірінен бөлінбейді, біртұтас бірлікте жүретін мағыналар. Мұндай жұрнақтар тілде көп емес. Тілде негізінен дара мағыналы жұрнақтар негізгі орында.

Зат есімнің лексикалық мағынасын түрлендіретін жұрнақтар тілде түрлі реңктік мағынаны білдіреді. Олар: 1) сыйлау, құрметтеу мағынасы, 2) жақсы көру сезімін білдіру, 3) еркелету әрі кішірейту мағынасы, 4) кемсіну, комсыну мәні, 5) кішірейту мәні.

Бұлардың әрқайсысына жеке тоқталайық.

1. Сыйлау, құрметтеу мағынасы тілде белгілі көрсеткіштер, яғни жұрнақтар арқылы беріледі. Қазақ тілінде үлкенді сыйлау, құрметтеу мағынасының арнайы көрсеткіштер арқылы берілуі тілде қалыптасқан заңды құбылыс деп танылу керек. Оны халықтың салт-санасы туғызған. Үлкенді сыйлау, құрметтеу халықтың дәстүр салт-санасының бір түрі. Халықтың өмірінен кең орын алған салт-сана, дәстүр тілден де өз көрінісін тапқан. Осы салт-сананың, дәстүрдің сақталуы бұл мәндегі жұрнақтардың қазір тілде жиі қолданылуын сақтаған.

Сыйлау, құрметтеу мәндегі жұрнақтар =еке, =қа, =ке, =й. Бұл жұрнақтардың қолданылуында 2 түрлі ерекшелік бар: 1) бұл жұрнақтар кісі аттарына жалғанғанда, кісі аттарының бір, я бірнеше буыны қысқарады. Осы жұрнақтар қазақ тілінде көне заманнан келе жатқан сөз қысқартудың жолымен тікелей байланысты. Мысалы, *Жаке* (Жамбыл), *Асеке* (Асқарбек), *Сәке* (Сағындық), *Қүреке* (Құрманбек), *Зәке* (Зейнолла) т.б. Әдетте кісі аттарын қысқартып, оған =еке, =қа, =ке жұрнақтарын қосып қолдану жасы үлкен, сыйлы, құрметті адамдарға қатысты. Бірақ кейде жасы кіші адамдарға сый-құрмет көрсету, ілтипат білдіру үшін де бұл жұрнақтарды қолдану кездесе береді.

2) Тіліміздегі =й жұрнағы да сыйлау, ілтипат, ізет білдіру, үлкен тұту мәнін береді. Бұл жұрнақтың қолданылу аясы тар, ол туыстық мәндегі атауларға ғана жалғанады және олардың бәріне емес, тек *аға, апа, шеше, ата, әке, жезде, әпке* сөздеріне жалғанады: *ағай, апай, шешей, атай, әкей, жездей*. Осылардың ішіндегі жиі қолданылатыны *ағай, апай* сөздері. Бұл сөздердің әлеуметтік мәні басқа тілдердегі *синьор, ханым* сөздерінің мәніне жақын. Олар танитын адамға да, танымайтын, аты-жөнін білмейтін адамға да қолданыла береді.

2. Жақсы көру сезімін білдіру мәнін =тай, =жан жұрнақтары білдіреді. Мысалы, *Женешетай, ұмытпаспын! Өлсем де ұмытпаспын осы жақсылығыңды!* (Әуезов). - *Ой, Абайжан, қарағым, не болды? Біреу тиген бе? - деп, ішінен “әкем ұрды ма?” деп те ойлап қап еді* (М.Әуезов).

Бұл екі жұрнақ мағыналас, синоним жұрнақтар, олар кісі аттарын жасауда кең орын алған.

3. Еркелету әрі кішірейту мәнін білдіретін жұрнақтар: =қан, =ш. Мысалы, *Балақан-ау, балақан*, сүт пісіріп сен үшін, Демалмай жүр әлі апаң (Мүсірепов).

Бұл жұрнақтардың қолданылу аясы бірдей емес, =ш жұрнағы өте жиі қолданылады. Ол көбіне, кісі аттарына жалғанады. Кейде туыстық атаулармен қолданылады: *көкеш, қалқаш, анаш, апаш*. Бұлар тәуелденген тұлғада қолданылады: Соңғы *анашым* менің, *апашым* менің сияқты тұлғадағы қолданыста сыйлау мәні қосылады.

4. Кемсіну, қомсыну, менсінбеу мәнін білдіретін жұрнақтар =сымақ, =шығаш, =шігеш, =бай, =ек.

1) =сымақ жұрнағы жанды, жансыз зат есім сөздерге жалғанып, оған кемсіну, қомсыну, менсінбеу мәнін қосады. Олар: *батырсымақ, өзенсымақ, таусымақ, ғалымсымақ, көлсымақ*. Бұл жұрнақ жінішке сөзге де, жуан сөзге де бір тұлғада жалғанады, яғни буын үндестігіне бағынбайды.

2) =шығаш, =шігеш жұрнағы да кемсіну мәнін береді. Ол =сымақ жұрнағымен синонимдес. Мысалы, Жекелеген *байшігештердің* арманы - байлыққа жету (Мұқанов). Өзін батыр санайтын *ершігештер* де жоқ емес (Сонда).

3) =бай жұрнағы кекету, кемсіну мәнін береді. Мысалы: Бұл үйде жеңіл мінезді бір *желнекбайлар* тұрады екен деп ойламаңыздар (Адамбаев). Сартабан өмірі малмен өткен адам көрінеді, оны жұрт барып тұрған *салпақбай* деп те атайды (Мәуленов).

4) =ек жұрнағы да кемсіну мәнін білдіреді. Мысалы, Жәлелдің артында қалған екі *жетімекпен* бірге шырылдап мен де қала бердім (Жүнісов).

5) Ұрғашы мәнін білдіретін =жын, =жін жұрнағы бар. Ол санаулы сөзге ғана жалғанады: *құнажын, дөнежін*.

6. Кішірейту мәнінде тілде қолданылатын жұрнақтар бірсыпыра. Олар =шық, =шік, =қал, =ша, =ше, =шақ, =шек, =ес, =қа, =пан, =анақ, =пақ, =қалақ. Бұл мәндегі жұрнақтардың көп болу себебі бар, олар адаммен байланысты да, үй жануарларымен байланысты да, басқа жансыз заттармен байланысты да қолданылады, яғни олардың қолданылу аясы кең.

=шық, =шік жұрнағы жанды, жансыз зат атауларына жалғанып, заттың атауына кішірейту мәнін қосады. Олар: *үйшік, төбешік, көлшік, қапшық, текешік, түйіршік*, т.б. Заттың атын жасаған *ірімшік, ойыншық* сөздеріндегі =шық, =шік жұрнағының да түп негізі осы жұрнақпен бір болуы мүмкін.

=шақ, =шек жұрнағы жанды, жансыз зат атауларына жалғанып, оларға кішілік мән қосады: *інішек, құлыншақ, тоқтышақ*, т.б.

Келіншек, шынашақ сөздерінің құрамындағы =шақ, =шек жұрнағы осы кішірейту мәндегі жұрнақпен төркіндес деуге болады.

=ша, =ше жұрнағы жансыз зат атауларына жалғанып, оларға кішілік мән қосады. Кейде жекелеген жанды зат атауларына жалғанып, оларға да кішілік мән қосуы кездеседі. Олардан *кітапша, көрпеше, қобдиша, өгізше* сөздерін атауға болады.

Сын есімдердегі *ұзынша, сұрша, бозша* дегендегі =ша жұрнағы мен зат есім жұрнағының арасында байланыс бары байқалады. Олардың мағынасы жақын. Сын есімдегі =ша, =ше жұрнағы да түстің бәсеңдігін, солғындығын, яғни аздығын білдіреді. Сондықтан олар төркіндес болуы ықтимал.

Кішірейту мәнін білдіретін -пан, -ес, -қа, -анақ, -пақ, -аш, -аң жұрнақтары өнімсіз саналады.

=пан жұрнағы зат есімге қосылып, оған кішілік мән береді. Ол *бала* сөзіне жалғанып, құстың баласының атын жасаған. Ол - *балапан*. *Балапан* сөзінің қолданыста басқа мағынасы да бар. Тілімізде баласын, немересін жақсы көргенін білдіру үшін, еркелету мәнінде *балапан* сөзін қолдану тілде өте жиі кездеседі. Мысалы, Айналайын кішкентай *балапаным* (Мұқанов).

=ес жансыз зат атауларына жалғанып, оған кішірейту мән береді. *Белес, дөнес* сөздерінде ғана кездеседі. =қа жұрнағы да кішірейту мән береді,

мысалы: *қырқа*. =анақ жұрнағы зат атауына жалғанып, оған кішірейту мәнін береді. Мысалы, *шұқанақ*. =нақ жұрнағы да кішірейту мағынасын береді, мысалы: *ойпаң*. =пат жұрнағы да кішірейту мәнін білдіреді. =паң жұрнағымен мағыналас. Мысалы: *ойпат*.

=аң жұрнағы да кішірейту мән береді, мысалы, *шатқалаң*.

3.2. КҮРДЕЛІ ЗАТ ЕСІМДЕР

Тілде жаңа сөздердің жасалу жолдары аз емес. Солардың бірі - *аналитикалық тәсіл*. Осы тәсілмен жасалған, күрделі сөздердің бірі - *күрделі зат есімдер*. Күрделі зат есімнің мынадай түрлері бар: *біріккен (кіріккен) күрделі зат есімдер, қосарлы күрделі зат есімдер, тіркесті күрделі зат есімдер, қысқарған күрделі зат есімдер*.

Қазақ тіл білімінде күрделі зат есімдер арнайы зерттеу нысаны болған емес, ол тек ғалымдардың жалпы күрделі сөз төңірегінде айтқан пікірлері тұрғысынан қарастырылды. Ал күрделі зат есім жайлы толыққанды ғылыми түйін жасайтын ірі ғылыми зерттеу жасалған жоқ. Бұл жайт тек қазақ тіл білімінде ғана емес, барлық түркітануға қатысты.

Тілдің қомақты бөлігін зат есімдер камтиды. Ол - тілімізде жиі қолданылатын, басқа сөз таптарын өзінің маңына топтастырғыш қасиеті күшті, белсенді және ұйытқы болатын сөз табы.

Зат деген ұғым - шындық өмірдегі түрлі заттар мен құбылыстарды, ұғымдар мен түсініктерді камтиды. Осы ұғымдар мен түсініктерді дара сөзбен де, күрделі сөзбен де жеткізуге болады. Мысалы, дара зат есім: *ағаш, көл, тау, су, заман, торғай, бала* т.б. Күрделі зат есім: *қарағаш, сарысу, ақырзаман, бозторғай, қараторғай, бозбала, көлбақа, желжұттар, таутеке, таубұршақ, Ақ үй, Ақ орда (резиденция), азат жол (абзац), ас үй (кухня), ауыз үй (коридор), бұлшық ет (мышицы), ауыз су, өгей бала (пасынок), күйеу бала, кедей-кешік, көйлек-көншек, ата-ана, қазан-аяқ, ойын-күлкі, ақыл-ой, ҚТЖ (Қазақстан теміржолы), ҚҚС (қосымша құн салығы)* т.б.

Міне, жоғарыда келтірілген дара сөздерге де, күрделі зат есімдерге де *ортақ қасиет, белгі - лексикалық мағына*. Дара зат есім қандай лексикалық мағыналы бірлік болса, күрделі зат есім де сондай лексикалық бірлік болып саналады. Лексикалық мағына жағынан дара, күрделі атауларда өзгешелік, ерекшелік байқалмаса да, құрамы жағынан олар тең келмейді, яғни құрамы жағынан дара, күрделі, көп құрамды болып келеді де, сол жағынан ажыратылады.

Күрделі зат есімдер құрылымдық, семантикалық сипаты және синтаксистік қызметі жағынан да дара зат есімдермен пара-пар, тілде атқаратын қызметі де бірдей, себебі тілде олар дара зат есімдер сияқты жеке лексемаларға жатады.

Күрделі зат есімдер - екі я одан да көп сөздерді біріктіру, тіркестіру, қосарлау және қысқарту арқылы созжасам үрдісінің нәтижесінде жасап, бір ұғым, түсініктің атауы ретінде қалыптасқан лексикалық бірліктер.

Күрделі зат есімдерге кемінде екі түбір қатысады. Сөйтіп, тілде жаңа мағыналы күрделі зат атауын жасауға сыңарларының әрқайсысы әркімлі дәрежеде үлестерін қосып, жаңа мағынаның қалыптасуына жәрдемін тигізеді.

Күрделі зат есімдердің құрамындағы сыңарлар үндесу, сінісу, ықшамдалу т.б. заңдылықтардың әсерінен түрлі өзгеріске ұшырап отырады. Мысалы: *алжапқыш* → *ал∅(-ды)+жапқыш, сарала (ұлт.тағам)* → *сар∅(-ы)+ала, сарағаш (өсім.)* → *сар∅(-ы)+ағаш, беташар* → *бет∅(-ті)+ашар, айгүлақ (жәндік)* → *ай+құлақ: ғ~қ* т.б.

Тіл білімінің осы саладағы теориялық жетістіктеріне сүйене отырып, қазақ тіліндегі күрделі зат есімдердің өзіндік ерекшелігі мен белгілерін анықтауға болады.

Күрделі зат есімдердің басты белгілері:

1.Күрделі зат есім кемінде екі түбірдің (негіздің) бірігуінен /кірігуінен, тіркесуінен, қосарлануынан жасалады. Мысалы: *қолғабыс, ақсақал, көкжиек; азат жол, азу тіс, Ақ орда, асық жілік, киіз үй, ауа райы; бау-бақша, бататілек, ән-күй, боран-шашын; ААҚ (Ашық акционерлік қоғам), БАҚ (Бұқаралық ақпарат құралдары), БҰО (Беймәлі ұшатын объект), ЖШС (Жауапкершілігі шектеулі серіктестік)* т.б. Яғни күрделі зат есімдерді жасауға бірнеше мағыналы сыңарлар қатысады. Күрделі зат есімдердің сыңарларының мағыналы сөзден болуы - күрделі сөз атауларының негізгі белгісі. Бұл қағиданы Н.Оралбаева 1971 жылы өзінің докторлық диссертациясында қазақ тіл білімінде тұңғыш рет ұсынып, сол арқылы күрделі етістіктерді аналитикалық формалы етістіктерден ажыратқан, бөлген.

2.Күрделі зат есім жасайтын сыңарлар мағыналық жағынан да, құрылымы жағынан да, қызметі жағынан да тұтасып, бір ғана ұғымның атауын білдіреді. Мысалы, *ақизен* - өсімдіктің атауы, *аққайран* - балықтың атауы, *алтыбақан* - ұлттық ойынның аты, *алақоржын* - тышқанның аты, *балқарағаш* - ағаштың аты, *бозторғай* - құстың аты, *бозөкпе* - малда болатын кесел, *бесатар* - қарудың аты, *бесқақнай* - ұлттық ойынның

аты т.б. Осы келтірілген мысалдарда екі сыңарлар да бір-біріне мағына жағынан тұтасып, бір ұғымның атауын жасаған. Олар - екі түбірдің (негіздің) жалаң қосындысы емес, басқа мағынаға ие болған, жаңа мағыналы, жаңа тұлғалы сөз. Мысалы: *алаөкпе* (ауру), *көгала* (ауру), *қаптесер* (тышқан), *кемпірқосақ*, *алабота* (өсім.) т.б.

3. Күрделі зат есімдер - тілдегі дайын лексемалар. Тілде олар лексикалық мағына тұтастығымен және тілде дайын лексемалар ретінде ерекшеленеді. Мысалы, *алжапқыш*, *бозбала*, *қолгабыс*, *өгей шеше* (*мачеха*), *қайынаға*, *ата кәсіп*, *жолсерік* т.б. Мысалы, *Жылдағы әдетінше соларды өз жұртына қондырысып, құлын құрықтап, бие байласын дегендей, біраз қолгабысын тигізді* (Жүмаділов). *Басында Ақжанға жолсерік, атқосшы ретінде мектенке ере барып жүрді де, ақыры одан қалыспай, қосылып бірге оқын кетті* (Сонда).

4. Күрделі зат есімдердің құрылымдық тұтастығы бұзылмайды, сыңарлардың арасындағы синтаксистік байланыс өз қызметін тоқтатады да, олардың арасына дәнекерлеп басқа сөз кіргізуге және олардың орнын ауыстыруға көнбейді. Мысалы, *аққу*, *бозторғай*, *қараторғай*, *көкқұтан* (*құстар*), *аққұлақ* (*өсім.*), *ақсүйек* (*өсім.*), *қарақас* (*өсім.*), *қарақат* (*өсім.*), *қарақұс* (*құс*) тәрізді жасалымдар.

5. Күрделі зат есімдер - мағына құрастырушы сыңарлардың жай ғана қосындысы емес, белгілі дәрежеде атаулық қасиет алған түстік белгіден, әр түрлі ұғымның атауына көшкен лексемалар. Бұған көз жеткізу үшін оларды сөз тіркестерімен салыстыру керек: *сібір бозторғайы*, *қара қараторғай*, *ақ аққу*, *сұр көкқұтан* т.б. Мәселен, құдың түсі *ақ* та, *қара* да болатыны белгілі, бірақ соған қарамастан, тектік атауға көшкен, яғни *аққу* құстың бір түрінің аты, ұғымның атауын білдіреді, түсті білдірмейді. Ал егер сыңарларының орнын өзгертсе, тілдің басқа құбылыстарына айналады. Мысалы, *қу ақ*, *құс қара* десек түсті білдіреді. Демек, күрделі зат есімдердің белгісі - тұтас күйінде сөз тіркесінің бір сыңары болуында.

6. Күрделі зат есімдердің сыңарлары үзіліссіз бір ауа түйдегімен айтылып, бір екпінге бағынады. Бір екпінді болу күрделі зат есімге де қатысты. Шынында да сөздің тиянақты болуы екпінмен байланысты. Екпіннің бұл қызметін тіл мамандарының қай-қайсысы болса да, кезінде дәл көрсеткен. Бұндай қасиет - дара сөздерге де, күрделі сөздерге де (күрделі зат есім) ортақ. Мысалы: *алақоржы'н*, *алаөкпе'*, *алапсапыра'н*, *алтыбақа'н*, *алабота'*, *аққұта'н*, *ақсары' (құс)* т.б.

7. Күрделі зат есімдерді ұқсас тілдік құбылыстардан ерекшелейтін тағы бір белгі - тұтас күйінде белгілі сөз табына (зат есім) жатады. Мысалы: *айдала*, *жарқабақ*, *қолғанат*, *көкәжиек*, *көкөніс*, *ақсақал*, *қырықжеті* (*қалың*), *бесатар*, *алаяқ* т.б. Басқа тілдік құбылыстарда (сөз тіркестері т.б.) мұндай қасиет жоқ.

8. Басқа тілдік құбылыстармен салыстырғанда, күрделі зат есімдер тұтас күйінде грамматикалық қосымшалармен түрленеді. Сөзжасамның аналитикалық тәсілімен жасалған жаңа туындының (күрделі зат есім) жаңа лексикалық мағынасымен қоса, жалпы грамматикалық мағынасы сөзжасам үрдісінен кейін, оны қандай грамматикалық топқа, яғни қай сөз табына жататынын айқындайтын басты белгі болады. Сөйтіп, жаңа мағыналы күрделі зат есім зат есім шеңберіне, сөз табына енеді де, тарамдық (парадигмалық) жүйесінің көрсеткішін түбір сөз сияқты қабылдайды.

9. Қазақ тіліндегі қосымшалардың орналасу заңдылығы, оның тарамдық жүйесінен, түбірге (күрделі зат есімге) жалғану тәртібінен де байқалады.

Үлгі:

жұрнақ жалғаулар

шекара + шы + лар + ымыз + дың

бессайыс + шы + лар + ымыз + ға

теміржол + шы + лар + ымыз + дан

Бұның өзі күрделі зат есімдердің сыңарлары жеке-жеке қолданылмай, құрамындағы сыңарларының орны тұрақты екенін көрсетеді. Тілдік грамматикалық құрылысына сай үйлесуі - оның *тұтас тұлғалану* ерекшелігімен байланысты. Бірақ осы "тұтастұлғалану" деген терминнің қасиеті толық шешілген емес.

Бұндай деректер түркі тілдеріндегі тұтастұлғалану ұғымы, тек қана соңғы сыңарға қосылатын сөзтүрлендіруші көрсеткіштермен анықталады деген қорытынды жасап, сонымен бірге күрделі сөзді, соның ішінде күрделі зат есімдерді де, тіл ғылымында басқа ұқсас тілдік бірліктерден айыратын бір белгісі деп тану қажет.

Сонымен, күрделі зат есімдер деп екі не одан да артық сыңарлардың тізбегінен құралып, мағына мен тұлға, қызметі жағынан бөлшектенбей, тұтасымен (монолитті) белгілі бір ұғымның атауы ретінде жұмсалатын лексемаларды атаймыз.

Күрделі зат есімдер бір ұғымды, біртұтас лексикалық мағынаны немесе мағыналық тұтастықты, бір монолитті ұғымды білдіретін тілдің дайын бірліктері. Мысалы *айбалта ашамай тоқым-*

қағар, тілашар, тұсаукесер, жарысқазан, қолүздік, қолкесер, жерошақ, наурызкөже, сарымай, қарын-бөртпе (тағам) т.б.

Сонымен, шындық өмірде пайда болған жаңа ұғымды атауда мағынаның атқарар қызметі ерекше. Яғни **ұғым, мағына, атау** - үштік жүйенің нәтижесінде номинативтік бірліктер жасалынады. Таным арқылы зат пен құбылыстың қасиеті анықталып, жаңа ұғымдарды белгілейтін атауыштық бірлік түзіледі. Осылайша күрделі зат есімдерді жасауға қатысатын сыңарлар бірімен-бірі үйлесе келіп, сыңарларының мағыналары түрлі дәрежеде өзгеруі нәтижесінде, сөзжасамдық бірліктердің негізінде күрделі зат есім жасалады. Бұнда күрделі зат есім құрамындағы сыңарлардың арасындағы **уәждік арақатынастар** әр түрлі деңгейде өзгеріске ұшырайды. 1. **Тура лексикалық мағыналардың қосындысы**, яғни **тура уәжділік**: *аққайың, көлбақа, көзәйнек, теміржол, баспасөз, беторамал, ата-ана, аға-іні, ақыл-ой, азу тіс, ас үй, ауыз су, ат қора* т.б. 2. **Метафоралық, жартылай уәжділік**: *елікгүл, асқазан, көкет, шілдеқоңыз, жауторғай, жаужұмыр, жебірішоп, күркетауық, иткөйлек* т.б. 3. **Идиомалану немесе толық уәжсіздік**: *көкқасқа, ақсақал, ақсүйек, тоқымқағар, итаршы, қансонар, кемпірқосақ, қасқыржемес, алаяқ, егеуқұйрық, шайтанкелмес, жанкүйер* т.б. сияқты күрделі зат есімдер соның нәтижесі.

3.2.1. Біріккен күрделі зат есімдер

Біріккен зат есімдер түркі жүйелі тілдердің бәрінде кездеседі. Бұл сала арнайы зерттеу нысаны да болып келеді. Қазақ тіл білімінде біріккен зат есімдер жөнінде сүйенерлік күрделі монографиялық зерттеулер жоқтың қасы. Дегенмен, біріккен сөздерге қатысты, емлемен байланысты зерттеулер, мақалалар т.б. баспа бетінде жарияланып келеді.

Біріккен зат есімдер толық мағыналы екі сөзден құралған, олар түрлі байланыстағы сөз тіркестерінен біріккен жасалымдар. Біріккен зат есімдердің шығуы, дамуы, түп-төркіні сөз тіркесімен байланысты. Бірақ зат есім мен сөз тіркесі - тілдік табиғаты әр басқа құбылыстар.

Сөзжасамның аналитикалық тәсілімен жасалған біріккен зат есімдер Орхон жазба ескерткіштер тілінде де қолданылған. Оны ғалымдардың еңбектерінде берілген тілдік деректер айғақтайды. Жазба ескерткіштерден бастап, конетүркілік дүниелердің бәрінде де сөзді күрделендіру, біріктіру үрдісі болғанын көреміз.

Қазақ тіліндегі біріккен зат есімдер де күрделі сөздің бір түрі, сөзжасам амалының

біріктіру жолымен жасалған туынды сөздер. Өмірде, қоғамда болып жатқан өзгерістермен байланысты жаңа ұғымдар пайда болады да, соған лайықты жаңа сөздер жасалады: *әнұран, елорда, атазан, гарышжай, бағдаршам, елтаңба, бетбұрыс, төлқұжат, ойсана, ойтүрткі, ойтолқын, айытпұл* т.б.

Демек, біріккен зат есімдер - кемінде толық мағыналы екі түбірдің (негіздің) тұтасып жымдасу нәтижесінде жаңа лексикалық мағыналы сөздердің бірлестігі. Мысалы, *адалбақан (құрал), алтыатар (мылтық), бірқазан (құс), аққұтан, көкқұтан (құс), итмұрын (жидек)* сияқты біріккен күрделі зат есімдердің құрамындағы сын, сан, зат есімдер - бірбүтін, бөлшектеуге келмейтін лексемалар. Жаңа сапалы туынды сөзге айналған. Қалыпты сөздер тәрізді даяр күйінде, жасалған калпында қолданылады.

Біріккен зат есімдер біртұтас лексикалық мағыналы бірліктер болып саналады. Біріккен зат есім біртұтас сөз, біртұтас мағына береді, сол біртұтастықты сыңарлардың мағынасы жасайды. Бірақ біріккен зат есімдерді жасауға сыңарлардың мағынасы түрлі дәрежеде қатысады. Оны сыңарлардың уәждік дәрежесі деп атауға болады. Біріккен зат есімнің жасалуында сыңарлардың **уәждік арақатынасының** (мотивацияның) үш типін бөліп көрсетуге болады: *тура* (лексикалық мағына), *метафоралық, ауыс* (идиомалану).

Ал осы сөзжасамдағы уәждік типтер өз ішінде бірнеше түрге, тармақтарға бөлінеді:

1) біріккен зат есімдердің екі сыңары да толық лексикалық мағынасын сақтап, екі сыңардың қосындысынан түзілген сөздер: *теміржол, шашбау, әнұран, елтаңба, баспасөз, еңбекақы, қолбақа* т.б.

2) бірінші сыңарының мағынасы күңгірттеніп, жартылай жойылып, екінші сыңар өзінің лексикалық мағынасын сақтағандар: *қолбала, бозбала, қорбала, алақұйын* (вихрь), *жарқанат, қылтамақ (ауру)* т.б.

3) бірінші сыңары лексикалық мағынасын сақтаған да, екінші сыңары мағыналық өзгеріске түскен: *қолқанат, қолғабыс, қолүздік* (кәде), *қазан-жаппа* (нан), *қарынбөртпе* (үлт. тағам) т.б.

4) екі сыңары да мағыналық өзгеріске түскендер, метафоралық жолмен: *итарқа* (үй), *кемпірқосақ, алаөкпе* (ауру), *қаптесер* (тышқан), *егеуқұйрық* (тышқан), *адалбақан* (бұйым), *итмұрын* (өсім.).

5) біріккен зат есімдердің мағына бірлігіне идиомалану үрдісі ұйытқы болған. Біріккен зат есімдердің құрамындағы сыңарлардың мағыналарының жиынтығы дәл, сәйкес келмейді. Мыса-

лы, көкқасқа (шегіртке), ақсарбас (діни), көкжал (қасқыр), иткірмес (есік), итжекен, қырыққабат (жапуста), атұстар т.б.

Біріккен зат есім жасалғанда, зат немесе құбылысты атауға сөзжасамдағы уәждік белгілер түрлі дәрежеде жәрдемін тигізіп, тілдік құралдар арқылы көрініс тапқан: оған сөздің ішкі мағынасы, пішіні, ұқсастығы, түрі, түсі т.б. себепші болады, сөйтіп ұғымға атау беріледі. Сөйтіп, біріккен зат есімдердің мағына тұтастығына, лексема болып қалыптасуына семантиканың түрлі заңдары (ұқсату, ауысу, қызметі т.б.) негіз болған.

Біріккен зат есімдерге *балтатұмсық, итмұрын, түйетабан* т.б. тәрізді сөздер жатады: 1) *балтатұмсық*, негізінен, құстың аты, тұмсығының *пішіні* балта тәрізді болғандықтан, соған ұқсағандықтан, осылай аталған. Затында оның балтаға да, тұмсыққа да қатысы жоқ, құстың атауы.

2) *Егеуқұйрық, мүлкіқұйрық, мысыққұйрық* деген атаулар оның сыртқы пішінінің ұқсастығына қарай аталған: *тазқара, қарақұйрық, қарабауыр* - аңға берілген атау, үсті қылаң, бауыр жүні қара, басқа жерінен ерекше бір көзге түсетін негізгі белгісі түс (қара) себепші болған, соған орайлас аталған.

3) Біріккен зат есімдер *аққайың, баспасөз, баспана, түпнұсқа, түйемойнақ* тәрізді сөздердің сыңарлары ешқандай дыбыстық өзгерістерге ұшырамаған, буын құрамын да толық сақтаған, білдіретін ұғымы мен беретін мағынасы да құрамындағы сөздердің лексикалық мағыналарының негізінде қалыптасқан, бұл да бір ғана зат я құбылыстың атауы. Бұған *қарақұс, аққу, шашбау, теміржол, басқұр* сияқты сөздерді де жатқызуға болады.

Біріккен зат есімдердің жеке сыңарларына келсек, көпшілігінің соңғы сыңары өзі тіркесіп тұрған сөзге тікелей қатысы бар, белгілі дәрежеде сол сөздің ерекшелігін, түрлі тектік белгісін білдіреді, әрі қарай біріккен зат есімнің жасалуына негіз болады. Мәселен, *шөп, ағаш, гүл, құс, торғай* т.б. біріккен зат есімдердің жасалуына ұйытқы, тірек болған. Мысалы, *аққу, қарақұс, бозторғай, Қараағаш* тәрізді сөздердің құс баласына қатысты екені, ал, *сасыршөп, сасыққурай, сәбізот, секпілгүл* сияқты біріккен сөздер өсімдік атауларына жатады.

Жоғарыда келтірілген мысалдардан біріккен зат есімдердің сөзжасамдық уәжділігі (словообразовательная мотивированность) әр біріккен зат есімдердің жасалуында әр түрлі деңгейде көрінеді. Ол кез келген күрделі зат есімдердің сыңарларының сөзжасамдық мағынасынан анық байқалады. Жалпы күрделі зат

есімдердің жасалымында бірден оны анықтау қиындық тигізеді. Сондықтан қазіргі тіл ғылымында, соның ішінде, қазақ тілтануында өзекті мәселені шешуде үлкен міндеттер түр: ол - күрделі сөз құрылымында уәж деңгейіне (степень мотивации) синхрондық түрде талдау жасау және олардың сыңарларына, уәждік дәрежесіне диахрондық анықтама-талдау бере отырып, сыңарлардың уәжділік арақатынасының (көмескіленуін, күнгірттенуін т.б.) себебін іздеу арқылы шешу.

1) Біріккен/кіріккен зат есім сөздердің құрамындағы құрастырушы сыңарлардың дыбыстық құрамында морфологиялық өзгеріске түсіп, кейбір жағдайда әуел бастағы қалпын өзгертетін тұстары да болады. Мысалы: *қарағаш (қара ағаш), алтатар (алты атар), айғабақ (ай қабақ, өсім.), қолғап* т.б. туындылар қазірде тұтас бір атау (лексема) болып ұғынылады. Бұның өзі өмірде жиі қолданылу нәтижесінде бірігіп, бір сөз болып кеткендігін дәлелдейді.

Біріккен зат есімдердің кіріккен зат есімдерден бір ерекшелігі кіріккенге қарағанда, біріккендердің аражігі анығырақ байқалады және әуел бастағы қалпын сақтайды: *алабота, денсаулық, еңбекақы, асқазан, бозбала* т.б.

2) Біріккен зат есімдер екінші бір сөздің пайда болуына ұйытқы болады, басқа сөздердің жасалуына негіз боларлық қасиеті барлығын дәлелдейді. Мысалы: *айбалта: айбалта+лы, айбалта+шы; ақсақал: ақсақал+дай, ақсақал+ды, ақсақал+дық, ақсақал+шылық* секілді біріккен күрделі зат есіміз жұрнақтар арқылы туынды сөздердің жасалуына негіз болған.

Жоғарыда айтылған тұжырымдамалар біріккен зат есімдердің ұстаным (критерий) белгілері, олардың лексикалық бірлік саналуының куәсі.

3) Біріккен зат есімдер анықтайтын тағы бір ғылыми ұстаным, олардың сыңарларының орны тұрақты. Біріккен зат есімдерге құрастыруға екі сыңар қатысады: тірек сыңар, ауыспалы сыңар.

— ауыз (құрал)	зейнет	—
— бегі	еңбек	—
— қосшы	сый	—
Ат+ — құлақ (өсім.)	төлем	+ақы
— теріс (этногр.)	қалам	—
— ұстар (ер бала)	жәрдем	—
— шабар	жал	—
— шоңқай	өтем	—

Бұл мысалдардан **ат, ақы** сыңарларының бірнеше біріккен зат есім жасалуына тірек сыңар болып, ол бірінші орында да, екінші орында да тұр және біріккен зат есім жасауға ұйытқы болған. Біріккен зат есімдер жасауда тірек сыңар ерекше қызмет атқарады. Біріккен зат есімдерді жасауда тірек сыңар негізгі тұлға, ұйымдастыру қабілеті күшті екенін келтірілген тілдік деректерден де көруге болады. Бұдан біріккен зат есімдердің сөзжасамдық бірлік қызметін тірек сыңарлар атқаратыны анық көрінеді.

Біріккен зат есімдердің тірек сыңары негізінен түбір сөздер: **-ақы, -хат, -жол, -жай, -шам, -шөп, -гүл, -құс, -торғай** т.б. бәрі де тілдегі байырғы сөздер тобына жатады.

Тірек сыңардың бір ерекшелігі бірнеше біріккен зат есімнің құрамында кездесе береді: *жеделхат, арызхат, сенімхат, дабылхат, қатынасхат, азу тіс, ақыл тіс, күрек тіс, ит тіс, ұры тіс* т.б.

Біріккен зат есім жасайтын сөзжасамдық бірлік тірек сыңар болып қалыптасуы - тілдің ішкі даму заңдылықтарының нәтижесі. Екі сөздің бірігуі ұзақ кезеңге созылады. Сөйтіп, әбден үйлесіп, жымдасып, қалыпты дара сөз сияқты әдеби тілдің қорына еніп, қолданыс қызметін атқарады. Осы үлгімен жаңажасалымдар (новообразование) үздіксіз көбейіп, қалыптасып отырады: *ғарышжай, аспансерік, жанұя, тұтұғыр, әділқазы, елтаңба, елорда, бағдаршам, көрмежай, мекенжай* т.б.

Біріккен зат есімдердің қашанда ауыспалы сыңары өзгергіш келеді. Ауыспалы сыңар басқа біріккен зат есімдерде кездесуі міндетті деп саналмайды. Ауыспалы сыңардың бұл ерекшелігі - туынды түбірдің негіз сөзіне де тән қасиет. Бұл арада біріккен зат есім мен негіз сөздің арасында ұқсастық бар. Күрделі сөз болсын, туынды түбір болсын жана лексикалық бірлік жасауда негіз - ортақ. Бұдан сөзжасамның барлық қасиеттері күрделі зат есімдерге де (біріккен зат есімдер де) ортақ деген қорытындыға әкеледі.



Келтірілген мысал бірінші қатардағы сыңарлар өзгергіш, тұрақсыз екенін көрсетеді. Осыдан барып, біріккен зат есімнің алғашқы ауыспалы сыңарлары қалыптасқан. Осы үлгімен

кейіннен басқа біріккен зат есімнің жасалуына негіз болған, ол әр кезеңде саны жағынан өсіп отырады.

Тірек сөздер болатын түбір сөздер (негіз) негізінен жалпылауыш ұғымдағы: **-хат, -жай, -бау, -гүл, -ағаш, -аң, -құс, -киім, -шөп, -балық** т.б. (көбінесе) тәрізді сөздерді жатқызуға болады.

Біріккен зат есімдерді лексикалық бірлікке айналдыратын, яғни лексикаландыратын негізгі қызметті тірек сыңар атқарады. Тірек сыңардың осы қызметін біріккен зат есімдерді анықтайтын ұстаным-меже (критерий) етіп алу керек. Лексикаланған біріккен зат есімдердің ауыспалы сыңары (тірек сыңар бірінші орында да, екінші орында да бола береді) зат пен құбылыстың түрлі қасиетін білдіретін ұғымдар: бір-бірінен сыртқы пішіні, атқаратын қызметі, пайдалану орны, тұрмыс-тіршілігі т.б. сол заттың тұрақты айырылмайтын белгісін білдіріп, келе-келе жеке лексемалар ретінде қалыптасқан.

Тірек сыңардың тіркесімділік (валенттілік сочетаемость) қасиеті күшті. Мысалы, *төлбасы, отбасы, елбасы, көшбасы, рубасы, қалабасы, дінбасы, ордабасы* т.б.

Сонымен, біріккен зат есімдер - жұбын жазбай, мағына жағынан ұласа келіп, дамып, үшінші бір жаңа ұғымды білдіретін туынды сөздер. Бұл жаңа сөздер үнемі қолданылудың, жиі жұмсалудың нәтижесінде жалпы халыққа белгілі, көпке ортақ атау ретінде тұрақталады: *бетбұрыс (перестройка), елорда (астана), елтаңба (серб), елұран, ісқағаздары (делопроизводство), айытпұл (штраф), оққағар (телохранитель), қаңғыбас (бомж)* т.б.

Тіл дамуының қазіргі кезеңінде бірбүтін атауларды біріктіріп жазуға бейімделгенін және бір ұғымды білдіретін осы тәсілдің белсенді екенін баспасөз беттерінен жоғарыда келтірілген деректер көрсетеді.

Біріккен зат есімдер біртұтас лексема ретінде қалыптасып, әрі қарай туынды тұлғалардың жасалуына негіз болады. Мәселен, Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде (1988) *еңбекақы, еңбекақы+лы, еңбекақылы демалыс, жалақы, қаламақы* сөздері реестр сөзге енген, ал осы үлгімен жасалған *зейнетақы, жәрдемақы, өтемақы, төлемақы, сыйақы* т.б. ол сөздікте жоқ. Қазіргі кезеңде қазақ тілінде осы тәрізді қалыптасқан жаңажасалымдар біріктіріліп жазылып, нормалану бағытында. Мысалы, *келіссөз, алғысөз, келісімшарт, ойтүйін, ойсана, қонақүй* т.б.

Осы тұста бұрынғы сөз тіркесі тұрғысынан қарап, біріккен зат есімдерді қай топқа жатқызуды білмей, бірде олай, бірдей былай жазып жүрміз.

Мәселен, Қазақ тілінің сөздігі (1999) *ешкі бұршақ* (өс.) бөлек жазылған, солай бола тұрса да аталым дәрежесіне жетіп, сөзтізбеден орын алған. Ал осы іспеттес: *ата мекен, ақ иық (қыран), аяқ киім, аяқ бау, боз торғай, қара өрік* бөлек жазылғандықтан, біріккен зат есім деп танылмаған (Орфографиялық сөздік, 1988).

Тілшілердің бөлек жазудағы негізгі ұстанған қағидасы әр сыңардың лексикалық мағынасы бар дегенді алға тартады. Әрине, сыңарларды бөліп алғанда, әр сөздің өзінің дербес лексикалық мағынасы болатыны даусыз. Бірақ ол біріккен зат есімдердің өлшемі болмаса керек. Ұғымның атауы біріккен құрамда қаралуы тиіс. Негізгі шарт - олардың сол тұтас қалпында белгілі заттың, құбылыстың жалпылама аты біртұтас ұғым болатыны. Сондықтан сөздіктер мен грамматикаларда, оқулықтар мен оқу құралдарында әр басқа тілдік құбылыстардың біртектес делінуі немесе біртектес тілдік құбылыстардың әр басқа деп қаралуы жалпы күрделі сөздің, соның ішінде, әсіресе, күрделі зат есімдердің шешімін таппағандығын байқатады. Бұл әр тектес тілдік құбылыстардың бірінен-бірінің аражігін ажыратудың ғылыми қағида мен ұстаным-межелерінің айқындалмауынан шығады. Мәселен, Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі (1988) - негізгі нормативті жазу емлесі, елдің сүйенетін, табан тірейтін емле сөздігі, солай бола тұрса да, бұл сөздікте де біріккен зат есімдердің сөзтізбеге алынуы әр түрлі: *қараторғай, қарамойнақ (қауын), қараөкпе (мал ауруы), қаратаяқ* (өс.) деген сөздер біріккен зат есім ретінде танылып, дербес сөздер болып шығады да, *қара шаңырақ, қара сасыр* (өс.), *қара шешек (ауру), қара мал* т.б. (сөздікте бөлек жазылған) дегендер біртұтас сөздер емес, сөз тіркестері болып шыққан. Осы деректердің өзінен бір тектес құбылыстар әр басқа құбылыстар ретінде танылғаны көрінеді. Шын мәнінде *қарашаңырақ - үлкен үй, қасиетті орын* дегенді білдіретін ұғымның атауы, түсті білдіріп тұрған жоқ, сол сияқты *қарасасыр - өсімдіктің атауы, қарашешек - аурудың аты, қарамал - қазақ ұғымында сиыр малын атайды*. Бұл жерде анықтаушы мен анықталушы сөз емес, аталым дәрежесіне жеткен лексемалар. Олар семантикалық та, құрылымдық та, қызметі жағынан еш бөлінбей, бірбүтін бірлік ретінде жұмсалады. Бұл сияқты тіркескен атрибут сыңар, бір кезде сөйлемнің синтаксистік тіркесін құрап, нақтылы айырым ұғымын жасау үшін жұмсалғанымен, кейін өз мағыналарын өзгертіп

жаңарту арқылы аналитикалық тәсілмен біріккен зат есім жасауға үлес қосатын мағыналы сыңар болып қалыптасқан тірек сыңардың мағынасы туынды жаңа сөздің мағынасына негіз болған. Мысалы, *қаракүзен (аң), қаракүйе (құрт), қаражидек (өсім.), қарабидай (дақыл), қарабие (этногр., түнде ойналатын ұлттық ойын), қарақұс (жыртқыш құс), қарақұрт (улы жәндік)* т.б. осы сияқты *“ақ”, “көк”, “сары”* т.б. сөздермен келетін біріккен зат есімдер жасалу жағынан екіншілік мағынаға (жаңа мағынаға) ие болған туынды ұғымдар (атаулар) тілге бір заттың немесе құбылыстың алғашқы жалпылық, жинақтылық дерексіздік мағынасын нақтылап, саралап, өзгерте келе, жиі қолданылудың нәтижесінде екіншілік жаңа атау (вторичная номинация) пайда болған. Осы үлгімен тілде түрлі атаулар жасалып келеді. Бұл - тілдің дамуындағы күрделену заңына жататын құбылыс.

Сөздердің бірігуі күрделену заңдылығына бағынатын тілдік құбылыстар. Тілдің ішкі заңдылығында әбден қалыптасқан бұл заңдылық тек сыртқы тұрпатын (құрылымын) түрлендіріп қоймайды, мазмұн-мағынасын да өзгертіп, бастапқы (жеке тұрғандағы) мағынасынан басқа мағынаға көшіп отырған. Мысалы, *қырықжөті (кәде), үштоғыз (кәде), сегізкөз (анат.)* т.б. біріккен зат есімдердің мағыналардың семантикалық құрылымды екі сыңардың мағыналарынан тұрады. Бұлардың сыртқы жамылғышы (тұлғасы) өзгеріссіз қалады. Сонда біріккен зат есімдегі аталым жасаушы - мағыналар (семалар) ауыспалы сыңар мен тірек сыңардағы мағыналар. Біріккен зат есімдер мағыналарымен байланысын, ортақтығын жоймаған. Демек, біріккен зат есімдердің ішкі семантикалық құрылымда сыңарлардың мағыналары сақталып, жалпы өзек (стержень) мағынаны құрайды, сөйтіп, біріккен зат есімнің аталым белгі анықтайтын жаңа мағына (сема) түзіледі. Ұғымдық ерекшелік негізінде туындаған біріккен зат есімнің аталымдық белгі көрінісі нақты мағыналарды айқындайды. Нақты мағына дәрежесінің түрлі болуына сәйкес жеке атауды (*сегізкөз - анат. атау, егеуқұйрық - тышқан, сарала - тағам*) білдіретін мағына қалыптасады. Бұл тілде біріккен зат есімдердің (аталымның) пайда болу, қалыптасу жолын көрсетеді және біріккен зат есімдердің тілде түрлі өзгерісті, дамуды басынан өткізу арқылы қалыптасатынын көрсетеді.

Біріккен зат есімдердің жасалуының басты заңдылығы - олардың жүйелі белгілі үлгілерге құралатындығы. Олар тілдің грамматикалық құрылысына үйлесіп негізделген үлгілер.

Біріккен зат есімдерді іштей саралай келгенде, олардың ауыспалы сыңары түрлі сөз табына қатысты: *зат есім + зат есім, сын есім + зат есім, зат есім + етістік* т.б. үлгілерде осылай жасала береді.

Біріккен зат есімдер әуел баста сыңарлары анықтаушы және анықталушы сөз ретінде қалыптасқан. Қазір бұл сыңарлардың арасында ондай қатынастардың белгісі жоқ, тек заттың атауы.

1. Біріккен зат есімдердің бірінші сыңары сол ұғымның қандай затқа (материалға) қатысты екенін, яғни заттық сапаны білдіреді: *тасбақа, тайтері (төсеніш), теміржол, құстөсек, жерошақ, жұкаяқ* т.б.

2. Пішін ұқсастығы: *егеуқұйрық (жәндік), оқжылан, өгізкөз (өсім.), құсаяқ (өсім.), аюқұлақ (өсім.), итмұрын, айбалта, қылтүтік (капилляр)* т.б.

Біріккен зат есім жасалу үшін сөздер ең бірінші, мағыналық жағынан үйлесуі керек. Мәселен *аяқ* және *көйлек* деген екі зат есімді алайық, бұл екеуі біріге алмайды, өйткені *аяқ-көйлек* немесе *көйлекаяқ* дей алмаймыз. Бұл мағыналық нормаға сай келмейді, керісінше *ит* және *мұрын* деген сөздердің бірігуіне болады, өйткені итте мұрын бар. Бұтада өсетін жемістің сыртқы пішіні *иттің мұрнына* ұқсас болғандықтан, оған мағыналық ұқсату заңдылығына байланысты *итмұрын* деген атау берілген, *итмұрын* деген біріккен зат есім ұқсастықтан барып қалыптасқан.

3. Түс: *ақбөкен, қарабидай, қарақат, сарысу, сарыөрік, қызылшақа (құс), алақұрт (өрнек), алақоржын (тышқан)* т.б.

4. Заттың неге арналғандығы: *асжаулық (дастархан), қолжуғыш, шаштараз, асбұршақ, тұскиіз, астүз, балабақша* т.б.

5. Сапалық қасиеттері, дәмі, иісі т.б.: *балқурай, майқарағай, үшжапырақ, уқорғасын (өсім.), жұпаргүл, сасықкекіре (өсім.)* т.б.

6. Мекендік орнын, мекенін көрсетеді: *таусағыз, жанқалта, қолбала, сужылан, колбақа, тауешкі (аң), тасиөп (өсім.), құмсағыз (өсім.)* т.б.

7. Сандық сапаның қатысуымен қалыптасқан: *бірқазан, қырықжеті, алтыбақан, үшбұрыш (геом.), қырықбуын (өсім.), мыңбасы* т.б.

8. Метафора, бейнелеп, астарлап, тенеппен көрсету: *соқыртеке, кәрікыз (өсім.), жесаяқ, көріпкел, қылкөпір, шөпжелке* т.б. Бұл жерде сыңарлар - мағыналық даму үрдісінен өткендер.

Біріккен зат есімдердің құрамындағы сыңарлар түрлі сөз табынан болуына қарамастан, бір заттық ұғымды білдіріп, сөз табы жағынан

зат есім болады. Сонымен, зат есімдер - жеке сөздердің бірігуінен біртұтас лексикалық мағынаны білдіретін туынды сөздер. Біріккен зат есімдердің лексикалық салмағы, олардың мағыналық тұтастығымен өлшенеді. Нәтижесінде жаңа мағыналы аталым (номинация) пайда болады.

3.2.2. Кіріккен күрделі зат есімдер

Тіліміздегі кіріккен зат есімдер - екі, үш сөздердің бірігуі нәтижесінде жаңа мағыналы лексемаға айналған кезде құрылымдық (морфемалық), дыбыстық өзгерістерге ұшырап, жымдасып, сіңісіп кеткен сөздер.

Кіріккен зат есімдердің басқа күрделі зат есімдерден айырмашылығы, ерекшелігі олардың сыңарлары бастапқы тұрпатын өзгертіп, буын жігін жоғалтып, сыңарлары өзара кірігіп, жігін білдірмей кетеді. Басқа күрделілерге қарағанда, дара сөзге сыртқы тұрпаты жағынан жақындасып келеді. Мысалы, *қолған, қарағаш, бәйшешек, белбеу, ышқыр, қайнаға*, т.б.

Кіріккен зат есімдер - құрылымының оған негіз болған сыңарлардың өзгеріп, кейде ұқсамай, мүлдем басқаша болып қалыптасқан тілдік бірліктер. Бұл тіл заңдылықтарына сәйкес дыбыстардың бір-біріне ықпалын тигізуі, буын ығысуы, жылжуы, кірігуі нәтижесінде болатын сандық, сапалық өзгерістер. Мысалы, *білезік <(білек жүзігі), көзілдірік <(көзге іл+дір+ік), қайнаға <(қайын аға), желғабыз <(жел+қабас)*, т.б. тәрізді сөздер кірігіп, жігі білінбей кеткен сөздер тілде көп. Осы сияқты сөздердің сыңарлары өзара бірігіп, жымдасып, жаңа лексикалық ұғымның атауы болған кезде, тілдің ішкі заңдылықтарына сәйкес өзгерістерге түскен. Біріншіден, бұлай болудың себебі: сыңарлардың мағыналық тұтастығынан лексикалық тұтастық қалыптасқан, сойтіп бір лексикалық бірлікке айналу барысында әр түрлі фонетикалық өзгеріске ұшырай береді. Сол өзгерістердің негізінде біріккен сөздер кіріккен сөздерге айналады. Ал кіріккен сөздердің бір баспалдақ жеке дара сөздерге жақын тұрғаны тіл деректерінен де анық көрінеді. Мысалы, *қоян, құлан, қабан, тарлан* т.б. соған дәлел. Бұлардың осылай *-ан// -аң* сөзіне аяқталуы тек кездейсоқ емес.

Бұл көрініс жалпы күрделі сөздердің заңдылығына сәйкес тірек сыңардың бірнеше сөз жасау мүмкіндігінен шығатын заңдылық. Бүгінгі таңда тілде соның ізі, жұрнағы қалғанын аңғартады. Бұл заңдылық тілдегі ықпалдау заң-

дылығына әкеп саяды. Тілде жалпы кіріккен зат есімдердің пайда болу жүйесін көрсетуге болады: сөз → сөз тіркесі → лексикалық тіркес → біріккен зат есімдер → кіріккен зат есімдер.

Кіріккен зат есімдердің кірігу үрдісі ұзақ сонар тарихи кезеңдерден өткен. Сондықан да олардың кірігу дәрежесі әр алуан. Демек, кіріккен зат есімдердің сыңарларының өзгеріске ұшыраған дәрежесін түрлі сатыға боліп көрсетуге болады:

1-саты: кіріккен зат есімдердің құрамындағы сыңарларының түйіскен жерінде аз ғана дыбыстық өзгеріске ұшырап, жылыса кіріккендер: *белбеу* < (бел+бау), *ашудас* < (ашу+тас), *жегжат* < (жек+жат), *жәрдем* < (жар+дем) т.б.

2-саты: кіріккен зат есімнің құрамындағы сыңарлардың құрамы өзгеріске түсіп, сыртқы тұрпаты өзгереді, сыңарлар жымдаса, сіңісе кіріккендер: *қарлығаш* < (қара+ала+құс), *білезік* < (білек+жүзігі), *белуар* < (бел+буар), *ышқыр* < (іш+құр) т.б. біріккен зат есім құрамындағы сыңарлардың арасында пайда болатын өзгерістік фонетикалық қана құбылыс емес, олар түбір мен түбірді, қосымшаларды қиюластыратын амал. Кіріккен зат есімдер сыңарларының орындары арқылы қабыса байланысуы олардың сіңісуі мен жымдасуы, буын ығысуы мен жылысу заңдары тарихи синтаксистік амалы болса, сол байланысты бекіте түсетін, дара сөздің қалпын жасайтын қосымша дыбыстық байланыс амалы - сыңар арасындағы дыбыстық, буындық өзгеріске ұшырауы. Осылай кірігіп қалыптасқан кіріккен зат есімдер бір құрамды дара сөз деп ұғынылады. Бірақ тарихи жағынан кіріккен зат есімдер лингвистикалық барлау, талдау жасау арқылы айқындалады. Жоғарыда келтірілген деректер тұлғасын бүтіндей өзгертіп, ізін жоғалтқандар.

3-саты: кіріккен зат есімдердің сыңарларының біреуі ғана өзгеріске ұшырап кіріккендер, олар лингвистикалық талдау кезінде аражігін ажыратуда, онша қиындық келтірмейді. Мысалы, *бәйшешек*, *бәйтерек*, *абжылан*, *алагүлік* (аң), *абжауқын* (өсім.), *айгөлек* (ойын), *ақдабы* (мата), *аланес* (ауру), *аласапыран*, *жансебіл*, *ителгі*, *алағаншық* (боран), *алагүлік* (1. қоңыз; 2. бүлік; 3. түйе ауруы) т.б.

Кіріккен зат есімдердің сыңарлары тегі жағынан әр алуан. Көпшілігі тіліміздің байырғы сөздері болса, сонымен қатар, басқа сөздерден енген сөздер де кездеседі. Мысалы, *шалап*, *мұрап*, *жиеншар*, *жарапазан*, *диуана*, *доқаба* (барқыт), *дарбаза* < (дәр+вазе), *байғұс* < [бей+һуш (ақыл, ес т.б.)], *әбілхаят* [аб: су+хәят: өмір, тіршілік];

абырой < [аб+су, руй:бет], *жегжат* < [жеке. иек:(бір)+джеһәт:(жақ, бағыт)], *жәрдем* < [жар+дем]-комет. т.б.

Бұлар көбінесе, араб, парсы тілдерінен еніп, кірігіп кеткендер. Келтірілген мысалдардан мынадай түйін жасауға болады: 1) тілдік қордағы байырғы сөздер; 2) байырғы сөздер мен басқа тілдерден енген кірме сөздер; 3) таза басқа тілдерден енген кірме сөздер.

Жасалу тәсілі жағынан кіріккен зат есімдер құрылымдық, мағыналық жағынан күрделі зат есімнің басқа түрлерінен өзіндік айырмашылығы бар. Сондықтан ол күрделі зат есімнің бір түрі болып саналады.

Сонымен, кіріккен зат есімдердің дыбыстық, буындық өзгеріске ұшырап, әуел бастағы тұрпатын өзгертуі кездейсоқ емес, белгілі тіл жүйесіндегі заңдылықтарға байланысты. Бұның өзі кіріккен зат есімдер - күрделі зат есімнің өз алдына жеке түрі екеніне дәлел.

Кіріккен зат есімдер құрамындағы сыңарлар әуелгі өз мағыналарын жоғалтып, басқа жаңа мағынаны білдіреді. Мысалы, *жауқазын*, *сарғалдақ*, *қызғалдақ*, *сайгүлік*, *абжылан*, *желғабыз* деген сөздердегі *-ғалдақ*, *-гүлік*, *аб-*, *жау-*, *-қазын*, *-ғабыз* тәрізді сөздердің дәл лексикалық мағынасын түсіну қиын, олардың мағынасы тарихи тұрғыдан саралағанда ғана, белгілі болады. Сөздердің түп-төркінін табу терең зерттеуді қажет етеді. Жоғарыда келтірілген мысалдарда *-ғабыз* сөзі - фонетикалық өзгерістерге ұшырап ұянданған *қабас* деген монғол сөзі. Мағынасы - *қушті жел*, *дауыл* дегенді білдіреді.

Жау - түркі тілдерінде *май* деген мағынаны білдіреді, *жауқазын* < *жау+қаз+ын* гүлдің бір түрі. Сол сияқты *-ғалдақ* - көне түркі тілінде қазіргі *гүл* сөзінің орнына қолданылған. *-қат*, *-ғалдақ*, *-шешек* сөздері көне түркі тілінде жиі қолданылған.

Кіріккен зат есімдерді ауыз әдебиеті үлгілерінен де жиі кездестіруге болады. Мысалы: *Көкпар* қылып дұшпанын, Тау мен тасты күңіретті (Қобыланды). Барайын десе, бата алмас, *Дарбазадан* өте алмас (Сонда). *Ағайынын* шақырып, Жинады тегіс жан-жақты (Қамбар).

Тіл заңы бойынша сөздер қолданыс барысында өзінің дыбысталуын өзгертіп, құрылымдық тұлғасын ықшамдай алады. Осы тұрғыдан алғанда, жоғарыдағы келтірілген тілдік деректер о бастағы толыққанды, мағыналы сөздер болғаны дәлел болады.

Кіріккен зат есімдердің құрамында кездесетін кейбір *-дырық// -дірік; -ғалдақ, -қыр* т.б. тәрізді аффиксоидтарға *мойынтұрық, өмілдірік, уылдырық, сағалдырық, сарғалдақ, қызғалдақ* сияқты сөздер жатады. Түркітануда бұл құбылыс жайында әр түрлі пікір бар. Дегенмен, шығу төркінін дәл солай деп анық айту қиын болса да, тілдің ықшамдау заңдылығына сәйкес қалыптасқаны, толық мағыналы сөздер болғаны даусыз. Мысалы, *ышқыр* сөзі екі сөзден құралған. Бастапқысы - *иш+қыр*. *Қыр* - “бау, белбеу” деген сөз. Дәл осы мағынасы көне жазба ескерткіш тілінде кездеседі. *Ол қурім жазсаді* - ол белбеуін шешкісі келді (МК.ІІІ.319). Кейінірек *қыр* сөзінің мағынасы дами келе синкретті түбірге айналған, яғни етістік мағынасын білдірген. Бұл екі сөз дыбыстық жағынан ыңғайласа кіріккен, *иш* сөзі екінші сыңардың ықпалымен жуанданып *ыш* болған да, екінші сыңар *қыр* сөзіндегі еріндік дауысты дыбысты “ү” - қысаң “ы”-дыбысына айналдырған, сөйтіп қыр сөзіне айналған. Мысалы: Ол тізесі жамаулы сұр шалбарын *ышқырынан* көтеріп қойды (Дәуренбеков).

**Жансебіл* - жан “джан” - парсы тілінен енген жүрек, өмір, дем, рух деген мағынаны білдіретіні түсінікті, ал *-себіл* сыңарының мағынасы түсініксіз. Бұл - түркі тілдерінің көпшілігінен кездесетін көне құбылыс. Қырғыз тілінде екі мағынада: 1) сауыт, 2) қару ұғымын білдіреді, *шарайна* сөзімен мәндес. Сонда екеуінен бірігіп барып кіріккен зат есімді *жаны берік, қайратты, табанды* деген мәнді білдіреді. Мысалы: Не деген ит жанды, *жансебіл* едім (Жүнісов). Зұлыс деген бір тау бар үлкен, биік, Басы қарлы, таянып көкке тиіп, Пілден пайда етуші *жансебіл* бар, Қаракет қып сүйегін атып, жиып (Ақылбай Абайұлы).

**Жәрменке* - неміс тілінен енген сөз. Немісше - *Jahr* - жыл деген мағынаны білдіреді. Ал *Markt* - сауда деген сөз. Жылында бір рет белгілі бір жерде ұлы жиын сауда ұйымдастырып, оны *Jahrmarkt* деп атайды. Біртіндеп орыс тіліне *ярмарка* ауысқан, одан қазақ тілінің дыбыстық заңына сай *жәрменке* болып кірігіп кеткен сөз. Осындай өзгерістерге дыбыс, кейде бүтін бір буын немесе грамматикалық тұлғалар көмескіленіп, екі сөз кірігеді. Сонда сөз тіркесінің бірігіп, тұтас тұлға болып қалыптасуына аналитикалық тәсіл ғана емес, фонетикалық тәсіл де өз үлесін қосады. Кіріккен зат есім құрамында мейлі төл сөз болсын, мейлі кірме сөз болсын сол қолданып отырған тілдің дыбыстық

заңдарына сай дыбыстық өзгерістерге ұшырайды, сөз тіркестеріндегі алдыңғы сыңардың екпіні әлсіреп, екінші сыңардың соңғы буынындағы екпін басым келеді де, сөз тіркес бірұдай екпінмен айтылады. Оған мына секілді тілдік деректерде: *қарлығаш, білезік, ышқыр* т.б. дыбыстар ығысып шығып қалып, буын саны кемуі арқылы бүтін сөз ықшамдалған. Бұлайша кірігу кіріккен зат есімдерге тән.

Кіріккен есімдерге қарағанда, біріккен зат есімдер бертініректе пайда болған бірліктер. Өйткені сөздердің әуелі тіркесіп, одан кейін бірігіп, ең соңында мүлде кірігуі, яғни мағыналық, тұлғалық өзгерістерге ұшырауы ұзақ уақыт жүретін үрдіс. Тарихи тұрғыдан қарағанда кіріккен зат есімдер көне сөздерге жатады.

3.2.3. Тіркесті күрделі зат есімдер

Қазақ тіліндегі тіркесті зат есімдер - кем дегенде екі мағыналы сөздерден құралып, бір ұғымның атауы ретінде жұмсалатын күрделі сөздер. Тіркесті зат есімдер - қазіргі емле-ережелерге сәйкес келе бермейтін және қайшылығы баршылық, пікірталас тудырып жүрген тілдік құбылыс. Бұлардың морфемдік құрамы жеке-жеке жазылатындықтан, оларды тілдік ұқсас құбылыстардан ажыратып алу оңай түспейді. Әсіресе, сөз тіркестерінен бөліп алу оңай еместігін ғалымдар әркез айтып жүр. Күрделі зат есімнің шығу тегі, дереккөзі - сөз тіркестері екені белгілі. Әсіресе, тіркесті зат есімдер - сыртқы түр-түрпаты жағынан өте ұқсас келеді. Оның жазу емлесінде бір ізге түспей жүргендігі де осыдан.

Күрделі зат есімдердің ішінде көңіл бөлінбей жүргені де, осы тіркесті зат есімдер. Ал тіркесті зат есімдер - тіліміздің лексикалық қабатынан мол орын алатын өнімді, тілдік бірліктер.

Қазақ тіліндегі күрделі зат есімдер, соның ішінде тіркесті зат есімдерді зерттеу - жаңаша ғылыми зерделеу өзектілігін жоймаған өміршең мәселе. Осы мәселедегі ғылыми зерттеулер неғұрлым жан-жақты болған сайын, соғұрым ол ғылыми жүйеге түсіп, күрделі зат есімдер қазіргідей кездейсоқ түрде бірде олай, бірде бұлай қолданылмас (сөз тіркесімен салыстырғанда), жазылмас еді, оның жасалу заңдылықтары нақты анықталар еді.

Сондықтан тіркесті зат есімдер жеке тақырып болып не грамматикаларға не оқулықтарға т.б. енбей жүргені де бөлек жазылып, сөз тіркесі ретінде қабылданып жүргендіктен болар. Тек 1989 жылы

“Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі” атты еңбекте ол жеке танылып, күрделі сөздің бір түрі ретінде бөлініп, көрсетілді. Осы еңбекте күрделі сөз, соның ішінде тіркесті күрделі сөз - сөзжасамның нысаны екені анықталған.

Тіркесті зат есім әр түрлі ұғым, құбылыс, заттардың арасындағы түрлі қарым-қатынастары туралы түсінік беретін жанды, жансыз заттарды білдіретін барлық сөздерді бір лексика-грамматикалық топқа жинақтайтын зат есім табына жатады және тіркесті зат есімнің қолданыс аясы да өте кең.

Сөзтіркесім - жаңа сөз жасаудың ең өнімді жолы. Қазақ тілінде зат немесе құбылыстың атын тіркестіріп атау жиі ұшырайды. Бұл сөздер - аталым (номинация) дәрежесіне жеткен сөздер. Егер сөз тіркесі лексикалық тұтастыққа айналып, аталым дәрежесіне ие болғанда, сөз тіркесі өз қызметін тоқтатады. Мұндағы басты қасиет, заңдылық - ұғымның атауы дәрежесіне жетуі. Мысалы, *кәрі жілік, ортан жілік, өгей шеше, қайын жұрт, Ақ орда, кіндік шеше, ауыз омыртқа, азу тіс, бел омыртқа, ауа райы, күйеу бала, киіз үй* т.б. тәрізді күрделі зат есімдер соның нәтижесі.

Келтірілген тілдік деректер - сөз тіркестерінің құрылымын сақтаған, бірақ бір ұғымның атауы дәрежесіне жеткен лексикалық бірліктер.

Лексемалық тіркесімдердің басты белгісі - құрамындағы сыңарлардың орны берік, арасына сөз қойылмайды, екі сыңары да қалыптасқан тұлғасын сақтайды. Екі сыңарының мағынасы өзара логикалық үйлесімді болып келеді. Тіркесті зат есімдер ортақ екпінмен айтылады да, құрамындағы сыңарлардың тұрақтылығы мызғымайтын, өзгермейтін қалпын сақтайды. Мұндай сөзтіркесімдер бірбүтін болып, бір ұғым ретінде қалыптасады. Мысалы, *ауыз су, қонақ үй, ас үй, ақ орда, ас тұзы, асық жілік, бел омыртқа, азат жол (абзац), кіндік шеше, күрек тіс, азу тіс, қарын бөле (туыс), мүшел жас* т.б.

Мысалы, *ақ орда* - сөзінің мағыналық дамуы: 1) киіз үй; 2) көне, билік иесі отырған үй; 3) Ақ орда - резиденция. *Ақ орда* - Тайбурылдың үстіне алтыннан тұрман ер салып, Аз ғана азық жем салып, *Ақ орданың* алдынан, Өткізді Күртқа көлденен (Қобыланды батыр). *Ақ орда* - “резиденция” *Ақ орданың* есігі айқара ашылды! Ата-баба жолымен ақ киіздің үстінде тұрып ант берген Елбасы еңкейіп еліміздің көк байрағын сүйді (“Астана ақшамы”). Осы екі мысалдан сөз мағынасының дамып, жетілгені анық көрінеді. Туынды мағынаның өзегі бұрынғы сөздің ма-

ғынасынан байланысын үзбей, соның негізінде дамып, кеңейген. Қазір бұл сөз мемлекеттік жүйеде қолданылатын термин дәрежесіне жеткен. *Ақ орда* сөзінің дамуы - алты қанат ақ ордадан бастап, хандық мәнді білдіретін, яғни ханның сарайы, хан тұратын мекен, тұрақ мағыналарында жұмсалған, кейін қолданыс ерекшелігіне қарай мемлекет ұғымында қолданылса, қазір саяси-әкімшілік термині. Сөздің құрамында, құрылысында еш өзгеріс жоқ, бірақ жаңа сөз, жаңа мағына, себебі жаңа ұғымды білдіретін мағынаға ие болған. *Ақ орда, Ақ үй* екеуі де резиденция деген мағынаны білдіреді. Имамдарды *Ақ үйде* қабылдап, ауызашар өткізетін болған (“Парасат”). Қазір қолданыста мемлекеттік басқару аппараты мен билік жүйесін сипаттайтын терминдер қатарында жұмсалады.

Осы сияқты лексиканың басым көпшілігі бұрын көнерген сөздер тобында жүрсе, қазір қайта жаңару, жандану үстінде.

Тіркесті зат есімнің бірнеше ерекшеліктері бар:

1. Лексикалық бірлік ретінде сөйлеу үрдісінде құрастырылмай, тілдің бұрыннан жасалып, қалыптасқан даяр бірліктері ретінде қолданылады. Мысалы, *күрек тіс, азу тіс, жеті ата (тек), ара ағайын, шыбын жан, ас үй* т.б.

Жеті атасын білмеген - жетімдіктің салдары, әзіл сөзді ауырлау - шетімдіктің салдары (Мақал). *Жар болғай, алла, өзіме, Шыбын жаным көрінді* (Қобыланды) тәрізді сөйлемдерден *жеті ата, шыбын жан* сөйлеу кезінде жасалмай, тілде бұрыннан жасалып, қалыптасқан лексикалық қорда бар тілдік бірліктер.

2. Құрамы мен құрылысы жағынан тіркесті зат есімдердің сыңарларының орны тұрақты. Оны құрастырушы сыңарлардың орны өзгермейді, басқа сөздермен алмастыруға көнбейді. Тіркесті зат есімдердің құрамындағы сыңарлардың орын тәртібінің тұрақтылығымен сипатталады. Тілде тұтас күйінде қолданылады.

3. Тіркесті зат есімдерге де тән қасиет - мағыналық тұтастық. Мысалы, *тоқ ішек, күшік күйеу, кіндік шеше, іш ауру, ауыз су* т.б. осы тәріздес тіркесті зат есімдер қатысым кезінде жасалмай, тілде әуелден жасалған даяр лексемалар ретінде жұмсалады. Аталған тіркесті зат есімдердің құрамындағы сыңарлар мысалы, *іш ауру* дегендегі *іш* және *ауру* деген сыңарлар бір-бірімен қатысым үрдісінде тіркестірілмей, бұрыннан қалыптасқан, бір ұғымның атауы ретінде ұғынылады. Бір бүтін сөз ретінде қабылданады. Мұндай тіркесті сөздер қажетінде даяр тұрған тұтас қалпында басқа сөздермен тіркестіріп қолданыла берілді.

Мысалы, *жұмыр жер - жұмыр жердің тыным-тіршілігі, киіз үй - отбасы тұрағы, жол белгі - көшелерге жол белгі қойылды, топан су - тасқын су, кейбір жерлерді топан су басты, төрт түлік - төрт түлік азайып барады* деген тәрізді тіркестер бүгінгі мерзімді баспасөзде, ақпарат-құралдарында қолданыс тауып, сөз тіркестерінің құрамында бір мүше ретінде қолданып жүр. Сондай-ақ, бұл сөздердің біртұтастығы, сөйлем немесе сөз құрамында лексикалық бірлік екені, мағыналық тұтастығы еш күмән келтірмейді. Сөйтіп тіркесті зат есімдердің тағы бір белгісі - тұтас күйінде сөз тіркесінің бір сыңары болуында.

4. Тіркесті зат есімдердің тағы бір белгісі номинативті немесе аталым қызметін атқаруы. Бұлардың атау ретінде, лексикалық бірлік ретінде атқаратын қызметі біреу ғана. Ол - аталым қызметі. Мысалы, *мал қора, ат қора* - тұрмыс, шаруашылыққа байланысты аталымдар, *бас сүйек, бел омыртқа* - дене мүшелері, *жесгі құрт, ақ түйіршік* - медициналық атаулар т.б.

5. Тіркесті зат есімдерді құрылымы жағынан ерекшелейтін тағы бір белгісі - бөлек жазылу (раздельно оформленность). Сыңарлары бөлек жазылса, күрделі сөз бола алмайды деген пікір де кездеседі. Жалпы күрделі сөздің шешуші белгісіне тұтастұлғалану мен бөлектұлғалану ұстаным бола алмайды, ол емленің мәселесі. Тіркесті зат есімдердің жасалуы сөзжасамның заңдылығынан шығады, олардың құрамы бөлек-бөлек болғанымен, бәрі жиылып келіп, мағыналық жағынан тұтасып, атау ретінде қалыптасады. Тіркесті зат есімдер - екінші рет пайда болған (вторичная) аталым (номинация). Мысалы, *ғарыш айлағы (космодром), жүйке тамыр (нерв), жер жүзі (элемент), қызыл асық (тобық), қыз қуу (ұлт. ойын)* т.б.

6. Тіркесті зат есімдердің сөзжасамдық және мағыналық құрылымы бірімен-бірі байланысты. Олардың мағына тұтастығы - құрылымдық тұлғасынан шығады. Күрделі зат есімдерде, соның ішінде тіркесті зат есімдерде біркелкі құрылымдық-мағыналық үлгіні тірек-сыңар жасап отырады. Тірек сыңар - бәріне ортақ ұғымды білдіретін жинақтаушы мағына жасайды да, ал ауыспалы сыңар тірек сыңардағы түрлі белгілерді нақтылай, даралай түседі, яғни, бір заттың екінші заттан ерекшелігін анықтайды.

Жілік, ауыз - тірек сыңарлары тектік жағынан жинақтаушы мағынаны білдіретін сыңар, ал ауыспалы сыңарлардағы *асық, кәрі, ортан, тоқпан* немесе *қуыс, омыртқа, су, үй* - бірінен бірін даралаушы мағыналарды білдіретін сыңарлар. Тіркесті зат есімдердің сөзжасамдық құрылымында - тірек сыңар құранды бірлігі болып саналады. Композиттердің ерекше құрылымдық түрлерін жасайтын да тірек сыңарлар. Сөзжасамдық мағынасы нақты, біртекті. Сондықтан тірек сыңар - күрделі зат есімдерде (тіркесті зат есімдерде) мағына жағынан ортақтастығымен жинақтаса, екіншіден, оларды жеке туынды сөз ететін қасиеті, үшіншіден жалпылық мәнін қалыптастырушы бірлік. Мысалы: *Ұлжан* осыны ойлап, *киіз үйге* шығып, қыстау басынан жылжып қонайық деген (Әуезов). *Қартқожа* қайда барарын білмей, сандалып *қонақ үйдің* қасына келді (Аймауытов). Тіркесті зат есімдердің құрастырушы сыңары - тірек сыңар: *үй* сөзі. Бұларды бөлек жазылуына қарап, күрделі зат есім қатарынан шығарып тастауға болмайды. Себебі, емлеграфикалық (бөлек-таңбалану) күрделі зат есімнің өлшемі, ұстанымы бола алмайды. Тіл-тілде құрастырушы сыңарлары бөлек жазылатын сөздер аз емес. Басқа тілдерді былай қойғанда, түркі тілдерінің өзінде бір күрделі зат есім бірнеше түрде жазыла береді. Мысалы: қаз.: *қарақұс (құс)*, қарақалп.: *къара къус*, қаз.: *қолжаулық, тасбақа*, қараш.-балқ.: *қьол жаулықь, таш манъа* т.б.


Бұл жерде назар аударатын мәселе - жазу, емле мәселесі емес, күрделі зат есімді айғақтайтын емлелік белгі шешуші ұстаным болмайтындығы. Мұнда - шешуші қызметті атқаратын құрастырушы сыңарлардағы кескін-тұрпат бірлігі мен мән-мазмұн тұтастығы негізгі меже болады, сөйтіп тіркесті сөздер аталым дәрежесіне жетіп, лексема ретінде қалыптасады.

Сонымен, жоғарыдағы белгілеріне қарап күрделі зат есімнің бір түрін тіркесті зат есімдер деп атайды.

3.2.4. Қосарлы күрделі зат есімдер

Тіл байлығын көрсететін ендігі бір арна - қосарлы зат есімдер. Сөзжасамның аналитикалық тәсілімен қалыптасқан қосарлы зат есімдер жасалу әдісіне қарай қосарлы және қайталама деп аталады. Сөздерді қосарлап қолдану - ертеден келе жатқан өнімді амалдың бірі.

VI-VIII ғасырлардағы Орхон-Енисей жазба ескерткіштер тілінде қосарлы зат есімдер бар екені



белгілі. Ескерткіш тіліндегі зат, құбылыс атаулары құрылымдық жағынан түрліше болып келген. Оның бір көрінісі, дәлелі ретінде қосарлы зат есімдерді алуға болады. Олар мағыналық жағынан жинақтық ұғымды білдірген. Мәселен, **ісіг-күшіг 'күш-қуат'*, **йер-суб 'жер-су'*, **көзі-қашы 'көзі-қасы'* т.б.

Тіліміздегі қазіргі қосарлы зат есімдердің құрамында кездесетін сыңарлардың мағынасы солғынданып, көмескіленіп, бірден түсінуге қиындық тигізетін сөздер баршылық. Ол да қосарлы зат есімдердің көнеден келе жатқанына дәлел. Сондықтан олардың түп-төркіні қайдан шыққанын айқындау үшін, олардың сыңарларының шығу тарихына барлау жасау арқылы анықтауға болады.

Жинақтық мағына беретін қосарлы зат есімдердің бір сыңары (негізінен екінші сыңар) жеке лексема ретінде қолданыла бермейді. Бірақ кейбір түркі тілдерінде немесе монғол тілінде дербес мағыналы сөз мәнінде қолданылады. Мұндай сыңарлар - қосарлы зат есімдердің жасалуына өз үлесін қосып, қазақ тілінің тарихи сөзжасамында айрықша орны бар тілдік бірліктер. Мысалы, *абысын-ажын, қыз-қырқын, бала-шаға, жігіт-желең, борыш-қарыш, көйлек-көншек, арық-тұрақ, өрен-жаран, көрші-қолаң, киім-кешек, айып-анжы, ың-шың, ым-жым, тоқты-торым, ем-дом, дау-шар, ырың-жырың, өлім-жітім, шал-шауқан* т.б. Мәселен, *ажын, қырқын, кешек, шауқан, шар* т.б. қазіргі тілде мағынасы көмескі болғандықтан, жеке қолданылмайды. Мысалы, *дау-шар, дәрі-дәрмек, ем-дом, киім-кешек, көйлек-көншек, тұқым-тұқиян, айла-шарғы, кір-қопсы, өлім-жітім, жігіт-желең, қыз-қырқын, жолдас-жора* т.б. Соның ішіндегі *өлім-жітім* сөзін алар болсақ, *өлім* сөзінің мағынасы анық, айқын, ал *жітім* сөзінің мағынасы күңгірт, белгісіз. Ұйғыр тіліндегі *жүт* - "исчезать", "пропадать", "теряться" караим тіліндегі *йыт* - "пропадать", "гибнуть" дегенді білдіреді. Қазақ тіліндегі беретін мағынасы "жоғалу", "ұрлану", "күру". Сонда *жіт* - түбір етістікке *-ім* жұрнағы жалғану арқылы *жітім* сөзі жасалған.

Сол сияқты, *жолдас-жора* қосарындағы *жора* сөзі қазақ тілінде жеке қолданылмайды, ал қырғыз тілінде "жолдас" мағынасын жеке тұрып та білдіре алады.

Жігіт-желең дегенде *желең* сөзі башқұрт тілінде *жігіт* ұғымында айтылады. Қыз-қырқын дегендегі *қырқын* сыңары мағынасы түсініксіз, күңгірт. *Қырқын* сөзінің ежелгі мағынасы

М.Қашқари сөздігінде *күн, кіріптар әйел* дегенді білдірген. *Бала-шаға* деген қосарлы зат есімдегі *шаға* сөзі түркімен, ұйғыр тілінде *бала* мағынасын білдіреді.

Дау-шар - қосарлы зат есіміндегі *шар* сөзі түсініксіз. Көне ұйғыр тілінде *сар/шар* сөзі - *жауыздық бәле* деген мағынаны білдірген. Араб тілінде *шар* сөзі - *бәле, жала* мәнінде жұмсалады.

Қосарлы зат есімдер өздерінің қолданымдық сипаты жағынан әркелкі болып келеді. Олардың ең бір үлкен тобы - халықтық сипаттағы, ұлттық дүниетаным мен ерекшелік көріністерін білдіретін қосарлы зат есімдер. Мысалы, *бай-манап, би-болыс, дос-жар, той-думан, қазан-ошақ, келі-келсап, құрт-май, ас-су, сауыт-сайман, ыдыс-аяқ, ағайын-туған, айран-ботқа, ою-өрнек, тана-түйме, айыл-тұрман, әдет-ғұрып, бәйбіше-тоқал, ел-жұрт, ерлі-зайып, жал-құйрық, ем-дом, жегжат-жұрағат, жүген-құрық, қазы-қарта* т.б. Бұл келтірілген мысалдар ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап, жазба әдеби тілдерінің мол арнасы, көркемдік көзі болып табылады. Бұл қосарлы зат есімдер - өмірдің, қоғамның тұрмыс-тіршілігінен мәлімет беретін тілдік құралдар. Мысалы: Көкежан қайтып келгенше, *Ел-жұртын* есен көргенше... (Қобыланды). *Қол-аяғын* босатып, Жан көкемді қашырып, *Қару-жарақ, ат-тонын* Қойған екен жасырып (Сонда).

Ауыз әдебиеті тіліндегі қосарлы зат есімдер мейлінше мол, әрі бүгінгі күнге дейін жеткен тіл қазынасын құрайды. Тақырыптық жағынан да әр алуан: ұғым-түсініктің, тұрмыс-тіршілікке қажетті құрал жабдықтың, бұйымдардың, тамақтағамның т.б. жинақтық атауларын білдіреді. Мысалы, туыстық қатынасты білдіретін қосарлы зат есімдер: *ата-ана, әке-шеше, абысын-ажын, аға-бауыр, аға-жеңге, аға-іні, ағайын-анжы, ағайын-жегжат, ағайын-туған, ағайын-тума*; тағамға байланысты зат есімдер: *айран-ботқа, айран-шалап, ас-су, алуа-шекер, ас-ауқат, ас-дәм, ас-қатық, дәм-түз, сорпа-суан* т.б.

Қосарлы зат есімдер қолданысы мен лексика-грамматикалық құрамы жағынан ертеден келе жатқан лексемалар екенін тілдік деректерден байқауға болады. Жалпыхалықтық тіл қазынасы болып саналатын қосарлы зат есімдер әдеби тілдің әр түрлі үлгілерінен кең орын алған. Мысалы: *Құл-құтандар* жиылып, Құда болған заман-ай (Бұқар жырау). ... *Қыз-келіншек* үй тігер, Бұрала басып былқылдап (Абай).

Сонымен, қосарлы зат есімдер - қазақ тіліне айрықша тән құбылыс және заттың, құбылыстың, ұғымның, түсініктің атауларын жинақтап беру үшін қолданылатын сөзжасам амалының бірі.

Қосарлы зат есімдер 1) көне замандардан қалыптасқан тілдік бірліктер, 2) тілдің даяр нұсқасы, 3) сөзжасамның аналитикалық тәсілімен жасалатын құнарлы түрі.

Қазақ тілінде дәстүрлі түрде: қосарлама және қайталама қос сөздер деп екі топқа бөледі. Осылай екі топқа бөлудің қосарлы зат есімге де қатысы бар. Негізінен қос сөздердің басым көпшілігі зат есімдерге тән.

Қосарлы зат есімдердің сыңарлардағы мағыналық ерекшеліктеріне қарай: екі сыңары мәнді қосарлы зат есімдер. Олардың өзін өз ішінде іштей жіктеуге болады: 1) мәндес (синонимдес) қосарлы зат есімдер: *ақыл-кенес, аяқ-табақ, әкешеше, іс-қимыл, күш-қуат* т.б. тәрізді қосарлы зат есімдердің сыңарлары мағына жағынан біріне орайлас, мәндес, ыңғайлас аталымдар, яғни мағынасы бір-біріне жақын, мәндес сыңарлар қосарланады. Мысалы: *Жақсы жігіт ел-жұртының анасындай* (Үш ғасыр...).

Бір сыңары мағыналы, екінші сыңары мағынасыз сөздер қосарланады. Қазіргі тілде мағынасыз сыңарлардың, бұрын мағынасы болған және ол сөздердің көпшілігі мағынасы бар сыңарға мәндес болып табылады. Мысалы: *көйлек-көншек, жолдас-жора, жауын-шашын, дос-жаран, айқай-сүрең* т.б. Келтірілген мысалдардағы *көншек* - жалаңаш етке киетін киім, *жора* - дос, *жолдас, сүрең* - ұран, *айқай, жаран* - дос, *шашын* - жаңбыр т.б. басқа тілдерде тіркескен сыңарлардың мағынасын береді.

Тілдегі қосарлы зат есімдер дара варианттық қатынаста жарыса жұмсалады. Олардың алдыңғысы не соңғысы бірнеше қосарлы зат есімге тірек сыңар ретінде қайталанып отырады. Сөйтіп, қосарлы зат есімдер синонимдік қатар жасайды. Мысалы: *аға-жеңге, аға-бауыр, аға-іні, аға-туыс, ақыл-кеңес, ақыл-ес, ақыл-айла, ақыл-ой, ақыл-парасат, ақыл-сана, ақыл-сезім* т.б. жатады. Тағы бір ерекшелігі қосарлы зат есімдердің бірінші сыңары бірнеше сөздің жасалуына негіз болған: *айла-амал, айла-әдіс, айла-әрекет, айла-тәсіл, айла-шарғы* т.б. секілді туындылар сонымен қатар синонимдік қатар жасап тұр.

Бұл секілді қосарлы зат есімдер мағыналық жағынан бір-біріне жуық сөздерден қосарланып, олардың кейінгі мағынасы жеке сыңарлардың мағыналарынан әлдеқайда кең және күрделі.

Түркі тілдерінде, соның ішінде, қазақ тілінің табиғатына тән үстемелеу құбылысы - айқындау, нақтылау (избыточность) – төл әдісі. Қазақ тілінде үстемелеудің айқын көрінісі -

плеоназмдар. Лексикалық плеоназмдардың қосарлы зат есімдерге сыңарлары мәндес немесе мағынасы бір-біріне жуық болады. Олар лексикалық бірліктер ретінде сөз тіркестерінің үлгілері негізінде қалыптасқан жасалымдар және қосарлы зат есімде бұл заңдылық сөздердің мәндес, жуық болуы қатаң сақталып отырған. Мәселен, қосарлы зат есімдер: *бала-шаға, қатын-қалаш, келін-кешік, дәрі-дәрмек, өлім-жітім* т.б. соның айқын көрінісі. Бұл лексемалар бір-бірімен синонимдес бола тұра, бірі - анықтаушы, екіншісі - анықталушы тіркестер болып, келе-келе мағыналық өзгерістің нәтижесінде бір лексемаға айналған. Сондықтан үстемелік әдіс-мәндес сыңарлы қосарлы зат есімдерде көрінуі заңды құбылыс. Мысалы: *Құтылып жаудан ел-жұрты, Есендік-саулық сұрады* (Қобыланды). *Ақыл-айла* таба алмай, *Басымды саған қоса алмай* (Сонда).

Сөздерді қосарлап, қосарлы зат есім жасау - жаңа аталым (номинация) тудырудың, тілді байытудың ұтымды жолы. Қазір тілде осындай жолмен жасалған жаңа қолданыстағы қосарлы зат есімдер: *ой-толғақ, ұсыныс-кеңес, тау-кен, сын-ескертпе, таңдау-балама, ғалым-хатшы, үгіт-насихат* т.б.

Қосарлы зат есімдер мәндес сыңарлардың негізінде қалыптасқан аталымдар жинақтық, жалпылық, мәнді ұғымды білдіреді. Мысалы: *Келінді қарсы алуға шыққан қыз-келіншектер* тобына жақындаған соң... (Ф.Мүсірепов). *Бала-шаға* жылы үйде қыстап шықсын (Сонда). *Ата-бабамыз* киіз үйде туған, киіз үйде өлген... (Сонда).

Келтірілген мысалдардағы қосарлы зат есімнің құрамындағы жеке сыңарлардың мағынасына тең емес, одан мағынасы кең, көлемді. Бұл қосарлы зат есімдердің қалыптасуының шарты іспеттес, олардың табиғатына тән жағдай.

Тіліміздегі қосарлы зат есімнің қалыптасуына заттың, құбылыстың ұғымы бір сөздің аумағына, мағынасына сыймаған кезде, қосарлап қолданылып, бірін-бірі толықтырып, біртұтас мағыналық бірлікті білдіреді. Мысалы: *ар-ұят, ағайын-туған*.

Тілімізде белгілі бір үлгілер, ұқсастық (анология, дағды) бойынша қосарлы зат есімдердің қалыптасуы: *сойыл-шоқпар, шылық-былық, ақы-пұл, айып-жаза, кемпір-шал, отыншы-сушы, сыбыр-сыңқыл, шер-шемен, ескерткіш-белгі* т.б. тәрізді қосарлы зат есімдерге аса қажеттілік болмаса да, белгілі үлгілер бойынша жасалып, тілдік құрамға етене енбеген, тек арнайы мәтінде жасалған аталымдар.

Қосарлы зат есімнің бұл тобы стильдік ыңғайдағы, яғни белгілі бір мәтін көлемінде қолданылады. Құрылымы жағынан әркелкі болып келеді. Стильдік ыңғайдағы қосарлы зат есімдердің көбінің екі сыңарының да екеуі де жеке қолданыста бар лексемалар.

Қосарлы зат есімдердің біразына үнемдеу заңдылығымен қалыптасқан тілдік бірліктер жатады.

Қоғамдағы түрлі жаңалықпен байланысты келіп қосылған қосарлы зат есім жасалымдарына *ұшқыш-ғарышкер, ғарышкер-батыр, сый-сияпат, ғалым-хатшы, сарапшы-маман, эксперт-кеңесші, бизнес-орталық, экономист-менеджер, заңгер-кеңесші, экспресс-ақпарат, суретші-модельер* т.б. жатады.

Бұл туындылар - мерзімді баспасөзде үнемдеу заңдылығына сәйкес, сыртқы тұрпатының ықшамдалуымен біртұтас мағыналық ұғым жасау мақсатынан туған лексемалар.

Сөздің жаңаруы - қолданымдылық қызметі қоғамның дамуымен қабаттас жүріп отырады. Ол - өмірдің қажеттілігі мен сұранысынан туындайтын құбылыс. Жалпы күрделі зат есімдер қазақ халқының ұлттық болмысынан, этникалық ерекшелігінен алыс кетпеген, қазақ елінің салт-дәстүрі оның аталымдарынан (номинация) көрініс тауып, сипат алып отырған. Осының бәрі - жаңа сөзді жасаудың жолдары. Бұл әдіс - тіл байлығын жетілдірудің ең бір құнарлы көзі.

Қосарлы зат есімдердің тағы бір ерекшелігі құрамындағы сыңарлары антонимдес болып келеді. Жеке тұрғандағы мағыналары қарама-қарсы антоним сөздер қосарланып айтылып, үшінші бір жаңа мағыналы ұғымды білдіріп, қайшы мәнді қосарлы зат есім жасалады. Мысалы, *өтірік-шын, дос-қас, дос-дұшпан, бас-аяқ, алыс-жақын, алыс-беріс, бай-кедей, келім-кетім, күйінші-сүйінші, ақ-қарасы, ауру-сау* т.б.

Тоқтарбайдың дәулеті, Ішкені мас, жегені тоқ, *Бай-кедейдің* көңілі жай (Қобыланды). Құдасымен *алыс-берісін* күшейтті (ҚТС).

Сөздерді қосарлау мен қайталау арқылы жасалған қосарлы зат есімдердің табиғаты өзгеше-леу. Біріншіден, қосарлау мен қайталау арқылы жасалған қосарлы зат есімнің сыңарлары о баста бір-бірімен өзара салаласа байланысқан бірыңғай сөздер болып келеді. Мысалы, *әке-шеше, ар-ұят, күш-жігер*. Екіншіден, қосарланатын да, қайталанатын да сөздер бір-бірімен семантикалық байланысты болуы керек. Атап айтқанда, мағынасы бір-бірімен жақын мәндес синоним сөздер не-

месе керісінше мағынасы бір-біріне қарама-қарсы антоним сөздер қосарланады. Үшіншіден, қосарлы зат есімдер негізінен сөз табының барлық түрлерінен болатындықтан, сол сөз табының тұлғалары арқылы түрленеді. Төртіншіден, сөздердің қосарлануынан жасалған қосарлы зат есімдердің лексикалық мағынасы бүтіндей өзгеріп кетпейді, көбінесе жалпылық, жинақтық мағына үстеледі. Сондықтан сөзжасам тұрғысынан қосарлану мен қайталау арқылы жасалған қосарлы зат есімдердің сипаты біркелкі емес. Қосарлы зат есімдердің сыңарлары мағыналы, бірі - мағыналы, бірі - мағынасыз, екеуі де мағынасыз болып келеді. Оларды тарихи тұрғыдан саралағанда, мағынасыз деп жүрген сыңарларының өзі бір кезде мағыналы немесе басқа тілде мағынасы бар сөздер болады.

Қосарлы зат есім сыңарларының морфологиялық сипаты аса күрделі болады. Мысалы: *көрген-білген [қосымшалы-қосымшалы түбір], төсек-орын [қосымшалы-қосымшасыз], ағайын-туыс [біріккен-қосымшалы]* т.б. бірнеше құрылымдық кестелер бойынша қос сөздердің морфологиялық құрамын көрсетуге болады.

Қосарлы зат есімдердің сыңарларының орнын ауыстырып қолдануға болады (бірақ ол барлық қос сөздерде бірдей кездесе бермейді). Мысалы, *талас-тартыс - тартыс-талас, туған-туысқан - туысқан-туған, қол-аяқ - аяқ-қол* т.б.

Қосарлы зат есімдердің әр сыңары өзіндік екпінін сақтайды (екінші сыңардың екпіні, бірінші сыңарға қарағанда күштірек болады).

Тілдің даму нәтижесінде қосарлы зат есімдердің бір сыңары немесе екі сыңары да өзінің мағынасынан айырылған. Мысалы: *дау-шар, келін-кепшік* т.б.

Қосарлы зат есімдердің сыңарлары жинақтық, жалпылық (жекелік), даралық, айқындылық және бейнелік мағыналарды білдіреді. Нақты бір ұғымды білдіреді.

Қосарлы зат есімдер: біріншіден, мағыналық тұтастық, яғни құрамындағы сөздердің әрқайсысы әр басқа мағыналы емес, тіркескен күйінде бірбүтін мағынаны білдіреді. Екіншіден, құрылымдық тұтастық - қосарланудан, қайталанудан жасалған сөздердің барлығы біртұтас сөз ретінде танылып, құрылымдық тұтастық қасиетімен сипатталады. Үшіншіден, синтаксистік жағынан (сөйлем мүшесі болуы жағынан) бөлшектенбей, сөйлемде бір ғана мүшенің қызметін атқарады.

Қосарлы зат есімдер термин ретінде де қалыптаса алады. Сондай-ақ, қосарлы зат есімдер күрделі

сөздерге тән басты белгілеріне толық жауап бере алады, сондықтан олар күрделі сөздердің бір түрі болып қарастырылады.

3.2.5. Қысқарған күрделі зат есімдер

Қазақ тіліндегі қысқарған зат есімдер - сөзжасамның бір тәсіліне жататын, өзіндік грамматикалық құрылымы және семантикалық ерекшеліктері бар тілдік құбылыс.

Қазақ тіліндегі қысқарған зат есімдер екі немесе одан да көп сыңарлардан тұратын күрделі атаулардың ықшамдалған тұлғалары, екіншілік аталымы (номинациясы). Яғни тіркесіп келген ұғымның атаулары қысқарымдарға негіз болады да, тілдік құрылымы өзгеріске ұшырап, қалпын сақтай алмайды. Бұл - басқа күрделі зат есімдерге карағанда, қысқарымдардың ерекшелігі.

Сөзжасамның бір амалы ретінде қалыптасқан **қысқарымдар** (қысқарған зат есімдер) **лексикалық бірлік** боп танылатындығы. Бұлар да белгілі бір ұғымның жинақталған, ықшамдалған атаулары. Мысалы, *медбиби* - емдеу орындарындағы кіші медициналық қызметкерлерінің атауы, *зоонарк* - түрлі хайуанаттар топтастырылатын орынның атауы, *зоотехник* - мал өсіру маманының атауы т.б.

Кенес дәуірі кезінде орыс тілінің әсерінен пайда болған қысқарымдар тілдік бірліктер болып саналды. Жалпы ұлт тілінің дамуына ішкі және сыртқы факторлар әсер етегіні белгілі. Олардың әрқайсысы тілдің дамуына өзінше әсер етеді. Бұл қоғамның даму барысымен бірге үздіксіз ілесіп отыратын құбылыс екенін тілдік деректер айғақтайды. Мысалы, *парторг*, *райком*, *комсорг*, немесе *совнарком*, *ревком* т.б. қысқарымдары Кенес дәуірі кезеңінде белсенді қызмет атқарған жасалымдар. Қысқарымдардың көбі қоғаммен қат-қабат қатар жүріп отыратын құбылыс, сондықтан бір кездері жасалған қысқарымдар көнерген сөздердің немесе тарихаттар (историзм) қатарына жатады. Мәселен: *рабфак*, *совдеп*, *райком*, *обком*, *совхоз*, *колхоз*, *завферма*, *парторг*, *комсомол*, *партбилет* т.б.

Ана тілінің негізінде жасалынып, тіліміздің еркіндікке ие болған тұстағы қысқарымдардың қарқынды қалыптасуы - табиғи құбылыс. Қысқарымдар - лексикалық қорды байытудың бір дерек көзі. Кейінгі жылдары қоғамдағы түбегейлі өзгерістер сөзжасамның бір арнасы ретінде саналағын қысқарымдардың қалыптасуына, ұлттық сипат алуына, дамуына игі әсерін тигізуде.

Қазіргі қысқарымдардың (қысқарған зат есімдер) ана тілінде жасалып, қалыптасуы: 1) ғылыми техникалық, қоғамдық-саяси терминжасамда, мекеме, ұйым аттарында жиі ұшырасады. Мысалы, *ААҚ* – *Ашық акционерлік қоғам*, *АМЗ* – *Алматы маргарин зауыты*, *ЖМО* – *Жылжымайтын мүлік орталығы* т.б. 2) мамандықты, қызметті және лауазымды білдіретін қысқарымдар: *медбике/мейірбиби*, *бортсерік (әуесерік)*, *басбух*, *завуч*, *телемеханик* т.б. тәрізді қысқарымдар сөзжасамның талабына сәйкес жаңа сападағы жасалымдар.

Жалпы қысқарымдардың жасалуына негіз - сөз тіркестері. Оның табиғаты екі жақты: бір жағынан, грамматикалық көрсеткіштері бар, басқа туындылардың жасалуына негіз болатын *жаңа лексема*, екіншіден, шығу төркіні сөз тіркесіне сәйкес, байланысты, сол толық реалийлердің қысқарған түрі. Сондықтан толық реалийлердің аты қысқарғанда, мағыналық жағынан өзгеріске түспей, толық ұғымның атауы сақталады. Оны тіл деректері де дәлелдейді. Мысалы, Мемлекетаралық көші-қон бойынша Қазақстан ТМД (Тәуелсіз елдер достастығы) елдерімен тығыз байланыста (“Жас Алаш”). Астанада *этнопарк* пайдалануға беріледі (“Жас Алаш”). Қысқарымдар басқа туындылардың жасалуына да негіз болады дедік. Оған дәлел тілде көп болмаса да, ондай жайттар кездеседі. Бір кездердегі *колхоз* бен *комсомол* жасалымдары өте белсенді туындылардың қатарына жатты. Бұл қысқарымдар келесі туындылардың жасалуына ұйтқы, негіз болды. Мысалы: *колхоз+аралық*, *колхоз+дан*, *колхоздан+дыру*, *колхоздандыр+ыл*, *колхоз+дас*, *колхоздас+тыр*, *колхоздас+ушы*, *колхоз+ды*, *колхоз+дық*, *колхоз+шы*, *колхозшы+лық*, *комсомол+дай*, *комсомол+дық*, *комсомол+ка* т.б. немесе осы қысқарымдардың негізінде ономастикалық, топонимикалық (*Комсомольск*, *Комсомолабад*, *Колхозовка*, *Колхозное* т.б.) жасалымдардың тууына негіз болды. Негіз сөздің уәжі туынды сөзде әркез сақталып отырған. Бұндай үрдіс бүгінгі тілдік қолданыста да кездеседі. Қазіргі қолданыстағы *колхоз*, *совхоз* сөздерінің баламасы *кеңшар* мен *ұжымшар* сөзі белсенді қызмет атқарады. Сол сияқты *АГУ-ліктер*, *КазГУ-ліктер*, *кинотелекөрермендер*, *кеңшарлықтар* т.б. кең қолданысқа түскен лексемалар.

Түркітануда да қысқарымдар жөнінде теориялық тұжырымдар жоғарыдағы қағидамен үндес. Негізгі байқалатын ортақ түйін - қысқарымдардың күрделі тіркестерден жасалғандығы және орыс тіліндегі негізгі қысқарымдардың үлгісі негіз бол-

болғандығы. Демек, қысқарған зат есімдер кем дегенде толық мағыналы екі сөзден қысқара бірігуінен жасалады. Олар ғылыми-техникалық үрдіспен, қоғамдық-саяси жағдайлармен қатқабат келіп, жаңа ұғымдармен байланысты лексикалық бірліктер түзіледі.

Қысқарымдар Кеңес дәуірінің алғашқы жылдарынан бері қарай қалыптасып, еліміздің тәуелсіздік алуымен байланысты соңғы оншақты жылдың көлемінде қарқынмен дамып, жаңа ғылымдармен байланысты қаншама қысқарымдар жасалды және олар ұлттық сипатта бел алып, бекемдік таныта бастады. Мәселен: Жұмыссыздар мен қолы бос тұрғындар үшін еңбек рыногында қабілеттілігін арттыру мақсатында *ЭЕМ*-нда (Электронды есептеу машинасында) жұмыс істеу жылдамдығын әрі қарай жетілдіруге мүмкіндіктер жасалады (“Астана ақшамы”). *КМҚК* - (коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын) еңбек биржасы сырттан келген азаматтармен жұмыс істейді (Сонда).

Қазіргі қысқарған зат есімдер табиғаты мен қызметі ұлттық дүниетанымға, этномәдениетке сәйкес жасалған тілдік бірліктер. Мысалы: Бұрын құқық қорғау саласындағы *МАИ* қысқарымы қазір *ЖП* (жол полициясы) - түріне ауысты. *Қазақтелекомның* акциясы сатылады (“Жас Алаш”). Бұл келтірілген мысалдар қазақы танымға сәйкес жасалған қысқарымдар.

Қысқарған күрделі зат есімдер құрылымдық жағынан әр түрлі болып келеді. Қысқарымдардың құрамына енген сыңарлардың қай тобына жататынына қарамай, олар тұтас күйінде бір ұғымның атауы болады. Қазақ тіліндегі қысқарымдарды жасалу тәсіліне қарай, бірнеше топқа бөлуге болады. Сөз қысқартудың *әріптік, буындық, аралас қысқарымдар* сияқты түрлері бар.

Қазақ тіліндегі қысқарған зат есімдердің құрамына енген сыңарлардың қай сөз табына жататынына қарамастан, бір ұғымның атауы ретінде қолданылады. Қазақ тіліндегі қысқарған зат есімдер жасалу тәсіліне қарай жалпы төрт топқа бөлінеді.

1. Бірнеше сөздердің тіркесімінен тұратын күрделі атаулардың ықшамдалуынан жасалған басқы дыбыстық я әріптік қысқарымдар: *АҚ, ҚР, ААҚ, АЭС, БҰҰ, БАҚ, ЖШС, ЖАҚ, ҚСЭ, ҰХК, ПУАЖ, ЕҚЫҰ, КИМЭП, ЮНЕСКО* т.б. (Қысқарымдардың құрамындағы сыңарлар екіден басталып, бірнеше сыңарларға дейін кетеді) жасалымдар жатады. Бұрын бұл қысқарымдардың орыс тілінде қалып-

тасқан үлгісін алатын болса, бүгінгі таңда қазақша баламасы басым. Осы қысқарымдардың кейбіреуі таратылып айтылса, кейбіреуі тілде жеке сөз сияқты қолданыс тапқан. Мысалы: Басқару мақсаты - *КИМЭП-ті әлемдік деңгейдегі институт дәрежесіне көтеру мен осы мақсатта оған аса ірі Қазақстандық және шетелдік компаниялар мен банктерді қатыстыру жолдарын талқылау* (“Егемен Қазақстан”). *Бүгінгі ТМД мемлекеттерінің де тағдырын желтоқсаннан бөліп қарау мүмкін емес* (“Жас алаш”). *МАИ бастығымен осы мәселе жөнінде тілдесудің сәті түспеді, демалыста көрінеді* (“Жас алаш”). Бұл келтірілген мысалдар жазба тілде де, ауызекі тілде де айтылатын, түсінікті, көпшілікке танымал қысқарымдар. Түсініксіздік тудыратын қысқарымдардың жақша ішінде толық тіркесімдерінің анықтамасын беріп отырған жөн: *ҰҚК* (Ұлттық қауіпсіздік комитеті), *ІІМ* (Ішкі істер министрлігі), *ҚТП* (қалааралық телефон пункті), *ПМЗ* (Павлодар мұнай зауыты) т.б.

2. Бірнеше сөздердің басқы буындары мен басқы дыбыстық немесе әріптік, я болмаса аралас қысқарымдар: *ҚазТАГ, ҚазМҰҰ, АлМУ, ҚазМЗУ* т.б.

3. Буындық қысқарымдар: *ұжымшар, кеңшар, военком, Кармет, Сеймар, Санұр, Оноком, терминком, Алтеба, санбат, басбух* т.б.

4. Буындық қысқарымдар мен толық сөздердің бірігуінен жасалған туындылар: *биоөріс, медбике, зоодүкен, зоопарк, Казэксимбанк, Қазбаспасөз, меммүлік, Еуразия* т.б.

Бұл келтірілген мысалдар бүгінгі жаңа қолданыстағы жасалымдар. Мысалы: *“Қазақтелекомның” басылылығы бірқатар халықаралық байланыс желілері бағытына сөйлесу бағасын төмендетті* (“Жас алаш”). *Бірақ біздің кинотелекөрермен содан өзіне аз-кем болса да тиімді нәрселерді іріктен ала білсін* (“Парасат”).

Қазіргі қазақ тіліндегі қысқарымдар (қысқарған күрделі зат есімдер) өмірмен өзектес дамып келеді. Олар - қоғамдық-саяси ұйымдардың қысқартылған аталымдары, мемлекеттердің, мекемелердің т.б. қысқартылған атаулары жиі ұшырайды. Әсіресе соңғы жылдарда жарнамалық қызметте кең қолданыс тапқан. Қысқарымдардың негізгі ерекшелігі - тілдік ықшамдау, үнемдеу заңдылықтарына сәйкес туындаған жасалымдар, жаңа текстегі сөздер және тиімді әдіс, икемді тұлғалар.

Қысқарған зат есімдер - сөзжасамның аналитикалық тәсілімен жасалып, тілде орныққан, аталым қызметін атқаратын, жазылу емлесі қалып-

тасқан, мән-мағынасы бар атаулар. Қазақ тіліндегі қысқарған зат есімдер сөз ретінде тілге енді. Тілдегі ықшамдау заңдылығына сай жүретін лексикалық үнемдеу. Бұл - тілде үздіксіз жасалатын құбылыс. Олар - қоғамның дамуы мен өзгерісіне орай үнемі үздіксіз жүре беретін және ықшамды қалыптасып отыратын ұтымды қолданыстар. Қысқарған күрделі зат есімдер ғылым тілінің жүйелі, ықшамды жетілген тіл болуына өзі үлесін тигізеді.

3.3. СУБСТАНТИВ ЗАТ ЕСІМДЕР

Әдетте сын есімдер мен есімшелер субстантивтенеді, олардың мағынасы заттанады, заттық дербестік алады. Мұндай сөздер зат есім сияқты септеледі, тәуелденеді, көптеледі. Егер қандай да бір сын есім мен есімше өзінің семантикасы жағынан бұлай заттық сипат алып, септік және көптік (Байтұрсыновша “жай”) жалғауларын, тәуелдік пен жіктік (Байтұрсыновша “жақ”) жалғауларын қабылдай алатын болса, онда бұл олардың субстантивтенуге жарамдылығын көрсетеді. Сөйтіп субстантив зат есімдер деп, мағынасы түпкілікті заттық сипат алған, жалғау қабылдау қабілеті бар сын есімдер мен есімшелерді айтады. Демек бұлар да, жай зат есімдер сияқты, түбір, туынды және күрделі сияқты үш түрде сипатталады.

3.3.1. Түбір субстантив зат есімдер

Сын есімдер мен есімшелердің субстантивтену дәрежесі жалпы бірдей емес. Тіпті бір сын есім сөз табының өзінің де бұлай заттық сипат алу деңгейі әркелкі. Мұндай типті зат есімдердің ішінде субстантивтену арқылы реестрлік сөз дәрежесіне жалпы жеткендері де, сондай-ақ реестрлік сөз дәрежесіне әлі жете қоймағандары да, контекстік (стильдік) сипаттағылары да, окказионалдық деңгейдегілері де бар. Олардың бұлай түрліше субстантивтенуі әрқайсысының өзіндік семантикалық құрылымына байланысты.

Түбір субстантив зат есімдердің бірі - *шал* сөзі. Субстантивтену дәрежесінің жоғарылығы сонша, оның сөз таптық тегі қазіргі қалпынан тіпті байқалмайды. Кім де болса зат есім екеніне еш күмән келтірмейді. Шын мәніндегі әуелгі сын есімдік сипатын, яғни “ақ” деген мағынасын осы күнгі кейбір жеке сөзқолданыстан ғана қоруге болады. Мысалы, *Шалкөде* топонимінен, *Шал құйрық* (қырғыз тіліндегі *чал сақал*) тіркесінен

және *шалбастану* етістігінен. Бұлар “ақ көде”, “ақ құйрық” (*ақсақал*), “ақбастану” дегенді білдіреді.

Шу бастағы сындық қалпынан осылай “қара үзген” мұндай түбір субстантив зат есімдер көп емес. Солардың тағы бірі - *шала* лексемасы. Шатырлай атылған *шала* топша ұшады (Мағауин). *Шала* деп әдетте түгел (толық) жанып бітпеген отынның (ағаштың, тезектің, қидың, көмірдің) қалдығын айтады. *Кетті бірлік, сөнді ерлік, Енді кімге - беттемек. Елің-ала, отты шала, Тайса аяғың кім көмбек* (Абай). *Артына (құйрығына) шала байлау* фразеологизмі осы түбір субстантив зат есім негізінде қалыптасқан. *Тағы да құйрығыма шала байлап келдім де* (Аманшин).

Түбір субстантив зат есімдердің негізгі бөлігі өзінің сындық есімдік тегінен жалпы ажырамаған: әуелгі сындық қалпында да, сонымен қоса кейін қалыптасқан есімдік дербестігінде де қолданылады. Мағынасы заттану (“овеществление”) дәрежесіне жеткен ондай субстантив зат есімдер әдетте мақал-мәтелдер мен фразеологизмдік (идиомалық) сөзқолданыстар құрамында жиі ұшырасады.

Шешен, жаяу, арзан, соқыр, саңырау, керен, осылар сияқты тағы кейбір сын есімдер, - мысалы, сондай түбір субстантив зат есімдер: *Жауға барсаң кесерді ал, дауға барсаң шешенді ал; Жаяудың шаны шықпас; Аттыға еріп жаяудың таны айырылыпты. Соқырдың тілегені екі көзі; Арзанның жілігі татымас; Саңырауға сәлем берсең, атаңның басы дейді.*

Түбір субстантив зат есімдер қатарында кейбір тарихи лексика элементтері де ұшырасады. Мысалы: *жесір, тоқал* дегендер тек қазақ тілінде емес, өзге де біраз түркі тілдерінде сондай лексикалық қабатқа жатады. Екеуі де әуелде тек сын есім болған, сын есімдік мағына білдірген. *Тоқал* лексемасының бастапқы кездегі туа мағынасы, сындық сипаты қазір “тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп құлағынан айырылыпты” дейтін мақалдан, сондай-ақ әдетте шатырсыз салынған (чердағы жоқ) үйге қатысты айтылатын *тоқал үй, тоқал там* тіркестерінен айқын көрінеді. Ертеде бәйбішеден (бірінші әйелден) кейінгі кіші әйелдерді осылай тоқал деп атаған. *Ұзын саны жиырма шақты ауыл. Көпшілігі Бірғызбайдың тоқалдары мен Өскенбайдың тоқалдарынан тараған туысқандар болатын.*

Ал *жесір* лексемасы - араб тілінен енген кірме сөз. Ол да әуел баста “тұл” (“вдова”) дейтін сын мағынасын білдірген. Оның осы сындық ұғымы

(яғни “тұл” семантикасы) да кейін бірте-бірте тарихилана (“заттана”) түседі, ақыры біржола субстантив зат есімге айналады, “тұтқын” (“пленный”), “күн”, “құл” (“раб, рабыня”) мағынасында қолданыла бастайды. Ертеде түрлі қактығыс кезінде, жаугершілік заманда қолға түскен тұтқындар осылай жесір деп аталған. *Жесір дауы* тіркесі де міне осыдан келіп шыққан.

Түбір субстантив зат есімдердің мына бір тобы таза орыс тілінің ықпал-ығымен қалыптасқан. Мысалы *науқас, сырқат, ыстық* лексемалары термин жасау тәжірибесінде аударма жолымен пайда болған: алдыңғы екеуі әдетте медицина саласында жиі қолданылғатын *больной (больная)* терминдерінің баламасы ретінде, ал соңғы *ыстық* сөзі *температура* атауының қазақша эквиваленті ыңғайында. *Науқастың тілегі бойынша домбыра алғызып, көп-көп күйлер тартып отырды* (Әуезов). *Сырқат қазір орнынан тұрып, жүре бастады* (“Жас алаш”). *Бес күн болды, ыстығы қайтпай тұр* (Бөкеев). *Ертеңінде қызуы қайта көтерілді* (Сонда).

Соңғы қызу сөзіне қарағанда, қазір алдыңғы *ыстық* лексемасының терминдік “кәмелеті”, терминдік активтігі басым. Медицинадағы бұл *температура* терминінің мағынасында бұрын керісінше *қызу* лексемасы көбірек қолданылып келді.

Осы күнде орыс тіліндегі *больной (больная)* номинативінің *ауру* баламасы жиі қолданылады. Жиі қолданылуында белгілі негіз бар. Ол мынау: *науқас, сырқат* сөздері *больной (больная)* терминінің баламасы (эквиваленті) ретінде тек кенес дәуірінде дербестенді. Ал *ауру* лексемасы олай емес. Мұндай дербестік онда әуелден бар-тын. Әуелден барына, мысалы, тіліміздегі “ауру азығымен” дейтін мақал дәлел. Оның термин ретіндегі қолданым аясы, рас кеңес дәуірінде кеңейді. Осы кезде активтенді. Демек медицина саласындағы қазіргі *ауру* термині орыс тіліндегі *больной (больная)* терминінің үлгісімен тікелей аударылып алынбаған.

Түбір субстантив зат есімдер қатарына сондай-ақ *ауылнай, бөкебай* сөздері де жатады. Бұлар қазақ тіліндегі емес, орыс тіліндегі сын есімдердің мағынасының “заттануы” арқылы (“овеществление” жолымен), бірден заттық сипат алуы нәтижесінде пайда болған субстантивтер, яғни: *аульный > ауылнай, пуховый > бөкебай*. *Бөкебайыңды салайын ба?* (Аймауытов). *Аульный, пуховый* сын есімдері сырт тұрпаты өзгеріссіз, сол тұрған қалпында субстантивтенген. Ал *военный* сын есімі олай емес, тікелей сөзбе-сөз қазақшаланған, яғни

кальаланған. Сол сын есімдік мағынасында, *әскери* болып аударылған. *Бастық телефон алды. Екінші телефонда әскери. Бұл кеңсе ішінен үш әскери шықты. Ұрыны екі әскери әкетіп барады* (Әуезов).

3.3.2. Туынды субстантив зат есімдер

Түбір субстантив зат есімдерге қарағанда туынды субстантив зат есімдер сан жағынан едәуір. Олар - негізінен үш-төрт қана жұрнақ арқылы жасалған туынды сын есімдер. Мысалы, мұндай *-шы (-ші)* жұрнақты туынды субстантив зат есімдерге *қанаушы, каналушы, айыптаушы, меңгеруші, жаттықтырушы, тергеуші* сияқты біраз жасалымдар жатады. Бұлар тілімізде кеңес дәуірінде орыс тіліндегі *эксплуататор, эксплуатируемый, обвинитель, заведующий, тренер, следователь* терминдерінің қазақтық баламасы ретінде қалыптасқан. Осы топқа сондай-ақ *қайыршы, жүргінші* туылымдарын да қосуға болады. Сырт тілдік әсер жалпы бұларда көрінеу. Әсіресе соңғы *жүргінші* субстантив зат есімінде. Ол орыс тіліндегі сын есім негізді *прохожий* субстантивінің эквиваленті ретінде пайда болған. Ал *қайыршы* туынды субстантив зат есімі *низший* субстантив зат есімімен мәндес.

Сырт тілдік әсер *-кер(-гер)* жұрнағының қатысуымен жасалған *айыпкер, бапкер, үміткер, талапкер, жүлдегер, заңгер, даугер* субстантив зат есімдерінен де айқын көрінеді. Бұлар да - сол орыс тіліндегі *обвиняемый, тренер, претендент, призер, истец* субстантивтерінің терминденген баламалары. Жоғарыдағы туынды субстантив *даугер* зат есіміне қырғыз тілінде *дооч* субстантиві сәйкес келеді: *Ырыстууга жуучу келет, ырысы жокко дооч келет* (К удачливому сваты ходят, к неудачливому истцы ходят) (ЮСл.).

Тілімізде мағынасы “заттанған”, есім негіз бен *-лас (-дас, -тас)* жұрнағының өзара сөзжасамдық қатынасынан қалыптасқан сын есім туылымдар да біраз бар. Сындық семантикасы заттық сипат алған, зат есімденген мұндай субстантивтер қатарында мысалы, *күндес, құрдас, қарындас* (“туысқан” мағынасындағы), *замандас, жерлес, әріптес, қарсылас, бәсекелес* туынды сөздерін алып қарауға болады. Бұлардың ішінде *күндес, құрдас, замандас, қарындас* (“туысқан” мағынасындағы) сияқты сын есімдер бүгінде мағынасы өте ерте заттанған байырғы субстантивтер ретінде сипатталады. Жалпы *бәсекелес* туылымын да солай байырғы сипаттағы субстантив зат есім деуге

болады. *Бөрібай Хасенді ең қауіпті бәсекелесінің бірі деп санайтын* (Жармағамбетов). Ол тек кенес дәуірінде активтене түсті, одан әрі терминденді. Ал “соперница” мәніндегі *күндес* субстантивті қазірде негізінен қолданылмайтын, тарихизмге (историзмге) айналған көне тіл құбылысы саналады. Жоғарыдағылардың кейбірі көбінесе мақал, мәтел құрамында қолданылады: *күндестің күлі күндес; ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын; замандасың болмаса тойға барма*. Соңғы төртеуі, яғни *жерлес, әріптес, қарсылас, бәсекелес* лексемалары - орыс тіліндегі *земляк, коллега, противник, конкурент* сөздеріне балама, яғни бұлардың мағынасына дөп қазақша эквивалент іздеу процесінде, соған байланысты қазақ сөзін терминдеу барысында туған субстантивтер.

Сын есім негізді тағы біраз туынды субстантив зат есімдер *-лық* және *-ғыш* тұлғалы болып келеді. Кейбірі олардың мыналар: *түстік, шайлық, майлық, сулық, тұңғыш* (бірінші бала), *мінгіш* т.б. *Шайлық* деп әдетте күнделікті ас-суына, шайпұйына жетерлік қаражатты айтады. Қолға жұққан майды сүртетін орамалды, салфетканы *майлық*, ал жуынған соң сүртетін орамалды *сулық* дейді. Сондай-ақ, малшылардың су өткізбейтін сырт киімі де солай *сулық* аталады. Күнделікті жүріп-тұруға көбірек пайдаланылатын көлік түрі, яғни жылқы малы *мінгіш* саналады.

Кейбір, мысалы, *жыртқыш, кеміруші* тәрізді туынды сын есімдер үнемі бұлай жеке тұрған күйінде емес, кейде көптік жалғауы арқылы субстантивтенеді, туынды субстантив зат есімге айналады. Мұндай, әр түрлі ит-құсқа, жәндіктерге қатысты сын есімдер әдетте *-лар* (*-дар, -тар*) жалғауының көмегімен, біріншіден, заттық сипат алады, екіншіден оған көптік мағына да үстейді. Және бұл құрылымды субстантив зат есімдер әдетте өздерінің айқын терминдік сипатымен ерекшеленеді.

Әйгерім *түстік* қамдату ісіне кірісіп, Злихаға ақырын бұйрықтар бере бастады (Әуезов). Оның байлығы - менің *шайлығым* (Жұмаділов). *Мінгіш* болсын деп ботаны биеге айырбастағанбыз (Мұқанов). Бір қосынан қырық-елу ғана *мінгіш* қалғаны бар (Әуезов). *Жыртқыштар, кемірушілер* - сүтқоректілердің дербес екі бөлек атауы (ҚСЭ).

Көшпенділер, жалдамалылар, омыртқалылар, хордалылар, тағы біраз дәл осы үлгідегі (модельдегі) туынды субстантив зат есімдер. Жоғарыда

аталған көптік жалғаулы бұл субстантивтердің бәрі де кеңестік дәуірде пайда болған жасалымдар.

Сын есім негізді туынды субстантив зат есімдер қатарына сондай-ақ *кірекеш, арбакеш, түйекеш, бейнетқор, ақша, аласы, бересі, шығасы* сияқты тағы біраз туылымдар жатады. Жоғарыда қарастырылған туынды субстантив зат есімдерден айырмашылығы, бұлар өздерінің морфологиялық құрылымы, әсіресе жұрнақтық бөлігі, жалпы тектік (генетикалық) сипаты жағынан өте әркелкі. Мысалы, *теңге, сом* құнды қағаздары өздері жасалған материалының түсіне, ақшылдығына қарай әуелден осылай *ақша* деп аталған. Оның бұл сындық ұғымы кешікпей заттық сипат алып, яғни заттанып, ақыры біржола субстантив зат есімге айналып кеткен. *Кірекеш* туынды субстантив зат есімі тұрған қалпы, тұтас күйінде араб-иран тілдерінен енген. *Арбакеш, түйекеш* туынды субстантив зат есімдері кейін осы *кірекеш* лексемасының ізімен жасалған. Ал *бейнетқор* туынды сөзі - халықаралық *пролетариат* терминінің алғаш рет қазақшаланған эквиваленті. Бірақ ол кейін келе қолданудан шығып қалды. *Аласы, бересі, шығасы* сөздері өздерінің семантикасы жағынан *алатын* (ақша, зат), *беретін* (ақша, зат), *шығатын* ~ *шегетін* ~ *тартатын* (зиян) есімшелеріне сәйкес келеді. Демек, *аласы, бересі, шығасы* дегендер әуелде сын есім қызметін атқарған. Бірақ бұл сындық мағына да кейін келе заттық сипат алған, заттанған, яғни субстантив зат есімге айналған. Мұндай (*ақша, кірекеш, бейнетқор, аласы*) құрылымдас субстантив зат есімдер жалпы көп емес, бар болғаны - осы аталғандар ғана.

Саған жоқ алты аласым, бес бересім (Әуезов). “*Шығасыға иесі басшы*” болғаны ма (Сонда). *Жазықсыз адал еңбекшіні, кеңес бейнетқорларын күйдірдің, қараладың* (Сонда). *Бейнетқордың бәрі ететін ащы тәжірибе ...* (Сонда).

Сын есім негізді туынды субстантив зат есімдердің лингвистикалық табиғаты, өзіндік негізгі тілдік ерекшеліктері, сандық көлемі жалпы алғанда міне осындай. Ал есімше негізді мұндай субстантив зат есімдер олай емес, санаулы. Бар болғаны *жасаған, жаратқан, алған* тәрізді үш-төрт қана туынды сөз. Оның да соңғы *алған* есімшесі - тарихи сипатты көне құбылыс. Ол көбінесе бұрынырақтағы түрлі эпостық жырларда, тарихи шығармаларда, айтыс өлеңдерде қолданылған. Бүгінде қолданыстан шығып қалған.

Бір алла осы аруға кез келтір деп, Жылаймын ертелі-кеш *Жаратқанға* (Айтыс). Қош, амал бол, *алғаным*, Алаша төсек салғаным (Алпамыс).

Осы қарашығыма әкесінің ит мінезін бере көрме, я жасаған! (Әуезов).

Түбір және туынды субстантив зат есімдерге, сондай-ақ, *Тілеулес, Құйған, Қоңыр* сияқты біраз жалқы есімдерді де жатқызуға болады.

3.3.3. Күрделі субстантив зат есімдер

Күрделі субстантив зат есімдер өздерінің сырт қалпы, тұлғасы жағынан бірде аналитикалық тәсілмен жасалған күрделі зат есімдермен байланысты болып келсе, енді бір жағдайда фразеологизмдік композиталармен шектесіп жатады. Лингвистикалық табиғаты екі басқа осы тіл құбылыстарының ара жігін кейде айырып болмайды. Мысалы, мына бір тіл құбылыстарына көңіл аударып көрейік: *ақсақал, бойжеткен, атқамінер, ақсарбас, көкжал, көкқасқа, бозқасқа, шолақ етек, қаратаяқ, тік бақай, шүйке бас, қол жаулық* т.б. сырт қарағанда бұлардың бәрі - субстантивтер. Бірақ бәрінің субстантивтену дәрежесі біркелкі емес. Қиындық міне осы жерден келіп шығады. Егер оларды өзара салыстырып, салғастырып көрсек, *ақсақал, бойжеткен, атқамінер, ақсарбас, бозқасқа, көкқасқа, көкжал* дегендердің субстантивтенудің ең жоғарғы деңгейінен өтіп, реестр сөз дәрежесінде күрделі зат есімдік статус алғаны айқын байқалады. Өйткені бұлар субстантивтенудің нәтижесінде номинациялық сапа алған. Оны мына бір үзінділерден көруге болады. *Жағалай сойылып жатқан ақсарбас, көкқасқалар құр ғана келіс қуанышы емес* (Әуезов). *Әлденеше бозқасқаны да сойғызды, көкқасқаны да жесті* (Сонда). *Салтанат бойжеткеннің Тінібек үйіне алғаш келгені бұл емес* (Сонда). Ал, *қол жаулық, шолақ етек, атқа мінер, қаратаяқ, шүйке бас* сияқтыларда жоғарыдағылардай айқын номинациялық (атаулық) ұғымнан гөрі фразеологизмдік (образдылық) сипат үстемірек.

Туынды субстантив зат есімдер сияқты, күрделі субстантив зат есімдер де өздерінің сырт қалпы, тұлғасы жағынан, сондай-ақ қолданылуы жөнінен әр түрлі болып келеді. Олар әдетте кемінде екі сыңардан тұрады. Екі сыңар және атау қалпында да, жұрнақ қосылып та әр тұрпатта қолданылады. Екі сыңары да мұндай түбір түріндегі күрделі субстантив зат есімдер көбінесе жалқы есім болып келеді. Кейбірі, мысалы, мыналар: “Құлагер”, “Торжорға”, “Бозжорға”, “Көкбесті”, “Назқоңыр”, “Майдақоңыр”, “Жаймақоңыр”, “Жайқоңыр”, “Маңмаңгер”, “Ақкер-

без”, “Ешкіөлмес”, “Аласапыран” тағы осы сияқтылар.

Атау тұлғалы күрделі субстантив зат есімдер құрамы жағынан бұлай үнемі есім типті ғана болып келе бермейді. Сонымен қоса олардың бір сыңары, көбінесе соңғысы есімше тұлғасында келіп отырады. Мысалы мына сияқтылар: *қолкесер, қолүздік, ауыз ашар, сірге мөлдіретер, жанкүйер, нақсүйер, атұстар, антұрған, “кісен ашқан”, “көбік шашқан”, “түрмеден қашқан”, “Көңіл ашар”, алтытарт* т.б. *Мәніке Ысқақтың жалғыз нақсүйері боп қалған* (Әуезов). Күрделі субстантив зат есімдер қатарында терминдік ыңғайдағы мына тәрізді біраз жасалымдарды да атауға болады. Бұлар тілімізде негізінен кеңес дәуірінде қалыптасты. Кейбірі мыналар: *сүтқоректілер, қос жарнақтылар, әскери міндеттілер, асыра сілтеушілер, артта қалушылар, ту ұстаушылар (знаменосцы), қос мекендіклер, қос жұпаяқтылар, бауырымен жорғалаушылар, көп аяқтылар, қоян тәрізділер, шаян тәрізділер, аша тұяқтылар, желбезек құйрықтылар, желбезек тыныстылар, буын аяқтылар, бас сүйектілер, бас сүйексіздер, желбезек аяқты шаян тәрізділер* т.б.

4. СЫН ЕСІМДЕР СӨЗЖАСАМЫ

Сын атаулары сөзжасамы бұған дейін орта және жоғары оқу орындары оқулықтарында, жеке монографиялық еңбектерде тек морфология деңгейінде қарастырылып келді. Тілдің дербес бір деңгейі ретінде енді саралана бастаған сөзжасам жүйесінде арнайы әлі зерттелген емес. Сірә, содан да болу керек, оларда сын есім жұрнақтарының лингвистикалық табиғаты сөзжасамдық жағынан жете ашылмай келді және өздерінің сандық құрамы жөнінен де толық, бар көлемінде қамтылмады. Ал қамтылғандарының мағынасы көп жағдайда негіздеуші (түбір) сөзбен байланыстырылмады, яғни одан тыс жағдайда түсіндірілді. Соның салдарынан сөзжасам жұрнақтарының жүйесіз әрі құрылымдық жағынан әрқелкі сипатталған тұстары да аз болмады.

Қазақ тілінде жаңа мағыналы дериват туылымдар одағайлардан басқа атау сөздердің бәрінен жасалады. Сын атауы жұрнақтары жалғанатын негіздеме сөздер өздерінің құрылымы жағынан әдетте туа түбір (май+лы), туынды түбір (ашпа+лы, қолданба+лы), күрделі (белбеу+лі) немесе тіркесті түбір (ақ шаш+ты, қыр мұрын+ды) болып келеді.

4.1. ЖҰРНАҚТЫ СЫН ЕСІМДЕР

-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті жұрнағы. Түркологияда сөзжасамдық бұл жұрнақты *-лық* аффиксімен тектестіреді. Яғни көне жазба ескерткіштердегі *-лығ, -лиғ, -луғ, -луғ* аффикстерін қазіргі түркі тіліндегі *-лы, -ли, -лу, -лү* жұрнақтарының варианты деп қарайды. Олардағы бұл *-лы, -ли, -лу, -лү, -ды, -ты* жұрнақтары көне жазба ескерткіштерде жалпы қолданылмайды. Ал бұлардың ескі *-лығ, -лиғ, -луғ, -луғ* формалары осы күнгі түркі тілдерінің кейбірінде қазір де ұшырасады. Сөзжасамдық *-лы* және *-лық* форманттары түркі тілдерінде кейде бірінің орнына бірі қолданылады, яғни семантикалық жақтан өзара сәйкестікте жұмсалады. Бірақ жүйелі түрде емес, ара-тұра. Мына бір деректер мысалы соған дәлел: аз. *азэрбајчанлы* - азербайджанец, *африкалы* - африканец, *гағгазлы* - кавказец, *дағлы* - горец, *көјгәли* житель города *Көјгә*, тат. *америкалы* - американец, *дагстанлы* - дагестанец, *мәскәуле* - москвич, *украинлы* - украинец, *литвалы* - литовец, *икеле* - двойка, *туғызлы* - девятка, *бишле* - пятилинейный (о лампе), *онлы* - десятилинейный (о лампе), *жиделе* - семилинейный, қаз. *жетілік* - шишасының түбінің аумағы жеті сантиметр болатын шам, *бестік шам*, *ондық шам*.

Бестік шам дегендегі *бестік* туылымының және *бесті айғырдай*, *бесті қымыз* дегендегі *бесті* дериватының арақатынасын да сөз табы тұрғысынан дәл осылай, яғни жоғарыдағы *жиделе* мен *жетілік* туынды сын есімдері тұрғысынан сипаттауға болады.

Сондай-ақ ілгеріде келтірілген *азэрбајчанлы*, *африкалы*, *америкалы* туылымдарымен қазақ тіліндегі *ноғайлы* (ноғайлы дәуірінде, ноғайлы «Әдебиеті»), *қанжығалы* (қанжығалы Бөгембай), *жағалбайлы* (жағалбайлы руы) этнонимдері де салыстырымды.

Саулы: *Ертістің оң қабағында Семей, солында - Алаш қаласы. Алаш пен Семей арасынан өткенде, Ертіс саулы інгендей талтаяды* (Аймауытов) - **саулық:** *Саулық қойдың жасындай жасымыз бар, мына отырған бурыл сақалдар неге тұлға боламыз* (Аймауытов). Houtsma - **saglyk** дойнаа овца или коза от гл. sag доить. М.Әуезов шығармаларында да, кейбір өзге де өлең үлгілерінде осылай *мұнды/мұңлы* туынды сөзімен қоса, ара-тұра болса да *мұндық/мұңлық* тұлғасы да қолданылады, яғни сын атауы жұрнағы қызметін *-ды/-лы* да, *-дық/-лық* та атқара алады. Бұл екі

формант сын атауы жұрнағы ретінде бірінің орнына бірі жүре береді.

Жалғанда жалған,

Жалғанда

Жесірден мұңлық жан бар ма! (Мақатаев).

Мұңлық сын атауы мұнда “мұңды, шерлі, сорлы” мағыналарын білдіріп тұр. Соңғы (шерлі, сорлы) мәні, әсіресе, оның мына бір үзінділердегі қолданысынан айқын аңғарылады. “*Оң жақта күйеу мұңдық, байлалұлы бұзау мұңдық*” - *жеңгесінің қойнында Қартқожа мұңдық* (Аймауытов); *Белуарға шейін оранып, Ақбілек сорлы көп жатты* (Сонда); *Ата, немере, шөбереміз - үш зарлық* (Әуезов).

Демек бұл қосарлар да (*саулы* мен *саулық* та, *мұңды* мен *мұңдық* та, *мұңлы* мен *мұңлық* та, *зарлы* мен *зарлық* та) жоғарыдағы *африкалы-африкалық*, *дағлы-таулық*, *мәскәуле - мәскеулік* тәрізді қосарлар қатарында сипатталуға тиіс. Сондай-ақ *мұңлы-зарлы* тұлғалары мен *Мұңлық-Зарлық* антропонимдерінің арасында да осындай семантикалық сәйкестік бар.

Өзге түркі тілдеріндегі сияқты, қазақ тіліндегі *-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті* формалы туынды сын атаулары да өздерінің білдіретін мағыналары жағынан әрине біркелкі емес. Олардың іштей бір-бірінен кейбір өзгешелеу тұстарын да байқауға болады. Мысалы, әлдеқандай бір қосымша нәрсе (қосалқы зат) түріндегі белгіні білдіретін сын атаулары - өз алдына бір сала. Олардың кейбірі мыналар: *жағалы* (киім), *жеңді* (шапан), *күмбезді* (үй), *томағалы* (сұңқар), *жабағылы* (қой), *қобылы* (пеш), *қорапты* (арба) т.б. *Жабағылы қойының өзі бестен асатын* (Аймауытов). *Төңірек жағалы киімнің көбін Нұрдықаға тіктіреді* (Әше-нов). *Алған заттары бір үйім пішен, төрт жеңді шапан* (Қазақ хандықтары тарихының материалдары). *Ағаш үй, от жаққанда қобылы пеш* (Біржан). *Томағалы сұңқар мен едім* (Махамбет).

Адамға не бір нәрсеге тән (тиісті) зат түріндегі қосалқы сындық белгіні білдіретін мұндай жаңа жасамдар қатарына *тымақты* (қазақ), *ноқталы* (құлын), *бетегелі* (жер), *түймелі* (жең), *қойлы* (ауыл), *текелі* (киік), *қарлы* (тау), *жалаулы* (қоңыраулы) (найза), *топсалы* (үстел), *білтелі* (шам) сияқты туылымдарды да жатқызуға болады.

Сын атауларының келесі бір үлкен тобы адамның белгілі жеке бастық қасиетіне, өзіндік кісіліктік сапасына, жалпы өзге де түрлі мінезқұлық ерекшеліктеріне байланысты болып келеді. Олар, ондай сындық дериваттар негізінен мына сияқтылар: *Абай да салмақты сыпайылықпен бас*

иді (Әуезов). Әбіш тәрбиелі ұстамдылық көрсетті (Сонда). Өз әкесі ... қатал, кәрлі әкесі (Сонда). Өңшең әнші, ойнақты топ домбыраларын аспанға көтереді (Сонда). Ол намазға да оңша құнтақты кісі емес (Аймауытов). Ақбілек еркелі, назды, майда үнін созып... (Сонда). Текті жігіт тек жүрер (Мақал). Мен кескекті ердің сойымын. (Махамбет).

Тіліміздегі түрлі асыл тасты бұйымдарға, әшекейлі сәндік заттарға қатысты туынды сын атаулары өзалдына тағы бір жеке топ құрайды, мысалы, мыналар: *күмісті* погон, *алтынды* кежім, *алтынды* шолпы, *шілтерлі* сырға, *зерлі* орындық, *жезді* түйме, *бөрілі* байрақ, *күмісті* садақ, *оқалы* кимешек-шаршы, *кестелі* отау т.б.

Күн астында алтынды, күмісті погондары жалт-жұлт етеді (Әуезов). Арғымақ ат бізде бар, *Алтынды* кежім сізде бар Жаптыртқалы келгемін. (Қамбар батыр). *Ықпалы жүрген ер еді, Алтынды қылыш будырған* (Кенесары Наурызбай). *Зерлі орындық үстінде* (Доспамбет). *Бөрілі байрақ астында... Бөрілі найза ұстаса...* (Сүйінбай). *Ақ гимнастеркаға жезді түйме таққан* (Әуезов). *Бастарында оқалы, кестелі аптақ кимешек-шаршылар* (Сонда). *Құлақтағы шілтерлі, алтын сырғалары тынымсыз жалтырайды* (Сонда). *Әмір келіп, Үмітейдің құшағында кестелі отауға кірген* (Сонда).

Сөзжасамдық бұл *-ды/-ді, -ты/-ті, -лы/лі* форманты арқылы есім негізден қалыптасқан жоғарыдағылар іспетті туынды сын атауларының мына бір тобы тілімізде жалпы халықтық поэтикалық өң, байырғылық сипат алған, көбінесе тұрақты тіркес түріндегі фразеологизмдік орамдарда кездеседі. Мұндай мәнді жаңа сөзжасамдардың кейбір үлгілерін төмендегі мысалдардан көруге болады.

Арқанды атқа кісенім, Байлаулы атқа пішенім (Бердікожа). *Семіз ат, қомды түйе, құйрықты қой, тіске жұмсақ милы палау* (Дәниял). *Аталы сөзге арыс таласады* (Аймауытов). *Алалы сақа менен ақты асыққа Таласып бетін жасқа жуған інің* (Шәңгерей). *“Торқалы той, топырақты өлім” дегенге келгенде...* (Әуезов). *Биік стол үстіне алалы мақпал жабылыпты* (Сонда). *Қоғамы күшті ер еді, Киімді бала тудырған* (Кенесары Наурызбай).

Жоғарыдағы сияқты құрамда келетін туынды сын атауларының ішінде әдеби тілдік нормаға бұлай үнемі сәйкес келе бермейтіндері де артура ұшырасады. Жалпы жұрттық қолданыс ала қоймаған ондай жекелеген сындық туылымдар

көбінесе ақын, жазушылар шығармаларында өзіндік бір стиль ерекшелігі ретінде немесе жергілікті сөйлеу тәжірибесінде (яғни кейбір говорда) кездеседі. Кейбірін олардың, мысалы, мына төмендегі сөйлемдерден көруге болады. *Дәрмен тағы да ұтықты дау бастады* (Әуезов). *Ірікті тобын Құнанбай қосып жіберді* (Сонда). *Оразбай түкпірлі тәсіл ойлап қалғандай* (Сонда).

Аталмыш бұл *-лы/-лі, -ты/-ті* жұрнағы қазір қазақ тілінде көп қолданыла бермейтін *сыза, сызат* сияқты гидронимдік сипаттағы көне жеке атауларға және кейбір киім үлгілеріне қатысты белгілі бір аймақта ғана (оның өзінде де жалпы сирек) жұмсалатын байырғы *тақта* сөзіне жалғанып та жаңа сын атауын жасайды.

Ертіс бойында өзен, өлке, сызалы, құйқалы жер сағалаған елдер... (Аймауытов). *Шұбартқан аттылар тобы әдемі жасыл төбелер мен сыз атты сайлар бойында* (Әуезов). *Тақталы көйлегіне қара шұбар галстук тағып қойыпты* (Аймауытов). *Үстінде қой жүні тақталы шекпені бар жігіт кіріп келді* (Сонда).

Сөзжасамдық *-ды/-ты/-лы* форманты қай түрде де жалпы есім түбірлерге, солардың қатарында әсіресе нақты зат атауларына жиірек жалғанады. Солай екені жоғарыда талданған тіл деректерінен де айқын аңғарылады. Ол туынды сын атауын үнемі бұлай бірыңғай нақты мәнді, деректі зат атауларына, өзалдына дербес, толық мағыналы жеке есім түбірлерге ғана емес, солардың сыртында және абстракт (дерексіз) мағыналы лексемаларға да, кейде тіпті модаль сөзге де жалғанып тудыра алады.

Кәрлі қысқа маңдайы тақ еткенін бір-ақ білді (Аймауытов). *Бізде фабрик-заводтар сияқты ордалы дүкендер болмады* (Сонда). *Жадымда соғыс кезі, сойқанды кез* (Мақатаев). *Қатыгез майдан, қанды жапан* (Сонда). *Екеуі де Бекболатқа керекті кісі ғой* (Аймауытов). *Құлғана бізде селебелі ауру* (Қоңыратбаев). *Дәл осы жолғыдай шаңды шабуылды бұрын көрмеген едік* (Әуезов).

Тілімізге, сондай-ақ, негіздеуші есім сөз бен *-лы/-ты/-ды* жұрнағының өзара сөзжасамдық қатынасқа түсу нәтижесінде қалыптасқан сын есімдер де бірталай. Олардың тек тіл білімі саласындағыларының кейбірі мысалы мыналар: *өрнекті сөйлем, хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, бұйрықты сөйлем, лепті сөйлем, атаулы сөйлем, жақты сөйлем, күрделі сөйлем, себепті оралым, шартты оралым, мақсатты оралым, есімді тіркес, етістікті тіркес, тұрақты тіркес, түйдекті тіркес, аморфты тілдер, актуалды мүшелену, ареалды лин-*

гвистика, дәстүрлі грамматика, функционалды грамматика, болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ, сабақты етістік, шартты рай, дауысты дыбыстар, үнді дауыссыздар, үйірлі мүше, күрделі сөз, қанатты сөз, нүктелі үтірт.б.

Сөзжасамдық *-лы/-ды/-ты* формантының қатысуымен терминдік сипатта пайда болған мұндай есім негізді сын атаулары жалпы толып жатқан өзге білім салаларында да осылай көптеп кездеседі.

-лық/-дық/-тық. Сөзжасамдық *-лық/-дық/-тық* форманты түркі тілдерінде жалпы өнімді жұрнақ саналады. Түркологияда ол бірде толық мағыналы *іл* етістігінен шығарылса, енді бірде “лық толы” дегендегі *лық* лексемасымен тектестіріледі.

Ілгеріде қарастырылған қазақ тіліндегі сын атауын жасайтын *-лы/-ды/-ты* формантына моңғол тіліндегі *-лиг* жұрнағы сәйкеседі. *-лық /-дық/-тық* аффиксі сондай-ақ ілгеріде сөз болған *-лы/-ды/-ты* формантының толық тұрпаты, яғни соңғы *-лы/-ды/-ты* формасы *-лық/-дық /-тық* аффиксінің фонетикалық дамуының нәтижесі ретінде сипатталады. Түркологияда жалпы сөзжасамдық бұл жұрнақтың фонетикалық даму процесінің мынадай негізгі үш сатысы атап көрсетіледі: *-лыг/-лиг* → *-луу/-люю* → *-лы/-ли*.

Бірақ түркі тілдеріндегі бұл екі жұрнақ бір-бірінен дамып шыққанмен, өздерінің сөзжасамдық қызметінде олардың әрқайсысының тек өзіне тиесілі ерекше белгілері қалыптасқан. Мысалы *-лық/-дық/-тық* жұрнағы тілімізде сын атауларынан гөрі, зат атауларын жасауда айрықша белсенділік танытады, яғни осы соңғы қызметінде барынша өнімді жұрнақ саналады. Ал *-лы/-ды/-ты* форманты олай емес: бұл тек есім негіздерге жалғанып, бірыңғай сын атауларын ғана түзеді. Біз қарастырғалы отырған *-лық/-дық/-тық* формантының одан ең басты айырмашылығы (әрі артықшылығы): ол көпшілік түрік тілдерінде зат атауларымен қоса, сын атауларын да жасай алады. Рас, сөзжасамдық *-лы/-ды/-ты* жұрнағындай соншалықты жиі емес.

Сөзжасамдық бұл *-лық/-дық/-тық* жұрнағы, ілгеріде талданған *-лы/-ды/-ты* форманты сияқты сын атауларын жасауда үнемі есім негізді сөзге жалғанады. Және бұл есім негізді сөздер көбінесе абстракт мағыналы, яғни білдіретін мәнұғымы жағынан дерексіз болып келеді. Ондай сын атауы дериваттарының кейбірі, мысалы, мыналар: **Ақтық** күшін жинап, қатын-балаларын

шақырып алып қол ұстасып қоштасты (Аймауытов). Бұл шығарманың өлеңдік қасиетіне бармай-ақ қояйын (Шот-Аман). Отаудың оң жақтағы түскііз, шымылдығына шаңырақтан түскен күн сәулесінде **көктемдік**, жаңа ашық рең бар (Әуезов). Әжесінің **дүниелік** есепке аңқау да, аңғал емес екенін білсе де ... (Сонда).

Қазақ тілінде есім негізден *-лық/-дық/-тық* форманты арқылы туынды сын атауларын жасайтын ондай есім негіздердің енді біразы нақты заттық мәні бар, деректі сөздер болып келеді. *Саулық қойдың жасындай жасымыз бар...* (Аймауытов). *Суық суға майлық орамалын малып, әлсін-әлсін тарта берді* (Сонда).

Мұндай құрылымды сын атауларындағы негіздеуіш сөздердің тағы бір тобы жанды табиғат құбылыстарына, яғни адамға, торт түлік малға қатысты болып келеді. Бұларға, мысалы, мына іспетті туылымдар дәлел бола алады. **Інілік, құрбылық, достық** сөзінің бәрі біте қайнасып, бірге араласып кеткендей (Әуезов). *Қызатын қанын, ашутын жанын басының пайдасына, бастықтық орынға сатқан азамат* (Байтұрсынұлы). *Мамекең де “ақсақалдық” қалпын құрып, атқа мініп жүреді* (Аймауытов). **Апалық** мейірімі жеңіп кеткенін өзі де байқамай қалды (Сонда). *Бұл жолы Айзада сұлудың әйелдік сезімі керемет болды-ау* (Алшынбаев).

Тілімізде жоғарыдағылар сияқты *-лы/-ды/-ты* формалы туынды сын атауларының негіздеуші бөлігі кейде сан атаулары болып та келеді. Сондай-ақ *-лық/-дық/-тық* жұрнағы арқылы есім негізден жасалған туынды сын атауы өзі анықтайтын заттың сапалық сипатын, яғни оның тегін, неден немесе одан не істелетінін білдіреді.

Даяршы жігіт жетілік лампыны, ортаға қойды (Аймауытов). *Екеуі Әбдірені ашып, жаулықтық ақ нәрсені алды* (Сонда). *Ол торттік жырды торт ақын болып, іліп қағып айтатын бір дәстүр* (Әуезов). *Алдымен қашқарлық бір құмған әнер* (Бақтыбай ақын).

-дақ(-дек)/-тақ(-тек) жұрнағы. Бұл жұрнақ қазақ тілінде жалпы өнімді емес. Көбінесе есім негізге жалғанады. Ал етістік түбірмен сөзжасамдық қатынасқа түсуі тым сирек. Осы арада бір көңіл аударатын нәрсе: *-дақ/-тақ* жұрнағы арқылы жасалған сын атаулары өздерінің семантикалық құрылымы жағынан біртұтас емес: олар бірде тіліміздегі сөзжасамдық *-ды* формантының мәніне жуықтау мағына білдірсе, енді бірде *-ғыш* аффиксімен ұғымдас болып келеді. Мына бір үзінділерден мысалы сондай ой туады.

Ұлы тыныштықты бұзып тұрған дыбыс - **тастақ** жолмен келе жатқан аттылардың тықыры ғана (Әуезов). Қасына бес-алты салт атты **жүрдек** жігіттер ерткен (Сонда). Соңғы мысалдағы және тілімізде жалпы жиі айтылатын **жүрдек** ат, **жүрдек** поез тікестеріндегі **жүрдек** сын атауының білдіретін ұғымы, біздің байқауымызша, “жүргіш, жүрісті, жүрісқой” дегенге көбірек келіңкірейді. Ал, алдыңғы сөйлемдегі **тастақ** дериватының “мағыналық аумағы” **тасты** сын атауының семантикасын түгел “жаба алмайды”. Бұл екеуінің (**тасты** және **тастақ** туылымдарының) ұғымдық арақатынасын **шөпті** және **шөптесін** сын атауларының ұғымдық арақатынасымен түсіндіруге болады.

Жоғарыдағы туынды сын атаулары сөзжасамдық **-дақ/-тақ** форманты арқылы зат және қимыл атауларынан қалыптасқан. Мұндай құрылымды туынды сын атауларының негіздеуіш бөлігі тілімізде сондай-ақ түбір сын атауы болып та келеді, мысалы: *Екі қыз барғамыз. Ажар екеуіміз. Жеңілтек қыз еді* (Аймауытов). *Қаланың көл жақ шетінде тапалтақ ақ шіркеу көрінеді* (Сонда). *Одан соңғы дүрдек ерін, жалпақ мұрын Доға деген жігіт еді* (Сонда).

Сөзжасамдық **-дақ/-дек/-тақ/-тек** форманты біраз ретте дыбыс-еліктеуіштерден жасалған туынды есімдерге жалғанып та жаңа сын атауын түзе алады. *Қарсы қабырғада, бұрышта жалтыраған солқылдақ кроватъ ... Балташ былқылдақ орнына келіп отырды* (Сонда). *Ұйытқып соққан, ызылдақ жел* (Сонда). *Молдашқа даңғылдақ Жығылбайдың қызын айттырмаса...* (Мүсірепов).

Бұл мысалдардағы туынды сын атауларының морфологиялық құрылымын былай мүшелеп көрсетуге болады: *солқ* (дыбыс еліктеуіш) + *-ыл* (жұрнақ) > *солқыл* (дериват есім) + *-дақ* (сөзжасамдық формант) > *солқылдақ* (туынды сын атауы).

Былқылдақ, ызылдақ, даңғылдақ - бұлар да тілімізде осындай құрылымда қалыптасқан.

Тілімізде сөзжасамдық осы **-дақ** форманты арқылы пайда болған есім негізді сын атаулары қатарына сондай-ақ *шандақ, шардақ, құмдақ* туылымдарын да жатқызуға болады.

-сыз/-сіз. Сөзжасамдық бұл жұрнақтың шығу тегі, тарихтық жағы тіл білімінде жалпы түрліше түсіндіріледі. Сол ретте оның привативтік (яғни мансұқтық) мәнде, *-лы* жұрнағына қарама-қарсы мағынада жұмсалатыны да жиі сөз

болады. Ол, өзінің басқа сөзге жалғанымдық мүмкіндігінің кендігіне қарамастан, семантикалық реңкі жағынан түркі тілдерінде жалпы шектеулі жұрнақтар қатарында қаралады. Көбінесе бірыңғай мәнде келіп отырады. Осы арада тағы бір көңіл аударатын нәрсе: **-сыз/-сіз** форманты бір өзінде әрі етістік, әрі есім сипаты - екеуі бірдей сақталған етістік негізді есіммен, есептік сан есіммен, сын есіммен сөзжасамдық қатынасқа түсе алмайды. **-сыз** тұлғалы туынды сын атаулары **-лы** форманты арқылы жасалған сын атауларынан міне осы тұста өзгешеленеді. Ол тек белгілі бір нақты затты және грамматикалық жақтан таза зат сипатындағы құбылысты білдіретін есімдерге ғана жалғанып жаңа сын есім жасайды.

Жалпы **-сыз/-сіз** жұрнағының сөзжасамдық мүмкіндігі, көпшілік түркі тілдеріндегі сияқты, қазақ тілінде де оның өзі жалғанатын түбірлердің құрамына байланысты. Бұл шарттылық **-сыз/-сіз** тұлғасының сөзформалары қатарына жатпайтынын көрсетеді.

Тілімізде осы **-сыз** жұрнағы арқылы қалыптасқан туылымдарды негіздеуші түбірлер тілдік тегі жағынан морфологиялық қатынаста өте әр түрлі болып келеді. Бірақ мұндай жаңа жасалымдар қазақ тілінде көп жағдайда адамға, аң-құсқа, төрт түлікке, киім-кешек түрлеріне, табиғат құбылыстарына қатысты қолданылады.

Ондай туынды сын атауларының адамға және киімге қатыстылары мысалы, мына сияқтылар: *Қатын-қалаш, қыз-қырқын, түрүлі білек, балақсыз балтырлар күнге шағылысты* (Мүсірепов). *Тоғыз түрлі тойшығы Жеңсіз берен кисем деп* (Дулат). *Үшінші тілек тілеңіз Үшкілсіз көйлек кимеске* (Бұқар).

Тілімізде сондай-ақ сөзжасамдық осы **-сыз/-сіз** формантының қатысуымен пайда болған туынды сын атауларының тағы бір парасы әр алуан табиғат құбылыстарына, мал мен кейбір баспана түрлеріне байланысты болып келеді. Жоғарыда келтірілген сындық мәнді туылымдар тобы сияқты, бұлар да әдетте есім негізден жасалады. *Толассыз сағым, толықсып ағып барады* (Мақатаев). *Тойымсыз біздің томпақ жер Томсарып көкке қарайтын* (Сонда). *Бұғалықсыз асауды Құр-құрлатқан жиырма бес* (Базар жырау). *Туырлықсыз қара үйге Ту байламақ не керек* (Шалкиіз). *Сөйлеу құлаққа жағымды болмайды ... тұрлаусыз мүшелері көбейіп, сөйлемді ауырлатқанда* (Байтұрсынов).

Негіздеуші есім сөз бен **-сыз/-сіз** формантының өзара сөзжасамдық қатынасынан пайда бол-

ған туынды сын атаулары үнемі бұлай нақты мәнді, деректі мағыналы, яғни заттық мәні көрінеу, айқын аңғарылатын сөздермен ғана атрибутивтік қатынаста жұмсала бермейді. Олар кейде дерексіз (абстракт) мағыналы зат атауына да қатысты болып келеді. Мысалы: *Жүрекке дерттер толып жаздым қағаз, Опасыз мынау пәни турасынан* (Шәңгерей). *Шештек болды көп белгісіз сандарды* (Мақатаев).

Сөзжасамдық бұл *-сыз/-сіз* форманты тілімізде ара-тұра күрделі сын атауын да түзе алады. Ол бұл тұста, рас, есімді тіркестің дәйім соңғы сыңарына қосақталады. Привативтік (мансұқтық) мәндегі *-сыз* жұрнағының өзімен оппозитив мағынадағы *-лы* аффиксінен тағы бір басқалығы міне осы арала байқалады. Өйткені, ілгеріде айтқанымыздай, *-лы* форманты күрделі сын атауын жасауда кейде жоғарыдағы тәрізді есімді тіркестің алдыңғы сыңарына да қосылып келе береді. Ал сөзжасамдық *-сыз* жұрнағы олай емес: күрделі сын атауын түзу процесінде негіздеуші есім тіркестің тек екінші бөлігіне ғана жалғанады. *Қара тақтасыз мұғалім - тебенсіз кемпір ғой* (Аймауытов). *Айқын жетексіз, баянды басшысыз, күрең жолсыз қара үйлі бұқара...* (Мүсірепов).

-шы/-ші. Бұл формант та өзінің семантикалық реңкі жағынан түркі тілдерінде жалпы өнімсіз саналады. Қазақ тілінде де солай. Бірер ғана сын атауын жасайды. Онда да тек есім негізге қосылып. *Үш-ақ түрлі өмір бар, бәрі де мас, Бір рәуішті болады шал менен жас. Ең керекті дегенің - ортаншы өмір, Түгел қолың жетпейтін бір жанталас* (Шәкәрім). *Орта шарқы үйдің ортаншы баласымын* (Аймауытов). Бұл келтірілген мысалдағы *ортаншы* туылымы морфологиялық құрылымы жағынан (бір қарағанда сырттай тұрпаттас көрінгенмен) *үшінші, төртінші* дегендер сияқты *орта+ншы* емес, *ортан+шы* түрінде мүшеленуі тиіс. Өйткені тілімізде оның *ортан* бөлігі дербес лексема ретінде жеке айтылады (*ортан қол, ортан қолдай, ортан жілік*). Ал *үшінші, төртінші* дегендерді бұлай етуге, яғни *үшін+ші, төртін+ші* түрінде мүшеленуге келмейді. Және жоғарыдағы тіпті *ортан* сөзінің өзі де туынды есім, яғни *орта+n>ортан*.

Осы құрылымды, яғни тілімізде түрлі есім негізден сөзжасамдық *-шы/-ші* форманты арқылы қалыптасқан туынды сын атауларына *алдамшы, өткінші* туылымдарын да жатқызуға болады. *Адамдар мейлі алдамшы күнге тандансын.*

Сонда да көктем. Сонда да маған армансың (Мақатаев). *Өткінші жаңбыр өрекіп барып өткенде, Боламын ырза осы бір ырғын көктемге* (Сонда). *Айнымалы, алдамшы бейне сағым, Көкте бұлттай бұлттарғыш кей достарым* (Қасым). *Оралым екі мүшелі болады. Сондықтан бастапқы тақырыпшы мүше делініп, екіншісі баяншы мүше делініп айтылады* (Байтұрсынов).

-шыл/-шіл. Сөзжасамдық бұл *-шыл* аффиксімен жоғарыда сөз болған *-шы* жұрнағы арасында генетикалық байланыс болады: бұл түркологтар жалпы жоққа шығармайды. Екеуі және өздерінің семантикасы жөнінен де бір-бірінен сондайлық алшақ емес. Өйткені *-шы/-шіл* жұрнағы да дәйім есім негізге қосылып, мағыналық жақтан үнемі бірыңғай (біркелкі мәнді) туынды сын атауларын жасайды. Және бұл сын атауларының “есім+шы” құрамды сындық ұғым білдіретін туылымдардан айқын бір айырмашылығы сол, олар көбінесе жанды зат атауларына, әсіресе адамға қатысты болып келеді.

Отаршыл орыстың бірінің төбесін көрмейсің (Мүсірепов). *Ол өзі ісшіл жігіт* (Аймауытов). *Жез қарғылы құба арлан Қорашыл төбет болған күн* (Шалкиіз).

“Есім негізді +шыл” құрамды сын атаулары үнемі бұлай тек жанды зат атауларына емес, ара-тұра өзге де түрлі ұғымдармен байланысты сөздерге қатысты болып келеді, мысалы: *Сауықшыл көңлі таяуда тұрған сияқты* (Әуезов). *Өсекшіл жел сыбырлайды алыстан, Сырын ұрлап жастардың да табысқан* (Мақатаев).

-мал/-мел. Біраз ғалымдар бұл жұрнақты сөзжасамдық *-ма* аффиксінен дамып шыққан, құранды форма деп қарайды. Ол, көпшілік түркі тілдеріндегі сияқты, қазақ тілінде де жалпы өнімсіз саналады: не бәрі екі-үш-ақ етістік негізге жалғанып, туынды сын атауын жасайды. *Бәрі де бала жасынан асыр салған танымал жерлері* (Аймауытов). *Жортып келіп, танымал мекеменің алдына түсе қалды* (Сонда). *Түнмел қымызды аптыға бір-ақ жұтты* (Мұқанов). Қазақ тілінде бұл туылымдармен сындық мағына білдіретін *саумал* жасалымы да құрылымдас. Ортатүркілік бұл *сағ-мал* туылымы ескерткіштерде қазіргі *саулық қой* тіркесіндегі *саулық* сөзімен мәндеседі, яғни мағыналас болып келеді. Бұл дерекке қарағанда, оның (*саумал* лексемасының) бастапқы көне мағынасы осы күнгі қазақ тіліндегідей жылқы түлігіне емес, қой малына ғана қатысты болғанға

ұқсайды. Бұл да, сондай-ақ, жоғарыдағы *түнемел* сын атауы да тілімізде қазір тек қымызға қатысты қолданылады (*түнемел қымыз, саумал қымыз*).

Мұндай құрылымды сын атаулары қатарына және оңтүстік говорындағы *жасамал* туылымын да жатқызуға болады. *Қатты терлеп келе жатып су іше ме жасамал адам* (тіліміздегі мұның әдеби формасы *жасамыс*). Ілгеріде келтірілген туынды сын атауларының бәрінде де сөзжасамдық *-мал* форманты етістік негізге жалғанған. Ал қазақ тілінде тікелей оның қатысуымен есім негізден жасалған бір-ақ қана жана жасалым бар; ол - сындық мағына білдіретін *бауырмал* лексемасы. *Адамға тез қабысатын, бауырмал, көшелі кісі* (Әуезов). *Менің жүрегімдей бауырмал жүректері болса...* (Аймауытов).

-малы/-мәлі. Бұл форманттың жалпы күрделі екені, өз алдына дербес екі бөлек, яғни жеке-жеке *-ма* және *-лы* жұрнақтарынан тұратыны сырт тұрпатынан көзге бірден шалынады. Соған қарап тілімізде ол арқылы қалыптасқан туынды сын атауларын *-ма* формалы есім негізге *-лы* аффиксінің қосылуынан жасалған екен деп ойлап қалуға да болады. Бірақ шын мәнінде олай болып шықпайды. Кейбір түркі тілінде бұл сөзжасамдық формант біртұтас күрделі жұрнақ ретінде алып сипатталады. Және оның шын мәнінде солай екеніне мынадай дәлелдер келтіреді. Мысалы, татар тілінде бұл *-малы/-мәле* аффиксімен келетін *киселмәле* сияқты етістік негізді көпшілік сын есімдерден *-ма* тұлғалы есім негізді, яғни олардың *киселмә* тәрізді бөліктерін жеке ажыратып алуға болмайды. Себебі бұларда заттық мән жете айқындалмаған, жетікпеген. Демек жоғарыдағы *киселмәле* туынды сын атауы *киселмә-ле* түрінде мүшеленбейді. Мүшеленбейтіні, яғни сөзжасамдық бұл *-малы/-мәлі* формантының шынында да өз алдына біртұтас күрделі жұрнақ саналатын себебі: бұл құрылымды туынды сын атауларында әдетте әлдененің бірдемені иеленуі, әлдененің бірдеңеге тәндігі туралы емес, оның етістік негіздің семантикасына сәйкес туған өзіндік дара ерекшелігі, өзіндік сипатты белгісі айтылады. Қазақ тілінде де солай. Мысалы татар тіліндегі *сизелмәле* “осязаемый”, *тәленмәле* “рассекаемый” туылымдарының *сизелмә, тәленмә* бөлігі сияқты, тіліміздегі *көшпелі, жұқпалы, айнымалы* туынды сын атаулары *көшпе+лі, жұқпа+лы, айныма+лы* түрінде мүшелуге келмейді. Сөзжасамдық бұл *-малы/-мәлі*

формантының түркі тілдерінде жалпы өз алдына дербес біртұтас жұрнақ саналатыны міне осы себепті. Ол қазақ тілінде де дәл осындай статусты сипатталуға тиіс.

-малы// -мәлі - тілімізде өнімді жұрнақ саналады. Ол өзге түркі тілдеріндегі сияқты қазақ тілінде де дәйім етістік негізге жалғанады. Сындық мағына білдіретін мұндай құрылымды жаңа жасалымдар көбінесе жанды зат атауларына, өзге де түрлі тұрмыстық бұйымдарға, сонымен қоса кейде абстракты мағыналы есімдерге қатысты болып келеді. Олардың үнемі бұлай атрибуттық қатынаста жұмсалатынын көрсететін мысалдар тілімізде жалпы жиі ұшырасады. Кейбірі мыналар: *Сән үшін алдыңғы екі аяғына орамалы білезік салыпты* (Әшенов). *Орамалы мылтық қолға алып* (Базар жырау). *Толғамалы ақ сүңгім* (Қобыланды). *Қималы найза өңгеріп* (Махамбет). *Көшпелі қазақпыз ғой күрке астында* (Ақмолла). *Желікпелі жел құрсақ қызыл айғыр...* (Аймауытов). *Айнымалы, алдамшы бейне сағым* (Аманжолов).

Сындық мағына білдіретін мұндай құрылымды туылымдар қатарына, сондай-ақ, *суармалы* (егін), *жұқпалы* (ауру), *өтпелі* (кезен) сияқты тағы біраз жаңа сын атауларын жатқызуға болады.

Қазақ тілінде және сөзжасамдық осы *-малы// -мәлі* форманты арқылы етістік негізден пайда болған кейбір терминдік, жекелеген диалектілік, тіпті этнонимдік сипаттағы жасалымдар да кездеседі, мысалы: *ұқсатпалы* оралым, *қорытпалы* оралым, *серіппелі* оралым (Байтұрсынов). *Бір қайла шыбын жанға бола ма деп, Жалындым шұбыртпалы Ағыбайға* (Арыстанбек). *Мұның да жасама-лы болып қалды* (КТДС). Соңғы, *жасамалы* диалектизмі әдеби тілде айтылатын *жасамыс* лексемасымен мәндес. Олардағы *-малы* мен *-мыс* формалары мағыналары жағынан бұл жерде өзара синоним болып табылады.

Қазақ тілінде сөзжасамдық *-малы* форманты кейде күрделі сын атауын да түзе алады. Ол, бұл тұста ара-тұра қосарлану жолымен жасалған күрделі сын атауының екі сынарының екеуіне де жалғанып келеді, мысалы: *Екі ашпалы шайы шымылдықты оң жаққа құрып, жібек көрпеге күйеулерді отырғызған* (Аймауытов). *Үйелмелі-сүйелмелі екі қыз екен* (Сонда).

-ма// -ме. Сөзжасамдық бұл *-ма* форманты түркі тілдерінде *-мақ* жұрнағымен тектестіріледі. Бұған дәлел ретінде татар тіліндегі *сыр+ма* туынды сөзі мен қарақалпақ тіліндегі *сыр+мақ* туылымының, екендігінің де бір-ақ түрлі мағына,

яғни “телогрейка” дегенді білдіретіні көлденен тартылады.

Бұл форма түркі тілдерінде жалпы екі түрлі қызмет атқарады: сөзжасамдық және формажа-самдық. *-ма* формасы тілімізде өзіне бөлек ерекше анықтауыштық оралымдар жасайды. Бұл оның форма жасамдық қызметі болып табылады. Жалпы *-ма* тұлғалы мұндай есімдерде, лексикалық единицаларда міндетті түрде болуға тиісті тұрақты мазмұн болмайды. Тұрақты мазмұн әдетте сөзжасамдық мағына білдіретін *-ма* формантты туылымдарға тән. Сондықтан бұл арада тілімізде мынадай екі омонимдік форма барын мойындау және бір-бірінен ажырата білу керек болады, олар: грамматикалық *-ма*, форма, сөзжасамдық *-ма*, форма. Мысалы мына бір мәтінге қоңіл аударып көрейік: *Ойма тазға он теңге, Қырма тазға қырық теңге* (Фольклор). Осындағы *қырма* және *ойма* туынды сөздері жеке тұрып дербес зат атауы бола алмайды, зат атауы түрінде және айтылмайды. Бола алмайтын, айтылмайтын себебі: олар бұл жерде сын атауы болып табылады, яғни бұл олардағы *-ма* сөзжасамдық қызмет атқарып, сын атауын жасап тұр. Егер осы *ойма*, *қырма* дегендер, жалпы осындай құрылымды формалар жеке тұрып дербес зат атауы бола алса, онда олар анықтауыштық оралым жасайды.

Тілімізде жоғарыдағы *ойма*, *қырма* сын атауларымен, сондай-ақ мына бір туылымдар да құрылымдас: *Үзеңісі үзбе алтын, Тенбінгісі терме алтын, Құйысқаны құйма алтын, Жүгені бар түйме алтын Қу найзалы жирен тай* (Бақсы сарыны). Осындағы *үзбе*, *терме*, *құйма* жасалымдары өздерінің субстантивтену, яғни заттық сипат алу жағынан, соған байланысты сөз табы ретіндегі қолданымдық қызметі жөнінен *абсолютті* бірдей емес. Нақтырақ айтсақ, *үзбе* туылымы қалған *терме*, *құйма*, *түйме* есімдерінен басқарак. Басқарактығы: *үзбе* тілімізде зат есім ретінде жеке қолданылмайды, зат атауындық онда дербестік жоқ. Ал *терме алтын*, *құйма алтын*, *түйме алтын* тіркестеріндегі *терме*, *құйма*, *түйме* лексемалары бұған керісінше зат атауы ретінде қолданыла да, айтыла да береді. Яғни бұлар *үзбе* есіміне қарағанда субстантивтену дәрежесі жағынан әлдеқайда “кемел”. Бұл тұрғыдан оны жоғарыдағы “Айна тазға алты теңге” дегендегі тіпті *айна* сөзі қатарында алып сипаттауға болады. Яғни *айна* лексемасы сияқты, *терме алтын*, *құйма алтын*, *түйме алтын* құрылымдарындағы *терме*, *құйма*, *түйме* туылымдары да жалпы сын атауы емес, атрибутивтік мағынада жұмсалған таза зат атауы бо-

лып табылады. Демек, ілгеріде жасалған бұл талдаулар “етістік негіз + *-ма// -ме*” типті сөзжасамдық үлгілер (“словообразовательные модели”) тілімізде үнемі сын атауы бола бермейтінін көрсетеді.

-ма// -ме жұрнағы түркі тілдерінде жалпы зат атауларын да, сын атауларын да жасайды. Екеуінде де дәйім етістік негізге жалғанады. Бірақ қай тілде де олардың соңғыларынан гөрі алдыңғылары жиірек (басым) сияқты. Сөзжасамдық бұл формант түркі тілдерінің жалпы қай-қайсысында да өнімді саналады. Оның мұндай қолданымдығының артқан кезі - жиырмасыншы ғасырдың іші. Әсіресе терминологиямен байланысты.

Алайда етістік негізден сөзжасамдық осы *-ма// -ме* форманты арқылы қалыптасқан жоғарыдағы *қырма*, *ойма*, *үзбе* туылымдар сияқты, қазақ тілінің өзінің төл сын атаулары да жетерлік. Кейбірін нақты мына мысалдардан көруге болады. *Бастама етік көрпілдек* (Шал). *Ояна келсе баяғы жаман тымағы, баяғы бастама мәсісі...* (Аймауытов). *Шоңқайма кебісінің нәлі тастан тасқа шықылдап ...* (Сонда). *Қызыл белбеу, шоңқима етік, үкі тағып...* (Шал). *Жарма көттік қылып, тақасын қаза мінен...* (Аймауытов). *Ширатпа шыны күміс қолға түссе* (Кете Жүсіп). Келтірілген мысалдардағы байырғы *бастама*, *шоңқима* (*шоңқайма*), *жарма*, *ширатпа* туынды сын атауларына, сондай-ақ, *бұрама* (түйме), *сырма* (шалбар), *қатпа* (күшік), *оппа* (балшық) сияқты тағы біраз туынды сын атауларын жатқызуға болады. Тілімізде осы құрылымда кейін пайда болған да жасалымдар бар. Кейбірі мыналар: *Мұрнында қысна көзәйнегі бар* (Аймауытов). *Қайырма жаға көйлегіне галстук тағып қойыпты* (Сонда).

Қазақ тілінде бұлардың сыртында сөзжасамдық *-ма* формантының қатысуымен етістік негізден қалыптасқан күрделі сын атаулары да бірталай. Олар негізінен қосарлану жолымен пайда болған, яғни қос сөз түрінде қалыптасқан. Ал тіркесе жасалғандары көп емес, сирек ұшырасады. *Мынадайға кез болдың Аума-токпе заманда* (Абай). *Алба-жұлба ақша бұлттар жарысқан* (Мақатаев). *Құрама-сұрама жоқтауын сұңқылдатып қоя береді* (Аймауытов). *Екі ұрықты, періп кетпе мінезі болушы еді* (Сонда). *Қырма шелек бидайымен* (ҚӘ).

-(ы)нды//-(і)нді. Сөзжасамдық бұл форманттың құранды екені сырт тұрпатынан-ақ айқын аңғарылады, мысалы оны *-(ы)н+ды* түрінде мүшелеп көрсетуге болады. Түркологтар мұндағы *-(ы)н* бөлігін ырықсыз етіс қорсеткіші деп қарайды. Ол

түркі тілдерінің жалпы қай-қайсысында да өзінің сөзжасамдық бейім (қабілеті) жағынан әуелден-ак, туа шағынан бастап сын атауы жұрнағы болып табылады. Тілімізде бұл форма арқылы жасалған етістік негізді сын атауларының қайсыбірі кейін келе субстантивтене, заттана бастаған. Мысалы, *қырынды* (шектің қырындысы), *салынды*. *Қара суды салынды басып кеткен* (Сейдімбеков). Қазақ тілінде мұндай құрылымды байырғы сын атауларының өздерінің осы байырғылығын сақтай отырып, бұлай субстанция жолымен озге сөз табына айналуы, мысалы заттық статус алуы өте сирек байқалады. Рас мұндай үрдіс, яғни сындық мағына білдіретін туылымдардың терминдену, заттық мән алу процесі жалпы беріде, әсіресе кеңес дәуірінде етек ала бастады. Мысалы *ертінді*, *тігінді* (подшивка), *шөгінді*, *жаратынды* (создание), *көбейтінді*, *қосынды*, *құранды* (составной), *көрсетінді*, *қорытынды*, *тапсырынды*, осылар сияқты тағы біраз жасалымдардың лингвистикалық табиғатын дәл осылай түсіндіруге болады. Кейбіріне мысал келтірейік: *Оның тапсырынды сәлемі жоқ* (Әуезов). *Іркінді суда тоңазыған шыбындар жүзеді* (Аймауытов). Бірақ қалай дегенмен де термин жасау процесінде, аударма тәжірибесінде, калькалық ыңғайда туған бұл тәрізді туынды сын атауларына қарағанда, қазақ тілінің таза өз топырағында сындық мәнде қалыптасқан жаңа жасалымдар әлдеқайда мол. Бұлар және мағыналық жақтан өте әртарап болып келеді. Кейбірі олардың мыналар: *Көрұғыллының асыранды құлысын* (Көрұғлы). *Қара жол ма дегенім Шұбырынды із болды-ай* (Ағаш аяқ). *Енді біреу асықты жіліктің ойынды етін шеңгелдеп...* (Аймауытов). *Ақтардың шашыранды отрядтарын көріп...* (Сонда). *Жырынды жеңгелері үйреткен* (Сонда). *Сырқынды Жетпісбай қарсы ақыра қоя берді* (Әуезов).

Тілімізде осы *-(ы)нды* жұрнағының қатысуымен жасалған бірлі-жарым фразеологизмдік сипаттағы күрделі сын атауы да кездеседі, мысалы мына сияқты: *Саба түбі сарқынды жасым қалғанда...* (Сейдімбеков).

-(ы)мды//-(і)мді. Сөзжасамдық *-(ы)нды* жұрнағы сияқты, бұл формант та тілімізде құранды саналады. Бірақ ондай өнімді емес. Қазақ тілінде ол арқылы жасалған сындық мағына білдіретін бірер ғана жалаң жасалым кездеседі. Онда сондай-ақ етістік негізді күрделі сын атауы да солай, сирек ұшырасады. *Баянда жартымды*

жұмыс табылмады (Аймауытов). *Келімді-кетімді кісі бар* (Сонда).

-ғы// -гі// -қы// -кі. Сөзжасамдық бұл формант түркі тілдерінде кейде *-ғық* тұлғасымен тектестіріледі, яғни: *-ғы > -ғық*. Ол түркі тілдерінің көбінде зат атауын да, сын атауын да жасайды. Бұл формант олардың кейбірінде зат атауын жасауға көбірек қатысса, басқа біреулерінде одан сын атаулары жиірек пайда болады. Ол өзінің осы әртарап сөзжасамдық қызметінде есім негізге де, етістік негізге де жалғанады.

-ғы// -гі қазақ тілінде де солай: етістік негізден зат атауын, ал есім негізден сын атауын жасайды. Бірақ мұнда оның соңғы топ жасалымдардан гөрі зат атауын жасайтын тұстары басым-ырақ. Солай бола тұрғанмен де тілімізде ол арқылы пайда болған сын атаулары да біраз бар. Кейбірі олардың мына іспетті. *Таңғы самал жататын сүйіп мені* (Мақатаев). *Бесінге ауып барды түскі аспаным* (Сонда). *Жарқырайды түнге ауылдың оттары* (Сонда).

Қазақ тілінде бұл *-ғы* форманты, Ахмет Байтұрсынұлының терминімен айтқанда, сөзжасамдық қатынасқа мұндай “атауыш сөздерден” гөрі “шылау сөздермен”, яғни қазір көмекші есім, үстеу, септеулік статусында сипатталатын сөздермен жиірек түседі. Мысалы, мына бір тіл деректеріне қарап солай ойлауға болады. *Шемкі қыстаудың арт жағында...* (Аймауытов). *Жоғарғы ауылдан қыз-келіншектердің әні естіледі* (Сонда). *Қартқожаның қыстайғы газеттен көргені расқа шықты* (Сонда). *Жап-жасыл боп көктемді, Соғыстың соңғы көктемі* (Мақатаев).

Тіліміздегі мұндай құрылымды туынды сын атаулары мүшеленімдік жағынан үнемі біркелкі болып келе бермейді. Олардың (сан жөнінен тым көп болмағанымен) белгілі бір бөлігі негіз және жұрнақ тұрғысынан жоғарыда талданған туынды сын атаулары тәрізді мүшеленбейді. Бұлардағы негіздеуші бөлік пен жұрнақ күнделікті тілдік тәжірибеде бір-бірінен ажырамай, тұтас күйінде қолданылады. Бірақ негіздеуші элементі мен сөзжасамдық элементі бір-бірінен ажырағысыз мұндай құрылымдар, ілгеріде айтқанымыздай, тілімізде онша көп емес. Кейбірі, мысалы мыналар. *Қараңғы ойлар Қартқожаның басын кернеді* (Аймауытов). *Жылайды да тұрады жыланқы бұлт* (Мақатаев). *Кәдімгі көпшіліктің ерлі-байлы тірлігі келді* (Әуезов). *Бізді оқытуға таңқы мұрт, жылтыр қара қожаны ұстап...* (Аймауытов). *Қайқы төс келіншектің жасыл көйлегі...* (Сонда).

Бұл жүргізілген талдауға байланысты тағы мына бір тіл деректері көңіл аударарды. Жоғарыдағы *кәдімгі* туылымының *кәдім* бөлігін кейбір көне әдебиет үлгілерінен кездесетін *қадім оқуы*, *қадім заман* тіркестерінің *қадім* (қадим) сыңарымен салыстыруға болады. Сындық мағынадағы сондай-ақ *қайқы* жасалымымен тіліміздегі *тайқы маңдай* тіркесінің *тайқы* сыңары да құрылымдас. Жоғарыдағы *қараңғы* туынды сын атауын *қараңдайды* етістігімен тектестіруге, яғни бұл екі форманың екеуін де тілімізде *қаран* деген бір негізден қалыптасқан туылым деп қарауға болады.

Тағы бір көңіл аударатын нәрсе: қазақ тілінде сөзжасамдық бұл формант туынды сын атауын үнемі бұлай тек есім негізден жасамайды. Ол сындық ұғымды сонымен қоса кейде етістік негізге жалғанып та жасай алады. *Ойнақы көзі жалт етті* (Аймауытов). *Бұралқы ит*, *бұралқы сөз* (күлгенге жақсы). Бірақ бұл - барынша сирек, қазақ тілі үшін жалпы сирек құбылыс. Бұған қарағанда, оны, яғни *бұралқы* жасалымын тіпті бұлай емес, мүлде басқа, мысалы *қосалқы* (жұмыс, команда) туылымы үлгісімен *бұр+алқы* түрінде мүшелеу негіздірек болуы мүмкін.

Тілімізде сөзжасамдық бұл *-ғы// -гі* жұрнағының қатысуымен пайда болған күрделі сын атауы да солай бірді-екілеп, оқта-текте ғана кездеседі, мысалы: *Бас білгі түйе жоқ екен* (Аймауытов). *Желді күнгі бөшке күбінің аузындай үй-дейді* (Сонда). *Қиян-кескі қатал соғыс*, *қиян-кескі қан майдан* (Мақатаев).

Сөзжасамдық бұл *-ғы* формантына байланысты мына бір тіл деректеріне де көңіл аударғымыз келеді. Мәселе бұл арада оның қазақ тілінде кей-кейде сұрау есімдігіне де жалғанып, туынды сын атауын жасай алатыны туралы. Бұған бір мысал мынадай: *Кейін әкем ел-жұртын басқарыпты*, *Қашанғы жарғақ бөркі тасталыпты* (Мақатаев). Тілімізде сындық мағына білдіретін мұндай құрылымды кейбір жасалымның жалпыхалықтық, яғни әдебиеттік статусынан гөрі, окказионалдық өң-рені, таза контекстік қана сипаты айқынырақ сезіліп тұрады. Мұндай ренді туынды сын атауы, әсіресе, Әуезов шығармаларында көрінімді де және жүйелі деуге болады. Мысалы, етістік негізді мына сияқты туылым: *Көзінде үнемі жинақы от бар*.

-ык// -ік// -ақ. Сөзжасамдық бұл формант түркологияда жалпы *-ғак// -гек* жұрнағымен генетикалық байланыста қаралады. Сондай-ақ *-ык// -ік* пен *-ақ*, тұлғалары мағынасы жөнінен де,

құрылымы жағынан да бір-бірінен қазір ажыраған, яғни әрқайсысы өзіне бөлек даралық сипат алып жекеленген жұрнақ деген де пікір айтылады. Ал қазақ тіліне қатысты бұлай деуге, дәл сондай пікір айтуға, бізше болмайды. Болмайтыны бұл *-ык// -ік* және *-ақ* жұрнақтарының арасында ондай дербестік барын, яғни олардың бір-бірінен әрі мағыналық, әрі құрылымдық жақтан болған “ажырау”, “айрылу” процесін көрсететіндей тілдік дерек байқалмайды. Мысалы, тілімізде әдетте сындық мәнде жұмсалатын *жалақ*, *салақ*, *қорқақ*, *қашақ* және *озық*, *арық*, *толық*, *сасық*, *түрік* (ерін), *есірік*, *жетік*, *жатық* сияқты жасалымдар семантикасы, құрылымы жөнінен бір-бірінен еш ерекшеленбейді. Келтірілген бұл етістік негізді туынды сын атауларының кейбірінің мәтіндік қолданысы мысалы мынадай. *Есірік жастар ол мұң-зарға құлақ қоймайды* (Аймауытов). *Төлеген сыпайы, жатық жігіт* (Сонда). *Молдаға артын тығып жүрген қашақ байтал былшылдамасын* (Сонда).

-сақ// -сек, *-шақ// -шек*. Сөзжасамдық *-шақ// -шек* (*-сақ// -сек*) форманты қазақ тілінде дәйім адамға байланысты (рас кейде малға қатысты да) қолданылады. Оның әлдебір әрекетке бейім тұратын, қасиетін, өзіндік бір дара белгісін білдіреді. Ол өзінің бұл мағынасында әдетте есім негізге де (*мал+сақ*, *жарам+сақ*, *сатым+сақ*, *үйір+сек*, *келім+сек*, *сұрам+шақ*, *көңіл+шек* т.б.), сондай-ақ, етістік негізге де (*ұял+шақ*, *мақтан+шақ*, *қызған+шақ*, *аиулан+шақ*, *ұрын+шақ*, *ерін+шек*, *сүрін+шек*, *тартын+шақ*, *итін+шек*, *түртін+шек*) жалғанып келе береді. *Бұрынғы кейбір надан ақынды*, *сатым-сақ сөзді*, *мәнсап мәзді шенепті баласы* (Әуезов).

-шаң// -шен. Сөзжасамдық бұл форманттың түркі тілдерінде *-чан*, *-чэн*, *-чен*, *-шан*, *-жан*, *-жан*, *-жен* тәрізді дыбыстық варианттары бар. Бұларды біраз түркологтар қытай тілінде “шебер (мастер)” мағынасын білдіретін *чан* сөзімен тектестіреді, енді бір зерттеушілер түркі тілдеріндегі оның мағынасының қытай тіліндегі *чан* лексемасымен шынында сәйкес келетінін атай келіп, бұл мәселені тарихи-лингвистикалық бай деректер негізінде әлі де жете анықтай түсу қажеттігін айтады. Бұл жұрнақтың жоғарыда көрсетілген дыбыстық варианттарының ішіндегі ең көнесі *-чан* тұлғасы. Ол және ілгеріде талданған *-чағ// -шақ* аффиксінің бір түрі (“разновидность”) ретінде сипатталады. Бұл жерде қазақ тілінің батыс говорында *-ғ* дауыссы-

зының -н дыбысына ауысатыны көңіл аударарды. Қазақ тілінде *-шаң// -шең* жұрнағы туынды сын атауын үнемі есім негізге жалғанып барып жасайды. Сірә содан да болу керек, мұндай құрылымды жасалымдар онда жалпы көп емес, санаулы деуге болады. Мысалы олар мыналар: *бойшаң, сөзшең, тершең, ашушаң*. Бәрі де және адамға, оның өзіндік жеке қасиетіне байланысты болып келеді.

-ы// -і. Сөзжасамдық бұл жұрнақ қазақ тілінде жалпы өнімді саналады. Ол барлық уақытта тек есім негізге жалғанады. Мұндай құрылымды сын атауларының бір бөлігі өздері атрибуттық қатынасқа түсетін заттын (нәрсенің) тектік сипатымен байланысты болып келеді, яғни қай халыққа тиісті екенін білдіреді. *Биыл Есенеидің қасқыр алатын арабы иттерін баптап жүр* (Мүсірепов). *Базардың қазақы сөзге шеберлігі көрініп тұр* (Мағжан). *Алтайы құмнан қашқан түлкідейін...* (Халық әні). *Бұлғары садақ, Бұқар жай* (Қобыланды). *Ірі ақша былғары күмажнігіне сыйып кетті* (Аймауытов). Бұл келтірілген мысалдарда сөзжасамдық *-ы// -і* форманты үнемі ел атына, *араб, қазақ*, болгар деген этнонимдерге, тек бір-ақ жерде *алтай* топониміне жалғанған. Мұндай құрылымды туынды сын атаулары қатарына сондай-ақ *қазақы бөрік, қазақы етік, қазақы қой, қазақы жылқы, қазақы ер, қалмақы ер* тіркестеріндегі *қазақы, қалмақы* жасалымдарын да жатқызуға болады.

Сөзжасамдық бұл формант түркі тілдерінде жалпы өнімді саналады. Бірақ білдіретін мағыналары жағынан біркелкі емес. Мысалы, түрік, азербайжан, түрікмен тілдерінде ол арқылы жасалған туынды сын атаулары көбінесе түспен байланысты болып келеді. Олардың кейбірі мыналар: *буғдај+ы* ‘смуғлы’’, *гарабуғдај+ы* ‘смуғлы’’, *кэрпич+и* ‘кирпичного цвета’, *күмүш+у//gumus+и* ‘цвет серебра’, *бадымчан+ы* ‘цвета баклажан’, *занбағ+ы* ‘лиловый’, *шабалыд+ы* ‘каштановый (о цвете)’, *kursun+и* ‘свинцового цвета’, *kuzgun+и* ‘цвета воронова крыла’, *китміз+и* ‘красный, алый, румяный’ (Э.В.Севортян). Қазақ тілінде түспен байланысты мұндай құрылымды сындық туылымдар жалпы кездеспейді, тек тілімізде түбірімен бірге тұтас күйінде кірген соңғы *қырмызы* жасалымы болмаса: *Ұлы менен қызына Қырмызы қытай кигізген* (Базар жырау). Соңғы өлең жолындағы *қытай* лексемасы “жібек” деген мағынада қолданылған.

Қазақ тілінде есім негіз бен осы *-ы* жұрнағының өзара сөзжасамдық қатынасқа түсуі нәтижесінде қалыптасқан *бұйығы, қунақы, шардақы, құдайы* (көрші, қонақ) сияқты біраз сын атаулары әдетте адамға қатысты ғана айтылады, мысалы: *Бұрынғы бұйығы, ұялшақ Ақбілектің ізі де жоқ* (Аймауытов). *Құтыңдаған қунақы зиялы жегіт кіріп келді* (Сонда). *Шардақы денелі, таңқы мұрын қазақ тілмашы бар* (Әуезов). Ал бұлардан өзге, сын мәніндегі *тартпақы* (мінез) тәрізді кейбір жаңа жасалымдар жеке бір жазушының тек өзіндік стиль ерекшелігіне ғана қатысты, яғни окказионалды (контекстік) сипатта болып келеді. *Мағаш пен Дәрмен бірталай желігі әңгіме еспелеп...* (Әуезов). *Қарғы бауына жүз құры ат берем* (Сонда). Бұл мысалдардағы *желігі, құры* туылымдарын негіздеуші мүшелер: *желік және құр* бөліктері. Сөзжасамдық бұл *-ы* формантына байланысты соңғы бір көңіл аударатын нәрсе, ол тілімізде кейде сырт тұрпаты едәуір қазақыланған есім негізді орыс сөзіне жалғанып та туынды сын атауын жасайтын сияқты. *Аттың құйрығын көтеріп көру де сондай бөстегі жұмыстың бірі ме* (Аймауытов). Біздің ойымызша бұл мысалдағы *бөстегі* туылымын мына түрде мүшелеп көрсеткен дұрыс деп ойлаймыз: *бөстегі < бөстек (<пустяк) + і*.

-ғын// -гін// -қын// -кін. Сөзжасамдық бұл формантты көпшілік зерттеушілер есімшенің *-ған* формасына апарып тірейді. Қазақ тілінде ол арқылы қалыптасқан туынды сын атаулары онша көп емес. Сондықтан бұл жұрнақ өзге біраз түркі тілдеріндегі сияқты өзінің бұл қызметінде өнімсіз саналады. *Әбді ең шеткі озғын орақшының алдына тұрып алды* (Әуезов). *Тұрғын жайлар әуелі үйлі-баранды адамдарға берілген* (Ғабдуллин). Бұл жұрнақ етістік негізге жалғанып күрделі сын атауын жасауға да қатысады.

-аған// -еген. Кейбір зерттеушілер сөзжасамдық бұл форманы өзінің негізгі мағынасында жоғарыда талданған *-ғын, -ған* тұлғаларымен жақындастырады. Соған сүйеніп оларды ортақ текті деп топшылайды. Жоғарыда қарастырылған туынды сын атаулары сияқты: *-аған// -еген* формалы жаңа сын мәнді жасалымдардың білдіретін мағынасы оларды негіздеуші етістіктің семантикасына байланысты болады, содан дамып шығады. Бұл жерде бір көңіл аударатын нәрсе: жоғарыдағы *-ғын// -гін, -қын// -кін* жұрнағы зат атауын да, сын атауын да жасаса, сөз етіп отырған

сөзжасамдық бұл формант қазақ тілінде тек сын атауын ғана түзе алады. Бұл құрылымды туынды сын атаулары тілімізде жоғарыдағы *-ғын* жұрнағы арқылы қалыптасқан сын мәнді жасалымдарға қарағанда едәуір, яғни сөзжасамдық бұл *-аған// -еген* форманты негізінен өнімді саналады. Ондай құрылымды сын атауларының кейбірі мыналар: *Өрік береген кісі болып алды* (Аймауытов). *Ара-арасында қабаған қаншықтар шәуілдейді* (Сонда). *Шал сүзеген өгіз болып, жалғыз көзін алайтады* (Мүсірепов).

Қазіргі түркі тілдеріндегі сөзжасамдық бұл *-аған// -еген* формантының осы қолданымдық ерекшелігіне кезінде Махмұд Қашқари да көңіл аударған көрінеді. Ол оның әрекеттің көп қайталанымдығын, ұзақтығын білдіретінін атай келіп, мынадай мысал келтіреді: *ol er ol ewge baragan* ‘тот человек, он часто идущий домой’. Кейбір зерттеушілер *-аған* жұрнағын етістіктің жиілетпе-қарқынды (“учащательно-интенсивная”) формасы деп санайды және оны қарқындылықты білдіретін *-а* көрсеткіші мен есімшенің *-ған* формасының бірікпесі түрінде мүшелейді.

-ғыр// -гір. Бұл сөзжасамдық формант түркі тілдерінде жалпы өнімсіз саналады. Қазақ тілінде де солай. Тілімізде ол арқылы етістік негізден қалыптасқан сын атаулары көп емес. Мұндай құрылымды жасалымдар әдетте субъектінің белгілі бір қимыл-әрекетке деген өзіндік бейім-қабілетін білдіреді, мысалы: *Ұшқыр заманның зырқырап өтіп бара жатқаны...* (Шәкәрім).

-кер. Түркі тілдерінде сын атауын жасайтын өнімсіз жұрнақтар қатарына осы *-кер* формантын да жатқызуға болады. Бұл олардың біразына араб-иран тілдерінен, өзі жалғанған түбір негізбен бірге кірген. Қазақ тілінде оның *-гер* варианты да сақталған. Бірақ тек зат атаулары туылымдарында: *қаламгер, майдангер, тәлімгер, саудагер, жүлдегер т.б.* Ал сын мағыналы туылымдар жасауға осы *-кер* формантының бір өзі ғана қатысады. Бұл оның кірмелігімен байланысты ерекшелік. Бірақ тілімізде мұның өзінің қатысуымен қалыптасқан туынды сын атаулары бірен-саран-ақ: *Ол иттің өзі айлакер, жанкешті неме* (Аймауытов). *Осы күнде дәулескер домбырашы боп кетітті* (Әуезов). *Мініскер жігіт шегінің тұқылын суырып жатыр* (Аймауытов). Соңғы мысалдағы *мініскер* туылымы “ылпың, епті, қағылез” мағынасын білдіреді. *Дәулескер (дауласкер)*

жасалымы да осы іспетті мәнде, ‘шебер’ ұғымында қолданылған.

-ғыш// -гіш. Сөзжасамдық бұл формант - қазақ тіліндегі ең өнімді жұрнақтардың бірі. Ол өзінің осы қызметінде үнемі етістік негізге жалғанады. Сын мағыналы мұндай құрылымды туылымдар *-ғыр// -гір* тұлғалы жасалымдармен мәндес болып келеді: субъектінің белгілі бір қимыл-әрекетке байланысты бейім-қабілетін білдіреді. Өзге түркі тілдеріндегі сияқты, тілімізде *-ғыш// -гіш* жұрнағы арқылы етістік негізден қалыптасқан сын атаулары жиі ұшырасады. Кейбірі олардың мыналар: *Шапқыш ой ғой ақылдың мағынасы* (Шәкәрім). *Дүниеде адамнан көңіш мақұлық бар дейсіз бе* (Аймауытов). Сөзжасамдық бұл формант тілімізде кейде күрделі сын атауын жасауға қатысады. *Пароход сорпа жалағыш кәрі төбетше суды шолп-шолп ұрып, қозғала бастады* (Аймауытов).

-ғақ// -гек. Сөзжасамдық бұл формантты қазақ тілінде жалпы өнімді жұрнақтар қатарына жатқызуға болады. Ол туынды сын атауын етістік негізге жалғанып қана жасай алады. Мұндай сын мәнді туылым әдетте субъектінің белгілі бір әрекетке бейім қалпын білдіреді. *Кәріп көңлі бір сыңғақ пияла-ды* (Көпеев). Осындағы *сыңғақ*, сондай-ақ, тіліміздегі *жабысқақ, ұрысқақ, тайғақ* сияқты құрылымдар, мысалы, сондай жасалымдар. Бірақ “етістік+ғақ” құрылымды туынды сын атауларының бәрінің бірдей мағыналары дәл осы, “әлденеге бейімділік” сапамен байланысты болып келе бермейді. Мысалы *қатқақ* туылымының ұғымы жоғарыдағы *сыңғақ, жабысқақ, ұрысқақ* дегендердегіден басқарак сияқты. *Асқақ* туынды сын есімі де солай. Бұл басқалық әсіресе *қоңқақ, қаңқақ* жасалымдарынан айқын аңғарылады (бірақ бұлардың алдыңғылардан тағы бір өзгелігі: негіздеуші, яғни түбір бөлігі мен жұрнағы бір-бірінен ажырағысыздай болып кірігіп кеткен, осылай үнемі бір бүтін, тұтас күйінде қолданылады). *Алды қаңқақ ерінің, арты жалпақ* (Шәкәрім). *Қоңқақ мұрнынан шып-шып тер шығып* (Аймауытов).

-дас// -дес// -тас// -тес. Сөзжасамдық бұл формант якут тілінен басқа түркі тілдерінің бәрінде кездеседі. Бірақ өнімділігі жағынан біркелкі емес. Ал қазақ тілінде ол өнімді саналады. Өзінің сөзжасамдық қызметінде үнемі есім негізге жалғанып келіп отырады. Тілімізде есім негізден *-дас// -дес*

жұрнағы арқылы қалыптасқан туынды сын атаулары көбінесе адамдарға байланысты атрибутивтік мәнде жұмсалады, яғни олардың өзара қатынасындағы әлдебір ортақтықты, ортақ сипатты білдіреді: *көңілдес жігіттер, тілеулес адамдар, әзілдес құрбылар* т.б. Ал бұл құрылымды сындық жасалымдардың адамнан өзге затпен атрибутивтік қатынаста қолданылуы тілімізде жалпы сирек байқалады (мысалы, мына сияқты некен-саяқ жағдайда ғана болмаса): *Тіл дәлдігін бұзатын амәндес сөздер* (Байтұрсынов).

-(ы)мыр//-(і)мір жұрнағы. Сөзжасамдық бұл формант түркі тілдерінің кейбірінде ғана кездеседі. Солардың қатарында, мысалы, қазақ тілінде. Ол мұнда тек сын атауын жасайды. Ілгеріде қарастырылған көпшілік туынды сын атауларынан мұның басты айырмашылығы: тілімізде тек адамға ғана қатысты сапалық белгіні білдіреді. Бұл қызметінде және үнемі етістік негізге жалғанады. Оның тағы бір көңіл аударатын жері: *-(ы)мыр//-(і)мір* формасын қазақ тіліндегі жалпы өнімді жұрнақтар қатарына жатқызуға болады. Бұл құрылымды, тілімізде ол арқылы етістік негізден қалыптасқан туынды сын атауларының кейбірі, мысалы, мыналар: *Білімділердің, ғалымдардың пән мазмұнды сөйлегені білімір шешен сөзі деп аталады* (Байтұрсынов). *Шекер құймыр отты көзі тұрғанда аштан өлмесін деуші еді* (Аймауытов). *Айзада сұлудың құймыр қылығы керемет болды-ау* (Алшынбаев). *Қыс еді, қытымыр шал, сойқан мінез* (Мақатаев). Бұл құрылымды сын мағыналы жасалымдарға, сондай-ақ, *қазымыр, жұлымыр* сияқты тағы біраз туылымдарды жатқызуға болады.

-тал. Сөзжасамдық бұл жұрнақтың қазақ тілінде бұдан өзге дыбыстық варианты кездеспейді. Ол тілімізде жалпы өнімсіз саналады. Бар болғаны *өсім, сезім, жағым, ұрым, ұғым* іспеттес бес-алтыдай ғана есім негізге жалғанады. Тілімізде осы құрылымда қалыптасқан туынды сын атауларының мағынасы мен негіздеуші түбірлердің семантикасы арасындағы жалғастық айқын аңғарылады, яғни алдыңғы соңғының әрі қарайғы дамымасы болып табылады. *Дүмше молданың балдыр-батпағы ұғымтал баланың көңілін дауалатпайды* (БҒЖ). *Рахымбай - жағымтал жорға болыс* (Әуезов). *Аймақтың ұрымтал жерін іздеп, із бағасың* (Мақатаев).

Қазақ тілінде туынды сын атауын жасайтын бұл талданғандардан басқа, тағы біраз жұрнақ

бар. Олардың көпшілігінің сөзжасамдық қызметін жалпы өнімсіз деуге болады, бұлар біреу ғана туылымда кездеседі, мысалы, сын мағыналы мына сияқты жасалымдарда: *бық - Күнгейдің қырбық қары* (Әуезов); *-ын// -ін - жегін атты ауыстырып. Жатын орнымыз кәдімгі сәкі* (Бәкенов); *-ыр// -ір - Уайхай жылтыр түйме, жылы орын* (Аймауытов). *Жыламаған жалғыз ғана кебір жер* (Мұқатаев); *-ғысыз// -гісіз - Төзгісіз қылығыңды қырқып тастап* (Сонда); *-ғыр// -гір - Төнемін әппақ дәптерге Бұлыңғыр мына ымырттай* (Сонда); *-анак (сұғанақ адам); -міт - жеміт қарын* (Әуезов); *-ғалақ// -қалақ - (ұшқалақ, жаңғалақ); -пы - Салпы ауыз тағы сөйледі* (Аймауытов); *-дар - діндар дәуір, сындар дәуір, сындар әдебиет* (Байтұрсынов); *діндар өлеңдер* (Әуезов); *-дан// -ден// -менді - Дулаттағы кәдірден жекжатымыз* (Майлықожа); *қадырдан азамат; Күз біздің кәдірменді жан ағамыз* (Мақатаев); *-гой - Не керек осы адамға? Ақылғой кәрілік пе, бала шақ па* (Сонда); *-улы// -улі - Өлшеулі өмір бітпейді* (Қобыланды); *Жамаулы шалбар дағы тұр кес-кестеп* (Жанак); *Қатулы қабағына қаһар бұққан* (Мағжан); *-лікті - Ескілікті жөтелі болатын* (Аймауытов); *-ғылықты// -гілікті - қызғылықты әңгіме, жергілікті ерекшелік; -пақ// -пек: окпек жел.*

Тілімізде жалпы өнімсіз саналатын мұндай жұрнақтар қатарына және *-паз, -(а)уық//-(е)уік* форманттарын да жатқызуға болады. Бұлар да негізінен белгілі бір санаулы сын атауларын ғана жасай алады, мысалы: *сөйлемпаз, сезімпаз, жасампаз, шолымпаз, бақырауық, жылауық, шырылдауық, қалтырауық* т.б. *Жиренше шолымпаз ойымен жаңағы сөз туралы бір болжау айтты* (Әуезов).

4.2. КҮРДЕЛІ СЫН ЕСІМДЕР

Күрделі сындар ең кемі екі я онан да көп сынарлардан жасалады да, біртұтас сындық мағынаны білдіреді. Мысалы: *Қоңыр қошқыл қан саусақтарының арасынан ағып отыр* (Нұрғалиев). *Қажағай денелі, қара сұр шалдың аузына ол қарай қояды* (Омаров). Осы сөйлемдердегі *қоңыр, қошқыл* күрделі сыны - қанның түсін, *қажағай денелі* күрделі сыны - шалдың дене бітімін, *қара сұр* - шалдың бетінің түсін білдіріп тұр. Бұл күрделі сындардың әрқайсысы заттын бір-бір белгісін білдірген. Бұл осы күрделі сындардың әрқайсысының біртұтас мағына беретініне дәлел.

Күрделі сындар біртұтас лексикалық мағына береді, заттың бір сындық белгісін білдіреді, мағыналы сөздер тобына жатады, жеке лексикалық

бірліктер, лексемалар тобына кіреді. Күрделі сындардың лексикалық бірлік болып танылуына оның сөзжасамның аналитикалық тәсілі арқылы жасалуы да дәлел болады. Сөзжасамның аналитикалық тәсілі деп екі я онан да көп сөздің біртұтас лексикалық мағына білдіруі саналатыны ғылымда белгілі. Күрделі сындар - осы тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер тобына кіреді. Сондықтан да ол сөйлемге барлық басқа сөздер сияқты дайын күйінде алынады. Мысалы, *қара ала, ал қызыл, қызыл күрең, қара көк, ақ құба, қоңыр сары, күңгірт қызыл, қара торы* сияқты күрделі сындарды алсақ, олардың әрқайсысы өзінше белгілі түсті білдіреді де, сөйлемде түрлі заттардың түсін білдіру үшін қолданылады: *қара ала көйлек, қоңыр сары мата, күңгірт қызыл бешпет, қара көк шапан, ақ құба қыз, ал қызыл орамал, қызыл күрең шәй, қоңыр сары шатыр, күңгірт қызыл қамзол, қара торы жігіт*. Осындағы күрделі сындар қанша сындардан жасалса да, қандай деген бір сұраққа жауап береді, өйткені әр күрделі сын лексикалық бір мағына береді. Күрделі сындар біртұтас мағына білдіретіндіктен, әр күрделі сын бір сөз болып саналады.

Сөздің тағы бір белгісі оның сөйлемнің бір мүшесі қызметін атқаруы. Сөздің бұл белгісіне күрделі сындар толық сай келеді. Күрделі сындардың қайсысы болсын сөйлемде тек қана сөйлемнің бір мүшесінің қызметін атқарады, бір сұраққа жауап береді. Мысалы: Толықша келген, *анпақ жүзді* қыздың жіп-жіңішке қасы да айдай боп, қиылып тұр (Әуезов). Енді *ақ боз* ата, бірдемеге тіреліп тоқтағандай (Сонда). Төсегінің алдында *қара торы* келіншек іс тігіп отыр екен (Аймауытов).

Осы сөйлемдердегі *анпақ жүзді қыз, ақ боз ат, қара торы келіншек* деген тіркестегі *анпақ жүзді, ақ боз, қара торы* деген күрделі сындардың бәрі әр сөйлемде зат есімнің алдынан қолданылып, анықтауыш қызметін атқарып тұр. Бұл - сын есімнің негізгі қызметі. Осы күрделі сындардың құрамы бөлініп, әрқайсысы өзінше сөйлем мүшесі бола алмайды. Оны мынадан көруге болады, *анпақ жүзді қыз* дегенді *анпақ* сыңарынсыз *жүзді* деп қолдануға болмайды. *Ақ боз ат* деген *ақ ат* деген түрде қоланылмайды. *Қара*

торы келіншек дегенді *торы келіншек* деп атауға болмайды, *торы* деген сөз жеке жылқыға байланысты ғана қолданылады. Сөйтіп, күрделі сындардың сыңарларының әрқайсысы жеке сөйлем мүшесі бола алмайтын себебі олар күрделі сөздің ішкі құрылымына жатады, сондықтан күрделі сындың сыңарлары әрқайсысы өз мағынасында тұрған сөздер емес, күрделі сындың біртұтас мағынасын жасаушы тұлғалар күрделі сынды жасаушы тілдік бірліктер. Демек, бір сөздің құрамындағы тұлғалар жеке-жеке сөйлем мүшесі бола алмайды, сөз тұтас түрде ғана сөйлем мүшесі болады. Күрделі сын біртұтас сөз болып, біртұтас мағына білдіретіндіктен, оның құрамы сөйлемде бөлінбей, тұтастығын сақтайды.

Күрделі сындар біртұтас мағына беріп, лексикалық бірлік болғандықтан, сөйлемге дайын сөз ретінде кіріп, бір сөздің қызметінде қолданылып, бір сөйлем мүшесі қызметін атқарады* .

Күрделі сөз, күрделі сындар туралы пікір айтқан ғалымдардың бәрі де күрделі сөздердің бір сөйлем мүшесі болатынын танып, бір сөйлем мүшесі қызметін атқаратынын дәлелдеген. Мысалы: *Тұстарында қара күрең кілем* (Сейфуллин). *Қайып кер торы атын сабылта жөнелді* (Сланов). *Тостаған көзі мөлдіреп, ақ құба өңі албыртады* (Қанахан). *Айнала төңірек аламыш, шұбар ала орман* (Сейфуллин). *Қара торы жүзі күн шалса-ақ қошқылдана қалатын* (Есенберлин).

Осы мысалдардағы *қара күрең, кер торы, ақ құба, шұбар ала, қара торы* деген күрделі сындардың бәрі қандай деген сұраққа жауап беріп, сөйлемнің анықтауыш мүшесі болып тұр. Бұл күрделі сындардың бәрі зат есімнің алдынан келіп, тікелей тіркесу арқылы заттың сындық белгісін білдіріп, сөйлемнің анықтауыш мүшесі қызметін атқарған.

Бір кезде жасалып, дайын сөз болып қалыптасқан, күрделі сындар сөйлемде сол дайын қалпында қолданылады. Мысалы: *Қызыл күрең қамзолы өзіне жарасып тұр* деген сөйлемдегі *қызыл күрең* күрделі сыны тілдегі бар, дайын қалпында осы сөйлемдегі басқа сөздер сияқты сөйлемнен орын алып тұр. Ал осы сөйлемге кірген басқа сөздер *қамзол, өз, жарас* сөйлемнің қажетіне қарай, сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстыру үшін

* Күрделі сөздердің бір сөйлем мүшесі қызметін атқаруын К. Аханов күрделі сөздердің синтаксистік тұтастығы деп санаған. Оны төмендегі сөзінен көруге болады: “Күрделі сөздің синтаксистік тұтастығы оның семантикалық тұтастығына негізделеді. Екінші сөзбен айтқанда, күрделі сөз синтаксистік жақтан мүшеленбей, сөйлемде бір ғана мүше ретінде қызмет атқарады. Оның семантикалық жақтан болшектенбейтін, біртұтас лексикалық единица (біртұтас сөз) болуымен байланысты” (Грамматика теориясының негіздері, 79-б).

тәуелдік жалғауын (қамзол+ы), тәуелдік жалғауы мен септік жалғауды (өз+і+не), көсемше жұрнағын (жарас+ып) қабылдаған. Сонымен, осы сөйлемге дайын сөз ретінде мына сөздер кірген: *қызыл күрең, қамзол, өз, жарас*, сөздердің кейбіріне сөйлемнің қажетіне қарай түрлі грамматикалық көрсеткіштер қосылған. Ал *қызыл күрең* деген күрделі сынға ешбір грамматикалық көрсеткіш қосылмаған, ол сын есімнің зат есіммен қосымшасыз тіркесу қабілетіне байланысты.

Сын есім қазақ тілінде қосымшаға бай сөз табына жатады. Ол өзі тіркесетін зат есіммен қосымша арқылы байланыспайды. Бірақ шырай жұрнақтары бар, олар күрделі сындарға түгел жалғана бермейді. Дегенмен жалғана қалса, күрделі сынның соңғы сыңарына жалғанады. Мысалы, *қоңыр қызғылт, қара бурылдау, қара көктеу* т.б. Бұл жағдай күрделі сынның сөз ретіндегі шекарасы анық соңғы сыңары екенін көрсетеді, олай болса күрделі сынның соңғы сыңарына сөз аяқталады, ол оның сөз ретіндегі шекарасы болып саналады.

Күрделі сынның құрамының екі я онан да көп болуы оның жасалу тәсілінің ерекшелігіне байланысты. Күрделі сөз сөзжасамның аналитикалық тәсілі арқылы жасалатын болғандықтан, оның құрамы екі я онан да көп сөздерден бола береді. Сондықтан күрделі сынның шекарасы оның құрамындағы сөздердің ең соңғы сыңары болады.

Күрделі сын сөз атаулыға қойылатын сөз құрамының тұрақтылық белгісіне сай келеді. Күнделік қолданыста сөздің дыбыстық құрамы тұрақты, ол құбылмалы құбылысқа жатпайды. Мысалы, *кітап, қағаз, кел, кет, жақсы* деген сияқты кез келген сөзді алсақ, олардың мағынасын осы дыбыстық құрамда ғана танимыз. Бұл сөз атаулыға тән қасиет, белгі, сондықтан ол күрделі сынға да қатысты.

Күрделі сындардың құрамы да тұрақты, олардың сыңарларының орны берік, орнықты болады. Мысалы, *томаға тұйық* дегенді *тұйық томаға* деуге болмайды, өйткені ол *томаға тұйық* күрделі сынының қалыптасқан мағынасын бере алмайды. Сол сияқты *ат жақты, ал қызыл, қызыл*

ала, бос белбеу, ерке тотай, ұзын тұра т.б. осындай күрделі сындарды *жақты ат, қызыл ал, ала қызыл, белбеу бос, тотай ерке, тұра ұзын* түрінде қолдану тілде жоқ. Бұл ерекшелік тек күрделі сындарда ғана емес, жалпы күрделі сөзге қатысты.

Күрделі сын алғаш жасалғанда, қандай құрамда болса, сол құрам сақталады. Өйткені оның мағынасы белгілі құрамда қалыптасқан, сондықтан ол мағына берілу үшін, оның құрамы да сақталуы қажет.

Күрделі сындардың мағынасы белгілі құрамда, құрамындағы сыңарлар белгілі тәртіпте тұрғанда, қалыптасқан, сондықтан олардың құрамын да, сыңарларының орнын да өзгертуге болмайды. Бұл күрделі сындардың негізгі белгілерінің бірі болып саналады*.

Күрделі сындардың құрамының тұтастығына олардың құрамындағы сыңарлардың орын тәртібі де жатады. Анығырақ айтсақ, күрделі сындардың құрамындағы сыңарлардың орын тәртібі де берік, әбден қалыптасқан, сондықтан олардың орнын ауыстыруға болмайды. Өйткені күрделі сындар белгілі құрамда, құрамындағы сыңарлар белгілі тәртіпте тұрғанда, бір мағына беретін болып қалыптасқан. Бұл күрделі сынның құрамының, құрамындағы сыңарлардың орналасу тәртібі берік екенін дәлелдейді. Сондықтан *ақ боз ат* дегенді *боз ақ ат, қызыл шырайлы қыз* дегенді *шырайлы қызыл қыз, қара ала мата* дегенді *ала қара мата* деуге болмайды. Бұл да күрделі сындардың құрам тұтастығына жатады, ал оның сыңарларының орнын ауыстыру күрделі сынның құрам тұтастығының бұзылуы болып табылады.

Күрделі сындар біртұтас мағынаға көшкен, біртұтас мағына беретін сөздер болғандықтан, оның құрамындағы сыңарлар өз мағынасын сақтамаған. Осымен байланысты күрделі сындардың құрамындағы сыңарлар дербестігін сақтамайды. Ол - жалпы күрделі сөз атаулыға тән құбылыс.

Күрделі сындардың құрамындағы сыңарлардың сөз ретінде өз дербестігін сақтамауына байланысты күрделі сынның әр сыңары жеке-жеке сөйлем мүшесі бола алмайды. Сонымен бірге, күрделі сынның құрамындағы сыңарлардың әрқайсысы сөз тіркесіне жеке мүше де болмайды,

* Ж. Шакинов күрделі сөздердің құрамы туралы былай дейді: “Қандай да сөз болмасын, ол жалаң бола ма, күрделі ме - бәрі бір, онда қалыптасып қалған құрылым болуы - шарт. Сондай-ақ қазақ тіліндегі күрделі біріккен сөз бола ма, тіпті құрама сөз бола ма - бәрі бір күрделі сөздердің негізгі бір белгісі - онда қалыптасып қалған құрамының болуы және ол тек сыртқы түр-түрпаты жағынан ғана емес, беретін мағынасы, номинативтік қызметі жағынан бекем, жеке қолдануға келмейтін, жұбын жазбай үнемі бірге жұмсалатын құрылым болды. Ондай құрылым, байқап отырсақ, қазақ тіліндегі күрделі сөздердің бәрінде бар (Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім категориясы. канд. диссертация. 1953, 85-б.)”

өйткені күрделі сынның сыңарлары дербес сөздік мәнінен айрылып, бір сөздің ішкі мүшесіне айналған. Сондықтан күрделі сындар біртұтас тілдік бірлік ретінде сөз тіркесінің бір мүшесі ғана бола алады, сөз тіркесінің бір мүшесінің қызметін атқарады, оның құрамындағы сыңарлардың әрқайсысы сөз тіркесінің мүше қызметін атқара алмайды. Мысалы: *Әлібай да құла төбел құнанымен тұра шапты* (Бегалин). Осы сөйлемдегі *құла төбел құнан* бір сөз тіркесін жасайды. Осы сөз тіркесінің бір мүшесі - *құла төбел*, екінші мүшесі - *құнан*. Ал мұндағы *құла да, төбел де* сөйлемдегі басқа ешбір сөзбен сөз тіркесін жасамайды.

Күрделі сындардың құрамының тұтастығын олардың сыңарларының арасына басқа сөздердің кіре алмауы да білдіреді. Күрделі сындар біртұтас сөз болғандықтан, оның сыңарларының арасын басқа сөзбен бөлуге болмайды. Бұл - сөз атаулыға тән жалпы заңдылық. Негізгі түбір болсын, туынды түбір болсын олар - біртұтас сөз, сондықтан олардың тұтастығын бұзып, арасына басқа сөз кіре алмайтыны белгілі. Дәл осындай күрделі сөздер де біртұтас сөз болғандықтан, оның қолданыста тұтастығы сақталады.

Күрделі сындар айтылу жағынан да бір ұдай, бір ырғақ арқылы ерекшеленеді. Күрделі сындардың құрамындағы сыңарлардың әрқайсысы жеке айтылып, сыңарлары пауза арқылы бөлініп тұрмайды.

Күрделі сындардың сыңарларының ара жігі бөлінбей, біртұтас ырғақпен айтылып, бір сөздегі бір екпінмен айтылады.

Мысалы: *Ұзын бойлы, қара сұр, ашық жүзді* Күнке ерінің жылы шырайын пайдаланып, - Мен бүгін теңдерді шешкізіп, ертең үйлерді тіккізбек едім, - деп, Майбасарға қарады. *Зор денелі, бурыл сақалды* Құнанбайдың жалғыз көзі бұларда емес (Әуезов). Осылардың ешқайсында күрделі сынның сыңарларының арасында пауза, іркіліс жоқ, айтылуда күрделі сындар біртұтас сөз ретінде бір екпінмен ғана айтылады. Кідіріс тек күрделі сындардан болған бірыңғай мүшелердің арасында ғана бар.

Түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілінде күрделі сындар сөздің бір белгісі саналатын емле белгісіне бағынбайды, бірақ сөзді тануға қойылатын басқа белгілердің бәріне ол толық сәйкес. Ал емле белгісі күрделі сөздер деп біріккен сөздерді танитын тілдердің өзінде де тұрақты белгі бола алмай жүргені ғылымда көрсетіліп жүр. Сондықтан түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде

емле күрделі сөзді тануға белгі, тірек болып саналмайды.

Күрделі сын сөзжасамның аналитикалық тәсілінің 3 түрі арқылы жасалады. Олар: біріктіру, қосарлау, тіркестіру тәсілдері. Осымен байланысты күрделі сынның 3 түрі бар: біріккен күрделі сындар, қос сөзді күрделі сындар, тіркесті күрделі сындар.

Біріккен күрделі сын есімдер онша көп емес. Кейбіріне мысал келтірейік: *көнетоз, көнтері, тілалғыш, есерсоқ, біртоға, алаңғасар, аласабыр, кертартпа, қонақжай, жарымжан, балажан, қарапайым, кеудемсоқ, ішқұста* (ашу), *етжеңді, кірпияз, можантопай, етекбасты* (мінез), *бұратана, кемтар* т.б. Мысалы: *Мынау нағыз можантопай маубас түйенің өзі екен ғой* (Досжанов). *Ұлбике - етжеңді, дөңгелек бетті, қиғаш қара қасты толықша қыз* (Омаров). *Көнетоз сұрғылт тысы бар жүндес қара елтірі тымақтың бет тұсы сірескен қарлы мұз* (Әуезов). *Одан әрі төрге алаша төселген, іргеде алабajалақ құрақ көрпеше жаюлы жатыр* (Серғалиев). *Ал Әли болса шалық ауруы бар кемтар жігіт* (Омаров).

Қос сөзді күрделі сын есім сөздер тілде өте көп: *ұзынды-қысқалы, жаманды-жақсылы, ақтықаралы, қызылды-жасылды, ерке-бұлаң, көл-көсір, ала-құла, ағал-жағал, сыбай-салтан, қан-сөлсіз, кедір-бұдыр, телегей-теңіз, ұзыннан-ұзақ, өркеш-өркеш, үйме-жүйме, аумалы-төкпелі, қырғи-қабақ, элем-жәлем, сұлу-сыпайы, қайғы-қасіретсіз, үлкен-үлкен, ұсақ-түйек, биік-биік* т.б.

Тіркесті күрделі сындар тілден кең орын алады. Олар сөзді танудың емле белгісіне бағынбайды. Тіркесті күрделі сындар неше сындардан құралса да, оның сыңарлары бөлек-бөлек жазылады. Мысалы, *ақ сары, күрең қызыл, қара қошқыл, теңбіл көк, удай ащы, қоңыр салқын, майда қоңыр, қызыл шұнақ* (аяз), *түлкі бұлаң, көк долы, көк жасық, томаға тұйық, кер шолақ, арыстандай айбынды, түлкі тымақты, қасқыр ішікті* т.б. Осы тіркесті сындардың қайсысы болсын біртұтас мағына береді. Күрделі сынның барлық белгісіне сай келеді.

Ерекше ескерілетін мәселе осы күрделі сындардың құрамындағы оның сыңарларының қандай тілдік бірліктен болатынына арнайы көңіл бөлу керек. Ғалымдар бір ауыздан күрделі сөздің құрамы дербес лексикалық бірліктен, яғни толық мағыналы ең кемі екі сөзден жасалады деп санайды, кейде оларды байланыстыратын, не сыңарлардың құрамында көмекші сөзі де болуы мүмкін деп санайды. Бірақ ондай көмекшілер күрделі сөз жасаушы сыңар деп саналмайды.

Ал кейбір зерттеушілер көмекші сөздерді күрделі сөздің бір сыңары деп санайды. Бұл түркологтар арасында күрделі етістікпен байланысты бір кездерде кең тараған пікір болатын. Бірақ етістіктің аналитикалық формалары мен күрделі етістіктер табиғаты танылып, дәлелдегеннен бері, бұл мәселеде көзқарас өзгерді.

Тілдегі күрделі сын атаулының бәрінің құрамындағы сыңарлар толық, дербес мағыналы сөздерден құралған. Өйткені күрделі сынның мағынасы оның құрамындағы дербес сөздердің мағынасынан жасалады. Мысалы, *көк ала* десек, ол *көк* пен басқа түстің араласуынан тұратын түсті білдіреді. Күрделі сөздің сыңарлары оның мағынасына өз үлесін қосуы керек. Ал күрделі сөздің бір сыңары ғана мағыналы болса, көмекші сөз оған мағына қоса алмайды, сондықтан күрделі ұғым да жасалмайды.

Ал күрделі сын күрделі ұғымды білдіруі керек, яғни күрделі сындық белгіні білдіруі қажет. Мысалы, *қара сұр, қара ала, ақ боз, ақ құба, қара торы, қызыл күрең* т.б. Осы сияқты күрделі сындарды алсақ, бұлардың бәрі екі түстің қосындысынан, араласуынан туған екеуінен де басқа үшінші түсті білдіріп тұр. Ол үшінші мағына сыңарларының мағынасының үлестерінен туған.

Күрделі сынның мағынасы оның құрамындағы дербес сөзден болған сыңарлардың мағынасымен байланысты.

Күрделі сын күрделі сындық ұғымды білдіреді. Дүниедегі заттардың сындық белгілері алуан түрлі. Оларды білдіру үшін, тілде күрделі сындық ұғымды білдіретін күрделі сындар пайда болған. Олар дара сындық ұғымнан мағынасының да күрделілігі арқылы ерекшеленеді.

Дара сындар мен күрделі сындардың мағынасында үлкен айырмашылық бар. Дара сындар заттың бір ғана белгісін білдіреді. Мысалы, *ақ көйлек, жасыл шөп, биік үй, сұлу қыз, әдемі киім, үлкен терезе* т.б. Бұлардың әрқайсысы заттың бір ғана белгілерін, бір ғана ұғымды білдіріп тұр.

Ал күрделі сындардың мағынасы бұдан басқаша, күрделі сындардың құрамы қандай күрделі болса, мағыналары да сондай күрделі болады. Мысалы, *қызыл ала көйлек, қара көк қамзол* т.б. Күрделі сындар заттың белгісі бір текті емес екенін көрсетеді. *Қызыл ала көйлек* дегенде көйлектің түсінде қызыл да, тағы басқа түс те барын көреміз. Сондықтан да ол дара сыннан белгінің күрделілігі арқылы ажыратылады. Бұлардың мағынасы сыңарларының мағыналарының қосындысынан жасалған.

Келтірілген күрделі сындардың әрқайсысы да осы сияқты күрделі сындық белгілерді білдіреді. Осындағы *қара көк* күрделі сыны көктің таза көк емес, қараға жуық көк екенін білдіреді. Ал *мойыл қара мақпал* дегенде мақпалдың қаралығы мойылға ұқсайтыны, *солғын қызғылт* дегенде қызыл түстің бәсеңдігін білдіріп тұр.

Күрделі сынның мағынасының күрделілігі шындық өмірдегі заттардың сындық белгілерінің күрделі болуына байланысты. Басқаша айтқанда, шындық өмірдегі заттар тек бір түсті болып келмейді, олардың белгісі де түрлі, күрделі болады. Тіл шындық өмірді білдіретіндіктен, тілдік бірліктер заттың шындық өмірдегі күрделі белгісін де білдіруге тиісті. Осымен байланысты заттың күрделі қасиетіне қатысты сөздерден күрделі сындар жасалады. Бұл күрделі сындардың екі не одан да көп сөздерден құралуын туғызған.

Сонымен күрделі сөздер күрделі ұғымды білдіреді. Бұл қағида күрделі сындардан да кең орын алады. Мысалы, *қара көк, бозғыл сары, қоңыр күрең, қара торы, қоңырқай сұр, көк ала, қызыл күрең*, сияқты түр-түске қатысты күрделі сындарды алсақ, олардың ешқайсысы бір ғана нақты түсті білдірмейді. Олардың әрқайсысы түстің күрделі түрін білдіреді. Ал осылардың қайсысы болсын бір заттың түсінің күрделілігін көрсетеді. Мысалы: *Найманкөк деген ақ көк ат болатын* (Әуезов). *Енді ақ боз ат та бірдемеге тіреліп тоқтағандай* (Сонда).

Бұл мысалдарда аттың күрделі түсі суреттелген. Егер осы заттардың түрі-түсі, сипаты, белгісі күрделі болмай, бір тектес болса, онда дара сындар ғана қолданылар еді. Мысалы, *көк ат, боз ат, күрең көде, селеулі дала* т.б.

Анығырақ айтқанда, күрделі сынның құрамындағы сыңарлар оның жалпы мағынасын жасайтын болғандықтан, күрделі сөздің мағынасынан оның сыңарларының мағынасы орын алмай қоймайды. Осыдан келіп күрделі сөздердің мағынасының кеңдігі күрделі ұғымды білдіруі шығады.

Күрделі сөздердің біртұтас мағынасының жасалуында оның сыңарлары болып тұрған тілдік бірліктердің мағынасы түрлі даму құбылысына түседі. Бірақ олар бір-біріне қатысы жоқ, байланыссыз құбылыстар емес. Мәселен, кеңею мен жинақталу үрдісін бөлу өте қиын. Кеңею мен жинақталу, көбіне бірге жүретін құбылыстар. Айталық, *қызыл күрең, ақшыл көк, қара торы* сияқты күрделі сындардың мағынасы жеке сыңарлармен салыстырғанда, кеңігені сөзсіз. Ал осы ма-

ғына оның құрамындағы сыңарлардың мағынасының қосылып, кірігуі арқылы кеңіген.

Сондықтан да көпшілік ғалымдар күрделі сөздердің мағынасы оның құрамындағы сыңарлардың мағынасының қосындысынан жасалады деп санайды. Бұл өте кең тараған пікір.

Қазақ тіліндегі күрделі сындардың жасалуында оның сыңарларының жеке мағыналарынан күрделі сынның мағынасы әлдеқайда кең. Өйткені күрделі сынның мағынасы көбіне оның құрамындағы екі сыңардың мағынасының қосылуы мен кірігуінен, олардың жиынтығының нәтижесінде біртұтас мағынаға көшуінен жасалатыны айтылды. Ол түр-түс күрделі сындарына да, сапалық күрделі сындарға да қатысты. Жоғарыда түр-түс сындары мысалға келтірілгендіктен, енді сапалық күрделі сындардан мысал келтірейік: *қара қасқа, көк жал (қасқыр), тоқ жарау, көк тайғақ, көк жасық, ақ ұлпа (қар), арабы ақ боз (ат), әккі қу, ұлан байтақ* т.б.

Шық түскен боз қырау күздің қара суық түнінде... (Әуезов). *Ол - өңшең қыз, сылқым сұлу келіншек пен сәнді сұлу бозбала* (Сонда).

Ал күрделі сын кездейсоқ жасалмайды. Ол алдымен шындық өмірдегі заттың белгісіне байланысты, бірақ күрделі сындардың қалай жасалуы, қандай сыңарлардан, сыңардың қандай сөздерден, қандай тәртіпте орналасуы тілде әбден қалыптасқан заңдылыққа айналған. Күрделі сындардың құрамының қанша сыңарлардан құралуында да тілде қалыптасқан заңдылық бар. Олардың құрамы шексіз, ретсіз емес. Сонымен бірге күрделі сындардың сыңарларының да қызметінде айырма бар.

Күрделі сыңардың құрамы ауыспалы және тірек сыңардан тұрады. Тірек сыңар күрделі сөздің құрамын ұйыстырушы, күрделі сөз жасаушы қызмет атқарады. Сондықтан бір тірек сыңар арқылы бірнеше күрделі сын жасалады. Осы ретте тірек сыңардың қызметі бірнеше туынды түбір жасаушы сөзжасамдық жұрнаққа ұқсайды. Мысалы, *қызыл ала, көк ала, күрең ала, қара ала, сары ала* деген күрделі сындар *ала* тірек сыңары арқылы жасалған. Осы күрделі сөздердің бәрінде *ала* тірек сыңар бір мағына береді. Ал *қызыл, көк, сары, күрең, қара* деген сыңарлар ауыспалы сыңарлар. Олар тірек сыңарды анықтап, оның белгісі ретінде қолданылған, қазір күрделі сөз, әрине, бір мағына береді.

Күрделі сыңарда тірек сыңар қызметінде сапа сындары мен қатыстық сындар ең өнімді тірек

сыңар болып саналады. Мысалы, *ал қызыл, шымқай қызыл, күрең қара, күлгін қара, ақ сары, жирен сары, қызыл күрең* сияқты күрделі сындарда ауыспалы сыңардың тірек сыңардың мағынасын анықтап, толықтырып тұрғаны анық байқалып тұр.

Ал осы ерекшелік мына күрделі сындарда да байқалады: *жирен жорға, қара жорға, меніреу суық, уыздай жас, сүттей таза*. Мұнда да ауыспалы сыңарлар тірек сыңардың мәнін ашып, анықтап тұр.

Қатыстық сындардан тірек сыңар қызметінде -*ды* тұлғалы туынды сындар өте мол қолданылады. Мысалы, *қара мұртты, күн шуақты, қой көзді, бидай өнді, түлкі тымақты, ат жақты, қыз мінезді, орта бойлы, қызыл шырайлы* т.б.

Тірек сыңар қызметінде -*дай* жұрнақты туынды қатыстық сын есім өте жиі қолданылады. Мысалы, *тамық лебіндей, ақ қағаздай, атқан таңдай, қара құрттай, ат төбеліндей, аш күзендей, ащы шектей, сары алтындай* т.б.

Міне, бұлардың бәрінде тірек сыңардың мағынасын ауыспалы сыңар толықтырып, күшейтіп, нақтылап тұр.

Күрделі сындардың сыңарлары көбіне сын есім сөздерден құралады, бірақ күрделі сынның сыңары қызметінде басқа сөз таптары да қатысады. Осымен байланысты күрделі сындардың сыңарларының қай сөз табынан құралатынын анықтау қажет.

Тіркесті күрделі сындардың сыңарлары негізгі сындардан жасалады. Мысалы: *Олардың алдына ұзын бойлы, ақ қызыл ажары айқын көрінген қыз келді* (Әуезов).

Күрделі сындардың сыңарлары сапа сыны мен қатыстық сыннан да өте жиі жасалады. Мысалы: *Ол қоңыр өнді, қызыл шырайлы, қара мұртты, толық денелі кісі Айтан еді* (Есенжанов).

Бұл құрамдағы күрделі сындар да тілде өте жиі қолданылады.

Күрделі сындардың сыңарлары қатыстық сын мен сапа сынының тіркесінен де жасалады: *Қасы көзін сүрмелеген сүйріктей сұлу өзбек қызын төңіректеді* (Әуезов).

Күрделі сынның екі сыңары да қатыстық сыннан жасала береді. Мысалы: *Судай сұлу, желдей екпінді, жалпақ жұртқа жұмбақ өмір* (Жұмбаев). Қысқа мұрты жаңа тебіндеп келе жатқан *өткір көзді, сұлу жүзді, қара күрең жігіт еді* (Әуезов).

Күрделі сындардың құрамында басқа сөз таптарына жататын сөздер де қолданылады. Соның ішінде зат есім сөздер жиі кездеседі. Мысалы:

Шоқанға арнап алып қойған мақпал қара бестіге Бейсен “Шоқанның қызқарасы” деп ат қойған (Бегалин).

Қазақ тіліндегі күрделі сындардың негізін екі құрамды тіркесті сындар құрайды. Екі құрамды күрделі сындар құрамына қарай мынадай үлгі арқылы жасалады: 1) сапа сыны + сапа сыны; 2) зат есім + сапа сыны; 3) сапа сыны + зат есім; 4) қатыстық сын + сапа сыны; 5) сапа сыны + қатыстық сын; 6) зат есім + қатыстық сын; 7) қатыстық сын + қатыстық сын; 8) сан есім + қатыстық сын; 9) етістік + қатыстық сын.

Екі құрамды күрделі сындардың сапа сыны + сапа сыны үлгісі бойынша жасалған түрлеріне мыналар жатады: *қара көк, ал қызыл, көк ала, ақ сұр, қара қоңыр, қара кер, ақ құба, қоңыр салқын, майда қоңыр, қызыл шұнақ (аяз), саңлақ жүйрік* т.б.

Тіліміздегі *қара торы* деген күрделі сынға Ж.Шакенов талдау жасап, ондағы *торы* деген сын есімнің жеке тұрғанда адамға байланысты қолданылмайтынын, оның тек жылқымен байланысты ғана қолданылатынын айтады.

Тіпті *торы* деген сын есімнің жылқыдан басқа малдың да ешқайсысына қолданылмайтынын ашық айтқан. Ал осы *торы* деген сөз *қара* сын есіммен тіркесіп, бір күрделі сөз жасағанда, оның мағынасында болған өзгеріс *қара торы* сөзінің адамның түсін білдіруге көшкенін дәлелдеген.

Сөйтіп, екі құрамды күрделі сындар сапа сыны мен сапа сынының тіркесуінен жасалғанда үшінші сапа сыны жасалатыны, яғни күрделі сынды құрамдағы сындардың мағынасынан өзгеше үшінші мағынасының жасалатыны анықталды, бірақ ол мағына сындарларының мағынасына өте жақын мағына екені байқалды.

Екі құрамды күрделі сынды *сапа сыны + зат есім* үлгісінде жасалған күрделі сындарға мыналар жатады: *жалғыз аяқ (жол), қара сирақ, ақ жүрек, қара түнек, ақ көңіл, боз өкпе, ақ балтыр (қатын), бос белбеу, сары қарын (бәйбіше), кең қолтық (қазак), кәрі тарлан (адам), қара көлеңке, арам тамақ, қара бет, көк шандыр (ет), кәрі құлақ (кәрия), ала коленке (кез, уақыт), кок шалғын (жайлау), қара табан (халық)* т.б.

Бұл үлгідегі күрделі сындар тілімізде өте көп, ол өнімді үлгі. Ал оның құрамындағы сындарлар тұтасып бір мағынаға көшкен, зат есім сынар өз мағынасын сақтамаған. Мысалы, *жалғыз аяқ* деген күрделі сын *жол* деген зат есіммен тіркесте қолданылады, сонда *жалғыз аяқ жол* - жаяу

жүретін жол дегенді білдіреді. Түсіндірме сөздікте оған мынадай анықтама берілген: “Еніне аяқ қана сыятын, шұбырған соқпақ жол”. Сөйтіп мұнда *жалғыз* деген сынар да, *аяқ* деген сынар да өзінің дербес тұрғандағы мағынасынан айрылып, екеуі біртұтас лексикалық мағына беріп тұр. Сол сияқты *бос белбеу адам* дегенде де қазіргі мағынасында оның құрамындағы сындардың мағынасынан із сақталмаған, ол жуас, әлсіз, қаталдығы жоқ адам деген ұғымды білдіреді.

Күрделі сындардың құрамындағы сындардың өз мағынасынан мүлдем айрылып, басқа мағынаға ауысуын идиомалану арқылы басқа мағынаға көшу дейміз. Бұл күрделі сын атаулының бәрінде бола бермейді.

Күрделі сынды бұл түрі өте өнімді, тілімізде жиі қолданылады. Мысалы: Онда бұл *боз өкпе*, *ұяң*, *әлі ашылмаған ұзын тұра жас жігіт* көрінген (Есенберлин).

Екі құрамды күрделі сындардың зат есім + сапа сыны үлгісімен жасалған түрлері де тілде мол. Олар: *томаға тұйық, мақпал қара, теке сары, қозы күрең, түлкі бұлаң* т.б.

Осы үлгі бойынша жасалған күрделі сындардың мағынасы сындарларының жеке тұрғандағы мағынасынан басқа екенін мынадан көреміз: *томаға тұйық* - еш хабарсыз, ауыр мінез мағынасын береді, *мақпал қара* - өте қара, мақпалдай қара мағынасын береді, *теке сары* - текедей сары, *қозы күрең* - қозыдай күрең, күрең қозыдай мағыналарын береді, *жүзі қара* - қара бет, ұятсыз деген мағына береді, *түлкі бұлаң* (мінез) - түлкідей бұлаңдап, құбылып ұстатпайтын мінезді адам деген мәнді білдіреді. Осы күрделі сындардың құрамындағы зат есім мағыналы сөздер өзінің заттық мағынасын мүлдем сақтамаған. Олар күрделі сынды екінші сындарының мағынасын күшейту, анықтау, нақтылау қызметін атқарып, онымен біртұтас мағына берген.

Екі құрамды күрделі сындардың *сапа сыны + қатыстық сын* үлгісі арқылы жасалған күрделі сындар да жиі қолданыстағы сөздер. Бұл үлгі де өнімді үлгіге жатады. Осы топтағы күрделі сындардың соңғы сындарларына байланысты ерекшелік байқалады. Бұлардың бір тобының соңғы сындары *-дай/-дей* жұрнағы арқылы жасалған қатыстық сыннан болады да, екінші тобының соңғы сындары *-лы/-лі* жұрнағы арқылы жасалған қатыстық сыннан болады.

Осылардың 1-тобына жататын күрделі сындар: *ақ күріштей, ақ сүйріктей, қара тастай, ақ қағаздай, мөлдір бұлақтай, сұр жыландай, асқар*

таудаы, аи қасқырдай, кең сарайдай, ақ сұңқардай, қызыл түлкідей, кең жайлаудаы т.б.

Ал *сапа сыны + қатыстық сын* үлгісімен жасалған күрделі сындардың 2-тобы - *-лы/-лі* тұлғалы қатыстық сынның тірек сыңар болуы арқылы жасалған күрделі сындар. Олар: *жас балалы, терең ойлы, орта бойлы, қара мұртты, терең сырлы, ақ сәлделі, қыр мұрынды, кең маңдайлы, асыл тұқымды, қара топырақты, қу тілді, жұмыр басты (пенде), салт атты, сұңғақ бойлы* т.б.

Абайдың өз шешесі Ұлжан мен екінші шешесі, сұлу жүзді - Айғыз қатар тұр екен (Әуезов).

Бұл күрделі сындардың ауыспалы сынары тірек сыңардың мағынасын анықтап, күшейтіп, онымен біртұтас күрделі сындық ұғымды білдіреді. Күрделі сынның мағынасы сынарларының мағынасының кірігіп, жалпылануы арқылы жасалады.

Екі құрмады күрделі сындардың *қатыстық сын + сапа сыны* үлгісімен жасалған түрі тілде жиі қолданылады. Бұл өнімді үлгіге жатады. Олардың біразын санап өтейік: *балдай тәтті, түпсіз терең (теңіз), қатықсыз қара (көже), уыздай жас, кіршіксіз таза, жардай семіз, оттай ыстық, нарттай қызыл, айдай сұлу, еңгезердей үлкен, баладай аңқау, мұнтаздай таза, сүттей таза, удай ащы, қаңбақтай жеңіл, мойылдай қара, (бой), абажадай үлкен, оқтаудаы тұзу, қарақаттай қара (көз), мамықтай майда, панасыз жас* т.б.

Екі құрамды тіркесті күрделі сындардың төртінші үлгісіне қатыстық сын + сапа сыны жатады. Бұл топтағы күрделі сындардың бірінші сынары көбіне *-дай/-дей* жұрнақтары арқылы зат есімнен жасалған қатыстық сыннан тұрады да, екінші сынары түрлі мәнді сапа сынынан жасалады. Ал *-дай/-дей* жұрнағы зат есімнен салыстырмалы мәнді сын есім жасайтыны белгілі. Сонда күрделі сынның екінші сыңарындағы сапа сыны заттағы қасиетпен салыстырылып, сапа сынының мәні күшейтіледі. Мысалы, *оқтаудаы тұзу, сыбызғыдай нәзік* (үн), *жардай семіз, удай ащы, қаңбақтай жеңіл* дегенде біз түзудің оқтау сияқты екенін, нәзік үннің сыбызғы үніндей екенін, семіз адамның жардай үлкен екенін, ащының удай, жеңілдің қаңбақтай екенін түсінеміз. Сонда бұл топтағы күрделі сындардың бірінші сынары екінші сыңарының мәнін күшейтіп, анықтап тұрғаны анық көрініп тұр. Бұдан екінші сындардың лексикалық мағынасы басым болып, оның аздап мағынасы толығытыны байқалды. Ал бұл топтағы күрделі сындардың мағынасы екінші сындардың мәнінің толығытынан жасалатыны

анықталды. Сөйтіп соңғы сыңардың мәні мүлдем өзгермей, толығы арқылы, аздаған өзгеріске түседі, бірақ ол оның мағынасынан өзгеріссіз қалуы емес.

Екі құрамды күрделі сындардың келесі үлгісі - *зат есім + қатыстық сын*. Бұл үлгімен жасалған күрделі сындар тілде бірсыпыра: *тал шыбықтай, ат басындай, шақпақ тастай, жай оғындай, шот маңдайлы, арыстан жүректі, алтын басты, кошқар тұмсықты, түйе өркешті, қыз емшекті, күміс баулы, пұшпақ бөрікті, есек дәмелі, бидай өнді, қой көзді, қолы ашық, қаз мойынды, ат жақты, құндыз жағалы, қыз мінезді, түлкі тымақты, кошқар мүйізді, жай оғындай, бидай өнді, қарға тамырлы, киіз үйлі, қақпақ жауырынды, алтын сырғалы* т.б.

Бұл үлгімен жасалған күрделі сындардың мағынасы сыңарларының мағына қосындысының жалпылануы арқылы жасалады. Ал мағынаның жасалуына оның сыңарларының мағыналары қосылғанымен, күрделі сынның мағынасы жалпыланғанда, сыңарлардың мағынасынан алыстап, идиомалануға жетеді: *қаз мойынды* — ұзын мойынды деген мәнді білдіреді, *жібек мінезді* деген де мінезі биязы, жұмсақ дегенді білдіреді. Бұл күрделі сөздердің мағынасының жалпылану дәрежесі әр түрлі. Мысалы, *темір торлы, түлкі тымақты* дегендер сыңарларының мағынасына өте жақын.

Екі құрамды күрделі сындардың бір тобы *қатыстық сын + қатыстық сын* үлгісімен жасалады. Олар: *жіпсіз тұсаулы, арыстандай сымбатты, жолбарыстай қайратты, улы тілді (ақын), ботадай сүйкімді, кінәлі адамдай, қазақы киімді, аплатондай ақылды, жиреншедей ағынды, кестедей нақысты, кілемдей келбетті, өліктей үнсіз, қырма сақалды*.

Мысалы: Кім баласының *арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, аплатондай ақылды, жиреншедей ағынды* болғанын тілемейді? (Аймауытов).

Күрделі сындардың осы тобының мағынасы сыңарларының мағынасының қосылып, жинақталуы, жалпылануы арқылы жасалады, олардың жалпылану дәрежесі түрлі болады.

Екі құрамды күрделі сындардың келесі үлгісі - *сан есім + қатыстық сын*. Бұл өте өнімді үлгіге жатпайды. Алайда тілде олар аз болса да, бар: *жүз қадамдай, екі кісілік, екі қырлы, он күндік (демалыс), бір бетті (адам), сегіз өрімді, үш тармақты, төрт бұрышты, үш бұрышты, бес саусақтай, алты қанатты (үй), екі жүзді, он кісілік, мың жылдық* т.б.

Мысалы: *Жігіт сегіз қырлы, бір сырлы болсын* (Мұқанов). Бұл күрделі сындардың мағынасы сыңарларының мағынасының қосындысынан жасалады.

Екі құрамды күрделі сынның тағы бір үлгісі *етістік + қатыстық сын: ұлыған торсықтай, қаққан қазықтай, күйген терідей, аршыған жұмыртқадай, түксиген қабақты, ашыған айрандай* т.б.

Өнімсіз үлгі ретінде етістік + *сапа сыны* үлгісінде де күрделі сындар кездеседі: *қатқан қара, шыжыған ыстық, уылжыған жас, борпиған сары, ілмиген арық, лытылдаған жылпост* т.б.

Беті күйген терідей бырысып-тырысып қалған неме екен (Мұқанов).

Бұл күрделі сындардың мағынасы сыңарлардың мағынасының жинақталуы арқылы жасалғанымен, одан алыстап, дерексізденген.

Тілімізде үш құрамды күрделі сындар да бар, бірақ күрделі сынның бұл түрі өте аз, екі құрамды күрделі сындармен саны жағынан салыстыруға келмейді: Алайда аз болса да, *аш қасқырдай қомағай, сары алтындай салмақты* (қыз), *таңғы шықтай таза* (сезім), *ал қара көк, бес биенің сабасындай, ақ сұр жүзді* (қыз), *түйе жүн шекпенді, қызыл күрең жүзді* (жігіт).

Үш құрамды күрделі сындар негізінен екі жолмен жасалады: 1) дара сын + күрделі сын, 2) күрделі сын + дара сын.

Дара сын + күрделі сын үлгісімен жасалған күрделі сындар төмендегідей: *күмістей таза сулы, нәзік қоңыр сәулесі* т.б.

Күрделі сын + дара сын үлгісімен жасалған үш құрамды күрделі сындарға мысал мынадай: *сары алтындай салмақты, аш қасқырдай қомағай, ақ сұр жүзді, қызыл күрең жүзді, түйе жүн шекпенді* т.б.

Үш құрамды тіркесті күрделі сындардың мағынасы да - жалпы күрделі сындардың мағынасы сияқты құрамындағы сыңарлардың мағынасы негізіндегі жалпы туынды мағына.

Мысалы, *аш қасқырдай қомағай* деген үш құрамды тіркесті күрделі сынды алсақ, ол күрделі сын мен дара сынның қосындысынан жасалған. Мұндағы *аш қасқырдай* деген күрделі сын *қомағай* деген дара сынның мағынасын толықтырып, күшейтіп тұр, соның нәтижесінде тек *қомағай* деген белгінің күшейтілген мағынасы қалыптасқан.

Ал қара көк деген күрделі сын дара сын мен күрделі сынның тіркесінен жасалған. Мұндағы *қара көк* күрделі сыны көктің қараға жақындау реңкін білдіреді. Оған қосылған *ал қара көк*

реңктің сәл ашық реңкін білдіреді. Сөйтіп үш құрамды күрделі сындардың мағынасы да оның құрамындағы сыңарлардың мағынасына негізделі жасалады.

Күрделі сындардың құрамындағы сыңарлардың мағыналарының кеңуі, жалпылануы, нақтылануы, қосылуы, кірігуі сияқты түрлі өзгерістерге ұшырауы арқасында күрделі сын біртұтас лексикалық мағынаға көшеді.

Күрделі сындардың мағынасы оның құрамындағы сыңарлардың мағыналарының кірігуі, жымдасуы, не сыңарларының бірігуінің, не екеуінің де негізгі мағынасын жоғалтып, басқа мағынаға көшуі, яғни идиомалануы арқылы жасалады.

Осы күрделі сындарды жасауда ерекше қызметті сапа сындары мен қатыстық сындар атқарады. Күрделі сынның жасалуында ұйымдастырушы қызметін тірек сыңар атқарса, күрделі сында тірек сыңар қызметін түр-түс және сапа сыны мен қатыстық сындар атқарады. Басқа сөз таптарынан тірек сыңар қызметінде тек жекелеген зат есімдер кездеседі, олардың идиомалануы арқылы күрделі сын жасалуы кездеседі, бірақ олар санаулы ғана.

Күрделі сындар алуан түрлі мағынада қолданылады, сондықтан оларды түрлі мағыналық топтарға топтастыруға болады, бірақ бұл туралы арнайы зерттеу жасалмаған. Сондықтан мұнда күрделі сындардың кейбір ірі мағыналық тобын түгел қамти алмайды.

Күрделі сындардың төмендегідей мағыналық топтары бар: 1) түр-түс күрделі сындары, 2) сапа мәнді күрделі сындары, 3) адамға қатысты күрделі сындар, 4) киімге қатысты күрделі сындар, 5) табиғатқа қатысты күрделі сындар, 6) жануарларға қатысты күрделі сындар, 7) үй мүліктеріне қатысты күрделі сындар, 8) құрал-жабдыққа қатысты күрделі сындар.

Түр-түс мәніндегі күрделі сындар түсті білдіретін негізгі сындардан жасалады. Өмірдегі зат атаулының түрлі түсін, реңкін білдіреді. Олар іштей ашық түсті білдіретін күрделі сындар (*ақ боз, ал қызыл, ақ сұр*), қою түсті білдіретін күрделі сындар (*қара қошқыл, қара көк, қара торы*), солғын түсті білдіретін күрделі сындар (*күлгін көк, солғын қоңыр*), түрлі түсті білдіретін күрделі сындар (*көк ала, теңбіл көк, шұбар ала*) болып бөлінеді.

Сапа мәнді күрделі сындар мағынасы жағынан түрлі-түрлі. Олардың кейбірін ғана атауға болады: аумақ-көлем мәнді күрделі сындар (*еңгезердей үлкен, қағаздай жұқа, түпсіз терен, қылдай*

жіңішке), салмаққа қатысты күрделі сапа сыны (*қаңбақтай жеңіл, қорғасындай ауыр*), дәм мәнді күрделі сапа сыны (*удай ащы, балдай тәтті*) т.б. түрлі мәнді күрделі сапа сыны (*судай таза, көк жасық, айдай сұлу, октаудай түзу*).

Адамға қатысты күрделі сындар да іштей түрлі мағыналы: бет әлпетке қатысты күрделі сындар (*қара тәмнеш бала, қара қожалақ бет, сопақ бетті*), адамның дене бітіміне қатысты күрделі сындар (*сырықтай ұзын, өңкиген ірі, ілмиген арық*), адамның мінезіне қатысты күрделі сындар (*жайдары жайсан, көк айыл долы, бір беткей*), адамның дауысы, үніне қатысты күрделі сындар (*майда қоңыр, сыбызғыдай нәзік, әсем қоңыр*), киімге қатысты күрделі сындар (*қима қамзолды, түлкі тымақты, ақ көйлекті*), табиғатқа қатысты күрделі сындар (*ақ түтек боран, шыжыған ыстық, үскірік суық*), жануарларға байланысты күрделі сындар (*қара қасқа, тарлан боз, қарагер жорға, саңлақ жүйрік*), үй мүліктеріне қатысты күрделі сындар (*алты қанатты, күйме-сандықты, торқа кілемді*), құралға қатысты күрделі сындар (*өткір пышақты, сабау камшылы*) т.б.

5. САН ЕСІМДЕР СӨЗЖАСАМЫ

Сан атаулары - өте көне заманнан келе жатқан сөздер, оларды барлық көне жазба ескерткіштерден кездестіруге болады. Сан есімдердің көнелігіне байланысты тілдегі барлық сан атауларының қалай жасалғаны анық көріне бермейді. Алайда, сан есімдер де - өзіндік сөзжасамдық жүйесі бар сөз табы және сан есімнің сөзжасамдық жүйесі өте ертеде қалыптасқан. Сан есімнің сөзжасам жүйесінің өзіндік сөзжасам бірліктері, үлгілері бар.

Сан есімнің сөзжасамдық бірліктеріне сан атаулары және сөзжасамдық жұрнақтар жатады. Сан атаулары сөзжасамда негіз сөз қызметін атқарады. Сан есімнің жұрнақтары сөзжасамдық қосымшалар қызметін атқарады. Сан есім сөзжасамына басқа сөз таптарының сөздері қатыспайды, яғни басқа сөз табынан сан есім сөздер жасалмайды.

Сан есімнің сөзжасамында тілде қалыптасқан сөзжасамдық тәсілдердің біразы қолданылады, бірақ бәрі емес. Мысалға сан есімде семантикалық тәсіл қолданылмайды, синтетикалық тәсіл өте өнімсіз, ал сөзжасамның аналитикалық тәсілі сан есім сөзжасамында негізгі қызмет атқарады.

Сан есім сөзжасамдық бірліктерінің қызметі белгілі заңдылықтарға негізделген. Сан есімнің

синтетикалық тәсіл арқылы жасалуы белгілі қосымшалармен ғана байланысты. Сан есім - қосымшаға өте кедей сөз табы. Сан есімнің сөзжасам қосымшаларының қолданылуының тілде өзіндік заңдылығы қалыптасқан. Мысалға сан есім жұрнақтары басқа сөз табына жалғанбай, тек сан есім сөздерге ғана жалғанады да, одан сан есімнің түрлі мағыналық топтары жасалады. Басқа сөз таптарының қосымшалары өз аясында тұйықталмайтын болса, сан есімде оның сөзжасамдық қосымшалары өз аясынан шықпайды, яғни басқа сөздерге жалғанбайды. Сан есім қосымшалары жаңа сан атауларын жасай алмайды, тек сандық атауларды түрлендіріп, оған мағына үстейді. Мысалы: *Екінші, үшінші күндері ағаш отырғызушылардың тобы көбейе түсті. Төртінші бөлімше колхоз бойынша мемлекетке астық сату жоспарын бірінші болып орындады* (Боранбаев). Осындағы *екінші, үшінші, төртінші, бірінші* деген сан есімдердің құрамындағы *-ниші, -інші* жұрнағы реттік сан есімдер жасайды, яғни ол - сан есімнің бір семантикалық тобының жұрнағы. Мұнда осы сөздерге негіз болып тұрған сан атауларынан басқа сандық ұғым, атау жасалмаған. Негіз сөздің сандық ұғымының үстіне реттік мағына қосылған.

Мұндай сан есім қосымшалары көп емес, оларға реттік, жинақтық сан есімдердің қосымшалары жатады. Сан есімнің сөзжасамдық жұрнақтары сан есімнің мағыналық топтарын жасайды. Сан есімнің түрлі мағыналық топтарын жасауға басқа сөз таптарының көрсеткіштері де қатысады. Бұл құбылыс та тіл заңдылығынан негізгі орын алмағанымен, тілде бар құбылыс. Тілдік бірліктердің өз қызметінен басқа да түрлі қызмет атқаруы кездесіп отырады. Сан есімнің мағыналық топтарының жасалуынан бұл біраз орын алады. Мысалы: *Жасы сол кезде қырықтарды алқымдаған, сақалды, мұртты кісі еді* (Мұқанов). *Жасы отыздардағы, қыр мұрынның астына шоқталап мұрт қойған сіріңке қара жігіт* (Жұмақанов). Мұнда *қырықтар, отыздар* деген болжалдық сандар сан есімге көптік жалғау жалғану арқылы жасалған. Мұнда сан есімнің болжалдық семантикалық тобының жасалуына зат есімнің көптік жалғауы қатысып тұр.

Сонымен бірге, сан есімнің синтетикалық тәсіл арқылы жасалуы тілдің жалпы заңдылықтарымен ұштасып жатады. Айталық сан есім қосымшаларының сөзде алатын орны тек сан есім қосымшаларына ғана қатысты заңдылық емес, ол - жалпы қосымшаларға ортақ заңдылық. Бұл сияқты тілдің

жалпы заңдылықтарынан сан есім қосымшалары тыс қалмайды.

Сан есім сөзжасамының түп негізі қосымшаларда емес, түбір сөзге, сандық атауларға қатысты. Сан атауларына тіліміз өте бай. Қандай болмасын сандық ұғымды дәлме-дәл білдіруге тіл байлығымыз, сандық атауларымыз жеткілікті. Осы бай сан атаулары негізінен бір сандық атау мен екінші сандық атаудың бір-біріне тіркесуі арқылы жасалған, яғни аналитикалық тәсіл арқылы жасалған. Басқаша айтқанда, сан есімде сөзжасамдық негізгі бірліктер - сан атауының өзі, өйткені сан есімде сан атауларын туғызу, жасау тек қана бір сандық атау мен екінші сандық атаудың тіркесі арқылы ғана жасалған. Олай болса, сан есімде жаңа сандық ұғым негізінен күрделі сан есімдер, күрделі сан атаулары арқылы ғана аталған. Сондықтан да сан есім сөзжасамның негізгі кілті сандық атау сөздерде, олардың тіркесінде деп саналады.

Сандық атаулардың негізгі жасалу жолы аналитикалық тәсілмен байланысты болғандықтан, бұл тәсіл арқылы сан есімдердің жасалуының өзіндік жолы, тіркесу реті, үлгілері бар. Сан атауларын бір-бірімен тіркестіретін морфемалар, жалғастырушы қосымшалар тілде жоқ, сан есімнің жасалуы таза аналитикалық тәсілге жатады. Сондықтан сан есім сөзжасамының аналитикалық түрінде сөзжасамға қатынасатын сыңарлардың орын тәртібінің маңызы өте зор. Мысалы: *он бір, он бес, отыз алты, елу сегіз, тоқсан тоғыз* т.б. Осы сандық ұғымды білдіру үшін сыңарлардың осы орны сақталу керек. Олардың орнын өзгертуге болмайды. Мысалға жоғарыдағы сандардың сыңарларының орнын өзгертіп *бір он, бес он, алты отыз, сегіз елу, тоғыз тоқсан* түрінде алсақ, жоғарыдағы мағына сақталған жоқ, мүлдем басқа мағына туды. Бұдан сан есімнің аналитикалық тәсіл арқылы жасалымында сыңарлардың орын тәртібі өте тұрақты, оның ерекше мәні бар.

Сан есім кез келген сандардың бір-бірімен тіркесуі арқылы жасалмайды. Мұнда қалыптасқан белгілі заңдылық бар. Ол заңдылық бойынша тілімізде сан атауларының қайсысының қалай тіркесуі қалыптасқан. Оны күрделі сандардың тіркесуі үлгілерінен көруге болады, ал сан есім сөзжасамдық үлгілерге өте бай. Айталық ондық пен бірлік аралас сандардың жасалу үлгісімен жүздіктердің үлгісін салыстырып қарайық. Ондық пен бірлік аралас сандар он және бірлік сыңардан тұратын ондық+бірлік түріндегі үлгі арқылы жасалады да, мағына сыңарлардың мағы-

насының қосындысынан туады: *отыз бес, қырық жеті, елу алты, сексен жеті* т.б. Ал жүздік атаулар бірлік+жүздік үлгісімен жасалады да, мағына сыңарлардың мағынасының көбейтіндісінен туады. Мысалы, *екі жүз, бес жүз, алты жүз, сегіз жүз, тоғыз жүз* т.б. Әр түрлі сандық атаулардың түрлі-түрлі нақтылы үлгілері бар. Ол үлгілердің әрқайсысының белгілі құрамы бар, оған қатысатын сыңарлар тек сан есім сөздер ғана. Әр үлгі бір топ сандардың атауларын жасайды, яғни мұнда нақтылы сан атаулары жасалады.

Сан есім сөзжасамдық үлгілері күрделі сан атауларының жасалуын көрсетеді, ал сан есім мағыналық топтары да аналитикалық тәсіл арқылы жасалады, бірақ мұнда сыңарлардың тек қана сан есім болуы міндетті емес, өйткені оған басқа сөз табы, яғни шылаулар да қатыса береді. Мысалы: *Оның құны көп болса, 10-15 сом* (Мұқанов). *Айналасы отыз шақты ғана үйлік төрелер бірімен бірі айнала құда* (Мұқанов). Осы мысалда сан есімнің болжалдық тобына жататын екі мысал бар. Оның біріншісі *он және он бес* сандарының қосарлануы арқылы жасалған, сыңарларының екеуі де сан есімнен, ал екіншісі есептік санға *шақты* деген шылаудың тіркесі арқылы жасалған. Бұдан тағы да сан есімнің мағыналық тобының жасалуына шылаудың қатысы көрініп тұр.

Сан есім құрамында кездесетін, көне қосымшалардың жағдайы басқашарақ. Олар: *-ыз/-із* (сегіз, тоғыз), *-ты/-ті* (алты, жеті). Бұл морфемалардың этимологиясы белгісіз. Олар басқа сандарда қайталанбайды. Ал сан есім сөздердің құрамында кездесетін басқа жымдасқан морфемалардың түп негізі белгілі сөзге барып тіреледі. Бұл заңды, өйткені сан есім сөзжасамының негізі синтетикалық тәсіл емес, аналитикалық тәсіл. Оған дәлел ретінде құрамы күрделі морфемадан тұратын *алтыс, жетпіс, сексен, тоқсан* атауларын келтіруге болады. Ғалымдар *алтмыш (алтыс), етмеш (жетпіс)* дегендердегі *-мыш(-меш)* жұрнағы әуелде он дегенді білдірген болуы керек деген жорамал айтады. Ал *сексен, тоқсан* дегендерді *сегіз он, тоғыз он* түрінде мүшелейді. Бірақ жоғарыдағы пікірлер ондық атауларының жасалуы бірлік-ондық үлгісіне апаратыны анық. Көне түркі тілінде ондық атауларының жасалуында осы үлгінің қолданылғаны - ақиқат шындық. С.Е.Малов орхон жазбаларында ондықтардың бірліктермен тіркесте *жиырма, отыз, елу, алтыс* сияқты атаулары қолданылса, бірліксіз таза ондық түрінде *екон, үшон, төртон, бесон, алтон* сияқты атаулар қолданылғанын айтқан. Ондық атауларының алғашқысы

қазіргі түркі тілдерінің көбінде сақталса, соңғысы аздаған тілдерде ғана сақталған. Олар: сары ұйғыр, тоғалар, тува, алтай, якут, хакас тілдері.

С.Е.Малов ондық атауларының *жиырма, отыз, алтыс, жетпіс* сияқты түрлері *екіон, үшон, алтыон, жетон* атауларына қарағанда, көне деп санаған. С.Е.Малов бұл пікірде алғашқылардың этимологиясының белгісіздігін, соңғылардың этимологиясының анықтығын негізге алған. Сөздердің морфемдік құрамының сақталмауы оның көнелігіне көрсеткіш бола алатыны тіл білімінде танылған қағида. Сондықтан С.Е.Малов пікірімен келісуге және оны төмендегіше толықтыруға да болатын сияқты.

Тіліміздегі сөзжасам жүйесінің заңдылығы бойынша жаңа сөз тілде бар үлгімен жасалады. Олай болса, ондықтардың соңғы атаулары да бұрын ондықтар жасалған үлгі бойынша жасалған. Бұдан соңғы атаулар жасалған бірлік - ондық (бесон, тортон) үлгісі оның алдындағы сияқты сан атаулары жасалған үлгі деп танылу қажеттігі шығады. Егер бұл дұрыс болса, *алтыс, жетпіс* сияқты сандардың құрамындағы - *тыс, -мыс* көрсеткіштерін түркологтардың *он* ұғымын берген сөз деген пікірі растала түседі.

Сонымен бірге ондықтарға екінші ат беру неге керек болды деген сұраққа да жауап беру өте қажет. Ол жөнінде екі түрлі жорамал келтіруге болады. Біріншіден, ондықтар құрамындағы -*мыс* ондық ұғымындағы өте көне морфема болу керек. Ол - орхон жазбаларының кезінің өзінде көнерген форма, өйткені ол сол кездің өзінде жеке қолданылмаған, осы ұғымда сол кезде *он* сөзі қолданылғаны көне жазба ескерткіштерден белгілі. Сондықтан кейінгі *он* сөзі арқылы бұрынғы үлгі бойынша ондықтардың екінші аттары пайда болуы мүмкін жағдай. Екіншіден, *жиырма, отыз, елу* атаулары бірліктермен бірге қолданылғанын да білеміз. Мысалы: *бір отыз* (21), *екі отыз* (22), *бес отыз* (25). Сан атауының бұл түрінде бірліктің қай ондықтың бірлігі екенін көрсеткен. Осыдан бірліксіз жеке келген толық ондықты атау қажеттігі де туғаны анық. Міне, осы жағдайлар ондықтардың екінші атауларын туғызған деуге болады. Олар: *үшон, төртон, бесон* т.б.

Сөйтіп, аталған ондықтардың құрамындағы морфемдік күрделілік олардың қосымша арқылы емес, бірлік пен ондық ұғымды білдіретін сөздерден ондық атаулары жасалғанын көрсетеді. Қазір құрамы әбден жымдасқан бұл сөздердің аналитикалық тәсіл арқылы екі санның тіркесі-

нен, олардың біріне-бірі көбейтілуі арқылы ондықтардың атын жасағаны көрінеді. Аталған тәсіл сан есім сөзжасамында өте ерте, кең тараған. Негізгі ерте қаланған аналитикалық тәсіл күні бүгінге дейін сан есім сөзжасамынан негізгі орын алады. Бұл сан есім сөз табының даму тарихының барлық кезеңіне қатысты деуге әбден болады.

Қорыта келгенде, сан есім сөзжасам жүйесінен мынадай жағдайлар анық байқалады. Нақтылы сандық атаулардың жасалуына қатысатын бірліктер - тек қана сан есімдер. Ал сан есімнің мағыналық топтарының жасалуына сан есімнің өз көрсеткіштерімен қатар, басқа сөз таптарының кейбір көрсеткіштері де белсенді қатысады. Әрине, сан есім мағыналық топтарының жасалуына кез келген қосымша қатыса бермейді. Ондай қызметке араласатын қосымшалардың түрлері де, саны да белгілі, олар әр мағыналық топтың жасалуында айтылады, олардың негізгі қызметтерімен бірге сан есім мағыналық топтарын жасау қызметі де өте тұрақты, әбден қалыптасқан. Сондықтан оларды сан есім мағыналық топтарын жасайтын көрсеткіштер қатарында тануға әбден болады. Сан есімнің сөз тудырушы, сандық ұғым жасаушы жұрнақтары жоқ. Сондықтан сан есім басқа сөз таптарын жұрнақ арқылы сан есімге айналдырып, өз құрамын толықтыра алмайды, басқа сөз табынан сан есімге айналдыратын қосымшалар сан есімде жоқ. Ешбір сөз табы сан есім сөзжасамына негіз болмайды.

Тілде бір сөз табынан екінші сөз табы жасалып, бір сөз табының сөзі екінші сөз табында жаңа сөз жасауға негіз болып, сөз таптары тілді жаңа сөзбен байытуда үлкен қызмет атқаратыны белгілі. Мысалға етістіктен зат есімдер жасалу, керісінше зат есімдерден етістік жасалу, сын есімнен зат есім не етістік жасалу сияқты құбылыстар тілдің сөзжасамындағы негізгі заңдылықтарға жатады. Тілдің сөзжасам жүйесіне кең тараған негізгі жолға жататын бұл құбылыс сан есім сөз жасамында кездеспейді.

Сан есім өзінің құрамын басқа сөз табы арқылы толықтырмайды. Сан есім сөзжасамының басқа сөз таптарының сөзжасамынан негізгі ерекшеліктерінің бірі де осы белгіге байланысты. Сан есім сөзжасамына тек сан атаулары ғана негіз болады, басқа сөз таптары сан атауларының жасалуына негіз бола алмайды. Басқаша айтқанда, сан есім сөзжасамы сан есім аясынан шықпайды. Сан есімдер өзінің ішкі мүмкіндігі арқылы ғана байып, толығып, басқа сөз табының қатысын керек етпейді. Мұндай ерекшелік басқа сөз таптарында

кездеспейді. Сондықтан оны сан есім сөзжасамына байланысты негізгі ерекшеліктердің бірі санауға әбден болады.

Бірақ бұған қарап, сан есімде ешбір қосымша жоқ деген пікір тумау керек, өйткені сан есімнің өзіне ғана тән аздаған қосымшалары бар. Олар жаңа сандық ұғым туғызбағанымен, санға үстеме мағына қосып, сан есімнің түрлі мағыналық топтарын жасайды. Сан есім қосымшалары тек сан есімдерге ғана жалғанады, басқа сөз таптарына жалғанбайды яғни мұнда негіз сөз тек сан есім ғана болуға тиіс. Бұл жағдай сан есім сөзжасамының өз ішінде тұйықталуын туғызған, басқаша айтқанда, сан есім сөзжасамы өз аясында қалады, оның өз ішінде тұйықталуы сан есім сөзжасамының бір ерекшелігі.

Сан есім сөзжасамында тағы бір ерекшелік өзіне назар аударады. Сан есім сөзжасамындағы негізгі үлгілер мен тәсілдер қазір өз қызметін тұйықтаған, өте бәсеңдеген, олар тілді сан атауларымен қазір күнделікті толықтырып отырған үлгілер мен тәсілдер емес. Анығырақ айтсақ, сан есім сөз жасамының үлгілері мен тәсілдері бір кездерде өте белсенді қызмет атқарып, тілдегі сан атауларын жасаған. Тілімізге орыс тілінен *миллион*, *миллиард*, *триллион* сияқты сан атаулары енген кезде де олардың тіркесімен талай сан атауларын жасауда сан есім сөзжасамының тәсілдері мен үлгілері қызмет атқарады. Бірақ сан есім сөз жасамының тәсілдері мен үлгілері қазір жаңа сан атауларын жасап, тілге жаңа сан қосып, үздіксіз қызмет етіп отырған жоқ. Бұл арада олардың қызметін зат есім, сын есім, етістік сияқты сөз таптарының сөзжасам үлгілері, тәсілдерімен салыстыруға келмейді. Сондықтан да сан есім құрамы басқа сөз таптарымен салыстырғанда, тұрақты деуге болады. Аталған жағдайлар сан есім сөзжасамының өзіндік ерекшелігін танытады.

Зат есім сияқты сөз таптары өз құрамын басқа тілден енген сөздер арқылы да толықтырып отырады. Бұл құбылыс та сан есімде жүйелі түрде болып тұрмайды. Бірақ сан есімге ол мүлдем жат емес. Қазақ тілінің сан есім құрамына орыс тілінен аздаған ғана сөздер енді: *миллион*, *миллиард*, *триллион*. Бұлардың ішінде *миллион*, *миллиард* сандары тілде жиі кездеседі, көп қолданылады. Мысалы: Тіліміздегі сан есімдердің басқа тілден енген сан атаулары арқылы толығыуы өте өнімсіз және басқа тілден сан атауларын қабылдауы жүйелі түрде болып тұратын құбылыс емес. Бұл жолмен де сан есім толығып, байып отыр-

майды. Сан есім сөздер сырттай қарағанда, өте аз болып көрінеді, өйткені бұл сөз табына *бірлік*, *ондық* атаулары мен *жүз*, *мың* сияқты сөздер ғана жатады деп ойлап қалады. Шындығында сан есімге жататын сөздер жиырма шақты дара сөздермен ғана шектеліп қоймайды, оның құрамы бұлардан әлдеқайда мол. Сандық ұғымдарды білдіретін сөздер басқа ешбір халықтың тілінен кем емес. Қазақ тілінде миллионға дейін күрделі сан атаулары жасалған, сан есімді сөз табы дәрежесіне көтеретіндер де - осы күрделі сан атаулары. Бірақ олар санаттан тыс қалып, сөздіктерде көрінбей жүр. Сан есім атауларынан сөздікте не бәрі 20 шақты дара сандардың атаулары ғана беріледі.

5.1. САН ЕСІМДЕРДІҢ СӨЗЖАСАМ ТӘСІЛДЕРІ

Сан есім сөзжасам жүйесінде екі тәсіл қызмет етеді. Олар: аналитикалық және синтетикалық тәсілдер. Аналитикалық тәсіл сан есім сөзжасамының ең негізгі тәсілі. Аналитикалық тәсіл сан есімнің сөзжасамында негізгі тәсіл болып саналатын себебі сан есімнің нағыз сандық атауларының бәрі дерлік аналитикалық тәсіл арқылы жасалған. Сан есімдегі негізгі түбір сан атауларынан басқа есептік сандардың бәрі аналитикалық тәсілмен жасалған.

Негізгі түбір сан есімдерге қобіне *бірлік*, *ондық* атаулары және *жүз*, *мың* деген сандар жатады. Есептік сандарды білдіретін негізгі түбір сан есімдердің саны жиырма шақты сөзден ғана тұрады. Олар бірліктер: *бір*, *екі*, *үш*, *төрт*, *бес*, *алты*, *жеті*, *сегіз*, *тоғыз*, ондықтар, *он*, *жиырма*, *отыз*, *қырық*, *елу*, *алтыс*, *жетпіс*, *сексен*, *тоқсан* және жүздік пен мыңдық атаулары: *жүз*, *мың*, *миллион*, *миллиард*, *триллион*.

Тіліміздегі сандық ұғымдар тек *бірлік*, *ондық*, *жүз*, *мың*, *миллион*, *миллиард* деген дара сандармен ғана шектеліп қоймайды, ең көп сандық ұғымдар - осы сандар араласып келген, күрделі сандық ұғымдар. Олардың саны қандай көп болса, түрлері, құрамдары сондай алуан түрлі. Сондықтан тілде күрделі сандық ұғымдарды білдіру үшін, аналитикалық тәсілдің тіркестіру түрі кең қолданылған. Бұл тәсіл бойынша бір сан атауымен екінші сан атауы тіркесіп, үшінші бір күрделі сандық ұғымды білдірген. Мысалы: *он+бес*, *жүз+алтыс*, *жүз+қырық үш*, *екі мың+алты жүз алтыс төрт* т.б.

Мұндағы құрамы *он* және *бес* деген сандардан тұратын күрделі сандық ұғымды білдіру үшін *он* және *бес* саны тіркесіп, *он бес* деген күрделі есептік сан жасалған. Бұл ондық пен бірлік ара-

лас сандардың тобынан алынды. Ал *жүз алтыс* деген есептік сан есім *жүздік* пен *алтыс* санының қосындысынан тұратын сандық ұғымды білдіреді. *Жүз қырық үш* саны бұдан да гөрі күрделірек, мұнда жүздік, ондық, бірлік қатысқан. Сол сияқты *екі мың алты жүз алтыс төрт* деген сан да мыңдық, жүздік, бірлік сандарының тіркесі арқылы жасалған. Осы мысалдарға қарап-ақ, күрделі сандарды жасауға қатысатын сыңарлар да алуан түрлі екенін көруге болады, ол тәжірибеден де белгілі.

Сөйтіп, аналитикалық тәсіл ондық атауларының жасалуынан басталып, тіліміздегі барлық қалған сан атауларының жасалуын қамтамасыз еткен. Күрделі сан атауларының жасалуы тек қана аналитикалық тәсілге байланысты. Мысалға ондық пен бірлік (он бес), жүздік пен ондық (жүз елу), жүздік, ондық, бірлік (жүз отыз бес), мыңдық, жүздік, ондық, бірлік (бір мың алты жүз тоқсан үш) түрінде араласа келген күрделі сандарға тіліміз өте бай.

Күрделі сан атаулары дара сан атауларынан бірнеше жүздеген, мыңдаған есе көп деуге болады. Сан есім жасауға қатысатын нақтылы сандардан басқа бір сандық мағынаның жасалуының тілде белгілі жолдары, заңдылықтары қалыптасқан. Ол заңдылықтар бойынша сан атауын жасаушы сыңарлар бірімен-бірі белгілі қарым-қатыста тұрады. Ол қарым-қатыстың нәтижесінде ғана басқа сандық атау туады. Олар төмендегідей екі түрлі заңдылыққа жинақталады:

1. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған сандық ұғым күрделі сандағы сыңарлардың бір-біріне көбейтілуі арқылы жасалады: *екі жүз, бес мың, жеті жүз, екі мың, үш мың, сегіз мың, он бір мың, жүз мың, жүз елу мың, екі жүз он бес мың, үш жүз алтыс алты мың* т.б. Сыңарлардың көбейтілу тәсілі кез келген есептік сандардың тіркесіне қатысты емес. Ол белгілі сыңардан құралған күрделі сандарда ғана кездеседі. Анығырақ айтсақ, алдымен, жүздік сандар жасаушы сыңарлар бір-бірімен көбейтіледі. Мысалы: *бір жүз, екі жүз, үш жүз* т.б. Мұндай күрделі сандарды жасауға қатысатын сыңарлар белгілі ғана сан атаулары, олар: *бірліктер* мен *жүз* саны, яғни бұған *10* саны ғана қатыспайды. Ал *тоғыз бірлік* бірінші сыңар болады, ал *жүз* деген сөз екінші сыңар болады. Жүздік сан есімдердің жасалуында *жүз* саны тірек сыңар болып, күрделі санда екінші орында тұрады. Мұнда бірінші сыңар өзгеріп, тірек сыңар өзгермейді: *төрт жүз, бес жүз, алты жүз, жеті жүз, сегіз жүз, тоғыз жүз* т.б.

Екіншіден, көбейтілу тәсілі мыңдық сандар атауының жасалуында қолданылады. Мысалы: *үш мың, он мың, жиырма жеті мың, бес жүз алтыс екі мың* т.б. Мұндай мыңдықтар атын жасауға қатысатын сандар өте көп, бірақ олардың ішінде тірек сыңар бір ғана *мың* деген сөз, ал оның алдынан келетін сыңар алуан түрлі, сондықтан олар өзгеріп отырады да, тірек сыңар ғана өзгермейді. Мысалға, бірліктер, ондықтар, жүздіктер және осылар аралас сандар өте көп. Мысалы, *екі мың, он мың, жүз елу мың* т.б.

2. Сандық ұғым күрделі сандардың сыңарларының қосындысынан жасалады. 1. Мысалы: *он+бір, жиырма+тоғыз, алтыс+сегіз, жүз+алтыс, жүз+сексен, жүз+он* т.б. Күрделі сан есім жасаушы сыңарлардың сандық ұғымының қосындысынан жасалатын күрделі сан есімдер тілде өте көп және ондай күрделі сандарға қатысатын сыңарлар да мол. Сондықтан бұл тәсіл - есептік сан есімнің жасалуындағы өте өнімді тәсіл, өйткені ол сыңар талғамайды, қолдану аясы кең, түрлі күрделі сан атауларының жасалуына қатыса береді. Мысалы: *қырық+бес, жүз+алтыс жеті, сегіз жүз+тоқсан тоғыз, алтыс екі мың + сегіз жүз сексен жеті* т.б.

Сөйтіп, есептік сандар түрлі сандардың жай ғана тіркесі емес, олардың бір-біріне не көбейтілуі, не қосындысы арқылы жаңа сандық мағына жайсайтыны анықталады.

Аналитикалық тәсіл сан есімнің семантикалық топтарын жасауға да қатысады. Мысалы: *жүзге тарта, мың шамалы, жеті-сегіз* т.б. Бірақ онда аналитикалық тәсіл онша өнімді емес, кейбір мағыналық топтарда ғана ол қызмет атқарады, бірақ оның мағынаға әсері де дәл есептік сандарға ғандай емес, өйткені онда нағыз сан атаулары жасалмайды, сандық ұғымға түрлі мағына ғана қосылады.

Сан есімнің синтетикалық тәсіл арқылы жасалуы өнімсіз, өйткені сан есімде сөзжасам қосымшалары өте аз дегенбіз. Бұл тұрғыда сан есім зат есім, сын есім, етістік сияқты сөз таптарымен мүлдем таласа алмайды, ол үстеу сияқты жұрнаққа кедей сөз табымен де тең түсе алмайды. Сан есім сөзжасамының бұл ерекшелігі өте ерте қалыптасқан. Алайда бірлі — жарым сандардың құрамында жекелеген қосымша кездесетінін айта кеткен жөн. Бірлік сандардың атауындағы *-ты -ті, -ыз -із* морфемаларының *алты, жеті, сегіз, тоғыз* сандарында қайталанып тұрғанына қарап, оларды осы сандарды жасаушы қосымша санау бар. Мұнымен бірге осы сандардың жасалуына негіз болып

тұрған морфема, түбір *алтыс, жетпіс, сексен, тоқсан* сандарының жасалуына да негіз болған. Тек бұл түбірлер қазіргі тілдерде жеке сөз ретінде қолданылмайды, бұл, әрине, *-ты -ті, -ыз -із* қосымшаларының қандай мағыналы сөзден *алты, жеті, сегіз, тоғыз* сандарын жасағанын дәл айтуға мүмкіндік бермейді. Бірақ бұларды осы сан атауларын жасаған қосымша деп қарауға қайшы емес. Сондықтан сан есімдегі нақтылы сан атауын жасаушы қосымша дегенде тек осыларды ғана атауға болады.

Ал сан есім сөзжасамындағы синтетикалық тәсіл негізінен сан есімнің мағыналық топтарын жасайтын қосымшалармен байланысты. Сондықтан сан есімнің сөзжасам жұрнақтары мағына жағынан да басқа сөз таптарынан ерекшеленеді, өйткені олар мағына түрлендіруші қосымшаларға жатады. Мұнда негіз сөз де, негізді сөз де бір сөз табына жатады. Сан есімнің синтетикалық тәсіл арқылы жасалуында негіз сөз де, негізді сөз де тек сан есімге жатады. Сонымен бірге сан есім жұрнағы арқылы жасалған негізді сөздің мағынасында негіз сөзде жоқ үстеме мағына болады. Мысалы: *Олар төртеу-ақ. Жетудің кемтігін жаба ала ма?* (Мұстафин). Келтірілген мысалдағы синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сан есімдер: *төртеу, жетеу*. Бұлардың жасалуына негіз болып тұрған сан есімдер: *төрт* және *жеті*. *Төртеу* және *жетеу* сандарының мағынасында негіз сөздердің (төрт, жеті) мағынасында жоқ жинақтық-заттық мағына бар. Бұл үстеме мағына негіз сөздегі *төрт, жеті* сандық ұғымының үстіне қосылған. Сонда негізді сөздің мағынасы негіз сөздің мағынасынан кеңігені көрініп тұр. Сөзжасам теориясы бойынша қашан да негізді сөздің (производная основа) мағынасы негіз сөздің (производящая основа) мағынасынан кең болуға тиісті. *Төртеу, жетеу* сөздерінің мағынасы осы теорияны растап, оған сай келіп тұр. Реттік саннан мысал келтіріп көрейік: *Екіншісі - жан* (Мұстафин). *Қызым бірінші класта оқиды* (Мұқанов). Осы мысалдардағы *бірінші, екінші* деген реттік сандар *бір, екі* деген есептік саннан жасалған негіз сөз. Негіз сөздердің (бір, екі) мағынасына негізді сөздерде (бірінші, екінші) реттік мағына қосылған. Негізді сөздерде (бірінші, екінші) негіз сөздердің мағынасы және реттік мағына бар. Реттік мағына - негіз сөзге үстелген, қосылған мағына. Сөйтіп, негіз сөз бен негізді сөздің мағынасы тең емес болып шықты. Ол - заңды құбылыс. Келесі бір мәселе синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сан есімдердің

бәрінде сандық ұғым өзгеріп, екінші бір сандық ұғым жасалмайды. *Төртеу, жетеу, бірінші* дегендердің бәрінде негізгі сандық ұғым өзгерген жоқ, оларға үстеме мағына қосылды, лексикалық мағына түрленді. Міне, бұл - сан есімнің синтетикалық тәсіл арқылы жасалуының өзіндік ерекшелігі. Сондықтан да біз сан есімнің синтетикалық сөзжасамы лексикалық мағынаны түрлендіруші, құбылтушы топқа жатады деп санаймыз. Ал осыған орай сан есімнің синтетикалық сөзжасамы арқылы сан есімнің есептік сандардан басқа мағыналық топтары жасалады.

5.2. ЕСЕПТІК САНДАР СӨЗЖАСАМЫ

Есептік сандар нақтылы сандық ұғымды білдіреді, нақтылы сандық ұғымдарды атайды. Сан есім сөз табының негізін есептік сандар қарастырады. Олар сан есімнің басқа мағыналық топтарының жасалуына да негіз болады. Сондықтан сан есім құрамында есептік сандар ерекше орын алады, олардың атқаратын қызметі зор.

Тілдегі есептік сандар да құрамын толықтырып, байып отырған. Қазақ тіліне орыс тілінен енген *миллион, миллиард, триллион* сөздерінен басқа сан атаулары кірмеген. Қалған есептік сандардың бәрі тілдің ішкі мүмкіндігі арқылы жасалған. Сан есім өз құрамын басқа сөз таптары арқылы байыта алмайтын болғандықтан, есептік сандар жаңа сандық ұғымдарды атауға өздері негіз болып, ішкі мүмкіндіктері арқылы жаңа сандық атаулар жасалып, толығып отырған.

Есептік сандар жасайтын қосымшалар жүйесі тілде қалыптаспаған, сандық атаулар бір санмен екінші санның тіркесі арқылы жасалған. Басқаша айтқанда, тілде есептік сан атауларының аналитикалық тәсіл арқылы жасалуы қалыптасқан. Сан есім сөзжасамында аналитикалық тәсіл негізгі орын алады дейтін болсақ, ол негізінен есептік санға қатысты.

Есептік сандар ішкі құрылысы жағынан сан алуан. Есептік сандарда ерекше көзге түсетін ерекшелік олардағы сандық қатарлар. Сандық қатарлар сандардың белгілі дәрежесіне байланысты. Мысалға *бірлік, ондық, жүздік, мыңдық, миллион, миллиардтар* сияқты сандық қатарларды көрсетуге болады. Әр сандық қатардың сандық аумағы барған сайын өсіп отырады.

Есептік сандардың әр қатарының аттары - тілде ертеден келе жатқан сандық атаулар. Олардың жасалу ізі бірлі-жарым жағдайда ғана диахрондық аспектіде байқалғаны болмаса, қазір олар

негізгі түбір ретінде танылып жүр. Есептік сандардың сөзжасамы екі сандық қатардың арасындағы сандарға қатысты. Ал олар үнемі бір санмен екінші санның тіркесі арқылы үшінші санның аты жасалады. Осыдан келіп, есептік сандардың сөзжасамы күрделі сандар туғызады. Есептік санның сөзжасамында нақтылы сандардың аты жасалады. Нақтылы санның аты жасалу тек есептік сандарға ғана тән ерекшелік және олардың бәрі көне замандарда жасалып болған, қазір олар дайын сөз, дайын сан атауы ретінде қолданылады.

5.2.1. Күрделі есептік сан атаулары

Сан есім сөзжасамында аналитикалық тәсіл негізгі орын алатындықтан, бұл сөз табы күрделі сан атауларына өте бай. Осы сөз табын негізінен күрделі сөздерден тұрады деуге боларлықтай, өйткені мұнда дара сан атаулары өте аз.

Тіліміздегі сан есім сөз табын құрайтын сөздердің жиырма шақтысы ғана дара сандар. Олар: бірліктер (*бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз*), ондықтар (*он, жиырма, отыз, қырық, елу, алтыс, жетпіс, сексен, тоқсан*) және *жүз, мың, миллион, миллиард, триллион* деген сан атаулары.

Ал күрделі сан атаулары бір сан атауы мен екінші сан атауы тіркесу арқылы жасалады. Тіркесетін сан атаулары - жоғарыда аталған дара сан атаулары.

Ең кіші күрделі есептік сандар - екі сөзден тұратын ондық пен бірліктің қосылуы арқылы жасалатын сан атаулары. Ондай күрделі есептік сандардың жасалуында ондық атаулары тірек сыңар болады да, бірлік ауыспалы сыңар болады. Бірлік пен ондықтың қосындысынан бірлік пен ондық араласқан күрделі сан атаулары жасалады. Мысалы, *он+бір - он бір, он+екі - он екі* т.б. Бұл үлгімен тоғыз күрделі сан жасалады. Әр ондық пен бірліктердің қосылуынан тоғыздан күрделі сан жасалады. Тоғыз ондық пен 9 бірліктің қосылуынан тілде 81 күрделі сан жасалады. 81 күрделі сан атауы - тек ондық пен бірлік араласа екі сыңардан құралған күрделі есептік сандар. Мұндай күрделі сандар *он+бірлік* үлгісі арқылы жасалады. Мысалы, *он төрт, жиырма бес, отыз алты, қырық жеті, елу сегіз, алтыс тоғыз, жетпіс үш, сексен екі, тоқсан бір* т.б.

Жүздік атауларының жасалуы. Жүздік атаулары бірлік пен жүздіктің көбейтілуі арқылы жасалады. Үлгі: *бірлік x жүздік*. Бұл үлгі бойынша екі сыңардан құралатын 9 күрделі сан, яғни 9

жүздіктің аты жасалады: *бір жүз, екі жүз, үш жүз, төрт жүз, бес жүз, алты жүз, жеті жүз, сегіз жүз, тоғыз жүз*.

Мыңдық атауларының жасалуы. Үлгі: *бірлік x мыңдық, ондық x мың, жүздік x мыңдық*. Мысалы, *екі мың, отыз мың, жүз мың*. Бұл - негізгі үлгілер.

Ал ондықтар мен бірліктер араласқан 81 күрделі санның әрқайсысы мыңдықтың алдынан келіп, *мың* сөзіне көбейтіліп, мыңдықтың атын жасайды. Мысалы, *он бес мың, отыз төрт мың, елу екі мың, жетпіс алты мың, тоқсан тоғыз мың* т.б. .

Сол сияқты жүздік атаулары да мың сөзімен тіркесіп, мыңдықтар атауларын жасайды, *екі жүз мың, бес жүз мың, сегіз жүз мың, тоғыз жүз мың* т.б.

Күнделік қолданыста мыңдық атауларынан басқа сан атаулары көп кездеспейді. Бірақ *миллион, миллиардтардың* жасалуы осы үлгілермен сәйкес келеді. Мысалы, *екі миллион, үш миллиард* т.б.

Жоғарыда *жүздік, мыңдық* атауларының жасалуы айтылды. Ал жүздіктен мыңдыққа дейінгі сандар жүздік атауларының үстіне ондық пен бірліктен тұратын күрделі атаулар қосылу арқылы жасалады. Мысалы, *жүз + алтыс жеті, тоғыз жүз + тоқсан тоғыз* т.б.

Сол сияқты мыңдық пен миллион арасындағы сандар да *мыңдық + жүздік, ондық, бірлік* араласқан күрделі сандардың қосындысы арқылы жасалады. Мысалы, *он мың + бір жүз жетпіс екі, тоқсан тоғыз мың + тоғыз жүз тоқсан тоғыз* т.б.

Есептік күрделі сандардың құрамы тек қана сан атауларынан құралады. Олардың жасалуына сан атауларынан басқа ешбір сөз қатыспайды.

Сонымен бірге, сан атаулары бір-бірімен кездейсоқ тіркесіп, сан атауын жасамайды. Күрделі сан атаулары белгілі үлгілер бойынша жасалған.

Екі я онан да көп сандардың бір-бірімен тіркесіп, құрамындағы сандардан басқа сандық ұғымды білдіретін түрі күрделі сан атаулары аталады. Мысалы: *алтыс бес, жүз тоқсан жеті, төрт жүз сексен сегіз, үш мың төрт жүз елу алты* т.б. Мысалда келтірілген 4 күрделі сан атауының біреуі - екі сөзден, екіншісі - 3 сөзден, үшіншісі 4 сөзден, төртіншісі - алты сөзден тұрады. Осы төрт күрделі атаудың құрамдары түрлі болғанымен, төртеуінің әрқайсысы да бір ғана күрделі сандық ұғымды білдіреді, яғни төртеуі - төрт түрлі санның аты. Күрделі сан атауының құрамы ең кемі екі сөзден тұрады, бұл - міндетті шарт, одан кем болуы мүмкін емес. Мысалы: *он бір, жетпіс екі, жүз бес, жүз отыз, мың бір* т.б.

Бірақ күрделі санның құрамы екіден әлдеқайда көп бола береді. Мысалға миллионға дейінгі күрделі сандардың ең көбі тоғыз сөзден тұрады: *тоғыз жүз сексен жеті мың алты жүз елу төрт, бір жүз он үш мың төрт жүз жиырма жеті*. т.б. Мысалға келтірілген екі күрделі санның әрқайсысы 9 сөзден құралған. Миллионға дейінгі күрделі сандардың құрамы тоғыздан аспайды. Ал миллионнан асқанда ғана, одан жоғары болуы мүмкін. Ал миллионға дейінгі күрделі сандардың құрамы тоғыздан жоғары болуы мүмкін емес. Бұдан шығатын қорытынды - күрделі сан атауларының құрамы екі сөзден басталып, тоғыз сөзге дейін жетіп, миллионнан асып, триллионға дейін одан да жоғары болуы мүмкін. Бірақ күрделі сандардың құрамы неғұрлым көбейген сайын күнделікті өмірде оның қолданылуы сирей береді. Күрделі сандардың мыңға дейінгі түрлері өмірде көп кездеседі, көбірек қолданылады, ал миллионға дейінгі күрделі сандар олардан әлдеқайда сирек қолданылады.

Күрделі сандардың құрамы қанша сөзден құралса да, олар тұтас бір сандық ұғымды білдіреді. Мысалға, *он бір* деген мен *он екі* деген екі түрлі сандық ұғымды білдіреді. Бұлардың әрқайсысының мағынасы оның құрамындағы сандардың мағынасынан басқа. *Он бір* деген сан - *он* және *бір* деген сандардан мүлдем басқа сан және оның сандық ұғымы компоненттерінің сандық мәнінен үнемі жоғары болады. Сол сияқты *он екі* деген де жеке алған *он* және *екі* сандарының ешқайсысына тең емес және олардан сандық ұғымы жоғары. Олай болса, бір сан мен екінші сан тіркескенде, үшінші бір олардан жоғары санның аты жасалады. Бұл күрделі сандардың жаңа мағына беруінің нағыз күәсі.

Тілдегі күрделі сандардың әрқайсысының өзіндік мағынасы бар, әрқайсысы да белгілі санды білдіреді. Оларға синонимдік қасиет тән емес. Мысалы, тілдегі *қырық бес, елу бес, алтыс жеті, алтыс сегіз, жүз елу бес, екі мың алты жүз сексен тоғыз* сияқты күрделі сан атаулыны қанша тізе берсек те, олардың ешқайсысының білдіретін сандық ұғымы бірімен-бірі түйіспейді. Бұл арада күрделі сан атауларының мағына дербестігі тағы да дәлелденіп отыр, өйткені тілдегі әр күрделі сан атауының өзіндік мағынасы өзіндік тұрақты құрамы бар, олар бірімен-бірі еш уақытта толық сәйкес келмейді. Күрделі сандардағы бұл құбылыс жалпы сөз атаулыға қойылатын ортақ шартқа сай. Тілдегі әр сөздің өзінше дабыстық, морфемдік құрамы, мағынасы болуы, сол арқылы сөз

бір-бірінен ажырауы әуелгі жалпы заң. Әр күрделі сан атаулары мағына жағынан да, құрамы жағынан да алғашқы қалпын сақтаған. Күрделі сан атауларының осы қасиеті оның сөз статусына қойылатын талапқа нақтылы сәйкестігін көрсетеді.

Күрделі сан атаулары бүгін ғана жасалған сөздер емес. Оның негізі тым әріде жатқаны жоғарыда айтылды. Әрине, күрделі сандардың бәрі бірден жасалды деген пікірден аулақпыз. Дегенмен күрделі сандардың жасалу тәсілі, үлгілері ертеден келеді. Мысалға орхон жазбаларындағы күрделі сандарды келтіруге болады: ондықтар: *екон, учон, йетмиш, сегіз он*; ондық пен бірлік аралас сандар: *йеті йерімі, сегіз иегірмі, алты отуз, иеті отуз, уч отуз, біс йегірмі, алты йегірмі, бір отуз*; жүздіктер: *йеті йуз, мындықтар - йеті бiң, екі-үч бiң, алты бiң, бес түмен* (елу мың) т.б. Бұлардан ондық пен бірлік аралас сандарға өзгеріс енгені, *түмен* сөзі біздің тілімізде сақталмағаны сияқты ерекшеліктер белгілі, бірақ күрделі сандардың жасалуындағы негізгі тәсілдер, үлгілер, заңдылықтар сақталғаны анық. Бұған қарап, күрделі сандардың тілде ұзақ уақыттарды қамтитыны байқалады. Бұл жағдайды да есептен шығаруға болмайды.

Күрделі сандардың құрамы қанша сөзден құралғанына қарамастан, олар сөйлемде бір сөздің қызметін атқарады, бір сөйлем мүшесі болады. Мысалы: *Сағат төртте Жапон теңізі мен Тихоокеан аралығындағы Жапония үстінде жүз жетпіс миллион самолет қалықтап, күндізгі сағат бесте Жапонияның түні басталды* (Ерубәев). Осы мысалдағы *жүз жетпіс миллион* деген күрделі сан есім сөйлемнің бір ғана анықтауыш мүшесі болып тұр. Оның орнына *екі самолет, жүз самолет* деп алғандағы *екі, жүз* деген дара сандардан оның сөйлемдегі қызметінде ешқандай айырма жоқ. Сол сияқты *екі, жүз* дегендер қандай белгілі сандық ұғымды білдірсе, *жүз жетпіс миллион* деген де сондай өзінше сандық ұғымды білдіріп тұр.

Күрделі сандардың дербес сөзге жататынын оларға сөйлемде қосылатын қосымшалар арқылы да дәлелдеуге болады. Тіліміздің жалпы заңдылығы бойынша сөйлемдегі сөздерді бірімен-бірін байланыстырушы қосымшалар сөз соңына жалғанады. Күрделі сандар бір сөз болғандықтан, қосымшалар күрделі сандардың соңғы компонентіне жалғанады. Мысалы: *Биыл олардың саны екі жүз сексен екі мыңнан асып отыр* ("С.Қ.") Келтірілген мысалда шығыс септік жалғауы *екі жүз сексен екі мың* деген бес сыңардан тұратын күрделі санды аяқтап тұрған *мың* деген сөзге жалғанған. Бұл заңды, өйткені *мың* күрделі санның соңғы

шегі, сөз *мың* сыңарымен аяқталады, сондықтан қосымша соған жалғанған. Міне, бұл да күрделі сандардың дербес сөздік қасиетін көрсететін белгілердің бірі.

Күрделі сандар біртұтас сөз болғандықтан, олардың арасына еш уақытта ешбір морфема кіре алмайды, оларды бөліп айтуға болмайды. Күрделі сандар өз тұтастығын берік сақтайды. Әрбір күрделі сан үнемі бір құрамда, сыңарларының орын тәртібін қатал сақтап, тұрақты қолданылады. Бұл да - сөз құрамының тұрақтылығына байланысты жағдай. Күрделі сандардың дербестігін дәлелдейді.

Күрделі сандар сөйлемге тілдегі дайын қалпында алынады. Бұл - тілдегі сөз атаулыға тән негізгі белгі. Сөйлем тілде бұрыннан жасалып қолданылып жүрген дайын лексикалық бірліктерден құралады. Күрделі санның әрқайсысы да тілде көне замандардан келе жатқан, өткен замандарда жасалған, сондықтан олар сөйлемдегі жай сөз тіркестері сияқты әр сөйлем құрастырылған сайын жасалып отырмайды. Күрделі сандар тілдегі басқа сөздер сияқты дайын қалпында сөз тіркесінің бір сыңары ретінде ғана сөйлемге кіреді. Бұл да күрделі сандардың лексикалық дербестігіне дәлел.

Күрделі сөздердің дербес сөз ретінде танылмауына кедергі болып жүрген олардың құрамының күрделілігі, сыңарларының бөлек жазылуы, бірікпеуі. Бұл белгі орыс тілі сияқты славян тілдерінде, индоевропа тілдерінде сөзді тануда қолданылады. Орыс тілінде сөздерді біріктіруші қосымша бар, ол тұрғанда, сөз бірігеді. Ал түркі тілдерінде ондай қосымша мүлдем жоқ. Осы құбылыс бұл тілдерде толып жатқан сөздердің сөз ретінде танылуына кедергі жасап, алғаш емле ережелерін анықтағанда, кеткен кейбір олқылықтар нәтижесінде біріктіріп жазылатын талай сөздердің қазір бөлек жазылып жүргені де белгілі, көбі бірде бөлек, бірде бірге жазылып жүр. Бұдан шығатын қорытынды: сөздің бірге я бөлек жазылуы сөзді тануда түркі тілдерінде негізгі, шешуші белгі ретінде қарауға келмейді.

Әрине, күрделі сандардың сыңарлары үнемі бөлек жазылып келеді, бұған емле ережесінің зияны тиді деген ұғым шықпайды. Ал бірге я бөлек жазылу түркі тілдерінде сөзді тануда шешуші қызмет атқара алмаса, онда ол күрделі сандардың сөз ретінде танылуына да кедергі болмауға тиіс.

Түркі тілдерінің өзіндік ерекшелігінің бірі - олардың күрделі сөзге байлығы. Мысалға күрделі

сын есімдер, күрделі етістіктер оқулықтарда беріліп жүргені белгілі. Күрделі зат есімдер де кейде аталып жүр. Бұлардан басқа да сөз таптарында осындай тілдік бірліктер бар. Олардың бәрі түркі тілдерінің сөзжасам ерекшеліктеріне байланысты. Ал күрделі сөздерге ең бай сөз табы - сан есім, сондықтан олардың сөз статусы танылуы ол сөз табының байлығын танытады, тіл байлығын да орынсыз, жасанды түрде кемітпейді.

Түркі тілдеріндегі сан есім бастаған күрделі сөздердің орны нақтылы анықталмағанын мынадан да көруге болады. Күрделі сөздер жай сөз тіркесіне жатпайды, өйткені олар сөйлемнің сөз тіркесінің бір сыңары ғана бола алатын, тілде бұрыннан бар тілдік бірліктер. Күрделі сандар тұрақты сөз тіркестеріне де жатпайды, тұрақты сөз тіркестерінің белгілеріне сай емес. Сөз ретінде де нақтылы, толық танылып жүрген жоқ, сонда бұлардың тілдің қандай құбылысына жатуы да белгісіздеу қалып жүр. Тілде дара сандармен қатар күрделі сандардың бары басқа түркі тілдерін, мысалы, башқұрт грамматикасында айтылады. Осы айтылғандардың бәрі күрделі сандардың сөз статусының танылуын қажет етеді.

5.2.2. Күрделі сандардың тірек сыңары

Сөзжасам ісіне қатысатын бірліктердің бәрінің қызметі бірдей деуге келмейді. Сөз синтетикалық тәсіл арқылы жасалғанда, қосымша яғни сөзтудырушы жұрнақтың қызметі өте күшті, ол арқылы белгілі мағыналы туынды сөз жасалады және ол талай туынды сөздің жасалуына ұйытқы болады. Сол сияқты күрделі сөздің жасалуына ұйытқы болатын сөздер болады.

Күрделі сандардың жасалуында да тірек сыңар негізгі қызмет атқарады. Күрделі сандардың тірек сыңары бірнеше күрделі санның жасалуына негіз болып, олардың бәрінің құрамынан бір орын алып, бәрінде бір мағына береді. Ондай күрделі сөздердің басқа сыңары ауысып, тірек сыңарға түрлі мағына қосып отырады. Ондық пен бірлік аралас күрделі санда жаңа мағына ондық пен бірліктің қосындысынан шығады. Мысалы: *он бір, он екі, он үш, он төрт, он бес, он алты, он жеті, он сегіз, он тоғыз*. Мұнда *он* саны тоғыз бірлікпен тіркесіп, тоғыз күрделі сан жасаған. Әр ондық та осылайша 9 бірлікпен тіркесіп, тоғыз-тоғыздан күрделі сан жасайды. Ондықтардың тірек сыңар болуы арқылы барлығы тілде 81 күрделі сан жасалған. Бұлардың бәрінде тірек сыңар болатын ондықтар үнемі бірінші орында, ауыспалы сыңарлар екінші орында тұрады.

Бірлік пен ондық аралас күрделі сандардың бәрінде тірек сыңардың мағынасы сақталып, олардың мағыналастығын туғызып отырады. Мысалға *отыз бір, отыз екі, отыз үш, отыз төрт, отыз бес, отыз алты, отыз жеті, отыз сегіз, отыз тоғыз* деген бір тірек арқылы жасалған күрделі сандарда *отыз* санының мағынасы олардың бәрінің мағына ортақтығын, байланыстылығын туғызып тұр.

Тілде тірек сыңар болатын сандар көп емес, олар: ондықтар, жүздіктер, мыңдықтар. Мысалға жүздіктердің тірек сыңар болуын келтірейік. Алдымен *жүз* сөзі жүздіктердің жасалуына тірек сыңар болады. Мысалы: *бір жүз, екі жүз, үш жүз, төрт жүз, бес жүз, алты жүз, жеті жүз, сегіз жүз, тоғыз жүз*. Жүз саны тоғыз бірлікпен тіркесіп, тоғыз түрлі жүздіктің атын жасаған, яғни бұл үлгіде жүздіктердің аты жасалған. Осы күрделі сан атауларының жасалуына *жүз* саны негіз болып, бұл күрделі сандардың жасалуына ұйытқы, тірек сыңар болып тұр.

Жүздіктер атауында тірек сыңар екінші орында, ауыспалы сыңар бірінші орында тұрады. Жүздіктердің мағынасы бірлік пен жүздіктің көбейтіндісінен шығады. Жасалған осы күрделі сандардың бәрінде жүз санының мағынасы бар, ол осы жүздіктердің мағына байланыстылығын туғызып, жаңа мағынаға өзек болып тұр. Осы жасалған әр жүздік бірліктермен де, ондықтармен де, ондық пен бірлікті бірден қосып алып та, күрделі сан жасап, оның бәрінде тірек сыңар болады. Мысалы: *екі жүз бір, үш жүз он, бес жүз он алты* т.б.

Сөйтіп, *жүз* саны жүздіктің түрлерін жасағанда да, жүздіктер мен ондық, бірліктер араласқан күрделі сандардың жасалуына да тірек сыңар ретінде қатысады. *Жүз* саны, ол арқылы жасалған жүздіктер тірек сыңар ретінде қатысып, тілімізде 900 күрделі сан атауын жасаған. Миллионға дейінгі күрделі сандардың жасалуында тірек сыңар қызметінде қолданылатын сандардың ең өнімдісі - мыңдықтар, мыңдықтардың түрлері де мол. Олардың әрқайсысы талай күрделі сандардың жасалуына негіз болады, анығырақ айтсақ, ондық пен жүздіктер арқылы жасалған күрделі сандарды шығарғанда, қалған күрделі сандардың бәрі мыңдық арқылы жасалады. Мысалға, *мың* саны тоғыз бірлікпен тіркесіп, тоғыз мыңдықтың атын жасайды: *бір мың, екі мың, үш мың, төрт мың, сегіз мың, тоғыз мың*. Мыңдықтар бірлікпен ғана жасалып қоймайды, ол ондықпен де, жүздікпен де, жүздік аралас күрделі

сандармен де тіркесіп жасала береді. Мысалы: *он мың, жүз мың, жүз елу мың, тоғыз жүз тоқсан тоғыз мың* т.б. Бұлардың барлығында тірек сыңар - *мың* саны. Ол соңғы орында тұрады, ауыспалы сыңарлар тірек сыңардың алдында тұрады. Тірек сыңардың мағынасы бұл күрделі сандардың бәріне ортақ, бәрінің мағына байланыстылығын туғызады.

Осы жасалған мыңдықтар өзіне түрлі сандарды қосып алып, тірек сыңар ретінде миллионға дейінгі басқа да түрлі күрделі сандарды жасайды: *жүз елу алты мың алты жүз жетпіс сегіз, жүз елу алты мың сегіз жүз тоқсан тоғыз* т.б. Бұларда тірек сыңар болып тұрған сан - *жүз елу алты мың*. Осы сияқты мыңдықтар күрделі сандардың жасалуына негіз болады. Мыңдықтардың атында *мың* саны тірек сыңар болғанда, күрделі санның соңғы сыңары болады, ал мыңдықтардың үстіне қосылған миллионға апаратын күрделі сандарға тірек сыңар болған мыңдықтар бірінші орында тұрып, ауыспалы сыңар соңында тұрады.

Сөйтіп, күрделі сан есімде тірек сыңардың орны екі түрлі, ол күрделі санның алғашқы сыңары да, соңғы сыңары да бола береді. Мысалға, ондық пен бірлік аралас күрделі сандарда тірек сыңар бірінші орында, ауыспалы сыңар екінші орында тұрады. Мысалы: *он бір, отыз екі, қырық бес* т.б. Ал жүздіктер мен мыңдықтарда екі түрлі зандылық бар: 1) Жүздіктің, мыңдықтардың аттары жасалғанда, *жүз, мың* сандары тірек сыңар қызметінде күрделі санның соңғы сыңары болады. Мысалы: *тоғыз+жүз, сегіз+жүз, алты+мың, жүз+мың, екі жүз алтыс екі+мың* т.б. 2) Ал жүздіктерден мыңға, мыңдықтардан миллионға дейінгі жүздіктердің, мыңдықтардың үстіне қосылатын сандардың бәрі ауыспалы сыңар болып, күрделі сандардың соңында тұрады. Мұндай күрделі сандарда жүздіктер, мыңдықтар тірек сыңар қызметінде күрделі санның алдында тұрады. Мысалы: *алты жүз+елу бес, сегіз жүз+жетпіс үш* т.б. Бұдан жүздіктер мен мыңдықтардың тірек сыңар қызметінде күрделі сандарды бірінші орында да, екінші орында да тұра беретіні анықталды, олардың күрделі санда қай орында тұруы қандай сандарды жасауына байланысты. Біз миллионға дейінгі күрделі сандармен шектелгендіктен, одан жоғарғы сандардың тірек сыңары мұнда сөз етілмейді.

Күрделі сандардың жасалуына ұйытқы болатын тірек сыңарлар туралы келесі бір мәселе - олардың құрамы туралы. Күрделі сандарға тірек сыңар болатын сандар дара да, күрделі де бола береді.

Мысалы: *отыз+екі, алпыс+бес, екі+жүз, үш + жүз, бес + мың, тоғыз + мың, жүз + мың* т.б. Мұнда келтірілген күрделі сандар дара тірек сыңар арқылы жасалған. Ал *жүз сексен жеті мың + алты жүз алпыс екі, бес жүз + тоқсан бес* деген сияқты күрделі сөздердің алғашқысында тілек сыңар 4 сөзден тұрады, соңғысында екі сөзден тұрады. Күрделі сан жасаушы тірек сыңардың құрамы түрлі болатыны заңды құбылыс, өйткені тілдегі сандардың құрамы түрліше. Олардың әрқайсысы сан жасауға қатысады, сондықтан да күрделі сандар жасаушы сыңарлардың құрамы түрліше бола береді.

5.3. РЕТТІК САНДАР СӨЗЖАСАМЫ

Сан есімнің синтетикалық сөзжасам жүйесіне жататын қосымшаға *-ыншы, -інші, -ншы, -нші* жұрнағы жатады. Бұл жұрнақ есептік сан есімнен реттік сан есім жасайды, дара күрделі есептік сан есімдердің қайсысынан да реттік сан есім осы жұрнақ арқылы жасалады. Көне түркі жазба ескерткіштер тілінде реттік сан есім 3 түрлі қосымша арқылы жасалған: 1) *-нч* (токузунч), 2) *-нті* (екінті, екінші), 3) *-кі* (*ілкі*, бірінші). Қазақ тілінде осы аффикстердің біреуі (*-ншы, -нші, -ыншы, -інші*) ғана сақталған. Реттік сан есімнің бұл жұрнағы басқа түркі тілдерінде сақталған және өте белсенді, өнімді. Соңғы екі жұрнақ тілімізде реттік сан есімнің қосымшасы ретінде қызмет атқармайды.

Реттік сан есімдер заттың нақтылы сандық мөлшерін емес, заттың реттік санын, тәртібін білдіреді.

Реттік сан есімдердің заттың рет санын, қатар санын білдіруі оның әр уақытта зат есімнің алдынан келіп тіркесуін керек етеді. Осы қолданыс оны аздап сын есімге ұқсатады, өйткені мұнда тек тіркесуі ғана емес, оның заттың белгісін білдіруі де бар. Осы белгінің кейбір тілде басым көрінуі де бар. Мәселен, орыс тілінде реттік сан есімдер деген сан есімнің мағыналық тобы жоқ. Орыс тілінде реттік сан есім туынды сын есімге жатқызылады.

Контексте қарай біздің тілімізде де реттік сандардың сындық мәні басым келетін жерлері бар. Мысалы: *Райхан институттағы бірінші студент* десек, ол “ең жақсы студент, алдыңғы студент, үлгілі студент” деген сияқты ұғым беретінін көреміз. Бірақ бұндай мағынада қолданылуы реттік санның негізгі мағынасы емес, ол белгілі контексте ғана сондай ұғым бере алады.

Бұл ерекшелікті қазақ тілінің зерттеушілері де көрсетіп жүр.

Ал реттік сандардың негізгі мағынасы заттың нақтылы рет, қатар санымен байланысты. Сонымен бірге реттік санның өзіндік мағына ерекшелігі де бар. Реттік сан есімнің тілдің сөзжасам жүйесіне жатқызылуының тағы бір себебі мұнда қосылатын үстеме мағынаның өзіндік бір ерекшелігінде. Мысалы: *он кітап* дегенде шындық өмірде белгілі бір кезең мен кеңістіктегі нақтылы он кітап сөз болған, ол - бар кітаптың нақтылы саны. Ал *оныншы үйде* тұрады дегенде әңгіме бір ғана үй туралы. Бірақ ол үйдің қатар, рет саны - оныншы. Міне, бұл жағдай реттік санда сандық ұғымға да белгілі мағыналық өзгеріс енетінін дәлелдейді. Сондықтан, реттік сандардың сөзжасам жүйесіне жатуы өте орынды екені анықталады.

Реттік сандардың қолданылуына қарай тағы бір ерекшелігі бар. Ол - реттік сандардың заттануы. Заттанған реттік сан есім зат есімдерше түрленіп, зат есімдер атқаратын синтаксистік қызметте қолданылады. Мысалы: *Бірің тапсырғанда, екіншің терезе алдында тұрындар* (Мұқанов). *Екіншісіне кімді ұсынасыз?* (Иманжанов) *Бұл - он бесінші* (Мұқанов). *Мен біріншіде бес алты құлақ шыққан кезде, екіншісінде тары бас жара бастағанда, үшіншісінде сүттен бастағанда, төртіншісінде пісіп келе жатқанда, суардым* (Мұстафин).

Реттік сан есімдер заттың ғана рет санын емес, жыл, ай, күн сияқты мезгілдің де ретін білдіреді. Мысалы: *Өнеркәсіптің жалпы өнімін 1965 жылы 1958 жылғыдан шамамен 80%, оның ішінде “А” тобы бойынша 85-88 процент, “Б” тобы бойынша 62-65 процент арттыру белгіленді* (“СК”).

5.4. ЖИНАҚТЫҚ САНДАР СӨЗЖАСАМЫ

Жинақтық сан есім жасаушы қосымша *-ау, -еу*. Бұл бірден жетіге дейінгі бірлік сан есімдерден жинақтық сан есім жасайды. Ол сандық ұғымды мүлдем өзгертпейді, бірақ есептік санға жинақтау мәнін қосып, оның мәнін абстракцияландырып, заттық ұғым да қосады. Мысалы: *Біреу де болса жетеді. Бес жыл өткен сол тойға енді өкініп жатыр екеуі. Үшеуі оңаша отыр. Ішінен мықты үшеуін таңдап алып, шұңқырға сал. Әлсіздеу біреуін үш көлікпен ауылға қайыр. Екеуі тракторға қалсын. Олар төртеу-ақ. Жетеудің кемтігін жаба ала ма?* (Мұстафин).

Қазіргі түркі тілдерінің көбінде жинақтық сан есімнің *-ау, -еу, -у* дыбыстық варианты қолданы-

лады. Мысалға татар, башқұрт, қарақалпақ тілдерін келтіруге болады. Сонымен бірге басқа түркі тілдерінде ол қосымшаның *-ав, -ов, -ев, -гу, -игу, оо, өө* сияқты дыбыстық варианттары кездеседі. Бірақ қандай дыбыстық вариантта қолданылмасын олардың түп негізі бір.

Жинақтық сан есім де - көне түркі тілінен келе жатқан сан есімнің мағыналық тобы. Оны академик А.Н. Кононовтың мына сөзінен көруге болады: “Жинақтық сан есім - заттанған сан есімдер есептік сандардан жинақтық - көптік көрсеткіштер арқылы жасалады:

1) *-бун, -гун* 2) *-б/г + -н* қосымшасы ескерткіште бір мысалда ғана кездеседі: *учагун* (үшеуі). “Құдатқу білікте” (XI ғ.) бұл форма анықтауыштық қызметте қолданылады. Әрі қарай бұл қосымшаның фонетикалық дамуы мына жолмен өткен: *-бун > -бу > -бі > -б > -у, -у*.

2) *-н* қосымшасы = бун қосымшасының құрамындағы жинақтық, көптік мағыналы көрсеткіш, ескерткіште жалғыз *екін ара* (екеуінің арасында) деген мысалда ғана кездеседі” (Кононов).

Орхон жазба ескерткішінде жинақтық сан есім “*-агу, -егу: учегу*” жұрнағы арқылы жасалды”.

Жинақтық сан есімнің қазіргі түркі тілдеріндегі тағы бір ерекшелігі оның қанша санға тарауына байланысты. Көпшілік түркі тілдерінде татар, башқұрт, құмық тілдерінде бірден онға дейін жинақтық сан есім жасалады. Сөйтіп, түркі тілдерінде жинақтық сан негізінен бірден онға дейінгі санға қатысты, бірден онға дейінгі сандар жинақтық санның жасалуына негіз болады. Ол көне замандардан басталып, күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан тілдік құбылыс.

Жинақтық санның өзі жасалған есептік санынан айырмасы - олардың зат есімнің алдынан келіп, оны анықтаушы сөз ретінде тіркеспеуінде. Бұл қасиет басқа түркі тілдеріне де ортақ. Ал жинақтық сан есімдердің зат есіммен тіркеспеуі оның өзінің заттық ұғымды білдіруімен, заттық мағынасымен байланысты. Жинақтық сан есімнің жинақтық, заттық мәнін оның түрленуі де растайды. Жинақтық сан есім зат есім сияқты түрленеді. Әсіресе, тәуелдік, септік жалғауларымен жиі түрленеді, сөйлемде де түрлі орында қолданыла береді.

5.5. ТОПТЫҚ САНДАР СӨЗЖАСАМЫ

Топтық сан есімдерде көне замандардан келе жатқан *-ер* жұрнағы бар. Бұл жұрнақ арқылы қазақ тілінде *бірер* деген жалғыз сөз ғана жаса-

лады. Бірақ бұл жұрнақ басқа түркі тілдерінде қазақ тіліндегіден әлдеқайда өнімді қызмет атқаратыны байқалады. Осы жұрнақтың бірсыпыра түркі тілдерінде *-ар, -эр* дыбыстық варианттарымен қатар - *сар, -сер, -шэр* варианттары да бар. Олардан татар, башқұрт, түрік, қарақалпақ, гагауз, қарачай-балқар тілдерін атауға болады. Ал осы қосымшаның бұл тілдерде қолданылу жайына келсек, қазақ тілінде топтық сан есімнің *-ер* қосымшасы арқылы жасалуына жалғыз бір сан есімі ғана негіз болса, басқа түркі тілдерінде топтық санға негіз болатын есептік сандар біздің тіліміздегідей санаулы емес, ол тілдерде бұл мағыналық топ біздің тілімізден өнімді. Кейбір түркі тілдерінде осы қосымшалар арқылы онға дейінгі есептік саннан, ал кейбіреулерінде оннан кейінгі күрделі санға да жалғанып, олардан топтық сан есім жасайды. Түркі тілдерінің басым көпшілігіне тән бұл қосымшаның қазақ тілінде бір ғана дыбыстық варианты және бір сөзде ғана сақталып, ол көнерген өнімсіз аффикске айналған және оның ешқандай топтау мағынасы сақталмаған.

Қазіргі қазақ тілінде топтық сан есім жасалатын негізгі көрсеткіш шығыс септік жалғауы. Ол есептік санға қосылғанда, синтаксистік қызмет атқармайды, есептік санды сөйлемде басқа сөзбен байланыстыру қызметінде емес, есептік санға топтау мәнін қосады. Мысалы: *Күніне үштен, төрттен бордақы семіз қойларды сойғызып, үйткізеді* (Әуезов). *Сикорский жігіттерді жиырмадан топтап бөле бастады* (Мүсірепов).

Қайталама қос сөзден тұратын болжалдық сан есімдерден шығыс септік жалғауы арқылы топтық сан жасалады. Мысалы: *Әлти жалшыны екіден-үштен емес, елуден-алпыстан жалдайды*. (Мұқанов). *Жүз-жүзден шоғырланып аттанған жігіттер...*

Топтау саны, топтау ұғымы сан есімнен кейін тіркескен өлшем мағынасындағы *ға, ке; метр, пұт, литр* т.б. сөздерде шығыс септік жалғауы қосылу арқылы да жасалады. Мысалы: *Алдағы жылда гектарына 200 центнерден астық аламын* (Мұстафин). *Гектарынан жүз жиырма бес центнерден алғанда, тары басын көтере алмай құлап қалған* (Мұстафин).

Морфологиялық құрамы жағынан топтық сан есімдер де дара және күрделі болады. Бұл топтық сан есімдердің жасалуына негіз болған есептік санның дара және күрделі болуына байланысты. Мысалы: *он + нан, жүз + ден, жиырма бес + тен, жүз елу + ден, алпыс үш + тен, екі жүз елу алты + дан, бес-бес + тен, он-оннан* т.б.

Топтық сан есім шығыс септік жалғауы арқылы есептік сандардан талғамай жасалады, топтық сан жасалатын есептік сандарға не оның құрамына шек қойылмайды, тек *-ер* жұрнағы арқылы топтық сан жасалуда ғана шек бар. Шығыс септіктің топтық сан жасаудағы қызметі өнімді, мағынасы жағынан алғанда, шығыс септік мұнда өз мағынасынан мүлдем айрылған, онда қимылдың басталар нүктесін білдіру мағынасы мүлдем жоқ. Топтық санда шығыс септік өз мағынасынан айрылып, заттардың сан мөлшерін топтап көрсетеді, сондықтан оның синтаксистік қызметі де сақталмаған. Шығыс септіктегі сөз сөйлемде мекен пысықтауыш, кейде толықтауыш болса, топтық сан есімдер сын қимыл пысықтауышы болады. Мысалы: *Қаладан келді, жақсыдан – шарапат. Олар он бес – жиырмадан келеді.* Келтірілген мысалдарда *қаладан* - мекен пысықтауыш, *жақсыдан* - толықтауыш, *он бес-жиырмадан* - сын-қимыл пысықтауыш.

Топтық сан есімдер сөз түрлендіруші қосымшалармен түрленбейді.

5.6. БОЛЖАЛДЫҚ САНДАР СӨЗЖАСАМЫ

Объективті өмірде зат, құбылыс атаулының барлық уақытта саны, мөлшері анық бола бермейді, сөйлеушіге заттардың саны нақтылы болмағанда, оның шама, мөлшерін болжалдап қана айту тілде кең орын алады. Осымен байланысты тілде болжалдық сан есімдер қалыптасқан. Тіліміздегі болжалдық сан заттың, нәрсенің санын дәл, нақты білдірмейді, тек шамамен, болжалдап қана оның сан мөлшерін білдіреді. Мұнда болжалдық санның жасалуына негіз болған сандық ұғым нақтылы өз мағынасын сақтай алмайды, өйткені заттың саны болжалдық санға негіз болып тұрған есептік саннан артық болуы да, кем болуы да мүмкін. Мысалы: *Құдасының аулына Ұлжан отыз шақты кісімен келген* (Әуезов). *Бұл екеуінің елі жақын, 30-40 шақырымдай ғана жерде* (Мұқанов). *Бір сиырдан бес-он литр сүт алғанша, жиырма-жиырма бес литр сүт алса, бір гектардан бес-он центнер астық алғанша, жиырма-жиырма бес центнер астық алса ішті жара ма?* (Ф.Мұстафин).

Келтірілген мысалдарда *отыз шақты кісі* дегенде кісінің нақты саны отызға жетпеуі де, отыздан артық болуы да мүмкін. Сонда *отыз шақты* дегендегі *отыз* дәл өзінің сандық мәнінде тұрған жоқ. Сол сияқты отыз-қырық дегенде де нақтылы сан 31, 32, 34, 37, 41 сияқты осы сандар-

дың маңындағы нақтылы бір сан екені сөзсіз. Бірақ оны сөйлеуші дәл білмейді. Сондықтан отыз-қырық дегендегі сандар осы мөлшерде дегенді ғана білдіреді. Қалған мысалдардағы *бес-он, жиырма-жиырма бес* дегендерде де дәл жоғарыдағы жағдай.

Сөйтіп, болжалдық сан есімдерде нақты сан мөлшер ұғымы жоқ, абстракты сан мөлшер ұғымы бар, бұл оның есептік саннан негізгі мағына айырмашылығы.

Болжалдық сан есімдер тілімізде өте жиі қолданылады, оның жасалу жолы жағынан да мүмкіндігі өте мол. Оларды екіге топтауға болады, болжалдық сан есімдер синтетикалық және аналитикалық тәсіл арқылы жасалады.

5.6.1. Болжалдық сандардың синтетикалық тәсіл арқылы жасалуы

Қазақ тілінде болжалдық сан есім жасаушы көрсеткіштер ретінде төмендегі қосымшалар көрсетіліп жүр:

1. *-дай, -дей, -тай, -тей* қосымша есептік сан есімге жалғанып, оған болжал мағынасын қосады: *алпыстай, мыңдай, жүздей*. Мысалы: *Үйшіктердің саны он бестей* (Сейфуллин). *Сол кезде ол үйде мың жарымдай жылқы, екі-үш мыңдай қойы бар екен. Мектепте төрт жүз елудей бала оқуы керек* (Мұқанов). Келтірілген мысалдардағы *он бестей, мың жарымдай, екі-үш мыңдай, төрт жүз елудей* дегендердің ешқайсысында заттың нақтылы саны айтылмаған, бұлардың бәрінде аталған санның шамасында, соған жақын деген ұғым бар. Бұдан шығатын қорытынды болжалдық сан жасаушы морфема негіз сөздің мәнін өзгертіп тұр. Мұнда сөзжасамға негіз болған есептік сандардың мағынасы өзгеріссіз қалған жоқ, сондықтан да бұның сөзжасамға жататын құбылыс екені күмәнсіз.

Тіліміздегі бұл морфеманың негізі сын есімнің *-дай, -дей, -тай, -тей* жұрнағы деп танылады. Сын есімде бұл қосымшаның салыстыру мағынасын беретіні белгілі: *таудай, үйдей, қақпақтай, темірдей* т.б. Ал болжалдық сан есімде оның салыстыру мағынасынан нышан қалмаған. Осы мағыналық ерекшеліктің өзі бұл көрсеткіштің тіліміздегі сан есімнің құрамында сөзжасам морфемасы болып қалыптасқанын көрсетеді. Бұл қосымша тек *бір* сан есіміне жалғанғанда ғана, өзінің сындық ерекшелігін сақтап, одан сын есім жасайды. *Бірдей: бірдей адамдар, кітап сөрелерінің биіктігі бірдей* т.б. Тағы бір ауытқу осы қосымшаның *-лей* ва-

риантының *екінші* деген реттік санымен қолданылуына байланысты. *Екіншілей* деген туынды сөз сан есімнен жасалғанына қарамастан, осы сөз табынан шығып, үстеуге ауысып кеткен. Қалған жағдайдың бәрінде ол қосымша есептік саннан болжалды сан есім жасайды. Өте өнімді жұрнақ сан есімді талғамайды, сондықтан кез келген дара, күрделі есептік сандардан болжалдық сан есім жасайды: *ондай, елудей, жүз елудей, алпыс бестей*, т.б. Дегенмен бұл қосымшаның тілде бірлік саннан гөрі ондық, жүздік мыңдық сандармен жиі қолданылатыны байқалады.

Есептік сан көлемдік, мезгілдік зат есіммен тіркесіп, оның сан мөлшерін шамамен білдіргенде, *-дай, -дей* қосымшасы сан есімге жалғанбай, мезгілдік, көлемдік зат есімге жалғанады; бірақ сан есімге болжалдық мән қосады: *50 күндей, екі құлаштай, 10 килограмдай, 7 шақырымдай, төрт аптадай* т.б.

2. Есептік сан есімге *-дан, -ден, -тан, -тен, -лап, -леп* қосымшасы қосылып, одан болжалдық сан есім жасайды. Бұл тәсіл арқылы жасалатын болжалдық сан есімге есептік сандардың қайсысы болсын, негіз бола береді. Сондықтан *-дан, -ден* қосымшасының болжалдық сан есім жасау мүмкіндігі мол, өнімді қосымшаға жатады. Мысалы: *ондан, жүздеп, он мыңдап, қырық-отыздап* т.б. Дегенмен, мұнда да бұл қосымшаның ондық, жүздік, мыңдық сандардан болжалдық сан есім жасауы жиі кездеседі.

Көлемдік, мезгілдік заттардың болжалдық санын білдіруде қосымшаның есептік санға жалғанбай, көлемдік, мезгілдік зат есімге жалғанып, болжалдық мағына беруі де бар. *Он күндеп жатады, күніне 100 километрлеп жүреді, жылдап көрмейміз, 200 тонналап тасиды* т.б.

-дан, -ден қосымшасының негізі етістікпен байланысты (*-лап, -леп*), бірақ ол сан есім құрамында етістік, қимыл, көсемше мәнін сақтамаған. Есептік санға жалғанған *-лап, -леп* қосымшасы мүлдем басқа мәнге ие болған, ол - болжалдық мағынаға көшкен, болжалдық мағына етістіктің *-ла, көсемшенің -п* жұрнағында жоқ. Сондықтан *-лап, -ден* қосымшасы - сан есімнің, оның ішінде болжалдық сан есімнің көрсеткіші. Тілде бұл қосымша болжалдық мәнге ие болған, сондықтан сол сан есімнің сөзжасам жүйесіне жатады. Бұл қосымша арқылы жасалған туынды сан есім негіз сөз бен қосымшадан тұрады: *ондан* дегенде *он* - негіз сөз, қосымша *-дан*. Мысалы: *Әлти жалшыны екілеп-үштеп емес, елулеп-алпыстап жалдайды* (Мұқанов). *Сонын ішінде*

бес жүздеп, мыңдап тобымен кететіндер бар (Мұстафин).

3. Есептік саннан *-даған, -деген, -таған, -теген* қосымшасы арқылы болжалдық сан есім жасалады; *бестеген, жетілеген, отыздаған, жүздеген, қырық-елулеген, миллиондаған* т.б.

Шығу тегі жағынан *-даған, -деген* қосымшасы сан есімнің өзінен шыққан қосымша емес, ол етістіктің *-да* және есімшенің *-ған* қосымшасынан қалыптасқан. Бірақ болжалдық сан есімнің қазіргі *-даған, -деген* қосымшасынан етістіктің *-да* жұрнағы мен есімшенің *-ған* жұрнағының мәнін, мағынасын іздеу мүмкін емес. Олардың мағынасынан бұл құранды қосымшада із қалмаған. Сөйтіп, бұл қосымшалар өз мағынасынан айрылып, жаңа мағынаға ие болған, сондықтан қазір *-даған, -деген* қосымшасы болжалдық сан есімнің тұрақты, өте өнімді көрсеткіші.

4. Есептік сан есімнен көптік жалғауы да болжалдық сан есім жасайды: *Жасы сол кезде 50-60-тарда* (Мұқанов). *Ондарға келгенше, Асаубайдың өмірден алғаны да осы ғана еді* (Тиесов). *Кешкі сағат сегіздерде басталған мәжіліс түнгі бірден аса бітті* (Мұқанов).

Көптік жалғаудың сан есімге тән аффикске жатпайтыны әркімге белгілі. Сан есім тіркескен зат есімге қазақ тілінде көптік жалғау жалғанбайды, өйткені заттың көптік мәні сан есімнен көрінеді. Мысалы: *130 қой, бес жүз жылқы, жүз түйе* дегендерде заттың көптік мәні нақтылы сан арқылы берілген. Тілдің ықшамдау заңдылығы оның екінші рет көптік жалғауы арқылы қайталануы артық деп тапқан, сондықтан зат есімдер сан есімнен кейін көптік жалғауын қабылдамайды. Сан мен заттың тіркесінде зат есімге жалғанбайтын көптік жалғаудың сан есімге жалғануы оған көптік мағына беруден шықпаған және сан есімге көптік жалғаудың жалғануынан қалған қалдық та емес, өйткені сан есімдер көптік жалғауы арқылы түрленбейді. Олай болса, көптік жалғауының есептік сан есімге жалғануының өзі сөзжасам мақсатына қатысты шыққан.

Көптік жалғауының есептік сан есімге қосатын болжалдық мағынасында да болжалдық сан есімнің басқа көрсеткіштерінен айырма жоқ. Олар қандай болжалдық мағына берсе, көптік жалғау да сондай болжалдық мағына береді. Сондықтан есептік сан есімге қосылған көптік жалғауды да болжалдық сан есімнің көрсеткіші деп тану қажет, ол мұнда жұрнақтық қасиетке жеткен.

Түркі тілдерінде топтық мағынада қолданылатын *-ер* жұрнағының қазақ тілінде өзіндік

ерекшелігі бар. Біздің тілімізде бұл жұрнақ өте өнімсіз, жалғыз *бір* сан есімінен ғана сөз жасай алады, басқа тілдерде ол өнімді қосымша, оны топтық сан есімдердің жасалуында айтқанбыз. Сонымен бірге бұл жұрнақтың беретін мағынасында да басқа тілдердегідей топтық мән жоқ, біздің тілімізде оның болжал мағынасы бар. Мысалы: *Шыдар ем күйіп, мен жанып, Айында бірер көрсем де* (Абай). *Онда екі-үш-ақ құлынды бие, бірер ғана бұзаулы сиыр бар* (Мұқанов).

Кейде *бір* сан есімнің өзінің де ешбір қосымшасыз болжал мағына беруі де кездеседі. Мысалы: *Әлі бір бес жыл оқығым келеді* (Мүсірепов). *Енді бір он жылдарда бұл жұмысты да бітіреміз ғой* (Мұқанов).

5.6.2. Болжалдық сандардың аналитикалық тәсіл арқылы жасалуы

Болжалдық сан есімнің аналитикалық тәсіл арқылы жасалуы да өте өнімді, оның өзі іштей бірнеше түрлі. Олардың негізгілеріне тоқталайық:

1. Есептік және жинақтау сандардың қосарлануы болжалдық мағына туғызады. Мысалы: *Бұрын бір шығырмен төрт-бес гектар жерді суарып болғанша, жан шыға жаздаса, қырық-елу гектарды қалай суармақсың* (Мұстафин).

2. Есептік сан есімдерге шылаулардың тіркесуі арқылы болжалдық сан есім жасалады. Мысалы: *Түбектің аумағы қырық-елуге жуық гектар. Жасы отыз-қырық шамасында* (Сейфуллин).

1) Атау тұлғалы есептік сан есімге *шақты, шамалы, қаралы* септеулік шылаулары тіркесіп, оған болжалшық мағына қосады: *жүз шақты, мың қаралы, қырық шамалы*.

2) *Артық, астам, аса*, асқан септеулік шылаулары есептік сан есімге тіркесіп, одан болжалдық сан есім жасайды. *Гектарынан 200 центнерден артық астық алу мүмкін емес* (Мұстафин). *Құрылыс жұмысына екі мыңнан астам адам шықты* (Мұқанов). *Біздегі бір әйел жүз саулықтан жүз жетпістен аса қозы алды* (Мұстафин). *Астам, аса, артық* шылаулары шығыс септіктегі есептік санға тіркеседі. Ол жоғарыдағы мысалдан көрініп тұр.

3) *Жақын, тарта, таяу, жуық* септеулік шылаулары барыс септіктегі есептік санға тіркесіп оған болжалдық мағына қосады: *жүзге жуық, мыңға тарта, елуге таяу, онға жақын* т.б.

4) Есептік санға *талай, бірнеше, әлденеше* сияқты белгісіздік есімдіктері тіркесіп, оған болжалдық мағына қосады. Мысалы: *бірнеше жүз*

жылдар, әлденеше мыңдаған адам, талай ғасырлар бойы неше жүз жылдар т.б. Әрине, есімдік сияқты сөз таптарының тіркесі контекстке байланысты, сондықтан оларды сан есімнің сөзжасамына жатқызу қиын.

5.7. БӨЛШЕКТІК САНДАР СӨЗЖАСАМЫ

Бөлшектік сандық ұғым тілде бар, ол математика ғылымының дамуына да қатысты. Бірақ соған қарамастан, тілде бөлшектік санның арнаулы қосымшасы жоқ. Ол ұғым есептік сандардың белгілі синтаксистік қатысқа түсуіне байланысты беріледі. Мысалы: *оннан үш, төрттің бірі, үштің екісі, бестен бір* т.б.

Бөлшектік сандар құрамына қарай күрделі болып келеді, өйткені оның құрамына бөлім және алым сан кіреді. Міне, осы екі сан тілде үш түрлі формада тұрып, бірімен-бірі тіркеседі:

1. Бөлшектік сан есімдердің құрамындағы бірінші сыңар ілік септікте, екінші сыңар тәуелдік жалғаудың 3 жағында тұрып, бірімен-бірі тіркеседі: *бестің екісі, онның бірі, жүздің оны*, т.б.

2. Бөлшектік сан есімдердің құрамындағы бірінші сыңар шығыс септікте, бөлшектік сан ұғымын білдіреді: *төрттен бір, жиырмадан төрт, жүзден екі, мыңнан алпыс* т.б. Мұнда көбіне бөлігі деген сөз тіркесе қолданылады: *Кітаптың екіден бір бөлігін оқыдым*.

3. Бөлшектік санның құрамындағы бірінші сыңар шығыс септік жалғауында, екінші сыңар тәуелдік жалғауында тұрып тіркесіп, бөлшектік сан ұғымын білдіреді: *екіден бірі, оннан үші, жүзден бірі* т.б.

4. Бөлшектік сандар *жарым, жарты, ширек* сөздерінің есептік сандармен тіркесуі арқылы жасалады: *мың жарым, жарты мың, үш ширек* т.б.

6. ЕТІСТІКТЕР СӨЗЖАСАМЫ

6.1. ТУЫНДЫ ТҮБІР ЕТІСТІКТЕР

Кел, кет, ал, бер, жүгір, жүр, отыр т.т. жүздеген тума түбірлер өзге сөз таптарынан іс-әрекет, қимылды беру мағыналарымен ғана емес, осы қалыптағы грамматикалық мағыналары және одан әрі етістікке тән морфология-синтаксистік барлық жүйелі қасиеттерімен өзгешеленеді. Қай сөз табынан болса да, етістік жасайтын кез келген жұрнақ та бір өзі сол морфология-синтаксистік етістік сипатын түгелімен бойына сыйдырады. Жұрнақтың мағыналық қасиет үстейтін сөзжа-

самдық құдіреті - осында. *Ойын* мен *ойн-а*, *ою* мен *ою-ла*, *кең* мен *кең-ей*, *көз* бен *көз-ік*, *көл* мен *көл-кі* т.т. алғашқыларын соңғы жұрнақ-тыларымен салыстырып, айырмаларын анық байқауға болады. Тума түбірлері - есімдер (одағайы да бар). Соңғы жұрнақтылардың бәрі, яғни туынды түбір етістіктер. Енді олардың кез келгені сен жіктеу есімдігімен: *сен ою оюла*; *сен аһла*, *үһле*; *сен ойна* т.т. болып, етістіктің бұйрық райын жасайды. Бұйрық райдың түбір етістікпен сәйкестік қасиетіне ие болып, олар одан әрі: *ойна-лса*, *ойна-шы*, *ойна-саңшы*, *ойна-сайшы*, *ойна-нқыра*, *ойна-й қой*, *ойна-й сал*, *ойна-й түс*, *ойна-п қал* сияқты күрделі тұлғаларды, сондай-ақ, *ойна-ды*, *ойна-ма-ды*, *ойна-ған-ды*, *ойна-й-мын*, *ойна-са-қ*, *ойна-ма-й-тын-сыңдар* т.т. етістікке тән сан қилы семантика мен грамматикалық мағыналарды береді.

Тіл білімінде аллосем, алломорф т.б. терминдер бар. Бұларды кейбір мамандар өзара синоним деп те таниды. Әрқайсысын дербес терминдерге жатқызатындар да жоқ емес.

Аллосем деп, бір морфеманың (қосымшалардың) көп мәнділігін айтса, алломорф деп, бір морфеманың (эринен қосымшалар, аффикстердің) фономорфологиялық көп варианттығын айтады. Біз де, негізінен осы түсінікте қолданамыз.

Туынды түбір етістіктер жасайтын етістік жұрнақтарының саны кімді де болса, қызықтырады. Туынды түбір етістіктерге арналған зерттеулерде: олар әдетте “фонетикалық варианттарымен қоса, екі жүзден асады”.

1. Туынды түбір етістік жасайтын жұрнақтардың бәріне бірдей ортақ мағыналары бар. Олар:

А: а) мейлі етістіктен жасасын,

ә) өзге сөз таптарынан жасасын (*бай-ы*; *мін-гес*, *қу-ала*, *қу-дала*, *жыл-жы*, *ер-т*) лексикалық (әрқайсысы дербес лексемалар есепті), семантика-грамматикалық (бұйыру, 2-жақ жекеше, арнайы түрі, келер шақ, болымды т.т.) көп мағына береді.

Б: жұрнақтар: *-а*, *-ы*, *-қ*, *-к* т.б. жеке-дара бір ғана фонемадан немесе *-ла*, *-не*, *-жы* (эринен шартты түрде) тәрізді екі-ақ фонемалы, сондай-ақ 3,4, одан да көп дыбысты құрамдылары бола ма - бәрібір олар сингармонизм заңына бағынады. Өздері қосылатын түбірлердің жуан немесе жіңішке буындылығы (*сан-а*, *сын-а*, *мін-е*; *сыр-ла*, *бір-бір-ле*), сондай-ақ түбір сонындағы дыбысқа да үйлесіп (*тап-та*, *еп-те*; *қол-да*, *жол-да*; *қиу-ла*, *кеу-ле*) т.т. бір жұрнақтың өзі “мынау

- негізгісі, мынау - соның фонетикалық варианты” деуге келмейтін, бірнеше түрлі фономорфтар тобынан тұрады. Олардың саны кемі - екеу (*-а*, *-е*; *-ы*, *-і*), болмаса үшеу (*-с*, *-ыс*, *-іс*), не төртеу (*-қа*, *-ке*; *-ға*, *-ге*), бірсыпырасы - алтау (*-ла*, *-ле*; *-да*, *де*; *-та*, *-те*) болады. Осыларды алломорфты морфемалар дейміз.

Жалпы сөзжасам проблемаларына, сондай-ақ оның негізгі амалдары - синтетикалық және аналитикалық етістіктермен байланысты: *телефон соғу* мен *телефон-дау*, *көмек көрсету* мен *көмектесу*, *тамақ беру* мен *тамақ-тан-дыру*, *жүре түсу* мен *жүр-іңкіреу* т.т. бірі аналитикалық, екіншісі синтетикалық өзара мағыналас етістіктерді синонимдік қатар есепті тану бар. Етіс категориясына енетін “дастархан жаз-ыл-ды” дегендердегі мен “ауруынан жаз-ыл-ды”, “ашуы кетіп, жазыл-ып, жадырады” тағысын тағылар да - өзара омоформалылар.

жаз-ыл-ды - ырықсыз етіс; *адам жайдары-ланып, жазылды* - өздік етіс. Әсіресе *-с*, *-ыс*, *-іс* аффикстілер, масалы: *тігісін жатқызу* (зат есім), *бәс тігісті* (ортақ етіс), *көшет тігісті* (көшет отырғызысты) *көмектесу* т.б. лар да омоформалар қатарына жатады.

Әл-сіреу мен *әл-сіз-дену*, *қан-сырау* мен *қан-сыз-дану*, сондай-ақ *көл-кі* мен *көл-де*, *аз-ырқану* мен *аз-сыну*, *шөл-іркеу* мен *шөл-деу*, *қызығу* мен *қызық-тау*, *ұз-аю* мен *ұз-ару*, *и-ілу* мен *и-л-іг-у*, *соп-аю* мен *соп-шо* т.т. түбірлес, жұрнақтары басқа-басқа (бәрі де етістік жасайтындар) екендігіне қарамай мағыналас болып келеді. Бұлар - аффикстердің синонимдік қатарына жатады.

Тілімізде қолданылып, кәдеге асып жүрген қимыл атаулары:

1. Негізгі (тума) түбірлер;

2. Туынды (жасалынды) етістіктер деп екі үлкен топқа бөлеміз. Бірінші топтағылар еңбектің “сөзжасам” саласында сөздік қор, яғни сөзжасам өрбитін ұйытқы есепті пайдаланылады. Соның өзінде етістіктен етістік туатын топ құрайды.

Екінші топты т у ы н д ы (түбір емес) етістіктер дедік. Өйткені олардың ішінде: *жыр-т*, *ер-т*, *әуеле-т-іп* (ән салса), *құйын-да-т-ып*, *боран-да-т-ып* (*бор+н+да+т*) дегендермен қатар: *қайт-па-с* (*қайсар*), *жүрек жалға-у*, *өйткенше*, *айтып-айтпай*, *өлдім-талдым*, *тістектеп-тірнектеп*, *алып бару* (<*апару*), *алып келу* (>*келу*), *тіл қатпау*, табиғаттары тума етістіктерден өзгеше қимыл атаулары да - көп. Бұл екінші топ - сөзжасам тәсілдерінің тілдегі қалыпты нәтижелері. Шығу

тегі, жасалу жолдары, дербестік те тұлғалық тәуелділік т.б. жақтарын бұларды сөзжасамның аксиомаға айналған екі үлкен салаласына сайып танылады:

1) Туынды түбір етістіктер.

2) Күрделі құрамды туынды етістіктер.

Туынды түбір етістіктер: а) етістік және ә) есім негізді болып, өз ішінде екі үлкен топ құрайды.

6.1.1. Есім негізді туынды түбір етістіктер

Бұларға етістіктер деп басқа барлық сөз таптарынан жұрнақтар қосылып жасалған туынды түбір етістіктер кіреді. Мысалы: *адым-да, ат-тан, бай-ы, бас-та, оң-да, түз-е, зор-ай, ағ-ар, екеу-ле, бір-ік, інжә-ла, өк-ір, е-н-іре, бақ-ши, бүк-ши, күр-жи, одыр-ай, ожыр-ай, тарс-ыл-да, и-ір-е-ле-ң-де, тра-та-та-ла, аһ-ла, ыс-қыр, ыс-ыл-ды* т.т.

Бұлар тіл байлығымызда өте көп және ғасырлар бойы қолданылып келеді. Сондықтан қазақ халқының қазыналы сандық тіл байлығын түгел қамтыған 10 томдық түсіндірме сөздігінде бәрі де реестр сөз етіп берілген, мағыналары түсіндірілген. Етістікке қарама-қарсы қойыла, бәрі бір топқа келіп отырған өзге сөз таптарын және әртарап, бейтарап деп танылатын: *бар, жоқ, аз, көп* т.б. да қосуға қандай негіз, нендей себеп бар? деген заңды сұрақ туады. Бұл сөз таптарына жататын бірде-бір сөз етістікке ғана тән семантика-грамматикалық қолданысқа түсе алмайды, яғни белгілі рай, шақ, етістік жіктелу жүйесінің форма жасау, сөздерді байланыстыру т.б. аффикстерін де, сөз тіркестіру қызметтерін де атқара алмайды.

Есім сөздер негізінде етістіктің жасалу мүмкіндігі мол. Ол етістіктің сөзжасам жүйесі, оның амал-тәсілдері арқылы жүзеге асады.

1. Аналитикалық түрде: *бас-көз бол; олай емпе, бұлай ем > өйтпе, бүйт; тарс-тарс етті; сылан қақты; аузын сылп-сылп еткізіп* т.т.

2. Синтетикалық амалмен: *бас-та, көз-де, көзік; ақ-та, аға-р, ақ-ай, ақ-шаң-да, ақ-ыр-ай, ажыр-ай; кең-і, кең-ей; кіші-р, кіші-р-ей; сек-ек-те, сек-ең-де, сек-ір.*

3. Осы екі амал аралас келіп: *бір-бір-ле, мыңмың-да; жаз - жай-ла; той той-ла; тістекте-тірнекте* т.т.

70-тен астам негізгі жұрнақтар, олардың 200-ге тарта фонетикалық варианттары қосылып, туынды түбір етістіктер жасалған мол тілдік фактілердегі алдымен көзге түсетін де, ауызға алынатын да *-ла, -ле* қосымшалылар болады. Сон-

дықтан қазақ тілінің есім негізді туынды түбір етістіктер де өзге туыс түркі (якут, өзбек, қырғыз т.т.) тілдері тәрізді осы қосымшалы түрлерінен бастап арнайы зерттеліп, монография кітап болып, жарық көрді. Махмуд Қашқаридің “*Лұғат ат түрк*” еңбегінің негізі, ғылыми-теориялық тұжырымдарының да *-ла, -ле* аффиксті туынды түбір етістіктерге арналуы - осының дәлелі.

Етістік жасаған алғашқы сатысында *-ла, -ле* бұдан басқа да жұрнақтар туынды түбір етістіктердің, сондай-ақ негізгі түбір етістіктердің де сабақты немесе салт болуы жалпы етістіктер үшін қатып қалған сипат емес екенін көрсетеді. Олар бірі екіншісіне ауысады. Бұл процесті жүзеге асыратын етістіктің етіс категориясы, осы категорияның қосымшалары.

Мысалы: а) *кір жуу, қол жуу, еденді жуу* дегенде, *жуу* - сабақты етістік;

б) *кір жуу-ыл-ды, еден жуу-ыл-ды* дегенде *-ыл* аффиксі үстеліп салт етістікке айналған.

в) *үйді ақ-та, еденді сыр-ла* сияқты туынды түбір етістіктер сабақты. Олар: *үй ақ-та-л-ды, еден сыр-ла-н-ды* дегенде салт етістікке айналған.

г) *үй-лен, пайда-лан* тәрізді екеуі де зат есімнен, екеуі де бір-ақ түрлі *-лан, -лен* қосымшасы туынды түбір етістік. Соған қарамай, *үй-лен* дегені - салт та, *пайда-лан* дегені (*ақшаны пайдалан, барды пайдалан* т.т.) сабақты болып есептеледі.

д) *төбе-ле* мен *төбе-ле-с, құшақ-та* мен *құшақ-та-с* дегендер жайлы кейініректе арнайы баяндап, грамматика мен логика т.б. тұрғысынан кеңірек талдау қажет болады.

е) *жай-ға* мен *жай-ға-с, ор(ы)н-а* мен *орн-а-лас* т.б. да осылар тәрізді.

Барлық сөз табымен түгелдей дерлік қосылып, туынды түбір етістік жасауда әмбебап *-ла, -ле* қосымшасы, оның фонетикалық варианттарының орны - ерекше. Осы қосымшасы сабақты және салт етістік туынды түбірлерде арнайы баяндау кезінде олардың лексика-семантикалық топтары да сараланады.

-ла, -ле жұрнақты сабақты туынды түбір етістіктер Н.К.Дмитриев үнемі сабақты етістік деп түйген-ді. Түркі тілдерінің басым көпшілігінде сабақты болады деп арнайы зерттелгендіктен, *-ла, -ле* қосымшалары жайлы пікір де тиянақталды. Сабақты, логикалық түрде - сабақты, объектісіз салт туынды түбір етістік болатыны нақтыланды. Оның үстіне бұл жұрнақ қай сөздің қандай нақты мағынасымен қосылатыны және олардан туған етістік өзінің салт не сабақтылығымен бірге қандай лексика-семантикалық мән білдіретіні -

ертеден келе жатқан дайын модель-мағыналардан өрбитіні де тілдік деректермен дәлелденді.

Мысалы: дене мүшелерінің атауларын алайық: *бас, аяқ, көз, құлақ, қол, тізе; өкпе, мойын, жанбас, тіс, тіл, жақ, арқа, төбе, жігер* т.т.

Тілімізде, дәлірек айтсақ, түсіндірме сөздікте осылар негіз болып, етістікке айналған: *бас-та, аяқ-та, көз-де, қол-да, тізе-ле, жанбас-та, арқала, өкпе-ле, тіл-де, мойын-да* т.т. реестрлер бар. Бұлар, басқа да туынды түбір етістіктердің бәрі атамзаманнан бері қолданылып келеді (жасалу, шығу тектерінің бірдейлігіне қарамай), сабақты немесе салт етістік болулары жағынан айырмалары бар.

а) *тізе-ле, жан-бас-та* дегендері - салт, өзгелері - сабақты;

б) *бас* пен *аяқ* дегендердің тікелей мағыналарынан өрбігендері: “бас болу, басшы болу” мәндерін беретіндері: *бас-қар* мен *бас-та*, сондай-ақ *аяқ-та* етістіктері;

в) *төбесіне періп жіберу* дегеннен туған “төбеле” мағынасы кеңі келе жалпы: біреуді бас салып ұру, ал *төбе-ле-с* деген жұдырықта т.т. да білдіреді;

г) *сөзді бас-та, мәжілісті аяқ-та* дегендер “не нәрсенің де басы бар” деген тұрғыдан өрбіген;

д) *тізе-ле, жанбас-та, қолтық-та, арқа-ла* т.т. қимылға мекен, орын болып жүзеге асатын етістіктер;

е) *көз* дегенге: *көз-ік, көз-дес* дегендерде (бірінбірі көру, *көзайдын болу* т.б.) тура мағына, мақсатты көздеу, нысана ету, алысты болжау, алысқа көз жіберу, ой таразысына салу т.т. кең де ауыспалы мәндерді білдіреді;

ж) *өкпе-ле* деген ренжу, біреуге өкпесін арту, яғни тура мағыналы дем алатын мүше - өкпе емес, кінә, наз т.т. мағына;

з) *мойын-да* - мойнына тағылған қылмыс, кінә т.б. *рас-та-у*, мойнына алу;

и) *құлақ-та-н* (осыдан: *құлақ-та-н-дыр, құлақтандыру*); құлағына жету, тию, есіту, хабардар болу т.т. білдіреді;

к) *тіл-де* - тіл тигізу, сөгу т.т. етістіктері.

Дене мүшелері жалпы денеге қатысты сөздер негізінде *-ла, -ле* жұрнағымен туынды түбір етістіктерге айналғандар көп: *жұдырық-та, шапалақ-та, уыс-та, шеңгел-де*, тістектеп-тірнектеп (<*тырнақта*), *бауыз-да, өңеш-те, ауыз-дық-та, мұрын-дық-та, жер бауыр-ла, бауырым-да, еңбек-те, тіс-те, бет-те, бет-те-с, жүз-де-с* т.т. мен қатар *-лан, -лен* күрделі жұрнақты: *өр көкірек-те-н, жүрек-сіз-ден* т.б. Бұл жоғарыда келтіріл-

ген туынды түбір етістіктер сабақты не салт болуларымен ғана емес, тура я ауыспалы мағыналары және әр етістіктің өзіне тән семантикасымен де белгілі азды-көпті топ құрап, тіпті даралайтын өзгешелігімен де әрқайсысы дара сөз екендігін танытады.

а) *таяқпен соғу, арамен кесу* т.т. *таяқ-та, ара-ла, кетпен-де* тәрізді модельдер үлгісіндегі *жұдырық-та, шапалақ-та, тіс-те, тіс-те-ле*; соңғы туынды түбірлердің *соқа-ла, щетка-ла* т.т. бір тобын құраса;

б) *уыс-та* деген *қалта-ла, қап-та, шелек-те, бөшке-ле, вагон-да* т.т. сәйкестікпен топталады;

в) қағаз, кітапқа бет қою және беттерін ашу, аударып қарау, мағыналарын *бет-те* деп; тіл тигізу, сөгу, балағаттауды *тіл-де*; өзгеге сөз бермей, өзеурей беруді *көк езу-ле, көк езу-ле-н-ін* т.т. нақтылық та дәлдігімен бұларға қарағанда, әлдеқайда жалпылықты негізгі түбір етістіктерден ерекшеленеді.

Мысалы: *же* мен *іш*, тусияқты негізгі түбір етістіктерді алайық. Әдетте: “ас ішіп, аяқ босатар”, - дейді, дәлірек айтса: *ет же-н, сорпа іш-ті, сондай-ақ нанды же-й-ді, шайды іш-е-ді. Ішкіш* десе-ақ, ол адамның алкаголик екені түсінікті, *жегіш* - қымтырғыш, суық қалды т.т. мағыналарды білдіреді. *Ту* етістігі: а) ұл, қыз туды дегенмен бірге.

б) *ту-ыл-ды* дегеннің орнына да қолданылып, ономим етістік тобын құрап кетті.

Осы *ту* етістігінің негізгі мәні бала-ла-у, дүниеге ұрпақ әкелу, өмір, тіршілік жалғастыру деген мән-мағына есім негіздерінен *-ла, -ле* парлар туынды түбір етістіктер түрінде айтылып, мағынасының дәлдігі, жасалу модельдерінің аса өнімділігі жағынан тілде ерекше орын алады.

Ту етістігіне әрекеттер болу былай тұрсын, табиғат құбылыстарында да: *ағаш жапырақ жарды, шешек атты* дегендер: *ағаш жапы-рақ-та-ды, гүл-де-ді, шешек-те-ді; бұтақ-та-ды, жүгері собық-та-ды, егін көк-те-ді, ет құрт-та-ды, шаш бит-те-ді* т.т. жалғасады.

Жан-жануарлар, құс т.б. жайлы *бала-ла, жұмыртқа-ла, төл-де, қоз-да, бота-ла, құлын-да, бұзау-ла, күшік-те, торай-ла* болып, тарала береді. Бұлардың ұл туды, қой егіз туды, мегежін сегіз туды дегендегілерден ешқандай мағыналық айырмалары жоқ. Қайта: *ит күшіктейді, шошқа торайлайды, қой қоздайды, ешкі лақтайды* т.т. болып, даралап, нақтылап көрсетеді. Бұл есім негізділер салт етістік тобын құрайды. Грамматикалық толықтауышсыз айтылады. Қойдан туатын

козы, яғни туылатын объект етістікке негіз болып, *-ла* аффиксімен кірігіп, бірігіп кеткен. Тілдің нақты грамматикалық көрінісімен қатар логикалық ойдан туатын ішкі мәнді жақтары да бар.

Көктемде жер-көк тіріліп: *ағаш жапырақта-н, гүл-де-й-ді, жеміс-те-н-еді* т.т. осылар тәрізді. Бұлар да ілкілермен жасалу қалпы, жұрнақты болғанмен, логикалық тұрғысынан келгенде сабақтылар.

Ендігі бір топ *-ла, -ле* жұрнақты сабақтыларда: мыс.: *еденді сыр-ла, шүберекті су-ла, текеметті өрнек-те* т.т. нені? немен? деген тәрізді бір, негізгі объектіні екінші бір объектімен жабдықтау, бояу, сырлау, тігіп шығару т.т. екіден кем емес объектілер арқылы жүзеге асатын нақты іс-әрекеттері жасалады. Сөйлемде бір ғана негізгі толықтауышы беріліп, өзгелері туынды түбір етістіктердің семантикасын, өзін негіздейді. *Ағашты ара-ла* (арамен кес), *шөркені балта-ла* (балтамен уат), *қозаны кетпен-де, баланы таяқ-та* т.б. осылар сияқты.

-ла, -ле жұрнақтардың ендігі бір үлкен тобы сын есім негізділерге жатады.

Заттың, бір нәрсенің сын, сапасын өзгерту, басқа қалып, түр-түске ауыстыру т.т. осы тәрізді етістіктер:

а) түсін өзгерту: *ақ-та, қара-ла, сары-ла;*

б) көлемін: *ұзын-да, қысқа-ла, үлкен-де, кіші-ле, домалақ-та, жалпақ-та, ірі-ле, жуқа-ла;*

в) дәмін: *ащы-ла, тұщы-ла, тұз-да, қант-та, тәтті-ле;*

г) сапасын: *жаңа-ла, таза-ла, кір-ле, бүтін-де, жұмсақ-та, сұйық-та, қою-ла.*

Жоғарыда келтірілген зат есім, сын есім негізді нақты, көз көріп, қолмен ұстайтын объектілері бар (тура толықтауыш), ішкі объектілі етістік т.т. басқа да сөйлемде тура толықтауышын меңгеретін есім негізді туынды түбір етістіктер бар.

а) *ой-ла, амал-да, айла-ла, дайын-да, даяр-ла, ет-те, ептеп-септеп; әзіл-де, қалжың-да* т.т. нақты материалдық заттар емес, ойға, ақылға салып барып, солардан туған рухани мүмкіндіктер арқылы объекті(лер)ні пайдаға икемдеу, іске жарату т.т. нәтижелі іс-әрекет, яғни етістіктер туады. Мыс.: *болашақты ой-ла, неше түрлі ойларды ойла-н, еп-те-ген екі емер, әзіл-де-н көңілімізді көтеретін; бәрімізді алдын ала дайындайтын; ақылың жетсе, айлала мені* т.т.

б) *тұжырым-да, сара-ла, сұрып-та, есе-ле, тиянақ-та, пайым-да, нақты-ла, тұспал-да, молшер-ле, абай-ла, екіше-ле, бажай-ла, бақы-ла* т.т., ой-

сана қызметтерінің түрлі көріністі әрекеттерді білдіреді.

в) Мына есім негізділер: *тәрбие-ле, жөн-де, тәртіп-те, бау-ла, бау-ра, бау-лы, жер-ле* (көшу мағынасында емес), *сақта, мадақа-ла, дәріп-те, ақта, қара-ла* (түс мағынасында емес) т.т. объектілерді рухани сана тұрғысынан өзгерту, икемдеу етістіктерінің тобына жатады. *Тіл-де, боқ-та, балағат-та* т.т. да - осы топ сабақты туынды түбір етістіктерге жатады.

Кінә тағу, сотқа тарту, сый, құрмет, жәбір, зорлық көрсету сияқты осы құранды етістік мәндеріне сай *-ла, -ле* жұрнақты етістіктер арқылы да беріледі. *Айып-та, кінә-ла, сот-та, құрмет-те, сый-ла, күш-те, зор-ла, сондай-ақ ай-да, жетек-те, ая-ла, қуғын-да, қадаға-ла, қорға-ла, жүн-де, күн-де* т.т. субъектінің белсенділігі мен объектінің бейтараптылығынан негіз болып тұрған белгілі мағыналы іс-әрекетке душар етуі, яғни объектінің душар болуы - етістік болмысында ап-айқын көрінеді. *Ұрыны Кодекстің бірнеше бабымен айыптап, 10 жылға соттады. Ая-ла, құрмет-те, күште, жәбір-ле, маза-ла* т.б.

Бірсыпыра заттар, мыс.: *тұз, құрт, сүт, май* тәрізді есімдер *-ла, -ле* жұрнақтарының қосындысынан *тұз-да, сүт-те, май-ла, бұрыш-та* сабақты етістіктері жасалған. Бұлар да *шайды сүттеп іш, етті тұз-да, табаны май-ла* сияқтылар екіден кем емес объекті арқылы іске жақын, ол екеуінің біреуі тура толықтауыш, екінші сабақты етістіктің материалдық негізі, яғни ішкі объектілі туынды түбір етістік болады. *Кірді сабын-да* да, - дегендегі сабынмен жуу мағынасы да осылар тәрізді.

Үйді балкон-да-н салған жөн. Терезелерді шыны-ла-н, төбесін қаңылтыр-ла-н, еденін паркет-те-н беріндер т.т. негізгі объектілерді (үйді, терезелерді, қаңылтырмен, паркеттік материалдармен) қоса толығымен салып бітіріп, кіруге әбден даярлау қажет. Ұзын сонар сипаттап, күрделі сөз тіркестермен *де, -ла, -ле* жұрнағымен ықшамдап, ішкі объектілі туынды түбір сабақты етістік түрінде айту - тілге де жеңіл, көңілге де қонымды.

Тап осылар мағыналас туынды түбір етістіктерге: *есікті құлып-та, кілт-те, көйлекті түймеле, шеге-ле, шеген-де, тіліңді тіс-те* (ауыз ашпа, үндеме т.б.) *сөз бай-ла* т.т. жатады. Мұнда құлыптың жабылса, ашылмайтын қызметі, *кілттенген-де* де осы қасиет, қызметтері тұрғысынан етістік жасайды. Сондай-ақ, түйменің де сәндікке ғана қадалатындары бар. Олар түймеле-н-бейді. Көйлек, пальто, костюм т.б. қапсырылып тұру,

ашылмау үшін түймелері тесіктеріне салынады. Міне осы мағынада: *түйме-ле* делінеді.

Есімдік, сын есімдерден, сондай-ақ шақыру одағайлары мен *бар, жоқ* сөздерінен де: *басқа-ла, өзге-ле, бір-бірле, жұп-та, дара-ла, мама-ла, бар-ла, жоқ-та* т.т. етістіктер кездеседі. Бұлар көбінесе *-п* жұрнақты көсемше, *-ған, -ген* тұлғалы есімше түрлерінде өздерінен соңғы сабақты етістіктердің объектілеріне қатыстылық таныта қолданылады.

Мыс.: *балаларды жұпта-п тұрғызды, астықты тонналап тасыды, солдаттар он-ондап қатар түзеді, тірілерді бар-ла-п, өлгендерді жоқ-та-ды, көп-те-п көтерген жүк жеңіл* т.т.

-ла, -ле жұрнақты сабақты етістіктер бұл жоғарыда әр нақты мағына аясында топтап көрсеткендермен бітпейді.

Сүр деген сөз: а) *сүр бойдақ*, б) *сүр ет* тәрізділерде қай? қандай? деген сұрақтарға жауап болып, *жас* (жас жігіт, жас ет) екенін білдірсе, ысталған, әбден кепкен етті, ал адамға одан әрі қатып-сену ғана қалған, “кәрі бойдақ” деген мағына береді. Субстантивтенген *сүр* - (сүрден қосып пісірейін бе?) осы сападағы ет дегенді білдіреді. *Сүр-ле* - негізінде осы соңғы мағынадан өрбіген. “Енді оны сүр-ле-йін деп пе едің?” - деп, ұзақ сақталған, қолдану мерзімі өткен нәрсеге де қолданылады. Онымен омоним *сүр* (өмір, дәурен сүр-ді) етістігі өз алдына: *Маған қарай етті сүріп қойды* (жылжытып д.м.) дегендегі етістікпен де омоним қимыл атау да бар. Бұлардың ауыспалы т.б. стильдік ерекшеліктер қолданылуын қоспағанда жиі кездеседі.

Тек субъектінің өзіне тәң, өзгеру, құбылу, сан қимыл т.б. процесуалды етістіктер үшін: *жүрді, жорғалайды, жалады, күлді, жанды, өшті, құлады, сынды, сіңді* т.т. негізгі түбір етістіктермен қатар мындаған, әлденеше мындаған негізгі түбір етістіктер болып, солардың ішінде *-ла, -ле* жұрнақтылар түрінде айтылып, қолданылатындары да аз емес.

1. Жоғарыда *ту* етістігімен байланысты мысал етіп келтірілген: *балапан-да, қоз-да, күшік-те, жұмыртқа-ла, бота-ла*, сондай-ақ: *бұтақ-та, жапырақ-та, иешек-те, мәуе-ле, құрт-та*, туынды түбірлер т.т. толықтауышпен тіркеспейді. Сондықтан олар да салт етістіктер делінеді.

2. Кінәрат, ауруға шалдығу т.б. сырқатқа ұшырау тәрізділер нақты атаулары негіз болып *тымау-ла, самал-да, суық-та, мұз-да, сыз-да, безгек-те, төл-де, ыстық-та, діңке-ле, тұр-а-ла* да т.т. салт етістіктер.

3. Салт етістіктердің ендігі бір тобы: *абай бол, қонақ бол, көңілді бол* т.т. негізгі түбір етістік-

тердің негізі қай мағыналы сапа екеніне сәйкестену процесін білдіреді. *Абай-ла, көктем-де, көл-де, сел-де* т.т. қатар: *көңілді - көңілсіз, әлді-әлсіз* т.б. сын есімдердің *-лан, -лен* күрделі жұрнақты түрлерінде жиі қолданылады:

Мыс.: *көңіл-де-н - көңіл-сіз-ден*
әл-де-н - әл-сіз-ден, жан-да-н - жан-сыз-дан
тағат-сыз-дан, амал-сыз-дан, әдемі-ле-н, сұс-та-н т.т.

4. *Қар жапалақ-та-й бастады; жанбыр нөсер-ле-п, айнала тұман-да-н-ып, көшелер тайғақ-та-н-ып кетті* т.т. белгілі сын-сипат, нақты көрініс түрлеріне субъекті әрекетінде сипат - пысықтауыштық ішкі мағыналы етістіктер тобын құрайды.

5. Негізгі түбір етістіктерден: *отыр, тұр, жатыр* дегендер субъектінің белгілі мерзімдегі қалпын білдіретіні, яғни: а) *жат, жатыр* дегенде: шалқасынан әлде етпетінен я оң немесе сол жанбасымен бе, әйтеуір денесі толығымен сол қалыпқа көшуді біліретін болса; б) *отыр* етістігі құйрықты басып, орындық я жерде жайғасқан қалып; в) *тұр* дегенде екі аяқ (адам үшін, 4 аяқты мал да, келі, күбі, шам т.т.) табанында тік тұру т.т. етістіктер айтылып, зерттеліп, баяндалып келеді.

Жерде қалың төсек, қос-қос жастық, текемет, кілем төселген қазақ ғұмырында: *тізер-ле, тізе-ле, шөке-ле, жанбас-та, жан-тай, жүре-ле*, сондай-ақ *тұр-а-ла, ом-ал, ом-ырам қап малдас құрт* т.т. дастархан басы, әңгіме-дүкен құрғандағы неше түрлі отырыс, қисаю жатыстың нақты түрлері негізінен *-ла, -ле* өзге де жұрнақты есім негізді туынды түбір салт етістіктерді құрайды.

6. Мезгілдік мәнді ішкі пысықтауыштың негізгі түбір етістіктердің көп түрлері де сол атаулары мен *-ла, -ле* жұрнақты етістіктер болып айтылып, олар негізіне *-п* жұрнақты көсемше, *-ған, -ген* тұлғалы есімшелерде қолданылып, өздері салт сабақты да түрлерінде баяндауыш қызметін атқарады. Мыс.: *ай-ла-п, апта-ла-п, сағат-та-п, минут-та-п, түнде-ле-п* кеткен ғұмыр, *секунд-та-ған* қас қағым т.т.

7. Ілгері, кейін, жоғары, төмен, ылди, құлди т.т. нақты мекендік ішкі пысықтауышы мен қозғалуы бір ғана етістікке саятын: *ілгері-ле, жоғары-ла, өр-ле, төр-ле, кейін-де, көткінішек-те, құлди-ла, көлденең-де* туынды түбір етістіктер де бар.

8. *Мияу-ла* мен *ойбай-ла, аһ-ла, үһ-ле, іңгә-ла, тра-та-та-ла, әуірім-де*, аналитикалық түрін сақтаған *о де, бұ де* (ол де, бұл де, қалай де-сең де т.т.) тәрізділер тікелей *-ла, -ле* жұрнағымен, көпте-

ген дыбыстау етістіктері дәнекерлерден соң: *тық-ыл-да, аңқ-ыл-да, шіңк-іл-де, тоңқ-ыл-да, тарс-ыл-да, гүрс-іл-де* т.т. сол шығарған дыбыстардың негіз болуымен нақтылы мәнді туынды түбір салт етістіктер тобын құрайды.

9. *-ла, -ле* жұрнақты салт етістіктердің ең басымы, көбі көзге көріну және ол қалай көріну т.б. әлділігімен айтылып, тыңдаушы айнытпай қабылдайтын туынды түбір салт етістіктер. Бұлар да негізінен *-н, -аң, -ең, -ың-іл, -ақ, -ек* т.б. өзге сөзжасам жұрнақтарынан соң *-ла, -ле*, соның қайталама түрі үстелген салт етістіктерден тұрады.

а) *ел-ең-де, елп-ек-те, сек-ең-де, сек-ек-те, жалб-ақ-та, жалп-алақ-та, қозға-л-ақ-та, жалт-ыл-да, жылт-ыл-да;*

б) *бүк-ш(и)е-н-де, сид(и)-аң-да, балп-аң-да, тоңқ-аң-да* т.т.

10. *-ла, -ле* аффиксі мен *-ра, -ре*, көп жағдайларда: *-ла, -ле* мен *-лы, -лі*, тіпті *-а, -ы* жұрнақтарын төркіндестіруге, соңғылардың *-ла, -ле* -ден қысқанданып, *а* деп анық, *ы, і* болып қысқандауысты алуы артикуляциялық та, психологиялық та жағдайлардан тыс еместігін, сондай-ақ, жуанды-жінішкелі варианттарда семантикалық дәлдік барын байқататын тіл деректері аз емес.

Мысалы: “Тоғыз тоңқылдақ, бір шіңкілдек” ертегісінің бұлай аталуы - тегін емес. Жылағанда: *а-н-ыра, е-н-іре*; ақ көңілдікпен *аңқ-ыл-да*, жылау - *еңк-іл-де*, күлудегі *қарқ-ыл-да, тарқ-ыл-да*, сөйлеудегі *барқ-ыл-да, шапқ-ыл-да* мен *күңк-іл-де*, сондай-ақ жалаң қосымшасы: *ир-ең-де, бұл-ғаң-да, елп-ең-де* т.т. мен қайталанған: *ир-е-ле-н-де, елп-е-ле-н-де, ки(ыр)-а-ла-н-да* тағы басқалардың т.т. мағыналары мен тұлғаларының қаншалықты сәйкестенетіні - тіл байлығымыздың куәсі. Сонымен бірге, бұл жоғарыда келтірілгендер, атам заманғы қазақ тілінде өте әріден бірге жасасып, сондықтан да олар түгелімен сөздікте реестр сөздер қатарынан өз орындарын алуы да - аналитикалық қандай көне болса, агглютинативті қазақ тілінде синтетикалық сөзжасам амалының да қалыптасқан тарихының көне текті екенін айғақтайды.

-ла, -ле арқылы туындаған күрделі жұрнақты туынды түбір етістіктер

1. *-лан, -лен*: Бұл жұрнақтың *-дан, -ден, -тан, -тен* варианттары бар. *-ла, -ле* мен өздік етістің *-н* аффиксінен күрделеніп қалыптасқаны да дау тудырмайды. Соған қарамай: *шу-лан, намыс-тан, дол(ы)-дан, пайда-лан, екі-лен, құлақ-тан*

етістіктері *ашу-ла, пайда-ла, дол-да* сияктанып қолданылмайды. Бұл етістіктер субъектінің өз басындағы немесе өзі үшін сол атау мәніндегі сапаға түсу, көшу, не бөлу етістіктерін тудырады. Ашуға булығып, долылыққа салыну, өз пайдасына іске асыру, бетінен қайтпау т.т. өз, өзі, өзі үшін деген қашан да ойда болады. *Қамсыз-дан, әлсіз-ден, мақтан-шақ-тан, құшыр-лан* т.б. көптеген туынды түбір етістіктер бар.

2. *-лас, -лес*. *Ор(ы)н-а-лас, кез-дес, жүз-дес, сыр-лас* (*бояу боя-с* деген мағына емес), *сұхбат-тас, бәс-тес, бәсеке-лест* т.т. екі, одан көп субъектілерді топтапастыратын себептер *-лас, -лес* жұрнақты етістіктер болып беріледі. Екі, үш субъекті екені ойда сақталып, *мен онымен уәделесті-тім* - дегенде сөйлемде *мен* - бастауыш, *ол* (онымен) толықтауыш түрінде (логикалық: екеуі де - субъектілер) берілуі мүмкін. *Біз уәделестік, олар уәделесті* т.т. субъектілер көптік түрде бір бастауышпен де грамматикалық көрініс табады.

Ор(ы)н-а-лас, жай-ла, жай-ға-с дегендерде логикалық та ортақтық мән жоқ. *Бұр-іс* (суықтан бүрісті) етістік негізді де жеке-дара субъектінің ғана қалпы.

3. Орыс тілінен көптеп, көбінесе термин алған, калькаланған т.б. себептермен: *-изация, -фикация, изировать, -фицировать* дегендер аударылғанда *-дан-дыр-у, дас-тыр-у* күрделі жұрнақты: *электр-лен-дір, коллектив-тен-дір, колхоз-дас-тыр, компьютер-лен, ынта-лан-дыр* тәрізденіп етістікке айналды.

4. Етістік негізді: *бүк-те, қорға-ла, сүйке-ле, үр-ле* сияқтыларды былай қойғанда:

а) *бұрқ-ыл-да, жырт-ың-да, ире-ле-н-де, и-ірек-те...*

б) *әуірім-де, селсоқ-тан, көкөзу-лен, алабажақ-та...*

в) *күл-ім-де, сығ-а-ла, қат-а-ла тұр-а-ла...*

т.б. өзге де *үй-ме-ле, көтер-ме-ле, сіл (сіл-ік, сіл-те)* туа түптен: *сіл-те, сіл-(і)к-і-ле, ой (ойпаң-тойпаң...)-қас-та, жет-е-ле (жетек-те)*. Бұл арада *түй-гіш-те, кес-кі-ле, қой-ғы-ла, тіміс-кі-ле* сияқты есім негізді деуге де, өлі дәнекер жұрнақ-тылар да аз емес.

6.1.1.1. Өзге есім негізді туынды түбір етістіктер

-ла, -ле, -да, -де, -та, -те деген 6 фонетикалық вариантты жұрнақтан өзге: *ас-а, жөн-е, бай-ы, кең-і, жас-ау-ра, қу-ра, бау-лы, жүн-жі, лок-сы, бық-сы, су-са, сық-сы, өк-сі, өк-ір* т.т. түбір етістік күйінде туынды сөздер де реестр етіп берілген туынды түбірлер кездеседі.

Бұл соңғы жұрнақтардың өздері қосылған сөздермен етене кірігіп, тұтасып кеткені соншалық, кей жағдайларда есім негіздерінің түбір тұлғалары туа түптермен сай келе бермейді. *Ұзын-да* болып, түбір мен жұрнақ кескін-келбеттері сақталса, *ұз-а* (ол бізден *ұз-а-п* кетті), *ұз-ай*, *ұз-ар* (енді күн *ұз-ай-а-ды*, сөз *ұз-ар-ып* барды) дегендердегі *ұз-* әрі қысқа (ұзын, ұзақ дегенде сақталған), әрі осы қалыптарында дербес сөз дәрежесінен айрылған. Мұның кері қалпы *сары*, *ұлы* сын есімдерінен, оның туынды түбір етістік болғандағысынан анық байқалады. *Сарыла* мен *сарығ-ай* (>*сарғай*), *ұлы-ла* мен *ұл(ы)ғ-ай* немесе *егіл-ен* (егіліп жылау, ел-жі-ре) болып қысқарған туынды түбір етістік өлі түбір кейпін киіп, *ел-жі-ре* яғни күрделі аффиксті түрде ғана есім негізді туынды түбір етістіктер қатарына енген. Жыл дегенмен тағдырлас. Соңғы қолданылуларында: *жыл-ыс-та*, *жыл-жы* болып, алдыңғысы есім негізді, соңғыда ел тәрізді өлі түбірлер санатында танылады.

Кіші (>кішік: ұлығ болсаң, кішік бол) сын есімнің: *кіші-р* және *кіші-р-ей* болып, негізінде бірдей мағыналы ТТЕ-ке айналуында түбір мен жұрнақтар да ілкі тұлғаларын анық танытса, о-д-ыр-ай мен о-ж-ыр-ай, бе-з-ір-ей мен бе-д-ір (салыст.: *бедер: бедер-лі, бедер-сіз*-ей, *а-д-ыр* (*адыр-лы жар*) мен *а-ж-ыр* (ажырық-шөп - осы түбірден), олардан өрбіген: *ақыр-ай, ажыр-ай*, сондай-ақ, *бүк-ш-и* мен *бүг-ж-и, бүг-е-жек-те* т.т. толып жатқан туынды түбір етістіктер қайсысы қайсысына негіз немесе өрбіген екенін анықтауға қиындық келтіретіндей өзгерістерге ұшыраған.

-ла, -ле мен соңғы тілдік деректер, олардың динамикасына қарап, *-ла, -ле* жұрнағын өзгелерден соң пайда болған құбылыстар қатарына қосуға да болар еді.

Мұны өнімділігі жағынан *-ла, -ле* аффиксінен соңғы *-а, -е* тұлғалы туынды түбір етістіктерден де анық байқауға болады. Бұл жұрнақ-тылар да көбінесе зат есім, сондай-ақ дыбыстау одағайы, дыбыс еліктеу сөздерінен жасалған туынды түбір етістіктерге жатады. Зат есім негізділердің көпшілігі сабақты, одағай, еліктеуіштерден жасалғандар салт етістік болады.

1. *Мін, сын, өрт* т.б. осылар тәрізді біреудің мінін айтып кемшілігін сынға алу немесе өртке дұшар ету жағдайымен байланысты етістіктер *-а, -е* аффиксі қосылып, синтетикалық амалмен сабақты етістіктерге айналады. *Сын-а, мін-е, өрт-е, қан-а* (қанын ішу тәрізді ауыспалы мағынада),

қау(ы)з-а, ас-а, сондай-ақ *түз-е, ки(ы)н-а, жас(ы)қ-а* тәрізді сын есім негізділерде субъектінің объектіні аталмыш мағыналы қимыл іс-әрекетіне дұшар ететін етістіктер тобын құрайды.

2. Мұның керісінше: *пиязды от-а*, яғни пиязды оттан (арам шөптерден) арылту мағынасында айтылатын туынды түбір етістіктер де бар. *Балатис-е-п жүр* (тісі түсіп жүр - сүтпен шыққан тістің орнына тұрақты тістің шығуы) деген салт етістікте де бардың жоқ болу процесі беріледі. Кескен жерден қан шығу, көп шықса, қансыз-дануға, қан-сыра-уға әкелетін *қан-а*, сондай-ақ *су-ал* туынды түбір етістіктері де осы топқа жатады.

3. Жоқты бар ету, мысалы, жақсылық *жас-а*, жаман-дық, рақым *жас-а*, туған балаға, затқа, ат беру, айдар тағу. Мыс.: *ат-а, тең-е* тәрізділер де - сабақты етістіктер. Жиын жию, ойын ойнау, сондай-ақ бар нәрселерден бүтін шығару т.б. мәніндегі: *жи(ы)н-а, ой(ы)н-а, құр-а, сұр-а* (өзбек тілінде сур-у дейді: *мендан сур-ди* - сұрады) т.т. - өз алдына жеке топтағы сабақты етістіктер.

4. *Бер* етістігімен бүтін жасайтын: *дем, жұмыс* (дем бер, жұмыс бер) т.б. *дем-е, жұм(ы)-са*, сондай-ақ (несиесін, қарызын беру) *өт-е* тәрізділер де - сабақты туынды түбір етістіктер.

5. Бос болу, *жас* (*неше жас-та* дегенде), ғұмыр сүру, түн өткізу ыңғайында айтылатын *бос-а, жас-а, түн-е* мен *күн-елт* (өлмей, күндерді өткізіп, ғұмырын жалғастыру д.м.) т.т. салт етістіктер бар.

6. *Жөн-е, ұз-а, жан-а, жол-а, тақ-а, ор(ы)н-а* т.б. өздеріне негіз болған есімдер бағытымен қозғалу: алыстау не жақындау немесе тұрақтау етістіктерін құрайды. *Біз-дең ұзады, бізге тақап келді, одан да жақын келу - жол-а-у* дегендерде: 3 етістік субъектілері бірінде әрі қарай, екіншісінде бері қарай бет алады, үшіншісі - тікелей келу - *жаз-а, жол-ық, жол-да-с* дегендердегі *жан-а*-дағы *жан: үйдің жанына кел* дегендегі *жан* сөзі.

7. Дауыс, дыбыс шығару т.б. құлақпен есітетін сан алуан сөздер. *Сылдыр-а, шүлдір-е, былдыр-а, сарқыр-а, арқыр-а, дабыр-ла, күркір-е, дүркір-е, шылдыр-а, қорқыр-а, бырқыр-а* т.т. салт етістіктер тобын құрайды.

8. Тұлғалары тап осылар тәрізді: *солбыр-а, салбыр-а, балбыр-а, болбыр-а, қолбыр-а, үлбір-е, елбір-е, жалбыр-а, желбір-е, қолдыр-а, күлдір-е, күлт-ілде, мөлдір-е* (*мөл-т, мөл-т-іл-де*) т.т. салт етістіктер сол өздеріне негіз болған сөздер сипатына өту әрекеттерін нақтылай танытады.

Мұндағы түбірлер - туынды түбір зат есімдер. Олардың туа түрлері: *салп, балп, күлт, қолп, мөлт, елп* - бейнелеуіш сөздер.

Олар: *салп-салп, болп-болп, мөлт-мөлт* т.б. қосарлана қолданылып, мысалы: *мөлт-мөлт жас шығып, болп-болп желіп* өзге негізгі етістіктің сол хабарлау сәтіндегі сипатын білдірсе,

а) *салбыр-а*: жоғарыдан төменге; б) *елбіре*, керісінше, яғни тікелей көріну; в) *желбір-е* жел немесе жүру, атта шабу т.б. әсерімен ирелең горизонтальді қалып; г) *қолбыр-а, күлдір-е* дегендерде тері не киім бөрте, томпия бедерлену т.б. әрекеттері айтылады; д) *ұлбір-е* мен *мөлдір-е* бетпейне, көз, нәзіктену, көз жәуін алу сияқты ерекше сипатқа ие болу етістіктерін - бәрі де көзге көрінудегі түрлі сапалы әрекеттері болып табылады.

Жоғарыша баяндалған туынды түбір салт етістіктердің көбінде: *сылдыр-а* мен *сылдыр-ла, былдыр-а* мен *былдыр-ла* т.б. *-ла, -ле* және *-а, -е* аффиксті тұлғаларында мағыналас болып келеді. Сөйтіп, түсуге бейім *л* дыбысы соңғы *-а, -е* жұрнақтары *-ла, -ле* жұрнақтарынан қысқарып, ықшамдалған деуге мүмкіндік береді.

Түн-е - түнді белгілі жерде өткізу деген мән беруі жағынан жазды *жай-ла-у*, қысты *қыс-та* дегендерден ешбір айырмасы жоқ. Сонда бұлар да *-ла, -ле* мен *-е* (түн-е)-нің тегін жақындастырады. *Қауыз-да* мен *қау(ы)з-а > кеуз-е* дегендер де - осы тәрізді.

Тіс-те, қор(ы)-ғ-а, бүк-те т.т. етістіктер өзбек тілінде: *тиш-лп, куруғ-ла, бүк-ла* делінеді. Бәрі де бір ғана *-ла* жұрнақты. Қазақ тілінде: *қор(ы)-ғ-а* мен қатар *қор(ы)-ғ-а-ла, қу-да-ла, тіс-те-ле* сияқты күрделі құрамды, яғни *-ла, -да* аффикстері қайталана қосылып та айтылатындар бар. *Қор(ы)-ғ-а* сөзі әуелде *қорығ-ла* болғаны даусыз. Олай болса, *қорғ-а* тағы *-а, -ла* екені - көрінеу көзге аян.

-а; -е жұрнақтарының сабақты да, салт та болып, *-ла, -ле* жұрнақтары тәрізді келуі бұл байымдаудың дұрыстығын дәлелдей түседі.

-ла, -ле жұрнағы *-а, -е* ғана емес, *-лы, -лі* аффиксімен қатар *-ра, -ре* етістік жұрнақтарын да төркіндестіреді. *Күрк-ір-е* мен *күрк-іл-де; бүрк-ыр-а* мен *бүрк-ыл-да* т.б. ғана емес, *тымау-ла* мен *тымау-ра, мияу-ла, аң-ла* тәріздес толып жатқан дәлелдер бар.

Өзге жұрнақтар нақтылай қайсысын болса да сөз еткенде, бірімен бірінің генетикалық байланыстылығы туындап отырады. Солардың ішінен жұрнақтары ортақ (тұлғалас) болудан барып, әр сөз табы негіз болғанмен мағыналастығы да ұқсас туынды түбір етістіктер жасалған жағдайды танытатын топтар бар. Олар:

а) *-сы, -сі* жұрнақтары зат есімнен: *батыр-сы, кісі-м-сі*; сын есім негізді *үлкен-сі, мүләйім-сі*, есімше тұлғалардан *күлген-сі, есті-ме-ген-сі*; өлі түбірлерден *бық-сы, сың-сы, өк-сі, ыңғыр-сы* т.б.

б) *-сы, -сі* мен өздік етістің *-н* арқылы күрделенген зат есімнен: *жат-сын, жүрек-сін, жер-сін*, сын есімнен: *мықты-сын, күшті-сін, есімдік: өзмісін, өзге-сін, етістік: сүй-сін, түй-сін* бұлардан өзге де: *аз-сын, көп-сін, қым-сын* сияқты түбірлері бар.

-сы, -сі жалаң жұрнақтарыда “сияқты болу”, “сияқтану” тәрізді мән туып, етістікке айналса, *-сын, -сін* тәрізділер “өзін солай санау, сезіну” деген тұрғыда қолданылады.

Жібі етістігімен түбірлес *жіп-сі, қоп-сы* (*қоп-ты > қобы, қопар* т.т.), *күп-сі* күп болып ісу дегендерде де “аздап”, “сәл-сәл” мағыналық ауысу бар екені байқалады. *Су-сы* да сол тәрізді. “Өтірікті судай сок”, “ағыз” дегендерден гөрі, аз-аздап қана жылжығаны (орамал сусы-п жерге түсті) айтылады.

Есімдік негізді *мен-сін* және *мен-мен-сі* дегендер бар. Алдыңғысы “біреуді өзіне санау, санасу” тұрғысында айтылса, соңғы қос сөз тұлғадағы *-сі* - *дандай-сы* дегенмен бірдей. “Мен! Мен! - деп көкірек қағу” деген ұғымнан туған бұл соңғы етістікте аналитикалық пен синтетикалық сөзжасам тұтастығы сақталған. *Алабажақ-та, селқос-та-н, тра-та-та-ла* т.б.

в) Бір топ жұрнақтарында да негіз, ұйытқы болып тұрған сөздердің мағыналық сапаларына ауысу, бойына сіңіру т.б. осы тәрізденіп туынды түбір етістіктерге айналады. Олардың ішінде: *-ы, -і* жалаң, *-н* (*-ып, -іп*), *-ай, -ей*, сондай-ақ *-ал, -ел, -ар, -ер, -жи, -си, ши* т.т. ашық буынды келгендерінен қысаң (*ы, і*) дауыстылар аздап болса да өзгешеленетін мәнді етістіктер жасалады. Мыс.: *байы - бай бол, кең-і, кем-і*, сондай-ақ *сым-ни, сұс-ти, и-ми, бүк-ши* деген тәрізді *қушия, сымпия* түсу етістіктерін *аңқ-ай, жалп-ай, қақ-ай, далия, алиш-ай, алиш-ақ-та, талт-ақ-тат* т.т. дами түскен әрекеттерінен айырмалары анық көрінеді.

г) Жұрнақтар құрамының қатаң я ұяң дыбысты болуымен ғана бір-бірінен ерекшеленетін етістіктер де бар. Мысалы: *бүк-ши* мен *бүг-жи, ақыр-ай* мен *ажыр-ай, көпір-ші, ойнақ-шы* мен *күм-іл-жі, уы-ыл-жы, тар-пы, жел-пі* мен *іл-бі, сел-бе-с, бол-бы-ра, бол-жы-ра, қож-ыра, ел-жі-ре, мыл-жала* т.б. да салыстырып, *-з, -ж, -б* тәрізді ұяң дауыссызданғандарда бұлардан басыңқылық анық байқалады.

Интервокалды жағдайдан қатаң дыбыс ұяңдалып кетеді - деп тұжырымдалып жүрген тео-

рия да бар. Олай дегенде, *тікен-де, шікірен-де, ежірен-де* тәрізділерді *бүгежек-те, бүк-ши* мен *бүг-жи, бүге-л-ек-те, тұн-жыра, тұн-шық* т.т. дыбыстық айырманың түпкі себебі дауысты, дауыссыздармен көрші болудан гөрі болып жатқан сан қилы процестерді танытатын етістіктер семантикасынан өрбігенін байқау қиын емес. Түбірлер: *тыр-жи* мен *тыр-си, қон-жи* мен *қон-қай, қон-қи, том-пи* мен *том-пай, ақ-си* мен *ақ-ши*, дыбыстас *тыр-на* мен *тыр-қы-ра, тра-та-тала* т.б. семалық мәнді фонемалар сыры да шығатын дыбыстар сипатынан туады. Жылау мен күлу, сөйлеу мағынасымен байланысты сан түрлі етістіктер: *аңы-ра, еңі-ре, еңк-іл-де, сұңқ-ыл-да*, сондай-ақ *маңы-ра, мөңі-ре, жырқ-ыл-да, тырқ-ыл-да, тарқ-ыл-да, қарқ-ыл-да, шаңқ-ыл-да, шіңк-іл-де* болып, дыбыстық дәлділікпен айна қатесіз беріледі. Қазақ тілі туынды түбір етістіктерінің өзге тілге сөзбе-сөз аударуға келмейтін бұлар тәрізді өзіндік бай мұрасын одан әрі жалғастыра беруге болады.

д) Ашық немесе қысаң дауысты болудың өзі ұқсас, біртекті қимылдың көрер көз, есітер құлаққа сәл де болса айырмасы барын танытатын жоғарғы мысалдар *су-сы* мен *су-са* етістіктерін, яғни *-сы* және *-са, -се* жұрнақтыларды шатастыруға келмейді. Суға зар болуға (шөл-де-у) қатысты; *аң-са, көк-се, ем-се, жем-се* (*Еділді көріп, емсеген, Жайықты көріп, жемсеген*) тәрізділермен қатар, *тең-се, ақ-са* (*ақ-ау* дегенмен түбірлес), *-н* жұрнағымен күрделенген *-сан, -сен* жұрнақтылар (*бел-сен, бу-сан, құр-сан*) - өз алдына.

е) Есім негізді туынды түбір етістіктердің ендігі бір тобы *-р, -й* жалаң, *-ар, -ер, -ай, -ей* ашық буынды жұрнақтылар болып келеді. Мыс.: *қара-й* мен *ағ-ар, ұз-ай* мен *ұз-ар, көне-р, көг-ер*, сондай-ақ көне түбірлерімен *ұл(ы)ғ-ай, сар(ы)ғ-ай* түріндегі сын есім негізділер жатады. *Түн-ер, без-ер, қас-ар, қайғы-р, жұт-ай, ес-ей* т.т. зат есімнен туғандар да сол сапаға өту, ие болу, сондай болу деген салт етістіктер арқылы беріледі. *Ала-р* мен *ала-й, ұз-ар* мен *ұз-ай* дегендердің синоним болуы, сондай-ақ *ағ-ар* мен *қара-й* тағы *-ар, -й* жұрнақтарының тепе-тең мағыналылығы *кіші-р-ей* дегенде үстемелене қосылып, сол мағыналы әрекет одан әрі қарай жалғаса түсуін нақтылай көрсетеді. Қазақ тіліндегі *қара-й* мен түрік тілінің *қара-р* альтернативтері де *-р* мен *-й* сонар дыбыстыларды генетикалық жақтан жақындастырады.

ж) *Кіші, кіші-р, кіші-р-ей* дегендегі түбір сын есім одан өрбіген екі туынды түбір етістіктер *бүк-*

ір-ей, тік-ір-ей, бақ-ыр-ай, баж-ыр-ай, адыр-ай, аж-ыр-ай, ед-ір-ей, еж-ір-ей т.т. туынды түбірлерге мағына жағынан да, тұлғалануы жағынан да нақты дәлел бола алады. Бір қарағанда, *кіші-ір* мен *кіші-р-ей* - екеуі де субъектінің сол сапаға түсу, ауысу процесін білдіретін салт етістіктер болады. Бірақ олардың процессуалдық мезеті бірдей емес. Бір-ақ, бір мезеттегі әрекет *кіші-р* деп айтылса, бұл етістікке *-ей* болып, екінші рет қайталана етістік жасау жұрнағының үстемеленуі кішіру әрекетінің одан әрі жалғаса беретінін білдіреді. Нақтылай, көрнекілесе, шартты түрде былай болар еді. Мысықтың көз қарашығы неғұрлым жарыққа я көзін үлкейтіп, аша берсе, қарашық соғұрлым, жіңішкеріп, яғни кішірейе береді. Бұл қасиет - адамның көз қарашығына да тән. Сондай-ақ алыстай берген нәрсе де (адам, ат, машина...) кішірейе береді.

-ай, -ей, сондай-ақ *-ырай, -ірей* болып күрделі аффиксті түрде танылатын: *баж-ырай, од-ырай, аж-ырай, еж-ірей* т.б. мен бірге: *бақ* (бақ-сам, бағдар...), *тік* (тік қарау, тік-ей-т) тәрізділерді *бақ-ыр, тік-ір* деп, *кіші-р* мен салыстыруға келмесе де, өзгелерін, мыс.: *од-ыр* (од-ыр-аң-да), *ед-ір* (ед-ір-ең-де), *ақ-ыр* (ақ-ыр-аң-да), *оқ* (оқ-тал, оқ-ыр-аң-да) тәрізділерді салыстырып, олардың *-ай, -ей* аффиксті туынды түбір етістік түрлерін жоғарыда талдаған *кіші-р-ей* етістігімен процессуалдығы бірдей деп түюге әбден болады. Судын жан-жаққа жалп-ай-а жайылып кетуі бәлкім, одан әрі де жайылып, жалпия беруі *-ай, -ей, -й* жұрнақтыларда - нақтылық.

Үң-ір-ей, түң-ір-ей т.б. да етістіктің осылар тәрізді жасалу жолдарын өткен. Сонда бұл амалдың өзі тілдің арғы тарихымен байланысады. *Үң-ір - үн-гі-р, үн-ғы* мен *шүң-ір, шүң-ғы, шүңқыр* дегендермен түбірлестер. *Баж-ырай, аж-ырай, ож-ырай, күд-ірей, күж-ірей* тәрізділер де сөз семаларының фонемалық та, морфонема, морфемалық та эволюциясын басынан өткізген көне көрсеткіштер нәтижелеріне жатады.

3) Аффикс соңы *й* сонор дыбысына біткен бұлар тәрізді тарихи процесс *-р* сонор дыбыстыларға да тән.

Бұған: 1) ашық дауысты: *-қар, -кер, -ғар, -гер*; 2) қысаң дауысты: *-қыр, -кір, -ғыр* жұрнақтылар да дәлел.

Алдыңғылар тобына жататын: *бас-қар, ес-кер, оң-ғар, су-ғар, өң-гер* (ұйымды бас-қар, айтқанды ес-кер, қойды атқа өңгер) т.т. сабақты етістіктерге айналады. Бұлар да процессуалды бір мезеттен гөрі тиянақтылық, бітімді іс-әрекеттер тобын то-

лықтырады. Созылыңқы қимылға *су-ғар - су-ар, тең-гер, оң-ғар* тәрізділер жатады. *Мақтаны, астықты суар*, сондай-ақ *бетін оң-ғар, ниетін оң-ғар-ды, есепті тең-гер* дегендерде “бір түп мақта” емес, мыңдаған, жүз гектар жердегі мақта, бидай, қауын-қарбызды суару мәні беріледі.

“Ескер-т-кіш”-ке негіз *ес-кер, бас-қар мен ор-шы, қыр-шы, ыр-шы* дегендер салт, сабақты болу өзгешелігімен ғана емес, алдыңғылары түрліше созылыңқы, соңғылары қалт мезеттілік, бір сәттік әрекетті білдіруімен де ажыратылады.

6.1.1.2. Етістік жұрнақтарымен дербестенген есім негізді туынды түбір етістіктер

Туынды түбір етістіктерге негіз болған есімдердің бұл түрлерін өлі түбір деуге келу-келмеулеріне қарай екі топқа бөлуге болады.

1) *Аз-ырқан, жат-ырқа мен аш-ырқан, тұш-ырқан* дегендерде *аз, жат* сөздері дербес те, *аш, тұш* - дегендерде ондай дербестік жоқ. Соңғылар: *ащы - ашты, тұщы* түрлерінде толыққанды есімдер болып қолданылады.

Жалт етті - жалт-ыл-да-ды, *бұлт етті* - бұлт-ыл-да-ды бірі тез, бір-ақ сәттілік, *-ыл-да* жұрнағымен созылыңқы, дүркінділік әрекетті білдіретіндер *жалт -ар, бұлт-ар* туынды түбір етістіктер түрінде мағыналары да, процесуалды мезеті де өзгеше етістіктерге айналады. Есім негізді туынды түбір етістіктердің бұл тобында: *аз-ырқан, жат-ырқа, аш-ырқан, тұш-ырқан, тойт-ар, жалт-ар, ұлта-р* (ұлта-н - ұлтан-да), *тап-жыл, теб-ірен, тақ-а, кеуз-е* (кеуз < қауыз; кеуз-е < қауыз-да) т.б. осылар тәрізді есім мен етістік жұрнақтары тұтаса, орфоэпиялық та (яғни фонемалық та) жағынан ұқсастанып, жаңадай мән-мағыналы іс-әрекеттер атауларын жасаған. Оларды түбі мен жұрнағы деп бөліп-жармай, қазіргі тіл деңгейінен бір морфема есепті тануға да болар еді, бірақ: *қым-сын, қым-ты, -қым-қыр; быр-жи, быр-ти, быр-ыс; бал-быра, бал-ни, бал-қы; сар-ық, сар-сыл; тыр-ыс, тыр-жый, тыр-тый; тай-қы, тай-сал* т.б. парадигмалық сөзжасам құбылыстарымен салыстыра тану талдап корудің тарихи қалыптасуын тануға бой ұрғызады.

2) Ең өнімді деп есептелетін *-ла, -ле, -да, -де* аффикстілер тобына енгізуге болатын: *боз-да* (інген бозда-ды, ботадай боз-да-п), *сыз-да* (сызда-у-ық, тісі сыз-да-п) деген етістіктер есім негізділерге жатқанымен, *боз* - (боп-боз, боз інген т.б. емес), *сыз* - (қағазға сыз, сыз жер т.б. емес) деген дербес сөз жоғы бұларды да түбір мен

жұрнақ қосындысынан тұратын туынды түбір етістіктер деп тануға итермелейді. Жоғарыда түбірі мен жұрнағын ажыратып тануға тілдік дәлел есепті келтірген: *том* - (том-сар, том-пи, том-пай, том-пақ-тан), *қым* - (қым-та, қым-сын, қым-қыр, қым-ты - қам-ты), *жалп* - (жалп-и, жалп-ай, жалп-ақ), *сар* - (сар-ық > сарқы-п іш, сар-сыл, сар-ыл), *өк* - (өк-ір, өк-сі), *теп* - (теп-ші-п тігу, терлеп-теп-ші-ді), *қақ* - (қақ-ыр, қақ-са, қақ-ыл-да) сияқты туынды түбір етістіктер өздерін тарихи-этимологиялық тұрғыдан тану қажеттігін туғызады.

Бірде етіс категориясының тұлғалары деп танылып, сөздікте реестр етіп берілгенмен (*ал-дыр, ал-ғыз, оқы-т-тыр, кел-тір, жет-кіз, қолтық-та-с*) мән-мағыналары түсіндірілмей, “анау етіс”, “мынау етіс” деген тәріздендіріп өте шығатындармен қатар, *кел-ін* (келін келді, кел-ін-шек), *іш-ір-т-кі, ара-ла-с* (“ағашты ара-ла” дегеннен емес, көжені аралас-тыр, көпке кіріп, араласып кетті дегендерде), сондай-ақ *із-де-с-тір, жыр-т, сұра-с-тыр* т.б. реестр сөз ғана емес, әрқайсысы дербес лексема есепті түсіндіріліп, көркем тіл деректі, сөйлемдермен толықтырылып отырады.

3) Жұрнақ деп емес, жұрнақша яғни сөз тудырушы емес, тұлға жасаушы (формообразование) деп танылатын қолданылуында туынды түбір етістіктер санатынан тануға да келетіндер жоқ емес. Мыс.: *қайт-па* (бетінен қайтпа-у, қайт-па-с қайсар), *оң-ба* (оң-ба-ған, оң-ба-с, оңып тұрған түрі жоқ), *тап-жыл-ма* (тапжыл-ма-с-тың өзі, тапжылып көрген емес) т.т. *Көр-гіз* дегенді өзгелік етіс деумен ғана шектеліп *көр-сет* (күн көрсетпей, жаңа кино көрсет-іл-у-де) етістігін дербес реестр сөз (ет.) етіп, толығымен берілетін де жағдай бар.

6.1.2. Етістік негізді туынды түбір етістіктер

Жұрнақ(тар) арқылы жасалған, жасалатын туынды түбір етістіктерге негіз болатындар кез келген етістік атаулы емес, етістік түбірлер, түбір етістіктер деп те аталады.

Етістік түбірі дегенге қойылатын басты шарт олардың 2-жақ жекеше, анайы түрде келуі. *Сен* жіктеу есімдігімен: *сен кел, сен әпер, сен үйрет, сен отырғыз, сен білмегенсі, ұйқысыра, секеңде* т.б. жалаң да, күрделі де жұрнақтармен келген тұтас сөз - реестр етістіктер. *Сен жыла-м-сыра, біл-ген-сі* т.т. “сен” есімдігімен жақтасады.

Түбір етістік, яғни етістік түбірі деп танылатындардың мына төмендегідей бірнеше түрі бар:

1. Туатүп (туа түбір деп те айтылады);

2. Негізгі түбір;

3. Туынды түбір.

Етістік түбір(лер)іне байланысты осы 3 түрлі түбір етістіктің соңғы екеуі, дәлірек айтқанда: негізгі түбір және туынды түбір етістіктер дегендері дағдылы дәстүрмен айтылып, қолданылып келді.

Тұңғыш коллективті еңбек 1989 ж. жарияланған “Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесіне” зат есім сөзжасамының авторлары Е.Жанпейісов пен С.Нұрханов *туа түбір* > *туатүп* деген термин енгізіп, сөз түбірлері, олардың түрлері деген мәселеге әрі қарай да тиянақтай түсуге мүмкіндік туды.

Бұл термин етістікке де тікелей қатысты. Жоғарыда аталған авторлар *туатүбір* дегендегі *туа* сөзін негізгі дегенге альтернатив етіп қолданды.

Етістік түбірлерінен етістік негізді туынды түбір етістіктердің синтетикалық сөзжасамы арнайы баяндалатын болғандықтан, парапар деп танылып, зат есімде туатүбір (туатүп) етістікте негізгі түбір деп екі түрлі айтылуына ғылыми мән беру қажет болады.

6.1.2.1. Туатүп және негізгі түбір етістікті туынды түбір етістіктер

Түркі тілдері, оның ішінде, қазақ тілінің де жүз жылдан астам зерттеліп, жариялануында: *кел, кет, отыр, тұр, білек, өкпе, аяқ* т.б. негізгі түбір, яғни одан әрі мағыналы кіші бөлшектеуге келмейтін лексема, бүтін тұтас бір морфема делініп қабылданып келді. Агглютинативті құрылымды қазақ тілі үшін негізгі түбірдің одан әрі жұрнақ (тар) қосылып, туынды түбірге айналуына әр морфема ара жігінің танымалдығы да мұның дұрыстығын дәлелдеді. Сондықтан: *өт-кіз, өт-кер, көл-бе, көл-кі, көл-де-т, іл-ес, іл-ге-шек-те* т.т. *өт, көл, іл* ең кіші мағыналы тұтас бір бүтін, ал соңғы жұрнақ(тар) ап-айқын дара-дара танылады.

Етістік түбірлеріне арналған монографиялық еңбектер, мектеп, арнайы, жоғары оқу орындарының грамматика, оқу құралдарында бөлшектелмес бүтін деп келген, сондай-ақ: *жа-н* (от жанды), *жа-қ* (шам жақ), *уа-н, уа-т* (баланы уа-т, шыны уа-т-ыл-ды, уа-қ-та-л-ды) тәрізділерді *туа* түбір мен негізгі түбір дегендерге эквивалент деп қана қарамай, теренірек тексере тану қажеттігін туғызады.

Академик Ә.Т.Қайдаровтың қазақ тіліндегі бір буынды сөздерге жасаған ғылыми теориялық талдаулары бұрыннан айтылып келе жат-

қан: *кө-з бен кө-р, сө-з бен сө-й* (сөз сөйле), *кү-й* (төбесінен күй қазып), *құйық-құдық, адақ* (ада болды деп те айтылады) *-ајақ, мүгуз-мүйүз-мүйіз* т.б. санын, сапалық құрамдыларды шегін кеңейтіп, жүйелеп, түбірлер туралы ғылым саласының іргесін жаңартты.

Туатүп, туатүбір делінуге тиіс көптеген бір буынды сөздер: *ке-л* және *ке-т, а-л* және *а-т*, сондай-ақ: *то-п* пен *то-қ, кү-н, кү-й, кү-л* т.т. тарихи тұрғыдан түптеп келгенде, туынды түбірлер болып шықты.

Қазақ тілінде *есікті жап, көрпе жап*, яғни *жап* деген негізгі түбір етістік бар. 1) *жап: жау-ып, жаб-а-ды, жаб-ыл-ды*, яғни *жап-ты, жа-б-а-ды, жа-у-ып*; 2) *жап: жа-н, жа-б, жа-у* түрлерінде айтылып қолданылуымен бірге, *көрпе жауып еді, жам-ыл-дым* болып қолданылады. Соңғыдан (осы *жа-м* дегеннен) *жа-м-ыл-ғы, жа-м-ыл-ыш, жа-н* дегеннен: *жа-б-ың-қы, жа-б-ыс, жа-б-ыс-тыр* т.б. туындай береді.

Қазақ тілі үндестік заңы бойынша дауысты дыбыстан басталатын қосымшалардың кейінді ықпалының әсерімен (ақ+ырақ>ағырақ, көп+ей>көбей, тап+а>таба-ды, тап+ып>тауып) *к, қ, п* қатан дауыссыздар ұянданып кетеді. Олай болса *жа-н, жа-б-ыл, жа-у-ып, жа-м-ыл* дегендерді *жа-* туатүптен өрбігендер деп, ал: *жа-н, жа-у-, жа-б* дегендерді осы күнге дейінгі дәстүріміз бойынша “*жап*” негізгі түбірдің сөз қолданыстағы орфоэпия заңдылықтарының түбір мен қосымшалар тұтасуындағы үндесу жүйесінің жемісі деп тануға тура келеді.

Агглютинативті құрылымды қазақ тілінің өзінде бұл жоғарыда келтірілген тілдік деректер әзірге эквиваленттер деп танылатын *туатүп, туатүбір* деген бір терминнің өзін тағы да теориялық тарихи деңгейде тиянақтау қажет екенін көрсетеді және олар мен негізгі түбір дегенге де тереңдей қарап, қазіргі қазақ тілі, сондай-ақ сөздіктердегі етістік-реестрлерге сүйеніп, толық мағыналы лексикалық единицаға негізгі түбір атауын баламалаған дұрыс болып шығады.

Жоғарыда қысқаша болса да, деректер келтіріле баяндалған бір-ақ буынды болуларына қарамай, күні бүгінге дейін лексика-семантика, морфологиялық талдау-таным бойынша бір бүтін единицалар делінетіндер тарихи тұрғыда туынды түбірге жатқызылуы бұл соңғы сөзжасам терминіне де тереңдей үнілу қажеттігін көрсетеді.

Соңғы *л* сонор дыбысты *ал, бол, кел* етістіктері осы дыбыстық құрылымын толық сақтап: *ал-ып кел, ал-ып бар, ал-ып бер*; сондай-ақ: *барып*

ал (алдымен үйіне барып ал), *келетін бол, тез кел, ала кел* т.т. қолданылады. Бұл тіркестердің мүлде танымастай болып бірақ сол ілкі мағыналарын сақтай: *әкел, әпер, анар* түрлерінде айтылып, қолданылатыны белгілі. *Әкел* сөзінің *әке-п, әкел* түрі де бар; *олай+ет, бұлай+ет, солай+ет* т.т.: *өйт, бүйт, сөйт ~сүйт* болып аса ықшамдалған да жасалымдары, дыбыстық болмыстары әр түрлілігіне қарамай, мағыналастар санын көбейтеді. Бұлар Ф.Ганиевтің танымынша, сөз жасамның фонетикалық амалы (яғни флективті құрылым) делінуге тиіс пе? Бұл сияқты сөзжасам немесе етістік түбірі, оның түрлеріне түптелуде бұларды ғылыми объективті тану мәселелері бар.

Оя-н, оя-т, оя-у дегенде, ең кіші бөлшек-морфема *оя*-деп танып, туатүп терминіне сыйғызу қажет пе? Қазіргі өзбек тілінде: *оёғ, ойғо-т, ойғо-н* түрінде қолданылады. *Оёғ* дегені - қазақ тілінде *-оян-у*. *ғ* мен *у* дыбыстарының туыстығы мен альтернатив екені: *та-у* мен *тоғ* сондай-ақ *к* мен *г* (*кел гел гэл*); *тау* мен *дағ* (Дағыстан) т.т. туыс тілдер деректерімен дәлелденеді.


Солай болғанның өзінде қазақ тілінде: *оя+н-т-у* болып қимыл атауының *-у* жұрнағының етістің *-н* және *-т* қосымшаларымен парадигматикалық жүйеде орын алмастырып айтылуы өзбек тіліндегі *ой-ғ(а) -т* пен *ой-ғ(а)-н* дегендерден өзгешелеу екенін танытады. *Сары < сары (-ы) -ғ-ай, ұл-(-ы)-ғ-ай* дегендерде түбірге қатысты *-ғ* тірілсе, түбір танымындағы тағы бір жұмбақ.

Қазіргі қазақ тілінде: *ба-й-ла* (жіпті бай-ла, басынды пәлеге бай-ла-ма, қол бай-ла-у т.т.) *бай > сөз бай-ла-с-у, телефонмен бай-ла-н-ыс, екеуі ерегісіп, бай-ла-н-ыс-ып* қалды. т. б. туа түбі *бой* өзбек тілінде дербес сөз *боғ* та осы жалпытүркілік түбірін сақтап, қазақ тілінде *боқ-та, боқ-ша-ла* болып айтылу да сақталған. Қазақ тілінде ұңғы деген құрал бар. Түбірлес *үңгі*, осыдан туған *үңгі-р*; сондай-ақ *ұңғы-ла* дегендер мен *том-пақ* (пәле-пақ-та-п), *төм-пе-шік, дом-а-ла-қ, дөн, дөн-гелек, дөн-ес; доп* пен *топ, топы, топ-ас, түп, тоқ* (тоқ етерін айт), *тоқыра* т.т. сөзжасам (салыст. доп-ты) байлығының мол қазынасын түбірлестер деп саюға әбден болады. *Тістен-тірнектен* дегеннің екінші сынары *тырнал, тырнақ-та* екені, бірақ бұлар қосарлы бір лексикалық бүтін болуда дыбыстық та, яғни жіңішкелі-жуанды болмай, *тістелеп* дегенмен әуендесіп, *тірнектетіп* дегенге ауысқан.

Тілімізде баяғыдан бері етістік негізді ТТЕ-лерге айналғандар деп санауға келетін туынды

етістіктер бар. Мысалы: *қоры, қорға*, олардан жасалған *қорған* (“Талдықорған” дегендердегі), *құры, құрт* (құры көзіме көрінбей, оны құрт бұл жерден), “неден құр қалдын”, *ыт, ытқы* (ыта жөнелді, ытқы-п кетті), *шап, шапшы, сық, сықси, сығырай* т.т.

Осылар және басқа да бұлар тәрізді етістік негізді туынды түбір етістіктерді мына төмендегі:



т.т. туынды түбір етістік термин жасалулары бірдей деп айтуға келмейді. Өйткені соңғыларда *етіс жұрнақтары* жаппай қосылып та, қажетті бірді-екілі түрде қосылып мүлдем қосылмай да қолданыла береді.

Сондықтан бұл соңғылар күні бүгінге дейін өздерінің *еркін* қосылып қолданыла беру мүмкіндігін сақтаған.

Көн-көн=ік-көн-дік, и-и=ік-и=лік, бас-бас=тық, бас-тығ-ыр-ыл, жұлқы, жұлмала, сондай-ақ *сық-сықа, сықси, сығ-ырай* етістіктерінің етіс жұрнақтарына дейінгі қолданылу сипаты байқалады. Сонда *сық-та* (қапты *сық-та-п, сық-а-п* толтырды), *көндік, и-лік, бас-тық, көн-ік, и-ік, түрт-ін, түрт-ін-екте, қу - қу=а=ла-қу=да=ла-қу=ғын=да, қор=(қорған соқты)-қоры-қор=ға-қор=ға=ла* етістік негізді туынды түбір етістіктер ертеден-ақ дара (үр-ле, шұқы-ла), сондай-ақ күрделі жұрнақтармен де (қу-а-ла, қу-да-ла, қу-ғын-да...) дербес мағыналы лексемалар болып қолданылып келеді.

Етіс жұрнақтылардан алдыңғы *етістік негізді* туынды түбір етістіктер: жалаң және күрделі жұрнақты түрлерінде кездеседі. Мысалы: *тісте, саба-ла, сық-та* дегендермен қатар: *қат-а-ла, қарай-ла, сығ-а-ла, сығ-ыр-ай, бүк-ірей, жұл-қы-ла, сіл-ік* (салыст.: *сіл-те*), *сіл-те, үй-ме-ле, ор-а-ғы-т* т.б.

а) Түбір етістік + жалаң жұрнақтылар

Бұл топтағы етістік түбірлері мен олардағы жұрнақтар тілдің көп ғасырлық тарихымен бірге келе жатқан тілдік көне құбылыстар қатарына жатады.

Бір ғана *и* түбірінен: *и-зе, и-мен, и-ік, и-лік, сық* дегеннен: *сық-а, сық-та, сық-и, сық-си, сығ-*

ыр-ай, өзге де: *ыр-ғы, ыр-шы, шап-шы, шап-қы-ла, жаб-ыл, жаб-ын, жам-ыл* тәрізді бірнеше туынды түбір етістіктер өрбіген. *Жаз* (не *жаздым* оған?) дегеннен бір ғана *жаз-ды* туынды түбір етістіктер жасалған. Оның өзі (*құлай жаздады, өле жазда-п*) - көмекші етістік.

-*Сық* түбірінен туындағандардың мағыналарына үңілейік:

-*Сық* (ҚТТС 8т. 455-б.): 1. қысып суын шығару, ағызу; 2. күш қолданып қысу, сығымдау, бұру: битті сығып өлтіру, жасын сығу...

-*сық-а* (сол бетте): нығыздап лықа толтыру; -*сық-и* (457-б.): әбден лықа толу, шамадан асып түсу, сылқию...

-*сық-си* (458-б.): 1. көзді сәл ғана жұмыңқырап қарау, сығыраю; 2. сәл ғана жылтындап көріну: Сықсима шам.

-*сық-та* (459-б.): 1. нығыздау, нығарлау; 2. зорлау, қыстау...

Сық-а мен *сық-та* (жылап-сық-та емес) дегендердегі *-а>-та* жұрнақтарының түбірге үстеп тұрған мағыналасығы тарихи шығу тегі бір екенін куәландырса, *-та* дегенге қарағанда, *-а* жұрнақтының (нығызда-у, лықа толтыр-у) *-та*, яғни фонемалық толық түрінен (әбден лықа толтыру) нығыздау мен толтырудың сәл де болса бәсеңдеу екендігін айғақтайды. *Сық-си* мен *сығырай* дегендерде де, олар мейлі тура, мейлі ауыспалы мағыналарда айтылсын, мыс.: *сықсиып неге тұр ол? Сықсима шам. Бастығымыз сықиып тұрып киініп келінті* т.б. етістік түбірлерімен біте қалыптасқандар тобын құрайды.

Түбір + жұрнақ үлгісіндегі туынды түбір етістіктер де баршылық. Солардың ішінен тарихи түбі бір деп тануға келетін: *-лық/-лік және -ық/-ік* жұрнақтылар. *И, көн* етістіктерінен өрбіген *көн-дік* пен *көн-ік, и-лік* пен *и-ік*, сондай-ақ *соқтық, тай-лық, шай-лық, шап-тық* т.т. бар. Ол келе бізбен *соқтық-ты*. Неге *шайлық-тық? Шапшымай*, тыныш отыр т.т.

И-лік (4 т. 440-б.) пен *и-ік* (489-б.) - түбірлері бір, жұрнақтары төркіндес бола тұрса да, сөздікте әрқайсысы дербес етістік есепті танылып, түсіндірілген. Олардың стильдік т.б. мәнді қолданыстарында айырма бары да байқалады.

Көн-дік пен *көн-ік* дегендер де осылар тәрізді.

И етістігінен жасалған бұлардан өзге де: *и-ле, и-сін, и-гер, и-зе, и-мен, и-тер* т.б. туынды түбір етістіктер бар.

Жалаң жұрнақтылар ішінде *-шы, -ші* жұрнақтары да бар. Мысалы: *Көңілі көн-ші-ме-ді, су шап-шы-п, атқылап тұр, көрпені теп-ші-п тікті, қолын суға мал-шы-ды*.

Түбірлері ап-айқын да, дербес етістіктермен қатар: *ыр-шы* мен *ыр-ғы, ор-шы* мен *ор-ғы, қыр-шы* мен *қыр-пы өр-ші* мен *өр-бі* т.т. түбірлерін салыстырып, етістік негізді туынды түбір етістіктер қатарына қосатындар да кездеседі.

Мағынасы бір-ақ белгілі реңк мән айырмасы бар екенін білдіретін *-шы, -ші* мен *-жы, -жі* жұрнақтарын салыстыра тануға келетін мысалдар да кездеседі. *Реніш* сөзіне *-і* жұрнағы қосылып, *рен(і)ж-і* туынды түбір етістік жасалатыны, сондай-ақ *бол-жы-ра, был-жы-ра, бұғ-жи* дегендерге *был-ш еткізді, бұк-ши, тік-ши* дегендерді қарсы қоюға келетін *-жы, -жі* жұрнақты етістік негізді туынды түбір етістіктер бар.

Олар: *уыл-жы, тамыл-жы, күміл-жі, бағ-жи* (бақ-ши) т.т. *бұл-жы-ма, бұл-жы-т-пай, тап-жы-л-ма* т.т. болымсыз түрлерінде қайтпас қатты шешімге келгендікпен айтылатын етістіктер де бар. Соңғы болымсыздар да *ж* дыбысының ұяндығы, яғни жұмсақтығы болымсыздық *-ма, -ме* немесе *тапжылып көрген емес* “тәрізді” болымсыздықты аналитикалық түрде де, *ш* (шап-шы, ор-шы) қатан фонемасына теңейді.

Жұрнақтарының қатан дыбысты басталуы жағынан *тара ~ тар-қа* (жиналысқа келгендер тарады, тез-ақ тар-қап кетті); *қызының қысқа шапшып қанша тарап, өрсе де тарқала берді* және *үйке ~ үйке-ле, сүй-ке ~ сүй-ке-ле* (салыст.: *сүй-ен, сүй-ке-н*) тәрізділер де бар.

Омоформалы аффикстер тобын құрайтын *-қы, -кі, -ғы, -гі* жұрнақты туынды түбір етістіктер де бар. Олар: *ат-қы, ыт-қы, ыз-ғы, кер-гі, сыр-ғы, ыр-ғы* (~ыр-шы), *ор-ғы* (~ор-шы) т.т. *құй-ғы, ора-ғы* дегендер өзгелік етістіктің *-т* жұрнақты түрінде: *құй-ғы-т, ора-ғы-т* тәрізденіп қолданылады.

Омоформа делінетін себебі: қалау райда: *күл-гі-м келді, кет-кі-сі келіп жүр, бар-ғы-ң жоқ-ау шамасы; біл-гі-лер-ің келмеді ме?* т.т. жұрнақтармен қатар: *күл-кі, шап-қы, теп-кі* тәрізді етістіктен есім тудыратын жұрнақпен де тұлғалас екені, олардың әрқайсысы ажыратылып танылуға тиіс.

Етіс аффикстерінің бірімен қосылған түрлерінде дербес етістік болатын, туа түптері қазақ тілінде дыбыстық өзгерістерге түсіп, көбіне қысқарып кеткен туынды түбір етістіктер де бар. Бұлар:

Өздік етісте

оя-н

үйре-н

уа-н

жұба-н

Өзгелік етісте

оя-т

үйре-т

уа-т

жұба-т

Бұлардан басқа да осы түрғыдан талдауға болатын *жа-н* ~ *жа-қ* (от жан-ды, отты жақты); *жа-й* ~ *жа-з* (дастарханды жай ~ жаз) т.т. туынды түбір етістіктер бар.

Санаулы ғана етістіктерде кездесетін: *-ай*, *-ей*, *-ді*, *-бі*, *-р*, *-на* т.т. етістік жұрнақтары кездеседі: *кішір-ей*, *бүк-ір-ей*, *өн-ді* (жүрісі өн-ді-меді), *іл-бі* (іл-бі-п келеміз), *жай-на*, *қаңғы-р* т.т. Адам қартая келе *бүкірейіп* кішірейіп те кетеді. Жаз келсе-ақ айнала *жайнап*, жайқалып сала береді. *Қаңғырмай*, үйге қайт.

б) Түбір етістік + күрделі жұрнақтар

Баяғыдан қолданылып келе жатқан етістік негізді туынды түбір етістіктердің ішінде жұрнақтарының құрамы күрделі болып келетіндері аз кездеспейді. Бұлардың көбі жұрнақтары дыбыстық қысқаруға ұшырап, ілкі морфонемалық сипаты өзгерген, тіпті екі жұрнақ ажырамастай бүтіндік түр алған т.б. кездеседі.

1. *Себ-е-ле*, *қат-а-ла*, *қайт-а-ла*, *қу-а-ла*, *тұр-а-ла*, *үй-е-ле* т.т. *-ала*, *-еле* деген бір түрлі тұлға деп, оны *-а*, *-е* және *-ла*, *-ле* жұрнақтарына таратқанда: *тіс-те-ле*, *қу-да-ла* дегендермен сәйкестендіруге болатын тәрізді. Бұған *сық* етістігінің *сық-а*, *сық-та* дегендері де дәлел болады. *Сық-а* деген ұяндап: *сығ-а* (салыст.: *сығ-ырай*) болып кетпей, *сықа* деп, қ қатандығын сақтауы да *-та* > *-а* дегенді құптайтын тәрізді.

Интервокалдық заңға түспейтін: *екі* (ег-із бен салыст.), *жек-ір*, *тақ-а*, *теп-ен-де*, *төп-еле*, *сүйе* ~ *сүй-ке-сүй-ке-ле* тәрізділер тарихи тегі сақталған түркі тілдер топтастығының ілгерідегі деректеріне саяды.

2. Тап мұндай эволюция түрі: *қор*= (қорған салды) - *қоры* - *қор(ы)-ғ-а* - *қор-ғала*, *қор-ға-н*, *шақ-та*, *құр*= (күрқол, құр-т), *құры* (құрығыр-ай, күн құры-т-ып жіберді) - *құр-ғ-а*, *тара* > *тар(а)-қа*, *сүйе* < *сүй(е)-ке*, тіпті жалаң немесе күрделі жұрнақты деп нақтылау қиынға түсетін: *оя-н*, *оя-т*, *оя-у* т.т. туынды түбір етістіктерге де қатысты. Қарлұқ тілдерінде *оёғ* деген бүтін түбір *ойғ-ан*, *ой-ғ-ат* түрлерінде етістік болып сақталуы қазақша: *үйре-н*, *үй-ре-т* дегендердің оларда *орға-н*, *өр-ға-т* (ол тілдер мамандары: *ой-ғат*, *өрган* т.т. деп талдайды) делінуі де қазіргі қазақ тіліндегі: *қоз* - *қоз-ға*, *құр* ~ *құр-ы* - *құр-ға*, *қор* ~ *қоры* - *қор-ға*, *сары* - *сар(ы)-ғ-ай* т.т. туынды түбір етістіктердің тарихи дамуын нақтылайды.

Соны *-ла*, *-ле* негізіндегі күрделі жұрнақтардың да тарихи тектері күнгірт немесе ара

жіктері ашық көрініп тұрған өзге де туынды түбір етістіктер баршылық. Сонда оларды төмендегідей таратып тануға болады.

1. *Өл-еу-сіре* мен *өл-ім-сіре* дегендерді салыстырғанда, *өл-ім* зат есімі нақты *өл-еу* түрі нақты еместігімен осы екеуіндегі ілкі және *-сіре* (*-сыра*) қосымшасына тереңдей қарауды қажет етеді.

Соның өзінде: *күлім қағу* делінеді де, *жыла-мсыра* дегеннен *жылам қағу* деп айтылмауы, *өл-еу* сөзінің де жоқтығы: *өл*, *жыла*, *күл* етістіктерінің *-усіре*, *-мсыра*, *-мсіре* жұрнақты түрлерін қазіргі қазақ тілі түрғысынан етістік негізді туынды түбір етістіктер тобында тануға болатынын көрсетеді.

2. *Балалар шап-қы-ла-н ойнап жүр* деген мен *Етті шап-қы-ла-н бұзды* дегендерді алдыңғысындағы *шап-қылап* соңғысындағы *шапқы-ла* болып таратылады да, бұрынғысы ғана күрделі жұрнақты етістік саналады.

Етіс жұрнақтары басқа жұрнақтардан соң қосылады, - деп, тиянақтағанмен: *түрт-ін-ек-тен*, *қор-ға-н-шақ-та-н*, *сұра-н-шақ-та-н*, *тартын-шақтан* т.т. жұрнағы түбірде екі рет қосылып тұр. Мұндайларды: *түртін-ектен*, *қорған-шақ-тан*, *сұра-н-шақ-та-н* т.т. осылай таратып, *-шақ-тан*, *-ектен* түрлерінде тану керек болады.

3. *-ла*, *-ле* жұрнақты күрделі жұрнақтылар: *түй-гіште*, *қой-ғышта*, *қозға-лақта*, *ұш-қалақта*, *жұмар-лақта*. Сондай-ақ *сор-ға-ла*, *тұм-ша-ла* т.т. мен жалғаса береді.

4. *Бүк-ірей*, *сығ-ырай*, *кіші-рей*, *жым-ырай* сияқтыларды екі ұдай талдауға болады:

бүк - *бүкір* - *бүкірей*
кіші - *кішір* - *кішірей*
жым - *жымыр* - *жымыр-ай*
сық - *сығыр-ай* т.т.

5. Күрделі жұрнақтылардың соңы - *ра*, *-ре* жұрнақты болып келуі *жыла-мсыра* тәрізділерден басқа да: - *жыра*, *-жіре* түрінде: *ел-жіре* (егіліп жылау), *бол-жыра* (бол-быр, шаршап болдыр-ды), *тұн-жыра* т.т. етістіктермен тұтасып қолданылады. Белгілі қимылдың асуы, бұған субъекті немесе бірнеше субъектінің нақты қатыстылығы, егер әңгіме объекті жайында ғана болса оның айтылуы - ол өз алдына. Міне осылардың нақтылығы етістік түбірлеріне белгілі етіс жұрнағы, жұрнақтары да үстеліп, соларды мағыналық та, сөйлемнің өзіне тән жүйелі дайын құрылымдарымен айтылып, берілуіне етіс категориясының тиісті жұрнақтары қосылады.

Септік жалғауының атау септік деген тәрізді жалғаусыз сөздер тобын құрайтындар негізге алынса, сол сияқты осыған дейін баяндалған түбір

етістіктер негіз етіс деп аталады. Олардан туындағандар, яғни етіс жұрнақтылар 4 топқа танылады.

Олар:

1. Өздік етіс жұрнақтары: *-н, -ын, -ін;*
2. Ырықсыз етіс *- // -: -л, -ыл, -іл;*
3. Ортақ етіс + оның, көмектес етіс түрі - *с, -ыс, -іс;*
4. Өзгелік етіс жұрнақтары - көп және әр қилы.

Етістік түбірлерінде осы төртеуінің белгілі жұрнағы (жұрнақтары) болуының логикалық астары және грамматикалық көрініс табуы тұтаса байланысады. Осыдан барып, бастауышының, сондай-ақ объекті біткеннің бәрі тура толықтауыш түрінде беріле ме? - т.б. да сұрақтарға етістіктердегі е т і с аффикстері мағыналық та тұлғалық жауап болып та табылады.

Мысалы: *сөйле* (ол ұзақ сөйледі) дегенмен *сөйле-с* (олар жеке отырып, ұзақ сөйлес-ті); *ұр* мен *ұрыс*, сондай-ақ: *айт-ыс, төбеле-с* т.б. - *с, -ыс, -іс* жұрнақтылары 2,3 (көп) субъекті арасындағы ортақ іс, амалды білдіреді. *Апама: Кір жуыс-ты-м* дегенде: Кір жуып жатқан негізгі қимыл иесіне (апама) барып көмектескен, яғни кірді әрі қарай жу-ыс-қан қосымша субъекті (мен) жайлы айтылады.

Өздік пен ырықсыз етістер әрқайсысы дара категория бола тұра, грамматикалық құрылымы, кейде тіпті жұрнақтары ауысып немесе бірдей болып кететін тілдік деректер де бар.

Мысалы: 1. *Сен жу-ын-ып, шай-ын-ып ал* - өздік етіс

2. *Еден жу-ыл-ды, кір шай-ыл-ды* - ырықсыз етіс.

Таза-ла-н, и-іл, бүг-іл, тірке-л т.б.

Туынды түбір етістіктер осы екі етіспен қызметтерін атқарады, жұрнақты түрлері - бірдей.

а) *Жолаушылар жуынып, шайынып, әбден тазала-н-ды* - өздік етіс.

б) *Қора-қопсы тазала-н-ып, көңіліміз көншіді* - ырықсыз етіс. Айырма неде?

Өздік етісте: бастауыш (жолаушылар) - әрі субъект, әрі объект.

Ырықсыз етісте: бастауыш - (қора) - қимылдың объектісі. Кім субъекті екені - ойша - түсінікті. Мұнда жоқ.

Сонда бұл жоғарғы екеуінде негіз болып тұрған етістіктер: *жу, шай, тазала* - сабақтылар. Субъекті қимылы объекті арқылы, жүзеге асады (үйді салды).

жу-ыл-у- біреу жуады, кір, қол, бет... - жу-ыл-ды.

Өзгелік етістің жөні - бөлек. Сабақты етістік те, салт етістік те, сондай-ақ жоғарыдағы үш етіс жұрнақтылар да өзгелік етіс болып қолданылады. Қолданылу аясы - кен. Мұның негізгі жұрнақтары (фонетикалық варианттарын санамағанда): *-т; -қыз; -тір; -дар; дыр, -ыз, -із; -ыр, -ір* т.т.

Мысалы: а) *ағ-ыт, оқы-т, алар-т; ат-қыз; же-гіз; ал-дыр, ау-дар, кел-тір; көр-сет; там-ыз, ағ-ыз, ем-із; аз-ғыр, аз-дыр* т.т.

б) *ки-ін-дір; тіз-іл-т, тіз-іл-дір; соғ-ыс-тыр; көр-сет-кіз; бер-гіз-дір-т* т.т.

Бұл етісте де логикалық: субъект, объект, предикат дегендермен бірге грамматикалық өзгелік етістегі баяндауыш, яғни сөйлемде: оның бастауышы, тура және жанама толықтауыш тәрізді сөйлем мүшелері беріледі. Сөйтіп, өзгелік етіс болған етістік түбірінің әуел баста салт па әлде сабақты ма, соған лайық логикалық пен грамматикалық сәйкестігі мына төмендегіше өзгереді:

1. Салт етістіктер: *бала ұйқтады; құс ұшады; сүт пісті* - субъекті = бастауыш; предикат - етістік баяндауыш.

Бала-ны анасы ұйқта-т-ады; бүркітші құсты тордан алып, ұш-ыр-а-ды; сауыншы сүтті піс-ір-еді; Қазанды оттан түс-ір-еді т.т. Жоғарыдағы салт етістіктер сабақтыға айналып, *-т, -ыр, -ір* жұрнақты өзгелік етіс келіп шықты. Әуелгі субъектілер тура толықтауыш мүше болғанмен субъекті қалпын сақтайды (ұйықтайтын - бала). Осы қимылдарды жүзеге асыруда негізгі міндет атқарушы (сөйлемнің бастауышы болып) - субъект (жоғарғы үшеуінде де - адам) бары - анық. Сөйлем - кәдімгі сабақты етістік баяндауыш болып тұрған қалыпқа түсті. Логикалық: бір қимылдың жүзеге асуы 2 субъектінің (а) ананың ұйқат-уы; б) баланың ұйқат-у-ы бір-ақ етістіктің -т жұрнағы үстелуімен ықшам да, тілдік жүйемен өз грамматикалық көрінісін тапты. Орыс тілінде жоқ бұл лексика-грамматикалық көріністер өзгелік етісті = транзитив, яғни сабақты етістік жасаудың бірден-бір амалы деп баяндауға соқты.

2. Әдетте сабақты етістіктер - баяндауышты сөйлемдер: *беті-қолыңды жу; шай іш, нан же; Балалар дөп ойнады* т.т. тәрізді: субъект пен бастауыш бір-ақ сөзде (сен, балалар) беріліп, объект пен де тура толықтауыш (беті-қолыңды, шай, нан, дөп) - дөп келеді.

Өзгелік етісте: бұл іс-әрекеттердің жүзеге асырылуы - өзге субъектінің, мысалы: анасы бала-ға беті-қолын жу-дыр-т-ты, жу-ғыз-ды, шай іш-кіз-

іп, нан же-гіз-ді, - деген жағдайдағы іс-әрекетке айналғанын білдіреді.

Әуелдегі жалаң сабақты етістіктегі субъект, объект - қимылдың өзара қатынасы сол қалпы логикалық мәнін сақтайды. Өзгеріс мұнда ілкі субъектінің жанама толықтауыш түрінде грамматикалық көрініс тауып (бала-ға), бастауыш болып тұрған (анасы) белсенді субъектінің ыркына түсуіне ауысады. Сөйтіп, объектілі іс-әрекеттің жүзеге ас-ыр-ылуы: бірі - орындататын (анасы), екіншісі орындайтын бала, екі субъектіге тікелей қатысты болады.

Банкер жастарға доп ойнатып, жаттықтырып жүр - дегенде де сабақты етістіктер өзгелік етіс болғаны бұл сөйлем тіркесінде нақты көрінеді.

Өзгелік етіс жұрнақтарының:

а) өнімділері: - *дыр*, - *ғыз*, - *т* және осылардың: - *дыр+т*, - *ғыз+дыр*, - *тыр+ғыз* - *ты* т.т. Жалаң және күрделенген түрлері.

Бұларда: *ал-дыр*, *көн-дір*, *тол-тыр*, *кел-тір*; сондай-ақ *тап-қыз*, *төк-кіз*, *ағ-ыт*, *өл-тір*, *өлтірт-пе* т.т. Үндестік заңына сәйкес фонетикалық варианттарда қолданылады.

б) өнімсіздері яғни белгілі түбірлермен ғана қосылып қолданылып жүргендері, яғни түбір мен жұрнақ тіркесімі тұтасып қалыптасқандар: - *сет* (көр-сет); *дар* (ау-дар): *аттан ау-дар*, *орысшаға ау-дар*, *назар ау-дар*, - *ғыр* (аз-ғыр) және - *ыз*, - *із*, - *ыр*, - *ір*, (там-ыз, ем-із, ұш-ыр, іш-ір, көш-ір т.т.)

Түбірлер мен өзгелік етіс жұрнақтарының тұтаса қолданылып, олар тудырған туынды түбір етістіктердің тарихи көнелілігі - шүбә туғызбайтын тілдік фактілер - көп. Солардан: *оян-мен оя-т*; *жұба-н* мен *жұба-т*; *уа-н* мен *уа-т* т.т. мен қатар: *шом-ыл* (суға түсу, жүзу), *түс-ін* (орысшаға түсін, түс-ін-дір), *құт-ыл*, *құт-қар*, *ау-ыс* (есі ауыс-қан), *жаб-ыс* (жаб-ыс-пай әрі тұр), *қау-ыш*, *жыр-т*, *іл-ес* т.т. Және жоғарыдағы жұрнақты туынды етістіктер бәрі де 10 томдық қазақ тілі түсіндірме сөздігінде реестр - түсіндірмелері мен иллюстрациялық материалдарында етістік болып, лексика, семантика және грамматикалық көріністерін тапқан.

Өзгелік етіс бола тұрып, бұл мағыналы емес, *бол-дыр*, мысалы, *ат бол-дыр-ды*; сондай-ақ: *жыр-т* (тоғанды жыртып су ағызды, қағазды жыртып) тәрізділер де бар. Мұның керісінше: *от жа-н-ды* дегенмен *от-ты жа-қ-ты* деген олі түбірлестердің соңғы жақ түрі - өзгелік етіс мәнді, яғни *жа-н* салт етістігі *жақ-ты* дегенде сабақтыға айналады. *Отты* - *шамды* жағушы адам (субъект

бастауыш), *жа-н-атын* - *от*, *шам* (логикалық субъекті) тура толықтауыш.

6.1.2.2. Күрделене қосылған етіс жұрнақты туынды түбір етістіктер

Жоғарыда қысқаша баяндалып өткен жұрнақты төрт етіс түрлеріндегі туынды түбір етістіктің іске асу- аспауындағы негізгі себепкер, яғни белсенді субъекті белгілі іс-әрекетке қатысса болды, ол туынды түбірлер одан әрі тағы да тиісті етіс жұрнақтары үстеленіп сөйлем ішіндегі етістік тіркестері де сәйкестене тілге тиек болады. Мұндай дайын күрделенген етіс жұрнақты үлгілер негізінен мына төмендегілер:

1) Өздік+өзгелік: - *індір* (ки-ін-дір), -*лт* (іл-т-іп, бүг-іл-т-ті).

2) Ырықсыз-өзгелік немесе өзгелік-ырықсыз: *төг-іл-т* (төгілтіп жыр толғайтын); *үз-іл-т* (үз-іл-тіп ән шырқаған); *өн-ді-ріл* (салық, қарыз - бәрі де өн-ді-ріл-ді); *уа-т-ыл* (уа-тыл-ған шыны әйнек); *жа-ғ-ыл* (шамдар да жағылсын) т.т.

3) Ортақ + өзгелік:

Төбеле-с-тір; *соғ-ыс-тыр*; *тату-лас-тыр*;

4) Өздік + ортақ: *Ұғ-ын-ыс*; *түс-ін-іс*, *іл-іс-іс*.

5. Өзгелік + өзгелік: *көр-сет-кіз* (өгей шеше күн көрсетпеді; күн көрсеткізетін емес), *бер-гіз-дір-т*, *өл-тір-т-кіз-бе* т.т.

Өзгелік етіс жұрнақтарының екі-үшке дейін болып үстелене қосылып қолданылуы:

а) *Мен оған қарызға ақша алдыртпаймын*, - дегенде *мен* субъектінің өзінен басқа да қолдаушысы бары байқалады.

б) *Бұл кітапты директорымыз ешкімге бергіз-дір-т-пейді* - дегенде өзгелік етісті сөйлем болуы ықтимал. *Әрине, кітапты кітапхана директоры бермейді. Оқушыларға бергіздіртетін кітапханашылары бар. Ол кітапты алу үшін таныстық т.б. болса да, ешкімге бергізбеу* - деген себепті де өзгеліктің бірнеше жұрнағы қосылғаны - неше адам (субъектілер) араға түссе де - деген логикалық ұғымнан жұрнақтар көбейген.

Тіл қолдану тәжірибесінде, лексикографиялық жұмыста т.б. - *с*, -*ыс*, -*іс* тұлғалы етістіктерді ортақ етіс деу кездеседі.

Мысалы:

а) *Көйлегі өзіне кел-іс-іп* (жара-с-ып) *тұр*; *келе жұмысына кір-іс-ті* тәрізділерде -*с* жұрнақтылар етістіктерге үстеліп тұрғанмен, ортақ етіс емес.

б) *Балалар жүгіріп кіріп, орын-орындарына отыра қал-ыс-ты*, - тәріздідегі *қал-ыс* т.б. да осы тәрізді. Бұл соңғы сөйлемде - *ыс* жұрнағы күрделі

етістіктің көмекші сыңарына қосылып тұр. Етіс жүйесінің лексика-семантикалық орны оның толық қанды етістік сыңарда ғана, егер күрделі етістіктің екі сыңары да мәнді болып келетін жағдайда екеуіне де бір етіс жұрнақтары қосылатынын дәлелдейді. Мысалы: *Сұраған киімін ал-дырып бердім. Ол суретті ешкімге көрсетіп қойма т.т. Мен берген костюмді шкапка үнемі ілдіріп қойғыз* - дегенде: ілулі болуы ықтиятталса, оны шкапка қойылуы да шарт екені ескерілген.

Есік тынбай ашылып, жабылып жатыр, келушілер саябырситын емес.

Мұндағы “жатыр” - *ашыл, жабыл* етістіктерінің екеуіне тиісті көмекші етістік. Етіс жұрнақты баяндауыштары *аш-ыл, жаб-ыл* етістіктерінде.

6.2. КҮРДЕЛІ ЕТІСТІКТЕР

Күрделі етістіктер - тілдің сөзжасам құбылысына жататын белгілі сөзжасамдық үлгі арқылы жасалып, күрделі кимылды білдіретін лексикалық бірліктер. Олардың жасалуы мен беретін мағынасы тіл біліміндегі жалпы күрделі сөз атауларының теориялық негізіне сай келеді. Күрделі етістіктердің жасалуы тілдегі туынды сөздердің жасалу заңдылықтарымен ұштасып жатады, теориялық тұрғыдан да сөзжасамның қасиеттері күрделі етістіктерден аңғарылады.

Күрделі етістіктердің өзіндік ерекшеліктері, нақтылы жасалу үлгісі, белгілері бар.

Соңғы кезеңге дейін күрделі етістік құрамында аналитикалық формалы етістіктер де, *(келе сал, айта бер, өте бер, келе бер, жүріп отыр, келе жатыр, көріп тұр)*, фразалық тіркестер де *(жүрек жұтқан, көз ілмеу, құлақ аспау, көні кепті, қарны ашты, ойға салды, обал болды, іші қимады т.б.)*, құранды етістіктер де *(қызмет ет, риза қыл, жәрдем қыл, ғашық бол, көмек ет, сәлем ет т.б.)*, кейде еркін сөз тіркестері де *(күле қарау, жантайып жату, асыға кіру, сөйлей келді, күлімсірей кірді, ашулана шықты т.б.)* аталып келді.

Қазақ тіл білімінде бұларды бір-бірінен ажырата қарау Н.Оралбаеваның еңбектерінен басталады.

Күрделі етістік пен етістіктің аналитикалық формасы тілдің жалпы екі саласына жатады. Бірі - сөзжасам нысанасы, екіншісі - морфологияның нысанасы. Сондықтан тіл білімінің қазіргі жетістігі бойынша бұрын күрделі етістік саналып жүрген сөздердің тобынан аналитикалық формалы етістіктің бөлініп шығуы күрделі етістіктің өзіндік лингвистикалық табиғатын

ашып, оның жолдарын көрсетіп өзіндік белгілерін анықтауға әкелді. Күрделі етістік те екі сөздің тіркесуінен жасалады, бір лексикалық мағынаны білдіреді. Екеуі қосылып жаңа сапалы туынды күрделі етістікке айналады.

Күрделі етістіктер - қазақ тілінің бай лексикалық қабаттарының бірі. Көне жазба ескерткіштерде күрделі етістіктің бірен-саран кездесетіні де байқалады: *Буны көру білің* (Мог.-Хб-15). *Оғур ғағаниң аті тур таз асига ғасір кетті Он оқ оғлыңа татыңа тегі буны көру білің! Табғачда адурулту, қаңлақту.*

Келтірілген мысалдардан күрделі етістікті жасаушы тірек сыңарлар көне түркі тілінде аз да болса күрделі етістік жасаушы элемент ретінде қолданыла бастағаны байқалады. Қазақ ауыз әдебиетінің: эпос, хисса-дастандар, шешендік сөздер т.б. жанрларында мынадай күрделі етістіктер: *алып келген, еріп келді, іздеп барып, сатып алды, қайтып келді, жауып қойған, қашып барды, барып кірді, жетіп келді, кетіп барады, сұрап келді, ертіп апарды, кіріп келді, алып көрді, іздеп келді, сұрай жетті, мініп кетті, артып алып, келіп жетті, әкеп берді, жиылып келді, келіп түсті, ертіп барып, алып берді, сатып алса, жиып келдім, жылап келді, қағып кетті, естіп біл, алып қал, ілесіп барсын, жасап бер, тығып қой, орап сал, ашып көр, ұрлап ал* кездеседі.

Мысалы: Атамыз киік аулап кеткен екен, Анамыздың мезгілі жеткен екен... (Ғашықнаме).

Қайт дегенге шытынап кете бермей, Оләнеңнің түбіне бір барып қайт (Айтыс).

Келе-келе кет, кел, жөнел, қайт сияқты етістіктер тілімізде етістік жасаудағы белсенді сыңарға айналған. Мысалы: Бір-екі рет Ұлпаннан да бәйге алып кетті. Бір-екі рет Біжікен де бәйгесін шешесіне әкеліп берді (Мүсірепов).

Күрделі етістіктің пайда болуы кездейсоқ құбылыс емес. Олар - сөзжасамдық заңдылықтарға негізделу нәтижесінде түзілген тұлғалар. Күрделі етістіктер құрамындағы жеке сөздер сөйлемге дербес мүше болу қасиетінен айырылып, сыңарлары жеке-жеке емес бір екпінмен айтылып, лексикалану үрдісінен өту нәтижесінде пайда болған.

Сөз таптарының ішінде етістіктің алатын орны ерекше. Ол қолдану аясы аса кең әрі мағыналық қорлары өте мол, көне замандардан келе жатқан тілдік құбылыс. Мысалы, *алып кет, беріп кет, кіріп шық, келіп кет, алып шық, қайтып кет, қашып шық* т.б. деген күрделі етістіктер семантикалық жағы-

нан бір күрделі қимылды білдіреді, яғни тұтас лексикалық мағына береді, аналитикалық тәсіл арқылы жасалған, ал синтаксистік жағынан сөйлемде бір қызмет атқарады. *Төрт-бес жігіт асыға басып бұның үйіне кіріп кетіп, көп айналмай қара киізге серейтіп буып тастаған бір нәрсені алып шықты* (Кекілбаев).

Күрделі етістіктің сөзжасамдық құбылыс болуы оның тілдегі күрделі сөз атаулының жасалу заңдылығына сәйкес болуына байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, күрделі сөздердің жасалуына ортақ заңдылық күрделі етістікке де ортақ.

Күрделі етістіктің сыңарлары лексикалық мағына беру үшін бір-бірімен тіркеседі, екі сыңары да лексикалық мағынаның жасалуына өз үлесін қосады. Мысалы, *алып бар, кіріп шық, алып кел, бара кел, көре кел, алып қайт, беріп қайт, алып қал, алып көр* сияқты күрделі етістіктерді талдап көрейік.

Осылардың құрамындағы сыңарлардың ешқайсысын қандай да болмасын грамматикалық мағына беру қызметін атқарып тұр деп дәлелдеуге келмейді. Бұл күрделі етістіктердің (жалпы күрделі етістік атаулының) сыңарлары лексикалық мағына жасаушы - сөзжасамдық тұлға қызметін атқарып тұр. Осы күрделі етістіктердің ішінде *алып бар* етістігін талдайық. *Алып бар* деген күрделі етістіктің лексикалық мағынасы - алудың да, барудың да мағынасын қамтитын біртұтас күрделі қимылдың аты. Оның мағынасы жеке алғандағы алу қимылына да, бару қимылына да тең емес, олардың әрқайсысынан да кең мағына. Өйткені ол - біртұтас қимыл болып түсінілетін, ұғынылатын, қабылданатын дәрежеге жеткен күрделі қимылдың аты. Ол күрделі қимыл екі дара қимылдың біртұтас мағынаға көшуінен қалыптасқан. Күрделі етістік талданып отырған *алып бар* етістігі, *ал, бар* етістіктерінің мағыналары жымдасып, кірігіп күрделі қимылды білдіруге көшуі арқылы жасалған. Күрделі етістіктің лексикалық мағынасы оның құрамындағы *ал* етістігінің сол сияқты *бар* етістігінің ешқайсысының жеке мағынасына сай емес.

Бұлар ұзақ уақыт біртұтас сөз ретінде қолданылып, халық санасында ол бір қимыл ретінде әбден қалыптасқан. Сондықтан да олардың кейбіреулерінің сыңарлары - дыбыстық жағынан да бірігіп кеткен. Мысалы, *әкел (алып кел), апар (алып бар), әкет (алып кет)*. Ал қалған күрделі етістіктер мұндай дыбыстық жағынан кірігуге жетпегенімен, мағына жағынан тұтастыққа, кірігуге әбден жеткен, сондықтан оларды

ешкім екі сөз ретінде қабылдамайды, біртұтас сөз деп біледі, солай айтады, қолданады. Олардың қызметтері тілде дара сөздің барлық белгілеріне сәйкес келеді.

Сөйтіп, күрделі етістіктер - бір лексикалық мағына білдіретін, ең кемі екі сыңардан жасалған, тілде жеке дербес сөздің қызметін атқаратын лексикалық бірліктер. Тек күрделі етістіктің сыңарлары дыбыстық жағынан бірігіп кірікпей, өздерінің ара жігін сақтаған. Бұл күрделі сөздердің сөз ретінде танылуына кедергі болмайды. Өйткені сөз атаулыға тек қана дыбыстық тұтастықта болу керек деген талап қою мүмкін емес. Сөз таптарының бәрінде де дыбыстық жағынан тұтастығы жоқ күрделі сөздер өте көп. Күрделі сөздер тұтас тұрпатты да, бөлек тұрпатты да бола береді.²

Күрделі етістіктердің ішінде, мысалы, аздаған сөздер ғана дыбыстық құрамы жағынан кірігу дәрежесіне жетіп, қалғандарының ішкі сыңарлары өздерінің аражігін сақтаған. Бұл жағдайды басқа түркі тілдерінен де көруге болады. Мысалы, *сақырып ал, аип кет, килеп кер* (башқ.); *алып гет, тоқытап квал* (құм.); *секирип тиос, услап кер, барып кер, кыдырып шыкь, айналып шыкь, апарып бер* (қарқ.); *айып бер, чабып бар* (қараш-балқ.); *бориб кел, кириб чик, утиб кет* (өзб.); *туқтап кал, укып чык, кайтып кит, йөреп кит, алыип бир, алып чыг* (тат.); *сатып бер, алып бер, айта бар, ала бар* (қырғ.); *барып кел, сатып ал* (ноғ.) т.б. Бұдан күрделі етістіктің сыңарларының лексикалық мағына беруші тілдік бірліктер екенін, күрделі етістіктің сөзжасамға жататынын көруге болады.

Олай болса, күрделі етістіктердің құрамы да, жасалу жолы да жалпы күрделі сөздің барлық принциптеріне сай. Сондықтан күрделі етістіктердің өзіндік белгілері мынадай:

Күрделі етістік біртұтас лексикалық мағына береді. Бұлардың білдіретін күрделі қимыл ұғымы күрделі етістіктердің құрамындағы жеке қимылдардың мағыналық қосындысынан туады. Күрделі етістіктегі күрделі қимылдың мағынасы әрбір сыңардың жеке мағыналарына тең емес, өйткені ол күрделі етістік жасаушы сыңарлардың бәрінің мағынасынан жасалып, олардың мағынасы тұтас мағынаға көшіп, күрделі қимылдың атына айналған. Мысалы,

Адам екен деменізі!

Түсіріп саумал берменізі!

Қайтып кетсін еліне!

Бірің шығып ерменізі! (Ер Сайын).

Осындағы *қайтып кетсін* сияқты күрделі қимыл ұғымы бірнеше жеке қимылдың кірігуінен

қалыптасқан. Бұл - бір күннің нәтижесі емес, ғасырлар бойы тілдің сөзжасам қабілетінің дамуының жемісі. Күрделі етістіктердің білдіретін мағынасы санамызда біртұтас қимыл ретінде қалыптасқан, сыңарлары бір-біріне сәйкестеніп, ыңғайласып құралады. Содан бір лексикалық мағына шығады. Солай қабылдаймыз да. Мысалы: Ағам тұрып, шайын ішіп болды ма екен, *біліп кел*, деп жіберген жолдас жігіті Әлмағанбет жаңа *қайтып келген* (Әуезов). Жақында Тәмбай мырзаның кіресімен қалаға барып қайтып едім. Бір жақсы сыбыс *естіп келдім* (Есенберлин). Осында қолданылған *біліп кел*, *қайтып келген*, *барып қайтып*, *естіп келдім* сияқты күрделі етістіктер әрқайсысы бір күрделі қимылды білдіреді. Бұлардың сөйлемде атқарған қызметі тілімізде қолданылып жүрген жалаң етістіктер секілді. Осы сөйлемдерде күрделі етістіктердің бәрі де сөйлемнің баяндауыш қызметін атқарып, бір сөздің қызметінде тұр. Ал олар бір лексикалық мағына беретін сөз болғандықтан, сөйлемде бір ғана сұраққа жауап беріп тұр. Дара етістіктер қалай бір сұраққа жауап берсе, күрделі етістіктер де сондай бір сұраққа жауап беріп, бір сөздің қызметін атқарады. Өйткені күрделі етістіктердің құрамында неше сөз болса да, олар - бір сөз жасап тұрған морфемалар. Бір сөзде бір ғана лексикалық мағына болуға тиіс. Бұл жалпы заңдылық. Күрделі етістік біртұтас лексикалық мағына берсе ғана, күрделі етістік болып танылады. Ал күрделі етістіктің бір лексикалық мағынасы болмаса, оның сыңарларының әрқайсысы өзінше дербес мағына беріп, жеке-жеке сұраққа жауап берсе, ол күрделі етістік емес, сөз тіркесі болар еді. Мысалы: Ол *қарқылдап күлді* дегендегі *қарқылдап күлді* деген сөз тіркесінің әр сыңары қалай күлді? ол не істеді? деген сияқты әр түрлі сұрақтарға жауап беріп тұр. Сондықтан бұл күрделі етісікке жатпайды, сөз тіркесі ғана.

Күрделі етістіктер білдіретін күрделі қимыл ішкі мағыналық құрамы жағынан:

а) бірінен кейін бірі жасалатын екі қимылдан тұрады: *біліп кет*, *кіріп шық*, *біліп шық*, *әкеп бер*.

ә) бір мезгілде жасалатын қимылдан тұрады. *шаба жөнелісті*, *жетіп келді*.

Күрделі етістік жалпы күрделі сөздер сияқты мағыналы етістіктерден жасалады. Сондықтан оның құрамындағы сыңарлары мағына жағынан тең болады. Ұлпан сары жез самауырынды көтеріп, далаға *шығып кетті* (Мүсірепов). Үйіне *қайтып келді* де, қасқыр көрпені айқара жамылып жатып қалды (Сонда).

Осы мысалдардағы *шығып кетті*, *қайтып келді* деген күрделі етістіктердің құрамындағы сыңарлары - мағыналары тең етістіктер. Сондықтан да олардың әрқайсысы біртұтас күрделі қимылдың белгілі бір бөлігін білдіреді.

Күрделі қимыл мағынасы күрделі етістіктердің құрамындағы сыңарлар білдіретін жеке қимылдан тұрады. Бірақ күрделі етістіктің құрамындағы жеке сыңарлар өзінің дербестігінен айырылған. Олардың мағынасы біртұтас мағынаға көшіп, күрделі қимылдың атын жасаған. Күрделі қимыл біртұтас ұғым, бір қимыл дәрежесіне жеткен. Күрделі етістіктердің білдіретін мағынасы адам санасында біртұтас қимыл ретінде танылып, біртұтас қимыл ретінде қалыптасқан. Сондықтан ол неше сыңардан жасалса да, бір лексикалық мағына деп түсініледі, бір қимыл ретінде қабылданады. Мысалы: Кәлен болыс аулына *қашып келген* жылқышы жігіттен Еламан мен Райды кемемен Қазалыға *жөнелтіп жібергенін* есітті (Нұрпейісов).

Күрделі қимылды бір қимыл деп тану керек, оның мәні бөлшектеуге келмейді. Сондықтан да күрделі етістік білдіретін мағына біртұтас лексикалық мағына болады. Ал осы біртұтас лексикалық мағына оның құрамындағы алғашқы дербес мағыналы етістіктердің мағынасының кірігіп жымдасуынан, абстракцияланып біртұтас лексикалық мағынаға көшуінен жасалған.

Күрделі етістік дербес сөз болғандықтан, ол барлық дербес сөздер сияқты сөйлемнің бір мүшесінің қызметін атқарады. Оның құрамындағы сыңарлары сөйлемдегі басқа сөздермен синтаксистік байланысқа түспейді, жеке-жеке сөйлем мүшесі болмайды, біртұтас бірлік ретінде бір сөйлем мүшесі болады. Өйткені ол - бір сөз. Мысалы: Әзімбай жауап айтпай, үндемей тұрды да, атына *мініп кетті* (Әуезов). Мен Кеңженің нақсүйері едім ғой, азын-аулақ еншімді *бөліп берсін* (Сонда).

Ағаның қарлығышы інісіне, Ақ қанат періште боп *ұшып жеткен* (Мақатаев). Дайыр түні бойы қашқындарды *алып кеткен* қайықшыны тосумен болды (Әуезов).

Жоғарыдағы мысалдардан күрделі етістіктердің сөйлемнің барлық мүшесі бола алатындығын байқаймыз. Бұл қасиет жалпы күрделі сөзге тән, олай болса, бұл күрделі етістіктің де соған жататынын дәлелдей түседі.

Күрделі етістіктер сөйлемде дара сөздер сияқты түрленеді, сөз түрлендіруші көрсеткіштер күрделі етістік біткен соң, оның соңғы сыңарына

жалғанады. Мысалы, оны мына бір жоба-кестеден де көруге болады. *Кел* - тірек сыңармен келген күрделі етістікті алдық.

Күрделі етістік		Оған қосылатын қосымша		
ауыспалы сыңар	байланыстырушы элемент	тірек сыңар	жұрнақ	жалғау
			-гіз	
			-ген	-іңіз
			-ді	-ті
			-ші	-ге
ал-	-ып -а	кел-	-ін	-м, -к
			-у	-ді
			-се	-мін
			-е	-сің
			-ер	-іңдер
			-етіндей-де	
			-іскен	-пін
			-мек	

Күрделі етістіктің сыңарларының арасында басқа сөздер тұра алмайды. Мысалы: *келіп кірді, жүріп кеткен, қайтып берді* - күрделі баяндауыштар, күрделі қимылдың бір мезгілде, жалғасы болғанын баяндап тұр. Күрделі етістік сөзжасам арқылы жасалған бір сөз болғандықтан, оның сыңарлары бір сөзді жасаушы құралдар болған соң, бір сөздің ортасына жарып қосымша қосылу сияқты заңдылық тілімізде жоқ.

Күрделі етістіктің құрамы тұрақты, әр уақытта бір құрамда қолданылады, оның сыңарларының орнын ауыстыруға болмайды, олар инверсияға түспейді: *алып кет, жүріп кет, көріп кел, алып кел, барып кел, келе кет, алып қайт, беріп қайт, жазып бер, сатып бер, қайтып ал, сұрап ал, айта бер, ала бар* т.б.

Тіліміздегі күрделі сөздер бір-ақ екпінге ие болады. Мысалы: *қара ала, қырықбуын (өсімдік), келіп кет, алып бер* т.б. Бұл да күрделі етістіктің негізгі қасиеті, белгісі болып саналады.

6.2.1. Күрделі етістіктің құрылымы

Күрделі етістіктің құрылымы жағынан оның сыңарлары негізгі түбірлер де, туынды және біріккен түбірлер бола береді. Бұларды құрылымы жағынан өзіне ұқсас күрделі тілдік құбылыстардан ерекшелейтін негізгі белгісі - лексикалық бірлік ретінде күрделі қимылды білдіруі. Күрделі қимыл адам санасында біртұтас қимыл ретінде қабылданып, бір қимыл ұғымын білдіреді.

Өлдім-талдым дегенде, бір бұзаулы сиыр бермек бол, бүкірді алып қайтқан (Аймауытов). Осындағы *алып қайтқан* - күрделі қимылды білдіретін, лексикалық бірлік, бір уақытта жасалатын біртұтас қимыл іштей екі кезеңнен тұрады: біріншісі - *алу*, екіншісі - *қайту*. *Қыстай қала-даласына мінетін жалғыз кер қасқа атты шабарман ұстап әкетінті* (Сонда). *Кітапты басынан аяғына шейін бір қарап шықты* (Сонда). Соңғы мысалдағы *қарап шықты* - аналитикалық формалы етістік, себебі негізгі мағына *қара* етістігінде де, *-п шықты* - грамматикалық мағына береді. Тезекбай, Терлікбайлар үйлерінің қасында *солбырайып* тұр (Аймауытов) деген сөйлемде *солбырайып* - көсемше өзінің лексикалық мағынасын жоймай, қимылдың қалай жасалғанын білдіріп, жеке сөйлем мүшесі болып тұр. Соңғы үш мысалдан күрделі етістіктің қандай мағыналық жағынан немесе лексикалық тұлға ретінде басқа тілдік құбылыстардан қалай ажыратуға болатынын көруге болады.

Бұларда келтірілген *әкет, қайт* сөздері күрделі етістік жасаған.

Күрделі етістіктер көне замандардан әбден қалыптасқан заңдылықтар бойынша жасалады. Күрделі етістіктер белгілі модельдер (үлгі) арқылы түзілген. Қазіргі түркі тілдерінде қолданылатын модель: *етістік + көсемшенің жұрнағы + етістік*.

Күрделі етістік жасайтын сыңарлардың сөзжасамдық қызметі әр түрлі, өйткені күрделі етістіктің құрамына кіретін сыңарлардың қызметінде өзіндік ерекшелік бар.

Қазақ тіліндегі күрделі етістіктерге жасалған талдау күрделі етістіктердің соңғы сыңары ретінде тілде бір топ етістіктер ғана қолданылады, ал олардың алғашқы сыңары түрлі етістіктерден бола береді. Мысалы: *алып келді, көріп келді, айтып келді, байқап келді, беріп келді, біліп келді, бітіріп келді, еріп келді, өрлеп келді, көшіп келді, қайтып келді, қаптап келді, қарап келді* т.б.

Келтірілген күрделі етістіктердің алғашқы сыңары өзгеріп отыр, ал соңғы сыңары олардың бәрінде қайталаанады. Соңғы сыңарда қайталанатын етістіктердің саны да, аумағы да белгілі, ондай етістіктер тілде 20 шақты. Бұлар күрделі етістік жасаушы етістіктер. Олар түрлі етістіктерге тіркесіп, күрделі етістік жасайды.

Етістіктердің бір-бірімен тіркесуі, өзара байланысуы қалай болса солай емес, белгілі бір тәсілдер, тілдің грамматикалық жүйесінде қалып-

тасып, орныққан заңдылықтар бойынша іске асады.

Күрделі етістіктің сыңарларын өзара байланыстыратын көсемше де күрделі етістік мағынасының қалыптасуына өзіндік үлес қосады.

Көсемшенің негізгі қызметін біржақты қарауға болмайды. Онда көсемшенің өзіне тән грамматикалық ерекшеліктері танылмай, негізгі белгісі ашылмай қалады.

Күрделі етістіктің құрамындағы сыңарлар бірімен-бірі үнемі көсемше арқылы байланысады. Олар - көсемшенің *-ып, -іп, -п, -а, -е, -й* қосымшалары. Көсемше сөйлемдегі негізгі қимылдың қалай жасалғанын білдіретін сөз. Көсемшенің осы қасиеті оның басқа етістіктердің алдынан тіркесуін қалыптастырған. Мысалы: Бұрынғы дағдысындай кейде *суырылып*, кейде *сапылдай* сөйлеп кетті (Әуезов). Енді жақын аға, туыстай, *еркелетіп* айтты (Сонда).

Көсемшенің осы негізгі қызметі оның өзінен соң етістік тұруын қалайды, себебі ол қимылды сипаттайды, пысықтайды. Мысалы, *куле кірді, сөйлей кірді, ашулана кірді, түнеріп кірді* т.б. Осы сияқты байланысқа түскен көсемшенің негізгі етістіктің алдынан келіп тіркесуі оның етістік сөз тіркесін туғызған. Бұл тіркестерде бір негізгі қимылды түрліше сипаттап көрсетіп тұр.

Осы нұсқадағы секілді тіркестер ұзақ уақыт, жиі қолданыла келе күрделі етістікке көшкен. Келе-келе көсемше байланыстырушы элементке айналған. Сақыш мені *ізден келді* (Есенберлин). Ауылдар жазғытұрым қонатын үйлеріне *көшіп келді* (Мүсірепов). Әжем, мені қасына *ерте кетті* (Мұқанов). Осы мысалдардағы күрделі етістік бірімен-бірі көсемшенің *-ып, -іп* және *-е* элементі арқылы байланысып тұр.

Көсемше көрсеткіштерінің күрделі етістіктердің сыңарларын байланыстыруға қатысу белсенділігі бірдей емес. Бұлардың ішінде осы қызметті өте белсенді атқаратын қосымша: *-ып, -іп, -п*. Тілдік деректерге қарағанда, сыңарлары *-ып* қосымшасы арқылы байланысқан күрделі етістік сөздік қорда көп кездеседі, ал *-а, -е* қосымшалары арқылы байланысқан күрделі етістіктер тілде аз. Бұның өзі *-ып* қосымшасымен тіркескен тірек сыңарлардың күрделі етістіктер жасауда өнімді екенін көрсетеді.

Мысалы: *айтып кет, алып кет, байлап кет, беріп кет, біліп кет, желіп кет, көріп кет, кіріп кет, қайтып кет, қашып кет, қонып кет, мініп кет, ұрлап кет, шығып кет, ішіп кет, айдап кет, қағып кет, сынап кет, санап кет, қуып кет, сұрап*

кет, іліп кет, жеп кет, тағып кет, жинап кет т.б. Ал сыңарлары *-а, -е, -й* көрсеткіштері арқылы байланысқан күрделі етістік мұндай көп емес. Мысалы, *ала кет, бере кет, көре кет, біле кет, айта кет, байлай кет, кіре кет, міне кет, айдай кет* сияқтылар.

6.2.1.1. Күрделі етістіктердің тірек сыңары

Тілімізде тірек сыңар арқылы жасалған күрделі етістіктердің жалпы саны 2000-ға жуық. Мұның өзі тірек сыңардың күрделі етістік жасауда өнімді қызмет атқаратынын көрсетеді. Бұл, әрине, тірек сыңарлардың тіліміздің сөздік қорын толықтырудағы ерекше қызметіне дәлел. Күрделі етістік жасаудағы ерекшелігіне қарай тірек сыңарлар өте өнімді, өнімді, өнімсіз деп үшке бөлінеді.

Өте өнімді тірек сыңарларға *кел, кет, қайт, шық, ал, бер* сияқты етістіктер жатады. Өте өнімді тірек сыңарлар түрлі семантикалық топтағы етістіктерден күрделі етістік жасайды. Сондықтан олардың сөзжасам мүмкіндігі зор, солардың қатысуымен тілімізде өте көп күрделі етістік жасалған. Мұндағы әр етістік 8-230 аралығында күрделі етістік жасаған.

Өнімді тірек сыңар болатын етістіктерге: *таста, өт, әкел, әкет, жібер, қой, бар, жөнел, қал* етістіктері жатады. Бұл топтағы тірек сыңарлар сөзжасам аясы бірінші топпен салыстырғанда аздау. Бұлардың әрқайсысынан 30-50 аралығында күрделі етістік жасалады.

Ал, үшінші топтағы тірек сыңарлары өнімсіз түрге жатады. Оған мына етістіктер кіреді: *тұс, кір, қаш, бер, қара*. Соның өзінде тірек сыңарлардың кейбіреуі 30-дай, кем дегенде 10-ға дейін күрделі етістік жасаған.

Тірек сыңарлардан жасалған күрделі етістіктер сөйлем құру үстінде әрдайым жаңадан жасалмайды. Олардың әрқайсысы әр кезеңде жасалып, тілге біржолата енген, сол қалпында дайын лексикалық тұлға, даяр ұғым ретінде қолданылады. Оларды әдебиет тілінен, жазба ескерткіштер тілінен кездестіреміз.

Күрделі етістік жасауға қатысатын тірек сыңардың белгілі саны бар. Олар тілімізде шамамен алғанда 30 шақты. Солардың ішінде өнімдісі 20-дай. Олар: *кет, кел, ал, жет, әкет, қайт, бер, шық, таста, жібер, өт, қой, бар, қал, көр, кір, жөнел, қара, біт, тұс* т.б.

Тірек сыңар болатын етістіктердің мынадай ерекшеліктері бар. 1) Тірек сыңар болатын етістік-

тер - көне замандардан келе жатқан байырғы сөздер.

Зарланған шаһзаданың даусын естіп,

Есіктен *кіріп келіп* төкті жасты.

Бишара ата-анасы *жетіп келіп*,

Баласын халі мүшкіл көрді дейді (Ғашықнаме).

2) Тірек сынар болатын етістіктер - жалпы мағыналы сөздер. Бұлардың тірек сынарға айналуына жалпы мағынасы себеп болған деп ойлаймыз. Басқа етістіктермен салыстырғанда, тірек сынар болатын етістіктердің жалпылық қасиеті күшті. Мысалы: *бар, кел, кет, қайт, шық* т.т. тірек компоненттерін *ки, сөйле, сана, күл* етістіктерімен салыстырсак, соңғы етістіктердің деректілік мағынасы басым екенін көрінеді. Сондықтан соңғы топтағы нақтылы мағыналы етістіктер тірек сынары ретінде қалыптаспаған. Мысалы: Жолдама *алып беруді* өз міндетіме аламын... (Есенберлин). Торсан Жаукені үйіне март айында *алып келді* (Мүсірепов). Жиренше қалжаққа мойыған емес, *сықылықтап күлді* (Әуезов).

3) Тіліміздегі күрделі етістік жасайтын, тірек сынар болатын етістіктердің тағы бір ерекшелігі олар негізгі түбір етістіктер болып табылады: *ал, бер, бар, кел, қайт, қал, кір, кой, жөнел, жібер, өт, таста, түс, шық* т.б.

4) Тірек сынар күрделі етістікте екінші орында тұрып, күрделі етістікте аяқтауыш элемент болып саналады, сондықтан, сөйлемде сөз түрлендіруші қосымшалар тірек сынарға қосылады. Мысалы: Ол кеше *келіп кетті* (Мұқанов). Олар бірнеше ай Семейде жүріп, жаңа *қайтып келген* (Әуезов).

5) Тірек сынарлардың мағынасы ол арқылы жасалған барлық күрделі етістікте мағына байланыстылығын туғызады. Мысалы, *көріп ал, жазып ал, сынап ал, жасап ал, қарап ал, таңдап ал, сұрап ал, жинап ал, тартып ал* сияқты күрделі етістіктердің бәрінде *алу* тірек сынары арқылы туатын мағына олардың мағына байланыстылығын туғызып тұр. Бұл - барлық тірек сынарларға ортақ қасиет. Мысалы: Қараған деген шілік бар, *қазып аласыңдар* да, төсек етесіндер (Мүсірепов). ... Әр жерде шашылып жатқан бас киімін, белбеуін, бешпентін *теріп алып*, киіне бастады (Жұмаділов).

6) Күрделі етістіктің тірек сынарлары бірнеше күрделі етістіктің жасалуына қызмет етіп, олардың бәріне ортақ болады: *жұлып таста, алып таста, бөліп таста, лақтырып таста, жарып таста, апарып таста, суырып таста* т.б.

7) Күрделі етістіктің тірек сынары - тілде күрделі етістік жасаушы негізгі нұсқа. Оның қызметі сөзжасамның синтетикалық тәсіліндегі сөзжасамдық жұрнақтың қызметімен сәйкес келеді. Етістік сөзжасамында синтетикалық тәсілде сөз жасаушы нұсқа - жұрнақ, аналитикалық тәсілде сөз жасаушы нұсқа - тірек сынар қызметін атқаратын етістіктер.

8) Тірек сынар болатын етістіктер томендегідей екі мағыналық топты құрайды:

а) амал-әрекет: *ал, бер, қара, таста, кой*. Жұртқа көмір не сексеуіл *тиеп береміз* (Қанахин). Білезіктерді жылдам шешіп алып, бөтен бөлмедегі шкафқа апарып *тығып қойды* (Есенберлин). Божей көші Мұсақұлға *қонып қалды* (Әуезов).

ә) қимыл-қозғалыс: *бар, әкел, кел, әкет, кет, кір, қайт, жөнел, жібер, қаш, өт, түс, шық*.

6.2.1.2. Күрделі етістіктердің ауыспалы сынары

Күрделі етістіктердің бірінші сынары ауыспалы, өзгергіш келеді. Бір күрделі етістіктегі (*сатып кет, алып кет*) бірінші сынардың басқа күрделі етістікте кездесуі міндетті емес, ал тірек сынар бірнеше күрделі етістікте қолданылады.

айда		аш	
айт		бол	
ал	-ып/-іп, -п	айт	-ып/-іп, -п
байла	кет-	көр	ал-
жаса		бар	
кез		кел	
кел		қара	

Кестеде екі топ күрделі етістік берілген, олардың алғашқы тобы *кет* тірек сынар арқылы жасалса, екінші тобы *ал* тірек сынар арқылы жасалған.

✓ Сондықтан бір тірек сынардан жасалған күрделі етістіктердің соңғы сынары тұрақты болады. Ол тірек сынар әр түрлі етістіктерден күрделі етістік жасайтын болғандықтан, алдыңғы сынар ауыспалы болады.

Кестеде олар арқылы жасалған күрделі етістіктердің тек аз тобы ғана келтірілген. Дәлірек айтсақ, *кет* тірек сынар арқылы тілде 200-ден астам күрделі етістік жасалған. Сонда ол күрделі етістіктердің жасалуына 200-ден астам етістік қатысқан.

Ауыспалы сыңар тіліміздегі негізгі және туынды етістіктерден бола береді. Олардың дәл санын көрсету қиын, себебі олардың ауқымы өте кең. Ауыспалы сыңардың түрлілігін бір ғана кел тірек сыңарынан жасалған күрделі етістіктердің көбін тізіп келтіріп көрсетуге болады. Мысалы, *ағылып келді, ағытып келді, айдап келді, айналып келді, айтып келді, алып келді, ауып келді, байқап келді, барлап келді, босап келді, бөлініп келді, біліп келді, көтеріп келді, көшіп келді, қырып келді, құлап келді, тақап келді, шарлап келді, ілесіп келді, істеп келді* т.б.

Келтірілген мысалдардан күрделі етістіктің ауыспалы сыңарынан алуан түрлілігін анық көруге болады. Бір үлгімен жасалған күрделі сөздің саны қанша болса, ауыспалы сыңары да сонша болады. Сондықтан күрделі етістіктердің ауыспалы сыңарына саны жағынан ешбір шек, тежеу қойылмайды. Тілдегі күрделі етістіктердің қайсысының да күрделі етістіктің ауыспалы сыңары болу мүмкіндігі бар.

Ауыспалы сыңар болатын етістіктердің білдіретін қимылы тірек сыңар етістіктің білдіретін қимылымен сыйыса алатын, онымен не бірге, не қатар жасалатын, бірімен-бірі жалғасып, ұштасып мағынасы кіріге алатын болуы өте қажет. Ауыспалы етістікті таңдау тірек сыңар етістіктің мағынасына байланысты. Тірек сыңар етістіктер өз мағынасына жақындығы бар етістіктерден ғана күрделі етістіктер жасаған. Мысалы: Мүсіреп пен Шынар ауылына *қайтып кетті* (Мүсірепов). Мұның әлдеқандай жалыншты түрін көруге шыдамай, Ұлпан *шығып кетті* (Сонда).

Бұл жағдай жалпы туынды сөз жасаудың бәріне ортақ қасиет. Мәселен, кез келген жұрнақ кез келген сөзден туынды түбір жасай бермейді. Онда да талғау қасиеті бар. Дегенмен, негізгі сөз болудың аясы кең екені белгілі, сол сияқты ауыспалы сыңар болудың да мүмкіндігі мол.

Күрделі етістіктердің бірінші сыңары ауыспалы, өзгергіш келеді. Бір күрделі етістіктегі (*айтып кет, алып кет, байлап кет, жасап кет, келіп кет, мініп кет, ішіп кет* т.б.) бірінші сыңардың басқа күрделі етістікте кездесуі міндетті емес, ал тірек сыңар бірнеше күрделі етістікте қолданылады. Және оның басқа күрделі етістіктердің құрамында болуын міндетті шарт деп танамыз.

6.3. ҚҰРАНДЫ ЕТІСТІКТЕР

Күрделі сөз мәселесінің лингвистикалық табиғаты әлі толық айқындалып болған жоқ. Әсіресе құранды етістіктермен байланысты.

Аналитикалық тәсілмен жасалған етістік композиталары алғашқы грамматикалардан бастап кездеседі. Онда есім мен етістен болған жасалымдар сөзқосымға жатқызылған. Яғни сөл кездің өзінде-ақ зерттеушілер есім мен етістіктің тіркесуі жай тіркес еместігін, оның қимыл мәнге көшіп, түрлі қимыл мағынасының бар екендігін байқаған. Алайда т.б. ғалымдардың **есім+көмекші етістік** тіркестерінен жасалған бұл етістіктердің нақты тілдік сипаты құрыламдық және семантикалық табиғаты күні бүгінге дейін жете ашылмай келеді.

Кейбір зерттеулерде *есім мен көмекші етістіктер* тіркесі фразаға, идиомаға жатқызылады. Мысалы, *ақыл берді, баж етті, бас салды, тамыр болды* сияқтылар. Ал енді біреулер мұндай типті тіркестерді күрделі сөзге жатқызады.

Әйтсе де, *күрделі етістік, құранды етістік* деген термин түркітануда бірінің орнына бірі жұмсалып, өте кең мағынада қолданылған. Атап айтқанда, көптеген тұжырым, пікірлерге зер салсақ, күрделі етістікке құрамында екі етістігі бар және **есім+көмекші** етістіктен тұратын етістік тіркестерінің бәрі жатқан. Бұл көзқарас ғылыми әдебиеттерге де, оқулықтарға да осылай енді. Терминнің жалпылама қолданылуы сол кездегі зерттеулерге тән қасиет еді.

Күрделі етістік болсын, құранды етістік болсын созжасам мәселесімен байланысты зерттелген емес. Күрделі етістік 1971 жылдан Н.Оралбаеваның ғылыми тұжырымының нәтижесінде соңғы жылдарда созжасам тұрғысынан зерттеліп, өз мәртебесін алды, ал құранды етістік әлі де болса, арнайы зерттеуді қажет етеді. Онымен байланысты зерттеушілердің бәрі де **есім+көмекші етістік** үлгісімен (моделімен) жасалған етістіктердің сыңарлары - етістіктен жасалған етістіктерден ерекше екенін анық байқаған. Бірде күрделі етістік, бірде тұрақты сөз тіркестері құрамында қаралып жүрген құранды етістіктердің өзіндік белгілері мен ерекшелігін, заңдылығын, табиғатын ашу - бүгінгі күннің міндеті.

Құранды етістіктер деп есім сөздердің және еліктеуіш сөздердің көмекші етістіктермен тіркесуі арқылы жасалатын етістік түрін айтамыз. Мысалы: *рұқсат ет, талап ет, әсер ет, сөз ет, серік ет, әңгіме ет, қызмет ет, мақсат ет, жау ет, ант ет, әмір ет, адам ет, сабыр ет, сәлем қыл, қызмет қыл, бата қыл, риза қыл, әуре бол, азамат бол, аман бол, абай бол, дем ал, қол қой, ән сал, ғалым бол, ұлы бол* дегендер - есім мен етістіктің тіркестерінен

Зат есім + етістік *келу*: *көңілге келу, дүниеге келу, пікірге келу* т.б.

Зат есім + етістік *кету*: *ақылы кету, есі кету, мүлт кету, ұйқыға кету, ағат кету, мүрдем кету, күші кету* т.б.

Зат есім + етістік *кешу*: *бастан кешу, дәурен кешу, ғұмыр кешу, өмір кешу* т.б.

Зат есім + етістік *түсу*: *араша түсу, құда түсу, күн түсу, көзге түсу, қолға түсу* т.б.

Зат есім + етістік *шығу*: *алға шығу, күн шық(у), аты шығу, жаны шығу* т.б.

Мысалы, *күні түсу, араша түсу, құда түсу, алға шығу, күн шығу, әлек шығ(ар)у, ақыл кіру, ес кіру, ой кіру, бой жету, көз жету, қол жету, бел асу, құлақ асу* т.б.

Дегенмен, бұл етістіктердің қатысуымен жасалған құранды етістіктер *ет, қыл, бөл, қор* көмекші етістіктерімен салыстырғанда белсенді деп айту қиын.

Ет, бол, қыл, көр көмекші етістіктер. “*Ет*” көмекші етістігі - қазіргі тілде өте белсенді сөзжасамдық тұлға.

Ол арқылы есім сөзден құранды етістік қашаннан жасалып келеді. Мысалы, *шүкіршілік ет, сабыр ет, сый ет, баян ет, тарту ет, хабар ет, талап ет, аңыз ет, ант ет, арман ет* т.б.

Бол - құранды етістігінің кейбіреуінің синоним туынды түбір етістігі бар: *жақсы бол - жақсар, құмар бол - құмарлан, жария бол - жариялан, қабыл бол - қабылда, жоқ бол - жоғал, мерт бол - мерттік, шығын бол - шығындан* т.б.

Қыл - көмекші етістігі арқылы да бірсыпыра құранды етістіктер жасалады. Қазіргі тілде бұл көмекші етістік өнімдінің қатарына жатады. Мысалы: *бастық қыл, аткөпір қыл, әңгіме қыл, дауыс қыл, мазақ қыл, үміт қыл, талқан қыл* т.б.

Көр - көмекші етістігімен жасалған құранды етістіктер де тілде жиі кездеседі. Мәселен, *азап көру, айып көру, ар көру, ел көру, ес көру, жақсы көру, жек көру, жана көру, күн көру, пайда көру, тең көру* т.б.

Сөйтіп, құранды етістіктер сыртқы тұрпаты жағынан да, ішкі мазмұны жағынан басқа етістіктермен салыстырғанда, құрамы өзгеше [есім+көмекші етістік], тілде іс-әрекеттің біртұтас ұғымын білдіреді: *ғалым бөл, қабыл ал, ес көр, ағат кет, ант ет, көңіл бөл, ғашық бол* т.б. тәрізді сөздер бір сұрауға жауап беріп, сөйлемнің бір-ақ мүшесі болады. Құранды етістіктердің арасына басқа сөздер қосылмайды, егер қосылса, негізгі айтатын ой-ұғымды білдірмейді. Құранды етістіктер - тұтас күйінде бір лексикалық мағынаны білдіріп, сөзжасамның аналитикалық

тәсілімен жасалған лексикалық бірліктер (единицалар).

Сонымен, *бол, ет, қыл, көр* етістіктерінің көмекшілік қызметі өзге көмекші етістіктерден басқаша, бұлардың ең негізгі және ең басты қызметі - есімдерден құранды етістік тудыру. Олардың бұл қызметін өзге көмекшілер атқара алмайды. *Бол, ет, қыл, көр* етістіктерінің жәрдемімен жасалған құранды етістіктердің соңғы сынары етістіктің грамматикалық жүйесімен түрленіп отырады. Мысалы, *қызмет ете алмайды, қызмет ете көріңіз, қызмет көрсетсе екен* т.б.

Құранды етістік жасауға лексикаланған, идиомаланған тіркестер де қатысады. Мысалы, *зар қақ, жақсы көр, таяқ же, бас қой, көз сал, жек көр* т.б. Дүрліккен топ қазарманың есіктеріне қарай *көз тігісті* (Есенжанов). *Таяқ жеген Жұмабек қорлықтың кімге көрсетіліп жатқанын қателеспей ұғыныпты...* (Мүсірепов). Еламанлы да отырған жерінде *бас салды* (Нұрпейісов). Школдан Ботағоз оқудан *қол үзбеді* (Мұқанов). Осы мысалдардағы *коз тігісті, таяқ жеген, бас салды, қол үзбеді* деген тіркестер құранды етістікке жатады, себебі *көз, таяқ, бас, қол* сөздеріне *тігісті, жеген, салды, үзбеді* деген етістіктер қимыл мәнін қосып тұр.

6.3.1. Зат есім + көмекші етістікті құранды етістіктер

Құранды етістіктің ауыспалы сынары көбінесе зат есімдер болып, морфологиялық табиғаты жағынан әр түрлі формада болады.

Бірінші сыңар зат есім мағынасында жұмсалады. Ал 2-сыңар сол кәсіп, мамандықты игергендігін білдіреді. Мысалы: *әнші болды, аңшы болды, ғалым болды* т.б.

Зат есім септік, көптік, тәуелдік тұлғаларында келіп, құранды етістікке негіз сөз қызметін атқарады. Мені бірінші участкаға барады екен деп *әуреге түспендер* (Омаров).

Зат есімнің көптік жалғауларымен келетініне мысал келтірейік: Осы маңның әр жерінде бөлек-бөлек *ауылдар болатын* (Оңғарсынова).

Құранды етістік зат есімнің септік жалғауларымен жасалады: *Ойға түстім*, толғандым, Өз мінімді *қолға алдым*, Мінезіме *коз салдым*, Тексеруге ойландым (Абай). Кедейдің жалғыз тұяғын тартып *әкеткені мәлім болды* (Әуезов).

Құранды етістік зат есімнің тәуелдік жалғауымен келеді: Шыдай-шыдай келіп ем, *көзім жетейін* деді (Әуезов). *Рақымы түсті* басына, Көзден аққан жасына (Алпамыс батыр). Келтірілген мысалдардағы *ауылдар болатын - көптік жалғауында, әуреге түспендер - ойға түстім*,

қолға алдым - барыс септігінде, *көз салдым* - табыс септігінде, *мәлім болды* - атау септігінде, *көзім жетейін, рақымы түсті* - тәуелдік жалғауында келіп лексикалық бірлік жасаған. Олар бір ғана лексикалық мағынаны білдіреді, бір сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бір ғана мүшесі қызметін атқарады.

Құранды етістіктердің бәрі де етістіктің түрлену жүйесі бойынша тұлғасын (формасын) өзгертеді. Мысалы, *жәрдем еткен, жәрдем етіп, жәрдем еткелі, жәрдем ете алады, жәрдем етпей, жәрдем етті, жәрдем етер емес, әуре болма, әуре болатын, әуре боларсыз, әуре бола жаздапты, әуре болғысы келмейді, әуре еткізбе, ағалық ет, үлгі қыл, зар қақ, жақсы көр, еңбек сіңір, бет қой, қабыл ал, ғалым бол, аман бол, абай бол, бет алу, дем алу, ет алу, тіл алу* т.б.

6.3.2. Сын есім + көмекші етістікті құранды етістіктер

Құранды етістік құрамында сын есімдер аз кездеседі. Мысалы: *Ұлық болсаң, кішік бол* (Мақал). Тіршілікте *құрыштай бол*, сан мәртебе алдаса да өзінді (Әл-Фараби). Абай да бұл жолдасын қоса ілестіріп, бірге *беделді болып* жүретін (Әуезов). Естіп алған әңгімесін әдемі тілмен *қызықты етіп* әңгімелеп отырады (Әуезов). Қамыс отын жалыны түстік жерді *жап-жарық қылып жатты* (Шәріпов). Бұл мысалдардағы құранды етістікке жетекші, негіз болып отырған сын есімдер *кіші, құрыштай, беделді, қызықты, жап-жарық* деген сөздер.

6.3.3. Еліктеуіш сөз + көмекші етістікті құранды етістіктер

Құранды етістік жасауға ең белсенді түрде қатысатын сөздер тобы еліктеуіш сөздер, олар құранды етістікте дара түрінде де, қос сөз түрінде де қолданыла береді. Мысалы: *мырс ет, маңқ ет, санқ ет, селк ет, шик ет, морт кет(у)*. Қатарына бір салт атты тастақ төбені дүбірлете басып жетіп келгенде ғана жиын *елең етіп* көңіл бөлісті (Әуезов). Екі баланың балпылдап сөйлегендері *Қабылды селк еткізеді* (Шәріпов).

Құранды етістікті жасауда *дыбыстық еліктеуіш сөздер* белсенді түрде қатысады. Дыбыстық еліктеуіш сөздерге табиғат құбылыстарының, хайуанаттардың, заттардың бір-біріне қалтығысуынан пайда болатын алуан түрлі дыбыстарына еліктеуден қалыптасқан еліктеуіш сөздерді көмекші етістіктер құранды етістікке айналдырады: *баж ет, гүрс ет, дүрс ет, быж ет,*

ныс ет т.б. Құранды етістіктің мағынасы сол дыбыстың еліктеу мағынасымен ұштасып жатады.

Тынық түнде мылтық дауысы *гүрс етті* (Майлин). Үйде отырғандар *шу етті* (Сонда).

Осындағы *гүрс етті, шу етті*, дегендердің бірінші сыңарлары дыбыстық еліктеуіш сөздер.

Бейнелеуіш сөздердің қатысуымен жасалған құранды етістіктер - жаратылыстағы кездесетін жарық, сәуле мен алуан түрлі қимылдық әрекеттердің елесі ретінде пайда болған лексикалық бірліктер.

Бейнелеуіш сөздерге жанды заттың жүріс-тұрысы, қимыл-әрекеті мен сыртқы пішін, тұлғасын бейнелейтін *маң, митін, жылт, жарк, жалп, дода, бүрсең, ирен, лап, шошаң* тәрізді көру қабілеті арқылы қалыптасқан, қабылданған сөздер жатады. Мысалы: *Мең-зең боп* тұрған Жәуке кенет *селт етті* (Майлин). Киіздің шаңы *бұрқ етті...* “пожар” екен! (Сонда).

Мұндағы *селт етті, мең-зең боп, бұрқ етті* дегендердің бірінші сыңарлары кілең бейнелеуіш сөздер болады.

Құранды етістіктің екінші сыңары көмекші етістіктер, бірақ олардың кез келгені емес, *ет, қыл, бол, бер* тәрізділері ғана. Олар еліктеуіш сөзді етістікке айналдырушы жұрнақ іспетті. *Қалт ету* деген сөздің *қалтылдау, тарс ету* дегеніміз *тарсылдау* деген сөздермен өзара мәнделс болуы, осыдан. Бастапқылары - аналитикалық, соңғылары - синтетикалық (морфологиялық) тәсілмен жасалған лексемалар.

Еліктеуіш сөзді етістікке айналдырушы көмекші етістіктер бір-бірімен тең деген ұғым тумады. Мысалы, *ет* көмекші етістігі тіркеспейтін еліктеуіш сөз кемде-кем, басқа көмекшілер ондай емес, және ол тіркескен сөзін етістікке айналдырады да, одан туған мағына негізінен жұрнақ арқылы пайда болған сөзбен мәнделс келіп отырады. Мысалы: *тарс ету - тарсылдау, дүңк ету - дүңкілдеу, зыр ету - зырылдау, баж ету - бажылдау, гу ету - гуілдеу, едірең ету - едіреңдеу, елең ету - елеңдеу, қалт ету - қалтылдау, дыз ету - дызылдау* т.б. Көмекші етістік еліктеуіш сөздің күрделі түрімен тіркескенде де, осы мағынасын сақтайды. Мысалы: *тарс-тарс ету - тарсылдау, баж-баж ету - бажылдау* т.б.

Белгілі құбылысты білдіруде аналитикалық, синтетикалық тәсілмен жасалған лексемалар ұғымы жағынан мәнделс болғанмен, оның жеке сипатын беруде бірінің аясы жетпегенін, екіншісі толықтыратын өзіндік реңк, ерекшелік жоқ емес. Оны *тарсылдады* деген сөзді *тарс етті* немесе *тарс-тарс етті* деген сөздермен салыстыру арқылы байқауға болады. Бастапқыда тарсылдың

калыпты түрде өткендігі бейнеленсе, екіншіде қысқа, бірақ үзіліссіз, серпінді, ал үшіншіде бірнеше рет, дүркін-дүркін болып өткені бейнеленеді.

Бұдан кейін еліктеуіш сөз көмекші етістікпен тіркескенде, өзінің негізін сақтап қалады. Ал синтетикалық тәсілмен жасалған етістіктердің (онымен мәндес келетін) түбіріндегі еліктеуіш сөз өз мәнінде қала алмайды, ол әуелі *-ыл, -іл* жұрнағы арқылы зат есімге айналады да, оған *-да, -де* жұрнағы қосылып етістік болады. Демек, құранды етістік еліктеуіш сөзге көмекші етістік ешбір тілдік бірліксіз тікелей тіркесуінен пайда болса, онымен мәндес келетін туынды етістік әуелі еліктеуіш сөзден *-ыл, -іл* жұрнағы арқылы зат есім жасап барып, сосын туынды етістік жасалады. Еліктеуіш сөзге *-да, -де* қосымшасының тікелей қосылуынан туған етістіктер тілімізде мүлде кездеспейді емес, кездеседі, бірақ ол көп емес. Оған *лау-ла, зу-ла, ду-ла, су-ла* тәрізділер жатады. Бұлардың мағынасы осы сөздерден өрбіген *лауылда, дуылда, суылда* дегендермен тең емес.

Еліктеуіш сөздерді етістікке айналдыратын көмекші етістіктер мұнымен, әрине, шектелмейді, *“ет”* көмекшісінен басқа *қақ, бол, қыл, бер* тәрізді етістіктер де жатады. Өйткені бұлар да еліктеуіш сөздерді етістікке айналдырады. Бірақ, олар *“ет”* тәрізді еліктеуіш сөздің кез-келгенімен тіркесе бермейді, сөз талғайды. Соның бірі - *“қыл”* көмекшісі. Ол негізінен, бейнелеуіш сөздермен тіркеседі, одан пайда болған құранды етістік мағына жағынан *ет* көмекшісінен алшақ кетпейді, қайта онымен мәндес, мысалы, *абыр-сабыр қылды - абыр-сабыр етті, әлкек-тәлкек қылды - әлкек-тәлкек етті, мең-зең қылды - мең-зең етті* т.б. Білдіретін ұғымы бір, мағынасында стильдік қана реңк бар. *“Қыл”* көмекшісі арқылы жасалған етістіктің мәні үзілді-кесілді, ширақ бөлсе, ал *“ет”* көмекшісі арқылы жасалғандары жатық, бөсаң, сыпайы.

“Қақ” көмекшісі етістігіне келсек, ол еліктеуіш сөздің *н, р, л* дыбыстарына аяқталған түрімен ғана тіркеседі, мысалы, *сылаң қағу, зырыл қағу, сылдыр қағу, жайраң қағу* т.б. Бейнелеп отырған құбылысына ерекше бір әсем, ойнақы сұлулық мәнер береді. Бұл еліктеуіш сөздің қосарлы түрімен жұмсалмайды. Тілде мұның арагідік күрделенген түрі кездеседі.

“Бол” көмекшісі етістігі еліктеуіш сөздің бейнелеуіш түрімен жиі жұмсалады. Мысалы: *абыр-сабыр болу, жалба-жұлба болу, быт-шыт болу, дал-дұл болу, бұрқан-талқан болу* тағы басқа. Көбінесе қосарлы түрімен жұмсалады: *дал болу,*

талқан болу, дода болу тәрізді жалаң түрі қосарлы түріне қарағанда, сирек ұшырайды.

Есім, еліктеуіш сөздермен көмекші етістіктің тіркесуінен қалыптасқан құранды етістіктер етістік жүйесінде елеулі орын алады. Ол тіліміздің сөзжасам жүйесінің қажетіне жарап, белгілі бір қимыл ұғымды білдіруші лексикалық бірлік ретінде қызмет атқарады. Жалаң сөздердің өресі жетпейтін күрделі ұғымдарымыз, әдетте, осы тәріздес күрделі сөздер арқылы беріледі. Ойды нақтылы әрі көркем етіп жеткізуде, оған ерекше сұлулық беруде бұлар да маңызды қызмет атқарады. Оған Абайдың мына бір өлең шумақтары да айғақ.

*Салаң етіп жолықса қайтқан ізі,
Сағадан сымпың қағып із шалғанда.
Төмен ұшсам, түлкі өрлеп құтылар деп,
Қанды көз қайқаң қағып, шықса аспанға
Жарқ-жұрқ етіп екеуі айқасады,
Жеке батыр шыққандай қан майданға*

(Абай)

Осындағы *салаң етіп, сымпың қағып, қайқаң қағып, жарқ-жұрқ етіп* деген сөздердің ақынның асқан шеберлікпен қолдана білгенін айтпағанның өзінде, шумаққа бұлардың қаншалықты өң, ажар, көрік, сымбат беріп тұрғанын көруге болады.

Қос сөз тұлғасындағы сөздер де құранды етістікке негіз болады. Еліктеуіш сөздердің құранды етістік жасауға дара, қос сөз түрінде қатысуын кездейсоқ деп қарамау керек, мұнда белгілі заңдылық бар. Еліктеуіш сөз қос сөз түрінде еліктеуіште қолданылғанда, құранды етістікте қимылдың қайталануы, түрліше жасалу мәні болады. Мысалы: Ескі шапанның бір жақ жеңін, тұтас өңірін *дал-дал қып* бөктеріп түсті (Әуезов). Анда-санда *сарт-сұрт еткен* сойыл дыбысына араласа, бір сарынмен ғана *тырс-тырс еткен* сол қылдақ арба жақындап келеді (Мүсірепов). Еліктеуіш сөз қайталама қос сөз түрінде келгенде, құранды етістік қимылдың қайталануын білдірген, еліктеуіне қосарлама қос сөз түріндегі еліктеуіште болған қимылдың түрліше жасалу мәні бар. Еліктеуіш сөз арқылы жасалатын құранды етістікті білдіретін қимыл бір рет қана жасалатын қимыл болса, еліктеуіш сөз дара қалпында қолданылады. Кенжетайдікіне Асқармен бірге кірген бір құшақ суық көмескі жанған білте шамды үрлегенде *жалп етіп* сөнді де қалды (Мұқанов).

6.3.4. Модаль сөздер + көмекші етістікті құранды етістіктер

Модаль сөздер құранды етістік жасауға онша белсенді түрде қатыспайды. Мысалы, *жоқ қыл, жоқ ет, аз қыл, бар бол*. Омар сауда, шаруа

саймандары жағына жоқ болатын (Мүсірепов). Ақмоладан әрі асырып салатын адам керек болды (Мүсірепов). Жылқы көп күтімді керек ететін жануар (Жүнісов). Тегіс ерлерінің қасын шүнтитып жоқ қып жіберген. (Мұқанов).

6.3.5. Сан есім + көмекші етістікті құранды етістіктер

Сан есім де құранды етістікке негіз бола алады. Бұны мына мысалдардан көреміз: Жүзбасы Жоламанов Нұрымды да, балуан денелі Жұмақанды да бірден ондық етіп белгіледі (Есенжанов). Әрқашан атқа кешендеп мінетін осы екеуі болатын (Әуезов).

6.3.6. Үстеу сөздер + көмекші етістікті құранды етістіктер

Құранды етістікке үстеу де негіз бола алады. Алдыңнан ару ана боздап шығар, Шын ұйып, күй тыңдаған кезің болса (Батырбеков). Абай әкесімен сөйлесіп болғанша, кеш болды (Әуезов). Екеуі бірін-бірі бұлдыр мұнардан әрең көреді (Мұртаза).

6.3.7. Есімдік + көмекші етістікті құранды етістіктер

Есімдіктер де құранды етістікке негіз бола алады: солай ет, бұлай ет. Бүгін алаңда адам қызығарлықтай ештеңе болып жатқан жоқ (ҚӘ).

7. ҮСТЕУЛЕР СӨЗЖАСАМЫ*

Сөзжасам саласында үстеудің синтетикалық тәсілдер арқылы жасалуы әр қилы болып келеді. Өйткені бұл сөз табының қалыптасуына түрліше жұрнақтар қатынасады. Бір жұрнақтар үстеу жасауға көбірек қатысса, енді біреулері мұндай қызметте өте аз мөлшерде қолданылады. Осындай сипатына байланысты оларды әдеттегідей өнімді және өнімсіз жұрнақтар деп қарауға болады.

Осы арада бір ескерте кететін жайт - кейбір үстеу сөздердің мағынасын айқындау кейде қиын соғады. Мәселе бұл арада кез келген туынды сөздің бастапқы түбір қалпы мен оған жалғанатын жұрнақтың өзара мағыналық қарым-қатынасы туралы болып отыр. Септік жалғаулы үстеу сөздер былай сырт қарағанда, түбір және қосымша морфемаларға ажыратылып тұрғанмен, сол қал-

пында тұтасымен үстеулердің өзіндік табиғатын танытады. Осы тәрізді сөздер кеңістік қатынастағы септік жалғауларында (*бірге, босқа, зорға, демде, анада, бозаланда, бірден, кенеттен, түнімен*) келіп, әр мәнді үстеу сөздер тобын құрап тұрады. Мұндағы қосымшалар бір кезде септік жалғаулары болып танылғанмен, осынай қолданыста енді сөзжасам қосымшасына айналып кеткен.

Үстеулер өлі формаға айналған септік жалғау көрсеткіштері арқылы үнемі толығып отырады. Олар өздері жалғанған түбір сөздің мағынасынан алшақ жаңа сөз жасауға себепші болады да, тек этимологиялық тұрғыдан ғана негізгі зат есімдермен байланысып жатады.

-да// -де, -та// -те. Сөзжасамның осы көрсеткіші үстеу, зат есім, сын есім, сан есім, есімдік сөз таптарына қосылып, көбінесе, мезгілдік, сондай-ақ мекендік ұғымдағы үстеулердің қалыптасуына себепші болған.

Үстеу негізді үстеулер мезгілдік ұғымда (*кеше, бүгін, қазір, әзір, ақыры, ерте, жаңат.б.*) жұмсалады, мысалы: *Қара бұлттай қатты ашу қазірде қайта серпіліп, сабасына түскендей* (Әуезов). *Капитан азанда бір аса маңызды хабар естіпті* (Нұрпейісов).

Зат есім негізді үстеулер болған оқиғаның мезгілі мөлшерін білдіріп тұрады: *Тамақ ішіп болған мезетте келді* (Талжанов). *Бір шана шөпті бір өзі көтереді дегенді өмірде ойламағанбыз* (Дүзенов).

Сын есім негізді үстеулерде сөздің түбір қалпы сын есімдік мәнде келеді. Алайда ол түбір сөз кейде үстеу мәндес болып келеді. *Ауылдары алшақта отырған* (Сейфуллин). *Жылымықта қар ерісе, бұл апатқа қарсы тұрар кім бар?* (Кошімов).

Есімдік негізді үстеулер жатыс жалғауында келгенде, мезгілдік мағына білдіреді: *-да// -де* қосымшаларының әсерімен олар мезгілдік ұғымдағы үстеу сөз табын жасайтын болады: *Анада Ерғали барып қайтқанда, бір сөзінен денем түршіккен* (Мұстафин). *Еламан бұндайда өз бөлмесіне кетіп қалады* (Нұрпейісов).

Негізгі сан есім арқылы жасалған үстеулер тілімізде өте аз кездеседі. Бұл ретте *бір* сан есімі арқылы келген үстеулерді атауға болады. *Бірде ... Әзімхан деген ағайын жігіт екеуміз қашып кетіп едік* (Сейфуллин).

-ын(да)// -ін(де) қосымшасы мезгілдік ұғымда жұмсалатын сөздердің құрамында келіп (*қысын, жазын, ертесін*), түбірмен біріге тұтасқан қалпын сақтайды. Сондай-ақ ол түбір сөзге қосылу арқылы амалдық мәнді де туындатады. Осындай

* “Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі” (1989) дейтін кітаптан ықшамдалып алынды.

құрамды келген үстеулер, көбінесе, ауызекі тілге тән.

Тіліміздегі *-ын* тұлғалы біраз сөз мағынасы жағынан жыл мезгілі мен тәулік мөлшерін білдіріп, есім сөздерден өрбіп жатады: *қысын, жазын, күзін, күндізін*. Бұлардан басқа мекендік және сын-қимыл мәнді үстеулер де бар.

Жалпы *-ын* көрсеткіші түркологияда негізінен үстеу жасайтын арнайы бір көрсеткіш ретінде сипатталады. Қазіргі қазақ әдеби тілінде оның түбір мен қосымша аралығында қолданылуы жиірек. Үстеу көрсеткіштерінің біразы тілімізде осы араформа (интерфикс) арқылы қалыптасқан. Солардың бір мысалы *-ында*.

Жоғарыда келтірілген *қысын, жазын, күзін* тәріздес үстеулер әдеби тілімізде жатыс септігінің жалғауын қабылдап, *қысында, жазында, күзінде, соңында, аяғында* түрінде айтылады.

Қазіргі қазақ әдеби тілінде мезгілдік ұғымда жұмсалатын осы тәріздес сөздер көбінесе *-нда* түрінде айтылады (*қысында, жазында*). Мұндай құрылымды үстеулер де түбірлік жағынан әр түрлі сөз таптарынан жасалады.

Басқа сөз таптарына *-нда* көрсеткіші жалғану арқылы мұндай сөздер сын-қимыл, мекен, мезгілдік сипат алып, үстеу қатарынан танылады. *Мәдинаның еті әбден бабында піскен екен* (“Лен.жас”). Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза, қуаты *артында болғаны* (Абай). ...*Сырламай сол қалыңда ұсынайын* (Әлімбаев). *Ол басында күмілжіп ештеңе айта қоймап еді* (Жұмаділов).

Түбір сөз үстеу болады да, *-нда* арқылы қосымша мән алады. *Қапыда өткен дүние-ай* (Махамбет). *Ертеңінде ол жұмысқа шыққан жоқ* (“Қаз. мұғалімі”).

Жоғарыда *-да* жалғауы түбірге аралық дәнекер *-н* арқылы үстемеленсе, төмендегі мысалдардан оның *-ғы* арқылы жалғанатынын да байқаймыз. Мұның өзінен *-да* қосымшасының түбір сөзге бірден жалғануымен қатар, осылайша басқа бір көрсеткіштер арқылы сатылай бірігетінін де байқауға болады. *-ғы+да* түрінде келген осындай құбылыс үстеу түбірлі сөздердің өзінде болады. *Мұрат алғашқыда немістердің бұл әрекетін түсіне алмады* (Ахтанов). *Баяғыда-ақ қырмас па едім мұндар құлды* (“Қозы Көрпеш”).

Түбірге *-да* жалғауы *тын, -ар+ман* қосымшаларынан кейін де қосылады. *Әкем аңшылықты бертінде ғана қойған екен* (Мұқанов). *Берерменде бесеусін. Аларманда және алтау* (Абай).

Сөйтіп, *-да* көрсеткіші әр түрлі сөз таптарына жалғанып, үстеу жасауда айырықша қызмет атқарады. Бұл ретте ол, жоғарыда байқалғандай, түбір сөзден кейін, не болмаса араға басқа бір қосымша салып жалғанады.

Сондай-ақ әдеби тілімізде *-да* қосымшасы өзінен кейін де басқа бір көрсеткішті (*-ғы*) қабылдай береді. Мұндайда негізгі сөз есімдік, көмекші есімдерден болады да, туынды түрімен мезгіл, мекендік ұғымдарда жұмсалады. Әсіресе, соңғы *-ғы* қосымшасы осындай мәндік ұғымдарды саралай, нақтылай түседі: *Екеуің Амангелдіге мұндағы хабарды білдіріңдер* (Шәріпов). *Жанат алдағы жиналыста жасайтын баяндамасын жазып бітіріп еді* (Мұстафин).

-ға// -ге, -(-қа// -ке) тұлғасы жағынан бір кезде барыс септігі болып танылғанмен, үстеу сөздердің құрамында жігі ажырамастай түбір морфемамен бірге қарастырылады. Өзі жалғанған сөзімен бір тұтастықта үстеу болып кетеді. Талданылып отырған бұл көрсеткіш те үстеу сөздердің өзіне жалғанып, мезгілдік қатынаста жұмсалады. *Менен әзірге сырынды жасыра тұр* (Мұқанов). *Кешке уәделі жерге бір сағат бұрын келдім* (Жүнісов).

Сондай-ақ бұл жұрнақ өзге сөз таптарына да жалғана береді. *Абай сөзін әр қазақ күнге бір рет ауызға алатыны ақиқат шындық* (Әлімбаев). *Ағаш тасасынан шыға еңбектеп алға жылжыдым* (Иманжанов). *Сәтібек ауылдарымен бірге отыратындардың жылқылары жүйрік болады* (Сейфуллин).

Кейде *-қа* көрсеткіші басқа бір жұрнақтан кейін сатылай жалғанады: *Күндікке желең жүріспен еті қызған жарау торы арланды қапталға алып, бүйірлей бастады* (Әлжіков).

-дан// -ден, (-тан// -тен). Үстеу сөз табын жасауда шығыс септік жалғауы да айрықша мәнге ие болады. Бұл көрсеткіш те (*шалқасынан, етпетінен, жүресінен...*) бір кезде шығыс септігі болып танылғанмен, қазірде осы тәріздес сөздерде солармен біте қайнасып, үстеудің міндетін атқарып тұрады.

Шығыс септігі жалғауымен жасалған үстеулер негізінен мезгілдік және амалдық мағына білдіреді. *Әзелден қонағуар асыл халқым* (Әлімбаев). *Колхоз ауылын ертеден басқарып отырған* (Жүнісов). *Өзі де ғайыптан ұшырай кетті* (Әбутәліпов). *Кенеттен жылынған көктем қарды күртінен ерітті* (“Көктем лебі”).

Зат есім негізді үстеулер де, амалдық мәнде жұмсалады: *Азаматтың ойына баяғы шарт қағазы кілтесінен түсе қалған* (Майлин). *Егінді кешіп белшеден...* (Мәуленов).

Сын есім негізді үстеулер: *Балықтар су бетінде жалпағынан түсіп жатады* (Тілеуғалиев). *Жанадан бірнеше совхоз құрылды* (“Лен.жас”).

Сан есім негізді үстеулер: *Отырған әйелдің Ольга екенін қыз бірден таныды* (Есенжанов). *Екі ана үш рет екеуден туған* (Мұқанов).

Есімдік негізді үстеулер: *Зағирантың неліктен қуанғанын ол енді ғана ұғайын деді* (Жақсыбаев). *Мен жатқан жайды Нұртас ағай өздігінен тауып келе алмай жүр* (Әбілев).

Бұл көрсеткіш кейде басқа бір қосымшалардан кейін барып жалғанады (*бұлжытпастан, жүресінен* т.б.).

Үстеу сөздердің құрамында келетін көмектес септігі жалғауының тілдік табиғаты да жоғарыда талданған *-ға// -ге, -да// -де, -дан// -ден* қосымшаларымен бірдей түсіп жатады. Бұл қосымша да үстеу, зат есім сөздерінің құрамында келіп, жаңа реңктегі үстеулерді жасауға қатысады. Мұндай үстеу сөздер, негізінен алғанда, мекен, мезгіл, амалдық мәндерді білдіреді.

Қарағым, бермен кел (Абай). Одан әрменбуалдырланған өлке жатыр (Исабаев). Қожаш ертемен қайтып кетті (Көбеев). Бетімен жайылып жүрген бір ел бар (Мүсірепов).

Жоғарыда талданған үстеулердің бәрі де -септік жалғауларының қатысуымен жасалған туылымдар. Тілімізде, бұлардың сыртында, үстеу жасайтын біраз арнайы жұрнақтар да бар.

-дай// -дей. Бұл қосымшасы үстеу сөз табын жасауда жиі қолданылады. Зат есім, сын есім, сан есім, есімдік түбірлі сөздерге қосылып, мағынасы әр түрлі үстеулер жасауға қатынасады.

Жоғарыда аталған сөз таптарынан жасалған осындай құрылыстағы үстеу сөздер сын-қимыл, сондай-ақ мезгіл, мекен мәндерінде жұмсалады. Дарқанбай жаздай суда жүрді (Жансүгіров). Әр шаңырақтан күмістей бір сом елу тыын салық алынады (Есенберлин). Құмшекерді де құрғақтай күйсеп салатын (Жұмақанов). Өтінемін, екіншілей хат жаза көрмеңіз (Исабеков).

-дай қосымшасы сондай-ақ түбір сөзге араға басқа бір тұлғаны салып барып та жалғанады: *Жанат бұрынғысындай жайрандамайды* (Мұстафин). *Мұғалімдік қызметінді ойдағыдай атқардың* (Омаров).

-дай қосымшасы кейде *-дайын* түрінде де айтылады. Бұл өте көне құбылыс тәрізді: *тотыдайын* таранған, *сұңқардайын* сыланған. *Жаздай* көрмедім - *жаздайын* көрмедім.

Кейде есімдік негізді үстеулер *-дай* көрсеткішінен кейін *-да* қосымшасын қабылдайды. Бұл ретте салыстырма, амалдық мәндегі үстеулер енді мезгілдік ұғымда жұмсалатын болады: *Онаша түн... Мұндайда қыз-жігіттің сөз таппауы дүниенің қасіреті* (Тоқмағанбетов). *Жүрек оты, жүрек кереметі осындайда танылса керек* (Бағаев).

-ша// -ше. Бұл жұрнақ салыстыру мағынасын білдіретін үстеу жасайды: *қазақша, қоңырша, меніңше, жаңаша* т.б.

Түркологиялық әдебиеттерде бұл қосымшаның шығу тегі *шақ* өзімен байланыстырылады:

бүгінше - бүгін шақта. Мезгілдік мәнде жұмсалған сөздерде бұл пікірдің дұрыстығы аңғарылады. Ал жоғарыдағыдай салыстыру мәнінде жұмсалған сөздерге (*адамша, ескіше, жаңаша*) бұл қағида онша жанаса бермейтін сияқты.

Сонымен, *-ша* қосымшасының бойынан осындай омонимдік қатарда келетін *шақ* сөзінің екі түрлі (мезгілдік және салыстыра айту) ұғымын да түсінетін боламыз. *-ша* қосымшасы есім мәндес сөздерге жалғанғанда, салыстыру ұғымынан шығатын сын-қимылдық мәнде жұмсалады.

Мойын ағашша иіліп жатыр (Исабаев). *Былайша балықшыға қолқа салды* (Тұрманжанов).

Асты сызылған сөздердегі салыстырмалық мән олардың бұрынғы (*ша*) тұлғасын *-дай* түрімен алмастырып айтқанда, айқынырақ сезіледі. *Батиханы өлерше сабап тастады* (Тарази). Осындағы *олерше* сөзін *өлердей* деп еркін ауыстыра беруге болады.

Түбірі есім негізді осындай үстеулер кейде мезгілдік мәнді де білдіреді: *Менің көзімше жас жігітке жаңағыдай қызмет көрсетті* (Сатыбалдин). Аталған қосымша үстеу түбірлі сөздердің өзіне жалғанғанда, мезгілдік мәнде келеді. *Бүгінше Сағираның үйіне қонып шығайын* (Тілеков). *Екеуіңе қазірше бір бөлме жетпей ме?* (Райым-құлов).

-ша жұрнағымен келген кейбір үстеу сөздер басқа да тұлғалық өзгерістерге түсіп айтыла береді (*осынша, осыншама, осыншалық, осыншалықты*). Рас, мұндай тұлғалық өзгеріске барлық үстеулер, көбінесе, есімдік негізділері бейім келеді. *Осыншама түнжыраудың себебін кейін түсіндім* (Сәрсенбаев). *Сзуле машина табылмағанына оншама ренжіген жоқ* (Сарғасқаев).

Осындай негізді үстеулер енді бірде *-лық*, не болмаса *-лық+ты* түрінде үстемелене айтылады: *Ағаш дегенің осыншалық таптырмайтын нәрсе деп ойлаған жоқ* (Тілегенов). *Жолдан оңшалық қашық емес* (Сөкпақбаев).

-лап// -леп. Бұл қосымша үстеу сөздердің құрамында өте жиі қолданылады. Құрамы жағынан етістік сөз табын тудыратын *-ла* және көсемшенің *-п* жұрнақтарынан тұрғанымен, бұлар осылайша (*-лап*) өзара жымдасып, бір бүтін болып кірігіп кеткен. Осы құрылымда үстеу жасайтын бір жұрнақ саналады.

-лап қосымшасы ең алымен *үстеу түбірлі* сөздерге жалғанып, амал, мезгіл мәндерде жұмсалады: *Кулевакин абайлап алды-артына қарады* (Ерубаев). *Сансыз көкек сұңқылдап, көктем келді ертелеп* (Аманжолов).

Осындай тұлғадағы үстеу сөздер сонымен қатар басқа да түбірлі сөз таптары арқылы жасалып, негізінен алғанда, амалдық мәнді білдіреді.

Шайханада жуалап ішкен араққа Михайло қызып отырды (“Лен.жас”). *Бұлардың соңынан біреулеп те, түйдектеп те құнандар келіп жатыр* (Әбішев). *Егізден туып енеден, Есебі жоқ көл едік* (Әбдіқадыров).

Үстеудің осы тұлғалы түрінде де жоғарыдағыдай сатылау құбылысы байқалады. **-лап** қосымшасы түбір негізді сөздерге кейде бірден жалғанбай, басқа бір қосымшалар арқылы үстемеленеді.

Күдік біртіндеп арыла берді (Әуезов). *Жұмысты күндіктеп берген* (Жансүгіров). *Бір айда күнде мелеп ақша тапқан* (Тәкежанов).

-латып// -летіп. Құрамы жағынан саралайтын болсақ, *-ла+т+ып* түрін аңғартады. Негізінен зат есім түбірлі сөздерге жалғанып, етістік тудырады да (*арба+ла+т+ып*), кейде осылайша амалдық мәндегі үстеулердің де қызметін атқарады. Осындай жолмен келетін үстеулердің саны тілімізде онша көп емес. *Түнделетіп, күндіздетіп, жауындатып* т.б. сияқты бір құрылымдас сөздерде бұлар жымдасып, тұтастық қалпында жаңа мәнді үстеулерді тудырады. *Гурьевтен түйе арбалатып бірге келген* (Сыланов). *Борандатып, жауында-тып келемін* (Мәуленов).

-лате// -лете. Бұл жұрнақты жоғарыда талдаған *-латып// -летіп* түрінің синонимдік көрсеткіші деп қарауға болады. Бұл тұлғалы үстеу сөздерді кейде ыңғайына қарай алмастырып айта беруге болады. Алайда әдеби тілімізде осы тұлғалас үстеу сөздер өзалдына жеке қолданылады. *Қасқыр сылқ ете түсті, талиоқпар жүйелете тиді шекеге* (Мұстафин).

-рақ// -рек. Бұл жұрнақ үстеу түбірлі сөздердің өзіне жалғанып, олардың бұрынғы мәндеріне үстеме мағына жамайды: мекендік, мезгілдік ұғымдардың мөлшері жалпылай айтылмай, саралана түсіп, кішірейтіңкіреген түрде көрсетіледі. Бұл ретте аталған жұрнақ негіз түбірден кейін тікелей жалғанса, кейде араға басқа бір тұлғаны салып та үстемеленеді. Сондай-ақ *-рақ// -рек* аффиксі өзінен кейін де басқа қосымшаларды қабылдай береді. Мұндайда оның бұрынғы мағынасы одан сайын нақтылына түседі. *Айша бұрылып әрірек кетті* (Ахтанов). *Мұрат басқалардан артқарақ отыр* (Соқпақбаев).

-лау// -леу жұрнағын *-рақ// -рек* түрінің синонимі деп те қарауға болады. Өйткені екеуі де кішірейтілген түрдегі салыстырма мәнінде жұмса-

лады: *қызылдау - қызылырақ, биіктеу - биігірек, ұзындау - ұзынырақ. Көзге жұпынылау көрінген* (Әбішев). *Найман мен Керейдің қалқаны күнгейлеу жатыр* (Есенберлин).

-ең жұрнағы мағынасы жағынан *-рақ// -рек, -лау// -леу* жұрнақтарына жақын. Бұл да тікелей үстеу сөздердің өзіне жалғанып, оларға мезгіл, мөлшерлік мән үстейді. Мезгілдік мәндегі үстеулер кішірейткіш ұғымда жұмсалады.

Алматыға бірнеше сағат кешен ұштым (Бигелдинов). Мысалдағы *кешен* сөзін *кешірек, кештеу* түрлерімен де алмастыруға болады.

-сын// -сін жұрнағы мезгілдік мәндегі үстеу түбірлі сөздерге жалғанады. Онда да негізгі түбірге көбінесе тікелей жалғанбай, араға басқа бір қосымшаны салып барып сатылай қосылады: *кешкісін, ертеңісін, түнгісін*. Бұл қосымшаның шығу төркіні *соң* шылауынан ықшамдалған ба деп ойлаймыз: *едәуірден бардым* дегеннің толық түрі - *едәуірден соң емес пе? Мұрат ертеңісін полқты қабылдады* (Ахтанов). Ал үстеу түбірлі сөз дауыстыға аяқталса, аталған жұрнақ түбірге тікелей жалғанады: *Ертең ертесін Сорғабак өңірін әлдеқандай зор гүріл алды да кетті* (Домбаев).

-шан// -шең жұрнағы зат есімдерге жалғанып, амалдық мән білдіретін үстеу сөз табын туғызады. *Мақсұттың көңілі жейдешен тұрған балаға ауды* (Сарғасқаев). *Дамбалишаң тысқа ата шықтымы* (Жүнісов).

-дыз// -діз. Бұл жұрнақ зат есімді сөздерге жалғанып, мезгілдік ұғымда жұмсалады. *Сырдың бойын күндіз көру ғанибет...* (Мәуленов).

-дык// -дік жұрнағы да есім мәнді сөздермен біріге жұмсалып, мезгілдік мәнді білдіреді. *Әредік жөтелген дыбыстар естіліп тұрды* (Көшімов).

-ай// -ей жұрнағы зат есім сөздерге қосылып амалдық мәнді үстеуді тудырады: *Мектепке баражатып, жолай магазинге кірдім* (Қалдыбаев).

-ыргын// -іргін. Бұл жұрнақ есім мәнді сөздерге жалғанады да, амал мәнді үстеулерді жасауға қағынасады (*астыртын, үстіртін*). *Олардың қазақ байларымен астыртын жақындасып жүргендері байқалады* (Сейфуллин).

-қары// -гері зат есім негізді сөздерге жалғанады да, мекендік ұғымды үстеулерді жасайды. *Қақпадан басып кірді ішкері қадам басып* (Абай).

-шаң// -шең. Бұл жұрнақ тек зат есімге жалғанып, үстеу жасайды. Мысалы: *байпақшаң (кел), киімшен (ұйықтайды), көйлекшен (кетті)* т.б.

МОРФОЛОГИЯ

МОРФОЛОГИЯ

1. СӨЗДЕРДІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

1.1. СӨЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҒЫНАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ТІЛДІК ДЕҢГЕЙЛЕРГЕ ҚАТЫСЫ

Тіл - қоғамдағы адамдар арасындағы аса маңызды қатынас құралы болғандықтан да, ол, бір жағынан, ойлаумен, екінші жағынан, сол арқылы санамен, үшінші жағынан, қоғамдық өмірде белгілі-белгілі қызметтер (коммуникативтік, эстетикалық-экспрессивтік т.б.) атқаруымен және оның негізгі элементтері дыбыстық материалға негізделуі, оның белгілі мәнге ие бола алуымен байланыста болып келеді. Тіл, ең алдымен, ойды жарыққа шығарып, жетілдірудің құралы болу арқылы ойлаумен тікелей байланысты. Сондықтан тілдің негізгі-негізгі деген единицалары ойлаудың басты категорияларымен сәйкес келіп жатады. Мысалы, сөз ұғымды білдіріп, соның тілдік көрсеткіші болса, ойды білдірудің бірден-бір тілдік көрінісі сөйлем болып табылады. Сондай-ақ басқа тілдік единицалардың өзіндік мәндері, атқаратын қызметтері бар. Міне, осы қасиеттері арқылы тіл айналадағы объективтік әлем, шындық туралы адамның санасын ұйымдастырып қалыптастырады, олардың арасындағы әр түрлі байланыстар мен қатынастарды, олардың сан салалы бөлшектері мен тұтастықтарын, ондағы жүйелер мен заңдылықтарды адам санасына ұялатып, қалыптастыруға, одан әрі есте сақтауға негіз болады. Осы жағынан келгенде де тіл бірденені үйренудің, білудің, шындықты бейнелеудің, тіпті абстракты түрде ойлаудың құралы да болып табылады. К.Маркстің “Тіл де сана сияқты өте көне құбылыс”, - деуі осыдан болса керек. Міне, осындай қасиеттердің барлығы тілдің қоғамдық қызметтері - коммуникативтік, эстетикалық-экспрессивтік қызметтері - арқылы жүзеге асады.

Ойды білдірудің ең кіші тілдік единицасы - сөйлем. Сөйлемнен кіші тілдік единицалар (сөз

тіркесі, сөз т.б.) ойды білдіре алмайды. Сонда ойлаудың бір бұтағы - ой білдіру - тілде сөйлем арқылы көрініп, іске асады. Ал сөйлем сөздерден, сөздер жиынтығынан немесе сөздер тіркесінен тұратыны белгілі. Сөйлемнен кіші тілдік единицалар, мысалы, сөз де, сөз тіркесі де, ойды білдірмейді, ойды құрайтын жекелеген немесе күрделі ұғымды ғана білдіреді. Сол ұғымдар бір-бірімен жүйеленіп, тұтасып барып сөздердің бір-бірімен грамматикалық байланысқа түскені сияқты ой білдіріп, сөйлем құрайды.

Бұл жерде сөйлем мен сөздің тікелей қатынасы ойды білдірудің ең кіші тілдік единицасының (сөйлемнің) ең кіші мағыналы (мәнді) тілдік бөлшектерден тұратынымен байланысты. Ондай ең кіші мағыналы тілдік бөлшек - сөз болып табылады. Дыбыстарды былай қойғанда, морфемалардың өзі жеке тұрып мағына білдіре бермейді, ал сөз тіркесі - сөзден әлдеқайда үлкен единица. Бұл - бір. Екіншіден, осы қасиеті арқасында сөз тіл білімінің барлық саласына да (фонетика, лексика, сөзжасам, морфология, синтаксис) әр түрлі дәрежеде қатысты болып келеді: бірде тіл білімінің бір саласының негізгі объектісі, енді бірде келесі бір саланың тікелей объектісін айқындайтын жүйелік фоны, контексті болып отырады.

Сөйтіп, тілдік единицалардың ішінен, мысалы, дыбыс немесе фонема, морфема немесе әр түрлі тұлғалар, сөз тіркесі, сөйлем сияқты тілдік элементтерден сөздің ерекше қасиеттері бар құбылыс екенін аңғаруға болады. Сөз белгілі бір ұғымның атауы болғандықтан да, соған сәйкес ол белгілі бір нақты лексикалық мағына білдіреді. Сондықтан да осы қасиетінің арқасында сөз санамызда жеке тұрып өмір сүре алады. (Бұл - сөз өмірінің екінші сатысы). Әр түрлі сөздіктерде сөз жеке реестр (лексема) ретінде беріледі. Сонымен бірге сол лексикалық мағынасына сәйкес ұғымның жалпы атаулық қасиетіне орай жалпы грамматикалық мағына пайда болып, ол енді жекелеген сөздерді емес, белгілі бір грамматикалық топтағы сөздердің ортақ жалпы мәні сипатына айна-

лып, тек сондай жалпы грамматикалық мағынаға сәйкес мән білдіре алатын әр түрлі қосымша тұлғалар арқылы түрленеді, басқа сөздермен байланысқа түседі, сөйлем құрайды.

Міне, осыдан келіп сөздің екі түрлі сипаты айқындалады: біріншіден, сөздің ұғымдық сипаты, яғни белгілі бір лексикалық мағынаны (әңгіме лексикалық мағыналы сөздер жайында) білдіруі, сол арқылы оның жалқылық, жекелік сипаты және тілдің сөздік құрамының бір единицасы ретінде лексикалық көрсеткіш болуы, екіншіден, сөздің лексикалық мағынасының жалпылануы негізінде және басқа сөздермен әр түрлі тәсілдермен байланысқа түсіп грамматикалық сипат алып, сөйлемнің (ойды білдірудің) құрылыс материалдары ретінде қолданылуы, сөйтіп, бұл екі сипаттың диалектикалық бірлікте өмір сүруі тілдің қоғамдық қатынас құралы қызметін атқаруға негіз болады. Сондықтан да сөйлемдегі сөздердің бір-бірімен болып тұрған грамматикалық байланыстарын үзсек, грамматикалық тұлғаларын алып тастасак, сөйлем ойды білдірмей қалар еді, тек жекелеген ұғымдардың байланыссыз жиынтығы ғана болып шығар еді. Міне, осыдан келіп лексикология мен грамматиканың өзара ерекшеліктері мен бір-бірімен байланысы, диалектикалық байланысы айқындалады. Бұл арада әңгіме тек лексикология мен грамматика жайында ғана емес, жалпы тіл білімінің барлық салалары мен тілдік деңгейлердің ара қатынастары туралы.

Тіл білімінің қай саласын алсақ та, оның зерттеу объектісі я тікелей, я жанама түрде сөзге келіп тіреледі. Өйткені сөзде фонетикалық қасиет (дыбыстық комплекс) те, лексика-семантикалық қасиет (ішкі мағына) те, сөзжасам қасиеті (жаңа сөз, я жаңа мағына, яғни деривациялық мән) де, грамматикалық қасиет (морфологиялық құрам мен құрылысы, сөздердің түрленуі, сол арқылы бір-бірімен байланысқа түсіп, алуан түрлі грамматикалық мағыналар білдіріп, сөйлем құрауы) те бір-бірімен қабысып, қабаттасып келіп отырады.

Сөз жоқ, сөз - ең алдымен лексикологияның тікелей және басты объектісі. Өйткені тілдегі сөздік құрам, оның баюы, дамуы, сөз мағыналарының түрлері мен өзгеруі, дамуы т.б. сияқты сөздің тікелей басындағы қасиеттері лексикология саласында қаралып, шешімін табады. Сондай-ақ, сөз - сөзжасам саласының да тікелей объектісі. Тіліміздегі сөздердің барлығы да бір кездері белгілі тәсілдермен жасалған. Сондай-ақ әр түрлі тәсілдер арқылы жаңа сөз жасау пробле-

масы, сөз мағынасының өзгеруі арқылы да жаңа сөздің пайда болуы, сөйтіп, тілдің сөздік құрамын байыту процесі де сөзге тікелей қатысты қасиеттер болып табылады.

{ Ал, *грамматика* гректің *grammatike* - оқи алу, әріп жаза білу деген сөзінен қалыптасқан болса, ол сөздердің түрлену жүйесі мен грамматикалық мағыналарын, олардың арасындағы байланыс пен қарым-қатынастарды, сөйтіп, сөздердің тұлғалану ерекшеліктерін, сөздердің бір-бірімен тіркеске түсіп, сөйлем құрау сияқты қасиеттерін қарастырады. Грамматиканың бір саласы *морфологияның* (гректің *morphe* - форма, тұлға және *logos* - сөз, ілім деген сөздерінен құралған) да зерттейтін басты объектісі - сөз. Әрине, морфология лексикология сияқты жеке сөздердің нақты мағыналарын, олардың қайдан шығып, қалай қалыптасқанын, функционалдық-стильдік сипаттарын емес, сөздердің жалпы қасиеттерін, ортақ қасиеттері арқылы сөздердің белгілі топ құрай алуы мен түрлену, тұлғалану жүйесін, соның нәтижесінде пайда болатын жалпы мән-мағыналарды топтап, категориялық ерекшеліктерін зерттеп сипаттайды. Сөйтіп, морфология сөздердің грамматикалық сипаттарын зерттеп айқындайды. Морфология сияқты *синтаксис* (гректің *syntaxis* - құрылыс, тізбек, тіркес, тәртіп деген сөзінен қалыптасқан) те грамматиканың бір саласы. Егер морфология сөздің жалпы сипатын, атап айтқанда, сөздің грамматикалық мағыналарын, олардың берілу жолдарын, түрлену жүйесі мен *парадигмалық* (гректің *paradeigma* - үлгі, мысал, рет сөзінен алынған, яғни белгілі бір тәртіппен түрлену, өзгеру қатарының тұрақты жиынтығы, үлгісі; мысалы, септелу, тәуелдену, жіктелу үлгілері т.б.) қасиетін, сөз формаларының ерекшеліктерін, соның нәтижесінде пайда болатын грамматикалық мағыналар жүйесін жеке-жеке емес, жалпы түрде қарау арқылы, ортақ белгілері негізінде, яғни сөздердің грамматикалық сипаттары негізінде грамматикалық топтарға, олардың категорияларға жіктелуін қарастырса, синтаксис сол түрлену тұлғаларының басқа сөздермен синтаксистік қатынасқа түсу ерекшеліктерін, сөйлемде сөздердің сол тұлғаларында атқаратын қызметтерін, сөйтіп, сөйлем құрау, олардың құрамдық, құрылыстық түрлері мен типтерінің ерекшеліктерін қарастырады. Сөйтіп, морфология мен синтаксистің ортақ жерлері көп-ақ. Мысалы: *Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...* (Абай) деген сөйлемді талдап көрейік. *Мен* - I жақ жекеше жіктеу есімдігі, атау тұлғада тұр, *жазбаймын* - сабақты етістік,

болымсыз тұлғада (-ба), -й - көсемше тұлғасы арқылы ауыспалы осы - келер шақты білдіріп тұр, -мын - I жақ жекеше жіктік жалғау, *өленді* - жалпы зат есім, -ді табыс септік арқылы тура объекті мағынасын білдіріп тұр, *ермек* - жалпы зат есім, түбір тұлға, *үшін* - септеулік шылау. Бұл - морфологиялық талдау. Синтаксистік жағынан: *мен* - бастауыш, атау септікте, *жазбаймын* - баяндауыш, жіктік жалғау арқылы бастауышпен I жақта жекеше қыса байланысып тұр, *өленді* (нені жазбаймын?) тура объектіні (табыс септік) білдіретіндіктен тура толықтауыш болады, *өленді жазбаймын* - табыс септік жалғауы арқылы байланысқан етістікті меңгеру (сөз тіркесі), *ермек* сөзі *үшін* шылауымен тіркесіп келіп мақсат пысықтауыш (не үшін, не мақсатпен жазбаймын?) қызметін атқарып тұр, сол *үшін* шылауы арқылы *ермек* сөзі жазбаймын дегенге меңгеріле байланысып, етістікті сөз тіркесін құрап тұр. Жалпы бұл - жай, жайылма, жақты, толымды, хабарлы сөйлем.

Міне, осы талдаудан грамматиканың екі сарасы морфология мен синтаксистің ортақ, жақын қасиеттері мен бір-бірінен айырма ерекшеліктері анық көрінеді.

Фонетиканың негізгі зерттеу объектісі дыбыстар, олардың жүйелілігі мен қолданылу ерекшеліктері, заңдылықтары болса, дыбыстардың қыр-сыры, жасалу, артикуляциялық ерекшеліктері мен қолданылу заңдылықтары сөзге тікелей байланысты, сөз арқылы, сөздер құрамында ғана олар толық көріне алады. Жеке дыбысты айтқаннан, оның барлық сипаты толық айқындала бермейді. Сөздің бар сипаты оның қолданысында сөйлем ішінде айқындалатыны сияқты, дыбыстардың да бар қасиеті сөз құрамында қолданылуы арқылы айқындалады. Сондықтан да сөз фонетикаға да қатысты. Міне, осы қасиеттері негізінде сөзді өте күрделі тілдік единица деп түсінеміз. Сөз - сөйлемнен кейінгі ерекше тілдік единица, өйткені ол - тілдің мәнді, мағыналы бөлшегі және сөйлем құрауға негіз болатын тілдік единица.

Демек, сөз әр қырынан тіл білімінің әр саласына тікелей, я жанама қатысты болып, тіл білімінің негізгі объектісі болып саналады.

1.2. СӨЗДІҢ ІШКІ МАҒЫНАЛЫҚ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ДЫБЫСТЫҚ ЖАҒЫ

Тілдегі ең кіші мағыналы бөлшек - сөз. Сондықтан сөз белгілі бір ұғымды білдіреді, яғни белгілі бір нақты заттың атын немесе сынның,

сапаның нақты белгісін, нақты санды, әр түрлі нақты әрекет-құбылысты, қимылды т.б. білдіреді. Сондықтан сөз туралы әңгіме болғанда, ең алдымен, сол сөз білдіретін мағына, яғни сөздің ішкі сипаты, мазмұны қоса жүреді. Рас, морфеманың кейбір түрін, мысалы, түбір морфеманы, мағыналы бөлшек дейміз.

Түбір морфема мәселесіне қазақ тілі (сондай-ақ түркі тілдері) тұрғысынан келсек, түбір белгілі бір мағынаны білдірумен байланысты. Бұл тұрғыдан келгенде, *түбір* деген ұғым мен *сөз* деген ұғымдар сайма-сай келеді де, сөз деген ұғымға енетін туынды түбір дегендер ғана одан өзгеше болады. Сондықтан да түбір жеке сөздің баламасы ретінде ешбір түрленусіз түбір күйінде тілде қолданыла да алады. Мысалы: *Зеңбірек снарядтары суға үсті-үстіне түсіп, аспанға шапшыған судан күміс бағаналар орната бастады* (Мүсірепов). *Ызғырық суық сұр бұлт аспанды тегіс қаптаған* (Майлин). *Төрт бөлмелі тас үй салқын да жайлы* (Мүсірепов).

Берілген сөйлемдердегі *күміс, сұр, төрт, тас* деген сөздер түбір күйінде қолданылған, яғни олар - әрі түбір, әрі сөз. Бірақ түбір деген ұғымға қазіргі кезде ешбір мәнге ие бола алмайтын не жеке қолданыла алмайтын өлі түбірлер де енеді. Мысалы, *оян, оят, баданадай, алпамсадай, момын, момақан, шалқак, шалқалау* т.б. сияқты сөздердің түбірі, сөз жоқ, *оя, бадана, алпамса* (я алп), *мом, шалқа* екенін бір түбірден өрбіген түбірлес сөздер де көрсетіп тұр. Бірақ бұлар қазір тілімізде түбір күйінде қолданылмайды, жеке тұрып ешбір мағына да білдіре алмайды.

Сөйтіп, түбірлік қасиет қазіргі тұрғыдан келгенде жоқ, я жойылып кеткен. Бірақ бұндай сөздерге салыстырмалы-тарихи талдау жүргізсек, қатар тұрған түбірлес сөздердің өзі-ақ көрсетіп тұрғандай, берілген сөздердің өздері негізгі түбір емес екенін байқаймыз. Осы жағынан келгенде *түбір* деген ұғымның өзін әрі айқындай, әрі шектеп алудың мәні ерекше сияқты. Яғни түбірдің ең басты белгісі, ерекшелігі не дегенге нақты, дәл жауап беруіміз керек. Әдеттегі беріліп жүрген анықтаманың негізгі белгі болу тұрғысынан сипаты нақты анықталуға тиіс. Олар: 1) сөздің ең кіші мәнді бөлшегі, 2) қосымша морфемалар үстелу арқылы жаңа сөз немесе сөз тұлғасын жасауға негіз болатын бөлшегі. Ал өз бетімен сол қалпында (түбір күйінде) сөйлемде қолданылуы түбірдің өз ішінен туындайтын қолданыстық қасиеті емес, ол түбірдің жеке тұрғанда да белгілі мағынаны білдіруімен байланысты. Ол мағына

(мән) лексикалық мағына болып табылады. Сондықтан да ол мән түбірдің жеке тұрғандағы басында болуы керек. Түбірдің сол тұлғасында екінші сөзбен байланысқа түсіп, сөйлем ішінде қолданылғанда, оған қосымша грамматикалық, яғни ол екі сөздің байланысы нәтижесінде туатын, мәні де үстелуі мүмкін. Айталық, жоғарыдағы берілген сөйлемдердегі *күміс* (нақты зат атауынан басқа, бағаналардың неден жасалғандығын, нақты затқа қатыстығын), *тас* (нақты зат атауынан басқа, үйдің неден салынғандығын, затқа қатыстығын) білдіріп, түбір білдіретін мағынаның үстіне жаңа қосымша (қатыстық) мағына қоса білдірсе, *сұр* (жалпы түсті білдіру нақты бұлттың түсін білдіруге ауысуы), *төрт* (үй бөлмелерінің нақты санын білдіру) түбір қалпында қолданылу сипаты біркелкі емес. Осы талдаудан көрінетіндей, *сұр*, *төрт* сөздерінің түбірлік тұлғасы мен білдіретін мағынасы, сөйлемдегі қызметі арасында алшақтық көрінбейді (бұл екеуі де зат атауымен тіркесіп - бұлт және бөлме [лі] үй, анықтауыштық қатынаста жұмсалған), ал *күміс* пен *тас* сөздерінің тұлғасы мен білдіретін мағынасы және сөйлемдегі қызметі арасындағы қатынас бұзылып жаңа сипатқа ие болған: нақты зат атауын білдіретін сөзбен таза аналитикалық сипатта байланысқа түскенде, қосымша мәнге ие болып (енді нақты зат атауын білдіруден сол затқа қатыстылық мәнді білдіріп, яғни бұл екінші заттың жасалу тегін, қатысын білдіріп) жаңа синтаксистік қызметке ие болады: атрибуттық-анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Зат есімдердің түбір тұлғада кейбір шылаулармен тіркесіп келіп (бұл сияқты зат есімнің түбір тұлғасы оның осыған сырттай ғана ұқсас атау септік немесе предикат мәнінде - баяндауыш қызметінде 3-жақ жіктік жалғау я тіпті ілік, табыс септіктердің жасырын, түсіп қалған тұлғасымен бір емес бөлек-бөлек грамматикалық тұлғалар екенін ашық айту керек) себеп-салдарлық, мақсаттық, мезгілдік-мекендік т.б. мәнде және соған сай әр түрлі синтаксистік қызметте жұмсалуды да зат есім түбірдің өзіндік ерекшелігі бар екенін көрсетеді. Осы сияқты өзіндік ерекшелік етістік түбірден де байқалады: етістік түбір лексикалық мағынаны білдіргенмен, тікелей сол қалпында жіктелмейді, түбір қалпында сөйлемде қолданылмайды. Бірақ соған қарамастан зат есім болсын, етістік болсын, басқа сөз табы болсын, олардың ортақ грамматикалық қасиеттері арқылы жоғарыдағы талапқа, критерийге сай *ортақ түбір* деген ұғымды бөліп көрсетуге болады. Оның үстіне тілдің бір қалыпты тұрмай, өзгеріске түсіп, дамып отыра-

тынын ескерсек, *түбір* ұғымының кейбір шарттылығын да байқауға болады. Қазіргі тілімізде жеке тұрып ешбір мән білдіре алмаса да, сол қалпында сөйлемде қолданыла алмаса да, ол жоғарыда берілген сөздердің *оя*, *бадана*, *алтамса* (я *алп*), *мом*, *шалқа* я болмаса кейбір дыбыстық өзгерістері бар түбірлер болғанын аңдай аламыз. Сондықтан да оларды *өлі түбір* дейміз. Ал басқа тілдерде, мысалы, орыс тілінде, түбір әр уақытта мағыналы бола бермейді, жеке тұрғанда ешбір мәнді, ұғымды білдіре алмайды. Мысалы, *прочитав* (оқып шығу) деген сөздің түбірі - *чит*, *про* - приставка, *ав* - жұрнақ, бұндағы *чит* бөлшегі жеке тұрып ешбір мәнге ие емес. Сондай-ақ тілімізде өте сирек болса да сөз бен дыбыстың да сәйкестігі кездеседі. Мысалы, *а* (*А*, *а қажы келді ғой* - Сейфуллин), *э* (*э, ақылыш бала, кеп не едің* - Әуезов) тәрізді сөздер бір-бір дыбыстан тұр. Осыған қарап кейде жеке дыбыстар да мәнді болады, мағына білдіре алады деп тұжырым жасауға бола ма? Әрине, жоқ. Сондықтан әр уақытта белгілі бір ұғымды білдіре алатын, тілдің ең кіші мағыналы бөлшегі сөз болып табылады. Бұл - сөздің басты және тұрақты лексика-семантикалық және грамматикалық қасиеті. Осы қасиеті арқылы сөз тіл білімінің барлық саласының зерттеу объектісі болып табылады.

Сөздің белгілі бір мағынаны, ұғымды білдіруі оның ішкі мазмұны болса, сөз белгілі бір дыбыстар жиынтығынан тұратындықтан, оның сыртқы дыбыстық жағы да бар. Кез келген сөз белгілі бір дыбыстар жиынтығынан, демек, дыбыстық комплексден тұрады.

Мысалы, *бала* деген сөз төрт дыбыстан тұрады, оның бірі (*а*) екі рет қайталанған, *келмеген* - 8 дыбыстан тұрады, оның бірі (*е*) үш рет қайталанған. Ол түсінікті. Сонымен бірге сөздің ішкі мағыналық жағы мен сыртқы дыбыстық комплекс жағы арасында байланыс бар ма? Байланыс болса, оның сипаты қандай? - деген занды сұрақ туады.

Сөздің ішкі мағыналық жағы мен сыртқы дыбыстық комплекс жағы арасында, әрине, байланыс бар. Егер олардың арасында ешбір байланыс болмаса, кез келген дыбыстар жиынтығы сөз бола берер еді ғой, жаңағы *бала*, *келмеген* деген сөздер белгілі дыбыстар жиынтығынан және ол дыбыстардың белгілі бір тәртіппен орналасуынан жасалып тұр. Ондағы дыбыстарды *абла*, немесе *лаба*, немесе *лбаа* т.б. етіп қосқаннан сөз жасалмайды. Бұның өзі лексикалық единица ретіндегі сөз, оның білдіретін мағынасы мен сыртқы

дыбыстық қабыршағы арасында белгілі бір байланыс бар екенін көрсетеді. Бірақ ол байланыс - табиғи байланыс емес. Өйткені дыбыстар жеке тұрғанда, ешбір мәнге ие бола алмайды: б, а, л, а дегеннің әрқайсысынан ешбір мән туып тұрған жоқ. Сондықтан да белгілі жастағы адам мәніндегі *бала* сөзінің мағынасы сол төрт дыбыс білдіретін мәннен құралып тұрған жоқ (жеке дыбыста мән жоқ). Тілімізде біркелкі дыбыстар жиынтығынан тұратын, тіпті бірдей дыбысталатын сөздердің мағыналары әр уақытта бірдей бола бермеуі, лексикалық омонимдер - осының дәлелі. Мысалы, 1) *қара* дегенге қарама-қайшы түсті білдіретін *ақ* (ақ шәйі орамал) және 2) адал, кінәсіз, жазықсыз деген мағыналардағы *ақ* (*Ынсапсызға не керек Істің ақ пен қарасы.* - Абай) сөздері мен 3) малдың сүті және сүттен өндірілетін айран, қатық, қымыз сияқты тағамдар мәніндегі *ақ* (*ақ ішіп оңалып*) сөзі мен 4) жоқ болу, суалу деген мәндегі *ақ* болып кету сөзі, 5) шындық ақиқат, хақ мәніндегі *ақ* (ақ өлім немесе ақ сөйле), б) судың арнасымен жылжуы мәніндегі *ақ* (судай ақ) сөздерінің (ҚТТС) дыбыстық құрамында, айтылуында бір-бірінен ешбір айырмашылығы жоқ. Соған қарамастан яғни қаншалықты бірдей дыбыстардан тұрып, бірдей айтылғанмен, әрқайсысы бір-біріне байланыссыз, кейде байланысты (көп мағыналық негіздегі омоним болса) әр түрлі мағынаны білдіреді. Сондай-ақ, 1) керек, тағам, тамақ мәніндегі *ас* (ас адамның арқауы), 2) тамақ пісіру, әзірлеу мәніндегі *ас* (ет ас), 3) бір жерден екінші жерге қарай өту, орлеу мәніндегі *ас* (таудан ас) т.б. сөздер де дәл осындай. Бұл сияқты омоним сөздерді көптеп келтіруге болады. Бұның өзі сөз білдіретін мағына оны (сөзді) құрайтын сыртқы дыбыстар мәнінен туындамайтынын көрсетеді. Жекелеген дыбыстар ешбір мәнді білдіре алмайды.

Демек, сөздің ішкі мағыналық жағы мен оның сыртқы дыбыстық комплекс жағы арасындағы байланыс *табиғи емес, тарихи қалыптасқан дәстүрлі байланыс* болып табылады. Басқаша айтқанда, жекешеленген дыбыстардан тұратын, қалыптасқан дыбыстық комплекс жеке-жеке бір тілдік единица ретінде белгілі бір ұғымды білдіретін болған. Міне, ол ұғым - сол сөздің мағынасы, өйткені сөз айналамыздағы зат, құбылыс, я оның сыны мен саны, қимыл, іс-әрекет, оның әр түрлі амалы т.б. жайындағы ұғым, не соның аты, атауы.

Сөздің мағынасы әр түрлі болады. Сөздің жеке тұрғанда да, белгілі бір ұғымның аты ретін-

де танылатын нақты мағынасы да, одан туындайтын әр түрлі ауыс, келтірінді мағынасы да, сойлеу процесінде неше түрлі тұлғалар қосылуының нәтижесінде пайда болатын немесе басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсу арқылы туатын сан салалы жалпы мағыналары да болады.

Әрине, ол мағына түрлерінің бір-бірімен байланысы, жалғастылығы болуымен қатар бір-бірінен айырмашылықтары, өзгешіліктері болады. Ең алдымен сөз білдіре алатын мағынаны екі түрге бөліп жүрміз: *лексикалық мағына және грамматикалық мағына*.

1.3. СӨЗДІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГРАММАТИКАЛЫҚ МАҒЫНАСЫ

Сөйтіп, айналадағы заттар мен құбылыстардың біздің санамызда бейнелеуінің нәтижесінде пайда болатын ұғымы сөздің білдіретін ішкі мазмұны, яғни мағынасы болып табылады. Сөздің осындай әуелдегі (о бастағы) негізгі тура мағынасы *лексикалық* мағына деп аталады. Сөздің лексикалық мағынасы ол сөздің жеке тұрғандағы қалпынан да, яғни сөйлем ішінде емес, бөлек тұрғанында да көрініп отырады. Өйткені сөздің бұл (лексикалық) мағынасы талай рет қолданылудың нәтижесінде санамызда әбден қалыптасқан, ол сол тілдің сөздің құрамына еніп, семантикалық шеңбері анықталған, ешбір контекссіз-ақ ол (сөз) сөздіктерде (мысалы, түсіндірме сөздік, екі тілді сөздік т.б.) реестр сөз ретінде жеке беріліп, мағынасы көрсетіледі. Сондықтан да тілдегі кейбір сөздердің мағыналары кейде бір-бірімен жақын болуы мүмкін, бірақ толық бірдей бола алмайды, тілдегі әрбір сөздің өзінше бөлек-бөлек лексикалық мағынасы болады. Әрине, сөздің лексикалық мағынасы сол сөз білдіретін зат, құбылыстың белгілі бір қасиетіне я қасиеттеріне негізделіп, ол сөз аталғанда, санамызда сол қасиеттер мағынаның басты көрсеткіштері, мәндері ретінде көрінеді.

Сөздің лексикалық мағынасына, ең алдымен, оның нақты, тура мағынасы жатады. Айталық, *көл, құс, тау, үй, көк, биік, үш, бес, келу, жүру* сияқты сөздердің лексикалық яғни нақты мағынасы: табиғи су қоймасы, үстін қауырсын жапқан, ұшып жүретін жануар (мақұлық), жердің әр түрлі тастар арқылы биік болып қалыптасуы, адамның тұратын баспанасы, бір заттың нақты түсі (көк), бір заттың жоғарыға қарай сындық сипаты, заттардың нақты сандары (үш, бес), сөйлеушіге қарай беттеу қимылы, нақты қозғалу қимылы немесе

бір жаққа аттану қимылы. Сонымен бірге бір сөз осындай нақты тура мағынамен бірге басқа да мағыналарды білдіріп, ауыс, келтірінді мағыналарда жұмсала береді. Мысалы, *айыру* етістігі, ең алдымен, дыр еткізіп жырту және қақ жару, екіге бөлу мағыналарын білдіреді. Бұл - етістіктің тура мағыналары. Сонымен бірге айыру етістігі бөліп шығу (қаймақтан майды айыру), ажырату (ешкімді айырып болмайды), жер жырту, тілу (жерді тайыз айырады), арашалау, құтқару (бейшара шалды ұрылардан айырып алды), бөлектеу, алалау, бірдей көрмеу (оларды бізден неге айырасыз?), танып, білу, анықтау (түнде айыра алмадым) т.б. сияқты мағыналарды білдіреді. Бір сөздің басында, міне, қаншама мағына бар?! Енді *айыру* етістігінің тағы бір ауыс мағынасы - үнем қылу, күн көру. *Осы заттардың майы мен ұн, шайын айырсын* (Әуезов). Сондай-ақ *айым* сөзінің мағынасына көз жіберейік: ескі әдет-ғұрып заңын бұзғаны үшін тағылатын кінә, жаза, жауапкершілік, штраф, ал оның ауыс мағынасы - мін, кемшілік: *Жалғыз-ақ тал бойыңда бір айыбың: Даусың жоқ, не себепті сыбырлайсың* (Ахметбеков) т.б. (ҚТТС). “Абай жолы” романынан алынған мына бір үзіндіге де назар аударайық. “*Ол Абайды көре отырып, Құнанбайдың өзге жас балаларын да еске алды.*

- *Осы, ана Ысқақ бір жошын. Бір түрлі пысық та сергек неме, - деді.*

- *Ол әлгі Күнкенің қолындағы ма? - деп сұрап алып, Бөжей:*

- *Рас, құлдырап тұр! - деді.*

- *Я, рас-ау, соның оты бар! - деп, Байсал да қостады. Мұның бәрі - қиялап айтқан Құнанбайдың қошаметі. Үндемей түйіліп, сұп-сұр боп отырған Құнанбай ол сөздерге көп шіміркенген жоқ. Қайта теріс көргендей мойын бұрып, Абайға қарап:*

- *Одан да не күтсеңдер де, осы жаман қарадан күтсеңдерші, - деді”* (Әуезов).

Осындағы *жаман* сөзі тіпті де жаман емес. Жаман қара деп отырғаны - Абай. Оған іштей риза болып, Абайдың келешегінен зор үміт күтіп, солай деп отыр. Тіпті аспанға атып, ересен мақтап та жібергісі келіп отырған жоқ. Бұл - сөздің контекстік келтірінді мағынасы, өйткені бұл мағына тек осы контексте, осы қолданыста ғана осылай түсініледі.

Сөйтіп, сөз бір я бірнеше лексикалық мағынаны білдіреді екен. Және сол лексикалық мағынаның негізінде белгілі стильдік мәндегі әр түрлі контексттік келтірінді мағыналарды да білдіре

алады. Бірақ сөз сөйлемде қолданылғанда, ол қаншама полисемиялы (көп мағыналы) болғанмен, оның бір ғана мәнінде жұмсалып, бір ғана мағынасын білдіріп тұрады. Сондықтан да сөзде бір ғана лексикалық мағына болады дейміз. Демек, сөз жалпы бірнеше мағынаны, көп мағынаны білдіре алғанымен, сөйлемде соның бір ғана мағынасында қолданылады, басқа мағыналары ол жерде ескерілмейді. Бұған керісінше сөздің бір ғана қолданысының өзінде бірнеше грамматикалық мағына болуы мүмкін.

Сөздің лексикалық мағынасы оның ұғымдық мәні болсын (белгілі бір заттың, құбылыстың, іс-әрекеттің, әр түрлі амалдың т.б. аты, ұғымы), келтірінді, ауыспалы, метафоралы т.б. мәндер болсын сөйлемде бір қырынан ғана көрініп, бір мәнінде тұрады. Ол сөз сөйлеу процесіне түскендіктен (сөйлемде қолданылғандықтан), таза лексикалық мағынаны білдіріп қана тұрмайды, сол лексикалық мағынасының жалпылануы арқасында және сөйлемдегі басқа сөздермен әрқалай қатынасқа, грамматикалық байланысқа түсу нәтижесінде және кейде сол сөзге әр түрлі грамматикалық тұлғалар үстелу арқылы неше түрлі грамматикалық мағыналар беріледі. Сөздердің осындай қасиеттерін жинап, ұйымдастырып тұратын - сөйлем. Сол сөйлем арқылы сөздің нақты я келтірінді лексикалық мағынасы да, лексикалық мағынаның жалпылануы негізінде пайда болатын грамматикалық мағына түрлері де, үстеме грамматикалық мағыналары да сөйлемдегі бір сөздің шеңберінен диалектикалық байланыста көрініп жатады. Бір қарағанда сөздегі осындай мағына үймежүйемелілігі қат-қабаттасып, араласып жатқан сияқты көрінгенмен, олардың тәртіпті, өзіндік қатпарлы жүйелері бар екендігін көреміз де, сол арқылы олардың бір-бірімен шатастырмай айырып ала білеміз. Әнгіме соның мәніне түсініп, жүйе іздерін бір-бірімен шатастырып алмауда.

Сөйтіп, лексикалық мағына сөздің өз басындағы ұғымдық, әуелгі мағынасы болса, грамматикалық мағына екінші қатардағы, лексикалық мағынаның жалпылануы, сөздің тұлғалануы, бір-бірімен қарым-қатынасқа түсуі арқылы сөйлеу процесінде жасалатын, пайда болатын мағынасы.

1.4. ГРАММАТИКАЛЫҚ ҰҒЫМДАР

Грамматиканың басты объектісі тілдің грамматикалық құрылысын танып, оның негізгі ерекшеліктерін анықтау (сол арқылы ғана сөздің

грамматикалық сипаты ашылмақ) оған (тілдің грамматикалық құрылысына) тән басты-басты *грамматикалық ұғымдарды* ажыратып, олардың ерекшеліктерін, сипатын айқындап алу қажет. Өйткені тілдің грамматикалық құрылысы сала-сала жүйелерден құралады да, олардың тұтастығы сол жүйелерге тән белгілі заңдылықтардың негізінде болып отырады. Ол жүйені айқындап, заңдылықтарын алу үшін сала-салаларын сарапқа салып, жекелеген ерекшеліктерін, ортақ грамматикалық сипаттарын, әр құбылыстың ішкі мәні мен сыртқы түрпатын және оның шекарасын айқындау үшін, ондағы грамматикалық әр түрлі амал-тәсілдерді, сөздердің белгілі бір ортақ қасиеттері арқылы топ-топқа бөлінуін, олардың мағыналары мен сөйлеу процесіндегі қызметтерін білу қажет. Демек, сөздің сөйлеу процесіндегі басқа сөздермен әр түрлі қатынастарының негізінде пайда болатын ішкі мәндері, оның көрінісі болатын сыртқы түр-тұлғасы, солардың барлығы негізінде сөйлемде олардың белгілі қызмет атқаруы т.б. тілдің грамматикалық құрылысымен байланысты болса, оның өзіндік ерекшеліктері тағы да сол сөздің грамматикалық сипатымен анықталады. Сөйтіп, басты грамматикалық ұғымдарға *грамматикалық мағына*, оның берілу тәсілінің бір түрі *грамматикалық форма* және осы екеуінің жүйелі жиынтығын құрайтын *грамматикалық категория* дегендер енеді. Бұл үшеуі бір-бірімен диалектикалық бірлікте болып, тілдің грамматикалық құбылысын құрайды да, қалған жекелеген грамматикалық единицалар мен құбылыстар, жүйелер осы ұғымдардан туындайды.

1.5. ГРАММАТИКАЛЫҚ МАҒЫНА ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Тілдегі әрбір сөздің (белгілі ұғымды білдіретін мәнді сөздің) нақты лексикалық мағынасымен бірге жалпы грамматикалық мағынасы да болады. Сөздің лексикалық мағынасы - нақты, ұғымдық мағына, яғни бір сөзден екінші сөзді айыратын реестрлік сөздік мағынасы болса, грамматикалық мағынасы - сөздің тым жалпы мағынасы, сол сөздің лексикалық мағынасының жалпылануы немесе оған әр түрлі тұлғалар үстелу арқылы түрленуінің нәтижесінде немесе басқа сөздермен әр алуан қарым-қатынасқа түсу салдарынан пайда болатын және сөздерді бір-бірінен болмей, керісінше белгілі бір грамматикалық топтарға ортақ қасиеттер арқылы біріктіретін жалпы мағыналар болып табылады.

Грамматикалық мағына сайып келгенде, сөздің лексикалық мағынасымен тікелей байланысты болады. Бірақ грамматикалық мағыналардың өзі біркелкі емес. Тікелей лексикалық мағынадан туатын да, сөздің түрлену жүйесі негізінде тұлғалауынан да пайда болатын грамматикалық мағыналар бар. *Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең* (Абай) деген сөйлемді талдап көрейік. Сөйлемде қолданылған әрбір сөз бір-бір лексикалық мағынаны және бірнешеде грамматикалық мағынаны білдіріп тұр: 1. *туғанда*, лексикалық мағынасы - нақты туу қимылы; грамматикалық мағыналары - 1) жалпы қимылды білдіруі; 2) салттылық мән; 3) өткен шақтық мән; 4) бір қимылдың (ашудың) мезгілін білдіруі; 2. *дүние*, лексикалық мағынасы - әлем мағынасындағы дерексіз зат; грамматикалық мағыналары: 1) жалпы абстракт зат атауы; 2) қатыстық-меншіктілік мән; 3. *есігін*, лексикалық мағынасы - үйдің бір бөлігі болып табылатын есік нақты заттың ауыспалы мағынада қолданылуы; грамматикалық мағыналары: 1) жалпы зат атауы болуы; 2) екінші бір затқа (дүние) тәуелді, соның бөлшегі болуы; 3) ол тәуелділік 3-жаққа қатысты; 4) тура объектіні білдіру; 4. *ашады*, лексикалық мағынасы - ауыс мағынадағы ашу қимылы; грамматикалық мағыналары: 1) жалпы қимылды білдіру; 2) ол қимылдың сабақты болуы; 3) ауыспалы осы шақ мәнін білдіру; 4) 3-жақтағы субъектінің қимылы; 5. *өлең*, лексикалық мағынасы - нақты өлең деген зат атауы; грамматикалық мағыналары: 1) жалпы зат атауы болуы; 2) ашу қимылының грамматикалық субъектісі болуы; 6. *өлеңмен*, лексикалық мағынасы - нақты өлең деген зат атауы; грамматикалық мағыналары: 1) жалпы зат атауы; 2) кіру қимылының амалын білдіру; 7. *жер*, лексикалық мағынасы - нақты жер деген зат; грамматикалық мағыналары: 1) жалпы зат атауы болуы; 2) қатыстық-меншіктік мән; 8. *қойнына*, лексикалық мағынасы - нақты қойын деген зат; грамматикалық мағыналары: 1) жалпы зат атауы болуы; 2) екінші бір затқа (жер) тәуелді болуы; 3) тәуелділік үш жақта болуы; 4) қимылдың кірер бағытын білдіруі; 9. *кірер*, лексикалық мағынасы - нақты кіру деген қимыл; грамматикалық мағыналары: 1) жалпы қимылды білдіруі; 2) ол қимыл салтты; 3) келер шақ мәні; 4) 3-жақ субъект арқылы ол қимылдың іске асуы; 10. *денең*, лексикалық мағынасы - дене деген зат; грамматикалық мағыналары: 1) жалпы зат атауы болуы; 2) тәуелділік мағына; 3) 2-жақ, жекеше, анайы; 4) кіру қимылы-

ның грамматикалық субъектісі. Бұлар осы сөйлемдегі сөздердің білдіретін бөлек-бөлек мағыналары, бұлардың да өз ішінен тереңдетіп әрі қарай мағыналық реңктерге де кішірейтіп бөле беруге болады.

Осы шағын талдаудан көрінетіндей, сөйлемдегі әрбір мәнді сөз бір лексикалық мағына және бір я бірнеше грамматикалық мағынаны білдіреді. Және грамматикалық мағыналар біркелкі емес, олардың берілу тәсілдері де әр түрлі. Осы сөздерді кейбір ортақ грамматикалық мағыналарына қарап топтауға да болады. Мысалы, жалпы затты зат атауын білдіруіне қарай *дүние*, *есігін*, *өлең*, *өлеңмен*, *жер*, *қойнына*, *денең* сөздерін бір топ етіп, жалпы қимылды білдіруіне қарай *туғанда*, *ашады*, *кірер* сөздерін бір топ етіп, салттылық сипаты жағынан *туғанда*, *кірер* сөздерін бір топ етіп, 3-жақ субъектінің қимылын білдіруі жағынан *ашады*, *кірер* сөздерін бір топ етіп, тәуелділік мәніне қарай *есігін*, *қойнына*, *денең* сөздерін бір топ етіп т.б. топтауға болар еді. Сөйтіп жалпы мағына, грамматикалық мағынаның бірыңғайластығы, ортақтығы жағынан сөздерді белгілі топтарға жіктеуге болады. Сонымен бірге ол грамматикалық мағыналардың түрлері де, берілу жолдары да біркелкі емес. Мысалы, *туғанда*, *ашады*, *кірер* сөздерінің жалпы қимыл, іс-әрекетті білдіруімен салттылық (*туғанда*, *кірер*) сабақтылық (*ашады*) мағыналары нақты қимылдың абстракцияланып, жалпылануы арқылы пайда болған. Сондай-ақ *дүние*, *есігін*, *өлең*, *өлеңмен*, *жер*, *қойнына*, *денең* сөздерінің жалпы зат атауын білдіруі нақты заттардың абстракцияланып, жалпылануы арқылы пайда болып отыр. Демек, бұл тәрізді грамматикалық мағыналар сөздердің лексикалық мағыналарының абстракциялануы, жалпылануы арқылы беріледі. Сөйтіп, бұл - грамматикалық мағына білдірудің семантикалық тәсілі (жолы) болып табылады.

Осымен байланысты бірден мынадай сұрақ туады. Нақты заттың аты немесе нақты қимыл болса, ол лексикалық мағына да, жалпы заттың аты немесе жалпы қимыл болса, ол грамматикалық мағына бола ма?

Бұл сұраққа нақты да толық жауап беру үшін жоғарыдағы сөйлемдегі сөздерді талдап көрейік.

Берілген сөйлемдегі *дүние*, *есік*, *жер* сөздерінің әрқайсысы жеке-жеке ұғымды білдіретін заттың аты, *туғанда*, *ашады*, *кірер* - нақты қимыл ұғымын білдіретін сөздер, сондай-ақ *төрт*, *жеті* - нақты санды білдіретін сөздер, *ақ*, *көк*, *сары* - заттың нақты түсін білдіретін сынлап т.б. Атап айт-

өмір, тіршілік, *есік* - ауыс., өмірге, іс пен еңбекке алғаш аттап, қадам басып кіру, араласу, *жер* - жер планетасының үстіңгі қабаты, сыртқы қыртысы, құрлық, дегендердің осы көрсетілген лексикалық мағыналарында ешбір ортақтық, жақындық жоқ, әрқайсысы - бөлек-бөлек заттардың атауы; *туғанда* - ана құрсағынан шығу, дүниеге келу, *ашады* - ауыс., жабық тұрған нәрсенің есігін, бетін шалқайту, аңқайту, *кірер* - ену, келу, дегендердің осы көрсетілген лексикалық мағыналарында ортақтық, ұқсастық жоқ, бір-бірінен осы мағыналары арқылы ажыратылады; *төрт* - үштен кейінгі есептік сан, *жеті* - алтыдан кейінгі сан дегендердің де лексикалық мағыналары бөлек-бөлек; *ақ* - қардың, сүттің, бордың түсіндей, қараға қарама-қарсы, *көк* - ашық аспан тәрізді түс, *сары* - піскен егіннің немесе апельсиннің түріндей түс дегендердің де лексикалық мағыналары бөлек-бөлек, өйткені бұлар әр түрлі түстерді білдіреді. Сонымен бірге бұл нақты (лексикалық) мағыналарының жалпылануы да мүмкін. Атап айтқанда, *дүние*, *есік*, *жер* жалпы зат атауларын білдіреді, *туғанда*, *ашады*, *кірер* жалпы қимылды, іс-әрекетті білдіреді, *төрт*, *жеті* - жалпы бір санды білдіреді, *ақ*, *көк*, *сары* - жалпы түсті білдіреді, яғни сапалық сынның белгілері. Міне, бұл соңғы көрсетілгендер - *нақты лексикалық мағыналардың жалпылануы арқылы пайда болған жалпы грамматикалық мағыналар*, яғни бұлар белгілі бір сөздің ғана мағыналық сипаты емес, белгілі бір топтағы, айталық, заттың атын білдіру немесе қимыл іс-әрекетті білдіру т.б. сөздердің ортақ жалпы мағынасы. Осы жалпы мағыналарының ортақтығы арқылы сөздер топтасып, белгілі бір грамматикалық топ құрайды: *дүние*, *есік*, *жер* - заттың атын білдіретін сөздер - зат есім, *туғанда*, *ашады*, *кірер* - қимыл, іс-әрекетті білдіретін сөздер - етістік, *төрт*, *жеті* - заттың санын білдіретін сөздер сан есім, *ақ*, *көк*, *сары* (*жақсы*, *үлкен*, *биік*) заттың сынын білдіретін сөздер - сын есім т.б. Сөйтіп, сөз лексикалық мағынасы арқылы басқа сөздерден дараланып, жекеленіп, бөлініп отырса, жалпы грамматикалық мағынасы арқылы керісінше басқа сөздермен ортақ сипат алып, жақындап, жалпы грамматикалық топ құрауға бейімделеді. Сонда сөзде жалпы заттың атын, немесе жалпы қимылды, немесе жалпы сынды т.б. білдіретін бір ғана жалпы грамматикалық мағына бола ма және басқа да грамматикалық мағыналармен (жоғарыда сөзде бір я бірнеше грамматикалық мағына болады дедік) қарым-қатынасы,

Сөзде лексикалық мағынаның жалпылануы негізінде пайда болатын жалпы грамматикалық мағына (жалпы заттың аты, жалпы қимыл т.б.) басқа да жалпы грамматикалық мағыналарды білдіруге негіз болады. Мысалы, жалпы заттың атауы болу мағынасымен бірге ол жалпы грамматикалық мағына жекелеген (жалпы) заттың атауы болуы мүмкін немесе алуан түрлі заттың жалпы ортақ атауы болуы мүмкін (жалпы есім); деректі немесе дерексіз зат атауы болуы мүмкін; адамға байланысты (кімдік) немесе адамнан басқа затқа байланысты атау болуы мүмкін т.б. Сондай-ақ заттың сынын білдіретін сөздер сапалық сынға немесе қатыстық сынға байланысты болуы мүмкін, қимылды білдіретін сөздер салттылық немесе сабақтылық сипатпен қатысты болуы мүмкін немесе қимылдың неше түрлі семантикалық сипаты болуы мүмкін (қалып, қозғалыс, амал - әрекет, ойлау қабілетіне байланысты, көңіл күйіне байланысты т.б.). Бұлардың барлығы да сөздің жалпы семантикасынан туындайтын жалпы грамматикалық мағыналары. Сөйтіп, сөзде жалпы грамматикалық мағына біреу ғана емес, бірнеше де болуы мүмкін.

Жалпы грамматикалық мағынаның осы сияқты сипатына ерекше назар аударуға негіз болып отырған бұл мәселелердің бұрын бір жақты, қате түсіндіріліп келуінде болып отыр. Ең алдымен грамматикалық мағына лексикалық мағынамен жарыса отырып, айқындай, саралай түсетін мағына емес, сол лексикалық мағынаның жалпылануы арқылы туатын сөздің жалпы мағынасы. Лексикалық мағынаға қарағанда грамматикалық мағына одан кейін пайда болады. Атап айтқанда, грамматикалық мағына алдымен лексикалық мағынаның жалпылануы арқылы пайда болып, содан кейін сөйлеу процесінде сөздің жұмсалыу мақсатына қарай оған әр түрлі тұлғалардың қосылуы арқылы немесе сөйлемде басқа сөздермен әр қилы қарым-қатынасқа түсуі арқылы үстеледі, демек, осының нәтижесінде екінші қатардағы мағына болып табылады. Сондай-ақ лексикалық мағынаның мәні дара болса, сөйтіп, сөздерді бір-бірінен саралап, бөлуге негіз болса, грамматикалық мағына жалпы болады, жеке сөздерге (формаға) ғана емес, солардың белгілі топтарына тән болатындықтан, сөздерді грамматикалық сипаты жағынан, жоғарыда көрсетілгендей, топтауға негіз болады. Оның үстіне сөз бір ғана лексикалық мағынаны білдірсе, грамматикалық мағына сөйлемдегі сөзде, әдетте, бірнешеу болады. Екіншіден, грамматикалық мағына

сөйлеу процесінде сөздің әр түрлі грамматикалық тұлғалар арқылы түрленуінен де туады, көрінеді. Үшіншіден, грамматикалық мағына сөйлеу процесінде сөздердің басқа сөздермен әр қилы қарым-қатынасынан да пайда болады. Бұлардың барлығы да грамматикалық мағына деп танылғанымен, олардың әрқайсысының мәні, сипаты, грамматикалық категория ұғымына қатысты, сөздің белгілі топтарға бөлініп, олардың грамматикалық сипатын айқындаудағы рөлі бірдей емес. Сондықтан да грамматикалық мағына атаулыны жасалу тәсіліне, сөздің грамматикалық сипатын айқындаудағы мәніне қарай **жалпы грамматикалық мағына, категориялық грамматикалық мағына және қатыстық грамматикалық мағына** деп үш түрге бөлуге болады.

Грамматикалық мағына, жоғарыдағы көрсетілгендей, ең алдымен, сөйлеу процесінде лексикалық мағынадан туындайтын, яғни лексикалық мағынаның жалпылануы арқылы, сөздік ұғымының жалпылық абстрактылық сипатқа ие болуы арқылы грамматикалық мағына пайда болады. Жалпы сөйлеу процесінен (сөйлемнен яғни контекстен) тыс грамматикалық мағына болмайды. *Үй, тас, жасыл* немесе *кел* т.б. дегендердің заттық және иелік, жалпылық немесе сандық, түсті білдіруі немесе қимылдық т.б. грамматикалық мағыналары сөйлеу процесінде әбден қалыптасқан, сондықтан ондай тиесілі мағына сөйлемсіз-ақ ойымызда тұрақталып қалған. Одан әрмен сол сөйлеу процесінде **сөздің басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсуі арқылы да, түрлі грамматикалық формалар үстелуі арқылы да, дауыс ырғағы, орын тәртібі, ішкі флексия** т.б. арқылы да грамматикалық мағына үстеле береді.

Грамматикалық мағынаның түрлері оның берілу жолдарына байланысты және соған сай олардың (грамматикалық мағыналардың) грамматикалық немесе лексика-грамматикалық (семантикалық), қызметтік (функциялық) т.б. сипаттары айқындалады.

Лексикалық мағынаның жалпылануы арқылы пайда болатын грамматикалық мағынаны **жалпы грамматикалық мағына** деп бөлуге болады. Жалпы грамматикалық мағына грамматикалық **формасыз-ақ** ішкі семантиканың абстракциялануы, жалпылана түсуі арқылы қалыптасады да, сол арқылы 1) сөздердің семантикалық жақындығы, 2) ортақтығы пайда болып, 3) грамматикалық топтар құралады. Жалпы грамматикалық мағынаның әрі қарай шектеле, ұсақтай түсуі нәтижесінде үлкен грамматикалық (шынында лек-

сика-грамматикалық) топтарынан өз ішінде кіші топтар да бөлініп шығып отырады. Мысалы, *үй, бала, Алматы* немесе *жақсы, көк, тасты, құмсыз* немесе *кел, тұр, ойла* т.б. сөздердің лексикалық мағыналарының жалпылануы нәтижесінде жалпы заттық немесе жалпы сындық немесе жалпы қимыл, іс-әрекеттік сияқты жалпы грамматикалық мағына туған. Ол солардың әрқайсысының өзінде тағы да кішірек жалпы грамматикалық мағына байқалып, кішірек топтарды көрсетуге болады. Жалпы заттық мағынадағы сөздерді адамға байланысты (кімдік) заттар (бала, кісі, жолдас т.б.), адамнан басқа затқа байланысты (нелік) заттар (үй, тас, ағаш т.б.), жалпылық немесе жалқылық ерекшелігіне байланысты (Алматы, Құлагер, Ертіс т.б.), сондай-ақ деректі-дерексіз т.б. топтарға бөлуге болады. Жалпы сындық мағынадағы сөздерді сапалық сын-белгі (жақсы, жаман, үлкен, биік т.б.), түске байланысты сын (көк, қызыл, ақ т.б.), қатыстық сын (тасты, құмсыз, аудандық т.б.) деп, жалпы қимылды білдіретін сөздерді қимылдық мәнді (кел, кет, шап т.б.), қалыпты білдіру (тұр, отыр, жатыр т.б.), абстрактты іс-әрекет (ойла, қиялда) т.б. толып жатқан мәнді білдіруіне қарай топтарға бөлуге болар еді.

Сөйтіп, **жалпы грамматикалық мағына сөз таптарының семантикалық сипаты** болып табылады. **Сөздерді топтастырудың семантикалық деп аталатын принципі сөздердің осы жалпы грамматикалық мағынасына негізделеді.** Ескере кету керек, жалпы грамматикалық мағына лексикалық мағынаның жалпылануы нәтижесінде болса да, ол енді лексикалық мағына болып саналмайды.

Грамматикалық мағына арнайы грамматикалық формалар арқылы да беріледі. Грамматикалық форма деген ұғымға, ең алдымен, сөзге (түбірге) үстелетін қосымшалар, сондай-ақ префикстер мен жүйелі түрдегі ішкі флексия, супплетивтік тәсіл жатады. Ал қазақ тілінде префикстік те, флексиялық та, супплетивтік те тәсіл жоқ. Бірлі-жарым кірме сөздің құрамындағы *бей, би* (бишара, беймаза), *на* (наразы) сияқтылардың жеке басында ешбір грамматикалық-семантикалық сипат жоқ, олар тілімізде сөз құрамынан бөлінбей, тұтасып кеткен.

Қазақ тілінде грамматикалық форма арқылы берілетін мағынаны **категориялық грамматикалық мағына** деп атау қажет. Жалпы грамматикалық мағына лексикалық мағынаның жалпылануы арқылы беріліп, сөздің сыртқы тұлғасына, түріне қатысты болмай, демек, түрлену жүйесіне қатысты болмай, таза грамматикалық семантика

ретінде болса, **категориялық грамматикалық мағына**, ең алдымен, **белгілі грамматикалық формалар** арқылы беріледі де, екіншіден, сол арқылы белгілі грамматикалық топтағы сөздердің (сөз таптарының) **түрлену жүйесі** болып табылады, үшіншіден, соның нәтижесінде сол топтағы сөздердің **грамматикалық** немесе **лексика-грамматикалық категориясын** құрауға негіз болады. Мысалы, тәуелділік немесе шақтық мағына **тәуелді жалғаулары** немесе **белгілі шақ тұлғалары** (есімше, көсемше немесе қалып етістіктері т.б.) арқылы беріліп, зат есімнің немесе етістіктің тәуелдік немесе шақ категориясын жасауға негіз болады. Сөйтіп, **категориялық грамматикалық мағына** белгілі грамматикалық сөздер тобының түрлену жүйесін, парадигмалық сипатын, соның нәтижесінде ол топтардың грамматикалық, лексика-грамматикалық категориялар шеңберін, мәнін айқындайды да, сөздерді таптастырудың морфологиялық принципіне негіз болады.

Грамматикалық мағына сөйлеу процесінде сөздің басқа сөздермен тіркесіп, байланысқа түсуі, негізгі сөзге көмекші сөздің тіркесуі арқылы, орын тәртібі, интонация т.б. аналитикалық, қатыстық тәсілдер арқылы да беріле береді. Оны **қатыстық грамматикалық мағына** деп атау қажет. *Талдан таяқ жас бала таянбайды. Бала бүркіт түлкіден аянбайды* - дегендегі екі *бала* сөзін салыстырып көрейік. Бірінші *бала* зат атауы (адам), атау септік арқылы субстанттық, иелік (таянбау қимылының иесі), 3-жақ мағыналарын білдіріп тұрса, екінші *бала* заттық мағынада емес, сындық-қатыстық мағынаны білдіріп тұр, жақтық (3-жақ) мағынадан да айрылып қалған, қолданыста жақтық мағынаның қажеті де жоқ. Бұл грамматикалық (сындық-қатынастық) мағына *бала* сөзінің *бүркіт* сөзімен тікелей тіркесуінен пайда болып, соның арқасында адъективтену процесіне ие болған. *Менде ақыл тұра ма?* (Шәкәрім) дегенде сұраулық мағына *ма* шылауы арқылы беріліп тұр. *Бұл кітапты көп оқиды және бұл кітап дүкенде сатылып жатыр* деген сөйлемдегі *бұл* сөздерінің интонациясына назар аударсақ та жеткілікті. Әрине, бірінші *бұл* дегеннің атау септік тұлғасында тұрғаны - бөлек әңгіме. Немесе мына диалогта *үйде* сөзінің мағынасына назар аударайық:

- *Қайда болдың?*

- *Үйде.*

- *Үйде? Қай кезде?*

Басқа грамматикалық мағыналарды ескермегеннің өзінде екінші *үйде* дегенде сұрау мағынасы тек интонация арқылы берілген.

Сөйтіп, *қатыстық грамматикалық мағына* сөздердің сөйлемде атқаратын қызметтерімен байланысты және көбіне контекстік болып келеді де, сөздерді таптастыруда сөздердің синтаксистік қызметі принципіне негіз болады. Сонымен бірге грамматикалық мағынаның бұл үш түрі, бір жағынан, грамматикалық мағынаның грамматикалық форма деген ұғыммен байланыстылығын және грамматикалық категория деген ұғымының мәнін, шеңберін айқындауға негіз болатынын категориялық мағына көрсетсе, екінші жағынан, кейде тек ол морфология саласымен шектеліп қоймай, синтаксиске де еніп кететінін қатыстық грамматикалық мағына көрсетіп, морфология мен синтаксистің арасын жымдастыра түсуге себін тигізеді. Үшінші жағынан, жалпы грамматикалық мағына жекелеген сөз топтарының семантикалық сипатын айқындайды.

1.6. ГРАММАТИКАЛЫҚ МАҒЫНАНЫҢ БЕРІЛУ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ЖОЛДАРЫ

Грамматикалық мағынаның берілу *тәсілдері* деген ұғым белгілі бір мағына типтерінің (түрлерінің) не арқылы және қалай берілуінің тілдік қабат негізіндегі *жиынтығы, тобы* болып табылады да, ол өз ішінде жекелеген түрлерден тұрады. Міне, грамматикалық мағынаның белгілі бір берілу тәсілінің бірнеше түрлері болуы мүмкін. Сол түрлер ол тәсілдің немесе мағына берілудің жолдары деп аталады.

Грамматикалық мағынаны білдірудің *ен бірінші тәсілі - семантикалық тәсіл*, Ол - сөздің лексикалық мағынасының абстракцияланып, жалпылануы арқылы іске асады. Сөйтіп, жалпы грамматикалық мағына пайда болады. Екінші - *синтетикалық тәсіл*. Грамматикалық мағынаның синтетикалық тәсіл арқылы берілуінің тіл білімінде бірнеше жолы бар. Олар: **қосымша қосылу жолы**, яғни грамматикалық тұлғалардың (формалардың) үстелуі арқылы грамматикалық мағынаның берілуі, **префикс қосылу жолы**, яғни сөзге префикс (приставка) қосылу арқылы грамматикалық мағынаның берілуі; **ішкі флексия жолы**, яғни сөздің ішкі кейбір дыбыстарының өзгеруі, алмасуы, қосылуы арқылы грамматикалық мағынаның берілуі немесе бір тұлға арқылы бірнеше грамматикалық мағынаның берілуі; **екпін арқылы**, яғни екпіннің өзгеруі мен грамматикалық мағынаның берілуі, **супплетивті жол**, яғни грамматикалық мағынаның жеке-жеке сөздер арқылы берілуі. Үшінші - *аналитикалық тәсіл*.

Аналитикалық тәсілдің бірнеше түрі, жолы бар. Олар: негізгі сөздердің тіркесуі арқылы грамматикалық мағынаның берілуі (мысалы, *алтын сағат, темір күрек, ағаш үй, шәкірт бала* сияқты тіркестерде алғашқы зат атаулары *алтын, темір, ағаш, шәкірт* екінші зат атауын білдіретін сөздермен тіркесу арқылы заттық мағынада емес, қатыстық-сындық мәнде қолданылған), **негізгі сөз бен көмекші сөздің** (көмекші етістік, шылау т.б.) тіркесу арқылы грамматикалық мағынаның берілуі, *сөздердің қосарлануы* арқылы грамматикалық мағынаның берілуі, сөздердің орын тәртібі арқылы грамматикалық мағынаның берілуі, дауыс ырғағы, интонация арқылы грамматикалық мағынаның берілуі. Сондай-ақ аралас тәсілдер де болуы мүмкін, яғни грамматикалық мағынаның берілуінде бір емес бірнеше тәсілдің элементі болуы мүмкін.

Грамматикалық мағынаны білдірудің бұл көрсетілген тәсілдері мен жолдары бәрі бірдей бір тілде толық кездесе бермеуі мүмкін. Бір тілде олардың кейбіреулері ғана қолданылуы мүмкін. Қазақ тілінде бұл тәсілдердің кездесетіндері мыналар:

1. Семантикалық тәсіл. Лексикалық мағынаның жалпыланып, абстракциялануы арқылы жалпы грамматикалық мағынаның пайда болуы қазақ тілінде негізгі грамматикалық-семантикалық процесс болып табылады. Мысалы, белгілі бір топ сөздердің жалпы зат атауын, немесе заттың сынын, я санын, немесе жалпы қимыл, іс-әрекетті білдіруі, сөйтіп, белгілі бір топтарға (сөз таптарына) жіктелуі, сөздерді сөз саралануы таптарына тілдің ең басты принципі - семантикалық принцип болып саналады.

Әрине, бұл жерде әңгіме лексикалық мағынасы бар сөздер жайында болып отыр. Лексикалық мағынасынан айырылып қалған көмекші сөздердің лексикалық мағынасының жалпылануы туралы әңгіме болудың шындыққа қисыны жоқ. Ондай көмекші сөздер сөйлем ішінде белгілі бір сөздердің жетегінде, шылауында жұмсалып, оған әр түрлі қосымша мән береді, не үстейді, қосады. Бұдан байқалатын нәрсе - бұл сияқты көмекші сөздерде семантикалық процесс бұрын болып, енді олар сөйлемде дайын қосымша тілдік элемент ретінде ғана пайдаланылады. Ал толық мағыналы (лексикалық мағынасы бар) сөздерде бұл процесті сөйлемнің өзінен-ақ көруге болады.

Лай суға май бітпес қой өткенге, Күлеміз қасқыр жалап, дәме еткенде (Абай). Жасамаймын еңбектің Жемісін көзбен көрем деп, Жасаймын бір қолқабыс Кейінгіге берем деп (Торайғы-

ров). Берілген сөйлемдегі сөздерді жалпы грамматикалық мағыналарының ортақтығы жағынан мынадай топтарға бөлуге болар еді: 1) су, май, қой, қасқыр, дәме, еңбек, жеміс, көз, қолқабыс - бір топ, 2) (май) бітпес, (қой) өткенге, күлеміз, жылап, (дәме) еткенге, жасамаймын, көрем(ін) деп жасамаймын, берем(ін) деп - екінші үлкен топ; 3) лай, кейінгіге - үшінші топ т.б. Бірінші топтағы әр сөздің нақты лексикалық мағынасын айқындай отырып, ол сөздердің бір-бірімен жақындығы жоқ екендігін анықтап, абстракциялану, жалпылану барысындағы мәніне назар аударсақ, яғни нақты су мәніндегі зат атауының жалпы зат атауы мәні, нақты май мәніндегі зат атауының жалпы зат атауы мәні, нақты түлік, малдың бір түрі қой мәніндегі зат атауының жалпы зат атауы мәні, дәл сол сияқты дәме, еңбек, жеміс, көз, қолқабыс нақты ұғымдық атаулардың жалпы зат атауы мәні, екінші топтағы әр сөздің (май) бітпес - біту, қой өткенге - өту, күлеміз - күлу, жалап - жалау, дәме еткенге - дәм ету, жасамаймын - жасау, көремін деп - көру, жасамаймын - жасау, беремін деп - беру өздері ғана білдіре алатын нақты іс-әрекет, қимыл, процесс болып, одан жалпы іс-әрекет, қимылды білдіруге және үшінші топтағы лай дегеннің су зат ұғымының сапалық бір белгісі (таза емес, тұнық емес т.б.) болу негізінен жалпы заттың сапалық белгісі болу, кейінгі сөзінің нақты ұрпақ, жастар сияқты болашақ қауымының белгісінен жалпы қатыстық (одан субстантивтену) мәнге көшуі көрініп тұр.

Сөйтіп, сөздер лексикалық мағынасы арқылы дараланып, сараланып, ерекшеленіп, тілдің жеке-жеке лексикалық единица ретіндегі көрінісі болып тұрса, ол енді лексикалық мағыналарының абстракцияланып, жалпылануы арқылы ортақ грамматикалық қасиеттерге ие болып, грамматикалық әр түрлі топ (сөз топтары) құрауға мүмкіндік туады. Яғни, тілдегі бір топ сөздер зат атауы ұғымымен байланысты болып, заттық ұғымды білдіретін сөздер (зат есім), екінші тобы әр түрлі қимыл, іс-әрекетті білдіретін сөздер (етістік), үшінші тобы - заттың әр түрлі белгісін, сапасын, түсін, қатысын т.б. мәнді білдіретін сөздер (сын есім), сандық ұғымды білдіретін сөздер (сан есім), қимыл, іс-әрекеттің әр түрлі амал, сын-қимылын, мекен-мезгілін, себеп-мақсатын т.б. білдіретін сөздер (үстеу), орынбасар сөздер, яғни осы көрсетілген сияқты сөздердің орнына жүретін сөздер (есімдік) деп саралауға болады. Осыдан анық көрінетіндей, сөздің жал-

пы грамматикалық мағынасы, яғни лексикалық мағынаның негізінде пайда болатын грамматикалық мағына (семантикалық тәсіл) сөздерді семантикалық сипаты жағынан грамматикалық топтарға бөлуге негіз де болып саналады.

2. Синтетикалық тәсілдің қазақ тілінде ең жиі кездесетіні - қосымша арқылы грамматикалық мағынаның берілуі. Әсіресе форма тудыратын сөзтүрленім қосымшалары арқылы неше алуан грамматикалық мағына беріледі: көптік жалғау арқылы көптік, тәуелдік жалғау арқылы тәуелдік, жақтық мағыналар, жіктік жалғау арқылы жақтық, жекешелік-көптік мағыналар, септік жалғаулары арқылы қимыл, іс-әрекеттің иесі, меншіктілік, тура және жанама объектілік, мезгілдік, мекендік-бағыттық, құралдық-амалдық сияқты мағыналар, шырай жұрнақтары арқылы бір тектес сынның салыстырмалы я күшейтпелі сипаты, етіс жұрнақтары арқылы қимыл, іс-әрекеттің субъекті мен объекті арасындағы әр түрлі қатынастарды білдіру, болымсыз етістік жұрнағы арқылы сол қимылдың болмауы, шақ жұрнақтары арқылы сөйлеп тұрған сәтпен байланысты қимылдың болып кеткенін, я болып жатқанын, я әлі болмағанын (шақтық мағыналарды) білдіруі, рай тұлғалары арқылы қимылдың болу-болмау шартын, тілек-ниетін, біреуге бұйыруын т.б. білдіруін көрсетуге болады. Мысалы, жоғарыда берілген екі мысалдағы *су-ға, біт-пе-с, ет-кен-ге, күл-е-міз, жыла-п, дәме ет-кен-ге, және жаса-май-мын, еңбек-тің, жеміс-і-н, көз-бен, көр-е-м-ін, кейінгі-ге, бер-е-м-ін* сөздерін алып қарайық. *Су* (жалпы зат атауы, деректі т.б.) түбірге *-ға* қосылу арқылы жанама объект, қимылдың бағыты, орны мағынасы үстелген. Сондай-ақ *біт-* қимылының *-пе* болмайтынын, орындалмайтынын, *-с* шақтық мағына, *өт* қимылына *-кен* өткен шақтық мағына, *-ге* себептік-мақсаттық мағына, *күл* іс-әрекетке *-е* ауыспалы осы шақ мағынасын, *-міз* қимылдың I-жақ және көпше (көп субъект арқылы) орындалатынын, *жыла* қимылына *-п* қимылдың амалын, (дәме) *ет* қимылына *-кен* өткен шақты *-ге* себептік-мақсаттық мағына, *жаса* іс-әрекетке *-ма* болымсыздық мағынаны *-й* ауыспалы осы шақ мағына, *-мын* қимылдық I жақ арқылы жалғыз (жекеше) орындалатынын, *еңбек* жалпы зат ұғымының, *-і* 3-жаққа (еңбек) тәуелді екенін, *-н* белгілі қимылдың (көру) тура объектісі екенін білдіру, *көз* жалпы зат ұғымның, *-бен* құралдық, амалдық мәнін, *көр* іс-әрекетке *-е* ауыспалы осы шақ мәнін, *-м* (*-мін*) осы қимыл-

дың 1-жақ арқылы жалғыз (жекеше) орындалатынын, *жаса* іс-әрекетке *-й* ауыспалы осы шақ, *-мын* осы қимылдың 1-жақ арқылы жалғыз (жекеше) орындалатынын *кейінгі* қатыстық мәнге *-ге* жанама объектілік (және субстантивтік) мән, *бер* қимылға *-е* ауыспалы осы шақ мәнін, *-м* (*-мін*) осы қимылдың 1-жақ арқылы жалғыз (жекеше) орындалатынын білдіреді. Ал қазақ тілінде грамматикалық мағынаны префикс арқылы білдіру жолы жоқ. Мысалы, орыс тілінде *при-шел* (келді), *у-чил* (оқытты, үйретті), *за-шел* (келіп-кетті), *про-читал* (оқып шықты), *пере-шел* (өтіп кетті) т.б. сөздердегі *при*, *у*, *за*, *про*, *пере* приставкалары белгілі грамматикалық мағына тудырып тұр. Қазақ тіліндегі бірді-екілі сөздің құрамындағы *бей* (*би*) - бейшара, беймаза, бейуақыт, *на* - наразы т.б. яғни, бұл сияқты префикстер қазақ тілінде жаңа түбірге қосыла алмайды, бұлар басқа тілден сол сөздің құрамында бөлінбейтін бөлшек ретінде, бір морфологиялық единица ретінде енген префикс емес, олар кірме түбірдің құрамына еніп кетеді. Сондай-ақ ішкі флексия жолы да қазақ тілінде сөзтүрленім жүйесінің бір арнайы түрі ретінде кездеспейді. Мысалы, араб тілінде сөздің құрамындағы ішкі дыбыстардың өзгеруі арқылы жаңа грамматикалық мағына туады: *катаба-жазу*, *жазды* етістігі болса, *китаабун* - кітап та, *кутбун* - кітаптар деген көптік мәнді білдіреді. Ішкі флексияның элементтері орыс тілінде де кездесіп отырады: *собирать* (жинау) - *собратъ* (жинап алу), *бежать* (жүгіру) - *бежатъ* (жүгіріп кету) т.б. сияқты етістіктің видтік мағыналары, сөздің құрамындағы дыбыс өзгерістері (ішкі флексия) арқылы беріледі. Грамматикалық мағынаның *екпін арқылы да берілуі* қазақ тілінде жоқ деуге болады. Қазақ тіліндегі болымсыз етістік пен етістік түбірден заттық ұғымдағы жаңа сөз тудыратын *-ма*, *-ме*, *-ба*, *-бе*, *-па*, *-пе* қосымшалары арқылы жасалған сөздердегі екпіннің әр түрлілігі, мысалы, *кеспе* - *кеспе*, *мінбе* - *мінбе*, *қоспа* - *қоспа* т.б. екпіннің сөз мағынасын айыру сипаты бола алмайды. Орыс тілінде екпін сөз мағынасын (лексикалық) айырумен бірге (мысалы, *замок* - қорған, *замок* - құлып, кілт, *мука* - азап, *мука* - ұн т.б.) грамматикалық мағына тудыруға да негіз болады: *окна* - терезелер, *окна* - терезенің (жекеше ілік септік), *руки*-қолдың, *руки*-қолдар, *воды*-судың, *воды*-сулар т.б. Сондай-ақ қазақ тілінде грамматикалық мағынаны берудің супплетивті жолы да кездеспейді. Мысалы, орыс тілінде адам деген ұғым *человек* сөзі арқылы берілсе, оның

көпше түрі бүтіндей басқа сөзбен *люди* (адамдар) беріледі. Сондай-ақ *хорошо* (жақсы) және *лучше* - өте жақсы, *сказал* - айтты, *говорил* - айтты параллельдері де супплетивті жол арқылы грамматикалық мағына білдіруге жатады.

3. Қазақ тілінде **аналитикалық тәсілдің** барлық түрлері дерлік кездесіп отырады. Негізгі сөздердің тіркесуі арқылы грамматикалық мағынаның берілуі дегенде, әдетте, ол сөздердің өзгермеген сол тұлғаларында тұрып бір-бірімен тіркесуі арқылы жеке тұрғандағысынан өзгеше, жаңа грамматикалық мағынаны білдіруін айтамыз. Бұл - әсіресе түбір тұлғадағы зат есімдердің бір-бірімен тіркесіп қолданылуынан анық көрінеді. Әдетте, зат есім түбір тұлғасында заттың атын білдіру мағынасымен байланысты қолданылса, енді бір зат есім екінші зат есіммен түбір тұлғада тіркессе, зат атауын білдіруге жат мағынада қатыстық-сындық мағынада жұмсалады. Мысалы: *Мықшима аяғымда былғары етік*, *Киіз байпақ тондырмас ызғар өтіп* (Абай). *Топпағы мықты болса, киіз қазық жерге кірер* (Мақал). *Бір-бір киіз үй әкелгенде, бәрінен Итбайдың үйі ұнамды боп шыққан* (Мұқанов). Бұл сөйлемдердегі *былғары*, *киіз* сөздері заттық мағынада емес етіктің, байпақтың, қазықтың, үйдің қатыстық-сындық сипаты мәнінде, яғни осы соңғы заттардың неден жасалғанын білдіру мәнінде қолданылған. Зат атауын білдіретін сөздердің бұндай әдеттен тыс ерекше грамматикалық мағыналары ол сөздердің заттық мағынаны білдіретін екінші сөзбен тікелей тіркесінен пайда болған. Сол сияқты *қол сағат*, *қалта сағат*, *алтын сағат*, *жібек орамал*, *тас үй*, *тас жол*, *киіз үй*, *кірпіш үй*, *оқушы бала* т.б. тәрізді тіркестердің бірінші зат есім сынары зат есімге тән емес қатыстық-сындық мәнді білдіріп, қандай? деген сұраққа жауап береді. Сөз жоқ, бұл жерде сөздердің орын тәртібі де белгілі дәрежеде роль атқарып тұрғанын естен шығаруға болмайды. Негізгі (толық мағыналы) сөз бен көмекші сөздің тіркесуі арқылы да грамматикалық мағынаның берілуі қазақ тілінен үлкен орын алады. Негізгі сөздерге септеулік шылаулар тіркесуі арқылы мақсат, себеп, арнау, мекендік, мезгілдік, саралау, ұқсату, жәрдемдік, көмектік, мөлшерлік сияқты мағыналар үстеледі. Мысалы: *Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін*, *Жоқ-барды, ертегіні термек үшін* (Абай) деген сөйлемдегі *үшін* шылауы өзі тіркескен *ермек*, *термек* сөздеріне мақсат мәнін үстеген. Ал демеулік шылаулар өзі тіркескен сөзге я түгел сөйлемге әр түрлі күшейткіш, сұрау,

болжам, шектілік тәрізді мән үстейді. *Ашаршылық жоқ па? Сауыны тәуір ер бар ма? Осының бәрін қадағалап сұрайды* (Әуезов). - *Шұғаның белгісін сіз білмейтін шығарсыз-ау!* - дейді. (Майлин). Сондай-ақ көмекші етістіктердің өздері қатысты негізгі сөздерге (етістікке не есім сөздерге) үстейтін грамматикалық мағыналары сан алуан. Мысалы, тек қана *оқып* сөзіне тіркескен мына көмекші етістіктердің үстейтін грамматикалық мағыналары қаншама: *оқып отырды, оқып жүрді, оқып тұрды, оқып болды, оқып шықты, оқып қалды, оқып көрді* т.б. немесе сапалық сын есімдерге күшейткіш үстеулердің препозитивтік тұрғыда тіркесіп қолданылуы да жана грамматикалық мағына үстеудің бір жолы. Сөздердің *қосарлануы арқылы* жалпылық, көптік, сөздердің қайталануы арқылы көптік, дүркінділік, сындық мәндегі сөздерге үстеме буын арқылы күшейткіш мағыналар үстеу де грамматикалық мағына білдірудің белгілі бір жолдары болып табылады. Мысалы, *аяқ-табақ, үлкен-кіші, кәрі-жас* дегендер жаңа туынды сөз болумен қатар жалпылық мән сияқты грамматикалық мағына да білдіріп тұр, ал *қора-қора қой, тау-тау астық, көре-көре, сөйлей-сөйлей* дегендегі қайталама қос сөздер көптік, дүркінділік ұғымды білдіреді, *қып-қызыл, жап-жасыл, үп-үлкен* дегендегі үстеме буындар (қып, жап, үп) күшейткіш мәнді білдіреді.

Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі әр тілде әр түрлі қызмет атқарады. Қазақ тілінде ол (сөздердің орын тәртібі) - грамматикалық мағына білдірудің негізгі бір жолы болып табылады. Сондықтан да сөйлемде сөздердің (сөйлем мүшелерінің) белгілі тұрақты орын тәртібі бар. Ол орын тәртібінің өзгеруі белгілі бір мән үстелуімен байланысты болады. Мысалы: *Тарт қолыңды, Вьетнамнан!* Әдеттегі орын тәртібі - *Вьетнамнан қолыңды тарт!* деген сөйлем үлкен бір жігермен айтылады да, орын тәртібінің өзгеруі (инверсия) белгілі бір стильдік жүк көтеріп тұр. Сөздердің орын тәртібінің өзгеруі олардың грамматикалық мағыналары мен сөздер арасындағы синтаксистік қатынастардың мүлдем өзгеріп кетуіне де себеп болады. Мысалы, *қалта сағат* (сағаттың қалтаға салып жүретін бір түрі), *көзәйнек* (көзілдірік, яғни көзге салатын әйнек), *біз өкше* (үшкір биік өкше), *мосы ағаш* (мосы жасайтын ағаш) тәрізді тіркестер бір түрлі мәнде қолданылса, олардың орнын ауыстырып жұмсағанда, басқа мағынада және басқа синтаксистік қатынаста айтылады: *сағат қалта* (сағат салуға арналып тігілген қалта), *әйнек көз* (шыныдан са-

лынған жасанды көз), *өкше біз* (жуан біз, яғни ағаш шегені өкшеге қағу үшін пайдаланылатын ең жуан біз), *ағаш мосы* (ағаштан жасалған мосының түрі, темір мосы да болуы мүмкін) т.б.

Әрине, бұл тіркестер сөйлем ішінде талдануы қажет. Соның өзінде де қатар тұрған екі зат есімнің мәні де, қызметі де бірдей емес екенін көру қиын емес. Қосалқы айқындауыш деп жүрген единицаларда олардың орнын ауыстырғанымен, мағынасы да, қызметі де өзгермейді деген топшылаудың тіпті де дұрыс емес екендігін көрсетілген тіркестер айқындап отыр. Алдындағы зат атауы екінші орындағы заттың белгілі бір белгісі, атрибутты болуы, ал негізгі зат, ұғым екінші сөз екенін айыру қиын емес: қандай (қай)? сағат - қалта сағат, яғни негізгі мағына сағат та, қалта сол сағаттың анықтауышы (сағаттың бір түрі), өйткені қабырға я қол сағат та бар, қандай (қай)? қалта - сағат қалта, яғни негізгі мағына қалта да, сағат сол қалтаның анықтауышы (сағат салатын қалта), қаламсап салатын да қалта болуы мүмкін т.б. Әрине, қатар келген екі зат есім бұлар сияқты әр уақытта орын ауыса да бермейді: *тас жол*, бірақ *жол тас* емес, *жібек орамал*, бірақ *орамал жібек* емес, *ағаш үй*, бірақ *үй ағаш* емес т.б. Бұдан да осы тәріздес мағыналық, қызметтік сипатын аңғаруға болады. *“Қалай ұғындыратынын білмеймін: - Жүрек, - деді тракторист. - Жүрек? Мұның да жүрегі бола ма? (Мұстафин).* Бұл мысалдағы екінші *жүрек* сұрау интонациясымен айтылған. Сондықтан да ол жалғыз *жүрек* сөзінің өзі-ақ сұраулы сөйлем болып тұр. Немесе: *Бұл - бала берген кітап. Бұл бала кітапты әкеп берді* деген екі сөйлемдегі *бұл* сөзі екі түрлі дауыс ырғағымен (интонациясымен) айтылған, сондықтан да екі түрлі мағынада қолданылған: бірінші *бұл* субстантивтеніп, 3-жақ субъект мағынасында, екінші *бұл* атрибутивтік-анықтауыштық қатынаста жұмсалған.

1.7. ГРАММАТИКАЛЫҚ ФОРМА

Грамматикалық мағына әр түрлі тәсілдер арқылы беріледі. Грамматикалық мағынаны білдіретін синтетикалық тәсілдің бір типі - грамматикалық формалар. Яғни грамматикалық мағынаның белгілі бір түрі, атап айтқанда, категориялық грамматикалық мағына грамматикалық формалар арқылы беріледі. Сөйтіп, грамматикалық форма белгілі топтағы сөздердің қосымшалар, грамматикалық тұлғалар (жалғау, жұрнақ) арқылы белгілі жүйелі парадигма

бойынша түрленуі болып табылады да, сол арқылы әр тұлғаға сай категориялық грамматикалық мағына беріледі. Осы уақытқа дейін жарық көрген еңбектерде, зерттеулерде грамматикалық форманы анықтағанда грамматикалық мағынаны білдірудің сыртқы жағы, грамматикалық тәсілі деп, грамматикалық мағынаны түр-түрге бөлмей, грамматикалық форманың ішкі мазмұны ретінде қаралып келді. Сөйтіп, грамматикалық мағына мен грамматикалық форма деген ұғымдар біреуі әрдайым бір нәрсенің ішкі жағы, мазмұны, екіншісі оның сыртқы жағы, тұлғасы немесе сол мазмұнның іске асу, көріну тәсілі деп анықтап келдік. Бұл екі ұғымды осындай балама мәнде, бір нәрсенің екі жағы ғана (біреуі - ішкі мазмұны, екіншісі - сыртқы түрі) деп түсіну тіпті де дұрыс емес, өйткені олар (грамматикалық мағына мен грамматикалық форма) әр уақытта бір-бірімен балама, сай бола бермейді. Лексикалық мағынаның абстракцияланып, жалпылануы арқылы пайда болатын жалпы грамматикалық мағына, сондай-ақ аналитикалық тәсіл арқылы берілетін қатыстық грамматикалық мағына ешбір грамматикалық формасыз-ақ берілетінін жоғарыдан байқадық. Мысалы, *тау, тас, үй, көл* және *бала, қыз, әке* сияқты сөздердегі жалпы заттық мағына, алғашқы топтағы сөздерде жансыз (нелік) заттар, соңғы топтағы сөздерде адамға байланысты (кімдік) заттар мағынасы грамматикалық мағыналар екендігінде ешбір күмән жоқ. Бірақ бұлардың ешқайсысы да ешбір грамматикалық форма арқылы берілмеген. Сондай-ақ, аналитикалық тәсілдің түрлері болып табылатын негізгі сөздердің бір-бірімен тіркесуі, негізгі сөз бен көмекші сөздің тіркесі арқылы, сөздердің қосарлануы, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі мен дауыс ырғағы, интонация т.б. арқылы грамматикалық (дұрысында қатыстық грамматикалық) мағынаны білдіруде ешбір форма жоқ. Сондықтан да грамматикалық форма арқылы грамматикалық мағынаның берілуі дегенде әңгіме жалпы грамматикалық мағына атаулы емес, грамматикалық мағынаның бір түрі болып табылатын *категориялық грамматикалық мағына* жайында ғана болу керек. Қазақ тілінде *грамматикалық форма* дегенге белгілі бір грамматикалық топтағы сөздердің (сөз табының) түрлену, өзгеру жүйесі болып табылатын парадигмалық сипаттағы тұлғалары, форма тудырушы қосымшалары (форма тудыратын жұрнақтар мен жалғаулар) жатады. Өйткені олар (сөз табының парадигмалық сипаттағы тұлғалары), ең алдымен, белгілі бір

грамматикалық (категориялық грамматикалық) мағына білдірумен байланысты, екіншіден, грамматикалық мағына біреу ғана емес, бірнеше болуы мүмкін де, түрлену жүйесіне байланысты әрі тектес, бір ыңғайлас, әрі өз ішінде бір-біріне қарама-қайшы мәндегі грамматикалық мағыналардың бірлігінен тұрады.

Мысалы, *Тыңда, дала, Жамбылды* дегенде *тыңда* етістігі бұйрық райдың 2-жақ жекеше, анайы (сен тыңда) тұлғасында тұрғанын, ол, бір жағынан, белгілі форма (нольдік форма сен тыңда), өзіне қатысты сөзбен байланысынан көрініп тұр; түбір тұлға емес (түбірде бұйрықтық, 2-жақтық, жекешелік, анайылық мағына жоқ) арқылы көрініп тұр, екінші жағынан, осы тұлғаның өзі белгілі түрлену жүйесінің, парадигмалық бірліктің (бұйрық райдың жекеше, анайы 2-жағы) жалпы бұйрық райдың, ал бұйрық райдың өзі жалпы рай жүйесінің, бір көрінісі болып табылады да, сол жүйенің әрі тектес, бірыңғай, әрі одан ерекшелігі бар оған қарама-қайшы мәнді көрсетеді. Сондықтан да бұйрық райдың жекеше, анайы 2-жағы мағынасы мен формасы (нольдік) сол жүйенің, біріншіден, 2-жақ жекеше, сыпайы және анайы, көпше (тыңда-ңыз, тыңда-ндар, тыңда-ңыздар), екінші жағынан, 1,3-жақтағы мағыналары мен тұлғалары арқылы парадигмалық жүйе құрайды. Ал бұның өзі жалпы рай категориясының парадигмалық жүйесі болып табылады. Сондай-ақ *Жамбылды* зат атауы тұлғасы жағынан табыс септік болып, мағынасы жағынан тыңдау қимылының тура объектісі мәнін білдіріп, септік жалғау жүйесінің (бір жағынан, атау, ілік, барыс, жатыс, шығыс, көмектес септік мағыналарының бір тектес түрі, екінші жағынан, оларға қайшы мәнді білдіріп, өзгеше форма арқылы берілуі) бір түрі болып тұр. Ал бұндай ерекшелік *тыңда* деген түбірде жоқ. Сөздің негізгі түбірі - *тың*, *-да* - жаңа сөз тудырушы қосымша. Бұл жерде *-да* парадигмалық жүйенің бір көрсеткіші ғана емес, тек грамматикалық мағына ғана үстеп тұрған жоқ, ол жаңа сөз жасап тұр, сондықтан *тыңда* деген етістіктегі жалпы грамматикалық мағына лексикалық мағынаның абстракциялануы, жалпылануы арқылы пайда болған. Сөйтіп, қазақ тілінде грамматикалық формаларға жалғаулар, (көптік, тәуелдік, септік, жіктік) және форма тудыратын жұрнақтар (сын есімнің шырай тұлғалары, етіс, есімше, рай, күшейтпелі етістік, тұйық етістік, көсемше, шак тұлғалар) жатады. Грамматикалық форма, бір жағынан, сөздің сөйлеу процесінде түрлену

жүйесінің тұлғалық көрінісі болып есептелсе, екінші жағынан, белгілі мәндегі грамматикалық мағынаны білдірудің жолы болып табылады. Яғни, белгілі бір грамматикалық (категориялық грамматикалық) мағына белгілі бір грамматикалық формалар жүйесі я оның түрі арқылы беріліп отырады. Мысалы, тәуелдік мағына (онаша түрі) 1-жақты -ым, -ім, -м, 2-жақта анайы -ың, -ін, -н, сыпайы -ыңыз, -іңіз, -ңіз, -ңыз, 3-жақта -сы, -сі, -ы, -і, тұлғалары арқылы беріледі. Міне, осындай мәндегі тұлға грамматикалық форма деп аталады.

1.8. ГРАММАТИКАЛЫҚ МАҒЫНА МЕН ГРАММАТИКАЛЫҚ ФОРМАНЫҢ СӘЙКЕСТІКТЕРІ

Тілімізде белгілі бір грамматикалық (категориялық грамматикалық) мағына белгілі бір грамматикалық форма - тұлға арқылы берілетіні белгілі. Яғни, грамматикалық мағына мен грамматикалық форма (тұлға) бір-бірімен тығыз байланысты.

Грамматикалық мағына мен грамматикалық форманың сәйкестігі сөз болғанда, әдетте, категориялық грамматикалық мағына негізге алынады, өйткені, жоғарыда көрсетілгендей, грамматикалық мағынаның осы түрі ғана арнайы грамматикалық форма арқылы беріледі.

Әрине, грамматикалық мағына мен грамматикалық форма бір-біріне сай келеді дегенде, сөздің құрамында ол екеуінің саны да әрдайым бірдей болады деген қорытынды тумайды. Қазақ тілі жалғамалы (агглютинативтік) тіл болып саналғанмен, онда аз да болса флексиялық сипат та кездесіп отырады. Кейде бір тұлғаның өзі бірнеше грамматикалық мағынаны және керісінше, бірнеше грамматикалық форма бір мағынаны білдіріп те тұрады. Мысалы, *кітабым стол үстінде жатыр* дегендегі *кітабым* сөзі *кітап* деген түбір, *-ым* деген тәуелдік жалғауынан тұрады. Бұл жерде түбір білдіретін жалпы грамматикалық мағына мен атау септік тұлғасы (нольдік форма) мен мағынасы сөз болып тұрған жоқ. Оларға әдейі назар аударылмай отыр. Ал осы *-ым* деген бір тұлға үш мағынаны білдіреді: 1) тәуелдік мағына, яғни *кітап* деген зат екінші затқа тәуелді, осының меншігі екенін білдіреді, бұл - негізгі мағынасы. Бұл жағынан қарағанда, *кітабың, кітабы, кітабымыз, кітабыңыз* т.б. сөздер құрамындағы *-ың, -ы, -ымыз, -ыңыз* деген тұлғалардың бір-бірінен мағынасы жағынан ешбір айырмасы жоқ, бәрі де тәуелдік, екінші затқа

меншіктілік мағынаны білдіреді. Міне, осыдан бір грамматикалық мағына бірнеше грамматикалық тұлға арқылы берілетіні анық көрінеді. Бірақ *-ым* қосымшасы тек тәуелдік мағынаны білдіріп қана қоймайды, сонымен бірге 2 жақтық мағынаны да білдіреді. Яғни зат (*кітап*) қай жаққа тәуелді екенін көрсетіп тұр. Ол - айтушы жақ (тілімізде үш жақ бар екені белгілі: айтушы жақ, тыңдаушы жақ және бөгде жақ немесе бірінші, екінші, үшінші жақ). Әрбір жақтың өзі де бірнешеге бөлінеді: көпше, жекеше және II тыңдаушы жақ - анайы, сыпайы. Міне, сондықтан 3 *-ым* тұлғасы бірінші, айтушы жақты білдірумен бірге сол затқа (*кітапқа*) ие бір-ақ адам (жекеше), *- мен* екендігін көрсетіп тұр. Сөйтіп, сөз таптарының әрбір грамматикалық форма - тұлғасы сөзге арнайы форма тудырушы қосымша (*жұрнақ, жалғау*) қосылу арқылы грамматикалық (категориялық грамматикалық) мағынаны білдіреді. Ол грамматикалық мағына сөйлеу процесінде, контекст ішінде айқындалады. Сондықтан да және тек осы тұрғыдан грамматикалық мағына мен грамматикалық форма сәйкес болады дейміз.

Осы тұста мына бір мәселеге назар аудармауға болмайды. Ол грамматикалық мағынасыз грамматикалық форма болмайды және грамматикалық формасыз грамматикалық мағына берілмейді деген қалыптасқан түсінік.

Грамматикалық мағына білдірмейтін грамматикалық форма болмайды және грамматикалық формасыз грамматикалық мағына да берілмейді дегенді бұлардың жанағы қасиетінің негізінде және категориялық грамматикалық мағына шеңберінде ғана тек шартты түрде айта аламыз. Өйткені, кейбір жағдайларда қазіргі тілімізде ешбір арнайы грамматикалық тұлғасыз-ақ белгілі бір грамматикалық мағына беріліп тұрады. Сондай-ақ кейде сөз құрамында белгілі бір грамматикалық форма болғанмен, ол өз бетінше грамматикалық мағына білдіре алмай, факультативті түрде ғана қолданылады, яғни сөз ол формасыз жұмсалмайтын болғанмен, сол сөз тұлғалары білдіретін мағынаға ол форма бейтарап болып тұрады. Мысалы: *Онымен үйінде сөйлесетін. Аулына менімен қайтатын* тәрізді сөйлемдердегі әрбір сөзге, олардың тұлғаларына және сол тұлға беріп тұрған мағыналарға назар аударайықшы. Морфологиялық жағынан бұл сөздерді мынадай бөлшектерге бөлуге болады: *он* (ол, *л* дыбысына біткен жіктеу, сілтеу есімдіктері септелгенде, *л* не түсіп қалады,

не *n* дыбысына айналып кетеді), *үй, сөйле, ауыл, мен, қайт* дегендер сөздің түбірі, *-мен, -де, -а* көмектес, жатыс, барыс септік жалғаулары, *-с* ортақ етіс, *-тын, -тін* есімше жұрнақтары. *Үйінде, аулына* сөздеріндегі *-і, -ы* тәуелдік жалғауы (3-жақ), одан кейінгі *-н* тұлғасы қазіргі грамматикаларымызда септік жалғауларының құрамында қаралып жүр (*-нде* -жатыс септік, *-на* -барыс септік болып), шындығында *-н* -септік жалғауының көрсеткіші емес, түркологияда бұл тәуелдік жалғаудың 3-жағының қалдық формасы деген пікір бар, яғни тәуелдік жалғауы 3-жақта қазіргідей *-ы, -і, -сы, -сі* болмай, *-сын, -сін* болған да, кейінгі соңғы *-н* түсіп қалған. Бұл арасы тіл білімінде әлі шешілген жоқ. Қайткен күнде де 3-жақ тәуелдік тұлғада тұрған сөзге барыс, жатыс септік жалғаулары жалғанғанда, бұлардың арасында пайда болатын *-н* септік жалғау құрамында қаралғанмен, белгілі бір грамматикалық категорияның көне көрсеткіші, я оның бір жаң-қасы, бөлшегі болған. Бертін келе өзі білдіретін грамматикалық мағынадан айырылып қалған да, сөз құрамында факультативтік элемент ретінде сақталып қалған. Бұл *-н* тұлғасы тек септік жалғауларының ғана алдынан емес, тәуелдік жалғаудың 3-жағынан кейін жалғанған *-ша, -ше, -дай, -дей* жұрнақтарының алдынан да *-нша, -нше, -ндай, -ндей* болып шыға келеді: біреудің көз-*і-нше*, айтуы-*нша*, бала-*сы-ндай*, үн-*і-ндей* т.б. Осының өзінен көрінетіндей, *-н* тұлғасының белгілі қосымша құрамында болуы септіктен гөрі тәуелдік жалғау құрамында келуі тұрақты болып көрінеді. Яғни құрамында қаралып жүрген барыс *-на, -не* және жатыс септік *-нда, -нде* құрамынан гөрі 3-жақ тәуелдік жалғаудың құрамында енуі лайықты сияқты, өйткені *-ша, -ше* мен *-дай, -дей* жұрнақтарының құрамында келіп отыруы *-н* тұлғасының септік тұлғасы құрамынан гөрі басқа бір жүйенің, тәуелдік жалғау жүйесінің және тек 3-жақ тұлғасының құрамына жатқызу жөн сияқты.

Сөйлемдегі *онымен, менімен* деген сөздердің құрамында да түбір (ол-он, мен) мен көмектес септік жалғаудың (мен) арасында қазір ешбір грамматикалық мағына білдірмейтін *-ы, -і* тұлғасы жұмсалады. Тарихи тұрғыдан қарасақ, бұл тұлға (дұрысы *-ы, -і* емес, *-ны, -ні* болуы керек) -ілік септік жалғауының қалдық көрсеткіші. Өйткені көмектес септік жалғауы *-мен, -бен, -пен* (және осы тұлғалас жалғаулық шылау да) бірлән, бірлән, илән септеулік шылаудан қалыптасқаны

күмән тудырмайды және бұл шылау (*бірлән*) көне кезде өзі қатысты негізгі сөздің ілік септік тұлғасымен байланысқан. Бұны әр дәуірге жататын көне жазбалар тілінің материалдары дәлелдейді. Көне жазбаларға *бірлән (бірлән)* септеулігі *мен, сен, ол* есімдіктерімен ілік септік тұлғасында тіркескендігін көреміз: *тақи ант йад қылур аның бірлә* (Тәфсир) және онымен ант етеді. Сонда *менімен* деген сөз тұлғасының қалыптасуы былай болған: *менің бірлән - менің бірлә - мені(н) менен - менімен - меніменен*. Ал енді қазіргі кезде *менімен* деген сөздегі *-(н)і (-ы)* тұлғасы ілік септік мағынасынан айырылып қалған, басы артық реликт форма ретінде ғана сөз құрамында жұмсалады.

Ілік септік тұлғасының үстіне басқа септік жалғауларының үстеліп қолданылуы - тілдің дамуындағы әр кезеңінде болып отырған құбылыс. Мысалы, ұйғыр тілінде 1-жақ жіктеу есімдігіне барыс септік жалғауы ілік септік формасына да жалғанып, *менинге* болып жұмсалады, ілік септік формасына “Құтадғу білікте” (XI ғасыр) жатыс, шығыс септік жалғаулары да жалғанған: *сәниңдин, аның-да, сениң-дә* т.б. Бұның өзі септік жалғауларының қалыптасуы кезеңі мен жолы әр түрлі екенін көрсетеді. Және бұлардың барлығы бір грамматикалық категорияның ішіне еніп, соның бір көрсеткіші болып қалыптасуының өзі шартты екенін және бүгінгі күн тұрғысынан танылатынын көрсеткен жөн. Септік жүйесіндегі ішкі қайшылықтардың, айталық, кейбір жағдайда бір септік тұлғасының үстіне екінші септік тұлғасының жалғануы және бұл тұрақты заңдылық болмаса да, мысалы, қазақ тілінде кейбір есімдіктерге көмектес септік тұлғасы көне ілік септік тұлғасының үстіне қосылуы, немесе кейбір орта ғасырлық жазба ескерткіштер тілінде болмаса, қазіргі түркі тілдерінің кейбірінде барыс септік тұлғасы, я шығыс немесе жатыс септік жалғауы ілік септік тұлғасының үстіне жалғануы, олардың тумысында біркелкі және бір қалыпты, бір мезгілде дүниеге келмегенін, біртіндеп барып қалыптасып, жақындасып, бірден емес, бірте-бірте бір грамматикалық (кейде тілті белгілі шарттылықпен болса да) категория болып қалыптасқанын көрсетеді. Осындай ерекшеліктері айқын көрінетін септік категориясының түрлері түгіл тәуелдік және жіктік жалғау (немесе түрлену және жіктелу, я жақ) категориясының, бір жағынан, 1 және 2-жақтары, екінші жағынан, 3-жағы біркелкі жүйелі бірлік деуге келмейді, 3-жақтың мәні де, грамматикалық тұлғасы да, синтаксистік қызметі де 1 және 2-жақ

көрсеткіштерімен салыстырғанда бір мезгілде, бірдей қалыптасқан болу керек. Оған бірнеше жақтың, яғни айтушы жақтың біреу немесе бірнеше болса да нақты (мен және біз), екінші жақтың, яғни тікелей тыңдаушы жақтың да біреу (мейлі сыпайы, мейлі анайы түрде болса да) немесе бірнеше болса да нақты (сен, сіз және сендер, сіздер) болып, ал үшінші жақ тек *ол* я *олар* ғана кез келген зат атауы болуы және соның арқасында нақты жақ мәнінің шекарасы кеңейіп кеткендігі байқалады. Сондай-ақ, осыған да байланысты болса керек, 1-2-жақ жалғаулары, түптеп келгенде, 1-2-жақ жіктеу есімдіктерінен туып қалыптасса, 3-жақта оның жөні мүлде бөлек екендігі де әсер еткен. Яғни, бұл жақтың 1-2-жақтармен біртектестігі де сондықтан шартты, тілдің қазіргі деңгейімен ғана анықталады.

Сондай-ақ *сөйлесетін, қайтатын* деген сөздердің құрамындағы *-а, -е* көсемше тұлғалары да өз мағыналарынан айырылып қалған да, бұл жерде көсемше көрсеткіші бола алмай тұр. Тарихи жағынан келгенде, есімшенің *-тын, -тін* жұрнағы *тұрған* көмекші етістіктен қалыптасқаны белгілі. *Сөйлесетін, қайтатын* деген сөздер былай қалыптасқан: *сөйлесе тұрған - сөйлесе тұғын - сөйлесетін, қайта тұрған - қайта тұғын, қайтатын*. Көсемше жұрнағы *-а, -е* алғашқы негізгі етістіктің құрамында өзінің грамматикалық мағынасында жұмсалып, көмекші етістік пен (*тұрған*) тіркесіп, күрделі етістік құраған, кейін көмекші етістік тұлғасын өзгертіп, бірте-бірте ықшамдалып, жұрнаққа айналып кеткен кезде, көсемше жұрнағы мағынасынан айырылып қалған, бірақ түсіп қалмай, реликт тұлға ретінде сақталып қалып қойған. Сондықтан да қазіргі кезде *-а, -е, -й* көсемше тұлғасы *-тын, -тін* есімше жұрнағынан бөліп алынып қаралмай, тұтас тұлға ретінде берілуі орынды.

Сөйтіп, тілімізде қазіргі кезде ешбір грамматикалық мағына білдіре алмайтын қалдық формалар да бар. Осындай қасиетінің арқасында (грамматикалық мағынадан айырылып қалуының нәтижесінде) әдетте оларды жеке бөліп алмай, басқа формалардың құрамында қараймыз. Сонда грамматикалық мағына білдірмейтін грамматикалық форма болмайды десек, оны диалектикалық мәнде және тілдің қазіргі статикалық күйі тұрғысынан түсіну керек. Тілдің грамматикалық құрылысында кездесіп отыратын ондай тұлғалар, біріншіден, бір кезде грамматикалық мағына білдірген. Ал кейін, екіншіден, ол білдірген грам-

матикалық мағына жоғалып кеткен де, ол форма сөз құрамында факультатив тұлға ретінде сақталып қалған (мысалы, есімдіктің көмектес септігінде ілік септігінің қалдығы *-ы, -і*, дұрысында *-ны, -ні*, ал түптеп келгенде *-нын, -нің* немесе басқа тұлғаның құрамына еніп кеткен (мысалы, 3-жақ тәуелдік жалғауынан кейін барыс, жатыс септіктерінің құрамындағы *-ін, -на, -не, -нда, -нде* т.б.)

1.9. НӨЛДІК ФОРМА

Кейбір жағдайларда ешбір грамматикалық тұлғасыз-ақ белгілі бір грамматикалық мағына беріліп отырады. Ол грамматикалық мағына сөз түбірі білдіретін грамматикалық мағынадан мүлде бөлек болады. Яғни әңгіме категориялық грамматикалық мағына жайында. Міне, сондай арнайы қосымша көрсеткіші болмай, тұлғасы көрінбей тұрып-ақ белгілі грамматикалық (категориялық грамматикалық) мағына білдіруді *нөлдік тұлға* (форма) деп атауға болады, өйткені арнайы көрсеткіші, формалық тұлғасы болғанмен, сыртқы түрі түбірмен сәйкес келсе де, онда түбір білдіретін мәннен бөлек арнайы грамматикалық мағына болады. (Әр уақытта нөлдік форманы түбір формамен салыстырылып отыруының басты себебі, біріншіден, екеуінің сырт тұлғасы, формасы сәйкес болуында, екіншіден, түбір - әр түрлі грамматикалық форма жасауға негіз болатын тұлға). Осы айтылғандар түсініктірек болу үшін мына сөйлемге назар аударып, талдап көрейікші. *Жартасқа бардым, Күнде айғай салдым. Одан да шықты жаңғырық* (Абай). *Тында, дала, Жамбылды* (Жамбыл). Мысалдардағы етістік баяндауыштын әрқайсысы бірнеше морфема-бөлшектен тұрып, сөздің әрбір тұлғасы ойға лайық жеке-жеке грамматикалық мағына білдіріп тұр: *бар-ды-м, (айғай) сал-ды-м, шық-ты, тында*. Осындағы түбір тұлғалар қимылды білдіріп, одан кейінгі *-ды, -ті* морфемалары сол қимылдың айтып тұрған сәтке байланысты болу мезгілін, шақтық мағынаны, яғни осы қимылдың айтып тұрған кезден бұрын болғандығын білдіріп тұр. Алғашқы екі сөздегі *-м* (барды-м, айғай салды-м) тұлғасы қимылдың иесін, яғни сол қимылды орындаушы кім (субъект) екенін және қимыл иесі кез келген біреу емес, бірінші, яғни айтушы жақтың өзі (мен) екенін көрсетіп тұр. Ал үшінші сөзде ондай грамматикалық тұлға жоқ (шықты), соған қарап бұл сөз қимыл иесін (субъектіні) білдірмейді екен деп ойлауға болмайды. Осы сөздің формасы арқылы қимылды (*шығуды*) іске

асырушы субъектіні біле аламыз, ол субъект үшінші, бөгде жақ (жаңғырық). Сонда қимыл иесін мегзеп, үшінші жақты білдіріп тұрған қандай форма? Сөздің соңғы формасы *-ты* ондай мағынаны білдіре алмайды. Оның білдіріп тұрғаны - тек өткен шақтық мағына. Міне, осы сөздің құрамында формальдық түрде арнайы тұлға болмағанмен, ерекше грамматикалық мағына, жақтық мағына бар. Ол мағына контекст арқылы айқын сезіледі. Осындағы *3-жақтық мағына нөлдік тұлға* арқылы берілген. Сондай-ақ *тыңда* сөзі жалпы іс-әрекетті және қимылдың сабақты мәнін білдірумен бірге (бұл мағыналар түбір арқылы, яғни лексикалық мағынаның абстракцияланып, жалпылануы арқылы беріліп тұр) бұйрықтық мағынаны және ол 2-жаққа қаратылып, онымен бірге анайылық және жекешелік мағыналарды білдіріп тұр. Бұл соңғы грамматикалық мағыналар, біріншіден, категориялық грамматикалық мағыналар болып табылады, екіншіден, формальды түрде тұлғасы бар арнайы грамматикалық форма арқылы берілмеген. Соған қарамастан мұнда грамматикалық форма бар, ол - тұлғасыз форма, яғни сол жүйедегі басқа парадигмалық түрлену көрінісінде бұл мағынаға қарама-қайшы келетін, оппозиция болатын, бірақ бір грамматикалық категорияның (түрлену жүйесінің) шеңберінде бірлікте тұратын форма бар: 2-ші жақ сыпайы түрі *-ңыз* (тыңда-ңыз), 2-жақ көпше түрі *-ндар* (тыңда-ндар) т.б. Сонымен бірге бұл жерде бір парадигмалық жүйе құрайтын бұйрық райдың 1 және 3-жақ тұлғаларын да келтіре кетуге болады. Сондай-ақ бірінші мысалдағы *шықты* сөзіндегі 3-жақтық мағына жіктік жалғаудың тұлғасыз формасы (нөлдік форма) арқылы берілген. Оны да осы сөйлемдегі 1-жақ жекеше мағынада қолданылған *бардым*, *айғай салдым* сөздеріндегі *-м* формасымен салыстыру арқылы тануға болады.

Тілімізде осындай арнайы белгілі грамматикалық мағынасы бар, бірақ арнайы көрсеткішсіз тұлғада жұмсалатын (кейде сөйлемде түсіп қалатын) ерекше форма 3-жақ жіктік жалғауы ғана емес басқа да грамматикалық түрлену жүйесінен кездеседі. Мына мысалға назар аударайық: *Мәскеу бардым*, не көрдім (Жамбыл). *Кел*, балалар, оқылық (Алтынсарин). *Ғылым таппай мақтанба* (Абай). Интернетта оқып жүр *талай* қазақ баласы (Абай). Иығымда сіздің *шаш*, *айқаласып тайталас* (Абай). Осы сөйлемдердегі бөлініп көрсетілген сөздердің формасы мен грамматикалық мағыналарына көз жіберейік: *Мәскеу* осы сөйлемде

ешбір грамматикалық формасыз қолданылған, бірақ соған қарамастан қимылдың (барудың) бағытын білдіріп, барыс септіктің мағынасын беріп тұр: *Мәскеуге бардым*. *Ғылым* сөзі ешбір көрсеткішсіз тура объект болып, табыс септік мағынасын білдіріп тұр: *ғылымды таппай, кел, мақтанба* етістіктері негізгі түбір күйде және өздік етіс пен болымсыз тұлғада 2-жаққа қаратылып, бұйрықтық мағынада қолданылған, бірақ соңғы мағынаны білдіретін арнайы грамматикалық форма жоқ. *Қазақ* сөзі иелік, меншіктілік мағынада жұмсалған, бірақ, оны білдіретін ілік септік жалғауы жоқ. *Шаш* сөзі, керісінше, тәуелділік мағынаны білдіріп тұр: *сіздің шашыңыз*. Ол мағынаны білдіретін тәуелдік жалғауы түсіп қалған. Міне, осы көрсетілген сөздердің бәрі де берілген сөйлемдерде ешбір тұлғасыз-ақ (нөлдік формада) белгілі грамматикалық мағына білдіреді, ол грамматикалық мағына сөздің түбірін білдіретін мағынадан бөлек. Сондай-ақ бұл құбылыс қазақ тілінде анда-санда ғана кездесетін кездейсоқ жайт емес. Әйтпесе бұл жайында сөз қозғаудың қажеті де болмас еді...

Нөлдік тұлға өзінше грамматикалық форма бола алатынын тіл зерттеуші ғалымдар атап көрсеткен болатын. Яғни, тілімізде нөлдік тұлға деген тілдік грамматикалық құбылыс бар екендігінде дау жоқ. Бірақ нөлдік тұлғаға нелер жатады деген мәселеге келгенде, ғалымдардың пікірі бір жерден шықпайды.

Міне, осы ыңғайда нөлдік форма мен грамматикалық форманың арақатынасын ашып алған жөн. Рас, қазақ тілінде де, басқа да түркі тілінде де негізгі сөз таптарына жататын сөздер ешбір қосымша көрсеткіштерсіз-ақ негізгі түбір күйінде тұрып белгілі лексикалық мағынаны білдіреді, міне соның нәтижесінде ол сөз жалпы грамматикалық мағынаға да ие болады. Өйткені сөздің жалпы грамматикалық мағынасы - оның лексикалық мағынасы негізінде, атап айтқанда, лексикалық мағынаның жалпылануы арқылы туындайтыны - талассыз нәрсе. Соның арқасында сөздер белгілі ортақ қасиеттері арқылы топталады. Мысалы, *үй, бала, тас, қала, ойыншық* т.б. сөздер лексикалық мағынасы жағынан бір-біріне ешбір жақындығы жоқ: әрқайсысы жеке-жеке заттың атауы. Сол лексикалық мағынасы негізінде қалыптасқан жалпы грамматикалық мағынасы жағынан қарасак, бұл сөздерде ортақ белгі бар: ол - зат атауын білдіру. Сондықтан да бұл сөздер грамматикалық тұрғыдан бір топ - зат есім құрайды. Сондай-ақ *қызыл, үлкен, биік, жақсы* т.б. сөздер

заттың сын-сапасын білдіруі, *он, екеу, жүз, елут*. т.б. сөздер заттың санын білдіруі, *кел, жүр, ойна, жүгір* т.б. сөздер қимылды білдіруі жағынан жеке-жеке грамматикалық топ (сөз таптарын) құрайды. Сондықтан да кейбір еңбектерде айтылып жүрген “түбір сөздерде лексикалық мағына болады да, грамматикалық мағына болмайды” деген қағида шындыққа жанаспайды. Бірақ түбір сөзде грамматикалық мағынаның болуы оны нөлдік формада тұр деуге негіз болмайды, өйткені түбірдің тұлғасына тән ерекше қызметі, синтаксистік қарым-қатынасы бола бермейді және ол сөйлеу кезінде туатын форма емес, ал, “грамматикалық формалар - сөйлеу негізінде сөйлемде ғана қолданылатын сөйлеу (речь) бүтіндері” (Маманов). Оның білдіретін грамматикалық мағынасы да сөйлеу кезінде айқындалады. Демек, нөлдік форма болу үшін ол сөз сөйлемде белгілі бір тұрақты қызмет атқарып, басқа бір сөзбен қарым-қатынасқа түсуі, түбір білдіретін жалпы грамматикалық мағынадан басқа грамматикалық мағына (категориялық грамматикалық мағына) білдіріп тұруы керек. Мысалы: *Одан да шықты жаңғырық. Кел, балалар, оқылық* деген сөйлемдерде *шықты, кел* деген сөздер қимылды білдіріп тұр. Бұндай мағына кез келген негізгі етістікте бола береді, яғни қимылды білдіру осы екі етістіктің *шық, кел* деген түбірлеріне ғана тән емес. Сонымен бірге осы мысалдағы *шықты, кел* деген сөздерде осы топтағы (етістік) басқа сөздерден ажыратылатын грамматикалық мағына бар: ол - бірінші сөзде өткен шақтық (*-ты* қосымшасы) және 3-жақ жіктік, екінші сөзде 2-жақ жекеше, анайы, бұйрықтық мағына. Демек, етістік түбір мен нөлдік форма (2-жақ бұйрық), етістіктің бір формасы (шақтық) мен басқа нөлдік форма (3-жақ жіктік) бір емес. *Кел* деген мен *сен мұнда кел* деген, яғни жеке тұрғандағы етістік түбірі мен сол түбірдің бұйрық рай формасында сөйлемде қолданылуы бірдей емес. Біз, әдетте, сыртқы тұлғасында айырма болмаған соң, бір деп үйреніп кеткенбіз. Біріншісі (жеке түбір күйінде тұрғандағы *кел*) қимылды білдіреді, екіншіде (*сен мұнда кел* деген сөйлемде) сол мағынаның үстіне тыңдаушы жаққа қаратылып бұйыра айтылу мағынасы үстелген. Етістік түбірдің осындай ерекшелігі дұрыс көрсетілмей жүр. Соның салдарынан бір қарағанда онша оғаштығы жоқ сияқты көрінетін қате ережелер осы уақытқа дейін дұрыс көрсетілмей келеді, яғни етістіктің түбірі бұйрық райдың 2-жақ жекеше түрі деген анықтама мәні бөлек-бөлек тілдік құбылыстарды ажыратпаудан, тек сыртқы

ұқсастығына ғана қарап бір тілдік құбылыс деп қате түсінуден туған. Ал шындығында етістіктің түбір тұлғасы бұйрық райдың 2-жақ жекеше, анайы түрі бір емес. Мысалы, *сен сөйлеме, алдырыңыз, мақтанба* дегендер бұйрық рай формасы екені күмәнсіз. Бұндағы етістік түбірлері *сөйле, ал, мақта* екені белгілі. Сонда етістіктің болымсыз және етіс тұлғаларын да бұйрық райдың 2-жақ көрсеткіші демекпіз бе? Дұрысында, “етістік түбірі бұйрық райдың 2-жақ жекеше түрімен сәйкес (тек сәйкес) келеді”, - деу керек.

2-жақ бұйрық рай мағынасы қазіргі тілімізде нольдік форма болғанмен бір кезде оның да өзіне тән грамматикалық тұлғасы болғанын салыстырма-тарихи фактілер көрсетеді. Қазіргі кейбір түркі тілдерінде (өзбек, ұйғыр т.б.) оның көрсеткіші бар: *-иң: сен ал, кел* дегендер *ал-иң, кел-иң* түрінде қолданылады. Қазақстанның оңтүстік-батыс аудандарында, Қарақалпақстанда тұратын қазақтар тілінде 2-жақ бұйрық райдың *-ғын, -гін* немесе *-ғыл, -гил* қосымшасы болуы (бар-барғын) кездейсоқ емес. Сондай-ақ бұйрық райдың басқа жақтарында (I. *-айын, -ейін, -йын, -иін*. II. сыпайы *-ыңыз, -іңіз, -ңыз, -ңіз*. III. *-сын, -сін*) арнаулы грамматикалық көрсеткіштердің болуы бір кезде тілімізде бұйрық райдың 2-жақ жекеше түрінің жалғауы болғанын дәлелдей түседі. Бұйрық райдың 2-жақ көпше түрінің тұлғасы *-ындар, -індер, -ндар, -ндер*. Демек, осындағы көптік мағынаны білдіріп тұрған *-дар, -дер* жалғауы да, *-ын, -ін, -ң* бұйрық райдың 2-жақ көрсеткіші, өйткені жіктік жалғаудың 2-жағында жекешеден кіші бөлек көпше түрінің ерекше грамматикалық тұлғасы болмайды, ол мағына көптік жалғауы қосылуы арқылы ғана беріледі: оқушы-оқушысындар, келдің-келдіңдер т.б. Бұл - 2-жақ сыпайы түрінде тіпті айқын көрінеді: *сіз кел-ің* (2 жақ бұйрықтық) *-іңіз* сыпайылық, ал егер оған *-дер* қосылса, онда тек көптік мағына (сіздер келіңіздер) үстеледі.

Осы кездегі жіктік жалғаудың 3-жағында да бір кезде арнаулы грамматикалық көрсеткіш болғанын айқындауға болады. Жіктік жалғаудың I, 2-жақтарында және көсемше (*-а, -е, -й, -ыт, -іп, -н*) формасынан кейін 3-жақтың өзінде де (*-ды, -ді, -ты, -ті*. ол *тұр* етістігінен қалыптасқаны әлдеқашан дәлелденген) жалғаудың жұмсалуды бір кезде 3-жақты жіктік жалғау болғанын, ол кейін түсіп қалғанын көрсетеді. Бұл да ерекше тілдік қажеттіліктің көрсеткіші.

Демек, жалғалмалы (агглютинативті) тілдердегі нөлдік тұлға сөйлеу процесінде сөздің фор-

малық көрсеткіші түсіп қалып, олтұлға білдіретін грамматикалық мағына сақталып қалуынан туған немесе сөздердің грамматикалық байланысынан қалыптасқан.

Кейбір грамматикалық тұлғалар бірде нольдік форма ретінде формальдық жағынан ешбір морфологиялық көрсеткішсіз, бірде нөлдік форма болмай, арнайы морфологиялық көрсеткіштері сөзге қосылып жарыса қолданыла береді. Оған ілік, барыс, табыс, шығыс септіктері мен тәуелдік жалғауын жатқызуға болады. Әрине, бұлардың нөлдік тұлғада қолданылу мүмкіндігі мен шеңбері бірдей, біркелкі емес. Барыс, шығыс септіктерінің нөлдік тұлғалары өте сирек кездеседі: *қала (ға) барды, ол бел (ден) асты*. Кейбір тұрақты тіркес құрамында бұл септіктердің нольдік тұлғалары кездеседі, бірақ онда грамматикалық мағына сақтала бермеген, сондықтан әуелгі тұлғасын салыстырмалы-тарихи фактілер негізінде ғана айқындауға болады: *бой(ға), жету, ер(ге) жету, ірбіт (ке) шабу* т.б. ілік пен табыс септік формаларының түсіп қалуы жиі кездеседі және бұлардың өзіндік ерекшелігі де жоқ емес. Әрине, бұл септік формаларының түсіп қалу-қалмай қолданылуының арасында айырмашылық та жоқ емес. Сонымен бірге мына бір жайтқа ғана назар аударуға кетуді мақұл көрдік. Ол - ілік септік тұлғасы. Ілік септік тұлғасы өзі жалғанған сөзді тәуелдік жалғаулы сөзбен қайшы байланыстырып тұрады, басқаша айтқанда, ілік септікті сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің грамматикалық байланысы, мейлі ілік септік жалғауы тұрсын, мейлі түсіп қалсын, берік болады. Ілік септік жалғауы түсіп қалғанда, ол екі сөздің мағыналық, синтаксистік қарым-қатынасында өзгеріс пайда болады - ол тіркес тұрақталып, номинациялық қасиетке бейімделеді. Соның арқасында бұл - жеке синтаксистік үлгі болып қалыптасып отыр. Мысалы, *Арал теңізі, Абай көшесі, космос кеңістігі, почта қатынасы* тәрізді тізбектер Аралдың теңізі, Абайдың көшесі, космостың кеңістігі, почтаның қатынасы деген тұлғада ешбір қолданылмайды.

Тәуелдік жалғауының түсіп қалуы қазіргі кезде ілік септік жалғаулы сөздің қандай сөз екеніне тікелей байланысты. Яғни, ілік септікті сөз *біздің, сіздің, өзіміздің* деген жіктеу есімдігі болса ғана, екінші сөздегі тәуелдік жалғау түсіп қолданылуы мүмкін: *біздің ауыл, сіздің үй, өзіміздің жігіттер*. Бірақ тәуелдік жалғауының түсіп қолданылуы кейін ғана пайда болған құбылыс емес. Әр кезеңдерге жататын жазба нұсқалар тіліне көз жіберсек, ерте кезде тек бірінші, екінші (сыпайы)

жақ тәуелдік жалғауы емес, бірінші (жекеше), үшінші жақ көрсеткіші де түсіріліп қолданыла берген. Ақын-жыраулар шығармалары мен қазақ эпостарының тілінде *Қобыландының Тайбурыл, Базарбайдың Төлеген* тәрізді, сондай-ақ “Құтталғу білік” (Юсуп Баласағұн) пен “Дивану луғатит турк” (Махмут Қашқари) атты XI ғасыр жазба ескерткіштер тілінде *мениң тилек, мениң йүрек, кимин товар* сияқты конструкциялардың кездесуі кездейсоқ құбылыс емес.

Нольдік тұлға сырт қарағанда түбір тұлғамен сәйкес келгенмен, сөз түбірінің барлығы жеке-жеке грамматикалық нөлдік форма бола алмайды, ол тек грамматикалық форма жасауға негіз болады. Грамматикалық нөлдік форма болу үшін ол тұлға түбір күйіндегіден өзгеше грамматикалық мағына білдіріп, белгілі бір топтағы түрлену жүйесінің бір түрі болып саналып, сөйлеу процесінде белгілі бір тұрақты өзіне тән қызмет атқаруға тиісті. Сондықтан да кейбір грамматикаларымызда “зат есімнің жекеше түрі”, “сын есімнің жай шырай түрі”, “негізгі етіс” деген жеке грамматикалық тұлға ретінде беріліп жүрген атаулардың өзі дұрыс емес екендігін көреміз. Өйткені бұлар белгілі бір грамматикалық категорияның өзіне тән грамматикалық нөлдік формасы бар бір түрі бола алмайды. Грамматикалық формалар - сөйлеу кезінде сөздерді дәнекерлеп, оларға әр түрлі грамматикалық мән-мағына үстеп, бір-бірімен қатынасын көрсетіп тұратын, сөйлемде ғана қолданылатын сөйлеу (речь) элементтері. Сондықтан нөлдік тұлғаның мағыналық қолданылуы, атқаратын қызметі жағынан алғанда белгілі шеңбері болады.

Осы тұрғыдан келсек, атау септіктің табиғаты бұлардан бүтіндей ерекше. Атау септіктің арнайы грамматикалық көрсеткіші болмағанымен, түбір тұлғалы сөзбен екеуі бір емес. Олардың айырмашылығы сөйлемдегі қолданылу ерекшеліктерінен, атқаратын қызметінен айқын көрінеді. Атау септік тұлғасы басқа септік формаларын жасауға негіз болып тұрмайды, атау септік - басқа септіктермен терезесі тең септік тұлғасы, бұл тұлғалы сөздің сөйлемде өзіне тән білдіретін мағынасы мен атқаратын қызметі болады: ол - *қимылдың грамматикалық субъектісі, бастауышы болу, заттық-атауыштық мағына білдіру, баяндауыш формасымен өзінің мағынасы арқылы белгілі жақта қиысып тұру*. Грамматикалық мағына білдірудің бірден-бір тәсілі тек қосымшалар жалғану арқылы ғана емес екені тағы белгілі. Мына сөйлемдерге назар аударайық. *Бала кітап*

оқып отыр. *Үйге бала жігіт кіріп келді. Әңгіме бала жөнінде болып отыр. Бұл - кешегі көрген бала.* Осы берілген 4 сөйлемдегі *бала* сөздері атау септік тұлғасы деп танылып келді. Бұл дұрыс емес. Тек бірінші сөйлемдегі *бала* сөзі атау септік тұлғада тұр, өзі 3-жақтағы сөз болған соң, баяндауышпен сол жақта қиысып қолданылады. Ал 2-сөйлемдегі *бала* атау септікте емес, түбір тұлғада келіп, анықтауыш қызметінде жұмсалған. 3-сөйлемде ілік септік түсіп қалып, *жөнінде* шылауымен тіркесіп, екеуі бірігіп толықтауыш қызметінде қолданылған, соңғы сөйлемде *бала* - үшінші жақ жіктік жалғаудың нөлдік формасында тұрып, баяндауыш қызметін атқарып тұр. Атау септіктің ерекше қызметі зат есімнен басқа сөз таптарының осы тұлғада жұмсалыуынан да анық байқалады. Септік жалғауы басқа сөз таптарына жалғанғанда, оларды субстантивтендіріп, заттандырып жібереді. Осы қасиет атау септікте де бар. *Жақсы ісімен жақсы. Көрмес - түйені де көрмес* дегенде *жақсы, көрмес* сөздері атау септік тұлғада тұрып, бастауыш қызметінде жұмсалғандықтан, бұл жерде сын есім, есімшеден гөрі зат есім мәнінде қолданылған. Ал кейбір септеулік шылаулармен тіркескен зат есімдер де атау септік тұлғасында емес, я түбір тұлғасында, я басқа септіктің формасында, тарихи тұрғыдан олардың кейбірі бір кезде басқа септік формасында тұрған: *үшін, жайында, жөнінде* т.б. көне кезде ілік септікті сөзбен тіркескен. Оны, біріншіден, соңғы екі сөз құрамында тәуелдік жалғаудың 3-жақ көрсеткішінің сақталуы (*жай-ы-нда, жөн-і-нде*), екіншіден, көне жазбаларда, ауыз әдебиет нұсқаларында *үшін* шылауының есімдіктермен тіркескенде, ілік септікпен байланысып тұруы дәлелдей түседі: *оның үшін, менің үшін, сенің үшін* т.б. Ал *арқылы, туралы, сайын* т.б. септеуліктер де белгілі формамен тіркескен болу керек, қазір оларды айқындау қиын. Сондықтан олар тіркескен сөздің тұлғасын атау септік демеі, сөз түбірі деген дұрыс болады.

Демек, атау септіктің өз алдына дербес грамматикалық тұлғасы болмаса да, оны білдіретін түбір тұлғадан басқа грамматикалық мағынасы мен атқаратын қызметі бар. Сондықтан оны да (атау септікті) нөлдік тұлғаның шеңберінде қарау керек.

Сөйтіп, нөлдік форма - парадигмалық түрлену жүйесінің бір түрі болып табылатын, сондықтан сол түрлену жүйесінің синтаксистік сөз байланыстырушы қызметін толық атқаратын форма, бірақ осы мәндер мен қызметті тікелей көрсе-

тетін арнайы формасы жоқ тұлға және осы қасиеттері арқылы бір грамматикалық категорияның басқа да формасы бар түрлеріне қарама-қайшы, әрі онымен бірлікте болып, бір бүтін құрайды. Белгілі бір белгілер жүйесінде бірдей белгінің болмауының өзі белгі болып есептеледі. Мысалы, 3 шар алып, оның біреуіне - У белгісін, екіншісіне - Х белгісін салып, үшіншісіне ешбір белгі салмасак, сол шарларды ажыратуда белгінің болмауының өзі белгі болып табылады. Әрине, арнайы белгінің болмауының өзі белгі болып саналуы басқа белгілер жүйесінде парадигмалық сипатқа ие болғанда барып анықталады.

Нөлдік форма парадигмалық сипаты бар грамматикалық түрлену жүйесінде, тұлғалары бар сөз байланыстырушы сипаттағы таза грамматикалық категория шеңберінде ғана болады. Нөлдік форманың ерекшеліктері де, басқа ұқсас тұлғалардан айырым белгісі де сол жүйенің аясында, сол парадигмалық жүйенің басқа түрлерімен, бір жағынан, қарама-қайшылықта, екінші жағынан, бірлікте тұруы арқылы айқындалады. Бұл - бір ерекшелігі. Екіншіден, нөлдік форма қазақ тілінде сөз байланыстырушы тұлғалар (жалғаулар) жүйесінде ғана болып, өмір сүре алады, өйткені нөлдік форманың шын мәнінде грамматикалық форма ретінде тілде өмір сүруі тек бір грамматикалық мағынаны білдірумен ғана емес, сонымен бірге ол тұлғаның синтаксистік қызметі мен сөздерді байланыстыруынан айқындалып көрінеді. Грамматикалық мағынаның формасыз берілуі, оның бар болуы оның байланыс қызметінен көрініп отырады, яғни нөлдік форманы сақтайтын бірден-бір тілдік фактілер - оның сөз байланыстырушы қасиеті.

1.10. ГРАММАТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Тілдегі негізгі грамматикалық ұғымның бірі - грамматикалық категория. Грамматикалық категория деген ұғым, бір жағынан, әрі грамматикалық мағынамен байланысты, әрі екінші жағынан, олардың жалпы жиынтығынан күрделі де жүйелі болып келеді.

Грамматикалық категория деген ұғым барлық зерттеулерде біркелкі түсінік бермейді. Грамматикалық категорияның сан қырлы сипатын түбегейлі түсіндіруде пікір айырмашылықтары да байқалып отырады. Кейбір еңбектерде грамматикалық категория тек грамматикалық мағына деген ұғыммен қатысты ғана беріліп, сөздердегі

нақты лексикалық мағынадан жалпыланған, жалпы сипаттағы мәнді білдіретін мағына деп анықталады. Сондай-ақ “тілдегі өзіне тән грамматикалық формасы (тәсіл) бар жалпы грамматикалық мағына да грамматикалық категория деп аталады”, немесе “тілдегі лингвистикалық единицалардың, яки оның бір тобының грамматикалық амал-тәсілдер арқылы берілетін жалпы сипаттарының бірі”, немесе “морфологиялық категория деп ортақ грамматикалық сипаттағы мағынаны білдіретін сөз формаларының жүйесі”, не “бірыңғай мағыналы грамматикалық формалар қатарының бір-біріне қарама-қайшы жүйесі түсініледі” тәрізді анықтаудан грамматикалық категория деген ұғымның ішіне морфология саласына байланысты, бір жағынан, сөз таптары мен олардың түрлері деген кесек ұғымдар, екінші жағынан, жекелеген сөз таптарының түрлену жүйесіне байланысты тұлғалық топтары (айталық, зат есімде көптік, септік, тәуелдік, сын есімде шырай, шақ, жақ т.б. категориялар), үшінші жағынан, төменде көрсетілгендей, олардың жеке-жеке түрлері (айталық, жіктік я тәуелдіктің I я II жағы немесе “I я II жақ категориясы”, “ілік септік категориясы”, “өткен шақ категориясы”, “ашық рай категориясы” тәрізді) еніп кетуі сөзсіз. Сондықтан грамматикалық категориялардың шекарасын айқындаудың өзі қиынға соғады. Кейбір еңбектерде грамматикалық категория қатарына сөз таптарынан бастап қосымшаларға дейінгі тілдік құбылыстар, тіпті олардың жеке түрлері де жатқызылып отырады. Грамматикалық категория, ең алдымен, грамматикалық мағынамен және грамматикалық формамен тікелей байланысты. Грамматикалық мағына немесе грамматикалық форма болмаған жерде грамматикалық категорияның болуы мүмкін емес. Екіншіден, грамматикалық категорияның болуы грамматикалық мағына мен грамматикалық форманың өзара бірлігімен, тұтастығымен, сәйкестігімен, яғни олар арасындағы диалектикалық сәйкестікпен, ондағы жүйелілікпен байланысты. Яғни, кез келген грамматикалық мағына немесе қайсыбір грамматикалық форма грамматикалық категория құрай бермейді. Белгілі бір грамматикалық мағыналар бірлігі белгілі бір грамматикалық топ құрайтын сөздерге тән болып, солардың парадигмалық түрлену жүйесі болу арқылы грамматикалық категория құрайды. Үшіншіден, грамматикалық категория сипатына жету үшін грамматикалық мағыналар жиынтығы, бір жағынан, өзара бір тектес бірыңғай сипаттағы, екінші жағынан, бір-біріне қара-

ма-қайшы мәндегі мағыналар болу керек. Яғни, грамматикалық категория - өз ішінде бір-біріне қарама-қайшы қасиетте бола алатын бірнеше (кем дегенде екі түрлі) тектес, мәндес грамматикалық мағынаның жиынтығы, бірлігі. Сол бірлік пен өз ішіндегі қарама-қайшылық арқылы және соның әрқайсысын білдіретін әр түрлі тәсілдер арқылы немесе соған тән арнайы грамматикалық формалар жүйесі я түрлену парадигмасы арқылы грамматикалық категорияның мәні, сипаты, шегі байқалып, айқындалады. Осыған байланысты бірден мынадай сұрақ туады: бір ғана грамматикалық мағына мен оның сыртқы көрінісі болып табылатын грамматикалық форманың бірлігі грамматикалық категория болып саналмай ма? Бұл сұрақтың жауабы біреу-ақ. Бір ғана грамматикалық мағына мен оны білдіретін грамматикалық форма грамматикалық категория құрай алмайды. Мысалы, септік категориясы, тәуелдік категориясы, жақ категориясы деген грамматикалық категориялар бар да, ілік немесе барыс т.б. септік категориясы, бірінші (немесе екінші) жақ тәуелдік категориясы, осы (немесе өткен) шақ категориясы дегендер жоқ, ілік (немесе барыс) септіктің, бірінші (немесе екінші) жақ тәуелдіктің, осы (немесе өткен) шақтың әрқайсысына тән грамматикалық мағынасы (грамматикалық меншіктілік немесе жанама объектілік-бағыттылық, 1-2-жақ тәуелдік, қимылдың сөйлеп тұрған сәтте болып жатқанын немесе өтіп кеткенін), оны білдіретін грамматикалық формасы, тұлғасы бар болса да, бұлар жеке-жеке грамматикалық категория бола алмайды. Сондай-ақ қазақ тіліндегі көптік категориясы негізінен заттың көптік ұғымымен байланысты да, морфологиялық жағынан көптік жалғау арқылы беріледі. Бірақ көптік категориясы сөз болғанда ол тек көптік жалғаумен ғана шектелмеу керек. Көптік мағына грамматикалық тұрғыдан жекелік мағынаға қарама-қайшы мағына ретінде заттың сандық ұғымының шеңберінде өмір сүреді. Сондықтан бұл категория көптеген тілдерде қазақ тіліндегідей көптік категориясы деп емес, **сан категориясы** (мысалы, орыс тілінде категория числа, қазіргі қырғыз тілінде сан категориясы) деп аталынады.

Сөйтіп, *грамматикалық категория деген ұғымға грамматикалық мағыналар жиынтығының* (жекелеген мағына емес) *белгілі грамматикалық формалар жүйесі* сияқты арнайы грамматикалық тәсілдер арқылы берілуі жатады.

Демек, бұл баяндаудан байқалатыны - грамматикалық категория ұғымы негізінен алғанда

кез келген грамматикалық мағынамен емес, оның категориялық грамматикалық мағына түрімен байланысты. Ал грамматикалық мағына деген ұғымның жалпы грамматикалық мағына, қатыстық грамматикалық мағына деп аталатын түрлері грамматикалық категорияға қатысты емес пе? деген де сұрақ туады.

Грамматикалық мағынаны жалаң түрде грамматикалық мағынамен қатысты ғана қарау, сол шеңберде ғана анықтау жоғарыда көрсетілгендей дұрыс болмайды. Грамматикалық категория әрі өзара тектес, мәндес, ыңғайлас, әрі бір-біріне қайшы мәндегі бірнеше (кем дегенде екі түрлі) грамматикалық мағынада немесе мағыналар жиынтығынан тұрып, ол грамматикалық мағыналар белгілі парадигмалық тұлғалар жүйелері арқылы беріледі. Сол арқылы грамматикалық категория белгілі грамматикалық топтағы сөздердің (сөз таптарынан) түрлену жүйесі болып, сөз табы ретінде ерекшеленеді, әрі сол сөз табының грамматикалық белгісі болып табылады.

Сөйтіп грамматикалық категория болудың алғы шарты мынадай: 1) бірнеше, кемінде екі грамматикалық мағына болу керек; 2) ол (кемі екі) мағыналар бір-бірімен тектес, ыңғайлас, мәндес болу керек, әр тектес мағыналар грамматикалық мағына құрай алмайды; 3) ол грамматикалық мағыналар қаншама тектес, ыңғайлас болса да, мысалы, тәуелділік мағына, екінші жағынан, бір-біріне қарама-қайшы болып, мысалы, сол тәуелдіктегі жақ сияқты, яғни 1-жақ 2-жаққа, я 3-жаққа қайшы, 2-жақ 1-жаққа, я 3-жаққа қайшы келуі; 4) сөйтіп барып, әрі тектес, әрі ыңғайлас, әрі бір-біріне қарама-қайшы мағыналардың бірлігі, тұтастығы болуы; 5) сол тектес мағына да, қайшы мағына да бөлек-бөлек белгілі грамматикалық формалар арқылы берілуі және б) олардың белгілі парадигмалық жүйе құрауы арқылы мағыналық-тұлғалық сәйкестік бір жиынтық болуы. Міне, осындай талаптар мен шарттарға сәйкес келетін тілдік құбылыс қана грамматикалық категория болып таныла алады. Мысалы, жіктік (жақ) категориясын алайық. Жіктеліп, субъектінің кім, не екенін білдіру және жақ мәні жақ категориясының негізгі ортақ мағынасы. Қай жақты алсақ та (бірінші жақта да, екінші жақта да, үшінші жақта да) осы мағыналар бар. Солай бола тұрып, жақ-жағынан (кейде жекеше я көпше) бір-біріне қарама-қайшы және сол әрбір қайшы мағынаның әрқайсысына тән грамматикалық тұлғасы (формасы) бар: 1-жақ *-мын, -мін, -бын, -бін, -пын, -пін* немесе *-м* т.б.,

2-жақ *-сың, -сін* немесе *-ң, -сін* сыпайы түрі *-сыз, -сіз* немесе *-ңыз, -ңіз*, 3-жақта арнайы тұлға жоқ немесе *-а, -е, -й* және *-ып, -іп, -п* көсемше тұлғасынан кейін *-ды, -ді, -ты, -ті*. Және бұл тұлғалар парадигмалық түрлену жүйесі болып саналады. Міне, осылардың бірлік жиынтығы грамматикалық жақ (жіктелу) категориясы болып табылады.

Лексикалық мағынаның жалпылануы арқылы пайда болатын грамматикалық (жалпы грамматикалық) мағыналар жүйесі (кем дегенде екі түрлі мәндес, тектес грамматикалық мағына) ешбір грамматикалық тұлғасыз семантикалық тәсіл арқылы ғана берілетін болса, онда грамматикалық категория жасай алмайды, өйткені грамматикалық категория тек грамматикалық мағыналар жиынтығы ғана емес, сол тектес, мәндес, әрі бір-біріне қарама-қайшы грамматикалық мағыналарды білдіретін, парадигмалық сипаттағы грамматикалық тұлғалар жүйесі болып табылады. Сондықтан, мысалы, зат есімнің жалпы зат атауын білдіруін былай қойғанда, мұнда тіпті бір-біріне қарама-қайшы және тектес, мәндес мағыналық та қасиет жоқ, яғни бір ғана жалпы грамматикалық мағына (қайшы) оппозициялық және тектес мәнді және жалқы есім, деректі және дерексіз зат есім, кімдік (адамға байланысты) және нелік (адамнан басқа зат атауларына байланысты) зат есім, сапалық және қатыстық сын есім т.б. сол сөз табының (зат есім я сын есімнің) грамматикалық категориялары бола алмайды, ол грамматикалық мағыналардың морфологиялық көрсеткіштері жоқ. Ал грамматикалық мағыналар семантикалық тәсіл (лексикалық мағынаның жалпылануы) арқылы берілсе де, олардың (тектес грамматикалық мағыналардың) бір-бірінен айырмашылығы (қарама-қайшылығы) кейде грамматикалық формалар арқылы берілетін болса, сөз жоқ, бұл мағыналар мен формалар жиынтығы грамматикалық категория жасай алады. Мысалы, етістіктің салттылық-сабақтылық мағынасы түбірдің семантикасы арқылы көрінеді, яғни кез келген етістік түбір ешбір грамматикалық формасыз-ақ я салттылық мағынаны, я сабақтылық мағынаны білдіреді. Салттылық-сабақтылық мән етістік түбірдің семантикалық сипаты, қасиеті болып табылатындықтан да, кейбір зерттеушілер бұл қасиетті етістік сөз табындағы омонимия мен полисемияның шегін ажырататын критерий ретінде де ұсынады. Соған қарамастан, етістіктің салттылық-сабақтылық мәні тура объектіні талап етуіне қарай грамматикалық формаға байланысты, өйткені тура объект табыс септік форма-

сы (ашық я жасырын түрінде) арқылы беріледі. Сөйтіп етістік түбірдің таза семантикалық тәсіл арқылы байқалатын салттылық-сабақтылық мағынасы екінші жағынан табыс септік формасы арқылы берілетін тура объектімен тікелей байланысты я байланысты емес болуы арқасында грамматикалық категория қасиетіне ие болып отыр.

Орыс тілінде зат есім семантикалық жағынан деректі-дерексіз (конкретное-отвлеченное имя), жалпы-жалқы (нарицательное-собственное имя) сияқты түрлерімен бірге жанды және жансыз заттар (одушевленные и неодушевленные предметы) болып бөлінетіні белгілі. Қазақ тілінде де зат есімнің осындай түрлері орыс тіліндегі зат есімнің соңғы түріне семантикалық сипаты жағынан қазақ тіліндегі кімдік (адамға байланысты) және нелік (адамнан басқа зат атауларына байланысты) зат атаулары біршама сәйкес келеді, бірақ бірдей емес. Орыс тіліндегі зат атауының жанды-жансыз түрлері, бір жағынан, қазақ тіліндегі кімдік-нелік зат атаулары сияқты таза семантикалық тәсіл арқылы ажыратылып айқындалса, екінші жағынан, белгілі бір сәтте грамматикалық формаға қатысы байқалып отырады. Мысалы, жанды зат атаулары септелгенде, табыс (винительный) септік тұлғасы ілік (родительный) септік тұлғасымен сәйкес келеді де, жансыз зат атаулары септелгенде, табыс (винительный) септік формасы атау (именительный) септік формасымен сәйкес келеді: *вижу белые пароходы* (ақ кемелерді көріп тұрмын) және *вижу белых слонов* (ақ пілдерді көріп тұрмын). Сондықтан орыс тіліндегі зат есімнің жанды-жансыз түрі грамматикалық (морфологиялық) категория болып есептеледі де, қазақ тіліндегі зат есімнің кімдік-нелік түрі ондай қасиеті (грамматикалық тұлғалануға қатысы) болмағандықтан, грамматикалық категория бола алмайды. Орыс тіл білімінің кейбір мамандары зат есімнің жанды-жансыз мәнді түрін топтау, жіктеу мәнді (классифицирующие) морфологиялық категорияға (сөз түрлендіру - словоизменяемые - морфологиялық категорияларға қарама-қайшы) жатқызады. Мұның өзі грамматикалық категория әр тілдің жүйелік құрылымына, грамматикалық құрылысының парадигмалық сипат-ерекшеліктеріне қарай анықталатынын көрсетеді. Сондықтан да бір тілдегі грамматикалық категория екінші бір тілде бола бермеуі мүмкін. Айталық, үнді-европа тілдерінің көпшілігіне зат есімнің тек (род) категориясы тән. Тек категориясы о баста жыныстық қасиетпен байланысты туып қалыптасқан болуы керек. Жан-

ды заттарды (адамзатты, хайуанаттар мен жәндіктерді) биологиялық жынысы жағынан еркек және ұрғашы деп бөлу және сондай ұғымның болуы дүние жүзіндегі халықтар тілінің барлығына ортақ. Бірақ ол ерекшеліктердің көрінісі болып табылатын ұғымдардың тілде берілуі бірдей емес. Бір тілде, мысалы, орыс тілінде, ондай тектік (род ұғымына байланысты) ерекшелік белгілі бір жүйелі түрдегі грамматикалық тұлғалар арқылы берілсе және тектік жүйе грамматикаланып, ол сипат тек жыныстық ерекшеліктері бар жанды заттарға ғана емес, жыныстық қасиеті жоқ белгілі грамматикалық топтағы (заттық ұғымдағы) сөздерге, жалпы зат атауларына тән болып келеді, тіпті жыныспен байланысы жоқ аралық тек (средний род) грамматикалық мәнде пайда болса, басқа бір тілде, мысалы, қазақ тілінде, жыныстық ерекшелік жеке сөздердің семантикасы шеңберінен шықпай (мысалы, әке-шеше, бала-қыз, қошқар-қой, арлан-қаншық т.б.) немесе сипаттама түрде ғана беріліп (мысалы, еркек қаз, я ата қаз - ұрғашы қаз, еркек күшік - ұрғашы күшік, оқушы бала - оқушы қыз т.б.), белгілі грамматикалық топтағы сөздердің (сөз табының) жүйелі тұлғалық түрлену ерекшелігі болып қалыптаспаған.

Тілде болатын табиғи құбылыстардың бірі - заттар арасындағы меншіктілік-тәуелділік қатынас. Өйткені қоғамдық өмірде бір зат жеке бір адамға, адамдар тобына, ұжымына тән, соның меншігі болу, бір зат екінші заттың бөлігі болу немесе соған қатысты болу т.б.- ақиқат нәрсе. Осындай мәндер қай тілде болсын белгілі амал-тәсілдер арқылы беріледі. Мысалы, ол мағына орыс және басқа үнді-европа тілдерінің біразында таза аналитикалық немесе семантикалық аналитикалық тәсілмен - тәуелдеу есімдіктері (притяжательные местоимения) мен зат есімдердің анықтауыштық қатынаста қиысу (согласование) арқылы (қазақ тілінде қиысу тек жақ арқылы және кейде жекеше-көпше бастауыш пен баяндауыш арасында ғана болады) беріледі: *мой дом, твой дом, наш дом, наша школа, ваша книга, мои друзья, ваши друзья* т.б. Мұнда парадигмалық сипаттағы ешбір жүйелі тұлғалық құрылым жоқ, заттың атауы болатын сөздер өз алдындағы анықтауыштарыңызсыз ешбір тәуелдік ұғымды білдірмейді. Ал қазақ тілінде *менің үйім, сенің үйің, біздің үйіміз, біздің мектебіміз, сіздің (сендердің) достарыңыз (достарын)* дегендерге тәуелділік, жақтық мағына, алдыңғы анықтауыштарын (менің, сенің, біздің, сіздің, сендердің) алып

тастасақ та, сақталып тұрады. Ол грамматикалық мағынаны білдіріп тұрған *-ім, -ің, -іміз, -ыңыз, -ым* деген парадигмалық сипаттағы тәуелдік жалғауы. Сондықтан да бұл - қазақ тілінде (жалпы түркі тілдерінде) жеке бір грамматикалық категория, тәуелдік категориясы болып табылады.

Тілдегі грамматикалық категориялар айналадағы объективтік құбылыстың, қоғамдық өмірдегі болмыстың, шындықтың тілдегі бейнесі деуге болады.

Жоғарыда көрсетілгендей, грамматикалық категориялардың негізінде белгілі бір объективтік болмыс, шындық жатады. Айталық, тек (род), тәуелділік ұғымдары мен жекелеген тілде сондай грамматикалық категориялардың болуын былай қойғанда, тілдегі етістікке байланысты шақ категориясын алайық. Ең алдымен, етістік қимылды, іс-әрекетті, процесті, құбылысты білдіреді. Бұл - қандай тілге болса да тән. Екіншіден, қандай тілде болса да, етістік, яғни іс-әрекет, процесс, құбылыс белгілі бір мезгілде, сәтте, уақытта және белгілі бір кеңістікте, мекенде өтеді, я өтуге тиіс. Бұл - объективтік шындық. Ешбір кеңістікке байланыссыз, ешбір мезгілге қатыссыз қимыл, іс-әрекеттің болуы мүмкін емес. Енді қимыл-әрекеттің өту мезгілін (уақытын) белгілі бір сәтпен байланысты анықтау, яғни айтушы тұрғысынан сөйлеп тұрған сәтте өлшем ету қалыптасты да, соған байланысты әрбір қимыл, іс-әрекет мезгілінің (шағының) грамматикалық мағынасы туып, тұрақтап, олар белгілі грамматикалық амал-тәсілдер арқылы жүзеге асу нәтижесінде грамматикалық **шақ категориясы** пайда болды. Қимыл, іс-әрекетке байланысты кеңістік, мекендік мән грамматикалық сипат ала алмай, бұл сияқты қалыптасу процесі болмағандықтан, грамматикалық категорияға айнала алмады. Немесе жоғарыда көрсетілгендей, тек (род) категориясы бар тілдердің өзінде олардың (тектің) сипаты, түрлері бірдей, біркелкі бола да бермейді. Орыс, неміс тілдерінде зат есімдер еркек тек (мужской род), аралық тек (средний род), ұрғашы тек (женский род) түрлеріне бөлінсе, араб, француз тілдерінде зат есімдерді тек еркек тек, ұрғашы текке бөлу дәстүрі бар. Сондай-ақ бұл тілдерде жекелеген сөздердің (зат атауларының) тектік сипаты, ерекшеліктері біркелкі емес: бір сөз бір тілде тек категориясының бір түріне жатса, екінші тілде ол сөз тектің екінші біреуіне жатуы мүмкін. Мысалы, орыс тіліндегі *ложка* (қасық), *голова* (бас) деген сөздер ұрғашы текке (женский род) жататын болса, неміс тілінде олар *дер Ледфель* (қасық),

дер Кенф (бас) түрінде еркек текке жатады. Тіпті бір тілдің өз ішінде тектес, жақын сөздер әр текке де жатуы мүмкін. Орыс тіліндегі мына сөздер қатарына назар аударайық: *изба-здание-дом, школа-училище-техникум-институт, речь-слово-голос, вывод-заключение* т.б. Осындағы үйге байланысты, оқу орнына байланысты, сөз сөйлеуге байланысты, қорытындыға байланысты сөздер қатарының әрбір сыңары бір-бірінің соңғы тұлғалық формасы арқылы ғана әр түрлі текке (род) жатады. Әйтпесе бұлар мәндері жағынан бір-біріне өте жақын емес пе?

Бұдан тілдегі грамматикалық категориялар о баста қоғамдық өмірдегі болмыс объективтік шындық негізінде пайда болып қалыптасып, тілдің даму барысында ол категориялардың абстракциялану дәрежесіне сай алғашқы мәнін сақтап, я одан алшақтап кететінін көреміз. Сөйтіп, ол осы қасиеттері арқылы белгілі бір сөз табының грамматикалық немесе лексика-грамматикалық сипаттағы түрлену жүйесі болып табылады да, сол сөз табын басқа сөз таптарынан ажыратарлық морфологиялық белгісі болып есептеледі.

1.11. ГРАММАТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Жоғарыдағы талдаудан байқалатындай, грамматикалық категориялар грамматикалық сипаты жағынан, жасалу жолы мен тұлғалық жүйесі жағынан біркелкі емес. Қайткен күнде де грамматикалық категориялар белгілі грамматикалық топтағы сөздердің тұлғалану, түрлену жүйесімен, соған лайық олардың грамматикалық мәнімен, сөйлеу процесінде ол сөздердің атқаратын қызметімен, басқа сөздермен қарым-қатынасымен байланысты болғандықтан да, грамматикалық категорияларды тілдік деңгейге қатысты шартты түрде **морфологиялық категория** және **синтаксистік категория** деп бөлуге де болады. Сондай-ақ морфологиялық категорияларды *сөз түрлендіру мәнді* (словоизменительные) *морфологиялық категориялар* және *топтау, я жіктеу мәнді* (классифицирующие) *морфологиялық категориялар* деп те бөлу дәстүрі бар. Бірден көзге түсетін ерекшелік грамматикалық категорияның және олардың түрлерінің сөз таптарына қатысына байланысты.

Грамматикалық немесе морфологиялық категориялар сөз таптарына қарай топталып жіктеледі. Бұның өзі грамматикалық (морфологиялық) категория сол сөз табының грамматикалық ерек-

мағынасынан толық я жартылай айырылып қалған сөздер, сонымен бірге одағай сөздер деп бөлінетін түрлері сөз таптары емес семантикалық топтар, яғни сөздердің лексикалық мағынасы айқындайтын лексикалық түрлері. Сөз таптары - грамматикалық сипаттағы топ та, бұлар - лексикалық сипаттағы топтар. Сондай-ақ көмекші сөздердің қатарына жататын көмекші есімдер зат есім сөз табының шеңберінде, көмекші етістіктер лексикалық мағынасы бар ма, жоқ па - бәрібір сөз табы жағынан етістіктің құрамында қаралады, бұның өзі сөздерді сөз таптарына бөлуде (сөз таптары - лексикалық емес, грамматикалық топтар) сөздердің лексикалық мағынасы көрсеткіште, кедергі де бола алмайтынын көрсетеді. Бір өкініштісі осы уақытқа дейін грамматикалар мен жеке зерттеулерде сөз бойындағы лексикалық сипат, белгі мен грамматикалық сипат, белгі бір-бірімен араласып, жіктері айқын ашыла бермейтіндіктен, сөз таптары деген құбылыстың ерекшеліктері, негізгі белгілері, шегі мен шеңбері, тілдік қабаттағы көрінісі де анық айқындала бермейді. Соның бірі - семантика (мағына) деген Сым. Әрине, бұл ұғым лексикалық немесе грамматикалық деген анықтауыштар негізінде лқындалады. Лексикалық мағына (семантика), қоғарыда талданып көрсетілгендей, сөздің ұғымдық мағынасы, сөздік мағынасы екені, сондықтан жалқы болатыны, әрбір сөз лексикалық мағына арқылы ерекшеленетіні, ал грамматикалық мағына, біріншіден, сөздің лексикалық мағынасының жалпылануы, абстракциялануы арқылы пайда болатын жалпы грамматикалық мағынасы және сол топтағы сөздердің таза семантикалық сипатына байланысты топталатын да жалпы грамматикалық мағыналары, екіншіден, сөз түрленім немесе форма тудырушы тұлғалардың сөзге (түбірге) жалғану (түрлену жүйесі) арқылы пайда болатын категориялық грамматикалық мағынасы, үшіншіден, әр түрлі аналитикалық амалтәсілдері арқылы сөздің сөйлемде басқа сөздермен (көмекші сөздермен де) байланысуы арқылы туындайтын қатысты грамматикалық мағына болып табылады. Лексикалық мағынаның қырсыры, көрінісі, мәні мен берілуі т.б. лексика, тілдің лексикология деңгейінің салаларында (семасиология, лексикография т.б.) қарастырылады да, грамматикаға негізгі өзек болатын - лексикалық мағына емес, грамматикалық мағына мен оның алуан түрлі қырлары мен түрлері, жасалу, берілу жолдары. Сөз жоқ, барлық сөздер, әрине, олар грамматикалық сипаты жағынан белгілі сөз

таптарына жатады және тілдің сөздік құрамына енеді, бірақ бұл екеуі - екі түрлі құбылыс. Әрине, бір-біріне тіпті де байланыссыз емес. Мысалы, сөз таптары, олардың жіктелуі сөздердің грамматикалық сипатына сүйенеді, тікелей лексикалық мағынаға қатысы жоқ, тек лексикалық мағына абстракцияланып, жалпылану арқылы жалпы грамматикалық мағынаға айналып барып, сөйтіп, грамматикалық сипатқа ие болып, сөз таптарын айқындауға тікелей қатысады. Сондықтан сөз таптарын айқындағанда сөздердің лексикалық мағынасы оған тікелей негіз болмайды.

Сөйтіп, біріншіден, тіліміздегі сөздерді лексикалық мағынасының бар-жоқ болу тұрғысынан топтап бөлу, яғни толық лексикалық мағынасы бар дербес сөздер - атаушы сөздер және лексикалық мағыналары солғындаған я ада-күде жоғалған, мағыналық дербестігі жоқ, сөйлемде атаушы сөздердің жетегінде ғана жұмсалатын жәрдемші сөздер - көмекші сөздер, сондай-ақ ешбір ақиқат ұғымды білдіре алмай, сөйлемде жеке сөздермен грамматикалық байланысқа түспей (бұл соңғысы - грамматикалық белгі), тек адамның әр алуан көңіл күйі мен әр түрлі сезім райларын білдіру үшін жұмсалатын одағай сөздер деп бөлу грамматикалық сипаттарының белгілерінің негізінде емес, лексикалық сипаттарының, семантикасының негізінде болатындықтан, бұл грамматикалық топтар - сөз таптары бола алмайды. Сондықтан бұларды атаушы сөз таптары, көмекші сөз таптары деп бөлуге болмайды, тек атаушы сөздер, көмекші сөздер деп атауға болады. Әрине, бұдан сөздердің грамматикалық сипаты (соның ішінде грамматикалық мағынасы) лексикалық мағынамен, сөздің лексикалық сипатымен бүтіндей байланысы жоқ екен деген ұғым тумасқа керек. Лексикалық мағынаның жалпы грамматикалық мағынаға ауысу процесі негізінде байланыс бар, бірақ бұл жерде әңгіме жалпы байланыс емес, тікелей байланыс жайында болып отыр. Екіншіден, сөз таптары, ең алдымен, атаушы сөздердің грамматикалық сипаттары негізінде жіктелетін грамматикалық топтары болса керек. Өйткені көмекші сөздерде абстракцияланып, жалпы грамматикалық мағынаға айналатын лексикалық мағына жоқ. Ал сөздерді таптастырғанда, төменде талданатындай, сөздерде лексикалық мағынаның абстракцияланып, соның негізінде жалпы грамматикалық мағынаның болуы шешуші рөл атқарады. Үшіншіден, атаушы (дербес мағыналы) сөздер белгілі-белгілі грамматикалық қасиеттерінің, белгілер жүйелігінің ортақтық,

тәндік сипаты арқылы топталып сөз таптары айқындалады. Ондайда сөз таптарына бөлуге негіз болатын грамматикалық қасиеттер мен белгілер жүйесі барлық атаушы сөздерде бар-жоқтығына, ыңғайлас, мәндестігіне немесе қайшылығына қарай біртектес принциптермен анықталады. Ал, төртіншіден, көмекші сөздер грамматикалық сипаттары жағынан өздері шыққан негізгі сөздерден айырмашылығы болмай, я онша алшақтап кетпесе, сөз таптары грамматикалық сипаттағы сөздер тобы болғандықтан да, сол өздері шыққан негізгі сөз таптары шеңберінде қаралады. Мысалы, көмекші есімдер зат есімдерден шығып лексикалық мағыналары солғындаған болса да, грамматикалық сипаттары, атап айтқанда, түрлену жүйесі (тәуелдену, септелу, көптелу), тіркесуі мен синтаксистік қызметі т.б. зат есімнен алшақтап кетпегендіктен, зат есім шеңберінде қаралады. Сондай-ақ көмекші етістіктер де етістіктердің грамматикалық сипатын (жіктелуі, шак, рай, етіс, модальдылық т.б.) өз бойында сақтап отыратындықтан да, етістік шеңберінде қаралады. Бесіншіден, қалған көмекші сөздер (шылаулар), одағайлар, модаль сөздерді таптастырудың осы айтылғандай, грамматикалық сипаттары, яғни түрлену мен синтаксистік қызметтері негізінде емес, ерекше қолданыстық-семантикалық қасиеттері негізінде жеке-жеке сөз таптары болып қаралады.

Сөйтіп, сөздерді сөз таптарына жіктеудің белгілі-белгілі принциптері бар, бірақ олар негізінен атаушы сөздерге ғана қатысты болып келеді.

2.2. СӨЗДЕРДІ ТАПТАСТЫРУ ПРИНЦИПТЕРІ ЖӘНЕ СӨЗ ТАПТАРЫ

Сөз таптары сөздердің белгілі жүйе негізінде қалыптасқан грамматикалық топтары болып табылады, сондықтан сөз таптары мен сөздерді олардың түрлеріне бөлуге ол сөздердің грамматикалық сипаттары мен белгілері негіз болады. Сөздерді сөз таптарына бөліп қарау әр сөзге байланысты әр түрлі белгілер арқылы айқындалмай, сөз таптарына қатысты тұрақты белгілерінің негізінде жан-жақты жіктеу үшін жүйелі принциптер негізге алынуы керек. Ол принциптер сөздердің грамматикалық сипаттарына негізделуі тиіс.

Әрбір атаушы сөздің лексикалық мағынасы болатыны белгілі, сол лексикалық мағынасы арқылы әрбір сөз бір-бірінен ерекшеленеді, жеке-

жеке единица ретінде түсініледі. Тіпті мағыналары бір-біріне жақын синоним сөздердің өзі синонимдік қатар құрғанмен, өзіндік ерекшеліктері бар бөлек-бөлек лексема ретінде өмір сүреді. Мысалы, *үй, бала, ағаш, көше, білім*, сондай-ақ *ұзын, үлкен, көк, жақсы* т.б. сөздер лексикалық мағынасы жағынан бір-біріне алшақ сөздер. Оларға “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі” берген анықтамаларға назар аударып көрейік: *үй* - адам тұратын, мекендейтін баспана; *бала* - ата-ананың перзенті, ұрпақ, тұқым, яғни белгілі (кіші) жастағы адам; *ағаш* - бұтақтан биік өсетін көп жылдық өсімдіктердің ортақ аты, дарак; *көше* - қатарласа тізілген үйлердің т.б. арасындағы жүріп-тұратын жол, кеңістік; *білім* - оқу, үйренумен санаға қонатын ақиқат жайлы түсінік; ақыл-парасат, ой-өріс; *ұзын* - қысқа емес, шұбатылған, биік; *үлкен* - көлемі жағынан аумақты, зор, дәу; *көк* - ашық аспан тәрізді түс; *жақсы* - көңілге ұнайтын оңды, тәуір. Лексикалық мағыналары жағынан, көріп отырғанымыздай, бұл сөздердің арасында ешбір жақындық жоқ. Сонымен бірге берілген сөздердің алғашқы тобы - белгілі бір деректі я дерексіз заттың атауы, екінші тобы - заттың сындық белгісі. Атап айтқанда, лексикалық мағыналарының жалпылануы, абстракциялануы негізінде әрбір сөзде жалпы грамматикалық мағына пайда болады. Айталық, *үйдің* лексикалық мағынасы баспана, яғни белгілі заттың нақты атауы болса, оның жалпылануы, абстракциялануы негізінде жалпы зат атауы деген жалпы грамматикалық мағына пайда болып отыр. Сондай-ақ *баланың* перзент, *ағаштың* өсімдік түрі, *көше* тізілген үйлердің арасындағы жол, *білімнің* түсінік, парасат, ақыл-ой деген нақты атаулардан жалпы зат атауы деген жалпы грамматикалық мағынаға ауысуы - грамматикалық процесс, демек, грамматикалық сипаты. Осындай сөздердің лексикалық мағынасының (ол жалқы, дара болып табылады) жалпылануы арқылы пайда болатын жалпы грамматикалық мағынасы жалқы емес, жалпы болады да, сол топтағы, яғни, жалпы зат атауын білдіретін сөздердің бәріне ортақ болып келеді. Міне, *үй, бала, ағаш, көше, білім* сияқты сөздер лексикалық мағыналарының жалпылануы негізінде пайда болған жалпы грамматикалық мағыналары арқылы (тікелей лексикалық мағынасы арқылы емес) ортақ грамматикалық топ құрайды: бұл жерде ол - жалпы зат атауы. Екінші топтағы сөздер де өздерінің лексикалық мағыналары дара-дара сөздер. Ал сол лексикалық мағыналарының жалпылануы арқылы пайда болған жал-

пы грамматикалық мағыналары ұзын сөзінің белгілі заттың көлемдік сыны, одан жалпы сапалық сыны, үлкеннің де заттың сапалық сыны, көктің де белгілі заттың түсі, одан сапалық сыны, жақсының да белгілі заттың сапалық сыны болуы осы сөздердің бәріне ортақ жалпы грамматикалық мағына (лексикалық мағына емес) тән болып, соның негізінде заттың әр түрлі сынын білдіретін грамматикалық топ құрайды. Дәл осындай ретпен заттың сандық сипатын (есептік сан, реттік сан, болжалдық сан, бөлшектік сан, жинақтық сан, топтық сан) білдіретін сөздер, заттың әр түрлі қимыл, іс-әрекетін, процесін білдіретін сөздер, қимылдың әр түрлі амалын, мезгілін, мекенін, себебін, мақсатын т.б. қасиеттерін білдіретін сөздер, осындай атаушы сөздердің орнына жүретін орынбасар сөздер болатынын айтуға болады. Сөйтіп, бұл жалпы грамматикалық мағына лексикалық емес, грамматикалық семантика болып табылады. Сондықтан сөздерді грамматикалық топтарға, яғни сөз топтарына жіктеуде, топтастыруда ұстанатын басты принцип *семантикалық* (яғни лексикалық емес, грамматикалық семантикалық) принцип екенін көреміз. Екіншіден, осындай грамматикалық топтарға белгілі-белгілі өзіндік түрлену жүйесі, өзгеру, тұлғалық парадигмасы немесе бұған қарамақайшы түрленбеу, тұлғалық өзгеріске түспеу тән болып келеді. Сондықтан түрлену жүйесіне (немесе оған қарама-қайшы түрленбеуге) негізделген категориялық грамматикалық мағына жүйесі мен грамматикалық категорияларының болу-болмауы сөздерді таптастырудың екінші *негізгі (морфологиялық) принципі*, яғни сөздердің түрлену жүйесі болып табылады. Мысалы, зат атауын, заттық ұғымды білдіретін сөздерге көптелу (соған сәйкес сан-мөлшер категориясы), септелу (септік категориясы), тәуелдену (тәуелдік категориясы) тән де, қимыл, іс-әрекетті, процесті т.б. білдіретін сөздерге жіктелу (жақ категориясы), шақты білдіру (шақ категориясы), модальдылықты білдіру (рай категориясы), болымсыздық-болымдылықты, сабақтылық-салттылықты, субъект-объектімен әр түрлі қатынасты (етіс категориясы) білдіру т.б. тән болып келеді. Ал заттың әр түрлі сындық белгісін түр-түсін білдіретін, сондай-ақ заттың әр түрлі сандық сипатын білдіретін және қимылдың, іс-әрекеттің алуан түрлі амалын, мекенін, мезгілін, себебін, мақсатын білдіретін сөздер - арнайы грамматикалық тұлғалармен түрленбейтін сөздер. Сондықтан ол түрленбейтін сөз табына жатады. Ал басқа сөздердің

орнына жүретін орынбасар сөздер, өздері қандай сөздердің орнына жүрсе, солар сияқты түрленеді, я солар сияқты түрленбейді. Сөздерді *таптастырудың үшінші синтаксистік принципі* сөздердің сөйлемде өзіне тән белгілі қызмет атқарумен және сол сөздердің тіркесу сипатымен, яғни қандай топтағы сөздермен қалай тіркесе алуымен байланысты. Мысалы, зат атауын білдіретін сөздер атау тұлғада тұрып, қимыл, іс-әрекеттің иесі (субъект), бастауыш, табыс септігінде келіп, тура толықтауыш, жіктеліп келіп, баяндауыш, ілік септікте және екінші затпен қатыстық қатынаста келіп анықтауыш, көлемдік септіктерде келіп пысықтауыш, кейде жанама объект мәнінде толықтауыш қызметтерін атқарып, атау тұлғада қимыл, іс-әрекетті білдіретін предикатпен қиыса байланысады, ілік септікте екінші сөздің тәуелдік жалғауында тұруын талап етіп, онымен матаса байланысады, екінші сөзбен түбір күйінде тікелей орын тәртібі арқылы қабыса байланысады, табыс я көлемдік септіктерде екінші сөзге (көбіне етістікке) меңгеріле байланысады. Ал қимыл, іс-әрекетті білдіретін сөздер жіктеліп келіп баяндауыш, көсемше тұлғасында пысықтауыш, белгілі түрлері атау тұлғада заттанып барып бастауыш, есімше тұлғасында анықтауыш, табыс және көлемдік септіктерде заттанып барып толықтауыш қызметтерін атқарып, грамматикалық субъектімен жіктеліп келіп қиыса байланысады, етістікпен (көбіне көсемше тұлғасында) қабыса байланысады, есімше тұлғасында анықтауыштық қатынаста да есім сөзбен қабыса байланысады, септік жалғауындағы сөздерді меңгереді. Заттың сынын және санын білдіретін сөздер зат атауларын анықтап, затпен қабыса байланысып қолданылады, заттанып барып бастауыш, толықтауыш, адамға байланыстысы жіктеліп барып баяндауыш қызметін атқарады. Қимылдың әр түрлі сипатын білдіретін сөздер қимыл мәніндегі сөздермен қабыса байланысып, пысықтауыш қызметін атқарады. Ал басқа сөздердің орнына жүретін орынбасар сөздер өздері орнына жүретін сөздердің синтаксистік қызметін атқарып, солар байланысқа түсетін сөздермен тіркеседі. Бұл сияқты қасиеттер көмекші сөздерде, әсіресе лексикалық мағынасынан бүтіндей айрылып қалған көмекші сөздің ерекше түрі шылау мен одағай, модаль сөздерде болмайды. Шылаулардың сөз байланысындағы орны бүтіндей бөлек. Осы көрсетілген принциптердің негізінде атаушы сөздерді мынадай сөз таптарына бөліп қарауға болады: зат атауын білдіретін - *зат есім*, заттың әр түрлі сынын, қатыстық белгісін білдіретін

- *сын есім*, заттың сандық мөлшерін білдіретін - *сан есім*, есім сөздердің орнына жүретін орынбасар сөздер *есімдік*, қимыл, іс-әрекетті білдіретін - *етістік*, қимыл, іс-әрекеттің әр түрлі сипатын (амалын, мекенін, мезгілін, мақсатын, себебін т.б.) білдіретін - *үстеу*, әр түрлі дыбыстарға, қимыл-қозғалыстарға еліктеп аталатын - *еліктеу* сөздер болып бөлінеді. Осы атаушы сөздерден басқа көмекші сөздердің бір түрі *шылаулар* және *одағай сөздер* мен *модаль сөздер* де жеке-жеке сөз табы болып қаралады, өйткені олардың жеке лексикалық мағыналары болмаса да, өзі қатысты сөзге я сөйлемге қосымша грамматикалық мән үстейді немесе ойға қатысты (көңіл күйін білдіру я модальдық) мәндер қосады.

Сөйтіп, қазақ тілінде мынадай сөз таптарын көрсетуге болады.

- | | |
|-------------|-------------------|
| 1. Зат есім | 6. Етістік |
| 2. Сын есім | 7. Еліктеу сөздер |
| 3. Сан есім | 8. Шылаулар |
| 4. Есімдік | 9. Одағай |
| 5. Үстеу | 10. Модаль сөздер |

2.3. СӨЗ ТАПТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Әрине, көрсетілген 10 сөз табының тілімізде сөйлеу процесінде алатын орны, атқаратын қызметі бірдей, біркелкі емес. Олардың әрқайсысының ұқсас топтардан айқындылығы, ажыратылу шегі, түрлену жүйесі, жетілу дәрежесі де бірдей емес. Жалпы тілдің өзі тарихи құбылыс болғандықтан, оның грамматикалық топтарының бірі сөз таптары да тарихи құбылыс, олардың қалыптасып, дамып отыру жүйесі бар.

Сөз таптарының шығуын, қалыптасуын бірсыпыра ғалымдар сөйлем мүшелерімен байланыстырады. Негізгі сөз таптары сөйлеу процесінде сөздердің белгілі сөйлем мүшелері қызметінде жұмсалып барысында біртіндеп жасалып қалыптасқанын көрсетеді. Әрине, бұл процесте сөйлем ішіндегі сөздердің орын тәртібі, орналасу тұрғысының да әсері бар. Өйткені сөздер, бір жағынан, сөйлемдегі орын тәртібі арқылы (бұл сөздердің белгілі тәртіппен орналасуының қолданыла келіп тұрақталуы негізінде қалыптасады), екінші жағынан, белгілі сөздермен тұрақты синтаксистік қатынас жасап, грамматикалық сипаты айқындала бастау арқылы белгілі грамматикалық мағыналарға ие болады. Сол жалпы грамматикалық мағыналарының негізінде сөздер жеке-жеке грамматикалық топтарға, яғни сөз таптарына жіктеле бастайды.

Тілдің көне балаң шағынада сөз таптары бүгінгідей бір-бірінен грамматикалық тұлғалары арқылы да, семантикалық сипаты арқылы да онша ажырап тұрмаған. Ол кезде грамматикалық тұлғалардың деривациялық қызметінің өзі дамымаған, тіпті грамматикалық тұлғалар қалыптаспай тұрғанда, сөздер бір-бірімен орын тәртібі арқылы таза аналитикалық жолмен ғана байланысқан. Жіктеу есімдіктерінің Орхон-Енисей жазбаларының тілінде баяндауыш қызметіндегі сөзбен қайталанып тіркесуі, бір жағынан, олардың әлі жіктік жалғауға толық айналып бітпегенін, екінші жағынан, белгілі бір сөздің жалпы грамматикалық мағыналарын қалыптастыруда сөздердің қосымшасыз, орны арқылы белгілі қызметте қолданылғанын көрсетеді. Мысалы, Күлтегінде: *Арық оқ сэн, ачсық тосық емэз сэн, бір тодсар, ачсық емэз сэн* - Арық бол сен, аштық-тоқтық бол сен, бір тойса аш болмас сен. Тонықұқта: *Табғач, Оғуз, Қытаң буучегу қабысыр, қалтачы біз өзі іші тасын тұтмыс тег біз* - Табғач, Оғыз, Қытаң бұл үшеуі қабысып, (табысып) кетсе, қалатыны біз, өз іші-сыртын ұстай алмастаймыз. *Білге Тонықұқ анығ ол, өз ол аңлар* - Білікті Тонықұқ андағыш ол, ол өзі аңғарар.

Сөз жоқ, алдымен саралана бастаған - есімдер тобы мен етістіктер. Бұл топтардың өзі сөйлеуде қызметтері, орын тәртібі арқылы ажырап отырған. Есімдер субъект (субстант), объект есебінде, сөйлемнің соңындағы сөздер предикат қызметінде жұмсалып, көпшілік жағдайда бір сөздің өзі әрі есім ұғымында, әрі қимылдық ұғымды орын тәртібіне қарай білдіріп жұмсала берген. Тілімізде қазір омоним деп танылып жүрген, түркі синкретизмі деп аталатын құбылыс, яғни есім - етістік бір буынды негізгі түбірлер осының айғағы болса керек: *көш* (керуен) - *көш* (бір жаққа көшу), *той* (думан, ас беру) - *той* (тойып тамақ ішу), *тоң* (қатқан жер, кесек) - *тоң* (қалтырау, тоңу), *ық* (жел тимейтін жақ) - *ық* (желдің ағымымен кету), *ой* (төмен, ойпаң жер) - *ой* (жерді қазу), *жау* (май, *көздің жауын алды* немесе *жаубұйрек*, *жау жұмыр* дегенде, көне түрі: йағ -май) - *жақ* (майлау, сөз соңындағы) *Ғ* дыбысы есім сөзде уддыбысына айналған, етістікте қатаңқ дыбысына ауысқан, *соз* (ақырын, жайлап: *тез байығаннан соз байыған қайырлы* деген мәтелде) - *соз* (тарту, ұзарту), *түт* (төбеге, бұрыштарға шаң-тозаңның жиналып қалуы) - *түт* (майдалау, жүн түту) т.б.


Демек, сөйлемдегі қызметі мен орын тәртібінің тұрақталуы арқасында ен алдымен есім (негізінен зат есім) және етістік сөз таптары қалыптаса бастаған. Сөйлемнің бірінші позициясындағы сөздер зат атауы мен оның алуан түрлі

сипаттарын белгілейтін жалпы грамматикалық мағыналарға ие болып, сөйлемнің соңындағы сөздер сол есім сөздердің әр түрлі қимыл, іс-әрекеттерін білдіретін жалпы грамматикалық мағыналарға ие бола бастаған. Көне жазбалардағы сөйлемдердің қазіргі тілмен, әсіресе жазба тілмен салыстырғанда өте қарапайым, құрылысы жағынан көбіне жалаң, жай болып келетіні осымен байланысты болса керек.

Есімдер тобы мен етістіктердің сыртқы түр-тұлғасы ерекшелене бастайды да, түркі синкретизмі құбылысына алып келеді. Кейін келе грамматикалық түр-тұлғалар (олар көбіне көмекші сөздердің негізгі сөздер шылауында тұрақты қолданылу негізінде қосымшаларға айнала бастайды) есімдерге де, етістіктерге де жалғана бастайды: кейбір жағдайда есімге де, етістікке де ортақ жалғанса (мысалы, *-ық, -ік, -қ* қосымшасының *қыз-ық* ойын, *тол-ық* адам т.б. және бір затқа *қыз-ық-ты*, *кеті-гі* сенімен *тол-ық-ты* сияқты қолданыстар мен бір сөздер өрбіген кейбір қосымшаларды көруге болады), енді біразы заттық ұғымға, зат атауының алуан түрлі қасиеттерін білдіретін ұғым атауларына бір түрлі болып, қимылды білдіретін сөздерге басқа түрлі болып жалғанып қалыптасады. Тіл дамуының келесі бір сатысында есімдердің өздері өз ішінде саралана бастайды: зат атауын білдіретін сөздер бір грамматикалық топ болып қалыптасып, өзіндік түрлену жүйесі, парадигмалық сипаты қалыптаса бастайды, сонымен бірге заттың әр түрлі белгісін, сындық қасиетін білдіретін сөздер (сын есім) бір бөлек, сандық қасиетін білдіретін сөздер (сан есім) бір бөлек, қимылдың әр түрлі белгісін (амалын, сынын, мекенін, мезгілін, мақсатын, себебін т.б.) білдіретін сөздер (үстеу) бір бөлек, негізгі сөздердің орнына жүретін орынбасар сөздер (есімдік) бір бөлек қалыптаса бастайды. Бұл жерде де семантикалық процестердің (адъективте-

нудің, адвербиалданудың т.б.) орны ерекше болған. Қазірде де тілімізде әрі зат есім (мысалы, жас), әрі сын есім (тіпті кейде зат есімдердің қатыстық мәнде жұмсала беруінің: *қалайы қасық, алтын сағат, жібек орамал* т.б., сондай-ақ кейбір сын есімдердің заттанып, зат есімге ауысуы: *шыны - қытайлық, былғары - бұлғарлық, тағы - таулық* т.б.) болып жарыса қолданылып жүрген сөздер баршылық екенін көреміз. Сондай-ақ жеке сөздердің әрі сын есім (*жаңа үй*), әрі үстеу (*жаңа келді*) қатар болуын немесе әрі зат есім (*фильмнің соны*), әрі үстеу (*соң келді*) және оның септеулікке, одан қосымшаға айнала бастау процесін көруге болады: *барғаннан соң - барған соң - барғасын* т.б. Сонымен бірге сын есім мен сан есімнің прономиналданып, есімдікке, адвербилданып, үстеуге айналуы (*бір, біреу, бірге: бір адам, бірге бірді қос* т.б. және *бір қара көрінді, біреудің кісісі өлсе, қаралы ол, бірге жүреді*), етістіктің, бір жағынан, сын есімге (*құттықтау сөз, жанар май, сүзеген сиыр, қабаған ит* т.б.), екінші жағынан, үстеуге (*айнал-а, лық-а, әдей-і, жорт-а, от-е, ас-а* т.б.) айналып отырғанын көреміз және бұл процестің тіл дамуының барысында әмән болып отыратынын да байқаймыз. Оның үстіне сөз тудыру тәсілдері негізінде жаңа сөздер жасалып, сөзжасам мағынасының жалпылануы, абстракциялануы арқылы жалпы грамматикалық мағыналар пайда болып, грамматикалық сипаты жағынан белгілі бір сөз табының құрамына енген сөздердің қатары өсе түсті. Енді сөз таптарының шеңбері тек сөздердің семантикалық сипаты мен сөйлемдегі орын тәртібі тұрақты болу (позициясы) негізінде ғана айқындалмай, сонымен бірге олардың түрлену жүйесі мен парадигмалық сипаты арқылы да, синтаксистік қызметі арқылы да анықталатын, өзіндік ерекшеліктері бар грамматикалық топ дәрежесінде қалыптасты. Әрине, әрбір сөз табының ондай қалыптасу, даму дәрежелері бірдей емес.

Сөйтіп, сөз таптарының туып, қалыптасып, дамуын схемалық түрде былай көрсетуге болар еді:



3. ЗАТ ЕСІМ

3.1. ЗАТ ЕСІМНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ

(Зат есімнің лексикалық-грамматикалық топтары)

Айналамызды қоршаған дүниедегі зат пен жан-жануар атаулыға, барша құбылыс пен уақиға - болмыс атаулыға есім, атауыш болып келетін сөздердің бәрі - зат есімдер. Лексикалық тұрғыдан алғанда зат есімдер өз алдына мағыналық дербестігі бар, заттық ұғымды білдіретін сөздер. Табиғат пен қоғамдық тіршіліктің қыр-сыры қаншалық алуан түрлі болса, олардың бас-басына дерлік атауыш ретінде жұмсалатын тілдегі сөздер де соншалық алуан түрлі. Зат есімдер тікелей сезім арқылы тануға болатын дүниедегі нақтылы нәрселерден (*су, жылқы, тағам, жел, дауыл, жейде, тал, терек, у-шу, айқай, қойын, қоныш*) бастап, адамның тек ақыл-ой қабілетінің жәрдемі нәтижесінде ғана түсінілетін түрлі абстракт ұғымдардың (*наным, шама-шарық, ынсап, нарық, мінез-құлық, кәде-жора, ырым, пікір, тентектік, ұялшақтық, ырыс*) аттарын да білдіре алады.

Лексикалық-семантикалық өрісі аса кең сөз таптарының бірі осы зат есімдер. Мұны аңғару үшін осы орайда оның құрамына енетін сөздердің мына секілді топтарын ішінара санамалап атап өтудің өзі-ақ жеткілікті. Олар: күнделікті тұрмысымызда жиі айтылып, жиі қолданылатын түрлі бұйымдар мен нәрселердің аттары (*ыдыс-аяқ, киім-кешек, қасық, табақ, қалам, қағаз, жүген, асық, кереге*), тағамдардың аттары (*сорпа, қазы-қарта, жент, тұз, қант-шай, өрік-мейіз, нан, сүт, ет, шұжық*), жан-жануарлар атаулары (*жылқы, түйе, ақбөкен, киік, түлкі, мысық, ит*), өсімдік атаулары (*қайың, баялыш, тобылғы, бидайық, өлең, раң*), табиғат денелері мен құбылыстардың аттары (*ай, жұлдыз, жауын-шашын, боран, аяз, аптап*), адамның кәсібін, тегін, мамандығын, қабілетін, қоныс-тұрағын, білдіретін сөздер (*мұғалім, тілші, диқан, қаламгер, мүсінші, саудагер, алыпсатар, қызметкер, саятшы, керей, найман, қазақ, орыс*), тұрмыс-салтқа, әдет-ғұрыпқа байланысты айтылатын сөздер (*айтыс, көкпар, шілдеhana, жар-жар, қыз қуу*). Мұндай біз зат есім арқылы көрінетін сөздердің лексикалық тобын тек шетпұшақтап қана атап өттік. Сөздердің мұндай тобының бәрін ине-жіпке тізіп санап шығу тіпті де мүмкін емес. Олар өте көп.

Сырт пішімі, тұлғасы жағынан алғанда зат есімдердің біразы түбір тұлғалы сөздер болып келетін болса (*бас, із, ым, су, жол*), бірқатары әр түрлі сөз тобынан жұрнақтар арқылы жасалған

туынды сөздер (*тебінгі, малыш, бағбан, егін, ойық*). Сол сияқты зат есімнің екі сөздің бірігуі арқылы жасалған түрлері (*бірқазан, кәрікыз, өнеркәсіп, қарақат, Ақсенгір, Қаратау*) мен қос сөз тұлғалы түрлері де (*құрт-құмырсқа, шөп-шалам, сай-сала, келін-кетіш, ер-тұрман, бала-шаға*) бар. Екі сөздің тіркесі нақтылы бір заттың атауышы ретінде қолданылғанда да ондай лексикаланған тіркестер (*ақшағыр, сары шағыр, ақ тікен, темір-тікен, көкқұтан, аққұтан*), зат есім қатарында танылады.

Дербес заттар мен заттардың белгілі тобының атын білдіру ыңғайына қарай зат есімдер жалқы есім (*Үсен, Гүлнар, Алматы, Ұлытау, Сырдария, Ай, Темірқазық*), жалпы есім (*адам, қыз, қала, дала, өзен, көл*) болып бөлінеді.

Бір-біріне ұқсас, бірыңғай нәрселер мен ұғымдардың атауышы болып келетін есімдер жиынтық мәнді зат есімдердің (*тері-терсек, таутас, жігіт-желең, қыз-келіншек, той-томалақ, кірқоң, дәм-тұз*) тобын құрайды.

Зат есімдердің тағы бір тобын *ғаламзат* есімдері мен *адамзат* есімдері деп атауға болады. Адамға қатысты есімдерге кісінің аты-жөнінен бастап оның барлық әлеуметтік, қоғамдық жай-күйін, хал-ахуалын білдіретін (*ағайын, жекжат, қарындас, құдаша, дәрігер, қойшы-қолан, жарлы-жақыбай*) атаулар жатады да, ал адамнан өзге өлі және тірі табиғат біткеннің бәріне қатысты атаулар (*жартас, төбе, шыбын-шіркей, үміт, тілек, қой-ешкі, қалам, кітап*) *ғаламзат* есімдері делінеді. Зат есімдердің бұл екі тобының бір-бірінен түбегейлі айырмашылығы - адамзатқа қатысты есімдер әлбетте *кім?* деген сұрақтың, ал *ғаламзатқа* қатысты есімдер *не?* деген сұрақтың жауабы ретінде айтылады. Өзге сөздермен сөйлем ішінде грамматикалық қатынасқа, байланысқа түсуіне орай зат есімге тәуелдік, септік, жіктік жалғаулары жалғанады, сондай-ақ олар сөйлемде не жекеше, не көпше тұлғада айтылады. Осыған сәйкес оның түрлену жүйесін зат есімнің тәуелденуі, септелуі, жіктелуі, жекеше, көпше түрде қолданылуы деп аталатын ірі-ірі грамматикалық категорияларға бөліп көрсетуге болады.

3.1.1. Адамзат және ғаламзат есімдері

Тілдердің өзге жүйесінен, айталық, славян текті орыс тілінен түркі жүйелі тілдерді, соның ішінде қазақ тілін ерекшелеп, даралап көрсетіп тұратын белгілердің бірі - осы адамзат есімдері мен *ғаламзат* есімдеріне тән қасиеттер мен белгі-

лер. Лексикалық мағынасы тек адамды, кісіні білдіретін зат есімдер ғана жіктеу есімдіктерінің барлық түрімен (мен, сен, ол, біз, сіз) предикаттық қатынаста айтыла алады, ал зат есімнің басқа түрлері болса, олар еш уақыт жіктеу есімдіктерінің бірінші, екінші жағымен предикаттық қатынасқа түсе алмайды. Солай болғандықтан да мағынасы жағынан “адам” деген жалпы ұғымның ішіне кіретін зат есімдерді үш жақта бірдей жіктеп айтуға болғанымен, зат есімдердің қалған тобы бірінші, екінші жақта жіктелмей айтылады. Мысалға *әйел, ұшқыш, жұмыскер, етікші, көрші, құдағи, Жамал, Нұрлан* деген секілді адамға қатысты зат есімдерді алатын болсақ, бұлардың кез келгенін жіктеу есімдіктерімен қосып *мен әйелмін, сен жұмыскерсің, ол көрші* деген тәрізді ретпен бірінші жақта да, екінші жақта да, үшінші жақта да айта беруге болады. Ал енді *озен, сай, уық, төбе, зейін, ықылас, надандық, бөдене, өрмек, жидек, бұрылыс* тәрізді адамнан өзге барлық нәрселер мен құбылыстарға, жан-жануарға қатысты айтылатын зат есімдерге келсек, бұлардың жайы бір басқа. Мұндай зат есімдердің бірден-бірі өзінің тура мағынасында жұмсалғанда, жіктік жалғауының бірінші, екінші жағын қабылдамайды, бұлай болуы жіктеу есімдіктерінің тек адамға, кісіге (персона) байланысты қолданылатын сөздер екендігінен. Мінекей, осы сияқты қасиеттері тұрғысынан алғанда үш жақта бірдей жіктелу қабілеті бар адамға байланысты зат есімдерді шартты түрде жақты зат есімдер, ал үш жақта бірдей жіктелу қабілеті жоқ адамнан басқа зат атауларына байланысты зат есімдерді жақсыз зат есімдер деп атасак та болады. Бұлайша атаудың бір олқылық келтіретін де кілтпаны бар. Ол - осы зат есімнің жоғарыдағы адамзат, ғаламзат деп бір-бірінен ажырата көрсетіп отырған топтарының екеуінің де тәуелдік жалғауының үш жағында бірдей қолданыла алатындығы. Сондықтан бұл жердегі жақты, жақсыз дегенді тек жіктік жалғауымен ғана байланыстыра ұққан абзал.

Адамды білдіретін зат есімдер мен адамнан тысқарғы ұғымды білдіретін зат есімдерді бір-бірінен ажырату үшін кей түрколог ғалымдардың орыс тілінде жазған еңбектерінде “категория лица и не лица” деген терминдерді қолданған да кезі бар. Әрине, бұлай деп атауда еш қайшылық жоқ. Мұндағы “лицо” деп отырғаны “кісі” де, “не лицо” деп отырғаны - “кісі емес, кісіден басқа” деген түсінік.

Нәрселер мен құбылыстардың жан-жануардың аты болып келетін зат есімдердің адамға тән

әр алуан қасиетті бейнелі түрде көрсету үшін кейде көркем әдебиетте, көбінесе поэзияда, жоғарыда аталған “адам” ұғымындағы зат есімдердің орнына жүретін кездері де болады. Мұндайда олар жіктік жалғауында келе берді.

Дулат деген еліңмін,

Асуы жоқ белиңмін (Жамбыл).

Мен келем қара бұлтпен

Келе жаумамай ашылман (Махамбет).

Хан емессін, қасқырсын, ... қара шұбар жылансың (Махамбет).

Бір-бірімізбен тілдесіп сойлескен кезімізде, сондай-ақ хат жазысып хабарласқан кезімізде *кім?* деген сұрақты біздің тілімізде тек адам жөнінде ғана қоюға болады. Бұдан тыс фольклор шығармалары мен діни ұғым-нанымда және жоғарыда айтылғандар тәрізді поэзияда адам бейнесінде ұшырайтын образдар жөнінде ғана *кім?* деп сауал қоюмызға болады. Бұлардан өзге барша жан-жануар мен нәрсе атаулары *не?* деген сұраққа жауап береді. Сөз болып отырған зат есімдердің екі тобын бір-бірінен даралайтын басты бір белгі - осы. Ал орыс тілінде *кім? (кто?)* деген сауалды адам мен барша кеудесінде жаны бар мақұлыққа қолданатыны, *не? (что?)* деген сауалды өлі табиғат денелері мен өсімдіктер дүниесіне қатысты есімдер жөнінде қолданылатыны мәлім.

3.1.2. Жалпы есім мен жалқы есімдер

Қазақ тіліндегі зат есімдер семантикалық сипаты жағынан *жалпы есім* және *жалқы есім* деп аталатын негізгі екі топқа бөлінеді. *Жалпы есім* деп бір-біріне ұқсас нәрселер мен құбылыстардың, жан-жануарлардың жалпылама атауышы, ортақ атауы ретінде жұмсалатын сөздерді атайды да, *жалқы есім* деп жеке адамдарға, дүниедегі жеке заттар мен құбылыстарға атауыш болып келетін сөздерді айтады. Дерексіз ұғымды, жиынтық ұғымды білдіретін зат есімдердің дені де осы жалпы есімдер.

Жалпы есім болатын сөздердің тобы жалқы есім болатын сөздердің тобымен салыстырғанда әлдеқайда мол. Тіпті айта берсек, жалпы есім болатын зат есімдердің лексикалық топтарының бәрі бірдей бір таптастырудың аясына сыя бермейді. Өйткені кез келген жалпылық ұғымды білдіретін заттық атау жалпы есім болып есептеледі. Мысалы: *білезік, нақыш, қиял, қора, маман, қамқорлық, торғай, бала, шөп, қора, кітап, білім.*

Жалпы есім мен жалқы есімдердің лексикалық мағынасындағы айырмашылықты былай

койғанда, грамматикалық қасиеттерінде де елеулі ерекшеліктер байқалмайды емес. Мәселен, нақтылы жалқылық мәнде жұмсалған жалқы есімдер жекеше түрде ғана айтылып, еш уақыт көптік жалғауын қабылдамайтын болса, ал кейде кісі аттары көптік жалғауында жұмсалса, сол заттың көптігін емес, басқа мәнді білдірсе, мағынасы дерексіз сөздерді есептегенде, жалпы есімдердің көпшілігінің-ақ екі бірдей тұлғада, әрі жекеше, әрі көпше түрде жұмсала беретінін көреміз. Мысалы: *ауыл-ауылдар, бала-балалар, кісі-кісілер, көше-көшелер*.

Жоғарыда айтылған жайдан жалқы есім атаулыға көптік жалғауы тіптен де жалғанбайды екен деген түсінік тумайды. Жалқы есімге де көптік жалғауының арақидік жалғанатын кездері бар, бірақ мұндайда жалқы есімдер сол жалқы атаудың көптігін емес, көбіне, жалқы атаумен бірге басқа адамдар деген мәнді аңғартады. Мәселен, *Асқарлар Астанадан кеше ғана оралды* деген сөйлемді алатын болсақ, бұл жердегі Асқарлар деген есім жалғыз Асқардың ғана емес, сонымен бірге оның қасындағы өзге кісілердің де Астанадан қайтып оралғанын білдіреді. Дәлірек айтсақ, мұндағы *-дар* қосымшасы өзі жалғанған сөзге көптік мағына үстеп тұрған жоқ, яғни сол атаудың көптігін білдіріп тұрған жоқ, одан жалқы есім жалпы есімге ауысып кеткен жоқ, ол жалғыз емес, қасында басқа адамдар бар екенін білдіріп тұр. Сол тәрізді *Абайлардың, Ыбырайлардың заманы* дегендегі көптік жалғауының қызметі осыған ұқсас. Мұнда да ол бір ғана Абай мен Ыбырай емес және оның тұтастары деген ұғымды аңғартады.

Кейде көптік жалғауының бұл айтылғандардан тыс ерлі-зайыпты адамдардың, ағайынды адамдардың аты-жөнін қатар атау қажет болған жағдайда олардың фамилиясына жалғануы да әбден ықтимал. Бұл ретте де көптік жалғауы көптік мағынамен қоса жалпылық мәнді аңғартады. Мысалы: *ағайынды Абдуллиндер, ерлі-зайыпты Әмірхановтар, апалы-сіңлілі Досымбековалар*. (Бұлар кеңес кезеңіндегі орыс тілінің эсері болып табылады: *братья Абдуллины, супруги Амирхановы, сестры Досымбековы*).

Көптік жалғауының кейде мекен, қоныс аттарына да жалғануы мүмкін. Мұндай жағдайда ол сөздер сөйлемдегі өзге сөздермен қарым-қатынасына қарай жалқылық мәннен гөрі көбіне салыстыру, ұқсату мәнінде айтылады. Мысалы: *Алматылар - Алматылардай, Қостанайлар-Қостанайлардай*.

Ал жалқы есімдерге келетін болсақ, қазақ тілінде жалқы есім болатын сөздердің мынадай топтары бар:

1. Кісінің аты-жөні мен лақап аты: Мұқтар, Ғабит, Әлия, Мәншүк, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ (шын аты - Нұрмағамбет), Алдар Көсе, Қожанасыр.

Қазақта өзінен үлкен кісінің атын (көбіне ер адамның атын) толық атамай, сыпайгершілік ізетпен Сәбит болса, Сәке яки Сәбе, Қали болса, Қалеке яки Қалес, Қайролла болса, Қайреке, Қақа деп тағысын-тағыша атайтын дәстүр бар. Мұндай есімдер де жалқы есімнің осы түріне жатады.

2. Географиялық атаулар мен әкімшілік-территориялық атаулар, кәсіпорындар мен мекемелердің, қоғамдық ұйымдардың, аттары: Ұлытау, Торғай, Маңғыстау, Сарыарқа, Терісаққан, Сыр, Қарқаралы, Шымкент, “Қайрат” (футбол командасының аты).

3. Әдебиет, өнер және ғылым шығармаларының аты: “Абай жолы”, “Ер Тарғын”, “Елімай”, “Саржайлау”, “Қыз Жібек”, “Ақ желкен”.

4. Аспан, ғарыш әлеміндегі денелердің жеке аты (астрономиялық атаулар): Ай, Күн, Үркер, Жетіқарақшы, Ақбозат.

5. Тарихи оқиғалардың аты: Ақтабан шұбырынды (1723 жылғы оқиға), Прием (1916 жылғы оқиға), Ұлы Отан соғысы (1941-1945 жылдардағы оқиға).

6. Сәйгүлікке, аңға түсетін құсқа, құмайтазыға қойылған аттар: Тайбурыл, Құлагер, Көкжендет, Бөрібасар.

Қай тілді алсақ та оның лексикалық жүйесінің дамуы барысында жалпы есімге тән сөздердің жалқы есімге, керісінше, жалқы есімге тән сөздердің жалпы есімге ауысу процесі болмай тұрмайды. Әңгіме болып отырған сөздердің екі тобының бірінен біріне ауыс-түйіс айтылып жүрген сөздердің қазақ тілінде талайы бар. Мәселен, әйел адамдардың аты ретінде жиі естілетін Өрік, Мейіз, Алма, Алуа, Бота, Бәтес, Ақұштап, Жібек, Гауһар, Маржан тәрізді сөздер мен ер адамның аты ретінде жиі естілетін Қозы, Бүркіт, Көбей, Арыстан, Әмір, Темір, Сұлтан, Сайлау, Тілек, Жеңіс секілді сөздердің басында жалпы есім болғанын әрқайсымыз жақсы білеміз. Сол тәрізді ел арасында сарандықтың, қаталдықтың белгісі ретінде айтылатын Қарабай, Қарынбай, Шығайбай, батырлық ұғымдағы *қаһарман*, жүйріктіктің символы *дүлдүл* сөздерінің басында жалқы есім болғаны мәлім. Осы жөнінен алғанда, жалқы есім қатарына жататын сөздер мен жалпы есім қата-

рына жататын сөздердің өзара бір-біріне ауысып отыру факторын тілдегі омонимдер пайда болуының бір жолы деп қарауға болар еді. Мысалы: *мақпал (түгі майда барқыт) - Мақпал (қыздың аты, әннің аты), алтын (металл) - Алтын (әйел аты), қайрат (қуш, қуат), Қайрат (ер адамның аты, футбол командасының аты), кеңес (кеңесу, ақылдасу), Кеңес (ер адамның аты).*

3.1.3. Көптік мәнді есімдер

Көптік жалғауы жалғанбаған сөзді арнайы грамматикалық көрсеткіші болмағандықтан әлбетте жекеше тұлғада айтылған сөз деп ұғамыз. Бірақ бұдан тіліміздегі көптік жалғауы жалғанбаған сөздің ешбіреуі көптік мағынаны білдіре алмайды екен деген қорытынды шықпайды. Қайта жекеше тұлғада тұрған сөздің лексикалық мағынасына үңіліңкірей қарау - олардың бәрінің бірдей әр кез жекешелік мәнді аңғарта бермейтіндігін көрсетеді. Мысалы: *бұл жігіт - жігіттің төресі* деген сөйлемді алатын болсақ, біріне-бірі жете тұрған екі дүркін қайталап келетін *жігіт* және *жігіттің* деген бір ғана зат есімнің осы екі жағдайдың әрқайсысында жекеше, көпше тұрғыдан әр басқа мағынаны білдіретінін байқаймыз. Алғашқы жағдайда *жігіт* сөзінен сөйлеушінің бұл пікірді өзінің көз алдындағы нақтылы бір ғана жігіт туралы айтып тұрғаны сезілетін болса, кейінгі жағдайдағы *жігіт* сөзінен бір ғана жігіт емес, жалпы жігіт біткен, жігіт атаулы деген түсінік туады. *Жігіттің де жігіті бар - азаматы бар, аттың да аты бар - қазан аты бар* дегенде де осы сияқты. Мұнда да бастапқы *жігіт* сөзі мен соңғы *жігіт* сөзінің грамматикалық мағынасы тепе-тең емес. Кейінгімен салыстырғанда алғашқы *жігіт* сөзі мағынасының көптік болатыны бұл жерде анағұрлым айқын. Дәл осы жайды келтіріліп отырған мысалдың ішіндегі *аттың, аты* деген сөздердің мағынасы туралы да айтуға болады, демек, бұл - барлық сөздің, соның ішінде барлық зат есімнің көптік мағынаны, жалпылық мәнді білдіруі үшін оның әрдайым көптік жалғауында тұруы тілімізде міндетті шарт емес деген сөз. Ауызекі сөйлеуде, жазған кезде дара бір нәрсені, құбылысты оған ұқсас, тектес өзге нәрселер мен құбылыстардан бөліп көрсету қажет болған ыңғайда, зат есімдердің алдына *ол кісі, бұл үй, мына қол, ана бала* деген тәрізді ретпен сілтеу есімдіктерін қосып отырғанымыздың сыры да осында жатыр. Бұл - ең алдымен, әңгіменің нақтылы бір ғана нәрсе, нақтылы бір ғана құбылыс

туралы болып отырғанын саралау үшін қажет, әйтпесе контекст жемісінен байқалмағандай болса, сөз етіп отырған нәрсеміздің жалғыз екені, яки одан көп екені жалаң зат есімнің өз бойынан байқалмай қалуы да ықтимал. Өйткені ешбір тұлғалық өзгеріске түспеген зат есімнің жекешелік, көпшелік тұрғыдан олай да, былай да ұғынылуы мүмкін. Қазақ тіліндегі, қалды жалпы түркі тілдердегі зат есім көптік-жекешелік категориясының өзге жүйелі тілдердегі, мәселен, орыс тіліндегі мұндай категориялардан түбірлі бір айырмасы осында. Орыс тілінде көпше тұлғада айтылған сөздерді қазақ тіліне аударған кезде олардың қазақша нұсқасына көптік жалғауын жалғаудың үнемі қажеті бола бермеуі де, негізінде, осы себептен. Бірақ біздегі аударма тәжірибесінде орыс тілінде көпше тұлғада айтылған сөз болғандықтан қазақша нұсқасына көптік тұлғаның қажеті болмаса да, көптік жалғауы орынсыз телініп жүрген сөздер жоқ емес. Мұндай жағдайдың, әрине, аударма тәжірибесінде ескерілгені керек.

Зат есімнің жекеше, көпше болып бөлінуінің белгілі бір жалғаудың қызметіне байланысты болмай, сөздің ішкі лексикалық мағынасына байланысты болып келуін көптік мағына тудырудың лексикалық тәсілі дейді. Қазақ тілінде сөз тура мағынасында жұмсалғанда, көптік жалғауының жалғанылуын қажет етпейтін біраз сөздер бар. Мұндай сөздердің бірқатары жалпылық мәнде жұмсалып, көптік, жекешелік мағынаға бейтарап болып келеді. Ондай сөздердің басты-басты лексикалық топтары төмендегіше:

Әлеуметтік кәсіп түрінің атауышы болып келетін сөздер. Бұған, негізінде, *-шылық (-шілік)* және *-лық (-лік, -дық, -дік, -тық, -тік)* жұрнақтары арқылы жасалатын зат есімдер жатады. Мысалы: *егіншілік, саудагершілік, ақындық.*

Жоғарыдағы жұрнақтар арқылы жасалған мағынасы дерексіз зат есімдер де осы топқа кіреді: *достық, көпшілік, ашылық, жоқшылық, байлық, сыйластық.*

Пар нәрселердің атын білдіретін *қолғап, етік, сырға, кебіс* секілді сөздер де осы топқа жатады. Егер мұндай сөздерге көптік жалғауы жалғанатын болса, онда олар осы атаулар арқылы ұғынылып отырған нәрсенің бір ғана пар емес, бірнеше пардан тұратындығын білдіреді. Мәселен, бір пар қолғаптың екі сыңарын білдіру үшін *қолғап* сөзіне көптік жалғауын жалғаудың еш қажеті жоқ. Егер бұлай еткен болсақ, онда бұл сөзден қолғаптың бірнеше түрі, бірнеше пары деген ұғым туған болар еді.

Бір-бірімен парланып келетін егіз дене мүшелерінің атын білдіретін сөздердің кейбір контексте қолданылуында да ұқсастық бар. Мәселен, *аяқтарына етік ки демейміз, аяғына етік ки дейміз*. Сондай-ақ *көздері бақырайды* деп қолданбай, *көзі бақырайды* деп қолданамыз. Ал *аяқтарын, көздері* сияқты тұлғада қолданылса, көптік жалғауы бұл жерде аяқтың, көздің көптігін емес, солардың иесі адамның көптігін білдіреді.

Жалқы есімдердің де көптік жалғауын қажет етпейтіні түсінікті. Алайда бірлі-жарым ыңғайда, жоғарыда көрсетілгендей, жалқы есімдерге де көптік жалғауының жалғанатын кезі болады.

Қимылдың, процестің, күй-жайдың атауышы болып келетін зат есімдерде де көптік тұлғада жұмсала бермейді. Мысалы: *күлкі, күйініш, сүйініш, реніш*.

Ғылым салаларының аты да үнемі көптік жалғаусыз айтылады. Мысалы: *физика, математика, геология, тарих, диалектология*.

Көптік мағына тудырудың жоғарыда аталған амалдарының бірі - **синтаксистік тәсіл**. Көптік мағынаның сөз өз бойындағы морфологиялық, яки лексикалық белгілеріне байланысты болмай, оның басқа сөздермен синтаксистік қарым-қатынасы арқылы көрінуі синтаксистік тәсіл деп аталады. Синтаксистік жолмен пайда болған көптік мағынасы бар есімдер қатарында мыналарды атауға болады:

Сан жағынан заттың біреу емес, бірнешеу екендігін білдіру үшін оның атауышы болып келетін сөздердің алдына есептік сан есімдерді қойып айту тәсілі. Мысалы: *алты аласы, бес бересі* (мәтел), *қырық қасқыр, екі ешкі* (ертегі). Мұндайда көптік мағынадан тыс заттың сан мөлшері де көрінеді. Бірақ заттың көптігін білдіру үшін оның нақтылы санын көрсету, әрине, шарт емес екені түсінікті. *Шақты, шамалы, жуық, тарта, қаралы* тәрізді көмекші сөздердің жәрдемімен жасалған болжалды сан есімдер мен *көп, аз, көптеген, талай, бірталай* т.б. сөздерін зат есімге тіркестіріп айту арқылы да оның көптігін аңғаруға болады. Мысалы: *жүзге тарта адам, он шақты кітап, көп күн, аз кісі*.

Есімдермен синтаксистік байланыста жиі айтылатын сөздердің бір парасы - *біраз, бірқатар, бірталай, бірқыдыру, бірнеше, бірсытыра* тәрізді сөздер. Бұл сөздер сан жағынан бөлшектеп көрсетуге болатын зат есімдерге анықтауыш болып келгенде, олардың мағынасында көптік ұғым туады. Мысалы: *біраз қой, бірсытыра кісі, бірталай жан*.

Зат есімдер анықталушы сөз ретінде *барлық, бар, бәрі, күллі, барша, һәмме* секілді жалпылауыш

есімдіктермен тіркесіп келгенде де көптік мағынаны білдіреді. Мысалы: *барлық ұлт, барша мүлік, күллі қала*.

Қос сөз тұлғалы зат есімдер де көптік мағынада жиі ұшырайды. Зат есімдердің бұлайша жұмсалуының екі түрлі жолы бар: 1. Мағына жағынан біріне-бірі жуық келетін екі зат есімнің қосарлануы. Мысалы: *ыдыс-аяқ, ағайын-туған, тамыр-туыс, құрал-сайман, жіп-шуда, аға-жеңге*. Бір сынарының мәні жоқ заттық мағынадағы *темір-терсек, жүн-жұрқа, келін-кепіш, жігіт-желең* секілді жалпылауыш қос сөздердің де дені осыған жатады. 2. Мөлшер және бейнелеу мағынасындағы зат есім түбірдің екі дүркін қайталануы. Мысалы: *үйір-үйір, қора-қора, сала-сала*. Кейінгілердің ілгері аталған қосарланудан айырмашылығы бар, өйткені мұнда көптік мағынаға сол қайталап айтылатын зат есімнің өзі ғана ие болып қоймайды, сонымен бірге ол арқылы анықталатын, сөйлем ішінде оған тете тұрған екінші зат есім де көптік мағынаға ие болады. Мәселен, *қора-қора қой* дегеннен қораның да, сондай-ақ қойдың да біреу емес екендігін ұғамыз.

Қазақ тіліндегі көптік тұлға мен көптік мағына бір-бірімен тепе-тең түсінік емес. Көптік тұлғамен салыстырғанда көптік мағына дегеннің өрісі әлдеқайда кең. Олай болатыны - тіліміздегі әрбір зат есім ешқандай сыртқы морфологиялық көрсеткішсіз-ақ екі бірдей грамматикалық мағынада - жекеше де, көпше де жұмсала алады.

Оның үстіне зат есімнің бәрі бірдей көптік жалғауын қабылдай бермейді. Осы сияқты қасиеттерін ескерсек, көптік жалғау жалғанған сөзді ғана көпше деп, көптік жалғаусыз сөздің бәрін жекеше деп танитын түсініктің семантикалық жағынан жеткіліксіз екенін, ол тек грамматикалық сипаты жағынан формальды екенін көреміз.

3.1.4. Реңдік және үстеулік мәнді зат есімдер

Тарихи тұрғыдан алғанда тіліміздегі зат есім, сын есім, үстеу деп аталатын қазіргі сөз таптарының әуелде бір негізден, біртұтас лексика-грамматикалық сөздер тобынан өрбіген құбылыс екенін айтады тіл зерттеуші білімпаздар. Түркі тілдерін зерттеуші кей ғалымдардың айтуынша, бұл тілдердің арғы бір даму кезеңдерінде заттың аты мен оның сындық белгісін білдіретін бір-ақ сөз табы болған. Ол сөз табы тілде үш түрлі грамматикалық ыңғайда, үш түрлі аспектіде қолданыс тапқан. Осы аспектінің бірін Н.А.Баскаков субстантив деп, екіншісін анықтауыштық атри-

бутив (определятельный атрибутив), үшіншісін үстеулік атрибутив (обстоятельный атрибутив) деп атаған. Тілдің кейінгі тарихи кезеңдері дамуының нәтижесінде алғашқы топтан қазіргі зат есімдер, екінші топтан қазіргі сын есімдер, үшінші топтан қазіргі үстеулер бөлініп шығып, олар өз алдына дербес-дербес сөз табын құраған.

Сол бір арғы дәуірлердегі біртұтастықтың, ортақтықтың ізін біз қазір, әсіресе, зат есімдердің кей түрлерін сын есімдер мен үстеулерден ажыратқан кезде, олардың ара жігіне меже қойып анықтаған кезде жиі байқаймыз. Осы жағынан алып қарағанда сын есімдермен, сондай-ақ үстеулермен ара жігі үзілді-кесілді, еркін ажырап үлгірмеген, со бір әрідегі дәуірлердің табы, ізі бойында елеулі дәрежеде сақталып қалған есім сөздердің бір парасы - зат есім десек болады.

Заттың атауы ретінде жұмсалатындықтан зат есімдер, әлбетте субстантты (затты) білдіретін сөздер болатыны белгілі. Ешқандай тұлғалық ентаңбаның көмегінсіз-ақ олар сол түбір қалпында тұрып-ақ заттың атын білдіре алады. Мәселен, *көз* деген дене мүшесін білдіру үшін осы заттың аты боп келетін *көз* сөзінің белгілі бір морфологиялық көрсеткішті қабылдауы шарт емес.

Рендік мәнді туынды зат есімдердің біразының пайда болуында есім сөздерге жалғанатын күрделі қосымша - *сымақ* жұрнағының қызметі зор. Бір нәрсенің, кісінің бойындағы сапаның, қасиеттің жарытымсыз, мардымсыз күйде, болмашы ғана екенін көрсететін осы жұрнақ арқылы жасалған есімдер тілімізде аз емес, *батырсымақ, ақынсымақ, адамсымақ, әкімсымақ, ұйсымақ, көлсымақ* секілді сөздер рендік мәні бар зат есімдердің осы тобына жатады. Көп ыңғайда осы жұрнақтың көмегімен жасалған есімдердің рендік мәнінің кекесін, әжуа түрінде айтылатыны, бір нәрсеге, іске тақымы толмаушылықты білдіретін кездері де бар.

Рендік мәнді есімдер тудырудағы қызметі соншалық елеулі болмаса да, оған белгілі дәрежеде қатысы бар қосымшалар қатарында нәрсенің, адамның бойында нақтылы бір қасиеттің жоқтығын білдіретін *-сыз (-сіз)* қосымшасы мен *бей -*, *на-* тәрізді бірлі-жарым префиксті де атай кетудің орайы бар. Негізінен алғанда қазақ тіліндегі *-сыз* жұрнақты сөздер зат есімнен гөрі сын есімге тандық, өйткені олар сөйлемнің басқа мүшелерінен гөрі анықтауыш қызметінде көбірек жұмсалады. Әрине, олардың сойлемнің бастауыш, толықтауыш сияқты мүшелерінің қызметін атқаратын кездері де жоқ емес, мұндайда олардың

заттық мәнге ие болатыны айтпасак та түсінікті.

Парсы тілінен ауысқан *бей-*, *на-* префикстерімен келетін сөздер қазақта аса көп емес, саусақпен санарлық қана. Сондықтан олардың тіліміздегі қызметін сөз тудыру жүйесінен гөрі лексикалық құбылыс аясында деп қарауға болады. Өйткені бұл сөздердің көбі сол префикстердің өзімен бірге қоса ауысқан. Олар: *надан, нәмәрт, нақұрыс, нақак, бейбақ, беймәлім*.

Мысалы: *Күңгірт көңілім сырласар*

Сұрғылт тартқан бейуаққа,

Төмен қарап мұндасар

Ой жіберіп жан-жаққа (Абай).

Осында сөз болып өткен рендік мәндегі есімдерден тыс үстеулік мәнге ие де есімдер тобына кіретін біраз сөз бар. Жылдың торт мезгілін білдіретін *қыс, жаз, күз, көктем, жазғытұрым*, күн мезгілін білдіретін *азан, таң азан, боз ала таң, түс, ерте, шаңқай түс, кеіш, ымырт, інір, ақшам*, сондай-ақ *кеіше, ертең, бүгін, биыл* секілді сөздер осындай үстеулік мәні бар есімдер қатарында. *Қыс ерте түсті, жаз шықты, ымырт үйірілді* деген тәрізді сөйлем құрылымды түйдектердің құрамындағы *қыс, жаз, ымырт, түс* дегендердің зат есім екенінің басы ашық. Алайда осы іспетті сөздердің сөйлемде қолданылу ыңғайына қарай заттық (субстанттық) мағынадан үстеулік мағынаға қарай ойыстап, пысықтауыш қызметіне ауысып отыратыны да шындық. Мәселен, *қыс қысыл, жаз жазыл* (мақал) дегендегі *қыс* пен *жаз* бұл жерде заттық мағынадан гөрі мезгіл мағынасын білдіруге бейім. Сондықтан кей зерттеушілер мұндай сөздерді мезгіл үстеулері қатарында қарастырады. Дегенмен олардағы бастапқы субстанттық мәнді де жоққа шығаруға, әрине, болмайды.

3.1.5. Эмоция-экспрессия рені бар есімдер

Біреумен сойлескен, тілдескен кезде сөйлеп тұрған кісінің өзі айтып, өзі әңгімелеп тұрған жайға жеке басының көзқарасын, пікірін білдіретін семантикалық-стистикалық амал-тәсілдердің жиынтығын тіл зерттеуші білімпаздар *экспрессивтілік* (экспрессивность) деп атайды. Бірқатар зерттеушілер бұл түсінікке *эмоциялық* (эмоциональность) дегенді қосып, оны *экспрессивтік-эмоциялық* деп атап, біраз кенейтіңкіреп, қамтитын объектілерін молайтыңқырап қолданғанды құптайды. Ал эмоция болса, оның адамның көңіл күйіне байланысты ұғынылатын түсінік екені белгілі. Сонда экспрессивтік-эмоциялық (немесе эмоциялы-экспрессиялы) деп отырған ұғымның

ішіне сөйлеу процесіндегі айтылып отырған әңгімеге сөйлеуші кісінің өз тарапынан беретін бағасы да, сондай-ақ оның жеке басының қуаныш-реніш сезімі де қоса кіреді екен.

Эмоциялы-экспрессиялы белгілердің тілдің барлық саласына қатысы бар. Оны тілдің дыбыс, сөз жүйесінен де, грамматикалық құрылымынан да кездестіреміз. Тілдегі эмоциялық-экспрессиялық құбылыс әсіресе одағайлардың семантикасынан, стильдік қолданысынан бәрінен де айқынырақ көрінеді. Эмоция-экспрессия ренді лексика зат есім құрамында да баршылық.

Зат есім құрамындағы эмоциялы-экспрессиялы сөздерді мына секілді екі топқа бөлсек болады:

1. Кісінің көтеріңкі көңіл күйіне байланысты қолданылатын сөздер: *қуаныш, сүйініш, рахат, күлкі, достық, жақсылық, ізет, құрмет*.

2. Кісінің көңіл күйінің кірбінін танытатын сөздер: *қайғы, қасірет, күйініш, реніш, кейіс, ашу, ыз, намыс, шам (шамшылдық), зұлымдық, арамдық*.

Сол сияқты сыни реңі бар *арамза, пәлекет, пәле-жала, қауіп-қатер, жексұрын, малғұн* тәрізді кісінің біреуге деген кейістігін, наразылығын танытатын сөздерді де екінші топтағы эмоция-экспрессия ренді есімдер қатарында атауға болады.

Тілімізде өзінен жасы кішілерге, жас балаларға мерейлене, ықыластана сөйлеген кезде олардың атына *-жан, -тай* секілді морфологиялық элементтерді қосып айтатын дәстүр бар. Мәселен, баланың аты *Марат, Болат* болса, оны *Маратжан, Болатжан, Әмір* болса, *Әміртай* деп қолданатын әдет елдің бәріне таныс.

-жан, -тай дегендердің бұлардан басқа үлкен кісілерге айтылатын *аға, ана, көке, ата* сияқты есімдерге қосылып *ізет, құрмет*, кейде жалыныш мәнін білдіретін реттері көп: *ағатай, апатай, көкетай, ағажан, апажан, көкежан, атажан*.

Қаратпа мәнінде қолданылатын сөздердің құрамында жиі ұшырайтын тәуелдіктің бірінші жақ жекеше түріндегі *қарағым, шырағым, айым, күнім, айнам*, сонымен бірге *-еке* қосымшасымен келетін *ағаеке (ағаеке), апаеке (апаеке), атаеке (атаеке)* дегендер де осы сияқты. Бұлардан тыс *шырағия* деген сөз тағы бар. Жалқы есімдерге қосылатын *Мәке, Исмеке, Файнеке, Сапеке* дегендегі *-еке* арқылы келетін есімдерді де осы лексикалық топқа қосу керек.

Есімдердің эмоциялы-экспрессиялы мәнінің айқындала, саралана түсуі олардың сөйлемде, контексте қалай қолданылуымен шарттас.

3.1.6. Көмекші есімдер

Көмекші есім дегеніміз - зат есімнің кеңістік ұғымын білдіретін бір тобы. Жеке алып қарағанда, олар - морфологиялық тұрғыдан зат есімдердің түрленуге бейімділігі бар дербес мағыналы сөздер. Көмекшілік қызметте жұмсалған кезде бұл сөздер тәуелдік жалғауының үшінші жағында тұрып тәуелдеулі септеудің үлгісімен септеледі.

Көмекші есімдерге тән кеңістік мәнінің мейлінше айқындала, саралана түсуі олардың кеңістік қатынасты білдіретін барыс, жатыс, шығыс септіктерінде жұмсалыуымен өзектес, сонымен сабақтас. Мысалы: *Есіктің алдына келіп тоқтады. Есіктің алдынан шыға келді. Есіктің алдында жатыр*.

Кеңістік мәнді септіктермен айтылу көмекші есімдердің негізгі бір сипаты десек болады. Бұл, әрине, көмекші есімдер өзге септіктерде қолданылмайды деген сөз емес, олар өзге септік жалғауларында қолданылуын қолданылады, бірақ мұндай жағдайда көмекші есімдерге тән негізгі белгі-мекендік мағына солғындап, олар кеңістіктен гөрі басқа грамматикалық қатынастарды көрсетуге ауысады. Мәселен, ілік септікте айтылған көмекші есімдер (*есік алдының қары*, анықтауыштық қатынасты, табыс септікте айтылған көмекші есімдер (*есіктің алдын тазала*) объектілік қатынасты білдіреді. Септік тұлғадағы кей көмекші есімдердің мезгілдік қатынасты көрсететін де кездері болады. Бұл көбіне олардың бастапқы семантикасына байланысты болатын жай: *ауылға жүрердің алдында, ауылға барып оралғанның артынан*. Мұндағы *алды, арты* дегендерде кеңістік мәнмен қатар мезгілдік реңк әуелден-ақ бар.

Көмекші есімдер өзінің алдында тұрған ілік жалғаулы сөзбен әбден жымдасып, сонымен біртұтас семантикалық бірлік түзеді. Сөйтіп, өзінің бастапқы лексикалық дербестігін жоғалтып, көмекші сөздердің өзге түрлері сияқты бейне бір грамматикалық элементке айнала бастайды.

Тәуелдік жалғауында тұратындықтан көмекші есімдер әлбетте ілік жалғаулы сөзбен матаса байланысып, сонымен бір тіркесім құрайды.

Жоғарыда айтылған жайларды жинақтай келіп, көмекші есім дегенге мынадай анықтама беруге болады.

Көмекші есім деп грамматикалық өзгеріске түсіп дерексізденудің (абстракцияланудың) нәтижесінде заттық мағынасынан айырыла бастаған

тәуелдік жалғаулы көбіне мекендік септіктерде қолданылып матаса байланысқан тіркестің екінші сыңары қызметінде жұмсалатын зат есімнің кеңістік мәнді ерекше бір тобын айтады.

Сан жағынан алғанда көмекші есім қазақ тілінде аса көп емес, оған мына секілді сөздер жатады: *асты, үсті, алды, арты, жаны, қасы, маңы, тұсы, іші, сырты, тысы, арасы, басы, түбі, қарсысы, бойы, төңірегі, айналасы, жан-жағы, беті, шеті, ортасы, соңы*. Мысалы: Бір мезгілде *қасына* Көпей келді (Бақбергенов). Арыстың екі көзі *ауыл маңында* (Жүнісов). Бұл ауыл *өзеннің басына* қонған (Әуезов).

Көмекші есім де зат есім сияқты нақтылы бір ұғымның аты, атауышы болатын сөздер. Бірақ біздің түсінігіміздегі кәдімгі зат есімдерден олардың айырмашылығы мағынасы дерексіз болып келеді және семантикалық тұрғыдан алғанда нақтылы бір ұғымды өзінен бұрын тұрған есім сөзге тіркесу арқылы, соның шылауында айтылу арқылы ғана көрсете алады. Айталық, *сырт, қас* деген көмекші есімдерден кеңістік мәнін жалпылама ұққанымызбен ол ненің сырты, ненің қасы екенін ұға алмаймыз. Ол үшін бұл сөздердің тәуелдік жалғауын қабылдап, *ауылдың сырты, үйдің қасы* деген сияқты ілік септікті я жасырын түрінде нақтылы бір анықтауыш сөзбен тіркесуі шарт. Көмекші есімдер арқылы танылатын мағына әлбетте олармен тіркесе айтылатын сөздің семантикасына тәуелді.

Көмекші есім - түркі тілдерінің грамматикалық жүйесін тілдердің өзге жүйесінен, айталық, еуропа тілдерінен ерекшелетін белгілердің бірі. Егер орыс тілі тұрғысынан алып қарайтын болсақ, көмекші есімдердің тілдегі атқаратын қызметін кей жағдайда предлогтармен салыстыруға болады. Сыртқы белгілері жағынан алғанда предлог өзі грамматикалық байланысқа түсетін негізгі мағынаға ие сөздің алдында тұратын болса көмекші есім соңында тұрады. Негізгі мағыналы сөздің соңына орналасу ыңғайына қарай түркі тілдерін зерттеуші ғалымдардың біразы бұларды *послелог* деп те атайды. Бұл орыс тіліндегі атау *предлог* дегеннің антонимі есепті. Негізгі сөздің соңында тұру түркі тілдеріндегі көмекші сөз атаулының бәріне тән белгі, сондықтан көпшілік түркологтар *послелог* дегенді кең мағынада барша көмекшілерге ортақ атау есебінде қолдануға бейім. Бірқатар зерттеушілер көмекші есімдерді өзге шылаулардан бөліп “служебные имена” немесе “послелог-имена” деп те атағанды қалайды. Расында да, көмекші есімдер шылаулармен салыстырғанда өздерінің лексикалық дербестігі-

нен толық ажырай қоймаған сөздер, олардың дербес қолданылатын кездері көп. Осы жөнінен көмекші есімдерді *аралық топтағы сөздер* деп тануымызға да болады. Мамандар арасында оны бірде есімдер тобына, бірде шылаулар тобына жатқызу ыңғайы қазір де байқалады.

Шынтуайтқа келсек, көмекші есім деп отырғанымыздың өзі - дербес лексикалық мағынасы бар сөздер, бірақ тіл дамуы барысында олар бастапқы лексикалық мағынасымен қатар тәуелдік жалғауын қабылдап, соған орай өзінің анықтауышы болатын сөзге селбесіп, соның жетегінде, шылауында айтылатын көмекшіге айналған. Ілік септіктегі сөздің тәуелдік жалғаулы сөзбен тіркесі түркі тілдерінің грамматикалық құрылымын тілдердің өзге жүйесінен даралап тұратын белгілердің бірі екені мәлім. Түркологиялық зерттеулерде түрік изафеті деп аталатын синтаксистік құрылымның бір түрі - осы. Қазақ тіліндегі осындай құрылымындағы сөз тіркесін проф. М. Балақаев матаса байланысқан сөз тіркесі деп атаған. Бұл кісінің көрсетуінше, тіркестердің бұл түрінің сөз тіркесінің өзге түрлерінен ерекшелігі - мұнда таза басынқы сыңар, бағынқы сыңар деген болмайды, тіркес құрылымындағы сыңарлар біріне-бірі тәуелді, бірін-бірі бағындыра тіркеседі, сондықтан орысша жазылған еңбектерінде *сноподчинение* деп атайды. Матасу дегенді С. Нұрхановтың орысша жазған еңбектерінде “взаимоподчинение” деп атау себебі де осыдан.

Ілік жалғаулы сөз дегенде мына жағдайды ескеру керек: Изафеттік құрылымындағы ілік жалғауының ашық тұруы да, айқын көрінбей жасырын тұруы да мүмкін. Бұл жай көмекші есімдермен келетін изафеттік құрылымға да тән. Мәселен, *ауылдың маңы, есіктің алды* деген сияқты тіркестердің *ауыл маңы, есік алды* болып айтылуы - тілімізде жиі байқалатын құбылыс.

Тіркестің осы түрінің (изафеттің) екінші сыңары ретінде жұмсалып, яғни тәуелдік жалғауында айтылу - көмекші есімдердің ең басыбайлы нышаны, өзіне ең тән қасиеті. Тіптен көмекші есімдердің арасында осы күнде тілімізде тәуелдік жалғауынсыз қолданылмайтындары да бар: *алды, арты, асты, үсті* дегендер - осындай көмекші есімдер. Бұлардың әу бастағы негізі - тіліміз дамуының арғы бір кезеңдерінде дербес қолданылуы әбден ықтимал *алд-ал, арт-, аст-ас, үст-үс* деген үлгіде қалыптасқан кеңістік мәнді зат есімдер. Бұлар көптік тұлғада қолданылғанда, бастапқы түбірі байқалып қалады: *ал-дар-ы, арт-тар-ы, аст-тар-ы, үс-тер-і*. Бірақ бұлардың қазір түбір

күйінде дербес мағыналы сөз ретінде қолданылмайтыны мәлім. Бұлай болуы - олардың ілік септіктегі сөзбен тіркесіп, ұзақ уақыт көмекшілік қызметте жұмсалыуының нәтижесі. Бұлардың ішінде *арт* деген нұсқаның *арт жақ* деген тіркестің құрылымында тәуелдік жалғауынсыз айтылатыны бар. Басқаларының бұлайша қолданылуы байқалмайды.

Көмекші есімдердің қатарына жататын сөздердің бәрінің көмекшілік қызметте жұмсалыуы біркелкі емес. Бірыңғай көмекші есім қызметінде жиі жұмсалатын сөздер бар да, көмекші есім қызметінде тиіп-қашып, ішінара жұмсалатын сөздер бар. Алғашқы топқа енетін сөздер қатарында *аст, үст, алд, арт, жан, маң, иш, сырт, тұс* тәрізді сөздерді атауға болады, ал *айнала, бет, бой, шет* тәрізділер мұның екінші тобына кіреді.

Лексикалық жағынан алғанда, қазақ тіліндегі көмекші есімдерді білдіретін мағынасына бір нәрсенің үстіңгі, астыңғы жағын, алдыңғы, артқы жағын, шеті мен жанын, айналасын, ішкергі тұсы мен ортаңғы тұсын білдіретін ыңғайына қарай біз төменде оларды шартты түрде горизонталь бағыттағы кеңістік қатынасты білдіретін, вертикаль бағыттағы кеңістік қатынасты, көлемдік кеңістік қатынасты білдіретін көмекші есімдер деп бергенді қолайлап отырмыз.

1. Горизонталь бағыттағы кеңістік қатынасты білдіретін көмекші есімдер. Бұған *алды, арты, қасы, жаны, маңы, тұсы, шеті, жан-жағы, айнала-сы, төңірегі* секілді сөздер жатады. Енді осылардың әрқайсысының лексика-грамматикалық мән-мағыналарына тоқталып өтелік.

АЛДЫ. Адамның беті қараған, белгілі бір нәрсенің алдыңғы жағын білдіреді.

Барыс септікте қолданылған кезде етістік баяндауыш арқылы танылатын қимылдық, істің бір нәрсенің алдыңғы жағына қарай бағытталғанын көрсетеді. Мысалы: Ол атының басын қақпаның дәл *алдына* келіп тежеді. *Алдына* қара. Домбыраны Ахметтің *алдына* қойды (Сейфуллин). Жұмыстан қайтар кезінде кеңсе *алдына* барасың (Әлімбаев).

Жатыс септігінде айтылған *алдында* көмекші есімі істің, қимылдың, я заттың мекен-жайын, орнын, тұрған жерін білдіреді. Мысалы: Ауылдың орта шеніндегі бір үйдің *алдында* үйме-жүйме кісі (Майлин). *Алдында* қымыз, ақ жастыққа шынтақтап болыс жатыр (Мүсірепов).

Жатыс септіктегі *алдында* сөзінің мекендік мағынадан тыс мезгіл мағынасында да қолданылатын кездері бар. Мұндайда ол мезгілдік мәнді сөздермен тіркесіп, бір істің, жұмыстың басталар

кезенін, алғашқы уақытын көрсетеді. Мысалы: Абай кеш батар *алдында* Баймағанбетті жіберіп, Әбішті шақыртып алған (Әуезов). Басқа облысқа ауысар *алдында* достар тағы да бас қосқан (Төлешов). Қызық та, білім де *алдында* (Бегалин).

Алды көмекші есімнің жоғарыда көрсетілген септіктерден тыс өзге септік жалғауларында да айтылатын кездері бар.

Атау септігінде келуі: *Есіктің алды тап-таза.*

Ілік септігінде келуі: *Есік алдының қарын тазалады.*

Шығыс септігінде келуі: *Қонақтың алдынан шығып қолын алды.*

Көмектес септігінде келуі: *Үй-үйдің алдымен жүріп келе жатты.*

АРТЫ. Барыс септігінде тұрған *артына* көмекші есімі істің, қимылдың бір нәрсенің алдыңғы жағына қарама-қарсы мағынада болатындығын білдіреді. Мысалы: Үйдің *артына* қарай жүреді. Атының *артына* бөктерген бірдемесі бар (Исабаев).

Артында көмекші есімі жатыс септікте істің, әрекеттің, қимылдың бір нәрсенің ту сыртында өткендігін білдіреді.

Үй менікі деменіз үй *артында* кісі бар (Мақал).

Арты көмекші есімі де бұдан өзге де септікте қолданылады. Атау септігінде қолданылуы: *Алды* өмір, *арты* ажал (Аманжолов). Ілік септігінде қолданылуы: *Үйдің артының қары еріген жоқ.* Табыс септікте қолданылуы: *Әліптің артын бақ. Солардың артын ала барып шықтым.* Шығыс септікте қолданылуы: *Үйдің артынан шыға келді.* Көмектес септікте қолданылуы: *Отырған кісілердің артымен білдірмей өтіп кет.*

ҚАСЫ, ЖАНЫ. Бұлар кеңістік мәнді септік жалғауларында қолданылып, негізінде, істің, қимылдың бір нәрсенің маңында, соған таяу жерде болғандығын көрсетеді.

Барыс септігінде айтылған кезде істің, қимылдың не нәрсенің, не заттың маңына қарай бағышталғанын білдіреді. Үйдің *қасына* жақындады. Әкемнің *қасына* еріп жүріп бір жолбарысты ұстағанын көргенім бар (Бегалин).

ЖАНЫ. Бұл көмекші есім жатыс септігінде айтылған кезде кейде салыстыру мәніне ие болады. Мысалы: Қара жастың *жанында* біз піл мен үш жасар баладай екенбіз ғой өзі (Шашкин).

Жатыс септігінде ол басқа да мәнде қолданылады: Бұрын қыстаудың *жанында* бір терең құдық болатын (Сәрсенбаев).

Бұл көмекші есімдер шығыс септігінде іс-әрекеттің, қимылдың қай нәрсенің, қай объектінің жанынан басталғандығын көрсетеді. Мысалы: Абайдың *қасынан* асыға шыққан (Әуезов).

Бұл көмекші есімдер жоғарыдағылардан тыс ілік, табыс, көмектес септіктерінде де қолданылады.

МАҢЫ//МАҢАЙЫ, ТҰСЫ, ЖАН-ЖАҒЫ, АЙНАЛАСЫ, ТӨҢІРЕГІ. Жоғарыдағы *қасы, жаны* дегендермен мағыналас көмекші есімдердің бір тобы - осы сөздер. Септік тұлғаларында мына секілді мағыналарды білдіреді.

Барыс септік тұлғалы мұндай көмекші есімдердің негізгі мағынасы - істің, қимылдың бір нәрсенің төңірегіне қарай бағытталғанын білдіру. Мысалы: Ол ошақ *маңына* отын жинап жүр. Отырғыштардың *тұсына* келгенде Алма алға оза берген мені тоқтатты (Әбдіков). Жауырын *тұсына* жамау түскен қызыл гүлді шыт көйлегі желбіреп көлбеңдеп жүр (Сүндетов). Ол асатаяғына сүйеніп тұрып *айналасына* көз тастады (Газеттен).

Жатыс септігі тұлғасында айтылғанда істің, қимылдың бір нәрсенің жанында, қасында болғанын көрсетеді. Ауылдың *тұсында* мал көріне қоймады. Алыстан қарағанда үй *маңында* ешкім көрінбейді (Әбдіқалықов). Сұрақ пен жауап осы мәселе *төңірегінде* (Мусин).

ТҰСЫ көмекші есімі жатыс септікте қолданылған кезде кейде мезгіл мағынасын көрсетуі де мүмкін. Еркежан бүгін бұл зорлықтың *тұсында* жылаған жоқ (Әуезов).

Шығыс септігінде жұмсалыуына мысал: *Күнде таңертең қаланың жан-жағынан осы мектепке жарқын жүзді жастар ағылады* (Газеттен).

Табыс септігінде жұмсалыуына мысал: *Ол қазақ даласының оңтүстігіне барып Мойынқұм мен Арал төңірегін кезді* (Мүсірепов).

Бұл көмекші есімдер өзге септіктерде де қолданылады.

Атау септігінде келуі: *Ауыл маңайы толған мал.*

Ілік септікте келуі: *Керегенің тұсының бәрі кілем екен.*

ШЕТІ. Дербес мағыналы *шет* зат есімінің де көмекші есім қызметінде жұмсалыуы тілімізде жиі байқалады. Мұндай зат есімнің бәрінің атау күйін біз тәуелдік жалғауының үшінші жағында алып отырмыз. Бұлай етуіміздің себебі түсінікті, өйткені зат есімдердің бұл тобының көмекші есім қызметінде қолданылуы олардың тәуелдік жалғауында келуімен шарттас.

Барыс жалғауында айтылған *шетінде* көмекші есім істің, қимылдың бір нәрсенің шеткей жағына, жиегіне, ернеуіне қарай бағытталғанын білдіреді. Майор оларды қаланың арғы *шетіне* жіберді (Момышұлы). *Шетіне* орамалдың түйдім сусар (“Жамбас сипар” әні). Жазушы өзіне келген почтаны да столының сол жақ *шетіне* қояды екен (Нұршайықов).

Жатыс септігінде қолданылған *шетінде* есімі іс-қимылдың қай нәрсенің жиек жағында, ернеу жағында болғандығын білдіреді. О құрғырың қаланың қиыр *шетінде* екен (Газеттен).

Шығыс септігінде айтылуына мысал: Желдің өтінен, елдің *шетінен* келе жатырмыз.

Табыс септігінде қолданылуы: *Жолдың шетін ала жүрді.*

Көмектес септігінде қолданылуы: *Жолдың шетімен жүрді.*

БОЙЫ көмекші есімі іс-қимылдың, бір заттың, нәрсенің, я географиялық объектінің ұзына бойына, өңіріне қатысты екенін білдіреді.

Барыс септігінде қолданылуына мысал: Бөлменің ұзына *бойына* тактай төсеп шықты. Бақанас өзені *бойына* сығылыса қонған ауыл (Лекерев).

Жатыс септігінде келуі: Көкшетаудың *бойында* алтын көп екенін білеміз (Мұқанов).

Шығыс септігінде қолданылуы: Өзен *бойынан* қырға қарай беттеген (Әуезов).

Көмектес септікте қолданылуы: Көше *бойларымен* жоғары өрлеп келе жатты (Сейфуллин).

БОЙЫ көмекші есімі кеңістік мәнді септіктерден тыс табыс септігінде қолданылуы да мүмкін, мұндай жағдайда ол іс-әрекеттің болған жері не нәрсенің, қандай объектінің бойына қатысты екендігін білдіреді. Жаңбыршы ауылы ұзын бір сайдың *бойын* өрлей қонған екен (Мүсірепов). Ол Тарбағатай және Жетісу *бойларын* аралаған (Елеусізов). Бұл көмекші есім ілік септікте де қолданылады: *Өзен бойы құлады.*

2. Вертикаль бағыттағы кеңістік қатынасты білдіретін көмекші есімдер. Бұған *асты, үсті, беті, түбі* секілді көмекші есімдер кіреді.

ҮСТІ. Барыс септікте қолданылған кезде *үстіне* көмекші есімі іс-әрекеттің бір заттың астына қарама-қарсы жағына, үстіңгі бетіне, жоғары жағына бағытталғанын білдіреді. Серігіміз екеуміз ауладағы жаңа тасып әкелінген пішеннің *үстіне* жаттық (Қанахин). Азын-аулақ тағамдарының барлығын үстел *үстіне* қойды (Дүйсенов).

Кейде *үстіне* көмекші есімі барыс септікте тұрып істің, оқиғаның болған орнын емес, оның

қалай, қалайша жүзеге асқанын, бір нәрсенің қосымша үстеу мәнін көрсетеді. “Таңбалы тас” әңгімесінің *үстіне* түскеніне Сәтжан аса қуанды (Бегалин).

Жатыс септігінде қолданылған *үстінде* көмекші есімі іс-әрекеттің бір нәрсенің үстіңгі жағында өткенін білдіреді. Үстөлдiң *үстінде* буда-буда қағаздар.

Үстінен көмекші есімі шығыс септігінде қолданылған кезде істің, қимылдың бір нәрсенің үстіңгі жағынан, жоғары жақ бетінен басталғанын білдіреді. Өзеннің *үстінен* салынған көпір. Мұнараның *үстінен* дүрбі салды.

Көмектес септікте қолданылған кезде де кеңістік мәнін береді. Мысалы: Көпірдің *үстімен* жүріп келеміз.

АСТЫ көмекші есімі дербес мағыналы сөз ретінде жұмсалған кезде тек грамматикалық септіктерде ғана айтылады. Оның көмекшілік қызметте қолданылуы олардың кеңістік мәнді септіктерде келуімен шарттас.

Барыс септіктегі *астына* көмекші есімі іс-қимылдың бір нәрсенің астыңғы жағына қарайғы бағытта жүзеге асқандығын көрсетеді. Бұршақтай бораған оқ *астына* қарай кіріп келе жатыр (Мүсірепов). Шаң *астына* қараса, айшықты ала ту көрді (“Алпамыс”).

Жатыс септікте қолданылған *астында* көмекші есімі іс-әрекеттің қай жерде болатындығын білдіреді. Мысалы: Асан мен Үсен қыр *астында* ойнап жүріп, ескерілмей жұртта қалады (Алтынсарин). Ай *астында* ақшыл дала қызусыз, жарықсыз бір бұлдыр сәуле береді (Әуезов).

Шығыс септікте қолданылуы: Дөң *астынан* мотор шуылы естілді (“Майдан”).

Табыс септігінде келуі: Су *астын* тексеріп шыққан барлаушылар... (Мүсірепов).

Көмектес септікте келуі: Жердің үстімен келіп, *астымен* қайту (Мәтел).

БЕТІ есімі де кеңістік септіктерде қолданылған кезде *үсті* көмекші есімі секілді іс-әрекеттің, қимылдың бір нәрсенің бетінде, үстіңгі жағында болғандығын білдіреді.

Барыс септікте айтылған *бетіне* көмекші есімі іс-қимылдың қандай нәрсенің үстіңгі жағына бағытталғанын білдіреді.

Барыс, табыс септікте қолданылуы: Жергілікті халық бұл өзеннің бергі *бетіне* егін салады екен де, арғы *бетін* мал жайылымы етіп ұстайды екен.

ТӨБЕСІ көмекші есімі де мағынасы жағынан *үсті*, *беті* дегендерге жақын. Барыс септігінде айтылған *төбесіне* көмекші есімі іс-қимыл-

дың қай бағытқа қарай беттегенін, беталысын көрсетеді. Самат үйдің *төбесіне* шығып тұрған еді (Жұмағұлов).

ТҮБІ сөзі көмекші есім қызметінде жатыс септігінде жиі қолданылып, іс-қимылдың бір нәрсенің төменгі жағында, жанында, маңайында, ең соңында, ақырында болғандығын білдіреді. Мысалы: Арбаның *түбінде* Алтыңгүл сиыр сауып отыр (Майлин). Мұхит пен су *түбінде* әр түрлі балықтар мен жануарлар өмір сүреді (Құмарова).

Өзге септіктерде қолданылады: Бұл мәселенің *түбі* жақсылыққа апармайды.

3. Көлемдік кеңістік қатынасты білдіретін көмекші есімдер. Бұған *іші*, *сырты*, *ортасы*, *арасы* дегендер жатады.

ІШІ көмекші есімі барыс септікте қолданылғанда іс-қимылдың бір нәрсенің ішкі жағына қарай бағытталғанын білдіреді. Мысалы: Кең, әрі жарық бөлмелердің *ішіне* масатыдай құлпырған кілемдер төселген.

Шығыс септікте қолданылуы: Әйелдердің *ішінен* шешесін іздеді (Бақбергенев).

СЫРТЫ көмекші есімі іс-қимылдың бір объектінің сыртында, сыртқы жағында болғандығын білдіреді. Мысалы: Ол үй *сыртында* ұзақ тұрып қалды... (Бақбергенев).

АРАСЫ. Барыс септігінде қолданылуына мысал: Текедегі ұлықтар... ел *арасына* бүлік салып жүр (Бақбергенев).

ОРТАСЫ. Жатыс септігінде келуі. Көп кісінің *ортасында* тұрған әкесінің түріне... көзі түсті (Бақбергенев).

Барыс септікте қолданылуы: Қаланың *ортасына* қарай бұрылды.

Кейде барыс септікті *ортасына* көмекші есімі мезгіл мағынасында қолданылады. Оны *түн ортасында* жұмысқа шақырып алды.

Шығыс септігінде қолданылған *ортасынан* көмекші есімінің де мезгіл, мөлшер мағынасында қолданылатын кезі бар. Түн *ортасынан* ауа бергенде... Бұл көмекші есім де барлық септік жалғауында айтылады. Баяндауыш қызметінде 3-жақ нөлдік тұлғала қолданылады.

Жоғарыда айтылғандардан, келтірілген мысалдардан көмекші есімдердің атау формасынан бастап барлық септік жалғауларында қолданылатындығын байқаймыз. Соның ішінде олардың көмекшілік қызметте жұмсалуды, көбінесе, кеңістік мәнді септіктерде жұмсалудымен байланысты. Грамматикалық септіктерде қолданылған көмекші есімдер объектілік қатынаста да, анықтауыштық

катынаста да, субъектілік-грамматикалық катынаста да қолданыла алады. Мұндай катынаста қолданылған көмекші есімдер көмекшілік қызметтен гөрі дербес мағыналы сөз ретінде қолданылуға бейім.

Зат есімнің өзге лексикалық топтарынан көмекші есімдердің басты бір ерекшелігі - оның баршасының тіліміздің байырғы сөздері болуы. Көмекші есімдердің лексикалық құрамында кірме сөз атаулы мүлдем жоқ. Қазақ фразеологизмдерінің, мақал-мәтелдерінің құрамында көмекші есімдерді жиі кездестіретініміз осының айғағы.

3.1.7. Зат есімнің құрылымы

Морфологиялық құрылымы жағынан қазақ тіліндегі зат есімдерді түбір сөзден, туынды сөзден, біріккен сөзден, қос сөзден, қысқарған сөзден, сондай-ақ күрделі құрылымнан тұратын зат есімдер деп бөлуге болады.

Түбір деп сөздің морфологиялық тұрғыдан әрмен қарай бөлшектеуге келмейтін бөлігін айтады. Мәселен, *естияр, есті, есуас, есалаң* деген сөздердің әрмен қарай бөлшектеуге келмейтін бөлігі - *ес*, демек, түбірі - *ес*. Бұл жерде ескеретін бір жағдай: сөздің морфологиялық тұрғыдан әрмен қарай бөлшектеуге келмейтін бөлігі дегенді тек шартты түрде ғана ұғыну керек. Олай дейтініміз, сөздің түбірі деп біз оқулықтарда айтылып жүргеніндей, көбіне, сөздің лексикалық мағыналы бөлшегін ғана түсінеміз. Ал шынтуайтқа келсек, сөздің түбірін жалаң осы түсініктің шеңберімен шектеу - дұрыстыққа келе бермейді. Өйткені сөздің түп төркіні оның мағына бере алатын бөлігінен де әріде жатуы мүмкін. Айталық, *көзілдірік, көзгелдек* (көз ауруының бір түрі) деген зат есімдердің тіліміздің қазіргі даму деңгейінен алғанда, әрмен қарай бөлшектеуді көтермейтін бөлігі - *көз* екені бірден байқалады. Өйткені бұдан әрі бөлшектей берсек, “көз” деген мағынадан айырылып қаламыз. Ал әңгіменің анығына келсек: *көз* - туынды сөз, мұның түбірі - *кө*, сөз соңындағы *з* деген элемент түркі тілдерінің ежелгі бір дәуірлерінде пар нәрселерді білдіретін көптік (екілік) жалғауының көне бір нұсқасы деп танылады. Қазір тілімізде жиі қолданылатын *мүйіз, егіз* секілді пар ұғымдарды білдіретін есімдерде *з* элементінің сақталуы осыған дәлел. Мұндағы *кө* сияқты лексикалық мағынасы жоқ түбірлер қазақ тілінде аз емес. Ондай түбірлерді қазақ тілі оқулықтарында басқа түбірлерден ажырата көрсетіп, өлі түбірлер деп атайтыны бар.

Сонымен, сөздің әрмен қарай бөлшектеуге келмейтін бөлігі дегенді, көбінесе, мектеп тәжірибесі үшін айтылатын практикалық, әдістемелік мақсатта қалыптасқан түсінік деп білу керек. Сондықтан да ол ерекшеліктерді көрсету үшін өлі түбір, тірі түбір деген де ұғым бар.

Қазақ тілінде түбір күйінде келетін дербес мағыналы сөздер жеткілікті. Мәселен, *бас, қол, тас, от, өт* деген түбірлер - дербес мағыналы зат есімдер.

Зат есімдердің дені - құрылымы жағынан дербес мағыналы сөздер. Туынды сөз дегеніміз - жұрнақтардың түбірге жалғануы арқылы кейіннен пайда болған сөздер. Мысалы, *бастық, басшы, бастаңғы, басқарма* деген сияқтылар *бас* деген түбірге түрлі жұрнақтардың жалғануы нәтижесінде жасалған туынды зат есімдер. Түркі тілдерінің жалғамалы (агглютинациялы) тіл болуы себепті жұрнақтар түбірге бірі жалғанып қоймай, кейде бірінің үстіне бірі жалғанып та бір туынды сөзден екінші бір туынды сөз жасалып жатады. Жоғарыдағы мысалдағы *басқарма* деген зат есім туынды сөздің осындай түріне жатады.

Сөздердің бірігуі секілді амал-тәсілдің көмегімен жасалған зат есімдер де тілімізде баршылық. Сөз табы ішінде біріккен сөздердің ең молырақ ұшырайтын саласы да осы зат есім. Біріккен сөз тұлғалы зат есімдердің лексикалық аясы мейлінше кең. Үй тұрмысындағы бұйымдарға, жан-жануарлар дүниесіне, өсімдіктер дүниесіне, жер-су атына, кісі атына т.б. салаларға қатысты біріккен сөз тұлғалы зат есімдер тілімізде аса көп. Мысалы: жолбарыс, алабұға, үшқат, алабота, Қаратау, Сарысу, Ербол, Жанұзақ.

Осы үлгімен жасалып, тілімізде кейінгі кезде қолданыс тапқан біріккен сөздер де көп. Мысалы: *кәсіподақ, өнеркәсіп, ұжымшар*.

Біріккен сөздердің арасында көнеленіп, бұл күнде түбір жігі ажырағысыз болып қалғандары да бар. Мысалы: белбеу (бел бау), ағайын (аға іні).

Қазақ тілі морфологиялық құрылысының тілдердің өзге жүйесімен салыстыра алғандағы аса бір назар аударарлық тағы бір құбылыс - сөздердің қосарланып айтылу жайы ма дейміз. Бұл да бір тыңнан сөз жасаудың тілімізде ежелден ірге теуіп, қалыптасқан кәнігі тәсіл. Ана тіліміз көс сөз атаулыға аса бай. Қос сөз тұлғалы зат есімдер де тілімізде жиі ұшырасады. Мысалы: *сай-сала, шыбын-шіркей, қатын-қалаш, қыз-қырқын*.

Қысқарған сөздерді де сөз құрылымының бір нұсқасы деп қарайтын дәстүр бар. Сөзді қысқар-

ту - тым жасанды нәрсе. Олар көбінесе күрделі атаулардың бас әріптерінен алынып барып жасалады. Бұл тәсіл тілдегі үнемдеу принципінің талабын қанағаттандыруды көздейді. Оның тілдегі сөз қорын байытудың бір жолы деп таныла қоюы неғайбыл. Бірақ оның тілімізде, әсіресе жазба тілімізде, ресми стильде жиі қолданылып жүргені де бекер емес. Қысқарған сөзбен келетін зат есім қатарында АҚШ (Америка Құрама Штаттары), ҚазПИ (Қазақ педагогтік институты), ТМД (Тәуелсіз мемлекеттер достығы) сияқтыларды атауымызға болады.

Күрделі зат есімдердің жоғарыда аталған құрылымдық топтардан ерекшелігі - тұтас бір ұғымды білдіретін атау мұнда ең кем дегенде екі сөзден тұрады, сырт белгілері жағынан мұндай күрделі есім сөздердің тіркесіне ұқсайды. Мысалға, *темір жол, шүрегей үйрек* секілді атауларды алатын болсақ, олардың қабыса байланысқан сөз тіркесінен өрбіген құрылым екені талассыз. Бұлар, дұрысында, сөз тіркесінің лексикаланған нұсқасы. Бір ұғымның атауышы болып келетіндіктен ғана олар дербес сөз ретінде танылады.

3.2. ЗАТ ЕСІМНІҢ ТҮРЛЕНУ ЖҮЙЕСІ

Зат есімнің түрленімі дейтін түсінік оның жекеше, көпше түрде қолданылу, септік, тәуелдік, жіктік жалғауларында қолданылу жүйесін қамтиды. Тілдердің өзге жүйесімен, әсіресе, еуропа тілдерімен салыстырғанда, түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің түрлену жүйесінің түбегейлі өзгешелігі бар.

3.2.1. Зат есімнің көптік тұлғада қолданылуы

Нақтылы лексикалық мағынасына орай зат есім сөйлем ішінде не жекеше, не көпше түрде қолданылады. Зат есімдерді жекеше, көпше деп аталатын екі топқа айыра көрсетуге негіз болатын ең басты грамматикалық сыртқы белгі - оларға көптік жалғауының жалғануы. Көптік жалғауын жалғау сөзге көптік мағына берудің негізгі жолы бөлғанмен, бірден-бір ғана жолы емес. Ана тілімізде зат есімде көптік мағына пайда болуының бұдан да басқа амал-тәсілдері бар.

Көптік мағынаның арнаулы қосымша арқылы пайда болуы, негізінен алғанда, көптік жалғауының қызметіне байланысты. Қазақ тілінде көптік жалғауы *-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер* деген алты түрлі фонетикалық нұсқада ұшырай-

ды. Мұның *-лар, -лер* нұсқасы аяғы дауысты дыбыс пен *-й, -у, -р* дыбыстарына біткен сөздерге (балалар, үйлер, таулар, нарлар), *-дар, -дер* нұсқасы аяғы мұрын дыбыстары мен *л, з, ж* дауыссыздарының біріне біткен сөздерге (киімдер, қыздар), *-тар, -тер* нұсқасы аяғы қатаң дауыссыздар мен *ұяң б, ғ* дыбыстарына біткен сөздерге (қонақтар, арабтар, филологтар) жалғанады. Көптік жалғауы жалғанған зат есімдер көптік мағынамен қоса өзінің бастапқы лексикалық мәніне орай сөйлем ішінде мынадай мағыналық реңктерге ие болады.

Нәрсенің өз алдына дербес-дербес санап көрсетуге болатын бөлшектерден тұратындығын көрсетеді. Мысалы: *өзендер, кітаптар, жануарлар, ыдыстар*. Көптік жалғауын бұл ретте қолдану көбіне сөз болып отырған заттардың біркелкі емес, әркелкі екендігін аңғарту қажеттігінен туады. Келтірілген мысалдардан көптік жалғауының мұндағы *өзен, кітап, жануар, ыдыс* дегендердің ұзын санының молдығынан гөрі олардың түрлерінің көптігін білдіру үшін жұмсалғандығын көреміз.

Сан жағынан бөлшектеп көрсетуге келмейтін бір текті нәрселердің жиынтығын білдіретін атауларға жалғанған кезде де көптік жалғауы жоғарыдағы секілді ол заттың жай ғана көптігін емес, түрінің, сыртының әр түрлі екендігін аңғартады. Мысалы: *тағамдар, тәттілер, тастар*. Мұндай зат есімдер әр түрлілікті, әр сырттылықты көрсетпей, бірыңғай, бір текті нәрселердің жиынтығын көрсететін болса, онда олар әрдайым көптік жалғауы жалғанбай айтылады.

Көптік жалғауы өзі жалғанған зат есімдерге молшылық, қисапсыз көптік секілді мағыналарды да үстей алады. Мұндайда зат есімдердің негізгі лексикалық мәнінің, көбінесе сан жағынан бөлшектеп көрсетуге келмейтін нәрселерді білдіруі шарт. Мысалы: *сулар, үгінділер*.

Зат есімге көптік жалғауы жалғанғанда бұдан кейін пайда болатын басты бір мағыналық реңк - белгілі бір адамдардың тобын, жиынтығын білдіру. Мысалы: *жастар, сауыншылар, қырғыздар, ғалымдар, еуропалықтар*.

Туыстық жақындықты білдіретін зат есімдердің тәуелденген түріне жалғанған кезде көптік жалғауы біреудің есімін сый тұтуды, құрмет тұтуды білдіреді. Мысалы: *апамдар, әжелер, атамдар*.

Көптік жалғауы мезгіл мөлшеріне байланысты айтылатын кейбір зат есімдерге жалғанған кезде сөзге түспал, шамалау мағынасын үстейді. Мысалы: *қыстың ортасында - қыстың орталарында, тамыздың аяғында - тамыздың аяқтарында, жаздың басында - жаздың бастарында*.

3.2.2. Зат есімнің тәуелденуі

Сөздің тәуелденуі деп нақтылы бір заттың кімнің меншігі екенін білдіретін грамматикалық белгіні айтады. Тәуелденіп тұрған зат есімнен әрі біреудің иелігіне жататын сол заттың өзі, әрі оны иемденуші адам - мұның екеуі де қоса ұғынылады. Тәуелдік категориясы - өзге жүйедегі тілдерден (мәселен, орыс тілінен) түркі тілдерді типологиялық жағынан оқшаулап тұратын басты бір грамматикалық ен-таңбаның бірі. Көп тілдерде тәуелдік мағына түркі тілдеріндегі сияқты сөз ішінде болатын морфологиялық құбылу арқылы емес, ол сөзге бөгде сөздердің тіркесуі пайда болады. Демек, ондай тілдерде тәуелдік мағына тудыру үшін, әлбетте, екі сөз керек. Ал түркі тілдерінде белгілі қосымшалардан негізгі, яки туынды түбірге жалғаудың өзі-ақ мұндай мағынаны беру үшін жеткілікті. Мәселен, *көйлек* дегеннің өзімізбен бірге сөйлесіп отырған адамға тән бұйым екенін көрсетпек болсақ, оның атауышы зат есім *көйлек* сөзіне *көйлегің* деп *-ің* қосымшасын жалғаймыз. Сонда ешбір сырт сөздің жәрдемінсіз-ақ бұл сөздің бір өзінен *көйлек* дегеннің тыңдаушы жаққа меншікті нәрсе екені аңғарылатын болады. Мұның былай болуы түркі тілдеріндегі тәуелденіп тұрған сөз біреудің меншігі болып табылатын затты білдіреді де, оған жалғанатын тәуелдік жалғауы меншік иесін білдіреді. Тәуелденіп отырған *көйлегің* деген сөзде мағыналық тұрғыдан да, сол секілді құрылымдық тұрғыдан да бір-бірінен бөліп көрсетуге келетін екі элемент бар. Оның бірі - *көйлек* деген сөз арқылы көрініп тұрған меншіктелінетін зат та, екіншісі *-ің* деген қосымша арқылы көрінетін сол заттың иесі. Асылында, тәуелдік категориясын түзетін тіліміздегі басты белгінің өзі де осы сияқты екі бірдей мағынаның бір ғана сөздің бойына сыйысуы. Бұл категорияға зат пен оны иеленушінің арасындағы қарым-қатынасты көрсететін категория деп анықтама берілу себебі де осы қасиетінен.

Сөзге тәуелдік мағына беретін арнаулы қосымшалар тәуелдік жалғауы деп аталады. Тәуелдік жалғауының әрқайсысы жіктеу есімдіктерімен мағыналық іліктестікте айтылып, грамматикалық үш жаққа тән болып келеді. Тіліміздегі тәуелдік жалғауларын фонетикалық жағынан екі топқа ажыратуға болады. Оның бірі - тәуелдіктің дауыссыз дыбыстан басталатын нұсқасы да, екіншісі - дауысты дыбыстан басталатын нұсқасы. Мұның алғашқы тобы аяғы дауыстыға біткен

сөздерге, соңғы тобы - аяғы дауыссыз дыбысқа біткен сөздерге жалғанады. Олардың әрқайсысы мынадай:

1-жақ: -м, -мыз, -міз	-ым, -ім, -ымыз, -іміз
балам, баламыз	малым, малымыз
інім, ініміз	елім, еліміз
2-жақ: -ң, -ңыз, -ңіз	-ың, -ің, -ыңыз, -іңіз
балаң, балаңыз	малың, малыңыз
інің, ініңіз	елің, еліңіз
3-жақ: -сы, -сі	-ы, -і
баласы	малы
інісі	елі

Тәуелдік жалғаулы сөз жекеше мағынада да, көпше мағынада да қолданыла береді. Бірақ тәуелдеулі сөздің жекешелік, көпшелік мәнінде болатын мына секілді ерекшелікті ескеру керек. Әдетте меншіктелетін заттың жекеше, көпше мағынаға ие болуы бар да, меншік иесінің жекеше, көпше мағынаға ие болуы бар. Мұның меншік иесінің көптігін білдіретін түрін ортақ тәуелдеу деп, меншік иесінің жалғыз екенін білдіретін түрін оңаша тәуелдеу деп атайды. Өйткені ортақ тәуелдеуде меншіктелетін зат әр уақыт бірнеше субъектінің ортақ меншігі ретінде ұғынылады да, оңаша тәуелдеуде бір ғана субъектінің тек өзіне тән, дербес меншік ретінде ұғынылады. Мәселен, *үйім* деген сөздегі оңаша тәуелдеу жалғауының мағынасынан объектінің тек сөйлеуші адамның өзіне тән меншікті нәрсе екенін білсек, *үйіміз* дегендегі ортақ тәуелденуден осы объектіге сөйлеушімен қоса басқа адамдардың да иелік ететіні білінеді.

Көптік жалғауы тәуелдіктің оңаша түріне де, ортақ түріне де жалғана береді. Егер тәуелдеулі сөздің құрамындағы көптік жалғауынан меншік иесінің көптігі ұғынылмай, меншіктелетін заттың көптігі ұғынылатын болса, мұнымыз оңаша тәуелдеу болады. Ал, керісінше, бұл жердегі көптік жалғауы, меншіктелетін зат мейлі біреу, мейлі одан көп болсын, әйтеуір, меншік иесінің көп екендігін білдіретін болса, мұнымыз ортақ тәуелдеу болады. Бұл арасы қаншалық түсінікті болғанымен, дәл осындағы көптік мағынаның тәуелдеулі сөздің қай элементіне қатысты екенін ажыратудың өзіндік қиындығы да бар. *Балалары жігіт болды ма?* деген сұрауды бірнеше бала туралы бір адамға да, бір бала туралы бірнеше адамға да қоюға болады. Сол тәрізді *балалары жігіт болып па?* дегендегі көптік мағынаның балаға қатысты екені, яки оның ата-анасына қатысты екені тосыннан тыңдап тұрған адам үшін айқын емес.

Демек, мұндағы *балаларың, балалары* дегендердің сыртқы тұлғасы бұл тәуелдеуіміз оңаша ма, ортақ па деген сауалға жауап бермейді. Мұның жауабын сөйлеу, жазу контексінен ғана іздеу керек. Үшінші жақтағы тәуелдеулі сөздің көптік жалғаусыз түрінің әрі оңаша, әрі ортақ тәуелдеу болу сыры да осыған ұқсас. Мұның да оңаша, ортақ тәуелдеу екенін оның өзіміз грамматикалық байланыста айтылған сөйлемдегі басқа сөздерге қарап ажыратамыз. Бұл айтқанымыз түсініктірек болу үшін мына бір-екі мысалды салыстырып көріңіз: *оның баласы* (мұндағы *баласы* - оңаша тәуелдеу), *олардың баласы* (мұндағы *баласы* - ортақ тәуелдеу). Тәуелденген сөздің осылайша үшінші жақта көптік жалғауының көмегінсіз-ақ ортақтық мағынаны аңғарта алуы - қыпшақ тобындағы тілдердің өзге түркі тілдерінен бір ерекшелігі есепті. Өйткені көпшілік түркі тілдерінде тәуелденетін сөз мұндай мағынаны беру үшін көптік жалғаулы болу керек.

3.2.3. Зат есімнің септелуі

Септелу деп сөздердің сөйлем ішінде өзге сөздермен дәнекерлесу үшін септік жалғауын қабылдап, грамматикалық тұрғыдан өзгеріске түсуін айтады. Қазақ тіліндегі септік жалғауының жеті түрі бар, олар: атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктері. Сөздердің жекеше түрі мен көпше түрінің септелу үлгісінде принциптік айырма жоқ. Септік жалғауы жекеше сөзге де, көпше сөзге де бірдей жалғанады. Қазақ тіліндегі септік жалғауларын грамматикалық септік жалғаулары және кеңістікті білдіретін септік жалғаулары деп бөліп қарайтын дәстүр бар. Грамматикалық деген топқа атау, ілік, табыс жалғауларын жатқызады да, кеңістікті септіктерге барыс, жатыс, шығыс, көмектес жалғауларын жатқызады.

Грамматикалық деп атап отырған топқа жататын жалғаулардың негізгі қызметі - бастауышты (атау септігі), тәуелділікті (ілік септік), істің, қимылдың объектісін білдіру. Ал кеңістікті білдіретін жалғаулар істің, қимылдың қайда бағытталғанын (барыс септік), қай жерден басталғандығын (шығыс септігі), қай жерде және қалай не арқылы болып жатқанын (жатыс, көмектес септігі), бір сөзбен айтқанда, істің, қимылдың бағытын, мекенін білдіреді.

Сөйлемдегі орын тәртібі жөнінен алғанда, септік жалғаулы сөз өзін меңгеретін сөзден бұрын тұрады. (Стильдік мақсатта кейде оның меңгеретін сөзден кейін келуі де мүмкін). Септік жалғаулары зат есімнің түрлену жүйесі болатындығы, біріншіден, тек зат есімдер, я зат есімдердің орнына жүретін сөздер ғана септелетіндігі, екіншіден, басқа сөз таптары септеле қалса, олар заттанып кететіндігі жалғаудың бұл түрінің ерекше белгісі.

Сөздердің септелу жүйесі мынадай:

Атау септік. Септік жалғауы қатарында саналып жүргені болмаса, атау септігінің арнаулы жалғауы жоқ. Дұрысында, атау септігі деп отырғанымыз - сөздің септік жалғауын қабылдамай тұрған күйі. Оны атау септік деп септік жалғауларының басына қою аса қажет, өйткені заттын кім, я не екенін білдіретін сөзбен жақ жағынан қиысып, субъектілік-координаттық қатынаста байланысып, сөйлем құрайды.

Ілік септік. Бұл зат есім сөзге *-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің* жалғауларының жалғануы арқылы жасалады: *баланың, есіктің*.

Ілік септігі жалғауының сөзге қосылған кезде беретін бірден-бір мағынасы иелік, меншікті білдіру. Септіктің бұл түрі тәуелдік категориясымен тығыз байланысты. Ол тәуелдік жалғаулы сөзбен әрдайым синтаксистік бірлікте айтылады. Тәуелдік жалғаулы сөз жоқ жерде ілік жалғаулы сөздің жалаң өз мағынасында грамматикалық тиянақтылық болмайды, ол әр кез тәуелділік жалғаулы сөзге бағынышты, оның грамматикалық мағынасын анықтаушы сөз ретінде айтылады. Мәселен, *кітаптың беті* дегендегі ілік жалғауындағы жалаң *кітаптың* деген сөз өз бетінше тұрып грамматикалық тиянақтылықты аңғарта алмайды. Оның грамматикалық тұрғыдан тиянақталуы үшін өзі қатысты тәуелдік жалғаулы сөздің онымен ілесе айтылуы қажет. Зат есімдер ілік жалғауында келгенде онымен тіркесетін тәуелдік жалғаулы сөз ылғи үшінші жақта тұрады, кез келген зат есім семантикалық жағынан 3-жақты білдіреді.

Ілік септігі арқылы көрінетін грамматикалық тәуелдіктің басты-басты түрлері деп оның меншік иесін (жолдасымның үйі), туыстық жақындықты (егіздің сыңары), табиғи бірлікті (сиырдың мүйізі), нәрсенің бөлшегін (есіктің тұтқасы), дерексіз ұғымдардың байланысын (істің нәтижесі), логикалық субъектіні (желдің ызыңы), сапалық ерекшелікті (саранның сараны) білдіруін атауға болады.

Ілік септігі жалғауының түсіп қалатын кездері болады: *есік алды, тау іші, ақын өлені*.

Барыс септік. Барыс септігінің зат есімге жалғанатын жалғаулары *-ға, -ге, -қа, -ке, -а, -е, -на, -не*. Мұның *-а, -е, -на, -не* түрі тәуелденген зат есімге, қалғандары тәуелдеусіз зат есімге жалғанады. Барыс септіктегі сөз, негізінен, істің, қимылдың кімге, неменеге, қай жаққа бағытталғандығын білдіреді. Бағыт-бағдарды білдіру - оның ең негізгі мағынасы. Ал қалған мағыналары оның негізгі мағынасының әр түрлі көрінісі есепті. Әлбетте, септік жалғаулы сөздің белгілі бір грамматикалық мағынаны аңғартуы - оны өзіне тәуелді етіп, бағындырып тұрған сөздің лексикалық-грамматикалық мәніне де белгілі дәрежеде қатысты болады. Мәселен, *ол үш күнге кетті, ол ауылға кетті* дегендегі барыс септікті сөздің бірде мезгілді (үш күнге), бірде бағытты (ауылға) білдіруінің бір ұшы септеліп отырған сөздің семантикалық мәнінде жатыр.

Барыс жалғаулы зат есімнің басты-басты мағыналары іс-қимылдың бағытын (үйге кетті), мақсатын (білуге кетті, көруге кетті), мөлшерін (екі айға созылды), немесе арналғанын (үрерге иті жоқ) - білдіру.

Барыс жалғаулы сөз көбіне етістіктің жетегінде айтылады. Дегенмен ол шылау мен есім сөздердің де жетегінде айтылмайды емес. Есім сөздердің ішінде ол сын есіммен жиірек қолданылады. Мысалы: *сөзге сараң, малға бай. Білгенге маржан, Білмеске арзан* (Абай). *Аларманға алтау аз, берерменге бесеу көп* (Мақал).

Барыс септігінің де жасырын түрі болады. Мәселен, *Алматыға кетті, Тәшкенге барды* дегеннің орнына *Алматы кетті, Тәшкен барды* деп қолдана беретін де кезіміз бар.

Табыс септігі. Зат есімге жалғанатын табыс септігінің жалғаулары *-ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті* және тәуелдік жалғаудың 3-жағынан кейін *-н*. Табыс септік - тек тура толықтауыш қызметінде жұмсалатын септік. Ол сөйлем ішінде әрдайым сабақты етістікпен синтаксистік қатынасқа түсіп, іс-қимылдың тура объектісін көрсетеді. Табыс септігі жасырын түрде де айтылады. Оның септігі жасырын түрі тілімізде жиі байқалатын құбылыс. Мысалы: *хат жазды, кино көрді, кітап оқиды*.

Көп зерттеушілер табыс септігінің ашық немесе жасырын түрде айтылуын түркі тілдеріндегі белгісіздік құбылысымен байланысты белгі деп түсінеді. Табыс септіктің жасырын түрінде септеліп тұрған сөздің өзін меңгеретін етістіктің дәл алдында, араға сөз алмай тұруы шарт. Егер меңгеруші сөз бен табыс септіктегі сөздің арасына өзге сөз түсіп кетсе, табыс септігі жасырын түрде айтыла алмайды. Демек, сөйлемдегі позициясы

тұрғысынан алғанда табыс септігінің, сондай-ақ өзге септіктердің жасырын түрде қолданылуының өздеріне тән белгілі орны бар. Табыстың жасырын түрімен айтылған сөз өзі бағынатын сөзден сөйлем ішінде қашықтап кете алмайды. Ал табыстың ашық түріндегі сөз болса, оны қажет болған жерде сөйлемнің басына да, ортасына да қоя беруге болады. Мысалы: *ол кеше мына кітапты сатып алды* деген сөйлемді алатын болсақ, мұндағы табыс септіктегі *кітапты* сөзінің *мына кітапты ол кеше сатып алды, ол мына кітапты кеше сатып алды* деп орнын жылжытқаннан септік мағынасына келетін залал жоқ.

Жатыс септік. Зат есімнің жатыс септігінде септелуі оған *-да, -де, -та, -те* қосымшаларының жалғануы арқылы болады. Тек тәуелдік жалғауының үшінші жағындағы сөзбен келгенде жатыс жалғауы өзінің алдына *-н* дыбысын қосып *-нда, -нде* болып жалғанады. Септіктің бұл түрінің негізгі мағынасы іс-қимылдың орнын, мекенін білдіру. Мұндайда жатыс септіктегі *сөзқайда? неде?* деген сұраққа жауап береді. Мысалы: *Түзде мырзаң, үйде сырдаң* (Абай). *Тауда болар торғыл тас, Тарықса шығар козден жас* (Халық жырынан). Кейде жатыс жалғаулы сөздің мезгілді білдіретін де кезі бар. Бұл жайда ол *қашан?* деген сұрақтың жауабы ретінде қолданылады. Мысалы: *Жаңбыр көктемде көп жауды. Ол екі айда оралды. Жатыс септікті сөз кімде?* деген сұраққа жауап беретін болса, кісілердің арасындағы байланысты білдіреді. Мысалы: *Омарда жұмысым бар*.

Шығыс септік. Шығыс септігінің жалғаулары *-дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен*. Септіктің бұл түрі іс-әрекеттің, қимылдың қай жерден, неден басталғандығын білдіреді. Екінші сөзбен айтқанда, іс-қимылдың бір объектіден қашықтап, ұзап, алыстап бара жатқанын көрсету. Мысалы: *ауылдан келе жатыр, көзден ұзату, көктен түскендей*.

Оның жоғарыда аталған мағынасынан да басқа мағыналық реңктері бар. Олардың бастылары:

Іс-қимылдың қандай объектінің маңында, төңірегінде болғандығын білдіру. Мәселен, *бастан салып жіберді, маңдайынан сипады, бетінен сүйді*.

Кейде іс-қимылдың себебін білдіреді. Мысалы: *суықтан денесі қалтырайды, айбарынан сескенді, қарадан үрікті*.

Сын есімге меңгеріле байланысқан кезде, салыстыру мәнінде қолданылады: Мысалы: *балдан тәтті; Бетегеден биік, жусаннан аласа* (мәтел).

Белгілі бір үлесі, бөлшегі алынатын затты білдіреді. Мысалы: *астан ауыз тиді; Құланның атты қодықты, көлден тартты борықты* (фольклор).

Заттың не нәрседен істелгенін, кісінің тегін білдіретін кездері де бар. Мысалы: *Атадан алтау, анадан төртеу* (Абай); *барқыттан істелген*.

Сан есіммен меңгеріле байланысқан мөлшер, өлшем мағынасында қолданылады. Мысалы: *жеті айдан асты, үш күннен істеді, әрбіреуі мың теңгеден алды*.

Септіктің бұл түрі көбіне етістік сөздердің жетегінде келіп, олармен объектілік, пысықтауыштық қатынаста айтылады да, сөйлемде жанама толықтауыш яки мекен, мезгіл, мөлшер пысықтауыш қызметінде жұмсалады.

Көп жағдайда шығыс септікті сөздің есім сөздердің, әсіресе сын есімдердің жетегінде айтылатын кезі бар. Оның бұл мағынасы көбіне тұрақты тіркестердің құрамында келуімен байланысты. Мысалы: *қойдан жуас, сынықтан өзге жұғады* (мақал), *көзден таса, ақылдан нұсқа*.

Шығыс жалғауының да кейде айтылмай түсіп қалатын кездері болады. Мысалы: *тесік тау өтін кеткір* (қарғыс сөз); *бел асу*.

Көмектес септік. Септіктің бұл түрі қазақтан өзге түркі тілдерінде септік жалғауы деп танылмайды, оның қосымшасын жалғаулық шылау деп біледі, сөйтіп оны бөлек жазады. Қазақ тіліндегі көмектес септігінің жалғаулары *-мен, -бен, -пен, -менен, -бенен, -пенен*. Оның тілімізде жуан фонетикалық нұсқасы жоқ, сондықтан жуан түбірге де, жінішке түбірге де бір-ақ нұсқада жалғанады. Сырт пішімі жағынан жалғаудың түрін бір буынды (*-мен, -бен, -пен*), екі буынды (*-менен, -бенен, -пенен*) деп екі топқа бөлуге болады. Олардың екеуі де тілімізде бірінің орнына бірі еркін қолданыла береді. Мәселен, *атпен келдім* деп те, *атпенен келдім* деп те айта береміз. Бірақ бұл септіктің екі буынды нұсқасының айтылуы тілімізде сирек, көбіне-көп ол ауызекі тілімізде қолданылып жүр.

Көмектес септікті сөздердің негізгі мағыналары:

Іс-қимылдың қандай құралмен атқарылғанын білдіреді. Мысалы: *пышақпен кесті, балтамен шапты, поезбен келді*.

Іс-қимылға ортақ субъектіні білдіреді. Мысалы: *Асқармен сөйлесті, жаумен алысты*.

Кейде іс-қимылдың амалын білдіреді. Мысалы: *сөзбен жеңді, ынтамен істеді, ісімен көрінді*.

Септіктің бұл түрінің істің мақсатын көрсететін кезі де бар. Мысалы: *Ол мұнда бір оймен келді*.

Іс-қимылдың қай жерде жүзеге асқандығы да кейде осы септіктің мағынасынан көрініп тұрады. Мысалы: *жолмен жүріп келеді, арықтың жиегімен жүріп келеді*.

Көмектес септігінің жалғауы мезгіл мағыналы сөздерге жалғанған кезде ол сөздер үстеулік мәнге ие болады. Мысалы: *күнімен, түнімен*.

Есім сөздерден тыс етістіктің есімше тұлғасына жалғанып, қарсылық мәнін білдіреді. Мысалы: *Ол сені көргенмен, мені көрген жоқ*.

Септіктің бұл түрінің де фразеологиялық тіркестердің құрамында жиі ұшырайтыны бар. Мысалы: *алтынмен аптап, күміспен күтпен; көзбен көріп, қолмен ұстау; таспен ұрғанды аспен ұр* (Мақал).

3.2.4. Зат есімнің жіктелуі

Зат есімнің грамматикалық тұрғыдан өзгеріске түсуінің бір жолы - оның жіктелуі. Сөздің жіктелуі деп оның грамматикалық үш жақтың әрқайсысына тән жіктік жалғауын қабылдауын айтады. Сөзге жіктік жалғауының жалғануы - бастауыш пен баяндауыштың сөйлем ішінде бір-бірімен синтаксистік қарым-қатынасқа түсуінің негізгі амалы. Қазақ тілінде, әрісі барша түркі тілдерінде, баяндауыш болуға қабілеті бар сөз табының қай-қай түрі де жіктеле алады. Алайда бұл категорияның есім сөздерден гөрі етістікке тән екені мәлім.

Есім сөздердің жіктелуін түркі тілдерінің морфология жүйесінің өзге тілдерден, айталық, еуропа тілдерінен басты бір ерекшелігі деп білуіміз керек. Мәселен, орыс тілін алатын болсақ, ондағы есім сөздерде мұндай жіктелгіштік қасиет жоқ. Орыс тілінде есім сөз баяндауыш қызметін атқару үшін ол сөйлем ішінде белгілі бір орын тәртібінің сақталуын, немесе бастауыш пен баяндауышты байланыстырушы грамматикалық дәнекердің болуын қажет етеді. Ал түркі тілдерінде есім сөздердің жіктелуі - оның баяндауыш болатындығының кепілі. Сондықтан да түркологияда жіктік жалғауы баяндауыш жалғауы (суффикс сказуемости), я предикаттық қосымша (суффикс предикативности) деп те аталады.

Қазақ тіліндегі жіктік жалғауының жекеше, көпше түрі, екінші жағынан анайы, сыпайы түрі бар. Олар төмендегідей:

жекеше көпше

I жақ:	-мын, -мін, -пын,	-мыз, -міз, -пыз, -піз,
	-пін, -бын, -бін	-быз, -біз
II жақ:	-сын, -сін,	-сындар, -сіндер,
	-сыз, -сіз	-сыздар, сіздер
III жақ:	---	-----

Есім сөздерге жалғанатын жіктік жалғауының қосымшасы үшінші жақта жоқ екені жоғарыдағы кестеден көрініп тұр.

Есім сөздердің, соның ішінде зат есімдердің бәрі бірдей жіктік жалғауын қабылдай бермейді. Лексикалық мәні жағынан алғанда зат есімдердің ішінен жіктелетіні - адамның қызметі, кәсібі, мамандығы, қабілеті, тегі, туыстығы, жынысы, жас шамасы (бастық, тігінші, әнші, балгер, ұстаз, қайраткер, әйел, жігіт т.б.) сияқты жеке басына тән белгілері мен қасиеттерін білдіретін сөздер. Екінші сөзбен айтқанда, жіктелетін зат есім көбінесе субъектіні білдіретін сөз болуы тиіс. Зат есімнің жіктелу үлгісі мынадай:

	жақ	жекеше	көпше
1	баламын мұғаліммін		баламыз, балалармыз мұғалімбіз, мұғалімдерміз
2	анайы сыпайы бала мұғалім	баласың мұғалімсің баласыз мұғалімсіз	баласындар мұғалімсіндер баласыздар мұғалімсіздер бала, балалар мұғалім, мұғалімдер
3			

Жоғарыда аталған тікелей субъектіні білдіретін сөздерден тыс бастапқы тура мағынасы субъектіні білдіру болмаса да, қолданылу ыңғайына қарай субъектілік мәнге ие болған зат есімдердің өзге топтарының да жіктелуі мүмкін. Зат есімнің өзінің ауыспалы мағынасында субъектіні білдіруінің бірнеше жолы бар. Олардың ішіндегі ең басты-басты дегендері мыналар:

1. Нәрселер мен құбылыстардың, жан-жануардың атын білдіретін зат есімдерді сөйлеуші, яки жазушы белгілі мақсатпен адам кейпіндегі бейне ретінде қолданылатын кездері болады. Мұндай кез келген нәрсенің, құбылыстың, кез келген тіршілік иесінің атын білдіретін сөз субъектілік мәні бар зат есімдерде болатын грамматикалық қасиетке ие болады да, сөйлемде кәдімгі субъект есебінде ұғынылады. Сөлай болғандықтан олар да тікелей субъектіні білдіретін зат есімдерше жіктеледі. Мысалы: *біз ұлтанды елміз, сендер іргелі ауылсындар.*

2. Белгілі бір субъектіні білдіретін ұғымның теңеуі, салыстырмалы баламасы ретінде бейнелі түрде жұмсалған зат есімдерде де жіктелу қабілеті болады. Мысалы: *арманымсың, тілегеніңмін, көзімнің жанарысың.*

Зат есімдерді бұлайша бейнелі түрде қолдану көбіне-көп көркем шығарма тіліне, әсіресе оның ішінде поэзия тіліне тән құбылыс.

Шамдансам, жығар асауымн,

Шамырқансам, сынар болатпын (Махамбет).

3. Адамға тән түрлі қасиеттер мен белгілерді білдіру үшін әр алуан метафоралық сипатта жұмсалған зат есімдер де жіктеледі. Мысалы: *мен оған салмақпын, сен ұлы кеудесің. Өзің бір тырысқан тарамыссың ғой.*

4. Кісінің тек басына қатысты кейбір сындық белгілерді көрсеткен уақытта да зат есімдер әуелгі тура мағынасының қандай екендігіне қарамастан жіктеле береді. Мысалы: *Осы тұрғанда малмандай сумын. Өзің қалпымен шаңсың ғой.*

5. Тілімізде кейде мекендік мәнді бірқатар зат есімдерде де, оларға жатыс, шығыс септігінің қосымшасы жалғанған кезде, жіктелгіштік қасиет пайда болады. Мұндай зат есімдер сөйлемде көбіне субъектінің мекенін, отырған орнын, қайдан, қай жерден шыққандығын білдіреді. Мысалы: *Абылай, сен бүгін үйдесің бе? Біз Қарқаралыданбыз.*

3.3. ЗАТ ЕСІМНІҢ СИНТАКСИСТІК ҚЫЗМЕТІ

Зат есімнің синтаксистік қызметі дегенде бірден ойға оралатын нәрсе - бұрын оның сөйлем құрамында сөйлемнің қандай мүшесінің қызметін атқарады деген сауалдың жауабы болатынды. Кейінгі бір қырық-елу жылдың әлетінде профессор М.Балақаевтың синтаксистік концепциясы негізінен қазақ синтаксисін *сөз тіркесінің синтаксисі, сөйлемнің синтаксисі* деп аталатын үлкен-үлкен екі салаға бөліп қарайтын теория мен дәстүр қалыптасты. Сонда жоғарыдағы сауалдың жауабы зат есімнің осы екі саланың әрқайсысына қатысы қаншалық дегенді анықтау болатыны өзінен-өзі түсінікті.

Сөз тіркесінің басыңқы сыңарының қандай сөз табынан жасалатындығына қарай *есімді сөз тіркесі, етістікті сөз тіркесі* болып басты-басты екі топқа бөлінетіні белгілі. Сөз тіркесінің осы екі тобының екеуіне де ортақтығы бар сөз табының бірі - осы зат есімдер. Зат есімдердің сөздермен тіркесу қабілеті аса зор.

Нақтылап айтсақ, зат есім сөз тіркесі құрамында төмендегідей қызмет атқарады:

Меңгеріле, матаса байланысқан есімді сөз тіркесінің басыңқы сыңары болады. Мысалы: *алтын сақа, білгенге маржан, Омардың ұлы, шықпаған жаннан - үміт, басында бөрік.*

Есімді сөз тіркесінің осы түрлерінің бәрінің де басыңқы сыңары қызметінде жұмсалады. Мысалы: *барқыт қамзол, дертке дауа, Мұратпен дос, Жамбылдың мұражайы, жұмыстың қамы.*

Етістікті сөз тіркесінің құрамында келген зат есімдер негізінен менгеріле байланысқан тіркестің бағыныңқы сыңарының қызметін атқарады. Мысалы: *базарға кетті, базарды аралады, базарда жүр, базардан келді.*

Зат есімнің сөйлем құрамында атқаратын қызметіне келсек, оның синтаксистік қызметінің ең бастысы деп, сөйлемнің бастауышы мен толықтауышы ретінде келуін атасақ болады. Бастауыш қызметінде жұмсалған зат есім атау формасында тұрады. Барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерде келген кезде, олар сөйлемнің толықтауыш мүшесінің қызметін атқарады. Мекен, мезгіл мағыналы септіктерде қолданылған зат есімдердің сөйлемнің пысықтауыш мүшесі болатын кездері де бар. Анықталатын сөздің алдында тұрып ешбір тұлғалық өзгеріске түспей анықтауыш қызметінде жұмсалады. Жіктік тұлғалы, сондай-ақ 3-жақ нөлдік формалы зат есімдердің сөйлемнің баяндауышы болатыны да тіліміздің синтаксистік құрылымына тән жағдай.

✓ 4. С Ы Н Е С І М

4.1. СЫН ЕСІМНІҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Сын есім - семантика, грамматикалық жағынан, яғни морфологиялық ерекшелігі мен сөзжасам, сөз түрлендіру амалы жағынан да, синтаксистік қызметі мен басқа сөздерімен тіркесіп қолданылуы жағынан да қазіргі қазақ тіліндегі өзіне тән ерекшелігі бар сөз табының бірі.

Сын есім - семантикалық жағынан заттың, құбылыстың түрлі сапа, белгісін, түсін, көлемін, затқа, құбылысқа, іс-әрекетке қатысын білдіретін сөздер.

Сын есімнің маңызды белгілері:

- заттың түр-түсін білдіреді: Еділден ұшқан екі ақ қаз, Жайықтан ұшқан жалғыз қаз, Бірі - шаңқан, бірі - боз (Сейфуллин). Қия қызыл тастардың үстінен бір ағып мұзбалақ қыран әуелеп кетті (Сланов). Осы мысалдардағы *ақ, боз, шаңқан, қызыл* сын есімдері заттың түр-түсін білдіріп тұр.

- заттың көлемдік, аумақтық, салмақтық белгісін, сынын білдіреді: Абай *мол, ауыр* денесімен сыртына қарай бұрылды (Әуезов). Шапса *жүйрік*, мінсе *берік, жуан, жуас*, разы емен, осындай бір ат мінбесем мен (Абай). Осы сөйлемдер-

дегі *мол, ауыр, жүйрік, берік, жуан, жуас* сын есімдері заттың көлемдік, салмақтық белгісін білдіріп тұр.

- заттың сапалық белгі, сипатын білдіреді: Үлбіреген *ақ* етті, *ашық* жүзді, тісі *әдемі* көріп пе ең қыздың жайын?! (Абай). *Надан* білгіш бола ма мақтанменен, Мәстек шауып тұлпардан бәйге ала ма, Қадірлеп *асыл* жабу жапқанменен (Торайғыров). Кеңгірбайдай теріс азу, *мықты* биі шыққан ел (Әуезов). Бұл мысалдардағы *әдемі, надан, асыл, мықты* сын есімдері заттың сапалық белгілерін анықтайды.

- заттың дәмі, исі және басқа сипаттарына байланысты белгілерін білдіреді: *Қалың* құмның арасынан самарқаулаанып аққан... (Майлин). Желдің *жұмсақ* лебі шипа тәрізді тиеді (Сейфуллин).

- затқа, кимыл іс-әрекетке, мезгіл-мекенге қатысты сынды білдіреді: Өрлетіп өрге *нұрлы* өмір, Жайнатты елдің райын (Жароков). Балуан Шолақ Үйсіннің *білікті* деген адамдарына сәлем айтты... (Мұқанов). Еліңнен *атақты* ақын Абай шықты (Токмағамбетов). Қарадым саған, Жәмила, Секілді *жазғы* жауһазын (Орманов). *Бүгіндегі* жастарға оқу міндет (Торайғыров). *Биылғы* жайлау - *жылдағы* жайлау емес (Әуезов).

Сын есімнің табиғи қызметі - ешбір өзгеріске түспей-ақ зат есіммен тіркесіп, заттың әр алуан қызметін, сындық белгісін анықтау. *Абзал* адам азбайды арын сүйген (Айнабекұлы). *Жақсы* тәртіп әдетке айналса ырыс, *жаман* тәртіп әдетке айналса - қырсық (Әуезов). *Әсем қоңыр* әнмен желдірте әндете түсіп отырған Дәрмен екен (Сонда).

Морфологиялық жағынан сын есім - түрленбейтін сөз табы. Шырай тұлғалары (сонымен бірге категориясы да) жалпы сын есімге тән түрлену жүйесіне емес, сын есімнің бір ғана мағыналық тобына, сапалық сын есімге ғана тән, ал қатыстық сын есімдерге шырай тұлғалары жалғанбайды. Шалықтайсың *қарлы* Алатау (Сәрсенбаев). *Қызғалдақтай* өңденіп, Май тойына бер көрік (Токмағамбетов). *Өнерлі* жастар мәжілісі реңдене түскендей (Әуезов). Түбінде *баянды* еңбек егін салған (Абай) деген сөйлемдердегі *қарлы, қызғалдақтай, өнерлі, баянды* сын есімдеріне шырай жұрнақтары жалғана алмайды.

Сын есімге септік, тәуелдік, көптік жалғауларының бірі жалғанып қолданылса, онда ол заттанып (субстантивтеніп), зат есімдердің орнына жұмсалады. *Жамандар* қыла алмай жүр адал еңбек, Ұрлық, кулық қылдым деп қағар келбек (Абай). *Жақсыға* айтсаң, жаны еріп... (Абай). Дүниенің әрбір *қызығының* ақырының шолақтығын көрген-

білгендер тіршіліктен жалықса болады (Абай). Балаға тең көрінер *бай* мен *кедей* (Торайғыров).

Сын есімнің синтаксистік қызметі - зат есіммен сөз байланыстырушы тұлғаларсыз, орын тәртібі арқылы қабыса байланысып анықтауыш болуы. Құлақтан кіріп бойды алар, *Әсем* әнмен *тәтті* күй (Абай). Сұлулап жырға сыйғызған Сөйлеген *өткір* тіл күшті (Кәрібаев). Үстінде *күміс* қанат көгершіндер... (Молдағалиев).

Сын есім етістікпен синтаксистік қатынаста жұмсалғанда адвербиалдық (үстеу) мәнде пысықтауыш қызметін атқарады. *Арық* сөйлеп, *семіз* шық (Мақал). Жасымда *албырт* өстім, ойдан жырақ (Абай).

Заттанған сын есім атау септік тұлғасында тұрып бастауыш қызметін атқарады. Бақпен асқан патшадан, мимен асқан *қара* артық (Абай).

Атау мен іліктен басқа септіктердің бірінде тұрып заттанып толықтауыш қызметін атқарады. *Жақсыдан* шарапат, *жаманнан* кесепат (Мақал).

Сын есім жеке тұрып та, көмекші етістікпен тіркесіп те жіктеліп келіп, сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарады. Бұл ауыл - малға *бай*. Әйел *жақсы болмайды* көркіменен (Абай). Тұрмыс *оңды*, көңіл *шат*, Еліндегі жырды айт (Жамбыл).

Осы талдаудан көрінетіндей, сын есімнің сөйлемдегі негізгі және басты қызметі - анықтауыш болуы. Ол сын есімнің сөз табы ретіндегі маңызды семантикалық белгісі болып табылады. Ал сын есімнің басқа да сойлем мүшелерінің қызметін атқаруы оның негізгі синтаксистік белгісі емес, қолданыстық, қатыстық сипатқа байланысты, яғни сын есім септік жалғауларымен келіп заттанып (субстантивтеніп) жұмсалғанда атау септікте тұрып бастауыш, атау мен ілік септіктерінде тұрып толықтауыш, ал етістікпен тіркесіп, адвербиалдық мәнде пысықтауыш, жіктеле келіп баяндауыш қызметтерін атқара алады. Бұның өзі сын есім анықтауыштық қызметтен басқа қызметті белгілі шарттылықпен ғана атқара алады деген сөз.

4.2. СЫН ЕСІМНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ (СЕМАНТИКАЛЫҚ) ТОПТАРЫ

Семантикалық жағынан сын есімдер екі топқа бөлінеді: 1) сапалық сын есім; 2) қатыстық сын есім.

4.2.1. Сапалық сын есімдер

Сапалық сын есімдер мен қатыстық сын есімдердің айырмашылығы, ең алдымен, білдіретін мағынасына байланысты болады.

Сапалық сын есімдер семантикалық жағынан заттың әр алуан сын-сипатын, сапалық белгілерін, түр-түсін білдіреді, шырай тұлғаларымен түрлене алады.

Сапалық сын есімдер қосымшасыз тұрып, семантикасы жағынан тікелей заттың сынын білдіреді. *Терең* ой, *терең* ғылым іздемейді, *Өтірік* пен *өсекті* жүндей сабап (Абай). *Жақсы* ат пен *тату* жолдас бір ғанибет, *Ыңғайлы*, *ықшам* киім аңшы адамға (Абай). *Құнанбайдың қалың* қолы шаңдата шапты (Әуезов).

Сапалық сын есімдердің морфологиялық сипаты - шырай тұлғаларымен түрлене алуы. Мүсірәлі *момындау*, ауқаты *шағындау* адам еді (Сейфуллин). Ләззаты *артығырақ* шекер, балдай (Сапарғали). *Жұп-жұмыр* ақ торғындай мойыны бар (Абай).

Сапалық сын есімдер негізінен түбір сөздер болып келеді. Олардың қатарындағы сөздердің біразы тарихи жағынан туынды түбірлер де, түбір мен қосымшаның жігі ажырамастай бірігіп кеткен. Мысалы, *қызыл*, *жасыл*, *ұзын*, *үлкен* тәрізді сөздер *қызғылт*, *жас-қылтым*, *ұз-ар*, *ұз-ақ*, *үлкейген*, *үлке-ю* сияқты туынды сөздермен тарихи тұрғыдан түбірлес екені даусыз. Сондай-ақ *ашық*, *толық*, *ақылды*, *қараңғы* туынды сөздері *аш*, *тол*, *ақыл*, *қараң* деген түбірлерден жасалған, бірақ қазіргі кезде бұл сияқты сын есімдер өздері білдіріп тұрған сынның қимылға (ашу, толу), затқа (ақыл, қараң, қараң қалғыр) қатысынан гөрі екінші заттың сапалық сын есімнің қатарына көшкен. Болады ай батқандай *қараңғы* түн (Мансұр). Нұрғаным *толық* көркем кеудесін ерекше паңдықпен кере түсіп... (Әуезов).

Жоғарыда айтылған сын есімдерге, шырай тұлғалары үстеле алып, сапалық сын есімдердің шырай категориясын жасай алатын болған: *ашық* - *ашығырақ* - *ашықтау* - *тым ашық*; *толық* - *толығырақ* - *толықтау* - *топ-толық*, - *тым толық*; *ақылды* - *ақылдырақ* - *ақылдылау* - *тым ақылды* т.б.

4.2.2. Қатыстық сын есімдер

Қазіргі қазақ тілінде қатыстық сын есімдерге бір заттың белгісін басқа бір заттың, қимыл іс-әрекеттің, сынның қатысы арқылы білдіретін сөздер жатады.

Қатыстық сын есімдер көбіне-көп әр түрлі жұрнақтар арқылы басқа сөз таптарынан (есімдерден, етістіктерден) жасалатын туынды сөздер болады да, сол затқа, қимыл, іс-әрекет, құбылысқа

т.б. қатысын білдіреді. Мысалы: *Желсіз* түнде жарық ай, сәулесі суда дірілдеп (Абай). Бұл мысалда *желсіз* сөзі *тынық* түн мәнін, нақтылы айтсақ, жел жоқ (желге қатысты) түн дегенді білдіреді.

Көптеген сапалық сын есімдер қимылды анықтаса, қатыстық сын есімдер үстеу қызметінде жұмсалмайды немесе өте сирек жұмсалады. Бетті бастым, *қатты* састым (Абай) деген сөйлемде *қатты* сапалық сын есімі қимылды анықтап тұр.

Қатыстық сын есімдер морфологиялық құрамы жағынан сөзжасам қосымшалары арқылы жасалған туынды немесе күрделі сөздер болып келеді.

Мағыналық жағынан қатыстық сын есімдер заттың сынын білдіре отырып, белгілі бір сапалық заттың екінші бір затқа, я ұғымға қатысын немесе сондай сапаның жоқтығын, яғни заттың түрі мен түсіне, сыры мен сынына, я ішкі қасиетіне, сол сияқты мезгіл мен мекенге тағы басқа сол тәріздес белгілеріне қатысты сындық ұғымдарды білдіреді. *Ол тек үй иесінің тақиялы басын изеп әлденені ықыластана құптағанын көрді* (Досжан). *Жанын қарманып адал еңбекпен мал іздемек - ол арлы адамның ісі* (Абай).

Сонымен, қазақ тіліндегі *-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті, -лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік, -ғы/-гі, -қы/-кі, -сыз/-сіз, -шыл/-шіл, -и, -паз, -қой, -ық/-ік, -қ/-к, -ғыш/-гіш, -қыш/-кіш, -шақ/-шек, -ғыр/-гір, -қыр/-кір* т.б. сөзжасам қосымшалары зат атауын білдіретін немесе есім мәнді және қимылды білдіретін сөздерге жалғанып, сол сөздің мағынасына қатысты ол ұғымдардың бар, я жоқ, соған бейімділік, мекендік т.б. тәрізді сөзжасамдық (деривациялық) мағына тудырады да, ол екінші бір затқа қатысы болу арқылы қатыстық сын есім болады. Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол - ақынның *білімсіз* бейшарасы (Абай). *Бүгінгі* көш Қайыңдыға қонғалы келе жатқан (Әуезов). *Әбілқайырды азулы* тілектестері хан етіп, ақ киізге көтерді (Есенберлин). Бұл мысалдардағы *білімсіз, бүгінгі, азулы* қатыстық сын есімдері екінші бір затқа, яғни *бейшара, көш, тілектестері* деген зат есімдерге қатысы болу арқылы қатыстық сын есім мәнінде тұр.

Тілдің даму барысында туынды түбір кейбір қатыстық сын есімдер қатыстық мағынамен бірге заттың сапалық сипатын да білдіреді, сөйтіп, бара-бара сапалық сын есімдерге ауысып кетеді. Оны ажыратудың бірден-бір белгісі - мағыналық жа-

ғымен бірге шырай қосымшаларының жалғана алуы немесе керісінше жалғана алмауы. Қатыстық сын есімдерге шырай қосымшалары жалғана алмайды. Ал қосымша арқылы жасалған туынды сын есімдерге шырай тұлғалары жалғанса, олар сапалық сын есімдерге ауысқан сөздер болып табылады. Өткір-өткірлеу - өп-өткір, өте өткір, тұнық - тұп-тұнық, өте тұнық т.б. *Әуе тұп-тұнық*, тап-таза, жібектей жұмсақ (Сейфуллин). *Өткірірек* найзалы, жұлдызы жанған мандайда... (Жамбыл). Осындағы *өткір, тұнық* деген сөздер негізгі түбірлер емес, тарихи жағынан *өт* (етістік) + *кір* (қосымша), *тұн* (етістік) + *ық* (қосымша) түбірлерінен жасалған туынды сөздер. Осылардың қатарына *ақыл-ды, ақыл-сыз* сияқты сөздер де жатады. Демек, кейбір қатыстық сын есімдер семантикалық жағынан қатыстық мәннен сапалық мәнге ауыса бастайды.

Сөйтіп, қатыстық сын есімдер басқа сөз таптарынан жасалған туынды сөздер болып келеді. Қатыстық сын есімдердің бір тобы бір сөзде заттық белгінің бар екенін көрсетсе, екінші бір тобы керісінше оның жоқ екенін, ал үшінші тобы бір затқа, құбылысқа бейімділікті, икемділікті, төртінші тобы қимыл, іс-әрекетке, амалға, мекенге, мезгілге қатыстылықты білдіреді. Бұл мағыналардың қай-қайсысы болсын морфологиялық көрсеткіштер (сөзжасам жұрнақтары) арқылы беріледі.

4.3. СЫН ЕСІМНІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Қазіргі қазақ тіліндегі сын есімдер морфологиялық құрамы жағынан *негізгі және туынды* түбір болып бөлінеді.

Негізгі сын есімдерге әрі қарай бөлшектеуге келмейтін бір түбір морфемадан тұратын сөздер кіреді. Мысалы, *жарық, ақ, көк, мөлдір* сөздері қазіргі кезде негізгі түбір сөз деп танылады, әрмен қарай морфемаларға бөлшектенбейді. Әрине, бұл тілдің қазіргі күйі тұрғысынан айқындалады, ал тарихи тұрғыдан келгенде бұл сияқты сөздердің кейбірі туынды түбір (негізгі түбірі – өлі түбір я өлі қосымшалы түбір) болуы да мүмкін.

Негізгі сын есімдердің көпшілігі тарихи-этимологиялық тұрғыдан туынды түбір болуы мүмкін. Негізгі түбірі өлі түбірге айналып кеткен де, қосымшалармен арасы ажырамастай кірігіп қалған сөздер де бар. Олар: қызыл, қызық, жасыл т.б.

4.4. САПАЛЫҚ СЫН ЕСІМНІҢ ШЫРАЙ КАТЕГОРИЯСЫ

Шырай категориясы, әдетте, сын есімнің категориясы деп танылып жүр. Бірақ, біріншіден, сын есімнің бәрі бірдей, яғни сын есім сөз табына жататын сөздердің барлығы шырай тұлғаларымен түрленбейді, шырай тұлғалары кез келген сын есімге жалғана бермейді. Мысалы, *жақсы - жақсырақ - жап-жақсы, үлкен - үлкендеу - үл-үлкен, сары - сарылау - сап-сары- өте сары* т.б. болса да, *таулы* дегеннен *таулырақ*, не *тап-таулы*, *өте таулы* деп, *кешкі* дегеннен *кешкілеу*, не *кеп-кешкі*, *аса кешкі* деп, шырай түрлерін жасауға болмайды. Яғни сын есімнің бір түрі - сапалық сын есімдерге шырай жұрнақтары жалғанып, шырай түрлерін жасауға болса, сын есімнің мағыналық тобының екінші тобы - қатыстық сын есімдерге шырай жұрнақтары жалғана алмайды да, одан шырай түрлері жасалмайды. Яғни шырай категориясы жалпы сын есімге емес, сын есімнің бір ғана семантикалық түрі - сапалық сын есімге ғана тән. Екіншіден, сын есім - қазақ тілінде түрленбейтін сөз табы. Яғни сын есім өзінің семантикалық (мағыналық), қызметтік ерекшелігі - зат атауының (зат есімнің) әр түрлі сапалық, сындық белгілерін, түр-түсін, бір сөзбен айтқанда, заттың әр түрлі белгісін білдіретін сөздер болғандықтан, сөйлеу процесінде осы мәнде негізінен зат есіммен тіркесіп қолданылатыны белгілі.

Кейде қимыл, іс-әрекеттің, процестің сын-қимылын, амалын білдіріп, етістікпен тіркесіп, кейде тіпті зат есімнің орнына субстантивтеніп жұмсалуды сын есімнің әдеттен тыс қолданылуы болып саналады. Сын есімнің әдеттегі қолданысында ол түбір тұлғасында тұрып, өзі анықтайтын зат есіммен (немесе заттанған сөзбен) тек орын тәртібі арқылы байланысып, синтетикалық түрлену тәсілінің оған ешбір қатысы болмайды. Мысалы: *Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан, Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан* (Абай). *Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ* (Абай). *Сұйықтау, қоңыр шашының арасынан бас құйкасы да қылаңданып көрінеді. Шымқай қызыл гүлдердің үлкен шоғы бірден назар аударарды* (Иманжанов). *Желсіз түнде жарық ай. Ауылдың маңы терең сай* (Абай). Берілген мысалда сын есімдер зат атауын анықтап, *сұр* деген бұлтты, *дымқыл* деген тұманды, *шоқпардай* деген кекілді, *сұйықтау* және *қоңыр* деген шашты, *шымқай қызыл* деген гүлдерді, *үлкен* деген шоқты, *желсіз* деген түнді, *жарық* деген айды, *терең* деген сай-

ды анықтап, атрибуттық қатынаста орын тәртібі арқылы байланыса қолданылған. Бұл мысалдан сын есімдердің, біріншіден, сапалық түрі болсын, қатыстық түрі болсын, өзі анықтайтын сөзімен байланысында, сол сөзге қатысында сол сөздің қандай тұлғада жұмсалудына бейтарап екенін, қызметі жағынан анықтауыштың, байланысу тәсілі жағынан таза орын тәртібі арқылы ерекшеленетінін байқау қиын емес. Екіншіден, сын есім түбір күйінде қолданылса да, шырай тұлғаларында қолданылса да, оның бұл грамматикалық тұлғалық көрсеткіші, яғни шырай формасы, зат есіммен грамматикалық байланысқа ешбір қатысы болмай, тек сол сын есімнің семантикалық сипатын, семантикалық рендік мәнін айқындау, көрсету үшін қолданылғанын көреміз.

Мысалдағы грамматикалық сипаты жағынан *сұйықтау шаш* (*сұйық* деген сапалық сын есім - *тау* қосымшасы үстелу арқылы салыстырмалы шырай түрінде қолданылған) пен *қоңыр шаштың* арасында ешбір айырмашылық жоқ. Әрине, бұлардың (сын есімдердің) семантикалық ерекшеліктері, яғни біреуінің сұйықтық-қоюлық жағынан сындық белгісі, екіншісінің түске байланысты мәнін білдіріп отырғаны ескеріліп отырған жоқ. Бұл жағына келгенде, мысалы, орыс тіліндегі сын есіммен салыстырғанда, грамматикалық сипаты жағынан үлкен айырмашылығы бар. Орыс тілінде сын есім зат есіммен грамматикалық байланысқа түсіп, тек сипаты жағынан (мысалы, *большая школа - үлкен мектеп, большой институт - үлкен институт*), жекешелік-көптік жағынан, септік түрленуі жағынан (*у большой школы - үлкен мектептің, большому институту - үлкен институтқа* т.б.) бір тұлғада ғана түрленіп (согласование) қолданылады да, ол сын есімнің түрлену жүйесі деп танылады. Ал қазақ тіліндегі сын есімнің сипаты, жоғарыда көрсетілгендей, мүлде басқаша. Сондықтан да осындай грамматикалық сипатына қарап, сын есімді сан есім, үстеу сияқты түрленбейтін сөз табы деуге болады. Ал шырай тұлғалары жалпы сын есімнің сөз табы ретіндегі түрлену тұлғасы емес, бір ғана мағыналық тобының семантикалық сипатын көрсететін лексика-грамматикалық тұлғалану көрсеткіші болып табылады. Шырай категориясы затқа, құбылысқа байланысты біртектес, бірыңғайлас сынның, сапалық белгінің, түр-түстің т.б. сапалық сипаттың артық я кемін немесе тым артық, я тым кем екенін білдіретін белгілі қосымшалар үстелу немесе басқа тәсілдердің жүйелі жолдары арқылы жасалатын сапалық сын есімнің парадигмалық

түрі. Сондықтан шырай категориясы, біріншіден, жалпы сын есім атаулының емес, тек сапалық сын есімнің, екіншіден, таза грамматикалық емес, лексика-грамматикалық категориясы болып табылады. Өйткені жоғарыда көрсетілгендермен бірге, шырай қосымшалары сапалық сын есімдердің (сын есім түбірдің) семантикасына (жалпы грамматикалық мағынасына) өзгеріс енгізіп, қосымша реңк үстейді, семантикалық жағынан *үлкен мен үлкендеу, үп-үлкен, өте үлкен, биік пен биіктеу, біп-биік, күрең мен күреңдеу, күп-күрең* т.б. бір емес.

Бұл жағынан (семантикалық) келгенде, шырай категориясы сапалық сын есімнің реңдік мәні немесе белгі реңінің бір көрінісі болып табылады. Сөз табының реңдік мәні оның ерекше семантикалық түрі болып саналады да, грамматикалық немесе лексика-грамматикалық категориясы дәрежесіне жете алуы да, жете алмауы да мүмкін. Осы мәндес зат есімнің реңдік мәнді түрлері белгілі қосымшалар арқылы жасалатын тобы (әр түрлі эмоциялық-экспрессиялық мән үстейтін, сыйлау, құрметтеу, еркелету, қомсыну, кем тұту т.б. мән үстейтін) болса да, зат есімнің жеке грамматикалық немесе лексика-грамматикалық категориясы болып таныла алмайды. Ал етістіктің модальдылық сипаттағы түрлері бір емес, бірнеше грамматикалық категориясы (рай категориясы, және шақ категориясы т.б.) болып қалыптасқан. Ал модальдылықтың үшінші бір тобы (жекелеген сөздер арқылы, мысалы, *көрінеді, болады, болмайды, шығар* т.б.) көмекші етістіктер: *айтатын көрінеді, сөйлеп болмайды* және қосымшалар арқылы, мысалы, *-сы, -сі, -сын, -сін, -ымсыра, -імсіре* т.б. жасалатын жеке сөздер де грамматикалық немесе лексика-грамматикалық категория дәрежесіне көтеріле алмады (танылмай жүр). Сондықтан да сапалық сын есімнің реңк сынның я белгінің реңк мәнді тобы толық грамматикалық, лексика-грамматикалық категориясы бола алмай, оның белгілі реңкінің бір түрі - шырай түрі ғана лексика-грамматикалық категориясы болып қалыптасқан. Сондықтан да сынның (сапаның) белгісінің артық я кемін, солғын, я айқын сияқты т.б. дәрежелерін білдіргеннің бәрі шырай көрсеткіші деп танылып келсе, әсіресе ондай таным арнайы зерттеулерден берік орын алса да, кейінгі еңбектерде оларды жаппай шырай категориясына енгізіп, шырай тұлғалары деп тани бермей, осы айтылғандай сипаттары зерттеушілерді ойландыруда. А.Ысқақов белгінің реңін және шырай категориясын бөле отырып, зат-

тың белгісі, сипаты (түсі, түрі, сапасы, көлемі, аумағы, салмағы, сыры т.б.) біркелкі болмай, рең жағынан әр түрлі дәрежеде болатынын, демек, сипатының я белгінің бір затта артық, бір затта кем болатынын білдіретін сын есім формалары шырай формалары деп аталады дейді. Ол заттың сындық белгілерінің бәсендік, солғындық реңдері мен мәндерін білдіретін формаларға *-ғыл, (-қыл), (-қылт), -ғылт, -ғылтым (-қылтым), -ғыш, -ғана (-кене), -ілдер, -қай, -қан, -ақ (-ек), -шыл (-шіл) -шылтым (-шілтім), -ша (-ше)* қосымшалары жатады”, - дей келіп, шырай категориясы түрлерін жасайтын қосымшаларға *-рақ, -рек, -ырақ, -ірек және -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу* екі қосымшасынан басқа өнімсіз жұрнақтар ретінде *-қыл, -кіл, -ғыл, -қылт, -ғылт, -тым, -шыл, -шіл, -қай, -ақ* қосымшалары жататынын көрсетеді. Яғни, шырай формаларының қатарына *-ша, -ше, -ақ, -ек, -ғыш, -қана, -кене* сияқты қосымшалар енбей қалған. Ал Ы.Маманов шырай категориясының тұлғалары деп бірді-екілі емес, сапалық сын есімнің баршасына да жалғана алатын, сөйтіп, сапалық сын есімнің кез келген шырай түрін жасай алатын қосымшаларды атайды.

Қазақ тіліндегі сөз тудырушы және форма тудырушы қосымшалардың ара жігін айыру үшін, олардың сөз мағынасын өзгерту, өзгертпеуі толық критерий бола алмайды. Сондықтан да форма тудырушы қосымшаларды сөз тудырушы қосымшалардан айырудың екінші бір басты белгісі - оның грамматикалық абстракция жасау қабілетіне сүйенген жөн. Былайша айтқанда, форма тудырушы қосымша бір сөз табына, не бір сөз табының бір тобына, тіпті кейбіреулері бірнеше сөз табына түгелдей жалғанады да, грамматикалық абстракция жасайды. Шырай формаларының морфемалары сын есімнің бір тобы сапалық сын есімдерді түгелдей қамтитын грамматикалық көрсеткіші болып саналады. Мысалы, *жақсырақ, ақылдырақ, үлкендеу, тарлау* т.б. Мұндағы *-рақ, -рек, -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу* қосымшалары сапалық сын есімдерге түгелдей жалғанады. Ал *-ғыш, -гіш, -ғылт, -шыл* қосымшалары бірді-екілі сөздердің ғана құрамында кездеседі. Сонымен бірге *ақшыл, сарғыш, сұрғылт* сөздерінің өзі шырай формасымен түрленеді. Мысалы, *ақшылырақ, сарғыштау* т.б. Жалпы тіл білімінің қағидасы бойынша, бір категорияға жататын грамматикалық формалары бірінің үстіне бірі жалғанбайды. Бір септік жалғауының үстіне екінші септік жалғауы, бір есімше формасының үстіне екінші бір есімше қосымшасы жалғанбайды. Олай болса, сын есімге жалғанатын *-ғыш, -шыл, -ғылт* қосымша-

лары шырай формасының грамматикалық көрсеткіші емес, олар сөз тудырушы қосымшаға жатады. Есімше, көсемше, рай және субстантив формаларының қосымшалары жалғанған сөздеріне грамматикалық мағына үстеумен қатар, барлық түрлеріне түгелдей жалғанып, грамматикалық абстракция жасайды. Жол-жөнекей айта кету керек, Ы.Мамановтың бұл позициясының тілдегі грамматикалық тұлғалардың мәнін анықтай түсуде ғылыми негізі бар мәнді дәлел екенін, көптеген грамматикалық құбылыстарды қайта қарап, қайта саралау керек екенін көрсете отырып, ғалым пікірінің екінші критерийіне байланысты тіл заңдары қатып қалған, өзгермейтін қағида емес, белгілі бір құбылыстарға байланысты кейбір шарттылық та болып отыратындығын да ескерткен жөн екенін естен шығармауымыз керек. Етіс жұрнақтарының бірінің үстіне бірі жалғануы соның көрінісі, тілдік құбылыстың грамматикалық емес, лексикалық немесе лексика-семантикалық сипатының бір белгісі болуы керек. Ал А.Ысқаков шырай жұрнақтарының бірінен кейін бірі үстеліп, әсіресе *-лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу* жұрнағының қосыла жалғануын оғаш деп есептемейді.

Сапалық сын есімнің шырай категориясы мен рендік мәнді топтары (түрлері) бір-біріне жақын тілдік құбылыс болғанымен, бірдей емес екенін көреміз. Сын есімнің рендік мәнді түрлері мен зат есімнің рендік мәнді түрлері семантикалық (лексика-грамматикалық) сипаты жағынан сәйкес келеді. Зат есімнің де, сын есімнің де рендік мәнді түрлерін жасайтын қосымшалар, бір жағынан, әдеттегі форма тудыратын парадигмалық жүйенің түрі болып табылатын қосымшалардан да, екінші жағынан, белгілі топқа жататын сөздерге түгел жаппай жалғана алмау сипаты жағынан сөзжасам қосымшаларынан да, семантикалық сипаты, яғни жаңа сөз, лексема тудыра алмау жағынан да ажыратылып, өзгеше топтағы қосымша екенін көрсетеді. Сондай-ақ сапалық және қатыстық сын есімдердің ара жігін ажыратуда да кейде қиындық туып отыратынын да ескерте кеткен жөн. Бұның өзі, ең алдымен, тілдің өзі, оның жекелеген элементтері қатып қалған нәрсе емес, әр уақытта даму үстіндегі болып отыратын тілдік процесс, құбылыс екенін көрсетеді. Мысалы, қатыстық сын есімдер тұлғалық құрамы жағынан әдетте туынды түбірлер болып келеді де, оның мағынасы сол сөздің түбірі білдіретін мағынаға қатысты болады. Сын есімнің бұл түрі қатыстық деп аталуының мәні де осында жатыр. Бірақ ондай қатыс-

тық мәндегі туынды түбір сөздердің біразы семантикалық өзгеріске ұшыраудың салдарынан сапалық сипатты, мәнді біртіндеп білдіре бастаудың нәтижесінде сапалық сын есімге ауысады. Мысалы, *толық, ашық, ақылды* сияқты сыншар *толу, ашу* қимылына, *ақыл* деген заттық ұғымға тікелей қатысты, солардан жасалған, бірақ сол қатыстық мәнді ғана білдірумен шектеліп қалмаған, екінші бір заттың сапалық сипатын білдіруге ауысқан, сондықтан да оларға шырай формалары жалғанып, шырай категориясы жасалады да, ол шырай категориясы сапалық сын есімнен жасалады: *толық - толықтау - толығырақ - топтолық - тым толық, ашық - ашықтау - ашығырақ - ап-ашық - өте ашық, ақылды - ақылдылау - ап-ақылды - өте ақылды* т.б.

Сын (сапалық) есімнің шырай категориясы лексика-грамматикалық категория, жалпы сын есімнің түрлену жүйесі емес, сапалық сын есімнің семантикалық және грамматикалық тұлғалану сипаты болып табылады. Өйткені шырай қосымшалары түбірге (сапалық сын есімге) жалғанып, түбір білдіретін мағынаны өзгертіп жібере алмағанымен, оған сәл де болса өзгеріс енгізіп немесе қосымша реңк, мән үстеп отырады. Мысалы, *қызыл* мен *қып-қызыл*, *үлкен* мен *үлкенірек*, *ащы* мен *ащылау* семантикалық жағынан бірдей емес. Зат есімде *үй-ді* (салды), *үй-дің* (төбесі), *үй-лерің* (көрінді), етістікте (сөзді) *айт-ып-ты*, *оқы-ған-мен* т.б. сөздерде *-ді* табыс септік жалғауы, *-дің* ілік септік жалғауы, *-лер* көптік, *-ің* тәуелдік және атау септік нөлдік тұлғалары *үй* деген сөздің жалпы грамматикалық мағынасына ешбір өзгеріс енгізбей (деректі зат атауы болып қалып отыр), оған тек қосымша тура объектілік, грамматикалық меншіктілік, көптік, 2-жаққа тәуелдік субъектілік мағыналар үстеген: етістікте де *-ып* көсемше жұрнағы, *-ты* 3-жақ жіктік жалғауы, *-ған* есімше жұрнағы, *-мын* 1-жақ жекеше жіктік жалғауы да *айт*, *оқы* қимыл, іс-әрекеттің мағынасына ешбір нұқсан келтірмей, өзгеріс енгізбей, сол жалпыграмматикалық (түбір білдіретін) мағынаның қимыл және сабақты мәнің үстіне шақтық, жақтық (жекешелік) мағыналарын үстеген. Ал *айт-ыл-ма-ды*, *жүр-гіз-се-м* дегенде, біріншіден, *-ыл*: *-гіз* қосымшалары түбірдің семантикасына өзгеріс енгізген: сабақты етістікті (айт) салт етістікке айналдырған (айтыл), салт етістікті (жүр) сабақты етістікке айналдырған (жүргіз), яғни түбір білдіретін жалпы қимыл, іс-әрекет өзгермегенмен, сабақтылық-салттылық сипаты өзгерген, екіншіден, қосымша мән үстел-

ген: кимылдың субъект пен объект арасындағы белгілі қатысты білдіру, сондай-ақ *-ма (-ба)* жұрнағы сол кимылдың (айту, жүру) болмайтынын білдіріп, түбір семантикасына өзгеріс енгізіп отыр, ал *-ды, -се, -м* қосымшалары (жедел өткен шақ, шартты рай, 1-жақ жекеше жіктік жалғауы) түбір семантикасына өзгеріс енгізбей, тек қосымша шақтық, шарттылық, жекеше жақтық мағыналар үстелген. Осыдан көрінетіндей, шырай категориясының грамматикалық сипаты етістіктің сабақты-салт етістік, етіс, болымсыз етістік категорияларына ұқсас келеді де, лексика-грамматикалық категория болып табылады. Шырай категориясының мәнін тану үшін А. Ысқақовтың мына пікірін келтіре кетейік: Сын есімнің шырай деп аталатын категориясының мазмұны да, формасы да әлденеше заттың (әр түрлі я біркелкі белгілерін емес) бір түрлі біркелкі белгілерінің өзара айырмашылықтарын, демек, сол біркелкі белгілердің бір-бірінен я артық, я кем екендігін анықтау арқылы туады. Екінші сөзбен айтқанда, біреуі ақ, біреуі қызыл, біреуі қара, біреуі сары, біреуі қоңыр, біреуі көк түсті нәрселерді немесе біреуі үлкен, біреуі кіші, біреуі тік, біреуі сопақ, біреуі тікше нәрселерді (дұрысында түстер мен сындық белгілерді) салыстырудан шырай категориясы тұмайды. Шырай категориясы я бірыңғай ақ, я бірыңғай қызыл, я бірыңғай қара, я бірыңғай сары, я бірыңғай қоңыр, көк түсті әлденеше (кемі екі) заттардың рендеріндегі ерекшеліктерді немесе бірыңғай үлкен, я бірыңғай кіші делініп танылған әлденеше заттардың көлем-аумақтарындағы артық, я кемдік дәрежелерін өзара салыстыру арқылы туады. Әрине, ондай рендер мен дәрежелер сан жағынан да, сапа жағынан да салыстырылады. Өйткені біркелкі белгінің осындай сандық я сапалық айырмашылықтары, сайып келгенде, шырайларды бір-бірінен айыратын өлшеу де, тірек те, негіз болып саналады.

Солай бола тұрса да, шырай қосымшалары сияқты оның түрлері туралы да қазақ тіл білімінде бірыңғай пікір жоқ. Ең алдымен, бірден көзге түсетін ерекшелік - грамматикалар мен оқу құралдарында шырай түрлерін жасауға негіз болатын тұлға деп көрсетілетін жай шырай түрін жеке шырай деп бөліп көрсетеді. Тек шырай түрлеріне негіз болатын, ал өзі шырай түрлеріне мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да оппозициялық қатар құрай алмайтын, сөйтіп басқа түрлермен тепе-тең парадигмалық жүйе жасай алмайтын тұлға ол категорияның ішіне, шеңберіне кіре алмайды. Дәл осындай жағдай етіс кате-

гориясындағы негізгі етіс деген ұғымға да қатысты. Сөйтіп, бұл жерде шырай деген ұғым сапалық сын есім деген ұғыммен барабар, ал жай шырай дегеннің ондай қасиеті бұл еңбектерде ашық көрсетіледі: заттың белгісін, түсін (түрін), сапасын, көлемін, салмағын, аумағын, тағы басқа сондай негізгі сыр-сипаттарын білдіретін сапалық сын есім жай шырай болып есептеледі. Сонда сапалық сын есім тұлғасы мен жай шырай деген ұғым бір болса, ол бір ұғымды, біріншіден, екі түрлі атағаннан не ұтамыз? Екіншіден, категориялық түрлену тұлғаларына негіз болатын тұлға (сапалық сын есім деген ұғым да, тұлға да) ол категорияға (шырай түріне) енбейді. Мысалы, тәуелдік категориясына негіз болатын тұлға - зат есімнің түбірі. Бірақ зат есімнің түбірі тәуелдіктің ішінде бір түрі болып саналмайды. Осы ерекшелік академиялық грамматикада алғаш рет дұрыс көрсетілген: “Мектеп грамматикаларында жай шырай сын есімнің басқа шырай формаларын жасаудағы негіз, таяныш тұлға болатынын көрсету үшін беріледі. Бірақ бұл атау формада ешбір салыстыру жоқ, ендеше шырай емес, *ақ, қызыл, сары* дегендерде бұл күйінде шырай мағынасы жоқ. Оның үстіне ешбір грамматикалық тұлғасыз-ақ аналитикалық тәсіл арқылы да кейде шырай (салыстырмалы шырай) мәнін жасауға, білдіруге болады. Атап айтқанда, субъект (атау септіктегі сөз) пен салыстырылатын зат, заттық ұғымды сөз, сөз тіркесі, кейде жіктеу есімдігі шығыс септікте немесе шығыс септік пен *гәрі* шылауы тіркесіп, я көмектес септікте *салыстырғанда* немесе барыс септікте *қарағанда* сияқты сөздермен тіркесіп, сапалық сын есім анықтауыш қызметімен бірге көбіне предикат қызметінде қолданылады: *Саған жар менен артық табылса да* (Абай). *Ескі қалаға қарағанда бұл ауданның үйлері биік. Бұрынғы құрылыстармен салыстырғанда жана құрылыстың ірге тасы да, қабырғасы да мықты* т.б. Академиялық грамматикада бұл - салыстырмалы шырайдың аналитикалық жолмен жасалатын бір түрі ретінде беріледі. Бұл - бір. Екіншіден, басқа шырай түрлері жайында да бір ортақ пікір жоқ. Жоғарыда талданғандай жай шырай дегенді есептемегенде, бір оқулықтарда екі түрлі - салыстырмалы және күшейтпелі шырайлар, енді біреуінде үш түрлі - салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай және асырмалы шырай, тағы біреуінде төрт түрлі - салыстырмалы шырай, бәсең я шағын шырай, күшейтпелі шырай және асырмалы шырай, тіпті кейбір зерттеулерде одан да көп түрі беріледі.

Күшейтпелі және асырмалы деп аталатын шырай түрлерін біріктіріп қарайтын болсақ (асырмалы деп жүрген шырай түрі де күшейтпелі мәнді білдіреді: *өте жақсы - жан-жақсы, аса биік - бін-биік* т.б.), шырайдың сапалық сын есімнің лексика-грамматикалық категориясы ретінде екі-ақ түрін көрсетуге болады: *салыстырмалы шырай және күшейтпелі шырай*.

4.4.1. Салыстырмалы шырай. Салыстырмалы шырай бір заттың сынын, я сипатын, түсін екінші заттың біртектес сынымен, белгісімен салыстырып, сол салыстыратын белгілердің, түрлердің бір-бірінен, я артық, я кем екенін білдіріп, белгілі қосымшалар арқылы жасалады. Ол қосымшалар: а) *-рақ/-рек, -ырақ/-ірек*. Мысалы: Әміре ортадан *төменірек* бойлы, ақ сарғылт өнді дөңгелектеу жүзді еді (Мұқанов). ә) *-лау/-леу, -дау/-деу, -тау/-теу*. Мысалы: Үйден бір *аласалау*, көлденеңі *жалпақтау* қыз шықты да, біздің жолдастың қолын алып, амандасты (Жансүгіров). Бұл кезде өлең жазатын сылқым, *серілеу* жігіттің өзі - осы (Әуезов).

Сапалық сын есімдерге ғана жалғанып, салыстырмалы шырай жасайтын жұрнақтар да бар. Олар: 1. *-ғыл, -гіл, -ғылт, -қылт, -ғылтым, -қылтым*. *Сарғылт* мұнай заводты көрсетпейді (Мұстафин). Етікші шыңы бұл күнде *бозғылт* мұнарға оралған (Омаров). Бір сәтте көл үстінде үлкен қызғылт шәлі жайына қалып, сол толқындалып жатқан тәрізді көрінді (Аймауытов).

2. *-шыл, -шіл, -шылтым, -шілтім*. *Көкшіл* көздерінің астын кіреукелетіп көлеңке басқан (Ерғалиев). Үлкен *көкшіл* көзі мөлдіреп күлімдеп тұр (Шашкин). Аспан *ақшыл* тартып мұнарта түседі (Есенжанов). Шөп жеп тұрған екі-үш ат *көкшіл* бау шөпті күтір-күтір шайнай түсіп, пысықырып қойсады (Әуезов).

3. *-ғыш, -ілдір*. *Сарғыш* шашы ұйпаланып қалыпты (Бердібаев). Бет бітімі жұқалаң, ақшыл *сарғыш* (Әуезов). Жанна бір бұрышқа *көгілдір* түсті торшер әкеліп жақты (Жұмақанов).

4. *-ан, -қай, -ша, -ше*. Бала *қоңырқай сөпақша* беті күренденген күйі отырып қалды (Есенжанов). Хасен қапсағай, ашаң, сіңір денелі, *көселеу*, сұр жігіт (Сейфуллин).

4.4.2. Күшейтпелі шырай. Күшейтпелі шырай бір заттың бастапқы сынын, белгісін күшейтіп, асыра көрсетіп тұрады. Ол, біріншіден, күшейтпелі буын арқылы жасалады. *Жап-жасыл* жер жүзінің қоштығына, Аспанда торғай шарлап ет-

кен сайран (Шәңгерей). Жылтырап таралған шашы *қап-қара* қалың өріммен ерекше аппақ нәзік мойнына қарай құлай түсіпті (Әуезов). *Топ-толық* қызыл шырайлы, қарақат көзді Кәмшат қазір шөлмектей болып қалыпты (Сонда).

Екіншіден, *өте, аса, ең, тым, тіпті* т.б. күшейтпелі үстеулер арқылы жасалады. Сөзін сынық, тым *ләззатты* (Тәжібаев). *Ең ыстық, ең тәтті* кенжесі Мағжан - бәрі де Ділдәнің бауырында өскен (Әуезов). Қарабай Құнанбайға *аса бір салқын* зілмен сойледі (Сонда).

Ескерту: Тек *ақ, көк* сөздері күшейткіш буын үстелгенде *аппақ* (ап-ақ емес), *көкпенбек* (көп көк емес) болып бірігіп жазылады. Мысалы: *Қар аппақ, бүркіт қара, түлкі қызыл*. Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға (Абай). *Көл көкпенбек* болып жалтырап жатыр (Бақбергенев).

4.5. СЫН ЕСІМНІҢ ЗАТТАНУ ПРОЦЕСІ

Қай тілде болсын, сөз таптары арасында бір-біріне ауысу, алмасу процестері болып отырады. Осымен байланысты сындық белгіні білдіретін сөздер сөйлеу қажеттілігіне қарай заттық ұғымда қолданылады. Сын есімнің көптеліп, септеліп, тәуелденіп келіп, зат есімге ауысып, заттанып қолданылуы - **субстантивтену процесі** деп аталады.

Сын есім мен зат есім тек лексика-семантикалық жағынан ғана емес, қолданылу ерекшелігі қабілеттілігі жағынан да ажыратылады. Зат есімнің негізгі қызметі заттық ұғымның атауын білдіру болғандықтан да, жеке дара еркін қолданыла беретін болса, сын есімнің семантикалық мағынасы заттық сапаны білдіріп, белгіні, сынды, сипатты, қасиетті т.б. көрсету болғандықтан да, негізінен, жеке дара қолданылмай, өзі анықтап тұратын затқа тәуелді болып, сонымен тіркесе жұмсалады. Сын есімнің бұл қолданылу ерекшелігі әр кезде бірдей сақтала бермейді. Кейде заттың сындық, сапалық т.б. белгісін білдіретін сын есімдер әдеттегі қолданылу қалпынан ауытқып, заттың атауы ретінде де жұмсала береді. Ондай жағдайда зат есім түсіріліп айтылып, сын есім сол түсірілген зат есімнің қызметін атқарып, заттық мағынада қолданылады. Демек, субстантивтенген сөздердің мағыналары кеңі түседі, әрі өзінің негізгі қызметін атқарып, әрі жаңа заттық мағына үстеледі. Өңшең жалбағай *тымақтылар* тұс-тұсынан қалың қолға қосылып кетті (Жансүгіров). Бізге ханның емес *қараның*, билін емес *бұқараның* тілегін орындайтын өкімет керек

(Есенжанов). *Жақсыдан* шарапат, *жаманнан* кесапат (Мақал). Осы сегіз үй ішіндегі ең *бүтіні* және *үлкендеуі* - ортада тұрған жалпақтау бес канат үй (Әуезов). Бұл мысалдардағы заттанған сын есімдердің қасына анықталушы сөздерді қойған жағдайда, қайтадан сындық сипатқа ие болып, анықтауыштық қызмет атқара алады. Мысалдардағы *тымақтылар*, *қаранын*, *жақсыдан*, *жаманнан*, *бүтіні*, *үлкендеуі* секілді сын есімдер тұрған орнына, мағыналық ерекшелігіне қарай зат есімнің орнына қолданылып, зат есімге жалғаныптын көптік, септік жалғауларын қабылдап тұр: *тымақты адамдар*, *қара халықтың*, *жақсы адамнан*, *жаман адамнан*, *бүтін үйі*, *үлкендеу үйі*.

Ол сын есімдердің заттану процесі біркелкі емес, кейбір сын есімдер бүтіндей заттанып біржол субстантивтеніп кетеді. Олар: *жас*, *бала*, *ауру*, *жүдеу*, *бай*, *кедей* т.б.

Бұлар заттық мағынада қолданылуымен бірге кейбір тіркестердің құрамында ғана сапалық, сындық мағынада кездеседі. Көп ішінен салпы ерін *бала* жігіт шықты (Мүсірепов). Талдан таяқ *жас* бала таянбайды, *Бала* бүркіт түлкіден аянбайды (Халық әні). Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман, Шошимын кейінгі *жас* балалардан (Абай). Қазақ ауыз әдебиетінің бір *бай* жері - Көкшетау (Мұқанов). *Жас* ұландар әңгіме бастады (Жароков).

Жоғарыда аталған сын есімдердің әрі заттық, әрі сындық мағына білдіруінің негізгі себебі о бастағы зат есімнің атрибутивті қолданылумен байланысты. Мұндай қолданылыс тілде анықтауыш деп аталатын синтаксистік қызметтегі сөйлем мүшесін қалыптастырған, ал бұл синтаксистік қатынастың тұрақтануы тілдің морфологиялық құрылымында сын есімнің дербес грамматикалық топ ретінде қалыптасуына негіз қалады. Қазіргі қазақ тіліндегі *жас*, *бала*, *кедей*, *бай*, *ауру*, *жүдеу* т.б. сөздерінің атрибутивтік мәнде орнығуы - осы синтаксистік қолданыстың нәтижесі.

Бұлар көбіне заттық мағынада қолданылады. Сонымен, сын есімдердің заттану процесі бірдей емес. Осыған байланысты сын есімдердің көбі уақытша, кейбіреулері толық субстантивтенеді.

4.6. АДЪЕКТИВТЕНУ АМАЛЫ

Адъективтену - басқа сөз таптарының сын есімге ауысуын білдіретін конверсиялық процесс.

Қазақ тілінде сын есімнің өз алдына дербес грамматикалық топ болып қалыптасуына адъективтену процесінің атқарған рөлі зор. Себебі,

негізгі сын есімдердің барлығы о баста басқа сөз таптарынан ауысып атрибутивтік мәнде қалыптасқан сөздер болып табылады. Қазақ тіліндегі сын есімдер тобындағы *ауру*, *жамау*, *жүдеу*, *кебу*, *ақсақ*, *сасық*, *жасық*, *қайнар* (бұлақ), *жанар* (тау), *қашаған*, *сүзеген*, *қабаған*, *тебеген*, *өңкиген*, *дүңкиген*, *өзге*, *басқа*, *ұшқалақ*, *ұшқыр* т.б. сөздер есім мен етістік тобындағы сөздерден ауысып, сын есімдерге айналған.

Қазіргі қазақ тілінде *ақ*, *қара*, *көк*, *бай*, *кедей*, *жас*, *жарық*, *тең* сын есімдері атрибутивтік мәнде орнығуы - осы синтаксистік қолданыс нәтижесі. Бұлар әрі сындық, әрі заттық мағынада қолданылады.

Қызыл, *жасыл*, *сары*, *ұзын*, *жүдеу*, *үлкен*, *кіші* т.б. сын есімге етістіктен ауысқан. Анықтауыштық қызметте жиі жұмсалып, ол қолданыс әбден тұрақталып адъективтенген. Бұл - сын есімдерді жасаудың өзге тәсілдеріне қарағанда онша белсенді емес.

Сын есімдердің мағынасы мен грамматикалық ерекшелігіне қарай түпкілікті және уақытша адъективтенген болып бөлінеді.

Алаңғасар, *шалажансар*, *біртоға*, *жалаңаш*, *жарымжан*, *кішіпейіл*, *көнетоз*, *көнтерлі*, *төртпақ*, *қашаған*, *ауру*, *тас бауыр*, *ұр да жық* т.б. сын есімдері деформаланған (әуелгі формасын жоғалтқан), идиомаланған. Бұлар шырай формаларымен де өзгере алады: *ашық ауыздау*, *көнетоздау*.

Құрамына қарай **жалаң** және **күрделі** адъективтер болып бөлінеді.

Бір сөзден тұратын лексемалар **жалаң** деп аталады. Мысалы, *қашаған*, *сүзеген*, *ақсақ*, *қызу*, *бітеу* (жара).

Екі компонент немесе одан да көп сынардан тұратын сын есімдер **күрделі** адъективтер деп аталады. Мысалы, *ұр да жық*, *әпербақан*, *безбүйрек*, *желаяқ*, *жатыпшер* т.б.

Осымен байланысты күрделі адъективтер тұлға жағынан біріккен, күрделі, фразеологиялық тіркес болып келеді.

Шығу тегіне қарай **есім негізді**, **етістік негізді** немесе **аралас түрдегі адъектив** болып бөлінеді.

Сөз таптарының ішінде адъективтену процесіне зат есімдер мен етістік анағұрлым бейім. Бұл генезистік негіздерінің бір болумен және атрибутивтік функцияда жиі қолданылумен байланысты.

Зат есімнен сын есімдерге толық ауысқан сөздер: *жамау*, *бұрау* (камшы), *ақсақ*, *ұшқыр*, *көк* (аспан, шөп, түс), *ақ* (түс, ағарған), *жас* (жас мөлшері, жігіт).

Етістік тұлғаларының адъективтенуі

Түбір етістіктерге қарағанда, оның белгілі тұлғалары адъективтену процесіне жиі ұшырайтындығы байқалады.

Адъективтенген қимыл есімдері: *ұшқыр, тапқыр, білгір, өткір, үшкір*.

Есімше формаларының адъективтенуі: *қиылған (қас), уылжыған (жас), қашаған, сүзеген, тебеген, алаған, береген, ұшқалақ, жаңғалақ, сасқалақ*.

4.7. СЫН ЕСІМНІҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Қазіргі қазақ тілінде сын есімдер сөйлемнің барлық мүшелері бола алады.

Сын есімдер семантикалық жағынан заттың әр түрлі сынын, сапа, белгісін білдіретін болғандықтан, сөйлемде, негізінен, анықтауыш мүше қызметін атқарады. Сұр бұлт түсі *суық* қаптайды аспан (Абай). Қазақта *қара* сөзге дес бермедім (Абай). Қыздырманың *қызыл* тіл түбіне жетер соны біл, Бұл алғашқы *ауыр* жыл, еңбек істе адал қыл (Торайғыров). Абайдың үстінде *қара* барқыт қаптал шапаны бар (Әуезов). *Желсіз* түнде *жарық* ай (Абай) деген мысалдардағы *сұр, суық, қара, қызыл, ауыр, қара, желсіз, жарық* сын есімдері өздері тіркескен зат есімдерді анықтап тұр. Айта кету керек, сын есімдер кейде анықтауыштың анықтауышы немесе күрделі, үйірлі анықтауыштың құрамында да жұмсала береді. Берілген мысалдағы *суық* деген *түсі суық* құрамында *бұлттың* үйірлі анықтауышы болып тұр. *Қара* сын есімі *барқыт* зат есіммен тіркесіп, екеуі күрделеніп, шапанды анықтап тұр. Сөйлемде анықтауыш болу - сын есімнің негізгі қызметі.

1. Сын есім ілік септікте тұрып, заттанып келіп те мата са байланысқан анықтауыш болады. *Жақсының жақсылығын* айт, нұры тасысын (Мақал). *Өткірдің жүзі*, кестенің бізі (Абай).

2. Сын есім табыс, барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінде келіп заттанып, толықтауыш қызметін атқарады. *Білімдіден* шыққан сөз, *талаптыға* болсын кез (Абай). Қазақ ең *сұлуын* “бота көз”, ең *жүйрігін* “бота тірсек” дейді (Мұстафин). Өмірдің *қызығынан* күдер үздік (Абай) деген сөйлемдердегі *білімдіден, талаптыға, сұлуын, жүйрігін, қызығынан* сын есімдері заттанып келіп, толықтауыш қызметін атқарып тұр.

3. Сын есім сөйлемде етістіктің алдында тұрып, қимыл, іс-әрекеттің сынын білдіріп, *қалай?* деген сұраққа жауап беріп, пысықтауыш болады.

Бетті бастым, *қатты* састым. Талап қыл *артық* білуге (Абай) деген сөйлемдердегі *қатты, артық* деген сын есімдер *қалай?* деген сұраққа жауап беріп, қимылды анықтап, пысықтауыш қызметін атқарып тұр.

4. Сын есімдер табиғаты жағынан көптелмейді, септелмейді, тәуелденбейді. Көптік, септік, тәуелдік жалғаулары жалғанса, зат есімнің орнына жүреді, сындық мағынаға заттық мағына үстеледі.

Заттанған сын есім атау септігінде тұрып қолданылса, ол бастауыш қызметін атқарады. Мысалы: Баланың *жақсысы* - қызық, *жаманы* - күйік (Абай). *Ұялшақ* сыбағасынан құр қалар (Мақал). *Ақылсыз* өзін мақтап былжырайды (Абай). *Кең пейілді* - кем болмас (Мақал). Ақ маңдай аппақ жұмыр мойнына, қолаң жібек шашына, бетінің үлбіреген *қызылы* соншалық жарасып тұр (Әуезов) деген сөйлемдерде *жақсысы, жаманы, ұялшақ, кеңпейілді, қызылы* сын есімдері атау септікте тұрып, заттанып, бастауыш қызметін атқарып тұр.

5. Сын есім жіктік тұлғада тұрып сөйлемнің баяндауышы да болады. Бақтығұл өзі де *кесек, балуан денелі, иықты* (Әуезов). Осы адамдар арасы *соншалық кереғар* (Әуезов). Төрде орын *тар, төрде жалғыз отырмақ ойында бар* (Абай) деген сөйлемдердегі *балуан денелі, иықты, кереғар, тар* сын есімдері (I, II, III жақ) жіктік тұлғада тұрып, баяндауыш қызметін атқарып тұр.

5. С А Н Е С І М

Қазіргі қазақ тіліндегі сан есім - дербес сөз табы. Ол басқа сөз таптарынан лексика-семантикалық, грамматикалық жағынан ерекшеленеді.

5.1. САН ЕСІМНІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер - заттың немесе заттық ұғымдар мен құбылыстардың санын, мөлшерін, бөлшегін, ретін білдіретін сөз табы. Тек Мағашты *үш* күндей оңаша алып отырып, арманын есітті. (Әуезов). *Жеті* атасын білген ұл *жеті* жұрттың қамын жер (Мақал). *14-15* жасында-ақ тамаша әншілігімен даңқы шыққан (Мағауин). *Жетінші* тілек тіленіз... (Бұқар жырау) деген сөйлемдердегі *үш, жеті, 14-15, жетінші* сан есімдері есім сөздердің санын, ретін, мөлшерін білдіріп, сандық белгісін анықтап тұр.

Қазақ тіліндегі барлық сан есімдер жиырма шақты сөздер арқылы жасалады. Оларды *бірлік, ондық, жүздік, мыңдық* сандар деп беруге болады.

Бірлік	Ондық	Жүздік	Мыңдық
бір	он	бір жүз	бір мың
екі	жиырма	екі жүз	екі мың
үш	отыз	үш жүз	үш мың
төрт	қырық	төрт жүз	төрт мың
бес	елу	бес жүз	бес мың
алты	алпыс	алты жүз	алты мың
жеті	жетпіс	жеті жүз	жеті мың
сегіз	сексен	сегіз жүз	сегіз мың
тоғыз	тоқсан	тоғыз жүз	тоғыз мың

Миллион, миллиард сан есімдері түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне де орыс тілі арқылы енген. Қазақ тілінде қолданылатын *түмен* сөзі моңғол тілінен енген *сансыз көп* деген мағынаны білдіреді.

Морфологиялық құрамы жағынан сан есім *дара, күрделі* болып екіге бөлінеді.

Бір түбірден құралған негізгі және туынды сан есімдер дара сан есімдер деп аталады. Екінші тілек тіленіз... (Бұқар жырау).

Дара сан есімдер іштей **негізгі және туынды** болып бөлінеді. Негізгі дара сан есімдерге морфемалық бөлшектерге бөлінбейтін сөздер жатады. Есеттің *екі* жағында отырған *екі* жігіт оның үстіне қонжия түсіп, *екі* қолынан тастай ұстап, дедектетіп отырып... (Жүнісов).

Туынды дара сан есімдер әр түрлі грамматикалық жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалады. Салқын судың ағынына *бірер* сүңгіп алып ем (Мүсірепов). *Үшеуі* шүрегейді қайтеміз деген сөзге түседі (Байтанаев).

Күрделі сан есімдер дара сан есімдердің тіркесуі және қосарлануы арқылы жасалады. *Он төртінде* дөп-дөңгелек болып мінсіз толған ай иыққа көтерілгенше жүрді (Жүнісов). *Екі қызыл әскер шаршап-шалдығып келіп, бір-екі сағат дем алды* (Момышұлы).

Сан есімнің негізгі бір ерекшелігі - басқа сөз таптарынан жасалмауы. Барлық сан есімдер есептік сан есімдердің өзара тіркесуі, қосарлануы, әр түрлі жұрнақтардың жалғануы негізінде қалыптасқан.

Сан есім зат есіммен, заттанған сөздермен тіркесе келіп, оларды сан мөлшері жағынан айқындап, анықтаушы болып табылады.

Бір кісі мыңға, жүз кісі санға, Әлі жетер заман жоқ (Абай). Майысып нәзік белім бұран қаққан, *қырық* түрлі дана кеудем өнер тапқан (Сара ақын). Бұл шоқ орман *екі-үш* шақырым жерде оқшау тұр (Есенжанов) деген сөйлемдердегі *бір, жүз, қырық, екі-үш* сан есімдері *кісі, дана, шақырым* сөздерін сан жағынан анықтап тұр.

Сан есімдер кей жағдайда зат есімсіз де қолданыла береді. Мұндай қолданыста сан есім заттық мағынаны, оның мөлшерін және сандардың өз атауы ретінде жұмсалады.

Мысалы: *Мыңнан* біреу шыққанда басшы болып, *Жүзден* біреу шықса екен соңына ерер (Дулатов). *Алтау* ала болса, ауыздағы кетер, *төртеу* түгел болса, төбедегі келер (Мақал). Шаруаның *біреуі* екеу болып (Абай). Өтемістен туған он едік, *Онымыз* атқа мінгенде (Махамбет) деген сөйлемдердегі *мыңнан, жүзден, алтау, төртеу, біреуі, онымыз* сан есімдері *адам* деген ұғымды, яғни әрі заттық ұғымды, әрі сандық мөлшерін білдіріп тұр.

Қазіргі қазақ тілінде семантикалық жағынан сан есімге жақын біраз сөздер тобы бар. Олар:

-салмақ өлшемдерін білдіретін сөздер: *қадақ, нұт, келі, батпан;*

-көлем мөлшерін білдіретін сөздер: *бір шым-шым, бір уыс, бір тілім, бір құшақ* т.б.

- қалыңдық өлшемін білдіретін сөздер: *нышақ сырты, шынашақ, бармақ, екі елі* т.б.

- қашықтық өлшемін білдіретін сөздер: *адым, таяқ тастам, шақырым, қозы көш жер, ат шаптырым* т.б.

- ұзындық өлшемін білдіретін сөздер: *тұтам, сынық сүйем, кере қарыс, кез, аришын, құлаш* т.б.

- сан есімдердің тура мағынасындағы сөздер: жарты мағынасын білдіретін сөздер: *жарты, жарым;*

бір мағынасын білдіретін сөздер: *жеке, дара, жалғыз, жалқы;*

екі мағынасын білдіретін сөздер: *егіз, қос, нар;* төрттен бір мағынасында: *ширек* сөзі;

уақыт мөлшерін білдіретін сөздер: *сүт пісірім уақыт, шай қайнатым, биенің бір сауымындай уақыт.*

Бұл сөздер мөлшерлік мағынада қолданылғанымен, лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай басқа сөз таптарына жатады.

5.2. САН ЕСІМНІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сан есім - дербес лексика-семантикалық ерекшеліктері, өзіндік морфологиялық белгілері, синтаксистік атқаратын қызметі бар сөз табы. Сан

есімнің басқа сөз таптарынан негізгі айырмашылығы - зат есіммен тіркесіп, сандық жағынан анықтау және зат есімсіз қолданылып, сандық атауды білдіру. Сан есім басқа сөз таптарынан жасалмайды.

Сан есім контексте қолданылуына қарай заттың нақты санын, ретін, мөлшерін, бөлшегін білдіреді, сандық мағынаны түспалдап, болжап көрсетеді. Осымен байланысты сан есімдерге сөзтүрленім жұрнақтарының жалғануы да біркелкі емес.

Сан есімнің негізгі қызметі заттық ұғымдар мен құбылыстарды сандық жағынан анықтау болғандықтан, әдетте морфологиялық өзгерістерге түспей қолданылады. *Бес* нәрседен қашық бол (Абай). *Алты* атанға қос артып, *Алты* жыл қоныс қарадым (Сейфуллин). Аран ішінде *екі* атқа жегулі тұрған шананы алып шықты (Бегалин). Ол *үш-төрт* адам сыйғандай қайық тауып, балық аулайтын ау сатып алып, кәсіпке кірісті (Шәріпов).

Сан есімдер зат есімнің жалғауларын қабылдап, заттық мағынада да қолданыла береді. *Онын* алып, *тоқсаннан* дәме қылып (Абай). *Жеті* күшіктің *бесеуін* көздеріне қарап өлтірді де, *екі* кішкенесін тірі қалдырды (Әуезов). *Жиырмаға* келмеген бала жігіттің сөзінде нәр де, зәр де бар екен (Мұстафин) деген сөйлемдердегі *онын*, *тоқсаннан*, *бесеуін*, *жиырмаға* сан есімдері тәуелденіп, септеліп, әрі заттық, әрі сандық ұғымды қатар білдіріп тұр.

Сан есімдер құрамына қарай **дара** сан есім және **күрделі** сан есім болып екіге бөлінеді. Бір түбірден құралған негізгі және туынды сан есімдер дара сан есім деп аталады. *Екеуі* де маған жалт қарасып... (Мағауин). Соның *жеті* жылы - баспасөз маңында (Нұршайықов) деген сөйлемдердегі *екеуі*, *жеті* сан есімдері бірі негізгі, екіншісі туынды күйінде келіп, дара сан есім болып қолданылған.

Негізгі және туынды сан есімдердің тіркесуінен я қосарлануынан жасалған сан есімдер күрделі сан есімдер деп аталады. *Үш жүзден* аса крестьян соғысы, қарсылығы болған екен (Әуезов). Тіпті *жиырма-отыз* түтіні бар ауылдар да “Ынтымақ”, “Бірлік”, “Тегістік” деп ат қойып та үлгіріпті (Мағауин). *1720* жылы орыс патшасы Петр I Ертіс бойын өрлеп... (Нұршайықов) деген мысалдарда *үш*, *жүз*, *жиырма-отыз*, *1720* сан есімдері тіркесу және қосарлану арқылы күрделі сан есім болып тұр.

Күрделі сан есімдердің құрамындағы сан есімдердің тіркесуі мынадай жолдармен болады:

а) бір санды екінші санға қосып айту арқылы. Бұл тәсіл арқылы жасалатын сандардың құрамы бір санға екінші санды қосу жолымен беріледі. Мысалы: *13-14* жасында Гүлияны Бұзаубаққа алты қараға бергеніне, міне, төрт-бес жыл болды (Сейфуллин). Холмға жеткенше *150* километр жер жатыр (Момышұлы) деген сөйлемдердегі *13*, *14*, *150* сан есімдерінің құрамындағы сан есімдер *10*, *100* сандарына *3*, *4*, *50* сандарын қосу арқылы жасалып берілген;

б) бір санды екінші санға көбейтіп айту жолы арқылы. Бұл тәсіл арқылы жасалған күрделі сан есімдер құрамы бір санды екінші санға көбейту жолымен жүзеге асады. *5000* жылқы *25* сомнан *125000* болады (Мұстафин) деген сөйлемдегі *5000* құрамындағы жеке сандар (*5* пен *1000*) көбейту (5×1000) арқылы жасалып тұр.

Күрделі сан есімдердің тіркесуі арқылы жасалатын осы тәсілдер қосымшалы және көбейтімелі, ал екеуінің де араласып келіп жасалуы аралас күрделі сан есімдер тіркесі деп аталады. 1931 жылдың қараша айының жиырма үшінде... (Жүнісов) деген сөйлемдегі *бір мың* (1×1000), *тоғыз жүз* (9×100) - көбейтімелі сан да, *отыз бір* ($30 + 1$) - қосымшалы сан.

Контексте қосымша күрделі сан есімнің соңғы компонентіне жалғанады. Біздің заманымызға жеткен үлгілердің ең көнесі, әрі көлемдісі - *бір мың тоғыз жүз алпыс тоғызыншы* жылы жазылған атакты дидактикалық шығарма - “Құтадғу білік” (Мағауин) деген мысалдағы реттік мағына білдіріп тұрған қосымша соңғы, яғни *тоғызыншы* сөзіне жалғанған.

Дара сан есімдер де, күрделі сан есімдер де зат есіммен тіркесіп қолданылғанда, зат есімге көптік жалғауы жалғанбайды. *Сейітқұл отыз үйлі кедейіне кетпен беріп, жер тегістеп, егін егуге кірісті* (Алтынсарин).

Қазіргі қазақ тілінде *алпыс*, *жетпіс*, *сексен*, *тоқсан* сан есімдерінің құрылысы ерекше.

Ал-пыс, *жет-піс* сөздеріндегі *-пыс*, *-мыш* элементі ескі дәуірде он мәнін берген, ал *сексен*, *тоқсан* - *сегіз он*, *тоғыз он* сөздерінің бірігуі арқылы жасалған сан есімдер.

Сан есім сөйлемде жеке сөйлем мүшесі болумен бірге кейде күрделі сөз құрамына кіріп, күрделі сөйлем мүшесі қызметін атқарады.

- етістікпен тіркесіп күрделі баяндауыш болады. Қанаев кекірейіп кербезденбей, көптің *бірі* болып, жұпыны түрмен отыр (Майлин).

- *рет*, *жасар*, *есе*, *мәртебе*, *күн*, *жыл* сөздерімен тіркесе келіп, *қанша?* деген сұраққа жауап беріп,

күрделі анықтауыш, ал *күн*, *жылы* сөздері сан есімдерге тіркесіп *қашан?* сұрағына жауап беріп, пысықтауыш қызметін атқара алады. Алыстан *алты жасар* бала келсе, алпыстағы ақсақал келіп сәлем берер (Мақал). *Он алты жасар* Бақтығұл *он жасар* осы Тектіғұлды біресе жетектеп, біресе арқалап, нағашы деген ел болмысқа зорға жетіп еді (Әуезов). *Екі рет* ас құйылмаса... (Әуезов). Осыдан *2-3 жыл* бұрын есірік інісі Ерібай оттың басын сипап қалды (Сәрсенбаев). Хан сөзіне сенгенім, *он күн* мұрсат бергенім (Махамбет).

Сан есім *сағат* сөзімен тіркесе келіп, екі жақты қызмет атқарады. Біріншіден, сан есім *сағат* сөзінің алдында келіп, оны анықтап, *қанша?* деген сұраққа жауап береді де, күрделі анықтауыш болады. Айналдырған *23 сағаттың* ішінде... (Момышұлы). Екіншіден, *сағат* сөзінен кейін қолданылып, *қашан?* деген сұраққа жауап беріп, уақыт, мезгіл мағынасын білдіреді. Ертең таңертең *сағат сегіз*де барлықтарыңыз сақадай сай тұрыңыздар (Жұмаділов) деген сөйлемде *сағат сегіз*де тіркесі - мезгіл пысықтауыш қызметін атқарып тұр.

5.3. САН ЕСІМНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТОПТАРЫ

Сан есімдер қолданылу ерекшеліктеріне қарай бір тобы зат есіммен тіркесіп, оны анықтап, есебін, ретін, мөлшерін білдірсе, біразы жинақтылық ұғымды, бөлшектік үлесті, шамалық, болжалдық мағыналарды білдіреді. Осындай мағыналық ерекшеліктеріне қарай сан есім алты топқа бөлінеді. Олар: *есептік сан есім*, *реттік сан есім*, *жинақтық сан есім*, *топтау сан есімі*, *болжалдық сан есім* және *бөлшектік сан есім*.

5.3.1. Есептік сан есім

Есептік сан есім заттың нақтылы санын және абстракты сандық ұғымды білдіріп, *қанша? неше?* деген сұрақтарға жауап береді. Есептік сан есімнің арнайы грамматикалық көрсеткіштері жоқ, олар түбірден тұрады. *Абай жаз сайын Жаңылға деп бір сиыр*, *2-3 бие сауын жіберіп отыратын* (Әуезов). *Тірі боп жүз жыл жасап тек тұрудан*, *Бір күн артық ел үшін еңбектенген* (Бұлқышев). *Екі жаман ауыл болмас, ауыл боса, қауым болмас* (Мақал). *Ғылымға жас күнімнен еттім талап*, *Талпынып төрт ұлағаттан тағлым алып* (Әріп) деген сөйлемдердегі *бір*, *2-3*, *жүз*, *екі*, *төрт* сан есімдері өздері анықтап тұрған *сиыр*, *бие*, *жыл*, *күн*, *жаман*, *ұлағат* сөздерін сан жағынан анықтап,

қанша? неше? деген сұрақтарға жауап беріп, есептік сан есім болады.

Қазақ тілінде есептік сан есімдер деректі санауға болатын зат пен заттық ұғымдарды білдіретін сөздерді ғана айқындап, солармен сөз тіркесін жасай алады.

Есептік сан есім жеке, зат есімсіз қолданылған жағдайда абстракты сандық ұғымды білдіріп, соның атауы ретінде қолданылады. *Елу үш* пен *жиырма алтыны* қоссаңыз қанша болады? (Момышұлы) деген сөйлемдегі *елу үш*, *жиырма алты* сан есімдері абстракты мәнде жұмсалып, оның өзінің атауы ретінде қолданылған.

Есептік сан есімдер құрылысы мен дәрежесіне қарай бірлік, ондық, жүздік, мыңдық сандар болып бөлінеді. Бірлік сандарға *бір* санынан бастап *он*-ға дейінгі, ондық сандарға *он*, *жиырма*, *отыз*, *қырық*, *елу*, *алтыс*, *жетпіс*, *сексен*, *тоқсан* сандары жатады. Жүздік, мыңдық сандарға жататын сөзер: *жүз*, *екі жүз*..., *мың*, *екі мың* т.б.

Осы аталған топтарды құрамына қарай *дара* және *күрделі* деп бөлуге болады. Дара сан есімдерге *бірлік*, *ондық* сан атаулары және *жүз*, *мың* сөздері жатады. Осы таулардың жықпылынан сылдырап *сегіз* бұлақ ағады (Шашкин).

Күрделі есептік сан есімдер жоғарыда аталған сан есімдердің бір-бірімен өзара тіркесуі арқылы жасалады. Оларға *он бірден* басталған, *жүздік*, *мыңдық* атауларға дейінгі сандар жатады. Алдымен жоғары дәрежелі сандар, содан соң төмен дәрежелі сандар арнайы грамматикалық көрсеткішсіз тіркеседі. Осыдан *он бес*, *жиырма күн* кейін Абай мен Ербол елге келе жатты (Әуезов). Көкпекті деген қаланың солтүстік жағына қарай *отыз бес* шақырым жерде... ("Дала уал." газ.) деген сөйлемдерде *он бес*, *отыз бес* күрделі есептік сан есімдері болып табылады.

Есептік сан есімдер зат есіммен тіркесіп, оны анықтап тұрғанда, морфологиялық өзгерістерге түспейді. Жас бала анадан туғанда *екі* түрлі мінезбен туады (Абай). Көп ұзамай *төрт* салт атты да өзектің бергі қырына көтеріле берді (Жүнісов). *Отыз екі* омыртқаның буынан Зырлап аққан қара қан (Доспамбет жырау) деген сөйлемдердегі *екі*, *төрт*, *отыз екі* сан есімдері *түрлі*, *салт атты*, *омыртқа* сөздерінің алдында келіп, ешқандай морфологиялық өзгерістерге түспей оларды сандық жағынан анықтап тұр. Бұл - сан есімнің негізгі атқаратын қызметі.

Есептік сан есімдер септік, көптік, тәуелдік жалғауларын қабылдағанда, заттық мәнге ие болып, зат есімнің қызметін атқарады.

Атау септікте тұрып тәуелденіп те, тәуелденбей де бастауыш бола алады. Мен істедім дегенше, *Мың* істеді десейші, *Мың* істеді дегенше, Ер істеді десейші (Момышұлы). Бәріміз бір босағада, *біріміз* құл, *біріміз* күн болып жүргенімізді көріп қалай отыра аламыз? (Мүсірепов).

Ілік септік жалғауын қабылдап, матаса байланысып, анықтауыш болады. *Бірінің* астына бірің түсіп жатқандарыңды ендігәрі көрмейін деп едім (Мүсірепов). *Бірдің* кесірі мыңға, *Мынның* кесірі түменге (Мақал).

Атау, ілік септіктерінен басқа септіктерде тұрып, толықтауыш қызметін атқарады. Қос басы төрт кісі еді ғой, *онға* жеткізерсің (Мұстафин). *Мыңды* алған, бірді беріп Ақтабанды (Махамбет). Секілді тұрпаттары сайыпқыран, Сарқылып өзара шыққан *жүзден*, *мыңнан* (Омаров).

Күрделі етістік құрамында келіп немесе сөйлем аяғында келіп жіктеліп, баяндауыш қызметін атқарады. *Бір* көруге ғашығындай, Сені түнде жоқтады-ай! (Мәуленов). Құнанбайдың қара жал бурыл аты дәмелі бәйге аттың *бірі* еді (Әуезов). Олар *жүз сексен*, біз *жүз жиырмамыз* (Макаренко). *Бір жасап*, *екі жасап* Әзім өсті, Онан соң медресеге барып түсті (Торайғыров).

Сан есім жатыс септікте тұрып, сөйлем аяғында баяндауыш болады. Жасым биыл *жиырма алтыда* (Момышұлы). Мұраттың жасы биыл *отыз екіде* (Ахтанов).

Осылармен бірге есептік сан есімдері төмендегідей тұрақты тіркестер құрамында кездеседі:

БІР саны: бір жасап қалу, бір киер, бір қайнауы ішінде, бірқыдыру жер, бір сабақ жіп бермеу, бір сөзді, бір сырлы, сегіз қырлы, бір шөкім, бір қайнатым уақыт т.б.

ЕКІ саны: екі асығыс, бір қарбалас, екі дүниеде, екі жарты бір бүтін, екі жеп биге шығу, екі жүзді, екі арада шыбын өлу, екі иығына екі кісі мінгендей, екі иығынан дем алу, екі кеме басын ұстау, екі көзі бұлаудай, екі көзі төртеу болу, екі қолға бір күрек, екі ойлы, екі ұшты, екі еткізбеу, екі шоқып бір қарау т.б.

ҮШ саны: үш қайнаса сорпасы қосылмау, үш ұйықтаса түсіне кірмеу т.б. Сыздық Қоқан хандығын қорғап шығатыны оның тіпті *үш ұйықтаса түсіне кірмейтін* (Есенберлин).

ТӨРТ саны: төрт арыстың баласы, төрт аяғы тең жорға, төрт түлік мал, төрт құбыласы сай, төрт көзі түгел, төрт тағандау т.б. Төбе би болмасаң да, *төрт арыстың төбе биін* сен сайлап бердің (Әуезов).

БЕС саны: бесаспап адам, бес бересі, алты аласы жоқ, бессайыс, бесенеден белгілі, бес сау-

сақтай білу т.б. Тілеуберген - шынында да, өнерді меңгерген *бесаспап* жігіт (Сәрсенбаев).

АЛТЫ саны: алты қырдың асты, алтыбақан т.б. *Алты қырдың астынан* ән шырқасам, Даусым отарбадан кейін емес (Біржан сал).

ЖЕТІ саны: жеті қабат жер асты, жеті ата, жеті күн, жеті түн, жетісін беру, жерден жеті қоян тапқандай т.б. Бұлар *жеті түнде* үркіп, қиқулап, ұшқан қаздардай болып, өзекке қарай құлай шапты (Әуезов).

ТОҒЫЗ саны: тоғыз жолдың торабы, тоғыз қабат торқа, бір тоғыз, тоғыз құмалақ т.б. *Тоғыз жолдың торабы* Ташкентке кімдер келіп, кімдер кетпеген (“Қаз.әйелд.” журн.).

ОТЫЗ саны: отыз күн ойын, қырық күн тойын қылу, отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарар т.б. *Отыз күн ойын*, *қырық күн тойын* қылып, қызық думанға кенеліпті (“Әлем халықтарының ертегілері”).

ҚЫРЫҚ саны: Қырықтың бірі қызыр, қысқа күнде қырық шабу, қыркын беру, қырық күн т.б. Мысалы: Егер Кене шын қазақ елінің камын ойласа, маңайындағы қазақ руларын *қырық күнде қырық рет* шауып неге маза бермейді? (Мұқанов).

Есептік сан есім өзге сөз таптарынан жасалмайды. Тілдің тарихи даму процесінде есептік сан есімдер арқылы сөзжасамның әр түрлі тәсілдері арқылы жаңа сөздер жасалған.

Есептік сан есімдердің ішінде лексика-семантикалық және грамматикалық жағынан **бір** сан есімінің қолданылу, стильдік ерекшелігі сан алуан.

Бір сан есімі, ең алдымен, есептік сан есімі ретінде заттың санын, мөлшерін білдіреді. Жарас деген молданың **бір** ұл, **бір** қызы бар екен (Дулатов). Игілік ешкімді **бір** адым жақындатқан да, алыстатқан да жоқ (Мүсірепов). Нені сүйдім, дүниеде неден күйдім, Қазысы оның - арым мен **бір**-ақ құдай! (Абай). - Міне, саған сыйлық деп, - **бір** әдемі бәкі, **бір** қаламсап және **бір** кітап берді (Алтынсарин) деген сөйлемдердегі **бір** сөзі ұл, қыз, адым, құдай, қаламсап, кітап деген зат есімдерді сан жағынан анықтайды.

Осы тура мағынасы негізінде **бір** сан есімі тілде қолданылу ерекшеліктеріне қарай басқа да ауыспалы лексикалық мағыналарды білдіре алады және әр түрлі қосымшалардың жалғану, **бір** сан есімнің қосарлануы, сөздермен бірігіп қолданылуы арқылы жаңа сөздер жасай алады. **Бір** сан есімінің сан түрлі мағынасы контекст арқылы ажыратылады.

Бір сан есімінің басты ерекшеліктері:

- етістіктің алдында келіп, бастапқы нақты сандық мағынасы көмескіленіп, күшейткіштік мағына үстейді: Бала көзінің астымен **бір** қарап алды (Бақбергенов). Төстіктен іске тартып көуап қылды, Жейік деп оңашада **бір** сүйсініп. (Кете Жүсіп). Қан жылаған халқын көріп, жүрегі **бір** өртенсе, қаны бір қазақтан қан қақсаған халқын тағы көріп жүрегі екі өртенеді (Есенберлин). Май айында керемет, Бұлттан аспан күркіреп, Рахман жаңбыр құйып, **Бір** басылады, сіркіреп (Сейфуллин).

- белгісіздік мағынасында қолданылып, белгісіздік есімдігі болады. **Бір** үшеу көшені басына көтеріп келеді (Мұстафин). Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен, Астында ақ шомшы жүр, ол **бір** керуен (Абай). Бірақ жаңағы **бір** ой сап ете түсті де... (Мүсірепов).

- сын есіммен тіркескенде, сындық мағынаны күшейту мәнінде қолданылады. Мысалы: Дүниенің ғылымын білмей қалмақтық **бір** үлкен зарарлы надандық (Абай). Оқушы талапкер тірлігінде ол - ең **бір** бақытты шақ (Әуезов).

- сандық мағынадан ауытқи келе **бір** сөзі *біресе* шылауының орнына қолданыла береді. Көзі **бір** сығырайып ашылып, **бір** жұмылып қалуға кетеді (Әуезов). Қалқай Жүсіптің сөзіне **бір** қызарып, **бір** сұрланып отырып, төзе алмады (Майлин). Жандос **бір** отырып, **бір** тұрып, залдан шықпады (Жұбанов).

- *уақыт, күн, мезгіл, кез, сәт, заман, жолы* сияқты сөздермен тіркесе келе, болжалдық мағынада мезгілді білдіреді. **Бір күні** Кәдіберген отағасы сасқалақтап... (Майлин). Амалсыз тағдыр **бір күн** кез болмай ма? (Абай). **Бір кезде** айырылмастай жақын досым (Сейфуллин). **Бір сәт** ақ жүзі нұр тамғандай бұлбұл жанды, **бір сәт** өткір қара көздерін Ержанға ұзақ төңкеріп сағына қарағандай (Нұршайықов). **Бір жолы** алдыңғы шептегі жермен танысып, көршілес дивизияның бір батальонының бақылау пунктіне кірдім (Момышұлы). **Бір кезде** Қарашолақ өзінше мәдениет ошағы болған (Аймауытов).

Бір сөзінің жаңа сөздер жасауы:

Бір сөзі арқылы қазақ тілінде көнеленген жалғау, сөзжасам жұрнақтарының жалғануы және қосарлану, бірігу арқылы біраз жаңа сөздер жасалған. Осымен байланысты жаңа сөздердің жасалу жолдарын синетикалық, аналитикалық тәсілдер арқылы жасалған деп қарастырамыз.

а) *синтетикалық тәсілі.*

- *лік, -тік* жұрнақтары арқылы *бірлік, бірлестік* зат есімдері жасалған: *Бірлік* түбі - тірлік (Мақал). Бір дегеніңіз - *бірлігі* кеткен ел жаман (Қаз

дауысты Қазыбек). Үнемі *бірлікке* шақыратын.

- *ік, -лес* жұрнақтары арқылы етістік сөздер жасалған. Мысалы: *Бірлестік* сал болуға сегіз жігіт (Әшім ақын). Жеңгесімен *бірлікті* Алтауына ұршық ақ жібек, Алтауына иіртті (“Қамбар батыр” жыры).

- *дей* жұрнағы арқылы жасалған *бірдей* сөзі бірде сын есім, бірде үстеу мәнінде қызметін атқарады. Нұрымға қиямет-қайымның тар көпіріне тірелгенмен *бірдей* болды (Есенжанов). Жаманның көңілі кокте, жерде басы, Алыс қой аңғарғанға екі арасы, Жақсының өзі кішік, бойы биік, *Бірдей* ме екеуінің мәртебесі? (Жамбыл).

- *еу* жұрнағы арқылы жасалған *біреу* сөзі жинақтық сан есім болып, белгісіздік мағынасын білдіріп, есімдік қызметінде де қолданылады. *Біреуге* жақсылық етсең, ол жақсылығыңды міндет етпе (Алтынсарин).

Сонымен бірге *біреу* белгісіздік есімдігі септеліп, тәуелденіп, заттанып та қолданыла береді. Мысалы: *Біреуден* жіберген бір ауыз сөзін екеу болып елге жайылады (Мүсірепов). Ол *біреуден* бір жылқының майын сұрап мініп... (Абай).

- жатыс септігінің көнеленуі арқылы жасалған *бірде* сөзі *біресе* шылауымен қатар қолданылса, кейде мезгілді білдіріп үстеу бола алады. Оспанкүл *бірде* жұмысты шын ықыласымен апырып-жапырып істейді, *бірде* қолының ұшын ғана тигізеді (Әуезов).

- шығыс септігінің көнеленуі арқылы жасалған *бірден* сөзі үстеу қызметін атқара алады. Ақ үйдің екі ашпалы сырлы есігін *бірден* ашып үйге енді (Мұстафин).

- барыс септігінің көнеленуі арқылы жасалған *бірге* сөзінің мынадай ерекшеліктері бар:

- *қоса, қабат, қатар* сөздерінің орнына жүреді.

Сәттібек ауылдарымен *бірге* отырғандарының азғана жылқылары жүйрік болады (Сейфуллин).

- бірге туған, туысқандық мағынада:

Хажы заманды түгіл *бірге* туған ағасын түзей алмай... (Мұстафин).

- “*Бірге* тумак бар, *бірге* өлмек жоқ” секілді мақалдарда кездеседі.

ә) *аналитикалық тәсілі.*

- қосарланып, болжалдық, шамалық мағынаны білдіреді.

бірен-саран, бірді-екілі, бір-екеуі. Ошақ басында *бірен-саран* адам жүр (Бегалин). *Бір-екеуі* түйе қорадай ұзын болғанымен, қой қорадай аласа ғана (Майлин).

- **бір** сөзі өзара бір-бірімен қосарланғанда үстеу, есімдік орнына жүреді: *бір-бір, бір-бірінден,*

бірден-бір, бірте-бірте, бір-бірлеп, бірде-бір т.б. Қабырғасын қаусатып *бір-біріндеп* сөксе де... (Махамбет). Бүкіл планетамыздың біртұтас организм екеніне дүниежүзі халықтарының көзі *бірте-бірте* жетіп келеді (Мырзалиев).

Бір санының әр түрлі сөздермен бірігуі арқылы жасалған сөздер біраз. Атап айтқанда:

- *өңкей, келкі, сыдырғы, ыңғай, тұтас, түрлі, қалыпты, талай* сөздерімен бірігуі арқылы сын есімдер жасалған.

Артын тіле құдайдан, *бірқалыпты* тұрмайды (Абай). *Біркелкі* жас буын шығып еді (Әуезов). *Бірқалыпты* қатты жүрісті бәсеңдетпей... (Әуезов). Мұнан басқа қақпада *бірқатар* жан, Жанашырсыз дүниеде жетім қалған (Абай).

- **бір** сөзіне *неше, деме, дене* сөздерінің кірігіп кетуі арқылы белгісіздік есімдіктері жасалған: *бірнеше, бірдеме, бірдене*: *бірнеше* күн жыласып аза салып болды (Әуезов). *Бірдемеге* ұрынып, пәлеге ұшырап жүрме (Жармағамбетов). *Бірнеше* жалпақ төбелі қоңырқай үйлерден айналып өтті (Әуезов).

- *аз, жолата, сыпыра, шама, талай* сөздерімен бірігу арқылы бірде сын есім, бірде үстеу сөз табының орнына жүреді: *біраз, біржола, біржолата, біршама, бірталай*. Ұлбосынның жауабынан Әбулақап *бірталай* нәрсе аңғарды (Майлин). *Бірсыпыра* уақытқа шейін Шермек аң-таң болып... (Майлин). Құйма құлақ зерек жігіт білімін *бірталай* кенейтіп алған (Мұстафин). Осылай арада өтті *біраз* заман (Сералин). Өкінішті күндер *біржолата* өтіп, қарасы өшті (Мүсірепов). Ақлима Еркебұланның қолында *біржола* көзін жұмды (Омаров).

- **бір** сөзінің осылармен бірге тұрақты тіркес жасайтындары да аз емес: *бір ауыз сөз, бір сырлы, сегіз қырлы, бір созді, бір жасау, бір киер киім, бір сабақ жіп, бір табан жақын, бір тал шаш* т.б.

5.3.2. Реттік сан есім

Реттік сан есім заттың саналу ретін, орын тәртібін білдіріп, *нешінші?* деген сұраққа жауап береді де, есептік сан есімдерге дауыссыз дыбыстардан соң *-ыншы/-інші*, дауысты дыбыстардан соң *-ншы/-нші* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. *Бірінші* рет қатты өкпелегенін жасыра алмай барады (Мүсірепов). Әбіш бұдан бөлек *екінші* қағазды тағы жазды (Әуезов). Ырысты *төртінші* тәулік дегенде барып... (Жүнісов). *Тоғызыншы* тілек тілеңіз (Бұқар жырау) деген сөйлемдегі *бірінші, екінші, төртінші, тоғызыншы* реттік сан есімдері *қағаз, тәулік, тілек* сөздерінің ретін, орын тәртібін білдіріп тұр.

Реттік сан есімдер құрамына қарай **дара** және **күрделі** болып екі топқа бөлінеді. Дара реттік сан есім бір сан есім арқылы жасалады. Жаздың *бірінші* жаңбыры құйындата келіп төгіп жіберді (Майлин).

Күрделі реттік сан есім бірнеше сан есімдердің тіркесіп келуі арқылы жасалады. *Бір мың тоғыз жүз жиырма жетінші* жылы демалысқа келгенімде... (Момышұлы). Құранның *жүз сегізінші* сүресінде... (Досжан). Күрделі реттік сан есімдерге қосымша соңғы компонентіне жалғанады.

Қолданылу стильдік ерекшелігіне қарай реттік сан есімдерін жасайтын *журнақтар ондық, жүздік, мыңдық* сандарға қарағанда, *бірлік* сандарға жиі жалғанатыны байқалады.

Ескерту: *-ыншы/-інші, -ншы/-нші* жұрнақтары - құранды қосымша, V-VIII ғасыр жазбаларында *-нч* түрінде, ал кейінгі дәуірдегі ескерткіштерде *-нчы* болып келеді. Сонымен, *-ншы* қосымшасының соңғы элементі *-ы* тәуелдік жалғауы деген пікір бар. Бірақ бұл пікір дәлелдей түсуді қажет етеді, өйткені тәуелдік жалғауы өзі жалғанған сөзге ілік септік жалғаулы сөздің тіркесін талап етеді, ал бұнда ондай байланыс (матасу) байқалмайды.

Синтаксистік қызметі жағынан реттік сан есім зат есімнің алдында келіп, анықтауыш болады. Бұл - оның негізгі қызметі. Тентекті тәртіпке шақыру - *бірінші* парыз (Иманжанов). *Екінші* мәселе: жұмысшыларды топқа бөлу (Майлин) деген сөйлемдердегі *бірінші, екінші* сан есімдері *парыз, мәселе* секілді зат есімдерді реттік жағынан анықтап тұр. Синтаксистік қызметі жағынан сан есім сын есімге жақын болғандықтан, сын есімнің алдынан келетін күшейткіш үстеуі реттік сан есімнің тек бірінші сөзімен ғана тіркеседі. Бұл қолданыста ол күшті, мықты, беделді, алдыңғы т.б. мағыналарда қолданылады. Ұжымдағы ең *бірінші* адам - біздің Қасен (Сатыбалдиев).

Реттік сан есім сандық ұғымды білдірумен қатар заттық мағынада қолданылады. Осындай мәнге ие болуымен байланысты әр түрлі грамматикалық формалармен түрлене алады, яғни көптеледі, тәуелденеді, септеледі. *Біріншісі* Каспий теңізінің статусына байланысты болса, *екіншісі* - әлемдік мұнай тасымалдау жолдарына шығу болып саналады (“Ег. Қазақстан”). *Біреуінікі* бұйраулау мол болған да, *екіншісінікі* - жайылма, ұзын сақал (Әуезов). Адамның бәрі бірдей емес қой, *біреуімен* тіл тауып сөйлессең, *екіншісімен* қатал сөйлесу керек (Момышұлы). Бұл жерден үш жұрт

өтіпті, *төртіншісі* - біз едік (Жүсіпқожаұлы) мысалдарындағы *біріншісі*, *екіншісі*, *екіншісінікі*, *екіншісімен* септеліп, тәуелденіп заттық ұғымда қолданылған.

Реттік сан есім сөйлем аяғында келіп, жіктеліп, баяндауыштың да қызметін атқара алады. Мысалы: Мынасы - *төртіншісі* (Мүсірепов).

Реттік сан есім басқа тұлғада түрленбей тұрып және шығыс септігінің көнеленуі арқылы жасалған реттік мағынаны білдіретін қыстырма сөздің де қызметін атқарады. Менің қалада тұрсын деген мақсатым, *біріншіден*, әйтеуір қазақ баласын оқытқаным ғой, *екіншіден*, Балқия оқу оқысын, шаһар тұрмысымен біраз таныссын деп едім (Дулатов). *Екінші*, орыс-қазақ жұмыскерлері бірінің тіліне бірі түсіне алмайтын (Мүсірепов). *Екінші жағынан*, Зейнептің ашуы барын сезген соң... (Майлин) деген сөйлемдерде *біріншіден*, *екіншіден*, *екінші*, *екінші жағынан* сөйлем мүшелері бола алмайды, олар оқшау сөз, яғни қыстырма сөз дәрежесінде қолданылған.

Реттік сан есімдер сөз тудырушы жұрнақтар қабылдап, басқа сөз табына айналып кетеді. Мұндай сөздер көп емес. Олар -*лей* жұрнағы арқылы жасалған *екіншілей* сөзі (үстеу), -*лік* жұрнағы арқылы жасалған *біріншілік* сөзі (зат есім). Бір сынаған адамды *екіншілей* сынама (Махамбет). Әлем *біріншілігінде* алғашқы бестікке ілініп... ("Алматы ақшамы").

5.3.3. Жинақтық сан есім

Қазіргі қазақ тіліндегі жинақтық сан есім заттың жинақталған сандық мөлшерін білдіріп, *нешеу?* деген сұраққа жауап беріп, сан есімдерге -*ау/-еу* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. *Үшеуі* тізелерін қосқанда, найзалы баран атты атының басын тартыңқырап, анау *екеуімен* қатарласа берді (Сейфуллин). Адам баласы екі нәрседен: бірі - тән, бірі жан. Достарың мың болса да, аз деп біл, дұшпаның *біреу* болса да, сақтан (Мақал) деген сөйлемдердегі *екеуі*, *біреу*, *үшеуі* сан есімдері жинақтық мағынаны білдіріп тұр.

Жинақтық сан есімдер *бір* мен *жеті* аралығындағы сан есімдерге -*ау/-еу* жұрнақтарын жалғау арқылы жасалады: *біреу*, *екеу*, *үшеу*, *төртеу*, *бесеу*, *алтау*, *жеттеу*. Мұнда *екі*, *алты*, *жеті* сөздеріндегі қысаң -*ы*, -*і* дыбыстары түсіріліп қолданылады.

Жинақтық сан есімдердің бір ерекшелігі, әдетте, зат есімдерсіз жеке қолданылып, заттық

мәнге ие болып, әрі сандық, әрі заттық мағынаны бірдей білдіріп тұрады. *Алтау* ала болса, алдындағыны алдырар, *төртеу* түгел болса, төбегіні түсірер (Әбу Хайян). *Екеуі* көп отырмай, үйге қайтты ("Ғашық Наме"). *Біреуі* - сол сұмдардың Құсан залым (Байзақов). Осы үйдегі *бесеуі* түгел қаракет етеді (Әуезов). Ғылым, білім әлгі айтылған *үшеуінен* болады (Абай) деген сөйлемдердегі *алтау*, *төртеу*, *екеуімізге*, *екеуі*, *біреуі*, *үшеуінен* жинақтық сан есімдері әрі заттық, әрі сандық мағынада қолданылып тұр.

Сонымен, жинақтық сан есімдер зат есімдердің орнына жүретіндіктен, зат есімнің грамматикалық формаларымен түрленеді, яғни көптеледі, септеледі, тәуелденеді. Досың көп болса да, *біреуі* жетпей тұрады (Баласағұни). Абай оның *екеуіне* де ауылда болуды ұйғарды (Әуезов).

Жинақтық сан есім тәуелденіп, атау септікте тұрып, бастауыш қызметін атқарады. *Екеуі* де мұздай киініпті (Мүсірепов). *Үшеуіміз* де жас едік, *үшеуіміз* де көңілді едік, *үшеуіміз* де қуанышты едік (Момышұлы).

Жинақтық сан есім ілік септікте тұрып анықтауыш болады. Дәме *екеуіміздің* желіміз оңынан тұрды (Шашкин). *Екеуінің* аяқ жағында көлденең жатқан (Әуезов). *Екеуіңнің* баққан дүниелерің екі басқа (Мүсірепов).

Атау, ілік септіктерден басқа септіктерде тұрып толықтауыш қызметін атқарады. *Екеуін* алдап (Әуезов). Таңдаулы қызметкерлеріміздің *біреуін* армия қатарына аттандырғалы отырмыз (Момышұлы).

Күрделі етістік құрамында, сөйлем аяғында келіп, баяндауыш болады. Қазір Мусинде қалған лауазым *екеу-ақ* (Қабдолов). Ердің сөзі - *біреу*, көгі - *үшеу* (Қашғари). Аттының несібесі - *алтау*, жаяудың несібесі - жалқы (Мақал).

Жинақтық сан есімдердің негізінде лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік тәсілдер арқылы төмендегідей сөздер жасалған.

Жинақтық сан есімнің ішіндегі *біреу* сөзі өзінің нақты мағынасы негізінде субъекті орнына жиі қолданылуымен байланысты прономинализацияланып, есімдік сөз табына ауысқан. Осы тұрғыда *біреу* сөзінің мағынасы контексте ғана ажыратылады. *Біреу* тойып секіреді, *біреу* тоңып секіреді (Мақал). *Біреу* ұқпас бұл сөзді, *біреу* ұғар (Абай) деген сөйлемдерде *біреу* сөзі - белгісіздік есімдік мәнінде қолданылып тұр. Ал мына сөйлемдерде *біреу* - жинақтық сан есім болып табылады: *Біреуі* Ырғызбайдың белгілі қырты - Жұман (Әуезов).

Морфологиялық тәсіл негізінде етістік тұдыратын *-ла/-ле* жұрнақтарын қабылдап, жаңа сөз жасайды: *екеулен, үшеулен* т.б. Мысалы: *Екеулен* көтерген жүк жеңіл (Мақал).

Сабанды шанаға *үшеулен* ілезде тиедік (Сералин). Қазақша соғым сояды екен және *біреулен* емес, бірнешеулен (Мұқанов).

Синтаксистік тәсілмен жинақтық сан есімдер қосарланып немесе *ара* сөзімен бірігу арқылы үстеу сөз табына айналып кетеді: *екеу-екеу, екеуден-екеуден, екеуара* т.б. Балауыз шамның түбінде *екеуден-екеу* күнкілдесіп отырғанбыз (Сәрсенбаев). *Екеу-екеу* жұптасып, дөңгеленіп биледік (Тұрманжанов). *Екеуара* бір мылтығымыз бар (Дәуренбеков).

Жинақтық сан есімдер құрамы жағынан тек дара түрінде ғана қолданылады.

5.3.4. Топтық сан есім

Қазіргі қазақ тіліндегі топтық сан есімдер заттар мен құбылыстардың санын топтап көрсетіп, *қаниададан? нешеден?* деген сұрақтарға жауап беріп, есептік, болжалдық сан есімдерге шығыс септігінің көнеленген қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады. Біз *екі-үштен* бөлініп кеттік (Керімбеков). Беті шикандай екі еркек, қасында *бір-бірден* бала жігіт бар (Мүсірепов).

Топтық сан есімдер морфологиялық құрамы жағынан дара және күрделі болады.

Дара топтық сан есім есептік сан есімдерде көнеленген шығыс септігінің жалғануы арқылы жасалады: Екі ана үш рет *екеуден* туған (Мұқанов).

Күрделі топтық сан есімдер бірнеше есептік сан есімдердің тіркесіп, соңғысына көнеленген шығыс септігінің жалғауы жалғануы арқылы жасалады. Десятидворканын әр үйіне *10-15-тен* неміс қонуға барды (Момышұлы). Екі моторлы қайыққа алты адам *үш-үштен* бөлініп мініп, айдыңға бет алды (Тілегенов). Құйрығын *екі-екіден* талдап өріп... (Біржан сал).

Сонымен бірге топтық мағынаны білдіретін *-дан, -ден, -тан, -тен* жалғауы сан есімге емес, олардың анықтайтын тіркескен сөзіне жалғанатын реттері де болады. Жұмабекке жұмыскер басына *үш сомнан* ақша алу керек (Мұстафин). Көпей бәйбіше *бес-он түйеден* тізіп, кейінгі жүктерін де жөнелтіп жіберді (Мұстафин). Нашарлар көлік үшін жүріп қойған, Кемітіп ақшасына *бір-бір қойдан* (Торайғыров).

Топтық сан есімдер грамматикалық көрсеткіштермен түрленбейді және жаңа сөздер жасай алмайды.

5.3.5. Болжалдық сан есім

Қазіргі қазақ тіліндегі болжалдық сан есімдер заттар мен құбылыстардың санын дәл білдірмей, шамамен болжамдап, тұспалдап көрсетіп, *қанша? неше? қай шамалы? қаншадай?* секілді сұрақтарға жауап береді. *Он мыңдаған* қой, *мыңдаған* түйе иттің құлы итақайда өреді (Мұқанов). *Жиырма бес* күндей армияның жорығына біздің полк та қатысты (Момышұлы). Нағашысы *төрт-бес жүз* атымен кеп, Ақан серінің үйіне қонады (Мұқанов). *2-3* теңгем жетпей қап, ана байға іштегі бұзауды ал деп таптым пайда (Торайғыров). Қойшылықпен *он шақты* жыл қыршын жас күнін кешіріп еді (Әуезов) деген мысалдардағы *мыңдаған, жиырма бес күндей, 4-5 жүз, 2-3, он шақты* сөздері заттың санын нақты білдірмей, оны шамалап, тұспалдап көрсетіп тұр.

Болжалдық сан есімдер, біріншіден, сан есімдерге немесе сан есім анықтап тұрған есім сөздерге әр түрлі қосымшалар жалғану арқылы жасалады, екіншіден, сан есімнің қосарлануы арқылы жасалады. Осымен байланысты оларды синтетикалық, аналитикалық тәсіл арқылы жасалған болжалдық сан есімдер деп бөлуге болады.

Болжалдық сан есімдердің синтетикалық тәсіл арқылы жасалуы:

1. Есептік сан есімдерге *-лаған/-леген, -даған/-деген, -таған/-теген* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады.

Өз сыбағасын ешкімге жібермегендігі *мыңдаған* жыл тарихында айқындалған (Момышұлы). *Ондаған* бекеттерде *жүздеген* кіре қонақтар жатыр (Мүсірепов).

2. Сан есімдерге *-дай/-дей, -тай/-тей* жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.

Төрт мыңдай жылқы сату керек (Мүсірепов). *-дай/-дей* жұрнақтарының сан есімдерді жасауда мынадай ерекшеліктері бар. Атап айтқанда, бұл қосымша, біріншіден, *бірлік саны* қосарланған тұлғаларға (қырық-елудей, жиырма-отыздай), екіншіден, *ондық, жүздік, мыңдық* көбейтімелі сандарға (үш жүздей, он мыңдай) көбірек жалғанады.

-дай/-дей, -тай/-тей жұрнағы сан есімдермен тіркесіп, мезгілдік, көлемдік мағынаны білдіретін сөздерге жалғанып, болжалдық мағынаны білдіреді. *Жиырма километрдей* “қысқа” орау жолға салып жүрдік (Момышұлы). Мезгілді білдіретін *сағат/тай, күн/дей, тәулік/тей, апта/дай, ай/дай, жыл/дай* т.б. Арада *алты айдай* уақыт өтті (Әуезов). *Екі айдай* мен ауылға барғаным жоқ (Момышұлы).

3. *-лап/-леп, -дап/-деп, -тап/-теп* жұрнақтары сан есімдерге жалғану арқылы болжалдық сан есімдер жасалады. Ауыл тұрғындары қалаға *мыңдап* ағылып келіп жатыр (“Ег.Қаз.”), Ірі байлар жалшыны *бестеп-ондап* ұстайды екен (Мұқанов).

4. *-ер* жұрнағы *бір* сөзіне жалғану арқылы болжалдық ұғым білдіреді. Бұл өте көне форма, қазіргі қазақ тілінде тек бір ғана *біреп* сөзінде сақталған. Бір осалдық болады екен әр елде, *біреп* айып болады екен өнерде (Иүгінеки).

5. Есептік сан есімдерге көптік жалғауы, сонан соң жатыс септігінің жалғауы жалғануы арқылы болжалдық мағына туындайды. Жасы *он сегіздерге* не жетіп, не жетпеген жас қыз келіп кірді (Әуезов). Біз жасы *35-40-тардағы* полк командирлерін машықтандырып алуымыз керек (Момышұлы).

Болжалдық сан есімнің аналитикалық тәсіл арқылы жасалуы:

1. Есептік сан есімдердің қосарлануы арқылы жасалады. Түбектің аумағы - *қырық-елу* гектар (Мұстафин). Үй саны *елу-алпысқа* жетеді (Мұқанов). Өз кіндігінен *7-8 бала* бар (Жұмаділов). Қазір көпті тосып отырған *30-40* адам бар екен (Әуезов).

2. Есептік сан есімдерге (түбір және барыс, шығыс тұлғаларында) *шақты, шамалы, қаралы, таман, жуық, астам, асқан, келген, тарта, таяу* сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады. Қоңыр-өзектің ішінде *жүз қаралы* мал жатыр екен (Мүсірепов). “Пәлен-түген комитет”, Жуан шілен *он шақты* (Жансүгіров). *Бір миллионнан астам* жас жаңашылдар жұмыс істейді (“Білім және еңбек”). Бір сұмдықты *жиырма шақты* үйлі шағын ауыл келесі күні білді (Жүнісов). Меніңше, *екі жарымның шамасына* келісерміз деймін (Мүсірепов). Сағат *екі шамасында* қыстақтың дәл артына шықтық (Момышұлы). Қарашолақтың *60-қа тарта* үйі бар (Аймауытов).

Болжалдық сан есімдер сандық ұғымды білдіріп, зат есіммен тіркескенде, грамматикалық қосымшаларды қабылдамайды. Қалғандары аразында *5-6* адам (Аманжолов). Бірінен-бірі алшақ салынған *он шақты* үйлер тұр (Мүсірепов). Сан есім зат есіммен тіркеспей жеке қолданылып, соның орнына жүрсе, көптеледі, тәуелденеді, септеледі. *Екеу-үшеуі* қосылып “келелі” бір сөз салды (Әуезов). Болжалдық сан есімдердің барлығы грамматикалық қосымшалармен түрлене алмайды. Оны ішінде *-дай/-дей* формасы арқылы жасалған тәсілі және қосарланған сан есімдер ғана заттанып қолданылады.

Болжалдық сан есімдердің қосарланып келуі арқылы жасалған бірнеше үстеу сөздер бар. Олар: *бірді-екілі, бесті-онды* т.б. Отан соғысы жылдарында туған *бірді-екілі* мақалаға тоқталайық (Әлімбаев).

5.3.6. Бөлшектік сан есім

Бөлшектік сан есімдер - заттар мен құбылыстардың бөлшектік санын, үлесін білдіреді.

Бөлшектік сан есім морфологиялық құрамы жағынан күрделі болып келеді. Ол сан есімдердің белгілі бір грамматикалық формалары арқылы тіркесуінен жасалады.

Бөлшектік сан есімдер тілде жай бөлшек және ондық бөлшек болып жұмсалады. Жай бөлшек сандар сан есімдер тіркесінің бөлімі шығыс немесе ілік септігінің бірінде, ал алымы тәуелдік тұлғада тұру арқылы жасалады. Қарашық лаш-қарларының *үштен бірі* Жәнібек жағына шықты (Есенберлин) деген сөйлемде бөлшектік сан есімнің алымы шығыс септігінде тұрған сөз *үштен* және бөлімі тәуелдік тұлғада тұрған *бірі* сөздері арқылы жасалған.

Бөлшектік сан есімдер есептік сан есімдерге *жарты, жарым, ширек* сөздерінің тіркесуі арқылы және жеке тұрып қолданылуы арқылы да жасалады. Әуреленіп *жарты* километрдей жер жылжыдық (Момышұлы). *Жарым* жолға келгенімізде артымыздан директор қуып жететін (Мақатаев). Бір түйе *бір жарым* жылқы, бір жылқы - *бір жарым* өгіз болады (Мүсірепов). Екі *жарты* - бір бүтін (Мақал). Ал соңғы *бір жарым* айда екеуі күн сайын кездесіп тұрды десе де болғандай (Жұмаділов).

Біздің ұлы жеңісімізге *ширек* ғасыр толды (Қазыбаев). Мұндағы *жарым, жарты, екінің бірі, тең жартысы* деген ұғымды білдіреді де, *ширек* сөзі *төрттің бірі* деген ұғымда қолданылған. *Ширек ғасыр* - жүз жылды төртке бөлгендегі бірін, яғни жиырма бес жылын айтады.

Ондық бөлшектік сан есім бөлімі *ондық, жүздік, мыңдық* сияқты болып жасалады. *Бес бүтін оннан үш* немесе *үш ондық (5,3), бес бүтін жүзден бес* немесе *бес жүздік (5,05)* т.б. Бөлінетін жәрдем-ақы *2,5* миллиард сомнан астам (“Соц. Қаз.”). Ұлы баба кесенесінің биіктігі - *37,5* метр (“Ег. Қаз.”). *7,5* мың тұрғыны бар бұл қаланың өзіндік тарихы қалыптаса бастаған (“Білім және еңбек”).

5.4. ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЖАҒЫНАН САНДЫҚ ҰҒЫМДЫ БІЛДІРЕТІН СӨЗДЕР

Қазіргі қазақ тілінде семантикалық жағынан сан есімдерге жақын сөздер бар. Олар: *қос, егіз, жарты, жарым, жалқы, жалғыз, дара, сыңар, шақырым* т.б. Бұл сөздер мөлшерлік мағынада қолданылады, бірақ лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай әр түрлі сөз таптарына жатады. Бұзаубақтың бар малы *жалғыз* қоңыр сиыры (Майлин). Шеттерінен *қос* ат, інген, жамбы (тайтұяқ) сияқтыларды атасты (Әуезов).

Туған Кубан, туған Дон! *Егіз* өскен саясың (Әбілов). Оларды лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай мынандай мағыналық топтарға бөлуге болады:

Санның тура мағынасында қолданылатын сөздер: - тең жартысын білдіретін сөздер: *жарты, жарым*. Мыс.:

-бір ұғымын білдіретін сөздер: *жалғыз, дара, жалқы*.

-екі ұғымын білдіретін сөздер: *сыңар, егіз, қос, нар*.

- төрттен бір мағынасын білдіретін сөз: *ширек* сөзі.

- салмақ өлшемдерін білдіретін сөздер: *мысқал* (1 гр.), *қадақ* (750 гр.), *келі* (1 кг.), *пұт* (16 кг.), *батпан* (100 кг.).

- көлем өлшемдерін білдіретін сөздер: *бір шымшым, бір шөкім, бір уыс, қос уыс, бір тілім* (нан), *бір үйір, бір қолтық, бір шұйке, бір құшақ, бір қап, бір шелек, бір қасық, бір тамшы, бір шана, бір арба, бір табақ, бір шоқ (үкі, тал), бір топ* (адам), *бір қарын, бір сандық, бір қалта*.

- қалыңдық өлшемін білдіретін сөздер: *пышақ сырты, қылыш сырты* (3-5 мм. шамасы), *шынашақ, елі, бармақ* (1-2,5 см.), *екі елі, үш елі...*, *сере* (7-10 см.) т.б.

- ұзындық өлшемін білдіретін сөздер: *елі* (1,5 см.), *екі елі, үш елі...*, *тұтам, сынық сүйем* (14-15 см.), *сүйем* (17-18 см.), *қарыс, кере қарыс* (20-22 см.), *кез* (50 см.), *аршын* (75 см.), *кұлаш* (1, 80-2 м.), *жарты құлаш* т.б.

- қашықтық өлшемдерін білдіретін сөздер: *адым, кадам* (1 м.) *таяқ тастам* (10-15 м.), *“эй” дейтін жер* (100 м.), *дауыс жететін жер* (250-300 м.), *шақырым* (1 км.), *иек астында, бір төбе астында* (4-5 км.), *қозы көш жер* (5-6 км.), *көз ұшында* (6-7 км.), *тай шаптырым* (4-5 км.), *құнан шаптырым* (8-10 км.), *ат шаптырым* (25-30 км.), *бір күндік жер, айшылық жол* т.б.

Ескерту: Кейбір мысалдардағы сандық ұғымды білдіретін сөздер ауыс мағынасында қолданылған.

5.5. САН ЕСІМНІҢ СӨЙЛЕМДЕГІ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ

Сан есімнің негізгі қызметі - мағынасы жағынан заттың нақты санын білдіру болғандықтан, әдетте, сөйлемде сан есім анықтауыш қызметін атқарады. Сонымен бірге сан есім белгілі жағдайда сөйлемнің барлық мүшелерінің қызметін де атқара алады.

1. Сан есім заттың мөлшерін, санын, ретін, бөлшегін білдіретіндіктен, зат есім алдында келіп, анықтауыш болады. Ондайда сан есім өзі анықтайтын зат есіммен орын тәртібі арқылы қабыса байланысады. Жұмысқа араласып адам бола бастағаны 2-3 жылдан бері ғана (Момышұлы). Ортасында бес үлкен ақ үйлері бар көп үйлі ауыл (Әуезов).

Сан есім ілік септігінде тұрып та, матаса байланысып анықтауыш бола береді. Мұқаң *екеуіміздің* арамызды алтын көпірдей жалғайтын - ұлы Абайдың рухы еді (Қаратаев). *Екеуінің* осы тұрысы - қылмысты адамның сыртынан бақылаған күзеттегі қарауыл секілді (Майлин).

2. Сан есім атау септігінде тұрып, бастауыш қызметін атқарады. *Екеуі де* жарасымды қалжың сияқты (Мүсірепов). *Үшеуіміз* жүргенде, толып жатқан күш едік (Махамбет).

3. Сан есім сөйлем аяғында келіп жіктеліп, баяндауыш болады. Екінші - ұят, сосын шындық - *үшінші* (Баласағұни). “Бурабай” - қазақ даласының ең әдемі де қасиетті жерінің *бірі* (Шашкин). Ендігі соңғы кезек - *екеуінікі* (Жүнісов).

4. Сан есім барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің бірінде тұрып, өзі бағынып тұрған сөзге меңгеріле байланысып, жанама, тура толықтауыш қызметін атқарады. Андыстырған *екеуін* құдайым-ай! (Абай). Құран мен Інжілдің *бірін* жазып отырғандай, сәнмен, баппен отыр (Мүсірепов).

5. Сан есімдер септік жалғауын қабылдамай-ақ, етістік алдында тікелей келіп, пысықтауыш болады. Үстінен “*бес*”, “*төрт*” деп сатылай толтырылған жиырма бес көк аттестат қолымызда отырды (Нұршайықов).

6. Сан есім зат есіммен немесе қатыстық сын есіммен тіркесе келіп, сөйлемнің күрделі мүшесі, тіпті кейде үйірлі мүшесі де бола алады. Бұл *шатыр төрт бұрышты*, *кендігі жүз адым*, *биіктігі үш найза* (Жұмабаев). Қазақ әдетінде, *қырықтан асқан* әйел құдай жолына берілуі керек (Майлин).

5.6. АРИФМЕТИКАЛЫҚ АМАЛДАРДЫҢ ТІРКЕСУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі қазақ тілінде арифметикалық амалдарды жүргізу үшін белгілі бір формаларда тұруды қажет ететін тіркестерді қолдану қалыптасқан. Математикада амалдың төрт түрі қолданылады. Олар: қосу, алу, көбейту, бөлу.

1. **Қосу амалы.** Бұл табыс септігі мен жатыс септігінің жалғаулары арқылы жасалады. *Екі жүзді екі жүзге қосу; Жүзге екі жүзді қосу керек.*

2. **Алу амалы.** Шығыс септігі мен табыс септігі арқылы жасалады (орындары ауысып қолданыла береді) *Бес жүзден екі жүз елуді алу немесе екі жүз елуді бес жүзден алу.*

3. **Көбейту амалы.** Бұл қосу амалындағы формалар арқылы жасалады. *Бесті беске көбейту немесе беске бесті көбейту.*

4. **Бөлу амалы.** Бұл табыс септігі мен барыс септігі арқылы жасалады. *Жиырманы онға бөлу* (орындары ауыспайды).

6. ЕСІМДІК

6.1. ЕСІМДІКТЕР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ СИПАТТАМА

Сөздерді таптастырудың белгілі жүйеге түсіп қалыптасқан негізгі үш принципіне сай, қазақ тіліндегі есімдіктер де лексика-семантикалық сипаты, морфологиялық ерекшеліктері және синтаксистік қызметтеріне байланысты жеке бір дербес сөз табы болып бөлінеді.

6.1.1. Лексика-семантикалық сипаты

Есімдіктерді дербес сөз табы деп тануда негізінен лексика-семантикалық принцип басшылыққа алынады. Өйткені есімдіктердің мағыналары өзге сөз таптарының мағыналарына қарағанда көптеген өзіндік ерекшеліктерімен оқшаланып, айрықша көзге түсіп тұратын мағыналар болып келеді. Бірақ есімдіктерді жеке сөз табы деп танудың негізгі принципі олардың лексика-семантикалық белгісі дегенде, есімдіктердің өзіндік кейбір грамматикалық ерекшеліктерін сырт қалдыруға болмайды.

Есімдіктер - мағынасы тым жалпы сөздер. Есімдік сөздер сөйлемнен тыс жеке-дара тұрғанда немесе сөйлем ішінде қолданылғанымен өзіне қатысты басқа сөздер және оқиғалардан бөлек алынғанда, мағыналары қашан да дәл нақтылы болып келмей, өте жалпылама қалыпта кездесіп

отырады. Мәселен: **мен, сен, сол, кім?, не?, өзі, бәрі, біреу, ештеңе** сияқты есімдік сөздердің мағынасына көңіл бөлейік. Бұл сөздерде дәл осылай жеке-дара тұрғанда ешбір мағыналық дәлдік, мағыналық нақтылық жоқ. **Мен** деген есімдік түптеп келгенде - **“1 жақ - сөйлеуші”**, **сен** деген есімдік **“2 жақ - тыңдаушы”**, **кім?, біреу** - дегендер әйтеуір **“адам”**, **ештеңе** - әйтеуір бір **“зат”** т.б. сияқты жалпылама берілетін ұғымдарды ғана көрсете алады. Бұлардың түп негізінде **“сөйлеуші”**, **“тыңдаушы”**, **“адам”**, **“зат”** т.б. сияқты заттық ұғымдар аңғарылғанымен, олар нақтылы түрде айқын, анық болып берілмейді, өте жалпылама қалыпта ұғынылатын мағыналар есебінде беріледі.

Мен өлсем де - өлемін жөнімменен

Тәннен басқа немді алар өлім менен (Байтұрсынов).

Біз қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды (Байтұрсынов). **Мен үшін сондай достың бірі сенсің** (Исабеков). *Ол тірі пендеге зәбірі жоқ “құдай” деген қоңыр адам* (Аймауытов) деген сөйлемдердегі есімдіктердің қайсысының болса да мағынасы нақты емес.

Есімдіктердің мұншалық тым жалпы мағынада қолданылуын, әрине, олардың реальдық нақтылықтан қаншалық алшақтап, қаншалық абстракциялану дәрежесіне жету шегінің көрінісі деп ұғынған жөн.

Абстракцияланудың тым жоғары дәрежеде болуымен тығыз байланысты бұл мағыналық жалпылық барлық есімдіктерге бірдей тән қасиет болып саналады. Есімдіктердің жалпылама мағыналары белгілі бір сөйлемдерде, контексте қолдану ретіне қарай және сөз тіркестері мен сөйлемдерде берілген ойдың жүйесіне қарай әр қилы нақтылы мағыналарға ие болып отырады.

Жүніс сегіз жаста еді. Ол оқи да, жаза да білмеуші еді (Дулатұлы). - *Түндегі бір даурыққан хабар екен ғой? - Естісең, сол* (Аймауытов). *Біраздан соң өзі де кіріп келді.* (Исабеков). - **Кіммен күрес деп отырсыңдар?** - **Шәкіманмен** (Аймауытов) дегенде ол жіктеу есімдігі **“Жүніс”** деген, сол сілтеу есімдігі **“хабар”** деген, **“кіммен?”** сұрау есімдігі **“Шәкіманмен”** деген реальдық нақтылы мағыналарға ие болып тұр.

Есімдік сөздердің мағыналық ерекшелігінің келесі бір өзіндік белгісі - олардың әрқашан субъектімен байланысты болуы. Есімдік сөздер әрқашан сөйлеуші немесе сөйлемдегі субъектінің субстанцияларға, құбылыстарға және олардың сапа-

лары мен қасиеттеріне қатынасын көрсетуші сөздер болып саналады. Бұл қатынастар есімдіктердің өз ішінде тікелей нұсқау, аралық қатынас, белгісіздік т.б. сияқты болып келе береді. Қатынастардың осылайша әрқилы болып келуі ешқашан субстанциялар мен құбылыстардың қасиеттері мен сапаларына байланысты тумайды, қайта керісінше, оларға арналған субъектілік қатынастың негізінде, қатынастың субъектімен тығыз байланыста болуы негізінен барып пайда болады. Мәселен, жіктеу және өздік есімдіктерінде ондай қатынас сөйлеушінің сөйлемдегі субъектіге тікелей нұсқау амалымен беріледі. - *Кідірмей-ақ, Қартқожжа, сен құнаныңа мініп, бұ кісіге ер дағы, Балдекең аулына дұрыстап апарып сал,* - дегенде сөйлеушінің қатысы тыңдаушымен тікелей жасалып тұрғанын көреміз, **сен** сөзі тыңдаушыға - II жақ (Қартқожаға) тікелей нұсқау ретінде айтылып тұр.

6.1.2. Морфологиялық ерекшеліктері

Есімдіктердің мағыналары тым жалпы болғанымен, ол мағыналар түптеп келгенде зат және заттық белгі деген ұғымдармен ұштасып, жалпы зат не заттық белгі деген ұғымдарды білдіріп, сол ұғымдардың жалпы түрдегі атауы болып келеді. Сондықтан да олардың осы заттық және заттық белгісі деген ұғымдарды жалпылама болса да, бойына сақтау қасиетіне байланысты, есімдіктер атауыш сөздер қатарына жатқызылады.

Есімдіктер түгел алғанда жалпы атауыш сөздер болып саналады да, ол атаулық қасиет ішінара күрделі екі жікке бөлінеді. Мысалға **мен, сен** жіктеу есімдіктерін **бұл, сол** сілтеу есімдіктерін, **кім? не? қай?** сұрау есімдіктерін алайық. Егер осы есімдіктердің негізгі атаулық мағыналарын таптастырып қарайтын болсақ, заттық ұғымдағы сөздер және заттың белгісі ұғымындағы сөздер болып іштей күрделі екі жікке бөлінетіндігін көреміз. Сонда **мен, сен, кім? не?** есімдіктері заттық ұғымдағы сөздер - заттық атаулар болады да, **бұл, сол, қай?** есімдіктері заттың белгісі ұғымындағы сөздер - белгі атаулары болып шығады.

Міне, осы негізгі мағыналық жіктер өз тарапынан есімдік сөздерді, біріншіден, заттық ұғымдағы сөздер - субстантивтік есімдіктер, екіншіден, заттың белгісі ұғымындағы сөздер - атрибутивтік есімдіктер деген екі салаға бөледі.

Морфологиялық жағынан есімдіктер түрлетін сөздердің тобына қосылады. Осы негізгі

екі жік есімдіктердің түрлену жүйесінде де негізгі жетекші рөл атқарады. Мысалы, субстантивтік есімдіктер қолданылу ретіне қарай, зат есімдер сияқты көптеліп те, тәуелденіп те, септеліп те, жіктеліп те қолданыла беретін болса, атрибутивтік есімдіктер дәл өз мағынасында қолданылып тұрғанда, түрлену формаларының ешқайсысын да қабылдамайды. Түрлену формалары атрибутивтік есімдіктерге тек субстантивтенген жағдайда ғана, яғни заттық ұғымға ие болғанда ғана қосыла алады.

Есімдіктерді өзге сөз таптарынан бөліп, жеке даралап тұратын морфологиялық ерекше белгісі - есімдіктердің бәріне бірдей, бәріне тең ортақ заңдылық деп қарауға болатын белгілі бір формалар немесе өзгеру тәсілдерінің жоқтығы. Бұл ерекшелік негізінен есімдіктердің іштей субстантивтік және атрибутивтік болып, мағыналық екі жікке бөлінуімен тікелей байланысты.

Дегенмен, есімдіктерді түгел қамти алатындай морфологиялық өзгерістер, формалар бола қоймаса да, есімдіктердің кейбір топтарына тән атап өтуге тұрарлық, өзіндік морфологиялық түрлену ерекшеліктері де бар. Ондай ерекшеліктер, ең алдымен, есімдіктердің көптелу және септелу жүйелерінде өте айқын көрініп тұрады. Бұған көптік мағынаны білдіруші з морфемасы (**біз, сіз** дегендегі) және жіктеу, сілтеу есімдіктерінің септелу жүйесінде түсіп қалатын, барыс септігінде пайда болатын **Н** дыбысы жатады. Бірен-саран қосымшалар арқылы ғана жасалған кейбір көне сөздер болмаса, есімдіктерден жаңа сөздер жасалмайды.

6.1.3. Синтаксистік қызметі

Есімдіктердің синтаксистік қызметі де олардың тым жалпы түрде берілетін мағыналарының негізінде субстантивтік және атрибутивтік болып келуіне байланысты. Қайбір есімдік сөздер болмасын осы негізгі екі саланың қай бөліміне жататынына қарай, олардың синтаксистік қызметі де соған лайықты болып келеді. Мәселен, субстантивтік есімдіктер сөйлемнің барлық мүшесі бола алатын болса, атрибутивтік есімдіктер анықтауыштық қызметке бейім тұрады. Сөйлемнің өзге мүшелерінің қызметін тек субстантивтенген жағдайда ғана атқара алады.

Есімдік сөздердің жалпы синтаксистік бір ерекшелігі, есімдіктердің өзіне бағыныңқы сөздері болмайды. Яғни есімдіктер сөйлемде қолданылғанда, ешқашан өзіне тән анықтауыш немесе пысықтауыш мүшелерді қажет етпейді.

Сонымен, қорыта айтқанда, есімдіктер - мағыналары тым жалпы, контексте қолдану мақсатына қарай әр түрлі нақтылы мағыналарға ие болатын, субъективті-объективтік нұсқаушы сөздер. Олар - іштей субстантивтік және атрибутивтік болып күрделі екі жікке бөлінетін, соған байланысты бәріне ортақ түрлену формасы жоқ және синтаксистік қызметі де әр алуан болып келетін сөздер.

6.2. ЕСІМДІКТЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ

Есімдік сөздер өз ішінде бір-бірінен жіктері айқын көрініп тұратын бірнеше топқа бөлінеді. Есімдіктің бұлайша ішінара бірнеше топқа бөлінуіне лексика-семантикалық принцип негіз болады. Сонда есімдік сөздер мағыналық ерекшеліктері жағынан жеті топқа бөлінеді:

- 1) Жіктеу есімдіктері;
- 2) Сілтеу есімдіктері;
- 3) Сұрау есімдіктері;
- 4) Өздік есімдіктері;
- 5) Жалпылау есімдіктері;
- 6) Белгісіздік есімдіктері;
- 7) Болымсыздық есімдіктері.

6.2.1. Жіктеу есімдіктері

Жіктеу есімдіктері әрқашан белгілі бір жақты көрсету үшін қолданылатын сөздер болып саналады. Сол себепті олар үнемі адаммен байланысты, яғни сөйлеуші, тыңдаушы және бөгде кісі деген ұғымдармен байланысты қолданылады. Мысалы, **мен** деген сөзден әрқашан I жақ - сөйлеуші, **сен** деген сөзден - 2 жақ тыңдаушы, **ол** деген сөзден - 3 жақ бөгде кісі деген ұғымдарды ұғынған болар едік. *Мен оның әнін қимылсыз ұзақ тыңдадым* (Исабеков). *Онда сен түк те білмейтін шикі екенсің* (Исабеков). *Қасендікінде Төлеген отыр екен. Ол сонда қызмет қылатын* (Аймауытов).

Жіктеу есімдіктері белгілі бір жақты көрсетуімен бірге әрқашан сөйлеушімен тығыз байланыста қолданылады. Сондықтан да олар өзгелерге (тыңдаушы мен бөгде кісіге) сөйлеушінің қатынасы қай дәрежеде болатынына сай жұмсалып, соған лайықты белгіленіп отырылады. Яғни жіктеу есімдіктері сөйлеуші, тыңдаушы және бөгде кісі деп бөлінуі осы қатынастар дәрежесіне сай белгіленеді. *Мен де балшабайға жазылып, мылтық алсам деп ойладым да жүрдім* (Аймауытов) дегенде **мен** сөзі сөйлеушінің өзіне тікелей нұсқай айтылып, I жақ - сөйлеушіні көрсетіп тұр.

Құлыным-ау, сен отыра тұрсаңшы (Исабеков) дегенде, **сен** сөзі сөйлеушінің тыңдаушыға тікелей қатынасымен айтылып, 2 жақ - тыңдаушыны көрсетіп тұр.

Салтанаттың мінез-құлқы мен армандағандай боп шықты. Ол той өткен соң-ақ үй-ішінің тірлігіне араласып кетті (Исабеков) дегендегі **ол** сөзі сөйлесушілерден бөлек адамға нұсқай айтылып, 3 жақ - бөгде кісіні көрсетіп тұр.

Түркологияда жіктік жалғаулары жіктеу есімдіктерінен пайда болған деген пікір бар.

Жіктеу есімдігінің үшінші жағы, әдетте, сілтеу есімдігімен ортақ болып келеді.

Жіктеу есімдіктеріне тән жақтық қасиет үшінші жақ **ол** жіктеу есімдігі мен сілтеу есімдігі **ол** сөзінің жігін айыруда ерекше көзге түседі. Өйткені **ол** сөзі әрі адамды, әрі заттар мен құбылыстарды да, іс-әрекет, қимыл, сан-сапаны да көрсете алатын әр жақты сөз болып саналады. Сол себепті **ол** сөзі қолданылу ретіне қарай бірде жіктеу есімдігі, бірде сілтеу есімдігі болып келетін жағдайлары бар. Онын қай кезде жіктеу, қай кезде сілтеу есімдігі болып қолданылуын біз негізінде қандай ұғымда қолданылып тұрғанына қарай, яғни **ол** “адам” деген ұғымда қолданылып тұр ма, немесе басқалай зат не құбылыстар деген ұғымда қолданылып тұр ма, міне, осы негізге сүйене отырып, жіктеу я сілтеу есімдігі деп тани аламыз. Егер **ол** сөзі адамды көрсететін болса, жіктеу есімдігі болады. *Ол қаланың, үшкөлдін, медресенін, оқудың жайынан сұрады* (Аймауытов).

Ал заттар мен құбылыс, іс-әрекет, сан-сапа т.б. көрсететін болса, сілтеу есімдігі болып танылады. *Білімді жұрттарда білім жарысы деген болады. Ол жарыста бәйгеге түсе алатын білімділер, зейінділер* (Байтұрсынов).

Демек, жіктеу есімдіктері дегеніміз сөйлеушіге қандайлық қатынаста екендігіне сай белгілі бір жаққа нұсқай айтылатын сөздер болып шығады. Жіктеу есімдіктері сан жағынан көп емес. Олар:

Жекеше түрінде

I жақ **мен** - сөйлеушіні көрсетуші

II жақ **сен, сіз** - тыңдаушыны көрсетуші

III жақ **ол** - бөгде кісіні көрсетуші сөздер

Көпше түрінде

I жақ - **біз, біздер** - сөйлеушіге тән топты көрсетуші

II жақ - **сендер, сіздер** - сөйлеушінің сөзі арналған топты көрсетуші

III жақ - **олар** - бөгде топты көрсетуші сөздер болып келеді

Жіктеу есімдіктері өздерін басқа да сөздермен жалғастырып байланыстыратын әрқилы морфологиялық түрлендіруші формаларды қабылдай алады.

Жіктеу есімдіктері өзінің негізгі жақтық мағынасында қолданылғанда, тәуелдік жалғауының тек абстракциялы меншікті білдіретін түрі - **нікі**, **-дікі** қосымшаларын ғана қабылдайды. **Менікі де кетті** (Аймауытов). *Қан тамшылап тұрса да көзден жас ағып, “Сенікі жән”, - деп құлаққа ілген жан бар ма?* (Дулатов). - *Қой, оныкі емес* (Дулатов).

Есімдік қай жақта тұрса, оған сол жақтың ғана жіктік жалғауы жалғанады.

I жақ. менмін, бізбіз, біздерміз

II жақ. сенсін, сізсіз, сендерсін, сіздерсіз

III жақ. олар

Сөйлемде бастауыш жіктеу есімдіктерінің бірі болса, баяндауышпен, көбінесе, жақ жағынан қиысып тұрады. **Мен жылы сөзді, алдымен айналып кетейін, осы күнгі Ахмет деген кісіден ғана естідім** (Дулатов).

Жіктеу есімдіктерінің бәрі де септік жалғауларын қабылдайды. Олардың септелу жүйесі мынадай болып келеді:

Жекеше түрі

Атау	мен	сен	сіз	ол
Ілік	менің	сенің	сіздің	оның
Барыс	маған	саған	сізге	оған
Табыс	мені	сені	сізді	оны
Жатыс	менде	сенде	сізде	онда
Шығыс	менен	сенен	сізден	онан (одан)
Көмектес	менімен	сенімен	сізбен	онымен

Көпше түрі

Атау	біз(дер)	сендер	сіздер	олар
Ілік	біз(дер)дің	сендердің	сіздердің	олардың
Барыс	біз(дер)ге	сендерге	сіздерге	оларға
Табыс	біз(дер)ді	сендерді	сіздерді	оларды
Жатыс	біз(дер)де	сендерде	сіздерде	оларда
Шығыс	біз(дер)ден	сендерден	сіздерден	олардан
Көмектес	біздермен	сендермен	сіздермен	олармен

Бұл үлгіде, ең алдымен, көзге түсетін жағдай - біріншіден, **біз (дер)**, **сендер**, **сіз**, **сіздер**, **олар** сөздерінің өзге де есім сөздер сияқты, есім сөздермен бір ізде септелуі де, екіншіден - **н** дыбысына біткен **мен**, **сен**, **ол (он)** сөздерінің біраз өзіндік ерекшеліктерімен септелуі.

Септеу үлгісіндегі бірінші ерекшелік - **н** дыбысының қазақ тіліндегі ілік, барыс, табыс, шығыс септік жалғауларында түсіп қалуы. Ол, біріншіден, қазақ тілінің жатыс септігіндегі **менде**, **сенде**, **онда** сөздерінде сақталып отырылатын **н** дыбысынан көрінсе, екіншіден, өзге түрік тілдеріндегі басқа да септіктерде сақталып отырылатын **н** дыбысынан анық байқалады.

Мысалы: барыс септігі қазіргі өзбек тілінде **менга**, **сенга**, **унга**, ұйғыр тілінде **униңга** болып айтылады. Шығыс септігі қазіргі азербайжан, ноғай тілдерінде **мәндән**, **сәндән**, **ондан**; құмық, қарачай, қырғыз тілдерінде **менден**, **сенден**, **андан**; өзбек тілінде **мендан**, **сендан**, **ундан** деген сияқты **н морфемасын** сақтай қолданылуы, әрине, тегін заңдылықтар емес. Бұл жағдайлардың бәрі де түптей келгенде, қазіргі кезде айтылу нормасынан сырт қалған ілік, барыс, шығыс, табыс септіктеріндегі **н морфемасының** бір кездерде қазақ тілінде де септік жалғауларының алдында түсірілмей қолданылғанын анық аңғартады. Бұған қосымша, кейбір ескерткіштерде ілік септігінің **мәнінің**, **сәнінің** болып қолданылған дағдылары да кездеседі. Демек, бұл фактілер қазақ тіліндегі **мен**, **сен**, **ол** жіктеу есімдіктерінің септелу жүйесінде қысқарта, ықшамдай айтылу бағытында, **мәнінің** > **мә-нің**, **сәнінің** > **сә-нің** деген сияқты **н** дыбысының түсіп қалғанын толық дәлелдей алады.

Септеу үлгісіндегі екінші ерекшелік - барыс септігінде **н** дыбысының пайда болуы. Барыс септік жалғауының түрлері мен даму жүйесі жайлы көптеген пікірлер кездеседі. Бұл пікірлерді жүйелей келгенде, негізінде үш салаға топтауға болады.

1) Барыс септік жалғауы басында -**ғару** болған да, кейіннен -**ғар** формасына түсіп, одан -**ған** түріне ауысады. Сонда -**ғару** > -**ғар** > -**ған** болып қалыптасқан.

2) Барыс септік жалғауының соңғы **н** дыбысын ингредиент деп тану. Бұл негізінде **оғар** > **оға** > **оған** дегенге тура келеді.

3) Шалғай метотезис арқылы **н** және **ғ** дыбыстарының орын алмасуы, яғни **онға** > **оған** болып қалыптасуы.

Бұл пікірлердің қай-қайсысы болса да айтушы үшін орынды да, белгілі дәрежеде тілдік фактілерге арқа сүйей айтылған пікірлер боп саналады. Бірақ оның өзінде де **н** дыбысын ингредиент деп тану немесе шалғай метотезис деп қарау ыңғайсыз сияқты көрінеді. Өйткені ингредиент деп танылатын **мен**, **сен**, **ол** сөздерінің соңындағы **н** өзінің шығу тегі, белгілі бір ізі бар **морфема** болып саналады. Ал -ған дегендегі **н** мүлде басқаша.

Екінші, қазақ тіліндегі метотезис әдетте көрші екі дыбыстың орындары ауысып (түпкір//түкпір, т.б.) қолданылуында ғана кездесетін заңдылық. Мұнда ешбір көнелік не жаңалық дегендей, немесе мағыналық ерекшелік дегендей із қуалай сырын ашатын өзіндік белгілер де, ерекшеліктер де жоқ. Бұл тек айту дағдысында кездесетін бірлі-жарым алшақтықтар боп танылады.

Үшінші, **-ғар** ерте кезде **-ғару** формасынан қысқарған деген пікірде екі түрлі жағдай бар:

1) **-ғар** қосымшасын **-ғару** формасынан қысқарды деу;

2) **-ған** қосымшасын **-ғар** қосымшасынан пайда болды деу.

Бұл екі пікірдің алдыңғысын толық мақұлдауға болады. Өйткені **-ғару** > **-ғар** ізі ескі қолжазба ескерткіштерден бастап бүгінгі түрік туыстас тілдердің қазіргі айтылу нормасынан да көптеп кездесетін дағдының бірі боп саналады. Ал, соңғы пікір біраз ойлануды қажет етеді. Өйткені, ең алдымен, қазақ тілінде, тіпті жалпы түрік туыстас тілдерде де **р** дыбысының **н** дыбысына ауысу дағдысы жоқ. Екіншіден, **р** дыбысы орнына **н** дыбысын қолданудың соншалық қажет болатындай тұрақты себебі де жоқ. Сол себепті **-ған** қосымшасын **-ғар** қосымшасынан шықты деген пікір әлі де болса анықтай түсуді қажет етеді.

Біздің ойымызша, барыс септігінің **-ған** формасы **-ғар** формасынан шықпаса керек. Бұл формаларды тілдің даму процесінің белгілі бір кезінде бірқатар пайда болып, күні бүгінге дейін қатар өмір сүріп келе жатқан формалар деп қараған жөн. Бұлай деп айтуымызға осы екі формадан жеке-жеке салаға бөліне өрбіп тараған көптеген қысқарған формалардың **-ғар** **-нар** **-на** // **-нә** // **-не** және **-ған** **-ға** // **-га** // **-гә** // **-ге** сияқты формалардың бар екені берік тиянақ бола алады.

Септеу үлгісіндегі үшінші бір ерекшелік көмектес септігінде **ы**, **і** дыбыстарының пайда болуы. Бұл көмектес септігінің тұлғалық құрамы **ме-ні-мен** деген сияқты жеке бөлшектерден тұрады. Сонда **ме** деген түбір морфема да, **-ні** деген бір кездерде дербес мағыналы сөз болған **нән** (“вещ”) дегеннен шыққан **-нің** морфемасының фонетикалық өзгеріске түсе ықшамдалу дәрежесінің бір көрінісі болып саналады. Ал, соңғы **-мен** тұлғасы көмектес септік жалғауы. Бұл тұлға - ертеде толық мағыналы шылау сөздерден **мынан** // **менен** > **ман** // **мен** деген сияқты жолдармен пайда болған қосымша.

Жіктеу есімдіктері сөйлемде бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш қызметін атқарады. **Мен** ақын, шешен, тілмар бабаларыңның

бұлбұлдай сайраған тілі едім (Дулатов). **Маған** әкеліп араб мен парсыны қосты (Дулатов). **Бірде-мені бұтып-шатып жазды да, міне, сені қазақыландырдық дейді** (Дулатов). - **Бүгін сіздің баяндамаңыз болады екен, - деп бір жапырақ қағазды ұсынды** (Аймауытов). **Біз сендерлік!** (Аймауытов) деген сөйлемдердегі **мен**, **біз** есімдіктері бастауыш болып **маған**, **сені** есімдіктері толықтауыш болып, **сіздің** есімдігі анықтауыш болып, **сендерлік** есімдігі баяндауыш болып тұр.

Жіктеу есімдіктері өздігінен жеке тұрып ешқашан да дара пысықтауыш болып қызмет атқара алмайды. Демек, пысықтауыштық қызмет жіктеу есімдіктеріне тән қасиет болып саналмайды. Сол сияқты анықтауыштық қызметтің де жіктеу есімдіктерінде аясы тым тар, ол қызмет ілік септігіндегі жіктеу есімдіктеріне ғана тән. **Біздің заманымыз - өткен заманның баласы, келер заманның атасы** (Байтұрсынов).

6.2.2. Сілтеу есімдіктері

Сілтеу есімдіктеріне тән сөздердің негізгі лексикалық мағыналары аралық қатынастарды көрсету болып табылады. Сол себепті сілтеу есімдіктері әрқашан сөйлеушіге не сөйлемдегі субъектіге субстанциялар мен құбылыстардың әр алуан жақын не алыстық сияқты аралық қатынастарын білдіріп отырады. **Анау қалмақшының иті, мынау - қасқыр тымақтың иті** (Аймауытов). **Бүгін қойды сонау Қызылжар жақтағы кең жазыққа айдадым** (Исабеков). **Ана кемпірдің де ыңкыл-сыңқылы көбейіп кетті...** (Исабеков) деген сөйлемдердегі **анау** сөзі қалмақшының иті алысырақ жерде екенін білдірсе, **мынау** сөзі қасқыр тымақтың иті жақын аралықта екенін аңғартып тұр. Ал **сонау** сөзі жазықтың алыста екенін білдіріп тұрса, **ана** сөзі кемпірдің жақынырақ жерде екенін білдіріп тұр.

Сілтеу есімдіктерінің аралық қатынастарды білдіру жағынан ішінара жақын-алысырақ, алыс-жақынырақ сияқты карама-қарсы мағыналарда қолданылатын сөздер болып бірнеше жікке бөлінеді. Сілтеу есімдіктерінің бұл аралық қатынастарды білдірудегі мағыналық жіктері әрқашан бір есімдік пен екінші бір есімдікті салыстыра қолданылуда, карама-қарсы ұғымдардағы сөздердің мағыналық айырымдарын салыстыра көрсету амалы арқылы ғана айқын көріне алады. Сонда ол амал, біріншіден, мағыналық жіктерін карама-қарсы қойып салыстыруға келетін “жақын” және “алысырақ” деген аралық ұғымды білдіре алатын сілтеу есімдіктерінің арасында

болады. **Анау** шамаданым, **мынау** ілулі тұрған киімдерім, басқа нәрсеміз жоқ (Дулатов). **Әне** жерде, **міне** жерде бұрқыраған түтін (Аймауытов) дегенде, **мынау**, **міне** жақын аралықтағы, **анау**, **әне** алысырақ жердегі заттар мен құбылыстарға нұсқай айтылып тұр.

Екіншіден, мағыналық айырым қарама-қарсы қойып салыстыруға келетін “жақынырақ” және “алыс” деген аралық ұғымдарды білдіре алатын сілтеу есімдіктерінің арасында болады. Бұл жерде алғы “жақынмен” салыстыруда “алысырақ, болған сөздер “алыстың” қасында “жақынырақ” болып көрінеді. **Анау сар адырдың иығынан түсіп, созылып келе жатқан қалың көшті қара!** (Аймауытов). **Сондықтан, көкпар хабары сонау Қазықұрттың бауырынан шықса да, Ыбыштың баруын әкем иштей тілеп отырады** (Исабеков) дегенде, **анау** сөзінің **сонау** сөзіне қарағанда “жақынырақ” қашықтықтағы заттарды нұсқай көрсететіні айқын көрініп тұр.

Үшіншіден, мағыналық айырым қарама-қарсы қойып салыстыруға келетін “жақын” және “алыс” деген алшақ аралық ұғымдарды білдіре алатын сілтеу есімдіктерінің арасында болады. **Бұл жол - жұмаққа апаратын жол секілді. Осы жолмен барып қызықты, тәтті сұлу өмірдің есігін ашатын секілді** (Аймауытов). **Сол кезде мен әнде темін** (Исабеков). **Ол жақта кезек күтіп жатып қалмасаң бір қора қойды қырқу деген сөз емес** (Исабеков) дегенде, **бұл, осы** сөздері мен **сол, ол** сөздерінің аралық қатынасты білдіру мағыналары бірдей емес. **Бұл, осы** деген есімдіктер көз алдындағы, жақындағы жолға нұсқағандықты білдірсе, **сол, ол** есімдіктері алыстағы, ұзақ бір кезге нұсқай қолданылып тұр.

Бұл келтірілген салыстыру жіктері қалай да жіктеу есімдіктерін жұптап қана қарама-қарсы қоюға болатынын аңғартады. Сонда бір есімдікті әдетте бір ғана есімдікпен салыстыра қарау орынды болады да, аралық қатынас екі шекпен, яғни жақын-алысырақ, алыс-жақынырақ, жақын-алыс деген шектермен шектеліп отырылады. Олай болса, қарама-қарсы қойып салыстырудағы аралық шектерді білдіру мағыналарының жүйесін мынадай үлгімен беруге болар еді.

Жақын	Алысырақ // Жақынырақ	Алыс
Бұл	-	ол
Міне	әні	-
Мына	ана	сона
мынау	анау	сонау
(осы)	осынау	(сонау)
осы	-	сол
-	-	түу (түнеу), тонау

Бұл үлгідегі “алысырақ// жақынырақ” деген мағыналарды білдіретін **әні, ана, анау, осынау** сөздері “жақын” мен “алыс” ұғымдарының арасындағы орталық қашықтық есебінде көзге түсіп, екі шектің ұштасуына себеп болатын баспалдақ сияқты болып көрінеді. Бұл сөздер екі ізбен қарама-қарсылықта айтылған жұптық мағыналардың басы біріккен, сөйтіп жақындық жағынан алып қарап, жақын мәнді сөздермен салыстыра жұптағанда алысқа тән - “алысырақ” мағынаны білдіретін, ал, алыстық жағынан алып қарап, алыс мәнді сөздермен салыстыра жұптағанда жақынға тән - “жақынырақ” мағынаны білдіретін орталық сөздер болып танылады. Сол себепті оларды сілтеу есімдіктерінің аралық қатынастарды білдірудегі мағыналарының дербес жеке бір саласы деп қарап, орталық қашықтықты білдіруші сөздер есебінде бөліп қарауды жөн көрдік.

Бұлардан өзге ауыз тілінде **анау** деудің орнына **ано-о-у** деп, **сонау** деудің орнына **соно-о-у** деп, соңғы буындағы **а** дыбысын **о** дыбысына ауыстыра созып айту дағдысы да кездеседі. Мұндай жағдайда сөйлеуші **анау, сонау** сөздерінің қашықтық шектерінің алыстық мағынасын анығырақ аңғартып, айқындай түсіп отырады. **-Ано-оу қарауытқан тауды көрдің бе?** (Исабеков).

Сілтеу есімдіктері кез келген бірыңғай немесе әр қилы субстанциялар мен құбылыстардың ішінен белгілі біреуін даралап бөліп алып, соған тыңдаушының көңілін аудару мақсатымен қолданылады. **- Үндемей жүріп мына Ыбыш бәрінен озды** (Исабеков). **Ана бір Ахметжан, Құлмас деген қулар бар, бәрі қосылып қыздың басына ерік қағазын алыпты** (Дулатов). **Мұның ақылын әлде болса да осы тілмаштың өзі табады-ақ деймін** (Дулатов) дегенде, **мына, ана, осы** сөздері кісі (адам) біткеннің ішінен белгілі бір кісіге ғана, тыңдаушының көңілін аударып тұрғаны айқын көрінеді.

Сілтеу есімдіктерінің бұл белгілі бір субстантивті не құбылысты бөліп алып, соған тыңдаушының көңілін аудару қызметі болса, екінші жағынан сілтеу есімдіктерінің қолданылу ретіне қарай контексте белгілі бір нақтылы мағыналарға ие болу қасиеттерімен ұштасып жатады. Ол мағыналық нақтылық өз тарапынан сілтеу есімдіктерінің қандай сөз таптарының орнына қолданылады деген мәселені қамтиды.

Сілтеу есімдіктері мына сияқты сөз таптарының орнына қолданылып, солардың беретін нақтылы мағыналарына ие болады.

1) Сілтеу есімдіктері зат есім сөздер орнына қолданылады. *80-ші жылдарда жер аударылып барған Михаэлис деген бір білімді кісімен, қазақ ғұрпындағы қағидаларды жиюға елге шыққан Гросс деген екеуімен Абай таныс болған. Бұлар Абайдікіне қонаққа келіп кетіп жүрген* (Байтұрсынов). *Бір жылы жолдасым Рақымберді қолға түсіп қалып, соны іздеп жалғыз шықтым.* Осындағы “бұлар” есімдегі “Михаэлис”, “Гросс” деген, “соны” есімдігі “Рақымберді” деген зат есім сөздердің орнына қолданылып тұр.

2) Сілтеу есімдіктері сын есім сөздердің орнына жұмсалады. *Кіші үйдің боз інгені бүгін тағы өлді. Мойнақтан ол үй енді таза болды* (Аймауытов).

3) Сілтеу есімдіктері сан есім сөздердің орнына қолданылады. *Копия алу үшін болыстың аулына Сәрсенбай, Дүйсебектер бірнеше мәрте барса да, әр түрлі себептер айтып бермей жүргенде, он бес күн өтіп кетті. Бұл күндердің ішінде арыз бойынша начальниктен жоғарыда айтып өткен қағаз да келіп қалған еді* (Дулатов).

4) Сілтеу есімдіктері есімдік сөздердің орнына қолданылады. *Әңгімедегі пікір не нәрсе туралы болса, сол нәрсе шығарманың тақырыбы болады* (Байтұрсынов). *Әйтсе де Қартқожаның бірдемесі жетпей тұрғандай болады, көңілі бірдемені іздейді де тұрады. Ол іздегені қалада емес, далада тәрізді көрінеді* (Аймауытов) дегенде, “сол” есімдігі, “не” деген сұрау есімдігі, ол есімдігі “бірдемені” деген белгісіздік есімдіктерінің орнына жұмсалып тұр.

5) Сілтеу есімдіктерінің жеке етістік сөздер орнына қолданылу дағдысы кездеспейді. Бірақ сілтеу есімдіктері түгел бір сөйлемнің және ондағы берілген әрқилы ойлардың, іс-әрекеттердің орнына қолданылғанда, ондағы ауыстырылып алмасатын мағыналардың жетекші мәні сол етістік сөздердің бойына топталады. *Әуезе (әңгіме) ақын айтқанынан өткен уақиғаның әңгімесін естиміз, айтыс-тартыста уақиғаны біреудің айтқанынан есітіп білеміз, көзбен көріп те білеміз. Әуезе мен айтыс-тартыс арасындағы зор айырыс осы* (Байтұрсынов). *Жармұхамет кешіккен соң, оның үйінде күтіп отырған болыс пәтеріне қайтты. Мұны көріп тұрған Берікбол мен Малтабар сарттың дүкенінен шықты* (Дулатов). *Шариғат, шариғат деп халықтың көзін бояудан басқаны білмейсіңдер, онан да зекетті молда алғанда халыққа пайда келе ме, жоқ мектеп пайдасына жұмсалып, елдің көзі ашылған жақсы ма? Соны неге айтпайсыз?* (Дулатов) дегендегі осы, мұны, соны есімдіктері

алдағы айтылған ойлар мен баяндалған оқиғаларға, іс-әрекет, амалдар орнына, соларды ауыстыра қолданылып тұр. Ал, ауыстырыла қолданылған сөйлемдердегі негізгі мағыналар сол сөйлемдердегі “әңгімесін естиміз”, “көзбен көріп те білеміз”, “пәтеріне қайтты”, “елдің көзі ашылған” деген сияқты сөз тіркестеріне түсіп, ондағы етістіктер негізгі ойлар мен амалдардың мағыналы ұйтқысы есебінде көрініп тұр. Бұндай жағдайлардың бәріне де сілтеу есімдіктері әрқашан субстантивтенген мәнде қолданылады.

Жоғарыда келтірілген мысалдар мен ондағы заңдылықтарға қарағанда, сілтеу есімдіктері белгілі бір контексте қолданылу мақсаттарына қарай көптеген сөз таптарының, яғни зат есім, сын есім, сан есім, есімдік және сөйлемдегі ойлар мен амалдардың орнына да қолданыла алатын сөздер болып шығады.

Дегенмен, бұл заңдылықты барлық сілтеу есімдіктеріне бірдей тән заңдылық деп қарауға болмайды. Сілтеу есімдіктерінің ішінде бұған бағына қоймайтын ерекше мәнді сөздер де кездеседі. Яғни сілтеу есімдіктерінің құрамында қолданылу мақсаты әр түрлі болғанымен негізгі мағынасы өзгеріске ұшырамайтын, сол себепті ешқандай сөз не амалдардың орнына қолданылуды қажет етпейтін сөздер бар. *Әне бір жерде түтіннен аулақ шығып, бір топ кісі екі жар отырып күрес салып жатыр. Міне біреулер бастары түйісіп, төмен қарасып жатыр, ойнағаны әлде дойбы, әлде карта* (Аймауытов). *Сона біреу таудың бетінен қорыннан отын аркалап түсіп келеді* (Сонда). Осындағы **әне, міне, сона** сөздері ешқандай сөз таптарының орнына қолданылып тұрған жоқ. Бұл сөздер - әрқашан өздерінің негізгі аралық қатынастарды білдіру мағыналарында ғана тікелей нұсқау мәнінде жұмсалатын сөздер. Сол себепті олар барлық жерде ерекше көзге түсіп отырады.

Міне, осы себепті сілтеу есімдіктері өзге сөз таптарын алмастыруы, солардың орнына қолданылуы тұрғысынан алып қарағанда, негізгі екі салаға бөлінеді:

1) Өзге сөздер орнына қолданылатын есімдіктер. Бұған **бұл, ол, мына, ана, мынау, анау, осы, сол** сөздері жатады.

2) Өзге сөздердің орнына қолданылмайтын есімдіктер. Бұған **міне, әне, сона, сонау, түү** сөздері жатады.

Сілтеу есімдіктері сөйлемде қандай жағдайларда қолданылуына байланысты әрқилы мағыналарға ие болып, белгілі бір затқа нұсқау қал-

пының әр түрлі көріністерінде айтылып отырады. Ондай қалыптар негізінен мынадай болып келеді:

а) Сілтеу есімдіктері арқылы сөйлеушінің нұсқай көрсететін нәрселері көзбен көре алатындай аралықта болады да, сөйлеуші оны тікелей нұсқап көрсете алады. *Манағы амандасқан жаман тымақ шал аяқшы бір оралған кезде:*

- **Мына** бала құр отыр, - деп Қартқожаны нұсқады дегендегі **мына** сөзі сөйлеуші мен тыңдаушылардың көз алдындағы балаға тікелей нұсқау амалымен қолданылып тұр. Сілтеу есімдіктерінің бұлайша қолданылуы тікелей нұсқау немесе дейктикалық нұсқау қалпында қолданылуы деп аталады.

б) Бұл тікелей нұсқау **міне, эне, осы** сілтеу есімдіктерінде әрқашан детерминативтік қалыпта қолданылады. Ондайда сілтеу есімдіктері нұсқап көрсететін заттар мен құбылыстарға ерекше көңіл бөліне айтылады. **Міне, Сақмардың алып қашқан бойлауық салқын өзені Сақмардың кемеріне мінбелеп, суға төніп, пойыз зымырап келеді. Эне, башқұрт ауылының көгілдір түтіні орман арасынан жылымшылап шығып, жапырақты сүйіп, айналақтап кете алмай жүр** (Аймауытов). *Англиядан соңғы күшті флот осы Германияда* (Байтұрсынов).

Тікелей нұсқау кейде көзбен көру орнына көңілмен сезу, сезім арқылы, ой арқылы нұсқау қалпында да кездесіп қалады. Бұл заңдылық негізінде қашықтық мағынадағы **сона, сонау, түү (түнеу)** сілтеу есімдіктеріне тән. **Сонау құдық басындағы моторға барып, ары-бері шұқылап көріп те қайттым** (Исабеков). *Үлкен үйдің түнеу күнгі олған баласына бата оқимын деп отырған* (Дулатов).

в) Сілтеу есімдіктері арқылы нұсқай айтылатын заттар мен құбылыстар сөйлеу кезеңінен бұрын айтылған, алдын ала ескертілген нәрселер болады да, олар сөйлеуші мен тыңдаушыға сол алғы ескертулерден таныс болып отырады.

Ормандағы үлкен аңның бірі - аю, ол жаз семіріп алып, қыс жылы үйшігіне кіріп бекініп жатып, ұзақ ораза ұстаған кісідей ұйықтап жатыр (Дулатов) дегендегі “ол” сөзі алда ескертілген “аю” сөзін білдіріп, соған тыңдаушының көңілін аударып тұр. Сөйлеуші мен тыңдаушыға “ол” сөзінің мазмұны “аю” сөзі арқылы алдын ала ескертілген. Сілтеу есімдіктерінің бұлайша қолданылуы алдын ала ескертілген нәрселерге нұсқау немесе анафорикалық нұсқау қалпында қолданылуы деп аталады.

Бұл алдын ала ескертілген нәрселерге нұсқау **осы, сол** сілтеу есімдіктерінде әрқашан детерминативтік қалыпта қолданылады.

Қазір ауыл адамдарын хабарландырыңыздар, біздің келгенімізді айтыңыздар. Бір өтінішім осы (Дулатов). *Одан да әрі жүрді, ат суарып тұрған бір жігіттен:*

- *Торы байтал мінген кісі көрдіңіз бе?* - деп сұрады.

- *Құйрығын екі керткен, домалақ тобылғы торы байтал болса, эне біреу жылқыға мініп барады,* - деді әлгі адам.

- *Е, тап сол!* - деп Қартқожа қуанып қалды (Аймауытов).

г) **Бұл, ол, анау, мынау, осы, сол** сілтеу есімдіктері біраз жағдайларда алдын ала ескертілген заттар мен құбылыстарды көзбен көріп тұрған кезде де қолданылып, дейктико-анафорикалық қалыптарда жұмсала алатын орындары бар.

Ол үстелде үш жігіт отыр екен. Мені таныстырды. Кемесерлеріміз екен.

- **Мынау** - *Ақбала жолдас, мынау* - *Балташ жолдас...* - деп жатыр (Аймауытов). - *Бұл қай әнші?* - *Әнші Әмірқан осы,* - деді (Аймауытов).

д) Кейде сілтеу есімдіктерінің алдын ала емес, өзінен кейінгі сөздермен түсіндірілетін, кейін баяндалып сыры ашылатын кездері де бар. Сілтеу есімдіктерінің бұлайша өзінен соң қолданылған сөздер арқылы баяндалып қолданылуы препаративтік қалыпта қолданылуы деп аталады. **Ол мынау:** *бір нәрсені істегенде, сол істі істей білетін адам істесе, шапшаң да, жақсы да істейді* (Байтұрсынов).

Мүддесін тілмен айтып жеткізу қиын екендігін, оған өте шеберлік керек екендігін мынадан байқауға болады; орыстың асқан ақыны Пушкин жазған өлеңдерінің кейбіреуін 13 рет түзеткен (Байтұрсынов). *Екеуінің арасындағы айырмасы сол: әншейін теңеу - әдетті теңеу болады, мәселен, удай ащы, айдай жарық, күйедей қара дегендегі “удай”, “айдай”, “күйедей” деген сияқты сөздер* (Сонда).

Сілтеу есімдіктері субстантивтенгенде ғана тәуелдік, септік, көптік жалғауларын қабылдай алады.

Тәуелдік жалғаулары сілтеу есімдіктерінің ішінде **міне, эне, осынау, сонау, түү (түнеу)** сияқты түрлеріне мүлде жалғанбайды. Тәуелдік жалғауларының меншіктік абстракциялығын білдіретін - *нікі, -дікі* түрі **міне, мынау, эне, анау, осынау, сона, сонау, түү (түнеу)** есімдіктеріне мүлде жалғанбайды.

Сілтеу есімдіктеріне септік жалғаулары да біркелкі талғаусыз жалғана бермейді. Мәселен, **бұл, ол, мына, ана, сол** сілтеу есімдіктері жеке-ше және көпше түрінде де септеледі. Бұлардың септелу жүйесі жіктеу есімдіктеріне ұқсас болады. Ал, өзге **міне, мынау, әне, анау, осынау, сонау, түү (түнеу)** есімдіктері септелмейді.

Көптік жалғаулары сілтеу есімдіктерінің ішінде **бұл - бұлар, ол - олар, мына - мыналар, ана - аналар, осы - осылар, сол - солар** сияқты сөздерге ғана жалғана алады.

Сілтеу есімдіктері сөйлем мүшелерінің бәрінің де қызметін атқара алады. Бірақ соның өзінде де кейбір сілтеу есімдіктерінің сөйлемде атқаратын қызметтерінде ішінара ерекшеліктері болады. Мәселен, **міне, әне, осынау, сонау, түү (түнеу)** есімдіктері ешқашан да бастауыш, толықтауыш болып қызмет атқармайды; **бұл, ол** сөздері баяндауыш болмайды; **міне, әне** есімдіктері анықтауыш қызметін атқармайды. Сол сияқты пысықтауыштық қызмет - тек **осы, сол** есімдіктеріне ғана тән.

6.2.3. Сұрау есімдіктері

Сұрау есімдіктері - заттар мен құбылыстардың атын, санын, сапасын, мекенін, мезгілін, амалын т.б. білу мақсатында айтылатын сөздер.

Сұрау есімдіктеріне **кім? не? қай? қайсы? қандай? қалай? қайда? қайдан? қашан? қанша? неше? нешінші? қаншасы?** сөздері жатады. Демек сұрау есімдіктері мағыналары тым жалпылама түрде берілетін **кім? не?** сияқты субстантивтік және **қай? қайсы?** деген атрибутивтік сөздерден тұрады. Сұрау есімдіктері осылай субстантивтік және атрибутивтік сөздер болып келуі негізінде заттың атын білу үшін қойылатын сұрақтар және заттың белгісін білу мақсатында қойылатын сұрақтар болып екі жікке бөлінеді.

Сұрау есімдіктерінің бәріне бірдей тән өзіндік ерекшелік деп айтарлықтай бірыңғай морфологиялық түрленуі не синтаксистік қызметі жоқ. Олар қай сөз табына байланысты сұрала айтылса, сол сөз табының орнына қолданылады. Сондықтан олардың грамматикалық формалары мен синтаксистік қызметтері сол жауап боларлық сөздерінің қасиеттеріне байланысты ғана белгіленеді. Мәселен, **кім? не?** сөздері зат есімдерше түрленіп, солардай қызмет атқаратын болса, **қай? қандай?** сөздері - сын есім сияқты, **қалай? қайда? қайдан? қашан?** сөздері - үстеулер сияқты, **қанша? неше? нешінші? қаншасы** сөздері сан есім-

дер сияқты морфологиялық түрлену формаларын қабылдап, синтаксистік қызметтері де сол сөз таптарымен бірдей болып келеді.

Мысалы: - *Жоқ, білгем жоқ. Кім деген екен?*

- *Қасен деген жігіт дейді (Аймауытов).*

- *Иә, ол қандай аурудан қайтыс болды?*

- *Көкірек ауруынан (Исабеков).*

- *Жастардан қанша кісі барасыздар?*

- *Отыз-қырық болар (Аймауытов).*

- *Жамал қайда кеткен? - деп шүбәланып сұрай бастады. Шолпан да неш нәрсе білмегенсін: - Жамалжан тысқа шыққан шығар. (Дулатов).*

Демек, сұрау есімдіктерінің өзге есімдік сөздер тобынан бөліп алатындай іштей грамматикалық бірлігі болмайды. Белгілі бір формалар не қызметтер арқылы бастары бірікпейтін сөздер болып саналады. Яғни, сұрау есімдіктерінің басын қосып біріктіріп тұратын негізгі белгі - олардың сұраулық мәнде қолданылуы.

Сөйлемнің жалпы мағыналық ерекшелігіне және қолданылу өзгешелігіне қарай сұрау есімдіктері кейде өзінің негізгі сұраулық мағынасын бермейді. Яғни заттар мен құбылыстар амал, мекен, мезгіл т.б. ұғымдар дәрежесінде қолданылады. Ондайда бұл есімдіктерге жауап болатын сөздер қажет етілмейді де, ол жауап сұрау есімдігінің өз бойынан жалпылама түрде сезілетін заттық және белгілік, мекендік не мезгілдік, экспрессивтік т.б. мағыналары арқылы беріледі.

Кім көрінгені би болып, малымызды талап ала берді (Аймауытов). Не дерімді білмедім (Сонда). Қазақтың дін істері қай жөнді, қай тәртіпті болу жағынан толық мағлұмат берерге барады (Байтұрсынов). Тұратын үйлері қандай! (Аймауытов).

Есімдіктердің мұндай түрлері құрмалас сөйлемдер жүйесінде, әсіресе, шартты бағыныңқылы құрмалас сөйлемдердің жасалу жүйесінде жиі кездеседі. *Қай жерде тазалық аз болса, сол жерде ауру құрты көп болмақ (Байтұрсынов). Жалпы адамзат өсіп-өну тарихында не істесе, бір адам да өсіп-өну тарихында соны істейді (Жұмабаев).*

Сұрау есімдіктерінің түрлену жүйесі мынадай болады.

Тәуелдік жалғаулары сұрау есімдіктерінің бәріне бірдей жалғанбайды. Мәселен, **қай? қашан?**

Өздік есімдігінің бұл тәуелдік жалғаулары кейде түсіп қалып, кейде толық сақталған түрде қолданылады. Мәселен, ілік септігіндегі өздік есімдіктері зат есімдердің алдында қолданылғанда көбіне ілік жалғаулары мен тәуелдік жалғауларынсыз айтылып отырады.

Оған не десем ұнар екен деп, қулықпен жауап бергім келеді, бірақ бүге алмай, өз ойымды айтып қоя берем (Аймауытов). *Өткендердің көзіне қылау түскеніне өкінбей, өз көзіңе түскен қылау-ды аршып қара* (Байтұрсынов). *Жұрт тыныштық ойласа, тыныштықтың тұтқасы өз қолыңда емес пе?* (Сонда). *Жамал өз ойынан шығарып өлең де жазатын болды* (Дулатов) дегендердегі өз сөздері - “өзімнің”, “өзіңнің”, “өздерінің”, “өзінің” деген толық түріндегі сөздерден қысқарған тұлғалар.

Кейде бұл формалардың толық түрі сақталып та қолданылады. *Жазба әдебиетіміз негізді, берік өз еліміздің әдебиеті болам десе, өзіміздің ауыз әдебиетімізге қайтуға міндетті* (Жұмабаев). *Егер де Ғалимен қаша қалса, кім тілектес, жәрдемдес боларын ойлағанда, өзінің шешесі Шолпаннан басқа ешкім көзіне көрінбейді* (Дулатов). *Өздерінің сиырларын суарам ғой деп барып еді* (Аймауытов). *Өзіңнің костюмің бар ма?* (Исабеков).

Өздік есімдіктерінің ілік септік формаларының толық сақталып қолданылуы кейде олардың екінші сыңарларының тәуелдік жалғаулары түсіріліп айтылуының әсерінен де бөлініп отырады. *Өзіміздің өкімет келгенде біз де болайық та* (Аймауытов). *Өзіміздің үй екен* (Исабеков). *Присітап өзіміздің кісі, сонымен ақылдасып Балқияны Қызылсудан бірақ шығарамыз* (Сонда) дегенде, өздік есімдіктерінің толық формада айтылуы “өкіметіміз”, “үйіміз”, “кісіміз” сөздерінің қысқарған түрде қолданылуының әсерінен болып тұрған заңдылық.

Форманың толық сақталуы кейде сөйлеушінің меншіктілікке баса көңіл аудару мақсатында қолданылған өздік есімдіктерінде кездеседі. *Қазақтан жер көп алынып жатқаны - ол қазақтың өзінің тілегі бойынша болып жатыр* (Байтұрсынов). *Үш жарым айда Жамал мұғалімнің ыждағаты, өзінің өткір зейіні арқасында хат танып, жазарлықтай болды* (Дулатов). *Өзгенің қуанышына қуана білу өзіңнің қуанышыңды ұмыту емес қой* (Исабеков). - *Көкөтай, бір ашуыңды берші. Өзіңнің інің ғой... ұруға да жарамайды ғой ол* (Сонда).

Өздік есімдіктері әрқилы морфологиялық сөз түрлендіруші формаларды қабылдайды. Ол фор-

малар әрқашан өздік есімдігіне қосылып айтылатын тәуелдік жалғауларының үстіне үстемеленіп отырады.

Өздік есімдігіне тәуелдік жалғауының **-нікі, -дікі** формасы жалғанып қолданылады. *Әзір өзімдікі алып қой* (Дулатов). - **Өзіңдікің атсайшы, - деп Әлдекей қырын қарады** (Аймауытов). *Қалғанының бәрі өзімдікі көрінеді* (Исабеков). *Жер өзінікі болса, қазақ естектің істегенін істемейді деп кім айтар?* (Байтұрсынов).

Өздік есімдіктеріне жіктік жалғаулары жалғанады. **Өз** есімдігі тәуелденіп барып жіктеледі.

Мысалы:

I. өзіммін	өзімізбіз
II. өзімсің	өзімізсіңдер
өзімсіз	өзімсіздер
III. өзім	өзім

Кейде жіктеу есімдіктері өздік есімдіктерімен тіркесіп қатар жұмсалады. Ондай кезде, өздік есімдік тәуелдіктің қай жағында тұрса, тіркесетін жіктеу есімдігі де сол жақта қолданылады. **Мен өзім елге бармағаныма төрт-бес жыл болды** (Дулатов). - **Сен өзің ақымақ екенсің ғой?** (Аймауытов). **Я, біз өзіміз де солай деп ойлаймыз** (Дулатов).

Өздік есімдіктеріне септік жалғаулары тәуелденген зат есімдердің септелу ізімен жалғанады.

Атау	өзім	өзің	өзіңіз	өзі
Ілік	өзімнің	өзіңнің	өзіңіздің	өзінің
Барыс	өзіме	өзіңе	өзіңізге	өзіне
Табыс	өзімді	өзіңді	өзіңізді	өзіні
Жатыс	өзімде	өзіңде	өзіңізде	өзінде
Шығыс	өзімнен	өзіңнен	өзіңізден	өзінен
Көмектес	өзіммен	өзіңмен	өзіңізбен	өзімен

Өздік есімдіктері сөйлемде пысықтауыштан өзге мүшелердің бәрінің де қызметін атқара алады.

6.2.5. Жалпылау есімдіктері

Жалпылау есімдіктері деп белгілі бір заттар мен құбылыстардың жиынтығына немесе толық қамтылуына нұсқай айтылатын жинақты - жалпылау мағынадағы сөздерді айтамыз. Олар кем дегенде екі заттың немесе толып жатқан біркелкі не әрқилы заттар мен құбылыстардың жиынтығын жалпылай көрсете алатын сөздер болып келеді. *Қазақ пайдаланып отырған шөп шабатын, киім тігетін машиналар, соқа-сайман, арба-шана, киім-кешек, ыдыс-аяқ - бәрі де завод, фабрикаларда істеліп шыққан* (А.Байтұрсынов). *Уақыт хан-*

ның да, қайыршының да, баршаның әміршісі ғой (Исабеков). *Бекетті дендеп өткізген, әйелдерге тамақты әзірлеткен, кілем, ыдыс, сайман, бар жабдықтың бәрін тапқан сол* (Аймауытов).

Жалпылау есімдіктерінің ішінен “бәрі” сөзі атау формада субстанциялық ұғымды білдіреді де, басқалары өзінің негізгі формасында қолданылғанда атрибуттық ұғымды білдіреді. *Қазақтың бар мұңы сиезде тұрған жоқ* (Дулатов). *Жасынан ғылымға құмар, барлық ғұмырын туған отанының табиғат нәм тұрмысын үйренуге жұмсаған* (Дулатов). *Бұл кеш жалғыз қазақтарға емес, барша келген адамдарға, бір түрлі көңілді көрінген* (Дулатов).

Тәуелдік жалғауларының үстемеленуі арқылы жасалынған кейбір жалпылау есімдіктері субстантивтік мәнде қолданылады. *Бір жұрттың қайдан тарауы, өну-өсуі, рәсімі, мінезі, тілі, әдебиеті - осының нәр қайсысы тарих мүшелері, барлығын жинағанда, сол жұрттың тарихы...* (Дулатов). *Бір пулемет, қанша ат-арба, қанша киім, қанша ақша - баршаларын олжа қылған* (Аймауытов).

Ал, бүкіл, бүтін, күллі, тамам жалпылау есімдіктері тек атрибутивтік қалыпта қолданылады. *Бүкіл жұрттың яки жеке адамдардың істеп жүрген істерінің бәрі дұрыс бола бермейді* (Дулатов). *Тамам қазақ малын шаңыраққа есеп қылса, бір шаңыраққа 20 ат есебі мал қазынасы келеді* (Дулатов).

Жалпылау есімдіктері сөйлемде қолданылу ретіне қарай сөз түрлендіруші грамматикалық формаларды қабылдайды. Бірақ ол заңдылықтар жалпылау есімдіктерінің барлығына тән қасиет емес. Мәселен, тәуелдік жалғаулары **бар, барлық, барша, бәрі** сөздеріне ортақ тәуелдеу түрінде ғана болмаса, жекеше түрінде жалғанбайды.

Мынау қымбатшылық баршамызға мағлұм (М. Дулатов). *Бәрің де ойнауға келдіңдер ғой?* (Аймауытов). *Қыздың әке-шешесі, туысқандары, бәрі шұбырып ере келеді* (Дулатов).

Ал атрибутивтік мәндегі **бүкіл, күллі, тамам** есімдіктері тәуелденбейді.

Жіктік жалғаулары жалпылау есімдіктеріне мүлде жалғанбайды. Жалпылау есімдіктерінің ішінде тек субстантивтенген түрлері ғана тәуелденіп барып септеледі. Ол септелудің жүйесі тәуелдеулі зат есім сөздер жүйесімен бірдей болып келеді.

Жалпылау есімдіктері сөйлемде негізінен анықтауыш қызметінде жұмсалады. Ал субстантивтік мәнде қолданылғанда, бастауыш, толық-

тауыш қызметтерін атқарады. Бірақ жалпылау есімдіктері ешқашан пысықтауыш қызметін атқармайды.

6.2.6. Белгісіздік есімдіктері

Заттар мен құбылыстарды және олардың сан, сапа белгілерін, мекен, амал тағы басқаларын анық етіп ашып айтпай, тұспалдап қана көрсететін, яғни мағыналары нақтылы түрде берілмей, белгісіз мәнде айтылатын есімдіктің түрі — белгісіздік есімдіктері деп аталады.

Біреу желіп, біреу шоқытып келеді (Аймауытов). *Сүйемелеп, әлдебір жерге әкеліп, үн-үлкен бір адамның үстіне жалп еткізді* (Сонда). *Ол бірдеңе десе, Шолпан да айтар еді* (Жұмабаев). **Кейбір комағайлар қапыл-құпыл болып қалса керек** (Аймауытов).

Белгісіздік есімдіктері шығу төркіні, жасалу жолы жағынан күрделі екі салаға бөлінеді:

1) Кейбір сөздердің негізгі лексикалық мағынасынан алшақтай келе белгісіз мағыналарға ие болып, сол негізде белгісіз есімдіктері қатарына ауысуы жолымен пайда болған сөздер, яғни **лексикалық тәсіл арқылы жасалған сөздер**. Бұған сан есімдерден ауысқан **бір, біреу** сөздері және **кей** сөзі, сонымен қатар араб тілінен ауысқан **әр, әлде, пәлен** сөздері жатады.

2) Белгілі бір сөздердің өзара бірігіп қолданылуы арқылы жасалған, яғни **морфологиялық тәсіл арқылы жасалған сөздер**. Бұған негізінде лексикалық жолмен жасалынған **бір, біреу, кей, әр, әлде** есімдіктеріне сұрау есімдіктері мен кейбір белгісіздік есімдіктерінің өзара бірігіп айтылуы арқылы жасалынған **бірдеңе (бірдеме), бірнеше, бірнәрсе, кейбір, кейбіреу, әлдекім, әлдене, әлденеше, әлденемене, әлдеқай, әлдеқайда, әлдеқашан, әлдеқалай, әлдебір, әлдебіреу, әркім, әрне, әрнеме, әрнәрсе, әрқайсы, әрбір** сөздері жатады.

Белгісіздік есімдіктерінің бәріне бірдей тән өзіндік ерекшелік деп атарлықтай морфологиялық түрлену формасы не синтаксистік қызметтері де жоқ. Олар әрқайсы мағыналық тегі жағынан қандай сөздер екеніне және қай сөзбен біріге қолданылуына байланысты әр түрлі сөз таптарына бейім болып келеді. Сол себепті олардың грамматикалық өзгеру формалары мен синтаксистік қызметтері де соларға үйлес келіп отырады. Мәселен: 1) **бір, кей, әр, пәлен, әлдеқайда** сөздері сын есімдерше қызмет атқарады. *Көптең бері бүйітіп түзелгенін Ақбілек көрген жоқ еді, бір*

сыйлы жерге баратынын іші сөзді (Аймауытов). **Әр** ауылдың, **әр** үйдің бір қазан бұзары, бір би болады ғой (Сонда). **Кей** сөздерін, ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды (Байтұрсынов). Берілген сөйлемдердегі белгісіздік есімдіктері (бір, әр, кей) **қай?** деген сұраққа жауап беріп, анықтауыш болып тұр.

2) **біреу, әлдене, әлдекім, кейбіреу, әркім, әрнәрсе, әрнеңе** сөздері зат есімдерше түрленеді. Сөйлемде бастауыш, толықтауыш, анықтауыш қызметтерін атқара алады.

Торғайдың жауын мен өлтірдім, менің жауымды да біреу өлтіреді екен деп, бұл оқиғаны өзінше жақсылыққа жорыды (Аймауытов). Мен келгенде ылғи да үйде болатын кемпір, сол баяғы қалпымен әлдене деп сөйлеп жүреді (Исабеков). Әркімнің бетіне қарай құбылып, өз пікірін әсте сездірмеуші еді (Аймауытов).

3) **бірнеше, әлденеше** сөздері сан есімдердің орнына жұмсалып, анықтауыш қызметінде қолданылады. **Бірнеше** жоба көрсетілді... *Ыңқылдап, күрсілдеп тер пұшпағынан ағып, әлденеше дем алып, ақшам әлетінде Арбабай ауылына әрең жетті (Аймауытов).*

4) **әлдеқайда, әлдеқашан, әлдеқалай** есімдіктері үстеу сөздерге бейім болып келеді. *Ойы бөлініп, қиялы әлдеқайда отыр еді (Аймауытов). Қазақ әлдеқашан тілінде қандай дыбыстар бар екенін айырған, әр дыбысқа белгілеп таңба арнаған (Байтұрсынов). Өзі үркіп тұрған жұртты қостырамыз деп, әлдеқалай бола қалса, онан соң ондай жұмыстан бездіріп алып жүрмелік (Байтұрсынов). Әлдеқайда алыста бұлдырлап келе жатқан кәрілік (Сонда). Берілген сөйлемдердегі белгісіздік есімдіктері пысықтауыш қызметін атқарып тұр. Бұған қарағанда, белгісіздік есімдіктерінің басын қосатын, оларды біріктіріп топтай алатын негізгі белгі - олардың әрқашан белгісіз мағынада қолданылуы болып саналады.*

Белгісіздік есімдіктері қолданылу мақсаттарына қарай, әр түрлі сөз түрлендіруші грамматикалық формаларды қабылдайды. Бірақ ол формалар белгісіздік есімдіктерінің бәріне біркелкі жалғана бермей, олардың атрибутивтік не субстантивтік қалыпта қолданылуына байланысты жалғанады. Сонда ол түрленудің жүйесі мынадай болып келеді.

Біріншіден, тәуелдік жалғаулары белгісіздік есімдіктерінің **әлде, әр, пәлен, әлдекім, әлдеқай, әлдеқашан, әлдеқалай, әркім** сияқты түрлеріне жалғанбайды. **Бірнеше, бір, біреу, кей, кейбір** сияқты түрлері тек ортақ тәуелдеу түрінде ғана

тәуелдік жалғауларын қабылдайды. Белгісіздік есімдіктерінің өзге түрлері жеке және ортақ тәуелдік жалғауларын да қабылдай алады. *Алдағылардың бірі омақаса жер қауып еді... Одан аулағырақ біреуі, ысылдап ыстық бұғананы сыдырып жатыр (Аймауытов). Жігіттердің бірсыпырасы жалт берді, кейбірі аттың жалын құшты, кейбірі түсе қалды (Сонда). Шошақайдың үкі секілді бірденесі былғандап, өзі Ақбілекпен жарыса кетіп барады (Сонда).*

Екіншіден, белгісіздік есімдіктері жіктік жалғауларын қабылдамайды.

Үшіншіден, көптік жалғаулары тек **бірдене, бірнәрсе, біреу, әлдекім, әлдене, әркім, әрнеңе, кейбіреу** сияқты есімдіктеріне ғана жалғанады. *Тайтері, шоқпымт, ши, салам секілді бірденелер жатушы еді (Аймауытов). Біреулер пошта тасуға кірісіп, қайтсе жан қалудың қамын істеуде (Сонда). Қартқожаның ойына әлденелер келді (Сонда). Оның артынан әлдекімдер қарсы сөйледі (Сонда).*

Төртіншіден, септік жалғаулары да белгісіздік есімдіктеріне біркелкі жалғана бермейді. Мәселен, үнемі атрибутивтік қалыпта қолданылатын **әлде, әр, пәлен, әлдеқалай** есімдіктері ешқашан да септік жалғауларын қабылдамайтын болса, **әлдеқашан, әлдеқай** сөздері **әлдеқашаннан, әлдеқайдан, әлдеқайда** деген формаларда ғана қолданылады. *Аққу әлдеқайда алыста алтын сәуле көреді (Жұмабаев). Оның өлетінін мен әлдеқашаннан білетін едім (Аймауытов). Бір кезде маған әлдеқайдан жаңа бір ой сап ете түсті (Исабеков).*

Ал, бір, бірнеше, кей, кейбір, кейбіреу, әлденеше, әрбір есімдіктері тәуелденіп барып септік жалғауларын қабылдай алады. **Кейбірінің ерні қыбырлады, кейбірі иек көтерді (Аймауытов). Сендердің біріңді ала, біріңді құла көреді дейсің бе? (Сонда). Бірінің астында семізден қатқан қара аты бар, бірінікі - тор байтал (Сонда). Кейбірінде бытыра, шиті (Сонда).**

Белгісіздік есімдіктері, жоғарыда көрсетілгендей, сөйлемнің барлық мүшелерінің қызметін атқарады. Бірақ соның өзінде олардың іштей субстантивтік және атрибутивтік сөздер болып келуіне байланысты кейбір сөздердің қызметтерінде ерекшеліктер кездеседі.

6.2.7. Болымсыздық есімдіктері

Болымсыздық есімдіктері жалпы болымды мағыналарға қарама-қарсы болымсыздық мағыналарда қолданылады. Есімдіктің бұл түріне **еш, ешкім, ештеңе (ештеме), ешнәрсе, ешбір, еш-**

қайсы, ешқандай, ешқашан, бір де, бір де бір, дәнеңе (дәнеме), түк, дым деген сөздер жатады.

Болымсыздық есімдіктері негізінде үш түрлі тәсілмен жасалады:

- 1) Лексикалық тәсіл
- 2) Морфологиялық тәсіл
- 3) Синтаксистік тәсіл

Лексикалық тәсіл өзінің негізгі лексикалық мағыналарынан алшақтау нәтижесінде болымсыздық есімдіктері қатарына ауысқан сөздерді қамтиды. Бұл тәсілмен жасалған болымсыздық есімдіктер - түркі тілдерінің төл сөзі **түк, дым** есімдіктері және парсы тілінен енген **еш** сөзі. **Түк, дым** есімдіктері - бұрын-соңды еңбектерде болымсыздық есімдіктері қатарында аталмай келген сөздер. Олар өзінің пайда болу тәркіні жағынан зат есім **“түк”** және **“дымқыл”** лексемасының құрамындағы **“дым”** сөздерімен байланысады.

Түк білмейміз, соқырмыз (Аймауытов). **Ақсақалдар жиылып, бір-екі рет бас қосса да, дым бітіре алмады** (Дулатов). **Жол іздеген адам еш орнын таба алмайды** (Байтұрсынов).

Морфологиялық тәсіл есімдіктердің басқа түрлеріне болымсыз мағынада қолданылатын **еш** сөзі және **дә=** қосымшасының бірігуі арқылы жасалады. Бұған **ешкім, ештеңе (ештеме), ешнәрсе, ешқайсы, ешқандай, ешбір, ешқашан, дәнеңе (дәнеме)** болымсыздық есімдіктері жатады.

Әмірқандай әнді ешкім сала алмайды (Аймауытов). **Ұялсам да ештеңе дей алмадым** (Сонда). **Жоқ, ол ештеме болмайды** (Дулатов). **Ыстық сорпадан басқа ешнәрсе татып алмайды... Аузыма ешқандай сөз түспей қойды** (Исабеков). **Бұл мен ешқашан күтпеген жаңалық еді** (Сонда).

Морфологиялық тәсіл арқылы болымсыздық есімдіктерін тудырушы **дә=** қосымшасы тек **дәнеңе (дәнеме)** болып қана айтылады да, есімдіктердің өзге түрлеріне қосылмайды. **Қағазымызға қарап, бізді тыңдамастан, дәнеңе етпестен алды** (Аймауытов).

Синтаксистік тәсіл **“бір”** сөзі мен **“де”** шылауының тіркесінен жасалған **бір де, бір де бір** есімдіктерін қамтиды. **Ертеңгі ататын таңның бүгінгі батқан күннен бір де бір айырмашылығы жоқ** (Исабеков).

Болымсыздық есімдіктерінің түрлену жүйесі де әрқилы болып келеді. Оны мынадан байқауға болады:

Болымсыздық есімдіктері жіктік жалғауларын және көптік жалғауларын тікелей қабылдамайды. Көптік жалғаулары тек тәуелдік жалғауларымен бірге жүріп қана қосылады. Онда да

болымсыздық есімдіктердің бәріне бірдей емес, **ештеме, ешнәрсе, ешқайсы, дәнеңе, түк** есімдіктеріне жалғанады.

Мысалы: **ештемелері, ешнәрселері, түктері.**

Бұның өзінде де тәуелдік жалғаулары тек II-III жақтарға ғана жалғанады. Мысалы: **ешқайсыларың, ешқайсылары.**

Тәуелдік жалғаулары да болымсыздық есімдіктерінің жекеше түріне түгел жалғана бермейді. Мәселен, **ешкім, ештеңе (ештеме), ешнәрсе, дәнеңе, түк** есімдіктері жекеше түрде тәуелденеді.

Сенің оныңмен өмірдің ештеңесі кетпейді (Исабеков). *Мендей жігіттер жылда қалаға, параходқа барып, пайда тауып келіп жүр ғой, дәнемесі кеткен жоқ...* (Аймауытов). *Менен басқа ешкімі жоқ* (Исабеков).

Ал **ешбір, бір де бір** есімдіктері көпше түрінде ғана тәуелденеді. Мысалы:

I ж.	ешбіріміз,	бір де біріміз
II ж.	ешбірің	бір де бірің
	ешбіріңіз	бір де біріңіз
III ж.	ешбірі	бір де бірі

Болымсыздық есімдіктерінің септелу жүйесі де біркелкі болмайды. Субстантивтік **ешкім, ештеңе, ешнәрсе, дәнеңе, түк** есімдіктері жекеше түрінде септік жалғауларының барлық формаларын қабылдаса, көптік жалғауларын қабылдамайтын болғандықтан, көпше түрінде септелмейді. Ал тәуелденген түрінде жекеше, көпше де болып септеле береді. *Бұл күнде оқудың керек екеніне ешкімнің таласы жоқ* (Байтұрсынов). *Қартқожа ешкімге тіл қатпады* (Аймауытов). *О да түкке сеп болмады* (Сонда). *Мал бағу жайын ешкімнен үйренбей-ақ, өзіміз де білеміз деп жүр* (А. Байтұрсынов).

Атрибутивтік **ешбір, ешқайсы, ешқандай, бір де бір** есімдіктері жай түрінде жекеше, көпше болып та септелмейді. Ал тәуелденген кезде жекеше түрінде ғана II-III жақтарда септеледі.

Мысалы:

ж е к е ш е :

Атау	ешбірің	ешбірі
Ілік	ешбіріңнің	ешбірінің
Барыс	ешбіріне	ешбіріне
Табыс	ешбіріңді	ешбірін
Жатыс	ешбіріңде	ешбірінде
Шығыс	ешбіріңнен	ешбірінен
Көмектес	ешбіріңмен	ешбірімен

Болымсыздық есімдіктері әр уақытта болымсыз сөйлемдерде қолданылады. Ол сөйлемдердің

баяндауыштары негізінде мынандай тұлғаларда тұруды талап етеді:

1) Сөйлемнің баяндауыштары **-ма, -ме** болымсыз жұрнақтарымен қамтамасыз етіледі. Ондай баяндауыштар дара және күрделі болып келе береді. - *Қымыз аңдып жүр дағы... деген сияқты бірдеңе дегені болмаса, Байманды ешқайсысы ауызға алмады* (Аймауытов). *Күнікей күйеуінің келуіне түк айтпады* (Сонда). *Мені білетін жандардың бір де бірінің жүзімді жыртқысы келмейді* (Исабеков). *Дәнеңе ойламай, қатын қойын бағып жүре берген де бір ғанибет екен* (Аймауытов).

Мұндай болымсыз сөйлемдер сұраулы сөйлем болып та келе береді. **Ешқандай да сұрағың жоқ па?.. Өзіңізден басқа ешкім болмады ма?** (Исабеков).

Кейде болымсыздық есімдіктері араласқан сөйлемдердегі **-ма, -ме** болымсыз жұрнақтары есімшенің **-қан, -ған, -кен, -ген, -тын, -тін** және **-е** жұрнақтарының алдында қолданылады. Ондай кезде ол сөздер қолданылу мақсатына қарай сөйлемнің бастауыш, толықтауыш, анықтауыш мүшелерінің қызметін атқарады. Мұндай жағдайларда сөйлемнің баяндауыштары болымсыз болу орнына болымды болып кетеді. *Мәрия ешнәрсеге түсінбегендей, машинаға қарай жүрді* (Исабеков). *Бір-екі кесе шайдан басқа әлі ештеме ішпегенім енді есіме түсті* (Исабеков).

2) Болымсыздық есімдіктері сөйлемнің баяндауыш “жоқ” сөзімен қамтамасыз етілуін қажет етеді. Болымсыздық есімдіктері қажет еткен бұл “жоқ” сөзі сөйлемнің соңында болымсыздық есімдіктерімен немесе есім сөздермен қатар жеке, кейде **-қан, -ған, -кен, -ген** жұрнақты есімшелермен тіркесіп күрделі түрде қолданылады. *Дәнеңе жоқ... Әлі түк жоқ* (Аймауытов). **Ешқандай үн жоқ** (Исабеков). *Қамығатын ештеңе жоқ* (Дулатов). *Жалғыз сиыр суалды, осы үйде дым жоқ* (Сонда).

3) Болымсыздық есімдіктері сөйлемнің баяндауыштары “емес” құрамды болады. Болымсыздық есімдіктер қажет еткен бұл “емес” сөзі болымсыздық есімдіктерімен, есім сөздермен және **-қан, -ған, -кен, -ген** формалы есімшелермен тіркесе қолданылады.

Ол ештеңе емес (Дулатов). *Әйтеуір, көшедегі көп таныстың бірімін, басқа ешкім де емес!* (Исабеков). *Егін жайында ешкімнен үйрене қоятын емес* (Байтұрсынов). *Бірақ ойымда ешқашан арамдық болып көрген емес* (Исабеков).

Болымсыздық есімдіктері сөйлемде барлық сөйлем мүшелерінің қызметін атқарады.

7. ЕТІСТІК

7.1. ЕТІСТІК ТҮБІРІНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Етістік категорияларының ерекшеліктерін айқындамас бұрын соларға негіз болатын тұлға - етістік түбірінің ерекшеліктерін анықтап алу қажет, өйткені, кейінірек көрсетілгендей, етістік түбірдің түрленуінде, сөйлемде қолданылуында басқа сөз таптарынан ерекшеліктері бар: лексикалық мағына білдірсе де, сол күйінде сөйлемде қолданыла алмайды, тікелей жіктелмейді т.б.

Қазіргі қазақ тілінде етістік - ең күрделі сөз табының бірі. Бұл оның лексика-семантикалық ерекшелігінен, түбір тұлғасы мен оған үстелетін грамматикалық формаларының қат-қабаттылығынан және олардың арақатынасынан, грамматикалық категорияларының әр түрлілігінен, жаңа сөз жасау жүйесінен, қолданылу аясынан, сөйлемде атқаратын синтаксистік қызметінен т.б. лексика-грамматикалық қасиеттерінен байқалады. Етістіктің зат есім сияқты көне сөз табы екендігі, басқа сөз таптарын жасауға негіз болатындығы, яғни тарихи-генеалогиялық ерекшеліктері өз алдына бір төбе.

Ең алдымен, *етістік семантикалық жағынан тілімізде қимылды, процесті, әр түрлі өзгеріс, құбылысты білдіретін сөздер болып табылады.*

Қазіргі кезде сөздерді топтастырудың лексика-семантикалық, морфологиялық түрлену жүйесі, синтаксистік қызметі сияқты үш түрлі принципін белгілері етістік деп танылып жүрген сөздердің өн бойынан айқын байқалады да, солардың негізінде етістіктің жеке сөз табы болып бөлінуі ешбір күмән тудырмайды.

Етістіктер басқа да мағыналы сөз таптары сияқты түбір күйінде де, өзіне тән әр түрлі грамматикалық тұлғаларда да қолданылады деп асығыс айтып жүрміз. Бірақ етістіктің осындай түр-тұлғаларының қолданылуында бірден сырт көзге іліне бермейтін ерекшеліктер бар екенін көрсеткен жөн. Ең алдымен, ол ерекшелік етістіктің түбір тұлғасының лексика-грамматикалық сипатымен байланысты. Қазіргі қазақ әдеби тілінде етістіктің түбір тұлғасы (негізгі түбір болсын, туынды түбір болсын) сырт қарағанда етістіктің кейбір грамматикалық категорияларының формаларымен, атап айтқанда, бұйрық райдың жекеше 2-жақ анайы тұлғасымен сәйкес келеді. Бірден ескертетін жайт - егер бұйрық райдың (2-жақ) формасы бірінші және үшінші жақ тұлғаларын жасауға

негіз тұлға болса, онда ол 2-жақ бұл парадигма жүйесіне кірмеуі керек, яғни бір грамматикалық түрлену жүйесінің түрлері, бір жағынан, бір-бірінен функциялық, мағыналық, тұлғалық сияқты өзіндік ерекшеліктері арқылы ажырайтын, екінші жағынан бір-бірімен тең дәрежедегі тілдік құбылыс болып саналады.

Олай болса, бір ұғымды, яғни етістіктің белгілі бір тұлғадағы грамматикалық мағынасын және оны білдіретін грамматикалық формасын бірде - етістіктің түбір тұлғасы деп, екінші бірде - бұйрық райдың жекеше, анайы екінші жақ тұлғасы деп, екі түрлі атаудың қаншалықты қажеттігі бар? Біріншіден, бұл екеуі бір ғана грамматикалық құбылыс болса, оны бір-ақ түрінде ғана атау керек. Екіншіден, бұйрықтық, жақтық (екінші, анайы) мағына етістік түбірге тән мағына болса, онда ол тұлға етістіктің белгілі бір грамматикалық категориясының (райының) бір грамматикалық түрі, көрінісі (бұйрық рай) бола алмас еді. Етістіктің түбірі білдіретін жалпы грамматикалық мағына етістіктің барлық басқа тұлғаларында сақталып тұратын қимылды білдіру мағынасы да, ал 2-жақтық, бұйрықтық мағына - етістіктің белгілі сөздермен (сен деген бастауышпен) сөйлемде белгілі (жақтық, жекешелік, бұйрықтық) қарым-қатынасқа түсудің және соның негізінде белгілі тұлғада жұмсалудың нәтижесінде пайда болатын мағына. Яғни бірінші мағына толық мәнді сөз болғандықтан лексикалық мағынаның жалпылануы (жалпы грамматикалық) негізінде (сөз табы ретінде) қалыптасқан, түбірге тән қимылды білдіру - жалпы грамматикалық мағына да, екінші - сөйлеу процесінде сен деген сөзбен байланысқа түсу нәтижесінде (субъектілік-предикаттық қатынасқа түсу нәтижесінде) пайда болатын мағына. Мысалы, қимылды білдіру етістік түбіріне тән болса, зат есім түбіріне заттық мағына, сын есім түбіріне заттың әр түрлі сынын, сапалық, қатыстық белгісін, түсін т.б. мағыналарды білдіру тән болып келеді. Ал сырт тұлғасы жағынан зат есімнің бір тұлғасына ұқсас, бірақ мағынасы бөлек тура объектіні, бағыттық, предикаттық, қатыстық т.б. мәнді білдіретін мына зат есімдер бір тұлғада емес екені түсінікті болса керек: *Ғылым таппай мақтанба* (Абай). *Филипп патша баласы ер көңілді* (Абай). *Мәскеу бардым, не көрдім?* (Жамбыл). *Ғашықтың тілі-тілісіз тіл* (Абай). Сондай-ақ бірыңғай мүшелердің алдыңғы сөздеріне кейде грамматикалық тұлғалардың жалғанбай қолдануын, мысалы, *ашы мен тәттіні татқан білер, алыс нен жақынды жортқан білер*

дегендегі *ашы* мен алыс сөздерін түбір тұлға немесе атау септік тұлғасы деуге ешбір негіз жоқ. Сөздің түбір тұлғасы білдіретін негізгі жалпы грамматикалық мағынасы сөз табына қарай топтаудың бір межесі болып табылады да, ол сөз сол сөз табының грамматикалық тұлғалары арқылы түрленудің нәтижесінде кейін сөйлеу процесінде пайда болатын категориялық грамматикалық мағыналармен қатар өмір сүреді. Яғни түбір тұлғаға жаңа грамматикалық форма жалғанып, оған жаңа (категориялық) грамматикалық мағына үстелгеннен түбір білдіретін негізгі жалпы грамматикалық мағына жоғалып кетпейді. Мысалы, *ағаш, бала, кітап* сөздерінде заттық мағына, *жақсы, үлкен, сары* сөздерінде сындық мағына, *кел, айт, көр* сөздерінде қимылдық мағына - түбір білдіретін мағына болса, бұл сөздердің грамматикалық тұлғалар арқылы өзгеріп, жаңа грамматикалық мағынаға ие болған түрлерінің өзінде сол түбір білдіретін мағына сақталады; *ағашты кес, бұл - баланың кітабы* дегендерде зат есімге тура объектілік (табыс септік *-ты* арқылы), меншіктілік (ілік септік *-ның* арқылы), 3-жақ тәуелдік (*-ы*) мағына үстелсе де, бұл сөздерде заттық мағына осы тұлғаларында да бар. Сондай-ақ *келді, айтықсансың, көрмесем* тәрізді тұлғаларда бұл сөздер өткен шақтық *-ды, -қан*, ортақ етісті *-с*, болымсыздық *-ме*, шарттылық *-се*, 3-жақтық *келді* дегенде нөлдік форма, 2-жақтық *-сың*, 1-жақтық *-м* мағынаны білдіріп тұр. Сонымен бірге түбір білдіретін қимылдық мағына жойылып кетпей, сақталған. Егер түбір тұлға білдіретін грамматикалық мағына ондайда жойылып кетсе, онда жалғанған грамматикалық тұлға сол сөз табының сөз *түрлендіруші* формасы емес, басқа сөз табын жасайтын сөз тудырушы немесе сөзжасам көрсеткіші болғаны, сөйтіп ол сөз басқа сөз табына ауысып кеткені, я бұл сөз табының түбір тұлғасына ондай грамматикалық мағына тән болмағаны. Ал бұл жерде етістіктің шақтық, болымсыздық, шарттылық, жақтық т.б. мағыналарды білдіретін тұлғалары түбір тұлға мағынасын өзгертіп жіберетін сөз тудырушы көрсеткіш бола алмайтыны түсінікті. Түбір тұлға білдіретін мағына мен сол сөз табының әр түрлі формалары үстелуі арқылы пайда болатын грамматикалық мағыналардың салмағы, қызметтері бірдей емес. Басқаша айтқанда, түбір мен қосымшалар морфема ретінде морфологияның объектісі болғанмен, әр түрлі лексика-грамматикалық қасиеттері арқылы бір-бірінен ерекшеленетіні сияқты олар білдіретін грамматикалық мағына да, яғни

түбірде жалпы грамматикалық мағына да, қосымша да, жеке грамматикалық мағына да бір-бірінен ерекшеленеді.

Түбір тұлға білдіретін мағына негізгі лексикалық мағынасынан туындап, жалпылануы арқылы сол сөз табының сөз табы ретінде қалыптасқаннан кейінгі орныққан, тұрақталған грамматикалық мағынасы, сондықтан ол мағына сөздің жеке тұрғандағы түрінен байқалса, сөз табының тұлғалық мағыналары сөйлеу процесінде, ол сөздің басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсу нәтижесінде пайда болатын және белгілі грамматикалық формалар арқылы берілетін мағына болып табылады. Ол форма арнаулы грамматикалық көрсеткіштер арқылы көрінуі мүмкін немесе тілдің даму барысында грамматикалық көрсеткіштері түсіп қалып қалыптасқан я белгілі бір тұлғадағы сөздермен синтаксистік қарым-қатынасының тұрақталуы нәтижесінде пайда болатын арнайы грамматикалық мағынаның көрсеткіші ретінде қалыптасқан нөлдік форма болуы мүмкін. Сондықтан нөлдік форманың мән-мағынасы түбір тұлға ыңғайында емес, білдіретін мағынасы арқылы өзі енетін грамматикалық категорияның я парадигманың басқа түрлерімен салыстырыла, жіктеле қарастырылғанда ғана айқындалады. Яғни, мысалы, атау тұлғаны басқа септік тұлғаларына негіз болатын түбір тұлғамен бір деп анықтау дұрыс еместігі жоғарыда айтылады, онда атау септік басқа септіктермен тең дәрежеде болмас та еді, септік категориясының бір түрі болып есептелмес те еді. Атау септіктің арнайы грамматикалық формасы болмағанмен, бір жағынан, оны түбір тұлғада бөлек етіп танытатынын, екінші жағынан, сол арқылы басқа септік түрлерімен белгілі дәрежеде бірлікте тұрып, іштей олардан саралануға негіз болатын субстанттық мағынасы, сөйлемнің предикатымен жақтық жағынан қиыса байланысып, грамматикалық субъекті сияқты атқаратын қызметі бар екенін ескермеуге болмайды. Атау септіктің бұл ерекшелігі басқа сөз таптарының сөйлем ішінде атау тұлғада тұрып, бастауыш қызметін атқарып, субстантивтенуінен айқын көрінеді.

Дәл осы сияқты **ол - инженер** не **ол оқиды** дегендегі 3-жақ жіктік жалғауды, ол қатардағы 1-2 жақ тұлғалары және мағыналарымен салыстыра қарап, **сен оқы, сен сөйле** дегендегі 2-жақ бұйрық рай тұлғасын осы қатардағы 1 және 3-жақ, сонымен бірге 2-жақ сыпайы және көпше тұлғалары мағыналарымен, сондай-ақ **сен** деген сөзбен байланысқа түсуімен салыстыра қараудың нәти-

жесінде бұл тұлғаны бұйрық райдың, жіктік жалғаудың нөлдік формалары деп айта аламыз. Ойымыздың дұрыстығын көрсететін тілімізде тағы мынадай факт бар. Егер түбір тұлға мен сөйлеу процесінде пайда болатын формасыз тұлғаның арақатынасын, сондай-ақ грамматикалық форма мен мағынаның сәйкестігін сыртқы түр ұқсастығы негізінде тек формальды түрде ғана айқындайтын болсақ, әрбір ұқсас тұлғалардың мағына ерекшеліктері мен қызметі өзгешеліктерін ескермесек, олардың табиғатын дұрыс түсініп, сырын ашу мүмкін болмас еді. Осыған орай етістік түбір мен 2-жақ бұйрық рай тұлғаларының сырт сәйкес келуін бір деп қарайтын болса, етістіктің шақ, рай т.б. тұлғаларда кездеспегенімен, болымсыз етістік, етіс, күшейткіш етістік тұлғаларында кездесетін 2-жақ бұйрық түрімен сәйкестікті қалай түсіндірер еді? Яғни, **кел, бар** деген түбірлерге бұйрықтық, 2-жақтық, жекешелік мағына тән дейтін болсақ, ондай мағыналар 2-жақ бұйрықты, жекеше, анайы **кел-ме, бар-ма** деген болымсыз етістік түріне де, **кел-тір, кел-гіз, бар-ғыз, кел-іс, бар-ыл** т.б. сияқты етістіктің етіс түріне де, **кел-іңкіре, бар-ыңқыра** тәрізді күшейтпелі етістік түріне де тән деп мойындауымыз керек, ал сонда бұларды да етістіктің түбір тұлғалары деп тануымыз керек пе? Бұлар етістіктің түбір тұлғасы емес екендігі дәлелдеуді қажет етпейді. Бұлардың барлығында да бізді адастырып жүрген жайт, біріншіден, етістік түбірі де, етістіктің етіс, күшейтпелі етістік, болымсыз етістік тұлғалары да, сырт жағынан бұйрық рай формасымен сәйкес келуі, соның нәтижесінде, екіншіден, етістік осы тұлғаларда айтылғанда, еріксіз ойымызда **сен** деген сөздің онымен байланысы тұрады. Яғни, **кел, бар, келме, барғыз** т.б. сөздер айтылғанда, олар бірден ойымызда **сен кел, сен бар, сен келме, сен барғыз** конструкциясы түрінде ұғынылады да, түбір тұлғаның қасиетіне өзінде жоқ грамматикалық мағына үстелетін сияқты болып көрінеді. Ал бұл етістік тұлғаларының **сен** деген сөзбен конструкциялық үлгіде келуі - ол сөздердің тек қана **сөйлеу процесіне түсу нәтижесі**.

Сондай-ақ етістік түбірдің грамматикаларда көрсетіліп жүрген бір ерекшелігі - олардың тікелей жіктелмеуі. Ал бұйрық райдың 2-жағы - жіктелу үлгісінің бір көрінісі, яғни сөйлеу процесі нәтижесінде пайда болатын грамматикалық мағына. Міне, осы айтылғандардың барлығы етістіктің түбір тұлғасы мен 2-жақ бұйрық тұлғасы бір форма емес екендігін, тек сырттай сәйкес ке-

летіндігін, “етістіктің түбірі - бұйрық райдың 2-жағы” деген анықтаманың қате екендігін, етістіктің түбірі басқа сөз таптарының түбірлері сияқты жеке тұрып қолданыла алмайтынын көрсетеді. И.Е.Мамановтың: “Түркі тілдерінде түбір етістіктер ешқашан басқа сөздермен тіркеске енбейді де, сол күйінде дербес сөйлем мүшесі бола алмайды. Етістіктер есімше, көсемше, қимыл есімі, рай формаларымен түрленгенде басқа сөздермен синтаксистік қатынасқа еңіп, сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалады”, - деген пікірінің өте дұрыс екенін байқаймыз.

Етістіктің түбір тұлғасы қимылды, іс-әрекетті, прощесті т.б. білдіреді және ол - етістіктің жеке сөз табы ретіндегі жеке тұрғандағы семантикалық белгісі, негізгі жалпы грамматикалық мағынасы, ал бұйрық райдың 2-жағы сол етістіктің сөйлеу процесінде басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсудің нәтижесінде пайда болатын, грамматикалық нөлдік форма арқылы көрінетін түрлену мағынасы, яғни категориялық грамматикалық мағынасы болып табылады.

Ал енді қазақ тілінде бұйрық райдың 2-жақ анайы түрінің сырт тұлғасы әуелден-ақ етістіктің түбір тұлғасымен бірдей болған ба? деген заңды сұрақ туады. Оған жауап беру үшін бұйрық райдың жаққа қарай жіктелу ретін еске түсірейік.

Жекеше	Көпше
мен бар-айын, кел-ейін сен бар-, кел -	біз бар-айық, кел-ейік сендер бар-ыңдар, кел-іңдер
сіз бар-ыңыз, кел-іңіз	сіздер бар-ыңыздар, кел-іңіздер
ол бар-сын, кел-сін	олар бар-сын, кел-сін

Әрине, 1 және 3-жақтарда бұйрықтық мағына 2-жақтағыдай емес. Ол түсінікті де, өйткені адам өзіне-өзі (1-жақ) немесе көрінбеген бөгде біреуге (3-жақ) тыңдап отырған адамға (2-жақ) қаратылған сияқты толық мәнде бұйыра алмайды. Сол ерекшелігіне және 1 мен 3-жақтың қосымша тұлғасына қарап, кейбір ғалымдар, 1 және 3-жақтарды бұйрық рай жүйесінен бөліп қарау керек деген де пікір айтқан. Бірақ бұлардың ондай мағына ерекшеліктері оларды бөлек-бөлек грамматикалық категорияның я парадигманың көрсеткіші деуге негіз бола алмайды.

Осы жүйедегі 2-жақтың жекеше, сыпайы түрі мен 2-жақтың көпше анайы және сыпайы түрінің тұлғаларына назар аударайық. Олардың қосымшалары: 2-жақ жекеше сыпайы түрінде **-ңыз,**

-ңіз, -ыңыз, -іңіз, көпше анайы түрінде **-ңдар, -ңдер, -ыңдар, іңдер,** сыпайы: **-ңыздар, -ңіздер, -ыңыздар, іңіздер.** Бұл қосымшаларды **-ың (-ің, -ң), -ыз(-із) -ың(із); -ың (-ің, -ң), -дар -(дер), -ың (-ің,-ң) ыз(із)+дар(дер)** деген бөліктерге бөлуге болады: **-дар, -дер** көптік ұғымның көрсеткіші, **-ыз(із)-** сыпайылық мәнді білдіруші, ал **-ың, -ің, -ң** - екінші жақтың көрсеткіші.

Демек, бұйрықтық және 2-жақтық (категориялық) грамматикалық мағынаны білдіретін арнайы грамматикалық форма, яғни, етістіктің түбір тұлғасынан өзге екенін көрсететін грамматикалық көрсеткіші осы болған. Ол жеке тұрғанда (2-жақ анайы, жекеше түрінде) түсіп қалып қолданылған да, бұл форма сырттай ғана етістіктің түбір тұлғасымен ұқсас болып кеткен, ал басқа қосымшалармен қабаттасып келгенде, оның құрамында сақталып қалған. Бұл процесс кейінгі кездің жемісі емес, ертеректе болған, сөйтіп, бұйрық райдың 2-жақ жекеше, анайы түрінің мағынасы сақталып, грамматикалық формасы түсіп қалып, нөлдік тұлғада жұмсалуды, яғни етістіктің түбір тұлғасымен сырттай сәйкес келуі тұрақты нормаға айналған.

Сөйтіп, біріншіден, етістіктің түбір тұлғасы мен бұйрық райдың 2-жақ тұлғасы бір емес, олар сыртқы түрі жағынан ғана сәйкес келеді, сондықтан оларды ажырата білу керек, екіншіден, етістік түбірлері тікелей жіктелмейді, түбір тұлғасында белгілі бір мағына қимыл білдіргенмен, түбір күйінде тікелей сөйлем ішінде қолданылмайды, тек етістіктің белгілі грамматикалық тұлғаларын (есімше, көсемше, шақ, рай т.б.) жамылып және сол тұлғалар негізінде ғана жіктеліп барып жұмсалады. Тек қана қазіргі тілімізде **отыр, тұр, жатыр (жат), жүр** деген қалып етістіктері тікелей жіктеліп, қолданылады. Қалып етістіктері тек тікелей жіктеле алу жағынан ғана емес, басқа да сипаттары жағынан ерекшеленеді: 3-жақ жіктік тұлғасы мен бұйрық райдың 2-жақ тұлғасы сәйкес келеді: **ол отыр - сен отыр, ол тұр - сен тұр, ол жүр - сен жүр,** тек **жатыр** етістігі ғана 3-жақта **ол жатыр** болып, бұйрық райдың 2-жағында **сен жат** болып беріледі.

Сондай-ақ қалып етістіктері есімдерше, етістік тұлғаларының ішінде есімдерше жіктеледі.

Мен отыр-мын, тұр-мын, жатыр-мын, жүр-мін, инженер-мін, көрер-мін;

Сен отыр-сың, тұр-сың, жатыр-сың, жүр-сің, инженер-сің, көрер-сің;

Сіз отыр-сыз, тұр-сыз, жатыр-сыз, жүр-сіз, инженер-сіз, көрер-міз;

Ол отыр - ө, тұр - ө, жүр - ө, инженер - ө, жатыр - ө, көрер - ө;

Біз отыр-мыз, тұр-мыз, жүр-міз, жатыр-мыз, инженер-міз, көрер-міз;

Сендер отыр-сыңдар, тұр-сыңдар, жатыр-сыңдар, жүр-сіндер, инженер-сіндер, көрер-сіндер;

Сіздер отыр-сыздар, тұр-сыздар, жатыр-сыздар, жүр-сіздер, инженер-сіздер, көрер-сіздер;

Олар отыр - ө, жатыр - ө, тұр - ө, жүр - ө, инженер - ө, көрер - ө.

Қалып етістіктерінің бұндай ерекшеліктері олардың түбір тұлға емес екендігінен болып отыр. Қазіргі кезде түбір деп айтылып жүргенмен, етістіктің белгілі формалары негізінде қалыптасқан да, онда сол формалардың грамматикалық қасиеті қалып қойған. **Жатыр** етістігінің **жат** түрінде қолданылуы оның түбір емес екендігін көрсетеді. Сондай-ақ **отыр** етістігі **ол тұр - ол тұрар** тұлғасынан қалыптасқандығы белгілі. Ал **тұр** мен **жүр** де, етістіктің **түрүр** және **жүрүр** тұлғаларынан қалыптасқан, кейін соңғы **-үр, -үр** қосымшасы түсіп қалғанмен, оның грамматикалық қасиеті, процессуальдық мәні сақталып қалудың нәтижесінде қалып етістіктері осындай ерекшеліктерге, яғни әрі түбір тұлға ретінде 2-жақ бұйрық рай тұлғасымен омоним форма құрап, әрі процессуальдық мәні сақталып, осы шақтың (нақ осы шақтың) негізгі грамматикалық көрсеткіші болып саналып, 3-жақ жіктік жалғау тұлғасында, нөлдік формада жұмсалуға ие болған.

Сонда қалып етістігінің осы мәндері бір тұлғадағы ерекшеліктері ме? деген сұрақ туады.

Қалып етістіктерінің осындай әр түрлі мәндері бар бір ғана тұлғасының көрінісі емес. Мысалы, **тұр** - түбір десек, **сен тұр** - бұйрық райдың 2-жағы (жекеше, анайы түрі), **ол тұр** - 3-жақта жіктеліп қолданылған, бұлардың мағыналары қандай әр түрлі болса, формалары да сондай әр түрлі, түбірден басқасы - әр грамматикалық категорияның нөлдік формалары.

7.2. ЕТІСТІК КАТЕГОРИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Етістік, жоғарыда көрсетілгендей, семантикалық мәні айқын болса да, грамматикалық сипаты сан салалы, түрлену тұлғалары әр алуан сөз табы. Басқа сөз таптарындағыдай, морфологиялық құрамына қарай түбір (мейлі негізгі, мейлі туынды я күрделі түбір түрлерінде) және әр түрлі грамматикалық түр-тұлғаларға бөліну етістікке де тән. Бірақ етістік түбір тұлғада сөздің лексика-

лық мағынасын және лексикалық мағынаның жалпыланып, абстракциялануы нәтижесінде қалыптасып туады, жалпы грамматикалық мағынаны білдіргенмен, сол күйінде сөйлеу процесінде басқа сөздермен тікелей синтаксистік қарым-қатынасқа түсе алмайды, сондықтан да етістік сөйлемде түбір күйінде қолданылмайды.

Айталық, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу көбіне сөйлемде түрленбей-ақ, ешбір грамматикалық тұлғалар үстемей-ақ түбір күйінде қолданылып отырады. Тіпті зат есім де түбір тұлғада екінші бір зат есіммен тіркесіп, анықтауыштық қатынаста (**темір күрек, қабырға сағат** т.б.) немесе кейбір шылаулармен ғана (мысалы, **радио арқылы тыңдады, бала туралы әңгіме болды, қала сайын үй салынды** т.б. тәрізді) тіркесіп, әр түрлі синтаксистік қатынаста жұмсала алады. Әрине, зат есімнің атау тұлғада сөйлемнің бастауыш қызметінде және 3-жақта баяндауыш қызметінде немесе ілік, табыс септіктердің түсіп қалып, сыртқы түрі жағынан, жоғарыда көрсетілгендей, түбірге ұқсас тұлғада қолданылуының сыры бүтіндей өзгеше. Ал, **тыңда, дала, Жамбылды** тәрізді сөйлемдегі **тыңда** деген етістіктің (туынды) түбірі **тыңда** екені белгілі, бірақ бұл екі **тыңда** (сөйлемдегі **тыңда** мен оның түбірі **тыңда**) бір емес. Бұл сөйлемде етістік түбір тұлғасында емес, бұйрық райдың жекеше, анайы, 2-жақ тұлғасында (**сен тыңда**) жұмсалған. Ал етістіктің түбіріне тән, бірінші лексикалық мағына - нақтылы тыңдау қимылы, екінші, соның негізінде қалыптасқан абстракциялануы, жалпылануы негізінде пайда болған жалпы грамматикалық мағынасы - жалпы қимылды білдіру мағынасы сөздің лексикалық мағынасы өзгеріп кетпей, яғни басқа бір жаңа сөз жасалмай, сол сөзге неше түрлі грамматикалық тұлғалар жалғанып, соның нәтижесінде оларға сәйкес грамматикалық мағыналар үстелсе де, сақталып отырады.

Мысалы, **тыңдасам, тыңдатқызбайды** т.б. сөз бен сөз тұлғаларында жалпы тыңдау қимылы сақталған да, керісінше бұйрықтық, екінші жақтық, анайылық мағына жоқ. Сондай-ақ **тыңда** деген түбірге бұйрықтық, 2-жақтық мағына тән десек (қазақ тілінің грамматикалары мен кейбір зерттеулерде де), жоғарыда көрсетілгендей, етістіктің түбір тұлғасы осылай қате анықталып жүр. Онда **тыңда-т-қыз-ба, тыңда-ң-қыра-ма** тәрізділерді де етістіктің түбір тұлғасы деп тануға мәжбүр боламыз, өйткені бұлар да осы қолданысындағы мағынасы жағынан етістіктің бұйрықтық, 2-жақтық, жекеше, анайы түрімен сәйкес келеді: **сен**

тыңдатқызба, сен тыңдатқырама. Ал бұлардың түбір емес екендігі өзінен өзі - түсінікті.

Сөйтіп, қазақ тіліндегі сөз таптарының бірі болып танылатын етістік өзіне тән белгілі мағына білдіре алатын, бірақ қазіргі кезде сол күйінде қолданылмайтын түбір тұлға және неше түрлі грамматикалық мағынаның тұлғалық көрсеткіштері болып табылатын формалардың түрлену жүйесінің бірлігінен тұрады. Етістік түбірдің грамматикалық сипатын айқындауда кездесетін пікір ала-құлалығы немесе тіпті кейде оның мәніне түсінбеушілік етістік категорияларының ерекшеліктерін анықтап, оларды жіктеуден де байқалып жүр. Әдетте етістіктің түбірден өзге формаларының жүйесі мынадай грамматикалық категориялар ыңғайында қаралады: 1) қимыл атауы категориясы; 2) салттылық және сабақтылық категориясы; 3) етіс категориясы; 4) болымдылық және болымсыздық категориясы; 5) амалдың өту сипаты категориясы; 6) есімшелер категориясы; 7) көсемшелер категориясы; 8) рай категориясы; 9) шақ категориясы; 10) жіктік, көптік жалғауларының шаққа қатысы. Кейбір терминдік айырмашылықтарды есептегенде, бұл қазақ тілі оқулықтары мен етістік жайында жазылған еңбектерге тән болып келеді.

Етістік тұлғаларының жүйесін, оның грамматикалық сипаттарын түсіну үшін етістіктің сөйлемде (сөйлеу процесінде) қолданылу ерекшеліктеріне назар аударайық. Ең алдымен, жоғарыда көрсетілгендей, **етістік түбір тұлғасында тұрып қолданылмайды.** Етістіктің бұйрық рай (2-жақ анайы) сырттай қалып етістіктерінің 3-жақта (**ол отыр, тұр, жүр тәрізді**) қолданылуын түбір тұлғамен барабар деп түсіну қате екені тағы да жоғарыда ескерілді, оны естен шығаруға болмайды. Екіншіден, етістік тек жіктеліп барып немесе кейде -у тұлғалы тұйық етістік (қимыл атауы), анықтауыштық қатынаста - есімше, адвербиалдық мәнде көсемше түрлерінде ғана қолданыла алады: **оқу үшін келді, оқыған бала, айтар сөз, беретін жауап, дауыстап оқыды, жүре сойлесті, оқығалы келді** т.б. Үшіншіден, етістік түбірлері **отыр, тұр, жатыр** қалып етістіктері мен бұйрық рай тұлғасын есептегенде тікелей жіктелмейді. Оның үстіне етістіктің түбір тұлғасына үстелетін грамматикалық формаларының бәрі де, жоғарыда көрсетілгендей, бірдей жіктеле бермейді, яғни **-ыңқыра, -іңкіре, -ңқыра, -ңкіре** тұлғалы күшейтпелі етістік (кей еңбекте сипат тұлғасы деп аталады), етіс тұлғалары, болымсыз етістік түрлері тікелей жіктелмейді, оларға түбір тұлға сияқты

есімше, көсемше, рай, шақ тұлғаларының бірі үстелгенде ғана, жіктік жалғау жалғана алады. Төртіншіден, етістік формаларының белгілі жалғану тәртібі бар: түбірге тікелей жақын етіс тұлғалары, одан кейін күшейтпелі етістік, одан соң ғана болымсыз етістік формасы жалғанып, бұлардан кейін ғана рай, шақ, есімше, көсемше тұлғаларының бірі қосылып барып етістік жіктеледі: **жүргіз-іңкіре-ме-се-к, сойле-т-кіз-бей-міз, айтыл-ыңқыра-ма-йтын** т.б. Әрине, рай, шақ, есімше, көсемше тұлғалары етістік түбірге тікелей де жалғана алады: **кел-ген, кел-се-к, кел-е-мін, кел-іп-ті, кел-ер** т.б. Сондай-ақ етіс, күшейтпелі етістік, болымсыз етістік тұлғалары бірінің үстіне екіншісі қосыла берсе, рай, шақ, есімше, көсемше тұлғалары олай бірінен соң екіншісі қосылмай, етістікке олардың біреуі ғана жалғанады: **сойле-т-кіз-бей-мін** немесе **сойле-т-кіз-бе-п-пін** немесе **сойле-т-кіз-бе-ген-мін** немесе **сойле-т-кіз-бе-се-м** т.б. Бұның өзі етістіктің басқа тұлғаларына қарағанда, рай, шақ, есімше, көсемше тұлғалары грамматикалық сипаты жағынан қатарлас, реттес, мәндес, қызметтері жақын, ыңғайлас екендігін көрсетеді. Бұл сияқты ерекшеліктер етістік формаларының білдіретін мағыналық сипатынан да байқалады.

Етістіктің салттылық және сабақтылық сипаты оның жалпы грамматикалық семантикасына, яғни тура объектіні қажет ету-етпеуіне байланысты екені белгілі. Салттылық-сабақтылық мәнді көрсетерлік етістіктің арнайы грамматикалық (парадигмалық) формалары жоқ. Етіс жұрнақтарының көпшілігі салттылық-сабақтылық мәнмен, яғни өзгелік етіс сабақтылықпен, өздік етіс пен ырықсыз етіс салт етістікпен байланысты, бірақ бұл қасиет оның бірден-бір грамматикалық көрсеткіші емес. Салттылық-сабақтылық мән етістіктің грамматикалық мағынасы арқылы түсініліп, сөйлеу процесінде тура толықтауышты (тура объектіні) меңгеру-меңгермеу сипаты негізінде көрінеді. Сөйтіп, бұл құбылыс етістіктің таза грамматикалық сипаты емес, әрі тікелей семантикалық, әрі синтаксистік-қатынастық қасиеттерінің көрінісі болып табылады. Сондықтан салттылық-сабақтылық сипатты (грамматикалық ерекшелікті) етістіктің лексика-грамматикалық категориясы деп таныған жөн.

Рас, қазақ тіл білімінде етістік категорияларын осындай ерекшеліктеріне қарап, бірнеше топқа бөлу тәжірибесі бар. Педучилищеге арналған оқулықта етістікті лексика-семантикалық категориялар (көсемше, есімше, болымды және болым-

сыз етістік, сабақты және салт етістіктер, етістер) және грамматикалық категориялар (рай, шақ) деп екі топқа бөледі. И. Маманов етістік атаулыны ең алдымен *негізгі етістік және функциялық етістік* деп екіге бөліп, одан кейін негізгі етістіктің өзін *түбір етістіктер және модификациялы етістіктер* деп бөліп, “түбір етістіктерге сөздің лексикалық мағынасын білдіретін бөлігі жатса, модификациялы етістіктерге белгілі қосымшалар немесе көмекші етістіктер арқылы үстеме грамматикалық мағына білдіретін етістік формаларын” жатқызады, яғни модификациялы етістікке етістіктің салт және сабақты етіс, күшейтпелі етістік, күрделі етістік, сыпат, болымсыздық етістік категориялары енеді де, олар мынадай тәртіппен сатылап бөлінеді: “Бірінші орында түбір етістіктер, екінші орында модификациялы етістіктер, үшінші орында функциялық етістіктер тұлғалары, төртінші орында рай, шақ категориялары”.

Автор функциялық етістік тұлғаларына жіктік және тәуелдік жалғаулары арқылы жаққа бөлініп жіктелетін тұйық етістік, көсемше, есімше, шартты рай түрлерін жатқызады. Бірақ автордың “Осы функциялық етістіктердің жіктелуі арқылы етістіктердің рай, шақ формалары пайда болады”, - деген пікірлерімен келісуге болмайды, өйткені рай, шақ мағыналары етістіктің жіктелу тұлғасы (жіктік жалғаулары) емес, одан бөлек арнайы грамматикалық формалары, яғни олардың грамматикалық мәні есімше, көсемше формалары арқылы беріледі, ал жіктелу - жақ категориясының көрсеткіші. Етістік түбірге бірінші болып етіс тұлғалары және күрделі етістіктер, екінші орында қимылдың өту сипатын білдіретін категория тұлғасы, үшінші орында модаль категориясының көрсеткіштері, төртінші орында рай тұлғалары тұрады, жіктік жалғаулары, көсемше, есімше және тұйық етістік көрсеткіштері - етістікті аяқтайтын формалар. Бұдан етістіктің грамматикалық тұлғалары өздері білдіретін мағыналық ерекшеліктері жағынан да, сөзге жалғану тәртібі жағынан да бірдей емес екенін, оларды бір қатарға қойып қарауға болмайтынын байқаймыз. Бұл - бір. Екіншіден, осымен байланысты, жалпы грамматикалық категория деген ұғымды және етістік сөз табына байланысты оның шегін айқындап алу қажет. Өйткені әр зерттеуші бұл ұғымдарды өзінше түсінеді. Грамматикалық категорияның сөз таптары дегеннен бастап (сөз таптары категориясы, есімдер категориясы, етістік категориясы, зат есім категориясы, сын есім категориясы, сан есім категориясы, жалғау, жұрнақ категориялары т.б.)

жалғаулар мен сөз тудыратын және сөз түрлендіретін категорияға дейін бөлініп жіктелуі - осының көрінісі. Бұдан грамматикалық категория деген ұғымның мәні мен өзіндік сипаты айқындалмай, оның шекарасы бөлінбей, басқа ұғымдармен араласып кетіп отыр. Тіпті кейде бір ғана тұлға бірнеше грамматикалық категорияның көрсеткіші болып, әр түрлі грамматикалық категория деп аталу қаупі байқалады. Мысалы: есімшенің **-ған, -ген, -қан, -кен** тұлғасы, бұл тұрғыдан келгенде, біріншіден, есімше категориясы, екіншіден, қосымшалар категориясы, үшіншіден, жұрнақ категориясы, төртіншіден, сөз түрлендіретін категория, бесіншіден, шақ немесе өткен шақ категориясы т.б. сияқты танылуға тиіс.

Тіл білімінің қол жеткен соңғы жетістіктеріне сүйенсек, грамматикалық категорияның мәні мынадай сипаттары арқылы айқындалады. Ол әрине, бірден грамматикалық мағына ұғымымен тікелей байланысты. Бірақ грамматикалық категория деп тану үшін, ең алдымен, бір ғана грамматикалық мағынаның болуы жеткіліксіз. Яғни бірнеше (кем дегенде екі) грамматикалық мағына болуы керек. Екіншіден, ол грамматикалық мағыналар бір деңгейдегі мәндес, ыңғайлас сипатта болуы керек. Айталық, өткен шақтық және айтушы (бірінші) жақтық немесе қимылдың болымсыздық мәнін білдіретін мағыналар бір деңгейдегі ыңғайлас сипатта емес. Олардың бір грамматикалық категория құрауы жайында әңгіме болуы мүмкін де емес. Яғни олар бір грамматикалық категория шеңберіне ене алмайды. Үшіншіден, ол грамматикалық мағыналар өз ішінен бір-бірінен ажыратыла алатын қайшы мәнді сипатта болуы қажет. Төртіншіден, солардың бәріне лайық тұлғалық немесе парадигмалық берілу ерекшеліктері, грамматикалық көрсеткіштері болуға тиіс. Бесіншіден, сол грамматикалық мағынаның әрқайсысы белгілі грамматикалық амал-тәсілдер, тұлғалар арқылы беріліп отыруы керек. Алтыншыдан, осындай қасиеттер белгілі бір топтағы сөздердің грамматикалық немесе лексика-грамматикалық (семантикалық-грамматикалық) сипатын айқындай алатын мағыналық, тұлғалық белгісі болуға тиіс. Міне, осындай грамматикалық мағыналар жиынтығы мен олардың грамматикалық амал-тәсілдері я парадигмалық тұлғалар (формалар) арқылы беріліп, бірлікте тұруын грамматикалық категория деп тануға болады. Сондықтан осындай грамматикалық сипаттары бір грамматикалық, лексика-грамматикалық категориялар мен белгілі сөз табының ерекше

мағыналық-тұлғалық, құрамдық түрлері және мағыналық топтары деген ұғымдарды бір-бірімен шатастыруға болмайды.

Мысалы, сын есімнің сапалық және қатыстық болып бөлінуі -сын есімнің мағыналық - құрамдық түрлері деп танылады. Есімдіктің жіктеу, сілтеу, сұрау, топтау, белгісіздік, болымсыздық, өздік есімдіктер болып бөлінуі есімдіктің мағыналық топтары деп аталады. Бұндай топтар түрленбейтін, грамматикалық жағынан өзгеріске түспейтін сөз табы -үстеуде де бар. Бірақ бұлар грамматикалық категория болып табылмайды. Демек, морфологиялық тұлғадан сөз табының грамматикалық категориясы оның өз ішінде белгілі топ құрай алатын грамматикалық мағыналар жиынтығына және соған сәйкес түрлену жүйесімен, парадигмалық сипатымен тікелей байланысты. Бірақ түбір білдіретін жалпы грамматикалық мағынаға тигізер әсері жағынан, парадигмалық түрлену тұлғалары арқылы берілуі жағынан грамматикалық категориялар біркелкі емес. Бірде грамматикалық мағыналар жүйесі түбірдің жалпы грамматикалық семантикасы арқылы көрініп, жүзеге асып отырады. Әрине, ол грамматикалық семантиканы (мағынаны) лексикалық мағынадан ажырата білу керек. Мысалы, зат есімнің жалпы грамматикалық мағынасы жағынан жалқы және жалпы болып бөлінуі немесе адамға байланысты (кімдік) зат және адамнан басқаға байланысты (нелік) зат болып бөлінуі сөздердің тек лексика-грамматикалық семантикасына байланысты, ондай мағына грамматикалық тұлғалар, түрлену жүйесі арқылы берілмейді. Осындай ерекшеліктер жоғарыда көрсетілген етістіктің салттылық-сабақтылық қасиетінен де анық көрінеді.

« Етістіктің грамматикалық категорияларының жіктелуінде (топталуында) мынадай елеулі ерекшеліктер бар. Біріншіден, ол - етістік түбірінің, бір жағынан, грамматикалық сипатын өзгертпей, екінші жағынан, түбірдің семантикасына (мағынасына) аз да болса өзгеріс енгізіп, басқаша грамматикалық мағына немесе жаңа мән үстейтін тұлғалар. Олар, әдетте, етістіктің басқа тұлғаларынан түбірге бұрын жалғанады. И.Мамановтың оларды модификациялы етістік деп ерекше бөлуі тегін емес. Бірақ оны таза грамматикалық мағынамен сыбайластыру, сөйтіп, “етіс, күшейтпелі етістік, күрделі етістік негіздері түбір етістіктерге, таза грамматикалық мағына үстейтін модификациялы формалар болып табылады”, - деп түбір мағынасына тигізетін кейбір өзгерістерді

ескермеу олардың сипатын ашуға көмектесе алмайды. Сондықтан етістік тұлғаларының бұл түріне лексика-семантикалық та, грамматикалық сипат та тән. Оларға салттылық-сабақтылық етістік категориясы, етіс категориясы, күшейтпелі етістік категориясы, болымсыз етістік категориясы жатады.

Бұл категорияның бір түрінде тұрған етістік тұлғасының түбір етістіктен грамматикалық сипаты жағынан өзгешелігі, айырмашылығы болмайды: 1) бұйрық райдың 2-жақ анайы түрімен сәйкес, ұқсас келеді, яғни омоформалық сипатта болады; 2) сол күйінде қолданылмайды, яғни тікелей басқа сөздермен синтаксистік қарым-қатынасқа түсе алмайды; 3) тікелей жіктелмейді; тек рай, шақ (есімше, көсемше) тұлғаларын үстеп барып қана жіктеле алады. Қалып етістіктерінің (**отыр, тұр, жүр, жатыр**) тікелей жіктеле алуының сыры ерекше, бұлар тарихи жағынан негізгі түбірлер емес, **отыр - ол тұрұр, тұр - тұрұр, жатыр - жатырұр, жүр - жүрұр** дегеннен қалыптасқан да, қосымшалар түбірге сіңісіп кетсе де, не түсіп қалса да олардың грамматикалық сипаты (жіктелу қасиеті) сақталып қалған. Бұл етістіктердің осы қасиеті олардың 3-жақта **ол отыр, ол тұр, ол жатыр, ол жүр** болып, ұқсас тұлғалық түрде қолданылуынан да көрінеді және тікелей осы шақ көрсеткіші болуы да соған байланысты. Ол тұлғалар түбір білдіретін мағынаға әсері болғандықтан да, сөз тудыру сипатына жақын немесе сөзжасам қасиеті байқалып отырады. Мысалы, етістіктің салттылық-сабақтылық қасиетін кейбір ғалымдар етістік түбірлерінің омоним немесе полисемиялық сипатының межесі, критерийі ретінде де ұсынуы етіс, күшейтпелі етістік (немесе көрініс) тұлғаларын жаңа мағыналы сөз тудыратын (сөзжасам) жұрнақтары деп тануы бұл пікірді бірден-бір шешілген, қалыптасқан деп танымасак та, бұларда грамматикалық сипатпен бірге тұлғаларында парадигмалық түрлену жүйесі болумен бірге лексикалық (сөзжасамдық) сипат та бар екенін көрсетеді. Сондықтан бұларды етістіктің лексика-грамматикалық категориясы деп қарау жөн.

Болымсыз етістік көрсеткіші сырт тұлғасы жағынан етіс, күшейтпелі етістік қосымшалары сияқты түбірдің грамматикалық ерекшеліктеріне сәйкес келеді, бұлардың грамматикалық сипаты бір-біріне жақын, 2-жақ бұйрық раймен сәйкес, тікелей жіктелмейді. Семантикалық жағынан болымсыз етістік тұлғасы түбір білдіретін мағынаға өзгеріс ендіреді, яғни түбір білдіретін қимыл-

дын болуын емес, керісінше болмауын көрсетеді, сөйтіп, тікелей түбір семантикасына әсер етеді, ал, рай, шак (есімше, көсемше), жақ тұлғалары түбір семантикасына (мағынасына) ешбір әсер етпей, тіке соның үстіне қосымша мән (грамматикалық мағына) үстейді. Міне, осындай лексика-семантикалық және грамматикалық сипаттары жағынан болымсыз етістік тұлғасы рай, шак, есімше, көсемше тұлғаларынан гөрі етіс, күшейтпелі етістік тұлғаларына жақын болғандықтан, оны (болымсыз етістікті) да етістіктің лексика-грамматикалық категориясы қатарына жатқызған дұрыс.

Екіншіден, етістік түбірінен, бір жағынан, грамматикалық сипаты өзгеше, екінші жағынан, оның семантикасына (мағынасына) ешбір өзгеріс енгізбей, соның (сол түбір білдіретін және қосымшасы бар болса, лексика-грамматикалық категорияның білдіретін мағынасының) үстіне қосымша грамматикалық қана мағына үстейтін және тікелей жіктеле алатын рай, шак сияқты тұлғалар жүйесінің жиынтығы етістіктің таза грамматикалық категориясы деп аталады. Мысалы, **барса-м, бар-ғы-ң келеді; бар-сын, бар-ған-мын, бар-ып-ты** сияқты етістік формаларында **бару** қимылды ешбір өзгеріске түспей, оған тек сол қимылдың болуында шарттылық, қалау, ниеттілік, бұйрық-тілек, өткен шақтық мәндер сияқты модальдық үстелген.

Сөйтіп, **етістіктің грамматикалық категорияларын лексика-грамматикалық** (салт-сабақты етістік, етіс, күшейтпелі етістік немесе көрініс, болымсыз етістік категориялары) және таза грамматикалық (рай, шак, жақ немесе жіктелу) **категориялары деп екіге бөліп қараған жөн**, өйткені рай, шак категориялары етістіктің мағыналық жағынан оны өзгеріске **түсірмейтін ғана** тұлғасы емес, сонымен бірге етістікті басқа сөздермен байланысқа түсіруге дәнекер болып, жіктеліп, сөйлем ішінде қолдануға негіз болатын тұлғалары.

Бірақ бұл категориялардың ішіне есімше, көсемше, тұйық етістік немесе қимыл атауы енбей қалады. Өйткені бұлар етістіктің грамматикалық категориялары емес, ерекше түрлері болып табылады.

Тұйық етістіктің немесе қимыл атауының өз мәніне сай етістіктің грамматикалық категориясы бола алмайтынын көру қиын емес. Ең алдымен, тұйық етістік (қимыл атауы) жалпы грамматикалық жағынан қимылды емес, қимылдың атын, атауын білдіреді, сөйтіп, ол семантикалық сипаты етістікке емес, зат есімге жақын. Тұйық

етістік етістіктің негізгі және туынды түбірлеріне, сондай-ақ етістіктің лексика-грамматикалық категориялары (етіс, күшейтпелі етістік, болымсыз етістік) тұлғаларының үстіне **-у** қосымшасы жалғану арқылы жасалады. Бірақ бұл жұрнақ **рай, шак (есімше, көсемше)** тұлғаларының үстіне жалғанбайды. Бұл қасиет, екінші жағынан, тұйық етістіктің (қимыл атауының) грамматикалық сипатынан да айқын көрінеді: ол (тұйық етістік) зат есімдерше көптеледі, тәуелденеді, септеледі, соның арқасында зат есім сияқты синтаксистік қызмет атқарады, бірақ етістікке тән модальдылық (рай), шақтық мағына білдіре алмайды және жіктелмейді, етістікке тән синтаксистік қызмет те атқармайды. Бірақ тұйық етістік өзі жасалған түбір немесе етістіктің лексика-грамматикалық тұлғасын білдіретін салттылық-сабақтылық мағынаға еш өзгеріс енгізбей, сол мәнінде сақталып қалады: **айт-айту, жүргіз - жүргізу - сабақты, айтылды - айтылу, жүр - жүру** салт етістіктер және тұйық етістік тұлғасында ол етістіктің басқа сөздермен грамматикалық тұлғадағы байланысы бұзылмайды: **үйде бізге әңгіме айтты, даладан үйге кірді - даладан үйге ақырын кіру** т.б. Кейбір еңбекте тұйық етістік қимыл атау категориясы, қимыл есімі деп аталады.

Тұйық етістік зат есімше тікелей де, тәуелдік тұлғада да септеледі, көптік жалғау жалғанып көптеледі, бірақ жіктелмейді.

А. бару	баруың	1-жақ баруым	бару(лар)ымыз
І. барудың	баруыңның	2-жақ	баруың
Б. баруға	баруыңа	баруыңыз	баруларыңыз
Т. баруды	баруыңды	3-жақ баруы	барулары
Ж. баруда	баруыңда		
Ш. барудан	баруыңнан		

Зат есімдерше әр түрлі септік, тәуелдік тұлғаларда бастауыш, толықтауыш, анықтауыш (ілік септікте), пысықтауыш (көлемдік септіктерде және шылаумен, мысалы, **үшін - оқу, үшін келді, тіркесіп**), 3-жақта баяндауыш қызметінде (міндетіміз - **жақсы оқу**) жұмсалады. Бұлардың барлығында да тұйық етістік, бір жағынан қимыл атауы мәнін білдіріп, сабақты я салт мәнін сақтап отырады, екінші жағынан, зат есімнің мәні қызметінде жұмсалады. Сондай-ақ зат есімдер сияқты **-шы, -ші, -лы, -лі, -сыз, -сіз, -ыш, -іш, -дай, -дей** т.б. қосымшалар арқылы жаңа сөз жа-

сауға да негіз болады: **айтушы, жазушы, айтулы, ілулі, қазусыз, түйреуіш, тырнауыш, айтудай (айтылды)** т.б. Тұйық етістіктің біразы жаңа заттық ұғымға байланысты зат атауын білдіріп, зат есім де болып кеткен: **сабау, көсеу, жылу, жамау** т.б.

Дегенмен тұйық етістіктің немесе қимыл атауының етістік мәнінде (предикат қызметінде) қолданылуы да кездесіп отырады. 3-жақ жіктік жалғаудың нөлдік тұлғасынан басқа (мысалы, **міндетіміз - жақсы оқу**), жатыс септік тұлғасында да жіктік жалғаудың нөлдік формасында жұмсалады. **Абай әлі де кітап бетіне үңілуде** (Әуезов). **Нұрым енді аурудың иесі күйді, жазылады деп нанып, қуанышы қойнына сыймауда еді** (Торайғыров). Немесе **-улы, -улі және бұған тұра көмекші етістігі тіркесіп те сөйлемнің баяндауышы қызметінде жұмсалады: Энекей ілулі тұр** я тәуелденген түріне **керек, мүмкін, қажет, лайық** т.б., барыс септік тұлғасына **тиіс** т.б. сияқты модаль сөздермен тіркесіп келіп, баяндауыш қызметінде жұмсалады: **Тоғжан өз үйіне кеткен болу керек** (Әуезов). **Әркім өз сыбағасын алуға тиіс** (Мұстафин).

Әрине, есімше мен көсемшенің жайы бұған қарағанда өзгешелеу. Бірақ есімше де, көсемше де етістіктің бір ғана грамматикалық сипатымен, мәнімен шектеліп қоймайды. Бұл екеуі де екі жақты мән, екі жақты қызмет атқарады. Есімше әрі етістікше, әрі есімдерше түрленіп, екі түрлі грамматикалық сипатта, екі түрлі мәнді білдіріп, яғни бірде қимылды және соған сәйкес модальдылық рай мен шақтық мағынаны көрсетіп, бірде қимылға қатысты сындық белгіні көрсетіп, адъективтеніп атрибутивтік қатынаста (немесе сындық мәндегі сөздерше белгілі тәсілдермен субстантивтеніп те) жұмсалады. Есімшенің осындай етістікке тән емес екінші бір мәні мен қызметі, ерекше сипаты етістіктің айырықша бір түрі болып табылатын есімшенің негізгі қасиеті болса да, етістіктің грамматикалық категориялық сипаты шеңберіне сыймайды. Бірақ есімше етістіктің грамматикалық категориялары сипатына бүтіндей бейтарап та емес. Өзі (есімше) етістіктің жеке бір грамматикалық категориясы бола алмағанмен, етістікке тән бірінші грамматикалық сипаты мен қосымшасы арқылы түбірге (қимылға), үстелетін модальдық, шақтық мәні арқасында етістіктің шақ категориясының бір түрін жасауға негіз болып, соның бір грамматикалық тұлғалық көрсеткіші болып табылады.

Айта кету керек, **-ушы, -уші** тұлғалы сөздерді есімше деп тану әлі де талассыз емес, өйткені,

біріншіден, қосымшаның өзі күрделі, **-у** тұйық етістік пен мамандық кәсіп, бейімділікті т.б. білдіретін **-шы, -ші** (сөзжасам) қосымшаларынан тұрады, екіншіден, сонымен байланысты жіктелгенде де басқа есімше тұлғаларындай емес, заттанған (субстантивтенген) есім сөздерше жіктеледі: **мен алушымын** деген **мен алушы адаммын, сен хабар таратушысың** деген етіс хабар **таратушы адамсың** т.б. мәнде жұмсалады. Ал таза етістік мәнінде **-ушы, -уші** тұлғалы сөз **еді** көмекші етістікпен тіркесіп келгенде қолданылады да, **еді** жіктеледі. Бұл жерде **-шы, -ші** сөзжасам емес, функциялық мәндегі қосымшасы.

Тіпті ол екпіннің түсуі-түспеуінен де байқалады: **айтушы адам, хабар таратушы адам** т.б. дегенде екпін соңғы **-шы** буынға түседі де **айтушы едің, хабар таратушы едің** т.б. дегенде екпін **-шы** қосымшасына түспей, оның алдындағы **ту** деген буынға түсіп тұр. Бұл тұлғалы (**-ушы, -уші**) етістік **бол** (көбінесе болымсыз түрі **болма**) көмекші етістікпен тіркесіп келіп жұмсалғанда, тура есімше мәнін береді: **айтушы болма, тартынып қалушы болмаңдар, сөйлеуші болмасын, хабар беруші болмаңыз** т.б.

Есімше тұлғалы етістіктер бірдей формасы жағынан есімдерше жіктеледі, сөйлемді тиянақтап тұрады. 3-жақта арнайы жалғауы жоқ, нөлдік тұлға.

Сондай-ақ, әсіресе есімшенің **-ған, -ген, -қан, -кен** түрі тиянақсыз тұлғада келіп, бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарады: жатыс септікте (**мен барғанда, ол тұрып жатыр екен**), көмектес (**мен барғанмен, ол келмеді**), **-дықтан, -діктен** қосымшасы үстеліп (**мүғалім ауырғандықтан, сабак болмады**), **-ша, -ше, -дай, -дей** қосымшасы үстеліп (**мен барғанша, ол кетіп қалыпты**), сондай-ақ **сайын, соң, кезде, шақта** (шығыс септіктен кейін) **кейін, соң, бері**, (барыс септіктен кейін), **дейін, шейін** т.б. шылау, көмекші сөздермен тіркесіп келіп жұмсалады (**барған сайын, келген соң, бергеннен кейін, барғанға дейін, айтқан кезде** т.б.). Есімшенің барлық түрлері, жоғарыда көрсетілгендей, шақтық мағынамен тікелей байланысты, сондықтан да, бір жағынан есімшенің түрлері қай шаққа байланысты болса, сол шақ атауымен аталып бөлінеді, екіншіден, етістіктің шақ категориясын (грамматикалық категория ретінде) жасауға негіз болады, бірақ өзі есімше ретінде грамматикалық категория бола алмайды.

Өйткені есімшенің қай түрі да екінші сөзбен (зат есіммен) атрибутивтік (анықтауыштық) қаты-

наста, объективтік (сындық) мәнде (**кісі бол-ар бала, өнбе-с іс, көр-етін көз, ест-итін құлақ, айтқан сөз, бер-ген ақыл, жақсылығын айт-пақ адамдар** т.б.) немесе тәуелденіп, көптеліп, септеліп келіп субстантивтеніп (заттанып) қолданылса да **айт-қан-ың-а көніп, айда-ған-ың-а жүрмейді; жарас-тыр-мақ та, жаулас-тыр-мақ та ағайыннан; үш-ар-ым-ды жер, қон-ар-ым-ды сай біледі** т.б.) етістік мәнінен алшақтап, етістіктің грамматикалық категориясын көрсетуден гөрі есім сөздердің грамматикалық сипатын білдіреді.

Есімшенің есім мәнінде қолданысында оның етістікке тән шақтық мағынасы солғындап, әйтеуір қимылға қатысты болғандықтан және есімше тұлғалары етістік мәнінде қолданылғанда, белгілі бір шақтық мағынаны тұрақты түрде білдіріп отыратындықтан, ол (шақтық) мағына факультатив мәнде ғана байқалады. Мысалы: **Оған ерекше жағдай жасалған. Жылтыраған шамдар, көтерілген тозаң көрінеді** (Мұстафин). **Білгенге маржан** (Абай). **Ұяда не көрсен, ұшқанда соны аларсың** (Мақал). **Айырылар дос ердің артқы қасын сұрайды** (Мақал). **Жомарт дәл жиналыс басталарда келді** (Мұстафин).

Бұл мысалдарда **жасалған мен жылтыраған, көтерілген, білгенге және аларсың мен айырылар, басталар** деген есімшелердің шақтық мағынаны білдіруінде үлкен ерекшелік көрініп тұр. Мысалы, **айтылатын сөз айтылды** дегендегі **айтылатын** есімшеден нақты шақтық мәнді аңғару қиын: біріншіден, бұл позицияда есімше дағдылы я ауыспалы келер шақты білдіруі керек (әлі айтылмаған, бірақ айтылуға тиіс), бірақ, екіншіден, сөйлем (ой) өткен шақтық мәнде жұмсалып тұр. Сөйтіп есімше есім сөздер мәндерінде қолданылғанда, категориялық сипаттан айырылып қалады да, етістік мәнінде қолданылғанда, етістіктің белгілі категориясын (шақ категориясын) жасауға негіз болады. Сондықтан да оны бір категорияның шеңберінде ғана қарауға болмайды, етістіктің ерекше түрі деп атаймыз.

Көсемшенің грамматикалық сипаты есімшеге ұқсас, яғни көсемше де екі түрлі мәнді білдіріп, екі жақты қызметте жұмсалады. Бірі - етістіктің грамматикалық сипатын көрсетіп, қимылды білдіріп, шақ категориясын, күрделі етістікті жасауға негіз болады. Екіншіден, есімшеден айырмашылығы - қимылды емес, қимылдың әр түрлі сынын, амалын, белгісін т.б. білдіріп, адвербиалданып, грамматикалық жағынан түрленбей, үстеу қызметінде жұмсалады. Мысалы: **Үйге сойлей кіріпті** дегенде **сойлей** де, **кіріпті** де көсемше тұлға-

сында тұр. Бірақ **кіріпті** дегендегі көсемше формасы (**-іп**) шақтық мағынаны білдіріп (бұрынғы өткен шақ), жіктеліп келіп, етістіктің грамматикалық категориясын (шақ категориясын) жасауға негіз болса, сөйлей дегенде ондай категориялық мән де, сипат та жоқ, тек **-й** тұлғасы арқылы ғана бұл сөзді етістіктің көсемше түрі дей аламыз, ал грамматикалық мағынасы адвербиалдық, яғни кіру қимылының амалы, сондықтан **қалай кірді?** деген сұраққа жауап береді де, сөйлемдегі қызметі сын-қимыл пысықтауыш, бұл жерде етістікке жат екенін көру қиын емес.

Көсемшенің **-ып, -іп, -п** кейде **-а, -е, -й** тұлғасындағы етістік сөйлемде есімшелі етістікпен, тіпті кейде шартты райлы тұйық етістікпен және жедел өткен шақ тұлғасындағы етістікпен бірыңғай баяндауыш, кейде басқа сөйлем мүшесі қызметінде де жұмсала алады: **Сазарған балуан жауап бермей, жаңа үсталған жолбарыстай жан-жағына қабағын түйе, тесірейе қараса, қоршағандар түгелімен арық, түгелімен жыртық киімді** (Мұқанов). **Соның берген уәдесіне сеніп, үйінен жалғыз шығып кеткен** (Әуезов). **Рабиға қиналған күйде: “Енді өлдім-ау!” - деп бойсұна берген уақытта ғана Мұқаш келіп, тауып алды** (Сонда). **Не кісінеп, не пысыққан жылқы үні естілмейді... Бір тастың басына шығып, қадала қарды** (Сонда). **Шұғалар олендерін тоқтатып, арқаннан түсті** (Майлин).

Сондай-ақ, негізгі етістікке жалғанып, көсемше етістікпен тіркесіп, күрделі етістіктің (етістіктің аналитикалық формантын жасауға қатысып) құрамында жұмсалады: **бара жатыр, барып жатыр, барғалы жатыр, келе берді, келіп қойды, келгелі жүр** т.б. Осы қолданыстың барлығында да көсемше етістік сипатында қолданылады.

Көсемшенің үш түрінің үшеуі де екінші бір етістікке қатысты болып, қимылдың, іс-әрекеттің сынын, амалын, мезгілін, себебін, мақсатын білдіріп, адвербиалдық мәнде сөйлемде пысықтауыш қызметін атқарады. Бұндай жағдайда көсемшеде етістік қасиеті жоқ. Сонымен бірге көсемше формасы етістіктің үстеуге, кейде тіпті одан кейін шылауға айналуына түрткі болады: **қайта, тарта, қарай, айнала, лықа** т.б. сөздер осындай дамуды басынан өткізген.

Сөйтіп, қазіргі қазақ тілінде етістіктің, бір жағынан, лексика-грамматикалық категориялары, екінші жағынан, таза грамматикалық категориялары, ал үшінші жағынан, өзара жеке грамматикалық категория (шақ категориясын) жасауға негіз

болатын ерекше формалары (есімше, көсемше) немесе бүтіндей басқа сөз табының грамматикалық сипатын ғана көрсететін айрықша түрі (тұйық етістік) бар екенін байқай аламыз. Оларды, жоғарыда көрсетілгендей, грамматикалық, семантикалық сипаттары арқылы бір-бірінен ажырата білу қажет.

Бұның өзі етістік грамматикалық сөз табы ретінде басқа сөз таптарынан ерекше екенін көрсетеді. Етістіктің түрлену, тұлғалану жүйесі, олардың сөйлеуде қолданыстық қасиеті әрі күрделі, әрі сан алуан екенін байқаймыз. Сол түрлену жүйесінің негізінде құралатын грамматикалық, лексика-грамматикалық және таза грамматикалық категориялары мен ерекше грамматикалық тұлғаларының сипаттары да әр алуан.

7.2.1. Сабақтылық-салттылық категориясы

Етістік жалпы грамматикалық мағынасы жағынан нені білдірсе де (іс-әрекетті, қимылды, қозғалысты, көңіл күйін, сапалық белгінің өзгеру процесін, туу, өсу сияқты қимылды, амал-әрекетті, қалыпты т.б. мағыналарды) және қандай тұлғада (негізгі және туынды түбір, қосарланған, біріккен, тіркескен күрделі түбір, лексика-грамматикалық етіс және болымсыз етістік, таза грамматикалық - рай, шақ тұлғалары жіктеліп келгенде) тұрса да, я **сабақты**, я **салт** мәнін білдіріп тұрады. Яғни етістіктің салттылық-сабақтылық мәні оның, біріншіден, семантикалық сипаты, екіншіден, “тумысына тән” ерекшелігі екенін баса көрсеткен жөн. Мысалы, негізгі түбір деп танылып жүрген **оқу**, **жазу**, **қору**, туынды түбір деп танылып жүрген **ойлау** (**ой-ла**), **шегелеу** (**шеге-ле**), **ескеру** (**ес-кер**), **арқалау** (**арқала**), **үтіктеу** (**үтік-те**), күрделі (тіркесті) түбір деп танылып жүрген **жек көру**, **келемеж ету**, **оқып отыру**, **әңгіме қылу** т.б. етістіктер сабақты және әр түрлі тұлға түрлері де, **оқы-ған**, **оқы-дым**, **оқып-сың**, **жазып-ты**, **жаз-ады**, **көр-гісі келді**, **ойла-ма-ған**, **үтікте-йді**, **жек көр-месе**, **келемеж ет-кісі келді**, **әңгіме қыл-ған-сыз** т.б. сабақты етістік болып табылады, өйткені бұлардың барлығы да тура объектіні тікелей талап етеді: бұған **кімді?** **нені?** деген сұрақ қойылады да онымен тіркесетін табыс септікті зат көрініп тұрады: **кітапты** (**нені?**) **оқу**, **оқып**, **отыру**, **отыр-ған-мын**, **баласын** (**кімді?**) немесе **артық сөзді** (**нені?**) **жек қору**, **жек көр-етін-сіз**, **жек көр-гісі келді** т.б. Сол сияқты түбір тұлғасы **келу**, **жүру**, **түру**, **күлу**, туынды түбір **ойнау** (**ойын-а**), **бозару** (**боз-ар**), **кему**

(**кем-і**), **кобею** (**көп-ей**), күрделі түбір **таң қалу**, **тарс ету**, **бармақ еді**, **келе жату**, **отырып қалу** т.б. етістіктер салт болып, бұлардың басқа да әр түрлері, мысалы, **кел-генмін**, **кел-се**, **кел-іп отыру**, **ойна-сам**, **ойнай-мын**, **ойна-п отыру**, **кел-гісі келу** т.б. сабақты емес, салт етістік болып табылады, өйткені бұлардың барлығы да тура объектіні қажет етпейді, табыс септікті зат есіммен тіркеспейді. Сондықтан да **кімді?** немесе **нені?** **келді**, **ойнады**, **бозарған**, **таң қалды** т.б. деп айтуға болмайды. Әрине, бұдан салт етістікті де, сабақты етістікті де тудыратын грамматикалық тұлға, топ бүтіндей жоқ екен деуге болмайды. Мысалы, етіс жұрнақтары мен кейбір сөзжасам қосымшалары салт етістік немесе сабақты етістік жасау қызметін де атқарады, бірақ бұл парадигмалық жүйе сипаты дәрежесіне жете алған жоқ, сондықтан бұлар сабақтылық-салттылық категориясының грамматикалық тұлғалану жүйесі бола алмайды.

Бұл жағынан келгенде етістіктің салттылық-сабақтылық семантикалық түрлі ерекшеліктері зат есімнің жалпы есім - жалқы есім, адамға байланысты зат, адамнан басқа атауларға байланысты зат, сын есімнің сапалық-қатыстық немесе сапалық сын есімнің түр-түсті және сапалық сын - көлемдік сын т.б. түрлеріне ұқсас келеді. Өйткені бұлардың басты ерекшелігі, өзгешелік белгісі жалпы осы топтағы сөздердің жалпы грамматикалық мағынасының (семантикасының) әрі біртектес, ыңғайлас және әрі бір-біріне қайшы келе алатын, оппозициялық сипатта бола алатын қасиетінде: жалпы біртектес, бірыңғай заттардың жалпы атауы (жалпы есім) және соның жеке дара затқа берілген атауы (жалқы есім) және оның нақтылы шегі болуы: кісінің аты, жер аты, мекеме, ұйым атауы т.б. немесе тек адамға байланысты (адам, туыс, кәсіп-мамандық, қызмет, лауазым баптарына т.б.) атаулармен ғана қарама-қайшы мәндегі қалған бар зат, құбылыс, жан-жануарлар т.б., атаулары және олардың алғашқысы (адамға байланысты) **кім?** деген сұраққа жауап беруі, екіншісі қарама-қайшысы **не?** деген сұраққа жауап беруі сапалық сын зат, құбылыстың сапалық белгісін, түс-түрін т.б. білдіруі де, қатыстық сын әр түрлі зат, құбылыс, қимыл, іс-әрекеттің т.б. қатыстық сипатын білдіруі және сапалық сын есімнің шырай тұлғаларымен түрлене алуы, ал қатыстық сындарға шырай тұлғаларының жалғанбауы сияқты болып келеді. Бірақ бұл көрсетілген тілдік құбылыстардың осындай семантикалық (мағыналық) сипаты (бір тектес, әрі қарама-қайшы) болғанмен, грамматикалық

көрсеткіші, ол мағыналардың сипатын көрсетіп тұрарлық грамматикалық тұлғалары жоқ. Сондықтан бұлар грамматикалық немесе (зат есімнің я сын есімнің) лексика-грамматикалық категориясы бола алмайды. Ал сабақты етістік пен салт етістіктің бұл сипатта жайы өзгеше. Дегенмен, семантикалық түрге бөліну ерекшеліктеріне сай грамматикалық сипаты да бар: ол - сабақты етістіктің әр уақытта тура объектіні талап етіп тұруы да, ол қасиет табыс септікті сөзбен тікелей байланыс жасап, соны меңгеріп тұруы, ал салт етістікте тура объектіні қажет етпей, табыс септікті сөзбен байланыспай қолданылуы, сөйтіп, семантикалық ерекшелік грамматикалық (синтаксистік-морфологиялық) тұлға арқылы жүйелі түрде іске асып, грамматикалық сипатының көрсеткіші бола алуында. Етістіктің салт және сабақты болып бөлінуі олардың қалайда болмасын тұлғалық ерекшеліктеріне емес, негізінде, лексикалық (дұрысында жалпы грамматикалық) мағыналарына байланысты болып келеді. Сондықтан да бұл категория етістіктердің семантика-синтаксис саласындағы өзгешеліктері қатарында танылады. Сондықтан да салттылық-сабақтылық категориясын етістіктің лексика-грамматикалық (таза грамматикалық категорияларына қарама-қайшы) категориясы деп танып, бөліп көрсетеміз.

Салт-сабақты етістіктердің семантикалық сипатының басым болуы қасиетіне қарап, кейбір зерттеушілер, біріншіден, салт етістікті сабақты етістікке және сабақты етістікті салт етістікке айналдыратын қосымшаларды сөзжасам қосымшалары деп, екіншіден, салттылық-сабақтылық белгіні етістіктің полисемиялық немесе омонимиялық сипатын ажырататын критерий деп те ұсынады, яғни бірдей айтылатын етістіктер әр уақытта тек сабақты немесе тек салт мәнінде болса, онда ол көп мағыналы етістік те, бірде салт, бірде сабақты болса, омоним яғни бөлек-бөлек сөз (етістік) деп бөледі.

Олай болғанда **жүру** салт етістігінің ауыс мағынада сабақты етістік мәніндегі **жүру** (шахмат ойынында, мысалы, **атты, офицерді** т.б. дойбы ойынында, **тасты я биді**, қарта ойынында **алтылықты, тұзды** т.б. **жүру**), **ойнау** салт етістігінің ауыс мағынада сабақты етістік мәніндегі **ойнау** (мысалы, **шахмат ойнау, футбол ойнау, хоккей ойнау** т.б.) бөлек-бөлек сөздер болып шығар еді. Бұл мәселеде мынаған жүгінбеске болмайды: “Етістіктердің бәрі бірдей я салт, я сабақты (яғни я тек салт, я тек сабақты (И.С.) бола бермейді. Олардың ішінде әрі салт, әрі са-

бақты болатындары да бар. Әдетте мұндай қасиеттер не омоним етістіктерде (тек омоним болу міндетті емес (И.С.), не полисемиялы (көп мағыналы) етістіктерде болады. Мысалы, **арт, жүр, тара...** етістіктерін қолдана қалсақ, олардың әрқайсысынан **жүкті арттық** және **ақылы артты, сен жетілік қарғаны жүр** және **сен үйге жүр, шаштарыңды тарандар** және **үйді-үйлеріңе тарандар** деген сөйлемдер құрауға болады. Ал мұндағы етістіктің әрқайсысы әрі салт, әрі сабақты болып қызмет атқарып тұр” (Ы.А.). Бұлай болудың, яғни кейбір етістіктер ауыс я қосымша мағынада көп мағынаның бірінде келгенде әрі салт, әрі сабақты болуы, біріншіден, тілдің дамып отыруының жемісі, тілмен бірге соның бір элементі ретінде етістік, оның семантикалық қырлары да дамып, жетіліп, өзгеріске түсіп отырады. Екіншіден, етістіктегі салттылық-сабақтылық мән оның (етістіктің) жалпы грамматикалық мағынасының (лексикалық мағынасының жалпылануы, абстракциялануы нәтижесінде пайда болатын грамматикалық мағынасының) негізгі дінгегі, тірегі, басты мәнді көрсеткіші емес екенін көрсетеді, ондай жалпы грамматикалық мағынаның басты мәнді көрсеткіші - жалпы қимылды, іс-әрекетті, процесті білдіру, ал салттылық-сабақтылық соның негізінде ғана пайда болатын екінші семантикалық сипаты. Етістік түбірлерге кейбір (әсіресе, етіс) қосымшалар жалғану нәтижесінде етістіктің негізгі қимылдық, іс-әрекеттік семантикасы өзгермей, сабақты етістік салт етістікке, салт етістік сабақты етістікке айналуының өзі осыны дәлелдейді. Мысалы, **әңгімені айту, кітапты оқу, пальтоны кию, үйді тазалау** т.б. сабақты етістік те, оған ырықсыз, кейде өздік етіс қосымшасы жалғанса, олар салт етістік болып шығады: **әңгіме айтылды, кітап оқылды, бала киінді, үй тазаланды**. Ал керісінше **шам сөнді, бала отырды, аттар жарысты, оқушылар жүгірді** дегендер салт етістік те, оған өзгелік етіс жұрнақтары жалғанса, бұлар сабақты етістікке айналады: **шамды сөндірді, баланы отырғызды, аттарды жарыстырды, оқушыларды жүгіртті**.

Аталған етіс тұлғаларының осындай қызметін, яғни өздік және ырықсыз етіс қосымшасы сабақты етістікті салт етістікке, өзгелік етіс қосымшасы салт етістікті сабақты етістікке айналдыратынын жоққа шығармай, бұл тілдік құбылыстың жүйелі, толық парадигмалық сипат ала алмағанын айтпасқа болмайды. Мысалы, өздік етіс қосымшасы әр уақытта сабақты етістікті салт етістікке айналдыра бермейді. Тілімізде, көбіне

ауыз әдебиеті нұсқаларында **белін бу-ын-ды, киім ки-ін-ді, беті-қолын жу-ын-ды** тәрізді өздік етіс қосымшасы жалғанған етістік тура объектімен (табыс септікті сөзбен) тіркесіп, сабақты етістік ретінде қолданылады. Өзгелік етіс қосымшасы салт етістікке ғана жалғанып, оны сабақты етістікке айналдырып қоймайды, сабақты етістікке де жалғанып жұмсалады, ол етістіктің сабақтылық сипаты сақталып отырады: **кітапты мен оқыдым - кітапты маған оқытты, ол олең айтты - ол бізге олең айттырды я айтқызды**. Ал ортақ етіс тұлғасы етістіктің салттылық-сабақтылық сипатына бүтіндей бейтарап, яғни түбірі салт етістік болса, ортақ етіс қосымшасы жалғанғаннан өзгермей, сол салт етістік сипатында қала береді, түбірі сабақты етістік болса, ортақ етіс тұлғасы жалғанғаннан кейін де сабақты болып қала береді. Сондықтан да етіс тұлғалары белгілі дәрежеде салт я сабақты етістік тудыру қызметін атқарса да, олардың (салт я сабақты етістіктің) грамматикалық тұлғалар жүйесі, категориялық көрсеткіші бола алмайды.

7.2.2. Етіс категориясы

Етіс - етістіктің ерекше категориясы. Әдетте етіс қимыл, іс-әрекеттің, субъекті мен объекті арасындағы (семантикалық-синтаксистік сипаты) әр түрлі қатынасты білдіріп, белгілі қосымшалар жүйесі арқылы жасалатын етістік категориясы деп анықталады.

Айта кету керек, сөзжасам қосымшалары сөзге жалғанғанда, оны (сол сөзді) өзгертіп жіберетіндіктен, жаңа мағыналы (лексикалық мағыналы) сөз тудыратындықтан (сөйтіп, тілдің грамматикалық құрылысын емес, сөздік құрамын байытатындықтан), жаңа лексикалық мағыналы сөздің жалпы грамматикалық мағынасы да, грамматикалық сипаты да өзгереді, сойтіп, ол жаңа сөз сөйлемде басқаша грамматикалық байланыстарға түсіп, өзгеше қарым-қатынастарды білдіріп, жаңаша қызмет атқаруы таң қаларлық жай емес. Сондай-ақ етіс тұлғалары сөзжасам қосымшалары болса, біріншіден, ол грамматикалық сипаты бар тілдік құбылыс болмай, яғни сөздердің белгілі бір грамматикалық тобының (сөз табының, яғни етістіктің) тұлғалық көрсеткіші болмай, етістіктің шеңберінде ғана қалып қоймай, екіншіден, парадигмалық сипаты болмай, категориялық мәнді білдірмей, басқа да толып жатқан сөзжасам қосымшаларының бірі болып қала берер еді.

Сөз жоқ, етіс жұрнақтары семантикалық сипаты жағынан сөзжасам қосымшаларына жақын.

Кейбір түрлері жаңа сөз жасап, етіс қосымшалы етістік негізгі сөздік құрамнан жеке лексикалық единица ретінде орын алған. Мысалы, **таң асыру, қызды айттыру, бір көрген біліс, екі көрген таныс, үйге кіріп жылынды, үйді жылытты, рұқсат беруді отінді, бұған екеуі де келісті, екі дауға келгенде ол маған болысады, оқуға берілді, ауруынан жазылды, олар бәрібір табысады** т.б. қолданыстағы етістіктер етіс қосымшалары арқылы жасалған туынды түбір негізгі түбірден туған жаңа мағыналы сөздер болып табылады: **ас, айт, жылы** түбірлерден **-ыр, -тыр, -т**, өзгелік етіс қосымшасы арқылы, **біл, таны, кел**, түбірлерден **-ыс, -іс, -с** ортақ етіс қосымшасы арқылы, **жылы, от** түбірлерден **-н, -ін** өздік етіс қосымшалары арқылы, **бат, жаз** түбірлерден **-іл, -ыл** ырықсыз қосымшалары арқылы жаңа мағыналы сөз жасалған. Сондай-ақ қазіргі кезде түбір және қосымшаға ажырамайтын, өлі түбір деп есептелетін, бірақ тарихи тұрғыдан бір кездегі өзгелік етіс пен өздік етіс қосымшалары деп танылатын, қазір әрқайсысы жеке-жеке сөз, лексема деп қаралатын **оян мен оят, үйрен мен үйрет, жұбан мен жұбат, уан мен уат** сияқты жеке-жеке параллель сөздердің тілімізден орын алуы етіс қосымшаларының сөзжасамдық сипатының белгісі болса керек. Сондай-ақ бір сөзге етіс тұлғаларының бірінің үстіне бірінің, тіпті өзгелік етіс қосымшаларының өзі бірнеше рет қабаттасып жалғануы да таза грамматикалық немесе категориялық грамматикалық тұлғалар қасиеті шеңберінен шығатын белгілер болса керек. Бірақ соған бола тұрса да, етіс қосымшалары әр уақытта өзі жалғанған етістік түбірдің мағынасын, лексикалық мәнін өзгертіп жібере ме, әрқашан жаңа лексикалық мағыналы сөз жасай ма? Мысалы, **Ол баласына хат жазды. Бұл хат кеше жазылды. Баласына хатты маған жаздырды. Ол екеуі бір-бірімен ылғи хат жазысады**. Осы сөйлемдердегі хатқа байланысты жазу (жазды), жазылу (жазылды), жаздыру (жаздырды), жазысу (жазысады) етістіктері бөлек-бөлек сөздер ме? Тіпті хатқа байланысты болуын арнайы көрсетпегеннің өзінде (**кітап, олең, шығарма** т.б.) толып жатқан затқа байланысты жалпы жазу қимылы, іс-әрекеті өзгерді ме? Не өзгерді. Етістіктің (**жазудың**) жалпы грамматикалық мағынасы яғни жазу қимыл-процесін білдіруі өзгерген жоқ, сөзжасам қосымшасы болса, оны өзгертіп жіберер еді: **шеге** зат атауы, **шегеле** - оған байланысты қимыл, **қара** белгіні, түсті білдіретін сын, **қарай** сол түске айналу процесі (қимыл-әрекеті) т.б. Тек бұл жазу

етістігі емес, **оқы-оқыл-оқып-оқытқыз, айт-айтыл-айтыс-айтқыз-айтқыздыр, сөйле-сөйлем-сөйлес-сөйлет-сөйлеткіз, шегеле-шегелес-шегелет-шегелеткіз** т.б. етістіктерде етіс жұрнақтары жаңа сөз тудырмайды, етістік түбір білдіретін семантикасын өзгертіп жібермей лексикалық және жалпы грамматикалық мағынасы сақталып қалады, тек сабақтылық-салттылық мәні өзгеріп, сөйлемде субъект пен объект арасындағы қатынасы ауысуы мүмкін: **оқы** етістігінен жасалған **кітап оқылды** дегенде тура объект (кітап) грамматикалық бастауышқа айналып, тура объект керек етілмей қолданылса, **ол бізге кітап оқытты (оқытқызды)** деген оқу қимылының иесі, іске асырушысы **ол** болып тұр да, бірақ **ол** сол қимылды (оқу әрекетін) тікелей өзі атқармай екінші біреу (субъект) арқылы іске асырып отыр, яғни **оқу** қимылын тікелей жүзеге асырушы - **біз, ол** қимыл, іс-әрекетті тікелей орындаушы субъект, агент деп аталады, бірақ грамматикалық бастауыш (субъект) емес, грамматикалық жанама объект мәні мен қызметінде қолданылған. Сондай-ақ **оқу** етістігі (**оқытты**) тура объектіні міндетті түрде талап етіп отырады (**кітап-ты**): **ол жуынды** дегенде **жуу** қимылын іске асырушы субъект (ол) сол қимылды өзіне бағыттайды, сөйтіп, қимыл, іс-әрекеттің субъектісі белгілі дәрежеде объектісі де мәні мен қызметінде жұмсалады, бірақ ол грамматикалық субъект болып қала береді; **ол екеуі бір-бірімен хат жазысады** дегенде қимыл, іс-әрекеттің бір ғана субъекті тарапынан емес (іс-әрекетті орындаушы біреу емес), бірнеше екенін білдіреді. Бұл сияқты етістік түбірге етіс қосымшалары жалғанғаннан кейін пайда болатын мағыналар мен синтаксистік қарым-қатынастар, негізінен алғанда, етістік түбірдің жалпы грамматикалық мағынасын өзгертпейді, тек сабақтылық-салттылық мәнін ғана өзгертуі мүмкін.

Сондай-ақ етіс тұлғаларының тіліміздегі етістік атаулының бәріне я белгілі бір тобына (ырықсыз және өздік етіс қосымшалары тек сабақты етістіктерге жалғануы) жалғана алуы, яғни әмбебап қасиеті, сөйтіп барып грамматикалық абстракция жасай алуы, өнімділік-өнімсіздік, құнарлық-құнарсыздық сипатының болмауы, соның арқасында қосымшалары жалғанған жердің бәрінде жаңа сөз тудыру қатарын құрай алмауы етіс қосымшаларын сөзжасам қосымшаларының қатарына қосуға болмайтындығын көрсетеді. Ал кейбір етістіктің құрамында келіп, жаңа туынды түбір, демек негізгі түбірден өзгеше жаңа лексикалық мағына білдіретін жоғарыда көрсетілген

тәрізді сөздердің [**қыз**] айттыру, [**таң**] асыру, [**бір көрген**] біліс, [**екі көрген**] таныс, [**үйге кіріп**] жылынды, [**үйді**] жылытты, [**рұқсат беруді**] өтінді, [**бұған екеуі де**] келісті, [**екі дайға келгенде ол маған**] болысады, [**оқуға**] берілді, [**ауруынан**] жазылды, [**олар бәрібір**] табысады, айттырудан айттыру, асудан асыру, білуден білісу, танудан танысу, жылудан жылыну мен жылыту, отуден өтіну, келуден келісу, болудан болысу, беруден берілу, жазудан жазылу, табудан табысу тәрізді жеке лексема болып, сөздік құрамнан бөлек-бөлек орын алуы тек қана етіс (өзгелік, ортақ, өздік, ырықсыз) қосымшаларының жалғану нәтижесі емес, одан да гөрі семантикалық процестің (сөзжасамның синтетикалық тәсілінен гөрі семантикалық тәсілінің) басым болуы, ондай процестер тілімізде аз емес.

Етіс тұлғаларының тағы бір ерекшелігі бар. Ол: етіс қосымшалары етістік түбірге жалғанып, түбірдің грамматикалық сипатын өзгертпейді, яғни етіс тұлғалы етістіктер түбір (негізгі, туынды) етістіктерше: 1) сырттай бұйрық райдың 2-жақ жекеше, анайы түрімен сәйкес келеді; 2) тікелей жіктелмейді, тек рай, шақ (көсеше, есімше) тұлғаларын үстеп барып жіктеледі және сол тұлғалар (рай, шақ) жалғануға негіз бола алады; 3) сондықтан да сөйлемде сол тек етіс тұлғасында қолданылмайды. Осы сияқты қасиеттерінің негізінде И.Маманов жалпы етістік атаулыны негізгі етістіктер және функциялық етістіктер деп екі топқа бөліп, негізгі етістіктер оның грамматикалық категорияларын жасауға негіз болады дей келіп, оның өзін екі түрге бөліп, бірін түбір етістіктер, екіншісін модификациялы етістіктер деп, модификациялы етістіктердің қатарына етіс, болымсыз етістік, күшейтпелі етістік және күрделі етістікті (көсемше формаларының көмекші етістіктермен тіркесуі) ерекше бөліп жатқызады.

Сөйтіп, **етіс тұлғалары сөзжасам қосымшалары емес, жоғарыда көрсетілген сипаттары** (және тұлғалар жүйесінің сөзжасамға қарама-қайшы барлық етістік түбірлерге жалғана алу мүмкіндігінің арқасында) **негізінде етістіктің лексика-грамматикалық категориясы болып табылады.**

Мағыналық ерекшеліктері мен синтаксистік қызметіне және тұлғалық ерекшеліктеріне негізделіп, қазақ тіліндегі етістіктерді де: негізгі етіс, өздік етіс, ырықсыз етіс, ортақ етіс және өзгелік етіс деп беске бөліп жүр.

Негізгі етіс деп аталатын етіс түрінің етістік түбірі деген ұғымынан, мейлі негізгі түбір, мейлі

туынды түбір, мейлі күрделі түбір болсын, не семантикалық жағынан, не формалық жағынан, не синтаксистік қызметі, басқа сөздермен қарым-қатынасы жағынан ешбір айырмашылығы жоқ. Бұл - бір. Екіншіден, грамматикалық я лексика-грамматикалық категория (түрлеріне) негіз болатын тұлға, яғни негізгі етіс аталған, дұрысында етістік түбірі деген тұлға ол категорияның бір түрі бола алмайды, категория шеңберіне енбейді, сол категория түрлеріне негіз ғана болады. Сондықтан негізгі етіс деген етіс категориясының түрі жоқ.

7.2.2.1. Өздік етіс

Өздік етіс қимыл, іс-әрекеттің орындаушысына (иесіне), субъектіге қарай бағытталып, сабақты етістікке **-ын, -ін, -н** қосымшасы қосылып жасалады: **ки - ки-ін-ді, көр (дәрігерге) - көр-ін-ді, шеш - шеш-ін-ді, тара - тара-н-ды, сұра - сұра-н-ды, сұрт - сұрт-ін-ді** т.б. Осы мысалдан көрінетіндей, біріншіден, қимыл, іс-әрекет іс иесі субъектіге қарай бағытталады, сөйтіп, субъекті әрі тура объекті мәнінде қызмет атқарады. Ол өзіне-өзі субъекті әрі тура объекті мәнінде қызмет атқарады. Ол **өзін-өзі киіндіреді, өзін-өзі тазалайды, өзі (дәрігерге) көрсетеді, өзін-өзі шешіндіреді, өзін, яғни шашын өзі тарайды, өзін біреуден, жұмыстан босатуға ма, бір жаққа баруға ма сұрайды, өзін, денесін, бетін сүртеді**. Бұл жерде түбірдегі сабақты етістіктердің объектісі субъектінің дене мүшесіне, өзіне т.б. қарасты сөздер, ал өздік етісте ол объекті түгел субъектінің өзіне көшеді. Екіншіден, өздік етіс жұрнағы негізінен сабақты етістікке жалғанады, бірақ барлық сабақты етістіктерден өздік етіс жасала бермейді, яғни барлық сабақты етістік түбірге өздік етіс қосымшасы жалғана бермейді, тек қимыл, іс-әрекет субъектінің өзіне қарай бағытталатын сабақты етістіктерден ғана өздік етіс жасалады және онда өздік етіс қосымшасы сабақты етістікті салт етістікке айналдыру қызметін атқарады. Мысалы, **айт, оқы, бер, (атты) ағыт, ат** т.б. сияқты сабақты етістіктерден өздік етіс жасалмайды, өйткені бұл сияқты сабақты етістіктердің тура объектілері (**олеңді, әңгімені айту, кітап оқу, қарызды, кітапты беру, атты ағыту, біреуді ату**) іс иесі субъектіге тура қаратыла алмайды. Кейде жыр мәтіндерінде өздік етісті сөйлемде тура объекті де бөлек беріліп, қимылдың субъектіге байланысты нақты қай жеріне бағытталғанын білдіреді: **Енді белін түйінді, Асыл киім киінді** (Қыз Жібек). Бұл - әдеттегі қолданыстан гөрі

стильдік мақсаттағы нормадан ауытқу болып табылады.

Сонымен бірге өздік етіс көрсеткішіне құранды (күрделі) қосымша **-лан, -лен, -дан, -ден, -тан, -тен** де жатқызылады: **ой-лан, намыс-тан** т.б. Бұл құранды қосымша сөзжасам **-ла, -ле, -да, -де, -та, -те** қосымшасы мен өздік етіс **-н** қосымшаларынан құралғанын көру қиын емес.

7.2.2.2. Ырықсыз етіс

Ырықсыз етіс деп қимыл, іс-әрекеттің өздігінен орындалатын мән үстеп, қимыл, іс-әрекеттің тура объектісі оның грамматикалық бастауышы болу қызметін атқарып, тек сабақты етістіктерден **-ыл, -іл, -л** қосымшасы, түбір құрамында л дыбысы болса, **-ын, -ін, -н** қосымшасы арқылы жасалатын етістің түрін айтамыз. Мысалы, **кітап оқы-л-ды, үй тазалан-ды, астық жинал-ды, сөз сойле-н-ді, хат жаз-ыл-ды** т.б. **оқу** қимылының, іс-әрекетінің тура объектісі - **кітап, тазалаудың** тура объектісі - **үй, жинаудың** тура объектісі - **астық, сойлеудің** тура объектісі - **сөз, жазудың** тура объектісі - **хат**, ал ырықсыз етіс қосымшасы (**-л, -ыл, -н**) жалғану арқылы, біріншіден, **оқу, тазалау, жинау, сойлеу, жазу** іс-әрекеттері өздігінен болғандай, көрсетілген тура объектілері бұл сөйлемшелерде грамматикалық бастауыш қызметін атқарып тұр, соның арқасында, екіншіден, ырықсыз етіс тұлғалы етістіктер салт етістік болып тұр, яғни ырықсыз етіс қосымшалары сабақты етістікке жалғанып, оны (сабақты етістікті) салт етістікке айналдырып тұр. Кейде қимылдың, іс-әрекеттің атқарушы иесі (субъектісі) жалпы сөйлемнің мазмұнынан сезіліп тұрады немесе грамматикалық жанама объекті тұлғаларында (барыс, көмектес септіктерінде, түбір, ілік септік тұлғасындағы сөз бен **тарапынан, жағынан** деген сөздердің тіркесінен т.б.) тұрып та жұмсала береді. Өздік етіс пен ырықсыз етістің ұқсас та, өзгеше де жерлері бар. Ұқсастығы: 1) қосымшалардың кейде бірдей болып келетіні, кейде өздік я ырықсыз етіс екені контекстен ғана байқалады, сөйтіп, бір-бірімен омоформа да жасайды: **ол дәрігерге көрінді және алыстан бір қара көрінді**; 2) екеуі де сабақты етістікті салт етістікке айналдырады. Негізгі айырмашылығы: олардың білдіретін семантикасында: өздік етісте логикалық (іс иесі) субъект-грамматикалық субъект (бастауыш) болады, ал ырықсыз етісте грамматикалық бастауыш логикалық объект болады.

7.2.2.3. Өзгелік етіс

Өзгелік етіс қимыл, іс-әрекеттің тікелей субъектінің өзі арқылы емес, екінші бір субъекті (ол екінші субъекті қимылды, іс-әрекетті тікелей орындап, іске асырушы субъекті **агенс** деп аталады) арқылы істелетінін, іске асатынын білдіріп, сабақты етістіктен (кез келген етістіктен емес) белгілі қосымшалар арқылы жасалатын етіс категориясының түрі болып табылады. Демек, өзгелік етісте қимылды, әрекетті іске асырушы субъекті бір емес, екеу болады: бірі - іс-әрекетті, қимылды орындатушы иесі, сөйлемде ол грамматикалық бастауыш қызметінде болады, яғни бұл логикалық субъекті әрі грамматикалық субъекті болады, екіншісі, іс-әрекетті, қимылды тікелей орындаушы субъекті (агенс). Ол сөйлемде берілмеуі де мүмкін, берілсе, барыс септік тұлғасында тұрып, ол сөз сөйлемде жанама толықтауыш қызметін атқарады. Бұл - бір. Екіншіден, өзгелік етіс тек сабақты етістіктен жасалады, сабақты етістікке өзгелік етіс қосымшасы үстелгенде, ол баяндауыш болып тұрған сөйлемде тек іс-әрекет, қимылды тікелей атқарушы барыс септіктегі екінші субъект (агенс) қана пайда болады, баяндауыш сабақты етістікті сөйлемде іс-әрекетті орындатушы субъект пен объект өзгелік етіс қосымшасы қосылмай тұрғанның өзінде бар болатын. Мысалы: **Өнер-білім бар жұрттар тастан сарай салғызды** (Алтынсарин) деген сөйлемде **сал** деген сабақты етістіктен **-ғыз** қосымшасы арқылы өзгелік етіс жасалған. **Салу** сабақты етістігінің тура объектісі, **сарай(ды)** және **салу** әрекетінің иесі, іске асырушы субъектісі [**өнер-білім бар**] **жұрттар**. Өзгелік етіс жасалуымен байланысты тура объекті (сарай) де, субъекті (жұрт) де қалып отыр, бірақ өзгелік етіс жасалғанда, біріншіден, іс-әрекеттің субъектісі (жұрттар) қимылды, іс-әрекетті, яғни **салу** әрекетін, тікелей өзі атқармайды, тек қимылдың орындалуына түрткі болады, екіншіден, қимыл, іс-әрекетті тікелей атқарушы екінші субъект агенс пайда болады, ал бірақ бұл сөйлемде арнайы берілмеген, берілсе барыс септік тұлғасында тұрар еді. Яғни өнер-білім бар жұрттар сарайды өздері салған жоқ, **біреуге** салғызды. Ал салт етістікке өзгелік етіс жұрнағы жалғанғанда 1) қимыл, іс-әрекет иесі, орындаушы субъект жаңадан пайда болады да, қимыл, іс-әрекетті тікелей өзі атқарады, орындайды; 2) салт етістік сабақты етістікке айналады; 3) салт етістіктегі грамматикалық бастауыш (субъекті) сабақты етістіктің тура объектісіне айналады; 4) бірақ

екінші субъект - агенс, қимыл, іс-әрекетті тікелей орындаушы субъекті болмайды. Мысалы, **бала шамды сөндірді** дегенде **сөндіру** қимылының субъектісі де, тікелей сол қимылды іске асырушы, атқарушы да біреу-ақ, ол **бала**. Ал етістіктің түбір күйіндегі, яғни салт етістік күйін-дегі грамматикалық субъект - **шам** да (шам сөнді), ол бұл жерде тура объектіге айналған: **шамды сөндірді**, бірақ **шам өз-өзінен сөнген жоқ**. Сөйтіп, өзгелік етіс қосымшасы салт етістікке жалғанғанда, салт етістіктен бірден өзгелік етіс тудырмайды, тек салт етістікті сабақты етістікке айналдырады, енді осы сабақты етістікке екінші рет етіс қосымшасы жалғанғанда барып өзгелік етіс жасалады: **Бала інісіне шамды сөндіртті**. Бұл сөйлемде **бала** қимылдың иесі, субъекті, бірақ оны (қимылды) тікелей өзі атқарып отырған жоқ, екінші субъект-агенс арқылы іске асырып отыр, яғни **сөндіру** қимылын тікелей орындаушы субъект агенс - **інісі**, сөйлемде ол (інісі) барыс септік тұлғасында тұрып грамматикалық жанама объекті (толықтауыш) синтаксистік қызметін (қатынасты) атқарып тұр, ал тура объекті - **шам[ды]** өзгерген жоқ.

Салт етістіктің субъектісі қызметіндегі жанды заттар мәніндегі сөздер, салт етістікке өзгелік етіс жұрнағы жалғанғаннан, тура объектіге айналумен бірге екінші субъекті-агенс мәнінде де жұмсалатын сияқты көрінеді. Мысалы, ол **баланы ойнатты (бала ойнады), Жолаушы атын оттатты (аты оттады)** деген тәрізді мысалдар **ойнату, оттату** қимылын іске асырудың бұл сөйлемдердегі тура объектісі, ал салт етістік мәнінде (өзгелік етіс қосымшасы) қолданылған түріндегі субъектіні (**бала, ат**) екінші субъекті-агенс мәнінде білдіретін сияқты, яғни ойнайтын - **бала**, оттайтын - **ат** қой. Бірақ, біріншіден, бұл сөйлемдердегі субъекті **ол** және **жолаушы** қимыл, іс-әрекетті орындауға мұрындық қана болмай, өзі тікелей атқарады: **өзі ойнатады, өзі оттатады**, екіншіден: өзгелік етіс болудың бір шарты екінші субъекті-агенс жоқ, ал **баланы мен атты** деген сөздер бұл қимылдардың объектісі ғана. Сондықтан да “Өзгелік етіс - субъектінің қимылы объектіге тікелей емес, екінші біреу арқылы бағытталатынын білдіретін сабақты етістіктің грамматикалық формасы, “салт етістіктен жасалған сабақты етістікті өзгелік етіс категориясына жатқызу дұрыс болмас еді” және “өзгелік етіс болу үшін ол сөйлемде барыс септігіндегі жанама толықтауыш қызметіндегі агенсті керек етеді. Агенс сөйлемде айтылуы да, айтылмауы да мүмкін. Салт

етістіктен өзгелік етіс жұрнағы арқылы жасалған сабақты етістіктер агенсті керек етпейді.

Салт етістіктен сабақты етістікке айналған етістік тұлғасын өзгелік етіске айналдыру үшін оның үстіне тағы да өзгелік етіс жұрнақтарының біреуі жалғануы шарт” (М.Т. - ҚҚТ, 40, 41, 42).

Өзгелік етіс қосымшалары: 1) **-ғыз, -гіз, -қыз, -кіз;** 2) **-дыр, -дір, -тыр, -тір** (кей жағдайда қосымшаның алдыңғы д, т дыбыстары түсіп қалып, **-ыр, -ір, -р** тұлғаларында да кездеседі: **ас-ыр-у-ас-тыр-у, ос-ір-у-ос-тір-у**, Абайда: **Адам баласын заман өсіреді; піс-ір-у-піс-тір-у, түс-ір-у-түс-тір-у** т.б.); 3) жоғарыда көрсетілгендей, өзгелік етіс қосымшасы бір түбірге бірінің үстіне бірі жалғана да береді: **айту - айтқызу-айтқыздыру-айтқыздырту, келу-келтіру-келтіргізу, ойнау-ойнату-ойнатқызу** т.б. Бұл тек өзгелік етіс қосымшаларының ерекшелігі болып табылады, ал етіс түрлерінің қосымшалары бірінің үстіне бірі жалғана береді.

7.2.2.4. Ортақ етіс

Ортақ етіс қимыл, іс-әрекеттің бір емес, бірнеше субъекті арқылы іске асатынын білдіріп, **-ыс, -іс, -с** қосымшасы арқылы жасалады. Біріншіден, ортақ етісті қимыл, іс-әрекеттің субъектілері қимылға ортақтығы бірдей де, бірдей емес те болуы мүмкін (субъект көптік тұлғадағы бір зат атауы, немесе бірыңғай бастауыштар, немесе біреуі грамматикалық субъект те, екіншісі грамматикалық жанама объекті болуы мүмкін т.б. (ҚТГ, 174-175), екіншіден, ортақ етіс қосымшалары салт етістікке де, сабақты етістікке де жалғанып, ортақ етіс жасай береді: **олар хат жаз-ысып тұрады, қонақтар жайғасып отыр-ыс-ты, ол бізге үй сал-ыс-ты** т.б. (М.Т. - ҚҚТ, 49-52).

Сөйтіп, ортақ етіс мағынасы мен қосымшасы етістің басқа түрлерінен сабақтылық-салттылық сипатқа бейтарап болуы негізінде де ерекшеленеді. Ортақ етістің тағы бір ерекшелігі - қимыл атауын білдіруге бейім тұрады да, кейбіреулері сол арқылы заттық ұғымның пайда болуымен зат есім болып кеткен: **соғыс, айтыс, жүріс, байланыс** т.б. Ортақ етіс пен өзгелік етістің семантикасында мынандай бір ұқсастық бар: екеуі де қимылдың, іс-әрекеттің бір субъекті емес, бірнеше субъекті арқылы орындалатынын білдіреді, бірақ өзгелік етіс тек сабақты етістіктен жасалып, онда екінші субъект - агенс міндетті түрде болады да, ол - қимыл, іс-әрекетті тікелей орындаушы, ал ортақ етісте бұлар жоқ.

Сондай-ақ етіс қосымшалары бірінің үстіне екіншісі де жалғана береді. Оның тәртібі: 1) өздік етіс + өзгелік етіс: **жу-ын-дыр, ки-ін-дір** т.б. 2) өздік етіс + ортақ етіс: **желпі-н-іс, көр+ін+іс** т.б. 3) ортақ етіс + өзгелік етіс: **сөйле-с-тір, жина-с-тыр;** 4) өзгелік етіс + өзгелік етіс: **айт-қыз-дыр, жаса-т-қыз** т.б.

7.2.3. Болымсыздық (болымды-болымсыздық) категориясы

Етістік түбір күйінде де, әр түрлі грамматикалық (лексика-грамматикалық) тұлғаларында да қимылдың, іс-әрекеттің, амал-процестің болуын (болғанын, болып жатқанын, болатынын, болу сипатының әр түрлі реңін) білдіреді. Сонымен бірге қимылдың, іс-әрекеттің болуы да өмірде болатын құбылыс. Міне, қимыл, іс-әрекеттің, яғни етістік білдіретін мағынаның іске аспауы, болмауы арнайы грамматикалық амал-тәсілдер арқылы беріледі. Сөйтіп, етістік білдіретін қимыл, іс-әрекеттің қарама-қайшы мәні, ол мағынаның болмауы етістік түбірлеріне (негізгі, туынды, күрделі), етістіктің лексика-грамматикалық категориялары (етіс, күшейтпелі етістік) тұлғаларына **-ма, -ме, -ба, -бе, -на, -не** қосымшасы қосылу арқылы жасалады да, тек етістіктің болымсыздық түрін жасап қоймайды, болымдылық мәнге қарама-қайшы етістіктің болымсыздық (болымды-болымсыздық) категориясын да жасайды.

Болымсыздық категориясының бірден-бір тұлғалық көрсеткіші **-ма -ме, -ба, -бе, -па, -не** болымсыздық тұлғасы. Әрине, етістіктің болымсыздық мәнін беретін басқа да аналитикалық жолдары бар. Атап айтқанда, есімшенің **-ған, -ген, -қан, -кен** тұлғасы етістікке жоқ модаль сөзі, есімшенің **-ған, -ген, -қан, -кен, -атын, -етін, -йтын, -йтін, -ар, -ер, -р, -мақ, -мек, -бак, -бек, -пак, -пек** тұлғалы негізгі етістіктерге емес (кейде емен) көмекші етістігі тіркесіп жасалады. Бірақ бұлар болымсыздық категориясына жатпайды, оның грамматикалық сипаты (түбірмен 2-жак бұйрық рай тұлғасымен сәйкес келуі, тікелей жіктеле алмауы, етістіктің таза грамматикалық тұлғаларына негіз болуы) сәйкес емес. Болымсыздық категориясы етістіктің лексика-грамматикалық категориясы болып табылады. Себебі, біріншіден, бұл категорияның қосымшасы етістік түбірге жалғанғанда, түбір семантикасына аздап болса да әсер етіп, өзгеріс енгізеді, яғни түбір беретін мағынаның болмайтынын білдіреді, екіншіден, етіс категориясы сияқты түбірдің грам-

матикалық сипатын сақтап қалады: 1) бұйрық райдың 2-жақ жекеше анайы тұлғасымен сәйкес келіп, онымен омоформа жасайды; 2) тікелей жіктелмейді; 3) сол күйінде қолданылмайды, етістіктің таза грамматикалық категорияларын жасауға негіз болады; рай, шақ, (есімше, көсемше және тұйық етістік тұлғалары тек болымсыз етістік) тұлғасының үстіне ғана жалғана алады, керісінше болмайды. Сондықтан Т.Маманов “болымсыздық қосымшалар **-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе** негізгі етістіктер (етістік түбірлер мен модификациялы етістіктер), яғни етістіктің лексика-грамматикалық категориясы (И.С.) мен функциялық етістіктердің, яғни етістіктің таза грамматикалық категорияларының (И.С.) шекарасын көрсетіп тұратын белгі ретінде жұмсалалды”, - деп көрсетеді (М.Т. - ҚҚТ, 9-10).

Күрделі етістікте болымсыз форма бірде негізгі етістікке жалғанса, бірде көмекші етістікке жалғанады: **айт-па-й жүр, сөй-ле-ме-й қалды, бер-ме-п еді және айтып жүр-ме, сөйлеп -қой-ма, беріп жібер-ме** т.б. Әрине, бұлар қимыл, іс-әрекеттің болымсыздық мәнін білдірумен бірге негізгі немесе көмекші етістікке жалғануда белгілі стильдік мән білдіреді, стильдік жүк атқарады, егер болымсыздық форма екі етістікке (әрі негізгі, әрі көмекші) де жалғанса, онда ол болымдылық мән білдіреді, онда да әдеттегі болымдылықтан өзгеше ерекше стильдік бояу болады: **айтпа-й қойма-ды, жаз-ба-й отыр-ма-ды, сұра-ма-й кетпе-ді** т.б.

7.2.4. Рай категориясы

Сөйлеушінің қимыл, іс-әрекетке көзқарасын, қимылдың, іс-әрекеттің шындыққа, болмысқа қатысын, модальдық мәнін білдіріп, белгілі парадигмалық тұлғалар жүйесінен тұратын етістіктің грамматикалық категориясы рай категориясы деп аталады.

Белгілі қимыл, іс-әрекеттің белгілі субъекті тарапынан іске асу-аспауы, қимылдың, іс-әрекеттің болу-болмауына сөйлеушінің көзқарасы, пікірі, бағасы, анықтығы, ақиқаттығы, күдіктілігі, күмәнділігі, болжамдылығы, жорамалдылығы, орындалу ниеттілігі, шарттылығы т.б. тілек, қалау, бұйрық мәндері т.б. қатар көрініп отырады. Рай категориясы етістіктің модальдылық мәнінің бірден-бір грамматикалық категориялық көрсеткіші бола тұрса да, етістіктің барша модальдылық мәнін толық қамти алмайды. Оның үстіне сөйлем модальдығы тағы бар. Ол да рай

категориясымен байланысты болғанымен, етістіктің рай категориясының шеңберіне сия бермейді. Мысалы, адам-су, білгіш-сіну, жетім-сіреу, білген-су, жүр-іңкіреу, кел-гіштеу сияқты сөздер қимыл, іс-әрекетті білдіретін етістік қана емес, сонымен бірге **-сы, -сі, -сын, -сін, -сыра, -сіре, -ыңқыра, -іңкіре, -ғышта, -гіште** т.б. қосымшалар қимылға бәлдену, тыраштану, бәлсіну, қимылдың қайталануы және оның мардымсыздық, жағымсыздық сипаты, қимылдың күшейтпелі, үдей түсу мәні т.б. сияқты модальдық реңктер үстейді. Сондай-ақ негізгі етістік пен модаль сөздердің тіркесінен құралған тіркесті түбір етістіктер де әр түрлі модаль мәндерін білдіреді: барған (-атын) сияқты, тәрізді, айтуға тиіспін (тиістімін), айтуың керек (қажет, мүмкін, тиіс) т.б. Бұл сияқты етістік қосымшалар мен тіркесті түбір етістіктердің модальдылық мәні күмән тудырмайды, бірақ рай категориясының шеңберіне енбей жүр, себебі, біріншіден, модальдық мән, реңк тудыратын қосымшаларда категориялық сипат жоқ, барлық етістікке я етістіктің белгілі бір грамматикалық тобына әрдайым жүйелі түрде жалғана алмайды, екіншіден, олардың көпшілігінің (**-сы, -сі, -сын, -сындық, -ғышта, -гіште** т.б.) сөзжасамдық қасиеті немесе лексика-грамматикалық сипаты бар, етістік түбірінің грамматикалық сипатына (2-жақ жекеше бұйрық рай тұлғасымен сәйкес келуі, тікелей жіктелмеуі, сол тұлғасында қолданыла алмауы) сай келеді, үшіншіден, негізгі етістік пен модаль сөздің көмекші мәнде тіркесуі етістік табиғатында таза грамматикалық категория емес, лексика-грамматикалық құбылыс ретінде жеке қаралуы тиіс. Өйткені соңғы үлгінің таза морфологиялық сипатынан гөрі семантикалық-мағыналық, синтаксистік-қатынастық, қызметтік мәні басым болып отырады және ол модаль сөздердің көпшілігі осы мәнде - қызметте есім сөздермен тіркесіп келіп те сөйлемді аяқтап, предикат қызметін атқарып, ойдың модальдығын да білдіріп тұрады. Сондықтан кейде модальдылықты екі түрге бөліп, рай арқылы модальдылықтың берілуі объективті модальдылық деп, арнаулы жеке сөздер арқылы берілуі субъективті модальдылық деп те көрсетіліп жүр.

Негізінен алғанда, рай категориясының ашық рай, бұйрық рай, шартты рай, қалау рай сияқты төрт түрі көрсетіліп жүр.

Ашық рай - қимыл, іс-әрекет үш шақтың (осы шақ, келер шақ, өткен шақ) бірін білдіретін рай түрі. Демек, ашық райдың басты семантика-

лық ерекшелігі - қимыл, іс-әрекеттің объективті шындыққа қатысты болу-болмауының сөйлеп тұрған сәтпен (шакпен) байланысты өтіп кеткенін, өтіп жатқанын, әлі өтпегенін, бірақ өтетін сипатын білдіру, сөйтіп, ашық рай, бір жағынан, етістіктің рай категориясының бір түрі болса, екінші жағынан, бір өзі етістіктің шақ категориясын құрайды. Осыған байланысты райдың басқа түрлерінен айырмашылығы тікелей ашық рай жасайтын арнайы қосымшалары жоқ болып келеді. Демек, шақ категориясы дегеніміз, екінші жағынан, ашық рай екен де, енді оның (ашық райдың) сипаты шақ категориясы мен оның түрлері шеңберінде қарастырылады.

Бұйрық рай сөйлеушінің тыңдаушыға немесе тыңдаушы арқылы бөгде біреуге (3-жаққа) қаратылып, бұйрық, сұрай айтылатын, өзіне (1-жаққа) байланысты қимылға, іс-әрекетке қозғау салу, ниет мәнін білдіріп, белгілі қосымшалар жүйесі арқылы берілетін рай түрі болып табылады. Бұйрық райдың басты мәні - бұйрықтық мағына. Бұйрықтық мағына негізінен алғанда 2-жаққа байланысты болып отырады: **Тыңда, дала, Жамбылды** (Жамбыл). **Ғылым таппай мақтанба** (Абай). **Енді сен жүре бер, аздан соң жауабын өзім берейін** (Әбішев). **Тоңғандарың мына тұс-тұсындағы ауылдарға барып, жылынып қайтыңдар** (Әуезов).

Ал 3-жақта бұйрықтық мағына солғындап, тілек (бұйрық пен тілек), өтініш (бұйрық пен өтініш) мәні байқалып отырады. **Тілегім бақыт тап та, өмірлі бол, Қорлықпен ағармасын қарашашың** (Аманжолов). **Шөл дала сусын ішсін, шөлі қансын. Алма өссін, гүл бақшасы жапырақ жарсын. Сайрандап адам ұлы кең дүниеде, Бұлбұл құс бойы балқып, әнге салсын** (Жамбыл).

1-жақта бұйрықтық мағынадан гөрі ниет, тілек мәні басым болады, өйткені сөйлеуші өзіне өзі бұйырмайды, бұйрық бермейді. Соған қарап 1-жақты, кейде тіпті 3-жақты да, бұйрық рай шеңберінен шығару керек деген де пікір жоқ емес. **Сөйле десен, сойлейін сөз келгенде... Үйректі де ұстап алайық, - деді** (Алтынсарин). **Алдымда толған мақсат, толған таңдау, Алайын мынасын ба, анасын ба?**

Сөз жоқ, бұйрықтық мағынаны білдіруде II-жақ пен I және III жақтардың арасында айырмашылық бар екені көрінеді.

Бұйрық райдың құрамында бұйрықтық мағынадан гөрі ниет, тілек мәнді білдіретін бірінші және үшінші жақ пен олардың көрсеткіштері бо-

луы бұйрық райдың түрлену парадигмасына, тұлғалық жүйесіне байланысты. Мағыналарында бұйрықты білдіруде өзгешелік болса да, бұйрық райдың жіктелу жүйесі, яғни 1-2-3 жақта және жекеше-көпше түрлену бір парадигмалық жүйенің көрсеткіші болып табылады. Жіктелу үлгісі:

Мен бар-айын, кел-ейін, сөйле-йін. Біз бар-айық, кел-ейік, сөйле-йік.

Сен бар-, кел-, сөйле-. Сендер бар-ындар, кел-індер, сөйле-ндер.

Сіз бар-ыңыз, кел-іңіз, сөйле-іңіз. Сіздер бар-ыңыздар, кел-іңіздер, сөйле-ңіздер.

Ол бар-сын, кел-сін, сөйле-сін. Олар бар-сын, кел-сін, сөйле-сін.

Жіктелу үлгісінен көрінетіндей, бұйрық райдың I-жағында жекеше **-айын, -ейін, -йын, -йін**, көпше **-айық, -ейік, -йық, -йік** жалғауы жалғанса, 2-жақ жекеше анайы түрінде арнайы қосымша жоқ, бірақ бұл - етістіктің түбір тұлғасы емес, нольдік форма, өйткені түбір болса, сол сөз табының түрленуіне негіз болатын бастапқы тұлғасы да, бұйрық райдың 2-жағы жекеше, анайы түрі - грамматикалық тұлға, сол түбірге жалғанатын тұлға, демек, бұйрық райдың 2-жағы жекеше, анайы түрі мен түбір тұлға омоформа болып табылады. Бұйрық рай формасының екінші жақ жекеше түріне ертеде **-ың, -ің, -ң** қосымшасы жалғанып айтылатын болған. Мұны бұйрық райдың екінші жақ сыпайы түріндегі және екінші жақ көпше түрінің құрамындағы **-ың, -ің, -ң** қосымшасы (ал-**ың**-дар, ал-**ың**-ыз) дәлелдей алады. Сонымен қатар өзбек тілінде қазірде де екінші жақ бұйрық райға **-иң, (-н)** морфемасы жалғанып айтылады. Сондай-ақ бұйрық рай формасының үш жағына да **-шы, -ші** жұрнағы жалғанып, сөйлеушінің бір істі орындау туралы өзіне, тыңдаушыға және бөгде адамға не затқа қаратып, сыпайы тілек түрінде айтуын білдіреді: **айтайын-шы, айтшы, айтындар-шы, айтыңыз-шы, айтсын-шы** т.б. Әрине, олардың мағынасы бұл сөздердің айтылу сазына, интонациясына да байланысты.

Шартты рай қимыл, іс-әрекеттің болу-болмау, орындалу мүмкіндігін, шартын білдіріп, етістік түбіріне, лексика-грамматикалық категориялар тұлғаларына **-са, -се** қосымшасы жалғану арқылы жасалады. Шартты райлы етістік ықшамдалған тұлғада жедел өткен шақ тұлғасы сияқты жіктеледі, сөйлемде негізінен алғанда тиянақсыз тұлға болып қолданылады, сондықтан көбіне-көп шартты бағыныңқылы сөйлемнің баяндаушы қызметінде жұмсалады.

Жекеше	Көпше
Мен айт-са-м, сөйле-се-м	Біз айт-са-қ, сөйле-се-к
Сен айт-са-ң, сөйле-се-ң	Сендер айт-са-ң-дар, сөйлес-е-ң-дер
Сіз айт-са-ңыз, сөйле-се-ңіз	Сіздер айт-са-ңыздар, сөйле-се-ңіздер
Ол айт-са, сөйле-се	Олар айт-са, сөйле-се

Қазақ тілінде шартты рай тұлғасындағы етістік әр уақытта шарттылық мәнде қолданыла бермейді. Кейде ол шартты рай тұлғалы етістік мезгіл бағыныңқы сөйлемнің немесе **да, де** шылауымен тіркесіп қарсылықты бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы қызметінде де жұмсалады. Мысалы: *Көзімді ашып, алдыңғы жаққа қарасам, екі адам қарауытын тұр екен* (Мұстафин). *Тысы қанша көріксіз болса да, қоңыр үйдің өз күні балқып тұр екен ғой* (Әуезов).

Сондай-ақ шартты райлы етістік тілек, арман, мақсат сияқты модальдылық мәнді білдіріп, тиянақты мәнінде сөйлемнің баяндауышы қызметін де атқарады. Мысалы: *Шіркін, биыл оқуға түссем! Осы отырысыңды әжең көрсе!* Бұнымен бірге шартты райлы етістік жіктеліп келіп, **ғой, еді, екен, етті, ма**, ме сұраулық шылау сияқты көмекші сөздермен тіркесіп, сөйлемді аяқтап тұрады да, сөйлеушінің тілек-арманын, өтініш-өкінішін, болжам, ниетін т.б. білдіреді: *бар-са-м екен, сөйле-се-ң етті, бар-са-ңыз ғой, жолық-са еді* т.б.

Сондай-ақ **-са, -се** тұлғасына **-шы, -ші** қосымшасы үстеліп, 3-жақта жіктеліп, тиянақты тұлға ретінде қолданылады, екінші жақта кейде **-ң** жіктік жалғауының орнына **-й** тұлғасы айтылады

мен барса-м-шы	біз барса-қ-шы
сен барса-ң-шы, барса-й-шы	сендер барса-ңдар-шы
сіз барса-ңыз-шы	сіздер барса-ңыздар-шы
ол барса-шы	олар барса-шы

Мұндайда етістік таза шарттылық мәненн гөрі ниет, тілек шартты мәнді білдіреді.

Шартты райлы етістік **игі еді** сөздерімен тіркесіп, қалау рай да жасайды: **бар-са игі еді, жолық-са-м игі еді** т.б. Болжамды сияқты модальды ренкті білдіріп, шартты райлы етістік керек сөзімен де тіркесіп қолданылады: **айт-са керек, қонбе-се керек** т.б.

Бұлардың барлығында да шартты райлы етістік жіктеліп келеді де, көмекші сөз сөйлем баяндауышын тиянақты етіп отырады.

Қалау рай - сөйлеушінің қимыл-іс-әрекетті орындауға я орындамауға қалау, тілек, ниет, ын-тасын білдіріп, белгілі жолдармен жасалатын рай категориясының бір түрі. Қалау рай бірнеше жолмен жасалады. Негізгі етістіктерге **-ғы, -гі, -қы, -кі** қосымшалары жалғанып, тәуелденіп барып тәуелдік жалғауы арқылы жіктеліп, яғни жақтық, жекешелік-көптік мән үстеліп, оған **кел, келді, келеді** көмекші етістігі тіркесіп жасалады.

Жіктелуі:

Менің оқы-ғы-м келді, келеді Біздің оқы-ғы-мыз келді, келеді

Сенің оқы-ғы-ң келді, келеді Сендердің оқы-ғы-ларың келді, келеді

Сіздің оқы-ғы-ңыз келді, келеді Сіздердің оқы-ғы-ларыңыз келді, келеді

Оның оқы-ғы-сы келді, келеді Олардың оқы-ғы-сы келді, келеді

Сөйтіп, бұл тұлғалы қалау рай етістік синтаксистік сипаты жағынан жақсыз сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарады.

Кейде сөйлемде қалау рай конструкциялы тіркестің ілік септігіндегі сөздің септік жалғауы түсіп қалып та жұмсалады, бірақ ілік септік тұлғасындағы сөз логикалық субъекті болғанмен, грамматикалық субъект болып таныла алмайды. Бұл - ауызекі сөйлеу тілдің әсері болу керек.

Сондай-ақ етістік түбіріне **-ғай, -гей, -қай, -кей** қосымшасының үстелуі арқылы және осы тұлғаға еді көмекші етістігі тіркесу арқылы немесе шартты рай тұлғалы етістікке **игі, екен** сөздерінің тіркесуі арқылы да тілек мәнді қалау рай жасалады. Жіктелуі:

Мен бар-ғай-мын, бар-ғай едім, барсам игі еді, көрсем екен

Сен бар-ғай-сын, бар-ғай едің, барсаң игі еді, көрсең екен

Сіз бар-ғай-сыз, бар-ғай едіңіз, барсаңыз игі еді, көрсе-ңіз екен

Ол барғай, бар-ғай еді, барса игі екен, көрсе екен.

Біз бар-ғай-мыз, бар-ғай едік, барсаң игі еді, көрсек екен

Сендер бар-ғай-сыңдар, бар-ғай едіңдер, барсаңдар игі еді, көрсе-ңдер екен

Сіздер бар-ғай-сыздар, бар-ғай едіңіздер, барсаңыздар игі еді, көрсе-іңіздер екен

Олар бар-ғай, бар-ғай еді, барса игі еді, көрсе екен.

7.2.5. Шақ категориясы

Қимыл - іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтпен байланысты болып өткендігін, бірақ болатынын білдіріп, белгілі жолдармен жасалатын етістіктің грамматикалық категориясы шақ категориясы деп аталады.

Сөйлеп тұрған сәтпен байланысты қимылдың мезгілі, шақтық мағынасы мынадай болады:

1) үнемі қайталанып, дағдыға айналған іс-қимыл, сөйлеп тұрған кезде болып жатқан қимыл, іс-әрекет.

2) сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып кеткен қимыл, іс-әрекет.

3) сөйлеп тұрған кезде әлі болмаған, бірақ кейін болуға тиісті қимыл-іс-әрекеттер. Мысалы,

Өнер, білім бар жұрттар

тастан сарай салғызды (Алтынсарин).

Жазғытуры қалмайды қыстың сызы,

Масатыдай құлпырар жердің жүзі (Абай).

Енді бүгін қарасам,

Айналам бақыт кең жатыр.

Бірімен-бірі туысқан,

Қол ұстасқан ел жатыр (Жамбыл). Бұл

сөйлемдердегі қалмайды, құлпырар, жатыр етістіктері мезгіл (шақ) мағынасын білдіруі жағынан бірдей емес. **Салғызды** деген салғызу қимылының сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып кеткенін білдірсе, **қалмайды, құлпырар** етістіктері қалмау, құлпыру қимылдарының әлі болмағанын, сөйлеп тұрған сәттен кейін болатынын, ал **жатыр** етістігі бұл қимылдың сөйлеп тұрған сәтте болып отырғанын білдіріп тұр.

Мерзімдік мәнді білдіретін сөздердің бәрі бірдей шақ мәнін білдіре бермейді. Мысалы, *Ертеңгі елдің қамын ойлайтын азаматтарымыз азып-тозғанын көрген қария қатты күрсініп, үлкен ойға кетті* (“Ана тілі”) деген сөйлемде ертеңгі сөзі мезгілдік мән білдірсе де, оларда шақтық қасиет жоқ. Бұл сөзде шақтық мағынаны білдіріп тұратын грамматикалық тұлға жоқ. Демек, шақтық мағына сөздің жалпы мағынасынан ғана көрінбейді, ол мағынаны білдіретін арнайы грамматикалық тұлға болу керек.

Сонымен, сөйлеп тұрған сәтпен байланысты қимылдың болу мезгілі үш түрлі. Соған сәйкес етістіктің шақ түрі де - үшеу. Сөйлеп тұрған сәтке байланысты, яғни сол сәтте болып жатқан қимылды осы шақ, әлі болмаған, бірақ кейін болатын қимылды келер шақ, сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып өткен қимылды өткен шақ білдіреді.

Шақтық мағынаны білдіретін етістік көбінесе жіктеліп келеді де, сол арқылы жақтық мағына беріледі. Жіктік жалғау шақ көрсеткіштерінен (есімше, көсемше, және арнайы шақ жұрнақтарына) кейін жалғанады.

Күрделі етістікке жіктік жалғау оның құрамындағы көмекші етістікке жалғанады.

Қазіргі қазақ тілінде шақ категориясы морфологиялық белгісіне, шақтық мағынасына қарай **өткен шақ, осы шақ, келер шақ** болып үшке бөлінеді.

7.2.5.1. Өткен шақ

Өткен шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеу кезінен бұрын болып, істеліп кеткенін білдіретін етістіктің грамматикалық формасы. *Базаралы жағынан жамандық күткен кісінің бірі осы Әзімбай болған* (Әуезов). *Орыс-қазақ балаларының арасындағы ырың-жырың ит-жығыстары аяқталғанша айлар өтіп кетіп еді* (Мүсірепов). *Сол жайды жанкүйер, жақындар арасында күйзеліп айтқан шақтарында еңкілдеп жылап та жіберетін* (Әуезов).

Берілген мысалдардағы **болған, өтіп кетіп еді, жылап та жіберетін** деген етістіктер болу, өту, беру, жылау қимылдарының болып кеткенін білдіріп, өткен шақ мағынасын беріп тұр. Қазіргі қазақ тіліндегі өткен шақ грамматикалық формасы мен мағыналық ерекшеліктеріне қарай **жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, ауыспалы өткен шақ** болып үшке бөлінеді.

а) **Жедел өткен шақ.** Жедел өткен шақ етістіктің түбіріне -ды, -ді, -ты, -ті жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалып, жіктеліп қолданылады. *Нәргүл қолындағы койлегін тастай беріп, шар айна алдында ұршықтай үйірлді* (Райымқұлов). *Қалмақтың қақты қара жорғасына, Айналды ақ алмастар қорғасынға* (Жансүгіров). *Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман* (Абай).

Жедел өткен шақ жұрнағы етістіктің тұлғаларына тікелей жалғанады. *Әнші үш қайырмасын айтып тоқтайын деп еді, Базаралы тоқтаттырмады* (Әуезов). *Күрсініп сұлу бұрын көз тайғызды, Асықтық әлсіретті, лебі тартып* (Байзақов.)

Жедел өткен шақтың болымсыз түрі етістіктің -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. *Баламды медресеге біл деп бердім, Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім* (Абай).

Жедел өткен шақтың жіктелу үлгісі

жақ	жекеше	көпше
I	- м	-к, -к
II	-н/ анайы түрі ңыз/-ініз/сыпайы түрі	-ндар, -ндер/анайы түрі/ -ңыздар, -ніздер/сыпайы түрі
III	жұрнағы жоқ, нөлдік тұлға	

ә) **Бұрынғы өткен шақ.** Бұрынғы өткен шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтпен салыстырғанда, әлдеқашан бұрын болғандығын білдіреді. *Жортар осы ортаның қолбасы, батыры болған. Тыныштықты білмеген, барымта соғыс десе қолды-аяққа тұрмайтын қызулы жас болыпты* (Әуезов). *Аттарын төртеуі де тұмарлаған, Мен айтқан сөзге шыдап тұра алмаған* (Әзірбаев).

Бұрынғы өткен шақ екі түрлі жолмен жасалады.

а) Бұрынғы өткен шақ **-ған, -ген, -қан, -кен** тұлғалы есімшенің жіктеліп келуінен жасалады. *Ту ұстап, тұлпар мініп, ел қорғауға, Азамат азамат па аттанбаған* (Тоқмағанбетов). *Ашынбай топқа енбеген, Алысқан сайын өрлеген, Айбынды бауырым Төлеген* (Әбілев).

ә) Бұрынғы өткен шақ етістікке көсемшенің **-ып, -іп, -п** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. *Ауылынан аттанып кеткен соң сыртымнан мені сұрапты* (Жансүгіров). *Баяғыда Мысыр елінің әрі ақылды, әрі әділ кедей-кепшікке қамқоршы бір сұлтаны дәурен кешіпті* (“Мың бір түн”).

Бұрынғы өткен шақтың жіктелу үлгісі.

а)

жақ	жекеше	көпше
I	-мын/-мін, -бын/-бін -пын/-пін	-быз/біз, -мыз/-міз -пыз/-піз
II	-сың/-сің, -сыз/-сіз	-сыңдар/ -сіңдер -сыздар/ -сіздер

III жұрнағы жоқ, нөлдік тұлға

ә)

I	жекеше	көпше
I	-пын/-пін	-пыз/-піз
II	-сың/-сің -сыз/-сіз	-сыңдар/-сіңдер -сыздар/-сіздер
III	-ты, -ті	

Бұрынғы өткен шақтың күрделі түрі **-ған/ -ген, -қан/-кен** тұлғалы есімшеге немесе **-ып, -іп, -п** тұлғалы көсемшеге (еді) көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалады. Есімше түрінде е көмекші етістігі **екен** түрінде де тіркеседі. Бұрынғы өткен шақтың мұндай күрделі түрінде **е(еді, екен)** көмекші етістігі ғана жіктеледі. *Тәкежанның үйінен Абай аттанғанда, күн кешкіріп, екінтіге тақан қалған екен* (Әуезов). *Кеше кешқұрым недәуір қар жауып, таңға жақын басылған еді* (Сәрсенбаев). *Жиреншенің қайда екенін Ұлжан білмен еді* (Әуезов).

Бұрынғы өткен шақ күрделі түрінің жіктелу үлгісі

жақ	жекеше	көпше
I	оқыған едім (екенмін) оқып едім	оқыған едік (екенбіз) оқып едік
II	оқыған едің (екенсің) оқыған едіңіз оқып едің оқып едіңіз	оқыған едіңдер/ екенсіңдер оқыған едіңіздер оқып едіңдер оқып едіңіздер
III	оқыған еді/екен/ оқып еді	оқыған еді /екен/ оқып еді

Ескерту: Бұрынғы өткен шақтың есімшеден болған (білгенмін) оқығансың және еді көмекші етістігінен құралған күрделі (білген едім, біліп едім) түрлері тұжырымды, айғақты мәнді білдіреді. *Інім, мына жаман ағанның арқасында оқығансың деп өзін нұсқады* (“Ана тілі”). Ал көсемшеден болған (біліпін, оқытсың) және **екен** көмекші етістігінен құралған күрделі (білген екенсің, білген екен) түрі айғақсыз мәнді білдіреді, сөйлеушінің көзі толық жетпейтіндігін байқатады. Сондықтан да бұрынғы өткен шақтың бұл түрі ертегілерде жиі кездеседі. *Өткен замандарда саудагер атаулының ішінде бір мықтысы болыпты.* (“Мың бір түн”). *Шаһ-заман патшаның келуіне арнап бүкіл шаһарды жасандырып тастаған екен* (“Әлем халықтарының ертегілері”).

Бұрынғы өткен шақтың **болымсыз түрі** былай жасалады.

Есімше формалы бұрынғы өткен шақ:

1. **-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе** қосымшалары арқылы. *Беймаза байбаламдарын Абай түсінсе де өз бойына дарытпаған* (Әуезов).

2. **Жок**, емес сөздері арқылы: Мысалы: *Бірақ оны елеп, ескерген емес. Оған Бақтыгүл қараған жоқ* (Әуезов).

-ып, -іп, -п формалы көсемшенің болымсыз түрі тек қана -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе қосымшасы арқылы жасалады. Мысалы: *Еркежанның да әлдеқашан үйден шыққанын Жақсылық аңғармапты* (Сланов), *Баспадан жаңа шығыпты, әлі бояуы кеппепті* (Әуезов).

б) Ауыспалы өткен шақ. Ауыспалы өткен шақ есімшенің -атын/-етін, -йтын/-йтін жұрнақтары арқылы жасалып, бірде өткен шақтық, бірде келер шақтық мағынада қолданылады. *Ол күйдің себепшісі - бұл екеуінің аңшы інісі Шәке болатын* (Әуезов). *Есеней малымен, билігімен ғана айналысып жүре беретін* (Мүсірепов). *Бұл өңірдің балықшылары бір тайпа ел болатын* (Нұршайықов).

Ауыспалы өткен шақ жіктеліп те, еді көмекші етістігімен тіркесіп келіп те (онда еді етістігі жіктеледі) жұмсалады. *Бұдан бұрынғы кештерде сиырлардың алдынан әндеткен қыз-келіншектер де шығатын еді* (Мұқанов).

Ауыспалы өткен шақтың болымсыз түрі етістікке -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады: *Олардың көпшілігі қала ішінде жөнін тауып жүре алмайтын* (Мұқанов).

Ал ауыспалы келер шақ тікелей жіктелмейді, тек еді көмекші етістігімен тіркесіп қолданылады. *Жадағай болған соң панасы болмайтын еді* (Әуезов). *Құдалыққа бүгін кешке баратын едік* (“Ана тілі”).

Ауыспалы өткен шақтың жіктелу үлгісі

жақ	жекеше	көпше
I	білетінмін	білетінбіз
II	айтатынмын айтатын едім	айтатынбыз айтатын едік
III	білетінсің айтатынсың айтатын едің	білетінсіңдер айтатынсыңдар айтатын едіңдер
	білетінсіз, айтатынсыз, айтатын едіңіз	білетінсіздер, айтатынсыздар, айтатын едіңіздер
III	білетін, айтатын, айтатын еді	

Есімшенің -атын/ -етін, -йтын/ -йтін түрінде тіркесіп, жіктеліп қолданылған еді көмекші

етістігінен жасалған етістіктің күрделі түрі бірде ауыспалы өткен шақ, бірде ауыспалы келер шақ мәнінде жұмсала береді. Оның шақтық мағынасы көбінесе ол етістікпен тіркескен басқа сөзден айқындалып тұрады. *Бейсенбі жай сөйлесе де, үнемі қапсыз есеппен сөйлейтін* (Әуезов). *Олар тау басына бүгін шығатын* (ауызекі тілден) Бірінші сөйлемде үнемі сөзінің негізінде сөйлеу қимылының болып кеткені байқалады (ауыспалы өткен шақ). Екінші сөйлемде бүгін сөзі арқылы шығу қимылының әлі болмағаны аңғарылады (ауыспалы келер шақ).

7.2.5.2. Осы шақ

Осы шақ сөйлеп тұрған сәтпен байланысты қимылдың, іс-әрекеттің болып жатқанын, өтіп жатқанын білдіреді.

Қыр басынан етекке қарай болат арқан тартып, он шақты жұмысшы жүр (Мұстафин). *Ол төрт шананы үйіре тастап, үстіне қамыс жапқан, уақытша күркенің астында отырмыз* (Сәрсенбаев). *Елу басылар сары шымылдырықтың ар жағына қол созып жатыр* (Әуезов).

Осы шақ болатын етістіктердің мағыналық белгілері:

1) Сөйлеп тұрған кездегі іс-әрекетті білдіреді. *Жұрт ойынмен болып жатыр* (Майлин).

2) Әрдайым қайталанып тұратын дағдылы іс-әрекетті көрсетеді. *Арсыздық - ашыққаннан, ақсыздық - асыққаннан, пәмсіздік - масыққаннан шығады* (“Аяз би”).

Басқа шақ түрлеріне қарағанда осы шақтың жасалуында кейбір ерекшелік бар. Ол қалып етістіктерінің **отыр, тұр, жатыр, жүр** негізгі етістік мәнінде немесе негізгі етістіктің көсемше (-а, -е, -й, -ып, -іп, -п) тұлғасына қалып етістіктерінің көмекші етістік мәнінде тіркесіп тікелей жіктеліп барып жасалуын да, бұлар грамматикаларда нақ осы шақ деп беріледі. Осыдан анық көрінетіндей, осы шақтың бұл түрі қазіргі кезде арнайы грамматикалық тұлғалар арқылы жасалмай, қалып етістіктерінің негізінде немесе көмекші етістік мәнінде жіктеліп келуінен (**жіктелу шақ көрсеткіші емес**) жасалады. Шақтық мән **отыр, тұр, жатыр, жүр** қалып етістіктерінің өз семантикасында бар.

Көне кезде **отыр - олтүрүр, тұр - түрүр, жүр-жүрүр, жат-жатыр**. Осы тұлғасын тек **жатыр** етістігі сақтап қалған. Сөз соңындағы **-үр, -үр** қосымшасы процессуальдық мәнді, бөліп тұрған қимылды білдірген.

Сөйтіп, қосымша түсіп қалса да, қосымша білдіретін мағына түбірге ауысқан қалып етістіктері (**отыр, тұр, жатыр, жүр**) осы күйінде шақ көрсеткіші де болып қалыптасқан. Сондықтан да қалып етістіктері тіліміздегі барлық етістіктерден өзгеше болып келеді. Әрі түбір етістіктер сияқты бұйрық райдың екінші жақ анайы жекеше түрімен сәйкес келеді: **сен отыр, сен жүр, сен тұр, бірақ сен (жатыр емес) жат**, әрі тікелей ешбір есімше, көсемше, шақ рай тұлғаларсыз-ақ жіктеле алады да, сөйлемде тікелей қолданыла береді. Сөйтіп, қазіргі тұрғыдан нақ осы шақ арнайы грамматикалық тұлғаларынсыз-ақ қалып етістіктерінен жасалады да, ал тарихи тұрғыдан грамматикалық тұлғалары болған деген тұжырым жасауға болады.

Осы шақтың түрлері. Осы шақ мағынасы мен түрлеріне қарай **нақ осы шақ** және **ауыспалы осы шақ** болып екі түрге бөлінеді.

1. Нақ осы шақ. Нақ осы шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтте істеліп, болып жатқанын білдіреді. Нақ осы шақ етістіктің құрамына қарай жалаң және күрделі болып екіге бөлінеді.

а) нақ осы шақтың жалаң түрі **отыр, тұр, жатыр, жүр** қалып етістіктерінің жіктелуі арқылы жасалады. *Жарғақ шалбарының ызба бауы салбырап, жүресінен отыр* (Мүсірепов). *Оң жағымда ер жүрек комиссарым Мадияр жатыр* (Момышұлы). *Көрінгенді қарғап, ауылға бүйідей тиіп бәйбіше жүр* (Майлин).

Нақ осы шақтың болымсыз түрі қалып етістіктерінің есімше тұлғасында келіп, **/-ған, -ген.../ жоқ** сөзімен тіркесуі арқылы жасалады. *Қарабайдың бұл келісін жай келіс деп ойлаған жоқ* (Әбілев).

Қалып етістіктеріне жіктік жалғауы тікелей жалғанып есімдерше жіктеледі.

Нақ осы шақтың жіктелуі:

жақ	жекеше	көпше
I	отыр-мын, тұрмын, жатыр-мын, жүр-мін	отыр-мыз, тұр-мыз, жатыр-мыз, жүр-міз
II	отыр-сың, тұрсың... отыр-сыз, тұр-сыз...	отыр-сындар, тұр-сындар... отыр-сыздар, тұр-сыздар...
III	отыр, тұр, жатыр, жүр (нөлдік тұлға)	

ә) нақ осы шақтың күрделі түрі етістіктің **-а, -е, -й, -ып, -іп, -п** тұлғалы көсемше түрі мен **отыр, тұр, жатыр, жүр** деген қалып етістіктерінің көмекші етістік мәнінде тіркесінен жасалады. *Ол шыдай алмай, қатты қиналып жатыр* (Мүсірепов). *Нағима тамақ асып, табаны жерге тимей, жүсіріп жүр* (Ахтанов). *Қой қоздап, қойшылар уыз ішіп жатыр* (Жансүгіров). *Қыстықтың арғы шеті тиісті сыбағаларын алып жатыр* (Момышұлы). *“Большевик” деген сөзді Етікбай да Үміт те естіп келе жатыр* (Майлин).

Күрделі нақ осы шақтың болымсыз түрі екі түрлі жолмен жасалады.

а) қалып етістіктерінің есімше тұлғасында келіп **-ған/-ген...** жоқ сөзімен тіркесуі арқылы жасалады. *Қарынбай көрсеткен орынға отырған жоқ* (“Қаз.эд.”).

ә) күрделі етістіктің құрамындағы негізгі етістікке **-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. *Бұл уағдаластықтың орындалуы ойдағыдай болмай отыр*. (“Ег. Қаз.”).

Күрделі нақ осы шақтың жіктелу үлгісі

жақ	жекеше	көпше
I	тындап тұрмын	тындап отырмыз
II	тындап отырсың тындап отырсыз	тындап отырсындар тындап отырсыздар
III	тындап отыр (нөлдік тұлға)	

2. Ауыспалы осы шақ. Ауыспалы осы шақ қимыл, іс-әрекеттің дағдылы қалыпта болып тұруын білдіреді. Ауыспалы осы шақ **-а, -е, -й** тұлғалы көсемшенің жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы, *Жиырма шақты жігіт жас қайыңдарды бөренелердің үстіне лақтырады* (Мүсірепов). *Өзін-өзі күндейді, жақынын жалған мінейді* (Абай).

Ауыспалы осы шақтың болымсыз түрі етістікке **-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. *Кобейту кестесін де жөнді білмейді* (Қалдыбаев).

Ауыспалы осы шақтың жіктелу үлгісі:

жақ	жекеше	көпше
I	айтамын	айтамыз
II	айтасың, айтасыз	айтасындар, айтасыздар
III	айтады	

Сонымен бірге процессуальдық мәнді білдіретін, әсіресе баспасөз тілінде III жақта жиі қолданылып жүрген **-уда, -уде** тұлғасы (жатыс септіктегі тұйық етістіктің баяндауыш қызметінде келуі) да осы шақтың грамматикалық көрсеткіші деп беріліп жүр. *Бүгінде 50-ге таяу елшіліктер жұмыс істеуде* (“Ег.Қаз.”).

7.2.5.3. Келер шақ

Келер шақ қимыл, іс-әрекеттің әлі болмағанын, сөйлеп тұрған сәттен кейін іске асатынын білдіреді. Мысалы: *Ал енді жол осы арадан екі айрылады* (Майлин). *Атымды айтпасам да аңғарарсың* (Тұрмағанбет). *Кейін біреуді көрсететін приговорлар өз қолдарында болмақ* (Әуезов).

Келер шақтың түрлері

Мағыналық ерекшеліктеріне қарай келер шақ үшке бөлінеді:

- 1) болжалдық келер шақ
- 2) мақсатты келер шақ
- 3) ауыспалы келер шақ

1. Болжалды келер шақ. Болжалды келер шақ қимылдың, іс-әрекеттің болу мүмкіндігін айқын көрсетпей, болжай ғана айтылуын білдіреді. *Өлсе, өлер табиғат, адам өлмес, Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-құлмес* (Абай).

Болжалды келер шақ етістіктің түбіріне есімшенің **-ар, -ер, -р**, болымсыз етістіктен кейін **-с** жұрнағы жалғанып, одан кейін жіктік жалғауының үстелуі арқылы жасалады. *Бірақ оның ойлағанының бәрі бола бермес* (Әуезов).

Болжалды келер шақ **-с** жұрнағы арқылы жасалған болымсыз етістіктен жасалғанда, қимыл, іс-әрекеттің болмауын болжай, күмән келтіре айтудан, білдіруден гөрі, жігерлі, үзілді-кесілді мән беруге бейім болады. *Амандық, тыныштық іздемеспін* (Әуезов).

Кейде I жақ жіктік жалғауы **-пын/-пін** ықшамдалып **-н** түрінде ғана жұмсалады. Мысалы, **барма-с-пын - бар-ма-н**. Мұндай тұлғалы етістіктер поэзияда жиі кездеседі. *Ескі бише отырман, бос мақалдап, Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап* (Абай).

Болжалды келер шақтың жіктелуі

жақ	жекеше	көпше
I	бар-ар-мын, бар-ма-с-пын	бар-ар-мыз, бар-ма-с-пыз
II	бар-ар-сыз, бар-ма-с-сыз	бар-ар-сың-дар бар-ма-с-сың-дар, бар-ар-сыз-дар бар-ма-с-сыз-дар
III	Бар-ар, бар-ма-с (нөлдік тұлға)	

2. Мақсатты келер шақ. Мақсатты келер шақ қимылдың, іс-әрекеттің келешекте мақсат етіле орындалатынын білдіреді. Мақсатты келер шақ етістіктің түбіріне **-мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек** жұрнақтарының жалғанып, одан кейін жіктік жалғауларының үстелуі арқылы жасалады. *Ол ертең өз еліне қайтпақ. Ноғайлының қалған әскері Ақторғын сұлуды көшіріп, Яссыға жетпек* (Есенберлин).

Етістіктің **-мақ, -мек, -пақ, -пек, -бақ, -бек** жұрнақтарының үстіне **-шы, -ші** жұрнағы жалғанып, жіктелуі арқылы да мақсатты келер шақ жасалады. *Етікбайды күзетке қойып, Петр мен Қойшығара бой жазып отырмақшы. Сосынғы жұмыс өзінен-өзі шешіле бермекші* (Майлин).

Мақсатты келер шақтың болымсыз түрі **-мақ, -мек, -бақ, -бек, -нақ, -пек** және **-шы, -ші** тұлғалы етістікке емес деген көмекші етістіктің тіркесуі арқылы жасалады. Ондайда жіктік жалғау емес көмекші етістігіне жалғанады. *Әлсізге тимекші емес. Мынау көріністен Абай безбек емес* (Әуезов).

Мақсатты келер шақтың жіктелуі үлгісі

жақ	жекеше	көпше
I	бармақ-пын	бармақпыз
II	бар-мақ-сың бар-мақ-сыз	бар-мақ-сыңдар бар-мақ-сыздар
III	бар-мақ (нөлдік тұлға)	

Ауыспалы келер шақ

Ауыспалы келер шақ та ауыспалы осы шақ сияқты **-а, -е, -й** жұрнақты көсемшенің жіктеліп келуі арқылы жасалады. *Ішімнен шыққан Құтжаннан кем көрмеймін* (Әуезов). *Осыдан Бүркітбайға бармадың ғой, ақ сүтімді аспанға сауамын* (Нұршайықов). *Шын ғашық сый болмас, сый болса, сыр болмас, Арызымды айтайын Құй болар, құй болмас* (Абай).

Ауыспалы келер шақ пен ауыспалы осы шақ бір-бірінен сөйлемдегі мағынасы жағынан ажыратылады. Ауыспалы келер шақтың болымсыз түрі етістіктің **-ма/-ме, -ба/-бе, -па /-пе** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. *Ыққаннан еш нәрсе шықпайды* (Майлин).

Ауыспалы келер шақтың ауыспалы осы шақтан айырмашылығы сөйлемде мезгіл мәнді басқа сөздерден де байқалып отырады. Мысалы: *Бүгінге місе тұтпай, ертеңге қоз жібереміз* (Мәуленов).

Қазір біз “жақын” жолмен жүріп келеміз (Момышұлы) деген сөйлемдердің шағы біріншісінде **ертең** сөзі арқылы, екінші сөйлемде **қазір** сөзі арқылы анықталып тұр (келер шақ, осы шақ).

Ескерту: Ауыспалы келер шақ пен ауыспалы осы шақта I жақ жіктік жалғау (-мын/-мін) кейде ықшамдалып, -м түрінде жалғанады. **Ушаковты қонаққа шақырып келем** (Мүсірепов).

7.2.6. Жақ категориясы

Әрине, жақ пен жіктелу ұғымы бір-біріне толық балама емес. Әдетте мектеп оқулықтары мен грамматикаларда жақ ұғымы таза морфологиялық қана тұрғыдан жіктік жалғау я жіктелу деген парадигмалық жүйенің шеңберінде көрсетіліп келді. Бірақ одан жіктік жалғаудың табиғаты толық ашыла алмайды, әсіресе оның жақтық сипаты мен сөйлеу процесіндегі қызметі айқындалмай қалады.

Рас, оқулықтар мен грамматикаларда беріліп жүрген жіктік жалғау жүйесінде оған жақтық сипат та берілген. Морфологиялық көрсеткіш ретіндегі жіктік жалғау үш жақтың әр жағында бөлек-бөлек болып түрленіп, сол арқылы, бір жағынан, тұтас біртектес грамматикалық (жіктік) мағынаны білдіріп, екінші жағынан, әр жақты (жекеше-көпше де) әр түрлі грамматикалық формалар арқылы бір-біріне қайшы грамматикалық мағына білдіріп, морфологиялық түрлену жүйесінің, яғни парадигмалық жүйенің жиынтығын құрау арқылы грамматикалық (морфологиялық) категория болып танылады.

Сөздердің жіктелу жүйесі, бір жағынан, морфологиялық түрлену тұлғаларының жүйесі, екінші жағынан, сол арқылы берілетін грамматикалық мағыналар жиынтығы арқылы грамматикалық категория болып танылатыны рас. Сонымен бірге осыған негіз болып отырған жіктік жалғаулардың синтаксистік қызметі мен сөйлем құраудағы сипаты ерекше екенін естен шығаруға болмайды. Әрине, барлық жалғаулардың да (септік, тәуелдік, жіктік), кейде көптік жалғаудың сөз байланыстырудағы қызметі ерекше екені белгілі. Сондықтан да олар басқа қосымша түрлерінен бөлініп, жалғау деп аталады. Ал жіктік жалғаудың сонымен бірге сөйлем құрауға сөйлемді тиянақтап, ой білдіруге тікелей қатысы бар, өйткені сөйлемнің дінгегі, ойдың көрінісі, негізі болып есептелетін сөйлемнің баяндауышы жіктік жалғау арқылы, бір жағынан ойдың қазығы, қимыл, іс-әрекеттің иесі бастауышпен (субъектімен) қиыса байланы-

сып тұрса, екінші жағынан, ойды тұжырымдап, тиянақтап, сөйлемді аяқтап тұрады. Сондықтан да түркологияда жіктік жалғауын баяндауыш (предикат) қосымшасы немесе баяндауыш категориясының тұлғасы деп атайды.

Қазақ тіл білімінде жіктелуді, жіктік жалғауды бірде тек жақтық мағынамен байланысты қарап, оны, жақтық мағынаны, предикативті мәнмен барабар деп түсінушілік те бар. “Жіктік жалғауы өзінің жалғанған сөзіне тек қана жақтық мағына үстейді), яғни предикативтік ренк береді” (М.И. ҚҚТ, 85). Бірақ сол арқылы грамматикалық жүйе ретінде жіктік жалғау тек жақтық мағынамен ғана шектеліп қалмайды, онда жіктік жалғаудың тәуелдік жалғаудан бөлек грамматикалық категория боларлықтай ерекшеліктері, айырмашылықтары болмас та еді. Жақтық мән жіктік жалғауда да, тәуелдік жалғауда да бар. Оның үстіне жақтық мағынаны тек предикативтік ренк деп түсінуге де болмайды. Бұлар, жақтық мағына, предикативтік ренк (дұрысында қатынас я қызмет), бір жағынан, бір-бірінен бөлек, екінші жағынан, әр тілдік қабаттың жүйесінен шығатын әр түрлі ұғымдар, сөйтіп, олар бірінің орнына екіншісі жүрмейді, бір тілдік құбылыстың шеңберінде бір-бірін әр жақтан (бірі морфологиялық, сөздің бір құрамды бөлшегі және оның білдіретін грамматикалық мағынасы ретінде, екіншісі басқа бір сөзбен қатынасты негізінде) толықтырып отырады.

Әрине, жақ ұғымы қимыл, іс-әрекеттің қай жақ арқылы (сөйлеуші ме, тыңдаушы ма, бөгде ме) іске асатынын немесе белгілі қасиеттің қай жаққа қатысты екенін я қасиеттің иесі қай жақ болып тұрғанын білдіру болып табылады да, оның мәні екі сөздің, субъекті мен предикаттың арасындағы семантикалық және грамматикалық қатынас пен қызметтен көрініп, айқындалады. Бұл тұрғыдан келгенде жақ ұғымы тілдің грамматикалық құрылысы синтаксистік сипаттың көрінісі ретінде өмір сүреді. Бірақ жақ ұғымының (жіктелудің) морфологиялық сипатын ескермеуге болмайды, өйткені жіктік жалғау - үш жақта (және жекеше-көпше болып), әрқайсысына (сол жаққа, бұл - грамматикалық мағына) тән арнайы грамматикалық тұлғалары бар парадигмалық түрлену жүйесі болып табылады. Сондықтан да жақ (жіктік) категориясы немесе жіктелу оның түрлену тұлғасы (жіктік) жалғау, баяндауыштық қосымша деп аталса да, синтаксистік сипаты мол болса да, морфологиялық категория болып саналады. Өйткені біріншіден, жіктелудің мәні, ең

алдымен, грамматикалық тұлғалар (жіктік жалғау формалары) мен солар білдіретін грамматикалық мағыналар сәйкестігі арқылы анықталады, екіншіден, сөз түрлендіру тұлғалары жиынтығынан құралатын грамматикалық категориялардың синтаксистік қызметі атқару қасиеті, мысалы, тәуелдік жалғауының ілік септік жалғаулы сөзбен анықтауыштық қатынаста матаса байланысуы, септік жалғауларының объектілік, мезгілдік, мекендік қатынастарда екінші сөзбен меңгеріле байланысуы - заңды құбылыс. Сондықтан да жақ (жіктік) категориясын, жіктелу жүйесін бір ғана қырынан түсіну, сөйтіп, категориялық сипатын синтаксистік қана қызметінен айқындау, морфологиялық түрлену (парадигмалық) жүйесін, соған сәйкес бір тектес өз ішінде қарама-қайшы мәнді грамматикалық мағыналар жиынтығын ескермеу бұл тілдік құбылыстың (жіктік жалғаудың) мәнін толық ашпайды, грамматикалық сипатын терең айқындай алмайды. Өйткені жақ категориясының, жіктелу жүйесінің грамматикалық сипатын анықтайтын ерекшелік оның синтаксистік қатынасы мен қызметінде емес, жіктік жалғау, яғни морфологиялық түрлену жүйесінде жатыр да, көрсетілген синтаксистік қатынасы жіктік жалғаудың сөйлеу процесіндегі атқаратын қызметінен туындап отыр. Яғни бұл жерде тілдік құбылыстың морфологиялық түрлену жүйесі мен мағыналық сипаты және олардың сөйлеу процесінде синтаксистік қатынасқа түсіп, белгілі тұрақты қызмет атқаруы диахрондық аспектіде, тарихи тұрғыда (яғни қайсысынан қайсысы пайда болды деген ыңғайда) тұжырымдалып отырған жоқ, синхрондық аспектіде, статикалық тұрғыда (яғни белгілі бір форма, формалар жүйесі белгілі бір грамматикалық мағыналарды білдіріп сөйлеу процесінде белгілі бір тұрақты қызмет атқарады) көрсетіліп отыр. Сондықтан да “жіктік жалғау - баяндауышқа ғана тән жалғау” екенін мойындай отырып, жіктік жалғау тек қана синтаксистік қызмет атқарады, өйткені жіктік жалғаулы сөз сөйлемде әрдайым баяндауыш қана болады - деген тұжырымның бір жақты екенін көрсету қажет. Осы ізбен, яғни ілік септік жалғауын ол тұлғадағы сөз тек анықтауыш қызметін, табыс септік жалғауын ол тұлғадағы сөз тек тура толықтауыш қызметін атқаратыны үшін және ілік септік жалғауы тәуелдік жалғаумен, табыс септік жалғауы сабақты етістікпен байланысып қана қолданылуына қарап, оларды басқа септік жалғауларынан, тіпті жалғаулар деп аталатын қосымшалар тобынан бөліп алып,

тек синтаксистік қызмет атқаратын тілдік единица деу қаншалықты қисынды болар еді? Сөйтіп, жіктік жалғау - сөйлем құрайтын негізгі діңгек сөздерді (бастауыш пен баяндауышты) байланыстыратын предикаттық мәндегі морфологиялық тұлға.

Төрт жалғаудың үшеуі (көптік, тәуелдік, септік жалғаулар), әдетте, сөз табы жағынан зат есімге тән, зат есімнің түрлену жүйесі деп анықталады да, жіктік жалғау көбіне етістікпен байланысты сипатталады. Бірақ жіктелетін тек етістік қана емес. Әдетте жіктік жалғауы етістіктің түбіріне тікелей жалғанбайды, белгілі бір формаларының үстіне ғана жалғанады, соған байланысты жіктік жалғаулардың тұлғалары да біркелкі болып келмейді, ал есім сөздерге жіктік жалғау тікелей түбірге және бір қалыппен жалғана береді. Бұның сыры неде? Ең алдымен, бұл - жіктік жалғаудың ауқымы өте кең екенін көрсетеді. Екіншіден, ол жіктік жалғаудың тек семантикалық мәнінен ғана емес, функциялық сипатының, синтаксистік қызметінің ерекшелігінен туындаса керек. Яғни жіктік жалғаудың предикаттық мәні сөйлемді тиянақтап, аяқтап тұру қасиетінде жатса керек. Ал предикат қызметін тек етістіктер ғана емес, есімдер де атқара алады.

Рас, қазақ тілінде адамға байланысты есім сөздер тікелей жіктеледі де, жіктік жалғау тікелей сол түбірге жалғана алады. Ал етістік түбіріне тікелей жіктік жалғау жалғана алмайды. Тек “функциялық етістік” деп аталатын ерекше грамматикалық формалары ғана жіктеле алады, яғни осы формалардың үстіне ғана жіктік жалғаулар үстеле алады. Бұл - бір. Екіншіден, қазақ тілінде қалып етістігі деп аталып жүрген **отыр, тұр, жатыр, жүр** деген 4 етістік те тікелей жіктеледі. Бұның өзі бұл төрт етістік түбір емес екендігін, етістіктің белгілі бір грамматикалық тұлғасы екендігін аңғартады. Үшіншіден, етістіктің жіктелетін тұлғаларының өзіне жіктік жалғау біркелкі жалғанбайды. Әрине, бұлай болуы тегін емес. Бір жағынан, жеке сөз табы ретінде етістіктің өзі сан салалы, күрделі екенін көрсетсе, екінші жағынан, жіктік жалғаудың грамматикалық мағынасы, әр жаққа байланысты түрлену жүйесі, сөйлемде атқаратын қызметі, синтаксистік қатынасты білдіруі бір кезде, бір түрлі, бір ыңғайда қалыптаса қоймағанын көрсетеді. Жіктік жалғаудың осындай әр жақтылық сипатының себебін бір сөзбен дәлелді түсіндіру өте қиын. Етістіктің қай түрін (тіпті есімдерді де) жіктесек те, яғни жіктелу үлгісінің қай түрін сөз етсек те, жіктік жалғауы-

ның сөзге жалғануы жағынан да, сыртқы түр-тұлғасы жағынан да, басқа сөзбен (предикаттық субъектімен) байланысы жағынан да, бірінші және екінші жақ бір түрлі, ал үшінші жақ өзінше бөлек екені байқалып тұрады. Бұл - тек 1,2-жақтың сөйлеуші мен тыңдаушы, ал 3-жақтың бөгде болуымен ғана емес, сонымен бірге шығу, қалыптасу тарихымен, қолданылу ерекшеліктерімен де байланысты. Айталық, 1-2-жақ жіктік жалғаулары жіктеу есімдіктерінен (-**мын**, -**мін**, -**бын**, -**бін**, -**пын**, -**пін** тұлғалары мен дегеннен, -**сын**, -**сін**, **сен** дегеннен, -**сыз**, -**сіз**, **сіз** дегеннен, сондай-ақ біз сөзінен -**мыз**, -**міз**, -**быз**, -**біз**, -**пыз**, -**піз** сендер дегеннен -**сыңдар**, -**сіндер**, **сіздер** дегеннен -**сыздар**, -**сіздер** жасалып) қалыптасқаны белгілі. Бұнымен бірге 1-2-жақ жіктік жалғаулары 1-2-жақта кейбір дыбыстық өзгерістерге түсіп, түрін өзгертіп, 1-жақта -**м**, мысалы, **келді-м**, **барса-м**, **бара-мын** дегеннің сөйлеу тілде **барам** болуы сияқты дамудың салдары болу керек, 2-жақта -**ң**, мысалы, **келді-ң**, **барса-ң** немесе сыпайы -**ңыз**, -**ңіз**: **келді-ңіз**, **барса-ңыз** болуын көрсете кеткен жөн. Осындай өзгеріс үстінде жіктеу есімдіктері, бәлкім, жіктік жалғаулары арқылы 1-2-жақ тәуелдік жалғауларын да (-**ым**, -**ім**, -**м** және -**ың**, -**ің**, -**ң**, -**ыңыз**, -**іңіз**, -**ңыз**) қалыптастырған. Ал қазақ тілінде -**а**, -**е**, -**й**, -**ып**, -**іп**, -**п** көсемше тұлғалы етістік жіктелгенде ғана кездесетін 3-жақ жалғауы -**ды**, -**ді**, -**ты**, -**ті** тарихи жағынан түр көмекші етістігінен кейінірек жасалып қалыптасқан. Көпшілік жағдайда 3-жақтың арнайы қосымшасы болмайды да, ол мағына көбіне нөлдік форма арқылы беріледі. Н.К.Дмитриевтің көрсетуінше, қазіргі 3-жақ баяндауыш қосымшасы (аффикс сказуемости) **түр** көмекші етістігіне саяды да, қосымша қатарына кеш келген. Кейбір түркі тілдерінде 3-жақтағы баяндауыш ешбір қосымша арқылы берілмейді. Сөйтіп, 3-жақ баяндауыш қосымшасының шығу төркіні 1 және 2-жақ жіктік жалғаулардан өзгеше. Тіпті **түр** етістігінің **болу** мәнінде жұмсалуды тек түркі тілдеріне ғана тән емес, басқа да тілдерден байқалып отырады.

Көптеген түркі тілдерінде **түр-үр-түр-ыр** - **ол түр** -**ол тұрар** -**ол тұрып түр** (осы шақ - келер шақ) деген алғашқы тұлғасы әр түрлі дыбыстық өзгерістерге түсті. Түбірдегі дауысты дыбыстың өзгерісін былай қойғанда (түр-тор), сөз басындағы қатаң дыбыстың ұяңдануы (**түр//дүр-**, **тыр//дыр**) немесе сөздің -**ыр//**-**ур** деген екінші буыны түсіп қалып, соның салдарынан сөз мүжіліп барып, **түр-ур // дур-ур//дур түр//дүр тыр-ыр//**

дыр-ыр-тыр//дыр-тыр//дыр (қазақша, өзбекше -**ды**, -**ди**, қырғызша -**т**) болып қосымшаға айналған.

Баяндауыш қызметінде тұйық етістік қолданылғанда, ол жіктелу жүйесінен тіпті алшақтап кетеді, өйткені үшінші жақта тұрған тұйық етістік (мысалы, **міндетіміз - жақсы оқу**, яғни ол - **жақсы оқу** сияқты) предикат ретінде белгілі бір шарттылықпен түсінілсе де, оның (тұйық етістік түрінің) предикат қызметінде бірінші және екінші жақтарда жұмсалуды мағыналық (семантикалық), тұлғалық (формалық) жағынан да қазақ тілі нормасына сай емес: **мен үйрену-мін**, **келу-мін**, **сен үйрену-сін**, **келу-сін** т.б. болып айтылмайды. Тұйық етістік сондықтан да етістік түрлерінің (тұлғаларының) ішінде жіктелмейтін (бірақ есімдерше түрленетін, көптелетін, септелетін, тәуелденетін және мағынасы жағынан қимыл, іс-әрекеттің атын, атауын білдіретін) ерекше түрі деп аталады. Демек, семантикалық, грамматикалық сипаты жағынан тұйық етістік жіктелмейтін тұлға болса, баяндауыш қызметінде 3-жақ жіктік жалғаудың нөлдік формасы мәнінде тұрады. Дәл осындай шарттылық сипат жатыс септік тұлғасындағы зат есімдер (көмекші есімдер) баяндауыш қызметінде жұмсалғанда да байқалады: **жау жоқ деме**, (ол) **жар астында**, **бөрі жоқ деме**, (ол) **бөрік астында** (Мақал); **бас жарылса**, (ол) **бөрік ішінде**, **қол сынса**, (ол) **жең ішінде** (Мақал); **қызым үйде**, **қылығы түзде** (Мақал) т.б. Тіпті кейде негізгі ережеге қайшы келетін (әдетте, мысалы, одағай сөйлем мүшесі болмайды) бірлі-жарым фактілер, (мысалы, **уһ** - одағай дегенде, **уһ** - бастауыш болып тұр) кездесіп отыруы тілдің жүйелік сипатын жоққа шығармайды. Сөйтіп, баяндауыш қызметіндегі сөз әрдайым жіктеліп жұмсалады, 3-жақта арнайы жіктік жалғауының болмауы оның нөлдік формасы болып табылады. Әдетте көсемше тұлғалары (-**а**, -**е**, -**й** және -**ып**, -**іп**, -**п**) мен бұйрық райдың 3-жағында ғана арнайы жіктік жалғауы болады. Тек бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы болып келгенде ғана, ол баяндауыш кейбір тиянақсыз формада тұрғанда (мысалы, -**а**, -**е**, -**й**, -**ып**, -**іп**, -**п**, -**ғалы**, -**гелі**, -**қалы**, -**келі** көсемше формалары, есімше формаларына, шылаулар мен шылау сөздер тіркескен немесе жатыс, шығыс септік түрлерінде, (мысалы, -**ған кезде**, -**ған сайын**, -**ғанда**, -**ғаннан бері** т.б.) жіктік жалғау жоқ, өйткені ол тұлға үш жаққа да оның жақтық мәні бастауыштан ғана көрінеді. Мысалы, **мен келгенде**, **сен жас едің**, **ол келгеннен бері**, **күн ашылмай қойды**; **мен келе алмай**, **сен келіп**

қойып жүрме т.б. алғашқы бағыныңқы сөйлем баяндауыштарың жіктеп көрейік:

Мен келгенде, келгеннен бері, келе алмай
 Сен келгенде, келгеннен бері, келе алмай
 Сіз келгенде, келгеннен бері, келе алмай
 Ол келгенде, келгеннен бері, келе алмай
 Біз келгенде, келгеннен бері, келе алмай
 Сендер келгенде, келгеннен бері, келе алмай
 Сіздер келгенде, келгеннен бері, келе алмай
 Олар келгенде, келгеннен бері, келе алмай

Бұның себебі неде? Кейбір етістік тұлғаларының есімше, көсемше, тұйық етістік жіктелмей-ақ (бұл жерде нолдік форма емес) баяндауыш қызметін атқара беруі “жіктік жалғауы баяндауыштық форма” деген қиғадаға нұқсан келтіре алмайды, өйткені бұл сияқты етістіктен болған баяндауыштың жіктелмей қолданылуы әдеттегі жағдай емес, атап айтқанда, аяқталмай тұрған (бағыныңқы) сөйлемде ғана кездеседі. Демек, бұл ерекшелік ондай тұлғаның тиянақсыздық, бітпегендіктің сипатымен байланысты бағыныңқы сөйлемде болатындығы байқалады. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауыштары етістіктің көсемше, шартты рай тұлғалары мен есімше тұлғаларына кейбір жалғау (жатыс, шығыс, көмектес, барыс), жұрнақ (мысалы, *-дықтан*) үстеліп немесе оған септеулік шылаулар тіркескен түрінен болады. Атап айтсақ: көсемше *-а, -е, -й* және *-ып, -іп, -п, -ғалы, -гелі, -қалы, -келі*, кейде болымсыз түрде *-майынша, -мейінше*, шартты рай *-са, -се* (қарсылықты бағыныңқыда оған қоса да, де шылауы болады), сондай-ақ есімше тұлғалары 1) жатыс септігінде (*-ғанда, -генде, -қанда, -кенде, басталғанда, келгенде*), 2) көмектес септігінде (*-ғанмен, -генмен, -қанмен, -кенмен, келгенмен, барғанмен*), 3) белгілі бір жұрнақтар үстеліп, а) *-ғандай, -гендей, -қандай, -кендей (келгендей, барғандай)*, ә) *-ғанша, -генше, -қанша, -кенше (келгенше, барғанша)*, б) *-ғандықтан, -гендіктен, -қандықтан, -кендіктен (келгендіктен, барғандықтан)*, в) *-ысымен, -ісімен, -сымен, -сімен (басталысымен, келісімен)*, г) болымсыз етістік тұлғасына *-стан, -стен (келместен, бармастан)*, 4) есімше тұлғасына *соң, кезде, шақта, уақытта, сайын* сияқты шылау сөздер тіркеседі; **барған кезде (соң)**; 5) барыс септік тұлғалы есімшеге *дейін, шейін, септік тұлғалы есімшеге кейін, соң, бері, бұрын* тәрізді септеулік шылаулар тіркеседі; *келгеннен бері (соң, бұрын)* т.б. және тұйық етістікке тіркескен үшін шылауы: *келу үшін* т.б.

Айта кету керек, откен шақ (*-ып, -іп, -п*) көсемше формасы да, ауыспалы шақ (осы шақ - келер шақ: *-а, -е, -й*) көсемше формасы да жалпы тиянақсыз тұлға саналып жүргенмен, жіктеліп келгенде, көсемше формасына тиянақты сипат бітіп, жай сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарып, сөйлемді аяқтап тиянақтап бітіріп тұрады. Мысалы. *Коп кешікпей біз де қайтып ораламыз* (Мұстафин). *Ел кошкенде екеуі жұртта қалып қойыпты... Асан айқай салып жылай бастайды* (Алтынсарин). Осы сөйлемдегі баяндауыш құрамындағы **қайтып ораламыз, (қалып) қойыпты, (жылай) бастайды** көсемше тұлғалы етістіктер жіктеліп қолданбаса, сөйлем аяқталмас еді, тиянақты да болмас еді: **(қайтып) орала, (қалып) қойып, (жылай) бастай**, ал бұларды 1 және 3-жақ жіктік жалғаулары сөйлемді тиянақты етіп отыр. Ал есімше тұлғасы - тиянақты форма. Ол бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы болу үшін, жоғарыда көрсетілгендей, тиянақсыз формада тұру қажет болады. Сондай тиянақсыз форманың бірі - шартты рай тұлғасы. Шартты рай жіктелсе де, онда тиянақтылық сипаты болмайды, сондықтан да болса керек - шартты рай тұлғасынан болған бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы жіктеліп қолданылады, ол - өткен шақ тұлғасы сияқты ерекше тұлғамен, жіктік жалғаудың мүжілген түрімен жіктеледі. *Майысса да сынбайтын болат па десем...* (Мұстафин). *Көрмесем де, корсем де...* (Абай). *Қысым көрсендер, осында келіндер* (Сейфуллин). *Бұл тойға Ақан келсе...* (Мүсірепов). *Сен болыс болмасаң...* (Әуезов). *Егер он бес мыңдай кісі жиналса...* (Мұқанов). Бұл мысалдардағы 1-жақта (мен) десем, көрмесем, корсем, 2-жақта (сен) болыс болмасаң, (сендер) қысым көрсендер, 3-жақта (ол) келсе, жиналса деген шартты рай тұлғалы етістіктер (бағыныңқы) сөйлемнің баяндауышы болып, жіктеліп келсе де, тиянақсыз, аяқталмаған форма болып тұр. Осының өзінен шартты рай тұлғасы мен көсемше тұлғаның тиянақсыздық, баяндауыш қызметінде аяқталмағандық сипаты бірдей, біркелкі емес екенін байқаймыз, көсемше тұлғасы жіктелсе, тиянақты сипатқа ие болады. Ал есімше тұлғасы - жеке тұрғанның өзінде-ақ тиянақты форма. Сондықтан есімше бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарғанда, тиянақсыз формада (жатыс, көмектес, *-дықтан* т.б.) немесе шылау сөздерімен тіркесіп жұмсалады, ал көсемше тұлғасы жіктелмей қолданылады, шартты рай тұлғасы жіктелсе де, тиянақсыз сипатта бола береді.

Көсемше тұлғасының осындай ерекшелік қасиеті оның басқа да кейбір қолданыстарынан, әсіресе, бірыңғай мүшелердің, көбіне бірыңғай баяндауыштардың, қолдануларынан байқалады, яғни көсемше формалы етістік түбірленбей-ақ (көбіне жіктелмей-ақ) етістіктің басқа тұлғаларымен, мысалы, есімше, жедел өткен шақ тұлғалы сөздермен бірыңғай мүше болып сөйлем ішінде қолданыла береді. *Балтабек пен Асқар киініп, шығып кетті* (Мұқанов). *Ауыл жігіттері сәлем беріп, алдынан шығып, атын ұстап, аттан түсіріп алды, құрдай жорғалап, есік ашып енгізіп, күтіп жатыр* (Сейфуллин). *Құс қанатымен ұшып, құйрығымен қонады* (Мақал). *Ол ауылға жаздың басында келіп, күзде ғана кеткен*. Берілген мысалдардағы көсемше **киініп** деген тұлғалы етістік **шығып кетті** деген жедел өткен шақ тұлғалы сөзбен, **сәлем беріп, алдынан шығып, ұстап, аттан түсіріп алып, құрдай жорғалап енгізіп** дегендер (бұрынғы өткен шақ мәнінде) осы шақтағы **күтіп жатыр** дегенмен, **ұшып** (тағы да өткен шақ) деген **қонады** дегенмен (ауыспалы осы шақ), **келіп** деген **кеткен** дегенмен бірыңғай баяндауыш болып қолданылған. Көсемше тұлғалы етістіктің бұндай қызметі өте ерте заманнан бері келе жатқан бірден-бір қызмет деуге болады.

Сөйтіп, кейбір етістік тұлғаларының баяндауыш қызметінің өзінде жіктелмей қолданылуының сондай ерекшеліктері бар екен.

Жіктік жалғауы есім сөз таптарынан гөрі етістікке тән десек те, оның мынадай ерекшеліктерін көрсетпеуге болмайды. Біріншіден, жоғарыда көрсетілгендей, етістік түбір тұлғасында тікелей жіктелмейді, ал есім сөздер (зат есім, сын есім, сан есім, есімдіктің кейбір түрлері) тікелей түбір тұлғада жіктеледі және 1-2-жақтарда тек адамға байланысты есімдер ғана жіктеледі. Екіншіден, етістіктің жіктелетін тұлғаларының өзі бірдей, біркелкі жүйемен жіктелмейді. Атап айтқанда, қазақ тілінде етістік 5 түрлі жіктеледі, 4 түрлі жіктік жалғауы жалғанады.

1) Етістіктің есімше тұлғалы түрі (-ған, -ген, -қан, -кен, -атын, -етін, -итын, -итін, -ар, -ер, -р болымсыз түрі -с-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек) және *отыр, тұр, жүр, жатыр* деген 4 қалып етістігі, -уға, -уде, тұлғалы тұйық етістік есім сөздерше жіктеледі: 1-жақ жекеше -мын, -мін, -пын, -пін, көпше -мыз, -міз, -быз, -біз, -пыз, -піз; 2-жақ анайы, жекеше -сың, -сің, көпше -сыңдар, -сіндер, сыпайы жекеше -сыз, -сіз, көпше -сыздар, -сіздер; 3-жақта арнайы жалғау жоқ.

2. Етістіктің көсемше тұлғалы түрі (-а, -е, -й және -ыл, -ін, -н) 1- және 2-жақтарда есімдерше жіктеледі де, 3-жақта арнайы -ды, -ді, -ты, -ті деген жалғауы болады. Жіктелудің (жіктік жалғауларының көсемше тұлғасына жалғанудың) нәтижесінде көсемшенің осы тиянақсыз тұлғасы тиянақтылық сипатқа, аяқталғандық мәнге ие болады.

Етістіктің көсемше тұлғасы *ма, ме* сұраулық шылаумен тіркескенде, 3-жақта жіктік жалғаусыз қолданылады: *мен бара-мын ба, келіп-пін бе, сен бара-сың ба, келіп-сің бе, сіз бара-сыз ба, келіп-сіз бе, бірақ ол бара ма, келіп пе?* (бара-ды ма емес, келіп-ті емес). Сондай-ақ сөйлеу тілде 1-жақта -мын, -мін жалғауы тек -м түрінде де кездеседі: **бара-мын - барам**.

3) Етістіктің шартты райы (-са, -се) және жедел өткен шақ (-ды, -ді, -ты, -ті) тұлғалы түрлері шағындалған қосымшалар жалғану арқылы жіктеледі: 1-жақ жекеше -м, көпше -қ, -к; 2-жақ анайы жекеше -н, көпше -ндар, -ндер, сыпайы -ңыз, -ңіз, көпше -ңыздар, -ңіздер; 3-жақта арнайы жалғау жоқ.

Сөйлеу тілінде -а, -е, -й тұлғалы көсемшеге жалғанатын 1-жақ жекеше жіктік жалғауы (-мын, -мін) -м болып, 3-жақ жіктік жалғауы -ды, -ді, -т болып, -ған, -ген, -қан, -кен тұлғалы есімшеге жалғанатын 1-жақ жекеше жіктік жалғауы (-мын, -мін)-м болып та айтылады: *бара-мын, келе-мін, сөйлей-мін* деудің орнына *бара-м, келе-м, сөйлей-м болып, бара-ды, келе-ді, сөйлей-ді* деудің орнына *бара-т, келе-т, сөйлей-т болып, барған-мын, келген-мін, сөйлеген-мін* деудің орнына *барға-м, келге-м, сөйлеге-м* болып айтыла береді. Әрине, соңғы нұсқа толық әдеби форма болып саналмайды.

Сонымен бірге 1-жақ жекеше мәнде тілімізде -ман, -мен, -бан, -бен, -пан, -пен тұлғалы етістіктер де жиі қолданылады. Зерттеушілер -ман, -мен, -бан, -бен, -пан, -пен формасын ауыспалы осы (келер) шақтық (*ма-й-мын, ме-й-мін, ба-й-мын, бе-й-мін, па-й-мын, пе-й-мін*) болымсыз тұлғасының 1-жақ түрінің қысқарған нұсқасы деп анықтайды. Және әдеттегідей салыстырғанда бұл тұлғаның семантикасында үзілді-кесілді реңк бары, ол тұлғаның өлең сөзде көбірек ұшырасуы стильдік мән үстеп, өлеңге батылдық, жігерлілік сипат беретіні де көрсетіледі.

Ең алдымен, бұл - ауыспалы осы (келер) шақ -ма (-ба, -па) -й, -мын, -ме (-бе, -пе) -й-мін тұлғасынан емес, есімшеден болған болжалды келер шақтың *ма-с-пын, ме-с-пін, бе-с-пін, па-с-пын,*

пе-с-пін деген болымсыз тұлғасынан ықшамдалып қалыптасқан. Сондықтан да бұл тұлға үзілді-кесілділік, жігерлік реңк білдіреді, яғни мұндай мән осы тұлғаның ықшамдалғаннан кейінгі пайда болған қасиеті емес, толық түрінде де бар ерекшелігі: *бармаймын - бармаспын - барман. Бармаймын* десе, бару қимылының бірінші жақ тарапынан десе, мақсаттық, үзілді-кесілділік мән (кейде болжалдық мән де болуы мүмкін) айқын сезіледі. Екіншіден, *-ман, -мен, -бан, -бен, -пан, -пен* формасының келер шақ есімше тұлғасынан ықшамдалғанын *-е* көмекші етістігінің қолданылуы да (емен), яғни, *-е-мес-пін* бар да *-е-мей-мін* деген жоқ екендігі де дәлелдеп тұр. Үшінші, бұл тұлға көбіне өлең-жырларда, айтыста жиі кездеседі. Сонымен бірге бұл тұлғалы етістік орта ғасырлық кезеңдегі жазба әдебиеттер тілінде (мысалы, “Мухаббат-наме”, “Гүлстан бит-түркі” т.б.) де қолданылып отырған: *Тәнім барыңға сенден йуз чауірмән* (жасырман), *Ешкіннің топырақын-дан көтермән*.

4) Етістіктің бұйрық рай тұлғасы ерекше жіктеледі, ол етістік тұлғасының жіктелуінің төртінші түрі болып саналады. Ол ерекшелік, біріншіден, бұйрық райда жіктік жалғаудың бүтіндей өзгеше болуында болса, екіншіден, етістіктің түбір тұлғасы мен бұйрық рай (2-жақ жекеше, анайы) тұлғаларының сырттай ұқсас, бірақ екеуі бір емес екендігінде, яғни түбір сөз формаларына негіз болатын сөздің статикалық күйіндегі тұлғасы да, бұйрық райдың 2-жақ жекеше анайы тұлғасы - түбірден бөлек сөз формасы, грамматикалық түрлену парадигмасының бір көрінісі болып табылады. Сондықтан да етістіктің түбірі мен бұйрық райдың 2-жақ жекеше, анайы түрі омоним формалар болады. Сөйтіп, бұйрық райдың жіктелуінде 1-жақ жекеше *-айын, -ейін, -йын, -йін*, көпше *-айық, -ейік, -йық, -йік*, 2-жақтық анайы жекеше арнайы тұлғасы жоқ нөлдік форма көпше *-ыңдар, -іңдер, -ңдар*, сыпайы жекеше *-ыңыз, -іңіз, -ңыз, -ңіз*, көпше *-ыңыздар, -іңіздер, -ңыздар, -ңіздер*, 3-жақта *-сын, -сін* жалғаулары жалғанады.

Бұйрық райдың 2-жақ арнайы жекеше түрінде бір кезде арнайы тұлға болған болуы керек. Бір жағынан, басқа түркі тілдерімен (мысалы, өзбек тілінде *ал-алиң* болып айтылатыны белгілі), екінші жағынан, 2-жақтық басқа түрлерімен (мысалы, көпше және сыпайы түрі) салыстырсақ, бұйрық райдың 2-жағында (анайы, жекеше) *-ың, -ің, -ң* қосымшасы болғандығы байқалады. Кейін ол түсіп қалып, етістіктің түбір

тұлғасымен сәйкес болып қалыптасқан. Бұлай болуға етістіктің түбір тұлғасының тікелей жіктеле алмайтыны және сөйлемде етістік түбірдің сол күйінде қолданыла алмайтыны себеп болуы мүмкін. Қазіргі кейбір түркі (мысалы, өзбек) тілдерінде бұйрық райдың бұл формасы кейде сақталып жұмсалады: *сен алың, келиң* т.б. Қазақ тіліндегі 2-жақ сыпайы тұлғасында (*-ыңыз, -іңіз, -ңыз, -ңіз*) және көпше тұлғасында (*-ыңдар, -іңдер, -ңдер, -ңдар*) бұйрық райдың 2-жағының жалғауы (*-ың, -ің, -ң*) сақталған, демек, сыпайылықты және көптікті білдіріп тұрған қосымшаның *-ыз, -із* және *-дар, -дер* бөлшектері ғана.

Сонымен бірге ауыз әдебиеті нұсқаларында, ақындар шығармаларында, кейбір аймақтағы сөйлеу тілде бұйрық райдың 2-жақ жекеше анайы формасы ретінде, *-ғын, -гін, -қын, -кін* қосымшасы да жұмсалады: *сен бар-ғын, айт-қын, кел-гін* т.с.с. Бұл тұлға кейбір орта ғасырлық жазба ескерткіштер тілінде (мысалы, “Мухаббат-намеде”) алтай, ұйғыр, қарақалпақ сияқты қазіргі түркі тілдерінде де қолданылып отырады.

Сондай-ақ 1-жақ көпше түрінің қосымшасы да тілімізде кейде *-лық, -лік, -алық, -елік* түрлерінде қолданылады: *біз бар-алық, кел-елік. Кел, балалар, оқылық, Оқығанды көңілге ықыласпен тоқлық* (Алтынсарин).

Бұйрық рай тұлғасының жіктелуіндегі тағы бір ерекшелік - бұйрық рай формасының үш жағына да *-шы, -ші* жұрнағы жалғанып та қолданылады. Ондайда етістікте таза бұйрық мәнінен гөрі тілек, ниет мәні басым байқалады: *мен барайын-шы, келейін-ші, сен бар-шы, кел-ші, сіз барыңыз-шы, келіңіз-ші, ол барсын-шы, келсін-ші, біз барайық-шы, келейік-ші, баралық-шы, келелік-ші, сендер барыңдар-шы, келіңдер-ші, сіздер барыңыздар-шы, келіңіздер-ші, олар барсын-шы, келсін-ші. -шы, -ші* қосымшасы шартты рай тұлғалы етістіктердің жіктелген түріне де үстеліп, шарттылық мәннен гөрі өкініш, аңсау сияқты мән үстейді: *мен барсам-шы, келсем-ші, сен барсаң-шы, келсең-ші, сіз барсаңыз-шы, келсеңіз-ші, ол барса-шы, келсе-ші, біз барсақ-шы, келсек-ші, сендер барсаңдар-шы, келсеңдер-ші, сіздер барсаңыздар-шы, келсеңіздер-ші, олар барса-шы, келсе-ші.*

Сөйтіп, осы талдаудан көрінетіндей, бұйрық рай бұл - етістіктің грамматикалық категориясының рай категориясының бір түрі ретінде өзіндік жіктелу парадигмасы бар тілдік құбылыс, сондықтан да оның 2-жақ жекеше анайы тұлғасы сырттай түбірмен ұқсас, сәйкес болғанмен, мы-

салы, **кел-сен кел**, ол екеуі бір емес, тек омоним форма, мағынасы үш жақта бірдей емес. Бұйрық райдың басты мағынасы қимылдың, іс-әрекеттің орындалуы-орындалмауында біреуге бұйыру, тілек ету, түрткі болу сияқты мәндермен байланысты болса, бұйыру мәні 2-жақта айқын болады да, 3-жақта бұйыру - өтіну, іс-әрекеттің, қимылдың орындалу-орындалмауына қозғау салу мәні басым болады, ал 1-жақта бұйрықтан гөрі сөйлеуші қимылды, іс-әрекетті өзі ниет етіп орындайтынын білдіреді, (адам өзіне-өзі бұйыра алмайды ғой).

5) Етістіктің ерекше жіктелетін түрі - қалау рай тұлғасы. Қалау рай тұлғасын (негізгі етістік **-ғы, -гі, -қы, -кі** тұлғасына тәуелдік жалғауы жалғанып **келді** немесе **келеді** көмекші етістікпен тіркескен күрделі етістік) тәуелдік жалғау арқылы жаққа жіктеледі, қимыл, іс-әрекет иесі, жақ иесі (жіктеу есімдігі) атау тұлғада емес, ілік септігінде тұрады.

Бұл түрленудің ерекшелігі сол қалау рай тұлғалы күрделі етістік негізгі тәуелдік жалғау тұлғасында (3 жақтың бірінде) тұрады да, көмекші етістік **кел** жедел өткен шақ (келді) немесе ауыспалы келер осы шақ **келеді** тұлғасында келіп,

жіктік жалғаудың 3-жағында айтылады: **келді** дегенде нөлдік форма, **келеді** дегенде -ді жалғауы 3-жақ жіктік жалғауы. Сөйлемді аяқтап, тиянақты етіп тұратын предикаттық (баяндауыштық) тұлға - осы, яғни нөлдік формалы **-ды** тұлғалы 3-жақ жіктік жалғау болса керек, бірақ бұл басқа жақта қолданылмайды, өйткені формальды түрде оның (келудің) грамматикалық субъектісі ретіндегі сөз - тәуелдік жалғау арқылы заттанып тұрған субъект ілік септігінде анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Осы қалау рай тұлғалы сөйлем, бұл тұлға баяндауыш болғанда, бастауышы болмайтын себепті жақсыз сөйлем деп аталып жүр. Шындығында, бұнда логикалық субъект (қимылды іске асырушы) бар, ол 3-жақтың бірінде тұрады, бірақ бастауыш болатын атау септігінде емес, ілік септікте болады. Кейде ілік септіктегі есімдіктер жақты сөйлем үлгісімен атау тұлғалы болып та айтылады: **мен барғым келмейді, ол барғысы келмейді** т.б.

Сондай-ақ **-у** тұлғалы тұйық етістікке тәуелдік жалғауы үстеліп, **керек, қажет, мүмкін, тиіс** сияқты модаль сөздердің тіркесуінен жасалған баяндауыштар да осы тәріздес түрде жіктеледі.

Сөйтіп, қазақ тілінде жіктелу тұлғаларын төмендегідей топтап беруге болады.

Сөздер	1-жақ жекеше, көпше	2-жақ жекеше, көпше	3-жақ
Есімдер, есімше, қалып етістіктері	-мын, -мін, -бын, -бін, -пын, -пін, -мыз, -міз, -быз, -біз, -пыз, -піз	-сың, -сің, -сыз, -сіз, -сыңдар, -сіңдер, -сыздар, -сіздер	
Көсемше -а, -е, -й, (-ып, -іп, -п)	-мын, -мін, -пын, -пін, -мыз, -міз, -пыз, -піз	-сың, -сің, -сыз, -сіз, -сыңдар, -сіңдер, -сыздар, -сіздер	-ды, -ді, -ты, -ті
Жедел өткен шақ, шартты рай	-м, -к, -к	-н, -ңыз, -ніз, -ндер, -ндар, -ңыз, -дар, -ніздер	-ды, -ді, -ты, -ті
Бұйрық рай	-айын, -ейін, -айық, -ейік	-ыңыз, -ініз, -ңыз, -ніз, -ындар, -індер, -ндар, -ндер, -ыңыздар, -ініздер, -ндар, -ндер	-сын, -сін
Қалау рай Модаль мәнді тіркес	-ғы-мыз кел(е)ді -у-ым, -ымыз қажет	-ғы-ң-ңыз кел(е)ді -ғы-лар-ың, -ыңыз, -у-ың, -у-ларың, -ларыңыз қажет	-ғы-сы кел(е)ді, -у, -ы-ла-ры қажет

7.2.7. Амалдың өту сипаты категориясы

Әдетте, амал-әрекет ешқашан біркелкі орындалмайды. Қимыл-әрекеттің шапшаң не баяу, шұғыл не созылыңқы, тыңғылықты не босаң, біркелкі немесе үздік-создық т.б. түрлері кездеседі. Сондықтан тіліміздегі етістіктер өзінен-өзі тұрып мұндай мән-мағынаны бере алмайды. Ондай әрекет-қозғалысты етістіктің грамматикалық формалары ғана аңғарта алады. Негізінен бұған аналитикалық формалар қызмет етеді. Себебі аналитикалық формалардың бойында амалдың жүзеге асуын сипаттайтын грамматикалық мағыналар болады. Мысалы, *айт* етістігі *айта бастады*, *айта жөнелді*, *айта салды*, *айта қойды*, *айта тұр*, *айта бер*, *айта қал* дегенде түрлі форманттар жалғанып, айту амалының сан түрлі өту сипатын байқатып тұр.*

7.3. ҚИМЫЛ ЕСІМІ

Қимыл есімі (кейде тұйық етістік, қимыл атауы) етістіктің мағына жағынан да, түрлену жүйесімен де ерекшеленетін функциялық формаларының бір түрі.

Барлық етістік формалары жіктеліп, жақтық, шақтық мағынаны аңғартса, қимыл есімінде ондай белгі жоқ. Керісінше, есімдерше көптеліп, тәуелденіп, септеліп қолданылады.

Қимыл есімінің етістіктің бір түрі бола тұрып мұндай ерекшелікке ие болуы қимыл әрекеттің өзін емес, сол әрекеттің атауы ретінде қолданылуына байланысты.

Қимыл есімі түбір етістік пен туынды түбір етістікке *-у (-үу, -үу)*, *-ыс (-іс)*, *-мақ (-мек, -бак, -бек, -пак, -пек)* жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.

Қимыл есімінің жұрнағы жалғанбайтын бірде-бір түбір не туынды етістік жоқ. Демек, барлық қимыл-әрекеттің атауы болады екен.

Мысалы: *бар-бару*, *барыс*, *бармақ*

өзгер - өзгеру, *өзгеріс*, *өзгермек*.

Түбір не туынды түбір етістікке қимыл есімдерінің жұрнағы жалғанғанда қимылдың атауы ретінде қолданылғанымен салт және сабақтылық мағынасы толық сақталады. Сондықтан түбір етістік пен туынды түбір етістіктің септік формадағы сөзді меңгеруі қимыл есіміне айналғанда да сол қалпын сақтайды. Мысалы: *далаға бар - да-*

лаға бару, *үйді көр - үйді көру*, *үйде демал - үйде демалу*, *үйден шық - үйден шығу*, *жұмыспен айналыс - жұмыспен айналысу*.

Демек, қимыл есімін қимылдың өзін емес, атауын білдіреді десек те, оның етістік шеңберінен шығып кетпейтінін, (конверсиялануды есептегенде) етістіктің функционалдық формасы болып қалатынын аңғарамыз.

Қимыл есімі үш түрлі жұрнақ арқылы жасалғанымен мағыналарында айырмашылық болмайды. Бәрі де қай қимыл-әрекетті білдіретін етістікке жалғануына қарай сол қимыл-әрекеттің атауын ғана білдіреді. Дегенмен қазақ тілінде бұл үш жұрнақтың етістікке жалғануы, қолданылыс аясы бірдей емес. Сондықтан қимыл есімдерін жасайтын жұрнақтарға жеке-жеке тоқталуға тура келеді.

-у (-үу, -үу) жұрнағы арқылы жасалған қимыл есімі формасы - тілімізде ең жиі қолданылатын форма.

Қазақ тілінде етістіктің бұл формасы жұмыс түрлерін атап айтқанда жиі қолданылады. Мысалы, *безендіру жұмысы*, *жуу жұмысы*, *қадағалау әрекеті*, *бағалау тәртібі*, *санау кезі*, *ақтау мерзімі* т.б. *Орлар қазу*, *лай бастыру*, *кірпіш құю*, *іргесіне қалайтын тас тасу тәрізді алуан ауыр жұмыстар қайдан он-онай біте қойсын* (Әбілев).

Қимыл есімінің бұл түрі анықтайтын сөзінен бөлініп тәуелдену, септелу арқылы заттанып та қолданыла береді. Мысалы: *кірпіш құю бүгін тоқтап қалды* дегенде *кірпіш құю жұмысы* болып айтылмай, тек *кірпіш құю* түрінде қолданылып, атау септігінде тұрғандықтан **не?** деген сұраққа жауап беріп, бастауыш қызметін атқарып тұр.

-у қосымшалы қимыл есімінің осылайша атау септігінде қолданылу үрдісімен зат есім ретінде қолданылатын сөздер пайда болған. Мысалы: *егеу*, *сабау*, *жабу*, *жасау*, *сайлау*, *барлау*, *бұрғылау* т.б.

Соңғы кезде бұлайша зат есімнің жасалуы атау жасау (терминжасам) жұмысын өнімді тәсілге айналдырды. Мысалы: математикада - *алу*, *қосу*, *бөлу*, *көбейту*; әдебиетте - *теңеу*, *шендестіру*, *толғау*, *арнау*; лингвистикада - *жалғау*, *үстеу* т.б.

Қимыл есімнің бұл түрі барлық септікте түрленеді.

Дегенмен, қимыл есімінің септелуінде басқа сөз таптарына қарағанда өзгешелік басым. Мәселен, септік жалғаулары зат есімге тән болғандықтан септелген сын есім, сан есім, есімше т.б. заттанып қолданылатыны белгілі.

Ал қимыл есімі септелгенде, етістікке тән мағынасынан алыстамайды. Оны септік жалғаулы сөздерді қимыл есімінің септеліп тұрып та меңгере беретін қабілетінен байқауға болады. Мысалы:

Үйге қайтуға рұқсат.

Үйді көруді ойлады.

Үйден кетуге тура келді.

Үймен айналысуды жоспарлады.

Зат есім (мейлі сын есім, сан есім, есімдік) септік жалғауын қабылдап қатар тұрмайды, тұра қалған күнде өзара меңгерілуші, меңгеруші сынар ретінде тіркеспейді. Демек, *үйге қайтуға, үйді көруді, үйде отыруды, үйден кетуге, үймен айналысуды* сияқты тіркестер қимыл есімінің етістік болып қала беретінін аңғартады.

Қимыл есімнің септік формада қолданылуындағы өзгешелік грамматикалық мағынасына да әсер етіп, зат есімнің септік формаларының грамматикалық мағынасынан айрықшаланады.

Барыс септіктегі зат есім бағыт-бағдары аңғартса, қимыл есімі бағыт-бағдармен қатар себеп, мақсат мәнін білдіреді. *Ол біздің ауылға демалуға келді. Сәуде кеңсені тазалауға барады.*

-у жұрнақты қимыл есімі жатыс септігінде қолданылып, қимылдың ұдайы орындалып жатқанын білдіреді де осы шақ мағынасын аңғартады. Мысалы: *Әр гектардан он бес центнерден астық бастырылуда* (газеттен).

Көмектес септігіндегі -у жұрнақты қимыл есімі болды етістігімен тіркесіп қимыләрекеттің әлденеше қайталанғанын, дүркінділігін білдіреді. Мысалы, *айтумен болды, айқайлаумен болды* т.б.

-ыс (-іс, -с) жұрнағы арқылы жасалған қимыл есімі - сиректеу қолданылатын форма. Қимыл есімінің бұл түрінің жұрнағы ортақ етіс жұрнағымен омонимдес болғандықтан, қазақ тілі грамматикасында бұл екі форманы шатастыру, -ыс формалы етістіктің бәрін ортақ етіске жатқызу байқалады.

Шындығында, бұл етістіктен ортақ етіс те, қимыл есімі де -ыс, -іс жұрнағы жалғанатындықтан жеке тұрғанда дербес мағынасы аңғарылмайды. Оны тек контексте ажырату мүмкін.

Сондықтан қимыл есімі мен ортақ етіс формасының өзгешеліктеріне тоқтала кету орынды болмақ.

1. Ортақ етістің грамматикалық мағынасы әрқашан іс иесі екі не одан да көп екенін білдіреді. Ал қимыл есімінде іс иесінің санына қатысты мағына болмайды. Мысалы: *Ауыл ортасында үйірлі-үйірлі болып отырған еркектер де орнына тұрысты* (Мұқанов). *Мәруардың киімі, бітімі, тұрған тұрысы көзіме оттай басылды.*

Бірінші сөйлемде *тұрысты* деген ортақ етіс те, екінші сөйлемдегі *тұрысы* (Мәруар - біреу) - қимыл есімі.

2. Ортақ етіс формасы рай, көсемше, есімше формасында қолданылады: *айтысса, айтысады, айтысын, айтысқант.б.*

Қимыл есімі тек есімдерше тәуелденіп, септесіп қолданылады: *Асан келісімен сабаққа отырды. Оны мен күлісіне қарап таныдым.*

3. Ортақ етіс формасында қолданылып тұрған сөзді -у қосымшалы қимыл есімімен ауыстыруға болмайды. Ал қимыл есімдерінің жұрнағы өзара алмаса береді. Мысалы: *күннің батысы - күннің батуы, Алтынайдың жүрісі - Алтынайдың жүруі, Тайбуырылдың шабысы - Тайбуырылдың шабуыт.б.*

4. Ортақ етіс формасына қимыл есімінің -у, -мақ жұрнағы жалғана береді, ал -ыс жұрнақты қимыл есіміне бұл жұрнақтар үстемеленіп жалғанбайды.

Мысалы, *танысу, таныспақ, айтысу, айтыснақ* дегенде ортақ етістер қимыл есіміне айналып тұрса, *қоныс, өріс, батыс* сөздерін олайша (*қоныснақ, өрісу, батысу* деп) айта алмаймыз.

-ыс (-іс) жұрнағы арқылы жасалған қимыл есімдері сирек те болса көптеліп, тәуелденіп, септеліп қолданылады. Мысалы: *Жүрістері тым асығыс көрінді* (Иманбеков). *Кешкі шайға енді отыра бергенде, есік алдынан асығыс келе жатқан адамның жүрісі естілді* (Дүзенов). *Асығып, алып-ұшып арындаған локомотив барған сайын жүрісін үдете түсті* (Асанов).

-у жұрнақты қимыл есімі сияқты -ыс жұрнақты форма да конверсияланып, зат есімге айналғанын *батыс, шығыс, табыс, қоныс, етіс* сияқты сөздерден байқауға болады.

-мақ (-мек, -бақ, -бек, -нақ, -нек) жұрнағы арқылы жасалған қимыл есімдері де бар.

Мен жазбаймын өленді ермек үшін, Жоқ-барды, ертегіні термек үшін (Абай).

Осы қатарлардағы *ермек* зат есім болса, *термек* сөзі қимыл есімі. Өйткені *термек үшін* дегенді *теру үшін* деп айтуға әбден болады.

-мақ формалы қимыл есімінің омонимдес тағы екі формасы бар. Мысалы: *Тоты құс түсті көбелек, Жаз сайларда гүлемек, Бәйшешек солмақ, күйремек* (Абай). *Қызметкердің бәрін де өлтірмекші. Болытты шөлдегенге шыдай алмай* (Абай).

Алғашқы сөйлемдегі *гүлемек, солмақ, күйремек* - қимыл есімі емес. Себебі, бұл жерде *гүлейді, солады, күйрейді* деген мағынада қолданылып, ауыспалы осы шақ мағынасын беріп тұр. Ал екінші сөйлемдегі *өлтірмекші* мақсат мәнді келер шақ есімше. Бұлардың қай-қайсысындағы -мақ

жұрнағын -у жұрнағымен алмастыруға болмайды. Сондықтан етістіктің бұл формаларын -мақ формалы қимыл есімінің жұрнағымен омонимдес форма деп есептеуге болады (қара: Есімше).

-мақ формалы қимыл есімінің қазақ тіліндегі қолданылу аясы тарылып, -у жұрнақты қимыл есімінің қолданылу жиілігі артып келеді. Сондықтан -мақ формалы мен -у формалы қимыл есімі жарыса қолданыла береді. Мысалы: *бармақ түгіл - бару түгіл, айтпақ түгіл - айту түгіл, болмақ қайда - болу қайда* т.б.

Қимыл есімінің бұл түрінің тәуелдік, септік формаларында қолданылуы мақал-мәтелдерде, көне шығармаларда жиі кездеседі. Мысалы: *Ханның жақсы болмағы - қарашаның елдігі* (Бұхар жырау). *Алмақтың да салмағы бар* (Мақал). *Кетпекке айла таппадық* (“Қамбар”). *Ат байладым шарбаққа, Сіздің ауылға бармаққа* (ән мәтіні). *Кешіп өтпек сайдан-ды, Шығынды болмақ байдан-ды, Батыр болмақ сойдан-ды* (Махамбет). *Кел демек бар, кет демек жоқ*.

Есімшенің бұл түрі болымсыз етістікке жалғанбайды, сондықтан -мақ формалы қимыл есімінің болымсыз формасы кездеспейді. Тілімізде бірлі-жарым кездесетін *бармақ емеспін, бармақ емессін, бармақ емес* түрінде айтылатын болымсыз етістік қимыл есіміне жатпайды, есімшеге жатады.

Ескерту. Қазіргі қазақ тілінде зат есім ретінде қолданылып жүрген *құймақ, піспек, оймақ, ілмек, шақпақ, соқпақ, қыспақ* сияқты сөздерді есімшеден зат есімге өткен сөздер дейтін пікір бар. Біздіңше, -мақ формалы қимыл есімінен конверсия жолымен қалыптасқан зат есімдер деген дұрыс сияқты.

7.4. КӨСЕМШЕ

Көсемше атауын қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынұлы енгізген. Бұл сөздің мағынасы көсем сияқты үнемі алдыда тұрады дегенді білдіреді.

Көсемшелер тұлғалық жағынан да, мағыналық жағынан да тиянақсыз болғандықтан, қысқа қайырылып, өзінен кейін тиянақтаушы етістікті қажет етіп тұрады да, кем дегенде екі сыңардан құралып, жаңа мағына түзетін күрделі етістіктердің көптеген түрін жасауға негіз болады. *Көріп қойдым, біле келді, айта бердім* т.б.

Қазіргі қазақ тілінде көсемшелердің бұдан өзге де сан алуан қызметтері бар. Көсемшелер сөйлемде етістік арқылы айтылған іс-әрекеттің сынын-тәсілін, мекенін, мезгілін білдіріп, пысықтауыштық та қызмет атқарады. Есімдердің түрлену жүйесіне түспейтін (көптелу, тәуелдену, септелу)

көсемшелердің етістіктің басқа да туынды тұлғаларынан негізгі айырмасы да осы қызметтен көрінеді. Олар сөйлемде көбінесе пысықтауыштық қызмет атқаратын үстеулерге грамматикалық сипаты жағынан өте жақын. Көсемшелер мен үстеулердің қызметі жағынан да, мағыналық жағынан да бір-біріне өте ұқсас келуі, олардың екеуінің де пысықтауыштық қызметте қолдануында деуге болады. Бірақ көсемшелердің тілдегі қызметі мен мағыналары үстеулерге қарағанда әлдеқайда кең. Мәселен, олар жоғарыда айтылған күрделі етістік жасау мен пысықтауыш болудан өзге тілімізде айтушының ойды ықшамды айту мақсатын жүзеге асырып бірыңғай баяндауыш болады, сабақтас құрмалас сөйлемдердің бағыныңқы сыңарының баяндауышы бола тұра екі жай сөйлемді еш дәнекерсіз байланыстырып тұрады және баяндауыш қызметінде жіктеле келіп, шақты білдіріп тұрады.

Көсемшелер етістіктің негізгі және туынды түбірлеріне, күрделі негіздерге тікелей де, қажетінше етіс жұрнақтарынан сөң да немесе амалдың өту сипатын білдіріп, рең жамайтын жұрнақтардан кейін жалғану арқылы жасалады.

Қазақ тілінде жіктелудің төрт түрі бар. Бірдей үлгіде жіктелетін сөздердің лексика-грамматикалық сипаты бірдей емес, яғни қазақ тіліндегі жіктелу үлгілері тек тұлғалық өзгешеліктеріне қарай бөлінеді. Көсемшелер бірдей үлгіде жіктеледі:

I.	Мен бара-мын барып-пын	біз	бара-мыз барып-пыз
II	Сен бара-сың барып-сың	сендер	бара-сыңдар барып-сыңдар
	Сіз бара-сыз барып-сыз	сіздер	бара-сыңдар барып-сыздар
III	Ол бара-ды барып-ты	олар	бара-ды барып-ты

Көсемшелер бірдей үлгіде жіктелмегенімен олардың беретін шақтық мағынасы әркелкі болып келеді. Мәселен, **-ып, -іп, -п** жұрнақтары арқылы жасалған көсемшелер жіктелгенде *бұрынғы өткен шақты* білдірсе **-а, -е/-й** жұрнақтары арқылы жасалған көсемшелер жіктеліп *ауыспалы осы шақты* білдіреді.

Көсемшелердің бұлардан өзге жұрнақтары жіктелмейді. Осы қызметіне қарап оларды қазақ тіл білімінде жіктелетін және жіктелмейтін көсемшелер деп бөлу қалыптасқан.

Көсемшенің жіктелетін **-а, -е, -й** және **-ып, -іп, -п** тұлғаларының жіктелмейтін тұлғаларға қарағанда елеулі айырмашылықтары бар. Біріншіден, олардың тілдегі жұмсалыу жиілігі соңғыларына қарағанда әлдеқайда басым. Мәселен, жіктелетін көсемшелер арқылы күрделі етістіктің, пысықтауыштардың және сабақтас сөйлемдердің бірнешеуі жасалады. Екіншіден, жіктелетін көсемшелердің қолданылу өрісі кең. Мәселен, олар сабақтас сөйлемнің бағыныңқы сыңарларының да, басыңқы сыңарларының да баяндауыштары бола алады. Ал жіктелмейтін көсемшелер тек бағыныңқы сыңардың ғана баяндауышы болады. *Сергіген қабағы сәл тұнжырай түсіп, ол тағы ойланды* (Майлин). *Жалғыз баласы Иса өлгелі, Қадыр әбден тұнжырап кеткен еді* (Әуезов). Алғашқы сөйлемде көсемшелер бағыныңқы баяндауыштың құрамында да, басыңқы баяндауыштың құрамында да қолданылып тұр. Ал екінші сөйлемде тек бағыныңқының баяндауышы болып тұр.

Жіктелетін көсемшелердің қолданылу аясы мен жиілігі де біркелкі емес. Айталық, пысықтауыш бағыныңқы сөйлемнің баяндауышын жасауда көсемшенің **-ып, -іп, -п** тұлғалары өте жиі жұмсалса, жіктеліп келіп шақты білдіруде ауыспалы осы шақ көсемше (**-а, -е/-й**) тұлғалары жиі қолданылады. Оны бұрынғы өткен шақ көсемшелердің белгілі бір шектеулі стильдік қолданыстарда ғана (бұрын өткен оқиғаны хабарлау, ертегі айту т.б.) жұмсалыуымен түсіндіруге болады.

Көсемшелер жеке-дара сөз есебінде қолданылмайды, есімдердің морфологиялық түрлену жүйесіне түспейді, демек оларға көптік, тәуелдік, септік жалғаулары қосылмайды. Көсемшелердің жалпы грамматикалық қызметі етістік айналасына байлаулы, ал мағынасы етістікке қатысты белгімен байланысты болады да өзі тек етістік негіздермен және олардан өрбіген тұлғалардан тұнындайды. Осы себептен де көсемшелер етістіктің

ерекше бір түрі болып саналады.

А. Байтұрсынұлы еңбектерінен бастап Н. Сауранбаев еңбектеріне шейін (елуінші жылдар) көсемше жұрнақтары ретінде **-а, -е/-й; -ып, -іп, -п; -ғалы, -гелі, -қалы, -келі** қосымшалары аталған. Кейінгі зерттеушілер көсемшенің жұрнақтарына **-ғандай, -ғанша, -мастан, -май, -майынша, -ысымен** (әрқайсысының дыбыстық варианттары бар) жұрнақтарын да қосады. Бұлардың көсемшелік сипаты қаншалықты басым болғанмен де, **-ғалы** тұлғасынан өзгесінің морфологиялық құрамы анық көрініп тұр.

-ғанша (есімше + қызметтік (функциялық) жұрнақ)

-мастан (болымсыз етіс + есімше + шығыс септік)

-ысымен (қимыл есім + тәу. III жағы + көмектес септік)

-майынша (болымсыз етістік + көсемше + дәнекер қызметтік жұрнақ)

Бұлардың морфемалық жігінің анықтығымен қоса жіктелмейтіндігі және **-а, -п** тұлғалары сияқты барлық қызметте бесаспап жүре бермейтіндігі, олардың тіл даму тарихында өте беретіні пайда болғандығын дәлелдейді.

Тіл зерттеушілерінің басым көпшілігі морфологиялық жігі көмескі көсемше жұрнақтарының өзін де есімшенің негізінде қалыптасқан деп қарайды. Яғни, бүгінгі тіліміздегі көсемше атаулының бәрі кезінде есімше болған. Морфологиялық жігі айқын күрделі көсемшелер ғана емес, сонымен қатар жай (құрамы жағынан) көсемшелер (**-а, -е/-й, -ып, -іп, -п, -ғалы, -гелі, -қалы, -келі**) де есімшелердің негізінде қалыптасқан. Мәселен, көсемшелердің көне **-ып** тұлғасы (**-й**), **ыпан > (-ы)пан > ып** жолымен өзгеріске түскен. Ал **-ан** жұрнағы көне заманда есімшелік аффикстердің бірі болған. Бұл жұрнақ қазіргі якут, чуваш тілдерінде және өзбек, түркімен, сондай-ақ батыс сібірлік татар тілдерінің диалектілерінде ұшырасады.

Көсемшелердің тіліміздегі қолдану аясын төмендегідей жинақтап көрсетуге болады.

I - к е с т е .

2. шаққа қатысына қарай	1. жұмсалыу өрісіне қарай	күрделі етістік жасау	пысықтауыш болу	бірынғай бааяндауыш жасау	күрделенген сөйлем жасау	құрмалас сөйлем жасау	шақ жасау
3. жіктелетіндер		-а; -п	-а; -п	-п	-а; -п	-а; -п	-а; -п
4. жіктелмейтіндер		-ғалы	-ғалы -ғанша -мастан -ысымен -майынша		-ғалы -ғанша -мастан -ысымен -майынша	-ғалы -ғанша -мастан -ысымен -майынша	

Байқап отырғанымыздай, көсемше жұрнақтарының ішіндегі ең белсендісі, бесаспабы -п жұрнағы. Кезінде Н.Сауранбаев бұл жұрнақты “үнемді”* деп атаған. Фалым бұл атауды көсемшенің -п жұрнағының қолданғыштығын ескеріп үнемі, *ылғи* деген мағынада қолданған.

Қазіргі қазақ тіліндегі -п формантты көсемшенің қолданысында тағы бір ескерте кететін ерекшелік бар. Көсемшенің бұл жұрнағы соны -п дыбысына біткен етістікке жалғанса, ол түбірдегі -п дыбысын -у дыбысына айналдырады. Мысалы, **тап - тауып, жап - жауып, қап - қауып** т.б. Түркі тілдеріне түгел тарамаған (мәселен, өзбек тілінде) бұл құбылысты қазақ халқының сөзді әуезді айтуға ұмтылысымен түсіндіруге болады. Мәселен, **тап-ып, шап-ып** дегендегі **п** дыбысы дыбысталу мүшелерінің ең соңғы позициясында ерінге қамалып жасалады. Бір рет **п** дыбысын айтқан соң екіншісі қатар бірден айту үшін ауаның қосымша толқыны керек. Сөздегі қатар келген дыбыстардың жасалуы өкпеден сыртқа қарайғы ретте болса, сөз жеңіл, бөлінбей тұтас айтылады: **тауып, шауып** т.б.

Қазіргі қазақ тілінде -ғалы көсемшенің -а, -е/-й, -ып, -іп, -п тұлғаларына қарағанда қолданылу аясы тар. Бұл тұлға өзінің бастапқы қызметінде тұрып та барлық етістікті бірдей сипаттай бермейді. Көбінесе қозғалыс мағынасындағы етістіктерді ғана сипаттайды. Мысалы: *татуласқалы келдім, жауласқалы барды, айтысқалы кетті*. Бұл жұрнақ арқылы кез келген етістіктен көсемше туындай бермейді, ол өзінің көсемшелік-пысықтауыштық мағынасын тек сабақты етістіктен жасалғанда ғана сақтайды. Ал егер ол салт етістіктен немесе ырықсыз етіс пен өздік етістен жасалғанда күрделі етістіктегі негізгі етістік болып қолданылады. Мысалы: **келгелі жатыр, барғалы отыр, төгілгелі тұр, орындағалы жүр** т.б.

Морфологиялық жігі айқын құранды жұрнақтарды көсемшелер қатарында қарастыруға олардың жоғарыдағы кестеде көрсетілген көсемшелерге тән қызметтерде жұмсалуды және етістікке бағыныңқылығын негіз етіп алу керек.

7.5. Е С І М Ш Е

Етістіктің функциялық формаларының бірі - есімше. Есімше мағынасы жағынан етістіктер-

ше болымды және болымсыз, салт-сабақты болып бөлініп, жақтық, шақтық мағынаны аңғартады. Бірақ түрленгенде есімдерше көптеледі, септеледі, тәуелденеді. Осы ерекшелігіне байланысты сөйлемде атрибуттық және предикаттық мағынаға ие болады да, әрі етістік, әрі сын есім орнына жүре береді.

Есімше -*ған* (-ген, -қан, -кен), -*ар* (-ер, -р, -с), -*атын* (-етін, -йтын, -йтін), -*ушы* (-уші), -*мақ* (-мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек) жұрнақтарының негізгі және туынды түбір етістікке, етістіктің болымды және болымсыз формаларына, етіс категориясының барлық түрлеріне жалғану арқылы жасалады. Ал қалау рай, бұйрық рай, шартты рай формаларына есімше жұрнақтары жалғанбайды.

Есімше жұрнақтарының қызметі - өзі жалғанған етістіктің аңғартатын мағынасын өзгертпей, заттың қимыл-әрекет арқылы білдіретін белгісін жасау. Мысалы, *бар* - қимыл-әрекетті білдіретін етістік, ал *барған* (адам), *барар* (жол), *баратын* (кісі), *барушы* (бала) - заттың қимыл нәтижесімен аңғартылған белгісі.

Есімше жіктеледі, бірақ етістіктерше емес, есімдерше жіктеліп, сөйлемде баяндауыш қызметін атқарады.

Есімше формасының әрі сын есім, әрі етістік ретінде қолданылуына қарай күмәнді пікірдің пайдалануы анық. Шындығында, екі сөз табына тән белгілері бар бұл форманы қай сөз табына жатқызуға болады? Бұл мәселенің басын ашып, түсінікті болу жағын қарастыру үшін екі сөз табына тән тұстарын санамалап барып таразыға салу лазым.

1. Есімшенің есімдерге жақындығы мен өзгешеліктері:

а) Есімше формалары сын есім сияқты заттың белгісін аңғартып, сөйлемде *қандай?* деген сұраққа жауап береді, анықтауыш қызметін атқарады. Бұл жағынан есімшенің сын есімнен айырмашылығы байқалмайды. Бірақ сын есім мен есімшенің заттың белгісін білдіруі анықтап аңғарған кісіге бірдей емес. Мәселен,

көк шөп

көгерген шөп

ақ шаш

ағарған шаш

қызыл орамал

қызарған орамал

деген мысалдардағы бірінші бағандағы *көк, ақ, қызыл* сын есімдерімен екінші бағандағы *көгер-*

*Көсемшлерді *үнемді, үнемсіз* деп бөлу жайлы ескерте кететін бір жайт бар. А. Байтұрсынұлы еңбектерін ашуға тиым салынған кезде, көптеген ғалымдар аталған терминдерді алғаш қолданған және көсемшелерді солай деп топтаған - Н. Сауранбаев деп келген. Ал негізінде бұл атау - А. Байтұрсынұлыныкі. Ақан бұл атауларды күрделі етістіктегі қимылдың өту сипатына байланысты алып, үнемді көсемше созымды істі (айта бердім), үнемсіз көсемше созымсыз, бірден бітетін істі (айтып бердім) білдіреді деп топтайды. Ал Н.Сауранбаевта өткен шак көсемше, керісінше, үнемді деп аталады.

ген, ағарған, қызарған есімшелерінің мағынасындағы айырмашылыққа назар аударайық. Сын есімдер заттың тұрақты (статикалық) белгісін білдірсе, есімшелер қимыл-әрекет нәтижесінде пайда болған өзгерісті (динамикалық) аңғартып тұр.

ә) Есімшелер сын есім сияқты көптеліп, тәуелденіп, септеліп заттанады. Сөйлемде бастауыш, толықтауыш қызметін атқарады. Жіктеліп баяндауыш қызметін атқарады. Мысалы, *Көрмес - түйені де көрмес* дегенде бірінші *көрмес* атау септігінде тұрып бастауыш, екінші *көрмес* сөзі жіктеліп, 3-жақ нөлдік формада қолданылып баяндауыш қызметін атқарып тұр. *Айтарыңды айтып қал, Енді айналып келгенше* дегенде *айтар* есімшесі әрі тәуелденіп, әрі септеліп толықтауыш болып тұр.

б) Етістіктің болымсыз формасына есімше жұрнағы жалғанғанда да есімшенің болымсыз мағынасы аңғарылады. Бірақ есім сөздер сияқты есімшелер де *жоқ, емес* сөздері арқылы болымсыз форма жасайды. Мысалы, *бармаған - барған жоқ, барған емес*. Демек, есімшелер болымсыздық форманы етістіктерше синтетикалық жолмен де, есімдерше аналитикалық формамен де жасайды екен.

2. Есімшелердің етістікке жақын белгілері:

а) Есімшенің етістіктің бір түрі болып есептелуіне оның септік жалғауларындағы сөзді салт және сабақты етістік ретінде меңгеруі себеп болады. Мысалы, *кітапты алған, қаламды берер (бермес), хатты жазатын, жүкті тасушы, үйді көрмекші* т.б. дегенде табыс септіктегі сөздерді сабақты етістік ретінде меңгеріп тұр. *Ал балаға қараған, үйге жеткен, үйде отырған, даладан кірген, бізбен келген* дегенде салт етістік ретінде барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктегі сөздерді меңгеріп тұр.

ә) Есімшелердің шақтық мағынаны беруде қызметі ерекше. *-ған* қосымшалы есімше жіктеліп, өткен шақ мағынасын берумен қатар атрибуттық қызметте тұрып та сол өткен шақтық мағынаны сақтайды. Мысалы, *келген қонақ, қайтқан мал* дегенде де атрибуттық мағына болып өткен қимыл-қозғалысқа байланысты білдіріп тұр. Дегенмен атрибуттық мағынада тұрған есімшенің бұл түрінің өткен шақты білдіруі баяндауыш қызметіндегі өткен шақты білдіруіндей анық та тұрақты емес. Мәселен, *енді келген адам бұл үйге кірмейді* дегенде *келген* есімшесінің мағынасы *келетін, келер* есімше формасының мағынасында қолданылып тұр. *-ар (-ер, -р, -с)* формалы есімшелер әркез келер шақ мағынасын білдіреді.

б) Есімшенің етістікке тән басты белгісі - қимыл-қозғалысқа байланысты мағынадан алыстамайды. Сондықтан да есімше етістіктерше болымды және болымсыз, салт және сабақты болып бөлінеді.

Аталған үш белгі есімшені етістіктің бір түрі, оның ішінде функционалды етістік формасы деп есептеуге мүмкіндік береді.

7.5.1. Есімшенің түрлері

Есімше жасайтын қосымшалар жоғарыда аталды. Осы қосымшалардың әрқайсысы қолданылу аясымен де, жалғанған етістіктерге үстейтін грамматикалық мағынасымен де айрықшаланып, есімше түрлерін жасайды.

Қазіргі қазақ тілінде есімше түрлері жұрнақтарының мағыналарына сәйкес шақ категориясымен бөлінеді.

1. Бұрынғы өткен шақ есімше. Есімшенің бұл түрі *-ған (-ген, -қан, -кен)* жұрнағымен жүзеге асады. Бұл жұрнақ арқылы жасалған есімше формалары мейлі атрибуттық, мейлі предикаттық қолданыста болсын өте жиі әрі кеңінен қолданылады.

-ған (-ген, -қан, -кен) қосымшалы формалар қимыл-әрекеттің бұрын болып өткенін білдіретіндіктен өткен шақ есімше деп аталады. Есімшенің бұл түрінің бұрынғы өткен шақ мағынасын тұрақты аңғартуы жіктеліп, предикаттық мағынада қолданылуына байланысты.

<i>Мен барғанмын</i>	<i>Біз барғанбыз</i>
<i>Сен барғансың</i>	<i>Сендер барғансындар</i>
<i>Сіз барғансыз</i>	<i>Сіздер барғансыздар</i>
<i>Ол барған</i>	<i>Олар барған</i>

-ған жұрнақты есімше жіктелгенде 1-жақ жекеше формада *барғамын, барғам*, көпше түрінде *барғамыз* болып, 2-жақта *барғасың, барғасындар* түрінде де ықшамдалып айтыла береді.

Өткен шақ есімше жұрнағы *отыр, тұр, жүр, жатыр* қалып етістіктеріне жалғанғанда да өткен шақ мағынасын береді. Дегенмен кейбір қолданыста ол форма *жоқ* сөзімен тіркесіп, осы шақ мағынасын аңғартатын кезі болады. Мысалы:

- *Сен кімді күтіп тұрсың?*
- *Мен ешкімді күтіп тұрған жоқпын.*

Бұндағы осы шақ мағынасы *-ған* жұрнағының мағынасымен емес, қалып етістігінің (*тұр*) осы шақты білдіретін мағынасына байланысты болуы керек.

Бұлайша осы шақтық мағына *сияқты, тәрізді, көрінеді* сөздерімен тіркескенде де байқалады.

Сәрсен келе жатқан сияқты. Ол бізді күтіп тұрған тәрізді.

Ескерту. *Алаған, жатаған, сүзеген* сияқты сын есімдер де бір кезде *-ған, -ген* жұрнағы арқылы жасалған *аладыған, жатадыған* формалардың ықшамдалуы арқылы пайда болған. Бірақ бұл сөздер есімше формасынан біржолата сын есім қатарына ауысқан. Сондай-ақ *қапқан* (қақпан), *туысқан* сияқты зат есімдердің де есімше формасының қолданылу барысында конверсияланған түрі деп білу қажет.

7.5.1.1. Дағдылы өткен шақ есімше

Дағдылы өткен шақ есімше *-атын (-етін, -йтын, -йтін)* жұрнағы арқылы жасалады. Есімшенің бұл түрі сөйлемде жіктеліп, бұрын болған әрекеттің бірнеше қайталанып, дағдылы қалыпта орындалып тұрғанын білдіреді. Мысалы, *баратынмын, баратынсың, баратынсыз, баратын, баратынбыз, баратынсындар, баратынсыздар, баратын.*

Ал атрибуттық қызметтегі *айтатын хабар, жазатын қағаз, қарайтын мәселе* дегендегі есімшелер келер шақ мәнінде жұмсалған сияктанып тұрады. Бірақ атрибуттық қызметтегі *-атын (-етін, -йтын, -йтін)* қосымшалы есімше шақтық мағынадан гөрі анықтауыш қызметін атқарады да шақтық мағынаны білдіру басқа мүшенің - баяндауыштың үлесіне тиеді. Мысалы: *Оқитын кітабым жоғалды. Оқитын кітабым үйде тұр. Оқитын кітабым көбеймекші.* Осы үш сөйлем үш шақта айтылып тұр. Бір сөйлемде бір ғана шақтық мағына болатынын ескерсек, үш сөйлемде қайталанып тұрған *оқитын* есімшелі форманың атрибуттық қызметте тұрып, шақтық мағынаға қатыспағанын көруге болады. Сонымен бұл үш сөйлемнің шақтық мағынасын баяндауыш қызметін атқарып тұрған *жоғалды, тұр, көбеймекші* етістіктері білдіріп тұр. Дегенмен *-атын (-етін, -йтын, -йтін)* жұрнақты есімшенің мағынасындағы келер шақты білдіру қабілетін мүлде теріске шығаруға болмайды. Оны байқау үшін *-ар, -ер, -р* есімше жұрнақтарымен синоним ретінде қолданылатынын салыстырсақ та болады. Айталық, *оқитын кітабым* дегенді *оқыр кітабым* немесе *сөйлейтін сөз* дегенді *сөйлер сөз* деп те айта береміз.

Сондықтан болар, есімшенің бұл түрі ауыспалы өткен шақ деп те аталады.

Ал дағдылы өткен шақ деп аталуы есімшенің бұл түрінің жіктеліп, баяндауыш қызметін атқаруына байланысты. Мысалы:

<i>Мен оқитынмын</i>	<i>Біз оқитынбыз</i>
<i>Сен оқитынсың</i>	<i>Сен оқитынсың</i>
<i>Сіз оқитынсыз</i>	<i>Сіз оқитынсыз</i>
<i>Ол оқитын</i>	<i>Ол оқитын</i>

7.5.1.2. Болжалды келер шақ есімше

Есімшенің бұл түрі *-ар (-ер, -р, -с)* жұрнақтары арқылы жасалады. *-ар (-ер, -р)* болымды етістіктерге жалғанса, *-с* жұрнағы болымсыз етістіктерге жалғанады: *барар - бармас*. Болжалды есімше де атрибуттық және жіктеліп предикаттық мағынада қолданылады.

Есімшенің бұл түрі басқаларындай тәуелденіп, септеліп қолданылғанымен көптік жалғауды қабылдамайды. Бұл есімшенің осы түрінің өзіндік ерекшелігін білдіреді. Дегенмен өткен шақ есімшелерге қарағанда *-ар, -ер, -р, -с* тұлғалы есімше сирек тәуелденіп, сирек септеледі. Мысалы: ***Келердің алдында білдің. Келмеске кетті. Айтарың айтып қалсын. Ұшарымды жел, қонарымды сай біледі. Көрмес - түйені де көрмес.***

Есімшенің бұл түрінен конверсия жолымен зат есімдер қалыптасқан. Мысалы: *ат байлар, шаш сипар, алтыатарт.б.*

Бұл есімшенің болымды, болымсыз түрі қосарланып, әрі қарай түрлі септік жалғауы арқылы қолданылады да болымшы, шұғыл әрекетті аңғартады. Мысалы: *болар - болмас жұмыс (болымшы жұмыс), келер-келместен кірісті (асығыс, шұғыл), барар-бармасын құдай біледі (күмәнді).*

7.5.1.3. Мақсат мәнді келер шақ есімше

Есімшенің бұл түрі етістікке *-мақ (-мек, -нақ, -неқ, -бақ, -бек)* жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Бірақ *-мақ (-мек)* жұрнағы жалғанған сөздің барлығынан мақсат мәнді келер шақ есімше жасала бермейді. Мысалы: *Кел демек бар, кет демек жоқ* дегенде мақсат мәні жоқ, қимыл есімін жасап тұр (қара: қимыл есімі). Есімшенің бұл түрі есімшенің барлық түрінен де өзгеше. Мәселен, атрибуттық мағынада қолданбайды. Осы жағынан келіп не көптік, не септік, не тәуелдік жалғауын қабылдамайды. Тек жіктеліп баяндауыш қызметін атқарады. Бұл ерекшелігі - бұл форманың есімшеге қатысын да жоққа шығаратын сияқты. *-мақ* формалы есімшеге қолданылыс барысында *-шы, -ші* қосымшасы қосылып та айтылады. Бірақ бұл қосымша морфема емес, өйткені есімшеге жалғанғанмен не лексикалық, не грамматикалық мағына үстемейді. Сондықтан

да *-мақ* формалы есімше мен *-мақшы* формалы есімше бір мағынада жарыса қолданыла береді.

Мысалы:

Мен бармақпын - Мен бармақшымын

Сен бармақсың - Сен бармақшысың

Сіз бармақсыз - Сіз бармақшысыз

Ол бармақ - Ол бармақшы

Сондықтан *-мақ* жұрнағына қосылып тұрған *-шы* *-ны тұлғасын* (субморф) деп таныған дұрыс. *-шы* (*-ші*) тұлғасының мағынасы болмағанымен атқаратын қызметі бар. Ол қызмет *-мақ* формалы етістіктердің ішінде тек мақсат мәнді есімшеге жалғанып, оны ерекшелеп тұрады. Мәселен, “*Айналайын әкемдей болмақ қайда жар-жар ау*” дегендегі *болмақ* сөзіне *-шы* тұлғасының жалған айтуға болмайды. Демек, *-шы* тұлғасының қызметі мақсат мәнді келер шақ есімшені кимыл есімінен айрықшалап тұрады.

-ушы (*-уші*) жұрнағы етістік түбіріне не туынды етістікке жалғанып, осы шақ есімше түрін жасайды.

Есімшенің бұл түрі де атрибуттық және предикаттық қызметте жұмсалып, есім және етістік белгілерін аңғартады. Мысалы: *хабарлаушы жігіт, бақылаушы кісі, ізденуші қыз, бағалаушы мекеме* дегенде атрибуттық қызмет атқарып, кимыл-әрекет нәтижесінде пайда болған белгіні білдіріп тұр. Ал *хабарлаушымын, хабарлаушысың, хабарлаушы* дегенде үш жақта жіктеліп предикаттық мағынаны беріп тұр.

Бірақ бұл белгілердің қай-қайсысы да есім сөзге тән белгілер. Сондықтан *-ушы* жұрнағы арқылы жасалған форманың етістікке (есімшеге) тән екендігін аңғару үшін салт және сабақты, болымды және болымсыз формалары бар ма, жоқ па, сол жағына назар аудару керек.

Түбір не туынды етістік салт етістік болса, оған *-ушы* жұрнағы жалғанғанда сол күйінде өзгеріссіз қалады. Мысалы: *бар-барушы, кел-келуші* т.б. Ал түбір не туынды етістік сабақты етістік болса, сабақты күйінде қалады. Мысалы, *ал-алушы (кітапты), көр-көруші (киноны)* т.б.

Сондай-ақ *-ушы* жұрнағы болымды және болымсыз етістікке жалғанып, *барушы - бармаушы, жаратушы - жаратпаушы* түрінде қолданыла береді.

Демек, *-ушы* формалы есімше зат есім орнына қолдануға қанша бейім болғанымен етістікке тәндігін жоймайды.

Есімшенің бұл түрі көптеліп, тәуелденіп, септеліп жиі қолданылады.

Мысалы: *Қолдаушылар көп болды. Айтушының өз аузынан есіттім. Тыңдаушыма түсінікті*

болсын деген әрекетім ғой. Қазіргі қазақ тіліндегі жазушы, оқытушы, сатушы, тергеуші, меңгеруші сияқты зат есімдер есімшенің конверсиялануы арқылы жасалған.

7.6. ЖЕТЕКШІ ЕТІСТІК ПЕН КӨМЕКШІ ЕТІСТІК. ОЛАРДЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ

Тіліміздегі етістіктер қолданыста түрлі құрамда қолданылады. Солардың бірі жетекші етістік пен көмекші етістіктің тіркесі. Мысалы, **келген еді, айтса екен, келе қалды, құлай жаздады, біліп алды, айта салды, көріп қойды** т.б.

Келтірілген мысалдардағы әр тіркестің алдыңғы сыңарлары - жетекші етістіктер, соңғы сыңарлары - көмекші етістіктер. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар.

7.6.1. Жетекші етістік

Жетекші етістіктер толық лексикалық мағынаны, яғни кимыл атауын білдіреді. Мысалы, **келе қалды** дегенде жетекші етістік **келу** лексикалық мағынасын білдіріп тұр, ал осы тіркестегі қал етістігінің **үйде қалды** деген қолданыстағы **қалу** (лексикалық) мағынасы жоқ, лексикалық мағынасы болмағандықтан, ол жетекші етістік емес, көмекші етістікке жатады. Сөйтіп жетекші етістікке лексикалық мағыналы етістіктер, көмекші етістікке лексикалық мағынасы жоқ етістіктер жатады.

Қолданыста жетекші етістік атаулының бәрі сөйлемдегі субъектінің кимыл-әрекетін білдіреді, өйткені жетекші етістік кимыл атауын білдіретін лексикалық етістіктерден ғана болады. **Мұқанды жолдастары ұстай алды** (Әбдіқадыров). **Шоқан баяндамасын жасап, еңбектерін тәртіпке келтіріп, біраз сергіп алды.** (Бегалин). Осы мысалдардағы **ұстай алды, сергіп алды** деген жетекші етістік пен көмекші етістіктің тіркесіндегі жетекші етістіктер - **ұста, сергі** етістіктері. Мұндағы **ұста** етістігі **жолдастары** деген субъектінің кимылын, **сергі** етістігі **Шоқан** деген субъектінің кимылын білдіреді. Басқаша айтқанда, олар - лексикалық мағыналы етістіктер. Сөйтіп жетекші етістіктің негізгі белгісінің бірі - оның лексикалық мағынасының болуы. Бұл белгі жетекші етістік болу үшін міндетті болып саналады.

Жетекші етістіктің келесі белгісі оның қолданылу орнына байланысты. Жетекші етістік пен көмекші етістік тіркесінде жетекші етістік үнемі бірінші тұрады, басқаша айтқанда, көмекші етіс-

тіктен бұрын тұрады. Бұл орын тәртібі өте тұрақты, оны өзгертуге болмайды, ол - өте ертеден тілде әбден қалыптасқан заңдылық. Жетекші етістіктің көмекші етістіктен бұрын тұруы тіліміздегі жалпы грамматикалық көрсеткіштердің сөз соңында қолданылу заңдылығына сай қалыптасқан.

Жетекші етістік сөйлемде белгілі ойды білдіретін мағыналы сөз болғандықтан, оған сөйлемде қосылатын түрлі грамматикалық мағыналардың берілу тәсіліне байланысты ол көмекші сөздермен де тіркеседі, көмекші сөздерсіз қосымшаларды да қабылдай береді. *Стол басында хат жазып отырмын* (Бегалин). *Дала жөнінде мақала жазасыз* (Сонда). Осы екі мысалда **жаз** деген етістік қолданылған. Алғашқы мысалда ол - **отыр** көмекші етістігімен тіркескен жетекші етістік. Соңғы мысалдағы **жазасыз** жіктік жалғауы тұлғасындағы етістік. Екеуі де - лексикалық мағыналы бір сөз. Лексикалық мағыналы сөз сөйлемдегі ойдың қажетіне қарай түрлі грамматикалық көрсеткіштерді қабылдап, лексикалық мағынамен қоса сөйлемде грамматикалық мағыналарды білдіретіні белгілі. Алғашқы сөйлемде **жазу** қимылы сөйлемде нақ осы шақта қолданылған. Мұнда нақ осы шақ мағынасы **отыр** көмекші етістігіне жіктік жалғауы тікелей жалғанып, ол көмекші етістіктің жетекші етістікке көсемшенің =п жұрнағымен тіркесуі арқылы жасалған. Сонда **жазып отырмын** етістігі 1-жақтағы субъектінің нақ осы шақта жасап жатқан қимылын білдіреді. Ал екінші сөйлемдегі **жазасыз** етістігі 2-жақтағы субъектінің **жазу** қимылын **келер шақта** жасайтынын білдіреді.

Екі мысалда да **жаз** етістігі бір лексикалық мағынада қолданылған, бірақ олардың грамматикалық-мағыналары басқа-басқа және ол грамматикалық мағыналар түрлі тәсілдермен берілген. Нақ осы шақ мағынасы көмекші етістік арқылы берілсе, келер шақ мағынасы көсемшенің =а жұрнағы арқылы жасалған.

Алғашқы мысалдағы **жаз** етістігі жетекші етістік деп аталады да, соңғы мысалдағы **жаз** етістігіне жетекші етістік термині қолданылмайды. Өйткені жетекші етістік термині көмекші етістікпен тіркескен етістікке ғана қолданылады. Жетекші етістік пен көмекші етістік тіркесінде лексикалық мағынаны жетекші етістік білдіреді, көмекші етістік лексикалық мағынаны білдірмейді. Сөйтіп жетекші етістік пен көмекші етістік тіркесіндегі мағыналы етістікті көрсету үшін, жетекші етістік термині қолданылады. Ал екінші мысал-

дағы **жазасыз** етістігі - дара етістік, оның лексикалық мағыналы сөз екені белгілі, сондықтан оған жетекші етістік деген терминді қолданудың қажеті жоқ.

Жетекші етістік қызметін тіліміздегі лексикалық мағынасы бар етістік атаулының қайсысы болсын атқара береді. Оған ешбір шек қойылмайды, тек етістіктің лексикалық мағынасы болуы ғана шарт болып саналады. Мысалы, **келе қалды, коре қойды, айтып салды, ақтай берді, тыңдап ал, әкеліп көр, оқып шықты** т.б. Мұндай мысалдарды шексіз тізе беруге болады. Жетекші етістіктің бұл да бір өзіндік ерекшелігі болып саналады.

Жетекші етістіктің морфемдік құрамы да түрлі бола береді. Жоғарыда келтірілген мысалдарда жетекші етістіктер негізгі түбір етістіктерден де (**кел, көр, айт**), туынды түбір етістіктерден де (**ақта, тыңда**), біріккен түбір етістіктен де (**әкел**) болған. Сонымен бірге жетекші етістік күрделі, құранды етістіктен де бола береді. *Мұқанның мектепті тастап кеткісі келді* (Әбдіқалыров). *Шыбыртқы сарт ете қалды* (Әбдіқалыров).

Бұл мысалдардағы жетекші етістік құрамы жағынан күрделі етістік, көмекші етістік - **кел**. Екінші мысалдағы жетекші етістік - құранды етістік (**сарт ет**), көмекші етістік - **қал**.

Көмекші етістіктердің де өзіндік ерекшеліктері бар: көмекші етістіктердің лексикалық мағынасы жоқ. *Күштерінді көрсете бер... Көпшіліктің үні цирктің ішін жаңғыртып жіберді... Раульдің тынысы тарыла түсті* (Әбдіқалыров).

Бұл мысалдарда **бер, жібер, түс** көмекші етістіктері қолданылған, олардың ешбір лексикалық мағынасы жоқ, **көрсете бер** дегенде әңгіме **көрсету** туралы, **жаңғыртып жіберді** дегенде **жаңғырту** мағынасы, **тарыла түсті** дегенде әңгіме **тарылу** туралы болып тұр. Көмекші етістіктің лексикалық мағынасы болмауы олардың негізгі белгісі болғандықтан, ол осы мысалдарға ғана қатысты емес, көмекші етістіктің бәріне қатысты белгі.

Көмекші етістіктердің саны шектеулі, олар жетекші етістіктер сияқты саны өте көп құбылыс емес.

Көмекші етістіктер лексикалық мағыналы етістіктердің грамматикалық дамудан өтуі арқылы тілде қалыптасқан тілдік бірліктер (единицалар).

Көмекші етістіктер жетекші етістікке қосмеше, есімше жұрнақтары арқылы тіркеседі. Ол жұрнақтар жетекші етістікке жалғанған соң, оған көмекші етістік тіркеледі. Мысалы, **оқы+п алды**,

көр+ін қойды, **кел+ген** еді, **айт+атын** болды, **біл+се** екен т.б.

Бір жетекші етістікке бірнеше көмекші етістік тіркесетін болса, екінші, үшінші көмекші етістіктер алдындағы көмекші етістікке қосымша арқылы тіркесе береді. Мысалы, **айқында+п - қал+тып** еді т.б.

Көмекші етістіктер жетекші етістікке тіркесетін болғандықтан, сөйлемде жетекші етістікке қосылатын басқа да грамматикалық көрсеткіштер көмекші етістіктерге өз ретімен қосыла береді.

1. *Міне, үйге де жетіп қалдық* (Әбдіқадыров).

2. *Қырдан оқып, көп білім ала алмайсың.*

3. *Асау жылқыларға қақтығып, жығылып қалмаңдар* (Бегалин).

Бірінші сөйлемдегі қал деген көмекші етістікке жедел өткен шақ жұрнағы мен жіктік жалғауы жалғанған: **қал+ды+қ**.

Екінші сөйлемдегі **ал** көмекші етістігіне етістіктің болымсыздық жұрнағы (=ма), келер шақтың жұрнағы (=й), жіктік жалғау жалғанған: **ал+ма+й+сың**. Үшінші сөйлемдегі **қал** көмекші етістігіне болымсыздық жұрнақ (=ма), жіктік жалғау жалғанған: **қал+ма+ңдар**. Жетекші етістікке сөйлемде қосылатын түрлі мағыналар бірнеше көмекші етістікке қатысты болса, алғашқы көмекші етістік қана жетекші етістікке тіркеседі де, қалғандары алдыңғы көмекші етістікке тіркесе береді. Мысалы, **көр+ін ал+а қой+тып** еді т.б.

Жетекші етістікке қанша көмекші етістік тіркесе де, олардың бәрі жетекші етістіктің құрамына кіреді де, бір сөзге бірнеше қосымша жалғанғандағы сияқты бір сөздің қызметін атқарады. Мысалы, **кормекшімін** деген үш қосымшалы етістік сөйлемде қандай бір сөз қызметін атқарса, **көре бергісі келіп** еді дегендегі үш көмекші етістікпен қолданылған **қору** етістігі де (**көре бергісі келіп** еді) жоғарыдағы үш қосымшалы етістік сияқты сөйлемде бір сөз қызметін атқарады.

7.6.2. Көмекші етістік

Көмекші етістіктер - грамматикалық дамудың нәтижесінде алғашқы лексикалық мағынасынан айрылып, грамматикалық қызметке көшкен етістіктер. Көмекші етістіктердің саны да аз емес, бірақ олардың тілдегі құрамы тұрақты. Қазақ тілінде отыз көмекші етістік бар. Олар: **ал, бак, бар, баста, бер, бол, біл, біт, жазда, жат**

(=ыр), **жонел, жүр, жібер, де, еді, екен, емес, ет, кел, кор, қал, кой, қыл, отыр, от, сал, таста, тұр, түс, шық**.

Көмекші етістіктер қазақ тілінің грамматикалық құрылысынан кең орын алады. Етістіктің грамматикалық категорияларының көбінің көрсеткіші қызметін көмекші етістіктер атқарып, категориялардың мағынасын жасауға қатысады. Атап айтқанда, нақ осы шақ (келе жатыр), қатыстық өткен шақ (келіп еді), қалау рай (оқығысы келеді, оқыса екен, оқыса игі еді), бұйрық рай (айтушы болма, айта көрме), шартты рай жасайды: *Ол бір сәт тағы бір айналып келер болса, бар өнерімді салар едім* (Мұқанов). Көмекші етістіктер мүмкіндік модальдылықты (айта алады, келе алмайды, сене біледі) және төл сөзді жасайды (-Кет! - деді ол). Етістіктің болымдылық-болымсыздық категориясының көрсеткіші қызметін де атқарады: **келген жоқ, келер емес**.

Көмекші етістіктер қимылдың қалай жасалғанын нақтылы сипаттап, дәл көрсетуде ерекше қызмет атқарады. Мысалы, **құлап қала жаздап барып қалды** дегенде **құлау** қимылының жасалуға жақындап, бірақ жасалмағаны айтылған. Оны дәл суреттеу қажет болмаса, ол **құламады** деген бір сөзбен айтылар еді. Онда нәтиже бар, бірақ оның қалай құламағаны көрінбейді.

Қимылдың жасалу тәсілін білдіруге қазақ тілінің грамматикалық құрылысының бай мүмкіндігі бар. Оған көмекші етістіктер де, қосымшалар да қатысады: **айта сал** (немқұрайды жасалуы), **айтып бақты** (ерекше ынтаммен), **жасаған бол** (жасандылық), **айта жаздады** (жетімсіз қимыл), **жазып ал, айтып бер** (кімге бағытталғаны), **келе қалды** (күтпеген жерден), **кесіп түсті** (қысқа, батыл жасалу), **итеріп кеп қалды** (ерекше қарқынмен), **келе береді** (қимылдың созылуы), **қарай тұр, отыра тұр** (жасалуына шек қою), **келе жатыр** (асығыссыздық), **жауайын деп тұр** (жасауға бейімділік), **ойланып қалды** (бір қалыпқа көшу), **келе сала, құлай кетті, айта сала, күліп жіберді** (бір қимылдың соңынан іле екінші қимылдың жасалуы) т.б.

Қосымшалар арқылы қимылдың жасалу тәсілін білдіру де бар: **жұлмала, алыққыра, күлімсіре, қақпала, жүріңкіре** т.б.

Осымен байланысты ғылымда қимылдың өту сипаты категориясы танылды, ол оқулыққа да кірді. Осы мағынаға бай категорияның жасалуы негізінен көмекші етістіктерге қатысты.

Көмекші етістіктер сөзжасамға да қатысады. Мысалы, **адам қыл, жәрдем ет, қызмет қыл да, медет қыл, еңбек ет, жақсы бол, көмек бер** т.б. Осы келтірілген мысалдарда көмекші етістіктер есім

сөзге тікелей тіркесіп, оған қимыл мағынасын қосып тұр. Осындағы көмекші етістіктің қызметін есім сөзден етістік жасайтын жұрнақтың қызметімен салыстыруға болады. Есім сөзден етістік жасайтын жұрнақтар да есім сөзге қимыл мағынасын үстейді. Мысалы, **акта, сыйла, әндет** т.б. Есім сөзге тіркесіп оған қимыл мағынасын қосып, одан құранды етістік жасайтын көмекші етістіктердің дәл осы қызметті атқаратынын оларды салыстырғанда анық көрінеді. Мысалы, **жәрдем ет - жәрдемдес, еңбек ет - еңбектен, жақсы бол - жақсылан, көмек бер - көмектес** т.б.

Көмекші етістіктердің даму дәрежесі тілде түрліше. Көмекші етістіктердің бір тобы алғашқы лексикалық мағынасынан ғана айрылып қоймай, өзінің түпкі дыбыстық құрамынан да айрылған. Қазіргі тіліміздегі **еді, екен, емес, ет** көмекші етістіктерінің түп негізі бір. Ал ол көне түркі жазбалары тілінде **ер** түрінде көмекші етістік қызметінде қолданылған. Ол кейін соңғы **р** дыбысының түсіп қалуы нәтижесінде **е** көмекші етістігі болып, кейін оның түркі грамматикалық тұлғаларынан түрлі көмекші етістіктер жасалған. Мысалы, жедел өткен шақ тұлғасынан **еді**, есімше тұлғасынан **екен**, болымсыз есімше тұлғасынан **емес**, өзгелік етіс тұлғасынан **ет** көмекші етістіктері қалыптасқан.

Көмекші етістіктердің бұл түрлерінің грамматикалық даму дәрежесі өте жоғары, оның көне түркі жазбаларындағы **ер** түрінің өзі көмекші етістік болған, ал **ер** көмекші етістігінің қандай толық мағыналы сөзден көмекшілікке көшкені анық емес.

Көмекші етістіктердің басым көпшілігі лексикалық мағынасынан айрылғанымен, дыбыстық құрамын толық сақтап қалған. Олар: **ал, бақ, бар, баста, бер, бал, біл, біт, жат (ыр), жонел, жүр, жібер, дә, кел, қор, көм, қай, қыл, отыр, от, сал, таста, тұр, түс, шық**. Сондықтан олардың жасалуына негіз болған лексикалық мағыналы етістіктермен көмекші етістіктердің дыбыстық құрамында айырма жоқ және бұл көмекші етістіктерге негіз болған лексикалық мағыналы етістіктер тілде сақталған. Олардың тілде бірі толық мағыналы сөз ретінде, екіншісі көмекші етістік ретінде қызмет етеді. Тұлғасы бір, мағынасы басқа болғандықтан, олар омонимдік құбылысқа жатады.

7.6.2.1. *Бол, ет, қыл* көмекші етістіктерінің қызметі

Көмекші етістіктер тілде түрлі-түрлі қызмет атқарады. Сонымен бірге көмекші етістіктердің

сөзжасамдық қызметі де бар, ол әдетте назардан тыс қалып, көбіне, ол туралы сөз қозғалмайды. Бұл көмекші етістіктердің қызметінің толық қамтылмауына әкеліп соғады. Сондықтан көмекші етістіктердің сөзжасамдық қызметін де ашып көрсетіп отырған жөн.

Көмекші етістіктердің грамматикалық қызметінің ерекше назарда болуы бұл қызметтің көмекші етістіктердің басым көпшілігіне қатысты болуына байланысты. Ал сөзжасамдық қызмет көмекші етістіктердің өте аз, санаулы түрлеріне ғана қатысты, сондықтан да ол көмекші етістік туралы жалпы сипаттамада көп жағдайда ескеріле бермейді.

Көмекші етістіктер тобынан **бол, ет, қыл** көмекшілері өздерінің сөзжасамдық қабілеті арқылы ерекшеленеді. Бұл көмекші етістіктер есім сөздерден етістік жасайды. *Бәйбішенің қапысын таба алмай ыза болып отырған* (Мүсірепов). *Ғалымдар бұл жөнінде көп табысқа ие болды* (Дарқанбаев). *Жақсы атының да болмағанын арман етеді* (Нұршайықов). *Қиманты өзі оқығанын қанағат қылмай...* (Әуезов). *Бұл мінезін өзінді әуре етер* (“Қозы Көрпеш”). Осы мысалдардағы **ыза болып** дегенді **ызаланып, ие болды** дегенді **иеленді, арман етеді** дегенді **армандайды, қанағат қылмай** дегенді **қанағаттанбай, әуре етер** дегенді **әурелер** деген туынды түбір етістіктерімен ауыстыруға әбден болады. Олай болатын себебі, бұл мысалдардың алғашқыларында есім сөзден көмекші етістік арқылы етістік жасалған, екінші сыңарларында есім сөзден жұрнақ арқылы туынды түбір етістік жасалған. Екеуінде де есім сөзге қимыл мағынасы қосылған. Сондықтан **ыза болу** мен **ызалану, ие болу** мен **иелену, арман ету** мен **армандау, қанағат қылу** мен **қанағаттану, әуре ету** мен **әурелеу** мағынасы жағынан бірдей. Сонда бұл мысалдарда есім сөзге қимыл мағынасын бірде көмекші етістік, екіншіде етістік жасаушы жұрнақ қосып тұр. Анығырақ айтқанда, есім сөзден етістік бірде аналитикалық тәсіл арқылы, бірде синтетикалық тәсіл арқылы жасалған. Олай болса, есім сөзге көмекші етістік қимыл мағынасын қосып, оны етістікке айналдырған. Сондықтан да олар құранды етістік аталып жүр.

Бұл қызметті кез келген көмекші етістік атқара алмайды, тек белгілі көмекші етістіктер ғана осы қызметті атқара алады. Олар: **бол, ет, қыл** көмекші етістіктері. Осы көмекші етістіктердің есім сөзді етістікке айналдыруын олармен мағыналас туынды түбір етістіктермен салыстыру арқылы

олардың мағына бірлігін таңуға болады. Олардың біразын салыстырып көруге болады: **алаң бол, алаң ет, алаң қыл - алаңда, арманда бол, арман ет, арман қыл - арманда, әбігер бол, әбігер ет, әбігер қыл - әбігерле, әзір бол, әзір ет, әзір қыл - әзірле, әуре бол, әуре ет, әуре қыл - әуреле, әшкере бол, әшкере ет, әшкере қыл - әшкереле, ие бол, ие ет, ие қыл - иелен қуат бол, қуат ет, қуат қыл - қуаттан, құмар бол, құмар ет, құмар қыл - құмарлан, құштар бол, құштар ет, құштар қыл - құштарлан, ойран бол, ойран ет, ойран қыл - ойранда, сақ бол, сақ ет, сақ қыл - сақтан, таң бол, таң ет, таң қыл - таңдан, ыза бол, ыза ет, ыза қыл - ызалан.**

Бұл келтірілген әр құранды етістіктермен туынды етістіктердің мағыналас екені анық байқалып тұр. Сонымен бірге **бол, ет, қыл** көмекші етістіктерінің құранды етістік жасау қызметінде ортақ белгілердің бары да көрініп тұр. Оны үш көмекші етістіктің құранды етістік жасаудағы жалпы қасиеттерімен, белгілерімен бірге, аздаған әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері де байқалады.

Бол көмекші етістігі арқылы жасалған құранды етістіктерде салт етістік мәні бары байқалады: **сен адам бол, сен сері бол, сен азат бол** сияқты құранды етістіктер субъектінің өзіне өзі жасайтын қимылды білдіретіні анық.

Ал **әбігер ет, әзір ет, әуре ет** сияқты мысалдарда объектіге жасалатын қимыл екені байқалады. Біреуді **әбігер ет, әуре ет, әзір ет** деген мағына анық көрініп тұр.

Қыл көмекші етістігі арқылы жасалған құранды етістіктер де субъектіге де, объектіге де жасалатын қимылды білдіреді.

Мысалы, **маған жақсылық қыл, жәрдем қыл, оны адам қыл, оны өзіңе бала қыл** т.б. Тілде осы құранды етістіктердің соңғы мағынасы жиі кездеседі.

Қазіргі тілімізде осы қызметте ең жиі қолданылатын көмекші етістік - **ет**. Көне кезеңдерде **қыл** көмекші етістігінің қызметі белсенді болған.

Бұл көмекші етістіктер арқылы жасалған құранды етістіктер сөйлемде етістік жүйесі бойынша түрленеді: **ие етті, ие еткізді, ие еткізеді** т.б.

7.6.2.2. Жазда көмекші етістігі

Жазда - тек қана көмекшілік қызметте қолданылатын етістік, оның толық, негізгі мағынада қолданылуы тілде жоқ, яғни тұрақты көмекші етістік. Бұл етістіктің де көне кездерде лексикалық мағынасы болған.

Жазда көмекші етістігі тілде қимылдың өту сипаты категориясының көрсеткішіне жататын **⇒й жазда** аналитикалық форманты болып қалыптасқан. **⇒й жазда** аналитикалық форманты жетімсіз қимылды білдіреді. Жетімсіз қимыл деп қимылдың жасалуға жақындап барып, тіпті жартылай жасалып, аяғына жетпей тоқтауын, үзілуін білдіруі аталады. **Құлай жаздады, жығыла жаздады, кетіп қала жаздады** т.б.

Бұл қимыл субъектінің өздігінен әдейі жасайтын қимылы емес, қимылды жасауды бастап, оны субъекті өздігінен тоқтатпайды. Қимыл кездейсоқ себептердің әсерінен, көбіне субъектінің ырқынан тыс кездескен себептердің әсерінен аяқталмай тоқтайды.

Қимылдың жасалуының бұл тәсілі - түркі тілдеріне тән құбылыс. Мысалы, башқұрт тілінде: **йоклай яззы, йығыла яззым**; өзбек тілінде: **ула езди, йикыла езди**; татар тілінде: **киттә язды, егыла язды** түрінде қолданылады.

Бұл формант өте белсенді, салт, сабақты етістіктерді талғамай тіркесе береді. Мысалы: **Өзін өлтіре жаздаған Мекешке сүйсінеді** (Мүсірепов). **Қыз отқа құлай жаздап, әрі шошып, әрі ашуланып, булығы жаздады** (Әуезов).

Ауызекі тілде бұл форманттың мағынасын басқа жолмен, түрлі тіркестермен беру де кездеседі. Мысалы, **кетуге аз-ақ қалдым, кетуге шақ қалдым** т.б.

Бұл формант тіркескен етістік болымсыздық жұрнақты қабылдамайды, ол осы форманттың мағынасына байланысты. **⇒й жазда** формантының өзі болымсыздық мағына береді, сондықтан ол формант бар сөзге болымсыздық жұрнақтың қажеті жоқ. Осы формантты қабылдаған аналитикалық формалы етістік етістіктің түрлену жүйесімен толық түрлене бермейді. Ондай тұлғадағы етістік тілде көбіне, жедел өткен шақ, кейде ауыспалы шақ пен бұрынғы өткен шақ тұлғаларында кездеседі. Мысалы: **Жалт қарап еді, есінен тана жаздады** (Майлин). **Қайық бұлтандағанда, ауып қала жаздайды** (Мүсірепов). **Мен түгілі атақты адвокат Ақбаев, Дүйсенбаевтар бір сөз үшін айдалып кете жаздаған** (Мүсірепов). **Мал-мүлкі сатылып кете жаздапты** (Мұқанов).

7.7. КӨМЕКШІ ЕТІСТІК ЖӘНЕ АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАНТТАР

Көмекші етістіктер грамматикалық дамудың нәтижесінде грамматикалық қызметке көшіп, грамматикалық көрсеткішке айналғандықтан, олар

сөйлемде толық мағыналы етістікке көсемше, есімше жұрнақтары арқылы тіркесіп, оған грамматикалық мағыналар үстейді. Мысалы: **Бір түйір жас козімнен ыршып кетті. Аш есікті, сен ол қызды жасырып алмайсың** (Жүнісов).

Осы мысалдардағы грамматикалық мағыналы **козімнен, ыршып кетті, есікті, қызды, жасыра алмайсың** деген түрлі грамматикалық формадағы сөздерді алып қарайық: **козімнен** дегенде жастың шыққан жерін **-нен** шығыс септік жалғауы білдіріп тұр, онда грамматикалық мағына қосымша арқылы берілген; **ыршып кетті** дегенде **ыршу** қимылының тез жасалуын **-ып** көсемшесі арқылы тіркескен **кет** көмекші етістігі білдіреді, **есікті, қызды** дегенде қимылдың объектісі мағынасын табыс септік жалғауы білдіреді, **жасыра алмайсың** дегенде қимылды жасау мүмкіндігінің жоқ екені етістікке **-а** жұрнағы арқылы тіркескен **алма** көмекші етістігі арқылы білдірілген. Сөйтіп **козімнен, есікті, қызды** сөздеріндегі грамматикалық мағыналар қосымшалар арқылы берілген. Ол қосымшалар тілдегі түрлі категориялардың қосымшалары, сондықтан сөздегі қосымшалар қай категорияның қосымшасы болса, сол категориялардың формасындағы сөздер болып саналады. Категориялардың грамматикалық мағынасы қосымшалар арқылы берілгендіктен, олар синтетикалық сөз формасына жатады. **Алыршып кетті, жасыра алма** сөздеріндегі грамматикалық мағына көмекші етістік арқылы берілгендіктен, олар - аналитикалық формадағы етістік болып табылады.

Көмекші етістіктер негізінен етістіктің түрлі категорияларының мағынасын білдіретін көрсеткіштер қызметін атқарады. Көмекші етістіктер қатыспайтын грамматикалық категориялар етістікте **өте** сирек кездеседі. Етістіктің көпшілік категорияларының мағынасы көмекші етістіктерге қатысты. Сондықтан ол тілде сирек кездесетін құбылысқа жатпайды. Бұл жағдай тілде аналитикалық сөз формасының кең орын алатынын көрсетеді.

Аналитикалық форма қазақ тілінің грамматикалық құрылысынан мол орын алады. Ол әлі толық зерттеліп, анықталмай отыр. Есім сөздердің аналитикалық формасы жөнінде толық мағлұмат жоқ. Алайда, есім сөздерге де аналитикалық форма жат емес екені белгілі. Олардан сын есімнің шырай категориясының аналитикалық формасы күмән туғызбайды. Мысалы, **өте жақсы, ең үлкен, тым әдемі, өте сұлу** сияқты қолданыстағы сөздер асырмалы шырайдың грамматикалық формала-

рына жатады. Олар лексикалық мағыналы сөзге **өте, ең, тым, тіпті, тіптен** сияқты көмекші сөздердің тіркесі арқылы жасалған.

Ал аналитикалық сөз формасының қазақ тілінің грамматикалық құрылысында кең қолданылуы ғылымда оның танылуына негіз болды. Аналитикалық сөз формасының тілде танылуы қазақ тілінің бір кездерде таза синтетикалық тілдер деп сипатталып келуінің қате екенін дәлелдейді.

Аналитикалық сөз формасының өзіне тән белгілері бар.

Аналитикалық форманың қайсысы болсын белгілі категорияларға қатысты. Мысалы, етістіктің болымдылық, болымсыздық категориясының аналитикалық формасына мысал келтірейік: **келген емес, келетін емес, келер емес, кеткен жоқ**. Осы аналитикалық формадағы етістіктер тек осы категорияның формасында тұрған сөздер болып саналады, оның басқа категорияларға қатысы жоқ. Сол сияқты **қайтқан еді** қатыстық өткен шақ формасында, **келсе екен, қалғысы келеді** қалау рай формасында, **өте жақсы** асырмалы шырай формасында тұр.

Аналитикалық форма категориямен тікелей қатысты болғандықтан, ол қай категорияның формасы болса, сол категорияның тарамына (парадигмасына) кіреді. Аналитикалық форма белгілі категорияның тарамына кіретін болғандықтан, соның бір мүшесі ретінде сөйлемде қызмет атқарады.

Категорияның тарамына синтетикалық, аналитикалық формалар қатар қызмет ете береді. Мысалы, осы шақ тарамында синтетикалық (**келеді**) форма да, аналитикалық форма да (**оқып отыр**) бар. Сол сияқты өткен шақ тарамында синтетикалық форма (**кетті**) да, аналитикалық форма (**келген еді, кетіп еді**) да қызмет етеді. Сын есім шырайлары категориясының тарамында да синтетикалық (**көгірек**) формамен қатар аналитикалық (**өте көк**) форма қызмет етеді. Сондықтан қазақ тілінде категорияның формасы тек синтетикалық, тек аналитикалық форма болу керек деген шек қойылмайды.

Аналитикалық сөз формасының жасалуы көмекші сөзбен байланысты. Көмекші сөз болмаған жерде аналитикалық форма болмайды. Бірақ кез келген көмекші сөз аналитикалық форма жасай бермейді. Мысалы, **жарқ етті, саңқ етті** деген мысалдарда еліктеуіш сөзге көмекші етістік тіркескен. Бірақ олар аналитикалық формаға жатпайды, себебі олардың ешбір грамматикалық ка-

тегорияларға қатысы жоқ, сондықтан ешбір грамматикалық, лексика-грамматикалық категориялардың тарамының құрамына кірмейді. **Жарқ етті, саңқ етті** сияқты сөздерде **ет** көмекші етістігі еліктеуіш сөзге қимыл мағынасын қосып, олардан құранды етістік жасап, сөзжасамдық қызмет атқарған. Көмекші сөз категория мағынасын білдіретін көрсеткіш қызметін атқарғанда ғана, ол аналитикалық форма жасайды.

Аналитикалық формалы сөздің құрамы тұрақты емес, сөйлемде белгілі бір аналитикалық формадағы сөз үнемі тек қана сол формада тұруы мүмкін емес. Сөйлемнің қажетіне қарай ол басқа аналитикалық формада немесе түрлі синтетикалық формада тұра береді. Мысалы, **оқып отыр** деген аналитикалық формадағы **оқы** етістігі басқа сөйлемде **оқығысы келеді, оқиды, оқымақ, оқып отыр еді** сияқты түрлі формада қолданыла береді. Ал осы формада басқа түрлі етістіктер қолданыла береді. Мысалы, **тыңдап отыр, жазып отыр** т.б., немесе **білгісі келеді, көреді, сөйлемек, жазып отыр еді** т.б. Осы мысалдардағы тұрақты нәрсе - сөздердің түрлену үлгісі. Атап айтқанда, бір үлгі бойынша көптеген сөздер түрлене береді. Ал ол үлгі - категориялардың түрлену үлгісі, яғни тарамы. Өйткені категориялардың түрлену үлгісі, яғни тарамы талай замандардың ішінде грамматикалық дамудың нәтижесінде қазір әбден қалыптасқан тілдік құбылыс. Сондықтан олар арқылы белгілі топтағы сөздер түрлене береді. Аналитикалық форманы жасаушы көрсеткіштер де категориялар тарамының тұрақты мүшесі болғандықтан, ол арқылы белгілі топтағы түрлі сөздер түрлене береді.

Аналитикалық форма жасаушы көрсеткіштің сөзде алатын тұрақты орны бар. Тіліміздің жалғамалық құбылысына байланысты барлық қосымша атаулы дербес мағыналы сөздің соңына жалғанады. Аналитикалық көрсеткіштер де осы заңдылыққа бағынады, яғни дербес мағыналы сөздің соңына тіркеседі. Мысалы, **өсіп барады, кетіп жатыр, білгісі келеді, көріп еді, келер емес, көрген жоқ, барушы болма** т.б. Алайда жекелеген сөз алды қосымшалардың кездесетіні (**бейхабар, наразы** т.б.) сияқты аналитикалық көрсеткіштердің ішінде де сөз алдынан тіркесетіндері бар. Оларға шырай көрсеткіштері жатады. Мысалы, **ең жақсы, тіпті кішкене, өте үлкен** т.б. Бұл жағдай сын есімнің табиғатына да қатысты болуы мүмкін. Сын есім - зат есімнің, яғни өзі қатысты сөздің алдынан келіп, тіркесетін сөз табы. Міне, ол оның грамматикалық көрсеткішінен де орын алған сияқты.

Сөздің аналитикалық формасын жасаушы көмекшілер дербес сөзге қосымшасыз да, қосымша арқылы да тіркесе алады. Асырмалы шырайда көмекші сөз дербес сөзге ешбір қосымшасыз алдынан тікелей тіркеседі. Мысалы, **ең қиын, өте ауыр, тым үлкен** т.б.

Көпшілік жағдайда көмекші сөз дербес сөзге белгілі қосымшалар арқылы тіркеседі. Мысалы, **кел+се + екен, біл+гісі + келеді, айт+тып + салды, кел+е + қойды, жаз+а + алады** т.б. Мұндай жағдайда көмекші етістіктер кез келген қосымшамен дербес сөзге тіркеспейді. Өйткені көмекші етістіктің мағынасы белгілі қосымшамен бірге қалыптасқан. Сондықтан әр көмекші етістіктің мағынасына байланысты қосымша арқылы ғана ол негізгі етістікке тіркесе алады. Мысалы, **айта алады, жаза алады** деген аналитикалық формалы етістіктер қимылды жасау мүмкіндігін **ал** көмекші етістігінің дербес етістікке көсемшенің **-а** жұрнағымен тіркесуі арқылы білдіріп тұр. Көсемшенің **-а** жұрнағынсыз **ал** көмекші етістігі ол мағынаны білдіре алмайды. Мысалы, **біліп алды** деген аналитикалық формаға етістік мүмкіндік мағынасын білдірмей, қимылдың өзі үшін жасалғанын білдіріп тұр. Екі мысалда да **ал** көмекші етістігі қолданылғанына қарамастан, олар екі түрлі мағына беріп тұр. Бұл көмекші етістіктің мағынасының қосымшаға байланысты екенін білдіреді.

Сөйтіп қазақ тілінде аналитикалық формалы сөздің құрамы негізінен төмендегідей:

- 1) дербес сөз + қосымша + көмекші сөз (**өсіп кетті**),
- 2) дербес сөз + көмекші сөз (**жүр еді**),
- 3) көмеші сөз + дербес сөз (**өте жақсы**).

Аналитикалық формалы сөз сөйлемде бір сұраққа жауап беріп, бір сөйлем мүшесі болады. Мысалы, **Ол оқып жүр** дегенде **жүр** - сөйлемнің баяндауыш мүшесі. Сол сияқты аналитикалық формалы сөз тіркесінің де бір сыңары, бір мүшесі болады. Мысалы, **Ол үйде оқып отыр** дегендегі **үйде оқып отыр** бір сөз тіркесін жасайды. Осы сөз тіркесінің бір сыңары - **үйде**, екінші сыңары - **оқып отыр**.

Сөздің аналитикалық формасы төмендегідей белгілер арқылы танылады:

1. Сөздің аналитикалық формасы белгілі бір грамматикалық категорияның жүйесіне, тарамына енуі керек.

2. Әрбір аналитикалық формалы сөз лексикалық мағынаға қоса грамматикалық мағына береді.

3. Сөздің аналитикалық формасын категориялардың тұрақты аналитикалық форманттары жасайды.

4. Сөздің аналитикалық формасы белгілі топтағы сөздің басым көпшілігінен жасала береді.

7.7.1. Аналитикалық форманттар және олардың мағыналары

Аналитикалық формант деп қосымша мен көмекші етістіктің бірлігінен тұратын, категория мағынасын білдіретін күрделі морфологиялық көрсеткіш аталады. Мысалы: *Апам болса, ауданда сырқаттанып жатыр. Ақбөпе екеуіміз таңертеңнен айтып жүрміз* (Жүнісов). Осы екі сөйлемдегі *сырқаттанып жатыр, айтып жүрміз* деген аналитикалық формалы етістіктер **-ып жатыр**, **-ып жүр** деген аналитикалық форманттар арқылы нақ осы шақ мағынасын білдіреді. Нақ осы шақтың жүйесі бойынша бұл форманттарға жіктік жалғауы тікелей жалғанады. Ол заңдылық сақталған: **сырқаттанып жатыр** дегенде 3-жақ болғандықтан, онда жіктік жалғау жоқ, ал **айтып жүрміз** дегенде жіктік жалғау аналитикалық формантқа тікелей жалғанған.

Қазақ тілі етістіктің аналитикалық формантына өте бай. Етістікте жетпістен аса аналитикалық формант бар. Олар: **-а ал, =п бак, -п ал, -п бар, -а бар, а баста, е бер, -п бер, -ған бол, -п бол, -с біл, -п біт, -а жазда, -п жат (ыр), -е жонел, -п жүр, -е жүр, -п жібер, -йін де, -са игі еді, -са екен, -ғай еді, -са еді, Ø екен, Ø жоқ, -п кел, -е кел, -п кет, -а кет -п көр, -е көр, -п қал, -а қал, -п қой, -а қой, -п отыр, -а отыр, -п от, -п сал, -а сал, -п таста, -п тұр, -а тұр, -п түс, -е түс, -п шық, -а шық, -п сала бер, -п кеп жібер, -п кеп қал, -ғалы отыр, -ғалы жат(ыр), -гелі жүр, -ғалы тұр, -а сала (-а салын), -п қоя бер, -п келе жат, -п бара жат, -п болып қал, -ғы кел, -ушы болма, -а көрме, -ған болса, -р болса, -п жүре бер, -п кеп кет, -п сала бер, -п кеп бер, -уге бол.**

Аналитикалық форманттардың құрамының түрлі болуына байланысты олар жалаң және күрделенген аналитикалық форманттар болып бөлінеді.

Жалаң аналитикалық форманттарға бір морфемалы (Ø емес), екі морфемалы (-п ал), үш морфемалы (-ғысы кел) аналитикалық форманттар жатады. *Бұл сөз одан әрі өрбіген жоқ. Коштің алды адырдан бері шығып қалыпты* (Әуезов). Мұнда Ø жоқ, **-ып қал** форманттары қолданылған. Олар - Ø жоқ форманты бір морфемадан

тұрады, оның алдындағы бұрынғы өткен шақ көрсеткіші (-ген) өз мағынасында қолданылған, Ø жоқ оған болымсыздық мағына қосып тұр, **-ып қал** екі морфемалы аналитикалық формантқа жатады. Тілдегі аналитикалық формант негізінен екі морфемалы форманттардан тұрады. Үш морфемалы форманттар да өте аз: **-ғысы кел, -сам екен, -уге бол** т.б. *Бір сұмдық болмаса игі еді* (Мұқанов). Осы сөйлемдегі **-са игі еді** үш морфемалы жалаң аналитикалық формантқа жатады.

Күрделенген аналитикалық формантқа төрт морфемалы аналитикалық форманттар жатады. Олар екі морфемалы аналитикалық форманттардың бірігуінен жасалған. Екі морфемалы форманттардың ұзақ уақыт сөзде бірге, қатар қолданылуының нәтижесінде олардың мағыналары кірігіп, біртұтас мағынаға көшкен. Олар: **-п келе жатыр** (өсіп келе жатыр), **-п бара жатыр** (көбейіп бара жатыр), **-п қоя бер** (жылап қоя берді), **-п кеп кет** (соғып кеп кетті), **-п кеп қал** (итеріп кеп қалды), **-п кеп жібер** (шыңғырып кеп жіберді), **-п сала бер** (әрленіп сала берді), **-п жүре бер** (бойы жылып жүре берді), **-п болып қал** (жазып болып қалды).

Күрделенген аналитикалық форманттың белгілері:

1. Күрделенген аналитикалық формант бір мағына береді, бір форманттың қызметін атқарады.

2. Күрделенген аналитикалық форманттың құрамындағы морфемалардың орны тұрақты, олардың арасына бөтен морфема қосыла алмайды.

3. Күрделенген аналитикалық форманттың бәрі - қимылдың өту сипаты категориясының көрсеткіштері.

4. Күрделенген аналитикалық форманттар тек қана етістікпен қолданылады.

Аналитикалық форманттардың мағыналары алуан түрлі, түрлі категорияларға қатысты.

Көпшілік аналитикалық форманттар қимылдың өту сипаты категориясының мағынасын білдіреді. Олар қимылдың тәсілін білдіреді және қимылдың даму сатысын білдіреді.

Қимылдың жасалу тәсілі негізінен аналитикалық форманттар арқылы білдіріледі:

1. Қимылдың жасалу тәсіліне жалған, жасанды қимыл мәнін білдіреді. - *Сіз де сүйтесіз бе? - деген Дәурен қалжыңдаған болып* (Ақтанов). Мұнда **-ған бол** форманты жалған қимыл, жасанды қимыл мағынасын беріп тұр.

2. Жеткіліксіз қимыл тәсілінде қимылдың жасалуға жақындап барып, аяғына жетпей үзілуін білдіреді. *Қыз отқа құлай жаздап, әрі шошып, әрі ашуланып, булығы жаздады* (Әуезов).

3. Қимылдың субъект өзі үшін, я өзінен басқалар үшін жасауын білдіру қимылдың бағыт-мақсат тәсіліне жатады. Ол мағынаны **-п ал, -п бер** форманттары білдіреді. *Мен өз пәтеріме кошп алдым* (Мұқанов). *Естіген ертегілерін құрбыларына айтып береді*. Мұнда көшіп алдым дегенде қимылдың өзі үшін жасалғанын, **айтып береді** дегенде басқа адам үшін жасалғаны білдірілген.

4. Қимылдың ерекше ынтамен жасалуын **-п бак** форманты білдіреді. *Дегенмен Нүрке шыдап бақты. Біз де қара терге түсіп істеп бақтық* (Шашкин).

5. Қимылдың жасалуына немқұрайды қарап, оның жол-жөнекей жасалуын білдіретін аналитикалық форманттарға: **-а сал, -а отыр, -е жүр** форманттары жатады. *Менікі әшейін айта салған қалжың ғой* (Мүсірепов). *Өз басымнан откен оқиғаларды тізбектей отырған хатшы тәріздімін* (Соқпақбаев).

6. Қимылдың ойда жоқта, қиындықсыз жеңіл, күтпеген жерден жасалуын **-а қой, -а кет, -а қал** аналитикалық форманттары білдіреді. *Төменгі сыбаннан Имақ Тоқпанов келе қалды* (Мұқанов). *Алақаныма қыса қойдым* (Сәрсенбаев). *Хадиша бұл сөзімді мақұл көріп, жабыса кетті* (Шашкин).

7. Қимылдың қысқа, батыл, аз уақыттың ішінде жасалуын **-п таста, -п жібер, -п түс, -п қал** форманттары білдіреді. *Итемген зекіп тастады* (Мүсірепов).

8. Қимылдың ерекше қарқынмен, күшпен жасалуын **-п кеп жібер, -п кеп қал** күрделенген аналитикалық форманттар білдіреді. *Мен шықшыттан періп кеп жібердім* (Сейфуллин). *-Жоғал көзіме көрінбей деп итеріп кеп қалды* (Мұқанов).

9. Қимылдың жасалуы ұзаққа сөзылуын, жалғасуын, қайталануын **-е бер, -е түс** форманттары білдіреді. *Әкесін мазалай берді* (Жұмақанов). *Түнек қоюлана түсті* (Шашкин).

10. Қимылдың жасалуына шек қоюды **-а түр** форманты білдіреді. *Сәл күте тұрыңыз* (Есенберлин).

11. Қимылдың жасалуының асығыссыздығын **-а жатар** форманты білдіреді. *Үйрене жатар* (Мұқанов).

12. Қимылдың жасалуға дайын тұрғанын, бейімділігін **-йін де, -ғалы отыр, -гелі жүр, -ғалы түр, -ғалы жатыр** форманттары білдіреді. *Жер құрғайын деді* (Мұстафин). *Біз ауылға қайтқалы отырғанда, олар да жетті* (Мұқанов).

13. Қимылдың бір қалыптан тұрақты қалыпқа көшуін **-п қал** форманты білдіреді. *Диканың*

козіне жас іркіліп қалды (Жүнісов). *Мен сені бөрілердің аузынан сақтап қалдым* (Жүнісов).

14. Бір қимылдың соңынан ілесе екінші қимылдың жасалуын **-а сала, -а салып** форманттары білдіреді. *Әкесін коре сала, жүгіре жонелді*.

Қимылдың даму кезеңін білдіретін аналитикалық форманттар бірсыпыра. Қимылдың даму сатылары, кезеңдері үшке бөлінеді: 1) қимылдың басталуы, 2) қимылдың жасалу үстіндегі кезеңі, 3) қимылдың аяқталуы.

Қимылдың басталуын **-а баста, -а жонел, -п сала бер, -п жүре бер, -п қоя бер**. Қимылдың тек қана басталуын **-а баста** форманты білдіреді. *Дауыс шыға бастады* (Шашкин).

Қимылдың кенеттен, іркілмей тез басталуын **-а жонел, іп қоя бер** форманттары білдіреді. *Қарт инженерді мақтай жонелді* (Есенберлин). *Қоңырау шылдырап қоя берді* (Мұқанов).

Қимылдың жайлап, баяу бір қалыпта басталғанын **-п сала бер, -п жүре бер** форманттары білдіреді. Мысалы, *Шәріпжанның түсі суып сала берді. Шоп осіп жүре берді* (Қанахин).

Қимылдың жасалу үстінде екенін **-п отыр, -п түр, -п жүр, -п жат, -п келе жат, -п бара жат, -п бар, -п кел** форманттары білдіреді. Мысалы: *Тек Қаламуштің есейіп келе жатқанына сүйсінеді* (Ақтанов). *Үнсіз отырып қалды* (Жүнісов). *Қарасайдың бүгінгі тұрмысы төңірегінде сөйлесіп отырып...* (Жүнісов). *Қайсысы екен жыбырлап жүрген* (Шашкин).

Қимылдың аяқталуын **-п бол, -п біт, -п шық, -п қой, -п кет, -п қал, -п болып, қал** форманттары білдіреді. *Сол күні қарақасқа жоғалып шықты* (Шашкин). *Ол жұмысты да жақсы меңгеріп кеттім* (Мұқанов). *Дауысым әбден қарлығып болды* (Сәрсенбаев). *Қаланың төңірегіннің бәрі алынып бітті* (Сейфуллин).

Аналитикалық форманттар модальдық мағынаны да білдіреді. Модаль мағыналардың ішінде қимылды жасауға субъектінің мүмкіндігі бар-жоғын **-а ал, -а алма, -а біл** форманттары білдіреді. Мысалы, *Сен ол қызды жасырып отыра алмайсың* (Жүнісов). *Жас агроном басқара алмай жүр* (Шашкин). *Адамға сене білу де үлкен қасиет* (Мұқанов).

Аналитикалық форманттар нақ осы шақ мағынасын білдіреді. Нақ осы шақ жасайтын аналитикалық форманттарға **-п отыр, -п жатыр, -п түр, -п жүр, -п келе жатыр, -п бара жатыр** форманттары жатады, тек бұл форманттар нақ осы шақ жасау үшін жіктік жалғауы оларға тікелей жалғануы керек. *Ол құдасына күле қарап отыр*

(Жүнісов). *Сен сұлуланып келе жатырсың* (Мұқанов). *Сендер қайдан келіп тұрсындар* (Мұқанов). - *Қай институтта оқып жүрсіңдер?* (Жүнісов). *Ол аруақтанып бара жатыр* (Мүсірепов).

Аналитикалық форманттар қатыстық өткен шақ мағынасын білдіреді. Қатыстық өткен шақ Ж еді формантының түрлі шақ көрсеткіштеріне тікелей тіркелуі арқылы олардан қатыстық өткен шақ жасайды. *Өзім де солай ойлап отыр едім* (Мүсірепов). *Әр елден келгендігін өзі де айтып тұр еді* (Мүсірепов). *Ол мұны біліп жүр еді* (Мұқанов).

Аналитикалық форманттар бұйрық рай мағынасын білдіреді. Бұйрық рай мағынасын білдіретін аналитикалық форманттарға = **ушы болма**, =**а көр**, =**а көрме** форманттары жатады. =**ушы болма** аналитикалық форманты қатал бұйрық, қимылдың жасалуына үзілді-кесілді тиым салуды білдіреді. Бұл форманттың болымды түрі жоқ. Формант бұйрық райдың жіктік жалғауы арқылы түрленеді. *Жылаушы болма. Тәртіп бұзушы болма!* =**а көр**, =**а көрме** форманттары бұйырудың тілек түрін білдіреді. *Жолата көрмендер, сөйте көр*. Бұл форманттар бұйрық мағынасының түрлі реңкін білдіру үшін қолданылады.

Аналитикалық форманттар қалау рай мағынасын білдіреді. Қалау рай мағынасын білдіретін аналитикалық форманттарға -**са игі еді**, -**са екен**, -**са еді**, -**ғай еді** форманттары жатады: *Бастаса игі еді, орнықса екен, құтылсам екен, болмағай едің*.

Етістіктің болымсыздық мағынасын білдіретін 2 аналитикалық формант бар, олар: Ø **емес**, Ø **жоқ**. Бұл форманттар етістіктің шақ категориясымен ғана қолданылады: *сезген жоқ, айтқан емеспін, тұрақтай алар емес, қол жететін емес*.

7.7.2. *Тұр, жүр, отыр, жат(ыр)* етістіктерінің мағыналары

Тұр, жүр, отыр, жат(ыр) етістіктері тілде түрлі қызмет атқаратын, ерекшелігі мол етістіктер болып саналады. Бұл төрт етістік түркі тілдерінің көне жазба ескерткіштерінен бері қарай тілде өте жиі қолданылып келе жатқан ғылымда әбден танылған. Сол ұзақ уақыттың ішінде бұл етістіктердің лексикалық мағынасы ғана кеңіп, молығып қоймай, олар грамматикалық дамудан өтіп, түрлі грамматикалық мағынаға ие болып, түрлі грамматикалық қызмет атқаратын болған. Тілдің қазіргі даму сатысында *тұр, жүр, отыр, жат(ыр)* деген лексикалық мағыналы етістіктер

бар, сонымен бірге дыбыстық құрамы жағынан олардан ешбір айырмасы жоқ 4 грамматикалық көрсеткіш бар. Бұлардың мағынасы, тілде атқаратын қызметі мүлдем басқа-басқа, сондықтан олар омонимдік дәрежеге жеткен: **үнсіз отыр, зытып отырды**.

Алғашқыда **отыр** етістігі субъектінің кеңістіктегі қалпын білдіріп, лексикалық мағынада қолданылған, соңғыда **отыр** көмекші етістік қызметінде қолданылған, оның лексикалық мағынасы жоқ, жетекші етістікке көсемшенің -п жұрнағы арқылы тіркесіп, қимыл тез жасалу үстінде деген мағынаны қосып тұр. **Отыр** етістігі алғашқы қолданысында сөйлемде қимыл атауы ретіндегі лексема болса, соңғыда грамматикалық мағына беретін көрсеткіші қызметін атқарған. Олардың мағынасы да қызметі де басқа-басқа, тек дыбыстық құрамы ғана ұқсас. Осы жағдай қалған үш етістікке де ортақ, сондықтан тілде лексикалық мағына беретін **тұр, жүр, отыр, жат** етістіктері арқылы жасалған 4 аналитикалық формант, яғни 4 грамматикалық көрсеткіш бар. Олар шығу тегі жағынан бір болғанымен, қазір тілде басқа-басқа тілдік бірліктерге жатады.

Алдымен бұл төрт етістіктің лексикалық мағыналарына тоқталайық.

Бұл төрт етістіктің алғашқы түп негізгі лексикалық мағынасы - адамның кеңістіктегі қалпын білдіру. *Өзі жалаңбас қардың үстінде отыр* (Әбдіқадыров). *Солардан оқшаулау жерде Рабый тұр. Бір кішкене болмеде жатқан Мұқан ұйықтай алмады* (Сонда). *Екеуміз көп жыл бірге жүріп, көп елді бірге араладық* (Сонда).

Бұл етістіктердің екінші негізгі мағынасы адамнан басқа жанды-жансыз заттардың кеңістіктегі қалпын білдіру: *үстел тұр, кілем жатыр, бұтақта отыр, (бұрымы арқасында) жатыр, дуадақ отыр, машина жүріп кетті*.

Бұл мысалдардан 4 етістіктің адамнан басқа да жанды-жансыз заттарға қолданылатыны көрінеді, бірақ адамға 4 етістік түгел қолданылса, адамнан басқа жанды-жансыз заттармен ол түгел қолданылмайды.

Ал жансыз заттардың шындық өмірдегі қалпын білдіру үшін негізінен **жатыр, тұр** етістіктері қолданылады: *кітап, қағаз үстелде жатыр, кілем, алаша еденде жатыр, шөп көпенде жатыр, сәбіз, сарымсақ, картоп қоймада жатыр* т.б.

Сонымен бірге *кітан сореде тұр, кеме жағада тұр, ағаш сүйеулі тұр, орындық, сандық, үстел орнында тұр, рюмкелер шкафта тұр, шәйнек газда тұр, сурет ілулі тұр, самауыр үстелде тұр* си-

яқты қолданыс бұл етістіктердің қазір өз мағынасында қолданылуына жатады.

Түр, жүр, отыр, жат етістіктерінің осы негізгі мағыналарының қолданылуында да ерекшелік бар. Жоғарыда кеңістіктегі заттардың бір қалыптағы жағдайы сөз болды. Ал осы етістіктер бір қалыптан екінші қалыпқа ауысуды да білдіреді: **орнына барып отыр, орнынан түр, жүр, төсегіне жат.**

Осы төрт етістіктің ауыспалы мағынада қолданылуы - өте жиі кездесетін құбылыс. Төрт етістіктің қайсысының болса да, түрлі мағынада қолданылуы тілде әбден қалыптасқан. Олардың кейбірін келтіруге болады:

1. Өмір сүру: **балам Алматыда, немерем колымда тұрады.**

2. Уәдесін ұстау: **Ол уәдесінде тұрады.**

3. Баға мәнінде: **Бұл зат қанша тұрады?**

4. Қызмет атқару: **Ол осы қызметте қашанғы отырады?**

5. Бір орнында қозғалмай қалу: **кеме қайраңда отыр.**

6. Ойынан орын алу, есінде болу: **ол мәселе есімде жүр, Әсем жүрегімнің түбінде жатыр, жаңа ғана есімде түр еді.**

7. Сай, сәйкес: **ол сыйлауға тұрады.**

8. Алдау: **сені жерге отырғызды.**

9. Ауруынан жазды: **аяғынан тік тұрғызды.**

10. Сыйлады: **бүкіл ауыл аяғынан тік тұрады.**

Тіліміздегі ең көне етістіктер тобына жататын **отыр, жатыр, түр, жүр** етістіктерінің лексикалық мағынасы өсіп, кеңіп отырумен бірге, ол грамматикалық дамуға түсіп, түрлі грамматикалық мағыналарға да ие болған.

7.7.3. Де көмекші етістігі

Де етістігі **айт, сойле** етістіктерімен мағыналас, синонимдес. Мысалы, **солай сойле - солай де, не айтайын?, не сөйлейін? - не дейін? Сәлем айт - сәлем де, не айтты? - не деді? не тұралы сойледі - не деді, бірдеңе айтты ма? - бірдеңе деді ме?** Осы мағынасы арқылы ол сөйлеу етістіктері тобына жатады. Сөйлемде қолданысына қарай **сұра, ата, ойла, есепте, сана, долбарла** етістіктерінің мағынасын да білдіреді. **Де** етістігінің көп мағыналығы мен көп қызметтілігі оның көмекшілік қызметіне де қатысты. Бұл көмекші етістікке көп мағыналығы мен көп қызметтілігі жағынан ешбір көмекші етістік тең келе алмайды. Осы ретте ол барлық көмекші етістіктерден ерекшеленеді.

Де көмекші етістігінің ерекше қызметі - төл сөз бен автор сөзін байланыстыруы. Қазақ тілінде төл сөздің дербестігін сақтап, нақты, дәл тиянақты түрде білдіруде оны автор сөзімен байланыстыру қызметін де көмекші етістігі ғана атқарады. Бұл қызметті де көмекшісінен басқа ешбір тілдік нұсқа атқара алмайды. Ал төл сөз - тілде өзіндік орны, қызметі бар, тілде жиі қолданылатын құбылыс. Осы тілдік құбылыс тікелей де көмекші етістігіне байланысты. **Рақмет, осы атағаныңыз да болады, - деді Аман (Мұстафин).**

Төл сөзді автор сөзімен байланыстырғанда, **де** көмекші етістігі түрлі тұлғада (**дейді, деп, дейтін, депті, десе** т.б.) қолданыла береді. Дегенмен осылардың ішінде **деді, деп, дейді** тұлғалары өте жиі кездеседі.

Де көмекші етістігі төл сөз бен автор сөзі арасында қолданылғанда, төл сөздегі аяқталған тиянақты ойды автор сөзімен байланыстыратыны белгілі. Осыдан **де** етістігінің жіктік жалғаулы етістікпен тіркесе қолданылуы қалыптасқан: **келемін дедім, барайын деді, барармыз деді, корейік дедік, айтпақпыз деген, қайтасың депті** т.б. Жіктік жалғаулы етістікпен басқа етістіктердің осы тектес тіркесі кездеспейтін құбылыс. Бұл да - **де** етістігінің өзіндік ерекшелігі.

Де көмекші етістігі арқылы тілде түрлі аналитикалық форманттар қалыптасқан, олар түрлі мағынаны білдіреді. Солардың бірі - **йін** де аналитикалық форманты. Бұл формант тілде кимылдың жасалуға дайын екенін, субъектінің кимылды жасауға бейімделуін көрсетеді: **тыңдайын деп ойысқан жоқ.**

Тілде **-йін** де формантымен тілде мағыналас форманттар бар. Олар: **-ғалы түр, -ғалы отыр, -ғалы жатыр, -ғалы жүр.** Мысалы, **жанбыр жауғалы түр. Ол кеткелі отыр, ол отырғалы жатыр, елге қайтқалы жүр.** Осы мағыналас 5 аналитикалық форманттың бірінің орнына екіншісі қолданылатын, қолданылмайтын кездері де бар: **сарғайын депті - сарғайғалы түр, көгерейін деді - көгергелі түр, бұзылайын деді - бұзылғалы түр** сияқты бірінің орнына екіншісі қолданыла береді. Сол сияқты **барғалы отырмын, барғалы жатырмын, барғалы тұрмын, барғалы жүрмін** деп қолданыла береді. Алайда **қорқайын дедім** түріндегі қолданыстың орнына басқа форманттарды қолдануға келмейді. Бұл осы форманттардың жалпы ортақ мағынасы болғанымен өзіндік ерекшеліктері барын көрсетеді.

Ал осы форманттардың бір сөзге қатарласа қолданылуы кимылдың жасалуға дайын, бейім

екенін күшейте түседі: **гүл ашылайын деп тұр, көшейін деп жатыр, келейін деп жүр** т.б. Сол сияқты **-йын** де форманты мен **-п барады, -п келеді** форманттарының тіркесі **-йын де** формантының мағынасын одан әрі күшейте түседі: **өзен суалайын деп барады, күн суығайын деп келеді**. Бұл қолданыста кимылдың жасалуға бейімділігінің күшейгенін, өсуде екенін білдіреді.

Деп көмекші етістігі сен деп келдім, маған деп жіберіпті сияқты қолданыста **деп көмекші үшін** шылауының мағынасын білдіреді. **Мен деп пейіл бергеніне бар әлімше қуанам да, алғыс айтам** (Әуезов).

8. ҮСТЕУ

Қазіргі қазақ тілінде үстеу лексика-семантикалық, морфологиялық жағынан ерекшеленген дербес сөз табы болып табылады.

8.1. ҮСТЕУДІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Қазіргі қазақ тіліндегі үстеулер кимылдың, іс-әрекеттің әр түрлі белгісін, жүзеге асу амал-тәсілін, мекенін, себебін, мезгілін, жай-күйін білдіретін және грамматикалық тұлғалармен түрленбейтін сөздер.

Биыл Абай он үшке толған еді (Әуезов). *Кейін баспай, ілгері бас* (Шәкәрім). *Болады осындай қыз, некен-саяқ... Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста* (Абай). Берілген мысалдардағы *биыл, кейін, ілгері, некен-саяқ, бірдей*, сөздері мағынасы мен тұлғалық ерекшеліктеріне қарай үстеу болып табылады. Мұндағы *биыл толу* етістігінің жүзеге асу мезгілін білдіріп, қашан? деген сұраққа жауап беріп тұр. *Кейін, ілгері* сөздері *басу* кимылының мекенін, орнын, бағытын білдіріп, қайда? деген сұраққа жауап береді. *Некен-саяқ* сөзі *болу* іс-әрекетінің мөлшерін білдіріп, қашан? деген сұраққа жауап беріп тұр. *Бірдей* үстеуі *ұстау* кимылының жүзеге асу амалын білдіріп, қалай? деген сұраққа жауап беріп тұр.

Жоғарыда көрсетілген мысалдардағы талданған сөздер етістіктермен тіркесіп, олардың әр түрлі белгісін, қасиетін (мекенін, мезгілін, амалын, мөлшерін т.б.) білдіреді.

Қазақ тілінде осы тәрізді кимылдың әр түрлі сипаттарын білдіретін кейбір есім сөздер мен етістіктің көсемше тұлғалары да бар, бірақ олар үстеу орнына қолданылғанымен, яғни кимыл-

дың, іс-әрекеттің әр түрлі белгісін, мекенін, амалын, мезгілін т.б. білдіргенімен сөз табы жағынан үстеу болып танылмайды.

Жалғанда болмас жұбаныш (Абай). *Құздарында бал бұлағың* (Сәрсенбаев). *Бозторғай шырылдайсың жерге түспей* (Әзірбаев). *Аспандап алыс кеткен не бір мықты* (Аманжолов). *Жоқ-барды ертегені термек үшін* (Абай). Осы сөйлемдердегі *жалғанда, құздарында, жерге* сөздері кимылдың орнын, мекенін білдіріп, қайда? деген сұраққа жауап беріп тұрса, *аспандап* сөзі іс-әрекеттің амалын білдіріп, қалай? деген сұраққа, ал *термек үшін* амалдың мақсатын білдіріп, не үшін? деген сұраққа жауап беріп тұр.

Сөйте тұрса да бұлар үстеу емес, пысықтауыш қызметінде жұмсалып тұрған есімдер мен көсемше тұлғалы етістіктер болып табылады.

Қазіргі қазақ тіліндегі үстеулер етістікпен тіркесіп, пысықтауыштық қатынаста жұмсалады. Кейбір үстеулер морфологиялық өзгеріске түсіп, субстантивтенеді, яғни көптеледі, септеледі, тәуелденеді. Мысалы: *Бүгінгіміз - беймаза, өткеніміз өкініш пе?* ("Ег.Қаз."). *Бүгіндері тек ыммен түсініседі* (Тарази).

8.2. ҮСТЕУДІҢ ҚҰРАМДЫҚ ТҮРЛЕРІ

Үстеудің негізгі грамматикалық белгісі - оның арнайы түрлену жүйесінің және грамматикалық категорияларының жоқтығы. Сөйтіп, үстеу қазақ тілінде түрленбейтін сөз табы болып саналады.

Қазіргі қазақ тіліндегі үстеулер құрамы жағынан **түбір үстеулер, туынды үстеулер және күрделі түбір үстеулер** болып үшке бөлінеді.

Құрамы жағынан түбір және қосымшаға бөлшектеуге келмейтін сөздер **негізгі үстеулер** деп аталады. **Біраз, ерекше, енді** үстеулері морфемаларға бөлшектеуге келмейтін түбірден құралған сөздер.

Негізгі үстеулерге мына сөздер тобы жатады: **жылдам, әрең, әдейі, жорта, әзір, әлі, бұрын, қасақана, ұдайы, ақырын, ерте, кеш, жоғары, төмен, қазір, үнемі, қазір, дереу, жаңа, енді, шапшаң, бағана, ілгері, әрі, бері, мана, ылғи, әзір, бекер, дереу, кері, әрмен, бермен, нак, нағыз, дәл, өте, тым, аса, ерекше, мүлде, оқыс, түгел** т.б.

Ескерту: Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі үстеулер болып табылатын *ары, бері, кері* көне түркі тілінде морфемаларға бөлшектеніп, *-ры, -рі, -ру* бағыттық барыс септігінің функцияларында жұмсалатын тұлғалардың түбірге сіңісіп, кірігіп кетуі арқылы қалыптасқан. Ғалымдардың

көпшілігі бұл тұлғаны көне барыс септіктің жалғауы деп таныса, кейбір зерттеушілер жалғау емес, бағыттық мағына тудыратын қосымша деп қарайды. Көне түркі ескерткіштер тіліндегі *-ры, -рі, -ру, -ру* түбір сөздердің құрамында өлі формант ретінде сақталған. Сонымен бірге негізгі түбір үстеу тобына жататын *жоғары, ілгері* сөздерінің түбірі *жо, іл* есім сөздер болған. *Жо* - жоқ, *йок* - биік мағынасын, *іл* - ілкіде, баста мағынасында қолданылған. Тарихи тұрғыдан *жо, іл* сөздеріне *-ға, -ру, -геру, -қару, -керу* формаларының жалғануы арқылы үстеулер жасалған.

Негізгі үстеулердің көпшілігіне сын есімнің шырай жұрнақтары жалғанады. Атап айтқанда, мезгіл үстеулеріне: *бұрынырақ, ертерек, кешірек* т.б. Мысалы: *Бұрынырақ кезде бұндайда асын тастап, кісіге қарап жалтақтап шығып кететін* (Әуезов). *Ертерек келмедің деп несіне ескертпейін, ештен кеш жақсы* (Мүсірепов). Мекен үстеулеріне жалғанады: *төменірек, әрірек, жоғарырақ, төмендеу, берірек* т.б. Сын қимыл үстеулеріне жалғанады: *тезірек, жайырақ, жылдамдау, онайырақ* т.б.

Үстеудің кейбір мағыналық топтары шырай жұрнақтарын мүлдем қабылдай алмайды. Жоғарыда аталған кейбір үстеулерге сын есімнің шырай жұрнақтарының жалғануы тарихи жағынан үстеудің сын есіммен жақын, төркіндес екендігін көрсетеді. Осымен байланысты шырай жұрнақтарын қабылдайтын да - негізгі түбір үстеулер мен қимылдың сапалық белгісін білдіретін үстеулер.

Туынды түбір үстеулер. Басқа сөз таптарынан сөзжасам жұрнақтарының жалғануы арқылы, кейбір септік жалғауларының көнеленуі, яғни түбірге сіңісіп кетуі арқылы жасалған сөздер туынды түбір үстеулер деп аталады. *Қатарлай тіккен киіз үйлер* (Әуезов). *Сейтенге қазақша ғана айтты, қазақ екен* (Мүсірепов). *Түнде ақсақалдарды жинап, солардың қолына бірсыпыра мал сақтауға бермекші болыпты* (Майлин). Осы сөйлемдердегі *қатарлай, қазақша* үстеулері зат есімдерге *-лай (-ла +й), -ша* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалса, *түнде* үстеуі жатыс септігінің де жалғауының көнеленуі негізінде үстеуге айналған.

8.3. КӨЛЕМДІК СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАР АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ТУЫНДЫ ҮСТЕУЛЕР

Тілімізде көлемдік септік, яғни барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің жалғаулары арқылы жасалған адвербиалданып үстеуге көшкен сөздер бар. Олар:

1. Барыс септігінің көнеленуі негізінде жасалған үстеулер: **босқа, жатқа, артқа, текке, беркерге, бірге, кешке, әзірге**. Мезгілдік мәндегі бұндай үстеулер кейде *дейін, шейін, жақын* тәрізді септеулік шылаулармен де тіркесіп жұмсалады: **кешке жақын, түнге дейін** т.б.

2. Жатыс септігінің көнеленуі арқылы жасалған үстеулер: **түнде, мұнда, күнде, баяғыда, қапыда, лезде** т.б.

3. Шығыс септігінің көнеленуі арқылы жасалған үстеулер: **шетінен, төтеден, шалқасынан, етпетінен, қырынан, кенеттен, өз-өзінен** т.б. Мезгілдік мәндегі бұндай үстеулер кейде *бері, кейін* сияқты септеулік шылаулармен де тіркесіп жұмсалады: **түннен бері, таңнан кейін** т.б.

Күрделі түбір үстеулер. Бірнеше түбірдің кірігуі, бірігуі, қосарлануы, тіркесуі, тұрақтануы арқылы жасалған сөздер күрделі түбір үстеулер деп аталады. Мысалы, *екіталай* (біріккен), *ертеңді-кеш, жан-жағы* (қосарланған), *күні бойы* (тіркесіп тұрақтанған) - күрделі түбір үстеулер.

Күрделі түбір үстеулер мына жолдар арқылы жасалады:

1. Басқа сөз таптарының бірігуі, кірігуі нәтижесінде пайда болған үстеулер: **бүгін** (бұл күн), **биыл** (бұл жыл), **жазды күні** (жаздың күні), **қысты күні** (қыстың күні), **ендігәрі** (ендігіден әрі) т.б.

2. Сөздердің қосарлануы арқылы жасалған үстеулер: **бірте-бірте, бет-бетімен, бостан-босқа, қолма-қол, окта-текте, анда-санда, жата-жастана, жапа-тармағай, аз-аздап, күні-күні**.

3. Сөздердің тіркесуі мен идиомаланған тіркестер: **алдын ала, ала жаздай, күні кеше, күні бүгін, ертеден қара кешке, томаға тұйық, күн ұзаққа, әлі күнге, күн ілгері**.

8.4. ҮСТЕУДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ТОПТАРЫ

Үстеудің сөз табы ретінде басты белгісі - оның семантикалық сипаты болып табылады. Соған сәйкес сөйлемде белгілі қызмет атқарады, ол - пысықтауыш және етістікпен тіркесіп жұмсалады, ал морфологиялық жағынан түрленбейді. Ол қимыл, іс-әрекетті әр түрлі мекендік, мөлшерлік, сындық сипаттары мен мақсат, себептерін білдіреді. Осындай мағыналық ерекшеліктерімен байланысты, олар мына семантикалық топтарға бөлінеді: **мезгіл үстеулері, мекен үстеулері, мөлшер үстеулері, сын-қимыл (бейне) үстеулері, күшейтпелі үстеулері, мақсат үстеулері, себеп-салдар және топтау үстеулері**.

8.4.1. Мезгіл үстеулері

Қазіргі қазақ тіліндегі мезгіл үстеулері қимыл, іс-әрекеттің жүзеге асу уақытын, мезгіл, мерзімін білдіріп, қашан? қашаннан? деген сұрақтарға жауап береді. Мезгіл үстеулері мыналар: **бүгін, биыл, қазір, ала жаздай, енді, ертең, таңертең, кешке, күндіз, қыстыгүні, әуел-баста, қыстай, жаздай, кеш, әлі** т.б. *Енді бұлардың бар күшін салып жатқаны...* (Мүсірепов). *Әлі де желісі үзілмей, ой соңында келе жатқан* (Әуезов) тәрізді сөйлемдердегі *енді, әлі* қимылдың мезгілін білдіріп тұрған үстеулер. Мезгіл үстеулері құрамына қарай негізгі, туынды түбір және күрделі түбір болып бөлінеді.

Негізгі түбір үстеулер морфемаларға бөлшектеуге келмейтін сөздерден тұрады. Олар: **қазір, бұрын, ерте, жаңа, кеш, енді, кеше** т.б.

Туынды түбір үстеулер басқа сөз таптарынан сөз тудыратын жұрнақтар жалғану арқылы жасалады. Мезгіл үстеулердің жасалу жолдары:

1. **-ша/-ше/:** **бүгінше, биылша, әзірше.** Мысалы: *Биылша біз бұл құрылысты тоқтата тұруды жөн көрдік* (“Ана тілі” газ.) *Уақыт қана емдейтін, ұзап барып айығатын әзірше үзілмес шер* (Әуезов).

2. Көлемдік (барыс, жатыс, шығыс, көмектес) септіктердің көнеленуі арқылы жасалған мезгіл үстеулер: **әуел баста, жазда, қыста, баяғыда, күнде, түнде, басында, лезде, ілуде, бағанадан, бүгіннен, түннен, бұрыннан, баяғыдан, әуелден, ертемен, таңертеңмен.**

3. Күрделі түбір мезгіл үстеулері бірнеше сөздердің бірігіп, қосарланып, тіркесіп тұрақтануы арқылы жасалады. Олар: **бүгін, биыл, таңертең, жаздыгүні, қыстыгүні, жазғытұрым, кешқұрым, Әуел баста, бүгін-ертең, енді-енді, апақсапақта, бұрын-сонды, ала жаздай, күні-бүгін, таң сәріде, жаз бойы.** Мезгіл үстеулері қимылдың мезгілін білдіріп, етістікпен тіркесіп, қашан? қашаннан? деген сұрақтарға жауап беріп, сөйлемнің мезгіл пысықтауышы қызметін атқарады.

8.4.2. Мекен үстеулері

Қазіргі қазақ тіліндегі мекен үстеулері қимыл, іс-әрекет, амалдардың мекенін, орнын, бағытын білдіріп, қайда? қайдан? деген сұрақтарға жауап береді. Мекен үстеулерге мына сөздер жатады: **төмен, жоғары, ілгері, әрі, бері, әрмен, алға, артқа, артта, тысқары, осында, мұнда, кері, алды-арты, әрі-бері, жолшыбай, жол-жоне-**

кей т.б. Мекен үстеулері құрамы жағынан негізгі, туынды, күрделі түбір үстеулер болып бөлінеді.

1) **Негізгі мекен үстеулері** жеке дара сөздерден тұрып, морфемдік жағынан бөлшектеуге келмейді. Олар: **жоғары, төмен, әрі, бері, кері** т.б.

2) **Туынды мекен үстеулер** сөз тудыратын жұрнақтар арқылы және көлемдік септіктердің консервациялануы арқылы жасалады.

Мекен үстеуінің жасалу жолдары:

а) **-қары (-кері), -ғары (-гері)** жұрнақтарының жалғануымен жасалады: **ілгері, тысқары, сыртқары, ішкері.** Бұлардың кейбірі түбірмен кірігіп, қазіргі кезде туынды түбір болып есептелмейді де.

ә) Көлемдік (барыс, жатыс) септігінің көнеленуі жолымен жасалады: **алға, артқа, төменде, жоғарыда, артта, осында, мұнда, ілгеріде.**

Күрделі түбір мекен үстеулер. Бұлар сөздердің қосарлануы арқылы жасалады. Қосарлану арқылы жасалған мекен үстеулер: **алды-арты, жол-жонекей, әрі-бері** т.б. Мекен үстеулері негізінен етістікпен тіркесе келіп, оның орнын, мекенін, бағытын білдіріп, сөйлемнің мекен пысықтауыш мүшесі болады. *Базаралы басын шайқады да кейін қозғалды* (Әуезов).

8.4.3. Мөлшер үстеулері

Қазіргі қазақ тіліндегі мөлшер үстеулері қимыл, іс-әрекет, амалдың немесе сынның көлемдік дәрежесін, мөлшерін, шама-шарқын білдіріп, қанша? қаншалық? қаншама? қаншалап? кейде қалай? қалайша? деген сұрақтарға жауап береді. **Мөлшер үстеулеріне** төмендегі сөздер жатады: **сонша, осыншама, мұнша, сондайлық, анағұрлым, бірен-саран, онша, едәуір, бірталай, бірқыдыру, біраз** т.б. Кейде мөлшер үстеулері есім сөздермен де тіркесіп жұмсалады: **бірталай уақыт өтті, сонша жүкті көтеріп, сондайлық сыпайы** т.б.

Морфологиялық құрамы жағынан мөлшер үстеулері негізгі түбір бола алмайды, себебі тілдегі барлық мөлшер үстеулері басқа сөз таптарына жұрнақ жалғану арқылы немесе сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы жасалған.

Мөлшер үстеулердің жасалу жолдары:

1) Туынды түбір мөлшер үстеуі мына қосымшалар арқылы жасалған: **-ша(-ше): сонша, мұнша, онша** т.б.

-шама: соншама, мұншама, осыншама, біршама т.б.

-шалық: мұншалық, соншалық, осыншалық.

-дайлық: мұндайлық, ондайлық, сондайлық, бұндайлық т.б.

2. Күрделі түбір мөлшер үстеулері сөздердің бірігуі, қосарлануы арқылы жасалады.

а) бірігу тәсілімен жасалған мөлшер үстеулері: **анағұрлым, бірсыпыра, бірқыдыру, недәуір, неғұрлым, бірталай** т.б.

ә) қосарлану тәсілі арқылы жасалған мөлшер үстеулері: **бірен-саран, бірлі-жарымды, аздықопті, некен-саяқ** т.б.

Мөлшер үстеулері бірде етістіктермен тіркесіп, іс-әрекет, қимыл, амалдың мөлшерін білдірсе, бірде зат есім, сын есімдермен тіркесте қолданылып оның мөлшерін білдіреді. Мысалы, *соншама өкпеледі, недәуір ер жетінті, анағұрлым өсіпті* деген мысалдардағы *соншама, недәуір, анағұрлым* мөлшерлік үстеулері *өкпеледі, ер жетінті, өсіпті* етістіктермен тіркесте қолданылып, қалай? қанша? деген сұрақтарға жауап беріп, қимылдың шама-шарқын білдіріп тұр. Ал осы мөлшер үстеулерін сын есім сөздермен тіркестіргенде, қалай? не қанша? деген сұрақтарға жауап беріп, сының мөлшерін, көлемдік дәрежесін көрсетеді. Мысалы, *соншама үлкен үй, недәуір терең, анағұрлым төмен* т.б. Мөлшер үстеуі етістікпен тіркесте келіп, сөйлемнің мөлшер пысықтаушы қызметін атқарады. Сонымен бірге зат есім, сын есімдердің алдында келіп, оны анықтап, сөйлемнің қабыса байланысатын анықтаушы болады. Мысалы: *Осынша өнер тауып асқан адам* (Шәкәрім). *Бірен-саран жатақтар көше жөнелуге әзірленіп қалды* (Мүсірепов).

8.4.4. Сын-қимыл (бейне) үстеулері

Қазіргі қазақ тіліндегі сын-қимыл үстеулері қимыл, іс-әрекеттің жасалу амал-тәсілін, сынын, бейнесін білдіріп, қалай? қайтіп? қалайша? кімше? деген сұрақтарға жауап береді. Сын-қимыл үстеуге мына сөздер тобы жатады: **ақырын, тез, шалқасынан, әзер, оқыс, дереу, өзінше, зорға, қапыда, лезде, үнемі, бостан-бос, емін-еркін, ерекше, өзгеше, қойлекшең, тікелей, ретімен, жүрісінен, кезекпен, жайымен, астыртын, жасырын, үстіртін, бірден, біржола, шала-пұла, зым-зия, бетпе-бет, қолма-қол, жападан-жалғыз** т.б.

Сын-қимыл үстеулері құрамы жағынан негізгі түбір, туынды түбір, күрделі түбір қимыл-сын үстеулері болып бөлінеді.

Негізгі түбір үстеулер мағыналық бөлшектерге бөлінбейтін жеке дара сөздерден тұрады. Олар: **тез, әзер, оқыс, дереу, үнемі, еркін, ерекше.**

Туынды түбір сын-қимыл үстеулері басқа сөз таптарынан сөзжасам жұрнақтарының жалғануы, көлемдік септіктердің көнеленуі арқылы жасалады. Атап айтқанда, туынды үстеулердің жасалу жолдары мынадай:

а) **-ша(-ше)** жұрнағының әр түрлі сөз таптарына жалғануы арқылы көптеген сын-қимыл үстеулері жасалған. Олар: **адамша, балаша, құсша, қазақша, ауызша, жазбаша, ескіше, керісінше, қысқаша, өзінше** т.б.

ә) **-шаң(-шен)** жұрнақтары зат есімдерге жалғану арқылы жасалады. Олар: **қойлекшең, етікшең, байпақшаң** т.б.

б) **-лай (-лей), -дай (-дей)** жұрнақтарын қосу арқылы жасалады. Олар: **жартылай, осылай, былай, бірдей, ойлай, тікелей, шикілей, өлердей** т.б.

в) Көлемдік, яғни барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің көнеленуі арқылы жасалған сын қимыл үстеулері төмендегідей.

Барыс септігі жалғауы арқылы: **бірге, босқа, зорға** үстеулері.

Жатыс септігімен: **қапыда, оқыста, лезде, қапелімде, аңдаусызда.**

Шығыс септігі арқылы: **өздігінен, шалқасынан, кенеттен, төтесінен.**

Көмектес септігінің жалғауы арқылы: **жайымен, ретімен, кезекпен, өздігімен, шынымен** т.б. үстеулер.

Күрделі түбір түріндегі сын-қимыл үстеулері сөздердің бірігуі, қосарлануы арқылы жасалады.

а) Сөздердің бірігуі арқылы жасалған сын-қимыл үстеулер: **біржола, біржолата, жайбарақат, ауызекі.**

ә) Сөздердің қосарлануы арқылы жасалған сын-қимыл үстеулер: **бостан-босқа, емін-еркін, шала-пұла, зым-зия, бетпе-бет, қолма-қол, жападан-жалғыз** т.б.

Сын-қимыл бейне үстеулері негізінен етістікпен тіркесіп келіп, қимылдың сынын білдіріп, сын-қимыл пысықтаушы қызметін атқарады.

8.4.5. Күшейтпелі үстеулер

Қазіргі қазақ тіліндегі күшейткіш үстеулер заттың сындық қасиетін және қимыл, іс-әрекеттің белгі, сапасын, мөлшер, көлемін күшейтіп не солғындатып көрсету үшін қолданылады. Күшейткіш үстеулерге мына сөздер тобы жатады: **ең, тым, өте, аса, орасан, нағыз, әбден, мүлде, кілен, оңкей, дәл, керемет, орасан, өрен** т.б.

Күшейткіш үстеулер негізінен сапалық сын есіммен тіркесіп қолданылып, сын есімнің күшейт-

пелі шырай түрін жасайды. *Ақылды ой, алғыр сөз адамның ең жоғары қасиеті* (Мүсірепов).

Күшейткіш үстеулердің көбі етістік алдында келіп, қалай? деген сұраққа жауап беріп қимылдың сапасын күшейтеді немесе солғындатып көрсетеді. *Шешесі әбден таниды екен...* (Әуезов).

Морфологиялық құрылысы жағынан күшейткіш үстеу тек негізгі түбір болып келеді. Ол басқа сөз таптарына жұрнақтар жалғану арқылы немесе бірігу, қосарлану, тіркесу арқылы жасалмайды. Мысалы: *Өзге жұрт ойды нетсін, өңкей соқыр* (Абай) деген мысалдағы **өңкей** үстеуі морфемдік бөлшектеуге келмейтін сөз.

8.4.6. Мақсат үстеулері

Қазіргі қазақ тіліндегі мақсат үстеулері қимыл, іс-әрекеттің болу мақсатын білдіріп, не мақсатпен? деген сұраққа жауап береді. Мақсат үстеуге жататын сөздер көп емес. Олар: **әдейі, жорға, қасақана, әдейілеп**. Мақсат үстеулері құрамы жағынан тек негізгі түбір болып келеді. Сөйлемде етістікпен тіркесіп, мақсат пысықтауыш қызметін атқарады. *Құнанбай бағанадан әзіл салғанда да, әдейі соған шұқшиған* (Әуезов) деген сөйлемде не мақсатпен? деген сұраққа жауап беріп пысықтауыш қызметінде тұрған үстеу - **әдейі** сөзі.

8.4.7. Себеп-салдар үстеулері

Қазіргі қазақ тіліндегі себеп-салдар үстеулер қимыл, іс-әрекет, амалдың болу, болмау себебін немесе салдарын (нәтижесін) білдіріп, не себепті? неге? деген сұрақтарға жауап береді. Себеп-салдар үстеулерге жататын сөздер мыналар: **босқа, амалсыздан, бекерге, текке, лажсыздан, құр босқа, шарасыздан, жоққа** т.б.

Құрамы жағынан себеп-салдар үстеулер туынды түбір болып келеді. Олар көлемдік (барыс, шығыс) септік жалғауларының көнеленуі арқылы жасалады. Олар: **бекерге, босқа, текке, жоққа, шарасыздан, амалсыздан, лажсыздан**.

Себеп-салдар үстеулер сөйлемде қимылдың жүзеге асу себеп-салдарын білдіріп, сөйлемнің себеп-салдар пысықтауышы қызметінде жұмсалады. *Жандыкең лажсыздан өзінің артықтау кеткенін түсінді ме* (Айымбетов).

8.4.8. Топтау үстеулері

Қазіргі қазақ тіліндегі топтау үстеулері қимыл, іс-әрекеттің жасалуының топтық сипа-

тын білдіреді де, нешеден? қаншадан? деген сұрақтарға жауап береді. Топтау үстеулеріне жататын сөздер төмендегідей: **біреулеп, екеулеп, көптеп, қос-қостап, топ-тобымен, он-оннан, бір-бірлеп** т.б. Морфологиялық құрамы жағынан топтау үстеулері туынды түбір күйінде және қосарланған, яғни күрделі туынды **түбір күйінде** кездеседі. Топтау үстеулерінің жасалу жолдары:

1) **-лап (-леп), -дап (-деп), -тап (-теп)** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Олар: **екеулеп, мындап, көптеп, аздап, қостап, жекелеп** т.б.

2) Қосарлану арқылы жасалған күрделі туынды **түбір** топтау үстеулері: **қос-қостап, топ-тобымен, он-оннан, бір-бірлеп, бес-ондап** т.б.

Топтау үстеулері сөйлемде қалай? деген сұраққа жауап беріп, сын-қимыл пысықтауыш қызметінде жұмсалады. *Жұмыскерлер жер барактарынан бір-бірлеп шығып айналаға тітіркене қарайды* (Мүсірепов).

8.5. ҮСТЕУДІҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Үстеулер сөйлемде басқа сөздермен, көбіне, етістікпен қарым-қатынасқа түсіп, сөйлемнің бір мүшесі қызметін атқарады. Ол негізінен пысықтауыш қызметінде жұмсалады.

1. Үстеу семантикалық сипатына сәйкес қимылдың, іс-әрекеттің әр түрлі сын-сипаты, белгісін білдіреді. Осымен байланысты мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын-қимыл, мақсат, себеп пысықтауыш бола алады. *Жайнағаның қараңғы түнде құлындай шыңғырған дауысы естілді* (Мұқанов). *Тұра қаштым жалма-жан* (Абай). *Ерекше бір азап дүниесінен келгендей* (Әуезов). *Боранды күні ығып келе жатқан қойға араласып, бет-бетімен бөліп-бөліп әкетіп, талай қойды қырып шықты* (Сонда). *Оразбай жалғыз көзін төмен салып...* (Сонда). *Аңшылық өмірінде талай қыранды көріп откен* (Сонда) деген мысалдардағы **түнде** үстеуі қашан? деген сұраққа жауап беріп, қимылдың өту мезгілін білдіріп, мезгіл пысықтауыш қызметінде, **жалма-жан, ерекше** сөздері қалай? сұрағына жауап беріп, іс-әрекеттің амалын білдіріп, қимыл-сын пысықтауыш болса, **төмен** үстеуі қимылдың орнын білдіріп, қайда? деген сұраққа жауап беріп, сөйлемнің мекен пысықтауыш мүшесі қызметінде, ал **талай** үстеуі қанша? деген сұраққа жауап беріп, мөлшер пысықтауыш қызметін атқарып тұр.

2. Кейбір үстеу сөйлем аяғында жіктеліп, баяндауыш болады. *Іркітің де сонда, өлген малдың тері-терсегі де сонда, төлің де сонда* (Мүсіре-

пов) деген сөйлемдегі сонда үстеуі ІІІ жақ жіктік жалғауының нөлдік тұлғасында тұрып баяндауыш қызметін атқарып тұр.

3. Кейбірі атау септігінде тұрып, субстантивтеніп, бастауыш болады. *Еріншектің ертеңі бітпес* (Мақал). *Біразы - уылжыған жас, бірқатары - сақалдары күректтей мұжықтар* (Мүсірепов) деген сөйлемдердегі **ертеңі, біразы, бірқатары** атау септігінде тұрып, бастауыш қызметінде жұмсалып тұр.

4. Зат есіммен, сын есіммен тіркесіп келіп, кейде анықтауыш қызметін атқарады: **бірталай уақыт өтті, бірен-саран адам көрінеді, осынша өнерді қалай игердің?** т.б.

5. Сөйлемде септеліп, заттанып толықтауыш та болады. **Бірталайымен қол алысып амандасты** (Мүсірепов). **Талайды осы күні-ақ жүрмін көріп** (Торайғыров) сөйлемдеріндегі **бірталайымен, талайды** үстеулері көмектес септігі мен табыс септігінде тұрып толықтауыш қызметін атқарып тұр.

9. ЕЛІКТЕУІШ СӨЗДЕР*

9.1. ЕЛІКТЕУІШ СӨЗДЕР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Тілімізде семантикалық ерекшелігі жағынан да, грамматикалық сыр-сипаты жағынан да, фонетика-морфологиялық құрылымы жағынан да өзге сөз таптарынан оқшауланып тұратын, соған сәйкес, өз алдына дербес сөз табы ретінде қаралатын бір алуан сөздер **еліктеуіш сөздер** (мимема) деп аталады.

Еліктеуіш сөздер семантикалық жағынан алғанда, біріншіден, табиғатта ұшырайтын сан алуан құбылыстар мен заттардың бір-бірімен қақтығысу я соқтығысуларынан туатын, сондай-ақ, неше түрлі жан-жануарлардың дыбыстау мүшелерінен шығатын, әр түрлі әрекет қимылдарынан туатын, әрқилы дыбыстарға еліктеуден пайда болған түсініктерді білдірсе, екіншіден, сол табиғатта ұшырайтын сан алуан құбылыстар мен заттардың және неше түрлі жан-жануарлардың сыртқы сын-сипаты мен қимыл-әрекеттерінің де қилықилы көріністерінен пайда болатын түсініктерді білдіреді. Мысалы: *арс, әурс, дұрс, қорс, тарс, тырс, ырс, барк, борт, күрт, кірт, морт, сарт, шырт, дүнк, күнк, қынк, мынк, манк, санк, шаңк, шйнк, сыңк, танк, тыңк, ынк, болп, былп, жалп, желп, қолп, ірк, ырк, сарт-сұрт, тарс-тұрс, арс-ұрс, жалт-жалт, жалт-жұлт, қалт-құлт, қаңк-қаңк, қаңк-құңк, шаңк-шаңк,*

шаңк-шұңк, арбаң-арбан, бұгжең-бүгжең, арсалаң-арсалан, ербелен-ербелен, батыр-бұтыр, далаң-далаң, тарбаң-тарбан, қызараң-қызараң, қаңғыр-күңгір, қайқаң-құйқаң, митың-митын, салаң-сұлан, ыржын-тыржын т.б.

Еліктеу сөздердің бір тобы семантикалық мағыналары жағынан табиғатта ұшырасатын әр алуан дыбыстармен байланысты болса, екінші тобының семантикалық мағыналары сол табиғаттағы әрқилы табиғи көріністердің бейнелерімен байланысты. Осы себептен бұл сөздер іштей екі салаға бөлінеді, бір тобы **еліктеуіш (еліктеме)** сөздер деп, екінші саласы **бейнелеуіш (бейнелеме)** сөздер деп аталады.

Бұл сөздер семантикалық жағынан ғана емес, фонетика-грамматикалық сыр-сипаттары жақтарынан да (мысалы: буын құрылымы, морфологиялық тұлғалары, синтаксистік қызметтері) бір-бірімен ұқсас, орайлас болып келеді. Еліктеу сөздердің өзді-өздеріне тән жалқы ерекшеліктері мен барлығына да тән жалпы қасиеттері төмендегідей.

9.2. ЕЛІКТЕУІШ СӨЗДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

9.2.1. Еліктеуіш сөздер

Еліктеуіш сөздер деп табиғатта ұшырасатын сан алуан құбылыстар мен заттардың бір-біріне қақтығысу-соқтығысуларынан туатын дыбыстарды, сондай-ақ, жан-жануарлардың дыбысталу мүшелерінен шығатын әр түрлі дыбыстарды есіту қабілеті арқылы белгілі-белгілі түсініктер ретінде қабылдаудан болған және сол түсініктердің атаулары есебінде қалыптасқан сөздерді айтамыз. Мысалы: *Мылтық тарс етті; қарға қарқ етті* деген сөйлемдерді алсақ, ондағы *тарс* деген сөз мылтықтың атылуынан туған дыбыстың атын білдірсе, *қарқ* деген сөз қарғаның дыбыстау мүшесінен (қарқылдауынан) шыққан дыбыстың атын білдіреді. Демек, бұл екі сөздің екеуіне де жансыз және жанды заттардан шыққан дыбыстар негіз болған. Бірақ бұл дыбыстардың қайсысы болса да, әрине, сол дыбыстардың дауыстарын дәлмедәл етіп айтуға тырысудан туған әрі дыбыстық бейне, әрі сол бейненің атауы ретінде қалыптасқан дыбыстар. Заттың құрылымдық бөлшектерінің ерекшеліктеріне қарай, жерге түскендегі дыбыс *я дүнк, я тынк, я діңк, я тоқ, я тық...* етіп

* Ахмеді Ысқақовтың “Қазіргі қазақ тілі” (1991) кітабынан алынды.

естілуін тілмен дәлме-дәл айтып жеткізу қиын-ақ. Дегенмен, осы дыбыстар дыбыстық бейне ретінде де, сол бейнелердің атаулары ретінде де қалыптасқандықтан, оларды біз сөздер есебінде қабылдаймыз. Оның бер жағында, бұл дыбыстар, қайсысы болса да, жалаң дыбыстар емес, күрделі дыбыстар. Ал осы күрделі дыбыстар белгілі-белгілі табиғат дыбыстарының таңбалары есебінде қабылданып, тиісті сөздерге айналған. Оған көркем әдебиеттен кейбір мысалдар келтірейік.

Дәл сол кезде түп қарағаннан аса бере, алдына жас қызыл қозы топ ете түсті (Әуезов). *Қасқыр тыпырлап жатқан қозыны көре сала, ырр етіп барып бас салды* (Сонда). *Қозы екі қомағай ауыздың кергісінде қанжоса болып дар-дар айырылды. Сырт-сырт етіп жас сүйек сынды. Қапаш-құпаш қорқ-қорқ етіп қомағай қанды ауыздар асайды* (Сонда). Осы сөйлемдердегі топ, ырр, дар-дар, сырт-сырт, қорқ-қорқ сөздері де тиісті дыбыстарды есітуден пайда болған түсініктерді білдіреді. Сондықтан бұлар да, әрине, еліктеуіш сөздерге жатады.

Осындағы дар-дар, сырт-сырт, қорқ-қорқ деген еліктеуіш сөздер бастапқы түбірлердің екі рет қайталануынан жасалған. Егер сол сөйлемдердің құрамдарына да, құрылыстарына да ешқандай өзгеріс енгізбей, тек осы еліктеуіш сөздерді қосарланған түрде емес, жалаң түрде ғана қолдансақ (мысалы, сырт етіп жас сүйек сынды), өзге сөздер сияқты, еліктеуіш сөздердің не жалаң түрі мен қосарланған түрі болатыны, олардың мағыналарында тиісті айырмашылық барлығы аңғарылады. Демек, еліктеуіш сөздің жалаң түрі амал-әрекеттің бір ғана рет жасалатынын білдірсе, қайталанған түрі сол амал-әрекеттің үсті-үстіне әлденеше рет қайталанып жасалатынын білдіреді. Мысалы: *дар айрылды және дар-дар айрылды; сырт етіп және сырт-сырт етіп; қорқ етіп және қорқ-қорқ етіп* дегендерді мағына жағынан салыстыруға болады.

Еліктеуіш сөздердің қайталанған түрінің екінші сыңарындағы ашық дауысты дыбыс қысаң дауысты еріндік дыбысқа айналып өзгерсе, ол сөздің тұлғасында туған осы өзгеріске байланысты мағынасында да сәл өзгеріс туады. Мысалы: *Біреу есікті тарс-тарс ұрды және біреу есікті тарс-тұрс ұрды* деген сөйлемдердің құрылысы мен құрамдарында айырмашылық болмаса да, мағыналарында (сәл болса да) айырмашылық бар; *тарс-тарс ұрды* дегенде, адам есікті әрі қатты, әрі бірнеше рет ұрғанымен, бірқалыпты ұрғаны аңғарылады, ал *тарс-тұрс ұрды* дегеннен есіктің

қатты ұрылуы бірқалыпты емес, бірде қатты, бірде онан да қаттырақ, я солғын болып алмасып отырғаны аңғарылады. Бірақ бұл екі форманың қызметінде *тарс-тарс (сарт-сарт)* дегенде де, *тарс-тұрс (сарт-сұрт)* дегенде де ешқандай өзгешелік болмайды. Олар біреуінің орнына біреу тұра алады. Морфологиялық жағынан да бұл үш форма (*тарс, тарс-тарс, тарс-тұрс*) өзгермейтін сөздер ретінде қала береді.

Басқа сөздер сияқты, мағына жағынан бір-біріне жақын, синонимдес, екі түрлі еліктеуіш сөз қосарлана береді, мысалы: *сатыр-күтір, салдыр-күлдір, бұрқ-сарқ* т.б. Бұл ерекшелік те - еліктеуіш сөздердің қосарлануына тән қалыпты, заңды құбылыс. Әдетте, *су бұрқ-бұрқ қайнап жатыр* деп те, *су сарқ-сарқ қайнап жатыр* деп те айтыла береді. Бұл сөйлемдердің де құрылыстары мен құрамдарында ешқандай айырмашылық жоқ, арасында азды-көпті мағыналық айырмашылық бар: *бұрқ-бұрқ қайнауға* қарағанда, *сарқ-сарқ қайнау* әлдеқайда күшті. Солай болса, сол екі дыбысты (созді) есіткеннен кейінгі алынатын әсер де бірдей емес. Ендеше, бұл екеуінің мағыналары да бір-біріне қарайлас та, жақын да. Егер бұл екі сөздің бір-бір сыңарларын бөліп алып, оларды қосарлап: *Су бұрқ-сарқ қайнап жатыр* десек, оған *бұрқ* және *сарқ* деген екі сөздің де беретін мағынасы бірдей кіреді, демек, су я бірыңғай бұрқылдап та; я бірыңғай сарқылдап та қайнамай, жоғарыдағы айтқан тәрізді (*тарс-тұрс* сияқты), бірде (я бір жері) бұрқылдап, бірде (я бір жері) сарқылдап қайнауың дыбыстық та, бейнелік те көрінісі білінеді. *Салдыр-күлдір, сатыр-күтір* сияқтанған сөздердің де құрылыстары мен мағыналарынан осыны байқауға болады.

Еліктеуіш сөздердің түбіріндегі дауысты дыбыстың не ашық, не қысаң болуы да сол сөздің мағынасына әсер етеді. Мысалы, *есік сарт етіп жабылды* және *есік сырт етіп жабылды* деген сөйлемдерде құрылыс жағынан ешқандай айырма жоқ бола тұрса да, мағына жағынан бір-бірінен, сәл де болса, ерекшеленіп тұр. Ол ерекшелік: *сарт* және *сырт* деген сөздердің дауысты дыбыстарына ғана байланысты, демек, *сарт* етіп жабылғаннан есіктің қатты жабылғаны, яғни құлаққа естілетін дыбыстың қатты шыққаны, ал *сырт* етіп жабылғаннан есіктің дыбысы ақырын шыққаны аңғарылады. Ал есіктің қатты я ақырын жабылғандығын (соған сәйкес дыбысын да ажыратып дифференциялау) білдіріп тұрған нәрселер түбірлердің дауысты дыбыстарының я ашық, я қысаң болуына ғана байланысты. Екінші сөзбен

айтқанда, еліктеу сөздің түбіріндегі дауысты дыбыс ашық болса, құлаққа келетін табиғат дыбысы да қатты естіледі, қысаң болса, ақырын естіледі. Осыған сәйкес сол сөздің мағынасы да ажырайды (дифференцияланады). Ондай сөздердің мағыналарындағы айырмашылықты білу үшін, қосымша, мысалы, *тарс* және *тырс*, *шақ-шақ* және *шық-шық*, *шаңқ-шаңқ* және *шыңқ-шыңқ*, *қарш-қарш* және *қырш-қырш*, *борт-борт* және *бырт-бырт* деген сөздерді салыстыруға болады.

Еліктеуіш сөздердің түбіріндегі дауысты дыбыстардың я жуан, я жіңішке болуы да сөздің мағынасына әсер етеді. Мысалы: *шыңқ-шыңқ етеді*, *шіңк-шіңк етеді* дегендердің мағыналарында айырмашылық бар. *Шіңк-шіңк* дегендегі дауысты дыбыстың жіңішке болуынан еліктеуіш сөздің мағынасы сәл өзгешерек болып тұр, демек, одан дыбыс әлсіз болатыны, соған сәйкес, лажсыздықтан ашы келетіні аңғарылады. “*Тоғыз тоңқылдақ және бір шіңкілдек*” деген ертегіде зорлықшыл, қара күш иесі тоғыз жігіттің тоңқылдақ делініп аталуы, күші аз, әлсіз, бірақ тәсілшіл бір жігіттің шіңкілдек делініп аталуы кездейсоқ нәрсе емес. Мұндағы *тоңқылдақ* даген зат есім бастапқы *тоңқ* деген еліктеуіш сөзден, *шіңкілдек* деген зат есім бастапқы *шіңк* деген еліктеуіш сөзден шыққан. Солай болса, еліктеуіш сөздерден жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздердің де семантикалық мағыналары, жоғарыда айтқандай, олардың түбірлеріндегі дауысты дыбыстарға байланысты болады.

Ауызекі тілде адамның көңіл күйіне, эмоциялық жайына байланысты еліктеуіш сөздердің кейбір дыбыстарының айтылуында ерекшеліктер болады. Ашық дауысты еліктеуіш сөздердің дауысты дыбыстары созылып айтылады, мысалы: *сарт ете түсті* дегенді *саарт ете түсті* деп, *тарс ете түсті* дегенді *таарс ете түсті* деп түбірдегі а дыбысын созып, ал қысаң болса, соңғы дауыссыз дыбыс созылып айтылады, мысалы: *тыз ете түсті*, *тырс ете түсті*, *шыж ете түсті*, *шыр ете түсті*, *шың ете түсті* деген сияқтыларды ауыз сөзде соңғы **з, с, ж, р, ң** дыбыстарын созып, мысалы, *тызз, тырсс, шыжж, шырр, шыңң* деп айтуға болады.

Еліктеуіш сөздер ауызекі тілде, ауыз әдебиетінде, көркем әдебиетте өте жиі қолданылады, мысалы: *Социалистік индустрияның дөңгелегі зыр жүгірді* (Мұстафин); *Күн көрістің ескі тәсілдері, ескі салт-сана, әдет-ғұрып шірік шүберектей дырдыр жыртылып жатты* (Сонда); *Колхоздың қара сабалары күмп-күмп пісілді* (Сонда); *Кешікпей*

тағы да мылтық даусы гүрс-гүрс шықты (Слапов); *Боз, күрең, жирен, ала, шұбар, Өтеді ауыздығын қарш-қарш шайнап* (Жамбыл).

Сөйтіп, еліктеуіш сөздер дегеніміз - өзіне тән лексика-семантикалық мағынасы, морфологиялық тұлға-түрпаты (формалық структурасы) бар, дара түрлеріне де, қосарланған түрлеріне де көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғаулары тікелей жалғанбайтын (түрленбейтін), сойлемде әрқашан сын-қимыл пысықтауыш болатын және бастапқы түбірлерінен жұрнақтар арқылы туынды есімдер және етістіктер жасалатын сөздер.

9.2.2. Бейнелеуіш сөздер

Еліктеуіш сөздер есіту қабілеті арқылы пайдаланылатын түсініктердің аттарын білдірсе, бейнелеуіш сөздер табиғатта кездесетін белгілі-белгілі елес, құбылыстарды көзбен көру қабілеті арқылы туатын түсініктердің аттарын білдіреді.

Мысалы: *Бірғалып қарға қарқ етті; ірімшік аузынан салп етті* деген сөйлемдерді алайық. Мұндағы *қарқ* деген сөз - қарғаның дауыстауынан естілген дыбыстың атын аңғартатыны, соған сәйкес, еліктеуіш сөз сол түсініктің атауы болатыны жоғарыда айтылды. Ал осы салалас сөйлемнің екінші жартысындағы *салп* деген сөз дыбысты емес, қарғаның аузынан ірімшіктің жерге қарай түсіп бара жатқан я түскен кезіндегі көрініс елесін, сол көріністің бейнесін білдіреді. Екінші сөзбен айтқанда, *салп* деген сөз ірімшіктің жерге тез түсіп бара жатқан кезінде көзбен көру қабілеті арқылы қабылданған көріністің, оның бейнесінің атауы есебінде қызмет етеді.

Екінші бір мысал алайық: *Кенеттен шыққан дауысқа Ботағоз “э” деуге үлгермей, жүрісін кілт тоқтатып, жалт қарады* (Мұқанов) дегендегі *кілт* және *жалт* деген сөздер де қалай тоқтағандықтың және қалай қарағандықтың бейнесін көрсетеді.

Бейнелеуіш сөздер іс-әрекеттің тек сыртқы бейне-көрінісін ғана емес, әрі шапшаң (аса тез) болатынын да білдіреді. Бұл сөздерге де белгілі-белгілі көріністің, қимылдың бейнесі негіз болады. Мысалы: *бірдеме елең етті; от жалт етті; жапалақ жалп етті* дегендердегі *елең, жалт, жалп* деген сөздер белгілі көріністің бейнесін де, олардың тез болу ерекшелігін де білдіреді.

Еліктеуіш сөздер сияқты, бейнелеуіш сөздер де қосарланып қолданылады да, солар арқылы бейнеленетін құбылыстардың бірнеше рет қайта-

ланғанын білдіреді. Мысалы: *елең-елең, жалп-жалп, жалт-жалт, жылт-жылт, қылт-қылт, лап-лап* т.б.

Еліктеуіш сөздер сияқты, бейнелеуіш сөздердің де қайталанған екінші сынарының ашық дауысты дыбысы қысаң дауысты еріндікке айналып, іс-қимылдың бейнесінің бірде олай, бірде бұлай болып алмасып отыратынын білдіреді, мысалы: *жалт-жұлт, жалп-жұлп, қалт-құлт* т.б.

Еліктеуіш сөздер сияқты, бейнелеуіш сөздердің де түбіріндегі дауысты дыбыстың ашық я қысаң болуы немесе жуан я жіңішке болуы сол сөздердің мағыналарына әсер етеді. Мысалы: *От жалт етті* және *от жылт етті* дегендердегі *жалт* деген сөзден көру қабілетінің күшті екендігі аңғарылса, *жылт* деген сөзден көріністің әлсіз болатыны аңғарылады.

Еліктеуіш сөздер сияқты, бейнелеуіш сөздердің де түбіріндегі дауысты дыбыстардың ашық болуы қозғалыс пен әрекеттердің ере-бейсіздігін, дөкірлігін, оңтайсыздығын, епсіздігін білдірсе, дауысты дыбыстардың қысаң болуы әрекет-қозғалыстың мардымсыздығын, өнімсіздігін білдіреді. Мысалы: *арбаң-арбаң, талтаң-талтаң, тарбаң-тарбаң, одыраң-одыраң* деген сөздердің мағыналарын сол реті бойынша *ербең-ербең, тылтың-тылтың, тырбың-тырбың, едірең-едірең* деген сөздердің мағыналарымен салыстырып байқауға болады. Алдыңғы топ пен соңғы топтың мағыналарында, әрине, айырмашылық бар. Өйткені *Нұрқожа талтаң-талтаң басып келеді екен* (Мұқанов) деген мен *Нұрқожа тылтың-тылтың басып келеді екен* дегендердегі *талтаң-талтаң* мен *тылтың-тылтың* дегендердің мағыналары тен емес.

Еліктеуіш сөздер сияқты, бейнелеуіш сөздердің де түбіріндегі дауысты дыбыстардың жуан я жіңішке болуы олардың мағынасында айырмашылық болатынын аңдатады, мысалы: *жалп-жалп етеді* деген мен *желп-желп етеді* дегеннің, осыдан туған *жалпылдайды* және *желпілдейді* деген сөздердің мағыналары тең емес. Алғашқы көріністен күшті, дөрекі, епсіз бейне байқалса, соңғыда әрі нәзік, әрі майда бейне елестейді.

Еліктеуіш сөздер сияқты, бейнелеуіш сөздердің де бастапқы дара түбіріне де, қосарланған түрлеріне де сөз байланыстыратын (көптік, септік, тәуелдік, жіктік) жалғаулар тікелей қосылмайды. Демек, еліктеуіш сөздер тәрізді, бұлар да - түрленбейтін сөздер. Еліктеуіш сөздер сияқты, бейнелеуіш сөздер де ешбір өзгеріссіз тікелей етіс-

тіктермен тіркесіп, я дара мүше (*жалт қарады, жалт-жалт қарады*) болады, я күрделі мүшенің құрамына енеді (*жалт етті, жалт-жалт етті*). Бұлар да, еліктеуіш сөздер сияқты, дербес мүше болса, әрқашан сын-қимыл пысықтауыш болып қызмет атқарады. Мысалы, төмендегі сөйлемдердегі бейнелеуіш сөздер кілең пысықтауыш болып тұр: *Ыңырып колхозының төрт түлігі Ауылдан маң-маң басып өріске өрді* (Жамбыл); *Аттылар бұрылып келіп, дөңгелене отырған жиынға жапыр-жұпыр сәлем берісіп амандасып қалды* (Әуезов).

Сөйтіп, бейнелеуіш сөздер деп табиғаттағы құбылыстар мен заттардың және неше алуан жан-жануарлардың сыртқы сын-сипаттары мен әрекет-қимылдарын көру қабілеті арқылы қабылданған бейне-көріністердің атауларын, яғни атаулары ретінде қызмет ететін сөздерді айтамыз.

9.3. ЕЛІКТЕУІШ СӨЗДЕРДІҢ ФОНЕТИКА-МОРФОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ

9.3.1. Еліктеуіш сөздердің дыбыстық ерекшеліктері

Еліктеуіш сөздердің дыбыстық ерекшеліктерін сөз еткенде, үш түрлі мәселе ескерілуге тиіс: 1) дыбыстық құрамы, 2) буын жігі, 3) айтылу ырғағы.

Еліктеу сөздердің дыбыстық құрамында, демек, олардың дыбыстарының тіркесуінде белгілі бір ізге түсіп қалыптасқан әрі орнықты, әрі жүйелі заң бар деуге болады. Оған еліктеу сөздердің мысалы, мынадай үлгілері айғақ.

1. *Арс, барс, гүрс, дүрс, мырс, тарс, тырс* т.б.
2. *Борт, бырт, күрт, кірт, морт, сарт, сырт, шарт, шырт* т.б.
3. *Жап, жып, лап, лып, сап, сып, тап, топ, тып, шап* т.б.
4. *Барк, бырк, жарк, зырк, зірк, күрк, қорк, ірк* т.б.
5. *Аңк, еңк, дөңк, дүңк, діңк, күңк, қанк, қоңк, санк, сүңк, шаңк, шіңк, ыңк* т.б.
6. *Былк, кілк, қолк, қылк, солк, селк* т.б.
7. *Балп, болп, былп, елп, жалп, желп, жылт, салп, сылт, шалп, шолп, шылт, ұлт* т.б.
8. *Жамп, күмп, қомп, томп, тымп, сымп* т.б.
9. *Дан, дұн, тын, қан, құн, маң, шан, шұн, шың* т.б.
10. *Ар, быр, дар, дыр, дір, күр, қор, қыр, сыр, шарт* т.б.
11. *Баж, быж, бұж, гүж, күж, қыж, шаж, шыж* т.б.
12. *Ақ, бақ, бық, қақ, қық, сақ, тық, шақ, шық* т.б.
13. *Жалт, жылт, кілт, қылт, мылт, сылт, талт, тылт* т.б.

14. *Лу, ду, зу, лау, сау, сут.б.*

15. *Барн, борн, қорн, сарн, тарн, тырн т.б.*

Бұл үлгілерде көрсетілген еліктеу сөздер, әрине, негізгі түбір формалар. Бұлардан басқа да формалар бар. Мысалы: *алиш, былш, қалш; ыз, тыз, ыс; кіс, ныс, тыс* тәрізді сан жағынан аз болғанымен де, көптеген туынды сөздердің жасалуына негіз болған (мысалы: *алишы, алишаң, ызың, ызыл; ысқыр, нысына, кісіне т.б.*), сондай-ақ, әуелгі түбірлері туынды сөздермен біте қайнасып ажырамайтын болып кеткен формалар да көп. Мысалы: *салдыр-сүлдір, балдыр-былдыр, жымың-жымың, сопақ, тырбаң, ыржаң* сияктанған сөздердің түбірлері қазіргі тілде жеке қолданылмайды.

9.3.2. Еліктеуіш сөздердің морфологиялық сипаты

Еліктеуіш сөздер, сыртқы морфологиялық құрылысына қарай, **жалаң** да, **күрделі** де болады.

Жалаң еліктеу сөздер негізгі және туынды болып екі салаға бөлінеді.

Негізгі еліктеу сөздер деп айналадағы табиғат құбылыстарын құлақпен есту арқылы қабылданған дыбыстардан және көзбен көру арқылы қабылданған елес-көріністердің бейнелерінен пайда болған түсініктердің атаулары, демек, сол дыбыстар мен бейнелердің атаулары есебінде қызмет ететін түбір сөздерді айтамыз. Мұндай негізгі еліктеу сөздер, практикалық тұрғыдан алғанда, қазіргі кезде тиісті морфологиялық бөлшектерге сараланбайтын бір тұтас тұлға сияктанып келеді. Оларға жоғарыда көрсетілген 15 түрлі үлгіге тән формалар және олардан өзге де бір алуан формалар жатады. Мысалы: *ар, ыр, ырс, борс, бырс, бұлт, былқ, дүрс, дік, дүңк, күрс, күмп, кірт, елп, жалт, жарк, зырк, қалт, кілт, лып, лап, морт, мырс, мүлт, мыңк, салт, саңк, сынқ, селк, солк, сарт, сырт, таңк, тыңк, шалт, шылт, шаңк, шыж, ырс, ыңк* тағы басқалар.

Туынды еліктеу сөздер деп негізгі (түбір) еліктеу сөздерден де және басқа атауыш (атаушы) сөздерден де тиісті жұрнақтар арқылы жасалған еліктеу сөздерді айтамыз. Мысалы: *алшаң, арбан, арсалан, ағаран, балпан, болпан, дікең, елпең, жалтан, жортан, жалпаң, жылман, ирелең, көлбең, кірбен, қалтан, қолбаң, қоржан, қызаран, қылмаң, қылтан, салбан, салтан, сылтаң, тарбаң, тарбалаң, ырсан, ыржаң т.б.*

Сөйтіп, туынды еліктеу сөздер түбір (негізгі) еліктеу сөздерден де (мысалы: *жалт-аң, арс-алан, балп-аң, боли-аң, елп-ең, жылт-ың, қалт-аң, сылт-*

ың, ырс-алаң т.б.), өзге атауыш сөздерден де жасалады (мысалы: *ағар-аң, қызар-аң, иір-елең, бұралан, соз-алаң т.б.*).

Туынды еліктеуіш сөздер жасайтын жұрнақтар мыналар:

1. **-н, -ың, -ің, -аң, -ең** жұрнағы. Бұл жұрнақ арқылы туынды еліктеу сөздер жасауға мынадай формалар негіз болады:

а) Негізгі (түбір) еліктеу сөздер. Бұлардан жасалған туынды формаларға мынадай еліктеуіш сөздер жатады: *арс-аң, ырс-ың, борс-ың, борт-аң, бырт-ың, барп-аң, боли-аң, елп-ең, жалт-аң, жылп-ың, томп-аң, быж-ың, кілт-ің, мырс-ың, қалт-аң, корс-аң, тарс-аң, қорп-аң т.б.*

ә) Кейбір атауыш сөздер (есімдер мен етістіктер). Оларға, мысалы, мынадай туынды еліктеу сөздер жатады: *ала-ң, ағар-аң, былға-ң, дал-аң, домала-ң, жайқа-ң, жайна-ң, жырт-ың, иір-ең, көлбе-ң, қара-ң, қызар-аң, тербе-ң, сыла-ң, шаңқа-ң т.б.*

б) Кейбір жеке-дара қолданылмайтын формалар. Ондай формалар бейнелеу етістіктеріне де және басқа есімдерге де негіз болған. Ол формалар қазіргі кезде жеке-дара түбір есебінде қолданылмайды, бірақ бастапқы кездерде еліктеу (бейнелеуіш) сөздердің түбір формалары болған деп жорамалдауға болады. Оларға, мысалы, мынадай туынды еліктеу сөздердің түбірлері жатады: *арб-аң* (арбай), *ерб-ең* (ерби), *жарб-аң* (жарби), *кірб-ең* (кірби), *қорб-аң* (қорби), *адыр-аң* (адырай, адырақ), *ажыра-ң* (ажырай), *бадыра-ң* (бадырай, бадырақ), *бажыра-ң* (бажырай), *майм-аң* (майми, маймак), *кірж-ің* (кіржи, кіржік), *қайк-аң* (қайқай, қайки, қайқы, қайқақ), *қиқ-аң* (қикан, қики, қикақ), *күрж-ің* (күржи, күржік), *қылм-ың* (қылми, қылымсы), *соп-аң* (сопай, сопи, сопақ), *сид-аң* (сиди, сида), *шош-аң* (шошақ, шоштиған) т.б.

2. **-лаң, -лең, -алаң, -елең** жұрнақтары кейбір етістіктерге жалғанып, туынды еліктеу сөздер жасайды. Мысалы: *бұр-алаң, иір-елең, соз-алаң, шұба-лаң, ора-лаң т.б.*

Күрделі еліктеу сөздер деп жалаң еліктеу сөздердің я негізгі, я туынды формаларының не қайталануы, не қосарлануы арқылы жасалған түрлерін айтамыз.

Күрделі еліктеу сөздер компоненттерінің формаларына қарай оларды мынадай негізгі төрт топқа бөлуге болады:

1) *арс-арс, борт-борт, быж-быж, гүр-гүр, дүр-дүр, дір-дір, жарк-жарк, жалт-жалт, елп-елп, зыр-зыр, зырк-зырк, лап-лап, лып-лып, маң-маң, күмп-күмп, күрс-күрс, селк-селк, тарп-тарп т.б.*

2) *арс-ұрс, баж-бұж, жарқ-жұрқ, шап-шұп, шалп-шұлп* т.б.

3) *арбаң-арбаң, алашаң-алашаң, ағараң-ағараң, далаң-далан, елең-елең, елбең-елбен, ербең-ербен, балпаң-балпан, бортаң-бортаң, бүрсең-бүрсең, жалаң-жалаң, жалбаң-жалбан, жалтаң-жалтан, қызараң-қызараң, көлбең-көлбен, қожан-қожан, қоқаң-қоқан* т.б.

4) *арбаң-ербен, арбаң-тарбан, адыраң-едірен, қикаң-қикан, олаң-солтаң* т.б.

Еліктеу сөздерден өзге сөз таптарына тән басқа да жаңа сөздер жасалады. Мысалы: *тарсыл, дүрсіл, күрсіл, тырсыл, бажыл, шыжыл* сияқты зат есімдер **-ыл (-іл)** жұрнағы арқылы *тарс, дүрс, күрс, тырс, баж, шыж* деген еліктеуіш сөздерден жасалған. Сондай-ақ, *жалтақ, бұлтақ, шыжық, бұрқақ* сияқты есімдер де *жалт, бұлт, шыж, бұрқ* деген еліктеу сөздерден **-ақ (-ық)** жұрнағы арқылы туған. Еліктеу сөздерден басқа сөз таптарына тән осындай туынды сөздер жасайтын басты-басты жұрнақтар мыналар:

1. **-ыл -іл** (*ырыл, быжыл, дарыл, дүріл, гүріл, күрсіл, тарсыл, тырсыл, қорсыл, сыртыл, күжіл, шыжыл, ыңкыл, сұңкыл, шүңкіл, сырыл, пысыл, бақыл, зуыл, суыл, гүіл, шарыл, шырыл, шіңкіл, дүңкіл* т.б.).

2. **-ыр, -ір** (*жалтыр, жылтыр, былбыр, сылбыр, тақыр, тықыр, шықыр, сытыр* т.б.).

3. **-ақ, -ек, -ық, -к** (*адырақ, елбек, бұлбек, бұлтақ, жалтақ, қалтақ, салпақ, бұрқақ, ыржақ, қылжақ, тарбақ, балпақ, жалпақ, қалпақ, қоқақ, тықақ* т.б.).

4. **-ғыр, -гір** (*даңғыр, дыңғыр, дүңгір, қаңғыр, мыңғыр, сыңғыр, шіңгір* т.б.).

5. **-қыр, -кір** (*бақыр, кекір, шақыр, жекір, өкір, түшкір, пысқыр, осқыр, ысқыр* т.б.).

6. **-ыра, -іре** (*балбыра, былбыра, елбіре, желбіре, салбыра, сылбыра, жылбыра, үлбіре, солбыра, қолбыра, бұрқыра, жарқыра, күркіре, дүркіре, зырқыра, сырқыра, маңыра, мәңіре, еңіре* т.б.).

7. **-ырай, -ірей** (*бақырай, бақшырай, шақырай, тұқырай, кекірей, кекшірей, бүкірей, тықырай, шоқырай, қоқырай, бажырай, күжірей* т.б.).

8. **-ый, -ій** (*арби, ерби, жарби, тарби, арси, ырси, торси, тырси, жылти, қылти, кілти, қылқи, кеңқи, тенқи, бырти, қонқи, шоңқи, быржи, қоржи* т.б.).

9. **-й, -ай, -ей** (*арбай, адырай, едірей, ежірей, қоқай, шоқай, сопай, қикай, қоңай, балпай, жалпай* т.б.).

10. **-да, -де** (*арбанда, ербенде, бұранда, иреленде, сүйреленде, жалпанда, адыранда, қоқанда* т.б.).

Еліктеу сөздерден басқа туынды сөздер тудыратын өзге өнімсіз жұрнақтар да бар. Мыса-

лы: *кісіне, құжына, быжына, пысына* етістіктерін алсақ, олар **-ына (-іне)** жұрнағы арқылы *кіс, құж, быж, пыс* деген еліктеу сөздерден жасалған.

Еліктеу сөздерден сөз тудыратын жұрнақтардың кейбіреулері жалаң, кейбіреулері құранды болып келеді. Мысалы, *жалтыра, салбыра, сылбыра, былбыра* дегендердегі **-ыра** жұрнағын **-ыр** (*жалтыр, салбыр, сылбыр, былбыр*) және **-а** (*жалтыра, салбыра...*) деген екі жалаң жұрнақ деп қарауға болса, *елбіре, үлбіре* дегендердегі **-іре** жұрнағын теориялық жағынан олайша бөлшектеуге болғанымен, практикалық жағынан саралап боршалауға болмайды. Сол сияқты, *кекірей, бүкірей, тықырай, тыжырай* дегендердегі **-ырай (-ірей)** жұрнағын саралап, **-ыр (-ір)** және **-ай (-ей)** деп бөлшектеуге әбден болады (*кекір, тықыр, тыжыр*). Ал, *кекшірей, бүкшірей, тықшырай, бажырай, күжірей* дегендердегі **-ырай (-ірей)** формасын олай бөлшектеуге болмайды.

Қазіргі кезде жеке-дара сөз (түбір) ретінде қолданылмайтын кейбір түбірлер көптеген туынды есімдер мен туынды етістіктердің жасалуына негіз болуымен қатар, туынды еліктеу сөздердің жасалуына да негіз болады. Мысалы, *қоқиған, қоқырайған, қоқсыған, қоқшиған, қоқшырайған* деген етістіктердің де, *қоқым, қоқыс, қоқтық, қоқай, қорқыр, қоқақ* деген есімдердің де, *қоқшан, қоқыран, қоқшыраң* деген еліктеу сөздердің де бастапқы түбірі **-қоқ** деген форма. Ал осы туынды сөздерден жұрнақ арқылы туатын өзге формаларды сөз етпей-ақ (мысалы: *қоқаңдаған, қоқшыраңдаған* т.б.), *қоқақ-қоқақ, қоқаң-қоқаң, қоқшан-қоқшан, қоқыран-қоқыран, қоқшыраң-қоқшыраң, қоқым-соқым, қоқыр-соқыр, қоқақ, шоқақ, қоқтық-соқтық, қоқақ-соқақ* тәрізді қосарланған формалар жасалатынын еске алсақ, осындай “бейтарап” түбірлердің де сөздікті байытудағы қызметі мол екенін бағдарлаймыз.

9.4. ЕЛІКТЕУІШ СӨЗДЕРДІҢ СИНТАКСИСТІК ҚЫЗМЕТІ

Еліктеуіш сөздердің синтаксистік қызметін сөз еткенде, екі түрлі мәселе баяндалуға тиісті: оның бірі - еліктеу сөздердің өздерінен басқа қандай сөздермен тіркесетіні, екіншісі - еліктеу сөздердің сөйлемде қандай мүше болып қызмет атқаратыны. Ал бұл екі мәселе жайында айтылатын қағидалар мынадай:

1. Еліктеуіш сөздің жалаң түрі мен күрделі (қосарланған) түрінің қай-қайсысы болса да өздеріне тән атау формада тұрғанда бірен-сарандаған

жағдайда ғана болмаса, тек етістіктермен тікелей тіркеседі. Бірақ еліктеу сөздер етістік атаулының бәріне бірдей тіркесе бермейді. Оның жалаң (дара) түрі де, қосарланған түрі де өзге етістіктермен таңдап тіркесе де, **ет** көмекші етістігімен еркін тіркесе береді. Мысалы: *Жанып жатқан от майлы көбік тамғанда, пыс етіп, борс етіп сөне қалып, қайтадан тез лап етіп жанды* (Сейфуллин); *Боқай келіншегінің сөзіне мыңқ етпеді* (Мұстафин); *Қорыққанынан ба, тоңғаннан ба урядниктің иегі иегіне сақ-сақ етті* (Мұқанов) т.б.

2. Еліктеу сөздер толық мағыналы дербес етістіктердің бәрімен де бірдей тіркесе бермейді, олардың ішінен тек өздерінің мағыналарына орайласатындарымен ғана еркін тіркеседі. Мысалы: *Абай селк етіп жалт қарады* (Әуезов); *Машина кілт бұрылды* (Шаймерденов); *Қасым жалт қарап жалтарып, Қалиқаға қосыла кетті* (Ерубаев) т.б.

3. Еліктеу сөздер етістіктерден өзге сөздермен некен-саяқтап қана тіркеседі де, сын есім, үстеу, шылау сияқты сөз таптарымен тіпті тіркеспейді. Мысалы: *Күңгірт сөйлеген шаңда-шұң дауыс шықты* (Сейфуллин). *Қым-қиғаш қиқу, сарт-сұрт төбелес болды да қалды* (Көбеев).

4. Еліктеу сөздердің сөйлемде қандай мүше қызметін атқаруы олардың өздерінен басқа қандай сөздерге тіркесуімен байланысты. Өйткені, жоғарыдағыдай, *шаң-шұң дауыс шықты* (Сейфуллин). *Сарт-сұрт төбелес болды да қалды* (Көбеев) дегендердегідей, зат есімдермен тіркесіп, орын жағынан олардан бұрын тұрып қолданылатын *шаң-шұң, сарт-сұрт* тәрізді еліктеу сөз, әрине, анықтауыш болады. Ал еліктеу сөздер негізінде етістіктермен тіркесетін категория болғандықтан, олардың негізгі синтаксистік қызметі де сынқимыл пысықтауыш екендігі күмәнсіз. Еліктеу сөздің жалаң (дара) түрі мен күрделі (қосарланған) түрі көмекші етістікпен де, негізгі етістікпен де тіркесе береді. **Ет** көмекші етістігімен тіркесетін еліктеу сөздер қашан да болсын құранды мүшенің құрамына енеді де, сол құрам, **ет** көмекші етістігінің қай формада тұруына қарай, тұтасымен тұрып бір күрделі мүше болады: Мысалы: *Сергей Петрович елең етті* (Мұстафин). *Қараңғылықтан қылаң етіп бір аттылы адам шыға келді* (Ерубаев) деген сөйлемдердегі *елең етті* тіркесі баяндауыш болса, *қылаң етіп* тіркесі пысықтауыш болып тұр т.б.

Дербес мағыналары бір негізгі етістіктермен тіркескенде, еліктеу сөздер қимыл мен іс-әрекеттің сын-сипатын білдіреді де, әрқашан пысықтауыш мүше болады. Мысалы: *Абай кілт бұрылып, жалт*

қарады (Әуезов). *Атшы жігіт мырс-мырс күледі* (Көбеев). *Ардақ томп-томп желеді, екі ұрты бүлк-бүлк қозғалады* (Ф.Мұстафин).

5. Еліктеу сөздер субстантивтеніп, есім формаларында жұмсалуды мүмкін. Мысалы: *Осы сөзден соң Жігітек екі ұдайылықтан, былқ-сылқтан арылып, сөзді бір арнаға түйген-ді* (Әуезов). *Жер бетінде болатын шақыр-шұқыр, жарқ-жұрқтың бәрі де сарайларға қамалып, қазір бір үлкен дүмнудің тұтасқан гуілін ғана естисің* (Мүсірепов). Осы сөйлемдердегі субстантивтеніп, шығыс септік формасында жұмсалған *былқ-сылқтан* деген еліктеу сөз толықтауыш болады да, ілік септік формасында тұрған *шақыр-шұқыр* (жалғауы жасырынып тұр), *жарқ-жұрқтың* деген еліктеу сөздер анықтауыш болып қызмет атқарып тұр.

10. ШЫЛАУ

Тілімізде толық лексикалық мағынасы жоқ, тек сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып, немесе белгілі бір сөздердің жетегінде қолданылып, оған әр түрлі грамматикалық мағына үстеу үшін коданылатын сөздер бар. Мұндай көмекші сөздер **шылаулар** деп аталады. *Болар ма сондай қызық шақ* (Абай). *Естелік әуезінді бір түн біз де* (Жамбыл). *Өз ауылына баруға байлаған соң...* (Әуезов). *Ел билеген адам жоқ, Ата менен бабаңда* (Абай). *Ақырында Нілді мен Қарағандыны Боздақ пен Байжандікі деп тапты*. Берілген сөйлемдердегі **ма, де, соң, менен, мен** - шылау сөздер. Бұлар жеке тұрғанда толық мағынасы жоқ, өзі қатысты сөзге әр түрлі мағыналық рең үстейді, және салаласа, сабақтаса байланысатын сөздер мен сөйлемдерді байланыстырады. Шылау сөздердің толық мағынасы болмағанмен, атқаратын қызметіне тән грамматикалық мағынасы болады. Осымен байланысты шылаудың өзіндік мынадай ерекшеліктері бар:

1. Шылау сөздердің толық лексикалық мағынасы болмайды;
2. Контексте толық мағыналы сөздердің жетегінде қолданылып, оған қосымша әр түрлі грамматикалық мағына, рең үстейді;
3. Шылаулар сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді сабақтастыра не салаластыра байланыстырады;
4. Сөйлем ішінде синтаксистік қызметіне қарай жеке сөйлем мүшесі бола алмайды;
5. Шылау сөздер түрленбейді, басқа сөз таптарынан жұрнақ арқылы жасалмайды. Олар - лексикалық мағынасынан айрылу негізінде қалыптасқан көмекші сөздер.

10.1. ШЫЛАУДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Шылау сөздер білдіретін әр түрлі грамматикалық мағыналары мен сөйлемде атқаратын қызметіне қарай үш топқа бөлінеді. Олар: **жалғаулықтар, септеуліктер, демеуліктер.**

10.1.1. Жалғаулықтар

Қазіргі қазақ тіліндегі жалғаулықтар - лексикалық мағынасы жоқ, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді әр түрлі ыңғайда (мағыналық қатынаста) салаластыра байланыстыратын сөздер. Мысалы: *Наданның түсінгені көп пен дүрмек* (Абай). *Құлақтан кіріп бойды алар, Жақсы ән мен тәтті күй* (Абай). *Қадірдің киімі жұқа, әрі денсаулығы да мықты емес* (Мұқанов). *Әй, ол жеңер сені, себебі келешек онікі ғой* (Сонда). Берілген мысалдардағы **пен, мен** жалғаулықтары сөз бен сөзді ыңғайластық мәнде байланыстырып тұр, **әрі, себебі** жалғаулықтары сөйлем мен сөйлемді ыңғайластық және себеп-салдарлық мәнде салаластыра байланыстырып тұр. Жалғаулықтар сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің және салалас құрмалас сөйлемнің сыңарларын әр түрлі мағыналық қатынаста байланыстырады. Осындай мағыналық қатынастармен байланысты олар бірнеше топтарға бөлінеді:

1. Ыңғайластық жалғаулықтар: **мен (бен, пен), және, да, де, та, те, әрі.**
2. Қарсылықты жалғаулықтар: **бірақ, алайда, дегенмен, әйтпесе, сонда да, әйткенмен.**
3. Талғаулықты жалғаулықтар: **әлде, біресе, не, немесе, болмаса, я, яки, кейде.**
4. Себептік жалғаулықтар: **себебі, өйткені, неге десең.**
5. Себеп-салдарлық жалғаулықтар: **сондықтан, сол себепті, себебі, өйткені.**
6. Шарттық жалғаулықтар: **егер, егерде, онда.**

10.1.1.1. Ыңғайластық жалғаулықтар

Жалғаулықтың бұл тобына *мен (бен, пен), және, да, де, та, те, әрі* шылаулары жатады. Ыңғайластық жалғаулықтар бірыңғай салаласа байланысатын сөйлем мен тең дәрежедегі сөздер, сөз тіркестерін байланыстырып, ыңғайластық қатынасты білдіреді.

а) *мен, бен, пен, менен, бенен, пенен* жалғаулықтары әр түрлі сөз таптарынан жасалған сөйлемнің бірыңғай мүшелерін байланыстырады.

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері есім сөздер, кимыл атаулары, заттанған сөздер болып келе

береді. *Балаға тең көрінер бай мен кедей* (Торайғыров). *Байлық қанағат пен еңбекте* (Алтынсарин) деген сөйлемдердегі **мен, пен** жалғаулығы бірыңғай зат есімдерді (бай мен кедей, қанағат пен еңбек) ыңғайластыра байланыстырып тұр.

Сөздер, сөз тіркесі *мен* шылауы арқылы байланысқанда, жалғау соңғы сыңарына жалғанады. *Семізі мен сұлуын, жорғасы мен жортқасын нокталап...* (Әуезов) деген сөйлемдегі **мен** шылауы байланыстырып тұрған **семізі, сұлуын** табыс септігінде тұрғанымен, жалғауды соңғы сыңар қабылдаған.

ә) *Ж ә н е* жалғаулық шылауы бір тұлғада есім сөздер мен етістіктерді ыңғайластыра байланыстырады. *Сені ойда орыс, қырда қазақ түгел біледі және сыйлайды* (Әуезов). *Бұл жиында Бізғұтты, Жақып сияқты үлкендер және баладан Құдайберді, Абай бар* (Сонда) деген мысалдардағы **және** жалғаулығы бірыңғай сөздерді даралап, атап байланыстырған.

Ж ә н е жалғаулығы салаласа байланысатын құрмалас сөйлемдердің сыңарларын бір-бірімен ыңғайластыра байланыстырады. *Қонақ аз және өздерінің құрбылары ғой* (Мүсірепов). *Сіздің қолыңыз босай қоймас және босағанмен бұл жұмыс сізге ауыр тиер* (Әбішев).

Ж ә н е жалғаулығы жай сөйлемдерді құрмаластыруда өте сирек қолданылады, ал құрмалас сөйлемдердің құрамының сыңарларының мағыналық қатынастары жағынан өзара бір-біріне жақын болып келеді және ондағы айтылған ойды толықтыра, айқындай түседі. *Бұл биенің құлыны да өзіне тартқан бұрыл болады және бұл бие ерте құлындайды* (Әуезов).

б) *Ә р і* жалғаулығы зат, құбылыс, кимылдың әр түрлі қасиеттерін сапасын білдіретін сөздерді ыңғайластыра байланыстырады, *әрі* оған даралау, ерекшелік мағынасын береді. *Қазақ тілі әрі бай, әрі көркем тіл* (Әуезов) деген мысалдағы **әрі** жалғаулығы есім сөздердің сапасын білдіретін сөздерді ыңғайластыра байланыстырып және оларға ерекшелік, даралық мағына үстеп тұр.

Ә р і жалғаулығы баяндауыш қызметінде жұмсалған сөздерді байланыстырғанда, кимылдың бір затқа тән екендігін білдіреді. *Жатақтың бала-шағалары мен кәрі-құртандары әдемі ат мінген жігітке әрі таңданып, әрі жатсырап қарайды* (Мүсірепов). Мұнда **әрі** шылауы байланыстырып тұрған таңдану, жатсырып қарау кимыл іс-әрекеттері бала-шағаға, кәрі-құртандарға тән екендігін білдірген.

Әр і жалғаулығы бірыңғай сөздердің алдында қайталанып, қолданылып отырса, онда сол затқа, сапа, қимылға ерекше мән беріп, ыңғайластыра байланыстырады. Мысалы, “*Сата ма, сатпай ма, оны өзі біледі*” дегенге *Боздақ би тағы да түсіне алмай, әрі көтеріліп, әрі күрмеліп қалып еді* (Мүсірепов).

Әр і шылауы салаласа байланысқан құрмалас сөйлемдерді ыңғайластыра байланыстырады. *Жас көңіл тың жер тәрізді, не ексең, сол шығады, әрі мол шығады* (Мұстафин). *Әбіштің сөздерінде әрі саясаттық шеберлік бар, әрі Семейдің үркек қорқақ чиновниктерін сескендіру де бар* (Әуезов).

Әр і жалғаулығы құрмалас сөйлемдерді байланыстырғанда, және шылауынан да сирек қолданылады.

в) *да, (де, та, те)* жалғаулықтарының қызметі, мағынасы - сөз бен сөзді, сөз тіркестерін салаластыра байланыстырып, сөйлемдерді ыңғайластыра байланыстыру. Бұл жалғаулық бірыңғай мүшелерді байланыстырғанда, қайталанып қолданылады: *Өзі де, баласы да үндемейді. Өмірдің ащысын да, тұщысын да көрген жан. Жаза да алады, сөйлей де алады.* Сонымен бірге кейде бұл жалғаулық бірыңғай мүшелердің арасында қайталанбай да қолданылады. *Жойқын жұрт ерінбейді де жалықпайды* (Мүсірепов). *Дауысы ащы да қатал, зілді де кекті шығады* (Сонда) деген мысалдардағы да жалғаулығы бірыңғай мүшелер **ерінбейді, жалықпайды, ащы, қатал, зілді** сөздерін бір-бірімен ыңғайластыра байланыстыру қызметін атқарып тұр.

Да (де, та, те) жалғаулықтары салалас құрмалас сөйлемнің компоненттерін байланыстыру қызметінде қайталанып та, қайталанбай да қолданыла береді. *Арбаға урядник пен Елизавета қатар отырыпты да, Быков көшірдің қасына орналасыпты* (Мүсірепов). *Ұлпан Есенейді аяп та кетті, Есенейдің үлкен адам екендігіне қызығып та кетті* (Мүсірепов) деген мысалдардың бірінші сөйлемінде да жалғаулығы қайталанбай келсе, екінші сөйлемде екі компонентте де қайталанған. Қайталанып қолданылған да жалғаулығы құрмалас сөйлемнің екінші сыңарын ыңғайластыра байланыстырып қана қоймай, өзі тіркескен сөздерге де ой екінін түсіріп, оны күшейте ерекше айту үшін де қолданылады. *Одан арғыны Игілік айтқан да жоқ, қасындағылары сұрай алған да жоқ* (Мүсірепов).

Да (де, та, те) шылаулары сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңарында келіп, қарсылықты мағынаны білдіріп, сөйлемнің екі компо-

нентін сабақтастыра байланыстырады. *Степан қанша түсіндірсе де, шанаға ешқайсысы мінген жоқ* (Мүсірепов). *Қайшылығы бола тұрса да, ол тамаша адам еді* (Сәрсенбаев).

10.1.1.2. Қарсылықты мәнді жалғаулықтар

Қарсылық мәнді жалғаулықтарға *бірақ, алайда, әйтсе де, әйткенмен, сөйтсе де, онда да, дегенмен* шылаулары жатады.

Қарсылықты жалғаулықтар салаласа байланысатын сөйлемдер арасындағы қарсылық мәнді білдіру үшін қолданылады. *Әрине, көп үй мәселесі оңай шешілген жоқ, бірақ оңай шешілмеуінің өзінде үлкен дұрыстық бар еді* (Мұстафин). *Беті, түсі анық белгілі емес, бірақ бір үлкен мол батпан құйрық оралып келе жатқан сияқты* (Әуезов).

Бірақ шылауы арқылы байланысқан сөйлемдердің мағынасы бір-біріне қарама-қарсы болып келеді.

Бірақ жалғаулығы жай сөйлем басында да жиі кездеседі. **Бірақ** осы соңғының саны көп емес, хабары да анық, толық дәл де емес (Әуезов).

Осымен қатар *бірақ* шылауы сөйлемде анықтауыш, пысықтауыш, баяндауыштарды да байланыстырады. *Аласа, тақыр, бірақ тығыз бетегемен жайнаған. Арқаның қоңыр желіндей жай жылжып, бірақ кең жайылып тарайды* (М.Әуезов) деген сөйлемдерде алдыңғысында бірыңғай анықтауыштарды, соңғысында бірыңғай баяндауыштарды байланыстырып тұр.

Қарсылықты мағынаны білдіретін *алайда, әйтсе де, дегенмен, сөйтсе де, онда да* шылаулары тілде *бірақ* шылауынан сирегірек кездеседі. Бұлар тек құрмалас сөйлем құрамында ғана қолданылады, олардың да өзіндік стильдік ерекшеліктері бар.

10.1.1.3. Талғау мәнді жалғаулықтар

Жалғаулықтың талғау мәнді білдіретін түрлеріне мына шылаулар жатады: *біресе, болмаса, әлде, не, немесе, я, яки, мейлі, бір. Біреудің бағына, малына күндестік қылып, я көрсе қызарлық қылып, көз алартпақ лайық па?* (Абай). *Әлде көштен қалғандықтан ба, әлде Жабайға жаны ауыра ма, әйтеуір жүзінде едәуір қуандық бар* (Мүсірепов). **Кейде** бұзақылыққа, **кейде** дұрыстыққа еріп кететіндігі бар (Сонда): Бұл сөйлемдердегі **я, әлде** жалғаулықтары салалас сөйлемнің екі сыңарын байланыстырса, **кейде** шылауы бірыңғай сөздерді де

байланыстырып, бірінің ғана талғанатынын білдіру үшін қолданылған.

Талғаулықты жалғаулықтардың әрбіреуінің өзіндік мағыналық қолданылу ерекшеліктері бар.

Талғау мәнді **я, яки, не, мейлі**, әлде шылаулары жай сөйлем сайын, басында қайталанып келе береді. **Не билікті, не ауылнайлықты бермей отыр** (Шәріпов).

Біресе, бір жалғаулықтары іс-әрекеттің кезекпен бірінен соң бірі қайталанып отыратынын білдіру үшін қолданылады. **Біресе Ақжелкеге, біресе тілмашқа кезек-кезек, жалтақ-жалтақ қарайды** (Әуезов).

Бір шылауы етістіктердің тікелей алдында келіп қолданылады. **Қосқа бір кірдім, бір шықтым** (Мұқанов).

10.1.1.4. Себеп мәнді жалғаулықтар

Себептік қатынасты білдіретін жалғаулықтарға **ойткені, себебі** шылаулары жатады. Бұл шылаулар салалас құрмаластың жай сөйлемдерін байланыстырып, соңғы сөйлем алдыңғы сөйлемдегі іс-әрекеттің себебін білдіреді. **Ешкім үндемейді, ойткені бұндағы кісілердің бәрі де қарт әйелдің дауысын білетін** (Нүрпейісов). **Әй, ол жеңер сені, себебі келешек оныкі ғой** (Мұқанов). Бұл мысалдардағы **себебі, ойткені** шылаулары алдыңғы сөйлемде болған іс-әрекет, жай-күйдің болу себебін көрсету үшін қолданылып тұр.

10.1.1.5. Салдар мәнді жалғаулықтар

Салдар мәнді шылауларға **сондықтан, сол себепті** жалғаулықтары жатады. Олар құрмаластың жай сөйлемдердің арасында қолданылып, соңғы сөйлем құрамына енеді. Бұлар болған іс-әрекеттің нәтижесін, салдарын білдіру үшін қолданылады. **Оңай алдаймын дейтін, сондықтан оңай алданыптың анайы мінездері жоқ емес** (Мүсірепов). **Ал мынау өз бетімен тәрбиеленген, сондықтан ол қисық болып өскен** (Алтынсарин) деген құрмаластардағы екінші жай сөйлемдердегі салдарлық мағынаны білдіруге қатысып тұрған жалғаулық - **сондықтан**.

10.1.1.6. Шарт мәнді жалғаулықтар

Сөйлемдер арасында шарттық қатынасты білдіруге **егер, онда** шылаулары қызмет етеді. Шарттық жалғаулық **егер** құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңарының басында қолданылады да,

онда басыңқы сыңардың бас позициясында тұрады. **Сонау бақша ішінен табылармын, Егер мені іздесең көңіліңе алып** (Абай).

Сонымен бірге **егер, онда** шылаулары болмаса да, баяндауышы **-са/-са** шартты рай жұрнағы арқылы жасалған сөйлемде шарттық қатынасы бұзылмайды. **Қолдан келген жәрдемі, Тұрлықұлдан бір түіе әперуге жараса, сенен аямас едім** (Торайғыров).

10.1.2. Септеуліктер

Қазіргі қазақ тіліндегі септеуліктер сөз бен сөзді сөйлем мен сөйлемді бірін екіншісіне бағындыра, яғни сабақтастыра байланыстырып, өзінің алдында тұрған толық мағыналы сөздердің белгілі бір тұлғада тұруын талап етіп, әр түрлі грамматикалық, мезгілдік, мекендік, мақсаттық қатынастарды білдіреді.

Жалғаулықтар тең дәрежедегі сөздер мен сөйлемдерді салаластыра байланыстырса, септеуліктер оларды бағындыра, сабақтастыра байланыстырады.

Септеуліктердің атауыш сөздерден дамып шыққаны белгілі, сондықтан кейбір шылаулар **-ғы/-гі** жұрнақтарын қабылдап, морфологиялық өзгерістерге түсіп, синтаксистік қызмет атқарып, сөйлем мүшесі болады. **“Құсты Арал” саяхаты менің сол күнге дейінгі өмірімде елеулі бір белесім еді** (Сәрсенбаев) деген сөйлемде **дейін** септеулігі **-ғы/-гі** жұрнағын қабылдап, **сол күнге** тіркесімен бірге **қай?** деген сұраққа жауап беріп, анықтауыш болып тұр. Сөз жоқ, септеулік шылау жеке тұрып сөйлем мүшесі бола алмайды. Бұл жерде анықтауыш қызметінде жұмсалуды **дейін** шылауының өзі қатысты сөздермен (сол күнге) тұтасып, сындық мәнді білдіретін **-гі** қосымшасымен келуіне байланысты.

Септеуліктер септік жалғаудың мағынасы мен атқаратын қызметіне ұқсайды. Олар сөйлемде мынадай қызмет атқарады. Біріншіден, түбір тұлғалы сөз бен барыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі есім сөздермен тіркесіп келіп, оларды екінші сөзге сабақтастыра байланыстырып, мезгілдік, мекендік, себептік, мақсаттық қатынастағы сөз тіркестерін жасайды. Мысалы: **Ел үшін еңбек етсең, халқың сүйемек, Біз үшін отқа, суға түсіп жүр деп** (Торайғыров). **Еңбек қылған ел үшін, Еңбегі сіңген ер үшін** (Бұхар Жырау). **Ана тілі халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы** (Аймауытов). **Бұл күнге дейін салт**

жүретін *Игілік енді пәуескеге мінуді лайық көріп...* (Мүсірепов).

Осы сөйлемдердегі үшін септеулігі түбір сөзге тіркесіп, мақсаттық қатынасты білдірсе, *бері* жатыс септігінде тұрған сөзге тіркесіп мекендік мағынаны, ал *дейін* шылауы барыс септігінде тұрған сөзге тіркесіп мезгілдік қатынасты білдіру үшін қолданылған. *Үшін* шылауы қазіргі қазақ тілінде түбір тұлғадағы зат есім, сын есім, есімдік, сондай-ақ есімше, көсемше тұлғаларымен тіркеседі, ал көне тілімізде есімдіктердің ілік септік тұлғасында да тіркескен: *менің үшін, сенің үшін, оның (аның) үшін* т.б.

Екіншіден, *шейін, дейін, кейін, бері, сайын, соң, үшін* жалғаулықтары сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңарының баяндауышы құрамында келіп, басыңқы сөйлем мен бағыныңқы сыңарды мезгілдік, себептік, мақсаттық қатынаста байланыстырып тұрады. *Солардың әр алуан сыбыр-жыбырын біліп отыру үшін, Құнанбай өзіне қараған елдің біразын сол елдің арасына таман кірістіріп жіберу керек* (Әуезов). *Ғазиз біраз жүрген соң, мына көшелер таныс бола бастады* (Бұлқышев). *Жүргінішілер әбден көзден таса болғанға шейін, бұлар арттарынан қарап тұрады* (Әуезов). *Өзге кепенің адамдары тарағаннан кейін, бұл кепенің адамдары Рахметті ортаға ала асқа отырды* (Бұлқышев).

Септеуліктер, негізінен, есім сөздерге, заттанған есімше мен қимыл атауына тіркеседі. Бұл сөздерге септеуліктер мына тұлғалардан соң тіркеседі:

1. Сөздің түбірі, я негіз тұлғалы сөзбен тіркесетін септеуліктер: *үшін, сайын, сияқты, секілді, сықылды, тәрізді, туралы, турасында, арқылы, бойы, бойымен, бойынша, жайында, жайлы, шамалы, шақты, қаралы*. Тарихи тұрғыдан бұлардың кейбіреулері ерте кезде ілік септік тұлғасымен де тіркескен. *Турасы, бойы, жайы* дегендердің құрамындағы III жақ тәуелдік жалғау - осының дәлелі бола алады.

2. Барыс септікті сөзбен тіркесетін септеуліктер: *дейін, шейін, таман, қарай, салым, жуық, тарта, таяу*.

3. Шығыс септікті сөзбен тіркесетін септеуліктер: *кейін, соң, гөрі, бері, бұрын, әрі, бетер*.

4. Көмектес септігіндегі сөзбен тіркесетін септеуліктер: *бірге, қатар, қабат*.

10.1.2.1. Түбір, я негіз тұлғалы сөзбен тіркесетін септеуліктер

Қазіргі қазақ тіліндегі түбір, я негіз тұлғалы сөзбен тіркесетін септеуліктер, негізінен, есім сөзден соң қолданылады.

Үшін септеулігі түбір тұлғалы зат есіммен тіркесіп келіп оларға себептік, мақсаттық мағыналар үстейді. *Балалары айран-шалап үшін әлді ағайынға жалшыға кетінті* (Әуезов).

Аяғында ертең ұлыққа жауап беру үшін қариялардың бойын көрсетпей, жасырақ басшыларын жібермек болып, Серікбай, Тұрлықожа, Айтбай үшеуін сайлады (Әуезов) деген мысалдардағы үшін шылауы түбір тұлғадағы есім сөз **айран-шалап** сөзінен соң, қолданылып мақсаттық мағына үстеу үшін қолданылған.

Сайын септеулігі зат есіммен және **-ған/-ген** тұлғалы өткен шақ есімшемен тіркесіп келіп, оларға даралау мағынасын үстейді. *Көтеріп көптің көңілін күнде шауып, Жұлде алар жұма сайын туды күнім* (Жансүгіров). *Жаз аяқтап, қыс жақындаған сайын қараша ауылдар қоршаған Қарағандының орталығы өзгере түсті* (Мүсірепов). Алдыңғы сөйлемде **сайын** шылауы **жұма** сөзін даралау мағынасында қолданылып, екінші сөйлемде **сайын** шылауы сабақтас құрмалас сөйлемді байланыстырып, мезгілдік мағынаны білдіріп тұр.

Сияқты, секілді, тәрізді септеуліктері зат есім, есімдікпен, есімшемен тіркесіп, ұқсату, теңеу мағынасын білдіреді. *Рақымбай сияқты жағымтал, Жорға болыстың тағы бір екеуіне көзі түсіп еді, олар да алға түсетін, бой көрсететін сияқты емес* (Әуезов). *Біз бұл сияқты бұйрық жарияланатынын білгеніміз жоқ* (Сонда). Бұл сөйлемде **сияқты** шылауы есім сөз **Рақымбай** мен есімдік бұл сөзіне тіркесіп, оған теңеу, ұқсату мағынасын үстеп тұр.

Сияқты шылауы кейде сөз тудырушы жұрнақтарын қабылдап, **сияқтанбай, сияқтанады** тұлғасында да қолданылады. *Қазіргі шешілмей тұрған түйін сияқты үлкен кесірлі іске келгенде күндізгі арманшыл, уайымшыл шалдар сияқтанбай, қазіргі қасында отырған бірен-саран сарнауық қажылар сияқтанбай, Ұзақ тым-тырыс үндемей отырды* (Әуезов). *Желкедегі қарағай кей жерінде қара қошқылданып бірігіп, иықтан баспалап қарап тұрған самаладай әскер сияқтанады* (Сонда).

Туралы, турасында, жайлы, жайында, жөнінде септеуліктері зат есіммен, есімдікпен, заттанған сөздермен тіркесіп, белгілі бір іс-әрекет, оқиға жөнінде айтылғанын білдіреді. *Брилев бәрімізді жинап, сап алдында сынаудың қорытындысы жайлы қысқаша талдау жасады* (Момышұлы). *Сұраудан сұрау туып, Шәрипа өкшелеп отырып артель туралы бірсытыра нәрсені біліп алды* (Майлин).

Арқылы септеулігі зат есім, қимыл атауымен тіркесіп, істің, қимылдың амалын, не арқылы іске асқанын білдіреді. *Үлкен істі елдің салмақты үлкендері арқылы болмаса, өз беттерімен істен кете алмайтын* (Әуезов).

Бойы, бойымен, бойынша септеуліктері зат есіммен, есімдіктермен және **-ған/-ген** тұлғалы өткен шақ есімшемен тіркесіп келіп, іс-әрекеттің амал, тәсілін білдіреді. *Ежелгі салт, машық бойынша бұл өңірдегі ағайын Зере отырған үйді жатсынған жоқ* (Әуезов).

Шамалы, қаралы, шақты септеуліктері сан есіммен тіркесіп, болжалдық мағына береді. *Інісі Тектігұл болса, қайшылықпен он шақты жыл қыршын жас күнін кешіріп еді* (Сонда). *Бұл кезде Ұзақ жанында он шақтыдай ғана кісі қалып еді* (Сонда).

10.1.2.2. Барыс септікті сөзбен тіркесетін септеуліктер

Барыс септікті сөзбен тіркесетін септеуліктер есім сөздерге, есімшелерге, үстеулерге тіркесіп, мезгіл-мекендік, шектік мағына үстейді.

Дейін, шейін септеуліктері зат есімдерге, сан есімдерге, есімшелерге тіркеседі. *Рақымбайға шейін, күн шартылдап жай түскеннің артындағыдай құп-қуболып, есеңгіреп қалған сияқты* (Әуезов). *Ірбіт, Омбы, Том, Қызылжар, Селебеге дейін барып қалған* (Мүсірепов).

Қарай, таман септеуліктері зат есімдерге, есімдіктерге, үстеу сөздерге тіркесіп, мекендік, мезгілдік қатынасты білдіреді. *Назыкеш ұзай берген соңғы бір көшке қарай шауып кетті* (Мүсірепов). *Ұзақ Ақбейіттегі жиыннан қайтып Таңбалы тастағы өз аулына таман келгенде...* (М.Әуезов).

Салым, тарта, жауық, таяу септеуліктері зат есімдер мен сан есімдерге тіркесіп, мезгілдік қатынас білдіреді. *Мың жарым екі мыңға тарта жылқысы бар* (Әуезов). *Ушаковтың отызға тарта қазақ зерттеушілері бар* (Мүсірепов).

10.1.2.3. Шығыс септігіндегі сөзбен тіркесетін септеуліктер

Шығыс септігіндегі сөзбен тіркесетін септеуліктер зат есім, есімдікпен, өткен шақ есімшемен тіркесіп, оларға мезгілдік, мекендік мағына үстейді.

Гөрі септеулігі зат есім, есімдікпен заттанған сөздермен, **-ған/-ген** тұлғалы өткен шақ есімшемен тіркесіп, талғау, таңдау мағынасында қолда-

нылады. *Жас жігіт бұдан гөрі де қаталырақ кетуге Ігіліктен бата алмады* (Мүсірепов).

Бері септеулігі зат есім, есімдік, есімшемен тіркесіп, мезгілдің басталу шағын, шегін білдіреді. *“Көктеректің” бауырында көп жылдардан бері өмір сүрген жансыз ауыл бірден өзгеріп, қайнап сала берді* (Майлин). *Оның да кешеден бергі ел сөйлеген сөзге құлағын салып, өз ішінде қорытып келгендей байлауы осылай сияқты еді* (Әуезов).

Бері шылауы сабақтас құрмалас сойлемнің баяндауышының құрамында келіп мезгілдік қатынасты білдіреді. *Мына хабар шыққаннан бері, өзінен шоши бастады* (Майлин).

Кейін, соң септеуліктері зат есім, есімдіктерге, қимыл атауы мен есімшеге тіркесіп, оқиғаның соңынан болатын мекендік, мезгілдік мағынаны білдіру үшін қолданылады. *Әбден орнығып отырғаннан кейін ғана Зылиха сөз бастаған* (Оразалин). *Тағы біраздан соң, есіне Жабайдың түйін қалғаны түсті* (Мүсірепов).

Кейін, соң шылаулары құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңарында келіп, мезгілдік мағынаны білдіреді. *Болыстардың көпшілігі жиылған соң, сыздаған жүзді, құбыжық мұртты Ақжелке сөз бастады* (Әуезов). *Рязанов кеткеннен кейін Ушаков пен Бернер мыс қорытылып жатқан жаққа кетті* (Мүсірепов). *Бойда қайрат, ойда көз, Болмаған соң, айтпа сөз* (Абай).

Бұрын септеулігі шығыс септігінде тұрған сөздермен тіркесіп, оқиғаның алдын ала болуын білдіру үшін қолданылады. *Бұрын осы көлдің басында үй саны онға толмайтын еді* (Майлин).

Кейін, соң, бұрын септеуліктері де атрибуттық мағынада қолданылатын **-ғы/-гі** формалы жұрнақтарды қабылдап, морфологиялық өзгерістерге ұшырайды. *Ендігі бұдан соңғы бір кезең ұлықтың айтқанына көнбедік* (Әуезов).

Бетер септеулігі іс-әрекеттің болып кеткен амалдан анағұрлым күшті болғанын білдіру үшін жұмсалады. *Жел одан бетер соққан сайын, айнала шаңғытып ешнәрсе көрінбей кетті* (Мұқанов).

10.1.2.4. Көмектес септікті сөзбен тіркесетін септеуліктер

Көмектес септігіне тіркесетін **қатар, бірге** септеуліктері іс-әрекеттің, негізінен, бірнеше субъектінің бірігіп жасағанын білдіру үшін қолданылады. *1936 жылы Қиыр Шығысқа менімен бірге бір қазақ жігіті барды* (Момышұлы). *Көкішіл көздері балқыған мыспен бірге балқып бара жатқандай* (Әуезов).

10.1.3. Демеуліктер

Демеуліктер - өзі шылауында тұрған сөздерге әр түрлі грамматикалық мағына, реңк үстейтін сөздер. Олар модальдық-экспрессивтік сипаты зор, семантикалық мүмкіндігі мол сөздер. *Ана, сіздің де бір жас иісті сүйетін кезіңіз болды-ау* (Мұқанов). *Түбірлі сөздің түйіні сенде көрінеді ғой* (Әуезов). *Дүниеде жаман да көпте, қызық та, ермек те көпте, бастапқыға кім шыдайды, соңғыға кім азбайды* (Абай) деген мысалдардағы **ау** шылауы сөйлемнің экспрессивтік мәнін арттырса, **ғой** нақтылау, тұжырымдау, да демеулігі күшейту мәндерін білдіру үшін қолданылып тұр.

Демеуліктердің білдіретін мағыналары сан аулан. Олар өзі қатысты сөздерге я сөйлемге сұраулық, шектік, нақтылық, күшейту, тежеу, болжалдық, күмән сияқты грамматикалық мағыналар үстейді. Демеуліктер негізгі сөзге үстейтін мағыналарына қарай бірнеше топқа бөлінеді:

1. Сұраулық демеуліктер: **ма/ме, ба/бе, па/пе, ше;**
2. Күшейтпелі демеуліктер: **-ақ, -ай, -ау, әсіресе, да/де, та/те;**
3. Шектеу (тежеу) демеуліктері: **ғана(қана), тек, -ақ;**
4. Болжалдық демеуліктер: **-мыс/-міс, -ау;**
5. Болымсыздық, қарсы мәнді, салыстыру мағынасындағы демеуліктер: **түгіл, тұрсын, тұрмақ, құрылым;**
6. Нақтылау мәнді демеуліктер: **қой/ғой, -ды/-ді, -ты/-ті;**
7. Қомсыну мәнді демеуліктер: **екеш.**

10.1.3.1. Сұраулық демеуліктер

Сұраулық демеуліктер көбіне баяндауыш құрамында келіп, сұраулық мағына береді.

а) **ма/ме, ба/ба, па/пе** демеуліктері есім сөздерге, үстеуге, етістіктерге тіркесіп қолданылып, баяндауыш қызметіндегі сөз құрамында болады. *Ардақты атың шыққан қан майданда, Атамас атағыңды таңдай барма?* (Жамбыл). *Е, сендер ме? Сендер беріп жібересіңдер ме?* (Әуезов).

-ған ба еді, -ған ба екен, -а ма екен, -ып па еді тұлғалы етістіктермен бірге жұмсалғанда, сұраулық демеулігі негізгі сөз бен көмекші сөз ортасында қолданылады. *Бір сорды бір сорға қосқанда ырыс туа ма екен?* (Мүсірепов). *Көрмеген құқайым ба еді?* (Әуезов). *Тірі туысқан, өлі аруақты күңіреткен қылық осыдан шықпап па еді?* (Сонда). *Мынадай тілеу үстінде арман бола ма екен?!!* (Сонда).

Сұраулық демеуліктері **ма/ме, ба/бе, па/пе** баяндауыш қызметінде жұмсалған II жақ жіктік жалғауымен қатар келгенде, түбір мен жалғаудың арасына кірігіп кетіп, **мы /мі, бы/ бі, пы/ пі** болып өзгеріп кетеді. *Әуелі өзің қаруың қайтарлық қартаюға жетемісің, жоқ па?* (Абай). *Өмірді өкінбестей қылықпен өткізісің бе? Жоқ, болмаса, не ғып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?* (Абай). *Сен үйден шықсаң, адасып кетем деп қорқамысың?* (Мүсірепов).

Баяндауыш қызметінде жұмсалған болжалды келер шак есімшеге тіркесіп лепті сөйлем құрамында да кездеседі. *Бүгінгі күні қазақ халқы қандай тұрмыста тұратынын, қалай еңбек ететінін көрер ме еді солар?!* (Мүсірепов).

Де көмекші етістігі арқылы жасалған күрделі етістік құрамында келіп, **ма/ме** сұраулық демеуліктері болжалдық мағына үстейді: **келе ме деймін? болар ма екен деп** (дәмеленіп еді).

Ше сұраулық демеулігі есім сөздермен, үстеумен, етістікпен тіркесіп келіп сұраулық мән береді. *- Бозбалалар неге өлең айтпайды? - Қыздар ше?* (Майлин). *- Билер ше? Бидің бәрі жемтік емес пе?* (Әуезов).

10.1.3.2. Күшейткіш демеуліктер

Күшейткіш демеуліктердің қатарына **-ақ, -ау, -ай, әсіресе, да /де, та/ те** шылаулары жатады. Күшейткіш демеуліктері сөйлемге, айтылған ойға күшейту мәнін қосу үшін қолданылады. *Өлеңе әркімнің-ақ бар таласы* (Абай). *Жарасбай әсіресе, мол шығынмен, әуіріммен орнында қалды* (Әуезов). *Тыныштықты бұзып жау тисе, Жауға біз де тиеміз* (Жамбыл). *Бай ауылда жоқ мінез көріп, таңданып та қояды* (Мүсірепов).

-ақ демеулігі - тілде жиі қолданылатын шылаулардың бірі. Бұл шылау өзіне қатысты, яғни есім сөздерге, үстеу сөздерге тіркесіп, олардың мағынасын күшейту немесе ой еклінін түсіру үшін жұмсалады. *Күшті-ақ екен, жарықтық!* (Жароков). *Сүйемін туған тілді, анам тілін, Бесікте жатқанымда-ақ берген білім* (Торайғыров).

-ай демеулігі адамның әр түрлі көңіл-күйін білдіру үшін қолданылады, көбіне аяу, таңырқау мәнінде қолданылады. **-ай** демеулігі зат есім мен сын есімдерге тіркесіп, оқшау сөз ретінде қызмет атқарады. *Сары алтын, сопы меруерт, қарағым-ай* (Ақан Сері). *Таласпа, жаным-ай, қолыңнан келмеске* (Абай). *Жамандар өтірікші өсегі көп, Елжұрттың іріткі салар арасында-ай!* (Сүйінбай).

-**ау** демеулігі есім сөздермен, етістік, одағай сөздермен тіркесіп, қуану, ренжу, күйіну мағыналарын үстейді. *Қалай апарамыз, қарағым-ау, біздің қолымыздан не келеді* (Мүсірепов). *Құдай-ау, қайда сол жылдар, Махаббат қызық мол жылдар?!* (Абай).

Әсіресе демеулігі сөйлемге күшейткіш мағына үстейді. **Әсіресе** қолқабыс ететін адамдарыңызға риза болдым (Мүсірепов). **Әсіресе** өзінің атын ататтырғысы келмейтін сияқты (Сонда).

да /де, та/ те демеуліктері өзі тіркескен сөздерге күшейту мәнін қосу үшін қолданылады. *Бағың өскенше, тілеуіңді ел де тілейді, өзің де тілейсің...* (Абай). *Арманын да, азабын да, қуаныш, қайғысын да әнге сыйдыра білген, айналайын елімай* (Мақатаев). *Жылататын да, жұбататын да - сөз* (Момышұлы).

10.1.3.3. Шектеу демеуліктер

Шектік (тежеу) демеуліктері - **ғана /қана/, тек, ақ** тіркескен сөздеріне шек қойып тежеу мағынасын үстеу үшін қолданылады. *Ермекбай тек түнере берді* (Әбішев). *Абайлар үй ішімен ақырын ғана амандасты* (Әуезов). *Тартыспен түскен, бейнетпен келген жақсылық қана шын мәнінде қымбат табыс* (Әуезов).

Ғана демеулігі қайдан? неге? қандай? деген сұрау есімдіктерінен соң, сол сөзге ой екпінін түсіру, өкіну мағынасын білдіреді. *Ділданы айырып көшіріп жібермей, неге алдым, неге ғана Әйгерімді алдым?!* (Әуезов).

Тек демеулігі сөйлемде тіркескен сөздеріне тежеу мәнін қосады. Мысалы: *Қазақ дәстүрі тек ата-ананы ғана емес, жалпы адамды сыйлауға баулиды* (Мұстафин).

Тек демеулігі **қана** шылауымен де тіркесіп, қолданылады. **Тек қана** түс артынан болған жүрек құйынын аңғарды (Әуезов).

-ақ демеулігі күшейту мағынасымен қоса, тежеу, шек қою мағынасын білдіре алады. *Мен тентек пе, түбінде кім жазалы, Қайғыны жіберуші өзі-ақ сынар* (Абай). *Сол үшін-ақ Рақымбай ұлығының қасиетін ұғып қадірлей біледі* (Мүсірепов).

10.1.3.4. Болжалдық демеуліктер

Болжалдық демеуліктеріне **-мыс, -міс, -ау** шылаулары жатады.

-мыс, -міс демеулігі сөйлеушінің айтылған ойға күмәндануын, сенімсіздікті білдіруі үшін қолданылады. Сөйлемнің экспрессивті-эмоцио-

налдық мәнін арттырады. *Жас келіншек те ол десе жанын қоярға жер таппайды-мыс* (Есенберлин). *Жанынан өте берсе, жаңағы қарайған нәрсе ит болып ұлыған-мыс* (Нәжімеддинов).

Осы сөйлемдерде **-мыс** демеулігі синтаксистік байланысатын сөзінің соңында келіп, ойға сөйлеушінің болжау, күдіктену сияқты көзқарасын білдіреді. *Қолынан тарайды-мыс сайлау-сияз* (Жансүгіров).

-ау демеулігі болжалдық келер шақ есімшеге тіркесіп, сол мағынаны басымдау етіп, көрсету үшін қолданылады. *Жиналған халық осыны тілейді-ау деймін* (Әуезов).

10.1.3.5. Болымсыздық, салыстыру және қарсы мәнді демеуліктер

Болымсыздық, қарсы мәнді, салыстыру мағынасындағы демеуліктерге **түгіл, тұрсын, тұрмақ, құрылым** сөздері жатады.

Түгіл, тұрсын, тұрмақ демеуліктері есім сөз, үстеу, етістіктермен тіркесте келіп, болжалдық, қарсы қою мағынасын білдіреді. *Бұл шырақ өшпес түгіл лаулап жанар* (Дөнентаев). *Байтал түгіл бас қайғы* (Мақал).

Ғұрлым демеулігі салыстыру мәнін білдіру үшін қолданылады. *Жанымның сол ғұрлым болмағанына өкінемін* ("Ана тілі").

10.1.3.6. Нақтылау мәнді демеуліктер

Нақтылау мәнді демеуліктеріне **қой/ғой, ды/ді, ты/ті** шылаулары жатады.

Қой/ғой демеуліктері тіркескен сөздеріне нақтылау тұжырымдау мағынасын үстеу үшін қолданылады. *Енді көрісер-көріспесіміз екіталай ғой* (Сейфуллин). *Боданның есігі іштен жабық-ты* (Жұмаділов). *Сүйемін сені туған ел - ата мекен, Абзал анам сенсің ғой құшағың кең* (Аманжолов). *Ақылсыз дос-тан ақылды дұшпан артық-ты* (Шалқиіз).

-ды /-ді, -ты/ -ті демеуліктері сөйлемде баяндауыш болып тұрған сөзге тіркесіп, оның мағынасын нақтылай түсу үшін қолданылады. *Кешегі Ұзақ аулында болған тінту осы сөздің салдарынан туған-ды* (Әуезов). *Кешегі өткен ер Әбіш, елден бір асқан ерек-ті, Жүрегі жылы бойы құрыш, Туысы жаннан бөлек-ті* (Абай).

10.1.3.7. Қомсыну мәнді демеуліктер

Қомсыну мәнді демеулігіне **екеш** шылауы жатады. Бұл шылау тіркескен сөзіне қомсыну, менсінбеу мағынасын үстейді.

Екеш демеулігі, негізінен, есім сөздерге тіркеседі. *Түйе екеш түйесіне дейін егін көрсе, таптап беріп тұрса керек* (Кекілбаев).

Қожа екеш қожасына дейін бір ауыз бірдемені орысшалаған болып... (Мүсірепов).

11. О Д А Ғ А Й

11.1. ОДАҒАЙДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Одағай сөз табына жататын сөздер адамның көңіл-күйін, сезімін білдіру мақсатымен ғана емес, сонымен қатар басқа біреуге бұйыру, ишара білдіру немесе малды, үй хайуандарын шақыру, айдау, қорғау мақсатында да қолданылады. Тіліміздегі одағай сөздер осындай мәніне қарай үш топқа бөлінеді: 1) **Көңіл-күй одағайлары**, 2) **Императивтік одағайлар**, 3) **Тұрмыс-салт одағайлары**.

Сондықтан да одағайлар сөйлемде белгілі бір мақсатпен қолданылғанымен, біріншіден, өз алдына жеке-дара тұрып, лексикалық мағына білдіре алмайды, нақты ұғымдық мәні жоқ, екіншіден, сөйлем ішінде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспейді. Сондықтан одағайлар синтаксистік жағынан оқшау сөздер деп аталатын топқа жатады. Бірақ, одағайлар сөйлемде білдіретін жалпы ойға қатысы бар: айтушының әр түрлі көңіл-күйін, сезімін, ишара етуді, императивтік мәнін, жеку, мал, жануарларға бағышталып айтылу мәнін т.б. білдіреді.

11.1.1. Көңіл-күй одағайлары

Бұл топтағы одағайлар адамның әр түрлі сезімдерін, көңіл-күйін білдіреді. Олар сан жағынан мол, семантикалық құбылу жағынан әрқилы, семантикалық реңкі өте бай топ. Бұл топтағы одағайлар әрі жағымды, әрі жағымсыз көңіл-күйді білдіре алады. Осы қасиетіне қарай көңіл-күй одағайлары ішінара үш топқа бөлінеді.

1) **Жағымды көңіл-күйді білдіретін одағайлар**: Алақай! Ура! (*қуаныш, шаттану*), ha! pah-pah! (*сүйсіну, таңдану*), Бәрекелді! (*сүйсіну, қоштау*), oho! (*таңдану*) т.б. Мысалы: *Тракторға теңеу таппай, жұрт абыржып, аузына келгенін айтты - Паһ-паһ! Күйше күркіреуін қарашы!* (Мұстафин) *Алақай! Ата! Ана!... Есбосындар келіп қалды! Соғыс бітті!* (Сланов).

-Oho, жолдас болатын болдың (Әбішев) т.б.

2) **Жағымсыз эмоцияны білдіретін одағайлар**: Әттеген-ай! әттең! Қап! (*өкіну*), Тәйірі! түге! (*наразылық, іреніш*), бай-бай-бай! (*наразылық, кейістік*), піш! пішту! (*жақтырмау, менсінбеу*) т.б. Мысалы: *Қап, Қазекеңе бақты суару керек деп айтайын деп отырып, ұмытып кеткенімді қарашы!* (Шамкенов). *Уай, қайдасыңдар, түге, бар болғырлар!* (Сонда). *Піш, тапқан екенсің қажырлы кісіні!* (Мұқанов). *Бай-бай-бай, сорлы-ай, мені біреумен кетіп барады дейсің бе? Айтақтағалы барамын ғой...* (Қуанышбаев).

3) **Әрі жағымды, әрі жағымсыз эмоцияны білдіретін одағайлар**: Бұл топтағы одағайлар әдетте көп мәнді болып келеді де, олардың мағыналары контекст ішінде не ситуацияда анықталады: **пай-пай!** одағайы қарама-қарсы екі мәнде жұмсалады. а) таңдану, сүйсіну, таңырқау. *Кәне, басыңа киіп көрші. Пай-пай қандай жарасады, ә?!* (Кәлменов) *Пай-пай, шіркін, Алатау, шандоз едің неткен сен!* (Сәрсенбаев)

ә) ренжу, наразылық мағынасында - **Пай-пай**, *осы бір емізіп тартатының-ай! Айтпайсың ба сатырлатып!* (Мұстафин). *Ал, енді бұлар төбелесті, Пай-пай, аяқтарының астында қаламыз-ау!* (Әуезов).

11.1.2. Императивтік ишара одағайлары

Бұл топқа адам не хайуанатқа бағышталып айтылатын шақыру, жекіру, тыйым салу, бұйыру мақсатымен қолданылатын одағай сөздер жатады. Бұлар бағышталып отырған объектісіне қарай үлкен екі топқа бөлінеді.

1) **Адамға бағышталып айтылатын одағайлар**: Бұған адамның адресіне бұйыру, жекіру, тыйым салу мақсатымен қолданылатын **Айда!** **Тәйт!** **Сап-сап!** **Стоп!** **Кәне!** **Жә!** **Тек//тәк!** **Әуп!** **Әлди-әлди!** сияқты одағайлар жатады: *Жә, тоқтат, ақсақал Базаралыдан алмаған өшің бар ма?!* (Әуезов). *Тек, тантымай сөйле! Былғама Нұрғанымды* (Әуезов). *Желігуден жалықты жаным менің, сап-сап, көңілім, лепірме, тоқта, тоқта* (Аманжолов).

2) **Малға, үй хайуандарына бағышталып айтылатын одағайлар**: Бұл топқа **айтақ**, **моһ-моһ!** **шөре-шөре!** **сарап-сарап!** **көс-көс//** **кәуіс-кәуіс!** **шәуім-шәуім!** **Әүкім-әүкім!** **Мәлік келгір!** **Жамандатқыр!** сияқты үй хайуандарын шақыру, айдау, үркіту, қорғау мақсатымен қолданылатын сөздер мен одағайлы тіркестер жатады. *Бағаң алақанын бір-біріне ұрып: моһ-моһ деп еді, етекке қарай желе*

жөнелді (Бөкеев). *Әукім-әукім, ақ бұзау, ертерек өс, құтты бол!.. Сивыр бол да, сүтті бол!* (Тұрманжанов) *Қоянның ышқына қашқанын қызық көріп "Айтақ, айтақ!" деп айқай салды* (Хангелдин) т.б.

11.1.3. Тұрмыс-салт одағайлары

Бұл топ сан жағынан шағындау болғанмен, өмірде жиі қолданылатын одағайлар. Бұған адамдардың амандасу, қоштасу т.б. сыйластық белгісі ретінде қолданылатын **Хош! Хайыр! Рахмет! Ассалаумағалейкум! Күп! Ләббай! Кеш жарық!** сияқты сөздер жатады. **Күп!** - *деді де, қоштасып жүріп кетті агроном* (Мұстафин). **Ассалаумағалейкум,** - *дей мен сақалды адамға қол ұсындым* (Мұқанов) **Ләббай, тақсыр!** - *деп Перизат терезеден әрі қараңғы бөлмеге сүңгіп кетті* (Тарази) т.б.

11.2. ОДАҒАЙЛАРДЫҢ МАҒЫНАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Одағайлардың семантикалық құбылмалығы әр түрлі. Олардың бірқатары контексте бір-ақ мәнде қолданылса, енді бірқатары екі-үш, не одан да көп мәнде жұмсалады. Кейде олардың бойынан энантиосемиялық құбылыс та (бір-біріне қарама-қарсы мағынада жұмсалатыны байқалып отырады). Осыған орай одағайларды екі үлкен топқа бөлуге болады:

1) Бір мағыналы одағайлар

Бұл топқа одағайлар қай ситуацияда айтылмасын, қай контекске түспесін, қандай интонациямен айтылмасын үнемі бір-ақ мәнде жұмсалады. *Алақай! Ура!* сөздері тек шаттану, қуану сезімін білдіру үшін жұмсалса, *Қап! Әттең! Әттеген-ай!* сөздері әр уақытта өкіну мағынасында жұмсалады. *Жердің жүзін бейне ұжмаққа теңейтін, алақай-ау, алақай-ау, жаз келді* (Майлин). **Е, алақай, біздің тайынша!** - *деп баласы тайыншаның мойнынан құшақтады* (Аймауытов). **Әттеген-ай, неғыт біз бұлай болып қалдық деген ой әрқайсымызды қинады** (Сейфуллин). **Әттең, арбасына сыймай сорлады ғой, әйтпесе мұңысын да Қытайына ала кетер еді** (Жармағамбетов).

2) Көп мәнді одағайлар

Бұл топқа екі-үш не одан да көп мәнде жұмсалатын сөздер жатады. **Пәлі/бәлі** одағайы үш түрлі мәнде қолданылады: а) Біреудің іс-әрекетіне не сөзіне риза болып, оны қоштау, қолпалаштау, көтермелеу мақсатымен айтылатын, шаттық, қуаныш, таңдану мәнінде жұмсалады.

Уа, пәлі, нағыз әнші мұнан шықты (Нұрпейісов). *Іс шықса, Баршагүлден шығады демеп пе едім? Иә, иә, пәлі, қарағым!* (Сланов).

ә) Біреудің сөзін жақтырмай, наразылық мағынасында жұмсалады. - *Жарайды, аңшы-ақ екенсің! Осындай тоқ итпен аңға шыға ма екен?! - Көп тоқ емес-ті!*

- *Бәлі, мынау не? Бүйірін қарашы!* (Әуезов).

б) Таңдану, таңырқау мәнінде де жұмсалады. *Бәлі-е, мынау Әсия ма, ей!?* (Хұсайынов)

Бұл сөз бәлем тұлғасында қолданылғанда біреуді қорқыту, қокан-лоқыға алу мағынасында жұмсалады. **Бәлем, тұра тұр, осының бәрін әкеме айтам.** Кейбір одағайлар, (әсіресе бір буындылар) диалогтық сөзде екі-үш қана емес, кейде 7-8 мәнде қолданылады. Мысалы, **ә! (а!)** одағайының томендегі көп мәнділігін байқап көріңіздер: 1) Сұрау мағынасы. Бұл ретте біреудің сөзін анық естімей не аңғармай қалғанда, қайтып сұрап алу мақсатымен қолданылады. - *Ол орыс композиторларының ең таланттысы, - деді Рахмет.*

-**Ә?** - *деді қалың ойда отырған Ықылас* (Елубаев). **Ә!** одағайы кейде сұрау мағынасының үстіне не ренжу, жекіру мағыналарын да қосып алады.

-*Баланы әкесіне беріп кеткенбіз!*

-**Ә!?** *Әкесі қайдан кездесті?* (Мұстафин)

-*Жоқ, Ақтан ағай, ондай берекесіз қиялды ойлайтын біз бала емеспіз?!*

-**Ә, бала емеспіз? Бала емей сендер кімсіңдер!** (Хұсайынов).

2) Біреудің шақырған дауысына жауап беру, үн қату мағынасында.

-*Күлэнда!*

-**Ә!** - *деп қатқан қыз жауабы болды оған әкелгендей бір терең сыр* (Саин).

3) Бір нәрсе есінен шығып кетіп, кейін еске түскендігін немесе бір нәрсені алғашқыда түсінбей қалып, кейін түсінгендігін аңғарту мақсатымен қолданылады. - *Хат? Кімнен хат? Ә-ә, бағана мен берген хат екен ғой!* (Сланов).

Ә-ә, білдім, білдім, білдім! (Мұқанов).

4) Біреуді өзіне қарату мақсатымен қолданылатын қаратпа сөз мағынасында да жұмсалады. - *Келін, ә, келін!* - *деді ол шамды тұтатқасын* (Мұқанов).

5) **Ә!** одағайы сөйлем соңында келгенде, әдетте сұрау мағынасында жұмсалады. *Менде тығылып жатқан сұмдық бар екен! Бұл қалай, ә?* (Ерубев). *Сендер ғой елден ай сайын хат алып тұрсыңдар, ә?* (Әбішев).

Кейде сөйлем соңында кездесетін ә! одағайының бойында сұрау мағынасымен қатар, әжуа, мысқыл реңкі де байқалады. *Өзің мені әдейі жалғыз жібергің келіп, естімейсің де, енді келіп өкпе айтқан боласың, ә?! Әй, қусың-ау!* (Әбішев). *Осы сен қусың-ау деймін, Асқар, ә?* (Мұқанов).

Мұндай көп мәнді қасиет тұрмыс-салт одағайларында жоқ. Ал, императивтік одағайларда көп мәнділік сирек кездеседі. Көп мәнді одағайлардың бойында да жоғарыда көрсетілген қыруар көп мәндері сол одағайлардың өзінен шығып отырған жоқ, олар бұл қасиетке сөйлемдегі контекст, сөйлеу тіліндегі ситуация және интонация арқылы ие болып отыр. Контекстің, ситуацияның және белгілі бір жағдайда интонацияның қатыстығы болмаса, одағайлар көп мәнді сипатынан айрылар еді. Сондықтан одағайлардың семантикалық сипатын ашуда, мәнін айқындауда контекстің, ситуацияның, интонацияның сөйлемдегі тұрғысының (орнының) атқаратын мәні зор.

11.3. ОДАҒАЙ СӨЗДЕРДІҢ ИНТОНАЦИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Одағай сөздер басқа сөз таптарымен салыстырғанда әуезділікке, ырғаққа, эмоционалдық құбылмалыққа, интонацияға өте бай. Олар көркем шығарма тілінде (әсіресе диалогтарда) көп кездеседі. Ал публицистика, ғылыми стильде жазылған шығармаларда сирек қолданылады. Одағайлар кейде бір ғана дыбыстан да тұрады. Қазак тіліндегі дауысты дыбыстардың бәрі бірдей одағай мағынасында жұмсала бермейді. Дауысты дыбыстардан тек **ә, а, о**, дыбыстары ғана одағай мәнінде жұмсалады да **ү, ү, у, о, і** дыбыстары одағай жасай алмайды. Алы дыбысы одағай қызметінде сирек кездеседі (**ы-ы-ы, солай де!**)

Тіліміздегі көп мәнді одағайлардың әрбіреуі жұмсалатын ыңғайына қарай әр түрлі интонациямен айтылады. Бірде созылыңқы, баяу, біресе жұлып алғандай тез, жылдам айтылады. Бірде одағайдың соңғы буыны жоғары интонациямен көтеріңкі айтылса, бірде басқы буыны ерекше екпінмен айтылып, соңы баяу ырғақпен тынады. **Ойбай!** одағайы үрку, шошыну мағынасында жұмсалса, онда екпін бірінші буынға қойылады да, сөздің өзі жұлып алғандай, тез, жылдам айтылады. Егер таңырқау, тандану мәнінде жұмсайтын болсақ, онда екпінді, керісінше, соңғы буынына ауыстырып соңғы “а” дыбысын мейлінше созып айтамыз (**ой-ба-а-ай**).

Одағай құрамындағы кейбір дыбыстардың созылыңқы, ерекше интонациямен айтылуы - сол одағайлардың мағынасын күшейту мақсатымен жұмсалады. **Әттеген-е-е-е! Бәрекелде-е-е!** Сөйтіп, кейбір көп мәнді одағайлардың семантикалық сипатының құбылуы олардың айтылу мелодикасына, интонациялық ырғаққа байланысты болады. Осындай ерекшелік одағайдың сөйлемдегі орын тәртібіне де (сөйлемнің басында ма, ортасында ма, соңында ма) байланысты.

11.4. ОДАҒАЙЛАРДЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Одағайлар - негізінде түрленбейтін сөздер тобы. Одағайлардың өзіне ғана тән жұрнақтар жоқ. Олар субстантивтенгенде ғана болмаса, жалғауды да көп қабылдамайтын сөздер. Кейбір одағайларға - **ла (ле); - шыл (шіл)** жұрнақтары жалғанады: *ойбай-лау, айт-айттан, аһлап-үһлеп. Ой, тәйір-айшыл кер кесек, қулық, сұмдық не өсек* (Абай). **Қасқырды жердің елі айтақшыл** (Мақал). Одағайлар бірінен соң бірі дүркін-дүркін қайталанып, қосарланып айтылғанда, сол одағайлар арқылы білдірейін деп отырған сезімнің күштілігін не ишараның, бұйрықтың қаттылығын, қатаңдығын білдіреді. *Тек-тек-тек!, Байбай-бай-бай!, Най-най -най -най!* т.б. Одағайлардың қосарланып, қайталанып айтылуында белгілі бір заңдылық бар. Бір топ одағайлар қосарлап айтуға көнбейді. (*Тәйірі!, Қан!, Ту!, Бәсе!, Астапыралла!* т.б.) Енді бір топ одағайлар дара күйінде де қолданыла береді. *Ойбай! // ойбай, ойбай! тәк! // тәк, тәк! Жә! // жә, жә! Ырит соқ! // ырит соқ, ырит соқ! Әй! // әй, әй!* т.б.

Одағайлардың енді бір тобы тек қана қосар тұлғасында жұмсалады. (*Сап-сап!, Бай-бай!, Әлди-әлди!* т.б.). Малға айтылатын одағайлардың басым көпшілігі қосар күйінде айтылады. *Мох-мох!, Кәуіс-кәуіс!, Шөре-шөре!, Көс-көс!* т.б.

11.5. ОДАҒАЙЛАРДЫҢ ҚҰРАМЫ

Одағайларды құрамы жағынан екі топқа бөлуге болады:

1) **түбір, негізгі одағайлар**. Бұл топқа әрі қарай бөлшектеуге көнбейтін *А!, О!, Ә!, Ой!, Пай!, Қан!, Бәсе!, Мә!* сияқты одағайлар жатады.

2) **күрделі одағайлар**, Бұл топқа бірнеше сөзден біріккен, қайталанған, қосарланған немесе басқа тілдерден ауысқан сөздер енеді. *Мәссаған!, Апырым-ай!, Әттеген-ай, Бәрекелді!* т.б. Одағайлар өз алдына сөйлем мүшесі бола алмайды, олар

диалогта жеке-дара тұрғанда сөз сөйлем (слово-предложение) қызметін атқарады. - *Ол қай адам?*

- *Кеше біздің үйде отырған ше!*

- *Ә-ә-ә!* (Сланов).

Мұндағы ә-ә-ә! одағайы “*Енді түсіндім, есіме енді түсті*” деген сөйлемнің мағынасын аңғартып тұр. Одағайлар сөйлем ішінде кейде көмекші етістікпен тіркеседі. Ондай біріншіден, көмекші етістікпен тіркескен одағай тек айтушының ғана емес, басқа біреудің де көңіл-күйін, сезімін, әсерін т.б. білдіріп, хабарлап, екіншіден, оқшау айтылмай, сөйлемнің белгілі бір күрделі мүшесінің құрамына енеді. *Тынымсыз аһ ұрды. Ол ойбай салды. Ол орман жиегіне ау дейтін жер қалғанда, бізге сөйлегелі тұрған адамдай оң қолын орманға созған бетінде қалқып тұрып алды* (Мұқанов). *Ешкіммен өмір бойы ай-шай деспеген сопы кісі болатын* (Мұстафин).

Одағайлардың тіркестік, я қатар келу қабілетінде де біраз ерекшеліктер бар. Одағайлардың қатар келіп, я тіркесіп қолданылуын екі топқа бөлуге болады.

1) Одағайлардың өзара тіркесе қатар қолданылуы. Одағайлар жапа-тармағай бір-бірімен тіркесе де, қатар келе де бермейді. Олардың өзара тіркесуінде, я қатар жұмсалыуында семантикалық сәйкестік болады. Әдетте, жағымды эмоция, көңіл-күйді білдіретін одағайлар қатар тұрып қолданыла алады. *Алақай!, Ура!* одағайлары бір-бірімен қатар тұрған күйінде айтылады да, *Әттең!, Қап!* одағайларымен қатар қолданылмайды.

2) Одағайлардың етістікпен тіркесі. Одағайлар етістікпен тіркескенде олардың бір қатары одағайлы тіркес құрайды да, бір қатары тұрақты тіркес құрайды. Осыған орай бұл тіркестерді екіге бөліп қарастырған жөн.

А) Одағайлы еркін тіркестер

Одағайлар көбіне де етістігімен тіркесе келе, кейбір жағдайда сол етістікпен өз ара жымдасып, мағыналық жағынан өзгеріске ұшырап, одағай категориясына ауысып кетеді. Мысалы, *я деген!, Уа деген!, Апырай десейші!, Ой де!, Бәсе деймін!* сияқты тіркестерді мағына жағынан бөлшектеу қиын. Бұл типтес тіркестерді одағайлы тіркес деп атадық.

Ә) Одағайлы тұрақты тіркестер

Бұл топқа жататын тіркестердің ішінде одағайлар болғанмен, бұл тіркестерді түгелімен одағайға жатқызуға болмайды. Бұлар: *Ай-шай деспей; әу десті; әу дейтін жер; ойбай салды; аһ ұрды; шу дегеннен; ай-шайға қарамай* сияқты тұрақты, я түйдекті тіркестері. Олар сөйлеу тілінде оқшауланбай қолданылады.

12. МОДАЛЬ СӨЗДЕР

12.1. МОДАЛЬ СӨЗДЕРДІҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Модаль сөздер тілдегі модальдылық және предикаттылық құбылыспен тығыз байланысты. Предикаттылық сөйлем мазмұнының ақиқат шындықпен жалпы арақатынастылығын (“соотнесенность”) білдіреді. Ал сөйлемде айтылған хабардың ақиқат шындыққа қатынасы модальдық қатынас болып табылады. Яғни сөйлеуші өзінің бұл хабарын қалай түсінеді, өз тарапынан оған қандай сипаттама береді, ақиқат шындыққа қалай қарайды - модальдық қатынастың мәні міне осында. Ал предикаттылық - ең алдымен ойды тіл заңдылықтары мен ережелеріне сәйкес қалыптап көрсетуге (“к оформлению”) қатысты сипат. Демек, бұлар өзара тығыз байланысты болғанмен, бір-бірінен елеулі айырмашылығы да бар. Модальдылыққа әдетте сөйлемнің негізгі тұрақты белгілерінің ішінен ойдың тиянақтылығын белгілейтін (анықтайтын) интонация, яғни хабардың айтылу ырғағы, сөйлеушінің тағы басқа модальдық қатынасы тиесілі. Предикаттылыққа келетін болсақ, ол сөйлесу (тілдесу) единицаларының (“единицы речевого общения”) грамматикалық жақтан ұйымдасыуын қамтамасыз етеді.

Бұл екі құбылыстың белгілі бір шекаралық жігі предикаттылықты тіл (язык) деңгейінде логикалық-синтаксистік категория, ал модальдықты сөйлеу (речь) деңгейінде коммуникативтік-синтаксистік категория ретінде алып қарағанда ғана біршама айқынырақ көрінуі мүмкін. Өйткені предикаттылықтың қандай бір формасы болмасын, бәрі тікелей тілмен, ал модальдылықтың түрлі формалары сөйлеумен (речь актісімен) байланысты.

Модальдылығы ең алдымен сөйлемде көрінеді. Сөйлем модальдылығы тілдің негізгі өзек категорияларына жатады. Ол, біріншіден, барынша айқынырақ түрде және алуан түрлі реңкте интонация әдісімен білдіріледі. Модальдық сондай-ақ етістік райларының синтетикалық және аналитикалық формалары білдіретін барлық мағынасы мен реңкі арқылы да беріледі. Ол және инфинитив пен етістік қосымы, инфинитив пен есім негізді сөздер тіркесі, сөйлемнің модальдық қыстырма мүшелері арқылы да білдіріледі. Қысқасы модальдылық - тіл мен сөйлеудің (речь актісінің) әр түрлі деңгейлерінде көрінектенетін грамматикалық мағыналардың өз алдына бір тұтас саласы (“класы”), жүйесі болып табылады. Тіл білімінде

модальдылықты кейде субъективті және объективті деп екіге бөліп қарау тенденциясы да байқалады. Объективті модальдылықты білдіруде етістіктің рай формаларының қызметі едәуір басым. Себебі етістік райлары неғұрлым көбірек грамматикаланған (“грамматикализованная”), тілдің сөз өзгертім форманттарына жақын құбылыс болып табылады. Ал субъективті модальдылық олай емес. Модальдылықтың бұл соңғы түрі негізінен көмекші сөздер арқылы білдіріледі. Сонымен сөйлемде айтылған хабардың ақиқат шындыққа қатынасының көрінісі - объективті модальдық та, ал ол хабарға деген сөйлеушінің қатынасының көрінісі субъективті модальдылық болып табылады, мысалы: *Ол жақта қыс ерте түседі* (объективті модальдылық); *Ол жақта қыс ерте түсетін сияқты* (субмодальдылық).

Модаль сөздер түркі тілдерінің бірқатарында (солардың ішінде қазақ тілінде де) негізінен көмекші сөздер тобына кіреді. Ол сөйлеуші субъектінің айтылған ойдың шындыққа қатынасы (сәйкестігі) жөніндегі көзқарасын айқындайды. Модаль сөздердің өз алдарына бөлек, арнайы бір лексика-семантикалық, грамматикалық топ ретінде сараланып шығу, даму жолдары тілдерде жалпы біркелкі емес. Олар, мысалы, орыс тілінде тек сына (“вставные”) сөйлемдердің ғана емес, сонымен қоса үстеулер мен ықшамдалған (“редуцированных”) сөйлемдер негізінде де дамып, дараланып шыққан. Ал олар түркі тілдерінің көпшілігінде негізінен Кеңес дәуірінде жазба әдеби тілдің қарқынды дамуымен байланысты дербес көмекші сөз табы болып қалыптаса бастады. Жалпы модальдылық, модаль сөздер табиғаты әсіресе осы тілдерде әлі нақтылы танылып болған жоқ. Бұл лексемалардың сандық көлемі оларда сондықтан да қазір әр түрлі болып келеді.

Модаль сөздер мен модаль тіркестердің заттық (“вещественная”) семантикасы болмайды. Олардың семантикасы модальділікті білдіретін грамматикалық мағынамен астасып жатады. Осы жағынан алғанда модаль сөздер мен райлар жалпы бір тектес тіл құбылыстары. Себебі райлар да әрекеттің ақиқаттығына не ақиқат еместігіне сөйлеуші тарапынан субъективті баға берудің, яғни сөйлем модальдылығын білдірудің морфологиялық тәсілі болып табылады. Рай категориясы сөйлеушінің “әрекеттің әрекет етушімен байланысы” (“связь действия с действующим лицом”) туралы көзқарасын білдіреді. Шынында да қалау

(тілек), болжау, міндеттілік, сенімділік сияқты модальдылық мағыналарды арнаулы жеке сөздер ғана емес, солармен қоса етістіктің рай және кейбір аффикстік формалары да (яғни *-ғай// -гей, -ар // -ер, -ғы// -гі, -ғыр// -гір, -са, са+шы, са+й, -са+й+шы, -ып+ты// -іп+ті* қосымшалы түрлері де) білдіре алады. Райлар мен модаль сөздердің лексика-грамматикалық мағыналары жағынан тұтастай алғанда өзара бір тектес тіл құбылыстары болып табылатыны міне осы жағдайдан келіп шығады. Қазіргі якут, тағы кейбір түркі тілдеріндегі райлар қатарына міндеттілік (“долженствование”), мүмкін және болжал мәнді рай түрлерінің кездесуі де осы пікірді жанама түрде болса да дәлелдей түседі.

Қазақ тілінде лексикалық мағынасының өзі таза модальді сөздермен қоса, өз алдына дербес лексикалық мағынасының үстіне және модальдық мағына білдіретін де жеке сөздер бар. Ал якут тілінде белгілі бір контексте бұл екеуінің сыртында **өтпелі** (“переходные”) **модаль сөздер** деген тағы кездеседі. Модаль сөздер әдетте модальдылықты білдіретін фонологиялық (интонациялық), морфологиялық (етістік райлары және олардың аналитикалық формалары), синтаксистік (әр түрлі сөйлем типтері) сияқты барлық амалтәсілдермен тығыз байланыста жұмсалады. Олардың кейбірінің сырт тұлғасы тұрақты болады, яғни үнемі өзгеріссіз қолданылады, сөзжасамдық та, сөз өзгертімдік те аффиксті қабылдамайды. Модаль сөздер, басқа барлық көмекші сөз таптары сияқты, ұзақ уақытқы лексика-грамматикалық даму процесінде дербес сөз таптарына дараланып шықты (бұл - үнемі үзіліссіз жүре беретін, тоқтамайтын толассыз процесс). Бұған мысалы *білем, кім біледі, әлпеті, сияғы (сиқы)* сөздерінің мына бір қолданыстарын өзара салыстырып көру арқылы да біршама көз жеткізуге болады: *Қарала сырмақтың иесін де білем, ақ киіздің, бәтес көйлектің қайдан шыққанын да білем* (Аймауытов); - *Осыны өздеріне қолайсыз көреді білем* (Сонда); *Көбекбайда жүргенде шұбар айғырды кім біледі. Адам да білмейді* (Аймауытов) - *Мұның арты үлкен дүрбелеңге шаппасын кім біледі... Кім біледі, ожақтағы елдің не деп жатқанын* (Сонда); *Сынға толса сияғы, Әлпеті шамның шырағы* (Ақтамберді) - *Сиқы, ешқайсысы бармаған; Сияғы, солар үйде жоқ. Әлпеті, ештеңеге қарар емес.*

Модаль сөздер сондай-ақ заттық мәнін және диалогта предикаттық функциясын жоғалтқан бағыныңқы сөйлемнің баяндаушысынан да пайда болады. Модаль сөз тіркестері де сол модаль сөздердің жасалу жолымен пайда болды. Модаль сөз тіркестері шартты бағыныңқы сөйлемдердің келтелуінен (редукциялануынан) өте көп жасалады. Ол қойма (“вставка”) және қыстырма сөйлемдердің редукциялану нәтижесінде де қалыптасады. Мысалы қырғыз тілінде мынандай бір реестр сөз бар: *бейм* (*би - дейм*); *келген бейм* он, думаяу, пришел; *иттер үрүп атат, киши келген бейм* собаки лают, видимо, кто-то пришел; *дарыны ичти бейм* он, кажется, лекарство принял, *кээде байкабай каласыз бейм* вы, я вижу, иногда не замечаете. Қырғыз тіліндегі бұл *бейм* модаль сөзі әдетте қалау (тілек) мағынасын білдіретін *кетсемби деймин* конструкциясындағы “би-дейм” бөлігінің ықшамдануынан келіп шыққанға ұқсайды. Сол сияқты қазақ тіліндегі *әлпеті* модаль сөзі де осылай “сөз әлпетіне қарағанда” дейтін қыстырма сөйлемнің редукциялануынан келіп шыққан деуге болады.

Бұл айтылғаннан шығатын қорытынды: грамматикалық, мысалы, модальдық мағыналардың әр алуан типтерінің пайда болу және жетілу процесін эволюциялық тұрғыда түсіну керек. Себебі, модальдылық тілдің коммуникативтік функциясының жемісі, туылымы (“порождениесі”) болып табылады. Осыдан келіп морфологияда модальдылықты білдіретін әр түрлі амал-тәсілдер пайда болады. Олардың ішіндегі ең басты әрі жетекші роль атқаратын түрі ол - неғұрлым көбірек абстракцияланған және неғұрлым жинақты сипат алған модальдық мағынасы бар рай категориясы. *Етістік райлары неғұрлым көбірек грамматикаланған категория болып табылады. Сонымен тілдік модальдылық грамматиканың фонетикадан синтаксиске дейінгі барлық деңгейінен аңғарылады.

Тұтастай алғанда модальдылықты білдіру құралдарының дамуынан *кенжелеу жазбалы* (“младописьменные”) тілдердің грамматикалық құрылысының жетілуінің ең бір сипатты белгілерін көруге болады.

Модальдылықты грамматикалық мағыналардың бір түрі ретінде қарайтын болғандықтан, оны білдірудің тек грамматикалық құралдары ғана (аффикстер, көмекші сөздер, синтаксистік конструкциялар т.б.) негізге алынуы тиіс. Ал номинативті сөздер, өздерінің семантикасында едәуір модаль-

дық ренк жатқанмен, модальдықты білдіретін құралдар санатына кіре алмайды. Себебі бұлар модальды семантикалық өңдегі дербес мәнді сөз (“знаменательное слово”) ретінде лексикалық деңгейден әрі аса алмайды. Сондықтан полифункционалды (А.Ысқақовша: әр тарап) *бар, жоқ* сөздері, *керек, тәрізді* предикаттық есімдер өздерінің номинативтік қолданысында модальды сөздерге жатқызылмайды. Бұлар белгілі бір контекстік байланыста ғана функционалды-модальды сөз ретінде жұмсалына алады. Бұл айтылғандардан айқын аңғарылып тұрған нәрсе: тілдік модальдылық-грамматикалық құбылыс. Демек, тілдік модальдылықты білдіретін құралдар қызметінде фонетика-интонациялық, аффикстік, лексика-грамматикалық (көмекші сөздер), синтаксистік және айтылған хабарға сөйлеушінің қатынасын көрсететін басқа да жекелеген грамматикалық амал-тәсілдер қолданылады. Соның арқасында кейбір жеке мәнді сөздер (әр тарап, қыстырмалар т.б.) сөйлеуде модальдық мәнге ие болады да, ол қасиет сол сөздерде тұрақтала бастайды.

Модальдық мағынасы бар әр алуан грамматикаланған тіркестер тек жеке сөздерден ғана емес, сонымен қоса күрделі құрамды сөздерден де тұратын, тұтастай алғанда көмекші сөз табы ретінде тілдік модальдылықты білдірудің бай құралы саналатын модаль сөздер құрамына кіреді.

Сөз таптарының жалпы категориялық мағынасын жеке сөздің лексикалық семантикасымен шатастыруға болмайды. Өйткені жалпы категориялық мағына - сөз таптарын бір бірінен ажыратудың, ара жігін, шегін анықтаудың алғы, бас белгісі (“первичный признак”). Модаль сөздерді біраз тілдерде қазір көмекші сөз таптарына жатқызуда да бірден бір негіз, критерий ретінде оның осы жалпыкатегориялық мағынасы, яғни сөйлемде айтылған хабарға сөйлеушінің қатынасы алынған. Жалпы қай сөз табын да танып, даралап алуда бірінші орында оның категориялық мағынасы тұруы шарт.

Көмекші сөздерді зерттеу өз алдына толық мағыналы дербес сөздердің грамматикалануы (яғни грамматикализациялануы) проблемасымен тығыз байланысты. Олай деуіміздің мәнісі: флективті де, жалғамалы да тілдерде аналитизмнің дамуы мен синтаксистің жетіліп шындалуы көмекші сөздердің әр түрлі топтарын үнемі байытып оты-

рады және біртіндеп даралай түседі. Тек өзінің заттық (номинативтік) мәнінен ажырап барып модальдық семантикаға ие болған сөздер ғана грамматикалық (модальдық) мағына білдірудің арнайы лексикалық құралы бола алады. Модаль сөздер сөз табы ретінде міне осындай сөздерден ғана құралады. Модаль сөздер осылай, толық мағыналы жеке дербес сөздердің біртіндеп грамматикалануы нәтижесінде пайда болады. Сондықтан да бұл грамматикалану процесі - тіл теориясының ең маңызды мәселелерінің бірі болып саналады. Таза модаль сөздерде тек модальді (яғни грамматикаланған) ғана мағына болады. Демек, модаль сөздердің лексика-грамматикалық разряды әдетте тек көмекші сөз табы ретінде ғана қалыптасады.

Толық мағыналы дербес сөздердің жеке формалары, сондай-ақ сөйлемнің қыстырма мүшесі ретінде қолданылатын сөздер мен тіркестер де заттық мазмұнынан ажырауына қарай модаль сөздер қатарына өтеді. Осыған байланысты синтаксистік қыстырмалылық (“синтаксическая вводность”) құбылысын модаль сөздердің жасалуының (пайда болуының) басты бір көзі ретінде алып қарауға болады. Өйткені модаль сөздер тобын анықтаудың мұндай тәжірибесі кейбір өзге тіл грамматикаларынан да ұшырасады. Мысалы, орыстың грамматикалық дәстүрінде қыстырмалы=модальды жасалымдардың грамматикалануы және олардың модаль сөздерге айналуы туралы ілім бар. Синтаксистік қыстырмалылық құбылысын модальды сөздер тобын түзетін басты басты қайнар көзі деп қарау мәселесі мына бір белгілі теориялық қағидаға негізделген. “Морфологические формы - это отстоявшиеся синтаксические формы. Нет ничего в морфологии, чего нет или прежде не было в синтаксисе и лексике. История морфологических элементов и категорий - это история смешения синтаксических границ, история превращения синтаксических пород в морфологические” (В.В.Виноградов).

Модаль сөздердің семантикасында номинативтік мағына және соншалықты бір көрінеу тұрған ап-анық, яғни “сезімді лексикалық” (“ощутимая лексичность”) болмайды. Оларда өзге көмекші сөздердегі сияқты (сөздікте алынатын реестрлік) мағына грамматикалық мағынаға дәл (дөп) келеді, бұдан да нақтырақ айтсақ: грамматикалық деңгейде модальдік мағына білдіреді. Сондай-ақ модаль сөздердің лексика-граммати-

калық мағынасы негізінен айтылған хабардың ақиқат шындыққа қатынасы жөніндегі сөйлеуші субъектінің көзқарасын анықтауға (белгілеуге) барып саяды.

Белгілі бір заттық мағына сондай-ақ көптеген модальды тіркестерде де болмайды. Олардың да семантикасы сол модальділікті білдіретін грамматикалық мағынамен барып астасады. Бұл айтылғандар тұрғысынан келгенде модаль сөздер деп өзінің шығу тегі жағынан есімдермен, етістіктермен және үстеулермен сипаттас, тұлғалық өзгеріске түспейтін, сөйлеушінің айтылған ақиқат шындыққа қатынасын білдіретін көмекші сөздерді айтады.

Тұтастай алғанда өздерінің “жинақты” (“обобщенный”) лексика-грамматикалық мағынасы бойынша модаль сөздер етістік райларымен ұқсас. Сондықтан модальдылықты білдірудің бұл екі құралы сөйлеуде өзара тығыз байланысты. Қазақ тіліндегі модаль сөздердің біразы сөйлемнің қыстырма мүшесі позициясында қолданылып келеді. Бұған қарап оларды қыстырма сөздермен тең дәрежеде алып қарауға болмайды. Бұлар - екі бөлек категория. Себебі модаль сөздер - морфологиялық категория, көмекші сөз табын құрайды. Ал қыстырма сөздер - синтаксистік категория. Бұлар грамматикалануға ұшырамайды. Сөйлемнің қыстырма мүшесі қызметінде қолданылатын көмекші не толық мағыналы дербес сөздер болып табылады.

Модаль сөздердің айрықша бір синтаксистік ерекшелігі - олар диалогта келгенде жеке лексема күйінің өзінде сырт формасы және айтылу интонациясы жағынан өз алдына тұтас бір тиянақты сөйлем қызметін атқарып тұрады. Синтаксистік сипаттағы мұндай модаль сөздер сөйлем мүшелерімен дағдылы грамматикалық байланысқа түспейді, сөз тіркестерін жасауға қатыспайды.

Қазақ тілінде модаль сөздер жеке бір сөйлем мүшесінің мағынасына немесе бүкіл сөйлем мазмұнына модальдық реңк беретін қосалқы мүше, сөйлемнің оңашаланған қыстырма мүшесі ретінде және диалогтық сөйленісте сөйлем түріндегі сөз ролінде қолданылады.

Модальды сөздер, басқа көмекші сөз таптары сияқты, толық мағыналы дербес сөз таптарының ұзақ замандарғы лексика-грамматикалық даму процесінде өзінің бастапқы мән-мағынасынан оқшаулана-оқшаулана, ақыры біржола ажырап, солардан келіп шыққан. Модаль сөздердің пайда

болуына сөйлем құрамындағы кейбір лексикалық құралдардың тұрақты бағыныңқылық қалпы себепкер болды. А.А.Шахматовтың бұл “синтактико-генетикалық” көзқарасы қазақ және өзге түркі тілдеріндегі де модаль сөздердің шығу тегін анықтауға әбден қолданымды. Жеке бір сөз не сөздер тіркесі сөз тіркесіндегі, сөйлем құрамындағы бағыныңқы жағдайына байланысты біртіндеп өзінің заттық я басқа ұғымдық мәнінен және сөйлем мүшелерімен дағдылы синтаксистік байланысынан ажырай-ажырай, ақыры модаль сөзге не модальды тіркеске айналады. Осы ұзақ тарихи процессте қайсыбір модаль сөздер мен модальды тіркестер белгілі бір морфологиялық тұрпатта әбден “қатып” қалады. Сөйтіп, басқа сөз таптары мен сөз тіркестерінің қолданымдағы типтерінен біржола ажырап қалады да, тілімізде тек модальдық мағынада ғана қолданылады. Ал енді біреулерінің жеке сөз таптары мен сөз тіркестерінің қолданымдағы типтерімен байланысы формальды түрде ғана сақталады. Олар өз бойында контекстке қарай модаль сөздер мен модальды тіркестердің мағынасын да, сондай-ақ белгілі бір сөйлем мүшесінің қызметін де - екеуін де сыйыстыра, қоса сақтайды. Аталмыш тілдік құбылыстың шығу тегінің осы өзіндік ерекшелігін ескеріп, кейбір зерттеушілер генетикалық принцип негізінде модаль сөздерді мынадай төрт топқа бөліп қарайды: өзге сөз таптарынан мүлдем ажырап “қара үзген” сөздер, есім модаль сөздер, үстеу модаль сөздер және етістік модаль сөздер.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, модаль сөздердің белгілі бір заттық я ұғымдық семантикасы болмайды. Олардың семантикасы әдетте модальдылықты білдіретін грамматикалық мағынамен ұлас, астас жатады. Демек, осынысы үшін де олар - көмекші сөздер. Жалпы көмекші сөздердің жасалуы (пайда болуы) - адам баласы тілінің қалыптасуының ең алғашқы балаң дәуірінде пайда болып, белгілі дәрежеде тіпті бүгінгі күндерге дейін жалғасып келе жатқан грамматикалық құрылыстың даму процесі. Бұл өзі - осындай бір атам заманғы тілдік ескілік. Модальдылық - адамдардың өзара сөйлесу (тіл қатысу) түріндегі аралас=құраластығының (қарым-қатынасының) туылымы (“продолжениеси”) ретінде ең бір көне грамматикалық құбылыс саналады және

ол күні бүгінге дейін тілдің жалпы тұтастықта дамуының ең бір құнарлы қуат көзі болып табылады.

Тілдік модальдылық проблемасымен байланысты қазіргі лингвистика ғылымындағы зерттеу еңбектерден жоғарыда келтірілген түрлі теориялық пайымдауларды, ғылыми көзқарастарды шола, саралай қарау нәтижесінде *қазіргі біраз түркі тілдерінде* модаль сөздер мен модальды тіркестердің негізінен мына төмендегідей нақты жасалу жолдары барын байқауға болады.

1. Таза (“собственно”) модальды және есім модальды сөздердің, сондай-ақ модальды тіркестердің де қатарында тәуелді формада әбден тұрақтап, қалыпты бір орнықтылық алған лексемалар бар. Бұлар модаль сөздер санатына изафеттік тіркестер арқылы көшкен. Олардың модаль сөздер тобын қалыптастырып дамытудағы шешуші ықпалды факторы - *қысқасы, ыңғайы* іспеттес жекелеген лексемалардағы үшінші жақтық тәуелдік жалғауының жақсыздығы мен заттық мәнінің мейілінше абстрактылығы. Бұл - қазақ тіліндегі, басқа да біраз түркі тілдеріндегі модаль сөздердің жасалуының неғұрлым өнімдірек жолы.

2. Модаль сөздер кейбір үстеулер мен үстеу мәнінде қолданылатын зат есімдердің заттық мәнінен айрылу және пысықтауыштық функциясын жоғалту нәтижесінде пайда болады. Мысалы мына бір салыстырулардан соны аңғарамыз. *Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де мейірленіп, тезірек қолға түседі* (Абай) - *Ол мәселе туралы, шын, ештеңе білмеймін; Мамандар егер рас айтса, астық өнімі биыл жақсы көрінеді* (Газеттен) - *Рас, Ділдені Абай сүйіп қайтқан жоқ* (Әуезов).

3. Модаль сөздер кейде өзінің предикаттық функциясынан айрылған бағыныңқы сөйлемнің баяндауышынан жасалады, мысалы: *Үйдің іші сасық. Әйнексымақ бір күңгірт тесік көрінеді* (Аймауытов) - *Бәрін бүлдіріп жүрген Кәрібайдың өзі көрінеді* (Мұстафин).

Қазақ тілінде *дейді, деседі, білем*, тағы кейбір модаль сөздер де осы жолмен жасалған.

4. Модаль сөз сондай-ақ кей жағдайда тіпті модаль тіркестің бір компонентінің түсіп қалуы арқылы да жасалатын сияқты. Мына бір екі мысалды салыстырудан сондай ой туады: *Жеті қабат жер астындағы нәрсені білуі мүмкін* (Жұмабаев) - *Мүмкін, губернатор келген күні шуламаңдар деп тиып қоюы* (Мұқанов).

5. *Сияқты, сықылды, секілді, тәрізді, тақылетті, рәуишті, іспетті, әлпетті* модаль сөздері “бет, бейне, пішін, порым, түр” мағынасын білдіретін түбірлерден жасалған.

6. Тіліміздегі *бәлки, бәлкі, бәлкім, әлбетте, зайыры, нәті* (нәйәті), *лазым* (ләзім), *ықтимал, мүмкін, рас* (т), тағы біраз сөз “дайын күйінде” араб, парсы тілдерінен ауысқан.

Жалпы түркі тілдерінің қай-қайсысында да модаль сөздердің сан жағынан әр түрлі өзіндік жасалу жолдары бар. Бұл жолдар олардың (модаль сөздердің) морфологиялық формасымен, құрылымымен тығыз байланысты. Алайда модаль сөздер тобының қалыптасу мәселелері және олардың этимологиясын айқындау - жалпы алғанда арнайы тарихи-салыстырмалы зерттеуді қажет ететін күрделі де маңызды тақырып. Бұл ретте есім және етістік негізді біраз модаль сөздердің этимологиясы негізінен айқын деуге болады. Себебі олар этимондарымен өздерінің түбіршектерімен, яғни өздері қатысты толық мағыналы дербес лексемалармен әзір байланысын үзе қоймаған. Сондай-ақ модальды тіркестердің де этимологиялық құрамын анықтау онша қиыншылық тудырмайды. Бірақ тілімізде морфологиялық құрамы, шығу тегі, түп-төркіні, құрылымы күңгірт модаль сөздер де жоқ емес. Ал бұл сала лексемалардың морфологиялық, құрылымдық табиғаты терең ғылыми талдау жүргізу, тарихи-салыстырмалы зерттеу арқылы ғана ашылмақ.

Орта азиялық түркі халықтарының тіліндегі модаль сөздер тобының қалған басқа түркі тілдеріндегіге карағанда өзіндік кейбір ерекшелігі бар. Себебі бұл топтағы тілдерде қазір қолданылып жүрген модаль сөздердің біразы араб-иран тілдерінен енген. Бірақ бұған қарап аталмыш аймақ тілдерінде өзіндік модаль сөздер аз ия тіпті жоқ екен деген ой тумау керек. Ал сібірлік түркі халықтарының тілінде мұндай текті кірмелер негізінен кездеспейді десе де болады. Оларда бұған керісінше орыс тілінен дайын күйінде ауысқан модаль сөздер көп болмаса да жалпы ұшырасып отырады.

Модаль сөздердің жалпы қалыптасу жолдары және олардың қай-қайсысының да жасалу механизмі модаль сөздердің ауызекі (яғни сөйлеу) түрдегі қарым-қатынас техникасының біртіндеп даму, жетілу процесінде грамматикалану жолымен (тәсілімен) пайда болған көмекші лексемалар екендігін айғақтайды. Нақты тіл материалдарын талдап жинақтаудан келіп шыққан бұл түйін

тұжырымды жалпы кез келген тілдің деректері тиянақтай алады. Оның тек модаль сөздердің табиғатын тануда ғана емес, бүкіл тілдік модальдылық проблемасын шешуде де түпқазықтық (“основополагающее”) мәні бар. Модаль сөз, мысалы, толық мағыналы дербес лексеманың грамматикалануы (яғни грамматикализациялануы) нәтижесінде жасалатын (қалыптасатын) болса, онда ол таза грамматикалық қана мағынасы бар көмекші сөз болып табылады. Демек, модаль сөздер, жеке сөз табы дәрежесіне дейін қай тілде дамыса да, тек көмекші сөз табы ғана бола алады. Бұл модальдылықтың грамматикалық мазмұндағы әр алуан басқа да құралдармен қоса тұтас сөз таптары арқылы білдірілетін көп қырлы грамматикалық құбылыс екендігі жөніндегі маңызды түйінді ойды қуаттайды. Модальдылықты жалпы тұтас күйі грамматикалық мағыналардың ерекше класы ретінде алып қарау мүмкіндігі туралы мәселе қоюдың бір аргументі міне осы айтылғандардан келіп шығады.

12.2. МОДАЛЬ СӨЗДЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУ КӨЗДЕРІ

Жалпы модальдық құбылысты, бұл ретте әсіресе лексикалық, грамматикалық және модальдық мағыналардың өзара ортақ тұсын, арақатынасын, айырмасын неғұрлым нақты, терең тани түсудің бір маңызды шарты - мүмкін болғанша, тіліміздегі модаль сөздердің шығу, даму жолдарын анықтап алу. Ал олардың бұл төркін-тегін, морфологиялық құрылымын анықтау мәселесі белгілі дәрежеде этимологиялық зерттеуді қажет етеді. Себебі қазақ тіліндегі модаль сөздер деп жүргеніміздің біразы - шын мәнінде бөтен текті, кірме құбылыстар немесе тілдің даму барысында басқа сөз таптарынан ауысқан сөздер.

Сияқты модаль сөзі тарихи тұрғыдан алғанда араб тілінде “форма, вид, формальность, форма” ұғымын білдіретін сыйах ~ сиякъ зат есіміне барып саяды (АРС). Мұнын “предмет, материя, общепринятый образ действия; мода, манера; порядок, правильность” мағыналарын Л.З.Будагов та атап көрсетеді. Арабтық бұл кірме тұлға қазақ тілінде осы атау қалпында да, сондай-ақ дыбыстық жағынан сәл өзгерген **сиық** түрінде де кейде қолданылады: *Сияғы, солар үйде жоқ; Сиығы ешкім келмеген; Сиқы, солар айтпаған.*

Сияқты модаль сөзінің бұл этимондық нұсқасы кейбір түркі тілдерінде қазір де қолданылады:

осм. *сіяк* метод, образ действия; *бу сіякта* таким образом; қазақ, қарақалпақ *сыяк* наружность, вид; қазақ *сыяқты* (<*сыяк* + *лы*), қарақалпақ *сыякту* прекрасной наружности, красивый (РСл); кирг. *сыяк* лицо, внешний вид, статность; *түз боюмду бөкчейтүп, сыйакты алдың карылык* ‘согнув мой прямой стан, ты, старость, взяла мою статность (ЮСл); ног. *сыяк* внешняя, наружная сторона, *сыякка шыгув* выйти на улицу, пойти в туалет, выйти во двор (НРС).

Сонымен, *сыық* ~ *сияқ* түбірі қазақ тілінде өзге түркі тілдеріндегі тәрізді негізінен <<вид, физиономия, форма, образ, очертание (черты лица), фигура, осанка, наружность>> ұғымын білдіреді. Мысалдар келтірейік. *Татуласқан сиқым осы ма; Шешеннің ауыр салмақ көтерер сиқы жоғын ойла* (Бәрі де Әуезовтен).

Кейбір диалектілік дерекке қарағанда, жоғарыдағы *сыық* сөзі тілімізде *сиқат* формасында да қолданылатын көрінеді. Мысалы, ол Семей облысының қайсыбір өңірінде *сияқты, сыйықты* дегендермен қоса *сиқатты* болып та қолданылады. *Ол кеше ауданға барған сиқатты* (ҚТДС). *Сиқат* сөзін сондай-ақ Абай да қолданады. Бірақ “денсаулық” мағынасында: *Әбіштің сиқатын Беркітсең кеудеге; Сиқатын қалқама Бере гөр, я рахим*. “Сиқат сөзі арабша екі түрлі мәндегі сөз: 1) здоровье, 2) истинность, правильность, достоверность, правдивость” (Абай шығармаларының тілі).

Бұл аталғандарға және мына бір дерек те тікелей қатысты *сияқты*. А. *сигә* форма, правила, метод; наклонение (терм. грам.). *әмір сигә* наклонение повелит (БСл.). *Сияқты, сиқатты* модаль сөзі Түркіменстан қазақтарының тілінде тіпті *сияқатты* түрінде де қолданылады. “*Сияқатты*. Сияқты, тәрізді. Біз *сияқатты* адамдарға не жорық” (ҚТДС). Диалектілік сипаттағы бұл форманы морфологиялық құрылымы жағынан *сыяк-ат-ты* түрінде мүшелеуге болады. Яғни мұнда жоғарыда көрсетілген арабтық сол *сіакъ* (*сияк*) түбірі өзгеріссіз алынған. Демек, ілгеріде аталған *сияқатты* модальды формасын да осы құрылымда алып қарауға болады, яғни *сиқатты* < *сыық-ат-ты*.

Жоғарыда келтірілген әр тарап тіл деректерін өзара салыстыра, салғастыра келгенде, мына ойға қорыған негіздірек көрінеді: *сияқатты* < *сыяк-ат+ты*; *сиқатты* < *сыық+ат* (немесе *сиға* ~ *сиқа+т*) +*ты*.

Осы орайда “Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігіндегі” (1969) мына бір тіл құбылысы да көңіл аударалы: “*Сыйқыл*. Сияқты, ұқсас”. Бұл тіл құбылысы өзінің қолданылу аясы жағынан локальдық сипатқа ие. Ол өзінің семантикасы және қызметі жөнінен жоғарыдағы *сияқты* ~ *сиықты* ~ *сияқатты* ~ *сиқатты* модаль сөзімен синонимдес болып келеді. Сонымен қоса *сыйқыл* есімі өзінің таза формальдік белгісі, яғни дыбыстық құрамы жағынан тіліміздегі *сықылды, секілді* модальды формаларымен толық сәйкестіктегі тіл құбылысы болып табылады. Алайда бұл туынды форма тілімізде кейде (көне әдебиет нұсқаларында) түбір қалпында да қолданылады. *Сықылдың бұл баланың білмедік деп, Жұртының бәрі жылап көңіл айтты*. (“Бозжігіт”).

Өзінің сөздігінде түбір қалпында бұл сөзді Л.З.Будагов та келтіреді. Бұл айтылғандарға қарағанда жоғарыдағы *сықылды* модаль сөзінің осы *сықыл* түбіріне -ды жұрнағы жалғану арқылы жасалғаны айқын аңғарылады. Мұны сондай-ақ мына деректер де бекіте түседі. “*Сықыл* (секіл), *идкіл*(*идкл*) сходство, наружность, наружный признак, цвет, форма, вид” (РСл), “вид, лицо, изображение, фигура” (БСл.).

Ілгеріде аталған *сықыл* есімі де дыбыстық құрамы жағынан араб тілінен ауысқан осы *сықыл* (*идкіл*) сөзінің жарыспа сыңарына көбірек келіңкірейді. Әрине, *сықыл* лексемасының қазақ тілінде “Бозжігіт” жырындағыдай бұлай түбір түрінде қолданылуы қалыпты құбылыс емес. Шын мәнінде ол әрдайым -ды жұрнағы жалғанып барып жұмсалады. Сірә сондықтан болу керек, кейбір зерттеулерде оны өзінің лексикалық мағынасынан мүлде ажыраған, тек бірыңғай модаль сөз ретінде ғана қолданылатын тіл құбылыстары қатарында алып қарайды. *Сықылды* мен *секілді* бір сөздің әр түрлі фонетикалық варианттары ғана.

Өзінің мағынасы мен формасы жағынан алғанда осы топ тіл құбылыстарына *сынды* лексемасын да жатқызуға болады. Бұл сөзді қазақ тілінде, көбінесе фольклорлық шығармаларда ескілікті өлең-жырларда, аға буын ақын, жазушылардың қолдануында кездестіруге болады: *Төлеген сынды мырзанды. Сайын сынды батырды; Әбіш сынды асылдан* (Абай); ... *Тарылған сынды тынысым* (Қазтуған); *Кебек сынды таққа бер* (Әуезов). Осы мысалдардағы модаль сөзді морфологиялық құрылымы жағынан былай

мүшелеуге болады: “кир. *сынды* (<сынлы+лы)=*сындуу* 1) имеющий наружность, 2) как подобный; каз. *сынсыз* (<сын+сыз) без формы, безобразный (РСл)”. Бұл сөздің ілгеріректегі қолданылу жиілігі (активтігі) түркі тілдерінен қазір көп байқалмайды.

Тәрізі, тәрізді модаль сөздері де тарихи тұрғыдан *тәріз* түбіріне барып саяды. Мұның, яғни *тәріз* лексемасының шұу басқы, түпкі ұғымы әлде бір заттың немесе әрекеттің сыртқы белгісімен, сырт тұрпатымен, формасымен тығыз байланысты болып келеді. *Тәріз* де өзінің шығу тегі жағынан жалпы араб сөзі: *Тарз* вид, форма, манера, подобный (РСл) *таарз* вид, образ, *таарзді* подобный; *тарзъ* форма, манера, вид. (БСл). Ал ноғай тілінде бұдан гөрі сәл өзгереді мәнде жұмсалады: *табриз*-намерение, *табризин шайков*-выяснить чьел. намерение (НРС).

Тәрізі, тәрізді қазақ тілінде де кейде таза түбір қалпында қолданылады. Мұндайда ол дағдылы модальдық мәнінен ажырайды, сөйлем модальдығын білдірмейді. Бұған мынадай бірер мысалдар келтірейік: *Осы кезде алдымыздан құлақтанып күн де шықты. Ағаш бастарынан ұша жөнелісіп жатқан топ-топ торғайлардан шашылған қар тозаңы жаңа шығып келе жатқан күн қызылына кездесіп, тұтанып барып сөнгендей тәріз беріп тұр* (Наменгенов); *Заманның тәрізін Асан қайғы әулие көзі көрмей байқады* (Мұрат).

Осындағы *тәріз* үлгісінде ілгеріде қарастырылған *сияқты, сиықты* модаль сөздерінің түбірі *сиық* та қазақ тілінде күні бүгінге дейін қолданылады, мысалы: *Бірі жамбастап, қайсыбірі тізерлеп малдас құрып отырған шағын топтағы ортадағы қарияда окшаулау бір сиық бар* (Сматаев).

Осы орайда *тақылетті* сөзіне де қысқаша тоқтала кетуге тура келеді. Бұл - түбірі *тақылет* - араб тілінен енген сөз. Мағынасы жағынан жоғарыдағы *сияқты, сықылды, тәрізді, секілді, сынды* модаль сөздерімен синонимдес. “*Тахлит* ар. южн. подобный, похожий; *котос тахлит* похожий на яка” (ЮСл). Қазақ тілінде модальдық болжал мағынада қолданылатын бұл аталғандардан басқа да жекелеген лексемалар бар. Олар - *іспетті, рәуішті* сөздері. Бұлар - негізінен белгілі бір аймақта ғана қолданылатын, локальды сипаттағы тіл құбылыстары. *Рәуішті*<*рәуіш+ті, іспетті*<*іспет+ті. Рәуіш* - парсы сөзі, *іспет* - араб сөзі. *Рәвишъ* - ход, поступок, обхождение, манера, образ, форма; татар тілінде *рәуишлі* түрінде жұмсала-

ды (БСл). “*Ыспат, испат* (а) ... *эсбат* дәлел, айғақ, факт, доказательство, аргумент, подтверждение, довод, факт” (Бекмухаметов).

Қазақ тілінде модаль сөздер қатарына *әлпетті* лексемасын да жатқызуға болады. Бірақ бұл жоғарыда талданған модаль сөздермен салыстырғанда модальдық қызметте бір шама сиректеу қолданылады, кейбір жазушылардың шығармаларында ғана кездеседі. Мысалы: *Түрлері бұзық. Асынғаны көкбеңбек темір. Бірдене пәле іздеп келген әлпетті* (Әуезов).

Аталмыш модаль сөздің түбірі *әлпет* тұлғасы тілімізде кейде өз алдына дербес қалпында - *ті* жұрнағынсыз да қолданылады. Бірақ ол бұл ретте сөйлемде көбінесе қыстырма мүше мәнінде жұмсалады, мысалы: Сәтбек “қойыңдар” дегендей ишарат жасады. *Әлпетіне қарағанда бастық өзі сияқты* (Әуезов). Қазақ тіліндегі *әлбетте* мен *әлпеті, әлпет, әлпетті* дегендер генетикалық жағынан бір-бірімен тығыз байланысты. Дәл осындай жағдайды кейбір өзге түркі тілдерінен де байқауға болады: *а. албатте* (простонар. *албат*, ад. халбат) непременно, конечно, впрочем, может быть, верно (БСл), *албет* [ком., =ағав. *албетте* вообще, на самом деле, *албете* осм.=ағав. *албатте*] непременно, албатте (кас.=ағав. албетте) 1. в самом деле, непременно, 2. впрочем, может быть (РСл). Кодекс куманикусте бұл сөз екі түрде нұсқаланады: *елбеті* - әлбетте, *албет* - әлбетте. В.В.Радлов деректеріне қарағанда, бұл лексема күрделі сөз болып табылады: “*албет* (кир. из *al+бет* наружность, наружный вид”. “*Албетъ* состав. из *ал* и *бет* наружность, вид, стан, статья”.

Ал *зайыры* сөзі республиканың барлық өңірінде емес, кейбір тәңірегінде ғана белгілі. Бұл лексема да қазақ тіліне араб тілінен енген. Атап айтқанда: *zahip* - видный, очевидный. Ол адамын *zahipі* батынына уімаз (осм.) наружность этого человека не соответствует его внутреннему настроению; *zahip* наверно, очевидно. *Zahip olmak* происходит, случаться; *zahipлік*-наружность, ясность (РСл). *Zahipь*-наружный, явный, наружность, *zahip* - 1) вероятно, видимо, видимый, наружный, внешний ; 2) наружность, внешность (БСл); *Зайыр*. Адамшылық, адамгрешілік. *Онын зайыры күшті жігіт* (Досқараев).

Зайыр модаль сөзі қазақ тілінде осы мағыналарды түгел дерлік сақтаған деуге болады. Мысалы, ол сөйлеушінің айтылған хабар жөніндегі болжамын білдіргенде қыстырма мүше ретінде

синтаксистік позицияда **зайыры** түрінде қолданылады. *Зайыры, солар келе қоймас; Зайыры, сонадайдан көзге түскен кісінің бәрі өздеріне назар аударсын дейтін сияқты* (Айра-Каалы). *Зайыр* қазақ тілінде сондай-ақ “ясный, ясно, очевидно” тәрізді мағынада да кейде қолданылады. Оны мысалы, мына бір өлең жолынан анық көруге болады. *Білмесеніз Тарғынның Білдірейін зайырын* (фольклор). *Термешілік өнердің жоғарыда аталған музыкалық байлығымыздың бірде-бірінен кем түспейтіні зайыр* (Бердібаев). *Даладағы құптанның, үйдегі құптанның малман салмағын, қою қара тынысын ішінен, іш тереңінен зайыр сезген* (Сүлейменов). Ал осы сөздің, яғни *зайыр* есімінің мына бір мағынасы тіптен ала бөтен. Оның бұл арада қандай мәнде қолданылып тұрғанын ажырату да қиын:

*Зорлықтан зәресі ұшқан сорлы ауылдың
Сонда өшкен зайырынан зар менен мұң*
(Мусин).

Зайыр бұл өлеңде “ес, сана, ой” деген тәріздес мағына білдіретін сияқты. Тіліміздегі *зайыры* сөзінің модальдық семантикасын неғұрлым нақтырақ әрі толығырақ тани түсу үшін оның әр аймақта, әр алуан жазба нұсқаларда білдіретін әр түрлі мағыналық реңктеріне әдейі осылай кеңірек тоқталып отырмыз. Бұл ретте мысалы публицистика жанрындағы мына бір айдардағы *зайырлы* лексеманың да ұғымы ден қоярлық: *Зайырлы қоғамның зиялылары* (“Ақиқат”). Оның модальдық табиғатын тереңірек түсіну үшін, сондай-ақ мына бір қолданыстық мәндерін де ескере отыру керек сияқты. *Жазалы жаның сезіп тұр, Жасырғанмен зайырды* (Шәкәрім); *Айырушы алла бар, Адамның ішкі сырын, зайыр затын* (Ақан сері); *Қайбір жерде жігіттің Көрінсе көзге зайыры* (Базар жырау).

Қазіргі түркі тілдерінің қай-қайсында да, солардың қатарында қазақ тілінде де модаль сөз қатарында қаралып жүрген *керек* лексемасы көне түркі ескерткіштерінде өзінің осы күнгі белгілі “қажет (нужно, необходимо)” мағынасынан мүлдем өзгерек мәнде келтіріледі. Мұны, мысалы, мына бір деректерден айқын аңғаруға болады: *Інім Күл тігін кдргдк болты*. Мой младший брат Кюль-Тегин скончался; *Кдргдк* нужное; *кдргдклік* нужный; *кдргдк* конец (смерть, необходимость, судьба), *кдргдксіз* без конца, без границ, без огорчения (без необходимости), *кдргд*

ограничивать; *кдргдк* конец, *кдргдксіз* безмерно (Малов).

Бұл жерде жоғарыдағы “қажет” (“нужное, нужный”) мәніндегі *кдргдк* пен ақыры, соңғы, біткен (“конец, смерть, необходимость, судьба”) ұғымындағы *кдргдк* араларындағы мағыналық алшақтық елеулі болғанмен, екеуі генетикалық жатқан түбі бір құбылыс болар-ау деген ой келеді. Өйткені түркологияда ол морфологиялық құрылымы жағынан былай мүшеленеді: керек < кер+гек, кер -нужное. Бұл лексеманың этимологиясын кейбір зерттеушілер бұдан гөрі басқаша-рақ, мына түрде түсіндіреді. “*Кер-ек* нужный, необходимый, видимо, от *кер* удовлетворяются. Салыстыр: *клр кер* удовлетворяют душу”. Бәлкім, бұл сөздің өлу, о дүниеге аттану мәні тәңріге керек болу мәнімен де байланысты болар.

Ертерек кезгі әдеби нұсқаларда сөйлем модальдылығы ара-тұра *лазым* ~ *ләзім* дейтін де араб сөзімен білдіріліп отырған. Бұл да жаңағы *керек*, *қажет*, *тиіс* сөздерімен мағынасы жақын, синонимдес лексема. *Лазым* түркі тілдерінің біразынан кездеседі. В.В.Радлов сөздігіне морфологиялық жағынан әр түрлі тұлғада келтірілген: *лазым* (осм., крм. *лазым*) нужный, необходим и *лазымы* (осм. *лазмлу.*) 1. необходимый, 2. двусмысленное слово, *лазымсыз* (осм. *лазмсыз*) ненужный, *ләзім* (чаг., тар. *лазм*) необходимый, употребительный, тар *лазімат* необходимость, употребительность, употребление, *лазіматлік* необходимый.

Қазақ тілінде бұл сөз бір ғана формада, атап айтқанда тек *лазым* түрінде ғана қолданылып, “тиістілік (долженствование)” модальдық мағынасын білдіреді: *Сіздің де естіп, білуіңіз лазым ғой* (Әуезов). *Оқасы жоқ, білмегенді білу ләзім* (Сыланов); *Не ләзім соны ойлаңыз затыңызға* (Ақмолла).

Модальдық болжал мағынаны қазақ тілінде сондай-ақ *бәлки* ~ *бәлкім* ~ *бәлкі* сөзі де білдіреді. Бұл өзінің шығу тегі жағынан араб тіліне тән тіл құбылысы. Ол онда құранды шылау ретінде қаралады. “*Ар. бәлкім, бәлки, бәлкі* (сост. избәл и кі, кім может быть, разве, авось; а. бәл но, однако)” (БСл). *Орыс қауымының шын жақсы дана адамдары бәлкі жыл мөлшерін де айтар еді* (Әуезов).

Жоғарыда этимологиялық талдау жүргізілген модаль сөздердің дені модальдық мағынаға жалпы біртіндеп грамматикалану процесінде ие бол-

ған. Сондай-ақ тілімізде қазір бұлардан өзге де біраз жекелеген лексемалар, сол қатарда, мысалы *білем*, *көрінеді* сияқты кейбір етістіктер де осы грамматикалану жолымен модальдық статус алу үстінде.

12.3. МОДАЛЬДЫҚ СӨЗДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Айналада үнемі болып отыратын әр алуан құбылыстар, өмірдегі сан сала болмыс түрлері, белгілі бір заттың сын-қимылы, іс-әрекеті сөйлемде әдетте жалаң хабар түрінде ғана айтыла салынбайды. Сөйлеушінің осы хабар тарапты пікірі, яғни сөйлем мазмұнының ақиқат шындықпен сәйкес-дәлдігі жөніндегі оның көзқарасы әдетте қоса беріліп отырады. Сөйлем мазмұнының бұл ақиқат шындыққа қатынасы лингвистикада предикаттылық аясында түсіндіріледі. Ал сөйлеушінің осы қатынас жайындағы өзіндік баға-байламы, яғни қатынасқа қатынасы (“отношение к отношению”) тіл білімінде модальдылық тұрғысынан сипатталады.

Сөйлемнің модальдылығын тіл ғылымында жалпы объективті модальдылық және субъективті модальдылық деп екі бағытта қарастырады. Мысалы, жоғарыда айтылған сөйлем мазмұнының ақиқат шындықпен сәйкестілігі объективті модальдылық деп аталады. Объективті модальдылық жалпы предикаттылық категориясы деңгейімен, яғни сөйлемнің предикаттылығы деген кең көлемді проблемамен барып астасады. Ал субъективті модальдылық деп сөйлем мазмұнының ақиқат шындыққа қатынасы (сәйкестілігі) жөніндегі сөйлеушінің көзқарасын, пікірін айтады: объективті модальдылық, көбінесе рай формалары арқылы беріледі де, субъективті модальдылық, негізінен, арнайы жеке сөздер арқылы білдіріледі.

Сөйлемнің модальдылығы басқа да әр алуан, әсіресе экспрессивті және эмоциональдық мағыналармен өте ұқсас; көп жағдайда олар өзара тығыз байланысты болып келеді. Демек, таза модальдық мағына бар да, бұған қоса экспрессивті және эмоциональдық мағына тағы өз алдына. Модаль сөздерінің саны, олардың жалпы құрамы туралы пікірдің осы күнге дейін әр түрлі болып келуі модальдылықтың жоғарыда аталған екі түрін, сондай-ақ таза модальдық мағына мен экспрессивті, эмоциональдық мағыналарды бір бірінен дәлді ажыратыла бермеуінен болса керек.

Сөйлем модальдылығы әдетте әр түрлі жолдар арқылы білдіріледі. Сөйлемнің модальдығын білдіретін морфологиялық тәсілге етістіктің рай категориясы, шақ категориялары да жатады. Бұл ретте әсіресе қалау райдың, *-ap*, *-ep*, *-p*, *-c* формалы келер шақтың және *-ын* (*-in*, *-n*) қосымшасымен келетін бұрынғы өткен шақтың қызметі айрықша. Рай мен шақтың жалпы етістік категориялары екені белгілі. Ал модальдық етістіксіз сөйлемде де болады. Модальдық реңк сөйлемнің типтік түрлері арқылы да білдіріледі. Бұл - сөйлем модальдылығын білдірудің синтаксистік тәсілі. Сөйлемнің мазмұны жөніндегі сөйлеуші адамның көзқарасын, пікірін білдіретін жеке сөздер мен кейбір демеуліктер де (*-foй*, *-ay* т.б.), бірді-екілі шылаулар да бар. Модальдық реңк сондай-ақ одағайлардан да, қыстырма сөздерден де, әсіресе сұраулық шылаулардың қай-қайсысынан да айқын аңғарылады. Бірақ сөйлемге модальдық реңк беретін сөздің, шылаудың, одағайдың, қыстырма сөздің т.б. - бәрі бірдей модаль сөздер қатарына жата бермейді. Себебі сөйлем мазмұнының ақиқат шындыққа қатынасы жөніндегі сөйлеушінің пікірін білдіретін арнайы сөздердің модальдық сипаты бұлардан гөрі бөлектеу. Олар сол бөлектігі үшін осылай модаль сөздер деп аталады.

Сөйлеуші адамның сөйлем мазмұны жөніндегі пікірін білдіру үшін қолданылатын осындай арнаулы модаль сөздер өздерінің құрамы жағынан түрлі-түрлі болып келеді. Модаль сөздер өздерінің лексика-грамматикалық белгілеріне қарай есім сөз таптарынан да, етістіктерден де, көмекші сөздерден де, басқа да кейбір сөз топтарынан бола береді. Мысалы, *мүмкін*, *шама-сы*, *рас*, *әрине*, *зады*, *тәрізі*, *әлбетте*, *сыңайы*, *сиқы*, тағы біраз сөз - өздерінің синтаксистік қызметі және сөйлемдегі байланысы жағынан қыстырма сөздер. Ал мағыналық ерекшелігі, мәні жағынан алғанда, яғни сөйлемде айтылған хабар жөнінде сөйлеушінің пікірі қандай - мақұлдай ма, күдіктенме, болжал айта ма, әлде ол жайында нық сенімділік білдіре ме - осы тұрғыдан бұлар модаль сөздер. Өйткені көптеген лингвистикалық әдебиеттерде сөйлеуші адамның сөйлем мазмұны, яғни ондағы айтылған хабар жөніндегі күдігін ия болжалын, мақұлдау пікірін, немесе қалауын, не оның сенімін, осылар тәрізді басқа да пікірін білдіретін сөздер әдетте модаль сөздер қатарына жатқызылады. Демек, модаль сөздерді морфология тұрғысынан жеке сөз табы деп қарауға негіз

болатын тірек, біріншіден семантикалық белгісі - сөздердің грамматикалану сипаты болса, екіншіден, түрлену жүйесінің болмауы, үшіншіден, синтаксистік сипаты, яғни айтушының ойға деген өзіндік көзқарасын білдіре алуы болып табылады.

Осы жоғарыда айтылғандар тұрғысынан келгенде қазіргі қазақ тіліндегі мұндай модаль сөздер тобына негізінен мына лексемаларды жатқызуға болады: *сияқты, сықылды, секілді, сиқатты, сияқатты, әлпетті, сыңайлы, сынды, тәрізді, рәуишті, мәзімді, тақылетті, іспетті, мүмкін, ықтимал, кәдік, шек, шамасы, сиқы, тәрізі, аңғары, әлпеті, нәті, туасы, нәяті, зады, асылы, түрі, жобасы, қисыны, сыңайы, зайыры, анығында, шынында, шындығында, асылында, расында, рас, шын, расы, әрине, әлбетте, бәлкі, бәлки, бәлкім, керек, қажет, тиіс, лазым (лэзім), шығар, болар, зайыр, тайлас, меңзес, эліттес, көрінеді, білем, дейді, -са (-се) деймін, -сам (-сем) дейім, -са (-се) керек, -у (-уға) керек, -уы (-уі) керек, -уы (-уі) тиіс, -уға (-уге) тиіс, -у қажет, -ға (-ге) ұқсайды (ұсайды), сыңайы бар, тәрізі бар, түрі бар (жоқ), екен, -са (-се) екен, -уы (-уі) мүмкін т.б.*

Модаль сөздер қазіргі қазақ тілінде сан жағынан онша көп емес. Диалектілік сипаттағыларын, жеке тіркес түрінде келетіндерін және дыбыстық вариант түріндегілерін - бәрін қоса алғанда алпыстан сәл ғана асады. Бірақ бұларды соның өзінде де семантикалық сипаты жағынан мына төмендегідей бірнеше топқа бөліп қарауға болады: болжал мәнді модаль сөздер, міндеттілік мағына білдіретін модаль сөздер, біреудің сөзі не бір дерек негізінде айтылатын модаль сөздер, қостау (растау) мағынасында қолданылатын модаль сөздер, қалау (тілек) мәнді модаль сөздер және Күмән (күдік) ұғымын білдіретін модаль сөздер.

1. Бұлардың ішінде сан жағынан ең көбі, басқаларынан гөрі дамыңқырай түскен саласы-болжал мәнділер. Жалпы көпшілік түркі тілдеріндегі сияқты қазақ тіліндегі модаль сөздердің денін осылар құрайды. Бұл топқа мысалы, *сияқты, сыңайлы, сынды, әлпетті, мүмкін, шамасы, сыңайы, аңғары, әлпеті, жобасы, қисыны, тәрізі, сиқы, нәті, бәлкі (бәлкім, бәлкі), ықтималы, кәдік, болар, шығар, білем, -ды білем, -қан (-ген) білем, -са (-се) керек, -у керек, -ға (-ге) ұқсайды (ұсайды), -уы (-уі) мүмкін, нәяті, тәрізі (түрі) бар* - осыларға ұқсас тағы біраз лексемалар жатады.

Түрлері бұзық. Бірдеңе пәле іздеп келген әлпетті (Әуезов); Орыс қауымының шын жақсы

дана адамдары, бәлкі, жыл мөлшерін де айтар еді (Сонда); Шешен сөйлейтін тәрізі бар (Сонда); Аңғары, Гималайдың сілемі болғыдай (Сонда); Бәріміздің шарай тобымыздың алдында жауап алатын түрі бар (Сонда); Ақ тайдың асау екенін ұмытып кетсе керек (Сонда); Үш жаның бар еді, екеуі шықса да біреуі қалған шығар (Ер Төстік); Би әкесі тіс жарып, ештеңе айта қойған жоқ білем (Аймауытов); Қазекен жыбырламай тұра ма, біреу Дәрменді көрсете қойса керек (Сонда); Абылай мүмкін білем осы болар (Тарихи жырлар); Қырғыздан біткенге ұқсайды Тағдырлы ажал сағатың (Жоқтау); Ішінде бір қуаты барға ұқсайды (Абай); Жаңбыр бар, боран бар дегендей, көлікке обал болар (Мүсірепов); Енді ойласам, қарағым, Адастар болдық, сыңайы (Алмажан); Таң ата келіп таба алмады, қисыны, біреу ұрлап кеткен сынды (Шәкәрім); Сыңайы, журналға жазылғаным үшін болу керек (Тиесов); Нәйәті, сары жылан бұл. Кісіні шағатын уы жоқ ("Жалын"); Мал бордақылау комплексі, нәйәті, 25 адамнан тұратын ("Парасат").

2. Қазақ тілінде міндеттілік модальдік мағынаны негізінен *керек, қажет, тиіс, лазым* сөздерінің қатысуымен жасалатын *-у керек, -у қажет, -у лазым; -мақ керек, -маққа керек, -уға тиіс, -уы (-уі) тиіс* сияқты аналитикалық формантар білдіреді. Кейбір зерттеушілер, мысалы, хакас тілінің грамматикасында мұндай конструкцияларды модальдық формалар деп те атайды. *-у керек* модальдық форманы кейде міндеттілік те, сондай-ақ болжалдық мәнде де алып қарауға болады. Мысалы, мына бір сөйлемде: *Ендігі шара қатал сөгіс болу керек* (Мұстафин). Мұндайда, яғни аналитикалық *болу керек* формантының бұл жерде міндеттілік ұғымында ма, жоқ модальдық болжал мәнінде ме - дәлді қандай мағына білдіріп тұрғанын тек контекстке қарап қана ажыратуға тура келеді.

Сөз шығарушылар сөздің асыл болуының жалпы шарттарын білуі қажет (Байтұрсынов); *Сәулет өнерпазы үй салуға ұсталатын заттардың қасиетін жақсы білуге тиіс* (Сонда); *Түркістандағы, әсіресе Қазалыдағы хат білетін азаматтардың Базардың сөзін жинаулары тиіс* (Жұмабаев); *Ондай іс кез болғанда білімділерді жиып кеңесу керек* (Шәкәрім); *Оқыған нәрсенің ішкі мағынасымен бірге оның сөзін де есінде қалдырарға керек* (Міржақып); *Естіген нәрсені ұмытпастыққа әуелі көкірегі байлаулы берік болмақ керек* (Абай).

Жоғарыда аталған *лазым* лексемасы модальдық міндеттілік мәнінің сыртында кейбір өлендік сөзқолданыстарда “парыз, қарыз” іспетті де мағына білдіретін сияқты, мысалы: *Мойнына баласының лазым болар. Истемек атасының әр жұмысын* (Тарихи жырлар).

3. Сөйлеушінің сөйлемде айтылған хабардың ақиқаттығына әбден көзі жеткендігі модальдық мағынаның тағы бір түрі болып табылады. Қазақ тілінде бұл модальдық мағынаны көбінесе *көрінеді* етістігі, “**екен**” формасы білдіреді: *Сол елдегі хан әр жерден сұлу әйел іздеп сұрау салады екен* (Ертегілер); *Уақ елінің жел жағында алты күншілік жерде Әзімбай деген ханның елі бар екен* (Қамбар); *Тайынан таңдап мінген Құбақанын Жаратып қойған екен үйдегілер* (Тарихи жырлар); *Жарма көттік қылып, қызыл-жасыл шарық жіппен иттіс шалып, сірісін қошқар мүйізден қойып, тақасын шоңқита қаза мінеп тастаған екен* (Аймауытов); *Кейбіреулер партияға жазылып, жиылысқа баратын көрінеді* (Сонда); *Жұрт құрт-май беріп жатқан көрінеді* (Сонда).

4. Біреулердің сөзіне сүйену арқылы не бір нақты дерек негізінде білдірілетін модальдық мағына. Бұл модальдық мағынаны, яғни сөйлеушінің сөйлемде айтылмыш хабар тарапты пікірін білдіруде негізгі ұйытқы қызметін қазақ тілінде “**де**” формасы атқарады. Ол бұл ретте көбінесе *дейді* түрінде, ара-тұра тіпті “деп айтады”, “деп естиміз”, “деген сөз бар” сияқты құрамда да қолданылады: *Әсіресе жандарал кеңсесі ашулы дейді* (Әуезов); *Чиң атты шығыс жақта хан бар дейді* (Тарихи жырлар); *Бәрінің хабары жақсы емес, тарпы жаман деседі* (Әуезов); *Алты айдан кейін қайтарады деген сөз бар* (Аймауытов); *Бір жылда тамам болды деп айтадүр* (Тарихи жырлар); *Айтады Қаражан деп атын оның* (Сонда); *Темушын деп естиміз әуелгі атын* (Сонда).

5. Қазақ тіліндегі модаль сөздердің келесі бір семантикалық қыры сөйлеушінің сөйлемде айтылған ойды өз тарапынан қостау (растау) түріндегі пікірінен көрінеді. Бұл модальдық мағынаны *рас, расында, шынында, анығыда* сөздері білдіреді, мысалы: *Арғысын бір-ақ алла біледі рас* (Абай); *Рас, тақсыр, сіздің алдыңызға лайық адамымыз жоқ* (Қамбар); *Расы, Адақ бәске қатыспаған* (Сейфуллин); *Анығында, Бөжейдің асы талайдан болмаған ас делінді* (Әуезов); *Шындығында, жаңағы сөз талай түпкірдің үстін басты* (Сонда).

6. Жалпы модальдық мағынаның келесі бір түрі сөйлеушінің сөйлемде айтылған ой жөніндегі

нық сенімімен байланысты. Оны көпшілік түркі тілдеріндегі сияқты қазақ тілінде де негізінен *әрине* және *әлбетте* сөздері білдіреді. Алайда бұл екі лексемаға қатысты көңіл аударатын бір нәрсе: бұл екі сөз ауыз әдебиеті үлгілерінің де, ақын-жырау шығармаларының да ешқайсысынан кездеспейді: *Тек Абайдан былай қарай ғана ұшырасады: Өзгелер басын изейді, Әрине, деп мақұлдап; Әринемен ел кетті, қоқиланды, мақтанды; Келмесең егер сен бізге, Сау болмас па ем, әлбетте.*

М.Әуезов қазақ тілінде тек модальдық мәнде ғана қолданылатын бұл екі сөзді негізінен діни текте, орыс кейіпкерінің сөзінде ғана пайдаланады, мысалы: *Шәрібжан халфе, Самұрат мәзін халық көрген фәләкәтқа әлбетте қуанады; Әлбетте, әлбетте, Ибраһим мырза, гүмән жоқ, сіздікі тура. Әлбетте, әлбетте! - деп асыға жөнелді, Әрине, Россия патшасының жеңілгені жақсы. Сырт қарағанда, әрине, бұл сөздеріңіз дұрыс* (Әуезов).

Осы екі сөзге байланысты тағы бір аңғарғанымыз: бұл екі лексема Шәкәрім, Мағжан, Аймауытов шығармаларында кездеспейді, тіпті диалогта да қолданбаған.

7. Тілек (қалау), ниет-пиғыл (намерение) мәнді модальдық мағына. Модальдық мағынаның бұл түрі қазақ тілінде *-са (-се) екен, -са (-се) дейім (деймін)* аналитикалық құрамасы (формасы) арқылы білдіріледі, мысалы: *Мына жақта кедей Қамбар деген адам бар, сіз соны шақыртып алсаңыз екен* (Қамбар батыр); *Сорлы баланың ит салпақта жүргенін көрмей өлсем екен* (Мүсірепов); *Одан гөрі кітапқа ден қойса дейім* (Иманжанов); *Кітапты сатып алмай тұрып әуелі оқып көрсем дейім* (“Жұлдыз”).

8. Қазақ тілінде модальдік мағынаның сөйлеушінің сөйлемде айтылған хабар жөніндегі күдік-күмәнімен байланысты да түрі бар. Тілімізде мұндай модальдық мағынаны әдетте *-ар ма екен, -са неғылсын, кім біледі* сияқты аналитикалық конструкциялар білдіреді. Оны мына бір сөйлемдерден айқын көруге болады.

Қазақтың жайын жақсырақ білеміз десек, мақтанған болар ма екеміз (Аймауытов). Кім біледі, тәуірлеу үйдің қылжақбастары да болады (Сонда). Осы жолы Абай мерт болмаса неғылсын (Әуезов).

Қазақ тілінде кейде екі модаль сөз қатарласа қолданылады, мысалы: *Абылай мүмкін білем осы болар* (Тарихи жырлар); *Жана келген қонақтың құрметіне ішу керек шығар* (Аймауытов). Алдыңғы сөйлемдегі *білем* мен *мүмкін*, келесі

сөйлемдегі *керек* пен *шығар* сөздері сондай қатарлар. Бұл сияқты модальдық қатарлар әдетте көркем әдебиет стиліне сыйымды. Сөйлем модальдылығы мұндайда қатардың соңғы бөлігіне ауысады.

Әдеби тіліміздегі дағдылы *-ды білем, -а-тын (-е-тін) шығар* модальдық конструкциялары түркіменстан қазақтарының тілінде *-ар (-ер) білем, -а-м (-е-м) шығар* формасында қолданылады: *мынаның келісі жаман, сірә, маған бірдеме жасар білем; Он тоғызыншы ауылға ертең жүрем шығар* (Нұрмағамбетов).

Қазақ әдеби тіліндегі сондай-ақ *мүмкін, ықтимал, кәдік* модаль сөздерінің орнына түркіменстан қазақтарының тілінде болжал мағынасында *шек* лексемасы қолданылады, мысалы: *Соған қарағанда таныс досы болуы шек; мынаның ылаң шығаруы шек, байқаң* (КТДС).

12.4. МОДАЛЬ СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ тіліндегі модаль сөздердің қолданылуындағы басты бір ерекшелік: олардың көпшілігі бүгінде әр түрлі модальдық мағынада жұмсалғанымен, өздерінің әуелгі тура мәнінен әлі толық ажырамаған. Олардың көпшілігі қазір сөйлеушінің сөйлемде айтылған хабарға деген қатынасын білдіретін тұрақты тілдік единица ретінде де, сонымен қоса негізгі лексикалық ұғымында да қолданылады. Оны мына бір нақты салыстырма деректерден айқын көруге болады.

Сынды: *Мерейі асқан өренім, Кебек сынды таққа бер* (Әуезов) - *Біреу ұрлап кеткен сынды* (Шәкәрім).

Қисыны: *Қиудан шауып, Қисынын тауып* (Абай) - *Таң ата келіп іздеп таба алмады, Қисыны, біреу ұрлап кеткен сынды* (Шәкәрім).

Сияқты: *Күн сияқты ол дағы күреңітіп* (Мақатаев) - *Құнанбай естімеген сияқты, ешбір белгі бермеді* (Әуезов).

Рас: *Расты рас демей танамыз ба* (Байтұрсынов) - *Арғысын бір-ақ алла біледі, рас* (Абай).

Корінеді: *Алыста қарауытқан бірденелер корінеді* (Аймауытов) - *Кейбіреулер жиылысқа баратын корінеді* (Аймауытов).

Білем: *Менің қамымды жейтұғынын қайдан білем* (Аймауытов) - *Болған білем соқтығыс, Емес білем аз жұмыс* (Абай).

Дейді: *“Патша тұрғанда жұмысшының тұрмысы оңбайды” дейді* (Аймауытов) - *Чин атты шығыс жақта хан бар дейді* (Тарихи жырлар).

Деседі: *Енді не, жәні со ғой - деседі бозбалалар* (Аймауытов) - *Кейбір көрген адамдар бәйге атынан қалып қойған деседі* (Аймауытов).

Керек: *Жетілсең де, жетсең де Керек күні бір бар-ау* (Абай) - *Қозының аяғын мал басып кетсе керек* (Аймауытов).

Екен: *Момындық күшті екенін Көрсем дағы күтпеймін* (Абай) - *Сол елдегі хан сұлу әйел іздеп сұрау салады екен* (Құламерген).

Сыңайлы: *Сенсіз өткен күнім де түн сыңайлы* (Әбілдаева) - *Ұлттық философияның ірі тақырыптарының бірі ұлттық әдебиет екенін ұмытқан сыңайлымыз* (Мендеке).

Сыңайы: *Сыңар қанат құстардың сыңайымыз, қарағым* (Мақатаев) - *Енді ойласам, қарағым, Адасар болдық, сыңайы* (Алмажан).

Тәрізі: *Шашылған қар тозаңы жаңа шығып келе жатқан күн қызылынан тұтасып барып сөнгендей тәріз беріп тұр* (Наменгенов) - *Тәрізі, олар үйде жоқ* (Мүсірепов).

Тәрізді: *Ақын тетігі көп машина тәрізді* (Аймауытов) - *Қиястықтан пайда жоқ деп ақыл үйреткен тәрізді* (Мағжан).

Сықылды: *Қара мұрты қара жібек сықылды* (Мағжан) - *Бір кәлима сөз жоқ, дем де алмайтын сықылды* (Мағжан).

Нәті: *Кейбір нәті жұмсақ бастықтардың бірекі сағатқа босататыны да бар* (Құлкенов) - *Нәйәті, сары жылан бұл, Кісіні шағатын уы жоқ* (Әлімқұлов).

Ләзім: *Ғылымға махаббаты барларға себеп, парыздарды білмекке иджидат ләзім* (Абай) - *Сіздің де естіп білуіңіз ләзім* (Әуезов).

Тақылетті: *Желпуіш тақылетті пальмалардың жапырақтары баяу теңселеді* (“Бейбітшілік дауысы”) - *Сардар қазір қатты жүдеу, ауыратын тақылетті* (Қабдолов).

Реуішті: *Мынау адамның басы реуішті нәрсе екен* (КТДС) - *Қонақтар кешігетін реуішті* (“Парасат”).

Дәл осы сипат қазақ тіліндегі *зайыры, мүмкін, болар, шығар, әлпетті, әлпеті, сиқы, іспетті*, осылар типтес тағы біраз модаль сөздерге де тән. Бұлар да сол жоғарыда салыстырылған лексемалар сияқты қазір де тілімізде әрі модальдық, әрі өзінің әуелгі лексикалық мәнінде қатар қолданылады. Бұлай болуының, бізше, бір себебі: грамматилану процесі үзбей үнемі жүріп отыратын процесс, бұдан да дәл айтсақ, модальдылық про-

блемасы жалпы тілдің прагматикалық жағымен, яғни оның “қолданымдық өмірімен” (речьпен) байланыстылығында жатыр.

Қазақ тіліндегі модаль сөздерді қолданылу ерекшелігіне қарай үш топқа бөліп қарауға болады. Олар мыналар:

1. Сөйлемде тек синтаксистік қыстырма мүше қызметінде қолданылатын модаль сөздер: *әлпеті, шамасы, тәрізі, зады, сиқы, түрі, аңғары, асылы (әсілі), қисыны, нәті, нәйзті, сыңайы, зайыры, жобасы, расы, кім біледі, шынында, шындығында, анығында, асылында, расы, әрине, әлбетте, бәлки, бәлкі, бәлкім, тусы. Адам да, заманда өзгереді ғой, інім. Туасы, заманды құратын адам* (Өтебайұлы).

Бұлар тұтас сөйлем мазмұнына қатысты модаль сөздер болып табылады.

2. Жоғарыдағыдай тұтас сөйлем мазмұнымен байланысты емес, үнемі тек баяндауыштың шылауында көмекші мүше қызметінде ғана жұмсалатын модаль сөздер: *-у керек, -уы (-уі) керек, -ар-ға керек, -ма (-мек) керек, -мақ-қа (-мекке) керек, -са (-се) керек; -у қажет, -уы (-уі) қажет; -уы (-уі) кәдік; -уы (-уі) ықтимал, -у-ға ықтимал; -уы (-уі) тиіс, -у-ға (-у-ге) тиіс; -у лазым, -у ләзім; білем, -ды (-ді) білем, -ған (-ген) білем, -ар (-ер) білем: маған бірдеңе жасар білем* (диалектизм); *шығар, -ем шығар: жүрем шығар* (диалектизм); *дейді, деседі, -са (-се) дейім, -са (-се) деймін: Тек ауыз бірлік қылсақ деймін* (Аймауытов); *көрінеді: дем алғанға ауыл жақсы көрінеді* (салыстыр: осы жерден ауыл жақсы көрінеді); *түрі бар, тәрізі бар, сы-*

найы бар; екен, -са (-се) екен; сияқты, сиықты: мен сиықты сүремі қарттар толып жатыр (диалек.); *сияқатты: Біз сияқатты адамдарға не жорық* (диалек.).

Соңғы екі лексема (*сиықты, сыяқатты*) қазақ тілінде етістік баяндауыштың шылауында көмекші мүше ретінде қолданылғанда модальдық болжал мағына білдіреді; *сиқатты, сықылды, секілді, тәрізді, тақылетті, сынды, реуішті (рәуішті), мәзімді, іспетті, болар, -са (-се) неғысын* (күдік мәнді модальдылықты білдіретін конструкция).

3. *Мүмкін*. Бұл болжал мәнді модаль сөз қазақ тілінде сөйлемде әрі синтаксистік қыстырма мүше позициясында, әрі қимыл есімді баяндауыштың шылауында көмекші қызметінде қолданылады. Бұл ретте кейде *-уы (-уі) мүмкін* модальдық конструкцияның соңғы *мүмкін* бөлігі сыңарынан ажырап, сөйлемнің басында, синтаксистік қыстырма мүше қызметінде қолданылады да, сөйлем оның қосарындағы сол тәуелдік жалғаулы қимыл есімге аяқталады: *Мүмкін, олар үйде жоқ* (Фабдуллин); *Әзір жасырынып жатуы да мүмкін* (Мүсірепов); *Мүмкін, губернатор келген күні шуламаңдар деп тиып қоюы* (Мұқанов). *Мүмкін* модаль сөзі кейде анықтауыш мүше қызметінде қолданылса, кей жағдайда тіпті *-дік* жұрнағын қабылдап, жаңа зат есімдік те мән алып кетеді. Мұндайда одан модальдық мағына байқалмайды, мысалы: *Сенуге мүмкін нәрсе емес* (Мұқанов); *Бұл енді дайындық жұмыстарын кеңейтуге мүмкіндік береді* (Мұстафин).

С И Н Т А К С И С

С И Н Т А К С И С

1. СИНТАКСИС ЖӘНЕ ОНЫҢ ОБЪЕКТИСІ

Синтаксис термині тіл білімінде екі мағынада жұмсалады: біріншісі - коммуникация (пікір алысу) үстінде жұмсалатын тіл тұлғаларының құрылысы, екіншісі - тілдің коммуникация үстінде жұмсалатын тіл тұлғаларын зерттейтін ғылым саласы мағынасында.

Синтаксистік жүйе - қазақ тілі конструкциясындағы бір деңгей. Ол - тілдің лебізді білдіру, жариялау қызметін атқаратын жүйе. Тілдің басты коммуникативтік қызметі осы жүйе арқылы жүзеге асады.

Айтылатын лебіздің мазмұны, соған байланысты ауқымы әр түрлі болып келеді. Лебіз жай пікірді, күрделі пікірді, тіпті концептуалды ойды хабарлай алады.

Қазақ тілінің синтаксистік жүйесінде лебіздің мазмұн түрлеріне сай қалыптасқан синтаксистік тұлғалар бар.

Жай пікірді айтуға жай сөйлем қызмет етеді. Күрделі пікірді айтуға құрмалас сөйлем қызмет етеді. Мазмұны бұдан күрделі лебізді айтуға синтаксистік шалым, текст деп аталатын тұлғалар білдіреді.

Жай сөйлем, құрмалас сөйлем, синтаксистік шалым, текст коммуникативтік процеске дербес қатысады. Сондықтан бұлар коммуникативтік сапасы бар синтаксистік тұлғалар ретінде танылады.

Тіл білімінің, оның синтаксис бөлімінің зерттейтін объектісі - осы тұлғалар, тұлғалардың құрылысы.

Коммуникативтік сипаты бар тұлғалардың құрамына құрылымдық компоненттер қатысады. Бұлар дара жұмсала алмайды, бұлар коммуникативтік дербестігі бар тұлғалардың құрылымдық компоненті (элементі) ретінде ғана танылады. Соз тіркесі, сөйлем мүшесі - осы қатарға жататын тұлғалар. Бұлардың коммуникативтік дербестігі жоқ, бірақ құрылымдық дербестігі бар.

Сонымен, синтаксистік тұлға деп танылатындар - коммуникативтік жағынан немесе құрылымдық жағынан дербес көрінетін конструкциялар.

Синтаксистік тұлғалардың барлық түрі сапалық айырмашылығына қарамай, ең алдымен, құрылысы жағынан зерттеліп, танылады. Олар тілдегі түрлі грамматикалық амалдар арқылы құрылымдық тұрпатқа ие болады, синтаксистік бітім алады.

Синтаксистік тұлғаның грамматикалық тұрпаты оның синтаксистік формасы деп аталады.

Тіл білімі синтаксистік жүйені, синтаксистік тұлғаларды құрылысына-формасына сай тануды міндет етеді. Бұл міндет - зерттеудің басты бағыты. Бірақ бұл формалар сөйлеудегі белгілі мазмұнды білдіру және функционалдық мақсатты жүзеге асыру үшін құрылған. Тұлғалардың жүйеден дараланып көрінуі оның осындай мазмұнына, қызметіне байланысты болады. Осы пікірдің дәлелі ретінде синтаксистік жүйенің оппозициялық байланыста тұрған тұлғалары ретінде номинативті және етістікті сөйлемдердің тиянақты орнын табуын айтуға болады. Сондықтан форманы тануға сүйеніш ретінде форма білдіретін мағына, атқаратын қызмет ескеріліп отырады. Бірақ тағы да айтамыз - тіл білімі синтаксистік құрылысты тілдік бітіміне сай, тіл жүйесіндегі құбылыс ретінде таниды, оның объектісі - тілдік құрылыс. *Ерте шыққаны асығыс; ерте шықты, өйткені асығыс.* Мағынасы жағынан бұл екі конструкция ұқсас болғанмен, бірі - жай сөйлем, екіншісі - құрмалас сөйлем ретінде танылады.

Көңіл қоятын мәселенің бірі - синтаксистік форманың статусын ашу, оның морфологиялық формаларымен байланысын, ерекшеленетін жағдайларын байқау.

Кейбір еңбектерде түбір күйіндегі сөздерді де синтаксистік форма ретінде қарайтыны бар. Бұған олар мынандай дәлел келтіреді. Сөз өзінің лексикалық, морфологиялық сипатына қарай белгілі синтаксистік жұмсалысқа бейім тұрады. Сын есім негізінен анықтауыш, баяндауыш қызметіне бейім, үстеу пысықтауыш қызметіне бейім т.т.

Сөз тек лексикалық тұлға емес, ол - грамматикалық та тұлға. Осы грамматикалық сипатының бір қыры олардың қандай синтаксистік қызметке бейім болуынан көрінеді. Сондықтан да сөздердің өз бойында синтаксистік форма боларлық сапа бар дейміз. Синтаксистік форма негізінен морфологиялық тұлғаларға, формаларға сүйеніп құралады. Мысалы, сөздердің тіркесуі көбіне зат есімдердің септік жалғауларына сүйенеді, баяндауыштың формалары етістіктің шақ, жақ тұлғаларына, формаларына негізделеді: *бардым, бардық*. Бірақ синтаксис аясында құралатын формалар сөздерге тән морфологиялық тұлғаларға ғана сүйеніп құралып қоймайды. Синтаксис морфологиялық тұлғаларды өздігінше жұмсап, тек синтаксиске ғана тән формалар құрайтыны көп. Мысалы: *Жүрсеші (Отырып алып жүрсеші). Келмек түгіл келеді. Шөп қалың еді*.

Жақтық, шақтық морфемалар белгілі бір топ сөздерге жалғанатын болғандықтан, оны біз сол сөздердің тұлға құрылысы (морфологиялық форма) ретінде қараймыз. Сөйлем құрамында бұл аффикстер етістік, есім сөздердің баяндауыш қызметіне сай жұмсалып, сөйлемнің элементі болып кетеді. Бұл - басты қызметі. Шақ формасы негізінен синтаксиске тән болғандықтан, ол сөйлем құрамында өзіне тән морфологиялық аядан шығып, есім баяндауыштарға лайық синтаксистік шақтық форма туады: *Мезгіл жаз еді*.

Жазға - зат есім сөзге тән морфологиялық тұлға, синтаксистік жүйеде *жазға* - пысықтауыш, толықтауыш мүшелер қалыптастыратын форма болып саналады.

Шындығына келгенде, көп морфологиялық тұлғалар алдымен сөздердің синтаксистік қызметіне байланысты амалдардың негізінде құралған: *келген жоқ, келерім жоқ*.

Сол сияқты септік жалғаулар да зат есім сөздердің синтаксистік жұмсалыуына сай қалыптасып, зат есімдердің морфологиялық формасына айналып отыр.

Морфологиялық форма мен синтаксистік форманың айырмашылығы бар. Морфологиялық форма синтаксис үшін қызмет етпей, тек сөздің мағынасын, түрін құбылту үшін жұмсалатындары бар.

Ал бірқатар қосымшалар - морфологиялық тұлғалар - тек синтаксистік конструкциялар құрау үшін ғана жұмсалып жүр: *Жүргісі келді; Жүргім келді; Алмасы бар ма; -ғы, -гі, -ма, -ме* бір кезде етістіктен зат есім тудыратын өнімді жұрнақ ретінде жұмсалған: *сүргі, бұрғы, қойма* т.т. Қазір бұл

жұрнақтардың жаңа сөздер тудыру қызметі кеміп, негізінен синтаксистік формалар тудыру үшін жұмсалып жүр.

Морфологияны оқу үстінде сөздің морфологиялық формасы немесе, қысқаша, морфологиялық форма деген атаумен белгілі грамматикалық ұғым аталып жүрді. Тілдің синтаксистік саласында да өзіне тән қалыптасқан форма - синтаксистік форма бар. Мысалы, сөйлем мүшелерінің түр-түрінің арнаулы көріну формасы бар. Сол сияқты болымды, болымсыз сөйлемдер, сұраулы, лепті, хабарлы сөйлемдер де белгілі синтаксистік формалары арқылы өзара ажырасады.

Синтаксистік форма дегеніміз белгілі синтаксистік тұлғаларды қалыптастыратын, құрайтын амалдардың көрінісі.

Синтаксистік тұлғаларды, формаларды дұрыс тану үшін біз оларды білдіретін мағынасымен ұштастыра отырып тануымыз керек дедік. Тұлғалар білдіретін мағына синтаксистік мағына деп бөлек аталатынын ескертіп кетпекпіз.

Синтаксистік мағына да - грамматикалық абстракция саласындағы мағына. Сол сөз бен сөздің, синтаксистік тұлғалардың арасындағы абстрактылы, жалпылық сипаттағы қатынасты білдіреді.



Кеттің - мезгілді, жақтық қатынас. *Ол - инженер* - субъект пен предикаттық заттың арасындағы қатынас. *Бала жас* - субъект пен предикаттық сапаның арасындағы байланыс. Әр түрлі синтаксистік форма түрлі сападағы абстрактылы мағынаны білдіреді. Синтаксистік форманың мағынасы оның құрамындағы сөздердің лексикалық мағынасына тәуелді емес.

Ілгеріде синтаксис саласының көлемі аталады. Оның сөз тіркесі синтаксисі, жай сөйлем синтаксисі, құрмалас сөйлем синтаксисі деген тарауларға бөлінетіні аталады.

Синтаксис белгілі грамматикалық жүйеге, ережеге сүйеніп құралады. Бірақ ол жүйе, ережеге жаппай, барлық жағдайды қамтып жұмсалмауы мүмкін. Ережелер, грамматикалық амалдар кейде стильді талғайды, белгілі бір грамматикалық шеңберге ғана бейімделіп жұмсалады, арнаулы сөздер тобын екшеп қамтиды.

Сондықтан да біз грамматикалық ережелерді жалпы танып зерттеумен қатар, олардың жұмсалыу аясын, мүмкіншілігін (узусын, нормасын) де біліп, тануымыз керек. Тіл ғылымында грамма-

тикалық жүйе, ереже деген жалпы ұғыммен қатар норма деген ұғым да бар.

Синтаксис (тілдің синтаксистік құрылысы) - ойлау жұмысын білдірудің амалы, формасы. Бірақ сонымен бірге өзі - ойлау жұмысының, рухани ізденістің нәтижесі. Ол әр халықтың ғасырлар бойы іздену, жетілдіруге талпыну нәтижесінде қалыптасқан. Әр халықтың тілдерін, ол тілдердің синтаксистік құрылысын салыстыру бұның құралу, қалыптасу процестерінің күрделі, қиын жолдан өткенін байқатады. Сондықтан да біз тілді, соның ішінде оның синтаксистік құрылысын халықтың, халқымыздың мәдениетінің, мәдени табысының бірер саласы деп санаймыз.

Синтаксис пәнінің объектісі, мазмұны ілгеріде айтылғандай. Бұл пәннің зерттеу әдісі - тілдік фактілерді талдау, тану әдісі негізінен тіл білімінің басқа салаларынан алшақ кетпейді. Олардың бастылары мыналар.

1. Тіл фактілерінің мағына, форма көрінісіне қарай даралай, оларды басқа формаларға қарсы қойып салыстыру, талдау арқылы ерекшелігін табу. Бұл - тіл білімінде ең жиі жұмсалатын әдіс.

Ол егісті суғарды. - Ол егісті суғарды ма?

2. Тіл фактілерін тарихи ескерткіштердің фактілерімен және туыс тілдердің фактілерімен салыстыру арқылы, оның құрылу, жұмсалыу ерекшелігі ашылады.

Келген жоқ, келмеген - есімшенің осы екі болымсыз формаларының жұмсалыуындағы ерекшеліктер олардың тарихи қалыптастыруын ескергенде ғана анықталады.

3. Типологиялық әдіс. Бұл - туыс емес тілдердің фактілерін салыстырып зерттеу. Әдістің тигізетін пайдасы - тіліміздің синтаксистік құрылысындағы ерекшеліктерді анықтап тануға жәрдемдеседі, әсіресе, бір логикалық форманы білдіретін түрлі тілдегі синтаксистік формаларды жалғастыру арқылы тіл мен ойдың ара қатынасын ашуға көмегі көп.

Көргенім кеше. Кеше көрдім.

Ол жолдасын көргенін айтты. - Рассказал, что видел друга.

Бұл мазмұнды білдіретін екі тілдегі сөйлемдерді салыстыру арқылы біз қазақ тіліндегі субстантивтік амалдың орнын дұрыс танамыз.

Типологиялық салыстыру тек ерекшелікті байқау үшін емес, тіл-тілдердің шығу тарихы бір болмаған күйде де ұқсас келетін жайларын байқатады, ондай ұқсастықтың себептерін білдіреді. Мысалы, көп сөйлем мүшелерінің орналасу реті түрлі-түрлі тілдерде бірдей. Осылай болу синтак-

систік құрылыстың қалыптасуына логикалық формалардың ықпалы үлкен екенін байқатады.

Статистикалық әдіс. Бұл әдіс арқылы синтаксистік тұлғалардың жұмсалыу аясы, өрісі, тұлғалардың мөлшер көрінісі зерттеледі.

1.1. СӨЗ ЖӘНЕ СӨЗ ТҮЛҒАЛАРЫ - СИНТАКСИС НЫСАНДАРЫ

Сөз - тіл білімінің барлық салалары мен деңгейлерінің нысаны болып келеді. Демек, сөз - синтаксистің де нысаны. Сөз синтаксисінің өзіндік ерекшеліктері бар. Екінші сөзбен айтқанда, синтаксис сөзді өзіне (синтаксиске) тән ерекшеліктері тұрғысынан қарастырады.

Ол ерекшелік - тіркесімділік, яғни сөз синтаксистің қарауына түскенде, екі немесе бірнеше сөздің бағыныңқы-басыңқылық байланыс ыңғайынан зерттеледі.

Әдетте актив тіркесімділік және пассив тіркесімділік деген атаулар қолданылады. Актив тіркесімділік басыңқы сыңарға байланысты болып келеді де, өзге сөздерді сол басыңқы сөздің тіркестіре алу мүмкіндіктері назарға алынады. Пассив тіркесімділік бағыныңқы сыңарға қатысты қолданылады. Мұның мәнісі - басыңқы қызметіндегі сөздің қандай бағыныңқымен байланыса алу қабілетін айқындау. Айталық, *ақылды азамат* сөз тіркесіндегі басыңқы сыңар қызметінде тұрған *азамат* сөзіне қарап алдыңғы сөзді (*ақылды*) қатыстық сын есім тұлғасында қабыса байланысқанын көреміз. Ендеше бұл сөз зат есім бола тұрып, сын есімнің осындай тұлғалы сөздерімен тіркесе алатынына көз жеткізуге болады (*білімді азамат, жігерлі азамат, ойлы азамат* т.с.с.). Екінші жағынан, бағыныңқы сыңар қызметін атқарушы *ақылды* сөзінің де зат есіммен тіркесу мүмкіндігі барын көреміз, демек, бұл сөз осындай тіркестерде жиі кездеседі (*ақылды бала, ақылды студент, ақылды шәкірт* т.с.с.).

Сөздің синтаксистік мағынасы лексикалық мағынасына қарағанда шектеулі болады. Жеке тұрғанда немесе қолданыс жағдайында сөздің көп мағыналы болатындығы белгілі, бірақ синтаксистік сөз тіркесі жағдайында бір-ақ лексема қолданысқа түседі. Нақтырақ айтқанда, көп мағыналы сөздің бір сөз тіркесінде бір мағынасы байқалады да, екінші сөз тіркесінде екінші мағынасы байқалады, тіпті үшінші сөз тіркесінде үшінші мағынасы ашылады. Қалай болғанда да, бір сөз тіркесінің мазмұнынан сол сөздің барлық мағынасы біліне бермейді. Мәселен, қазақ тілінде *көз* сөзінің 9, ал нәзік реңктерін есептегенде, 215-тей мағынасы бар екен: *Көзің жарық жұлдыздан, Шашың жібек құндыздан* (Жамбыл); *Қазақстан-*

ның Орталық музейінде сақталған бір ғана әйел ерінің өзінде отыз бір көз орнатылған (Арғынбаев); *Нанбасаңдар, сұраңдар мына Омардан. Көзі тұр ғой, айтсын, - деді Сәдуа даусын қаттырақ шығарып* (Тілегенов); *Енді мен хат жазамын Нұрханға емес, Мәлік, Задаға емес, Солардың қалған көзі Тойғанбалаға* (Мәуленов); *Мария өстіп налып жүргенде, академик Лысенконың картон көзін қалай егіп өсіруге арнаған мақаласы газетке жарияланды* (Тілеков); *Кесте тігетін инелер молтақ, көздері кең болғаны жөн* (Қасиманов); *Үйдің ішінде отырып керегенің көзінен сыртқа көзін қадайды* (Есенжанов); *Қарапайым сөздер әдеби сөздердің сарқылмас көзі болғандықтан, әдеби тіл өз қорын қарапайым сөздерден алып отырады* (“Қазіргі қазақ тілі”); *Ол екі қолымен жер тірей еңкейіп, көз суынан ғана ішті* (Әлімқұлов).

Мысалдардан көрініп отырғанындай, бірінші сөйлемде - көру мүшесі, екінші сөйлемде - ою-өрнектегі әшекей, үшінші сөйлемде - заттың, нәрсенің немесе адамның өзі, төртінші сөйлемде - өткеннің белгісі, бесінші сөйлемде - жемістің кіндігі, алтыншы сөйлемде - иненің тесігі, жетінші сөйлемде - керегенің тесігі, сегізінші сөйлемде - белгілі бір нәрсенің қоры, тоғызыншы сөйлемде қайнар мағыналарында жұмсалып тұр, сол мағыналарына байланысты тіркес құраған. Мұндай мысалдарды тек зат есім емес, сөз таптарының барлығынан дерлік келтіруге болар еді. Қайсысы болғанда да, сөз тіркесінде, сөйлем құрамында бір ғана мағынасымен қолданылып, синтаксистік қатынас жасайды.

Ілгеріде айтылған, актив тіркесімділігінің арқасында басыңқы сыңар қызметіндегі сөздің бағыныңқыдағы сөзге әр түрлі тұлғада келуін “талап ететін” жайлары да баршылық: *Отанын ойлау - Отаны туралы ойлау; білмегендігіне кешірім сұрау - білмегендігі үіңін кешірім сұрау; табысты сөз ету - табыс жайында сөз ету; досымен кездесу - досына кездесу; есіктен шығу - есік арқылы шығу; риза болғанына қуану - риза болғандықтан қуану* т.б.

Синтаксистік тіркесімділіктің бұдан басқа да көптеген ерекшеліктері бар. Солардың бірі басыңқы сыңардың да, бағыныңқы сыңардың да белгілі сөз таптарынан болатындығы. *Хат жазды - хат жазылды - хаттың жазылғаны* сөз тіркестеріндегі екінші сыңар - етістіктер де, бірінші немесе бағыныңқы сыңардағы сөздер - зат есімдер. Сондай-ақ *ағаштың жапырағы, кітаптың мұқабасы, дәптердің беті* сияқты сөз тіркестерінде екі сыңар да зат есімдер болып тұр. *Тез келді, жылдам сөйледі* дегендерде бірінші сыңарлар - үстеулер, ол екінші сыңарлар - етістіктер. *Ойланым айтты, қостай сойледі, күле қарады* тәрізді сөз

тіркестерінің екі сыңары да етістік сөздер болып келген. *Менің інім, сенің жетістігің, олардың мектебі* сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларының есімдік, басыңқы сыңарларының зат есім екенін байқау қиын емес. *Он үй, бесінші сынып, алпысыншы пәтер* сөз тіркестерінің басыңқы сыңарлары зат есім де, бағыныңқылары - сан есімдер.

Синтаксистік тіркесімділіктің заңдылығы бойынша көп реттерде басыңқы сыңардағы сөз бағыныңқының белгілі қосымшаларды жалғауын керек етіп тұрады. Айталық, басыңқы қызметіндегі сабақтас етістік бағыныңқының табыс септігінде тұрып, тура объектіні білдіруін қалайды: *әңгімені оқыды; кітапты алды; шай ішті; су ұрттады* т.б. бұл да табыс септігінің жалғауы жасырын тұрса да, тура объекті екендігі білініп тұр. Соған қарамастан кей кездерде басқа септікті, айталық, шығыс септігін қалайтыны да бар: *шайдан ішті; судан ұрттады*. Мұндайда да тура объектінің толық емес, оның белгілі бір бөлшегінің қозғалысқа түскенін ұққан жөн (*белгілі бір ыдыстағы суды түгел емес, аз немесе көп бөлігін ұрттады немесе шайды толық емес, жартылай немесе аздап ішті*). Мұндай реттерде тек табыс септігі емес, шығыс септігінің болжауы арқылы да тура объектіні білдіруге мүмкіндік бары байқалады.

Басыңқы сыңар қызметіндегі сөздің зат есім болып келгенде, анықтауыш қызметіндегі сөзбен тіркесетіні сияқты (*алыс ауыл - алыстағы ауыл; өткір пышақ - өткірленген пышақ; ыстық су - ысытылған су*), басыңқы қызметте етістік сөз болғанда да, бағыныңқылардың “үйреншікті” жалғаулары жалғанатыны белгілі. Айталық, қозғалыстың басталар сәтін, шығу орнын білдіргенде, шығыс септігінің (*базардан келді, үйден шықты*), мекенді білдіргенде, жатыс септігінің (*аулада тұр, көшеде жүр*), сондай-ақ қозғалыстың тоқтау шегін білдіретін етістік барыс септігінің жалғауларын (*үйге келді, қалаға жетті*) керек етеді.

Сөз тіркесінде көмекші есімдер толық мағыналы сөздердің тобында бір сыңардың қызметін атқарады. Бұған көмекші есімдер, көмекші етістіктер, сондай-ақ модаль сөздер жатады. *Үйдің қасына тоқтады, аула ішінде тұр* деген сөз тіркестерінде бағыныңқы сыңарлардың көмекші есімдермен келіп тұрғаны көрініп тұр. Сол сияқты, *мектепке келе жатыр, жауабын айтып болды, көңілді сөйлей бастады* деген сөз тіркестеріндегі басыңқы сыңарлар қызметіндегі күрделі етістіктер көмекші сөздер арқылы жасалғаны білініп тұр. *Хабарды жеткізгім келіп еді, жұмысты орындау қажет* типтес сөз тіркестерінің басыңқы сыңарларына қарап қимыл-әрекеттің жүзеге асу

процесінде модалдылықтың көрініс бергенін аңғарамыз. Бірақ көмекші сөздердің синтаксистік единица құрамындағы қызметін жоққа шығаруға болмайды. Айталық, жалғаулықтар сөз тіркестерінде немесе құрмалас сөйлем жағдайында сыңарлардың (компоненттердің) арасындағы синтаксистік байланыстар мен қатынастарды білдіреді. Шылаулар мен модал сөздер болса айтушының немесе жазушының айтылған ойға субъективтік көзқарасын немесе субъектік қатынастарын білдіреді. Демек, синтаксис саласында көмекші сөздердің атқарар қызметі жоқ деген ұғым тұмауға тиіс. Әңгіме толық мағыналы сөздер мен көмекші сөздердің қызметтерінің бірдей еместігінде болып отыр.

Синтаксистік тіркесімділік туралы сөз болғанда, тіркесімділіктің басқа да түрі бар екенін естен шығаруға әсте де болмайды.

Тіркесімділіктің келесі бір үлкен түрі - лексикалық (сөздік) тіркесімділік. Лексикалық тіркесімділік жайлы зерттеу қазақ тіл білімінде ғана емес, түркологиялық лингвистикада, тіпті әлемдік тіл ғылымында толыққанды зерттеулер болмай отыр. Десек те, синтаксистік тіркесімділікке байланысы болғандықтан, мұның да маңызын атап өткен жөн.

Аталып тұрғанындай, мұндайда сөздің мағынасы басты назарда болуға тиісті. Солай болғандықтан да кез келген лексемалар бір-бірімен кездейсоқ тіркесе бермейтінін ескермеске болмайды. Әсіресе, қандай жағдайда лексикалық тіркесімділіктің болмайтындығын білу қажет.

Дәлелдеуінше лексикалық тіркесімділікте екі түрлі шектеудің - лексикалық және семантикалық шектеулердің болатындығын тіл фактілері дәлелдеп отыр. Көпшілік тілге ортақ айтылған бұл пікірдің қазақ тілі материалдарына да қатысы бар.

Семантикалық шектеушілік тұрғысынан алғанда, тіркесімге түскен сөздер мағыналық жағынан бір-бірін айқындап тұратындай немесе пысықтап, толықтап тұратындай табиғи жарасымды болуы керек. Мәселен, *сұлу - әдемі - әйбәт - әсем - көркем - ару - әрлі* тәрізді синонимдік қатардағы сөздердің берер мағынасы бір-біріне жақын. Соған қарамастан бұл сөздердің кез келгені кез келген сөзбен тіркесе бермейді: *Қырғыздың асқан сұлу қызы бопты, өзі ақын, өзі топта суырып озған иешен* (Сыланов); *Арқаның ару қызы, Еңбек Ері, Келемін алыс жолдан аңсап сені* (Шәкенов); *Көрінді әсем астана, Қабат-қабат үйлері* (Машақов).

Осындағы *сұлу қыз, ару қыз, әсем астана* сөз тіркестерінің табиғи құбылыс екендігі белгілі. Қалай болғанда да, тартымдылықты, әдемілікті

білдіреді, анықтауыштық қатынаста жұмсалған. Сондай эстетикалық әдемі ұғымдағы осы сөздерді басқа сөздермен, мәселен, *жігіт (ару жігіт, әсем жігіт), балық (ару балық, әсем балық, сұлу балық)* сөздерімен тіркестіре алмаймыз. Поэзиялық көтеріңкі екпінде *ару қала, сұлу қала* деп те айтармыз, қалай болғанда да, барлық сөздің алдына қоя беруге болмайды. Сол тәріздес, *зерек - алғыр - ұғымтал - зейінді* сөздерін де, адам қабілетіне байланысты болғандықтан, мәселен, хайуанаттардың аттарымен тіркестіру ақылға қонымды болмай шығады.

Лексикалық тұрғыдан келгенде де, мағыналас сөздердің нәзік реңктерінің айырмашылығына байланысты бірінің орнына екіншісін қолдану жансақ көрінеді. Мәселен, *жабу - бекіту - құлыптау* сөздерін ауыстырып жұмсау мағыналық қателікке ұрындырады. Оның себебі мынада: *жабу* кезінде (*мінті есікті жабу мағынасында делік*) есікті тақап итеруді ұғамыз; *бекіту* болса, оны темірмен не ағашпен итеріп қою жеткілікті; ал *құлыптауда* құралдың аты аталып тұрғанындай, кілт салынуы ұғынылады: *Тар жауып есігін, Бекең қайтып келеді* (Мұқышев); *Ысқақ есікті сыртынан бекітті де, әлдеқайда кетіп қалды* (Баязитов); *Ұрыдай аңдап басқан вагондарға Құлыптап лық толтырып қойды екен не?* (Тұрсын-Заде).

1.2. СИНТАКСИСТІК БАЙЛАНЫСТАР ЖӘНЕ СӨЗ ТІРКЕСІ

1.2.1. Синтаксистік байланыс деңгейлері

Ешбір байланыссыз синтаксистік конструкциялардың болмайтындығы белгілі. Сөздердің байланысы жайлы сөз тіркесі ауқымында, құрмалас сөйлемдегі сыңарлардың байланысы туралы немесе жай сөйлем ішіндегі жеке сөздер мен сөздер тобының байланысы хақында сөйлем тарауларында сөз болып жүргені рас. Шындыққа келгенде, синтаксистің барлық құрылымдарына (сөз тіркесіне, жай сөйлемге, құрмалас сөйлемге) қатысты байланыстар жөнінде алдын ала ортақ мәселелерге арнайы тоқталудың принципті мәні бар. Сөйтіп, байланыс және оның түрлері синтаксистің ерекшеліктерін танытатын басты белгілердің қатарында қаралуға тиісті.

Бұл тұрғыдан алғанда, сөз тіркесі мен құрмалас сөйлемнің арасында ұқсас жай байқалады, өйткені бұл екеуі де кемінде екі сыңардан (компоненттен) тұрады да, байланыстың қажеттігі бірден көзге түседі. Ал жай сөйлемге келетін болсақ, мұнда, сирек те болса, жеке сөздің сөйлем құрайтын жайы бар: *Шілде. Шағала көлдің басы иін тірескен ауыл, бықырлаған мал, жердің жүзін,*

көктің түрін сары, қызыл алтынға бояп, жаздың нұрлы қызыл күні белеңнен асып, шеті қылтйып барады (Аймауытов). Демек, бір ғана шілде сөзі сөйлем болып тұрғанына дау болмаса керек, өйткені жалғыз сөз бола тұра, сөйлемге тән белгілер толық табылады. Сол сөйлемнің түсінікті болуы үшін келтірілгенімен, одан кейінгі құрмалас сөйлемді де жеке-жеке жай сөйлемдер ретінде беруге мүмкіндік бар, бірақ автордың ойына сәйкес сол жай сөйлемдер қатарында көрінуге тиіс конструкциялар құрмаластың сынарлары қызметін атқарып тұр. Қалай болғанда да, құрмаластың құрамындағы сынарлардың белгілі бір байланысудың заңдылықтары бойынша тіркесіп тұрғандары тағы түсінікті.

Солай болғанымен, жеке сөзден тұратын сөйлемнің, яғни жалғыз сынарлы сөйлемнің бірнеше сынарлы болуға бейім екені де білініп тұрады. Мәселен, *Оразаның іші еді* (Майлин), деген сияқты, *Шілденің іші еді* деуге толық болады ғой. Соның өзінде әзірге бір сынарлы болғанымен, екі не одан көп сынарлы болуға “әзірлік” бар: *Шілде басталғалы біраз болатын* немесе *Шілде айы орталанып қалды* т.б. *Олай дейтініміз - Жайлау. Қоржынтомар* деген сөйлемдерге де таңданбас едік. Түпнұсқада ол былай берілген: *Біздің ауылдың жайлауы, Қоржынтомар дейтін жер еді* (Майлин).

Солай бола тұра, жай сөйлемнің дара сөзден құрала беретінін теріске шығарудың реті жоқ. Осындай сөз-сөйлемнің айырмашылығы болмаса, жай сөйлемнің дара сөзден құрала беретінін теріске шығарудың реті жоқ. Осындай сөз-сөйлемнің айырмашылығы болмаса, жай сөйлемнің ішіндегі “құрылыс материалдары”, сөз тіркесі мен құрмалас сөйлемдегідей әр түрлі синтаксистік байланыс арқылы орындарын табады. Демек, синтаксистік байланыс, ілгеріде айтылғандай, синтаксистік құрылымдардың барлығына ортақ құбылыс.

Синтаксистік единицалардың сынарлары белгілі бір синтаксистік қатынаста болады. Керісінше айтқанда, әр түрлі синтаксистік байланыстардың нәтижесінде синтаксистік қатынас жасалады. Ол байланыстар сан алуан болып келеді: сөз бен сөздің тұлғалық жағынан байланысуы; таза сөз тұлғалары арқылы байланысуы; жай сөйлем мен жай сөйлемнің байланысуы; жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің байланысуы және құрмалас сөйлем мен құрмалас сөйлемнің байланысуы т.с.с.

Жеке сөздің екінші сөзбен тұлғалық жағынан байланысуы, негізінен, сөз тіркесінде болатын құбылыс. *Кітап оқыдым, кітапты оқыдым, кітаптан оқыдым* мысалдарындағы сөз тіркесінің

жасалу себебі - табыс септігіндегі сөздің жасырын немесе ашық түрдегі жалғауларының жалғауы. Тек септік жалғаулары ғана емес, әр түрлі қосымшалардың сөздерді байланыстыруға қызмет ететіні белгілі (*ойлы азамат; айтылған сөз* т.б.).

Мұндайда синтаксистік қатынасты тудыруға себепші болатын және байланыстың қандай екенін анықтауда елеулі рөл атқаратын бағыныңқы сынардың тұлғасы. Демек, басыңқы сынардың жалғаған қосымшасы синтаксистік қатынасты өзгерте алмайды: *кітапты оқы; кітапты оқышы; кітапты оқыған сияқты, оқы* сөзінің сан түрлі тұлғада келуінің тура объективті қатынасқа әсері бола қоймайды. Дәл осы тәрізді, *оқыған азаматқа; оқыған азаматтың; айтылған сөзбен* дегеннен бұл жүп сөздердің арасындағы анықтауыштық қатынас өзгеріске ұшырамайды.

Осы орайда, әсіресе, етістікті сөз тіркесі болып келген жағдайда (*кітапты оқыды*) түркологтардың ішінде әр түрлі көзқарастың бұдан 30 жылдай бұрын орын алғандығын проф. М. Балақаев орынды ескерткен болатын. Әңгіме бұл тәрізді конструкцияларды, әсіресе, тиянақты тұлғаға аяқталған басыңқы сынары бар конструкцияларды сөз тіркесі деп есептеу керек пе немесе сөйлемге жатқызу керек пе деген пікірге тіреледі.

Проф. М. Балақаев өте дұрыс атап көрсетеді: сөз - тіл білімінің барлық салаларының нысаны болып келеді, яғни лексикада лексема болса, морфологияда сөз таптарының бірі, синтаксисте сөйлем мүшесі болады, тіпті фразеологияда тұрақты тіркестердің компоненттердің қатарында қаралуы заңды. Бұған қоса айтармыз: тілдік бір ярустың өзі бір конструкцияның, айталық, синтаксистік конструкцияның екі қызмет атқаруы мүмкін. Дәлірек айтқанда, екі не одан көп сөзден құралатын конструкция оған қойылатын талап тұрғысынан сөз тіркесі де, сөйлем де бола беретінін мойындау қажет. Демек, сөйлемге тән предикаттық, интонация болып жатса, сөйлем деп тану керек те, жеке сөздердің байланысы болып, сөйлем құрауға септігін тигізіп жатса, сөз тіркесі болары анық. /

Байланыстың келесі деңгейінде сөз тіркесінің құрамындағы сынарлардың екеуі де тиісті тұлғалардың болуын қалайды: *менің қарындасым; қаланың көшесі; ағаштың жапырағы* т.с.с. Есімдікпен келгенде, ол есімдіктің түсіп қалуы да мүмкін, өйткені ол (есімдік) айтылмаса да, қай жақ, жеке-жеке немесе көпше екені екінші сынардың тұлғасынан білініп тұрады (*қарындасым; қарындасыңыз; қарындастарымыз*), сондай-ақ жапырақтың ағашта болатыны да белгілі, бірақ әрдайым олай

бола бермейді. Мәселен, көшенің ауылда да, қалада да болатыны түсінікті немесе *қораның шатыры, үйдің шатыры* сияқты мысалдарда анықтаушытың аталғаны жөн. Қалай болғанда да, басынқыдағы қосымшаның да, бағыныңқыдағы қосымшаның да жалғануы айқындықты, дәлдікті көрсетеді.

Тек матасу ынғайында ғана емес, қиыса байланысқан сөз тіркестерінде немесе бастауыш пен баяндауыштың қиыса байланысуында да екі сыңардың қосымшаларының болуы қажеттіктен туындайды. *Мұнда да келдім, келдіңіз, келдік* баяндауыштарының бастауыштарының қандай жіктеу есімдіктері екені белгілі болғанымен, үшінші жақта (*келді*) есімдіктен болып тұрса да, бастауыштың көрініс табуы орынды, өйтпегенде *ол келді* екендігі немесе *олар келді* екендігі белгісіз болып тұрады. Ал бастауыш есімдіктен басқа сөз табынан жасалғанда (жалқы есімдер, оқиға, құбылыс атаулары), бастауыштың жасырын тұруы түсініксіздік тудырады.

Жай сөйлем мен жай сөйлемнің байланысуынан құрмалас сөйлемнің жасалатыны белгілі: *Түс қайтты, ыстық басылды* (Кекілбаев); *Бір күні ат суарып келе жатса, кеңсе алдында елдің кісілері жиналып жатыр екен* (Аймауытов). Осылайша құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдер салаласып та, сабақтасып та байланысады. Сонысына қарай құрмалас сөйлемдердің де атаулары қалыптасқан.

Кемінде үш жай сөйлемнің салаласып та, сабақтасып та байланысатын реттері болады. Мұндайда ол жай сөйлемдердің аралас құрмалас сөйлемді құрайтыны белгілі: *Қолым жетпесе де, Жұмашқа қарай бергім келеді, көп-көп нәрсе айтқым келеді* (Ахтанов); *Қасқыр ақырын орнынан қозғалды да, екі-үш қадамнан кейін ит бүлкілге көшіп алдындағы қыратты бетке алып тарта берді, еол қаннен қаперсіз бүлкілмен қырдан асып кетті* (Сонда). *Қара мал өрісте, жылқылар келіп су ішіп, жұрт биелерін байласты* (Сейфуллин).

Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің байланысуы да тілімізде жиі кездеседі: *Ұзын бойлы, ат жаяқты, қатпар бет, үрпек бас сары жігіт: аты Асылбек, мінезі ауыр, сөйлегеннен ойлауы көп* (Б.Майлин). *Жігіт* сөзімен аяқталатын бірыңғай мүшелі жай сөйлем үш сыңардан тұратын салалас құрмалас сөйлеммен тіркесіп тұр. Нәтижесінде түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемді көріп отырмыз. Сөйлем мазмұнына қарасақ, алдыңғы жай сөйлемнің баяндауышын (*жігіт*) соңғы үш сыңарлы салалас құрмалас анықтап, дәлдеп, түсіндіріп тұр.

Мұндай жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің тіркесін осы құрылымға ұқсас жалпылауыш сөзді

бірыңғай мүшелі жай сөйлеммен шатастыруға болмайды. Мәселен, *Екі үйдің жағалай ұстаған оюлы, кестелі түс киіз, түс перделерінде, адал бақандарында бар асыл деген киімдері, асыл деген нәрселері, асыл деген бұйымдары ілулі еді: жібек, барқыт, жібек мақпал, ала жібек биқасап, патсайы, шәйі тақта шапандар* (Сейфуллин).

Жай сөйлем құрмалас сөйлеммен тіркескенде, олардың синтаксистік мағыналары әр түрлі бола береді. Айталық, *Бұлар кооперация дүкеніне кіргенде, екі сатушының бірі шекілдеуік шағып, бірі газетке қарап тұрды* (Мұстафин) дегенде, жай сөйлем ынғайлас салалас құрмалас сөйлеммен байланысқа түсіп тұр, ал жай сөйлемді құрамына алып, түгелдей алғанда, мезгіл бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемге айналғанына көзіміз жетеді.

Құрмалас сөйлем мен құрмалас сөйлемнің байланысуы да тілімізде бар құбылыс. Мұның өзі құрмалас сөйлемді, демек, өзі де бірнеше жай сөйлемнен құралған сөйлемді одан сайын күрделендіре, құрмаластыра түсетіні сөзсіз. Кей жағдайда мұндай құбылыстың сырын жазушының сөз саптау ерекшелігімен, шеберлігімен байланыстыра қараған да жөн. *Ол үйге кірсе, үй іші жарқырап кеткендей болады* деу тіліміздің практикасына да, құрмаластың құрастырылу заңдылығына да еш қайшы келмейді. Сол сияқты, *Ол шығып кетсе, қоңырқайлана қалады* деу де дәл солай. Осы екі құрмаласты сөз зергері Ғ.Мүсірепов барынша жарасымды қиыстырып, бір құрмалас сөйлем етіп берген: *Ол үйге кірсе, үй іші жарқырап кеткендей болады да; ол шығып кетсе, қоңырқайлана қалады*. Сөйтіп, шарт бағыныңқы екі сабақтас құрмалас сөйлемді біріктіріп, аралас құрмалас сөйлем құрауға болатынын байқаймыз.

1.2.2. Синтаксистік байланыс құралдары

Сөз тіркесінің құрамындағы сөздер бір-бірімен қалай болса солай қатарласа бермейді. Олардың бір-бірімен мағыналық және синтаксистік байланысы болуы қажет.

Сөздердің синтаксистік байланысын сөз еткенде оның екі тәсілі болатынын ескеру керек. Олардың біріншісі - аналитикалық тәсіл де, екіншісі - синтетикалық тәсіл.

Сөздер аналитикалық тәсіл арқылы байланысқанда, олар қосымшаны қажет етпейді, оның есесіне ол сөздердің байланысуына интонация, сөздердің орын тәртібі және шылау көп көмегін тигізеді.

Сөздер интонация арқылы байланысқанда, дауыс ырғағына, әуеніне ерекше көңіл бөлінеді. Дауыс екпіні немесе логикалық екпін дұрыс қойыл-

маған жағдайда қай сөздің қай сөзбен тіркесіп тұрғанын ажырату қиындыққа түседі. *Алшағыр ауылға қайтар күнді қатты сағынатын еді* (Мүсірепов) сөйлемін айқын түсіну үшін дауыс екпінін дұрыс қоюдың мәні ерекше. Егер *Алшағыр* сөзінен кейін сәл кідіріс жасалған болса, сағыныш иесі сол (*Алшағыр*) екені даусыз. Олай етпей, *Алшағыр ауылға қайтар күнді* деген тізбекті тұтас бір интонациямен айтқанда, сағыныш иесі *Алшағыр* емес, басқа біреу болып шығады. Осыған сәйкес сөз тіркесі де өзгерер еді: *Алшағыр сағынатын еді* және *Алшағыр ауылға қайтар күнді сағынатын еді*. Бірінші жағдайда сөйлемнің бастауышы *Алшағыр* болар еді, екінші жағдайда бастауыш бұл сөйлемде айтылмай, жасырын тұрған бөтен біреу болар еді. Дәлірек айту керек болса, бірінші нұсқада өзі ауылға қайтар күнін *Алшағыр* сағынатын болып шығады да, екінші жағдайда *Алшағырдың* ауылға қайтар күнін белгісіз біреу сағынады деген ой келеді.

Арай баласының бұл құпиясын біле алмай, ішінен шалына ұрсып жатты (Мұртаза) деген сөйлемдегі *Арай мен баласының* сөздерінің арасындағы интонацияның қызметі туралы да осыны айтуға болады. Демек, *Арай* сөзі мен *баласының* сөзінің тіркесінің немесе *біле алмай* сөздерімен тіркесетінін білу үшін интонацияның дұрыс қойылғаны жөн. Шығарманың мазмұнына қарағанда, *Арай* - сөйлемнің бастауышы, яғни *біле алмай* сөздерімен тіркесуге тиісті. Басқа жағдайда, айталық, *баласының* сөзімен тіркессе, *Арай* сөзі бастауыш бола алмайды. Сонымен, *Арай мен баласының* арасында интонация болса, *Арай біле алмай* сөз тіркесінің құралатынына көз жеткіземіз де, ондай интонация болмай, алдыңғы екі сөз бірдей әуенмен айтылса, *Арай баласының* деген сөз тіркесін жасап, қатеге ұрынамыз.

Аналитикалық байланыс тәсілінің бір түрі - сөздердің орын тәртібі арқылы байланысуы. Мұндайда бір-бірімен тіркескен сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің орын тәртібі қатаң сақталуы тиіс. Олардың орындарының ауысуы не мағыналық өзгеріске ұшыратады, не мағынасыздық тудырады. Айталық, *үлкен бөлме* тіркесін *бөлме үлкен* деп алмастыруға болады, бірақ сол алмастыруға сәйкес мағына да өзгеріске түседі: *үлкен бөлме* дегенде анықтауыштық қатынас болса, *бөлме үлкен* дегенде предикаттық қатынас бар. *Ақылды бала, көгілдір аспан, сұр машина* деген сөз тіркестерін *бала ақылды, аспан көгілдір, машина сұр* дегендей өзгерістерге түсіргенде де, осыны айтуға болады. Ал *кешеден бері жазып отыр, қызықтыра әңгімелейді* деген сөз тіркестерін ілгерідегідей өзгерткенде, бір қарағанда, мағынасыздық тууы мүмкін (*жазып отыр кешеден бері,*

әңгімелейді қызықтырып), әйткенмен, әлдебір сөзге логикалық екпін түсіру мақсатында мұндай сөз тіркестерінің көркем, публицистикалық шығармаларда, ауызекі сойлеу дағдысында кездесетіндері бар. Нормативтік грамматиканың талабы бойынша осы нұсқалардың алдыңғылары дұрыс болады:

*Именіп көптен,
Сақтық қып еппен,
Тасалама бойыңды!
Ашынса етің,
Ашылмақ бетің,
Тірі көмбей бойыңды.
Жүрегіңнің жарасын,
Көрсет жұртқа, қарасын!*

(Байтұрсынұлы).

Аналитикалық тәсілдің келесі түрі шылау арқылы байланысу болып табылады. Байланыстың бұл түрінде жалғаулықтар мен демеулер сөз тіркесінің құрамындағы сөздерді мағыналық жағынан бір-бірімен ұластыруда елеулі қызмет атқарады. *Отан үшін отқа түс, күймейсің* (Момышұлы); *Елеңдей қарасын, ақтар да тілмаш арқылы бұл хабарды есітіп, апыл-құпыл аттана жөнелді* (Сейфуллин) деген мысалдардағы *отқа түс, есітіп* сөздері бағыныңқы сыңарларымен үшін, арқылы сөздерінің жәрдемімен байланысып тұр: *Отан үшін отқа түс; тілмаш арқылы есітіп.*

Сөз тіркесі құрамындағы сөздердің жалғаулар арқылы байланысуы синтетикалық байланыс деп есептеледі.

Қазақ тілінде жалғаудың септік, тәуелдік, жіктік және көптік деп аталатын төрт түрі бар екендігі белгілі. Осылардың қай-қайсысы да сөз тіркесін құрауға өз мүмкіндігінше қызмет атқарады.

Осы жалғаулардың ішінде ерекше қызмет атқаратыны - септік жалғаулар. Септік жалғауын жалғаған сөздер әдетте, сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары болып келеді: *аңға шықты; жолдасымен сөйлесті; ұшақпен келді; тапсырманы орындады*. Осындағы барыс (*аңға*), көмектес (*жолдасымен, ұшақпен*), табыс (*тапсырманы*) септіктерінде келген сөздермен тіркеске түскендіктен, басыңқы сыңарлардағы сөздермен олардың байланысы сөз тіркесін құрап, белгілі мағына тудырып тұр.

Тегінде, септелу - зат есімге тән қасиет. Әйтсе де, субстантивтену нәтижесінде басқа сөз таптары да септеле береді, зат есім сияқты, сөздердің байланысуына жәрдем тигізеді. *Соқырдың қолына түспе, саңыраудың астына түспе. Қарны ашқанға қара нан да май татыр, шөлдегенге қара су*

да бал татыр. Есікте отырған - төрде отырғаннан дәмелі. Аңшының кешіккенінен сүйін. Қағазға тіл бітірген - қалам, жансызға жан бітірген - адам (мақалдар). Осындағы сын есімдер мен етістік сөздер заттық мағынаға ие болу (субстантивтену) арқасында зат есімдерше септіктердің әрқайсысында түрленіп, сөз тіркестерін жасап тұр.

Тәуелдік жалғау арқылы да сөздер байланысады: *менің республикам; сенің тілегің; оның әкесі* т.б. Басыңқы сыңар қызметін атқарып тұрған тәуелдік жалғаулы сөз бағыныңқының ілік септігінде тұруын “талап етеді”. Ілік септігіндегі сөздердің, ілгеріде келтірілгендей, есімдер болуы да мүмкін, басқа сөздер де болуы да мүмкін: *аттың тұяғы, таудың етегі, дәптердің мұқабасы, оқығанның пайдасы, ашуланудың нәтижесі, арысдың жазасы* т.б.

Көптік жалғаулары *-лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер* негізінен, сөйлемнің бастауыш пен баяндауыш мүшелерінің қиысуына қызмет етеді: *сіздер көпсіздер; бұлар - студенттер; біз/дер/ қуанамыз* т.с.с.

Жіктік жалғауларына келетін болсақ, бұлар сөйлем ішінде баяндауыштың тұлғасын көрсетіп отырады. Жіктік жалғауының ерекшелігі сондай - жіктік жалғауының белгілі бір түрін қолданғанда, бастауыш орнындағы сөзді алып тастауға да болады, яғни жіктеу есімдігінің тиісті түрін қойса болды: (мен) *тыңдаймын; (сен) тыңдайсың; (ол, олар) тыңдайды* т.с.с.

Аналитикалық және синтетикалық байланысу тәсілдері сөйлемдердің тіркесінде де болады: *Аманның құлағы әңгімеде, көзі жолда* (Мұстафин). Бұл мысалдан интонация арқылы екі жай сөйлемнің құрмалас сөйлем құрап тұрғанын білеміз. *Ойың жетпей тұрса, көзіңді тесірейткенмен тереңге бойлай алмайсың* (Мүсірепов) деген сөйлемнің сыңарларының тіркесуін де осылайша түсіндіруге болар еді. *Ал Қонақтар жақындай бергенде, ауыл адамдары лап қойды* (Момышұлы) мезгіл бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңары басыңқымен синтетикалық тәсіл арқылы тіркескен. Осылайша, сөйлемді тұтас алсаңыз да, синтаксистік қатынас жасап тұрған сыңарларын алсаңыз да, олардың бәрі белгілі бір синтаксистік байланыстың нәтижесінде тіркесіп отырады.

1.2.3. Салаласа байланысқан сөз тіркестері

Қазіргі қазақ тіл білімінде еркін сөз тіркесі туралы ондаған жылдар бойы қалыптасқан анықтама бар: “Синтаксистік қарым-қатынасты білдіру үшін кемінде толық мағыналы екі сөздің сабақтаса байланысқан синтаксистік тобын сөз тіркесі

дейміз”. Бұл анықтама жоғары, арнаулы орта және жалпы білім беретін орта мектептердің оқу жоспарлары мен оқулықтарында да басшылыққа алынып жүр. Проф. М.Балақаевтың лингвистикалық түркологияда елеулі еңбек болып саналған, сонысымен түркі тілдеріндегі сөз тіркесі теориясының негізін қалаған монографиясынан бастап синтаксис салаласындағы сөз тіркесінің негізгі принциптері мен ерекшеліктері осылайша айқындалып келе жатыр. Ғалымның әріптестері мен шәкірттері де осы анықтаманы тұрақты көзқарас деп есептеп келеді. Оның дәлелі монографиялар мен диссертациялық зерттеулеріндегі пікірлері болып табылады. Демек, бүгінгі күнге дейін сөз тіркесі болу үшін, біріншіден, кемінде толық лексикалық мағынадағы екі сөздің байланысы, екіншіден, ол байланыстың сабақтастық, яғни басыңқылық-бағыныңқылық ыңғайда болуы, сойтіп, үшіншіден, белгілі бір синтаксистік қатынаста болуы қажет деп есептелді.

Сөз тіркестерінің мұндай түрі болатынын ешбір зерттеуші теріске шығара алмайды, бірақ тіл материалдары және сөз тіркесі теориясы, дәлірек айтқанда, жалпы, сөз тіркесі деген ұғымның мазмұны мен мақсатына, сөйлем ішіндегі атқаратын қызметіне тереңірек үңілер болсақ, толық мағыналы сөздердің басқаша да байланысу мүмкіндіктері көзге түседі. Әңгіме сөйлем ішіндегі сөздердің тек сабақтасып қана емес, салаласа да байланысатынына көз жеткізуге болады.

Сөйлемнің құрамынан бірыңғай байланысқан сөздерді алып тастасақ, ол сөйлемнің қандай болатынын көз алдымызға елестетудің өзі қиын болар еді. Демек, салаласа байланысқан сөздер тобы да сөйлемнің құрылыс материалы болатыны сөзсіз. Екіншіден, мерзімді баспасөз беттерінде, көркем шығармаларда, сирек те болса, салаласа байланысқан сөздер тізбегінің ұшырасатынын теріске шығару да әділетсіздікке жатар еді. Үшіншіден, көптеген сөйлемнен әлдебір үзінді алғанда, тең функциональды сөздердің байланысы көзге ұрып тұратыны анық. Ендеше, басыңқылық-бағыныңқылық қатынаста болатын сөз тіркестерінің болатыны сияқты, қатар, тең келіп, салаласа байланысатын сөз тіркестерінің қолданысымызда жиі кездесетініне назар аудару қажет болады.

Бұл ретте Р.Әмір былай деп жазады: “Синтаксистік қатынасты білдіру үшін толық мағыналы екі (немесе одан да көп) сөздің сабақтаса, салаласа (*астын сызған - біз*. М.С.) байланысқан тобын сөз тіркесі дейміз”. Автор: “...тіл біліміне арналған бірталай еңбектерде сөйлемдегі бірыңғай мүше болып келген сөздерді де сөз тіркесінің қатарына жатқызады. Сондағы дәлелдері мынан-

дай: сөйлем құрамындағы бірыңғай мүшелер өзара белгілі бір грамматикалық қатынасқа түседі: ынғайластық, талғаулық, қарсылықты т.т. Бұл қатынастар шылау сөздер, интонация арқылы білдіріледі”, - дейді.] Тәжірибелі зерттеушіден бұдан кеңірек, жан-жақты толғамды күткен едік, алайда оқу құралының мазмұны мен міндетінен туындады ма екен, пікірінің ұшын тастаумен ғана шектеліпті. Сөз болып отырған жайларға дәлел де, өзге авторлардың пікірталастары да байқалмайды. Бастысы (*бізге керегінің өзі де сол*) - салалас сөз тіркестері туралы алғаш ой тастап, басқаларды да ой бөлісуге шақырған сияқты.

Айтылған жайларды ақыл таразысына салып, ой елегінен өткізер болсақ, қазіргі қазақ тілінде (өріне, тіліміздің тарихында да) салаласа байланысқан сөздердің тіркесі болатындығына күмән болмаса керек. Байланысу түрлері басқа болғандықтан, олардың сабақтаса байланысқан сөз тіркестерінен принципті айырмашылықтары да болуға тиіс.

Ең алдымен, қазақ тіліндегі сөздер салаласа байланысқанда, басынқылық-бағыныңқылық қатынаста емес, тең қатынаста, қатар байланысады (*боран мен аяз; сүйкімді, мақтаулы; ағын да, қарасын да*). *Боран мен аяз кезектесіп бірінің орнын бірі басатын* (Мұқанов). *Ел ішіне сүйкімді, мақтаулы ұлды, Жасама деп жат қылық сақтандырды* (Мақатаев). *Дүниенің ағын да, қарасын да, Мыңқ етпейсің, қабылдап аласың да* (Мақатаев).

Сөйлем құрамынан алынып қалғанда, бірыңғай мүшелі сөз тіркестері түсініксіз болып шығады, яғни сөз тіркесінің бұл түрі, сабақтас сөз тіркесімен салыстырғанда, сөйлемнің “құрылыс материалы” екендігін сенімді дәлелдесе керек. Мәселен, *Қайша Шәймерденнің тартқан шылым түтінін бе, әлде сөзін бе, әлде оның өзін бе - жаратпай, жиырыла түсті* (Майлин) деген сөйлемнен түтінін бе, әлде сөзін бе, әлде оның өзін бе деген тіркестерді тыс алып қараса, әлдебірденені ұғыну қиындыққа түсер еді.

Үшінші айырмашылығы мынада: салалас сөз тіркестеріндегі синтаксистік қатынастардың сан жағынан сабақтас сөз тіркестерінің сан мөлшерінен артық болуы өзінен-өзі түсінікті болса керек, өйткені бұл бірыңғай мүшелердің тіркесі болғандықтан, сөйлем мүшелерінің мағыналарын еске салады. Айталық, бастауыштық қатынас, баяндауыштық қатынастардың болуы тандандырмаса керек: *Жаңа қонысқа қонған бір үйлі жан да, жаңа өріске қуныға жайылған бір отар мал да мәре-сәре* (Кекілбаев). *Бала қашанда бері ойлайды да, әрі аса алмайды, берірек ашық көрініп тұрған қызықты еш нәрсеге айырбастай алмайды* (Мүсірепов).

Ал толықтауыштық, анықтауыштық және пысықтауыштық қатынастардың жиі қолданылатынына еш шүбәнің болмағаны дұрыс: *Кішкене бала бізді тастай беріп, шөп түсіріп жатқан әкесі мен ағасына барды* (Ахтанов). *Мынау қираған, бүлінген, жартылай өртенген вокзал нағыз бір ажалдың ұясындай көрінді* (Ахтанов). *Алда тұрған көп кісілердің иығының арасынан сығалап, ілгері жағына көз тіксе, қақ төрде, қолдан істеген аласа мінбеде Селиванов сөйлеп тұр* (Нүрпейісов).

Енді бір реттерде салаласа байланысқан сөз тіркестерінің сыңарлары оқырмандарды “адастырып кетуі” де мүмкін. Дәлірек айтқанда, мұндай сөз тіркестерінің компоненттері басқа сөздермен сабақтас сөз тіркестерін құрап, бір-бірінен алшақ тұруы әбден мүмкін: *Оқжетпестің шығыс жағында, Бурабай көлінің жағасында көлге төне оскен шың бар, аты - Жұмбақтас* (Мұқанов). *Сол күні жолымның болғаны-ай! Әншейінде судыраған қу шырпы емес, теңкиіп-теңкиіп томар ұшырасын кілең* (Кекілбаев).

Сөз тіркестерінің бұл екі түрінің (сабақтас сөз тіркестері мен салалас сөз тіркестерінің) жалпы ұқсастығына келетін болсақ, екеуінің де толық мағыналы сөздердің қатар тұруы арқылы синтаксистік қатынасты білдіру үшін қолданылатындығын айтуға тура келеді. Қалай болғанда да, бұл қасиет - екеуінің де сөз тіркесі санатында қаралатынын дәлелдейтін жай.

2. СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

2.1. ЕТІСТІКТІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Атынан байқалып тұрғандай-ақ, етістікті сөз тіркесінде етістік негізгі, шешуші қызмет атқарады. Өйткені етістік табиғатында өзінің лексика-грамматикалық мағынасына, сөз табы ретіндегі жалпы категориялық қасиетіне орай басқа сөздерді жетегіне алып, маңайына үйіріп тұратын сөз табы. Сондықтан да ол бағыныңқылық қызмет емес, негізінен, басынқылық қызмет атқарады да, сөз тіркесін құрауға ұйытқы болады. Мұндай басынқылық қасиет сөз таптарының кейбіреулеріне ғана болмаса, барлығына бірдей тән емес. Мәселен, сын есімдер мен сан есімдер-өздерінің табиғаты жағынан, зат есімді сындық, сапалық, сандық, мөлшерлік белгілері мен қасиеттері жағынан айқындайтын сөздер, сондықтан да олар зат есімнің жетегінде айтылып, сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарында жұмсалады да, ал зат есімдер негізгі, ұйытқы сыңар ретінде басынқы сыңар қызметінде қолданылады. Сондай-ақ үстеулер - қимылға тән сапаның сапасын білдіретіндіктен, еліктеуіш сөздер - етістіктерді

мәнерлі түрде еліктеу жағынан сипаттайтын болғандықтан, сөз тіркестерінің басыңқы сыңарларында жұмсалуға бейім тұратын сөздер. Бірақ бұдан зат есім мен етістіктен басқа сөздер тобы мен сөз таптары сөз тіркесінің басыңқы сыңарында мүлдем қолданылмайды деген қорытынды шықпаса керек. Ретіне қарай олар да басыңқы сыңар қызметінде жұмсалады: *бізден жоғары, сізден төмен, олардан ілгері* - үстеулі сөз тіркестері, *іске етті, Құралайдан сымбатты* - сын есімді сөз тіркестері, *сізден оқыған, ауылдан келген* - есімшелі сөз тіркестері. Алайда үстеу мен сын есімнің, сондай-ақ есімшенің басыңқы сыңар қызметінде жұмсалуы-олардың негізгі қасиеті мен белгісі емес, қосалқы, қосымша қасиеті, сондықтан да бұлар сөз тіркесін жасауға негіз, ұйытқы болатын сөз табы не сөз тобы ретінде айтарлықтай көрініс таба алмайды.

Түркі тілдерінің бір саласы, қазақ тіл білімінде сөз тіркесін басыңқы сыңардың мағыналық қасиетіне қарай топтастыруда кейбір ерекшелік те байқалады. Мәселен, К.Аханов пен М.Серғалиев есімді, етістікті сөз тіркестерінің үстіне “үстеулі сөз тіркестерін” қосса, ал Т.Сайрамбаев, М.Балақаевтың “Ортақ меңгеру” деген пікірін негізге алып, есімді, етістікті сөз тіркестерінің қатарына “ортақ басыңқы сөз тіркестерін” қосқанды құптайды. М.Балақаевтың пікірінше, “ортақ меңгеру” түптеп келгенде, есіммен көмекші етістіктің табыс септікті сөзді меңгерген түріне тән. Бұл орынды да, өйткені меңгерудің мұндай түрінде табыс септікті сөзді есім де емес, көмекші етістік те емес, тек екеуінің ортақтасқан тобы ғана меңгере алады: *оларды қонақ етті, откендерді ойға алды, оларды “жатақ” дейді, қайтқанын мақұл көрді* т.б. Ал меңгерудің басқа түрлерінде, сондай-ақ қабыса, матаса, байланысқан сөз тіркестерінде мұндай ерекшелік байқала бермейді. Салыстырып көрелік: *іске етті болатын - іске етті, ұжымға мүше еді - ұжымға мүше, одан көрікті болатын - одан көрікті, білімді жігіт еді - білімді жігіт, ауылдың сұлуы еді - ауылдың сұлуы* т.б. Осы аталған сөз тіркестерінің басыңқы сыңарларының құрамынан көмекші етістікті алып тастағаннан сөз тіркесінің тұрқы бұзылмайды, басқаша айтқанда, сөз тіркесінің меңгеру, қабысу, матасу деген түрлері сол қалпында қала береді, тек шақтық қасиеті жағынан ғана өзгеріске түседі. Мәселен, *ұжымға мүше еді* - откен шақты, *ұжымға мүше* - осы шақты, *ұжымға мүше болмақ* - келер шақты, сондай-ақ *білімді жігіт еді* - өткен шақты, *білімді жігіт* - осы шақты білдіреді. Демек, бұл табыс жалғаулы сөзді меңгеріп тұрған есім мен көмекші етістіктің ортақтасқан тобынан бас-

қаларының ортақ басыңқы сөз тіркестерін құруға ауыз толтырып айтарлықтай емес екендігін көрсетеді. Шындығында, мұндай сөз тіркестерінің сөз тіркесі болып құрылуына көмекші етістіктердің қатысы жоқ десе де болады, өйткені аталған сөз тіркестерін жоғарыдағыдай көмекші етістіктерді қатыстырмай-ақ бірыңғай таза есімді сөз тіркесі түрінде де қолдануға болады. Бұл - мұндай сөз тіркестерінің жасалуына түйдекті тіркес құрамындағы көмекші етістіктер емес, есімдер, яғни олардың лексика-грамматикалық мағынасы, сөз табы ретіндегі категориялық мағынасы тікелей әсер етті деген сөз. Бірақ осыған қарамастан, басыңқы сыңары есім мен көмекші етістіктің ортақтасқан тобы болып келетін *білімді жігіт еді, маған дос болатын* сияқты сөз тіркестерін шартты түрде “ортақ басыңқы сөз тіркестері” деп тануға болатын тәрізді. Өйткені мұндай типті сөз тіркестері мақсатқа орай тілімізде кеңінен қолданылады.

“Сөз тіркесінің құрылымдық типологиясын жасауда зат есім мен етістіктің алатын орны ерекше. Өйткені сөз тіркесінің құрылымдық ерекшеліктері осы өзекті екі сөз табына негізделеді” (М.Балақаев). Алайда зат есім мен етістіктер бағыныңқылық қызметте жұмсалатын сөздермен қалай болса солай, ретсіз тіркесе бермейді. Олардың тіркесуінде белгілі бір заңдылықтар болады. Ол, біріншіден, сөздердің грамматикалық сипаты мен олардың сөйзелілігі арқылы, екіншіден, мағына жақындықтары мен үйлесімділігіне орай, үшіншіден, грамматикалық сипаты мен мағынасы жағынан орайлас жатқан сөздердің белгілі бір дәнекерлер, тәсілдер арқылы байланысқа ену заңдылығы болып табылады. Сөйлем құрамына енген сөздердің қайсысы болмасын осы аталған заңдылықтар негізінде ғана өзара тіркеске түсе алады. Мәселен, біз әңгіме етіп отырған етістік іс-әрекетті білдіретін сөз табы ретінде өзінің лексика-грамматикалық мағынасына, жалпы категориялық мағынасына орай сөздердің барлық түрлерімен емес, олардың ішінен зат есімдермен, үстеулермен, көсемшелермен, еліктеу сөздермен т.б. ғана тіркеседі, өйткені бұлар - мағынасы жағынан жақын жатқан, теңін тапқан сөздер. Мағынасы жағынан орайласып, теңін тауып тіркесу - сөз тіркесі үшін аса қажетті белгі, бірақ оларды байланысқа түсіретін белгілі амал, тәсілдер бар.

Етістіктер мағынасы жағынан орайлас жатқан сөздермен әр түрлі тәсілдер арқылы байланысқа түседі де, соның негізінде сөз тіркесінің белгілі бір байланысу формасы (типi) жасалады, нақтылай айтқанда, меңгеру, қабысу, жанасу.

2.1.1. Менгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері

Табыс септігінің пысықтауыш қызметін атқарудан біртіндеп арылып, бірыңғай тура толықтауыш қызметін атқаруға кошуі, соған орай оның сабақты етістіктермен тіркесетіндей болып жүйеленуі етістіктердің менгеруін қалыптастырды.

Ойткені орхон-енисей ескерткіштер тілінде табыс септігінің салт етістіктермен тіркесіп, пысықтауыштық қатынастарда жұмсалуды - кездесіп отыратын құбылыс. Мысалы: *Көгмен йышыге йорып қырқыз бодуныг уда басдымыз* (КТб.,35) - *Көгмен жотасынан асып, қырғыз халқын ұйқыда жатқанда бастық. Бен өзүм білге тониқуқ өтүкен йеріг қонмыс* (Т.,17) - *Мен өзім данышпан Тоникок өтiкeн жерінде тұрдым (қоныстандым). Аны субуғ баралым* (Т.,27) - *Анна өзенімен барамыз*. Осы келтірілген мысалдарға назар аударатын болсақ, сөз тіркестерінің басыңқы сыңарлары - қимыл-әрекеттің кеңістіктегі бағытын, мекенін, іске асу тәсілін білдіретін салт етістіктер. Сондықтан да бұлар табыс септігіндегі сөздермен емес, жанама септіктермен тіркесуге тиісті. Бірақ осыған қарамастан, жоғарыдағы салт етістіктер табыс септігі тұлғасындағы сөздермен тіркескен, соған орай табыс жалғаулы сөздер толықтауыш емес, пысықтауыш қызметін атқарған. Бұл - осы типтес етістіктердің әлі де болса салт, сабақтылық мағынасы жағынан толық жіктеліп болмағандығын, табыс септігінің пысықтауыш қызметін атқару дертінен арылып, бірыңғай толықтауыш қызметін атқаратындай болып қалыптаспағандығын көрсетеді. Басқаша айтқанда, тым өріден келе жатқан жүйесіздіктің қалдықтары, сілемдері деуге болады. Белгілі бір септіктің өз қызметінен тыс басқа септіктер қызметін атқаруы жоғарыда көрсетілген табыс септігінен ғана емес, өзге септіктер бойынан да табылады. Мұндай ауытқулар тек ертедегі ескерткіштер тілінде ғана емес, ауыз әдебиеті нұсқалары мен ақын, жазушылар еңбектерінде де кейде бой көрсетіп қалады. Мысалы: *Қайғыменен қан жұтып* (Қобыланды батыр) - нормаға сайы *қайғыдан қан жұтып, жеті пірмен танысқан* (сонда) - *жеті пірмен танысқан, киімнен мұқтаж болған* (Базар) - *киімге мұқтаж болған, аязбен қызарып* (Абай) - *аяздан қызарып, құтыла қоюға ойлайсыздар* (Мұқанов) - *құтыла қоюды ойлайсыздар, кедейлігінен пайдаланып* (Жансүгіров) - *кедейлігін пайдаланып* т.б. Осы келтірілген фактілер менгеріле байланысқан сөз тіркестерінің тіл дамуы барысында талай өзгерістерге түсіп, қазіргі кездегідей дәрежеге жеткендігін дәлелдейді.

Менгеріле байланысқан сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарлары мен басыңқы сыңарларының байланысу дәрежесінің біркелкі емес екендігі тілші ғалымдарды ертеден-ақ ойландырды. Көп жылғы зерттеулердің қорытындысы менгеруді іштей “берік және әлсіз менгеру” деп бөлуге алып келді.

Қолдағы бар материалдарға сүйене отырып, берік және әлсіз менгерудің ара жігін былайша айқындауға болады:

1. Менгеретін сөз бен менгерілетін сөздің аралығында ішкі мағыналық байланыс болатын болса, берік менгерудің қатарына жатады да, мұндай мағыналық байланыс болмайтын болса, ондай сөз тіркестері әлсіз менгерудің қатарына енеді.

2. Берік менгеріле байланысқан сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарының белгілі бір тұлғада (септік жалғауында) тұруы басыңқы сыңардың тікелей лексика-грамматикалық мағынасына байланысты болса, әлсіз менгеруде бағыныңқы компоненттің белгілі бір септік жалғауында тұруы басыңқы компоненттің тікелей лексика-грамматикалық мағынасына тәуелді болмай, жалпы айтылмақшы ойға, сөйлемнің мазмұнына, басқаша айтқанда, менгеруші сыңардың қосалқы грамматикалық мағынасына қатысты болады. Бірақ бұған қарап берік менгеруге басыңқы сыңардың лексика-грамматикалық мағынасынан тыс жалпы грамматикалық мағынасы әсер етпейді деген қорытынды шығаруға болмайды. Ойткені менгеруші компонентке тән грамматикалық мағына берік менгеріле байланысқан сөз тіркестеріне де, әлсіз менгеріле байланысқан сөз тіркестеріне де қатысады, ықпал етеді. Мысалы, “а” әрпін тақтаға бормен жазды деген сөйлемді алатын болсақ, мұндағы жазды етістігі қатарынан үш септік жалғаулы сөзді менгеріп тұр: “а” әрпін жазды, *тақтаға жазды, бормен жазды*. Егер өзара салыстырып қарайтын болсақ, “а” әрпін жазды сөз тіркесі берік менгерудің қатарына жатады да, қалғандары әлсіз менгерудің қатарына жатады. Бірақ осыған қарамастан, “а” әрпі сөзінің табыс септік жалғауында тұруына жазды етістігінің әрі лексика-грамматикалық мағынасы (қимыл-әрекетті білдіру), әрі жалпы грамматикалық мағынасы (сөз табы ретінде) әсер етеді. Алайда бұлардың ара салмағын тең деуге болмайды, өйткені берік менгеруде басыңқы сыңардың лексика-грамматикалық мағынасы басты, шешуші қызмет атқаратын болса, оның грамматикалық мағынасы көмекші қызмет атқарады. Ал арқауы бос әлсіз менгеруге басыңқы компоненттің тікелей лексика-грамматикалық мағынасы емес, жалпы грамматикалық мағынасы ықпал етеді.

3. Етістік қатарынан бірнеше септік жалғаулы сөзді меңгергенде, септіктердің ішінен ол лексика-грамматикалық мағынасына орай біреуін, әрі кеткенде екеуін айрықша тілеп тұрады. Етістіктің қатарынан екі септік жалғаулы сөзді ерекше меңгеруі дара септік жалғаулы сөзді меңгеруімен салыстырғанда тілімізде әлдеқайда сирек кездеседі. Мысалы: *Кітапты маған өз қолымен берді*. Бұл келтірілген мысалдағы *берді* етістігі лексика-грамматикалық мағынасына орай табыс және барыс жалғаулы сөзді меңгеріп тұр. Мұның көмектес септік жалғаулы сөзді меңгеруі жалпы грамматикалық мағынаға байланысты. Сондықтан да *берді* етістігінің табыс және барыс жалғаулы сөздермен тіркесіп келген түрі (*кітапты маған берді*) берік меңгерудің қатарына жатады да, ал оның көмектес септік жалғаулы сөзбен тіркесіп келген түрі (*өз қолымен берді*) әлсіз меңгерудің қатарына енеді.

Қатарынан бірнеше септік жалғаулы сөздерді меңгеретін етістіктің бір ғана септік жалғаулы сөзбен берік байланысқа түсуі, жоғарыда айтқандай, тілімізде жиі кездеседі. Мәселен, *Күрішті комбайнмен шілде айында орады* дейтін болсақ, *орады* етістігінің табыс жалғаулы сөзбен тіркесіп келген түрі берік меңгерудің қатарына жатады да, қалғандары, яғни *комбайнмен орады, июль айында орады* тіркестерінің бағыныңқылары *орады* етістігінің лексика-грамматикалық мағынасы емес, жалпы грамматикалық мағынасына орай белгілі бір септік жалғауын қабылдап тұрғандықтан, әлсіз меңгерудің аясына енеді. Міне, осындай ерекшеліктерге сүйеніп, берік меңгеріле байланысқан сөз тіркестерін іштей жалаң берік меңгеру және қосарлы берік меңгеру деп болуге болады.

4. Сабақты етістіктер мен салт етістіктердің меңгеру дәрежесін өзара салыстырып қарайтын болсақ, мынадай ерекшелікті аңғаруға болады. Сабақты етістіктер мағынасына орай тек табыс жалғаулы сөздермен емес, өзге жанама септіктермен де тіркеседі. Бірақ бұлар сабақты етістіктер болғандықтан, ең алдымен табыс септігіндегі сөзді қажет етеді, сондықтан да сабақты етістіктердің табыс жалғаулы сөздермен тіркесіп келген түрі берік меңгерудің қатарына жатады да, ал өзге жанама септіктермен тіркесіп келген түрі әлсіз меңгерудің аясына енеді. Сол тәрізді салт етістіктердің ішінен қозғалыс әрекетін білдіретін *бару, келу, кету, оту* тәрізді етістіктердің барыс не шығыс жалғаулы сөздермен тіркесіп келген түрі берік меңгеру тобын құрайды да, ал бұлардың жатыс, көмектес жалғаулы сөздермен тіркесіп келген түрі әлсіз меңгеріле байланысқан сөз тіркестерінің тобын құрайды.

Жалаң берік меңгеру сөйлем ішінде оқшау тұрып та, сонымен бірге әлсіз меңгеріле байланысқан сөз тіркестерімен бірлескен, селбескен қалпында тұрып та қолданыла береді.

Жалаң берік меңгеру етістіктердің мынадай мағыналық топтарының меңгеруі арқылы жасалады: 1) бір нәрсені жетілдіру, жақсарту мағынасын білдіретін етістіктердің меңгеруі арқылы (*мектепті безендіру, жерді суландыру, колхозды қозғалдыру, білімді жетілдіру* т.б.); 2) адамның ішкі көңіл-күйін білдіретін армандау, сағыну, тәрізді етістіктердің меңгеруі арқылы (*ғалым болуды армандау, баласын сағыну* т.б.); 3) ұнату, құрметтеу мағынасын білдіретін етістіктердің меңгеруі арқылы (*үлкенді сыйлау, ананы құрметтеу, оқу озаттарын мадақтау, сәбиді еркелету* т.б.); 4) қирату, күйрету мағынасын білдіретін ортеу, мылжалау, езу тәрізді етістіктердің меңгеруі арқылы (*ескі заттарды ортеу, жауды күйрету, жыланның басын мылжалау, балшықты езу* т.б.); 5) күту, мәпелеу, тәрбиелеу мағынасын білдіретін етістіктердің меңгеруі арқылы (*сәбиді тәрбиелеу, жеміс ағашын өсіру, әкені күту, ауруларды тамақтандыру* т.б.); 6) қозғалыс - әрекетін білдіретін міну, бату, ұмтылу, сүңгу тәрізді салт етістіктердің меңгеруі арқылы (*поезға міну, батпаққа бату, жауға ұмтылу, суга сүңгу* т.б.).

Жалаң берік меңгеру мен әлсіз меңгеріле байланысқан сөз тіркестері бір сөйлемнің аясында жарыса қолданыла береді, яғни бір етістік бірнеше септік жалғаулы сөздерді меңгеретін болса, олардың біреуі берік меңгерудің қатарына жатады да, қалғандары арқауы бос әлсіз меңгерудің құрамына енеді. Меңгерудің мұндай түрі мына тәрізді жолдармен жасалады: 1) бір нәрсені жасау мәнін білдіретін сабақты етістіктер табыс жалғаулы сөздермен тіркесіп, меңгерудің берік түрін құрағанда жатыс, көмектес жалғаулы сөздермен (*киімді қолы босағанда машинамен тігу*) және барыс, жатыс, шығыс жалғаулы сөздермен (*бала бақшасын кірпіштен жаз айында орталыққа салу*) әлсіз байланысқа түседі; 2) қирату, күйрету мәнін білдіретін сабақты етістіктер табыс жалғаулы сөздермен меңгерудің берік түрін құрайды да, ал жатыс, көмектес жалғаулы сөздермен (*зәулім теректі балалар жоқта трактормен құлату*) және шығыс, көмектес жалғаулы сөздермен (*шыныны ортасынан кескішпен кесу*) әлсіз меңгерудің түрін құрайды; 3) болу және қосу мәнін білдіретін сабақты етістіктер табыс жалғаулы сөздермен меңгерудің берік түрін құрағанда барыс, көмектес жалғаулы сөздермен (*тақтайды арамен екіге бөлді*) және шығыс жалғаулы сөздермен (*теріні еттен ажырату*) меңгерудің әлсіз түрін құрайды; 4) тамақтану, қоректену мәнін білдіретін са-

бақты етістіктер табыс жалғаулы сөздермен меңгерудің берік түрін құрайды да, ал шығыс, көмектес жалғауларымен меңгерудің әлсіз түрін құрайды (*палауды шетінен қолмен жеу*); 5) естіп қабылдау мәнін білдіретін сабақты етістіктер табыс жалғаулы сөздермен берік меңгерудің түрін құрайды да, ал шығыс жалғаулы сөздермен әлсіз меңгерудің түрін құрайды (*жаңалықты радиодан тыңдау, киноны теледидардан көру*); 6) қозғалыс - әрекетін білдіретін салт етістіктердің бірқатары барыс жалғаулы сөздермен тіркесіп берік меңгерудің түрін құрағанда, шығыс, көмектес, жатыс, жалғаулы сөздермен арқауы бос әлсіз байланысқа түседі (*Москваға Ленинградтан бесінші желтоқсанда поезбен келді*); 7) қозғалыс - әрекетін білдіретін салт етістіктердің бірқатары шығыс жалғаулы сөздермен берік меңгерудің түрін құрайды да, ал барыс, көмектес, жатыс жалғаулы сөздермен әлсіз меңгерудің түрін құрайды (*абақтыдан тоғайға таң сәріде атпен қашу*) т.б.

Қозғалыс - әрекетін білдіретін салт етістіктердің жоғарыда көрсеткендей, бірде барыс жалғаулы сөздермен берік байланысқа түсуі, бірде шығыс жалғаулы сөздермен берік байланысқа түсуі етістіктердің мағыналық ерекшеліктеріне байланысты. Мәселен, *барды* етістігінің бағыт мағынасы бір жерден шығу мағынасына қарағанда әлдеқайда басым, сондықтан ол барыс жалғаулы сөзбен берік байланысқа түседі, сол тәрізді *оту* етістігінің жанап қозғалу мағынасы бағыт мағынасынан басым болғандықтан, шығыс жалғаулы сөзбен берік байланысқа енеді.

Қазақ тілінде бір сөйлемнің құрамынан тек жалаң берік меңгеру ғана емес, қосарлы берік меңгеруді де кездестіреміз. Бірақ бұлар етістіктердің көпшілігі емес, тек мынадай мағыналық топтарының меңгеруі арқылы жасалады: 1) беру, өткізу мәнін білдіретін сабақты етістіктер тек табыс жалғаулы сөздермен ғана емес, барыс жалғаулы сөздермен де тығыз байланысқа түсіп, берік меңгерудің қабаптасқан, жұптасқан түрін құрайды (*баланы әкесіне беру, ақшаны кассаға өткізу, малды қойшыға тапсыру, мүлікті иесіне қайтару, орденді Жомартқа беру* т.б.); 2) біреуге арнай, бағыттай сөйлеу мағынасын білдіретін сабақты етістіктер әрі табыс, әрі барыс жалғаулы сөздермен берік байланысқа түседі (*тапсырманы оқушыларға хабарлау, еңбектің мазмұнын жұмысшыларға түсіндіру, өз ойын тыңдаушыға жеткізу* т.б.); 3) белгілі бір затты қозғалысқа түсіру мәнін білдіретін сабақты етістіктер қатарынан табыс және барыс жалғаулы сөздермен тіркесіп, жұптасқан берік меңгеруді құрайды (*затты үйге апару,*

тамақты егіс даласына жеткізу, машинаны арт жаққа итеру т.б.).

Қосарлы берік меңгеру жалаң берік меңгеру тәрізді арқауы бос әлсіз меңгерумен жарыса, бірлікте қолданыла алады. Мысалы: *затты машинамен үйге апару, тамақты егіс даласына арбамен жеткізу, машинаны арт жаққа трактормен итеру* т.б. Меңгеру табиғатында, етістікке тән, сондықтан да бұлардың меңгеру қабілеті есімдермен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Бұл мынадай белгілерден көрінеді: а) меңгеру, асылында, етістікке тән болғандықтан, оның тамыры тым әріден басталады. Тіліміздің тарихын айқындауға негіз болатын орхон-енісей ескерткіштері тілінде етістіктердің, болмаса есімдердің меңгеруі кездеспейді. Демек, есімдердің меңгеруі етістіктердің меңгеруі негізінде тіл дамуы барысында кейінірек қалыптасқан. Есімдер меңгеру қасиетіне кейінірек барып ие болғандықтан, септік жалғаулы сөздермен тіркесу қабілеті жағынан да, соған орай сөз тіркестерін құрау мүмкіншіліктері жағынан да етістіктермен тең дәрежеде тұра алмайды; ә) етістіктер мағынаға аса бай, сондықтан да бұлар қатарынан бірнеше септік жалғаулы сөздерді жетегіне алып, алуан түрлі грамматикалық мағынасы бар сөз тіркестерін құрайды. Мәселен, *келді* етістігін алатын болсақ, барыс, шығыс, жатыс, көмектес жалғаулы сөздермен тіркесіп, соған орай төрт түрлі грамматикалық мағынаны білдіреді: *ауылға келді* - бағытталған қимыл әрекеттің орнын білдіреді, *қаладан келді* - қозғалыс-әрекетінің басталған жерін білдіреді, *жаз айында келді* - қозғалыс-әрекетінің уақытын, мезгілін білдіреді, *машинамен келді* - қозғалыс-әрекетінің тәсілін білдіреді. Ал есімдерде мұндай қабілет бола бермейді. Жоғарыдағы мысалдарға назар аударатын болсақ, олардың мағыналық жағынан құбылуына басыңқы сыңар емес, бағыныңқы сыңарлар негіз болып тұр. Өйткені төрт түрлі тіркестің құрамында да *келді* етістігі тұлғасы жағынан да, мағынасы жағынан да өзгеріске түспеген. Бірақ барлық жағдайда бұлай бола бермейді. Сөз тіркесінің мағыналық тұрғыдан құбылуына басыңқы сыңар қызметіндегі сөздер де әсер етеді. Мысалы: *“Абай жолы” романын жазды* - қимыл әрекетінің объектісін білдіреді, *“Абай жолы” романын құрметтейді* - ұнатқандықты, сүйіспендікті білдіреді, *“Абай жолы” романын берді* - қозғалысқа түскен заттың кімге, неге бағытталғандығын, адресін білдіреді, *“Абай жолы” романын пайдаланды* - көмек, тірек ету мағынасын білдіреді. Демек, меңгеріле байланысқан сөз тіркестерін зерттеуде олардың бір ғана сыңарына назар аударып қоймай, бағыныңқы, басыңқы сыңарларына

да тең дәрежеде көңіл бөлу қажет. Міне, осылай қарастырғанда ғана меңгерудің табиғаты жан-жақты айқындалады; в) етістік табыс жалғаулы сөздермен еркін тіркесетін болса, есімдер табыс жалғаулы сөздерді меңгере алмайды. Тілімізде *көргіш, білгіш, сезгіш* тәрізді туынды сын есімдердің табыс жалғаулы сөздерді меңгеруі кездеседі, бірақ бұлардың меңгеруіне сын есім емес, етістікке тән сабақтылық мағынасы әсер етіп тұр. Өйткені етістік туынды сын есімге айналғанмен, өзінің бастапқы меңгеру қасиетін сақтап қалған. Сонымен жоғарыда айтылғандарды ескере келіп, меңгеруге былайша анықтама беруге болады: басыңқы сыңардың лексика-грамматикалық сөз табы ретіндегі жалпы категориялық мағынасына орай бағыныңқының атау мен іліктен басқа септік жалғауларында тұрып сабақтаса, біржақты байланысуы меңгеру деп аталады.

2.1.1.1. Сабақты етістіктердің меңгеруі

Қазақ тіліндегі түбір тұлғалы етістіктер (қазіргі деңгейден алғанда) іс-әрекетті, қимылды, күйді, жалпы процестерді білдіру тұрғысынан өздерінің ішкі лексикалық, семантикалық сапасы жағынан біркелкі емес. Мәселен, адамның еңбек процесімен, қимыл-әрекетімен байланысты етістіктер негізінен, табыс септігіндегі тура толықтауышты қажет етсе, ал адамның ішкі көңіл-күйін, қозғалыс-әрекетін (тек кейбір реттерде ғана болмаса) білдіретін етістіктерде мұндай қабілет жоқ. Міне осындай мағыналық ерекшеліктері жағынан және табыс септігіндегі тура объектіні қажет ету немесе қажет ете алмау қасиеттері жағынан тіліміздегі етістіктер сабақты және салт болып, іштей үлкен екі салаға бөлінеді.

Сабақты етістіктер мен салт етістіктерді бірінен-бірі айырып көрсетерліктей арнаулы морфологиялық көрсеткіштер жоқ, сондықтан да оларды дара қалпындағы мағынасына қарап, мынау сабақты етістікке жатады да, ал мынау салт етістіктің қатарына енеді деп түйіп айту кейбір реттерде мүмкін де емес. Бұл, ең алдымен, етістіктердің омонимдік қасиетіне, көп мағыналылығына және мағыналық жағынан аса құнарлылығына байланысты. Мәселен, *қара* деген етістікті алатын болсақ, мұның екі түрлі мағынасы бар: біріншісі - *көзді тігіп қарау*, екіншісі - *бағу, мәпелеу, көз қырын салу*. Жүр етістігі мынадай мағыналарға ие: 1) кадамдап жүру; 2) бір нәрсені ойынға қосу (крестің королін жүру немесе ферзаны жүру). Міне, осымен байланысты жоғарыда келтірілген етістіктер қолданылу ыңғайына қарай бірде сабақты, бірде салт мағынасында қолданылады. Мысалы: *бұлтқа қара, үйге*

жүр, үйлеріңе тараңдар дейтін болсақ, бұлардың құрамындағы *қара, жүр, тараңдар* сөздері салт етістік қатарына жатады да, ал *малды қара* (бағу мағынасында), *крестің королін жүр* тіркесі құрамындағы етістіктер сабақты етістіктерге енеді. Бұл тәрізді етістіктерді былай қойғанда тіпті мағынасы айқын жатқан етістіктердің өзін синтаксистің қарамағына салмай, дара, оқшау қалпында алып, оларды сабақты және салт етістіктерге ажырату біржақтылықты аңғартады. Сондықтан да етістіктердің табыс септігіндегі тура толықтауышты меңгеру қасиеті сабақты етістікті айқындаудың негізгі өлшемі болып табылады.

Қазақ тіліндегі сабақты, салт етістіктің тұлғалық ерекшелігі болмайды, бірақ оларды жоғарыда айтқандай, мағынасына және табыс септігіндегі сөзбен тіркесе алу немесе тіркесе алмау мүмкіншілігіне қарай айқындауға болады. Осы тұрғыдан, *жазу, кесу, шабу, тігу, себу, кіру, егу, салу, қирату, бұзу, ату, ұру, жүргізу, итеру, сүйреу, ішу, жеу* тәрізді іс-әрекетті білдіретін етістіктер, *айту, сұрау, соғу, қарғау, мақтау* тәрізді сөйлеу мәнді етістіктер, *көру, есту, тыңдау* тәрізді сезіну етістіктері сабақты етістіктер қатарынан орын алады, өйткені бұлар өзінің мағынасы жағынан тура объекті мәніндегі сөзбен сабақтасып, оларды жетегіне алып, меңгеріп тұрады. Сөйтіп, ол табыс септігіндегі зат есімдермен, есімдіктермен, заттанған (субстантивтенген) сөздермен тіркесіп, сөз тіркесінің белгілі бір үлгісін (моделін) жасайды. Сөз тіркестері осы типтес үлгілердің негізінде жасалады, толығымен, өркенін жая береді.

Семантикасы жағынан топтастырылған сабақты етістіктердің ішінен іс-әрекетті білдіретін етістіктердің орны ерекше. Өйткені бұл етістіктер, негізінен, кісінің еңбек процесімен, іс-әрекетімен байланысты болып келеді. Мұндай мағынаны білдіретін етістіктер етістіктің басқа семантикалық топтарынан іс-әрекеттің тура объектіге бағытталуы, қимыл-әрекеттің объектілі болуы жағынан ерекшеленеді. Сондықтан да мұндай етістіктер ең алдымен табыс жалғаулы сөздерді керек етіп тұрады. Шындығында, табыс жалғаулы сөз тіркесінде сабақты етістіктің төрінен орын алатын қимыл, іс-әрекеттің сабақтылық мәні тура объектіге бағытталып қана қоймайды, сонымен бірге оның орындалуына субъектінің тікелей ықпалын да білдіреді.

Іс-әрекетті білдіретін етістіктер ең алдымен табыс, қала берді өзге септік жалғаулы сөздерді меңгереді. Мұндай мағынаны білдіретін етістіктердің әр түрлі септік жалғаулы сөздермен тіркесуі олардың мағыналық жағынан ерекшелігіне байланысты. Мәселен, бағытталған қимыл-әрекет объектіні толық қамтитындай бол-

са, табыс жалғаулы сөзді меңгереді де, ал іс-әрекетті білдіретін етістіктер сабақтылық мәнінің үстіне қимылдың бағытын және немен іске асқандығын білдіретін мән жамап алса, табыс және барыс, көмектес жалғаулы сөздерді меңгереді: *дәнді ылғалды жерге септі, күрішті комбайнмен орды* т.б. Қимыл-әрекетті білдіретін сабақты етістіктер объектіні толық қамтымай, жартылай қамтитын болса немесе заттың, нәрсенің неден жасалғандығын білдірсе, табыс және шығыс жалғаулы сөздерді меңгереді: *сырды бастан ұрды, үйді кірпіштен салды* т.б.

2.1.1.2. Салт етістіктердің меңгеруі

Мағынасы жағынан тура объекті мәніндегі сөзбен тіркеспейтін, табыс септіктегі сөзді қажет етпейтін етістіктер салт етістіктер деп аталады. Бұл - салт етістікті сабақты етістіктен ажыратудың негізгі өлшемі болып табылады. Алайда салт етістік пен сабақты етістіктің ара жігін айқындауда түбір тұлғалы етістіктердің ішкі лексикалық мағынасы да негізге алынады. Мысалы, *бару, келу, қайту, күлу, қуану* - салт етістіктер де, *кесу, шабу, ору, есу* - сабақты етістіктер.

Сабақты етістіктер мағынасының орамдылығына қарай табыс септігінен тыс жанама септіктерді де меңгере алатын болса, салт етістіктерде ондай қасиет жоқ. Бұлар тек барыс, шығыс, жатыс, көмектес септікті сөздермен ғана тіркеседі. Өйткені сабақты етістіктер тура объектіні толық қамтумен ғана шектеліп қалмай, объектінің іске асу тәсілін (күрішті *орақпен* орды), мезгілін (күрішті *шілде айында* орды), бағытын (затты *үйге* апарды), сондай-ақ шыққан орнын да (кітапты *дүкеннен* әкелді), бүтіннің бөлшегін де (*сырды бастан* ұрды) білдіреді. Бірақ бұған қарап салт етістіктер мағыналық жағынан мүлдем кедей, санаулы септіктен басқа септікті меңгере алмайды деген қысқа тұжырым жасауға болмайды. Ретіне қарай бұлар да жанама септіктердің бірнешеуін қатарынан меңгере алады: *ауылдан келді, қалаға келді, сағат бесте келді, көлікпен келді* т.б.

Мағынасы жағынан топтастырылған етістіктерді өзара салыстырып қарайтын болсақ, салт етістіктердің көпшілігі адамның көңіл-күйін, заттың қимылдық қалпын, қозғалыс-әрекетін білдіретін етістіктер болып келеді. Осы арада бір ескеретін жай, қозғалыс-әрекетін білдіретін етістіктердің барлығы бірдей тек көлемдік септіктерді меңгере бермейді. Мәселен: кеңістікті толығынан қамтитын бірқатар қозғалыс мәнді етістіктер табыс жалғаулы сөздермен тіркесіп, сабақтылық мағынаға ие болады.

Қазақ тілінде кеңістікті толығынан қамтитын қозғалыс мәнді етістіктердің қатарына *кезу, кешу, айналу, аралау* (кезу мағынасында), *шарлау* тәрізді етістіктер жатады. Мұндай етістіктермен мағынасы жағынан орайлас жатқан *әлем, дүние, жер, тау, су, қала* тәрізді көлемдік мағынасы бар зат есімдер болмаса, кез келген сөздер тіркеспейді. Мысалы: *дүние кезу, суды кешу, үйді айналу, әлемді шарлау. Суды беліне дейін кешіп, тынымсыз еңбек еткен балықшылар тұрмысы айтарлықтай емес-ті* (Нұршайықов). *Ол үйді айналып, терезеге таман келді де, тың тыңдаған адамдай мелішіп қалды* (Мұқанов).

Көлемдік мағынасы бар бұл тәрізді зат есімдер жоғарыда көрсетілген етістіктермен табыс жалғауы арқылы байланысқанда, кеңістіктегі қозғалыс-әрекетті білдіреді.

Қазақ тіліндегі салт етістіктер барыс, шығыс, жатыс, кейде көмектес жалғаулы сөздерді жетегіне алып, меңгеріле байланысқан сөз тіркестерін құрайды. Мұндай сөз тіркестерінің басыңқы сыңарлары болсын, немесе бағыныңқы сыңарлары болсын мағыналық жағынан біркелкі болып келмейді. Міне, осының өзі бұл типтегі сөз тіркестерінің әр түрлі қатынаста жұмсалып, алуан түрлі мағыналарды білдіруіне жол ашады.

2.1.1.3. Табыс жалғаулы сөз тіркестері

Септік жалғаулары, әдетте, есімдерді етістіктермен, қала берді, есімдермен байланыстырып, әр түрлі қарым-қатынасқа түсіреді. Осылардың ішінен табыс септік жалғауы өзі жалғанған сөздерді тек етістіктермен қиюластырып, қимыл-әрекеттің тікелей бағытталған объектісін көрсетеді де, сөйлемде тура толықтауыш қызметін атқарады. Мұндай жағдайда тура толықтауыш етістіктің жетегінде айтылып, өзі тіркескен сөзге мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да түгелдей тәуелді болады. Толықтауыш қызметін атқаратын сөздің қандай септік жалғауын қабылдауы етістіктің лексика-грамматикалық мағынасымен, сондай-ақ сөз табы ретіндегі жалпы категориялық мағынасымен тікелей байланысып жатады.

Етістіктер іс-әрекетті, қимылды, халды, жалпы процестерді білдіруі тұрғысынан өзара сабақтас болып келгенімен, ішкі лексика-грамматикалық сапасы жағынан біркелкі емес. Мәселен, кісінің еңбек процесімен, іс-әрекетімен байланысты етістіктер, негізінен, сөздердің табыс жалғауында тұруын қажет етеді де, ал кісінің көңіл-күйін, қозғалыс-әрекетін, қалпын білдіретін етістіктер, әдетте, сөздердің барыс, жатыс, шығыс, көмектес жалғауларында келуін талап етеді.

Етістіктердің сабақты, салт болып іштей саралануының өзіне осы белгілер негіз болады. Сонымен етістіктердің ішінен, әсіресе, кісінің еңбек процесін, іс-әрекетін білдіретін және соған орай табыс септікті сөздерді тілеп тұратын етістіктер сабақты етістіктер деп танылады.

Сабақты етістіктердің негізіне жататын іс-әрекетті білдіретін етістіктер, осылайша бір ғана атаумен аталғаны болмаса бұлар көлемі жағынан да, сондай-ақ мағынасы жағынан да алуан түрлі болып келеді. Сондықтан да мұның өзі іштей мына тәрізді мағыналық топтарға бөлінеді, әрі олардың әрқайсысы табыс септікті сөздердің алуан түрлерімен тіркесіп, объектілік қатынастағы сөз тіркестерін құрайды.

1. *Жасау, құрау* мәнді етістіктердің меңгеруі арқылы құралған сөз тіркестері. Мұндай мағынаны білдіретін етістіктер табиғатында, заттық мағынасы бар нақтылы зат есімдермен тіркесуге бейім тұрады. Осындай тіркесімділік қасиеті бар сөздер бірімен-бірі табыс септігі арқылы байланысқа түседі де, объектілік (толықтауыштық) қатынастағы сөз тіркестерін құрайды. Мысалы: *зауыттағы құру, машина жасау, тұқым өндіру, киім тігу, ақшаны жарату, тұқым себу, жіп иіру, кілем тоқу, еңбек жазу, кірпіш қалау, үй салу* т.б. *Біреуі құрып заводты өндіріспен, біреулер жүр әдемі қала салып* (Саин). *Мықты болсын деп әкеміз етікті таспамен тігетін* (Мұқанов). *Өнер білім бар жұрттар тастан сарай салғызды* (Алтынсарин). *Жасау, құру* етістіктерінің ең негізгі, өзіне тән төл мағынасы - сабақтылық мағына, алайда олардың меңгеру қызметі осымен сарқылып қоймайды. Қосымша мағыналық қатынастарды білдірумен байланысты аталған етістіктер табыс септігінен тыс жанама септіктерді де меңгере алады. Оған жоғарыда келтірілген мысалдар құрамындағы *таспамен тігетін, тастан салғызды* тіркестері дәлел бола алады. Мұндай қасиет - сабақты етістіктердің басқа мағыналық топтарына да тән қасиет.

2. *Бұзу, қирату, жарақаттау, жоқ ету* мәнді етістіктердің меңгеруі арқылы құралған сөз тіркестері. Бұл топқа жататын етістіктер жоғарыдағы *жасау, құру* мәнді етістіктермен антонимдес болып келеді де, амал-әрекеттің нәтижесінде бүтін тұрған нәрсенің жарақаттанып, қирап, бүлініп істен шыққандығын білдіреді.

Бұзу, қирату мәнді етістіктердің меңгеруінен мынандай ерекшелікті байқауға болады: 1. *Бұзу, қирату* мәнді етістіктерімен кез келген сөздер емес, ең алдымен, қолмен ұстап, көзбен көруге болатындай нақты ұғымды білдіретін зат есімдер тіркеседі. 2. *Бұзу, қирату* мәнді етістіктер, негізінен қимыл иесінің активті әрекетімен

тікелей байланысты болғандықтан, әрі мұндай етістіктер мен тура толықтауыштарға екпін түсетіндіктен, іс-әрекет ең алдымен тура объектіге бағыттталып, оны нақты атап көрсетеді. Міне, осы ерекшелік табыс септік жалғауының, негізінен, түсірілмей қолданылуына ықпал жасайды. Мұндай ерекшелікті *құру, жасау* етістіктерінің табыс жалғаулы сөздерді меңгеруін өзара салыстыру арқылы айқындауға болады. Мысалы: *үй салды - үйді бұзды, хат жазды - хатты жыртыты, кірпіш қалады - кірпішті қиратты* т.б. Мұның себебі *бұзу, қирату* өзгерістері объект мәніндегі зат пен нәрсенің жалпылығын қаламайды, неғұрлым нақтылығын қалайды. Осымен байланысты табыс септікті сөз жалғаулықсыз түрінде емес, жалғаулы түрінде қолданылады. Табыс септігі сөз тіркесі құрамында, мейлі, жалғаулы түрінде қолданылсын, болмаса жалғаусыз түрінде жұмсалсын, бәрі бір толықтауыштық (объектілік) қатынаста жұмсалады, сондықтан табыс септік жалғауы түсіп қалған түрін қабысуға, түспей, ашық қолданылған түрін меңгеруге жатқызбай, екеуін де меңгерудің қатарында қараған орынды. Мұндай типті сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларында қобінесе, нақтылық мәні бар зат есімдер, есімдіктер, заттанған сын есімдер, сан есімдер, есімшелер, кейде жалпылық мәні бар зат есімдер де қолданылады, бірақ жалпылық мәнді зат есімдер мен *бұзу, қирату* мәнді етістіктердің тіркесіп келген түрі - тілімізде сирек кездесетін құбылыс. Мысалы: *тауды бұзу, ыдыс-аяқты қирату, жауды талқандау, басын жару, матаны жыртыу, оны бауыздау, ақтарды талқандау, қылт еткенді атып тастау* т.б. *Ақылды мақтанса, істі тыңдырар, ақылсыз мақтанса, аяғын сындырар* (Мақал). *Келсе-дағы қарсы дәл, Мерген оны атпады. Оның - дағы бар шығар, аққу сынды аппағы* (Мәуленов). *Қашқан жауды қылыштан, қиратып жатыр бір адам* (Әбдіқадыров).

3. Объектіні қозғаушы мәнді етістіктердің меңгеруі арқылы құралған сөз тіркестері. Объектіні қозғаушы мәнді етістіктер қозғалыс мәнді етістіктермен сырттай қарағанда ұқсас, айырмашылығы жоқ тәрізді. Ойткені екі топқа жататын етістіктердің екеуі де, түптеп келгенде, қозғалыс арқылы іске асады. Салыстырып көрелік: 1) *айдау, апару, жүргізу, жеткізу, итеру, қозғау* т.б. - объектіні қозғаушы мәнді етістіктер; 2) *жүру, жету, келу, бару, өту* т.б. - қозғалыс мәнді етістіктер. Алайда бұлардың өзіндік айырмашылықтары бар, олар мынадан байқалады: 1. Объектіні қозғаушы мәнді етістіктерде қимыл әрекет тура объектіге бағыттталып тұратын болса, қозғалыс мәнді етістіктерде ондай қасиет болмайды; 2. Объектіні қозғаушы мәнді етістіктерде

қимыл иесі (субъекті) объектіні қозғалысқа түсіретін болса, қозғалыс мәнді етістіктерде қозғалысқа түсетін объект болмайды, қозғалысқа субъектінің өзі түседі; 3. Объектіні қозғаушы мәнді етістіктер табыс жалғаулы сөздерді тілеп тұратындықтан, сабақты етістіктердің қатарына жатады да, ал қозғалыс мәнді етістіктерде мұндай қасиет болмайтындықтан, салт етістіктердің қатарынан орын алады.

Объектіні қозғаушы мәнді етістіктер объектімен байланысты болғандықтан, ең алдымен, табыс жалғаулы сөздерді меңгереді. Мұндай мағынаны білдіретін етістіктермен қозғауға, жылжытуға, орын ауыстыруға болатындай конкретті зат атаулары немесе осындай зат есімдердің орнына жүретін есімдіктер, есімшелер тіркеседі. Мысалы: *затты апарды, құрал-жабдықтарды жеткізді, арбаны итерді, машинаны тартты, алғандарды жеткізді* т.б. *Жігіттер бірін-бірі ыммен түсінісіп, газикті от алдырмай-ақ итеріп апарып қара жолға түсірді* (“Егеменді Қазақстан” газеті). *Бүркіт қоянды қарға бір-екі рет домалатып алды да, үнін өшірді* (Мұқанов). *Тақырбас мені оқыстан көкірегімнен итеріп кеп жіберді* (Соқпақбаев).

4. *Бөлу, жару және жинау* мәнді етістіктердің меңгеруі арқылы құралған сөз тіркестері. *Бөлу, жару* етістіктері *жинау* мәнді етістіктермен антонимдес, бірақ табыс жалғаулы сөздерді меңгеруі жағынан бастары алшақтамай, бір жерге түйіседі. Мұндай етістіктерге тән қимыл-әрекет ең алдымен, тура объектіге бағытталады да, толықтауыштық қатынаста сөз тіркестері жасалады. Бұл тәрізді сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларында бөлу, жаруға немесе жинауға болатындай нақтылы зат атаулары мен солардың орнына жүретін есімдіктер, құрал-сайманның атын білдіретін зат есімдер және заттанған сан есімдер ғана болмаса, кез келген сөздер қолданылмайды. Мысалы: *ағашты бөлу, сүйекті жару, жерді жырту, шөп жинау* т.б. *Жыланды қырық бөлсе де, кесірткедей әлі бар* (Мақал). *Сұрастыра келсем, ауылнай тұқымды бөлгенде, мұның мойнына екі пұт тары жазыл қойыпты* (Майлин).

5. *Ішіп, жеу*, қоректену әрекетін білдіретін етістіктердің меңгеруі арқылы құралған сөз тіркестері. Қоректенуді білдіретін етістіктер, негізінен, табыс жалғаулы сөздерді жетегіне алып, объектілік қатынастағы сөз тіркестерін құрайды. Мысалы: *тамақты жеу, сорпаны ішу, етті шайнау, дәнді шоқу, соны жеу, мұны ішу* т.б. *Етті жеудің алдында Ісләмді әлденеше кісі жіберіп таба алмайды* (Әуезов). *Бүркіт еттен бірер рет аузына апарды да, әрман қарай оны жемей қойды* (Есенберлин). *Ішіп, жеу* мағынасында жұмсалатын зат есімдер кісінің, жан-жануарлардың қорек-

тену әрекетін білдіретін етістіктермен табыс жалғауы арқылы байланысқанда, қимыл-әрекет тура объектіге бағыттталып, тура объект мәніндегі затты атап көрсетеді. Мысалы: *нанды асықпай жеді, сорпаны ыссылай ішті, жілікті сүйсіне кемірді* т.б.

Қоректену мағынасында жұмсалатын етістіктер объектіні әрі толық, әрі жартылай қамтитын болса, аталған етістіктер табыс және шығыс жалғаулы сөздерді қатарынан меңгереді. Мысалы: *Ертең бұйырса, сол қымызды сабаның өзінен ішең, қарағым* (Есенжанов).

6. *Сөйлеу, ойлау, сезу, қабылдау* мәнді етістіктер де қолданылу ыңғайына қарай сабақты етістіктер тобын құрап, табыс жалғаулы сөздермен байланысқа түседі. Бірақ бұлардың, біріншіден, іс-әрекетті білдіретін етістіктермен салыстырғанда сабақтылық мағынасы шектеулі болады, екіншіден, іс-әрекетті білдіретін етістіктермен тіркесе алмайтын абстракт зат есімдер *сөйлеу, ойлау, сезу, қабылдау* мәнді етістіктермен еркін тіркесе алады. Мысалы: *уақиғаны баяндады, тапсырманы сұрады, жағдайды баяндады, күшін көрсетті* т.б. *Аздан соң әлгі көмекшісі қайтып кеп, Тоқаштың адресін сұрады* (Шашкин). *Сен оған айт, жас ақын, болған саған құмар де, сырын айтпай жас жүрек, қайтіп қана шыдар де* (Аманжолов). *Ауыл-аймағымен сойылыңды соғайын, дауыңды айтайын деп, қай көп бергенге партиялас болады* (Абай). *Ерегіссең менімен, көрсетемін күшімді* (Қамбар батыр). *Сөйлеу, ойлау, сезу, қабылдау* мәнді етістіктердің бойына тек сабақтылық қасиет қана емес, салттылық қасиет те тән, сондықтан бұлар табыс септігінен басқа жанама септіктерді де меңгеріп, әр түрлі грамматикалық мағыналарды білдіреді.

Табыс септікті сөз тіркестері жалғаулы түрінде де, жалғаусыз түрінде де қолданылады. Мысалы: *жер қазды - жерді күрекпен қазды, ет жеді - етті асығып жеді, қой сойды - қойды түнде сойды* т.б. Табыс септігінің жалғаулы, жалғаусыз қолданылуын тұркологтардың көбісі белгілік, белгісіздік категориясымен байланыстырады. Бұл мәселені қазақ тілі материалдарының негізінде қарастырған М.Б.Балақаев тура толықтауыштың әрдайым жалғаулы болып қолданылатын кездерін нақты материалдардың негізінде санамалап көрсете келіп, кісі аттары мен жіктеу есімдіктерінің толықтауыш қызметінде әрдайым жалғаулы болып келуі сөздердің белгілік қасиетіне емес, ол - сөздердің синтаксистік негізгі қызметінің өзгешелігінде болуға тиісті, яғни толықтауыш қызметіндегі сөз бастауыш болып кетпеу үшін табыс жалғауын қабылдап тұрады деп көрсеткен болатын. Бұл қағиданың дұрыстығы ешқандай күмән туғызбаса керек, бірақ ұсынылып отыр-

ған ереже барлық уақытта табыс септігінің жалғаулы немесе жалғаусыз болып келуінің олшемі бола алмайды.

Тілдік материалдарға жүгінетін болсақ, мынадай жайттарды байқауға болады:

1. Сөздерді өзара байланысқа түсіретін қосымшалар (септік жалғаулары) жоқ кезде сөздер бірімен-бірі мағына жақындықтарына қарай селбесіп тіркескен, соның бірі - сабақты етістіктер мен тура объект мәніндегі сөздер. Бұлар табиғатында, органикалық байланыста болғандықтан, араларына сөз салмай, ешқандай қосымшасыз іргелес тұрып байланысқан. Мұндай сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларында ертеректе жалпылық мәні бар жалпы есімдер жұмсалған, өйткені жалпы есімдер жалқы есімдермен салыстырғанда тура объект болуға бейім сөздер. Бірақ тілдің дамып, синтаксистік құрылыстың жетіле түсуі септік жалғаусыз байланысқан объектілік қатынастағы сөз тіркестерінің өзгеріске түсуіне ықпал жасады.

2. Синтаксистік құрылыстың жетіліп, күрделене түсуіне байланысты тура объект мәніндегі сөздер мен сабақты етістіктер арасына басқа бір сөздер сыналатын болды: *жерді күрекпен қазды, суды кесемен ішті, етті қолмен жеді* т.б.

3. Тура объект мәніндегі жалпы есімдердің орнына жүре келе жалқы есімдер де, есімдіктер де, сан есімдер де, заттанған сын есімдер де жұмсалатын болды. Бұл объект мәніндегі сөздердің табыс жалғаулы түрінде қолданылуына түрткі болды: *Маратты көрді, оны тәрбиеледі, онды екіге бөлді, қыздарды байқады* т.б.

4. Белгілі бір сөзге назар аударып, логикалық екпін түсіріп айту тәжірибеде орын тепті, бұл сөз тіркесі құрамындағы сөздердің бұрыннан қалыптасқан орнын өзгертуге түрткі болды, нәтижесінде табыс септігі жалғаулы түрінде қолданылды: *сой сиырды, кес нанды, жон ағашты* т.б.

2.1.3. Барыс жалғаулы сөз тіркестері

Басыңқы сыңары етістік болып келетін барыс жалғаулы сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларында зат есім, есімдік, сын есім, есімше қолданылады да, басыңқы сыңарларында іс-әрекеттің бағыт, бағдарын (*бару, келу, кету, кіру, жақындау, ұшу, ұмтылу*) және бату, тереңдеу мағынасын білдіретін (*бату, сүңгу, түсу*) қозғалыс мәнді етістіктер; адамның ішкі көңіл-күйін, сезімін (*қуану, қайғыру, сену, нану*), адамның іске қатысын (*қатысу, көмектесу, жәрдемдесу*), адамның алға ұмтылу әрекетін (*дайындалу, ұмтылу, талпыну*) білдіретін салт етістіктер жұмсалады. Мысалы: *Сендерге ерекше комиссия барады* (Шаш-

кин). *Абай сәлем беріп үйге кіргенде, кең үйдің ішілік толған кісі екен* (Әуезов) т.б.

Етістіктердің ішінде қозғалыс-әрекетін білдіретін етістіктер аумағы жағынан да, менгеру қабілеті жағынан да ерекшеленеді.

Барыс жалғаулы сөздерді менгеретін қозғалыс мәнді етістіктерді ішгі шартты түрде үшке болуге болады. 1. Тек барыс септігін тілеп тұратын қозғалыс мәнді етістіктер: *мін, сүңгі, түс (суға), бат (батпаққа), ұмтыл, жақында* т.б. (*атқа, поезға, машинаға мінді, суға сүңгіді, құдыққа, суға түсті; батпаққа батты, жауларға ұмтылды, қалаға жақындады*). 2. Шығыс септігімен салыстырғанда барыс септігін басымырақ талап ететін қозғалыс мәнді етістіктер: *бар, кір, жүгір, шап, үш* т.б. (*елге барды, қаладан барды*); *үйге кірді, даладан кірді, мектепке жүгінді, орталықтан жүгірді, колхозға шапты, белгілі жерден шапты; аспанға ұшты, орталықтан ұшты*). 3. Барыс септігі мен шығыс септігін тең дәрежеде қажет ететін қозғалыс мәнді етістіктер: *кет, кел, орал, қайт, (мектепке кетті, үйден кетті; үйге келді, жатақханадан келді; елге оралды, ағайындардан оралды; ауылға қайтты, қаладан қайтты, ауылдан қайтты)*.

Қозғалыс-әрекетінің бағыт, бағдары мен тірелер орнын білдіретін етістіктер барыс жалғаулы сөздерді жетегіне алып, менгеріле байланысқан сөз тіркестерін құрайды. Мұндай сөз тіркестері тіркес құрамындағы сөздердің мағыналық ерекшеліктеріне қарай толықтауыштық және пысықтауыштық қатынаста жұмсалады. Толықтауыштық қатынаста жұмсалатын сөз тіркестерімен салыстырғанда пысықтауыштық қатынаста қолданылатын сөз тіркестері тілімізде жиі қолданылады, соған орай мағыналық жағынан алуан түрлі болып келеді.

Объектілік қатынаста жұмсалатын барыс жалғаулы сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарлары толықтауыш қызметін атқаратын сөздер болып келеді. Сондықтан да толықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларында, негізінен, адам атаулары не солардың орнына жүретін есімдіктер болып келеді де, басыңқы сыңарлары осылармен мағыналық жағынан орайлас жатқан қозғалыс мәнді етістіктер болады. Мұндай қатынаста жұмсалатын сөз тіркестерінің мағыналары, негізінен, мынадай:

1. Қозғалыс-әрекетінің кімге, неге бағытталғандығын білдіреді. Мысалы, *баласына келді, әкесіне барды, анасына жүгірді, сіздерге барды. Абай ең алдымен әжесіне келді* (Әуезов). Мұндай сөз тіркесі құрамындағы барыс септігі қозғалыс-әрекетінің тірелер орнын атап көрсетеді.

2. Қозғалыс-әрекетінің бағыт, бағдарын білдіретін етістіктердің бірқатары барыс жалғау-

лы сөздермен тіркесіп, аттану, жорыққа шығу, тартысу мағынасында қолданылады. Мысалы: *жорыққа аттану, соғысқа бару, күреске түсу. Патша тақтан құлаған күннің ертеңінде Сақа Қаратөбедегі әкесіне аттанған* (Шашкин). *Жорыққа аттандырған барымтаға түсетін құмалақ бұларға да түсер еді* (Әуезов).

3. Қозғалысқа түскен заттың адресатын білдіреді. Мысалы: *Сіздің атыңызға жіберілді, сіздің атыңызға жөнелтілді. Жолдас Мұратбаевтың атына арнаулы телеграмма жіберілді* (С.Қ.).

4. Соқтығу, тию, сүріну, сүйену, жамбастау, жантаяу тәрізді қозғалыс мәнді етістіктер барыс жалғаулы сөздермен тіркесіп, қақтығыс пен сүйкеніске түскен заттарды атап көрсетеді. Мысалы: *кәрілерге соқтықты, тас итке тиді, ағашқа сүрінді, жастыққа жамбастады, трубаға сүйенді, қолына жантайды* т.б. *Табалдырыққа сүрініп барып бойын тіктеп алған Мәкіш, Жәнібектерге тіке тартты* (Әуезов).

Пысықтауыштық қатынаста жұмсалатын барыс жалғаулы сөз тіркестері тілімізде аса жиі кездеседі. Мұндай қатынаста келетін сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларында зат есім, есімдік, түйық етістік, көмекші есімдер қолданылады. Мысалы: *Тоқаш жартасқа жақын барды* (Шашкин). *Аздан соң құз басына ереуілдеген жаяулар шықты да, ойдағы жиынға қарады* (Әуезов).

Пысықтауыштық қатынаста жұмсалатын барыс жалғаулы сөз тіркестері мынадай мағыналарда жұмсалады:

1. **Көлемдік.** Мұндай мағынаны білдіретін сөз тіркестері *жер, көл, аспан, жол, үй, қасы, жаны* тәрізді *көлемдік* ұғымы бар сөздердің қозғалыс мәнді етістіктермен тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *сол жерге бару, көлге келу, аспанға ушу, үйге жету, Омардың қасына келу, оның жанына бару. Нұрлан ақырын тысқа шығып, үйілген шөптің арасына барып ұйықтады* (Шашкин). *Баласы атын байлап қасына келгенде, жаңа байқады* (Әуезов).

2. **Мезгілдік.** Мезгілдік мағынаны білдіретін сөз тіркестері уақытты, мезгілді, шақты меңзейтін есімдердің қозғалыс әрекетін білдіретін есімдермен тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *ертеңіне келу, сағат беске бару, түске жету, он айға кету, бір жылға бару. Күттіре-күттіре ертеңіне келгені* (Шашкин).

3. **Мақсаттық.** Мақсаттық мағынаны білдіретін сөз тіркестері -у және -мақ тұлғалы қимыл есімдердің, кейде зат есімдердің қозғалыс мәнді етістіктермен тіркесуі арқылы жасалады. *Оқуға бару, көмекке келу, қаралуға кету. Ақбалтырды алып, Тоқаш Құрышпайдың үйіне қонаққа барды* (Шашкин). *Жылы киім жоқ, ауылда қалған*

жігіттер жаяу-жалтылай көмекке жүгіріп кетінті (Нүрпейісов). *Адамның ішкі көңіл-күйін, сезімін білдіретін етістіктердің меңгеру қабілетін етістіктің басқа семантикалық топтарымен салыстыратын болсақ, мынадай ерекшелікті аңғаруға болады.*

Адамның ішкі көңіл-күйін, сезімін білдіретін етістіктер барыс жалғаулы сөздермен тіркесіп келіп, объектілік және пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерін құрайды.

Объектілік қатынастағы сөз тіркестері мынадай мағыналарда жұмсалады:

1. Біреуге сенім артқандықты білдіреді. *Асыл гүлім, ашық күнім, нан маған, Кезім жоқ қой жалғыз сені алдаған* (Мұқанов). *Солдат деген жұрт командир сөзіне сеніп үйренсе ғана ойлаған жерден шығады* (Мүсірепов).

2. Ұнағандықты, сүйсінгендікті білдіреді. *Дорбас ақсақал еңгезердей Пименнің тұлғасына сүйсініп, ақылына таңданады* (Шашкин). *Жолдасымының бұл сөзінен мен Шұғаға ынтықтым* (Майлин). *Жасы отыздан асқан, аға жігіт бар қалпымен жауынгерге бірден ұнайтын* (Мүсірепов).

3. Реніш, күйініштің біреуге, бір нәрсеге бағытталғандығын білдіреді. *Ызалы кемпір ас сурап қыңқылдай бастаған балаларға зекірді* (Нүрпейісов). *Үрейлі жүзі Сақаны көргенсін жадырап, итке ақырды* (Шашкин).

Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері қимыл-әрекеттің себебін білдіреді. Мысалы: *Осы жиналысқа кемпірін әкелгеніне мақтанып отыр* (Майлин). *Көпірден қорықпай өткеніне масаттанып...* (Мүсірепов). *Оның дер кезінде келмегеніне қатты ренжіп отыр* (Есенжанов). Мұндай топқа жататын етістіктердің басыңқы сыңарларында *дайындалу, талпыну, ұмтылу* тәрізді салт етістіктер жұмсалады да, ал бағыныңқы сыңарларында осы етістіктердің мағыналарымен орайлас жатқан *оқу, емтихан, болашақ* тәрізді зат есімдер және қимыл есімдер қолданылады. Бұл тәрізді сөздер барыс жалғауы арқылы байланысқа түскенде, болашаққа немесе белгілі бір іске меңзейтін қимыл-әрекетті білдіреді. Мысалы: *емтиханға дайындалу, оқуға талпыну, болашаққа ұмтылу. Кенесары жазғы айқасқа дайындалумен күндерін өткізді* (Есенберлин). *Қаланың большевигі бастаған жұмысшылардың ұйымы майдың бұл мейрамына әбден дайындалып...* (Жансүгіров).

2.1.4. Шығыс жалғаулы сөз тіркестері

Шығыс септігінің қалыптасу тарихы жайында түркі тілінде әр түрлі көзқарастар бар. Алайда шығыс септігін жатыс септігінің негізінде қалыптасты дейтін пікір басым.

Ертедегі ескерткіштер тіліне назар аударатын болсақ, жатыс септігінің шығыс септігі қызметінде қолданылғаны мәлім. Демек, бұл кезеңдерде аталған септіктер тұлғалық жағынан да, сол тәрізді мағыналық жағынан да сараланбаған. Мұндай құбылыс Махмуд Қашғари еңбектерінде де кездеседі, бірақ орхон-енисей ескерткіштер тілімен салыстыратын болсақ, жатыс септігі мен шығыс септігі іштей сараланып, дербестікке ие бола бастайды. Мекендік, мезгілдік мағына жатыс септігінің үлесіне тиеді. Демек, бұл айтылғандар шығыс септігінің жатыс септігі негізінде кейін қалыптасқандығын қуаттайды.

Шығыс жалғаулы сөз тіркестерінің басыңқы сыңарларында етістіктер де, есімдер де жұмсалады, бірақ етістіктердің қолданылуы есімдермен салыстырғанда әлдеқайда мол. Бұл ерекшелік меңгерудің ең алдымен етістіктерге тән екендігін қуаттайды.

Шығыс жалғаулы сөздерді керек ететін салт етістіктер өзге септік жалғаулы сөздерді талап ететін етістіктерден мағыналық жағынан сараланады. Мәселен, барыс жалғаулы сөздермен қимыл-әрекеттің бағытын, тірелер нүктесін білдіретін етістіктер тіркесе, шығыс жалғаулы сөздермен қимыл-әрекеттің басталар жерін, жасалғандығын, тегін білдіретін етістіктер тіркеседі. Демек, сөздер бірімен-бірі ретсіз тіркесе бермейді, олар тек мағыналық тұрғыдан жақын, орайлас болғанда ғана тіркеседі. Мәселен, *безудеген* етістік тек шығыс жалғаулы сөздерді меңгерсе (*дүниеден, өмірден безу*), *жақындау* етістігі тек барыс жалғаулы сөздерді меңгереді (*қалаға, елге жақындау*). Бірақ бұған қарап шығыс жалғаулы сөздерді меңгеретін етістіктер өзге септік жалғаулы сөздерді меңгермейді деген қорытынды шығаруға болмайды. Мәселен, қозғалыс-әрекетін білдіретін *кет, шық, түс, қайт* т.б. етістіктерді алатын болсақ, бұлар шығыс жалғауынан тыс барыс және көмектес жалғаулы сөздерді де меңгереді. Бұл қасиет етістіктердің мағыналық жағынан алуан түрлілігімен тікелей байланысты.

Шығыс жалғаулы сөздерді талап ететін етістіктердің мағыналық жағынан алуан түрлі болып келуіне қарай мұндай етістіктермен тіркесетін бағыныңқы сыңарлар да мағыналық тұрғыдан әр түрлі болып келеді. Міне, осы ерекшелік шығыс жалғаулы сөз тіркестерінің мағыналық жағынан құбылмалы, әртарапты болуына ықпал жасайды. Мысалы: *үйден келді* - көлемдік мағынаны білдірсе, *былтырғы жылдан қалды* - мезгілдік мағынаны, *ол кірпіштен салынған* - заттың істелу тегін білдіреді. Мұны былай қойғанда, шығыс жалғауындағы әр түрлі сөздердің бір ғана етістікке иек артып байланы-

суы мен әр түрлі етістіктердің бір ғана сөзбен тіркесуінен де сөз тіркесінің мағынасы құбылып, өзгеріп отырады. Мысалы: *Жаз айынан қалған* - мезгілді білдіреді, *Әкеден қалған* - іс-әрекеттің шыққан, тараған жерін білдіреді, *түнгі еттен қалған, шараптан қалған* - бүтіннің бөлшегін білдіреді. Немесе *балконнан қарады, балконнан түсті, балконнан құлады, балконнан ағызды* тәрізді сөз тіркестерінің мағыналары да біркелкі емес. Демек, сөз тіркестерін баяндауда олардың басыңқы сыңарларымен бірге бағыныңқы сыңарларын да назардан тыс қалдыруға болмайды. Объектіге алынып отырған шығыс жалғаулы сөз тіркестерінің ерекшеліктері семантикалық тұрғыдан топтастырылған салт етістіктердің меңгеру қабілетін айқындау арқылы ашылады.

Қозғалыс-әрекетін білдіретін етістіктер мағыналарының алуан түрлілігіне қарай барыс, шығыс, қала берді көмектес жалғаулы сөздерді қатарынан меңгереді. Осылардың ішінен шығыс жалғаулы сөздерді қозғалыс-әрекетінің басталған орнын, шығар жерін білдіретін етістіктер болмаса, мұның кез келген мағыналық топтары меңгере алмайды.

Шығыс жалғаулы сөздерді қажет ететін қозғалыс мәнді етістіктер меңгеру қабілеті жағынан жоғарыда айтқандай, біркелкі емес. Мәселен, *асу* (таудан), *өту* тәрізді етістіктер тек шығыс жалғаулы сөздерді меңгерсе, ал *қашу, шығу* тәрізді етістіктер барыс септігіне қарағанда шығыс септігін басымырақ қажет етеді. Болмаса, мұндай етістіктердің бір қатары аталған септіктердің екеуін де қатарынан, тең дәрежеде тілеп тұрады.

I. Тек шығыс жалғаулы сөздерді меңгеретін қозғалыс мәнді етістіктер: Мұндай топқа жататын етістіктер саны көп емес. Олардың қатарына *асу* (белден), *өту, озу, бөлініп шығу* тәрізді сөздер жатады. Осы аталған етістіктердің табиғатына назар аударатын болсақ, *бөлініп шығу* етістігінен басқалары қозғалыс-әрекетінің не басталар орнын, не шегін білдірмей, тек белгілі бір нысанды басып өткендікті білдіреді. Міне, осы қасиет мұндай топқа жататын етістіктердің барыс жалғаулы сөздерді меңгермей, тек шығыс септігін меңгеруіне ықпал жасайды. Мұндай етістіктердің меңгеруінен құралған шығыс жалғаулы сөз тіркестері тіркес құрамындағы сөздердің алуан түрлілігіне қарай мағыналық жағынан да әр жақты болып келеді. Солардың негізгілері мыналар:

1. Қимыл-әрекеттің белгілі бір нәрсені жанап өткендігін білдіреді. Мысалы: *Бір белден асып, екінші белдің өріне қарай тоқтамай, жарысып келе жатты* (Әуезов). *Арықтағы лай су жиіктен асып, тасып көшеге жайылды* (Шашкин).

2. Мезгілдің мөлшерлі уақыттан өтіп бара жатқандығын білдіреді. Мысалы: *Жездемді көрмегеніңізге үш айдан асты* (Есенжанов). *Оты жылтырап, түн ортасынан асқанша сөнбеді* (Тоқмағамбетов).

3. Жарыста озып шығу, ілгері кету мағынасын білдіреді. *Бұлар ұлы сыннан, ұлы өткелден жығылмай бір өтті* (Сейфуллин).

4. Кісінің жас мөлшерін білдіреді. *Ал мен сізді отыздан асқан болар деп ойлап едім* (Нүрпейісов).

II. Негізінен шығыс жалғаулы сөздерді тілеп тұратын қозғалыс мәнді етістіктер. Бұлардың қатарына *қашу, шығу, түсу (аттан), секіру, аттау, қарғау, еру* тәрізді етістіктер жатады. Бұл аталған етістіктерді бірыңғай шығыс жалғаулы сөздерді меңгеретін қозғалыс мәнді етістіктермен салыстыратын болсақ, мынадай ерекшеліктерді аңғаруға болады:

1. Бірыңғай шығыс жалғаулы сөздерді меңгеретін қозғалыс мәнді етістіктер қимыл-әрекеттің не басталған орнын, не тірелер жерін білдірмей, тек белгілі бір нәрсені жанап өткендікті білдіреді. Сондықтан да бұлар шығыс, қала берді көмектес жалғаулы сөздерді меңгереді де, барыс жалғаулы сөздерді меңгере алмайды.

2. Негізінен шығыс жалғаулы сөздерді меңгеретін қозғалыс мәнді етістіктер қимыл-әрекеттің басталған орнын, тірелер жерін және қалай іске асқандығын білдіреді. Сондықтан да мұндай етістіктер шығыс, барыс және көмектес жалғаулы сөздерді меңгереді. Мысалы: *тоғайдан машинамен тауға қашты; үңгірден сатымен далаға шықты; самолеттен парашютпен жерге түсті; арықтан атпен арғы бетке секірді* т.б. *Қашу, шығу, түсу (аттан), секіру, аттау, қарғау, еру* тәрізді етістіктер қозғалыс-әрекетінің басталған орнын, шығар жерін білдіргенде, шығыс жалғаулы сөздерді жетегіне алып, меңгеріле байланысқан сөз тіркестерін құрайды. Мұндай сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларында басыңқы сыңарлардың әуеніне қарай бағына байланысатын әр түрлі мағыналы сөздер қолданылады. Міне, осымен байланысты мұндай сөз тіркестері әр түрлі қатынаста жұмсалып, әр түрлі мағыналарды білдіреді.

Толықтауыштық (объектілік) қатынаста жұмсалатын сөз тіркестері мынадай мағыналарда жұмсалады:

1. **Қимыл-әрекеттің кімнен басталғандығын атап көрсетеді.** Мысалы: *дүшпаннан қашты, сізден қашты; жіптен секірді, сымнан секірді; оттан қарғыды. Жауыздардан қашып келе жатып, кенттен тап болғанымды қарашы* (Сейфуллин).

2. **Еңбектен қашу, сырт қалу мағынасын білдіреді.** Мұндай сөз тіркестерінің бағыныңқы

сыңарларында көбінесе қимыл-есімдер жұмсалады. Мысалы: *Мал бағудан қашу, егін егуден қашу. Еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып еріншек атанып, ез атанып, ырысқа дұспан болады.* (Абай).

Пысықтауыштық қатынаста жұмсалатын шығыс жалғаулы сөз тіркестері мынадай мағыналарда жұмсалады: 1. Көлемдік қатынасты білдіреді. Мұндай мағынаны білдіретін сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларында көлемдік, мекендік мәні бар сөздер қолданылады. Мысалы: *үйден қашу, құдықтан шығу, арбадан түсу, қайықтан секіру, арықтан аттау, үйдің төбесінен қарғау.* Он екі эс-эс түрмеден қашып шыққан (Сейфуллин). *Алтын нағаны жарқырап шанадан ақырын түсті* (Нүрпейісов). 2. Себебін білдіреді. Мысалы: *қорыққандықтан қашты, ұялғаннан секірді, қажет болғандықтан түсті, ауа жетпегендіктен шықты, лажы жоқтықтан ерді.* Сары мұрт қорыққанан қашып ала жөнелді (Тоқмағамбетов). 3. Кездесу, кезігу, күтіп алу мағынасында. *Алдыннан шыққан меньшевик эсерлерге қолын да берместен өтіп кетті* (Шашкин). 4. *Ұрлану, жасырыну, көзге түспеу мағынасында жұмсалады.* Мысалы: *терезеден шығу, жабдықтан түсу, балконнан секіру. Үйінің жабдығынан түсіп, қайта шыға алмай, қолға түскен* (Сейфуллин).

Психикалық сезімді, қалыпты білдіретін етістіктердің ішінен *қорқу, сескену, имену, қысылу* тәрізді етістіктер мағыналық жағынан ерекше топ құрайды. Бұл етістіктер өздерінің тура мағыналарында тек қана шығыс жалғаулы сөздерді меңгереді. Өйткені бұл етістіктер негізінен, белгілі бір істің, уақиғаның, жағдайдың себебін білдіреді. Мысалы: *Сонда өрттен қорқып, қашып шыққан елді қуғызып жүріп сабатып, Қонайға жеңгізіп берген едік* (Әуезов).

Шығыс жалғаулы сөздер мен бұл тәрізді етістіктердің байланысынан құралған сөз тіркестері мынадай мағыналарды білдіреді: 1. Себептілікті білдіреді. Мұндай сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларында себептіліктің мәнін ашып көрсететін есімше тұлғалы сөздер қолданылады. Мысалы: *Жұрттың ұрғанынан қорқып тез тобырға көз жіберген* (Сейфуллин).

2.1.5. Жатыс жалғаулы сөз тіркестері

Жатыс септігі табиғатында мекенді, орынды білдіретіндіктен, мұндай септік жалғауы арқылы қалыптасқан сөз тіркестері, ең алдымен, көлемдік қатынасты білдіреді. Алайда жатыс жалғаулы сөз тіркестері өзге көлемдік септіктер тәрізді мезгілдік мағынаны және т.б. мағыналарды да білдіреді. Демек, жатыс жалғаулы сөз тіркестерінің мезгілдік мағынасы көлемдік мағынаның негізінде кейін

қалыптасқан деуге болады. Алайда осыған қарамастан мезгілдік мағынаны білдіретін сөз тіркестері өзінің тамырын тым әріден бастайды. Мәселен, мұндай мағынаны білдіретін сөз тіркестері орхон-енисей ескерткіштер тілінде-ақ бой көрсетеді. Мысалы: *Ол күнте тегті түрк бодун темір қапыға* (Т., 46) - *Түрік халқы ол күнде Темір - қапыға жетті. Қырғыз бодуны уда басымыз* (КТБ.) - *Біз қырғыз халқын ұйқыда жатқанда басып алдық* т.б.

Орхон-енисей ескерткіштер тіліндегі жатыс жалғаулы сөз тіркестерінің бір ерекшелігі сол - бұлар, жоғарыда айтқандай, өз міндетінен тыс шығыс жалғаулы сөз тіркестерінің де қызметін атқарған. Егер жатыс септік тұлғалы сөз тіркестері көлемдік, мезгілдік мағыналарда жұмсалса, онда олар өз міндетін атқарады да, ал қимыл-әрекеттің басталар орнын, шығар жерін білдірсе, шығыс жалғаулы сөз тіркестерінің қызметін атқарған. Бұлар мағыналық жағынан тек контексте айқындалған. Жатыс септік жалғаулы сөз тіркестерінің шығыс жалғаулы сөз тіркестері қызметін атқаруы XI ғасырдағы ескерткіштер тілінде де кездеседі. Бірақ мұнда бір ескеретін жәйт, бұл дәуірлерде шығыс септігі жанадан қалыптаса бастайды да, соған орай *-да/-де, -та/-те* тұлғалы сөз тіркестері жарыса қолданылады. Мысалы: *Эр өккәсиндә урулды* (ДЛТ., 1,203) - *Ол ашуланғандықтан ісіп кетті. Сенидин барайын өзім*. (КБ., 109) - *Сенен өзім кетемін*, т.б. XI ғасырдағы ескерткіштер тілінен бастап жатыс жалғаулы сөз тіркестері шығыс жалғаулы сөз тіркестері міндетін отеу қасиетінен біртіндеп арылып, өз қызметін атқаратындай болып қалыптаса бастайды. Алайда бұрынғы қалыптасқан дәстүр көп уақыттарға дейін ізін жоғалтқан жоқ, оның қалдықтары мен сілемдері қазіргі кездерде де кездесіп қалады. Мысалы: *үйде көрдім - үйден көрдім, білімді мектепте алдым - білімді мектептен алдым. Арт жағымен келген Хакімді айнада көріп тұрса да елемейді* (Ерғалиев).

Жатыс жалғаулы сөз тіркестерінің даму барысына назар аударатын болсақ, мынадай ерекшеліктерді аңғаруға болады: 1) етістіктердің ішінен жатыс жалғаулы сөздермен тіркесуге бейім тұратын қалыпты білдіретін етістіктер (*отыр, тұр, жатыр, жүр*) орхон-енисей ескерткіштер тілінде жатыс жалғаулы сөз тіркестерінің басыңқы сыңарларында қазіргі кезбен салыстырғанда сирек қолданылады. Мәселен, аталған төрт етістіктің ішінен *отыр* және *жатыр* етістігі қолданылғанымен, *тұр, жүр* етістіктері жатыс жалғаулы сөз тіркестерінің басыңқы сыңарында некен-саяқ болмаса қолданылмайды. Мысалы: *Бу йірде олурып табғач будун бірле түзелтім* (КТм., 4) - *Бұл*

елде отырып, өз тағдырымды табғач халқымен ұштастырдым. Усун бунтату йуртда йату қалур ерті (Т.,19) - *Олар Бунтату жерінде қоныстану үшін қалды*; 2) тілдің дамуы барысында қалыпты білдіретін етістіктердің жатыс жалғаулы сөздермен тіркесу қабілеті артты; а) жатыс жалғаулы сөздермен тек *отыр, жатыр* етістігі емес, *тұр, жүр* етістіктері де еркін тіркесетін болып қалыптасты; ә) аталған қалып етістіктері жатыс жалғаулы сөздермен тек дара қалпында емес, күрделі етістік құрамында көмекші етістік қызметін атқарып тұрып та тіркесетін болды. Салыстырып қорелік: *институтта жүр - институтта оқын жүр; жолда жатыр - жолда келе жатыр* т.б; 3) ертеректе уақыт мерзімін айқындайтын құралдар жоқ кезде *тауық шақырғанда, қауын піскенде, муз қатқанда* тәрізді тіркестер уақытты айқындау тәсілі ретінде қолданылған. Ал осындай тіркестердің негізінде жатыс жалғаулы сөз тіркестерінің алуан түрлері қалыптасты. Мысалы: *жаңбыр жауаанда қуанады, өмірге сәби келгенде қуанады, қоңырау соғылғанда кіреді* т.б.; 4) жатыс жалғаулы сөз тіркесінің қалыптасуына белгілі дәрежеде орыс тілі де әсер етті. Мәселен, ойнау етістігін алатын болсақ, ол өзінің төл мағынасында тұрып, табыс және көмектес септікті сөздермен тіркеседі (*асық ойнау, балалармен ойнау*), бірақ ол бұрын музыкалық аспап атауларымен тіркескен емес. Өйткені қазақтар музыкалық аспаптарды тарту етістігімен емес, шерту етістігімен тіркестіріп қолданған. Демек, *баянда ойнау, скрипкада ойнау, домбырада ойнау* т.б. орыс тілінің әсері негізінде қалыптасқан.

Жатыс жалғаулы сөздермен тіркесетін етістіктердің табиғатына назар аударатын болсақ, олардың тіркесімділік қабілетінің тең еместігін аңғару қиын емес. Мәселен, қимыл-әрекетті, қозғалыс-әрекетін, кісінің ішкі психикалық әрекетін білдіретін етістіктер табиғатында жатыс септігіндегі сөздерді тікелей тілеп тұрмайтын болса, ал бірқатар етістіктер сөздердің жатыс жалғауында тұруын белгілі дәрежеде қажет етеді. Ондай етістіктердің қатарына жоғарыда айтқандай *отыру, жату, тұру, жүру*, және *қалу, жайлау, болу, көрсетілу, сақтау, тәрбиелену, жұмыс істеу* тәрізді сөздер жатады. Олардың көпшілігі заттың күйін білдіретін салт етістіктер болып келеді.

Мұндай етістіктермен тіркесетін жатыс жалғаулы есімдер объектілік (толықтауыштық) және пысықтауыштық қатынастарда жұмсалыады.

Объектілік қатынастағы сөз тіркестері мынадай мағыналарды білдіреді: 1. Қимыл процесіне жанама объект болатын *заттар мен нәрселерді* атап көрсетеді. Мысалы: *атаманда болу, заңда көрсетілу, ойында сақтау, әкесінде қалу. Мен бүгін*

наказной атаманда болып ем, сөз арасынан жағымсыз леп сездім (Шашкин). Заңда көрсетілген әйел теңдігі есіңізде болар, Қожеке (Мұқанов). 2. Қимыл-әрекеттің нендей нәрсеге қатысты екендігін атап көрсетеді. Мысалы: *Он сегіз мың бұл ғаламның Бар тынысы күнде тұр, Мен сықылды сырлы адамның ықтияры сенде тұр* (Абай).

Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері мынадай мағыналарда жұмсалады: 1. **Көлемдік.** Мұндай сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларында көлемдік мәні бар зат есімдер қолданылып, қимыл-әрекеттің болған орнын атап көрсетеді. Мысалы: *Мен есік алдында, босағада отырдым* (Сейфуллин). *Бикен өзінің бөлмесінде керует үстінде сұлық жатыр екен* (Шашкин). *Қала шетіндегі бір дұңғанның үйінде пәтерде тұрады* (Сонда). 2. **Мезгілдік.** Мезгілдік мағынаны білдіретін сөз тіркестері бағыныңқы сыңарлардың лексикалық мағынасымен тікелей байланысты. Бұлар мезгілді, кісінің немесе жан-жануарлардың жас мөлшерін білдіретін есімдер мен есімшелер болып келеді. Мысалы: *Жасымда ғылым бар деп ескермедім, Пайдасын көре тұра тексермедім* (Абай). *Шымбайына батқан соң шыңырауда жатқан сырын қоштасарда айтқан болатын* (Әуезов). *Көктемде құлпыра өскен бәйшешектер көздің нұрын алады* (Мұқанов). Мұндай мағынаны білдіретін сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарлары құрамы жағынан, жоғарыда көрсеткендей, дара қалпында да, сонымен бірге күрделі қалпында да келе береді. Мысалы: *Оның бұл қылықтары Гүлнарға алғашқы кезде ұнамады* (Мұқанов). *Қан сонарда шығады бүркітші аңға, Тастан түлкі табылар аңдығанға* (Абай) т.б.

2.1.6. Көмектес жалғаулы сөз тіркестері

Қазақ тіліндегі көмектес септігінің -мен жалғауы арқылы құрылған сөз тіркестері тілдің ішкі даму мүмкіншіліктеріне қарай қолданылу өрісін барынша кеңейтті. Мұндай ерекшеліктерді мынадан байқауға болады: 1) көмектес жалғаулы сөз тіркестері табиғатында құралдық, бірлестік мағыналарын (*балтамен шабу, әкесімен келу*) білдіретін болса, кейіннен осы мағыналардың негізінде қимыл-әрекеттің іске асу тәсілін (*самолетпен келу*); материалын (*былғарымен қаптау, тақтаймен қоршау*); мезгілін (*қолға тиісімен хабарлау*); себебін (*тапсырмамен келу, қайғы-қасіретпен жүдеу*) білдіретін қосымша грамматикалық мағыналар қалыптасты; 2) көмектес жалғаулы сөз тіркестерінің қолданылу өрісінің кеңейіп, жаңарып толығырақ түсуіне орыс тілі де

айтарлықтай ықпал етті. Мәселен, *күресу* етістігінің *Әлимен күресу, Қажымұқанмен күресу* тәрізді көмектес жалғаулы сөз тіркестерін құрауы қазақ тілінде ертеден-ақ кездесетін болса, ал оның *аштықпен күресу* (борьба с голодом), *ішкілікпен күресу* (борьба с пьянством), *тенікестікпен күресу* (борьба с хулиганством), *тап жауларымен күресу* (борьба с классовыми врагами), *қоғамдық тәртіп бұзушылармен күресу* (борьба с нарушителями правопорядка) тәрізді сөз тіркестерін құрауға ұйтқы болуы-орыс тілінің ықпалына байланысты кейін барып қалыптасқан құбылыстар. *Күресу* етістігінің бұл тәрізді тіркесу қабілетінің артуы оның мағыналық жағынан дамып, жетіліп, жаңа реңктерге ие болуымен тікелей байланысты. Мұндай жаңа мағыналарға *күресу* етістігі жеке тұрған қалпында емес, әр түрлі сөздермен тіркесу барысында ие болады. Мұндай сөз тіркестерінің қалыптасуына қазақ тіліндегі бұрыннан бар үлгі (модель) *Әлимен күресу* әсер еткен бе, орыс тіліндегі *борьба с голодом, борьба с пьянством* тәрізді үлгі әсер еткен бе деген сұрақ тууы мүмкін, біздіңше, екі тілде де бар бір типтес үлгі әсер еткен. Жоғарыда келтірілген тіркестердің қайсысы болмасын орыс тіліндегі тіркестермен құрамы жағынан да байланысу формасы жағынан да сай келеді. Орыс тілі синтаксисі нормаларының әсерінен қалыптасқан қазақ тіліндегі жаңа сөз тіркестері жоғарыдағыдай барлық уақыттарда да менгеру тұлғасы жағынан өзара сай келе бермейді. Мәселен, кейбір етістіктер орыс тіліндегі менгеру үлгісін сақтай, қазақ тіліне еніп, одан әрі қолдану барысында семантикалық өзгерістерге ұшырап, жаңа мағыналарға ие бола бастайды. Нәтижесінде мұндай етістіктердің тіркесу қабілеті артып, менгеріле байланысқан жаңа модельді сөз тіркестерінің қалыптасуына негіз болады. Мысалы: *Сізді мерекенізбен құттықтаймыз* деген сөйлемді алатын болсақ, мұнда менгеріле байланысқан екі сөз тіркесі бар, біріншісі - *сізді құттықтаймыз*, екіншісі - *мерекенізбен құттықтаймыз*. Бұл тіркестердің екеуі де орыс тілінде кездеседі: *поздравляем вас, поздравляем с праздником*. Демек, мұның қазақ тіліндегі баламасы орыс тілінде қалыптасқан үлгінің негізінде жасалған. Мұндай модельдің қалыптасуына қазақ тілі әсер етпей, орыс тілі әсер етті дейтін себебіміз, *сізді құттықтаймыз; мерекенізбен құттықтаймыз* деген тіркестер - бұрын қазақ тілінде болмаған тіркестер. Мұндай ұғымдар қазақ тілінде *ағай, қуанышыңыз құтты болсын, апай қуанышыңыз қайырлы* немесе *баянды болсын* деген тіркестермен берілген. Жоғарыда келтірілген *сізді құттықтаймыз, мерекенізбен құттықтаймыз* сөз тіркестері орыс тіліндегі ба-

ламалармен құрамы жағынан да, байланысу формасы жағынан да сай келеді. Алайда *құттықтау* етістігі табыс және көмектес жалғаулы сөздермен тіркесу барысында мағынасын кеңейтіп немесе мағыналық реңк алып, жатыс септігімен де тіркесетін болған (*халық алдында құттықтаймыз, топ ішінде құттықтаймыз*).

Басыңқы сынары етістіктер болып келетін көмектес жалғаулы сөз тіркестері тіркес құрамындағы сөздердің әр түрлілігіне әрі мағынасы жағынан әр қилылығына байланысты объектілік (толықтауыштық) және пысықтауыштық қатынастарда жұмсалып, олар одан әрі мағыналық тұрғыдан іштей сараланады.

Объектілік қатынаста жұмсалатын сөз тіркестерінің бағыныңқы сынарларында зат есімдер мен есімдіктер қолданылады. Мұндай қатынаста қолданылатын сөз тіркестерінің мағыналық тұрғыдан әр түрлі болып келуі, біріншіден, көмектес септікті сөздердің нені білдіретіндігімен байланысты болса, екіншіден, ондай сөздерді талап ететін етістіктердің мағыналық жағынан әр тарапты болуымен тікелей байланысты. Міне, осының негізінде мұндай типті тіркестер әр түрлі мағыналарда қолданылады. Олардың негізгілері мыналар: 1. **Құралдық.** Құрал-сайманның атын білдіретін көмектес жалғаулы сөздер кісінің қимыл-әрекетін білдіретін етістіктермен тіркесіп, құралдық мағынаны білдіретін сөз тіркестерін құрайды. Мысалы: *орақпен ору, пышақпен кесу, соқамен жырту, комбайнмен ору, мылтықпен ату, күрекпен қазу, дүрбімен қарау, айырмен түйреу, баламен соғу*.

2. **Материалдық.** Басыңқы сынары етістіктер болып келетін көмектес жалғаулы сөз тіркестерінің бірқатары істелетін істің неден, қандай заттан немесе ненің қатысымен істелетінін білдіреді. Мысалы: *Қамыспен жабылған, бояумен боялғай, алтынмен қапталған, тақтаймен қоршалған, мақпалмен тысталған*.

3. Толықтауыштық қатынаста жұмсалатын сөз тіркестерінің бірқатары іс-әрекеттің объектісі болатын затты атап көрсетеді. Мысалы: *Сумен ойнама - батарсың, отпен ойнама - күйерсің* (Мақал). *Ертеден кешке дейін осы жұмыспен әуреленіп жатқаным, балам* (Мұқанов).

4. Басыңқы сынары етістіктер болып келген көмектес жалғаулы сөз тіркестерінің көпшілігі бірлескен қимыл-әрекетті білдіреді. Мұндай сөз тіркестерінің бағыныңқы сынарларында адамдар мен жануарлар атауларын білдіретін зат есімдер жұмсалады. Мысалы: *Ағайын-туысқандарымен ақылдасып, болыстан өтініп Әбдірахманды қайтармақ болды* (Майлин). *Діннен тайған қазақтармен күресуге мұсылман отрядын құрды* (Шаш-

кин). *Дәурен баламен әбден достасып алды* (Есенберлин).

Пысықтауыштық қатынаста жұмсалатын сөз тіркестері әр түрлі мағыналарда жұмсалады, олардың негізгілері мыналар: 1. Мұндай қатынаста жұмсалатын сөз тіркестерінің көпшілігі *қимылдың істелу амалын білдіреді*. Бұлардың бағыныңқы сынарлары қалай? қайтіп? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: *Мұны өз атымен атамай, сырт белгілерімен атайтын* (Әуезов). *Игілік осы үйді үлкен еппен жасатып еді* (Мүсірепов). 2. Көлемдік мәні бар көмектес жалғаулы сөздер қозғалыс-әрекетін білдіретін етістіктермен тіркесіп, мекендік мағынаны білдіреді. *Жолмен келдім, мұздың үстімен жүрдім, орманның арасымен келдім, арықтың жағасымен келе жатыр, бұлттың арасымен ұшып келеді*. 3. Осы типтес сөз тіркестерінің бірқатары қозғалыс-әрекетінің тәсілін білдіреді. Мұндай сөз тіркестері транспорт (көлік) атауларының қозғалыс-әрекетін білдіретін етістіктермен тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *машинамен келді, атпен барды, самолетпен ұшты, поездамен қайтты, параходпен шарлады*. 4. Мезгіл мәнді есімдер көмектес жалғаулары арқылы етістікпен тіркескенде, қимыл-әрекеттің мезгілін білдіреді. Мысалы: *мезгілімен жеу, түнімен сөйлесу, таң атысымен кету, хабар келісімен жөнелу. Ақбала түнімен көрдей қараңғы үйде жатты* (Нүрпейісов). *Мезгілімен тамағын дайындау - Зейнептің әдеті еді* (Майлин). 5. Көмектес жалғаулы сөз тіркестерінің бірқатары қимыл-әрекеттің себебін білдіреді. *Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып, Аязбенен қызарып ажарланды* (Абай). *Ашумен қатты қызарып алған еді* (Әуезов). *Ашумен кісі не айтпайды, ашумен айтқан сөзді періште жазбайды* деген (Майлин) т.б.

2.2. ЕСІМДІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ

Есімді қабыса байланысқан сөз тіркестері көлемі жағынан өте көп. Оның өзі есімді сөз тіркестерінің бағыныңқы, басыңқы сынарларының құрамына байланысты. Есімді сөз тіркестерінің басыңқы сынарлары зат есім, сын есім, сан есім, есімдіктер болады. Әрине олардың басыңқылық дәрежесі әр сөз табымен тіркесінде әртүрлі. Ал сол таптарының жетегінде айтылып, оларға бағынып тұратын сөздер де көбіне есімдер, сол сияқты басқа да сөз таптары да жұмсалады.

Есімді сөз тіркестері сөз таптарының тіркесінің негізінде үш түрлі құрамда өзара сөз тіркесін құрайды. Біріншіден, әртүрлі сөз таптарының тіркесі арқылы *жақсы оқушы, екі бала, бұл үй*. Екіншіден, бір сөз таптарына жататын сөздердің тіркесі арқылы:

а) зат есім + зат есім: *темір күрек, қол сағат*;

ә) есімдік + есімдік: *бұл өзі*;

Үшіншіден, бір сөздің қайталануы арқылы: *даңқымен даңқты, бәйбішемдей бәйбіше, жақсының жақсысы, пысықтың пысығы*.

Есімді сөз тіркестері өзара қабыса, меңгеріле және матаса байланысады.

2.2.1. Қабыса байланысқан есімді сөз тіркестері

Қабысу қазақ тілінде өте жиі қолданылады. Оның объектілері басқа байланысу формаларына қарағанда кең. Қабыса байланысқан сөз тіркестері өзара ешқандай жалғаусыз, тек қатар тұру (кейде алшақ та тұру) арқылы тіркеседі. Қабыса байланысқан сөз тіркестерінің грамматикалық байланыс амалы - сөздердің орын тәртібі.

Қабысудың *есімді, етістікті және ортақ басынқылы* үш түрлері бар.

Есімді қабысудың екі түрі бар: *есімді қабысу, ортақ қабысу*. Олар сөйлемдегі орны және сөз таптарының әр түрлі болуына сәйкес ерекшеленеді.

Қабыса байланысатын есімді сөз тіркестерінің құрамы әр түрлі, оның бағыныңқы сынарлары мына сөз таптары болады:

З а т е с і м: *темір күрек, ағаш күрек, жел диірмен*;

С ы н е с і м: *биік тау, қызық өмір, жақсы талап, малды жер, етікші бала, жұмысшы адам* т.б.;

С а н е с і м: *үш кісі, мың қой, оныншы мектеп, жиырма бесінші үй* т.б.;

Е с і м д і к: *бұл қала, мына бала, ана кісі, осы ауыл, сол табыс* т.б.;

Е с і м ш е: *айтылған сөз, келген кісі, айтар сөз, келетін бала, айтатын сөз* т.б.;

Қ и м ы л е с і м і: *қызу жұмыс*;

Ү с т е у: *бүгін бала, ертең оқытушы*;

Е л і к т е у і ш с ө з: *қарқ-қарқ күлкі*.


Негізгі сөздер мен көмекші сөздер: *Асан сияқты бала, үйдің қасындағы жер, мектепке дейінгі қашықтық, Берік деген бала* т.б. Бұларды жинақтап, есімдермен қабыса байланысатын сөздерді схемамен берсек былай болар еді:

- зат есім;
- сын есім;
- сан есім;
- есімдік;
- есімше;
- кимыл есімі;
- үстеу;
- тұрақты тіркестер;
- негізгі сөздер мен көмекші сөздер

Есімді сөз тіркестерінің басынқы сынары зат есім, сын есім, сан есім, есімдіктер болады. Сол сияқты соңғы кезде ғалымдар Р.Әміров пен С.Исаев есімше, кимыл есімдерінің де заттануы арқылы басынқы сынарда жұмсалудың есімді сөз тіркестеріне жатқызып жүр.

2.2.1.1. Қабыса байланысқан зат есімді сөз тіркестері

Қабыса байланысатын есімді сөз тіркестерінің жиі қолданылатын бір түрі - зат есімдерден құралған тіркестер. Екі зат есім атау күйінде қабыса байланысып, сөз тіркесін құрау үшін алдыңғысы соңғысына бағынып тұрады: Мысалы: *қол сағат, ағаш күрек, күміс қасық, темір таяқ*. Осындай тіркесте айтылатын зат есімдер тобы көбінесе екі сөзден құралады. Олар өзара әр уақытта анықтауыштық қатынаста айтылады. Мұндай зат есімді тіркестер ертеден бар құбылыс. Тарихи жағынан қазір қолданбаса да бұрын *тері қасық, қамыс тарақ* сияқты зат есімді тіркестер сол кездің құралдарының табиғатына өте жақын. Оның үстіне зат есімді тіркестердің өзіндік эмоциясы да бар. Ол әрбір зат есімнің зат есіммен тіркесінен де байқалады. Оның мысалы ретінде *сағат* зат есіммен тіркесіп анықтауыштық қатынаста жұмсалатын сөз тіркестері арқылы көрсетуге де болады:



сияқты сағаттың түрлері уақыт талабына сәйкес үнемі аясы кеңейіп отырады. Осы сияқты анықтауыштық құбылыс басқа да заттарға тән. Тарихи жағынан бұл тіркестер *алтыннан жасалған сағат, бұлбұл сияқты құс* тәрізді тіркестердің тілдік экономияға ұшырауы, екіншіден, байланысу формаларының бірінің біріне ауысу процесі арқылы қалыптасқан. Осы тәрізді қатар тұруы арқылы бірін-бірі анықтайтын зат есімдер тобы екі, үш, кейде одан да көп сөздерден құралуы мүмкін: *темір күрек, ағаш қасық, аю төсе ене, мұз балақ қыран, қошқар мұрын жегіт*. Мысалы: *Әйтсе де қыраулы, боранды күндерде астан тарығып қалмас үшін қырға шығып шаңырақ мүйіз заң құлжа атын алды* (Мағауин). *Тоғайда бұқа мойын бұлан, елең құлақ елік* (Сонда).

Екі зат есімнің бір-бірімен қабыса байланысқан сөз тіркесін құрау, біріншіден, көп, екіншіден, ондай екі кейде үш зат есімдердің бір-бірімен мағыналық жағынан үйлесімділері ғана тіркесе алады. Сондықтан да *тас жол, темір күрек, қол сағат* деп айтылады да, керісінше, *жол тас, күрек темір, сағат қол* деп айтылмайды (орын ауыстырып айтуға болатын жағдайда басқа мағыналық қатынасты білдіреді). Мысалы: *сағат қалта - қалта сағат*. Екі сөзді зат есімді тіркестер қалыптасуы жағынан іштей

м а т а с а (есік тұтқа - есіктің тұтқасы)
(құс тұмсық - құстың тұмсығы)
м е н г е р і л е (мал азық - малға азық)
(бидай көже - бидайдан көже)
қ а б ы с у (шымшық құс - шымшық сияқты құс)
(бала бүркіт - бала сияқты бүркіт)
(нар түйе - нар сияқты түйе)

тәрізді тұлғалардан қалыптасқан. Қазіргі екі сөзді зат есімді тіркестер осы сияқты тарихи өзгерістердің негізінде қалыптаса келе өзара мағыналық байланыста қабыса байланысы мол.

Тілдік фактілерге қарағанда жалғаусыз тіркескен зат есімдер тек екі сөзден ғана тіркесіп қоймай, үш, төрт одан да көп сөзден де жасалатындығын көреміз. Мысалы: *Аю төс ене келініне ашуланғысы келіп, толқып тұрды* (Тоғысбаев). *Міне, саған мұз балақ қыранның қауырсынын әкелдім, Айзада* (Мұртаза). *Ұзын бойлы, бұйра шашты, қошқар мұрын, үлкен мөлдір қара көзді, сопақ бет, отыздағы жылтыр қара жігіт бізді қарсы алды* (Момышұлы). *Аттың екі жамбасына келер тұсқа, балалардың бесігіне, шапанына қадайтын есек тас, жылан бас тастарды доңгелете қадап...* (Жүніс). Міне, осы сөйлемдердегі мынадай жалғаусыз тіркескен зат есімді күрделі сөз тіркестері бар.

1. *Аю төс ене.*
2. *Мұз балақ қыран.*
3. *Қошқар мұрын жігіт.*
4. *Есек тас, жылан бас тастар.*

Осы үш-үш зат есімнен құралған сөз тіркестерінде *аю төс, мұз балақ, қошқар мұрын, құс төсек, есек тас, жылан бас* бағыныңқы сынарларының әрқайсысы екі зат есіммен өзара тіркесіп, сол тобымен *ене, қыран, жігіт, жастық, тастар, шекпен* зат есімдерімен қабыса байланысқан күрделі сөз тіркестерін құрап отыр. Осы сияқты фактілер тілімізде мол қолданылғанымен, осы күнге дейін арнайы зерттеудің объектісі болған емес. Мұндай үш немесе одан да көп зат есімдердің қабыса байланысы С.С.Майзельдің

еңбектерінде ескерілмейді. Бірнеше зат есімнің орын тәртібі арқылы жалғаусыз тіркесі тек профессор М.Балақаевтың еңбегінде бірер сөзбен айтылғаны болмаса, арнайы зерттеудің объектісі болған емес.

Екі зат есім бір-бірімен қабыса байланысқан сөз тіркесін құрау, біріншіден, көп, екіншіден, ондай екі зат есімнің бір-бірімен мағыналық жағынан үйлесімділігі ғана тіркесе алады. Үш немесе одан да көп есімдердің жалғаусыз тіркесіне қарағанда бірнеше түрлі ерекшеліктері бар сияқты. Мысалы: Жоғарғы сөйлемдердегі *аю төс ене* күрделі сөз тіркесінің бағыныңқы сынары *аю төс* зат есімдері сол тобымен *ене* сөзіне бағына байланысқан. *Ене* мен *төс* зат есімі жалғаусыз тіркескен есімді сөз тіркесін жасауға мағыналық жағынан үйлеспейтіндігі белгілі. Сонда *темір қасық* тәрізді қасықтың темірден істелгендігін білдіретіндігіндей немесе *қамыс құлақ* дегенде *құлақ* сөзінің *қамыс* сияқты салыстыру мағынасында жұмсалып, мағыналық жағынан үйлесімді келетінін ескерсек, енді үш сөзді зат есімді сөз тіркесінде яғни *ене* сөзіне *төс* сөзі ондай анықтауыштық қызметте жұмсала алмайды. Сол сияқты *қыран* сөзі мен *балақ* сөзі, *жігіт* сөзі мен *мұрын, бас* сөзімен *тас* сөздерінің аралығында да сол *ене* сөзі мен *төс* сөзінің аралығындағы ерекшелікті байқауға болады. Екіншіден, *аю* сөзі мен *төс* сөзі дәл әдеттегідей өзара сөз тіркесін құрай алмайды, яғни біз *аю төс* деп өз алдына жеке айта бермейтін сияқтымыз. Сол тәрізді *мұз* сөзі *балақ* сөзімен, *жылан* сөзі *бас* сөзімен, *қошқар* сөзі *мұрын* сөзімен алғашқы топқа қарағанда аздап та өзара мағыналық жақындық болғанымен, дәл әдеттегідей *жақсы оқушы, бүгін келдім, өзімнің үйім, қалаға дейін бардым, алтын сағат* сияқты сөз тіркестеріндегідей мағыналық байланысты таба алмаймыз. Бірақ соған қарамастан, *төс ене, балақ, қыран, мұрын, жігіт, бас тастар* сияқты тіркестерге қарағанда екі топта аздап болса да мағыналық үйлесімділік бар, бірақ сол мағыналық үйлесімділік болғанымен, олар өзара бірі бағыныңқы, бірі басыңқы дәрежеде жұмсалатындай қалыпта емес. Сонда сол екі зат есімнің жиынтығы енді өзара сөз тіркесін құрауда жеткіліксіз, әлі де бірдене жетпей, өзара болса да сол тобымен, яғни сол түйдегімен өздері басыңқы сөзді керек ететіндігі аңғарылып отырады. Бұдан шындап келгенде *аю төс, мұз балақ, қошқар мұрын* т.б. дегендерде *төс, балақ, мұрын* өзі қатынасты сөздердің басы ашық, айқын тиянақты басыңқы сынары бола алмайды. Сонда бұл арада бірінші сөз, міндетті түрде, екінші сөзге ғана мағыналық жағынан қатысты болады да, сол тобымен келесі үшінші сөзбен тіркескенде ғана олардың мағы-

насы *ашық, айқын, үйлесімді* дәрежеде қабыса байланысқан есімді сөз тіркесін құрай алады демекпіз.

Алдыңғы екі зат есім басыңқы зат есімге әрқайсысы тікелей қатысты болмай, ол екеуі (немесе онан да көп кезінде) сатылана байланысу негізінде өзара түйдекті топ құрап барып, басыңқы сыңарға бағыныңқылық қызметте жұмсалады. Әрине, бұлардың, яғни екі зат есімнің түйдекті топ құрауы тіліміздегі түйдекті топтар деп айтылып жүрген топтарға қарағанда онша келе де бермеуі мүмкін, осы уақытқа дейінгі әдебиеттерде әдетте түйдекті топтарды көбіне күрделі сын есім, сан есім, етістік сөз таптарының негізінде және түрлі негізгі сөздер мен көмекші сөздердің қатысы және фразалық тіркестер т.б. деп айтылып келеді де, түйдекті тіркестер толық мағыналы зат есімдерден жасалады дейтін пікір жоқ екендігі белгілі. Алайда жоғарыдағы екі зат есімнен жасалынған бағыныңқы сыңарлары зат есімдердің әрқайсысы қаншалықты дәрежеде дербес мағынасы бар сөз таптары делінгенімен, оның әрқайсысы, біздіңше, бүтіннің бір бөлшегі тәрізді қызмет атқарады. Сонда сол екі зат есім бірінің мағынасын екіншісі толықтыра, айқындай, бір-бірімен өзара мағыналық жағынан үйлесімділігі негізінде келесі сөзге қатысты жұмсалғанда ғана нақтыланады. Олай болса жалғаусыз тіркескен зат есімдер үш немесе одан да көп сөздерден жұмсала отырып, күрделі қабыса байланысқан сөз тіркестерін құрайтындығын көреміз.

Екі сөзді зат есімді қабыса байланысқан сөз тіркестерін зат есімдердің тіркесімділігіне қарағанда үш немесе одан да көп сөзді қабыса байланысқан сөз тіркестерінің өзіндік ерекшеліктері барлығын байқауға болады. С.С.Майзель үш сөзді қабыса байланысқан сөз тіркестерін айтқанмен, оның ішкі ерекшеліктерін, яғни екі зат есімді сөз тіркестерінің енді үш зат есімде жалғаусыз тіркесуін тек мысалдармен көрсеткені болмаса, оның жасалу жолдарын онша ескере бермейді.

Профессор М.Балақаев үш сөзді зат есімді сөз тіркестерінде тек екі зат есімді дара қабыса байланысқан сөз тіркестері сол анықталушы заттың алдына тағы да мынадай *қамыс құлақ, бота тірсек, темір қанат, шаруа қол* тәрізді сөздер қатысты болғанда ғана күрделі түрі жасалды деп қана көрсетеді.

Қолымыздағы фактілерге қарағанда үш немесе одан да көп жалғаулықсыз зат есімдердің тіркесі *жібек халат, арыстан төс айғыр, қынама бел камзол, шұбалаң құйрық ат, қаршыға көз жігіт, мұз балақ қыран, қаба сақал жігіт, пұшық мұрын жігіт, қол ұстам жер, жайын ауыз ботинка, қошқар мұрын жігіт* іспеттес тіркестер тілімізде жиі

қолданылады. Ондай сөзге анықтауыштық қатыстағы зат есімдер қалай болса солай тіркесе салмайды. *Қынама бел камзол* дегендегі *қынама* зат есімі *бел* зат есімімен қатысы барлығы белгілі. Қазақта бұрын *қынама бел, қытша бел* т.б. айту жиі болатын. Сол *бел* сөзі *қынама* сөзімен тіркесіп қалыпты жағдайда айтылатын тіркестер. *Бел* сөзіне басқа, яғни бір анықтауыштарды қосып барып, ондай үш сөз есімді сөз тіркесін құрай алмаймыз.

Басқа да үш сөзді зат есімдер де сол қалпында ғана күрделі сөз тіркесін құрай алады. Сонымен үш немесе көп сөзді зат есімдердің әрбір екі бағыныңқы сыңарлары өзара түйдекті тіркес құрай келіп, бір-бірімен сатылана байланысу негізінде (бұл арада олар жарыспа байланысқа түспейді) күрделі сөз тіркесін құрайды. Жалғаулықсыз байланысқан үш немесе одан да көп зат есімдер мынадай мағыналық топта жұмсалады.

1. Қашықтықты білдіреді. *Қуғыншылар қол ұстам жерде қалды* (“Қ.Ә.”).

2. Бір нәрсенің неден істелгендігін білдіреді. *Сабалы денесіне мая жүн шекпенді желең жамылған* (Нүрпейісов). *Он бес қатардай жібек көмкердің үстіне құс төсек, үлкен ақ жастықтар, көрпелер жиналыпты* (Әуезов).

3. Бір нәрсенің неге арналғанын білдіреді. *Бескөл құрастырмалы бетон цехы және басқа кәсіпорындар пайда болады* (Нүрпейісов).

4. Кәсіпті білдіреді. *Ақанмен аңға шыққандар бағанағы күрең қасқа атты төре тұқымынан Жұпанының Әлжаны мен оның жылқышысы - ақынның қасынан соңғы кезде бір елі қалмайтын қалжыңқой серігі Шәкей, әнші жігіт Сұлтанмұрат еді* (Жүніс).

5. Бір нәрсені салыстыру ыңғайында көрсетеді. Мысалы: *Кебеже қарын шаш алғыш шебер үлкен ақ шүберекті менің басыма әкеліп, сілкіп тұр екен* (Мүсірепов). *Биік қабақ, бота көз осынау ақсары қыз маған барлық қыздардың ішіндегі сұлуы сияқты боп көрінеді* (Нүрпейісов). *Аютөс ене келініне ашуланғысы келіп толқып тұрды* (Тоғысбаев). *Бүркіт қабақ байсалды жігіт* (Сонда).

Ғалымдар арасында қабысу мен матасуды ажыратуда жекелеген пікірлердің барлығы белгілі. Кейбір ғалымдар ілік жалғаулы сөздердің ашық және жасырын түрінің де төуелдік жалғауымен тіркесуін матасу десе, проф. М.Балақаев ілік жалғауының түсіріліп, тек өзі анықтайтын сөзімен орын ауыстыруға келмейтін, яғни ілік жалғауының жасырын түріндегі сөздердің тіркесін қабысуға жатқызуын біз де қолдаймыз. Мұнда көбіне орын тәртібі басым екендігі негізге алынады. Сонда “*Қазақ әдебиеті*” газеті, “*Қазақстан мұғалімі*” газеті, *саяси оқу кабинет* дегендегі

“Қазақ әдебиеті”, “Қазақстан мұғалімі” дегендер өзінің анықталушы сөзі газеті, кабинеті сөздерімен ілік жалғауынсыз-ақ орын тәртібі арқылы қабыса байланысқан. Осындай топтардың бағыныңқы сыңарлары кемінде екі сөзден құрала отырып, сол тобымен зат есімді сөз тіркесінің күрделі түрін жасап отыр. Міне, осындай фактілер тілімізде жиі кездеседі. “Қазақ әдебиеті” газеті, ауыз әдебиеті нұсқалары, саяси оқу кабинеті дегендегі қазақ әдебиеті, ауыз әдебиеті, саяси оқу тіркестерінің бірінші сыңарлары - атау септіктегі сөздер де, екінші сыңарлары - тәуелдік жалғауының III жағындағы сөздер.

Сол сияқты күрделі зат есімді сөз тіркестерін жасауда қосарлы зат есімдердің де өзіндік ерекшелігі бар. *Беті үлкен тым-ақ өзге денесінен, бұлаңдап түсіп шығар кемесінен; ішіне қарын-қарын суды құйып, шығады сүңгіп-сүңгіп денесімен* (Қазақ халық жұмбағы). *Өзен бойлай тағы да үйір-үйір жылқы, қора-қора қой, мөңіреген сиырлар кетіп барады* (Айтматов). *Ұстаз - шопан Бөнес басалқы айтқан жоқ* (“Жұлдыз”).

Осындағы қарын-қарын, қора-қора, үйір-үйір қосарлы зат есімдері де және қосалқы айқындауышты ұстаз - шопан дегендер екі-екі зат есімдерден құрала келіп, күрделі форма жасап отыр. Сонымен зат есімді күрделі сөз тіркестері тілімізде мол және оның түрлері де әр түрлі.

Зат есімдік тіркестердің бағыныңқы сыңары алғашқыда нольдік формада жұмсалса, енді бұл топта алғашқы зат есім міндетті түрде тәуелдік жалғауының I-жағында өзіне “бір” сөзінен болған анықтауышты қажет етіп, сол тобымен түйдекті тіркес құрайды.

Ондай тіркесті сөздер түрлі мағыналық топта жұмсалады.

1. Заттың салмақтық көлем өлшемі: *Бір жерге қомген үлкен бір тұлып алтыным бар* (Қазақ ертегілері). *Бір уыс жидені үгіп ап, орамал шетіне түйді* (Нүрпейісов).

2. Тамаққа байланысты: *Сыртта бір қазан балық пісіп жатыр* (Нүрпейісов). *Бір бокал ромды коктейльді сағат жарым сораптап отырғандары* (“Жалын”).

3. Ұзындық өлшемі: *Бес аршын ақ жаулықты қарқарадай қып тартып, ақ інгенге мініп шыққанымда, алдыма қатын түсетін бе еді* (Нүрпейісов).

4. Заттың салмағы: *Бір қап астықты арқалап Нұрым келді* (Майлин).

5. Сұйықтық өлшемі: *Шылдыраған бір құлақ суымыз бар* (Райымбеков). *Іле-шала бөлмеге Ғалия бір графин қымыз, тоңазыған ет пен бауырсақ әкеліп қойды* (Жұмаділов).

6. Жылдамдық өлшемі: Кейде сөз тіркесінің қосымша сыңары мен бір сан есімінен басқа да сан есімдер де қолданып, сол тобымен бағыныңқы сыңар ретінде жұмсала береді. *Ұзындығы екі жарым метр жіптен дестелер әп-сәтте дайын боп шығып жатыр* (Сыланов).

Кейде зат есімдік тіркестердің бағыныңқы сыңары жалғыз, қос т.б. сөздерінен түйдекті тіркес күйінде зат есімдермен тіркеседі. Мысалы: *Ойықтарға биіктігі жеті кез келетін қос қада ағаш орнатты. Орыстар болса қолында қалған жалғыз үзім нанын да бізбен бөлісуде* (Досжанов).

Үш немесе одан да көп зат есімдердің жалғаусыз тіркесінде бірнеше түрлі ерекшеліктер бар. Мысалы: *Аю төс ене* күрделі сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары аю төс зат есімдері сол тобымен ене сөзіне бағына байланысқан. Ене мен төс зат есімдері жалғаусыз тіркескен есімді сөз тіркесін жасауға мағыналық жағынан үйлеспейтіндігі белгілі. Сонда *темір қасық* тәрізді қасықтың темірден істелгендігін білдіретіндігіндей немесе *қамыс құлақ* дегенде *құлақ* сөзінің *қамыс* сияқты салыстыру мағынасында жұмсалып, мағыналық жағынан үйлесімді келетінін ескерсек, енді үш сөзді зат есімді сөз тіркесінде, яғни *ене* сөзіне *төс* алмай оңдай анықтауыштық қызметте жұмсала алмайды. Екіншіден, *аю* сөзі мен *төс* сөзі дәл әдеттегідей өзара сөз тіркесін құрай алмайды, яғни біз *аю төс* деп өз алдына жеке айта бермейміз. Бірақ соған қарамастан *төс ене* тіркесіне қарағанда *аю төс* тіркесінде аздап болса да мағыналық үйлесімділік бар, бірақ сол мағыналық үйлесімділік болғанымен, олар өзара бірі - бағыныңқы, бірі басыңқы дәрежеде жұмсала-тындай қалыпта емес. Сонда ол екі зат есімнің жиынтығы енді өзара сөз тіркесін құрауда жеткіліксіз, әлі де бірдеңе жетпей, өзара болса да сол тобымен, яғни сол түйдегімен өздері басыңқы сөзді керек ететіндігі аңғарылып отырады. Бұдан шындап келгенде *аю* сөзіне *төс* сөзі басы ашық, айқын тиянақты басыңқы сыңары бола алмайды. Сонда бұл арада бірінші сөз, міндетті түрде екінші сөзге ғана мағыналық жағынан қатысты болады да, сол тобымен келесі, үшінші сөзбен тіркескенде ғана олардың мағынасы ашық, айқын үйлесімді дәрежеде қабыса байланысқан есімді сөз тіркесін құрай алады. Бұл жерде мынаны да ескерген жөн. Алдыңғы екі зат есім басыңқы зат есімге әрқайсысы тікелей қатысты болмай, ол екеуі сатылана байланысу негізінде өзара түйдекті топ құрап барып, басыңқы сыңарға бағыныңқылық қызметте жұмсалады. Әрине бұлардың, яғни екі зат есімнің түйдекті топ құрауы тіліміздегі түйдекті топтар деп айтылып жүрген топтарға қарағанда онша келе де бермеуі

мүмкін. Осы уақытқа дейінгі әдебиеттерде өдетте, түйдекті топтарды көбіне күрделі сын есім, сан есім, етістік сөз таптарының негізінде және түрлі негізгі сөздер мен көмекші сөздердің қатысы, фразалық тіркестер т.б. деп айтылып келеді де, түйдекті тіркестер толық мағыналы зат есімдерден жасалады дейтін пікір жоқ екендігі белгілі. Алайда екі зат есімнен жасалынған бағыныңқы сыңарлардың дербес мағынасы бар сөздер делінгенімен, оның әрқайсысы, біздіңше, бүтіннің бір бөлшегі тәрізді қызмет атқарады. Сонда сол екі зат есім бірінің мағынасын екіншісі толықтыра, айқындай өзара мағыналық жағынан үйлесімділігі негізінде, келесі сөзге қатысты жұмсалған да ғана нақтыланады. Осы сияқты факт *арыстан төс айғыр, қынама бел камзол, қаршыға көз жігіт* т.б. тіркестерге де тән. Зат есімдерден болған сөз тіркесінің бірінші сыңары көбінесе конкретті, материалды заттың аты, кейде солай ұғынылатын басқа есімдер болады. *Құш, өнер, өнеге, қайрат, әрекет, айла, айбат, сес, ұйқы, тәртіп, абырой, кінә, түс, обал* сияқты зат есімдер, сол түбір қалпында ол топтың бірінші сыңары болып айтылмайды. Зат есімді сөз тіркестерін жасауда қосарлы зат есімдердің де өзіндік ерекшелігі бар. *Қарын-қарын су, қора-қора қой* т.б. Бірқатар зат есімдер жоғарыдағыдай анықтауыштық құрамда жұмсалу үшін сын есім, сан есім, бейнелеуіш сөздердің қатысы арқылы ғана өзара сөз тіркесін құрайды. Зат есім мен зат есімді сөз тіркесінде *аяқ жол, қайнатым шай, құлақ қамыс, құйрық тұлкі* сияқты зат есімдердің құрамы атау күйінде де және кейде бір сыңарларына тәуелдік жалғауының қатысуы арқылы да келген. Бұлайша айтқанда бұлар да екі зат есімнен келгенімен, өзара сөз тіркесін құрай алмайды. Сонда ол екі заттың анықтауыштық қатынаста айтылуы олардың алдындағы сөздерге байланысты болады. Ондай зат есімдердің мағыналық зат есімді сөз тіркесін құрауы үшін сын есім, сан есім, бейнелеуіш сөздер қатысты болады:

- сын есім қатысты: *ұзын құйрық тұлкі, биік өкше етік, қаба сақал қарт;*

- сан есім қатысты: *бір тұлып алтын, бір қап астық, бес аршын жаулық;*

- бейнелеу сөздер қатысты: *қалқан құлақ бала, бұлаң құйрық тұлкі, сылпық аяқ түйе;*

- кейде заттанған етістікке *-ым, -ім* жұрнағы жалғанып жасалған зат есімдер мен басқа зат есімдер сандық анықтауышсыз бір топ құрай алмайды: *бір үзім нан, екі асым ет;*

- кейде зат есімді тіркестердің бағыныңқы сыңарында *жалғыз, қос* сөздері жиі кездеседі: *қос қада ағаш, жалғыз үзім нан.*

Зат есімдерден құралған сөз тіркестері түрлі-түрлі мағыналық қатынаста жұмсалады. Ол жағдай анықтауыштық топтағы заттардың семантикалық өзгешеліктерімен байланысты.

Зат есімдерден құралған сөз тіркестері мынадай мағыналық қатынаста жұмсалады.

1. Заттың неден, қандай заттан жасалғанын білдіреді: *темір пеш* (темірден жасалған пеш), *ағаш күрек* (ағаштан істелген күрек), *күміс қасық* (күмістен істелген қасық).

Бұған *қасқыр ішік* (қасқырдың терісінен тігілген ішік), *тас жол* (тас төселген жол) сияқтылар да енеді. Мысалы: *Егер осы айтқаның келсе, мына алтын сағатымды сыйладым саған. Болат тонын сыпырып алсаң, немістер де бір, қоян да бір екен* (Әбішев). *Мен ойнамаған ағаш ат қалған жоқ* (Мүсірепов). *Сапар шай ішіп отырған шыны аяғын үшінші рет босатты* (Сланов). *Немістер келіп темір найзамен мені түрткілей бастады* (Әбішев).

*Көргенде күміс кесе, алтын таяқ,
Бір сөзді тамағымға қойдым таяп.*

(Торайғыров).

*Алтын орден алғаным,
Терең жырдың тиегі,
Көрікті Отан алдына
Ақын жырын үйеді.*

(Жамбыл).

2. Салыстыру, теңеу мағынасында жұмсалады: *қамыс құлақ* - (ат) аттың құлағы қамыстай д.м.; *пісте мұрын* (қыз) - қыздың мұрны пістедей д.м.; *жібек жүн* - жүні жібектей д.м.; *құрыш білек* - құрыштай қатты білек д.м.

3. Бір затты басқа затқа арнау мағынасында қолданылады. Мысалы: *ат қора* - ат тұратын қора; *мал қора* - мал қамауға арналған қора; *шай кесе* - шай ішуге арналған кесе; *кір сабын* - кір жууға арналған сабын; *қазан пышақ* - қазан қыру үшін жұмсалатын пышақ (қырғыш); *өкше біз* - өкшеге шеге қағу үшін жұмсалатын біз.

Арнау мағынасындағы анықтауыштық тіркес құрамында жұмсалатын сөздердің өзара бірлігі күшті. Әдетте олар бөлек жазылғанмен, мағыналық, ритмикалық бірлігі жағынан біріккен сөздер тәрізді. Сондықтан олар сөйлемнің бір мүшесі ретінде жұмсалады. *Қалампырдың қолы өгіздің мүйіз жібіне тиеді* (Мұқанов).

4. Бір зат екінші затты мекеніне қарай анықтайды: *тау теке, көл бақа, желке тамыр, төс қалта, қалта сағат* т.б. Олардың екі түрі бар:

а) Сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары жер-су аты болып, басыңқысы заттың сонда өсіп-өнетінін (мекенін) білдіреді: *тау ешкі, су жылан, көл бақа, түрікпен кілем* т.б.;

ә) Қабыса байланысқан топтағы екі сөз де жалпы есім болып, бірі - екіншісінің қай жердегі, қай орындағы зат екенін анықтайды: *мойын ет, желке тамыр, тамақ без, ауыз үй, тамақ бау* т.б.

Бұлар - бір лексикалық бірлікте айтылатын тіркестер. *Шеке тамырым көгергенше айтыса кетуге әзірмін* (Мүсірепов). *Мойын еті бөп-бөлек, майда жалды...* (Абай).

5. Заттың өлшемдік мағынасын білдіреді: *бір қора қой, екі саба қымыз, қап-қап астық, бір асым ет* т.б. Ондай өлшемдік мағынада жұмсалатын тіркестер мынадай құрамда айтылады: *бір қора қой, бір үйір жылқы, екі полк әскер, бір қазан ет, үш шелек су, бес қап ұн, бір уыс бидай, бес құлаш арқан, үш адым жер, қап-қап астық, шелек-шелек сүт, мая-мая шөп, тау-тау бидай, саба-саба қымыз, үйір-үйір жылқы, қора-қора қой, бір атым насыбай, бір үзім нан, он шақырым жер, екі қайнатым шай, бір сауым сүт* т.б.

6. Кәсіп, дәрежені білдіреді: а) *инженер қыз, шәкірт бала, тракторист Есбол*; ә) *суретші Әбілхан, жазушы Мұқанов, аға лейтенант, бас инженер* т.б.

7. Адамның жынысын білдіреді: *қыз бала, ұл бала, әйел адам* т.б.

8. Даралау мағынасында жұмсалады: *қайың ағаш, алма ағаш, нар түйе* т.б.

2.2.1.2. Қабыса байланысқан сын есімді сөз тіркестері

Сын есімдер табиғатында затқа қатысты сөздер. Сондықтан да олар заттың түрлі қасиетін көрсетуде басқа сөз таптарынан ерекшеленетіні белгілі. Тілімізде барлық сөз таптарына қатысты сөздердің ішіндегі ең көбі, әрі танып білуге күрделі сөз табы - зат есімдер. Сонша зат есімдердің барлығы да бір қырынан сындық жағынан айқындалатыны айқын.

Бір заттар *тұс*, екінші бір заттар *қатты, жұмсақ*, үшінші бір заттар *дәмі* т.б. бірнеше түрлі сындық дәрежеге ие бола беретіні белгілі, өрине бұған қарап бір затқа қатысты сын есім көп көрінгенімен, бірақ олар сол зат есімдерге анықтауыштық қатынаста қайталанатындықтай сан жағынан шектеулі. Сын есімдер өзі де зат есімдермен тіркесіп үнемі айтылып келеді, бірақ олардың зат есімдердің *жалқы, жалпы, деректі, дерексіз* түрлерімен тіркесі әр түрлі. Әсіресе, жалқы есімдердің өзі адамдарға байланысты және топникалық атаулармен тіркесі тіпті аз болса, ал деректі зат есімдермен тіркесі негізгі сала. Сын есімдердің абстракт зат есімдермен тіркесі негізгі сала. Сын есімдердің абстракт зат есімдермен тіркесі де шектеулі.

Бұл жерде зат есімдердің осындай ерекшеліктерімен бірге сын есімдердің де өзі іштей әр түрлі сынды білдіретіні, олардың өзіндік топтары да қазіргі еңбектерде беріліп те жүр. Сонда сын есімдер өзі қатысты зат есімдермен тек мағыналық байланыста ғана тіркесе алады. Кез келген сын есім кез келген зат есіммен тіркес құрай да алмайды. Қалың дәптер деп айтуға болар немесе оның түсіне қарай да сындық қасиетін көрсеткеніміздей жұмсақ немесе дәмді сияқты сын есімдерімен тіркесте жұмсалмайды. Өйткені дәптер сын есіміне ондай сындық қасиет тән еместігі белгілі.

Сын есімдер зат есімдермен сапалық та, қатыстық та түрінде тіркеседі. Егер *қызыл* сын есімі *орамал* зат есімімен тіркесіп, заттың тек бір түрлік түсін көрсетсе, *жақсы* сын есімі *оқушы* зат есімімен тіркесіп, оның бір жақты сапасын көрсетеді. Яғни дара сапалық сын есімдер анықтайтын затының *түсін, көлемін, дәмі мен салмағын* т.б. белгілерін даралық қатынаста білдіреді.

Жалпы сын есімдер заттармен (кейде басқа сөз таптарымен) тек сапалық түрінде тіркесіп қана қоймай, қатыстық түрінде де тіркесетіндігі белгілі. Қатыстық сын есімдері де сапалық сын есімдері сияқты заттармен мағыналық байланыста ғана бағыныңқы сынарда жұмсалады.

Қатыстық сын есімдерінің әрбір жұрнақты түрлерінің зат есімдерімен тіркесу аясы түрліше. *Сулы* қатыстық сын есімі тек *жер* сөзімен мағыналық тіркесте жұмсалса, ал *орамал, шуберек* т.б. зат есімдерімен жиі айтыла бермейді.

Сын есімдердің тіркесу қабілеті тек зат есіммен шектеліп қоймаса керек. Олар қазіргі әдеби тіліміздің жан-жақты даму барысында тек зат есіммен ғана тіркесіп қоймай, басқа да сөз таптарымен, олар енді есімдермен, яғни сан есім, есімдік, есімше, қимыл есімі, тіпті сын есіммен де тіркесі қалыптасу үстінде. (Өрине біз бұл жерде олардың етістікпен тіркесін қарастырып отырғанымыз жоқ). *Алдағы осылар да, артында ентелеп тұрған - ақсақал, қарасақал* (Әуезов). *Соғыстан қашқан белгісіз біреу жүр дегенді естиміз* (Бөкеев). *Алдыңғы үшеуін кешіре білген жұрт төртіншісіне келгенде төменшіктей беруші еді* (Бөкеев). *Мол жаулығын төгілдіре ораған сұлу жүзді жас келіншектің екі беті де тобылғы түсіндей қып-қызыл* (Сматаев). *Дүние желдей бағасыз, өмір күлдей бағасыз* (Сөз атасы). *Ал бұларға ерген қырық жаңа адамдар алдағы қырықты күзетеді* (Бақбергенев). Сын есімдер басынқы сыңарымен дара және күрделі түрде де тіркесе береді. Өрине олардың дара түрлерінің тіркесінде

онша қиындық болмағанымен, күрделі түрлерінің өзіндік ерекшеліктері де баршылық.

Күрделі сын есімдердің өзі іштей бірыңғай сапалық сын есім мен сын есім: *қызыл ала* сияқты түйдекті тіркесті сын есім болып бөлінеді.

Сапалық сын есімді сөз тіркестері. Сын есімдер заттармен дара және күрделі түрде де жұмсала береді.

Сын есімнің таза күрделі түрлері тілімізде көп қолданылады. Бірақ қолданылу жағынан олар дара сын есімдерден көп те емес. Ондай формалы күрделі сын есімдердің жасалуының өзін 2 топқа бөліп қарастырмаз:

1) Бірыңғай мағыналы сапалық сын есім мен сапалық сын есімнің тіркесі.

2) Әр түрлі мағыналы сапалық сын есімдердің сапалық сын есімдермен тіркесі.

Бірыңғай мағыналы сапалық сын есімдер:

аптақ пен сұр, қара мен бурыл, көк пен ала, торы мен ала, қара мен қоңыр, ақ пен сұр, қара мен торы, қызыл мен қоңыр, ала мен шұбар, қызыл мен ала сияқты түйдекті тіркесті сын есімдердің әрбір сыңары мен түсті білдіретін бірыңғай сапалық сын есімдер болып, олар сол тобымен заттың түсін жеке сын есімдерге қарағанда күрделі формада береді. Егер *қызыл* сын есімі *орамал* зат есімімен тіркесіп, заттың тек ғана түсін көрсетсе, *жақсы* сын есімі оқушы зат есімімен тіркесіп, оның бір жақты сапасын көрсетеді. Яғни дара сапалық сын есімдер сол өзі анықтайтын затының *түсін, көлемін, ішкі сырын, дәмі мен салмағын* т.б. белгілерін даралық қатынаста білдіреді.

Күрделі сын есімдерде, біріншіден, сөз саны кемінде екі немесе одан да көп бола отырып, екіншіден, ондағы сындар тек қана бір сындын қайталап келуі арқылы емес, бір мағынадағы сындардың өзара мағыналық жағынан топ құрап, сол тобымен заттың күрделі сыны есебінде жұмсалады. Мұндай күрделене жұмсалу тіл фактілеріне қарағанда көбіне түсті білдіретін сын есімдерге тән сияқты. Ондай топтағы сын есімдердің басынқы сыңары бірыңғай заттар болғанымен, көбіне дара түрдегі зат есімдер ғана болады. Олар дара сындардың тіркесіне қарағанда сиректеу. Сапалық сын есім мен сапалық сын есімдердің тіркесі арқылы жасалған күрделі сөз тіркестерінің өзі затқа қатыстылығы жағынан алғанда әр түрлі.

Қызыл қоңыр сақалы бар Сабырбай Абайға аса бір келісті кісі көрінді (Әуезов). *Қара бурыл Сүйіндік оқта-текте бір қарап қойғаны болмаса, Құнанбайға тесіле қарамайды* (Сонда) деген сөйлемдерде *қара бурыл, қызыл қоңыр* күрделі сын есімдері *сақал, Сүйіндік* сөздерімен тіркесіп заттың түсін білдіріп тұр.

Сонымен, екі сын есім өзара тығыз мағыналық бірлікте кез келген заттардың әр түрлі бояулық рендерін көрсетеді.

Сол сияқты екі сапалық сын есім өзара түйдекті топ құрап, заттардың әр түрлі табиғи түрлерін - заттың көлемі мен түсін айқындайды. Мысалы: *Көк ала кілем жайылғандай белес көзге түседі* (Сейфуллин). Кейде екі сын есім сол тобымен бірлікте заттың көлемін де білдіреді. *Ұзақ кең өлкенің бойы жапырлаған ауылдар* (Әуезов). Сөйтіп, ондай бірлікте жұмсалған әр түрлі сындар заттың сапасын күшейту үшін қолданылады. *Үркімтайдың үлкен қоңыр үйінде бірталай еркектер отыр еді* (Сонда) деген сөйлемде *үй сөзінің үлкен және қоңыр* деген анықтауыштары бар. Олар негізінде *қоңыр үй* деп түсін, *үлкен үй* деп оның көлемін білдіріп, жеке-жеке де қолданылуы мүмкін. Ол кезде бірі *үй* сөзінің көлемін, бірі түрін білдіріп тұр. Тілдік фактіде екеуі бірлікте жұмсалып, *үлкен қоңыр үй* деп те жұмсала береді. Мұнда екі сапалық сын есім *үй* сөзіне бірдей анықтауыштық әр түрлі сапа жағынан келгенімен, екеуі бірігіп оның әр түрлі қасиетін бірлікте айқындаған. Осы сияқты фактілер тілде жиі кездесе отырып, күрделі сөз тіркесін құраудың материалы болады да, олар әр түрлі заттардың көлемін, сапасын, қасиетін білдіреді. Мысалы: *Ұлжан өзінің үлкен ақ саусақтарын жирен аттың жалына салды. Екіншісі - және де толық биік келген, үлкен ақ сұр жезді, қара қас, қара сақалды, үлкен қара көзді Мұса* (Әуезов). *Биік қыраттан үлкен ақ шар секілденіп, дөңгелене ай көтеріліп келе жатты* (Сарғасқаев). *Ақбота - әдемі ақ келіншек* (Мүсірепов).

Сонымен күрделі (сапалық) сын есімдері де күрделі сөз тіркесін құрай келіп, сол тобымен тек заттың анықтауышы қызметінде жұмсалады.


Қатыстық сын есімді күрделі сөз тіркестері. Қатыстық сын есімдерінің өзі зат есімдермен тіркесіп әрі дара, әрі күрделі түрде де жұмсала береді. Әрине, дара қатыстық сын есімдердің тіркесуі туралы пікір таласы болмағанымен, олардың күрделі түрлерінің жасалу жолдары, берілу дәрежесі туралы өзіндік пікірлерді байқаймыз.

Қатыстық сын есімдер дегенде оның негізі - зат. Зат болғаннан кейін ол міндетті түрде өзіне лайықты анықтауыш сөздермен бірлікте жұмсалатындығы белгілі. Мысалы, *бес бала* деп жайшылықта айтыла беретін жай сөз тіркесін *бес балалы үй* десек қатыстық сын есімді күрделі сөз тіркесі пайда болып отыр. Осындағы *бала* сөзінен жасалған қатыстық сын есімі *үй* сөзімен *балалы үй* деп те, *бес балалы үй* деп те айтыла береді. Біріншісін жай сөз тіркесі десек, екіншісін күрделі сөз тіркесі дейміз. Міне, зат есімдерден жасалған

осындай қатыстық сын есімдер өзі анықтауыштық сөзімен бірлікте жұмсалып, сөз тіркесінің күрделі сынарын құрайды. Әрине, затқа анықтауыштық қатынаста жұмсалатын сөздер көп-ақ. Міне, сол қатыстық сындардың осындай күрделену тәсілдері әзірше онша сөз болмай отыр. Бұлайша күрделену қатыстық сын есім жасайтын барлық жұрнақтарға да тән.

Зерттей келгенімізде тілде осы сияқты жұрнақтар арқылы күрделену процесі мол-ақ, бірақ ғылыми жағынан арнайы зерттеудің объектісі болмай отыр. Осы уақытқа дейінгі ғылыми еңбектерге (түркі тілдеріндегі еңбектерге не қазақ тілі еңбектеріне) барлау жасасақ, мұндай жұрнақтың күрделі түрлері туралы тек бірер сөздермен берілген пікірлерді байқауға болады.

Қатыстық сын есімді күрделі сөз тіркестері туралы алғашқы айтушылардың бірі - профессор М.Балақаев. Автор еңбегінде -



сияқты мысалдарды талдай келіп, осының бірінші бағыныңқы сынарының күрделі түрлерінің тек *-лы, -лі* жұрнақты түрлерін ғана сөз етеді.

Осы *-лық, -лік* жұрнақтағы сөздер өзі қатысты сөзбен дара да, күрделі түрде де тіркесе береді. Әсіресе, олардың күрделену процесі көптеген жұрнақтарға тән. Олардың барлығының күрделену формаларын бере беру мүмкін емес. Сондықтан тек кейбір жұрнақты түрлерінің күрделеніп, сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарда жұмсалуды арнайы сөз етеміз.

1. *-лық /-лік/ жұрнақты күрделі сөз тіркестері.* *-лық /-лік/* жұрнақты қатыстық сын есімдері негізінен зат есім, кейде есімдіктен жасалады. Сондықтан да *ауыл шаруашылық машина, бестік баға, жылдық жоспар, өздік есімдік, мендік адам* сияқты дара сөз тіркестері жасала береді.

Мұндайда көбіне зат есімдерден қатыстық сын есім жасау өте көп те, басқа сөз таптарынан сирек. Мұндай сөз тіркестерінің бағыныңқы сынары қызметінде *-лық /-лік/* жұрнақты сөздер дара түрінде де және түрлі сөздерді өздеріне анықтауыштық қабатқа ала отырып, күрделі түрде де жұмсала берді. Әрине, олардың ондай күрделі түрде жұмсалуды анықтауышты сөздерді керек ететін бастапқы негізгі зат есім болғандығынан

деу керек. *Қазақ мұғалімдерінің екі айлық курсы жүріп жатқан еді* (Мұқанов) дегендегі *екі айлық* сияқты сөз тіркесінің бағыныңқы сынары *курс* сөзімен күрделі сөз тіркесін құрайды. Ал олар осындағы *айлық, курс* сөздері тіркесінің бағыныңқы сынарын құрай алмайды. Онда әлі де сөз тіркесінің жеке сынары қызметінде жұмсалудына болатындай мағыналық, даралық жоқ. Сол күйінде өзі бүтін есебінде жұмсала алмайтын, әлі де болса бір нәрсені өзіне тели түсуді қажет ететін сияқты. *Үш, бір* сан есімдерінің қосақтала жұмсалуды ғана, осы тәрізді тіркестердің бағыныңқы сынарларының дербестігін анықтайды да, сол тобымен сөз тіркесінің толық сынары қызметінде жұмсала алады. Олай болса, кейде кейбір сөздер қаншалықты дербес мағынасы бар дегенімізбен сол күйінде өз алдына сөз тіркесінің бір сынары қызметінде жұмсала алмайды екен. Ондай сөздерге әлі де бір сөздердің қосақталуы қажет болып тұрады. *-лық /-лік/* жұрнақты сөздер өздеріне сондай сөздерді міндетті түрде қосақтауының негізінде күрделі сөз тіркесін жасайды.

1. Мұндай жағдайда көп жұмсалатын сөз табы - сан есім. Мысалы: *Ертеңнен бастап сексен түйелік керуен қолына келеді* (Досжанов). *Биыл көше бойларына қырық мың түп ағаш, екі жүз мың бұтақ егіліп, елу мың метірлік газон және гүл аулалары жасалмақ* ("С.Қ.").

Кейде ондай *-лық /-лік/* жұрнақты сөздердің қосалқы сынары ретінде *ширек, бірер* сөздері де жұмсала алады: *Бұлар бірер күндік жолаушы түнен шығатын мейманхана тәрізді* (Ақышев).

Кейде *-лық /-лік/* жұрнағы етістіктерден де қатыстық сын есімін жасайды. Мысалы: *Майлыбаев екінші рет келіп күдік аларлық ештеңе таба алмады* (Тоғызақов) дегенде *алар* етістігінен *-лық* жұрнағы арқылы *аларлық* қатыстық сын есімі жасалып, бірақ ол өзі жеке-дара сөз тіркесінің жеке сынары ретінде жұмсала алмай, өзіне тағы да *күдік* сөзінің қосақталуы арқылы сөз тіркесінің күрделі сынарын құрап отыр. Бұған қарағанда ондай құранды күрделі сөз тіркестерінің қосалқы сынары ретінде зат есімдер де қолданылатындығын көруге болады.

2. *-лы /-лі/ жұрнақты күрделі сөз тіркестері.* Мұндай жұрнақтар арқылы: *малды, көлді, ағашты, білімді, қарлы, жүзді, сапты, мүйізді* т.б. қатыстық сын есімдері зат есімдермен тіркесіп, *көлді жер, білімді жігіт, қарлы тау, малды жер* сияқты жалаң сөз тіркесін құрайды. Сол сияқты *-лы, -лі* жұрнақты сөздер кейде өздері сөз тіркестерінің жеке сынарын құрағанымен, кейде ондай жұрнақты сөздер сөз тіркесінің жеке сынары ретінде қолданыла алмайды. *Сүтті сабаға құйып, күміс*

сапты піспекпен біреп рет толғап шыққан (Ақышев). Екінші үйден жалпақ жүзді, домалақ тұмсық келіншек шықты (Әуезов). Осы сөйлемдерде күміс сапты, жалпақ жүзді зат есім мен қатыстық сын есімдері піспек және келіншек сөзімен қабыса байланысқан сөз тіркестерін құрап отыр. Осындағы күміс сапты мен жалпақ жүзді бағыныңқы сыңарларының әрқайсысы жеке-дара толық мағыналы сөздер. Бірақ сонысына қарамастан, сапты немесе жүзді қатыстық сын есімдері жеке-жеке басыңқы піспек, келіншек сөздерімен сөз тіркесін құрай алмайды. Өйткені онда онша мағыналық байланыс бола бермейді. Олардың мағынасы өзінен бұрынғы сөздермен бірлікте ғана айқындала түспек. Сонда ол сөздер күміс, жалпақ зат есімдерінің қосақталуы арқылы жұмсалғанда нақтыланып, сөз тіркестерінің толық сыңары қызметінде жұмсалмақ. Олай болса *-лы, -лі* қатыстық сын есімдері, бір жағынан, өздері сөз тіркесінің бір сыңары қызметінде жұмсалғанымен, екінші жағынан, осы тәрізді жұрнақты сөздерде ондай қасиет бола бермейді екен. Зерттей келгенімізде, *-лы, -лі* жұрнақты сөз тіркесін қосалқы мына жағдайларда қажет етеді:

а) бағыныңқы сыңардың негізгі сөзі зат есімнен жасалған *-лы, -лі* жұрнақты сын есім де, оған зат есім қосақталғанда. *Кесек денелі Нартай азырақ бөгеле берді* (Мүсірепов). Мұндай кезде бағыныңқы сыңарлар сол түйдегімен заттың неден істелгендігін, ұқсатуын т.б. қасиеттерін білдіріп, анықтауыштық қатынаста жұмсалады;

ә) негізгі тірек сөз *-лы, -лі* жұрнақты қатыстық сын есімге сын есімдер қосақталып жұмсалғанда. *Хатшы арық, орақ мұрынды, қара көзді жігіт* (Ерубаяв).

Жақпар тастың астында қызыл тонды қыз жатыр (Қазақтың халық жұмбағы). *Қалың қасты, қара көзді, ат жақты келген ардагер ағамен хат-хабар алысып, әңгімелесіп жүргеніме бірнеше жыл болды* (Бейісқұлов).

б) негізгі сыңары *-лы, -лі* жұрнақты қатыстық сын есімге сан есім қосақталып жұмсалғанда. *Асыл ананы бірден мәңгілікке әкеткен сол бір түйелі адам сияқты болады да тұрады* (Жүнісов).

в) негізгі сыңары *-лы, -лі* қатыстық сын есімі мен есімдік арқылы жасалғанда. *Осы бір кеселді мінез кіші апамнан неге шыға береді* (Әуезов).

г) негізгі сыңары *-лы, -лі* қатыстық сын есімі мен күшейтпелі шырайлы сын есім арқылы жасалғанда. *Аса шат нұрлы жүзбен қуанып кетті* (Есенжанов).

д) бағыныңқы сыңары *-лы, -лі* жұрнақты тұрақты тіркес арқылы жасалғанда. *Жиырма атаның ішінде айқыш-ұйқыш, ілік-шаттыс қарға тамырлы тұзақ шырмауығы жатады* (Әуезов).

е) негізгі сыңары *-лы, -лі* қатыстық сын есімі мен күшейткіш үстеу қатыстық сын есім арқылы жұмсалғанда. *Оның қыстауы қалың шалғынды, мол тоғайлы, ең бір құйқалы қыстау еді* (Әуезов).

ж) негізгі сыңары *-лы, -лі* жұрнақты қатыстық сын есім мен сан есімдер арқылы жұмсалғанда. *Төрт-бес атты жолаушы келеді* (Әуезов).

з) *-лы, -лі* жұрнақты қосарлы сөздер арқылы жұмсалғанда. *Үйелмелі-сүйелмелі қызыл қарын жас балалары көп момын шаруа* (“Жұлдыз”).

3. *-ғы /-гі/ жұрнақты күрделі сөз тіркестері.* *-ғы, -гі* жұрнақтары арқылы қатыстық сын есім көбінесе атау септікті зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік және үстеу, шылау әрі көмекші есімдерден жасалады. Ондай кезде олар күрделі түрде де жұмсала береді:

а) Негізгі сөз *-ғы, -гі* жұрнақты қатыстық сын есіміне зат есімдер қосақталып жұмсалады. *Шыңғыс, Есенейден қайта қонақ үйдегі мәжіліс қызды* (Мұқанов).

ә) Негізгі сөзі *-ғы, -гі* жұрнақты қатыстық сын есімі мен сын есімнің түйдектелуі арқылы жасалады. *Ең алдымен қызыл майдандағы күрестің барысына құлақ түріп отырдық* (Усманов).

б) Негізгі сөзі *-ғы, -гі* жұрнақты қатыстық сын есімі мен тағы да *-ғы, -гі* жұрнақты қатыстық сын есімнің түйдектелуі арқылы жасалады: *Тәтем төргі бөлмедегі екі кісілік темір керуетті Тяняға дайындап қойыпты* (Нұршайықов).

в) Негізгі сөзі *-ғы, -гі* жұрнақты қатыстық сын есім мен сан есімнің қосақталуы арқылы келеді. *Сол тақияның екі самайдағы жиегінен ойдым-ойдым боп түскен ақ құйқа көрінеді* (Әуезов).

з) Негізгі сөзі *-ғы, -гі* жұрнақты қатыстық сын есімі мен есімдіктердің қосақталуы арқылы келеді. *Осының бәрі жайлауға көшу сапарын жайшылықтағы, өзге мезгілдегі өзге тұрмыстың баршасынан басқаша қып жіберді. Құнанбай өз көңіліндегі дағдарысымен кетіп еді* (Әуезов).

д) Мұндай сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары ретінде *-ғы, -гі* сөзді қос сөздер арқылы жұмсалады. *Қысқы-жазғы жайылымға су жеткізер мезгіл болған жоқ* (Мұқанов).

-ғы, -гі жұрнағының өзіндік ерекшеліктері бар. Алғашқы топты күрделендіретін сыңарлары сол жұрнақты сөздерден бұрын, яғни анықталатын затынан тек бұрын тұру арқылы ғана жұмсалатын болса, *-ғы, -гі* жұрнақты сөздерді күрделендіретін сөздер оның алдында да және онан соң да тұру арқылы жасалады. Екіншіден, алғашқы топтағы жұрнақты сөздер тек толық мағыналы сөздердің негізінде құралса, бұл жұрнақты күрделі сөз тіркестерінің сыңарына

дербес мағынасы жоқ сөздер де қатыса береді. Оның өзі ондай жұрнақты сөздердің жасалуынан да демекпіз.

-ғы, -гі жұрнақты сөздер өзіне тағы да анықтауышты қабылдап күрделену процесі алғашқы жұрнақтар тәрізді десек, көмекші сөздер арқылы -ғы, -гі қатыстық сын есімі олардан ерекше бір өзгешелігі деп білеміз. Бірақ бірінші, екінші тобы да негізгі тірек болатын сөздерден бөлінбей, сол тобымен түйдекті тіркес жасайды.

Әсіресе, күрделі сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарын жасауда көмекші, яғни шылау немесе көмекші есімдердің қызметі ерекше. Әдеттегі толық мағыналы сөздер сияқты шылау және көмекші есімдер де -ғы, -гі жұрнағын қабылдап, *дейінгі, шейінгі, астындағы, үстіндегі, бетіндегі* болып өзгере беретіндігі белгілі. Бірақ ол сөздер мұндай жұрнақтарды қабылдап, сын есім формасын алғанмен өздері дара қолданылмайды. Олар міндетті түрде өзінен бұрын белгілі бір сөздің жетегінде ғана жұмсалуға тиіс. Олай болса, ол -ғы, -гі жұрнақты жаңағы сөздер *үйге дейінгі, шайға шейінгі, астан соңғы, үйдің астындағы, үйдің үстіндегі, ағаштың бетіндегі* сияқты өзі қатысты сөздің әр түрлі септіктерде тұруын қажет ете отырып, сол сөздермен өзі таза күйінде де және -ғы, -гі жұрнағы арқылы да түйдекті тіркес құрайды. Сондай түйдекті тіркес құрайтын элементтердің қандай тұлғада тұруына қарай олардың сөз тіркестерінің байланысу формасына қатысы айқындалады. Соның ішінде көмекші есім, шылаулардың таза күйінде ондай сөздермен етістікті сөз тіркесін құраса, -ғы, -гі арқылы жасалған сөз тіркестері есімді сөз тіркесін құрайды. Сонда -ғы, -гі жұрнақты көмекші есім шылаулар тіркесетін сөздердің тұлғалық ерекшелігін өздері билейді де, сол тобымен сөз тіркесінің қатыстық сын есімді күрделі түрін жасайды. Олай болса, -ғы, -гі қатысты сөздер де күрделі сөз тіркесін жасаудың бір тәсілі деп білуі керек.

Толық мағыналы сөздерден, яғни есімдерден -ғы, -гі жұрнағы арқылы қатыстық сын есім жасалу негізінде оған қосақталатын сөздер қатыстық сын есімнің алдында орналасса, енді көмекші есімді, шылаулы -ғы, -гі жұрнақты сөздер дербес мағынасы бар сөздерден соң орналасады. Мысалы: *Жел жақтағы саңылауларын найзаның ұшымен тығындап, өзімен-өзі әуре болып тұр* (Усманов). Осы сөйлемде *жел* зат есімі мен *жақта* сөзімен түйдектеліп, сол тобымен анықтауыштық қатынаста сөз тіркесін құрап отыр. Ойткені *жел* сөзі *жақтағы* сөзіне ғана қатысты. Олай болса, осы сияқты формалы -ғы, -гі жұрнақты есім мен шылаулар өзінен бұрынғы сөздің қандай

тұлғада тұруына байланыссыз өздерінің формасын игереді.

1. Негізгі сөзі ілік жалғауының ашық және жасырын түріндегі зат есімі болады да, екінші сыңары -ғы, -гі жұрнақты көмекші есім арқылы жасалады. *Әлдеқайда көл бетіндегі құстардың да ықыл-шықыл үндері өмір думанына бөленгендей* (Бақбергенов).

2. Негізгі сөзі ілік жалғауының ашық және жасырын түріндегі есімдік қосалқы сыңар -ғы, -гі жұрнақты көмекші есім арқылы жұмсалады. *Менің астымдағы жирен ат қырдың киігінше сырғиды* (Сейфуллин).

3. Негізгі сөзі ілік жалғаулы зат есім көмекші есім болады да оған қосақталған -ғы, -гі жұрнақты көмекші есім арқылы жұмсалады. *Ауылдың арғы тұсындағы биік дөңнің үстінен жоңкіліп сағым ағып жатыр* (Мұқанов).

4. Шылаулар да кейде -ғы, -гі жұрнағын қабылдап, өзі қатысты сөздің анықтауыш қызметінде жұмсалуын қажет етеді. Ондай шылаулы сөздің негізгі сөзі септік жалғауындағы (көбіне барыс) есімдік, зат есім, есімше, үстеу т.б. сөздер болады. Мысалы: *Сол күнге дейінгі өмірімде жаз салтанатын бірінші рет тойлаған белесім еді* (Сәрсенбаев). *Ағаштан түрлі ойыншық жасағанға дейінгі менің өмірім өз алдына бір хикая* (“Жалын”). *Әл-Фараби өзіне дейінгі ұлы математиктер еңбегін түсіндірумен шұғылданды* (“Қазақ әдебиеті”). *Кешке дейінгі ермегі осы* (“Жұлдыз”). *Сырға ауғанға дейінгі мекені - Аманқарағай ішіндегі Әуменкөл* (Мұқанов).

4. -дай /-дей/ жұрнақты күрделі сөз тіркестері. -дай /-дей/ жұрнақты сөздер қабыса байланысқан есімді, етістікті сөз тіркестерінде де жұмсала береді. Әрине, оның есімді сөз тіркестеріндегі орны айқын сын есім деп білсек, енді етістік сөз тіркестеріндегі жағдай кейде үстеумен де ұқсас. -дай /-дей/ жұрнақты сөздер көбінесе қатыстық сын есімі ретінде жұмсалғанымен, *жастай, балалай* сөздері тек қана етістікті сөз тіркестерін ғана құрайды. Олай болса, ондай жұрнақты сөздерді әрі сын есім, әрі үстеу деп беру орынды. -дай, /-дей/ жұрнақты сөздер дара да, күрделі де түрінде есімді және етістікті сөз тіркесін құрайды.

-дай, -дей жұрнақты күрделі сөз тіркестері төмендегіше жасалады:

1. -дай, -дей жұрнақты қабыса байланысқан есімді сөз тіркестері:

а) Бағыныңқы сыңары - ілік жалғауының жасырын түріндегі зат есіммен -дай жұрнақты зат есім. *Түйе беліндей нән жүкті арқасына қондырып алған* (Бақбергенов). *Өздері үй орнындай қу көдеге жата кетті* (Ақышев).

ә) Бағыныңқы сыңары сапалық сын есім мен *-дай /-дей/* жұрнақты зат есімдердің тіркесі арқылы жасалады. *Үйір-үйір жылқы, қора-қора қой мойыңға таққан ауыр алқадай қала сыртын қоршай орап жатады* (Есенжанов).

Мұнда *ауыр алқадай түйдекті тіркестері, қала* зат есімімен қабыса байланысып, салыстыру мағынасында жұмсалған. Кейде ондай түйдекті тіркесті сөздердің бірінші сыңары ретінде екі қатыстық сын есім қабат қолданылуы да мүмкін. *Бойының зорлығы бесті аттай қара жал құлан жан-жағынан саңылау іздеп, екі көзі жалт-жұлт етеді* (Ақышев). Осындағы *бесті аттай* дегендегі *бесті де, аттай да, -ті, -дай* жұрнақтары арқылы сан есім мен зат есімнен жасалған қатыстық сындар. Сол тобымен ол екеуі *құлан* сөзіне анықтауыштық қатынаста жұмсалған.

б) Ондай күрделі сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары ретінде *-дай, -дей* жұрнақты күрделі сан есімдер жұмсалалады. *Біздің бөлімде отыз мыңдай қой бар* (Әуезов).

в) Бағыныңқы сыңары ретінде дара және қосарлы сан есімдер мен *-дай, -дей* жұрнақты зат есімдер тіркесіп заттың қашықтық мөлшерін білдіреді. *Өзінен елу-алтыс қадамдай жерде қаруытқан көлікті көрді* (Ғабдуллин). *Ол бұған бес адымдай жер қалған* (Қоңыратбаев).

г) Бағыныңқы сыңарлары сан есім мен *-дай, -дей* жұрнақты зат есімдер түйдегімен заттың мезгілін білдіреді. *Бауырма шапқан сырқат бір жарым жылдай уақытын емдеумен өткізуге мәжбүр етті* (“Қазақ әдебиеті”).

д) Бағыныңқы сыңарларының жетегінде тағы да дара және қосарлы сан есімдерінің келуі арқылы жасалады. Мұндай түйдекті тіркестің негізгі сөзі нумеративті сөздер болып келеді. *Түске дейін екі-үш арба тиесіп, мен де он-онбес сомдай ақша таптым* (Нұршайықов).

е) Бағыныңқы сыңары дара, күрделі сан есімдер *жарым, жарты* сөздері мен *-дай, -дей* жұрнақты нумеративті сөздер түйдегімен заттың көлемін білдіреді. *Алматыда бұл күнде жарым миллиондай халық бар* (Әуезов). *Бір елідей ғана мұрты бар* (Мұстафин).

ж) Бағыныңқы сыңары өткен шақтық есімше мен *-дай, -дей* жұрнақты зат есімдер сол түйдегімен заттың салыстыру мағынасында жұмсалады. *Жиырма ауыл түйелерін түргызып, жөнеліп бергенде жамыраған қозыдай неше алуан үнге басты* (Әуезов).

и) Кейде бағыныңқы сыңары ретінде *-дай// -дей* жұрнақты қос сөздер де жұмсалады. *Үстібасы қол батпайтын білеудей-білеудей бұлшық ет* (“Қазақ әдебиеті”).

к) Бағыныңқы сыңарының құрамында қос деген сөзбен *-дай, -дей*, жұрнақты зат есімдер жұмсалады. *Ол салқын суға қол орамалын малып, төңкерілген қос кеседей мүсінденіп діріл қаққан төсіне басты* (Майлин).

Жоғарыда аталған осы жұрнақтардың ішінде сөз тіркесінің күрделі сыңарын құрауда *-ғы, -гі* жұрнақтарының қызметі ерекше. *-ғы, -гі* жұрнағы арқылы қатыстық сын есім көптеген толық мағыналы және дербес мағынасы жоқ сөздерден де жасалады.

Зат есімдер мен есептік, реттік сан есімдерінің қабыса байланысқанындай, кейде сан есімдер *шамалы, қаралы, шақты* шылаулары арқылы да есімді сөз тіркесін құрайды.

Жүз шамалы орақты кең шалғынға саламыз деп, Бірке, Жүніс, Әлкен де көңілді (Әуезов). *Қодардың алдында жүз қаралы жиын тұр. Кем қойса, жүз қаралы сойыл соғар* (Сонда).

Алайда бұл сөйлемдерден шылауларды алып тастап, сан есімдер мен зат есімдерден өзара сөз тіркесін құрай алмаймыз. Олардың бағыналық байланысы үзіледі. Бұл жерде өзара мағыналық байланысын айқындап тұрған - сол шылау сөздер. Әрине мұндай құбылысты қабысу деуден гөрі меңгеруге жатқызуға болар ма еді деген де ой келеді. Бірақ бұл шылаулар өздері қатысты сан есімдердің септік жалғауда тұруын қажет етпейді. Міне, қабыса байланысқан күрделі сан есімді сөз тіркестері деуіміз сондықтан.

Сан есімдер қосарлы түрде де зат есімдермен тіркесіп, күрделі сөз тіркестерін құрайды. *Он бес-жиырма мың жылқы бағатындарды да кездестірдім* (Мұқанов). *Құнанбай қасына жиырма-отыз аттылар жиылып қалды* (Әуезов).

Болжалдық сан есімдері де қосарланып келіп сөз тіркесінің күрделі сыңарын құрайды: *- Сайлап қырық-елудей кісі аттандырып, таза сол қатынды тартып алайық, - деді* (Көбеев).

2.2.1.3. Қабыса байланысқан есімдікті сөз тіркестері

Есімдіктердің ішінде қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары болып жиі кездесетіндері - сілтеу, сұрау және жинақтау есімдіктері. Олар зат есімдермен тіркесіп, анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Мысалы, *мына кітап, ана тау, осы қала, қай аудан? қандай мәселе?*

Есімдіктердің сөз тіркесінің құрамындағы анықтауыштық мағыналары бірдей емес.

Сілтеу есімдіктері заттың айтушыға алыс жақындық бағдарын нұсқап көрсетіп анықтай-

ды: *Бұл - сонау Ұлытаудың қазағы Олжай дейтін* (Әбішев).

Сұрау есімдіктері ол құрамда заттың сұраулық сапа қатынасын білдіреді, мысалы: *қал қалай? неше мектеп? қандай адам, қанша саулық?*

Мұндай құрамда айтылатын сұрау есімдіктері - қабыса байланысатын анықтауыштарға (сын есім, зат есім, сан есім, есімше және сілтеу есімдіктерінен болған анықтауыштарға қойылатын сұрақтар).

Басқалары қабыса байланысатын анықтауыштардың орнын баспайтындықтан, мұндай құрамда айтылмайды.

Жалпылау есімдіктері есімді сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары қызметінде заттың жинақталған мөлшерлік сапасын білдіреді. Мысалы: *барлық жұрт, күллі ел, бүкіл дүние*.

Есімдіктердің кейбір бағыныңқы сыңарда жұмсалудымен бірге олар да басыңқы сыңарда жұмсалады. Есімдіктерге бағыныңқы сыңарда: - үстеу: *Тағдырың бүгін мұнда, ертең анда* (Сөз ата-сы).

- негізгі сөз - шылау: *Ағаштан түрлі ойыншық жасағанға дейінгі өмірім бір хикая* ("Жалын").

- негізгі сөз - көмекші есім: *Менің астымдағы жирен ат қырдың киігінше сырғиды* (Сейфуллин).

2.2.1.4. Қабыса байланысқан сан есімді сөз тіркестері

Тілімізде бағыныңқы сыңары таза сан есімді қабыса байланысқан есімді сөз тіркестері кездеседі. Жалпы зат бар жерде оның саны айқындалады. Сан есімдер де қаншалықты затқа қатысты делінгенімен, олар кез келген зат есімдермен жапа-тармағай тіркесе бермейді. Сан есімдер қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары қызметінде құрамы жағынан дара және күрделі түрі кездеседі, ондай кезде сан есімдердің ішінде тек есептік және реттік сан есімдері ғана қолданылады. Басқа сөз таптары олармен онша тіркесте ұшырай бермейді. Біз еш уақытта *мен, сен, ол, біз, сіз, олар, өз, барлық, ештеңе* т.б. есімдіктерімен сол сияқты *жақсы, сұлу, күшті* сияқты сапалық сын есімдерін тіркесте жұмсай алмаймыз. Олармен сандық ұғым ашылмаса керек. Кейде *өз* есімдігімен *бір өзім* деп қолданылғанмен өзара тіркес құрай алмайды. *Бір өзім* деп айтуға болғанымен, *екі өзім, үш өзім* деп қолданылмайды. Олай болса бір сан есімнің *өз* есімдігімен тіркесі деп есептелу жалпы заңдылыққа жатпайтын жайт: *Төрт* сөзі *балалы* қатыстық сын есімімен де сөз

тіркесін құрай алмайды. *Төрт балалы* дегендегі *балалы* қатыстық сын есімімен *төрт* сан есімінің басыңқылық қызметі әлсіреп, өзі басқа бір заттың яғни *ана* сөзінің анықтауышы болып, екеуі *ана* сөзіне жеке-жеке бағыныңқылық қызметте емес, сатылана бағыну дәрежесінде жұмсалған *төрт балалы* *ана* сияқты екеуі жинақталып, күрделі сөз тіркесін жасаудың бір формасы болып отыр. Бұдан шығатын қорытынды; қабыса байланысқан сөз тіркестерінің басынқы сыңары қаншалықты есімдер дегенімізбен, олардың ішінде тек зат есімдер ғана қолданылады екен.

Зат есімдердің өзі де жалқы және жалпы болып бөлінеді десек, сан есімдер солардың ішіндегі жалқы есімдермен тіркесе бермейді де, көбіне жалпы есімдермен ғана тіркесе алады. Сонда *екі Жорабек, ана бес Шәріп* деп айтылу тілімізде сирек те, *он адам, он үйрек, жиырма бес қой* т.б. деп айту жиі кездеседі.

Зат есімдердің ішінде жалқы есімдердің өзі деректі, дерексіз болып бөлінетіндігі белгілі. Сан есімдер көбіне деректі, яғни санауға болатын зат есімдермен *он сағат, жиырма пианино, жетпіс бес піл* т.б. зат есімдермен тіркесуге қабілетті десек, *ақыл, өсек, білім, ой* т.б. зат есімдермен тіркесуі кездеспейді. Олай болса есептік, реттік сан есімдердің дара және күрделі түрлері де зат есімдермен тіркесіп, анықтайтын затының сандық көлемі мен ретін білдіреді. *Қазір оның қарауында 65 миллион солдат, 80 дивизия, 32 мың самолет, 3 мың корабль, қыруар ракеталық қару* ("Қазақ әдебиеті"). *Партияның жиырма алтыншы съезінің шешімдерін басшылыққа аламыз* ("Лен. жас"). *Қазір барлық совет жазушылары Семен Куриловты "Төрт жүз алпыс бесінші юкагир" деп атайды* (Түменбаев).

- есімше оралым: *Көңілің сүймес біреуге берем десе, Кессе дағы басыңды баспағайсың* (Майлин).

Есімдіктер өзара да тіркесіп анықтауыштық қатынаста сөз тіркестерін құрайды: *Малшыларда ит жоқ деймісің. Басқа біреуін тауып аларсың* ("Жалын").

2.2.1.5. Қабыса байланысқан есімшелі сөз тіркестері

Есімшелер сөйлемнің соңында оны тиянақтау барысында баяндауыш қызметінде жиі жұмсалса, сол сияқты олардың сөйлемнің ішінде өзі қатысты сөздермен қабыса байланысуы да жиі. Есімшелер сөйлемнің ішінде зат есіммен қабыса байланысып, анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерін құрауы жиі. Есімшелердің *-ған// -ген,*

-а-тын// -е-тін, -ар// -ер, -р жұрнақты түрлерінің бәрі де есімді қабыса байланысқан сөз тіркестерінде жұмсалады делінгенмен, олардың ондай кездегі қатысы әр түрлі. Ондай сөз тіркесінде көбіне -ған/-ген жұрнақты түрлері мол жұмсалады. Әрине, зат есімге анықтауыш қызметінде сын есім де, сан есім де жұмсалады дедік, сүйте отыра есімше де анықтауыштық қызметте жұмсалуда синтаксистік жағынан бірдей болғанымен, тек мағыналық жағынан айырмашылықтары бар. Сонда есімшелі анықтауыштар заттың қимыл қасиетін білдіру арқылы зат есіммен тығыз байланыста жұмсалады.

Есімшелер зат есімдермен дара және күрделі түрінде тіркеседі. Олардың әрқайсысының өзіндік айырмашылықтары затқа қатыстылығымен ерекшеленеді.

Дара қабыса байланысқан есімшелі сөз тіркесінде есімшелер ешбір сөзді жетегіне алмай жеке тұрып қана анықтауыштық қызметте жұмсалады. *Қазір жуынатын ыдыс әкелейін* (Шолохов). *Ұйтқыған боран басылар емес* (Ахтанов). Осы сияқты: *айтылатын ән, оқыған бала, сөйлер сөз, жазылар ән, жазған кітап, білген мәселе* т.б. жиі ұшырайды.

Есімшелер сөйлемнің соңында баяндауыштық қызметте жұмсалудың байланысты өзіне бағыныңқы сыңарда сын есім, сан есім, есімдік, есімше, үстеу, еліктеуіш сөз, зат есім т.б. сөз таптарымен әрі қабыса, әрі меңгеріле байланысқан сөз тіркестерін құрайды. Мысалы: *жақсы оқыған, екі алған, бүгін келетін, кітап оқыған, оқыған сайын білген, қалада да оқыған, ауылдан келген* - сөз тіркестерінде басыңқы сыңарда жиі жұмсалады. Бұлай сөз тіркесін құрау есімшелердің етістікті сөз тіркесін құраудағы басты үлкен бір қасиеті. Бірақ есімшелер сөйлемнің ішінде анықтауыштық қатынаста үнемі жоғарыдағыдай дара жұмсалып қоймай, енді етістікті сөз тіркесінің жетегінде жұмсалатын сөз таптарымен бірлікте іштей қабыса және меңгеріле байланысқан топ құрай келіп, зат есімдермен жиі қабыса байланысады. Есімшелі күрделі сөз тіркестерінің кейбір жасалу жолдары мыналар:

- Бағыныңқы сыңары барыс септікті зат есім мен есімшенің тіркесі арқылы: *Иванның үйінің көше жақтағы қабырғасы құлап, оны жерге қадаған айыр гана тіреп тұрды* (Шерхан).

- Барыс жалғаулы зат есім мен көсемше мен есімшенің тіркесі арқылы: *Әйтпесе оқуға түсе алмай қалған ол емес еді* (Жүнісов).

- Барыс жалғаулы зат есім + шылаудың есімшемен тіркесі арқылы: *Оппаға қарай құлаған қойлар кенет оңға қарай ойыса берді* (Ахтанов).

- Бағыныңқы сыңарлары табыс, жатыс, шығыс, көмектес жалғаулы сөздер + есімше арқылы: *Ата жолын жалғастыратын Нұрым аман болса болды* ("Жұлдыз"). *Желмен ұйтқыған қар бетіне, көзіне ұрады* (Ахтанов).

- Бағыныңқы сыңары сын есім, сан есім + есімше арқылы. *Иесіз қалған ауылмен танысқанда не, таныспағанда не* (Бақбергенов).

- Бағыныңқы сыңары көсемше, үстеу, еліктеуіш тіпті тұрақты тіркестер де ондай кезде жиі ұшырайды: *бұрын қойылған спектакль, байлай салған бала, сатұр-сұтыр тиіскен сойыл, өңшең қамшыдай қатқан сияқты* есімшелі тіркестердің бағыныңқы сыңарлары қабыса меңгеріле байланысқан басыңқы сыңармен қабыса байланысы кезінде олар сол тобымен анықтауыштың сұрауына жауап беріп, күрделі топ құрайды.

Ондай кезде негізгі сөздермен есімше тұлғалы да, көмекші етістігі де жиі ұшырайды: *бостандық деген сөздер, Ермек деген жігіт, ойбай деген дауыс, тырс еткен дыбыс, өзіңіз деген сұрау, сен деген сөз* т.б. Сонда есімше тұлғалы де көмекші етістігі барлық сөз табымен де түйдектеліп, қабыса байланысқан күрделі сөз тіркестерін құрап, қандай? деген сұрауға жауап береді.

Үстеулердің негізгі синтаксистік қызметі - пысықтауыш. Бұрынғы кезде пысықтауыш қызметінде жұмсалатын сөз табы тек үстеу деп тану басым болады да, ол қызметте жұмсалатын басқа да сөз таптары еленбеді. Осы себептерге байланысты кейбір тіл мамандары пысықтауышты жеке сөйлем мүшесі ретінде әлі күнге шейін қарастырмай келеді. Келе-келе пысықтауыштың аясы кеңейді. Оның өзі, біріншіден, арнайы пысықтауыш болатын үстеудің аясының кеңеюінен, екіншіден, басқа сөз таптарының, атап айтқанда, сын есім, сан есім, есімдік, көсемше, еліктеуіш сөздердің тіркесімділігінің артуынан демекпіз. Соңғы сөз таптарының етістіктермен де тіркесу аясының кеңеюіне байланысты кейбірі анықтауыштық қызметтен пысықтауыш қызметке ауысқан.

Үстеу сөздердің тілімізде тек етістікке жетектелетіні еш дау туғызбайды. Бірақ проф. М.Балақаев өзінің "Основные типы словосочетаний в казахском языке" деген еңбегінде үстеулердің есімдермен тіркесуіне арнайы орын береді. Мұның өзі, алдымен, үстеулердің тіркесу қабілетінің кеңейгендігін көрсетеді.

Үстеулер табиғатында қимылға қатысты қолданылады да, оларды әр қилы пысықтайды. Ал, олардың қимылды ғана пысықтап қоймай, есімдерге де қатысты жұмсалуды, біріншіден, тілдің стильдік мүмкіндігінің артуын көрсетсе,

екіншіден, үстеу сөздердің тіркесу қабілетінің артқандығын дәлелдейді.

Үстеулердің есімдермен тіркесін екі жақты қарастыру жөн. Біріншіден, олардың түрлі қосымшалар арқылы сын есім орнына жұмсалып есімдермен тіркесуі тілімізде бұрыннан бар. Мысалы: *Жаңбырдан кейін кешегі Ақша бұлттар көшеді* (“Балдырған”).


Бұл мысалда *кеше* сөзі негізінде мезгіл үстеуі. Ол сөз *-гі* жұрнағының қосылуы арқылы туынды сын есімге ауысып, қабыса байланысқан анықтауыштық қатынастағы есімді сөз тіркесін құраған. Негізінде осы жұрнақтар арқылы мезгілдік үстеулер ғана есімдермен тіркесетін сияқты. Мысалы: *кешегі жұмыс, бүгінгі оқиға* т.б. дегенмен, мезгілдік үстеулер *-қы, -кі, -ғы, -гі* жұрнақтары арқылы есім сөздермен тіркесіп, сындық қасиетке ие болғанмен, өзінің байырғы мағынасынан мүлдем ажырап кетпейтіндігі байқалады. Бұл, біріншіден, олардың мағынасынан, екіншіден, ондай қатыстық сын есімдер сын есімдерше жан-жақты түрленбейтіндігінен байқалады. Мысалы: “Қазіргі қазақ тілі” немесе “былтырғы дау биыл бітті” деген сөйлемдерде *қазіргі, былтырғы* сөздері өте мезгілдік мәнін жоғалтпаған.

Екіншіден, үстеулер есімдермен таза күйінде, яғни өзінің үстеулік қасиетін сақтай отырып тіркеседі. Мұндай кезде үстеулер бағыныңқылық қызметте, жұмсалады. Сонымен қатар модальді сөздер мен үстеулер барыс, жатыс, шығыс, көмектес септігіндегі зат есімдер, қимыл есімдер үстеулерді жетектейтіні кездеседі. Бірақ мұндай сөз тіркестері үстеулердің есімдермен тіркесіндей, тілімізде көп ұшырай бермейді. *Оларда бұрынғы қарсылық, өшпенділік қазір жоқ. Жомартта әлі үн жоқ* (Мұстафин). *Бұлар қазір төрдің тап ортасында, үлкен ақ жастықтарға шынтақ тасаан сол серілер* (Әуезов). *Түстік қылуға бесін болды, жешікке әлі ерте* (Шаймерденов). Алайда, үстеулердің осы сөз таптарының әрқайсысымен тіркесу қабілеті бірдей емес. Біреуімен жиі, біреулерімен сирек тіркеседі.

1. Үстеулердің зат есімдермен тіркесі. Үстеулер зат есімдермен жиі тіркеседі. Кейбір фактілерге қарағанда, үстеулердің есімдермен тіркесі бертінде пайда болған құбылыс. Соған қарамастан қазіргі кезде ондай тіркестер аса мол және кең қолданылады. Алайда үстеулер кез келген зат есіммен тіркесе бермейді. Олар көбінесе адамға қатысты айтылатын зат есіммен тіркесе бермейді. Олар көбінесе адамға қатысты айтылатын зат есімдермен жиі тіркес құрады.

Зат есімдермен жиі тіркесетіндер: мезгіл, күшейткіш, мөлшер үстеулері. Әсіресе, мезгіл үстеулері зат есімге қатысты жиі қолданылады:

қазір, ертең, кеше, ұдайы, үнемі, бүгін, бірталай, бірен-саран, осынша, өрен, нағыз, мұнша, бірқатар т.б. Әсіресе, *бүгін, қазір, ертең* үстеулері зат есіммен тіркесуге өте қабілетті. Мысалы: *қазір* үстеуінің өзі мынадай тіркестер құрады:



Үстеулердің зат есіммен тіркесі негізінен сөйлем құрамында ғана мүмкін құбылыс. Үстеулер көбіне баяндауыш қызметіндегі зат есімдермен ғана тіркеседі. Мұндай кезде мезгілдік үстеулер есім баяндауыштың мезгілін, мөлшерін т.б. қасиеттерін білдіреді. *Боз баламын мен де енді* (Жабаев). *Адамзат - бүгін адам, ертең - топырақ* (Абай). *Малға сонша кедей бұл ауылдың барлық сауыны - жердің терең астынан қазып шығартын тас көмір* (Мұқанов). *Кішіпейілділік - адам бойындағы ерекше қасиет* (Газеттен). *Матросовтың ерлігі - нағыз ерлік* (Газеттен).

2. Үстеулердің сын есіммен тіркесі. Үстеулер сапалық сын есіммен де, қатыстық сын есіммен де тіркесе береді. Бұл қызметте, әсіресе, мезгіл үстеулері жиі кездеседі: а) Сапалық сын есіммен: *Ауылдың бейілі биыл кең* (Жансүгіров). *Елсіздегі қарақшылар түнде бейқам, күндіз сақ* (Мұстафин); б) Қатыстық сын есіммен: *Ауыл кешке өзгеше жанданғандай* (Әуезов). *Үйдің іші енді көңілді*. Сол сияқты үстеулер шырай формалы сын есімдермен де бір тіркесте жұмсалады: *Күн көзі бүгін тым өткір* (Мұстафин). *Тігін фабрикасында бүгін өте көңілді* (Газеттен).

3. Үстеулердің сан есіммен тіркесі. Зат есім, сын есімге қарағанда үстеулер сан есіммен сирек тіркеседі. Бұл ерекшелік сан есімнің семантикасына байланысты болса керек. *Филла биыл жетіде* (Майлин).

4. Есімдікпен тіркесі. Үстеулер есімдіктермен біршама молырақ тіркеседі. Мысалы: *Басшы - бүгін ол, ертең - мен - дегенде бүгін, ертең* сөздері жіктеу есімдігімен, *ал қазір қалайсыңдар - дегенде мезгіл үстеуі сұрау есімдігімен тіркескен. Мұнда әзірше менмін басқарушы* (Мұстафин) дегенде мезгілдік үстеуі есімдікпен тіркескен.

Мұның өзі - үстеулер - есімдіктердің ішінде жіктеу, сұрау өздік есімдіктермен жиірек тіркесетіндігін байқатады. *Қазір жұмыстың ауыры да, асығысы да осы* (Мұқанов).

Кейбір үстеулер есімдермен тіркескенде, есімдердің белгілі септік жалғауда тұруын қажет

етеді. Мысалы: *Олар бүгін жайлауда*. Бұл сөйлемде *жайлауда* сөзі жатыс септігінде тұрып, *бүгін* мезгілдік үстеуін өзіне бағындырған.

Сөздерді синтаксистік талдауда кейде есімдермен қабыса байланысқан сөздердің барлығын анықтауыш деп қарау бар. *Ол - қазір студент, ертең оқытушы* дегенде мұндағы *қазір* мен *ертең* мезгілдік үстеулерінің синтаксистік қызметі туралы екі түрлі көзқарас бар. Бір пікір *қазір, ертең* сөздерінің позициясына қатысты сөзіне (зат есім) қарап анықтауыш делінсе, енді келесі пікір ол сөздерді семантикасына қарап пысықтауыш деп біледі. Негізінде үстеу сөздер есімдермен қабыса байланысқанмен, өздерінің ежелгі мағынасынан ажырап кетпейді.

Сонымен, үстеулер тек етістіктерді ғана жанжақты пысықтап қоймай, тіркесу қабілетінің кенеюіне қарай есімдерге де қатысты жұмсалады. Мұның өзі үстеулердің қолданылу аясының кеңейгендігінің белгісі.

2.2.1.6. Қабыса байланысқан одағайлы сөз тіркестері

Әдетте одағай сөздердің синтаксисі туралы тіпті сөз болмайды десе де болады. Ойткені одағай сөздер синтаксисте оқшау сөздер деген атпен өз алдына сөйлемдегі сөздермен байланысы жоқ деп қаралады. Шынында да, одағайлардың морфологиялық өзгеріске ұшырамайтыны белгілі. Дегенмен А.Ысқақов, Ш.Сарыбаев одағайлардың кейде көмекші сөз, енді бірде заттану процесі арқылы сөйлем мүшесі болатынын айтады. Шынында да, одағайлардың көмекші сөздер, оның ішінде есімше тұлғалы -де көмекші етістігі, модаль сөздердің түйдектелуі арқылы зат есімді сөз тіркесінде жұмсалуын кездестіруге болады: *Шаршаған жылқышылар “Әй-хай, әйт, уай-ой” секілді айқайды азайтып құрықтарын сүйретіп жүре береді* (Әбутәлиев). *Уф еткен қолдан құлап қала жаздан тұратын Зубайда нәрестелерге қатал-ақ* (Тарази).

Осы сөйлемде *әй-хай, әйт, уай-ой* одағай сөздер жеке алғанда тіркес құрай алмайды. Тек *секілді, еткен* сөздерінің түйдектелуі арқылы олар *айқай, жолдай, хат* есімдерімен қабыса байланысып, осы негізде енді одағайлар да анықтауыш қызметінде жұмсалатын дәрежеге ие болуда. *Жұрт қарқ-қарқ, сылқ-сылқ күлкіге кенелген* (Файзолла).

2.2.2. Матаса байланысқан есімді сөз тіркестері

Байланысу формаларының лингвистикалық жағынан кенже қалыптасқан түрі - матаса байланысу формасы.

Түркі тілдерінде қалыптасқан изафеттің үш түрі барлығы айқын. Олар: *темір қасық, дала қосы, оқушының дәптері*. Осы үш түрлі сөз тіркестерінің біріншісі қазір сөз тіркесінің байланысу формалары бойынша қабысуға, ал *дала қосы* сияқты бағыныңқы сыңарындағы ілік жалғауының түсірілуі туралы әр түрлі пікір өз алдына, ал осы тіркесті М.Балақаев орын тәртібіне байланысты қабысуға жатқызса, С.Аманжолов, оның шәкірттері матасуға жатқызады.

Оқушының дәптері - сөз тіркесін алғашқы кезде бірде менгеруге, бірде қиыса байланысу формаларына жатқызу сияқты әр түрлі беріліп жүрді. Қазіргі кезде бұл байланысу формасы басы ашық өз алдына жеке байланысу формасы ретінде берілуі орынды.

Дегенмен, осы күнгі түркологиялық әдебиеттерде сөйлемді аяқталған, аяқталмаған (законченное, не законченное) деп берілуіне байланысты бастауыш пен баяндауыш арасындағы байланысты ой аяқталған деген принципке сай сөз тіркесі аясында емес, сөйлемде қарайтын көзқарасқа байланысты ілік жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздерді өзара қиыса байланысу формасына жатқызу да орын алған.

Дұрысында, біздің матасу дегеніміз бен қиысудың кейбір сыртқы ұқсастығы бары рас. Бірақ екеуі бір емес: екеуінің мазмұны да, сөз тіркесін құраудағы қызметі де екі басқа. Оның соңғыдан негізгі айырмашылығы мынау: егер менгеруде өзара байланысқан сөздердің бірі екіншісіне бағынып тұлғаланса, матасуда бағыныңқы сөз бағынатын сөзге қарай айқаса байланысады. Басқаша айтқанда, бір сөздің белгілі жалғауда тұруын керек ететін сөз оның жетегінде айтылып, оған бағынып тұрады. Егер қиысуда бағыныңқы сөз басыңқы сөзге иек артып, соның жақтық, коптик мағынасына лайық, белгілі грамматикалық тұлғада айтылса, матасуда, керісінше, басыңқы сөз өзіне бағыныңқы сөздің жақтық мағынасымен үйлесіп, тиісті грамматикалық тұлғада (тәуелдік жалғауда) жұмсалады. Сөйте тұрып, ол бағыныңқы сөздің тиісті жалғауда (ілік септікте) айтылуын керек етеді: *Менің қарындасым келді, Сенің қарындасың келді, Оның қарындасы келді*. Мұнда тәуелдік жалғаулардағы бастауыштарға баяндауыштар бағындырылып, ілік септікті сөздер олардың анықтауыштары болып тұр. Ортадағы сөздің бірде I жақтық, бірде II жақтық, бірде III жақтық тұлғада айтылуы оның бағыныңқысының ерекшелігіне қарай түрленетін болады да, олардың қай жақта болуымен байланысты. Сонда тәуелдеулі сөздер өзіне бағыныңқы сөздердің мағыналық байланысы айқасқан бай-

ланыс болады. Оны қиысумен салыстыра стрелкамен көрсетсек, былай болады.



Матаса байланысуды қиысудан бөліп қарау қазақ тілінің, сонымен қатар басқа түркі тілдерінің де сөйлем құрылысында бар синтаксистік ерекшелікті дұрыс тануға себепкер болады. Олай етпей, *ағаштың жапырағы, менің жолдасым* дегендерді тек жақтық, сандық қиысу тұрғысынан қарағанда, ондай топтағы басыңқының тұлғалануы ескеріледі де, ілік жалғауындағы сөздердің тәуелдеулі сөздерге бағыныңқылық ыңғайда жұмсалатыны ескерілмеген болады. Шынында, олардың екі жағын бірдей ескеру керек.

Ілік жалғаулы сөз сөйлемде үнемі матаса байланысқан сөз тіркесін құрай бермейді. *Озің қорқақтың ішіндегі есері екенсің* (Мағауин) сөйлеміндегі ілік жалғаулы *қорқақ* сөзі ілік жалғауында келгенімен, ол матаса байланысқан сөз тіркесінің бағыныңқы сынарын құрай алмайды. Өйткені ілік жалғаулы *қорқақ* сөзі *-ғы, -гі* жұрнақты көмекші есіммен түйдекті түрде *есер* сөзімен қабыса байланысқан сөз тіркесін құрайды да, анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Бұл мысал арқылы бір байланысу формасы ретіне қарай екінші байланысу формасына, атап айтқанда, матаса байланысу формасы енді қабыса байланысқан сөз тіркесіне ауысқан.

Әдетте, ілік жалғаулы сөздің басыңқы сыңары тәуелдік жалғауында келуі міндетті делінеді. Кейде одан ауытқушылық та бар. Оның екі түрлі себебі бар. Біріншіден, бағыныңқы сыңары *біз, сіз* есімдіктері болса, оның басыңқы сыңарындағы тәуелдік жалғауы түсіріліп те келеді. *Тәке, сіздің ауылға барамын* (Есенжанов). Сол сияқты: *Жоқ. Әлгі өзіміздің Әбігер гой. Сыршы Әбігер* (“Қазақ әдебиеті”). *Қырдағы өзіміздің шаруаны емде* (Есенжанов) сөйлемдеріндегі *өз* есімдігінің де басыңқы сыңары тәуелдік жалғаусыз айтыла береді.

Екіншіден, басыңқы сыңардағы тәуелдік жалғау егер басыңқы сыңар негізгі сөз + көмекші етістік құрамда келсе, тәуелдік жалғауы негізгі сөзге жалғанбай, көмекші сөз құрамында болады. *Тонның жағасы болғаны жақсы* (Сөз атасы).

Матаса байланысқан сөз тіркестері басыңқы сыңарындағы сөз таптарының қатысына қарай

есімді матаса байланысқан сөз тіркестері, ортақ басыңқылы матаса байланысқан сөз тіркестері болып екіге бөлінеді. Сонда есімді матаса байланысқан сөз тіркестерінің басыңқы сыңарлары тәуелдік жалғаулы есімдер болса, ортақ басыңқы матасудың басыңқы сыңарлары тәуелдік жалғаулы есімдерге түйдектелген көмекші етістіктер болады.

Матаса байланысқан сөз тіркестері сөз таптарының қатысына қарай әр түрлі сөз табының және бір сөздің өзара қайталануы арқылы жасалады. Әрине, бұл екі түрлі матасудың алғашқысы жиірек. Енді әр түрлі сөз таптары арқылы құралған матасудың бірінші сыңарларының қай сөз таптарынан жасалатынын көрсетелік. Матаса байланысқан сөз тіркестерінің біріншісі сыңары ретінде ілік жалғаулы мына сөз таптары қолданылады.

З а т е с і м: *жазудың желі, үйдің есігі, бидайдың ұны;*

С ы н е с і м: *жақсының шарапаты, жаманның кесапаты;*

С а н е с і м: *біріншінің келуі, екеудің кітабы;*

Е с і м д і к: *біздің кітабымыз, оның баласы, сенің еңбегің;*

Е т і с т і к: *оқығанның еңбегі, оқудың табысы, оқымастың себебі, оқитынның кесірі.*

Кейде бір есімдікке екі бірдей, алдымен, барыс, онан кейін ілік жалғауының жалғануы арқылы да матаса байланысқан сөз тіркестері құралады. *Мен - саған, сен - мағанның заманы емес пе, тапқан табысымның тең жартысын тікелей бастығыма беруге тура келді* (“Қазақ әдебиеті”).

Ү с т е у: *бүгіннің жері, ертеңнің ісі, қазірдің мәселесі;*

Т ұ р а қ т ы т і р к е с: *бір сырлы, сегіз қырлының өзі;*

Б а р, ж о қ с о з д е р і: *жоқтың ісі, бардың табысы; бардың бағасы, жоқтың белгісі;*

Қ ы с қ а р ғ а н с о з: *ПМК-ның бастығы;*

Н е г і з г і с о з б е н к о м е к ш і с о з д е р:

- к о м е к ш і е с і м: *үйдің алдының қары;*

- м о д а л ь с о з: *Асан сияқтылардың ісі;*

- ш ы л а у: *өзенге дейінгінің көрінісі;*

- к о м е к ш і е т і с т і к: *Асан дегеннің ісі.*

Осы көрсетілген бағыныңқы сыңарлардың зат есім, кейбір есімдіктерден басқасы ілік жалғауында заттану арқылы анықтауыштық қатынаста жұмсалады.

Матасудың басыңқы сыңары ретінде тәуелденетін мына сөз таптары қатысады: Зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік (есімше, кимыл есім т.б.) үстеу, тұрақты тіркес. Сонда сөз таптары тәуелдік жалғауында жеке тұрып та, кейде төмендегідей түрде де басыңқы сыңарда

жұмсалады. Мысалы: *Ол өзінің жалғыз емесін де білген* (Мағауин) сөйлеміндегі *өзінің* ілік жалғаулы бағыныңқы сыңарының басынқы сыңары *жалғыз* сөзі болуы тиіс. Бірақ *өзінің жалғыз* - өзара сөз тіркесін құрай алмайды, ондай тұлғаларда олар өзара мағыналық байланыс жасалмайды. Ондай матаса байланысқан сөз тіркестерінің басынқы сыңардағы тәуелдік жалғауы дербес мағынасы бар *жалғыз* сөзіне емес, оған түйдектелген *е* көмекші етістігінің болымсыздық түрінен кейін тәуелденуі арқылы күрделі матаса байланысқан қалыпты сөз тіркесін құрауға болады. Матаса байланысқан сөз тіркестері құрамы жағынан дара да, күрделі де болып келеді. Дара матаса байланысқан сөз тіркестері кемінде дербес мағынасы бар екі әр түрлі сөз таптарының және бір сөздің қайталануы арқылы жасалса (*оқушының дәптері, жақсының жақсысы*), күрделі матаса байланысқан сөз тіркестерінің не бағыныңқы, не басынқы немесе екі сыңары да күрделі болып келеді.

Күрделі матасудың бағыныңқы сыңарлары: күрделі зат есім, күрделі сын есім, сан есім, етістік, негізгі сөздер мен көмекші сөздер, тұрақты тіркестер, сол сияқты аралас құрамды мынадай да жолдармен жасалады. Ондай күрделену әр сыңарында жеке-жеке қарастырылу орынды.

Бағыныңқы сыңарларының күрделенуі.

- Зат есімі: *Жирениенің атының басы, Заманның гашиқтарының көбі, Шәмшия Игілікованың қабілеті, Ербол ағайдың өлеңі.*

- Сын есім мен зат есім: *шынышылдық қабілетінің артуы, ұзақ жортуылдың аты.*

- Сан есім мен зат есім: *бір-бір үйдің жалғызы.*

- Есімдік пен зат есім: *өз елінің тұмағы.*

Кейде осындай құрамды бағыныңқы сыңарлардың негізгі сыңары сын есім, сан есім, есімдік оған түйдектелген басқа сөз таптары арқылы:

- *Әсем екеуміздің кітабымыз, Саят атының бәрі, бір мықтының қызы, алты-жеті қыздың үлгерімі.*

- Тұрақты тіркес: *артығымен орындаудың әсері.*

Басынқы сыңардың күрделенуі:

- Зат есім мен зат есім: *Закираның еңбек жолы.*

- Сын есім мен зат есім: *Республиканың творчестволық қауымы.*

- Сан есім мен зат есім: *баланың бірінші бестігі* т.б.

Осы сияқты бағыныңқы, басынқы сыңарларына түйдектелетін көмекші есім, көмекші етістік, шылау, модаль сөздер де күрделендіруші ретінде жұмсалады.

Географиялық атаулар мен мекеме, ұйым, көше аттарын айтқанда ілік септіктің көрсеткіші көбіне жасырын келеді. Иелік - меншіктілік мәні көмескіленіп, екі сөз (Каспий теңізі) бір мағыналы атауға айналып, сөйлемнің бір-ақ мүшесі, бір-ақ сыңары болып кетеді.

Бір сөздің қайталануы арқылы:

Зат есім: *түйенің түйесіндей;*

Сын есім: *қызылдың қызылы, әдемінің әдемісі;*

Сан есім: *алпыстың алпысы;*

Етістік: *бағудың да бағуы, күлудің де күлуі;*

Үстеу: *бүгіннің бүгіні.*

2.2.3. Меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері

Меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері онша көп кездеспейді және барлық есімдер бірдей ондай сөз тіркесінің меңгеруші сыңары бола алмайды. Есімдердің ішінде көбінесе бастауыштың *күйін, халін* білдіретін сөздер есімді сөз тіркесінің басынқы сыңары болып жиі жұмсалады. Олар мынандай есімдер:

1. **С ы н е с і м д е р.** Негізінде, сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары болатын сын есімдер баяндауыш қызметінде жұмсалғанда, есімді сөз тіркесінің басынқы сыңары болып та айтылады. Бірақ олардың бәрі бірдей сөз тіркесін құрай алмайды: мысалы, *заттың түсін* білдіретін сын есімдер тек *қардан ақ, қаннан қызыл, күйеден қара* сияқты тіркес құрамында келеді, ал *заттың ішкі - сыртқы сапасын* білдіретін сын есімдер ондай құрамда әлдеқайда көп кездеседі, мысалы: *өзіңе жақсы, маған түсінікті, тазалыққа жаман, ақшаға сараң, жусаннан биік.*

Барыс, шығыс, көмектес, кейде жатыс септіктерінде айтылып, сын есіммен тіркесетін сөздер толықтауыштық қатынаста жұмсалады: *Жуас түйе жүндеуге жақсы. Қаршыға, бүркіт тазалыққа үйір, қарақұс, күшеген өлексеге үйір* (Мақал). *Өнімсіз іске шеп-шебер* (Абай). *Қоңілсіз құлақ ойға олақ* (Абай). *Істегенің еліңе жақсы, үйренгенің өзіңе жақсы. Жақсы - ісімен жақсы* (Мақал). *Бұнда сидиган сирек шөптер қап-қара* (“Жұлдыз”).

2. **З а т е с і м д е р.** Зат есімдердің ішінде *ағаш, тас, көмір* сияқты атаулардан *гөрі күш, бай, мейрам, сын* сияқты абстракт зат есімдер баяндауыш қызметінде сөз тіркесінің меңгеруші (басынқы) бөлшегі болып көп жұмсалады: *Елім менің жерге бай, Айдынды шалқар көлге бай* (Жамбыл). *Қаштақ, құмақ - ерге сын, көшпек, қонбақ - жерге сын* (Мақал). *Сендер бір-біріңе қонақсыңдар* (Мұстафин). *Білгенге маржан, білмеске арзан, на-дандар баһра ала алмас* (Абай).

3. Заттың күйін білдіретін есімдер. *Бар, жоқ, көп, аз, мәлім, бәрібір, мүмкін* тәрізді заттың әр алуан күйін білдіретін есімдер сөз тіркесінің құрамында басыңқы болып көбірек айтылады: *Астында семіз сары жорға аты бар* (Әуезов). *Аспанда алақандай бұлт жоқ* (Мұқанов). *Сақтықта қорлық жоқ* (Мақал). *Әуелден сұлу жайы бізге мәлім* (Абай). *Әйелдердің сайлауға да, сайлануға да правосы еркектермен бірдей* (Конституциядан). *Біткен іске сыншы көп* (Мақал).

Сан есімдер мен есімдіктер жоғарғыдай есімді сөз тіркесінің менгеруші сыңары ретінде өте аз кездеседі: *Басқада құлақ екеу болса, секретарьда төртеу. Есжан, ол жақта ... егіске дайындық қалай?* (Мүсірепов). *Ішінде қазақтан төртеуміз* (Мұқанов).

Ондай сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарлары барыс, жатыс, шығыс көмектес жалғаулы зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік (есімше, қимыл есімі), үстеу, негізгі түйдектелген көмекші сөздер болады. Ондай кезде олар дара және күрделі түрде де жұмсалады.

Негізінде бағыныңқы сыңар барыс, табыс, жатыс, көмектес жалғаулы сөздер көбіне дара жұмсалады. Алайда сол дара жұмсалатын сөздер яғни белгілі сөз таптары сол септіктерде *Айдос Бақбергеновке берді, жиырма бесті бөліңіз, шақырып келуге жіберді* тәрізді бағыныңқы сыңарлары күрделі зат есім, сын есім, сан есім етістік ретінде келіп те күрделену процестері болатыны тілімізде өте көп. Бағыныңқы сыңарларының бұлайша күрделенуі онша қиындық келтірмесе керек. Сол жалпы бағыныңқы сыңардағы сөздер зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, қимыл есімі мен есімшелер болатыны белгілі. Осының ішіндегі зат есім, есімдіктер және заттанған сын есім, сан есім, есімше немесе қимыл есімдері де әр уақытта анықтауыш сөздерді қажет ететіні сөзсіз. Сол бағыныңқы сыңардағы сөздердің өзі екі түрлі жағдайда: 1) сол септіктегі сөздер дара, яғни өз алдына бағыныңқы сыңарда жеке-жеке қолданыла алатын дәрежеде болса; 2) кейде ондай септіктегі сөздер өз алдына жеке қолданғанда мағыналық тұтастығы жетпей, өзіне міндетті түрде басқа бір сөздерді жетегіне алғанда ғана жұмсалады. Жалпы сын есім, сан есім, кейбір есімдік, есімшелер затқа қатысты болып анықтауыштық қатынаста жұмсалады деп білеміз. Сондықтан да тілде сын есімдердің зат есіммен тіркесі, сан есімдердің зат есімдермен тіркесі, есімшелердің зат есімдермен тіркесі делінетін тараулар беріліп отырғаны белгілі. Бұған қарағанда кез келген сын есім, сан есім, есімдік пен есімше қалайда бағыныңқы сыңарда ғана жұмсалуды тиісті. Дегенмен бұл қағидаға

келе де бермейтін жайттар бар. Сонда ол сөз таптары қаншалықты есімдерге анықтауыштық қатынаста жұмсалғанымен, контексте кейде сол өзі қатысты сөз таптарымен (зат есім, кейде оның орнына жұмсалатын заттанған сөз таптары) мағыналық бірлікте топ құрайды да, күрделенуші элемент ретінде жұмсалады.

Бағыныңқы сыңары күрделі есімді сөз тіркестері.

Бағыныңқы сыңары барыс жалғаулы күрделі сөз тіркестерінің төмендегідей түрлері бар:

а) **Бағыныңқы сыңары зат есімді сөз тіркестері.**

Септік жалғауының ашық және жасырын түріндегі зат есімдер мен зат есімнің тіркесі арқылы жасалады. *Теріскейліктердің үрдісіне Нұсқабаев бұрыннан қанық. Бұл аймақтың аумағы Бельгияның көлеміне пара-пар* (Әлімқұлов). *Орман іші әскери адамдарға толы. Тарих, пәлсана, көркем әдебиетке жетік* (Жәмішев).

ә) Сын есім мен барыс жалғаулы зат есімнің тіркесі арқылы жасалады. *Күніне бір рет ботқа, баланың қалыпты өсуіне керекті витаминдерге бай қара нан жеген дұрыс* (“ҚӘ”).

б) Сан есім мен зат есімнің тіркесі арқылы жасалады: *Яғни жүз алтыс Ертіске тең. Америка Құрама Штаттарындағы су қорынан 2,5 есе көп* (“Жұлдыз”).

в) Есімдік пен барыс жалғаулы зат есімнің тіркесі арқылы жасалады: *Шөп ол жерге өте зәру* (Жәмішев). *Жүгері сол малға азық, ұқтың ба?* (Ахтанов).

г) Қосарлы зат есімдер арқылы: *Оның олеңдері қимыл-қозғалысқа, өзгеріс-құбылысқа толы* (“ҚӘ”).

ғ) Бағыныңқы сыңары ілік жалғаулы зат есім мен есімді күрделі сөз тіркестерінен жасалады: *“Өз үлесін” алып қалуға дайын көршілестеріміз болғаны жұрттың бөріне тән* (Жәмішев).

д) Бағыныңқы сыңары барыс жалғаулы етістікті күрделі сөз тіркестері арқылы жасалады. Етістіктердің ішінде барыс жалғауында жұмсалатындары негізінде қимыл есімі мен есімше. Күрделену үшін қосылатын оларға қосымша дәнекерлер көп, аз кездесетін сын есімдер, септік жалғаулы сөздер, көсемше ондай етістіктермен бірлікте, сол тобымен күрделі бағыныңқы сыңар жасалады: *Үшеуінің боранда жүргеніне үш сағат* (Жәмішев). *Махамбеттің жалғыз үй отырғанына үш айдың жүзі* (Әлімқұлов). *Ол ... үлкендерді еріксіз қатты жүргізудің айласын тапқанына дән риза* (Әуезов).

1. Бағыныңқы сыңары жатыс жалғаулы күрделі сөз тіркестері.

а) Жатыс жалғаулы зат есімге сын есімдердің тіркесуі арқылы жасалады: *Қар жамылған кең жазықта қозғалыс бүгін тым күшті* (Мүсірепов).

ә) Жатыс жалғаулы зат есім мен есімдіктердің тіркесі арқылы жасалады: *Бұл үйде қазір екеуі ғана* (Сарғасқаев).

б) Ілік жалғауының ашық және жасырын формасындағы зат есімдер мен жатыс септігіндегі көмекші есімдердің тіркесінен пысықтауыштық қатынастағы есімді күрделі сөз тіркесі жасалады: *Баянауыл басында балалы құр, Бір сөз айтам, қал-қатай, мойныңды бүр*.

в) Бағыныңқы сыңары жатыс жалғаулы күрделі сан есімдер арқылы: *Он бесте отау иесі* (Мақал).

г) Ілік жалғаулы сан есім мен жатыс жалғаулы көмекші есімнің тіркесі арқылы жасалады: *Екеуінің үстінде де қара тон* (Жәмішев).

2. Бағыныңқы сыңары шығыс жалғаулы күрделі сөз тіркестері.

а) Күрделі зат есімдердің бағыныңқы қызметте жұмсалуды арқылы: - *Төлеген Момбековтен, генерал Асқаровтан, Ергентай Борсабаевтан бөлек* (Әлімқұлов).

ә) Ілік септігінің ашық және жасырын түріндегі зат есімдер мен зат есімдердің тіркесі арқылы келеді: *Борсақ әруағынан садаға... тіпті Тобықты әруағынан садаға* (Әуезов).

б) Бағыныңқы сыңары сын есім мен шығыс септікті зат есімдер арқылы: *Жұмыс өнімділігі бассейндегі орташа көрсеткіштен бір жарым есе артық* ("Л.Ж").

в) Бағыныңқы сыңары күрделі сан есімді шығыс жалғаулы сөздер арқылы: *Жалпы саны екі қанатында он екіден жиырма төрт* ("Зерде").

г) Бағыныңқы сыңары шығыс жалғаулы есімшемен зат есім, есімдіктердің тіркесі арқылы: *Фабрикада тоқылғаннан он шаршы орамал зулатпады ма?* ("Ж").

д) Бағыныңқы сыңары ара, жағы сияқты сөздердің шығыс септігінде есімдік, сан есімдермен түйдекті тіркес құрау арқылы жасалады: *Бір жағынан әйел адамға бұл да дұрыс. Қызылтау бұл арадан қашықтау* (Сарғасқаев).

е) Бағыныңқы сыңары көмектес жалғаулы күрделі сөз тіркестері: *Абылай ханмен тұстас, онымен бірге талай жорықта болып "батыр" атағын алған* (Мұқанов).

Басыңқы сыңары күрделі есімді сөз тіркестері.

а) Басыңқы сыңары зат есімдердің, яғни изафеттік құбылыстың I, II, III түрі арқылы жасалады:

Басында Қамажайдың бір тал үкі, Айрылып, Қамажайдан болдым күлкі. Қолында Қамажайдың алтын жүзік, Қамажай отыр ма екен көзін сүзіп.

Қыз, келіншек қырманда, қолында күміс күрегі ("Қ.Ә.").

ә) Басыңқы сыңары сын есім мен зат есімнің тіркесі арқылы: *Екеуінің үстінде де қара тон* (Жәмішев). *Қазақ қыздарының қолында ұзын сапты өйнек* (Сәрсенбаев).

б) Басыңқы сыңары зат есім мен сын есім қызметіндегі көмекші сөздер арқылы: *Қоржынбай - Зылықаға бөле есепті* (Майлин). *Абай мен Оспан арасы бес-алты жас. Сондықтан оған Абай аға есепті* (Әуезов).

в) Басыңқы сыңары күрделі сын есімдер арқылы: *Тек осы бір желі түскір осы елге о бастан ерекше үйір* (Жәмішев). *Ертіс Обьтан анағұрлым ұзын* ("Ж").

г) Таза күрделі сан есімдер септеліп келіп, басыңқы қызметте жұмсалады: *Есептейік, менікі бес жүзге айналып барады* (Мұстафин).

д) Сан есім мен түрлі нумеративті және қосарлы сөздердің түйдектелуі арқылы жұмсалады: *Сырт жағымыздағы қалың орман бізден екі жүз метрдей жерде* (Бек).

е) Есімше мен зат есім тіркесіп басыңқы қызметте жұмсалады: *Ертең - мектепке жөнелтілетін күн* (Әлімқұлов).

ж) Қосарлы сөздер де басыңқылық қызметте жұмсалады: *Ыңырана керіліп, созылып көзімді уқалай үйден шықтым. Көгершін де Бақытжанға аң-таң* (Досжанов).

2.2.4. Ортақ басыңқылық сөз тіркестері

Сөз тіркесіне қатысты негізгі мәселенің бірі - оның басыңқы сыңарлары.

Сөз тіркесінің байланысу формалары, тәсілдері мен синтаксистік қатынастары оны бағыныңқы сыңарына қарай, ал сөз тіркесінің түрлері оны басыңқы сыңарына қарай айқындалады.

Сөз тіркестерінің байланысу формаларымен қатар оның басыңқы сыңарының қызметі ерекше. Өйткені сөз тіркестері негізінде толық мағыналы екі сөзден құралатын болса, соның бірі - бағыныңқы, ал екіншісі басыңқы қызметте жұмсалатыны айқын. Сөз тіркесінің басыңқы сыңары шындап келгенде құрмалас сөйлемнің басыңқы сөйлемі дәрежесінде қызмет ететін үлкен категория. Сөз тіркесінің басыңқы сыңарда кез-келген сөз таптары қолданыла бермейді. Ондай кезде негізінен барлық сөз таптарының ішінен ұйтқы болатын сөз таптары ғана қатыса алады. Сонда сөз тіркестерін топтағанда сөз таптарының негізінде топтау нақты орын алып отыр. Сондықтан да сөз тіркестерінің басыңқы сыңары туралы көбіне етістік пен есімдер арнайы сөз бо-

луы осы негізінде. Өйткені ол сөз таптары өзара немесе басқа сөз таптарын өзіне бағындыра жұмсалуды ерекше қызмет атқарады.

Қабысу басыңқы сыңарына қарай есімді және етістікті, матасу тек есімді, ал менгеру есімді, етістікті деп бөлінеді. Осы жағынан алғанда сөз тіркестерінің байланысу формалары, олардың басыңқы сыңарының арасында өзіндік айырмашылық бар. Бұл айырмашылық сөз тіркестерінің өз ішінде әр түрлі болса, екіншіден, сөйлемдегі баяндауыштың да түрлерінен келгенде де тағы да ара қатынасы бір бола бермейді.

Сөз тіркестерінің басыңқы сыңарлары көбіне есімді, етістікті делінетін болса, ал сөйлемдегі тиянақтаушы баяндауыштарды есімді, етістікті және құрама баяндауыш деп үшке бөліп қарастырамыз.

Әрине, біз бұл арада сөз тіркестерінің есімді, етістікті түрлері мен баяндауыштың есімді, етістікті түрлерінің өзара сай екендігін, бірін-бірі әрі сөз тіркесі, әрі сөйлем мүшесі жағынан жан-жақты айқындалатынына дау келтірмейміз.

Осы арада негізгі мәселе құрама баяндауыш пен сөз тіркестерінің менгеру байланысу формасындағы ортақ менгеру түрі туралы болмақ.

Жалпы алғанда, құрама баяндауыш есімді баяндауыштың негізінде жасалатыны белгілі. Осы күнге дейін есімді, етістікті баяндауыштардың барлық оқулықтарда да арнайы берілуі жалпы олардың тілдегі қалыпты орнының дұрыс көрсетілуінен.


Міне, осы сияқты жан-жақты конструкциялы құрама баяндауыштар сөйлемді тиянақтауда басты тұлға. Бірақ мұндай баяндауыштардың түрі тек сөйлем мүшесінде арнайы қарастырылып, өзіндік орын беріледі де, ал ондай конструкцияны сөз тіркесінің бір байланысу формасында ғана қарастырылу көңілге онша қона бермейді. Бұл пікірлерге қарағанда, менгерудің басыңқы сыңарының есім мен көмекші етістіктерден құралып келуі қазіргі тілдік материалдардан айқын көрінеді. Орыс тіл білімі сияқты қазақ тіл білімінде де оны ортақ менгеру деп атайды.

Бұл фактілерге қарағанда, тілде бұрыннан айтылып келе жатқан құрама баяндауыш пен ортақ менгерудің арасындағы айырмашылық бірінің сөз тіркесі, екіншісінің жай сөйлем синтаксисінде қаралатындығынан. Екеуінің аты әр түрлі болғанымен тілде жасалуы бір. Бірақ құрама баяндауышты тілдік факті ретінде көп қолданып келгеніміз де, ал ортақ менгеру тек бір байланысу формасында қарастырылып жүр.

Тілде үнемі өзгеру, жанару процесі болып тұратыны белгілі. Егер осы күнге дейінгі әдебиет-

терде есім мен көмекші етістіктер тобы тек менгерілген басыңқы қызметте жұмсалады деп қана айтылып келсе, ал қазіргі әдеби тілдің материалынан тіпті ондай көмекші сөздер енді матаса, қабыса байланысқан сөз тіркестерінің де басыңқы сыңарларында қосақтала жұмсалып, өзіндік жаңа конструкциялардың пайда болғандығын көруге болады.

Бұған қарағанда, құрама баяндауыштағы ондай ерекшеліктер, түптеп келгенде, енді сөз тіркестерінің басыңқы сыңарларына да негіз болуы керек дей келіп, бұдан былайғы жерде біз баяндауыштардың түрлері сияқты сөз тіркестерін де басыңқы сыңарына қарай есімді, етістікті және ортақ басыңқы етіп үшке беруді жөн көрдік. Сонда ортақ басыңқы енді тек менгеріле байланысқан сөз тіркестерінде ғана емес, қабыса, матаса байланысқан сөз тіркестеріне де тән. Осыдан байланысу формаларын басыңқы сыңарларына қарай былай топтап бөлеміз.



Сонда сөз тіркесінің ортақ басыңқы сыңары есімдер мен көмекші етістіктердің тіркесі арқылы жасалады.

I. Ортақ менгеріле байланысқан сөз тіркестері.

Ортақ менгерудің бағыныңқы сыңарлары барыс, табыс, жатыс, көмектес жалғаулы зат есім, есімдік, сан есім, есімше, үстеу сөз таптары болады. Ол көбіне толықтауыштық, сол сияқты пысықтауыштық қатынаста да жұмсалады. Ондай кезде басыңқы сыңары үнемі күрделі болып келеді, ал бағыныңқы сыңарлары дара да, күрделі де түрде бола береді.

Барыс жалғаулы тіркестер: *Ол қазақ байларына жалшы болды (Әбішев). Әпкем маған бауыр ғана емес, шешем сияқты еді (Молдағалиев).*

Табыс септікті тіркестер: *Сабырлы, сөзге шешен, ақылды Жанайдарды Кенесары ерекше жақсы көретін (Жүнісов).*

Шығыс жалғаулы тіркестер: *Алтын Арқа қашаннан түйық, тымырсық емес (Қабдолов).*

Көмектес жалғаулы тіркестер: *Мен Мұратпен біраздан бері жолдас едім (Әбішев).*

II. Ортақ қабыса байланысқан сөз тіркестері.

Ортақ қабыса байланысқан сөз тіркестерінің басыңқы сыңары ретінде:

- а) Зат есім + көмекші етістіктер;
- ә) Сын есім + көмекші етістіктер;
- б) Есімдік + көмекші етістіктер;
- в) Сан есім + көмекші етістіктер болады.

Сөз тіркестерінің ортақ қабыса байланысқан сыңарлары төмендегіше болып келеді.

1. **Сын есім - ортақ басыңқы.** *Көрікті десең - көрікті, білімді десең - білімді жігіт еді* (Айтматов). *Биік көк дарбазалы еңселі үй еді* (Жандарбекова). *Дәрігердің салалы ақ саусақтары мұздай суық екен* (Сәмитұлы). Осы сөйлемдердегі *білімді, еңселі* сияқты сын есімдер *жігіт еді, үй еді, суық едің* деген ортақ басыңқы сөздермен қабыса байланысып тұр.

2. **Есімдік - ортақ басыңқы.** *Ант ұрғанның қарғысы қандай жаман еді. Жер жастанғыр, балалары қандай сотқар еді* (Мүсірепов). *Оның үстіне, шынын айту керек, дәл осындай м'нез-құлық жүйесі қазіргі кезде мен үшін өте пайдалы еді* (Мағауин). Осы сөйлемдердегі *қандай мен үшін сұрау* есімдіктері *жаман еді, сотқар еді* деген ортақ басыңқы сөздермен қабыса байланысқан.

3. **Есімше - ортақ басыңқы.** *Нагульновтың жоқ жерден пайда бола кетуі - көпшілік үшін күтпеген оқиға еді* (Шолохов). *Ол да мен сияқты жалғызсыраған жетім еді* (Әлімжанов). *Тасығандары қолдан еккен жоңышқа, бидайық, мысық құйрық* (Мүсірепов). *Мен қолыма кітап ұстап көрген адам емеспін* ("Қазақ әдебиеті"). Кейде бағыныңқы сыңары есімшелі топ болып келгенде, яғни кейде қазақ қызында болмайтын, өзі өскен, кітап ұстап көрген сияқты есімшелі топтар да ортақ қабысудың бағыныңқы сыңары болып келе береді.

4. **Үстеу - ортақ басыңқы.** *Біз бүгін екеу едік, енді үшеу болдық* (Ерубаев). Міне, осы сөйлемдер *қазір, бүгін* үстеулері *жаман емеспіз, екеу едік, үшеу болдық* сөздерімен қабыса байланысып тұр.

III. Ортақ матаса байланысқан сөз тіркестері.

Қазіргі тілдік зерттеулерде матасудың екінші сыңары тек есімдерден ғана болады деп айтылып жүр. Алайда, әдеби шығармалардағы мынадай мысалдар матасудың II сыңары жаңаша қарауды талап етеді. *Жан-жануар болып жаралғанның сұлуы екен* (Мүсірепов). *Сиырларды сауатын менің шешем болатын* ("Қазақ әдебиеті") - деген сөйлемдердегі *екен, болатын* көмекші етістіктер матасудың бағыныңқы сыңарларына тікелей

қатысты болып отыр. Тәуелді жалғаулы сөз әдетте сөйлемді тиянақтай бермейді. Ондай баяндауыш болуы үшін оның бастауышы да тәуелдік жалғауда тұруы тиіс. Дегенмен тәуелдік жалғаулы сөздер енді көмекші етістіктермен тіркесте ғана сөйлемді тиянақтау процесіне ие болып отыр. Осы себептен де ілік жалғаулы есімдер енді есімдер мен көмекші етістіктер тобымен сөз тіркесі құрайтын дәрежеге ие. *Зейнеп осал жердің қызы емес* (Есенберлин). *Сарыөзектің өңірі мыңғырған, мамырлаған малдың өрісі екен* (Айтматов). *Жаманның жақсысы болғанша, жақсының жаманы бол* (Маржан сөз). *Уақытша міне тұр деп берген машинаның көмегі еді* ("Жұлдыз"). *Бұл екеуі үлкен сенімнің, үлкен адалдықтың адамдары еді* (Мүсірепов). *Онда сібір қазақтары жайындағы ережені шығарған патшаның оң қолы Спиранскийдің өзі еді* (Есенберлин). Осы сөйлемдердегі матасудың басыңқы сыңарлары тәуелдік жалғаулы сөздер мен көмекші етістіктер арқылы келген ортақ басыңқылы матаса байланысқан сөз тіркестері. Оларды бағыныңқы сыңарларына қарай былай көрсетуге болады.

З а т е с і м: *Байығанда да бас имес, ол адамның әмізі еді. Адам жүзімнің бұтағы емес, оның басын қырқып тастаудан қорқу керек* (Сөз атасы).

С а н е с і м: *Қазіргідей күрделі заманда, аумалы-төкпелі заманда, ел басқару екінің бірінің емес-ау, мыңның бірінің қолынан келе бермейтін ерекше ерлік* ("Қазақ әдебиеті"). *Кеше кім едің. Енді кімсің? Мен үшін екінің бірі едің* (Әбішев).

Е с і м д і к: *Қап! Ол менің қақаным, ол менің түлкім еді гой* (Мырза). *Менің кім болғым келер еді? - шын мәнінде ұлы суретші* (Шашкин). *Мен сіздің елдің қызы едім. Сондықтан да сізге жәрдем беріп отырмын* ("Жұлдыз").

Ү с т е у: *Ал біз сол ертеңнің адамдары болсақ, ана мектепте оқын жүрген ұландар ше* ("Жұлдыз").

Сонымен, біз сөз тіркесін басыңқы сыңарына қарай енді есімді, етістікті, ортақ басыңқылы деп топтай келіп, іштей ортақ қабыса байланысқан сөз тіркесі, ортақ матаса байланысқан сөз тіркесі, ортақ меңгеріле байланысқан сөз тіркестер деп бөлуді практикалық та, теориялық та жағынан дұрыс деп білеміз.

Ортақ меңгерудің көне ескерткіштер мен қазіргі тілімізде көп кездесетіндігі сияқты, ортақ матасу, ортақ қабысу да қазіргі тілдік қолданыста мол кездеседі.

Міне осындай сөз тіркестерінің басыңқы сыңарларын ортақ қабыса, ортақ матаса байланысқан деп атауды жөн көрдік. Өйткені ондай басыңқы сыңарларды не есімді, не етістікті басыңқы сыңарларымен бір деп атауға келмейді.

3. Ж А Й С Ө Й Л Е М

3.1. ЖАЙ СӨЙЛЕМ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Жай сөйлем синтаксистің ең негізгі нысаны болып табылады. Өйткені синтаксистің басқа бірліктері болып саналатын сөз тіркесі мен құрмалас сөйлем осы жай сөйлемнен тыс жеке дара өмір сүре алмайды. Сөз тіркесінің жеке дара қолданылуы дегеніміз ол сөйлемге айналды деген мәнді білдіреді. Сол секілді құрмалас сөйлем де кемінде екі жай сөйлемнен құралады.

Қазіргі кездегі тіл білімінде жай сөйлемнің көп аспектілік сипаты танылып келеді. Мысалы, ол негізгі өзін құраушы сөздеріне қарай жай сөйлемнің құралымдық ұйысымы (конструктивная организация предложения), хабарлау мақсатына орай жай сөйлемнің қарым-қатыстық ұйысымы (коммуникативная организация предложения) және ішкі мазмұнына байланысты жай сөйлемнің мән-мазмұндық ұйысымы (смысловая организация предложения) секілді салалар бойынша зерттеліп келеді. Сөйлемнің құралуы бірнеше сөздің басы қосылуы арқылы жасала салмайды. Оған міндетті түрде сөйлеушінің қатысы болады. Сөйлеушінің қатысы арқылы бір сөзден де сөйлем ұйыса алады. Мысалы: *Тун. Жымыңдаған жұлдыздар.*

Қазіргі қазақ тілінде жай сөйлемнің мән-мазмұндық және қарым-қатыстық ұйысымдары, сондай-ақ парадигмалық сипаты енді зерттеле бастады. Олар туралы толық мәнді тұжырым алдағы уақыттың еншісінде қалып отыр. Ал жай сөйлемнің құралымдық ұйысымының зерттелуі ежелгі замандардан басталады. Бұл оның мәселесі толық ашылды дегенді білдірмейді. Ол әлі де зерттелу үстінде. Сонымен бірге жай сөйлемнің күрделену құбылысы да біршама зерттелді деуге болады. Дегенмен жай сөйлемнің бұл саласының әлі де шешілмеген даулы мәселелері бар екені айқындалып келеді. Синтаксис, оның ішінде жай сөйлемнің синтаксисі, тілдің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық деңгейлерінің тоғысатын орны. Яғни, олардың тілдік құрал ретіндегі қызметі осы жай сөйлемнің құралуы арқылы көрініс табады.

Сөйлем - тілдің ең маңызды қызметтерін білдіретін, жүзеге асыратын бірден-бір құрал. Ондай қызметтердің біріншісі - ойлау-танымдық, екіншісі - қарым-қатыс құралы болу қызметтері. Бұл қызметтер өзара тығыз байланысты. Яғни, қарым-қатыс ретінде қолданылған сөйлемде де танымдық мағына қосылып жүретіні белгілі.

Сөйлемнің өзіне тән белгілері болады. Олардың бірі - құрылымдық белгі. Синтаксистің ең

негізгі бірлігі ретіндегі сөйлемнің өзінің арнайы құрылымы болады. Бұл құрылым өзін құрайтын ішкі бөлшектерден тұрады. Сөйлемді құраушы өзінің грамматикалық мағыналары бар ішкі бөлшектер синтаксистік байланыстар мен қатынастар арқылы бірігеді. Бұлар *сөйлем мүшелері* деп аталады.

Жай сөйлем бір сөзден немесе бірнеше сөз тіркестерінен құралады. Сөйлем құралуы үшін сөйлеушінің қатысуы қажет. Сөз - шындық болмыстағы әр түрлі заттардың және оның әр алуан сапаларының атаулары. Сөйлем сол заттың әр түрлі сапасын көрсету үшін құрылады. Сөздің сөйлемді құрайтын құрылыс бөлшегі ретіндегі маңызы да ерекше. Яғни, сөз лексикологияның ғана емес, грамматиканың да зерттеу нысаны болып табылады. Нақты айтқанда бір сөздің өзі әрі грамматикалық, әрі лексикалық қасиетімен көрінеді. Бірінші, грамматикалық сөз дегеніміз - сөйлем құрамындағы сөз. Сөйлем құрамындағы сөз шындық өмірдегі заттардың түрлі қасиеттері, қозғалыстары мен олардың бір-бірімен қарым-қатысы, сондай-ақ олармен адамдардың, және адамдардың өзара қатынастары денотаттарды қайта бейнелеуші сигнификат мағынасында көрініс табады. Бұл сөздер шындық өмірдегі негіздері сияқты әсерлі, тірі, жанды, қарым-қатынасты мағынасымен сипатталады. Сөйлем ситуацияға сай құрылады. Соған сәйкес сөйлем құрамындағы сөзде немесе сөз тіркесінде сөйлемдік мағына не тұтас, не бөлшек күйінде жағдайға (ситуация) байланысты бейнеленеді. Мысалы, *-Олар қайда барады екен? -Ауылға. Ауылға? - Иә, несіне таңғалдың?* Деген сөйлемдерді алайық. Бұл сөйлемдерде толымсыздық, экспрессивтілік, үнәмділік құбылыстары барлығы байқалады. Ықшамдылық сөйлем құруда да өнімді қолданылады. Себебі ықшамдылыққа ұмтылу - тіл заңдылығының ең маңыздыларының бірі. Келтірілген мысалдағы *-Ауылға?* Деген сөйлемде сұрау мағынасына қоса, таңғалу мағынасының да барлығы сезіледі. Ол интонация арқылы білдіріледі. Экспрессивті, эмоционалды сөйлемдердің құралуына сөйлеушінің қоңіл-күйіне байланысты интонация тікелей қатысады.

Сөйлемнің екінші белгісі - семантикалық белгі. Бұл семантикалық белгіні предикативтілік деп атайды. *Предикативтілік - сөйлемді сөйлем ететін ең басты синтаксистік категория. Предикативтіліктің мағынасы мен қызметі сөйлем мазмұнын шындық болмысқа теңестіру болып табылады. Бұл предикативтіліктің ажырамас қасиеттері - модалдылық, шақтылық, жақтылық тәрізді синтаксистік категориялары арқылы іске асады.*

Сөйлемнің құрылымдық және семантикалық екі белгісінің өзара қарым-қатысы қандай болады? Бұлардың қарым-қатысы өте тығыз байланысқан. Яғни, сөйлемнің белгілі-бір құрылымы болуы қандай міндетті болса, ол құрылымның мағынасы, мазмұны болуы да сондай міндетті екені белгілі. Олай болса сөйлемнің бұл екі белгісі бірінсіз-бірі жеке *дара өмір сүре* алмайды екен. Бұл таңбаланушы шындық болмыс - денотаттын санадағы көшірмесі мен таңбалаушы тіл құралдарының бірлігі болып табылады. Мысалы, *Ағаш күрек* деген атаулы сөйлемді алайық. Бұл сөйлем анықтаушы бар зат есімді сөз тіркесінен жасалған. Дәстүрлі тұжырым бойынша интонациясы - екі сөздің арасында пауза жоқ, біртұтас интонация. Арасына пауза қойылса, басқа мағыналы сөйлемге айналады: *Ағаш-күрек*. Бұл пауза арқылы жасалған сөйлемнің мағынасы арнайы *күрек* формасында жасалған *ағаш* деген ойды білдірмейді, *күрек* ретінде қолданылатын *ағаш* деген мәнді білдіреді. Дәл осындай формамен барлық тіркестер бірдей өзгеріп сөйлемдік мазмұнға ие бола бермейді. Мысалға жоғарыдағы тәсілмен *Алтын сағат* сөйлемін қарастырайық. Бұл да қабыса байланысқан сөз тіркесінен жасалған атаулы сөйлем. Енді сөйлемді пауза арқылы *Алтын-сағат* түрінде құрсақ логикалық ой қалыптаспайды. Бұл құрылым мен мазмұн бірлігінің ажырамайтын қасиетін көрсетеді. Алдыңғы сөйлемдегі бастауыш *ағаш* сөзінің күрек болу сапасы бар болғандықтан құрылым сөйлем ретінде танылып отырса, кейінгі құрылымдағы бастауыш *алтын* сөзінің ондай, яғни, *сағат болу* сапасының жоқтығынан тіркес сөйлем бола алмай отыр.

Предикативтілік - барлық сөйлем формаларына тән, сөйлемді қарым-қатыс бірлігіне жатпайтын сөз, сөз тіркесінен ажырататын бірден-бір қасиет, белгі. Предикативтілік туралы тұжырымның екі түрі бар: Біріншісі - жоғарыда айтылған мазмұнның шындық болмысқа теңестірілуі; екіншісі - сөйлемді құраушы құрақтар (компонент) арасындағы арнайы қатынас.

Алғашқы тұжырым бойынша предикативтіліктің ажырамас үш - модалдылық, шақтылық және жақтылық қасиеттері болатыны айтылды. Модалдылық объективті және субъективті болып екіге бөлінеді. Объективті модалдылық - сөйлемдегі хабарламаның (сообщение) шындық болмысқа қатысы. Бұл екі тұрғыда көрінеді: біріншісі - реалды іс-әрекет, қимыл-қозғалыс, оның үш шақта (осы, келер, өткен) отуі; екіншісі - реалды емес іс-әрекет, қимыл-қозғалыс, яғни, бұйрық, қалау, тілек, қажеттілік тәрізді хабарламалар.

Реалды модалдылық ашық райдың үш шағында көрінеді: *Қарашоқыдағы қыстауға келген соң Абай ең әуелі әкесіне бармай, Күнкенің үйіне кірді. Мұнда Абайдың ең жақсы көретін туысқаны - Құдайберді көптен бері науқас болатын. Алдымен соган амандасып, жайын білмек. Құдайберді биік төсек үстінде жотеліп жатыр екен* (Әуезов).

Реалды емес модалдылық ашық райдан басқа қалау, бұйрық, шартты райлардағы және тілек, күмән, қажеттілік тәрізді модалды мәндердегі сөйлемдермен көрініс береді: - *Менің тілімді алсаң, - деп Құдайберді біраз ойлады да, - болма! Ұлықтық қасиет емес екен. Көзіміз жетті ғой. Бектік бұзады екен және түбінен қайыр шықпайды, қарғыс шығады екен. Жас өміріңді зая қылма! - Тіленіп жүрген көрінеді ғой әкесінен. Анау Тәкежан-ақ боп қарық басын! деп, Құдайберді тоқтап қалды. Қайта оларға қолы батыл тиетін жасты салу керек. ...Тек бізді өзіміздің елдің адамы деп аман қалдырмаса, жер жаман, - деп Жұмабай шошыта сөйлегісі келеді. "Шөжеге ұқсадым-ау!.. Шындап ұқсай алар ма екен?" - деп, ішінен қызғана құмартқан жай барды. - Ол намазды жаңа мешіт ішінде ұзақ оқитын да шығар...*

Объективті модалдылықтың реалды іс-әрекетті сипаттайтын түрінде синтаксистік шақтылық категориясы үш шақта тұрады: *оқын отырмын, оқимын, оқыдым*. Ал реалды емес іс-әрекетте осы шақ пен өткен шақ мағыналары қамтылмай тек келер шақ пен болашақта оту мағыналары сипатталады. Бұл мағыналар бұйрық және қалау райларында байқалады: *оқы, оқығым келді* т.б. Бұлармен қатар қажеттілікті, болжауды білдіретін сөздер (*керек, қажет, шығар* т.б.) арқылы жасалған сөйлемдерде де шақ мағынасы болашақтағы істелетін қимыл-әрекетті білдіреді.

Синтаксистік шақтылық, модалдылық категорияларының негізі морфологиялық шақ, рай категориялары болып табылады. Бірақ синтаксистік категориялардың құрамына лексикалық шақты, модалдылықты білдіретін сөз (*кеше, бүгін, мүмкін, шығар* т.б.) мағыналары да қатысатын болғандықтан бұл категорияны морфологиялық категориямен тең деп қарамауымыз керек. Сонымен бірге грамматикалық формалар жеке-жеке зерттеліп сипатталатын болса, синтаксистік категориялар бір сөйлем құрамында, бір-бірімен тығыз байланыста және бәрі бірігіп предикативтілікке қосылып сөйлем мазмұнын құруға қатысады.

Модалдылықтың екінші түрі - субъективті модалдылық деп аталады. Субъективті модалдылық дегеніміз - сөйлемде айтылатын хабарламаға сөйлеушінің қатысы болып табылады. Сөйлемде айтылып отырған мазмұнға сөйлеуші әр түрлі

дәрежеде өз пікірін білдіріп отырады. Ондай мағыналар күшейту (мән беру, маңыз беру), экспрессивті бағалау, сенімділік немесе сенімсіздік, келісу не келіспеу т.б. болып келеді. Мысалы, *Әрине, мен жазамын* сөйлемінде объективті модалдылық (келер шақ тұрғысындағы хабарламаның реалдылығы) субъективті модалдылықпен (хабарламаның реалдылығына сөйлеушінің сенімділігі) толықтырылады.

Предикативтіліктің үшінші қасиеті - синтаксистік жақтылық категориясы. Жақтылық категориясы негізінен етістіктің жіктік жалғаулары баяндауышқа жалғанып жасалады. Сондай-ақ сөйлемнің бастауышы жіктеу, өздік, сілтеу есімдіктерінен және зат есімнен, заттанған басқа сөз таптарынан жасалып та жақтылық категориясын айқындауға мүмкіндік тудырады. Әрі бастауыш пен баяндауыш өзара жақ жағынан қиысып, жақтылық категориясын біртұтас формада анықтауға ықпал етеді. Сөйлемнің бастауышы есімше болып келген жағдайда баяндауыш жіктеу, өздік, сілтеу есімдіктері және зат есімдерден жасалып жақтылықты білдіреді: *келген мен (сен, ол, Асан* т.б.).

Синтаксистік жақтылық категориясы дегеніміз - ол кез келген сөйлем сөйлеушінің қатысы арқылы жасалуымен айқындалады дегенді білдіреді. Сөйлем сипатының қандай болуы, оның мазмұны, құрылымы, модалдылығының объективті және субъективтілігі секілді мәселелерді тек қана сөйлеуші айқындайды. Сол сияқты сөйлемнің жақтылығы да сөйлеушінің қай тұрғыда сөйлеуіне сай болады. Сөйлемдегі хабарлама сөйлеуші атынан айтылса, онда сөйлемнің жағы I жақ болады. Ал хабарлама қарсы жақтан айтылса II жақ, не қалыс жақтан айтылса III жақ болып табылады.

Тілімізде анық бастауыш пен баяндауыштың қиысуы арқылы құрылмайтын бір негізді сөйлемдердің *жақсыз сөйлемдер* деп аталуы кездеседі. Сөйлемдердің бұлай аталуы анық бастауыштарының көрінбей жасырын болуына байланысты. Ондай сөйлемдердің бастауыштары, яғни, жақтылығы болады, бірақ олардың бастауыштары мазмұн-құрылысы анық сөйлемдердегідей атау септігінде емес басқа септіктерде тұрғандықтан жасырын болады. Ал кейбір сөйлемдерде үш жақтың біреуін ғана білдірмей жалпылықты нұсқай айтылады. Мысалы, *Жоқ, оныңызға келісуге болмайды* (Нұртазин) деген сөйлем жалпы үш жақтың мағынасын қамтып тұр. Ал жеке жаққа қатысты айтылатын болса, бұл сөйлем: *Жоқ, оныңызға маған келісуге болмайды* түрінде құрылар еді. Сөйтіп, сөйлемнің жағы барыс септіктегі *маған* сөзімен айқындалып бірінші жақ болар еді. Келесі бір сөйлемде жоғарыдағы *маған*

деген жақ көрсеткіші ілік септікте келіп баяндауыш тәуелдік жалғауда тұратыны байқалады: *Менің айтуыма болмай қалды ғой* (Иманжанов). Бұл сөйлемді *маған айтуға болмай қалды ғой* деп құруға да болатыны мәлім.

Сонымен жақсыз сөйлем деген атау шартты болып саналады. Себебі жағы жасырын болып келетін сөйлемдер - тарихтың терең қатпарында қалыптасқан, құпиясын ішіне жасырған құралымдар. Мұндай сөйлемдердің жақтылығының сыры келешек зерттеулер арқылы ашыла беретіні дау тудырмайды. Өйткені сөйлемде бастауыштың, жақтылық категориясының, болуы жалпы қимыл-әрекеттің затқа тән екендігімен, затсыз іс-әрекеттің, құбылыстың бөлмейтіндігімен анықталады.

Сөйлемнің бір белгісі болып табылатын предикативтіліктің ерекше формасы болады. Ол оның екі құрақтан (компонент) тұратындығына байланысты. Сөйлемнің семантикалық құрылымы анықталушы мен анықтаушыдан, яғни, зат пен оның сапалық модалды, шақты, жақты белгісінен құралады. Бұл екі құрақтың арасындағы қатынас предикативті қатынас деп аталады. Сөйтіп бұдан предикативтілік дегеніміз - бірінші, субъект пен предикат (логикалық аспект), екінші, тема мен рема (қарым-қатыстық аспект), үшінші, бастауыш пен баяндауыш (грамматикалық аспект) араларындағы байланыс (қатынас) деген тұжырым туады.

Бұл тұжырымды кейбір зерттеушілер предикативтілік пен предикативті қатынас тең деген ұғымда қарастырады. Бұндай көзқарас бір негізді сөйлемдерді сөйлем қатарынан шығаруға әкеліп соғады. Предикативтілік, яғни, сөйлем мазмұнының шындық болмысына теңестірілуі тек қана зат пен оның қимыл-әрекеттік немесе басқа бір сапасынан тұрмайды. Ол заттың тұрақты күйінен (статикалық) де қалыптасады. Бір негізді атаулы сөйлемдер осындай заттың тұрақты күйі мен сөйлеушінің қатынасынан туады.

Предикативтіліктің тағы бір қасиеті - интонация. Интонация сөйлем мазмұны мен сөйлемнің көңіл-күй әсерлерін қоса-қабат айқындайды. Ол сөйлемнің құрылымы мен мазмұны және сөйлеушінің субъективтік қатынасын бейнелеуге қатысады. Сондықтан да интонацияның ішкі сипаты күрделі болады.

Жай сөйлем өзінің құрылымына, мазмұнына қарай әр түрлі типтерге бөлінеді. Сондықтан да сөйлемдер өз формаларына сай алуан қырлы болып келеді.

Қорыта келгенде, бір сөзден немесе бірнеше сөз тіркесінен құралған, өз алдына дербестігі бар шындық болмыстың өзі не оның бір сапасы туралы сөйлеушінің ойы жай сөйлем деп аталады.

3.2. ЖАЙ СӨЙЛЕМНІҢ ҚҰРАЛЫМДЫҚ ҰЙЫСЫМЫ

Жай сөйлемнің құралымдық ұйысымы жалпы тіл білімінде жай сөйлемнің формалық ұйысымы деп те аталады. Бұл - жай сөйлемнің құрамына, құралымдық пішініне (схема) сәйкес қолданылатын ұғым. Яғни, кез келген сөйлемнің белгілі бір құрылымы болады. Ол сөйлем бірнеше сөздерден құралуы мүмкін. Немесе екі сөзден, тіпті бір сөзден де жасалатыны белгілі. Әр нәрсенің өзіне тән формасы болатынындай сөйлемнің де құрамындағы сөздердің санына сай формалары әр түрлі болып келеді.

Сөйлемді құрайтын сөздер сөйлем мүшелеріне жіктеледі. Бұл мүшелердің өздеріне тән атқаратын қызметтері болады. Яғни, әрбір мүше өзінің формасы болуымен қатар мағынасының болуымен де ерекшеленеді. Сөйлем мүшелері өздерінің қызметтеріне қарай екі үлкен топқа бөлінеді. Олар тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер деп аталады.

Сөйлем мүшелері контексте жеке келіп те, тіркес күйінде келіп те сөйлем құрай алады. Бірақ сөйлем құрау, сөйлемнің негізі болу - ең басты қызметі болатын мүшелер бар. Тұрлаулы мүшелер дегеніміз, міне, осы қызметтегі сөздер болып саналады. Олар бастауыш және баяндауыш деп аталады. Қалған мүшелердің сөйлемдегі негізгі қызметі тұрлаулы мүшелердің мағыналарын нақтылау болып келеді. Бұлар тұрлаусыз мүшелер деп сондықтан аталған. Яғни, бұл мүшелер сөйлем құрамынан түсіп қалса да, тұрлаулы мүшелер сөйлемнің негізін сақтайды. Тұрлаусыз мүшелерге анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш жатады.

3.3. ЖАЙ СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛАУЛЫ МҮШЕЛЕРІ

Сөйлем - адам ойын білдірудің негізгі құралы. Айналадағы нақты өмір құбылыстары негізінен зат және оның қимыл-қозғалыстары мен іс-әрекеттерінен тұратыны мәлім. Бұл айтылған жалпы заттың құрамына кіретін жанды заттардың, оның ішінде адамзаттың орны ерекше. Өйткені адам айналадағы тіршілік құбылыстарын тануға ұмтылады. Қоғамдаса өмір сүріп, бір-бірімен қарым-қатыс жасайды. Бұл тәрізді нақты өмір құбылыстарын адам тілдік құралдар арқылы таңбалайды және оны өз жадында сақтайды. Сол секілді қоғам өміріндегі оқиғалар мен өз жеке басындағы жағдайларды қорытып, өзара пікірлеседі. Осы айтылған мәселелер тілде сөйлем арқылы жүзеге асады.

Жоғарыда айтылған нақты өмірдегі құбылыстар негізінен зат пен оның қимыл-қозғалы-

сы, іс-әрекетінен тұратындықтан, адам ойындағы оның тілдік құралдар арқылы жасалған көшірмесі де көбінесе зат және оның қимыл-қозғалысы, іс-әрекеті болып келеді. Морфологияда бұл құбылыстар зат есім және етістік деп аталса, сөз тіркесінің синтаксисі бойынша қиыса байланысқан тіркестерге жатады.

Сөйлем жасалуы үшін алдымен сөздер бір-бірімен тіркеседі. Ол тіркестердің тілдік жүйесі, заңдылықтары арқылы іске асады. Жай сөйлем, оны құрайтын тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер, осы қиыса байланысқан сөз тіркестері негізінде жасалады. Сөз тіркестері сөздердің синтаксистік байланысуы деп аталса, жай сөйлем синтаксисінде бұлар предикативті қатынастарға жатқызылады.

Тіл білімінде сөйлем туралы ғылыми ойдың тарихи бастауы көне дәуірдегі логикалық зерттеулерден басталады. Бұл тұжырым бойынша сөйлем - пікірге, бастауыш - субъектіге, баяндауыш - предикатқа негізделді. Сондықтан да тіл туралы зерттеулерде бастауышты субъект, баяндауышты предикат деп қолдану дәстүрі де сақталған. Сөйлемнің негізі болып табылатын предикативтілік осы атаудан пайда болған. Яғни, предикативтілік дегеніміз зат - субъектінің өзі, немесе оның жаңа бір сапасы туралы сөйлеушінің ойы.

Грамматикалық сөйлемнің табиғаты логикалық пікірге қарағанда алуан түрлі және кең мағыналы болып келеді. Өйткені логикалық пікірдің мақсаты өзінің зерттеу нысанына байланысты спецификалық белгілі-бір шектегі көлемге сәйкес болады. Ал грамматикалық сөйлем бүкіл тіршілік-болмыстағы әр алуан қимыл-қозғалыс, іс-әрекет пен құбылыстарды дәл бейнелеуге негізделеді.

Тұрлаулы мүшелер тек қана зат есім мен етістіктен жасалмайды. Бастауыш зат есім мәніндегі басқа сөз таптарынан, ал баяндауыш өзге де есім сөз таптарынан жасала береді.

3.3.1. Бастауыш

Тұрлаулы мүшелердің ең басты, негізгі мүшесі - бастауыш. Грамматикалық бастауыштың аясына бастауыш қызметіндегі атау септігінде тұрған *кім? не?* деген сұрауға жауап беретін логикалық субъекті толығымен кіреді. Сондай-ақ басқа сөз таптары да заттанып бастауыштық қызметті атқара береді. Егер субстантивтенсе бастауыш қызметін атқармайтын дыбыс, сөз немесе сөз формасы жоқ деуге болады. Мына жердегі ашықпай қалыпты, б теріс түсіпті. *Соң* өзінен бұрынғы сөзден бөлек жазылады. *Кордім - көп*

сөз, көрмедім бір-ақ сөз (Мақал). Тіпті де көмекші етістігімен тіркесіп сөз тіркестері мен сөйлемдерде күрделі бастауыш қызметінде тұра алады. *Қытай Қара Ертіс суының бір бөлігін бұратын канал қазып жатыр деген рас болып шықты* (Газеттен).

(Сөйлемнің негізі - предикативтілік категориясы. Ал предикативтіліктің негізі - бастауыш/Өйткені бастауыш сөйлемнің басқа мүшелерінен тәуелсіз бірден-бір сөйлем мүшесі болып есептеледі./Кейбір сөйлемдерде бастауыштың түсіріліп қолданылатыны кездеседі. Бұдан бастауыштың маңызы баяндауыштан төмен деген ұғым тұмауға тиіс. Өйткені бастауыш контекстен белгілі болып тұрады. Ал контекстен тыс айтылған баяндауыштың жақтық мәні белгілі болғанмен заттық бастауышы белгісіз болады.

(Сонымен сөйлемде айтылатын ойға негіз болатын, баяндауыш арқылы айтылған қимылдың не басқа сапаның иесі болатын мүшені бастауыш дейміз/

Сөйлем мүшелерінің сөйлемдегі қызметтеріне сай өздеріне тән сұрақтары болады. Бастауыштың сұрағы *кім? не? кімі? несі?* Бұлар бастауыштардың формасына қарай көпше түрде де қолданылады. Сөйлемдегі зат есім сұрақтарына жауап беретін мүшелердің бәрі бастауыш болады деген ой тұмауы керек. Бұндай сұрақтарға жауап беретін сөз баяндауыш та бола алады: *Асан - жауынгер* (Асан кім?). Сонымен бірге табыс септік жалғауы түсіріліп қолданылып зат есім етістікпен меңгеріле байланысады. *Кімді? не?* деген сұраққа жауап береді: *Мен бір қыз көрдім* (Мен кімді көрдім?). *Гүлнұр гүл екті* (Гүлнұр не екті?). Мысалдардан байқағанымыздай, *кімдік* зат есімдер атау септік формасында тұрса да табыс септік формасындағы кімді? деген сұраққа жауап береді екен. Ал нелік зат есімдердің ондай заңдылықты қажетсізбейтіні байқалады. Бұл формада келген зат есімдердің синтаксистік қызметі толықтауыш болады. Синтаксистік қызметі негізінен бастауыш болып келетін сөз табы-зат есім/ Сонымен бірге жіктеу, өздік есімдіктері де мағынасы жағынан зат есімнің орынбасары болып келетіндіктен көбінесе бастауыш қызметінде болады.

(Бастауыш сөйлемнің, предикативтіліктің негізі дедік. Бұл бастауыштың жеке тұрып та сөйлем құрай алуынан да көрінеді. Мұндай сөйлемдер бір құрамды сөйлемдер, оның ішінде, атаулы сөйлемдер деп топталып жүр: *Тау. Биік шың баурайындағы ақ қарлар*. Бұл сөйлемдерде сұрақ қоятындай түсініксіз, белгісіз еш нәрсе жоқ. Өйткені зат есім - бастауыш барлық сапаның түп тегі. Ал егер бастауыштан өзге сөйлем мүшелерін жеке қоятын болсақ, онда олардың белгісіз бір

кемдігі байқалып тұрады. Сондықтан ол белгісізді анықтау үшін сұрақ қоюға тура келеді: *Келді*. (Кім келді?), *Қызық*. (Не қызық?, Қызық не?) т.б. Бұл бастауыштан басқа мүшелердің зат есімге тәуелді екендігін білдіреді.

Сөйлемнің құралуына сөз тіркесі де қатысатыны мәлім. Жай сөйлемнің негізі тұрлаулы мүшелер қиыса байланысқан сөз тіркестерінен құралады. Сөздердің тіркесуі синтаксистің алғашқы сатысы. Қиыса байланысқан сөздердің басынқысы тұрлаулы мүшелерде бастауыш болса, бағыншының баяндауыш болады./ Сөз тіркестері өзінің сөйлемдегі қызметіне, мазмұнына қарай синтаксистік қатынастарды құрады. Соған сәйкес тұрлаулы мүшелер предикативті қатынасты білдіреді. Баяндауыштың соңында келетін шақтық, жақтық, райлық формалар предикативтілікті толықтырушы синтаксистік модалдық, шақтық, жақтық категорияларды құрауға қатысады. Предикативтілік қатынастың негізі бастауыштың сапалық мазмұны болып табылады. Зат - бастауыштың сапасы негізінен қимыл-қозғалыс, іс-әрекет және әр түрлі қасиеттік сапалардан тұрады.

Сөйлем құрауға қатысатын кез келген тілдік құралдың белгілі-бір синтаксистік қызметке әсерлікпалы болуы заңды. Соған сәйкес қиысуға тән баяндауыштық морфологиялық формалар да сөйлемге тән тиянақтылықты білдіріп тұратындай көрінеді. Бұл ол формалардың негізгі қызметтік, мазмұндық мәні емес. Тиянақтылық қасиет - предикативтіліктің өз сапа-мазмұнына тән нәрсе. Сондықтан баяндауыштың соңындағы кез келген форма тиянақтылық қасиетті білдіре алады.

Сөйлемдік тиянақтылықты білдіру негізінен қиысуға, оның ішінде, әсіресе, жақтық қиысуға сәйкес болып келеді. Өйткені жақ көрсеткіші баяндауыштың ең соңында тұрады. Сондықтан да жақ көрсеткішін предикативтілік формасы деген қате түсінік орын алады. Егер жақ көрсеткіші предикативтілік формасы болатын болса, сұраулы сөйлемдегі сұраулық шылаулар жақ көрсеткішінен соң тұра алмас еді. Сұраулы сөйлемдер сұрау есімдіктері арқылы жасалып, баяндауышы жақтық формамен де аяқталады: *Не айттып тұрсың? Қазан балалай ма екен?* - дейді бай (Өлген қазан). Сонымен бірге сұраулық шылаулар арқылы да жасалады: *Е, сендер ше? Сендер беріп жібересіңдер ме?* (Әуезов). Бұл мысалдан жақтық формадан соң тек сұраулық шылау ғана емес, көптік жалғау да келетінін көруге болады. Сұраулық шылаулар сөйлемнің соңында ғана емес, жақтық форманың алдында да тұра алатыны белгілі: *Уа, Қожа, қазанымды сындырған жоқпысың?* (Өлген қазан). Сонымен бірге

ауызекі тілде сөйлем кез келген формаға аяктала беретіні де аян: *Мына баланың ауылға асығуың-ай!* (Әуезов). Келтірілген мысалдар предикативтілік тиянақтылық жақтық формаға, яғни, қиысуға тән еместігін дәлелдейді.

Бастауыш құрамына қарай, яғни бір сөзден немесе одан артық сөз тобынан жасалуына байланысты дара және күрделі болып бөлінеді. Құрамына қарай осылай бөлінген бастауыштар жасалатын сөз таптарына қарай көп өзгеріске түспейді. Дара бастауыштар негізінен зат есімдер мен жіктеу есімдіктерінен жасалады. Сөйлем негізі бастауыш болғандықтан баяндауыштар бастауыштың ыңғайына қарай іріктеледі. Бастауыштар сонымен бірге басқа сөз таптарынан да жасала береді. Бірақ бұл жағдайда ол сөз таптары өздерінің негізгі мағынасына қосымша мағына жамап, яғни, зат есім мағынасында қолданылады.

3.3.1.1. Зат есімнен жасалған бастауыштар

Сөйлемде синтаксистік қызмет атқаратын сөз таптарының өзіне тән арнайы, негізгі қызметтері болады. Бұны екінші қырынан өзгертіп айтқанда белгілі-бір синтаксистік қызметті атқарушы сөйлем мүшесінің өздеріне тән арнайы, негізгі сөз табы болады дегенді білдіреді. Осы тұрғыдан алғанда бастауыш болатын негізгі сөз табы - зат есім.

Сөйлем мүшесі қызметін атқаратын зат есімдер мен жіктеу, өздік есімдіктері, сондай-ақ заттанған басқа да сөз таптары-септік формаларының бірінде тұруы шарт. Бастауыш қызметіндегі сөздер негізінен атау септігінде тұрады. Зат есім қазақ тілінде іштей *кімдік, нелік* деп аталатын екі үлкен топқа бөлінеді. *Кімдік* зат есімдерге адамға тән зат есімдер жатады да, *кім?* деген сұрауға жауап береді. *Нелік* зат есімдерге адамнан басқа жанды-жансыз заттардың бәрі еніп, *не?* деген сұраудың жауабы болады. Табиғаттағы өзгерістерге зор ықпал жасаушы фактор болғандықтан адамға тән кімдік зат есімдер сөйлемдегі бастауыш қызметін жасауда үлкен орынға ие. Бұл тұрғыдан алғанда нелік зат есімдердің адамның қажеттілігіне жаратылуына орай және өзінің табиғи жаратылысына сай өз мүмкіндігінше бастауыш қызметін атқаратыны белгілі. Мысал ретінде кез келген бастауышы кімдік зат есімнен жасалған сөйлемді алып қарастырсақ, кімдік зат есімдердің қимыл, іс-әрекет ауқымының нелік зат есімдерге қарағанда анағұрлым кең болатыны өзінен-өзі мәлім болады. Өйткені кімдік зат есім (денотат мағынасында) табиғаттың ең жоғары дамыған мүшесі болғандықтан нелік зат есімдердің барлығына ықпал ете алатын қабілетке

ие. Ал нелік зат есімдердің ықпал ету мүмкіндігі шектеулі ғана болады. Мысалы, *Жарас ағаш екті* деген сөйлемді талдайық. Бұл сөйлемде кімдік зат есім *Жарас* бастауыш қызметінде, ал нелік зат есім *ағаш* толықтауыш қызметінде тұр. Сөйлемдегі бастауыш кімдік зат есім толықтауыш нелік зат есімге ықпал етуімен ерекшеленіп тұр. Осы екі зат есімнің осы сөйлемдегі қызметтерін ауыстырып қолдануға болмайды. Нелік зат есім *ағаштың* кімдік зат есімге дәл осы мағынада ықпал ете алмайтыны түсінікті. Бірақ нелік зат есімнің де шектеулі көлемде кімдік зат есімге ықпал етіп, бастауыш қызметінде тұра алатынын жоққа шығара алмаймыз. Мысалы, *Ағаш Жарасқа көлеңке түсіріп тұр*. Бұл тұрғыдан алғанда нелік зат есімдер өз мүмкіндігінде сөйлем құрап, шектеулі көлемде бастауыш қызметінде жұмсалады деуге болады. Алайда, табиғатта мұндай нелік зат есімдердің көптігін есептесек, сан-алуан қимыл әрекет тудырушы бастауыштардың орасан молдығын да ескермеу мүмкін емес. *Құс ұшты, бұлбұл сайрады, сиыр мөңіреді, жауын жауды, жел үілдеді* т.б.

Ең алдымен зат есімдер жекеше атау септігінде тұрып, содан соң көптік және тәуелдік формаларды жалғап барып бастауыш болады.

Лиза кетер алдында Рақметке барды. Рақмет ұйықтап жатыр екен (Ерубәев). *Мендей жігіттер пароходқа барып, пайда тауып жүр* (Аймауытов). *Шоқандар жүріске қамдана бастады* (Бейсенбаев).

Көптік мағына өз бойында болатын зат есімдер жекеше формада тұрып та бастауыш қызметінде көптік мағына білдіре алады: *Сиыр атаулы көлбей-көлбей жатып апты* (Әуезов).

Тәуелдік жалғаулы зат есімдер бастауыш қызметінде қолданылады. Мұндағы ерекшелік бір заттың екінші бір затқа меншіктілік мағынасының болуына байланысты: *Коретін көзім көр болды, Бір перзентке асық боп* (Алпамыс).

3.3.1.2. Есімдіктен жасалған бастауыштар

Есімдіктердің барлық түрінен бастауыш жасала береді. Дегенмен зат есім сияқты негізгі қызметі бастауыш болып есептелетін есімдік топтары бар. Олар жіктеу, өздік есімдіктері. Сілтеу есімдіктері де бастауыш болады, бірақ жіктеу; өздік есімдіктеріне қарағанда сирек қолданылады. Бұлармен бірге *кім? не? кімі? несі?* тәрізді сұрау есімдіктері де сұраулы сөйлемдерде бастауыш қызметінде жұмсалады. Жіктеу есімдіктерінің бір ерекшелігі кімдік зат есімнің ситуациядағы сөйлеушінің қатысына қарай жақтарын белгілеуге ықпал-әсеріне байланысты болады: *Мен*

Төлеген Тәжібайұлындай пәлендей атақты ғалым емеспін (Балақаев). *Біз Қоқан хандығының қол астына қарайтын саудагерлерміз* (Бейсенбаев). *Ол алашорда отряды деп аталды* (Досжанов). *Өзіңіз айтыңызшы, Күлеке* (Сматаев). *Өзі үш кісінің жұмысын атқарса да, жатарда анау істелмеді, мынау істелмеді деп уайымдайтын* (Балақаев). *Әркім әр түрлі шаруамен қарбаласады* (Әуезов). *Қасында ешкім болған жоқ* (Досжанов).

3.3.1.3. Сапалық есімдер мен етістіктен жасалған бастауыштар

Сапалық есімдерге сын есім, сан есім жатқызылатыны мәлім. Бұлар субстантивтеніп барып бастауыш болады. Субстантивтенген сын есім, есімшелер өздері анықтайтын зат есімнің мәнін иеленіп барып бастауыш қызметін атқарады. Мұндай жағдайда сын есімдердің және есімшелердің өздеріне тән сапалық мағыналары жойылмай сақталып әрі заттық, әрі сындық мағыналарды білдіре алады. *Көп қорқытады, терең батырады* (Мақал). *Жүйрік тоқтығын білдірмес* (Мақал). *Ақымақ көп, ақылды аз* (Абай).

Заттық мағынаға ауысып бастауыш қызметін атқаратын сөз таптарының бірі - сан есім. Сан есімнің есептік, реттік, жинақтық секілді топтары бастауыш қызметінде тұрады:

Оннан төртті аласаң алты қалады. Төртеу қамшы үйіріп Құлпиязды тулақша сабады (Сматаев). *Бесінші ертең қуып жетеріне сенеді* (Шаханов).

Тәуелдік жалғауда келген жинақтық, есептік сан есімдер көбінесе бөлшектеу, кейде жинақтау мағынасында бастауыш болады: *Ағайынды екеуі бірден кетсе... Тым болмаса, біреуі қалса да, бір сәрі еді* (Аймауытов). *Үш көрпенің екеуі қонақ астында, үш жастықтың екеуі қонақ шынтағында* (Мұстафин).

Сан есімді бастауыштар ықшамдалу нәтижесінде көбінесе мақал-мәтелдерде қолданылады: *Алтау ала болса, ауыздағы кетер, төртеу түгел болса, төбедегі келер*.

Заттық мағынаны білдіру арқылы бастауыш қызметінде тұратын сөз таптарының бірі - етістік. Нақты айтқанда етістіктің есімше, қимыл есімі түрлері мен ортақ етіс категориясы өздерінің етістікке тән семантикасын сақтай отыра субстантивтеніп бастауыш қызметін атқарады.

Бұлардың ішінде есімшенің қызметі сын есімге ұқсас келеді. Сын есім өзінің сындық сапасын қалай сақтаса, есімше де сын есім секілді өзінің қимылдық сапасын сақтап, қосымша заттық мағына үстеп бастауыш қызметінде қолданылады:

а) Есімшеден жасалған бастауыш қимыл иесі - кісі мағынасында көрінеді. Сұрағы кім? және

есімшенің жұрнағына сәйкес есімшелі сұрақ (не істеген? қайткен? т.б.) болып келеді: *Көрмес-түйені де көрмес* (Мақал). *Көзін сүзген - ол, шідерді үзген - мен* (Сүлейменов). *Ерінбеген етікші болар* (Мақал). *Екі аразды табыстыратын да, айыратын да - арадағы кісі* (Майлин).

ә) Баяндауышы сын есімнен, етістіктен, жасалған сөйлемдегі есімше бастауыш кісі мағынасында емес, қимыл есімін білдіретін абстрактілі зат есім мағынасында қолданылады: сұрағы не? не қылған? не еткен? *Малды шұбырған құртады, Етті қуырған құртады* (Мақал). *Желінер желінді, ішілер ішілді* (Сүлейменов). *Тозбас жасалмайды, өлмес жаралмайды* (Мақал). *Берген ұят емес, алған ұят* (Мақал).

б) Тәуелденіп қолданылған есімше бастауыштар зат есім мағынасын білдіріп тұрады. Сұрақтары да тәуелденіп жұмсалады (нем? нең? несі? не қылғаны? не еткені? т.б.). *Советке қосылған кезде өз мәлідемемізді бергеніміз рас* (Д.Досжанов). *Оның келер-келмесі белгісіз. Үш ақын жайлы айтарымыз осы* (Балқияев).

Бастауыш қимыл есімі мен ортақ етістен де жасалады. Етістіктің бұл түрі мен категориясы қимылдың атауы мағынасын білдіріп, не? не істеу? не қылу? қайту? сұрақтарына жауап береді: *Құрту саған пішту боп па* (Сүлейменов). *Кітап бастыру, газет журнал шығару күшейді* (Кенжебаев). *Тап тартысы күшейді, қазақ әдебиеті өркендей түсті* (Сонда). *Енді не тұрыс бар* (Сүлейменов).

3.3.1.4. Күрделі бастауыштар

Күрделі бастауыштың жасалуы негізінен тіркесті күрделі сөздерге қатысты айтылып келді. Ал сөз таптарының тіркестік жағынан күрделілену құбылысы терең зерттелу нәтижесінде бұрынғы жалпы күрделі етістіктен нақты күрделі етістік бөлініп шықты. Осыған орай аналитикалық формантты етістіктерді күрделі етістік деу мүмкін болмай қалды. Күрделі бастауыштың жасалуы тек бір сөз табынан ғана емес әр түрлі сөз таптарынан да бола беретіні белгілі: *Қалғанын Теміртас екеуіміз жұлмалармыз* (Сүлейменов). *Ертең қанал қазу жұмысы басталады* (Мұқанов). *Бұл дегеніміз қазақша үйренгені үшін жалақысына қосымша ақы беріледі деген пәрмен болатын* (Досжанов).

Матаса байланысқан сөз тіркестеріндегі ілік септігі жалғауы түсіріліп айтылған сөздерде меншіктілік мағына көмескіленіп барып бір күрделі атау мағынасын білдіруге бейімделеді. Мұндай сөздерді тұтас атау ретінде түсіну қалыптасқан деуге болады. Осындай сөздер күрделі бастауыш делінеді: *Обком секретары Кулаков ор-*

нынан босады (Досжанов). *Қошқаратаның орта шенінде қонақ үйі бар екен* (Балақаев).

Көмекші есімдер тәуелдену арқылы ілік септікті сөздермен бірігіп күрделі бастауыш болады (қасы, жаны, алды, арты, маңы, іші, бойы т.б.): *Базар маңы ығы-жығы. Үйдің іші тап-таза екен. Ауылдың жаны терең сай, тасыған өзен гүрілдеп* (Абай).

Өздік есімдігі тәуелденіп келеді де жіктеу есімдіктерімен біртұтастанып кетеді. Кейде ілік септігі түсіріліп те қолданылады: *Мен өзім соны сізден сұрайын деп едім* (Ерубәев). *Сен өзің құлыншақтай уыз жассың* (Күш атасы). *Мұның өзі Қажымұқанның спорттық өміріндегі қызықты оқиғалар* (Сонда).

Бастауыштар күрделі етістіктен жасалып күрделенеді: *Менің шығып түсуім қиын болды. Бістық күнде суға сүңгіп шығу жанды жадыратады.*

Күрделі бастауыш заттанған күрделі сын есім мен сан есімдерден де жасалады: *Жүйрік торы ойнақшып тұр екен* (Мүсірепов). *Бір жүз он төрт - қуран сүрелерінің саны* (Хадистер).

Күрделі жалқы есімдер сөйлемде күрделі бастауыш болады: *Біріккен Ұлттар Ұйымы - дүние жүзі елдерінің бас қосып кеңес құратын жері.*

Хан, би, жолдас, азамат секілді қосалқы айқындауыштармен тіркескен кісі аты, тегі күрделі бастауыш болады: *Он төрт жасар күнінде Едіге би атқа мініпті* (Көпеев). *Абылай хан жорыққа аттанбақшы* (Көпеев).

3.3.2. Баяндауыш

Предикативтік іс-әрекетті, сапаны білдіретін сөйлем мүшесін баяндауыш дейміз. Баяндауыш - грамматикалық формасы жағынан бастауышқа бағынышты мүше. Сөйлемді қалыптастыратын предикативтік форма осы баяндауыш бойынан табылады.

Баяндауыштың грамматикалық белгілері мыналар:

а) баяндауыш бастауышқа қатысып, сол мүше білдіріп тұрған субъектіге тән предикативтік істі, сапаны айтады. *Кісі кеше келген - кеше келген кісі осында.* Бірінші сөйлемдегі *келген* - баяндауыш. Екінші сөйлемдегі *келген* - баяндауыш емес.

б) баяндауыш мүшеге тән грамматикалық формалар бар. Олар - шақтық форма, жақтық форма, модалдық форма. Осылар қатысып сөзге баяндауыштық форма береді.

в) бұнымен қатар *-дікі, -нікі, -тікі* жалғауларын жалғап иелік форма алған сөздер негізінен баяндауыш қызметінде жұмсалады: *Кезек сенікі.*

Баяндауыш ретінде барлық сөз таптары жұмсала береді. Дегенмен өзінің семантикасы жағынан осы қызметке ең бейім сөздер - етістіктер. Баяндауыш қызметінің жұмсалу арқылы етістіктер предикативтік құрауға қатысатын тұлғаларды өзінің морфографиялық формасы етіп алған.

Баяндауыштар құрамы жағынан дара, күрделі болып келеді.

Дара баяндауыштар бір дара сөзден жасалады.

Күрделі баяндауыштар күрделі сөздерден - күрделі етістік, күрделі есімдерден жасалады. Сонымен қатар синтаксис деңгейінде пайда болатын күрделі баяндауыштық формалар бар: *жас еді, жас болатын.*

Баяндауыш сөйлемді ұйымдастыруда басты қызмет атқарады. Сөйлемдердің түрлі функционалдық типтерін саралап, қалыптастырады. Баяндауыштық тұлғаның сөйлемге тән форма құрауда да үлесі үлкен.

Баяндауыш мүше предикативтікті білдіретін мүше болғандықтан, ол қай сөз табына жататын сөзден жасалса да, шақтық мағынаны білдіруге тиіс. Өйткені шақтық мағына айтылатын оқиғаның болмысқа қатысын анықтайтын басты компонент. Осылай болғандықтан есім сөздер баяндауыш қызметінде жұмсалғанда, шақтық мағына арнаулы синтаксистік амалдар арқылы үстеліп, дербес баяндауыштық формалар құралады: *Ол - техник, Ол техник еді, Ол техник болады.*

Сөйлемнің стильдік түрленуі, эмоциялық мағына үстеуі көбіне баяндауыштық форма арқылы жүзеге асады. Осыған орай баяндауыш әр сөз табына тән морфологиялық тұлға аясында қалып қоймайды. Ол сөздердің морфологиялық тұлғаларын өздігінше жұмсап (*Ол шықсашы үйден*) немесе аналитикалық амалдарды қатыстыру арқылы (*жауды дейсің, келмек түгіл келеді*) өздігінше дербес баяндауыштық формаларды жасайды. Күрделі баяндауыштық синтаксистік формаларды етістіктің аналитикалық формаларынан ажыратып тану керек. Бірақ бұл оп-оңай көзге іліне салатын жайт емес. Дегенмен мынадай талпаптарға тура келген жағдайларда дербес баяндауыштық формаларды саралап танып алуға болатын сияқты.

1. Егер көмекші компоненттердің жалғасуы негізгі сөздің морфологиялық табиғатынан ерекше мағына үстеп тұрса. Мысалы, *кең еді, кең екен. Еді, екен* шақтық мағына үстеп тұр. Шақтық мағына есім сөздерге тән емес. Олай болса, *еді, екен* көмекші етістіктерінің бұл жұмсалуы есім сөздің баяндауыштық қызметіне байланысты;

2. Көмекші етістіктер, есімдер сөз табын талғамай, тек сөздің баяндауыштық қызметінің ыңғайына қарай тіркесетін болса. Мысалы: *келген білем, жас білем, көрген білем, мол екен, алды екен, оқып жатыр, алып келді* т.б. Мұндай жай, әсіресе, модалдық мағына тудыратын көмекші сөздердің жұмсалуына тән;

3. Негізгі сөз тиянақты баяндауыштық тұлғада тұрып, көмекші сөз соның үстіне үстеліп тұрса, бұл анық баяндауыштық форма болғаны: *көрді болды, көрді боп шықты, айтты қылды, өлеңдетті дейсің* т.т.;

4. Баяндауыштық форма қатарына бір сөздің синтаксистік тәсілмен қайталанып жасалған түрі жатады: *көруін көрді, келгенім келген, айтудай айтты* т.т.

Баяндауыштың жасалу амалдары алуан түрлі. Олардың жасалуын негізінен мынадай үш түрге бөліп қарауға болады.

1. Дара және күрделі сөздердің баяндауыш ретінде жұмсалуды: *Шөп көгерді (көгере бастады, көгеріп жатыр). Дала ақ сор (сор)* т.т.

2. Тиянақты баяндауыш қызметіндегі сөздің үстіне көмекші сөздер үстеліп, синтаксис аясында жасалатын күрделі баяндауыштық формалар: *сарқырады дейсің, жауды кеп* т.т.

3. Толық мағыналы сөздердің қайталанып тіркесуі немесе дара сөздердің меңгеріле тіркесуі арқылы жасалуы: *айтуын айтты, келгенді шығарды* т.т.

Баяндауыштың формалары алуан түрлі, әрі көп болғанмен, олардың көпшілігі негізгі бір мағынаны түрліше білдіру үшін қызмет етеді. Сондықтан баяндауыштарды атқаратын қызметіне (білдіретін мағынасына) қарай топтап тану керек. Баяндауыштарды білдіретін мағынасына қарай былай топтауға болады:

1. **Іс-әрекеттің**, сапаның болмысқа шақ жөнінен қатынасын білдіретін баяндауыштар (*келе жатыр, келді, /жүк/ ауыр* т.т.)

2. **Іс-әрекеттің қарқынның** білдіретін баяндауыштар (*жүгірді-ай кеп* т.т.)

3. **Іс-әрекетті қалпына қарай атайтын** баяндауыштар: *өсейін деді (деп тұр), өсетін, өсуші еді* т.т.

4. **Іс-әрекетті субъектінің қалауы ретінде атайтын** баяндауыштар: *келмекші, келгелі жүр (тұр, отыр), келгісі бар, оқығысы келеді*.

5. **Іс-әрекетті субъектінің бұйрығы ретінде атайтын** баяндауыштар: *көр, көрсін, көрейін, көр деген соң көр, көрмейсің* т.т.

6. **Іс-әрекетті міндеттеу, ұсыныс ретінде атайтын** баяндауыштар: *оруы керек, оруы тиіс, оруың бой* т.т.

7. **Іс-әрекетті субъектінің пайымдауы тұрғысынан атайтын (модалдық) баяндауыштар:** *келген сияқты, келді білем, келген болды, келді-ау деймін*.

Осы әр топқа кіретін баяндауыштық формалардың өзара қатынасын, мағына, қызмет ерекшеліктерін ашуда ескертетін жайлар, қойылатын критерийлер анық болуға тиіс. Қазақ тілінің грамматикасы жөніндегі еңбектерде функция жағынан жуық формалардың мағынасын ашудағы алалықтар осыны байқатады. Оны есімше *-ған* мен жүрді типтес өткен шақтық формаларын даралау талаптарынан көруге болады. Етістіктің *-ған*, *-ген* тұлғалары арқылы жасалған шақтық формалар бір еңбектерде бұрынғы өткен шақ деп аталса, екінші бір еңбекте контекстке таяу өткен шақ формасы мен бұрынғы өткен шақ формаларына қарсы қойылып жұмсалатын өткен шақтық форма деп саналады.

Тілдегі бірқатар синонимдік формалардың жұмсалуына қарағанда, әр грамматикалық фактіге жеке дара мағына іздеу дұрыс бола бермейтін сияқты. Өзара синонимдес келген формалардың бірі аналогия заңдылығының әсерімен немесе сөзді түрлендіру мақсатында ғана пайда болады, ол өзгеше мағына білдірмеуі мүмкін. Синонимдес баяндауыштық формалардың мағына, қызмет ерекшелігін сөз еткенде мына жайларды ескеруіміз керек:

1. Әр форманың мағынасы, қызметі осы күнгі жайына сүйеніп, өзі қатарлас формалармен салыстыру арқылы ашылады. Оның генезисін қуу форманың бүгінгі күйін дұрыс тануға негіз бола бермейді, ол тек соған себепші болуы мүмкін.

2. Синонимдес формалар ылғи дара мағыналық реңк білдіре бермейді. Олар бір ортақ мағынаны білдіріп, бір жұмсалуды жағынан белгілі бір синтаксистік аяға бейімделіп дараланады.

3. Бірқатар синонимдес формалар тілдегі формалардың дамуы, өзгеруі нәтижесінде пайда болады да, олар мағына, қызмет жағынан дараланбай ылғи тең түсуі мүмкін. Мысалы: *-мақ, -мек, -мақшы, -мекші*.

3.3.2.1. Шақ мағыналы баяндауыштар

Шақ мағыналы баяндауыштар ретінде негізінен ашық рай етістіктер жұмсалады. Предикативтік мағынаның компоненті болып қалыптасқан шақ формалары түгелдей баяндауыш құрамында ғана көріне алады.

Шана жолмен келе жатыр. Боран қарды жол үстінен сыпырып тастапты. Жолаушы ауылға сәскеде жетеді?

Баяндауыш қызметінде етістіктің шақ формаларының функционалдык қалпы да орныққан.

Мысалы, ауыспалы шақ етістіктен болған баяндауыштар дағдылы іс-әрекетті, ұзақ мерзім ішінде болатын істі білдіруге бейімделген. *Інім осы каналда істейді. Шаруа күріш егеді.*

Осы мағына ерекшелігіне сай бұл формадағы баяндауыш табиғат көркін, дағдылы тіршілік бейнесін суреттеуге бейім.

Ауыл жайлауға шыққан кезде, Достың дөніне шығып, жан-жағына көз салсаң, ұшы-қиырына көз жетпейтін таусыз, ормансыз дала - өртеңде өскен шалғын көктем күндері осы арада дамылсыз есетін майда қоңыр желмен теңселе қимылдайды да тұрады. Бұл қимыл жұмсақ желдің лебін ақырын ғана бүлкілдеп жатқан ұшан-теңіздің бетіндегі қимылға ұқсайды (Мұқанов).

Көркем әдебиетте ауыспалы осы шақ етістік баяндауыштың нақты бір кезеңдегі табиғат көрінісін, оқиға желісін бейнелеу үшін пайдаланатыны бар.

Масақтар тор аттың үстіндегі Бекеңе жетіп тұр. Таңертеңгі самал желмен изеле түседі. Сыңсыған масақтар бір-біріне созылысады. Құлаққа естілмес үн шығарып, сыбырласқандай болады. Сары шымшық торғайлар тербетілген масақтардың бірінен-біріне қонып дәйек таппайды. Бекең ұзақ тұрып, зират болған тұсқа мөлшерлеп көз жіберді (Мұратбеков).

Келтірілген үзіндіде ауыспалы осы шақ етістікті баяндауыштар құраған сөйлемдер нақты кезеңге, мерзімге түс бейнені елестетеді. Осыны байқататын контекстегі бастапқы (*Масақтар торы аттың үстіндегі Бекеңе жетіп тұр*) және соңғы (*Бекең ұзақ тұрып, зират болған тұсқа мөлшерлеп көз жіберді*) сөйлемдер. Бұл сөйлемдердің баяндауыштары нақты осы шақ (*жетіп тұр*), жедел өткен шақ (*көз жіберді*) етістіктерден жасалған. Ауыспалы осы шақ етістіктің бұл жұмсалуына екі себеп бар: біріншіден, бұл форманың панорамды сурет, бейне тудыруға бейімділігі, екіншіден, нақты осы шақ етістікке қарағанда жинақы (бір-ақ сөзден тұруы) болуы.

Субъектіге тән сапаны негізінен ‘сын есім + болады’ (*жүйрік болады*) түрінде құралатын баяндауыш білдіреді. Бұл құрамдағы баяндауыш барлық стильдерде жұмсалады. Баяндауыштың құрамындағы көмекші етістік оған шақтық мағына үстеп тұр. Осы компонентті өзгертіп ауызекі

тіл екінші вариант баяндауыш жасайды - ол вариант ‘сын есім + келеді’ (*жүйрік келеді*) болып құралады.

Құм ішінде жолаушылар адасқақ келеді (Мұратбеков).

Ілгеріде аталған сипатына сай ауыспалы осы шақ формалы баяндауыш мақал-мәтелдерде жиі жұмсалады:

Көп қорқытады, терең батырады.

Айран ішкен құтылады, шелек жалаған тұтылады.

Өткен шақтық мағынада жұмсалатын баяндауыштар негізінен мына формада көрінеді: а) жедел өткен шақ формалы етістіктен (*көрді, сөйледі*) жасалған баяндауыштар; ә) өткен шақ есімшеден (*көрген, сөйлеген*) жасалған баяндауыштар; б) ‘-ып, -іп формалы көсемше + еді’ түрінде жасалған баяндауыштар; в) ‘-ған, -ген + еді’ құрамында жасалған баяндауыштар.

1. Осылардың ішінде жедел өткен шақ етістіктен жасалған баяндауышты стильдік ая таңдамай еркін жұмсалатын негізгі форма деп есептейміз.

Абай Құлыншақтың сабырлы сықағына қызығып күліп жіберді (Әуезов). *Тоғжан осы үйге бірнеше рет келіп кетті* (Сонда). Бұл форма іс-қимылдың өткен шақта болғанын еш экспрессивті модальды мағына қоспай, тек процесс қалпында білдіреді. Сондықтан ол стильдік ая талғамай еркін жұмсалады.

Өткен шақ етістіктің қалған формаларынан жасалған баяндауыштар - осының функционалды варианттары.

2. Өткен шаққа тән іс-әрекетті білдіретін баяндауыш ауыспалы осы шақ етістіктің болымсыз түрі мен *ба, бе* сұраулық шылауларының бірігуінен де жасалады: *айтпаймын ба.*

Тракторынның бір жері бүлініп қалған екен деп жүгіріп келмейін бе! (Жәкенов). *Байғұс бала не күйде жатыр екен деп енді бір айналып есікті сығаламаймын ба. Ой, аллай, зрем ұшып кетті. Өзін-өзі алқымынан сығымдап қылқынып жатыр екен!* (Мұратбеков).

Бұл - экспрессивті баяндауыштық форма. Ол ауызекі сөзде мәнерлік үшін жұмсалады. Форма; сірә, риторикалық сөйлемдерге тән баяндауыштар үлгісімен пайда болған болу керек. Бұған дәлел - етістіктің болымсыз түрінің қалыптасуы.

3. *-ған, -ген* тұлғалы баяндауыштардың қызмет ерекшелігі есімшеден жасалуына байланысты. Есімше іс-қимылды **статикалық** қалыпта,

субъектіге тән қылып, сапа тұрғысынан айтады: *Ноянның кейбіреулерге істегендері туралы олар бұрын да талай естіген* (Мұратбеков).

Есімшеге тән осы сапа тілде екі түрлі стильдік қызметте көрінеді:

а) өткен шақтық іс-әрекеттерді баяндайтын тексте *-ған, -ген* олардың өзара мезгілдік кезегін саралауға сеп болады. Мұндайда ол *-ды, -ді* тұлғалы баяндауышқа қарағанда бұрынырақ болған іс-әрекетті білдіреді.

Біз үйемелі-сүйемелі бес ағайынды болатынбыз, апам үйге сыртымыздан бекітіп кеткен. Ертеңісін қалдырған азын-аулақ нанды таласатармаса жеп ап, қарнымыз ашып, отырғанбыз (Мұратбеков).

Контекстегі *бекітіп кеткен* деген баяндауыш осы іс-әрекеттің басқа баяндауыштар атаған іс-әрекеттерден бұрын болған жағдайын байқатады. Осы стильдік міндетті *-ған* формалы баяндауыш - мына мысалдан да байқатады. *Күн еңкейген. Төңірек біртүрлі көңілсіз жабырқау тартып, ұйқыны келтіреді. Біразға дейін терісіне сыймай тырсылдап жатқан Қанатай бетін қапқа басып ұйықтап кетті* (Мұратбеков).

б) *-ған, -ген статикалық* мағынасына сай өмір, табиғат бейнесін суреттеуде көп жұмсалады. *Түн жып-жылы, ай туып жамбасқа көтеріліп қалған. Ауыл ұйқыда, клуб жақтағы музыка үні де тынған* (Жұмаділов).

Ақ-сары жүзі албырап, бетінің ұшы қызарып шырайлана түскен. Көз жанары таза, қайтпаған (Жұмаділов).

Мысалға келтірілген осы тексте *-ған, -ген* формалы баяндауыш ауыспалы осы шақ етістіктен болған баяндауыштармен селбесіп жұмсалып тұр. Суреттеу, бейнелеу қажетінде көп жұмсалауын ауыспалы осы шақ тұлғасында баяндауыштармен қатар келуі аталған тұлғаның стильдік ыңғайын анық танытады.

-ған, -ген, -ды, -ді тұлғалы баяндауыштар қажет жерде осылай қызмет ерекшеліктерін көрсетеді де, ол талап жоқ жерде бірінің орнына бірі жұмсалыуына мүмкіншілік туады*.

Мен кеше келдім - Мен кеше келгенмін. Оспан осыны көргеннен-ақ Смағұл қасынан кете алмаған (Әуезов). *Оспан осыны көргеннен-ақ Смағұл қасынан кете алмады.*

Бұлай болуы *-ған, -ген* формалары білдіретін мезгілдік кесіндінің *-ды, -ді* арқылы білдіретін мезгілдік кесіндіні де қамти алатындығында. Осы мағыналық ерекшелігінің арқасында *-ған, -ген* өткен шақ қимыл сынды білдіретін анықтауыш ретінде жеке-дара жұмсалады. *Трактордың тұсына жеткен кезде өткен жылдан қалған сабанның маясына тап болды* (Мұратбеков). *Ақ халат киген талдырмаш жас қыз ұялшақ жігіттің тілін темір қасықтың сабымен басып тұрып, тамағын көтерді* (Мұратбеков).

4. *-ған еді, -ып еді* тұлғасында келген баяндауыштар мағынасында да *-ған, -ген* формасынан пәлен айырмашылық жоқ. *-ған еді, -ып еді* көбіне құрмалас сөйлемдердің алдыңғы сыңарында немесе дара айтылғанымен өзара мағыналық қатысы бар сөйлемдердің ілгерісінің құрамында жұмсалады. Осындай жағдайда аталған формалар екі сөйлемдерде айтылған оқиғалардың қатысы (*мезгілдік, қарсыластық*) көрінетін жағдайды білдіреді*. Осы қызмет *-ған еді, -ып еді* формалары баяндауыштардың ерекше еншісінде.

Былтыр бір малымды айырбастан бер деп осында кісі келіп қалғанда барын едім, қарайласпады (Нұрманов). *Енемізге біраз болындар деген едік, курортқа пүтевкам бар деп көнбей қойды* (Мұхамеджанов).

Сөйлемдер арасындағы қатысты білдіру ыңғайында пайда болған *-ған еді, -ып еді* формалары мағына жағынан тете болғандықтан жұмсалыуында кейде *-ған, -ген* формалы баяндауыштармен қатар да келетіні болады.

Ғабитхан жас та болса, молдалығы жетік кісі саналып, Құнанбай қолында тұрып қалған еді (Әуезов). *Бұны қаладан алып қайтқалы барған ағасы Байтасты да, таң атар-атпастан, оятып тұрғызып еді* (Сонда).

Өткен жылы колхоз қаладан бір машина балапан әкелгенде, бақташы табылмай, жұрттың көбі-

* Болымсыздық мағына білдіруде *-ды, -ді* тұлғалы баяндауыш пен *-ған, -ген* тұлғалы баяндауыштар сараланбай тең жұмсала береді. Мысалы, *Манас пен келіншегі осылай жақсы ұғып, ұнатса да, Құлыншақ көнген жоқ* (М. Әуезов) деген сөйлесімнің баяндауышын жедел өткен шақ тұлғалы баяндауышпен еркін ауыстыруға болады. *Манас пен келіншегі осыны жақсы ұғып, ұнатса да, Құлыншақ көнбеді.*

* Маманов И.Е. Осы қызмет ерекшелігін ескеріп *-ған еді, -ып еді* формаларын қатыстық өткен шақ деп даралап қарайды.

ақ ат-тонын ала қашып еді. “Бекер әурешілік, біздің Қалбаның бір боранынан қалмайды” десіп, “білгіштер” қолдарын сілтеп шыға келген (Жұмаділов).

Сонымен, біздің ұғуымызша, *-ған еді, -ып еді* - етістіктің ерекше шақтық формасы емес, белгілі синтаксистік қызметке ыңғайланған баяндауыштық форма.

Көмекші етістік *еді* тіркесетін сөздің грамматикалық сипатына, оның синтаксистік қызметіне қарай кірігуі түрлі сапада көрінеді. Баяндауыш қызметіндегі есім сөзбен тіркесіп ол баяндауыштық форма құрайды. Есім сөзден құралған атаулы сөйлем құрамында ол шақтық мағына қосатын факультативті элемент: *Жаздың шілдесі - Жаздың шілдесі еді*.

3.3.2.2. Іс-әрекеттің қарқынын білдіретін баяндауыштар

Іс-әрекеттің қарқынын білдіретін баяндауыштар жасалуы, құрамы жағынан әр қилы. Баяндауыштар етістіктің морфологиялық формасымен тең келе бермейді. Бұл баяндауыштардың көбі тек істің қарқынын білдіріп қоймайды, сөйлеушінің эмоциялық сезімін қоса білдіреді. Іс-әрекеттің қарқынын білдіретін баяндауыштардың негізгі түрлері мыналар.

1. Баяндауыштың бір түрі *жатып таласты, жатып кеп таласты* тәрізді болып құралады. Негізгі компоненттің (таласты) алдында өзгермей келетін көтерме компонент: *жатып* (таласты), *жатып кеп* (таласты).

Боздақ жатып кеп жалынды (Мұратбеков). *Екеуміз жатып кеп төбелестік* (Соқпақбаев). *Мені ауруханаға алыңыз. Қайта-қайта талып жатырмын деп, Мұса жатып кеп жалынды* (Адамбеков).

2. Құрылысы жағынан осыған мына баяндауыштар ұқсас: *ал кеп сөйледі*. Мұның ерекшелігі көтерме компонент болып қатысып тұрған *ал кеп*.

3. Көтерме компонент *ал кеп* бұйрық рай етістікпен бірігіп те істің қарқынын білдіретін баяндауыш құралады: *ал кеп сөйле, ал кеп сөйлейін*.

Қонақтар үйге кеп, жайғасып отырғасын, қызына ал кеп ұрыссын! (Тарази). *Жұрт ал кеп соқсын-ай сатырлатып* (Нұрманов).

Бұл формадағы баяндауыш мағынасы тұрғысынан ерекше экспрессивті. Баяндауыш, негізгі компонент бұйрық рай тұлғасында тұрғанмен, өткен мезгілге қатысты іс-әрекетті білдіреді, мор-

фологиялық тұлғаға қатысты бұйрық мағына бұл формада көрінбейді. Баяндауыш мұнымен бірге сөзге мәнерлілік өң беру үшін қызмет етеді.

4. Істің қарқынын білдіретін баяндауыштың тағы бір синоним варианты *алды кеп, сөйледі кеп* тәрізді болып құралады: негізгі компонент ретінде қатысатын өткен шақ етістік бірінші орында тұрып, көтерме компонент кеп екінші орында тұрады.

Бір уақытта қарлы борандатып ақыр заманды орнатты кеп (Хұсайынов). *Біздің жездей деген танығыш қой, мақтайды кеп соны* (Мұхамеджанов).

Бұл баяндауыш тілдің түрленіп көріну тенденциясын байқатады. Баяндауыштың мағынасында айта қаларлық ерекшелік жоқ, құрамы да ілгеріде аталған баяндауыш тәріздес. Бірақ компоненттердің орнын ауыстыру арқылы сөзді жаңғыртарлық жаңа баяндауыштық форма пайда болып тұр.

5. ‘Көмектес жалғаулы тұйық рай етістік *болды* (*болады*)’ түрінде құрылған баяндауыш (алумен болды) іс-әрекеттің ұзаққа созылғанын білдіреді.

Мәриәм бұлардың асты-үстіне түсумен болды (Майлин). *Екеуі жол бойы алысып, күресумен болды* (Мұратбеков).

3.3.2.3. Іс-әрекеттің, қимылдың қалпын білдіретін баяндауыштар

Іс-әрекеттің, қимылдың қалпын білдіретін баяндауыштар етістіктердің белгілі аналитикалық формалары негізінде жасалады. Ол формалардың бірқатары осы күнгі жарыққа шыққан лингвистикалық еңбектерде аталып, шақтық категория қатарына жатқызылып жүр. Біз бір топ баяндауыштарды іс-әрекеттің, қимылдың қалпын білдіретін топ деп бөліп атағанда, олардың құралуындағы грамматикалық ерекшеліктерді, сол құралған аналитикалық формалардың тұтас тұлға ретінде түрлену мүмкіншілігін, осы формалар білдіретін негізгі грамматикалық мағынаны ескердік. Ол негізгі грамматикалық мағына - іс-әрекеттің, қимылдың процеске айналу алдындағы қалпын білдіру.

Осы мағыналық ерекшеліктері арқылы аталған баяндауыштық формаларды іс-әрекетті, қимылды шақтық қатынаста ғана атайтын баяндауыштардан бөлек, жеке грамматикалық топ ретінде қарауға болады: *келмек - келді, келе жатыр; келетін - келе жатыр, келеді* т.б. Іс-әре-

кеттің, қимылдың қалпын білдіріп атайтын баяндауыштардың негізгі формасына түрлі шақтық тұлға беріп өзгертуге болады: *алмақ, алмақ болды* т.б. Осының өзі де іс-әрекеттің қалпын білдіретін формаларды ашық рай категориясына тән, бірақ шақтық категориядан тыс дара топ ретінде қарау керек екенін байқатады. Шақтық формаларға қарсы қойғанда өзара бірыңғай топ боп көрінетін бұл морфологиялық-синтаксистік тұлғалар іштей өзара сараланады. Олар іштей былай бөлінеді:

1. Іс-әрекеттің, қимылдың потенциялық қалпын білдіретін баяндауыштар.

2. Субъектіге дағдылы іс-әрекетті, қимылды білдіретін баяндауыштар.

3. Іс-әрекетті, қимылды субъектінің ниет етуі тұрғысынан атайтын баяндауыштар.

4. Іс-әрекетті, қимылды субъектінің мақсат етуі тұрғысынан атайтын баяндауыштар.

Екі баяндауыштық форма іс-әрекеттің, қимылдың потенциялық қалпын білдіріп атау үшін жұмсалады. Олардың бірі *-атын, -етін* тұлғалы есімшеден жасалған баяндауыш.

Мамыт болыспаса, егісті зорға бітетінбіз. Бумасак, егісті су басып кететін. Сізді, мына Демесінді колхоздан шығармақ, Әбдіге жазған қағазды менің мойныма аудартатын (Майлин).

Аталған есімшенің бұл мағынада жұмсалуды ауызекі сөйлеу тіліне тән. Синтаксистік қызмет жағынан бұл баяндауышқа синонимдік вариант ретінде жұмсалатын *-ғандай екен, -гендей екен* тұлғасында жасалған баяндауыш бар.

Егер тоқтамағанда, аттар шынымен арандағандай екен (Мұратбеков).

Бір топ баяндауыштар субъектіге дағдылы істі білдіру үшін қызмет етеді. Ол баяндауыштар *'-ушы + еді', '-атын (-етін) + еді'* құрамында жасалады: *алушы еді, алатын еді*. Осылардың ішінде аталған қызметке ғана арналған форма *-ушы еді: алушы еді, көруші еді*.

Әкесі де бұл баласының сондай сезгіштігін өзге балалардан артық санаушы еді (Әуезов).

*Алушы еді** типті баяндауыштардың морфологиялық құрамы анық танылып тұр: *ал-у-шы еді* (*алу* тұйық етістік, *-шы* есім тудыратын жұрнақ). Есімше баяндауыштық формаға субстантивтік ыңғаймен енгенмен, таза қимыл-әрекет процесін білдіреді.

Субъектіге дағдылы іс-әрекетті білдіретін баяндауыштардың екінші түрі *-атын, -етін* тұлғалы есімшеден жұмсалады: *айтатын, көретін*.

Жолдың тұстары ылғи белес-белес болатын (Әуезов). *Кейде тіпті сары тоқым ұры болған ел ішіндегі үлкендердің өз аузынан естіген әңгімелері де ұмытылмайтын* (Сонда).

-атын, -етін тұлғалы баяндауышқа шақтық мағына қосу үшін оған *бол* (*болды, болады*) көмекші етістігі жалғанады: *келетін болды, келетін болады*. Бұларды да синонимдік форма ретінде тануымыз керек.

Баяндауыш *-атын, -етін* формалы есімшеге *еді* көмекші етістігін жалғастырып та құралады: *келетін еді, айтатын еді*.

Үстіне қою тұн қонақтаған мынау мұқым "Көкөзек" әнмен ұйықтап, әнмен ояматын еді (Жұмаділов).

Есімшенің *еді* көмекші етістігін тіркестіруі (*келетін еді*) осы грамматикалық ыңғайдағы формаларға (*алған еді, алып еді* т.б.) тұлға жағынан бейімделуінің нәтижесі. *Еді* көмекші етістігінің қосылуы бұл баяндауышқа ерекше мағына үстемейді. *Еді* дағдылы істі білдіретін баяндауыштың өткен шақтық түріне де үстеледі: *келетін болған еді, келетін болып еді*.

Ауызекі сөйлеу тілінде сөзге мәнерлік беру үшін өткен шақтық дағдылы істі білдіретін баяндауыш *-ар, -ер* тұлғалы есімше мен *еді* көмекші етістігінің бірігіуінен жасалады.

Ақ жібек мол шәлі жамылып, маңдай шашын дудыратыңқырап қояр еді (Жұмаділов). *Алтынсары ақ қартуз киіп, керзі етікпен жүрер еді* (Молдағалиев).

Осы топ қатарына *'-ар, -ер* тұлғалы есімше + көмекші - *болар'* (*айтар болар*) түрінде құралған баяндауышты да жатқызып отырмыз. Бұл баяндауыш нақыл сөзді білдіретін сөйлемдерді құрайды.

Ер адам таусылмай сөйлер болар (Молдағалиев). *Бала деген қорқар болар еді* (Әуезов).

Нақыл сөз ретінде айтылғандықтан бұл сөйлемдер процесті білдірмейді, тұрақты қалыпты айтады.

Іс-әрекетті субъектінің ниет ету тұрғысынан баяндауыштың бір түрі *-ғалы, -гелі, -қалы, -келі* тұлғалы көсемше мен *жүр* (*жүрген, жүрді*), *жатыр, тұр* көмекші етістіктерінің қосылуы арқылы

* *Болды* көмекші етістігінің шақтық форма тудыру үшін жұмсалудың алған А.Н. Кононов атаған болатын.

* Мұндай типті морфологиялық құрамды Н.А. Баскаков, Н.Т. Сауранбаев есімшелік форма деп қарайды.

жасалады: *келгелі жүр (жүрген, жүрді)*. Көмекші етістіктің түрленуі бастапқы тұлғаға шақтық мағына үстейді. Бірақ шақ ыңғайына қарай өзгеруі өлшеулі. Бұл баяндауыш осы шақтық, өткен шақтық морфологиялық көрсеткіштер арқылы ғана түрленеді. Бұл баяндауыштың семантикасына байланысты.

Іс-әрекетті субъектінің ниет ету тұрғысынан айтатын баяндауыштың тағы түрі бар. Ол *-айын, -ейін* формалы бұйрық рай етістік пен *деп жүр (жүрді, жүрген, тұр, жатыр)* көмекші компоненттердің қосылуы арқылы жасалады: *көрейін деп жүр (жүрді, жүрген)* немесе *-айын, -ейін* формалы бұйрық рай етістік пен *деді* көмекші етістігінің қосылуы арқылы жасалады: *келейін деді, келейін деп тұр*.

Жұмыскерлер жұмыстарын бітіріп қайтайын деп жатыр еді (Мүсірепов). *Сәден қазір де соны істейін деп тұр* (Сонда).

Осы екі форма (*-ғалы жатыр, -гелі жатыр, -айын деп жүр, -айын деп жатыр*) контекске орай, сөйлемнің лексикалық құрамына қарай іс-әрекетті, қимылды процеске айналу алдындағы қалпын да көрсетіп атау үшін де жұмсалады: *(ағаш) құлағалы тұр, көк көтерілейін деп тұр* т.б. Сөз жок, іс-қимылды субъектінің ниет ету тұрғысынан атау алған формалардың бастапқы қызметі болуға тиіс. Осы мағына белгілі контекст, лексикалық құрам төңірегінде өзгеріп, іс-әрекеттің, қимылдың процеске айналу алдындағы қалпы ретінде көрінеді.

Көрпені қымтап, біраз жатқаннан кейін Жамайдың бойы жылынайын деді (Мұратбеков). *Қанжығадағы түлкі босап, ісі шығайын депті* (Досжанов).

3.3.2.4. Іс-әрекетті, қимылды білдіретін мақсат, қалау, тілек мәнді баяндауыштар

Іс-әрекетті, қимылды субъектінің мақсат, тілек ету, қалауы тұрғысынан атайтын баяндауыштар бірнеше формада көрінеді.

Іс-әрекетті субъектінің мақсаты тұрғысынан атайтын баяндауыштар *-мақ, -мек* тұлғалы қимыл атаулы етістіктерді қатыстыру арқылы жасалады. Қимыл атауы түбір күйінде (*алмақ*) немесе *-шы, -ші* жұрнақтарын үстемелеп (*алмақшы, көрмекші*), баяндауыш ретінде жұмсалады. Бұлармен қатар мақсат мәнді баяндауыштар *-мақ болды, -мақшы болды* құрамында да ұшырайды. Осы үш форманы біз функциялық қызметі жағынан біріне-бірі жуық сынар варианттар деп есептейміз. *Құнан-*

бай салған мешіт бітті. Ашыынбай, Құнанбай соны той етпек (Әуезов). *Мақұлбектің үйіне қонақтап, тынығып, атты қинамай, таңертең ауылға жетпекші* (Досжанов). *Кешкі салқынмен борсықтың інін қазбақшы болдық* (Мұстафин).

Грамматикалық құрылысын ескерсек те, мағына, қызмет аясын ескерсек те, осы варианттардың ішіндегі негізгі, тірек сынар деп жалаң *-мақ* тұлғалы етістіктен жасалған баяндауышты атауымыз керек. Өйткені бұл - перспективті форма. Анықтауыш ретінде, бастауыш ретінде етістік осы формада жұмсалады.

Өй, жаман қар, дұрыстап жауабын берудің орнына көзін сығымдап тұра қашпағы несі! (Мұратбеков).

Етістіктің *-мақшы* тұлғалы түрінен жасалған баяндауыштың қызметінде айырмашылық жоқ, бірақ жұмсалуы шағын. Олай болуына себеп бар. Өйткені бұл *-мақ* тұлғалы етістіктің үстіне *-шы, -ші* жұрнақтарының жалғануы оған үстеме мағына қоспайды. Жұрнақ *-у* тұлғалы қимыл есімдердің түрлену қалпына ыңғайлану ретінде *-мақ, -мек* үстіне жалғанатын болған: *'алу + шы - алмақ + шы'*.

Мақсат мағыналы баяндауыштардың *-мақ болды (болдын, болды* т.б.) формалы түрі бар. Құрамына *болды* көмекші етістігінің қосылуы арқасында баяндауыш шақтық өзгеріске түсуге мүмкіншілік алады: *алмақ болдық, алмақ болғанбыз, алмақ боламыз* т.б. Сонымен, мақсат мағыналы баяндауыштардың қатарындағы бұл сынар да ерекше стильдік өң тудыру үшін емес, баяндауыштық форманың грамматикалық өрісін кеңейту үшін пайда болған. *-мақ, -мек (-нақ, -пек* т.б.) формалы етістік *еді* көмекші етістігімен бірігіп құралған баяндауышты (*алмақ еді, алмақшы еді*) сөйлемнің екінші бір сөйлемге синтаксистік қатынасын (мезгілдік) білдіру қажет болғанда жұмсалады. Бұл форма осы синтаксистік қызметке бейімделген, онда өзгеше мағыналық ерекшелік жоқ.

Сіздің ауылдың жігіттері қашан көкпар шаппақ, жиылып бармақшы едік (Досжанов).

Тілімізде *'-мақ, -мек + болған + еді'*, *'-мақ, -мек + болып + еді'* болып құралатын баяндауыштық форма жұмсалады. Бұл форманы қарсылықтық, мезгілдік қатысты білдіруге бейімделген баяндауыш деп тануымыз керек.

Мақсат мағынаны білдіретін баяндауыштар қатарына *'шартты рай етістік + дейді (деймін, дейсін)'* болып құралатын форманы да жатқызу қажет. Бұл құрамға енген *-са, -се* формалы етіс-

тіктер жеке тұрғанда білдіретін армандау, көксеу мағынасынан ажырайды. Ол *деймін, дейсің, дейді* көмекші етістігімен бірігіп іс-әрекетті субъектінің мақсаты тұрғысынан айтатын баяндауыш құрайды: *сөйлесе деймін, сөйлесем дейсің, сөйлесем дейді* т.б. Бірақ *-са, -се* тұлғалы етістіктің мақсат мағынасын білдіру қалпында компонент етіп қатыстыру арқылы сөйленетін сөз жаңарып, түрленіп естіледі. Бұл баяндауыш негізінен ауызекі сөйлеу тілінде жұмсалады.

Баяндауыштық форма құрауда *еді, бол* көмекші етістіктері көп қызмет етеді. Олардың қызметі бірде түйіс келумен қатар, негізінен ашық, ерекшеліктері көп. *Еді* негізінен синтаксистік қатынасты білдіру қызметіне бейімделген баяндауыштық форма құрайды. Бұл баяндауышты құрауда *еді* есімше, көсемше, *-мақ, -мек* тұлғасы етістіктермен түгел тіркеседі. Тек есім сөздерге біріккенде ол шақтық мағына тудырады.

Бол етістігінің қызметі мол. Ол *-мақ, -атын, -етін* тұлғалы етістіктерге түрленіп телініп баяндауышқа шақтық мағына үстейді. Көсемше сөзбен бірігіп істің тыңғылықты аяқталғанын білдіреді, ал есім сөздермен бірігіп ол сапаға ауысу процесін білдіреді (*қызыл болды*).

Аталған мағынаны білдіретін баяндауыштардың қатарында стильдік өрісі кеңі деп *-са, -се* тұлғалы етістіктен жасалған формасын айтамыз. *Тізгін қолымызға тиіп, елді соңымызға ертіп, оқу жұмысын дүрілдетсек!* (Майлин). *Суынбасам, шіркін-ай, суынбасам! Суытатын суыққа ұрынбасам* (Мақатаев).

Бұл тұлғалы етістіктің қимылды қалау, тілек ретінде атау қызметі шарттық мағынасынан өрбіп шыққан. Екінші бір істің болуына шарт болатын, келешекте болатын мүмкін қимылды атау негізінде тілек, қалау мағынасын білдіру қызметі қалыптасқан.

Аталған формада жасалған баяндауыштың кейде тілекті, қалауды ирониялық өнде айтатыны бар. Мысалы: *- Өзің бір қайырымсыз, оңбаған шал екенсің! - Омай-ау! Жол үстінде қымыз үлестіріп отырсам сендерге!* (Мұстафин). Баяндауыш контекст, интонация арқылы алған негативтік мағынасы арқылы мұндай жағдайда болымсыз баяндауыштарға жуықтайды.

Аталған формадағы баяндауышқа функционалды вариант ретінде жұмсалатын бірнеше формалар бар:

1. Шартты рай етістік үстіне *-шы, -ші* жұрнақтарын үстеп тілек, қалау ретінде атайтын баянда-

уыш болып жұмсалады. Бұл баяндауышты эмоционалды вариант деп тануымыз керек.

Шіркін, өстіп көз айырмай өмір бойы қарап тұрсашы (Мұратбеков).

Аталған форма тек келешектегі істі тілек ету, қалау ретінде атап қоймайды, өткенде болмай қалған, іске аспаған істі тілек ету, қалау, өкініп армандау мағынасында да жұмсалады. Бұл мағына контекст арқылы білінеді.

Келін-ай, шөп те сондай ауыр болады екен, әлгі құрғырды машинадан сырып түсіре алсамшы! (Майлин). *Дәл соның өзі. Ақ жүректігін айтпа! Өзінің де, үй-ішінің де сырын түгел ақтарды. Токтата алсамшы!* (Хұсайынов). *Ойламаған жерден жүрегіне оқ тигендей аяғын баса алсайшы енді* (Есенберлин).

Мысалдардан көрініп отыр, әрекеттің реакциясын білдіріп жұмсалуды арқылы *-сашы, -сеіші* тұлғалы баяндауыштар болымсыз мағыналы баяндауышқа жуықтап, соның ерекше эмоциялы варианты ретінде қатар келетіні бар.

Қалжындаймын деп бәлеге қалдым, әлгі ит үйден шықсашы! (Жұмаділов). Баяндауыштың болымсыздық мағынаны білдіру қызметі, әсіресе, мына мысалдан айқын көрінеді: *Қызықсың сен, Жолбай, - деді өзіне ғана тән ойнақылықпен жымия күлген Әсила - сол анау жылғы мектептегі қалпыңнан бір өзгерсеңші! Бір нәрсені қазба-лап сұрай беруші едің* (Мұратбеков). *-сашы, -сеіші* тұлғалы баяндауыштар бұл қызметті ауызекі сөйлеу тілінде атқарады.

2. Іс-әрекетті қалау, тілек етуді білдіретін баяндауыштың эмоциялы сыңары *'-са, -се + екен', '-са, -се + еді'* болып та құралады. *Көрсен екен, көрсен еді.* Бұл баяндауыштың құрамында көмекші етістіктер модалдық (*екен*), шақтық (*еді*) мағыналарын жоғалтып жұмсалады.

Мен ірге тигізбей күздігүні пішенін шауып алайын деп ем! Осыны Құлынишақ маған қиса екен! (Әуезов).

3. Эмоциялы варианттың бірі *'-са, -се + игі еді'* құрамында жасалады: *естісе игі еді.* Бұл форма бір кездегі еркін тіркестің негізінде пайда болған. Тіркес құрамында *игі еді* сөйлеушінің тілек, қалау ретінде айтылған іс, қимылға беретін бағасын білдірген: *келсе игі еді.*

Баяндауыш *'-са, -се + қайтеді'* түрінде құралады: *көрсем қайтеді, айтсаң қайтеді* т.б. Бұл баяндауыш диалог сөзде, тыңдаушыны пікірлесуге шақыру қажет жағдайда жұмсалады. *Осы тік матаны өлшетсем қайтеді?* (Ауызекі сөзден алынған). *Бұл мұқтаж болып сұрағанда, қаты-*

ны Раушанмен араз-ақ болсын, Кемелбай бер десе қайтеді! (Майлин).

Синоним *-са игі еді* ерекше мағыналық реңк білдіру үшін емес, қалау, тілек мағынасын түрлендіріп атау үшін пайда болған синтаксистік тәсілдің жаңа сапаға ауысуының нәтижесі.

Іс-әрекетті қалау, тілек ету ретінде атайтын баяндауыш *'-са, -се + бір сәрі'* құрамында да жасалады: *Айтса бір сәрі. Бір сәрі* - күрделі сөз, кісінің бағалауын, қанағаттануын білдіреді. Бұл сөз құрамында кіріккен баяндауыш полемикалы, дамулы диалогта аталған іске зорға қанағаттануды білдіру үшін жұмсалады.

Осы колхозда беделді қызметі, көп туысы бар біреудің тұқым-жұрағатымен көңіл қосса бір сәрі (Жәкенов). *Сіз оқымаған адам болсаңыз бір сәрі* (Әуезов).

Іс-әрекетті, қимылды субъектінің тілек етуі, қалау етуі тұрғысынан атайтын тағы бір баяндауыштық форма бар. Ол форма *-ғай, -гей, -қай, -кей* жұрнақты етістіктерден жасалады: *алғай, келгей* т.б. Бұл форма негізінен көтеріңкі, поэтикалық стиль туғызу үшін жұмсалады. Ол, әсіресе, фольклорлық шығармалардан анық көрінеді. Фольклорлық поэтика аясында қалыптасқан бұл амал қазіргі көркем тілде де жиі жұмсалады.

Бес қолым бұлғаулы, бос аузым шырмаулы дегейсің. Көкбас сона сүйір тұмсығын сауырдан сұғып жатса да, жасқауға дәрмен қалмады дегейсің (Мұстафин). *Тек бақытты болғай! Тек оқу оқығай! Иә, құдай, аруақ бақыттарын ашқай!* (Молдағалиев).

Бұл формаға вариант болып *-ғай, -гей еді* (етті) құрамында құралған баяндауыш жұмсалады: *көргей еді. Е, балам-ай, мына лебің қалай жақсы еді. Тек осыны Ақберді есіткей етті!* (Әуезов).

3.3.2.5. Модаль баяндауыштар

Синтаксисте көрінетін модальдық категорияның мазмұны, формалдық көрінісі туралы тіл білімінде пікір бірыңғай емес. Біз әңгімемізде модальдық категория қатарына айтылған ой-пікірге субъектінің субъективтік қатысын, бағасын танытатын формаларды ғана жатқызып отырмыз. Модальдық категорияға кірістірілген бұл формалар мына мазмұнда болып келеді: 1) іс-әрекетті болжау сипатында атауды білдіретін формалар; бұл формалар іс-әрекетті, сапаны реалдық сипатта атайтын формаларға қарсы қойылып, оппозицияда жұмсалады: *алды - алған сияқты,*

кіші-кіші болу керек т.б.; 2) іс-әрекеттің, предикативтік сапаның субъектіге танылу сипатын білдіретін формалар, бұлар да осы семантикалық-грамматикалық сипаты жоқ формаларға қарсы қойылып жұмсалады: *алды, алған-алған екен, алыпты* т.б.; 3) іс-әрекетті жасанды ретте сипаттап атайтын формалар; 4) іс-әрекетті, пікірді на-нымсыз версия сипатында білдіретін формалар (алыпты-мыс). Бұл формадағы *-мыс* етістікке тән формадан (кармутәм - көргенмін) ажыраған. Түркі тілдерде хабарды лақап ретінде білдіру бар. Осы мағынасының негізінде *-мыс* қазақ тілінде жұмсалып жүр; 5) пікірді авторын таныта отырып білдіретін формалар.

Біз осы грамматикалық мағыналарға байланысты, яғни субъектінің айтылған пікірге субъективтік бағасын, қатынасын білдіретін формаларды ғана модальдық категория қатарына жатқыздық.

Модальдық тілімізде тек баяндауыштық формалар арқылы ғана көрініп қоймайды. Ол сөйлемге түрлі қыстырма сөздер енгізу арқылы да көрінеді.

Іс-әрекетті жасанды ретінде көрсетуге арналған баяндауыштар. Іс-әрекетті жасанды етіп көрсетуге арналған баяндауыштар-модальдық топтың бір түрі. Бұлардың өздері де бірнеше жолмен жасалып, өзара формасы, мағыналық ерекшелігімен дараланып жатады.

Солардың бірі *'жедел өткен шақ етістік + болды'* (алды болды), *'-ған, -ген* формалы есімше + *болды'* (алған болды) ретімен құралған баяндауыштар.

Сабәк басталайын деп жатыр дегенді есіткен соң, балаларымызды жетелеп барған болдық (Майлин).

Баяндауыштың екінші түрі мына құрамда жасалады: *'жедел өткен шақ етістік + қылды'*, *'-ған, -ген* формалы есімше + *қылды'* (алды қылды, көрді қылды).

Есімбектің жоғалған атын мен ұрлады қылып, бір бұзаулы сиырымды төлеуге әперді (Майлин). *"Еншілес қыламын, қатын алып беремін" деп алдамсыратып жүріп, ақырында қасқыр жеген тайын Дүйсембай ұрлады қылып, пәле салып, үйінен қуып жіберген жоқ па!* (Сонда).

Бұл баяндауыштар *жем қылды, алатын қылды* тәрізді күрделі етістіктердің үлгісімен жасалған. Бірақ *алды қылды, келген қылды* тәрізділерді баяндауыштық деп тануымыз компоненттердің сапасына байланысты. Бұл құрамдағы көмекші етістік (қыл) синтаксистік қызмет атқарып тұрған сөзбен тіркесіп тұр.

Іс-әрекетті болжау сипатында атайтын баяндауыштық формалар едәуір. Олардың түрлі болуы бірнеше себептерге байланысты. Баяндауыштың болжауды білдіретін модалдық формасы мағынасы жоқ форманы бастапқы негіз етіп алып, соған түрлі көмекші компоненттерді (шылау сөз, көмекші етістік) үстеп жасалады: *алған - алған сияқты, алған көрінеді* т.б. Болжауды білдіретін баяндауыштардың түрлі болуы негізгі компонент пен модалдық форма тудыруға пайдаланылған көмекші компоненттердің грамматикалық сипатына, сол грамматикалық сипаттарының негізінде туатын ара қатынасына (тіркеу мүмкіншілігіне) байланысты. Мысалы, жедел өткен шақ, ауыспалы осы шақ етістіктер *шығар, сияқты* шылау сөздерін тіркеске қабылдай алмайды. Сондықтан бұл етістіктерді негізге алып модалдық форма тудыру үшін басқа көмекші компонент қатыстыру керек болады: *алды-ау, алды деймін*. Осылай талғап қосылатын формалармен қатар, универсал, модалдық формалар бар.

Бар ананың баласын аманатқа қимайтын әдеті ғой, апам қорыққан да, жылаған да сияқты (Мүсірепов). *Қайта, өзгеге сирек айтар қалжыныңн Петр ылғи да Сережа үшін сақтайтын сияқты* (Сонда).

Бұл баяндауыштық форма тілдің барлық стильдерінде жұмсалады. Модалдық баяндауыш формасы *сияқты* сөзінің бастапқы мағынасын (ұқсас) пайдаланып құралған. *Сияқты* модалдық баяндауыш құрамында ғана емес, модалдық баяндауышы жоқ, тек ұқсастық сапаны білдіретін баяндауыш немесе пысықтауыш құрамында да ұшырайды.

Мен сияқты жолдан оралып, бірақ оқиға маңайына менен бұрын жеткен (Мүсірепов).

Өткен уақытта болған, келешекте болатын істі болжау ретінде айтатын баяндауыштық бір форма *'-ған, (-ген т.б.)* тұлғалы есімше + *сияқты'*, *'-атын (-етін)* тұлғалы есімше + *сияқты'*, *'зат (сын) есім + сияқты'* болып құралады: *алған сияқты, алатын сияқты*.

Поездың тиен алғаны көмір сияқты (Мүсірепов). *Қырауытып, түксиіп тұрған тасты жаға теңізден де суық сияқты* (Мүсірепов).

Бұл баяндауыштық форма тілдің барлық стильдерінде жұмсалады.

Жұмсалуды жағынан аталған баяндауышқа *'есім сөз + шылау сияқты'*, *'-ған (-ген т.б.) +*

шығар', *'-атын (-етін)* тұлғалы есімше + *шығар'* болып құралатын баяндауыштар тең келеді. Бұл баяндауыштар да өткен уақытта болған немесе ілгеріде болатын істі болжау ретінде атау үшін жұмсалады.

Бір-біреуі жүз кісінің істегенін істейтін шығар (Мүсірепов). *Жамбыл бабаннан бата ала келуді ұмытып кеткен жоқ шығарсың* (Сонда). *Сізге көп болса, он бала бар шығар* (Сонда).

Нақты осы шақ мағыналы баяндауыштар *-ған, -ген* есімшелі форма алып, *сияқты, шығар* көмекші сөздерін үстеу арқылы модалдық вариантын жасайды: *- оқып отыр - оқып отырған сияқты (шығар)*.

Модалдық баяндауыштардың бір түрі *'есім сөз + болу керек'*, *'есімше сөз + болу керек'*.

Жатқан жерім базар маңы болу керек (Мүсірепов). *Сірә, садақа қорының дені осылардың қолына түсетін болу керек* (Сонда).

Модалдық баяндауыш құрамына есімшелер субстантивтік сапада кірігіп отыр. Сондықтан да ілгеріде аталған баяндауыштар негізгі компоненттері етістік, есім болуына қарамай бірыңғай құрылған. Бұл негізгі компоненттің есімдік сипат алу негізінде құралған, өйткені *сияқты, шығар, болу керек* тәрізді көмекші сөздер есім сөздермен немесе есімдік сипат алған сөздермен тіркеске түсе алады. Жедел өткен шақ, ауыспалы осы шақ етістік сөзден болған баяндауыштар басқа амалдар арқылы модалдық форма алады. Бірақ бұл формалар ауызекі сөйлеу тілінде ғана жұмсалады.

Ауызекі сөйлеу тілінде іс-әрекетті болжау сипатында атайтын баяндауыштық формалар алуан түрлі.

Іс-әрекетті болжау ретінде атайтын баяндауыш бастапқы қалпына *-ау* деген демеулікті немесе *-ау* демеулігі мен *деймін* көмекші етістігін бірдей үстеп жасалады: *келді-ау, келді-ау деймін (келген-ау, келді-ау т.б.)'*.

Біреуге арналған-ау сөзі (Шамкенов). *Мен сізге бөгет болдым-ау деймін* (Әшімов). *Тіпті ойына келген өткір әзіл сөздерінен де айрылып қалды-ау деймін* (Нұршайықов).

Кейде модалдық баяндауыш *келді ме деймін* типті болып жасалады: *Жаңбыр жауды ма деймін*. Модалдық баяндауыш бастапқы форманың үстіне *ғой деймін* деген көмекші компонентті қосып жасалады: *ұста ғой деймін*. *Жұрттың өзі қарап жүруді қойған ғой деймін* (Майлин).

* Өткен шақтық *-ған, -ген* тұлғалы есімше мен жедел өткен шақтық *-ды, -ді, -ты, -ті* тұлғалы етістіктің модалдық баяндауыш құру қызметінде тең жұмсалуды бұлардың семантикасының жалпы жуық екенін байқатады.

Бастапқы формаға *білем* деген көмекші сөз қосылып модалдық мағына білдіретін баяндауыш жасалады: *Келді білем, жас білем. Құнанбай баласының осы көңілін анық таныды білем* (Әуезов). *Біреу жазым болар деді білем* (Мұстафин). *Ол қазір де болнесте білем* (Майлин).

Есімше сөзден жасалған бастапқы формаға *көрінеді* көмекші етістігі қосылып, іс-әрекетті, сапаны болжау ретінде айтатын баяндауыш жасалады: *келген көрінеді, жас көрінеді. “Әй, иттің қатыны, сөмкем қайда?” дегенін екі жиынның бірінде айтатын көрінеді* (Тарази). *Алматыдағы обсерваторияға ауыспақшы көрінеді. Биғайша көрінеді ғой бәрін бүлдіріп жүрген* (Шамкенов).

Есім, есімше сөзден жасалған бастапқы баяндауыштық формаға *тәрізді* деген көмекші сөз үстеліп баяндауыштық модалдық формасы жасалады. *Осы ауылға сельсовет болатын сол Ыбырайдың інісі тәрізді. Бозторғай соңғы әнін шырқап тұрған тәрізді* (Жұмаділов).

Өткен шақтық есімше мен *-атын, -етін* тұлғалы есімшелер *ұқсайды* көмекші сөзімен тіркесіп өткен шақтық, келер шақтық модалдық баяндауыш формаларын жасайды. Есімшелер барыс септік тұлғасын алып *ұқсайды* көмекші сөзімен тіркеседі: *келгенге ұқсайды, келетінге ұқсайды*.

Модалдық баяндауыштың өткен шақтық формасы ‘шартты рай етістік + керек’ құрамында жасалады: *келсе керек. Қойды Сатыбалдының өзі өргізіп кетсе керек* (Жұмаділов).

Іс-әрекетті болжау сипатында атайтын баяндауыш шартты рай етістіктің болымсыз түрінен жасалады: *(ол кеше) келмесе*.

- *Айналып келетін кездері болды, не ғып кешігіп жатыр екен?*

- *Жақсылық хабар болып, сондаймен бөгеліп жатпаса!* (Майлин).

Бұл модалдық форма өткен шақ, келер шақ мағынасында да жұмсалады. Оны келтірілген мысалдардан байқауға болады.

Шартты рай етістіктің болымсыз түрі бастапқыда ‘шартты рай етістіктің болымсыз түрі + не ғылсын’ (*алмасақ не ғылсын*) құрамында жұмсалып, модалдық баяндауыш құрауға қатысқан. Бұл құрамда жасалатын баяндауыш қазірде де бар: *Екі бақсының ауылы атанбасақ не ғылсын* (Мұстафин). Кейін бұл ұзын құрамның қысқарған ва-

рианты шығып шартты рай етістіктің болымсыз түрі модалдық баяндауыш ретінде дара да жұмсалатын болды. Әлбетте, көп мағыналылығына байланысты бұл етістіктің модалдық баяндауыш ретіндегі қызметі контекст арқылы айқындалады. Диалог сөзде модалдық баяндауыш ретінде кейде шартты рай етістіктің болымды түрі де жұмсалады. *Мәрді бауырына басқан соң, Бәкенді маңына жолатса сол-ау* (Майлин). Болжалдық мағынаны бұл баяндауыш *игі еді* көмекші компоненттерінде жалғайтыны бар. Бұл грамматикалық аналогияның нәтижесі.

Ақан зеңгір көкте шалықтап ұшып жүрген қаршығаны көрді. Тым шырқау көтерілгеніне қарағанда мынау тұйғын болмаса игі еді (Әлімқұлов).

Шартты рай етістіктің модалдық баяндауыш қызметі оның арман, тілек ретіндегі мағынасының негізінде пайда болған. Істі, әрекетті болжау ретінде атайтын баяндауыш ретінде болымсыз бұйрық рай етістіктер де жұмсалатыны бар*. Бірақ бұл баяндауыштың болжалдық мағынасы түгелдей контекстке сүйеніп көрінеді. Оның үстіне бұл баяндауыштың экспрессивті формасына жатады.

Сол автобустан қалып қалмасын. Келетін мерзімі әлдеқашан өтті ғой. Япырау, сол тіпті сол кезден коменес болмасын (Сақабаев).

Көп замандастың қызыққанына Ақан қызықпайды, қырық пышақ болып қырқысқанына көл жағасында отырып, ... жалғыз күлді. “Япырау, осы маған шынында да бірдеңенің шалығы тиіп жүрмесін” (Әлімқұлов).

Модалдық мағына ‘*-атын, -етін (-ар, -ер)* формалы есімше + *түрі + бар (жоқ)*’, ‘*-атын, -етін* формалы есімше + *тәрізді + бар (жоқ)*’, алатын тәрізі жоқ.

Бәрібір Әлиманың айтқаны болатын түрі бар (Мұхамеджанов). *Мені тартып жіберуден тайынар түрі жоқ* (Нұрманов). *Көп жылдан бері елеусіз сүйрелеген сірне құдалық өз үйінің айрандай ұйыған шырқын бұзар, әке мен қыз арасына жік салар түрі бар* (Шәкенов).

Аталған баяндауыштың құрамындағы ‘*есімше + түрі*’, ‘*есімше + тәрізді*’ деген бөлік іс-әрекеттің жүзеге асуға жақын қалпын атайтын тіркес. Осы мағынадан бұл тіркес *бар, жоқ* деген сөздермен предикативтік қатынас арқылы байланысып, болжауды білдіретін баяндауыштық форма құрайды.

* Бұйрық рай формалары етістіктің негізгі мағынасынан ауытқып синтаксис жүйесінде өзге мағына алуы тек бұл емес. Бұл форма ашық рай етістіктерге тән қызметте жұмсалады: *Ойбай “молда” дейді. Мен қазір молдекеме “Молдеке-ау. Серісбай “молда” деп айтты” - деймін. Сосын молдекем құлағыңды бұлай ұстап бұрасын* (Б. Майлин).

Іс-әрекетті болжау сипатында атайтын баяндауыш 'тұйық рай етістіктің тәуелдеулі түрі + мүмкін (ықтимал)' қалпында құралып жасалады: *алуы мүмкін, келуім мүмкін.*

Жоқ, өстіп, жайма шуақ басталып-ақ жер соқтырып кетуі мүмкін (Мұратбеков). *Әзиевтердің оны паралап, аузын алып алуы да ықтимал* (Сонда).

Баяндауыш құрамына кірген сөздер өзара предикативтік қатынасқа түсіп байланысады. Сондықтан да логикалық субъектіні білдіретін сөз ілік септікте тұрады. Бірақ баяндауыштық компоненттердің арасындағы предикативтік қатынас елеусізденгенде логикалық субъектіні білдіретін сөз атау тұлға алады. Модалдық баяндауыш ретінде *келгендей, келетіндей* тұлғалы сөздер жұмсалады. *Жұрнақ (-дай, -дей)* бұл жұмсалысында жаңа болжалдық мағына тудырып тұр. Болжалдық мағына жұрнақтардың бастапқы мағынасы - компаративтік мағына негізінде пайда болды*.

Жақын жерден қайын жұрт тауып алғандай (Жұмаділов). *Оған мына бала күні ертең осы қой соңында қалып қоятындай* (Бөкеев).

3.3.3. Бастауыш пен баяндауыштың қиысуы

Бастауыш пен баяндауыштың қиысуы - сөйлемді синтаксистік тұлға ретінде ұйымдастыруға қатысатын грамматикалық амалдардың бірі.

Сөйлемдердің түпкі (базистік) типтеріне жақтық мағына қатысады. Оның қалыптасып, сөйлем құрылымына қатысуының бірнеше себептері бар. Басты себеп - тілдің коммуникативтік сипаты. Тілдің осы сипаттарына сай дүниедегі заттар сөзге субъект ретінде қатысқанда үш топқа - үш жаққа бөлініп айтылады: бірінші жаққа - сөйлеуші, сөйлеушілер (мен, біз), екінші жақ - тыңдаушы (сен, сіз, сендер, сіздер), үшінші жақ - диалогтан тыс тұрғандар (кісі, орман, дала, ол, олар т.т.).

Бастауыш пен баяндауыштың арасындағы жақтық үйлесу, байланысу тіл білімінде олардың қиысуы деп аталады. Қиысудың мәні мынандай: бастауыш сөз қай жақта тұрса қай жақтық тұлғада айтылса, баяндауыш сөз де соған сай жақтық форма алады. Мысалы: *Мен агроном-мын, Сен агроном-сың, Сіз агроном-сыз, Ол - агроном.*

Жекеше формадағы бастауышқа лайық баяндауыштың да жекеше жақтық форма алып қиысады. Бастауыш көптік мағынадағы сөз болғанда, баяндауыш жіктік жалғаулардан көптік

түрін қабылдайды. *Біз агроном-быз, Сендер агроном-сыңдар, Сіздер агроном-сыздар, олар агроном.*

Баяндауыш жақтық формаға ие болу үшін өзіне тән жіктік жалғауды жалғайды. Есім сөздер баяндауыш қызметінде өздеріне тән жіктеу жүйесіне сай жақтық форма алады: ол - *бын, -бін, -мын, -мін, -пын, -пін, -быз, -біз, -мыз, -міз* т.т. жалғауларының біріні қабылдайды.

Мен инженермін
Сен инженерсің
Сіз инженерсіз
Ол инженер

Біз инженерміз
Сендер инженерсіңдер
Сіздер инженерсіздер
Олар инженер

Есім баяндауыштар жіктік жалғауларын түсіріп (те) айтылады. Бастауыш пен баяндауыштың қатынасына бұдан нұқсан келмейді. Баяндауыштың жіктік жалғауын түсіруі сөйлеушінің коммуникативтік мақсатына сай іске асады.

*Мұнда әкемнің зираты,
Зиратын жалғыз қалдырман.
Сол зираттың түбінде өскен,
Аруағымен күбірлескен
Мен жалғыз түп қарағай.*

(Ұлар жырау)

*Өсіңіз, жетіліңіз, тасқындаңыз,
Бірақ та биікпін деп асқынбаңыз.
Сен мықты, анау осал, мен орташа -
Бәріміз бір аспанның астындамыз!*

(Мақатаев)

Етістік сөздер грамматикалық тұлғасына қарай түрліше жіктеледі.

Есімше тұлғасындағы баяндауыштар өзіне тән жіктелу жүйесіне сай жалғауларды қабылдап (*-мын, -мін, -быз, -біз*) жақтық форма алып, бастауышпен қиысады.

Мен келгенмін
Сен келгенсің
Сіз келгенсіз
Ол келген

Біз келгенбіз
Сендер келгенсіңдер
Сіздер келгенсіздер
Олар келген

Мен барармын
Сен барарсың
Сіз барарсыз
Ол барар

Біз барармыз
Сендер барарсыңдар
Сіздер барарсыздар
Олар барар

* Компаративтік жұрнақтардың дамуы, жаңа мағынаға ие болу процестері мына еңбекте айтылған: Серебренников Б.А. Заметки по истории тюркских языков. - Тюркологические исследования. М., 1976. 202-б.

Есім, есімше сөздерге жалғанатын III жақтық жалғау жоқ. Бұл сөздердің жалғаусыз түрі жақтық категориясының парадигмасында үшінші жақ формасы болып танылады.

Есімше тұлғалы сөздердің есім сөздермен жанасатын грамматикалық сипаттарын ескерсек, олар мен есімдердің жақтық форма алуда ұқсас келуі орынды болып көрініп тұр. Негізінен осы типті жақтық форма алып қиысу көсемше жұрнақтары арқылы шақтық мағына алған етістіктерден жасалған баяндауыштарда да бар:

Мен суғарамын	Біз суғарамыз
Сен суғарасың	Сендер суғарасыңдар
Сіз суғарасыз	Сіздер суғарасыздар
Ол суғарады	Олар суғарады

Мен көріпмін	Біз көріпміз
Сен көріпсің	Сендер көріпсіңдер
Сіз көріпсіз	Сіздер көріпсіздер
Ол көріпті	Олар көріпті

Бұл грамматикалық топтағы етістіктердің жіктеу жүйесіндегі ерекшелік - III жақтың өзіне жіктік тән жалғауға (-ды, -ді, -ты, -ті) ие болуы.

Жедел өткен шақ, шартты рай тұлғасындағы етістіктер баяндауыш болғанда өзіне тән жіктелу жүйесіне сай қиысады. Олар өзге процестен тараған жіктік жалғаулар арқылы жақтық форма алып қиысады:

Мен оқыды-м	Біз оқыды-қ
Сен оқыды-ң	Сендер оқыды-ңдар
Сіз оқыды-ңыз	Сіздер оқыды-ңыздар
Ол оқыды	Олар оқыды

Мен оқыса-м	Біз оқыса-қ
Сен оқыса-ң	Сендер оқыса-ңдар
Сіз оқыса-ңыз	Сіздер оқыса-ңыздар
Ол оқыса	Олар оқыса

Бастауыш пен баяндауыштың қиысуы бірнеше сипатта көрінеді. Баяндауыштардың бастауышпен -бын, -бін, -быз, -біз, -мын, -мін, -мыз, -міз (I жақ), -сын, -сің, -сыз, -сіз, -сындар, -сіздер (II жақ) жалғауларын қабылдап қиысуы бастапқы модель. Өйткені бұл жалғаулар өздерінің дамып шығуына негіз болған жіктеу есімдіктерді оңай танытып тұр. Бұны бастауыш пен баяндауыштың қиысуының бастапқы моделі деп айтамыз.

Баяндауыштардың бастауышпен -м, -қ (I жақ), -н, -ңыз, -ңдар, -ңыздар (II жақ) жалғауларын

қабылдап қиысуын қиысудың кейінгі моделі деп атаймыз. Бұл жіктік жалғаулар даму процесінің кейінгі негізінде пайда болған.

Осы екі моделдің ішінде көсемше тұлға негізінде жасалған баяндауыштар үш жаққа тән арнаулы жіктік жалғауларын қабылдайды:

Мен көремін	Біз көреміз
Сен көресің	Сендер көресіңдер
Сіз көресіз	Сіздер көресіздер
Ол көреді	Олар көреді

Мен барыпмын	Біз барыпмыз
Сен барыпсың	Сендер барыпсыңдар
Сіз барыпсыз	Сіздер барыпсыздар
Ол барыпты	Олар барыпты

Қиысудың бұл көрінісін камтулы қиысу деп атаймыз.

Етістіктің басқа тұлғаларынан, есім сөздерден жасалған баяндауыштар III жақта жіктік жалғауын қабылдамайды.

Мен агрономмын	келгенмін
Сен агрономсың	келгенсің
Ол агроном	келген

I, II жақ бастауышына жіктік жалғауын жалғап қиысып, III жақ бастауышпен жіктік жалғау жалғамай қиысатын модельді орта қиысу деп атаймыз.

Бастауыш пен баяндауыштың қиысуында көрінетін тағы мынандай жағдай бар. Сөйлемге бірыңғай бастауыш ретінде әр жақты мағынадағы сөздер қатысады да, олар бір баяндауышпен байланысты болады. Мұндайда қиысуды басым жақ билейді.

Басым жақ қазақ тілі жүйесінде былай танылады: сөйлеуде, соның бір түрі диалогта ең басым жақ - бірінші жақ (сөйлеуші), одан кейінгі орында - екінші жақ (тыңдаушы), иерархиядағы соңғы орынға үшінші жақ ие. Сөзге қатысты жақтардың иерархиясы тілге тән эгоцентристік сипатқа байланысты қалыптасқан. Осыған орай сөйлемде әр жақты бірыңғай бастауыштар болып, оның бірі бірінші жақ бастауыш болса, баяндауыш бірінші жақ көпше форманы қабылдап, қиысады: *Сен де, мен де осы жұмысқа қатысамыз. Мен де, сен де, ол да сырт қалмаймыз.*

Бірыңғай бастауыштардың қатарына сен, сендер деген есімдіктер қатынасып, ол басым жақ болса (мен, біз сөздері қатыспаса), баяндауыш

екінші жақ көпше форма қабылдап, қиысады: *Сен де, інің де келіңдер*.

Ілгеріде коммуникативтік персоналдарды белгілеу жүйесінде есім сөздер (тәуелдік формада тұрып та) үшінші жақ персонаны айтатыны ескертілген болатын: *Ағам келеді, Ағаң келеді* т.т.

Қазақ тілінде осы глобалды (жалпылама) заңдылықтан ауытқып, коммуникативтік персонаны (жақты) лексикалық жолмен саралау арқылы емес, нақты сөздің грамматикалық тұлғасы - тәуелдік формасы арқылы көрсету бар. Жақтық мағынаны осылай алатын сөздер санаулы ғана. Олар жинақтық сан есімдер (*біреу, екеу, үшеу*), есептік сан есім *бір*, есімдіктер *өзі, бәрі* мөлшер атауы көп. Өз есімдігі негізінен тәуелділік жалғауды қабылдағанда барып мағынасын конкреттейді және тәуелдеулі түрі оған жақтық мағына үстейді: *өзім, өзіміз, өзің, өзі* т.б. Бұл аталған сөздің лексикалық семантикасының сипатына байланысты. Өз есімдігі бастауыш болып келгенде, баяндауыш оның аталған жақтық тұрпатына сай қиысады.

Өзім келемін, өзің келесің, өздерің келесіңдер т.б.

Бір, бәрі, көп сөздері де бастауыш қызметінде жұмсалғанда, тәуелдік формасына сай жақтық мағынаға ие болады: *Бәріміз келеміз, Бәрің келесіңдер, Көбі келді, Көбіміз келдік*.

Бұл сөздер осы формада бастауыш болып келгенде баяндауыш олармен осы жақтық мағынасына сай қиысады.

Есептік сан есімдер, жинақтық сан есімдер субстантивтеніп, тәуелдеулі формада бастауыш болғанда да, баяндауыш олармен осы ретпен қиысады: *Үшеуіміз көреміз, Үшеуіміз көрдік, Үшеуің көрдің (көрдіндер)* т.т. Аталған сөздер (*көбің, төртеуіміз* т.т.) субъект ретіндегі заттың көп екенін білдіреді, тәуелдік жалғау басым жақты көрсетеді. Баяндауыш осы басым жақпен қиысады: *Екеуіміз жолықтық, Екеуің жолықтың (жолықтыңдар), Екеуі жолықты*.

Жинақтық сан есімдердің басым жақтық көрінісі оның жалпылауыш сөз ретіндегі жұмсалысынан*, баяндауыштың соның ыңғайына сай қиысуынан жақсы танылады. *Мен, әпкем, інім - үшеуіміз ертең ауылға жүреміз. Күзетші мен сен - екеуің осында түнеңдер*. Мұндайда жалпылауыш сөздің формасына сүйеніп, сөйлемдегі ба-

сым жақты атайтын сөз түсіріліп айтыла береді. *Ағам екеуіміз келдік. Ағаң екеуің келдің. Қоймашы, күзетші үшеуің осында отыра тұрыңдар*.

Бұл сөйлемдерде басым жақ сөздер (*мен, сен*) түсіріліп тұр.

Бастауыш пен баяндауыш арасындағы қиысу ережесін күрделендіретін тағы бір факт бар. Ол күрделену сөзді мәнерлеуге сай үшінші жақтың ауыспалы жұмсалыуына байланысты туған.

Қазақ сөйлемінде бастауыш үшінші жақтық сөз арқылы көрініп, баяндауыш бірінші, екінші жақ көпше тұлғада тұрып қиысатыны бар: *Отырған жолаушылар тез жиналып, жүріп кеттік. Отырған жолаушылар тез жиналып, жүріп кетіндер*. Бұл сөйлемдерге бастауыш үшінші жақ сөзбен аталып, бірінші, екінші жақ мағынаға ие болып тұр. Тілдегі жақтық форманың бұл көрінісін ауыспалы үшінші жақ деп атадық.

Ауыспалы үшінші жақтың қалыптасуы коммуникативтік себепке байланысты. *Мен, біз, сен, сендер* - субъектіні жақтық иерархияға қатысына қарай ғана атайтын сөздер. Оларда конкретті заттық мағына жоқ, экспрессияны білдіруге тағы да жарамайды. Субъектілер диалогтағы орнына сай бірінші, екінші жақ болғанмен, оларға конкретті сипат беріп, эмоция қатыстырып атау керек болған жағыдайда ілгерідегі амал жұмсалады. *Бірде он шақты бала жидек теруге келдік (Мүсірепов). Жиналған кісілерге мал сояды ғой, содан ет жейік деп бес-алты боз бала жетіп келдік (Әдеби мұра). Өншең жастар жетіп келдіңдер (Сонда)*.

Жоғарыда бастауыш пен баяндауыштың хабарлары, сұраулы сөйлем жүйесіндегі қиысу ережелері көрсетілді.

Бұйрықты сөйлем жүйесіндегі қиысудың өз ерекшелігі бар. Бірақ синтаксистік зерттеулерде бұл мәселе қарастырылмайды. Бұл жағдайға бұйрықты рай етістіктерге жақтық жалғау жалғанбайды деген тұжырымның орнығып қалуы себеп болып жүр.

Бұйрықты сөйлемдерде бастауыш пен баяндауыштың қиысуы екі түрлі жүйемен іске асады.

Бірінші жүйе бойынша әр жақты бастауышқа лайық флективтік сипаттағы етістіктің бұйрық рай формасынан* жасалған баяндауыштар жұмсалады.

* Бірыңғай мүшелерден соң жұмсалған *Үшеуіміз, төртеуіміз* типті сөздерді жалпылауыш сөз ретінде таныған А. Байтұрсынов деп ойлаймыз. Ойткені ол кісі бірыңғай мүшелер мен жинақтық сан есімдердің арасын сызықшамен бөліп жазған.

* Маманов И.Е. бұйрық рай тұлғаның жіктік жүйесі бар деп қараған.

суына байланысты. Сонымен, тұрлаусыз мүшелер грамматикалық жағынан да бас мүшелердің айналасына топтаса, соларға қатысты бола отырып, хабарланатын ойдың толық жеткізілуіне елеулі рөл атқарады.

Қазіргі тіл ғылымы сөйлем мүшелерін екі топқа бөліп қарауда оның логикалық негізі мен грамматикалық заңдылықтарын қатар алып отыруды талап етеді. Әрине, сөйлем мүшелерін “тұрлаулы” және “тұрлаусыз” деп бөлу, негізінен сөйлем құрамындағы сөздердің өз ара синтаксистік байланыстарының сипаттарына сүйенуден туған. Мысалы, сөйлемнің бас мүшелері - бастауыш пен баяндауыш өз ара сандық және жақтық қиысу арқылы байланысатын болса, тұрлаусыз мүшелердің бас мүшелермен және өзара байланысу тәсілдері мен түрлері бұдан тіпті өзгеше. Бұлардың байланысы негізінен септік жалғаулары және орын тәртібі тәсілдері арқылы жүзеге асса, осыған орай байланыс түрлері қабысу, меңгеру, матасу болып келеді.

Сонымен, тұрлаулы мүшелердің айналасына топтасып, соларға қатысты болатын, сөйтіп заттың сындық, сапалық, заттық т.б. қасиетін, қимылдың тарау аумағын, көлемін, бағытталған объектісін т.б. білдіріп, сөйлемді семантикалық жағынан кеңейтіп, толықтырып тұратын мүшелерді тұрлаусыз мүшелер деп атайды.

Тіл білімінде тұрлаусыз мүшелерді үш түрлі топқа - анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш деп бөліп қарау ертеден қалыптасқан.

Тұрлаусыз мүшелерді бұлай топқа болуде, әдетте, олардың бас мүшелерге мағыналық қатысы негізге алынады. Дегенмен олардың қай сөз табынан болған мүшемен қатысы да ескеріледі. Осыған байланысты толықтауыш пен пысықтауыш мүшелері көбіне баяндауышпен және етістіктен болған басқа да мүшелерімен байланысатын болса, ал анықтауыш көбіне бастауышпен және зат есімнен болған (немесе субстантивтенген) басқа да мүшелермен байланыста болады. Мұның өзі көбіне сөз таптарының сөйлем ішіндегі қызметі қолданылу ыңғайына, яғни сөйлеуші хабарындағы ойдың құрылымына қарай семантикалық жағынан өзгеріп отыруымен тығыз байланысты. Мысалы: *Ол шебер сөйледі, Ол шебер ойыншы* деген сөйлемдер сөзі бірде пысықтауыш, бірде анықтауыш қызметтерін атқарып тұр. Әрине, мұндағы сөздердің қай мүшеге жатуы, олардың қай сөз табындағы сөздің орнына қолданылуына және оның әлде есім сөздермен, әлде етістік сөздермен тіркесуіне байланысты екені өзінен өзі айқын көрініп тұр.

Сондықтан, сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері жөніндегі мәселелердің қай-қайсысы да сөздердің тіркесуі жөніндегі іліммен байланысты қаралғаны орынды. Интонациялық тұтастыққа, грамматикалық бірлікке, предикативтік және модалдық қатынастарға негізделген сөйлем құрауда сөз тіркестері ерекше роль атқарады. Осы тұрғыда ғана сөздердің сөйлем ішіндегі өз орны, қызметі айқындалады. Тұрлаусыз мүшелерді топтастыруда осы ерекшеліктер түгелімен ескерілуге тиіс.

Әр топтың өзіне тән грамматикалық та, семантикалық та негіздері бар.

Ең алдымен, тұрлаусыз мүшелердің әрқайсысына ғана тән грамматикалық формалары мен байланыс түрлері бар. Мысалы, ілік септік тұлғасы, негізінен, анықтауыш мүшенің айырым белгісі болса, табыс септік тура толықтауыштың грамматикалық көрсеткіші. Сол сияқты, өзінен кейінгі сөзбен матаса байланысу анықтауышқа тән болса, етістіктен болған мүшемен қабыса байланысу-пысықтауышқа тән заңдылық. Сондықтан, белгілі бір тұрлаусыз мүшелер қызметінде жұмсалуда біршама бейім тұратын сөз топтары да бар. Мысалы, сын есімдер көбіне анықтауыш болады, ал үстеулер тек әр түрлі пысықтауыш мүшелер қызметінде, зат есімдер толықтауыш қызметінде жұмсалады. Бұл ерекшеліктер, әрине, қатып қалған, бұлтарыссыз заңдылықтар да емес... Жеке мүшелерге тән, соларға лайық деп отырған формалар мен байланыс түрлері, сөз таптарының жеке мүшелерге лайық болу қасиеттері айтушы еркіне қарай модалдық жағынан өзгеріп, әр түрлі семантикалық ыңғайда кездесе беруі мүмкін. Бұл жерде әңгіме әр бір ерекшеліктің өзінің тура, негізгі қалпында жиі көрінуі турасында болып отыр.

Мағыналық жағынан тұрлаусыз мүшелердің әрқайсысы белгілі бір семантикалық аяны аңғартады. Бірақ кейде қолданылу орнына қарай тұлғалас сөздер әр сөйлемде әр түрлі мүшелік қызмет атқара береді. Мысалы: *Ол әкең Мұқан біздің ауылға жиен еді* (Мұқанов). *Ол біздің ауылға келді* деген сөйлемдер құрамындағы барыс жалғаулы *ауыл* сөзі екі түрлі мүше қызметінде жұмсалған: бірінші сөйлемде - жанама толықтауыш, екінші сөйлемде - мекен пысықтауыш. Алдыңғы сөйлемдегі *ауылға* сөзі есімге қатысты болса, соңғы сөйлемде етістіктен болған мүшеге қатысты. Бұл жердегі семантикалық өзгеріс мынада: берілетін хабарды құрайтын сөздерді айтушы (информант) өз еркіне сай предикативтік, модалдық ыңғайда қолдануына байланысты олардың тіркесетін сөздері, орны өзгерген. Ал мұндай орын өзгертуге де

мүмкіншілік беретін құбылыс - *ауылға* сөзінің тура мағынасынан басқа сол мағынадан тараған ауыспалы мағынада да қолданыла алу ерекшелігі. Алдыңғы сөйлемде *ауылға* сөзі деген *ел, халық* мағынаны, ұғымын берсе, соңғы сөйлемде *орын, мекен* ұғымын білдіріп тұр. Сөйтіп, алдыңғы сөйлемде зат есімнен болған мүшемен тіркесе, кейінгі сөйлемде етістіктен болған мүшемен тіркесіп тұр. Сөйтіп бұл сөздердің синтаксистік қызметі өзі тіркесетін сөздің лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне байланысты болып отыратыны көрінеді. Нақтырақ айтқанда: сөзінің лексика-грамматикалық мағынасы бір ауылдағы ағайын адамдар ұғымын беретін сөзінің мағынасымен сәйкес келсе, екінші сөйлемдегі етістік сөзі динамикалық қозғалысты білдіруіне байланысты сол қозғалыс бағытталған мекенді білдіріп сәйкес келіп тұр.

Сондай-ақ, қазақ тілінде барыс, шығыс, жатыс, көмектес жалғаулы сөздердің синтаксистік қызметі де әр сөйлемнің семантикалық ерекшелігіне қарай құбылып отырады. Олардың қай сөйлем мүшесіне жататындығын ажырату үшін грамматикалық формасы мен қай сөз табына жататындығын ескерумен бірге, сөздердің лексикалық (контекстік) мағынасын да қарастыруға тура келеді. Осындай жан-жақты қарау ғана сөздердің белгілі бір сөйлем ішіндегі қызметін дұрыс айқындауға мүмкіндік береді. Мысалы: *Гауһар қаладан кеше келді. Өзеннің ең терең жері белден асады. Түсі игіден түңілме.*

Осы сөйлемдердегі сирек терілген сөздер бірыңғай шығыс септігінде тұрып етістіктен жасалған баяндауышқа қатысты болғанымен, қызметтері бірдей емес. Алғашқы сөйлемдегі сөзі мекен пысықтауыш болса, соңғы екеуіндегі сөздер жанама толықтауыштар. Осы сөйлемдердегі сөздердің синтаксистік қызметтері оның контекстік (лексикалық) мағыналарымен астасып жатады. Пысықтауыш болып тұрған сөз контекстік (лексикалық) жағынан мекендік мағынаны білдірсе (жеке тұрғанда ол - елді мекеннің жалпы аты, зат есім), ал толықтауыш болып тұрған сөздің екеуі де (жеке тұрғанда бірі - объект, екіншісі - субъект) объектілік мағынаны білдіреді. Бұдан байқалатын тағы бір ерекшелік - сөйлемдегі сөздердің мүшелік қызметін оның контекстік мағынасы айқындайды.

Сонымен, сөздердің лексикалық (контекстік) мағыналары мен синтаксистік қызметтері бір-бірімен астасып, үйлесіп келеді.

Тұрлаусыз мүшелер құрамы жағынан дара, күрделі, үйірлі болып бөлінеді.

3.4.1. Толықтауыш

Тұрлаусыз мүшелердің ішінде сөйлемнің семантика-грамматикалық құрылымында бас мүшелерден (бастауыш және баяндауыш) кейінгі орынды толықтауыш мүше иеленеді. Себебі ол субъекті (бастауыш) қимылының жүзеге асуына себепші, оның әсеріне, ықпалына ұшырайтын, соған жанама да, тікелей де қатысты болып, субъект әрекетін толықтырып, нақтылай түсетін объектіні (затты, кісіні, сол мағынадағы басқа да сөздерді) білдіреді. *Құлыншақ Абайға қарай түсіп, үлкен сары шақшасын тырнағымен сыртылдата қағып отырып, бір кезде көк бұйра насыбайын екі танауына құшырлана тартып қойды* (Әуезов). Сөйлем ішіндегі толықтауыш қызметіндегі сөздер *Абайға, шақшасын, тырнағымен, насыбайын, танауына* болады да, олардың баяндауышқа қатысы, олармен байланысу тұлғалары әр түрлі екені көрінеді. Осыған сай олардың семантикалық мәнері де бірдей емес. Өйткені, сөйлемдегі кей толықтауыштар *Абайға, тырнағымен, танауына* қимылға тікелей қатысты болмаса да, оны мағыналық жағынан толықтырып, жанамалай болса да байланысып тұрғаны аңғарылады, ал кейбіреулері *шақшасын, насыбайын* субъекті қимылын іске асыруға тікелей қатысты объектілер болып тұрғаны айқын.

Меңгеруші (баяндауыш) сөз бен толықтауыштар арасындағы мағыналық қатынас басқа тұрлаусыз мүшелер тіркесіне қарағанда біршама тығызырақ болады. Өйткені меңгеруші яки баяндауыш сөздің сөйлемдегі семантикалық мағынасы толықтауыш арқылы ғана толық ашылып, өзінің бар мүмкіндігімен айқын көрінеді. Мысалы, жоғарыдағы сөйлемнің *үлкен сары шақшасын тырнағымен сыртылдата қағып отырып* компонентіндегі толықтауыштардың бірін түсіріп, *үлкен сары шақшасын сыртылдата қағып отырып*, немесе *тырнағымен сыртылдата қағып отырып* деген күйде айтсақ, онда баяндауыштың *қағып отырып* семантикасы толық ашылмас еді. Дәлірек айтсақ, алдыңғы тіркесте белгілі бір әрекеттің дыбыстық сипаты *сыртылдау* қандай зат *тырнағымен* арқылы жүзеге асқаны белгісіз болса, соңғы тіркесте қимылдың жүзеге асуына *қағу* қандай зат *шақша* тікелей қатысты болып отырғаны белгісіз болып қалар еді. Сөйтіп, толықтауыш пен меңгеретін сөздің арасында тығыз мағыналық байланыс болу себепті, толықтауыш іс-әрекеттің тікелей объектісі ғана емес, оның мағынасын түсіндіруші, саралаушы, нақтылаушы да болып табылады. Толықтауыштардың бұл қызметтері сөйлемде арнаулы тұлғалары арқылы көрініп отырады. Толықтауыштар тура және жа-

нама болып бөлінеді. Бұл баяндауыш қызметіндегі етістіктің семантикалық сипатына сай қай септіктегі сөзді меңгере алуына байланысты айқындалады. Сонымен бірге, толықтауыштар құрамы жағынан дара да, күрделі де болып келеді. Күрделі толықтауыштар тұрақты сөз тіркестерінен де немесе сойлемдік дәрежедегі күрделі оралымдардан да тұрады. Соңғы күрделі толықтауыштарды өз ішінде сөйлем мүшелеріне ажыратуға болады.

Тура толықтауыш. Мағыналық жағынан етістіктің сабақты түрінен болған іс-әрекетке тікелей байланысты болып, сонымен ғана бір тіркес құрайтын заттық-объектілік қатынастағы толықтауыш түрін тура толықтауыш деп атайды. Тура толықтауыш табыс септігінің сұрағына жауап береді!

Нақтырақ айтқанда, тура толықтауыш өзі жетектелетін сөздерге мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да тәуелді болады!

Ағашты жарды, шұлықты тоқыды, інісін ойнатты тіркестеріндегі *ағаш, шұлық, інісі* сөздерінің тура толықтауыш болуы меңгеруші етістіктердің (жарды, тоқыды, ойнат) лексика-грамматикалық ерекшеліктерімен байланысты.

Себебі, тура толықтауыш ретінде түсінілетін сөз етістіктің сабақтылық мағынасымен тікелей байланысты болса, керісінше, сабақты етістік өзі меңгеретін сөздің табыс септігінде тұрып, нені? деген сұраққа жауап беруін талап етеді.

Басқа түркі тілдеріндегі тәрізді қазақ тіліндегі тура толықтауыштар меңгерілетін сөзбен табыс септігінің ашық не жасырын тұлғасы арқылы байланысады. *Қыздың көзінен сонау тұнық аспанды көрді* (Алауов). *Айгүл жақында ғана ауылдағы ағасынан хат алған* (Мағауин).

Балалар ағаш тасыды, Құрылысшылар үй салды деген сойлемдердегі *ағаш, үй* сөздерінің жалғаусыз қолданылуы, олардың нақты бір ағашты, не бір үйді білдірмей, жалпылық ұғымда қолданылуымен байланысты. Оның есесіне, *Құрылысшылар үйді салып бітірді, Балалар ағашты кесті* десек, жалпылықтан гөрі нақты бір үйдің салынғаны немесе нақты бір ағаштың кесілгені туралы ұғынылар еді. Бірақ, осы ерекшеліктің өзі де тіл фактілерінде барлық жағдайда кездесе бермейді.

Соған қарағанда, табыс жалғауының сабақты етістікпен іргелес келген жағдайда жалғаусыз не жалғаулы келуін нақты бір белгілі себеппен шектеуге болмайтын тәрізді. Алайда, тағы бір айқын нәрсе - жалғаулы табыс септігіндегі сөздің айрықша екпінмен айтылып, өзі тіркесетін етістіктен ара жігін ашып айтылатындығы. Соған байланысты тыңдаушы не оқушы назары сол

сөзге баса аударылады. Ал жалғаусыз айтылған сөз баяндауышпен ұласа бір ырғақта айтылғандықтан, оған назар онша аударыла қоймайды. Бұның өзі сөйлемнің лексикалық-коммуникативтік құрылымымен де байланысты болса керек. Тура толықтауыштың жалғаулы, жалғаусыз жұмсалыу себептерін түсіну үшін, олардың әрдайым жалғаулы болып жұмсалатын ережелерін айқындау керек.

Ең алдымен, тура толықтауыш өзін меңгеретін етістіктен алшақ тұрып, арасына сөз салып байланысса, үнемі жалғаулы болып келеді. Бұл - бұлжымайтын, өзгермейтін қағида. *Абай осы кеште болған өз халін бұл түнде де, ертеңінде де түсіне алмай кетті* (Әуезов).

Ал, тура толықтауыш сабақты етістікпен іргелес келгенде мынадай жағдайларда жалғаулы болып келеді:

1. Бір сөз сөйлем ішінде әрі субъектілік, әрі объектілік қызметте жұмсалып қайталанса, объектілік қызметтегі тура толықтауыш жалғаулы болады: *Балықшы балықшыны алыстан таниды* (Мақал).

2. Бірыңғай тура толықтауыштардың соңғысы көбінесе жалғаулы болып келеді. *Болат пен кірпіштерді өріп қалап, төбесі айнаменен шатырланбақ* (Әбілев).

3. Тәуелдік жалғаулы сөздер тура толықтауыш қызметінде жалғаулы болып келеді. *Адрестерін алып қалуым керек қой* (Мүсірепов).

4. Қайталама қос сөздерден жасалған тура толықтауыштар сабақты етістіктердің алдында әрдайым жалғаулы болып келеді: *Біз үй - үйді аралап үгіт-насихат жүргіздік* (Газеттен).

5. Тура толықтауыш болатын сөз бен етістік метафоралық қатынаста айтылса, тура толықтауыш жалғаулы болады: *Ән салды таңды мақтан сансыз торғай* (Торайғыров).

6. Тура толықтауыштың табыс жалғаулы болуы кейде оларды анықтайтын сөздерге де байланысты болады:

а) сілтеу есімдіктерінен болған анықтауышы бар тура толықтауыштар: *Осы каналды қазып бітірейік* (Мұқанов);

ә) *-ған* тұлғалы есімшеден болған анықтауышы бар тура толықтауыштар: *Жаттан шыққан, қаптап жатқан жауыз бен жауыздықты қайтіп тыярысың* (Әуезов);

б) *-ғы/гі, -қы/-кі* тұлғалы анықтауышы бар тура толықтауыштар: *Тіпті, бір бейнесі бұлдыр қыз бен жігіттің көңіл түкпіріндегі сырын танысың* (Мағауин).

7. Есім мен көмекші етістік тіркесінен болған баяндауыш тура толықтауыштың жалғаулы болуын қажет етеді: *Бұл пайда колхозды миллионер етеді* (Мұстафин).

8. Кісі аттары мен олардың орнына жүретін есімдіктер етістіктің алдында жалғаулы тура толықтауыш болып жұмсалады: *Ұзақ күрес біреуді жалықтырады, біреуді құнықтырады* (Мұстафин). *Бірақ, Төлеутайын тарықтырған емес* (Жұмаділов).

Адам аттарына тіркесіп келетін қосалқы айқындауыш та жалғаулы болып келеді: *Андрей Жабай қартты көріп қалды* (Мұқанов).

9. Сан есім, сын есім, есімше, сілтеу есімдіктері де сабақты етістіктің алдында жалғаулы тура толықтауыш болып келеді: *Көтерілді күміс күн, Кремль соқты сегізді* (Сәрсенбаев). *Жақсыны көрмек үшін* (Мақал). *Амантай алыстан аттыны көрді* (Мұқанов). *Жеті класты бітіргенді алмады* (Мұстафин). *Басымыз қосылып, ананы-мынаны еске түсірдік*.

10. Мағынасы абстракт туынды зат есімдер де тура толықтауыш қызметінде жалғаулы болып келеді: *Данилов жайлылықты сүйетін* (Мұқанов).

Тура толықтауыштың бұл айтылған жағдайлары әлі де толықтырыла беруі мүмкін. Өйткені, ауызекі сөйлеуде коммуникативтік ситуация ыңғайында ондай өзгерістер мол болады. Қалай болғанда да, тура толықтауыштың сабақты етістікпен меңгерілуі кезінде жалғаулы болуының себебі біреу ғана емес (мысалы белгілілік немесе даралық), ол - әр сөйлемнің өзіндік логикалық (коммуникативтік) немесе мазмұндық құрылымымен де, синтаксистік (грамматикалық) құрылымымен де байланысты болып жататын құбылыс. Соның ішінде ең басты байқалатын нәрсе “объектілік мағынасы өзінен-өзі айқын”, яғни тарихи жағынан ертеден белгілі бір іс-әрекет, қимыл-қозғалысқа ұшырауға бейім болып қалыптасқан, ұзақ дәуір айтылу барысында арнаулы екпінді қажет етпей-ақ түсінікті болатындай дәрежеге жеткен сөздер тура толықтауыш қызметінде жалғаусыз боп қолданылады. Ал жалғаулы боп қолданылатын тура толықтауыштар көбіне, негізінен, басқа қызметте жұмсалуға бейім, бірақ әр түрлі себептермен (лексикалық, грамматикалық, семантикалық) объектілік қызметке ауысқан сөздер. Бұдан шығатын қорытынды - тура толықтауыштың жалғаусыз болуы - алғашқы сөздердің өте ерте дәуірде ешбір жалғаусыз, түбір күйінде келіп тіркескенін ғалымдар жоққа шығармайды, ал жалғаулы түрі - кейін пайда болған құбылыстар. Соңғылардың ішінде екпін түспейтіндері - алғашқы (алғашында олар да екпінді болып, соңырақ екпіннен айрыла бастаған), екпін түсетіндері кейінірек пайда болған тура толықтауыштар.

Ж а н а м а т о л ы қ т а у ы ш т а р. Өзін менгеретін сөздермен (сөйлем мүшелерімен) атау,

лік және табыс септігінен басқа септік жалғаулары арқылы байланысып, сөйлемді мағыналық-мазмұндық жағынан қосымша, жанамалай толықтырып тұратын толықтауыш түрін жанама толықтауыш деп атайды.

Жанама толықтауыштар өзін менгеретін мүшелермен біршама еркін байланыста болады. Бұл да толықталатын сөздің (мүшенің) лексика-грамматикалық сипатына байланысты болады. Жанама толықтауыштардың мәндері олардың грамматикалық тұлғаларына сай алуан түрлі болып келеді.

Зат есімдер немесе заттанып (субъективтеніп) солардың орнына қолданылған сөздер барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінде тұрып, салт және сабақты етістіктерге меңгеріліп жанама толықтауыш қызметін атқарады. *Қазіргі оқығаннан сіз ойлаған адамды таппадым* (Әуезов). Осы сөйлем ішіндегі жанама толықтауыш *оқығаннан* пен тура толықтауыш *адамды* бір етістікке *таппадым* меңгеріліп тұрса, бұлардың ішінде тура толықтауыштың мағыналық ролі басым екені, сондықтан оның етістікпен байланысы да тығыз екені айқын байқалады (Негізгі айтылайын деген ой *дара, нақты адамды таппау* туралы болса, ал *ол адамды жалпы оқыған адамдардың ішінен іздеу* қосалқы ой болып табылады).

Нақтырақ айтқанда, етістік баяндауышты сөйлемдер ішінде тура толықтауыш пен жанама толықтауыш қатар келгенде тура толықтауышты түсіріп айтса, сөйлемнің мағыналық құрылымына елеулі нұқсан келеді де, ал жанама толықтауышты түсіргеннен аса бір мағыналық өзгеріс бола қоймайды. Алайда ол сөйлем мазмұнын толығырақ, нақтырақ етіп беруде қосалқы қызмет атқаратыны байқалып тұрады.

а) Зат есімдер мен заттанған басқа да сөз таптары **б а р ы с с е п т і к** жалғауында келіп іс-әрекеттің жанама объектісін білдірумен бірге оның (іс-әрекеттің) орны болатын немесе барып тірелер затын білдіруі мүмкін. *Көзінді салшы далама, Түкті кілем түгіндей* (Жамбыл). *Абай әңгіме айтуға бір түрлі шешен, шебер болып барады* (Әуезов).

Кейде, сөйлем ішінде тура толықтауыш пен жанама толықтауыш қатар келгенде, субъекті мен объектінің орны ауысуы мүмкін: *Бұл жұмысты Орынтайға тапсырған* (Газеттен).

Қалай болғанда да, барыс септікті жанама толықтауыштың мәні оны менгеретін етістіктің немесе соның қызметіндегі сөздердің мәнімен ұласып, астасып жатады.

ә) **Ж а т ы с с е п т і к** жалғаулы жанама толықтауыштар зат есім және заттанған басқа сөз таптарынан жасала отырып, көбінесе, іс-қимыл

таралған объектіні, зат, құбылыстардың орны болған объектіні білдіреді де, негізінен статикалық жай-күйді білдіретін етістіктерге меңгеріледі. *Оның әрекетінде байыпты іскерлік, тиянақты тындырымдылық жоқ* (Ахтанов). *Жадымызда жаңғырығы қалған зұлмат жылдардың бетін енді аулақ қылғай* (“Сыр бойы” газеті). *Менің анам мен Жанқия апайдың бала тәрбиелеуінде бір ұқсастық бар* (“Парасат”).

Жатыс жалғаулы сөздер, әдетте, пысықтауыш қызметінде де жұмсалатындығы белгілі. Ал олардың бірде пысықтауыш, бірде жанама толықтауыш қызметінде жұмсалыуы көбіне осы сөздердің және оны меңгеретін етістік сөздердің лексика-семантикалық сипаттарына байланысты болады. *Жылқыда өт жоқ* дегенде *жылқыда* сөзі жанама толықтауыш болса, *Ол жылқыда болды* дегенде *жылқыда* сөзі пысықтауыш болады.

б) Ш ы ғ ы с с е п т і к жалғаулы жанама толықтауыштар, көбінесе, кісінің күйін, сезімін білдіретін *қорқу, ұрку, қаймығу, жалтару*, кеңістік заттық мәнге байланысты қолданылатын *айығу, арылу, тазару, алу, шығу, қайту* тәрізді етістіктерге меңгеріледі. Сондай-ақ, оларды *жақсы, артық, кем, кіші, үлкен* тәрізді сын есімдер де меңгереді. Шығыс септік жалғаулы жанама толықтауыштарды салт етістіктер де, сабақты етістіктер де меңгере беретін болғандықтан, олардың мағыналық аясы да, қолданылу шеңбері де кең болады.

а) Заттың себеп-салдарын білдіреді: *Жабай өзінің білместігінен ұялыққырап қалды* (Мүсірепов).

ә) Заттың тегін, неден жасалғанын білдіреді: *Өнер-білім бар жұрттар тастан сарай салғызды* (Алтынсарин).

б) Заттың құбылыстың салыстырмалы ерекшелігін білдіреді: *Мұндай кезде Барлас Абайға күндізгі Барластан тіпті басқа боп көрінеді* (Әуезов).

в) Іс-қимылдың шығар арнасы болған объектіні білдіреді: *Ігіліктің шойындай күрең қошқыл бетінен еш нәрсенің елесі байқалмайды* (Мүсірепов).

г) Іс-қимылдың өзгеруінің белгісін білдіреді: *Ешнәрсе демесе де, жолдасымның осы қарасынан жүргемі лоқым қалғандай болды* (Мүсірепов).

ғ) Логикалық субъектіні білдіреді: *Ұлағаты ұстаздан талай шәкірт тәрбие алып шықты* (Газеттен).

д) Объекіден дараланып, бөлініп, ажырап шыққан затты, құбылысты, т.б. білдіреді: *Ішінде қазақтан төртеуміз* (Мұқанов). *Ендеше, осы естіген, көрген жайдан жыр тугызса нетеді?* (Әуезов).

Сонымен, шығыс септік объектілік ұғымдағы зат есімдер немесе заттанған басқа сөз тап-

тары жанама толықтауыш болады да, ал көлемдік-кеңістік, мезгілдік мәндегі шығыс септіктегі сөздер сөйлемнің басқа мүшесі (негізінен пысықтауыш) болады.

К ө м е к т е с с е п т і к жалғаулы сөздердің де жанама толықтауыш қызметін атқаратындары көбінесе орын-мекендік, мезгілдік, қимыл-процестік мәні жоқ зат есімдер, немесе заттанған басқа сөз таптары болады. Мұндай сөздерді меңгеретін *шабу, кесу, ору*, т.б. құралмен орындалатын іс-әрекетті білдіретін етістіктер және *танысу, кездесу, ойласу* т.б. тәрізді күй-қалыпқа байланысты ортақтастықты білдіретін етістіктер болып келеді. Сондықтан, мұндай толықтауыштың мәні оны меңгеретін етістіктердің лексика-грамматикалық мәнімен тығыз байланысты болады.

Көмектес септікті жанама толықтауыштар:

1. Іс-әрекеттің орындалу құралын немесе соған жұмсалған объектіні білдіреді: *Атты қамшымен айдама, жеммен айда* (Мақал). *Абайды далаға алып шығып, жаңа сойған қойдың өкпесімен қақты* (Әуезов).

2. Іс-әрекетке іс иесінің басқа субъектімен ортақтас болғанын білдіреді: *Раушан Марияммен сүйісіп амандасты* (Майлин).

3. Заттың бірөңкей заттардан ерекше белгісін де білдіруі мүмкін: *Жақсы ісімен жақсы* (Әуезов). *Азығымен жер мүсінді, еңбегімен ер мүсінді* (Мақал).

Көмектес септікті сөздер басқа жағдайда сөйлемнің пысықтауыш мүшесінің қызметін атқарады.

Жоғарыда айтылғандардан басқа сөйлем ішінде етістіктермен септеулік шылаулардың кей түрімен байланысқан заттық ұғымдағы сөздер де тура немесе жанама толықтауыш болады. Бұл етістіктердің лексика-семантикалық мәнімен айқындалады. - *Сіз үшін оралдым, - деп насыбайын бір атты* (Мұстафин). *Жеңіс туралы сұрастыра берсеңіз, көптеген жәйттерді естисіз, бәрі де мақтау, ел ризығы* (Газеттен). Алдыңғы сөйлемде баяндауыш салт етістіктен болғандықтан *сен үшін* жанама толықтауыш болады да, соңғысында етістік сабақты болғандықтан, *жеңіс туралы* тура толықтауыш болады.

3.4.2. Анықтауыш

Анықтауыш мүшенің қызметі де өзі тіркесетін сөздің лексика-семантикалық ерекшелігімен тығыз байланысты. Олар, негізінен, зат есімдерден немесе заттанған басқа сөз таптарынан болған мүшелермен атрибутивтік қатынаста болады да, өзі анықтайтын сөздермен

интонациялық жағынан ыңғайласып, бір ритмикалық топ құрайды. Анықтауыштар - өзіндік лексикалық та, грамматикалық та дербестігі бар бірлік ретінде тұрақталған синтаксистік категория.

Анықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздер, негізінен, сын есімдер болғанымен, зат есім, есімдік, сан есім, етістіктің есімше, қимыл есімдер де тұрған орны не арнаулы грамматикалық тұлғалар арқылы анықтауыштық қызметте жұмсалады. Сондай-ақ, анықталатын сөздердің де тек бастауыш қызметінде жұмсалуы міндетті бола бермейді. Сөйлемнің кез келген мүшелері анықтауыш мүше бола алады, тек олардың түбірі заттық мағынада қолданылса болды.

Анықтауыштардың күрделі түрі интонациялық жағынан өзара бөліп-жаруға келмейтін, лексикалық бірлік ретінде түсініледі. Олардың жасалуының бірнеше жолдары бар:

1. Сапалық және қатыстық (туынды) сын есімдердің тіркесінен болады: *Түсі ақ сұр келген, өзі қоңыр сақалды, кесек мұрынды Бөжей осы отырғанның бәрінен де сұлу* (Әуезов).

2. Екі сапалық сын есімдер тіркесінен болады: *Сақал-шашы бір реңдес, қара бурыл Сүйіндік...Құнанбайға тесіле қарамайды* (Әуезов).

3. *-ғы, -гі (-дағы, -дегі)* тұлғасы арқылы жасалады:

- негізгі сөз бен көмекші есімнің тіркесінен: *Игілік Ұлытаудан бергі елдерді аралап қайтып еді* (Мүсірепов). *Үй ішіндегі үлкендер бала мінезіне сүйсініп қалды* (Әуезов).

- есімдік пен зат есім немесе заттанған басқа сөз таптарының тіркесінен: *Сол күнгі ауаның райы да әлі күнге есімнен қалмайды.* (Сейфуллин).

- есімше мен зат есім тіркесінен: *Өткен түнгі оқиға қала халқын теңселтіп жіберді* (Газеттен).

- күрделі сан есімдер, сан есімді анықтауышы бар зат есім сөздер тіркесінен: *Жұрттың он алтыдағы баласы кісіге жалданып, я үйінде кәсіп етіп, әке-шешесін асырап отыр* (Майлин). *Жуырда ауданнан 15 шақырым жердегі Есеншағым мекенінен орталық су құбыры тартылды* (Газеттен).

4. Қабыса байланысқан негізгі және туынды түбір есімдер, есімшелі тіркестер басқа бір сөзді анықтайды: *Сонау етекте жазыққа беттеп екі қотан қой өріп барады* (Мұстафин). *Он екі қанат үйдің әр керегесін төрт жігіт қолдасып, әрең жайды* (Мүсірепов). *Асқақтаған таусыз, мұнарқан ормансыз... шол даладан бұл жерге келген Асқар рахаттанып қалды* (Мұқанов).

5. Жалқы есімдер мен *сықылды, сияқты, тәрізді, деген, дейтін* тәрізді көмекші сөздердің тіркесі: *...Шәкір бай... Көдір сияқты кісінің Айша*

сияқты көк өрімдей қызын мал-жанын сала қадалып алғалы жатыр... (Сейфуллин).

6. Өзара матасу, меңгеру, қабысу арқылы байланысқан предикаттық мәндегі есімшелі, есімді тіркестер өзінің субъектісі болатындай сөздердің алдында келіп, соларды анықтайды: *Терезенің көзінен түскен күн сәулесі Бақыттың бетінен сүйіп, еркелетіп ойнатқандай болады* (Сейфуллин). *Ана Қадірдің үлкен баласы Сонабайдың үйінің сыртында жолдастарымен отырған төрт-бес кісі - сол Боранбайдың баласы* (Сонда). Алдыңғы сөйлемде *Терезенің көзінен түскен* тіркесі күн сәулесі сөзінің, екінші сөйлемдегі *Ана Қадірдің баласы* тіркесі *Сонабай* сөзінің, *Сонабайдың үйінің сыртында отырған* тіркесі *төрт-бес кісі* тіркесінің алдарында келіп, сол сөздерді анықтап тұр. Ал сол анықталатын сөздерде анықтауыш боп тұрған тіркестерді алдыңғы жағына қойса, ол сөздер субъектілік қызмет атқарып, тіркес сөйлемдік құрылымға түсер еді. Қалай болғанда да, күрделі анықтауыштардың осындай құрылымда сөйлем ішінде көбірек қолданылуы қазіргі әдеби тілде мол кездеседі. Бұл сөйлемдегі ойдың кен, ауқымды боп берілуін қамтамасыз ететін тәсіл болып отыр.

7. Тілімізде осындай құрылымға ұқсас, бірақ предикаттық қатынастағы (бастауыш, баяндауышы бар) тіркестер тобы тұтасымен бір сөзді немесе бір лексикалық бірлік ретіндегі сөздер тобын анықтауы да жиі кездеседі. Бұлар, әдетте үйірлі анықтауыш деп аталады. Жалпы алғанда үйірлі анықтауыштардың соңғы сөзі зат есімге *іші алтын, сырты күміс*, сын есімге *ажымы мол*, сан есімге, мөлшерлік сөздерге *жасы 25 шама-сындағы, саны көп, дәрменсіз*, модалдық сөздерге *қалың қара қасы бар, тірлік белгісі жоқ*, есімшелерге *құрағы жайқалған, ісі мұрын жаратын* біткен болады да, сол тобымен тұтаса отырып, зат есімді не заттық мағынадағы сөздерді анықтайды. *Бұл жердің адамдарында сіз білмейтін тағы бір мінез бар* (Сланов). *Ұйқысы келмеген Асқар құлағын... әлсіз толқынға тікті* (Мұқанов). *...Аласы аз қара көз нұр жайнайды* (Абай).

Анықтауыштарды әдетте, мағыналық жағынан сапалық және меншікті деп бөледі. Жасалу жолдары мен байланыс тәсілдеріне қарай *қабыса байланысқан* және *матаса байланысқан* анықтауыштарға сәйкес келеді.

1. Сын есімдерден жасалған анықтауыштар. Сын есімдердің лексикалық мағынасы зат есімдердің мағынасымен тікелей қатысты болғандықтан, оның зат есімді сапалық, сандық жағынан анықтауы - ең басты синтаксистік қызметі болып табылады. Сын есімдер зат есім немесе заттық мағынадағы басқа сөз таптарымен қабыса

байланысып атрибуттық қатынас құрайды. *Қонақ үйде дөңгелек стол үстінде, қызғылт күңгірт сәулесі бар тас шам жанып тұр* (Әуезов).

2. Зат есімдер өзара қабыса байланысып бірі екіншісінің анықтаушы болады: - *Омбыдан келген карден шыны аяқтарды шығар сандықтан! Бас қанттың қалғанын тұтасымен қоярсың!* (Мүсірепов).

3. Сан есімнен болған анықтауыштардың да мәні зат есімдерге тікелей байланысты, себебі олар заттың мөлшерін, сандық шамасын, ретін т.б. білдіреді. Сан есімдер өздері анықтайтын сөздермен қабыса байланысады: *Абай осы кезде “арбаға отырайық” деп екі әйелге белгі берді* (Әуезов).

4. Есімдіктерден қабыса байланысып, анықтауыш қызметінде қолданылатындары - *сілтеу, өздік және бірсыпыра белгісіздік, сұрау, жалпылауыш* есімдіктері.

5. Етістіктердің ішінде *есімше және қимыл есімдері* анықтауыш қызметінде жұмсалады: *Тыгылған аң бары рас болса, ін түбінде жатуға қанша шыдар дейсіз* (Мұқанов).

6. Зат есімдер немесе басқа да заттанған сөз таптары ілік жалғауында келіп, басқа зат есімдермен не заттанған сөз таптарына матаса байланысып, анықтауыш қызметінде қолданылады. Анықталатын сөздер әр уақытта тәуелдік жалғауында болады. Кейде бір ілік жалғаулы сөз бірнеше бірыңғай сөздерді анықтап, кейде бірнеше ілік жалғаулы сөз бір ғана сөзді анықтайды. Тәуелдік жалғауының мәніне байланысты ілік жалғауының, тіпті ілік жалғаулы анықтауыштың өзі (көбінесе, жіктеу есімдіктері) түсіріліп айтылатын жағдайлары болады.

Анықтауыштар мынадай жағдайларда үнемі ілік септік жалғаулы болып қолданылады:

1. Матаса байланысқан сөздер арасына басқа сөздер түскенде: *Құнанбаевтың мынау жауабын айрықша ескерулеріңді сұраймын* (Әуезов).

2. Есімдіктер (“өз” есімдігінен басқа), заттанған сын есім, сан есім, есімшелер және тәуелдеулі есімдер меншікті анықтауыш қызметінде үнемі жалғаулы болып келеді: *Абай аға, мынау - біздің үйлер* (Әуезов). *Жуынан сұлудың қос шынтағы шашын көтеріп бүлкілдегендей* (Сонда). *Мұндай мінезі біреуіміздің қарабасымызға арнаулы сөзі болып келгенде байқалатын еді* (Мүсірепов).

Ілік септігінің түсіріліп айтылуы көбінесе күрделі тіркестер құрамында болады да, жасырын ілік жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөз тіркесінің бір ғана компоненті қызметін атқарады, сөйлемнің бір ғана мүшесі болады. *Түнде, ел орына отыра, Көкшетау қаласына келді. Бетіне ай сәулесі нұрын төгіп, төсектен жібек шашы салбырайды* (Сейфуллин).

Сөйлемнің грамматикалық құрылымында түрлаулы және түрлаусыз мүшелерден басқа, сол мүшелерді мағыналық жағынан айқындай, нақтылай, дәлдей түсетін мүшелер де болады. Қалыптасқан дәстүр бойынша, бұларды айқындауыш мүшелер деп атайды. Айқындауыш мүшелердің анықтауыш мүшеден елеулі айырмашылықтары, өзіне тән ерекше сипаттары бар.

1-ден, анықтауыш өзі анықтайтын сөзінің алдында келсе, айқындауыш соңынан келеді.

2-ден, анықтауыш өзі анықтайтын сөзімен синтаксистік қатынастағы тіркес құраса, айқындауыш өзі айқындайтын сөзімен тіркес құрамайды, оңы тек мағыналық жағымен нақтылайды, айқындайды.

3-ден, анықтауыш сөйлемнің бір түрлаусыз мүшесі қызметін атқарса, айқындауыш өзі айқындайтын мүшемен тұлғалас келіп, сол мүше тәрізді қызмет атқарады.

4-ден, анықтауыш өзі анықтайтын сөздерімен ұласпалы интонацияда айтылатын болса, айқындауыш мүшелердің өзіне тән ерекше үні, екпіні болады, соған сай жазуда арнайы тыныс белгілері қойылады.

Айқындауыш мүшелердің қазақ тілінде үш түрі белгілі: 1) қосалқы айқындауыш, 2) қосарлы айқындауыш, 3) оңашаланған айқындауыш.

Қ о с а л қ ы а й қ ы н д а у ы ш, әдетте, зат есімдерге қатысты болып, солардың лексикалық мағыналарын заттық, сапалық жағынан қосымша айқындайды. *Абай ақын, Қамбар батыр, Біржан сал, Омар ақсақал, Ұлжан бәйбіше* тағы осындай тіркестердегі зат есімнен кейінгі сөздер олардың ерекше белгілерін атап көрсету арқылы сөйлемнің жалпы мазмұнына қосымша мағына беріп, толықтырып тұрғанды айқын. Осылай орналасуына сәйкес ол сөздер өздері айқындайтын сөздерінің ажырамас болшегіне айналып кеткен. Сондықтан бұл екі сөз бір ғана мүше қызметін атқарады, грамматикалық тұлғалар осы айқындауыш мүшеге жалғанады. Мұның өзі олардың тұтас күйінде сөйлемнің кез келген мүшесі бола алатындығын көрсетеді. *Салтанат бойжеткеннің Тыныбек үйіне алғаш келгені - бұл емес* (Әуезов) - анықтауыш; *Кәрі әжесі Зере бәйбіше, таяғына сүйеніп күтіп тұр екен* (Әуезов) - бастауыш т.б.

Қ о с а р л ы а й қ ы н д а у ы ш т а р қазақ тілінде көп кездеспейді. Олар орыс тілінен енген терминдер алу және орысшадан қазақшаға аудару процесінде тілімізге соңғы кездерде ғана еніп, қазақ әдеби тілінің де нормасына айналып келеді.

Қазіргі тілімізде кездесетін *телефон-автомат, инженер-технолог, лексика-семантикалық, Алматы - бірінші, жазушы-ғалым, ақын-жазушы* т.б. тәрізді қос сөздердің бірі екіншісін немесе

керісінше айқындап тұрады. Бұлар осы қалыптасқан қосарлы күйінде сөйлемнің кез келген мүшесі бола алады. *Әйел-ана барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, көзді булақ емес пе?* (Мүсірепов). *Біздің шахта - алыптың проектісін жасауға инженер Дәуірұлын жібергенбіз* (Ерубаев).

Қазақ тілінде ең көп қолданылатын айқындауыш түрі - о н а ш а л а н ғ а н а й қ ы н д а у ы ш т а р. Айқындауыштың бұл түрі өзі айқындайтын сөзінен кейін тұрып, сол сөзді, сөйлем мүшесін мағыналық жағынан нақтылай, саралай, дәлдей түседі. Оңашаланған айқындауыштар өзі айқындайтын сөздерімен тұлғалас болып, онымен мүшелік жағынан тең дәрежеде келеді де, айтылуда интонациялық жағынан басқа мүшелерде ерекшеленіп, жазылуда үтір немесе сызықшамен ажыратылады. Оңашаланған мүшелер құрамы жағынан жеке сөздер де, сөз тіркестері де, тіпті, сөйлем де бола алады: *Сол арманын Ербол апарып, әуелі Тоғжанның жеңгесіне, Асылбектің келіншесіне, айтыпты* (Әуезов). *Мейрам мен Шербаков әңгімелесіп отырғанда, келген - осы Орлов* (Мұстафин). *Отанымыздағы бауырлас елдердің әрқайсысының әдебиет тілін, соның ішінде көркем әдебиет тілін, сөз ету - аса қиын бағалы жайдың бірі* (Әуезов).

Оңашаланған айқындауыштардың тілімізде қонануы дәуірден келе жатқаны-дәлелденген құбылыс. Қазіргі кезде ол тілімізде өте жиі қолданылады.

3.4.3. Пысықтауыш

Тұрлаусыз мүшенің бірі болып табылатын пысықтауыш сөйлемде, негізінен, етістіктен болған мүшеге қатысты болып, сол мүшені мекен, мезгіл, мақсаты, орындалу амалы жағынан нақтылап, анықтап тұрады. Нақтырақ айтқанда, “анықтауыш зат есімнен болған мүшені, пысықтауыш етістіктен болған мүшені айқындайды”. ...*сондықтан кеңірек жайға орналасу керек. Бұл қарт өзге ояз адамдарынан қазақ ішін жақсы -ақ біледі* (Әуезов). Осы сөйлемдердегі сын есім, сөз табына жататын екі сөздің *кеңірек, жақсы-ақ* бірі анықтауыш, екіншісі пысықтауыш болып тұр. Олардың бұл қызметтері өздері қатысты болған сөздердің *жай, біледі* мағыналарына байланысты екені айқын.

Пысықтауыштар, әдетте, етістік баяндауыштарға қатысты болғанымен, кейде есім баяндауыштарға да қатысты болуы кездеседі. Мысалы: *Екеуі әзірше откелсіз екі жағада ... Кеше урядник осы хабарды әкелген екен, бүгін ел іші шапқын* (Мұқанов).

Пысықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздер - үстеулер, үстеу мәндес есімдер, сапалық есімдер мен мекендік, мезгілдік, мақсаттық, амалдық мағыналарда жұмсалатын септеулі (жатыс, барыс, шығыс, көмектес) зат есімдер, етістіктің есімше, көсемше, шартты райлы түрлері. Сондай-ақ, еліктеуіш сөздер мен көмекші сөзді тіркестер де пысықтауыш қызметінде қолданыла алады.

Пысықтауыштар құрамына қарай дара, күрделі болып келеді.

1. М е з г і л п ы с ы қ т а у ы ш. Қимыл-әрекеттің шақтық мағынасын мезгілдік жағынан дәлдеп, нақтылап тұратын пысықтауыш түрін мезгіл пысықтауыш дейді.

Мезгіл пысықтауыштар мынадай жолдармен жасалады.

а) Мезгіл үстеулерден жасалады: *Мен енді анамын! Қазір жұмыстың ауыры да, асығысы да осы* (Мұстафин).

Мезгіл үстеулерінің біразы конкретсіз мезгіл-мерзімді білдіретін пысықтауыштар жасаса (*Оқыста сыртқы есік ашылып, ...Абай көрінді*), бірсыпырасы біршама анық, шектелген мезгіл-мерзімді білдіретін пысықтауыштар жасайды. ...*Комендант жаздай құрғақ айқаймен жүрді*.

ә) Мезгіл мәнді зат есімдерден *жаз, қыс, көктем* т.б. және олардың жатыс, шығыс, барыс, көмектес септіктерінде келуі арқылы жасалады: *Жер қазу жұмысына көктемнен кірісті* (Мұқанов). *Жасымда ғылым бар деп ескермедім* (Абай).

Мезгілмен қатысты құбылыс, процесс аттары, яғни абстарктілі зат есімдер, көбінесе, жатыс септікте келіп пысықтауыш болады: *Егесте сойыл соғар, еседе құм қабар* (Мәтел). *Таршылықта қайрандап, кеңшілікте ойрандап, көп батырға қалдыңыз* (Абай).

Кейбір заттық ұғымдағы сын есімдер жатыс, кейде көмектес септігінде келіп, пысықтауыш болады: *Қараңғыда қорқытқан күшті дүрсілді жарықта бір көргісі келіп артына қарады* (Мұстафин).

б) Жатыс септігіндегі *-ған, -ар* тұлғалы есімшелер және *-ғалы, -а, -е, -й* тұлғалы көсемшелер мезгіл пысықтауыш болады: *Туғанда дүние есігін ашады өлең* (Абай). *Қорықтан күн шыға атқа мінейік* (Әуезов).

в) Көмекші есімді және демеулі түйдекті тіркестерден басқа да күрделі тұлғалардан мезгіл пысықтауыш жасалады: *Таң қараңғысында еркек атаулы жұмысқа кетеді* (Мұқанов). *Сол кезде жартыланған ай туған еді* (Сонда). *Олжабек көпке дейін жауап қайтара алмады* (Сонда). *Осының арасында Тілеу мен Төлеуіш те келіп қалып еді* (Сланов). *Ел жата Олжабек отауын жыққан да, көше жөнелген* (Мұстафин). *Күн жоқта күлімсіреп жұлдыз бен ай...* (Абай).

2. М е к е н п ы с ы қ т а у ы ш т а р іс-әрекеттің, қимылдың болу орнын, бет алысын, қайдан шығып, қайда тірелер жерін білдіреді.

а) Мекен үстеулері *жоғары, төмен, ілгері, кейін, соң, әрі, әрмен, бермен, алды, артта* т.б. барыс, жатыс, шығыс жалғаулы және *-рақ, -рек* тұлғалы түрлерінде мекен пысықтауыштар болады: *Алысқа кетсе, су жоқ, жақында от жоқ* (Мұстафин). *Жоғары, төмен үйрен, қаз ұшып тұрса сымпылдап* (Абай).

ә) Барыс, жатыс, шығыс, көмектес септік жалғаулы есім сөздер *қайда?, қайдан?* сұрақтарына жауап беріп мекен пысықтауыш болады: *Оқуды бітіріп, Қарағандыға оқуға бара жатырмын* (Мұстафин). *Аласа, төбесі шатырша, шағын бөлмеде мүлік аз* (Сонда). *Тап осындай мұдай даламен келе жатқанда, барар жерімізде адам тұратын бір мекен бар шығар-ау* (Сонда).

б) Сілтеу есімдіктері мен *жақын, алыс, жер, жақ, алаң* сияқты көлемдік мағынадағы есімдер тіркесіп, кейде соңғы сөздердің бірсыпырасының алдынан *бір, оң, сол* сөздері тіркесіп мекен пысықтауыштар жасалады: *Мына жақта Жанас пен Арыстан ғана өздерінің күйлерін шертуде* (Сланов). *Бір жаққа сапар шеккелі тұрсың ба? Бұл маңда ел жоқ-ты* (Сонда). *Оның ұзын қара шудасын бір оң жағынан, бір сол жағынан шұбатып, үзбей будақтады* (Мүсірепов).

в) Көмекші есімдермен (*арты, қасы, маңы, жаны, үсті, іші* т.б.) тіркескен зат есімдер барыс, жатыс, шығыс септіктерінде келіп мекен пысықтауыштар болады: *Түнге қарай жауынгерлерімді көпірдің алдына қойсам, күндіз жол бойын өрлей, әр сайдың қабағына қоям* (Мүсірепов). *Салиқа қыз осы Балқыбек басында болатын* (Әуезов).

г) *Қарай, таман, шейін* шылаулары тіркескен барыс, жатыс, шығыс жалғаулы сөздер тұтасымен мекен пысықтауыш болады: *Екі дос орындарынан тұрып, жаңа құрылысқа қарай бет алды* (Иманжанов). *Ауылдарды күншығыс жақтан бастап, күн батысқа шейін шарлап шыққан* (Әуезов).

Көмекші сөзді түйдекті тіркестердің мекен пысықтауыш болуында олардың алғашқы компонентінің лексикалық мағынасы мен көмекші сөздің грамматикалық мағынасы бірлесе қызмет атқарады.

3. А м а л п ы с ы қ т а у ы ш т а р деп іс-әрекеттің, қимыл-қозғалыстың жүзеге асу амалы мен тәсілін, сапасы мен сындық белгісін білдіретін пысықтауыш түрі аталады. Мағыналық жағынан бұл пысықтауыштар іштей екіге бөлініп қаралады: 1) істің істелу тәсілін (тәсілдік амал) білдіретін және 2) істің сапалық белгісін (сапалық амал) білдіретін амал пысықтауыштар.

Амал пысықтауыштардың бұл түрлерінің өздерін мағыналық жағынан іштей саралауға болады. Т ә с і л д і к а м а л пысықтауыштар үстеу, еліктеуіш сөздер, косемше тұлғалы етістіктер болып келеді де, олардың етістіктермен мағыналық қатынасы қарқындық, қимылдық, бейнелуіштік болып келеді.

Қарқындық амалды білдіретін пысықтауыштар:

а) *бірден, бір-ақ, көзбе-көз, қолма-қол, зорға, әрең, тез, дереу, жылдам, шапшаң, ақырын, жай, жалма-жан, шұғыл, қайта-қайта* үстеулерінен және оларға *-рақ, -рек* шырай жұрнақтары жалғану арқылы жасалып, іс-әрекеттің түрлі қарқынның (*баяу, тез, шапшаң, үдеу, қайталау* т.б.) білдіреді. *Өзің дереу атқа мін!* (Әуезов). *Мен тез барып, тез қайттым* (Мұқанов). *Ол үйге бірден кіріп келді.*

ә) *қылт, кілт, тарс, тарс-тұрс, жалт, бүрк-бүрк, жалт-жұлт* тәрізді еліктеуіштерден жасалады: *Жантық осыны айтты да қалт тоқтай қалды* (Мұстафин). *...Нұрғаным талықсып барып сылқ құлап түсті* (Әуезов).

Қ и м ы л а м а л д ы білдіретін пысықтауыштар:

а) косемшелерден жасалады: *Олар бір-біріне күле қарады* (Сланов). *Жарқырап, міне, жаз келді* (Жамбыл). *Оның даусы сөзінің артында қатулана шықты* (Мұстафин). *Сөйлей-сөйлей орнынан қозғалып, сөзін бітіруге жақындағанда, жылжи-жылжи столға келіп, столды бір-екі рет жудырықтап жіберді* (Сонда).

ә) өткен шақ есімшеге *-ша, -ше* жұрнағы жалғану арқылы жасалады: *Кісі мінезіне жүйрік Әйгерім өзінше оқшау сын жасаған* (Әуезов).

Б е й н е л е у ш і амал пысықтауыштар:

а) бейнелік үстеулерден *шалқасынан, жүресінен, етпетінен, мұрнынан, тізелеп, жанбастап, бүге түсіп* т.б. жасалады: *Ол жүресінен, бір тізерлеп отыра кетті* (Мұқанов). *Базаралы бүге түсіп жатқан-ды Торде отырған жігіт мұртынан күлді де, жанбастап жата кетті* (Әуезов).

ә) *маң-маң, талтаң-талтаң, бүкең-бүкең* т.б. еліктеуіш сөздерден жасалады: *Нұрқожа талтаң-талтаң басып, Шәйкеннің үйіне жөнелді* (Мұқанов). *Есенбек сылқ-сылқ күлді* (Иманжанов).

Сапалық амалды білдіретін пысықтауыштар қимылды сапалық жағынан анықтайтын сөздер болғандықтан, мағыналық жағынан анықтауышқа жақын сөз таптары көбінесе осы қызметте қолданылады. Бұл сөздер етістіктермен қабыса байланысып, *қалай?* деген сұраққа жауап беруге тиіс. Бірақ олар пысықтауыш қызметін атқарғанымен, үстеуге айналып кетпейді.

а) негізгі сын есімдер, оның ішінде лексикалық мағыналары етістіктермен үйлесімді бола-

орай лексикада, грамматикада қарапайым сөз, формаларға сыңар болып жұмсалатын эмоциялық тұлғалар қатар жүреді. Бұл тұлғалар затты, құбылысты, дүниедегі қатынасты ғана білдіріп қоймайды, оған қоса сойлеушінің эмоциялық сезімін білдіреді. Эмоция-психикалық құбылыс. Оның тілде көрінуіне екі коммуникативтік себеп бар. Бірі - болмыстан алған әсерді білдіру, тыңдаушыға жеткізу. Екіншісі - тыңдаушыны (немесе үшінші бір жақты) бір іске жұмылдыру үшін әсер ету. Тілдің синтаксистік жүйесінде эмоциялық тудыратын формалар көбіне баяндауыш мүше қатарынан көрінеді. Бұл заңды да. Ойткені баяндауыш сөйлемді ұйымдастыруда негізгі қызмет атқарады.

Эмоциялықты білдіруге бейімделген формалар, амалдар синтаксисте әр түрлі. Бұл интонациядан, арнаулы баяндауыш формаларынан көрінеді, мұнымен бірге түгел құрылысы жағынан осыған қалыптасқан сөйлемдер де бар. Эмоция кісінің түрлі сезіміне - қуанышына, тандануына, жиренішіне байланысты. Бірақ осы алуан түрлі эмоциялық сезімдер көбіне синкретті ортақ формалар арқылы көрінеді.

Көп жағдайда сөйлемнің лепті, лепсіз көрінуі тек интонацияға сүйенеді: *Құлайды!* - деп айқайлады.

Біз ілгеріле эмоция бір жағынан зат, құбылыстың өзіне, соның әсеріне байланысты болады дедік. Сондықтан да істің қарқынын білдіретін баяндауыштардың көпшілігі эмоциялы болып келеді. Интеллектілік мағына мен эмоциялық негізінен қатар жүретіндіктен эмоциялық форма жай хабарлаушы баяндауыштар қатарынан да, бұйрық мағыналы баяндауыштар қатарынан да табылады. Осынысына қарамай біз экспрессивті баяндауыштарды парадигматикалық қатардағы дара топ ретінде бөлек қарап отырмыз. Оған бірнеше себеп бар. Біріншіден, экспрессивті баяндауыштар морфологиялық формаларды, тіпті өзіне сыңар болып келетін қарапайым баяндауыштық формаларды өз ынғайымен ерекше жұмсап құралады: *алмасам, алмасам ба, алмас па, жалықпайды екен* т.б. Екіншіден, өз бойында интеллектілік мағына мен эмоциялық мағынаны қатар сыйыстыратын баяндауыштық формалармен бірге тілімізде тек эмоциялықты білдіретін баяндауыштар бар. Бұлар интеллектілік мағыналы баяндауыштардың ешқайсысына қосуға келмейді. Үшіншіден, эмоциялы баяндауыштар түрлі коммуникативтік жағдайға, стильдік міндетке сай өзара қызмет бөліскен. Осының бәрі эмоциялық баяндауыштар тобын дербес грамматикалық жүйе дәрежесінде қараған жөн екенін байқатады. Осы қысқаша жалпылай шолудан

кейін біз эмоциялы баяндауыштардың жеке-жеке формаларын, олардың қызмет ерекшеліктерін көрсетпекпіз.

1. Субъектіге тән сапаны эмоциялы түрде атау үшін *айтса айтқандай, мықты десе мықты* тәрізді құралған баяндауыштар қызмет етеді. Бұл баяндауыштар бір сөзді қайталақтатып тіркестіру негізінде жасалады. Баяндауышқа енген компоненттердің бағынынкысы шартты рай тұлғасы арқылы негізгі компонентпен байланысады.

Ах, сорлы балам, айтса айтқандай. Аудырмай түсірген (Хұсайынов).

2. Субъектіге тән іс-әрекетті ерекше екпін түсіріп, тұжырып айтуда *алғаным алған, алғаны алған, айтатыным, айтамын* тәрізді құралған баяндауыштар жұмсалады. Бұл баяндауыштар да бір сөздің қайталанып келуі арқылы жасалған. Баяндауыштардың бұл түрінде (алғаным алған) негізгі компонент болып *-ған, -ген, -тын, -тін* формалы есімше түбір күйінде келеді де, қайталаған компонент тәуелдік жалғауын жалғаған есімше түрінде келеді, екі компонент өзара предикативтік қатынас арқылы байланысады. Бірінші компоненттің тәуелдік жалғауы баяндауыштың жақтық мағынасына қарай түрленеді. *Әпкем баратыны барады. Ертеңнен қалмайды. Су жаңа доңгелек осы қалғаны қалған* (Хұсайынов).

3. Эмоциялы баяндауыштың бір түрі *келетіні келеді, келуі келді, келуі келген* тәрізді болып жасалады. Баяндауыштың негізгі компоненті ретінде келер шак, өткен шак формалы етістік жұмсалды да, есімше, түйық рай тұлғалы қайталау компоненттер үстеледі. *Әпкем келетіні келеді (келуі келеді, келуі келген).*

4. Компоненттері *да, де* жалғаулықтары арқылы біріккен күрделі баяндауыштар да (*алды да кетті*) эмоциялық күйді білдіру үшін қызмет етеді.

Жалғаулық арқылы біріккен күрделі баяндауыш көсемше форма арқылы бірігуден гөрі эмоциялы болуға бейім болуының себебі бар. Баяндауыштың бұл түрі ерекше интонациямен айтуға ынғайлы: *сіресіп қалдым - сірестім де қалдым.*

5. Эмоциялық баяндауыш сын есім - *десеңші*, етістік - *десеңші* болып құралады: *күшті десеңші, алады десеңші*. Бұл баяндауыштар сұраулық сөз қатысқан лепті сөйлемдер құрамында жұмсалды. *Оған не жоқ десеңші.*

6. Етістік - *дейсің (деймін)*, есім сөз - *деймін* болып құралған баяндауыштар да іс-әрекетті эмоциямен атау үшін жұмсалады: *жауды дейсің, ұстамын деймін.*

7. Эмоциялы баяндауыштардың бір түрі *-тын, -тін* формалы есімше немесе есім сөз және *өзі* есімдігінің бірігуі арылы жасалады. Есімше,

есім сөз және өз есімдігі матасып байланысады: *сөйлейтіннің өзі, күлегештің өзі.*

8. Эмоциялы баяндауыштың тағы бір түрі *алғанды, шығарды* тәрізді болып құралады: *-ған, -ген, -тын, -тін* формалы есімше *шығарды* етістігімен тіркесіп, бір баяндауыштық форма құрап тұр. Екі компонент объектілік қатынас арқылы біріккенмен, объектілік мағына бұл тіркесте көрінбейді. Объектілік қатынастың жоғалуына екі компоненттің лексикалық мағыналарының бұл қатынас шеңберінде сыйыспауы себеп. *Үй-ішіне ырза болмай, үнемі төмен қарап отырғанды шығарды* (Нұршайықов).

Отырғанды шығарды тәрізді құралған баяндауыш субъектіге тән іс-әрекетті ренішпен, жақтырмай атау қажет болғанда жұмсалады. Бұл баяндауыш жалпылай емес, тек бір стильдік аяға - ауызекі сөйлеу тіліне тән. Біздің ойымызша, табыс септіктегі есімше - *шығарды* болып құралған баяндауышқа тікелей сыңар болып экспрессивтік қатыспаған сөзде келетін *күлетін болды* сияқты баяндауыштар жұмсалады. Осы типті баяндауыштарға қарсы қойып салыстырғанда *алғанды шығарды* тәрізді баяндауыштар өз ерекшелігін айқын көрсетеді. Аталған эмоциялы баяндауыш келер шаққа тән форма алып та жұмсалады.

9. Бір топ баяндауыштар тек өткен шаққа қатысты іс-әрекетті эмоциямен атау үшін қызмет етеді. Солардың бірі *-ғаным* тұлғалы есімше мен *бар ма* сөзінің тіркесуінен жасалады: *келгенім бар ма. Олардың түрлері де көзіме ыстық көрінгені бар ма* (Момышұлы).

Баяндауыш қызметінде жұмсалатын бұл тіркестің құрамындағы негізгі сөздер өзара предикативтік қатынасқа түсіп байланысқан. Бірақ экспрессивтік мағына, соған байланысты интонациялық қалып компоненттердің арасындағы синтаксистік қатынастың солғындап, көрінбей кетуіне әкеледі. Сондықтан да *-ған* формалы есімше *бар ма* құрамы бір баяндауыштық тұлға болып танылады. Бұл баяндауыштық форма көбіне ауызекі сөйлеу тілінде ұшырап, жедел өткен шақ етістіктен жасалған баяндауышқа стильдік сыңар ретінде жұмсалады: *сөйледім - сөйлегенім бар ма.*

10. Эмоциялық мағына білдіретін мына баяндауыштық форма да құралуы жағынан ілгергі аталған формаға жақын: *алмасы бар ма.* Бұл баяндауыштың құрамындағы сөздер де предикативтік қатынасқа түсіп байланысып тұр. Ерекшелігі - бірінші компоненттің етістікті есім тудыратын *-ма, -ме* жұрнағы арқылы жасалған сөз ретінде кірігуі. Осынысының өзі сөзді өрнектеуге жәрдемші ретінде пайдаланылады. *Шөптібай жетіп келмесі бар ма* (Нұрманов).

11. Өткен шақ етістіктен болған баяндауышқа эмоционалдық сыңар болып *келмесін бе* тәрізді жасалған баяндауыштар жұмсалады. Баяндауыш құрамына бұйрық рай тұлғасындағы болымсыз етістік пен сұраулы шылау кіріп тұр. Бұл эмоциялы баяндауыштың ілгергі аталған *алғаны бар ма, алмасы бар ма* тәрізді формалардан екі айырмашылығы бар. Біріншіден, *алмасын ба* ілгергілерге қарағанда жинақы, қысқалау форма. Сойлеу үстінде, белгілі коммуникативтік жағдайға сай бұның талғанатын реті болады. Екіншіден, бұл форма өткен шақтық істі білдірумен қатар, тұрақты болып тұратын іс-әрекетті де білдіреді де, мақал-мәтелдер құрауда көп жұмсалады. *Қасқырдан бөлтірік тумасын ба* (Майлин).

12. Өткен шақта болған іс-әрекетті эмоциямен, әсерлі етіп айту үшін *-ар, -ер* тұлғалы есімше мен шылау *ма, ме* бірігіп жасалған баяндауыш та қызмет етеді: *жетіп келермін бе, ала қоярсың ба, айта қояр ма. Аңқау басым, әлгі машинесінің артына міне қоярмын ба!* (Майлин).

Келер шақ есімшенің бұл мағынада жұмсалуды, шылауды қатыстыруы ерекше интонацияның қатысуы арқылы мүмкін болып отыр. Осы қосымша компоненттердің қосылуы есімшені бастапқы (келер шақ) мағынасынан ажыратып, жаңа қызметке бейімдеген.

13. Эмоциялы лепті сөйлем құрайтын баяндауыштардың бір түрі болымсыз шартты райлы етістік - *ба (бе)* болып құралады: *алмасам ба!* Бұл баяндауыш шартты рай болымды етістіктен жасалып тілекті, арманды білдіретін баяндауыштарға сыңар ретінде пайдаланылады: *алсам ба-алмасам ба.* Экспрессивті баяндауыш іс-әрекетті көксеу, арман етуді эмоциямен білдірумен қатар белгілі ситуацияда, сөздің лексикалық мағынасына қарай сес көрсетуге ыңғайланып кетеді. *Сені бүгін жеткізіп тастамасам ба! Сенің түбіңе жетпесем бе!* (Майлин).

Келтірілген мысалдарға қарағанда, баяндауыштық форманың жақтық өзгерісі өлшеулі. Ол тек бірінші жақ түрінде ұшырасады. Генезисіне үңілгенде, баяндауыш мына құрамдағы құрмалас сөйлемнің бағыныңқы бөлшегінің дараланып шығуы негізінде пайда болғаны байқалады: *Соны сатып алмасам ба, саған жолықпай ақ қояйын.* Баяндауыштың морфологиялық құрамы (шартты райлы сөздің болымсыз формада келуі) осы генезиске байланысты. Шартты рай болымсыз етістік - *ба (бе)* формалы баяндауыш ауызекі сөйлеу тіліне тән.

14. Шартты рай тұлғалы етістіктен жасалған баяндауыш тілекті, арманды эмоциямен білдіру үшін жұмсалады: *Оқуды бітірсек! Ел-жұртымызға қолымыздан келген пайдамызды тигізсек!* Шартты

рай етістік - *шы (ші)* түрінде құралған баяндауыштар да армандаулы іс-әрекетті білдіру үшін қызмет етеді. *Шіркін, ол өсітіп көз айырмай өмір бойы қарап тұрсашы* (Мұратбеков). *Үй*

Осы баяндауыштар қатысқан сөйлемдер кейде бұрын, өткен кезеңде болған немесе болмаған іс-әрекеттің қарсы реакциясы (өкініш) ретінде туған армандауды білдіретіні бар: *алмадым - алсамшы, келмедің - келсеңші, алдым - алмасамшы, келдің - келмесеңші*. Шартты рай етістік - *шы (-ші)* формалы баяндауыштарды осы ситуативтік байланысын пайдаланып сөйлеушілер оны болмаған іс-әрекетті экспрессивті түрде білдіру үшін жұмсайды. *Келін-ай, шөп те сондай ауыр болады екен, әлгі құрығанды машинадан сырып түсіре алсамшы* (Майлин). Осы сөйлемде *түсіре алсамшы* деген баяндауыш реакция тудыратын іс-әрекетті (түсіре алмадым) атап, білдіріп тұр.

15. Болымсыз мағыналы баяндауыштар қатарында экспрессивті сыңар ретінде *-ған, -ген (-қан, -кен) - емес* болып құралатын форма жұмсалды: *келген емес, көрген емес. Сейтен бала жасынан жылан-шаяннан қорқып көрген емес* (Есенберлин).

Өткен шақ есімше мен *емес* сөзінің бұл бірігуі ерекше синтаксистік форма тудыру мақсатында пайда болған. Есімшенің болымсыз формасы морфология аясында *-ма, -ме* жұрнақтары арқылы жасалады: *алмаған, көрмегені -ған, емес* экспрессивті форма ретінде экспрессивтігі жоқ болымсыз мағыналы өткен шақтық баяндауыштардың бәріне вариант болып жұмсалды: *келмеді, келген жоқ - келген емес*.

16. Экспрессивтігі жоқ болымсыз мағыналы баяндауышқа стильдік вариант ретінде шартты рай етістіктің болымды түрі - *ба (бе)* болып құралған баяндауыш жұмсалды: *айтсам ба (айтпаймын). "Осының жұмысын саған реттесем бе!" дегендей боп Күлтай ашулы түрде қарады* (Майлин).

Шартты рай етістік - *ба (бе)* болып құралған баяндауыш, сөз жоқ, мағынасы жағынан болымсыз мағыналы баяндауышқа түгелдей тепе-тең келе қоймайды. Оның өз ерекшелігі бар. Ол баяндауыш аталған іс-әрекетке субъектінің теріс қарайтынын, ықпалсыздығын эмоциялы түрде білдіреді. Бұл баяндауыштық форма да ілгеріде аталған *алмасам ба* тәрізді құрмалас сөйлем компонентінің даралануы негізінде қалыптасқан болуға тиіс.

17. Ауызекі сөйлеу тілінде бір сөздің қайталануынан құралған *алмақ түгіл аламын* тәрізді баяндауыштар жұмсалды. Бұл баяндауыштың жасалу жолы былай. Негізгі компонент ретінде ауыспалы осы шақ, нақты осы шақ, өткен шақ етістік сөз келеді де, қайталанатын сөз *-мақ, -мек (-пақ,*

-нек) т.б. формасында келеді. Екі компонент *түгіл* демеулігі арқылы қарсылықты қатынасқа түсіп байланысады. Баяндауыш диалогтың жауап репликасында ұшырасады. Өйткені ол сөйлеушінің алдыңғы айтылған сөзіне байланысты тұжырымды, полемикалы жауап білдіргенде жұмсалады. Осы ерекшелігімен бұл баяндауыш экспрессивтігі жоқ келер шақ, осы шақ, өткен шақ істі білдіретін баяндауыштарға стильдік сыңар болып келеді: *алады - алмақ түгіл алады, жазып жатыр - жазбақ түгіл жазып жатыр, көрді - көрмек түгіл көрді. - Түсіндірерсің! - Түсіндірмек түгіл түсіндіремін* (Майлин).

18. Кезінде істелген істі өкінішпен білдіру үшін көсемшенің болымсыз түрінен жасалған баяндауыш жұмсалды: *алмай, көрмей*. Бұл формадағы етістіктің жеке жұмсалатын сөйлем құрауы - ерекше жай, жалпы тілдік заңдылықтан оқшау болып көрінеді. Өйткені тіл ғылымы талдауға қатыстырып жүрген мысалдарда көсемше етістік бағыныңқы позицияда ғана ұшырайтын (бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы немесе пысықтауыш мүше ретінде) форма болып көрінеді. Көсемше формалы баяндауыштың дербес сөйлем құрауы ауызекі сөйлеу тіліне тән. Бұл жай ауызекі сөйлеу тілінің эллипсиске (сөйлемді қысқартып айтуға) бейімділігіне байланысты болуға тиіс. *Мені есіркегенше арбаға өзің отырмай!* - деп Бибі де кейін түр (Мұратбеков).

19. Көсемшенің болымсыз түрінен жасалған баяндауыш (алмай) кезінде істелмеген істі өкінішпен атау үшін қызмет етсе, *-ып, -ін* формалы көсемше сөз істелген істі, әрекетті өкінішпен атау үшін қызмет етеді: *Әрнәрсеге ренжіп!*

20. Ашық рай болымсыз баяндауышқа эмоциялы сыңар ретінде жұмсалатын зат есім - *құрлы көрмейді*, субстантивтенген есімше - *құрлы көрмейді*, зат есім - *құрлы болмады*, есімше - *құрлы болмадым*, (*Күрке құрлы болмады, алған құрлы болмады*) болып құралған баяндауыштар бар. *Күміс самаурының шойын құманым құрлы болмады* (Мүсірепов). Аталған баяндауыштың эмоциялы болуы құрамына *ішкен құрлы, көлеңке құрлы* тәрізді құрылған синтаксистік формалардың кіруіне байланысты. Эмоциялы баяндауыш тек болымсыз формада жұмсалды.

Ауызекі сөйлеу тілінде сөйлемге эмоциялық түр беретін баяндауыштық формадан бөлек амалдар бар. Олардың бірі - одағай сөздерді сөйлемге енгізу. Бұл баяндауыштың актуалдық сапасына байланысты болуға тиіс. *Ей, шеттерінен күйін пісті-ау* (Мұратбеков).

Баяндауыштар қайталанып айтылып та эмоциялық білдіріледі. Мұндайда алдыңғысына демеулік қосылады. *Күлімсіреген сәті Халимадан еш аумайды-ау, аумайды* (Мұратбеков).

РЕПЛИКА РЕТІНДЕГІ ЛЕПТІ СӨЙЛЕМДЕР

Тілімізде құрылысы жағынан оқшау келетін, құрамындағы сөздерді мүшелік қатынасқа анық даралауға келмейтін сөйлемдер бар. Мысалы: *Келгенде қандай, Ол ол ма!* Бұл сөйлемдер лексикалық құрамы жағынан мүлде еркін бола алмайды, олардың бір тобы ылғи тұрақты бір сөздерді ғана қатыстырып құралады: *Ол ол ма! О несі екен!* Енді бір тобы бір сөздің тұрақты компонент болып қатысуы негізінде құралады: *Алғанда қандай! Айтқанда қандай!* Осы ретпен құралуы бұл сөйлемдердің құрылысына фразеологизмдерге тән сипат береді. Өйткені сөйлемнің құрамындағы сөздер еркін тіркеспейді, орнықты болған үлгі бойынша біріктіріледі. Осы құрылымдық ерекшелігін ескеріп, біз бұл типті сөйлемдерді реплика ретіндегі лепті сөйлемдер деп атаймыз. Осылай аталуына тағы бір себеп - бұл тәрізді сөйлемдер көбіне диалогта жауап реплика ретінде жұмсалады. Реплика ретіндегі сөйлемдер мазмұны жағынан да басқа сөйлемдерден ерекшеленеді. Бұларда эмоциялықты білдіру қызметі басым, логикалық мағына күңгірттеніп осы эмоцияның көлеңкесінен көрінеді. Реплика сөйлемдер бір ғана сөзден құралатыны да болады: *Осыған жалғыз барсын ба?* - *Бармай!*

Реплика сөйлемдер кісінің екінші жақтың сөзіне байланысты түрлі реакциясын: *құптауын, ризалығын, жақтырмауын* білдіреді. Реплика сөйлемдер диалогта жұмсалып, алғашқы репликаға байланысты сөйлеушінің реакциясын білдіретін болғандықтан, лексикалық құрамы жағынан соны қайталап құралады.

- *Тағы көреміз бе?*

- *Көрмей!*

Реплика сөйлемдердің құрылысын анық байқау үшін, оларды былай топтаймыз.

1. Алдыңғы реаликаның бір сөзін қайталау негізінде құралған сөйлемдер. Сөз болымсыз көсемше немесе *-ғанда* тұлғалы есімше түрінде келеді.

- *Осыны айтасың ба?*

- *Айтпағанда!* (Жұмаділов).

2. Алдыңғы репликадан қайталанған сөз бен тұрақты компонент ретіндегі сөзден құралатын сөйлемдер.

а) *Қайдағы* - қайталанған сөз (есім, есімше) болып құралады.

- *Ал жүрейік, шешей.*

- *Қайдағы шешей! Өзің орта жасқа келген жігітсің* (Мұхамеджанов).

ә) *Не қылған* - қайталанған сөз (зат есім, сын есім) болып құралады.

- *Әлі жас қой, бұған әлі келеді дейсің бе!*

- *Не қылған жас! Биыл он төртке келді.*

б) Қайталанған сөз (есім, етістік) - *(не) несі* болып құралады.

- *Саған ертең жолығудың реті болмайды.*

- *Болады, болмайдыларың не! Ертең қалай да келіңдер* (Шамкенов).

Қайталанып сөйлемге енген сөз ылғи тәуелдік формада тұрады.

в) Қайталанған сөз (есім, етістік) - *қалай* болып құралады. *Мұны сонша шимайладың.*

- *Шимайладың қалай! Бұл әдейі салынған сурет.*

г) *Қайдан* - бұйрық рай тұлғалы қайталанған етістік болып құралады.

- *Бұрынғы есепші өзі босады ма?*

- *Қайдан өзі босасын! Талай жыл орын теуіп әбден жайғасып алған неме еді ғой* (Шамкенов).

д) Қайталанған етістік шартты рай тұлғасында келіп *ша, ше* демеулігін үстеп құралады.

- *Сонда бір қалжыңдап едім.*

- *Қалжыңдасаң ше! Құрбың, қалжыңды түсінбейді ме!*

е) Қайталанған етістік *-ғанда* тұлғасында келіп *ша, ше* демеулігін үстеп құралады.

- *Соны да әкетесің бе?*

- *Әкетпегенде ше!*

ж) Қайталанған етістік *-ғанда* тұлғасында келіп, тұрақты компонент ретінде *қандай* сөзі қатысып құралады.

- *Жетіскен екенсің!*

- *Жетіскенде қандай!?* (Тарази).

Ілгеріде аталған реплика сөйлемде диалогтік ситуацияға сай құбылып тұратын элементі бар типтерге жатады. Бұлардан бөлек құрамы тұрақты, барлық жағдайда бір құрамда жұмсала беретін реплика сөйлемдер бар. Мысалы: *Ол ол ма, Бұл бұл ма, О несі екен-ей (маған), О не дегенің, Иә саған* т.б.

3.1.1.5. Атаулы сөйлемдер

Бастауыш - баяндауыш болып қатысқан мүшелері бар сөйлемдер осы құрылысына сай екі негізді сөйлем деп аталады. Бұлардан бөлек бір негізді сөйлем деп аталатындар бар. Солардың бір түрі - атаулы сөйлемдер. Бұл сөйлемдердің құрамында бастауыш, баяндауыш болып өзара қатынасқа түскен мүшелер жоқ. Сөйлемнің құрамында атау ретінде жұмсалған негізгі, тірек мүше болады: *жаз, тымырсық ыстық*. Атау сөз сөйлемде негізгі, тірек мүше болады. Осы негізгі мүше құбылыстың, заттың атауын білдіріп, сөйлемнің іргесіне тірек болады. Негізгі мүше ретінде зат есім, сын есім, есімше (*-ған, -ген, -қан, -кен,*

-тын, -тін формалары), түйық рай тұлғалы етістік жұмсалады. Сөйлем құрамына осы негізгі мүшеге бағыныңқылық қатынаста тұратын басқа мүшелер де кіреді: *Жаздың ыстығы-ай! Күтпеген жерден жолығуы-ай!*

Атаулы сөйлемнің негізгі мүшесі ретінде сын есім, есімше жұмсалғанда, олар субстантивтеніп тұрады. Осылай болғандықтан олар септік тұлғаға ие бола алады. Негізгі мүше көбіне атау тұлғада тұрады, бірақ сын есім, түйық етістік негізгі мүше қызметін табыс септік формасында тұрып та атқара алады. *Жаздың ыстығын! Күтпеген жерден келуін!*

Атаулы сөйлемдерде бастауыш-баяндауыш болып құралатын предикативтік қатынас болмағанмен, предикативтіктің өзі бар. Бұл сөйлем де тиянақты пікірді білдіреді, ол ойды, оқығаны болмысқа шақ, жақ тұрғысынан қатыстырып білдіреді. Атаулы сөйлемдерге тиянақты синтаксистік форма беретін - интонация, контекст. Сөйлемге тән интонация алып, атаулы сөйлем дара тиянақты форма алады: Шақтық мағынасы мағына жағынан жуық көрші сөйлемдер арқылы компоненттер арқылы білдіріледі. *Тәңертең келе жатыр едім, алдымнан шыға келген!*

Мұнымен қатар атаулы сөйлем негізгі мүшесіне еді көмекші етістігін үстеп, шақтық мағынаға өз алдына ие болатыны да бар: *Жаз еді.*

Атаулы сөйлемдер арнаулы коммуникативтік мақсаттың қажетімен қалыптасқан. Бұл сөйлемдер төніректі, жағдайды үнемді жолмен суреттеу үшін және пікірді эмоциялы етіп білдірудің амалы ретінде жұмсалады. Жұмсалыуына қарай атаулы сөйлемдерді үш топқа бөлуге болады: 1) бейнелеу мағыналы атаулы сөйлемдер. *Түн. Шалқыған-ай;* 2) эмоциялы атаулы сөйлемдер. *Кулуін!* 3) сөгіс, тілек мағыналы атаулы сөйлемдер. *Қаңғыған неме! Оркенің өскір!*

Атаулы сөйлемдер мен екі бас мүшелі сөйлемдер функция жағынан да, структура жағынан да тығыз байланысты. Функция жағынан байланысты дейтініміз - атаулы сөйлемдер мен екі бас мүшелі сөйлемдер мағына жағынан бірдей болып келе береді, бірақ олардың арасында ілгеріде аталғандай қызмет ерекшелігі болады: *Мезгіл жаз еді. Ай жарқырап түрған - Жаз. Жарқыраған ай.* Структура жағынан да байланысты дейтініміз - көп жағдайда бұл екі структуралық түрдегі сөйлемдерді бір түрден екінші түрге ауыстырып, құрылысын өзгертуге келеді: *Жаз ыстық - Жаздың ыстығы-ай!*

Атаулы сөйлемдердің грамматикалық сипаты - жайылуы, кенеюі, морфологиялық түрпаты - негізгі мүшенің қай сөз табынан болуына, қай формадағы сөз болуына байланысты. *Тасадан шыға келгенім! Шыжыған ыстық!* Сондықтан атаулы сөйлемдерді біз негізгі мүшенің грамматикалық түр-түрпатына қарай топтаймыз. Ол топтар мыналар: негізгі мүшесі атау тұлғалы зат есімнен болған атаулы сөйлем, негізгі мүшесі сын есімнен болған атаулы сөйлем, негізгі мүшесі -ған, -ген, -тын, -тін тұлғалы есімшеден болған атаулы сөйлем, негізгі мүшесі түйық етістіктен болған атаулы сөйлем, негізгі мүшесі табыс септіктегі сөзден (зат, сын есім, есімше, түйық етістік) болған атаулы сөйлем.

Негізгі мүшесі атау тұлғалы зат есімнен болған атаулы сөйлемдер оқиғаны, бейнені қысқа панорамды етіп хабарлау үшін жұмсалатыны ілгеріде айтылды. *Соғыс басталар жыл, нағыз қызыл балақ бозбаламыз* (Мұратбеков). *Жауыннан жауын, жолға шыға алмай отырмыз.*

Сонымен бірге бұл атаулы сөйлемдер құбылысты, затты эмоциялы атау үшін де жұмсалады. *Шіркіннің күлкісі-ай!* (Майлин). *Шіркін, осы ауылдың жастары-ай! Ойын-сауық десе жанып кетеді* (Мұратбеков).

Негізгі мүшесі сын есімнен болған атаулы сөйлемдер субъектіге тән сын, сапаны эмоциямен білдіру үшін жұмсалады. *Түннің қараңғысы-ай! Ту, қараңғысы-ай даланың!* (Мұратбеков). *Тіліңмен орақ орышың-ай сенің.*

Негізгі мүше қызметіндегі сын есім тәуелді формада тұрады. Бұл оның субъектілік мағыналы сөзбен (анықтауышпен) байланысуы үшін туған жағдай: *Менің оқығаным-ай! Сенің келішің-ай**

Негізгі мүшесі -ғыр, -гір, -қыр, -кір жұрнағы арқылы жасалған сын есімнен болған атаулы сөйлемдер тілеу, сөгіс білдіру амалы болып жұмсалады. *Оқымай кеткір! Көзі ашық қой, жөн сілтейді ғой десем, жаудың табанына салып бермек* (Майлин).

Негізгі мүшесі -ған, -ген, -қан, -кен, -тын, -тін тұлғалы есімшеден болған атаулы сөйлемдер іс-әрекет туралы пікірді эмоциямен білдіру үшін жұмсалады. *Күні бойы сарылып үйде отырғаны! Жай отырмайды, бірдемені жазып отырады* (Тоғысбаев). *Сенің-ақ сағына беретінің-ай* (Майлин).

Атаулы сөйлем құрайтын есімшелердің түр-түрінің қатысуындағы айырмашылық олардың шақтық мағынасына байланысты. Негізгі мүшесі түйық етістіктен болған атаулы сөйлемдер іс-

* Мысалға келтірілген сөйлемдер пікірді білдіреді, ол пікірдің құрамында субъект те, предикат та бар. Сондықтан жайшылықта бұл пікір бастауыш-баяндауыш болып құралған сөйлемдер арқылы білдіріледі. Осы сөйлемнің атаулы сөйлемге ауысуы трансформация арқылы іске асады: *Сен оқығышың - Сенің оқығышың-ай!*

кимылды эмоциямен білдіру үшін жұмсалады. *Тіпа, мынаның шешенсіп сөйлеуі-ай* (Майлин).

Негізгі мүшесі табыс септіктегі сөзден (зат есім, сын есім, есімше) болған атаулы сөйлемдер де пікірді эмоциямен білдіреді. *Мына жердің тауы-ай! Жүктің ауырын! Мүләйімсүйі! Балаларға қорған болған кісіміп тұрғанын* (Әуезов).

Негізгі мүшесі атау септіктегі сөзден болған атаулы сөйлем мен табыс септіктегі сөзден болған атаулы сөйлемдердің жасалуында үлкен алшақтық жоқ. Сонғы сөйлемдер - тарихи өзгерістің нәтижесі. Бұл атаулы сөйлемдердің негізгі мүшесі кейде *-шы, -ші* жұрнағын үстелген күйде жұмсалады. *Сурының жаманыншы!* (Жансүгіров).

Атаулы сөйлемнің мүшесінің құрамына *-шы, -ші* жұрнағының қатысуы оның басқа ұқсас формаларға еліктеуінен (аналогия заңы) болған.

3.7.2. Екі негізді жай сөйлемдер

Екі негізді жай сөйлем бір негізді жай сөйлемге қарағанда ең өнімді, өте жиі қолданылатын тип болып табылады. Өйткені сөйлемді тудырушы денотаттар айналамызда қоршаған объективті нақты өмір-материяға тән заттар екені аян. Ал заттардың сын - сапалары алуан түрлі болып келеді. Сондықтан да жай сөйлем көбінесе заттың тілдегі көшірмесі зат есімнен ғана тұрмайды, оның әр алуан сапаларымен бірге тұтасып қолданылады. Яғни, тіршіліктің сан түрлі құбылыстары тілімізде екі негізді жай сөйлемді құрушы тұрлаулы мүшелер-бастауыш пен баяндауыш арқылы білдіріледі. -

Жай сөйлем сөйлем мүшелерінен құралатыны белгілі. Сөйлем мүшелеріне тұрлаулы мүшелермен қатар тұрлаусыз мүшелерде жатады. Олар анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш деп аталады. Бұлардың тұрлаулы - тұрлаусыз болып аталуы атқаратын қызметтеріне тікелей байланысты. Тұрлаулы мүшелер жай сөйлемді құрушы негіз мүшелер болғандықтан аталмыш сөйлемнің түрі екі негізді жай сөйлем деп бөлінеді.

Тұрлаусыз мүшелер өздерінің қызметтеріне сай осы екі негізді құрушы бастауыш пен баяндауышқа қатынасады. Анықтауыш зат есімнен жасалған бастауышты жан-жақты, сан-салалы мақсатта анықтап тұрады. Ал толықтауыш пен пысықтауыш етістіктен болған баяндауышты жан-жақтан толықтырып, пысықтап өз алдына топ құрады.

Екі негізді жай сөйлем - коммуникативтік аспекті тұрғысынан ең көп қолданылатын тип. Өйткені зат есім - бастауыштан сапалары сан-алуан. Олар баяндауыш арқылы көрінеді. Екі

негізді жай сөйлем баяндауыштарының қай сөз табынан жасалуына қарай есімді және етістікті болып бөлінеді. Бұлар тұрлаусыз мүшелермен қатынасына сәйкес жалаң және жайылма болып сипатталады. Тек қана бастауыш пен баяндауыштан тұрса, жалаң жай сөйлем болады: *Күз түсті. Күн суытты. Аспан бұлтты* т.б. Ал бастауыш пен баяндауыш өз құрамына кемінде бір тұрлаусыз мүшені қатынастырса онда ол сөйлем жайылма екі негізді жай сөйлем болады: *Кәрі әже күндегі машыға бойынша бесік жырын айтады. Кәмшат тез ұйықтамайды* (Әуезов).

Екі негізді жай сөйлемнің бастауышы негізінен зат есімнен жасалады. Бірақ субстантивтеніп басқа сөз таптары да бастауыш қызметінде тұра береді. Ал баяндауыш қызметінде көбінесе етістік көрінеді. Алайда басқа сөз таптары да баяндауыш қызметінде өнімді қолданылады.

3.7.3. Бір негізді жай сөйлемдер

Сөйлемдердің грамматикалық жағынан екі негізді (екі бас мүшелі) және бір негізді (бір бас мүшелі) болып құрылатыны, тіпті, мүшеленбейтін де сөйлемдердің болатыны - тіл ғылымында дәлелденген құбылыс.

Сөйлемнің басты белгілерінің бірі - предикативтік қатынас сөйлемдегі бас мүшелердің (бастауыш пен баяндауыш) өзара қатынасына негізделетіні белгілі. Алайда, сөйлемнің мағыналық-мазмұндық құрылымындағы бас мүшелер болып табылатын субъект пен предикат арасындағы жақтық мағына грамматикалық ыңғайда басқаша жолдармен де берілуі мүмкін. Нақтырақ айтқанда, сөйлем үнемі екі бас мүшенің грамматикалық қатынасынан құрала бермей, предикативтік мағынаны логикалық ыңғайда тұтастай білдіретін бір ғана бас мүшелік құрылым арқылы да беріле алады. Мына мысалдар соның айғағы: - *Атпа! Тарт былай! Аруақ бары рас болса, бұдан келген керді көремін!* (Әуезов). *...Тәжім еттік бізді тәрбиелеген аналарға!* (Аймауытов). - *Қайтеміз, жыртық көңілді кейде осылайша жұбатуга тура келеді* (Исабеков). *Жерді қазақтың қара тоқпағымен өлшейді* (Мұқанов). Осы сөйлемдердің барлығына ортақ белгі - атау септігіндегі грамматикалық бастауыштың (немесе грамматикалық жақ) болмауы, яғни субъектінің атау тұлғалы жеке сөзбен сәйкес келмеуі. Нақтырақ айтқанда, сөйлемдер бір ғана бас мүше-баяндауышпен құрылып, субъекті-жақтық мән басқа бір тұрлаусыз мүше арқылы немесе бас мүше бойындағы тұлғалар арқылы аңғарылады, тіпті жақтық мән анық байқалмауы да мүмкін.

Сойтіп, бір негізді сөйлемдер деп, грамматикалық жағынан бір ғана предикативтік бас мүше құрылымда келіп, субъектілік бас мүшемен толықтыруды қажет етпейтін жай сөйлем түрін айтамыз.

Бір негізді сөйлемдер ондағы субъекті мәнінің берілісіне қарай: 1) белгілі жақты, 2) жалпылама жақты, 3) белгісіз жақты, 4) жанама “жақсыз” жақты деп бөлінеді.

3.7.4. Жақты сөйлемдер

Субъектінің мәні предикативтік бас мүшедегі жақтық тұлғалардан аңғарылып, бастауыштың атау тұлғалы есімдіктермен берілуін қажет етпейтін бір негізді сөйлем түрін белгілі жақты сөйлем дейміз.

Бір негізді белгілі жақты сөйлем, сырттай қарағанда, екі негізді толымсыз сөйлемге өте ұқсас болғандықтан, осы кезге дейін бұл сөйлем өз алдына бөліп қаралмай келеді.

1,2-жақтық құрылымдағы сөйлемдер ішінде есімдік бастауышты айқын талап етіп тұратын сөйлемдер болады. Олардың бастауышын түсіріп айтуға келе бермейді, сөйлем семантикасына нұқсан келетіні байқалады. *Сол күні кешке “Үшжүз” комитетінің жиылысы болды. Мен де бардым* (Мүсірепов). *...Сол мешітке сіз де барып, жұма намазында сіз де сөйлесеңізші* (Әуезов). Осы сөйлемдердің есімдік бастауыштарын түсіріп айтуға болмайды. Сондықтан бұлар екі негізді сөйлемдер деп есептеледі. Осыған ұқсас екі негізді сөйлемдердің бастауышы кейде контекст ыңғайында түсіріліп айтылса, олар толымсыз екі негізді сөйлемдер болады.

Ал кей сөйлемдер арнаулы бастауышты қажет етпейді, оларды атап көрсету артық екені, олар аталса, мағына өлсірейтіні байқалады. - *Не айттам? Ойланайын... Қобырғаммен кеңесейін* (Домбаев). *Сый дәмепте, берсе, алма еш адамнан* (Абай). Осы тәрізді сөйлемдерге толымсыз сөйлем тұрғысынан қарап, бастауышты қояр болсақ, мағынаға елеулі нұқсан келер еді. Сондықтан, мұндай құрылымдағы сөйлемдерді бір негізді белгілі жақты сөйлем деп қараған орынды.

Бір негізді белгілі жақты сөйлем бас мүшесінің жасалуында екі негізді сөйлем баяндауышынан пәлендей ерекшелік жоқ: дара, күрделі құрылымда келеді; шак, рай, негізінен, 1,2-жақтық тұлғалармен түрленеді. - *Балам-ай, келші, басын көтерейік. Өлі ме, тірі ме?* (Мүсірепов). - *Тоқтат жаным! Бар!.. Тек ашуыңды аулақ әкет! Балды! Бар!* (Әуезов). Бұлар - дара етістіктерден жасалған бас мүшелі сөйлемдер.

Бас мүшенің күрделі түрлері әр түрлі жолдармен жасалады:

1) көсемше тұлғалы етістікке көмекші етістіктердің тіркесі арқылы: *Тағы кімді жұтып, тымсырайып отырсыңдар?* (Қазыбаев). - *...Одан айрылып қала жаздадық* (Исабеков).

2) есімшеге көмекші етістіктердің тіркесуі арқылы: - *Жаман, сасық ұрыңды тапқан екенсің!..* (Әуезов). *...Қайтейін, билік менің қолымда болса, бұл күйге не түсер едің, не түспес едің?* (Майлин).

3) -ушы тұлғалы етістікке бол, е көмекші етістіктерінің тіркесуі арқылы: - *...Ауыздарыңнан шығарушы болмаңдар...* (Мұқанов). - *Сізді көрген сайын “Осы кісі неге соғысқа бармайды” деп ойлаушы едім* (Исабеков).

4) бір сөздің қайталануы арқылы жасалған күрделі баяндауыштар: - *Бір қимылды істеуін істедің. Бірақ енді сақ бол!* (Әуезов). - *Тоқтат, қаңғырған нәлет, бүлдірдің деген соң бүлдірдің!* (Токмағамбетов). - *Кетсем кетемін, батырсам батырайын қарамды. Ал қош бол!* (Исабеков).

5) де көмекшісі тіркескен төл сөзден жасалған: - *“Қашан айтып ең” деме! - деп Сүйіндік бар сөзді бір-ақ тұжырды* (Әуезов). *“Аш, арығымды асырап жүрмін” дей бер...* (Сонда).

6) тұрақты тіркестерден жасалады: *...Ел аузына қақпақ болып көрші.* (Әуезов). - *Ақылдассаң, әліптің артын бағайық* (Домбаев).

7) есім сөздер мен көмекші етістіктердің тіркесі арқылы: - *Әй, шырағым балам, әуелі ар жағыңда әкең тұр... Сәлем бер* (Әуезов). - *...Тел-гара! Айналайын! Соқталдай азамат болып кетіңсің-ау!* (Сонда).

Бір негізді белгілі жақты сөйлемдер құрылымы жағынан жеке дара бас мүшеден де немесе оның басқа тұрлаусыз мүшелермен жайылмалануы ыңғайында да қолданылады. Осындай жағдайда сөйлем бір компонентті не көп компонентті құрылымда деп есептеледі. Сөйлемнің құрылымын айқындау үшін құрылым негізіне сөйлемнің семантикалық мазмұнын құрайтын ең қажетті мүшелер алынады да, олардың әрқайсысы бір компонент деп есептеледі. Сөйлемде жеке мүшелерді айқындай, толықтыра түсу үшін болмаса, мағыналық құрылым үшін аса мән алмайтын мүшелер де болады. Бірақ, олар сөйлемнің құрылымдық түрлерін анықтауда есепке алынбайды. Осы тұрғыдан белгілі жақты сөйлемдердің мынадай құрылымдық түрлері болатынын көруге болады:

1. Бір компонентті сөйлемдер: тек бас мүшенің өзінен тұрады: *Жаса, жайна! Жадыра! Жаңар, далам* (Оразбаев). - *Кетіңізші, өтінемін! Сау болыңыз* (Исабеков).

2. Екі компонентті сөйлемдер: а) “тура толықтауыш + бас мүше”: - *...Басыңызды көтердіңіз*

бе? (Домбаев). - *Тәжежан, бар өлеңді жоймайық* (Әуезов). ә) “жанама толықтауыш + бас мүше”: *...Арттағы елден күдер үзгеміз* (Мағауин). - *Анау Абай ғой, айналайын-ай! Анасына айтайыншы...* (Әуезов). - *Тіздірермін танауларыңнан! Көгендермін қозыдай!* (Мүсірепов). б) “пысықтауыш + бас мүше”: *-Ана жылы сендер жақта болғанмын* (Рүстемов). - *Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым* (Абай). *...Енді бірауық аяқ суытайық* (Асылбеков).

3. Үш компонентті сөйлемдер:

а) “анықтауыш + тура толықтауыш + бас мүше”: - *Артқы күнді көріп алармыз...* (Әуезов).

ә) “жанама толықтауыш + тура толықтауыш + бас мүше”: *...Кебекпенен мені аз ғана араздаспыр...* (Шәкәрім). Толықтауыштар орны ауысып та келуі мүмкін: *...Адал күнімде асыл махаббатымды саған тапсырсам деп едім* (Әбілев).

б) “толықтауыш (тура, жанама) + пысықтауыштар (мезг., мек. т.б.) + бас мүше” (тұрлаусыз мүшелердің орындары ауысып келуі де мүмкін): - *...Тек ашуыңды аулақ әкет!* (Әуезов). - *...Оны кезінде көрерміз* (Нүрпейісов) т.б.

Сөйтіп, бір негізді белгілі жақты сөйлемдер грамматикалық құрылымы тұрғысынан бір бас мүшелі болғанымен, семантикалық жағынан субъект-предикаттық құрылымдағы толыққанды сөйлем екенін жоғарыдағы мысалдардан айқын аңғаруға болады.

3.7.4.1. Жалпылама жақты сөйлемдер

Кез келген тілдік тұлға *нақты, тура* мағынасынан басқа жалпылық та мағынаға ие болады. Осы заңдылық тұрғысынан келгенде, белгілі бір жақтық жалғау тура мағынасынан басқа жалпылық жақты білдіретін мәнге де ие бола алады, яғни абстракцияланады. Дәлірек айтсақ, сөйлемнің бас мүшесі қандай жақтық көрсеткішпен берілгеніне қарамастан, тыңдаушы (оқырман) сөйлем мазмұнынан сол хабардағы іс-әрекет, қимыл-қозғалыстың өзіне де, сөйлеушіге де, бөгде жаққа да қатысы бар екенін ұғынады. Сонда “жалпылық” деген ұғым іс-әрекетке ие бола алатындай сан мындаған субъектілердің бәрін емес, солардың ішінен тек 1,2,3-жақтардың ғана белгілі бір қимыл әрекетке қатысты бола алуын білдіру болып табылады. *...Жер үстінде адам баласы болудан артық не бар дейсің* (Мүсірепов). *Келбеті келгеннен кеңес сұра* (Мақал).

Сөйтіп, бас мүшесі белгілі бір жақтық тұлғада тұрғанымен, (көбінесе 2-жақ, ішінара 1- және 3-жақтарда); сөйлем семантикасы жалпыланған жақтық мәнді білдіретін, соған сай іс-әрекет үш жаққа тән боп көрінетін бір негізді сөйлем түрін жалпылама жақта сөйлем дейміз.

Бір негізді жалпылама жақты сөйлемдер мынадай жолдармен жасалады:

1. 2-жақтық жіктік жалғауы арқылы:

а) бас мүшесі етістіктің дара, күрделі, болымды, болымсыз, ашық райлы түрлерінен жасалады: - *...Мәңгі жасайтындай алысасың, жулысасың, қуанасың, күлесің, ұрысасың...* *Не үшін келдің, не үшін кеттің, не бітіріп кеттің. Тұңғыық* (Исабеков).

ә) 2-жақтық нөлдік тұлғаның дара, күрделі түрінен жасалады: *Айтпас жерде тіліңді тарт...* (Мақал). *...Ал осыдан соң мықты болсаң тырыспай көр!* (Асылбеков).

2. Жалпылама жақты сөйлем 1-жақта да жасалады деп есептейтін ғалымдардың пікірінше, мақал-мәтелдер, афоризмдер 1-жақтық жекелік тұлғасында және ауыспалы мәндегі көптік тұлғада осындай жалпылық мәнге ие болады. *Қысқалқысыла қыз болдым* (Мақал). *Мұнан да жаман күнімде тойға барғанмын* (Мәтел). *Ауру емес, жын емес, мінезді қайтіп жазамыз* (Мәтел). *...Оңға келдім - ойнадым, қызығына тоймадым, Жиырмаға келдім - бойладым, онда да балалықты қоймадым...* (Жетес би).

3. Жалпылама жақтық мағына мақал-мәтелдердің, афоризмдердің 3-жақтық тұлғаларында да байқалады. Оны белгісіз жақты сөйлемдерден ажырата білу керек. Сөйлемнің жалпы семантикасында 1,2-жаққа да қатысты болатындай мағына болса, оны жалпылама жақты сөйлем деп есептеу керек. *Көре-көре көсем болады, сөйлей-сөйлей шешен болады.* (Мақал). *Сұрай-сұрай Меккені де табады* (Мақал) т.б. Ал, мына мысалдардан ондай ерекшеліктерді табу қиын: *Елде болса, ерінге тиеді, ауылда болса, ауызға тиеді* (Мақал). *Әкесі өлеңді де естірмеді* (Мақал).

Жалпылама жақты сөйлемдердің құрылымдық ерекшеліктері мынадай:

1. Бір компонентті болмайды.

2. Екі компонентті: а) “тура (жанама) толықтауыш + бас мүше”: - *Мә, көкемдерді қара!* (Асылбеков). *...Үйіңді, әйеліңді, бала-шағаңды ойлайсың...* (Исабеков). ә) “пысықтауыштар + бас мүше”: *Жеті күн толған соң да, жеткізіп айт* (Мақал). *Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлан бол* (Мақал).

3. Үш компонентті: а) “толықтауыш (тура, жанама) + толықтауыш (жанама, тура) + бас мүше”⁷ - *Жөнін білмесең, туфлиңе тақа да қаға алмайсың* (Мағауин). *Малды енінен таны, адамды сөзінен таны* (Мақал). ә) “пысықтауыш + пысықтауыш + бас мүше”: *...Таң салқынымен сергек жүреді екенсің* (Бөкеев). б) “пысықтауыш + толықтауыш + бас мүше” (тұрлаусыз мүшелер

орны ауысып келе беруі мүмкін): *Дәлден атып жауды өлтір, дәлден айтып дауды өлтір* (Мақал). *Темірді қызған кезде соқ* (Мақал). в) “анықтауыш + толықтауыш + бас мүше”: *Күні бойы... қорғасындай ауыр құммен алысасың да жүресің* (Мүсірепов).

4. Төрт компонентті құрылымның тұрлаусыз мүшелердің орын ауыстыруына қарай бірнеше варианты болады. ...*Ондай қоңторғай жұртпен ештеңе бітіре алмайсың* (Ә.Кекілбаев). *Суды сіңетін жеріне құй, сөзді ұғатын адамға айт* (Мақал).

Сөйтіп, жалпылама жақтық мән үш жаққа да ортақ бола алатындай ыңғайда мақал-мәтелдер мен афоризмдерде, ауыспалы жақтық мағынадағы сөйлемдерде кездеседі.

3.7.4.2. Белгісіз жақты сөйлемдер

Бас мүшесі 3-жақты тұлғада келіп, іс-әрекет иесі белгісіз жақ болатын, тек іс-әрекеттің орындалуы жайында хабар білдіру мақсатын көздейтін бір құрамды сөйлем түрін белгісіз жақты сөйлем дейміз. *Жылыста Омбы мен Қызылжарды большевик билеп алғанын хабарлады* (Мүсірепов). *Бүгінгі шыққан аулымызды “Ерекең аулы” дейді* (Майлин). Осы сөйлемдердегі іс-әрекет иесі болатын жақ тек логикалық ыңғайда ғана бөгде бір белгісіз жақ болып түсініледі. Бұл сөйлемдер тек үшінші жақтық тұлғада болады.

Белгісіз жақты сөйлемнің бас мүшелері дара және күрделі құрылымдарда болады.

1. Дара бас мүше етістіктердің ашық, бұйрық райларында, шаққа қатысты, көсемше, есімше, етіс тұлғаларында келуі арқылы беріледі: *Жерді қазақтың қара тоқпағымен өлшейді* (Мұқанов). *Анамен алыспайды да, атыспайды да* (Мүсірепов). - *Қош, ағайын! Дәм, ырзық бұйырса, амандық, шаттықпен қайта көрісуге жазсын!..* (Әуезов).

2. Жүрделі бас мүше:

— а) есімше, көсемшелерге көмекші сөздердің тіркесуі арқылы жасалады: *Бұрын нанды күнде бір мезгіл өлшеп беретін еді, енді екі күнде бір беруге айналды* (Сейфуллин).

✓ ө) тұрақты тіркестерден болады: ...*Өзінен асқан адамды жақсы көре бермейді* (Исабеков).

б) “де” көмекші етістік тіркескен сөз, сөз тіркесі, сөйлемдер тұтасымен бас мүше қызметінде келеді: - *Сақалы жоқ еркекті әйел демей ме?* (Тоқмағамбетов). - *Әскер тәртібі қатты болады дейді* (Мүсірепов).

Белгісіз жақты сөйлемдер бір компонентті болмайды. Негізінен екі компонентті (толықтау-

уыш + бас мүше, пысықтауыш + бас мүше) және үш, төрт компонентті (тұрлаусыз мүшелердің орналасуына қарай бірнеше вариантты) болып құрылады. Бірнеше мысал: *Анамен алыспайды да, атыспайды да* (Мүсірепов) - “жан. тол-ш + бас мүше”: *Түрмесіне апарса апарсын* (Мүсірепов) - “пыс-ш + бас мүше”: ...*Төбені қатар-қатар бөренемен жауыпты* (Сонда) - “тура тол-ш + жанама тол-ш + бас мүше”: *Жерді қазақтың қара тоқпағымен өлшейді* (Мұқанов) - “тура тол-ш + ан-ш + жанама тол-ш + бас мүше” т.б.

3.7.4.3. Жанама жақты (“жақсыз”) сөйлемдер

Бір негізді сөйлемдердің басқа түрлеріне қарағанда, жанама жақты сөйлем зерттеуге ертерек алынды. Бұл сөйлемнің мынадай басты белгілерін атауға болады: 1) тек бір ғана бас мүшесі - баяндауышы болады; 2) баяндауыштың арнаулы тұлғадағы өзгеше құрылымы грамматикалық бастауыштың болуына мүмкіндік бермейді; 3) субъекті-жақтық мән арнаулы септік жалғаулы сөздерден, баяндауыш құрамындағы тәуелдік жалғаулы сөздерден немесе контекстен логикалық ыңғайда аңғарылып тұрады. Кейде баяндауыштағы ырықсыз етіс тұлғасы арқылы іс-әрекет ешбір субъектіге қатыссыз модальдық мағынада беріледі. *Маған үйге соға кету керек* (Исабеков). *Осы сияқты бір ауруы бар патшаның жайын бұрын да естігенім бар еді* (Мүсірепов). ...*Мұндай екі нәрсені бірдей болады деп айтуға мүмкін емес* (Абай) т.б.

Жанама жақты сөйлемнің бас мүшесінің түрлі-түрлі модальдық тұлғаларда келуі оның қолданылуында мол мүмкіндіктер ашады. Сонымен, грамматикалық бастауышы жоқ, субъект мәні арнаулы септік не тәуелдік жалғаулы сөздер арқылы логикалық ыңғайда байқалатын немесе мүлде көрінбейтін бір негізді сөйлем түрін жанама жақты сөйлем дейміз.

Жанама жақты сөйлем бас мүшесі төмендегідей жолдармен жасалады:

1. Жанама жақты сөйлемдердің бас мүшелері негізгі сөзі -у тұлғалы қимыл есімдері (тұйық етістік) арқылы жасалады:

а) аналитикалық форманттар ыңғайында құрылған тұйық етістіктер *керек* модаль сөзімен тіркесіп келеді: ...*Маған үйге соға кету керек* (Исабеков).

ә) тұйық етістіктердің күрделі түрлерімен *ма* сұраулық шылауы тіркесіп келеді: ... *Оның айтқанын орындамай калу ма?* (Исабеков).

б) дара және күрделі тұйық етістіктер тәуелденіп келіп *керек* сөзімен тіркеседі: *Бақыт іздеп нем бар еді, одан да Құлахметті сүюім керек еді ғой менің...* (Исабеков).

в) -у тұлғалы тұйық етістіктің дара, күрделі, тәуелденген түрлері барыс жалғауында келіп, *тура кел* күрделі көмекші етістіктерімен тіркеседі: *Қараңғы түнде жалғыз қайтуға тура келді* (Есенберлин).

г) -у тұлғалы тұйық етістіктің барыс септікте келген түріне *бол* етістігі мен *мүмкін, мүмкін емес* модаль сөздері тіркесіп келеді: *... Ал өзіңізден бұл жайды сұрауға бола ма?* (Иманжанов). *Маған мұнда оқытушы болып қалуға мүмкін емес еді* (Көбеев).

2. Жанама жақты сөйлемдердің бас мүшелерінің жасалуында есімшелердің рөлі айрықша:

а) *-ған, -ген* есімшелері жеке тұрып жіктелген ыңғайда келеді: *-Қу шұнақ шалдың кімді қорлаганы?* (Нүрпейісов).

ә) есімшелерге *ма, қой, шамалы, шығар, несі* т.б. тәрізді көмекші сөздер тіркесіп келеді: *- Осымен бәрінің біткені ме?* (Исабеков). *- ... Сондықтан айтып қалайын дегенім шығар* (Сонда).

б) *-атын, -етін, -йтін* тұлғалы есімшелермен *-ған* тұлғалы есімшеге *бол* етістігі тіркесіп келеді: *-Оның Марияны ұнатпайтын болғаны ма?*

в) тәуелденген есімшелер *бар* модалдық сөзімен тіркесіп келеді: *Осы сияқты бір ауруы бар патшаның жайын бұрын да естігенім бар еді* (Мүсірепов).

3. *-ғы, -гі, -қы, -кі* жұрнақтары арқылы жасалған қимыл есімдері *кел* көмекші етістігімен тіркесіп келеді: *- ...Менің ешкімді сүйгім келмейді* (Исабеков).

Кейде ауызекі сөйлеуде сирек те болса тәуелденген осындай қимыл есімдерінің *бар* модаль сөзімен тіркесіп келуі кездеседі: *Жиналыста осы туралы сөйлегім бар* (Газеттен).

4. Тәуелденген есім сөздер жеке тұрып та, әр түрлі көмекші, модаль мәнді сөздерді тіркестіріп те, кейде үйірлі мүше ретінде де жанама жақты сөйлемнің бас мүшесін жасауға қатысады: *- Жұмысың болмасын, бай өзімдікі!* (Майлин). *Оны ұмытуға да қақым бар ғой* (Исабеков). *Сенің бастаған бәлеңе көзді жұмып ере берер жайым жоқ* (Әуезов).

5. Құрамында тәуелденген зат есімдер бар тұрақты сөз тіркестері тұтасымен жанама жақты сөйлемнің бас мүшесі болады: *...Адамның неге болсын еті өліп кетеді білем* (Бөкеев).

6. Мына төмендегідей жағдайларда сөйлем субъектісі мүлде көрінбейді, оларды сөйлем мазмұны қажет етпейді. Сондықтан мұндай

сөйлемдерді таза “жақсыз сөйлемдер” деп атауға болады.

а) қимыл есімдеріне, олардың жіктелген және барыс септікте келген түрлеріне әр түрлі модаль мәнді сөздердің тіркесуі арқылы жасалған жақсыз сөйлемдер: *Қайта соларға қолы батыл жасты салу керек* (Әуезов).

ә) бас мүше көсемше және шартты рай тұлғалы етістіктерге *бол* көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалады: *Мына жұмысшыларды пәледен құтқармай болмайды. Мынау елдің бұл ісін аяқсыз тастап болмайды* (Әуезов).

б) *-ған, -ген, -мақ, -мек* тұлғалы есімшелерге модаль сөздердің тіркесуі арқылы жасалады: *Бұл екеуінің қайсысын таңдаған дұрыс* (Исабеков). *...Сол құмарланып жиган қазынамызды көбейтпек керек* (Абай).

в) бас мүше *не? неге?* сұрау есімдіктерінің қатысуы арқылы жасалады: *-Бір сөздің басын ауырта беріп не керек* (Мүсірепов). *...Шаруашылықты басқарған тәжірибелі адамнан неге үйренбеске* (Еділбаев).

г) бас мүше құрамында ырықсыз етіс тұлғалы сөздердің қатысуы арқылы жақсыз сөйлемдер жасалады: *Хат сұрауға тыйым салынған* (Исабеков).

Жанама жақты сөйлемдер грамматикалық құрылымы жағынан бір, екі, үш және төрт компонентті құрылымда келеді. Әр құрылымның түрлаусыз мүшелердің қатысуына және орналасуына қарай бірнеше варианттары болады.

3.7.5. Күрделенген жай сөйлемдер

Қазақ тілінің күрделенген сөйлемдері коммуникативтік қызметі мен құрылыстары жағынан біркелкі болып келе бермейді. Біреулері ішінара сөйлем мүшелері жағынан біркелкі болып қайталанса, енді біреулерінде баяндалған оқиғаға байланысты айтушы адамның түрліше көзқарастары білінеді. Енді бірде сөйлемнің негізгі желісі түрлі жақтардан сипатталып, қосымша мәндермен үстемеленіп отырады. Қайсысында болса да сөйлем құрылысы күрделеніп, мазмұны жағынан да күрделі ой туғызады. Бұлар бір-бірінен синтаксистік тәсілдері және іштей құрылыстары жағынан ажыратылады. 1. *Еміс-еміс естуімше, қыздың бір дұшпаны (неге дұшпан болатыны айтпай-ақ мәлім) қызға мен жіберген өлеңдердің біреуін қолына түсіріп алады да, мінезі қатал ағасының қолына тигіз еді...* (Мұқанов). 2. *Жас баланың жұдырығындай сүйкімді сол бір жұдырықты жұтып қояр ма еді деп, мен оған да қызға қарадым* (Нұрша-йықов). 3. *Ауылдан бүгін ертепел келген Асқар Бота-көзбен жолығу үшін оның үйіне кетті* (Мұқанов).

Бірінші күрделенген сөйлемнің құрылысында әрі қыстырма, әрі қыстырынды сөйлемдер қатыстырылған. Ал екіншісі және үшінші сөйлемдер құрылысынан көсемше, есімше оралымдар орын алған. Міне, күрделенген жай сөйлемдер өзара осындай ішкі құрылыстарының әр алуан болып келуімен сараланып отырады.

3.7.5.1. Айқындауышты сөйлемдер

Тіліміздегі кейбір сөздер бірін-бірі айқындап, анықтап отыратыны сияқты, кей уақыттарда бүтіндей сөйлем құрылыстары да мазмұны жағынан өзін дәлелдей, нақтылай түсуді қажет етіп отырады. Сөйлем дегеніміздің өзі айтушының түрлі көзқарасын білдірсе, мұндай қасиет көп жағдайларда бас мүшелер мен тұрлаусыз мүшелердің өз бойына сыя бермейді. Осындай жағдайда сол сөйлемде оңашаланған мүшелі сөздер немесе сөйлемдер қабаттастырыла айтылып, негізгі хабарланған ойдың мазмұнын әр түрлі жақтардан толықтырып отырады. Осыдан барып сөйлемнің құрылысы да күрделенеді, ой білдіру мазмұны да күрделене түседі.

Айқындауыш - қазіргі қазақтың әдеби тілінде жиі қолданылатын, анықтауыштың ерекше бір түрі. Айқындауыш, өзінің анықтайтын сөзімен тең грамматикалық байланыста тұратын сөйлемнің шартты мүшесі. Айқындауыш анықталатын сөздің жетегінде кейде қосарланып, кейде оңашаланып айтылып - өзінің алдындағы сөздің мазмұнын ашып, дәлдеп, анықтап тұрады. Сөз табы жағынан өзін айқындайтын сөзге орайлас жасалып, тұлға жағынан өзінің алдындағы анықталатын сөзбен түрлес болады да, мазмұн жағынан алдындағы жалпы ұғымның біреуін дәлдеп көрсетіп тұрады.

Айқындауыш деп аталып жүрген синтаксистік бірліктер қазақ тілінің өзінде де өзара бірдей емес. Ол анықтайтын сөзінің заттық не пысықтауыштық сапасын қосымша, жанама қасиет ретінде айқындайды. Айқындауыштар құрылысына қарай үшке бөлінеді: 1) Қосалқы айқындауыш; 2) Қосарлы айқындауыш; 3) Оңашаланған айқындауыш.

Қосалқы айқындауыш зат есімдердің қосымша сыны ретінде жұмсалатын сөздер болады. Олар анықталатын сөздердің қосымша заттық сапасы болатындықтан, анықтауыштардай олармен тығыз байланыста болмайды. Мысалы: *Алтамыс батыр*, *Жамбыл ақын*, *Асқар ағай* т.б. Қосалқы айқындауыш дегеніміз - атрибутивтік реңктегі зат есімдердің конкретті зат атауларына (жалқы есімдерге) тіркесіп, оның мағынасын заттың заттық сапасы ретінде айқындап тұратын сөз.

Айқындауыш мүшелерді мағына жағынан былай саралауға болады:

1. Кісіні жас, мамандық, қызмет, әлеуметтік тіршілігі, орны тұрғысынан айқындау. *Төле би*, *Майқы би*. Діни аңыздарда, фольклорлық шығармаларда ұшырайтын *Арыстан бап*, *Шопан ата* деген атаулар құрамында да айқындауыш бар.

2. Затты саны жағынан айқындау, сөйлеушінің эмоциялық қатынасын білдіру. *Оспан қу*, *Сәлім жетпегір*. Қосалқы айқындауыш мүше негізінен сөйлеу тіліне тән. Ол әсіресе эмоцияны білдіру тәсілі ретінде көп жұмсалады.

I. Қосалқы айқындауыш сөйлемде айқындайтын сөзімен ұласып, ол екеуі сөйлемнің біртұтас күрделі мүшесі болып жұмсалады. Тиісті грамматикалық қосымшалар айқындауыш сөздерге ғана жалғанады. *Баян бәйбіше аң-таң* (Әбішев). *Сейдахан болыс Құрбан ұстаны әулетімен осы шеңгелдіге асырып көшірген* (Токмағанбетов).

II. Қосарлы айқындауыштар да, қосалқы айқындауыштар сияқты, кез келген зат есімдер тіркесінен жасала алмайды. Бұлар - екі жалпы есімнің тіркесі. Олар семантикалық бірлестіктегі, мағыналас, мөндес-синоним сөздер болып келеді. *Батыр-ұшқыш*, *мүше-корреспондент*, *би-концерт*.

Екі жалпы есімнің бірі - заттың атының ұғымы ретіндегі, екіншісі - соның қасиеті, сапасы, ұғымы ретіндегі атрибутивтік реңкте қатынасқа түседі. Бұл қатынас - айқындалушы айқындауыштық негізге құрылған күрделі сөз-синтагмалық топ жасау арқылы, сол затты жалпы тобынан бөліп алып, ерекшелеп, айқындап көрсетеді.

Қосарлы айқындауыш дегеніміз - өзара мағыналас жалпы есімдердің бірі зат атауы, екіншісі оның сапасы ретінде тіркесіп, күрделі бір атау жасайтын сөздер.

Тіркестің әрбір сыңары өзара теңдігін, дербестігін сақтай отырып, мағыналық және грамматикалық тығыз байланысқа түскен сөздер.

Қосарланған айқындауыштар қазақ тілінде көп кездеспейді. Олар орыс тілінен терминдер алу және орысшадан қазақшаға аудару процесінде тілімізге соңғы кездерде ғана еніп, қазақ әдебиет тілінің де нормасына айналып келеді.

Бір зат есімді айқындауыштар тобы заттың аты мен сапасының қатынасынан шығатын, күрделі атау мағынасында қолданылатын сөздер болатын болса, оңашаланған айқындауыштар - белгілі бір ұғымды күшейту, ерекшелету; соған көңіл бөлдіру мақсатына сай қайталанып айтылу негізінде мәнерленіп, бейнеленіп қолданылатын айқындауыштық қатынастағы сөздер тіркесі.

Оңашаланған айқындауыш өз атына сай айқындалатын сөзбен тығыз байланысты келеді.

Оңашаланған айқындауыш деп өзі қатысты сөзінен соң тұрып, ерекше әуенмен айтылып, анықтайтын сөзінің заттық, шақтық т.б. мағынасын дәлдеп көрсететін айқындауышты айтамыз: *Әжесінің, Зеренің, артын күтетін кезде мұншама көп халықтың болғанын Абай өзі ұнатпаған* (Әуезов). *Бірақ қададан, жабырқау медреседен жаңа құтылып, енді ауылға, үйіне жетуге асыққан шәкірт бала ол сөздерді тыңдайын деп ойысқан жоқ* (Сонда).

Оңашаланған айқындауыштар айқындайтын сөздерімен тұлғалас, мағына жағынан әуендес болады: айқындауышы бір грамматикалық тұлғада не грамматикалық мағынада айтылса, айқындауыш та сонымен қиысып, сондай тұлғада не мағына жағынан онымен үндес келетін басқа тұлғада жұмсалады: *Өзім ұшырған қыраныма, Нұрланыма, жұрт жапқан жалаға мен де сеніп жүр деп қалып па ең?* (Әбішев).

Оңашаланған айқындауыштардың саралануы әдеби тіліміздің жетілу, баю жолдарымен тығыз байланысты. Тілдің икемділігі, көркемділік оралымдары неғұрлым мол болған сайын, оңашаланған мүшелердің қолданылу барысына кеңінен жол ашылады. Оңашаланған мүшелерді өз орнымен дұрыс қолдана білу стильдік заңдылықтарымызды да байыта түседі.

Тіліміздегі айқындауыштар құрылысына қарай жеке сөздер, сөз тіркестері, жеке сөйлемдер де болып келеді.

3.7.5.2. Қыстырма сөйлемдер

Қыстырма құрылымдарға бір қалыпқа түскен фразеологиялық сипаты, шектеулі мағынасы бар, жеке қолданылмайтын құрылымдар жатады.

Қыстырмалар арқылы сөйлемде берілген ойға сөйлеушінің қатынасы беріледі, олар модальдықтың лексика-грамматикалық тәсілі болып табылады. Ол қатынас әр қилы болады: сөйлеуші өз айтқанына күмәнданатындығын немесе сенетіндігін білдіре алады немесе айтқан ойына байланысты өкінішін, ренішін, қуанышын, қуаттайтындығын қоса айтуы мүмкін, сондай-ақ ол ойды қорыта айтатындығын немесе оның кімнің тарапынан екендігін де білдіре кете алады.

Қыстырма құрылымдар сөйлем мүшелерімен синтаксистік байланысқа түспейді, сондықтан сөйлем мүшесі бола алмайды. Қыстырма сөздер мен сөз тіркестерін мағыналарына қарай мынадай негізгі топтарға бөлуге болады.

1) Кісінің көңіл күйін, сезімін білдіретін қыстырмалар: *бақытымызға қарай, біздің бағымызға, өкінішке қарай, обалы не керек, бір гажабы* т.б. *Бір гажабы, екі қабат үйлер бір-біріне ұқса-*

майды, обалы не керек, бұл арада архитектор қиялы жақсы істеген (Ахтанов). *Егіс биыл, біздің бақытымызға, тамаша жеңіспен аяқталды* (Мүсірепов).

2) Айтылған ойға нануды, жорамалдауды білдіретін қыстырмалар: *әрине, шынында, шынын айту керек, рас, сөз жоқ, сірә, мүмкін, кім біледі* т.б. Мысалы: *Әрине, әркімнің өзі туған жері өзіне ыстық* (Исабеков). *Кім білсін, бұ да бір табиғаттың өлшеп берген мінезі шығар* (Ахтанов).

3) Ойдың айтылу амалын, тәсілін білдіретін қыстырмалар: *қысқасы, демек, дегенмен, айтпақшы, қорыта келгенде* т.б. *Қысқасын айтқанда, Ақбаянды есімнен шығаруға тырыстым* (Есенберлин).

4) Айтылған ойға басқаның не айтушының пікірі тұрғысынан қарағандықты білдіретін қыстырмалар: *сіздіңше, біздіңше, біреудің сөзіне* (пікіріне, ойына, айтуына) қарағанда т.б. *Қарттардың айтуына қарағанда, Арал осы жарқабақтан желініп, батыс жағынан ілері қарай құсырылып, жыл сайын тарылып келе жатыр* (Мұқанов). *Біздің ойымызша, Асқар - заман тақырыбынан гәрі күнделікті өмір тақырыбымен аралас-қуралас қонып жүрген ақын* (Мүсірепов).

5) Айтылған ойлардың өзара қатынасын білдіретін қыстырмалар: *сөйтін, не дегенмен, сонымен, біріншіден, екіншіден, бір жағынан* т.б. *Екіншіден, Жәңгір сұлтан қалмақтың елу мың қолын небәрі алты-ақ жүз адаммен жеңді деген түсінік - баланың мақтаны, қисынсыз ертегі* (Мағауин). *Қыздың бұл әрі биязы, әрі паң мінезі мұғалімді, бір жағынан, сүйсіндірді, екіншіден, намысын қоздырды* (Иманжанов).

Қыстырмалар қыстырма сөз және сөз тіркестері түрінде де, сонымен қатар сөйлем тұлғалас та болып келеді.

1) Айтылған пікірге тірек, дәлел, әсерлілік өң беретін, қыстырма сөйлемдер негізгі сөйлемге *дегендей* сөзі арқылы телінеді. Мұндай қыстырма ретінде көбінесе мақал-мәтелдер, елеулі кісінің сөзі енгізіледі. Бұл ретпен қыстырылған сөйлем негізгі пікірді дәлелді, салмақты етіп көрсетуге сеп болады: *Құдайға шүкір, біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей, ішіп-жемім жетеді* (Жүнісов). *Сулы жер - нулы жер дегендей, бұрқырай ағып, етегін кең жайып кететін бұлақтың қайнар тұсына қалың жыныс өскен* (Мұқанов).

2) Қыстырма сөйлемдердің енді бір тобы баяндалған оқиға барысындағы қимылдың қалайша болудағы себебінің жорамалын білдіріп тұрады. Осындай мәндегі қыстырма сөйлемдердің құрылысы түрліше болып келеді:

а) *ма//ме, ба//бе, па//пе* демеуліктері етістік не есім сөздермен тіркесе қолданылып, қыстыр-

ма сөйлем жасауға қатынасады. *Кітаптың қызығына түскендіктен бе, немесе әкесін күткендіктен бе, оның отырысы күндегіден бұл жолы ұзаққа созылды* (Иманжанов).

ә) Айтушының көзқарасындағы топшылау, жорамалдай айту кім біледі, ойлады білем, неге екені белгісіз тәріздес модаль сөздері бар қыстырма сөйлемдер арқылы да білінеді. Мұндай қыстырма сөйлемдер негізгі сөйлеммен модальдық қатынаста бола отырып, кейде тіпті бір нәрсе жайында құмандануды да білдіріп тұрады. *Неге екені белгісіз, Әлібекті үлкен үйге ас алдында ғана шақырды* (Есенжанов).

3) Енді бір қыстырма сөйлемдер айтушы адамның не басқа біреудің өзіндік ой-пікірін, бір нәрсе жайындағы көзқарасын аңғартып тұрады. Мұндай мәнде жұмсалған қыстырма сөйлемдердің жасалу жолдары түрліше болады.

а) Қыстырма сөйлемдердің құрылысы айтуынша, анығын, қысқасын айтқанда, айтайын сөздерімен аяқталады да, айтушының бір нәрсеге көзі жеткізіп тұрғандығын, өз сенімін байқатады. *Әдіс турасындағы басқалардың да пікірлерін қорытып, қысқасын айтқанда, әр әдіс орнында жақсы деген пікір болып шығады* (Байтұрсынұлы).

ә) Қыстырма құрамындағы негізгі тірек сөз байқауынша сөзі болады да, субъектінің өз ойының жорамалы білініп тұрады. *Шоқанның да бала жастан байқауынша, Бутковский - орыс армиясының мундиріне жан жүрегімен берілген кісі* (Мұқанов).

Қыстырма сөйлемді айтпасақ та, негізгі сөйлем өз мазмұн желісін үзе алмайды. Алайда онда баяндалған ой жалаң да жадағайланып, өзіне қатысты кейбір қосалқы мәліметтерден ойсырап қалады. Мұның өзі қыстырма сөйлемдердің тілімізде қолданылуы кездейсоқ құбылыс емес, қайта жерісінше, заңды әрі табиғи процесс екендігін айқындай түседі. Қыстырма сөйлемдер негізгі сөйлемде баяндалған оқиға желісіне байланысты айтушы адамның мәндегі көзқарасын білдіріп тұрады.

Қыстырма құрылымдар модальдық қатынасқа байланысты жеке өз алдына синтаксистік құрылым құрғандықтан да, айтылу барысында арнайы интонацияға ие болады. Жалпы сөйлемнің айтылу барысынан алшақтап, бөлектеңіп кетпейді, тек аз ғана тыныспен бөлектеңіп тұрады да, келесі негізгі сөйлемнің айтылу сазымен ұласып жатады.

Сонымен, қорыта келгенде, қыстырма құрылымдар негізгі сөйлеммен мағыналық бірлікте айтылып, кейінгінің мазмұн желісін әр түрлі модальдық реңкте толықтырып отырады.

3.7.5.3. Қыстырынды құрылымдар

Қыстырынды құрылымдар күрделенген сөйлемнің бір түрі ретінде танылады. Олар негізгі сөйлемнен өзгеше (объективтік) модальдылыққа, актуальді мүшеленуге ие. Қыстырындылар синтаксистің құрылымдық және коммуникативтік аспектісіне жатады.

Қыстырынды құрылымдар негізгі сөйлемдегі айтылған ойды немесе сөйлемнің белгілі бір мүшесін толықтырып, нақтылап, әр түрлі қосымша хабарлар беріп тұрады. Олар негізгі сөйлемге жай әншейін қыстырыла айтылмайды. Хабардың желісіне байланысты автор тарапынан арнайы мақсатпен қолданылады. Соның нәтижесінде сөйлемнің мазмұны толығырақ ашылып, онда хабарланған оқиға әрекеттердің қыр-сыры бір жағынан болса да, айқындалып отырады. Осыған қарай қыстырындылар мынадай функционалды-семантикалық топтарға бөлінеді: 1) түсіндірмелі; 2) нақтылаушы; 3) сілтемелік; 4) толықтырушы.

Түсіндірмелі қыстырынды құрылымдар негізгі айтылатын ойға қосымша түсініктеме беріп тұрады. *Түрік тұқымдас төркі, печенег (осы күнгі қарақалпақтар) елдерін қуып, Дон мен Еділ өңіріне беттеп барған* (Есенберлин). *Ендігі жерде әр азамат өзі тұрған жерде тіркеуде (регистрация) болады* (Газеттен).

Нақтылаушы қыстырынды құрылымдар негізгі сөйлемді нақтылай түсетін, талдаушы мәнді орындайды. *Бір жағынан еркіндікті сүйсе, екінші жағынан, ол өмірдің тұрақсыз екенін ойлайды. Сондықтан Мағжан қазақтың бұрынғы ақындарының (Абай, Ақымет, Міржақыптың) ізін қуып, халықтың өнер білімге шақырады* (Бес арыс).

Қыстырынды құрылымдардың сілтемелік түріне еңбектің авторын, оның атын, шыққан жылын т.б. көрсететін, құралымдар жатады. *Дәлін айтқанда, мыналар Абайдың ақын шәкірттері есепті де, Абай алды оларға жазушының мектебі сияқты болады* (М.О.Әуезов. - "Абай Құнанбаев мақалалар мен зерттеулер", 1967 жыл, 244 бет.) (Бес арыс).

Толықтырушы қыстырынды құрылымдар негізгі сөйлемге қосымша хабарлама береді. *Бұл кісінің баяндамасында сүйсінерлік жерлер болды (ол есімше мен көсемше ертеде VII-XVIII ғасырлардың өзінде қалыптасқан тарихи әрі грамматикалық категория деп, тарихи тұрғыда дәлелдейді)* (Аманжолов). *Жұрт тегіс жиналып, Темекен әйел, бала-шағасымен (сегіз баласы бар. Алды он сегізде) үлкен столды жағалай отырып болған соң, Әлжан тойды басқаруға кірісті* (Есенберлин).

Сөйтіп, қыстырынды құрылымдар қосымша мәлімет беру арқылы тілдік құрылымның мазмұнын кеңейтіп, байытады.

Қыстырынды құрылымдар грамматикалық әр түрлі синтаксистік бірліктер түрінде, нақтылай айтқанда, олар: сөздер, сөз тіркестері, жай және құрмалас сөйлемдер, тіпті синтаксистік тұтастықтар арқылы берілуі мүмкін. Қыстырынды құрылымдардың құрылысы жағынан ең қарапайым түрлері - сұрау және леп белгілері жатады: *Мұнда иненің жасуындай жасандылық (?) жоқ, тек шындық болғанда, жазушының таланты арқылы оптимистік (!) тұрғыдан жыр етілген шындық* (Әшімбаев). *Ақыры біздің Батыс Қазақстандағы Теке (Орал) қаласында туған апасы бары естіліп, Ғабдолла соған жөнелтіледі* (Мұқанов).

Қыстырындылар синтаксистік құрылымы жағынан алуан түрлі. Оның бұл тұрғыдан кеңейіп, күрделенуіне ешқандай шек қойылмайды. *Немесе, жоқты сылтау етіп (Қызылбастар кеше ғана қабылданды ғой! - Қызылбас - жылда келетін қызылбас. Ал мынау - бұрын болмаған емші Борис дәл осылай жауап беретін еді. Ойынның жүрістерін жақсы білетін Шелканов бұл жағына бармаған) мұның ісіне көлеңке түсірмек* (Мағауин). Қолданылу жиілігі жағынан алғанда, қыстырынды сөздер газет тілінде жиі кездессе, қыстырынды сөйлемдер көркем әдебиетте көп қолданылады.

Қыстырынды құрылымдар негізгі бөліктің құрамына, бір жағдайда тәуелді түрде, бір жағдайда тәуелсіз түрде еркін енеді. Ал ол кірісуді жүзеге асыратын тәсілдер интонация, орын тәртібі және арнайы лексикалық-мағыналық тәсілдер: қайталаулар, есімдіктер, жалғаулықтар, қыстырмалар т.б. *Әрқайсысының араб әрпімен қатысы бар, хат мәдениеті бар (хат мәдениеті деп әріпке қатысты бар нәрсенің бәрі айтылады, мәселен, сауаттылық, оның жүзіндегі дағдылы, өнер-білім, ілім, емле үйрету әдісі..., тағысын тағы сондайлар)* (Байтұрсынұлы). *Ақбаян ағасы жайында сұраған да жоқ (сірә, мені білмейді деп ойлаған болуы керек), біздің үйге келген де жоқ* (Есенберлин).

Қыстырынды құрылымдар сөйлем құрылысын, сөйлемнің интонациялық тұтастығын бұзбайды, сөйлем мүшелері арасындағы логика-грамматикалық байланысына ешқандай нұқсан келтірмейді. Негізгі ойды күрделендіруші компонент өзінің грамматикалық табиғатына қарай сөйлем құрылымын құрауға қатыспағанымен, жалпы сөйлем мазмұнын әр түрлі мағыналық тұрғыдан толықтырып отыруға мүмкіндік береді. Сондықтан, қыстырынды құралымдардың сөйлемнің негізгі бөлімімен байланысы семантикалық сипатқа ие болып тұрады.

Қыстырынды құрылымдар ырғақтық-интонациялық тұрғыда әр түрлі сөйлемдер түрінде берілуі мүмкін. Бірақ солардың ішінде ең көп

кездесетіні - хабарлы сөйлемдер. Көркем шығармаларда сұраулы және лепті сөйлемдер де ұшырасады. *Атыңның шабуы бұзылып, сүрініп кетуі де мүмкін (салт қашуға тура келсе, бұл естерінде болсын!)* (Мүсірепов). *Ол осы үлкен храмды тартып алып мешітке айналдырыпты (соншама қылмыс жасап жүріп мұсылманшылығының күштілігін қайтерсің?), содан кейін үнділіктер өздерінің ең бас храмын соның іргесіндегі кішкене үйге көшіріпті* (Ахтанов).

Сөйтіп, қыстырынды құрылымдар негізгі сөйлемде баяндалатын оқиға желісіне қосымша түсінік не болмаса айқындық кіргізу мақсатына ескерту жасап отырады.

3.7.5.4. Көсемше оралымды сөйлемдер

Көсемше оралым - бір субъектіге тән негізгі және көмекші әрекеттерді бір сөйлем бойында беруде қолданылатын құрылым. Көмекші әрекетті білдіретін көсемше әр түрлі мәндегі сөздерді өзіне бағындыра отырып, сөйлем ішіндегі бір синтагмаға ие болатын оралымды қалыптастырады.

Оралым құрамындағы көсемше екі түрлі қызмет атқарады. Біріншіден, есімді, етістікті сөздерді өзіне бағындырып, ұйымдастырушы тірек сөз орнында тұрса, екіншіден, тиянақсыз формасы арқылы оралымды негізгі бөлімге бағындырып, байланыстырушы болып тұрады. Сөйлемде оралым құрамындағы сөздер көсемше - ұйытқы сөздің семантикасы басым көрінетін лексика-грамматикалық тұтастық сияқты қызмет атқарып, негізгі бөліммен пысықтауыштық қатынаста тұрады. Оралымның әр түрлі пысықтауыштық қатынаста жұмсалуды көсемше формасында берілген етістік семантикасымен байланысты.

Көсемше оралым - айтылатын ойды образды түрде кеңейтіп, дәл беру үшін, қосалқы әрекеттерден негізгі процесті бөліп, айқындай түсу үшін қолданылатын құрылым.

Қазақ тілінде көсемше оралымды сөйлемді жасауда оның басқа формаларына қарағанда -*n* тұлғалы түрі айрықша қызмет атқарады да өте жиі кездеседі.

Көсемше оралымды сөйлемдер әр түрлі мағынада жұмсалады. -*n* формантты көсемше көбінесе амал мәнінде жұмсалып, амалдық пысықтауыш қызметінде болады. *Ертеңгі күні он шақты кісі жолдас ертіп, Абай Карамолаға аттанбақ* (Әуезов). *Баласының қолынан етікті жұлып алып, есікке қарай лақтырып жіберді* (Нүрпейісов).

Амал мәнді көсемшелі оралым *деп* көмекші етістіктің (көсемшенің) қатысуымен жасалады. *Қай жерімнен мін табады деп, Жанбота дала*

жұмысын тасқаяқтай қағыстырып келеді (Мұстафин).

Оралымдар мен негізгі сөйлемдердің аралығындағы мағыналық байланыстарға қарағанда, алдыңғы бөлшек (оралым) тұтасымен тұрып соңғы бөлекте (негізгі сөйлемде) хабарланған ой желісінің қалайша, қайтып орындалуының амалдық сипатын білдіре жұмсалады.

Көсемше оралымдар сөйлемдегі оқиға желісінің болуы және оның орындалу жайттарының қалайша болудағы алуан түрлі себептерін білдіріп тұрады: *Бақтыгүлдың бірнеше күн аш екенін еске алып, май тыққан көк бауырды, тағы бір-екі кесек майлы етті де шоқтың арасына жаттап жібереді* (Әуезов). *Бір жолы шөлдеп жүрген шығар деп аян, осы екі лаққа су бергені бар* (Нүрпейісов).

Көсемше оралымдардың енді бір тобы оздері қатысты сөйлемге мезгіл мәнінде жұмсалады. Оралымдағы мезгілдік мән жалпы сөйлем мазмұнынан, сонымен қатар құрамында мезгілдік мәндегі сөздердің жұмсалуды арқылы да белгілі болады. *1815 жылда Брюссель деген қаладан өтіп бара жатып, бір кітап сататын үлкен дүкенге кірдім* (Алтынсарин). *Күні бойы қорғаныс шебіндегі жігіттер арасында болып, кешке қарай Шуть екеуіміз Осташеваны аралап шықтық* (Фабдуллин).

-а, -е тұлғалы көсемше оралымдар. Оралымды жинақтаушы осындай тұлғалы көсемшелі сөздер де сөйлем ішіндегі басқа сөздермен қарым-қатынасы, ара салмағына қарай әр түрлі мағыналық белгілерде жұмсала береді. Бұл ретте олар көбінесе өзі тұлғалас көсемше сөздерімен тіркесе жұмсалады. Көсемше оралымның осы түрі, негізінен алғанда амал және мезгіл мәндерде жұмсалады: *Шоқан әкесіне іштей наразы бола жүре, оларға тез көнді* (Мұқанов). *Ақмола қаласынан күн батысқа қарай түсуге, 35 шақырым Есіл бойындағы елге барып түстік* (Сейфуллин).

-й тұлғалы көсемше болымсыз - ма жұрнағы арқылы жұмсалып, оралымды сөйлемдерді жасауға да қатынасады. *Жау қарасын үздірмей, артқы шаңына аралас келе жатырмыз* (Мүсірепов). -ма+й құрылысындағы көсемше оралымдар сөйлем ішінде қолданылу ыңғайына қарай шарттылық мән де беріп отырады. Мұндайда көсемше оралым негізгі сөйлемге шарт мәнінде жұмсалып, белгілі бір оқиғаның орындалу барысын міндеттеп тұрады: *Жалғыз жауды қалдырмай, жер бетінен жоямын* (Байғанин). *Тайының шылыбыр тізгінінен айрылмай, жабыса түреселеді* (Әуезов).

-ғалы тұлғалы көсемше оралым. Осындай тұлғалы көсемше оралымды қайыра отырып, сөйлемдегі ойдың мезгілін білдіре жұмсалады. Осыған орай да көсемше оралым біртұтас жұмсала

келіп, мезгіл пысықтауыштың сұрауына жауап беріп тұрады. *Енді Ырғызбайдың түнгі әрекетін естігелі, Абай қатты қимылға басты* (Әуезов). *Әскерлік қызметтен босанғалы, шыңғысқа қылыштан басқа қару берілген емес* (Мұқанов).

-ғанша тұлғалы көсемше оралым. Мұндай көсемшелер де, оралым құрамында жұмсалып, көбінесе мезгілдік ұғымды білдіріп отырады. -ғанша көсемшесі тек тәуелдік жалғауы арқылы түрлене алады: *Қызылорданың вокзалына кеп түскенше, Гүлнар өзін соғыс ішіндегі халде сезіп келген еді* (Мұқанов). *Ителгі қазды алып болғанша, өзіңді дәуреге салып болады* (Талжанов).

Сөйтіп, көсемшелер өздеріне қатысты сөздермен біріге жұмсалып, оралымды қайырып тұрады. Мұндай оралым пысықтауыш қызметін атқарады да, негізгі сөйлемде хабарланған оқиға әрекеттің әр түрлі амалдық сипатын білдіре қолданылады.

3.7.5.5. Есімше оралымды сөйлемдер

Сөйлем ішінде қолданылу ыңғайына қарай есімше сөздері де алуан түрлі қызмет атқарады: бірде атрибуттық мәнге ие болса, енді бірде ол жай сөйлемнің баяндауышы ретінде жұмсалады. Мұның барлығы есімшенің әрі есім, әрі етістік сөздерінің орнына жұмсала беретін екі жақты қасиетінен шығып жатады.

Есімше сөздері жай сөйлемнің баяндауыш қызметін атқарғаннан кейін, құрмалас сөйлем компоненттерінің де баяндауышы бола алады. Сондай-ақ сөйлемдегі негізгі ой бір бас мүшенің (бастауыштың) төңірегіне жинақталса, есімше сөздері оралымды құрылымдарды ұйымдастыруда орталық байланыстырушы дәнекер де болады.

Есімшелі оралым негізгі сөйлемдегі оқиға желісінің мазмұнын әр түрлі жақтан айқындай толықтыра жұмсалады. Осындай қасиетіне орай ол тәуелді құрылымдардың тобын құрап, күрделенген сөйлемдерді жасауға қатынасады.

Есімшелі оралым-күрделенген сөйлемнің тәуелді бөлшегі. Мұндай бөлшек негізгі сөйлемнің қажетін өтеу үшін жұмсалады. Осылайша жұмсалып есімше оралымның негізгі сөйлемге әр түрлі мағыналық қатынаста құралуымен айқындалады.

Есімше оралым негізгі сөйлеммен байланысу тәсіліне қарай, негізінен алғанда, екі түрлі амалмен жасалады: септік жалғаулары және көмекші (шылау) сөздерімен тіркесе жұмсалуды арқылы.

І. Септік жалғаулы есімше оралымдар. Осындай сөйлемнің жасалуында есімше сөздері кеңістік қатынаста жұмсалады. Мұның ішінен әсіресе жатыс септігінде (-ған+да) қолданылған түрі жиі

ұшырасады. Бұл оралым сөйлем ішінде қолданылу ыңғайына қарай мезгіл, кейде шарт мәндерінде жұмсалып отырады. Оралымды қайырушы сөз *-ғанда* тұлғасымен аяқталып, сол оралым тұтасымен тұрып негізгі сөйлемде хабарланған негізгі ойдың мезгілін білдіре жұмсалады.

Сөйлем бойында мезгілдік мәнінің орын алуында, басқа да оралымдардағыдай, оралым мен негізгі сөйлем баяндауыштарының өзара үйлесе қолданулары әсер етіп тұрады. Оралымдағы ұйымдастырушы тірек есімше сөздері өткен шақта қолдануларына орай сөйлемді аяқтаушы баяндауыштар да көбінесе осындай шақпен беріліп отырады: *Жиылысты басқарушыларға үлестіргенде, біреуін Раушанға да берді* (Майлин). *Соғыс майданында кездескенде, одан қатаң адамды көрмейсің* (Сонда).

Алғашқы оралымды (тәуелді) құрылым кейде негізгі сөйлем мазмұнына шарт мәнінде құрылып тұрады. Мұндай оралымдағы есімше сөзі көбінесе болымсыз тұлғада келеді. *Талай ананың азасын көре жүргенде, дәл осы қарт ананың кеудесін жарып шыққан күйіктей күйікті кездестірген жоқ-ты* (Нүрпейісов). *...Рабиганы күйеуіне бергізбегенде, мен өзім алу үшін бергізбей отырған болдым* (Майлин).

Есімше оралымды сөйлемнің екі қанаты да болымсыз мәнді ұғымда болады, осыған сәйкес сөйлем баяндауыштары болымсыз тұлғада не болмаса болымсыздық мәндегі сөздермен беріледі. *Іштей өз ұсынысынан қайтпағанмен, Анатолий Кондратьевич обкомның секретарына қарсы келген жоқ* (Мұқанов). *Ол мәселенің дұрысын айтпағанмен де, өзінікінен қайтпады* (Газеттен).

Енді бірде оралымдағы есімшелер болымды түрде, негізгі сөйлем баяндауыштары болымсыз тұлғада жұмсалады: *Ол Оразбай мен Базаралыға бас араздық арқылы өш болғанмен, ұлыққа қарсы наразылық ашуды тоқтата алмады* (Әуезов). *Осының жаманат сияқты хабарын естіп жатқанмен, Базаралы елең қылмаған* (Сонда).

2. Көмекші сөзді есімше оралымдар *-ған соң* осындай жолмен аяқталған есімшелі оралым сөйлем ішінде қолданылу ыңғайына қарай әр түрлі мағыналық қатынастарда жұмсалып отырады. Соның бірі - себептік мән. Мұндайда негізгі сөйлем баяндауышы көбінесе етістіктің өткен шақ, сонымен қатар ауыспалы осы шақ тұлғаларында жұмсалады. Ал оралымдағы есімше сөздері кейде болымсыз формада келеді. Мұның өзі себептік мәнің күшін одан сайын айқындай түседі: *Шұжықтан көбірек жеген соң, Байсейіт азырақ көңілденіп алды* (Сейфуллин). *Бұл жолы да домбыраны тартып ала алмаған соң, жырауды жау-*

ырынынан қамшымен тартып-тартып жіберді (Әбілев).

-ғаннан кейін. Есімше оралымның осы құрылысы мезгілдік мәнде жұмсалып, негізгі сөйлемдегі оқиға, әрекеттің орындалуына мүмкіндіктер туғызады. *Оны оқу мен пәтерге орналастырып болғаннан кейін, Михайлов Абайға тағы бір ақыл айтты* (Әуезов). *Жылқыдан босанып келгеннен кейін, мен тағы да белгілі Жаманшұбарда жүре бастадым* (Мұқанов).

-ғаннан бері. Бұлар да есімше оралымды жасауға қатынасып, сөйлем мазмұнына мезгілдік мәнінде құрылады. Негізгі сөйлемдегі оқиға желісі осыған орай да екінші бір ойдың болған мезгілімен ұштастырыла айтылады: *Әйгерім Мақұлбайдың өлгенін естігеннен бері, үнсіз жылауда еді* (Әуезов). *Ол бұл ауылмен дәмдес болғаннан бері, ...талай ақылды сөздер естіп, көңілге түймен, ойына ой қосумен болды* (Иманжанов).

Сонымен, есімше оралымдар негізгі сөйлеммен синтаксистік қарым-қатынаста жұмсалуына орай әр түрлі мағынада қолданылады. Солардың ішінен есімше оралымның ең көп кездесетіні - мезгіл мәніндегілер. Бұл жайт есімше оралымның жатыс септігінде, сондай-ақ мезгіл мәніндегі көмекші сөздермен қосыла айтылуымен байланысып жатады.

3.7.5.6. Қаратпалы сөйлемдер

Қаратпа сөз дегеніміз - басқа біреудің назарын аудару мақсатымен соған қаратыла айтылған сөз немесе сөз тіркесі.

Қаратпалар сөйлемнің басқа сөздерімен белгілі синтаксистік тәсілдер арқылы байланыспайды, бірақ сөйлем құрауға қатысып, белгілі бір эмоциялық-модалдық, өзіне тән арнаулы мағыналық қызмет атқарады. Қаратпалар сөйлемнен тысқары жеке келуі де мүмкін, сөйлем ішінде келуі де мүмкін. Қаратпа бір сөз болып та, бірнеше сөз болып та келеді.

Қаратпа болатындар:

1) Тыңдаушының аты-жөні, яғни жалқы есімдер және адамның кәсібіне, туыстық жайына, жынысына, жасына байланысты айтылатын сөздер мен тіркестері. *Абай, осы сен ақынсың-ау!* (Әуезов).

Жалқы есімдердегі әр түрлі реңкті білдіру, олардың одағаймен, эмоционалды сөздермен тіркесіп қолданылуынан, сол сияқты түрлі демеуліктерді үстеуінен көрінеді. *-Әй, Олжеке-ай, түбінде осы айтқаны келер деймін* (Мұстафин). *- Апасы-ау, қай түйеге артылып еді? Таба алмадым* (Мүсірепов).

2) Баска да тірі жан-жануарлардың аттары да қаратпа ретінде қолданыла алады. *Ей, аққу, сәлем деші жолыққанда!* (Сейфуллин). *Айналайын шұбар ат, Қолтығыңда бар қанат* (Алпамыс).

3) Жансыз, дерексіз заттардың атауы да қаратпа бола алады. *Қош, туган жер!* (Мұқанов). *Тыңда, дала, Жамбылды! Тыңда, Қастек, Қаскелең!* (Жамбыл).

Қаратпаның эмоциялық реңкін күшейте түсу үшін ол екі (кейде үш) рет қайталанып та келеді, мұндайда араларына одағай қосылуы да мүмкін. - *Бала, ай, бала, қайдасың?* (Ерубаев). - *Келін, ә келін, - деді ол* (Мұқанов).

Қаратпа сөздер құрылымы жағынан жалаң (бір сөзден тұрған) және жайылма (бірнеше сөзден құралған) болып келеді. Жалаң қаратпа сөздер жалқы есімдерден басқа мынадай тұлғалардан жасалады:

1. Атау тұлғадағы жекеше, көпше түрдегі, тәуелдік жалғаулы және тәуелдік жалғаусыз зат есімдер немесе зат есім орнына қолданылған есімше, сын есім. *Жігіттер, ойын арзан күлкі қымбат. Сергі, көңлім, сергі енді* (Абай). *Немен, жазған, айтсайшы* (Майлин).

2. Жасы кіші адамға, балаға, жақсы көрген адамға айтылатын *қарағым, жаным, шырағым, қалқам* сияқты сөздер І жақ жекеше тәуелдік жалғауда тұрып, қаратпа сөздер ретінде қалыптасқан. *Әй, шырағым балам, әуелі ар жағыңда өкең тұр... Сәлем бер!* (Әуезов). *Қарағым, жылыт, тамақ бер, Жаз шыққанша асыра* (Абай).

3. *Әй, ау, ей, өй, уа* тәрізді одағайлар да қаратпа сөз ретінде жұмсалуы мүмкін. *Ау, қастарыңда тағы біреулер бар емес пе еді. Әй, тұр, тұр енді* (Нүрпейісов). *Уа, үйде кім бар?* (Әуезов).

Жайылма қаратпалар құрамы жағынан әр түрлі болады.

1. Жалқы есім мен туыстық қатынасқа, адамның жасына, кәсібіне, әскери шеніне, қызмет дәрежесіне т.б. байланысты сөздердің тіркесі: *Абай аға, менің аузымдағы сөзімді Шұбар айтты* (Әуезов). *Жалмұқан мырза, ауыз басқанкі, айтақ сенікі екен ғой* (Мүсірепов).

2. Бір немесе бірнеше сөзден жасалған анықтауышы бар қаратпалар. Ол анықтауыштар сын есім, есімшеден жасалуы да, ілік септіктегі сөз болуы да мүмкін. *Асқақтаған сұлу, сөз тыңда! Қорқақ жау, осы ма еді аңдыған жерің!* (Мүсірепов). *Жастықтың оты, қайдасың?* (Абай).

3. Есім мен етістіктің тіркесінен жасалған қаратпалар тілек, қарғыс, үрсу т.б. сөттерде айтылады. Мұндайда етістік *-қыр, -ғыр, -кір, -гір* жұрнақтарын жалғаған тұлғада тұрады: *Құдай сілегір, кетші былай! Тыныштық бермедің ғой* (Әуезов). *Әй, Бәтима, құрып қалғыр, мұнда келші!* (Майлин).

Сөйлем ішінде қаратпалардың тұрақты орны жоқ, ол сөйлемнің басында да, ортасында да, соңында да келе береді. Бірақ кейбір реттерде қаратпаның қызметіне, жалпы сөйлемнің мағынасына қарай оның, көбінесе сөйлемнің басында немесе аяғында тұратын жағдайы да болады.

4. ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕР

4.1. ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ

! Сөйлем синтаксисі жай сөйлем синтаксисі және құрмалас сөйлем синтаксисі болып бөлінеді.

Жай сөйлем синтаксисі жай сөйлемнің құрамын, құрылымын, мағынасын, қызметін зерттесе, құрмалас сөйлем синтаксисі құрмалас сөйлемнің құрылу заңдылықтарын зерттейді. Таратып айтқанда: құрмалас сөйлем қалай жасалды, бірнеше жай сөйлемді тізе берсек, одан құрмалас сөйлем жасала ма, құрмалас сөйлемнің белгілері, оның жай сөйлемнен айырмашылығы қандай, құрмалас сөйлем құрамындағы сынарлардың (компоненттердің) бір-бірімен байланысы, құрмалас сөйлемнің мағыналық, құрылымдық түрлері қандай - міне, осылар зерттеледі.

Ең алдымен құрмалас сөйлем деп қандай синтаксистік тұлғаны айтамыз, оның қандай белгілері бар? Оның жай сөйлемнен мазмұны, құрылымы жағынан ерекшеліктері бар ма, бар болса, қандай - осы сұрақтардың басын ашу керек.

Құрмалас сөйлем мен жай сөйлемнің ортақ жақтары да, өзіндік ерекше сапа қасиеттері де бар. Қызметі жағынан алғанда, құрмалас сөйлем де, жай сөйлем де сөйленіс бірлігіне жатады. Қарым-қатынас процесінде, сөйленіс кезінде ол екеуі де бірдей қатысымдық қызметте жұмсалады. Олардың әрқайсысы интонациялық тиянақтылыққа, мағыналық аяқталғандыққа ие. Кей жағдайда екеуіндегі мәліметтің көлемі де бірдей болып келуі мүмкін. Салыстырыңыз: *Көріп тұрмын: бала ол жерге көп аялдаған жоқ* (құрмалас сөйлем). *Бала ол жерге, көріп тұрмын, көп аялдаған жоқ* (қыстырынды элемент арқылы күрделенген жай сөйлем).

Алайда бұл айтылғандар құрмалас сөйлемнің жай сөйлемнен мағыналық, құрылымдық елеулі ерекшеліктері барын жоққа шығармайды.

! Ең алдымен құрмалас сөйлем мен жай сөйлем бір-бірінен құрылысы жағынан ерекшеленеді. Жай сөйлем бір ғана предикативтік бірлікке ие болса, құрмалас сөйлем екі және одан да көп предикативтік бірлікке ие. Ол предикативтік бірліктер әдеттегі жай сөйлемдерден мәнді түрде ерекшеленеді. Олар өзара мағыналық және құры-

лымдық жағынан тығыз байланыс, қарым-қатынасқа түсіп, күрделі ойды білдіреді: *Ушаков үйінде болмай, Бұланбай қайтып кетті* (Мүсірепов). Бұл сөйлемде екі предикативтік орталық бар: біріншісі - *Ушаков үйінде болмай*, екіншісі - *Бұланбай қайтып кетті*. Сөйлемдегі негізгі ойды (*Бұланбайдың қайтып кетуі*) білдіріп тұрған предикативтік сынар мен көмекші ойды (*Ушаковтың үйінде болмауы*) білдіріп тұрған предикативтік сынар тығыз мағыналық бірлікте және тиянақсыз -й көсемше жұрнағы мен интонация арқылы грамматикалық жағынан да тығыз байланысып, бір бүтін тілдік единица құрап тұр.

Ал мына сөйлем соншама көп сөзден жасалғанымен, онда бір ғана предикативтік орталық бар, сондықтан ол жай сөйлем болады: *Кеше күні бойғы әңгімеде Абай өз әкесі туралы үлкен кісілердің аузынан ең алғаш сын сөздерін есітті* (Әуезов). Предикативтік орталық *Абай есітті*.

Екіншіден, құрмалас сөйлем оны құраушы бірліктердің сипаты жағынан ерекшеленеді. Жай сөйлемнің компоненттері сөз тұлғалар мен сөз тіркестері болса, құрмалас сөйлемнің компоненттері предикативтік бірліктерден тұрады.

Құрмалас сөйлемнің предикативтік бірліктері жай сөйлемге тән маңызды белгі - предикативтілікке ие. Алайда олар жай сөйлемге тән басқа белгілерге - интонациясы мен мағынасы жағынан аяқталғандыққа ие емес.

Үшіншіден, құрмалас сөйлем мен жай сөйлемнің білдіретін грамматикалық мағыналары бір емес. Жай сөйлемнің білдіретін грамматикалық мағынасы - модальдық, жақтық, шақтық категориялар арқылы берілетін предикативтілік мағына болса (оның өзі болымдылық және болымсыздық тұрғыда көрінуі мүмкін), құрмалас сөйлем бөліктері арасынан нақты мағыналық қатынастар туындайды: мезгілдік (оқиғалардың бір мезгілділігі, әр мезгілділігі), себеп-салдарлық, шарттылық, қарсылықты т.б. Осылар құрмалас сөйлемнің грамматикалық мағыналарын құрайды. Демек, құрмалас сөйлем оқиғалардың арасындағы қарым-қатынасты білдіруге қызмет етеді, сол үшін пайда болған. *Көктем келді. Жерде әлі қар бар. Құстар ұшып келе бастады. Көктем келгендіктен, жерде әлі қар бар болса да, құстар ұшып келе бастады.*

Егер жай сөйлемдер арасындағы грамматикалық мағыналар айқын, нақты белгіленбесе, құрмалас сөйлемде олар белгілі грамматикалық формалар арқылы (*-гендіктен, -са да*) нақты түрде белгіленген (себептестік және қарсылықты грамматикалық мағыналар орын алған).

Бұдан басқа құрмалас сөйлемде әр түрлі көлемдегі қосымша мәліметтер де тууы мүмкін.

Сүт қатқан қою шай құйылды. Ол ішкен жоқ. Сүт қатқан қою шай құйылды, бірақ ол ішкен жоқ. Сүт қатқан қою шай құйылды, сондықтан ол ішкен жоқ.

Алдыңғы жай сөйлемдерден ешқандай қосымша мәлімет ала алмаймыз. Ал бірінші құрмалас сөйлемнің грамматикалық мағынасы қарсылықты болса, қосымша туындайтын мәлімет - *“ол сүт қатқан қою шайды жақсы көреді, бірақ қандайда бір себептен оны ішпеді”*. Екінші құрмалас сөйлемнің грамматикалық мағынасы - себеп-салдарлық, ал қосымша беретін мәліметі - *“сүт қатқан қою шай оған ұнамайды”*.

Құрмалас сөйлемнің келесі бір басты белгісі - өзіндік интонациясы болады.

Әдетте құрмалас сөйлем компоненттерінің арасында интонациялық кідіріс (пауза) болатыны белгілі. Бірақ ол интонациялық кідіріс сөйлемді жеке синтаксистік тұлға-бірліктерге айырып, олардың әрқайсысын тиянақтап тұрмайды, ал предикативтік сынарларын бір-бірімен байланыстырып, құрмалас сөйлемге тән мағыналық-құрылымдық тұтастықты, сол арқылы ой бірлігін қамтамасыз етіп тұрады. Сондықтан құрмалас компоненттерінің арасындағы интонацияны ажыратушы емес жалғастырушы, ұластырушы интонация деуге болады. Ол интонация құрмалас сөйлем компоненттерін әрі ажыратып, әрі байланыстырып, екі жақты қызмет атқарып тұрады. *Кестеленуі:*

Жай сөйлемде:

A _____ B

Құрмалас сөйлемде:

A _____ B A _____ B

Интонациялық кідіріс жай сөйлемнің ішінде де кездеседі. *Біз барған ауыл//өзен жағасында екен. Немесе: Біз//қарсы кездескен әрбір адамнан жол сұраумен болдық.*

Бір жай сөйлем ішіндегі интонациялық кідіріспен құрмалас сөйлем ішіндегі интонациялық кідірістің атқаратын қызметтері бір емес. Жай сөйлемдегі интонациялық кідіріс сөйлемді мағыналық топтарға (бастауыштық-баяндауыштық) немесе (тема-ремалық) бөліп тұрса, құрмалас сөйлемдегі интонациялық кідіріс предикативтік компоненттердің ара жігін ажыратып, синтаксистік қызмет атқарып тұрады: *Біз барғанда, ауыл өзен жағасында екен.*

Бесіншіден, құрмалас сөйлем компоненттерін байланыстыратын лексика-семантикалық, грамматикалық амал-тәсілдер болады. Қазақ тілінде олардың тұтас бір қалыптасқан жүйесі бар.

1. Ең алдымен, құрмалас сөйлем компоненттерін байланыстыратын жай - олардың мағына-

лық жақындығы. Компоненттер арасында мағыналық жағынан жақындық, іліктестік қатынас болмаса, олар құрмалас сөйлем құрамына еніп, бір бүтін болып тұра алмайды. *Енді әзіл әңгімеге кірісе бергенде, ауыз үйдің есігі шалқасынан ашылды. Дәл кірер жері тар болғандықтан, Көкбай бастаған жігіттер бірінің артынан бірі тізілді* (Әуезов). Жоғарыдағыдай, құрмалас сөйлемде олардың компоненттері мағыналық тұрғыдан бірін-бірі толықтырып тұрады: *олар өзара мезгілдік, себептік, шарттық* т.б. мағыналық қатынастарда тұрады.

2. Екіншіден, құрмалас сөйлем компоненттерін байланыстыратын арнайы грамматикалық тәсілдер болады. Оларға компоненттерінің бірінің баяндауышының тиянақсыз тұлғалары жатады: көсемше, есімше, шартты рай тұлғалары, септік жалғаулары, кейбір жұрнақтар және көмекші сөздер (шылаулар) тобы. Бұлар - синтетикалық тәсілдер.

Бұл жігіттерді бөгей алмасын сезініп, Омар да ас үйге қарай кетті (Мүсірепов). *Киімдері жылы болғанмен, қатты қажыған дене тоңуға айналды* (Әуезов). *Мұсақұлға келсе, Базаралы да сонда екен* (Сонда). *Бұл қонақтар кетісімен, Абай Татьяна әнін қайта іздеді* (Сонда). *Үшеуі өз жұмыстарын оп-оңай жайлады да, Шыңғысқа қарай қайта тартты* (Сонда). *Кәмшат жайы осындай күйіп жүрген күндерге дәл келген соң, Бөжейдің рақымсыз боп жүргені рас* (Сонда).

Жоғарыдағы мысалдардағы көсемше, есімше, шартты рай тұлғалары, септік жалғаулары, жалғаулық шылау мен септеулік шылау да өз тиянақсыздықтары арқылы өздері жалғанған немесе тіркесіп келген компоненттерін келесі компонентке ұштастыра (жалғастыра) байланыстырып тұр.

3. Үшіншіден, құрмалас сөйлем компоненттерін байланыстыруда интонация мен компоненттерінің орналасу тәртібінің ерекше маңызы бар. Құрмалас сөйлем мәселесінде интонация тұтастығы барлық жағдайда да ерекше мәнді, ал мына мысалдарда ол бірден-бір байланыстырушы тәсіл болады: *Ақылдасып көріп еді, Ербол да тыңнан ешнәрсе таба алмады* (Әуезов). *Жай мәлім, сөз қысқа* (Сонда).

Құрмалас сөйлем компоненттерінің белгілі орналасу тәртібі бар: баяндауышы тиянақсыз тұлғаға аяқталған компоненті әдетте алдыңғы шепте (кей жағдайда тиянақты компоненттің ортасында, мысалы: “*Қолдан келген жәрдемді, Тұрлықұлдан бір кек әперуге жарасаң, сенен аямас едік*”) орналасады да, баяндауышы тиянақты тұлғадағы компоненттерін байланыстырып, оларды бір бүтіннің құрамына біріктіреді.

Құрмалас сөйлем компоненттерін байланыстыратын амал-тәсілдер осы айтылғандармен ғана бітпейді. Оған көз жеткізу үшін мына мысалдарға зер салайық:

Сырдың күні қандай ыстық болса, түні сондай салқын (Мұқанов). *Оған керегі Рязановты таңдандыру еді, онысы ойдағы жерден шыққан сияқты* (Мүсірепов). *Таныдым: үй - Қарабеттің отауы* (Жүнісов). *Мал жерді емеді, адам малды емеді* (Мүсірепов).

Құрмалас сөйлем компоненттеріне ортақ бір сөздің (не тіркестердің) келуі оларды тығыз жымдастыруға себепкер болып тұрады. Мысалы, бірінші сөйлемдегі *Сырдың* сөзі екі компонентке де ортақтасып келсе, екінші сөйлемнің екінші компоненті құрамындағы *онысы* есімдігі алдыңғы компоненттегі ойға нұсқап, онымен тығыз бірлік құрауға дәнекер болып тұр. Ондай дәнекерлік қызметті *қандай, сондай* қатыстық сөздері (1-сөйлем) де, жалпы сөйлем құрылысы (3-сөйлемнің алдыңғы компоненті толымсыз құрылымда келіп, екінші компоненті арқылы толығыуы) да, компоненттерінің құрылымы, шақтық, жақтық көрсеткіштері жағынан ыңғайласып келуі, синтаксистік қатар құрауы (4-сөйлем) да атқарып тұр.

Сонымен құрмалас сөйлем құрамындағы предикативтік компоненттер екі не одан көп жай сөйлемдердің жай ғана тіркесі ретінде қаралмайды, олар бір-бірімен тығыз қарым-қатынасқа түсіп, соның нәтижесінде бір компоненті мағыналық, құрылымдық, интонациялық тиянақтылықтан айрылып қалып, екіншісіне тәуелді болады. Сондықтан құрмалас сөйлем компоненттері өз бетінше дербес қарым-қатынас бірлігі ретінде қаралмайды. Олар тұтас бірлікте ғана қарым-қатынас құрала бола алады. Демек, құрмалас сөйлем компоненттері дербес жай сөйлемдермен бірдей емес, олар - бүтіннің бөлшегі ғана.

Жоғарыда айтылғандарды жинақтай келсек, мынадай қорытындыға келуге болады:

Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің бір-біріне ұқсас жақтары да бар, сонымен қатар бір-бірінен түбірлі айырмашылықтары да бар.

Ұқсас жақтары: 1) жай сөйлем де, құрмалас сөйлем де тілдің қарым-қатынас бірлігі; атқаратын қызметтері бірдей; 2) жай сөйлем де, құрмалас сөйлем де предикативтік қатынасқа ие; олар сөйлемдік қасиетке ие предикативтік орталықтардан тұрады; 3) жай сөйлемде де, құрмалас сөйлемде де тиянақты интонация бар: ол сөйлемді аяқтап тұрады.

Айырмашылықтары: 1) жай сөйлемде бір ғана предикативтік орталық болса, құрмалас сөйлемде екі не одан да көп предикативтік орталық

болады; 2) жай сөйлемде бір ғана ой берілсе, құрмалас сөйлемде күрделі ой беріледі; 3) жай сөйлемдегі тиянақсыз интонация сөйлем мүшелерін мағыналық топтарға бөліп тұрса, құрмалас сөйлемде предикативтік топтарға бөледі.

Сонымен, құрмалас сөйлем деп екі не одан да көп предикативтік компоненттердің өзара лексика-семантикалық, грамматикалық тәсілдердің көмегімен мағыналық, құрылымдық, интонациялық біртұтастық жасап бірігуі арқылы күрделі ойды білдіруге қызмет ететін коммуникативтік бірлік түрін айтамыз.

4.2. ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛЕРІ

Құрмалас сөйлемнің ең басты белгілерінің бірі оның құрамының бірнеше предикативтік орталықтардан құралуы болды. Предикативтік орталықтардың бір-біріне қатынасы, байланысы - құрмалас сөйлем түрлерін анықтауда негізгі өлшем. Предикативтік сыңарларының байланыс, қарым-қатынасына қарай тіл-тілде құрмалас сөйлемдерді салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдер деп бөледі.

Салалас құрмалас пен сабақтас құрмаласты ажыратуда түркологияда екі түрлі көзқарас қалыптасқан: бір көзқарас бойынша, оларды ажыратудың меже-шегі сыңарларының мағыналық қарым-қатынасы: егер сыңарлары мағыналық жағынан бірі екіншісіне тәуелді болып, бағынышты қарым-қатынаста жұмсалса, сабақтас құрмалас болады да, ал өзара теңдік қатынаста жұмсалса, сыңар баяндауыштарының тиянақты-тиянақсыз тұлғаларда тұруына қарамастан, салалас құрмаласқа жатқызылады. Онда біздің сабақтас құрмалас деп жүрген сөйлемдеріміздің кейбірі салаласқа жатады: *Шай құйылып, ет асылып жатыр* (Кәрібаев). *Осы кезде есіктің қоңырауы шылдырлап, оған қосыла ит үрді. Үй тігіліп жатса, жүк жиналып жатыр* (Мүсірепов). *Майбасар сөлемі бір келсе, соған ілесе Жігітектің бұл жауабы және келді* (Әуезов).

Екінші көзқарас бойынша, салалас пен сабақтасты мағыналық белгілеріне қарай емес, тұлғалық белгілеріне қарай ажыратады. Егер предикатив сыңарларының бірінің (алдыңғысының) баяндауышы тұлғалық жағынан тиянақсыз болып келіп, мағыналық жағынан ғана емес, тұлғалық жағынан да екінші сыңарына бағына байланысса, сабақтас құрмалас болады да, ал баяндауыштары бір өңкей тиянақты тұлғада жұмсалса, сыңарларының мағыналық қатынастарының қандай екеніне қарамастан салалас құрмаласқа жатады. Қазақ тіл білімінде қазір соңғы көзқарасты басшылыққа алу біржола қалыптасты.

Құрмалас сөйлем компоненттерінің байланысының негізгі екі түрі бар: салаластық байланыс, сабақтастық байланыс. Салаластық байланыс - грамматикалық тұрғыдан өзара тең дәрежедегі тілдік тұлғалардың арасындағы байланыс. Құрмалас сөйлемдегі салаластық байланыс предикатив сыңарларының баяндауыш тұлғаларының тиянақтылығымен сипатталады. *Жүріп келе жатқан жолдарында шаң жоқ, тұтас, тығыз аласа көк бетеге, жасыл шалғын бар* (Әуезов).

Жоғарыдағы құрмалас сөйлемнің предикативтік сыңарлары екеуінің де баяндауыштары тиянақты тұлғада тұр: “*жоқ*”, “*бар*”.

Салаластық байланыс жай сөйлем ішінде бірыңғай мүшелердің арасында орын алады. Сонымен қатар жеке сөйлемдердің арасында да бола алады. Мысалы: *Жаз өтті. Жауындатып, қара желдетіп, шөпті қуратып күз өтті. Үсті-басы қырауытып, қылышын сүйретіп, шықыр-шықыр етіп қыс келді* (Аймауытов).

Салаластық байланыс сөйлемдердің предикативтік негіздерін қамтып, олардың бірдей бірыңғай тұлғаларда келуін қамтамасыз етіп тұр: *Жаз өтті, Күз өтті, Қыс келді*.

Тіл-тілдің көне дәуірлеріне тән бұл байланыстың іздері ауыз әдебиеті шығармаларында, тарихи көне жазбалар тілінде мол кездеседі. Олардың көпшілігі салаластық байланыстың алғашқы түрі - жалғаулықсыз түрінде болып келеді. *Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді; Ит - тойған жеріне, Ер - туган жеріне* (Мақал-мәтелдер). *Жарлы халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым. Қаған әскері бөрідей еді, жауы қойдай еді* (Күлтегін ескерткішінен).

Сабақтастық байланыс - тілдік тұлғалардың бірінің екіншісіне тұлғалық жағынан да, мағыналық жағынан да бағынышты қатынаста тұруы. Құрмалас сөйлемде ол көбінесе бірінші предикативтік сыңардың екінші предикативтік сыңарға бағынышты қатынасынан көрінеді. *Қонақ келетін болғандықтан, бұл өлке биелерін де жылдағыдан ерте байлапты* (Әуезов). Мұнда бағыныштылық қатынас бірінші предикативтік сыңар баяндауышының (келетін болғандықтан) тиянақсыздығы арқылы (-*ғандықтан*), әрі предикативтік сыңарлар арасында іліктестік (себептес) мағыналық қатынастың орын алуынан байқалып тұр.

Құрмалас сөйлемдер осы байланыс сипаттарының ерекшеліктеріне орай екі негізгі түрге бөлінеді: *салалас құрмалас сөйлем, сабақтас құрмалас сөйлем*.

Алайда құрмалас сөйлем құрамы тек екі предикативтік орталықтан құралмайды, үш немесе одан да көп предикативтік орталықтан құра-

ла береді. 1. *Кілем, көрпе төсеулі, күмістеткен сары ала тегене сапырулы, керектінің бәрі бар, артық ешнәрсе жоқ* (Мүсірепов). 2. *Үлкен кісілер кеп, әке қасын қоршағаннан бері және Кәмишат өліп, үй-ішін, аналар көңілін уайым басқаннан бері, Абай әке қарекетінен, ендігі мақсұтынан шетірек қалған-ды* (Әуезов). 3. *Келген үшеудің бірі Жабай еді, өз қолынан болған іске өкініш сезініп, енді олардың бетіне қарамауға тырысты* (Мүсірепов).

Алғашқы екі құрмалас сөйлем төрт предикативтік сыңардан құралса, екіншісінде бес, соңғысында үш предикативтік сыңар бар. Демек, бұлар көп компонентті, көп құрамды құрмалас сөйлемдерге жатады. Олардың предикатив сыңарларының байланысы да салаластық және сабақтастық байланыстарға негізделеді.

Алғашқы сөйлемнің барлық предикативтік сыңарларының баяндауыштары тиянақты тұлғаларда тұрып, салаласа байланысса, екінші сөйлемде компоненттерінің баяндауыштары тиянақсыз тұлғаларға аяқталып, сабақтаса байланысқан. Ал үшіншісінде алғашқы компонентінің баяндауышы тиянақты, екіншісінікі тиянақсыз, соңғысы тиянақты болып, компоненттері салаласа да, сабақтаса да байланысып келген. Демек, бұл құрмалас сөйлемдер предикативтік сыңарларының саны жағынан ғана ерекшеленбесе, олар байланыс түрінің сипатына қарай ерекше тип бола алмайды.

Құрмалас сөйлемнің құрылымы оны құрайтын предикатив сыңарларының санына қарай анықталады. Тілімізде ойлаудың табиғаты күрделене түсуіне байланысты соңғы кездері екі компонентті құрмалас сөйлемдермен қатар көп компонентті (сыңарлы) құрмалас сөйлемдердің қатары көбейе түсті. Күрделі құрылымды құрмалас сөйлемдердің өздерінің тұлғалық, мағыналық қыр-сырлары бірдей емес, әркелкі. Сондықтан олардың өздерін іштей жүйелеп бір ізге түсіру қажет. Осы айтылған жайларға байланысты құрмалас сөйлемдерді жіктегенде, алдымен құрылымдық жағын ескеріп, оларды екі компонентті құрмалас сөйлемдер және көп компонентті құрмалас сөйлемдер деп бөліп алған жөн сияқты. Ал олардың құрылымдық-мағыналық типтері солардың өз ішінде саралануы тиіс. Екі компонентті құрмалас сөйлемдер, жоғарыда айтылғандай, бұрыннан қалыптасқан принцип бойынша салалас және сабақтас құрмалас болып бөлінеді. Көп компонентті құрмалас сөйлемдер: көп компонентті (сыңарлы) салалас, көп бағыныңқылы сабақтас және аралас құрмалас болып үш топқа жіктеледі.

4.2.1. Салалас құрмалас сөйлемдер

Салалас құрмалас сөйлемдер мынадай белгілері бойынша ажыратылады:

1. Предикатив сыңарларының баяндауыштары тиянақты тұлғада жұмсалады, яғни әдеттегі жай сөйлемдердің баяндауыштарына қандай тиянақты тұлғалар тән болса, салаластың сыңарларының баяндауыштарына да сондай тиянақты тұлғалар тән. *Біреу аңға серілікпен шығады, біреу оны күн көрісіне жамау-жасқау етеді. Қаңтарылы аты қасында, қамшы мен шылбыр белінде* (Мүсірепов).

2. Предикатив сыңарларының баяндауыштары әрдайым өз бастауышымен жақ жағынан қиыса байланысады. *Елінен безген кісі оңбайды, көлінен безген құс оңбайды* (Мақал).

3. Салалас құрмалас сөйлемнің предикатив сыңарларының мағыналық дербестігі басымырақ, олар өзара теңдес дәрежеде және сыңарларының мағыналары көбінесе өзара тұтастай қарым-қатысты болып келеді.

4. Предикатив сыңарларының аралығындағы дауыс кідірісінің тиянақтылық дәрежесі басым түрде болады. Бұл оның баяндауыш тұлғаларының тиянақтылығына байланысты.

5. Предикатив сыңарларын байланыстыратын амал-тәсілдерге мыналар жатады: жалғаулық шылаулар, интонация тұтастығы, предикатив сыңарларының орналасу тәртібі және кейбір тұлғалық, құрылымдық ерекшеліктері. Предикатив сыңарларының синтаксистік қатар түзеп, бірдей құрылымда жұмсалуы, баяндауыштарының қайталанып келуі не бірдей шақ, жақ тұлғаларында тұруы (*Ит тойған жеріне, ер - туган жеріне; Атасы жоқ - мас жетім, анасы жоқ - қас жетім; Мал қонысын іздейді, ер жігіт туысын іздейді*) немесе алдыңғы сыңарының толымсыз болып келіп, соңғы сыңары арқылы толығып отыруы (*Таныдым: үй - Қарабеттің отауы*) салаластың предикатив сыңарларын бір бүтін етіп байланыстырып тұрады.

Салалас сөйлемнің жалғаулықсыз түрлерін байланыстыруда сыңарларының бірінің құрамында келетін кейбір лексикалық элементтердің рөлі де ерекше. Ондай байланыстырушы сөздерге сілтеу есімдіктері, зат есім, сын есім, сан есім, үстеу, күй-қалыпты білдіретін сөздер *аз, көп, мәлім, артық, кем...* жатады. *Менің сендерге берген парам сол: дәл сол Құнанбай баласы да өзіміздей адам баласы екенін таныттым* (Әуезов). *Мына Шодыр қазір кедей емес, орташа: екі пар аты, екі бричкасы, екі бұзаулы сиыры бар* (Мұстафин) *Сөз көп, тыңдаушы аз* (Сонда).

Жоғарыдағы белгілері негізінде салалас құрмаласқа мынадай анықтама беруге болады: *преди-*

катив сыңарларының баяндауыштары тиянақты тұлғада келіп, белгілі бір лексика-грамматикалық тәсілдер арқылы мағыналық, құрылымдық және интонациялық тұтастық құрайтын құрмалас сөйлем түрін салалас құрмалас дейміз.

Салалас құрмалас сөйлемдер компоненттерінің байланысу тәсілдерінің негізгі екі түріне қарай жалғаулықты және жалғаулықсыз салалас болып бөлінеді.

Жалғаулықтар салалас құрмаластың сыңарларын өзара үштастырып байланыстырумен қатар, олардың арасындағы мағыналық қатынастардың айқынырақ білінуіне де қызмет етеді.

Жалғаулықты салаластар предикатив сыңарларының өзара мағыналық қатынастарына және байланыстыратын жалғаулықтардың мағыналық топтарына қарай былай жіктеледі:

1. Ыңғайлас (мезгілдес) салалас.
2. Себептес салалас.
3. Қарсылықты салалас.
4. Талғаулы салалас.
5. Кезектес салалас.

4.2.1.1. Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдер

Жалғаулықты салаластың бұл түрінде предикатив сыңарлары ыңғайлас, біртектес оқиға, құбылыстарды не бір мезгіл ішінде жүзеге асып жатқан іс-әрекеттерді бейнелейді. Сол ыңғайластық, біртектестік, мезгілдестікті олардың сыңарларының арасындағы *және, да, де, әрі* жалғаулықтары көрсетіп тұрады. *Келгендер арасында Абай бұрыннан білетін Дәндібай, Еренай сияқты қарттар бар және мүсттері жүдеу, ашаң тартып сұрланған, киімдері жыртық екі-үш орта жасты адам бар* (Әуезов). *Арбаға урядник пен Елизавета қатар отырыпты да, Быков көшірдің қасына орналасыпты* (Мүсірепов). *Тегінде, Тәкежан үлкен жанжалға тауаны жоқ, бұдырсыз болатын, әрі әжеге шағым жеткізу алыс та қиын* (Әуезов).

Ыңғайлас салаластардың жоғарыдағы мағыналық ерекшелігіне сәйкес, құрылымы жағынан да біркелкілік байқалады. Предикатив сыңарлары бірдей құрылымда, баяндауыштары біркелкі рай, жак, шақ тұлғаларына аяқталады, не ұқсас тұлғалардан құралады, сөйлем мүшелерінің саны, орналасу реті де көбінесе бірдей болып келеді. Алайда жалғаулық шылаулардың қолданылуында ерекшеліктер де жоқ емес, соған сәйкес ыңғайлас салалас сөйлемдер де өз ішінде мағыналық айырмашылықтарға, реңктерге ие болып келеді.

Және жалғаулығы қатарлас, біртектес іс-әрекет, жай-күйді білдіретін предикатив сыңарлардың арасында қолданылып, оларды байланысты-

рушылық қызмет атқарады. *Бұл биенің құлыны да өзіне тартқан бұрыл болады және бұл бие ерте құлындайды* (Мұқанов). *Құлбай үйінде жаңадан мектеп ашылатын болыпты және оған жаңадан мұғалім келіпті* (Ақышев).

Да жалғаулығының қолданылуында біраз ерекшеліктер бар. Ол *және* жалғаулығы сияқты қатарлас мәндегі екі сыңардың арасын жалғастырып, дәнекерлік қызмет атқарып тұрады. *Жылдың ендігі қалғаны әуре-сарсаңға кеткелі тұр екен де, оның ар жағында жеке-дара қожайын Рязанов болғалы келеді. Ойын осыған әкеліп берік тіреді де, сол кезде өзі не халде боларын да үлкен бір түйіткілмен ойланды* (Мүсірепов).

Да шылауы предикатив сыңарлардың арасында олардағы баяндалатын жайларды ажыратып, бөліп көрсетіп, жеке-дара белгілеу үшін де қолданылады. *Мынау - колхоздың председателі де, мынасы - партия ұясының секретары* (Шолохов). *Жаугершілікте ата-анасы басқа жаққа ауып кетті де, бала менің қолымда қалды* (Жұмаділов).

Да шылауы арқылы байланысқан предикатив сыңарлардың соңғысы алдыңғы сыңарда баяндалған жайдың нәтиже-қорытындысы түрінде де ұшырасады. *Бар көлікті шабынды қолы тартып әкетті де, бала-шаға жаяу қалды* (Мүсірепов).

Да шылауы мезгілдік жағынан бірінен кейін бірі жүзеге асқан іс-әрекеттерді белгілейтін предикатив сыңарлардың арасын жалғастырып тұрады. *Менің артымнан бір қыз туады да, әке-шешем атын Балтуған қояды* (Мұқанов). *Осыдан кейін қалай қимылдайтындарын түсінісіп алды да, Байжан көк жорғамен ілгері асып кетті* (Мүсірепов).

Мезгілдік мән *да* шылауының қайталанып келген түрінде де орын алады. Ол жағдайда предикатив сыңарларындағы іс-әрекеттер бірінен кейін бірі іле-шала жүзеге асқандығы баса көрсетіліп тұрады. *Күн бата шұбартып мал шеті де көрінді, боран да үдеңкіреп кетті* (Мүсірепов).

Да шылауы қайталанып келгенде өзі тіркескен сөзге екпін түсіріп, оны бөліп көрсетеді, оған ерекше мән бергізеді, яғни стилистикалық мақсатта жұмсалады. *Ұран Есенейді аяп та кетті, Есенейдің үлкен адам екендігіне қызығып та кетті. Одан арғыны Игілік айтқан да жоқ, қасындағылары батып сұрай алған да жоқ* (Мүсірепов).

Әрі шылауының қызметі *және* жалғаулығымен ұқсас. Біртектес оқиғаларды, мезгілдес іс-әрекеттерді белгілейтін предикатив сыңарлардың арасында оларды байланыстырушылық қызметте қолданылады. *Қадірдің киімі жұқа, әрі денсаулығы да мықты емес* (Мұқанов).

Әрі жалғаулығы әр сынар сайын қайталанып та келеді. *Әбіштің сөздерінде әрі саясаттық шеберлік бар, әрі Семейдің үркек, қорқақ чиновниктерін сескендіру де бар* (Әуезов).

4.2.1. Себептес салалас құрмалас сөйлемдер

Салалас құрмаластардың предикатив сынарларын өзара байланыстырып, әрі олардың себеп-салдарлық мағыналық қатынастарын айқын корсетіп, себептес салалас жасап тұратын жалғаулықтар мыналар: *сондықтан, сол себепті, өйткені, себебі*. Қалыпты сөйлемдерде олар салалас құрмалас сөйлемнің екінші сынарының құрамында, оның басқы шенінде келеді. *Тілеуімбеттің менсінбегені Мүсірепке де батып кеткен екен, сол себепті ол сөз аяғында бидің өзін де түйрей кетті* (Мүсірепов). *Қазір ол сақалын да қырған, киімін де өзгерткен, сондықтан кескін-кейпі де өзгерген* (Мұқанов). *Жаны шығып кете жаздады, өйткені оның қолына түскен ыдыс сау қайтқан емес* (Майлин). *Әй, ол жеңер сені, себебі келешек онікі ғой* (Мұқанов).

Мысалдардағы предикатив сынарлардың арасындағы себеп-салдарлық қатынастар айқын байқалады.

Бірінші мысалда *Мүсірептің сөз аяғында бидің өзін де түйреп кетуіне* себеп болып тұрған жай - *Тілеуімбеттің менсінбегенінің оған батып кетуі* болса, екіншіде кейіпкердің *кескін-кейпінің өзгеріп кетуі* негізгі баяндалып тұрған жай да, соған алып келген, солай болуына себеп болып тұрған нәрсе - оның *сақалын қырып, киімін өзгертуі*. Ал үшінші мысалда негізгі мәселе ретінде кейіпкердің шошынғаны, *жаны шығып кете жаздағаны* айтылады да, оған себеп болып тұрған екінші адамның қолына түскен ыдысты сау (сындырмай) қайтармайтыны болып шығады.

Мысалдардың кейбірінде жалғаулықтарды предикатив сынарларының мағыналық қатынастарына, байланыстарына нұқсан келтірмей-ақ алып тастауға болатын болса, кейбірінде олай етуге болмайды. Олай болғанда сынарларының арасындағы мағыналық қатынас та өзгереді, арадағы байланыс та үзіледі: *Әй, ол жеңер сені - келешек онікі ғой*.

Бұл мысалда жалғаулықтарды түсіріп айтуға болады, одан сынарларының мағыналық қатынастарына, синтаксистік байланыстарына көп онша өзгеріс ене қоймайды, тек түсірілген сөздің (жалғаулықтың) орнына сызықша қоюға тура келеді.

Ал, *Қазір ол сақалын да қырған, киімін де өзгерткен, сондықтан кескін-кейпі де өзгерген* дегендегі *сондықтан* жалғаулығын алып тастауға

болмайды, онда сынарларының арасындағы синтаксистік байланыс бұзылады және сынарлары біртектес жай-күйлерді баяндайтын ыңғайлас мәнді білдіріп кетеді. Бұл баяндауыш тұлғаларының біртектес, бірдей тұлғаларда тұрғандығынан солай болады.

Сондықтан, сол себепті жалғаулықтары алдыңғы сынары екінші сынарында болған, болатын, болып жатқан іс-сапа, күйлердің себебін білдіретін салалас құрмаластарды байланыстырады: *Әдетте, оруды ең құрметті кісі бастауға тиіс, сондықтан көпшілік бұл құрметін Сырбайға көрсетпек болды* (Мұқанов). *Бұл мәжіліс Біржан мен Тобықты жасының айырылар мәжілісі еді, сол себепті әнші жастардың бәрі де бір-бір жаңа әнмен өз өнерін көрсетпек керек* (Әуезов).

Бұл мысалдарда алдыңғы сынарында айтылған жайлар екінші сынарында енді істелмек болып тұрған (*көпшілік бұл құрметін Сырбайға көрсетпек болды, әнші жастардың бәрі де бір-бір жаңа әнмен өз өнерін көрсетпек керек*) оқиғаларға себеп түрінде баяндалған.

Өйткені, себебі жалғаулықтары алдыңғы сынарында жүзеге асқан, не жүзеге асуы тиіс жайлардың себебі екінші сынарында айтылатын салалас сөйлемдердің құрамында келеді. *Ешкім үндемеді, өйткені бұндағы кісілердің бәрі де қарт әйелдің даусын білетін* (Нүрпейісов). *Биыл көп ауыл қаралы, себебі өткен қыстың бас кезінде Ұлжан мен Оспан қайтыс болған* (Әуезов).

Келтірілген мысалдардың бәрінде де алдымен болған не болуға тиісті іс-әрекет, жағдайлар баяндалған да, олардың неге олай болуының себептері екінші сынарларында айтылады.

4.2.1.3. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлемдер

Қарсылықты салалас сөйлемдерде алдыңғы сынарында айтылған жайға екінші сынарында баяндалатын жай қарама-қарсы мағынада жұмсалады. Олардың арасындағы синтаксистік байланысты жүзеге асырып, қарама-қарсылық мағынаны айқын білдіруге, кейде оны күшейтуге қызмет етіп тұратын жалғаулықтар: *бірақ, дегенмен, алайда, сонда да, солай болса да, сөйтсе де, әйткенмен, әйтпесе. Күңке басында көнбейтін болған, наразылық білдірген, алайда сол наразылық үстінде де Ұлжанды бақты* (Әуезов). *Алдымызда жүз саржан шамасында Есімбектің үйі тұр, бірақ Шұға көрінбейді* (Майлин). *Бір-екі жас болса да үлкендігін білдіріп әлімжеттік жасайды, әйтпесе мына түрін мысқылдай мазақ етер ем* (Мұратбеков). *Еламан мұның кеш оянған махаббат емес екенін білді, сөйтсе де кей кезде Ақбаланың жа-*

нарынан ықылас сезетін (Нүрпейісов). *Деев пен Жұмабай Қарсақбайға дейін енді қайтып ешқандай оқиғаға душар бола қойған жоқ, әйткенмен өлердей шаршап келіп жетті* (Әбішев).

Жоғарыдағы құрмалас сөйлемдер құрамындағы жалғаулықтарды алып тастауға болмайды. Олай болғанда сыңарлары арасындағы байланыс әлсірейді не мүлде үзіледі. Мысалы, бірінші, екінші сөйлемдердегі жалғаулықтарды алып тастағанда сыңарлары арасындағы байланыс мүлде үзілмегенмен солғындайды, әрі мағыналық жағы да басқаша сипат алады. Үшінші, төртінші сөйлемдерде синтаксистік байланыс та, мағыналық қатынас та жойылады. Ал соңғы сөйлемде олар үзілмегенмен басқаша сипатқа ие болады, сыңарлары өзара мөңдестік, ыңғайластық қатынасқа түседі.

Бұл жалғаулықтардың кейбірі сыңарларының арасындағы қарсылықты қатынасты күшейте түседі. *Ол басында қатты қарсылық білдірген еді, дегенмен көптеп-көмектеп көндірдік* (Әуезов). *Бұл кезде жел бәсеңдеді, бірақ аяз жел жаққа адам түгіл, малды да бет қаратпады* (Сонда).

Сыңарлары арасындағы қарсылық мәннің күшеюіне шылаулардың қабаттасып жұмсалуды да әсер етеді: *Ербол ғана сүйеп қалып, зорға дегенде буынын бекітті, бірақ сонда да өзін-өзі аңғарып жүрген жоқ* (Әуезов).

Сөйтіп, қарсылықты жалғаулықтардың рөлі салаластың сыңарларын бір-бірімен байланыстыруда болсын, олардың арасындағы қарсылық мәнді жасап күшейтуде болсын өте-мөте маңызды.

Рас, кей реттерде сыңарларының арасындағы қарсылық мән айқын білінгенде, *бірақ, алайда* жалғаулықтарын түсіріп айтып, жалғаулықсыз да құруға болады. Ондайда түсірілген жалғаулықтардың орнына сызықша қойылады. *Елге мойнымды созам - көрінбейді* (Мұқанов). *Аяғы жоқ - жүреді; аузы жоқ - сөйлейді* (Жұмбақ).

Қарсылықты салаластарға тән мағыналық, құрылымдық ерекшеліктер негізінен мынадай болып келеді:

1) Сыңарларында баяндалатын екі не бір тұлғаның (субъектінің) іс-әрекеттері, ой-ниеттері бір-біріне қайшы болады: *Абайдың қиналғанын Ділде сезді, бірақ түк өкінген жоқ* (Әуезов).

2) Екінші сыңарында бірінші сыңарындағы іс-әрекеттің логикалық қорытындысы ретінде болуға тиісті іс-әрекет, жай-күй болмай шығады немесе басқаша болады. *Осы ең ақырғы сөзі тәрізді еді, бірақ айтары әлі таусылмаған екен* (Мұстафин).

3) Сыңарларының құрамында бір-біріне антоним сөздер жұмсалады немесе баяндауыштары

болымды-болымсыз тұлғада келеді. *Көп адам қасында келеді, бірақ жалғыз келе жатқандай сезінеді* (Мүсірепов).

Салалас құрмаластардың сыңарларының арасында қарсылық мән туғызу үшін кейде *ал* жалғаулығы да жұмсалады. Бірақ ол таза қарама-қарсылықты, қайшылықты білдірмейді, *ал* салыстырмалы тұрғыдағы қарсылықты қатынасты білдіреді. *Біздің қонысымыз мына тұста болатын да, ал әлгі аталас ағайындарымыз сәл берірек жайлайтын* (Аймауытов).

4.2.1.4. Талғаулы салалас құрмалас сөйлемдер

Предикатив сыңарларындағы іс-әрекет, жай-күйлер тандалып, сараланып, бірі болмаса бірі орындалатыны сұрыпталып берілетін құрмалас сөйлемдер талғаулы салаластарды жасайды. *Бұл жерде я сен тұрарсың, я мен тұрармын* (Есенжанов). *Сабырлылық алдында не дұшпан сасады, не сабырсыздан береке қашады* (Момышұлы).

Көріп отырғанымыздай, предикатив сыңарлардағы іс-әрекеттердің бірі болмаса бірі міндетті түрде орындалуы тиіс: бірінші мысалда белгілі мекенде (*бұл жерде*) я бірінші жақтағы (*мен*), я екінші жақтағы (*сен*) адамның бірі тұрып қалатындығы туралы, екінші мысалда не *дұшпанның сасатыны*, не *сабырсыздан береке қашатыны* туралы айтылған.

Іс-әрекеттердің осындай бірі болмаса бірі міндетті түрде орындалатынына, сөз жоқ әр сыңар сайын қайталанып жұмсалып тұрған *я, не* жалғаулықтарының рөлі ерекше, егер олар болмаса, сөйлем өз мәнінен айрылып, белгілі мақсатқа құрылған ой бейнеленбеген болар еді.

Демек, талғаулы салаластарды жасауға сол мәнді туғызушы жалғаулықтар тобы қатысады екен. Ондай жалғаулықтарға: *не, немесе, не болмаса, я, яки, әйтпесе, әлде, мейлі, күй* жатады.

Алайда бұл жалғаулықтардың беретін мағынасы, қолданыс сипаты әрдайым бірдей, біркелкі болып келе бермейді. *Сөз бен қылық суық көңілді жылытады немесе жылы көңілді суытады* (Мұстафин). *Түбінде, бұл ең бері салғанда, ғылымның бір маманы болады, әйтпесе, көрерсің, осыдан дыңдай академик шығады* (Мұқанов). *Тура келесің бе, әлде жолдағы ауылдарға соқтың ба?* (Есенжанов).

Бұл мысалдардың бәріне ортақ бір жай: жалғаулықтардың қайталанбай, сыңарлардың арасында бір-ақ рет қолданылуы. Ал мағыналарында айырым белгілер бар. Бірінші сөйлемде қарама-қарсы мағынадағы іс-әрекеттердің бірінші жүзеге асатынына, екіншіде болашақта белгілі бір сапаға ие адамның шығатынына болжам жасалады.

Ал үшіншіде екінші бір адамнан әрекеттің қай түрі жүзеге асқаны сұралады.

Талғау мәнді жалғаулықтар әр сыңар сайын қайталанып келетін мына сөйлемдердің де өз ерекшеліктері бар: *Аса бір қысылған, басына ауыр сын түскен кезде әкесі, қалайда, не түсіне кіреді, не көз алдына оқыстан елестеп, осылайша көлбеңдей береді* (Мұртаза). *Қазір не таң атқанша отырып өлең айтатын сайранды сауық жоқ, не көңіл көтеретін той-топыр жоқ* (Есенжанов).

Алғашқы сөйлемде предикатив сыңарларында біртектес іс-әрекеттердің кезектесіп жүзеге асатыны, екіншісінде сондай біртектес жайкүйлердің керісінше жүзеге аспайтыны (болмайтыны) таңдамалы жолмен санамаланып беріледі.

Талғаулы салаластардың ішінде таза талғау мәнді сөйлемдермен қатар талғау-шарт мәнді болып келетін түрлері де бар. *Өзі кетіп құтылды, әйтпесе өзіміз-ақ тастатқалы жүр едік* (Майлин). *Сіз менің жалақымды беріңіз, әйтпесе біз де қоштасамыз* (Омаров).

Бұл сөйлемдердің бірінші сыңарларындағы әрекет жүзеге аспаса, екінші сыңарларындағы әрекет жүзеге асар еді. Біріндегі болмаса, екіншісіндегі жүзеге асуы талғамалы әрекетті білдірсе, бірінші сыңардағы әрекетті екінші сыңарындағы әрекетке шарт етіп қоюы бұлардың арасындағы шарттастық қатынасты да білдіреді. Сондықтан мұндай сөйлемдерді таза талғаулы демей, талғау-шарт мәнді салаластар деп атаған жөн.

4.2.1.5. Кезектес салалас құрмалас сөйлемдер

Предикатив сыңарларындағы іс-әрекеттер кезектесіп, бірінен кейін бірі орындалатын құрмалас сөйлем түрі кезектес салаласқа жатады. Салаластың бұл түрін жасауда да жалғаулықтардың рөлі ерекше. Кезектес салалас жасайтын жалғаулықтар: *біресе, бірде, кейде. Баяу ескен жел бірде басылады, бірде толқып жасыл шөптердің бастарын ақырын гана қозғайды* (Сейфуллин). *Кейде ол қапы кетеді, кейде мен қапы кетем* (Мүсірепов). *Біресе зор кеудені сілкінте, қалтырата шыққан ыстық жалын күрсінуге естіледі, бірде сыбырлап, әлденені сөйлеп кетеді* (Әуезов).

4.2.2. Іргелес салалас құрмалас сөйлемдер

Жалғаулық қатыспай ұйымдасқан салалас сөйлемдерді құрмалас конструкциялардың дара типі ретінде бөліп, оны іргелес салалас деп арнайы атаудың бірнеше себептері бар.

Іргелес салалас сөйлемдердің өзіне тән ұйымдасу заңдылықтары, сол заңдылықтарды іске асыратын амалдары бар.

Іргелес салалас сөйлемдерді байланыстыруға анафористік сөздер қатысады. Анафористік сөздер деп отырғанымыз - екінші компоненттің құрамына функционалдық мүше ретінде орын алып, ілгері сөйлемнің мазмұнын қатыстыратын сөз. Мысалы, *кім келді, кім кетті, оны біле алмады* деген конструкцияның екінші компонентінде тұрған *оны* - анафористік сөз. Бұл сөз бірінші компонентте аталған оқиғаны объект ретінде қатыстырып тұр. Анафористік қызметті көбіне есімдіктер, есімдікті негіз етіп құрылған сөздер (сөйтіп т.т.) атқарады.

Іргелес салалас сөйлемдердің басты ерекшелігі оның грамматикалық құрылысында. Оның грамматикалық құрылысының сипаты компоненттерді байланыстыру үшін жалғаулықтарды қатыстыруды қажет етпейді.

Салалас сөйлемдердің жалғаулықсыз байланысуын қамтамасыз ететін мынандай екі жағдай бар:

1. Салалас құрмаласқа қатысатын бірінші компоненттің құрамына арнаулы формадағы баяндауыштардың қатысуы. Осы баяндауыштың формасы құрмалас сөйлем компоненттерінің арасындағы мағыналық қатынасты білдіріп, оларды байланыстырады. Мысал ретінде бір-екі осындай форманы атайық. “Жедел өткен шақ етістік + бар ғой” түрінде құрылған баяндауыш (*айттын бар ғой*) іргелес салалас компоненттерін байланыстыру қызметін атқарады: *Егер аналарға еріп кететін болды бар ғой, онда біз де аянбаспыз* (Майлин).

“Жедел өткен шақ + ма” түрінде құрылған баяндауыш та (келді ме) осындай қызметке бейімделген: *Күлме қыздар орынсыз. Күлдің бе, жылама* (Тәжібаев).

Іргелес салалас сөйлемдерді байланыстыруға арнайы бейімделген баяндауыштық формалар бірқатар.

2. Енді бір іргелес салалас сөйлемдердің құрылысы бастауыш-баяндауыштық құрамы, яғни конструкциясы түгел бейімделген компоненттердің қатысуына негізделген. “Бастауыш тұйық рай етістік-баяндауышы *сол (осы) еді*” (*келуі осы еді*), “Бастауышы тұйық етістік-баяндауышы *мұң еді*” (*келуі мұң еді*) болып ұйымдасқан компоненттер қатысқан салалас құрмалас сөйлемдер ылғи да жалғаулықсыз құрылады. Өйткені аталған компоненттер екінші бір компонентпен синтаксистік қатынасқа түсуге бейімделген. *Ебейсіннің үйден*

шыққаны мұң екен, Құдайменде қарқылдап үйді басына көтере күлді (Нұрпейісов).

“Бастауыш өткен шақ есімше-баяндауышы осы еді” (келгені осы еді), “Бастауыш өткен шақ есімше - баяндауышы мұң еді” (келгені мұң еді) болып ұйымдасқан компоненттер де іргелес салалас сөйлем құруға қатысады.

Іргелес салалас сөйлемдер тек құрылыс ерекшелігін ескергенде екі топқа бөлінеді: тұрақты (негізгі) іргелес салалас сөйлемдер және ауыспалы іргелес салалас сөйлемдер.

Арнаулы баяндауыштық формалар, арнаулы конструктивтік компоненттер қатысып құрылған конструкциялар тұрақты іргелес салалас сөйлемдер тобына жатады.

3. Бұлардан бөлек жалғаулықты қатыстырып та, қатыстырмай да құрыла беретін сөйлемдер бар. Жалғаулық қатыспай құрылғанда бұлар іргелес салалас сөйлемдер қатарына жатады. Мұндай конструкцияларды ауыспалы іргелес салалас сөйлем деп атаймыз: *Тыстағы жел үдей түсті білем, терезеге қиыршық ұрып өтеді* (Досжанов). Сөйлем жалғаулықты қатыстырып та құрыла береді: *Тыстағы жел үдей түсті білем, өйткені терезеге қиыршық ұрып өтеді.*

Жалғаулықты салалас сөйлемдердің көпшілігі іргелеске айналып құрыла береді. Өйткені жалғаулық білдіретін мағыналық қатынас компоненттердің ара салмағынан-ақ білініп тұрады. Жалғаулықтың қатысуы синтаксистік байланысты нақты танытатыны рас. Бірақ оның түсірілуі, қатыспауы да сөздің коммуникативтік мақсатына қызмет етеді. Сөздің коммуникативті мақсаты талап еткенде, аталған салалас сөйлемдер жалғаулықты қатыстырып құрылады, екінші бір коммуникативтік мақсат туғанда жалғаулық қатыспайды.

Сонымен, қазақ тілі құрмалас сөйлем жүйесінде үш құрылымдық түр бар: **1. Жалғаулықты салалас құрмалас сөйлемдер; 2. Іргелес салалас құрмалас сөйлемдер; 3. Сабактас құрмалас сөйлемдер.**

Іргелес салалас сөйлемдердің өзіне тән қызметі бар.

1. Іргелес салалас сөйлемдер сөзді эмоциялы етіп айту қажет болғанда жұмсалады. Іргелес салалас сөйлемдер осы коммуникативтік қызметке бейімделген.

2. Іргелес салалас сөйлемдер сөзді үнемді, жинақы құрап айту қажет болғанда жұмсалады. Сөздің осы бағытын ауыспалы іргелес салалас сөйлемдер өтейді.

Осы айтылған коммуникативтік талаптар көбірек орын алатын стильдер, функционалдық аумақ бар. Сондықтан іргелес салалас сөйлемдер мынандай функционалдық аумақта жиі көрініп жұмсалады. 1. Ауызекі сөйлеу тілі; 2. Мақал-мәтел, нақыл сөз; 3. Ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш т.т.

Іргелес салалас сөйлемдер білдіретін мағыналық қатынас әр түрлі. Тұрақты іргелес салалас пен ауыспалы іргелес салалас сөйлемдер білдіретін мағыналық қатынасы жағынан тең келе бермейді. Сондықтан бұл топтардың іштей грамматикалық-семантикалық түрге бөлінуі жеке-жеке айтылғаны дұрыс.

4.2.2.1. Мезгілдік іргелес салалас құрмалас сөйлемдер

Іргелес салалас сөйлемдер мезгілдік жағынан қатар болған оқиғаларды хабарлайды. ...*теңкіген ақ жастықтар төрге қатарланды, төсек салынды, төрелер жатты* (Мүсірепов). Мұндай қатынасты білдіретін құрмалас сөйлемнің компоненттерінің баяндауыштары бірыңғай шақтық формада келеді.

Бұл сөйлемдердің арасындағы қатынас әр тындаушыға әр сипатта көрінуі мүмкін. Бірі: сөйлем қатар болған оқиғаларды хабарлайды, екіншісі: бірінен соң бірі, ілесе болған оқиғаларды хабарлайды. Аталған сөйлемнің компоненттері арасындағы қатынас сөйлеушінің коммуникативтік мақсатына сай аталады.

Ілгергі компонент баяндауышы *көріп отыр едім* типті болып (“көсемше формадағы негізгі етістік + отыр еді”, “көсемше формадағы негізгі етістік + еді”), екінші компоненттің баяндауышы жедел өткен шақ болып құралған құрмалас сөйлем де мезгіл жағынан қатар келетін оқиғаларды атайды. *Болыс алақанын жайып еді, тырналап оған да бір атым тапты* (Мұстафин). *Хамит сол жақтағы бір теректердің қып-қызыл болып қызарған жапырақтарына қарап келе жатыр еді, аты қымсынып қалды* (Сейфуллин).

Бірінші компоненттің “баяндауышы жедел өткен шақ етістік + болды” (*кірді болды*), “шартты рай етістік + болғаны” (*кірсе болғаны*) түрінде құрылып, мезгілдік қатынасты білдіретін іргелес салалас сөйлемдер ұйымдасады. *Кесе толы қымызды бердің болды, өнешке сылқ еткізіп құя салады* (Соқпақбаев). *Ең ғажабы - солардың біреуімен кездесе қалсаң болғаны, қай-қайдағы ойға түсіп, не бір қызық хикаялар маздап қоя береді* (Жұмаділов).

“Жедел өткен шақ етістік + ақ” (сөйледі-ақ) түрінде құралған баяндауышы бар сөйлем бірінші компонент болып қатысқан құрмалас сөйлем де оқиғаларды қатар болған етіп хабарлайды. *Мен сөйледім-ақ, аузыма қақпақ қояды.* “Бастауыш тұйық рай етістік - баяндауышы сол (“еді)”” (келуі сол (еді), “бастауышы есімше - баяндауышы сол еді” (келгені сол еді) болып құрылған сөйлем бірінші компонент ретінде қатысқан құрмалас конструкция мезгілдік қатынасты білдіреді. *Аяғымыздың бортқа іліккені сол еді, машина селкілден қозғала берді* (Тілегенов). *Үңгірдің аузына енгеніміз сол, жаңбыр жауып кеп берді.*

“Бастауышы тұйық рай етістік - баяндауышы мұң еді” (жетуі мұң еді), “бастауышы есімше - баяндауышы мұң еді” (жеткені мұң еді) түрінде құрылған компонент бірінші позицияда қатысып, іргелес салалас сөйлем қатар болған оқиғаларды хабарлайды. *Соған жету мұң екен, әлгі сұр құйын лезде аппақ болып ұзарып шыға келді* (Нүрпейісов).

Екінші компоненттің құрамына *сол-ақ екен, сол сол-ақ екен, сөйткенше болмады* деген анафористік сөздер қатысып, мезгілдік қатынасты білдіретін құрмалас сөйлем құрылады: бірінші компонент бір оқиғаны хабарлайды да, екінші компонент соған ілесе болатын оқиғаны хабарлайды. *Шеткі үйдің бірінен сақ құлақ ақ қаншық шәу етті, сол сол-ақ екен әр үйден он-ондаған ит қаптап шығып, аттылы кісіге ұмтылды* (Нүрпейісов). *Бозбаланың ішінен бір ері Нағиманы қайрап, Жүніске салуға кірісті, сөйткенше болмады екі әйел қарама-қарсы отыра қалып өлең бастады* (Майлин).

4.2.2.2. Қарсылықтық іргелес салалас құрмалас сөйлемдер

Тұрақты іргелес салаластардың қатарына жататын қарсылықтық сөйлемдер бар. Олар мыналар:

1. Бірінші компоненттің баяндауышы бұйрық рай етістік болып келген конструкциялар қарсылықтық қатынасты білдіре алады. *Мейлі жас бол, мейлі кәрі бол, романда суреттелген Абай мен Әйгерімнің кездесуін тебіренбей еске ала алмайсың* (Оразалин).

2. Бірінші компоненттің баяндауышы “өткен шақ көсемше + еді” болып келген конструкциялар қарсылықтық қатынасты білдіру үшін жұмсалады. *Сол затты алайын деп келіп едім, иесі жоқ екен.*

3. Бірінші компонент баяндауышы *-атын, -етін* тұлғалы есімшеден жасалып, болатын не болған оқиғаны хабарлайды де, екінші компонент соған тежеу болатын, болған оқиғаны хабарлайды. *Бол, жинал, күтіп тұратын, уақыт жоқ* (Мұратбеков). *...Өзім-ақ істей берейін онда, қысылып-қымтырылатын, бөтен көз жоқ қой мұнда* (Еділбаев). *Төпсінетін, бұл сенің кеңсең емес* (Досжанов).

4. Ілгерідегідей қарсылықты іргелес салалас сөйлем құрауға *келгендей, алғандай, келетіндей, алатындай* тұлғалы есімшеден жасалған баяндауыштар қатысады. Бұл типтес баяндауыштар да бірінші компонент құрамында жұмсалады. *Екіленіп кеп кіжінетіндей, сені тонап жатқан ешкімді көрмедім* (Досжанов).

4.2.2.3. Себептік іргелес салалас құрмалас сөйлемдер

Тұрақты іргелестің қатарында себептік қатынасты білдіретін салалас сөйлемдер былай құрылады.

1. Бірінші компонент “бастауышы есімше - баяндауышы сол” болып құралып, бір оқиғаны хабарлайды да, екінші сөйлем соған себеп болған оқиғаны хабарлайды. *Сатып алмағаным сол, машина ескіріп қалған екен. Есеп шықпайды дейсің, шықпайтыны сол, көп қате жібергенсің,*

Етістікті сөйлем баяндауыш ретінде *сол* сөзін қатыстырып тұр. *Сол - анафористік қызмет атқарып, оқиғаның себебі екінші компоненттегі оқиға екендігін сілтеп көрсету үшін жұмсалған*

“Бастауышы есімше - баяндауышы сол” болып құралған компонент соңғы позицияда жұмсалып, хабарланған оқиғаның себебін нұсқап көрсетеді. Себеп болып тұрған - бірінші компонент атаған оқиға. Екі компоненттің арасындағы мағыналық қатынасты білдіріп тұрған анафористік сөз *сол*. *Құнанбай бұл үйіне көп қонған емес. Ол бір топ үлкендермен ел аралап, жолаушылап кеткен еді, Ұлжанның Дулатты жібермегені сол* (Әуезов).

Дәл осы үлгімен құралған іргелес салалас сөйлемдерде анафористік сөз ретінде *сондықтан* жұмсалады. *Сондықтан* сөзінің бұлай жұмсалуы оның генезисіне байланысты. *Алда шөп бар. Есті алардай, мас қылардай жұпар аңқыған, әлі бүрлері үгілмеген кок жауқазын құрғақ шөп бар. Соны сезіп келеді, безектеп алып ұшатыны да сондықтан* (Мұратбеков).

Бірінші компоненттің баяндауышы *көрген-дей, көретіндей* тұлғалы есімшеден болып, себептік қатынасты білдіретін іргелес салалас сөйлем құралады. *Ақбілек жан-жағынан жау қуып келе жатқандай елегезіп, қымтырыла береді* (Аймауытов).

Аталған *-ғандай* тұлғалы сөйлем тиянақты формаға ие (verbum finitum) баяндауыштар ретінде қатысқан. Бұл тұлғадағы баяндауыштар дара коммуникативтік тұлға ретінде жұмсалатын жай сөйлем де құрайды: *Алма жаңа үзілгендей*.

Есімшелер *-дай, -дей* жұрнағын жалғап, баяндауыш қызметін атқарғанда, олар модальдық мағынаға (оқиғаны жорамал ретінде хабарлау) ие болады. Іргелес салалас сөйлем құрамында осы ретпен құралған компонент (бірінші компонент) себеп оқиғаны хабарлайды, екінші компонент содан туатын оқиғаны хабарлайды.

4.2.2.4. Шарттық іргелес салалас құрмалас сөйлемдер

Іргелес салаластардың қатарында шарттық қатынасты білдіруге арналған конструкциялар бар. Ол конструкциялардың құрылысы мынандай:

1. Бірінші компоненттің баяндауышы “жедел өткен шақ етістік + бар ғой” (айтты бар ғой) типті болып құралады да, шарттық қатынасты білдіретін конструкция ұйымдастырады. *Атқанға жығылмай, тек жараланды бар ғой, машинаның тас-талқаны шығады* (Мұқанов).

2. Бірінші компоненттің баяндауышы “келер шақ есімше + бар” (*айтары бар*) типті болып құралады да, шарттық қатынасты білдіретін іргелес салалас сөйлем ұйымдастырады: *Қорқатыны бар, қосқа неге отырады?*

Шарттық конструкцияны ұйымдастыратын баяндауыштық форма “*келмесі бар*” (болымсыз формадағы қимыл атауы + бар) түрінде де құралып жұмсалады. *Бермесің бар, ол кедейді неге әуре қыласың* (Майлин).

3. Іргелес компоненттің баяндауышы “жедел өткен шақ + екен” (*келді екенсің*), “есімше-ған + екен” (*келген екен*) типті болып құралады да, шарттық қатынасты білдіретін салалас сөйлем ұйымдастырады.

Өкімет бер дейді екен, бересің (Майлин). *Келген екенсің, қондырмай жібермейміз* (Мұратбеков).

* Сауранбаев Н.Т. Осы құрамдағы конструкцияларды салыстырма бағыныңқылы сабақтас құрмалас деп таныған болатын. Т. Қордабаев та кейін осы пікірге қосылған.

* “Есімше + бар” (келгені бар, келерім бар) типті тұлғалардың баяндауыш ретіндегі статусы мына еңбекте айтылған. Амиров Р. Особенности синтаксиса казахской разговорной речи. Алматы, 1972. 125-132-66.

4. Бірінші компоненттің баяндауышы “өткен шақ етістік + ба” (*айттым ба*) типті болып құралады да, шарттық қатынасты білдіретін іргелес салалас сөйлем ұйымдастырылады. *Жеңгеннің мінезі нашарлау. Кесірленді ме, құдай аулақ қылысын* (Мұхамеджанов). *Біз осыған жол беріп алдық па, онда бітті* (“Жас алаш”).

5. Ілгері компоненттің баяндауышы бұйрық рай етістіктен жасалып, шарттық қатынасты білдіретін іргелес салалас сөйлем ұйымдастырады. *Ертең жеңсінші, не көрсетер екен саған* (Мұқанов). *Осыдан келіп көр, жазанды менен аласың* (Сонда).

Шарттық қатынасты білдіретін конструкция құруға бұйрық рай етістіктің болымсыз түрінен жасалған баяндауыш жиі жұмсалады. *Колхоздың наны болмасыншы, аштан өлер еді* (Мұратбеков). *...Енді Еңбек ері деген атақ әпермендер, сонда болсын сөзім* (Сонда).

Бұйрық рай формасы бастапқыда келер шақтық мағынаны білдірген, бұйрық мағына соны негізге алып қалыптасқан. Шарттық іргелес сөйлем құрауда бұйрық рай формасының бастапқы мағынасы жаңғырып тұр.

4.2.2.5. Теңдік қатынасты білдіретін іргелес салалас құрмалас сөйлемдер

Теңдік қатынасты білдіретін іргелес салалас сөйлемдер құрамындағы компоненттерде теңдік мөлшерін көрсететін сөздер қатыстырады: “...қалай, ...солай”, “...қанша, ...сонша”, “...қандай ...сондай”. Бұл - олардың бір құрылымдық белгісі. Екінші құрылымдық белгісі - компоненттердің баяндауыштары бірыңғай шақтық формада болады. *Соқаны қалай алды, солай анарып қойды. Сіздің үйдегі Мәшке маған қалай жақын, Іскендір де сондай бауырым* (Ертегі). Бұл конструкциялардың баяндауыштары форма жағынан әр сипатта келетіні бар: *Қанша бердім, сонша қайтар. Қанша бердім, сонша қайтарасын.*

Аталған конструкциялар субъектілер қатысқан істің, процестің тең мөлшерде, санда, сипатта болғанын, болатынын хабарлайды. Конструкция адамдардың арасындағы құқықтық, шаруашылық қатынасты білдіру үшін пайда болған. Тіл іздене, талпына отырып, конструкцияны

мезгілдік қатынасты білдіру қызметіне жетті. Мезгілдік қатынасты білдіретін конструкция “...қалай, ...солай” элементі қатысып құрылады.

Қалай Бақтығұлдың жылқысын бақтым, солай көзім ашыла бастады (Аймауытов).

Теңдік қатынасты білдіретін іргелес салалас сөйлемдер сабақтас құрмалас сөйлемдер жүйесіндегі функциялас конструкциялармен қатар жұмсалады: *Соқаны қалай алды, солай апарып қойды - Соқаны қалай алса, солай апарып қойды*. Сабақтастың бұл түрі қазақ тіл білімінде “жай-күй, әрекет бейімділігін, теңдестік барлығын” салыстыра көрсететін салыстырма бағыныңқылы конструкция ретінде аталып жүр. Бұл салалас, сабақтас конструкциялар функциялас болғанымен, жұмсалыуында талғам бар.

Теңдік қатынасты білдіретін салалас, сабақтас сөйлемдер адамдар арасындағы шаруашылық, құқықтық қарым-қатынас білдіреді дедік. Солай болғандықтан бұл конструкциялар полемикалы, даулы сөзде жиі жұмсалады. Әсіресе өтеу талап ететін даулы сөзде көп ұшырасады.

Осы жұмсалыс негізінде конструкция өтеу талап ету үшін емес, бұйрықты - кісіні бір іске қосуды - қатал етіп айту амалы болып та жұмсалатын болды: *қалай келсең, солай кел, қалай бітірсең, солай бітір*.

4.2.2.6. Айқындауыштық қатынасты білдіретін іргелес салалас құрмалас сөйлемдер

Іргелес салалас сөйлемнің бірінші компоненті оқиғаны, құбылысты жалпылау мағынада хабарлайды да, кейінгі компоненттер оны айқындайтын, саралайтын оқиғаны (оқиғаларды), құбылысты (құбылыстарды) хабарлайды. Осындай қатынас негізінде құрылған конструкция айқындауыштық қатынасты білдіретін салалас сөйлем деп аталады.

Ақбұлақ та шанағын шалқыта долданар еді. Дольсы қатты: жағасында жан сақтап тұрған тал-қайыңдарды жұлқа тартып, шымымен қонарып алып, ақбас толқындарына сап секірмеді (Бөкеев). *Ауылдан көріп тұрғандар таласа бастады: біреуі қажының үйінің күйеуі деді, біреулер түбектегі құдасы деді, ал тағы біреулер бөтен адамдар деді* (Мұстафин).

Айқындауыштық қатынасты білдіретін іргелес салалас сөйлемге тән бірнеше грамматикалық белгі бар.

1. Құрмалас сөйлемді бір тұлға ретінде тұтастыратын интонациялық қалып бар. Сонымен қатар айқындалатын компонентпен айқындау компоненттің жігінде екеуінің қатысына сай пауза бар. Бұлар - конструкцияның интонациялық белгісі.

2. Айқындалушы компонент пен айқындаушы компоненттердің баяндауыштары шақтық формасы жағынан бірыңғайлас болып келеді.

3. Айқындалушы компоненттің баяндауышы *сонша, сондай* деген аффектілі (әсерлі) сөздер болып, оларды кейін тұрған компоненттер айқындайды.

Оның бұтақтарының жиілігі сондай: Бір ай нәсер жауса да, түбіне тамбайды (Бөкеев). *Биқанның Абай сырын жасырғыштығы сонша: “Мағашқа бүгін таңертен Абай не деді?” - деп сұрасам, “Е, мен қайдан білейін, өзінен сұра” - деп, соны да айтпады* (Әуезов).

4.2.2.7. Объектілік қатынасты білдіретін іргелес салалас сөйлемдер

Объектілік қатынасты білдіретін іргелес салалас сөйлемдер екі түрлі жолмен жасалады.

1. Бірінші компоненттің баяндауышы есту, көру, сөйлеу процестерін айтатын сөз болып, екінші компонент сол процеске объект болған оқиғаны хабарлайды.

Балам, айтшы: бізді көрсең, сәлем бер деп әкен айтты ма, жоқ, өздігіңнен істедің бе? (Әуезов). *Бастарын көтеріп алғанда көрді: оң жақтан шалдың қойы құлап келеді екен* (Нұрманов). *Естимін: олар көшіп келіпті*.

2. Бірінші сөйлем бір оқиғаны хабарлайды да, екінші сөйлем құрамына *оны, соны* деген анафористік есімдіктер қатысады. Ол есімдіктер ілгергі сөйлем хабарлаған оқиғаның объектілік қатынасын білдіреді. *Кейінгі он бес жылда азды-көпті еңбегіміз болды, оны өзің білесің* (Мұхамеджанов). Кейде анафористік есімдіктер түсіп те қалады: *Өзін тіпті өлең жаттағышы екенсің, қайсысы сенікі, қайсысы бөтендікі - айыру қиын* (Тілегенов).

* Бұл типтес конструкциялар түсіндірмелі салалас деп аталып жүр.

4.2.2.8. Телінбе компонентті іргелес салалас құрмалас сөйлемдер

Телінбе компонентті іргелес салалас сөйлемдерді мына грамматикалық белгілерін ескеріп, жеке грамматикалық-семантикалық тип ретінде даралаймыз.

1. Бұл конструкцияның құрамына бірінші сыңар болып екі негізді компонент қатысады да, екінші компонент толымсыз құрылым түрінде қатысады. *Немене бұ, қуыршақ ойнайтын қыз ба едің сен, шешеннің қасынан шықпайтын!* (Әуезов).

2. Толымсыз құрылым екі негізді сөйлемге телініп, соған грамматикалық, семантикалық жағынан байланысып тұрады. *Ағайын, туған деп қайтесің, бұларға алаңдап* (Мұратбеков).

3. Толымсыз құрылымның телінуі құрмалас сөйлемнің интонациясынан көрініп тұрады. Телінбе компонент қысқа паузамен бөлініп айтылады. Телінбе компонент көбіне тұрлаусыз сөйлем мүшесі қалпында көрінеді. *Бұл қайсың-ей, жеті түнде. ...Мен болсам отырысым мынау, өрттен қалған ағаштай* (Тарази). *Мені қойшы, жаман шалды.*

Телінбе компонент негізгі сөйлем құралып, айтылып кеткен соң барып, сөздің қосымша жалғасы тәрізді хабарды келтіреді.

Қасенмен қосылдым. Қасенге өмірлік жолдас болдым. Бір ұлымыз бар, Қасеннің аузынан түскендей (Майлин). *Ойын көріп, сергіп-серпілген күнім болды ма, қайта өзің менен ұрланып кино көрер едің, онда да айында, жылында* (Бөкеев). *Ермекбайың кім, жаным? - Бухгалтердің баласы ше, әскерден келген!* (Жұмаділов).

Телінбе компонент негізгі сөйлемнің бір мүшесінің қайталануы ретінде да қалыптасады. Ол мүше өзін анықтайтын, пысықтайтын сөздер қатыстырып қайталануы.

Май топыраққа тоқылдап тиген тұяқтан осындай алдамшы дыбыс шығады, ат тұяғына кигіз орап шапқандай тұйық дыбыс. Күләш өзі әннен жаралған бір жан еді, әннен ғана, таза онерден ғана (Мүсірепов). *Тау басын аппақ шық басыпты, кіршіксіз, шыңылтыр, таза таңғы шық* (Мұратбеков).

Телінбе компонент негізгі сөйлемдегі бір мүшені айқындап атап, соның баламасы ретіндегі сөзден құралады. *Екеуіміздегі сауын сиырлардың саны бірдей, жүз елуден* (Мұратбеков). *Соны шақырмағын, Тоқжігітті. ...Жүрейік былай таман, ағана!* (Тарази).

Телінбе компонентті іргелес салалас сөйлемдер спонтанды, стихиялы түрде құралған (құра-

мы түгелденіп, жүйелі тұлға ретінде қалыптастырып айтылмаған) сөздің көрінісі ретінде қалыптасқан. Бірақ бүгінгі тілімізде ол сөзге түрлі стильдік (коммуникативтік) өң беретін конструкцияға айналады. Көркем сөз шеберлері бұл конструкцияның потенциалын жақсы пайдаланып жүр.

1. Конструкция сөзді эмоциялы етіп хабарлауға жұмсалып жүр. Бұл әсіресе негізгі компоненттің баяндаушысы ретіндегі аффектілі сөздер жұмсалған сөйлемдерде анық байқалады.

Отырысы мынау, амалып (Майлин). *Не көретіні бар, мал болса анау, қотанда жатқан* (Нұрманов). *Шілденің ыстығы мынау, даланың ербең етер жәндігін жым-жылас жұтып қойған секілді* (Бөкеев).

2. Сөйлемді шұбалаңқы етпеу үшін оны сегменттеу амалы ретінде қызмет етеді.

Ол біздің келін ғой, келі түйіп жатқан (“Жас алаш”). *Күшінді мынауыңа қылсаңшы, көзіңді ағартып жүрген* (Жансүгіров). *Білсен, бұл анадан туғалы теңіз кешіп, тар сүйретіп жүрген кісілер, теңіздің астын атының басындай білетін* (Нұрпейісов).

Қазіргі қазақ тіліндегі іргелесіп байланысу амалы - жанаша қалыптасқан амал. Құрмалас сөйлемнің қалыптаса бастаған кездегі іргелестіктен бұл жүйе түгелдей бөтен. Өйткені бүгінгі іргелес салалас және олардың құрылу амалдары кейін пайда болған коммуникативтік талаптарға қызмет етеді.

4.2.2.9. Ауыспалы іргелес салалас құрмалас сөйлемдер

Ауыспалы іргелес салалас сөйлемдер жалғаулықты салалас конструкциялар білдіретін синтаксистік қатынастың бәрін де білдіріп жұмсалады. Мына ауыспалы іргелес салалас сөйлемдер себептік қатынасты білдіріп тұр.

Қарақатты көп жеп едім, жүрегім қарайып тұр (Бөкеев). *Айтқаның дұрыс, мен тоқтаймын* (Әуезов). *Мен бұл мәселеге билік айтпаймын, шаура сенікі, қадір сенікі* (Досжанов).

Жалғаулықтар қатысып құрылатын қарсылықты салалас сөйлемдер жалғаулықты түсіріп жұмсала алады. *Құбажонға шоқыттып шыға келсе, жұрты жатыр, өзі жоқ* (Біржан). *Жалғыз атыз әңгелекті әне сақтады, келмеді, бері сақтады, келмеді* (Досжанов).

Жалғаулықтың түсуі сөзге үнемдік, жинақылық беруі үшін ғана жұмсалмайды. Ол сөзге контрастылық өң қосу үшін, ритм беру үшін де

жұмсалады. *Тоғын хан мен Бәшібек ағамыз бастаған отыз жеті сұлтан түгел қырылған, әрқайсысы онға татыр елу мың аламан өлген сойқанды ұмыттыңдар ма! Жиырма жылда оңалдың, қырық жылда қайтадан қара нар қол құрадың, өшкенің жанды, бірақ өлгенің тірілгені қане! Жабағың бүтінделді - жаран жазылды ма! Аттанайық. Жеңерміз. Қырып тауыса аламысың!* (Мағауин).

Қарсылықты салалас сөйлемдердің қатарында жалғаулықсыз құрылмайтыны, жалғаулығын түсіре алмайтындары да бар. Мысалы, *әйтпесе қатысқан жалғаулықты салалас сөйлемдер осындай. Талғаулықтың қатынасты білдіретін ауыспалы іргелес салалас сөйлемдерге мысал мынау. Балшыққа малынған ба, біреу үстіне лай шашқан ба - үстінің сау жері жоқ* (Досжанов).

4.2.3. Сабақтас құрмалас сөйлемдер

Сабақтас құрмалас сөйлем деп құрамындағы жай сөйлемдердің бағыныңқыларының баяндауыштары тиянақсыз тұлғада келіп, соңғы сөйлемге бағына байланысқан құрмаластың түрін айтамыз. Сабақтас сөйлемдер бағыныңқы және басыңқы сынарлардан (компонент) тұрады. Бағыныңқы сынар тұлғалық жағынан да тиянақсыз болады, сондықтан ол жеке тұрып, өз бетінше қолданылмайды. Бағыныңқы сынар басыңқыдағы ойдың әр түрлі жақтарын айқындап, дәлдеп түсіндіру үшін қолданылып, жай сөйлемдердегі тұрлаусыз мүшелердің сұрағына жауап беріп тұрады. *Ас ішіп жұрт тараған соң, қатындар төрге төсек салуға кірісті. Сонша жерден әдейі жаяу келген соң, сол астықтан азырақ жырмалап берейін* (Аймауытов). *Кеше келген жау офицері деревняның адамдарын жинап, ол онбағанды староста тағайындапты* (Шәріпов).

Мұндағы бағыныңқы сөйлемдер *Қашан салуға кірісті? (мезгіл), Неге жырмалап берейін? (себеп), Қалай тағайындапты? (амал)* деген сұрауларға жауап беріп, қызметі жағынан жай сөйлемдегі тұрлаусыз мүшелерге ұқсас болып тұр. Бағыныңқы сынарлардың осындай мағыналық, қызметтік сипатына қарап қазақ тіл білімінің алғашқы зерттеушілері сабақтас құрмаластарды мағыналық түрлерге жіктегенде, жай сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерінің атымен атаған болатын. Мәселен, мезгіл пысықтауыш бағыныңқылы, мекен пысықтауыш бағыныңқылы, себеп пысықтауыш бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем. Қазақ тіл білімінде бұл атаулар А. Байтұрсынұлы еңбек-

терінен басталып 60-жылдарға дейін қолданылып келді.

Синтаксис мамандарының арасында сабақтас құрмалас сөйлемдердің бағыныңқылары сөйлем бе, жоқ па - деген талас мәселелер бар. Мұндай күдік бағыныңқылардың қызметі мен мағыналары жай сөйлемдегі тұрлаусыз мүшелермен ұқсас келуінен және олардың жеке тұрып қолданыла алмайтындығына байланысты туындайды. Ал, шындығында бағыныңқы сөйлем - аяқталмаған шала сөйлем. Басыңқы компонент болмаса, толық мағына оның өзінен шықпайды. Бағыныңқы компонент басыңқы компоненттің шылауындағы қосымша синтаксистік тұлға. Бұдан бағыныңқы сөйлемдер сөйлем дәрежесіне жетпеген құрылымдар екен деген түсінік тұмауы керек. Бағыныңқылардың жеке тұрғанда сөйлем бола алмауы олардың баяндауыштарының тек бағыныңқы тұлғада (есімше, көсемше, шартты рай) келуімен байланысты. Ал негізінен сабақтас құрмаластың құрамындағы бағыныңқы сөйлемдерді толық предикативтік қатынасқа қойып айтуға болады. Мысалы: *Аспанның қызылы ыдырап, төңірек бұлдырай бастағанда, біз бір селенге келіп кірдік* (Мұртаза). Бұл сөйлемді сөйлеуші *Аспанның қызылы ыдырап, төңірек бұлдырай бастады. Сол кезде біз бір селенге келіп кірдік* - деп екі жай сөйлем етіп құруына болады. Яғни, құрмаласты құраушы бөліктер тиянақты ойды білдіретін өз алдына жеке-жеке сөйлем бола алады. Бірақ олар құрмаластың құрамында үлкен хабардың, күрделі ойдың құраушы бөліктері, басыңқыдағы айтылатын негізгі сыртқы ойды толықтырушы, жан-жақты сипаттаушы элементтер болып табылады. Айтушы кейде күрделі ойды жеткізу үшін жай сөйлемдерді сол бастапқы тұлғасында ала береді. Мысалы, салалас сөйлемдердің алғашқы сынарлары бұрынғы қалпын сақтағанмен, негізгі ойды білдірудің құраушы бөліктері болып тұр. Ал сабақтастарда жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақсыз айтылып, ондағы предикативтілік солғындайды. Осыған байланысты оны А. Байтұрсынұлы бітпеген шала сөйлем деп атап, сөйлемде, жазғанда кім де болса ойын айтады. Ойын айтуға тиісті сөздерді алады да, олардың басын құрап, біріне-бірінің қырын келтіріп қиындастырады. Қыры келетін сөздер тұрған күйінде алса да (салалас сөйлемдердің баяндауыш формалары сияқты), қиындаса қалады. Қыры келмейтін сөздерді қиындастыру үшін қырларын өзгертіп (сабақтастың баяндауыштарын тиянақсыз формаларға қойған сияқты) қиюын келтіреміз деген

анықтама береді. Бұдан бағыныңқының сөйлемдік дәрежесі, өзіндік қызметі жойылып кетпейді, тек басқаша реңк алатын болады.

Бағыныңқы сөйлемді тани білуде әлі күнге шейін әр түрлі көзқарастар бар. Кейбір мамандар (Б.А.Серебренников, Н.А.Баскаков, М.Ш.Ширалиев т.б.) бағыныңқы сыңардың баяндауыштары міндетті түрде өз бастауышымен қиысып тұруы шарт деп қарайды. Мұндай талапқа бағыныңқы сөйлем жасаудың қазақ тіліндегі үш тәсілінің ішінде тек шартты рай жұрнақтары ғана жауап береді. *Жан-жануар, адамзат анталаса, Ата-анадай елжірер күннің көзі* (Абай). *Біз іске белсене кірісетін болсақ, жоспар мерзімінен үш-төрт күн бұрын орындалады* (Қаз.Әдеб.) т.б. Шартты рай жұрнағы өз бастауыштарымен жақ жалғаулары арқылы жекеше және көпше түрде қиысып тұра-

ды. Қазақ тілінде етістіктің төрт түрлі жіктелу үлгісі бар екені белгілі. Шартты рай жұрнақтарындағы тұрған етістіктер жіктелудің жеке бір түрін құрайды және сол тиянақтылық тұлғада тұрып-ақ сабақтастың бағыныңқы сыңары бола алады. Ал бағыныңқы сөйлем жасайтын өзге тәсілдерде (есімше, көсемше) бұл жағынан елеулі өзгешеліктер байқалады. Есімше жұрнақтары да, көсемше жұрнақтары да бағыныңқы сөйлемнің баяндауышын жасауда жіктік жалғауында тұрмайды. Оларға жіктік жалғауы жалғанса өткен немесе келер шақты білдіріп, бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы болу қасиетінен айырылады. Яғни, бұл екі жұрнақтың бағыныңқы сыңардың баяндауышы болуы үшін тиянақсыз формада тұруы алғашқы шарттардың бірі деуге болады. Бұл жағынан келгенде көсемшелердің тиянақсыз дең-

I - кесте

Бағыныңқының баяндауыш тұлғасы:	Тұлғалық белгісі	Сөйлемнің схемасы	
1. Шартты рай	-са, -се (-сам, -сем, -сақ, -сек, -сандар, -сендер, -саңыз, -сеңіз, -саңыздар, -сеңіздер) -са, -да, -се, -де	<i>бағыныңқы басыңқы жүрсе, жүрсе де,</i>	
2. Көсемше	-а, е, -й, -ып, -іп, -п, -ғалы, -гелі, -қалы, -келі, -майынша, -мейінше	<i>жүре, жүріп, жүргелі, жүрмейінше</i>	
3. Есімше	-ған -ген -қан -кен -ған -ген -қан -кен -ған -ген -қан -кен -ма, -ме -ба, -бе -па, -пе + -с -тан -тен	{ -ша, -ше -дай, -да, -де -мен -дықтан, -діктен сайын соң кезде шақта уақытта -ға, (-ге) шейін + -нан бері -нен кейін соң бұрын	<i>жүргенше, жүргендей, жүргенде, жүргенмен, жүргендіктен, жүрген сайын, жүрген соң, жүрген кезде, жүрген шақта, жүрген уақытта, жүргенге шейін, жүргеннен бері, жүргеннен кейін, жүргеннен соң, жүргеннен бұрын, жүрместен</i>
4. Етістік негізі:	-ысымен, -ісімен	<i>жүрісімен</i>	
5. Тұйық етістік:	-у үшін	<i>жүру үшін</i>	

гейі есімшелерге қарағанда жоғары. Оны осы екі жұрнақтың жіктелу парадигмасынан байқаймыз. Есімшелер есімдер мен қалып етістіктер сияқты III жақта жақ жалғауынсыз жеке тұрып айтыла береді. Ал көсемшелерде ондай қасиет жоқ. Осы тиянақсыздығынан көсемшелер жеке тұрып бағыныңқының баяндауышы бола береді. Есімшелер осы қызметті атқару үшін әр түрлі қосымшалар үстеп немесе септеулік шылауларды ертіп тиянақсыз тұлғаға айналады. Көсемшелер сияқты жеке тұрып еш уақта бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы қызметін атқара алмайды. Сөйтіп, жай сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластыру міндетін есімше формаларының өздері атқармайды, оларға жалғайтын түрлі қосымшалар, тіркесе айтылатын түрлі шылаулық сөздер атқарады. Оны мына сызбадан байқауға болады.

Қазіргі қазақ тіл білімінде көсемше жұрнақтарын тануда әр түрлі пікірлер қалыптасқан. Бағыныңқы сөйлемнің баяндауыштарын жасау тұрғысынан келгенде қосымшалардың есімше немесе көсемше екендігін анықтаудан гөрі олардың бағыныңқы сөйлемнің баяндауышын жасау қызметке сай-сай емес екендігі басты назарда болуы тиіс.

Қазіргі қазақ тілінде бағыныңқы сыңары тұлғалық жағынан да, мағыналық жағынан да тиянақсыз болып келіп, басыңқы сөйлемнің бір мүшесіне меңгеріліп тұратын сабақтас сөйлемдер бар да, бағыныңқылары басыңқыға баяндауыш тұлғалық жағынан ғана тәуелді болып, мағыналық жағынан дербес тұратын сабақтас сөйлемдер бар. Өз басыңқысымен тұлғалық, мағыналық байланыста тұратындар *мезгіл, себеп, мақсат, амал* бағыныңқылар. Бұлардан өзге сабақтастарда бағыныңқы сыңарлар өз басыңқыларына мағыналық жағынан меңгерілмей тең қатынаста тұрады. Осыған байланысты кейбір еңбектерде оларға бағыныңқылы деген атау тіркелмей түсіндірмелі сабақтас сөйлем, салыстырмалы сабақтас сөйлем, үлестес сабақтас сөйлем т.б. деп қана аталады. Мұндай байланыстағы бағыныңқы сыңарлар басыңқы сөйлемде баяндалған іс-әрекетке тәуелсіз, онымен жарыса, бір мезгіл ішінде қатар болып жатқан іс-әрекет, жай-күйді баяндайды. Сол се-

бепті мұндағы бағыныштылық мағына бағыныштылығында болмайды, бағыныңқы сыңардың тек тұлғалық жағынан тиянақсыз (есімше, көсемше, шартты рай) түрде айтылуында ғана болады. *Біреу желіп, біреу шоқытып келеді. Біреулер басын сүйеп, біреулер қолын ұстап отыр. Оның үстіне жәрменкеде қараша үйлер тігіліп, қымыз құйылып жатыр екен* (Аймауытов).

Сонымен бағыныңқы сөйлемдер аз басыңқыларымен екі түрлі қарым-қатынаста болады екен. Алғашқысында бағыныңқылар негізінен пысықтауыштың сұрауына жауап беріп, жай сөйлемдегі пысықтауыштарға ұқсап тұрады. Басыңқы сөйлемде хабарланған оқиға - әрекеттің мазмұнын ашу ыңғайында жұмсалады. Ал екіншісінде алғашқы сөйлем баяндауыштарының тұлғалық тиянақсыздығы болмаса, басыңқының мағыналық тәуелділігі байқалмайды*.

Басыңқы сөйлем қай уақытта да мағына жағынан да, тұлға жағынан да тиянақты болады. Оның бағыныңқы сөйлеммен салыстырғанда сөйлемдік қасиеті молырақ. Басыңқы сөйлемді өз алдына оңаша алып айтқанда да мағынасы толық, ой тыңғылықты айтылып тұрады. Оны А.Байтұрсынұлының келтірген мына мысалынан анық көруге болады: *Халыққа жағайын десен, қазаның болсын*. Мұнда басыңқы сөйлем *Қазаның болсын* дегенде ой айтылып, тынып біткендікті көрсетеді.

Сабақтаса құрмаласқан сөйлемде бір, я әлденеше бағыныңқылар болады да, басыңқы сөйлем көбінесе біреу-ақ болады. *Үміт пен қатер безбенге түсіп, кейде үміт, кейде қатер басып, Әбиштер аулына жеткенше жеңісе алмады. Шөп құрап, жапырақ сарғайып, мал-жан тоңазуға айналды* (Аймауытов). Бұл сөйлемдер екі сыңарлы құрмаластар емес. Себебі әрқайсысының құрамында үш-үш жай сөйлемнен бар. Бұларды бағыныңқы және басыңқы сыңарлар деп тек екіге ғана бөлеміз. Соңғы басыңқы сөйлемде негізгі ой айтылады да, алдыңғы екі тиянақсыз сөйлемдерде сол ой жан-жақты толықтырылады. Сөйтіп сабақтас құрмаластың құрамында үш жай сөйлем болғанмен, оның сыңарлары (компонент) екеу-ақ болады. Осыдан барып құрмаластың құрамындағы жай

* Сыңарлары мағыналық жағынан дербес келетін сөйлемдерді кезінде кейбір ғалымдар құрмаластың салалас түріне жатқызған. Мәселен Қ. Жұбанов "Қазақ тілі программасы" құралында салалас құрмалас сөйлемнің жасалу тәсілдерін он түрге бөліп, оның екінші түрі етіп көсемше арқылы жасалған сөйлемді келтірген. Н.Сауранбаев та кезінде "Кемпір-шал шуақ іздеп, бала шулар, мал масаттанысып қуанып, аунап қунар" (Абай). Күз болып, балалар жиналып, сабақ басталды - тәрізді сөйлемдерді салаласқа жатқызған. С. Жиембаев "Синтаксис мәселелері" деген еңбегінде өткен шақ арқылы жасалған құрмалас сөйлемдерді мағынасына қарай бірде салаласқа, бірде сабақтасқа жатқызуды ұсынған.

сөйлемдер және құрмаластың сыңарлары деген ұғымдар екі басқа екендігі аңғарылады.

Қарасөзге құрылған мәтіндерде басыңқы сөйлем сабақтас сөйлемнің үнемі аяғында, ал бағыныңқы сөйлемдер көбіне оның алдында келеді. Бұл тәртіп өлеңді сөйлемдерде сақталмауы мүмкін. Мысалы:

*Тебіңгі теріс тағынбай,
Темірқазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай,
Ерлердің ісі бітер ме?! (Махамбет)*

*Көп ойладың тыншымай
Түнде де кірпік бір қақпай,
Талмай көзің жұмбайсың
Ағарып сүттей таң атпай. (Жұмабаев)*

Байқап отырғанымыздай, бірінші өлеңде бағыныңқы-басыңқылық тәртіп сақталған. Ал екінші өлеңде басыңқы сөйлемдер бағыныңқының алдына шығып кеткен.

Сабақтас сөйлемдерге қатысты назар аударарлық тағы бір нәрсе - олардың бастауыштарына қатысты болмақ.

Кейбір түркология мамандары сөйлемдерді құрылымына қарай жай сөйлем, күрделенген сөйлем, құрмалас сөйлем деп топтайды. Күрделенген сөйлемді ұсынушы ғалымдардың айтуынша олардың жай сөйлемдерден айырмасы екі предикативтік единицадан тұратындығында, ал құрмаластан айырмасы сол екі предикативтілік қатынастың да бір бастауышқа телінуінде екен. Қазақ тіл білімінде Қ.Есенов бір бастауышқа телінген сөйлемдерді жай сөйлемнің күрделенген түрі деп таниды және ондағы баяндауыштарды пысықтауыштық деңгеймен бірдей қарайды. Т.Қордабаев ондай құрылымдарды сабақтас деп танып, олардағы тиянақсыз формаларды баяндауыш деп таниды.

Сібір халықтарының тілін зерттеуші мамандар бұл мәселені бұдан да тереңірек қарап, төмендегідей модельдерге бөледі:

1. Жалғыз субъектілі бірбастауышты көппредикативтілі құрылымдар $TV=n$ ($N, \leftrightarrow V_{\text{фин}}$)
2. Бір субъектілі көпбастауышты құрылымдар ($N, \leftrightarrow T=n$) ($N, \leftrightarrow V_{\text{фин}}$)
3. Көп субъектілі (N, \dots) $TV=n$ ($N, \leftrightarrow V_{\text{фин}}$)

4. Көп субъектілі көпбастауышты құрылымдар ($N, \leftrightarrow TV=n$) ($N, \leftrightarrow V_{\text{фин}}$)*.

Бір субъектіге телінген, бірін-бірі толықтыратын немесе бір іс-әрекетті (синонимдік немесе антонимдік мәнде) бірігіп атайтын баяндауыштарды бірыңғай баяндауыштар деп есептеп, ондай құрылымдағы сөйлемдерді жай сөйлем деп таныған дұрыс. Бірақ ортақ бастауышқа телініп баяндауыштары әр шақта келетін және әр сөз табынан жасалатын сөйлемдерді сабақтас бағыныңқылы сөйлемдер деп таныған дұрыс. Өйткені олардың сыңарларының арасы әр түрлі мағыналық қатынаста келеді. Сонымен қатар ортақ бастауышты құрмаластар тек сабақтас емес, салаласа да, құрмаласа да береді. *Ия, күйші атамыздың ұлы рухы тірі, туған жерінде, балықшы үйінде, бүгінгі балалары, іні-ұрпақтарымен аралас-құралас тұрып жатыр!* (Нүрпейісов). Бұл сөйлемнің бастауышы - рухы; баяндауыштары - тірі (сын есім), тұрып жатыр (етістік). Сондықтан мұндай сөйлемдер құрмалас деп танылуы керек. Яғни, ортақ бастауышты сөйлемдері тек бастауыштын санына қарап бөлу жеткіліксіз. Алдымен, бағыныңқы-басыңқы сөйлемдер арасындағы мағыналық қатынастарға қарау керек және құрмалас жасаушы бөліктер пысықтауыш дәрежесінде ме, әлде баяндауыш дәрежесінде ме - соны өлшеуіш етіп алған дұрыс. Егер көсемше, есімше тұлғалары арқылы жасалған баяндауыштарды қалыпты пысықтауыштар емес, баяндауыш деп танитын болсақ, онда есімше, көсемше тұлғалы бағыныңқылы баяндауыштары бар ортақ бастауышты сөйлемдерді де сөз жоқ құрмаластар қатарына жатқызамыз.

4.2.3.1. Көсемше формаларының қатысуымен жасалатын сабақтас құрмалас сөйлемдер

Көсемшенің құрмалас сөйлем жасаудағы қызметі екі түрлі болады: бірі - бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы бола тұра, сол сөйлемді басыңқы сөйлемге тәуелді етіп тұрады, екіншісі - құрмаластың құрамындағы екі жай сөйлемді ешқандай қосымша тәсілдердің керегінсіз-ақ байланыстырып тұрады. Оны мына мысалдардан көруге болады: *Құлағында үлкен күміс сырғасы сілкіне түсіп, үстел басы тола отырған жұртқа жіті қозғалып шай құйып отыр* (Әуезов). *Тұла бойы дірілдеп, екі шекеге ыстық қан шапшығандай болды* (Мүсірепов).

* Невская И.А. Деспричастие на -п как компонент осложненного и сложного предложения в шорском языке // Компоненты предложения. Новосибирск, 1988. С.165.

Бұл мысалдарда көсемшенің бір-ақ (-н, -ын, -ін) тұлғасымен сабақтасқан құрмаластар ғана көрсетілген. Жоғарыдағыдай әрі баяндауыштық, әрі сөйлемдерді бір-бірімен сабақтастыратын дәнекерлік қызметті көсемшенің барлық тұлғасы да атқара алады: *Ушаков үйінде болмай, Буланбай қайтып кетті. Қарағанды көмірін тапқалы, жүзге жуық жылдар өтті* (Мүсірепов). *Мәкен дауының ең алғаш бұрқ-сарқ еткен толқыны бәсеңдей бере, Әбіштің сапарға аттану кезі тақан қалған* (Әуезов).

Көсемше арқылы жасалған сабақтас сөйлемдердің есімше арқылы, шартты рай арқылы жасалған сабақтас бағыныңқылы сөйлемдерден құрылысы жағынан өзгешелігі болады. Есімше тұлғасындағы етістік бағыныңқының баяндауышы болу үшін өзінің бастапқы қалпын сақтамай, тұлғалық өзгерістерге түседі. *Ноқан кеткен соң, Ордабай ауылы да қонаңдайды* (Аймауытов). *Біразға дейін суық суды құйып жібергенде, дене селк етіп кеткендей болып тұрды* (Жұмабаев) т.б.

Есімше тұлғалы етістік жеке тұрып бағыныңқылық баяндауышы бола алмай, бірінші сөйлемде соң шылауын ертіп, ал екінші сөйлемде жатыс септігінде тұр.

Көсемше жұрнақтарының, оның ішінде -н тұлғасының сабақтас сөйлем жасауда басқа тәсілдермен салыстырғанда, тағы бір өзіндік керекшелігі бар. Өткен шақ көсемшенің көрсеткіші арқылы жасалған баяндауыштар кейде мағыналық жағынан тиянақты болып келеді. Яғни, басыңқы сөйлемге бағыныңқы сөйлем тек тұлғалық жағынан тәуелді болғаны болмаса, мағыналық жағынан өз дербестігін сақтап, оның ешбір мүшесіне меңгерілмей, салаласа айтылады. *Әйелдер сиыр сауып, еркектері өрістен келген қойларын бөліп, қыз-келіншектері су тасып жүр* (Майлин). *Көп бастар шұлғысып, көп сақалдар шошаңдасып қалды* (Мүсірепов).

Өткен шақ көсемше формасы арқылы құрмаласқан сабақтастардың сыңарлары арасындағы осындай мағыналық тәуелсіздігінен болуы керек, синтаксиске арналған біраз еңбектерде осындай құрылымдағы сөйлемдер бірде салаласқа, бірде сабақтасқа жатқызылып келді.

Көсемшенің -а (үнемсіз) түрі мен -ғалы түрі де дербес сөйлемдерді құрмаластырады. Бірақ бұлар көсемшенің үнемді -н түрі сияқты бесаспап емес, біркелкі бағыныңқылықты ғана білдіреді.

Жылдам, бірден аяқталатын істі көрсету үшін қолданылатын көсемшенің үнемсіз -ын, -ін, -н жұрнақтары тіл тарихында өріден келе жатқан қосымшалар деуге болады. Бұлардың көне түркі

ескерткіштердің тілінде мынадай дыбыстық варианттары кездеседі: -ын, -ін, -ун, -үн, -н. Бұлар көне түркі жазба ескерткіштердің тілінде жай сөйлемнің баяндауышы қызметінде болмаса, құрмалас сөйлем жасауға қатынаспаған. Үнемсіз көсемшелердің бұл тәріздес синтаксистік қызметі халық ауыз әдебиетіне жататын шығармаларда да көптеп ұшырасады. Бұл жағынан алғанда, -ын, -ін, -н жұрнақты көсемшені бір субъектінің істеген іс-әрекет, қимыл-қозғалыстарын бір-бірімен ұштастырып, іргелестіріп беруде ең икемді және өте ерте заманнан бері қарай келе жатқан ең көне категория деуге болады.

Көне түркі тілдерінде кездесетін көсемшенің -пан, -пен, -ыпан, -іпен жұрнақтары қазіргі қазақ тілінде ұшыраспайды. Бұл жұрнақтар сөз кездің өзінде -н тұлғаларымен мәндес келіп отырған. Екеуі де сөйлем құрауға қатысып, жай және құрмалас сөйлемдердегі негізгі баяндауышпен жарыспалы немесе сабақтас әрекетті көрсету үшін жіктік жалғауынсыз қолданылып, екеуінің арасын біріктіріп тұрған. Мұнымен қоса бұл тұлғалар Орхон-Енисей және ұйғыр жазбаларында, шағатай дәуіріндегі қолжазбаларда (Әлішер Науаи шығармаларында) жарыса қолданылған. Бірақ сол кездің өзінде қазіргі -ын, -ін, -н тұлғалары, -пан, -пен, -ыпан, -іпен тұлғаларына қарағанда өте белсенді қолданылғандығы байқалады. Зерттеушілер көсемшелердің барлық жұрнақтарының ескерткіштегі қолданысын есептеп -н жұрнағының 42%, ал -пан жұрнағының 4,2% қолданылғандығын айтады. Олар грамматикалық мағыналарының жақындығынан бірінің орнына бірі қолданыла келе, тіл дамуы барысында дыбысталуы ұзактау түрлерін қолданыстан ығыстырған.

Қазіргі қазақ тілінде көсемшенің -н тұлғасын бағыныңқы сөйлемнің баяндауышын жасаудағы ең белсенді тұлға деуге болады. Оны сабақтас құрмалас сөйлем жасаудағы қолданғыштығы жөнінде етістіктің шартты рай формасымен де қатар қоюға болады. Қазіргі қазақ тілінде сабақтас сөйлемдердің тоғыз түрін танитын болсақ, соның алты түрін (амал, мезгіл, себеп, мақсат, қарсылықты, үлестес) жасауға -н формантты көсемше қатысатын болса, алты түрін (шартты, қарсылықты, салыстырмалы, мезгіл, үлестес, түсіндірмелі) жасауға етістіктің шартты рай тұлғасы қатынасады.

Көсемшенің -а/е, -й тұлғасының тілдегі қызметі аясы кестеде -ын, -ін, -н тұлғасының қызметімен бірдей дәрежеде көрсетілгенмен, оның тілдегі қолданылу жиілігі өте төмен. Байқап отырғанымыздай, аталған жұрнақ өткен шақ көсемше сияқты бірыңғай баяндауыштық, бырыңғай пысықтауыштық қызметте кездеспейді.

Сонымен қатар *-н* тұлғасының қатынасуымен жасалатын сабақтастың түрлерін жасауға түгел қатыса алмайды. Әсіресе, сыңарлары бір-біріне тұлғалық жағынан ғана тәуелді болғаны болмаса, мағыналық жағынан өз дербестігін сақтап тұратын *-н* тұлғасы арқылы құрмаласқан үлестес сабақтас сөйлем жасауға мүмкіндігі жетпейді. Өйткені көсемшенің бұл түрі *-ып, -іп, -н* тұлғасына қарағанда әлдеқайда тиянақсыз. Сондықтан баяндауышы *-а/е, -й* тұлғасынан болған бағыныңқы сыңарлар негізінде тек тұлғалық жағынан ғана емес, сонымен бірге мағыналық жағынан да тиянақсыз болады. Ол басыңқы сөйлемдегі белгілі бір мүшеге меңгеріліп, соны түрлі жағынан сипаттап, пысықтауышқа қойылатын бір сұрауға жауап болып, онымен қалыпты тұрлаусыз мүше тәрізді қатынаста тұрады. *Қазына тіккен мундир шақ келмей, киімді ұдайы жеке ұстаға арнайы заказбен тіккізетін* (Мұртаза). *Енді қаралары көрінбей жер-көкті дірілдеткен дүрілі ғана құлаққа жетеді. Тізгінді тапал сары Сейітке бермей, өзі алып жүрді* (Кекілбаев).

Қазіргі қазақ тілінде жай сөйлемдерді бір-бірімен сабақтастыра құрмаластыру қызметінде жүретін көсемшенің *-қалы, -ғалы, -келі, -гелі* тұлғасы құранды жұрнақ. Бірақ қазіргі қазақ тіліндегі есімшемен негізі анық көрініп тұрған басқа да құранды жұрнақтарға қарағанда көне, морфологиялық құрамы күнгірт. Мұны да есімше негізді дейтін пікірлер жоқ емес. Бірақ оның семантикасы істің басталуын, мақсаттық бағытын және оның екінші әрекетпен ыңғайластығын, тұтастығын білдіреді. Сондықтан *-ғалы* қосымшасының алғашқы элементі барыс септік жалғауы да соңғы *-лы* түркі тілдерінің тарихында белгілі бірлестік септік қосымшасы болуы мүмкін. Бұл түркі тілдерінің қазіргі белгілі болып жүрген көне жазу нұсқаларының ең ескі саналатын ескерткіштерінің өздерінде де кездеседі. Бірақ сол көне жазу нұсқаларында болсын, одан әлде қайда кейін жиналған ауыз әдебиеті материалдарында болсын көсемшенің бұл түрі жай сөйлемдерді құрмаластыру қызметінде кездеспейді. Ол не мақсат, не мезгіл пысықтауышы қызметінде немесе күрделі мүше қызметінде ғана қолданылады.

Көсемшенің *-ғалы, -гелі, -қалы, -келі* тұлғасы бағыныңқы сөйлем жасайды. Бұл тұлғалар арқылы мезгіл бағыныңқылы сабақтастар жасалады: *Шынында да, Барластар келгелі, Құнанбай бұл үйіне кеп қонған емес. Мағаштар жауыз зорлықтың бар көлемін ашқалы, Абай қатты қиналып тыныштық ала алмады* (Әуезов).

ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ЕСІМШЕЛЕР АРҚЫЛЫ ҚҰРМАЛАСУЫ

Синтаксисте дәлелденген теория бойынша гипотаксис (сабақтаса байланысу) паратаксистен (салаласа байланысу) кейін пайда болған. Бұның өзі екі жолмен дамиды: бірінші - екі жай сөйлемнің салаласа құрмаласуы негізінде (кейінірек осының негізінде сабақтаса байланысу өрбіп шыққан), екіншісі - жай сөйлемнің өз ішінде оралымдар жетіліп, жеке предикаттық қатынас дәрежесіне көтерілген. Құрмалас сөйлемнің пайда болуы мен дамып қалыптасуының бірінші жолы барлық тілдерге тән және ол туралы пікірлер де бір жақты, ал екінші жолды құптамайтын пікірлер де бар. Дегенмен, жай сөйлемдердің сабақтасуы көсемше және есімше арқылы болуына қарай жоғарыдағы екі жол арқылы да бағыныңқы сөйлемдер қалыптасатыны байқалады.

Есімшелер жеке тұрып, көсемшелер сияқты бағыныңқының баяндауышы бола алмайды. Ол тиянақты тұлға болғандықтан, басыңқы сөйлемді аяқтап, соның баяндауышы болып тұрады: *Көше бойындағы ағаштарды жалын шарпып, көлбеңдеген жапырақтары бүрісіп-бүрісіп қалған* (Шәріпов). *Төре ауылы күзекке құлаған қарбалас тұсты пайдаланып, қос гашиқ қашып шыққан* (Қажыбеков).

Есімшелер жай сөйлемдерді құрмаластыру үшін әр алуан тұлғалық құбылыстарға ұшырап, тиянақсыз формаларда айтылады: *323 аттың алдында Құлагер жұлдыздай ағып келе жатқанда, Бораңбай Құлагерді көлденеңнен соқтырып өлтірмеді* (Жұмабаев). *Ол жылаған соң, әжесі де солқылдап жылады. Қара сабаның ауыр піспегі дүмпілдеп дабыл қаққан кезде, Күнікей апасынан сұранып, күйеу жаққа баруға үйден шықты* (Аймауытов). Сабақтас сөйлемдерде есімшенің *-ған* тұлғасы бағыныңқы сөйлемнің баяндауышын жасау үшін жатыс жалғауын тіркеп және *соң, кейін* көмекшілерін ертіп тұр.

Соңғы сөйлемді *Қара сабаның ауыр піспегі дүмпілдеп дабыл қаққан еді* (қақты). *Ол кезде Күнікей апасынан сұранып, күйеу жаққа баруға үйінен шықты* деп те құруға болады. Жеке-жеке жай сөйлемдерден құрылып, күрделі бір ойды білдіретін сабақтас құрмаластардың жасалуына бастапқы негіз болатын да осындай сөйлемдер. Олардың сабақтас құрмаласқа айналуына тілдегі ықшамдық заңдылығының тікелей әсері бар деуге болады. Ықшамдау деп сол толық түрден ықшам түрге айналдыру айтылады. Қазақ тілінде толық түрінен де ықшам түрі көбірек жүреді. Жоғарыдағы тұтас сабақтас сөйлем болып ықшамдалып тұрған құрмаласты әрі қарай да ықшам-

дап айтуға болады. Мәселен, *Қара сабаның ауыр піспегі дүмпілдеп дабыл қаққанда*. Бұдан сөйлемдегі ойға еш нұқсан келмейді. Қазіргі қазақ тіліндегі жатыс тұлғалы есімшелер арқылы жасалған сабақтас құрмаластардың бәрі де кезде көмекшісін өзіне сіңіріп ықшамдалған. *Әзімбай жылжып шығып, үйдің артына жүре бергенде, есік артында Сәрсенбай арбадан түсіп жатыр еді* (Жұмабаев). *Даяршы қатын мен екі кішкене немересін қасына алып бәйбіше пәуескіге мінгенде, Күнікей тажалдан құтылғандай демін бір алды* (Аймауытов).

Сөйтіп есімшелер арқылы құрмаласқан сөйлемдер алдымен жеке-жеке жай сөйлемдер болған. Кейін салаласа құрмаласып, оның негізінде сабақтаса байланысу пайда болған. Есімшелер жай сөйлемнің өз ішіндегі оралымдар жетіліп, жеке предикаттық қатынас дәрежесіне көтерілуі арқылы болатын сабақтастарды жасауға қатынаспаған.

Сабақтас құрмалас сөйлемдердің синтаксистік деривация арқылы қалыптасуы көсемше жұрнақтары арқылы жүзеге асқан. Жай сөйлемдердегі көсемшелер арқылы жасалатын пысықтауыштардың негізінде бағынықтылардың мақсат, себеп, мезгіл, амал түрлері қалыптасса, көсемше жұрнақтары арқылы жасалған бірыңғай баяндауыштардың негізінде басыңқыға бағынбайтын мағыналық жағынан дербес келетін сабақтастар жасалған. Ал қазіргі қазақ тілінде көсемше жұрнақтары ықшамдау арқылы да сабақтас құрмаластар жасай береді. *Олар көше алмады, өйткені көлігі жоқ болды*. Бұл сөйлемді *Көлігі жоқ болып, олар көше алмады* деп сабақтас сөйлемге айналдыруға болады.

Есімше жұрнақтарының (-қан, -ар, -мақ, -атын) ішінде жай сөйлемдерді құрмаластыру қызметінде жиі қолданылатыны -қан, -кен, -ған, -ген тұлғалары. Бүгін тілімізде бұл тұлға бағыныңқы сөйлем жасауда, әсіресе жатыс септігінде тұрып өте жиі қолданылады. Жатыс жалғаулы есімшемен сабақтасқан сөйлемдер көне түркі жазба ескерткіштерінде де ұшырасады. Яғни, шақ есімше мен жатыс жалғауының сабақтас сөйлем жасау қызметі ертеден қалыптасқан. Сондықтан олар бүгінгі тілімізде өткен шақ көсемшелер сияқты белсенді қызмет атқарады: *Байманның тегеурінді қолы қолын ұстағанда, әлгі найзағай тамырын тағы бір аралап өтті* (Жүсіпбек). *Тілеу көзінен жас аққанша күліп еңкілдеп жатқанда, қонақ тағы да бір алақан насыбайды тіліне басып үлгерді* (Кекілбаев). Бұл сөйлемдерде жатыс жалғаулы сөйлемдер арқылы жасалған бағыныңқылар өз басыңқыларымен мезгілдік қатынаста тұр.

Бағыныңқы сөйлемдер баяндауыштарының формалық және мағыналық тиянақсыздығына

байланысты ойды аяқтай алмайды. Бағыныңқы сыңардың баяндауышы болу үшін оның формасының тиянақсыз болуы - алғашқы шарттардың бірі. Сол себептен де табиғатынан тиянақты, жіктелу парадигмасында III жақ жалғауын керек етпейтін есімшелер бағыныңқының баяндауышы болу үшін әр түрлі қосымшалар үстеп немесе септеулік шылауларды ертіп тиянақсызданады. Көсемшелер сияқты жеке тұрып еш уақытта бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы қызметін атқара алмайды.

ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ШАРТТЫ РАЙ АРҚЫЛЫ ҚҰРМАЛАСУЫ

Етістіктің шартты рай тұлғасы да сабақтас құрмалас сөйлемді жасауда кеңінен қолданылады. Бұл жолмен тілімізде бағыныңқының көптеген түрі жасалынады. Бұл қызметте шартты рай тұлғалы сөз, көсемше тәріздес, өзінен кейін ешбір дәнекерді қажет етпей-ақ екі жай сөйлемді құрмаластыруға қатынаса береді. Бұндай кезде бағыныңқылық бастауышы үшінші жақта келеді. Жіктелу үлгісімен қарағанда етістіктің шартты рай жұрнағы есімше сияқты тиянақты, үшінші жақ қосымшасыз, нөлдік формада айтыла береді. Осындай тұлғада келгенде ғана ол бағыныңқы сөйлем жасау жағынан көсемшеге ұқсас келеді. Ал бағыныңқылық бастауыштары I және II жақтарда келген сөйлемдерде бағыныңқының бастауышы мен баяндауышы өзара жақ жалғауы арқылы қиыса байланысады.

Мезгіл мәні: *Көзімді ашып алдыңғы жаққа қарасам, екі адам қарауытып тұр екен* (Мүсірепов). *Шарт: Еңбегін сіңірмесе, ешкімге бидай бермеңдер* (Ерубасев).

Бұл арада ескеруді керек ететін бір нәрсе - шартты райға жалғанатын жіктік жалғаудың қалыпты баяндауыш жалғауынан өзгешелігі. Қазақ тіліндегі жіктік жалғаудың өзі жалғанған сөзіне тиянақтылық мән беріп, оны сөйлемнің тиянақты баяндауышы етіп, бастауышпен жақтастырып тұратыны, сондықтан оның баяндауыш жалғауы деп те аталатыны белгілі. Ал шартты райға жалғанатын жіктік жалғау да баяндауыш жалғауы, өл да баяндауыш болып тұрған шартты райды бастауышпен жақтастырады. Бірақ шартты райға жалғанған жіктік жалғауда баяндауыш жалғауында болатын ең негізгі қасиет-тиянақтылық болмайды. Сондықтан да шартты рай белгілі бір жаққа жіктеле айтыла тұрып та, бағыныңқы жай сөйлемді басыңқы жай сөйлеммен құрмаластыру функциясын атқара береді. Мұндай орындағы жіктік жалғау тек бір ғана функцияны, баяндауыш болып тұрған шартты

райды бастауышпен қиыстыру функциясын ғана атқарады. Жай сөйлемдерді бір-бірімен сабақтастыра құрмаластыру қызметінде қолданылатын етістіктің басқа түрлерінен шартты райдың негізгі бір ерекшелігі - оның осы жақтық формада айтылып, өз бастауышымен қиысып тұратындығында.

Жай сөйлемдерді бір-бірімен қарым-қатынасқа келтіріп, құрмалас сөйлем жасауда шартты райдың өзіндік тағы бір ерекшелігі бар. Оны байқау үшін шартты райлы бағыныңқы сөйлем баяндаушы функциясында қолданылатын етістіктің басқа түрлерімен салыстырайық. Жай сөйлемді бір-бірімен құрмаластыру қызметін есімшелердің де атқаратыны белгілі. Бірақ екі жай сөйлемді бір-бірімен қарым-қатынасқа келтіретін есімше формасының өзі емес, есімшеге жалғанатын әр түрлі септік жалғаулары мен оған тіркесе айтылатын шылаулар. Бұларсыз есімше құрмалас сөйлем жасай алмайды. Ал шартты рай олай емес, өл басқа бір қосымша формалардың, дәнекерлердің жәрдемінсіз-ақ екі жай сөйлемді құрмаластыра алады. Сөйтіп, ол екі түрлі функцияны бірден атқарады: әрі сөйлемнің баяндаушысы болады, әрі екі жай сөйлемді бір-бірімен қарым-қатынасқа келтіретін синтаксистік дәнекер болады.

Өздеріне тән ішкі ерекшеліктеріне қарамастан, қазіргі қазақ тілінде аталған үш жұрнақтың үшеуі де бағыныңқы сөйлемнің баяндаушысын жасаушы деп танылады. Етістіктің шартты рай жұрнағы шартты, қарсылықты, салыстырмалы, мезгіл, үлестес бағыныңқыларды жасауға қатыса, есімше жұрнақтары себеп, мезгіл, салыстырмалы, қарсылықты бағыныңқыларды жасауға қатысады. Ал көсемше жұрнақтары бағыныңқы сөйлемдердің амал, себеп, мезгіл, мақсат, үлестес, қарсылықты және шартты түрлерін жасайды.

Бағыныңқы жай сөйлем баяндаушы болып келген шартты райдың кейде шылау сөздерге тіркесіп тұратыны да болады, бірақ шылаулар екі жай сөйлемді байланыстыру үшін қолданылмайды, жай сөйлемдердің мағыналық қатынастарын түрлендіру үшін қолданылады. *Раушан олай деп ойламаса да, Бәкен солай ойлайды* (Майлин). *Құрмаш қанша тәрбиелесе де, Көксерек ұрлық пен адал астың айырмасы не екенін ұға алмады* (Әуезов).

Бұрын-соңды шыққан лингвистикалық әдебиеттерде шартты рай арқылы жасалатын сабақтас құрмалас сөйлемдер не шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлемге немесе мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлемге ғана жатқызылады. Бірақ әдеби тіліміздің фактілері шартты рай арқылы жасалатын құрмалас сөйлем компоненттерінің

мағыналық қатынастары алуан түрлі екендігін көрсетті. Әрине, шартты райдың дәнекерлігі арқылы құрмаласатын компоненттердің мағыналық құбылыстары бір ғана шартты райға байланысты деп қарау дұрыс емес. Ол құбылыстар бағыныңқы компоненттің баяндаушы болып тұрған шартты райдың қандай ортада, қандай сөздермен тіркесе, күрделене айтылуына да байланысты. Оны мына мысалдардан да көруге болады: *Өзгелер қалай жүрсе, мен де солай жүремін, Сыреке* (Мұқанов). *Басқалар қандай қуанса, ол да сондай қуанған еді. Еңбекті қанша істесең, табысты сонша аласың. Майдандағы сіздердің халіңіз қандай болса, біздің халіміз де сондай. Бөлекбастың жүрісі қандай паң болса, сөзі сондай паң* (Әбішев). *Кісі қалай жүрсе, көлеңке солай жүреді.*

Бұл мысалдардағы тәріздес сөйлемдер кейбір лингвистикалық әдебиеттерде шартты бағыныңқы сабақтас сөйлемге жатқызылып жүр. Бірақ жоғарыда келтірілген сөйлемдердің компоненттері бір-бірімен шарттылық қатынаста тұр деуге болмайды. Мұндағы бағыныңқы компоненттер құрамындағы *қалай, қандай, қанша* деген сөздер мен басыңқы компоненттер құрамында тұрып, алдыңғыдағы сұрау есімдеріне жауап ретінде айтылып тұрған *солай, сондай, сонша* сөздері құрмалас сөйлемге теңдестік, салыстырмалық мағына беріп тұр. Ал енді: *Кімнің жерін жерлесең, соның жырын жырлайсың. Ұяда нені көрсе, ұшқанда соны алады. Киіз кімдікі болса, білек сонікі. Кімге арқа сүйесең, соны таяныш етесің* (Мақал, мәтелдер). *Қай ауылдың үстінде сияз болса, сол ауыл малы шығасылы болады. Ұлық қай ауылға сияз құрса, сол ауылды қырына алғаны* (Әуезов). *Кім көп істесе, сол көп алады* деген сөйлемдер де құрылысы жағынан алдыңғы мысалдағы сөйлемдер тәріздес. Бұларда да бірінші компонентінде сұрау есімдігі келсе, екінші компонентінде сілтеу есімдіктері келіп отырған. Бірақ компоненттерінің мағыналық қатынастары жағынан алғанда, соңғы мысалдағы сөйлемдер алдыңғылармен бір емес, бұларда алдыңғылардағы сияқты теңдестік, салыстырмалық қатынас жоқ. Мұндағы компоненттер біріншісіндегі сұрау есімдіктері мен екіншісіндегі сілтеу есімдіктері арқылы өзара іліктесе байланысқан.

Құрмалас құрамына енген жай сөйлемдер бір-бірімен кейде *-ысы, -ісі* жұрнақты етістіктің көмектес жалғаулы түрі арқылы да құрмаласады. Баяндаушы етістіктің осы айтылған түрінен болған бағыныңқы компонент басыңқы компонентпен мезгілдік қатынаста айтылады да, бағыныңқы компоненттегі әрекет болысымен іле-шала басыңқы компоненттегі іс-әрекеттің де болған-

дығын я болатындығын білдіреді. *Жүргіншілер ауыл иелеріне сәлемдесіп болысымен, бір-бір жыл-нос жігіт аттарды ұстай алысты. Абай араларынан кетісімен, анталап тұрған қалың жиын арасында ауыздан-ауызға көшкен сыбыр бұйрық жайылды* (Әуезов). *Дәрібек табалдырықтан аттай берісімен-ақ, Қадір оған төр жақты қолымен нұсқап, дастарқан жауды кемпіріне екінші рет бұйырды* (Бөрібаев).

4.2.3. Амал бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер

Қазіргі қазақ тілінде бағыныңқы сыңары формалық жағынан да, мағыналық жағынан да тиянақсыз болып келіп, басыңқы сөйлемнің бір мүшесіне меңгеріліп тұратын сабақтас сөйлемдер бар да, бағыныңқылары басыңқыға баяндауыш формасы жағынан ғана тәуелді болып, мағыналық жағынан дербес тұратын сабақтас сөйлемдер бар екендігі белгілі. Амал бағыныңқылы сабақтастар алғашқы құрылымдағы сөйлемдердің қатарына жатады. Өйткені ондағы бағыныңқы сыңар тұтасымен басыңқы сыңардың бір мүшесіне меңгеріліп, соның бір ғана түрлаусыз мүшесі қызметінде келеді де, қалыпты сын пысықтауыш сияқты *қалай? қайтін?* деген сұрауларға жауап береді.

Осындай сипатына байланысты ертеректе мамандар мұндай сөйлемдерді “амал пысықтауыш бағыныңқы сабақтас” деп атаған. Бұлардың қазіргі еңбектердегі атауы біркелкі емес. Амал бағыныңқылы сабақтас сөйлемдердің бағыныңқы жай сөйлемзі басыңқы жай сөйлемдегі іс-әрекеттің, қимыл-қозғалыстың қалай болғандығын, яғни қимылдың сынын білдіреді. Сондықтан бұларға бағыныңқы сыңардың мәніне сай “қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас” деген атау да қолданылып жүр.➤

Қазақ тіліндегі амал бағыныңқылы сөйлемдер синтетикалық тәсілмен де, аналитикалық тәсілмен де жасалады. Алғашқы тәсіл көсемшенің *-n, (-ын, -ін); -a, (-e, -й)* жұрнақтары арқылы жүзеге асады. Ал аналитикалық тәсіл бір ғана жолмен болады. Мұнда бағыныңқы сөйлем баяндауышы басыңқы сөйлеммен шылау мәндегі *деп* көмекші етістігі арқылы байланысады.

Аталған тәсілдердің ішінде ең жиі қолданылатыны - көсемшенің *-n(-ын, -ін)* формасы. Амал бағыныңқылы сөйлемдердің сыңарлары арасындағы синтаксистік қатынастың негізгі берілу жолы, формасы - осы *-n* формалы көсемше. Көсемшенің басқа формалары бұл қызметте *-n* формасымен синоним емес, өте сирек, белгілі бір

талаптарға сай ғана қолданылады. Әрине, баяндауыштары *-n* формалы көсемшемен келетін бағыныңқы сөйлемдердің барлығы да амалдық қатынасты білдіре бермейді. Олардың мезгіл, себеп бағыныңқылы қатынасты білдіретіндері, кейде тіпті сөйлемдерді мағыналық жағынан саластыра байланыстыратындары да болады.

Көсемшенің амал бағыныңқылы сөйлем жасаудағы қызметі мен жай сөйлемдегі амал пысықтауыштық қызметі өте ұқсас. Екеуі де баяндауыш арқылы көрсетілген іс-әрекеттің сынын, тәсілін білдіріп тұрады.

Амал бағыныңқылы сөйлемдерді жасаудың аналитика-синтетикалық жолы шылау мәндегі *деп* көмекші етістігі арқылы жүзеге асады. Десек те, мұны шылаумен тең дәрежеде қарауға әсте болмайды. Өйткені олар осы қызметтің өзінде тұрып-ақ көсемше (*деп*), рай (*десе*) жұрнақтарын қабылдап, түрленіп айтыла береді. Ал шылауларда мұндай құбылу жоқ. Сондықтан да екі сөйлемнің арасында келетін *де* көмекші етістігінің құрамындағы *-n* формантты көсемшенің де өзіндік айтарлықтай рөлі бар. Мұндай көмекші етістіктер әуелде тек өз мағынасында, яғни *айт, сөйле* етістіктеріне синоним болып жұмсалған және *де* етістігі төл сөз бен автор сөзін жалғастырушылық қызмет атқарған, ал көмекшілік қызметке бірте-бірте ауысқан, ол түрік тілінде сабақтастың себеп (причинная), түсіндірмелі (изъяснительная), мақсат (целевая) түрлерін жасауға қатынасады. Қазіргі қазақ тілінде дәл осы жол арқылы бағыныңқы сөйлемдердің амал, мақсат, себеп түрлері жасалады: *Тың адам келді екен деп, айтып отырған әңгімесінің желісін өзгертпейді, қайталамайды* (Әуезов). *Мәжит кішкене сәби өзіме үйрене берсін деп, бала қызығатын әдемі нәрселерді сатып алып беретін* (Бұлқышев). *Өткен жолы мен демалыста жүргенде әлгі қошқарларды қартайды деп, совхоз етке өткізіп жіберген екен* (Жұмаділов).

Кейбір ғалымдар амал бағыныңқылы сөйлемдерді жасаудың синтетикалық жолы ретінде жоғарыда көрсетілген екі тәсілмен қоса бағыныңқы сыңардың баяндауыштары *-дай, -дей* жұрнақты есімшеден болатын сабақтастарды да жатқызып жүр. Мұндай сөйлемдердегі сын-салыстырмалы сын. Сондықтан олар салыстырмалы бағыныңқылы сабақтастарға жатады. Десек те, грамматикалық формалардың өзінің негізгі беретін мағынасы шеңберінен шығып, көп мағыналық формаға ие бола бастауы - заңды құбылыс. Мәселен, қазіргі қазақ тілінде сабақтас сөйлемдердің тоғыз түрін танитын болсақ, соның алты түрін

(амал, мезгіл, себеп, мақсат, қарсылықты, үлестес) жасауға көсемшенің бір ғана *-п* формасы қатынасатындығы белгілі екен. Сондықтан есімшелерден сын есім жасайтын *-дай, -дей* жұрнағымен келетін бағыныңқылы сөйлем баяндауыштарында амалдық қатынастың реңктері болуы әбден мүмкін: *Кең бөлме бос қалғандай, ой ұясы қаңырап тұр* (Мүсірепов). *Әр өңешке бір өгізше кіріп бара жатқандай, әркімнің аузына қадалады* (Мұстафин)*. Бірақ бұндағы амалдық мағыналық қатынас көсемшенің *-п* формасымен келетін бағыныңқыдағыдай айқын емес. Есімшеден кейін келетін *-дай, -дей* жұрнағы бағыныңқы сөйлем жасауда көп мағыналық қасиетке әлі толық ие болып, аражігі ажыратыла қалыптасып біткен жоқ. Сондықтан да амал бағыныңқылы сөйлемдердің көрсеткіші ретінде әлі де тек көсемшенің алдыңғы формалары ғана аталуы керек деп білеміз: *Тәрде күректей теке сақалды ақсақалы, күбідей тырсылдап, көзін ашып-жұмған ақ сәлделі қара шұбар қожасы бас болып, жемсауы көнектей өңшең күшігендер отыр* (Аймауытов). *Бірақ күлуге шамасы келмей, қансыз-сөлсіз, көгерістеу ерні сәл ғана жыбыр етті* (Мұртаза). *Өлеңе осы сөзді айналдыр деп, Өтінді үлкен-кіші, қатар құрбы* (Базар жырау).

Көсемшелер, оның ішінде өткен шақ көсемше - амал бағыныңқылы сөйлем жасаудың негізгі төл тәсілі. Оның бұл қызметі өте көне заманнан келе жатқан құбылыс деуге болады**.

Көптеген амал бағыныңқылы сөйлемдерде бір субъект формальды түрде екіге жарылып, екі грамматикалық бастауыш болып тұрады. Жалқы және жалпы есімнен болған бастауыштар екінші сыңарда есімдік түрінде қайталанып қолданылады: *Ысмағұл қолындағы сайманын Өмірбекке ұстатып, өзі кейін шегіне түсті* (Майлин). *Қаңлы жағы Рысқұлды жақтап, олар да бір бүйірден килікті* (Мұртаза).

Бірінші сыңардағы әрекет иелері екінші сыңарда жинақтық сын есімнен болған грамматикалық бастауыш болып тұрады: *Александр мен Рысқұл араз адамдар құсап, екеуі екі жаққа қарап отыр еді. Ойына былтырғы оқымысты оралып, екеуі жүрген мұзарт жолдарын алыстан-ақ көргендей болды* (Мұртаза).

Есімнен және жіктеу есімдіктерінен болған қимыл иесі бірінші сыңарда жасырын тұрып, екінші сыңарда өздік есімдігінен қайта грамматикалық бастауыш болып тұрады: *Кластағы шәкірттер орындарынан үдіре тұра келгенін соңынан байқап, өзі де ұшып тұрды* (Мұртаза).

Көсемшелер арқылы жасалған амал бағыныңқылы сөйлемдерде кейде әрекет иесі екінші сыңарда есім, есімдік түрінде келеді де, дене мүшесіне қатысты сөз тәуелдік тұлғада бірінші сыңардың грамматикалық бастауышы болады: *Үстібасы суға малшынып, Тұңғышбай шауып келіп түсе қалды* (Аймауытов). *Сергіген қабағы сәл тұнжырай түсіп, ол тағы ойланады* (Майлин). *Жүре-жүре бойы үйір боп, орамбайға өзі мініп кететін болды* (Аймауытов).

Біз жоғарыда *-дай, -дей* қосымшалары арқылы жасалған сабақтастардың сыңарлары арасындағы қатынастар амалдан гөрі салыстырмалылыққа жақын екендігін айттық. Осы *-дай, -дей* жұрнағының да тілдің әр деңгейінде көп мағыналық сипаты бар екендігі байқалады. Жұрнақтың әр қырлы екендігіне байланысты оны әр зерттеуші әр қырынан таниды және өзі таныған қырын негізгі деп санайды. Бұл құбылыс тек қазақ тіліне ғана қатысты емес, жалпы түркітануда солай. Біреулер оны жалғау (септік жалғауы) деп таныса, біреулер сөзжасам жұрнағы дейді. Енді біреулер оның сөз байланыстырғыштық қызметі барлығын негізгі деп таниды. Осыған байланысты осы *-дай, -дей* жұрнағын да тек морфологиялық, я синтаксистік шеңберде ғана алып қарамай, тілдің барлық деңгейіндегі қолданысын жинап, өзара салыстырып қана бір мәмілеге келуге болады ғой деп ойлаймыз.

4.2.3. Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер

Қазақ синтаксисінде себеп бағыныңқылы сөйлемді мезгіл бағыныңқылы сөйлемнен, олардың арасындағы мағыналық қатынастарды (себеп, мезгіл) ажырату кейде қиынға соғады*. Ол үшін бағыныңқы және басыңқы сыңарлардың арасындағы мезгілдік мәннің, я себептілік мәннің қайсысы басым екеніне сүйену керек. Мәселен,

* Мысал Қ. Есеновтың “Құрмалас сөйлем синтаксисі” кітабынан алынды.


** Тіліміздегі қазіргі көсемше жұрнақтарының Орхон-Енисей ескерткіштерінде де осы баяндауыш қызметінде қолданылғандығын кезінде С.Е. Малов атап көрсеткен.

* Н.Т. Сауранбаев себеп бағыныңқылы сөйлемдер мезгіл бағыныңқылы сөйлемдерден дамып шықты дегенді, сірә, олардың арасындағы осы жақындыққа байланысты айтқан болар.

Кеше апам оған қатты ренжіп, ол үйіне қайтып кетті деген сөйлемнің бағыныңқы сыңарында мезгіл мәнді сөз бола тұра, онда себептілік мән басым. Яғни, оның үйіне қайтып кетуіне апасының қатты ренжігені себеп болып тұр. *Сондай-ақ Бейімбет ұсталып, басымызға қара күн туды* (Майлин). *Биыл қар кеш жауып, шана жолы кешең түсті* (Құлаш) деген сөйлемдер де бір мезгілде өтіп жатқан іс-әрекеттер болғанымен, басыңқы сыңардағы салдардың көрінісінен себеп бағыныңқылы сөйлемдерге жатады. Олардың арасын ажыратуға сұрақтың кейде көмектеспейтін кездері де бар. Мәселен, *Мәжіліс ашылып, сөз округтен келген өкілге берілді* (Майлин) деген мезгіл бағыныңқылы сөйлемге себептілікті ажырататын сұрауды да қоюға болады. Мұндай мағыналық жақындық - заңды құбылыс. Себеп бағыныңқылы сөйлемдер себеп пен салдардың көрінісі болса, сол процестер бір мезгілде болатын тіркес-тіркес уақиғаның да көрінісі болып табылады. Сондықтан бұларда мезгілдік мәннің болуы орынды.

Себеп бағыныңқылы сөйлемдердің дамып қалыптасуын мезгіл бағыныңқылардағы ішкі мағыналық қатынасымен емес, мезгілдік қатынасты да, себептілік қатынасты да жасай алатын бірдей формалармен байланысты қарау керек. Мезгіл бағыныңқылы сөйлемдерді жасайтын есімше, көсемше жұрнақтары дәл сол қалпында тұрып-ақ, себеп бағыныңқы сөйлемдерді де жасай береді. Бір форманың көп мағынаға ие болуы - тіл жүйесінде болып жататын заңды құбылыстардың бірі. Оны біз көсемше формаларының, оның ішінде *-п* формантының жұмсалымдығынан байқап отырмыз. Көсемшеге біткен баяндауыштар тіл дамуының алғашқы кезеңдерінде бір бастауыштың айналасына топтасқан болатын. Кейін өздерінің жеке-жеке бастауыштарын иемденетін болды. Қазіргі қазақ тілінде көсемшілер арқылы сыңарлары екіден артық күрделі құрылымдар да көптеп жасалады.

Айналада болып жатқан себеп пен салдардың қатынасы адамдардың пайымдауы арқылы тілде көрініс табады. Адамзат әлемдегі болып жатқан өзгерістер мен құбылыстардың негізін неғұрлым терең таныған сайын себеп пен салдардың тілдегі көрінісі де соғұрлым күрделене бермек.



Себеп пен салдардың арасындағы қатынастың бұдан өзге де көптеген формалары бар: *Себеп* → *салдар1* → *салдар2* → *салдар3* — немесе *себеп1* → *себеп2* → *себеп3* → ... *салдар*. Көріп отырғанымыздай мұнда жоғарғы сызбадағыдай жеке-жеке емес, бір себептен туған көп салдар, көп себептен туған бір салдар бір сызықтың бойына тізбектеле орналасады. Алдыңғы сызбаларға қарағанда, бір-біріне тәуелді, бағыныңқы болып келеді. Кейде салдардың өзін тудырған себепке серіппе әсері де байқалады:

себеп <==> салдар.

Себептілік қатынасты білдіретін салалас сөйлемдер салдардың, я себептің бірінші тұруына қарай ерекшеленеді. Академик Н.Сауранбаев бұл екі тәсілді қазақ тілінің тарихымен байланыстырады. “Себептік қатынасты білдіретін сөйлемдерде салдардың бұрын келіп, себебі соңынан айтылуы ескі, алғашқы тәсіл, керісінше реттелуі - мәдени өмірдің өзгеріп дамуына байланысты кейінірек шыққан жаңалық”, - дейді. Осыған жөне жоғарыдағы келтірілген құрмаластың қалыптасуы жөніндегі пікірлерге сүйеніп, себеп пен салдарды білдіретін салалас сөйлемдерден сабақтастардың пайда болуын былай көрсетуге болады.

Себеп бағыныңқылардың қалыптасу жолдары

Салдар себептің алдында тұратын құрмаластар	→	2	Ойткені, себебі арқылы жасалған құрмаластар	→	3	Себеп салдардың алдында тұратын жалғаулықсыз құрмаластар.
4	Сондықтан, сол себепті жалғаулықтары арқылы жасалған құрмаластар		5	Себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер.		

Бірақ қазіргі кезде сабақтас сөйлемдердің жаңа формаларының қалыптасуы міндетті түрде жоғарыдағы жүйе бойынша жүре бермейді. Сөйлеушінің қажетінше ойды ықшамдап айтудың негізінде салдары себептің алдында тұратын (салаластың 2-түрі) жалғаулықты салалас құрмалас сөйлемдер себеп бағыныңқылы сабақтастарға айналады. ...*Олар көше алмады, өйткені көлігі жоқ болды. Мұны ықшамдап айтқанда Көлігі жоқ болып, олар көше алмады* дейміз. Дәл осы жерде Н.Сауранбаевтың себеп бағыныңқылар мезгіл бағыныңқылардан тілдің дамуына байланысты

бөлініп шықты деген пікірінің де жаны бар екені байқалады. Мезгіл және себеп бағыныңқыларды сабақтастыратын бірдей формалар алдымен мезгіл бағыныңқыларды, кейін себеп бағыныңқыларды да жасай бастаған. Ал сөйлемнің ықшамдалу арқылы жасалуы сабақтастың эволюциялық дамуы емес, мағынаның дайын ықшам формаға қонуы болып табылады.

Біз жоғарыда синтетикалық тәсіл арқылы жасалған мезгіл және себеп бағыныңқыларды бір-бірінен ажыратудың қиын екенін айттық. Енді аналитика-синтетикалық тәсілмен жасалған себеп бағыныңқыларды мақсат бағыныңқылардан да ажыратудың қиын екенін байқаймыз. Мәселен, *Бір жәрдемі тие ме деп, жыл сайын жүздеген тонна суперфосфат төктік. Шалқайып кеткен шаруаны бір түзесе осы түзер деп, өткен жылы бастық қып сайладық* (Жұмаділов). Осы сөйлемдерді не себепті бастық қып сайладық, немесе не себепті жүздеген тонна суперфосфат төктік деген сұрауды қойып, себеп бағыныңқылы сөйлемдерге жатқыза салуға болады. Бірақ басыңқы сыңардағы іс себептің салдары емес, бағыныңқы сыңардағы мақсатты жүзеге асырудың нәтижесі болып табылады. Өйткені бірінші сыңарлардағы іс салдардың себебі болатындай әлі жүзеге аспаған. Басыңқы сөйлемнің баяндауышы болжалды-мақсатты келер шақта айтылып тұр. Сол себеппен де осы тәріздес сөйлемдер мақсат бағыныңқылы сөйлемдерге жатады. Ал себеп бағыныңқылы сөйлемдерде бірінші сыңардағы іс жүзеге асып тұрады. Яғни, ондағы баяндауыш формалары *осы шақта*, не *өткен шақта* жұмсалады да, басыңқыдағы іс соның салдарын көрсетіп тұрады.

Себеп бағыныңқылы сабақтастарды жасаудың негізгі төл тәсілі - шығыс жалғаулы есімшелер. Көсемшелер арқылы жасалған себеп бағыныңқылы сабақтастар шығыс жалғаулы есімшелерден кейін көсемше жұрнақтарының құрмалас сөйлем жасаудағы қызметінің өріс алуынан келіп шыққан.

Екі сыңардан құралған себеп пен салдардың қатынасы тілімізде әр түрлі тәсілдермен берілетіні белгілі. Салаласа құрмаласу кезінде жалғаулықтардың қолданылуы сыңарлар арасындағы себептік қатынасты айқын көрсетіп тұрады. Сондықтан көсемше формалы бағыныңқыларда себептік мағына бар-жоғына көз жеткізу үшін себептік мағына айқын көрінетін осы жалғаулықты тәсілдерге және бағыныңқы жасаудың төл тәсіліне салып айтып көру керек. *Патша тағынан түсіп, Жәуке түрмеден құтылып үйіне келіп еді* (Майлин) деген сөйлемді мағынасын бұзбай себеп пен салдардан тұратын басқа тәсілдерге қойып айтып көрелік. *Патша тағынан түскендіктен, Жәуке түрмеден құтылып үйіне*

келіп еді. - Патша тағынан түсті, сондықтан Жәуке түрмеден құтылып үйіне келген еді. - Жәуке түрмеден құтылып үйіне келген, өйткені патша тағынан түскен еді.

Қаншама бірдей формамен жасалса да, мезгіл, амал т.б. бағыныңқылар бұлай етіп себепті білдіретін басқа формалармен айтуға еш уақта келмейді.

Құрмалас сөйлемдердің сыңарлары арасында себептілік қатынас болады. Оның берілу жолдары жоғарыда көрсетілгендей әр түрлі тәсілдермен жүзеге асады. Себептестік қатынасты беретін сыңарлардың салаласа, сабақтаса байланысуы ондағы ішкі мағынаға көп әсер ете қоймайды. Сондықтан себептік қатынастағы құрмалас сөйлемдер үшін сабақтаса және салаласа байланысу жай формальды белгілер деуге болады.

Себеп бағыныңқылы сөйлем басыңқыдағы оқиғаның (салдарлық) себебін білдіріп, дағдылы себеп пысықтауыштың сұрағына жауап беріп тұрады. Осыған байланысты оларға 60-жылдардағы Н.Сауранбаев еңбектеріне шейін себеп пысықтауыш бағыныңқылы сабақтас деген атау таңылып келді. Жай сөйлемдердегі себеп пысықтауыш пен себеп бағыныңқылы сөйлемдердің жасалу жолдары ұқсас келеді. Мамандар бірауыздан себеп пысықтауыштардың басты жасалу жолы ретінде шығыс жалғауында тұрған есімшелерді көрсетеді. Екінші тәсілі есімшеге *соң* шылауын тіркестіру арқылы жасалады. Одан кейін сиректеу қолданылатын тәсіл ретінде көсемше жұрнақтары аталады. Осы формалар осы ретпен себеп бағыныңқылы сөйлем жасауға да қатысады.

Сөйтіп, себеп пен салдардың қатынасы жай сөйлемде де, құрмалас сөйлемде де, құрылысы қалыпты құрмалас сөйлемдердегіден күрделі болып келетін құрылымдарда да кездеседі. Сабақтас сөйлемдерде себепті білдіретін бағыныңқы басыңқының алдында тұрады. Жай сөйлемде себепті білдіретін сөз пысықтауыш мүше болса, сабақтастарда бір сөйлем (бағыныңқы) түгелімен себепті білдіріп тұрады. Көп бағыныңқылы сабақтастың да бір ғана себептілік қатынасқа құрылған түрлері болады: *Бір байдың қызына шешек шығып, бетін тыртық қылғандықтан, ешкім алмай, аяғында екі көзіне ақ түскен бір соқырға берінті* (Шәкәрім). Сөйлем түгелімен тізбектеле айтылған себептілік қатынасқа құрылған. Ал егер себептілік қатынастар тікелей болатын болса, онда екі сыңардан ғана құралып, қалыпты құрмалас болады. Егер себеп пен салдар тікелей емес, алғашқы себеп салдар туғызып, ол салдар келесі салдардың себебіне айналып, тізбектеліп келетін қатынастардан сабақтас сөйлемдердің көп бағыныңқылы түрі жасалады. Мәселен, *өсімдіктердің*

бітік шықпай, сирек болуына адамдардың электр энергиясын көп пайдалануы әсер етіп тұрғаны ғылымда дәлелденген. Осы ойды тек екі сыңардан тұратын сөйлеммен ғана бере салсақ (*Адамдар электр энергиясын көп пайдаланып, жер түгі дұрыс өспей тұр*), онда ой анық, қисын дұрыс болмайды. Өйткені сабақтас сөйлемнің құрамындағы сыңарлар тікелей себеп пен салдардың қатынасын көрсетіп тұрған жоқ. Олардың бірі себеп, бірі салдар екендігі рас, бірақ ортасында оларды ұластырып тұрған ұғымдар айтылмай тұр. *Адамдар жылдан-жылға энергияны көп пайдаланатындықтан, жылу электростанциялардың қуатын арттыру қажет. Қуатты арттыру үшін жағатын көп көмір өндіру қажет. Жағылған көп көмірден шыққан газ атмосфераға қосылып ауаны ластайды. Күкірт тамшылары пайда болады. Олар жаңбыр боп, жердің топырақ қабатына сіңіп, өсімдіктердің өсуіне кері әсерін тигізеді.* Бұндағы бір ғана ойды электроэнергияны пайдаланудың өсімдіктерге кері әсерін жинақтап айту үшін екеуінің арасын ұластырушы сыңарларды да қиюын келтіріп көп бағыныңқылы, оның ішінде себептік қатынаста тұрған сатылы көп бағыныңқылы сабақтас етіп айту керек. Көп сыңарлы құрмаластар көбіне осындай қажеттіліктерден туындайды.

Ахмет Байтұрсынұлы қалыпты құрмаластардан өзгешелеу күрделі құрылымда келетін сөйлемдерді өрнекті сөйлемдер деп атаған да, олардың ішкі мағыналық құрылымына қарай баяншы мүше және тақырыпшы мүшеден тұратындығын айтқан. Ғалым олардың *себеп, мақсат, ұқсатпалы, қайшы, шартты, жалғасыңқы, серіппелі, айырықты, қорытпалы* түрлері болатындығын көрсеткен және себепті түріне томендегідей мысал келтірген:

Көлден ұшқан қалбаймын,
Жаманның тілін алмаймын.
Хақ бұйырған сапардан,
Арыстаным қалмаймын.
Асыл достым сөкпесең
Бұл сапарға бармаймын,
Бұл олжадан алмаймын.

салдар →

Асқар тауды бел деген,
Ақ бармақпен жем жеген,
Өзінен басқа көрмеген,
Өзінен басқа білмеген.
Күтіп тұрған анасы-
Озі әйелдің данасы.
Тұлпар туған бурылдың
Қырық үш күні кем деген (“Ақ жол”).

себеп →

Ақанның тұжырымдауынша, өрнекті сөйлемді иіріп-жиырып жай сөйлемге, жай сөйлемді жайып өрнекті сөйлемге айналдыра беруге болады. Өйткені, өрнекті сөйлем қанша үлкен болғанымен, бәріне қазық болатын бас пікір жалғыз-ақ болады. Мәселен, жоғарыдағы сөйлемдегі ойды бір-ақ сөйлемге сыйдыруға болады: *Бұл сапарға бармаймын, өйткені анасы Тайбурылдың әлі қырық үш күндік кемдігі бар* деген (Салалас құрмалас сөйлем). *Анасы Тайбурылдың әлі қырық үш күндік кемдігі бар* дегендіктен, мен бұл сапарға бармаймын (Сабақтас құрмалас сөйлем). Алғашқысында салдар өлеңдегідей себептің алдында тұр. Ал сабақтас құрылыммен айтқанда, себеп салдардың алдына шығады. Бұл сөйлемді көсемшемен сабақтастыруға келмейді. Басыңқы сөйлемнің баяндауышының келер шақта келуі себеп бағыныңқыларды көсемшелер (-п формасы) арқылы құрмаласуына кедергі болып тұрады. Басыңқының баяндауышы өткен шақта тұрған салаластар көсемшелер арқылы сабақтаса береді. *Салыстырып көрелік: Ауыл көше алмады, өйткені көлігі жоқ болды = Көлігі жоқ болып, ауыл көше алмады* (Мысал сөйлем А. Байтұрсынұлыныкі). *Көлік жоқ болып, ауыл көше алмады* десек, қисын бар, өйткені *алмайды* дегенде таза келер шақтық мағына жоқ. Кейде осы шақты беретіндіктен көсемшенің -а/е, -й жұрнақтарын шақты білдіруде ауыспалы осы шақ деп атайтыны белгілі. Ал *бұл сапарға бармаймын, өйткені Тайбурылдың әлі қырық үш күндік кемдігі бар* деген анық келер шақта тұрған сөйлемді көсемше арқылы сабақтастыру мүмкін емес. Тек шығыс септігінде тұрған есімше арқылы ғана сабақтастыруға болады. Бұл жерде тағы да себепті білдіретін бағыныңқы сыңардың таза етістікке емес, *бар* модаль сөзіне аяқталып тұруының да өзіндік әсері бар болса керек.

Себеп бағыныңқылы сөйлемдер әрекет иесіне қатысты бірнеше түрлерге бөлінеді. Кейде жеке-жеке субъект бірі - себеп, бірі - салдар болып, жеке-жеке грамматикалық бастауыш болып тұрады. *Аспанда бұлт сейіліп, күннің көзі көрінді* (Мұртаза). *Толқынай тун ішінде қайтамын деп әлек салып, Қайдар шарасыздан ат жеккізді* (Майлин).

Кейде әрекет иесі жалғыз болады да, грамматикалық бастауыштар әр түрлі жолдармен екіге жарылып тұрады. *Саймасай қатты сескеніп, тұла бойы дір ете қалды* (Мұртаза). *Салқын су денесін сергітіп, жаны шипа тапқандай болды* (Шәріпов).

Мұндай жағдайда ілік формалы сөздің (есімнің немесе есімдіктің) сабақтас сөйлемнің екі сыңарының басын біріктіріп тұратын қасиеті бар екені анық. Алғашқы сөйлемде ол анық байқал-

майды. Өйткені, бұл сөйлем себепті білдіретін басқа тәсілдерден көсемше арқылы ықшамдалып жасалған. *Саймасай қатты сескенді, сондықтан оның тұла бойы дір ете қалды* = *Саймасай қатты сескенгендіктен, /оның/ тұла бойы дір ете қалды*. Екінші сөйлемде ілік формалы сөз жасырын тұрып, екі сөйлемдегі тәуелдік формалы сөздер арқылы екі сөйлемнің сабақтас болып бірігуіне ұйытқы болып тұр. Тәуелдік жалғаулы сөз алғашқы сыңардың бастауышы болып тұрған жоқ, толықтауышы болып тұр. Ал екінші сыңарда жасырын тұрған ілік формалы есімге байланған сөз бастауыштың қызметінде тұр.

Жоғарыда талданған амал бағыныңқылы сөйлемдерде екі сыңардың бастауыштары бүтін, бөлшек болып тұратындығын айттық. Кейде сондай құрылымдардағы сөйлемдер себеп бағыныңқылы сабақтас болып талданады. Бір қарағанда олардың сыңарлары арасында себептілік мән бар секілді көрінеді. Бірақ олардың амал бағыныңқылы сөйлемге жататындығын себеп пен салдарды білдіретін басқа тәсілдерге қою арқылы білуге болады. *Тұрар әкесінің шаш алатынын есіне түсіріп, бойы еріксіз тітіркенді* (Мұртаза). *Жуман түні бойы дөңбекшіп, көзіне ұйқы келмеді* (Аймауытов).

Бұлар - амал бағыныңқылы сөйлемдер. Көрсетілген сөйлемдерді жатыс жалғаулы есімше (сабақтас) түрінде немесе *сондықтан* жалғаулығы (салалас) арқылы айта беруге болатындықтан, онда себептілік мән бар сияқты көрінеді. Сөйлемді салдарын алдына қойып, *өйткені* жалғаулығы арқылы айтуға келмейді. Бұл жағдай сөйлемнің түп негізі себеп пен салдарлық қатынасқа құрылмағандығын көрсетеді. Екінші сөйлем де сондай.

Көсемшелер арқылы сабақтаса байланысқан сөйлемдерді мағыналық топтарға жіктегенде осындай техникалық тәсілдермен қатар олардың сыңарлары арасындағы мағыналық қатынастардың қайсысы айқын көрініп тұр, соны басшылыққа алған жөн. Өйткені бір формамен байланысқан сабақтастарда мезгілдік, себептік, амалдық реңктер қатар келіп отырады.

4.2.3.3. Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер

Қазіргі қазақ тіліндегі мезгілдес салалас сөйлемдер мен мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлем мен себептес салалас сөйлемдер сияқты бір-біріне генетикалық жақындықта емес. Мезгілдік қатынасты білдіретіндігі (салалас, сабақтас) басқа-басқа тәсілдер арқылы жасалады, мағына жағынан да сай келе бермейді. Мезгіл бағыныңқылы

сөйлемдерде сабақтасқан екі сөйлемнің бағыныңқысы басыңқыдағы істің орындалу мезгілін көрсетіп тұрады. Ал мезгілдес салаласта бір-біріне тәуелсіз бір мезгілде өтіп жатқан екі немесе одан да көп уақиғалар көрсетіледі. Бұл жағынан келгенде, мезгілдес салалас сөйлемдер сабақтастың үлестес деп аталатын түріне ұқсас.

Мезгілдес салалас пен мезгілдес сабақтастардың арасындағы айырмашылықтарды байқау үшін төмендегідей мысалдарға назар аударалық: *Шай ішілді, тамақ желінді* (Алдабергенов). *Арнаулы қонақтардың алды - ақсақалдар, жігіт ағалары, әзірет-молдалар келіп, Қайдар енді қала жағына көз салумен тұр еді* (Майлин). *Дастарқан жиналмай жатып, барлығы жапырылап ояздың соңынан тысқа беттеген* (Мұртаза).

Алдыңғы екі сөйлемді (мезгілдес салалас, мезгілдес сабақтас) жасалу тәсілдерін өзгертіп, мағынасына еш нұқсан келтірместен айта беруге болады: *Шай ішіліп, тамақ желінді*. Сөйлем көсемше жұрнақтары арқылы мезгілдес салалас-тан мезгілдес сабақтасқа айналып тұр.

Көсемшелер арқылы байланысып, сабақтас болып тұрған құрмаласты салаласқа айналдыра беруге болады: *Арнаулы қонақтардың алды ақсақалдар, жігіт ағалары, әзірет-молдалар келген, Қайдар енді қала жағына көз салумен тұр еді*.

Ал үшінші мезгіл бағыныңқылы сөйлемді салаласты жасайтын тәсілдермен өзгертуге болмайды. Өзгертілсе, бағыныңқы мен басыңқының арасы қиуласпай, мезгілдік қатынас бұзылады. Қазіргі қазақ тілінде мезгіл бағыныңқылы сөйлемді жасайтын, қажетінше бірінің орнына бірі жүре алатын төмендегідей тәсілдер бар:

1. Есімшенің *-ған* түрі жатыс септік формасында тұрып мезгіл бағыныңқының баяндауышын жасауға қатысады: *Осы тоқал келіншек боп түскенде, Нұрым бұзау байлап, қозы бағумен жүретін бала еді* (Майлин). *Шақан басындағы қылаң атты қарауылшы тымағын қолына алып атой беріп шапқанда, ықшам киімді жалаңдаған бозбалалар қылаң үрған сандақтарына міне сала дүрсілдете жөнелді* (Аймауытов).

2. Есімшенің *-ар/-ер* формантты түрі де жатыс формасында келіп мезгіл бағыныңқылы сабақтастар жасайды: *Бұлар ауылдан аттанарда, екі жігіт соларға қарай шаба жөнелген еді* (Әуезов). *Жеккен нар аттың тарантасына Айбарша мінерде, ауыл адамдары жапырласа қолдасып амандасты* (Мұқанов).

3. Атау формасында тұрған есімшелер *кезде, шақта, соң, сайын* т.б. демеулерді ертіп тұруы арқылы мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер жасайды: *Ақтөбе майданында ақтар Арал теңізі станциясына жуықтаған кезде, Ферғана*

алқабындағы басмашылар желігін, қимылды күрт күшейтті (Нұртазин). Азырақ бойы жылынып, амандасып отырған соң-ақ, Жұман келген жұмысын айтты (Аймауытов).

4. *Дейін, шейін* демеулері барыс тұлғалы есімшені меңгере жұмсалғанда, мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер жасалады. *Мәшине қара жолға түсіп, көзден таса болғанға шейін, бұлар көз алмастан қарап тұрды.*

Мезгіл бағыныңқылы сөйлем жасаудың бұл тәсілі *барған кезде > барғанда* деген сияқты, *барғанға шейін > барғанша* болып бірінің негізінде бірі қалыптасқан. Соңғы тәсілдер алдыңғысының ықшамдалған түрі деуге негіз бар.

Жатыс септігіндегі есімшенің сабақтастың құрамында қолданылуы, оның бастапқы тұлғасынан жиі емес. Қолданылу жиілігі жағынан екеуі шамалас. Мезгілдік қатынасты анық көрсеткісі келсе, автор немесе айтушы толық форманы қолданады. *Ауылдың көзі ұйқыға барған кезде, іргенің шіін сытырлатып, бір қол керегенің көзінен өтті. Жігіттер ойыннан жалығып, Жұмабек құданың өнін тыңдауға, көбі қасындағы қыздармен шүңкілдесуге кіріскен кезде, Күнікейден жарымады ма, кім білсін, сол жағындағы құда тұрып тысқа шығып кетті* (Аймауытов). Бұл жерде мезгілдік мәні бар *кезде* сөзі қысқартылып, оның құрамындағы жатыс формасы есімшеге барып қосылып тұрған жоқ. Айтушы қажетінше оны ықшамдап та қолданады: *Қолтума екі қойды қайдан табарын білмей күшеніп, басын қатырып жүргенде, Шекер қойды да өзі жайгастырып қойып еді* (Аймауытов). *Бұлар сыртқа шыға бергенде, подьезд аузында темекі тартып тұрған бес-алты жігіт ұшырасты* (Кекілбаев). Мұндай сөйлемдерде мезгілдік мәні бар *кезде* сөзінің түсіріліп айтылуынан сабақтастардың сыңарлары арасындағы мезгілдік қатынастар алдыңғы сөйлемдердегідей онша айқын болмайды.

Қазіргі қазақ тілінде барыс формасы есімшеден кейін келетін *дейін, шейін* демеулері бірінің орнына бірі талғамастан жүре береді. *Мен Ыбырайға ілесіп ауылдан кеткенге дейін (шейін), Мұстана мені қалдыру әрекетінде болды (Мұқанов). Жүргіншілер көзден таса болғанға шейін (дейін), бұлар арттарынан қарап тұрды* (Әуезов). Бұлардың орнына етістік, баяндауыштың *-ғанша, -генше, -қанша, -кенше* түрінде ықшамдалып келуі де сөйлемге ешқандай мағыналық өзгеріс әкелмейді; *Ауыз үйдің қонағы тарағанша (тарағанға шейін, дейін), Қуандық үй ішінің ұзақ шаруасына алданып жүрді* (Әуезов). Қазіргі қазақ тілінің статистикалық деректеріне сүйенсек, сабақтас сөйлем жасаудың осы екі тәсілінің ішінен ықшамдалған түрі жиірек қолданылады.

5. *Кейін, бері, былай* демеулері шығыс септікті есімшені меңгеріп, мезгіл бағыныңқылы сөйлем жасап тұрады:

- *Ау, қал қалай?*

- *Шүкір. Бауырым келгеннен бері, күшейіп қалдық.*

- *Онда не жатыс?*

- *Жаңа ай туғаннан кейін, қимылдаймыз да*

Көсемше жұрнақтары арқылы жасалған сабақтастарда мезгілдік мән есімшелердегідей айқын болмайды. Мезгіл бағыныңқылы сөйлем жасауға көсемше жұрнақтарының ішінен *-а, -ысымен, -п, -ғалы, -ғанша* түрлері қатынасады. *Сосон төрге аттай бере, керегенің басында ілулі тұрған тықыр қоржынае көзі түсті* (Кекілбаев). *Ауыл ұйқыға кетісімен, уәделі жерге келдім* (Сайын). *Базарбай атының басын бұрғанша, жас балалар анталап қарсы барып та қалды* (Майлин). *Мағаштар жауыз зорлықтың бар көлемін ашқалы, Абай қатты қиналып тыныштық ала алмады* (Әуезов).

Сабақтас құрмалас сөйлемнің сыңарлары арасында болатын мезгілдік қатынастар бірдей болмайды. Бір сөйлемдердің бағыныңқы және басынқы сыңарлардағы хабарланған оқиғаның орындалу барысы бір мезгіл шеңберінде өтіп жатса, енді біреулерінде, керісінше, әр мезгіл шеңберінде орындалатын болады. Сөйтіп мезгіл бағыныңқылы сабақтастар іштей бір мезгілдес сабақтас және әр мезгілдес сабақтас деп екіге бөлінеді. Сыңарлары арасында мезгілдік қатынастардың әр түрлі болуына қарай салаласа байланысқан сөйлемдер де осылай іштей жіктеледі. Мұндай құрылымды сөйлемдер кейде бір салаластың екі түрлі көрінісі ыңғайында емес, екеуі екі түрлі мағыналық қатынаста тұрған салалас сөйлемдердің дербес түрлері ретінде қарастырылады да, оларға мезгілдес және іліктес деген атаулар алынады. Мезгілдес салалас сөйлем ашық құрылымды болады да, іліктес салалас сөйлемдер жабық құрылымда болып, үнемі екі сыңардан ғана құрмаласады.

Құрмалас сөйлемдердің ашық және жабық құрылымды болып келуі күрделі құрылымның сыңарлары арасындағы тұтастықтың күштілігін немесе әлсіздігін аңғартса керек. Ашық құрылымды сөйлемдерде тұтастық күшті болмайды, құрылымы тұрақсыз болады. Сабақтастардағы жарыспалы бағыныңқылы сөйлемдер осы ашық құрылымдарға жатады. Ал сатылы бағыныңқылы сөйлемдер және қалыпты бағыныңқылы сабақтастар жабық құрылымдарға жатады. Сөйлемнің ашық құрылымды болуы салалас және сабақтас сөйлемдерде әр түрлі болады. Ашық құрылымды салалас сөйлемдерде басынқы сы-

нар болмайды. Сондықтан оған күрделендіруші компоненттер соңынан жалғанады. Ондай сөйлемдер көптеген мезгілдес уақиғалардың басын біріктіріп айтудан туындайды. Сабақтас сөйлемдерде ашық құрылымды болатын сөйлемнің бағыныңқылы сыңарлары болғандықтан күрделену салаластағы сияқты сөйлемнің соңынан емес, ортасынан жүреді. Сатылы бағыныңқылы сабақтастардың кез келген сыңарымен басыңқыны ғана бөліп алып, қалыпты сабақтас жасауға болады.

Мезгілдес салалас сөйлемдегі күй-жай бір мезгілде немесе белгілі бір уақытқа байланыссыз жалпылық дәрежеде өтіп жатса, іліктес салалас сөйлемдерде соңғы сыңардағы іс-әрекет алдыңғы сыңардағы іс-әрекеттегі мезгілге, уақытқа тікелей байланысты, соған іркес-тіркес болып жатады. Мезгілдес салаластың сыңарлары мағына жағынан бір-біріне тәуелсіз, тең дәрежеде жұмсалса, іліктес салаластың сыңарларының арасында мағыналық тәуелділік байқалады. Бұл жағынан соңғысы сабақтас байланысқан бағыныңқы құрылымдарға ұқсас келеді. Тіпті оларды бір мағынаны берудің әр түрлі тәсілдері ретінде де қарауға болады. *Ол табалдырықтан аттай берді де (берін), есік алдына қалт етіп тұра қалды (Нұршайықов). Жалма-жан қоя қойды да (қойып), апасы жаққа құлақ салды (Аймауытов).* Бірақ бұнда себеп бағыныңқылардай себептік мән бұзылмай тұрмайды. Салалас сөйлемдердің сыңарлары арасындағы мезгілдік мән сабақтасқа айналдырғанда амалдық қатынасқа өтеді. Бұдан олардың себептік қатынасты білдірудің салаластағы және сабақтастағы тәсілдері сияқты бірдей еместігін байқаймыз.

Сабақтас сөйлемдердің арасындағы мезгілдік қатынастың әр түрлі болып келуіне, оны құрмаластырушы тәсілдердің айтарлықтай әсері болады. Мәселен, *-ған кезде, (-ғанда)* тәсілімен сабақтасқан мезгіл бағыныңқылы сабақтастардағы мезгілдік қатынас *ған соң* тәсілімен сабақтасқан мезгіл бағыныңқылы сабақтастардағы мезгілдік қатынасқа қарағанда өзгешелеу болады. Мысалы: *Кеңсеге жақындай бергенде, жұрт топырлап алдарынан шықты. Келіні қайтадан жұмысына кеткен соң, науқас тысылдап ұйықтайын деді (Кекілбаев). Кезде, соң* демеулерінің негізгі лексикалық мағынасы сабақтас сөйлемдердегі уақиғаның бір мезгілінде және әр мезгілде өтуін көрсетіп, сондай мағынаны берудің негізгі тәсілі болып тұр.

Бір мезгілдес сөйлемдер: *Күн сайын таңертеңгі шай үстінде газет қарағанда, ішінен соның атын іздейді (Кекілбаев). Күнікейлер жұпар иісін аңқытып, жайнап, саусылдап кіріп келгенде, бәрі бастарын көтеріп, көсілген аяқтарын жинап алды (Аймауытов).*

Әр мезгілдес сөйлемдер: *Күн батыс беттегі қара дөңге кеткен соң, екеуі шоңқиып жол үстіне отыра кетті. Дайыр нағашымның мойнын әжем босатқан соң, анам енді қонаққа жабысты (Кекілбаев). Қызыл құдықтан көшіп, Әулиетастың дөңінен асқан соң, қарсы алдыңнан жарқырап Майсор көрінеді (Аймауытов).*

Көсемше жұрнақтары бір мезгілдес және әр мезгілдес құрылымда келетін сабақтастарды қатар жасай береді: *Осы кезде біреу залдың есігін тыққыдаттып, жұрттың сыңайы соған ауады (Майлин).* Бұл кезде *орданың есігі ашылып, ояз болыспен қатар табалдырықта тұрған (Мұртаза).* Көсемшенің *-н* тұлғасы арқылы құрмаласқан бұл сөйлемдер бір мезгілдес сөйлемге жатады. Сабақтастың ондай мағыналық құрылымда келуіне көсемше жұрнақтарының әсері болып тұрған жоқ, бағыныңқыдағы мезгіл мәнді кезде сөзінің ықпалы болып тұр. Көсемшенің *-н* тұлғасы мезгіл бағыныңқылы сөйлем жасаудың негізгі төл тәсілі емес, кейіннен қалыптасқан қосымша жанама тәсілі.

Сондықтан бұндай тәсілмен сабақтасқан мына бағыныңқы сөйлемді жоғарғылардан бөлек екендігін байқау үшін *әр* мезгілдес мағынаны білдіретін *ған соң* тәсілімен айтып көру керек. *Ол жылқыны сойып болып (ған соң), бұлақ жағасына тастаған ішек-қарынды іздеді (Шәріпов).*

4.2.3.4. Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер

Мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасауға тек *-н* формантты көсемше *-ғана* көмекші етістігінің құрамында келеді. Көсемшенің басқа жұрнақтары мақсат бағыныңқылы сөйлем жасауға қатыспайды. Сабақтастың құрмаласуы мұндай жағдайда аналитикалық тәсілмен ғана жүзеге асады. Дәл осы тәсіл арқылы себеп бағыныңқылы сөйлемдер де жасалатыны белгілі. Бұларды бір-бірінен ажырату үшін сабақтастың компоненттері арасындағы мағыналық қатынаспен қатар, олардың әрқайсысына тән грамматикалық белгілері бар. Бұл бағыныңқы сөйлем баяндауышының қай шақта қолданылуымен тығыз байланысты. Егер мұндай баяндауыш келер немесе осы шақта жұмсалса мақсат бағыныңқыға тән де, өткен шақпен келсе, себеп бағыныңқылы сабақтас болады.

Мақсат бағыныңқылы сөйлем тілімізде сирек кездеседі. Себебі, оны жасайтын тәсілдер санаулы-ақ. Біріншісінде *үшін* шылауы түйық етістіктен кейін келеді: *Сұрауым көпшілікке түсінікті болу үшін, сіздерге екі түрлі сұрау берейін (Әбішев).* Екіншісінде *деп* көмекші етістігі

бұйрық райдың III жағы немесе *-ар* формантты есімшеден кейін келеді. *Мәжит кішкене сәби өзіме үйрене берсін деп, бала қызығатын әдемі нәрселерді сатып алып беретін* (Бұлқышев).

Мақсат бағыныңқылы сабақтас жасауда басқа түркі тілдерінде де осы екі тәсіл (*үшін, деп*) сөз болады. Біздіңше, мақсат бағыныңқы жасаудың үш тәсілі көрсетілуі керек. Өйткені бір бастауышқа телінген жеке-жеке сынарлар жай сөйлем бола алмайды. Біріншіден, онда бірыңғай баяндауыш болатындай бірыңғайлық қатынас жоқ. Сынарлардың арасы мақсаттық қатынаста тұрады. Екіншіден, бастауышпен предикаттық қатынаста тұрған *мақ болып* тұлғалы етістікті қалай пысықтауышқа жатқызамыз. Ондай тұлғада тұрған етістіктер баяндауыш болып, келесі озінен соңғы сөйлемнің мақсатын білдіріп тұрады. Сөйтіп, жай сөйлемде бірыңғай баяндауыш болмаса мезгілдік, себептік, амалдық, мақсаттық қатынаста тұрған екі баяндауыш болуы мүмкін емес. Мәселен, мынау сөйлемдер көсемше жұрнақтарының қатынасуымен жасалса да сөзсіз жай сөйлемдерге жатады: *Бұдан бұрын күші басым боп дәуірлеп тұрған жаудың белі сынуға айналған. Дәл біз барып машина қоямыз деген жерде басқыншылар тығылып жатқан екен. Шаң басып, айғыз-айғыз тер аққан беті-қолдарын жуды* (Шәріпов). *Теке батыр талай сайыстан ұртын қанға толтырып, аруағы асып жеңімпаз атанып жүрген кәнді сайыскер* (Мұртаза). Сөйлемдерде бір-ақ предикаттық қатынас бар:

- 1) белі сынуға айналған.
- 2) басқыншылар тығылып жатқан екен.
- 3) (Ол) жуды.
- 4) Теке батыр - сайыскер.

Сөйлемдердің құрамындағы басқа сөздер үйірлі тұрлаусыз мүшелерге жатады. *Бұдан бұрын күші басым болып, дәуірлеп тұрған жау. Қандай жау? (Анықтауыш) Дәл біз барып машина қоямыз деген жерде тығылып жатқан екен. Қайда тығылып жатқан екен?* (Мекен пысықтауыш) т.б.

-мақ болып тұлғалы баяндауыштың өзіне тән жеке бастауыштары бар құрылымдар да кездесіп қалады. *Мен оған елімді көрсетпек болып, екеуміз жолға шықтық. (Ол) көмектеспек болып өзі де келді* т.б.

Мақсат бағыныңқылы сөйлемдер жай сөйлемдердегі тұрлаусыз мүшенің сұрағына жауап беріп, соған ұқсас болып тұрғанмен, мақсат пысықтауыш жасайтын сөздердің бәрі бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы дәрежесіне көтеріле алмаған. Жоғарыда атап өткеніміздей *деп, үшін, болып* сөздеріне аяқталған етістіктер ғана бағыныңқының баяндауышы бола алады.

Сабақтас сөйлемдердің әрқайсысының өзіне тән негізгі жасалу жолы болады. Мәселен, амал бағыныңқылы сөйлемдерді жасаудың негізгі тәсілі *-л* формантты көсемшелер болса, себептілік қатынаста тұрған бағыныңқыларды жасаудың негізгі тәсілі - шығыс септігінде тұрған есімшелер. Сол сияқты шартты бағыныңқылы сабақтас жасауда шартты рай жұрнағы, мезгіл бағыныңқылы сабақтас жасауда жатыс септігіндегі есімше жиі қолданылады. Қазір сөз болып отырған мақсат бағыныңқылы сөйлемді жасаушы үш тәсілдің ішінен түйық етістік пен *үшін* шылауының тіркесінен сабақтасатын тәсілді белсенді деп көрсетуге болады.

Күрделі етістіктің құрамында келсе, мезгілдің оту сипатын білдіріп, ал пысықтауыштың құрамында келсе, әрекеттің мақсатын білдіретін *-ғалы, -гелі, -қалы, -келі* формасы мақсат бағыныңқылы сөйлем дәрежесіне көтеріле алмады. Бұл форманың қатысуымен мақсат бағыныңқылы сөйлем емес, сабақтастың мезгіл бағыныңқылы түрі жасалады. *Жалғыз баласы Иса өлгелі, Қадыр әбден тұнжырап кеткен еді* (М.Әуезов). *Отан соғысы басталғалы, Баймұратовтың бригадасы күндік жоспарын үнемі асырып орындап жүрді* (Газеттен) т.б.

-ғалы тұлғалы көсемшеден болған мақсат пысықтауыштың мақсат бағыныңқылы сөйлемдер дәрежесіне дейін көтеріліп, құлашын жая алмауының әр түрлі себептері бар. Пысықтауыштардың сөйлемдегі орны еркін және тұрақты болатыны да осыған әсер етеді. *-ғалы* тұлғалы пысықтауыштар көсемшенің басқа тұлғаларында тұрған пысықтауыштармен салыстырғанда өз баяндауышымен үнемі қатар тұрады, сөйлемдегі орны тұрақты болады. Тілімізде олардың алдына *мекен, мезгіл* пысықтауыштарды қойып қолдану өте сирек. *Айтысқалы келдім* дегенге *айтысқалы Алматыға келдім* немесе *айтысқалы кеше келдім* деп, мақсат пысықтауыш пен баяндауыштың арасына өзге мөндегі пысықтауышты сыналап қолдану тек белгілі бір стильдік қажеттіліктерден ғана туындайды. Негізінен сөбіне мақсат пысықтауыш өзі пысықтайтын сөздің дәл алдында тұрады.

Мақсат көсемшенің жай сөйлемдегі пысықтауыштық қатынастан да күрделірек құрылымдар жасауға белсенді қатыса алмауына олардың тек шектеулі, қозғалысты білдіретін етістіктермен ғана тіркесе алатындығы да себеп болған болса керек.

Мақсат бағыныңқылы сөйлем жасауға көсемше жұрнақтарының ішінен *-л* формасы ғана қатынасаыны белгілі болды. Бұл тұлға бірде *деп* көмекші етістігінің құрамында, бірде *болып* көмекші етістіктің құрамында келеді: *Сырттан келгендер көрсін деп, қыстағы ойынды сонда апар-*

мақ болдық (Өмірзақов). *Балташты өзімнен біржолата түңілтейін деп, ертеде басымнан өткен уақиғаны айтып салдым* (Аймауытов). *Бүгін бірер керек кітабын алып шықпақ болып, өзі жалғыз кіріп еді* (Әуезов) т.б.

4.2.3.5. Үлестес сабақтас құрмалас сөйлемдер

Сабақтастың бұл түрін жасауда да *-п* формантты көсемше негізгі тәсілдің бірі болып саналады. Үлестес сабақтас сөйлем жасауға көсемшенің *-п* формасымен қатар шартты райдың жұрнағы да қатыса алады. Яғни, осы екі тәсілдің көмегімен үлестес сабақтас жасалады. Мәселен, *Дастарқан жайылып, қымыз да құйылып жатыр* (Ғабдуллин). *Жастар жылқы айдап, ересектер ұсақ малдарын түртпектеп жапа-тармағай көше бастады. Бір үйлерде күй тартылып жатса, енді бір үйде ән айтылып жатыр* (Елебекова). Алдыңғы екі сөйлем *-п* формантты көсемше арқылы жасалса, соңғысы шартты рай тұлғасымен жасалған.

Үлестес сабақтас сөйлемдердің басқа сабақтастардан елеулі айырмасы бар. Онда бағыныңқы компонент басыңқы компонентті мағыналық жағынан айқындап, соған тәуелді болып тұрмайды. Әр компонент өзінше дербес мағынаға ие болып тұрады. Ал басыңқыға бағыныңқының тәуелділігі тек алғашқы сөйлемнің баяндауыш тұлғасының тиянақсыздығынан ғана көрінеді. Сондықтан мұндай сөйлемдерге “бағыныңқы” деген термин тіркелмейді, тек формалық тиянақсыздығына байланысты “үлестес сабақтас сөйлем” деп қана аталады.

Мұндай сөйлемдерді сабақтастың басқа түрлерінен қалай ажырату керектігі жөнінде мынадай пікір бар: аталған сөйлемдерде, біріншіден, басқа сабақтастардағыдай себептестік, қарсылықты, шартты, амалдық, мақсаттық, салыстырмалық қатынастар болмайды, екіншіден, компоненттер арасындағы тәуелділік тек формалық жағынан болады, үшіншіден, мұндай сөйлемдер бір мезгіл ішінде бірінен кейін бірі іркес-тіркес жалғаса болған я болып жатқан, біріне-бірі тәуелсіз іс-ірекетті, жай-күйлерді баяндайды, төртіншіден, олар тек көсемшенің *-п* формасы мен шартты рай тұлғасынан жасалады.

Тағы бір пікір: мұндай сөйлемдердің компоненттерінде бір тұлғалас сөздер жұптаса, іліктесе айтылады. Және де мұндай құбылыс шартты рай тұлғасымен келген сөйлемдерде жиірек ұшырайды. *Сөз жүйесін тапса, мал иесін табады да* (мақал). *Көкте күн күрілдесе, жерде колхоз мүшелерінің алақаны дірілдейді* (Майлин).

Оларға қоса үлестес сабақтас сөйлемдерге ғана тән тағы бір ерекшелікті атауға болады. Ол - мұндай сөйлемдердің баяндауыштары ырықсыз етіс түрінде айтылуы. *Радиода да ертелі-кеш ақын аты аталып, ұзақ сырлар шертілді* (Әзірбаев). *Ол біздің үйге келгелі менің домбырамның шегі жаңаланып, пернелері қайтадан тағылды* (Тәжібаев). *Қымыз сапырылып, мал сойылып, бас үйітіліп, шай жасалып, бауырсақ төгіліп, май айырылып жатты* (Хакімжанова). Ырықсыз етіс түрі тек *-п* формантты көсемшемен ғана емес, шартты рай тұлғасымен де (Үй тігіліп жатса, жүк жиналып жатыр) айтыла береді.

Мұндай сөйлемдерде ырықсыз етіспен келген баяндауыштар субъектіні көрсетпей, істің өзі істелініп жатқандай мән жамайды. Дәл осындай құбылысты амал бағыныңқылы сабақтастардан да кездестіруге болады: *Қарлығаштың миығына күлкі үйіріліп, көзінен көңілді ұшқын шашырады* (Жұмалилов). *Батсайы, атылас корпелер тікшита жиналып, мамық жастықтар иін тіресіп уықтың қырына дейін жетті* (Хакімжанова). Мысалдардан байқағанымыздай, амал бағыныңқылы сабақтастың тек бағыныңқы компонентінің баяндауышы ғана ырықсыз етіс түрінде келіп, басыңқы сөйлемдегі ойдың амалын білдіріп тұрады.

Ал үлестес сабақтас сөйлемдерде екі компоненттің баяндауышы да ырықсыз етіс түрінде келе береді. Сондықтан үлестес сабақтастардың баяндауыштары ырықсыз етіс түрінде келуін, оны басқа сабақтастардан, әсіресе компоненттері теңдік қатынаста тұрып, шартты рай тұлғасымен құрмаластың салыстырмалы сабақтастардан ажыратуға бірден-бір айырмашылық деп білу керек сияқты.

Әрине, бұдан үлестес сабақтастың баяндауыштары әрқашан ырықсыз етіс түрінде келеді деген ұғым тұмауы керек. Бұны тек осы категорияның өзіне ғана тән көп ерекшеліктің бірі ғана деп түсіну қажет. Оны үлестес сөйлемдерге жататын мына мысалдардан көруге болады: *Келесі күні түске дейін қонақтар қаланы аралап, түс ауа Жәкеңнің ауылына қарай машиналар тізбегі ағыла бастады* (Хакімжанова). *Қысқасы, басқа талай ой келіп, талай сезімдер бойды биледі* (Жұмалиев). *Біреу мал айдап, біреу көш жетелеп, енді бірі жүгі ауған түйенің арқанын тартып басып әбігерленеді* (Елебекова). Міне, көріп отырғанымыздай, бір-ақ тәсілмен ғана жасалған үлестестердің беретін мағынасы сан қилы екен. Және әдеби тіліміздің үздіксіз даму үстінде екенін ескерсек, аталған сөйлемдер семантикасы өз ішінде әлі де күрделене түсетіндігін байқаймыз. Сол се-

бептен сабақтастың басқа түрлері сияқты үлестес те әлі де болса тек жасалу жолына қарай емес, өз ішінде мағыналық ерекшеліктеріне қарай да, қарсылықты және шартты сабақтастар сияқты терең зерттеуді қажет етеді.

Үлестес сабақтас сөйлемдердің жасалу жолдары санаулы-ақ (-п формантты көсемше, шартты райдың жұрнағы) болғанмен, олардың өз ішінде беретін мағыналық реңктері де әрқилы болып келеді. Мәселен, *“Әр тұста оқта-текте сыңғырлай шыққан әйел күлкілері күмістей шашылып, оған қосыла оқыранған еркек үндері күмбір қағады”* (Жұмаділов) деген үлестес сабақтас сөйлем бір мезгілде өтіп жатқан істі көрсетсе, *“Толқынай өз бөлмесіне апарылып, бірсыпырадан кейін есі кірді”* (Майлин) деген үлестес сөйлемдерде іркес-тіркес уақиғалар көрсетілген.

Жоғарыдағы үлестес сабақтас сөйлемге байланысты айтылған заңдылықтар оны сабақтас құрмаластың басқа түрлерінен айқын ажырата алады. Ондай заңдылықтар үлестес сабақтастың жасалуы жағынан бағыныңқы баяндауышының тиянақсыз тұлғасына, мағыналық тұрғыдан әр компоненттің бір-біріне тәуелсіз, тиянақтылық қалпын сақтауына негізделеді.

Үлестес сабақтастар бір уақиғаны, іс-әрекетті, қалып-күйді санамалап көрсетеді. Оларды құрайтын жай сөйлемдер екіден артық болса, ондағы сыңарлардың баяндауыштары біртектес болып келеді. Мұндайға көбіне көсемшенің -п формасы ыңғайлы: *Отардан қайтқан жылқыны алдынан шыққан жас жігіттер көшке қарсы айдап келіп, аты жоқтар жүгенін ала жүгіріп, әрқайсысы бір-бірден жылқыға құрық салып, жылқыны алды-алдына бөліп қуалап жүр. Қыстаудан жана көшкен елдің жүгі орнықпай аударылып, бірі түйесін бақыртып қайта артып, бірі жүк артқан сиырын ау-қаулап қуалап, ауған жүгін басып, ерлі-қатынды, бала-шағасымен шулап жүр* (Шәкәрім).

Байқап отырғанымыздай, бұл сөйлемдерде басқа бағыныңқыларға тән шарттық, қарсылықтық немесе оқиғаның мезгілі, амалы, себебі, мақсаты көрсетілмейді. Құрмалас сөйлемдегі негізгі ойды, хабарды жан-жақты толықтыратын бағыныңқы компоненттер болмайды. Үлестес сабақтас сөйлемдер айтушының бір көріністі жан-жақты сипаттау немесе бір мезгілде, я болмаса әр мезгілде өтіп жатқан құбылысты санамалап көрсетуінен құрылады.

Логикалық және тілдік категориялар тілдің формаға бағынуымен, оның белгілерден (знактардан), сол белгілердің зат (әрекет) және мағы-

намен тығыз қатынасынан тұратындығымен ерекшеленеді. Осыған байланысты әрекеттің иесі және грамматикалық бастауыштар бір-біріне тең емес категорияларға жатады. Біз жоғарыда олардың құрмалас сөйлем құрамында келу ерекшеліктеріне тоқталған едік.

Үлестес сабақтас сөйлемдерде де көбіне бір тұлға екіге жарылып, оның бөліктері жеке-жеке грамматикалық бастауыштың қызметін атқарып тұрады. *Біреулер басын сүйеп, біреулер қолын ұстап отыр. Біреу желіп, біреу шоқытып келеді* (Аймауытов). Бұнда тұлға болып тұрған - топ. Сол топтың ішінен шыққан бөліктер белгісіз есімдіктер күйінде үлестес сабақтас сөйлемді құраушы сыңарлардың жеке-жеке бастауыштары болып тұр.

Топ - субъекті үлестес сабақтастың екі сыңарына тең бөлінбей, бір сыңарында артық болып тұруы да мүмкін. *Бір-екеуі жығылғандарға айналсоқтап, өзгесі кейін жалт берді* (Аймауытов). *Таң салқынымен бұйыққан жұрт ұйқыларын шала ашып, кейбіреулері қалтырап, тітіреніп жүр* (Майлин).

Үлестес сабақтас сөйлемдердің бастауыштары адамға қатысты мүшелер болады да, субъекті - адам жалқы есім, жалпы есім, есімдік түрінде ілік септігінде келіп, анық та, жасырынып та тұра береді: *Мына қазіргі Дауылбай болыстың әкесі Құлжабай датқаның өзі Әлімбектің айбынынан мысы басылып, жүні жығылып тұрар еді* (Мұртаза). *Кернеген ызаға шыдай алмай Елекеңнің аузы кемсеңдеп, көзден шұбырған жасы бурыл сақалдың арасынан жүгіре жорғалады* (Майлин).

Субъектінің есімдік түрінде келуі: *Бұдан әрі сөйлеуге оның мысы құрып, шамасы келмеді* (Шәріпов). Ілік септікті есімдіктің жасырын тұруы: *Мұрты тікелейіп, бет терісі жыбыр қақты* (Майлин). *Өңі тершіп, сығыр көздері жұмылып кетіпті* (Қажыбеков).

Біз жоғарыда үлестес сабақтас сөйлемдерді сабақтастың басқа түрлерінен айыра білудің бірнеше тәсілдерін көрсеттік. Келтірілген мысалдардағыдай үлестестердің сыңарларындағы бастауыштар бүтіннің жеке-жеке бөлшегі болып, айырылып, сөйлемде көбіне алдыңғы сыңарда келетін ілік тұлғалы есімдер және есімдік сөздеріне байланып тұратындығы, оны басқа сабақтастардан, әсіресе амал себеп бағыныңқылардан ажыратуға негіз болады ғой деп ойлаймыз. *Қаншаның жауырын ортасы дуылдап, төбе құйқасы шымырлап кетті. Жүзін әжім айғыздап, салтақ-салтақ ұйысқан сақал-мұрты ақшулан тартыпты. Жотасы тершіп, өкпесі аузына тығылды* (Қажыбеков).

Сыңарлары арасындағы мағыналық қатынасқа терең бойламай-ақ, аталған сөйлемдердің арасына қалай? не себепті? деген сұрауларды қоюға да болады. Бірақ тереңірек үңілсек, *өкпесінің аузына тығылуына жотасының тершігені* себеп болып тұрған жоқ. Яғни, бағыныңқы басыңқының тікелей себебі, ал басыңқы бағыныңқының тікелей салдары болып тұрған жоқ. Сол сияқты *Қанианың төбе құйқасы шымырлап кетуінің амал-тәсілі*, алғы шарты *оның жауырын ортасының дуылдағанынан* болып тұрған жоқ. Бұл сөйлемдердің сыңарлары арасында бір-біріне қатыссыз, тек дербес мезгілдес қатынастар ғана бар. Олардың арасындағы мағыналық қатынасты тап басып анықтау үшін амалдық, себептік, мезгілдік т.б. қатынастардың анықтығына назар аудару керек. Сонымен қатар кейбір үлестес сабақтастардың сыңарлары ілік септікті анықтауышқа байланып тұруы да жоғарыда көрсетілген сыңарлардың ырықсыз етіс түрінде келуі сияқты оларды сабақтастардың басқа түрлерінен ажыратып тұратын ерекшелік деуге болады.

Сонымен, көсемшеден жасалған үлестес сабақтас сөйлемдер бір мезгілде өтіп жатқан немесе іркес-тіркес өтіп жатқан әрекетті, жай-күйді білдіреді. *Ара-тұра үкі үһілеп, әлдеқандай белгісіз құс жанұшыра шар-р ете қалады* (Мұртаза). *Бұл шайқаста бір партизан жеңіл жараланып, жаудың екі-үш солдатты жер жастанған* (Шәріпов).

Көсемшеден жасалған үлестес сабақтастарда ілік септігіндегі анықтауыш анық-жасырын тұрып, екі сыңарға да ортақ болып тұрады: *Сәлменнің жүзі күлім қағып, екі езуі құлағында* (Майлин). *Үрей қысып жанталаса жүгіргендіктен бе, қос құлағы шуылдап, кеудесі қысылды* (Қажыбеков).

4.2.3.6. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер

Сыңарларының мағыналық қатынастары жағынан алғанда қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем мен қарсылықты салалас сөйлем өте ұқсас. Бұлардың сыңарлары бір-біріне қайшы, қарсы келетін әрекеттерді, оқиғаларды баяндайды. Қарсылықты салалас сөйлем мен қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемді сыңарлары қарсы мағынада келетін құрмаластарды жасаудың әр түрлі тәсілдері деп қарауға болады. Болашақта қазіргі қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі басқа қырынан, мағынадан оны жасаушы тұлғаларға қарай жүретін тәсілмен қарас-

тырылатын болса, онда қарсылықты мәндегі сабақтас, салалас сөйлемдер бір деңгейге топтастырылатын болады.

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем төмендегідей тәсілдер арқылы жасалады.

1. Бағыныңқылы сыңары көмектес тұлғалы және шығыс тұлғалы есімшеге аяқталады. *Мұндағы үйлердің жалпы ұсқыны бір-біріне ұқсас болғанмен, барлық жердегідей әр шаңырақтың тағдыры әр түрлі, әр басқа. Қазір алыста болғанмен, осы үйдің алғашқы иесі сізсіз* (Исабеков). *Жаудың өте қатты қарсылық көрсеткеніне қарамастан, жігіттер алға басуда еді* (Фабдуллин).

2. Бағыныңқылы сыңары шартты рай етістігіне аяқталады. Бұндай құрылымдарда сыңарларының арасын қарсы мағынада қоятын - шартты рай жұрнағынан кейін келетін *да, де* шылаулары және әр сыңар құрамында келетін мағына жағынан бір-біріне қайшы келетін сөздер. Ондай сөздер антонимдер болуы немесе етістіктің болымды, болымсыз тұлғасы да болуы мүмкін: *Абылғазының қолындағы Жиреншенің құсы тіленіп талпынса да, Жиренше оны жіберткен жоқ* (Әуезов). *Аламан кемпірді мінгестіру үшін қасына келейін десе, астындағы аты пысқырып жолатпады* (Қазақ ертегісі).

Шартты рай жұрнақтары арқылы жасалған қарсылықты бағыныңқылардың табиғатын А.Байтұрсынұлының мысалдары арқылы анық тануға болады: *Күні бойы қараса да, таба алмады. Қыс қатты болса да, мал аман шықты*. Ақаң сабақтас-тың бұл түрінің жасалу жолын тек шартты рай арқылы ғана көрсеткен де, оны ереуіл бағыныңқы деп атаған.

А.Байтұрсынұлы күрделі құрылымдар туралы “Тіл құралында” ғана айтпаған, “Әдебиет танытқышында” да айтқан болатын. Қазіргі қазақ тілінде құрамындағы сыңарларының саны қалыпты құрмаластардағыдан әлдеқайда көп болып келетін күрделі құрмаластар мольнан ұшырасады. Ақаң бұларды өрнекті сөйлемдер немесе оралым деп атап, олардың төмендегідей мағыналық тоғыз түрін көрсеткен болатын: себепті оралым, мақсатты оралым, ұқсатпалы оралым, қайшы оралым, шартты оралым, жалғасыңқы оралым, серіп-пелі оралым, айырыңқы оралым, қорытпалы оралым.

Байқап отырғанымыздай, сыңарлары қарсы мағынада келетін құрмаластарға Ақаң екі түрлі атау ұсынған (ереуіл, қайшы). Ереуіл бағыныңқыларға қалыпты сабақтастарды жатқызған да, қайшы құрмаластарға күрделі құрмаластарды жат-

қызған. Н.Сауранбаев соңғысын әдеттегідей атау ретінде қайта кіргізуге талпыныс жасаған.

3. Бағыныңқы сынар көсемше тұлғалы етістік-ке аяқталады да, басыңқы сынарда бағыныңқы сынардағы пікірге қайшы мәнде айтылған сөз болады: *Кейбір сұрақтары бола тұра, Сырбайдың Масақбай туралы айтқан сөздерін Естай бөлген жоқ. Күн көрісі біреуге байланысты бола тұра, ол жақсы ат мінуді, жақсы киім киюді ұнатады* (Мұқанов).

Синтаксистік еңбектерде *-n* формантты көсемшенің қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем жасай алатындығы туралы көбіне ескерілмей келді. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас жасауға көсемшеден *-ғанша -а, -е, -й* формалары ғана қатыса алатындығы айтылған. *-n* формалы көсемшенің қарсылықты бағыныңқылы жасайтындығын қазақ тіл білімінде алғаш айтқан Р.Әміров. Ғалым оған төмендегідей мысалдар келтірген: *Кіп-кішкентай боп, осы сен сөз аңдығанды қайтесің* (Мұқанов). *Үйір қыламын деп, басыңа секірттіп жүрме* (Майлин).

Осы уақытқа шейін *-n* формалы көсемшенің қарсылықты бағыныңқылы жасауының көрсетілмеуі әрине, бұны синтаксис мамандарының кемшілігі деп ұқпауымыз керек. Себебі, тіл тарихи категория, сондықтан ол үнемі даму үстінде болады. Мәселен, профессор Қ.Есенов алпысыншы жылдардың өзінде көсемшенің *-а, -е* тұлғасы қарсылықты бағыныңқылы сөйлем жасауға сирек қатынасаатындығын айтқан. Ал қазіргі таңда әдеби тіліміздің стильдік тәсілдерінің кеңеюіне байланысты көсемшенің де синтаксистік қызметі арта түсті. Соның нәтижесінде жоғарыда ғалымдар көрсеткен *-а, -е* жұрнағымен қатар көсемшенің *-n* формасы да қарсылықты бағыныңқылы сабақтас жасауға қатыса бастады. Мысалы: *“Балаң өлді” дегенді естіген ақын талып құлап, май өкшеден жіберген дәрі де көмек етпейтп* (Әзірбаев). Қарсылықты бағыныңқылы сөйлемдер мағыналық қарым-қатынасына қарай өз ішінде реалды және ирреалды деп бөлінетін болса, жоғарыда келтірілген мысал соның соңғысына жатады. Яғни, қарсылықты бағыныңқының мұндай түрлерінде бағыныңқы компоненттегі іс орындалып, басыңқыдағы іс керісінше жүзеге аспай қалады. Себебі, басыңқының баяндауышы етістіктің болымсыз түрінде келеді. Осы жерде тағы бір назар аударарлық жайт - сөйлемдердегі қарама-қарсылық тек етістіктің болымды, болымсыз түрімен келген баяндауыштар арқылы ғана көрінетін болса, онда *-n* формантты көсемше тек

қана ирреалды қарсылықты бағыныңқылы сөйлем жасауға ғана қатысады. Оған себеп - реалды бағыныңқының баяндауышы әрдайым етістіктің болымсыз түрінде келетін болса, оған көсемшенің *-ып, -іп, -n* формасы жалғаса алмайды. Жалғаса қалса, өзінен кейін еді көмекші етістігін (айтпап еді) немесе жіктік жалғауын (айтпаппын) керек етіп тұрады да, салалас сөйлем болып кетеді.

Қарсылықты бағыныңқылы сөйлемдер шартты, мезгіл, амал, себеп бағыныңқылар сияқты мағыналық жағынан басыңқының бір мүшесіне жетектелмейді.

Көсемшенің *-n* тұлғасы арқылы жасалған қарсы бағыныңқылы сабақтастар тілімізде өте сирек кездеседі және қалыптасуы жағынан да кейінгі жылдардың жемісі болып табылады. Профессор Р.Әміровтың монографиясынан кейін аталған тәсіл көсемше жұрнақтарының сабақтас сөйлем жасаудағы синтагмалық өрісінің кеңеюі ретінде тоқсаныншы жылдарда ғана қайта көрсетілді: *Айнала толған проблемаларды өзіміз қолдан жасап алып, өзіміз шеше алмай жүрміз* (Жұмаділов).

Өткен шақ көсемше арқылы жасалған құрмалас сөйлемдер біздің тілімізде сирек кездесетіндіктен оқулықтарда белгіленбеген. Ал басқа түркілерде оны қарсылықты бағыныңқының бір тәсілі ретінде көрсетеді. Қырғыз тілінен: *Өзу жаш, тажрыйбасыз боло туруп, Данко бизди қайсы жаққа алып келіп таштады* (Горький). Өзбек тілінен: *План тулиб, биз ишни тухтатиб куймадик*.

Қарама-қарсылық - диалектиканың негізгі заңдарының бірі. Адам өзін қоршаған ортада болып жатқан әрекеттердің тек нәтижесін ғана баяндамайды. Іске асуға тиісті іс-әрекетті де, болып жатқан құбылыстарды да баяндайды. Оны тіліміздегі өткен, келер, осы шақ формалары арқылы жеткізуге болады. Осы уақытқа шейінгі қазақ грамматикаларында әрекеттің сөйлеу кезіне қатысын көрсететін формалар ретінде өткен шақ есімше, көсемше жұрнақтары, келер шақ есімше, көсемше жұрнақтары, көмекшілік қызметте тұрған қалып етістіктер ғана көрсетіледі. Тілдің табиғатын тереңірек тану үшін бұл мәселені (шақ категориясын) кеңірек алып қарастырған дұрыс. Шақ тек жай сөйлемдерге ғана қатысты ма? Құрмалас сөйлемдердегі мағыналық қатынастардың шаққа қатысы бар ма? Тілімізде шақтық мағынаны беретін жоғарыда аталғандардан басқа қандай тәсілдер, формалар бар деген мәселені толық аңғару үшін жұмсалымды (функционал-

ды) грамматика тұрғысынан зерттеулер жүргізу - бүгінгі күннің талабы. Мағынаны алдыға қоя отырып тілдің барлық деңгейіндегі сол мағынаны беруге жұмсалатын формаларды тауып, көрсету жұмсалымды грамматиканың мақсатына жатады. Біз жоғарыда *dep* көмекші етістігі арқылы жасалған себеп және мақсат бағыныңқылы сөйлемдерді басыңқыдағы баяндауыштың қай шақта тұруына байланысты ажыратылатындығын ескерткен едік. Бұдан сабақтас сөйлемдердегі мағыналық қатынастардың да шаққа әсерін, қатысын байқау қиын емес. Мәселен, сыңарларының арасы мақсаттық қатынаста тұрған сабақтастар тек қана осы және келер шақта айтылады. Ал себеп бағыныңқылы сөйлемдер өткен және ауыспалы осы шақта айтылады.

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтастар көбіне осы және өткен шақтарда айтылады. Егер басыңқының баяндауышы келер шақта айтыла қалса, онда сөйлем аяқталмай, құрмалас сөйлем тұтастай себептілік қатынасты білдіреді. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтастардың қай-қайсысы болсын, ойды әрі қарай сабақтауды талап етіп тұрады. Келер шақта келетін сабақтастарда бұл айқынырақ сезіледі деуге болады. Тіпті құрылысы күрделі болып келетін Ақан көрсеткен қайшы оралымның өзінде де ой толық аяқталмай тұрады.

Мен Қырымның ішінде
Ақша ханның қызы едім.
Ата менен анамның
Асыранды қазы едім.
Қойда бағлан қозы едім,
Жылқыда шаңқан боз едім,
Қырым менен Қытайдан,
Тамам жақсы жиылса,
Аузындағы сөзі едім.

1 сыңар

Бұл заманның шағында
Жылап тұрған көзім бар,
Төгіп тұрған жасым бар,
Әуре болған басым бар

2 сыңар

(Ер Тарғын)

Сөйлемді мәтіннен бөлек алып оқысақ, оның мағынасы бойынша *неге? не себепті?* деген сұрақтар туады. Көрсетілген мысал толығымен *салдар* болып табылады да, оның *себебі* тыс қалғандықтан сөйлем толық аяқталмай тұрғандай көрінеді.

Қарсылықты бағыныңқы сөйлемдердің сыңарларының арасындағы мағыналық қатынастар бір-біріне қарама-қарсы құрылғанмен, олардағы оқиға, әрекеттердің орындалу, орындалмауы әр түрлі деңгейде болады. Осыған байланысты бағыныңқыдағы баяндалған оқиға басыңқыдағы амалға қарсы қойылады немесе керісінше, басыңқыдағы әрекет бағыныңқыдағы оқиғаға қарсы тұрады.

Көсемшенің *-ғанша* және *-мастан* формалары арқылы да қарсылықты бағыныңқылар жасалады:

*-ғанша, -генше:**Қорқып бұғып өлгенше,**Тайсалмай тауға шығып өл*

(Мақал)

*Жаманмен ауыл болғанша**Жақсымен қауым бол*

(Мақал)

-мастан, -местен:

Мұхамеджан жайланып болмастан, Көкбай соқтыға сөйледі (Әуезов). *Оралбай аттан түсіп болмастан, Есенбек оны қолынан тартып жетектеп әкетті* (Тұрлыбаев).

4.2.3.7. Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер

Ахмет Байтұрсынұлы шартты бағыныңқылы сабақтастарға мынадай мысалдар келтірген: *Көсеу ұзын болса, қол күймейді. Тоқпағы зор болса, киіз қазық жерге кірер. Берсен, аларсың.* Байқап отырғанымыздай, үш мысалдың үшеуі де тек шартты рай жұрнағы арқылы жасалған бағыныңқылар.

Синтаксиске арналған кейінгі еңбектерде бағыныңқы сөйлем жасайтын өзге тәсілдердің де (көсемше, есімше) шартты бағыныңқылы сөйлем жасайтындығы көрсетіледі. Шартты бағыныңқылы сабақтас жасауға көсемшеден *-май, -майынша* тұлғалары, есімшеден (жатыс формасындағы) *-ғанда* тұлғасы қатысады. Негізгі тәсілі шартты рай жұрнақтарынан өзге тәсілдермен жасалған шартты бағыныңқылы сөйлемдерді анықтау үшін *-са/-се* тұлғасына қойып айтуымыз керек: *Бірлік болмай, тірлік болмас - Бірлік болмаса, тірлік болмас. Жан қиналмай, жұмыс бітпес - Жан қиналмаса, жұмыс бітпес.*

Етістіктің шартты рай жұрнағы да әрдайым тек шартты бағыныңқылы сабақтас қана жасап қоймайды. Бұл жұрнақ та көсемшенің *-л* тұлғасы сияқты көп мағыналық қасиетке ие. Бұл жұрнақ та көсемшенің *-л* тұлғасы сияқты сабақ-

тастардың бірнеше түрін жасауға қатынасады. Бірдей тұлғада жасалған сабақтастарды бірінен-бірі ажырату үшін сөйлемнің алдына шарттылық мәнді білдіретін “егер” жалғаулығын қосып айтып қарау керек: *(Егер) Өте бір түтеген боран соғып кетпесе, жылқы баласы қандай ызғарлы суықта да желге қарсы қарап қар тебеді* (Мұқанов).

Әсіресе, шартты рай тұлғасымен сабақтасқан қарсылықты және шартты бағыныңқыларды бір-бірінен ажырату қиынға соғып жатады. Олардың ең басты айырмашылығы өздеріне тән ерекше заңдылықтарынан шығып жатады. Мәселен, шартты бағыныңқылы сөйлемде басыңқыдағы іспен бағыныңқыдағы іс орындалу, орындалмау жағынан бірдей болады. Ал қарсылықты бағыныңқылы сабақтастың сыңарлары біріне-бірі ереуіл келіп отырады. Сонымен қатар қарсылықты бағыныңқыдағы оқиға, әрекеттің орындалу, орындалмауы көбінесе өткен немесе осы шақта хабарланып отырса, ал шартты бағыныңқыларда, негізінен, келер шақта баяндалады.

Болымсыз етістіктен кейін келетін көсемше тұлғалары *(-май, -майынша)* шартты бағыныңқылы сөйлем жасауда мәндес келеді. Екі жұрнақтың арасында елеулі мағыналық айырма жоқ. Жұрнақтың ұзақ түрі арқылы жасалған сабақтастарда шарттылық мән айқынырақ көрініп тұрады. Ал қысқа *(-май)* түрінде шарттылық мағына анық, ашық байқалмайды. Оның себебі, *-май* тұлғасы арқылы шартты бағыныңқыдан өзге сабақтастардың мезгіл, себеп, амал түрлері де жасалады. Бірдей формамен жасалған төрт түрлі сабақтастарды бірінен-бірі ажырату үшін жасалу жолына емес, сыңарлары арасындағы мағыналық қатынасқа теренірек назар аударған жөн.

4.2.3.8. Салыстырмалы сабақтас құрмалас сөйлемдер

Салыстырмалы сабақтас сөйлемнің жоғарыда талдаған басқа сабақтастардан өзіндік айырмашылығы бар. Мұнда бағыныңқы компонент басыңқыда хабарланған қимыл-әрекетті әр түрлі мағыналық жақтан айқындап, толықтап жатпайды. Әр синтаксистік компонент мағыналық жақтан жеке дербестігін сақтайды, тек байланысу амалы жағынан ғана бағыныңқының баяндауышы тиянақсыз қалыпта болады. Компоненттердің мағыналық қарым-қатынасы бір-бірімен салыстырыла айтылады. Осыған орай да сабақтастың бұл түрін салыстырмалы сабақтас сөйлем деп атаймыз.

Сабақтас сөйлемдердің бойындағы салыстырмалық мән ондағы жеке сөздердің қолданысына

байланысты болады. Алайда компоненттер арасындағы салыстырмалық мәннің өзі бір дәрежеде болмайды. Мұндай сөйлемдердегі салыстырмалық мән кейде бір-бірімен өзара тең түсіп жатса, енді бірде тең түспей, әр түрлі ыңғайда жұмсалады.

Салыстырмалы мағына төмендегідей тәсілдер арқылы жасалады.

1. Шартты рай формалы етістікке аяқталған бағыныңқы компонент құрамында әрқашан қандай, қанша, қалай деген сұрау есімдіктерінің бірі келеді де, басыңқы компонентте сонымен тұлғалас, соған жауап ретінде айтылатын сондай, сонша, солай деген сөздердің бірі айтылады. Сөйтіп, екі компоненттегі жай-күй, әрекет бірдейлік, теңестік барлығы салыстырыла көрсетіледі. *Сіздің үйдегі Сәду ағай маған қандай жақын болса, Келдібай да сондай бауырым еді. Басқалар қандай қуанса, ол да сондай қуанған еді. Бөлекбастың жүрісі қандай наң болса, сөзі сондай наң* (Әбішев). *Еңбекті қанша істесең, табысты сонша аласың. Кісі қалай жүрсе, көлеңке солай жүреді.*

2. Салыстырмалы бағыныңқылы сабақтас сөйлем, сондай-ақ бағыныңқы компоненттің баяндауышы қызметінде *-дай, -дей* жұрнақты өткен шақтық есімше келу арқылы жасалады. *Сондай өмір өзіне еліктіргендей, Дәулет ауылдағыдан әлдеқайда сауықшылы болып кеткен сияқты. Құлпырған масаты дала демем шамданбасын дегендей, айнала толқыған сағымнан ақырын ғана сілкінеді. Маңайына үйірілген балалардың бәрі де өзінен тугандай, Антонина Порфирьевна әрқайсысын жылы жүз, жұмсақ сөзбен еркелетеді* (Мұқанов). Грамматикалық тәсілдермен қоса салыстырмай сабақтастардың жасалуына септігін тигізетін тірек сөздер болады.

1) Бағыныңқы және басыңқы сөйлемдер құрамында өзара салыстырыла жұмсалған сөздер. *Үлкендер пұшпақ тымақ кесе, соңғы жылдары бозбаланың көбі осындай түлкі тымаққа ауысқан еді. Төлеген жасынан сері жігіт болса, Сансызбай сауыт киіп, садақ асынған, жаратып ат мінген батыр жігіт болып тәрбиеленеді* (Әуезов). *Онда күндіз аңызға тынбай соқса, түнде масасы қоймай ызылдайтын* (Қыдырбекұлы).

Осындай дәрежедегі салыстырмалық мән кейде бағыныңқы компоненттің баяндауышы - ган формантты есімшенің жатыс септігінде тұруы арқылы да беріледі: *Ел арасының өзге сөзі бір төбе болғанда, Түсіп үшін осы жай өзі бір төбе болатын. Аналар қырық шамалы болғанда, бұлардың бары - жиырмадан артық емес* (Әуезов).

2) Енді бір сөйлемдердің құрамында мағынасы жағынан бір-біріне қарама-қайшы жұмсалған сөздер қолданылып, салыстырмалық мәннің

күшін одан сайын айқындай түседі: *Надан Малқар ескі әдетімен елді қорқытып ұстамақ болса, залым Шәлкендер алдап ұстамақ* (Мүстафин). *...Біреулері әлі маздан тұрса, енді біреулер жер ошақта қалған қозыдай солғын бозарады* (Кекілбаев). *Біреулері күле келсе, енді біреулер қабақ шытып, ренжи келеді* (Газеттен).

3) Әр түрлі дәрежедегі салыстырмалы сабақтастың осы жолында да бір-бірімен өзара салыстырыла айтылған сөздер болады. Сонымен қатар мұнда бағыныңқы компоненттің баяндауышы болса, *сияқты болса* түрінде аяқталып, келесі басыңқы компоненттегі оқиға желісімен салғастырыла айтуға жол ашады: *Я, мен көк ит болсам, сендер көп итсіңдер* (Әуезов). *Озық елдің өмірі тармағы көп, құймағы көп өзен сияқты болса, бұл елдің өмірі ойдым-ойдым шалшықтай таяз да, көлемсіз де* (Мүсірепов).

4) Салыстырыла айтылудың енді бір түрінде бағыныңқы компоненттегі салыстырудан басыңқының мәні артық, үстемелі дәрежеде түсіп жатады. Мұндай белгінің орын алуына басыңқының құрамында *одан да* тәріздес күшейткіш үстеуінің қолданылуы себеп болады: *Тән күші олай болса, жан күші одан да керемет. Қазақтың Шоқан естіген музыкалық фольклоры соншалық бай болса, сөздік фольклоры одан да бай* (Мұқанов). *Стаханов жер жүзілік рекорд жасаса, Әкімдер одан да асты* (Мүсірепов).

Салыстырмалы сабақтас сөйлемдер сабақтастың өзге түрлерінен осындай жасалу тәсілдері арқылы ерекшеленіп тұрады.

4.2.4. Көп компонентті құрмалас сөйлемдер

Құрамындағы сыңарларының саны екеу ғана емес, үш немесе одан да көп болып келетін құрылымдар тіл-тілде әр түрлі аталып жүр.

Көп компонентті құрмаластардың қайсы түрінде болмасын сыңарлары арасындағы мағыналық қатынастар екі компонентті құрмаластардағыдай бір ізді болып келмейді. Олардың арасы бір сөйлемде түсіндірмелі, ыңғайластық немесе талғаулықты, қарсылықты т.б. болып келуі мүмкін. Сондықтан оларды бір ізге түсіріп, айту мүмкін емес. Екі компонентті құрмаластарда көрсетілген мағыналық қатынастардың күрделі құрылымдарда біртекті немесе әртекті болып кезекпен қосарланып келуінде бір шектеулі заңдылық болмайды. Біздіңше, таза құрылымдық тұрғыдан алғанда құрмалас пен жай сөйлем, құрмалас пен құрмалас немесе жай сөйлем мен құрмалас деген қатынастар болмайтын болса керек. Көп компонентті құрмаластардағы әрбір жай

сөйлемдер - жеке-жеке тұрғанда өз алдына бір-бір дербес бірліктер. Бірақ құрмаластың құрамында үлкен хабардың, күрделі бір ойдың құраушы бөліктері, басыңқыдағы айтылатын негізгі сыртқы ойды толықтырушы, жан-жақты сипаттаушы элементтер болып табылады.

Күрделі ойдың құрамдас бөлшегі ретінде қалыпты құрмалас сөйлемдер дайын күйінде кіріп кетуі де мүмкін. Бұл күрделі құрмаласта берілетін сыртқы ойды толықтыру, жан-жақты сипаттау мақсатының ыңғайына қарай болады. Бұдан біз күрделі құрылымды құраушы жай сөйлемдер мен күрделі ойды құраушы мағыналық сыңарлардың арасы тепе-тең еместігіне көз жеткіземіз.

Қазақ тіл білімінде көп компонентті құрмалас сөйлемдер туралы алғашқы пікір айтқан Ахмет Байтұрсынұлы болатын. Ақаң бұндай құрылымдағы сөйлемдерді өрнекті сөйлемдер деп атап, оған мынадай анықтама береді: *Өрнекті сөйлем деп құрмалас сөйлемдердің бастары қосылып, кестелі болып құрылуын айтамыз. Ондай сөйлемдер нақ текеметке, яки кілемге салынған түр сияқты болмағанмен, өрнек өрнегімен айтылады. Өрнекті сөйлемді айтқанда дауыс көтеріліп, төмендеп әнше оралып, қайырылып отырады. Сондықтан өрнекті сөйлем оралым (яки шұбыртпа) деп аталады.*

Оралым екі мүшелі болады. Бір мүшесінде пікір тақырыбы болады да, екіншісінде пікір баяны болады. Сондықтан бастапқы тақырыпшы мүше делініп, екіншісі баяншы мүше делініп айтылады. *Мәселен, Үміт пен қатер безбенге түсіп, кейде үміт, кейде қатер басып, Әбіштер аулына жеткенше жеңісе алмады. Шоп құрап, жапырақ сарғайып, мал-жан тоңазуға айналды* (Аймауытов) деген сөйлемдер қалыпты құрмаластар емес. Себебі, әрқайсысының құрамында үш-үш сөйлемнен бар.

1 *Үміт пен қатер безбенге түсіп,*

2 *Кейде үміт, кейде қатер басып,*

3 *Әбіштер аулына жеткенше жеңісе алмады.*

Бірақ мұнда, жоғарыда Ақаң айтқандай, құрмаластық сыңарлар бәрібір екеу-ақ. Соңғы үшінші сөйлем пікір тақырыбы да, қалған алдыңғы екеуі пікір баяны болады. Осыдан барып құрмаластың құрамындағы *жай сөйлемдер* және құрмаластың *сыңарлары* (компонент) деген ұғымдар екі басқа екендігі аңғарылады.

Махамбеттің “Ереулі атқа ер салмай” өлеңін талдау кезіндегі Мұхтар Әуезовтің күрделі құрылымдар турасында айтқан тұжырымы да

Ақандікімен үндес. Мұқанның айтуынша, бұл өлең - Махамбеттің барлық басқа өлеңдері сияқты ауызша айтылған, тыңдаушыға қолма-қол суырылып беріліп отырған өлең. Сол ретіне қарай сапылдатып бір-ақ желдіртгіп өткен бір шумак өлең. Мағына жағынан да барлық жыр бір-ақ ұзақ сөйлем есепті. Неше алуан қатар жарысқан жеке-жеке суреттердің байлауы ең аяққы жолда Ерлердің ісі бітер ме? деген бір қайырмамен аяқталады (М.Әуезов. Шығ., XV:268):

*Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай.
Қоңыр салқын төске алмай,
Төбінгі терге шірмей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туган жас бала.
Сақалы шығып жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей,
Ашаршылық шөл көрмей,
Өзегі талып ет жемей,
Ер төсектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай
Түн қатып жүріп, түс қашпай,
Төбінгі теріс тағынбай,
Темірқазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай,
Ерлердің ісі бітер ме?!*

Байқасақ, өлең тек мағыналық жағынан ғана емес, формалық жағынан да бір-ақ сөйлем екен. Мұндағы *Ерлердің ісі бітер ме* деген басыңқыдан басқасы түгел көсемше арқылы бір-бірімен сабақтасқан бағыныңқы сөйлемдер. Қазақ синтаксисінде мұндай өлең бір күрделі құрмалас деп танылып, жарыспалы бағыныңқылы сабақтастарға жатқызылады. Жиырма шақты жай сөйлемдерден бір бүтін боп құралған бұл құрмалас та екі сыңардан тұрады. Басынан бастап *қу толағай бастанбай* дегенге шейін бір бағыныңқы сыңар да, *Ерлердің ісі бітер ме* деген - екінші басыңқы сыңар. Сыңарының арасындағы шарттылық қатынастың анықтығы сонша, бұл сөйлемнің жарыспалы шартты бағыныңқылы екендігін талдап дәлелдеп жатудың өзі артық.

Күрделі құрмаластардың пайда болуына себепкер - айтушы. Әсіресе, жазба тілде айтушы ойға қазық болатын бас пікірді жан-жақты толықтырып беру мақсатында үш-төрт сөйлемді қырларын келтіре отырып, үздіксіз созылмалы интонациямен береді. Біздің байқауымызша, қалыпты құрмаластар болмаса, күрделі құрмаластар ауызекі тілде көп ұшыраса бермейді.

4.2.4.1. Көп компонентті аралас құрмалас сөйлемдер

Аралас құрмалас сөйлемнің құрылысында басқаша бір түзілім болатындығын оны жақын тарта келе тануға болады. Мәселен, басқа көп сыңарлы құрмалас сөйлемдер түріндегі негізгі предикативтілік бөліктер саны көбіне төрт-бестен аспайтын болса, аралас құрмалас сөйлемнің құрамында бұлардың көрінісі жиі және сыңарлардың одан әрі жайылмалануында шек болмайды. Оларды томендегідей құрамда жеке топтап көрсеткен орынды деп санаймыз:

1) Төрт сыңарлы аралас құрмалас сөйлемдер. Бұлардың өзі екі құрамды салалас және сабақтас сөйлемдер үлгісіндегі құрылымдардың немесе олардың кері түзілімде келуі нәтижесінде болады: *Сырнайсыз ойын-той болмайды, Андрей сырнай тартпаған ойын-тойдың сөні болмайды, қай үйде ойын-той болса, алдымен Андрей шақырылады. Ботагөз тысқа шыға келсе, бес-алты шаналы адамдар тұр, аттары терлеген, үстері қырау* (Мұқанов).

Екі дара бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдік құрылымдар да төрт сыңарлы аралас құрмалас сөйлем жасайды: *Кесені аузына апарғаны болмаса, жұтқаны білінер емес, өзі үй ішінде болғанымен, ойы әртарап* (Досжанов).

Сабақтас құрмалас сөйлемнің көп басыңқылы түрі жай сөйлемдік сыңарды бірде алдына алып, бірде соңынан ертіп аралас құрмалас сөйлемнің осы құрамды түріне бағынады: *Асқар жүгіріп келе жатыр еді, маңдайы ашаға сарт ете түсіп, есі ауып кете жаздады, көзінің оты жарқ ете түсті* (Мұқанов). *Қой отарлары болмаса, маңайында ел де жоқ, тұйық жатқан бір тыныштық өлкесі екен, жарық осы өзенге бұрылды да жойылып кетті* (Мүсірепов).

Дәл осындай түрдегі байланысуда көп бағыныңқылы сабақтас құрмаластар да тұрады. *Қараңыз: Одан бері әлденеше күн өтіп те кетті, өнеугіден кейін сыбыс естілмегесін, Құмардың көңілі жайланып, үрейлі ойлары сейіле бастаған* (Нұрманов). *Қостағылардың әзілі аяқталып, ушу басылған кезде, мен басымды көтерген едім, алып бекіренің ішек-қарны ақтарылып-ақ қалған екен* (Сәрсенбаев).

Енді бірде екі жай сөйлемдік құрылым дара бағыныңқылы сабақтас құрылымдыны ортасына алып тұрады: *Таза қазақ ортасы, қалада оқығандар болмаса, былайғы жұрт тіл білмейді, көп ұзамай Айдабол да қалыптасып кетті* (Мағауин).

2) Бес сыңарлы аралас құрмалас сөйлемдер. Аралас құрмалас сөйлемнің мұндай құрамда көрінуіне салалас не сабақтас сөйлемдік үлгілердің

бірінің үш сыңарлы болып келуі көмектеседі. Екі құрамды салалас құрмалас сөйлемдік үлгі көп басыңқылы сабақтас құрмалас үлгісіндегі сөйлемдерді қатарына жинайды. *Бауыршық жан-таласа қылыш ойнатты, қарсыластың қатты тойтарғаны соншама - алақаны жаңғырығып, сай-сүйегі сырқырады, қаруды түсіріп ала жаздады* (Досжанов). *Бет ұшы нарттанып, қарашықтарында сәл буалдырлану бар тәрізді, оң бетінің ұшынан бір қара моншақ пайда бола қалыпты, сорғалаған жас қара моншақтың ұшында сәл іркіліп барып үзіліп түседі де, моншақ өз орнында қала береді* (Сәрсенбаев). Алғашқы сөйлемде салалас сөйлемдік құрылым көп басыңқылы сабақтас сөйлемнің алдынан келіп байланысса, соңғы мысалда олардың байланысы керісінше болған.

Екі құрамды салалас құрмалас үлгісіндегі құрылымдар көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем үлгісіндегі құрылымдармен байланысып, бес сыңарлы аралас құрмалас сөйлемнің қатарынан шығады. Мұнда да жоғарыдағыдай байланысу болады: *Тойшылардың аттары ғана сирақты, еңсесі биік, сездірмей шығарып әкетсе, сосын желмен жарысса, желім ойдың жүзеге асары хақ* (Досжанов). *Денемізге денеміз тиісіп, қатар жатқанымызбен, үйреніскен бауырлардай емін-еркін айқасып кету де жоқ, сағынысқандардай ыстық ықлас та жоқ, әйтеуір, үркек қана ниет бар* (Нұржекеұлы).

Салалас құрмалас сөйлемдік үлгінің үш сыңарлы болып келуі сабақтас құрмалас үлгісіндегі құрылымдардың дара бағыныңқылы болуын қалап, жалпы сыңарлар санын беске жеткізеді: *- Ендеше әлгіңмен құпия сөйлес, сөз баянды болсын және тірі жан сезбесін, біреу-міреу сезе қалса, істің арты насырға шабады* (Әбуталиев).

Сабақтас құрмалас сөйлем үлгілерінің өзара байланысқа түсуі де бес сыңарлы аралас құрмалас сөйлем құрамында белсенді қызмет атқарады. Мәселен, олардың дара бағыныңқылы түрлері алдыңғы кезекте тұрып, соңынан көп бағыныңқылы не көп басыңқылы құрылымдарды ертеді: *Тау болғанымен, таудың да күні қыздырады екен, төбелерінен күн өтіп, тізелері ұйып, жұрттың қыбыр-жыбыры көбейе бастады* (Нұржекеұлы). *Абақтыдан аман шықсам, Балашевтың көзін құртамын, осы Харитон ағай бірдеңе білетін болса, асықпай тұра тұр, патша мен байлардың құритын мезгілі онша алыс емес* (Омаров).

Бұлар кері түзілімде де болады: *Биенің сүтін ішкен сайын, ішегі жібіп, іші елжірейді, жылқының етін жеген сайын, буын сырқырауы сиреп бара жатқандай* (Байғұтов). *Алғашында жер-дүние дөңгеленіп, айналадағы ағаштар да қатар жарысып бара жатқандай болған, сонан тіпті басы*

айналғандай еді, бертін оған да көзі қанығып, еті үйреніп алды (Сүндетов).

Бес сыңарлы аралас құрмалас сөйлем құрамы барлық сөйлемдік үлгілердің қатысынан тұра алады. Мәселен, жай сөйлемдік үлгілер соңынан екі дара бағыныңқылы құрылымдар еруі мүмкін: *Күні бойы аңғармапты, екеуі шешіліп сөйлеспесе де, қыздың жай отырғанының өзі жанға тоқ, көңілге дәру екен, енді ол киініп, кетуге жинала бастағанда, сол орынның тағы да опырайып бос қалары сезілді* (Исабеков).

Бір сабақтас құрмалас сөйлем орнын салалас құрылымда да ауыстырады: *Мұның да торысы барын салып келеді, жел гу-гу етіп, көзінен жас парлайды, теке алдын кесіп өтетін тәрізді, ерегіске түскен бұл атын тебіне түседі* (Нұрманов).

Жай сөйлемдік үлгі жалпы сөйлем соңында келеді: *Кісінің шекесінен шықса - батыр болғаны, ал табанынан білінсе - бопсаға түскіш қорқақ болғаны, екінің бірі* (Досжанов).

Енді бірде жай сөйлемдік құрылымдылар ортасына сабақтас құрмалас сөйлемнің көп сыңарлы түрлері түсіп кетеді: *Көзінен бір-бір ұшқан жүз жылқы анау, “қызымды зорлықпен қамауда ұстап отыр” деп үстінен арыз берсе, бұл даланың орысы да орыс, киргизи де орыс, кімге шағынып барады* (Токтаров). Бұл көп басыңқылы сыңардың жай сөйлемдік құрылымның ортасында келуі болса, көп бағыныңқылы сабақтастық құрылымның да осындай байланыста тұруы мүмкін: *Алтын бұйымдардың орт буы екеуін жанына маңайлатпапты, ал ең кенже ұлы келгенде, алтын заттардың жалыны өшіп, суып сала беріпті, сөйтіп үшінші ұлы алтын қару-жарақты өзінің үйіне алып келіпті* (Жұртбаев).

3) Алты сыңарлы аралас құрмалас сөйлемдер. Мұнда да ішкі сөйлемдік үлгілердің қабаттаса жұмсалуды орын алады. Мәселен, үш дара бағыныңқылы сабақтас құрылымдылардың өзара байланысуы нәтижесінде болады: *Ауылы мен ауданында өзгермеген, айнымаған бір адам қалса, соның өзі - Жайсаңкүл жеңгесі, жарты қалса, соның өзі - Жайсаңкүл жеңгесі, екеу қалса, соның бірі - Жайсаңкүл жеңгесі* (Байғұтов).

Мұның бірінің қызметін салалас құрылымды сыңар да атқарады: *Саңқал киізден сығалап аңғал шуақ Ақбілектің бетіне түсіп, жайраңдаса да, телегей аққан жасын құрғатуға септігі болған жоқ, жанын жанышқан қараңғылық жарық дүниені аңсатты, әйтсе де, жарық сәуледен көзін біржола жұмбады, құтылмасына көзі жеткен соң, тым болмаса мынау саусылдаған сары қолдың ішінен сытылып даланы бір көргісі келді* (Аймауытов). Салалас құрылымды сыңарлар орын талғамай-

ақ, жалпы сөйлем басында, ортасында, соңында келе береді.

Жай сөйлемдік құрылымның да түрлі сөйлем үлгілерімен байланысуы алты сыңарлы аралас құрмалас сөйлем қатарынан табылады. Жалпы сөйлем басында тұрған жай сөйлемдік құрылым соңынан сабақтас құрылымдылардың дара және көп бағыныңқылы, көп басыңқылы түрлері орын алмасып жұмсалады: *Үйленбей не көрініпті, бұйыр-са, балалары бір етек болар, солардың бәрін шетінен мектебіне берсе, одан кейін оқуларына жіберсе, арманы жоқ* (Байғұтов). *Жөкейдің тыққаны бар екен, баяғыда ақтар Жабағы бидің жылқысын топырлата айдағанда, әр жерде тай, құнан қалыпты, әр жерде бес-ондап құлынды бие қалыпты, жұрт абыр-сабыр болып жатқанда, бәрін Жөкей жинап алып, аулақта ұстапты* (Мағауин).

Мұндай құрылымдарда жай сөйлемдік үлгі жалпы сөйлемнің ортасына да түсіп кетеді: *Мотордың белдігін ауыстырып салып жатсам, алыстан шаң көрінді, бірте-бірте әлгі шаң құйынша дөңгеленіп ауылға беттеді, “тана-тал түсте ауылға кірген Қоқан бегі ме” деп тұрғанымда, түтеген ақ түтек арасынан мінетін вездеход машина суырылып шықты* (Досжанов).

Дара бағыныңқылы сабақтас құрылым алдынан көп құрамды салалас келіп, соңынан жай сөйлемдік үлгі ереді: *Бір жақсысы, көптен тамшы тамбаған еді, жер дүние кеуіп тұрған, жолдың беті лайсаң болғанымен, асты әлі езіле қоймапты, кейде тайғанақтай ілбіп, кейде ілгерінді-кейінді лықсыта екпіндей соғып, қатерлі түстардың бәрінен аман-есен өттім* (Мағауин).

Салалас құрамды екі сыңарлы болса, сабақтастың құрам саны артады: *“Жылан бауыр” трактор тоқтады да, тіркелген шаналардан көп адамдар түсті, ат жолдың етегіне келіп, қиыр-шиыр ақ тауларға қарап тұрғанда, бұлар бір үлкен шоғыр еді, ашыққан боран жұтып жібергендей, “ә” дегенше Жоқ болып кетті* (Мүсірепов).

Екі жай сөйлемдік үлгі ортасына екі дара бағыныңқылы сабақтас құрмалас құрылымдылар кірігіп айтылады: *Уәделі он күн өткен соң, меңгерушіге тағы кірдім. Үмітім зор-ды, өйткені біз оқып жүргенде, бүкіл ауданда жалғыз ғана қазақ орта мектебі бар еді, кейін Қытайдан көп адам өткен соң, мектеп те көбейіпті, Айдарқұм мен Ақаралда қазір орта мектеп бар екен* (Нұржекеұлы).

4) Жеті, сегіз сыңарлы аралас құрмалас сөйлемдер. *Бір байқағаны, бұл бейбақтың дауысы қаттырақ шықса, әлгі сұлба діріл қағып бірте-бірте қашықтай түседі, үні бәсеңдеп, үйіріштіктей тіл қатса-ақ, қол ұсынымға жақындап келеді, табиғаттың кереметі деген осындай шығар*

(Досжанов). *Ымырт қоюланып барады, әуелі су бетіне батар күннің қан қызыл бояуы тәгілді, бара-бара ол да семіп, өзен суы қарауытып, түпсіз тұңғыық тартты, құдды жұтып қоятындай көрінеді, сол тұңғыықтан алғашқы жұлдыздар жылтырады* (Нұрманов).

Мысалдар жалпы жеті сыңарлы аралас құрмалас сөйлем болып келген, оның алғашқысының құрамында екі жай сөйлемдік құрылым ортасына сабақтас құрылымдының дара және көп бағыныңқылысы орналасқан. Екіншісінде екі жай сөйлемдік үлгі жалпы сөйлемнің соңында келіп, өз алдындағы екі құрамды салалас пен көп бағыныңқылы сабақтас құрылымдыға байланысқан.

Жай сөйлемдік сыңарлар үш дара бағыныңқылы сабақтас құрылымдыны ортасына алып, жалпы сөйлем санын сегіз сыңарлыға жеткізеді. *Оның тез үйренісіп кеткені сондай - үйге кірсем, бірге кіреді, далаға шықсам, ол да шығады, бір жаққа барам десем, бірге барам дейді, тегі, екі елі ажырайтын емес* (Нұржекеұлы).

Сегіз сыңарлы аралас құрмалас сөйлем құрамында түрліше де жұмсалуды бола береді. *Күннің көзі шыққан кезде, көше ернеуіндегі қар сорпаланып шыға келеді, қарағайдың шайыр иісі аңқып, сәл леппен теңселе сықырлайды, зәулім үйлер төбеңнен тамшысын себелейді, күн көзі бұлтқа сіңіп, бұлт емшегі иіп, қар қыламытып, ақыр аяғы қарағай боранға ұласады* (Досжанов). *Біз желкенімізді жыға бастағанда, шаң-шұң дауыстар аяқталып, плоттағылар кемеге қарай лап қойған-ды, топ алдында Люба апай, ол алтын шашы желкілдеп, жас балаша жүгіріп келеді, жайдары күліп Арман ағайға қарайды, тек жасыл қарашықтар ғана емес, сол көзінің алдындағы шұқырында да өзгеше бір жайнақылық бар жан қуанышына ұялатқандай дөңгелене қалыпты* (Сәрсенбаев).

Тұтас сөйлем үлгісіндегі ішкі сыңарлардың тұлғалануы да сөйлем түрлерін ажыратуға әкелетін жол. Мәселен, тиянақты тұлғалы екі жай сөйлемдік құрылымның салаласа жұмсалуды құрмаластың бір түрін танытса, олардың бағыныңқы-басыңқы сипатта, әрі тиянақсыз-тиянақты тұлғада келіп, біріне-бірі иек арта құрмаласуы құрмаластың басқа түрін көрсетеді. Бұлар - салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдер. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер осымен ғана шектеліп қалмайды. Ішкі құрылымдардың алғашқысы тиянақты, екіншісі тиянақсыз және тиянақты я болмаса алғашқысы тиянақсыз, соңғылары тиянақты болып келеді де, негізінде құрмаласады, әрі сабақтас синтаксистік байланыстың алмасуынан тұрады. *Тегі, жаңа күйінде оралған сандық болуы керек, біраз жерін тот басқанмен,*

кей жерінің сары қаңылтыры әлі жалтырап тұр. Бір көзі соқыр болса да, қолы мерген болу керек, ботелке арт жағмызда сылдырап ағып жатқан өзенге барып шолп ете түседі (Мүсірепов).

Аралас құрмалас сөйлемнің тиянақсыз-тиянақты-тиянақты тұлғалысындағы түрі бір қарағанда көп басыңқылы сабақтастық құрылыммен бірдей. Бірақ басты өзгешелігі - синтаксистік байланысында болып табылады. Егер сөйлем сынарының соңғысы алдыңғы тиянақсыз тұлғалымен еркін байланысқа түсетін болса, бір ғана байланысқа - бағына байланысқа ие болады да, көп басыңқылы сабақтас құрмалас сөйлем болады.

Ал соңғы сынардың тиянақсыз тұлғалы сынармен байланысқа түсе алмауы жалпы сөйлемнің аралас құрмалас болуына жауап береді. Өйткені мұнда алғашқы сынар екіншімен, ал екіншісі үшіншісімен тіркеске түседі. Басқаша айтқанда, бірінші сынардың басыңқысы екінші сынар да, үшінші сынар тек екіншіге басыңқы сипатта тұрады. *Сот ағасы қою қоңыр дауыспен үкім оқуға кірискенде, Абылай терезе көзінде отырған Сәулеге қарап еді, қыздың жанарына жанары жолықты* (Сейсенбаев). Мысалда алғашқы сынар соңғымен жеке синтаксистік байланысқа түсе алатын сияқты болғанымен, үшінші сынардың нақты мағынасы екінші сынармен байланысқанда ғана айқын білінеді.

Осындай тұлғадағы құрылымның соңғы сынарының басына шылау сөздердің кірігуі де аралас құрмалас сөйлем тудырады. Қараңыз: *Жиырма жетінші жылы ауыл кеңестің бастығына Баймұқанды сайлағанда, Жүмекең бір сойқан болар-ақ деп күткен, бірақ ол жауласса қоятын еш сыңай аңғартпаған* (Нұржекеұлы). Соңғы сынарда “бірақ” шылауының айтылмауы алғашқы бөліктің соңғы бөлікке бағына байланысуына әкеледі де, көп басыңқылы сабақтас құрмалас сөйлем құрады. Өйтсе де бұл осындай құрылымдағы аралас құрмалас сөйлемнің соңғы сынарының алдынан міндетті түрде шылаудың болуы керек деген ұғым тудырмауы тиіс. Ондай сынар ешбір шылаудың қатысынсыз сатылы байланысу ретімен аралас құрмалас сөйлем құра алады: *Тым-тырыс түнге Асқар құлағын түріп келе жатқанда, қаланың ар жақ шетінде бір ит үріп еді, аспанды өрлеген оның дауысы тасқа соғылған қоңыраудай біразға шейін ызыңдаған дыбысын баспады* (Мұқанов).

Шылау сөздердің қатысы ол сөйлем түрінің шылаулы болып жіктелетінін де көрсетеді. Ондайда шылаулардың мағыналық жікке әсері басты нысан болғанымен, жеке сынарларды байланыстырудағы қабілеті де ескерілуі қажет. Аралас құрмалас сөйлемнің шылаулы болып баяндалуына бір сынардың құрамында кездесетін шылау

сөз де жеткілікті. *Аймырза “көшенің арғы бетіне қарай бердің ғой” деген кезде, Жоламанның құлағының ұшы ду ете қалған, оның сөзінің аяқ жағы қайтадан су сепкендей басылды* (Түменбаев). *Манағы әзірде бір тоқтыны бір өзі жейтіндей ашығып-ақ келген сияқты еді, әйтсе де алдына тамақ тартылғанда, Құланның жүрегіне бір түрлі ас батпады* (Нұрманов).

Екі сынарда кездесетін шылаулар оның бұл жіктелісін тұрақтандыра түседі: *Түнжыраған түрлерін ұнатпаған соң, жанарынан арғы жақтарындағы құлқын байқағысы келіп еді, бірақ олар көзін қашырта берді* (Нұрпейісов). *Кезінде Әлиасқар депосында слесарь болып істеп жүрді де, қызмет жағынан байланысымыз аз болған соң, бір-бірімізге көп қатынаспайтынбыз* (Исабеков).

Аралас құрмалас сөйлем сынарларының байланысу ретіне қарай ерікті және тұрақты құрылым құрайды. Тиянақсыз-тиянақты-тиянақты тұлғадағы аралас құрмалас сөйлемдер тек тұрақты құрылым түзеді де, тиянақты-тиянақсыз-тиянақты тұлғалысы әрі ерікті, әрі тұрақты құрылым түзе алады. *Мәлике де бұдан көз алмай үнсіз қарап тұрды да, кенет екі бетінің ұшына түймедей тамшы қызыл шеңбер пайда болып, ол тез арада жайыла бастады* (Исабеков). *Осы кезде біреулердің далада дабырласып сөйлескені естілді де, іле-шала төргі үйдің есігі ашылып, бір топ кісінің ішке кіріп келе жатқаны байқалды* (Жұмаділов). Берілген сөйлемдердің әр сынарлары баяндауыштарының тұлғалануы жағынан да, шылаулы болып берілуі жағынан да, тіпті мағыналық қатынасы жағынан да бірыңғай болып келген. Бірақ осылардың өзі сынарларының бір-бірімен байланысу реті жағынан әр түрлі құрылымда болады. Бірінші сөйлем - тұрақты құрылымдағы аралас құрмалас сөйлем. Өйткені сөйлемнің алғашқы сынары соңғы сынармен тек ортаңғы сынар арқылы ғана байланысса, соңғы сынардың қолданысқа енуіне де екінші сынардың қызметі қажет. Демек, мұндай құрылым тиянақсыз-тиянақты-тиянақты аралас сөйлемдердегідей байланысу түріне бағынып отырады. Ал екінші сөйлем бұлай емес, ол - ерікті құрылымдағы аралас құрмалас сөйлем. Себебі мұнда орын тәртібі сақталып тұрғанымен, сынарларының бір-бірімен байланысу ретінде байлаулылық жоқ. Сөйлемнің бірінші сынары үшінші сынармен еркін синтаксистік байланысқа түсіп, салаластың мағыналық түрін құрады да, екінші мен үшінші сынарлары өзара байланысып, сабақтастың мағыналық тобын құратындай дәрежеде тұруы мүмкін.

Сонда еркін құрылымды аралас құрмалас сөйлем дегеніміз - сынарларын өзара алмасты-

рып құрмаластыруда синтаксистік те, семантикалық та байланыстың бұзылмауынан болған сөйлем түрі де, тұрақты құрылымды аралас құрмалас сөйлем дегеніміз - сыңарларын алмастырып құрмаластыруға көнбейтін, белгілі бір байлаулылықтың нәтижесінде ғана түзілім құратын сөйлем түрі.

Мағыналық топтастыру да құрмалас сөйлем түрлерін айқындаудағы басты өлшемнің бірі болып табылады. Мұндай белгіні жинақтауда да аралас құрмалас сөйлемнің құрмалас сөйлем синтаксисіндегі ерекшелігі анықтала түседі. Ол өзгешелік тиянақсыз тұлғалы сыңардың бірде сөйлемнің басында, бірде ортасында орнығуымен байланысты. Бірақ байланысу тәсіліндегі әркелкілік мағыналық қатынастағы әртүрлілікке әкелмейді. Яғни, мағыналық қатынастардың белгіленуі жеке сыңарлардың тұлғалануына тәуелді емес. Мәселен, бірыңғай қатынастағы шарт мәнді аралас құрмалас сөйлем болу үшін алдыңғы сыңардың, болмаса ортаңғы сыңардың тиянақсыз тұлғада тұрып, *-са* шартты райлы етістікке немесе шарт мәнін білдіретін басқа да тұлғаларға бітуі міндетті емес. Сонда шарт мәнін аралас құрмалас сөйлемнің тиянақты-тиянақсыз-тиянақты тұлғалы түрі де білдіре береді.

Оның үстіне, ең алдымен, алғашқы екі сыңар аралығындағы қатынас айқындалады, сонан соң сонынан қарағандағы екі сыңар аралығындағы мағыналық қатынас шешіледі. Осы мағыналық қатынастың сәйкес келіп, бір атаумен аталуы оның бірыңғай қатынастағы сөйлем екенін көрсетеді. *Аузына сәтімен түссе керек, айтқан сөзі ем болып, Күләйімнің құлақ жеген ызыңы саябырсы бастады* (Мекебаев). *Айналайын, Анна Ивановнаның көрегендігін қойсаңызшы, сол әулие болмағанда, Санжар вальсті осылайша билей алар ма еді?* (Байғұтов).

Мұндағы алғашқы сөйлем - бірыңғай қатынастағы себеп мәнді аралас құрмалас сөйлем де, соңғысы - бірыңғай қатынастағы шарт мәнді аралас құрмалас сөйлем. Жалпы аралас құрмалас сөйлемнің бірыңғай қатынастағы тобы мағыналық жіктің біртектестігіне қарай бес түрлі болып келеді. Олар: ыңғайлас мәнді, шарт мәнді, себеп мәнді, түсіндірме мәнді және мезгіл мәнді аралас құрмалас сөйлемдер.

Жеке сыңарлар аралығындағы, атап айтқанда бірінші мен екінші, екінші мен үшінші сыңарлар аралығындағы мағыналық қатынастардың өзгеше болып келуі әрыңғай қатынастағы сөйлемдер тобын танытады. Мәселен, алдыңғы екі сыңар аралығында ыңғайлас мән болып, соңғы екі сыңар аралығында себеп мән тұруы мүмкін: *Әкем*

жүгіре-жүгіре шаршайды, айғайлай-айғайлай даусы қарлығып, үні бітіп қалады (Мұқанов).

Мұндай мәндердің кері түзілімде тұруы да қиындық тудырмайды. *Соңғы он жылдың ішінде бұл ауылдың жасы жеткен қарттары қайтыс болып, ендігі үлкені Жабай болып қалып еді, соңында шұбырған жастар көбейінті* (Мүсірепов).

Аралас құрмалас сөйлемнің әрыңғай қатынастағы тобы мағыналық жіктің әртектестігіне қарай он алты түрлі болып келетіндігі анықталды. Әрине, бұл қатынастар жеке тұрғанда өз алдына бір мағына беруі мүмкін, ал бір сөйлемнің ішінде тұрып, екі түрлі мағыналық қатынасты білдіруі оларды жинақтап көрсетуді қалайды. Сондықтан да мұндай сөйлем түрлеріндегі мағыналық қатынастың айқындалуына қосақталған жүйедегі аталымдар қолданылды.

4.2.4.2. Көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер

Көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдерге тән басты ерекшелік, бір-бірімен ұласа байланысқан жай сөйлемдік үлгілердің соңғысынан басқасы тиянақсыз тұлғада тұрады. Тиянақсыз тұлғалы сыңардың кемі екеу болып келуі де басты нысан: *Көзінен жас сорғалап, иегі-иегіне тимей сақылдап, тұла бойы қалтырап барады* (Жұмаділов). Ал жалпы сыңарлар саны төртке жеткен жағдайда, тиянақсыз тұлғалысының саны үшеу болады: *Өз ошағының басына жетіп, көңілі жай тауып, қой жүнінің қышқылтым шәйірі мен қидың көңірсік қою иісі танауына келгенде, тәтті бір ұйқы қысып манаурай бастады* (Мүсірепов). Тиянақсыз сыңарлар санының артуы көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдердің қанат жайып, кеңейе беретіндігін көрсетеді. *Дуылдаған той басталып, кешегідей талай тостар айтылып, тамақ ішіліп, енді ойын-сауық пен биге кезек келгенде, Әсет бой жазып, салқындап қайту үшін тысқа шықты* (Мұратбеков). *Біреулер күндесе, қайраққа жанылғандай қайта жігерленіп, біреу мұқатса, намысына жарыла, Дәулетбақ сияқты ұрда-жықтар қамшы шүйілтсе, сыздана тік тұрып қарсы алушы еді* (Қапалбекұлы). Бұл мысалдардың өзі көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер құрамындағы сыңарлар санының үш-төрт, кейде онан да көп болып келетінін көрсетеді.

Екіншіден, құрам сыңарларының бағыныңқы немесе басыңқы сипатта болуы жеке предикативтілік бөліктердің тиянақсыз немесе тиянақты түрде тұлғалануына тәуелді емес. Яғни, тиянақсыз тұлғалы сыңар да басыңқылық қызмет атқарады. *Кеш батып, үй-іші қараңғы болса да, Ділдә*

от жақпапты (Өуезов). Мұнда ортаңғы бөлік тиянақсыз тұлғаға аяқталғанымен, өз алдында тұрған сыңардың басыңқысы, ал соңынан ерген сыңардың бағыныңқысы сипатында жұмсалған.

Үшіншіден, мұндай сөйлем құрылымдарында грамматикалық мағынаның сақталуы тиіс. Демек, жеке предикативтілік бөліктердің қарым-қатынасында синтаксистік те, мағыналық та байланыс түзілім құрғаны жөн. *Бұлар түн ортасы ауа үйге келсе, Балтабек ұйықтап қап, Айбала көйлек жамап отыр екен. Күндізгі жауап сонымен бітіп, Амантайды қайта апарып қамағанда, үйде отырғандардан ол не айтып, не қойғанын жасырған жоқ* (Мұқанов).

Мысалдардың қайсысында да бірінші мен екінші сыңарлар өзара грамматикалық байланысқа түсе алады. Бірақ бірінші мен үшінші сыңарларды байланыстыруда біраз өзгешелік бар: алғашқы сөйлемде грамматикалық мағына, яғни әрі синтаксистік, әрі мағыналық, сақталғанымен, соңғы сөйлемде тек синтаксистік байланыс болуы мүмкін. Өйткені үшінші сыңардың мағынасы - тек ортаңғы сыңардың қатысуынан болатын кұбылыс.

Төртіншіден, тиянақсыз тұлғалы сыңарлар соңғы тиянақты тұлғалы сыңармен осы баяндалған өлшеммен ғана байланыспайды. Кейде әр тиянақсыз тұлғалы сыңардың соңғы бөлікке байланысы ерекше болып келуі ықтимал. *Қамаған үйдің терезелері темірмен құрсауланып, есігіне жуан темірден баспа істелініп, ол баспаға үлкен құлыптар салынып, маңайына мықты күзет қойылды* (Мұқанов).

Мұнда бірінші мен соңғы немесе екінші мен соңғы сыңарлардың өзара байланысуында қиындық жоқ. Ал үшінші сыңар мен соңғы сыңар жеке тұрып, мұндай байланысқа түспейді. Олардың байланысуына екінші сыңардың қатысы қажет. Осындай байланысудың нәтижесінен пайда болатын түзілімдерді көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің екі түріне де ортақ деп танымыз.

Көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдердің тиянақсыз тұлғалы сыңар баяндауыштары шартты райлы, көсемшелі, есімшелі (түрлі өзгеріске түсуімен бірге) етістікке бітіп отырады. Бұлардың өзі жеке-жеке бірыңғайланып жұмсалатыны сияқты, өзара араласып та келе береді. *Жау көрінсе, өрт жақындап қалса, байырғы елдер де солай хабарласар еді* (Мүсірепов). *Пышақтай өткір тұмсығы ала созылып, қос қанатын қомдап, қылыштай күйрегі көтеріле шаншылып, торғайдай жымып кішірейіп кетті* (Жұмаділов). *Кенжетай атты тоқтатқанда,*

урядник оның үстіне міне түскенде, екеуі ұмар-жұмар қарға құлады. Кенжетай аттай бергенде, Асқар төңірегіне қараса - бірнеше ауыл адамдары жиылып қалған екен. Балуан Шолақты неге шақырғаны, істің аяғы немен тынары мәлім болғандықтан, көптің арасында күдік күшейіп, сауыққа ешкімнің зауқы соға қоймады (Мұқанов).

Мысалдық деректеменің алғашқы үш сөйлемінде тиянақсыз тұлғалы бөліктер біртектес те, соңғы екеуі осылардың араласа жұмсалудан түзілген.

Көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдердің құрамында шылау сөздердің кездесуі жеке сыңарларды бірде байланыстыруға әкелсе, бірде оның мағыналық қатынасына да әсері болады. *Жаңылдың тынысы тарылып, басының зырқылдап ауруы денесін көтертпей тұрса да, жатуға мүмкіндігінің жоқтығы тәсінікті еді. Жатжарандар кетіп, енді тек өз шаруасындағы адамдар қалған соң, бұйрықтарын қысқа-қысқа, ашық берді* (Мүсірепов).

Алғашқы сөйлемде екінші мен үшінші бөлікті байланыстыруға “*да*” шылауының тигізер ықпалы айқын. Тіпті, онсыз бұл сыңарлар байланыспайды да. Ал синтаксистік байланыс болмаса, мағыналық байланыс жайлы сөз де қозғалуы тиіс емес. Ал соңғы сөйлемдегі екінші мен үшінші сыңар аралығындағы “*соң*” шылауы мағыналық қатынасты ажыратуға да көмектеседі. Ол - соңғы сыңардағы іс-әрекеттің себебін білдірудегі нақты тұлғалық көрініс.

Көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдердің құрамындағы тиянақсыз тұлғалы бөліктерінің басыңқы бөлікпен байланысы жарыспалы және сатылы ыңғайда болады. Оның жарыспалы бағыныңқылы түрінде басыңқымен болатын байланыс еркін: кез келген тиянақсыз тұлға басыңқымен грамматикалық мағына құрады. *Асқар Көкшеге көзін салса, ызғар жалаған бергі жақ жар қабағы қорғасын тәрізді сұрланып, күн сәулесі шағылысқан төбесіндегі қар аптақ күмістей жарқырап тұр екен* (Мұқанов). Мұндай сөйлемнің сыңарлар саны да артып отырады, бірақ осы байланысу сақталады.

Төртінші күні көзі ішіне кіріп, жағы солып, танаулары қусырылып, ерні кезерді (Аймауытов). *Жүрегі лоблып, өкнесі қабынып аузына тығылып, көз алды бұлдырап, басы айналып, дүние астанкестен шығып жатқандай* (Дәуренбеков). *Үйге келісімен, тағатым таусылып, бүкіл ауыл үйінің бас-басына кіріп шыққым келіп, жүрегім алып-ұшып, қашан достарымды көріп, операция жасатқанымды айтқанша, шыдамым жетпеді* (Жүнісов).

Жарыспалы бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемде алғашқы екі мысалдан көрінетіндей,

тиянақсыз тұлғалылары біртектес болып келетіні болады немесе соңғы мысал дәлел болағындай, тиянақсыз тұлғалылары әртектес болып келетіні болады. Мұндай тұлғалық ерекшелік бұл сыңарлардың мағыналық қатынасын айқындауға да көмектеседі. Мәселен, тұлғаларының біртектес болып келуі мағыналық қатынастың да бірыңғайланып тұруына әкеледі: *Орыс жұмыскерлері бұл далаға тұрақтай алмаса, қазақ жұмыскерлері ылғи ауысып отырса, өндірістің өзі өмірлі бола алар ма?* (Мүсірепов). *Күні бойы жаңбыр жауып, оның үстіне қатты жел тұрып, бараққа зорға жеттік* (Мұқанов). Алдыңғы сөйлем бірыңғай шарттас мәнде де, соңғы сөйлем бірыңғай себеп мәнде келген.

Ал жеке бөлік тұлғаларының әртектес болуы аралуан жарыспалы сабақтас құрмалас сөйлемнің түзілуін көрсетеді: *Даладағы жұрт үйге кірсе, пештің оты сөніп, үй көрдей қараңғы екен* (Мұқанов). Бұл мезгіл-себеп мәнді жарыспалы сабақтас құрмалас сөйлем, төмендегі сөйлемнің түзілуінен мезгіл-амал мәнді мағыналық қатынасты байқауға болады: *Осындай аз топ екі ұдай болған енжар көңілмен ақырындап келе жатқанда, күн анық батып, ымырт әбден жабылды* (Әуезов).

Баса бір айтатын нәрсе, бірыңғай жарыспалы бағыныңқылы сабақтас құрмаласта да, аралуан жарыспалы бағыныңқылы сабақтас құрмаласта да алғашқы екі сыңар аралығындағы мағыналық қатынас бірінші мен соңғы сыңарды байланыстыруда да сақталады.

Сонымен, көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің жарыспалы түрі жеке сыңарларының тұлғалық өзгешелігі мен мағыналық қатынастың ерекшелігіне орай бірыңғай және әр алуан жарыспалы деп екі топқа сараланады.

Енді бір сөйлем түзілістерінде алғашқы сыңар соңғы басыңқы сыңармен тікелей байланысқа түсе алмайды, тек өзінен кейінгі бөлік арқылы байланысады. *Күн еңкейіп, кешкі жел суытыққырап, көде тунтерін жұлқылай бастады* (Мүсірепов). *Қартқожа қайтып келсе, бір топ жігіт жиналып, ортасында біреу өн шырқап жатыр екен* (Аймауытов). Мысалдардың алғашқысында бірінші мен үшінші мүлдем байланысқа түспейді, соңғысында, бір қарағанда бұл сыңарлардың аралығында синтаксистік байланыс болатын сияқты. Бірақ үшінші бөліктегі қимыл-әрекеттің мәні тек ортаңғы бөлікке қатысты өрбиді.

Мұндай мәннің сақталулары сөйлем сыңарларында қайталанып келген сөздерге де байланысты болып тұрады. *Сыртта біреулері сүйсініп, біреулері сұқтанып, тағы біреулері қызғанышпен*

күңкілдесіп, сыбыр-жыбырдан тыным ала алмай жүр (Әуезов). Мұнда сөйлем сыңарларының тізбектеліп айтылуына “біреулер” сөзінің қайталанып жұмсалуды әсер етеді. Осындай түзілімдердің қатысынан пайда болған сөйлемдерді көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдердің сатылы бағыныңқылы түрі деп атайды.

4.2.4.3. Көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлемдер

Көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлемдердің негізгі предикативтілік бөліктері тиянақсыз тұлғаға аяқталмайды, әрі мұндай құрылымдағы сөйлем түрінде тек есімді баяндауыштан болатын сыңарларды жиі кездестіруге болады. Көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлемдердің басқа түрінде сыңар баяндауыштарының тек есімді болып келуі жоқ. *Теңіз көкпеңбек, құм-қайрақ жағасы алтындай сап сары, тоңірегі сыңсыған жағасы орман* (Тоқтаров). Әрине, жеке сыңар баяндауыштарының етістікті болып келуі де көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлемдер үшін басы ашық жайт. *Шалбары қара санына дейін су болыпты, сыртына шөп-салам, балдыр жабысқан, ал аяғының басын көкшіл қоңыр лай қаптаған* (Мағауин). Негізгі бөліктердің әрі есімді, әрі етістікті немесе керісінше түзілімде құрылуы да бар: *Дала аппақ, таң да аппақ, тек аспан ғана көкшілденіп көкжиекте бозғылт түстеніп тұр* (Қапалбекұлы). *Алдарында жапырақ тас үй тұр, төбесін көтеріп жауыпты, екі жақ қабырғасы жытырлаған есік* (Мұстафин).

Байқап қарасақ, мысалдық дерек ретінде берілген сөйлемдеріміздің алғашқысы мен соңғысының жеке сыңарлары бір-бірімен орын тәртібі тәсіліне бағынып байланысқан, ал ортаңғы екі сөйлем бөліктері олай емес: олардың екінші және үшінші сыңарларын байланыстыруға шылаулардың көмегі тиіп тұр. Осы тұрғыдан келгенде, көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлем/шылаулы және шылаусыз құрылымды болып жіктеледі. Оның негізгі бөліктері өзара екі түрлі мағыналық қатынаста тұрады/біріншісі - бірыңғай қатынастағы көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлем де, екіншісі - арыңғай қатынастағы көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлем. Бірыңғай қатынастағы көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлем дегеніміз - жеке сыңарларының аралығындағы мағыналық қатынастың біртектес болып келуінен түзілген сөйлем түрі. Демек, алғашқы екі сыңар аралығында болатын бір мағыналық қатынас (ыңғайлас, түсіндірмелі, қарама-қарсылықты және т.б.) келесі сыңарлар аралығында да, болмаса

бірінші сыңар мен соңғы сыңарларды өзара байланыстыруда да сақталады. *Елегіздер жел де жоқ, елең етер үн де жоқ, айналаң қана, тым-тырыс, тыныштық* (Мүсірепов). Оның үстіне мұндай мағыналық қатынастағы сөйлемнің сыңарлар санын көбейте беруге де болады. Сыңарлар санын көбейту олардың өзара байланысуына да, мағыналық қатынасына да нұқсан келтірмейді. *Бірақ мұндайлардың жолы болғыш: олар ешқашан ұялмайды, ақымақ екендігін сезінбейді, сонан соң ылғи тоқ, қашан да дендері сау* (Исабеков). Келтірілген алғашқы сөйлемнің жеке сыңарлары өзара бірыңғай ыңғайластық мәнде түзілген, әрі бұл мән бірінші мен екінші сыңардың арасында да, екінші мен үшінші сыңардың арасында да, тіпті бірінші мен үшінші сыңардың арасында да сақталған. Ал соңғы сөйлемде бірінші сыңар жалпылық мағынада айтылып, кейінгілері соның мәнін ашуға барлығы бірігіп те, жеке-жеке тұрып та қызмет еткен.

Әр қатынастағы көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлем дегеніміз - жеке сыңарлар аралығындағы мағыналық қатынастың әр түрлі мағыналық қатынаста келіп түзілуінен болған сөйлем түрі. Демек, алғашқы екі сыңар аралығында болатын мағыналық қатынасты келесі сыңарлар аралығында болатын мағыналық қатынас қайталамайды. *Асқар бұл жөніндегі өзінің пікірін сол кездегі баспасөз бетіне жазды, оның жазған мақаласы басылды да, бірақ ол мақала арқылы шара қолданған, қалыңға тыю салған үкімет жоқ* (Мұқанов). Бұл сөйлемде алғашқы екі сыңар аралығындағы мағыналық қатынас - ыңғайластық та, соңғы екі сыңар аралығындағы мағыналық қатынас - қарсылықты. Соңғы сыңарлар аралығындағы мағыналық қатынас өзгеріп, басқа мәнде тұруы да мүмкін. Немесе алдыңғы сыңарлар аралығындағы мағыналық қатынастың өзгеріске түсуі де қиындық тудырмайды. Көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлем сыңарларының бағыныңқылық, басыңқылық қызметі нақты шешімін тапқан деуге болады. Яғни, алдыңғы бөліктердің өзінен кейінгі бөліктерге бағыныңқылық сипатта келетіні дау тудырмайды. Бірақ осы ішкі бөліктердің сөйлем соңында келген сыңармен байланысын айқынырақ түсіндірген жөн. Мәселен, көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлемнің кейбір ішкі құрылымдары бір-бірімен еш қиындықсыз байланысқа түседі: *Сенің беделің бар, жолдастарың сөзіңді жерге тастамайды, Бибіханның жайын әріптестеріңе күні бұрын құлаққағыс қып қойсаң қайтеді?* (Ғабдуллин). Мұндай байланыстағы түзілісті ерікті құрылымды көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлем деп атауға болады.

Ал енді бір ішкі құрылымдардың алғашқысы екіншісімен, екіншісі өзінен кейінгімен т.с.с. ғана байланыста тұрады. Мысалы: *Ертеңгі аязбен серейіп қатқан балықтардың екеуін ыстық суға салып жіберген еді, жаңадан жан бітті де, қазаннан ыршып түсті* (Сәрсенбаев). Мұндай байланыстағы түзілісті тұрақты құрылымды көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлем деп атауға негіз бар. Өйткені бұл сөйлем түріндегі сыңарлар байланысының еркінділігі жоқ, алдыңғы сыңар өзінен кейінгілерге ғана мағыналық әрі синтаксистік бағыныштылықта болады.

Көп сыңарлы салалас құрмалас сөйлемнің құрамындағы сыңарлар, жоғарыда баяндалғандай, тек үш жай сөйлемдік үлгілердің қосындысынан тұрмайды. Олардың сандық дәрежесі артып отырады. Мәселен, мұндай сөйлем түрі төрт негізгі бөліктердің қосылуынан да болады: *Сәдір өзі ат үстінде, найзасы қолында, қасында Есеней жіберген Кенжетай бар, ол да салт* (Мүсірепов). Тіпті негізгі предикативтілік бөліктердің бес, алты және одан да жоғары санда болып келуі кездеседі. *Карантинде асхана жоқ екен, тамақты бір жақтан береді, онысы суып қалған бірдеңе және ол құрсағымызға жұғын болып жарытпайды, қарнымыз ашады-ақ, өліп кете жаздаймыз, сол уақытта тамақ іздеп бармайтын жеріміз жоқ* (Көкішев).

4.2.5. Бөгде сөз және оның түрлері

Адам сөйлегенде, я жазғанда сол өзі баяндап отырған мәселеге байланысты немесе соған қатысы бар басқа біреулердің сөзін, пікірін келтіретіні болады. Ондай келтірінді сөздер автор үшін басқа біреудің сөзі, яғни бөгде сөз болып табылады.

Бөгде сөздерді қолдану тәсілі түрлі-түрлі болуы мүмкін: бір жағдайда бөтен біреуден алынған сөз ешқандай өзгеріссіз, түп нұсқасы бұлжытпай қолданылса, екінші бір жағдайда ол аздықтанды болса да өзгертіліп, грамматикалық тың формалар қосылып немесе грамматикалық жеке формалары түсіріліп айтылуы мүмкін. Соған қарай бөгде сөз төл сөз, төлеу сөз болып екі топқа бөлінеді.

Сөйлеуші не жазушы адам өз сөзінің ішінде басқа біреудің сөзін өзгертпей сол күйінде келтірсе, ондай сөйлемді төл сөзді сөйлем дейміз. Мұнда басқа біреудің сөзі төл сөз болады да, сөйлеуші не жазушы адамның сөзі автор сөзі болады.

Төл сөз құрамы жағынан әр алуан болып келеді. Ол жеке бір сөз болуы да, бір сөйлем болуы да, болмаса әлденеше сөйлемдер тізбегінен құралған тұтас бір үзінді болуы да мүмкін. Төл сөз сөйлемдердің мағыналық жағынан да, құра-

мы мен мүшеленуі жағынан да тіліміздегі төл сөз емес түрлерінен ешқандай өзгешеліктері болмайды.

Төл сөз қандай құрамда, қандай мағынада айтылса да, ол автор сөзімен байланысты болады. Бірақ ол байланыс төл сөздің бастапқы құрылысын өзгерту, оған грамматикалық жаңа дәнекерлер қосу арқылы болмайды. Төл сөзді автор сөзімен байланыстыру үшін, оның тіпті жеке бір сөзінің грамматикалық формасын өзгертіп айтатын болса да, ол төл сөз болудан қалады. Сондықтан төл сөздің автор сөзімен байланысы оның бастапқы құрылысына ешқандай өзгеріс енгізбей, өз дербестігін толық сақтау жағдайында жүзеге асырылады. Төл сөз бен автор сөзі арасындағы мұндай байланысты қамтамасыз ететін байлауыш дәнекер *де* көмекші етістігі.

Төл сөзді автор сөзімен байланыстыру функциясында қолданылғанда *де* етістігі *деді, деген, дейтін, дейді, депті, деп, десе* түрлерінде айтылады. *Кұнанбай тыңдап болды да: Жарайды, айттам деп әкелгенің екен. Бірталай жерге жеткізіп айттың. Енді осымен тоқталайық! - деді (Әуезов). Ұзамай фельдшер де шығып: Енді қайта беріңдер. Ұзақ жатады, көп емдеу керек болады, - дегенді түсіндірді (Мүсірепов).*

Төл сөз бен автор сөзін бір-бірімен байланыстырушы *де* етістігінің жоғарыда көрсетілгендей формалық құбылыстарда келуі - оның өзінен кейін тағы қандай сөздердің айтылуына және сонымен синтаксистік қатынасқа келу қажетіне байланысты болады.

Автор сөзі орналасуы жағынан да түрлі-түрлі болады:

1. Төл сөз - автор сөзі (төл сөзден кейін автор сөзі келеді). Мұндай жағдайда төл сөз бен автор сөзі арасында әрдайым *де* етістігі келеді және ол әр алуан тұлғалық құбылыстарда тұрады. Егер автор сөзі төл сөздің иесін атаумен ғана тынатын болса, *де* етістігі тиянақты формада айтылады. - *Мені қайда апарасыңдар? - деді Ботакөз ашулы дауыспен (Мұқанов). Сатанға жаңа риза болдым? - деп күліп жіберді Жомарт (Мүсірепов).*

2. Автор сөзі - төл сөз (автор сөзінен кейін төл сөз келеді). Төл сөз тәртібінің бұл түрінде автор сөзі мен төл сөздің өзара байланысы, арақатынасы басқа түрлеріне қарағанда тәуелсіз жағдайда тұрады.

Төл сөзден бұрын келетін автор сөзі кейде өзінен кейін төл сөздің келетінін білдіре, соған нұсқап айтылады. Мұндай жағдайда автор сөзі ішінде *мынау, былай, мынаны* деген тәріздес сілтеу мәнді сөздер де болады. *Ол баласына үрсып тұрып, былай дейді: - Сен білмейсің, ол кішкентай ғана*

жіп болса да, малға сатылып алынған жіп, ал малдың табылуы оңай емес (Алтынсарин).

3. Автор сөзі - төл сөз - автор сөзі (автор сөзінен кейін төл сөз, одан кейін тағы да автор сөзі келеді).

Төл сөзбен автор сөзінің бұл орын тәртібі қазақ тілі синтаксисінде көп қолданылатын және ертеден бері қарай келе жатқан көне түрі. Фольклорда және ауызекі сөзде бұл құбылыс кең орын алған.

Тіліміздің қазіргі синтаксистік құрылысында автор сөзінің төл сөзден бұрын келген бөлшегі аяқталмаған, тиянақсыз түрде айтылады да, төл сөзден кейін келген бөлшегі тиянақты түрде айтылады. *Бірдеме айтқалы келе жақтан Омардың бетін қайтарып тастау үшін: - Үйшінің ешкілерін осы күнге шейін жеткізіп бермегенің бекер болған, - деді де, Игілік жегулі тұрған пәуескесіне мініп, жүріп кетті (Мүсірепов). Ботакөздің әнге қосылмай тұрғанын көрген Лиза: - Қосыл! - деді оған (Мұқанов).*

4. Төл сөз - автор сөзі - төл сөз (төл сөзден кейін автор сөзі, одан кейін тағы да төл сөз келеді).

Төл сөз бен автор сөзінің мұндай қатынасы әдеби тілімізде кейінгі дәуірлерде қалыптасты. Автор сөзінің төл сөздің ішінде келетін түрі төл сөздің бір сөйлемнің ішінде келуі де, екі сөйлемнің арасында келуі де мүмкін.

- *Аман әзір қайтпас, - деді Қасен, - Сәкен Сейфуллин келіп, сол кісі ертіп кетті (Мұстафин).*

- *Олай болса, - деді Жақыпбек, - Сапар сөзіне сенбейтін жөні жоқ (Иманжанов).*

Автор біреудің айтқанын, я ойлағанын төл сөз күйінде бермей, өз тарапынан өзгеріске түсіріп беруі де мүмкін. Мұндайда біреудің сөзінің не туралы айтқаны, негізгі ойы сақталады да, оның өзіне тән басқа ерекшеліктері: ритмика-интонациялық бояуы өз тарапынан сөздер, қосымшалар қосып, кейбір сөздерін алып тастап, грамматикалық кейбір формаларын өзгертіп пайдаланады.

Сонымен, біреудің сөзінің автор тарапынан өзгеріске ұшырап берілу түрін төлеу сөз дейміз.

Төл сөз бен төлеу сөз бір емес. Бұл екеуі сөйлеушінің я жазушының өз сөзі ішінде бөгде біреудің сөзін, пікірін келтіруінің екі түрлі тәсілі. Бұл екеуінің арасында бірсыпыра өзгешеліктер болады:

1. Төл сөз сөйлеуші, я жазушы бөгде біреудің сөзін ешқандай өзгеріссіз, қоспасыз, бұлжытпай келтіретін болса, төлеу сөзде олай болмайды: оның бірер сөзін болса да өзгертуі, өз тарапынан кейбір сөздер қосады, бірер сөзінің бастапқы морфологиялық формасын, соған байланысты синтаксистік қызметін өзгертеді.

2. Төл сөздің айналасында міндетті түрде автор сөзі жүреді және ол екеуінің жігі айқын байқалып, бір-бірінен бөлектеніп тұрады. Төл сөзді автор сөзімен байланыстыру үшін оған тұлғалық өзгерістер енгізу қажет болмайды, тек дәнекер ретінде *де* етістігі қолданылады. Төлеу сөзде олай емес. Мұнда ол автор сөзімен араласып, тұлғалық өзгеріске ұшырауы арқылы онымен тығыз байланыста тұрады.

Автор сөзінсіз өз алдына сөйлем бола алмайды, өйткені төлеу сөзде төл сөздегідей өзіне меншікті баяндауышы болмайды. Сондықтан төлеу сөз автордың қоспасымен бірігіп, бір-ақ сөйлем болады да, *де* етістігін қажет етпейді.

Төл сөз

“Әлі бұл өңірде көк шабан тебіндеп келе жатыр, қыс ызғары әлі түгел айығып болған жоқ”, - деп әңгіме қып отырды.

Төлеу сөз

Әлі бұл өңірде көктің шабан тебіндеп келе жатқанын, қыс ызғарының әлі түгел айығып болмағанын әңгіме қып отырды.

(Әуезов)

3. Төл сөзде сөйлемнің әр алуан мағыналық түрлері болады: хабарлы, сұраулы, лепті болып келеді. Соған қарай оның әр сөйлемінде өзіне лайықты сазы, интонациясы, ритмика-мелодиялық ерекшеліктері болып отырады. Төлеу сөзде мұның бірде-бірі болмайды, яғни сақталмайды. Өйткені төлеу сөз өзінің бастапқы түрінің қандай екендігіне қарамастан тек хабарлау түрінде ғана беріледі.

Төл сөз

Бұл кім? - деді Ушаков.

Төлеу сөз

Ушаков мұның кім екенін сұрады.

(Мүсірепов)

4. Төл сөз бен төлеу сөз жақтық жағынан, жіктеу есімдіктерін қолдануы жағынан да біркелкі болмайды. Төл сөзде іс-әрекеттің иесі өзі болған жағдайда автор жіктеу есімдігінің бірінші жағын қолданып сөйлей береді. Ал, төлеу сөзде олай етуге болмайды. Егер төл сөзде тәуелдік, я жіктік жалғауы жалғанған сөз бірінші не екінші жақта тұрса, төлеу сөзге айналдырғанда олар автор тарапынан үшінші жақпен айтылуы мүмкін.

Төл сөз

Әуелі мына қонақтарға шай бердім..., - деді Байжекең.

Төлеу сөз

Байжекең әуелі мына қонақтарға шай бергенін айтты.

(Мүсірепов)

Төлеу сөз автор сөзімен, негізінен табыс септік жалғауы арқылы байланысады. Сонымен қатар төлеу сөз кейде барыс септігі арқылы *туралы, жөнінде* деген шылаулар арқылы да байланысады. Мысалы:

Төл сөз

Денсаулығының әлсіздігін дәлел қып, Анатолий Кондратьевич обкомға: “Канал құрылысының начальнигі қызметінен босатыңыз”, - деп арыз берді.

Төлеу сөз

Денсаулығының әлсіздігін дәлел қып, Анатолий Кондратьевич обкомға канал құрылысының начальнигі қызметінен босату туралы арыз берді.

(Мұқанов)

Төл сөз төлеу сөзге айналғанда, негізгі өзгеріске төл сөзді сөйлемнің баяндауышы ұшырайды. Төл сөздің баяндауышы болып тұрған етістік қай шақта, қай райда айтылуына қарай алдымен етістіктің есімше түріне айналады да, содан кейін барып табыс септігін қабылдайды. Бірақ табыс септік жалғауы есімшеге тікелей жалғанбайды *-дык, -дік* жұрнағы мен тәуелдік жалғауы арқылы жалғанады.

Төл сөз

Осы кезде үйден Салиқа шығып, қонақтарға: “Ас пісті”, - деді.

Төлеу сөз

Осы кезде үйден Салиқа шығып, қонақтарға ас піскендігін айтты.

(Мұқанов)

Сөйтіп, төлеу сөз автор сөзімен әр түрлі тәсілдер арқылы байланысқан. Бірақ табыс жалғауы төл сөзді төлеу сөзге айналдырудағы, оны автор сөзімен ұштастырудағы бірден-бір шешуші форма болып есептеледі.

5. КҮРДЕЛІ СИНТАКСИСТІК ТҮТАСТЫҚ

Өзара қарым-қатынас жасау процесінде белгілі бір мазмұн, ой, идея, пікір жеке сөйлеммен беріліп қоймай, көптеген сөйлем топтары арқылы беріледі. Ол сөйлемдер бір-бірімен байланыссыз, қалай болса солай, ретсіз емес, мағыналық жағынан тығыз жымдасып, белгілі бір сүбелі ойлар төңірегінде топтасып тұрады. Әрбір жеке сөйлем оқшауланып қалмай, осындай күрделі бірліктердің біріне қатысты болып келеді.

Лингвистикалық әдебиетте мағыналық және синтаксистік жағынан біріккен сөйлем топтарын *күрделі синтаксистік тұтастық* деп атаушылық бар. Күрделі синтаксистік тұтастық - жеке сөйлемдерге қарағанда, ойдың дамуын неғұрлым толық бере алатын, мағыналық және синтаксистік жағынан өзара тығыз байланысқан сөйлемдердің тобы. Сөйлем сөздердің тіркесуі арқылы біршама аяқталған ойды білдірсе, күрделі синтаксистік тұтастық сөйлемдердің тіркесуі арқылы аяқталған ойды білдіреді.

Егер шартты түрде шығарманың композициялық схемасын сызып көрсету керек болса, былай бөлініп шығар еді: сөйлем - күрделі синтаксистік тұтастық - тарау - бөлім - аяқталған шығарма.

Бұдан осы схемалық элементтер кез келген шығармада кездесуі қажет деген ұғым тұмауға тиіс, бірақ кез келген шығармада оның негізгі құрылымдық материалы ретіндегі күрделі синтаксистік тұтастықтың болуы сөзсіз.

Күрделі синтаксистік тұтастықты құрайтын сөйлемдердің бәрі тегіс бірдей қызмет атқарып тұрмайтын сияқты, шығарманы құрайтын күрделі синтаксистік тұтастықтардың бәрі бірдей қызмет атқарып тұрмайды. Күрделі синтаксистік тұтастық (немесе белгілі бір мәтіннің кішігірім темасы) сөйлем мен тұтас шығарманың арасын жалғастырып тұрады.

Кез келген сөйлем өзінің түрлі мән-мағынасын, құрылысын, эмоциялық бояуын, ырғақтық-интонациялық құрылымын тек сол күрделі синтаксистік тұтастықтың құрамында ғана алады. Сондықтан тілдің көптеген мәселелерін ашып зерттегенімізде, сөйлемді күрделі синтаксистік тұтастықтың бөлшегі ретінде алып қараудың мәні зор.

Сонымен, күрделі синтаксистік тұтастық деп бірнеше сөйлемдердің тізбегінен жасалып, мағыналық және құрылымдық жағынан түйықталған, белгілі бір күрделі ойды білдіретін синтаксистік бірлікті айтамыз.

Күрделі синтаксистік тұтастық категориясына тән негізгі белгілер көзге түседі. Ең алдымен, ол - мағыналық бірлікке ие. Оны құрайтын сөйлемдер негізгі бір ой төңірегіне топталады.

Күрделі синтаксистік тұтастық ой бірлігімен ғана сипатталып қоймайды, ол сол ойдың аяқталуымен де сипатталады. Мағыналық жағынан аяқталғандық, сөйлемге қарағанда, мұнда басым сезіледі. Жеке сөйлем - мағыналық жағынан аяқталмаған конструкция. Сөйлем мағыналық толықтыққа тек контексте ғана, яғни күрделі синтаксистік тұтастықтың құрамында тұрып қана ие болады. Контекстен ажыратылған сөйлем өзінің грамматикалық тұтастығын сақтай отырып, мағыналық тұтастығын жоғалтады. Сондықтан күрделі синтаксистік тұтастық, сөйлеммен салыстырғанда, ойдың дамуының әлдеқайда күрделілігімен ажыратылады.

Осы мағыналық тұтастыққа синтаксистік бірлік сай келеді, яғни екінші белгісі - оны құрап тұрған сөйлемдердің өзара тығыз байланысқан синтаксистік бірлігі. Күрделі синтаксистік тұтастық дегеніміздің өзі құрылымдық жағынан алғанда жеке сөйлемдердің байланысу тәсілдері болып табылады. Олай болса, күрделі синтаксистік тұтастықтың құрамына кіретін сөйлемдерді, демек, оның құрамды бөліктерін байланыстарын арнайы, өзіндік тәсілдері болады. Ондай тәсілдерге жалғаулықтар, есімдіктер, үстеу сөздер, модаль сөздер, сөздердің орын тәртібі, қайталанған сөздер, етістік баяндауыштардың жақтық-шақтық тұлғаларының біркелкілігі т.б. жатады.

Үшіншіден, күрделі синтаксистік тұтастық біртұтас интонациялық-ырғақтық бірлікке де ие. Күрделі синтаксистік тұтастыққа бірігуші сөйлемдердің арасы біркелкі дауыс ырғағымен, араларына сәл кідіріс түсіріліп айтылса, көршілес екі күрделі синтаксистік тұтастықтар арасында сәл ғана пауза болады. Мысалы, күрделі синтаксистік тұтастықты құрап тұрған сөйлемдер дербес хабарлы сөйлемдер болса, дауыс ырғағы оның соңына қарай төмендейді де, келесі күрделі синтаксистік тұтастық көтеріңкі дауыс ырғағымен басталады.

Құрылымдық-семантикалық бірлік ретіндегі күрделі синтаксистік тұтастықтың өзіне тән құрылысы болады. Оның құрамындағы сөйлемдер бірыңғай қызметте болмайды. Ондағы негізгі ойды белгілеп, басқа сөйлемдерге қазық болып тұратын бір не екі сөйлем болады. Ол сөйлемдер көбіне күрделі синтаксистік тұтастықтың басқа бөлігінде орналасады да, басқаларға қарағанда өзіндік еркіндікке ие болып келеді. Ал қалған бөлігі сол негізгі бөлікте айтылған мазмұнды түрлі жағынан нақтылап, дәлелдеп, түсіндіріп тұрады

және синтаксистік құрылымы жағынан соған тәуелді болады. Басқа бөлік күрделі синтаксистік тұтастықтың барлық мағынасын өзіне қысқа түрде жинақтайды:

“Абай бірнеше күн қатты толғанып, жапа-жалғыз ойланып жүрді. Қалыңдық деген мұнда бар. Сол сияқты, айттырған күйеу Тоғжанда да бар. Қайындамай үйленбей қалу мүмкін емес. Ата мен ананың әмірінде. Бармайын деп айтарлық сылтауы жоқ. Бар жүрек, бар қиялы Тоғжанмен туысын тұрса да, мынау тұсауға көнбеске шара жоқ. Осындай іші бір жақта, сырты бір күйде болған, аса бір қиын, енжар күйде Абай қайнына аттанды” (Әуезов).

Осы күрделі синтаксистік тұтастықтағы бірінші сөйлем - ой қазығын білдіруші негізгі сөйлем. Онда Абайдың ой құшағында жүргені айтылған. Басқа сөйлемдерде сол Абайдың не ойлап жүргенін нақтылы түсіндіру, дәлелдеу ғана бар. Алғашқы сөйлем жаңа ойды білдіретін болғандықтан синтаксистік ерекшелікке ие: құрылымы жағынан толық және өзінен кейінгі сөйлемдерге бағынышсыз. Жаңа ойды енгізе отырып, бірінші сөйлем былайғы баяндаудың жалпы тонын айқындап береді. Бірақ бұл - алғашқы сөйлемнің дербестігі тек шартты түрде ғана. Күрделі синтаксистік тұтастықтың барлық элементтері тығыз байланысты. Олай болса, ұйымдастырушы орталық ретіндегі алғашқы сөйлем сол күрделі синтаксистік тұтастықтың құрылымын анықтаумен қатар, өзі де соған бағынышты болады. Алғашқы сөйлемнің құрылысы сол күрделі синтаксистік тұтастықтың барлық құрылымымен байланыстыра жасалған. Сондықтан синтаксистік бірліктің тұтастығын бұзбай отырып, алғашқы сөйлемнің де тұтастығын бұзуға, мысалы, сөздердің орнын ауыстыруға болмайды. Сонымен, алғашқы сөйлем маңызды қызмет атқарады. Ол жаңа ой әкеледі және күрделі синтаксистік тұтастықтың ұйымдастырушы орталығы болып табылады.

Негізгі басқы бөліктен бөтен күрделі синтаксистік тұтастықтың айқын белгіленген қорытушы бөлігі болады. Ол көбіне *сонымен, қорыта келгенде, сөйтіп* сөздерімен басталып, күрделі синтаксистік тұтастықтың аяқталғанын білдіріп тұрады.

“Көрі әженің сырқаты біліне салысымен қысып кетті. Басында ыңқылы күшті боп, тынысы ауырлап келіп еді. Келесі күні дәрмені азайып, өздігімен қозғала алмайтын болды. Абай мен Ұлжан қатты сескенді де, Зеренің қасын күзетті. Сусыны, төсегі, бар күтімі екеуінің ғана мойнында, өзге жанды көп кіргізген де жоқ. Жұрт аяғын ауыр-

лайды деп, үй ішін оңаша ұстауға тырысты. Зере науқасының келесі күні түнінде Ұлжан енесінен күдер үзе бастаған болатын. Абайға айтпастан, Қарашоқыға кісі жүргізді. Сөйтіп, түні бойы ұйықтамай күзетіп отырған келіні мен немересіне Зере таң алдында ең соңғы рет көз салды” (Әуезов).

Қорытушы бөліктің де ортадағы бөліктен ерекшеленіп тұратын өзіндік синтаксистік тұлғасы болады. Бұл бөлікте сөздердің орын тәртібі, сөйлемнің құрылымы, алдыңғы сөйлеммен синтаксистік байланысу сипаты, модальдық планы өзгеріске ұшырайды.

Сонымен, күрделі синтаксистік тұтастықтың құрылымы мынадай:

а) күрделі синтаксистік тұтастықтың барлық мағынасын өзіне қысқаша түрде жинақтап тұрған *алғашқы сөйлем*;

ә) ойдың, теманың дамуын көрсететін *ортаңғы сөйлем*;

б) кішкене теманың, ойдың мағыналық және синтаксистік жағынан аяқталғанын білдіретін *қорытушы сөйлем*.

Айта кететін бір жай - күрделі синтаксистік тұтастықтардың бәрінің бірдей мұндай басқы, ортаңғы, қорытушы бөліктерден тұруы шарт емес. Кейбір күрделі синтаксистік тұтастықтарда мұның бірі немесе бәрі болмауы мүмкін. Ол жазушының стиліне, шығарманың мақсат-міндетіне, тағы басқа жағдайларға байланысты.

5.1. ПАРАЛЛЕЛЬ БАЙЛАНЫСТЫ КҮРДЕЛІ СИНТАКСИСТІК ТҮТАСТЫҚ

Күрделі синтаксистік тұтастықтың бір түрі оның құрастырушы сөйлемдердің өзара тең дәрежеде байланысуына негізделген. Осыған орай соңғы сөйлемдер алдыңғы сөйлемдермен лексика-грамматикалық байланыссыз тұлғаланып тұрады.

Теңбе-тең байланыс түріне құрылған күрделі синтаксистік тұтастықтарда санамалылық, салыстыру, қарама-қарсы қою қарым-қатынастары орын алады. Сөйлемдер көп жағдайда құрылымдық жағынан бір-біріне параллель орналасады да, олардың қызметі бірінен-бірі туып жатқан емес, бірінің орнын екіншісі ауыстырып жатқан оқиға, көріністерді сипаттау болып табылады.

Параллель байланысқан күрделі синтаксистік тұтастық пен тізбектеле байланысқан күрделі синтаксистік тұтастықтың айырмашылығы - олардағы сөйлемдердің байланысу түрінде (тәсілінде). Тізбектеле байланысқан күрделі синтаксистік тұтастықты құраушы сөйлемдер алғашқы сөйлеммен (басқы бөлікпен) өзара іліктесіп барып, бірінен соң бірі тізбектеліп байланысатын болса, параллель байланысқан күрделі синтаксистік тұтастықты құраушы сөйлемдер

алғашқы сөйлеммен (басқы бөлікпен) бәрі бірдей тең дәрежеде байланысады.

Үй іші күзектің суық күндеріне бейімделіп жиналған. Биік төсек, жұкаяқтар жоқ. Мол жас-тық, қалың көрпелі жертөсек пен айнала тұтқан қалың текемет, түскиіз, кілемдер бар. Төр жақта, сырмақ үстіне салынған арқар терісі, жүні ұзын сеңсең бөстектер жатыр. Іргеден жел соқпастай етіп қымталып, шымқалған жылы жайдың қонақ отыратын орындары да сыз өткізбес, қалың. Маздап жанған қидың оты, қызуын үлкен үйге кең жайып, даланың салқынын бұл мекенге кіргізбей түр (Әуезов).

Бұл келтірілген үзінді - өзара тепе-тең дәрежеде байланысқан, алты жай сөйлемнен тұратын параллельді күрделі синтаксистік тұтастық. Алғашқы сөйлем, яғни параллель күрделі синтаксистік тұтастықтың басқы бөлігі (зачин) кейінгі айтылатын ойдың қысқаша мазмұнын өзіне жинақтап тұр. Кейінгі жай сөйлемдер тең дәрежеде, баяндауыштарының бірдей жақ (III жақ), бірдей шақ (осы шақ) түрінде тұруы арқылы байланысқан. Бұл сөйлемдердің бәрі басқы бөлікте, яғни алғашқы сөйлемде, айтылғанды нақтылап, дәлелдеп, әрі қарай кеңірек түсіндіріп тұр. Сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің жалпылауыш сөзге қатысы сияқты, параллельді күрделі синтаксистік тұтастықты құраушы сөйлемдердің бәрі басқы бөлікке бірдей, тең дәрежеде қатысты болып келеді. Мысалы, осы келтірілген үзіндідегі әрбір жай сөйлемді басқы бөліктен, яғни алғашқы сөйлемнен кейін әрқайсысын жеке-жеке айтатын болсақ, одан біз тізбекті күрделі синтаксистік тұтастықтағыдай ештеңе түсіне алмаймыз. Бәрі түсінікті болып тұрады. Осы үзіндідегі соңғы сөйлем осы параллельді синтаксистік күрделі тұтастықтың қорытушы бөлігі болып табылады.

Соңымен, басқа да күрделі синтаксистік тұтастықтардағыдай, мұнда да алғашқы сөйлем мағыналық және құрылымдық жағынан ұйымдастырушылық рөл атқарып тұр. Ол болмаса, кейінгі сөйлемдер арасындағы байланыс жоғалып, мәтінде бір тұтастық сезілмес еді.

Параллельді күрделі синтаксистік тұтастықтарда оны құрап тұрған сөйлемдердің тұрлаулы мүшелерінің параллельдігі негізгі рөл атқаратынын жоғарыдағы мысалдан көрдік. Бұл параллельді күрделі синтаксистік тұтастыққа тән белгі ретінде бұдан кейінгі мысалдарда да дәлелдене түседі.

Параллельді күрделі синтаксистік тұтастық хабарламалы, сипаттамалы және анафоралық қайталау жолымен болған күрделі синтаксистік тұтастықтар болып бірнеше түрлерге бөлінеді.

5.1.1. Хабарламалы күрделі синтаксистік тұтастық

Бұл - бірінің орнын екіншісі ауыстырып отыратын іс, оқиғаны суреттейтін, уақыт жағынан бір-біріне параллель болып келетін сөйлемдердің тобы. Хабарламалы параллельді күрделі синтаксистік тұтастықтардың ерекшелігі - өзінің атына орай мағыналық жағынан біріккен, бірінбірі ауыстырып отыратын іс-әрекетті, оқиғаны хабарлап жеткізілетіндігінде. Мұндай күрделі синтаксистік тұтастықтардағы сөйлемдердің баяндауыштары көбіне өткен шақ болымды күйде тұрса, бастауыштары зат есімнің атау септігінде тұрады: *“Күз келді. Сабақ басталды. Оқуға беріле кірістім. Комсоргтың да айтқанын екі етпедім. Газет шығарысамын. Комсомол комитеті белгілен берген көшедегі үйлерге барып, газет оқып беремін, саяси үгіт айтамын”* (Серәлиев).

5.1.2. Сипаттамалы күрделі синтаксистік тұтастық

Бұл - өзінің атына байланысты белгілі бір іс-әрекетті, оқиғаны сипаттауда қолданылады. Басқаларымен салыстырғанда, құрылысының параллельдігі негізгі рөл атқаратын осы сипаттамалы күрделі синтаксистік тұтастықтар болып табылады. Мұнда баяндауыштардың шақтық-жақтық бірлігі бірінші орында тұрады.

Сипаттамалы күрделі синтаксистік тұтастықтың өзі осы шақтағы, өткен шақтағы және атаулы сөйлемді күрделі синтаксистік тұтастықтар деп бөлінеді.

а) Осы шақтағы сипаттамалы күрделі синтаксистік тұтастық

Көгілдір аспан, жасыл дала, қызғылт тартқан көкжиек - бәрі, бәрі билеп тұрғандай. Қоңыр самал да әженің жұмсақ алақанындай маңдайға, бетке жайлы тиеді. Тентек дала құйынындай ұшып келе жатқан мотоцикл екіні лепірген көңілді онан әрі желпіндіре, жел бере түседі. Қара көлеңке үйірле бастаған сары ала бидайық, боз жусанды дала төңкеріле дөңгелеп қалып барады. Жолдың әр қалтарысынан “пыр” етіп жүддырықтай бөдене ұша жонеледі. Енді бірде үшкір сары қазықтай боп қақып тұрған саршұнақ, балпақ жақындағанында, сынық сүйем құйрығын көрсете ініне зып береді. “Біздің үйден шыққан соқыр соқпаққа қомсына қарама. Оған түсіп алып тарта берсең, әр түрлі адамдай әр түрлі жолға түсерсің. Танырсың, Дидаржан”, - деп еді көкем (Сүндетов).

Бұл - осы шақтағы істі сипаттап тұрған күрделі синтаксистік тұтастық. Алты жай сөйлем мағыналық жағынан да, құрылымдық жағынан да бір-біріне параллель байланысқан және бірінің орнын екіншісі ауыстырып жатқан көрініс суреттеліп отыр. Құрастырушы сөйлемдері, ең алдымен, баяндауыштарының параллельдігі арқылы, яғни бір жақ (III жақ), бір шақта (ауыспалы осы шақ) тұруы арқылы байланысқан. Олардан кейін күрделі синтаксистік тұтастықтың қорытушы бөлігі төл сөзді конструкцияға бітіп, аяқталғанын білдіреді.

Параллельді күрделі синтаксистік тұтастықтың бұл түрі публицистикалық стильде де көп кездеседі.

Елжірей қалған күн көзі көктемді сезіндіргендей. Осыдан екі-үш апта бұрынғы желдің, ақ боранның ізі де қалмаған. Қой қора маңын кеше трактормен қайталап аршытқандары жақсы болды. Күресін үстінен көтерілген болар-болмас бу жер-ананың деміндей көлбей ұшып, сайын дала кең тыныстап жатыр ("Лен.жас").

Келтірілген үзіндіде де бірінің орнын екіншісі ауыстырып жатқан көрініс сипатталып отыр.

ә) Өткен шақтағы сипаттамалы күрделі синтаксистік тұтастық

Ай батқан. Сұйық сұрғылт бұлт күндіз көк жүзін лайлап, бірде жауар күннің ажарын танытып, түтіндеп, тастөбеге шоғырлана түссе, енді бірде дал-дұл қып жел жыртып, шудалап түтіп-түтіп тастап тұрған-ды. Түнемелікке қарай жел басылып, шарадай тынды да, күндізгі Арал бойының жыңды желі қуалап біткен мазасыз бұлт көк жүзінде қайта тұтасып, қорғасын салмақпен жылжымай, шөгіп алған (Нүрпейісов).

Бұл сипаттамалы синтаксистік тұтастықта өткен шақты көрініс сипатталып отыр. Құраушы сөйлемдердің баяндауыштары өткен шақтағы, үшінші жақта беріліп тұр. Мұнда да баяндауыштарының тұлғалық жағынан бір-бірімен параллель болып тұруы байланыстың бірінші шарты болып табылады.

б) Атаулы сөйлемнен басталатын сипаттамалы күрделі синтаксистік тұтастық

Май. Қоңыр көктем түні... Тозығы жеткен түндіктің мың сан жыртығынан сығалаған сәуледей жұлдыздар жымыңдап тұр. Ауада дымқыл, бұр жарған ағаш иісі. Таудан жібек самал еседі (Сүндетов).

Бұл үзіндіде табиғаттың бір көрінісі суреттеліп отыр, яғни бірінің орнын бірі басатын

көрініс сипатталып тұр. Құрастырушы сөйлемдері бір мезгілдегі тұтас бір ғана көріністі сипаттай отырып, өзара мағыналық, тұлғалық, құрылымдық жағынан бір-біріне параллель байланысқан.

Сипаттамалы күрделі синтаксистік тұтастықтың басқы бөлігі, яғни алғашқы екі сөйлемі мезгіл мағынасындағы атаулы сөйлемдер. Одан кейінгі сөйлемнің баяндауышы сол мезгілге байланысты көріністі сипаттап тұрғандықтан, осы шақ тұлғасында тұр, күрделі етістіктен жасалған.

Төртінші сөйлем - атаулы сөйлем. Бесінші сөйлем де осы шақтағы баяндауышқа біткен.

Маңқиған тау, қарлы-мұзды шыңдар. Мелшиген тастар. Тірлік білінбейді (Мұртазаев).

Бұл да атаулы сөйлемдерден басталған сипаттамалы күрделі синтаксистік тұтастық. Атаулы сөйлемдер мекен мағынасын білдіріп тұр.

Сонымен, атаулы сөйлемдерден басталатын сипаттамалы күрделі синтаксистік тұтастықтардағы айтылатын ой сол алғашқы сөйлемдерден өрбіп жатады.

Атаулы сөйлемді сипаттамалы күрделі синтаксистік тұтастықтар көркем әдебиет стилімен бірге, публицистикалық стильде де кездеседі:

Таусылмайтын шаруалар тізбегі, түгесілмейтін проблемалар ...Өзі осы ауданға келгелі қаншама өмір талабымен өзектес күрделі проблемалар шешілді. Бірақ, сонда да ол тізбек түгесілер емес. Бірінен кейін екіншісі туындайды. Мүмкін, өмірдің мәні де осы бір толассыз қозғалыста болар... ("Соц.Қазақстан").

5.1.3. Анафоралық қайталау жолымен жасалған параллельді күрделі синтаксистік тұтастық

Анафоралық қайталау жолымен жасалған параллельді күрделі синтаксистік тұтастықты құраушы сөйлемдердің параллельдігі күрделі синтаксистік тұтастықтың бас жағындағы біркелкі лексикалық қайталаулар арқылы күшейтіліп отырады. Бірігуші сөйлемдердің бірдей синтаксистік құрылысы ғана емес, бірдей басталуы - сөйлемдердің параллельдігінің жоғарғы түрі. Басқаша айтқанда, анафоралық қайталау жолымен болған параллельді күрделі синтаксистік тұтастыққа бірігуші сөйлемдердің синтаксистік параллельдігі лексикалық параллельдермен күшейтіле түседі.

Сонымен, анафоралық қайталау жолымен болған күрделі синтаксистік тұтастықтарға бірігуші сөйлемдердің параллельдігінің айқын көрсеткіші анафоралық қайталау болып табылады. Сөйлемнің кез келген мүшесі анафоралық қайталауда қолданыла алады. Сол сөйлем мүшесі

қайталана отырып, сол күрделі синтаксистік тұтастықтың құрылысының көрсеткіштік белгісі болады. Бұл белгі анафоралық қайталау жолымен болған күрделі синтаксистік тұтастықты түр-түрге бөлуге мүмкіндік береді. Ол түрлерді, шамамен, былайша атауға болар еді: бастауыштың қайталануы арқылы болған параллельді күрделі синтаксистік тұтастық; баяндауыштың қайталануы арқылы болған параллельді күрделі синтаксистік тұтастық; анафоралық хабарлы сөйлемдер арқылы жасалған параллельді күрделі синтаксистік тұтастық және сұраулы сөйлемдер арқылы жасалған параллельді күрделі синтаксистік тұтастық.

5.1.3.1. Бастауыштың қайталануы арқылы болған параллельді күрделі синтаксистік тұтастық

...Бұл жол - болашақ жолы.

Бұл жол - бақыт жолы.

Дала төсіне шірей тартылған қос рельс - қазақы домбыраның қос шегі сынды: тарта бер заман күйін, шерте бер айызың қанғанша аңыратып - гұмырың жетсе. Әр шпал - әр перне секілді. Қараңызшы, қандай ұқсастық. Қазекемнің он саусағы, енді темір бойымен ойнайды: көр де тұр, үстінен су төгілмес жорғаға мінгендей тайпал-тар-ай. Күніміз туганы осы, ағайын: қуан, шаттан, енді бірер айда Түрксібтің бойымен әндетіп поезд өтер. Ең алғашқы жолаушы - Дархан, сөз жоқ, осы шомбал қара жігіт болады... (Бөкеев).

Басқы бөлігіндегі екі сөйлемнің бастауыштары қайталанып келіп, бүкіл күрделі синтаксистік тұтастықтың қысқаша мазмұнын өз бойына жинап тұр. Одан кейін келген үш құрмалас сөйлем мен үш жай сөйлем сол басқы бөліктегі айтылғанды кеңірек, тереңірек сипаттап жеткізіп тұр. Басқы бөліктегі анафоралық қайталауға нысан (объекті) болған жол сөзі осы күрделі синтаксистік тұтастықтың құрылысын анықтап, параллельдігін күшейтіп тұр.

5.1.3.2. Баяндауыштың қайталануы арқылы болған параллельді күрделі синтаксистік тұтастық

Әдемі жігіт еді. Өнерлі жігіт еді. Талай күлім көздерді есінен тандырған сері еді (Серәлиев).

Бұл күрделі синтаксистік тұтастықта басқы бөліктегі сөйлемдердің баяндауыштарының қайталанып берілуі арқылы тұтастықтың параллельдігі күшейтіліп тұр. Алғашқы екі сөйлемнің баяндауыштары қайталанып тұр. Құраушы сөйлемдердің баяндауыштары бірдей шақ (өткен шақ), бірдей жақ (ІІІ жақ), бірдей тұлғада

(есім сөз бен көмекші сөздің тіркесуі арқылы) тұруы, солай байланысуы - күрделі синтаксистік тұтастықтың құрылысын анықтап, параллельдігін арттырып тұр.

Қайсар мен Ақлима бірге өскен, бір ауылдың балалары еді. Бірін-бірі жылатып өскен, бірін-бірі уатып өскен. Бірге күліп, бірге жылап өскен. Бірінің ұл, бірінің қыз екенін ажыратыспай өскен. Соңғы төрт-бес жылда Қайсар әркімге жалданып, кездеспей кетіп еді. Отарбайдың үйінде қайта кездесті. Бұл жолы екеуі де ұялар шаққа жеткендерін таныды. Бірі қыз, бірі жігіт болып қалған екен (Мүсірепов).

Бұл үзіндіде баяндауыштары қайталану арқылы жасалған параллельді күрделі синтаксистік тұтастық. Алғашқы сөйлем - басқы бөлігі. Одан кейінгі үш сөйлем баяндауыштарының қайталануы арқылы параллель байланысып тұр. Алтыншы сөйлемнің бесінші сөйлеммен бұл сілтеу есімдігі арқылы байланысуы күрделі синтаксистік тұтастықтың аяқталғанын білдіріп тұр. Мұны қорытушы бөлігі дейміз.

5.1.3.3. Анафоралық хабарлы сөйлем арқылы жасалған параллельді күрделі синтаксистік тұтастық

Арба ұзай берді. Қанат қолындағы жиегі қызыл жібекпен комкерілген ақ орамалды жазып қарады. Қыз алақанындай ғана шағын ақ орамал. Бір шетінде жіппен тізілген “Қанатқа - Балапаннан” деген жазу бар. Қайта-қайта оқиды. Уысына қысып біраз тұрды. Орамалдан әтірге ұқсас бір әдемі иіс желетіндей мұрнына. Ғажайып иіс кеуде сарайын, буын-буынын жайлап, тұла бойын шымырлатады.

Арба ұзап барады. Балапан серігінен айрылған аққудай мойнын артына қайта-қайта бұрады. Қанат одан көз үзбей сілейіп қалған. Басы шыңылдап, есіне түндегі Қырмызы сөзі түседі. “Қанатты көргісі келеді...” Озін сағынып, ізден келген Балапанға бір ауыз жылы сөз де айта алмады-ау.

Арба ұзап барады. Алдында су емес, қан ағысы жатқан секілді. Дария беті қызыл күрең иірімденеді. Алқымына өксік тығылады. Бірақ көзден жас шықпайды... Дүниеде ең қимасы, ең қымбаттысы Балапан екен ғой. Ол әне кетіп барады. Алып қалар, арашалап қалар дәрмен жоқ (Серәлиев).

Басқы бөліктегі алғашқы сөйлемнің үш рет қайталануы арқылы күрделі синтаксистік тұтастықтың параллель түрі жасалып тұр. Осы күрделі синтаксистік тұтастықтағы мазмұн анафоралық сөйлемдер арқылы барынша тереңірек ұғындырылып, бір мезгілдегі оқиғаны суреттейді.

5.1.3.4. Параллельді сұраулы сөйлемдер арқылы жасалған параллельді күрделі синтаксистік тұтастық

Мұндай параллельді күрделі синтаксистік тұтастықтардың ерекшелігі - оны құраушы параллельді сөйлемдердің сұраулы болып келетіндігі. Ол арқылы айтылатын ойдың, мазмұнның эмоциональдық-экспрессивтік реңкі ашылып, сөйлеушінің сезімдері беріледі:

Әлінде қоянжырық бір шындықтың шетін басып қалған сияқты болды “Аяғында содан іш-құса болып жынданып өліпті ғой” деді. Біржан сияқты Арқаның ардагер әнісі жұрт алдында Поштабайдан таяқ жеп қорлық көрсе, іш-құса болмай не болмақ? Бұған дейінгі өркөкірек ән, бұған дейінгі асқақ үн сөне бермегенде, қайтпек? Ақын үшін іш-құса мен жындану арасы қай бір алыс еді. Біржан сал да, ақын Абай да, Ақан сері де бұған бір соқпай өте алмаған” (Мүсірепов).

Бұл параллельді күрделі синтаксистік тұтастықтағы алғашқы екі сөйлем немесе алғашқы абзац басқы бөлімге жатады. Одан кейінгі бір-бірімен параллель байланысқан үш сұраулы және бір лепті сөйлем сөйлеушінің сезімін, дәлірек айтсақ, толқынысын, ыза-кегін, ашуын білдіріп тұр. Ал соңғы, жетінші сөйлем қорытушы бөлік болып табылады.

5.2. ТІЗБЕКТІ КҮРДЕЛІ СИНТАКСИСТІК ТҮТАСТЫҚ

Күрделі синтаксистік тұтастықты құраушы сөйлемдердің бір-бірімен байланысу тәсілдері, негізінен, екі түрлі. Соған байланысты күрделі синтаксистік тұтастықтарды құрылымдық жағынан екі топқа бөліп алып қарауға болады. Бірінші түрінде күрделі синтаксистік тұтастыққа бірігуші сөйлемдер бір-бірімен іліктестік қатынаста байланысып тұрады, яғни сөйлемдер бірінен-бірі туындап, соңғысы алдыңғысына бағынып отырады. Бұл жай бірінші сөйлемнің элементі (бір мүшесі) екінші сөйлемде, екінші сөйлемдікі - үшіншісінде, үшінші сөйлемдікі - төртіншісінде т.с.с. қайталанып қолданылуы арқылы жүзеге асады. Ондай қайталанушы сөздер сол күйінде қолданылып немесе есімдік, үстеу сөздермен ауысып отыруы мүмкін. Сол арқылы ойдың дамуы, ілгері қозғалысы іске асады. Мұндай күрделі синтаксистік тұтастықтағы сөйлемдер бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан, оларды жеке алып қарауға келмейді, коммуникативтік, т.б. қызметтерге басқа сөйлемдермен қарым-қатынасының нәтижесінде ғана ие болады.

Сөз - өте-мөте күрделі тілдік единица. Оның күрделі табиғатын ашып айқындау үшін, ең алдымен, сөздің дыбыстық жағы мен мағыналық жағының арақатынасы және сөздің мағынасы мен олар арқылы білдірілетін ұғымның арақатынасын айқындап алу қажет. Сөздің екі жағы бар: оның бірі - сөздің дыбысталу жағы, екіншісі - сөздің мағыналық жағы. Дыбысталу (тіл дыбыстарының тіркесі) сөздің материалдық жағын қарастырса, мағына (мазмұн) сөздің идеалдық жағын құрайды. Екі жақ - дыбысталу мен мағына сөздің бір-бірінен бөлінбейтін бөлшектері. Осы екі жақтың бірлігі - сөздің өмір сүруінің және қызмет етуінің шарты. Демек, сөз - дыбысталу мен мағынаның бірлігінен тұратын тілдік дербес единица (Аханов).

Келтірілген күрделі синтаксистік тұтастықтағы алғашқы сөйлем - айтылатын ойдың тақырыбын беруші негізгі, басқы бөлік.

Екінші сөйлем онымен сөз терминінің орнына жұмсалып тұрған оның сілтеу есімдігі арқылы байланысқан. Екінші сөйлем үшінші сол сөйлемдегі ойдың тікелей жалғасы ретінде сөздің екі жағын атап көрсету арқылы, төртінші сөйлем үшінші сөйлеммен сонда аталған сөздің екі жағына анықтама беру арқылы, бесінші сөйлем төртінші сөйлеммен *дыбысталу, мағына* сөздерінің қайталанып келуі арқылы, алтыншы сөйлем бесінші сөйлеммен *екі жақ* сөз тіркесінің орнына жұмсалып тұрған *осы* сілтеу есімдігі арқылы байланысқан болса, соңғы, жетінші, сөйлем - қорытушы бөлік *демек* қыстырма сөзі арқылы байланысып тұр.

Міне, өзара бағыныңқылық, кезектілік байланыс түрінде осындай іліктестік, жалғастылық қарым-қатынас орын алады.

Ізбе-ізділік байланыс түріне құрылған күрделі синтаксистік тұтастықтарды әдеби тілдің барлық стильдерінен табуға болады.

Тізбекті байланыс түрі ғылыми стильге тән, өйткені ғылыми мәтінде ой бір-біріне қатаң тәртіппен сабақтаса байланысып отырады. Сондықтан ондағы әрбір сөйлем өзінің алдындағы сөйлемнің заңды жалғасы болып табылады. Ғылыми стильге тізбекті күрделі синтаксистік тұтастықты құраушы сөйлемдердің көбіне лексикалық қайталаулар мен сілтеу есімдіктері арқылы байланысуы тән.

Ресми стильге келетін болсақ, мұның да ғылыми стиль тәрізді мазмұнның, ойдың бір мағыналылыққа, нақтылыққа негізделген табиғаты күрделі синтаксистік тұтастықты құраушы сөйлемдердің көбіне лексикалық қайталаулар мен сілтеу есімдіктері арқылы байланысатынын көрсетеді.

Жастардың еңбек тәрбиесін күшейту, оларды өзекті жылдың және тұтасынан бесжылдықтың жоспарларын орындауға жұмылдыру мақсатында комсомол ұйымдары социалистік жарыс барысына үшқыр басшылық жасасын, оның мүмкіндіктерін жас адамдардың бойында еңбекке коммунистік көзқарас тәрбиелеу, екпінділік пен жаңашылдық дәстүрлерін, “Арамызда бірде-бір артта қалушы болмасын” қозғалысын дамыту үшін белсендірек пайдалансын. Еңбек бәсекесінің ықпалын арттырып, жариялылығын, озат тәжірибені енгізу мүмкіндігін қамтамасыз етсін. Социалистік жарыс жеңімпаздарын анықтағанда, еңбек және өндіріс тәртібінің жағдайын негізгі бір көрсеткіш ретінде қарастыратын болсын (“Лен.жас”).

Алғашқы екі сөйлем бір-бірімен социалистік жарыс тіркесінің орнына қолданылып тұрған оның сілтеу есімдігі арқылы, үшінші сөйлем бұлармен еңбек бәсекесінің деген сөз тіркесі арқылы, төртінші сөйлем социалистік жарыс тіркесінің қайталап қолданылуы арқылы байланысып тұр.

Публицистикалық стильге тізбекті күрделі синтаксистік тұтастықтың компоненттерінің бірі сөзді қайталау арқылы емес, қайта, сол сөздің әр түрлі синонимдерін қолдану арқылы байланысуы тән, себебі мұндай синонимдік байланыс айтылатын ойдың әр түрлі эмоциялық-экспрессивтік реңктерін ашып көрсетеді:

Құрама Штаттар Ауғанстанды химия қаруын сынайтын полигонға айналдырғысы келеді. Олар басмашыларға химиялық гранаталар беруді көбейте түскен, американ нұсқаушылары Пакистанның территориясында орнығып алған контрреволюциялық ауған сілімтіктерін тағылық қаруларды қолдану әдістеріне жедел қарқынмен үйретуде, бұл қаруды Пентагон Вьетнамдағы соғыс кезінде пайдаланған болатын (“Лен.жас”).

Көріп отырғанымыздай, басмашылар, ауған сілімтіктері немесе химиялық гранаталар, тағылық қару деген сөздер қолданылған. Тізбекті күрделі синтаксистік тұтастықтың көркем әдебиетте жұмсалудың өзіндік ерекшеліктері бар.

Кең маңдайлы, келтемурынды, адырақ көзділеу, қою қара кірпіктері сәл қайқыып тұратын, шалқақтау біткен денесі кеп-кесек қара бала тым тентек болды. Таңның атысы, күннің батысы дамыл жоқ, сирақтары жарылған, қап-қара, қашан көрсең де қойлегінің не бір жеңі жоқ, не омырауы даладай, бой-бой боп, өмірі алыс-жұлыс, жүгіріспен өтеді. Ол өш балаларымен кездесе кеткенде-ақ кимелеп жақындай беріп, жұдырығын түйіп, оң қолын оңтайлай бастайды. Бірақ шап етіп төбелесе кетпейді, төбелестің баласын әбден қызды-

рып, төбелесе қалса, қаша жөнелетіндей етіп алады. Өйткені оның тіп-тік қараған көзіне өзінен үлкен балалар да шыдай алмай, тая беретін еді. Ал төбелеске бір қол қойса, төбелесті нашына келтіріп аяқтаған емес: өмірде бір баланы түйіп қалып, не итеріп қалып қаша жөнелген емес, төбелеске асықпай-саспай кіріседі де, не дымы құрып жеңіліп, не қызыл жон қып жеңіп, ендігәрі беттеместей қылып, ұрып-жығып тынады. Киіктің асығындай шымыр, намысқор, ойын құмар, дос жанды, сенгіш, жайдары бала, аты - Амангелді (Мүсірепов).

Мұндағы алғашқы екі сөйлем басқы бөлік болып табылады. Одан кейінгі сөйлемдер бұлармен ол, бірақ, өйткені, ал сөздерінің әр сөйлемнің басында келуі арқылы байланысып тұр. Соңғы сөйлем - қорытушы бөлік.

Тізбекті күрделі синтаксистік тұтастық алғашқы сөйлемнің, яғни маңызды рөл атқарып тұратын басқы бөлігінің түрлеріне қарай бірнеше топқа ажыратылады. Олар - алғашқы сөйлемі бастауыштан басталатын күрделі синтаксистік тұтастық; алғашқы сөйлемі баяндауыштан басталатын күрделі синтаксистік тұтастық; алғашқы сөйлемнің баяндауышы зат есімнен болған күрделі синтаксистік тұтастық; алғашқы сөйлемі толықтауыштан басталатын күрделі синтаксистік тұтастық; “динамикалық” сөйлемді күрделі синтаксистік тұтастық.

5.2.1. Алғашқы сөйлемі бастауыштан басталатын тізбекті күрделі синтаксистік тұтастық

“Сағи да Нұрланның құрбысы. Бү да сол өзі оқыған Баяндауылдың он жылдық мектебін бесалты жыл кейін бітірген көрінеді. Жақында бір әңгімелескенінде: “Нүреке, оқу қайда қашар дейсің. Әке-шешейге көмектесіп, тұрмыс түзеп алмасак, балалар көп, үй іші жүдеу” деген-ді. Әкенің таяғын ұстап, ауылда белді азамат болатын келешекте - осы Сағи. Биылғы орақта сәті түссе, әкесін іздетпес...” (Шашкин).

Басқы бөліктен, яғни алғашқы сөйлемнің бастауышы - Сағи. Бұл сөйлем осы күрделі синтаксистік тұтастықта айтылатын ойдың қысқаша мазмұнын өз бойына жинақтап, алдындағы күрделі синтаксистік тұтастықпен байланыса отырып, жаңа ой енгізіп тұр. Бұл, сөйтіп, алғашқы сөйлемі бастауыштан басталған, төрт жай сөйлемнен және бір төл сөзді конструкциядан құрылған, III жақтан баяндалып тұрған күрделі синтаксистік тұтастық. Сөйлемдері өзара тығыз байланысқан. Екінші сөйлем алғашқы сөйлеммен Сағи деген бастауыштың орнына жұмсалып

тұрған бұ да сілтеу есімдігі арқылы байланысып, бастауыш-баяндауыш қатынасында тұр. Үшінші сөйлем - төл сөзді конструкция, мұнда да Сағи туралы айтылады. Төртінші, бесінші сөйлемдер пысықтауыш - бастауыш қатынасында (әкенің таяғын ұстап - Сағи) байланысқан.

Тізбекті күрделі синтаксистік тұтастықтың бұл түрі тек көркем әдебиетте ғана емес, публицистикалық және ғылыми стильдерде де кездеседі. Негұрлым жиі ұшырасатыны - газет жанрларындағы күрделі синтаксистік тұтастықтар.

Батыс герман дәрігерлері жақында таңданарлық зерттеу жүргізді. Олар зерттеу нысаны етіп спорт мамандарын алды. Сөйтіп, зерттеушілер футболдан өтетін ірі халықаралық кездесу кезінде ойынның басынан аяғына дейін команда банкерлеріне қаншалықты ауырлық түсетінін анықтамақ болды. Алаңға банкерлер отыратын орынға қойылатын аппарат қақпаға гол енген кезде, болмаса ойыншы жарақат алғанда, жаттықтырушылардың тыныс жиілігі (тамыр соғысы) минутына 65-тен 130-ға дейін жеткен. Ол ол ма, кездесудің бітуіне жарты сағат қалғанда бұл көрсеткіш жоғарылай түскен. Әсіресе, осындай қобалжу, жас, тәжірибесіз банкерлерге тән болған. Ал тәжірибесі мол, ысылған жаттықтырушыларда мұндай қобалжу төменгі көрсеткішті көрсеткен.

Мамандардың айтуынша, жаттықтырушыларға түскен эмоция ауыртпалығы автоқуғыншыларда, дыбыстан жылдам ұшатын ұшақ ұшқыштары мен спортшы-парашютиштермен бірдей дәрежеде көрінеді ("Лен.жас").

Алғашқы сөйлемі бастауыштан басталған мұндай тізбекті күрделі синтаксистік тұтастықтарда одан әрі не туралы айтылатыны бастауыштан белгілі болады.

Дауыссыздар жұмсақ таңдайдың қалпына қарай ауыз жолды және мұрын жолды дауыссыздар болып екі топқа бөлінеді. Егер жұмсақ таңдай жоғары көтеріліп, жұтқыншақтан мұрын қуысына баратын кіре беріс жолды жауып тұрса, онда ауа ауыз қысымымен өтеді де, соның нәтижесінде ауыз жолды деп аталатын дауыссыздар (мысалы: б, д т.б.) жасалады. Егер жұмсақ таңдай төмен түсіп, жұтқыншақтан мұрын қуысына баратын кіре беріс ашық болса, онда ауа мұрын қуысына өтеді де, осының нәтижесінде мұрын жолды деп аталатын дауыссыздар жасалады (мысалы: м, н...) (Аханов).

5.2.2. Алғашқы сөйлемі баяндауыштан басталатын тізбекті күрделі синтаксистік тұтастық

Мұндай күрделі синтаксистік тұтастық негізінен поэзияда кездеседі. Проза жанрында

кездесуі өте сирек және бұл әр жазушының стиль ерекшелігіне байланысты:

Біледі шал, баласының неге мұнша қыспақта жүргенін. Албырт жастық - бұтаны айналып кетудің орнына табанының қанын сорғалатып тура жалаңаяқ басады. Сембі бұл жайында, керек десең, көршілерімен де әңгіме қылмайды. Аузына берік: бала - үкіметтікі, іс-халықтікі, өзі білер, не қылса да (Шашкин).

Басқы бөлік күрделі синтаксистік тұтастықтың қысқаша мазмұнын өз бойына жинақтап тұр. Одан кейінгі екі жай сөйлем бұл сілтеу есімдігі арқылы байланысып, алғашқы сөйлемді қорытушы сөйлем деуімізге болады.

*Тұрған ұйқы-түйқы ақ самайың,
Мен қалай,
Әбе, сені жат санайын.
Абыржып асаңды ұстап отырғаның
Ашулы Грозный патшадайын*

(Мақатаев).

Прозамен салыстырғанда, поэзияда күрделі синтаксистік тұтастық анағұрлым ашық, нақты беріледі, өйткені поэзиядағы әрбір шумақ белгілі бір аяқталған ойды білдіріп тұрады.

Поэзия синтаксисінде сөйлем байланыстарының прозаға қарағанда қабысыңқы, берік болатын себебі - онда сөйлемдерді синтаксистік қатынасқа келтіретін, прозада кездеспейтін ерекше тәсілдердің болатындығында.

Сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыратын ондай ерекше тәсілдер қатарына өлең тармақтарында болатын ұйқас пен ырғақ жатады. Прозада өлеңде болатындай ұйқас, ырғақ болмайтындықтан, егер мағыналық жақтарынан бір-біріне байланысты болмаса, сөйлемдердің бастары бірікпей, бөлек-бөлек болып тұрады. Ал поэзияда олай емес: мағыналық жақтарынан бір-біріне байланысты болмаса да, шумақ құрамындағы сөйлемдер өзара бірыңғай ұйқаста, бір ырғақта айтылады да, сол арқылы күрделі бір бүтін болып тұрады.

*...Қанышынан кешегі хат таныған,
Хал қалай деп сұрасаң қарттарынан,
Білмейді екен басқаны шаттанудан,
Аулақ емес, әрине, мақтанудан*

(Мақатаев).

Поэзияда да, прозадағыдай, белгілі бір күрделі, аяқталған ойды білдіретін күрделі синтаксистік тұтастықты құраушы компоненттерді байланыстыратын арнайы тәсілдері болады. Оларға лексикалық қайталаулар, іліктестік, ба-

яндауыштарының бір тұлғада тұруы, параллельдік т.б. жатады:

*Жаралылар,
Жаралылар...
Жүздерінде майданның алауы бар,
Аспанынан жоғалып қара мұнар,
Бастарынан ақ ұлпа жауады қар.
Жаралылар,
Жаралылар, жандары бала құмар,
Жаралылар,
Жаралы жетімдерге пана - бұлар*
(Мақатаев).

5.2.3. Алғашқы сөйлемнің баяндауышы зат есімнен болған тізбекті күрделі синтаксистік тұтастық

Мұндай күрделі синтаксистік тұтастықтың ерекшелігі - бастауыш пен баяндауыштың арасында пауза болатындығы және баяндауышқа арнайы екпін түсіріліп айтылатындығы, яғни негізгі ой алғашқы сөйлемнің баяндауышында нақтыланады да, әрі қарай дамиды:

...Мәлік - жұмсақ адам, бірақ біздің өмірде қатал да бірбеткей, айтқанынан қайтпайтын қарулы кісі ғана шаруа басқарады. Біздің аудандағы өндіріс оркестрін дирижердай бір таяқшаға бағындырып тұратын басшы керек... Мәлік ағай өкпелемес, әрине, бұл - иленіп жатқан ертеңгі күн көретін терінің нұшағы ғой. Осы тұрғыдан қарағанда, бір есептен аудандық советтің бастығы Ерекең іскер де қарулы... (Шашкин).

Бұл - алғашқы сөйлемнің баяндауышы зат есімнен болған, екі жай сөйлем мен екі құрмалас сөйлемнен құралған тізбекті күрделі синтаксистік тұтастық. Бірінші, екінші сөйлем бастауыш-баяндауыш қатынасында байланысып тұрса (қарулы кісі - басшы), төртінші сөйлем осы сілтеу есімдігі арқылы байланысқан.

Тағы бір мысал: *Парыз, міндет - асуы қиын, асқан шың, кез келген өтей алмайды. Ал сол бір парыз, міндет атаулыдан өтпін, жол тапса қайтер? Жоқ... Ол мүмкін емес. Қазіргі бір бұғанасы қатпаған пәк сезімді ардақтай алмай, жүдетпін, есейтпін жіберер еді (Сүндетов).*

5.2.4. Алғашқы сөйлемі толықтауыштан басталатын тізбекті күрделі синтаксистік тұтастық

Мұндай сөйлемге толықтауыш, бастауыш, баяндауыш (Т-Б-б) құрылысы тән. Мұнда басқа сөйлемдердегі сияқты, сөйлем толықтауыштан басталып тұрғандықтан, толықтауыш кейінгі ай-

тылатын ойдың қайнар көзі болып табылады. Алғашқы сөйлемі толықтауыштан басталатын тізбекті күрделі синтаксистік тұтастықтар публицистикалық стильде көп кездеседі:

Жастарды маңызды салаға жұмылдыруда Жамбыл, Ленин, Сергеев және Мәскеу аудандарында ізденісті жұмыстар жүргізіліп келеді. Алғашқы екі ауданда жеті-жетіден қой өсіруші жастар бригадалары құрылған ("Лен.жас").

Бұл - екі жай сөйлемнен құрылған, өзара пысықтауыш - пысықтауыш қатынасында (Жамбыл, Ленин, Сергеев және Мәскеу аудандарында - алғашқы екі ауданда) байланысқан күрделі синтаксистік тұтастық.

5.2.5. Алғашқы сөйлемі пысықтауыштан басталатын тізбекті күрделі синтаксистік тұтастық

Мұндай тізбекті күрделі синтаксистік тұтастықтарда алғашқы сөйлем хабарлы сөйлем болып келеді және мезгіл немесе мекен пысықтауыштан басталады, кейде екеуі қатарласып, мезгіл пысықтауыштан кейін мекен пысықтауыш келеді де, қалған сөйлем мүшелері әрі қарай жалғасып өте береді. Күрделі синтаксистік тұтастықтың мазмұны мезгіл, мекен пысықтауыштарынан өрбіп, содан шығып тұрады. Мұндай күрделі синтаксистік тұтастықтар негізінен публицистикалық стильде көп кездеседі:

...45 жылдың жазында майданнан аман қайтқан 6 солдатты бүкіл Көлтабан ауылының еңбектеген баласынан еңкейген кәрісіне дейін үлкен бір қуанышпен қарсы алған. Алтауы да ауыр жарақатпен әр түрлі госпитальдерде жатып, біршама айыққан соң оралған беттері екен туган жерге. Тағдыр шіркіннің алты майдангерді Отанымыздың алты туқпірінен айдап кеп тоғыстырған жері сонау станция басы екен. Қиралаңдаған арбасымен кеше станция басына Жақып шал бармаса, онда алтауының кішкентай ауылға қашан жетерлері белгісіз еді ("Лен.жас").

Алғашқы хабарлы сөйлем ойдың негізгі орталығы болып тұр. Екінші сөйлем біріншімен тура толықтауыш - бастауыш қатынасында (6 солдаты - алтауы) байланысқан болса, үшінші сөйлем екіншімен бастауыш - тура толықтауыш қатынасқан болса, үшінші сөйлем екіншімен бастауыш - тура толықтауыш қатынасында (алтауы - алты майдангерді) байланысқан; төртінші сөйлем үшіншімен тура толықтауыш - анықтауыш қатынасында (алты майдангерді - алтауын) байланысқан.

Бұл - басқы бөлігі мезгіл пысықтауыштан басталатын хабарлы сөйлемнен болған тізбекті күрделі синтаксистік тұтастық. Енді басқа бөлігі

мекен пысықтауыштан басталатын хабарлы сөйлемнен болған тізбекті күрделі синтаксистік тұтастықты көркем әдебиет мысалынан көруге болады:

Сүйіндік аулына Абайлар ел орынға отыра келді. Өз қыстауынан айырылып, қарауылдың бас жағын - Түйөркеш деген жерді қыстаған Сүйіндік аулы қазір тамда емес, киіз үйде екен. Мал, жан көп, бай ауыл осы орынды қыстауға лайықтап алғанмен, әлі жаңа қыстау сала алмай, ескілеу қара қораға сыя алмай, күннің көзі жылысымен киіз үйге шығыпты (Әуезов).

Алғашқы сөйлем мекен пысықтауыштан басталып тұр және мезгіл пысықтауышы да бар. Күрделі синтаксистік тұтастықтағы айтылған мазмұн алғашқы сөйлем басталып тұрған мекен пысықтауыштан орбіп отыр, яғни одан кейін де Сүйіндік аулы туралы ғана айтылады. Екінші сөйлем біріншімен пысықтауыш - бастауыш қатынаста (Сүйіндік аулына - Сүйіндік аулы) байланысса, үшінші сөйлем екіншімен бастауыш - бастауыш қатынасында (Сүйіндік аулы - бай ауыл) байланысып тұр.

5.2.6. “Динамикалық” сөйлемді тізбекті күрделі синтаксистік тұтастық

Спорт шебері батылырақ қимылдап алға шықты. Кіші-гірім чемодандай бір тасты жерден қопарып алды да, аяғының астына қойды. Арнаулы сағатқа қарап уақыт белгіледі. Содан соң әлгі тасты үңгірге домалатып жіберді. Әлден уақытта бұларға күңіренген дауыс жетіп, сол қолды ала айнала алыстап барып, семді. Тастың қаншалықты жылдамдылықпен төмен түсетінін, дыбыстың секундына қанша жүретінін физикадан білетін спорт шебері зындан тереңдігін қиналмай шығарды.

- *Бес жүз метр. Шамамен...*
- *Ух, бес жүз?!*
- *Оң қолға сала жүруіміз керек.*

Бізе жеткен дабыстың солға ойысып барып семгені түсінікті болар... Жігіттер оңға да, солға да тас лақтырып көріп еді, спорт шеберінің жорамалы дұрысқа шықты (Шаймерденов).

Бұл - жеті жай сөйлем мен үш құрмалас сөйлемнен құралған күрделі синтаксистік тұтастық. Алғашқы сөйлем бірден қимылға кіріскендікті білдіреді де, әрі қарай дамуды талап етеді. Шынында, бұдан кейін спорт шеберінің қимылының даму жайынан хабарлар боламыз. Соңғы сөйлемнің қорытушы екені дау туғызбаса керек.

* * *

Күрделі синтаксистік тұтастықты құрайтын сөйлемдердің бір-бірімен осындай екі түрлі - тізбекті және параллель - байланысы болатындығы күмәнсыз. Дегенмен де, тілдің фактісіне қарағанда, күрделі синтаксистік тұтастықты құрайтын сөйлемдердің тек қана бірыңғай тізбекті байланыста немесе тек қана бірыңғай параллель байланыста болады деу, демек, бұдан ауытқушылық болмайды деп кесіп айту қателікке ұрындырары да рас. Нақтырақ айтқанда, күрделі синтаксистік тұтастықта сөйлемдердің әлгі екі байланысының араласып келе беретін жайлары да бар:

Кейде ақынның балалығына таң қаларсың, кейде ақынның даналығына таң қаларсың. Ақын - қыран, қияға да қонады, ақын - адам, далаға да қонады. Ақын бойын да жасыра алмайды, ойын да жасыра алмайды. Ақын жаны оңай жараланады, оңай жазылады, емі көп. Ақын жүрегіне кек тұрмайды. Кек тұрса, қақ тұрғаны. Қақ тұрған жүрек - тот басқан асыл, енді одан берекелі үн шықпайды. Ақын - заман, бір күндік те емес, бүгіндік те емес. Оның кешегісі - бүгінгісі - ертеңдік. Ақын бойына адамгершілік қана жарасады. Екеуінің біріне ақау түссе, алдымен ақындық өледі... (Мүсірепов).

Бұл - сегіз құрмалас сөйлем мен екі жай сөйлемнен құралған күрделі синтаксистік тұтастық. Алғашқы төрт құрмалас сөйлем өзара параллель байланысса, одан кейінгі үш сөйлем бір-бірімен тізбектеле байланысқан. Сегізінші, тоғызыншы сөйлемдер параллель байланысса, оныншы сөйлем мен тоғызыншы сөйлем тізбектеле байланысып тұр.

Айта кететін бір жай, бұл сөйлем түрлерінің қайсысының тілімізде ерте пайда болғандығы жөнінде. Біздіңше, ізбе-ізділік байланыс түріне қарағанда, теңбе-тең байланыс түрі бұрын пайда болған. Олай дейтініміз - қазақ ауыз әдебиетінің көптеген шығармалары, фольклор үлгілері, мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылтпаштар тұтас күйінде теңбе-тең байланысқа құрылған.

Күрделі синтаксистік тұтастықтар синтаксистің де, стилистиканың да, әдебиеттанудың да нысаны бола алады, себебі күрделі синтаксистік тұтастықтарда сөйлемнен тыс жердегі байланыстардың сыры ашылады.

Көркем шығарма құрылымында күрделі синтаксистік тұтастықтар бір оқиғадан екінші оқиғаға, бір баяндау планынан басқасына өтуді ұйымдастырып отыратын стильдік амал ретінде пайдаланылады.

Күрделі синтаксистік тұтастық арқылы жазушының не кейіпкердің психологиялық жағдайы, көңіл күйі ашылады, белгілі бір оқиғаны суреттеу немесе кейіпкер портретін сипаттау ісі жүзеге асады. Ондайда күрделі синтаксистік тұтастықтар оқиғаның, автор ойының жалпы ағымын ғана беріп қоймай, түрлі экспрессивтік-эмоциялық қырларын, модальдық реңктерін және сол арқылы туатын түрлі ассоциацияларды қоса білдіреді.

Күрделі синтаксистік тұтастық құрамындағы сөйлемдердің бір-бірімен байланысу тәсілдерін жазушының стилі белгілейді. Өз кезегінде сөйлем құрылысы, сөйлемдердің байланысу амалдары, күрделі синтаксистік тұтастықтың жалпы құрылысы автор баяндауының жалпы тонына, шығарманың идеялық мазмұнына әсер етпей қоймайды.

Жазушы стилін зерттегенде, біздіңше, жеке сөйлемнен гөрі, осындай күрделі синтаксистік тұтастықтарды алып тексерген анағұрлым пайдалы. Өйткені күрделі синтаксистік тұтастықтар-шығарманың композициялық құрылымына, стильдік, көркемдік ерекшеліктеріне тікелей қатысты болшегі.

Күрделі синтаксистік тұтастық мәселесі - қазақ тілі білімінде әбден көңіл қоя зерттеуді керек ететін мәселе.

5.3. КҮРДЕЛІ СИНТАКСИСТІК ТҮТАСТЫҚ ЖӘНЕ АБЗАЦ

Абзацтың күрделі синтаксистік тұтастықтан айырмашылығы: ол мағыналық-құрылымдық бірлік емес, стилистикалық-композициялық бірлік болып табылады. Бірнеше сөйлемнен құралған абзацтар көбіне өзінің шекарасы жағынан күрделі синтаксистік тұтастықтармен сәйкес келеді. Мұндай абзацтар стилистикалық дербес абзацтар болып табылады. Абзацтар бір сөйлемнен де, бірнеше күрделі синтаксистік тұтастықтан да тұруы мүмкін. Абзац пен күрделі синтаксистік тұтастықтың шекаралық сәйкес келуі ғылыми стильмен ресми стильге тән. Ал көркем әдебиет стилі мен публицистикалық стильде мұндай сәйкестік міндетті емес. Оларда күрделі синтаксистік тұтастық пен абзацтың сәйкес келуі де, абзацтың бірнеше күрделі синтаксистік тұтастықты қамтуы да немесе күрделі синтаксистік тұтастықтың бірнеше абзацты қамтуы да кездесе береді.

Тіл білімі немесе лингвистика - тіл және оның даму заңдары туралы ғылым. Тіл - қоғамдағы адамдардың өзара пікір алысу, бір-бірімен қарым-қатынас жасау құралы. Әрбір тілдің дыбыс жүйесі,

сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысы болады. Тілдің осы аталған әр түрлі жақтары тіл білімінің салаларында, мысалы, тілдік дыбыс жүйесі тіл білімінің фонетикалық саласында қарастырылса, сөздік құрамы лексика саласында, грамматикалық құрылысы грамматика саласында қарастырылады. Тіл білімінің осы аталған салаларының әрқайсысы өз ішінде бірнеше салаға немесе бөлімге, мысалы, фонетика саласы сипаттама фонетика, салыстырмалы тарихи фонетика, экспериментальды фонетика және т.б. болып бөлінеді. Мұндай ішкі салалар немесе тармақтар жайында мағлұмат осы кітаптың әр тарауының түс-түсін-да беріледі (Аханов).

Бұл - ғылыми стильдегі күрделі синтаксистік тұтастық пен абзацтың шекаралық жағынан сәйкес келуінің мысалы.

Ұлжан да өз міндетіне сыбана кірісіпті. Ол ас ошағын Қазбаланың суына жақындатып қаздырып, мал сойғызуға кіріскен екен. Жиырма шақты жігіт биелерді ақтармалап сойып жатқанда, Ұлжан тағы бір топ жігіттерді алып, жиырма қойдың он шақтысын Қазбаланың жағасына апарып, әр жерде қалың-қалың от жаққызып, үйіткізіп жатты. Мұнысы-ас пен тойда көп қонаққа істелмейтін сый. Бірақ Ұлжан семіз жылқы еті мен жас қойдың етіне үйіткен қойдың дәмді құйқасын да араластырмақ бопты. Бейнет те болса, Абай үйлерінің ажарын арттыратын болды. Дәл нағашыларының ішіндегі үлкендеріне арнап екі кебеже сүр де әкелгізген. Қыстан қалған бар ескі иіс осы болатын. Қонақтың бәріне жеткізе алмаса да, ең елеулі тобына өзге астардың дағдысынан бөлек, сарыала тартқызбақ (Әуезов).

Бұл - көркем әдебиет стиліндегі абзац пен күрделі синтаксистік тұтастықтың шекаралық жағынан сәйкес келуінің мысалы.

Алғашқы үш күн бойында әкесінің қасында болған Әбіш қазір Абайдың да үлкен уайымда екенін көрді. Бір Абай емес, биылғы жыл осы отырған бар ағайын көп ауыл тегіс қаралы. Себебі өткен қыстың бас кезінде Оспан қайтыс болған.

Ол қыс ортасында өзінің Жидебайдағы қыстауында Еркежан үйінде ауырды. Жаратылысында алып денелі Оспан соңғы жылдар ішінде қатты семіріп кеткен еді. Ауруы не екенін аңғарып болғанша, аз күн ішінде қызуы қатты күшейді. Сол қызу өрлеген сайын, сандырақ молайып, көбінше есін білмей жатты. Атыраптағы жақын туыс, жанашыр дос-жаранға, "Оспан науқас" деген хабар жетіп үлгергенше, бас-аяғы алты күн ішінде жанталасып жатып, тез қайтыс болған (Әуезов).

Бұл күрделі синтаксистік тұтастық екі абзацтан тұрады. Алғашқы абзацта айтылған ойды екінші абзац жалғастырып тұр.

Биылғы көктем әдемі басталды. Наурыздың ортасында-ақ қар кетіп, жер кепті. Құстар әлі келген жоқ. Наурыздың құсы, көктем хабаршысы – ұзақ, қарға ғана қалбалақтап, әр үйдің күресініне, жер тамның төбесіне ұшып-қонып жүр. Қыстан көтерем болып құйымшағы сорайып әрең шыққан бірлі-екілі сиырдың өлі жүні түспеген, қыр арқасына сауысқан қонып, шоқып отыр; ол сауысқанды ауылдың үруді ұмытып қалған иттері аңдып жатыр. Ол қыстан әбден ығыры шыққан ел табиғаттың бұл пейіліне риза көңілмен тіршіліктің қамына кіріскен. Түркістан-Сібір темір жол құрылысының жұмысы Құланды ауылынан әлдеқайда алыстап, Айнабулаққа біртабан жақындап қалып еді. Бұл ауылдағы күні кеше ғана қайнап жатқан еңбек, абыр-сабыр адамдары сап болып тынышталған. Іргеден өтіп, сонау оңтүстікке созылып кете барған рельс бойымен жүк тасыған кішкентай паровоздар өтеді анда-санда. Ойдағы қырдағы қазақтар үшін осы екі-үш қорап сүйреткен кішкентай паровоздың өзі таңсық, аттысы түсіп, жаяулысы жатып қарап таңырқап, таңдай қағады. Осыдан екі-үш-ақ жыл бұрын Омар байдың мыңғырған жылқысы үйездеп, желісі тартылып жатқан дала төсі мүлдем өзгерген: ілгері-кейін жосыған жолаушылар мен жұмысшылар, ұзын-ұзын рельс, жарамсыз шпал, тас, топырақтың үйінділері мен қазылған үңгірлер. Дүниені өзгертудің осыншалық оңай екенін білмей келген қыр қазақтары көндім-көндіммен бастарын шайқап, таң-тамаша қалумен жүр. Дегенмен, ел еңсесін әлі де көтеріп кете қойған жоқ-ты. Бірде жетіп, бірде жетпей қалатын киер киім, ішер астың тапшылығы көп-көп іске қолбайлау жасады. Азын-аулақ мал ұстап, шаруалық кәсібін тастамаған Құланды жұрты нарком тарапынан берілер там-тұм ақшаға сатып алар жоқ ілде-алда тірлік-шаруалық пен жұмысшылықты қатар ұстап жанын сақтады. Азаматтары әкеліп тастаған жапырақ-жапырақ ақша жұмсалар жерін таппай, әр үйдің сандығында үйіліп жатты. Аяғөздің базарына барса, бір тоқтысы мың сомның үстіне бір-ақ секірген қымбатшылық. Ақыры, салы суға кетіп, қайтып оралатын да, құйымшағы сорайған жалғыз сиырының амандығын тілейтін. Әсіресе, ата-бабасында жұмысшы болып көрмеген қыр қазақтары үшін малдан бірден қол үзіп кету аса қиынға соқты. Уақытша туған қиындыққа шыдамай, қырдағы ауылға көшіп, жаңадан құрылып жатқан колхозға кіргендері де бол-

ды. Дегенмен, түпкілікті теміржолшы болып қалған қазақтар молшылық еді (Бөкеев).

Келтірілген бір ғана абзацта үш күрделі синтаксистік тұтастық бар: біріншісі – көктем мезгілін, екіншісі – Түркістан-Сібір темір жолы құрылысына байланысты ауылға келген жаңалықтарды, ал үшіншісі – жұмысшылардың жағдайының қиындығын суреттеп отыр.

6. СИНТАКСИСТІК КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫҢ СИНОНИМДІГІ

6.1. СИНТАКСИСТІК СИНОНИМИЯ

6.1.1. Синтаксистік синонимдер туралы түсінік

Синтаксистік синонимия реальдық шындықтың сан алуан факторларының әр түрлі нәзік реңктерін синтаксистік құралдар арқылы дәл берудегі тілдің мол мүмкіндігін танытады; реальдық қатынастардың анық берілуін қамтамасыз етеді; бір конструкцияның орынсыз қайталануы бермей, түрлі конструкцияларда келіп, соның нәтижесінде сөйлеу (жазу) тіліміздің сұлулығына, мүсіндене түсуіне әсерін тигізеді. Қысқасы, айтушының сөйлеу мәдениеті неғұрлым жоғары болған сайын, синонимдік құралдарды да ол солғұрлым кең әрі белсенді пайдаланады.

Әңгіме синтаксистік синоним жайында болғандықтан, мұндайда синтаксистік қатынастың жетекші орын алатыны өзінен-өзі түсінікті болса керек. Синтаксистік қатынас дегенде, ондай қатынастың бірдейлігі ескерілуге тиіс. Мәселен, *Алматыдан келе жатыр* мен *Алматыға келе жатыр* мысалдарында кеңістік қатынас болғанымен, бұл конструкциялар өзара синоним бола алмайды, себебі біріншісі шыққан жерді білдірсе, екіншісі бағыт-бағдарды көрсетеді. Демек, екеуі де бірыңғай бағыт-бағдарды немесе бірыңғай шыққан жерді білдіргенде ғана, синоним деп есептеуге хақылымыз: *Алматыдан келе жатыр* - *Алматы жақтан келе жатыр* немесе *Алматыға келе жатыр* - *Алматы жаққа келе жатыр*.

Синтаксистік синонимдіктің екінші принципі – лексикалық құрамның ортақтығы. Айталық, *Алматыдан келе жатыр* мен *Мәскеуден келе жатыр* конструкцияларының екеуінің де кеңістік қатынасты, оның ішінде шыққан жерді, демек, бірыңғай қатынасты білдіргендеріне қарамастан, бір-бірімен синоним болмауының басты себебі – лексикалық құрамның әр түрлі болып келгендігінен деп қараған жөн. Нақтырақ айтқанда, екі конструкцияның біріншісінде бар сөз (*Алматыдан*) екіншісінде жоқ және керісінше,

екіншісінде бар сөз (*Мәскеуден*) біріншісінде болмай тұр. Сондықтан *Мәскеуден келді - Мәскеу қаласынан келді* болса ғана, синоним деп қабылдауымыз керек.

Дәл осы жағдайды тек сөз тіркесіне байланысты ғана емес, сөйлемге қатысты да айтуға болады. Мынадай жұп сөйлемдерді өзара синоним деп есептеу дұрыс болмас еді: *Сен келмегендіктен, мен киноға бара алмадым - Билет болмағандықтан, мен театрға бара алмадым* немесе *Сенің маған не айтқың келіп еді? - Сенің маған не көрсеткің келіп еді?*

Сондықтан *зейінділігінің арқасында жақсы оқыды және зейінділігімен жақсы оқыды* дейтін сөз тіркестері өзара синоним деп танылуы тиіс.

Лексикалық құрамның бірдейлігі дегенде, толық мағыналы сөздердің немесе “атауыш сөздердің” синонимдік қатар жасайтын конструкцияларда қайталанып келуін ескереміз. Ал көмекші сөздерге келетін болсақ, олар өздеріне тән лексикалық мағыналары солғындаған, лексикалық мағыналарынан гөрі грамматикалық мағыналарының басым болуы себебінен, көбінесе, әр алуан грамматикалық қатынастарды білдіріп, әр қилы грамматикалық қызмет атқаратын “жәрдемші сөз” болғандықтан, лексикалық құрамға айта қаларлықтай өзгеріс енгізе алмайды.

Синтаксистік конструкциялардың (сөз тіркесі, жай сөйлем, құрмалас сөйлем) әр түрлі болуларына байланысты көмекші (жәрдемші) сөздердің де синонимге қатынасу дәрежесі әр алуан болып келеді. Қалай болғанда да, көмекші сөздердің синоним жасаудағы қызметін теріске шығарудың еш реті жоқ. Қайсыбір жағдайларда көмекші сөзді” бір конструкцияларда болмай қалуының өзі осы екі конструкцияның синоним болуына мүмкіндік туғызады.

Сөз тіркестерінің синонимикасында бағыныңқы сыңарлардың әр тұлғада келуі міндетті деп есептеледі де, басыңқы сыңарлардың тұлғаларында еркіндік басым, яғни басыңқы тұлғалардың бірдей де, әр түрлі де болуы мүмкін.

Басыңқы сыңар қызметіндегі сөздердің қанша болуы синонимдікте шешуші роль атқармайды. Мәселен, синонимдік қатардағы бір сөз тіркесінде басыңқы сыңар орнындағы сөз бір ғана болуы мүмкін де, екінші сөз тіркесіндегі сөздің саны көп (екеу, үшеу, тіпті төртеу) болуы да ғажап емес. Таза сан жағынан алғанда олардың синонимдікке “кері әсері” байқалмайды. Осыған орай, екіншіден, синоним болатын сөз тіркестеріндегі басыңқы сыңар қызметіндегі негізгі (атауыш) сөздің түбірлес болуы заңды деп есептеледі: *есіктен шықты - есік арқылы шығып бара жатты*.

Қазақ тілінде және басқа түркі тілдерінде де сөз тіркестеріндегі басыңқы сыңарларды өзара лексикалық синоним ретінде кездесетіні бар: *Әбіш бірдеме айтқысы келсе, тек ұйқылы-ою адамның қалпындай, ақырын сыбырлап айтып та қояды* (Әуезов). *Абай тағы да сыбырлай сөйлен шер толқытып кеткенде, ойда жоқта өз-өзінен ырмақты бір жолдар құралды* (Сонда). *Құз-қияны өрмелеп, Ай туады дөңгелек* (Мәуленов). *Бір күні тік басуға жарадым мен, Сол сол-ақ, қияға өрлеп бармын мен* (Сонда).

Айтып - сөйлеп; өрмелеп - өрлеп сөздерінің лексикалық синонимдер екені дау туғыза қоймас. Мұның өзі осы сөздер қатынасқан сөз тіркестерінің синтаксистік синоним болуларына біршама жақындатып тұр. Керісінше жағдайда, айталық, *сыбырлап айтып - сыбырлай ұрсып* немесе *қияны өрмелеп - қияға қарап* тәрізді болып келсе, мұндай сөз тіркестерінің синоним болуы не болмауы туралы мәселені қою артық болар еді. Дегенмен, *сыбырмен айтып - сыбырлай сөйлеп; қияны өрмелеп - қияға өрлеп* тіркестеріне қарап, тура мағынасындағы синтаксистік синонимдердің мысалы деу қиын, өйткені басыңқы сыңарға қатысты бізге дейінгі зерттеушілердің пікіріндегі ақылға қонымды терминді орынды деп есептеп, біз де синонимдердің мұндай түрін **лексика-синтаксистік синонимдер** деп атауды жөн көреміз.

Синтаксистік синонимикадағы келесі принцип - мағыналық жақындық принципі. Лексикалық және фразеологиялық синонимдердегі сияқты, синтаксистік синонимдерде де зерттеушілердің ешқайсысы мағыналық жақындықты жоққа шығарып көрген емес. Бұлай болуы заңды да, себебі синонимдердің қайсысы болса да жеке сөздердің және конструкциялардың мағыналық жуықтығына сүйенетіндігі белгілі.

Синтаксистік мағынаның ұқсастығы принципіне тығыз байланысты келесі принцип - синонимдес синтаксистік конструкциялардың арасындағы айырмашылық принципі. Басқаша айтқанда, салыстырылып отырған конструкциялардың арасында кішкентай да болса өзгешелік байқалмаса, олар синоним бола алмайды. Демек, тілдің басқа ярустарындағы синонимдердің дублет пен варианттан айырмашылығы болатынындай, синтаксистік синонимдердің де синтаксистік дублеттерден, синтаксистік варианттардан айырмашылықтары міндетті түрде болулары керек.

Бұл принциптер, жалпы атауы синтаксистік болғандықтан, сөз тіркестері синонимдерінде де, сөйлемдердің синонимдерінде де басты принциптер болып табылады. Алайда кейбір реттерде құрылымының өзгешеліктеріне байланысты

сөйлемдердің синонимдерінің сөз тіркестерінің синонимдерінен басқашалау болып келетін жайлары бар. Мысалы, *Тоғыз ай тоғыз күнде ана құрсағынан бір туган. Одан соң, тоқсан жасқа келгенде, заман құрсағынан тағы бір туды. Сөйтіп, ұлы Абайдың құрдасы, көзі тірісінде Гомер атанған Жамбыл дүниеге екі рет туып келген.*

Кез келген сауатты адамның осылайша жазуы әбден мүмкін: грамматика, стилистика тұрғысынан алғанда да, әр сөз орнында, айтар ойы айқын, түсінікті, былайша айтқанда, тосырқарлық ештеңе жоқ сияқты. Ал аса көрнекті стилист, көркем сөздің зергері Ф.Мүсірепов бұл үш жай сөйлемнің орнына құрмалас бір ғана сөйлем құрайды: *Ұлы Абайдың құрдасы, көзі тірісінде Гомер атанған Жамбыл - дүниеге екі рет туып келген адам: тоғыз ай тоғыз күнде ана құрсағынан бір туды; тоқсан жасқа келгенде заман құрсағынан тағы бір туды.*

Осы келтірілген үш жай сөйлем мен бір құрмалас сөйлемнің синонимдігі ілгеріде саналған шарттар мен принциптерге толық сәйкес келеді: екі жағдайда да ортақ мағына бар; бірыңғай синтаксистік мағына да білініп тұр; сонымен бірге, грамматикалық тұлғада да, мағынаның реңкінде де айырмашылық сезіледі: алдыңғыда әрқайсысы жай сөйлем болғаннан кейін, баяндауыштары тиянақты тұлғаға аяқталады да, екінші жағдайда құрмаластың құрамындағы бөлшектер болғандықтан, бір компонентпен екінші, екінші компонент пен үшінші компоненттердің арасындағы интонациялық жағынан жалғасып жатушылық та тыныс белгісі арқылы танылып тұр. Тағы бір айырмашылық мынада: бірінші жағдайдағы жай сөйлемдер ауызекі сөйлеу тілінің стиліне тән де, екінші жағдайдағы құрмалас сөйлем кітаби-жазба тілінің стиліне жақын екенін көрсетеді.

Сөз тіркестері синоним болғанда, бағыныңқы сынарлардың әр түрлі болып келетіні тәрізді, жай сөйлем мен құрмалас сөйлем, сондай-ақ құрмалас сөйлем мен құрмалас сөйлем өзара синонимдік қатарға түскенде, мазмұндағы сәл де болса айырмашылыққа байланысты құрылымда да өзгешелік байқалуға тиіс: *Өмірдегінің бәрін біліп алды деп кім үйретті саған? (Иманжанов). - Өмірдегінің бәрін біліп алдың деп біреу үйретті ме? - Өмірдегінің бәрін біліп алдың деп кім үйретуші еді.*

Әр құрылымдылық синонимдіктің принципі ретінде келесі принциппен - экспрессивтілік, модальдылық және эмоциональдылықпен байланысты келеді. Жалпы мазмұны бір болып, айырмашылығы экспрессивтіліктен, модальдылықтан немесе эмоциональдылықтан көрініп тұрса, ондай сөйлемдерді өзара синонимдер деп

есептейтін кездер де кездеседі. Мәселен, келтірілген мысалдағы сұраулы сөйлемді жауап талап ететін ашық сұрақты сұраулы сөйлем деуге болмайды, оны риторикалық сұрақты сөйлем деп түсіндірген дұрыс.

Түптеп келгенде, үш сөйлемнің де берер мазмұны бір. Соған қарамастан, бір-бірінен айырмашылығын байқауға болады: бірінші сөйлемде сес көрсету, кесіп-пішіп айту басым; екіншіде - сенімсіздік, күмән, шүбә аңғарылады; үшіншіде - айтушының тыңдаушыға өз ойын менсінбей, төкаббар калыпта жеткізу нышаны сезіледі.

Трансформациялық та синонимдіктің қажетті элементі ретінде қаралуға лайық, себебі “трансформациялық дегеніміз - белгілі бір морфологиялық құрылымда келген конструкцияның өзімен мазмұндас екінші бір конструкцияға айналдыру”: *Сені көргеннен бері, көңілім бір түрлі көтеріңкі сезіледі - Сені қалай көрдім, содан бері көңілім бір түрлі көтеріңкі сезіледі - Сені көруім мүң екен, содан бері көңілім бір түрлі көтеріңкі сезіледі...*

Сонымен, синтаксистік синоним дегеніміз - екі немесе одан көп синтаксистік конструкцияның лексикалық құрамы бірдей, мазмұны бір, бірыңғай синтаксистік қатынаста келіп, құрылымы әр түрлі болып, соған сай нәзік мағыналық айырмашылығы байқалатын синтаксистік параллелизмнің түрі.

6.1.2. Синтаксистік синонимдердің оларға ұқсас тілдік құбылыстармен арақатынастары

Синтаксистік синонимдерге ұқсас тілдік құбылыстар жиі кездеседі. Олармен синтаксистік синонимдердің арақатынастарын сөз етудің де елеулі теориялық және практикалық маңызы бар.

Синонимдердің басқа түрлерінде болатындай, синтаксис саласындағы синонимдердің де жүйелі және контекстік (немесе авторлық) түрлері болады. Ондай синонимдерді, бір қарағанда, аталуларынан да біршама түсінуге болады. Демек, жүйелі синоним синтаксистік конструкциялардың кез келген жағдайда, яғни мәтін ішінде де, одан тысқары да жуықтық мағынаны сақтай алатын синоним болса, контекстік синоним тек белгілі бір контекстік ыңғайында немесе сөз шеберінің қолдану ерекшелігіне байланысты қолданылатын синоним екендігі байқалады. Нақтырақ айтқанда, кейбір жағдайларда контекстік синонимдер мәтіннен тыс жерлерде синонимдік белгілерін сақтай бермейді.

Сөйтіп дағдарып тұрғанымызда, арт жақтан үздік-создық шиқылдап өгіз арба қуып жетсін (Тарази) деген сөйлемнің баяндауышына қарап, келер шақтағы іс-әрекет туралы сөз болып тұр

ма екен деп ойлануға хақылымыз. Шынында, автор мақаласының (“Лен.жас”) мазмұнына байланысты, өткен шақтағы сөздің орнына қолданылып тұрғанын аңдайсыз. Демек, баяндауыш бүкіл сөйлемнің мазмұнына, ең болмағанда, құрмалас сөйлемнің бір сыңарына әсер етіп тұр да, келер шақ тұлғасы өткен шақтың мағынасын білдіретін сөздің орнында тұр. Мұны әдеби тілде жұмсалуға тиіс *Сөйтіп дағдарып тұрғанымызда, арт жақтан үздік-создық шиқылдап өгіз арба қуып жетті* деген сөйлемнің синонимі және контекстік синонимі деп білеміз. *Саяның міндеті - екі қызға көмектесу. Бұлар әуелі шаршы километр жердің ауданын өлшер, сол ауданнан шағын шұқанақ қазып топырақ алар* (Досжанов). Бұл мысал да, бір қарағанда, роман кейіпкерлерінің алда тұрған әрекеттері мен міндеттерінен хабар беріп тұрған тәрізді. Романды оқыған адам жазушының бұл тұлғаларды осы шақ ыңғайында жұмсап отырғанын біледі. Сонымен, бұл да әдетте ... *ауданын өлшейді, ... топырақ алады* баяндауыштарына аяқталып қолданылатын конструкциялардың синонимі екеніне көз жетеді. Лексикалық синонимдер мен синтаксистік синонимдердің арақатынастары туралы айтқанда, олардың бір-бірімен ұқсастықтарын да, бір-бірінен айырмашылықтарын да аңғару қиынға соқпайды.

Екеуінің арасындағы ұқсас жайлар мынадай болып келеді: 1) тілде атқаратын қызметі - сөз қолданудағы икемділікті, ыңғайлықты, оралымдылықты танытатындығы; 2) синонимдік қатардың мағыналық жақындығы, жуықтығы; 3) синонимдердің пайда болу, баю жолындағы ұқсастық жағынан үш факторды атауға болады: а) синонимдердің ана тіліміздің дағдылы қолданылысында бар, жалпыға түсінікті сөздерден жасалатындығы; ә) синонимдік қатардағы сөздердің бірі төл ана тіліміздің сөзі болса, екіншілері орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы басқа батыс немесе шығыс тілдерінен енген сөздер болатындығы; б) синонимдердің жергілікті тіл ерекшеліктері есебінен байып отыратындығы. Міне, осындай үш түрлі ұқсастық барына назар аударуға негіз бар.

Лексикалық синонимдер мен синтаксистік синонимдердің арасындағы айырмашылықтар деп мына жайларды тануға болады: 1) лексика-фразеологиялық синонимдер болмыстағы заттардың, құбылыстардың және олардың сынының, қасиетінің, белгісінің т.б. аттарын білдірсе, синтаксистік синонимдер сол заттар мен құбылыстардың немесе олардың сынының, қасиетінің, белгісінің арасындағы қатынастарын көрсетеді; 2) лексикалық синонимдерде тұлғалық ұқсастық міндетті деп саналады да, синтаксистік синонимдерде, керісінше, әр тұлғалық басты шарттардың

бірі болып есептеледі. Бірақ бір жайды ескертудің артықтығы жоқ: морфологиялық тұлғасы әр түрлі болғанымен, синтаксистік синонимде де ол сөздердің бір сөз табы бола беруі әбден мүмкін, соның өзінде де әр тұлғалық сақталуға тиіс; 3) бұдан шығатын үшінші ерекшелік: лексикалық синонимде сөздердің бәрі бірдей бір сөз табы болуға тиістілігі шарт деп табылса, синтаксистік синонимде сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларының бір сөз табынан болуға да, әр сөз табынан болуға да еркіндігі бар; 4) синтаксистік синонимді жасайтын конструкциялар екі сыңарлы (компонентті) болады, бұл - синтаксистік синонимді лексикалық синонимнен ажырататын басты қасиет.

Морфология мен синтаксис грамматиканы құрайтындықтан, синонимикада да грамматикалық синоним деп жалпы атаушылық бар.

Морфологиялық синонимдер морфологиялық категориялардан болады. Мәселен, болымсыздықтың немесе болымсыздық формалар арқылы болымдының жасалуын осыған жатқызар едік: *Білмейді емессің, білесің: оған жұрттың бәрі мойындайды, көп оқисың, көп ізденесің* (Нұртазин). Жазушы С.Мұқанов *тас* деген сөзді *тас емес те емес* деген тіркесте жазады: *Айта берсең, ол - тас та емес, тас емес те емес. Тас дейін десең, діңгектің үстіне өскен, жабағыдай ұйысқан бетеге, бетегелердің арасына өскен бұйра тобылғы. Тас емес дейін десең, желді күні айнала ұшып толқындар діңгектің бетін бір шаймайды.*

Сенің терең көзіңнен терең теңіз тайыздау (Мұстафин) деген сөйлемдегі *көзіңнен тайыздауды көзіңе қарағанда тайыздау* деуге болар еді. Сонда осы екі тіркесті синонимге жатқызамыз. *Мен не істесем де, түгел біліп істегім келеді. Мен солдаттамын, офицердемін* (Мүсірепов) мысалындағы соңғы сөйлемді басқаша құруға да мүмкіндік бар: *Мен әрі солдатпын, әрі офицермін*. Мұндайда морфологиялық синоним жасау үшін жалғаулықтардың елеулі қызметі байқалады.

Біздің түсінігімізде морфологиялық синонимдер бір түбірден жасалуы керек. Мұнысы оларды синтаксистік (сөз тіркестерінің) синониміне бір табан жақындатқанымен, синтаксистік синонимдердің екі сыңарлы (компонентті) болуы - олардың морфологиялық синонимдерден түбірлі айырмашылығы. Сондай-ақ морфологиялық синонимдердің бір сыңарлы болуы оның лексикалық синонимге сырттай жуықтығын танытады да, бір түбірден жасалуы алыстата түседі.

Синтаксис аясында синонимдердің болатыны сияқты, варианттар да болады. Синтаксистік варианттарға қатысты әр түрлі түсінік орын алып отыр. Зерттеушілердің қай-қайсысы да синоним-

дер тәрізді, варианттардың да параллелизмдердің бір түрі екенін мойындайды. Солай болғандықтан - екеуі де синтаксистік параллелизмнің түрлері болғандықтан - олардың арасында ұқсас жайлардың да, айырмашылықтардың да болуы - табиғи кұбылыс.

Ол жайларды қысқаша былай түйіндеуге болар еді:

біріншіден, синтаксистік синонимдердің қолданылу аясы белгілі дәрежеде тұрақты, шегі бар болса, синтаксистік варианттар өте жиі әрі өнімді, икемді жұмсалады, демек, синонимдерге қарағанда, варианттардың пайдаланылу өрісі кең;

екіншіден, синтаксистік синонимдерде грамматикалық мағына мен грамматикалық модельдің сөл де болса өзгешелігі талап етіледі де, синтаксистік варианттарда, керісінше, сол грамматикалық (синтаксистік) мағына мен грамматикалық (синтаксистік) модельдің тепе-теңдігі қажет болып табылады;

үшіншіден, синтаксистік синонимнен синтаксистік варианттың тағы бір өзгешелігі сол - соңғыда (синтаксистік вариантта) грамматикалық мағына тепе-тең болмағанның өзінде, болар-болмас айырмашылық жүйелі грамматикалық (синтаксистік) мағынаға ешқандай өзгеріс туғыза алмайды.

Міне, синтаксистік синонимдер мен синтаксистік варианттардың арақатынастарына байланысты осы жайларды ескеруге тура келеді.

Синтаксистік синонимдерді таптастырудың практикалық та, бұл саладағы зерттеу жұмысының белгілі бір жүйемен жүруі үшін теориялық та маңызы зор.

Біздіңше, қазіргі қазақ әдеби тіліндегі синтаксистік синонимдерді, әр түрлі теориялық пікірлер мен ана тіліміздің факторларын ой елегінен өткізудің нәтижесінде, былайша жіктеудің қисыны бар сияқты. Алдымен, сөз тіркестерінің синонимиясына топтастырған жөн, өйткені сөйлем мен сөз тіркесінің синонимдік қатынасқа түспейтіндігі белгілі. Соның өзінде синтаксистік синонимияның бұл түрін, етістікті сөз тіркесі мен есімді сөз тіркесінің өзара синоним бола алмайтындығын ескеріп, іштей үлкен екі топқа бөлудің де реті бар. Олар етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы және есімді сөз тіркестерінің синонимиясы деп аталар еді. Одан кейінгі ең көлемді және маңызды түрі сөйлемдер синонимиясы болып табылады. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің бір-бірімен синонимдік қатынас құрай алатындығы ескеріліп, сөйлемдер синонимиясының тұтас алынғаны дұрыс. Ал мағыналық түрлеріне қарай іштей жіктеле беретіні өзінен-өзі түсінікті.

6.2. СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ СИНОНИМИЯСЫ

6.2.1. Етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы

Сөз тіркестерінің синонимикасында басыңқы сыңарлардың бір түбірлі болу керектігін ескерсек және бағыныңқы сыңар қызметіндегі сөздер де бір түбірлі болып, соңғыларының тұлғалары әр түрлі болатындығына көз жеткізсек, синонимдік қатар жасаушы сөз тіркестерінің мазмұн-мағынасы жақын болатындығы белгілі. Ендеше, әңгіме бағыныңқы сыңарға қосылатын қосымшалар мен соған (бағыныңқы сыңарға) тіркесетін көмекші сөздерде, шылауларда, олардың қызметіндегі жалпы ұқсастық пен нәзік айырмашылықтарында болуға тиіс.

Етістікті сөз тіркестерінің синонимдігі синтаксистік мағыналардың барлық түрінде кездеседі десе де болады. Сол мағыналарды үлкен екі топқа бөліп қарастырып, объектілік қатынастағы және пысықтауыштық қатынастағы синонимдес етістікті сөз тіркестері деп атау ыңғайлы көрінеді. Ол мағыналар да өз ішінде кішігірім бөліктерге жіктеледі.

Қазақ тілінде объектілік мағынада қолданылатын етістікті сөз тіркестері синоним болу үшін бағыныңқы сыңардағы грамматикалық тұлғалардың орын ауыстыру тәртібі мынадай болып келеді:

- септік жалғаулары мен септік жалғаулары;
- көмекші есімдер мен көмекші есімдер;
- септік жалғаулары мен көмекші есімдер.

Бұлардың ішіндегі ең өнімді тәсіл - септік жалғауларының бірінің орнына екіншісінің қолданылуы арқылы синоним тудыру тәсілі. Бұлай болуы септік жалғауларының сөйлем ішіндегі, сөз тіркестеріндегі қызметіне байланысты.

Ілгеріде айтылғандай, етістікті сөз тіркестеріндегі объектілік қатынастардың бірнеше шағын топтарға тарамданатыны мәлім. Олардың бастылары - әңгіме, сөз нысанын білдіретін сөз тіркестері; құралдық қатынасты білдіретін сөз тіркестері; бөліну даралану ұғымын білдіретін сөз тіркестері; бірлестікті, тұтастықты білдіретін сөз тіркестері; қимылдың нысанға әсерін білдіретін сөз тіркестері; тура нысанды білдіретін сөз тіркестері т.б.

Әңгіме, сөз нысанын білдіретін сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарлары атау септігіндегі (бастапқы күйіндегі) сөздер мен шылаулардың селбесуінен жасалған тіркестер, некен-саяқ шығыс септігіндегі сөздер болып келеді: *Мен әжемді ең бақытты адамдардың бірі санаймын* (Мұратбеков). *...Мен өзімді бұл жолдаспен талай жолғасқан, сөйлескен, кейде сырын*

түйген адамдардың біріне санаймын (Мұқанов). Патшалық Россияның бір кездегі шет аймақтарынан саналып келген Орал қаласы қазір... ірі әкімшілік облыс орталығы ретінде гүлденіп, өркендеп келеді ("Соц.Қаз.") Салыстырыңыз: бірі санау - біріне санау; шет аймақ деп санау - шет аймақтардан санау.

Тілімізде өте жиі қолданылатын туралы, жөнінде, жайында, жайлы т.с.с. шылаулардың септік жалғауларының алмасуы қызықты құрылымдарды алдымызға жайып салады: Мақаш сияқты сөзуар шалдар ... қала әңгімесіне келгенде тұрып қалады (Мұстафин). Қайзердікіне жеткенше Сыздық пен Аманның әңгімесі ақша болды (Сонда). "Алатау" сиырының әңгімесін тыңдадық (Мұқанов). Қаланың да, ақшаның да, сиырдың да әңгіме айтпайтыны әркімге аян, екінші жағынан авторларды кінәлау да орынсыз болар еді. Қалай болғанда да, айталық, матаса байланысу арқылы берілгенімен, әңгіменің нысаны екенін (қала туралы әңгімеге келгенде; ақша туралы болды; сиыр туралы әңгімені тыңдадық) түсіну қиын емес.

Әдетте кеңістік мағынаны білдіруде қолданылатын маңы, жаны көмекші есімдері және шығыс септігінің жалғаулары да осы нысанды білдіруге жұмсалады: Мен алдымен жауды тоқтату жағын ойладым (Ахтанов). Ол біздің жас-тарға халықаралық жағдайдан лекция оқып бермек болған (Қабдолов). Хорезми тарихтан, этнографиядан, медицинадан, календарьдан, күн сағаттарының теориясынан да кітаптар жазған (Депман, Исқақов). Ас піскенше үшеуінің әңгімесі Шәкен маңында болды (Мұстафин).

Құралдық қатынастағы сөз тіркестерінің синоним болуы үшін атау тұлғадағы сөз бен арқылы шылауының тіркесі, көмектес, шығыс септіктерінің жалғаулары алмасып келеді: Мейрам әлдекімге "бес минутта кел" деп телефон арқылы әмір етті (Мұстафин). Тоғжановтан рецензия келсе, Орталық Комитеттің үгіт-насихат бөлімі маған телефонмен хабарламақ болды (Мұқанов). Сол жылдары жас композитордың әндерін радиодан жиі беруші еді (Ахтанов). Жазылбектің радиомен айтқан сөзі әлі есімізде ("Жалын").

Мұндай реттерде арқылымен келген тіркестік кітаби тілге тән екендігін атамасқа болмайды: Кейбір қосылыстар бір атомдар иондық байланыспен қосылса, сол молекуланың ішінде екінші атомдар өзара полюсті және полюссіз байланыс арқылы қосылуы мүмкін (Бірімжанов). Сөз қолданушы адам бір тіркесті қайталай бермеуді де мақсатына алады.

Сөз болып отырған етістікті сөз тіркестерінің бұл түрінде барыс септігі жалғаулары мен шы-

ғыс септігі жалғауларының, шығыс септігі жалғаулары мен көмектес септігі жалғауларының алмасуы жиі ұшырасады: Бектікінен торы ала аяқпен ішкен қымыз оны қанағаттандырмады (Сейфуллин). "Өлмеген адам алтын аяқтан су ішеді" деген - осы (Сыдықбеков). Кейінгі сөздіктердің бәрі де Ильминский сөздігінен пайдаланады (Кеңесбаев, Мұсабаев). Қазіргі қазақ тілі лексикасын меңгеру үшін қазақ тілінің құрамындағы сөздерді зерттеп, олардың стильдік айырмашылығын білу керек. Ол үшін қазақ тілінің сөздіктерімен пайдалана білу қажет (Кеңесбаев, Мұсабаев). Атқан оқтан өлмейді алып ақын, Оқпен жырды өлтіру мүмкін емес (Молдағалиев).

Бөліну, даралану ұғымын білдіретін етістікті сөз тіркестері де синонимдік қатар құрайды. Мұндай жағдайда көбінесе септік жалғаулары, әсіресе, шығыс септігі мен көмектес септігі жалғаулары, бірінің орнына бірі пайдаланыла береді: Қысқасы, Абай ағамнан айырылысу мына қаралы жылда масқара болар еді (Әуезов). Содан Абай ағаммен айырылысудың жолын іздепті (Әуезов).

Кейбір көркем шығармалардың тіліне назар аударар болсақ, барыс септігі қолданылатын жерлерде шығыс септігінің өрын алғанын кездестіруге болады: Сый дәмемпе, берсе, алма еш адамнан, Нең кетеді жақсы өлең сөз айтқаннан? (Абай). Етігі де шойқиган, жыртық-тесігі көп еді. Жүгіре бере өкшесінен су кіргенін білді (Әуезов). Генерал мына сөзден шүбәланып, Жол іздеп бір түйықтан шығар алып (Шаханов).

Бірлестікті, тұтастықты білдіретін етістікті сөз тіркестерінің синонимдігінде барыс және көмектес септіктерінің жалғауларының алмасуы өте жиі кездеседі: Палуан сырт киімін иешіп отырды да, үй ішіне түгел амандасты (Әбдіқадырөв). Үй ішімен Әбдірахман тегіс амандасты (Майлин). Шыңғыстау тентек желдің ашуы мен ойнағына қарап мұңды ойға батқандай, бас жағы бұлтқа араласып, мұнарланып, түнеріп тұр (Әуезов). Аспанға өрлеп, бұлтпен араласқандай болып, қараушы көзден жоғалып тұр (Сонда).

Бұлардың ішінде, сан жағынан алып қарағанда, күнделікті қарым-қатынаста көмектес септік жалғауы арқылы байланысқан түрі көп жұмсалады.

Синонимдік сөз тіркестерінің тағы бір тобы жалғастықты, созылыңқылықты, сол арқылы тұтастықты білдіреді: Төңкеріліп көк аспан, Жауыртауға биіктен, Нұры еңбекке ұласқан Күн жер төсін иіткен (Жароков). Маман боп оқу бітіріп, Еңбекпен қыз кеп ұласты (Әлімқұлов).

Мұндай абстракты ұғымда ғана емес, нақтылы адам мағынасындағы сөздер болып келгенде де, осы екі септік жалғауларының алмасулары бай-

қалады: *Жан жарына қосылуға Асыққан бір сұлу-дай* (Байрон). *Есіттім мен достың қалай қосыл-ғанын жарыменен* (Тәжібаев). *Өз теңіме қосыл-ғым келеді* (Жансүгіров). *Қыз қосылып теңімен, жыламасын, Көздің жасын көл қылып бұламасын* (Майлин).

Шапшаң қимылды білдіретін етістіктер жа-тыс септігін де, шығыс септігін де, барыс септігін де меңгереді. Сөйтіп қимылдың нысанға әсерін білдіретін сөз тіркестерінің синонимі жасалады: *Абайдың он үш жасында жүрегіне оқ боп тиген Қодар өлімі қазір ғана болған әке қылмысындай алдына сап етіп кеп еді* (Әуезов). *Мырзақ та дел-сал болып жүре берді. Сандалып дәл жүректен тигендей оқ* (Малдыбаев). *Байдың таяғы екеуіміздің шекемізге бірдей тиген* (Майлин). *Сол уақытта құлақ шекесінен тиіп қалған қышқаш-тай қатты темір жұлқып кеп қалғанда, ой жаққа қарай ытқып барып түсті* (Әуезов). *Буржуаның, байлардың іштеріне тептік біз* (Сейфуллин). *Мур-батов ұйғырларша оны баспен иек астынан урып, тізесімен іштен тепті* (Момышұлы).

Меңгерілетін мүшелер дене мүшелерінің атау-лары (*бет, маңдай, іш, бас* т.б.) болса, екі септікте де кездесе береді, ал толық дененің атауы бол-ғанда, не тек барыс септігінің, не тек табыс септігінің жалғауы жалғанады. Мәселен, *менен сұғып алды* немесе *Ораздан салып қалды* демейді, *маған сұғып қалды* немесе *Оразды салып қалды* дейді.

Осынлай сөз тіркестерінде бір сөздің бірде барыс септігінде, енді бірде шығыс септігінде тұруы ауыспалы мағынадағы сөздерде де ұшы-расады: *Мәз болады болысың Арқаға ұлық қаққанға* (Абай). *Шамасы, кейбір кішілерге арқадан қағып еркелеткеннен гөрі, көбірек төмпештеген адам ұнайтын болса керек* (Ахтанов).

Табыс септігінің тура нысанды білдіріп, оның басыңқы сыңары сабақты етістік болатыны белгілі. Ал сабақты етістік бір мағынадағы сөз тіркесінде табыс жалғауын да, барыс жалғауын да керек етуі, сондықтан барыс жалғаулы сөздің тура нысанды білдірудегі ұқсастығы мұндай сөз тіркестерінен синонимдік қатар құрайды. Бұл - тілімізде қалыптасқан құбылыс: *Не істерге білмеген Балунның көзіне бөлменің қалың қарағайдан жасал-ған есігі түсті* (Мұқанов). *Аң-таң болған Гүлнар не істерін білмеді* (“Балдырған”). *Жаттың аты-на мінген - жаяу қалады* (Азербайжан мақалы). *Атты күнде мінсең - тулақ, аптада мінсең - қунақ* (Қазақ мақалы). *Оқушыларды дұрыс сөйлеуге, са-уатты жазуға үйрету ... қазақ тілі мен орыс тілі мұғалімдерінің басты міндеті* (“Халық мұғалімі”). *Мен сендерге, балалар, әріп жазуды, сөз және сан жазуды үйретемін* (Айтматов).

Бүтіннің бөлігін білдіргенде табыс септігі жалғаулары мен шығыс септігі жалғаулары алма-сады: *Берген сыйлығын да, жыртысын да алмай-мын. Етін жеп, қымызын ішпеймін* (Ибрагимов). *Біреудің үйіне барып, күздік қымыздан ішіп, семіз тайдың телшесін жеу - Жұман үшін ең үлкен іс* (Әуезов).

Осы тәріздес сөз тіркестерінде шығыс септігі мен көмектес септігінің жалғаулары да жарыса қолданылады. Шығыс септігінің жұмсалу аясы-ның кең екендігін ескермеске болмайды: *Саф ауадан демалып, Керілді кең көкірек* (Сейфуллин). *Күміс сулы таза ауамен демаламыз, қайтамыз* (Саин).

Етістікті сөз тіркестерінің енді бір үлкен тобы пысықтауыштық қатынасты білдіргенімен, ол қатынастың өзі ішінара бірнеше түрлерге бөлінеді. Олардың бастылары - амалдық қатынастағы сөз тіркестері; кеңістік қатынастағы сөз тіркестері; себеп-салдарлық қатынастағы сөз тіркестері; мақ-саттық қатынастағы сөз тіркестері т.б. Осы және басқа мағыналарда қолданылғанда да етістікті сөз тіркестері бір-бірімен синоним бола береді.

Пысықтауыштық қатынастағы етістікті сөз тіркестерінің ішінде барынша мол жұмсалатыны - амалдық қатынастағы сөз тіркестері. Сонысы-на қарай мұндай сөз тіркестері синонимдік қатарға да жиі түседі: *Туысқандары Абайды жарқын жүзбен қуанып қарсы алды* (Әуезов). *Құрметті қонақты қуанышпен қарсы алды* (Есенжанов). *Дина көптен көрмеген сырлас құрбысы мен өкіл әкесін қуана қарсы алды* (Бақжүргенов). *“Аспаннан киіз жауса, құлаа ұлтарақ тимейді” деген бар емес пе? Бұл сөзді айтқан қазіретке риза болысып, қошемет-пен қарқылдап, бір күлісіп алды* (Сыланов). *Баға-нағы байгүс шал ауылда жүріп күледі қошемет қылып қарқылдап* (Абай).

Амалдық мағынаны білдіруде көсемшелердің, соның ішінде *-ып, -е, -й* тұлғалы көсемшелердің алатын орны ерекше. Бұл қасиет етістіктің сөз болып отырған түрінің өзіне тән сипатына бай-ланысты. Басыңқы сыңар етістікпен берілген қимылдың, оқиғаның тәсілін, әдіс-амалын білдіру арқылы бір мағыналас көмектес септігіндегі ба-ғыныңқы сыңардың орнында немесе керісінше - көмектес септігіндегі сөз көсемшенің орнында жұмсала береді.

Көмектес септігіндегі есім сөз көсемшеге айналғанда, нәзік мағыналық ерекшеліктерді білдіреді. Сол негізгі мағынаны сақтағанмен, субъекті мен объектіге қатысты үстеме немесе қосымша реңк береді: *Антпенен тарқайды, Жи-ылса кеңеске* (Абай). *Анттасып тарқайды, Сен тентек демеске* (Абай). *Дәрмен сол күндерде Абайды бар ынтасымен тыңдай отырып, өзінің ішінде Иса*

туралы тағы бір өмірлі ыстық қиял толқындары оралып үйірілгенін сезді (Әуезов). Еңбек пен өнер күйін естісе енді, Әлеумет ынталасып, елтіп тыңдар (Сейфуллин).

Осындағы ортақ етістің -с жұрнағы тыңдаушы мен тарқаушылардың көп екендігін көрсетеді, есім сөздің көмектес септігінде тұрған түрінде мұндай белгі байқалмайды.

Есім сөз жеке тұрғанынан гөрі, қос сөз түрінде келсе, күшейткіш екпін береді, мән бергендікті көрсетеді: *Әлденеше күн сүйінші тілесіп шапқыласқан жақындар топ-топ болып Құнанбайға келеді* (Әуезов). *Бұның аулына топ-тобымен кеп түсіп жатқан кісілер бар* (Сонда). *Қармола басына Абай дәл осы кеште аз ғана топпен келіп, елеусіз ғана түсті* (Сонда).

Амалдық қатынастағы етістікті сөз тіркестерінің синонимдігінде көсемше мен үстеу сөздердің орын ауыстыруының үлкен мәні бар: *Белов ақырындап қораға кіріп келіп, ас үйдің терезесінен ұрлап ішке көз тастады* (Есенжанов). *Аттан өтіп батырың, Үйге кірді ақырын* (Жамбыл). *Терезе алды жас терек, Жүр екен кімдер сүйеніп? Жүр екен кімдер еркіндеп, Жүрегін ұстап үйге еніп!* (Аманжолов). *Ұзын дестенің бойына асықпай жылжып етектеп тұқым шашқан егіншідей, кең сахарада еркінше жүріп түйірлен білім сепкен Қален де оқыс жерден қыспаққа түсті* (Есенжанов).

Қимылдың орындалу амалына назар аударып, ерекшелеп айту керек болғанда көсемшелер қатыстырылады.

Шалқасынан, етбетінен үстеулерінің көсемшенің тұлғасын жалғайтын реттері де бар: Жиренше осыдан соң артына екі үлкен жастық қойып, төр алдында шіреніп, шалқалай жатып алды (Әуезов). *Шалқадан жатқан қалында екі қонақтың да сақалдары күйектей боп, ерекше көзге түсті* (Сонда). *Столетов ат үстінде шалқасынан түсіп қорылдап жатыр* (Тоқаев). *Әбдірахман сол көлеңкесі ұзарған ағаштың саясында етбеттеп жатыр* (Есенжанов). *Екі түп боп өскен тікеннің ортасында етбетінен түсіп бір бөтен адам жатыр* (Мүсірепов). *Әйел шешінбестен көрпесін жамылып, етбетінен жатып, жастықты қушақтап өксіп жатыр* (Ибрагимов).

Жатыс септігінде сөз бен көсемшенің орын ауыстыруы жиі ұшырасады: *Маусымбай төс қалтасынан мықтап тыққан арызын алып, столдың үстіне тастады. Қазақ тілінде ... жазылған арыздың көшірмесі* (Мұстафин). *Әлде қазақша жазылған екен деп қалдың ба?* (Есенжанов).

Шығыс септігіндегі сөздер көмектес септігіндегі сөздермен алмасуға бейім тұрады: *Көрсін десең жырың сенің жарықты, Шын жүрек-*

тен жырла өшпес халықты (Зелинский). *Ақын да сол, Жақсы өмірді шын жүрегімен жырлайды* (Тоқмағамбетов).

Көсемшенің амалдық қатынасты таныта алатыны сияқты, сын есімдер де қимылдың амалын білдіреді: *Айбала сабыр аттап, сылбыр басып күйеуіне қарай келеді* (Ибрагимов). *Алтыншаш бәйбіше салмақпен, сабыр басып үйге келді* (Сонда).

Көсемше сияқты, үстеу де көмектес септігіндегі сөздің орнын баса алады: *Келген ізімен Ушаков кері кетер еді де, жіңішке жол көр бітеленіп барып, өшіп кетер еді* (Мүсірепов). *Ол қарсы шыққан күзетшілермен тілдесті де, айналмастан ізінше кері қайтты* (Есенжанов).

Сын есім мен көсемшенің және көмектес септіктеріндегі сөздердің алмасуы да синонимдік қатар жасауға мүмкіндік береді: *Түсі Абайға ұқсаған, сәнмен киінген ақсұр келіншек жастықтар әкеп қойды* (Әуезов). *Ол қатарындағы биік прическасы бар, сәнді киінген жас әйелге күлімдеген көзбен жиі иіледі* (Сонда). *Тур-тұласы және сәндене киінуі осындай Сәкен қызметтен босаған кейбір шақтарында серуендеуді жақсы көретін* (Мұқанов).

Синоним жасауға басқа тұлғалар мен сөздер сияқты, тәрізді, сияқты сөздерінің де септігі тиеді: *Енді білек бұлшық еті бұлтұлдап, Көңіл күйі күліп күнше балқысын* (Сейфуллин). *Күндей күлген қызымды Күң етпекші болды жау* (Жамбыл). *Ол кәдімгі күн сияқты Жарқырап, маздап шықты да...* (Тәжібаев).

Кеністік қатынас деп пысықтауыштық қатынастардың біреуін атағанымызбен, оның өзі өз ішінде бірнеше шағын тармақтарға бөлінеді. Олар мыналар: *бет алыс-бағдар; уақиғаның орны; қозғалыс жолы; қозғалыстың шығар жері*.

Қимылдың не қозғалыстың ынғайында субъектінің, объектінің бет алысын, алған бағытын білдіру үшін әдетте барыс жалғауын жалған сөз қолданылады. Кейде ол жалғаудың жасырын түрде кездесетіні де бар: *Жалпақ жонды жоталай жатқан күрең жолдардың біріне түсіп алып көмірді Қарағандыға тартты* (Мұстафин). *Құрышбай Қарағанды тартты* (Шашкин).

Бір қызықты жай - жатыс септігі тұлғасындағы сөздер де бағытты көрсетеді: *Мен Жымпитыдан осында* (осы жерге - М.С.) *ауысқым келіп жүр* (Есенжанов). *Жер астындағы қым-қуыт көп қуыс, көп жолдар осынан тараған, көмірін осында* (осы жерге - М.С.) *құяды* (Мұстафин).

Осындай жағдайды шығыс септігіндегі сөздерден де көруге болады: *Шықса бұлар от алдынан шапқылап, Ұмтылады өрт те қанат қаққылап* (Зелинский). *Ауылды улыған-шулыған*

қып іргесінен келіп, Сарының қол салған үйі еді (Жұбанов).

Шығар орынды білдіретін сөз тіркестерінің синонимдігінде көмекші сөздердің атқаратын қызметі елеулі: *Бір кезде қаланың батыс жағынан (батысынан - М.С.) он бес шақты салт атты көрінді (Мұқанов). Танабайдың үйінен (үй ішінен - М.С.) естілген күлкі кек-ыза қайнаған Нияздың жүрегін шоқ түскендей қайнатты (Сейфуллин).*

Орын мағынасын білдіретін сөз тіркестерінің синонимдігінде жатыс және шығыс септіктеріндегі сөздер алмасып келеді: *Намаз оқып отыраан молдаға ұқсап, әр жерде қазықтай қадалған бірнәрсені семіз қарасұр суырлар көрінеді (Мүсірепов). Қара тұманның әр жерінен жалғыз-жалғыз жарқыраған жұлдыздар көрінеді (Сонда). Өңінде әлі де ырзалық белгісі көрінбейді (Мұстафин). Сөзінен қуаныш, өңінен аяныш көрінеді (Сонда).*

Тек көру емес, басқа сөздермен, мәселен, оқы, оқыту сияқты сөздер де бірде шығыс, бірде жатыс септіктеріндегі сөздермен тіркеседі: *Қазақтың бес жасар баласы ат құлағында ойнауды ешбір мектептен оқыған жоқ (Мұстафин). Ботақарадағы, Большая Михайловкадағы фабрик-завод мектептерінде, техникумда жүздеген жас кадрлар, жаңа техниканың болашақ мамандары оқып жүр (Сонда).*

Осындай реттерде барыс септігінің де жұмсалатыны кездеседі: *Әсетті сол Көктума қаласындағы Зейнұлла дегеннің медресесіне оқытады (Жұбанов). Мұны, тегінде, жеке автордың сөз қолдану даралығы деп бағалаған жөн болар.*

Кей реттерде мұндай сөз тіркестерінің синонимдік қатар жасауына шығыс септігіндегі сөздердің де көмегі бар: *Ол жерге ерте тұрып барды, Шал да алдынан душар бола қалды (Абай). Шатқалдың әмсе осындай мінезі бар, Не қырсық, не олжа одан ұшырасар (Әлімқұлов).*

Орынды көрсететін синонимдік сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарлары бірде барыс, енді бірде жатыс септіктерінің сөздері болып келеді: *Кейде түнде келе жатып далада, Қона кетем кездескен бір молада (Зелинский). Далаға түнегенше, молага түне (Қазақ мақалы).*

Аталып тұрғанындай, қозғалыстың жолын білдіретін сөз тіркесінде әрдайым қозғалыс үстінде екені ұғынылады, бірақ кіші-гірім ғана қатысы болмаса, тұрақты орын да, бағыт-бағдар да, қайдан шыққаны да анық байқалмайды. Солай болғанына қарамастан, сөз тіркестерінің бұл түрі де синонимдік қатар жасайды: *Даламен жүріп, Органын үйіп, Келеді орып дем алмай (Шевченко). Жолы нашар далада күн ұзақ жүріп шаршаңқыраған кешірек шақта түтін көрінді (Мұқанов). Біздің*

әскер қаладан соғыспен шығып, осы көпірмен өтіп бара жатыр да, немістер қалаға кіріп келе жатыр (Мүсірепов). Көпірдің үстімен Путивль адамдары өзеннің арғы бетіне өздерінің барлық баздарын өткізді (Ковпак). Каналдың көпірінен өтісімен жол тіке оңға бұрылды (Исаев). Кеше кештен бастап көпір арқылы жұртты өткізудің бастығы мен болып қалдым (Мүсірепов).

Мұндай синонимдіктің жасалуына шығыс, көмектес септіктерінің жалғаулары және көмекші есімдер мен шылаулар белсене қатынасып отыр.

Бір байқалатын жай - арқылы шылауының орнына мекен-атау мағынасындағы жалқы есімдер көсемшенің жұрнағын жалғайды: *Керуендер келе жатыр Мәскеулетіп (Керімбаев). Алтайдың Славгородіне келгенім, одан жаяу Керекүлетіп көк етікпен су кешіп үш жүз шақырым жүріп, Баян келгенімнің бәрі босқа кетеді ғой деп қауып қылдым (Сейфуллин).*

Осындай сөз тіркестерінің синонимдігінде барыс септігінің де, шығыс септігінің де жалғаулары қолданыла береді: *...Есіктен кіре берсе, қарт шешесі мен ... есті жары Сәтжан қатарынан оба болып жатыр екен (Әуезов). Сырнайлата, өлеңдете, ысқырынып аяндаған олар топты жарып, фойенің сахна жағындағы есікке кіріп кетті (Мұқанов).*

Себеп-салдарлық қатынасты білдіру ретінде де әр алуан тұлғалардың жұмсалып, сол арқылы синонимдік сөз тіркестерінің болатындығын толық дәлелдейді: *Сағыныштан сап-сары боп, Көп боздаған Бозінгендей (Әлімқұлов). Сарғайтқан сағынғаннан сорлы Қосан, Тұсыңнан айтып өлең талай өттік (Сары). Есіме, беу, қалқатай, сен түскенде, Сағынып сарғаямын санаменен (Халық әні). Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып, Аязбенен қызарып ажарланды (Абай). Асылдың екі қолы аязға домбығын, қызарып кеткен екен (Ғабдуллин). Шапыран зырлап, дүрсілдеп бара жатқан вагонның екпінімен теңселіп, темір терезе қақпаққа барды (Сейфуллин). Аласа, әлсіз жас бұталар да жел екпінінен қалтаң қағып, тыным, тыныштығынан айрылған (Әуезов). Қалай болған күнде де, Рудаки кедей семьяда туып, өзінің асқан зейінділігімен, талаптылығымен ғана атаққа ие болған жан екеніне шүбә жоқ (Бердібаев). Мәулен өзінің зейінділігі арқасында мұғалім не айтса, соның бәрін есіне ұстап, сол дәрежеде жеткізіп бере алатын (Шаймерденов).*

Себеп-салдарлық қатынастағы сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарлары болып, негізінен, барыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі сөздер, көмекші етістік, көмекші есім, шылаулар селбесіп келген тіркестер жұмсалады. Себеп-салдарлық мағынадағы сөз тіркестерінің екі сынары

көбінесе менгеру арқылы байланысқан болады да, оның ішінде жиі ұшырасатыны - көмектес септігі. Себеп-салдарлық сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарының барыс септігіндегі сөз түрінде келуі - қызықты құбылыс: *Жиналды матростар бұл айқайға* (Малдыбаев). *Жуан дауыс кейінгі жақтан шыққанға клубтағы бар адам жалт қараса, қысқа ықшам киімді, зор денелі біреу ілгері сұғынып келеді екен* (Мұқанов). Демек, барыс септігінің жалғауы есім сөзге де (айқайға), етістік сөзге де (шыққанға) жалғанады екен. Бұларды *айқай шыққандықтан* және *дауыс шығу* себепті дейтін тіркестермен алмастыруға мүмкіндік бар.

Барыс септігі көпшілік жағдайда көмектес септігімен алмасуға бейім: *Шөптердің басына тұрған... мұздар жаңбыр суына* (жаңбыр суымен немесе жаңбыр суынан - М.С.) *құри еріп, күлдір етіп жерге уатылып түсіп жатыр* (Нүрпейісов). *Күздің жауынына* (күздің жауынымен немесе күздің жауынынан - М.С.) *қайта жетіліп, боз көденің бауырына қайта қауындай шыққан ұсақ көк те бар* (Әуезов).

Мұндай сөз тіркесінің синонимдігінде толық мағыналы сөздің көсемше түрі ғана емес, көмекші сөздердің де көсемше түрінде келетіні аз ұшыраспайды: *Біреуді көркі бар деп жақсы көрме* (Абай). *Сарғайды деп жапырақты жазғырма, Кінә қойма жүгірінді қаңбаққа* (Ерғалиев).

Қазіргі қазақ тілінде мақсатты білдіретін басқа да күрделі конструкциялар сияқты, сөз тіркестерін құрауға көптеген грамматикалық тұлғалар қатынасады. Соның нәтижесінде синтаксистік синоним жасалады: *Қолымда бір қамшым бар бүлдіргелі, Айтайын мен бір сөзді күлдіргелі* (Халық әні). *Ақия бұл сөзді күлдірмекке әдейі айтқан еді* (Сыдықбеков). *Қазан піскенше бәрі машина қоруге кетті* (Мұстафин). *Балалар топ киікті де, артындағы ақсағын да, соңындағы құғыншы салт аттыларды да қору үшін қырқаға жапа-тармағай жүгіріп шықты* (Бақбергенов). *Шәңгерейді ертіп сол жерді көргелі кетті* (Мұстафин).

Тұлғалардың ауысып келуіндегі негізгі себеп - мақсаттың әр қырынан ашылып, айқын берілгендігі.

Мақсаттық қатынасты білдіруде, яғни синонимдік қатар жасауда көмекші етістіктердің қызметін жоққа шығаруға әсте де болмайды: *Тау басынан түсірген тәуекелмен, Сол үйге кірмек болып қадам басты* (Абай). *Федоровкадан бір күнге рұқсат сұрап алмақ боп кеп еді* (Нүрпейісов).

Басқа мағыналарға қарағанда, мақсаттық мағынаның сәл өзгешелігі бар. Мұнда мақсаттың толық айтылмауы мүмкін, яғни толымсыз мақсат немесе немқұрайды қарауды, қомсынуды

ұғындыратын нәзік реңктері де байқалады: *Мақтанға бола жиям деп, Жылқы үшін жұртқа бас ұрма* (Абай). *Мен мұнда шошқаның электріне бола келдім, шырағым* (Мұстафин). Әрине, мұндай сөз тіркестері де синонимдік қатарға түсе береді, ал айырмашылығы әлгі толымсыздығынан танылып отырады: *мақтан үшін жию; шошқаның электрі үшін келу*.

Мақсаттық қатынастағы сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары қызметін тек *-қалы/-гелі* тұлғасындағы ғана емес, басқа тұлғадағы көсемше де атқара береді, демек, синонимдік қатар құрауға себін тигізеді: *Алдына келді қарияң, Халық сәлемін беруге* (Жамбыл). Осы тұлғаны *бере* деп те өзгертуге мүмкіндік бар: *Бұл күнде анамның туған жері - Қорғаннан біздің қыстақта тұратын нағашысына сәлем бере бір жас келіншек келе қалды* (Улугзаде). *Келеді шаруа, келеді, Жайнаған елді көрем деп* (Сыздықов). *Әкем маған көк тұлпардың баласы ала атты беретін болды. Соны көрмекші болып келдік* (Ибрагимов).

Сонымен, мақсаттық қатынаста қолданылатын етістікті сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарлары көптеген грамматикалық тұлғалар арқылы жасалады. Оларды мақсатты білдіру қызметіне қарай былайша топтар едік: *-қалы* тұлғалы көсемше; *үшін* шылауы қатысқан тіркес; барыс жалғаулы сөз; *-а, -е* тұлғалы көсемше; *де, бол* көмекші етістіктері қатысқан тіркес; *бола* сөзі қатысқан тіркес; *ниет, ой, мақсат* сияқты сөздердің семантикалық, тұлғалық қызметіне қарай жасалған бағыныңқы компонент.

Осылардың көпшілігінің бірінің орнына екіншісінің қолданылуы арқылы синоним құрайды. Әр тұлғаға лайық нәзік реңктер мен стильдік ерекшеліктер болады.

6.2.2. Есімді сөз тіркестерінің синонимиясы

Сөз тіркестерінің үлкен бір саласы - есімді сөз тіркестері тонірегінде де, етістікті сөз тіркестері сияқты, өзара синтаксистік синонимдік қарым-қатынасқа түсіп отыратын конструкцияларды жиі кездестіреміз. Жалпы аты “синтаксистік синоним” болғандықтан, сөз тіркестерінің қай-қайсысына да бұл ретте қойылатын талаптар мен шарттар бірдей. Демек, етістікті сөз тіркестерінің синоним болулары үшін қандай белгі қажет болса, есімді сөз тіркестерінің синоним болулары үшін де сол белгі немесе белгілер қажет болып табылады.

Тегінде, есімді сөз тіркестерінің мағыналық қатынастары дегенде, көбінесе анықтауыштық қатынас деп жалпы атаушылық бар. Шындығында, сол жалпы мағынадағы анықтауыштық қаты-

настың өзін ішінара бірнеше қатынасқа бөліп қараудың принциптік мәні бар.

Есімді сөз тіркестерінің ішінде арнаулы, меншікті, сондай-ақ заттың тегін т.с.с. қатынасты білдіретін үлкен бір тобын жасайтын конструкциялар синоним болуға бейім.

Бір тіркестерде белгілі бір заттың неге арналғаны айтылады да, екінші бір жағдайда диффазеттік құрылыс арқылы біріншідегі арнаулы сөз түсіріліп қалады: *Етке тіккен үйлер мен табақ тартқан үйлердің арасында асыға дабырласып, дүбірлесіп, абыржысып табақшылар шапқыласып жүр* (Сейфуллин). - *Ет үйден кеткен табақшылардың қолдарындағы әр түрлі табақтарда қоңырала қошқыл ет болушы еді* (Сейфуллин). Мұндайда екінші сөз тіркесінің (*ет үй*) жинақылық үшін жұмсалып тұрғаны білінеді. Сонысына қарамастан, мағынаның айқындығын жеткізу мақсатында ма екен, алдыңғысы (*етке тіккен үйлер*) тәрізді сөз тіркестері молырақ ұшырасады: *Бұл - қатаң адамдарға әзірлеп жатқан ылау* (Мұқанов). *Ақын мына ойран-топалаңға кірмей, сырттай барлап Мәмбетәліні таба алмаған соң, жырышыларға бөлінген киіз үйге беттеді* (Жүнісов).

Есімді сөз тіркестерінің синонимдігінде белгілі бір затқа немесе адамға тән меншіктің актив және пассив жағы назардан шықпағаны жөн. *Бұл екі арада қыстығүні Шүганы сағынып жүргендегі Кәрімнің шығарған өлеңі деп біреу өлең айтты* (Майлин). *Темірғалидың сөзі отырғандарға қамшы боп тиді* (Шашкин).

“Шүганың белгісінің” мазмұнына қарағанда, өлеңді Кәрім шығармаған. Егер ол шығарған болса, оны актив меншіктілік деп қарауға хақылымыз. Сондай-ақ Темірғалидың сөзі де актив меншіктілікке жатады. Ал соны синонимдік тіркеске айналдырып, *Темірғали айтқан сөз* десек, мынадай айқын меншіктіліктің болуы немесе болмауы екіталай: болатын реті де бар, болмауы да қисынды. Нақтырақ айтқанда, Темірғалидің өзі өз ойын, өз сөзін жеткізуі де мүмкін, сол ойды басқа біреудің сөзі арқылы тиянақтауы да ықтимал. Екінші жағдайда пассив меншіктіліктің мысалын көреміз.

Сырт тұлғасына қарағанда, меншіктілікті білдіретін тіркестерге өте ұқсас келгенімен, арнаулы білдіретін сөз тіркестерін ажыратудың мәні үлкен: *Көрмейсіңдер ме, осында келгені, уездің начальникке дейін шағым жазып, ең арты қотырдың дәрісін ала алмай жүрмін* (Жүнісов). Қотырды емдейтін дәрі деп жазу, әрине, шұбалаңқылыққа ұрындырады. Бұл мысал *Арғы түбіндегі жалғыз үйлі қойлы ауылға мана таңертең бір жүк машинасы тоқтады деп естіген* (Мағауин) сөйлеміндегі *жүк машинасы* тіркесіне сырттай

ұқсас: мұнда да арнау бар, бірақ мұнда сол тіркестің құрамындағы сөздер (*қотыр* мен *дәрі* сияқты) бір-біріне қарсы әрекетті танытпайды, бірі екіншісін қозғалысқа түсіретін сөздердің байланысы ретінде ұғынылады, сонысымен мақсатпен арнау аралығындағы, соның өзінде арнаулы басым мағынаны білдіреді.

Арнау мағынасындағы сөз тіркесінде таза осы мағына ғана емес, белгілі дәрежеде мекендік мағынаның да қатынасы байқалады: *Нұртаза әлгі әзірде тоқалының үйінен шығып, ат үстінде меңзең боп, екі шақырымдай жерде тұратын қойлы ауылға келген* (Жүнісов). ...*Бір түкпірдегі малайлар тұратын екі бөлмелі шағын үйге жетті* (Жүнісов). Осындағы тіркестерді тоқал тұратын үй және малайлар үйі деп өзертуге мүмкіндік бар, екі жағдай да мекендік ұғымға қатысы бола тұра, меншіктіліктің, арнауың қызметі басым көрінеді.

Мұндай арнаулы қызметін көрсететін сөз тіркестерінің жеке атау ретінде қалыптасып кеткендері де ұшырасады (қол айна, автобус аялдамасы т.б.): *Қалтасынан қол айна және аппақ қардай бет орамалын алып, алтынмен қапталған қасқа тісін жылтырата ысып қояды* (Мұратбеков). *Мария қазақ әліппесін өтіп, енді кітапты өз бетімен оқуға бет алды* (Мүсірепов) деген сөйлемдегі мысалды *қазақтарға арналған әліппе* деуден немесе *қазақтар үйренетін әліппе* деуден стилистикалық әлдебір өзгеріс тумайды. Әйткенмен, осы бірнеше тұлғаның ішінен әйгілі жазушының ең ұтымдысын таңдағаны білініп тұр.

Байланысу формалары бірдей болғанымен, есімді сөз тіркестерінің бір-бірінен мағыналары мүлдем алшақ, тіпті, керісінше болатыны да тілімізде баршылық. Мәселен, *керосин лампа* мен *автобус аялдамасы* бір емес. Аялдама автобус үшін қажет болса, керосин шамға қажет: *Сағатов керосин лампасының сығырайған жарығымен түні бойы жазды* (Шашкин). *Жеріме жұлдыз жаққыздым, Электрден шам жанды* (Жароков). Ескерте кететін жай - ақын поэмасынан алынған мысалда *электр* сөзінің шығыс септігінің жалғауын қабылдауы, біріншіден өлеңді шығарманың ырғағын сақтау ниетінен туса, *жанды* етістігінің әсерінен, әйтпесе, *электр шам* екені даусыз.

Арнай, меншіктей айту мағынасындағы есімді сөз тіркестерінде көзге түсетін бір қызықты жайды айтпай кетуге болмайды. Бұл - үшін септеулігіне қатысты айтылмақшы ой. Тегінде, бұл септеулік шылау етістікті сөз тіркестерінде себепті білдіру үшін барынша өнімді қолданылады. Ал есімді сөз тіркестерінде ұшырасуы сиректеу, дегенмен, етістікті сөз тіркесінің әсерінен болуы ғажап емес деген де ой келеді. Олай деуге себеп - сөйлемнің

баяндауышы қызметіндегі, сондай-ақ сөз тіркесінің басыңқы сыңары қызметіндегі есім сөзді етістікке айналдырып немесе көмекші етістікті тіркестірсеніз, алғашқы мазмұнын жоймайды: *Әрине, ол біз үшін жақсы* (болар еді. - М.С.) (Қайсенов). *Сонымен, Баймагамбеттің де өлімі күмәнсыз анықталды. Бұл, әрине, халқы үшін, әсіресе, мен үшін, аса ауыр өлім* (болды, саналды, көрінді. - М.С.) (Мұқанов).

Сонымен, арнау, меншіктеу мағынасын білдіретін есімді сөз тіркестерінің негізгі байланысу формалары матасу мен қабысу болып келеді де, ара-арасында меңгеру де қатысады. Соның барлығында мағыналық реңк бірдей бола бермейді. Мұның өзі олардың синоним болуына мүмкіндік жасайды.

Заттың белгісін, қасиетін білдіретін сөздер есімді сөз тіркестерінің бірінші сыңары болып келгенде, көбінесе бұл қызметті үйірлі мүшелі конструкция атқарады: *Біз Қошығұлдың үйіне іңірде барсақ, аспа кәрәсін шамның әлсіз жарығынан кескіндері бозамық сүреылт тартқан аз гана адам отыр* (Мұқанов). *Сүйегі саудыраған, көзі үңірейген, жағы суалған төлтірек аштық жер үйдің төрт бұрышына түгел орнай қалды* (Мүсірепов).

Бұларға синонимдес конструкциялар, әдетте, туынды сын есім тұлғасындағы жеке сөздер немесе сол тұлғалы сөзге аяқталған сөздер тобы болып келеді. Оны мына мысалдардан көреміз: *Ұзын бойлы, талдырмаш жігіт әдепті қылықпен иіліп, ақ шашты профессордың қолтығынан алды* (Шашкин).

Осы тұлғаларды, керісінше, үйірлі мүшелі конструкцияларға айналдыруға болар еді, бірақ әрдайым бұлай бола бермейді. Ол негізінен сол конструкция беріп тұрған мазмұн-мағынаға, сөздердің байланысу “техникалық” жағынан мүмкін де болар, алайда оны мәтін мазмұнына қарай басқаша берген орынды сезіледі.

Ауылайдың үйі. Төр алдында солдат киімді үш жігіт (Майлин). *Бес шақырымдай жерде он шақты үйлі ауыл бар екен* (Жүнісов). *Солдаттың киімін киген немесе он үйі бар* деу тілімізге жат емес, бірақ жат еместігінен гөрі, жарастығын, тартымдылығын ойласақ, бірінші тіркестегі бір сөзді (киім) орынсыз қайталаушылық, сол сияқты, екінші тіркестегі кім болса сол айта алатын таптаурындығы көңілге онша қона бермейді, сондықтан *солдатша кінген, он шақты үйден тұратын* деген тіркестер жатық сияқты көріне береді.

Енді бір жағдайларда заттың, құбылыстың деректі немесе дерексіз ұғымға байланысты белгінің есімді тіркес арқылы берілуінде сол белгілердің динамикалық немесе статикалық күйін де аңғаруға болады: *Мына шаң қапқан ха-*

латыңды тастап, жаңа киім ки де, жуынып, тез келе гөй (Мағауин). *Шаң қапқан мен шаң* (сынды білдіру мағынасында) ұғымдарын салыстырғанда, біріншінің қозғалыспен байланыстылығы көзге түседі де, екінші сөзде (*шаң*) сол қимыл-әрекеттің нәтижесінде бір қалыпты, қозғалыссыз жай белең береді.

Бағыныңқы сыңар қызметіндегі сөздердің бірде туынды есім, енді бірде тұйық етістік түрінде келулері де олардың арасындағы әлгіндей белгілі дәрежеде динамикалық, статистикалық айырмашылықтардың нәтижесінде өзара синоним жасауға бейім тұрады: *Балғын жастың сеніспеу дәуірінде туып, сенімсіз әкеден түңіле өскені байқалады* (Мүсірепов). Салыстырыңыз: *сеніспеу дәуірі - сенімсіз дәуір* немесе *сенімсіз әке - сеніспеуші әке* т.б.

Заттың неден жасалғанын (тігілгенін, құйылғанын, орілгенін, ойылғанын т.с.с.) білдіретін сөздер бағыныңқы сыңар болғанда да, мұндай есімді сөз тіркестерінің өзара синоним болу мүмкіндіктері барынша мол кездеседі. Мұндайда, негізінен, бағыныңқы сыңардағы қызметті атау тұлғасындағы жеке сөздер мен сол сөздерге селбескен көмекші сөздер атқарады: *Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты, Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?* (Абай). *Ала шөйімен тысталған көк елтірі тымағының құлақтарын ербитіп, бауын желкесіне тартып байлаған* (Сейфуллин).

Кей жағдайда зат есім сөзге туынды сын есімнің жұрнағы жалғанады: *Тұтқыш сары ала тонды киіп, алтынды металды төсіне қадады* (Майлин).

Кейбір авторлардың қолданысында алдыңғы компонент орнындағы сөздің жеке есімше ретінде жұмсалатыны да бар: *Күмістеген боз ожаумен қою сары қымыздың қышқылтым иісін бұрқырата сары бәйбіше өзі сапырды* (Бегалин). Заттың неден жасалғанын білдіретін есімді сөз тіркестерінің тілімізде өнімді жұмсалатыны соншалық - олардың синонимдері дайын күйінде де ұшырасады: *Байлау адамдардың балалары сәнді киімдерін, жақсы аттарын ұстап, күмістен ертоқымдарын ерттеген* (Сейфуллин). *Күміспен айшықтаған ертоқымдарын ерттеген сұлу қаракөк атқа мініп Шабданбектің өзі де жүр* (Сонда). *Жақып тұрып, ағаш үйге беттеді* (Жүнісов). *Ағаштан салынған бұл үй шағындау гана жалғыз бөлме екен* (Мұқанов).

Синонимдер есімді сөз тіркестерінің бұл түріндегі сөздердің байланысу формасы біреу ғана: *қабысу*. Мұндайда бір байқалатын жай - бағыныңқы сыңар қызметіндегі сөздер толық мағынасындағы құрылыс материалдары да (*ағаш, балшық, темір, тас, асфальт, құм, су, кірпіш* т.б.),

өшекей бұйымдары да (*кәмшат, алтын, күміс, елтірі, құндыз* т.б.), тағам түрлері де (*сүт, күріш, тары, бидай* т.б.) болып келеді.

Қабысудың бұл жағдайда қайсысы аз, қайсысы көп қолданылады (*құндыз бөрік* пе әлде *құндыздан тігілген бөрік* пе) деген сауалға жауап беруге тура келгенде, әрине, ілгеріде аталған айырмашылықтарды ескертудің қажеттігі өзінен өзі туындайды. Оған қоса, мәселенің “техникалық” жағы да бар. Бір тұлғаны немесе бір тіркесті бірнеше рет қайталаудың орынсыздығынан бұл екі конструкцияны екеуін алмастыра қолдануды авторлардың жөн санаулары қисынды.

Есімді сөз тіркестерінің енді бір үлкен тобы мекендік, кең мағынада алғанда, кеңістік қатынаста көбірек қолданылады. Мұндағы бағыныңқы сыңар қызметіндегі сөздердің тұлғалары да әр алуан болып келеді. Соның ішінде мол кездесетіні – *-ғы* тұлғалы сөзбен сол сөзге аяқталған тіркес: *Ұзамай өрістегі сиырлар жыбырлап елге қайта бастады* (Майлин). *Қырдағы ел ойдағы елмен араласып* (Абай).

Бұл сияқты қосымша арқылы байланыс жағдайларында есімді сөз тіркестері кеңістіктің ішінде мекенді, тұрақты (салыстырмалы мағынада болса да) орынды білдіреді. Демек, мұндай реттерде белгілі бір нысанның (объектінің) не субъектінің бет алыс, бағдары, шыққан жері сияқты кеңістік ұғымына енетін басқа ұғымдарды байқай алмаймыз. Бұған қоса, *-ғы* жұрнағының дәнекерлігінің байланысымен тіркескен конструкциялардан сол заттың қозғалыс күйін де байқатпайды, тұрақты қалпын танытады.

Бағыныңқы сыңар қызметінде толық мағыналы жеке сөзге (*өскен қараған, бұйратта өскен тобылғы, сайда өскен бетеге*) де, көмекші сөздің селбесуімен келген түйдекті тіркеске (*мектеп ішінде ілулі тұрған сурет, құдық басында отырған үй, Әлидің аржағында отырған жігіт*) де есімше көрші болып келеді. Есімшенің бұрынғы откен шақ түрі (*отырған, айтқан, салынған*) болғандықтан, мұнда да кеңістік қатынастың басқа түрлерін кездестіреміз, тек мекендік тұрақты мағынадағы орынды түсінеміз.

Енді бір сөз тіркестері мекендік ұғымды білдіргенде, олардағы сөздердің байланысуы матасу болып келеді де, меншіктілікті, арнаулы білдіретін конструкцияларды еске түсіреді. Бұл, біздіңше, сырттай ұқсастық қана болуға тиіс. Бастысы – әңгіме болып отырған заттың, нәрсенің, құбылыстың орнын білдіретіндігі. Ал енді ондай сөз тіркесін меншікті білдіретін сөз тіркесімен шатастырудың бір себебі – олардың белгілі жағдайда меншіктілікті де білдіретіндігі. Соған қарамастан, салмақтай қарағанда, негізгі салмақ

мекендік қатынаста жатады. Айталық, *Алматының алмасы, құмның жуасы, даланың гүлі* деген сияқты сөз тіркестерін осындай мысалдар деп есептейміз: *Біздің жақта жаздыгүні құмның жуасын қап-қап етіп теріп әкеледі де, түз араластырып келіге түйеді* (Қанахин). *Алматының алмасы Күннің қызыл түсіндей* (Тәжібаев).

Осыларды *құмда өскен жуа, Алматыда өскен алма* дегеннен мағынаға үлкен бір нұқсан келмейтіні анық, қайта, әлгі күдікті қатынастың (меншікті ме, мекендік пе) бетін ашып, айғақтауға мүмкіндік туады. Былайша айтқанда, бұл келтірілген мысалдардың мекендік қатынасты білдіретін есімді сөз тіркестері екеніне күмән жойыла бастады.

Мезгілдік қатынастағы есімді сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарлары әр алуан тұлғада келеді. Бұлардың ішінде мол ұшырасатыны *-ғы* қосымшасына аяқталған жеке сөздер: *Түңгі үзіліс кезінде Павка қазан астына отын салып, ашық тұрған қақпақтың алдында жүресінен отырды* (Островский).

Мұндай сөз тіркестерінің мезгілдік қатынаста болуы, негізінен, бағыныңқы сыңар қызметіндегі сөздердің семантикасының мезгіл, уақытты білдіретіндігінен екені белгілі, өйткені бұл сөздердің орнына (*ертең, күн, күз*) мезгіл ұғымына еш қатысы жоқ сөздерді (*мәселен, жол, ағаш, тау*) қойсақ, бұдан мезгілдік қатынастағы сөз тіркестері жасалмайды (*ағашты дала, таулы аймақ*). Дегенмен де, осы тұлғаның басқа тұлғамен алмасуы мұндай сөз тіркестерінің өзара синоним болуына жағдай туғызады: *Көбі бөріктерін және жаз киетін тымақтарын алып, терлерін сүртіп отыр* (Сейфуллин).

Бұған қарағанда, *жазғы тымақтар* деуге болатыны шындық қой, себебі екі жағдайда да беретін мағыналары бір. Осы ретпен *ертеңгі ертең ішілетін шай; күзгі дауыл – күзде соғатын дауыл; түңгі үзіліс – түнде болатын үзіліс* деген сияқты синонимдер тізбегін әбден жасауымызға болады.

Осылайша қабыса байланысқан сөз тіркестерінің екінші бір ыңғайда матасу арқылы жасалғанын кездестіреміз: *Таң салқынымен қозғалып, күн қыза ...Қызылжар мен Омбы арасындағы “Горькая линияға” іліккен* (Жүнісов).

Ана тілімізде сөйлеушілердің *кеш салқынымен, күн батысымен, қар ерісімен, күз түсісімен* т.с.с. жұмсайтыны белгілі. Ал мұндай конструкциялар алдыңғы айтылған конструкциялармен синонимдік қатарға түседі: *таң салқынымен – таңғы салқынмен – таңда болатын салқынмен; күн шығысымен – күн шыға т.с.с.*

Шопан отбасы радиоқабылдағыштан сенбілік концерт тыңдап отыр (“Лениншіл жас”). Енде-

ше, мұндай конструкцияның (*сенбілік концерт*) да тілімізде болғаны. Бұл тағы да күн, ай, апта аттарымен, әсіресе тығыз байланысты келеді: *айлық байқау, апталық хабар*. Мұндайдың синонимдері, біздіңше, есімше қатысқан сөз тіркестері болып келеді. Ондай синонимдік қатарды, шамамен, мына түрде жасау жөнді көрінер еді: *сенбілік концерт - сенбіде беріліп тұратын концерт; айлық байқау - ай бойы жүргізілетін байқау; апталық хабар - аптасына беріліп тұратын хабар т.с.с.*

Тегінде, есімді сөз тіркестерінің мақсаттық қатынаста жұмсалуды - өте сирек құбылыс. Мұның өзі кей жағдайда етістікті сөз тіркесінің қасиетін есімді сөз тіркесінің өз бойына “сіңіру” әдетінен бе деп топшылауға да болады. Мұның бір дәлелі - мақсаттық мағына беріп тұрған сөзбен байланысқан есімді сөзді етістікке айналдырудың мүмкіндігінің оңай сезілетіндігі: *түсіну үшін қажет - түсіну үшін қажет болып табылады - түсіну үшін қажет болып есептеледі* т.б.

Мұндай қатынастың есімді сөз тіркестерінде аз кездесетініне қарамастан, олардың арасында синонимдік қатынастың болатынын аңғару қиын емес: *түсіну үшін қажет - түсінуге қажет - түсінерге қажет*.

Бұлардың арасындағы ұқсастық ұғыныңқы болу керек, ал айырмашылығына келетін болсақ, біздіңше, ол - қай стильге жататындығынан байқалады. Айталық, *түсінуге қажет* тіркесі кітаби-жазба тілге де, ауызекі сөйлеу тіліне де қатысты қолданыла береді. Ал, *түсіну үшін қажет* тіркесі жалпыға түсінікті және көпшілік қолдана беретін әдеби тіл нормасы болып табылады да, *түсінерге қажет* деген конструкцияны жекелеген авторлардың әдетіндегі қолданыс деп қарауға негіз бар сияқты.

Себеп-салдарлық қатынастағы есімді сөз тіркестерінің жайы да мақсаттық қатынастағы сөз тіркестерінің жайына біршама ұқсайды. Мұнда да, ондағы сияқты, сирек кездесушілік аңғарылады. Қалай болғанда да, әдеби тілде пайдаланылып отыратыны шындық: *Сорлы қазақ сол үшін, Алты бақан, ала ауыз (Абай). Жиырма-отыз адам үшін бүтін бір басқарма, аппарат, ондаған бастық, маман инженер-геологтар ұстаудың қажеті болмас еді (Қабдолов).*

Сырттай қарағанда, бағыныңқы сыңарлардың түлғалық жағынан бірдей болып келетіндігінен бе екен, мақсаттық қатынастағы есімді сөз тіркесін себеп-салдарлық қатынастағы есімді сөз тіркесімен шатастыруға болатын түрі бар. Алайда оларды бір-бірінен ажыратудың мәні зор. Бұл - сөз тіркесінің мазмұнынан танылады. Оған қоса, мақсат пен себеп-салдарлық ұғымдардың әрқайсысын таны-

тарлық сұрақ қойылатыны белгілі. Айталық, сол *алтыбақан, ала ауыз* болудың себебі. Демек, мұндай жағдайда таза себеп айқын болып тұр. Ал жиырма-отыз адамның болуы маман инженер-геологтарды ұстаудың мақсаты ма, себебі ме - бұл ретте мәселенің сыры алдыңғыдай анық бола бермейді. Әрине, автордың баяндауына қарағанда, әлгі адам санын азырқану ыңғайы сыңай береді. Солай болғанда да, - ол мақсаттың аздығы ма, себептің аздығы ма? Былайша айтқанда, *бола* шылауының үшін-нің орнына жұмсалатын жайы бар. Біздіңше, бұл - себептің жетімсіздігін байқатады.

Тілімізде салыстырмалық қатынастағы есімді сөз тіркестері онімді қолданылады. Көп кездесуіне қарай бағыныңқы сыңар қызметіндегі сөздердің түлғалары әр түрлі болып келеді. Сөйлеу мен жазу ыңғайында барынша көп жұмсалатыны - бағыныңқы сыңардағы *-дай/-дей, -тай/-тей* түлғалы сөздер: *Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай, Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай (Абай). Көктемдей сулу балашак, Жаяды құшақ алдыңнан (Зүлфия).*

Бұл тәріздес конструкциялардың екі түрлі мақсатта қолданылатынын айтуға тура келеді. Біріншіден, белгілі бір зат не құбылысты екінші сондай зат не құбылыстың белгісін, сынын көрсету үшін анық атап көрсетеді. Контекстен қандай белгі немесе түгелдей зат сөз болып отырғаны түсінікті болып тұрғанда, салыстырмалы мағынадағы сөзбен шектелу де тиімді. Сонымен, мұндай конструкцияның қолданысындағы екінші қырды аңғаруға болады. Сондықтан да Абай *бұрынғы бәйшешектей бәйшешек, бұрынғы шөптей шөп* деген созылықты тіркестерді қолданбай, мәтіндегіше бір-ақ рет атап қолданудың жинақылығын жете түсінген.

Қолданыстағы шұбалаңқылық мұндай тіркестерде есімше қатынасқанда да кездеседі: *Әубәкір сыртына қараға боялған қой терісінен орысша тіккен тон киіп келді (Мұқанов). Ортада орысша жасаған стол маңында отырған кілең әйелдер бастарын көтерді (Жүнісов).*

Орысша білім, орысша түсінік, орысша кітап деген тәрізді, *орысша тон, орысша стол* деуге де мүмкіндік баршылық. Алайда есімшенің қатысуы кей реттерде белгілі стилистикалық қызмет атқарып тұрады. Бірінші мысал жағдайында *тіккен* сөзі қажет, өйткені сол сөйлемнің ішіндегі оған дейінгі сөздердің (қой терісінен) байланысынан туындайды. Екінші мысалға келетін болсақ, мұндайда *жасаған* сөзі етістік болуы арқылы сол заттың (столдың) істелгенін білдіреді. Басқа ыңғайда ондай заттың *киілгенін, төгілгенін, үйілгенін, құлағанын, қойылғанын* т.с.с. қимыл-

қозғалыстары арқылы нақтылықты, дәлдікті анықтайды. Сөйтіп, бұл сияқты синонимдерден бір сөз тіркесі екінші сөз тіркесінен дәлділік, жалпылық қасиеттерімен ажыратылады.

Түске (әсіресе, *алтын, күміс* сөздеріне) байланысты сөздердің басыңқы сөздермен қабыса тіркесуі нәтижесінде салыстырмалық қатынастағы сөз тіркестері жасалады: *Сенде білім, сенде құрыш, білек, күш, Маужыраған нұрын құйып алтын кеш* (Жароков). *Желмен ойнап шулаған қалың көгал, күміс толқынын тынбай тербеткен шалқар көл* (Есенберлин).

Бұлардың, әрине, *күміс қасық, алтын сағаттан* айырмашылығы бірден көзге түседі. Былайша айтқанда, берілген жағдайда басыңқыдағы сөздердің сырт белгісі, түсі, сырттай сипаты тек қана ұқсастықтан туып жатыр. Дәл осы ұқсастықты басқа тұлға арқылы да беруге болады. Мұндай алдымен қолданысқа түсетін тұлға - *-дай/-дей, -тай/-тей* жұрнақтары: *күміс сақал - күмістей сақал; күміс толқын - күмістей толқын*. Сондай-ақ ұқсастықтың семантикалық жағын тынатын сөздер де аралас жұмсалып отырады: *күміс толқын - күміске ұқсаған толқын; алтын кеш - алтын тәрізді кеш; алтын ай - алтын сияқты ай*.

Бұлардың айырмашылықтары қолданылу аясына байланысты. Осы мысалдардың бірінші нұсқалары *алтын ай, күміс сақал* екінші *күміс сияқты сақал*, үшінші *күмістей сақал* нұсқаларға қарағанда, азырақ жұмсалады да, көбіне-көп әдеби-жазба тілдің нормасына сәйкес келеді. Ал соңғылары ауызекі сөйлеу тілінде жиі ұшырасады. Сонысына қарай алдыңғыдан көбірек қолданылады.

Сөйтіп, есімді сөз тіркестері саласында синонимдік құбылыс елеулі қызметі атқарады. Синонимдердің басқа түрлері сияқты, бұлар да тілдің байлығын, оралымдылығын арттыру үшін жұмсалады.

Есімді сөз тіркестерінің табиғатына сай, қабыса, матаса байланысу түрлері жиі кездесетіндіктен, бұл байланысу түрлері синонимдікте де жиі, жетекші рөлі атқарады. Демек, байланысудың осы түрлері арқылы тіркескен конструкциялардың синонимдік қатарлары жиі байқалады.

6.3. СӨЙЛЕМДЕРДІН СИНОНИМИЯСЫ

Сөйлемдердің синонимдері - синтаксистік синонимдердің ішіндегі ең көлемді де күрделі түрі. Олай болатыны түсінікті де: сөз тіркесімен салыстырғанда, сөйлемдердің талай түрлерге жіктелетіні мәлім. Мүмкіндігінше, сол түрлерді

түгел қамту бұл бағыттағы әңгіме аясын кеніте түсер еді.

Сөз тіркесін сөйлеммен синоним дейтін кейбір көзқарастар дәлелді бола бермейді. Мұның өзі, біздіңше, толық конструкцияны, айталық, сөйлемді, сол конструкцияның бөлшектерімен, айталық, сөзбен тең деп қарастыру болып шығар еді. Рас, кейбір жағдайларда сан шамасы шағын сөздерден құралған сөйлемді сөз тіркесінен ажыратудың қиындығы кездесіп те қалады. Әңгіме айтарлықтай дау туғыза қоймайтын, күмәнсыз сөз тіркесі мен ашық, айқын сөйлемге тікелей қатысты болмақ.

Ал жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің қарым-қатынасына келетін болсақ, мұндағы принцип басқаша. Оның мәнісі мынада: сөйлем жай болсын, құрмалас болсын - қай-қайсысы да жалпы сөйлем атаулыға тән қасиеттер мен белгілерге ие. Демек, сөйлемге тән белгіні сөз тіркесінен талап ету дұрыс болмайды, ал сөйлем атаулыға тән белгіні жай сөйлемнен де, құрмалас сөйлемнен де талап етуге толық хақылымыз. Бұл, әрине, сөйлемнің қай түрінің де (жай сөйлемнің де, құрмалас сөйлемнің де) өз ішінде болсын, өзара болсын синонимдік қатар жасайды деген пікірге табан тіретеді.

Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемді өзара синоним деп қарастырғанда, бұларды құрамы жағынан бөлгеннен гөрі, мағынасына қарай жіктеу орынды. Сөйтіп, қарсы мәнді, себеп-салдар мәнді, ыңғайлас мәнді т.с.с. сөйлемдердің синонимдігін сөз еткенде, жай сөйлем де, құрмалас сөйлем де кірістіріліп отырады.

“Қазақ тілінің стилистикасы” оқулығының екінші басылымында (20) құрмалас сөйлемнің сабақтас және салалас түрлерінің өзара синонимдік қатарға түсетіндігі көңілді сендіре сипатталады.

Сабақтас құрмалас сөйлемдердің өз ішінде синонимдік қатар жасайтыны да күмән тудырмайды. Бірақ дәл осы мәселеде ойланар жай да байқалады. Айталық, *Бригадир келгенде, Жақып төсегінен тұрып жатыр еді; Бригадир келген кезде, Жақып төсегінен тұрып жатыр еді* немесе *Бригадир келсе, Жақып төсегінен тұрып жатыр еді* сөйлемдерінің арасындағы синонимдік қатынасты теріске шығару қиын болар, өйткені осы үш сөйлемнің үшеуінде де бір мезгілде оқиға әңгіме болып отыр. Былайша айтқанда, бағыныңқы сынардың үшеуінде де іс-әрекеттің дәл сол мезгілде жүзеге асып жатқаны білініп тұр. Ал осындай синонимдік қатарға *Бригадир келісімен, Жақып төсегінен тұрды* немесе *Бригадир келе сала, Жақыпты төсегінен тұрғызды* деген сөйлемдерді жатқызу күдік тудырады. Олай болатыны - соңғы сөйлемдерді алдыңғылардан өзгешелейтін мағына бар. Мәселен, *Бригадир*

келісімен... деп басталатын сөйлемде қимыл иелерінің (бригадирдің де, Жақыптың да) тез, шапшаң әрекеттері аңғарылады, демек, Бригадир келгенде... деп салқын қанды баяндаудан ерекше Бригадир келісімен... дегенде экспрессивтік әсер бар. Ал Бригадир келе сала... деп басталатын сөйлемнің де өзіндік ерекшелігін байқауға болады: біріншіден, бригадирдің келісі кездейсоқ құбылыс емес, саналы, мақсатты әрекет; екіншіден, сол кісінің өзі - Жақыптың қимылының себепшісі. Біздіңше, мұндай мағыналық айырмашылықтары көрініп тұрған сөйлемдерді өзара синоним деп қараушылық күмәнді.

6.3.1. Шарт мәнді сөйлемдер синонимиясы

Бұдан біраз жыл бұрынғы ортақ көзқарас бойынша, сабақтас сөйлемнің шартты бағыныңқылы болуы үшін *егер* сөзінің келуі міндетті деп есептелетін. Шарт бағыныңқылыда бұл сөздің болатыны рас: *Егер жаралы болмай, қатарда жүрсе, бізбен бірге әлде соғысатын еді* (Ғабдуллин). *Егер бұл әрі алашақ, әрі берешек, әрі алынған, әрі берілген ақшаның бәрінің жинағы болса, Теміржан, мұны, шынында, айырып аларлық емес* (Мүсірепов).

Әрдайым дәл бұлай бола беруі шарт емес, яғни сабақтас сөйлемнің құрамында *егер* сөзі болмаса да, сабақтас сөйлемнің шартты бағыныңқылы болуы бағыныңқы сыңардың басыңқы сыңарға шарттық қызмет атқара алатындығына, бағыныңқы мен басыңқы сыңарлардың қатынасынан туатын шарттық мағынаға байланысты: *Кітап білім бұлағы болғанда, кітапхана оның қасиетті көздерін қалың жұртқа жеткізер тарам-тарам айдынды арна тәрізді* (“Соц.Қазақстан”).

Мұндай сабақтас сөйлемнің бағыныңқы сыңарының баяндауыш тұлғасы шартты рай жұрнағын жалғап келген жағдайда ол әрқашан толық мағыналы сөздерге ғана жалғанып қоймайды, көпшілік ретте күрделі немесе құранды баяндауышқа қағысып тұрған көмекші сөздерге де жалғанады: *Қасен жастар жағын айналдырайын десе, олардың ішінде де селт етіп бас көтергендері сирек кездеседі* (Майлин). *...Адам ұнап қалса, оның сүйкімді бола бастайтыны белгілі* (Иманжанов).

Мұндай көмекші етістіктердің қатысуы арқылы экспрессивтік ыңғайдағы қызметі айқындала түседі. Мәселен, *жатсам* демей, *жатып қалсам* аяқталуы қимыл-әрекеттің созыңқылығынан гөрі, сол қимылға көшу туралы шешімнің жылдам қабылданғанын көрсетеді. Сол сияқты, *ұнаса* дегеннен гөрі, *ұнап қалса* дегенде де шапшаңдықты танытатын қасиет бар. Тегінде, *қал*

көмекші етістігінің экспрессивтілікті білдіру қасиеті *де-ден* де, *кел-ден* де басым. Айталық, *жасайын десе, жатқысы келсе* дейтін конструкцияларда әлгіндей шапшаңдық көзге ұрып тұрмайды. Оның есесіне, *де, кел* көмекші етістіктері бар бағыныңқылы сабақтастың *қал* көмекші етістігі бар бағыныңқылы сабақтасқа қарағанда, шарттық мағынаны білдіру қасиеті айқын. Бұл айтылған экспрессивтік қасиет *қалға тағы ғой* сөзі тіркескенде, одан сайын күшейеді: *Қазір келе қалса ғой, сорлайсыңдар* (Қайсенов).

Ғой сөзі *қал*-дан басқа, айталық, толық мағыналы сөзбен тіркесуі мүмкін. Мұнда жылдамдықты білдіруге қызмет ете отырып, дәл *қал*-мен тіркескендей әсер бере қоймайды: *Ал егер сонда су болған астықты дереу кілетке кіргізіп, желдеткіштен өткізіп кептірсе ғой, шірімес еді* (Мұратбеков).

Шарт бағыныңқылы сабақтастың бағыныңқысының баяндауышы басқа тұлғаларда да келеді: *Дәл осы минутта мұғалім кіріп келгенде, мұның аяғы жақсылықпен тына қоюы екіталай еді* (Иманжанов).

Осыған байланысты ескеретін бір жай бар. Ол - шарт бағыныңқылы сабақтастың кейбір реттерде сабақтастың басқа түрлеріне ұқсас келіп, оларды бір-бірінен ажырату қиындығы: *Шырағым, бұл ауылға келген адамның не жұмысы барын Атекем өзі сұрайды. Өзі сұрағанда, айтасың* (Мүсірепов).

Мұндай сөйлемнің мезгіл бағыныңқы екенін немесе шарт бағыныңқы екенін бірден тану қиын. Шығармадағы жағдайға назар аударсақ, сөйлемнің шарт бағыныңқылы екеніне көз жетеді. Олай болатыны - келген адамның шаруасын айтуы ешқандай мезгілге байланысты емес, Атекеңнің сұрауына байланысты: *ол кісі сұрағанда ғана айтады, ал сұрамайды екен, онда шаруа айту дегеніңіз артық болып шығады*. Мұндайда жағыс септігінің жалғауын шартты райдың жұрнағымен алмастыруға мүмкіндік туады (*өзі сұраса, айтасың*).

-са тұлғалы бағыныңқыда шарт жалпы көрсетіледі де, ол шарт бағыныңқының басқа түрлерінің орнында жүре береді, ал керісінше, бағыныңқының басқа тұлғалық түрлерінің кез келгені *-са* тұлғалы бағыныңқының қызметін толық атқара алмайды: *Адамға құрметпен қарасаң, оның бойындағы қасиетті жайшылықтан әлдеқайда көп аңғарасың* (Иманжанов). Салыстырыңыз: *Адамға құрметпен қарасаң ғана, ...Адамға құрметпен қарамасаң, ...аңғармайсың. Адамға құрметпен қарамайынша, ... аңғармайсың.*

Контекстегіден гөрі, сәл өзгертілген сөйлемдер өзара көбірек жақын келеді. Бұлардың ішінде

де *Адамға құрметпен қарамасаң, ...деп, әр жалғасатыны аз да болса жалпылау. Олай болатыны - бұл өзара жақын сөйлемдердің бағыныңқы сыңарларында шарттың шегі көрініп тұр. -йынша тұлғалы баяндауыш, негізінде, қана-ға аяқталған баяндауышты бағыныңқыны еркін алмастыра алады: Қызыл асықты хан етіп белгілейміз де, оны қоса бір дорба асықты алашаның үстіне шашып жіберіп, шерте бастаймыз: бүгесіне бүгесін, шігесіне шігесін, омпасына омпасын, сомпасына сомпасын тигізсек қана, сол тигізген асық ұнай есебіне саналады (Қанахин). Әрине, ... тигізсек, ... саналады; тигізбесек, ... саналмайды деуге де болады, бірақ дәл баламасы тигізбейінше, ... саналмайды деген нұсқасы болып табылады.*

Сабақтастың құрамындағы шарт бағыныңқы мен басыңқы сыңарлардың дағдыдан тыс орын ауыстыруларын синоним деп қарауға негіз жоқ. Бұлардың мағыналарында айта қаларлықтай өзгешелік болмаған соң, синоним емес, синтаксистік дублет деп қабылдаған жөн. Мұндай құрылым, әсіресе, ауызекі сөйлеу тілінде, көркем әдебиет шығармаларындағы кейіпкерлердің сөзінде, жекелеген авторлардың баяндауларында ұшырасуы әбден мүмкін: *Менің есімде бұл кісі соншама айқын сақталмас па еді, қайтер еді, егер со қыста біздің үйдің күн көруіне оның көп жәрдемі тимесе...* (Мұқанов). *Осы қалтымда үсіп өлер ме едім, егер құлагым да әлдене бір үнге елең ете қалмаса* (Сонда).

Бір байқалатын жай - мұндай бағыныңқының баяндауышының тұлғасы өзге түрде келмей, тек шартты райдың *-са* тұлғасы болып келеді.

Шарт бағыныңқылы сабақтас сөйлемдерде көпшілік жағдайда бағыныңқының баяндауышы басыңқының баяндауышымен бір ыңғайда келіп отырады. Мәселен, олардың (баяндауыштардың) біреуі болымды тұлғада екен, екіншісі де болымды түрде кездеседі. Мұндай реттерде берілген сабақтас екінші бір сабақтаспен синоним болғанда, сөйлемнің құрамындағы екі баяндауыштың екеуі де, демек, екі сыңардың екеуі де тұлғалық өзгеріске түседі: *Ал сен құдай қосқан қосағын, қырық жетіні қырқа матап берген қалыңдығыңды осы босагадан аттатпай, көзіме көрінбе* (Жүнісов).

Бағыныңқының баяндауышы *аттатпай* болғандықтан, басыңқының баяндауышы да *көрінбе* түрінде болымсыз етістік тұлғасында тұр. Алдыңғы сыңардың баяндауышын *аттатпайынша* десек те, осылай болар еді.

Шарт бағыныңқылы сабақтас сөйлемнің өз ішінде синоним болу мүмкіндіктеріне қоса, сөйлемнің басқа түрлерімен синонимдік қатарға түсуі қызықты.

Егер Жантас сияқты кіршіксіз жасты да күншілдік әкетсе, адам санасының өскені көне? (Мүсірепов). *Айдарбек сияқты инженеріміз осындайға бара алса, өскен ел болғанымыз көне?* (Сонда). Салыстырыңыз: *Жантас сияқты кіршіксіз жасты да күншілдік әкеткені - адам санасының өспегені ғой; Айдарбек сияқты инженеріміздің осындайға барғаны - өскен ел болмағанымыз ғой.*

Шарт бағыныңқылы сабақтас сол лексикалық құрамымен салалас құрмаласқа да синоним болып отырады: *Осы күні тойдан көп нәрсе жоқ. Мейрам күндері - той; біреу қыз ұзатса - той; бала туса - той; шет елден мықты біреу келе қалса - той; шет елге мықты біреу бара қалса - той...* (Соқпақбаев). *Салыстырыңыз: ...Біреу қыз ұзатқан екен - той; бала туды - той; шет елден мықты біреу келе қалды - той; шет елге мықты біреу бара қалды - той...*

Шарт бағыныңқылы сабақтастың салалас құрмаласпен синоним болуының негізгі себебі - салаласта да шартты білдіретін сөйлемдердің болатындығы: *Сен маған досыңның кім екенін айтшы, мен сенің кім екеніңді айтып берейін* (Орыс мақалы). - *Сен маған досыңның кім екенін айтсаң, сенің кім екеніңді айтып берейін.*

Шарт бағыныңқылы сабақтас сөйлемдердің синонимдігінің мол болуының тағы бір себебі, біздіңше, тілімізде құрмалас сөйлемнің бұл түрінің өте-мөте көп кездесетіндігі. Тіпті құрылымдық жағынан да әр алуан шарт бағыныңқыларды кездестіруге болады. Айталық, бірде көп бағыныңқылы түрде қолданылады: *Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, күреске түсірген балуаны жықса, салған құсы аң алса, қосқан иті өзгеден озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанады* (Абай). *Ертеден кешке дейін үй жиналмаса, шаруасы басқарусыз адыра қалса, бар бітіретіні шайды сорантан, түйеше тарта берсе, құдайдың бергені де!.* (Шашкин).

Енді бір реттерде шарт бағыныңқылар аралас құрмаластың құрамында параллель конструкциялар қызметінде ұшырасады: *Етті жесең тісіңе кіреді; жемесең, түсіңе кіреді* (Қазақ мақалы). *Қар кетсе, қара жерге гүл шығады, Жас жетсе, жас балаға тіл шығады* (Жароков).

6.3.2. Қарсы мәнді сөйлемдер синонимиясы

Қарсылықты сөйлемдер дегенде, алдымен салалас пен сабақтас құрмалас сөйлемдердің ойға оралуы заңды. Олардың өзара синоним болатындығы да түсінікті: құрмаластың бұл екі түрінің құрамындағы сыңарлар (компоненттер) мазмұн жағынан бір-біріне қайшы немесе қарама-қарсы келіп отыратындығы белгілі. Солай бола тұра,

қарсылықты салалас пен қарсылықты сабақтас-тың өзара синонимдігін зерттеген арнаулы еңбек жоқ. Қарсылықты салалас сөйлеммен берілетін ойды көпшілік жағдайда қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлеммен жеткізуге немесе керісінше етуге мүмкіндік бар.

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас болып келгенде, бағыныңқы сыңар мен басыңқы сыңардың айта қаларлықтай интонация болмайды да, жалпы қарсылықты мағынаны білдіргенімен, дәл салаластағыдай даралап, айқындай алмайды.

Бағыныңқылардың тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты мағыналық сәл де болса орын алуы олардың синонимдік қатар жасауына себепші болып табылады: *Бірімізге біріміз сөйлеспесек те, біріміздің ойлағанымызды екіншіміз біліп келеміз* (Майлин). *Жасы үлкен болса да, өзінен кішілерге сөлем беруді ана жылы Еркекеңнен көріп еді* (Сейфуллин). Салыстырыңыз: *Бірімізге біріміз сөйлеспегенмен, ... Жасы үлкен болғанмен, ... Олай болатыны сабақтас құрмаластың бағыныңқысының мұндай тұлғалары да өнімді қолданылады: Қасымның түсі өзгеге суық болғанмен, маған суық емес* (Мұқанов).

Қарсылықты бағыныңқылардың -са тұлғалы баяндауышқа аяқталатындары да бар: *Қызған күннің барлық дыбысты, үні түншықтырған ыстық лебі болмаса, бұл дауыс бірсыпыра жерге естілер еді* (Сейфуллин). *Қасқыр әдепкіде маған он шақты-ақ қадам жақын келген болса, енді біраз жер қалыс отырды* (Қанахин). Мұндайда шарттылықтан гөрі, салыстырмалық ұғым беруі ықтимал, соның өзінде қарсы қоя салыстыру сезіледі.

Мұндай жайды басқа мысалдардың ыңғайынан байқауға болады: *Шырағым, дәрігер адамды өлімнен құтқарады десе, өлімді өзің қарсы алып жатқаннан сауымысың?* (Шашкин). *Бастықпен тізелес, қатар отыр демесең, қатал айтар бір батыл пікірі жоқ* (Қабдолов). Бұлар осы мазмұндас салалас сөйлемдермен синоним болуға бейім: *...өлімнен құтқарады деуші еді, ал өлімді өзің... Бастықпен тізелес, қатар отырсың, бірақ...*

Бағыныңқының баяндауышы көсемшеге аяқталғанда, ол сабақтастың өз ішіндегі түрлерімен де, салаласпен де синоним болуға мүмкіндігі бар: *Ол Абайдың Тәкежаннан кіші бола тұра, жақсы атты жігіт боп бара жатқанын жақтырмайды* (Әуезов). - *... кіші болғанмен, ...жақтырмайды. ...Кіші, бірақ...*

Енді бір қарсылықты бағыныңқылардың баяндауыштары мезгіл бағыныңқылардың баяндауыштарын еске түсіреді: *Шатқалда күн жарқырап тұрғанда, тауда күн күркіреп, бұлттар буырқанып, бұлқан-талқан болып жатады* (Мұртаза). *Заңғар таудың шатқалында бірлі-жарым үй оты-*

рып қойшылар қорықпағанда, ауылдың арасында елең-алаңда бойын бір сәт үрей билегеніне Нұрперзент ызаланды (Сонда).

Қарсылықты мағына салалас құрмаласта да болатыны мәлім: *Абзал оған ұрысқалы, теңізге шығасың деп үркіткелі келіп еді, енді кеткенше асықты* (Сараев). *Жуалыда бәрі бар, тек теңіз жоқ* (Мұртазаев).

Жалғаулықсыз салалас қарсылықты сөйлемдердің жиі кездесетіні де белгілі: *Айгүлге тиейін демейсің, - өзінен* (Сүндетов). *Бұдан да көп айтар еді, - ойын шашыратып алады* (Досжанов).

Қажет болып тұрғандары бірақ, ал жалғаулықтары екені даусыз ойткені қарсылықты салаластарда барынша көп жұмсалатыны да осы жалғаулықтар.

Қарсылықты сөйлемдер салалас болып келгенде де, сабақтас болып келгенде де, жай сөйлеммен синонимдік қатарға түседі.

Қарсылықты салалас сөйлемдер: *Ол кеше менің көзіме адамға жақындығы жоқ, жат мінездеу көрініп еді, - дәл қазір биязы, ақ жарқын жігіт сияқтанып көрінеді* (Иманжанов). *Рақияны қай жерге қойғанын Семен Григорьевич өзі ғана біледі, басқа ешкім білмейді* (Қайсенов).

Қарсылықты салаласқа синонимдес жай сөйлемдер: *Кеше менің көзіме адамға жақындығы жоқ, мінездеу көрінген ол дәл қазір биязы, ақ жарқын жігіт сияқтанып көрінеді. Рақияны қай жерге қойғанын Семен Григорьевичтен басқа ешкім білмейді.*

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер: *Өмір бойы колхозда тұрып келе жатса да, түрі колхозшы сияқты емес* (Мұратбеков). *Денсаулығы нашарлығына қарамастан, шылым өзіне өте зиян екенін біле тұра, осындай кейігенде, күйгенде ол амалсыз папиросқа жүгіретін* (Иманжанов).

Қарсы бағыныңқылы сабақтасқа синонимдес жай сөйлемдер: *Өмір бойы колхозда тұрып келе жатқан оның түрі колхозшы сияқты емес. Денсаулығы нашар, шылым өте зиянды екенін білетін ол осындай кейігенде, күйгенде амалсыз папиросқа жүгіретін.*

Көріп отырғанымыздай, салаласты сабақтасқа, сабақтасты салаласқа ауыстыруға болатыны төрізді, салалас құрмалас сөйлемді де, сабақтас құрмалас сөйлемді де жай сөйлемге ауыстыруға мүмкіндік мол. Мұндайда жай сөйлемдердің өздеріне төн ерекшеліктеріне сай, құрмаластың құрамындағы сыңарлар жымдасып, бірігіп, ыңғайына қарай жай сөйлемнің құрамындағы сөйлем мүшелеріне айналып кетеді. Бұл, сөз жоқ, құрма-

лас сөйлемдегі бірінші компонент тұлғалық жағынан өзгеріске түседі деген сөз.

Бұған қарағанда, жай осындай қарсылықты білдіргенде, құрмалас сөйлемге айналатын реттері кезігіп отырады және дәл ілгерілегідей, ондай жай сөйлемдер құрмаластың салалас түріне де, сабақтас түріне де ауысуы мүмкін. Мысалы, *Тоқаш, айтқанындай, ертеңіне елге жүре алмады* (Шашкин) деген сөйлемді *Тоқаш, айтқанындай, елге жүргісі келіп еді, - жүре алмады* деп немесе *Тоқаш, айтқанындай, ертеңіне елге жүргісі келгенімен, жүре алмады* деп өзгертуге болады. Сонда осы үш сөйлемнің - салалас құрмаластың, сабақтас құрмаластың және жай сөйлемнің - үшеуінің де беретін мазмұны бір.

Құрмалас сөйлемнің салаласында болсын, сабақтасында болсын қарсылықты мағына тайға таңба басқандай анық, еш күмәнсыз білініп тұрады, ал жай сөйлемде ондай мағына бірден көзге түсе қоймайды, қайталап оқып немесе тындап, ой елегінен өткізгенде ғана, түсінікті болады.

6.3.3. Ыңғайлас мәнді сөйлемдер синонимиясы

Ыңғайлас салалас сөйлемдердің бір тобы оқиға, қимыл, процестің бірінен соң бірінің болғанын білдірсе, екінші бір тобы іс-әрекеттердің бір мезгілде, қатар жүзеге асқанын білдіреді. Осы екі басты белгіні ескерсек, салаластардың бірімен бірінің арасындағы синонимдік қатынаста жүйе, тәртіп барын байқау қиын емес. (Синонимділіктің шарты бойынша салаластардың бұл екі тобы өзара синоним бола алмайды, әр түрінің өзі ішінде синонимдік қатар жасаулары қисынды. Сөйтіп, ыңғайлас салалас сөйлемдер, ең алдымен, өз ішінде бірімен-бірі синоним болады.

Мұндайда көбінесе бірінші компоненттің баяндауышы *болып* көмекші етістігі мен *мұң екен* сөздеріне аяқталған салаластар синонимдік қатарға түседі: *Атқосшым тізгінді қолыма тигізуі-ақ мұң екен, атқа қалай ырғып мінгенімді білмей де қалдым* (Қайсенев). *Осы сөздер айтылуы-ақ мұң екен, шалдардың ұсынысы ойға шақ, бойға лайық істердің біріндегі ғана болып қалды* (Мүсірепов).

Мұң екен-нің алдындағы тұйық етістіктің үшінші жақтағы тәуелдік жалғаулы сөзіне *-ақ* демеулігі қосылып келетін реті де жиі кездеседі. Сондай-ақ *мұң-нан* кейінгі *екен-нің* де түсіп қалатын жайлары ұшырасады: *Қандай хабар болса да Орынборға жетуі мұң, одан әрі шетсіз-шексіз қазақ даласына ұзынқұлақтың өзі алып кетеді* (Мүсірепов). *Тек не керек, көшеге шығуы-ақ мұң, Қабен әлгі аштықтың бәрінен ада, кенет түнжырап, қайта ойланып қалды* (Қабдолов).

Келтірілген мысалдардағы сияқты, алғашқы компоненттің баяндауышы *бол* көмекші етістігіне аяқталғанда да, сол жай сөйлемдегі оқиғаның, қимылдың одан кейінгі бір немесе бірнеше жай сөйлемге айтылатын оқиға, қимылдан аз да болса бұрын жүзеге асқаны білініп тұрады: *Бір келсе болды, жоқты-барды сөз етіп, шықпай қояды* (Шаймерденов). *Бүгін, міне, паровоз үні шықса болды, елегізі қалады* (Қабдолов).

Салаластың компоненті осылайша *бол* көмекші етістігіне аяқталғанда, ол көмекші етістік жіктік жалғауын жалғайды: *Орашалақ қимыл жасаса болғаны, күмп беріп көлге құламақ* (Шашкин). *Аспан жерге түскендей күркірейтін, Күркіресе-ақ болғаны, қыр түлейтін* (Жиенбаев).

Бол синтетикалық тәсілмен де, аналитикалық тәсілмен де болымсызға айналу арқылы осы қызметті атқарады: *...Шыр етіп ара түскенше болмады, бастан бір рет тартып қалды* (Шашкин).

Салалас ыңғайластардың бұл түрлерін бір-бірімен синоним деп қарауға болады (*Менің езу тартуым мұң екен, күлкілерін тыя алмайды - мен езу тартсам болды, күлкілерін тыя алмайды - мен езу тартсам болғаны, күлкілерін тыя алмайды* т.б.).

Қимыл-әрекеттің шапшаңдығын білдіргенде, ыңғайлас салалас пен осы мағынадағы сабақтас сөйлемдер синонимдік қатар жасайды: *Әбдіразақтың қалғып кеткені сол еді, телефон шылдыр ете қалды* ("Қазақ әдебиеті"). *Ауызғы үйден солға бұрылғаны сол еді, еденде қатарласып кілем тоқып отырған төрт қыздың үстінен шықты* (Досжанов). *Әбдіразақ қалғып кетсе, телефон... Ауызғы үйден солға бұрыла қалса, еденде...*

Трансформация тәсілімен жасалған сөйлемдердің екінші нұсқаларының түпнұсқамен синоним болатындығына күмән туа қоймас.

Мына сөйлемдер салалас түрінде қабылданатыны рас, бірақ сабақтас сөйлемдерге айналуы да қиындық тудырмайды: *Жұмажанды шақырып алдым да, жаңағы танқыны құртуға бұйрық бердім* (Ғабдуллин). *Есіттім де жан даусын апамның, Бір домалап шықтым сыртқа жүгіріп* (Жиенбаев). Салыстырыңыз: *Жұмажанды шақырып алып, жаңағы... Ести сала жан даусын апамның, Бір домалап...*

Салалас сөйлемдегі оқиға белгілі бір дәрежеде тұрақтылықты, қайталамалылықты білдіргенде де, сабақтас сөйлемдермен синоним жасай алады: *Күрілдек пішенге қырық-елулеп жігіт жалдайды екен де, тамағына деп бірнеше сауын сиыр ұстайды* (Мұқанов). *Іс Бекеңнен басталғаны да рас, қазір бүкіл Қарағанды қозғалысына айналып болғаны да рас* (Мүсірепов). *Табыс десең табыс бар, кіріс десең кіріс бар* (Мұратбеков). Салыстырыңыз: *...қырық-елулеп жігіт жалдап, тамағына...*

...басталғаны да рас болса,... айналып болғаны да рас. ...табыс бар болса, ...кіріс те бар.

Олай болатыны - салаластармен синоним болуға “сұранып тұрған” сабақтас құрмалас сөйлемдер тілімізде молынан ұшырасады: *Екеуіміз сыртта қалып, екеуіміз ішке кірдік* (Қайсенов). *Тамағым кептеліп, кеңсірігім удай ашып барады* (Қанахин). *Біреулер кітап, дәптер құшақтап қайтып жатса, екінші біреулер ағылып келіп жатыр* (Иманжанов). *Сенде мылтық болса, менде де бар* (Мұқанов).

Осындайда салалас пен сабақтасты алмастыруға мүмкіндік мол. Әрине, алмастыру синонимдіктің негізі, бірден-бір шарты емес, өйткені контекстің мазмұнына сай кей кезде синоним бола алмайтын конструкциялар да алмаса беруге бейім тұрады. Ал мына сөйлемдердің қандай контексте ұшырасса да, бірінің орнына бірінің жүре беретіні шындық.

Қайсыбір оқулықтарда мынандай да түсініктеме орын алады: “Ыңғайлас салалас сөйлемдер тиянақсыз тұлғалармен де жасала береді. Мәселен, *Тойда біреулер өлең айтады, біреулер би билейді* деген ыңғайлас салаластың мазмұнын өзгертпей, төмендегі тиянақсыз тұлғаларға түсіріп айтуға болады:

1) Көсемше тұлғада: *Тойда біреулер өлең айтып, біреулер би билейді.*

2) Шартты раймен: *Тойда біреулер өлең айтса, біреулер би билейді.*

3) *Да, де* жалғаулық шылау арқылы: *Тойда біреулер өлең айтады да, біреулер би билейді.*

Демек, ыңғайлас салалас құрамындағы жай сөйлемдерді дербес қолдануға болмайды”.

6.3.4. Мезгіл мәнді сөйлемдер синонимиясы

Ыңғайлас сөйлемдерде құрмаластың компоненттеріндегі сөз болатын оқиғалардың бір мезгілде немесе іркес-тіркес уақыт ішінде болып жататыны баяндалса, мезгіл мәнді сөйлемдерде уақыттың әр түрлі кезеңдеріндегі оқиғалар әңгіме арқауы болып отырады. Айталық, оқиғаның болмай тұрғандағы, оның созылқылығы, сондай-ақ болғаннан кейінгі кезеңі деген жайларды байқаймыз.

Осыған орай синонимдік құбылыстар да көзге түседі. Бұл ретте де синонимдік мағына реңкке тікелей байланысты болғандықтан, әлгі аталған мезгілдің кезеңдері бойынша сөйлемдердің синоним болу мүмкіндіктерін қарастыруға болады. Бұл жолы да құрмаластың бір түрі ішінде, мәселен, сабақтастың өз ішінде, сондай-ақ құрмаластың әр түрлерінің арасында, құрмалас сөйлем мен

жай сөйлем арасындағы синонимдер туралы сөз болуға тиіс.

Мезгілдес дегенде, құрмаластың сабақтас түрі ойға оралатыны шындық. Мұның өзі сабақтас құрмалас сөйлемнің табиғатына сай келеді. Сондықтан мезгіл бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемді синонимдік тұрғыдан әңгіме еткенде де жетекші орын алып отыратыны түсінікті.

‘Мезгіл бағыныңқы сабақтастың үлкен бір тобы бағыныңқыдағы әрекеттің басыңқыда сөз болған әрекеттен кейін жүзеге асатынын, демек, бағыныңқыда айтылған әрекет орындала ма, жоқ па; орындалса, жақында ма, көп уақыттан кейін бе - ол жағы беймәлімдеу болады да, басыңқыда айтылған оқиғаның орындалғаны білініп тұрады. Мұндайда бағыныңқының баяндауышы *-ша/-ше* жалғанған созге аяқталады? *Қыз қалаға кіріп, жоқ болғанша, Қобыланды батыр соңынан көз алмай қарап тұрды* (Есенберлин). *Жұрттың дуылы басылғанша, Ақан үндемеді* (Жүнісов).

Мұндай сабақтастың бағыныңқысында *қашан* сөзінің қосылып, күшейтпелі мағына беретіні де бар: *Қашан ұйқым келгенше, оның қасына мен де барып отырам* (Мұқанов). *Қашан әңгіме тарап, енді ескіруге бет алғанша, олардың таңертеңгі самаурыны қойылған жоқ* (Мүсірепов).

-ша-ға аяқталғанда басыңқыдағы оқиғаның созылқылығы біршама танылады, ал *қашан* сөзі кірістірілгенде, ол созылқылық қасиет одан сайын айқындала түседі.

Мезгіл мәнді сабақтас сөйлемдер салалас сөйлемдермен синоним бола алады: *Жұрттың дуылы басылып еді, оған дейін Ақан үндемеді. Қашан ұйқым келеді, оған дейін оның қасына мен де барып отырам.*

Дәл осылайша мезгіл бағыныңқы сабақтас-тардың бұл түрі жай сөйлемдермен синонимдік қатарға түседі. Бұл жолы сабақтас компоненттерінің жеке-дара жай сөйлемдер болып келетіні белгілі: *Жұрттың дуылы басылды. Оған дейін Ақан үндемеді. Әңгіме тарап, енді ескіруге бет алды. Оған дейін олардың таңертеңгі самаурыны қойылған жоқ.*

Мезгіл бағыныңқы сабақтастардың бір тобының басыңқысындағы оқиға бағыныңқыдағы оқиғаның жүзеге аса бастауымен байланысты болып келеді. Бұл тәріздес бағыныңқылардың баяндауыштары бірде көмектес септігінің жалғауын жалғаған сөзге аяқталады да, енді бірде шартты райдың *-са* тұлғасы мен *-ақ* демеулігіне аяқталады: *Шыңғыс Құсмұрын еліне аға сұлтан болып тағайындалысымен, осы күзекке екі бөлмелі кеңсе үйі салынған* (Бегалин). *Анам есіктен көрінеді-ақ, ыңқылдай бастаймын* (Сүндетов).

-ақ демеулігімен келгенде, оқиғаның дүркінділігі, қайталамалылығы байқалады да, көмектес септігінің жалғауы болғанда, сол оқиға бірінші рет болғандай немесе болатындай әсер етеді.

Мұндай мезгілдес сабақтас сөйлемдерді де салалас сөйлемдермен алмастыруға болады: *Шыңғыс Құсмұрын еліне аға сұлтан болып тағайындалып еді, осы күзекке екі бөлмелі кеңсе үйі салынды. Апам есіктен көрінсе болды, ыңқылдай бастаймын.*

Осындай ретте сабақтас сөйлемдердің жай сөйлемдермен де синонимдік қатарға түсетінін айта кетудің реті бар: *Шыңғыс Құсмұрын еліне аға сұлтан болып тағайындалған болатын. Осы күзекке екі бөлмелі кеңсе үйі салынды. Апам есіктен көрінді. Мен ыңқылдай бастаймын.*

Мезгіл бағыныңқылы сабақтастың енді бір түрінде бағыныңқыдағы оқиғаның басыңқыдағы оқиғадан бұрын болғаны байқалады. Мұндайда бағыныңқының баяндауышы соң, кейін шылауларына аяқталады: *Ел орынға отырған соң, фашистерді селодан ұзатып алып шығып, қайта оралмас ұзақ сапарға аттандырдық (Қайсенов). ...Атылып қалғаннан кейін, сөйлестің не, сөйлеспедің не? (Шаймерденов).*

Бұл тәріздес сабақтас сөйлемдер де құрмаластың салалас түрімен, жай сөйлемдермен синонимдік қатар құрайды.)

Оқиғаның мезгіл-мезгіл қайталанғанын білдіретін бағыныңқының баяндауышы сайын сөзіне аяқталады: *Иілген ағаштардың бұтақтары электрдің жалаңаш сымына тиіп кеткен сайын, шатыр-шұтыр, жарқ-жүрқ ете қалып, ақшыл шоқ шашырайды (Мұртаза). Бетінен бөбегімнің сүйген сайын, Тәтті боп барады ғой өмір деген (Жиенбаев).*

Сабақтас сөйлем мұндай жағдайда да салалас сөйлеммен синоним болады: *Иілген... тиіп кетеді де, одан сайын... шашырайды; Бетінен сүйсем болды, ... тәтті боп барады...*

Осындай сабақтас сөйлемдердің де, салалас сөйлемдердің де жай сөйлемдерге айналуы да мүмкін: *...сымына тиіп кетеді. Одан сайын шашырайды; бетінен ... сүйемін. Одан сайын тәтті боп барады.*

6.3.5. Түсіндірме мәнді сөйлемдер синонимиясы

Түсіндірмелі салалас пен жалпылауыш сөзі бар бірыңғай мүшелі сөйлемдердің сырттай ұқсастығының өзі құрмалас сөйлемнің осы түрі мен жай сөйлемнің синоним болуына жағдай жасайтын сияқты: *Үлкендерден естіген өлеңдерінің бәрін - "зарлысын" да, күлдіргісін де, ауыл адамдары-*

ның жиын-тойлардағы бір-біріне суырып салған қақтығыс айтыстарын да, ең аяғы, боғауыз сөз араласқан бөдік өлеңдерін де айтатын, бірін қалдырмайтын.

Түсіндірмелі салаластың табиғатынан қызғылықты жайларды аңғаруға болады. Әңгіме мынада: әдетте мұндай сөйлемде (ол неше компоненттен тұрса да) әдеттегідей бірінші компонент жалпы мағынаны білдіреді де, кейінгілері соны нақтылап, тарамдауға қызмет етеді. Соның өзінде екінші мен үшінші компоненттердің арасындағы немесе үшінші мен төртінші компоненттердің арасындағы қатынастар әр түрлі бола беруі, айталық, ыңғайластық, қарсылықты, шартты қатынастар бола беруі әбден мүмкін: *Тұр-тұрпаты мен мінез-құлқы да қарама-қарсы: денесі ауыр болғанмен, аузы тым жеңіл-ақ (Қабдолов). Оператордың араласпайтын жұмысы жоқ: качалка тоқтаса, жүргізесің; насосы сынса, жөндейсің; болат арқан үзілсе, жалғайсың; фрунжер бұзылса, мың метрден суырып қарайсың (Қабдолов). Тай қазанның астынан от үзіліп көрген емес: тамақ асылады; қар ерітіліп, мал суарылады; сүт пісіріледі; тары қайнатылады; ашыту үшін бидай немесе тары көже пісіріледі (Қанахин).*

Түсіндірмелі салаластың бірінші сыңары бар сөзіне де аяқталады: *Ежелден келе жатқан ескі салт бар: "Жаңа жауымды құртам десең, етің үйренген ескі жауыңмен достас" деген (Есенберлин). Ғұламаның сөзі бар: өлер болсаң, артыңда мал қалмасын, тал қалсын (Қабдолов).*

Түсіндірмелі салалас сөйлемдер ілгеріде айтылғаннан басқа жайларда да жай сөйлеммен синонимдік қатарға түседі. Салыстырыңыз: *Жақсы ойланған құлық көзге көрінбейтін жылан секілді: жек көретін кісінің ысқырып алдынан шығады, жақсы көретін кісінің бұйығып қойнында жатады (Досжанов). -Жақсы ойланған құлық жек көретін кісінің ысқырып алдынан шығатын, жақсы көретін кісінің бұйығып қойнында жататын жылан секілді.*

Түсіндірмелі салалас пен оған синоним болған жай сөйлемнің айырмашылығы, біздіңше, мынада: түсіндірмелі сөйлемде автордың әр түрлі жайға, қимыл-әрекетке көңіл аударуына мүмкіндік бар, ал жай сөйлем болып келгенде, ойдың жинақылығы бірден көзге түседі. 1

Мұндай жағдайда аталған құрмалас сөйлемдер мен жай сөйлемдердің өзара синоним болуына тағы бір себеп, айталық, түсіндірмелі салаластар сияқты, осындай, яғни, түсіндірмелі мағына беретін жай сөйлемдердің де автордың қалауынша ойға сай құрылып қолданылатындығы: *Сол қара лашықтан шыққан арықтау шегір көз баланың екі түрлі гана ермегі бар. Бірі - екі сиырдың*

бұзауын бағып, енесіне жамыратпай жаю, мезгілінде суару. Екіншісі - тебіндегі саздан балшық ойыншық жасау (Бегалин). Апам қарғыс айтуға шебер-ақ. Көдімгі соның мектебін бітіргендей, әдемілеп жібереді (Сүндетов).

Осындай реттерде авторлардың кәдімгідей түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем құрауға хақылы, бірақ мынадай реттерде ұтып тұрғандары сол - дәл осылай бірнеше жай сөйлемдердің тіркесінде келгенде, түсіндірмелік ұғым салалас құрмалас сөйлемдегіден де айқын санамаланып айтылады, демек, логикалық (синтаксистік) екпіннің қай сөздерге түсіп тұрғаны бесенеден белгілі болып отырады.

Түсіндірмелі салаластың жай сөйлемге ұқсастығы соншалық - кейде оны жай сөйлемнен ажырату қиынға соғады. *Домбыраның шектерін оның үш қана саусағы қозғайды: бармағы, үсік қолы және шынтағы* (Мұқанов). *Мырзатай агаекесі әскерден келісімен, өмірлеріндегі бар қиыншылық бітеді деп ойлайтын Қамқанай: таршылық та, жоқшылық та, қайғы мен қасірет те* (Құмарова).

Біздің түсінігімізде бұлар - түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдер, демек, жай сөйлемдер емес. Себебі, біріншіден, жалпы мағынаны білдіретін сөздерді (*үш саусақ, бар қиыншылық*) нақтылайтын сөздер алдыңғыларынан көп қашықта тұр, ал жай сөйлем құрамындағы нақтылаушы сөздер, яғни бірыңғай мүшелер, жалпылаушы сөзбен қабыса байланысып тұрады, екіншіден, бір-бірімен салаласа байланысқан сөз тіркестерінен құралған жай сөйлем ретінде (өйткені сөйлемде интонация бар) құрмаластың бір компоненті қызметін атқарып тұр. Егер сөйлем ішінде *үш қана саусағы бармағы, үсік қолы және шынтағы ...* деп жалғасса, сондай-ақ *бар қиыншылық - таршылық та, жоқшылық та, қайғы мен қасірет те бітеді деп ойлайтын Қамқанай* делініп келсе, бұлардың жай сөйлем екеніне еш күмән болмаса керек. Демек, синтаксистің бір маңыздылығы кейбір синтаксистік категорияларды анықтауға үлкен жәрдемін тигізеді десек, сол пайдалы жай осы тұстан да табылады.

Түсіндірмелі салалас сөйлемдер кез келген жағдайда жай сөйлемге айнала бермейді. Оның басты себебі - түсіндірмелі салалас өз ішінде бірнеше компоненттен тұрады да, оларға трансформация жасағанда, жай сөйлемнің аумағына сыймай, тек құрмалас күйінде көрініс береді. Сондықтан мынандай құрмалас сөйлемдерді жай сөйлемдер түрінде беру қиындық келтіреді: *Кездесулері де қызық: неден басталғанын, қалай болғанын өздері де білмейді, екеуі әзілдесе қалса, жүздері жайраң қағып, сөздері жабыса кетеді* (Майлин). *Одан кейінгі кездесулері де бір түрлі:*

ұрысып айрылса, құшақтасып табысады; құшақтасып көріскен сайын, ұрысып тарасады (Нәжімеденов). *Түйенің шөккені мен тұрғаны қандай жаман: алға қарай иініп, артқа қарай ауытқып барып көтерілгенде, ішегің үзілгендей болады* (Қанахин).

Әңгіме мұндай құрмалас сөйлемді сол лексикалық құрамында жай сөйлем етіп берудің қисынсыздығында бөлып отыр, ал бірнеше жай сөйлем етіп беруге мүмкіндік бар: *Түйенің шөккені мен тұрғаны қандай жаман. Алға қарай иініп, артқа қарай ауытқып барып көтеріледі. Сонда ішегің үзілгендей болады.*

Құрмалас сөйлемнің құрамында бірнеше компонент болып келеді де, ол компоненттердің біріншісі емес, екінші компоненті жалпылықты білдіріп, одан кейінгі компоненттердің нақтылықты көрсететін реттері бар: *Ақша жағына келсең, оның шатағы да өзінше: алынған ақша ма, берілген ақша ма, қайдан келген, кімге берілген - ол қағаз бетіне түспеген* (Мүсірепов). Демек, сабақтас құрмалас сөйлемнің екінші (басынқы) сынарындағы сөз (*өзінше*) жалпы мағынада жұмсалған.

Сағатов күлімсіремек болып өзін зорлап еді, онысы ерсі шықты: жымыюдың орнына тыжырынды (Шашкин) деген сөйлемнің алдыңғы компонентінің жалпылықты білдіретін сөздерге (*ерсі шықты*) тікелей қатысы бар, яғни салаласа байланысқан екі компоненттің алғашқы компоненті әлгі *ерсілікті* дайындап отыр.

Демек, құрылымдық жағынан осылайша сан алуан болып келетін түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемнің қай-қайсысы да жай сөйлемдермен синонимдес болады.

6.3.6. Себеп-салдар мәнді сөйлемдер синонимиясы

Жалғаулықсыз себеп-салдар салалас пен жалғаулықты себеп-салдар, салалас сөйлемдер өзара синоним болғанда, олардың арасындағы айырмашылық сол мағынаның бірінде айқын, екіншісінде сәл де болса солғындығы аңғарылады. Кейбір жағдайларда жалғаулықсыз себеп-салдар салалас сөйлемдердегі сөз болып отырған мағынаның күңгірттеніп кететіні соншалық - оны түсіндірмелі салалас деп қатеге ұрынуға болады: *Қыстаудың төбесіне шығып, айналаға қараған кісінің көңілін үрей жайлауы да мүмкін: алдыңа қарасаң - су, артыңа қарасаң -су, мінер жаққа мойын бұрсаң - су, қамшылар жаққа көз тастасаң - су* (Қанахин).

Мұндай сөйлемдерді айырудың бір жолы - себеп-салдарлы сөйлемге қажетті жалғаулықтар-

дың бірін қойып тексеру (...себебі артыңа қарасаң - су...), ал түсіндірмелі салалас құрмаластың жалғаулықсыз болатыны белгілі.

Себеп-салдарлы салалас құрмалас сөйлем өз ішінде синоним болумен бірге, сабақтас құрмалас сөйлемдердің осы мазмұндас түрлерімен де синоним болады: *Олар жасырған соң, мен де онша ашылмадым* (Жүнісов). *Базаралы ат үстінде көп жүретін болғандықтан, Дәркембайға осылардай жатақтың Тобықты ішінде әлденеше жерде баян етті* (Әуезов).

Салалас құрмаласта себепті білдіретін сөйлем бөлігі екінші компонент қызметін атқарса, сабақтас құрмалас сөйлемде ондай компонент басыңқының алдында тұрады, сондықтан мұндай салалас пен сабақтастың синонимдігінде бұл жай ескерілуге тиіс: *Мен де онша ашылмадым, себебі олар жасырды немесе Дәркембайға осылардай жатақтың Тобықты ішінде әлденеше жерде баян етті, өйткені Базаралы ат үстінде көп жүретін.*

Себеп-салдарлы құрмалас сөйлемдердің жай сөйлемдермен синоним болатын реттері тілімізде молынан ұшырасады: *Шынында, енді ойлап қараса, інісінің айтқаны рас: баяғы көңіл түзу кезде Кәленді бұл ауыл көп пайдаланды* (Нүрпейісов). Салыстырыңыз: *Шынында, енді ойлап қарады. Інісінің айтқаны рас. Көңіл түзу кезде бұл ауыл Кәленді көп пайдаланды.*

Себеп-салдар мағыналы сөйлемдердің құрылымынан талай жайды байқауға болады. Айталық, бір сөйлемнің ішінде бірнеше компонент себепті білдіріп, екінші жағдайда бірнеше салдарды бірнеше компонент білдіру мүмкін: *Өзі Батыс Қазақстаннан болғандықтан, ертерек, бала кезінде, ауылда да, қалада да, аудан орталығында да бірталай көңілді мәжілістер тек домбырада күй тартумен ғана өтетінін білуші еді, сондықтан “домбыра үнсіз”, “дәрменсіз және қызықсыз” деп ойлап көрген емес-ті* (Әуезов). *Бұл жігіттердің бұрыннан істейтін әдеті: картадан өздерінің біреуі ұтса, ұтқан ақшасын ортаға салдырады да, не сыраға, не қымызға мәжіліс жасатады, егер өздерінің адамы ұтылса, онда не ақшасын бөліп, ортасынан төлейді, не карта үстінде төбелес шығарып, бермей кетеді. Сондықтан карта ойыны болған жерде жігіттердің бәрі де, өздері ойнамаса да, ойынды қоршалап отырады* (Жансүгіров).

Себеп-салдар мәнді сөйлемдер қандай құрылымда келсе де, өздерімен мазмұндас конструкциялармен синонимдік қатар құруға мүмкіндіктері болып отырады.

6.3.7. Салыстырма мәнді сөйлемдер синонимиясы

Салыстырмалы мағынадағы сөйлемдер салалас та, сабақтас та (30) болып келсе, олардың арасында синонимдік қатынастың болуы да табиғи құбылыс. Бұл орайда жай сөйлемдерді назардан тыс қалдырудың қисыны жоқ. Құрмалас сөйлемдердің ішкеріде сөз болған түрлеріндегідей, бұл жолы да салыстырмалы құрмалас сөйлемдердің мазмұны мен мағынасын жай сөйлемдер де өз ішіне сыйдыруы мүмкін.

Салалас құрмалас сөйлемдер мен сабақтас құрмалас сөйлемдердің салыстырмалық мағынада синоним болатындары көзге түседі: *Анасы баласын қандай таныса, баласы да анасын сондай тани қойған сияқты* (Горький). *Заводта нормамды орындап, стахановшы болсам, бұл жерде де сондай болуға тырыстым* (Ғабдуллин). *Сабақтың ауырлығы сондай болса, материалдық хал одан да ауыр еді* (Мұқанов). *Малы неғұрлым көп болса, солғұрлым тіршілігі жақсы* (Есенберлин). Салыстырыңыз: *Анасы баласын қандай таныды, баласы да анасын сондай тани қойған сияқты. Заводта нормамды орындап, стахановшы болдым, бұл жерде де сондай болуға тырыстым. Сабақтың ауырлығы сондай, материалдық хал одан да ауыр еді. Малы көп болған екен, тіршілігі де жақсы.*

Мұндай синоним жасаған конструкциялардың қандай тұлғалық өзгеріске түсіп отыратындығы мысалдардан көрініп тұр.

Тек сабақтас салыстырмалы құрмалас сөйлемдерді салаластарға айналдыру арқылы синоним болады деу біржақтылыққа ұрындырар еді, өйткені керісінше жағдайды да байқау қиын емес. Демек, салалас сөйлемдердің салыстырмалы түрлерін сабақтас сөйлемдерге айналдыруға әбден болады: *Қаз келсе - жаз келеді, қара келсе - қатқақ болады* (Қазақ мақалы). *Сытайы сырын жасырмайды, пұшық мұрнын жасырмайды* (Қазақ мақалы). *Көргеніңді көпірместен шынын айт, сезгеніңді серпілместен сезіп айт* (Момышұлы). *Монша тәнді сауықтырады, жақсы сөз жанды сауықтырады* (Орыс мақалы). Салыстырыңыз: *Қаз келіп, жаз келсе, қарға келіп, қатқақ болады. Сытайы сырын жасырмаса, пұшық мұрнын жасырмайды. Көргеніңді көпірместен шынын айтсаң, сезгеніңді серпілместен сезіп айт. Монша тәнді сауықтырса, жақсы сөз жанды сауықтырады.*

Сабақтас құрмалас сөйлемдер мен салалас құрмалас сөйлемдер өз ішінде салыстырмалық мағынада синоним бола береді: *Күніне неше мәрте әрлі-берлі қайықпен малтып өтсе, сонша рет Мұсақұл көзіне шоқтай басылады* (Сараев). *Адалдықтың адымы алты құлаш, арамдықтың адымы*

бір-ақ қарыс (Момышұлы). Салыстырыңыз: *Күніне әрлі-берлі қайықпен малтып өткен сайын, Мұсақұл көзіне шоқтай басылады. Адалдықтың адымы алты құлаш, ал арамдықтың адымы бір-ақ қарыс.*

Салыстырмалы мәндегі құрмалас сөйлемдер жай сөйлемдермен синонимдік қатар жасайды: *Қанша терезе болса, сонша қуаныш, сонша мұң, сонша арман бар* (Күмісбаев). - *Терезе сайын қуаныш, мұң, арман бар.*

Әрине, мұндай сөйлемдер құрмалас болғанда, автор әлдебір бөлігіне назар аударады, ал жай сөйлем болғанда, жинақылық пен ықшамдылық танытып тұрады.

6.3.8. Мақсат мәнді сөйлемдер синонимиясы

Сабақтастардың басқа түрлері сияқты, мақсат бағыныңқылы сабақтастар да өздеріне тиісті стилистикалық қызмет атқарады. Жұмсалудағы жиілік олардың өздерімен мазмұндас сөйлемдермен синоним болуына мүмкіндік жасайды. Мұндайда алдымен сабақтас құрмалас сөйлемдер мен салалас құрмалас сөйлемдердің синонимдігі бірінші кезекте сөз болмағы керек: *Күні бойы жортқан аттар аз ғана тыныс алсын деп, жүргіншілер енді бір суаттың басына келіп түсті* (Әуезов). - *Күні бойы жортқан аттардың аз ғана болса да тыныс алғаны дұрыс, сол үшін жүргіншілер енді бір суаттың басына келіп түсті. Біреу-міреу көріп қалмасын деп, бізді үш-үштен қайыққа жатқызып, үстімізден брезентпен жауып, таң атқанша тасыды* (Шәріпов). - *Біреу-міреудің көріп қалмағаны жөн, сол үшін бізді үш-үштен қайыққа жатқызып, үстімізден брезентпен жауып, таң атқанша тасыды.*

Міне, осылайша болып келеді, былайша айтқанда, түпнұсқадағы сөйлемдер сабақтас болғанда, оларға белгілі дәрежеде өзгеріс жасау арқылы салаласқа айналуы - заңды құбылыс. Мәселен, сабақтастың бағыныңқы сыңарындағы бөліктің баяндаушының сол бөліктің салаласқа енгенде, жаңа, яғни мәтінде жоқ сөздерді (*дұрыс, жөн, жақсы, мақұл*) кірістіретіні көрініп тұр. Бұлай болуының себебі ойдағы нақтылықпен тығыз байланысты.

Мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер жай сөйлемдер тіркесімен де синонимдік қатарға түседі. Ондайда сабақтастың құрамындағы сыңарлардың әрқайсысы жеке-дара жай сөйлемдер түрінде көрініс береді: *Күні бойы жортқан аттардың аз ғана тыныс алғаны дұрыс. Сол үшін жүргіншілер енді бір суаттың басына келіп түсті.*

Құрмалас сөйлем мақсат мәнді болып келгенде, оны жай сөйлемге айналдыру үстінде құры-

лым жағынан біршама өзгертуге тура келеді. Мысалы, *Осыдан басқа қоян тез көрінбеген. Соны іздеп табамыз деп, екеуі Қызылшоқының Шыңғыс жаққа қараған шеткі тұмсығына дейін барып қалыпты* (Әуезов) деген сөйлем мынадай жай сөйлемге айналған болар еді: *Екеуінің Қызылшоқының Шыңғыс жаққа қараған шеткі тұмсығына шейін барып қалғандағы мақсаты - соны іздеп табу.*

Осы орайда сабақтас сөйлем мен салалас сөйлемнің өзара синонимдігіндегі тағы бір тәсіл аңғарылады. Онда да сабақтастың басынқы сыңары салаластың бірінші сыңарына айналады да, бағыныңқы сыңар салаластың екінші сыңары қызметін атқарады: *Жүргіншілер енді бір суаттың басына келіп түсті, ондағы мақсат - күні бойы жортқан аттарды аз ғана толас алдыру.*

Бұдан әрі мұндай құрмалас сөйлемдердің жай сөйлемдермен синоним жасауына әбден болады: *Жүргіншілердің енді бір суаттың басына келіп түскендегі мақсаты - күні бойы жортқан аттарды аз ғана толас алдыруы.*

Мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлемнің бағыныңқы сыңарлары қандай тұлғада келгеніне қарамастан, салалас құрмалас сөйлеммен де, жай сөйлемдермен де синонимдік қатар құра береді: *Жасы кіші болса да, Сайлаубекке сәлем бергелі, сағынған соң, дидарласқалы келдім* (Мұстафин). - *Жасы кіші Сайлаубекке сәлем бермекпін, сағынған соң дидарласпақпын, сол үшін келдім - Жасы кіші. Сонда да Сайлаубекке сәлем бермекпін. Сағындым. Дидарласпақпын. Сол үшін келдім.*

Мұндайда әр түрлі мағыналық реңктер көзге шалынуы мүмкін. Құрмалас сөйлемнің қай-қайсысында да мақсаттық мағынаға көбірек назар аударылып отыр. Жай сөйлемдерге келетін болсақ, олардың мазмұнынан мақсаттық ұғым білініп тұрғанымен, әр жай сөйлемде бола-жара айтатын басқа мағыналар да қатарласа айтылады, бірақ мақсаттық мағынаның жетекші орын алатыны білініп тұрады.

Кей реттерде мақсат мәнді сөз жай сөйлемнің пысықтауыштан басқа мүшесінің құрамында да кездеседі: *Танакөз бен Байболдың шарға қатар түскелі тұрғаны да мырзаның өзді-өзін жестіру саясатынан туған* (Мұстафин).

Мұны құрмалас сөйлемге айналдыруға мүмкіндік бар, алайда жай сөйлем ішіндегі бастауыш болу қызметі өзгеріп кетеді: *Танакөз бен Байбол шарға қатар түспек, бүйтіп тұрғаны да мырзаның өзді-өзін жестіру саясатынан туған.*

Осылайша мақсат мәнді сөйлемдердің төңірегінде де синонимдіктің біраз мәселесін байқауға болады.

“Фонетика” және “Фонология” бөлімдері бойынша

- Абуов Ж. Сингармонические основы восприятия тюркской речи. А., 1997.
 Аванесов Р.И. Русское литературное произношение. М., 1984.
 Айғабалов А. Қазақ тілінің морфонологиясы. А., 1995.
 Античные риторики // Под ред. А.Тахо-Годи. М., 1978.
 Аралбаев Ж.А. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. А., 1988.
 Ахманова О.С. Фонология, морфонология, морфология. М., 1966.
 Базарбаева З.М. Қазақ тілінің интонациялық жүйесі. А., 1996.
 Байтұрсынов А. Тіл-құрал. “Қазақ тілі грамматикасы” - Қызыл-Орда, 1926. I бөлім. Фонетика.
 Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. А., 1989.
 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. А., 1992.
 Батманов И.А. Фонетическая система современного киргизского языка. Фрунзе, 1946.
 Брызгунова Е.А. Звуки и интонация русской речи. М., 1983.
 Джунисбеков А. Просодика слова в казахском языке. А., 1987.
 Джунисбеков А. Проблемы тюркской словесной просодики и сингармонизм казахского слова. А., 1988.
 Дмитриев Н.К. Вставка и выпадение гласных и согласных в тюркских языках // Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. ч.1, Фонетика. М., 1955.
 Досмұхаметұлы Х. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы. А., 1992.
 Досмұхамедұлы Х. Аламан. А., 1991.
 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А., 1999.
 Жүсіпұлы М. А. Байтұрсынұлы және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. А., 1998.
 Зиндер Л.Р. Общая фонетика. М., 1979.
 Касевич В.Б. Морфонология. Л., 1986.
 Кеңесбаев І., Мусабаяев Ф. Қазіргі қазақ тілі (Лексика, фонетика). А., 1962.
 Қалиев Б. Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың редукциясы. А., 1986.
 Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі морфемалар жүйесі. А., 1986.
 Ломоносов М.В. Российская грамматика 1765 // Полное собрание сочинений. М.-Л., 1952. т.7.
 Мартин А. Принцип экономии в фонетических изменениях. М., 1960.
 Нұрмаханова Ә.Н. Қазіргі қазақ тілі. А., 1982.
 Омарбеков С., Жүнісов Н. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. А., 1985.
 Пешковский А.М. Интонация и грамматика // Избранные труды. М., 1959.
 Реформатский А.А. Фонологические этюды. М., 1975.
 Сыздықова Р. Сөз сазы. А., 1983.
 Торсуева И.Г. Интонация и смысл высказывания. М., 1979.
 Трубецкой Н.С. Основы фонологии. М., 1960.
 Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. А., 1991.
 Щерба Л.В. Фонетика французского языка. М., 1948.
 Delatrt P. Les dix intonations de base du fransais. The French Review. Paris, 1966.
 Malmberg V. Les domaines de la phonetique. Paris, 1971.

“Сөздің морфемалық құрамы” және
 “Сөзжасам” бөлімдері бойынша

- Айдаров Г. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века. А., 1971.
 Альтман И.В. О семантической структуре словообразовательных гнезд // Вопросы семантики. М., 1971.
 Аханов К. Грамматика теорияларының негіздері. А., 1972.
 Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. ч. II. Фонетика и морфология. М., 1952.
 Батманов И.А. Грамматика киргизского языка. Вып. I-III. Фрунзе, 1939-1940.
 Беркетова З.В. Мотивационные связи ... А., 1992.
 Бертагаев М.А. Морфологическая структура слова в монгольских языках. М., 1969.
 Бойков В.И. Словообразовательная активность аббревиатур русского языка. Киев, 1985.
 Виноградов В.В. Словообразование и его отношение к грамматике и лексикологии // В сб. “Вопросы теории и истории языка”. М., 1952.
 Винокур Г.О. Избранные работы по русскому языку. М., 1959.
 Ганиев Ф.А. Образование сложных слов в татарском языке. М., 1982.
 Ганиев Ф.А. Образование сложных слов в тюркских языках. М., 1992.
 Ганиев Ф.А. Суффиксальное словообразование в современном татарском литературном языке. Казань, 1974.
 Грамматика киргизского литературного языка. ч.1, Фонетика и морфология. Фрунзе, 1987.
 Грамматика современного башкирского литературного языка. М., 1981.
 Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. Л., 1948.
 Дмитриев Н.К. Строй тюркских языков. М., 1962.
 Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. А., 1976.